ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ
2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша «Тілтаным» Бас редакция алқасы:

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД – *бас редакция алқасының төрағасы, министр*
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – *ф.ғ.д., проф., төраға орынбасары*
Өмірзақ АЙТБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Телғожа ЖАНҰЗАҚ – *ф.ғ.д., проф.*
Әбдуәли ҚАЙДАР – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Мырзаберген МАЛБАҚОВ – *ф.ғ.д., проф.*
Шора САРЫБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Рәбиға СЫЗДЫҚ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Нұргелді УӘЛИ – *ф.ғ.д., проф.*
Көбей ХҰСАЙЫН – *ф.ғ.д., проф.*
Рүстембек ШОЙБЕКОВ – *ф.ғ.д., проф.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Он бес томдық

V том
Д - Ж

АЛМАТЫ
2011

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2
Қ 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті
«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған
Ахмеди Ысқақов, Нұргелді Уәли

Томның редакторы
М.Малбақов

Сөздікті құрастырушылар:
Б.Әбілқасымов (дуадақтай – дүдамал), **С.Бизақов** (дүдәмал – екшету), **Ә.Жүнісбеков** (екшеу – ер-азамат), **М.Малбақов** (ербеңдес – есеп), **С.Бизақов** (есепдан – жабылт), **Ж.Қоңыратбаева** (жабылт – жадырау, жамал – жанкештілік), **О.Нақысбеков** (жаз – жамағат).

Арнаулы редакциялық топ:
А.Жаңабекова, О.Жұбаева, Қ.Күдеринова (жауапты шығарушы), **А.Үдербаев** (жауапты шығарушы), **А.Фазылжанова, Р.Шойбеков**

Қ 17 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011.
5-том. – Д – Ж. – 752 бет.

ISBN 978-601-7293-16-1

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген бұл сөздік – қазақ тілінің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің бесінші томы.

Аталмыш томда сөздік бірліктер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріледі, грамматикалық, стильдік мағыналары сараланып, кейбір сөздердің қолданылу аясы мен саласы, этимологиясы көрсетіледі.

Сөздік негізінен көпшілік қауымға – баспасөз, ғылым, білім, мәдениет, оқу-ағарту қызметкерлеріне, ана тілін тереңірек білсем, қазақ тілін үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2

ISBN 978-601-7293-16-1 (Т. 5)
ISBN 978-601-7293-11-6

© Тіл білімі институты, 2007
© Тіл білімі институты, 2011

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	**И и**	**Р р**	**Ш ш**
Ә ә	**Й й**	**С с**	**Щ щ**
Б б	**К к**	**Т т**	**Ъ ъ**
В в	**Қ қ**	**У у**	**Ы ы**
Г г	**Л л**	**Ұ ұ**	**І і**
Ғ ғ	**М м**	**Ү ү**	**Ь ь**
Д д	**Н н**	**Ф ф**	**Э э**
Е е	**Ң ң**	**Х х**	**Ю ю**
Ё ё	**О о**	**Һ һ**	**Я я**
Ж ж	**Ө ө**	**Ц ц**	
З з	**П п**	**Ч ч**	

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУ

а в и а ц. – авиациялық
а л ғ ы с. – алғыс сөз
а н а т. – анатомиялық
а н т р. – антропологиялық
а ң ш. – аңшылық
а р х е о л. – археологиялық
а с т р. – астрономиялық
а у ы л ш а р. – ауылшаруашылық
а у ы с. – ауыспалы мағына
а ф р и к а. – африка тілдері
ә д е б. – әдебиеттану
ә л е у м. – әлеуметтік
ә с к. – әскери
б а ғ. т е р. – бағалы терілер
б а л а т і л і – бала тіліне тән сөзқолданыс
б а т а. – бата
б е й н. – бейнелі сөзқолданыс
б е й п і л. – бейпіл сөз
б и о л. – биологиялық
б и о х и м. – биохимиялық
б о т. – ботаникалық
в е т. – ветеринарлық
г е о г р. – географиялық
г е о л. – геологиялық
г е о м. – геометриялық
г е о ф и з. – геофизикалық
г и д р. – гидрологиялық
д и п л. – дипломатиялық
д і н и. – діни
е г і н. – егіншілік
е л і к. – еліктеуіш сөз
е р к е л е т у. – еркелету
е с к і к і т. – ескі кітаби
е с і м. – есімдік
е т. – етістік
ж а ғ ы м с ы з. – жағымсыз
ж а қ т ы р м а у. – жақтырмау
ж а ң а. – жаңа сөз
ж е р г. – жергілікті сөз
з а ң. – заң
з а т. – зат есім
з е р г. – зергерлік
з о о л. – зоологиялық
и н ф. – информатикалық
к ә с. – кәсіби сөз
к е к е с і н. – кекесін

к е л е м е ж. – келемеж
к е н. – кен ісі
к о н т е к с т. – контекстік мағына
к ө л і к. – көлік қатынасы
к ө н е. – көнерген сөз
к ө т е р. – көтеріңкі стиль
к і т. – кітаби стиль
қ а р а п. – қарапайым сөз
қ а р ғ. – қарғыс сөз
қ а р ж ы. – қаржы термині
қ о ғ.-ә л е у м. – қоғамдық-әлеуметтік
қ о ғ.-с а я с и. – қоғамдық-саяси
қ о л ө н е р. – қолөнер
қ ұ қ ы қ. – құқықтық
қ ұ р. – құрылыс
л и н г в. – лингвистикалық
м а қ т а ш а р. – мақташаруашылық
м а л ш а р. – малшаруашылық
м а т. – математикалық
м е д. – медициналық
м е н с і н б е у. – менсінбеу
м е т а л л. – металлургиялық
м и н. – минералогиялық
м и ф. – мифологиялық
м о д. – модаль сөз
м у з. – музыкалық
м ы с қ ы л. – мысқыл
о д. – одағай
о й ы н. – ойын
ө н е р. – өнертану
ө с. – өсімдік
п е д. – педагогикалық
п о л и г р. – полиграфиялық
п о э т. – поэтикалық
п с и х. – психологиялық
р е н і ш. – реніш
р е с м и. – ресми
с а н. – сан есім
с а я с и. – саяси
с а я т. – саятшылық
с ә у л е т. – сәулет өнері
с и р е к. – сирек қолданылатын сөз
с о в е т. – советизм
с ө й л. – сөйлеу
с п о р т. – спорт
с т а т. – статистикалық
с у ш а р. – сушаруашылық
с ү й с і н у. – сүйсіну
с ы н. – сын есім
т а б у. – табу сөз
т а м а қ. – тамақ өнеркәсібі
т а р. – тарихи
т е а т р. – театртану
т е р м. – термин
т е х. – техникалық
т о қ ы м а. – тоқыма
т ү й е ш а р. – түйешаруашылық
т і л е к. – тілек сөз
ү с т. – үстеу
ш ы л. – шылау
ф и з. – физикалық
ф и з и о л. – физиологиялық
ф и л о л. – филологиялық
ф и л о с. – философиялық
ф о л ь к. – фольклор
х и м. – химиялық
ш а х м. – шахмат термині
э к о л. – экологиялық
э к о н. – экономикалық
э к с п р. – экспрессивті
э м о ц. – эмоциялық
э н е р г. – энергетикалық
э п о с. – эпостық
э т н. – этнографиялық
ағыл. – ағылшын тілі
ар. – араб тілі
голл. – голланд тілі
грек. – грек тілі
жапон. – жапон тілі
исп. – испан тілі
итал. – итальян тілі
қыт. – қытай тілі
лат. – латын тілі
малай. – малай тілі
моңғ. – моңғол тілі
нем. – неміс тілі
порт. – португал тілі
поляк. – поляк тілі
ор. – орыс тілі
тат. – татар тілі
франц. – француз тілі
эфиоп. – эфиоп тілі

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

[ ] тік жақша – ир., ар., лат., грек. т.б. тілдерден енген сөздің этимологиясы.

< > сынық жақша – терминдік мағынадағы сөздің латын, грек т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы.

[_ _ _] үзік сызықты тік жақша – дерексөздің қысқартылып берілуі.

≈ ықшамдалған түрде көрнекі материалдардың берілуі.

// грамматикалық мағынаның өзгеруі; сөз мағынасының басқа реңк алуы.

Д

ДУАДАҚТАЙ с ы н. *Дуадақ сияқты, дуадақ тәрізді.* Ол жағаға шығып, сәл жүрген соң каналдың сол қапталындағы жазықта серігінен айырылған *д у а д а қ т а й* қаңқиған жалғыз боз үйді көрді (Н.Сералиев, Қаңтар). Дәмелі өстіп, жастайымнан-ақ адасқан *д у а д а қ т а й* жалғыз қалғаным ба бұ жалғанда?! – дейді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Самолет сол бетімен зіркіл қағып сәл тұрды да, бір заматта семіз *д у а д а қ т а й* ырғалаңдап, селоның сыртындағы тепсеңге қарай жылжыды (Қ.Жұмаділов, Саржайлау). Жұбан қанаты қайырылған *д у а д а қ т а й* аяғын санап басып кері қайтты (Е.Домбаев, Менің туыс.).

ДУАДАҚША үс т. *Дуадақ сияқты, дуадаққа ұқсап.* Төрелер мерген көрген *д у а д а қ ш а* ереуілдеп бастарын көтеріседі (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Жаным-ау, періште ме, пері ме мынау, көгалда жайылған *д у а д а қ ш а* жайқаңдауын қарашы (F.Мұстафин, Жиырма бес). Соғыс дегенді ұмытқан қазаққа енді қолыңа мылтық алып, өзіңдей екі аяқты, тілі сайрап тұрған адамды *д у а д а қ ш а* домалат деу қиын да (F.Ахметов, Жорық.).

ДУАЙЕН [франц. doyen] з а т. д и п л. *Дипломатиялық корпустың басшысы. Д у а й е н* міндетті түрде жоғарғы сыныпты және сол елде басқаларға қарағанда ұзағырақ тұрған дипломатиялық өкілдер арасынан таңдалады (ҚҰЭ). *Д у а й е н н і ң* қызметі, негізінен, хаттамалық сипатқа ие (ҚҰЭ). Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық корпустың алғашқы *д у а й е н і* өзінің сенім грамотасын бірінші болып тапсырған Түркияның Қазақстандағы Төтенше және толық өкілетті елшісі Ташкент Кутлыш мырза болды (ҚҰЭ).

ДУАЙПАТ с ы н. *Долы, ашулы, дөрекі.* Бұрын да айлы түндегі арық қояндай қорқақтап, *д у а й п а т* өгей шешенің қолына қараған жетім баладай жаутаңдауық болған Алсай-Саранның ендігі күні мүлде мүшкіл (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Әйтпесе оның *д у а й п а т* мінезін көріп келе жатырмыз біз (А.Нысаналин, Армысың.). // *Жаман, арам нәрсе.* Дүн-дүниенің бәрі мәре-сәре. Аз күнгі көрген қиындық жайына қалды. Неңді аярсың, арыстай азаматың отанына оралғанда. Барымды салып, той-томалағымызды жасадық. Сонда көрдік қой арақ деген *д у а й п а т т ы* (К.Ахметбеков, Ақдала).

ДУАКЕР с ы н. **1.** с ө й л. ***Дуагер***. Оқымысты *д у а к е р,* Өнерлі екен тым шебер (И.Байзақов, Таңд.). Ертегіде бір жас ер Аралапты талай жер. Жоқ іздеген жігітке Кез болыпты *д у а к е р* (И.Байзақов, Құралай.). **2.** а у ы с. *Себепкер, ұйтқы.* Бурабай мен Рақымбай ишанды және бұл қанды іске *д у а к е р* болған басқа он шақты бай-манапты ұзақ жылға Сібірге айдады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ДУАКЕШ с ы н. *Адамды дуалайтын.* Ол тауды *д у а к е ш* мыстан мекендейді екен (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.).

ДУАҚАН з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Адамды өз еркінен айырып, ықпалына түсіру үшін, жадылап, басын айналдыру зиянды әрекетін жасаушы.* Дуаны *д у а қ а н д а р* жасайды (ҚҰЭ). Дуа жасау үшін *д у а қ а н д а р* кері оқитын арнаулы діни дұғаларды пайдалана, адам суретіне дем салады, кері дұғалы тұмар береді, адамның үйі мен жұмыс орнына әртүрлі заттарды кері оқып тастайды, шашады немесе сыйлыққа береді (ҚҰЭ). **2.** д і н и. *Дұғагой, дұға оқығыш, дұға оқи білетін, дұғасы қабыл болғыш адам.* ≈ *Д у а қ а н д ы* шақырды.

ДУАҚАНДЫҚ з а т. к ө н е. **1.** п а р а п с и х. *Біреудің ерік-жігеріне әсер етіп, жадылаушылық, басын айналдырумен айналысушылық.* **2.** м и ф. *Біреуді дуалау арқылы жадылау.* Табақ тартып жүрген әйел Ақтайдың етіне бір қарап, осы Ақбай емес пе, апам бұзып, *д у а қ а н д ы қ п е н е н* бір пәле еткен шығар-ау деп, далаға тамақтан ала шығып, қораға апарып: «Сен Ақбай емессің бе?» – депті (Қаз. ертег.).

ДУАҚАНТ з а т. с ө й л. ***Дуақан*** *(дұғасы қабыл болғыш адам, сиқыршы).* Мен *д у а қ а н т* Сағидулланың атағын естіп, Бабыл қаласына бардым (Мың бір түн).

ДУАҚАНТТЫҚ з а т. с ө й л. *Дуақан болушылық, дуақандық. Д у а қ а н т т ы қ т а н,* сиқырлықтан хабарыңыз бар ма еді? Бір-

екі аятты оқып, супит деп жіберсеңіз, түрменің есігі шалқасынан түсетін шығар-ау! (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ДУАЛ [ир.دیوار] з а т. **1.** *Балшық, саман, шым тәрізді заттардан салынған үйді, бақты айналдыра салынған қоршау.* Бұл сөзі тұзақшының көңіліне ұнады. Торғайды бір *д у а л ғ а* қондырады, Алғашқы бұл сөзіңді әбден ұқтым, Екінші сөзің қандай? – деп сұрады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Аласа саман *д у а л м е н* қоршаған кішігірім бақтың іші бүгін мейрамдағыдай сәнді киінген халыққа сыймайды (С.Шаймерденов, Мінез). Айналасын қоршаған шым *д у а л ы* бар бөлек-бөлек үйлер қазір ігі-жігі білінбей тұтасып, үлкен бір қора-қорымға айналған (Ө.Қанахин, Дәмелі). Бір кезде бұл тас қақпа үлкен балшық дуалдан салынған көне қорғанның ауызы болғанға ұқсайды. Өйткені қақпаның айналасында ескі *д у а л* іргелерінің ізі байқалады (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Үйді айналдыра салған ағаш қоршау, қаша.* Барушы ек үйді айналып, *д у а л* асып, Есікті қыз тұрушы ед қуана ашып. Ентігіп сол қалпыңмен жүрсің бе әлде, Төсінде Алатаудың қуаласып (С.Асанов, Алматым.). Балайым мен Әскербек үйінің алдына келіп оқтасты. Биік тақтай *д у а л*, екі бірдей есік (Ж.Молдағалиев, Ескі дос). **3.** *Зауыт-фабрикалар мен гимараттарды, қоймаларды айналдыра қоршаған биік қамал.* Завод биік тас *д у а л м е н* қоршалған да, батыс жағында шығыс үлгісімен салынған үлкен қақпасы бар (З.Шашкин, Доктор.). **4.** ә с к. *Қорғану, бекініс үшін салынған қалқа, құрылыс.* Талай түнді көзбен атқызып, қар жамылып, мұз төсеніп жүрген кезіміз ғой, *д у а л ғ а* сүйене қалғып кетіппін (Б.Момышұлы, Офицер.). Қарашаңырақ аумағы ақ қыштан өрілген биік *д у а л*, жарық бағандары. Астанаға қоныс аударып, жаңа қаланың негізгі нобай-нұсқасын кім жасайды деп бәйге жарияланған 98-жылдың қақақаған қысында күншығыс елінен келген сәулетші Кисе Курокавасанның сөзі құлағында қалыпты («Егемен Қазақстан»). **5.** к ө н е. *Ертеректе қаланы жаудан қорғау үшін қатты кесектен, иленетін балшық не шымнан тұрғызылатын биік, берік қоршау, бекіністі құрылыс.* Ертедегі қалалар, қыстақтар, көбінесе, биік *д у а л д а р м е н* қоршалатын болған (ҚҰЭ). Император өз елінің мұншалық қорғансыздығын көріп, түсінен шошып ояныпты. Ояна салысымен бүкіл империяны қоршап тұратын, сыртқы жаулардан қорғап тұратын домбауыл *д у а л* салдыруға пәрмен етіпті (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

ДУАЛА= е т. **1.** д і н и. *Алладан медет, жәрдем сұрап дұға оқып гибадат ету; көз тиюден, аурудан т.б. шипа болатын сүре, аяттарды оқу.* Дауысымды бұзып, айқайлап үйге кіріп бардым да байлаулы жатқан Жанысбайды *д у а л а п,* үшкіре бердім (С.Омаров, Қиыр жол). Сұқ пен көз тиместей етіп, *д у а л а п* тастадым (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жылан шаққан адамды жазу үшін қазақтар тірі жыланды ұстап алып *д у а л а й д ы.* Егер дуа қабыл болса, жылан сол арада өлуге тиіс (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.). **2.** *Дуақанның жадылау, басын айналдыру зиянды әрекеті арқылы біреудің еркін билеп алуы.* Жексен дегені керой боламын деп күндіз-түні шахты деген жерінен шықпайды, не бәлесі барын, басын *д у а л а п* қойған біреу бар ма сол жақта (Ә.Тарази, Тас жарған). Жалпы осы Денисовке Кенбайдың ниеті ауған. Әйел болса басын *дуалап* алды деуге сияр еді (Р.Өтесінов, Алып.). **3.** а у ы с. *Еліктіру, есін алу.* Келеді мұны жаттап парызындай, Қалың гүл қабылдайды арызын жәй. Күйшінің жан жүйесін *д у а л а й д ы* Көңілді төңіректің бәрі жындай (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). Алайда түрлі-түрлі дінибұзарлар біздің ұл-қыздарымызды, аға-іні, апа-қарындастарымызды *д у а л а п*, еліктіріп, секталарына тартқанына, бізді іштен ірітіп, қоғамдық тұрақтылықты бүлдіре бастағанына көнгіміз келмейді («Жас Алаш»).

ДУАЛАҚ з а т. ж е р г. ***Дуадақ***. Ауылдың алды бықып жатқан бұлдырық, жиек *д у а л а қ* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). *Д у а л а қ* ілген құсша, түп етектен жабыса, ұсталған бөріше бүгіліп, үнсіз тырмысқаным (Ғ.Орманов, Жүрек).

ДУАЛАҚША ү с т. ж е р г. ***Дуадақша***. Тойған *д у а л а қ ш а* байпаңдап, түсіп жатқан болыстарға келді (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

ДУАЛАН= е т. **1.** *Жадылану, арбалу. Д у а л а н ғ а н* адамда бас ауру, әлсіздік, жүйке ауруы (ұйқысыздық, үрей, шошу), бедеулік пен белсіздік, буын, іш құрылысы, сал аурулары, қатерлі жаралар пайда болуы мүмкін (ҚҰЭ). Отбасындағы берекесіздік, жақын адамдардың ұрыс-керісі, адам ісі алға баспай, қабілетінен, дәулетінен айырылу, себепсіз үй-мүлкін біреуге беру, есінен тану, дуақанның ырқына көну, туысын ұмыту т.б. құбылыстар – *д у а л а н ғ а н* адамға тән (ҚҰЭ). **2.** д і н и. *Ем-дом сұрап Аллаға жасаған гибадаты қабылдану, шипалы болу.* Әлбетте, *д у а л а н ғ а н* дәрі. Осымен құрт тәммәт-тәммен болды (С.Сұбханбердин, Шындық). **3.** а у ы с. *Есі кету, қызығу, елігу. Д у а л а н а м* да қалам. Әсіресе небір күрделі қимыл жасағанында да бидай өңінің сәл-пәл алабұртып, үлкен қой көздерінің үнемі күлімдеп тұратынын айтсаңшы (Б.Қойшыбаев, Ай нұры). Сол шылым иісінің қасіретімен *д у а л а н ғ а н д а й* жып-жылы, жұмсақ түтінін сорған сайын көзін тарс жұмып құныса түседі (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Дуаланған адамдай. *Басын дуақан айналдырған, біреудің ықпалына түсіп, өз еркінен айырылған кісідей.* Қойшыбай білегіне оралған белбеуді тарқатты да, жерге бір-ақ ұрды. Риза болмаса да, келіскені. Менде не ерік бар, *дуаланған адамдай* бұған да көндім (М.Мағауин, Көк кептер).

ДУАЛАТТЫР= е т. *Зиянды әрекет арқылы еркінен айырту, жадылаттыру.* Дәм татқан құдығына түкіріп Шабанбай кетті. Оның басын осындағы бір моллаға Қаратай *дуалатты р ы п* алған көрінеді (А.Жүнісов, Өмір.).

ДУАЛАУ *Дуала етістігінің қимыл атауы; жадылау, еркінен айыру.* Қазақтар киелеу, арбау, *д у а л а у* дегендердің қандайын болса да жады деп атайды (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.). Адамның басын қолдан орнатамыз, жүректі қолдан жасаймыз. *Дуалау* арқылы махаббатты да қолдан жасауға болады (Т.Әбдіков, Ақиқат). Жын шақыру, арбау, *д у а л а у* мен аластау, ауруды айналдыру немесе көшіруді әдетте өзіне белгілі сөздерді және ән-әуендерді айта жүріп бақсы ғана орындайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ДУАЛДЫ с ы н. *Дуалы бар.* Қашқандай-ақ *д у а л д ы* тар ауладан, Беті сонша қызарып алаулаған. Қатар соққан жүректер дүрсілімен, Жақсы еді ғой жүзіне қарау маған! (Ж.Қашқынов, Найзатас). Жеңіл газик станцияның балшық *д у а л д ы* үйлерінің арасын жарып өтіп, ауылға баратын асфальт жолға түсті (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Төрт бөлмелі, ауласы кең, көк *д у а л д ы* үйге кіргелі талай жыл өтті (Ж.Молдағалиев, Ескі дос).

ДУАЛИЗМ [лат. dualis] з а т. ф и л о с. *Дүниенің негізі бір-біріне тәуелсіз екі бастама – материя мен рух дейтін, дүниенің бірлігін жақтайтын монизмге қарама-қарсы философиялық ілім.* Таным процесі туралы ілімді Кант онтологиядан, болмыс туралы ілімнен бөлектейді. Болмыс пен танымды бір-бірінен бөлектейтін бұл *д у а л и з м д і* Гегель сынады (А.Қасымжанов, Диалектика.). Л.Фейербах жан мен дүниенің *д у а л и з м і* жайында діни ілім фантастиканың ішкі сырын ашты (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

ДУАЛИСТ з а т. *Дуализм идеясын жақтаушы, дамытушы адам.* ≈ Нағыз *д у а л и с т.*

ДУАЛИСТІК с ы н. *Дуализмге тән, дуализмге қатысты.* Диалектикалық материализм *д у а л и с т і к* философияны да, идеализмді де түгелімен бекерге шығарады (Ғылыми атеизм.). Сақ қолөнер шеберлерінің аң, құс, жан-жануарларды егіз бейнелеудегі (геральдика) мәнер – олардың *д у а л и с т і к* дүниетанымынан туған «жануар стиліндегі» өнер туындылары («Парасат»).

ДУАЛЫ с ы н. **1.** д і н и. *Шипалы, Алладан сұрағаны қабыл болғыш, дәрулі.* Бала көтермей сырдақ тартып кеткен соң, бала беретін *д у а л ы* бақсы бар дегенді естіп, Раушан соған үшкіртемін деген (Б.Майлин, Шығ.). **2.** м и ф. *Сиқырлы, жадыланған. Д у а л ы* су сіміртіп, Он екі рет мүдіртіп, Екі жаңғақ дәніне Сиқыр оқып үңілтіп (Манас). Інім, қолыңның *д у а л ы* екенін сыртыңнан естіп, әдейі іздеп келдім. Талай беті әрі қарағандарды жазыпсың (Б.Тоғысбаев, Боз жорға). **3.** а у ы с. *Қасиетті, ерекше.* Қарлығаш та – *д у а л ы* құс, оның қыста басқа жаққа кететін себебі, жазға салым осы өлкеге жаңа әнмен оралғысы келеді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Дару ғой, *д у а л ы* ғой өлең деген. Жаралы жүректерді ол емдеген (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Бұл кезең «катюшалардың» майданда көрінген беті еді-ау. Жаудың үрейін алған *д у а л ы* қару сол болды ғой (С.Хайдаров, Азамат.). **4.** а у ы с. *Арқалы, арқасы бар.* Оның *д у а л ы* ақын ағасы айтқан әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерін бажайлап оқу қажет деген сөз ғана жадында қалыпты (М.Мағауин, Ақша қар).

Дуалы ауыз. д і н и. а) *Алладан сұрағаны қабыл болғыш, ілімі күшті, иманы берік, елжұртының тілекшісі болатын (адам).* Қалада Сейілбегі, далада *д у а л ы а у ы з* Мейрам қажысы бар (М.Тлеков, Әділбек Майкотов). Екі жақтың да *а у ы з ы д у а л ы л а р ы* қауымның терістік бетіндегі шыңдағы кеуекте жатқан Қараман атаның басына барып Құран ұстап, ант берісті (Ә.Кекілбаев, Күй). Ол – нағыз Алланың сүйген құлы. Айтқаны аумай келіп, батасы балдай жұғатын *д у а л ы а у ы з* кісі (Ә.Ақбаев, Қара боран). ә) *Айтқаны келгіш, көріпкелдігі бар, ботагөй.* Әрине, мен сиқыршы емеспін, менің *а у ы м д у а л ы* (С.Еркебаев, Жолдар.). Ел *а у ы з ы – д у а л ы* (Мақал). *А у з ы д у а л ы* ақсақалдан алған батасы тегін кетпеді, Роза апамыз өмірінің соңғы жылдарында жақсы тұрмыстағы алты баласының арасында армансыз ғұмыр кешті («Егемен Қазақстан»). ә) *Елге қадірлі, сөзі өтетін (адам).* Сөйтіп бір-екі жылда-ақ Оспан Жанғабылов үлкен беделге ие, *а у ы з ы д у а л ы*, салауатты қызметкер боп шыға келді (М.Мәжитов, Құлынды.). Балуанның өзі тентектігін қойып, сол елдің үлгі айтатын биінің бірі боп ты дейді, *а у ы з ы д у а л ы*, айтқанын халқы екі қылмайды дейді (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Сенеріде,семсерсілтеріде–қалыңколхозшы. *Дуалы ауыз* Сәрсек, ақылды әйел Ажар, жылқышы ата Қонайға арқа сүйейді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

Дуалы сөз [лебіз]. *Халықты ұйытатын мәнді, мазмұнды, өтімді, иландыратын пікір.*

Қадырбай, даңғыл Мұрат, Қуан өткен, Жел *с ө з і н* тілден шыққан *д у а л ы* еткен. Бәрінен қылсаң пікір ажал жүйрік, Түбінде дем алдырмай қуа жеткен (Ы.Шөреков, Исатай-Махамбет). *С ө з і ң д у а л ы*, аузыңның ебі болушы еді. Біраз күнге сұранып, апа-сіңлілерге түсінік беріп қайт. Әйтпесе бәрі бет-бетімен тарап, үйде ошақ қасы, отбасы болар жан жоқ (Жарық жұлдыздар).

ДУАЛЫҚ з а т. с ө й л. д і н и. ***Дұғалық*** *(дуалап берген Құран сүре, аяттары жазылған тұмарша).* Бұл жеңешем ырымшыл жоққа құмар, Мойнында үш *д у а л ы қ*, бір бойтұмар. Салпылдақ, сарғыш тартқан көзі сынған («Қаз. әдеб.»).

ДУАЛЫҚТАЙ с ы н. *Дуалық сияқты, дуалық тәрізді.* Ол хатты оқыды да, қағазды *д у а л ы қ т а й* сыртынан сүйіп, кеудесіне басты (Мың бір түн).

ДУАМАЛ с ы н. к ө н е. *Дуаланған, дуа тиген.* – Ей, жаратқан, қадір *д у а м а л*, Әр нәрсе қылсаң еркің бар (Батырлар жыры).

ДУАН [ир. دیوان] з а т. **1.** *Қазақстанды отарлаушы патшалық Ресейдің қазақ даласынан қорғану, оны жаулап алу үшін салған әскери бекіністері, форт. Д у а н* салып ішінен, Айырып қуат күшінен, Ақ патша десе үрпиіп, Оянып шошып түсінен, Аға сұлтан қазының Ел сілкінді ісінен (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Заман қайтіп оңалсын, Адам қайтіп қуансын – Жандарал болды ұлығың, Майыр болды сиынғаның!.. Кәпірді көрдің піріндей, Тілмашты көрдің биіндей, *Д у а н д ы* көрдің үйіндей, Абақты тұр қасында Қазылған қара көріндей! Байлар ұрлық қылады, Көзіне малы көрінбей (Шортанбай Қанайұлы // Екі мыңжылдық.). Уәлі жолдан оралғанда жай бір сапардан келіп отырған жоқ, *д у а н ғ а* барған жерінде аңдаусызда абақтыға түсіп қалған немере ағасы, мыңбасы Кәрбозды босатып алды (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.). Сол Абайділда Көкшетауға *д у а н* салдырмаймын, ешкімге бағынбаймын деп, қарсылық қылғаны үшін ұсталып, сегіз жыл Итжеккенге айдалып, қайтып келгенде, Орынбай ақын айтқан екен (М.Дулатов, Шығ.). **2.** к ө н е. *Қала, кент.* Үш жылдан бері көріспеген Әлібиді Амангелді ақ жарқын көңілмен қуана қарсы алған. Кешегі *д у а н ғ а* шабуылдың ыстық-суығын өзімен бірге көрді (З.Мұхамеджанов, Торғай.). Алматы осы күнді біздің *д у а н,* Бозбала, мені көр де күнде қуан. Үш жүзге өлеңменен атым шыққан, Сұрасаң ұранымды Албан-Суан (Әсет, Шығ.). Ал Оспанды түптұқиянымен жіберер күш Көкебайда бар еді-ау баяғыда. Атақты ақын Абаймен дәмдес болған ол шал кезінде бүкіл Семей *д у а н ы н* аузына қаратқан ірі кісі деседі (О.Бөкеев, Өз отың.). **3.** т а р. *Ресей империясының 1822 жылы қазақ даласына жасаған территориялық бөлінісі, округтік аймақ.* Мұса Шормануұлы қолындағы ресми билікті пайдалана отырып, өз *д у а н ы н а* қарасты елдің балаларын ауылдық медреселерде оқытқан (Мұса Шорманов). Сперанский жасаған ереже бойынша «Сібірлік» аталатын қазақтар: Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Баян, Қарқаралы, Көкбекті аталатын алты *д у а н ғ а* бөлінеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жылқыайдардың әкесі Әлімбек Түлкібас *д у а н ы н а* аты жайылған айтулы батыр, шабандоз, палуан боптЫ (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). **4.** т а р. *Патшалық Ресейдің 1822 территориялық бөлінісі бойынша белгіленген қазақ округтерінің орталықтары.*Сатымбетті болыс Дәндібайға жұмсаған Қарабас, жерін Қамқорлар тартып алғаннан кейін Ақшолақты Аякөз *д у а н ы н ы ң* атақты қашқын ұрысы Жайпар Жұдырық баласына жіберген-ді (К.Оразалин, Кейбайтақ). Ұлық хазіретілер байқауымызша, Қарқаралы *д у а н ы н а* риза болса керек («ДУГ»).

Бір дуан ел. *Бір округ, аймақ елді қамтитын көлемді білдіретін халықтық өлшем.* Қазыбек пен Дүрімбайды бетімен қоя берсе, Ұлғайып барып, аяғы *б і р д у а н е л д і* шатылдыратындай түрі бар (С.Шарипов, Шығ.). Бұл жиналған әншілер тобының ішінде Ермектің Исайы, Байжанның Қалиы, Айтбайдың Ғаббасы, Балғабайдың Жақыпбегі сияқты есімдері *б і р д у а н е л г е* белгілі өңшең атақты ән шеберлері бар болатын-ды (М.Майшекин, Мұрагерлер).

ДУАНА з а т. с ө й л. **1.** ***Диуана***. *Д у а н а* аяқ астынан үріккен жылқыша, жарқ беріп, лоқып, әнтек тұра қалды да, бұрылып Ақбілекке қарай жүрді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл Іскендір *д у а н а н ы ң* бармаған жері, баспаған тауы жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұлбұл боп кейде қақсап таңда зарлап, Торғай боп аспанда ұшып, көкті шарлап. Басына аққу киіп, *д у а н а* боп, Қасына ханышаның кеп тұр сарнап (І.Жансүгіров, Поэм.). **2.** *Дұға оқып, дем салушы, соны кәсіп етуші адам.* Шайқы-бұрқы *д у а н а*, Кесір, кесел қуала Кел берекет, кет бәлекет Аллай ха-а-а-ақ! (М.Әуезов, Шығ.). Бақсылардың қылған кәсібін *д у а н а* да қылады. Әуелгі уақыттарда дуаналар өздерінің жақындарына жақсылық-жәрдем қылмақ үшін кәсіп қылар еді («ДУГ»). Қожа-молдалардың, бақсы-балгерлердің, *д у а н а,* дәруіштердің Ұлықбекке қарсы болғаны, оны өлтіруді ойластырғаны мәлім (М.Исқақов, Математика.). **3.** а у ы с. *Ісінде береке жоқ, тұрақсыз адам.* Біреу сені мақтаса, қуанасың, Жамандаса, жабырқап, суаласың. Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісің

жоқ, Бәрібір сен де елірме *д у а н а с ы ң* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Дуана талағандай. *Есін шығарғандай, берекесін кетіргендей.* Европаның жаһангерлері Түркияны *д у а н а т а л а ғ а н д а й* қамап, арбап, бұрынғысындай құлдану, езу шарасын кеңесіп жатыр (М.Дулатұлы, Шығ.). Менің көршім Жағыпар деген Нұрланның оқытушысы ғой. Етті қолмен жеуге бола ма, әлде болмай ма деген бір хәкімнің сөзін айтып, өзімді *д у а н а т а л а ғ а н д а й* қылғаны (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Кәрісі жоқ болса, жасы дуана болады. *Қариясы жоқ елдің жастары қарттардың қызметін өзіне алады, орнын басады деген мағынада.* Арқаның қызыл изені, Басы күрдек, түбі арал, Қыдырып шалар аруана, *К ә р і с і* кімнің *ж о қ б о л с а, Ж а с ы б о л а р д у а н а* (Махамбет // XIX ғ. қаз. поэз.).

ДУАНАДАЙ с ы н. *Дуана сияқты, дуана тәрізді.* Басына аққу терісін киген *д у а н а д а й* сәлде оранған бірнеше молласы бар қомақты топ қабір басындағы халайыққа жақындай түсті (Б.Құсбегин, Зұқа батыр). Алыс күндер ескерткіші, *Д у а н а д а й* тұр дуалдар. Қызыл, жасыл, көктем түсі Қарайды ескі мұнаралар (С.Мәуленов, Өлеңд.). «Мұнысы не, апырау, мұнысы не, *Д у а н а д а й* осының жүрісі не?» – Деп те күліп жатыр ма, кім білед, Бір ағайын түсінбей бұл ісіме (С.Иманасов, Жыр дәурен).

ДУАНАЛЫҚ з а т. **1.** *Дуана болушылық, ел адақтаушылық.* Тәңірге жазып мінбей-түспей, арып шөмеңдеп *д у а н а л ы қ п е н* бір күн болған буралық неге жарайды? (Абай, Тол. жин.). **2.** *Болжағыштық қасиет, айтқаны келушілік.* «Жарықтықтың кейде осындай бір *д у а н а л ы ғ ы* бар», – деп ойлады Сұлтанмахмұт (Д.Әбілев, Арман.). Міне, шақырып бүлінбейақ *д у а н а л ы ғ ы* әкесінен де асып түсетін Шайқының жар дегендегі жалғыз баласы өзі келіп отыр (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). **3.** а у ы с. *Елге сенгіштік, аңғалдық.* Наргүл мұның сезімінде ойнаушы әзезіл! Көрінгеннен туыс көріп тұратын *д у а н а л ы ғ ы* кезінде ол ақ көңілділікпен Наргүлге де айтқан (Р.Тоқтаров, Тұлпар).

ДУАНАША ү с т. *Дуана сияқты, дуанаға ұқсап.* Түйе жүн шекпеннің үстінен тізеден келмейтін шапан жамылып, *д у а н а ш а* селкілдегенше Жүністің баласының алдына тізе бүккенің артық еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Дуанаша талады. *Есін шығарды, жабыла кетті.* Қол ұстайды айтасың ғой? Күйеу болып сызылып, Қатындар келіп қамаса, *Д у а н а ш а т а л а с а,* Ойың сол-ау, балаша (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДУАНАШЫЛ с ы н. с ө й л. *Ел кезкіш, ел адақтағыш.* Сапақ та біраз күндей *д у а н а ш ы л* боп Жүр еді, жоқ еді тыным еткен (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

ДУАНБАС з а т. з о о л. <лат. larus hyperboreus> *Татреңділер отрядының шағалалар тұқымдасына жататын құс. Д у а н б а с т ы ң* қанатының ұзындығы 80 сантиметрдей, салмағы 1,5–1,7 кг, түсі ақ (ҚҰЭ). *Д у а н б а с* Қазақстанға (Каспий теңізінің жағалауына, Ертіс, Іле өзендеріне) бірнеше рет ұшып келген (ҚҰЭ).

ДУАНБАСЫ з а т. т а р. *Қазақ даласында ресейлік отарлаушы империяның бекіткен сайланбалы лауазымы, дуанға қарасты қауымды, округті билеуші ұлық. Д у а н б а с ы* аға сұлтан Шыңғысқа тағы бір жолығып қайтуға жүріп кетті (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Мен, Көлбай Тоғысов, патша тәртібі кезінде бір кісілік зынданда «дем алғаным» рас, сол кезде сіз *д у а н б а с ы м е н* бір жарым жыл «қолтықтасып» жүргенсіз (Т.Кәкішев, Сәкен Сейфуллин.). Сондықтан старшын Ықыластың қаңқылдаған қара қобызының сахараға салған лаңын, иланғыш жұрттың оны пір тұтатынын, оның даңқы болыс-билерден асып, жарымпатшалықпен тайталаса бастағанын *д у а н б а с ы ғ а* жеткізген («Жас Алаш»). Ауылдың атқамінерлері – елубасы, жүзбасыдан старшын, болыстарға шейін, одан жандаралдың оң қолындай сонау *д у а н б а с ы ғ а* шейін Ақанның соңына шырақ алып түскен (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ДУАНБЕК з а т. т а р. *Ертеректегі қазақ даласындағы сайланбалы лауазым, әскерилендірген пошта бекеттерінің бастығы. Д у а н б е к т і ң* міндетіне ел арасына әскери бақылау жасау, алым-салық жинау т.б. кірген (ҚҰЭ). Шығыс Түркістанда *д у а н б е к т е р* ауқатты адамдардан тағайындалған (ҚҰЭ).

ДУАНДЫҚ с ы н. т а р. *Дуандағы, дуанға қарасты.* Мұнда келісімен *д у а н д ы қ* мекемеге кірсе, сонда отырған бір қызметкер өзінің Семейге губерниялық атқару комитетіне жазған хатын оқып отыр екен (Ә.Бектасов, Мәди). Жаңа жыл, жаңа күз астықты, ырысты болды. Бидай қамбаларға сыймай кетті, артығын *д у а н д ы қ* қалаларға көтермемен сатуға болар еді, бірақ базар нарқы түсіп кеткен (М.Мағауин, Аласапыран).

ДУАСЫЗ с ы н. *Пәтуасыз, еліктегіш.* Кім біліпті соны. Еркек деген бір *д у а с ы з* халық қой. Біреу бетіне күле қараса, соңына түсіп алады да, мақсатына жетпей қоймайды (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

Дуасыз ауыз. *Сөзі берекесіз, көкіме, бәтуасыз адам.* Өз басыңды білмеймін, ал әкеңді көріп едім... Пақыр көпірме болатын. Қызыл сөзді

желге шашқан, *д у а с ы з а у ы з д ы ң* нағыз өзі еді ғой, – деп қарт софы кеңкілдеп күлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дуасыз сөз. *Пәтуәсіз, мәнсіз, орынсыз айтылған сөз.* Куәсіз көз, *д у а с ы з с ө з і ң м е н* қай шеттен қағынып, ақ жыныңды ақтарып тұрсың аузыңнан (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ДУАШЫ з а т. к ө н е. *Дуа оқып, сиқырлық, бақсылық қылатын адам.* Қыз жеті жұрттың тілін білетін *д у а ш ы* сиқыршы екен (Қаз. ертег.). Қара кемпірге тура қарауға адам сескенерлік, оның жүзі суық, ал оның *д у а ш ы* деген аты жүзінен де суық (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ДУБЛЕР [франц. doubleur] з а т. **1.** *Негізгі рөлде ойнайтын адамды ауыстыратын қосалқы актер.* Бас рөлде ойнайтын адам, ең әуелі өзін *д у б л е р* болып көрсетеді (Ауызекі). **2.** с п о р т. *Аяқдопта негізгі командаға қосымша құрылған топ.* Ол «Қайрат» командасының қосалқы құрамында *д у б л е р* болды (Ауызекі). **3.** *Біртектес заттарды шығаратын қосалқы кәсіпорын.* Елдің шығыс аудандарында – Уралда, Поволжьеде, Сибирьде және Орта Азияда біртектес заттар шығаратын (*д у б л е р*) кәсіпорындар салынбақ болды (Партия тарихы). **4.** с п о р т. *Кинода күрделі қимыл-әрекеттер немесе қиын акробатикалық трюктер жасауды қажет ететін жағдайда негізгі актердің рөлін орындаушы.*

ДУБЛЕТ [франц. doublet] з а т. **1.** *Біртектес екі заттың біреуі, соның екінші данасы.* **2.** л и н г в. *Мағынасы бірдей [тепе-тең] дыбысталуы жағынан айырмасы бар сөздер.* Мысалға *д у б л е т* сөздер деп жүрген ашық пен ғашық, беймаза мен бимазары тағы басқаларды алайық («Соц. Қаз.»). Фонетикалық варианттар бір сөздің түрліше дыбыстық ауытқуынан түзілсе, *д у б л е т т е р* – мағыналық тепе-теңдікті білдіретін түбірі мен тұлғалары әр басқа сөздер (С.Бизақов, Вариант сөз.). **3.** ф и з. *Бір-біріне жақын орналасқан спектрлік сызықтар жұбы. Д у б л е т т е р* спинорбиталық өзара әсердің салдарынан болады (мысалы, натрий спектріндегі сары дублет) (ҚҰЭ). **4.** з е р г. *Бір-бірінен желімделген екі бөліктен тұратын жасанды асыл тас. Д у б л е т* үстіңгі бөлігі нағыз асыл тас болып есептеледі (ҚҰЭ). **5.** ә с к. *Екі ұңғылы аңшы мылтығының бір мезгілде атылуы.*

ДУБЛИКАТ [лат. duplicatus] з а т. р е с м и. ***Төлнұсқа*** *(тұпнұсқасымен барабар заңды күші бар белгілі бір құжаттың екінші данасы).* Ештеңе етпейді, әрі кеткенде бір сөгіспен *д у б л и к а т* береді ғой (С.Еркебаев, Алғашқы.). Мысалы, мемлекеттік тілге там-тұмдап көше бастағанның өзінде іскағаздары саласында абзац – азат жол, фраза – еже, оригинал – түпнұсқа, *д у б л и к а т* – төлнұсқа, текст – мәтін, документ – құжат, таможня – кеден, юстиция – әділет, коррупция – сыбайлас жемқорлық сияқты жүздеген терминдер жасалып, аударылып, тұрақты қолданыла бастады («Жас Алаш»). Құжат жоғалған жағдайда *д у б л и к а т* беріледі (Қаз. тілі термин. Экономика).

ДУБЛЯЖ [франц. doublage] з а т. к и н о. **1.** *Дыбысты фильмнің сөзін өзге тілге аударып таспаға жазу.* Қазақстанда *д у б л я ж* жасау ісі алғаш 1940 ж. қолға алынып, одан кейінгі жылдары аса қарқынды дамыды (ҚҰЭ). Студияның *д у б л я ж* бөлімінде де қызу жұмыс («Лен. жас»). 1963 жылдың өзінде ғана 3 фильм *д у б л я ж* жасалынды («Қаз. әдеб.»). **2.** *Кинофильмнің дыбысы екінші бір тілге аударылып, жаңадан жасалған фонограммасы. Д у б л я ж д а* сөздің естілуі ақтердің ауыз қимылына, ернінің ашылып-жабылуына үйлесуі және сөз мағынасы түпнұсқадан алшақ кетпеуі шарт (ҚҰЭ).

Дубляж жасаушы. к и н о. *Кинофильмнің дыбысын екінші бір тілге аударушы маман.* Алдымен, *д у б л я ж ж а с а у ш ы л а р* (режиссер, дыбыс операторы, монтаждаушы, аудармашы және сөз мөлшерлеуші) фильмді көріп алады (ҚҰЭ).

ДУБНИЙ [лат. dybnium] з а т. х и м. *Элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы жасанды радиоактивті трансуран элементтеріне жататын химиялық элемент. Д у б н и й д і ң* тотығу дәрежесі +4 химиялық қасиеттері гафнийге (Hf) ұқсас (ҚҰЭ). Булану температурасы 313°С болатын *д у б н и й* хлориді белгілі (ҚҰЭ).

ДУДА с ы н. **1.** *Үрпиген, қобыраған.* Андасанда ұшатын шөлдің *д у д а* бас бозторғайы ғана шырылдап барып әлдеқайда қонады (С.Бегалин, Сәтжан). **2.** а у ы с. *Құйындатқан, тұтеген.* Дәл осыны күткендей-ақ әлдеқайдан құйындатып жеткен бір *д у д а* боран кабинаны сабалана соқты (Ә.Нәбиев, Тың тынысы).

ДУДА-ДУ ү с т. *Мәз-мейрам, у-шу.* Еркек-әйел әзілдесіп, *д у д а-д у* күліп отырмыз (Ж.Жұмаханов, Шұбартау.).

ДУДА-ДУДА с ы н. *Қобыраған, үрпиген, додаланған (шаш).* Иванов *д у д а-д у д а* болған шашын оң-қолымен салалап, сол қолымен бұзау терісінен істеген қызыл малақайын қысып, сатының көлденең қоршауында келіп тұрды (М.Дәулетбаев, Қызылжар). Бет-аузында боялмаған сау жер жоқ, көзінің айналасы күйе-күйе, аузы қып-қызыл помидор жегендей, шашы *д у д а-д у д а* бір пәлекет (Б.Аманшин, Көкжар). Оның маңдайында әжім сызаттары білеу-білеу. Көптен таралмаған секілді, шашы *д у д а-д у д а* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ДУДАЛАН= е т. **1.** *Үрпию, үйпалану, додадода болу (шаш туралы).* Қыз шашы *д у д а л а н ғ а н* күйі ызасы кеп, реніш те білдірген жоқ (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Ғапу етіңіз, – деп қалпағын басынан ала, *д у д а л а н ғ а н* шашын төгілте бас иді Байтас (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). *Д у д а л а н ғ а н*, шудаланған қою шашқа ешқандай бас киімнің де қажеті шамалы, бірақ мыжырайған кепкасын тастамайды (С.Еркебаев, Жолдар.). **2.** *Бүйраланған, шүйделенген, қобыраған.* Көпіртіп сабағанда бір қыздың артынан *д у д а л а н ы п* жүн түссе, басқалары «күйеуің сақалды болады екен» деп күлкіге көтереді; бірін-бірі қажап күліп отырғанда, біраз сабам жүн алынып қалады (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Кілемдей шөбі түрленген Сарыарқада жүріп келе жатқанда, желмен желкілдеп тұрған қылқанға көздерің түссе; болмаса оң мен солға шұлғып тұрған қамыстың басын көрсеңдер, әйтпесе, *д у д а л а н ы п* жерге түсіп жатқан талдың қанатты ұрығын бассаңдар, мұндай өсімдіктердің тұқымы желмен тарайды деп еске түсіресіңдер (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

ДУДАМА з а т. *У-шу, қызығы мол думан.* Кешегі *д у д а м а*, абыр-сабыр қызықты тіршіліктің бүгін сап басылғанына іштей налыды (М.Қаназов, Арна). Гүлбануды көзі шалып қалып, Нұрқабыл аяқ астынан манадан бері *д у д а м а ғ а* беріліп, тіпті оны ұмытып кеткеніне абыржыды («Қаз. әдеб.»).

ДУДАР с ы н. *Үйысып бүйраланған, қалың, үйпалақ. Д у д а р* шашы үрпиіп, Қара бала жымиды. Жиылған жұрт қаумалап, Дейді оған: «айт шыныңды!» (Б.Майлин, Шығ.). Келіншек осы бір қырсықты батыр өңді, *д у д а р* шаш, әдемі жігіттің бастағанын білді, бірақ қазақтар жақын-туыстары үшін де мұндай қызметтен аянбайынын еститін (Ә.Сараев, Тосқауыл). Шоқан ұзын бойлы, *д у д а р* шашты, ақсары жігітті өлімге айдап, басын алатын арнаулы жерге алып барған жендеттерді көзімен көрген әйелмен сөйлесті (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Құрбан басындағы қара *д у д а р* сеңсеңін қолыменен бір басып қойып, шофер мен бұған ыммен бұйырады (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Дудар бас. а) *Шашы бүйра-бүйра, қобыраған.* Жыл өтті. Келсем бір қласыма, Бір сурет мен көргендей тұр осында. *Д у д а р б а с*, ойлы көзді жігітке ұқсас, Сымбат бар өзгеше бір тұлғасында (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайың). Қолындағы фотоаппаратын байқап, тілші емес пе өзі деп ойлады. Әжесі мен атасының қолында жүрген кезде келіп суретке түсіріп алған *д у д а р б а с* жігіттен кейін-ақ талайы мазалаған (М.Ысқақбаев, Ұят туралы.). ә) *Шашы бүйра-бүйра жігіт, кісі мағынасында.* Шұңгіл көз, мұртты қара Тұрсынды қамшымен нұсқап, зілді үнмен: – Мына *д у д а р б а с* сенімді ақтай ма? – деді (Ә.Көшімов, Лашын.).

ДУДАРДАЙ с ы н. *Қобыраған, үрпиген. Д у д а р д а й* шаш қоясың қарыс қылып, Бұтыңа кидің шалбар жабыстырып, Орысша, қазақшаны түгел білмей, Сөйлейсің шалдыр-шалдыр шабыстырып (О.Шораяқов, Шайыр). Нұрғалидың басында кепке, шашы жалбырап, кепкенің артынан *д у д а р д а й* болып шығып тұр (Б.Майлин, Шығ.). Қараңғылық қойнынан шыға келген алба-жұлба, шашы *д у д а р д а й* баланы шайтан екен деп қалған ауыл бақташылары шошып кетіп, дүркірей қашады (К.Әміров, Өшпес.).

ДУДАР-ДУДАР ү с т. *Шашы қатты дударланған, бүйра-бүйра.* Менің шашым *д у д а р-д у д а р* болып таралмағанына, шашым тұрмақ әлі бетімді де жумағам (Ә.Қалдыбаев, Шаншар атай).

ДУДАРЛА= е т. *Қобырату, үрпиту, бүйралау.* Шелектей танаудан бу парлап, Қара көк, жалбыр жал *д у д а р л а п.* Түйдектеп, екпінмен шұбалтып, Жер шайнап соғады жұмарлап (С.Сейфуллин, Шығ.). Қыз айнаның қарсы алдына барып, шашын *д у д а р л а п* түсірді де, қайтадан тарай бастады (Атамекен). Енді шаштың артын өсірді, *Д у д а р л а п* әкеліп желкеге түсірді (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.). Райханның тұлғасы да көз алдына келеді. Маржандай ақ тістерін ақсита күледі. Ерке қылықпен Ақанның шашын *д у д а р л а й д ы* (З.Шашкин, Өмір.).

ДУДАРЛАН= е т. *Бүйралану, үйпалақтану.* Сақалы *д у д а р л а н ғ а н*, етегі тізесінен төмен түскен кең, жыртық, қара сұр көйлегі бар, имейген кішірек, арық денелі шал шыға келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Балуан биік бойлы, басына *д у д а р л а н а* қара бүйра шаш өскен жігіт, мен бұрын көргенде ақшыл-сарғылттау өңді еді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мінбеге енді көзілдірік киген, *д у д а р л а н ғ а н* шашының алдыңғы жағы түсіп, қасқа бас болып қалған кісі шықты (І.Есенберлин, Қатерлі.). Амантай қорқып қозғалып еді, бір кемпірдің *д у д а р л а н ғ а н* шашы көрінді (Қ.Әбдіқадіров, Амантай).

ДУДАРЛАНДЫР= е т. *Бүйраландыру, үйпалақтату.* Гасфорт ондайда иек тұсын ғана қырып, жақ үстін *д у д а р л а н д ы р а* өсіріп жіберетін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Дүрбіні көзіме тосып, төңіректі түгел шоламын. Қарлы боран арасынан көкшулан жалдарын *д у д а р л а н д ы р а* сілкілеп, қарғып-қарғып түседі (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ДУДАРЛАТ= е т. *Қобырату, үйпалату, бүйралату.* Бүйра шашын *д у д а р л а т ы п*, үсті-

басы балшық-балшық болып, аяғын тәлтіректей басып кіріп жатқан жігітке Есен тесіле қарады (М.Иманжанов, Көк белес). Фотокарточканы қолына алғанда қыз емес, шашын *дударлатқан* шайтан түрғандай әсер алды (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

ДУ-ДУ[1] үс т. **1.** *Дуылдаған, у-шу болған.* Тайман шешесін тағы аяды: Анау бөлмедегілер *ду-ду* қызық құшағында, ал мына кісі соларды күтем деп сүрініп-қабынып азаппен жүр (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). **2.** *Қыза, қызыға.* Балалар *ду-ду* оқып, жазып-сызып, Үйде тар, дала қар, суық қысаң, Мектептен басқа жерде көңілсіздік (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Азан-қазан, у да шу.* Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу, Көбелек пен құстар да – сайда *ду-ду* (Абай, Шығ.). Қарсыма-қарсы шапты енесіне Жүгірген беттен қозы жамырауық, *Ду-ду* боп енесімен жамырасты (С.Керімбеков, Өлеңд.).

Ду-ду әңгіме [сөз]. а) *Өсек, жел сөз, дуылдаған сөз.* Бие сауатын, құлын суаратын малшыларда дүрмекке еніп кеткен әр жерде *ду-ду әңгіме* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Қызу әңгіме, әзіл-күлкі.* Асылбектің қашан көрсең де жүрген жері *ду-ду әңгіме,* күлкі болатын (Б.Бодаубаев, Желсіз түнде.). Шағаладай тігілген ақ боз үйлердің арасы *ду-ду сөз,* көңілді күлкіге кенелген адамдарға лық толы (Ш.Дәрмағанбетов, Менің замандас.).

Ду-ду етті. *Дуылдаған, қызық әңгіме жасады, шуласып қалды.* Бір күні қызметте жүргенде Асқардың кабинетінің алдынан өтіп бара жатыр еді, есігі ашық, бір топ жігіт *ду-ду етіп* отыр екен (З.Рысбеков, Әйел сыры).

Ду-ду күлкі. *Жаппай, бірден, бірін-бір көтермелей, қостай күлген күлкі.* Гу-гу әңгіме, *ду-ду күлкі.* Үй иесі бізді шығарып салып келеді («Лен. жас»). Асылбектің қашан көрсең де жүрген жері *ду-ду күлкі,* әңгіме болатын (Б.Бодаубаев, Желсіз түнде.).

ДУ-ДУ[2] е л і к. *Ұрғанда, ұялғанда, суыққа тоңғанда, ауырғанда т.б. болатын денедегі қызудың әсерін бейнелейтін сөз.* Гүлбанудың жанына отырдым. Тақымым, үзеңгі бау қажаған сирағым *ду-ду* ашиды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ол әңгімесін жалғады. Ертесіне жолға шықтым. Жұрттың бәрі біліп қойғандай екі бетім *ду-ду* жанады (Б.Мұқаев, Аққу сазы). Басынан ба, әлде көкірек тұсынан ба, әйтеуір қайдан басталып, қайдан біткені белгісіз, рахат бір ыстық толқын өне бойын *ду-ду* аралап өтті (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

Ду-ду етті. *Қыздырып, ысытып, шымырлатып әкетті.* Алақаны зырылдап қалған, *ду-ду етіп* күрек сабын өзіне жолатпайды (С.Шаймерденов, Болашақ.). Осы сәт Қасымның беті алаулап *ду-ду ету* і. Өзін билеген шым-шытырық сезіммен арпалысуда (Ө.Қанахин, Мұрагер). Денесі суыған сайын, тыныс алған сайын, екі алақаны *ду-ду ете* д і (Р.Әутәліпов, Алтын.).

Ду-ду ұрды. *Алақандары қызғанша қол соқты.* Әлгінде сөзден жеңіліп, төменшіктеп қалған қыздар мырс-мырс күліп, мәре-сәре болып алақайлап, *ду-ду ұры* п жатыр (С.Балғабаев, Құм.).

ДУ-ДУМАН з а т. *Ойын-күлкі, сауық-сайран, қызық жиын.* Соғыс шарпуы майданнан мектепке көшкендей жастар арасы *ду-думан,* айтыс-тартыс (Ж.Арыстанов, Жалын.). *Ду-думан* ұлы патша ордасында, Болмаған ондай жиын сол ғасырда. Жинаған батырларын, ақындарын, Қалдырмай жортағын да, жорғасын да (Ә.Тәжібаев, Құрдастар). Ал мұхиттың сенімен ісі жоқ, өзімен-өзі, баяғыдай күбірлеп, өз әуені, өз *ду-думанымен* асыр салып, өзімен өзі іштей арпалысып, тулап-шулап жатыр (Е.Байжанов, Үш қиян). Ол ешкімге «ал» да демей, «кел» де демей, «экстрадан» дәсері бокал тағы тастап жібереді. Ешкі маңырағандай болды. *Ду-думан,* ызы-қызы дауыстың арасынан қара ешкінің үні құлағына анық шалынды («Қаз. әдеб.»).

ДУ-ДҮРМЕК з а т. *Ырду-дырду.* Танитын-танымайтын жандар тегіс араласа қабаттасып, *ду-дұрмекті* көбейтті (К.Оразалин, Көктем.). *Ду-дұрмекпен* бұрын байқамай, Ақмадияның астындағы қатпа байталды жаңа ғана көрген жұрт жабыла көз тастап, жамырай сөз етті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мамырдың бұл ортаға келуі – құрбыларының аса бір үлкен жеңісіндей *ду-дұрмек* ұлғая түсті (К.Оразалин, Көктем.).

ДУДЫРА= е т. **1.** *Ұрпию, додалану, қобырау.* Шашы *дудыра п* қараңдап жүгірген әйелдің дауысы бәрінен де ашы (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ақбақай шыңғырып аспанға секірді, аузын арандай ашады, қою жалы *дудыра п* қалақтай болып кейін серпеді (С.Талжанов, Ұлдай.). Шаштары будырап, сақалдары *дудыра п* теңселе басқан масаңдар поезға қолдарын бұлғайды (Д.Әбілев, Арман.). Арақ ішкеніне қысыла қойған жігіт жоқ, көгене шөптей *дудыраған* басын кекшитіп, қарқылдап күліп жіберді (З.Иманбаев, Кең аймақ). **2.** *Дода-додасы шығып шашылу, шашырау.* Ақша *дудыра п* үстел үстінде жатты. Шәрипа диванда теріс қарап бетін жауып жатыр (К.Сатыбалдин, Қараторғай). Сайдақ арбадағы балтасын ала салып жәшіктің түп жағына періп кеп жіберіп еді, жарылған тақтайдың арасынан қағаздар *дудыра п* шыға келді (Ә.Әбішев, Сәуле.).

ДУДЫРАТ= е т. *Қобырату, бұйралату.* Әлгі кісі *дудыратып* шаш қойған, бірақ өзі менің

үлкен ағам қатарлы жас жігіт боп көрінді маған (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ерсілі-қарсылы уқалап жын соққан торғай бастандырып, шашымды да *д у д ы р а т т ы м* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол кезде Садық өрімдей жас еді. Өз қадірін білгендіктен шашын *д у д ы р а т а,* кепкісін бір шекесіне ғана киіп жүретін (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Дәл төрде, бұйра шашын *д у д ы р а т ы п,* ақ көйлекке сәндеп гүлді галстук таққан сұлу жігіт қағаз жазып отыр (Р.Сейсенбаев, Сағынтып жет.).

ДУЛА[1]= е т. **1.** *Дуылдау, уылдап-шуылдау.* Күлкі мен айқай бір шығып, *Д у л а ғ а н* жұртты аңғартар. Дауылға қарсы дүрлігіп, Қуалаған қимыл таңдантар (Н.Шәкенов, Толқын.). Әйкен айналасындағы арадай *д у л а ғ а н* халықтың Далабайдың құлаққа жағымды, қоңыр даусы көтерілгенде, тына қалғанын есіне түсірді (А.Лекеров, Түз гүлі). «Тағы айта түс, білгеніңді тегіс ақтар!» десіп, *д у л а п* жөнеледі (Ж.Саин, Жол үсті.) **2.** *Думандау, қызықтау, сауық-сайран құру.* Күлеке жиырмада арқар еді, Отызда би, қырқында дарқан еді. Кешегі *д у л а п* өткен Күлекенің Алдынан орыс, қазақ тарқап еді (Шал ақын). Қалың ел келе жатыр бәрі шулап, Күлісіп қыз-бозбала бәрі *д у л а п* (К.Әзірбаев, Шығ.). **3.** к ө н е. *Алды-артына қарамай қашу, қатты әбігерге түсу, күйзелу.* Ырсалды мен Қалдыбай, Екі батыр тең өлді-ай. Бұлар өліп қалған соң Бақсыз туған Байұлы *Д у л а п* қашып жөнелді-ай (Шернияз, Шығ.). Алғаның мендей жыласын Азаматың сұласын, Мінген (атың) құласын, Үйіңнің іші шуласын Қатының балаң *д у л а с ы н* (Қыз Жібек). Ол қолыңнан келмесе, Ойнақтама, *д у л а м а.* Ойлашы өзің ендеше, Соған көңілің тола ма? (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд.). **4.** *Көтерілу, қызығы арта түсу, қызыну.* «Сайламаймыз Шоқпыт баласын. Елді бүлдіреді сүттей үйып отырған» – деген дауыстар бірінің басынан бірі қарғып, бірінің белін бірі басып *д у л а п* кетті (Д.Әбілев, Баянауыл.). Публика, әдетте, көбіне елпілдеген жүрдек немесе ішінде күлкі араласқан әндерді көп сұрап, *д у л а п* кетеді (А.Жұбанов, Замана.). Қымыз ішілген сайын әңгіме де *д у л а д ы,* күлкі де көбейді, құлық та шыға бастады (А.Байтұрсынов,.. Оқу құралы).

ДУЛА[2]= е т. *Дуылдау, қызу, бойды билеп шымырлау, ду-ду ету.* Алатау шыңын жаңғыртып, Шырқайды қыздар көк бетте. Дидары *д у л а п* албыртып, Кіргенде Мәншүк мектепке (Ж.Сыздықов, Белестер). Ол өн бойы *д у л а п,* не істерін білмей, ерсілі-қарсылы жүре бастайды (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

Арқасы дулап кетті. *Қатты қызып, көтеріліп кетті, бойын қуатты күш билеп кетті.* Жауға тез жауап болса жетелік, – деп, Ерлердің *а р қ а л а р ы к е т т і д у л а п* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ДУЛАС= е т. **1.** *Шуласу.* Бала ойыны жанжағың, Базарындай *д у л а с ы п,* Жанарындай шамдарың Жарқырайды нұр шашып (Ғ.Орманов, Таңд.). Өңшең жалшы шуласты, Мәз-мейрам болып *д у л а с т ы.* Жеңді деп жалшы азулы Көрі қасқыр қу басты (С.Мәуленов, Таңд.). **2.** *Қуанысу.* Өткен жыл солай *д у л а с ы п,* Аттанып достар тобымен. Еңбекке еңбек ұласып, Сайрады бақыт жолы кең (М.Рашев, Қанатты.).

ДУЛАТ= е т. **1.** *Шулату, қыздыру, думандату.* Барлық жиын соншалық үлкен қызулы достық ынтымақпен *д у л а т ы п* соғып қол шапалақтады (М.Әуезов, Таңд.). Тұғырдан тұрғамыз жоқ мүлде тайып, Қосылып туған күнді бірге атайық. Базарын балалықтың шуылдатып, Жастықтың жәрмеңкесін *д у л а т а й ы қ* (Т.Молдағалиев, Таудан.). Кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам, Сорғалаған нөсердей Жырын тыңда Дулаттың. Тасқын судай ағызып, Шербет балдай тамызып, Торқалы топыр тойында, Топ бас қосар ойында, Қасқа, жайсаң алдында Топ жиынды *д у л а т т ы м* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Дүрілдету, атағын шығару.* Соколов-Сарыбай, Кентау мен Теміртау сияқты жаңа жас алыптар әлі карта бетіне түсіп үлгерместен дүниені *д у л а т ы п* барады (З.Қабдолов, Сыр).

ДУЛЫ с ы н. *Ду-думанды, қызықты.* Мұрат ойламаған жерде *д у л ы* сауыққа ортақ болғанына мерейленуде (Т.Нұртазин, Мұрат). Қанша байсалды болайын десең де, жастық шіркін өзінің *д у л ы* жәрмеңкесіне сүйреп-ақ жетуші еді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Сәукеннің нұр ойнады ажарында (Кенеттен шер көкірек тазарды ма?) Кіргендей *д у л ы* дүние базарына (С.Омаров, Сәукен). Мынау думанға жиналған *д у л ы* көптің ішінде кімдер жоқ. Бірі жанашыр ағайын болса, бірі көңілімен, жанымен одан да жақын жандар (А.Атымтаев, Еңбек.). Ойлағанда, Аралбай, өмір бір *д у л ы* шәр болар (Қашаған ақын, Шығ.).

ДУЛЫҒА з а т. **1.** к ө н е. э т н. *Соғысқа шыққан батырлардың басына киетін темірден, жезден жасалған баскиім.* Ол Хасанға үстіне сауыт, иығына қалқан, басына *д у л ы ғ а,* қылыш, найза әкелді (Мың бір түн). Ер Баян сол кеткеннен кете барды, Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды. *Д у л ы ғ а,* қалқан, көбе қалған ұмыт, Белінде жалғыз-ақ бір садақ барды (М.Жұмабаев, Шығ.). Лап қойған қарсы шабуыл. Сарбаз алдында Ақтабанды орғытып, *д у л ы ғ а с ы* күнге шағылысып Исатай кетіп барады (Т.Қызыров, Махаббат.). Туған елім, Құдіретімсің аңсаған. Алдан жарқын күн шыққанша Кескінінді көрмейінші шаршаған. Пасық

ойлар тұншыққанша, *Д у л ы ғ а н ы* қақ жарып гүл шыққанша, Жер астынан қарап жатам мен саған (М.Шаханов // Екі мыңжылдық.). **2.** *Солдаттар, шахтерлер және т.б. киетін металдан жасалған баскиім, каска.* Бойымыздағы мылтық, котелок, противогаз, *д у л ы ғ а* бірбірімен сыйыспай, қақтығысып, шаң-шаң болып қалады (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Кейде траншеяларда жүгіріп жүрген біздің жауынгерлердің *д у л ы ғ а с ы* қылт-қылт етіп сағымдана шұбағандай (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Басына *д у л ы ғ а*, үстіне айрықша костюм киген өрт сөндірушілердің екеу-үшеуі үйдің ішіне қойып кетіп, түтінге қақала-шашала ол-пұл заттарды терезеден сыртқа лақтырып әлек (М.Гумеров, Шыңырау). Сен – шахтер *д у л ы ғ а ң д ы* шешпейтұғын, Жалқаулық, арамдықты кешпейтұғын. Дүниеге орнатқан жарығың бар, Өмір бойы жанатын, өшпейтұғын (« Қаз. әдеб.»). **3.** п о э т. *Дулыға тәрізді дөңсе келген зат, өркеш, дөңес.* Тараққа берер малың жоқ, Тамағы кең кісі еді. Байқоржынға беретін, *Д у л ы ғ а* өркеш нарың жоқ (Айтыс). Жұмбақ деп аталады сырлы тасы, дөң мұрын қас батырдай түр-тұлғасы. Шыңына Оқжетпестің шабатындай, Шалқайып басындағы *д у л ы ғ а с ы* (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** ж е р г. *Айыр түйенің өркешінің басындағы шұда.* Шіркін-ай, түйе-ақ емес пе екі өркештің арасына отыра қалсаң, *д у л ы ғ а с ы* басыңнан асып тұрады екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **5.** ж е р г. *Үйдің шатырының қыры, биік жері* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Бас ашылар дулығадан. п о э т. *Соғыссыз, бейбіт заман туар, жау жеңілер деген мағынада.* Жау қайтып, *б а с а ш ы л а р д у л ы ғ а д а н* Шаһбаздай көзі ашықан томағадан (Бес ғасыр.).

Көбелі дулыға. э т н. *Киіз мата, теріден тігілген баскиімге сүйек, металл көбелерді бастыра тігіп жасалған дулыға.* Көбе сауытпен бірге *к ө б е л і д у л ы ғ а* киген көне түркі жауынгерлерін бейнелейтін мүсіндер Москвадағы Шығыс халықтарының өнері мұзейінде бар (Қ.Ахметжанов, Жараған темір.). *К ө б е л і д у л ы ғ а л а р* көбіне сауытпен киілген (ҚҰЭ).

Қаттама дулыға. э т н. *Күләпара пішінде жасалып, жібек матадан тігілген астарының ішіне жүн, мақта, киреуке үзіктері салынған дулыға.* Қазір бұл *қ а т т а м а д у л ы ғ а* орыстікі боп саналып жүр. Дулығаның бұл түрі де орыстарға қаптама сауытпен бірге көшпенділерден ауысқан (Қ.Ахметжанов, Жараған темір.). Кейде *қ а т т а м а д у л ы ғ ы ғ а* бетті қорғау үшін маңдайдан төмен темір тілешелер орнатылады (ҚҰЭ).

Құрама дулыға. э т н. *Бірнеше бөліктен тұратын темірден жасалған дулыға. Қ ұ р а м а* болат *д у л ы ғ а*, шекесіне қояды (Қамбар батыр). Ыңғайлы болу үшін олар, көбінесе, бірнеше бөліктен құрастырылып, *қ ұ р а м а д у л ы ғ а* деп аталады (ҚҰЭ).

Тұтас дулыға. э т н. *Темірден тұтас құйылған дулыға.* Дулығаның бір түрі металдан тұтастай құйылып, *т ұ т а с д у л ы ғ а* деп аталады (ҚҰЭ). *Т ұ т а с д у л ы ғ а н ы ң* кейбіреуінде бетті жауып тұру үшін темір томағалары болған (ҚҰЭ).

Томағалы дулыға. э т н. *Темірден жасалған, бетті жауып тұратын томағасы бар дулыға. Т о м а ғ а л ы д у л ы ғ а л а р д ы ң* қорғаныстық қана емес, ырымдық, магиялық та сипаты болды (ҚҰЭ).

ДУЛЫҒАДАЙ с ы н. *Дулыға сияқты, дулыға тәрізді.* Ұзын бойлы, басына батырлардың *д у л ы ғ а с ы н д а й* шоп-шошақ жарқырауық бірдеңе киген сида жігіт биге шықты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ақан да жауынгердей бүгін басқа Киіпті *д у л ы ғ а д а й* сұрғылт каска (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев). Айсанның үйінің төменгі қапталындағы *д у л ы ғ а д а й* қат-қат тас төбенің түбінде бір түп аққайың жылда жайқалта жапырақ жаяды (Д.Жанботаев, Жер жылуы).

ДУЛЫҒАЛЫ с ы н. **1.** *Дулыға киген, дулығасы бар.* Айтмағамбет енді жүресінен отырған қалпы, жағалары кірленкі, сақал-мұрттары өсе бастаған болат *д у л ы ғ а л ы* жандарды мүсіркей қарады (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). Ер елдің асқар қорғаны, Ер қорған жаудан орданы. Ертеде өткен батырлар, *Д у л ы ғ а л ы* көк сауыт Жолбарыс жонды тұлғалы (Н.Баймұратов, Ер Төлеген). Сарыжайлаудың күнгейінде *д у л ы ғ а л ы* батырға ұқсас сүйір шоқылардың құшағынан қысылып, тұншыға шыққан долы бұлақ болушы еді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). **2.** а у ы с. *Дулыға сияқты үшкір, бас жағы сүйір.* Қабырға тасын бекіністен берік етіп соққан кірпіш қорғандар, есігі үңірейген құлақты тас молалар, ұшар басы құс саңғырығымен ағарған *д у л ы ғ а л ы* бейіттер быж-быж, самсап тұр (Н.Әбуталиев, Құрдастар). **3.** а у ы с. *Өркеш, биік, шудалы.* Алысқан жерден аударып, Әлі келген жыға алар. Қияға тартсаң, қайыспас *Д у л ы ғ а л ы* құба нар (Үш ғасыр.).

ДУЛЫҚ= е т. *Дуылдасу, шулау, дүрлігу.* Қақпанның өзі біледі, – деуі-ақ мұң екен, жұрт қайта *д у л ы қ т ы* (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Қойға қосылған серкелер, біраз саулықтар маңырап, шошынған үн беріп *д у л ы ғ ы п* қалыпты (С.Бегалин, Сәтжан).

ДУЛЫ-ШУЛЫ с ы н. **1.** ж а ғ ы м с ы з. *Бос сөз, айқай-шуы көп. Д у л ы-ш у л ы* жиындардан қажыдым, Тыңдайыншы дала даусын, жаз үнін, Осынау таудың өрендерін жинасаң, Күні-түні сырласуға өзірмін (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). **2.** ж а ғ ы м д ы. *Думанды, қызығы мен шыжығы*

мол, бала шуына толы. Жер үстіндегі өмірдің ең мағыналысы – семья өмірі. Отан, ел деген ұғым осыдан басталар болар. Азамат өмірінің мағынасы да осынау *д у л ы-ш у л ы* тамаша семьяның бабы мен қамы екен ғой (З.Қабдолов, Жалын).

ДУМА з а т. с а я с и. *Ресейдегі заң шығаратын, әкімшілік қызметін атқаратын уәкілдік жиналыс, құрылтай, кеңес.* «Айқап» журналы мемлекет, *д у м а л а р ғ а, д у м а* сайлауларына байланысты мақала жариялады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). «Осы бес таптың әрқайсысынан бір-бірден Государственный *д у м а ғ а* депутат сайлансын» – делінді (М.Дулатов, Шығ.). Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында *д у м а ғ а* закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау. Көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам).

ДУМАН з а т. **1.** *Ойын-сауық, қызық, тамаша, көңілді құрылған жиын кеш.* Біреулер билеп, біреулер жырлап, қуаныш *д у м а н ы н* қыздырып жіберді (С.Омаров, Әңгім.). Тілмен айту тым қиын, Адам біткен түзеп бой Болып қалды бір тиын, Ұлы *д у м а н*, ұлы той (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). **2.** *Сауық құрған, қызықты кез, көңілді шақ.* Осылай *д у м а н м е н е н* күндер өтіп, Батырлар ерікті енді жатқанға құр. Аттан деп әлі айтпаған Абылайға, Көкжалдар дей бастады «Жүр, енді жүр!» (М.Жұмабаев, Шығ.).

Думан құрды. а) *Қызық дәурен көрді, сауық құрды, қызықпен өткізді.* Қоштасар мезгіл жетті ел-жұртымен, Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын. Сәлем де артта қалған туған елге, Ту тігіп, *д у м а н қ ұ р ы п* өскен жерге! (Ә.Найманбаев, Шығ.). ә) *Сайрандады, серуенделі, тамашаланды.* Қиялдарым өзен болып тарады, *Д у м а н қ ұ р ы п* бақшалардың ішінде. Қайда-қайда мені алып барады Көрем әмсе оны кейде түсімде (Г.Сейілжанова, Ұлар). б) *Көңілді ойын-сауық өткізді, отырды.* Той болса әйелдер бір бөлмеде, еркектер екінші бөлмеде басқа-басқа *д у м а н қ ұ р а д ы* (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап.). Бабаларымыз «ырыстың көзі – дәулетте, бақыттың көзі – әулетте» депті. «Бастың өскені – отау тіккенің, ырыстың өскені – қонақ күткенің» депті. «Қалпыңа келгенің – бауырың жылап, тума жиғаның, шаршыңа келгенің – жырау жинап, *д у м а н қ ұ р ғ а н ы ң*» депті (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Думанға бөледі. *Қызыққа батырды. Б ө л е й д і* үйді *д у м а н ғ а* қызық Толқындарөнін толқыта айтып Көбігін күміс әйнекке тізіп, Асылып жарға кетеді қайтіп (С.Мәуленов, Өленд.). «Қартайғанда да туады екен-ау» деп таңданушылар да табылды. Бүлдіршіндей қарындасын төбелеріне қос ұлы үйдің ішін *д у м а н ғ а б ө л е д і*. Бірақ ол думан ұзаққа бармады (Ж.Еділбаев, Тереңдегі.).

Думан етті [қылды, болды]. *Ойын-күлкіге бөледі, сауық-сайран құрғызды.* Гармонь тартып бір кезде *Д у м а н е т і п* ортаны. Бір шал шықты лезде Соңында күшік жортады (Ж.Смақов, Тамшы). Тамаша *д у м а н е т і п* келген қонақтарды күтуге бес жүз ақ үй тігіліп, қыруар мал сойылды (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). Ол келсе ақ үйдің іші *д у м а н б о л ы п* жүре береді. Ең алдымен үй ішіндегілерді тегіс мақтап шығады (Т.Жанкелдин, Сын сағатында).

Думанның гүлі. с ө й л. *Ойын-сауықты қыздыратын, ұйымдастыруға, құруға шебер адам.* Сырттан келген қонақтардың ішінде ән салатын *д у м а н н ы ң г ү л д е р і* көп екен (Ә.Әбішев, Армансыз.).

ДУМАНГЕР с ы н. *Думаншыл, сауықшыл.* Артық деп ұқпа сөзімді, Қайсыбір ұлың *д у м а н г е р*, Сыйламай жүрсе өзіңді, Алысқа жұмса, туған жер! (Қ.Мұқашев, Дүбір).

ДУМАНДА= е т. **1.** *Тамашалау, қызықтау.* Исмақ балуанның белдескен жерде мерейіміздің үстем еткен өнерлерін мадақтап, *д у м а н д а д ы қ* (С.Бегалин, Сахара.). **2.** *Сауық-сайран құру, сайрандау, тойлау.* Көңіліме нұр, бойға күш таратылып, Құсқа міне ұштым мен жаңа туып, Өгейің емеспін мен, өз балаңмын, Өзіңмен мәңгілікке қалатұғын. Кеудемде кереметтер жаратылып, *Д у м а н д а п* жатырмын мен, жаңа туып (М.Мақатаев, Шығ.). Кемпір-шал да асырып, Жастар жатыр *д у м а н д а п* Домбыра шалып ән салып (Т.Жароков, Отан.).

ДУМАН-ДАБЫР з а т. *Даң-дың, у-шу.* Кешегі *д у м а н-д а б ы р* қазір жоқ (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

ДУМАНДАЙ с ы н. *Думан сияқты, думан тәрізді.* Оны ақтауға адам дәйім табылды, Оның пеші қыста жылы жарылды. Айналасы әр кезде де *д у м а н д а й*, Одан шыққан үн де шатты, жарымды (Ж.Молдағалиев, Өленд.). Ана қайта туғандай, Әке көңілі *д у м а н д а й* Міне, нағыз пионер! Жас батырды сүйе бер (Ә.Табылдиев, Атымтай).

ДУМАНДАС с ы н. *Ойын-сауықты бірге өткізетін, сауықтас.* Өлкесі сұлу өзен, көгілдір көл, Миуасын мәуелі бақ төгілдірген. Қол берген әлем бүгін батыр танып, *Д у м а н д а с* Дунаймен шоғырлы ел (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

ДУМАНДАС= е т. **1.** *Шуласу, қуанысу.* Дүбірлеген машиналар, *д у м а н д а с қ а н* адамдар. Кешкі смена ауысып жатқан мезгіл (К.Көпішев, Тәйімбет Көмекбаев). Алматыдан Қордайға дейінгі халық оларды жолдың екі

шетіне тізіліп, *д у м а н д а с ы п* қарсы алды (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.). **2.** *Тойлату.* Қаныштың ән салып, домбыра тартатынын бірінші рет естіп отырған біз әнге таңдайымызды қағып, таңдана бердік. Осылайша түннің біраз жеріне дейін *д у м а н д а с ы п* отырдық та, ұйқыға кеттік (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). Сол күні шағын дастарқанымыздың басына біраз тілеулес жігіттер келіншектерімен келіп *д у м а н д а с т ы қ* (Қ.Сегізбаев, Біз қалада.).

ДУМАНДАТ= е т. **1.** *Тойлату, сауық-сайран құру.* Не де болса шалдар шер тарқатып, жастар *д у м а н д а т қ а н* торқалы тойдан ол сынып қайтты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Қазіргі шопан көктемгі астығын жинап, қамбаға құйып, сабантойын *д у м а н д а т ы п* өткізе бастаған диханның күзгі өмірін көз алдыңа әкеледі (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Көше толы тойшы жұрт. Алатау атрабын таң атар-атпастан *д у м а н д а т а* бастаған, қазір аспан астын ән мен жырға, сырлы шуға толтырды да тастады (З.Қабдолов, Сыр). **2.** *Көңіл көтеру, күлкі, қуанышқа бөлету.* Кешегі *д у м а н д а т ы п* жүретін ақиығым, бүгін сенің мынадай қорлықта, тірідей өлік боп, жермешел болып қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! (С.Сматаев, Алау). Шолпан өзінің отырған жерін *д у м а н д а т ы п* отыратын әдетінше жұртты көңілдендіре, күлдіре бастады (А.Хангелдин, Қараторғай). Азғантай малға қарауға менен басқалары да жетеді. Жақыпбек тірі кезінде ауылымыз үш үй ғана болғанымен, той болғандай *д у м а н д а т ы п* жататын еді (Х.Елебекова, Үні кетпес.). **3.** с ө й л. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Шулатып мазаны алу, басына көтеру.* Түнді күнге айналдырып, гармонын құлаштай созып, оған шырқай шыққан биік даусы қосылып, қыз-келіншектің ортасында *д у м а н д а т ы п* жүретін Есентай еді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ДУМАН-ДУ з а т. *Қуанышты у-шу.* Жаңғырып жатыр жан-жақ *д у м а н-д у м е н,* Бас қосқан бақытты сәт – туған күнмен. – Дариға, тіршіліктің рақаты-ай! – деп, Бауырлар, шетсіз-шексіз қуандым – мен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Өрендер – Кең даланың төсінде өскен, От кешкен – Мұртын әлі өсірместен... Сағынған *д у м а н-д у ғ а* кеткен кіріп, Келе сап, Шинельдерін шешінбестен (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ДУМАНДЫ с ы н. *Қызықты, көңілді, сауық-сайранды.* Жемей қарық, ішпей мас боп, дуылдаған *д у м а н д ы* көпшілікте бүгін ес жоқ (О.Сәрсенбаев, Жалғыз.). Иә, пляждің басы еді-ау. Сол күні Ыстық көл шар айнадай жалтырап жатқан. Көл жағасы сәнді еді, *д у м а н д ы* еді (І.Жақанов, Қайта орал.). Бірақ уақытын көбін кітап оқуға машықтандырады да, есер балалықтың көп-көп *д у м а н д ы* шақтарын тымтым ертерек жоғалтты (О.Бөкеев, Қайдасың.). Қайдасың қуанышты өмірімнің шеті жоқ сағаң деген сенімімнің. Қайдасың, қысы-жазы тарқамайтын *Д у м а н д ы* жәрмеңкесі көңілімнің (С.Сейітов, Жаңғырық).

ДУМАНДЫ-ДҮБІРЛІ с ы н. *Қызықты, шулы оқиғаға бай.* Қазір бәрі де ұмыт боп, *д у м а н д ы-д ү б і р л і* үлкен қалаға көдімгідей үйреніп қалғанға ұқсайды (Ө.Қанахин, Жүрек.).

ДУМАН-ДЫРДУ з а т. *У-шу, ырду-дырду.* Қызықтан қалай шет тұрамыз. *Д у м а н-д ы р д у ғ а* құмармыз. Бастауға кей түннің ермегін, Аз емес сенің де еңбегің (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

ДУМАНКЕШ с ы н. *Думандатып жүретін, думаншыл.* Жыршылар, жыраулар, бәдіктер, ақындар, *д у м а н к е ш* дүрмек жұрт сабылып кетті (Д.Досжанов, Жібек.).

ДУМАН-ҚЫЗЫҚ з а т. *Ойын-сауық, тамаша.* Бұл осы ауылдағы берекелі, *д у м а н-қ ы з ы ғ ы* көп, ақжарқын семья, қонағы үзілмейтін үй еді. Қазір оның бірі жоқ (Ә.Көшімов, Ақ пейіл). Келді олар, келді бізге Бар көңілін жырға тізіп, Достар тобы елімізде Секілді бір *д у м а н-қ ы з ы қ* (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Кезі емес жастық дәурен тұрған қызып, Қашанғы бола берсін *д у м а н-қ ы з ы қ.* Мен саған разымын кеткен үшін Махаббат жайлы жаңа жыр жаздырып (Ш.Мұхамеджанов, Арқа сүйер.).

ДУМАН-САУЫҚ з а т. *Той-думан, ойын-күлкі, сауық-сайран.* Әсем Ақбозбен ел аралап *д у м а н-с а у ы қ п е н* күн көшірген Шолақ, бір күні бір қыз ұзататын тойға кез келді (С.Мұқанов, Таңд.). Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер *Д у м а н-с а у ы қ* ойда жоқ әуел бастан (Абай, Тол. жин.). Ғалымжан жай келіп кетпейді. Жаңалығын дайым айта жүреді. Жайсаң жігіт! *Д у м а н-с а у ы қ т ы* жаны сүйеді («Лен. жас»).

ДУМАНСЫЗ с ы н. *Ойын-сауықсыз, қызықсыз, жиын-дүрмексіз.* Шындығы сол заманның бұлар аңыз... *Д у м а н с ы з* қазір қалай тұра аламыз? Жеки хан Абылай ашығында Билеп жүр мың бұралып Клара қыз (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Жан досым менің Жанбосын, Көңіліңнің тапқан ән қошын. Ойын-той, дархан *д у м а н с ы з,* Өмірде қандай сән болсын (Ө.Жайлауов, Шопан.). Қыс бойы аяқ-қолын бауырына басып, *д у м а н с ы з* отырып қалған шопан біткен жаз шуағы шығысымен-ақ, той-томалаққа кенеледі (О.Әбділдаев, Сымбат).

ДУМАН-ТОЙ з а т. *Мерекелі жиын, көңілді, салтанатты да қызық отырыс.* Кісі аяғы басылған жоқ әлі; парк жақтан музыка үні жетіп тұр. Бір үйдің терезесінің тұсынан өтіп еді, *д у м а н-т о й* болып жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Қыран күлкі-тамаша – бәрі осында. Отырмын *д у м а н-т о й д ы ң* арасында. Береке бойдан асып

жатқанымен, Олқы тұр көңілім менің, нанасың ба? (М.Мақатаев, Қарлығаш.). Сонда мен қиялымен ізгі ойдың, Төрінен сол жолдастық *думан-тойдың,* Ескерткіш орнатқандай жолдастыққа «Жолдас» деп осы өлеңнің атын қойдым (Қ.Ұябаев, Өтеді. жыл.)

ДУМАНХАНА з а т. **1.** *Тамақ ішіліп, той-топыр, салтанат өткізетін орын.* «Көк зал», «Ақ зал» аталатын елу, жүз орындық тағы екі *думанхана* с*ы,* алтыншы қатарда жүз орындық жазғы залы бар ресторан еліміздегі ең ірі тамақтану орындарының бірі екен (Ж.Исмағұлов, Адам.). Шымыр күннің ширыққан оқиғасы дәл осы арада шарықтау шегіне жетіп, *думанхана* дастарқанында шешілгендей болды («Жас Алаш»). **2.** *Мейрамхана, кафе.* Сол барған жерімізде, жайғасқан жерімізде жата қала демалудың орнына тағы да бас қосып, *думанханаға* жиналдық («Жас Алаш»). Енді-енді ғана көшіп келген үйде не болушы еді, дайын тамақ та жоқ. Жеңіл-желпі жуынып алдық та, *думанханаға* тарттық («Жас Алаш»).

ДУМАН-ШУ з а т. *Қызық-сайран, ырду-дырду.* Ақ селеулі қырда бозторғай шырылдайды, тоғайда бұлбұл сайрайды. Ал көл беті болса, өзінше *думан-шу* (С.Шаймерденов, Қарғаш). Атандың егіз ақын Жетісуға, Қосылып Жамбыл бастап шапқан дуға. Кездесіп бірінші рет сұлу төрде Үн қостық той-тамаша, *думан-шуға* (К.Әзірбаев, Шығ.).

ДУМАНШЫ с ы н. *Тойшы, сауықшыл.* Кедей тойы басталғалы жатыр. Кенжәлінің үйіне өзінің бес-алты туысқаны жиналыпты. Жыршы да, *думаншы* да жоқ (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). Екеуі де біріне-бірі «ішің білсін» дегендей күлмің-күлмің етеді. Жайбарақат *думаншы* топқа бұлар да қосылды (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). – Мәди! Губернатор соны айтып атып тұрып еді, дуылдасып тұрған *думаншылардың* бәрі де дір ете қалды (Ә.Әбішев, Найзағай).

ДУМАНШЫЛ с ы н. *Сауық-сайранды жақсы көретін, сауықшыл.* Жастар да желігіп *думаншыл* боп алды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Албырт мінезді, *думаншыл* өлеңші төр алдындағы құдашаға жақындай берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тойшыл, *думаншыл* бала асауды бас білдіргіш жылқышыларға, ән мен ертекке шебер қойшыларға көбірек дос болып өседі (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Осынау *думаншыл* жастар арасында, бәлкім, Базарбай да жүрген шығар? Сергей буырқана түрегелді (С.Омаров, Жүйрік.).

ДУМАНШЫЛДЫҚ з а т. **1.** ж а ғ ы м д ы. *Сауықшылдық, көңілділік, қызық-думанды ұнатушылық.* Жаңағы сөзді айтқанда ол мереке, *думаншылдық тан* емес, сол бірлік, елдікті көрсетіп, қонақтарға бар қызық қадіріңді білгізіп қайту қамын ескерткендей еді (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Оның қанында көпшілдік, *думаншылдық* барлығы байқалғалы қашан (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Бос шуды ұнатушылық, даурығушылық.* Кейбір комсомол ұйымдарында формализм, *думаншылдық,* даурығушылық әлі де аз емес («Лен. жас»).

ДУМПКАР [ағыл. dump-car] з а т. т е х. *Жүкті өзі түсіретін вагон.* Ол қазірдің өзінде *думпкарларға* бір миллион екі жүз мың текше метр порода тиеп, графикте белгіленген жұмысты едәуір асыра орындап жүр («Соц. Қаз.»). Ол су магистралына жалғанған насостан және жылжып келе жатқан *думпкарлардың* (темір вагондардың) бойына орналасқан тұрақты суландырғыштан тұрады (Т.Қалыбеков, Экология.).

ДУНИТ з а т. г е о л. *Ультранегізді интрузивтік тау жынысы [Жаңа Зеландиядағы Дун тауына қатысты аталған].* Қазақстанда *дунит* Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында кеңінен тараған, басқа аймақтарда сирек кездеседі (ҚҰЭ). *Дунит* массивтерінде хром, платина, асбест кендері орналасады. *Дунит* отқа төзімді материалдар дайындауда пайдаланылады (ҚҰЭ).

ДУОПСОНИЯ [ағыл. duosony] з а т. э к о н. *Нарықта толып жатқан өндірушілер ұсынатын бірдей өнімнің тек екі ғана сатып алушысы болатын жағдай.*

ДУОПОЛИЯ [лат. duo – екі, poleo – сатамын] з а т. э к о н. *Нарықта бірдей өнімді ұсынатын екі өндіруші ғана болатын жағдай.*

ДУПЛЕКС-ПРОЦЕСС з а т. к е н. *Бірінен кейін бірі екі бөлек агрегатта жүзеге асырылатын металлургиялық процесс. Дуплекс-процесс* арқылы түпкі өнімнің сапасы жақсарады және негізгі агрегаттың өндірімділігі артады (Қаз. тілі термин. Су.).

ДУПЛЕКСТІ: дуплексті байланыс. т е х. *Екіжақты телефонды, телеграфты немесе радиобайланыс. Дуплексті байланыс* кезінде сөйлесуші екі жақ корреспонденттері бір уақытта қабылдауды және табыстауды жүргізеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ДУПЛИКАЦИЯ з а т. б и о л. *Гаплоидті жиынтықтағы хромосоманың белгілі бір ауданының еселенуінен пайда болатын мутация. Дуплика ц и я* – хромосоманың белгілі бір ауданының бір хромосома немесе әртүрлі гомологты емес хромосомалар бойында бірден көп көшірмесінің болуы (Қаз. тілі термин. Биология).

ДУРАЛЮМИН з а т. х и м. *Құрамында 2,2–5,2% мыс, 0,2–2,7% магний негізіндегі*

қорытпалардың жалпы аты. Дуралюминнің $Д_1$, $Д_{16}$ маркалы түрлері кең тараған (ҚҰЭ). Дуралюмин 500°С шамасында қыздырылып, суға батыру арқылы шынықтырылады, содан кейін ол 20°С температурада төрт тәулік бойы ескерту тәсілімен өңделеді (ҚҰЭ). *Дуралюминнен* лента, құбыр, шыбық, профиль түріндегі бұйымдар жасалынып, авиация және көліктік мәшине жасау өндірістерінде, т.б. кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

ДУСТ [ағыл. dust] з а т. х и м. *Зиянды жәндіктерді құрту үшін жұмсалатын улы зат.* Шаруашылықтардың жағдайында қоймақ әдетте, құрамында клейстері бар гексахлоран *дустының* ерітіндісімен дезинфекциялайды (Агроном. анықтама.). Дәрігерлерден *дуст* деген дәрі алып, онымен де қан сорғыштарды қыруға болады (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы). Қотыр болған қойдың *дустт* себетін жерін жақсылап тазалап, қырқып, сабынды сумен жуып алған жөн (Ш.Қалықов, Қой мен ешкі.).

ДУСЫЗ-ДҮРМЕКСІЗ с ы н. *Ыңсыз-шыңсыз.* Қазір *дусыз-дүрмексіз* оңашада қайтадан парасаттайды. «Не айтты ол?» «Бостандықты туғызған мен емес, орыс ерлері, рақметті алдымен соларға айтыңдар» – деді (Д.Әбілев, Арман.).

ДУ-ТАЛАҚАЙ ү с т. с ө й л. ***Ту-талақай***. Қалың жау шап бергенде *ду-талақай* Құбылай қарсы ұмтылып салды айқай (И.Байзақов, Алтай.).

ДУ-ТАЛАПАЙ: **ду-талапай болды**. с ө й л. *Талапайға түсті, талапайланды.* «Құтты болсын» айтып дабырласқан жұрт шашуға таласып, *ду-талапай болды* да қалды (Ғ.Сланов, Асау арна).

ДУТАР з а т. м у з. *Өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының шертіп қағып ойнайтын, екі ішекті музыкалық аспабы.* Неше алуан ғажап дыбыстар шығаратын ұзын мойын *дутар* тарта білген адамға сырнай тарту қиын ба екен? (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Біз жайлап сыртқа шықтық. Бүгін де күндегіше мәдениет үйі жағынан *дутар* мен домбыраның самбырлаған ашық үні келіп жатты (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Шайханада колхоз музыкантшылары сыбызғы, *дутар* тартып, мәз болысып жатты (С.Айни, Құлдар).

ДУТАРШЫ з а т. *Дутар тартатын кісі.* Бұның баласы *дутаршы* бахшыдан не қадір, не қасиет іздеп жүр? (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ДУХОВКА ор. з а т. с ө й л. *Газ пешпен немесе жай пешпен жалғасқан қаңылтырдан жасалған қуыс пеш.* Біздің үйдің *духовкасы* төргі үйден шыққан, үйді жылытып тұрады (Ауызекі). Осы қоспаға масақұрттарды турап салып, оны қалыңдығын 1,5 см етіп *духовкаға* немесе күн көзіне қойып кептіреді (Қ.Қайымов, Су асты.).

ДУХОВОЙ: **духовой оркестр**. с ө й л. ***Үрлемелі аспаптар оркестрі***. Совхозда төрт кітапхана, көркемөнер үйірмелері, *духовой оркестр* бар (Жаңарған өлке). Павел Фомия музыкаға сауатты, әрі еңбек сүйгіш адам... Ол *духовой оркестрді* де басқарады, жас баянистерге де қол ұшын береді («Лен. жас»). Паркте ойнаған *духовой оркестрдің* даусы қаланың арғы шеті мен бергі шетіне түгел естіліп тұратын еді («Лен. жас»).

ДУШ [франц. douche] з а т. *Бүрке құйылған сумен шомылатын орын.* «Щербаковский» совхозының егіс қосы тап-түйнақтай жинақы. Мұнда ұйықтайтын кең бөлме, асхана, қызыл мүйіс, *душ* бар («Лен. жас»). Сусанна Михайловна күнде ерте тұрып моншаға барып, *душқа* шомылады (З.Шашкин, Доктор.).

Душқа түсті. *Бүрке құйылатын сумен шомылып шықты.* Көп жүріп келгеннен кейін, әсіресе ыстық күндерде *душқа түсіп* немесе қоңыр салқын сумен жуыну пайдалы («Соц. Қаз.»).

ДУШАР[1] [ир. دچار]: **душар болды.** а) *Кез болды, кездесті.* Таяқ жеп жай қаздарша жүргеніміз Наданға *душар болып* бір білімсіз! Қаздарға жолаушы айты: «Тоқтаңдаршы! Ауысқан ақыны айтып, жоқтаңдаршы!» (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ондай жағдайға *душар болған* мұсылман кісіге көмек көрсете алмаймын, себебі мен тіршілігінде оның күнә екендігін айтып ескерткенмін, дейді екен («Егемен Қазақстан»). ә) *Бірдемеге шалдықты, біреудің немесе бір нәрсенің әсеріне түсті.* Елеусіз Шынармен танысқан, махаббат шырғалаңына *душар болған* шақтарын еске алды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Мен Сағиланы сағынып, түн баласы дөңбекшіп, ұйықтай алмайтын әдетке *душар болдым* (З.Шашкин, Доктор.). Адамзаттың еркесі Ақан сері қалың шерге *душар болған* соң, ханның қызы, ерке сұлу – Ақанды жұбату үшін желге мініп, ұшып келген екен. Келіп жұбатады, Сол күннен былай Ақан мені пері күндіз айырылып, түнде қосылатын болады (М.Жұмабаев, Шығ.). б) *Бір жаманшылыққа еріксіз тап болды, ұшырады.* Азалы анасын үйге қалдырып, жетімдікке *душар болған* Илько әкесінің өлігі тасталған жерді іздеуге шықты (Қ.Қайсенов, Жау тылында). – Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып жұрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып жарқылдап жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке *душар болып,* барымтаға түскен малдай біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады (М.Дулатов,

Шығ.). Кенеттен ауыр күйде *д у ш а р б о л ы п* және өте жүдеп қалған әйелінің қам көңілін қайғыға бөлемейін деп, Хакім уақиғаның бәрін бастан-аяқ айтып берді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Душар етті. *Ынғайсыз жағдайға қалдырды, ұшыратты.* Бұл интервалдың бұзылуы қосымша шығынға *д у ш а р е т е д і* (Т.Қалыбеков, Экология). Өзіңе мүлде беймәлім бөгде бір әңгімеге килігу – адамды ыңғайсыз жайға қалдырады, тіпті күлкілі жағдайға *д у ш а р е т е д і* (С.Байжанов, Сыр.).

Душар болушы. с ө й л. *Тап болушы, ұшыраған.* Туберкулез ауруынан өлім құшатындар легі 30 пайызға төмендеген, сондай-ақ кеселге *д у ш а р б о л у ш ы л а р* қатары сирей бастаған. Дегенмен, мамандардың айтуына қарағанда, ДОТС бағдарламасы біздің экономикалық және әлеуметтік негізімізге сай келе бермейді. Сондықтан туберкулезбен күреске негізделген ұлттық бағдарламаға толықтырулар мен өзгертулер енгізу қажет («Жас Алаш»).

Душар келді. *Сәйкесе кетті, кездесті.* Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай, Жігіті *д у ш а р к е л с е,* жар болғандай. Теңі емес бір фасыққа берілсе егер, Көңілі көтерілмей зар болғандай (М.Дулатов, Шығ.).

Қазаға душар болды. *Кісісі өлді, қазалы болды.* Жанияның тұла бойы мұздап кетті. Орны толмас *қ а з а ғ а д у ш а р б о л ғ а н ы н* ет жүрек бірден сезді (С.Шаймерденов, Мезгіл).

ДУШАР[2] ө с. *Жұлып алып, екі басын қоса бұрап, бидай бау жасайтын өсімдік* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ДУШАРЛАС= е т. **1.** *Кездесу, жолығысу.* Көшедегі бейтаныс кісінің бәрі полицей. Қайсысы *д у ш а р л а с с а* да, алдымен паспортыңды талап етеді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Үш қонып, төртінші күн белден асты, Ол күні алтынды үйге *д у ш а р л а с т ы.* Тау басынан түсірген тәуекелмен Сол үйге кірмек болып қадам басты (Абай, Тол. жин.). Жүйрік тазы ор қоянмен осы жолы екінші рет тағы *д у ш а р л а с т ы* (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** а у ы с. *Тап болысу, бастарына түсу.* Ойламаған жерден *д у ш а р л а с қ а н* бұл жағдай бізді сескендіре түсті (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). **3.** а у ы с. *Ұшырасу, айналу, ұласу.* Жаман ниетпен істегеннің жақсыға ауысуы – сауап болмаса, жақсы ниетпен істелген жамандыққа *д у ш а р л а с с а* күнә болмайды (Ә.Сараев, Тоскауыл).

ДУШАРЛАСТЫР= е т. *Кездестіру.* Оның Шоқанға серіктесе үн қосуы өзін тағы бір қанаттас досқа *д у ш а р л а с т ы р д ы* (С.Бегалин, Шоқан асу.). Әскери тағдыр адамды күтпеген жерден *д у ш а р л а с т ы р ы п,* күтпеген жерден ажыратады емес пе? (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі.).

ДУШАРЛАСУ *Душарлас етістігінің қимыл атауы.* Қадірмен ағалармен *д у ш а р л а с у* – мерекенің үлкені (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі). Ақыры сол жайбарақаттық жас жеткіншектің қайғылы оқиғаға *д у ш а р л а с у ы н а* себепкер болды («Білім және еңбек»).

ДУШЫЛ с ы н. с ө й л. ***Думаншыл.*** Бұл осы бөлмеге кіргеннен еркін, өзінің *д у ш ы л,* ашық мінезіне бағып қыздармен бейне ежелгі танысындай сөйлескен (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Жас жеңгей, аты Қазына, кісі жатырқамайтын, мейлінше көңілді, *д у ш ы л* кісі екен («Қаз. әдеб.»).

ДУЫЛ з а т. **1.** *У-шу, шуыл.* Ет пен қымызға бұл сөз қосылып, Әбен үйіндегі *д у ы л* ауылды басына көтереді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Мазасыз, қаңқу сөз, бос талас.* Тағы шуыл, тағы *д у ы л,* тағы өсек лаулап ала кетті дағы, онан басқа не дейсің? (С.Торайғыров, Мағынасыз.). **3.** *Ду-ду ете қалған дыбыс.* Көл бетінен ду етіп ұшқан қаз, үйрек *д у ы л д а н* қорқып сапырылыса бергенде, жан-жақты аспанға ағып шыққан, қыран, қаршығалар шапұрт-тұпыр айқасып, бір-екеуі қаз іліп, бір кішірек қаршыға бір үйректі іліп түсті (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ДУЫЛҒА з а т. с ө й л. ***Дулыға.*** Денелі, кең жауырын, түсі суық, Көбікке келер емес адам жуық, Найзасы шашақталған шаржанменен, Төбесін *д у ы л ғ а н ы ң* қойған буып (И.Байзақов, Алтай.). *Д у ы л ғ а* сыймас басыңа, Асау күн, келдім қасыңа, Сенен де күшті туғанмын Советтен ұшқан қырандым! (Т.Жароков, Отан.). *Д у ы л ғ а м н ы ң* төбесі Туған айдай болмаса Батыршылық сүрменді (Шалқиіз ақын, Шығ.).

ДУЫЛҒАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Дулығалы.*** Мінгені Ясукаддің қара арғымақ, Қара да, торы да емес, қоңырсымақ. Белінде жібек баулы алтын қанжар, Басында *д у ы л ғ а л ы* темір тымақ (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ДУЫЛДА[1]**=** е т. **1.** *У-шу болу, ду-ду ету.* Омар есіктен сығалап еді, төрде *д у ы л д а ғ а н* көпшіліктің ортасында отырған Исмайылды көрді (О.Сәрсенбаев, Жалғыз.). Балалар, он жасыңда құлындайсың, Тыста ойнап, үйге келіп *д у ы л д а й с ы ң.* Ақылға бастықпаған сәби күнің, Ұзақтай жазғытұрғы шуылдайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жаңалықты сөйлейтін тайталаса, Жарыса кеп *д у ы л д а п* жас балаша. Нелер бір қорқынышты, қуанышты, Әңгіме тыңдайтыныз не тамаша (Д.Берсүгірова, Шипагер). **2.** *Қызықтап думандату, ойын-*

сауықта шулау, сауықтау. Сол бір жастық желікпен *д у ы л д а п*, аспандағы арманға қол созып, ауызымен құс тістеген бұландай кезінде Мақтұм – құлындай шәрбәт жырымен үйілетіп талай нәркес жанардан таңғы шықтай ақ маржанды үзбеді дейсіз бе («Түркістан»). Бәйге көрсе *д у ы л д а й д ы* көп халық, Көкірегін талай жанның от қарып, Бірі озып, бірі артта қалады. Бәрі бірдей келмейді ғой топталып (Х.Талғаров, Торы тайым). Үйдегі және сырттағы шуылдап, *д у ы л д а п* Әбеннің «Аужарына» күліп жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.).

Араның ұясындай дуылдады [арадай дуылдады]. *У-шу етті, бет-бетімен жамырап сөйледі. А р а н ы ң ц я с ы н д а й д у ы л д а ғ а н* қазақтардың дауысы су сепкендей сөне қалды (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Класс іші *а р а н ы ң ц я с ы н д а й д у ы л д а д ы* (Н. Сералиев, Ыстық күлше). *А р а д а й д у ы л д а п* өзіне бас салып, Жүністің жолын бөгер еді — деген сөзі түсіп кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ДУЫЛДА²= е т. **1.** *Ауырғаннан, ұялғаннан, қорыққаннан дененің қызынуы.* Шапалақ сарт ете қалды. Бетім *д у ы л д а п*, көзімнен от ұшқындап кетті (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Кетуші ек қол ұстасып тура көлге, *Д у ы л д а п* жанған бетті ұстап желге. «Жаным!» деп алма беттен сүйгенімде, Қызарып қараушы едің төмен, жерге (М.Жұмабаев, Шығ.). Шалқыманың отты көзіне көзі түсіп, ыстық алақанына алақаны тигенде Шегеннің беті *д у ы л д а п* кетті (А.Хангелдин, Өткен күн.). Бүлдірген екенмін ғой деген ой сап ете қалған Базаргүл өрт болып жанып бара жатқандай бүкіл өне бойы *д у ы л д а п* кетті (Ж.Мусин, Ақ өлең). **2.** *Оттың лапылдап, лаулап жануы.* Таң болып атамын, Күн болып батамын. Сол жолда *д у ы л д а п* Жанып келе жатамын (Ә.Абайділданов, Алыс). *Д у ы л д а п* өртеп бара жатқан бір от-жалын қыздың жүзін қызыл арайға орады (З.Рысбекова, Әйел сыры). **3.** а у ы с. *Өршу, күш алу, бойды жеңу.* Жорғалар жол үстінде тайпаңдаған, Жігіттер екі көзі жайтаңдаған. Сол сәтте *д у ы л д а ғ а н* сезіміңді тілменен дәл жеткізіп айтар ма адам (Ж.Қыдыров, Гүлхайыр). Басында қорқыныш *д у ы л д а п* тұрғанда қай сөз шығады дейсің одан, – деді Сырбай (С.Мұқанов, Таңд.).

ДУЫЛДАҚ с ы н. *Шуылдақ, ырду-дырду.* Әдетте ағылшын адамы *д у ы л д а қ т ы*, дабыраны жаратпайды, салқын, томаға-тұйық келеді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Ол *д у ы л д а қ* әңгімеге араласпай, күлімсірей құлақ қойып, аңысын аңдығандай шеткері ысырылғанды (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). // Шуылдаған, ырду-дырду болған адам. Ой, өңшең *д у ы л д а қ*! Өңкей жәркелеш! – деп Ожырай жігіттерді тыйып тастады да, – ана жақта дырду бітті ме? – деп сұрады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ДУЫЛДАҚТАУ с ы н. *Дуылдаған, у-шулау.* Колхозшылардың жалпы жиналысы да сәл *д у ы л д а қ т а у* көрінгенімен, оған керемет ұнайтын (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

ДУЫЛДАҢҚЫРА= е т. *Шуылдаңқырау, қызыңқырау.* Менің ажарым түсіп, денем *д у ы л д а ң қ ы р а п*, аяғымды басқан сайын ауырлап бастым (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

ДУЫЛДАС= е т. **1.** *Шуласу, дауласу, таласу.* Қонақүйдің ішінде қымызға қызғандар тыстағы әңгімені байқаған жоқ, өзді-өзі *д у ы л д а с ы п* отыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Айсұлудың егіні орылып біткен хабары келіп еді, қырман басындағылар бір биік белге шыққандай серпіліп, *д у ы л д а с ы п* кетті (Ә.Әбішев, Замана.). **2.** *Думандасу, сауық құрысу.* Той-тамаша... *Д у ы л д а с ы п* дүрлікті ел, Желбіреді жібек баулы түндіктер. Көз тұндырып... Кетті бір кез бәйгіге Кілең жарау жел қанатты жүйріктер (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** ж а ғ ы м с ы з. *Мазаны алып айқайлап шулау, шуылдасу. Д у ы л д а с а* кергілескен көп диынның қапырығынан құтылған бұлар желпініп, түнгі даланы кезіп ұзақ жүрді (С.Жүнісов, Ақан сері). Жастардың қаны төгілген жерде таңға дейін тарсылдатып билеп, шиша лақтырып, *д у ы л д а с қ а н* жастардың әрекетіне ренжисің. Осы үшін де 16–17 желтоқсанды үйде өткізуге мәжбүрмін («Түркістан»).

ДУЫЛДАСУ *Дуылда етістігінің қимыл атауы; шуласу.* Шуға құлайтын күні жылқышылар тай сойып, той жасайды. Көрген түстерін айтысып *д у ы л д а с у д а* (С.Талжанов, Ұлдай.).

ДУЫЛДАТ¹= е т. **1.** *Күшейту, шулату.* Нұрғиса *д у ы л д а т а*, гуілдете келіп, домбырасын құйқылжыта тартып, жан-жағын түгелімен баурап алатын нағыз қауымшыл жан (Ы.Жақаев, Өмір.). **2.** *Думандату, сауық құру.* Елі керей, Біржанның ұраны – Алтай-Қарпық, Қызыққа тірі күнде жүрген батып. Атасы – Алтай-Қарпық, әлі арғын, Сауықпен жүрген сері *д у ы л д а т ы п* (Айтыс).

ДУЫЛДАТ²= е т. *Қыздырту, ашыту, күйдіру.* Қалақай адамға тиген жерін *д у ы л д а т ы п* қышытып қана қоймай, ол ем де болады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ДУЫЛДАТҚЫШ с ы н. *Ду-ду еткізгіш, ашытқыш, қыздырғыш.* Қалақай жапырағы өте *д у ы л д а т қ ы ш* келеді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа).

ДУЫЛДАТУ¹ *Дуылдат¹ етістігінің қимыл атауы; думандату.* Құс алған о да өнер – мылтық ату, Жігітке бекер болар қарап жату. Жақсының жүрген жері күнде базар, Ән салып екіекіден *д у ы л д а т у* (Ә.Найманбаев, Шығ).

ДУЫЛДАТУ[2] *Дуылдат*[2] *етістігінің қимыл атауы; қыздыру.* Бұрыш тиген жерімнің *д у ы л д а т у ы н-ай* (Ауызекі).

ДУЫЛДАУ[1] *Дуылда*[1] *етістігінің қимыл атауы; шулау.* Үй іші *д у ы л д а у ы н* қоймады («Қаз. әдеб.»).

ДУЫЛДАУ[2] *Дуылда*[2] *етістігінің қимыл атауы; қызыну.* Ол бөлмеден беті-жүзі *д у ы л д а у м е н* қалай шыққанын білмей қалды («Жұлдыз»). Алғашқы *д у ы л д а у* қолымның қарынан басталып еді, түс ауа арқамды айналып, кешке қарай қара санды қармап үлгерді (М.Байғұтов, Сырбұлақ).

ДУЭЛЬ [франц. duel] з а т. *Өткен ғасырдағы Батыс Еуропа елдері мен Ресейде болған жекпе-жектің түрі.* Он тоғызыншы ғасырдың ақ қолғап киген сері жігіттеріндей *д у э л ь г е* шығып, жекпе-жек атысу машығы емес бұл – соғыс (Т.Бердияров, Солдат.). *Д у э л ь м е н* қарсы жасап мылтық атты, Жақы үшін Татьяна махаббатты. Ажал оқ бір-біріне қарсы тиіп, Осымен екі ғашық қанға батты (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Д у э л ь д е* бекер тартынып, Оғыңды неге алдың? Білді ме арам Мартынов... Ұзарын өмірбаяның (М.Рашев, Алғашқы.).

ДУЭТ [итал. duetto] з а т. м у з. **1.** *Музыкалық шығарманы екі әншінің немесе екі аспаптың екі дауыспен қосылып орындауы.* Енді Біржан мен Сара қосылып *д у э т* айтады, бір-бірін сүюге серттеседі (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Домбыра мен сыбызғыны біршама тез үндестіріп жолға салғанмен, сыбызғы мен қылқобызы *д у э т* етіп қосақтау бізді көп қинады («Білім және еңбек»). Келесі сабақтарында пластинкаға жазылған Сара, Біржан *д у э т т е р і* тыңдатылды («Қазақст. мұғ.»). **2.** *Екі әншіден құралған музыкалық топ, ансамбль түрі.* Ансамбль деген сөз белгілі бір әнді орындауға қатысатын адамдардың санына байланысты: *д у э т*, трио, квартет, квинтет, секстет деп аталады (Музыка).

ДҰҒА [ар. دعاء]. з а т. **1.** д і н и. *Құранның қысқа аяттары.* Араб тілінде жазылған *д ұ ғ а л а р д ы*, сүрелерді асықпай, ережеге сәйкес дұрыс оқу оңай емес (А.Құрманғалиев, Ислам діні.). Қасен Құранның қарасын әрең танитын, бес намаздың *д ұ ғ а л а р ы* мен аяттарын шала білетін молда екенін мен есейгенде білдім (С.Омаров, Дала.). Жаман сол – жақсы сөзді ұға алмаса, Ғалым болмас ұстаздан *д ұ ғ а* алмаса. Молла есімін алған жан толып жатыр, Не керек ғылым бойға жұға алмаса (Шал ақын, Өлең.). Осыдан Мақпал сені көрмей өлсем, *Д ұ ғ а д а,* бол разы, асыл затым (Базар жырау, Шығ.). **2.** д і н и. *Алладан бір істің нәтижесі болуын, адамның амандығын, т.б. рақым, кешірім сұрау және ұнемі оны еске алу мақсатымен оқылатын немесе ішітей айтылатын ғибадат түрі.* Кемшілігім белгілі қаламынан, Жөнсіздігім бегілі көлемімен. Сад назар ғайыбына *д ұ ғ а ң ы з д а н*, Үмідтарымыз ұлықтардың жанабынан (Ақмолла ақын, Күндер.). Молаға барып бата қылсада, анда-санда намаз оқысада, Жидебайдың бар талшық қылатын *д ұ ғ а с ы* да, дін жүзіндегі табанышы да осы болатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күніне аспаннан 70 мың бәлекет түседі екен, сол жамандықтарды намаздың соңындағы жақсы тілек, *д ұ ғ а л а р*, нәпіл садақалар кері қайтарады екен («Жас Алаш»). Әдетте, *д ұ ғ а* соңы Дәуренмен бітуші еді, енді оған тағы бір есім қосылды. Ол – Жадыра болатын (А.Мекебаев, Бойжеткен). **3.** м и ф. ж а ғ ы м с ы з. ***Дуа*** *(біреуді жадылау, басын айналдыру мақсатымен жасалған істеген зиянды амал-әрекеті.* Ғұсыл, дәреті жоқ адамға жын-жыбыр, сиқыр, *д ұ ғ а* үйір болады («Егемен Қазақстан»). **4.** д і н и. *Қазаға жазылған, кітапқа басылған Құран аяттары мен сүрелері немесе Аллаға ғибадат еткенде айтылатын тілектердің жинақ кітапшасы.* Ояна келсе баяғы жаман Қартқожа, баяғы жапырайған жаман тымағы, бастама мәсісі, бір жамбасына қисайған жаман кебісі, лаңке шапаны, мойнындағы кішкене қалтаға салған тері сасыған «Ісім ағзам» *дұғасы* (Ж.Аймауытов, Қартқожа). **5.** м и ф. *Сиқыр.* Қозыны падишадан артық күтті, Түс құбылтып жүретін *д ұ ғ а* үйретті (Қозы Көрпеш.).

Арсыға дұға асырды. д і н и. *Тілегі, дұғасы, ғибадаты Аллаға жетті.* Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам, *А р с ы ғ а д ұ ғ а а с ы р а р* мен қарт бабаң. Еңіреген ерге серік жолдас болар, Балауса жас жолбарыс – інің Науан (М.Жұмабаев, Шығ.).

Бойында дұға жоқ. *Алланы еске алуды ұмытқан, бір Аллаға сиынудан қалған деген мағынада.* Тәубә жоқ, *д ұ ғ а* да *ж о қ* тентек *б о й д а*, Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда. Қан ағып, қайрат қылған майданменен ауыр қылыш, дулыға бірақ ойда (Абай, Тол. жин.).

Дұға айтты. д і н и. *Аллаға жалынды, тілек тіледі.* Онымен сезімді тазалыққа кіргендігіңді, кәміл ықыласыңды көрсетіп, ішімнің сафтығының соңында халық көрер сыртымды да пәк етемін, һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде Аллаға *д ұ ғ а а й т а м ы н* деп, әзірленесіз (Абай, Тол. жин.).

Дұға бағыштады. д і н и. а) *Ата-бабаларының немесе рухы биік болған адамдардың аруағына ақиретте салауат тілеп, сауап алу үшін Құран сүре, аяттарын оқыды.* Жаныңды аямай алдың сен қамалды, Ол жерді тазарттың нәжіс пен шіріктен. Ылғи екі Халилге *д ұ ғ а б а ғ ы ш т а й м ы н*, Олар – тақ төресі мен түркі

батыры, (7) – деген мағынада өлең шығарады («Парасат»). ә) *Бір істің сәтті, ниеттің оң, амалдың нәтижелі болуын Алладан тілеп сұрады.* 1916 ж. 22 тамыз күні Керенский Әндижандағы жәмиғат мешітінің ауласында түркістандықтар мен орыстардың достық, адамгершілік қатынастарына арнап *дұға бағыштаған* болатын (М.Шоқай, Таңд.).

Дұға берді. д і н и. *Біреуге, бір іске Алладан медет, қолдау сұрады.* Көңілін кәріптердің шаттандырып, Тағы да *дұға беріп* уандырып, – Оңғар – деп, – сапар жолын арыстанның Ғалына өз қолымен аттанырып (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

Дұғаға [дұға етпекке] қол көтерді. д і н и. *Алладан Құран сүре, аяттарын оқып немесе тілектерін ауызша айтып сұрау ғибадатын орындағанда алақан жайып бет сипау қимыл рәсімін жасады.* – Көрұғлы, көңілінде нендей мұдағаң бар? Жеткізсін талабыңа пәруардігер! *Етпекке* бәрі *дұға қол көтерді* тілекті қабыл ет деп қадір Жаппар (Көрұғлы). Оқыды нәфіл намаз Пайғамбарды, *Дұғаға қол көтерді* шаһариары (Бабалар сөзі).

Дұғада болды [дұғада]. д і н и. *Тілектестік етті, тілектес болды, Алладан біреудің тілеу, қалауын сұрады.* Мұратына жеткір деп, *Дұғада болып* тұрсын-ай Бес уақыт намазда, көңілін маған бұрсын-ай (Батырлар жыры). Тапсырдым сені, Шойхы, бір Құдаға, Ерте-кеш еңбегіңе ел *дұғада.* Жеті жыл Сейфул-Мәлік те дария кешкен, Талаппен табылады әр мұддаға (Шортанбай ақын, Шығ.). Екеуіңіз екі жұрттың ұстынындай, Қадірлі халық иесі ерлеріме, һәм тірілік, абыройыңызға *дұғадамын,* Мұштақпын жүздеріңді көрмегіме (Айтыс).

Дұға дәметті. д і н и. *Ата-баба аруағы, рухы тірілерден Құран сүре, аяттарын оқуды, өлгендерді зиярат етуді қалады.* Судыр Ахмет Ақбалаға да: «Шырағым, тие берсін де! Өлі аруақ артында қалған адамнан *дұға дәметеді*», – деп зорлап отырып, бір-екі рет тие берсін айтқызып еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дұға еттірді. д і н и. *Біреуге Алладан тілеуін тілеттірді. Еттіріп* ел біткенге *дұға,* қайыр, Қайтарды қазы-қарта шайнаттырып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Дұға етісті. *Бірігіп Алладан тілек тілесіп, оған ғибадат жасасты.* Ел жуандары мырс-мырс миығынан күлісіп, қадірменділер қол жайып *дұға етісті* (А.Сатаев, Дала.).

Дұға қонды. *Алладан сұраганы орындалды, тілегі қабыл болды, Алланың мейірімі түсті, құт дарыды.* Келесің ата заттан кемдік болмай, Атыңа пірің – қуат, дәулетің – сай, *Дұға қонып,* құт жұққан бір орын деп, бұтаққа паналаған біз бір торғай (Ақмолла ақын, Шығ.).

Дұға қылып түзетті. *Болған істі Алладан сұрап өзгертті, қайтарды, басқаша нәтиже беруді тіледі.* Зылхиа айтты: – Осы іс ондай болса, Бұл санамаға басқадан әмір болса, *Дұға қылып түзеткін,* Жүсіп мұны, Жақсы болар бұл санам (Жүсіп-Зылиха).

Дұғаменен сәлем етті. д і н и. *Алланың шапағатын тілеп, амандық сұрасты, мұсылманша амандасты.* Саған, жаным, дұға еттім, *Дұғаменен сәлем еттім.* Сәлемімді хатқа орап, Өлеңменен тама еттім (Ақмолла ақын, Шығ.).

Дұғамен тылсымдады. *Дуақан арқылы жадылау, бойына зақым келтіру сияқты біреуге зиянды әрекет жасады.* Ұрған соң басы үзіліп жерге түсті. Бойынан жаны шығып, күлге ұшты. *Дұғамен* күзетші екен *тылсымдаған,* Айласы дұшпандардың қандай күшті (Ғашықнаме).

Дұғамен үшкірді. д і н и. *Көз тиген, ауруға т.б. шалдыққан адамға Құран сүре, аяттарын оқып дем салды.* «Бу қызды, Құдай қосса, жеңгізейін, Сарғайып көп жасыма, сайып құрып!» *Дұғамен бір үшкіріп* қайғыны алып, Патшаға семиямен берді тыныс (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Дұға оқу. д і н и. *Құран сүрелерін дауыстап, ішінен айтып, Аллаға ғибадат ету.* Ашық аспан астында түн құстарының жан түршігер үндерінен қорқып жатып, ол жұлдыздарға қарап көне *дұғаны оқумен* болды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Дұға оқыған молдадайын. *Аллаға құлшылық етіп, бұл дүниені ұмытқан молда сияқты.* Төр алдында, дастарқан басында Жарық қожа отырыпты, шешесі – басында ақ орамал, үстінде ақ көйлек, қара барқыт кеудеше, жүгініп, алған, намаз оқыған адамдай дастарқанға дамыл-дамыл басын қойып, жылап отырыпты, бірдеңе айтып отырыпты, Жарық қожа – қазақ бас, қалың қабақ ірі кісі еді – *дұға оқыған молдадайын* екі көзін жұмып алған, теңселіп отырыпты; шешесінің үні алыстан үзіліп-үзіліп еміс-еміс естіледі (Ә.Тарази, Тас жарған).

Дұға оқыды [қылды, етті]. д і н и. а) *Құдайға жалынды, жалбарынды, мінажәт қылды, өтініп сұрады.* Саума әлемнің аса ірі мәдени орталығы саналатын Патша-қаланы қызықтап, София ғибадатханасында *дұға оқиды,* өз Құдайына мінәжәт етіп, Константинопольден теңіз арқылы Неапольге жетеді («Парасат»). Біз келгенде бірлі-жарым адамдар Буддаға тәуап етіп жатты... Көк өрім жігіттер мен құртақандай балалар бастарын жерге соғып *дұға қылып* отырды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) *Біреуге арнап Құран сүре, аяттарын оқыды, біреудің тілеуін тіледі.* Біржан сал осыны ай-

тып аттан түсті, Жамбылды бауырына алып қатты қысты. Орнына ұлы аруақтың оқып *дұға*, Ел-жұртпен амандасып отырысты (Ә.Тәжібаев, Көне.). Сөкпеңдер, оқыған жан, қата болса, Бұл қисса осыменен болды тәмам. «Қайырлы ғұмыр берсін пақырға!» – деп, Бір *дұға оқыған* жан етсін маған! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Мұсылмандар парыздарыңды мұқият өтеңдер. Басшы болған азаматқа *дұға етіңдер* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ерте-кеш *дұға қылдым*, ғазиз саған, Шәфқатың осындайда тисін маған, Құдайым сауабыңа жұмақ берсін, Алмалы қор қыздары қылмыңдаған (Ақмолла ақын, Шығ.). Жасы үлкендер қолжайып *етсе дұға*, Анам болып көрініп жүрді бұ да. Сөйтіп жүріп балдырған жігіт боппын, Сөйтіп жүріп ішіне кірдім топтың (Д.Әбілев, Ой толқын.). б) *Құран сүре, аяттарын оқып, Алладан медет, тілек тіледі, ғибадат етті. Дұға етсеңіз* жасаған қылар қабыл, Фазылымен тәңірім берер бір ұл. Өзім кетсем мирасқор болар еді, Онда менің қалмас ед тағым да тұл (Жүсіп-Зылиха). Кемшілігім белгілі – қаламымнан, Жөнсіздігім белгілі – қадамымнан. Жүз мыңдаған күнәма *дұға етем*, Үміттімін үлкендердің жанабынан (Ақмолла ақын, Шығ.). Осы мектепті ашарда Орынбор ноғайлары, бастығы, оқығандары, байлары, мырзалары, моллалары болып жиылып *дұға қылып*, бұл келешекте жарлы-жақыбайымыздың балалары өнер үйреніп, өздеріне кәсіп тауып, ұлтымызға қызмет етеді деген үмітпен қуанысып, һәркім шамасынша жәрдем берісті (М.Дулатов, Шығ.). в) *Рухы биік адамның, ата-бабасының т.б. аруағына Алланың салауат, медетін сұрап, тілек қылды.* Ахирет жолын білсін деп, Беріп едім молдаға. Ат қызығын көрсін деп, Мінгізіп едім жорғаға. Артында қалған сол залым *Қылмады дұға* молама. Не жазығым бар еді, Жасаған жаббар құдаға!» (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Өз заманының ұлы ұстазы атанған Ибн аль-Араби: «Әулиелер жатқан жерде ерекше энергия (химма) болады», – деп есептейді. «Қайда жүрсең де әуелі әулиелердің басына барып зиярат етіп *дұға оқы*», – деп жазады («Егемен Қазақстан»). Марқұм болған ата-бабаларының, туған-туыстарының басына барып *дұға оқып*, еске түсіру зор адамгершілік парыз («Парасат»).

Дұға оқытты. д і н и. *Біреуге дұға жасатты, Алладан тілеуін сұратты.* Олар Құдайға құрбан шалып, «тасаттық» беріп, *дұға оқытып*, «бұл пәледен» құтылмақ та болды (К.Сейдеханов, Түркітсан.).

Дұғасы дұрыс болмады. д і н и. *Жасаған ғибадаты дұрыс қабылданбады.* Шариғат бойынша намазды асырып оқығандардың *дұғасы дұрыс болмай*, ондайлар зор күнәға батады (А.Құрманғалиев, Ислам діні.).

Дұғасы жібермеді. а) д і н и. *Тілеген тілегі қабыл болды.* Шығып ең амандасып келмес белге, Оралып өнеріңмен қайттың елге, Тілеген ел *дұғасы жібермейді*, Айналып аққу құстай қондың көлге (Ә.Тәңірбергенов, Өлең.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Біреудің істеген, жасаған жадылау, арбауына түсті, мерт болды.*

Дұғасы қабыл болды. д і н и. *Алладан сұраған тілегі орындалды, ғибадаты қабылданды. Дұғасы* мазұлымлардың *қабыл* деген, Бос қоймас сіздерді де Тәңірім бірақ (Бабалар сөзі). Тілегенің сол болса, Бар тілегенің сол болса, Бабай Омар бабасы *Қабыл болған дұғасы* (Сайын батыр).

Дұғасына кіргізді. д і н и. *Өлген кісіге тие берсін деп Құран сүре, аяттарын оқыды, Алладан рақым сұрады.* Жұрт сені өлді деп *дұғасына кіргізіп* жүр еді. Өзің о дүниеден келгеннен саумысың, – деді Кәлен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дұғасының ішінде болу. д і н и. *Алладан тілек тілеп, рақым сұрағанда ғибадат еткенде ұмыт қалдырмау, сырт қалмау, есте ұстау.* Мұсылманның мұсылманда хақы бар: 1. Сәлем беру. Пайғамбардың сәлемі. Сәлем берген он сауап, сәлем алған он сауап. 2. Аурудың көңілін сұрау, демеп су беру, төсегін жөндеу. 3. Қайтыс болған адамды білмеуші едім демей, *дұғасының ішінде болу.* 4. Жаны жаннатта болсын деп тілек айту. 5. Түшкіріп қалса «жәрәкімалла» деу («Парасат»).

Дұғасы тиді. *Біреудің қасиеті бойына дарыды, батасы қабыл болып басына қасиет, бақ қонды.* Шырағым, ата-бабаңа пірлердің *дұғасы тиген*, бақ қонып, қыдыр дарыған (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Дұға тіледі. *Біреудің Аллаға құлшылық етіп, тілеуін сұрап бергенін қалады.* Сізден *дұға тілейді* сонда жатып, Мені сол қайран қылды таңырқатып. Дұға қылған зынданнан халес болсын, Ғәм қайғыға көңілім жатыр батып (Жүсіп-Зылиха).

Мәзкөр дұға. е с к і к і т. д і н и. *Алладан сұраған айрықша мәнді тілек.* Әуелі жаратқан Алла тағалаға құрмет сана ойлап, ұлы ұлық император ағзам хазіретінің датына *мәзкөр дұға* ойлап, бұл мархабатты господин генерал ат кавалері (Барон Таубе) хазіретіне ықыластары шынымен осыдан зияда болып, дәрежелері (нарқы)тағылары шығарлары (бір қатар) болсын деп дұғада болыңдар («ДУГ»).

Неке дұғасы. д і н и. *Шариғат бойынша отасу, некелесу рәсімінде оқылатын сүре, аят, тілек.* Имам бикені қолынан жетелеп неке қиятын кілем үстіне отырғызып, хатшысы *неке-*

нің дұғасын, талақтың шартын оқып жатты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҰҒАГӨЙ с ы н. **1.** *Алладан сұраушы, тілеуін тілеуші, тілекші.* Сендердің тілегіңде қарақтарым. *Дұғагөй*, бірің емес, жалпыңа едім! (Пернедегі терме.). Қарағым *дұғагөйім*, қамқор анам!Арнап хат жазам деп алдым қалам. Сені онда, мені мұнда аман сақтап, Көруге жазғай еді хақ тағалам! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шаншар хан әділ патша сенің атаң, Дүшпанға саясатты өзі мәкем. Ізімнен келеді мені қуып, Ей, бала, *дұғагөйдің* сенің әкең (Бабалар сөзі). **2.** э к с п р. м ы с қ ы л. *Жалған тілекші, көзбояушы, өтірік жағынушы.* 1907-нші жылы 3 июньде шығарған зәкүнің бойынша, «қазақ халқы надан, сондықтан оны Г. Думадан қалдырдым» деген жарлығына бойұсынып, бір ауыз сөз айтпай жүрген *дұғагөйлерінің* бірсыпырасы бұл күнде үшредительни собранияға өздері депутат болуға талассып жатыр (М.Дулатов, Шығ.).

ДҰҒАҒОЙ с ы н. с ө й л. ***Дұғагөй*** *(дұға оқушы).* Әйтеуір «Алла-акпарлап» бет сипасты, Бір жігіт үйге қарай еңіреп қашты. Үнінен *дұғагойдың* басы айналып, Теректі сәскеде ұлы қара басты (Т.Әлімқұлов, Бозторғай).

ДҰҒАДАЙ с ы н. *Дұға сияқты, дұға тәрізді.* Қыбалаға қарамақ – әрине, Құдай тағала ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы *дұғадай* қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты (Абай, Тол. жин.). Сен келгенше менің де жадымда жүрсін, қысылғанда жәрдем сұрар *дұғамдай* болсын, өзің де бірдеңе айтшы маған, – деді Гүлжан да (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Дұғадай жаттады [қайталады]. *Қасиетті, қастерлі сөз, заң сияқты есте сақтап, жадыдан шығармады.* Көп ән, көп жырдың ішінде *дұғадай жаттап*, Құран сүресіндей қадірле гені – «Құлагер» әні (С.Жүнісов, Ақан сері). Россия патшалығына бағыну, тек Россия мүддесін ғана көздеп өмір сүру. Мұны Кенесары *дұғадай жаттап* алуға тиісті (І.Есенберлин, Қаһар). Сол аяулы сезімнің еш балаңдығы жоқ, жаза басуы жоқ, кіршіксіз таза екенін бар болмысымен *дұғадай қайталап* келе жатты (А.Сейдімбеков, Қыр хиякая.). Жап-жас жанарын жасқа толтырып, жұрт дегенде жүдеп, ел дегенде еңіреп, «ұлттық құтқару», «тәуелсіз *Дұғадай қайталап* «Түркістан» деген сөздерді аузынан түсірмей *дұғадай қайталап* отырған жігітке сенбеу өте ауыр да, қиын болар еді (М.Шоқай, Таңд.).

ДҰҒАЙ: **дұғай сәлем**. *Көптен-көп сәлем.* Не салса да Құдайым Жібек үшін көрем деп, Жібекке *дұғай сәлем*, – деп Енді атына мінеді (Қыз Жібек). *С ә л е м* де бізден *д ұ ғ а й* Есей биге, Сенімсіз қауышқанша ғапы дүние (Мұрат, Шығ.). Аққемерден аса соққан ызыңшыл жел жеткізді ме, тыраулап ұшып өткен соңғы тырналар *д ұ ғ а й с ә л е м* айтып кетті ме Ықылас аттан түскенде аулының болған істі біліп отырғанын көрді (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). Қиянатты пейіл, қияметті мейір тоқтатады деген. Мейір оңалса, берекет, пейіл оңалса, әрекет өрге басар деген. Жаратқан тек берекеміз молайып бірлігіміздің, әрекетіміз молайып тірлігіміздің оңға басқанын көруге жазғай! – деген тілек білдіріп, баршаңызға *д ұ ғ а й с ә л е м* жолдады (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Дұғай да *д ұ ғ а й с ә л е м* айт, «Айқап» пенен «Қазаққа». Кекеу, сөгіс сөзден қайт, Кез болсаңыз мазаққа (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Дұғай да дұғай сәлем айт. *Қайта-қайта, көп-көп сәлем айт, ерекше сәлем жолда.*

ДҰҒАЙ-ДҰҒАЙ с ы н. э к с п р. *Ыстық, көп-көп (сәлем).* Әжем бізге көп-көп *д ұ ғ а й-д ұ ғ а й* сәлем айтыпты (М.Тиесов, Дала.). Жалғыз сіздерге емес, сұраған жанның бәріне, алыс-жақын ағайын-туған, жекжат-жұрағаттың бәріне тегіс *д ұ ғ а й-д ұ ғ а й* сәлем дегейсіздер (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Күн бұлттанды. Ақ құсым ауырлауда, Бара алмай қалдым талай ауылдарға Қиыр шетте Қызылжар қалып қойды, *Д ұ ғ а й-д ұ ғ а й* сәлем де бауырларға. Аяулым, Ақмолаға құсыңды бұр, Мұрсат бер жерде біраз дамылдауға! (М.Мақатаев, Шығ.).

ДҰҒАЙЫ з а т. с ө й л. ***Дұғай сәлем***. Ағаға ал *д ұ ғ а й ы*, атым ортақ Санаған қатарынан ауыр торпақ. Ат жазбаң атлам етіп, дән ғанимат, Халінен қарындастың қардар болмақ (Айтыс).

ДҰҒАКӨЙ з а т. с ө й л. ***Дұғакөй***. Осы кезде *д ұ ғ а к ө й* әулие тағы бір сәт сыбырын баяулатып, ашу оты ойнаған жалғыз көзін бір жалт еткізді (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ДҰҒАКӨЙДЕЙ с ы н . *Дұғакөй сияқты, дұғакөй тәрізды.* Алла разы болсын, жаныңа жамандықбермесінде,Жапалақтапбір*дұғакөйдей* күңіреніп қала берген (Т.Жақыпбайұлы, Лашын).

ДҰҒАКӨЙЛІК з а т. *Дұғашыл болу, дұға етушілік, дұға арқылы емдеушілік.* Сөйтіп, Мархума *д ұ ғ а к ө й л і к п е н* алдына келген ауруларды жазып жата берсін, енді Мархуманың ері Жүніс қажының әңгімесіне келейік (Қаз. ертег.).

ДҰҒАЛА= е т. *Басын айналдыру, дуалау.* Боранқұл молла басынды мүлде *д ұ ғ а л а п* қойған ба, қасынан ешбір қалмайсың деп, жолдасым мені жаман сөкті (О.Дастанов, Әулие жер). Ұлы композитордың жалынды үні бас бостандығын алған адам баласының жеңіс гимніне айналып, адамды *д ұ ғ а л а п* қойғандай тырп еткізбеді (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан.). Батыр болсаң мен құсап Өзің келсең болмай ма? Ерлігімді Боқмұрын Көзің көрсе болмай ма?

Төкетайдың теңдігін іздеп келсең болмай ма, Төкетайды өлтірдім Өлтіріп өзім кеп тұрмын. У жеп өліп кемпірің Кемпірмен не бітірдің? Достық қылмай, қас қылды, *Д ұ ғ а л а п* мені мас қылды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ДҰҒАЛАН= е т. *Дұға оқылу.* Молда неке суы құйылып, *д ұ ғ а л а н ғ а н* тостағанды Байғазыға ұсынды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ДҰҒАЛАС с ы н. *Ниеттес, тілектес.* Талант менің Сырласым, *д ұ ғ а л а с ы м*, Дуаласа, сол құсап дуаласын! Енді міне сен оның жары болдың, Ақын жары болғанға қуанасың (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

ДҰҒАЛЫ с ы н. *Алланың мейірімі түскен, қасиетті, ерекше.* Тап келді жаз күн жайлы уақытына, Көтердік салып табыт тахтына. *Д ұ ғ а л ы* берекетті шайқым еді Жаралған бұқараның бақытына (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әлгі әулие айтыпты, менің шашымның үзіліп түскен орны қасиетті, қастерлі, *д ұ ғ а л ы* жер (Ә.Шәріпов, Алыс.).

Дұғалы ауыз. с ө й л. ***Дуалы ауыз.*** Шоңбайдың *д ұ ғ а л ы а у з ы н ы ң* уәлілігі қашып, жаман дегені жақсылар қатарына қосылып барады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Кемеңгер *д ұ ғ а л ы а у ы з* кәрі қайда? Дертіңе шипа болар дәрі қайда? Масайрап кімге сеніп қарысасың, Жауап бер, осылардың бәрі қайда (М.Дулатов, Шығ.).

Дұғалы сөз. с ө й л. ***Дуалы сөз.*** Қайтейін Жұмалардың сөзі оған бір *д ұ ғ а л ы с ө з.* Басын аршып ала алмай-ақ келеді, жан тәтті ғой (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ДҰҒАЛЫҚ з а т. д і н и. **1.** *Қағазға, қабырғаға т.б. затқа жазылған дұға.* Қабырға атаулыда қала сәнімен жиналған ішіктер, кестелі жайнамаз, оюлап жазылған *д ұ ғ а л ы қ т а р* (М.Әуезов, Абай жолы). Төбесі аспанмен таласқан, іші түрлі *д ұ ғ а л ы қ т а р м е н* безелген үлкен мешіттің махрабында Байқан молда тәсбиқ тартып отыр екен (Б.Майлин, Шығ.). Қожа Ахмет Ясауидің мавзолейінің сол жағында қабырғаға жазылған ислам *д ұ ғ а л ы ғ ы* тұр (О.Дастанов, Әулие.). Оянсам айтар *д ұ ғ а л ы ғ ы м*, жатарда айтар бісмеллам сол кісінің аты боп кетті (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). **2.** *Әртүрлі жағдайда Аллаға қалай ғибадат етуді үйрететін сүре, аят, тілектер, дұғалар. Д ұ ғ а л ы қ* жазатын кішкене қара шолақ кітапшама тіленші шалға боранда есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды (ол Жамікен деген апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды көріп, әкемнің маңдайыман иіскегені әлі есімде (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Құран сүре, аяттары жазылған бойтұмар.* Махмұт тақуа болды. Тұла бойы толған тұмар, мойнында – тәспі, *д ұ ғ а л ы қ,* аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, заулатқаны – «жасын», ол дәретсіз жер баспайды; «қари» болам деп, Құранның 13 парасына дейін жаттап алады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҰҒАЛЫҚТАЙ с ы н. *Дұғалық тәрізді, дұғалық сияқты.* Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған ұлпа құмақтағы әлдебір сиқыр жазып кеткен жұмбақ *д ұ ғ а л ы қ т а й* көп шиыр, ой сергітердей нышан танытпайды (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ДҰҒАСЫЗ с ы н. *Дұғасы жоқ, дұға айтылмаған, оқылмаған.* Бирмалықтар өлген адамына арнаулы жаназа шығартпайды, қатырғы қағаздан жасалған табытқа салып, ешқандай *д ұ ғ а с ы з* көмеді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

ДҰҒА-ТІЛЕК з а т. д і н и. *Алланың рақымы үшін жасаған ғибадаттар мен сұрау, тілектер.* Бір рет арақ ішкен адамның жасаған жақсылықтары мен оқыған намазы, *д ұ ғ а т і л е г і* қырық күнге дейін қабыл болмайды («Түркістан»).

ДҰҒАШ з а т. ө с. <лат. koeleria> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанда *д ұ ғ а ш т ы ң* шабындық жерлер мен құмды төбелердің беткейлерінде өсетін 8 түрі бар (ҚҰЭ). *Д ұ ғ а ш т ы ң* ұзын жапырақтары жалаң, шашақ гүлшоғыры қысыңқы, цилиндр тәрізді, көлемді келеді (ұзындығы 10 сантиметрдей). *Д ұ ғ а ш т ы ң* кейбір түрлері – құнарлы мал азығы (ҚҰЭ). Флораның 678 түрі бар, олардың бесеуі Шренк раушаны, қырғыз қайыңы, қатты жапырақтары *д ұ ғ а ш*, аққүгүл, теңгежапырақты шықшылдақ Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген («Парасат»).

Қатты жапырақты дұғаш. ө с. <лат. koeleria sclerophylla> *Өте сирек кездесетін астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік түрі.* Оның ішінде өте сирек кездесетін реликт өсімдік – *қ а т т ы ж а п ы р а қ т ы д ұ ғ а ш* (ҚҰЭ). *Қ а т т ы ж а п ы р а қ т ы д ұ ғ а ш* қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ДҰҒАША ү с т. *Дұға сықылды, дұғадай.* Әр сөзін ел адамдары қағып алып, *д ұ ғ а ш а* жаттап әкететін екі қария күпілерін шешіп, төрге жайғасып қалып еді (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ).

ДҰҒАШЫ с ы н. *Тілеуқор, тілектес.* Құлеке, білдім, сіздің үлкен жасың, Беруге, елің алыс, қойдың басын. Ұғылына мұсылманның *д ұ ғ а ш ы м ы з,* Көрсеткен бұ да менің ықыласым (Айтыс). Атқа міндің жасыңнан, Алысқа шықты дабылың. *Д ұ ғ а ш ы* болып артыңнан Ғалым менен Мазұлым (Насихат, Шығ.).

ДҰҒАШЫЛ с ы н. *Дұға оқығыш, Аллаға сиынғыш.* Ол Қуантай қайтқалы сырт қараған кісіге діндар, *д ұ ғ а ш ы л* болып алды (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Қашаннан бері *д ұ ғ а ш ы л*, құраншыл болғансың, – деді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ДҰДЫҒА з а т. м у з. э т н. *Қазақтың көне музыкалық аспабы.* Осы жақын жылдар көлемінде халқымыздың ежелгі *д ұ д ы ғ а*, жетіген, уілдек, сазсырнай, сазген, дабыл, кепшік, асатаяқ, бұғышақ секілді өзге де көп-көп музыкалық аспаптарының қатарға қайта қосылуы әуен-саздарды жеткізудің мүмкіндігін бұрынғысынан әлдеқайда арттыра түсті («Лен. жас»).

ДҰДЫҚ с ы н. с ө й л. ***Тұтықпа***. Ол – физик, фамилиясы – Далбаев. Ауылдағы мектептегі географ ағайдан айырмашылығы – *д ұ д ы қ* (С.Бердіқұлов, Пердесіз.).

ДҰДЫҚТАН= е т. с ө й л. ***Тұтығу***. Ол езуі көпіріп, сәл *д ұ д ы қ т а н ы п* сөйлейді екен (Н.Қазыбеков, Бейтаныс).

ДҰЗАҚ з а т. с ө й л. **1.** ***Тұзақ***. Бір елдің шетіне келіп, жерге түскен дәнді теріп жеп жүріп, торғай бір күні балалардың *д ұ з а ғ ы н а* түседі (Қаз. ертег.). Түбіне біреу жетті ме, Түсті ме әлде *д ұ з а қ қ а*? Көз көрмес жаққа кетті ме, Келмеді қайтып бұ жаққа? (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Бұл аңды ұстау үшін кейбір аңшылар ат құйрығының қылынан немесе жұмсақ сымнан істелген *д ұ з а қ т а р д ы* пайдаланып жүр (М.Исмагилов, Зорман). Аң қалтамның аузын шешіп, айналдыра бұталарға керіп кекілікке жел *д ұ з а қ* жайдым (А.Амандықов, Үміт шырағы). **2.** а у ы с. *Ұстап алатын амал, біреуді жалтартқызбайтын іс, сөз.* Ал Төлеген осы екі жауаптың қайсысын қайтарса да, оның мойнына іле салатын Асардың *д ұ з а ғ ы* дайын сияқты (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Дұзақ құрды. с ө й л. ***Тұзақ құрды*** *(біреуге қастандық ойлады, жолын бөгеді).* *Қ ұ р а т ы н* алдан оның *д ұ з а ғ ы* не? Әлі де армандарын бұзады не? Жалт берсе жалтыр тастай Ақан тағы, Қайтпекші? Білмей қапа, қыз әлі де (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

Дұзақтан құтылды. с ө й л. ***Тұзақтан құтылды*** *(біреудің қастандығынан аман қалды, кедергі бөгеттерді айналып өтті).* Пароходқа отырған Қарқаралы, Баянның жігіттері Омбы қаласына қол сілтеп, мойынға түскелі тұрған *д ұ з а қ т а н* қашып *қ ұ т ы л ғ а н* қояндай арттарына қарай-қарай өрге тартты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҰЗАҚТА= е т. с ө й л. ***Тұзақта***. **1.** *Жіпті мойынға, аяққа тұзақтап байлау.* Қаражорғаны сауырға салып қалып жетіп барды да, қыл шылбырды *д ұ з а қ т а й* тастап жіберді («Лен. жас»). Белінен шешіп арқанды, *Д ұ з а қ т а п* қазық тасқа ілді. Шекпеннен жасап қалқаны, Баршынды бүркей бастады (М.Байсейітов, Қарқаралы.). Шылбырдың ұшын апарып, көтеріліп тұрған тірсектен өткізіп, алдым да, оны ілгекке өткізіп *д ұ з а қ т а п*, шықпайтын ғып, аздап тартып қойдым (Р.Нұрпейісов, Бесқара). Аттардың қайсысын *д ұ з а қ т а с а* да жұлқа қашып, аспанға шапшып, ойранботқаны шығарады (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). **2.** а у ы с. *Айтқанға көндіру, еркіне жібермеу.* Бұл да кадрді *д ұ з а қ т а п* қолда ұстаудың бір тәсілі еді (М.Дүзенов, Әке.).

ДҰЗАҚТАЙ с ы н. с ө й л. ***Тұзақтай***. Мұнан былай ұзатпай, Буындырам мен сені Бір шығармай үніңді Жілігіңнен түскен *д ұ з а қ т а й* (Жамбыл, Шығ.). Көздер бар әртүрлі. Біреуі зұлымдық *д ұ з а қ т а й* іледі. Бір көздер мөп-мөлдір әрдайым Шолпанын тудырған таңдайын (А.Шөкенов, Шырша).

ДҰЗДЫҚ з а т. с ө й л. ***Тұздық***. Ей, Балсары, *д ұ з д ы қ т а р ы ң* қайда? – деді ол дауыстап (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ДҰЙЫМ с ы н. с ө й л. ж е р г. ***Дүйім***. Қос қашқын беттен танып, ылдилады, Сөгіліп *д ұ й ы м* жаудан құлдилады (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Омбыда патша келіп болған жиын, Қалдырмай бәрін тегіс болыс, биін. Министр, губернатор, советниктер, Бас қосып, мәжіліс болған ұлы *д ұ й ы м* (Айтыс).

ДҰҚАБА з а т. с ө й л. ***Барқыт***. Үстіндегісі сондайда киіп шығатын жасыл *д ұ қ а б а* бешпеті (Т. Сыдықбеков, Біздің заман.).

ДҰЛДЫҢ-ДАЛДЫҢ с ы н. с ө й л. *Кіресілі-шығасылы, бірде алай, бірде былай, дәлдұң.* Шопан қыз Зүрият Ұзақованы біртіндей ажыратып таяндым. Алғашқы жолыққанда «өзі *д ұ л д ы ң-д а л д ы ң д а у* ма, қалай» деп те ойладым (Т.Нұртазин, Адам.).

ДҰП-ДҰРЫС с ы н. э к с п р. **1.** *Оп-орынды, жөп-жөн, ып-ырас.* О, қадірлі оқушым, балалық шағыңды есіңе түсірші. Со кезіңде еш қылығың теріс көрінетін бе еді өзіңе?! Бәрі де жөн, бәрі де *д ұ п-д ұ р ы с* боп тұрмайтын ба еді! (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ). «Ау, сен не оттап отырсың? Сонда адам баласын қойша бауыздап қыра берген *д ұ п-д ұ р ы с* па? Оның обалы қайда?» – деп ақырдым (Ж. Қосыбаев, Әншi Мұхит). Сөзіңе қарасаң *д ұ п-д ұ р ы с*, өңі бірақ адам шошырлық (С.Шаймерденов, Сел.). **2.** *Дәп-дәл, тұп-тура.* Жаңа жылдың басына дейін мен орысша *д ұ п-д ұ р ы с* жаза білетін, тәп-тәуір сөйлей білетін хәлге жеттім (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ДҰР ш ы л. е с к і. к і т. ***Дур*** *(күшейткіш мән үстейтін көне көмекші сөз).* Ат *д ұ р* ердің жолдасы, Ұл *д ұ р* дәулеттің басы. Қыз Һам болса көңіл хошы Зүрият керек *д ұ р* жігітке

(Үш ғасыр.). – Кім бай *д ұ р*, кім жарлы *д ұ р* тәңірге аян, Бар малың сені шағар болып шаян, Сыртымнан қатыншылап күңкіл қылмай Көзіме еркек болсаң, қылшы баян (Айман–Шолпан). Немере яки жиен болса, алып қашқан малы қайтмай *д ұ р*, екінші мәртебе алып қашса, жаза салына *д ұ р* (Қарамола ережесі). Мал басы өсе *д ұ р*, жер өсмей *д ұ р* («ДУГ»).

ДҰРЫС[1] [ир. درست] с ы н. **1.** *Тиісті ереже нормаға сай, тура, бабымен.* Қойды *д ұ р ы с* күтпегендіктен, шайырдың аздығынан немесе ауа райының әсерінен қылшық құрғайды (М.Ермеков, Қазақст.). Ал дене тәрбиесі сабағында оқушылардың жаттығулар орындағанда дем алысының *д ұ р ы с* та бірқалыпты болуын бақылаулары керек («Қазақст. мект.»). Мұның өзі жүрек етінің жансыздануын дер кезінде біліп, *д ұ р ы с* емдеудің өте қиын екенін көрсетеді (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). **2.** *Орынды, ретті, заңды.* Мұндай пікірді біз кездесіп жүрген бірқатар объективті өмір жағдайлары негіздей түседі. Олардың қатарында айтатыным бір ведомствода анықтау органы мен тергеудің біріктірілуі, соның нәтижесінде бөлімшелер басшыларының тергеуге нақты қысым жасауы жөніндегі көптеген деректердің орын алуы, заңдылықтың бұзылуы, құқықтық жағынан *д ұ р ы с* емес процессуалдық шешімдердің қабылдануы («Егемен Қазақстан»). Ашуын бір сапарға бай да тастар, Мұныңды қойып енді малың басқар. Ете бер *д ұ р ы с* жүріп қызметің, Деме енді пәлен жерде той бар, ас бар. Қожаңыз рұқсат қылып бар демесе, Қыдырма шақырса да сойып қошқар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **3.** *Қате емес, жөнді, жөні түзу.* Мына бір сәтті айта кеткен *д ұ р ы с* қой деймін; бір концерт біткеннен кейін артистер бөлмесіне үш әйел келді (М.Мағауин, Ақша қар). Алып туар енеден, Ат туады биеден, Сұрағаның *д ұ р ы с* қой, Сынағаның мақұл ғой. Сіз деген сөзден, Меңлібай, Сен деген сөзім жақын ғой. Ежелден сенің ақынға Құрдастығың батыл ғой (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Тәлімбаева менен инженер Досов жолдастардың көтерген сындары өте *д ұ р ы с* (К.Оразалин, Ақ жазық). Бұл қазақта ұғымы бар «заржақ» деген, Бүгін барлық ақындар зарлап өлең Жазып кетті, қарғайды әлдекімді, Болмай қойды ашуда «алды-арт» деген. Өлең – деген сезім ғой, жан күйі ғой, Бәлкім, ол да *д ұ р ы с* па – ойлай берем (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **4.** *Артық, бәрінен жөн, жақсы.* Атақтың тіреуі – ар. Екісөзді болып, елеңдеп жүргеннен, бірсөзді болып мерт кеткен *д ұ р ы с* (Б.Момышұлы, Москва.). **5.** *Әділ, тиесілі, сәйкес жолмен.* «Әкеме атамнан қалған үлесті *д ұ р ы с* бермеді. Әлі күнге дейін әкем ішсе тамаққа, кисе киімге жарымайтын кедей болып қалды», – дейді Болмас (Ә.Бектасов, Мәди). *Д ұ р ы с* бастар басшы жоқ Әділетке шөлдетті. Татуға өсек жүргізіп, Бәленің отын өргізіп, Қайран заман, аман бол, Ер шөгіп, есер ер жетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **6.** д і н и. *Оң, шариғатпен рұқсат етілген, күнә болмайтын.* Жақсы деп білгеніне қызықтырар, Сол жаққа ақындықтың күшін сұрар. Әрі ақын, әрі уағызшы пайғамбардай, *Д ұ р ы с*, теріс істерді айтып тұрар (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Бәлкім, сен ол тарапта дамолласың, Ақиқатта я оңда, я солдасың, шын, *д ұ р ы с* ғалымдардан болам десең, Сабыр қылу керек те бұл жолда сен (Ақмолла ақын, Шығ.). **7.** *Дәлме-дәл, тұп-тура.* Шынында да, егістік жерлер, малдарының есебі *д ұ р ы с* алынбай келген-ді (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Қыздарға үлгі алардық мақал-мәтелдерді білуді тапсырамын. Қыздар бұл тапсырманы біршама *д ұ р ы с* орындады («Қазақст. мект.»).

Есі [дені] дұрыс па? с ө й л. қ а р а п. *Не сөйлеп тұрсың, ол не дегенің деген мағынада.* – Не айтып тұрсың, *е с і ң д ұ р ы с п а?* О заманда бұ заман, құлын тұрғанда құлан асыраған кісіні көрдің бе? (З.Шашкин, Сенім). Мынау не деп отыр? *Д е н і д ұ р ы с п а?* – дегендей Мұхтар Қайнекейге қарады (Д.Әбілев, Арман.). *Е с і д ұ р ы с* кісі *м е* өзі? Бірдеме қуып келе жатқан адам ба? – деді тыста тұрған Ысқақтар (С.Сейфулин, Шығ.). Бөтелкелерді босатқан майордың өзі болу керек, есеңгіреп отыр да, фраудың сары жүзі қып-қызыл, әзірге оның *е с і д ұ р ы с* көрінді (Ж.Тілеков, От кешу).

Дұрыс жол. а) д і н и. *Хақ жолы, діни ахлаққа сәйкес, күнәдан таза бағыт.* Ислам арқылы Алла тағала адам баласына жаңаша өмір сүрудің *д ұ р ы с ж о л д а р ы н* көрсетті, адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның қай жолда дамитынына жауап беретінін білдірді («Егемен Қазақстан»). ә) *Тура жол, оң нәтижеге әкелетін бағыт.* Құлағына көсемін Жетсе күйі осы елдің, Барса хабар қанықтап, Адасқанға жөн сілтеп, *Д ұ р ы с ж о л ғ а* келтірсе ед (І.Жансүгіров, Шығ.).

Дұрыс сөз. *Орынды, тура айтылған, шыншыл пікір.* Біздің бас асау «батырлар» өкпесі қабарып, қолына сойыл алып шабуылдың ақыры қандай боларын осы жолы сезген шығар, санасыздыққа сүйеніп, *д ұ р ы с с ө з д і* шаншу көріп бой бермеймін десе, алдарынан жарылқасын (М.Дулатов, Шығ.). Кім нашарды жесе, айтқан: «Күйесің, – деп, – Обал, бұған жазықсыз тиесің», – деп. *Д ұ р ы с с ө з і н* айтудан қаймықпаған Бермей қояр ат пенен түйесін деп. «Айтқаны келеді» деп халық сенген, Халық өзі наныста соған ерген (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Дұрыс сөзді. *Тура, шыншыл, орынды сөйлейтін, жөнін айтатын.* Елің түсті езгіге, Жол бермей *д ұ р ы с с ө з д і г е,* Көр соқыр бермей

тізгінін Көкірегі көздіге (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ДҰРЫС[2] м о д. *Мақұлдау, құптау, растауды білдіретін сөз. Д ұ р ы с,* – деп бала сөйледі, Атасына ойланып. Сөйлеген сайын өрледі, Көзінде бейне шам жанып (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым). *Д ұ р ы с, д ұ р ы с!* Сөйту керек! – деді Қырым ұлының жолдастары (С.Сейфуллин, Шығ.). Қызы жылдам сырмақ төсеп, төрге жастық тастады, Қоғамбайым жайласып ап, әңгімесін бастады: – *Д ұ р ы с, д ұ р ы с,* сізге жүдә ұнар болар мына күй? Колхоздың да жайын бір кез ойлау керек, құдағи? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ДҰРЫС-БҰРЫС з а т. *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз, оң-теріс. Тұзу-қисық.* Дизельдің кезіндегі заңдардың көшірмесі бізде жоқ, сондықтан айыптауды *д ұ р ы с-б ұ р ы с* деп кесіп айта алмаймыз («Түркістан»). // *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз, қате-дұрыс жерлері.* Бағыттың *д ұ р ы с-б ұ р ы с ы н* Кенжетай да біліп келе жатқан жоқ-ты (Д.Әбілев, Баянауыл.). *Д ұ р ы с-б ұ р ы с ы н* кейін айтарсыңдар, аяқтайтын мұрсат беріңдерші түге (Қ.Қамбаров, Алтай.). Мұнысы – мәңгібақи сөнсем де, енді қайтып жер бетіне оралмайтын болсам да, бәрібір, *д ұ р ы с-б ұ р ы с ы н* қылықтарыңды көріп-біліп жатамын дегені (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ДҰРЫС-БҰРЫСТЫҚ з а т. *Тұзу-қисықтық, оң-терістік.* Орындап бітпей тұрып ойға алған ісінің *д ұ р ы с-б ұ р ы с т ы ғ ы н* болжамдауға тырысты (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Жазғандарын қайтып оқымастан, өзінің бұл ісінің *д ұ р ы с-б ұ р ы с т ы ғ ы н* ойланбастан, Асқар хатты сол күні Зәурештің үйіне апарып тастады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Мырзасының аузынан шыққан лебіздің дұрыс-бұрыстығына де көңіл бөлмей ала қашты (З.Жәкенов, Таң самалы). Оқушылардың жасаған қорытындыларының *д ұ р ы с-б ұ р ы с т ы ғ ы* міндетті түрде тәжірибе арқылы немесе ойға салу арқылы дәлелденіп отыру керек («Қазақст. мект.»).

ДҰРЫСТА[1]**=** е т. **1.** *Мақұлдау, қабылдау.* Кетемін, олармен ұрыспаймын, Пәрәңның бұл айтқанын *д ұ р ы с т а й м ы н.* Ғаламға халін білмес таң болады, Келер деп оларға әлім тырыспаймын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Қалау, қолдау, ылану.* «Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігін көңілі *д ұ р ы с т а м а с а,* әлбетте, ол намаз болып табылмас», – дейді Ыбырай Алтынсарин «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінде («Егемен Қазақстан»). **3.** *Дәлелдеу, дәйектеу, растау, оң екенін көрсету.* Ақиқат кеңістіктің қасиеттерін айқындау үшін тәжірибеге көңіл аударуымыз керек: әдетке сіңген геометриядағы әрбір түзу сызықты үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы әрқашан да тұрақты шамаға тең деген ашық не жабық түрдегі қорытынды кеңістік туралы ұғымдарымыздың салдары болып табылмады. Бұл қорытындының шындығын тек тәжірибе ғана *д ұ р ы с т а й д ы* (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

ДҰРЫСТА[2]**=** е т. *Тұзеу, реттеу, жөндеу.* Бұл жақтан көңілі орныққан Гасфорт, енді адъютанттарын *д ұ р ы с т а п* алуды ойлады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бір кезде офицер лер орындарынан тұрып, үсті-басын *д ұ р ы с т а п,* көйлегін, белдігін түзеп әлек болды да қалды (С.Бақбергенов, Белгісіз солдат).

ДҰРЫСТАЛ= е т. **1.** *Реттелу, жөнделу.* Сәлмен ер үстінде *д ұ р ы с т а л ы п* отырған жанша, ат жалын тіреп, басын көтеріп алды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Шал аяқ астынан желпініп, үстіндегі құлын жарғағының жағасын жөндеп, өзі *д ұ р ы с т а л ы п* отырды (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Шұғыл бұрылыстың көптігі ме, әлде мәшине жүрісінің шапшаңдығынан ба, біз *д ұ р ы с т а л ы п* отыруға үлгермейміз (Ш.Әбдіраманов, Тас раушан). **2.** *Өз тәртібімен жасалу, нақышымен заңына сәйкес істелу.* Қазақ тілінен ауысқан сөздердің *д ұ р ы с т а л ы п* айтылуы, яғни қазақ тіліндегідей айтылуы қазақ тілінің ішкі заңын бұзғандық болмайды (Х.Кенғанова, Қазіргі қаз. тілі). **3.** а у ы с. *Жасару, оңтайлану, күш алу, оңалу.* Менің ғалым ретінде айтарым, соңғы жылдары ғылымға көңіл бөліне бастады. Көзқарас та, қамқорлық та *д ұ р ы с т а л ы п* келеді («Егемен Қазақстан»). Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде қазақтың кедей тұрмысы алдыңғы қатарлы елдердің ауылшаруашылығындағы, саудадағы, өнеркәсіпті озық тәжірибесінен өнеге алғанда өсетінін, *д ұ р ы с т а л а т ы н ы н* айтады («Егемен Қазақстан»).

ДҰРЫСТАЛУ *Дұрыстал етісінің қимыл атауы; жақсару, оңалу, күш алу.* Жалпы халды алғанда өткен соғыстардан, ашаршылықтан бүлінген шаруа ілгері басып, халықтың әл-ауқаты *д ұ р ы с т а л у д а* (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сонымен бірге сол экономиканың дамуына, әлеуметтік жағдайдың *д ұ р ы с т а л у ы н а* Қазақстан ғылымы мен ғалымдардың қосқан үлесі мол екені мәлім («Егемен Қазақстан»).

ДҰРЫСТАН= е т. с ө й л. ***Дұрыстау***. Шыпшаңдама, қылқыңдама *д ұ р ы с т а н,* Кім ұқпайды үн шықпайды ұрыстан (Қ.Аманжолов, Шығ.). Мама, мама, келгелі Надялар, Қалды өмірім тәп-тәуір *д ұ р ы с т а н ы п* (С.Асанов, Күндер.).

ДҰРЫСТАҢҚЫРА= е т. *Әбден дұрыстау, жөндей түсу.* Қыз кенет кілт тоқтап, оған қадала қарайды. «Ә, сен солай ойлайды екенсің ғой. Жақсы ендеше, кейін *д ұ р ы с т а ң қ ы р а п* есептесерміз» (З.Шүкіров, Жас жесір).

ДҰРЫСТАП ү с т. **1.** *Белгілі тәртіпке келтіріп, жөнделеп.* Балалар суретке қарап, шағын әңгіменің жолын белгілейді. Суретке байыппен ұқыпты түрде *д ұ р ы с т а п* қарап алады («Қазақст. мект.»). Ұзақ жылдан кейін екеуміздің арамызда кенет пайда болған бұл махаббат *д ұ р ы с т а п* ойлаған адамға расында да түсініксіз-ді (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** *Әдемілеп, сәніне келтіріп.* Батырлықтың белгісі Жауға шапқан ұрандап, Палуандықтың белгісі – Алқаға түсіп сыбанбақ. Шешендіктің белгісі – Халық жиналған алқада *Д ұ р ы с т а п* жауап шығармақ (Ақтан Керейұлы // Екі мыңжылдық.). Жайнамазды *д ұ р ы с т а п* ілді, әйтеуір бір жерде байыз тауып отыра алмай, оған да, бұған да алаңдай берді. Ол бейнебір осы үйдің ішін көруге, сынауға, мінеуге келген кісі: бәрі де жинақ, таза, ретті болса екен дейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Асықпай, баппен, емін-еркін.* Бижан әйелінің көңілі бұзыла бастағанын байқап: – Қап, қайдағыны еске салғанын қарашы. Енді бұл қатын *д ұ р ы с т а п* шай бере алмайтын болды-ау, – деп ойлады (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау.). Мына үйде отырып *д ұ р ы с т а п* шай ішудің өзі қиынға соғар (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Оның ендігі бір арманы – оңашасын тауып қызбен *д ұ р ы с т а п* бір сөйлесу, түсінісу (Ө.Қанахин, Жүрек.). **4.** *Белгілі ережесі, тәртібі бойынша, өз нақышымен.* Кекетпей-ақ қой, қайнаға. *Д ұ р ы с т а п* Құран оқи алмайтын молдасы бар, Сұлтанғазыға неге айтпайсың! (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **5.** *Мықтап, әбден мұқият.* Құлыным-ау, кірбің бар қабағыңда, Мамыражай шаттық жоқ жанарыңда. Малың қалай, аман ба, әкеп өзін Қора-жайға *д ұ р ы с т а п* қамадың ба? (Х.Есенқараева, Жұлдызым). Оған да көмектескенімнің арқасында жүн сорттау, теріні *д ұ р ы с т а п* тұздап, бүктеу әдісін де білетіндігімнен мені үйленгесін, Хұсайын жалдама адамы қайтыс болғандықтан, Сағыз бойын жайлайтын ожырай кетелерден терітерсек жинаушы етіп жалдап алды («Егемен Қазақстан»).

ДҰРЫСТАС= е т. *Жөндесу, реттесу.* Асанның айтқаны рас, сол үйдің отын-суын, нәрсе-қорасын *д ұ р ы с т а с қ а н*, әлі де қолқабыс тигізіп жүрген Мырзабай болды (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ДҰРЫСТАТ= е т. *Жөндету.* – Құдай кездессе, соныңды мен атып жүрмейін. – Құлағын *д ұ р ы с т а т ы п* па ең мылтығыңның? (Б.Майлин, Таңд.).

ДҰРЫСТАУ с ы н. *Дұрысырақ, басқаға қарағанда жақсырақ.* Қайсысына түсерімді білмей, аз дағдарып шеткісіндегісіне бұрылдым. Өйткені ол өзгесінен *д ұ р ы с т а у* көрінді (Ж.Сахаев, Тіршілік.). Ақсақал, жазда салқын, қыста жылы, *д ұ р ы с т а у* бөлме болса дегенім ғой, – деп шіренеді (Таң нұры).

ДҰРЫСТАУ*Дұрыста етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Реттеу, тәртіпке келтірту.* Оны ауруханаға орналастыру, емдеу тәртібін *д ұ р ы с т а у* жағдайларына біраз уақыт өтті (С.Бегалин, Сахара.). **2.** *Жақсарту, сапасын арттыру.* Әбдіжанның семізін арықтатасың, арығын күйлендіресің, ал қызыл майын *д ұ р ы с т а у* қиын (Ш.Айманов, Қыран.).

ДҰРЫСТЫҚ з а т. **1.** *Дұрыс екендік, жаза баспағандық.* Кәкітай өзінің *д ұ р ы с т ы ғ ы н* Ерболға қуаттатқысы келді (М.Әуезов, Абай жолы). Екі тарап та Конституциясының 41-бабының 1, 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын көлденең тарта отырып, өз ойларының *д ұ р ы с т ы ғ ы н а* көз жеткізуге тырысады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Растық, туралық, шындық.* Оспан сүйген қызы Жамал сөзінің *д ұ р ы с т ы ғ ы н* нокауттан кейін барып, осы кетіп бара жатқанда әбден мойындады (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). **3.** *Ақиқатқа, нақты ереже, жауапқа т.б. сәйкестік, дәлдік, дәйектілік.* «Аударылатын шығарманың рухына жақындай түсу үшін, түпнұсқадан алыстай түсу керек» дейтін қағиданың *д ұ р ы с т ы ғ ы н а* мақал-мәтелдерді аударғанда да көзіміз жетті (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ертедегі көптеген халық шежірелерінде Күн бетінде қара дақ болатыны, кейде ол қаққан шеге секілді көрінетіні, кейде жоқ болып кететіні жазылған. Оның *д ұ р ы с т ы ғ ы* XVII ғасырда телескоп пайда болғаннан кейін ғана анықталған (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). Мұғалім карточкадағы сұрақтардың жауабын бағалау мақсатында, карточкаға берілген жауапты тексерген шәкірттен оның *д ұ р ы с т ы ғ ы н* сұрады («Қазақст. мект.»). **4.** а у ы с. *Әділдік, жақсылық. Д ұ р ы с т ы қ п е н* салық салынбайтын, қазынаның түсімін кемітетін, жұрттың ауқатын аздыратын осы күнгі қалыпта қалдыруға болмайды (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Білген адам би түрса, *Д ұ р ы с т ы қ* тапқан секілді. Пақыр көңілі жай болып Тегістік тапқан секілді. Шаруаның малындай Өрісін тапқан секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жігіттер, дүние өтер басыңыздан, Мойын қой *д ұ р ы с т ы қ қ а* жасыңыздан, Қарындасқа қайыр қып қарамасаң, Қайрылмай өтіп кетер қасыңыздан (Ақмолла, Шығ.). – Енді өлеміз ғой. Бірақ әйтеуір *д ұ р ы с т ы қ* үшін өлеміз. Сол жері жақсы. Кейінгілер айта жүреді ғой (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ДҰРЫСЫНДА ш ы л. *Шындығында, ақиқатында деген мағынадағы құптау, растауды, келісуді білдіретін көмекші сөз.* Бұл шығарма *д ұ р ы с ы н д а* әдебиетіміздің үстіртіндіктен тереңдікке аяқ басуының нышанасы еді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). *Д ұ р ы с ы н д а*, қойдың

жүн өнімділігін әрдайым оның таза жүнінің мөлшерімен есептеу керек (М.Ермеков, Қазақст.). *Д ұ р ы с ы н д а,* өзге ақындармен салыстырғанда Сәкен поэзиясында бір күшті жаңалық табысы бар (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Мен тақырып, образ, тіл жайындағы кемшіліктерге көбірек тоқтадым. *Д ұ р ы с ы н д а,* соған автордан гөрі театр кінәлы (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.).

ДҰРЫСЫРАҚ с ы н. **1.** *Тереңірек, нақтырақ.* Адамның арғы тегін *д ұ р ы с ы р а қ* түсініп, олардың қалай өсіп-өніп, жер бетіне тарағанын бір жүйеге келтірілген XVIII ғасырлардағы атақты Швед ғалымы Карл Линей (1707-1773) болды (Н.Баяндин, Ғасырлар қойнауы.). Бұл адам баласының көп ойшылары, ғалымдары айтқан сөздердің барлығынан да *д ұ р ы с ы р а қ,* тереңірек болса керек (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Жөні түзу, қолайлырақ, жақсырақ.* Соған барсаңдар былай *д ұ р ы с ы р а қ* киімдеріңді киініп, қырынып деген секілді жөнделіп барыңдар (С.Бегалин, Уақыт.). Көзі, мұрны *д ұ р ы с ы р а қ* біткен кейбір көріктімін деп саналатындары, тіпті Күлтайды сырттай иемденіп, «Мен тұрғанда қайда барарсың?» дегендей масайрап жүретін-ді (А.Шамкенов, Шапақ). **3.** а у ы с. *Жанжақты, егжей-тегжейлі.* Милиция бастығы иегімен Ертісбекті нұсқады. – Біз бұл азаматпен *д ұ р ы с ы р а қ* сөйлесетін болармыз. Сіз бара беріңіз, – деді (Т.Нұрмағанбетов, Қош бол.). **4.** а у ы с. *Әлдеқайда жөндірек, артығырақ.* Мен сіздердің тапсырмаларыңызды орындағаннан гөрі, Риддерді өртегенім *д ұ р ы с ы р а қ* болар, – деді (А.Хангелдин, Өткен күн.).

Дұрысырақ айтқанда [айтса]. с ө й л. э к с п р. *Сөйлеушінің сыпайылық көрсетіп, өз ойын кесіп айтпау үшін, бірақ оның шын тура екенін білдіретін «байыбына келгенде», «ақиқатында» деген мағынадағы қыстырма сөзқолданыс. Д ұ р ы с ы р а қ а й т қ а н д а,* оның бар ауыртпалығын, қауіп-қатерін байыптай алмаған-ды. Өлем деген ой оны қорқытқан жоқ (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Кетпен шауып әбден шыныққаны соғыста көрінді, *д ұ р ы с ы р а қ а й т с а,* үлкен медеу болды (С.Бақбергенов, Адам.).

ДҰСПАН з а т. с ө й л. ***Дұшпан***. Ата-ананың қадірін Балалы болғанда білерсің, Ағайынның қадірін Жалалы болғанда білерсің. Дәулетіңнің қадірін Мал кеткенде білерсің, Маңайдағы *д ұ с п а н д ы* Түн жеткенде білерсің (Шал ақын, Өлеңд.). Қабырғадан қараған Достым менен *д ұ с п а н ы м* «Апырып, ер Доспамбет!» демей ме?! (Доспамбет//Қазына). Дүниеде сонша зиян болар ма еді, Бар кедей солдаттықтан безсе қарғап. Тоқтаса не жалданып, не алданып, «Айт!» десе, ит секілді барып жармақ. Шын *д ұ с п а н* «солдат бол» деген кісі Екенін алыс емес білуге аңдап (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Дос мақтаса, не пайда онан саған, *Д ұ с п а н* сөксе, не кемдік көрдің жаман? Шын сөзбенен мақтаса, иә боқтаса, Мақтау пайда, зиян ба жамандаған? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *// Жат, жағымсыз, жаман (мінез, қылық, т.б.). Д ұ с п а н* мінезінің көп қырлы, ағынды екенін есепке алса, бұл мүлде қиын (Ә.Тарази, Құйрықты.).

ДҰСПАН-ДОС з а т. с ө й л. ***Дұшпан-дос.*** Қазағым, оқу оқы, жатпа босқа, Көрініп оқуменен *д ұ с п а н-д о с қ а.* Дүнияға жаңа келген адамдай-ақ, Салыңыз надандықты таптап асқа («Айқап»).

ДҰСПАНДЫҚ з а т. ө с. ***Дұшпандық.*** Келіп-кетіп көп жүріп, Мен досыңмын деп жүріп, *Д ұ с п а н д ы ғ ы н* оздырар (Абай, Тол. жин.). Ол ата-ананы малға сатқан соң, Құдайға *д ұ с п а н д ы қ* іс емес пе? (Абай, Тол. жин.).

ДҰШМАН з а т. с ө й л. ***Дұшпан***. Екі елдің арасы ашылып қан *д ұ ш м а н ы* болып кетуі ықтимал (М.Дулатұлы, Шығ.).

ДҰШПАН [ир. دشمن] з а т. 1. *Қас, жау, қара жақ.* «Алаштап» ұран шықса, қаны қайнап, Намыстан тұра алмайтын, қойсаң байлап. Түлкі алатын қырандай түйілгенде, Жұрт тұрғанда «бере көр, я, Құдайлап», Иелерін қалдырып қан майданда, Талай *д ұ ш п а н* аттары шыққан ойнап (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Туысқаның, достарың бәрі екіұшты, Сол себептен досыңнан *д ұ ш п а н* күшті (Абай, Шығ.). Туысқанның талайы *д ұ ш п а н* болып кеткенде, өмірде туысып көрмеген әр ұлттың адамынан талай тәтті жолдастарым болды (І.Жансүгіров, Шығ.). Төрт түрлі жауһар асыл бар, Адамзаттың «құлында» – Төрт *д ұ ш п а н* бар оларға, От пен су мысал форымда (О.Шораяқов, Шайыр). *Д ұ ш п а н ы ң н ы ң* алдына аш барсаң да, жалаңаш барма (Мақал). 2. а у ы с. *Зиянды, пайдасыз нәрсе.* Ашу – *д ұ ш п а н,* ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос (Мақал). Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің *д ұ ш п а н ы* (Абай, Шығ.).

Ақымақ достан ақылды дұшпан артық. *Бір нәрсе үйренуге болатын, үлгі болатындай жақсы қасиеті бар адам, қас та болса, осындай қасиеттен жұрдай жақыныңнан артық деген мағынада.* Хақ неғматын танысаң, тәубең артар, Жақсы ниет жақсылыққа әр күн тартар, *А қ ы м а қ д о с т а н а қ ы л д ы д ұ ш п а н а р т ы қ,* Ақымақ достан ер адам жапа тартар (Ақмолла ақын, Шығ.).

Ашу–дұшпан. *Ашуына ерік берген адам көп нәрседен ұтылады, ашуға бой алдырма деген мағынада.* Тіл ашуын шақырса, қол – қызметкер, *А ш у – д ұ ш п а н,* ақылға болмайды жар, Бас жарып, көз шығарып, дау жауласып, Он пәленің бірісі қолдан туар (Ақмолла ақын, Шығ.).

Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың, Ақыл – тұрған алдыңда асқар тауың. Жүрекке ашу келіп толған шақта, Денеңнің біле алмассың аурусауын (Шал ақын, Өлеңд.).

Досқа күлкі, дұшпанға таба болды. *Әбден цятқа қалды, масқарасы шықты.* Өзін мұсылман санап, Құдіреті күшті Алла тағаладан жақсылық күтетін әрбір азамат тек тән тазалығын ғана емес, сондай-ақ парасатсыздық пен парықсыздықтан, ойсыздық пен дарақылықтан, рухани азып-тозудан өзін аулақ ұстап, зиялылықты, тектілікті, тазалықты, отансүйгіштікті қастерлеп, ұлттық мүддеге адал болып, оны жоғары қоюға, елінің келешегін ойлап, *досқа күлкі, дұшпанға таба болмай,* ертеңіне үміт арта өмір сүруі керек («Егемен Қазақстан»).

Досқа күлкі, дұшпанға таба қылды. *Қатты цятқа қалдырды, ел-жұрттың алдында масқарасын шығарды.* Отанның мейірін, жылуын сездіретіндей мүмкіндік қазір бар деп ойлаймын. Сонда ғана біз *досқа күлкі, дұшпанға таба қылар лық* жайлардан барынша ада болмақпыз («Егемен Қазақстан»).

Дұшпан көзі. *Басқа кісіге сыр бермеу үшін алдын ала жасалған әрекет.* Оларды кейде *дұшпан көзі* қып, өзі тұрған колхозға қонаққа әкеп, сыйлап жіберіп те отырады (М.Әуезов, Шығ.). Тексерушілерге *дұшпан көзі* қылып абыройын сақтап қалу үшін менен шешем айтқан сөзді сол жерде де күтіп, әдейі сұрапты Есекең (А.Оразалин, Қайырлы.). Құнанбай әнеу күні Базарлының сымбатын мақтап, туысына сүйсінген еді. Бүгін көпке *дұшпан көзі* болса да, бұндайлық азаматқа аяныш керектігін айтты (М.Әуезов, Шығ.).

Қас дұшпан. а) *Нағыз жау, қас жау.* Қаһарлы сөз қамал бұзып, *қас дұшпанның* қабырғасын сөкті (С.Мәуленов, Жұлдыз.). *Қас дұшпанға* қасарсаң, Қан шықпас тастай түйінсің. Ел қамын жеген ер болса, Сабазым, сендей күйінсін (Қаз. ақын. шығ.). Арон төре мен подполковник Кирилловтың Мәмбетті *қас дұшпан* санауы тегін де емес сияқты (Х.Есенжанов, Тар кезең). ә) *Барып тұрған қауіпті, зиянды нәрсе.* Мал баққан көшпенді елдер үшін түн қараңғысы – *қас дұшпанның* бірі (Х.Әбішев, Аспан сыры).

ДҰШПАНДАЙ с ы н. *Дұшпан сияқты, дұшпан тәрізді.* Жаратпайтын, тіпті *дұшпандай* жек көретін Жүністің баласының «Айып етпеңіз, сәлем беруге бара алмадым» деп аралаған сөзі дәрігерді жібіткендей болды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ДҰШПАНДАС= е т. *Жауласу, қастасу. Дұшпандасқан* жауына, Ешбір ерік бермеген. Тентек пенен телісін, Жүргізбей қияс жөндеген (Батырлар жыры).

ДҰШПАНДЫ с ы н. *Дұшпаны бар, дұшпаны көп.* Жауды көрсе қуарған, Тұлпар мініп, ту алған. *Дұшпанды* жерді көргенде Миықтан күліп қуанған (Айтыс).

ДҰШПАНДЫҚ з а т. **1.** *Қастық, жаулық, өшпенділік, арамдық.* Тыңда мені, кішкентай туысқаным, Түсінерсің ағаңның дұрыс жанын. Бір адамға *дұшпандық* ойламаймын, Сондықтан да жоқ бір дұшпаным (Қ.Мүсірепов, Раушан). Біз мұны достық та емес, *дұшпандық* та емес һәм сыншылдық та емес, кеуделік, мақтаншақтық, өте зорайғандық деп білеміз (Т.Кәкішев, Сәкен Сейфуллин). Келіп-кетіп көп жүріп, «Мен досыңмын» деп жүріп, *Дұшпандығын* оздырар (Абай, Тол. жин.). Ел ортасына баратын осылар, іштері күйсе де, көкіректері қарс айырылса да, әдейі *дұшпандық* ойламаса, өкімет саясатын бұрмалай қоймас (Б.Тоғысбаев, От пен күл). **2.** а у ы с. *Азғындық, қастандық.* Жүргізіп ібіліс әмірін, Жауыздық жайып тамырын, Өршіп өтірік, *дұшпандық,* Көк есігі ашылды, Жұмақ нұры шашылды (М.Жұмабаев, Шығ.). Үшіншісі – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар *дұшпандық* шақырады (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Күндестік, бақталастық, араздық.* Күншілдік *дұшпандық қа* себеп болып, Ар-ұждан әмірінен қашарсыз сіз, Арыстанмен алысып, арықтаған, Құсаменен сарғайған ажарсыз сіз (Ақмолла ақын, Шығ.).

Дұшпандық ниет. *Жаулық, бақталастық пиғыл.* Өзі айтуға тиіс әнді қыз және осының алдында ғана *дұшпандық ниет* танытқан бейәдеп қыз бастағандықтан ғана емес, ән ырғағы үйреншікті болғанымен, орындау мәнері мүлде өзгеше тәрізді (М.Мағауин, Өмір жыры).

ДҰШПАН-ҚАС з а т. *Жауласқан, қастасқан адамдар, жаулар.* Бал Ғиратым тұлпар асқан, Айшылықты алты басқан; Екі көдек шықтық жастан, Алайық кекті *дұшпан-қастан* (Көрұғлы).

ДҰШПАНСЫЗ с ы н. *Дұшпаны жоқ, жаусыз.* Жасымнан ойлағаным өлең-дағы, Өлеңмен таныс болған көп ел-дағы, Ондай сөз аузымнан шыққан емес, *Дұшпансыз* ер болмайды деген-дағы (Айтыс). Аспансыз жер болмас, *Дұшпансыз* ел болмас. Ақ сөйлеп, ақ жүрген, Ешкімге жем болмас (Қ.Сарыбаев, Отырар.). Адам бір доссыз, *дұшпансыз* болмас (Мақалнама)

ДҰШПАНША з а т. с ө й л. *Дұшпан сияқты, дұшпанға ұқсас.* Жансыз бейне! Оны ешкімге қимаймын, Жаным сүйген саған ғана сыйлаймын. Жетсе екен деп ой-арманым өлеңмен, Өзімді-өзім қас *дұшпаншa* қинаймын (Б.Исаев, Отыз. көктем).

ДҮБӘРА с ы н. **1.** м а л ш а р. *Ерте туған (төл).* Жоқ-ау, нәрегей неден болады, *Д ү б ә р а* қайдан туады? Соны білгім келеді ғой (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Имаш келген күні әкей бас-аяғы үш қойдың біреуінің қозысын сойған. Ерте туып, *д ү б ә р а* боп кетіп еді, семіз-ақ екен (З.Ақышев, Бәрі де есте). Кәрім біраз жылдан бері жаз ортасынан былай суала бастайтын кәрі саулық сияқты еді де, Рәшида сол саулықтан ерте туып, сүтке жарымайтын *д ү б ә р а* марқа сияқты еді (З.Ақышев, Жаяу Мұса). **2.** а у ы с. *Шикі, шала, жетілмеген, дамымаған.* Өтірік те емес, шын да емес, *д ү б ә р а* ертешілеу әңгіме болып шығады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ойдың да шикісі бар күлді-көмеш, Сүйкімсіз арам астай адам жемес, Дүмбілез, *д ү б ә р а с ы* бар оның да, Әрі-сәрі, не ол емес, не бұл емес (Айтыс). // с т и л ь. *Рухани, ахлақтық жағынан шала дамыған, тоғышар адам.* Осындай қыл көпірден күніне әлденеше рет өтуге тура келген қытымыр кезеңде қорлықты жоғарыдағы дөкейлерден емес, орта жолдағы *д ү б ә р а л а р д а н* көрдік («Егемен Қазақстан»). Өмір мен өмір айқасында артық-кемді қылықтар кездесер еді. Оңғарбай сияқты сол кездегі *д ү б ә р а л а р* соған әлі ашулы (Т.Тілеуханов, Біздің әке.). **3.** а у ы с. *Екі аралықтағы, бір топтан шығып, екіншісіне өтпеген, даму үстіндегі.* Шындығында, бұл (бар, жоқ, көп, аз, әрине, бәсе, мүмкін, тиіс) сөздер негізгі сөздер мен көмекші сөздердің арасындағы *д ү б ә р а* сөздер сияқты (Қазіргі қаз. тілі). **4.** а у ы с. *Не олай емес, не бұлай емес, әрі-сәрі.* Ыссылы-суықты *д ү б ә р а* жағдайда адамның өз-өзіне есеп бере қоймайтын әдетімен карта қасына жетіп бардым (Алтынтау). Бай деп, байға қосыла алмай, кедей деп, кедейге қосыла алмай, *д ү б ә р а* қалып, тентіреп кетті (М.Құмарбеков, Асау Ертіс).

Дүбәра қауым. ж а ң а. с т и л ь. *Өзінің ұлттық бет-бейнесі, рухани тұлғасынан айырылып, мәңгүрттенген, өз ұлтын, тілін, дінін құрметтемейтін шала, еліктегіш ұрпақ.* Ана тілін білмейтін, өз халқының тарихынан, дәстүрінен бейхабар, ұлт тағдырына жаны ашымайтын тасбауыр, *д ү б ә р а қ а у ы м* дүниеге келді («Қаз. әдеб.»).

ДҮБӘРАЛЫҚ з а т. *Әрі-сәрі болушылық, екіойлылық, екі жақтылық. Д ү б ә р а л ы қ а,* келісімпаздыққа жол берілуі мүмкін емес (Б.Әдетов, Парасат).

Рухани дүбәралық. *Адамгершілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық сияқты биік сезімдік қасиеттерден жұрдай болушылық немесе оларды шала сезінушілік.* Ендеше, атабабаның қалдырған хатын ұрпағының оқи алмауынан, көдесіне жарата білмеуден өткен *р у х а н и д ү б ә р а л ы қ* пен мешелдік, сірә, бар ма?! («Жас Алаш»).

ДҮБІЛ= е т. *Аласапыран болу, дүрлігу, дүрбелеңге түсу.* Таң сарғайып білінді, Қара көрпе түрілді. Таң сәріден оянып, Жұмысшылар *д ү б і л д і* (С.Мұқанов, Таңд.). Бұл әдейілеп жиналған митинг емес, екі-үш күннен бері *д ү б і л г е н* жасақшылардың өзінен-өзі жиналып қалатын қазарма алдындағы топтануы ғана болатын (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бойы үйге тіреу болардай, қақпақ жауырын, сұлу мұртты, шоқша сақал кісі «Ассалаумағаләйкүм», – деп ішке кіріп келгенде, үйдегілер сәл *д ү б і л і п* қалды (М.Есламғалиев, Екінші.).

ДҮБІЛТ= е т. с ө й л. ***Дүрлікті́ру***. [_ _ _] Мерекенің дабысы Алтайдың тауын күңірентті ... еңкейген шал, еңбектеген жасты *д ү б і л т т і* (С.Мұқанов, Өсу жол.).

ДҮБІЛУ *Дүбіл етістігінің қимыл атауы.* Солардан сұрастыра, қамаулы «варнақ» барын, *д ү б і л у г е* сол себеп болғанын, бүгін сазайын тартатынын естіді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ДҮБІЛІС[1] з а т. ж е р г. *Арпалыс, әуре-сарсаң, сергелдең.* Бір күндері түн баласында көз ілдірмеген *д ү б і л і с* күй енді жым-жырт (К.Оразалин, Көктем.). Кешегі күннің *д ү б і л і с і* еске түсіп, ұйқы құшағына ендіре қоймады (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ДҮБІЛІС[2]= е т. ж е р г. *Ақтарылысу, дүрлігісу.* Таңқардың иттерін таныған ауыл адамдары *д ү б і л і с і п* қалды (А.Әлсеров, Ар.).

ДҮБІЛІС-ДҮРМЕК з а т. ж е р г. *Аласапыранға салынушылық, дүрлігушілік.* Алаң болмайсыңдар. Керексіз *д ү б і л і с-д ү р м е к к е* жол бермейсіңдер. Ілгері артыңдар (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ДҮБІН= е т. с ө й л. *Дүрлігу, көтерілу, қызыну.* Түкпірдегі қалада іші пысып отырған елге осындай жаңалық керек. «Қытайлар келе жатыр» деп *д ү б і н г е л і* талай уақыт өтті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Жүрек шіркін де *д ү б і н і п*, көкірекке сыймай бара жатыр (Т.Алшынбаев, Өткел). Көшбайдың ұлы Құлнияз, Көбентай ұлы Жанияз, Өлтірем деп *д ү б і н і п*, Ездігі тұрды білініп (Ақберен).

ДҮБІНУ *Дүбін етістігінің қимыл атауы.* Бибімен қанша кездессе де, жүрек шіркін өзінің *д ү б і н у і н* қоятын емес (Т.Алшынбаев, Жалбыз.).

ДҮБІР з а т. **1.** *Дүрсілдете басқан жүріс, ауыр заттың құлауы, қақтығыс.* Бұдан соң Бәкен үйінің жанында атты-жаяулардың *д ү б і р і,* дыбыстары естілді (С.Сейфуллин, Шығ.). Соғыс тәңірісі атанған артиллерия канонаданың алыстағы *д ү б і р і* Малый Буркинге де еміс-еміс естіле бастап еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Орманның шуылын, өзеннің гүрілін, Таулардың

д ү б і р і н, Тұрамын тапжылмай мен тыңдап (Қ.Мүсірепов, Раушан). *Д ү б і р г е* еленделп аласұрған белдеудегі жүйріктей тұяғы қызып тыпыршыса да, енді ол бәйгеге қосылып, олжа салмасына көзі анық жетті (Ж.Кәрменов, Ақылбай.). **2.** а у ы с. *Қызықты өмір, думанды шу.* Жұртынан, *д ү б і р і н е н* айырылған көкірек әрі-беріден соң жанын жегідей жеп сыздаушы еді (Д.Досжанов, Дария). Тапса да «магма» деген терминді кім, Аңсаймын бір көруге жер кіндігін, Шығанда, зауқым ауып, Ғарыштың да Қол созып, *д ү б і р і н е* ердім бүгін (Қ.Ұябаев, Тағдыр.). Олимпиада зор табыспен өтті, оны ұйымдастырушылардың қазылар алқасын балалардың өз іштерінен сайлағаны да бек дұрыс болды. Құдай қолдап, періштелер жебеп дегендей, *д ү б і р г е* қатысқан 58 баланың 28-і жүлделі орынды иеленді, екеуі менің шәкірттерім («Парасат»). Ержеттік, өтті ол күндер *д ү б і р м е н е н,* Еске алып соның бәрін бүгінде мен. Өткізіп көз алдымнан көп елесті, Сағынам нұр жүзіңді күлімдеген (Ш.Мұхамеджанов, Шағала). **3.** а у ы с. *Қорқыныш, үрей.* Мұндайда қазақ былай дейді: «Қауіп-қатердің *д ү б і р і* құлақ тұндырса, көлеңкесі көз қарықтырады» («Түркістан»). Жұрт тұрды көңіл босап, тебіреніп, Кеудеге керемет бір *д ү б і р* еніп, «Туған жер, енді аман бол!» – деп қоштасып, Барады қайран әкем күңіреніп (Ә.Абайділданов, Алыс.). Бұл үйлерді көргенде көңілімде бір түрлі *д ү б і р* пайда болғанға ұқсайды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Күнімен де түнімен, Сұмдық үрей кірді бір. Құлағымның түбінен, Кетпей қойды бір *д ү б і р* (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Аласұрған шақ, аласапыран, мазасыз кез, елші берекесінен айырылған заман.* Махамбеттің біз білетін өмірбаянында сол романтикалық сәулелі шағының бірде-бір ізі жоқ. Оның бәрі-бәрі күреспен өткен қаһарлы күндердің аласапыран *д ү б і р і н д е* Еділ мен Жайық арасы – Нарын құмының қара дауылына көміліп қалғандай («Түркістан»).

Ат дүбірі. *Ат тұяғының дыбысы.* Шапқан *а т т ы ң д ү б і р і* мен будақтаған шаңы мені де қыздырған секілді (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Дарбазалы есікші, Пайғамбардай несіпші, Үйде отырған қыз Құртқа *Д ү б і р і н а т т ы ң* есітті («Егемен Қазақстан»). Әлгіндегі *а т д ү б і р і* сап болды да, маңайды тағы да жым-жырт, жұмсақ момақан тыныштық басты (О.Бөкеев, Ән салады.).

Ат тұяғының дүбірі басылмады. *Бір тыншымады, тіршілігі бір толастамады.* Қасырлар бойы *а т т ұ я ғ ы н ы ң д ү б і р і б а с ы л м а ғ а н,* ғасырлар бойы ат тұяғы көтерген шаң екпіні толастамаған дала төсінің кескін-келбеті Ілияс Есенберлин қаламының қуатымен өрнектеліп, өзіндік бояу нақышын тапқан болмысында өзгеше ой түйіні жатқанын айтуымыз керек («Егемен Қазақстан»).

Дала тұлпарының тұяқ дүбірі. к о н т е к с т. *Көшпенді халықтардың үлкен соғыс жорықтары деген мағынада.* Еуропа баяғы Еділ батыр (Аттилла) мен Батый хан аламандарының жорықтарын, *д а л а т ұ л п а р ы н ы ң т ұ я қ д ү б і р і н* мәңгі бақи ұмытпайды («Түркістан»).

Дүбірге қызды. *Думанға елікті.* Қыс өтіп, көктем келісімен қыр жоталарында еңбек *д ү б і р і қ ы з д ы* (Б.Асанбаев, Адам сұлу). Көрейін мен де толғанып, Келгенінше шаманың, *Д ү б і р г е қ ы з ғ а н* жүйріктей Қызып тұр әзір табаным (Майлықожа, Шығ.).

Дүбір салды. а) *Ойнақ салды, дүбірлетті.* Автомобиль қаладан, шығып елге жөнелді. *Д ү б і р с а л ы п* далаға Көрсетуге өнерді (С.Сейфуллин, Шығ.). Бір күн түнде алпыс күн болған шақта, Кермеде бәйгекүрең *д ү б і р с а л д ы* (Айман-Шолпан). Кез еді ала көбе, қызыл іңір, Назалы боран патша, күрсінді бір. Қапсыра жер мен көкті құшаққа алып, Жөнелді ол дүниеге *с а л ы п д ү б і р* (Қ.Аманжолов, Шығ.). ә) *Көңілге ой салды, жігерлендірді.* Олардың ішінен, әрине, қадірлі оқушымның көңіліне *д ү б і р с а л ы п* өтер деген елеулілерін ғана қағазға түсіргенді мақұл көрдім (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Жүрек дүбірі. *Жүректің дүрсілі, тарсылы.* Катя екеуміз біраз отырғаннан кейін орнымыздан көтерілдік. Сол қолыммен құшақтап келем. Алақаныма қыз *ж ү р е г і н і ң д ү б і р і* сезіледі (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Мырзаштың сіңірлі келген арбиған саусағы мен кең алақанының арасында қалған ыстық қолдың кішкене тамырлары үлп-үлп соғып, қыз *ж ү р е г і н і ң д ү б і р і н* сездіріп тұрды (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

Жүрек дүбір салды. *Жүрек дүрсілдеді.* Мынаны көрген сәтте дір еткенім, *С а л ғ а н ы* дүрс-дүрс етіп *ж ү р е к д ү б і р* (Ж.Боранбаев, Жанартаулар).

Той дүбірі. *Думанды жиын, той болатынынан хабар. Т о й д ү б і р і н* сезісімен ішін тартып үлгерген әккі жүйрікті мінген Өлмес төстиіп жатқан сары доңғал бастізгін тартар жерге жеткенше көк қасқаға шалдырған жоқ (К.Сегізбаев, Қойнау.).

Ұлы дүбір. а) *Бүкіл қауым жиналып өткізетін қызықты да думанды жиын-той, жарыс т.б.* Қым-қуыт қиқу нөпірлеп, Көк өзеннің ақ білегін көпірлеп *Ұ л ы д ү б і р* бұл маңда (Е.Ибраһим, Жас.). Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі – жас кезінде үлкен ас, *ұ л ы д ү б і р* жиында күреске түсетін үлкен балуан болған (М.Әуезов, Әр жыл.). Майданның қанды өтінде, Жасанған жау

бетінде Сені ылғи көремін. *Ұлы дүбір* бәйгеде Жаныға ат қосқанда, Алдында көрем сөренің («Парасат»). ә) *Жалпыхалықтық үлкен іс, қозғалыс.* Ер азамат майданда болса да, ауылда қалған жастар қолдарына кетпен алып, *ұлы дүбірге* белсене араласып кетті (Ы.Жақаев, Менің бақытым.). Ұлбала Алтайбаева тоғызыншы бесжылдықтың *ұлы дүбіріне* үлкен шабытпен араласты (Б.Әбдіразақов, Сыр саздары). Осындай *ұлы дүбір* оқиға болып жатқанда Алматыдағы редакцияның шағын ғана бөлмесіне қалай сыйып отыра аларсың (Б.Бодаубаев, Жас жүрек.). б) эксп р. *Жанқүйер көп жиналатын спорттық ойындардың шешуші жарыстары деген мағынада.* Финалда *ұлы дүбір* ғаламат серпіліс, салтанатты леп бар (І.Жақанов, Екі жирен).

ДҮБЬРДЕЙ сын. *Дүбір сияқты, дүбір тәрізді.*

Аттың дүбіріндей. *Ат тұяғының жер соққандағы дыбысындай.* Төргі үйдегі әкесінің сыбдыры тоң жермен жүрген *аттың дүбіріндей* естіліп жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҮБІР-ДҮБІР елік. *Дүбірлеп, дабырлап қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.* Дәліз есігінің сыртында *дүбір-дүбір,* күтір-күтір естіледі (М.Тиесов, Дала.). Сәл лепке қайтып оралған қаздар *дүбір-дүбір* қанат қағып, жағаға барып қонады («Қаз. әдеб.»).

ДҮБІР-ДҮРМЕК зат. *Айқай-шу, думан.* Я, сәт, жөн сапар, – десіп *дүбір-дүрмектің* дүмпуімен дүрлігіп жатты көпшілік («Қаз. әдеб.»). Ертеден бері *дүбір-дүрмекке* елегізіп, тай-құнанды балалар кең жайлаудың о шеті мен бұ шетіне мүше алып қашқандай шапқыласты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Біз сол бір саят сапарында *дүбір-дүрмекпен* аттанып, қадірлі қимас дос жүрегін жаралап, қапалы, өкініш күйде қайтқан едік (Е.Тұрысов, Құралай.).

ДҮБІРЛЕ= етт. **1.** *Дүбір-дүбір ету, шулау.* Сырттан *дүбірлеп* келген адамдар ысқырысып сөз қатысты (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сай жақтан *дүбірлеп* басқан аяқтың дыбысы естілгендей болды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Көп жылқының дүсірінен бүкіл алқап *дүбірлеп* кеткендей болды (Ш.Айтматов, Ерте келген.).Қыз асыққан күйі үй желкесінде *дүбірлей* желіп келіп қалған аттылыны байқаған жоқ (З.Шүкіров, Қиын түйін). **2.** ауыс. *Тойлау, думандату.* Ол кез еді-ау жадыраған жаз болып, Көлдеулерден аққу ұшып, қаз қонып, Ағатайдың Аққызының тойы еді, Жиек елі *дүбірлеген* мәз болып (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі). **3.** ауыс. *Екпіндеу, тасқындау.* Талай ананы аңыратып, талай сүйікті жардың жанарын жасқа толтырған қасірет айыпкері қарғысты соғыс жылдары да өтті *дүбірлеп* (А.Атымтаев, Еңбек.). *Дүбірлеп* келе жатқан жас тірліктің ұлы мейрамын өз қолынан атқарып, рақат, бейнет кешетін (Т.Ахтанов, Дала.).

Атағы дүбірледі. *Атағы шықты, танымал болды.* Ана жылғыдай егін көп өссе, Торғайдың *атағы* тағы *дүбірлер* (А.Нұрманов, Аққу.).

Дала дүбірлеп жатыр. поэт. контекст. *Дала малға толды, елдің ырыс-құты, берекесі артты деген мағынада.* Тұяғы алтын мал қаптап, *Даламыз жатыр дүбірлеп.* Төскейде төлі ойнақтап, Төсекте бала уілдеп (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Даусы дүбірлеп кетті. бейн. *Даусы жер жарды, шарықтап естілді.* Самғаймын қанатымды ал аспандаған, *Дүбірлеп даусым кетсін* таласқанда (Жамбыл, Шығ.).

Дүбірлей жөнелді. бейн. *Күмбірлеген үнге толды.* Күйші осылай деп алды да және бір күйді аңыратты. Қоңыр түнді тыныш дала *дүбірлей* кеп *жөнелді* (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Жүрек дүбірледі. *Жүрегі дүрсілдеді, тарсылдады.* Әуелде рас Сергей ме деп *дүбірлей* жөнелген *жүрегі* де су сепкендей (К.Жүнісова, От пен гүл). Шырт ұйқыда жатсам да көкірегімде «Москвалап!» *жүрегім дүбірлеген*! (Д.Әбілев, Таңд.).

ДҮБІРЛЕН= етт. *Шулау, тарсылдау.* Ауыл иттері түнгі *дүбірленген* ат тұяғынан секем алып, тұс-тұстан дауыс шығара бастады (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).

ДҮБІРЛЕҢ сын. *Мазасыз, шулы, дүрмекті.* Ағатай, басқа еркекті ауылға қорған болсын деп қалдырып отырғандығыңызға түсінеміз. Бірақ Ақшиден гөрі Сүттібай басы *дүбірленң*-ді, – деді Қатша (Қ.Исабаев, Айқыз).

ДҮБІРЛЕС= етт. *У-шу болысу, шуласу, айқайласу, дүрмек салысу.* Айша үйінің іші-тысын, Қарап шықты дым қалдырмай. Ақырында *дүбірлесіп* Тартты бір сайға қарай (Ә.Оңалбаев, Москва жол.). Жаз келер, қысты күнгі қысым өтіп, Қар, суық, аяз, боран – бәрі кетіп. Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды, Табиғат барша жанға рахым етіп, Жетпекке үлкендікке жас балалар, Жүгірер қырдан ойға *дүбірлесіп* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ұста, ойбай! – деп, *дүбірлесіп* қалып еді, екінші командадан жетіп ұстаған біреу «Өле-ә, алдапты! Дым да жоқ қолында» – деді (Н.Серәлиев, Ыстық күлше).

Жүрек дүбірлесті. *Жүректер қатар соқты, тарсылдады. Дүбірлескен,* тілдескен, ұғынысқан *жүректер* сол сәтте Мария мен Ғалымның денелерін балқытып, ыстық қанын біржолата араластырып жібергендей болды (Ж.Тілеков, Қайнар).

ДҮБІРЛЕТ= ет. **1.** *Дүрсілдету, тарсылдату.* Жасы қырықтарды орталаған, жүзі ызбарлы Бекжанның бірде сағақты бойлай жорғалатып,

бірде шанақты жын буғандай *д ү б і р л е т е*, сілтей ұрғыштап, бірде оң, бірде теріс шалып, кейде үш-төрт саусақпен тасырлатып, жүз құбылта ойнаған жойқын тартысына жан шақ келмеді (М.Мағауин, Өмір жыры). *Д ү б і р л е т т і* есікті бай да болмай, Аз кешікті, ашуға жан табылмай. Бір жалшы келді есікке қалтқұлт етіп, Жылы орнын тастамақ кімге оңай (Абай, Шығ.). Айдаланы *д ү б і р л е т і п* шауып келеді кербесті (С.Талжанов, Ұлдай.). Көктемде көбеңсіп қалған желқабыз тың тұяқтар жер *д ү б і р л е т і п*, құйрық-жалымен жел ескенде, бағанағы қажығандық та, көкті шарлаған түз қыраны – қара бүркіт те біржола естен шығып кетті (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Күңірентті ойды, қырды өңшең күлік, Арқаны *д ү б і р л е т т і* дүбір қылып, Көшіріп жерді, көкті аттар, Керілген кең даланы бүліндіріп (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Дүр сілкіну, шулату.* Көрді ол алып завод мұнарасын, Қазақтың *д ү б і р л е т к е н* кең даласын. Сезді ол адам ұлы басынғанын, Тәкаппар табиғаттың падишасын (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ДҮБІРЛЕУ *Дүбірле етістігінің қимыл атауы; дүрсілдеу, тарсылдау.* Алқындық әлде неге, уа жүрегім, Сеземін жай емес-ау, *д ү б і р л е у і ң!* (Қ.Сатыбалдин, Мен жырла.). Ел *д ү б і р л е у д е* (Ә.Ипмағамбетов, Жайық.).

ДҮБІРЛІ с ы н. **1.** *Улы-шулы, дүрмекті, думанды.* Айтты-айтпады енді аз күнде сол көктем егісінің *д ү б і р л і* шағы өз думанын бастайды (Қ.Салғарин, Ақмаржан). Қайнаған өмір *д ү б і р л і* Сарғайып, ана, бәрібір Сағынар ең ғой гүліңді (Қ.Мүсірепов Раушан). Шат күлкі, әсем әзіл, қызық думан, Бар жұртты ынтықтырып, қызықтырған. *Д ү б і р л і* топ ішіне мен де кірдім, Кештің ең дер кезінде қызып тұрған (Қ.Ыдырысов, Жолық.). **2.** а у ы с. *Қарқынды, пәрменді.* Бұл осы институттағы ең бір *д ү б і р л і*, творчестволық өсу, шыңдалу үстіндегі коллектив болып шықты («Соц. Қаз.»). Қазір мал да, жан да, өзен де тып-тыныш, құлазып жататын жайлауда *д ү б і р л і* еңбек тіршілік қанатын жазып жіберген (Қ.Құрманғалиева, Атырау.). **3.** а у ы с. *Дүрбелеңді, жұртты елең еткізген.* Жетісу өңіріндегі *д ү б і р л і* оқиғалар М.Әуезов, С.Шәріпов секілді жазушылардың назарына іліккен еді («Қаз. әдеб.»). Әр буынның әр ырғағы, жағаға ұрған толқындай *д ү б і р л і* шумақтары сонау Сыпыра жырау, Асан қайғы, Шалкиіздерден қаз-қалпында жеткен («Түркістан»). **4.** а у ы с. *Жанкүйері көп жиналған қызу жарысты, аса қызықты.* Биыл Греция астанасы Афинада дүниежүзінің саңлақ спортшылары бас қосатын Олимпиадалық ойындар өтпек. Осынау *д ү б і р л і* дүр додада лайықты деңгейден табылу спортшылардың ғана емес, жарысқа атсалысар елдердің де мүдде тұтар ісі («Алматы ақшамы»). Бүкіл дүниежүзі жанкүйерлерінің жанын тағат тапқызбаған *д ү б і р л і* чемпионат тарихтың үлесіне кетті (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ДҮБІРШІ з а т. к ө н е. *Жатып тың тыңдап алыстағы аттылардың жолын болжайтын адам, тыңшы.* Тайша ханның қойған *д ү б і р ш і с і* ханға қарап: «Сіздің Тарланыңыз келе жатыр, Баршындай сұлу сіздің шығытыңыз болады» – деп ханды қуандырып тастады (Алпамыс батыр). *// Дүбір шықса елеңдеп тұра алмайтын.* Алтыннан соққан қылышым Бауы үзіліп түсті белімнен. *Д ү б і р ш і* тұлпар арғымақ Босанып шығар барған жерінен (Үш ғасыр.).

ДҮДАМАЛ с ы н. с ө й л. ***Дүдәмал.*** Байғараудың өзі де *д ү д а м а л*, жақсы білмейді. Қазақтың өзінде де түрлі списік шығып қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұл *д ү д а м а л* куәліктер Кенесарының айыпты екенін дәлелдей алмайды деп жауап берген (І.Есенберлин, Қаһар). Сол сәт тұла бойында ду еткен қуаныш толқынымен қабат *д ү д а м а л* бір үміт те көңіліне оралып, елеңдей қалған (Б.Шаханов, Ақ иірім). *// Жорамал, шұбә, күдік, күмән.* «Америка ақшасын неге босқа шашсын, Мұнда бір сыр бар шығар», – деп отыр едім, сол *д ү д а м а л ы м* дұрысқа шықты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Эмма бір күні осы *д ү д а м а л ы н* күйеуіне айтты. Күйеуі әзілге жүгіртті (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Әркімдер әркилы жорамал жасап, көңіл күдігін ақтара дүмді *д ү д а м а л ы н* ортаға салды (М.Хасенов, Алғашқы.). Авария деген жай сөз болар! – деген *д ү д а м а л ы* бар сұраумен аяқталды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Дүдамал болды. *Сенер-сенбесін білмеді, күмәнданды.* Сергелдең көңілге *д ү д а м а л б о л с а* да дәл осы сәтте азырақ тыныс тапқан екі жас жартастың етегінде тұрып жайбарақат жоғары қарады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бұған *д ү д а м а л б о п* діңкесін құртып отырған нәрсе, сірә, оған әлдеқашан белгілі болған (Ә.Нұрпейісов, Сең).

ДҮДӘМАЛ с ы н. *Екіұшты, күмәнді, белгісіз.* Ақлима Бүбісарының қас-қабағына қарайды, не ашық екені, не жабық екені белгісіз, ол қас-қабақ кіріптарды да *д ү д ә м а л* халде ұстайды (Ә.Тарази, Басынан. Қаратау.). Ауданға кеткендер де бүгін келіп қалар деп, – Райхан *д ү д ә м а л* оймен жауап қатты (Аялы жандар). Ол айтқан ойларын пысықтай, *д ү д ә м а л* жайлардың басын ашып алды (З.Мұхамеджанов, Шығ.). *// Жорамал, шұбә, күдік, күмән.* Қанат та өзін көптен мазалап жүрген *д ү д ә м а л ы н* жасырмай айтып берді («Қаз.әдеб.»). Бір күні осы *д ү д ә м а л ы н* күйеуіне айтып еді, ол әзілге жүгіртті (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Оның сол *д ү д ә м а-*

л ы кейін келе дұрысқа шықты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Әйткенмен, айналып, үйіріліп, осы пәленің түп тамыры Асайында жатқан шығар деген *д ү д ә м а л ғ а* сая берді (С.Омаров, Күншуақ).

Дүдәмал болды. *Сенер-сенбесін білмеді, түйткілденді, күмәнданды.* Іштей *д ү д ә м а л б о л ы п*, байыбына жете алмай жүрген ойларым бар-ды (З.Шашкин, Доктор.). Құрылыста жылдан астам жұмыс істеп жүргендер үш айдан астам уақыт еңбекақыларын ала алмай *д ү д ә м а л б о л ы п* жүргенін жаңа келген бастық бірден аңғарып, жиналыс ашты («Жетісу»).

ДҮДӘМАЛДА= е т. **1.** *Тап басып айтпау, екішті қылу.* Дегенде: айтарым жоқ *д ү д ә м а л д а п*, Берер ем жиырма бестей ділда амалдап, – ол менің белбеуімнің құны ғана емес пе? – деген Темір қызараңдады (К.Райбаев, Жаңа толғау). Неге екенін Ғани қойылған сұраққа екі ұштылау етіп, *д ү д ә м а л д а п* жауап қатты («Қаз. әдеб.»). **2.** *Күмәндану, шүбә келтіру.* Шынымды айтсам, «апырау, осы рас па екен?» деп *д ү д ә м а л д а ғ а н* шақтарым да болды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ДҮДӘМАЛДАН= е т. *Күмәндану, шүбәлану, сезіктену.* Балқия: «Осы әңгіменің әсері қалай болар екен» деп *д ү д ә м а л д а н ы п* еді, өзге бір ой кеп көңілін бөлді (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). Көп жылдан бері істес болғандықтан ба, Сағидолланың игі мақсат көздейтініне *д ү д ә м а л д а н ғ а н* кездерім болған емес (Қ.Бекхожин, Қанды асу). Сірә, өзіңіз жеңілтек мінезді жігітсіз бе деп те *д ү д ә м а л д а н а м ы н* (Ф. Дінисламов, Көл жарасы.).

ДҮДӘМАЛДАНДЫР= е т. *Шүбә келтірту, күмәндандыру.* Жәнібек өзінің *д ү д ә м а л д а н д ы р ғ а н* ісін хан кеңесіне қоймай тұрып, көбіне Қасым сұлтанмен ақылдасатын (І.Есенберлин, Алмас.). Басқаны қойшы, Менің көңілімді *д ү д ә м а л д а н д ы р ы п* жүрген Нұрбаланың ағасының үлкен орынға мінгені (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ДҮДӘМАЛДАНДЫРУ *Дүдәмалдандыр етістігінің қимыл атауы.*

ДҮДӘМАЛДАНУ *Дүдәмалдан етістігінің қимыл атауы.* Мән-жайды түсіндіріп айтқасын, жұрт *д ү д ә м а л д а н у ы н* қойған сияқты («Қаз. әдеб.»).

ДҮДӘМАЛДАУ[1] с ы н. *Екіштылау, күмәнділеу, тиянақсыздау.* Ол кезде біз жас, дыңдай жігіт едік қой, – деп *д ү д ә м а л д а у* әңгімесін бастайды (Б.Тілегенов, Көктем.). Інісінің *д ү д ә м а л д а у* жауабына ашынған Бекмұханбеттің даусы қатқылдау шықты («Таң нұры»). Неге өйте қойсын, – деді Құлан *д ү д ә м а л д а у* үнмен (А.Нұрманов, Құлан.). Бүлдіршін кейде үлкендердің көпірме сөзін *д ү д ә м а л д а у* сезімімен үрейлене тыңдайтын («Жалын»).

ДҮДӘМАЛДАУ[2] *Дүдәмалда етістігінің қимыл атауы.* Жамаш оның *д ү д ә м а л д а у ы н а* жол бермей, тігісін жатқызып жатыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ол көпке дейін әрісәрі күйде *д ү д ә м а л д а у м е н* болды (Аялы жандар).

ДҮДӘМАЛДЫ с ы н. с ө й л. ***Дүдәмал***. Хатшының алдында бүгін төтенше өзі отыруы да *д ү д ә м а л д ы* нәрсе (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Әлде өзіне солай көрінді ме, *д ү д ә м а л д ы* күйде қалды (Б.Шаханов, Ақ иірім).

ДҮДӘМАЛДЫҚ з а т. **1.** *Дүдәмал болушылық, сенімсіздік, күмәнділік.* Ораздың бұл сөзі әлгі жауаптың *д ү д ә м а л д ы ғ ы н* білдіретін сұрақтай болып шықты (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.). Қанатты сөздер аудармасы жөнінде сын мақалалар әзірше жоқтың қасы. Барының пайымдауларында осынысы қалай? деген сияқты *д ү д ә м а л д ы ғ ы* бар, автордың білігі жетіспейді (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ораздың бұл сөзі әлгі жауаптың *д ү д ә м а л д ы ғ ы н* білдіретін сұрақтай болып шықты (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.). **2.** а у ы с. *Сенімсіздіктен, күмәнданудан болатын енжарлық, селқостық.* Мұндай шешім қабылдау барлық *д ү д ә м а л д ы қ т ы* толық жояды («Соц. Қаз.»). Күн жауғаннан бері қарай менің көңілсіз *д ү д ә м а л д ы ғ ы м а* шүбәланып келе жатқан Петр Яковлевич риза болғандай белгі берді (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

ДҮДӘМАЛДЫЛЫҚ з а т. *Дүдәмал болушылық, сенімсіздік, түсінбеушілік, күмәнділік.* Жайылым үшін де жылда аудан мен аудан, колхоз бен колхоз арасында *д ү д ә м а л д ы л ы қ* туып жүр (С.Әлжіков, Дала). Өлеңнің соңғы жолында екіталай деп *д ү д ә м а л д ы л ы қ п е н* ғана айтады да, өз ойын білдіреді (Ф.Оразаев, Басты.).

ДҮДӘМАЛСЫЗ с ы н. *Дүдәмалы жоқ, сенімді түрде.* Дүйсен айтса, орындайды, оған сенуге болады, – деді Әсия *д ү д ә м а л с ы з* кейіп танытып («Жұлдыз»).

ДҮДӘМАЛШЫ з а т. *Күмәнданушы, шүбәланушы.* Директор тым жас екен, осындай үш ірі колхоздан ұйымдасқан үлкен совхозды басқаруға олқылық етпес пе екен дейтін *д ү д ә м а л ш ы л а р* енді үн қатса, Тезекбайдың айтар жауабы осы еді (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

ДҮДӘМАЛШЫЛ с ы н. *Күмәнданғыш, күдіктенгіш.* Айтқаныма сен, *д ү д ә м а л ш ы л* болма, – деді ол (Ауызекі).

ДҮЗ[1] з а т. с ө й л. ***Жүз*** *(пышақ, балта, шалғы, орақ, қылыш сияқты заттардың кесетін өткір жағы).* Пышақтың *д ү з і* тесік арқылы бункерге қарай шығып тұрады (Малшыларға кеңес). Сірескен екі қол, жалт-жұлт еткен пышақ *д ү з і*

ауаны тіліп-тіліп түседі (Ә.Бектемісов, Майдангер). Құралдың ұшын, *дүзін* ғана тигізіп, жара тілмей, азғана ғана қанату дем шығару атаса (Р.Сыздықова, Сөздер сөйлейді). Өткір қылыш, *дүзі* құрыш болаттан, От жарқылдар жауға жалғыз шапқанда (Үш ғасыр.).

Ұстара дүзі тимеген. *Сақал-мұртты көптен алынбаған. Ұстара дүзі тимеген,* ұстара дүзін тигізуге қолы тимеген бет-аузын қайратты қалың қара сақал басқан (О.Бөкеев, Шығ.).

ДҮЗ[2] з а т. с ө й л. ***Түз*** *(үйден тыс жер, сырт, ен дала). Дүздегіге* күйеу, қаптағыға қатын би – Ұлы мен қыздікі айтқанды орындау («Ақ желкен»). Бұл жалғыз мұның басындағы хал емес, айы-күні жетіп отырған шеше, үйде, *дүзде* де бел шешіп еркін тыныстар жайы жоқ әке басындағы халдың бір ұшы екені анық (Ұ.Доспанбетов, Ел есінде). Айталық жайымызды енді сізге, Арыдық жеті жылдай жүріп *дүзде*. Алыстан даңқыменен іздеп келдік Аулы қайсы ханыңның айтшы бізге (Батырлар жыры).

Дүзге шықты [отырды]. *Дәрет сындырды.* Ортада ақ ордаға жақын келді. Алыстан атын ұстап жаяу жүрді. Далада *дүзге шығып* жүрген екен, Төртеуін Кене ханның көзі көрді (Дастандар). Амалсыз бір *дүзге отырғанында* бұта түбіне төгіп зорға құтылды (А.Мекебаев, Періште.). Жылан, құрт ұрықтары тырнақ астындағы кірді паналайды, қолға *дүзге отырғанда* жұғады (Е.Оразақов, Дәрігерлік кеңес).

Жапан дүз. *Елсіз кең дала. Жапан дүзде,* қараңғы түнде, қалың елін қолына шырақ алып, жарыққа бастап бара жатқан ата баласы Ыбырай әлгі сопыны еске салады, – деді Әбділда (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ). *Жапан дүзде* жалаң аяқ қаңғып жүрген менің сәлем бергеннен басқа қандай адамшылығымды көріп тұрғанын қайдан білейін (Ж. Тілеков, От кешу).

Құла [құба, қу медиен] дүз. *Ен дала, елсіз-сусыз сары дала.* Әйтеуір бір нәрсе жетпейтін сияқты, *құла дүзде* жалғыз түнеген жолаушыдай елегізіп, әйтеуір бірдемені аңсайтын сияқты (М.Ысқақбаев, Ұят туралы). Құладан ұшпас *құла дүз,* Көл орнады шөліме. Сан тақырды гүл жауып Береке кірді жеріме (Пернедегі терме.). Ертістен қырға қарай адым аттап шықсаң, *құба дүз,* мидай жазық (Қ.Исабаев, Сұңқар.). *Қу медиен құла дүзде* шөл жапанның селдір сексеуіліндей сирек қонған ауылдарымыз жататын («Қаз. әдеб.»).

ДҮЗ[3] з а т. с ө й л. ***Жүз***. Көріп ең кімнің *дүзін,* кімнің үйін, Әркімнің өзі білер жайы-күйін. Өзіңнің қатарыңа сен де қара, Қазақтың не қыласың болыс, биін (Айтыс).Бетің бар, *дүзің* бар демей (Ауызекі). Қысқаның бәрекесі ұзынменен, Жасарыпсың қызарған *дүзіңменен,* Бәс тігіп өзіңмен-ақ айтысайын, Некелес қыламысың қызыңменен (Айтыс).

Дүзі жанбайды. с ө й л. *Шімірікпейді, ойына кіріп те шықпайды.* Өзі жоқ жерде үйіңді бар жанымен өртеп жіберуге бұлардың (ақтардың) *дүзі жанбайды* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Егізбай мен Сегізбай Қарашашқа келеді. Келіп сәлем береді, *Дүзі жанбай* анадан (Батырлар жыры).

Жер дүзі. с ө й л. ***Жер жүзі.*** *Жер дүзін* ұжмаққа теңеген жасыл шөп, түрлі жапырақтар да солғындап, қуаруға бет алған (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

ДҮЗ= е т. с ө й л. ***Жүз***. *Дүзіп* жүр айдынында көкше көлдің, Аспаны ала түндік ақ шаңырақ (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

ДҮЗГЕН з а т. ө с. с ө й л. ***Жүзген.*** Қызыл қауызын төгіп, қисық бұтақшалы, тырбық, қалың *дүзген* шыққан («Қаз. әдеб.»). *Дүзгенің* тікенегі алақанын тіліп кетеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Дүзгеннің* тамырлары жанжаққа тарам-тарам болып жайылып кеткен (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Сүлесоқ жатыр жабығып бар маң, Аттары тежеп сабылып қалған. Қақтаған күнге төзіпті-ақ рас, Тобылғы, *дүзген* үзеңгі шалған (М.Сатыбалдиев, Шулайды.).

ДҮЗДЕЙ с ы н. *Дүз (2) сияқты.* ≈Елсіз жапан *дүздей.*

ДҮЗДЕН= е т. с ө й л. *Қайралу, өткірлену.* ≈ *Дүзденіп* тұр.

ДҮЗДЕНДІР= е т. с ө й л. *Қайрату, өткірлету.* Адарғы екі жақ шеті *дүздеңдіре* жонылған, ортасы сәл дөңес, ені 20-25 сантиметрдей жай тақтай (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

ДҮЗ-ДИДАР з а т. с ө й л. ***Жүз дидар.*** Туысқан-туғандарынан, қатар-құрбыларынан хат келсе, солардың *дүз-диадарын* көріп, ауызба-ауыз сөйлескендей боп бір жасап қалатын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ДҮЗДІ с ы н. с ө й л. ***Жүзді***. Шаммен тұрып, көктасқа көк құрыш *дүздігі* темір қазықты ауыр балғамен бар күшіңді, бар жаныңды аямай аласұрып кеп мыжғылап соғасың (С.Сейфуллин, Әңгіме.).

ДҮЗЕ= е т. с ө й л. ***Түзе***. ≈Қисағанды *дүзеді.*

Бет дүзеді. *Беттеді.* Штабқа барып бұлар хабар берді, сап түзеп командирдің соңына ерді. Бандиттер *бет дүзеген* жыра жаққа, доғаша дөңгеленді, жоқ боп сіңді (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат.).

Сап дүзеді. *Бетімен қатарласа тұрды.* Бұлар енді алдарындағы жауы кейін қарай өтіп

кетпесін деп... бес жүз адам қатарласа *с а п д ұ з е п* құды (І.Есенберлин, Қаһар).

ДҰЗЕЛ= е т. с ө й л. ***Тұзел.*** Қазір балалардың да беті *д ұ з е л і п,* қаламүш келген сайын одан шаруашылық жағдайын сұрап, көбірек ақылдасатын болып жүр (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ДҰЗ-ДӨҢБЕК: **дұз-дөңбегі жарасты**. ж е р г. *Отасты, тату-тәтті өмір сүрді.* Ол қарындас... әйеліммен *д ұ з-д ө ң б е г і м і з ж а р а с п а й* жүр, жаздық демалыста қоя беремін (З.Сабыр, Іздеу). Қанша ғұмырым қалғанын кім білсін, көзім жұмылғанша қайғы көрмесем, алғанмен баламның *д ұ з-д ө ң б е г і ж а р а с ы п* тату-тәтті тұрса, немере сүйсем, арманыма жеткенім (Ә.Ахметов, Былғары.)

ДҰЗҚАРА с ы н. с ө й л. э к с п р. ***Жүзіқара*** *(бетсіз, қара бет, күнәкар).* Бүйідей бүрді сұр сона Өгей ене *д ұ з қ а р а,* Қодарқұл, қортық Қоңызбай Қоқаңдады қамшы ала (І.Жансүгіров, Шығ.). Адамға кесір жақпас, кесір берме, Құдайдың сен, *д ұ з қ а р а,* бетін көрме. Әкеңнің талқысына салып кеттің, Апарма кесіріңді барған елге (Айтыс). Арамнан мал жиып адасқан *д ұ з қ а р а* болыс, жұрт қолында алымқұлағы жоқ деп алым-салығын жалғастырады екен («Қазақ»).

ДҰЗЕН з а т. ө с. с ө й л. ***Жүзген.*** Құмның ну түлей деген орманы бар, Құм көшіп, қар борамас қорғаны бар. Сексеуіл, жыңғыл, *д ұ з е н* арасында, Жатады қыста төлдеп ондағы мал (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

ДҰЗЕТ=е т. с ө й л. ***Тұзет.*** Сондай реттерде бұрыс әңгімені *д ұ з е т і п* отыру біздердің міндеттеріміз ғой деймін (Ж.Қосыбаев, Әншi Мұхит).

ДҰЗУ с ы н. с ө й л. **1.** ***Тұзу.*** Жердің жатысына қарсы тіреулі самсаған кірептер телеграмм столбасындай *д ұ з у* (F.Мұстафин, Өмір.). Аудан орталығының *д ұ з у,* кең көшесімен машинамен жүріп отырып, мәдениет үйінің алдына келіп тоқтадық («Мәдениет және тұрмыс»). **2.** *Дұрыс, орынды.* Сұрағың *д ұ з у* дейік, – деді ол сабырмен, – күлкіңді қалай түсінуге болады? (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа). Егер қисық көрінсе, Мейлі таста, мейлің күл. Егер *д ұ з у* көрінсе, ойлап-ойлап құлаққа іл (Абай, Тол. жин.). Ұмытып әкімдіктің берік шартын, Кетіпсің тайғанақтап *д ұ з у* жолдан (F.Қайырбеков, Дала).

ДҰЗІК[1] з а т. с ө й л. ***Жүзік.*** Саласы оң қолымның күміс *д ұ з і к,* Беремін жақсы болсаң, түймеңді үзіп, Жаныңа жаман болсаң жан жуымас, не бұзық, не бұзақы болсаң, бүлік (Айтыс). Жаңа біз әлгі *д ұ з і к т і* су алатын жердің бергі қасындағы бір дүкенге саттық (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қолын көтеріп келіндеріне бұйрық бергенде, қара көз бәйбішенің бес саусағындағы алтын *д ұ з і к,* сақиналары, білегіндегі алтын білезігі көз шағылдырады (С.Шарипов, Бекболат).

ДҰЗІК[2] с ы н. с ө й л. ***Тұзік.*** Шейх кеп жезөкшеге: Бұл нең? – депті; Мас болып масқара ғой жүрген, - депті. Сонда анау: Түсің – *д ұ з і к,* ісің-бұзық, Нең артық айта қойшы, бізден? – депті (Шығыс жұлд.). Жолы *д ұ з і к т і ң* ісі алға баспақ, әкем (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДҰЗІҚАРА с ы н. с ө й л. ***Жүзіқара.*** Исатайдың ісі дұрыс болып шығып, хан *д ұ з і қ а р а* (жүзіқара) болатын еді (Х.Досмұхамедұлы). Алып кетсін, мына *д ұ з і қ а р а* қаншығын (Ө.Қанахин Дәмелі).

ДҰЙСЕНБІ [ир.دوشنبه] з а т. *Аптаның жексенбіден соң келетін бірінші күні.* Итбайдың бір әдеті ұзақ сапарға «сәтті күн» деп таңдағаны *д ұ й с е н б і* мен сәрсенбі күндері ғана болатын (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Бүгін үйге тараңдар. *Д ұ й с е н б і* күні ерте сағат онда мектепте болыңдар (С.Бегалин, Мектеп.). Көретұғын түгі де жоқ сағаттан, *д ұ й с е н б і д е* кешіктің бар сағаттан. Кен байлығын білмедің де Оралдың, Сейсенбіде сүмірейген бір алдың (Қ.Мырзалиев, Күміс.).

ДҰЙІМ с ы н. *Тұтас, түгел, бүтін.* Жұмыс басында 300-ден астам адам. *Д ұ й і м* қол («Лен. жас»).

Дүйім ел [халық, жұрт]. *Барша қауым, барша әлеумет.* Еңбекпен қолым жетті зор даңққа, Бөленді *д ұ й і м х а л ы қ* рақатқа (К.Әзірбаев, Өлеңд.). Киім киіс, жүріс-тұрысымен де *д ұ й і м е л г е* әйгілі Ақан сері келді деген соң, бұл қораның ішіндегі адамдар да шала бүлініп, еркегі бар, әйелі бар – тегіс бір киерлерін үстеріне іле қойыпты (С.Жүнісов, Ақан сері). *Д ұ й і м ж ұ р т т ы ң* ішінде абыройын айрандай төккені үшін інішектің сірә үлкен кісіге көңілі қалса керек (Қ.Бектұрғанов, Үміт). Жұрттың бәрінен көп жылаған – Қалампыр. Бірақ ол жылай отыра, қайғылы *д ұ й і м ж ұ р т т ы ң* бәрінен артық қайрат көрсетті (С.Мұқанов, Таңд.).

ДҰК-ДҰК е л і к. **1.** *Тығыз жазықтыққа кішілеу, қатты заттың қайта-қайта соқтығуынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Алты тұтқын қатқыл жонның *д ұ к-д ұ к* дыбысына құлақ түріп, тұяқ сайын қылт-қылт ұшқан аласа, ақ шаңға көз тігеді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Үлкен диска шыр көбелек айналып, жерді қимылдатып дүрсілдей жөнелді. Сілкініп-сілкініп алды да, *д ұ к-д ұ к* етіп бірқалыпты зырлап кетті (Д.Досжанов, Тұлпар.). **2.** а у ы с. *Жүрек соғысын бейнелейтін сөз.* Жүрегімнің *д ұ к-д ұ к* соғысы жер дүниені жаңғыртып жатқандай (Қ.Омаров, Қоңырау.).

ДҮКЕН[1] [ар. دكان] з а т. <франц. magazin> **1.** *Түрлі бұйымдар сататын сауда орны.* Алма-

тының орталық көшелерінің біріндегі *дүкенде* сіресіп тұрған бұйымдардың бірінен-бірі өтеді (С.Омаров, Әңгім.). Соңғы күндерде колхозда кітап *дүкені* ашылғалы жатыр дегеннен Мейрам да хабардар болатын (М.Иманжанов, Адам.). *Дүкен* толған кездеме. Ала бер, Айжан, ала бер! (Б.Майлин, Таңд.). *Дүкендерді* аралап, қапшығымды азық-түлікке толтырамын дегенше сағат жеті болып қалыпты (Бәйшешек). **2.** а у ы с. *Іске жұмылдыратын үлгілі орын, орта.* Қазақстан – дәулеті Қарағанды *дүкені*. Қарағанды одақтың *дүкенінің* үлкені (І.Жансүгіров, Шығ.). Социалистік жарыстың *дүкені* қызып, еңбектің өнімі артады. Николайдың өлкеге атағы жайылып, абыройы көтеріледі (Е.Дүйсенбеков, Атақты.). Қыздырып еңбек *дүкенін* Желпілдетіп жер бетін, Жемістен шашу шашамыз (Жамбыл, Шығ.).

Дүкен [әңгіме-дүкен] құрды. *Думан қылды, сауық-сайран құрды, сөзге кенелтті.* Отырып шоқысында Шоқан ғалым, Ойлаған ел мүддесін, Отан қамын. Осында ақын, әнші *дүкен құрып,* Шырқаған Біржан мен Ақан да әнін (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Сылқымдық Сарыарқада қылып жүрдім, Сыртыма шығара алмай тынып жүрдім. Жауқазындай жайнаған қыздарменен, Ойын-сауық *дүкенін құрып* жүрдім (Айтыс). Қозыкөм ойын ойнар, *дүкен құрып*, Ашуланса кетеді топты бұзып (Қозы Көрпеш). Бақытты өмір кезінде, Бар әлемде теңі жоқ, Бақытты бала туады, Бала мен егіз ұлы боп, Колхозданған ауылда, Жақсы жыр *дүкен құрады* (Жамбыл, Тол. жин.). Мұны көріп Төлеген, Атының басып бұрады, *Әңгіме-дүкен құрады* (Қыз Жібек).

Дүкен майлау. ж е р г. *Ескі діни ұғымнан туған әдет. Дүкен майлау* дәстүрі оңтүстіктің кейбір аудандарында сақталған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

Дүкен ұстады. а) *Дүкені болды.* Сенің әкеңнің тоғыз кластық та білімі жоқ. Сонда да *дүкен ұстап* отырған жоқ па (С.Жүнісов, Өшп. іздер). ә) *Ұстаханасы болды.* Қожахметтің өзі өмір бойы *дүкен ұстап,* темір ұстасы боп кетті (С.Мұқанов, Менің мектеп.).

Сөз дүкенін құрды. *Үгіт-насихат, үлгілі сөз айтты.* Өнеге-үлгі болсын деп, От басында отырып, *Дүкенін сөздің құрамын* (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ДҮКЕН[2] з а т. *Темір ұстасының жұмыс істейтін орны, қолдан темір соғатын ұстахана. Дүкенде* темір соғып отырған Тастемірге бесінші класта оқитын баласы жүгіріп келді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ұста *дүкенінен* үздіксіз соғылған балға тықылы құлаққа келеді (С.Алдабергенов, Әңгім.).— Уа, Бекболат, *дүкенің де* бармысың? Ісімді соғып болдың ба? — деп, бұл да ат үстінен дауыстады (С.Шарипов, Бекболат).

Дүкенді бұзбады. *Өмір қызығының шырқын, салтанатын кетірмеді.* Дүниеден үміт үзбегін, *Дүкеніңді бұзбағын* (Батырлар жыры).

Дүкен құрды. *Дүкенді іс соғуға лайықтап ұстахана жасады.* Мыс бақырды сындырды талқан қылып, Көмірге салды мысты, *дүкен құрып* (Абай, Шығ.).

Ұста [темірші] дүкені. *Ұстахана, ұстаның жұмыс істейтін шеберханасы.* Ауылдың шығыс жағында бір кезде *ұста дүкені* болған ба, әйтеуір бір жағы құлап, әрең тұрған үй бар болатын (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). *Темірші дүкенінде* болат төске тиген сом балғаның гүрс-гүрс еткен өктем үні ауаны жаңғырықтырды (З.Жәкенов, Таң самалы).

ДҮКЕНДЕЙ с ы н. *Дүкен сияқты, дүкен тәрізді.* Сартас ақын бұл жерде, Көл *дүкендей* орнаған, Нағашы атам Мақтамазам әулие, Қысылған жерде қолдаған (Жамбыл, Тол. жин.).

ДҮКЕНШЕ з а т. *Сауда жасайтын кішірек дүкен.* Жігіт аяңдап келеді, жүзінде жылы шырай бар. 321 нөмірлі үйдің бірінші қабатындағы шағын *дүкеншенің* алдына келіп тоқтады («Лен. жас»). Халық Бәйестің *дүкеншесінен* шықпайды, алатын заттары шағын болса да, біреу шырпы, біреу сабын сұрап келеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Үйінің жанынан кішкене *дүкеншеашып беріп, күн сайын он теңге ақша беріп, саудаға отырғызды (Мың бір түн).

ДҮКЕНШІ з а т. **1.** *Дүкені бар, дүкен ұстайтын адам, сауда қызметкері.* Осы күні *дүкеншіден* бай адам жоқ, ана оқып келген мұғалімдердің де тұрмысын көріп жүрміз! (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Сен керегіңді өзіме айтып қой, *дүкенші* дегендерің менің қолымда (Т.Ахтанов, Боран). **2.** ***Сатушы***. Ақ сарылығы менің апама ұқсағанымен, *дүкенші* әйел қыр мұрынды, шашы да қап-қара әдемі екен (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл).

ДҮКЕНШІДЕЙ с ы н. *Дүкенші сияқты, дүкенші тәрізді.* Шай құюы да тәртіп: бір де бірінің аяғын ауыстырмайды, ернеуінен асырмайды, біріне-бірін соғыстырмайды әккі *дүкеншілердей* қолы-қолына жұқпайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҮКЕНШІЛІК з а т. *Дүкенші болушылық, сатушылықты кәсіп етушілік.* Несіне қызығасыз? Үнемі жол үсті, қиын іс. Сіз мүмкін ол *дүкеншіліктің* ауыр еңбек екенін білмейтін шығарсыз? (М.Сүндетов, Ескексіз.). Алыс отарларға кездеме, әртүрлі зат апарып сататын *дүкеншілікке* мені қойсын (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жас, сұлу келіншек Дәмелі *дүкеншілікке* көнбей, өзі сұранып есепші болып істей бастағанына аз-ақ уақыт болған (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ДҮКЕР с ы н. ж е р г. *Зәру, қат.* Ол келгеннен-ақ Марданды үйіне шақырып, өзінің

ақшадан *д ү к е р* болып түрғандығын Марданға білдірді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДҮКЕРТ з а т. ж е р г. *Өткір пышақ. Д ү к е р т* болмаса, анау-мынау кездікті қынға салмаушы едік (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

ДҮКПІЛДЕ= е т. с ө й л. *Дүк-дүк еткізу.* Аула жақтан *д ү к п і л д е г е н* дыбыс естілді (Ауызекі).

ДҮКПІЛДЕУ *Дүкпілде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ү к п і л д е у і* басылды ма?

ДҮКІЛ з а т. **1.** *Дүк-дүк еткен дыбыс.* Үй сыртынан *д ү к і л* естіліп, бәрі де елең ете қалды («Жұлдыз»). **2.** *Жүрек қағысының дыбысы.* Жұмбақ дыбыс, уақытты санап тұрғандай, кәдімгі жүз есе күшейтілген адам жүрегінің *д ү к і л і н д е й* (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

ДҮКІЛДЕ= е т. **1.** *Дүк-дүк еткен дыбыс шығару.* Немістердің көп автоматқа көтере үн қосып, ұзақ *д ү к і л д е г е н* МГА пулеметінің де үні өшті (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Мотордың *д ү к і л д е г е н і н е н*, Жұмабикенің балаларын шақырғанынан Тұрдекең олардың қой суаруға кіріскенін шамалап жатыр (Қ.Бектұрғанов, Бабаназар.). **2.** *Тасырлау, дүрсілдеу.* Аузыма тығылып, *д ү к і л д е й* жөнелген жүрегімді баса алмай, қораға кіріп конверт шетін жырттым (М.Қабанбаев, Жиһангез.).

ДҮКІЛДЕТ= е т. *Дүк-дүк еткізіп дыбыс шығарту.* Арқасы босаған жануар болдырғанына қарамастан жерді *д ү к і л д е т і п*, желіп ала жөнелген еді (Қ.Қазиев, Иманжапырақ.). Ол балдағын *д ү к і л д е т і п* палатадан жаңа ғана шығып еді, дереу қайтып келді (Н.Төреғұлов, От кешу.).

ДҮКІЛДЕТУ *Дүкілдет етістігінің қимыл атауы; дүк-дүк ету.* Нұрқасым күні бойы аулада машинасын жөндеп *д ү к і л д е т у м е н* болды («Қаз. әдеб.»).

ДҮКІЛДЕУ *Дүкілде етістігінің қимыл атауы.* Мотордың *д ү к і л д е у і н е н* ол Тұңғышбектің жұмысқа келгенін шамалады («Жалын»).

ДҮКІРЕ= е т. с ө й л. ***Дүркіре***. Шортан жатыр желбезегі бүлкілдеп, Дем ала алмай әлсіреді біртіндеп. «Ал қапты» деп айқай салды Боранбай, Тұра ұмтылдық үшеуміз де *д ү к і р е п* (Ш.Мұхамеджанов, Ана құшағы).

ДҮКІРТ з а т. ж е р г. *Қиыншылық, кедергі, тосқауыл.* Енді мұндай *д ү к і р т* килікті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҮЛДҰЛ [ар. دلدول] з а т. п о э т. **1.** *Ерекше жүйрік жылқы, айтулы тұлпар ат, сәйгүлік, пырақ.* Арғымақ *д ү л д ұ л* бола ма Алыс жолға шаппаса. Ердің аты шыға ма, Егескенді жықпаса (К.Әзірбаев, Шығ.). Екпіндеп алып қашқан асау *д ү л д ұ л*, күйініп көре алмай жүр байлар құрғыр. Қыртысын қара жердің айналдырған, тентегім, тәк жануар, тыр-тыр-тыр (И.Байзақов, Құралай.). Шабысы онда *д ү л д ұ л д і ң*, Әуені онда бұлбұлдың. Қызуы онда мың күннің, Хош исі онда мың гүлдің (М. Құрманалин, Шалқар.). **2.** а у ы с. *Өз ісінің шебері, ерекше қабілет иесі.* Көсем де өткен не *д ү л д ұ л*, Сөз мәнісін білсеңіз, Ақыл – мизан, өлшеу қыл, Егер қисық көрінсе, Мейлің таста, мейлің күл (Абай, Тол. жин.). Осы ауылда не көп – әнші, күйші көп. Шетінен *д ү л д ұ л* болмаса да, «әу» демеге келгенде, бәрі де іркілмейді («Лен. жас»). Ол замандағы жетісулықтар сүйікті ақыны Жамбылды шаң ілестірмейтін жүйрік *д ү л д ұ л* дейді (К.Әзірбаев, Шығ.). Біздің ғасырымызда халқымыздың сыйлаған әлгіндей теңдесі жоқ *д ү л д ұ л* азаматы — Мұхтар Әуезов еді («Лен. жас»). *// Аса дарынды, үздік.* Қазақ халқының талапты ұл- қыздарының есімі бүкіл әлемге әйгіленді. Солардың бірі – бұл күнде атағы алысқа кеткен, орындаушылық шебері кемеліне келген, *д ү л д ұ л* әнші Ермек Серкебаев (Б.Бодаубаев, Желсіз түнде.). Құрдым мен он сегізде жігіт салтын, Байқамай еш нәрсенің алды-артын. Басым бұлбұл, аяғым *д ү л д ұ л* болды, Перзент жоқ бұзады екен ердің шартын (Алдаспан).

ДҮЛДҰЛДЕЙ с ы н. *Дүлдүл тәрізді, дүлдүл сияқты.* Қостанайдай сұлуын, *Д ү л д ұ л і н д е й* арабтың Тудырған жүйрік саңлағын. Қаңтарда қарсы желге ұшқан (Ж. Сыздықов, Белестер). Шідерленген *д ү л д ұ л д е й*, топшысы қайырылған қырандай тобан аяқ боп отырып қалған тұлпардың тұсауын шешіп, сұңқардың томағасын ағытқан Ұрқия болды (С.Жүнісов, Ақан сері). Ән болса, бұлбұлдай сайраған; Жырға салса, *д ү л д ұ л д е й* ойнаған Тайжан Қалмағамбетов өнердің өрен жүйрігі болған адам еді («Қаз. әдеб.»).

ДҮЛДІЛШЕ ү с т. *Дүлділге ұқсап, дүлдүл тәрізденіп.* Арғымақ жүйрік *д ү л д і л ш е* зымырады (Ауызекі).

ДҮЛЕГЕЙ с ы н. ж е р г. *Қажырлы, қайратты.* Қырандайын қырағы Арыстандай айбарлы. Жүз кісінің ішінде Ол бір үрген *д ү л е г е й*, Бір өзі батыр бірегей (Жамбыл, Шығ.). Кілегей көк бұлт еді көктен ауған, *Д ү л е г е й* жай оғынан өктей жауған. Үн қоса ол ғасырдан бұл ғасырға. Ұласа ұлы ашуы көкті жарған (Т.Жароқов, Шығ. жин.).

ДҮЛЕЙ с ы н. **1.** *Сұрапыл, долы.* Ақпан мен қаңтардың соғып тұрған үскірік *д ү л е й* бораны (С.Сейфуллин, Шығ.). Кеше демалыс күні ауа райы бұзылып, арты *д ү л е й* желге ойысты (Л.Жақсыбаев, Менің дос.). Кеме ашық мұхитқа шығысымен қара түнек басып, теңізде *д ү л е й* толқын басталады. (Ж.Жұмақанов, Адам.). **2.** *Қара түнек, меңіреу.* Күні бойы таза ауа жұтпаған Советке көзге түртсе де көрінбейтін

мына *д ұ л е й* қараңғы түннен артық рахат жоқ тәрізді (Қ.Сәуіркенов, Ерекше белгі). Штаб шатырынан бес-алты жүз метр ұзамай-ақ тайга *д ұ л е й д і ң* ішіне еніп кеттік (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Тау қопарып тас қашап, Асты нелер асуды. *Д ұ л е й* жатқан табиғат Ұлы күшке бас ұрды (М. Әшірбеков, Белестер). **3.** а у ы с. *Томырық, дұңқ, ұрт.* Бір құдырет етпейтін *д ұ л е й* Әзімбайды сендердің көзің көрді (М.Әуезов, Абай жолы). Қарасай бұл *д ұ л е й г е* не қылып тегін жатқан қатын, –деді (С.Жүнісов, Жапанда.). Қанша *д ұ л е й* болса да, қанша құлаққесті құл болса да, Мақаштың кеуек кеудесінен бір аяныш оты жылт етіп, Қызыл жебені бауыздарға келгенде қолы қалтырап кетті (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). **4.** а у ы с. *Жарымес, нақұрыс, дөкір.* Жабыдан айғыр салсаң шабан туар, Балаң да қатты болсаң сараң болар. Қатының ойсыз, *д ұ л е й* надан болса, Жақсыдан соның үшін жаман туар (Айтыс). **5.** а у ы с. *Айт-ұйтқа қарамайтын, киме, ұрма.* Сәнді жуынып-шайынып, боянып-сыланып жүргенде жаңағы *д ұ л е й* ашу біршама тарқағандай болды (М.Серғалиев, Замандастар). Әсіресе *д ұ л е й* ерліктің иесі қайтпас қара дүрсін Мәмбеттерді алыстан да сезіп, біліп шалудың орнына оған беріле кетеді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Шын ғашық сондай-ақ болар, махаббаттың *д ұ л е й* күші бейшара жігітті қаңбаққа айналдырып жіберді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Дүлей күш. а) *Көзсіз қажыр-қайрат, үлкен күш. Д ұ л е й к ү ш т і ң* желігіне біржолата беріліп, құдды бір жағаға шығып қалған балықтай тынысы тарылды (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Д ұ л е й к ү ш к е* қарсы тұра алмай, ақ жүзін мөлдір жасы жауып талмаусырап жатқан «жас иісті» тағы да бие сауым мезгіл әурелей, аға сұлтан әлден уақытта орнынан тұрды (І.Есенберлин, Айқас). ә) *Сұрапыл долы күш.* Мыңдаған жылдар бойы базальт лаваларынан қатып қалған жартастар табиғаттың *д ұ л е й к ү ш і н е* төтеп беріп, өзгерместен келе жатыр (Қ.Қуатбаев, Жасанды). Сеңмен кәрі *д ұ л е й к ү ш* пен өнер күші алысып жатыр. Күрсіл үдеп, су төмендеп барады (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

ДҰЛЕЙДЕЙ с ы н. *Дүлей тәрізді, дүлей сияқты.* Қолбаң Бұланбай мен Алшағырдың не айтқанын, *д ұ л е й д е й* телміріп, ұзақ уақыт ұға алмай тұрды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жалғыздықпен соқтығыстым Тас маңдайлы *д ұ л е й д е й,* Ей, дәрігерлер, көп тыныштық, Ауруханамда жүр өлмей (Ө.Нұрғалиев, Нөсер.). Отар бір ықтаса, *д ұ л е й д е й* титықтатып ие бермей кетеді, тыныс таптырмай қуа айдаңдар, – деп айғайлады Салауат қарт (А. Смайылов, Тамыз.).

ДҰЛЕЙЛЕ= е т. с ө й л. *Алабұрттанып өршелену, сұрапылдану.* Жел толған үйтқи соғып, алай-түлей, тас қуып, тауды ұрып әкетті әлді. Тау басы *д ұ л е й л е п,* бұрқап аспан, Жын соққан секілденді жан таласқан (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат). Үш-төрт кісі манадан даурығып, былапыт сөзді қардай боратып, бірте-бірте айығудың орнына *д ұ л е й л е й* түсуде (М.Есламғалиев, Қайырлы.). Қар боратқан долы жел әр минөт сайын дүлейленген үстіне *д ұ л е й л е п* барады (І.Есенберлин, Көлеңке).

ДҰЛЕЙЛЕН= е т. **1.** *Табиғат құбылыстарының алабұртып, ұйытқуы, өршелене соғуы.* Кенеттен көтеріліп *д ұ л е й л е н е* соққан теңіздің толқыны әлі біздің үрейімізді алумен келе жатыр (А.Тоқмағамбетов, Жазғы.). Мына маң *д ұ л е й л е н д і,* алабұртты, Толқынды бидайықпен дала мұртты, Әкетті болмаған соң ызақор жел, Қиянға қуып айдап қара бұлтты (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Біртіндеп қарлы боран үдей келіп, Табиғат кетті мүлде *д ұ л е й л е н і п* (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). **2.** а у ы с. *Қаһарына мініп қатулану, долдану.* Жау өстіп елді таптап *д ұ л е й л е н д і,* Жақсылық ізгілікті күрей келді. Ел үркіп кенет келген алапаттан, Тығылып үйді-үйінде үрейленді (А.Нұртазин, Орман.).

ДҰЛЕЙЛЕНДІР= е т. *Өршелендіру, қатуландыру. Д ұ л е й л е н д і р е* ышқынған боранды қайырсыз қара түн жұтып жіберердей (М.Құмарбеков, Шынар). Қар аралас үйтқи соққан долы жел әр минут сайын, көзді аштырмай айнала-төңіректі *д ұ л е й л е н д і р е* түседі (І.Есенберлин, Көлеңке.).

ДҰЛЕЙЛЕНУ *Дүлейлен етістігінің қимыл атауы.* Жұт жылдары жер тақыр болады да, боран *д ұ л е й л е н у м е н* тоқтаусыз төпей береді (М.Ысқақов, Халық.).

ДҰЛЕЙЛЕТ= ет. *Өршелендіру, қатуландыру, дүлейлендіру. Д ұ л е й л е т к е н* құбыжығы мол шұңқыр маңындағы үрейлі үндердің бірі де жоқ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Қара албасты қараңғылық, ауыз-мұрынсыз *д ұ л е й л е т к е н* қараңғылық, өлі қараңғылық (М.Қабанбаев, Кермек.). Суық желді *д ұ л е й л е т к е н* ақ боранның боларын алдымен қой сезеді («Лен. жас».).

ДҰЛЕЙЛЕТУ *Дүлейлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түні бойы *д ұ л е й л е т у.*

ДҰЛЕЙЛЕУ[1] с ы н. *Біршама дүлей, айтарлықтай дүлей.* Бұл жігіт қаншама *д ұ л е й л е у* болса да, серігіне қиянат жасаған емес («Жұлдыз»).

ДҰЛЕЙЛЕУ[2] *Дүлейле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ л е й л е у і н* күшейту.

ДҰЛЕЙЛІ с ы н. **1.** *Бұрқасынды, дауылды; үрейлі.* Демеймін өмір жолы оңай-оспақ, *Д ұ л е й л і* боран, аптап, талай тоспақ. Дауылға төсім беріп дамылдаймын, Доска да, дүшпанға да дауылдаймын (Ж.Нұрмұхамедов, Көкемарал).

Совет Одағының азаматы ауыр күндерде, *д ұ л е й л і* дауылдарда өз Отанының азаматтығын анталаған жаудан қорғап қалды (С.Мәуленов, Жер нәрі). **2.** а у ы с. *Шабытты. Д ұ л е й л і* өлең сөздің дарыны еді, Дауысы Гималайға барып еді. Сол ақын Жансүгіров Ілиястың Көшеде жүрген ізі қалып еді (А.Тоқмағамбетов, Дария.).

ДҰЛЕЙЛІК з а т. *Дүлей болушылық, тұрпайылық, дөрекілік, ожарлық, дөкірлік.* Ауыздағы балғадай тістер адам айтқысыз жаулықпен сақылдап, ілінген жерін жұлып түсерлік *д ұ л е й л і к п е н* қарш-қарш етеді (Қ.Жаркенов, Жылқышы.). Диллонның жеге *д ұ л е й л і к п е н* долдана булыға-бұлқына сөйлеген сандырақ сөздерін мен бұл арада үзінді күйінде келтіріп жатпаймын (С.Сейітов, Жылдар.). Әлі есінде онда жетім баламын, Үйренбеген дәстүріне қаланың. Панасыздар мектебіне сан қилы Ала кірдім *д ұ л е й л і г і н* даланың (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

ДҰЛЕЙШЕ ү с т. *Дүлейге ұқсап, дүлей тәрізденіп.* Айт-айтқа қарамайтын *д ұ л е й ш е* ешкімді тыңдар емес («Жұлдыз»).

ДҰЛІКТІР= е т. с ө й л. ***Дұрліктіру***. Жүрексінуді білмейтін Кете мерген бастаған топ жігіт болыс ауылын бара *д ұ л і к т і р д і* (А.Нұрқанов, Дала қыраны).

ДҰЛІКТІРУ *Дүліктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Босқа *д ұ л і к т і р у д і ң* қажеті жоқ.

ДҰМ[1] [ир. دم] з а т. **1.** *Адамның бөксесінің төменгі жағы, арты.* Марданды *д ұ м г е* бір теуіп қалып, Мардан жерге жұрындай түсті (І.Жансүгіров, Шығ.). – Осы мырзам, асығыс жұмысың бар ма деймін? Тіпті *д ұ м і ң* қоныс таппай кетті, – деді (Мың бір түн). // *Жанжануардың арт жағы.* Қойшы: «Мен не көрейін?.., бір аюдың *д ұ м і н е* бір түлкі сарып кетті, соны ғана көрдім!» – деді (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Бір нәрсенің арты, түп жағы.* Екі босағадағы үюлі жатқан көп берденнің қоңыр сырлы *д ұ м д е р і н* де енді көрді (А.Сүлейменов, Бесін). Бұтақтары иіріле біткен кәрі емен, ұзын сидалау терек *д ұ м і* қатпарланып, бәрі де еріксіз көз тартады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Аққыртыс қабатталған *д ұ м і* жуан, Салалы бұтақ та көп буам-буам; Айнала орап алған қалың қабық, Суық жел өтпесін деп сыртқы қуаң (Ақын жырлары). **3.** *Балтаның, кейбір құрал-сайманның басына қарама-қарсы жағы, сабының ұшы.* Ол беліндегі балтасын алып, *д ұ м і м е н* еменді үш ұрды да, келген ізімен кері қайтты (Т.Жанұзақов, Азамат). **4.** *Мылтықтың иыққа тірейтін жері.* Ол бесатарының *д ұ м і н* жоғары көтеріп, аузын аяғына тақап тұрып, шақпағын басып қалғанын өз көзіммен көрдім (Қ.Сәуіркенов, Ерекше белгі). Мылтықты тартып алып, *д ұ м і м е н* кеудесінен бір нұқып шалқасынан түсірді де, екі қолын тас қып байлап тастады (М.Есламғалиев, Қайырлы.). Оюлы түскиіздің қақ ортасында аузы төбеге, *д ұ м і* төмен қаратыла қиғаш ілінген қосауыз мылтық қарауытады (М.Мағауин, Ақша қар). **5.** а у ы с. *Қатты ашу, наразылық.* Ол уездік милиция бастығының мұнысын қаһарлы қара сұр көпшіліктің *д ұ м і н е н* қорқып, Таусоғардың ұлын еріксіз жазалайтын болған екен деп түсініп, қатты қуанып қалған еді (С.Лөмбеков, Тайталас).

Дұм кеуде. *Мақтаншақ, ар жағында тұғі жоқ құр кеуде.* Бұл жұрт өзін би қойғыш, сондай «жекешап» *д ұ м к е у д е л е р д і* «жақсы» атандыруға неге албыртады! (Ж.Ахмади, Жүрек картайса.).

Дүмін басты. *Аптыққанын басты, ентіккенін қойып тыныстады.* Костя мен Рома вагонның орта тұсына келіп *д ұ м б а с қ а н* (Ә.Тарази, Тас жарған). Орын тигендер *д ұ м і н б а с т ы* да, орын тимегендер иін тіресе түрегеліп тұрды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

Дүмін көтермеді. *Қайрат қылмады, орнынан қозғалмады.* Бұлар *д ұ м і н к ө т е р м е с т е н* отырып қалысты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДҰМ[2] с ы н. *Қалың, ну, сыңсыған.* Бүркіт ұясын таудың шың қиясына, не *д ұ м* қарағайдың ішіне салады (Ш.Айманов, Қыран.). Крит аралы кейде сиректеу боп шашырап көрінсе, көп жерде қалың жыныс *д ұ м* тоғай боп кетеді (М.Әуезов, Индия очерк.). // *Ну орман.* Әскери ойын кезінде қай-қайдағы *д ұ м г е* кіріп кетеміз, кейде орман ішінен із кесеміз (С.Бегалин, Уақыт.).

ДҰМ[3] ү с т . ж е р г. *Өте-мөте, тым, қатты.* Өмірі тіл сындырып, оқу оқымақ түгіл оқулық дейтін нәрсені қолға ұстап көрмеген *д ұ м* қараңғы әкем үшін оқу – ол менің қолымнан келе қоятын нәрсе емес (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Алды жас Қорабайдан *д ұ м* ашуын, Қолына түсіре алмай лашынын Аруды аттың салып сауырына, Тоқым ғып кетті құрып лашығы (Б.Адамбаев, Ақбөпе).

Дұм берді. *Қауырт лап берді.* Қаптаған қол *д ұ м б е р і п,* Солқылдата жер бетін Келтіре дүние келбетін, Алға ұмтыла жөңкітті (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ДҰМБЕ з а т. ж е р г. *Күздік бидай.* Біз 100 гектар жерге *д ұ м б е* ектік (Ауызекі). Әлжаппар бай түнде *д ұ м б е* бидайға қасақана жылқысын жауып, ойраншылық жасады (Ә.Ақбаев, Қара боран.).

ДҰМБІ з а т. *Мылтықтың иыққа тірейтін жері, дұм.* Есіркеп оқ шығары оқтаудай қара, *д ұ м б і с і* қызыл күрең мылтықты батар күннің соңғы сәулесіне шағылыстырып, ауыл ішіне кіргенде өзінің қатар құрбылары қызыға қарап тұрды (А.Мекебаев, Періште.). Жаңылып екі рет дәрі салып қойған патронмен ату өте қауіпті.

Мылтықты артқа серпіп, өзімді мылтық *д ұ м б і с і* теуіп жіберді (Ш.Айманов, Қыран.). Бұрын мылтық көрмеген баланың иығын қосауыз *д ұ м б і с і* таспен ұрғандай қатты ауыртып кетті (І.Есенберлин, Көлеңке.).

ДҰМБІЛ[1] с ы н. **1.** ж е р г. *Жүгерінің шала піскен сүт кезі, дұмбілез. Д ұ м б і л,* жесең, тез етейесің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.). Тары айдаған жердің шетіне егілген жүгерінің *д ұ м б і л* болып қалған кезі еді (Т.Ізбасаров, Қызыл қасқыр.). Қарақасқа өгізге өкіртіп тұрып тұз артып, екі қоржын басы алма, *д ұ м б і л,* өрік ала келді («Лен. жас»). **2.** *Пісуі жетпеген, шикі (тағам).* ≈ *Д ұ м б і л* күріш. **3.** а у ы с. *Шала-шарпы, білмейтіні көп, ысылмаған.* 19 жылы күллі облыста шала *д ұ м б і л* агроном ғана болған (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Ахмет Бадиқовтың Сақыпжамал Тілеубайқызының бірекі сөзі «Куранға» қарсы деуі шіп-шикі хата, «айттың» мағынасын *д ұ м б і л* аңғарғандықтан айтады («Айқап»). Ана тауық кейіді шөжесіне: *Д ұ м б і л* боп қалғаныңды сезесің бе? Басқаны білмей шоқудан, Мақрұм қалдың оқудан (Ш.Смаханұлы, Ұры тіс).

Дүмбіл қабақ. *Дөң қабақ.* Қолтықтасып үйден шыққан үш адамның ортасындағы *д ұ м б і л қ а б а қ,* шүңірек көз жігіт бөсіп келеді («Лен. жас»).

Дүмбіл тағам. *Пайдалану үшін одан әрі толық пісіруді қажет ететін шала дайындалған тағам; шалафабрикат.* Гастрономда *д ұ м б і л т а ғ а м н ы ң* түр-түрі сатылады емес пе («Қаз. әдеб.»). Рауза болса үй шаруасына құлқы жоқ, *д ұ м б і л т а ғ а м н ы ң* неше түрін кулинар магазинінен алып, тоңазытқышты толтырып қояды (Ә.Тарази, Тас жарған).

ДҰМБІЛДЕЙ с ы н. *Дұмбіл секілді, жүгерінің дұмбіл кезіндей.* Піскен *д ұ м б і л д е й* екі беті домбығып ісіңкіреген бе, әлде семіргеннің ұсқыны ма («Лен. жас»).

ДҰМБІЛДЕУ с ы н. *Онша айқын емес, көмескілеу, күңгірттеу.* «Аузың айтып, жағың біліп тұр ғой. Екі оттың арасында тұрғам жоқ па?!» – деп өзінің шын сырын Ахметке *д ұ м б і л д е у* аңғарсын дегендей қылып қойып еді (С.Торайғыров, Шығ.).

ДҰМБІЛЕЗ с ы н. **1.** *Шала піскен, толық пісіп жетпеген.* Сол *д ұ м б і л е з* нандар, Кебе сап жиыңдар. Бір күндері ерінбей, Дәл осылай пісірмегендерді, *Д ұ м б і л е з* ғып пісіргендерді, Шалқасынан жығу керек, Аузына апарып тығу керек (С.Кенжахметов, Қуырдақ). Ет *д ұ м б і л е з* екен, жемей қойдық, – деп, жігіттер саңқылдап отыр (Ә.Табылдиев, Қой бағу.). *// Үнсіз, жым-жырт, сыр бермей.* Тау басының қары әлі еріген жоқ, күні кешелері ғана *д ұ м б і л е з* жатқан қыстың ызғарын еске салғандай күн сәулесімен ойнап, айнадай шағылысады, әне (О.Бөкеев, Ән салады.). Тау жаңғырыққан жоқ, мелшиіп әр тасы көкбеттеніп *д ұ м б і л е з* жатыр (О.Бөкеев, Қайда. Гауһар.). **2.** а у ы с. *Шала сауатты, біліктілігі төмен, білімсіз.* Мен өзімді *д ұ м б і л е з* шала мұғаліммін деп қарап, басқаларды өзімнен артық санап, жүрексінетін едім (Б.Соқпақбаев, Қайдасың.). Өзіміз түкпір-түкпірден келген, шала піскен нандай *д ұ м б і л е з,* көпшілігіміз шала сауаттымыз (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Садақадан қалмай шариғат айтып, шала *д ұ м б і л е з* білгенін күбірлеп дұға оқитын шалың бұл емес (Қ.Тоқмырзин, Үш кие). Мәдениет мекемесінде отырса да халықтық әндер мен күйлер туралы, жалпы тарихи-рухани қазыналар жөнінде ешқандай түсінігі жоқ, шала сауатты *д ұ м б і л е з* пенделердің сырын паш етеді («Қаз. әдеб.»). **3.** а у ы с. *Жете тексеріліп жетпеген, анықталмаған, айқын емес, көмескі.* Сонымен бұл *д ұ м б і л е з* диссертацияның немен аяқталғанын айту қиын (М.Рашев, Бетің қисық.). Сонан соң-ақ сөйлеген сайын өзінің *д ұ м б і л е з* ойларымен менің көз алдымда майдалана берді, майдалана берді (А.Мекебаев, Бойжеткен). **4.** а у ы с. *Әлсіз, жетілмеген, нәзік. Д ұ м б і л е з* дене ширай түседі, дүниетанымы көкжиегі кеңіп, көзі ашыла береді (М.Әлімбаев, Тәрбие.). **5.** а у ы с. *Шолақ ойлы, ақылсыз, тереңге бармайтын.* Опасыздық пен махаббат кебін көбірек шертетін шетелдің *д ұ м б і л е з* фильмдерін артық көретін желөкпелер де аз емес («Лен. жас»). Жұрттың мазағында да, кекесінінде де жұмысы жоқ Жайнақов өз буына өзі пісіп, *д ұ м б і л е з* күйінде тұра берді (Т.Жанкелдин, Сын сағатында).

ДҰМБІЛЕЗДЕН= е т. *Дүдәмалдану, сенімсіздену.* Ақбота қарындасым, бүгін кеш қалада қалып-ақ, қонақүйінен жай алып, күріш деумен діңкелеп біттім, бір күнге ауып кетпес, – деді *д ұ м б і л е з д е н і п* тұрып (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДҰМБІЛЕЗДЕНУ *Дұмбілезден етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м б і л е з д е н у і* байқалады.

ДҰМБІЛЕЗДЕУ с ы н. **1.** *Шикілеу, шала.* Қазандағы ет әлі *д ұ м б і л е з д е у* екен (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Дүдәмалдау, әлі жетілмеген, көмескілеу, бұлдырлау.* Көп шеберліктің арасында кездесетін көптеген *д ұ м б і л е з д е у* жолдар кедір-бұдыр қатпаршақтарға ұқсап селкілдетіп, мазаңды кетіре бастайды (І.Омаров, Серпін). Көңілімде Аяужанға деген *д ұ м б і л е з д е у* бір ой болғанмен, көбінесе ол туралы ештеңе ойламайтынмын (І.Есенберлин, Ғашықтар). Иә, ол үшін көп оқып, көп білу керек. Менің қазіргімнің бәрі *д ұ м б і л е з д е у* бірдеңелер (З.Жәкенов, Қайта айналып.).

ДҰМБІЛЕЗДІК з а т. *Шалағайлық, шикілік, дүдәмалдық.* Бекжанның ойлауынша, баяндамашының «бірақ» дей түсіп, сыдыртып өткен тұсында *д ұ м б і л е з д і к* бар сияқты («Лен. жас»). Осындай өзімшілдерді шенеудің астарында олардың *д ұ м б і л е з д і г і*, дүбаралығы жатқанын Сағырбай кәміл сезінуші еді (Т.Әлімқұлов, Шежіре.). Жайшылықтағы *д ұ м б і л е з д і г і* болмаса, мұндай арамдықты Қамен қалпе тез түсінетін (Ә.Нәбиев, Қанат.).

ДҰМБІЛЕН= е т. *Ісіңкіреу, дөңкиіңкіреу.* Бет-аузы *д ұ м б і л е н і п* ісіп кеткен (С.Жанәбілов, Дүрбелең.).

ДҰМБІЛЕНУ *Дұмбілен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бет-аузының *д ұ м б і л е н у і.*

ДҰМБІР с ы н. *Үлкен, келіскен, көз тартатын.* Сыптай жылмаңдаған, пісте мұрын, *д ұ м б і р* сырғалы сары келіншек қарт адаммен үйрек саудаласып жатты (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).

ДҰМБІРЕ¹= е т. с ө й л. **1.** *Дұмбірлеу (дұмбір-дұмбір етіп ұн шығару, күмбірлеу).* Біздің мерекеге арналған сауық кешімізде домбыра үні күмбірлеп, *д ұ м б і р е п,* саңқылдап, сарнап шықты (Б.Кенжебаев, Асау.). **2.** *Қаңғырлау, даңғырлау.* Көңілім құлазып адамы жоқ үйдей *д ұ м б і р е г е н* бір сәт тыныштық басты (С.Досымов, Күз демі).

ДҰМБІРЕ²= е т. с ө й л. *Жайнау, көз тарту, келісу.* Ол жоқта келімді-кетімді кісі де саябырлайды, қайта осыны пайдаланып үйін әктетіп, сырлатып, жинап-теріп алам ғой, ол келгенде *д ұ м б і р е п* тұрсын деп жүрген (Ш.Құмарова, Қос шынар). Өңшең бір *д ұ м б і р е г е н* ақ шаңқан шатырлы үйлер бой көтеріпті (М.Әбдірахманов, Көктем.). Інім мен келінім бірден шешімге келсе керек. Басындағы *д ұ м б і р е г е н* үйге де, қолындағы малға да қызықпады («Қаз. әдеб.»).

ДҰМБІРЕТ= е т. *Жайнату, келістіру. Д ұ м б і р е т е* бес-алты үй тігіп отырған екі-ақ малшы (Ә.Ибрагимов, Асыл.).

ДҰМБІРЕТУ *Дұмбірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м б і р е т у і* жақсы.

ДҰМБІРЕУ *Дұмбіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м б і р е у м е н* келеді.

ДҰМБІРЛЕ= е т. **1.** *Дұмбір ету, күмбірлеу, саңғырлау.* Кішірек боз отаудың іші ала көлеңке. Үй сыртында, анадай жерден *д ұ м б і р л е г е н* домбыра сарыны құлаққа айқын жетеді (Ә.Көшімов, Лашын.). Ендігі бір мезетте жер астының қабырғасы күтір-күтір еткендей *д ұ м б і р л е й* жөнелді (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** а у ы с. *Алып ұшу, лепіру, атағы жер жару, масаттану.* О, ғажап! Тебірентіп тұрдың әрең, Жүрегім шапқан аттай *д ұ м б і р л е г е н.* Осының түс емес пе? Жоқ, рас қой, Сақидым сол сезіммен тындым да мен (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Ар жақта Арғынғазы *д ұ м б і р л е г е н,* Бәйеке, елің бар ма бүлдірмеген? Төре кетіп, төбеде төбет қалып, Туып тұр ел басына «бұл күн» деген (Үш ғасыр.). **3.** а у ы с. *Сыңғырлау, жайнау.* Салдырған мектебі де тұр *д ұ м б і р л е п,* Бағы да тамылжып тұр бірге гүлдеп, Өседі аясында бақытты өрен, Қаперсіз көздерінде күн күлімдеп (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

ДҰМБІРЛЕК с ы н. *Дыңқ-дыңқ етіп ұн шығаратын.* Соқаның даңқы етікшілер, сағатшылар, тағы-тағылар арасында эстрада оркестрінің *д ұ м б і р л е к* барабанындай дүңк-дүңк естіледі (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ДҰМБІРЛЕТ= е т. **1.** *Дұмбірлеткізу, күмбірлету, дыңқілдету.* Жігіттердің де кез келгені-ақ, домбыра қолына тисе-ақ саусақтары жорғалап, *д ұ м б і р л е т і п* күй тартып ырғала жөнеледі (Ғ.Сланов, Замана.). Жапардың сақ құлағына ұрымтал жерде *д ұ м б і р л е т е* желіп келе жатқан салт аттың дүмпуі шалынған (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). **2.** а у ы с. *Жайнату, сыңғырлату, келістіру.* Жаңадан салынған монша, клуб, кеңсе үйлері тағы бар. Мектебімізді де *д ұ м б і р л е т і п* түзеп алдың («Соц. Қаз.»).

ДҰМБІРЛЕТУ *Дұмбірлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м б і р л е т у* неге керек.

ДҰМБІРЛЕУ *Дұмбірле етістігінің қимыл атауы.* Домбыраның шеңбер бетінде қатқан мүйіздей сірі тақтай, әр жерінен сүйектеген көш құлаш жіңішке сабы барда қандай *д ұ м б і р л е у ш і* еді, ел көшкендей елеңдетуші еді-ау (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ДҰМБІРЛІ с ы н. *Дұмбір-дұмбір еткен.* Даусы жай әңгіменің үнінен гөрі жоғарырақ, өзінің көмейден сөйлейтін қоңыр *д ұ м б і р л і* күйінде шықты (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ДҰМБІТ= е т. *Желіктіру, жел беру.* Қара халықты өтірікпен *д ұ м б і т і п* қамалап барып (орыс ұлықтары) крестьян қылуда («Айқап»).

ДҰМБІТУ *Дұмбіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өтірікті *д ұ м б і т у.*

ДҰМДЕЙ с ы н. ж е р г. *Дөңбектей, дардай, дәу.* Қой күйлі қыста жақсы баққан аман Қозылар ерте туып марқаланған. Ширалған кере қарыс ақ жібекті Туырылтып *д ұ м д е й* қойлар арқалаған (Ғ.Орманов, Таңд.).

Дұмдей болды. а) *Үлкейді, ұп-үлкен болды.* Досберген ақсақал *д ұ м д е й б о л ы п* тойған екі өгізді тәртеге мықтап байлап, қамшысын беліне қыстырып, бір жаққа беттеп барады екен (М.Иманбаев, Сұлу.). ә) *Өсті, ержетті, бір әрекет етуге жасы келді.* Айтпақшы, со неме *д ұ м д е й б о п* қашанға бойдақ жүреді, – деді Мырық молда (Қ.Ысқақов, Түйық.).

ДҰМ-ДҰНИЕ з а т. *Айнала, төңірек, қоршаған орта.* Әжімәж ораза ұстап, ауыз бекіте-

тін кісі таусылған күні сыртқа тесіп шықпақшы. Содан *д ұ м-д ұ н и е н і* күңірентіп, қобызын шалып, жұртты соңына ілестірді (Жүздесу).

ДҰМДІ с ы н. **1.** *Күшті, қайратты, қажырлы, әлді.* Сымбатты ақ сары әйел сампылдап сөйлеп жүр. Оның қозғалысы ширақ, даусы *д ұ м д і* (Ә.Көшімов, Лашын.). Ескі заман болса, бұл хабар жетісімен-ақ, қайын жұртың сойылын сүйретіп, қалың қолмен келіп қалар еді де, *д ұ м д і* неме шаңырағыңа қобыз ойнатып зықыңды шығарар еді (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). *Д ұ м д і* болсаң, кел бері (Мақал). **2.** а у ы с. *Қолында билік бар белді, жуан, атақты.* Болыстың, старшынның, билердің бәрі – жуан, *д ұ м д і* мырзалар. Жиналып отырып сөйлескендеріне қарап отырсаң, бәрі де көкке тойып, топтанып, топырақ шашып, күжілдеген бұқалар тәрізді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Өзіндей *д ұ м д і*, беделі бар біреумен «аруақ-құдай» атасқан, құда екен (Ж.Ахмади, Шырғалаң). *// Билік басындағылар, қолында билігі бар кісі.* Бұл жақтағы *д ұ м д і л е р д е н* зорлық-зомбылықты көп көргендіктен, алыстағы ағайынға өте-мөте бауырмал деседі (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер). Дау-дамайда әлділер, *д ұ м д і л е р* жағы жеңіп кете беретін, қара халық көбіне теңдік ала алмай, жәбір-жапа шегетін («Лен. жас»).

Дүмді сөз [үн]. *Әсерлі, қатты айтылған сөз.* Толғағы жиналыстың жиілетіп, Бір-бірін *д ұ м д і с ө з б е н* түйіп өтіп, Музыка қошеметтеп күмбірледі, Жатқандай жан таласа күш етіп (Н.Ахметбеков, Амангелді). *У н і* де *д ұ м д і*: «Бар! Әкел!» деп жай айтқанның өзі мірдің оғындай тиеді (Б.Тоғысбаев, Боз жорға.).

ДҰМДІЛІК зат. *Білігібарлық, кеуделенушілік, әлділік, күштілік.* Директормын деп *д ұ м д і л і к к е* салынбаса, мұнысының да еш артықшылығы жоқ еді (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). Дүрліктіріп, *д ұ м д і л і г і н* көрсете келмесе, мықты бола ма, қызталақ (Б.Әдетов, Бәйшешек.).

ДҰМЕ= е т. *Үйіліп-төгілу, жапырласу.* Менің хабарымды естіп, алыс-жақынның бәрі *д ұ м е п* келе бастады, бірі кіріп, бірі шығып жатыр (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қазақтың алыстан біреу келсе *д ұ м е п* қоя беретін осы әдеті Әсимаға бүгін біртүрлі ерсі көрінді (М.Иманжанов, Менің махабб.). Астанаға қоныс аударғалы бері біраз адамдар шаруасы болып соғады, болмай соғады, әйтеуір *д ұ м е п* жатады (К.Ахметбеков, Жеңіс сарбазы).

ДҰМЕЛ= е т. **1.** *Үйіліп-төгілу, жапырлау, жан-жақтан бәрі келу.* Біздің қуана шуласқан дауыстарымызды естіп, адамдар ауылдың тұстұсынан үйге *д ұ м е л і п* жиналып қалды (Тұлпар). Осы өңірдің игі жақсылары оқыған зиялы жігітпен дидарласуға құштар боп, көп күннен бері *д ұ м е л і п* ауылын басып жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** а у ы с. *Қаптау, көбею. Д ұ м е л і п* баста қаулайды Оңаза ойлар құйын боп, Өзегі от боп лаулайды, Кәріге бұдан қиын жоқ! (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.).

ДҰМЕЛЕ= е т. *Үйіліп-төгілу, жапырлау, дүмелу. Д ұ м е л е п* келіп жатқандар күні бойы толастамады (З.Қалықова, Таңд. шығ.).

ДҰМЕЛЕТ= е т. *Үйіліп-төгілдіру, жапырлату, топырлату.* Біз мектепте бала оқытамыз ба әлде тобыр *д ұ м е л е т е т і н* орынға айналдырамыз ба? (М.Қаназов, Жер кіндігі).

ДҰМЕЛЕУ *Дүмеле етістігінің қимыл атауы.* Қонақтар кешелі бері *д ұ м е л е у д е* (О.Бодықов, Бұлбұл).

ДҰМЕТ= е т. *Үсті-үстіне келтіру, үйіліп-төгілдіру, топырлату, жапырлату.* Әйтеуір толып кеткен налөк, налөк, Ит екен ауылнай да нағыз нәлет! *Д ұ м е т і п* қысы-жазы есігімді Қит етсе шабуменен маған келед (Б.Майлин, Шығ.). Кейде үйді қонақ *д ұ м е т і п*, көп әңгімеге көшкенде де төре олардың қысыр сөзінен жалыққанда кітабын алып, соған көзінің қиығын салып отыратын (Б.Аманшин, Көкжар).

ДҰМЕТУ *Дүмет етістігінің қимыл атауы.* **≈** Үйді қонақтардың *д ұ м е т у і.*

ДҰМЕУ *Дүме етістігінің қимыл атауы.* **≈** *Д ұ м е у л е р і н* айтсаңшы.

ДҰМП е л і к. *Күрс еткен, дүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

Дүмп етті. *Күрс етті.* Төрт-бес адам шауып келіп үйдің сыртына *д ұ м п е т і п* түсе, аттарын байлар-байламас асыға-мұсыға топырлап үйге жетіп келді (С.Шарипов, Бекболат).

ДҰМП-ДҰМП е л і к. *Дүрс-дүрс, күрс-күрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Па, шіркін, қасқа айғырдың аяқ басуы-ай! Жерді *д ұ м п-д ұ м п е т к і з е д і* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Дүмп-дүмп етті. *Әңгіме қайта-қайта шығады, тез-тез тарады.* Қайдан сараң-сараң деген атағың *д ұ м п-д ұ м п е т е д і*, – деп Нұрпейіс жездесімен ойнауға көшті (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.).

ДҰМПИ= ет. **1.** *Кымшіпісу, дүңкию.* Көптеген ауру адамдардың денелерін сызса, терілері күлбіреп, қызара кетеді, кейде ақ сызық болып, көтеріліп *д ұ м п и е* бастайды (С.Табынбаев, Жемсау.). Көкірек қуысындағы сөл бездері *д ұ м п и і п* ісіп кетеді, олардың іші жұмсарып, мерезге айналады (Малды туберк. сақта.). **2.** а у ы с. *Көтерілу, желпіну, масаттану.* Ертеден, тым көп уақыттан бері саңқылдаған асқақ үнін ести алмай маужырап тұрған кезде әдемі ыдыс-аяқ салдырлап, ақ отаудың түңлігі желпіңгендей *д ұ м п и і п*, айызы қанды-ау (Н.Баяндин, Ертіс.).

ДҮМПИТ= е т. *Кумпиту, дуңкиту.* ≈ Қолын *д ұ м п и т т і.*

ДҮМПИТУ *Думпит етістігінің қимыл атауы.* Бәрінен де көгерген жерінің білек сыздатар бітеу жарақат *д ұ м п и т у і* көбірек мазалады (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ДҮМПИЮ *Думпи етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жарасының *д ұ м п и ю і* мазалады.

ДҮМПУ[1] з а т. **1.** *Ірі, үлкен қарулардың атылуынан, қатты денелердің соғылысуынан пайда болған күшті жарылыс, дүмпілдеген дыбыс.* Мөлдір ойдың тұнығын шайқаған әлдебір қияннан атылған зенит артиллериясының *д ұ м п у і* еді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жау қалаға таяу еді. Снарядтардың жарылу *д ұ м п у і н е н* жер сілкінеді (Аялы жандар). Әйткенмен, Бұхтарманың *д ұ м п у і* бұл араға жетіп, өзінің алып күші барын күн ілгері білдіріп тұр (Н.Баяндин, Ертіс.). Жаңа жердің солқ ете қалғанынан қорқады. Соншама қатты *д ұ м п у* болмаса керек еді (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің тигізген ықпалы, әсері, тегеуріні.* Қырқыншы жылдардың аяқ кезі, ел арасында соғыс *д ұ м п у і* әбден басылып, жайшылық тұрмыс орнап жатқан кез (Б.Әдетов, Бәйшешек). Ел жұрт жақындаған жеңіс буымен тыныстап, жеңіс *д ұ м п у і м е н* жігерленді (Ж.Бектепов, Қызылшашы). Күшті жаудың *д ұ м п у і* алыстан жетіп жатты да, Хасен қожаның көптен тынышын алулы еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ушаков Қарағандыға Ақбұйрат пен Нілдіден де белгі берген наразылық *д ұ м п у і н і ң* ызасымен келген еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Әңгіме дүмпуі. *Гу еткен әңгіме, бәрінің аузындағы әңгіме.* Қабекең қасқыр алыпты деген *ә ң г і м е н і ң д ұ м п у і* басылмай жатып, Ақбұлақта қақпаншының атын аңызға айналдырған тағы бір уақиға болды («Қаз. әдеб.»).

ДҮМПУ[2] з а т. ф и з. <лат. detonare> *Жарылғыш заттың басқа затқа химиялық айналу процесі. Д ұ м п у* күшті соққы толқыны мен оның алғы бетінен кейінгі заттың басқа затқа химиялық айналу аймағының кешені. Сығылған өнімдер ұлғайған кезде жарылыс болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ДҮМПУЛІ с ы н. **1.** *Атақты, белгілі.* Қарағандыдағы зәулім спорт сарайы бұл күндері нағыз демалыс орталығына, әрі *д ұ м п у л і* сайыстар мекеніне айналған («Қазақст. әйелдері»). **2.** *Гүілдеген, дүмпілдеген, шулаған.* Кенже тақымындағы ертоқымды сезбестен, *д ұ м п у л і* халық гүілін естіместен ең алдында келе жатты (Ә.Әлімжанов, Жаушы). **3.** *Бірден, күрт өзгеретін.* Тілдің дамуы *д ұ м п у* жолымен емес, бірте-бірте даму жолымен ілгері басып отырған (Қазіргі қаз. тілі).

ДҮМПУІЛ з а т. с ө й л. ***Думпу[1]***. Самал жел әлдекалай күбірлесе, Күмбірлеп құлағыңа дүбір келсе, Ол менің жүрегімнің *д ұ м п у і л і* Сөнбейді, суымайды, түңілмесе (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Жүрегімде жүдеткен түнде езіле, Дүр сілкінтіп *д ұ м п у і л* тиді өзіме. Ұлы аралдай жер-мұхит астындағы Қалқып шықтым түнектен күн көзіне (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ДҮМПІ[1]= е т. **1.** *Ісіну, кумпию.* Мараттың аяғына тікен кіріп *д ұ м п і п,* көпке дейін ақсаңдап жүре алмай жүрді («Қаз. әдеб.»). Сағынның қабағы ашыла бастағандай көрінді. *Д ұ м п і г е н* қос қабақтың астынан отты көз ұрланып жылтырайды (Б.Дәулетбаев, Парыз). **2.** *Дуңкию, көтерілу, томпаю.* Енді бірде оның дәл аяғының асты *д ұ м п і п,* бұлк-бұлк етті де сәкі селкілдеп кетті (З.Қабдолов, Жалын). Түбінен тұма атқылап шығатын жартас, каналдың бергі бетінде Қапшағайдың көп тасбақасындай *д ұ м п і п,* «мен мұндалап» тұр (М.Қабанбаев, Кермек.). Осы күні жер беті *дұмпіп,* өзінен-өзі тулап тұрғой (Р.Райымқұлов, Бала жігіт). *//Көтерілген сияқты.* Басалқы бір мезетте асты *д ұ м п і г е н д е й* ішінен бұрқылдап бір күлгені (Д.Досжанов, Табалдырығың). Астындағы жер *д ұ м п і г е н д е й* және тыныштамады (Д.Досжанов, Кісі.).

ДҮМПІ[2]= е т. *Дуңкілдеу, күрс-күрс ету.* Қалың кесек қорғаныш ұдайы *д ұ м п і г е н* сұрапыл соққыға шыдар емес. Сетінеп, сөгіле бастаған (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). Осыны білгендей дүшпан өршіп барады. Ышқына кейін шегініп, үстемелеп *д ұ м п і п* соғады (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). Снарядтар мен миналар кейде шырылдап, ысқырып ұшып,... жиырма минуттай сарнап, зарлап мұңданып, зіркілдеп тұншыға жөтеліп, қақырып-түкіріп *д ұ м п і п* тұрады. Бұл соғыс музыкасы (Б.Момышұлы, Біздің генерал).

ДҮМПІЛ з а т. **1.** *Күрсіл, тарсыл, дуңкіл.* Есейдің күткеніндей, сырттан неміс пулеметінің қысқа *д ұ м п і л і* естіліп, өрістемей тез басылды (Ә.Нұрпейісов, Күрляндия). Ыршып алға ұмтылды, Осындай ағын үстінде Раушанбектің құлағы, Есітті арттан *д ұ м п і л д і* (Көруғлы). Анда-санда атылған дәрінің *д ұ м п і л і* Бүркіт жатағындағы жұмыс екпінін де аңғартатын сияқты (Қ.Оразалин, Ақ жазық). 12-мартта, түнде сағат бір мезгіл шамасында қатты *д ұ м п і л* шығып, жер тітіреу болды («Айқап»). **2.** а у ы с. *Бірнәрсенің ықпалы, әсері, тегеуріні.* Бұл арада үш күн кідірді. Өмір айқасы өтіп жатқан майдан *д ұ м п і л і* құлағына келіп, «Тезірек жіберсе» деген мазасыздық тынышын кетірді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ДҮМПІЛДЕ= е т. **1.** *Дүмп-дүмп еткен дыбыс шығару, дуңкілдеу.* Мылтық даусын естісе, селк ете қалатын Санат қазір сатырлаған мыл-

тық емес, *д ұ м п і л д е п* жарылған граната мен снарядтарға бойы үйренді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Түстен кейін Жаннаттың үйінің жанынан өтіп бара жатып, *д ұ м п і л д е г е н* дауысты естіп, қақпа саңылауынан сығалайды (Ө.Күмісбаев, Соқ, барабан). **2.** а у ы с. *Ел арасына көбірек сөз болу, кеңінен мәлім болу.* Суық сыбыс, күннен-күнге *д ұ м п і л д е п*, барған сайын тым көбейіп кетті (Ж.Бектұров, Жол.). Сонау Алматыда тұрған адамның атағы осы араға *д ұ м п і л д е п* естіліп жатуы не деген сұмдық (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ДҮМПІЛДЕК з а т. з о о л. *Тоқылдақ тұқымдасына жататын құс. Д ұ м п і л д е к* оңтүстік шығыстағы таулы аймақтың ормандарында ұя салады («Қазақст. мект.»).

ДҮМПІЛДЕС= е т. *Дүмп-дүмп еткен дыбыс шығарысу, дүңкілдесу.* Арпалысып, қармасып, *Д ұ м п і л д е с т і* шоқпарлар. Найзаларды салғасып, Қарсыласты шоқ жандар (Қ.Көпішев, Әке құшағы).

ДҮМПІЛДЕСУ *Дүмпілдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м п і л д е с у* басталды.

ДҮМПІЛДЕТ= е т. **1.** *Дүңкілдету, дүмп-дүмп еткізу.* Ол а дегенде-ақ Волга жағасынан бастап жорыққа шыққандай болып еді. Сонау Алтай етегіне жете бергенде вальсті *д ұ м п і л д е т е* келіп, «жорықшым, осы жерде бір тыныста» дегендей, қайырып жібереді (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** а у ы с. *Үдету, гүілдету, күшейту.* Күй гулесе күмбірлеп, Күмпілдетіп даланы жердің үстін шу, дүрмек *Д ұ м п і л д е т і п* барады (Қ.Мұқышев, Бала.). Оркестр бір ойнақты, сұлу сазды *д ұ м п і л д е т і п* орындап жатыр (І.Қожабаев, Қансонар).

ДҮМПІЛДЕТУ *Дүмпілдет етістігінің қимыл атауы.* Күні бойы *д ұ м п і л д е т у м е н* болды (Ауызекі).

ДҮМПІЛДЕУ *Дүмпілде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ұ м п і л д е у і* басылды.

ДҮМПІТ[1]= е т. ***Дүмпілдет***. Күншығыс беттен Совет Армиясының ауыр зеңбіректері *д ұ м п і т і п* соғып жатты (Ғ.Сланов, Замана.).

ДҮМПІТ[2]= е т. **1.** *Ісіндіру, дүңкіту.* Қабақты *д ұ м п і т і п* жіберді (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Дүр сілкіндіру, шымырлату.* Жүрек дүрсілі тұла бойын *д ұ м п і т і п*, сезім дауылы ұйытқып аузына тығылып қақалтқандай даусы қалтыраңқы шықты (Е.Мырзахметов, Медет.).

ДҮМПІТКІШ з а т. к е н. *Бастапқы қозғаушы күштің (импульстің) көмегімен жарылғыш заттың жарылысын қамтамасыз ететін құрал.* Өнеркәсіпте *д ұ м п і т к і ш т і* дүмпіткіш-капсюль деп атайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

ДҮМПІТУ *Дүмпіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дүр сілкіндіру.* Кедейді құдаламақпыз. Сол *д ұ м п і т у* жетер, – деді Ермекбай (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **2.** *Әңгімені қоюлату, үдету, гөйіту.* Сені біреулер жер астында істейді екен, онда барғандар өмір бойы қайтпайтын көрінеді, деп *д ұ м п і т у і н* қарашы (Е.Әлімжанов, Оралу.).

ДҮМШЕ[1] з а т. ж е р г. *Шай шығаратын ақұман. Д ұ м ш е г е* шай демдей қой, балам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Дәмі ұнамаса айтыңыз, сізге басқа *д ұ м ш е д е н* құйсын (Ә.Кекілбаев, Үркер).

ДҮМШЕ[2] с ы н. *Шаласауатты, жөнді білім алмаған, іс білмейтін, дүбара.* Өндіріс басқармасының қайсыбір *д ұ м ш е* бастығы аудандық комитеттің бүкіл бюросын көгендеулі қойдай көргені бар ғой деп шешен назалана түйілді (С.Хайдаров, Азамат.). Жаңа келген аудан басшыларының қайсыбірі іс білмейтін, *д ұ м ш е* болып шықты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Дүмше молда. *Шаласауатты, Құранды жетік білмейтін молда. Д ұ м ш е м о л д а* дін бұзар (Мақал). Хадистің тәржімасын өлең қылып, Құраннан хат көшіред *д ұ м ш е м о л д а*-ай (Айтыс).

ДҮМШЕДЕЙ[1] с ы н. *Дүмше молда сияқты, дүмше бастыққа ұқсас.* ≈ *Д ұ м ш е д е й* надан адам.

ДҮМШЕДЕЙ[2] с ы н. *Дүмше сияқты кішкентай, домаланған.* ≈ *Д ұ м ш е д е й* қыз бала.

ДҮМШЕЛІК з а т. *Дүмше болушылық, білімсіздік, білместік, надандық.* Идеясыздыққа қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізе отырып, орта қолдықты, *д ұ м ш е л і к т і,* көркемдік дәрменсіздікті де ұмыт қалдырмауға тиіспіз (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Мәдени ағарту қызметі *д ұ м ш е л і к т і,* шалағайлықты атымен сүймейді (І.Омаров, Серпін). Сыр елінде ертеде Құрбан деген молда болды. Ол *д ұ м ш е л і к п е н* дін бұзғыш, тек дүниеқорлыққа салынып пара алатын («Қаз. әдеб.»).

ДҮМІЛ= е т. ж е р г. *Үймелеу, жапырлау.* Жұрт *д ұ м і л г е н* бір соған – Сатушыда тағат жоқ. Жұрттың бәрі сусаған, Сыра біткен, шарап тек (З.Шүкіров, Сағыныш).

ДҮН: **дүн соққанда.** с ө й л. ***Жын соққанда***. Кейде бірі тынып, бірі бастап алмакезек *д ұ н с о қ қ а н д а* шашыңды жұлып, далаға тұра қашқың келеді (Ә.Тарази, Асу.).

ДҮНГЕН з а т. *Тілі қытай-тибет тобына жататын мұсылман дініндегі ұлт, халық. Д ұ н г е н д е р* негізінен Қытайдың Нинся-Хуэй автономиялы ауданын мекендейді (ҚҰЭ). *Д ұ н г е н д е р* қытай тіліне жақын әр алуан диалектіде сөйлейді (ҚҰЭ). *Д ұ н г е н д е р д і ң* «Юнчи» фольклорлық ансамблінің концертін көрдік («Жас Алаш»).

ДҮНГЕНШАЙ з а т. ө с. *Биіктігі 20-30 сантиметрдей тауда өсетін сарығұлді шөп. Д ұ н-*

г е н ш а й д ы жел ауруға пайдаланады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ДҮНГЕНШЕ ү с т. **1.** *Дүнген тілінде (сөйлеу, айту, жазу).* Ұлтым дүнген болғанмен, қазақ пен ұйғыр арасында өскендіктен *д ү н г е н ш е* сөйлеуге шорқақпын («Соц.Қаз.»). **2.** *Дүнген халқының ұлттық киімімен.* Осыдан кейін алаңға *д ү н г е н ш е* киінген жастар шықты («Жас Алаш»).

ДҮНГЕНШЕЛЕ= е т. *Дүнген тілінде сөйлеу, дүнген тіліне аудару.* Менің айтқандарымды қасымдағы жігіт қарияға *д ү н г е н ш е л е п* берді («Әдеб. майданы»).

ДҮНГЕНШЕЛЕС= е т. *Дүнген тілінде сөйлесу.* ≈ *Д ү н г е н ш е л е с і п* сөйлесті.

ДҮНГЕНШЕЛЕСУ *Дүнгеншелес етістігінің қимыл атауы.*

ДҮНГЕНШЕЛЕТ= е т. *Дүнген тіліне тәржімалату.* ≈ Мәтінді *д ү н г е н ш е л е т т і.*

ДҮНГЕНШЕЛЕТУ *Дүнгеншелет етістігінің қимыл атауы.* Мәтінді *д ү н г е н ш е л е т у* керек (Ауызекі).

ДҮНГЕНШЕЛЕУ *Дүнгеншеле етістігінің қимыл атауы.* Мұндағы дүнгендер қазақ тіліне жетік, сондықтан айтқанымызды *д ү н г е н ш е л е у д і ң* қажеті жоқ («Қазақст. әйелдері»).

ДҮНДИ= е т. с ө й л. ***Дүрдию***. Әлі әзір *д ү н д и е* берсін, – деп жауап қатты Сейфуллин (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер).

ДҮН-ДҮНИЕ з а т. с ө й л. *Дүние біткеннің бәрі.* Балалығың есіңе түскен болар, Қасқаның көзіне де қарадың, онда да көргенің: жанарында *д ү н-д ү н и е* сол күйінде төңкеріліп түскендей (С.Нарымбетов, Ассалау. Атлант.). Қыз бен жігітке заман да, адам да, қоршаған *д ү н-д ү н и е* де ғажайып сүйкімді көрініп кетті (Т. Нұртазин, Адам.). Таң атып, жер бетіне сәуле түскенде дала құлпырады, *д ү н-д ү н и е* оянып, кеудесін кең жаяды (Қ.Ұябаев, Қырда.).

ДҮНИӘУИ с ы н. е с к і к і т. *Дүнияуи.* Дастархан басында пәлендей бөтен-бастаң сөзге барыспай, жақын адамдар арасында болатын жылы, тәтті *д ү н и ә у и* әңгіменің төңірегінен аса қойған жоқ (С.Омаров, Күншуақ).

ДҮНИЕ [ар. دنيا] з а т. **1.** *Өмір, тіршілік. Д ү н и е* – бір ұзақ жол, Келіп-кетер талай жан. Талай тартыс сол жолда, Төгіліпті талай қан (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, Аспанда ай менен күн шығылса да, *д ү н и е д е* сірә сендей маған жар жоқ. Саған жар менен артық табылса да (Абай, Тол. жин.). Тақсыр-ау, ол өліп, сіз келе алмайсыз; Жарлығын бір Құдайдың біле алмайсыз. Оған өлім тілеме, *д ү н и е* тіле, Кеткенше кедейлігің қыз алмайсыз (Айтыс). *Д ү н и е* шіркін кірерінде, Жымың қағар амандасып, дүние шіркін шығарында, Асықтырар есік ашып (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). **2.** *Жиған-терген мүкамал, мүлік. Д ү н и е* де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай, Тол. жин.). Төрткөз төбет қартайды, қара кемпір де қартайды, бірақ *д ү н и е* шіркін кәрі көңілді әжептеуір алдайды екен, көзіне уыс-уыс ақша көрінгелі кемпірің шұнақ қағып қутыңдап кеткенге ұқсайды (Ш.Құмарова, Қазбауыр бұлт.). Өзінің ежелгі зайыбын ұмыт қалдырғанына ұялып, ол кісі еліне оралған соң бәйбішесінің алдына мал салып, *д ү н и е* бөліп, күтуші қызметші беріп жеке ауыл етіп шығарыпты (М.Әбдіхалықов, Жердің асты.). **3.** *Тұтыну заттары, керек-жарақ.* Кітаптармен араласып, басқа да *д ү н и е л е р* шығып жатыр. Резеңке қоян, қаңылтыр ысқырық, ләңгі, бірнеше асық шықты (Б.Соқпақбаев, Аяжан). **4.** *Жиһаз, үй мүлкі.* Бұл әйелдің өзі саудагер, қазір кем дегенде 50 мыңдай ақшасы бар, үй іші аузымұрнынан шыққан *д ү н и е* (С.Алдамбеков, Көсе.). **5.** *Құнды еңбек, қымбат туынды.* Петр Феодорович Томаровский жайында бұрын да бірсыпыра *д ү н и е л е р* жазылған (Е.Естаев, Өмір.). Мана Көкенов Әлшекейдің он үш күйін жазып алыпты. Солардың ішінде «Адасқан қаз», «Ақсақ тоқты», «Тоқырау», «Нар соққан», «Аққу кеткен» күйлері бөлек-бөлек *д ү н и е* (Б.Әбдіразақов, Серпіліс). Әлкей оқи жүріп, Ленинград кітапханалары мен архивтерінің көп *д ү н и е л е р і н* қарап шықты (Ә.Жәмішев, Дала). **6.** *Әлем, жержүзі, жиһан.* Ғылым оқып білгенше, Тыным, тыныштық таппаған. *Д ү н и е н і* кезіп көргенше, Рахат іздеп жатпаған (Абай, Тол. жин.). Бұлт дегенің *д ү н и е н і ң* қай түкпіріндегі аспаннан болса да кездеседі ғой (Ж.Жұмақанов, Қаракөз). Қартаймайтын *д ү н и е д е*, Аспанда ай мен күн ғана, Өлмейтұғын өмірде, Көңілді тербер жыр ғана (М.Хакімжанова, Өткелдер). Келіп карта алдына, Тағы да бір түйіле, Қарайықшы көз салып, Не боп жатыр *д ү н и е?* (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). Бүгін сол жігіттің *д ү н и е г е* даңқы шығып отыр (Е.Қалиев, Рудный.). Жады, тылсым буған меңіреу, суықтас енді ұлы құздан жер сілкінгендей күтірлеп құлап, *д ү н и е н і* басына көшіріп, асыр салып жатыр (М.Әуезов, Қилы заман). **7.** *Жер беті, реалды өмір. Д ү н и е д е г і* өткінші құбылыстардың кейі із тастап, кейі ізсіз де өтіп кетіп жатыр (Ғ.Сланов, Дөң асқан). *Д ү н и е д е г і* қызықтың бүгін бәрі, Саған салқын тартқандай, сен – бір кәрі. Болсам деген талапты ұмытқан соң, Құр кеудеге өмірдің несі дәрі. Ойын-күлкі түгіл, *д ү н и е д е г і* бүкіл ләззат бұларға екінші мартәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін аппақпенен ләззаттанады (Абай, Тол. жин.). **8.** *Табиғат, жаратылыс, айнала, төңірек, қоршаған орта.*

Оқушының мектепте түрлі білім салаларын ұғынуы және білімді еңбек тәжірибесімен ұштастыруы – өздерін қоршаған *д ү н и е н і* танып, білудің бастапқы басқышы болмақ (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.). Тып-тыныш маужыраған *д ү н и е д е* құм жолды тіліп бара жатқан екі дөңгелектің ызыңы ғана естіледі (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **9.** *Табиғат пен қоғамда қалыптасатын белгілі бір орта.* Ғалым Левенчуктың ғылымға енгізген бұл жаңалықтары ғылым *д ү н и е с і н д е* үлкен табыс болды (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Теңіз бен мұхиттың тіршілік *д ү н и е с і* өте бай (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). **10.** *Әлем.* Иса табиғатты адамның ой-сезімі *д ү н и е с і н е* бағындырып, жанды бейнеде жырлайды (Е.Ысмайылов, Ақындар). Тіпті сол адамның еркіндік *д ү н и е с і н е* шығып кетуіне өмірдің өзі қарсы сияқты (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **11.** *Қазына, қамба, көмбе.* Оны көмулі жатқан, жасырын *д ү н и е н і* тауып, байып, ауқаттанып алды деп жүр ғой былайғы жұрт («Әдеб. және искусство»). **12.** а у ы с. *Белгілі бір мән-мағынаға қатысты іс-әрекет.* Көбі-ақ мұғалімдердің сабағына қатысу арқылы іске асырылатын *д ү н и е* (Қ.Шыңғысов, Бетпе-бет). Мынау өмірдегі мән-мағына, қасиет, әділет деп жүргендеріміздің бәрі адамдардың өздері ойлап тауып жүрген *д ү н и е л е р і* (Т.Әбдіков, Ақиқат). **13.** а у ы с. *Белгілі бір сөздермен қосылып, мол, көп деген ұғымды білдіреді.* Нағашы-ау, деймін мен таңданған дауыспен — бірнеше баспа табағы бар кітап *д ү н и е н і ң* ақшасы боп кетеді ғой онда! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *// Жаратқан ие, Алла тағала, жер-ана деген мағынада айтылатын қаратпа қызметінде қолданылады.* О, *д ү н и е,* күнәкар етер осындай сұлуларды несіне ғана жараттың (С.Алдабергенов, Алға).

Атағы дүниеге кетті. *Аты әлемге тарады.* Солардың арасында жүрер жеңгей, *А т а ғ ы д ү н и е г е к е т е р* өрлей, Төрт түлік, он түлік боп, қырдан да асып Жыл сайын ырыс үшін бірер төлдей (Қ.Боранбаев, Жаңарған.).

Аумалы-төкпелі дүние. *Кейде олай, кейде былай өзгеріп тұратын өмір, жалған.* Күніне, сағатына қырық құлпырып, қырық өзгеріп жатқан *а у м а л ы-т ө к п е л і д ү н и е* («Қаз. әдеб.»).

Әттең, дүние. э к с п р. *О, дариға, шіркін, қайран өмір, қолдан келер не шара бар деген мағынада айтылатын сөзқолданыс. Ә т т е ң, д ү н и е,* сенің сұм екеніңді батыр да білмей, мерт болады ғой! (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, Өлеңі бәрі – жамау, бәрі – құрау. *Ә т т е ң, д ү н и е-а й,* сөз таныр кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көріне тұр-ау! (Абай, Тол. жин.). Алмас едім қолыма ұршық қылып, Сондығымнан келмейді қырсық біліп. Әйелдігім болмаса *ә т т е ң д ү н и е,* Сабар едім қырсықты тұншықтырып (Айтыс).

Бақи дүние. *Мәңгілік, о дүниелік өмір.* Ол молла болып, бала оқытқаннан бері өзінің өжеттігі мен өрлігі кеміріліп, таусылып бара жатқандай, оның өзін қайратсыздық мүлгіген сопылық басып, *б а қ и д ү н и е* үшін істейтін әлжуаз жан болып бара жатқандай сезінген (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

Бұл [бұ] дүние. *О дүниелік болғанға дейінгі тіршілік, жарық дүние, осы өмір.* Білдім мен де өз басымның *б ұ л д ү н и е д е* қалмайтынын. Алыстағы жолдасымның, Енді хатымды алмайтынын (Ә.Тәжібаев, Жартас). Басын кекжитіп, көкке көтергені болмаса, *бұл дүниені* талақ етіп, басын өлімге байлап бара жатқандай ашулы да ызалы (С.Бақбергенов, Қарға там.). *Б ұ д ү н и е д е н* өтіпсің, шын дүниеге жетіпсің (Батырлар жыры).

Дүние бақи. *Өлген, өмірден өткен.* Ажал жетсе бәндеге, *Д ү н и е б а қ и* болмақ жан (Батырлар жыры).

Дүние боқ. а) *Опасыз өмір, алдамшы тіршілік.* Шалысар және шама жоқ. Алыса кетер айла жоқ, Бүгін көрген ертең жоқ, Ойхой, шіркін, ойласаң Осылай екен *д ү н и е б о қ* (Манас). Өзімнен үлкен аға жоқ, не болмаса іні жоқ, өттің бастан *д ү н и е б о қ* (Батырлар жыры). ә) *Қу тірлік, материалды өмір.* Үлкендер саған айтайын: Мал басына бармаңдар. Ақырет қамын қамдаңдар, *Д ү н и е н і ң б о ғ ы* үшін, сірә, тіпті, азбаңдар (Қаз. ақын. шығ.).

Дүние бөліктері. *Жер бетіндегі құрлықтардың тарихи қалыптасқан бөліктері. Д ү н и е б ө л і к т е р і* алтау: Азия, Австралия, Америка, Африка, Антарктида, Еуропа (ҚҰЭ).

Дүние бүлінді. *Іс насырға шапты.* – Ойбай, *д ү н и е б ү л і н і п т і,* Шәукенің ісі сотқа ілініпті (С.Кенжахметов, Қуырдақ).

Дүние бітім. к ө н е. *Әлем, тіршілік. Д ү н и е б і т і м ,* адамзат жаралғалы, Мұндай жан жаралған жоқ айдан анық. Қылығы қыздан зият махаббат Шырайы ақ жүзінің күннен жарық, Халдаттың патшасының баласы екен, Көргеннің өзі де өмір жүзін танып (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Дүниеге бой алдырды. *Байлықтың қызығына түсті.* Көп адам *д ү н и е г е б о й а л д ы р ғ а н,* Бой алдырып, аяғын көп шалдырған (Абай, Тол. жин.).

Дүниеге келді. с т и л ь. а) *Туды.* Тайыр *д ү н и е г е к е л г е н* Темірбек дейтін жер Нарынқұмы мен Жайық даласының түйіскен жері (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Иесінің *д ү н и е г е к е л г е н і н* сездіретін ақырғы белгісі, томпиған бейіт аз уақытта жоғалмақ, із

бітпек (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Пайда болды, іс жүзінде көрінді.* Сол күннің ертеңіне-ақ Жекебаевты бас мал дәрігерлікке тағайындаған бұйрық та *дүниеге келеді* (М.Рашев, Бетің қисық.). Будда Индияда осы Ганга бойында, дәл осы Бенарес тұсында 2 мың 500 жыл бұрын *дүниеге келген* дейді (М.Әуезов, Индия очерк.).

Дүниеге кең. *Жомарт, пейілі кең.* Отыз жасқа келгенде, *Дүниеге кең* едің, Отыз беске келгенде, қара судың бетінде Шайқалып аққан сен едің (Бұқар жырау, жыр.).

Дүниеге көзқарас. *Біртұтас дүниеге қатысты бағдарлар кешені. Дүниеге көзқарас* – дүниедегі ұсақ-түйек мән-жайларға қатысты емес, біртұтас дүниеге қатысты бағдарлар кешені (ҚҰЭ). *Дүниеге көзқарас* қоғамдық сана мен жеке адам санасының ең жоғары деңгейі (ҚҰЭ).

Дүниеге [көзі] тоймады. *Жиған-терген байлығын қанағат тұтпады, нысапсыз болды.* Нәпсім қарар таптың ба, *Дүниеге тоймайтын*. Бір шыны шай іше алмай (Шәкәрім, Өлеңд. поэм.). Ал Күреңбай азамат Алтын, күміс, жамбыны Қоржынға салып жинады. *Дүниеге көзі тоймады.* Тастайын десе қимады (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Дүниеге шықты. с ө й л. *Өмірге келді.* «Правда» газеті 1912 жылы 5 майда, Петроградта Ленин жолдастың басшылығымен *дүниеге шықты* (С. Дөнентаев, Шығ.).

Дүниеден баз кешу. *Дүниені мақрұм ету, тіршіліктен қашу.* Мұншалықты қасиетсіз де мағынасыз *дүниеден баз кешудің* бірден-бір дұрыс жолы деп өз миын өзі быт-шыт етті (Ә.Тарази, Нұрлы дүние).

Дүниеден күдер үзді. *Өмірден тұңілді.* Бір басында болмай еркі, Соңғы бауырым өлген күннен. Суып жаным меңдеп мен де, *Күдер үздім дүниеден* (А.Жұмағалиев, Өшп. жал.).

Дүниеден қайтты [өтті, кетті, көшті, озды]. с т и л ь. *Қайтыс болды, өлді.* Мен оны құшағыма алып, еңіреп қоя бердім. Менің алғашқы ұстазым, тұңғыш командирім Николай Васильевич Редин осылай *дүниеден қайтты* (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). Талайлар *өтті дүниеден*, Ажалға таппай амалды. Қайда кетті ойлашы, Абақ-Тарақ бабаңды (Б.Бигелдиев, Балқаш). Бір күні ажал кез келсе, *дүниеден көшерсің.* Гүлің солып сарғайып, Шамшырақтай өшерсің (Қаз. ақын. шығ.). Семейден төрт ат алдым бес жүз теңге, Тоймадың екі көзің бұл жалғанға. Көрмедім қатын, бала өз үйімді, Мен *көштім дүниеден* енді арманда (Қаз. ақын. шығ.). Жас *кетіп* біреу *дүниеден*, Арт жағына қалдырған. Әкесі мен шешесін, Қартайып жетсе қазасы, Төлейді бала есесін (Қаз. ақын. шығ.). Баланы өзінің орнына хан қылып, біраздан соң кәрі хан *дүниеден қайтты* (Қаз. ертег.). Арманда өліп барамын, *Дүниеден кеттім* ақырын-ай (Мұңлық-Зарлық). Ханның баласы өскеннен кейін, анасы *дүниеден өтіпті*, хан екінші әйел алыпты (Қаз. ертег.). Құс қонбас құла жапанда, Жылай-жылай бір жалғыз. *Дүниеден өтті* дегейсің (Қыз Жібек). Шырағым, Әділжан, жас қалдың. Келін алып, қызығыңды да көре алмадым, мен бұл *дүниеден озғалы* жатырмын, адал сүт емген әйел ал (Қаз. ертегі.).

Дүниеде теңдесі жоқ. *Еш нәрсе оған тең келмейді.* Өмірге түңғыш келгенімде *дүниеде теңдесі жоқ* нәрлі сумен мені шомылдырған, мені жуындырған бұлақ (Б.Момышұлы, Москва.).

Дүние есігін ашты. а) *Қарсы алды.* Туғанда *дүние есігін ашады* өлең. Өлеңмен жер қойнауына кірер денең Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен, Ойласаңшы, бос қақпай, елең-селең (Абай, Тол. жин.). ә) *Жаңа нәрсені танып-білді, бір іске көзі жетті, білім алды.* Құлжановтар басқаша *дүние есігін ашады* (К.Оразалин, Абай.).

Дүние жалған. *Дүние мәңгілік емес, тез өтеді деген мағынадағы қолданыс. Дүние жалған* деген осы! (Ауызекі).

Дүние жүйелері. *Астрономияда аспан денелерінің, яғни Жер, Күн, Ай және планеталардың құрылысы жөніндегі түсініктерді белгілеу үшін қолданылатын термин.* Поляк астрономы Н.Коперник ашқан *дүниенің* гелиоцентрлік *жүйесінің* тарихи маңызы зор болды (ҚҰЭ).

Дүние кезді. *Көп жерді аралады, әлемді шарлады.* Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны болжағыш адам екен. Ол бір жерде отырмай, үнемі *дүние кезіп*, тіршіліктегі жақсы-жаманды көріп салмақтап, сынап, байыбына жетіп, біліп жүріпті (Қаз. ертег.).

Дүние кезек. *Өмір бірде олай, бірде былай, құбылмалы, өзгермелі. Дүние кезек,* терме тезек деген, біздің де қолымызға қарға тышар, – деді әжем (Ауызекі).

Дүние көрді. *Болымсыз нәрсені әлдеқандай етті.* Сендердің осы бір дүние еместі *дүние көретіндерің* бар-ау! (Ауызекі).

Дүние құды. *Дүние-мүлікке, пайдаға қызықты, дүние жинауға тырысты. Дүние құған* көңілім, нәпсіменен қарайған. Хақ диуанға асықтай, Мұрат тапқан Құдайдан (Қаз. ақын. шығ.). *Дүние құдық* екіленіп, Ұстамаққа кезеніп, Дүние қырын салмады, Ешбір бізге еміреніп (Б.Өтемісов, Шығ.).

Дүниені аударып-төңкерді. *Былықтырды, бәрін араластырды.* Кезінде пединститутты бәрін университетке айналдырдық екен, енді

дүниені аударып-төңкермей, педагогтық мамандықтарды осы университеттердің ішінде-ақ ұқсатуымыз керек еді («Жас Алаш»).

Дүниені бір тиын [есеп] көрмеді. *Малмүліктің бетіне қарамады. Дүниені бір тиын есеп көрмейтұғыны,* жомарттығы, әртүрлі белгісі бойында тұрмас па еді (Абай, Тол. жин.).

Дүниені кең салды. *Емін-еркін дәурен сүрді.* Бұ *дүниені кең салып,* Алтынды қамшы қолға алып (Қыз Жібек).

Дүниені көрген. *Өмірден танып-білгені көп, өмірлік тәжірибе жинақтаған.* Ер жігіт *дүниені көргені* артық, Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық. Түскендей аспан жерге іс болса да, Бел байлап, тәуекел деп төзген артық (Қаз. ақын. шығ.). Ақбілек *дүние көрген* кісі боп, кейде Қарамұрттың қылықтарын асыңқырап айтатын да болды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Дүниені қан сасытты. *Ойран-топыр қылды, қан сасытты қырып-жойды.* Дәулет пен бақты қуып құныққан, *дүниені қан сасытып,* туғалы тоймай өткен, Ақсақ (Қаз. ертег.).

Дүниені қараң қылды [талақ етті]. а) *Әлемді тас-талқан етті.* Істерін істеген. Енді оған осы *дүниені қараң қып* төңкеріп жіберсе де бәрібір сияқты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Тіршілікті қиды, өмірден күдер үзді, тастады.* Басын көкжитіп, көкке көтергені болмаса, бұл *дүниені талақ етіп,* басын өлімге байлап бара жатқандай ашулы да ызалы (С.Бақбергенов, Қарға.).

Дүниенің бейнетін тартты [машақатын шекті]. *Қорлық көрді, бейнет шекті.* Мұңлық пенен Зарлыққа қосылар күнім болар ма? *Дүниенің тарттым бейнетін,* Түзелер ме екен келбетім (Мұңлық-Зарлық). Көл қылып құйдым талай судай ағып, Сөйлей көр өлмей тұрып, тіл мен жағым, *Дүниенің машақатын шектім* талай Алмасын тірлікте ердің бағын (Қаз. ақын. шығ.).

Дүниенің бұты бір-ақ тиын. *Бәрібір, не болса ол болсын деген мағынадағы сөз қолданыс.* Маған мынау *дүниенің бұты бір-ақ тиын,* анау дүниенің адамымын, – деді Мақаш ақсақал Шәкенге (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Еш нәрсенің керегі жоқ, *дүниенің бұты бір-ақ тиын* дегені шығар («Жетісу»).

Дүниенің дәм-тұзын татты. *Біраз жерді аралады, өмірдің ащы-тұщысын көрді.* Мәдине өзі ескі *дүниенің* біраз *дәм-тұзын татып,* сол көлемде қалыптасып қалған көзқараспен келсе де, жаңа заманға бар пиғылымен разы (С.Шаймерденов, Таңд.).

Дүниенің жартысындай. *Өте үлкен, зор.* Көпірмен жүріп, дарияның ар жағына шықтым, ар жағында *дүниенің жартысындай* тас бар екен (Қаз. ертегі.).

Дүниенің тозағы. *Өмірдің соры, тіршіліктің қорлығы.* Атың шабан болса, жалғанның азабы, Алғаның жаман болса, *дүниенің тозағы* (Шешендік сөздер).

Дүниенің төрт бұрышы. *Бүкіл әлем, барлық жер шары. Дүниенің төрт бұрышын* аралап, білімін көтерді («Түркістан»). Бір күнде жас көңілін судай бастың, Тасқындап кемерінен шалқып астың. *Төрт бұрышын дүниенің* көрмей болжап, Қиялмен көк қақпасын барып аштың (Шәңгерей). *Дүниенің төрт бұрышын* түгел алып, Астасып астық жатыр көгіңменен (Жас қанат).

Дүниенің тұтқасын ұстады. *Билік өз қолында болды, бәрін билеп-төстеді.* Сиезге банағы Салық болыс тәрізді *дүние тұтқасын ұстағандарды* шақырды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сенсіз де таңым атып, тауығым шақырады. *Дүниенің тұтқасын ұстап* тұрған сен емессің. Палуан болмай-ақ қойдым («Лен. жас»).

Дүниенің тілін білді. *Өмір сүре алды, өмірдің қыр-сырын білді.* Оның себебі олар *дүниенің тілін білді,* мұндай болды (Абай, Тол. жин.). Қызы оқымысты, *дүниенің тілін біледі* (Қаз. ертег.).

Дүниені тәрік қылды. *Дүниеден безді.* Қаңғырып кетті жапанға, *Тәрік қылып дүниені,* Шыбын жанды қинады, Бір перзенттің дертінен (Мұңлық-Зарлық).

Дүниені шайқап өтті. *Өмірдің бар қызығын көрді, той-думанмен өткізді.* Одан соң біздің елде тайпақ өткен, *Дүниені* заманында *шайқап өткен* (Халық әндері).

Дүние осі. геогр. *Аспан сферасының центрі арқылы өтетін және жердің айналу осіне параллель түзу сызық.* Аспан сферасының көрінерлік қозғалысы *дүние осінің* төңірегінде өтеді (ҚҰЭ).

Дүние өртеніп бара жатса да... *Қандай сұмдық болса да, қиыншылыққа тап болса да.* Осы мінезін білген жұрт *дүние өртеніп бара жатса* да, бұған жалынуды қойып алған (Т.Ахтанов, Таңд.).

Дүние өтті. *Тіршілік өмір артта қалды.* Сізден *дүние өтіпті* Мен де артынан кетейін (Батырлар жыры).

Дүние полюстері. геогр. *Дүние осінің аспан сферасымен қиылысу нүктелері, әлем полюстері. Дүние полюстері* аспан сферасының тәуліктік айналасына қатынаспайды («Білім және еңбек»). Темірқазық – Солтүстік *дүние полюсіне* жақын орналасқан жұлдыз (ҚҰЭ).

Дүние салды. стиль. *Қаза болды, жүрегінің соғуы тоқталды.* Менің шешемді әкеміз Құдайберген алғашқы әйелі Сәуле *дүние салғаннан* кейін алыпты (С.Талжанов, Ұлдай.). Ол жабай *дүние салғанда* бұлардың бар малы боталы жалғыз қара

інген болды (І.Есенберлин, Қаһар). Өлім деген айтып келе ме, он алты жасар баласы бар еді, қапияда мотоциклден құлап *дүние салған* (С. Шаймерденов, Мінез).

Дүние сарсаң. *Әуре, сергелдең, бос сандалыс.* Болатын *дүние сарсаң* туған шақта, Өскемін отын – жастық, құм-құндақта; Жер теуіп темір өкшем балға болған, Иленген тікен шеңгел бұл құшақта (І.Жансүгіров, Шығ.).

Дүние сөзі. *Күнделікті тіршілікке қатысты әңгіме.* Мырзаға, *дүние сөзін* сөйлеуді қойғамыз (М. Ақынжанов, Ыбырай.). Мен *дүние сөзінен* аулақ кетіп бара жатқан жанмын (М.Әуезов, Абай жолы).

Дүниесі тар. *Көңілі алаң.* Қозы Көрпеш дегенде *дүниесі тар.* Анда-санда болмаса, сөйлеспейді, Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар (Қозы Көрпеш.).

Дүние түгел. *Бәрі өз орнында, бәз баяғыдай.* Қазір *дүние түгел.* Бетінің әр жері жараланған, үсті-басы батпақ. Не болды онда ісі жоқ (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Дүние шары. к ө н е. *Дүниенің төрт бұрышы.* – Шын дос болсаң, уәзірім, тыңда зарым Ақылы бір өзінде мың дананың, Сүйген жарым бар еді жаны бірге Атағына таң қылған *дүние шарын* (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Екі дүние. а) *О жалған мен бұ жалған, о дүние мен бұ дүние.* Туған анасы өліп тірілгендей *екі дүниенің* арасынан табылды (С.Бегалин, Ана.). Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы. *Екі дүние* бұл тасдих – хақтың досы. Осыларды бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы (Абай, Тол. жин.). *Екі дүниеде* тілегіңді берсін сенің, Бәтен! – деп көтеріліп қалды (Ә.Нәбиев, Шолпан). ә) *Ескі заман мен жаңа қоғам.* Біздер *екі дүниенің,* бір-біріне қарама-қарсы екі әлемнің адамдары едік (Т.Шаханов, Көгілдір.). Біз екеуміз *екі дүние* адамы екенбіз. Оны біздің мұғалімнің айтуынан әбден түсіндім, – деді Сейіл бір күні Кенжебекке (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). б) *Екі түрлі әлеуметтік орта.* Мақсұтым әмір мағриб десе-дағы, Алынбас болмаған соң ғылым емге. Күллі ісі оңға келмес надандардың, *екі дүние* ғалым мен надан тең бе (Қаз. ақын. шығ.).

Ен дүние. *Кең байтақ, шетсіз, шексіз дүние.* Мен *ен дүниені* жайнатуға, тылсым жұмбақтардың қара түнегін серпілтуге міндеттімін (С. Талжанов, Адам.).

Ескі дүние есігін теуіп ашты. *Ескі өмір құрсауын бұзып шықты. Ескі дүние есігін теуіп ашып*, Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып (Қ.Аманжолов, Өлеңд.).

Жалған [опасыз, қайырсыз] дүние. *Алдамшы, баянсыз өмір, өткінші.* Ойналық та күлелік, Ойласаңдар жігіттер, Мынау *жалған дүние* Кімдерден кейін қалмаған (Махамбет, Өлеңд.). Осы *жалған дүниеден* шешен де өткен не бұлбұл, көсем де өткен не дүлдүл (Абай, Тол. жин.). Ұмытыппын аттарын да Туғанымның, жақынымның, Уа! *Опасыз дүние,* шіркін «Түлкіқұйрық», шашуын мұң (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Қайдан білдің алдына, Ұл-қызыңның келмесін. Хандығыңды міндет қып, *Қайырсыз дүние* жиясың (Ү.Кәрібаев, Шығ.).

Жалпақ [байтақ] дүние. *Шалқар, кең жер.* Көз жетпейді бір биік шың, *жалпақ дүние* төрінде, Нұрын төккен шыңында күн, ойын, сауық елінде (А.Жұмағалиев, Өшпеген.). Мен сені ардақтаймын жүрегіммен, Басыңды, тауыңды да сүйемін мен. Түрсың сен жанарымда – *жалпақ дүние,* Сен күлсең – мен де шатпын, күлемін мен! (Қ. Мүсірепов, Раушан). *Жалпақ дүниені* жалын мен қара түтін қаптап қараңғылық басқандай еді! (Мың бір түн).

Жан дүние. *Адамның ішкі дүниесі сезім.* Тұла бойын суық тер басып тітіреп барады. *Жан дүниесінің* күйзелісін Алтайға қайтқенде сездірмеуге тырысты (С.Шаймерденов, Ауыл жігіті). Осындағылар баланың өзіндік *жан дүниесімен* санасып, оның ата-анасындай көретін ұйым болуы керек (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.).

Жануарлар [жәндіктер] дүниесі. б и о л. *Жер бетінде тіршілік ететін жануарлар (жәндіктер) әлемі.* Біздің планетамызда *жануарлар дүниесі* көп те, сан алуан. Омыртқалы жануарлардың өзінің 48000 түрі бар (Ш.Қожахметов, Ғалым.). Жас натуралистер көмегімен бірекі жылдың ішінде *жануарлар дүниесін* зерттеп және оларды жинақтай отырып, зоология кабинетін ұйымдастырдық («Қазақст. мект.»). Осы әйнектер арқылы Левенчуктің көз алдына тірі *жәндіктер дүниесі* көрінеді (Ж.Сұлтанов, Аурулар.).

Жарық дүние. *Тіршілік, осы өмір.* Онда мына *жарық дүниеде* жүрудің қажеті не?! – «жауап бер» дегендей, зілдене, тік қарап қалыпты әйел (К.Жүнісова, Құстар әні). Өзін бұл *жарық дүниеде* енді жоқ шығармын деп ойлаған ол, екі көзі жұмулы күйінде бұл дауыстың қайдан шыққанын да байқаған жоқ (К.Оразалин, Жексен).

Жер дүние. *Барлық жер, бүкіл аймақ, барлық төңірек.* Әлем дамыл алып бір, Басылды күн желдетіп. Құйып өтті көк жаңбыр *Жер дүниені* көлдетіп (С.Мәуленов, Таңд.).

Иесіз дүние. *Қараусыз қалған, ешкім иемденбеген зат, мүлік, игілік.* Қай қораға барса да шашылып жатқан, *иесіз* жатқан *дүние* (С.Шәріпов, Бекболат).

Кезек [опасыз, баяны жоқ] дүние. *Бірқалыпта тұрмай, алма-кезек ауысып отыратын*

өмір. Бүгін бізді қуантса, Кешікпей-ақ келеді Саған да *кезек дүние!* (Қобыланды батыр). Ой, *опасыз дүние-ай*, сөйтіп күткен жанын құдекең бір күнгідей болмай алды да кетті (Ү.Уайдин, Ендігісін.). Жарасар ер кемде-кем, Егес болса қабаққа. Әншейінде әркім-ақ, өтіп жүрер санаққа. *Баяны жоқ дүние-ай,* Бітсейші дәулет-талапқа (Қаз. ақын. шығ.).

Көк дүниесі. а) *Аспан әлемі*. Бірақ осы уақытқа дейін аспанға ұшып, *көк дүниесін* көрген жан емеспін (Ә. Әбішев, Замана.). ә) *Жер беті*. Содан соң атқұмар батыр *көк дүниенің* ішінен екі аяқтыны айдап шығып, төрт аяқтыны, аттарды бағындар деп әмір еткен дейді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Күншіл дүние. *Опасыз өмір, жалған*. Көп жасамай, көк орған, жарасы үлкен жас өлім Күн шалған жерді тез орған, *Күншіл дүние* қас өлім (Абай, Тол. жин.).

Қыздың дүниесі. э т н. *Ұзатылған қыздың жасауы*. Қыз ұзатып жүргендер тағы да әлденеге келісе алмай, әлдекімдерді таппай, *қыздың дүниесін* де машинаға салып бола алмай жүріп алды (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су).

О дүние. *Махшар, ахирет*. Оның үстіне «әудің» өлікке *о дүниеде* пайдасы тие ме, тимей ме ол да екіталай нәрсе (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Бүкіл өмірін жұмыс істеп мұқтаждықпен өткізіп жүрген адамды дін «Құдай *о дүниеде* жарылқайды» деп жұбатады (А.Құрманғалиев, Ислам діні.). Бұ дүниеден *о дүние* жақсы болса, Адамға айтпай қожалар кетер еді (Айтыс).

Өсімдіктер дүниесі. б о т. *Жер бетіндегі өсімдіктер әлемі*. Орта Азия мен Қазақстанның *өсімдіктер дүниесі* әрі бай, әрқилы екендігі дүние жүзіне ертеден белгілі болатын (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). 1974 жылдың июль айында жоғарыда біз атаған Қызыларай шұратындағы бүкіл *өсімдік дүниесі* бір адамның салғырттығынан түгелдей өртеніп кете жаздады (Жер жаннаты).

Пәни дүние. д і н и. *Осы өмір, қазіргі тіршілік*. Әкеміздің *пәни дүниеден* бақилыққа өткеніне де жылға жуық уақыт болыпты («Алматы ақшамы»).

Сұм [қу] дүние. *Қайырсыз, жалған өмір*. Шынымен отырса да жаны ашып, Қия алмай патшалығын қалды сасып. *Сұм дүние* сылтауды осы тағы айттырды, «Асық сөз айтпа, балам, аса тасып» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Уа, *сұм дүние,* енді көрсетпегенің осы ма еді? («Қаз. әдеб.»). Жаны құрғыр қандай тәтті өлейін деп жатсаң-дағы. Қимайсың ғой *қу дүниені*, Уын талай татсаң-дағы (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Үміт дүниесі. *Жақсылықты аңсау, жаманшылыққа бармау*. Жауынгер үшін заң сол, апа, ең бері тұрған қауіппен есептесесің, оның ар жағында ылғи *үміт дүниесі* жатады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Ішкі дүние. а) *Ішкі құрылыс*. Ауру түйені сойған уақытта оның *ішкі дүниесінде* болған өзгерістерді әркім өзінше байқап, өзінше топшылайтын (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). ә) *Адамның ойлау қабілеті, білім дәрежесі, жан дүние*. Шатпақтың сырт пішін-бейнесі бастыққа лайықты келгенмен, *ішкі дүниесінен* іске асар бір тәуір нәрсе тауып алсаңыз, оңбай кетейін, мына қалған мұрнымды кесіп берем (О.Әубәкіров, Ұзын сөз.). Көркем әдебиет шаруа жағдайының өзгеруімен өзгеріп отырса, сол көркем әдебиетті туғызушы ақын-жазушының *ішкі дүниесі* де өзгермек (С.Мұқанов, Өсу жол.).

ДҮНИЕ-АЙ о д. *Шіркін-ай, өмір-ай, заман-ай деген секілді, адамның әртүрлі көңіл күйін білдіреді. Дүние-ай*, сол қызығы таусылмайтын күндер өстіп көрген түстей көзден бұлбұл ұшады деп ол сірә, ойлап па? (Қ.Найманбаев, Үміт.). Атасы басқа жат ру жаман екен *дүние-ай!* Тастап кетті жұртына (Ер Тарғын). Жарық *дүние-ай!* Жарығың неткен жақсы еді!? Жаңылыспаспын, жарым деп айтсам нақ сені (М.Мақатаев, Мавр.).

ДҮНИЕ-БАЙЛЫҚ з а т. *Барлық қазынамүлік, дәулет*. Өкімет кедейлерге көшеді деген де қауесет бар. Нағыз сіңірі шыққан кедей әлемді билейтін патша болады, *дүние-байлықты* кедейлерге үлестіреді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ДҮНИЕДЕЙ с ы н. **1.** *Өмірдей*. Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер, Бұл көңілсіз *дүниедей* көп жыл өтер (Абай, Шығ.). **2.** *Нәрседей*. Бейімбет Майлиннің творчествосы маған өзекті тұтас *дүниедей* әсер етеді (Т.Әлімқұлов). **3.** *Қазынадай, қымбат заттай*. Олар қазақ әдебиетіне өз *дүниесіндей,* өзінің қымбат қазынасындай қарайды. Әрине, әрқайсысының әртүрлі ой-пікірі бар (І.Омаров, Серпін). Жау самолетінің бөлшектері осы балаға қымбат *дүниедей* көрініп, аға-әпкелеріне, әке-шешелеріне бақытсыздық әкелген қырғын соғыс жылдарын көз алдына елестеткен болар (Арулар.).

Дүниедей болып. *Өзінше кеуде көтергенсіп, әлдеқандай болып; асып-тасып*. Сапар *дүниедей болып* інісіне той жасағанда айтуға да жарамады деп жүрмесін (Ш.Бейсенова, Тойға кел.). Өзінің *дүниедей болып* отырғанын қарашы («Әдеб. майданы»).

Дүниедей көрді. *Әлдеқандай санады*. Сатыбалды балалар үйіне директор болғанда Ахтан бәрін өзінің алғысынан туған *дүниедей көріп* жүреді (С.Хайдаров, Жүрек сыры).

ДҮНИЕЖАНДЫ с ы н. *Дүниеқор, дүниемүлікті ұнататын.* Хасен – *д ү н и е ж а н д ы* жігіт. Сол бір сырын сезімтал Шакизат қана білетін (Д.Әбілев, Арман.). Қасымның әкесінің *д ү н и е ж а н д ы* адамдай көрінгені рас («Еңбек туы».). Сен екеуміздің *д ү н и е ж а н д ы* болуымызға осы жағдай әсер еткен болар («Қаз. әдеб.»).

ДҮНИЕЖАНДЫЛЫҚ з а т. *Дүниежанды болушылық.* Мұншама *д ү н и е ж а н д ы л ы қ т ы ң* адамға опа бермейтінін білмейтіні өкініштi-ақ («Әдеб. майд.»).

ДҮНИЕ-ЖИҺАЗ з а т. *Күнделікті тұрмысқа қажетті заттар мен мүліктер, жиһаздар.* Әр тараптан келген сыйлық зат, *д ү н и е ж и һ а з д а р ғ а* толы жаңа отаудың есігін ашып, екі жастың өз алдарына тұрмыс құрған шексіз қуаныштарына ортақ болдым (А.Әлсеров, Алыстағы.). Дүкендерінде не керектің бәрі бар: матаның түр-түрі, *д ү н и е-ж и һ а з* көз тұндырады (Б.Тоғысбаев, От пен күл.). Көшенің екі бетіндегі кең жаймаларда қытайы жібек, күнге шағылысқан әр алуан асыл тас, алтын, күміс бұйымдар, былғары мен шұға, аң терілері, шартараптың саудагерлері әкелген ірі-ұсақ *д ү н и е-ж и һ а з* ыбырсып жатыр (Ә.Кекілбаев). Көрікті кинотеатрлар, көпшілік кітапханалары, *д ү н и е-ж и һ а з ғ а* толы дүкендер, мәдениет ордасы мектептер, сұлу, сәнді Демалыс парктері – жаңа қаланың жан сүйсінерлік жақсы сипаттары, жарқын көріністері (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ДҮНИЕЖҮЗІ з а т. *Бар әлем, ғалам, жержүзі.* Қажымұқан деген кісі *д ү н и е ж ү з і н д е г і* атақты балуандардың біреуі (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Аты *д ү н и е ж ү з і* ғылымына әйгілене бастаған Шоқанның жасы ол кезде не бәрі жиырма бесте ғана еді (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Қаһарландық, саптандық, Жауға түгел аттандық. Фашистерді жоямыз *Д ү н и е н і ң ж ү з і н е н* (Өлең д. жин.). Хорезм мәдениетінің іргетасын қалаған – Қаңлы-қыпшақ елдері. Сол ерте заманның үзілмей келе жатқан мәдени қоры араб мәдениетіне келіп жалғасты. Мұса ибн Мұхаммед әл-Хорезми, Абунасыр әл-Фараби, Әбулрайхан әл-Бируни, басқасын қойғанда, дәл осы үш есімнің өзі-ақ *д ү н и е ж ү з і н і ң* мәдени ошағының үш аяғы деуге болады (А.Машанов, Әл-Фараби.).

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. *Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында құрылған халықаралық қоғамдық ұйым. Д ү н и е ж ү з і қ а з а қ т а р ы н ы ң қ а ү ы м д а с т ы ғ ы н ы ң* негізгі мақсаты – шетелдерде жүрген қазақ диаспорасымен жан-жақты байланыс орнату («Егемен Қазақстан»).

Дүниежүзі тілдері. *Әлемде бар барлық тілдер, халықтар тілдерінің жиынтық атауы.* Сонау Орхон-Енисей жазуларын, екі түркі, шағатай сөздерін, *д ү н и е ж ү з і т і л д е р і н і ң* тарихын Құдайберген бізге кітапсыз-ақ жақсы ұғындырған еді (Қ.Бекхожин, Шығ.). *Д ү н и е ж ү з і т і л д е р і н і ң* ұзын саны 3000-нан 10000-ға дейінгі аралықта деген тұжырым да жоқ емес (ҚҰЭ). Соңғы жылдары *д ү н и е ж ү з і т і л д е р і н і ң* төрттен бірі 1000 сөйлеушіге, тең жартысы 10000 сөйлеушіге азайған, сонымен қатар 455 тілді ана тілім деп есептейтіндер саны 100 адамнан аспаса, 310 тіл өлі тіл ретінде танылып отыр (ҚҰЭ).

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК с ы н. **1.** *Дүниежүзіне қатысты, бүкіләлемдік. Д ү н и е ж ү з і л і к* банк – БҰҰ жүйесіндегі бірнеше халықаралық қаржы ұйымдарынан тұратын топ («Алматы ақшамы»). *Д ү н и е ж ү з і л і к* кеден ұйымы 1950 жылы Брюссельде Кедендік кеңестер достастығы ретінде құрылған халықаралық ұйым («Жас Алаш»). Алматы мен Астанада кешкі сағат 22 болғанда *д ү н и е ж ү з і л і к* уақыт 16 сағат болады (ҚҰЭ). **2.** *Танымал, атақты.* Мұның бәрі қазақтың халық ақыны Жамбылдың *д ү н и е ж ү з і л і к* өшпес даңқының айғағы (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Дүниежүзілік валюта жүйесі. қ а р ж ы. *Дүниежүзілік шаруашылық байланыстардан туындаған валюта-экономикалық қатынастардың жиынтығы. Д ү н и е ж ү з і л і к в а л ю т а ж ү й е с і н е* ұлттың валюталары кіреді («Түркістан»).

Дүниежүзілік мұхиттың белдемділігі. г е о г р. *Мұхит суы қасиеттерінің (температурасы, тұздылығы, химиялық элементтері, органикалық дүниесі) таралу заңдылықтары. Д ү н и е ж ү з і л і к м ұ х и т т ы ң б е л д е м д і л і г і н і ң* негізгі түрі – ендік белдемділік (ҚҰЭ).

Дүниежүзілік сауда ұйымы. э к о н. *Халықаралық сауда ұйымы. Д ү н и е ж ү з і л і к с а у д а ұ й ы м ы* Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесіне кіреді, дүниежүзілік сауда ережелерін әзірлеу жолымен мемлекеттік сауда саясатына ықпал жасау, сауда қатынастарын неғұрлым ырықты және болжалды ететін келіссөздер форумын өткізу, дауларды реттеу міндеттерін атқарады (Қаз. тілі термин. Экономика). *Д ү н и е ж ү з і л і к с а у д а ұ й ы м ы* халықаралық сауда байланыстарын реттеп, қатысушы елдердің сауда-саттық және тарифтік саясатын (өзара сауда қатынастарының принциптері мен ережелерін, баж салығы мен келісімшарттың міндеттемелерін, өнімдерді стандарттау мен сертификаттауды, импортты лицензиялауды, экспортты қаржыландыруды, т.б.) үйлестіріп отырады (ҚҰЭ).

Дүниежүзілік уақыт. г е о г р. *Бастапқы (нөлінші) меридианның орташа күн уақыты. Дүниежүзілік уақыт* бүкіл Жер шарына ортақ. Ол астрономияда, ғылыми зерттеулерде қолданылады. Ал тұрмыста, ішкі істерде әр ел өз уақытын пайдаланады (ҚҰЭ). Алматы мен Астананың декреттік уақыты *д ү н и е ж ү з і л і к у а қ ы т т а н* 6 сағат алда (ҚҰЭ).

ДҮНИЕҚОҢЫЗ с ы н. *Дүниеқор, дүниежанды, дүние жинауға тоймайтын.* Дүйсен жаннан асқан *д ү н и е қ о ң ы з.* Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады (М.Әуезов, Қараш.). Ағасының іні бойынан ұнатар жалғыз қасиеті – *д ү н и е қ о ң ы з* еместігі (Ж.Молдағалиев, Екі дос.). Ойында болсын, досым, – деді Фараби, – өз басынан өзі мін таба алмағандар *д ү н и е қ о ң ы з* хайуандар деп біліңіз (А.Машанов, Әл-Фараби.).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДАН= е т. *Дүние жинауға, байлық жинауға құнығып кету, дүниежанды болу.* Өзі әбден *д ү н и е қ о ң ы з д а н ы п*, құнығып барады, апырмай, адам қалай тез өзгереді («Қазақст. әйелдері»).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНДЫР= е т. *Дүние жинауға, байлық жинауға құнықтыру, дүниежанды етқізу.* Көрген қиыншылығы оны *д ү н и е қ о ң ы з д а н д ы р ы п* жіберген сияқты (Ауызекі).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНДЫРУ *Дүниеқоңыздандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ү н и е қ о ң ы з д а н д ы р у* үрдісі.

ДҮНИЕҚОҢЫЗДАНУ *Дүниеқоңыздан етістігінің қимыл атауы.* Өзі *д ү н и е қ о ң ы з д а н у ы м е н* қоймай, барған сайын құныгып бара жатқандай («Қазақст. әйелдері.»).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДАУ с ы н. *Дүниеге жақындау, байлыққа құмарлау, дүниеқорлау.* Батырханның әйелі *д ү н и е қ о ң ы з д а у* адам еді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *Д ү н и е қ о ң ы з д а у* кейбіреулері қара мал, бірер тұяқ жылқыларына дейін қалдырмай тиеп алған (Ә.Сараев, Тосқауыл.). Нариманның әкесі оған *д ү н и е қ о ң ы з д а у* адам көрінді («Әдеб. және искусство»).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫҚ з а т. *Дүниеқоңыз болушылық, дүниеқорлық.* Қызғаншақтық пен *д ү н и е қ о ң ы з д ы қ т ы* өзі де жек көретін (С.Балғабаев, Құм.). Бұл тұла бойы тек мәнсапқорлық пен *д ү н и е қ о ң ы з д ы қ т а н* тұратын адам («Қаз. әдеб.»). Әлбетте, шектен шыққан құлқынқұмарлық, *д ү н и е қ о ң ы з д ы қ* (Қ.Ахметов, Таңд.). Өзі сіне жауапсыз қарайтын, *дүниеқоңыздықпен* қателікке ұрынатын есепшілер де кездеседі («Қаз. әдеб.»).

ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Дүниеқоңыздық.*** Көпшілік мәдени және қоғамдық жұмыстарға қатысуға уақытым жоқ дейтін сылтаудың түп-төркіні *д ү н и е қ о ң ы з д ы л ы қ қ а* байланысты болса керек (С.Қасиманов Алтай.).

ДҮНИЕҚОР с ы н. **1.** *Дүниеқоңыз, дүниеқұмар.* Мал қызығына батқан *д ү н и е қ о р,* сараң Қарабайда ар-ұят, әділет жоқ. Ол ерге де, елге де опасыз, тас бауыр, өзімшіл (М.Әуезов, Әр жыл.). Малжан малдан басқа еш нәрсені білмей өткен нағыз феодал. Қарасай ақша арқылы дүниені жалмаған қара қоңыз, *д ү н и е қ о р* жанның өкілі («Қаз. әдеб.»). *Д ү н и е қ о р* сол байдың Дүниеден жалғыз мұңы бар, Бір перзентке зар болған (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Дүниеге жаны ашығыш, құнттағыш, обалсынғыш.* Ханеке, бұл күнәмді кешіріңіз, Қылмыс емес қате ғой мұның өзі. Төгуге сүтті қимағандық, *д ү н и е қ о р* адамның бір мінезі (Е.Бердин, Қанды асу). Бір уыс ұн болса да ішіпжем жағынан қарайласатын Молдамұрат *д ү н и е қ о р* Алтынай үшін екі туып бір қалғаннан да жақын (Ұ.Доспанбетов, Ел есінде).

ДҮНИЕҚОРЛАН= е т. *Дүние жинауға, байлық жинауға құныгып кету, дүниеқоңыздану. Д ү н и е қ о р л а н ғ а н* адамда бедел болмайды (Ауызекі).

ДҮНИЕҚОРЛАНУ *Дүниеқорлан етістігінің қимыл атауы. Д ү н и е қ о р л а н у* – жаман әдет (Ауызекі).

ДҮНИЕҚОРЛАУ с ы н. *Дүниежандылау, дүниеқоңыздау, дүниеге жақындау.* Ал әйелі болса *д ү н и е қ о р л а у* кісі, оның ашық алақанын жұмғысы келеді. Әзіл-қалжыңын шын көріп қызғаныш білдіреді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Өзің *д ү н и е қ о р л а у* емессің бе? Босағамнан аттамай жатып, менің малымды түгендегенің қалай? (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Ал үй ішіндегі құлқынан, сөзінен, қимылынан *д ү н и е қ о р л а у* жанның бейнесін танығаң (Х.Есенжанов, Ағайынды.).

ДҮНИЕҚОРЛЫҚ з а т. *Дүниеқор болушылық, дүниеқоңыздық, дүниежандылық.* Накеңнің малқорлыққа, *д ү н и е қ о р л ы қ қ а* берілгені сонша, жымысқы іс істеп жіберуден тайынбайды (Т.Бердияров, Солдат.). Орынбайдың ағыл-тегіл өнеріне сүйсіне отыра, ақынның кейбір пендешілік мінездерін, мәселен, *д ү н и е қ о р л ы ғ ы н* да байқаған («Қаз. әдеб.»). Құда бала, кеңесің жақсы кеңес, Бірақ та *д ү н и е қ о р л ы қ* жақсы да емес, Көтерген құсың жаман болғанымен, Айтқан сөзің есімнен шығар емес (Айтыс).

ДҮНИЕҚҰМАР с ы н. *Дүниежанды, дүние, мал-мүлікті ұнататын, қызыққыш.* Біреулер *д ү н и е қ ұ м а р,* енді біреулер сараң, санасыз деп мысқылдайды (М.Иманжанов, Менің махабб.). Қазынадан үлес сұрайтын *д ү н и е қ ұ м а р* болсаң, үйіңдегі алтынды неге алып шықтың? (С.Жұбатыров, Алыс.). – Жоқ, жоқ, өзі *д ү н и е қ ұ м а р* болса керек, – деді ол (С.Ақтаев, Шығ.).

ДҮНИЕҚҰМАРДАЙ с ы н. *Дүниеқұмар сияқты, дүниеқұмар тәрізді.* Дәл бір байлық жинауға құныққан *д ү н и е қ ұ м а р д а й* ешкімге еш нәрсе татырғысы келмейді («Қаз. әдеб.»).

ДҮНИЕҚҰМАРЛАН= е т. *Дүние жинауға, байлыққа ие болуға құныгу. Д ү н и е қ ұ м а р л а н ы п* кеткенің дұрыс болмаған (Ауызекі).

ДҮНИЕҚҰМАРЛАНУ *Дүниеқұмарлан етістігінің қимыл атауы. Д ү н и е қ ұ м а р л а н у д а н* аулақ бол (Ауызекі).

ДҮНИЕҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Дүниеқұмар болушылық.* Адамгершілік пен *д ү н и е қ ұ м а р л ы қ* бір көкірекке сыйыс бермейді (Ж.Еділбаев, Тереңдегі.). Б.Мұқатаевтың «Жедел жәрдем» повесінде мещандық пен *д ү н и е қ ұ м а р л ы қ т ы* сынайды («Қаз. әдеб.»). *Д ү н и е қ ұ м а р л ы қ* та қатты ашыған қымыз сияқты ма деймін (Қ.Тоқмырзин, Оқшау.).

ДҮНИЕҚҰМАРША ү с т. *Дүниеқұмарға ұқсап, дүниеқұмар тәрізденіп.* ≈ *Д ү н и е қ ұ м а р ш а* құныгып кетті.

ДҮНИЕЛІ с ы н. *Дүниесі көп, мүлікті, жиһазды.* Жиһазды, *д ү н и е л і* ақбоз үйдің ішінде өлік жатқандай, жұртта үн жоқ. Бастарын салбыратып, төмен қарап, көбі жер шұқылай береді (І.Есенберлин, Қаһар). Осы біздің үйден кейін үшінші үйде кемпір мен шал тұрады. Шал мен кемпір қазір пенсияда, өздері *д ү н и е л і* (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Ақылға болды жүйрік үш баласы, үшеуі де *д ү н и е л і,* білімді еді. Жазуға да жетілді парасаты, Қылышты да сөйлете біліп еді («Әлем халық. достығы»).

ДҮНИЕЛІК[1] зат. **1.** *Дүние-мүлік, бұйым, жиһаз.* Бұл үйлерде не көп, *д ү н и е л і к* көп екенін көрдік. Бірақ кітап жоққа тән (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Үй іші *д ү н и е л і к к е* малынып тұр. Керегелеріне түгел кілем құрыпты (Ғ.Орманов, Жүрек). *Д ү н и е л і к* керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? (Абай, Тол. жин.). **2.** *Керек-жарақ зат.* Құсайын бұл кезде фуражкасы мен шинелін төрдегі шегеге іліп, затқапшығынан жуынуға керекті *д ү н и е л і к т е р і н* ұстап, сыртқа қайта шыққан (Х.Ахметбеков, Жеңіс сарбазы). Толып жатқан керек-жарақ, майда-шүйде – шопандар мен жылқышыларға қажетті *д ү н и е л і к т е р* (Қ.Ахметбеков, Шығ.). Екі мың сомның қаншама ақша екенін, оған нендей *д ү н и е л і к т е р* сатып алуға болатынын ойлап басым қатты (Ғ.Қабышев, Әңгім.). **3.** *Қастер тұтар естелік, ескерткіш нәрсе.* Он жасар «Левочка» кезінен бастап, сексен екі жастағы Толстойдың дүние салатынынан үш күн бұрын жас балаларға жолдаған хаттарына дейінгі *д ү н и е л і к т е р* (М.Әлімбаев, Көңіл). Менің қолымнан қазір апам *д ү н и е л і г і н е н* ыстық ескерткіш ретінде сақтап жүрген жалғыз ғана дүние қалды. Ол – апамның қоңыр қамзолы (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.). Соғыс жылдары осы *д ү н и е л і к* бұзылып, етек-жеңі кесіліп, қысқарып қалды (Ж.Молдағалиев, Айналайын).

Дүниелік жинады. *Дүниелік жиналыстырды, дүниесін көбейтті.* Ата-ана шамасы келсе михнаттанып мал жинаса да, *д ү н и е л і к ж и н а с а* да, «артымда балаларыма қалсын» дейді (Абай, Тол. жин.).

ДҮНИЕЛІК[2] с ы н. **1.** *Дүниежүзілік, әлемдік.* Мектеп, медреселерде ешқандай *д ү н и е л і к* ғылым-білім, ана тілі, қазақ әдебиеті сияқты пәндер оқытылмаған (Қаз. әдеб. тар.). Біздің романистеріміз *д ү н и е л і к* әдебиеттің озық үлгілерін қашан да қадағалап, үйреніп отырса теріс емес (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Енді бақсам, *д ү н и е л і к* білімнен сырт жатқан халық жоқ сияқты (І.Омаров, Шабыт). **2.** *Танымал, атақты.* Не керек сөзің тірі – өзің тірі, Алтындай жарқырайды жайнап гүлі, Жүз жыл болды, қара жер сені алғалы, Сен *д ү н и е л і к* ақынсың осы күні (Жамбыл, Тол. Жин.). Жақсыда күндес те, дұшпан да жеткілікті. Осы Күзембай ана жылы күріш өнімінен *д ү н и е л і к* рекорд жасады дегенде, соған күмән келтіргендер де табылды (О.Сәрсенбаев, Жақсылық).

Бұ [бұл] дүниелік емес. *Тіршілікте көп тұрмайды, көп ұзамай қайтыс болады деген мағынада қолданылатын сөз.* Оның *б ұ л д ү н и е л і к е м е с* екенін біліп тұрса да, жақын адамы қашан көз жұмғанша қимайды (Т.Ахтанов, Дала.). Ыбырайды оңаша алып шығып, Сембайдың *б ұ л д ү н и е л і к е м е с* екенін айтты (М.Жұмағұлов, Қыран). Мен *б ұ л д ү н и е л і к* жан *е м е с п і н*! «Көктемге жеткізіп ал»,— деп жатырмын (Д.Әбілев, Арман.).

О [ол] дүниелік болды. *Қайтыс болды, көз жұмды.* Қайран Хадиша қыршын кетті ғой. Соларды *о д ү н и е л і к б о л а р* деп кім ойлаған? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Айдан асты жалғыз шеше *о д ү н и е л і к б о п* кеткелі (Р.Сейсенбаев, Аңсау).

ДҮНИЕЛІКТЕЙ с ы н. *Дүниелік сияқты, нәрседей.* Қар үйірген боран, сақылдаған сары аяз бұл өңірдің еншісіне тиген, тән *д ү н и е л і к т е й* (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.).

ДҮНИЕ-МАЛ з а т. **1.** *Байлық, қазына.* Басыма бұл қайғыны Құдай салды, Жасым жетіп, дүниеден көңілім қалды. Бір күні ажал жетіп өлсе қалсам, Иеленіп қалар кім *д ү н и е - м а л д ы* (Батырлар жыры). **2.** *Несібе, дәулет.* Көп жасадым, көп көрдім талайларды, Еңбектеп таптым ақыр *д ү н и е - м а л д ы* (Халық ақын.). Өзім қойшы біреудің есігінде күнелтерлік менің жоқ *д ү н и е - м а л ы м* (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

ДҮНИЕ-МҮКӘММАЛ з а т. *Барлық жиған-терген зат.* Өмір бойы жинаған *д ү н и е м ү к ә м м а л* бірге кетті. Тоқпақтай қол

сандықтың ішінде жүздеген қара кетіп барады (С.Жүнісов, Жапанда.).

ДҮНИЕ-МҰЛІК з а т. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* Ендігі бір әзірде айнала ұқыпты да, ұсынықты жиналған *д ү н и е-м ү л і к к е* сүйсіне қараған Арынның көз алдына манағы жолдасының қонақжайы кеп тұра қалғандай еді (Қ.Найманбаев, Үміт өткелі). **2.** *Жиған-терген, дүниелік.* Мұсылман діні бойынша, ері өлген әйел күйеуінің *д ү н и е-м ү л к і н і ң* жартысына ғана ие болуына қақы бар (Ә.Бәженов, Дүние.). Кім бақытты, кім бақытсыз? – деп сұрапты Сағдидан – Кімдекім тамақты ішіп-жесе, дән ексе, сол бақытты, қызығын көрмей, өліп кетіп, *д ү н и е-м ү л і к* артында қалған адам бақытсыз (Сағди). Қызмет істеп, табыс тауып тұрған жалғыз Құлмырза түрмеге түсіп, үйіндегі *д ү н и е-м ү л і к* қатталғаннан кейін, шиеттей бала-шаға шулады да қалды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **3.** *Дәулет, байлық.* Атамнан бастаған көп жасауыл тиыш жатқан момақан елдің малын, *д ү н и е-м ү л к і н* талап, үйін өртеген (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Жер, жесір, құн, барымта дауларының бәрінде де бір жағынан *д ү н и е-м ү л і к* таласы болса, екінші жағынан атақабырой үшін тартыс жатады (Б.Адамбаев, Халық дана.).

ДҮНИЕ-МҰЛІКТІ с ы н. *Дүниесі жеткілікті, мүлкі, жиһазды.* Ол бүгінге дейін *д ү н и е-м ү л і к т і* түрмыстың сәніне балап, олқылықты сонымен толтырдым деп келген (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Қасымның әке-шешесі әлді-ауқатты, *д ү н и е-м ү л і к т і* адамдар болған («Мәдениет және тұрмыс»).

ДҮНИЕ-ПҰЛ з а т. *Дүнелік, ақша-қаражат.* Өз басым қызметі тәуір жақсы жігітке, *д ү н и е п ұ л г а* қайрылмайтын қыз бар деп есептеймін (Ә.Нәбиев, Шолпан).

ДҮНИЕСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Туындысымақ, әйтеуір шығарма деген аты бар.* Татымды, кестелі тіл орамы қәне? Бұны айтамыз-ау, тіпті, әңгіме деп айтуға батылың жетпейтін *д ү н и е с ы м а қ т а р д ы ң* жинаққа енуі қандай қажеттіліктен туды екен? («Лен. жас»).

ДҮНИЕТАНУ з а т. **1.** *Айнала, қоршаған әлем туралы алғашқы білім беретін бастауыш сыныптың пән атауы.* ≈ *Д ү н и е т а н у* сабағы. **2.** ***Дүниетаным***. Көркем шығарма дегеніміз эстетикалық таным мен образдық ойлаудың көрінісі, көркемдік шындық арқылы жалпы *д ү н и е т а н у ы м ы з ғ а* зор үлес қосуы керек («Қаз. әдеб.»). Баланың ақыл-ойы мен *д ү н и е т а н у ы н* қалыптастырып, дамытуда да, мінез-құлқындағы қажетті сапаларын шыңдай түсуде де ойынның мәні зор («Халық мұғ.»). Шәріпқалидың жалпы *д ү н и е т а н у ы* өз жасындағы өзге балалардан әлдеқайда жоғары жатыр (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ДҮНИЕТАНЫМ з а т. ф и л о с. **1.** *Шындыққа қатынасын анықтайтын қағидаттар мен көзқарастар, пайымдаулар жиынтығы.* Ыбырай қазақ сахарасында тұңғыш рет ана тілінде *д ү н и е т а н ы м* мектебін ашты (М.Ақынжанов, Қаз. ағарт.). Есенберлин шығарма үшін оқиға, кейіпкер, сурет бояуларын екшеуіне, оларды қажет, зәру мөлшерде қолданылуына, оның коммунистік *д ү н и е т а н ы м ы н* бірден-бір құбылнама болғаны да түсінікті (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Абстракциялық, модерндік ағымдар адам санасын уландырып, оның көркем бейнеде *д ү н и е т а н ы м ы н* бұлдыр тұманға айналдырады (І.Омаров, Шабыт). **2.** *Дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті.* Дүниетану көркем әдебиет өмір айнасына, адамдардың рухани сусынына, *д ү н и е т а н ы м ы н а* айналды (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). **3.** *Білім, ой-сана.* Ойнайтын актерлері бар, бірақ режиссерлық баяндау, актерлік *д ү н и е т а н ы м*, орындаушылық әр басқа (Ф.Оразов, Жастық шақ.).

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ с ы н. ф и л о с. *Дүниетанымға қатысты, соған тән.* Ғалым әңгіме барысында *д ү н и е т а н ы м д ы қ* ой-пікірмен бөлісті («Қаз. әдеб.»). *Д ү н и е т а н ы м д ы қ*, суреткерлік жағынан жұрдай «диалогтар» әрқашан да шын өнердің бағын ашпақ емес («Қаз. әдеб.»). Жартығасырлық тәжірибемен кемелденген көп ұлтты советтік әдебиеттерді өзінің *д ү н и е т а н ы м д ы қ* позициясының айқындығымен байытқан социалистік реализм өнер, әдебиет алдына әлі де биік талаптар қояды (М.Қаратаев, Туған. әдеб.).

ДҮНИЕШЕ ү с т. *Дүние сияқтанып, дүниеге ұқсап.* Бұл күндері болғанда, *д ү н и е ш е* қызық деп, Күйеуіңді күтті құрметтеп Құрметтеу міндет деп (Бес ғасыр.).

ДҮНИЕШІЛ с ы н. *Дүниеқор, дүниеқұмар, дүниежанды.* Дүмше молда – *д ү н и е ш і л* (Мақал.).

ДҮНИЕШІЛДІК з а т. *Дүниешіл болушылық, дүниеқоңыздық, дүниеқорлық.* Жеке сәттіліктің тар мағынасындағы *д ү н и е ш і л д і г і н е* бөленген және неге болса да тікелей қатысы жоқ деп есептейтін парықсыз семьяда селқос адам өседі (Т.Сыздықбеков, Біз. заман.).

ДҮНИЯ з а т. е с к і к і т. ***Дүние***. Бәйбішені бір күні толғақ қысты, Толғатқанға қатындар жиылысты. Тоғыз ай, тоғыз күн толған шақта, *Д ү н и я ғ а* шырылдап бір қыз түсті (С.Мұқанов, Таңд.).

Дүния көрді. *Өмір көрді, жаңа сатыға көтерілді, елге танылды.* Шығыстан шыққан жүйрік күйші Дина, Сан алуан сәнді күйін тартты сыйға. Құрметті күй атасы Құрманғазы, Дина арқылы *к ө р д і* ол жаңа *д ү н и я* (М.Хакімжанова, Гүл.). Босанып аман-есен Қалампыр жас, Болашақ батыр сонда *д ү н и я к ө р д і* (О.Шипин, Дастан.).

Мұсылман дүниясы. *Мұсылмандар арасы, іші, ортасы.* Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүкіл *мұсылман дүниясының* ұлұғ адамы еді (М.Дулатов, Шығ.).

ДҮНИЯУИ [ар. دنياوى] с ы н. е с к і к і т. **1.** *Дүниелік, дүния.* Әлдене жарқ ете қалды да, көз алды аппақ болып, ізінше *д ү н и я у и д і ң* бәрі қасқыр түске айналды (О. Бөкеев, Үркер). **2.** *Материалды дүниеге тән, тұрмыстіршілікке қатысты.* Дастарқан басында пәлендей бөтен-бастақ сөзге барыспай, жақын адамдар арасында болатын жылы, тәтті *д ү н и я у и* әңгіменің төңірегінен аса қойған жоқ (С.Омаров, Күншуақ). Құранда діни мәселелермен бірге *д ү н и я у и* мәселелер де бар, – деді мұғалім (І.Жансүгіров). Ол сезім *д ү н и я у и* пиғылдарыңды іске асыру үшін емес, жүрегіңде мәңгі сөнбейтін бір от қалдыру үшін ғана қажет (Т.Әбдіков, Күз.). **3.** *Жаратылыстануға қатысты.* Олардан басқа да оқылатын *д ү н и я у и* сабақтар да көп екен, мысалы, хайуандардың, өсімдіктердің тіршілігі, жердің, күннің, жұлдыздардың жаратылысы сияқты ғылымдар (С.Мұқанов, Таңд.).

Дүнияуи әдебиет. *Дүниежүзілік әдебиет. Д ү н и я у и ә д е б и е т т і ң* үздік туындыларын тәржімелеу керек («Жас Алаш»).

ДҮҢ[1] е л і к. *Ауыр зат құлағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Ауыр бір нәрсенің *д ү ң* етіп құлағаны естілді («Қаз. әдеб.»).

Дүң еткізді. *Еш нәрсеге қарамады, елемей айтып салды.* Қанат түйеден түскендей етіп бір сұрақтарды *д ү ң е т к і з д і* (Н.Сералиев, Ыстық күлше.).

Дүң тиді. *Ауыр тиді, дөрекі тиді.* Қарашаштың сөзі қашанғысынша дөкір, *д ү ң т и д і* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай.).

ДҮҢ[2]: **дүң қарағай**. *Зәулім биік қарағай, алып қарағай.* Тянь-Шань тауының сай саласындағы *д ү ң,* самсап өскен *қ а р а ғ а й л а р* көз жауын алады («Жетісу»).

ДҮҢГУ *Дүңгі етістігінің қимыл атауы.* Күшті жарылыстың *д ү ң г у і* естіледі (Ауызекі).

ДҮҢГІ= е т. *Дүңк-дүңк еткізу, дүңгіру.* Бұталары қаланың, Ақ үкілер тағында. Тоң мен мұздар қалыңдап, Жерді *д ү ң г і п* жарылды (С.Сауытбеков, Өс-өс.).

ДҮҢГІР[1] з а т. *Ішіне сұйықтық құйылатын, тұрмыста пайдаланылатын темір ыдыс.* Екі *д ү ң г і р д і* түйеге теңдеп алып, Асаға келіп су құйып алып жатқам. Арғы беттен дауыс шықты (С.Досымов, Жаңғырық.).

ДҮҢГІР[2] е л і к. *Бос, іші қуыс заттың басқа затқа соғылуынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Барақ бүкіл ауылға естілердей ғып өкіректеп кеп күледі. Күлкісі төбеден домалаған бос бөшкенің *д ү ң г і р і* сияқты (С. Мұратбеков, Көкорай). Жақсыбайдың арбасының дөңгелегінен естілетін *д ү ң г і р* үзілгенше далада қарап тұрды (С.Бегалин, Замана.).

Дүңгір етті. *Салдыр-гүлдір, даңғыр етті.* Байбосын аузын жиғанша болған жоқ, терезе түбінен бірдеме *д ү ң г і р е т е* қалды да, әлдекім сырттан сарнап қоя берді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ДҮҢГІР-ДҮҢГІР е л і к. *Шектеулі, көлемі аз кеңістіктің ішінен қатты шықпай, даңғырламай естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Түбірдегі аттың доғасына ілген үлкендікішілі үш қоңырау, бәрі де жез қоңырау, әсем күмбірлеп, табиғат дүлейін зор оркестр десек, мыналар соның ішіндегі сыбызғы үнді скрипкаларға ұқсайды; сыңғыр-сыңғыр, *д ү ң г і р-д ү ң г і р,* шылдыр-шылдыр (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Дүңгір-дүңгір етті. *Дүңгірледі, күңгірледі.* Асанның *д ү ң г і р-д ү ң г і р е т к е н* құлағы ештемені де естімейтін сияқты (С.Ғаббасов, Серпер.).

ДҮҢГІРЕ = е т. с ө й л. ***Дүңгірле***. Гүлбану құлағы теледидардан *д ү ң г і р е п* күңірене жөнелген музыка үніне тұнып бара жатты (А.Байтанаев, Қансонар.). **2.** а у ы с. *Көз тартып даңғырап тұру.* Жаңа ғана жөнделіп, сырланған мәдениет ұясы *д ү ң г і р е п* тұр (А.Нысаналин, Армысың.).

ДҮҢГІРЕК зат. жер г. *Шәшке, шыныаяқтың үстіндегі бөлігі.* Шай аяқтың *д ү ң г і р е г і* сынып қалып, шайды кесемен ішіп отырмын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДҮҢГІРЕТ= е т. *Көз тартатындай даңғыратып бірнәрсе тұрғызу.* Әнипаның да есін жиып, етегін жапқан шағы осы тұс еді. *Дүңгіретін* бес бөлме үй салды (Ж.Сатаев, Құйын.).

ДҮҢГІРЕТУ *Дүңгірет етістігінің қимыл атауы.* Көп бөлмелі үй тұрғызып *д ү ң г і р е т у і н* қарашы (Ауызекі).

ДҮҢГІРЕУ *Дүңгіре етістігінің қимыл атауы. Д ү ң г і р е у д е н* құлағы тұнып қалды. (Ауызекі).

ДҮҢГІРЛЕ =е т. **1.** *Сартылдау, шулау.* Коридор іші сатыр-сұтыр жүріспен *д ү ң г і р л е п* кетті (С.Мұқанов, Ботагөз.). **2.** *Даңғырлау, қаңғыр-күңгір ету.* Атамның *д ү ң г і р л е г е н* қошқар мүйіз көне торсығы бар. Өзіне деген қымызды соған бөлектеп құйып, жүктің астына тығып ұстайды (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Суланып, мұз боп сіресқен арқан темірдей иілікпейді. Құдықтың екі бүйіріне қауғам кезек соғып *д ү ң г і р л е й д і* (Н.Сералиев, Қаңтар.). **3.** а у ы с. *Даңғырау, алыстан көз тартып тұру.* Осы директор келгелі осы құмдағы құдық көзі ашылып, қыстығүні *д ү ң г і р л е г е н* ақ үйде отыратын болдық («Қаз. әдеб.»).

Құлағы дүңгірледі. *Әлдеқандай физикалық әсерлерден немесе құлақ мүкістене бастағанда, естілген дауыстың күңгірлеп, дұрыс ұғынылмауы. Қ ұ л а ғ ы* тарс бекіген саңырау бірі,

Өлі емес, дені сап-сау, өзі тірі. Даусын *дүңгірлеген* естімейді, Құдайдың соқтықса да көк пен жері (М. Көпеев, Тірлікте.). – Әй! – деді ол жерошақ басында күйбеңдеген кемпірше – естідің бе? Біреу келе жатқан сияқты ғой. – Қойшы, өзіңнің *құлағыңның дүңгірлегені* шығар. Кім келуші еді? (А. Нұрманов, Құлан.). Асанның *дүңгірлеген құлағы* естімейтін сияқты (С.Ғаббасов, Қыран.).

ДҮҢГІРЛЕК з а т. э т н. *Бітеу ағаштан ойып жасайтын ұзынша ағаш шелек.* Ертеректе қазіргі шелектің орнына көбіне-көп *дүңгірлек* пайдаланылған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ДҮҢГІРЛЕС= е т. *Көз тартып даңғырап тұрысу.* ≈ *Дүңгірлескен* үйлер.

ДҮҢГІРЛЕСУ *Дүңгірлес етістігінің қимыл атауы.* Жаңа үйлердің *дүңгірлесуін-ай!* (Ауызекі).

ДҮҢГІРЛЕТ= е т. **1.** *Дауыстың белгілі бір шектеулі, төбесі биік кеңістіктің шетіне жаңғырығып, дұрыс ұғынылмай естілуі.* Поптың жуан даусы залдың бұрыш-бұрышын анда-анда бір *дүңгірлетіп* қояды (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). **2.** а у ы с. *Шулату, бәрін өзіне қарату.* Жер шайқалтқан шуменен Аза тартқан туменен Жолға шықты қаралы. *Дүңгірлетіп* дүниені Шеру тартып барады (Манас). **3.** *Дүңгір-дүңгір еткізу, даңғырлату.* Барабанды *дүңгірлете* соғып, сап түзеп көшеге шыққанда жұрттың көзі бізде болушы еді (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара.).

ДҮҢГІРЛЕТУ *Дүңгірлет етістігінің қимыл атауы.* Мүлгіген тау ішін тас жолдың дүлікпуі мен *дүңгірлетуі* жаңғырықтырды (З.Ыбыраев, Өскемен).

ДҮҢГІРЛЕУ *Дүңгірле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күмбездердің *дүңгірлеуі.*

ДҮҢГІРШЕК[1] з а т. *Қатық, қаймақ не май салуға арналған ағаштан жасалған шағын, шұңғыл ыдыс.* Байырғы шеберлер *дүңгіршекті* қайыңның безінен қақпағымен бірге жасап, оюлап қоятын («Білім және еңбек»). *Дүңгіршек* кейде қабақтың қабығынан да жасалынады (ҚҰЭ). Бір кеседе сары май, кішкене шөңкеде шайға қататын сүт, бір *дүңгіршекте* бал, оны айнала шауып бір-екі ара жүр (Б.Қыдырбекұлы, Алатау).

ДҮҢГІРШЕК[2] з а т. ө с. <лат. lentibulariaceae> *Судың тереңдеу жерінде қалқып жүретін бір және көпжылдық су өсімдігі.* Насеком қоректі өсімдіктердің ішінде біздің еліміздің барлық территориясында дерлік түгел кең тараған түрі – *дүңгіршек* (Табиғаттану.). Судың тереңдеу жерінде жапырақтары қалқып жүретін су өсімдігіне ақ гүлді, сары гүлді *дүңгіршіктер* жатады (Ботаника.). *Дүңгіршек* өзіне қажетті элементтерді (азот, фосфор, калий т.б.) жәндік денесінен алады. Маусым-тамыз айларында гүлдейді (ҚҰЭ). Оттегі онша көп болмайтын сияқты судағы балықтардың аквариумда жақсы өсуі үшін *дүңгіршек*, көнбіс, жебежапырақ, қосалақан, бақаоты тәрізді өсімдіктерді аквариумға егудің пайдасы зор (Ботаника).

ДҮҢГІРШЕК[3] з а т. м у з. *Қазақ халқының үріп ойнайтын этнографиялық сазды аспабы.* Қобыз, *дүңгіршек*, үш ішекті, іші ішекті қуыс мойынды домбыралар тәрізді халықтың музыка аспаптарын да іздеп табу қиын (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Балалар Қаратау ұшқатынан сырнайдан өзге қылқобыз шанағы, жетіген, шертер, сыбызғы, *дүңгіршек*, дудыға, үш ішекті домбыраның мойны жасалатынын білген жоқ (Д.Досжанов, Жусан.).

ДҮҢГІРШЕК[4] з а т. м е д. *Мал қарнының безсіз келген, жұқа, дәмсіз бөлігі, жұмыршағы.* Біздің пайымдауымызша, анатомияда айтылатын – *дүңгіршек* слепой мешок желудка деп аударылады (Анатомия).

ДҮҢГІРШЕК[5] з а т. ж а ң а. <франц. kiosque> *Ұсақ-түйек зат, азық-түлік т.б. сатуға арналып істелген шағын дүкен, киоск.* Биыл да Қытай дүкендері мен *дүңгіршектерінде*, Қара базарларында үш лақ (бағылан, тоқты) суреттері көптеп сатылды («Түркістан»).

ДҮҢГІРШЕКТЕЙ с ы н. *Дүңгіршек сияқты, шап-шағын.* Шет жақтағы *дүңгіршектей* боз үйдің қасына дәртесін көкке қаратып, серейтіп қойған су жаңа көк арбаны көрді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Балапандар бұрынғыдай емес, қазір енелерінен аумайды, *дүңгіршектей* ұяға сыймағандай (Т.Жақыпбайұлы, Лашын).

ДҮҢИ= е т. с ө й л. ***Дүңки***. Дреднауттар құрсап келді *дүңиіп* Зеңбірегі қаһар тігіп, үңіліп (С.Сейфуллин, Шығ.).

ДҮҢК[1] е л і к. *Ауыр заттың жұмсақ затқа соқтығысуынан, не құлауынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* ≈ *Дүңк* еткен дыбыс.

Дүңк дегізді. *Сарт еткізді, ұрып кеп қалды.* – Әй, кәрі бура, жыныңды шашып құтырмай тек отыр, – деп Сақина да сол бүйірінен *дүңк дегізді* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Дүңк еткізді. а) *Гурс еткізіп атты.* Бір қияның кертешіне барғанда, мылтығын жоғары қаратып Қайырбек *дүңк еткізді* (Ғ.Сланов, Шалқар). ә) *Бірден айтып салды.* Мен енді осы сөзін ол Меңдештің көзінше *дүңк еткізе* ме деп қыпылықтап жүрдім (Б.Аманшин, Жар мұңы). Сәлім өзінің бұл сөзі Бейсеннің көңіліне келеді деген жоқ, ойланбай ойындағысын *дүңк еткізіп* айтып салды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Галя өз ойымен алаң болып, қасындағы жігіттің сөзін де ден қойып тыңдамады. Кенет Бәшек түйеден түскендей: – Мен сені сүйемін, – деп *дүңк еткізді* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Дұңк етті. а) *Тарс етіп құлады, гүрс етті.* Жанып келе жатқан тас әйтеуір біздің үстімізге құламай, он қадамдай асып барып, *дұңк ете* түсті (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.). Жер еденге *дұңк етіп* қойылған ауыр шелектің сылдыры естілді («Лен. жас»). ә) *Дұңк-дұңк етті.* Төрт-бес адам шауып келіп, үйдің сыртына *дұңк етіп* түсті де, аттарын байлар-байламастан асыға үйге кірді («Қаз. әдеб.»). б) *Күтпеген жерден сөз болып, жан-жаққа өрбіп тарады.* Кенесары қолы Көкшетау жақты шауыпты деген хабар келесі күні-ақ бүкіл Сарыарқаға *дұңк ете* қалды (І.Есенберлин, Қаһар). «Тымақ кепті даладан... Ұшып кепті қаладан...» деген хабар *дұңк етті,* Тымақ біткен күңк етті, Шуылдасты, жиылды, Алласына сиынды (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Патша қазақтан солдат алады-мыс» деген хабар *дұңк ете* түсті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). г) *Қорс етті, мыңқ етті, бірден айтып салды, қойып кеп қалды.* – Е, қызықсың ғой өзің, біреу бүлдіріп жатса, үндемей отыруым керек пе? – деп *дұңк етті* Батырбай (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ДҰҢК[2] с ы н. с ө й л. *Томырық мінезді, ұрт, қорс етпе.* Марияның күйеуі бір даңғой, *дұңк* көрінеді (Х.Ерғалиев, Шындық.). Осындай сөзді Асқар естісе ғой, оспадар *дұңк* мінезді адамды ауруханаңың маңайынан жүргізбес еді (І.Жақанов, Қайта орал.).

Дұңк етпе. *Дұң, томырық мінезді.* Арғы үрім-бұтағың да осы өзің секілді *дұңк етпелер* екен, нәсіліңе тартқаның ғой (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ДҰҢК-ДҰҢК е л і к. **1.** *Тарсылдамай, сартылдамай шыққан соқтығыстың тұншығып естілетінін білдіретін сөз.* Енді күпәйкесін шешпестен, керзі етігімен тақтай еденді *дұңк-дұңк* басып төргі бөлмеден бірақ шықты (Д.Досжанов, Тұлпар.). **2.** *Жүректің соғуын бейнелейтін сөз.* Сағаттың түк-түк тырсылы, Жүректің *дұңк-дұңк* дүрсілі. Естіледі бөлмеде, Сөйлемеймін мен неге? (Ж.Смақов, Тамшы).

Дұңк-дұңк етті [естілді]. а) *Тасырлады, сарт-сұрт етті.* Рақымбай қатты жүрістен әбден жалықты. Оның үстіне *дұңк-дұңк еткен* қара көк аттың желісі іші-бауырын солқылдатып барады («Лен. жас»). ә) *Ел-жұртқа алып-қашпа сөз тез жетіп, кеңінен таралды.* Байлардың малын кедейге тартып әпереді, өздерін жер аударады, деп *дұңк-дұңк ете ді* жұрт (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Райханды алып қашуға келгендер қара беттер екен деп жұрт *дұңк-дұңк етті* (С.Жүнісов, Жапанда.). Гүпілдеген өсек, гуілдеген сөз басылмай-ақ «Қаппас үйленіпті» деген сөз де елге тағы да *дұңк-дұңк естілді* (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

Дұңк-дұңк хабар. *Алыпқашты сөз, дақпырт.* «Пәленшеден он саулық, түгеншенің отарынан жиырма бес өліпті деген, аяздан да ызғарлы *хабар дұңк-дұңк* естіліп жатыр (Жалғыз салт атты). Бұл дақпырт ауданға ертеңінде-ақ таралып, «жаңа басшылар тәртіп жөнінен қатты кетіпті» деген *дұңк-дұңк хабар* жан-жаққа тарап жатты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ДҰҢКЕ: дұңке шелек. *Түбі тереңдеу шелек.* Қос тұлымшағын шуда жіппен түйген, кекілі желпілдеген кішкене қыз айран құйған аяққа қол соза беріп, *дұңке шелектің* баулығын сылдырлатып алып еді (Ш.Мұртазаев, Интернат).

ДҰҢКЕШ з а т. б о т. <лат. peplis> *Тергүлдер тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік. Дұңкештің* Қазақстанның далалық, шөлді, таулы аймақтарында тараған екі түрі бар (Т.Мұсақұлов, Ботаника.). Кезекжапырақты *дұңкеш* Тобыл, Ішім, Ертіс, өзендері мен Мұғаджар, Торғай, Ұлытау, Қарқаралы, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Қаратау маңайындағы сулы, әрі дымқыл жерлердегі шалғын шөп арасында өседі (ҚҰЭ).

ДҰҢКИ= е т. **1.** *Дөңкіп ісу.* Сау қолын жұлқылай босатпақ болғанда бір жағына тойпиған кержі етігінің өкшесі *дұңкиіп* жер бастырмай жүрген аяғымның үстінен басып кетті (М.Құмарбеков, Шынар). **2.** *Қорбию, үлкен болып көріну.* Терезеден ашық аспан көрінеді. Сол ашық аспанның тегін белдеулеп *дұңкие* жатқан адыр-белестер поезбен жарысып келеді (С.Шаймерденов, Мінез). **3.** *Семіру, зораю.* Осыдан жырақтау алаңда, қораның әр тұсында біріне-бірі қашаңдау қойылған көп жас пілдер бар. Кейбіреулерінің азуы өскен, бойлары да жас, дегенмен едәуір зорайып, *дұңкиіп* биіктеп алған (М.Әуезов, Индия очерк.). **4.** *Шығыңқы келу, дүрдию.* Барақтың бетінен еш белгі сезілген жоқ, ісіңкі қабақтардың арасы *дұңкие* қосылып, көз шарасын шұңқырайтып жіберіпті (С.Сматаев, Елім-ай). Анау *дұңкиген* қабақтың дөңесіне екі сызықтай болып жанаса тірелген жіңішке қасты шіреуінен босатса, сопақша жүздің тәп-тәуір келісімін қазіргідей бұза қоймас еді (С.Сматаев, Алғашқы асу).

ДҰҢКИТ= е т. *Дөңкиту, күжірейту, дүрдиту.* Шалқар төсін *дұңкиткен* тасқынын да, жағасындағы елге бөгелек, сәйгіл боп тиген кедейлік, жоқшылығын да сонда бірге көрген Ілияс ең (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). Үстіне бір үзім етті жапсырғандай *дұңкитіп* шыға келді (С.Жұмабаев, Шеңгел).

ДҰҢКИТУ *Дұңкит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төсін *дұңкиту.*

ДҰҢКИЮ *Дұңки етістігінің қимыл атауы.* ≈ Адыр-белестердің *дұңкию і.*

ДҮҢКТЕУ с ы н. *Дөң мінезділеу, томырықтау, ұрттау.* Той үстінде де Исабек бөлесін қыз маңайына жақындата берген. Өң-келбеті келістілеу болғанмен, мінезі *д ұ ң к т е у* екенін Самат сол жолы байқады да, ішін тартып қалды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ДҮҢКУ з а т. м е д. <грек. phlegmone> *Ірің кеулеп, терінің көтерілуінен болатын ісік.* Іріңнің тері астындағы шелі мен етке тарап, жан-жағына жайылуын *д ұ ң к у* – флегмона дейді (Ә.Әбішев, Мал санитары.).

ДҮҢКІ= е т. **1.** *Іріңдеп ісіну, қабыну.* Ұсақ балалар сирақтары жарылып, табандары *д ұ ң к і п*, жейделерінің жаға-жеңін, дамбалдарының балағын буып, шабақ, балық сүзуге кірісті (М.Мағауин, Бір ата.). Қан жиналған жер тез ісініп, *д ұ ң к і п* алғаш қолмен сипап оны байқағанда жұмсақ, былқылдақ болады (Ғ.Әбішев, Малда. жарақат.). Төлегеннің табанын тас тіліп, шөгір кіріп талай шоңқиып отырғаны бар. Сонда Мариям аяғын жылы сумен жуады, маймен сылайды, қанаған жерін ақ шүберекпен байлайды. *Д ұ ң к і п*, іріңдеп, зар қақсатқан аяққа бұл да ем (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** а у ы с. *Дүрлігу, дүр сілкіндіру.* Сұрапыл соққан, күңіреніп, Көл толқыны басылар, Тітіреп *д ұ ң к і п* жарылған Жер толқыны басылар (С.Сейфуллин, Өленд.). Көккамыр өңірінің тау-тасына дейін *д ұ ң к і п* кетті. Шетке шыққан шеріктерді қағып түсірумен ештеңе бітпейді ғой (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

Дүңкі: дүңкі жүру. ж е р г. *Дөрекі мінез көрсету.* Бәрі өздеріңнен – түзу жүрмей, *д ұ ң к і ж ү р е с і ң д е р* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДҮҢКІЛ з а т. **1.** *Дүңк-дүңк еткен дыбыс.* Баяғыдай бірі түсіп, бірі аттанып жатқан көп дүсір жоқ. Келінің *д ұ ң к і л і*, балғаның тақылы сияқты күлді-көмеш күнкөріс күйбеңнің үні (Ә.Кекілбаев, Дала.). Поезд дүңкіліне *д ұ ң к і л* қосып жарыса шыққан аттылар да келеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Казарма ішін ағаш тоқпақтың пышаққа соғылып, біріне-бірі жалғасқан бір сарынды *д ұ ң к і л і* билеп алды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Аттың дүрсілі, адамның үні, әлдекімнің айғайы қосылып, түйдектелген *д ұ ң к і л* дыбыс шығарды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** а у ы с. *Еміс-еміс естілген күдікті әңгіме, ұзынқұлақ, суық хабар.* Қала беттен келесің ғой, кеше ертемен *д ұ ң к і л* естідім, әркім оны әртүрлі жориды, бірақ бұл соғыс алды деп білем (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Соғыс туралы айтылған *д ұ ң к і л д і* естімесе де, соның тауқыметін көре, көтере жүріп оқуға тура келді (М.Сәрсекеев, Туған жер.). Қазақ дауылпаздарының *д ұ ң к і л і* де кең даланың үстінде қалықтай жөнелді (І.Есенберлин, Жанталас).

Дүңкілге салды. а) *Баяғы әдетіне басты.* Ол баяғы *д ұ ң к і л і н е с а л ы п* өзінің арманарызын айтып жатты («Жұлдыз»). ә) с ө й л. *Қақпаға қайта-қайта доп кіргізді.* Екінші тайм басталып, намысы қозған югославиялықтар үсті-үстіне *д ұ ң к і л г е с а л д ы* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ДҮҢКІЛДЕ= е т. **1.** *Дүңк-дүңк еткен дыбыс шығару, түсірлеу, тасырлау.* Соның арасынша, коридор едені *д ұ ң к і л д е п*, есік тық-тық етіп қалды (Ғ.Сланов, Очерк). Бақтиярдың жуастығы соншалық, алақанмен салып қалсаң, *д ұ ң к і л д е г е н* дыбыс қана естілетін сыңайлы (М.Қабанбаев, Кермек.). Күнде осы уақытта ыстық даланы одан сайын ысытып, мотор *д ұ ң к і л д е п* қоя беретін (Ә.Нұршайықов, Алтын.). **2.** а у ы с. *Әр жерден, онан-мұнан хабар естілу, ел-елге әйгіленіп тарау.* Патша тақтан құлаған хабар қазақ даласына тез тарады, қыс айында кісі аяғы жете қоймайтын алыс ауылдарға да осы хабар *д ұ ң к і л д е п* естіліп жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *Д ұ ң к і л д е п* жержүзіне даңқы кеткен, Мол өнім зор табысқа қолы жеткен Отанға 20 миллион пұт бидай құйды, Табылып ел алдында берген серттен (Пернедегі терме.).

ДҮҢКІЛДЕК[1] з а т. м у з. *Қазақ халқының ұрмалы, дабылды-шулы сазды аспабы. Д ұ ң к і л д е к т і* ойнаушы оны алдына көлденең жатқызып та, тігінен қойып та, мойынға асып алып та ойнай береді (ҚҰЭ). *Д ұ ң к і л д е к* аспабы фольклорлық мақсаттағы жиын-тойларды, салт-дәстүр ойындары мен рәсімдік билерде қолданылады («Мәдениет және тұрмыс»). *Д ұ ң к і л д е к* өте сирек кездесетін этнографиялық нұсқадағы аспап болып табылады (ҚҰЭ).

ДҮҢКІЛДЕК[2] с ы н. **1.** *Дүңк-дүңк еткен, гүрілдек.* Жібектей есілген қоңыр үнді ол (Дәрмен) *д ұ ң к і л д е к*, дөкір дауыспен: – Газетке жазамын, — деді (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Отыз шақырымдай жерді қоңыр биенің дәл осы *д ұ ң к і л д е к* желісімен түске дейін басып өттік (З.Жәкенов, Қайта айналып.). **2.** *Дүңкілі көп.* Бос күбі *д ұ ң к і л д е к*, мақтаншақтық – адамның осалдығы, уақтығы (І.Есенберлин, Аманат.).

ДҮҢКІЛДЕС= е т. *Әңгіме қылысу, әрі-бері алыпқашпа әңгіме тудыру.* Имантай баласы тас жинаудың оқуына баратын болып, артық оқудан ауыса бастаған деп ауыл, үй, төңірек осылай *д ұ ң к і л д е с к е н* (Е.Букетов, Атан қомында).

ДҮҢКІЛДЕСУ *Дүңкілдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қосыла *д ұ ң к і л д е с у.*

ДҮҢКІЛДЕТ= е т. **1.** *Дүңк-дүңк еткізу, түсірлету.* Көп вагондар тіркеп келе жатқаны поездың жерді *д ұ ң к і л д е т к е н* салмақ дыбысынан сезіледі (С.Мұқанов, Саяхат.). **2.** *Еденді, жерді тесіп жіберердей етіп жүру.* Осы мезетте

есік сыртынан фраудың шар ете түскен үрейлі даусы естілді де, бірнеше адамның аяғы еденді *д ұ ң к і л д е т т і* (Ж.Тілеков, От кешу). Бұлар енді коридорды *д ұ ң к і л д е т і п,* кейбіреулері темір шпалдарға сүрініп, қараңғыда келе жатты (С.Ерубаев, Шығ.).

ДҰҢКІЛДЕТУ *Дыңкілдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үру, тарсылдатып ұру.* Бірақ Қанаттың онымен ісі жоқ, есікті *д ұ ң к і л д е т у м е н* болды (С.Асылбеков, Оттан. ыстық). **2.** а у ы с. *Дүрліктіру, даурықтыру.* Сәске түс болмай-ақ өрт жіберуші жайлы хабар елі ішін *д ұ ң к і л д е т у м е н* болды (А.Хангелдин, Ғани.).

ДҰҢКІЛДЕУ *Дыңкілде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Есіктің *д ұ ң к і л д е у і.*

ДҰҢКІС с ы н. *Сәл дыңкиіңкіреген, сәл томпиған.* Безеріп жатқан елсіз жон енді бейжай ұйқыға бас қойған аждаһадай көлденең түсіп *д ұ ң к і с* жатыр (С.Елубаев, Жарық дүние.).

ДҰҢКІТ= е т. *Дүрліктіру, дүр сілкіндіру.* Жастардың еңсесін той-думан салтанаты көктем шуағындай жайнатып өткен. Той әсері ойқырды *д ұ ң к і т і п* еді (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ДҰҢКІТУ *Дыңкіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ой-қырды *д ұ ң к і т у.*

ДҰҢШЕ з а т. к ө н е. *Көмекші малай.* Бұдан басқа да замың, *д ұ ң ш е,* күңдері де толып жатыр («Қазақ»).

ДҮП[1] з а т. с ө й л. **1.** *Мылтықтың, автоматтың дүмі.* Әлім қулыққа көшті, автоматтың *д ұ б і м е н* қабырғаны бір түртті (Ә.Шәріпов, Партизан.). Қуып жеткен солдат ең алдымен ананы мылтықтың *д ұ б і м е н* ұрып жіберіп еді (К.Оразалин, Жексен). Міне, әлгі полицей автомат *д ұ б і м е н* корзинканы бір-екі рет нұқып өтті («Қазақст. мұғ.»). **2.** а у ы с. *Ең соңы, түп.* Осы кезде Абай мен Ербол дүбірлесіп алып: – Енді *д ұ п к е* сақтаған әнді айтамыз! – десті де аса бір сәнді, салмақты, назды қоңыр ән айтып шықты. Ән – «Ақ қайың» болатын (М.Әуезов, Абай жолы). Жемге жетілген *д ұ п т е г і* торының дертесіне Қамқордың аты бос байланыпты (К.Оразалин, Көктем.).

ДҮП[2] е л і к. *Дүпілдеп естілген дыбысты бейнелейтін сөз.* Төбеден *д ұ п* етіп секіріп жерге түсті («Жұлдыз»).

ДҮП-ДҮЗУ с ы н. с ө й л. *Оқтай түзу, тартқан сымдай түп-түзу.* Ол оқтаудай *д ұ п-т ұ з у* балтырлы аяғына биік өкшелі қара туфли киген (І.Есенберлин, Аманат.). Төргі үйге Ақзейнеп өтті. *Д ұ п-д ұ з у* бойы, сәнді мықыны, толық омырауы, ақшыл жүзі Күнзилаға да сурет секілді боп көрінді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ДҮПӨҢ з а т. ж е р г. *Мылтық, құс мылтық.* Кешке қарай иығына *д ұ п ө ң і н* салып, ойға қарай біреу кетіп бара жатыр еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДҮПІЛ з а т. *Дүп-дүп еткен дыбыс, лүпіл.* Жоқ, жоқ, қарағаным жоқ. Тек сырттан *д ұ п і л* естілген соң сыртқа шыққаным ғой («Қаз. әдеб.»).

ДҮПІЛДЕ= е т. **1.** *Лүпілдеу, алып ұшу.* Айқасты екі жақтың қос білегі, *Д ұ п і л д е п* соқты Арзының жас жүрегі, Түлкідей қарға аунаған бойы балқып, Назданып Арзы сұлу мөлдіреді (Ғ.Малдыбаев, Қырым.). Итбайдың жүрегі *д ұ п і л д е п,* қолы қалтырап, ақшаны екі-үш қайта санап, әйкеліне сыймағасын, жаман орамалына қайта-қайта түйіп қалтасына салды (С.Көбеев, Қалың мал). *Д ұ п і л д е п* жүрек бой иіп, Бола ма бойды жеңбеске. Сағымды қуып сандалып, Кетті күнің келмеске (Дастандар). **2.** а у ы с. *Дүңкіл шығару, әйгілеу, жариялау.* Төңіректегі ел *д ұ п і л д е п* хабар таратты (Ауызекі).

ДҮПІЛДЕК з а т. з о о л. <лат. jynx torguilla> *Үлкендігі кептердей, тоқылдақ тәрізділер тобына жататын құс. Д ұ п і л д е к т і ң* денесі бірыңғай сарғыш қоңыр түсті, арқасында күрең қоңыр ұзын жолақтары болады (Зоология). *Д ұ п і л д е к т і ң* басқа тоқылдақтардан ерекшелігі – қорегін ағашты ойып емес, жерден теріп жейді, ұясын дайын қуыстарға салады (ҚҰЭ). *Д ұ п і л д е к* – жыл құсы, сәуір айының ортасында ұшып келеді (ҚҰЭ).

ДҮПІЛДЕТ= е т. *Алып-ұшты ру, дүңкілдету.* Бүгін жасырғанмен, ертең-ақ жұрт *д ұ п і л д е т і п* естіртпей қоймайды (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Жұрт үйін көтерсе де, қора салса да, тіпті оны сыласа да күн бұрын *д ұ п і л д е т і п* төңіректің төрт бұрышына хабар беріп жатқаны (Б.Тілегенов, Көктем.).

ДҮПІЛДЕТУ *Дүпілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төңіректі *д ұ п і л д е т у.*

ДҮПІЛДЕУ *Дүпілде етістігінің қимыл атауы; дүрсілдеу, лүпілдеу.* ≈ Жүректің *д ұ п і л д е у і.*

ДҮР[1] [ар. دُر] с ы н. **1.** к ө н е. *Атақты, даңқты, мықты, білімді.* Парсыда өткен Фирдоуси, Заманында *д ұ р* еді. Не жүйрік келіп дүниеге Аяқтарын тіреді (Үш ғасыр.). Айдынды жақсы аймен тең, Жомарт жігіт баймен тең, Шешен жігіт *д ұ р м е н* тең, Иманды көңіл кірмен тең (Үш ғасыр.). Енді білдім, Сұлушаш, енді білдім! Қармағына түсіпсің мықты *д ұ р д ің.* Ол қармақтан құтқарып алу үшін Қолынан не келеді мендей «құлдың» (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** ж е р г. *Мықты, күшті.* Адамды ақырғаны тоңдырады, Бір өзі бір жігіттей он *д ұ р* еді (Х.Ерғалиев, Шығ.). Бәріміздің әубастан да бір болғанымызды, бір болсақ, күні ертең-ақ қайтадан *д ұ р* болатынымызды түсіну үшін де осылай істеуге тиіспіз (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Жаманға бақ зәуімен қонса бір күн, Ойланып өзін-өзі дейді *д ұ р м і н* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). **3.** ж е р г.

Шебер, маман, шешен. «Түтпейді түбі бірге» деген үшін, Баратыр батылсынып тілім сағаң. Ишарат ақылы барға дегендей-ақ, Аз ғана айтсын үгіт *дүрің* сағаң (Т.Ізтілеуов, Шығ.). **4.** ж е р г. *Бөспе, мақтаншақ.* Біз оны *дүр* Иманалы дейміз, өйткені ол мақтанып көп сөйлейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

Дүр қамшы. *Дырау қамшы.* Бейшара Оразкеннің түсі қашқан, Жылауға, қозғалуға есі адасқан. «Аяғым ауыр, қой деймін!» – деп айтқанында, *Дүр қамшы* ойнап кеткен қайран бастан (М.Жұмабаев, Шығ.).

Дүр санады. *Өзін-өзі көтеріп жоғары ұстады, көкірек керді.* Біз секілді қария түсінбей қалса кешірімді болар, өзін *дүр санап* жүріп, қатарынан қалып қоятын, сонда да өз мінін көрмейтін қайсыбір жастар туралы не айтамыз, – деді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ДҮР[2] ү с т. *Қауырт, құрт, бірден.* Жұрт *дүр* қуанып, бірін-бірі сүйеді (Д.Әбілев, Арман.). Түскенде таң атар, жерге жарық, Бай ауыл *дүр* оянды аттан салып. Түс-түсқа жөнеп берді қуғыншылар, Айқай-шу, ат дүбірі жерді жарып (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Жапырағы *дүр* өсіп, Жамылды бақ, тоғайы, Жыршы құстар үн қосып, Тамылжыды таңдайы (Ғ.Орманов, Таңд.).

Дүр көтерілді. *Қаулап өсті.* Есік алдындағы ағаштың жапырақтары *дүр көтеріліп* шыға келді (Ауызекі). ә) *Дүркіреп көтерілді, мықтап жақсарды, құрт дамыды.* Театрдың ішінде шаттықтың сәулесі ойнап, жұрт *дүр көтерілгенде* бәрімен бірге мен де «Браво!» деп айқайлаймын (Ө. Күмісбаев, Жапырақ.). 1933 жылдың жазында Қазақстан *дүр көтерілді* (Т.Нұртазин, Үлкен.).

Дүр сөздер. *Елең еткізіп тебірентер сөздер.* Демесін ақын бірден жыр бұлағының қайнар көзі ашылғандай, *дүр сөздер* шумағын төгіп-төгіп жібереді (Ж.Арыстанов, Таң.).

Дүр сілкінді. *Жан-жануар бойын жазып желпінді.* Көк қаршыға шегір көзін төңкере шаңырақтан аспан әлеміне құмарта бір қарап, бір рет *дүр сілкініп* қойды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Тоқа кеп жирен қасқадан түсіп жатыр екен. Жануар қаншырдай қатып жарапты Үстінен түні бойы ер түспесе керек, *дүр сілкініп* қойды (С.Мұратбеков, Көкорай).

Дүр сілкіндірді. *Тебірентті, елең қақтырды.* Тосын естілген суық хабар ел ішін *дүр сілкін дірді* («Лен. жас»). Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! деген Левитан даусы үй ішін *дүр сілкіндіріп* тұр екен (А.Мұздыбаев, Тағдыр).

Дүр тітіретті. *Қатты әсер етті.* Бұл хабар ел-жұртты *дүр тітіретті* (Ауызекі).

ДҮР[3] [ар. دُرّ] з а т. *Қымбат бағалы асылтас, інжу-маржан.* Түбінен дарияның *дүрлер* теріп, Алдына аға-інінің төгер едім. Жай қылған жабықтырмай жанның көңілін, Өзімді Атымтайға теңер едім (Үш ғасыр.). Рүстем келіп түсті ақ ту қолда, Алып ед көп елдерді болған жолда Солардан алып келген сауқатым деп, *Дүрлерді* шашып жатыр дорба-дорба (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Сұлудың қылығы бар неше түрлі, Қолына лағыл, жақұт, тақты *дүрді* (Батырлар жыры).

Аузынан дүр шашты. поэт. *Сөз айтты, сөйледі.* Сұрады сұлу сөз ашып, *аузынан дүр шашып*: «Бар ма екен, – деп, – далада Жігіттің келмей қалғаны?» (Қамбар батыр).

Дүр жаңа. *Су жаңа. Дүр жаңа* киім кидірді (Ауызекі).

Дүр шашты. *Құлпырды, гүл жайнады.* Туған жер кенді ақтарып *дүр шашқанда.* Тұрам ба мен де ақтармай жыр асылын (С.Бегалин, Таңд.). Құлпырып кең жайылым гүлін ашып, Қарақ қолын бұлғады *дүрін шашып* (Пернедегі терме.). Сөйлесе түбін түсіреді, он қолынан өнері төгіледі, күлсе – аузынан *дүр шашылады* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҮР[4] ш ы л. к ө н е. *-ды [-ді] қосымшасының көне формасы.* Жақсылыққа жақсылық Әр кісінің ісі *дүр,* Жамандыққа жақсылық Ер кісінің ісі *дүр* (Мақал). Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң, Не қылса да артық *дүр* сенен бағам (Жамбыл, Шығ.). Ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық *дүр* (Абай, Шығ.).

ДҮР[5] е л і к. *Кенеттен шыққан, дүрс еткен, гүр еткен қатты дыбыс, үнді бейнелейтін сөз.* Төсек қатты сықырлап, кітаптарды ала беріп, *дүр* құлады (К.Оразалин, Ақ жазық.). Байқайсыздар ма, қотанға сырттан жат біреу келсе, қой *дүр* үркеді (Шопан серігі).

Дүр етті. а) *Гүр етті, дүрілдеді.* Қоштасып та үлгірмедім, машина *дүр етті* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Бірде бәрі *дүр етіп,* ду күлісіп қалады (А.Шамкенов, Жайлау.). Шофер сөзін бітіргенде мектеп қарсысындағы шайхананың алдына да келіп қалған екенбіз. Машина *дүр етіп* тоқтай қалды (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). ә) *Лап берді, бұрқ етті. Дүр етіп,* тобымен ұшқан үйректер көлді бір айналды (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Қорадағы қой *дүр ете* түсті (Б.Қожабеков, Көктөбе). Мәжіліс бітіп, үйдегілер *дүр етіп* орындарынан тұра бастады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Көтеріліс ол таңертеңгі жұмысқа жиналғанда, бірден *дүр ете* түсті (Ж.Саин, Жол үсті.). Талайларды тамсандыра шалқып барып, би де бітті, алақандар да *дүр еттіі* (Ә.Әбішев, Найзағай). Пеш *дүр етіп* жана жөнелді (Д.Досжанов, Зауал). б) *Қаулап тез өсті, бойкөтерді.* Өліп бара жатқан шөп те тамырларынан қайта көгеріп, бас алып тұрған бидай *дүр етіп* бой көрсетті (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

ДҮРБЕЛЕҢ з а т. **1.** *Ел басына ауыртпалық төнген шақ, күйзеліс кезең, аласапыран уақыт.* Ел осынша ауыртпалықтың астында езіліп, дем алар халі қалмаған шақта, 1916 жылдың *д ү р б е л е ң і* басталады да кетеді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Көп ұзамай февраль оқиғалары, патшаның тақтан түскен хабары келіп жетті. Осы *д ү р б е л е ң н і ң* соңы Октябрь революциясына келіп ұласты (А.Сатаев, Ақын.). **2.** *Қымқығаш әуреге түсушілік, тынышын кетірушілік, мазасыздық.* Келін боп түскен күнгі *д ү р б е л е ң і* мен қызық-рақаты, уайымы мен қуанышы мидай араласқан сан-сапалақ естеліктердің арасынан әрі іздеп, бері іздеп, сол бір ойыншыл әнші жігіттің қандай аталы сөз айтқанын есіне түсіре алмай-ақ қойды Қанипа (С.Омаров, Дала.). Үйлену тойы сияқты қуанышты *д ү р б е л е ң* үстінде бір сәл кірбіңнің болмай тұрмайтынын бұрыннан білетін (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қалай дегенмен, бір сұмдықтың жақындап қалғанын сезген ет жүректер қобалжып, әркімнің-ақ көңіліне қауіп-қатер *д ү р б е л е ң і* ұялай бастап еді (С.Омаров, Дала.). **3.** *Абыр-сабыр, ырду-дырду, дабыр-дыбыр.* Сонымен жарты жылға созылған құда шақыру, киіт кигізу *д ү р б е л е ң і* осылайша тыншу тапқан (Қ.Тоқмырзин, Үш кие). Ағайынды екі халықтың қыз беріп, қыз алып отырған меймандос құда-жекжаттардың береке тыныштығын қашырып, *д ү р б е л е ң г е* түсірген екі шонжардың әрекетіне лағнет айтқандай күйзелді (М.Ысқақбаев, Жойқын төбе). Бисенғалидың жұмыстағы әкесі, той *д ү р б е л е ң і* үстінде суық тигізіп алып, тұмаудан жаңа тұрған шешесі, үлкен басын кіші етіп, Перизат Сұңғатованықіне келді (Ө.Қанахин, Бақыт.). **4.** ә с к. *Жағдай мен өз іс-әрекеттерін дұрыс бақылау қабілеттіліктерінің төмендеуінен пайда болатын қатты қобалжу жағдайы, шынайы немесе жорамалды іс-әрекеттер мен қауіп-қатерлердің ықпалымен жеке адамдардың немесе адамдар тобының бой бермейтін қорқыныш күйі.* Ұрыстық жағдайларда *д ү р б е л е ң н і ң* пайда болуының негізгі себептері: қарсыластың жаңа ұрыстық құралдар мен ұрыстық қимылдардың жаңа тәсілдерін кенеттен қолдануы; әскерлердің жорықтан және қарсыластың ұзақ атысынан шаршауы; үлкен шығындар және т.б. (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жалпы алғанда *д ү р б е л е ң н і ң* ұрыс және соғыс үшін зиян салдары болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери). Ұрыста *д ү р б е л е ң д і* болдырмау үшін жауынгерлердің сенімділігі, олардың ұрыстық шыныққулары және тәртіптілігі мен бірлігі шешуші рөл атқарады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Дүрбелеңге түсті [дүрбелең туды]. *Әбігерленді, әбірге түсті, әуре-сарсаңға түсті.* Қалың *д ү р б е л е ң г е т ү с к е н* жылқы сеңдей соғысты (С.Әлжіков, Дала.).

Дүрбелең кезең [шақ]. *Қиын-қыстау, аласапыран уақыт, күйзеліс шақ.* Халық кімнің дос, кімнің қас екенін ажыратып болмаған *д ү р б е л е ң к е з е ң* (С.Байжанов, Замандас). Осындай *д ү р б е л е ң ш а қ т а* Әміре ел жаққа, туған, өскен жерге келді (Ж.Шәкәрімов, Әміре).

Дүрбелең салды. *Әлекке түсірді, әуре-сарсаң қылды, берекесін алды.* Сонша *д ү р б е л е ң с а л ы п*, білінбей тайып отырған ағасы оған ертегі-жырларда кездесетін ерекше алып батыр боп та елестеді (Қ.Жүсіпов, Бір әйел.). Қарсы соққан қоңыр салқын самал шаштарды желпілдетіп, *д ү р б е л е ң с а л ы п* жүр (А.Шамкенов, Толқын.).

Дүрбелең туды. *Абыр-сабыр басталды, әбігершілік басталды.* Жұрт тыныш кезде балуандығымен аты шыққан ол, әскерге бала бермейміз деп *д ү р б е л е ң т у ғ а н д а*, кішігірім бір атаның ақыл сұрар адамы ретінде танылған кісі (Ә.Хасенов, Жат жазасы).

Дүрбелең тудырды. *Абыр-сабыр еткізді, әуре-сарсаңға салды.* – Сіз неге жөнсіз *д ү р б е л е ң т у д ы р д ы ң ы з?* Қауырт науқан басталғалы тұрғанда мына жолдастарды жұмысынан бөліп (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ДҮРБЕЛЕҢДЕ= е т. *Қатты әбігерлену, берекесі кетіп әуре-сарсаңға түсу.* Жұрт әскерге бала бермейміз деп *д ү р б е л е ң д е г е н д е*, балуандағымен аты шыққан ол кішігірім бір атаның ақыл сұрар адамы ретінде танылған (Ә.Хасенов, Жат жазасы.)

ДҮРБЕЛЕҢДЕС= е т. *Қатты әбігерленісу, әуре-сарсаңға түсісу. Д ү р б е л е ң д е с к е н* жұрт алаңға жиналды («Қаз. әдеб.»).

ДҮРБЕЛЕҢДЕСУ *Дүрбелеңдес етістігінің қимыл атауы.* Бұл не қылған *д ү р б е л е ң д е с у* (Ауызекі).

ДҮРБЕЛЕҢДЕТ= е т. *Дүрліктіру, дүр сілкіндіру.* Патша тақтан құлады деген хабар елжұртты, ойды-қырды *д ү р б е л е ң д е т і п*, үлкен оқиға болып түр (А.Хангелдин, Қараторғай). Керек кезінде жұрт көзіне ызы-қиқы, қым-қуыт *д ү р б е л е ң д е т і п* бағатын өзге туыстары емес, тым-тырыс жүретін Әбілқайыр ілікті (Ә.Кекілбаев, Үркер).

ДҮРБЕЛЕҢДЕТУ *Дүрбелеңдет етістігінің қимыл атауы.* Жұртты *д ү р б е л е ң д е т у г е* осы себеп болды (Ауызекі).

ДҮРБЕЛЕҢДЕУ *Дүрбелеңде етістігінің қимыл атауы.* Бұл – *д ү р б е л е ң д е у* басылған кез (Ауызекі).

ДҮРБЕЛЕҢДІ с ы н. *Ауыртпалық төнген, аласапыран туғызған, дүрбелеңге түсірген.* Ақыры дүрмекті, *д ү р б е л е ң д і* үйге келіп мәндай тіресқен (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДҮРБЕЛЕҢДІК з а т. *Дүрбелеңге түсушілік, аласапыранға салынушылық, әбігерлік.* Жүйткіте егін жайды орағытқан, Тағы бір машина да боратып шаң. Кеп қалды жолсыз жермен тура тартып, Оны да *д ү р б е л е ң д і к* болар қысқан (Ғ.Игенсартов, Тың дала).

ДҰРБЕЛЕҢСІЗ с ы н. *Әбігерге салынбай, қарбалассыз, аласапырансыз.* Жаз айлары да *д ұ р б е л е ң с і з*, қарбалассыз өтіп жатқан жоқ (А.Хангелдин, Ғани.).

ДҰРБЕҢ з а т. с ө й л. ***Дұрбелең.*** Ал әзірге құр *д ұ р б е ң* болмай, дүбір болу үшін жасақ құрап, әр жасақтың басында онбасы, жүзбасы, мыңбасы тұрсын деймін (Ж.Мусин, Таң нұры.).

ДҰРБИ= е т. *Дұрдию, дорбию.* Гриша ағай *д ұ р б и г е н* жуан саусақтарымен ёлканы ұстап, тік тұрғызып, айналдырып көрді (Б.Соқпақбаев, Бақыт.). Қалампыр шөжесін қорғаған тауықша *д ұ р б и е* оқты көзімен қадалады (Н.Сералиев, Ақ қайың). Манасты бастан көздеген Төске сұрып найзамен *Д ұ р б ы і п* келген Дөгістің Жығуға әлі жетпеді (Манас).

ДҰРБИТ= е т. *Дұрдиту, қолапайсыздандыру.* Жоталы еріндерін *д ұ р б и т е* ішіне қарай жымыра қысты (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

ДҰРБИТУ *Дұрбит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *д ұ р б и т е* қарады.

ДҰРБИЮ *Дұрби етістігінің қимыл атауы.* Ернінің *д ұ р б и ю і н е* күлкісі келді (Ауызекі).

ДҰРБІ [ир. دوربين] з а т. <лат. bini – екі, oculus – көз> **1.** *Алысты жақындатып көрсететін, қолға ұстайтын оптикалық құрал.* Ол белгілеріміз: Сабырқұл қасқырды *д ұ р б і м е н* көріп отырып, қасқыр сол маңда жүрсе, қамшысының сабына кигізген тымағын көтеріп тұрады (Ғ.Нұрпейісов, Бесқара). **2.** а у ы с. *Адамның алысты көретін, келешекті болжайтын қасиеті.* Қабеңнің ұғымынша, қарт мұнайшыныңЕмбі келешегіне қараған өзгеше *д ұ р б і с і* болса керек (З.Қабдолов, Жалын). Көңілдің *д ұ р б і с і м е н* көріп тұрмын, жапандағы жалғыз үйде бұл сәтте үркердей боп екі әйел, бір еркек отыр («Қаз. әдеб.»). Ертеңгімді барлау үшін айқындап, *Дұрбі* етемін бүгінгіме ойды озық (М.Әлімбаев, Өшпес от).

Дүрбі салды. *Дұрбімен шолып қарады.* Биікбайлар айнала төңірекке дамылсыз *д ұ р б і с а л ы п*, қарауыл қарайды (С.Балғабаев, Шөл.). Оның үстіне ертеңгі самбырлаған дауыс қандай ашық келеді, бәрін естіп, *д ұ р б і с а л ы п* қарап, анық көріп, қолайлы кезді күтіп жатыр (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ДҰРБІДЕЙ с ы н. *Дұрбі тәрізді, дұрбі сияқты.* Арынның жалғыз көзі кеме мүсінін *д ұ р б і д е й* жылдам тартып әкеп әр шабағын айнытпай елестете бастады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ерте заманда-ақ қытайлар алыстағы нәрсені ұлғайтып көрсететін *д ұ р б і д е й* оптикалық құрал жасауға тырысқан (Ғалам ғажап.).

ДҰРБІЛ з а т. *Дұрлігушілік.* Бұл не қылған *д ұ р б і л*? – деп қарады (Ауызекі).

ДҰРБІЛ= е т. с ө й л. ***Дұрлігу***. Неге ерте *д ұ р б і л д і ң д е р*? – деді ұйқысы қанбаған ол (С.Мұқанов, Шығ.).

ДҰРБІЛЕ[1]= е т. *Дұрбімен қарау.* Келесі бір күні сәскеде жотадағы ағаш басынан *д ұ р б і л е п*, айналасына көз тікті (Ғ.Сланов, Замана.).

ДҰРБІЛЕ[2]= е т. с ө й л. *Жосу, жөңкілу, дұрлігу.* Неге соншама *д ұ р б і л е д і ң д е р.* (Ауызекі).

ДҰРБІЛЕҢ з а т. с ө й л. ***Дұрбелең.*** Ала алмай әсем қызды әңгі Нүсіп, *Д ұ р б і л е ң* соғыс болған жазғытұры (С.Керімбеков, Өлеңд.). *Д ұ р б і л е ң г е* кездескен дүниенің Иінінен ышқынып алған демін (Д.Әбілев, Өлеңд.). Айтайын ауырлықты елге келген, Жөн болмас ол бір кезді елемеген, Қазақтар қарсы шауып, «ақ патшаға» Қан ағып, ел қырылған жыл *д ұ р б і л е ң* (Қ.Әзірбаев, Шығ.).

ДҰРБІЛЕТ= е т. *Дұрбімен қарату.* ≈ *Д ұ р б і л е т і п* қаратты.

ДҰРБІЛЕТУ *Дұрбілет етістігінің қимыл атауы.* Тағы да *д ұ р б і л е т у* керек (Ауызекі).

ДҰРБІЛЕУ[1] *Дұрбіле[1] етістігінің қимыл атауы.* Дарханның екі көзі осы бай үйін *д ұ р б і л е у д е* еді (О.Бөкеев, Өз отың.).

ДҰРБІЛЕУ[2] *Дұрбіле[2] етістігінің қимыл атауы. Д ұ р б і л е у* тағы басталды (Ауызекі).

ДҰРБІЛЖІҢ с ы н. *Белі жоғалып, мықынымен бірігіп кеткен, белі мен кеудесі, кеудесі мен бөксесі тұтасқан, қисық-қыңыр.* Арғынның болады дейтін қызы сойқы, Шот маңдай, иегі ұзын, мұрны кейкі. Бұйра шаш, дөң жауырын, қысқа тұмсық, *Д ұ р б і л ж і ң* тұла бойы ойқы-шойқы (Айтыс). Томардай болып әлгі *д ұ р б і л ж і ң* қызы үйінде отыр (Б.Әдетов, Бәйшешек.).

ДҰРБІЛТ = е т. *Дұрліктіру, дұрбелеңге түсірту.* Жұртты босқа *д ұ р б і л т п е у* керек (Ауызекі).

ДҰРБІЛТУ *Дұрбілт етістігінің қимыл атауы.* Үйде отырғандарды *д ұ р б і л т у г е* болмайды (Ауызекі).

ДҰРБІЛУ *Дұрбіл етістігінің қимыл атауы.* Босқа *д ұ р б і л у* байқалмайды (Ауызекі)

ДҰРБІЛІ с ы н. **1.** *Дұрбісі бар, дұрбі орнатылған.* Оның сол *д ұ р б і л і* мылтығы осы бір ерліктің айғағы тәрізді орталық музейде сақтаулы тұр (С.Бақбергенов, Белгісіз.). **2.** а у ы с. *Көреген, қырағы.* Әлемді көретұғын, сезетұғын Емес пе елдің көзі шын *д ұ р б і л і* (С.Керімбеков, Өлеңд.).

ДҰРБІСІЗ с ы н. *Дұрбісі жоқ. – Д ұ р б і с і з* барсам мені өлтіреді ғой. – Уайымдама, жәбірлетпеймін. Төлеуіне өз дүрбімді беремін дедім ғой (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ДҰРБІТ з а т. *Қазіргі моңғолдардың құрамындағы ежелгі тайпа. Д ұ р б і т т е р* кейін төрт ойрат тайпасы құрамында Жоңғар хандығын құрып, жоңғарлардың қазақ даласына, Орта Азияға жасаған шапқыншылығына қатысқан (ҚҰЭ). Моңғолияның Увс аталатын

бар аймағын негізінен *дұрбіттер* мекендейді (ҚҰЭ). Абылай Дават қиды барынша қолдады, *дұрбіттерді* күйзелту үшін оған бес мыңнан аса қазақты көмекке жіберді (Қаз ССР тарихы.).

ДҰРБІТ= е т. *Дүрліктіру, дүрбелеңге түсіру, үрейлендіру.* Көкетайдың маникер Тұлпардан артық көлігі, Қалың елді *дүрбіткен* Боқ мұрынның бүлігі (Манас).

ДҰРБІТУ *Дүрбіт етістігінің қимыл атауы.* Елді *дүрбітуге* болмайды (Ауызекі).

ДҰРБІШЕ үс т. *Дүрбіге ұқсас, дүрбі сияқты.* Егер көзінің жанарында *дүрбіше* тартар қуат болса, дәл қазір Сәдірдің ішек-қарнын ақтарып шығуға құмардай құлықты (А.Хангелдин, Қараторғай).

ДҰРДАНА с ы н. *Қымбат, асыл.* Оның қаламынан шыққан *дүрдана* туындыларды және архивіндегі асыл дүниелерді жинақтап, бірнеше том етіп шығару – ғылымға деген ықыластың табиғи көрінісі болар еді (Р.Бердібаев, Достық.).

ДҰРДАНАДАЙ с ы н. п о э т. *Дүрдана сияқты.* Алғап-толған *дүрданадай,* Алақанға қондырып. Өзіңменен өле-өлгенше, Өтер ем ғой бірге мен (Қ.Шаңғытбаев, Армысың.).

ДҰРДАРАЗ с ы н. *Аздап араз, реніштi, бірде тату, бірде араз.* Сөйтіп, біраз уақыт өтіп, *дүрдараз* жүрген кезінде, Оспан Хасеннің Ахметпен тағы бірге жүргендігін көрді (С.Торайғыров, Шығ.). Осы сол екеуінің арасы не болып барады? *Дүрдараз* сияқты маған (З.Шашкин, Қызыл.).

Дүрдараз болды. *Аздап реніштi болды.* Бір күн *дүрдараз болса,* ертеңінде аралаарынан қыл өтпестей тату болып шыға келеді (Қ.Жойқынбеков, Азамат.). Қонысбаев көпке шейін менімен *дүрдараз болып* жүрді. Қазір маған іштей өкпелі болғанымен, біршама түсінген сияқты («Лен. жас»).

ДҰРДАРАЗДАЙ с ы н. *Дүрдараз сияқты, дүрдараз тәрізді.* Осылайша *дүрдараздай* үңірейісіп, түн ортасы ауа қойшының қыстауына жеттік (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДҰРДАРАЗДАН= е т. *Бірде тату, бірде араз болу, реніштi болу.* Осы сіз жыл өткен сайын бала болып барасыз ба, әлде әдейі істейсіз бе? – деп Басалқы *дүрдаразданып* назарласып ренжіді (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДҰРДАРАЗДАНДЫР= е т. *Дүрдараз еткізу, өкпелету, ренжіту.* Шұнақ бұл жаққа ат ізін салған жоқ. Бұл жағдай оны Смайылмен *дүрдаразданды рды* (Т.Дәуренбеков, Таң атып.).

ДҰРДАРАЗДАНДЫРУ *Дүрдаразданды ру етістігінің қимыл атауы.* Қызметтес адамдарды *дүрдаразданды руға* ұяты жетпеді (Ауызекі).

ДҰРДАРАЗДАНУ *Дүрдаразданетістігінің қимыл атауы.* Олардың *дүрдараздануы* екі аптаға созылды (Ауызекі).

ДҰРДАРАЗДАУ с ы н. *Ішінде өкпесі, реніші бар, қарым-қатынасы салқындау.* Ол Әсияны сыйласа да «осы кісі маған несіне сұрақтар беріп, еріксіз сөйлеткісі келеді» деп іштей *дүрдаразда у* еді (М.Әуезов, Өскен өркен). Құдандалы екі үй *дүрдаразда у* араласты («Қаз. әдеб.»).

ДҰРДАРАЗДЫҚ з а т. *Дүрдараз болушылық, реніштілік.* Ене мен келіннің *дүрдаразды ғын* дәл таныған Қабан бәрінен бұрын досын аяды (З.Қабдолов, Жалын). Халық қаумалап қайта қосса да, құдалар арасындағы *дүрдаразды қ* ол семьяға баянды бірлікті құтайтар емес («Лен. жас»). Ел адамдарының қазіргі сәттегі қара барқын кескіндерінде орайы келсе оңай жарасып кететін *дүрдаразды қ* емес, ат құйрығын кесісетін мүлде араздық ызғары бар (С.Омаров, Дала.).

ДҰРДЕЙ с ы н. **1.** *Дардай, бақандай, білдей.* Әне қалқиып тұр. Қайыңдының қара шалы дегенде атағың *дүрдей.* Мына отырған отырысың не? Қуанышың емес пе? – деп шабалана барып тоқтады (Ш.Күмісбаев, Тау жолдары). Сонымен кешегі жатақ, сіңірі шыққан кедей, бұл күнде *дүрдей* колхоз басшысы («Мәдениет және тұрмыс»). Әзірше сестралық міндетті атқарасың. Келер жылы дипломың қолыңа тиген соң, осында *дүрдей* дәрігер боласың (І.Жақанов, Қайта орал.). **2.** *Айтарлықтай үлкен.* Қабат-қабат үйлері бар, ортасына, жоғарыда айтқанымыздай, маңдайымызға біткен жалғыз музыкалық драма театры орналасқан *дүрдей* қала (С.Асанов, Жомарт). **3.** *Зіңгіттей, айтулы, ортан қолдай.* Ләззат *дүрдей* жігіттің жас балаша қысылған сөлекет түрін көріп, кенет мейірі түсіп, оның қолынан сипады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Азаматты тезірек ер жетсе екен, *дүрдей* жігіт болғанын қашан көрер екем, деп сағынып жүргенінен болар (А.Байтанаев, Дала сыры).

ДҰРДЕК с ы н. *Дүрдиген, қалың, көнтек.* Кенет оның қолы Луистың иығынан сусып түсіп кетті. *Дүрдек* қалың еріндері біртүрлі жыбыржыбыр етіп күбірлей жөнелді (Т.Шаханов, Көгілдір.). Өзге сиырлар үй жанында, қотан жиегінде тұмсықтарымен жұлдыз қарап, қараса да түк көрмей, *дүрдек* ауыздары малжаңдап күйіс қайыруға кірісті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Гун Мо қалың бетті, *дүрдек* ерінді, сөзіне орнықты, ақылды, тапқыр, халқының бұрынғысын да, бүгінгісін де жақсы білетін оқымысты (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ДҰРДЕКТЕУ с ы н. *Көнтектеу, дүрдигендеу.* Әбунүсіптің қалың түкті қара қабағы салбырап, қара мұртының астындағы

д ұ р д е к т е у ерні кәдімгідей кемсеңдей берді (Д.Әбілев, Ақын.). Ерні сәл *д ұ р д е к т е у* болғанымен, жасырын жарасымдық бар (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ДҰРДИ= е т. **1.** *Көнтию, ісіну, күжірею, дөңкию.* Сейілханның аузы *д ұ р д и і п* ісіп кеткендіктен, тілдесудің өзі оған сонша қиын болды (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Сапардың ашық маңдайын қабағындағы екі сай әжімі бүріп әкеткен, *д ұ р д и г е н* бет, мойын етінде де ашулы томырық адамның белгілері бар (Ұ.Доспанбетов, Ел есінде). *Д ұ р д и г е н* жуан мойын екі ақ төбет арсалақтап, Ниязды бастап жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бір-бірін жақтырмай сес көрсету, бұртию.* Жүкаяққа басын сүйеп Зара отыр еңіреп. Сұлтан соғысар қораздай *д ұ р д и і п* қасында тұр (Ә.Тарази, Құйрықты.). Өзгелерге *д ұ р д и і п* дөң айбат жасағанмен, «бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтардың» кебі мұның өз басында да бар (А.Нұрманов, Құлан.). **3.** а у ы с. *Оқшаулану, ерекше көзге түсу, көкірегін көтеру.* Сөзің де өзіңе сай тұр *д ұ р д и і п,* Баладай ұйқысынан тұрған жылап (Айтыс). Жендеттер кетісімен манадан бұтадан аласа, бетегеден биік боп жүрген Уәли *д ұ р д и і п* шыға келді (Қоғамдық тәртіп).

ДҰРДИТ= е т. *Көнтиту, дөңкиту, ісіндіру.* Ғалымғали енді қолма-қол Қали ағасы болып бір көзін қысып, бір аяғынан ақсап, аузын *д ұ р д и т і п,* шекесінен қарай қалды (Е.Домбаев, Менің туыс.). Ораз астыңғы иегін *д ұ р д и т і п,* насыбайын тілімен жайластырды да қысық көзін жыпылықтата бастады (З.Шашкин, Теміртау). Біздің қала деп *д ұ р д и т і п* жүрген Түркістанымыз мұның қасында ауыл не қыстақ сияқты болып қалады екен (Д.Исабеков, Бекет).

ДҰРДИТУ *Дұрдит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аузын *д ұ р д и т у.*

ДҰРДИІС= е т. *Жатырқасу, оқшауланысу, сес көрсетісу.* Есімге кластағы балалардың барлығы алғашында *д ұ р д и і с е* қарап, үзіліс кезінде оны түртіп, қағып кетушілер де болды (А.Лекеров, Түз гүлі). Бітеу жара боп, *д ұ р д и і с і п,* біраз отырдық, – дейді Әміржан (Б.Майлин, Шығ.). Жиналған топ үрпиісіп, *д ұ р д и і с і п* қалды. Алайған көздер көрініп, дөрекі сөздер естіліп, біреу кіржіп, біреу тыржиып, әркім өзінше ренжіді (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ДҰРДИІСУ *Дұрдиіс етістігінің қимыл атауы.* Екеуара *д ұ р д и і с у м е н* болды (Ауызекі).

ДҰРДИЮ *Дұрди етістігінен жасалған қимыл атауы.* Сенің ертеңнен қара кешке айналдыратының тамақ қой. Былш-былш жеп *д ұ р д и ю д і* ғана білесің (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім).

ДҰР-ДҰР[1] е л і к. *Гур-гур, дар-дұр, ду-ду еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Дүрілдейді трактор Көк барабан *д ұ р-д ұ р* (І.Жансүгіров, Шығ.). Аттардың аяқтары жерді *д ұ р-д ұ р* басады (М.Әуезов, Шығ.). *Д ұ р-д ұ р* қол шапалақ, жапыр-жұпыр үдере түрегеліп, бірбіріне жөнеді («Қаз. әдеб.»).

Дұр-дұр етті. *Дүрілдеді, гүрілдеді.* Сырттан *д ұ р-д ұ р е т к е н* машина даусы естілді («Лен. жас»).

Дұр-дұр сілкінді. *Жан-жануар мен құстар бойын жазып желпінді.* Жақыпбек әсіресе бүгін қырланып, бабына келіп, *д ұ р-д ұ р с і л к і н г е н* ақиық қырандай жайнап кеткен (М.Иманжанов, Менің махабб.). Үй шатырынан сорғалаған сулар арықшада жөңкіліп, жағасында тауықтар *д ұ р-д ұ р с і л к і н е д і* (К.Оразалин, Ақ жазық.). Таң лебімен оянған табиғат сыбдыры қақтырғандай, мойнын ішіне алып, бұтаққа түнеген ителігі *д ұ р-д ұ р с і л к і н д і* (С.Бегалин, Уақыт.).

ДҰР-ДҰРМЕК з а т. с ө й л. ***Дұрмек.*** Сағынышым сағаң деген *д ұ р-д ұ р м е к,* Кеудені керіп сыздайды. Мендегі нәзік жүрек (К.Шілдебаева, Бойжеткендер.).

ДҰРДІК с ы н. с ө й л. ***Дұрдек.*** Сағит *д ұ р д і к* ернін көтерді де, қолын бір сілтеп түрегелді (С.Шаймерденов, Қарғаш). Мұндай қыз беті тыртық, бойы тапал, ерні *д ұ р д і к* Еркешті қайдан ұнатсын («Қаз. әдеб.»). Айдарханов маңғаздана тұрып, *д ұ р д і к* еріндерін тәсбих тартқан сопылардай үнсіз жыбырлатып алды (Ә.Нәбиев, Шолпан).

ДҰРДІКТЕУ с ы н. с ө й л. *Дурдигендеу, дурдектеу.* Жигаров жолдастың *д ұ р д і к т е у* ернінің үстінде қылыш тілген қиғаштау тыртық бар, – деді Шакизат (Д.Әбілев, Арман.). Сапар қасындағы өзі тетелес, ерні *д ұ р д і к т е у* келген қара жігітті Әскер деп таныстырды (С.Шаймерденов, Мінез). Ақсары кескіні құлпырып, сәл *д ұ р д і к т е у* еріндері, үстіңгі тебіндеп өсіп қалған сирек мұрты болмашы дірілдеп те кетті (З.Иманбаев, Солма гүл.).

ДҰРДІҢКІ с ы н. с ө й л. *Дурдіктеу, дурдиген.* Уылжып жаңа піскен шиедей, әсем жылтырап тұратын, топ-толық, үстіңгі сәл *д ұ р д і ң к і,* түріңкілеу құймақ ерін (Ө.Қанахин, Құдірет.).

ДҰРЕ[ир. دوره]зат.көне. *Қылмыс жасаған адамды шыбыртқымен не қамшымен сабайтын ауыр жазаның түрі.* Қисықты түзету үшін әр заманда әртүрлі құрал, мәселен: *д ұ р е,* шариғат... құран деген сияқтылар қолданылып келген (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Жанға батқан *д ұ р е* кезінде де, ауыр темір балғамен қара тасты мақсатсыз ұрған кезімде де сен көз алдымда тұрдың (Қ.Исабаев, Ажал.). Жылдардың жүрегімде жыр есі бар, Баста бақ, жаурынымда *д ұ р е с і* бар. Қанымда дала қаны, қазақ қаны, Жаным-

да талайлардың үлесі бар (Ж.Молдағалиев, Қыран дала).

Дүреге жықты. *Дүреледі, дүре салды.* 1919 жылы ақтардың зынданына түстім, неше алуан тергеуде болдым. Төрт қазық қағып, керіп тастап, *дүреге де жықты* (С.Талжанов, Ұлдай.).

Дүренің астына алды. *Соққының үстіне соққы берілді, көп дүреледі.* Екі-үшеуінің сырт киімін белуарына дейін сыпырып, етпетінен сұлатып салып, жұрттың көзінше *дүренің астына алды* (С.Жүнісов, Ақан сері). *Дүренің астына алды* мені бас сап, Құйрықты түріп ашты жалаңаштап, Мініп ап бас-аяққа сонда шерік Құлаштап алпыс қамшы дүре тастап (Батырлар жыры).

Дүре салды [жеді, соқты]. *Соққы берілді, жазаланады.* Сүп-сүр болған еңгезердей немістер кеп *дүре салады*, иттер талайды «берілдім» деп айтпайды (Қ.Қазыбаев, Аманат). Баланың бар киімін шешіп алды, Жүз қамшы арқасына *дүре салды* (Абай, Шығ.). – Әй, білмеймін! Бұл жасау үшін күн сайын базарда *дүре жеуге* көнгенмен тең ғой, – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жұбай айтты бедеумін, мінбе мұны, Қоя ма төре көрсе саған мұны. Ат үшін қорғасын мен *дүре жедік*, Сенімен бірдей оған аттың құны (Батырлар жыры). Үш күн қараңғы үйге қамап, он тал *дүре соғып*, мектептен шығартты (Е.Домбаев, Жаман Жәутік). Ұстап алған ұрыны 25-тен 60-қа дейін қамшымен *дүре соғып* жазалауға сотсыз-ақ рұқсат етілетін (ҚазССР тарихы).

Дүре шыбық. *Дүрелеп жазалауға, дүре соғуға арналған шыбық.* Оның *дүре шыбығы* әрдайым өзімен бірге (Ауызекі).

ДҮРЕГЕЙ з а т. **1.** *Екі түрлі тұқымнан шыққан будан ит.* Мойныма мылтығымды асынып, қасыма *дүрегей* дәу сары тазымды ертіп қырға шықтым (Ә.Көшімов, Карт аңшы.). Біздің үйде екі ит бар. Соның біреуін, ана үлкен арысын, *дүрегей* дейміз, тапалдау ақ итті «ақ күшік» деп атаймыз. Ақ күшіктен *дүрегей* анағұрлым артық. Өйткені *дүрегей* жасамыс, жуас ит, көп үре бермейді (С.Талжанов, Ұлдай.). Қазақтар асырайтын иттер тұқым жағынан *дүрегей*, тазы болып екіге бөлінеді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). **2.** а у ы с. *Шатыс, қоспа, аралас.* Жартылай қазақша, жартылай орысша *дүрегей* сөзде тайпа жұртының аламандығы мен беремендігінің, даңғаза дарақылығы мен парықсыз кезбелігінің тоқайласқаны рас (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). **3.** а у ы с. *Некесіз туылған бала.* Киікті құралай бүлдірер, Елді *дүрегей* бүлдірер (Мақал).

Дүрегей тазы. *Аң алатын жүйрік будан тазы.* Ол аңға екі *дүрегей тазысын* алып шығады («Жұлдыз»).

ДҮРЕГЕЙДЕЙ с ы н. *Дүрегей сияқты, дүрегей тәрізді.* Ине жұтқан *дүрегейдей* мықшиып, көзі кержағалданып, қақпан белі қиралаңдап қалды (Т.Әлімқұлов, Шежірелі:). Ел бүлдірген *дүрегейдей* дәндәкумен уақыт өткізген жігіттен, ағайынды аздырған кей малғұннан қай жері артық (Д.Досжанов, Дария.). Ашыққан *дүрегейдей* жалаңдап, Балзияяны басы бүтін жаулап алмақ болған Әсен сөзден жеңіліп, жасып қалды (С.Омаров, Өмір асу.). Ең алдымен Болат хан көрінді. Қарғыбауына кескек байлаған. Төрт көз *дүрегейдей* (С.Сматаев, Елім-ай).

ДҮРЕГЕЙЛІК з а т. *Дүрегей болушылық, шатыс болушылық.* Қолынан келгенше жон үрпиткен *дүрегейліктен* жақсылық өнбес, өнеге табылмас (С.Сматаев, Елім-ай.).

ДҮРЕЛЕ= е т. *Ұрып-соғып жазалау, дүре соғу.* Сәлмен бай Тоқтығұлды бес жігітке алып соққызып, өкпеге текпілеп, бауыр сыртын *дүрелеп* жазалайды (М.Әуезов, Қараш.). Бұл өткелден өткен жергілікті халықты атаман ұстап алып жер басар ақша алатын, болған, қарсылық жасағандарын *дүрелеп* қоя беру оның әдетіне айналған («Мәдениет және тұрмыс»). Болыс өмір өтті екен деп өзіндей нашарларды дырылдатып сүйреп, *дүрелей* берме бұдан былай (Д.Әбілев, Арман.). Полиция Мұстапаны *дүреледі*, Деуші жоқ, тоқтат енді, бұл өледі. Қаншама азап қылып қинаса да, Мұстапа жалғыз ауыз үндемеді (F.Малдыбаев, Қырым.).

ДҮРЕЛЕН= е т. *Ұрылып-соғылып жазалану, дүре соғылу.* Шпицрутен орнына қамшы жеген, шыбыққа қарағанда әлдеқайда қаттырақ *дүреленген* жігіттерді өз көзіммен көрдім (Ә.Әлжанов, Махамбет.). Атаман шаруалардың айыптылары халық арасында дарға тартылып, атылсын. Сезіктілері сүмбімен *дүрелесін* деді (Н.Сералиев, Ақ қайың). Жарасына қарамай *дүреленген* Шонжарларды мазақтап күледі кілең. Жалын толып шалқиды ойдан өрге, Жасу білмес жаяудың жүрегінен (Д.Әбілев, Уақыт.).

ДҮРЕЛЕНДІР= е т. *Дүре соқтырып жазалату.* Бұларды Баймағамбет сұлтанның ордасында-ақ мықтап тұрып, *дүрелендірген* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ДҮРЕЛЕНДІРУ *Дүрелендір етістігінің қимыл атауы.* Ендігі қалғаны *дүрелендіру* ме? (Ауызекі).

ДҮРЕЛЕНУ *Дүрелен етістігінің қимыл атауы.* Берке ханның жарлығы бойынша Есірей құл көк шыбықпен жүз мәрте *дүреленуге* жазаланады (І.Есенберлин, Алтын Орда.).

ДҮРЕЛЕС= е т. *Қосыла дүре соғысу, дүре соғуға көмектесу.* Ол қосыла *дүрелесті* (Ауызекі).

ДҮРЕЛЕСУ *Дүрелес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дүрелесуің* керек.

ДҮРЕЛЕТ= е т. *Ұрып-соғып жазалатқызу, дүре соқтыру.* Бұларды Баймағамбет сұлтанның ордасында мықтап тұрып *дүрелеткен* болатын (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сол қызды үйіне алып келгеннен кейін, жігіттеріне көк шыбықпен *дүрелетіп* отырып еріксіз мұсылман дініне кіргізді (І.Есенберлин, Алтын Орда).

ДҮРЕЛЕТКІЗ= е т. *Дүре соқтыру, жазалатқызу.* Ертедегі қытай императоры қазіргі футболға ұқсас ойында ұтылғандарды халық алдына шығарып *дүрелеткізеді* екен («Білім және еңбек»).

ДҮРЕЛЕТКІЗУ *Дүрелеткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дүрелеткізуді* ойлады.

ДҮРЕЛЕТТІР= е т. *Ұрып-соқтырып жазалату, дүре соқтыру.* Айыбын бетке басып, *дүрелеттірді* (Ауызекі).

ДҮРЕЛЕТТІРУ *Дүрелеттір етістігінің қимыл атауы.* Ендігі жетпегені *дүрелеттіру* ғана ма (Ауызекі).

ДҮРЕЛЕТУ *Дүрелет етістігінің қимыл атауы.* Қарсылық жасап, тәртіп бұзбағандарын *дүрелетудің* қажеті бола қоймас («Әдеб. майданы.»).

ДҮРЕЛЕС= е т. *Қосыла дүре соғысу, дүре соғуға көмектесу.* Ол қосыла *дүрелесті* (Ауызекі).

ДҮРЕЛЕУ *Дүреле етістігінің қимыл атауы.* Сол шақта жер сілкінткен жетті дүбір, Жаңғыртып аспан астын кетті дүбір. Тоқтатып *дүрелеуді,* абыржысып, Алақтап бір-біріне етті күбір (Қ.Мұқышев, Дана мен бала). Сол офицерлер өз полктарында патша ағзамның указына қарамастан солдаттарды шпицрутенмен *дүрелеуден* бас тартты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Патша үкіметі көтерілісшілердің көпшілігін соғыс соты 500-ден 2000 ретке дейін тал шыбықпен *дүрелеуге,* ал онан кейін Сибирьге жер аударуға үкім еткен (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

ДҮРЕШІ з а т. к ө н е. *Дүре соғушы адам.* Нығайып бейбіт өмір тұрған таңда, Бомба мен астыртын шарт *дүрешіқол* Сендерді құтқара алмас ешқашанда (Бейбітшілік дауысы). Машаның жүрегі құлындай сезеген, Шошиды кейде жұмысын тоқтатып. Елестер қызға көк сүмбі кезенген, *Дүрешісін* балағаттап, боқтатып (Т.Әлімқұлов, Боз жорға.).

ДҮРИЯ [ир. دورويه] з а т. *Жылтырауық, тығыз, жібек мата.* Толқын мол пішілген қызыл барқыт шапанын шешіп, қынама бел көк *дүрия* қамзолшең қалып еді, бойы сұп-сұңғақ боп шыға келді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Осы кезде топ жарып, басында *дүриямен* тысталған жекей тымағы, үстінде кестелі, зерлі бешпеті бар жасы жиырмалар шамасындағы әдеміше жігіт шыға келді (Ә.Нұрмаханов, Шыңғыс.). Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген, Сол қыздың сұлулығын мен айтайын, Үстінде *дүрия* көйлек шәймен бүрген (Қаз. әндері).

ДҮРК ү с т. *Қауырт, кенет, бірден.* Ырғызбайдың жиырма ауылы тағы да *дүрк* көшті (М.Әуезов, Абай жолы). Жалма-жан үйге зып беріп, дәлізде, төсекте, шынтағына көпшік басып, жамбастап жатқан Нұрғалиды *дүрк* көтердім (М.Қаназов, Ақ тайлағым-ай). Қытай өкіметі Оспанмен тіл табыспақ болып, бұл-шайын артып-ақ барған екен, жіберген елшілерін қырып тастапты да, бір түнде *дүрк* көтеріліп, Бәйтік асып кетіпті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Дүрк берді. *Дүркірей жөнелді.* Өзгелер де *дүрк беріп* қаруларын шап-шап ұстай алысты (М.Әлімбаев, Шығ.). Күн шарт еткенде иіріліп, ықтап тұрған қой *дүрк беріп* жарылып кетеді (М.Әуезов, Шығ.).

ДҮРКІЛДЕ= е т. *Дүрк-дүрк ету.* Алып күшті дүбірі электровоздардан Солқ-солқ етіп бүйірі, Жер *дүркілдей* қозғалған (С.Мәуленов, Жаз ерке). Арттағы еркек-әйел, бала-шаға топтары да сол сәтте *дүркілдей* жөнелісті (М.Әуезов, Шығ.).

ДҮРКІН з а т. **1.** *Рет, мәрте, қайтара.* Бәйбіше бүгін екі *дүркін* қонақ жөнелтіп, жаңа ғана жантайып еді, дабырлаған дауысқа жұмылы көзін ашып алды (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Ораз Қаңлыбаев республиканың он *дүркін* чемпионы әрі халықаралық оннан аса жарысқа қатысып, жүлдегерлер санынан орын алған шебер конькиші («Спорт»). Екі жылда бір *дүркін* боталайтын інгендердің тайлақтарын 18 айлығында ажыратады да, бір тәулік бойына азық бермей, қораға қамап қояды (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). **2.** ә с к. *Атыс жүргізу реті. Дүркін* бірыңғай команда (белгі) бойынша бір уақытта немесе қысқа уақыт аралығында бірнеше қарулардан, миналардан, ракеталық және реактивтік ұшыру қондырғыларынан, торпедалық аппараттардан, басқа да атыс қаруларынан жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери). *Дүркін* атыс ұрыста нысаналарды жою, сондай-ақ мерекелі отшашу және әскери құрмет көрсету кезінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). **3.** ә с к. *Бір мерзімді атыс кезіндегі кеме, бөлім, құрамалардың барлық оқ-дәрі құралдарын немесе ату мүмкіндігін өлшейтін шартты бірлік.*

ДҮРКІНДЕ[1]= е т. *Қарқындау, екпіндеу, үсті-үстіне күшею.* Жаяу-жалпы біртіндеп, Көлікпен бірге *дүркіндеп,* Поезбен де зір-

кілдеп, Халық келе бастады, Қонысына өзінің (Т.Жароков, Шығ. жин.). «Қазақстан пионері» сияқты газет-журналдарымыз әр халықтың мақал-мәтелдерін *д ү р к і н д е п* топтап басып, үзбей беріп жүр (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ДҮРКІНДЕ²= е т. *Гүрс-гүрс ету, дүрк-дүрк ету.* Өңеші отқа қарылған, Лебінен жер тарылған, Оқ жаудыра *д ү р к і н д е п,* От шашқан күн-түн зіркілдеп (Т. Жароков, Шығ.). *Д ү р к і н д е* мотор күйі, дихан әні, Билесін дән бикелер қырқадағы (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Команда бойынша жиырма винтовка бір мезгілде, біркелкі гүрс-гүрс етіліп *д ү р к і н д е й* атыла бастады (Б.Момышұлы, Біздің генерал).

ДҮРКІНДЕТ¹= е т. *Қарқындату, екпіндету, үсті-үстіне күшейту. Д ү р к і н д е т і п* айлар өтті дүрбелеңмен, Құтырған аңдай дүшпан өршеленген. Майданның шерулерін жырмен шертіп, Соғыста әзір сапта жүрген ем мен («Қаз. әдеб.»).

ДҮРКІНДЕТ²= е т. *Гүрс-гүрс еткіздіру, дүрк-дүрк еткіздіру.* Андреев алға ұмтылғанда, Титов одан қалыспады, Знаменщиков те автоматынан жүгіріп келе жатып *д ү р к і н д е т е* атады (Ә.Бектемісов, Жау жаға.).

ДҮРКІНДЕТУ¹ *Дүркіндет¹ етістігінің қимыл атауы.* Екі аптаны *д ү р к і н д е т у м е н* өткізді (Ауызекі).

ДҮРКІНДЕТУ² *Дүркіндет² етістігінің қимыл атауы.* Зеңбіректің *д ү р к і н д е т у і* шабуылдың басталғанын айғақтайды (Б.Момышұлы, Шығ.).

ДҮРКІНДЕУ¹ *Дүркінде¹ етістігінің қимыл атауы.* Телегей ұлан-асыр *д ү р к і н д е у м е н* күнімен таси берді, іркілмеді. Сөгіліп қабырғасы тентек Сырдың, Аптығып арсылдады күркілдеді (Қ.Бекхожин, Шардара).

ДҮРКІНДЕУ² *Дүркінде² етістігінің қимыл атауы.* Винтовканың *д ү р к і н д е у і н* естіген жоқ (Ауызекі).

ДҮРКІН-ДҮРКІН ү с т. *Оқтын-оқтын, әлсін-әлсін, мезгіл-мезгіл.* Кеше іңірден бері жабысқақ қара жаңбыр *д ү р к і н-д ү р к і н* сабалап тұрған (Б.Аманшин, Жар мұңы). Ентелеп келе жатқан жау танктеріне қарай бергенде, екі жақ қанаттан да зеңбіректің *д ү р к і н-д ү р к і н* атылған гүрсілі естілді (Ш.Сыздықов, Мәншүк.). Табиғатты қорғау жөнінде, ормандарды ұқыпты ұстау жайында *д ү р к і н-д ү р к і н* көтерілген мәселелер әлі күнге дейін қолаяғы жерге тимей, аяқсыз қалып келе жатқаны өкінішті іс (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ДҮРКІНДІ с ы н. *Қарқындаған, үсті-үстіне күшейген.* Сіздер мен бізді тұтас шарпыған кешегі *д ү р к і н д і* айғай-шу бәрімізді абаржытты емес пе? (Ә.Әзиев, Жез тау.).

Дүркінді етістік. л и н г в. *Іс-қимылдың қайталанып келетінін білдіретін етістік.*

ДҮРКІНДІК с ы н. *Күнделікті, мерзімді.* Оларды жұртшылық баспасөз бетінде пайдаланып жүргенін *д ү р к і н д і к* газет-журналдардан көруге болады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Майды күтіп безілдейді, Бармақтай құс бұлбұл шіркін. Бұлбұл жыры үзілмейді, Жалғасады *д ү р к і н д і к п е н* (М.Хакімжанова, Өткелдер).

ДҮРКІНДІЛІК з а т. *Дүркін-дүркін болатын қасиет, қимыл.* «Оның маңдайынан тер бұрқ ете түсті» дегендегі «түсті» сөзі өткен шақтың мағынасына *д ү р к і н д і л і к* мағына қосады (Қазіргі қаз. тілі).

ДҮРКІНШІЛ с ы н. с ө й л. *Елірме, даурықпа. Д ү р к і н ш і л* Шәукен соған мәз еді де, Басқадай жаңалыққа аз ебі де. Бізге тек рекорд керек — деп өзеуреп, Соған: бір жеткен бүгін кезеңі де (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Дабыл қып бүкіл ауданға *Д ү р к і н ш і л* кәрі айқайды Қаулыта «істі» жалғауға Нұсқауды сыммен айдайды (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

ДҮРКІРЕ= е т. **1.** *Бет-бетімен сапырылысу, жапа-тармағай абыр-сабыр болу, үрдіс қимыл жасау.* Айғай-шудан үріккен жылқы, жұрттың қоршауын бұзып, *д ү р к і р е й* жөнелді (З.Шашкин, Ұядан үш). Танк шегінгеннен кейін жаяу әскер де орындарынан тұрып, өздерінің арт жақтарындағы орманға қарай *д ү р к і р е й* жөнелді (Ә.Нұршайықов, Курляндия). Жаяу әскердің кейінгі жақтағылары *д ү р к і р е й* қаша жөнелді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Шабақтар *д ү р к і р е й* келіп қашты. Қараса, бір шортан келген екен (Ы.Алтынсарин, Шығ.). **2.** *Дүр ете түсу, дүрлігу, қопарыла көтерілу.* Дәл осы сәтте өзеннің арғы жағалауында *д ү р к і р е г е н* бір үйір киік көрінді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ауылдағы жұрт *д ү р к і р е й* жиналып кеп, өртті сөндірді (С.Мұратбеков, Көкорай). Қали мұғалім де кіріп келіп еді-ау сонда. Балалар оған орындарынан *д ү р к і р е й* көтеріліп, құрмет көрсеткен (Т.Алшынбаев, Жалбыз иісі). **3.** *Күркіреу, дүрілдеу, екпіндеу, дуылдау.* Кемерінен асқан теңіздің тасқын суы кең жазираға жайыла шығып, *д ү р к і р е й* жөнелді (А.Сатаев, Дала.). Әлгінде екі сағаттай *д ү р к і р е п* өткен жаңбыр да тап солай болды (Қ.Исабаев, Арман.). Үшқоңырдың теріскей бетіндегі сайында қалған қардан сарқыраған су Қарғалы өзеніне *д ү р к і р е й* құйылып жатыр (С.Бегалин, Уақыт.). **4.** а у ы с. *Қарқындау, қызу өту, есте қаларлықтай болу.* Студенттік дүрмекті күндер қас қағымдай да болмай, *д ү р к і р е п* өте шығады («Лен. жас»). Ғаламат соғыс, қан соғыс, *Д ү р к і р е п* жатыр долы қыс, Даңқ үшін емес бұл тегі, Тіршілік үшін жердегі (Қ.Аманжолов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Жаппай тез жылжу, толассыз жөңкілу.* Қап-қара ауыр

бұлттар қара қабандай *дүркіреп*, дала үстімен көшіп жатыр (М.Жұмағұлов, Қыран). **6.** а у ы с. *Қаулап өсу, жайқалу, етек алып көбею.* Бір бүркіп өткен жауын ылғалымен көптеген танаптарда егін көгі *дүркіреп* көтерілген де еді (Ақ бидай). Сәуір болса, күн күркірер, Күн күркіресе, көк *дүркірер* (Мақал). **7.** а у ы с. *Әйгілі болу, атақты болып танылу, дәуірі жүріп тұру.* Ол кез Әбілдің *дүркіреп* тұрған кезі. Еліміздің чемпионы. СССР Құрама командасының білдей бір мүшесі («Спорт»). Дабылпаз үні *дүркіреп*, Жауар күндей күркіреп, Адырдан асып сел кетті, Ағылып қалың ел кетті (Манас). Оның үстіне, ол кім, мен кіммін? Өзі келешек профессор ма, академик пе – күні ертең *дүркіреп* шыға келгелі тұр (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ДҮРКІРЕС= е т. *Абыр-сабыр болысу, сапырлысу, үрдіс қимыл жасасу.* Сырғанақты тастай бере дәл бірдеңеден құр қалғандай бәріміз бірдей дүрліге *дүркіресіп* Аянның үйіне қарай лап қойдық (С.Мұратбеков, Көкорай). *Дүркірескен* жұрт Дүкенбайдың үйіне жеткенше асығып еді (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Бүкіл ауыл болып *дүркіресіп* қошеметтеп жатушы еді (К.Ахметбеков, Алқакөл.).

ДҮРКІРЕСУ *Дүркірес етістігінің қимыл атауы.* Бәріміз *дүркіресумен* аңғармай қалдық (Т.Есімжанов, Аяулым). Бірақ жалығатын олар жоқ, *дүркіресумен* қайта мінгеседі (Б.Тілегенов, Көктем).

ДҮРКІРЕТ= е т. **1.** *Абыр-сабыр қылдыру, қат-қабат сапырлыстыру, үрдіс қимыл жасату.* Көп ұзамай-ақ, бір топ салтатты поселканың шетіндегі құрсауы босап, қаусаған ескі көпірді сындырып жібере жаздап, *дүркіретіп* өтті. (Б.Тілегенов, Аққайнар). Сұлтанмахмұт өзенге қарай жылқыларды *дүркіретте* қуып келе жатып, жол жаққа қарап қояды (Ш.Айтматов, Ерте келген.). Үнемі *дүркіретте* қуалай беруге жылқы жануар да көне бермейді екен (Ж.Тілеков, От көшу). **2.** а у ы с. *Әйгілі еткізу, атақты етіп таныту.* Атағы Сарыарқаны *дүркіреткен* күйші шал Ұзақ: «Жолың болсын, ұлым», – деп маңдайынан сүйіп, домбырасын ұсынды (С.Қарымбетов, Тентек).

ДҮРКІРЕТУ *Дүркірет етістігінің қимыл атауы.* Атақты спортшының өз аулын *дүркіретумен* басталған тойы үш күнге созылды («Еңбек туы»). Міне, қазақ халқының көңілашары «Қыз қуу» көрерменін *дүркіретумен* думанды («Лен.жас»).

ДҮРКІРЕУ *Дүркіре етістігінің қимыл атауы.* Бір мезгілде батыр атам келе жатыр деп, жиналғандар қопарыла көтеріліп, *дүркіреумен* сыртқа беттеді («Жалын»).

ДҮРЛЕ= е т. с ө й л. *Дәуірлеу, дүркіреу.* Шалқып байыған жоқ, *дүрлеп* әкім болған жоқ (Б.Аманшин, Көкжар.). Нақ осы тұста Ошта, Жалалабад пен Ханабадта, Үзгенде басмашылар *дүрлеп* тұрған-ды (М.Кеңпейілов, Дала.). Жаз күндері сейілдеуге аулақта, Қала халқы ағылады тау жаққа. Көңіл *дүрлеп* қалады бір желпініп, Гүл бәйшешек құлпырғанда бау-бақта (Ө.Жайлауов, Арай.). Пейілің *дүрлеп* айдын жүр Бетіңе қағып күйеңді, Маңдамыңды қи енді Ұрлығыңды тый енді (Бес ғасыр.).

ДҮРЛЕНТ= е т. *Дүбір қақтыру, дүр сілкіндіру.* – Ананы, баланы қырғандар, Ана кер үстінде тұрмаңдар! Осы сөз – толқыған өр сарын, Жаңғырып, *дүрлентті* жер шарын (Ә.Табылдиев, Атымтай). *Дүрлентіп* шартарапты, Жақсы хабар тарапты: – Ел бар екен нанға бай, Ел бар екен малға бай (Ә.Табылдиев, Көңілді.).

ДҮРЛЕНТУ *Дүрлент етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шартарапты *дүрлентту.*

ДҮРЛЕТ= е т. *Дәуірлету, дүркіретту, дүрілдету.* Отыздан астық ойнақтап, *дүрлетіп* ойын-сауықты, Жастық шақ нені ойлатпақ, Білмедік ешбір қауіпті (Ш.Мұхамеджанов, Шағала көңіл.). Маңынан көрсек теңіз, шалқарыңды, *дүрлеткен* толқынымен нар қаланы (Қ.Көпішов, Ақмарал.).

ДҮРЛЕТУ *Дүрлет етістігінің қимыл атауы.* ≈Ойын-сауықты *дүрлетту.*

ДҮРЛЕС= е т. *Дүркіреу, жігерленіп желпіну.* Жігіттері дәмелі, Тоқтатып алып жүректі, Бергін деп алда тілекті, Ұшқан құстай *дүрлесіп*, Ауыздары бірлесіп, Әбден сұрап алыпты (Х.Досмахамедұлы, Балуания//Аламан.)

ДҮРЛЕУ[1] с ы н. *Сәл-пәл қаттырақ, қатқылдау.* Нүрекеңнің қатқыл естілетін жуан даусы *дүрлеу* шықты (Қ.Боранбаев, Дала.).

ДҮРЛЕУ[2] *Дүрле етістігінің қимыл атауы.* Сарқылмайтын жігер бердің өрлеуге, Метеордай ақ жалын боп *дүрлеуге.* От ішіне кіргенде сынауға, тұтқын болып жүргенде де бұғауда («Жалын»).

ДҮРЛІГУ *Дүрлік етістігінен жасалған қимыл атауы.* **1.** *Қатты абыржу.* Әлдебір қиын жағдайды сезгендей жүрегімнің *дүрлігуі* күшейе бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Даурығу, елігу.* Кейбіреулердің тіліне ерем деп он алтыншы жылы жайына жатқан жұрттың *дүрлігуінің* аяғы неге әкеп соққанын өзің білесің (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Тек өз басы ғана *дүрлігумен* тынып, басқаның берекесі қашпасын деген тілегін ішіне сақтауда (А.Байтанаев, Дала сыры).

ДҮРЛІГУЛІ с ы н. *Қатты абыржулы, дүрліккен.* Мұндағы жұрт *дүрлігулі* (Х.Рахимов, Бетпе-бет.).

ДҰРЛІГІҢКІРЕ= е т. *Бір нәрседен қорқып абыржыңқырау, шошыңқырау.* Колчактың әскері қызылдардың тегеурініне шыдамай, жосылып қашып келе жатыр, біздің ауылдардың үстінен өтуі мүмкін деген хабарды естіп, ауыл адамдары *д ұ р л і г і ң к і р е п* отырған (Н.Fабдуллин, Өмір күйі). Әншейінгі қаңқу сөздің недәуір пәлекетке айнала бастағанын сезіп көпшілік *д ұ р л і г і ң к і р е п* қалған еді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ДҰРЛІГІҢКІРЕУ *Дүрлігіңкіре етістігінің қимыл атауы.* Сүліккараның да сауырына қамшы тиді. Шоғырланған көптің орнынан қозғалып *д ұ р л і г і ң к і р е у і н е н* шыдамай тұрғаны көрініп тұр (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

ДҰРЛІГІС з а т. *Абыржушылық, әбігерленушілік, үрейленушілік.* Түнгі үрейлі *д ұ р л і г і с т е н* ұйықтай алмаған, қабағы қатыңқы; топтың арасында тұрмын, – дейді Н.Тихонов («Қаз. әдеб.»). Ырғалып-жырғалуға уақыт тығыз. Мағжан түнгі *д ұ р л і г і с т і ң* мән-жайын қысқаша баян етті (М.Хасенов, Нартәуекел). Сол жылғы бір отрядтың көбін-ай, Шаңдады да жатты қара жол ұдай. Бірін-бірі қуған, шапқан, *д ұ р л і г і с,* Алғашында біз қаламыз танымай (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

ДҰРЛІГІС= е т. *Бір нәрседен секем алып абыр-сабыр болысу, қатты абыржысу.* Жоғарғы ауылдардың бәрі *д ұ р л і г і с і п* отыр. Ертең бірдеңе бола қалса, сойыл-шоқпарларын қолына алып атқа қонуға дайын, — деді (Қ.Исабаев, Айқыз). Түн ішінде шыққан оқыс даңғыр-дүңгір дыбыстан әскерлер қорқып *д ұ р л і г і с е* бастады (Сөнбес жұлдыздар). Көрмеген бұрын-соңды бұл бір істі, Бар қазақ үрейленіп, *д ұ р л і г і с т і.* Патшаның өкіліне бай-манаптар, Бас иіп біз дайын деп жүгірісті (М.Әмірбеков, Белестер).

ДҰРЛІГІСУ *Дүрлігіс етістігінің қимыл атауы.* Жазғытұрым су әне тасиды, міне тасиды деп ел бостан-босқа *д ұ р л і г і с у м е н* болды (Ауызекі). Кешкі алакеуім кезде ғана көршіқолаңның *д ұ р л і г і с у і* басылғандай болды (Ақ бұлақ).

ДҰРЛІК з а т. *Қатты абыржушылық, дүрлікпе.* Қасқыр шапқан қойдай *д ұ р л і г і м* басылса ше. Бірдеңем тынбағандай күні бойы булықтым да жүрдім (М.Қазыбаев, Аманат).

ДҰРЛІК= е т. **1.** *Қорқып я шошынып қатты абыржу.* Дәл осы кезде кенет *д ұ р л і к к е н,* бақырған әйел дауыстары ауыл үстін басып кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Түн ортасы ауғанда, қаннен-қаперсіз тыныш ұйқыдағы Көкөзек селосы бүйі тигендей *д ұ р л і к т і* (С.Адамбеков, Атылған.). Не болдылап *д ұ р л і к к е н* тағы бір балшықшының жан ұшырған ащы даусы естілді (Ө.Қанахин, Өз ақылы.). **2.** *Даурығу, еліру, желігу, желпіну.* «Үкімет сайлаймыз, ат шабыс, балуан күресі болады» деп ел бірауық *д ұ р л і к т і* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Көп ұзамай бұлардың күткен поезы да келіп, даяшымен асығыс есептескен достар дабыр-дұбыр көңілді сөйлесіп, *д ұ р л і г і п* перронға шыққан еді (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). Әбден *д ұ р л і г і п* алған балалар мұғалім бар-ау деген жоқ, өзара қызу әңгімелесіп кетті (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

ДҰРЛІКПЕ з а т. **1.** *Дүрліккен қалып, дүрліккен күй.* Бұрын-соңды бұндай *д ұ р л і к п е н і* көрмеген Жасылкөл сонда бұрқанып, су сабалап жағаны ұрып, тұңғиық тереңнен ah ұрып, адамша күрсініп жататын (Ы.Кененбаев, Інжу.). *// Қорқытқан, шошытқан, абыржытқан.* Өлгелі жатыр екен деп Шегебай маңындағылар қанша алыпқашты, *д ұ р л і к п е* хабар таратқанымен, Серғазы бүгін орнынан тұрды (Б.Тілегенов, Көктем). Өстіп отырып қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде сырттан есікті тарс-тұрс соғып, әкетіп бара жатқан *д ұ р л і к п е* дабылдан шошына орнынан ұшып түрегелді (А.Байтанаев, Дала сыры). **2.** э к о н. <франц. agiotage> *Жағдаяттың, сұраным мен ұсынымның, тауарлар бағасының, құнды қағаздар бағамының, валюта бағамының күрт өзгеруіне байланысты нарық пен биржадағы тез арада мол пайда тауып қалуды көздейтін алыпсатарлық қарбалас.*

Дүрлікпе сұраным. э к о н. *Тұтыну рыногындағы жағдай. Д ұ р л і к п е с ұ р а н ы м д а* тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жөніндегі төлем қабілеті бар сұраным тасқын тәрізді еселене түседі, бұл жағдай инфляцияға, бағаның өсуіне және ұлттық валютаның нақты құнының құлдырауына байланысты туындайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ДҰРЛІКПЕЛІ с ы н. *Дүрлігуге салынған, абыржытатын, шошындыратын.* Автор романындағы ерекше *д ұ р л і к п е л і* оқиғаның шиеленісуін ұтымды, әрі ширықтыра дамытқан («Қаз. әдеб.»).

ДҰРЛІКТІР= е т. *Абыр-сабыр еткізу, қатты абыржыту.* Сиырлар да таныс дауысқа жамыраса жауап қатқандай бір сәт көлтабанды *д ұ р л і к т і р е* мөңіреп, құлақ тұндырды (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Алдыңғы оң аяғымен жерді бір екі рет сарт-сарт соқты да, барлыққан қою үнімен кешкі ауаны *д ұ р л і к т і р е* ұзақ-ұзақ маңырап жіберді (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). Иттерді абалатып, ел қошкендей *д ұ р л і к т і р і п,* Раушан да жетті-ау үйіне (Ш.Құмарова, Қос шынар). Осыдан отыз жыл бұрын Ақсуат өңірін бір *д ұ р л і к т і р г е н* оқиға болды (Октябрь өрендері).

ДҰРЛІКТІРУ *Дүрліктір етістігінің қимыл атауы.* Бір ауыл емес, бүкіл бір аумақты *д ұ р-*

л і к т і р у г е жарайды долданған әйел, шіркін (Ә.Көшімов, Лашын.). Елді *д ү р л і к т і р у* ниетімен діндар адамдардың «ақырзаман» дегенді қасақана ойдан шығаруы да мүмкін (М.Гумеров, Хазірет.). Сережа маған қарады, полицей келіп бұл маңдағы адамды *д ү р л і к т і р у і* мүмкін (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ДҮРМЕК з а т. **1.** *Әрлі-берлі шұбырған жиын, мол тобыр.* Мынау жер қайысқан қалың *д ү р м е к т і ң* өздерін қандай күнге тап қылатынын біле алмай, айналаға алақ-жұлақ қарай береді (Ә.Кекілбаев, Дала). Осы айбарлы *д ү р м е к* топ мойын созып қарағанда қалпақ домалап жерге түсетін биік қорғанның теріскей тұсына жақындап келе берді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ұзамай-ақ соңынан будақ-будақ шаң қалдырған арба қалың *д ү р м е к т і ң* ортасына кеп тоқтай қалды (З.Асабаев, Ар соты). **2.** *Дүрліккен, әбігерге түскен қалып.* Қызыл вагондар алдында болып жатқан *д ү р м е к т і* көргенде барып, Дәмелі баласын көтерген күйі, солай қарай бет алды (Ө.Қанахин, Дәмелі). «Аттар келе жатыр» деген *д ү р м е к п е н* біз де бір көмбеге қара жолға қарай жүгірдік (Қ.Қайсенов, Сол бір жыл.). Сол-ақ екен бұл үшеуі Қамалдың құлаққа жағымды хабарын *д ү р м е к п е н* уралай қарсы алып, отын жағып, қазанын асып жәрдем бермек боп, бәрі ас пісіретін бөлмеге шығып кетті (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

Дүрмекке ерді [ілесті]. *Көпшіліктің жетегінде кетті.* Қодар бар жерден көтерме бастады да, көбейе-көбейе келіп, ақыры класта отырғандардың бәрі, тіпті білмейтіндері де *д ү р м е к к е е р і п* кетті (М.Иманжанов, Алғашқы айлар). Мектепте кісі боласың, *Д ү р м е к к е е р і п* дүрілдеп, Мектепке бәрің бүгін кеп, Оқисың думан саласың (Жамбыл. Тол. жин.).

Көптің дүрмегі. *Көптің ауаны, жұрт сарыны, халықтың беті. К ө п т і ң д ү р м е г і м е н* шауып келе жатқан Балуан Шолақ бір кезде жан-жағына қараса, әркімдер айналасында болып озып кетіп бара жатыр (С.Мұқанов, Таңд.).

ДҮРМЕК-ДҮРМЕК үс т. **1.** *Топ-топ болып жиналған.* Жиналыстан екі-үш күн бұрын ілінген хабарландырудың алдына жұрт *д ү р м е к-д ү р м е к* жиналып, әңгіменің не туралы болатынын анық біле алмай кетіп жатыр (М.Дүзенов, Әке болғым.). **2.** *Ауық-ауық, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін.* Балалар *д ү р м е к-д ү р м е к* көтеріліп, жауап беріп жатты («Қазақст. мұғ.»).

ДҮРМЕКСІЗ с ы н. *Әрлі-берлі шұбыртусыз, дүрліктірмей-ақ, әбігерге түсірусіз.* Мәселені *д ү р м е к с і з* шешіп алды (Ауызекі).

ДҮРМЕКТЕ= е т. *Дуылдау, шуылдау.* Мұрагер ұлы жоқтықтан ба, әйтеуір тірнектеп өмір сүрмей, *д ү р м е к т е п* жүруге құмар (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Дастарқанын мол жайып, барын шашып-төгіп жатыр. Ағайын-ауылдас, қатын-қалаш жиылып, өздерінше қуанып *д ү р м е к т е г е н* болады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Әйтеуір баяндамашы қалың папкасын қолтықтап мінбеден түсе бергенде залдағылар *д ү р м е к т е п* қол соқты (Ж.Мусин, Ақ алаң.).

ДҮРМЕКТЕЙ с ы н. *Дүрмек сияқты, дүрмек тәрізді.* Енелерін бірден таба алмай сапырылысқан *д ү р м е к т е й* (Т.Иманбеков, Үш ай.). Қырмызыдай қызыл жалау, Көрінеді сонау шеттен. Сол маңайда шулап салған, Естіледі ән *д ү р м е к т е й* (Ә.Тәжібаев, Таңд.).

ДҮРМЕКТЕЛ= е т. *Топталып дуылдау, әбігерлену.* Алдыңғы қонақтың ізі суымай тұрып, тағы бір топтың *д ү р м е к т е л і п* келіп қалатыны сияқты, Ләззат бір еңбегін бітіріп, тынығып сергімей жатып басына жаңа ойлар орала бастайды (Т.Ахтанов, Дала.). *Д ү р м е к т е л г е н* топты тоқтатып болмайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Шашыраған бірлі-жарым саяғы болмаса, негізгі бөлігі *д ү р м е к т е л і п*, топ түзей келе, тағы да шұбыра жөнелген (М.Мағауин, Таңд.).

ДҮРМЕКТЕЛУ *Дүрмектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жиылған топтың *д ү р м е к т е л у і.*

ДҮРМЕКТЕН= е т. *Топталып дуылдау, дүрлігіп әбігерлену.* Бұлар бүгін штабта жиналыс болады деген хабарды алысымен жанжақтан *д ү р м е к т е н і п* жеткен шопандар-ды (К.Ахметбеков, Ақдала.).

ДҮРМЕКТЕНУ *Дүрмектен етістігінің қимыл атауы.* Босқа *д ү р м е к т е н у д і ң* керегі не? (Ауызекі).

ДҮРМЕКТЕТ= е т. *Әбігерге түсіріп дуылдату, шуылдату, дүрліктіру.* Қыздардың сылқым күлкісі тыйылып, жігітке аңтарыла қарасады, *д ү р м е к т е т і п* көтеріп келе жатқан салға айызы қана, бейіл бере бұрылады (Д.Досжанов, Жібек.). Мінбеге көтерілген баяндамашы жұрттың айызын қандырып, *д ү р м е к т е т е* қол соқтырды («Жұлдыз»).

ДҮРМЕКТЕТУ *Дүрмектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Залды *д ү р м е к т е т у.*

ДҮРМЕКТІ с ы н. *Улы-шулы, елірген, дабыр-дүбірлі.* Үстіміздегі жылдың қаңтар-ақпан айларында мұнда *д ү р м е к т і* жарыстар біріне-бірі жалғасып, әйел конькишілердің де Европа құрлығы бойынша чемпионаты өтті («Қазақст. әйелдері»). Жас керуен *д ү р м е к т і,* дүбірлі боп, олқымызды толтырып, жаңамызды жаңғыртып, жыр тазалығына жанашыр боп, алыс-жақынға мәшһүр боп келсе деп аңсаймыз (М.Сатыбалдиев, Мөлдір аспан). Не күшті – *д ү р м е к т і* топ күшті. Топтың дүрмегі кейде болмашы ғана нәрседен де басталып кетеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ДҮРМЕКШІ з а т. *Дүрмекке қатысушы, дүрмекке еруші.* Егер жазушы өзінің кейіпкерлерін толыққанды көрсетіп, шынайы және сенімді етіп, әсерлі баяндауға ерік берсе, онда *д ү р м е к ш і л е р д і* дүркіреткеннен қашпағаны мақұл («Лен. жас»).

ДҮРМЕКШІЛІК з а т. *Дүрмекші болушылық, дүрмекке қатысушылық.* Демек, *д ү р м е к ш і л і к* қолдана білетін, Жолай болатын қосалқы жай, бұл қолына бірінші түскен шегені алған ұстамен бірдей («Лен. жас»).

ДҮРМЕЛЕҢ з а т. ж е р г. ***Дүрбелең.*** Осындай *д ү р м е л е ң* тығыз кезде ауылдың үлкен-кіші, ер-әйелі түгел дерлік жұмыс басында болады (Б.Соқпақбаев, Балалық.)

ДҮРПІЛДЕ= е т. *Дүрп-дүрп ету, дүрсілдеу.* Сырттан *д ү р п і л д е г е н* дыбыс естілді (Аялы жандар.).

ДҮРПІЛДЕТ= е т. *Дүрп-дүрп еткізу.* Үсік алатындай, жер қара, күн жылыда кебісті пима киген екен, *д ү р п і л д е т е* жөнеп берді де, қайырылып қайта тоқтады (Қ.Ысқақов, Түйық.).

ДҮРПІЛДЕТУ *Дүрпілдет етістігінің қимыл атауы.* Түнімен *д ү р п і л д е т у м е н* болды (Ауызекі).

ДҮРРІ с ы н. е с к і к і т. *Нағыз, барып тұрған, ең қымбат.* Жігіттің *д ү р р і* жауһар дүрі екенсіз, Дүние жаннатының гүлі екенсіз. Нағашы атаң дұрыс айтқан бәрімізге, Әншінің барып тұрған сыры екенсіз (Ақан сері, Шығ.). Ғазалымды *д ү р р і* жауһар, Сақтар заман ғашығындай. Жасымайды төкпе қаһар, Ол алмастың асылындай (Қ.Бекхожин, Қайран.).

ДҮРРІ с ы н. е с к і к і т. ***Дүрри.*** *Д ү р р і* жауһар сырғасын, көтере алмай тұр құлағы (Қыз Жібек).

ДҮРС е л і к. *Гүрс, тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Қазақстанда өндіріс, Күшейіп келед, бұл ырыс. Паровоздар бұрқылдап, Машиналар *д ү р с* те *д ү р с* (Ғ. Малдыбаев, Балға-Орақ). Жүрегім неге тоқтамай, *Д ү р с* те *д ү р с* соғады? Елеулі ойды жоқтамай, Құлағым нені ұғады? (Үш ғасыр.).

Дүрс еткізді. *Ойланбай айтып салды, қойып қалды.* Сазанбай жайсыз хабарды Досайға бірден *д ү р с е т к і з д і* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Дүрс етпе [етпелік]. *Қоңқ етпе, дөкір мінезді (адам).* Ұзағалы баяғы тоң мойындығынан, *д ү р с е т п е л і г і н е н* танбады. Жас әйелдің тәтті қиялын түсінбеді («Лен. жас»).

Дүрс етті. *Гүрс етті, тарс етті.* Сумканың терезеден жерге *д ү р с е т е* түскен дыбысына балалардың бәрі елең ете түсті (С.Бегалин, Жеткіншек). *Д ү р с е т к е н* зеңбірек үнінен кейін жұрттың бәрі ентелеп, танкілер жаққа қарады (Ә.Нұршайықов, М.Қайырбаев). Дәл осы сәтте есікке бір нәрсе соғылғандай *д ү р с е т е* қалды (Ә.Мекебаев, Құпия қойма).

ДҮРС-ДҮРС е л і к. *Гүрс-гүрс, тарс-тарс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Еденді ойып жіберердей *д ү р с-д ү р с* басып менің кабинетімнің алдына келді («Қаз. әдеб.»). Алдымыздан да, артымыздан да *д ү р с-д ү р с* снаряд жарылды («Қаз. әдеб.»). Басы айналғандай Қаншайымның құлағына *д ү р с-д ү р с* бір үн ғана келеді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Дүрс-дүрс еткізді. *Дүрсілдетті, тырсылдатты.* Шабдар ат осқырып қалып, алдыңғы аяғымен жерді *д ү р с-д ү р с е т к і з і п* тарпып-тарпып жіберді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Дүрс-дүрс етті. *Дүрсілдеді, тарсылдады.* Есік *д ү р с-д ү р с е т т і* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Дүрс-дүрс соғылды. *Гүрс-гүрс етіп соғылды, дүрсілдете қағылды.* Оның үстіне енді шыға берем дегенде, әйнек *д ү р с-д ү р с с о ғ ы л ы п* тағы да Қайкеннің даусы шықты (С.Жүнісов, Өшпейтін.).

Дүрс-дүрс соқты. *Тарсылдатты, дүрсілдетті.* Поезд доңғалақтары рельсті *д ү р с-д ү р с с о ғ ы п,* алға қарай тынымсыз зырлап келеді («Лен. жас»).

Жүрегі дүрс-дүрс соқты [етті].

Жүрек лүп-лүп етіп, қатты жұмыс істеді. Жігіттің *ж ү р е г і д ү р с-д ү р с с о ғ ы п,* аттай тулап кетті (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Енді Нарботаның жиілей түскен дем алысы оның оң құлағының түбінен, *д ү р с-д ү р с с о қ қ а н ж ү р е г і* ту сыртынан анық білініп тұр (А.Әлсеров, Таң алдында). *Жүрегі дүрс-дүрс етіп,* қапелімде тамағынатас тұрып қалғандай епетейсіз жұтына берді (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.). Өзім әлі үйір болмаған жат мектепке *ж ү р е г і м д ү р с-д ү р с е т і п,* толқып келе жатырмын (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ДҮРСЕ ү с т. *Дереу, бірден.* Ал қырман бастығы Керей Атантаев Сақанға *д ү р с е* тиісті (Балдәурен). Жұрт *д ү р с е* қол соғып жіберіп, дауылдап кетті (А.Шамкенов, Шапақ).

Дүрсе қоя берді. а) *Бірден қарсылық білдіріп, тап берді, шап ете түсті.* Сөйткенше болған жоқ, Түндебай атын тепсініп, омыраулата келіп, *д ү р с е қ о я б е р д і* (А.Хангелдин, Ғани.). Нұрбайдың бұйыра, кесіп-піше сөйлегеніне шыдамай кетеді де, ол да *д ү р с е қ о я б е р е д і* (Т.Нұртазин, Мұрат). Неткен ұятың жоқ, ар-намысың жоқ жігіт едің – деп Бақыт оған *д ү р с е қ о я б е р г е н* (С.Мұратбеков, Көкорай). ә) *Тікелей шабуылға кірісті.* Сол сол-ақ екен, жау жақтан винтовка, зеңбірек, пушка қаруының бәрі бірдей *д ү р с е қ о я б е р д і* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Біздер батыл адымдап, гранат лақтырып, автоматтан оқ боратып жаудың орта шебіне *д ү р с е қ о я б е р д і к* (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Таң да атты, біз немістердің траншеяларына *д ү р с е қ о я б е р д і к* (Ж.Жұмақанов, Әлия).

ДҰРСУ *Дүрсі етістігінің қимыл атауы.* Әлдеқандай болып *д ұ р с у і н* көрдің бе (Ауызекі).

ДҰРСІ= е т. **1.** *Дәуірі жүру, кемеліне келу, болып-толу.* Сен пәлекеттің дәурені он жерден *д ұ р с і п* тұрса да, қызымды аламын деп аузың қисаймай-ақ қойсын (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Шалғайда жатқан қазақтар арасында ескі салт-сананың, қызды қалың малға сатудың әлі *д ұ р с і п* тұрған кезі болатын (Ө.Қанахин, Жер бас.). Көк майсалы бұл жерді *д ұ р с і п* жатқан Жоңғар шапқан, Шығыс пен шүршіт шапқан. Тар кезеңде үзіліп таралғысы, Талай батыр құлаған сусып аттан (Ғ.Жұмабаев, Жомарт күз). **2.** а у ы с. *Ісіп-кеуіп әлдеқандай болу, кісімсіп қоқилану.* Ел жайын біліп қансаңыз, Айғайын құлақ салсаңыз. Кейбіреуі *д ұ р с і п* жүр, Жер тәңірісіп кер мағыз (Абай, Шығ.). Баяғыда *д ұ р с і г е н* грек, рим, араб, моңғол, түріктердің шарықтауы мен құлдырауы, шаңырағы қалайша ортасына бытшыт болғаны атой салып, көз алдымнан кетер емес (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ДҰРСІЛ з а т. *Дүрс-дүрс еткен дыбыс, дүбір, тарсыл.* Әлден уақытта Саян бөлмесінен шыңылтыр қағаз судыры, темірге соғылған балға *д ұ р с і л і* естілді (С.Шаймерденов, Мінез). Болат дөңгелектер болат жолды тарсылдатып, бірте-бірте алыстап, *д ұ р с і л і* де бәсеңдей береді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). Тарантастың сүрлеу жолда солқылдата соққан доңғалақ *д ұ р с і л і* бірте-бірте алыстап барып, бір мезетте жым болды (С.Омаров, Дала.).

Дүрсіл қақты. *Лүп-лүп етті, тарсылдады.* Сөз айта алмай бөгеліп, *Д ұ р с і л қ а ғ ы п* жүрегі; Тұрмап па еді сүйеніп, Тамаққа кіріп иегі (Абай, Шығ.). Ойламаған жерден бас қосқан қыз-келіншек, бозбалалардың осынау бір тамаша ойын-күлкісіне күпті жүрегі *д ұ р с і л қ а ғ а*, өзі де қосылып кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Жүрек дүрсілі. *Жүректің лүп-лүп еткен қалпы. Ж ү р е г і н і ң д ұ р с і л і н е н* басқа дыбыс ести алмады (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс). Өз *ж ү р е г і н і ң д ұ р с і л і* мен қанының табы қалған бұл шумақты Елібай мынау жартасқа өшпестей етіп ойып жазды (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ДҰРСІЛДЕ= е т. **1.** *Дүрс-дүрс ету, тарсылдау, тарс-тұрс еткен дыбыс шығару.* Ат тұяғының дүбірі құлақ қабын жаратындай *д ұ р с і л д е й д і* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Күңіренің орман жапырақ, Теңселе түсіп сыбырлап. Зәулім қайың қалтылдап, Жер *д ұ р с і л д е п*, оқ зулап (Ж.Сыздықов, Асулар). Құғыншылар жайына шауып, ат тұяғы жерді тесіп жіберердей *д ұ р с і л д е й д і* (К.Ахметбеков, Жеңіс.). Отарбаның жылдам жақындап, *д ұ р с і л д е п* келе жатқан дүбірі естіледі (С.Сейфуллин, Әңгім.). **2.** а у ы с. *Лүпілдеу, лүп-лүп ету.* Жүрегі *д ұ р с і л д е п* кетті (Ауызекі). **3.** а у ы с. *Дүрсе қоя беру, зіркілдеу, дүңкілдеу.* Адамдардың да мінезі әр алуан. Олармен тіл табыса білуің керек. *Д ұ р с і л д е п* ұрысқаныңмен ешкімге айтқаныңды істете алмайсың («Лен.жас»). Кәреке қателесіп тұрсыз. Үлкен деп сізден үлгі күтсе, *д ұ р с і л д е п* ала жөнелгеніңіз қалай (С.Сматаев, Ақжелең). **4.** а у ы с. *Өріс алып даму, қызу, күшіне ену.* Соғыстан жалғыз осы Иран мемлекеті ғана аман, сауда *д ұ р с і л д е п* жүріп тұр (С.Шарипов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Дәуірлеу, болып-бітту.* Бұл екеуінің *д ұ р с і л д е п* тұрған мықты уақыты (С.Шарипов, Шығ.). Кіші барса айқай салып: «Мұнда неғып жүрсің?» деді. Дүние деген теріс ақты, Дабыс даңқы *д ұ р с і л д е д і* (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

ДҰРСІЛДЕП-ГҮРІЛДЕ= е т. *Дүрсілдеген, гүр-гүр еткен құлақ тұндырар дыбыстардың шығуы.* Қақпа алдында өрт сөндіргіш машина мен жыланбауыр трактор текетірес тұрып, *д ұ р с і л д е п-г ү р і л д е п* селкілдейді («Қаз. әдеб.»).

ДҰРСІЛДЕС= е т. *Қосыла тарсылдату, қосыла дүрсілдету.* Әйтеуір, үйді басына көтерісіп, *д ұ р с і л д е с і п* жатыр (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

ДҰРСІЛДЕСУ *Дүрсілдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ұрсысып *д ұ р с і л д е с у.*

ДҰРСІЛДЕТ= е т. *Дүрс-дүрс еткізу, тарс-тарс еткізу. Д ұ р с і л д е т і п* жүріп келе жатқан көп аттың тұяғы мен сүйретіп келе жатқан сойылдың тастаққа соққан тықыры естілді (М.Әуезов, Қараш.). Қойлар дүркіреп, үйдің жанына ұйлығып қалды. Лашын сол бойда қасқырды *д ұ р с і л д е т е* қуып ала жөнелді (А.Сарбөпин, Аспалы.). Ал дәл жанынан *д ұ р с і л д е т і п* өтіп бара жатқан мылтықты адамдар да жүрегін селк еткізбеген ғой (Қ.Тәукенов, Айлалы.).

ДҰРСІЛДЕТУ *Дүрсілдет етістігінің қимыл атауы.* Таңертең каютада жатыр едім, біреудің есікті *д ұ р с і л д е т у і* елең еткізді (М.Мұсабаев, Антарктида.). Шараның булыққан даусы мен Мараттың шыр еткен үні, денеге тиген жұдырық, еденді аяқтың *д ұ р с і л д е т у і* – бәрі қосылып кетті (Е.Ахметов, Талшыбық.). Қайта-қайта шақырып, залды *д ұ р с і л д е т у і н* қоймады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДҰРСІЛДЕУ *Дүрсілде етістігінің қимыл атауы, лүпілдеу.* Әлдене әлі де *д ұ р с і л д е у і н* қойған жоқ. Бүкіл жердің жүрегі тулап жатқандай (К.Сегізбаев, Жыл. күндері).

ДҰРСІН[1] з а т. *Дүбір, нөпір.* Бір кезде шабан шахта аталдың ғой. Оныңды болып жүрсің жасырмақшы. Бәйгіні ұлы *д ұ р с і н* көрдік

талай, Жүйрік сол жүлде алатын тимей қамшы (Айтыс).

ДҰРСІН² з а т. *Дүркін, рет.* Жаз осы Қаратау бөктерін жайлап, күз түсе Сырға қайта ораламыз. Үдере көшудің осы екі *дүрсіні* әсіресе қой малын қатты титықтатып тастайды (С.Әлжіков, Дала.).

ДҰРСІН= е т. *Күпіну, ісініп-қабыну.* – Сөйтіп бұрынғы күн жоқ десей Шарбақбайда. Өзі де біраз *дүрсініп* еді, сол керек (А.Нұрманов, Құлан.). Ақыным жеттім бе деме, бос *дүрсінбе*, Өлеңім өзім үшін ескірсін де (М.Әлімбаев, Таңд.). Ал сен оған үлкенсінбе, *дүрсінбе*, Алла саған берді өзін мақтап жүрсін деп, Тікірейме, жаның тура болсын тек (Шығыс жұлдыздары).

ДҰРСІН: **қара дүрсін.** а) *Қарапайым, қарабайыр.*— Сәкенжан, біз қазақынамай адамбыз ғой, сөзіміз *қара дүрсін*, тұрпайы келеді. Кейде оғаш та кетіп қалатын кезіміз болады («Қаз. әдеб.»). *Қара дүрсін* Айжаннан қандай шабыт тауып жүрсің осы (Жүздесу). Ертегі айтуға келгенде Вася ағай өте шебер екен. Ол ертегіні *қара дүрсін* қалыпта жай баяндамайды (С.Омаров, Дала қызы). ә) *Жан-жақты қаралып зерттелмеген, қарапайым, жай.* Әйтсе де театрдың күні бүгінге дейін сценалық штамптан, *қара дүрсін* схематизмнен адалдана алмай келе жатқанын қынжыла айтуымыз керек («Лен. жас»). Біз ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кең қолданбаймыз, оны өндіріске баяу енгізіп келеміз. *Қара дүрсін* әдіспен көп нәрсені жеңіп алғымыз келеді (С.Әлжіков, Дала.). б) *Ештеңеге қарамастан, бет қаратпайтын; цйтқыған.* Қоян жылының қақаған қысы болатын. Қаңтары сары аязға, Ақпаны *қара дүрсін* боранға ұласып, білгенін істеп тұрған-ды қыс (С.Әлжіков, Дала.).

ДҰРСІНДЕУ: **қара дүрсіндеу**. *Қарапайымдау, қарабайырлау.* Дауылбайдың қара домбырасы сол бір *қара дүрсіндеу* болса да құшырлана тартылатын санаулы күйлер мен әндер мұның қимас қымбаттысындай сақталып қалыпты (Б.Шаханов, Ғашықтың тілі). Бір скважина арқылы горизонттан мұнай өндіру әдісі бізде әлі де *қара дүрсіндеу* технологиямен жүргізіліп келеді («Лен. жас»). Ол өзінің сұлу еместігін, мінезінің де басқалар сияқты биязыланып, майысып тұратын қылықты емес, *қара дүрсіндеу* екендігін айтып сырласқысы келген еді (Ш.Бейсенова, Тойға кел.).

ДҰРСІНДІК: **қара дүрсіндік**. *Қарабайырлық; таяздық.* Журналдың осыдан бірнеше жыл бұрынғы құрғақтықтан, *қара дүрсіндіктен*, тематика тарлығынан арыла бастағаны бірден байқалады («Қаз. әдеб.»). Әр іске көркемдік талғам қажет. *Қара дүрсіндік*, кейіпсіздік салақтыққа апарады, – деді Кәжен қарт («Лен. жас»). Соңғы кезде қазақ әдебиетінде өзінің көптеген жаңалықтары бар, *қара дүрсіндіктен*, ойсыздықтан арылған туындылар дүниеге келді («Қаз. әдеб.»).

ДҰРСІНДІЛІК: **қара дүрсінділік**. с ө й л. ***Қара дүрсіндік.*** Қарапайымдылық *қара дүрсінділікке* соқтырса, өлеңнің ұтылғаны дей бер («Қаз. әдеб.»). Көтібардың қылығы рушылдық *қара дүрсінділікке* жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар (С.Мұқанов, Халық мұраты).

ДҰРСІНДІР= е т. *Күпіндіру, ісіндіріп-қабындыру.* Бұл жетістігі оның өзін біраз *дүрсіндіріп* еді (Ауызекі).

ДҰРСІНДІРУ *Дүрсіндір етістігінің қимыл атауы. Дүрсіндірудің* аяғы осылай болды (Ауызекі).

ДҰРСІНУ *Дүрсін етістігінің қимыл атауы. Дүрсінуінің* жөні бар шығар (Ауызекі).

ДҰРСІТ= е т. **1.** *Дүрсілдету, тарсылдату. Дүрсітіп* сен де жеттің. Киектегі суға жұлығың батар-батпаста тоқтадың (Ә.Нұрпейісов, Сең.). **2.** а у ы с. *Әлдеқандай етіп кісімсіту, болыптолғансыту.* Кейбіреулер өздерінше әлдеқандай болып *дүрсітіп* жүр (Ауызекі).

ДҰРСІТУ *Дүрсіт етістігінің қимыл атауы. Дүрсітуін* көрдің бе? (Ауызекі).

ДҰРІГУ *Дүрік етістігінің қимыл атауы.* Кешегі *дүрігуін* есіне алды (Ауызекі).

ДҰРІК ү с т. ж е р г. *Кенет, бірден. Дүрік* соққан дауыл *дүрік* тынды. Атырау бетінің ашуы әлі қайтпаған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ДҰРІК= е т. ж е р г. *Дүрлігу.* Өзін сыйлағанды дәріптемейтін жұмыр басты пенде жоқ. Онан кейін елірген қажы, іздеген теңдігі оңай олжаға айналып, ат тізгінін кері бұрады; қойша *дүріккендер* ойға қалады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ДҰРІКТІР= е т. с ө й л. ***Дүрліктіру.*** Қасқыр шапқан қойша *дүріктірді* (Ауызекі).

ДҰРІКТІРУ *Дүріктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дүріктіруге* болмайды.

ДҰРІЛ¹ з а т. *Дүр-дүр еткен дыбыс, гүріл.* Жегілді ат боп трактор, Жер қыртысы тілінді. Есітті құлақ *дүрілді*, Ойлашы, қай күн бүгінді (Б.Майлин, Шығ.). Бұрғының сыртынан шыққан *дүрілге* бұлар құлақ түріп үлгергенше, қастарына жеңіл машина келіп тұра қалды (Р.Өтесінов, Алып.). Көп сапардың бірі, көп жолаушының жетеуіміз. Тек болғаны мотордың *дүрілінен* аздап құлағымыздың түбі сыздайды (Б.Аманшин, Көкжар).

Дүріл қақты. *Дүр-дүр етті.* Трактор күшін жиып, *дүріл қақты*, Мөлдіреп көкшіл түтін аспанға атты. Кемедей көк теңізде жүзген жарып, Дабылы жер сілкінтіп бара жатты (С.Машақов, Жылдарым.). Ал содан соң Алматы *дүріл қағып*, Терезеңнен сан дыбыс кіріп алып (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.). Міне, мотор

дүріл қағып, мотожарысына қатысқандар тіпті жақындап қалды («Спорт»).

ДҮРІЛ[2] зат. сөйл. *Денені, бір нәрсені дір-дір етіп сілкіндірушілік, дүр-дүр етушілік, дірілдеушілік.* Жалғыз-ақ Таңсұлу күң мұны көрген, Көргені көңіліне қуат берген. Жас құлынның сілкінген *дүрілінен,* Жылқылар басын жұлып алды жерден (Ш.Әбенов, Шыңғыстау). Сырдың ой мен қырын теңіз толқынындай бір *дүріл* басты да кетті (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

ДҮРІЛДЕ= ет. **1.** *Дүр-дүр еткен, гүрілдеген дыбыс шығару.* Тынық көшті басына көтеріп, *дүрілдеп* екі трактор келеді (Б.Майлин, Шығ.). Әр бұлақта, өзенде, тау-таудың суында *дүрілдеп* жүріп жатқан машиналар, моторлар, шөлде поезд дүрілдеп, самолет көк жарад (І.Жансүгіров, Шығ.). Музыка маршы *дүрілдеп* цирктің ордасын солқылдатты (І.Жансүгіров, Шығ.). *Дүрілдеп* дауыл сапырса, Дөңбекшіп теңіз тулайды. Бұтағын иіп жапырса, Теңселіп орман шулайды (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). **2.** *Пыр-пыр ету, гу-гу ету. Дүрілдеп* топтанып бозторғайлар ұшып жүр (О.Сәрсенбаев, Сағым). **3.** *Дүркіреп қашу; дүркіреу.* Төменгі жақтағы бір топ қой *дүрілдеп* үркіп келеді екен (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). **4.** *Оттың қатты жануы.* Төменгі бөлменің ортасына орнатылған темір пеш *дүрілдеп* жанып тұр (Р.Хайруллин, Офицер.). *Дүрілдей* жанған от бірте-бірте лаулап, қу қарағайлар сатырлай бастады (Ш.Күмісбаев, Соқ, барабан). Қиын деп қашқаным жарай ма, Лайық емес қой әрине. Сүйгенім бетіме қарай ма, *Дүрілдеп* жанбаса от әр үйде (С.Сматаев, Астана.). **5.** *Сарылдап төмен қарай ағу, күркілдеу.* Жылғадан сулар *дүрілдеп,* Қосылып жатыр күлісіп, Шолпысындай сұлудың, Жапырағы сылдырап (Өлеңдер). **6.** ауыс. *Өсімдіктің қаулап өсуі.* Көк *дүрілдеп* ерте көктей бастады (Ғ.Сланов, Әңгім.). **7.** ауыс. *Дауыс көтеріп ұрсу, реніш білдіру, даурығу.* Бұл сөйтіп *дүрілдей* жөнелгенде-ақ Үкілім үйден шығып кетіпті (Қ.Қазыбеков, Бейтаныс). Бірімізді-біріміз қостап *дүрілдеп,* Басқаның сөзіне қонақ бермей кетеміз (Р.Тоқтаров, Терістік). *Дүрілдеген* зор тасқын, Бәрін жұтып жалмады. Ішінен сол жолдастың Өзің болдың қалғаны (С.Мәуленов, Бала жолбарыс). *Дүрілдеп* аққан Волга-Дон, Сен де бізге бағындың. Құлазып жатқан құба жон, Жасыл жапырақ жамылдың (М.Хакімжанова, Жыр асуы). **8.** ауыс. *Дүбір-дүбір ету, дүбірлеу, дабырлау.* Бәйгесін алған ел қауқылдасып, *дүрілдеп* тарай бастады (С.Талжанов, Ұлдай). **9.** ауыс. *Қарқыны күшею, қызу, гүілдеу.* Айлы түнде биіктен жарқырап көрінетін сайда алтыбақан *дүрілдеп* жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мақта терім науқаны *дүрілдеп* қызып тұр (С.Асанов, Жомарт). Көңілді болған соң жұмысымыз да *дүрілдеп* жүре берді (Қ.Бекетаев, Шығ.). Нұрғалидың бригадасы бірінші бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын бірінші болып орындап, *дүрілдеп* тұрған кезі (Р.Өтесінов, Алып.). **10.** ауыс. *Аты шығып, даңққа бөлену, дәурені жүру. Дүрілдеп ті* Көкшеде аты шулы хан Кене. Жасағанын хош көрме, Тегін бірақ жан деме (Б.Аманшин, Маңғыстау). Ұзақ шал бұл аймаққа белгілі адам. Көп жыл колхоздың жылқысын бағып, дәурені жүріп, *дүрілдеп* тұрған (Е.Ахметов, Талшыбық). Сол күндерде өзбек қызы Тұрсынайдың атақ-даңқы *дүрілдеп,* жер жарып тұрған-ды («Мәдениет және тұрмыс»). Ол кезде бұлардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, *дүрілдеп* тұрған кезі ғой (Алғашқы адым). **11.** ауыс. *Етек алып, өрістеп даму.* Будда діні *дүрілдеген* сонау арғы заманда қағаз да, баспа да болмағаны мәлім (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Атамекен, өзің оздың түбінде, Таңың атты, күнің шықты, *дүрілде!* Керуен жолы болған қазақ даласы, Ғарыш жолы болдың енді бүгінде (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). Сауран шаһарының *дүрілдеп* тұрған кезінде Сейіт қожа деген қасапшының болғаны рас (О.Дастанов, Әулие.). **12.** ауыс. *Өзін-өзі көтермелеу, әлдеқандай болу.* Хан тезек, төремін деп *дүрілдейсің,* Қожаны ақ сәлделі пірім дейсің. Үйіңе Жылкелді мен Бапы келсе, Әкең келген немедей күлімдейсің (Айтыс). Ойлаймын мен де ұрпаққа өзімше жемісімді ексем деп. Қысқа ма, әлде ұзақ па? *Дүрілдеп,* шіркін өтсем деп (А.Шамкенов, Сырларым).

ДҮРІЛДЕЙ сын. *Дүріл сияқты, дүріл тәрізді.* Алыстан естілген мотордың *дүрілдей* бір үн құлағымызға жетті («Қаз. әдеб.»).

ДҮРІЛДЕП-ГҮРІЛДЕ= ет. *Дүр-дүр ету, гүр-гүр ету.* Міне, мотор *дүрілдеп-гүрілдеп* тіпті жақындап қалды (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

ДҮРІЛДЕП-ГҮРІЛДЕУ *Дүрілдеп-гүрілде етістігінің қимыл атауы.* Мотор үнінің *дүрілдеп-гүрілдеуі* басылды (Ауызекі).

ДҮРІЛДЕС= ет. *Дүр-дүр етіп сөйлесу, абыр-сабыр болу.* Нұрлығүл қырдың басына шыққа да, өзен жағаласа да *дүрілдесіп* бірге еріп, ішпей-жемей мәз болып, екі езулері құлағында жүргені (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су). Би-болыстар әңгімелесіп, бірде дуылдасып, бірде *дүрілдесіп* сөз таластырып, біріне-бірі қыр көрсетіп отыр (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Төргі бөлмеде әкелі-балалы екеуі облыстан келген үшеумен солайша *дүрілдесіп,* мәжіліс құрып жатыр (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

ДҮРІЛДЕСУ *Дүрілдес етістігінің қимыл атауы.* – Әніңе болайын, Жоламан аға! – Өнерде бап емес, талант озады, – деп жұртшылық біраз уақыт *дүрілдесумен* болды (Т.Рақымжанов, Оралу).

ДҮРІЛДЕТ= е т. **1.** *Дүр-дүр еткен дыбыс шығарту.* Газигін *д ү р і л д е т і п,* есік алдына Нұрым келіп тоқтады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Өгей шешем жуан-жуан дөңбектерді алып келіп, *д ү р і л д е т і п* отты жағады (С.Шаймерденов, Мезгіл). Жоңышқа жеген қос торыны қуа айдап, солқылдақ арбаның алдындағы күчер *д ү р і л д е т і п* келіп, кеңсенің есігін көлдеңдей берді (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** а у ы с. *Дүр сілкіндірту, думандату.* Ресторанды түгел жалдап, той жасадық *д ү р і л д е т і п.* Бәрі де ойдағыдай боп шықты, думан ың-жыңсыз өтті (Ө.Қанахин, Бақыт.).

ДҮРІЛДЕТУ *Дүрілдет етістігінің қимыл атауы; дүр-дүр етіп дыбыс шығарту.* Дүниені дүрліктіріп, *д ү р і л д е т у м е н* келген қатты нөсер де лезде басылып, соңы сылбыр жауынға ұласқан (Б.Тілегенов, Уақыт).

ДҮРІЛДЕУ *Дүрілде етістігінің қимыл атауы, қарқыны күшею.* Үйреттің тығырықта түңілмеуді, Үйреттің сүрінбеуді, күлімдеуді. Өрінде романтика биігінің, Бықсымай, жалындауды, *д ү р і л д е у д і* (М.Әлімбаев, Балдәурен.).

ДҮСІР з а т. *Тасыр-тұсыр еткен дүбір, дүрс-дүрс еткен дыбыс.* Айқаймен араласып, шабысқан аттардың тулақ сабалағандай *д ұ с і р л е р і* біресе оң жағына, біресе сол жағына ойысқандай болып отырады (С.Сейфуллин, Шығ.). Мұрынынан ыңылдаса да иен елсізде жаңғырығып, кейде шырқауына жете бере тұяқ *д ұ с і р і* мен шұбалтпа шаңның астында құмығып қалады (С.Нарымбетов, Тентек). Тым-тырыс тәтті ұйқы құшағындағы ауылда *д ұ с і р* шықпаған соң иттер де үрмей, маужырап жатқанға ұқсайды (Ә.Әлішев, Бәйтерек.).

ДҮСІР-ДҮСІР е л і к. *Тасыр-тұсыр, дүбір-дүбір, түсір-түсір еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Кенет ойда жоқта үй сыртында *д ұ с і р-д ұ с і р* жүріс көбейіп, тарс-тұрс мылтықатылды (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). «Қоймас, – деп, – құлқы жаман Бақыт-нүсір». Қашумен қалғандары барды Мысыр. Шаңдақ боп шарапатты сондай шаһар, Шабылды ат күні-түні *д ұ с і р-д ұ с і р* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жүрсінкүл дастарқан жайып, кебеже самаурынды әкелгенде аяқтарын *д ұ с і р-д ұ с і р* қағып, түс қайта оқитын қызын ертіп, түске дейін оқитын баласы кірді (М.Байғұтов, Шілде).

ДҮСІРЛЕ= е т. *Тасыр-тұсыр ету, дүбірлеу.* Бір мезгіл бұлар отырған беттің етек жағынан *д ұ с і р л е г е н* ат тұяғының дыбысы естілді (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Көше бойы *д ұ с і р л е п,* шаңдатып ерсілі-қарсылы шапқылап жүрген атты, жаяу халық (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сол күннен қас жүйріктен қауіп еткен, Бойдағы тарады ғой дауыл еппен. Қайдасың, қара арғымақ, сағындым ғой, *д ұ р с і л д е п* дүниеден шауып өткен (М.Құттықов, Ар-намыс). *Д ұ с і р л е п* қалың асау да келе жатыр, Шортандай жұтатұғын бізді қылғып (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

ДҮСІРЛЕТ= е т. *Тасыр-тұсыр еткізу.* Қос атты жазықтықта *д ұ с і р л е т і п* шауып-шауып алып, бұдыр-бұдыр тастақты тау етегінен бір-ақ шықты (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Белдеуде біраз тұрып бойын жиған ат кешкілік өріске шыққан көп жылқының ізімен *д ұ с і р л е т і п* шаба жөнелді (М.Дүзенов, Ақәже). Қараменді үйіне кіре беремін дегенде үй қасына *д ұ с і р л е т і п* келіп екі салт атты тоқтады (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ДҮСІРЛЕТУ *Дүсірлет етістігінің қимыл атауы.* А.Еспаевтың «Сарбаздар әні» мен «Әлібі Жанкелдин туралы жырында» сол кең даланы *д ұ с і р л е т у м е н* жаңа өмір әкеле жатқан жігер байқалады (І.Омаров, Серпін). Үстіңгі қабаттан түннің бір уағына дейін *д ұ с і р л е т у і* бізге қиындық келтірді («Жұлдыз»).

ДҮСІРЛЕУ *Дүсірле етістігінің қимыл атауы.* Ат тұяғының *д ұ с і р л е у і* басылды (Ауызекі).

ДҮТ з а т. с ө й л. ***Дүт.*** Уа, ғалымдардың ғалымы, шәкірттердің жанашыр жақыны, өзіңізге көңілдегі *д ү т і м д і* білдіруге рақым етіңіз (Д.Сапаров, Өткен күн.).

ДҮТТЕ= е т. с ө й л. ***Дүтте.*** Адам көне береді ғой. Сақал-мұртыңызды Мақтапбергеннің моржасындай *д ү т т е п* тұратын шығарсыз (Ж.Тәшенов, Алғашқы айқас).

ДЫ ш ы л. *Еді сөзінен қысқарып жасалған демеулік шылау.* Мұнан бірнеше жыл бұрын осы арада қауғамен тартып көмір шығаратын қираған шахталар бар-*д ы* (А.Машанов, Жер асты). Жағалай қарап шықтық. Солардың орта деңгейінде Эдмунд Вениаминович Штольдың да портреті бар-*д ы* (Б.Тоқтаров, Қыран.). Бұлшық еті шыныққан адамда жарық болмайтынын дәрігерлер ертеде-ақ аңғарған-*д ы* (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

ДЫБА з а т. к ө н е. *Ертеректе адамды керіп қойып жазалайтын құрал. Д ы б а* дегенді Құдайым көрсетпей-ақ қойсын («Әдеб. және искусство»).

ДЫБДЫР з а т. с ө й л. ***Дыбыр***. Ауызғы бөлмеден әлдененің *д ы б д ы р ы* естілді (Ауызекі).

ДЫБДЫР-ДЫБДЫР е л і к. *Дыбырлаған, дыбыр-дыбыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Аға, мен ауылға бармаймын. Иә, бармаймын. Өлтірсе де бармаймын, – деп *д ы б ы р-д ы б д ы р* етіп сөйлеп келеді (С.Бегалин, Сәтжан). Жұмағұлдың асығып-үсігіп *д ы б д ы р-д ы б д ы р* айтқан сөзінен еш нәрсе түсінсем бұйырмасын (Ауызекі).

ДЫБДЫРЛА= е т. *Түсініксіз етіп дыбдырдыбдыр етіп сөйлеу.* Оу, Ақан, тұрыңдар, – деп, ағаш арасымен *д ы б д ы р л а п* сөйлеп келе жатқан аңғал Құсайын ештеме аңғармады (С.Жүнісов, Ақан сері). Айдаркин: – Ия, ия, сол қағаз жазылса, өте керек, – деп *д ы б д ы р л а п* барып тоқтады (С.Бегалин, Уақыт.). Сұлтан ырсия күліп алды да, *д ы б д ы р л а п* сөйлей жөнелді (А.Нұрманов, Құлан.).

ДЫБДЫРЛАҢҚЫРА= е т. *Дыбдыр-дыбдыр етіңкіреу.* Жайшылықта *д ы б д ы р л а ң қ ы р а п* тез сөйлейтін Горбунов, қағаз оқығанда ерні ерніне жұқпай, ылғи «р» мен «а»-дан құралған сөз сықылдандырып түсініксіз қылып жіберетін еді (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау).

ДЫБДЫРЛАҢҚЫРАУ *Дыбдырлаңқыра етістігінің қимыл атауы.* Әлі *д ы б д ы р л а ң қ ы р а у ы н* қоймапты (Ауызекі).

ДЫБДЫРЛАС= е т. *Дыбдыр-дыбдыр етісу.* Әлдекімдердің *д ы б д ы р л а с а* сөйлескендері естіледі (Ауызекі).

ДЫБДЫРЛАСУ *Дыбдырлас етістігінің қимыл атауы.* Екеуінің *д ы б д ы р л а с у ы* басылды (Ауызекі).

ДЫБДЫРЛАТ= е т. *Дыбдыр-дыбдыр еткізу.* Халық сыйлауға қарсы болмассың, болмассың, – деп Шыңғыс сөзін ара-тұра қайталап *д ы б д ы р л а т а* айтатын әдетімен Шоқанға көп көзінше өз хабарын айтты (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ДЫБДЫРЛАТУ *Дыбдырлат етістігінің қимыл атауы.* Оның *д ы б д ы р л а т у ы н а н* ештеңе түсінбеді (Ауызекі).

ДЫБДЫРЛАУ *Дыбдырла етістігінің қимыл атауы.* Жол бойы *д ы б д ы р л а у м е н* болды (Ауызекі).

ДЫБЫЛ з а т. с ө й л. ***Дыбыр***. Шаршап жүрген жұмысшылар терең ұйқының албастысы басқан, алысудың *д ы б ы л ы* оята алған жоқ (С.Камалов, Әңгім.).

ДЫБЫР з а т. *Дабыр-дыбыр еткен дыбыс, дүбір.* Сол сөзін айтып та болмады, сырттан *д ы б ы р* естілді (Ш.Құмарова, Қос шынар). Малда дыбыс, көлде шу, желде ыңыл жоқ, Маңайды манаурадым мүлде ұмтылып, Судың сылдыр, тоғайдың *д ы б ы р ы* жоқ, Басқаны қойдың әншім тақа құртып (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол жастайынан адамның *д ы б ы р ы* мен дыбысы шыққан жерден қашып үйренген жыртқыш (С.Тәнекеев, Қиян асу).

ДЫБЫРА= е т. *Дыбыр-дыбыр ету.* Өстіп тұрғанда *д ы б ы р а п* жауын жауды. Найзағай осып өтті (Ж.Сатаев, Құйын).

ДЫБЫР-ДЫБЫР е л і к. *Дыбыр-дүбір, күбір-күбір еткен тынымсыз, беймаза дыбысты білдіретін сөз.* Көрші үйдегі адамдар түнімен *д ы б ы р-д ы б ы р* етіп ұйықтатпай қойды (Ауызекі).

Дыбыр-дыбыр етті. *Былдырлады, былдырақтады.* Әйтеуір, Мұрт жыбыр-жыбыр етіп, Кекештеніп *д ы б ы р-д ы б ы р* етіп үшке ілікті. Оның өзі күшке ілікті (С.Кенжахметов, Қуырдақ).

ДЫБЫРЛА= е т. **1.** *Дыбыр-дыбыр ету, дабырлау.* Күлбадамның қасындағылардың *д ы б ы р л а п* сөйлегенін Тасқынбай естіп отырды (М.Иманбаев, Жеткіншек.). Ауыл ың-жың *д ы б ы р л а ғ а н* адам, кісінеген жылқы, мөңіреген сиыр, маңыраған қой – бәрі қосылып, түбектегі жиырма шақты үйді басына көтеріп барады (Б.Майлин, Шығ.). Мәжіліс ағасы Үрпек жұрттың *д ы б ы р л а ғ а н* сөзін тоқтатып, тәртіпке шақырды (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Сөзді анықтап сөйлей алмау, быдыңдау.* Бөбек ештеңемен шаруасы жоқ: құйтақандай екі қолын кезек сермеп, *д ы б ы р л а п* бірдеңелерді айтып бара жатты (Ө.Қанахин, Бақыт.). Қайда барғанмен Төлеутай ортаға салар пікір шамалы екен. Мінбеге шыққасын да әлгіде партада тұрып *д ы б ы р л а ғ а н* екі ауыз сөзін қайталады (А.Мекебаев, Аңызақ). Мәсум *д ы б ы р л а п* ұшқалақ сөйлейді де, «р» әрпін жұтып қойып, немесе «ы»-ға айналдырып мүкіс айтады (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

ДЫБЫРЛАҚ с ы н. *Дыбыр-дыбыр еткіш, дыбырлай беретін, дыбырлағыш.* Әдеміше сары жүзі қызара күліп тұрып Ақтан: – Мен қазақшаға аудармасам бұл *д ы б ы р л а қ т ы ң* сөзіне түсіну қиын өзі! – деді (Е.Мырзахметов, Медет).

ДЫБЫРЛАҢҚЫРА= е т. *Дыбырлай түсу.* – Ол кім, кім? – деп Шыңғыс *д ы б ы р л а ң қ ы р а п* Шоқаннан талдап сұрай бастады (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ДЫБЫРЛАҢҚЫРАУ *Дыбырлаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ДЫБЫРЛАС= е т. *Дыбыр-дыбыр етісу.* Әділбектің бұл сөзі кедейлердің құлағына майдай жағып, бәрі тым-тырыс жауап күтіп отырғанда ұлықтар біріне-бірі қарасып *д ы б ы р л а с а д ы* (С.Шарипов, Бекболат).

ДЫБЫРЛАСУ *Дыбырлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ы б ы р л а с у ы н* қойғызды.

ДЫБЫРЛАТ= е т. *Дыбыр-дыбыр еткізу.* Төкең екі саусағымен столды *д ы б ы р л а т ы п* кішкене отырды да екі балаға: – Екеуіңді қайда жұмсасам екен, – деді (Е.Домбаев, Менің туыс.).

ДЫБЫРЛАТУ *Дыбырлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ы б ы р л а т у ы н* қойды.

ДЫБЫРЛАУ[1] с ы н. с ө й л. *Дыбыр-дыбыр еткіштеу, баяулау.* Сөзі *д ы б ы р л а у,* әйтсе де көп сөйлеуді сүйетін адам секілді (Б.Майлин, Шығ.).

ДЫБЫРЛАУ[2] *Дыбырла етістігінің қимыл атауы. Д ы б ы р л а у д ы ң* керегі жоқ, оятып алмайық (Қаз. әңгім.).

ДЫБЫРСЫЗ с ы н. *Шуламай, ұн шығармай.* Бекәділ ақылға салып, жалғыз өзі жеңе алмасы есіне түсіп, *д ы б ы р с ы з* барып машина нөмірін жазып алмақ болып таянып еді, көзі жетпеді (Д.Жанботаев, Дала.). *Д ы б ы р с ы з* тез киінді де, аяғының ұшымен басып, сыртқа шықты. Қолына ұстаған шолақ шапанын есік алдында тұрып киді (Қ.Толыбаев, Өжеттер).

ДЫБЫС з а т. **1.** *Ауа толқыны арқылы құлаққа естілетін ұн.* Қора жақтан азын-аулақ қозы-лақтың тықыры, қойдың пысқырған *д ы б ы с ы* естіледі (Б.Бодаубаев, Желсіз түн.). Туғаннан кейін бала екі айдан аса-ақ *д ы б ы с т ы* анық білетін болады (Ш.Қожахметова, Ғалам.). **2.** л и н г в. *Сөйлеу сөзді жік-жікке бөліп тұратын элемент, сөздің ең кішкене бөлшегі.* Сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы *д ы б ы с т а р д ы ң* айтылуына қарай ішінара жапсарласып жанасуын *д ы б ы с т а р д ы ң* үндесуі дейміз (Қазіргі қаз. тілі). Тілдегі сөздер дыбыстардан жасалатынын айта келіп, *д ы б ы с т а р* сөздің ең кішкене бөлшектері, олар әрі қарай бөлінбейтінін еске түсіру керек («Қазақст. мект.»).

Дауыссыз дыбыс. л и н г в. *Айтқанда фонациялық ауа кедергіге ұшырап шығатын, сөз ішінде буын жасай алмайтын дыбыстар.* Күллі тармақтар бойындағы басқы, ішкі, аяққы үйқастар дауысты және *д а у ы с с ы з д ы б ы с т а р д ы ң* қайталануы өлеңнің үнділігі мен саздылығын, әуезділік пен ұнасымын қамтамасыз етеді («Қазақст. мект.»).Жаңылтпаштың сөздері айтылуға қиын, көбінесе, ұяң және қатаң *д а у ы с с ы з д ы б ы с т а р д а н* құралады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Дыбыс алмасуы. л и н г в. *Сөйлеу кезінде не тілдің тарихи дамуы барысында сөз ішіндегі бір дыбыстың басқа дыбысқа айналуы.* Тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыда танып-білу үшін *д ы б ы с а л м а с у ы* заңдылығын зерттеу қажет (А.Айғабылов, Қаз. тілі. морф.). *Д ы б ы с а л м а с у ы* фонетиканың заңдарына сәйкес алмасу және тарихи алмасу болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ). Түркі тілдерінің түп төркініндегі ортақтықтың сырын ашудың басты бір кілті осы *д ы б ы с а л м а с у ы* заңдылығында жатыр (ҚҰЭ).

Дыбыс берді [қатты]. а) *Үн қатты, ишарат білдірді.* Тұр орныңнан, неғып жатырсың? – десем, ешкім *д ы б ы с б е р м е й д і* (Б.Момышұлы, Офицер.). Әрі-бері айғайлап, ешкім *д ы б ы с б е р м е г е н* соң, әйелдер ауылға беттеді (М.Гумеров, Хазірет.). Адам жоқ ешбір... Бұ қалай? Жаңағы *қ а т қ а н* кім *д ы б ы с*? Құлаққа ұрған танадай, Үй іші бейбіт тым-тырыс (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). ә) *Белгі берді, хабарлады.* Қоңыр атпен шоқытып белге шыққанда, шопанның келе жатқанын сезген қос ала мойнақ үріп *д ы б ы с б е р і п т і* (А.Байтұғанов, Шопан.). Мен ғой келген, – деді Андрей Шығанаққа жақындаған соң *д ы б ы с б е р і п* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Қақпаның ар жағынан біреу келді, Күзетші сол екен деп *д ы б ы с б е р д і* (Абай, Тол. жин.).

Дыбыс білінді [келді]. *Үні естілді, хабар алынды.* Ұзамай қара жолдың үстінде ат тұяғының *д ы б ы с ы б і л і н д і* (Б.Майлин, Шығ.). Аспанда шырылдаған көп торғайдан басқа, өзге жанның көп *д ы б ы с ы б і л і н б е й д і* (М.Әуезов, Шығ.). Аз жүргенім жоқ. Сонда да жүре түстім. Он бір жолдастың әлі ешқайсысынан *д ы б ы с б і л і н б е й д і* (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Алты күн өтті сонымен, Асудың асты жағымен, Бір *д ы б ы с к е л д і* құлаққа, Айқай салған зарымен (Қамбар батыр).

Дыбыс дисперсиясы. ф и з. *Дыбыс жылдамдығының дисперсиясы – гармониялық дыбыс толқындарының фазалық жылдамдығының жиілікке тәуелділігі. Д ы б ы с д и с п е р с и я с ы* ортаның физикалық қасиеттері мен сол ортадағы бөтен қоспалардың, сондай-ақ, дыбыс таралатын орта (не дене) шекарасының болуы («геометриялық» дисперсия) салдарынан түзіледі (ҚҰЭ). Газдағы *д ы б ы с д и с п е р с и я с ы* молекулалардың тербелмелі және айналмалы еркіндік дәрежесін қоздыруға, ал сұйықтықтағы ішкі құрылымының қайта құрылуына, сондай-ақ, диссоциация процестеріне, химиялық реакцияларға т.б. байланысты болып келеді (ҚҰЭ). Ал қатты денелердегі *д ы б ы с д и с п е р с и я с ы* әдетте, акустикалық толқындардың қандай да бір қоздырулардың түрлерімен әсерлесуінен пайда болады (ҚҰЭ).

Дыбыс жазу аппаратханасы. *Фонолабораториядағы дыбыс жазуға арналған аппараттар жиынтығы.* ≈ *Д ы б ы с ж а з у а п п а р а т х а н а с ы н ы ң* жұмысы.

Дыбыс жылдамдығы. ф и з. *Дыбыс толқындарының әртүрлі ортадағы орын алмастыру жылдамдығы. Д ы б ы с ж ы л д а м д ы ғ ы н* өлшеу арқылы заттардың көптеген қасиетін анықтауға болады (Физика). Әдетте, берілген сыртқы шарттарда *д ы б ы с ж ы л д а м д ы ғ ы* белгілі бір зат үшін тұрақты шама әрі ол толқынның жиілігі мен амплитудасына тәуелді болмайды (ҚҰЭ). *Д ы б ы с ж ы л д а м д ы ғ ы* газдарда температура мен қысымның өсуіне байланысты жоғарылайды, сұйықтықтарда (судан басқасы)температураның жоғарылауына байланысты төмендейді, ал теңіз суында температураның, тұздылықтың және тереңдіктің өсуіне байланысты жоғарылайды (ҚҰЭ).

Дыбыс қайталама. ә д е б. *Біркелкі, не үндес дыбыстарды бірнеше рет қайталау арқылы сөздердің бір бірімен үйлесімділігін арттыру тәсілі. Д ы б ы с қ а й т а л а м а* өлеңде жиі қолданылады. Өлеңдегі ұйқастың өзі де біркелкі, не ұқсас дыбыстарды қайталау негізінде пайда болатын сөз үйлестігінің бір түрі ғана (Әдеб. термин. сөздігі). *Д ы б ы с қ а й т а л а м а* тек дыбыс үйлестігін қуалау болмай, сөздің үндестігін күшейту қажет болғанда, сол арқылы сөздің мағынасына айрықша көңіл аудару үшін қолданылады (Әдеб. термин. сөздігі). *Д ы б ы с қ а й т а л а м а* үлкен талғампаздықпен мөлшерден асырмай алынып және өте шебер қолданылса, әдемі де келісті болады (Әдеб. термин. сөздігі).

Дыбыс қарқындылығы. ф и з. *Дыбыс күші – толқынның таралу бағытына перпендикуляр қойылған бірлік аудан арқылы бірлік уақыт ішінде дыбыс толқыны таситын орташа энергия мөлшері.* Сфералық жүгірме толқынның *д ы б ы с қ а р қ ы н д ы л ы ғ ы* дыбыс көзі қашықтығының квадратына кері пропорционал болады (ҚҰЭ). Тұрғын толқынның *д ы б ы с қ а р қ ы н д ы л ы ғ ы* нөлге тең (I = 0), өйткені бұл жағдайда дыбыс энергиясы ағынының орташа мәні болмайды (ҚҰЭ). *Д ы б ы с қ а р қ ы н д ы л ы ғ ы* децибел шкаласы бойынша қарқындылық деңгейімен де бағаланады (ҚҰЭ).

Дыбыс қысымы. ф и з. *Тұрақты дыбыс өрісіндегі денеге әсер ететін қысым. Д ы б ы с қ ы с ы м ы н* дыбыс тарайтын ортада дүркін-дүркін өзгеретін дыбыстық қысыммен шатастырмау керек (ҚҰЭ). *Д ы б ы с қ ы с ы м ы* дыбыс энергиясының тығыздығына, демек, дыбыстық қысымның квадратына пропорционал болады. *Д ы б ы с қ ы с ы м ы* акустикалық радиометрмен өлшенеді (ҚҰЭ). *Д ы б ы с қ ы с ы м ы н ы ң* шамасын біле отырып, берілген ортадағы дыбыс қарқындылығының абсолют шамасын анықтауға болады (ҚҰЭ).

Дыбыс өрісі. ф и з. *Кеңістіктің дыбыс толқындары таралатын аймағы. Д ы б ы с ө р і с і н* өлшеу үшін микрофон, гидрофон т.б. дыбыс қабылдағыштар пайдаланылады («Қазақст. мект.»). *Д ы б ы с ө р і с і* энергетикалық тұрғыдан дыбыс энергиясының тығыздығымен, ал энергия тасымалы болған жағдайда дыбыс қарқындылығымен сипатталады (ҚҰЭ). *Дыбыс ө р і с і* жалпы жағдайда, сәуле көзінің қуатына, сондай-ақ, оның бағытталу сипаттамаларына да тәуелді болады (ҚҰЭ). Шексіз біртекті ортадағы бір сәуле көзінің *д ы б ы с ө р і с і* жүгірме толқын өрісі болып есептеледі (ҚҰЭ).

Дыбыспен барлау. ә с к. *Қарсыластың көзге көрінбей атып жатқан батареялары (зеңбіректер, минаатарлар, реактивті артиллерияның ұшыру қондырғылары) туралы мәліметтерді, олардың атуларының дыбыстарын дыбыс өлшеуіш құралдардың көмегімен табу, артиллериялық аспапты барлаудың құрылымдық бөлігі. Д ы б ы с п е н б а р л а у д ы ң* міндеті өз артиллериясының атысына қызмет көрсету, снарядтардың (миналардың) жарылысының ауытқуын, дыбыстық реперлердің координатасын анықтау, жою атысын бақылау (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Д ы б ы с п е н б а р л а у* жағдайдың көрінімділігіне тәуелсіз, сондықтан жылдың кез келген уақытында жүргізе беріледі және оны қарсыластың барлауы іздеп табуы өте қиын (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Дыбыс режиссері. ө н е р. *Театр мен кинода айтылатын сөздің дұрыс дыбысталуын қадағалайтын маман.* ≈ *Д ы б ы с р е ж и с с е р і* мамандығы.

Дыбыстан жоғары жылдамдық. *Ортаның немесе орта ішіндегі дененің берілген ортадағы дыбыс жылдамдығынан артық жылдамдықпен қозғалу қарқыны.* ≈ *Д ы б ы с т а н ж о ғ а р ы ж ы л д а м д ы қ п е н* ұшатын әскери ұшақтар.

Дыбыс толқыны. ф и з. *Эфирден тыңдайтын сөздің физикалық ортадағы ауа тербелісімен естілуі.* Радиохабарлар белгілі бір *д ы б ы с т о л қ ы н д а р ы* арқылы беріледі («Туған тілі»).

Дыбыстың жұтылуы. ф и з. *Дыбыс толқындары энергиясының энергияның басқа түрлеріне (көбінесе жылуға) ауысу құбылысы. Д ы б ы с т ы ң ж ұ т ы л у ы* жұтылу коэффициентімен (а) сипатталады (ҚҰЭ). Егер дыбыс өткен кезде ортаның тепе-тең күйі бұзылса, онда жоғарыдағы формуламен анықталатын дыбыс жұтылуы едәуір үлкен шамада болады (ҚҰЭ). Қатты дене *д ы б ы с ж ұ т ы л у ы* негізінен, қатты дененің ішкі үйкелісімен және жылу өткізгіштігімен анықталады әрі оның шамасы заттың кристалдық күйіне, материалдың алдын ала өңделуіне тәуелді болып келеді (ҚҰЭ).

Дыбыс үйлесімі. ә д е б. *Поэзияда дыбыс үндестігін пайдалану тәсілі. Д ы б ы с ү й л е с і м і* фонетикалық және стилистикалық мәнмағынасына сай, әрбір сөз өлеңге жағымды тембр, эмоциялық баяу, нәр қоса отырады (Әдеб. термин. сөздігі). Аллитерация, ассонанс, дыбыс қайталауының, дыбыс еліктеушілік сияқты тәсілдер *д ы б ы с ү й л е с і м і н е* негізделеді (Әдеб. термин. сөздігі).

Дыбыс үндестігі. л и н г в. *Сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың әуендесіп, сәйкестеніп айтылуы. Д ы б ы с ү н д е с т і г і* – қазақ тілінің басты фонетикалық заңдылығы (Қаз. грамм.).

Дыбысын өшірді. *Көзін құртты, жойды, жоқ етті.* Бір кезде Сұртаев бас-

қарған бөлімшенің алдыңғы шебі жау қорғанысына таяу келіп, гранаталар жару арқылы жаудың екі пулеметінің *д ы б ы с ы н* өшірді (Т.Жанкелдин, Партизан.).

Қысып жинастырылған дыбыс. и н ф. <ағыл. packed sound> *Сақталатын дыбыстық ақпарат көлемін ұлғайту мақсатымен бейнедискінің бір кадрындағы дыбыс порциясын цифрлық кодтау тәсілі.*

Цифрлық дыбыс. и н ф. <ағыл. digital sound> *Компьютер жадына дыбысты сандар тізбегі түрінде жазу әдісі.* ≈ *Ц и ф р л ы қ д ы б ы с т ы* өңдеу.

ДЫБЫСБӘСЕҢДЕТКІШ: **дыбысбәсеңдеткіш құрылғы.** *Теледидар мен радиодан берілетін хабардың дұрыс дыбысталуын реттейтін құрылым.* Дыбыс жазу аппаратханасында *д ы б ы с б ә с е ң д е т к і ш қ ұ р ы л ғ ы* да бар («Түркістан»).

ДЫБЫСЖАЗҒЫШ: **дыбысжазғыш аппарат.** *Зертханадағы дыбыс жазатын құрылғы.* Институттың фонолабораториясы *д ы б ы с ж а з ғ ы ш а п п а р а т п е н* жабдықталған («Түркістан»).

ДЫБЫС-СЫБЫС з а т. **1.** *Құлаққа естілетін ұн.* Басқалай *д ы б ы с-с ы б ы с* байқалмайды, тып-тыныш, бөлменің іші ала сәуле (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы.). **2.** а у ы с. *Алыпқашты әңгіме, анық емес хабар.* Қала жақтан келіп жатқан *д ы б ы с-с ы б ы с қ а* қарағанда күйеуімен жолыққан сыңайлы («Соц. Қаз.»).

ДЫБЫССЫЗ с ы н. **1.** *Үнсіз.* Өмірде аттан басқа қызығы да, қуанышы да жоқтай көрінетін бұйығы шалдың осы бір *д ы б ы с с ы з* жай күлкісі есімде қалды (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Бір кезде аяғын *д ы б ы с с ы з* абайлап, дақ-дақ басып бұғып келіп қалған жабайы сары мысықты көрді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Таңғы ұйқының құшағында жатқан үй ішін мазаламауға тырысып, аяғының ұшымен артық-ауыс *д ы б ы с с ы з,* еппен басып қимылдайды (С.Ғаббасов, Серпер). **2.** *Дыбыстың қатысуынсыз. Д ы б ы с с ы з* сөз жоқ («Ана тілі»). Дауысты *д ы б ы с с ы з* сөз болмайды (Қазіргі. қаз. тілі).

ДЫБЫСТА= е т. **1.** *Дыбыс шығару.* Сәл *д ы б ы с т а с а ң,* бүкіл тау-тас жаңғырығып, жан-жақтан қаптап шулап қоя бергенде, табиғаттың осынау таңғажайыбына қайран қаласың (Қ.Кенжетаев, Дархан). **2.** *Даусын шығару, ұн қату.* Қасқыр да қалт қарап тұра қалды, *Д ы б ы с т а п* ойлағандай әр қиялды. Әуелде ұлып тұр ғой деп ойлап ем, Байқасам, өлең сөзге даярланды (Айтыс). **3.** *Айғайлау, шақыру.* – Шоқан, Шоқан,– деп *д ы б ы с т а д ы.* Өзі де оқу ойында болып, сергек жатқан. Шоқан басын жастықтан жұлып алды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Мен *д ы б ы с т а п* сәлем бермек болып ем, қолымен нұсқап «дыбысыңды шығарма» дегендей болды (Ш.Айманов, Қыран.). **4.** *Сөйлеу, ауызша жеткізу.* Осылай деп жан дүниемде біреу *д ы б ы с т а п* тұрғандай болады да, қатты қиналып қаламын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **5.** *Белгі беру.* Мырзахан құрығын тақымына қыстырып, тымағының бір құлағын ішіне жымырған бетінде атынан түспей *д ы б ы с т а д ы* (Қ.Оразалин, Ақ жазық).

ДЫБЫСТАҒЫШ с ы н. *Дыбыс шығарғыш.* Қазақ сыныптарында орыс және шетел тілін үйретуге *д ы б ы с т а ғ ы ш* техникалық құралдың қолданылуы өте кең («Қазақст. мект.»).

ДЫБЫСТАЛ= е т. *Дыбыс шығарылу, ұн қатылу.* Әр сабағымызда қазақ сөздерінің дұрыс айтылып, қазақ тіліне тән әріптердің дұрыс *д ы б ы с т а л ғ а н ы* өз нәтижесін берді («Қазақст. мект.»).

Дыбысталған кескін. и н ф. <ағыл. audio – visual image> *Музыкалық қостаумен жабдықталған кескін.*

ДЫБЫСТАЛУ *Дыбыстал етістігінің қимыл атауы.* Қазақ тілінде ерекше деп аталатын тоғыз әріптің *д ы б ы с т а л у* акустикасына сипаттама беруді студенттерге мәлімет беруден бастадық («Қазақст. мект.»). Театр мұрағатында Құрманбек жазған құжат сақталған екен, онда былай депті: «Евгений Онегин» мен «Чио-чиосан» қазақ тілінде қойылды, текстi аударған кезде оның *д ы б ы с т а л у ы н а* нұқсан келді, сондықтан әйгілі опералар нашар қабылданды (Қ.Байсейітов, Құштар.).

ДЫБЫСТАН= е т. *Үн қатылу, дыбыс шығарылу, дыбысталу.* Ашуланып Қобыланды Қамшыменен ұрады. *Д ы б ы с т а н ы п* адамдай Екі ат бірдей жылады (Қобыланды батыр).

ДЫБЫСТАНУ *Дыбыстан етістігінің қимыл атауы. Д ы б ы с т а н у ы* таңғалдырды (Ауызекі).

ДЫБЫСТАС с ы н. *Дыбысталуы бірдей.* Алдыңғы сөйлем соңындағы сөз жиегімен байланысып, *д ы б ы с т а с* боп келуі бұл сөздің ішкі қуатын, ішкі отын қаулатып молайта түскендей («Қазақст. мұғ.»).

ДЫБЫСТАС= е т. *Дыбыс шығарысу, ұн қатысу.* Олар қосыла *д ы б ы с т а с т ы* (Ауызекі).

ДЫБЫСТАСУ *Дыбыстас етістігінің қимыл атауы.* Ұзақ уақыт *д ы б ы с т а с у м е н* болды (Ауызекі).

ДЫБЫСТАТ= е т. *Дыбыс шығарту, ұн қатыру.* Домбырамызды дәуір талабына сай *д ы б ы с т а т ы п,* жаңа өрістер ашу өнерге жанашыр баршамыздың борышымыз («Лен. жас»).

ДЫБЫСТАТУ *Дыбыстат етістігінің қимыл атауы.* Дұрыстап *д ы б ы с т а т у* керек (Ауызекі).

ДЫБЫСТАУ *Дыбыста етістігінің қимыл атауы.* Көзін ашқан Қаят өзіне төніп тұрған тағының ырсиған сойдақ тістерін көрді де бойы суып, *д ы б ы с т а у ғ а* демі бітіп, тілі байланып

қалды (Н.Мұраталиев, Үміт). Бұл тек қана түрліше *дыбыстау* емес, сондай-ақ құйрығын бұлғап, құлағын тіктеп, аяғымен түрліше белгі беру тәсілі (Зоология).

Дыбыстау мүшелері. *Сөйлеу мүшелері.* Тіл дыбыстары *дыбыстау мүшелері* арқылы жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

ДЫБЫСТЫ с ы н. *Дыбысы бар, дыбыс шығаратын.* Малдарға қойылатын аттардың қысқа *дыбысты* болатындығына оқушылардың назарын аудару керек («Халық мұғ.»). А-та, а-на, ә-ке, і-ні дегендегі алдыңғы сөз бөлшегі бір *дыбысты* ашық буын да, кейінгі сөз бөлшегі екі *дыбысты* ашық буын («Қазақст. мект.»).

Дыбысты тіл. *Дыбыс пен сөзден құралған, адамдардың бір-бірімен сөйлесетін, түсінісетін құралы.* Адамның жануарлардан басты айырмашылығы, онда еңбек пен қоғам өмірі процесінде *дыбысты тіл* дамып жетілген (Қ.Жарықбаев, Психология). *Дыбысты тіл* еңбекпен бірге, адам санасының дамуының негізгі бір факторы болып табылады (Қ.Жарықбаев, Психология).

Дыбысты фильм [кино]. өнер. *Дыбысы бар, актерлары сөйлеп дауыстайтын фильм.* 1929 жылы 28 мартта Ленинградта дүниежүзі бойынша алғашқы дыбысты кинотеатр ашылып, онда С.М.Кировтың қатысуымен профессор А.Ф.Шориннің әдісі бойынша түсіріліп, эксперименттік *дыбысты фильм* көрсетілді (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

ДЫБЫСТЫҚ с ы н. *Дыбысқа қатысты, соған тән.* Ол ең әуелі домбыраның бар *дыбыстық* мүмкіншілігін сарқа пайдаланды, содан соң барып оркестрге түсірді («Қаз. әдеб.»). Шет тілді оқып-үйрену ең алдымен сол тілдің *дыбыстық* жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден басталады («Қазақст. мект.»). Ы.Алтынсарин қазақ балаларының ана тілінде сауат ашу жұмысын тұңғыш рет *дыбыстық* метод бойынша ұйымдастырады («Қазақст. мект.»).

Дыбыстық ақпарат. и н ф. <ағыл. audio information> *Дыбыстау арқылы айтылатын және берілетін ақпарат, мәлімет.* ≈ *Дыбыстық ақпарат* технологиясы.

Дыбыстық бейнеөнім. *Экраннан көрсетілетін дыбыстық фильм.*

Дыбыстық драйвер. и н ф. *Дыбыс жаңғырту үшін қолданбалы программа пайдаланылатын драйвер. Дыбыстық драйвер* қондырды (Ауызекі).

Дыбыстық жазу. л и н г в. *Тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі.* Таза күйінде консонантты *дыбыстық жазу* б.з.б. 2-мыңжылдықтың 2-жартысында пайда болса, вокалданған дыбыстық жазу б.з. 1-мыңжылдығының басында пайда болған (ҚҰЭ). Ертедегі әріп жазуы (финикий жазуы, арамей жазуы және т.б.) консонантты *дыбыстық жазу* болады. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды ғана белгілейтін болған (ҚҰЭ). Зерттеушілер ең алғашқы таза *дыбыстық жазу* деп финикий жазуын атайды. Жазу тарихының мамандарының пікірінше, финикий жазуының ескерткіштері (Ахирам, Асдрубаал, Элибаал жазба ескерткіштері және т.б.) біздің заманымызға дейінгі X-XII ғасырларда пайда болған (ҚҰЭ).

Дыбыстық компакт-диск. и н ф. <ағыл. audio CD> *Өнеркәсіптік жағдайларда жазылған, тұрмыстық стереожүйесінде қолдануға арналған компакт-диск. Дыбыстық компакт-дискіні* CD-ROM жинақтауыштарының көпшілігінде жаңғыртуға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Дыбыстық қысым. *Дыбыс толқындарының орта арқылы өткен кезінде пайда болатын қысымының айнымалы бөлігі. Дыбыстық қысым* дыбыс толқындарының жиілігіне тең жиілікпен өзгереді (ҚҰЭ). Кейде дыбысты сипаттау үшін *дыбыстық қысымның* деңгейі ұғымы пайдаланылады (ҚҰЭ). *Дыбыстық қысымның* бірліктердің халықаралық жүйесіндегі өлшем бірлігі – Н/м^2 (1 Па = 1Н/м^2) (ҚҰЭ).

Дыбыстық тосқауыл. *Соққы толқынға ұшырағанда құбылыс.* ≈ *Дыбыстық тосқауыл қою.*

Дыбыстық файл. и н ф. <ағыл. audio (sound) file> *Мультимедиа жүйелеріндегі адамның сөйлеген сөзін жаңғыртатын бағдарламасы бар файл.* ≈ *Дыбыстық файлдарды* өңдеу.

ДЫБЫСТЫЛЫҚ з а т. *Дыбысты болушылық, үндестік.* Ілияста көп буынды өлеңдерден тұратын ұйқастар мен ішкі ырғақты берік сақтаушылықтың басым келетінін, өлеңнің *дыбыстылық* жағын да ерекше ескереді («Қаз. әдеб.»). Музыка *дыбыстылығына* арнап көрнекі құрал іліп қойдық («Қазақст. мект.»).

ДЫБЫСХАНА з а т. *Дыбыс жазатын лаборатория, фонотека.* Кітапхана жанынан шағын *дыбысхана* ұйымдастырылды («Қазақст. мект.»). Кабинеттер сан қилы техникалық құралдармен, *дыбысханамен* жабдықталған («Қазақст. мект.»).

ДЫБЫСШЫ з а т. *Дыбыстық үнді, сөздің дұрыс естілуін реттеуші.* Режиссердің берген жарлығын екі етпей орындау – телеоператорға, ассистенттерге, *дыбысшыларға*, дикторға заң (О.Сағынбаев, Ұзақ жол).

ДЫБЫСШЫЛ с ы н. *Дыбысты тез аңғарғыш, сақ.* Құлағымның *дыбысшылын* нетерсің, Жалт қарадым, жалт қарадым асыға (М.Шаханов, Қыран қонба.). Әрі *дыбысшыл*, әрі иісшіл тау тағысы арқарды аңдып шыққан бұлардың шарттары тауға ілінген соң-

ақ дабырлап сөйлеспеу, қатты қақырынып жөтелмеу (С.Бегалин, Уақыт.). *Д ы б ы с ш ы л* Темірке төсектен атып тұрып, иығына бірдеңені асығыс іле салып тысқа шықты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ДЫҒАЛ с ы н. ж е р г. *Зор, ірі, үлкен.* Мына ұзындығы ширек шақырым шөптің күлте жолының бір жолы бір *д ы ғ а л* шөмелеге, Құдай біледі, мына жердің өзінен түп-тура бір кебен тұратын болады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Уа, халайық, *д ы ғ а л* қайық Пілге лайық, пұлға алайық (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

ДЫҒЫЛ с ы н. с ө й л. ***Дығал***. Ыңғай ер, ыңғай жайсаң, ыңғай *д ы ғ ы л, д ы ғ ы л д а н ы п* кетіпті ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҒЫР з а т. *Әбігер, әлек.* Келіп жатыр, кетіп жатыр нұрлы жыл, Тіл ұшында ажал деген бір *д ы ғ ы р.* Ал қарттардың қайда бара жатқанын, Ойлап тұрсақ бітер емес бұл ғұмыр (Т.Молдағалиев, Жүрек.).

Дығыр салды. *Әбігерледі, әлекке түсірді.* Іле бойын жағалап, Бір түбекке тығылды. Қоқан қолы қоқаңдап, *С а л а б е р д і д ы ғ ы р д ы* (Жамбыл, Шығ.). Жел *с а л ғ а н* соң *д ы ғ ы р д ы,* Жермен жалын жүгірді. Кілең қызыл қанаттар, Жүгіре басып жалақтар (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Дығыры мен ығырын шығарды. *Берекесін алды, мазалады, шырқын кетірді.* Алтын еді бір күнде, ағаш болды шұғырың. Тыюсыз тентек төлеңгіт, Шығарды елдің ұрлықпен, *Д ы ғ ы р ы м е н ы ғ ы р ы н* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ДЫҒЫРДАЙ с ы н. с ө й л. *Дардай, дырдай.* Қарғабайдың қасына екі *д ы ғ ы р д а й* жігіт қосып беріп, Алатауды «Алғабасқа» аттандырып жіберейін (Қ.Сатыбалдин, Қызыл жалау).

ДЫҒЫРЛА= е т. *Дығыр салу, дікіңдеу, асықтыру.* Өзімен ойнап отырған жігітке, «бол-бол, ойна!» деп *д ы ғ ы р л а с а* да анау: «Асықпа! Ойнармыз!» – деп біресе байын санап, біресе ортадағы атын санап біраз отырды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көп ұзамай колхоз басшылары астық пісіп қалды, шөпті тездеп бітіру керек деп *д ы ғ ы р л а й* бастады (А.Әлсеров, Алыста.).

ДЫҒЫРЛАС= е т. *Дығыр салысу, дікіңдесу. Д ы ғ ы р л а с п а й* тыныш отырды (Ауызекі).

ДЫҒЫРЛАСУ *Дығырлас етістігінің қимыл атауы. Д ы ғ ы р л а с у ы* ұзаққа бармады (Ауызекі).

ДЫҒЫРЛАТ= е т. **1.** *Дүбірлету, дүрілдету.* Қаланы қаусырмалап ортаға алып, Жағалап жан бауырлай тұрды барып. Тоқтатты ат тұяғын *д ы ғ ы р л а т п а й ,* Шабуыл барабанын күтті халық (Н.Ахметбеков, Амангелді). **2.** а у ы с. *Дығыр салдыру, дікіңдету.* Ояз *д ы ғ ы р л а т ы п* болыс-болысқа «баратын жігіттердің спесігін тапсыр», – деп жатыр (І.Жансүгіров, Шығ.). «Қонақтардың аттарын ерттеңдер» – деп Намазбек *д ы ғ ы р л а т а д ы* (І. Жансүгіров, Шығ.).

ДЫҒЫРЛАТУ *Дығырлат етістігінің қимыл атауы. Д ы ғ ы р л а т у ғ а* жол бермеді (Ауызекі).

ДЫҒЫРЛАУ *Дығырла етістігінің қимыл атауы.* Қайта-қайта *д ы ғ ы р л а у м е н* болды (Ауызекі).

ДЫЗ ү с т. *Тез, шапшаң.* Сол *д ы з* ашу басылып, сабасына түскен сайын ол өзінің әлгі оңбаған алдында дәрменсіздігін амалсыз мойындай бастады. Бұрын да ханның оны аяғысы жоқ-тын (Қ.Салғарин, Үбедей).

Дыз еткізіп. *Тез, шапшаң, көзді ашып жұмғанша.* Барам деген жеріңе *д ы з е т к і з і п* жетіп барасың (С.Жүнісов, Жапанда.).

Дыз етпе. а) *Тез, шапшаң.* Айғырдың жылына бір жұмалық қана өнері болатындықтан, үйірге түсіп желқуық болған кезде *д ы з е т п е* үшқыр келеді, бірақ алысқа сілтей алмайды (З.Ақышев, Жесірлер). ә) *Онша ұзаққа бармайтын, қысқа мерзімді.* Ол «қазір жақсы ат қалмай барады, көбі *д ы з е т п е* шабыстан артылмайтын текежаумыт түге» деп қинала күрсінетін (Д.Досжанов, Зауал). *Д ы з е т п е* нөсер өткенше, Панасына таласып. Танысқан жастар кеткенше, Әзілдері жарасып (Қ.Жармағамбетов, Соңғы күн).

Дыз етті. а) *Ауырғаннан, үсіктен дене шым етті.* Сол құлағы жылан шағып алғандай *д ы з е т е* қалған Қанат төсектен атып тұрды (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Апан ішінде беті бір *д ы з е т к е н.* Енді сол бет тастай, түк сезбейді. Боран әлі толастар емес (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). ә) *Лып етті, тезінен қимыл жасады.* – Қой, жан-жалы құрсын – деп, *д ы з е т е* түсті Нұрғали (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). б) *Баж ете қалды.* Хамиттің енді ғана көзі іліне беріп еді, дәліздегі қоңырау *д ы з е т е* түсті («Қаз. әдеб.»). в) *Ашуланып қалды, быж-быж етті.* Тоқаш жіберсе әкесінің үйіне жіберген жоқ, мемлекетке жіберткен. Не деп тұрсың өзің? деп – басқарма *д ы з е т е* түсіп еді, Ұғыбай оған елең етпеді (Х.Тілемісов, Азамат). Ол тіпті тынышталған, *д ы з е т к е н* ашудан да дым жоқ (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). г) *Толқып, бетіне қан жүгірді.* Ласло маған жалт бұрылды, әлденеге тілі жетпей, қолымен көкірегін басып, иіліп басын изеп, аққұба жүзіне *д ы з е т і п* қан ойнап шыға келді (І.Жақанов, Бірінші.).

ДЫЗАҚ: **дызақ қақты**. *Без-без етті, азар да безер болды, безек қақты.* Жіберме, жіберме! – деп келіншек *д ы з а қ қ а ғ ы п* қоя берді, – қашып кетеді, айырылып қаласың (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле.).

ДЫЗАҚТА= е т. э к с п. **1.** *Жаны қалмай қимылдау, безек қағу.* Менің *д ы з а қ т а п* жүргенім сендердің қамдарың емес пе (Б.Тілегенов, Көктем.). **2.** *Без-без ету, дызақ қағу, дірдектеу.* Әлде қара тұлыптың қызуы ма, әйтеуір осыдан азғана бұрын жанын қоярға жер таппай *д ы з а қ т а ғ а н* Тайбектің аяқ-қолы жылына бастады (К.Сегізбаев, Жыл күндері). **3.** *Бықсылдау, күйіп-пісу, ашуға булығу. ашуға булығы.* Ыза болсам, күйіп-жанып *д ы з а қ т а п* кетем (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). «Ақсайдағы жылқылар тегіс босып, биелер құлын тастап кетіпті» деген көршінің хабарын естіген кемпір одан сайын төбе шашы тік тұрып *д ы з а қ т а п* кетті (С.Досымов, Жаңғырық). Өй, сен неге *д ы з а қ т а п* кеп қаша бересің, әй! – деп Сағын Дарынға көңілі толмағандай боп та қалды (М.Сүндетов, Балық аула.). Жақып *д ы з а қ т а п* қатты кейігенмен жұдырық көтерері жоқ, шығасыз жан (М.Сүндетов, Құмдағы.).

ДЫЗАҚТАС= е т. *Шыр-шыр етісу, бықсылдасу. Д ы з а қ т а с ы п* жатыр (Ауызекі).

ДЫЗАҚТАСУ *Дызақтас етістігінің қимыл атауы. Д ы з а қ т а с у л а р ы* басылмай тұр (Ауызекі).

ДЫЗАҚТАТ= е т. *Безектету, дірдектету.* Алмаға ұзын нәрсе ұнамайтын. Плащы құрғыр қаудырап, суықты ұстай алмай *д ы з а қ т а т ы п* әкетіп барады (Д.Досжанов, Кісі.).

ДЫЗАҚТАТУ *Дызақтат етістігінің қимыл атауы.* Дыз етпе адамды *д ы з а қ т а т у ы н* қоймайтын (Ауызекі).

ДЫЗАҚТАУ *Дызақта етістігінің қимыл атауы. Д ы з а қ т а у ы н* қойды (Ауызекі).

ДЫЗАҚЫ с ы н. *Дыз-дыз еткен, берекесіз.* Қылтың-сылтың, *д ы з а қ ы* жәркелеш қылықтарына қарны ашады (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ДЫЗАЛАҚ с ы н. *Дыз етпе, шыж-быж болғыш.* Кейінгі кезде өзі *д ы з а л а қ* болып кетті (Ауызекі).

Дызалақ қақтырды. *Шыж-быж еткізіп, берекесін кетірді.* Оны *д ы з а л а қ қ а қ т ы р ғ а н* бұның ажалынан бұрын өлетіні емес (Ә.Нұрпейісов, Сең).

ДЫЗАЛАҚТА= е т. э к с п р. *Күйіп-пісіп ашулану, шыж-быж болу.* Елдің бірлік-ынтымағы ыдырады, ағайын арасынан жарықшақ шықты деп *д ы з а л а қ т а п* жүргендер де бар (С.Омаров, Қайырлы.). Рентген сәулесінің адам клеткасына, қан тарайтын тамырына, нервісіне әсері қандай, соны алақанымызға салмайынша, біз сенбейміз, – деді көзілдірікті *д ы з а л а қ т а й* жармасып (З.Шашкин, Доктор.). Ол әуелде не істерін білмей, *д ы з а л а қ т а п* қора сыртында әлденеше рет айналды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ДЫЗАЛАҚТАН= е т. *Күйіп-пісіп шыж-быж болу.* Бостан-босқа *д ы з а л а қ т а н б а й,* сабыр сақта (Ауызекі).

ДЫЗАЛАҚТАНУ *Дызалақтан етістігінің қимыл атауы.* Соған бола *д ы з а л а қ т а н у д ы ң* жөні жоқ (Ауызекі).

ДЫЗАЛАҚТАТ= е т. *Ашуландырып, шыж-быж еткізу.* Сонысымен ол әкесін *д ы з а л а қ т а т ы п* қойды («Қаз. әдеб.»).

ДЫЗАЛАҚТАТУ *Дызалақтат етістігінің қимыл атауы. Д ы з а л а қ т а т у д ы ң* себебін білмеді (Ауызекі).

ДЫЗАЛАҚТАУ *Дызалақта етістігінің қимыл атауы.* Отрядтың маңындағылардың *д ы з а л а қ т а у ы н* көрген Амангелді шабармандар жұмсап, сарбаздарының шабуылға дайын тұруын тапсырды (С.Әйешов, Жаңғырту).

ДЫЗАТТА= е т. с ө й л. ***Дызақта.*** *Д ы з а т т а п* жүгіріп сай аралап түк өндіре алмай, ақыры қиянға апарып тастаған жалғыз бетімен дызақтап жорғалап сызып бара жатты (С.Елубаев, Жарық дүние). Құм бетімен *д ы з а т т а т п* жорғалап сызып бара жатады. Әп-әдемі көк құсты ұстай алмайтынын білсе де, қызыққаннан белден-бел асырып қуып, шерін тарқатады (С.Елубаев, Жарық дүние).

ДЫЗАТТАУ *Дызатта етістігінің қимыл атауы.* Күні бойы *д ы з а т т а у м е н* болды (Ауызекі).

ДЫЗ-ДЫЗ е л і к. *Қыз-қыз, шым-шым.* Күні бойы суды кешіп келіп, артынан *д ы з-д ы з* қайнап, таң ата қайта мұздап шыға келетіні бар еді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Табандары *д ы з-д ы з* ауырып және тасқа тие берді (К.Ахметбеков, Жеңіс.). Әй, қыз, үйің *д ы з-д ы з* қайнайды ғой (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).

Дыз-дыз етті. а) *Дызақтады, шыж-быж болды.* Жұрт үн-түнсіз қол қойып бере салады. Шыж-быж олай етпейді, *д ы з-д ы з е т і п* алады («Қаз. әдеб.»). ә) *Қыз-қыз қайнады.* Бейшеннің ыстық демі *д ы з-д ы з е т і п,* ернімнің үшында тұр (І.Жақанов, Қайта орал.). б) *Ысқырды, зулады.* Бас көтеру мүмкін емес, снарядтар алаңның тасын аударып, оқтар *д ы з-д ы з е т і п* себелеп тұр (Ә.Жәмішев, Армысың.). в) *Шым-шым етіп, удай ашып ауырды.* Дәрі жаққан сайын аяғының жарақаты *д ы з-д ы з е т і п* ауыратынын балаға ескертіп алдарқатты («Қаз. әдеб.»).

ДЫЗЫҚ= е т. ж е р г. **1.** *Жаны қысылу, күйгелектену.* Екеуінен бірдей айырылып қалам ба деп жаны *д ы з ы қ қ а н* Жаңыл ойымен әр нәрсені бір қармап ақыры ақыл тапты (Т.Ахтанов, Дала сыры). Үйінде емізулі баласы қалған қатындар жұмыс аяғына жаны *д ы з ы ғ ы п* жетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Танысының жайбарақат қалпы Бимендіге де әсер етті, жігіт енді бұрынғысындай *д ы з ы қ п а й,* жолдасымен

қатар жүруге тырысты (Қ.Бектұрғанов, Бабаназар.). **2.** *Асығу, жан-дәрмені қалмай, аптығу.* Қуғыншы жақындап қалғанда Қоспан бұрын қашып, із кескен иттің бетін Гусевтен тайдырып әкетті. Жан ұшырып *дызылып* келеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ештемеден хабары жоқ ерке бала бірден есейіп сала берген сияқты. Екіталайда анасына сүйеніш болуды қарастырып, суға қарап *дызылып* барады (Н.Оразов, Достар.).

ДЫЗЫҚТА= е т. с ө й л. ***Дызақта*** *(күйіппісу).* Сосын әлдеқандай асыл қазынасын ұрыдан сақтап қалуға мүмкіндігі жоқ бейшара кісіше іштей *дызықтап*, іштей өртенемін (А.Мекебаев, Аңызақ). Әкесі *дызықтап* асыға бастады (Ш.Айтматов, Ерте қайт.).

ДЫЗЫҚТАУ *Дызықта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жаны қалмай *дызықтау.*

ДЫЗЫЛ з а т. **1.** *Дыз-дыз еткен дыбыс, ун.* Жаймашуақ күндері шыбынның ызылы, шегірткенің *дызылы* қосылып, үздіксіз естіліп тұрады (Ауызекі). **2.** *Дыз-дыз етіп ауырған аурудың белгісі.* Аяғымның *дызылы* басылғанша асыл уақытты босқа өткізбес үшін бірдеңені апылғұпыл қаужап, әл шақырып алам (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ыстық шайды жұтып жатырмын, бойым ептеп жылынғанмен, аяқ-қолымның *дызылы* басылар емес (Н.Сералиев, Қаңтар).

ДЫЗЫЛДА= е т. **1.** *Дыз-дыз еткен дыбыстың, унның естілуі.* Қатты ұйықтап қалған екем, ұзақ *дызылдаған* есік қоңырауынан әзер ояндым (Ғашықтар). **2.** *Ауырғаннан, ыстық-суықтан, тағы басқа себептерден дененің шымырлауы. Дызылдап* тұрған оң жақ шекемді ақырын ғана сипап байқап едім, саусағыма шодырайған бірдеңе білінді (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Алақанымыздың *дызылдап* күйгеніне де қарамай, қуырған бидайдан уыстай жұла қашамыз («Қаз. әдеб.»). Оның оқ тиген иығы *дызылдап,* өмір мен өлім таласқан майданды көз алдына елестетті (М.Хайрутдинов, Алғашқы.). **3.** *Зырылдау.* Қызыл кнопка басылды. Болат бұрғы ұшы электрдің күшімен шыр айнала *дызылдай* жөнелді («Қаз. әдеб.»). Өзінше болғансынып епті, мығым, *Дызылдап* шаңғы үстінде ұшты шыбын. Сезген жоқ сайқалдықпен өткізгенін, Алаяқ құлығы көп қу түлкінің (М.Рашев, Бұйымтай). **4.** а у ы с. *Қолды-аяққа тұрмай шыдамсыздану, мазасыздану.* Чернов деген аласа бойлы, шымыр денелі, ширақ қимылдап, тез сөйлейтін, лып етпе, *дызылдаған,* ашушаң, боқтампаз еді (Б.Әшімов, Қара жол). Кітапхана жұмыс істемегелі де қашан. Кітапханашы С.Омарғалиевтің жалғыз өзі *дызылдап* жүр («Лен. жас»). – Рахым, айналайын, кейін түсірермін. Алда уақыт бар ғой. Оны кейін айтармын, – деп Ахметбек *дызылдап* тұр (Б.Тілегенов, Көктем.).

ДЫЗЫЛДАҚ с ы н. э к с п р. *Дыз-дыз етіп күйгелектене беретін мазасыз, шыдамсыз, алыпұшпа. Дызылдақ* та безілдек күйініш сөздер, өңешіне кірпіш құлаған ескі пештің мойнынан үздік-үздік қақалып шыққан ащы қара түтін сияқты ыза сөздер (Д.Әбілев, Баянауыл.). Тай шабысты *дызылдақ* біреуі, Қайырбектің халін білгелі келгендерін, не жасы үлкен ақсақалын тоспай, не жолы үлкен директорына қарамай, жүрттан бұрын сайрады (З.Шашкин, Сенім). Тегінде Әбуов тым пысық, *дызылдақ* адамдарды ұнатпайтын (Б.Тоғысбаев, Боз жорға).

ДЫЗЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Дызылдақ болушылық, шыдамсыздық. Дызылдақтық* – үлкен адам болам деген кісіге келіспейтін мінез (І.Омаров, Шабыт.). Бұқалар үлкен бастарын бұрып, шалдың *дызылдақтығына* таңдана қарады да, саз кешіп кете барды (З.Иманбаев, Дала.).

ДЫЗЫЛДАС= е т. *Дыз-дыз еткен дыбыс шығарысу.* Олардың *дызылдасып* әлденеге бола сөз таластырып жатқаны естіліп тұр («Қаз. әдеб.»).

ДЫЗЫЛДАСУ *Дызылдас етістігінің қимыл атауы. Дызылдасуға* шамалары келмеді («Қаз. әдеб.»).

ДЫЗЫЛДАТ= е т. **1.** *Дыз-дыз еткізіп ун шығарту.* Іле су құйып, қайыңның қызыл шоғын салып самауырды *дызылдатып* жіберді де, қорадағы сарайдан қазанға ет әкеліп салды (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.). Ол есік қоңырауын ұзақ *дызылдатты* (Н.Сералиев, Зеңгір аспан). **2.** а у ы с. *Шырылдату, мазасыздандыру.* Шабуылшылар әрбір жүз пайыз гол болатын қолайлы сәтті пайдалана алмай қалған сайын Құралбектің көкірегін өкініш *дызылдатып* өтеді (С.Балғабаев, Жұлдыз.). Әсіресе аяулы ананың бір жұтым сүттен қалғаны кеудесін қасірет болып қарып, көкірегін тілгілейді, жан дүниесінің жарасына тамған зәрлі удай *дызылдатады* (А.Мекебаев, Бойжеткен). Балын алдырған аралар аман жібермейді. Денесінің әр жерін томпайтып, *дызылдатып* жіберді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДЫЗЫЛДАТУ *Дызылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Самауырды *дызылдату.*

ДЫЗЫЛДАУ *Дызылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Масаның *дызылдауы.*

ДЫЗЫЛДАУЫҚ с ы н. с ө й л. ***Дызылдақ.*** Жас адамға *дызылдауық* болу келіспейді (Ауызекі).

ДЫЗЫҢ з а т. *Дыз-дыз еткен дыбыс.* Шелек түбіне сүт *дызың-дызың* өндетіп ұра бастады (С.Елубаев, Жарық дүние).

ДЫЗЫҢДА= е т. *Дыз-дыз ету.* Арт жағынан кенет шыққан *д ы з ы ң д а ғ а н* үнге бұрылып қарады (Бозінген).

ДЫЗЫҢДАТ= е т. *Дыз-дыз еткізу.* Шелек түбін *д ы з ы ң д а т ы п* сиыр сауып жатты (Ауызекі).

ДЫЗЫҢДАТУ *Дызыңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шелек түбін *д ы з ы ң д а т у.*

ДЫЗЫҢДАУ *Дызыңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Гитараның ішегіндей *д ы з ы ң д а у.*

ДЫҚ з а т. *Көңілге түскен қаяу, кірбің, реніш.* Біреуден кек ауысар, біреуден *д ы қ,* Бәрін еске сақтасаң бұл бір сұмдық. Арбасам деп артынан әуре болма, Алысқанды ала алсаң табанда жық (Ә.Тәжібаев, Құрдастар).

Көңілінде дығы бар. *Ренжулі, реніште, көңілінде кірбіңі бар.* Сиыр бағып жүргенімнің сыры бар, Жігітсің ғой сырды жақсы ұғынар. Ақ бандылар ат ойнатты ауылға, *К ө ң і л і н д е* бізге деген *д ы ғ ы б а р* (А.Нұртазин, Орман.).

Көңілінде дық кетті. *Ренжіп кетті, көңілі қалды.* Сөйтсе де Судыр Ахметтің *к ө ң і л і н д е* бір *д ы қ к е т т і ,* аузы дуалы інінің шаршы топтың алдында, бұны доска күлкі, дүшпанға таба қып, «балықшы Ахмет» деген кескіні есінен кетпей қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дық көрді. *Кек тұтты.* Ешкім еш нәрсені *д ы қ к ө р і п,* ішіне түйген де жоқ, жаяу әңгіме осылай жай аяқталды (С.Талжанов, Ұлдай.).

Дық тұтты [сақтады]. *Кек тұтты, ауыр алды.* Жиырма жыл өтсе де жеңгемнің пәндығын әлі күнге *д ы қ т ұ т ы п,* бұл үйдің есігін қайыра ашқым келмей толқи бердім (Б.Қожабеков, Көктөбе). Оны (ойды) ертең қоштасар алдында айтсам. Мақұл десең – көнесің, құп алмасаң – *д ы қ т ұ т п а й с ың* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ол кешсе де, бұл екеуінің жүрекке *д ы қ с а қ т а м а с ы н а* кім кепіл (Т.Жұртбаев, Бесқарагер).

Жүрегіне [көңіліне] дық етті. *Көңіліне ауыр алды, ренжіді.* Барлық Индияда бір ғана мас көріп ем, оным да ақын боп шыққаны *ж ү р е к к е д ы қ е т і п* тигендей бол ды (М.Әуезов, Индия очерк.). Қыздың дәл осы қылығы Қабестің көңіліне *д ы қ е т е* қалды (Е.Домбаев, Ол. адам).

Көңілге [көкірекке] дық алды. *Ренжіді, көңіліне ауыр алды.* Өзін осылайша бекіте түскенмен, *к ө ң і л г е д ы қ а л ғ а н,* дақ түсірген жайлар айналсоқтап, бастан шықпай қойды (С.Бақбергенов, Адам.). Талқылауға қатысқандар жанашырлық пікірін, тілегін, ескертулерін жасырмай айтатын, автор *к ө ң і л і н е д ы қ а л м а й т ы н,* еш өкпе болмайтын (М.Әлімбаев, Көңіл.). Бұрын да ауырып жүрген басыңыз емес пе, соншалықты қинала қалатындай не бар? Хадиша шешей оны естімеген сыңай білдіргенімен *к ө к і р е г і н е д ы қ а л ы п* қалды (Бағың ашылсын).

Көңілге [көкірекке] дық болды. *Ренжіді, көңілге қаяу түсті.* Жастығымнан ба, әжемнен мұра боп қалған ырымға сену дерті бойымнан әлі де арылып болмауынан ба, шешемнің батасы *к ө ң і л і м е д ы қ б о п* тие қалды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Осы сөз оның ұзақ уақыт есінен кетпеді. Сменаны тапсырып, үйге келген соң түйткіл болып, *к ө к і р е к т е д ы қ б о л д ы* да тұрды («Лен. жас»).

Көңілге дық салды [келтірді]. *Көңілге қаяу түсірді, көңілін қалдырды.* Ақылын атаң саған айтпайтын ба еді: «Қой, балам, ұят қой, – деп, – жарбақтаған». *Д ы қ с а л ы п* қатарының *к ө ң і л і н е,* Өсектен олжаң қанша жинақтаған? (Айтыс). Төрім түгіл, төбеме, Көтеремін, шықсаң да. Көңіл бөлме көнеге, *К ө ң і л і м е д ы қ с а л м а* (М.Әлімбаев, Жүрек.). Жиеке, *к ө ң і л і м е* өйтіп, *с а л м а д ы қ т ы,* Аңдауың керек еді өр мен ықты! (Айтыс). Әнеукүнгі жиналыстан кейін комсомол жетекшісінің *к ө ң і л і н е* ешбір жас *д ы қ к е л т і р м е д і* (Қ.Қазыбаев, Дәуір аты.).

Көңілге дық түсті. *Ренжіді, көңілі қалды.* Менімен есепке еттің талап, Отырсаң не пәле бар жайға қарап? *«К ө ң і л і ң е д ы қ т ұ с е р»* деп ойлап едім, Жел сөзбен қоймадың ғой алдымды орап (Айтыс).

Көңілде дық қалды. *Көңілде қаяу қалды.* Жас жігіттің *к ө ң і л і н д е д ы қ қ а л у ы* мүмкін. Содан сақтанған жөн («Лен. жас»). Әлгіден *к ө ң і л і ң д е д ы қ қ а л а д ы ,* бірақ жауап қатып үлгермейсің (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ДЫҚАТ: дықат көрді. ж е р г. *Қайғы көрді, қасірет шекті.* Балалары өліп *д ы қ а т к ө р д і* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҚАТТА= е т. ж е р г. *Анықтап айту, пысықтап айту.* Ол барынша *д ы қ а т т а д ы* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҚАТТАН= е т. с ө й л. ***Дықтан***. Ақымақ сөзбен қажап жұқартқанға, Жұқарма, көңіл күйзеп, *д ы қ а т т а н б а.* Жауапсыз қалдыратын сөз болады, Жауап қой соның өзі мұқатқанға (Т.Есімжанов, Ой-өрнек).

ДЫҚАТТАНУ *Дықаттан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д ы қ а т т а н у ғ а* болмайды.

ДЫҚ-ДЫҚ е л і к. *Қайта-қайта тықылдата басқан қимыл қозғалысты бейнелейтін сөз.* Қожан бір күні жолдастарымен мәжіліс құрып отырса, аяғын *д ы қ-д ы қ* басып, бір солдат қыз өтіп барады екен (Т.Бердияров, Солдат.). Бала байғұс тұншығып қалмасын, – деді де аяғын *д ы қ-д ы қ* басып шығып кетті (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). – Маржан! – деген сырттан шыққан дауысқа елең етіп, қыз алақанын еппен ғана босатып алып, *д ы қ-д ы қ* басып жүріп кетті (К.Баялиев, Дегелек.).

ДЫҚҚАРТ с ы н. с ө й л. ***Дықты***. Күні бойы *д ы қ қ а р т* боп жүрген шал оқта-текте үйге келген қонақтармен әңгіме байланыстырудың жолдарын іздейтіні бар (К.Баялиев, Дегелек.).

ДЫҚСЫЗ с ы н. с ө й л. *Ренішсіз, кексіз, зілсіз.* – Ау, енді қойсаңшы, – деп ренішсіз, *д ы қ с ы з* ақырын ғана ескертті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Менің сол бір сорақы қылығымды *д ы қ с ы з* кешіргеніңіз үшін немен өтерге білмей дал болам (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ДЫҚТАН= е т. **1.** *Кектену, қапалану.* Осы үй өз анасын шеттетіп жүргенін сезген балалар күн санап реніш пен ызасын іштеріне жиып, *д ы қ т а н ы п* өсіп келеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Ренжу, көңілі қалу.* Мені түсінбейтін кішкене бала деймісің. Жайың белгілі болды, – деп Жұмабек *д ы қ т а н ы п,* орнынан тұрып жүре берді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Жиенбай ашуының кегі жоқ, зілі жеңіл ме, әйтеуір әкесінің күйінгеніне Мақан онша *д ы қ т а н а* қоймайтын (М.Дүйсенов, Мейман.).

ДЫҚТАНУ *Дықтан етістігінің қимыл атауы.* Жұмабек *д ы қ т а н у д ы* жөн көрмей, үнсіз орнынан тұрып жүре берді («Әдеб. және искусство»).

ДЫҚТЫ с ы н. *Кекті, өшті, зілді.* Жаумен беттескен майданда батыр достарынан айырылғанақынәріекеті,әрі*дықты*(Ә.Тәжібаев,Өмір.). Хан ағаның қаһары қиын. Құдай аты аталған, қалыңмалы және төленген. Тек көңілі *д ы қ т ы* (М.Мағауин, Аласапыран).

Дықты болды. *Кектенді, өшікті.* Үйреткен Аржасыпқа жадылықты, Бір дию бұл қатарда бар ед мықты. Достымның дәулетін бұл күндеді-ау деп, Зәрдәшті жау санап, *б о л д ы д ы қ т ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ДЫҚШЫЛ с ы н. *Көңілге алғыш, болар-болмасқа ренжігіш.* Бұл ойымды Арманға айтуға батпадым. Жетім көңіл *д ы қ ш ы л,* өкпелетіп алармын дедім (Н.Сералиев, Қаңтар). Анашым тірі болса, бұлайша қаңғып жүрмес едім-ау, «Жетім қозы тасбауыр» дегендей, кім білсін, мұнша *д ы қ ш ы л* болмаған болар ма едім (А.Мекебаев, Бойжеткен). Басынан бір сөз асырмайтын *д ы қ ш ы л.* Өткен жазда қаталап келе жатқан Сауранбай ат сауырын қимай кетті (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

ДЫҚШЫЛДЫҚ з а т. *Дықшыл болушылық.* Сағындықтың *д ы қ ш ы л д ы ғ ы н* қара: Жақап жалынып-жалпайып аулаған балығының жартысын алуға әрең көндірді (Ө.Қанахин, Өз ақылы.).

ДЫМ[1] з а т. *Ылғал, сыз.* Ақан бауырындағы ұлын мазаламай ақырын тұрып, бақырашпен су алмаққа көрпесін кеудесінен жылжыта беріп еді, қолына *д ы м* білінді (С.Жүнісов, Ақан сері). Тұтасқан қара сұр бұлты түнеріп, *д ы м* бүркіп тұр (А.Лекеров, Қырда.). Мұнарлы қоңыр күздің кейіс түні; Боз қырау шөпті тұтқан жердің *д ы м ы* (С.Керімбеков, Бес мылтық). Ерте баптай бастасаң, Жердің *д ы м ы* кеппестен, Құнары қурап кетпестен. Бітіреміз егісті, Жеті күнге жетпестен (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

Басының дымы кеппеген. *Өмірден көргентүйгені аз, өмірге жеңіл-желпі қарайтын.* Әлімбике мен Тұрар сыбырласып *«Б а с ы н ы ң д ы м ы* әлі *к е п п е г е н.* Сиыр сауғанды тойға барғандай көреді-ау шамасы», – десті (М.Ысқақбаев, Қырық қыз). *Б а с ы ң н ы ң д ы м ы* әлі *к е п п е п т і* ғой өзіңнің. «Отыз ұлым болғанша, бір шалым болсын» деген екен баяғыда бір кемпір. Сол айтқандай, дүниенің бар қызығы сол емес пе жазған-ау, – деп сылқ-сылқ күлген (М.Абдрахманов, Көктем лебі).

Дым бүрікті. *Ылғалдады, сулады, су себеледі, жаңбыр сіркіреді.* Сұрғылт тұман *д ы м б ұ р к і п,* Барқыт бешпент сулайды. Жеңіменен көз сүртіп, Сұрланып жігіт жылайды (Абай, Тол. жин.). Бидің сол халін білетін ауыл адамдары бейсауыт жолаушыларды қонақүйге апарып түсірсе керек, *д ы м б ұ р і к к е н* беймаза жауынның ұсақ шыпылынан басқа үндер сөлден соң пышақ кескендей тыйылды (С.Сматаев, Елім-ай).

Дым тартты. *Ылғалданды, суланды.* Сәдудің аяғындағы күнібойы *д ы м т а р т қ а н* жуан резеңке шоқай киіз байпақты болса да үйден шыға қоқиып қатып қалды да, темірдей қарып ала жөнелді. Біз әзір жатырмыз. Менің мылтығым болмаса, гранатама сенім жоқ. Өйткені жуырда жерден қазылып алынған еді, біраз *д ы м т а р т ы п* қалған сияқты (Қ.Қайсенов, Жас партизан.).

Қолтығына дым бүрікті. *Жел берді, айдап салды, шағыстырды.* Рас, колхоздастыру дәуірінің қарсаңында байлар белең алып тұрды. *Қ о л т ы ғ ы н а д ы м б ұ р і к к е н* орташалар да аз бүлік салған жоқ («Қаз. әдеб.»). Құтыртқанның кім екенін көрдің ғой. Шымбайына батқан соң, сырын айтқанын көрмеймісің? *Қ о л т ы ғ ы н а д ы м б ұ р і к к е н* Бөжей, – деді Құнанбай (М.Әуезов, Абай жолы). Оның да шашбауын көтеріп, *қ о л т ы ғ ы н а д ы м б ұ р қ у ш і* аз деймісің? (К.Оразалин, Ақ жазық). Комплекске қамағыш болса, күллі қойды қамасын, малдарыңды қайтып алыңдар, – деп шырқ бұзушыларды шапқа түртіп *қ о л т ы қ т а р ы н а д ы м б ұ р і к т і* (С.Ләмбеков, Әке.).

ДЫМ[2] з а т. *Үн, дыбыс.* Бос кеңістікте дыбыстың *д ы м ы* шықпай өшеді де қалады (А.Қалығұлов, Жарық.).

Дымы бітті [өшті]. *Үні басылды, үні шықпады.* Бәсеңдеп бірте-бірте сойыл үні, Танадай құлаққа ұрған *б і т т і д ы м ы* (Қ.Мұқышев, Орман). Әлі де үміт үзбеген Сәт біраз жер алға жүгіріп барды да, машина көзден әбден таса болған соң, *д ы м ы ө ш і п* отыра кетті (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). ә) *Көзі құрыды, жоғалды, жойылды.* Төйтік: – Шығарма енді

үніңді, құрыттым ба *д ы м ы ң д ы,* – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Дымы құрыды. а) *Шаршап-шалдықты, діңкеледі, болдырып тұралады.* Айтатын сағаң сырым бұл, Ертеңім менің бұлыңғыр. Әлсіреп *д ы м ы м қ ұ р ы п* жүр (М.Мақатаев, Шығ.). Итжанды жау сонша өлермен көк жұлын боп, *д ы м ы қ ұ р ы п* жатса да, әлі көктен, жерден соққылап тұр, оқпен ұрып (Ә.Әбішев, Шығ.). Осыншама жүкпен терлеп-тепшіп, *д ы м ы қ ұ р ы п* Мария ымырт жабыла екі қатар көше болып салынған қазақ аулына барып кірді (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). ә) *Мысы құрыды.* Бұрын Сағынышты көре алмай *д ы м ы қ ұ р ы п* жүреді екен. Енді оны көрмесем тұра алмайтын болып алдым (К.Асанов, Сағыныш). Шықпай тұр қатты айтуға менің үнім, *Қ ұ р и д ы* жүйрік көрсем менің *д ы м ы м.* Жақсыдай жең ұшынан жалғасармыз, Ау, Шекті, ұялтпашы тілеп бұйым (Айтыс).

Дымын өшірді [құртты]. *Аузын жапты, үнін шығармады.* Үміт қу ақырында ірі-ірі мәселелерді айтып, қатал тапсыру осының барлығы «жақсылардың» *д ы м ы н ө ш і р г е н* еді («Жұлдыз»). Күлетінің: социализм бола ма, болмай ма, жақсы ма, жаман ба деген таластардың біздің елде *д ы м ы* әлдеқашан *ө ш к е н* (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.).

Дымын шығармады. а) *Үнін өшірді, үндетпеді.* Шама келсе, кімде-кім кездескен қарауылды *д ы м ы н ш ы ғ а р м а й* орнында тұншықтыру (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). ә) *Үндемеді, аузын ашпады.* Амалсыздан үніміз өшіп, жүйкеміз құрып, *д ы м ы м ы з ш ы қ п а й* қала береміз (С.Торайғыров, Шығ.).

Дымын ішіне тартты. *Үнін шығармай, тыныш қалды.* Класс *д ы м д а р ы н і ш і н е т а р т ы п* тұра қалды (Жүздесу).

Дымын ішіне бүкті [сақтады]. *Сырын ашпады.* Осының бәрін өлшеп-пішкен ақылды бригадир ол күні *д ы м ы н і ш і н е б ү г і п* тыныш ұйықтап шығады да, ертесіне ауданға қарай тартып отырады (О.Сәрсенбаев, Жиде.). *Д ы м ы м д ы і ш і м е б ү г і п* теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Шешесі ауырса, *д ы м ы н і ш і н е с а қ т а й д ы.* Сыр бермейді (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Дымы ішінде болды. *Тіс жарып ештеңе айтпады, үндемеді.* Ал енді, *д ы м ы ң і ш і ң д е б о л с ы н,* шамыңды сөндір де жат, – деді ол (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Ендеше, Меңтайжан, *д ы м ы ң і ш і ң д е б о л с ы н,* бізде бір орын бос тұр, мақұл десең менің бөлім бастығым Айдапсалмен таныстырамын («Қаз. әдеб.»).

ДЫМ[3] е с і м. **1.** *Ештеңе, дәнеме, еш нәрсе де.* Егер Лебедев жасағы аттарынан түсіп, ыңғайлы жерге орналасып соғыс ашса, Иман мен Жанайдар *д ы м* да істей алмас еді (І.Есенберлин, Қаһар). Ымды білмеген, *д ы м д ы* білмес (Мақал). Орыс бұл арада көбірек көрінеді. Сөйлеген сөздерінен *д ы м* да түсінбеймін (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Еш, ешбір, ешқандай.* Сіз оқып жүргенде аңқау едіңіз, әлі сол қалпыңыз, *д ы м* өзгермепсіз (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады). **3.** *Біржола, мүлдем.* Ұшып келеді. Екі құлағы *д ы м* біткен. Көзі де ештеңе бағдарлар емес (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Кәрібай *д ы м* қоя қойды (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Сібір өзендеріндегі суда *д ы м* салмақ қалмайды. Сосын оны осында шелек-шелегімен тартып ала бер (А.Марқабаев, Арал әуендері).

Дым білдірмеді [білдірген емес]. *Ештеңе сездірмеді, тұқ байқатпады.* Өзінің көзқарасы жөнінде Газизаға *д ы м б і л д і р г е н е м е с* (Ә.Әлішев, Ат тұяғы.).

Дым бітірмеді. *Ешбір істі тындырмады, еш нәрсе істемеді.* Қас қарайғанша жатып, *д ы м б і т і р м е с т е н* взводқа келе жатырмын (Ә.Бектемісов, Жау.).

Дым жоқ. *Ештеңе жоқ, дәнеме жоқ.* Бөлмедегі кітаптардан *д ы м ж о қ,* бәрін алып кетіпті (Ауызекі).

Дым көрмегендей. а) *Еш нәрсені де байқамағансып, білмегенсіп.* Сонан соң жұмыртқаны бөркіне салып, қайта киіп алды да, *д ы м к ө р м е г е н д е й* қу жыңғылды шырт сындырып, қазан астына от жағып отырған кейіп білдіре қойды (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Ақсақал енді қайтерін білмеді. Үйде отыра ма? Алдынан шыға ма? Қалай амандасады? *Д ы м к ө р м е г е н д е й* тымпиып отыра ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Еш нәрсеге жарымағандай. Д ы м к ө р м е г е н д е й* дастарқанға қолын соза берді (Ауызекі).

Дым қалмады. *Ештеңе қалмады.* Бас сүйектен *д ы м қ а л м а ғ а н,* Жатыр жерде құр мылжа. Қазанжаппай ыстық екен, Жеңгей салған күлшетай (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

Дымын қоймай мақтады. *Әбден, жеріне жеткізе мақтады.* Сразы хабарластым. Келістім. Арыз жазылды. Орекең *д ы м ы м д ы қ о й м а й м а қ т а п*, қысқаша мінездеме берді (Ү.Уайдин, Ендігісін.).

Дым татырмады. *Ештеңе бермеді, аузына нәр салғызбады, талшық тістеткізбеді.* Рақмет, қарақтарым, дұрыс екен талаптарың. Бұның қылығын өзім де жаратпадым. Мен оның көзін жоямын. *Д ы м т а т ы р м а й* қораға байлаймын да қоямын (О.Әубәкіров, Шығ.).

Дымы қалмады. а) *Барлық нәрсе жоқ болды, таусылды, бітті.* Барады-ау менде *д ы м ы қ а л м а й,* Кім болдым қазір, кім едім. Алда бір қызық күн бардай, Жүгірумен өшті жүрегім («Қазақст. әйелдері»). Суалып, қоқым түсіп, балдыр басып, Қарасу құри берді жылдан-жылға. Сарқылып он

жыл болмай *дымы қалмай*, Су деген жоғалды аты ақырында (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). ә) *Асты-үстіне түсіп, бәйек болды, жалпақтады. Дымы қалмай* жалпақтады (Ауызекі).

Дым сызбады [тартпады]. *Тамақ ішпеді, нәр татпады.* Итің қызыңқырап алған ба, жалаңаш қарынын қасып тұрып есік көзінде *дым сызбай* отырған төртеуіне қанталаған ісік көзін төңкере қарады (Қ.Ысқақов, Қара орман). Кешелі бері ол шамасы *дым сызбаса* керек. Нәр татпаған жолдасыма таңдана қарадым (Т.Бердияров, Солдат.). Үйде жалғыз жатырмын, сырқат жаным, Төсегімнен тұрмадым, *дым татпадым*. Дәрі ішуге жайым жоқ, Алғаш рет тілеп жаттым, біреу кеп үн қатқанын (Ф.Оңғарсынова, Сенің махабб.). Екі күннен бері *дым татпай*, жүрек қарайып отырғаны мынау! – деді Шырынкүл (Б.Майлин, Шығ.).

Ойда дым жоқ. *Алаңсыз, қайғысыз. Ойда дым жоқ*, еркін жүрген шағында, Шын сүйіскен махаббаттың тағында, Тағдырда жоқ түрлі әсер тап беріп, Махаббатты алса сүйреп ағынға (Б.Күлеев, Шығ.).

ДЫМ[5] үст. жерг. *Өте, тым, аса. Дым-ақ* ауыр күрсінді қара жігіт (Қ.Жұмалиев, Қырда.). *Дым-ақ* даусы күшті екен. Бекер де емес сенікі (Абай, Тол. жин.). Сағынай түсіп көзі фельдшер қызға, Күбір етті *дым* ауыр бір күрсініп (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

Дым біткен. *Мүлдем естімейді, керең, саңырау.* Оның екі құлағы да *дым біткен* (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

ДЫМАҚ зат. *Күш, жігер, қайрат, шамашарық.* Қара қасқа ат, қалтырап осынша неге қорқасың, шың болып тұр ма *дымағың* (Қамбар батыр).

ДЫМАР зат. кәс. *Тұтін салып араны қуатын құрал, аспап.* Бал арасын *дымармен* қуатын уақыт таянды (Аялы жандар).

ДЫМБЫЛБАЙ есім. сөйл. *Дым да, тұқ те, ештеңе де.* Әншейінде былқ етпейтін басым дүкенге барайын деп шошаңдай қойып едім, екі келі ет алып, қалтама қол салсам *дымбылбай* да жоқ (С.Кенжеахметов, Тышқан.).

ДЫМДА= е т. *Дымқылдау, сулау.* Қолаң шашты күз сипар *дымдап* қана, Қос ғашықты қоңыр түн құндаққа ала. Көктемгідей көңілдер тасқындауын, Тас бүркеніп жатады тыңдап дала (Б.Аманшин, Жайық.). Түсінде ылғи Кеңаралға барып, Мағрипаны көріп қайтып жүреді. Ылғи жастығын *дымдап*, жылап оянады (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Сырдың бойында «Қарабура» деп суға жасайтын бөгеттің бір түрін айтады. Ол былай жасалады. Қоғажайдан ұзын қып ескен арқанның екеуі-үшеуі жерге қатарынан төселеді. Олардың үстіне көлденең қамыс жайылады. Қамыстың үстіне топырақ себіліп, оған су сеуіп *дымдайды* (С.Мұқанов, Шығ.).

ДЫМДАЛ= е т. *Дымқылдану, ылғалдану, сулану.* Романдағы ең жексұрын образ Уәли сияқтылардың өмірі сын сағатта *дымдалған* сіріңкенің басындай әрі кетсе бір бырс етіп, ұшқынсыз жоқ болады (І.Омаров, Шабыт.).

ДЫМДАЛУ *Дымдал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауаның *дымдалуы.*

ДЫМДАН= е т. *Дымқылдану, сулану.* Кешегі қатты аяздарда бөлменің қабырғалары *дымданып* терезенің қырауы бір елідей қалыңдапты (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Түнде сүр жеп жатып, шөлдеп шыққан кісіше көзінің маңайы *дымдана* бастапты (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Қиқулап құс біткендер жиналыпты, Молығып мөлдір суға *дымданыпты*. Сусындап, көгін орып, дәнін теріп, Сауығып, сап ауада сыйланыпты (Ә.Тұрманжанов, Жауқазын). Кітапханаға барып көріп еді, көп жазбалар *дымданып*, көгеріп шіруге айналған (Д.Досжанов, Шығ.).

ДЫМДАНДЫР= е т. *Дымқылдату, ылғалдандыру, суландыру.* Кенелер қойдың жүнін көпсітіп, теріні *дымдандырып*, қызартып жібереді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ДЫМДАНДЫРУ *Дымдандыр етістігінің қимыл атауы.* Бөлмені *дымдандыру* керек (Ауызекі).

ДЫМДАНДЫРЫЛ= е т. *Дымқылдандырылу, суландырылу.* Ауру аппарат арқылы тек *дымдандырылған* таза оттегімен демалып біраз жатты да, кеңірдектегі түтікшені суырып тастасымен-ақ еркімен демалуға көшті (С.Ғаббасов, Серпер).

ДЫМДАНУ *Дымдан етістігінің қимыл атауы.* Топырақтың *дымдануы* 30–40 сантиметрден ары емес (М.Әуезов, Шығ.).

ДЫМДАТ= е т. *Дымқылдату, суландыру, ылғалдандыру.* Бір қызығы, бағанағыдан бері сорғалап тұрғанымен, көзін *дымдатып* ашытқан емес (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ДЫМДАТУ *Дымдат етістігінің қимыл атауы.*

ДЫМДАУ *Дымда етістігінің қимыл атауы.* Кептіруге қойған үй ағашын жаңбырға шығарып немесе су бүркіп *дымдау* керек (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ДЫМДЫ сын. *Дымқыл, дымқос.* Ауру асқынса, өкпе тұтас қабынады, өкпені тыңдағанда *дымды* сырыл естіледі, оның қабынған жерінен ешқандай дыбыс естілмейді (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Су зорық аталатын ауру түрі жазғытұрым терлеп келген жылқыны қар суымен суару, суық қар, мұз жегізу, тері кеппей ерін алып қоя беру, *дымды* шөп беруден болады (Қ.Беделхан, Халықтық.). Ол Мәдинаның басын сүйеп, бетін жауып кеткен қара шашының маңдай алдын төбесіне қарай сипап қайырады, *дымды* алақанымен маңдайын сипайды (Д.Әбілев, Баянауыл.).

ДЫМКЕС с ы н. с ө й л. ***Дімкас***. Қарағым, балам, мен болсам қартайдым. Оның үстіне денсаулығым нашар, *д ы м к е с* адаммын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Алпыстан асты ғой, әрі өзі *д ы м к е с* адам. Сонда да сиыр бағатын адам жоқ, колхоз мүшесі деп, басқарма әйел босататын емес (А.Жұмаділдин, Қайырлы.). Сәбең қарындашын алып жаза бастағаннан кейін, ол жымия түсіп, жүрегі қысып кететін *д ы м к е с і* бардай-ақ, кеудесінің сол жағындағы «Батырлығы үшін» қос медалін сипалай бастады (Ә.Нұршайықов, Тоғыз толғау).

ДЫМКЕСТЕН= е т. с ө й л. ***Дімкастан***. Қостанай атырабының бұл түкпірінде қақаған қарлы боранды күндер аз болмайды. Со күндердің бәрінде де мына мәшинелер осылайша *д ы м к е с т е н і п* тұруы керек пе? (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

ДЫМКЕСТЕНУ *Дымкестен етістігінің қимыл атауы*. Суық кезде *д ы м к е с т е н у* оңай (Ауызекі).

ДЫМКЕСТЕУ с ы н. с ө й л. ***Дімкастау***. Оның әкесі *д ы м к е с т е у* адам еді (К.Тоқаев, Солдат.).

ДЫМКЕСТІК з а т. *Дімкес болушылық*. Соғыстан қалған *д ы м к е с т і г і* осылай әр көктемде бір бой көрсетіп қоятыны бар-ды (Н.Қапалбеков, Еңлікгүл). Шайқа, шайқа басыңды, Жақсы емес *д ы м к е с т і к*. Жастық деген асылды, Бағаламай күн кештік (Б.Әбдіразақов, Жігіт.). Жүрегі кенет жиілей соғып, көкірегінен аз-кем *д ы м к е с т і к* сезген Қилан оң қолымен жер тірей еңкейді (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.).

ДЫМКЕСТІК з а т. с ө й л. ***Дімкастық***. Бүгінгі мына тойдың үстінде шешемнің *д ы м к е с т і г і н е н* түк қалмаған. Бүкіш белі түзеліп, арық бетінің үшінде қызғылт нұр пайда болған (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ДЫМҚОС[1] с ы н. *Дымқыл, ылғалды, сулы*. Бірақ ренжімейтінбіз. Суды құрғатып сүртіп алған соң, *д ы м қ о с* жерге әуес келетін құрбақа ашық терезеден түсіп, үйдің ішінде секеңдеп жүретін (Х.Елебекова, Үні кетпес.). Әрі ыстық, әрі *д ы м қ о с* Алжир ауасының райына қарай жеңіл киінген екі жігіт кіріп келді (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Әлден уақытта білгенім – әлдекім әлдене *д ы м қ о с,* салқын нәрсені маңдайыма басып, басымды жастықтан көтерді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ДЫМҚОС[2] с ы н. с ө й л. ***Дімкас***. Оның өзі де *д ы м қ о с,* аурушаң еді (А.Нұрманов, Құлан.). Зоотехник: сол кезде туып-өскен қойдың кеудесінде *д ы м қ о с* бар (М.Әуезов, Әңгім.). Өзі ай жарымнан бері *д ы м қ о с,* үйден аттап шықпаған (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

ДЫМҚОСТАН= е т. *Ылғалдану, дымқылдану, сулану*. Бетеге қанша құрғақ дегенмен, түн ортасы ауа шық түссе, топырақ *д ы м қ о с т а н а д ы* да, одан әрі төсексіз жатуға болмайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өткен жылдардың тәжірибесіне қарағанда, жауыннан *д ы м қ о с т а н ғ а н* дәннің қырманда да, сарайларда да қызатыны осы шақ («Қаз. әдеб.»). Бұл маңайдың егіні суарылатындықтан, жерінің беті *д ы м қ о с т а н ы п* жатады (С.Мұқанов, Шығ.).

ДЫМҚОСТАНУ *Дымқостан етістігінің қимыл атауы; дімкастану*. Дәрігер оның анасына *д ы м қ о с т а н у ы н* күтімсіздіктен деп түсіндірді («Мәдениет және тұрмыс»).

ДЫМҚОСТАУ с ы н. *Дымқылырақ, дымқылдау, ылғалдау*. ≈ Отырған жері *д ы м қ о с т а у*.

ДЫМҚОСТЫҚ з а т. *Дымқос болушылық, дымқылдық, ылғалдылық*. Алғашқы күндері әуелі қар, артынан жаңбыр жауып, жердің *д ы м қ о с т ы ғ ы н* ұлғайтса да, Дәметкеннің құяңы ұстамауы былай тұрсын, тымау да тиген жоқ (С.Мұқанов, Аспаз). Өзі шешкен кенеп дамбалын мықтап бір сықты да, *д ы м қ о с т ы ғ ы н а* қарамай бұтына киіп ап, қала жаққа жол тартты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ДЫМҚЫЛ с ы н. *Дымды, суланған, ылғалды*. Ол келгенде қара жердің *д ы м қ ы л* топырағына өз саусағын өзі тығып, сұп-сұр болып бүктетіліп отырған Төленді қансырап бара жатыр еді (О.Бөкеев, Өз отың.). Көршілер келіп, ананың маңдайына *д ы м қ ы л* шүберек басып, аузына су тамызды (Ә.Әлішев, Батыр.). Бір топ солдаттар мен сержанттар майшамның көмескі жарығымен *д ы м қ ы л* жер үйде әңгіме дүкенін құрып отыр (С.Омаров, Дала.).

Дымқыл тартты. *Дымқылданды, суланды*. Шөпке шық қонып, *д ы м қ ы л т а р т ы п,* ауырлап қалыпты (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Шешесі домбыраны шүберекке орап, сандықтың артына тығып қойған екен, *д ы м қ ы л т а р т ы п*, көкөңезденіп кетіпті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Тыңайтқыш ылғалданып, *д ы м қ ы л т а р т п а у ы* үшін қойманың едені су өткізбейтіндей болуы керек (Қ.Иманғазиев, Минерал.).

ДЫМҚЫЛДА= е т. *Сулау, ылғалдау*. Үйде кір жуу ауаны бұзады, бөлмені *д ы м қ ы л д а й д ы,* ал еденге су сеппей сыпыру үйді тозаңдатады (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Жаңылхан ақкұманның жалын шалған бүйірін *д ы м қ ы л д а п,* күлмен ысқылай бастады (К.Ахметбеков, Ақдала). Бешпетін төрт бүктеп басына жастап, қалтасынан орамалын шығарып, торсықтағы сумен *д ы м қ ы л д а п*, кезерген ернін жібітті (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс).

ДЫМҚЫЛДАН= е т. **1.** *Ылғалдану, сулану, дымқостану*. Ауру адам көп терлеп, денесі *д ы м қ ы л д а н а т ы н* болса, ішкиім мен төсекжабдығын құрғатып, ауыстырып отыру

қажет (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Бүгінде қысқы күн баяғы қаз-қалпынша сұрқай көк *д ы м қ ы л д а н ы п,* жапырақтан жұрдай ағаштар қарауытады (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). **2.** а у ы с. *Көзге жас алу, жасауралу.* Бірінбірі сағынысып көріскен, ескі достар таңды көзімен атқызып, енді айырылысуға көңілдері қимай, кірпіктері *д ы м қ ы л д а н ы п* тараста (О.Иманәлиев, Байқадам).

ДЫМҚЫЛДАНДЫР= е т. *Ылғалдандыру, суландыру.* Бронх қуысының кілегей қабықшасының астында кішкентай бездерден бөлінетін сілекей бронх ішін кептірмей, *д ы м қ ы л д а н д ы р ы п* тұрады (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Аздап тершіп *д ы м қ ы л д а н д ы р ғ а н* балғын жүзіне жұқалаң қызғылт нұр толып күлім қағады (З.Жәкенов, Күн көтеріл.).

ДЫМҚЫЛДАНДЫРУ *Дымқылдандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құрғақ жерді *д ы м қ ы л д а н д ы р у.*

ДЫМҚЫЛДАНУ *Дымқылдан етістігінің қимыл атауы.* Топырақтың ұзақ уақыт бойына шамадан тыс *д ы м қ ы л д а н у ы* оның сілтілігін арттырды (В.Коваленко, Күріш егісі.).

ДЫМҚЫЛДАТ= е т. *Ылғалдандыру, дымқылдандыру.* Полиамидті талшықтар шірімейді, *д ы м қ ы л д а т с а* да беріктігін жоймайды («Қазақст. мұғ.»). Судың *д ы м қ ы л д а т қ а н* лебі ыссы үйден шыққан құрғақ денеңді аймалап, теріңді кеңітеді (Р.Өтесінов, Алып.).

ДЫМҚЫЛДАТУ *Дымқылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауаны *д ы м қ ы л д а т у.*

ДЫМҚЫЛДАУ[1] с ы н. *Дымқылырақ, ылғалдау.* Ақжолдың қорадан әкелген тамызығы *д ы м қ ы л д а у* болып, бықсып жанды (Н.Әбдуллин, Өмір.). Алысқа жіберетін анамыз жоқ. Бұл кісі осы жердің күн сәулесі мол түсетін топырағына үйрендігіктен ауа райы *д ы м қ ы л д а у* жерге шыдай алмас, – деп жібермей қойғаны (З.Рысбекова, Әйел сыры). Чума микробы ыстық жерде көп өмір сүре алмайды. Егерде *д ы м қ ы л д а у,* қоңыр салқын жағдайда болса, ол көп уақытқа дейін тіршілік етеді (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы.).

ДЫМҚЫЛДАУ[2] *Дымқылда етістігінің қимыл атауы.* Атасы аулаға су сеуіп *д ы м қ ы л д а у м е н* жүр («Қаз. әдеб.»).

ДЫМҚЫЛДЫҚ з а т. *Дымқыл болушылық, ылғалдылық.* Тұқымды сақтау кезінде оның *д ы м қ ы л д ы ғ ы н а* ерекше назар аудару керек (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.). Жері құнарлы, *д ы м қ ы л д ы қ* жеткілікті, ауа райы қолайлы болғандықтан мұнда өспейтін жеміс-жидек жоқ деуге де болады (Қ.Меңдіқожин, Бауырлас Болгария). Органикалық заттардың аз, не көп жұмсалуы ауа райының *д ы м қ ы л д ы ғ ы н а,* жылылығына және шөпті кептірудің ұзақтығына байланысты (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

ДЫМҚЫЛДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Дымқылдық***. Асан еңкейіп, боразданың шетінен салқын, *д ы м қ ы л д ы л ы ғ ы* бар бір уыс топырақ алды (Д.Жанботаев, Дала оттары). Температура мен *д ы м қ ы л д ы л ы қ* бірқалыпты сақталғандықтан, фундаментке қойылған приборлар тербелісті дәл көрсетеді («Білім және еңбек»).

ДЫМҚЫЛСЫЗ с ы н. *Дымқылы жоқ, сусыз, ылғалсыз.* Сырқаттың ендігі үміті шаңсыз, *д ы м қ ы л с ы з* жайлауға жетіп, сапырылған сары қымызбен емдеу (Т.Әлімқұлов, Шығ.).

ДЫМҚЫЛТЫМ с ы н. *Аздап дымқыл, дымды.* Алексей ұмтылғанша болмады, Бейсен теңселіп, еңкейе беріп, екі аттады да, бүкіл салмағымен *д ы м қ ы л т ы м* жерге гүрс етті (Ә.Әзиев, Шұғыл.).

ДЫМҚЫЛЫРАҚ с ы н. *Аздап дымқыл, ылғалдау, сулырақ.* Дән кептіргішке апарып төк, астығың *д ы м қ ы л ы р а қ* екен, – деді Нина (Ғ.Сланов, Шығ.).

ДЫМСЫЗ[1] с ы н. *Ылғалсыз, дымқылсыз, сусыз.* Кісі сусыз, *д ы м с ы з* аңызақ шөлде он тоғыз сағатқа ғана шыдайды (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДЫМСЫЗ[2] с ы н. *Еш нәрсе қалмаған, жұрдай.* Әсіресе бірді-екілі ашатұяқ, айырмүйіз үстап, қалт-қалт етіп отырған кедейлер жүгендерін ұстап, *д ы м с ы з* қалды (Ы.Жақаев, Өмір.). Ешқандай құшаққа сыймай тұрған шахтаның алып трубасы қаһарын ішіне бүккендей *д ы м с ы з* мелшиіп тұр (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

ДЫМСЫЗДАН-ДЫМСЫЗ с ы н. *Ештеңесіз, дәнемесіз.* Осыншалық жауапкершілікті неге мойнына жүктедім, ертең *д ы м с ы з д а н д ы м с ы з* қол көтеріп шыға келсем ел не айтар, өзім жұртқа қандай сылтауды уәж етермін (А.Мекебаев, Аңызақ).

ДЫМЫҒУ *Дымық етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауаның *д ы м ы ғ у ы.*

ДЫМЫҚ= е т. **1.** *Дым тарту.* Төсек-орын *д ы м ы ғ а д ы-а у.* Сенің әкең бізді қайдағы тұманға әкеп қамады, – деп күйінді атам (М.Тиесов, Дала.). Бір көзі соқыр, жалғыз әйнекті, тапалтақ кішкене үйінің *д ы м ы қ қ а н,* күлімсілеу, терсымақ иісі мұрнына жып-жылы тиді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Булығу, тұмандану.* Апақ іннің бетін ашқаны сол еді, ішінен *д ы м ы қ қ а н* қара түтін сыртқа қарай теуіп, оны қақалтты (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ДЫМЫҚТЫР= е т. *Дым тарттырызу.* Төсек-орнын *д ы м ы қ т ы р ы п* алыпты (Ауызекі).

ДЫМЫҚТЫРУ *Дымықтыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйді *д ы м ы қ т ы р у.*

ДЫМЫРАҚ[1] с ы н. *Көбірек, соншалықты.* Қонақай ұрысып жүріп бұрылуға айналғанда Қалбағайдың сойылы *д ы м ы р а қ* көп тиіп жіберді (М.Әуезов, Қараш.). Бұл қыздардың пішіні соншалық аппақ, беттерінің ұшы да *д ы м ы р а қ* ашық қызыл реңденіп тұр (М.Әуезов, Шығ.).

ДЫМЫРАҚ[2] с ы н. с ө й л. *Дымқылдау, дымқостау.* ≈ Қораның табаны *д ы м ы р а қ.*

ДЫНДАН з а т. к ө н е. *Піл сүйегінен жасалған, басқа елден сатып әкелінген қымбат тарақ.* Шашын *д ы н д а н м е н е н* тараған, Бектер мінген бедеудей, Бауырынан жараған (Ақсауыт).

ДЫҢ[1] з а т. к ө н е. *Қола дәуірінің сәулет өнеріне тән өңделмеген тақтатастан қаланған шеңберлі құрылыс. Д ы ң ы ң* жақсы сақталып, бүгінгі күнге жеткен бір үлгісі Қостанай облысы, Амангелді ауданындағы Екідың ғимараттары (ҚҰЭ).

ДЫҢ[2] е л і к. *Кенет даң етіп шыққан қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз.* Қайрат кеміп қалжырап, Бір жығылып, бір тұрам. Құлағы шулап, *д ы ң* болып, Қарға адым жер мұң болып (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.).

Дың еткізді. а) *Дыңылдатты, домбыра тартты.* Түн ортасы ауғанда, үй ішінің шырт ұйқысын бұзып, иесі домбырасын *д ы ң е т к і з г е н д е,* ала күшік іргеде жатып шәуілдеп қоя берер еді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Тәкаппарлық сезім бұлқып бүйірді, Домбыраның бар пернесі қиылды. Қос ішекті *д ы ң е т к і з і п* күйші әнді, Нар алдына бір тізерлеп иілді (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын). ә) *Қатты тиіп дызылдатып жіберді.* Дәл құлақ шекеден *д ы ң е т к і з г е н* темірдей алақанның қыры қалпақтай ұшырды (С.Мұратбеков, Көкорай).

Дың еттң. а) *Дық етті, ауыртты.* Жасқанып та үлгермедім, *д ы ң е т к е н* ауыр соққы шекемді шарт еткізіп, жарып түскендей болады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Сап ете қалды, еске түсті.* «Міне, үйрендің. Енді күнде мініп тұрасың. Әрі-беріден соң бәйгеге шабатын боласың», – деп айтқан атайдың әнеукүнгі бір сөзі құлағымда *д ы ң е т е* қалды («Лен. жас»).

Дың қылды. *Даң қылды, мазасын алды.* Шәшкемді неге менің сындырдың сен? Ойрандап қостың ішін бүлдірдің сен! Көрмеген тумысымда қорлықты істеп, Ызамен бір басымды *д ы ң қ ы л д ы ң* сен (Б.Ізтөлин, Өмірі.).

ДЫҢҒЫЛ[1] з а т. *Домбыра тартқанда шығатын дыбыс, ун.* ≈ Домбыраның *д ы ң ғ ы л ы.*

ДЫҢҒЫЛ[2] с ы н. *Өрескел, ожар, дөрекі.* О, бала, осындай *д ы ң ғ ы л* мінезді қойғаның жөн болар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҢҒЫЛДА= е т. *Дың-дың еткізу.* Сым желісін жел бұрап, *Д ы ң ғ ы л д а п* ұлып бағана, Жатқандай жақын тау құлап, Гүрс еткен не далада (Д.Әбілев, Алтай асу.). Оның көзі ілініп кетті ме, жоқ әлде басқа бір ойға түсті ме, әйтеуір домбырасы ұзақ *д ы ң ғ ы л д а ғ а с ы н* барып үн қатты (Е.Мұқанов, Сәуле.).

ДЫҢҒЫЛДАТ= е т. *Дың-дың еткен дыбыс шығарту.* Алтау-жетеуі ана жақта жантайысып, біріне-бірі сүйеніп, шалжиып, домбыра *д ы ң ғ ы л д а т ы п* жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Д ы ң ғ ы л д а т а* шертілген домбыра үні де бір үдеп, бір үзіліп, әлдебір думанды мәжіліске мұқият бап жасап жатқандай еді (М.Хасенов, Алғашқы ән). Шеткерек отырған жас жігіт домбырасын ақырын ғана *д ы ң ғ ы л д а т т ы* (Ә.Нәбиев, Шолпан).

ДЫҢҒЫЛДАТУ *Дыңғылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домбыраны *д ы ң ғ ы л д а т у.*

ДЫҢҒЫЛДАУ *Дыңғылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ішектердің *д ы ң ғ ы л д а у ы.*

ДЫҢҒЫР з а т. *Дың-дың еткен дыбыс.* Сол кезде сағат механизмінің *д ы ң ғ ы р ы* тынады да, Асылханның ашуы тарқайды. Оның бойын басқан ұйқыны ыдырататын да ыза (С.Хайдаров, Құрыш білек.). Шектер сызылған сазынан айырылып, кендір *д ы ң ғ ы р ы н а* ұқсас үн шығарады. Мұның бәрі мүгедек саусақтарының кемістігінен, тырнақтың жоқтығынан еді (Ә.Сараев, Қараша.).

Дыңғыр етті. *Даңғырады, қаңғыр етті.* Қолдан төмен сусыған домбыра *д ы ң ғ ы р е т т і* (Бәйшешек). Әзім дәл сол кезде оның кім екеніне көзі жетпегенмен, көңілінің өзіне де мәлімсіз нәзік қоңырауы *д ы ң ғ ы р е т е* қалды (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

Дыңғыр қақты. *Даңғырлаған дыбыс шығарды, дыңғырлады.* Оның өзі шақатты жерден өткенде *д ы ң ғ ы р қ а ғ ы п,* бабымен кепкен қару екенін әйгілеп қояды (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

ДЫҢҒЫРА= е т. **1.** *Тапталу, теп-тегіс болу.* Үлкен тас көшенің бойы домбыраның ішегіндей *д ы ң ғ ы р а п* тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бүгін тек кеш шығып қалдық. Қатқақ кезде бұл жол *д ы ң ғ ы р а п* жатады (Т.Тобағабылов, Тағы. күз). **2.** *Даңғырау, кең төселу, жайылу.* Сендер бақытты заманның бақытты балаларысыңдар. Алдарыңда *д ы ң ғ ы р а ғ а н* тақтақ жол жатыр (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **3.** а у ы с. *Заулау, зауылдау, жүйтқу.* Көшенің оң ернеуін тіліп қазған арығы жал-жал болып жатыр. Су жіберсе *д ы ң ғ ы р а п* жөнелгелі тұр (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жалмауыз шошқаға ұқсап шыңғырады, Желаяқ жолға түсіп *д ы ң ғ ы р а д ы.* Қазірет құзыр жар болған ер танға, Болмаса мұндай істі кім қыла алады? (Батырлар жыры). **4.** а у ы с. *Мыңғырту.* Талайлар тізгінін тартпай *д ы ң ғ ы р а п* алдына мың қой айдап шыққанда Таубай арақты аузына тартып

алмаған кісіге ұқсап, мұртынан күліп келе жататын (Е.Әкімқұлов, Перизат.). **5.** а у ы с. *Дүмбірлеу, күмбірлеу.* Аз жылда *д ы ң г ы р а г а н* үлкен ағаш үйлер салыныпты («Қаз. әдеб.»).

ДЫҢҒЫРАҚ з а т. с ө й л. *Дыңғырлатып ойнауға болатын аспап.* Домбырасымақ *д ы ң г ы р а г ы м* бар еді, балалар әлдеқашан оның ішегін үзіп, шанағын бұзып тастаған (Ә.Табылдиев, Қой бағу.).

ДЫҢҒЫРАТ= е т. **1.** *Дыңғыр-дыңғыр еткізу.* Басынан тас көшенің *д ы ң г ы р а т ы п,* Үш қара ат парлап жеккен қырындатып, Пәуеске алтын күйме күмбез қаққан, Жанынан өте шықты сырылдатып (Н.Ахметбеков, Амангелді). **2.** а у ы с. *Тез бітіру, ылдым-жылдым аяқтау.* Бәсе, негып бұл ешқандай қолбайлаусыз *д ы ң г ы р а т ы п* жібердік деп ем (Т.Тобағабылов, Түсінсең.). **3.** а у ы с. *Көңілдендіру, мас қылдыру.* Жас еттен шашлық жасауға, палау басуға шебермін. Ауданнан өкіл келсе сыйлап көңілдендіріп, *д ы ң г ы р а т ы п* жіберуді маған қойыңыз (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ДЫҢҒЫРАТУ *Дыңғырат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домбыраны *д ы ң г ы р а т у.*

ДЫҢҒЫРАУ *Дыңғыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әлдененің *д ы ң г ы р а у ы.*

ДЫҢҒЫР-ДЫҢҒЫР е л і к. *Қаңғыр-күңгір, даңғыр-дыңғыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Мәшинеңің төбесінен әлдекім шыбықпен сабалап жатқандай, қаңылтыры *д ы ң г ы р-д ы ң г ы р* етеді (С.Ләмбеков, Әке.).

ДЫҢҒЫРЛА[1]= е т. *Дыңғыр-дыңғыр, қаңғыр-күңгір ету.* Әлдеқалай сынып қалады десе керек, *д ы ң г ы р л а п* барып домалап түскен домбыраны шап беріп ұстап алды (О.Тәжиева, Қара қолғап). Тиек десем ше, құрбым, қос ішекті домбыра түседі есіме. Тиексіз домбыра *д ы ң г ы р л а п* та дауыс шығара алмайды емес пе! (Ш.Дәрмағамбетов, Еңбек). Өлең сияқты ма, нақыл сөздер сияқты ма, бірдемелер *д ы ң г ы р л а п* қайта-қайта ойға келеді де мазаны алады (Х.Әлібаев, Таңбалы.).

ДЫҢҒЫРЛА[2]= е т. ж е р г. *Арық малдың тыңаюы.* Қонған жеріміз ақ жусанды жер еді, мал *д ы ң г ы р л а п* қалды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҢҒЫРЛАҚ с ы н. *Дыңғыр-дыңғыр еткіш, дыңғырлағыш.* Кенет қоңыраудың *д ы ң г ы р л а қ* үні естілді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). // к е к е с і н. *Әнші, күйші сымақ.* Өткен жолғы облыстың *д ы ң г ы р л а ғ ы* емес. Артист дегенің өзіңнен артық емес; санын шапаттап билейді, сарнап тақпақ айтады, көзін қысып анекдот соғады (Д.Досжанов, Кісі.).

ДЫҢҒЫРЛАТ= е т. *Дыңғыр-дыңғыр еткізу.* Маржан үндемей басын тұқыртып біраз тұрды да, Мұхтарға сүйене отырып, оның қара галстугының үстіндегі күміс баспаны *д ы ң г ы р л а т а* шертіп, тосын сауал қойды (Т.Сүлейменов, Күн.). Ал енді мұны қалай ойнамақ? Өзінің жаман домбырасын құр *д ы ң г ы р л а т қ а н ы* болмаса, әннің он екіде бір нұсқасын келтіре алмайтын (М.Дүйсенов, Мейман.). Дыңдың... кішкентай сәби тырбық саусақтарымен домбыраның ішегін дамылсыз *д ы ң г ы р л а т а д ы* («Қаз. әдеб.»).

ДЫҢҒЫРЛАТУ *Дыңғырлат етістігінің қимыл атауы.* Тимур өмірде алғаш рет гитарды ұзын сонар *д ы ң г ы р л а т у д ы* үйренгенше, бабаларының мұңдасы домбыраны үйреніп, соның жетемелдеуімен ән айтып машықтанбағанына мықтап өкінді (Қ.Бектұрғанұлы, Ізгілік.).

ДЫҢҒЫРЛАУ *Дыңғырла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аспанның *д ы ң г ы р л а у ы.*

ДЫҢДАЙ с ы н. с ө й л. **1.** *Ортан қолдай, дардай, бір деген.* Қай тілде болмасын қазақша не орысша сөйлегенде аузыңды ашып, көзіңді жұмасың да қаласың. Кандидаттығы және бар: автоматика және есептеп шығару техникасы бойынша қорғаған *д ы ң д а й* маман (Ө.Қанахин, Бақыт.). Тіл-көзден аман болсаң, осы қазақтың маңдайындағы *д ы ң д а й* азаматы болғалы тұр екенсің, – деді ол (Ә.Нұрпейісов, Сең). Түбінде бұл, ең бері салғанда, ғылымның бір маманы болады, әйтпесе, көрерсің, осыдан *д ы ң д а й* академик шығады (С.Мұқанов, Шығ.). Енді 1927 жылы көрсем, сауатын ашқан, хат таныған, советтік құрылыстарға қатысқан Есембай ауылдағы *д ы ң д а й* белсендінің бірі боп алыпты (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Жапжас, еңгезердей.* Шенді кәрі төрелермен бірге *д ы ң д а й* жас офицерлер де ойынға әбден кірісіп кеткен (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Бақандай, айта қаларлықтай.* Күткен ақшам келіп қалды. Және бірталай ақша, *д ы ң д а й* екі жүз сом (С.Мұқанов, Есею жыл.). Пойызға отыру бізге тіпті қиынға соқты. Бір адам емес, бес адам емес, *д ы ң д а й* қырық шақты адамның билеттерін компассироваттау – дүниенің тамұғы екен (С.Мұқанов, Шығ.). Кеше ғана интернатта тәрбиеленген шәкірттері бүгін міне *д ы ң д а й* техникум қабырғасында (Р.Райымқұлов, Суретші). Соған лайық кеудеңе *д ы ң д а й* үш орден, төрт медаль тағыпсың (С.Мұқанов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Қуатты, күшті, әлді.* «Өкпеңдегі сары су сорғиын депті. Аз күнде *д ы ң д а й* боласың» деп жауырынынан қағып-қағып қойғанда Санат таңданған еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **5.** а у ы с. *Шебер, епті, оңтайлы.* Қуан еден жуу, от жағып, тамақ пісіруге *д ы ң д а* й, сабаққа да

тәуір көрінеді (Х.Ерғалиев, Шындық.). Оқтатекте бір қырын тұрған балаң жігіттің тұлғасына көз жүгіртіп, күні кешегі титімдей баланың басшылық жұмысқа төселіп, *д ы ң д а й* болып қалғанына қуанатын тәрізді (Бал дәурен).

ДЫҢ-ДЫБЫС з а т. *Дыбыр еткен ун, дыбыс.* Далада жатқандықтан, айналадағы барша ұсақ *д ы ң-д ы б ы с қ а* дейін естиді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ДЫҢ-ДЫҢ е л і к. **1.** *Қайта-қайта дыңылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.* Қабырғада шықылдап тұрған үлкен сағат *д ы ң-д ы ң* соқты (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Аспаннан бар екпінімен заулап түскен шымыр бұршақтар тақыр шекеге *д ы ң-д ы ң* тигенде, таспен ұрғаннан бір кем емес (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** а у ы с. *Мыңғы-дыңғы, мең-зең.* Құрбанның сусар бөрік астындағы сеп-семіз дөңгелек басы *д ы ң-д ы ң* (Р.Райымқұлов, Түйелі адам).

Дың-дың еткізді. а) *Дыңылдатты, дыңғыр-дыңғыр ун шығарды.* Шолпан домбырасын алды. *Д ы ң-д ы ң е т к і з і п* бір-екі қайырып жөндеп қойып, асығыс бір күйді бастай кетті («Қаз. әдеб.»). ә) *Үрды, тартып-тартып жіберді.* Еңсебай молда кейбір балаларды таяғымен шекеден *д ы ң-д ы ң е т к і з г е н і* есіңнен кетпейді дедім мен (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс).

Дың-дың етті. *Дыңылдады, шыңылдады, басы ауырды.* Сәлменнің буын-буыны құрып, біреу алқымын сығымдап өңменінен итергендей басы да көтертпейді, *д ы ң-д ы ң е т і п*, шаншып ауырады (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ішке қарай ып-ыссы көк түтінді сылқытып-сылқытып жіберді. Көз алды мұнар тартып, басы *д ы ң-д ы ң е т е* түсті (С.Бақбергенов, Адам.). Құлағым *д ы ң-д ы ң е т е д і.* Маңдайдан ағып, көзіме құйылған кермек терді қайта сүртіп, жан-жағыма қарадым (С.Бақбергенов, Алтын күрек).

ДЫҢҚ е л і к. *Кенет дыңқылдаған, тыңқ еткен қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Дыңқ еткізді. *Дыңқылдатты, тыңқылдатты.* Біздің әкейге сәлем айт, – деді ол, хатты оқып болғаннан кейін, талпақ танауын *д ы ң қ е т к і з і п,* – қарауында жеті жүз әскері бар мен сияқты офицер мұндай атқосшыға зәру емес (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Екі тілмаштың аузында тыным жоқ. Эгенсонда анда-санда танауын бір *д ы ң қ е т к і з г е н н е н* басқа ун жоқ (Ә.Әбішев, Сәуле.).

ДЫҢҚ-ДЫҢҚ е л і к. *Қайта-қайта дыңқылдаған, тыңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.* Мұндай жерді бұрын көрмегендіктен бе,... Ойран шоқысын ажал тауындай көріп тұра қалған сайын олар танауларын *д ы ң қ-д ы ң қ* еткізеді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Манадан бері сабырлық етіп, домбыраның шегін *д ы ң қ-д ы ң қ* еткізіп, бұлардан көзін айырмай отырған Қазбектің жүрегі де әлденені сезгендей мұздап сала берді (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

ДЫҢҚЫЛДА= е т. **1.** *Дыңқ-дыңқ дыбыс шығару, дыңылдау.* Бәкен аяғымен теуіп жібергенде, Раушан шалқалап барып құлады. Жаулығы ұшып түсті. Табалдырықтағы ағашқа тиіп басы азырақ *д ы ң қ ы л д а ғ а н* секілденді (Б.Майлин, Таңд.). **2.** а у ы с. *Діңкілдеу, дікілдеу, зіркілдеу.* Бастығым *д ы ң қ ы л д а п* мазамды ала берген соң, асығып жүріп кеттім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫҢҚЫЛДАТ= е т. *Дыңқ-дыңқ еткізіп ун шығарту.* ≈ Бір нәрсені *д ы ң қ ы л д а т т ы.*

ДЫҢҚЫЛДАТУ *Дыңқылдат етістігінің қимыл атауы.* Осы бір аспапқа сондай жаны үйір. *Д ы ң қ ы л д а т у д а н* ертелі-кеш бір жалықпайды (А.Нысаналин, Алыста).

ДЫҢҚЫЛДАУ *Дыңқылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домбыраның *д ы ң қ ы л д а у ы.*

ДЫҢЫЛ з а т. *Дың-дың еткен ун, дыбыс.* Трубканың *д ы ң ы л ы* жиілеп, бөлме іші шыңылдап кеткенде барып, асығыс қоя салды (М.Әбдіхалықов, Жердің асты.). Қайрекең сүйретілген құрығының *д ы ң ы л ы н а* қосылып, әнге, әндетіп барады. Жылқышы әуені кең жазықты өрлетіп, бел-белестерден асып, осынау даланы жырға бөлеп, нұрға малып бара жатқандай (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Ақырында сарыла шұқшиған ұзақ *д ы ң ы л* естілді, телефон көтерілді білем, ағылшынша сөйлеп үйренген жіңішке әйел даусы естілді (Д.Досжанов, Келіншектау.).

Дыңыл қақты. *Дың-дың етіп безектеді, дабылдады, дыбыс берді.* Әлсіз *д ы ң ы л қ а г ы п*, жел қағып тұрған қоңырау үні әлі тұр құлағында. Сағыздай қара жартас (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Көзімді бір ашып, бір жұмамын. Мезгілсіз, әрі сондайлық ұзақ үйқыдан басым меңзең боп, ішінде бірдеме *д ы ң ы л қ а ғ ы п* тұрған тәрізді (М.Айымбетов, Көгілдір.).

ДЫҢЫЛДА= е т. **1.** *Дыңылдаған дыбыс шығару.* Шалтайдың қолындағы телефон трубкасы *д ы ң ы л д а п* барып жерге түсіп кетті (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Құлдырандап төмен беттеді. Электр бағанасы *д ы ң ы л д а й д ы*, сиырлар мөңірейді. Қой маңырайды (М.Қабанбаев, Кермек.). **2.** *Бастың дың-дың етіп ауруы, шыңылдау.* Гипертониямен ауыратын адамдар көбінесе бастары ауырып, *д ы ң ы л д а п* айналады, құлақтары шыңылдайды (Р.Сәтбаева, Гипертония.). Ауыр ойдан ба, ауыр ісіктен бе, Асқардың *д ы ң ы л д а ғ а н* басы айналып, көзі қарауытып кетті (С.Мұқанов, Ботагөз). Орнынан тұрып еді, басы айналды, көзінің алды бұлдырап, ештеңені көре алмады, құлағының *д ы ң ы л д а п* тұрғанын да енді аңғарды (Б.Мұқаев, Аққу.). **3.** а у ы с. *Сақадай сай*

тұру. Таразымыз да *д ы ң ы л д а п* тұр. Адамдар күші жетеді. Тек қана мәшине жетпейді, мәшине! (Ақ бидай). **4.** а у ы с. *Дық-дық, тық-тық етіп қатып қалу*. Арғы жиекте *д ы ң ы л д а п* қатып қалған ернектен артына жалт-жалт қарап түлкі жортып барады (Ш.Айтматов, Ерте қайт.). **5.** а у ы с. *Дыңдай болып түзеліп кету*. Гришаның емі шипалы дейді әкесі, таңертеңге дейін *д ы ң ы л д а п* кетесің дейді (М.Айымбетов, Шілде.). **6.** а у ы с. *Көкіректі керу, шалқыту*. Қиялына екінші күй мен кешегі жырлар тізбектеле бастады. Көкке құшақ жайғандай күйдің сымы *д ы ң ы л д а п* көкірегін кернеді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Басы дыңылдады. *Басы айналып шыңылдады*. Ыстық өтсе керек, *б а с ы д ы ң ы л д а п,* көзі қарауыта берді (З.Иманбаев, Дала.). Сейіттің *б а с ы д ы ң ы л д а п* ауырып кетті (Р.Райымқұлов, Бала.).

ДЫҢЫЛДАС= е т. *Қосыла дың-дың етісу*. Телеграмм, радио, телефон... *Д ы ң ы л д а с а р* тілсіз үн, Сыбырласар жансыз тіл (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДЫҢЫЛДАСУ *Дыңылдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Телеграф сымдарының *д ы ң ы л д а с у ы.*

ДЫҢЫЛДАТ= е т. *Дыңылдаған дыбыс шығарту, дың-дың еткізу*. Біреулер домбыраны *д ы ң ы л д а т т ы,* Қақырынып, мойнын кейін бұрып жатты (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Әндетіп оқ жөнелді көкке боздап, Әуені *д ы ң ы л д а т ы п* сымын қозғап (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Солардың есік жақтағы біреуіне отыра кеткен Нұраштың бірте-бірте жаңағы ішкені басына шауып, шекесін *д ы ң ы л д а т ы п* барады (С.Асылбеков, Оттан. ыстық).

ДЫҢЫЛДАТУ *Дыңылдат етістігінің қимыл атауы*. Осы бір аспапқа сондай жаны үйір. *Д ы ң ы л д а т у д а н* ертелі-кеш бір жалықпайды (А.Нысаналин, Алыста.).

ДЫҢЫЛДАУ *Дыңылда етістігінің қимыл атауы*. Екеуінің қосылып айтқан әнінің ақырын ғана *д ы ң ы л д а у ы* құлағына жетті («Жалын»). Екі құлағы үздіксіз *д ы ң ы л д а у м е н* мазасы кетіп, қалжырағаң денесі көзін жұмғызып еді (К.Оразалин, Ақ жазық).

ДЫП-ДЫМҚЫЛ с ы н. *Ылғалдау, кебіңкіреген. О, д ы п-д ы м қ ы л* болған мұрныңнан айналайын («Лен. жас»). Айбек екі беті албырап, алқынбаған Фариданы қапсыра құшақтай алып, кеудесіне басты да, *д ы п-д ы м қ ы л,* қап-қара шашынан иіскеді (К.Зәкенов, Жанартау).

ДЫП-ДЫРДАЙ с ы н. с ө й л. ***Дап-дардай***. Ол *д ы п-д ы р д а й* келіншектің ерке қызға тән іс-әрекетіне қайран (С.Еркебаев, Жол.). Қайырмай еркіне қоя берсең *д ы п-д ы р д а й* салауатты-сұқпатты жымын сездірмей, баланың бәлдеу-бәлдеуіне оп-оңай айналдыра салады (Ә.Сараев, Тоскауыл).

ДЫР[1] с ы н. **1.** *Аса үлкен, ірі, зор*. Дәулет оң қолына ұстаған *д ы р* қамшыны көрсетті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Сол майданда Болдым демен «ірі едім», Біркелкі лек Ішіндегі *д ы р* едім (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Өнер күшін жыр етем мен, Тыңдап күйді *д ы р* дастандай. Бір бес минут Құрекеңмен, Бірге жасап, сырласқандай (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). // ж е р г. *Зор атаққа, беделге ие адам*. Ол – өзі бір *д ы р* болған кісі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** а у ы с. *Кеңбайтақ*. Дарқан ғой біздің *д ы р* дала, жүрегін ашып тұр дала. Әлем тегіс кете алмас. Әттең, сол-ау бір ғана (Ж.Молдағалиев, Қыран дала).

Дыр күш. *Үлкен күш, аса ірі*. Иесі осы *д ы р к ү ш т і ң,* Қара дәу десе қара дәу. Қайсысын болсын жұмыстың, Мойнынан сүйреп барады-ау (Т.Шопашев, Көңіл.).

Дыр қамшы. с ө й л. ***Дырау қамшы***. Атамның аруағы ұрғыр дей беріп еді қара кемпір, Домбай керегеде ілулі *д ы р қ а м ш ы н ы* ала ұмтыла бергені сол, даладан бір бала жүгіріп кірді (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

ДЫР[2]: **дыр етті**. а) *Гүр етті, гүрілдеді*. Есіктің дәл алдында *д ы р е т е* қалған мәшине дауысын естіп, үйден шешем атып шықты (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). ә) *Дүрлікті, дүркіреді*. Қой түйедей емес. Олар *д ы р е т і п* бір үркеді де, бірінебірі жүгіріп жиналысқан соң тоқтап қалады (І.Жансүгіров, Шығ.). Әлсін-әлсін қойдың шеті *д ы р е т і п* басылып, маңырап, ысқырғандары естіледі (К.Оразалин, Ақ жазық). ә) *Дар етті, жыртылды*. Жұлқи тартып қалғанда, мәссаған, табаны *д ы р е т і п,* қақырап түсті (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Дыр еткізді. *Дар еткізді, дырылдатып жыртты*. Жапырақсыз жалаң бұталар құрап қалғанын бізден көргендей гимнастеркамыздың жыртығына жармасады да, *д ы р е т к і з і п* бөксере береді (Ә.Сәрсенбаев, Офицер). Көйлекті омыраудан *д ы р е т к і з і п* бір жыртып еді, ол өзі-ақ сыпырылып түсіп қала берді (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.).

ДЫРАҢ с ы н. ж е р г. *Ірі, зор, үлкен, дәу*. Қонақтарының бәрі өңкей *д ы р а ң* кісілер екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫРАП з а т. с ө й л. ***Драп*** *(сыртқы киім тігуге арналған қалың мата)*. Басында түлкі тымақ. Аяқта кебіс-байпақ. Үстеге сұр *д ы р а п* шекпен (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ДЫРАПА с ы н. ж е р г. *Биік, үлкен, жуан*. Ағаштың да *д ы р а п а с ы* болады. Ондай *д ы р а п а* ағаштар біздің жерге өспейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Айрақты – *д ы р а п а* тау (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫРАТ з а т. ж е р г. *Кендір жіп*. Етікті *д ы р а т п е н*, тарамыспен тігеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫРАУ[1] з а т. э т н. *Жуан тілінген таспадан өріліп жасалған өрімі жуан қамшы*. Қаратай

д ы р а у м е н арқасынан тартып-тартып жібергенде молда қайқаңдап-ақ қалды (Қ.Исабаев, Өткелде). Қабағы қату, киімі жүдеу, Баяғы жігіт буыршын ауыз. Қолында *д ы р а у* бес өрме білеу! (Қ.Дәрібаев, Шиелі өзен). Ал ішіне өзек салып, алақанын тоқыма өрімімен жалпақтап келтірген дойыр, *д ы р а у*, бұзау тіс, дембел қамшылар ұрған жерін кесіп түседі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ДЫРАУ[2] [ир.دره] с ы н. **1.** *Үлкен, ірі, жуан.* Қолында титтей кетпен, *д ы р а у* қасық, Кейбіреу ұлы еңбектен жүр-ау қашып! Осыны көрген кезде Аяз ойдан, Кетеді көкіректі қырау басып (Қ.Мырзалиев, Көш). Федоров совхозының кәрі-жасы, орыс-қазағы тегіс білетін. Жасы он алтыға жаңа ғана иек артқанымен *дырау* тұлғасына, қайраттығына, шаруа жайын білетіндігіне сүйсінетін (Дала қырандары). **2.** *Мықты, зор, дөкей, ығай мен сығай.* Кілең қаракөл бөрікті, былғары тонды, аяқтарында дәу саптама етіктері бар *д ы р а у* адамдар жапырыла жол беріп, қол алып жатты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Төмен тұтып талайды, Өзін *д ы р а у* санайды. Айналасын ішіп-жеп, Әркімге көз қадайды (А.Сұлтанов, Кең дала). Жақсымбет, Шомбал, Балқы би – Көңілдінің бәрі бар. Ортаға келген билікті біріне-бірі қимады, Бір қазанға сыймады, Бәрі *д ы р а у*, бәрі нар (Ы.Шөреков, Исатай-Махамбет). **3.** а у ы с. *Атақты, даңқты, бір деген, дәрежесі жоғары.* Ағамыз соғысқа дейін бір облыстың *д ы р а у* қызметкері болыпты (Қ.Сатыбалдин, Ақмарал). Бұрын көзге түспеген, өздерін жөндеп ешкім білмеген біреулер нағыз *д ы р а у* белсенді боп, бетке шыға келеді (Т.Ахтанов, Боран). Бастығымыздың оған қарсы тұк айта алмай, мойындай беретінін көріп, бастықтан гөрі бухгалтер *д ы р а у* болар дейміз (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

Дырау қамшы [бишік]. э т н. *Таспадан өрілген жуан қамшы, бишік.* Астынан қаракөк арғымағы түспесе, қолынан ырғай сапты *д ы р а у қ а м ш ы с ы* түскен емес (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Дәрімбеттің белінде қара мүйіз сапты болат пышақ, қолында он алты өрім *д ы р а у қ а м ш ы*. Қала берсе бір адамдық білек бар (С.Қышқашев, Таң арайлап.). Жақып қолындағы *д ы р а у қ а м ш ы с ы н ы ң* өрімін қыса білеп тұрып алды (М.Әуезов, Шығ.). Қолындағы шашақтап тастаған *д ы р а у* бишікті ысылдатып, оңды-солды осқылайды бестіні (Бәйшешек).

ДЫРАУДАЙ с ы н. с ө й л. *Еңгезердей, дырдай.* Екі-үш жылдан кейін Болат бала *д ы р а у д а й* болып өседі (Б.Майлин, Таңд. шығ.). *Д ы р а у д а й* құлын әлі бала еді, бірақ мылқау жігіт болып өскен (М.Дүзенов, Әке бол.).

ДЫРАУСЫН= е т. с ө й л. *Өзін-өзі мықты етіп көрсету, зорсыну, үлкенсу. Д ы р а у с ы н г а н* дұшпанның денесін басып біз жеңдік. Біздің әділ, ақ іс жеңді! (Д.Әбілев, Жас азамат).

ДЫРАУСЫНУ *Дыраусын етістігінің қимыл атауы.* Бозбала *д ы р а у с ы н а* бастады (Ауызекі).

ДЫРАУЫЛДАЙ с ы н. с ө й л. *Дырдай, дардай, дыраудай.* СПТУ-лық *д ы р а у ы л д а й* бес жігіт Мөлтек бөлімшесіне сау ете қалдық («Лен. жас»). Тіпті көйлегін шешуге де мұршасы келмепті ғой байғұстың. *Д ы р а у ы л д а й* жігіт, әлі күнге дейін өз басын алып жүре алмады деген не деген сорақылық (М.Дүйсенов, Ант).

ДЫРАУЫНДАЙ с ы н. с ө й л. ***Дырдай***. Үйге *д ы р а у ы н д а й* екі жігіт кіріп келді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Біздің әулеттен басқа аталардың ұл-қыздары Оралдың өзімен бой таластырып, *д ы р а у ы н д а й* азамат боп қалған (М.Дүзенов, Ақәже).

ДЫРДАЙ с ы н. **1.** *Соқталдай, білдей, дардай.* Кеше ғана мұрнынан боғы ағып жүрген қаршадай балалар бүгін, міне, *д ы р д а й* жігіт болып жатыр (Б.Тілегенов, Көктем.). Түн баласында *д ы р д а й* еркекті қонақ етуі және келіспейді (Т.Ахтанов, Боран). Өзім білем деген көкірегің осы ма; *д ы р д а й* басқарма бастығысың, бюро мүшесі дейді-ау сені!.. Тапқан екенсің, жолдас-жораларың анау!.. (Д.Досжанов, Табалдырығың.). **2.** а у ы с. *Даңқты, әйгілі.* Осы Алматыдағы мемлекеттік комитеттердің бірінде *д ы р д а й* бір қызметкердің тапа-тал түсте жылап отырғанын көргеніміз бар (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Досқали – *д ы р д а й* мекеменің бухгалтері, әрі ауқатты семьяның ерке баласы (С.Еркебаев, Алғашқы.). Терезеден тыңдап отырған Шолпан шегі қатқанша күлді. Аты *д ы р д а й* Нұршаның Мұқатайы келгелі Шолпанға көзін қыса беретін (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **3.** а у ы с. *Бақандай, айта қаларлықтай.* Мезгілінен бұрын далада туып қала жаздапсың. Енді қауіп жоқ. *Д ы р д а й* екі ай уақытың бар. Осы екі айда үйге жатып күтін (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

Дырдай атақ. *Жоғары атақ, лауазымды атақ.* Апырмау, атың бойдақ қой, ақыр шатасқан соң, тым құрыса қызбен шатассаң етті. Даулы болса да *д ы р д а й а т а қ* қой ол. Қасқыр алатын бүркіттің қаңғып қоянға түскеніндей болдың (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ДЫРДАЙ-ДЫРДАЙ с ы н. *Бәрі де білдей, дардай.* Дастарқан қайта жайылып, пақыр болған біздің асымыз *д ы р д а й-д ы р д а й* үшеуінің ортасына түсті (М.Қаназов, Ақ тайлағым).

ДЫРДАЙСЫН= е т. *Өзінше әлдеқандай болғансу, білдей болғансу.* Жоғары білімді интеллигентпін деп өзімше *д ы р д а й с ы н г а н* мені жұрттың ісі түсетін біреу көзіне де ілмейді (Т.Тілеуханов, Біздің әке.).

ДЫРДАЙСЫНУ *Дырдайсын етістігінің қимыл атауы.*

ДЫРДИ= е т. **1.** *Серею, тыраю.* Самогон мен бал сыраға тыңқия тойып алып, кіресілішығасылы ғана есі бар, шоланда *д ы р д и ы п* жатқан (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). **2.** а у ы с. *Өзін-өзі әлдеқандай етіп ұстау, ісініп-кебіну, көкірегін көтеру.* Павел өзімізбен шамалас болса да, біреудің атағын айдар тұтып *д ы р д и ы п* отырғанды жөн көрмей, өзімнің мүлде басқа Сегізбаев екенімді айтпақ болып оңтайландым («Лен. жас»).

ДЫРДИТ= е т. *Көкірегін көтерту, ісіндіріп-кебіндіру.* Жөнсіз *д ы р д и т а* берме (Ауызекі).

ДЫРДИТУ *Дырдит етістігінің қимыл атауы.* Жас баланы *д ы р д и т у* жөн болмайды (Ауызекі).

ДЫРДИЮ *Дырди етістігінің қимыл атауы.* **≈** Әлдеқандай болып *д ы р д и ю.*

ДЫРДУ з а т. *У-шу, сауық-сайран, ойын-күлкі, думан.* Жағасында жасыл құрағы жайқалған көк иірім өзектің табанына сексен үй тігіліп, ұлы дүбір, *д ы р д у* басталып кеткен еді (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). Сайдың тасындай тұлғалы, көрікті балуан, әнші жігіттердің ортасына түсіп, жүзі бал-бұл жанып, *д ы р д у м е н* отырған күзетші сары келіншек те өз міндетін ұмытып кеткендей (С.Жүнісов, Ақан сері). Жас дәурен екі айналып келмейді деп, кейбіреулерше ақақу, *д ы р д у,* сайран-сауықпен әуес болуынды әсте құптай алмаймын («Лен. жас»).

Дырду қылды [құрды]. *Думандатты, сауықтады, қызықтады.* Дәріптеп дана дәуірді, *Д ы р д у ғ ы п* құрыш алыбын. Думан ғып дүйім ауылды, Көтеріп болған халық үн (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Дырдумен жүрді. *Сауық-сайран құрды, көңіл көтерді.* Осындай *д ы р д у м е н ж ү р і п*, Жәнібек алғашқы екі-үш күннің қалай өткенін байқамай да қалды (Қ.Жұмаділов, Шығ.).

Дырдумен өтті. *Алаңсыз ойын-күлкі, айқай-шумен өтті.* Киіктей дөңнен-дөңге ырғуменен, *Ө т і п т і-а у* көп уақыт *д ы р д у м е н е н*, Не дермін қайран мезгіл қайырылып кеп, Сұраса өз өтеуін бір күн менен (Ш.Мұқаметжанов, Шығ.).

ДЫРДУ-ДУМАН з а т. *Сауық-сайран, ойын-сауық.* Бүкіл қала жастары да сонда жиналып, әзіл-күлкі, ән-гармон, *д ы р д у-д у м а н д ы* шегіне жеткізе шарықтатып, пароходты шығарып салады (З.Шашкин, Доктор.). Сауықтың арты «ұйқышашарға», «аударысқа», «көкпарға» айналып, жұрт *д ы р д у-д у м а н м е н* қонар жерге келіп қалғанын да білмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДЫРДУ-ДҮРМЕК з а т. **1.** *Дүрбелең, аласапыран.* Ал бізге сый-сияпат, асқан құрмет, Көрсетпек жау тобыры *д ы р д у-д ү р м е к* (Бейбітшілік даусы). **2.** а у ы с. *Талас-тартыс.* Ағарды талай таңдарым, Ішінде *д ы р д у-д ү р м е к т і ң.* Анда жүр десе қалмадым, Тауға жүр десе, бір кеттім («Лен. жас»).

Дырду-дүрмекпен жүрді. *Талас-тартыстың ортасында жүрді.* Қалқаман ақын *д ы р д у-д ү р м е к п е н ж ү р і п* жастық дәуренін, қызығын өткізіп алғанын енді білді: қыз күрсінісінен оның қайта оралмасын сезеді («Қаз. әдеб.»).

ДЫРДУ-ДЫРДУ з а т. *Қайталанған у-шу, ойын-күлкі. Д ы р д у-д ы р д у м е н* уақытын өткізіп, бастаған ісін созып алды («Соц. Қаз.»).

ДЫРДУЛА= е т. *Улап-шулау, даурығу. Д ы р д у л а п* мәрелі жерге жұрт тағы дүркірей жөнелді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Ол асып-сасып, *д ы р д у л а п* шаба жөнелді («Лен. жас»).

ДЫРДУЛАН= е т. *Әбігерлену, абыржу.* Абыр-сабыр болып *д ы р д у л а н ғ а н* жұрт. Келін мәшинеден түскен бойда серейіп тұр («Лен. жас»).

ДЫРДУЛАНУ *Дырдулан етістігінің қимыл атауы. Д ы р д у л а н у м е н* отырған үшеуі біраздан кейін тағы карта ойнауға кірісті (К.Ахметбеков, Алқакөл.).

ДЫРДУЛАС= е т. *Улап-шуласу, әбігерленіп даурығысу.* Төменгі сыныптар тарай бастаған: есіктен ұзар-ұзамаста алты-жеті бала әлденеге үпір-шүпір үймелесіп, *д ы р д у л а с ы п* тұр (К.Ахметбеков, Ақдала).

ДЫРДУЛАСУ *Дырдулас етістігінің қимыл атауы.* Жастар *д ы р д у л а с у ғ а* көшті (Ауызекі).

ДЫРДУЛАТ= е т. *Уландырып-шулату, даурықтыру.* Тек басқа сұлтандардай сұлу қызы көп ауылдың іргесін бағып, аңы көп таудың жүлгесін бағып *д ы р д у л а т ы п* жүріп алмаса болғаны (Ә.Кекілбаев, Үркер). Сырласары да, мұндасары да сол. Баяғы бастан дәуірлеп өткен жарқын жастығын, көкпардың қызығындай *д ы р д у л а т қ а н* дүрмекті жылдарын елестететін (Д.Досжанов, Дария).

ДЫРДУЛАТУ *Дырдулат етістігінің қимыл атауы. Д ы р д у л а т у м е н* өткізген думанды дәурен қыс түскенше созылды (Ж.Сатаев, Алакөбең).

ДЫРДУЛАУ *Дырдула етістігінің қимыл атауы.* Түн ортасында *д ы р д у л а у* әбестік (Ауызекі).

ДЫРДУЛЫ с ы н. *Ду-думанды, сауық-сайранды, у-шулы.* Былтырғы жыл солдатқа алынған жігіттер елге топ-тобымен қайтып келіп, жиі-жиі той жасалып ат шауып, *д ы р д у л ы* жаз болып жатыр еді (М.Әуезов, Шығ.). Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, мына *д ы р д у л ы* көштің басшысы болған жалғыз жесір әйел – Қарагөз (М.Әуезов, Шығ.). Думанды ауылдың *д ы р д у л ы* жастары ән шырқап, жан-жаққа жамырай жарасып жатты (Ә.Ақбаев, Қара боран).

ДЫРДУЛЫҚ з а т. *Желікпелік, желігушілік. Д ы р д у л ы қ* жас жүрегіне жайлаған жоқ, Ақылын әуей сезім байлаған жоқ. Сезімін дарақылық тұсаған жоқ, Жастықтың желігіне босаған жоқ (Қ.Сатыбалдин, Әлия). Сен сияқты қыз аңдып, Келгенім жоқ паркке. *Д ы р д у л ы қ п е н* жаным қас, Мінезім жоқ желөкпе (Шағын пьесалар).

ДЫР-ДУМАН з а т. *Ойын-сауық, той-думан, тамаша.* Бұрын ол зулап өтіп жатқан опыр-топыр күндерді барып-қайтқан жорығымен, не осы елдің *д ы р-д у м а н ы м е н,* не үйіне келіп-кеткен сыйлы меймандарымен межелеуші еді (Ә.Кекілбаев, Күй). Алдады тойдан кейін он күн өтпей, Қорлауға жүр екен, қап, қолы жетпей! *Д ы р-д у м а н* бөтен үйде мені ұмытып, Қасынан бір сұмырайдың қойды кетпей (Б.Аманшин, Жайық.). Өзінің жеке басының қамын ғана ойлаған мейірімсіз ана өзінің жасайтын *д ы р-д у м а н ы н а,* көңілдестерінің келуіне Саша кедергі жасайды деп құтылу жолын үнемі іздестірумен болды («Қазақст. мұғ.»).

Дыр-думан етті. *Қызықтады, тойлады, мерекеледі.* Мал сойылып, ауыл-аймақ жиналып, Жамбы мен Қаншайымның жиырма жылдан соң табысқан қуанышын *д ы р-д у м а н е т т і* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ДЫРДУСЫЗ с ы н. *У-шусыз, айқай-үйқайсыз.* Дастарқан басындағылар ә дегендегі ет қызуынан қайтып, *д ы р д у с ы з* салиқалы әңгімеге ойысыпты (Қ.Ахметбеков, Сый орамал). Күлдәрінің шілдеханасы жасалды. Әрине, той-тобыр *д ы р д у с ы з* бола ма? Тойға Ақтауық күйеуі Ержанды әрі кішкене қызы Шолпанды ерте келіпті (Бәйшешек). Ақынның бұл ұсынысы – *д ы р д у с ы з,* айқай-шусыз оңашада ән айтылсын, күй тартылсын; жан сусынын қандырар қоңыр әндерді алаңсыз, армансыз тыңдайықшы дегендік еді (Ә.Көшімов, Лашын.).

ДЫРДУШЫЛ с ы н. *Ойын-сауықшыл, думаншыл.* Бұлардың бәрі де мінезсіз, *д ы р д у ш ы л* балалар. Ұлттық сипат мәселесі бұл сыңайда көрінбес болар («Қаз. әдеб.»). Әріптестерін арақпен ауыздандыруға құмартып тұратын *д ы р д у ш ы л* қызметкерлер, тіпті қол астындағы адамдарға ала-құла қарайтын бастықтар жоқ па? («Қазақст. әйелдері»).

ДЫР-ДЫР е л і к. *Қайта-қайта дырылдап шыққан, дарылдаған үнді бейнелейтін сөз.* Сонымен кілем жасауға бел байладық. Әбден тозығы жеткен дүниелер сабан салғанның өзінде *д ы р-д ы р* айырылады (Қ.Найманбаев, Шығ.). Көрікті, жаз шырайы көктем келді, Тігісін қалың тонның *д ы р-д ы р* сөгіп (Пернедегі терме.). О да бұған ұмтылды, Бұл да оған ұмтылды. Екеуі киген ақ сауыт Бояқтай *д ы р-д ы р* жыртылды (Батырлар жыры).

Дыр-дыр еткізді. *Дырылдатты, дар-дұр еткен дыбыс шығарды.* Тұмарбай сыбызғы тартқан кісіше, ұзын кеңірдегінен күр-күр, *д ы р-д ы р е т к і з і п* бір әуез шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Дыр-дыр етті. *Дырылдады, дарылдады.* Тек ылдида *д ы р-д ы р е т і п,* діріл қағып, түтін саңғып бара жатқан трактор ғана бұрын бұл атыраптың түсіне кірмеген нәрсе (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Мәшинем кешеден бері *д ы р-д ы р е т і п* тартпай қалғанды шығарды (М.Хасенов, Қайсар).

Дыр-дыр қасыды [қасынды]. *Денесін тырнап тастады.* Ерден аяғын сылбырлау басып, байталға қарай бара бергенде омырауын *д ы р-д ы р қ а с ы н ы п* Жылқыбай шықты (С.Мұқанов, Теміртас). Құнанын шешіп алып, мінгелі жатқанда, келін-шегінің қойнынан жаңа тұрған ағасы жалаң аяғына кебіс іліп, бір қолымен тақылжырын *д ы р-д ы р қ а с ы п,* бір көзін сығырайтып: «Уай, сен қайда барасың?» – деп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Малайлардың шам жарығынан бет бейнелері азар көрінеді. Мұрындарының пысылы, *д ы р-д ы р қ а с ы н ғ а н ы* анық естіледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДЫРИ= е т. с ө й л. *Серею, тыраю.* Самогон мен бал сыраға тыңқия тойып алып, кіресілі-шығасылы ғана есі бар, шоланда *д ы р и ы п* жатқан Жөгер (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Көк темірді Құдай алатындай! Зәнталақ, шопыры да бір төбесіне темір қадасаң батпайтын саңылаусыз бітеу неме екен, бір жартыны тағы да тастап алып *д ы р и ы п* жатыр (Қ.Ысқақов, Тұйық).

ДЫРИТ= е т. қ а р а п. **1.** *Серейту, тыриту.* Турасын айтқан өз атаң Абайдай-ақ болар, туысқандары оны да *д ы р и т ы п* сойып салған (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Ах, жауыз! – деп біреу ақырып қалды. Бұл Алтынайдың дауысы. Жылмаңдаған жүзің жаман еді сен кәпірдің. Енді қолыма түстің бе, бәлем. *Д ы р и т ы п* қойып, қатындарды шақырып, абыройыңды айрандай төгейін (Ж.Мусин, Ақ алаң). **2.** а у ы с. *Әлдеқандай ету, дарбиту, баттиту.* Бригада деп *д ы р и т ы п* ат қойып, айдар тағып жібергендегісі үшеуіміз ғана – облыстық оқу бөлімінің инспекторы, мұғалімдердің білімін жетілдіру кабинетінің методисі және мен (М.Қаназов, Арна).

ДЫРИТУ *Дырит етістігінің қимыл атауы; әлдеқандай ету.* Қарабайыр жұрттың оны ақын деп *д ы р и т у ы н* көріп жүр (М.Қаназов, Жер кіндігі).

ДЫРИЮ *Дыри етістігінің қимыл атауы.* Бір жартыны тағы да тастап алып *д ы р и ю ы н* көрдің бе («Қаз. әдеб.»).

ДЫРҚЫ с ы н. с ө й л. **1.** *Көп күле беретін, күлегеш.* – Әй, *д ы р қ ы м-а й,* қарғайын десем, жалғызсың; қарғамайын десем, жалмауызсың. О, хазірет, қажыдым (О.Әубәкіров, Жасыр.).

Д ы р қ ы адамды жақтырмайтын мінезім бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** а у ы с. *Шабаланып уре беретін.* Жан ұшырып қашуға ұмтылған ешкіні құйрықтары шошаңдаған *д ы р қ ы* төбеттер бір жіберіп, бір жығып азаптаған-ды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ДЫРҚЫРА= е т. *Дырқ-дырқ ету, сарқырау.* Жай бір тегіс жерге жеткен соң, сел жайылып, *д ы р қ ы р а п,* тоқайырап, жайлап аға бастайды (А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Оқу құралы).

ДЫРҚЫРАТ= ет. сөйл. жер г. ***Тырқырат.*** – Мен үшін барып қайтсайшы. Жасым үлкен ғой. – Әжем *д ы р қ ы р а т ы п* қуып жіберсе қайтем? (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ДЫРҚЫРАТУ *Дырқырат етістігінің қимыл атауы.* Мотоциклін *д ы р қ ы р а т у д а н* бір шаршамайды (Ауызекі).

ДЫРМАН с ы н. ж е р г. *Үлкен, зор, ірі.* Мынадай *д ы р м а н* жігіттер тұрғанда, басқа адам іздеп қайтесіңіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДЫРПЫЛДА= е т. *Дырп-дырп ету, тырпылдау.* Жездем тымағының бір құлағын ішке қайырып, керзі етігімен *д ы р п ы л д а п* сыртқа шығып бара жатыр еді, орта жолдан қайтып оралды (Ү.Уайдин, Тілсіз қоңырау).

ДЫРПЫЛДАТ= е т. *Дырп-дырп еткізу, тырпылдату.* Қолпылдаған кең күпәйкесі тізесіне түскен, аяғындағы үлкен керзі етігін *д ы р п ы л д а т а* басқан қыз төрдегілерге жасқанбай қарап жақындай берді (Ж.Еділбаев, Сын сағат.).

ДЫРПЫЛДАТУ *Дырпылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кебісін *д ы р п ы л д а т у.*

ДЫРПЫЛДАУ *Дырпылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяққиімнің *д ы р п ы л д а у ы.*

ДЫРР о д. *Жылқы малын тоқтату үшін айтылатын одағай.* Тоқтаған атқа арбакештің *д ы р р, д ы р р* дегені Сұлтанмахмұттың күлкісін келтірді (Д.Әбілев, Ақын.).

Дырр дегізді. с ө й л. *Дырылдатып оқ атты.* «Стрелять» депті командир. Бір солдат автоматпен *д ы р р д е г і з і п т і* (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ДЫРЫЛ з а т. **1.** *Дыр-дыр еткен дауыс, ұн.* Анау су бетіндегі қалқыған желқайықтың баяу да сәнді қозғалысы болмаса, тымық теңіздің көкайдынын қақ тіліп төске жосылған моторлы қайықтың *д ы р ы л ы* тіпті жарасым таба алған жоқ (О.Бөкеев, Мұзтау). Түнгі кезекте жүрген милиция қызметкері мотоциклінің *д ы р ы л ы* ғана анда-санда естіліп қалады (Ө.Қанахин, Бақыт.). **2.** *Қарудың от алып атылған дыбысы.* Жаңағы пулемет *д ы р ы л ы* дала тағыларының бір-біріне айбат шеккен ырылына ұқсас (Ә.Әлішев, Батыр.).

ДЫРЫЛДА= е т. **1.** *Дыр-дыр етіп дыбыс шығарту.* Бұларға қарай тұра ұмтылған аюбелгісіз бір құпия күш аяғынан кері сүйрегендей *д ы р ы л д а п,* кейін серпіліп барып қайта ұмтыла беріп омақаса құлады (Ә.Тарази, Тасжар.). *Д ы р ы л д а п,* қазылып жатқан забойлар – ол тас тесіп жатқан мәшине бұрғының даусы (А.Машанов, Жер асты.). **2.** *Гүр-гүр еткен дыбыс шығару, дүрілдеу.* Тұнық түнді қақ жарып *д ы р ы л д а ғ а н* трактор моторының таза үнін сүйсіне тыңдап, аяқтарымды, екі қолымды құлаштай жайып тастап әлі жатырмын (М.Иманбаев, Сұлу.). Ақ адам әйел даусын естіген болар, бәлкім. Екі аяқ арба жол үстінде қайтадан *д ы р ы л д а п,* әйелдің алдына келіп тоқтады (К.Бақбергенов, Ер бақыты). Осындай қайғы құшағында отырғанда, село жақтан *д ы р ы л д а ғ а н* мотоцикл моторларының даусы естілді де, мылтық атылды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **3.** *Дарылдау, шарылдау.* Есімбек досы мұны салқын самарқау қабақпен қарсы алды. Қасында қатар тұрған ақ телефондар да *д ы р ы л д а п* тыныштық бермеді (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). **4.** *Дүркіреп қашу.* Қорада қой *д ы р ы л д а п,* Әлденеден үркеді. Сәби ұйықтап пырылдап, Әжем қымтап бүркеді (Х.Талғаров, Торы тайым). **5.** *Пыр-пыр етіп ұшу.* Жаңағы қоп-қоңыр құс көз алдынан *д ы р ы л д а п* ұшып, аспандай бергенде өңшең аппақ құсқа айналып кетеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қамыс арасында жүрген құстар мазасыздана бастады. Біреулері *д ы р ы л д а п* ұшуға айналды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ДЫРЫЛДАҚ[1] з а т. к ә с. *Аңшылардың құсты, аңды үркітетін арнайы аспабы.* Тәжірибелі аңшылар топтанып аң аулағанда *д ы р ы л д а қ т ы* пайдаланған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ДЫРЫЛДАҚ[2] з а т. с ө й л. **1.** *Мәшине, мотоцикл.* Жүзекең сол *д ы р ы л д а ғ ы ң а* бой үйрете алмай-ақ қойды, желкен керіп жел ығымен ағызып бара жатқаны сол (Теңіз тарландары). Назымның атасы осы *д ы р ы л д а ғ ы ң д ы* ұнатпай-ақ қойды. Май иісін сасытып қайтеміз деді (Қ.Жиенбаев, Жалғыз.). *// Дырылдай беретін, дырылдағыш.* Жайлауға шыққан соң көп ұзамай бір күні іңірде ауылға өзі жүретін *д ы р ы л д а қ* жүйрік арбаға мінген, киімдері бөтен үш адам суыт келді де, аялдамастан Қазыны ертіп әкетті (М.Мағауин, Ақша қар). Осы сепаратор-мепаратор деген *д ы р ы л д а қ* пәлені қайдан таптың сен? (З.Жәкенов, Таң самалы).

ДЫРЫЛДАТ= е т. **1.** *Гүр-гүр еткіздіру, дүрілдету.* Ол мәшинені *д ы р ы л д а т ы п,* ерсілі-қарсылы егелеп, қозғалта алмай жатқан

соң, біз итеріп көрейік деп жерге түстік (А.Шамкенов, Толқын.). **2.** *Оқ ату, атқылау.* Оқтаушының көмегімен айтушы пулеметтен *дырылдатып* оқ жаудырды («Жұлдыз»). **3.** *Дыр-дыр еткізіп жырту.* Мен қолды ышқырлыққа салдым келіп. Белдіктің астындағы астарын *дырылдатып* сөгіп бөксере бастадым (С.Жүнісов, Өшп. іздер). **4.** а у ы с. *Зырылдату, зуылдату.* Пар жегілген екі ат *дырылдатып* шананы алып жөнелді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Оқтаушы мен атушы ат жегілетін қайысты мойнына салып, зеңбіректі (екі ат сүйрейтін 76 миллиметрлік зеңбіректі) *дырылдатып* ала жөнелді (С.Бақбергенов, Адам.). Есімов қақпа табалдырығынан аттай бергенде 7–8 адам бас салып мұның аяқ-қолын буып, темір торлы бөлмеге қарай *дырылдата* жөнелді (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Ақыры қызыл саулық қолға түсті де, Қосай жалма-жан белбеуімен аяғын байлап, бір бұрышқа *дырылдатып* апарды (С.Ләмбеков, Әке.).

ДЫРЫЛДАТУ *Дырылдат етістігінің қимыл атауы; зырылдату.* Еш нәрсені елең қылмай, жеңіл қап сүйрегендей *дырылдату* жаман еді («Соц. Қаз.»). Жел ысқырып жібек белбеудей беліме оралып, жолымды бөгесе де *дырылдатумен* айырып келем, бар ынтам қуып жетіп ұстау! Енді бір тырмыссам жеткендеймін (З.Шашкин, Өмір.).

ДЫРЫЛДАУ *Дырылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мотордың *дырылдауы.*

ДЫРЫЛДАУЫҚ с ы н. с ө й л. ***Дырылдақ.*** Қайткен күнде де құмның отын күзге сақтап қалу үшін оларды *дырылдауықпен* қырға айдап шығады (Б.Ырзабаев, Ертіс-Жайық.).

ДЫРЫМБАЙ с ы н. қ а р а п. ***Дырдай.*** Қағиданы жатқа білетін, қәдімгі *дырымбай* маманбыз. Алшы басып атқа мінетін, зоотехник деген ағаңбыз (С.Ләмбеков, Қарқаралы.). Сол өзеннің жырындай, Тасып жатыр мерейің. Бітіміңде *дырымбай,* Бір де мін бар демеймін (Т.Шопашев, Көңіл.).

ДЫРЫМДАЙ с ы н. с ө й л. ***Дырдай.*** Кездемеге беретін тайшасы ендігі *дырымдай* өгіз болып кететін еді, кезінде алмады (Б.Серкебаев, Өткенде).

ДЫТ: дыт дегізіп. с ө й л. *Ешкімге айтпастан, білдірместен.* Орта мектепті жаңа тауысып, енді институт есігін ашады деп жүргенде ата-анасын *дыт дегізіп* кете барыпты (С.Байжанов, Сұңқар көңіл).

ДІГЕР[1] с ы н. ж е р г. *Үлкен, жуан, зор.* Оның *дігер* үйі бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДІГЕР[2]**: дігер салды [қақты, ойнатты].** *Апшысын қуырып тықсырды, дікілдеді, тықақтады.* Би де, старшина да, болыс Балаусасы да *дігерді салды* да жүрді. Елге үсті-үстіне салық салады, қит етсе айып, қит етсе сот (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Жүргізіп жаулар ықпалын, Халыққа *қақты дігерді.* Бетіне қарсы шыққанын, Жер аударып жіберді (А.Нұртазин, Орман.). Екеуі амандасып болғаннан соң, мысың қайда, балам?! – деп *дігер салды* (Абай, Тол. жин.). Құран оқудан қол тимейтін еді. Бір күні алым-салық төлемедің деп Бөкен *дігер ойнатып* кеткен соң, әке-шешесіне бір дұға бағыштайыншы деп үйіне бара қалайын (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ДІГЕРДЕЙ с ы н. *Ірі, кесек, зор.* Кімдер әуес болмаған Молдабайдың *дігердей* сөзіне (Қаз. әндері).

ДІГЕРЕКТЕ= е т. *Дік-дік ету, дікіңдеу.* Соңғы кезде ағаларын айтсаң, бұл бала *дігеректейтін* жаман әдет тауып жүр (М.Сүндетов, Қызыл ай).

ДІГЕРЕКТЕТ= е т. *Дік-дік еткізу, дікіңдету.* ≈ *Дігеректетін* алып барады.

ДІГЕРЕКТЕТУ *Дігеректет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дігеректетуге* болмайды.

ДІГЕРЕКТЕУ *Дігеректе етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дігеректеуден* шаршамады.

ДІГЕРЛЕ= е т. **1.** *Дікіңдеу, тықақтау.* Бір тапалтақ капитан өзі әлдекімге тез тілдесуін талап етіп, телефониске *дігерлеп* тұрған-ды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). – Бұл бейшара жұтпағанда қайтсін? Шағым кітабыңды бер, акті жазамыз! – деп біз *дігерлеп* тұрып алмадық па? (Т.Бердияров, Солдат.). Жәке, кісімізді шығарып бер, біз оны өлтіреміз, жауабын өзіміз береміз, – десіп, төрт ағайынды жігіт кезек-кезек *дігерлеп* жағы сембейді (К.Шөкенов, Гудок). **2.** *Асықтыру, дызықтыру.* Зоотехник ойнақтап қолға тұрмайтын жеңілтек жігіт еді, амандық-саулық жоқ: «Кәне, жылқыны бері жинаңдар, қазір обраковка шығарамыз, тез-тез» деп *дігерлеп* қоя берді (З.Иманбаев, Солма. гүл). Жабысып етегінен жібермеді. Бітір деп арманымды *дігерледі* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ДІГЕРЛЕН= е т. *Тақымдалу, сілкіну.* Қамаулы ой қалған екен шідерленіп, Сілкінді жақ-байлар *дігерленіп,* Қартың да қомпаң-қомпаң көтеріліп, Түйілді жас жігіттей жігерленіп (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан).

ДІГЕРЛЕНУ *Дігерлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дігерленуін* қойғызды.

ДІГЕРЛЕТ= е т. *Дікіңдету, тықақтату, маза бермей тақымдату.* Сюань Қалданның сүйегін сұрап *дігерлетіп* жатқанына көп болды (С.Сматаев, Елім-ай).

ДІГЕРЛЕТУ *Дігерлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көпшілікке *дігерлетуу.*

ДІГЕРЛЕУ *Дігерле етістігінің қимыл атауы.* Ал, тезірек, бол, бол! – деп *дігерлеумен*

сол күрең мен бүрге торыны ерден босаттырды да, ноқталап алды (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Қапаш ондай кезде Есеннің *дігерлеуінен* бір қаймықса, сенім артқан басқармадан екі қысылады («Лен. жас»).

ДІГІР з а т. *Зорлық-зомбылық, өктемдік, үстемдік.* Баяғыда Бөженмен қосылған Үлбосынға *дігір* ойнатқанын білесің бе? (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Кеше жұртқа жасаған жау *дігірді,* Бүгін кез боп жігіттерге жігерлі. Халі азайып қансыраған қасқырдай, Жандарынан үзді ақыры күдерді (А.Нұртазин, Орман.). *Дігірлердің* ондай құқайын талай көрген, талай жұлысқан. Осы жер үшін борбай еті борша, арқа еті арша болып терін төгетін (О.Бөкеев, Үркер.).

Дігір салды. *Тықсырды, тықақтады.* Сендер жұрттың апшысын қуыра келесіңдер. Жоқ нәрсені табан астынан тап деп *дігірді саласың дар,* – деді Райхан (С.Жүнісов, Жапанда.). Бұл хабарды есті сала жаңағы қатыны өлген бай Шекердің әкесіне кісі жіберіп, *дігір салады,* алған бұзаулы сиырын қайтарып берсін деп (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.).

ДІГІРДЕЙ-ДІГІРДЕЙ с ы н. *Соқталдай, сомадай, еңгезердей.* Жол салушылар да Мойынты-Шудағыдай кілең шал-шабан, қатын-қалаш емес, *дігірдей-дігірдей* жігіттер. Солардың қай-қайсысы да небір күрделі техниканы ұршықтай ойнатады (Ә.Жәмішев, Дала.).

ДІГІРЛЕ= е т. *Зіркілдеу, мазалау, дігерлеу.* Төсегі жамбасына батып, бұл не болды деп басын көтерді. Асығыс тұрып, тез киініп, ауызғы үйге шыққан еді, директордың алдында отыратын секретарь қыз келіп *дігірлеп* тұр екен (Д.Досжанов, Жусан.). Шам жағады да, шалына: «Құдайдан қорықсайшы. Су-су болып мен жүрмін. Еркек басыңмен сен жатырсың. Ана сарай құлыптанбайды. Жүр, құлыптап бер», – деп *дігірлейді* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Дәурен жұмыста жүрсе, күн батысымен-ақ үйіне дамылсыз телефон соғып, Айжаннан оның келген-келмегенін сұрап *дігірлеп* болады (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Қабырға болысына түскен жігіт саны толмай, бір жағынан ояз начальнигі жанын алып, *дігірлеп* барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ДІГІРЛЕК с ы н. *Зіркілдеген, өктем.* Түні бойы жылымның шығар дөңгелегін айналдырып қоятындығы ма, жоқ әлде *дігірлек* бұйрықшылдығы ма, әйтеуір ол бір түрлі қорқынышты, қатыгез адам сияқты еді (М.Айымбетов, Шілде.).

ДІГІРЛЕН= е т. *Мазалану, тықақталу.* Маған десең шөпшек теріп жақсақ та, болшы өзің, – деп Түнқатар да *дігірлене* түседі (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

ДІГІРЛЕС= е т. *Жан-жақтан дігер салып мазаны алу.* Бір жағынан бұлар да сілкіне *дігірлесіп* мазаны алды (Б.Тілегенов, Көктем.).

ДІГІРЛЕСУ *Дігірлес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дігірлесуге* көшті.

ДІГІРЛЕТ= е т. *Мазалату, мазасын алдыру, зіркілдету.* Екі айыпкер де өз міндеттеріне жауға аттанғандай шешімтал қимылмен кірісіп еді. Өндіре жұтып емес, сыздықтата сораптап жатыр, қымыз таусыла қоймады. Жұрт та *дігірлетіп* барады (М.Мағауин, Аласапыран). Асықтырмасын, менің он қолым жоқ. *Дігірлетпесе* де талай түндерді ұйқысыз өткіздім (А.Лекеров, Түз гүлі).

ДІГІРЛЕТУ *Дігірлет етістігінің қимыл атауы.* Осы сөзге мақұл болған Долдаш басын изей түсіп, «әншейін директордың *дігірлетуінен* соң келіп тұрмын ғой. Әйтпесе жүрегім жаман шайлығып қалды», деп қынжылған болып талтаңдап шығып кеткен (З.Жәкенов, Күн көтеріл.). Әншейінде көп сөйлемейтін Слесаровтің бүгінгі *дігірлетуі* Кенбайды қысып барады (Р.Өтесінов, Алып.).

ДІГІРЛЕУ[1] с ы н. *Өктемдеу, дігір салғыштау.* Әйеліне де, ағайын-туысқа да, жалпақ жұртқа да өзі баяғыда көрген Қайыпқали байға ұқсас *дігірлеу* бастық болып қалыптасты (Ә.Төреханов, Хантәңірі).

ДІГІРЛЕУ[2] *Дігірле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дігірлеуін* қоймады.

ДІГІРМАН з а т. ж е р г. ***Диірмен***. Со кезде төне бір тұста *дігірман* болыпты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДІГІРШІК з а т. ж е р г. *Мәшинеңің арт жағына орналасқан темік, тегершік.* Әбден батып кетіпсің ғой, – деді қарт кісі мәшинеңің артқы *дігіршігіне* қарап («Қаз. әдеб.»). Дөңгелек айналып ұмар-жұмар *дігіршік* астына түсіп жатқандай (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын.). Аяқ астындағы мәшине *дігіршіктері* таптап, талқанын шығарған майда топырақ бұрқ-бұрқ етеді (М.Әбдіхалықов, Алыста.).

ДІГІРІК: дігірік салды. с ө й л. ***Дігер салды***. Ойбай, күн батып қалыпты-ау, әлгілер *дігірікті сала* келетін болды-ау, – деп әйелдер үйлеріне жүгірді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ДІЗ= е т. с ө й л. ***Тіз***. Ойласа ол бір күнді ойға *дізін,* Бірыңғай тұрған екен қалың бұзық, Арманы тілегімен бір болыпты, Қаптаған ойда қазақ, қырда мұжық (О.Шипин, Екі дастан). Бөкен біреу төбесіне топырақ тастап жібергендей, сілейіп отыр. Қайта *дізген* моншағын шашып алған баладай күйде. Көңілін телефон бөлді (Ғ.Қабышев, Мысық сақал.). Жылт-жылт жұлдыз толған алтын моншақ па, Аспан-көктей қалпағына *дізгендер* (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

ДІЗАЛАҚТА= е т. с ө й л. ***Тызалақта***. Екеуің *д і з а л а қ т а м а й,* бетке түсудің билігін маған беріңдер (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ДІЗБЕК з а т. с ө й л. ***Тізбек***. Осылай ойлар өтті *д і з б е г і м е н,* Кез еді тағы күңгірт күзге кірген (Ғ.Қайырбеков, Дала.). Ойла, бір тың қарқынды өнегелі: Ал Ақан, түсін бірақ ең әуелі – Бір *д і з б е к* кеннің жүгі жөнелмесе, Майданда бөлімді жау бөгегені (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев). Егін орағына әскер кеп қолқабыс беріп жатқан. Ұзын-ұзын колхида маркалы мәшинелер *д і з б е г і* өтті (Ж.Молдағалиев, Самал).

ДІЗБЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Тізбеле***. Айталық, Зәкең оқта-текте шахмат ойнай қалса, қарсыласын ылғи да қажап, ата-бабасының байқамай жіберіп алған осалдықтарын *д і з б е л е й д і* де отырады. Ол кісі ешқашан да «жеңемін» деп ойламайтын (О.Бөкеев, Ауыл хикая.).

ДІЗГІ з а т. *Жақсы-жаманды саралаушы, жөн-жоба көрсетуші.* Әлімге Қабыл атанған, *Д і з г і* деген жақсы атақ, Тірлікте оған тағылды (Ы.Шөрекұлы, Исатай-Махамбет).

ДІЗГІН з а т. с ө й л. ***Тізгін***. Саусақты жылы былғары биялайдан Мейрамның *д і з г і н* ұстаған қолы мұздап қалыпты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Мынау кім ағаш мініп ат айдаған, Астында ағаштан ат, *д і з г і н і і* арқан, Көлеңке қара шатыр бетте қалқан. Қақуалдың қара арбасын мініп алып, Барады қайсы жақтан мына шайтан (Бозінген). Ақты ақбоз жел қаңбақтай дөңгеледі, Кемпірі *д і з г і н* қағып дем береді. Азиз хан өзі бастап: «Жет, ұста!» деп, Шаңдатып артта қалың қол келеді (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

Дізгін ұшымен келу. ж е р г. *Асығыс келу, аса тез келу. Д і з г і н ц ш ы м е н к е л д і* де: «балаң келді, сүйінші!» – деді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Дізгінін қолына алды. *Билік, үстемдік, қожалық етті.* Еркежанға ол «төрт түлігің түгел, тек енді аға сұлтан байыңа бір ұл тауып беріп, оның *д і з г і н і н* мүлде *қ о л ы ң а а л»* деп ақыл айтып, көңілін көтеретін (І.Есенберлин, Қаһар).

Дізгінін тартты. *Қаймықты, тоқтады.* Біздің көкем айтпайтын, Айтса, серттен қайтпайтын. Команда берсе мың қолға, *Д і з г і н і н* ешкім *т а р т п а й т ы н* (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).

Дізгінін үзді. *Қарым-қатынасын үзді, доғарды.* Жазығым болмаса да, Петровскийдің өлімін менен көрді екен деп қорықтым. Балам да байдан *д і з г і н і ң д і ү з* деп қоймады (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

ДІЗГІНДЕ= е т. с ө й л. ***Тізгінде***. Оған отағасы болмайды. Бар тапқаныңды қақшып алып, еңселеп *д і з г і н д е й д і* де отырады (М.Қаназов, Жер кіндігі.). Сен ренжіме, менде де жүрек бар, сені қанша аясам да махаббат деген бір ерік бермес асау тұлпар екен, *д і з г і н д е т і п* жібермеуге күші жетпейді (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

ДІЗЕ з а т. с ө й л. ***Тізе***. Көке! – деді ентігіп. Көкесі баяу ғана мойнын бұрды. Екі *д і з е с і н* құшақтап, қырын отырған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Қан қарайып қас болсам, Қайыр етпес кісі ем мен. Қандай мықты тас болса, Үгітуші ем *д і з е м м е н* (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Түн бойғы арқадан өткен ызғар жастығының бар жылуын сорып, екі *д і з е с і* қоқайып қата бастағандай болған (О.Бөкеев, Мұзтау).

Дізе бүкті. а) *Отырды.* Ашулы етке қарамастан, *д і з е д е б ұ к п е с т е н* кетіп бара жатқан Сыздықты болмай тоқтатып, дастарқан жайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Күлән биіктеу жас қабірдің жанына *д і з е с і н б ү г е* отырды. Қабірдің күнге күйген ақ топырағын сипады (С.Алдабергенов, Қанат.). Бас-аяғы түгел жиналған сарбаздар арасында қолбасы *д і з е с і н б ү г е* беріп, сары жезбен бунақталған тоғыз өрмелі қамшысын ортаға тастады (Қ.Ахметбеков, Сый орамал). ә) *Бас иді, бағынды, мойынсұнды.* Сен болсаң қастан қылмас момын мақұлық, Қалмай ма бірер күшік анасына. Адамзат әділдікке *д і з е б ұ к п е с,* Үстем боп жаралған соң о басында (Айтыс).

ДІЗЕҚАП з а т. с ө й л. ***Тізеқап***. Сауыншылар шелектерін жерге қойып, сауыс болған тері алжапқыштарын, *д і з е қ а п т а р ы н* байлай әңгімелесіп тұр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДІЗЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Тізеле***. Гүлжан самауырдың екінші жағына, Саужан жағына бір *д і з е л е п* отырды (Х.Мұстафин, Қыр жігіті).

ДІЗЕЛЕС с ы н. *Қатарма-қатар, іргелес, бірге.* Кенесарының өзімен тетелес інісі Әбілғазы сұлтан, Нысанбай ақынмен *д і з е л е с* есікке таман қойылған қазақы дөңгелек үстелдің жанында қолына қауырсын қалам ұстап қошқар мұрын Оспанұлы отыр (І.Есенберлин, Қаһар). Амангелді әлденеге мұқап-қамығып Әлібимен *д і з е л е с* отырды (М.Жұмағұлов, Қыран.). – Бауырым, – деді Қасен, божыдан бос қолын ұсына бере, – Бір елде, бір жерде өссек те, *д і з е л е с* отырып, құнарлы әңгімелескеніміз осы шығар (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДІЗЕЛЕС= е т. с ө й л. ***Тізелес***. Ана тілім, күшім менің, қуатым, Жырым сендік жүрегімнен туатын. Тауысар ма ырысыңды, қорыңды, *Д і з е л е с і п* қатар жазса мың ақын (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Мүмкін олардікі де дұрыс шығар. Жаңа семья, жас семья өмірге келеді. Қызық көреді. *Д і з е л е с і п* еңбек етеді, болашақтың кірпішін қаласады (С.Сейтхазин, Хадиша).

ДІЗЕЛЕУ *Дізеле етістігінің қимыл атауы.* **≈** *Дізелеумен* біраз жерге барды.

ДІЗЕРЛЕ= е т. с ө й л. **1.** ***Тізерле***. Әсіресе нарға қап толы жүн арқалап шығушылардың біразы биікке көтеріле бере аяқтары дірілдеп, кейбіреуі бүк түсіп *дізерлеп* қалып, қайта тұра алмай, еңбектеп әрең жетеді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Самауыр іргесіне *дізерлей* отырып, шайды да жасасты, кеселерді де әперісті. Жұрт аяғы тарағанша дізе бүккен жоқ (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** а у ы с. *Тізеге салу, басу, тебу.* Тоқабай! «Сенен-ақ өлдім ғой! Енді қатынымды тартып алмақпысың?» деп, бөкебайынан қиқылдата кеудесінен *дізерлегенде,* Жақыптың мұрнынан қан бұрқ етті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДІЗЕРЛЕС= е т. с ө й л. ***Тізерлес***. Балайым Әскербекті енді көрді. Екі беті ду ете түсті. Күйеуімен *дізерлесе* отырғанын байқады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ДІЗЕРЛЕТ= е т. с ө й л. *Тізе бүктіру, тізерлету.* Қоштасалық, қоштаспаққа болмайды, *Дізерлетті* долылықтың толғағы! Ауық-ауық сайрап-сайрап қоятын, Мен де бірмін, бұлбұл да бір тордағы (И.Оразбаев, Өмір-өлең). Әлден уақытта ол мүсіннің жанына бір *дізерлетін* отырғызды (І.Есенберлин, Ғашықтар).

ДІЗЕРЛЕТУ *Дізерлет етістігінің қимыл атауы.* **≈** *Дізерлету* оңай болмады.

ДІЗЕРЛЕУ *Дізерле етістігінің қимыл атауы.* **≈** *Дізерлеуге* бұйырды.

ДІЗІЛ= е т. *Тізбектелу, тізіліп қойылу.* Жарда тақта дүзу, нық, Құбылды оның кескіні. Түр еді онда *дізілін,* Достарының есімі (Ғ.Қайырбеков, Құрдас.). Ойдан соң ойлар *дізілін,* Өңінде жарын көргендей. Өшіп те жанып қыз үміт, Таусылмай сөйлей бергендей (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

ДІЗІЛУ *Дізіл етістігінің қимыл атауы.* Жақсылық та, жамандық та *дізілулі* (Ауызекі).

ДІК е л і к. *Заттың қатты нәрсеге қадалғанда, тигенде, секіріп түскенде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Дік етті. а) *Дәл түсті, тез жетті.* Ұяның тұсындағы мұрыншақ тасқа құрықшасын тіреп Сәтжан мысықша тырмысқан ептілікпен *дік етін* түсе қойды (С.Бегалин, Таңд. өлең.д.). ә) *Топ етті, дық етті.* Тірсектен бір қаққанда ат жер құшты. Жалп етіп ат үстінен дәу ұшты; Сонда да сұлап түсіп сылқ етпеді, *Дік етін* тікесінен жерге түсті (Ә.Әленов, Әлімқара). Жауынбай ауылдың дәл ортасындағы үлкен ақ ордаға – әке үйіне кеп ат басын тіреді. Ауыр денесін ықшам қозғап *дік етін* аттан түсті (С.Сматаев, Елім-ай). б) *Қыдыңдады, дікіңдеді.* Кәне, есеп бер, – деп *дік етті* комсорг («Лен. жас»). в) *Көңілге келді, ойға түсті.*

Көңілге [жүрекке] дік қылды [етті, тиді]. *Көңіліне алды, ренжіді.* Жас немелер, көп болса оңашалап сүйісіп алып сөйлескен шығар. Қойшы, не болса соны *көңілге дік қылма* бермейін (С.Досымов, Директорлар). Балпан бай бәсекеге келген өзге рулар *көңілдеріне дік етіп* қала ма деп, Байсалдардың қасында көп тұрмады (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Көңіліне дік тиді. *Көңіліне ауыр тиді, көңіліне келді.* Не болып кеткенін онша да түсіне қоймай, жылап қалған апасына жаны ашып, атасының бетінен де сүймей, «бара бер» дегені *көңіліне дік тиіп,* артына жалтақтап бала бір-екі рет сүрініп кетті (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

Күдік жүрегіне дік етті. *Секемденді, күдіктенді , сезіктенді .* Екі бірдей жолдасымды ренжітіп алдым-ау деген *күдік дік ете* қалды *жүрегіне* (А.Байжанов, Асан).

ДІК-ДІК е л і к. **1.** *Тамырдың, жүректің лүпілүп соғуын бейнелейтін сөз.* Жұмыр кеуденің қуысында *дік-дік* соққан жүрек қанша рет сыздап, қаншама рет жарыла қуанды десейші (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Қотыр басып кеткен білегіне Еркебұлан қолын апарып еді, тамыры *дік-дік* зіркілдеп жатыр екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** *Бір нәрсені қатты екпінмен ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Кіжіне тиген сойылдың *дік-дік* дыбысы. Жылқы шұрқыры. Ию-қию көп ың, көп дыбыс. Бұл соның бәрін құныға тыңдайды («Лен. жас»). **3.** *Жүгіргенде, секіргенде, жүргенде шығатын тық-тық, дық-дық еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Төбесі ашылып қалған қыстаудың қабырғасы үстіне тырмысып шығып, сосын жерге секіреміз. Құмға бәсекелесе *дік-дік* түсіп жатқанымыз сол (Ө.Қанахин, Жер бас.). **4.** а у ы с. *Нақпа-нақ, тұп-тура, дәлме-дәл.* Шумақ пен ұйқасты алған соң, өлең аяғының ұйқастары босаң болмай, нық-нық, *дік-дік* түсіп отыруы қажет («Лен. жас»).

Дік-дік етеді. а) *Жеп-жеңіл, тықылдап жүгірді, ойнақшыды.* Біреу жүгіріп келеді. Қадамы жеңіл, *дік-дік етеді* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Біздің дыбысымыздан сезіктенген не бұғы, не тау ешкісінің *дік-дік етін* секіріп қашып бара жатқанын ғана көреміз (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). ә) *Қылқылдады, дікіңдеді, дікіңдікің етті.* Арамтамақ, бойкүйез неме, осыңды қоймасаң, арам бездей сылып тастармын деп, *дік-дік етеді* (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Өлгеннің жанын ұрады, Тірінің несі кетеді. Молдасы қолда Құраны, Нәменгер *дік-дік етеді* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДІКЕК: **дікек қақты.** *Дікеңдеді, дікектеді.* Жөгер, отыр сол жерде! Отыр да ет же! Сен де бір атаның ұлысың! – деп *дікекек қақты* (І.Жансүгіров, Шығ.). Тергеуші бір адыраңдаған ит екен, мен жөнін айтсам, балағаттап *дікекек қағады,* – деді Сәтмағамбет мұңайып (З.Шүкіров, Сарша тамыз.).

ДІКЕКТЕ= е т. **1.** *Делебесі қозу, тыпыршу.* Қалың дүсір құлағына шалынғанда делебесі қозып, тыпыршып, ауыздығымен алысып кететін шағыр атының *дікектеген* басын еркіне жібере жаздап, зорға шыдап отыратын (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Тықақтау, дікің-дікің ету; екі аяғын бір етікке тығу.* Енді бүгін кеп, саба түбі сарқынды жасым қалғанда, ақ патшаның ауыздығын қарш-қарш шайнаған күдері желке төресі *дікектер* екен деп құрақ ұшар жайым жоқ (А.Сүлейменов, Бесін). Мәндубай қожайынға ұқсап қожалақтап, әйелге *дікектеп* ұрсып-кеюді білмейді, қашан да тілі майда, сөзі мәйін (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). Кейде тасыраңдаған сатушыны, *дікектеген* даяшыны көргенде, тәрбиесінің тапшылығы тағы да айқын байқалғандай болады («Лен. жас»).

ДІКЕКТЕС= е т. *Дікің-дікің етісу, тықақтасу.* Екеуі әлі егесіп келеді. Сол құпияға қанықпаса бәрінен құр қалатындай. *Дікектесіп* қояр емес (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.). Ат үстінен *дікектесіп,* қай қазақтың баласы іс тындырушы еді (М.Құмарбеков, Асау Ертіс).

ДІКЕКТЕТ= е т. **1.** *Тыпырлату, өршелендіру.* Деді де, түрды Баһыман көрсетіп қыр, Бектік қып бермейін деп көп сөйлеп сыр. Бес-бестен бедеулерін *дікектетіп,* Он жігіт оң-солында сұстанып тұр (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Тықақтату, дікіңдету кіжіңдету.* Герасимов өзінің жалшыларына басқаларды құр беталды *дікектете* бермейді (С.Омаров, Қасиетті.).

ДІКЕКТЕТУ *Дікектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бостан-босқа *дікектету.*

ДІКЕКТЕУ *Дікекте етістігінің қимыл атауы; тықақтау.* «Шығар!» деп дәу қараның *дікектеуі,* Тимейді тіпті жеңіл ол да маған (І.Жансүгіров, Поэм.). Әркімге бір *дікектеуді* қойған, моп-момақан боп қапты (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Ақмола ұлығы арнайы жіберген өкіл Әймен тізім қашан алынады деп *дікектеуде* (А.Жұмаділдин, Сең.).

ДІКЕҢ: **дікең қақты**. *Дікеңдеді, кіжіңдеді, тықақтады.* Балуаны шешінген жақ *дікең қақты,* «Кісіңді шығар! Шығар!» – деп-ақ бақты (І.Жансүгіров, Поэм.). Енді қашан, балам-ау? Мына малды айдап жүре бермеймісің, – деп Айымбет айналып кеп *дікең қағады* (А.Байтанаев, Қыран.).

ДІКЕҢДЕ= е т. *Қожаңдау, кіжіңдеу. Дікеңдеп* бастарына әңгіртаяқ ойнатар Оспанның төбесі көрінбеген соң әркім де алтыбақанда өз өнерін ортаға салып, еркіндіктің ерке құсындай мұңсыз, қамсыз айыздары қана ойнап-күліп еді (О.Бөкеев, Өз отың.). Жолдас Шахтман, кею керек болса, ол менің қолымнан да келеді, – деді Панфилов, полк командирінің маған *дікеңдегенін* жақтырмай (Ол күндер.). Майлыбаев жазықсыз қартқа *дікеңдеп* тұрған Бочкиннің ісіне қатты күйінді (К.Тоқаев, Тасқын).

ДІКЕҢДЕТ= е т. **1.** *Ойнақшыту, тыпыршыту.* Жауып тастап жазымызды, Ақша қар кеп ән саларда, *Дікеңдетіп* тазымызды, Жүр шығайық қансонарға (Ө.Нұрғалиев, Қайыңды.). **2.** а у ы с. *Қожаңдату, кіжіңдету.* Біреуді-біреуге *дікеңдетіп* қойған дүние-ай (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ДІКЕҢДЕТУ *Дікеңде етістігінің қимыл атауы.* Бірін-біріне айдап салып *дікеңдету ді* қойғызған жөн («Спорт»).

ДІКЕҢДЕУ *Дікеңде етістігінің қимыл атауы; кіжіңдеу, дікіңдеу.* Айбек үндеген жоқ, Қаламқастың өзіне *дікеңдеуін* бастықтығына жорыды (К.Зәкенов, Жанартау). Көпірдің отбасыма келіп *дікеңдеуінен* түңілдім, жәймен айтса да жетіп жатыр еді ғой (С.Алдабергенов, Жаңару).

ДІКЕҢ-ДІКЕҢ: **дікең-дікең етті**. *Қыдыңдады, қожаң-қожаң етті, дікілдеді, зіркілдеді.* Кенжебек өршелене *дікең-дікең ете ді,* қолындағы қаруы жанарымның алдына келіп-келіп қайтады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Наркес, ағаңа *дікең-дікең етпей,* неге түсіп итермейсің өзің (Ә.Сараев, Қараша.).

ДІКИ= е т. с ө й л. *Тіп-тік болу, тікірею.* Леп белгісіне айналып, соқпақ үстіне *дікіп* тұра қалған Иса сұқ саусағын үңгірдің астына тығып тұрып: – Қайсыларың маған еріп үңгірге кіресіңдер? – деді (М.Қабанбаев, Кермек.).

ДІКИТ= е т. *Тікірейту.* Діңгектің дәл ұшар басына *дікітіп* бірдеңелер байланды ғой («Қаз. әдеб.»).

ДІКИТУ *Дікит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *дікіту.*

ДІКИЮ *Діки етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шаштары *дікиюмен* келеді.

ДІКТЕС= е т. *Бір-біріне дікіңдеу, тұсшайысу, ренжісу.* Бұрын қазір *діктесіп,* қазір бітісе қоятын екі келіншектің арасы ушыға бастағандай еді (Қ.Сәрсекеев, Қызыл.).

ДІКТЕСУ *Діктес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Діктесуден* тайынбады.

ДІКІЛ з а т. **1.** *Дік-дік еткен дыбыс, тықыл.* Артынша вагонның есігі ашылып, тез жүрген етік өкшесінің *дікілі* білінді (Ә.Сараев, Қараша.). **2.** а у ы с. *Кіжің, ұрыс.* Кинодан шыққаннан кейін барған ізіңмен кері қайт деген *дікілінен* мүлдем өзгеше, басқаша бұйрықтар байқады (М.Қабанбаев, Кермек.).

ДІКІЛДЕ= е т. *Қожаңдау, кіжіңдеу, дікіңдеу.* Елжас кетерінде жеңінен тартып, қалсаңшы деп *дікілдеген* Өтешке бес өрім тобылғы сап қамшысын сыйлады (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Жай жүргенде бір күні, Атшабар келді лепілдеп. «Ояз шықты, сияз бар», «Лау» деп, «үй» деп *дікілдеп* (Абай, Тол. жин.). Комиссия

бастығы баяғы өзін бекітерде қарсы болған облыстық өндіріс басқармасының кадр бастығы Медетов екі аяғын бір етікке тығып *д і к і л д е п,* тілі таңдайына тақ-тақ етеді (З.Шашкин, Сенім).

ДІКІЛДЕК с ы н. с ө й л. *Тықылдақ, бөспе.* Қазір көріні кәрі, жасты жас демейтін *д і к і л д е к т е р* қаншама. Мынау солардың ішіндегі естісі (Д.Досжанов, Зауал).

ДІКІЛДЕН= е т. *Дікің-дікің ету, кіжің-кіжің ету.* Бағана *д і к і л д е н і п* тістене сөйлегеніне қарағанда, «сені ме, бәлем» деп ішіне қысастық түйген де секілді (М.Қуанышбаев, Жалғыз.).

ДІКІЛДЕНУ *Дікілден етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і л д е н у д і* бастады.

ДІКІЛДЕС= е т. *Қосыла қожаңдау, кіжіңдесу, дікіңдесу.* Қазір Бердахмет мұғалім бір жағынан, дін бір жағынан «Кәне, Тәке қайсымызға ересің» деп қыспаққа алып, *д і к і л д е с і п* тұр (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.).

ДІКІЛДЕСУ *Дікілдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і л д е с у д і* доғарды.

ДІКІЛДЕТ= е т. **1.** *Дік-дік етіп басу.* Бұл құрғақ үйғарудың сеңін Әсияның өзі бұзып жіберді. Ер адамдай еденді *д і к і л д е т е* басқан біреу ширақ аяңдап, бізге келіп қысылмай сәлем берді («Қазақст. әйелдері»). Ол қадамын *д і к і л д е т е* басып келіп, әскери әдет сақтап, сіресе тұра қалып: – Жауынгер Төлеген Тоқтаров, – деп аты-жөнін мәлімдеді (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** а у ы с. *Алды-артына қаратпай асықтыру, дызықтыру.* Қайнаға Ақботаның басына ноқтаны іле сап: – Айда, жүрдік, – деп, *д і к і л д е т і п* тұра жөнелдік (З.Шашкин, Өмір.).

ДІКІЛДЕТУ *Дікілдет етістігінің қимыл атауы; асықтыру.* Көптеген байлар малдарын бермей, бассауғалап, әр төбені тасалап қашып жүр. Облыс та күнде *д і к і л д е т у м е н* мазаны алып барады (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын).

ДІКІЛДЕУ *Дікілде етістігінің қимыл атауы.* Сенің *д і к і л д е у і ң н і ң* орны бар еді (С.Төлешев, Түрлі. бас.). Газетке жазып халық алдында жәбір-жапа көрсетті. Енді келіп қонысымды тартып аламыз деп *д і к і л д е у д е* (С.Омаров, Қайырлы.).

ДІКІЛЕН= е т. *Дікің-дікің етілу, дікілдену.* – Әй, ақтық рет айтам, рас бермеймісің?! – деді *д і к і л е н і п* (С.Мұқанов, Аспаз).

ДІКІЛЕНУ *Дікілен етістігінің қимыл атауы. Д і к і л е н у д е н* ешнәрсе шықпады (Ауызекі).

ДІКІЛІКТЕ= е т. с ө й л. *Дікің-дікің ету, дікілдеу.* Ау, екеуіңнің сауымың қатар келсе де айыптымын ба? Тоқта *д і к і л і к т е м е й,* не қуып барады (Қ.Сәрсекеев, Қызыл.).

ДІКІЛІКТЕУ *Дікілікте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і л і к т е у і н* қойды.

ДІКІҢ: **дікің қақты.** *Дік-дік етіп қоқаңдады, кіжіңдеді.* Қаржау ағасының жылын берген күннің ертеңінде-ақ Бәтжанның атасына келіп қызын сұрап *д і к і ң қ а ғ а д ы* (Қ.Исабаев, Өткелде).

ДІКІҢДЕ= е т. *Дікілдеу, кіжіңдеу.* Партбилетіңді өткіз деп *д і к і ң д е п* болмаған соң жүйкесі тозған Жұмабек жұмысын өткізе салысымен бір-ақ күнде Қараталдан тайып отырды (Б.Тілегенов, Уақыт). – Әй, сен маған неге *д і к і ң д е й с і ң?* Апамның өзі жас кезінде бастаңғыға бармап па екен. Мені біреу жеп қоя ма? (М.Гумеров, Хазірет.). Кәкімбек демалысқа кетіп, орнына директор боп қалғаннан бері *д і к і ң д е п* мазамды алды (А.Жақсыбаев, Бөгет).

ДІКІҢДЕС= е т. *Дікілдесу, кіжіңдесу.* Кең дала, сағатқа қарап *д і к і ң д е с і п* тұрған ешкім жоқ. Ішкенің айран, жегенің ет, мінгенің жүйрік ат. Қолың боста құс салып, аң аулайсың (О.Сәрсенбаев, Жақсы.). Үстінен арыз жаздырып, жұмыстан құдырамыз, – деп *д і к і ң д е с і п* жүргені (М.Дүйсенов, Ант).

ДІКІҢДЕСУ *Дікіңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і л д е с у г е* көшті.

ДІКІҢДЕТ= е т. *Кіжіңдету, дікілдету.* Соншама қайта-қайта ат сабылтып, құғыншы жіберіп, төбемізді оятындай, *д і к і ң д е т і п* жағадан алатындай не жазып едік? (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ДІКІҢДЕТУ *Дікіңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і ң д е т п е у* керек.

ДІКІҢДЕУ *Дікіңде етісітігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і ң д е у і н* қоймады.

ДІКІҢ-ДІКІҢ: **дікің-дікің етті**. *Дікілдеді, қожаң-қожаң етті, кіжіңдеді.* Мына бай болса байлаулы. Қарабет болса, өзім апарамын деп *д і к і ң - д і к і ң е т е д і* (С.Жүнісов, Жапанда.). Сен сияқты сұмдардың пәлесі тиіп жатса, *д і к і ң - д і к і ң е т е с і ң* (К.Оразалин, Көктем.). Қалкеннің үйінде Тынышбай жүр. Нағыз белсенді осы. *Д і к і ң - д і к і ң е т і п,* жұрттың апшысын қуырып, шаңын қағады (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ДІКІРЕҢДЕ= е т. с ө й л. *Дікің-дікің ету, қожаңдау, әкіреңдеу.* Кабинет есігін шалқалата ашып, іштен мана қонақүйге *д і к і р е ң д е п* кеткен шикіл сары тәпелтек шыға келді (Т.Тобағабылов, Жүрегім соғып.). Ел ағасының айтқаны заң, сендер ағайын болдыңдар, қашқынды табыңдар, – деп *д і к і р е ң д е д і* ол (Қ.Тұрсынқұлов, Анды-Қарақыз.).

ДІКІРЕҢДЕТ= е т. *Дікің-дікің еткізу.* Жөнсіз *д і к і р е ң д е т п е* (Ауызекі).

ДІКІРЕҢДЕТУ *Дікіреңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і р е ң д е т у г е* болмайды.

ДІКІРЕҢДЕУ *Дікіреңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і к і р е ң д е у і н* қойды.

ДІКІРТ= е т. *Нығырту, үстемдік көрсету.* Жәмила өзін күйеуі ұрған кездерде, ағайынтуған кемсіте қарап, байлардың қорлап, *дікіртken* кездерінде қалай жылағанын айтып берді (Аялы жандар).

ДІЛ з а т. **1.** *Көңіл, дім, ниет, ой-пікір, жан дүниесі, таза жүрек, терең ой.* Сен тілмен айтсаң, мен *ділмен,* жүрекпен айттым (М.Әуезов, Абай жолы). Дүшпандар қарғап жатыр ма, Содан ары өлгін деп? Ақ еді *ділім* еліме, Жалынам тілек бергін деп (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Тек төменде, алыс етекте қалған ханзадалар ғана емес, дәрежелес тумаларының өзі, діні бөлек болғанымен *ділі* бір Петрден басқа ешкім де құшақ жая қарсы алмаған (М.Мағауин, Аласапыран). Іштен шыққан шұбар жылан ретінде емес, бар *ділімен,* шешелік ақжүрегімен тілейтін (О.Бөкеев, Мұзтау). **2.** т е р м. *Адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Діл* мәдени бірегейленумен және тұлғаның өзінөзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты (Қазақст. ықшам энц. сөзд.). Мен ерлік, батырлық іздейін деп жүргем жоқ. Тек Арман үшін қолымнан келгенді, тілім мен *ділім* жеткенді етейін де, тіпті өлейін деп те ойлай берем, – дейді Айсұлу Әсияға (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). *Діл* әртүрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстарды біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленеді (ҚҰЭ). Біз өзіндік *ділі,* тамыры терең құндылықтары, сүйенер, қуат алар бай рухани мұрасы бар халық екенімізді ұмытпауымыз керек («Егемен Қазақстан»). Руханилық, адамгершілік мұраттар қазақ *ділінің* нағыз өзегі болып табылатын құбылыстарға жатады (Қаз. дала. ойшыл.).

ДІЛБАС з а т. **1.** м е д. *Тамақтың қызарып, ісіп ауруы, баспаның бір түрі.* Таңдайым кеуіп бара жатқан соң амалсыздан балмұздақ жеген едім, содан даусым қарлығып, *ділбас* болып қалыппын (Ә.Қарағұлов, Шоқ ине.). Ешбір дәрігердің көмегінсіз тәжірибелі емшілер *ділбас* ауруын емдей алады («Денсаулық»). **2.** в е т. *Түйенің тынысын тарылтатын ауру, көмекей құрт, тілбас.* Ертеректе түйе малы *ділбаспен* көп ауыратын («Парасат»). Ешқандай малдәрігердің көмегінсіз-ақ тәжірибелі малшылар *ділбас,* терме, мүйізкөк, қоскіндік сияқты түйе ауруларын өз қолдарымен емдеп, ажал аузынан арашалап алып қалатын («Лен. жас»).

ДІЛГАР с ы н. с ө й л. ***Ділгер*** *(зәру, мұқтаж).* Мектеп колхоз көмегіне қашан да *ділгар* ғой, ал колхоз мектеп көмегін не қылсын, – деді Күдері (М.Иманжанов, Көк белес). Түкке тұрмайтын бос сөздің өзін біреуге сыбырлап айтсаң, қалған жұрт ол сөзге елеңдеп, қандай таңсық, *ділгар* болады (С.Талжанов, Ұлдай.). Нағыз суға *ділгар* алқап. Бірақ дәл бүгін игеруге мүкіндігіміз жоқ (Ұ.Бағаев, Дала.).

ДІЛГӘР с ы н. с ө й л. ***Ділгер***. Жоғы не қазекеңнің, *ділгәрі* не? – Білмепті оны жер-көк пірлері де. Дүниенің сөздігінде «қазақ» деген, Жоқ еді Октябрьден ілгеріде (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). «Айналайын қарағым» бұл көлденең адамға ұстатпайтын қастерлі балтасы екенін, одан айырылса, *ділгәр* болып қалатынын айтып жылап қоя берді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ДІЛГӘРЛІК з а т. с ө й л. ***Ділгерлік***. Құрметті депутат, біздің колхозымыз жыл сайын нығайып келеді. Техникаға *ділгәрлік* дегенді де артқа салдық (М.Иманжанов, Адам.). Қолында тұрып, қою шайын ішкенімнен емес-ау, ондай *ділгәрліктің* күні құрысын, адам абыройымен кетсін де (Т.Беркімбаев, Ана мейірі).

ДІЛГЕР с ы н. *Зәру, қат, мұқтаж.* Құрсақ көтермеген келіншектер соңыра ізін қуар үрімбұтақ сұрамап па еді? Әлгі аруақтың шарапаты дәл сол *ділгер* боп тұрған ұрпағының көсегесін көгертті ме, жоқ па? (Ә.Нұрпейісов, Сең). Тіпті, айта берсең, күнделікті тұрмысқа керекті қант-шай, сіріңке, сабын сияқты дүниенің бәрі *ділгер* (С.Жүнісов, Жапанда.). Ең болмаса, балаларға шешек, қызылша егуге көмектесер көмекшілерге Әділбек өте *ділгер* (М.Тиесов, Ә.Майкотов).

Ділгер мамандық. *Сұранысқа ие, зәру мамандық.* Тіпті қатардағы барлаушы болған күннің өзінде мына далаға керек маман, *ділгер мамандық* иесі деп бағалаған (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

Ділгер мәселе. *Өткір қойылған өзекті мәселе.* Орта Азия мен Алтайдан келген ғалымдар да өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, *ділгер мәселелер* төңірегінде пікір алысқаны мәлім (Қ.Сейдеханов, Қаһарман.).

Ділгері құрыған. *Мысы құрыған, дәрмені кеткен.* ≈ *Ділгері құрыған* бала.

ДІЛГЕРЛЕ= е т. *Жеделдету, дызықтыру.* Ықылас кіржің ете қалды. «Тез жүріңіз» деп *ділгерлегені* шымбайға батты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ДІЛГЕРЛЕН= е т. *Жеделдетілу, жөппелетілу, тездетілу.* Бұл – бүгінгі таңда бұрынғыдан да бетер *ділгерлене* түскен мәселе (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

ДІЛГЕРЛЕНУ *Ділгерлен етістігінің қимыл атауы. Ділгерленуі* жөн болды (Ауызекі).

ДІЛГЕРЛЕТ= ет. *Жеделдеткізу, тездеттіру, жөппелеткізу.* Өртенбесе өмірі аз үміттің. Басыңды имей *д і л г е р л е т*, сандалт, құлдырат («Лен. жас»).

ДІЛГЕРЛЕТУ *Ділгерлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жұмысты *д і л г е р л е т у.*

ДІЛГЕРЛЕУ *Ділгерле етістігінің қимыл атауы.* Тез, тез – деп *д і л г е р л е у м е н* болды (Ауызекі).

ДІЛГЕРЛІ с ы н. *Мұқтажды, зәрулі.* Жәмила да бұрын жетіп үлгерді, Қазір оған кім бар біздей *д і л г е р л і!* Алғашқы емді жедел істеп Бориске Ықыласын Машаға да ол білдірді (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

ДІЛГЕРЛІК з а т. *Ділгер болушылық, зәрулік, мұқтаждық.* Осы жағынан келгенде, біздің Қазақстан табиғатының өзіндік ерекшелігі, өз *д і л г е р л і г і*, өз проблемасы бар! Соның негізгісі су мен өсімдікке саяды (Туған жер). Осындай *д і л г е р л і к т е н* құтылу үшін ат спортының ережелері мен нормативтерін жеке кітап етіп шығарған жөн болар еді («Лен. жас»). Қысқасы, қалай ойласақ та, садақаларды Алла тағала адам баласын *д і л г е р л і к т е н* шығару үшін беруге бұйырған («Қазақ»). Ол *д і л г е р л і к* қазіргі жүріп жатқан жаһандану процесі барысында бұрынғыдан бетер күшейе түспек («Егемен Қазақстан»).

ДІЛГЕРСІН= е т. *Зәру болғансу, мұқтаж санау, қат көру.* Осы да жақсы кім білсін, *Д і л г е р с і н* көңіл, *д і л г е р с і н.* Өкініш, ынсап бір жүрсін. Алайда доссыз өткерген, Күн құрсын, бауырым, күн құрсын (М.Мақатаев, Шығ.).

ДІЛГЕРСІНУ *Ділгерсін етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і л г е р с і н у д е н* танбады.

ДІЛГІР с ы н. с ө й л. ***Ділгер***. Заводта сол кездегі бір *д і л г і р* нәрсе –темір арқан, онсыз көмір шықпайды (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Айға да алып барар корабльдер, Шашылар Шолпанға да лала гүлдер. Таяғың жетпес қашық жол болса да, Жерде де саған, шопан, дала *д і л г і р* (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

Ділгір болды. *Өте зәру, мұқтаж болды.* Қалған тұнып жер аспан, *Д і л г і р б о л ы п* бір тілге. Зердей сұлу Зәравшан – Сенің күміс күлкің бе? (С.Мәуленов, Шығ.). Фабрика-заводтар біртіндеп жүре бастаған соң, жалпы еңбекші халықтың *д і л г і р б о л ы п* отырған керек-жарақ нәрселері біртіндеп дамып шыға бастады (С.Сейфуллин, Шығ.) Балалық шағымыз сонау соғыс жылдары өткен біздер кезінде кенеп бәтеңкеге де *д і л г і р б о л ғ а н ы м ы з* әлі есімде («Лен. жас»).

ДІЛГІРЛІК з а т. с ө й л. ***Ділгерлік***. Ол қоғамдық *д і л г і р л і к т і* жанымен сезінетін, өзінің кісілік табиғи қасиетін сақтай алған (Уақыт және қаламгер). Тамалар тайпасының найзагерлері мен мергендігінде соқтықпалы өмірдің *д і л г і р л і г і* жатады (Т.Әлімқұлов, Шежіре). Бастарын қатырған Әбзи саудагердің қарызы, бір көлікке *д і л г і р л і г і* – бәрі осы сәтте естерінен шығып кеткендей (І.Жақанов, Махаббат вальсі). Ауылға жолың түспейді, Байлайды жіпсіз *д і л г і р л і к.* Айларға айды үстейді, Бір күннің қамы – бір жылдық (М.Әлімбаев, Ту тіккен).

Ділгірлік сорына белден батты. *Мұқтаждыққа түсті, жоқтық-мұқтаждық азабын тартып отыр.* Кедейлік жаншып, *д і л г і р л і к с о р ы н а б е л д е н б а т ы п* отырған жоқ-жітікке жаны ашыды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ДІЛДА [ир. طلا] з а т. к ө н е. **1.** *Құны бес теңгелік алтын ақша.* Кемпір-шал қорыққаннан лажсыз көнеді. Боз інгенді базарға апарып, бір керуенге алпыс *д і л д а ғ а* сатады (С.Сейфуллин, Шығ.). Ғаббас тағы да еш нәрсе сатып ала алмайды да, қайтарында жиырма *д і л д а ғ а* бір күшік сатып алады (С.Қасиманов, Алтай.). Қос уыс *д і л д а* берді Әзімге шал: – Сенің ортақ малың, – деп, мендегі мал. Шешілісіп, сырласып отыралық, Әртүрлі қымбат баға ішкілік ал (Абай, Тол. жин.). **2.** *Алтын, күміс ақша.* Хан: «Су тапқан адамға көптеген мың *д і л д а* алтын беремін» деп жар салыпты (Қаз. ертег.). *Д і л д а* артып жеті атанға Мырқы, Жақып, Байымыз Басықара о да жатыр (Айтыс). Қызына жасау-жабдығын, Алтын *д і л д а,* сандығын, Санағанмен таусылмас (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.).

Қой басындай ділда. *Алыс-беріске жұмсалатын алтын.* Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, *қ о й б а с ы н д а й д і л д а* алайын, сонан соң екеуміз қашайық (Қаз. ертег.).

Төбесінен ділда құйды. *Үлде мен бүлдеге орап, баптап күтті.* Шенқұмар арын сатпай жата алмайды, Өйтуге біреу ардан бата алмайды. Біреудің *т ө б е с і н е н д і л д а қ ұ й с а ң,* Ар-намыс, жолдастықты сата алмайды (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ДІЛДАЛЫҚ с ы н. *Ділдаға тұрарлық.* Сөзінің әр ширегі мың *д і л д а л ы қ,* Әр қарпі алуан-шекер балдай татыр (Ақан сері, Шығ.). Мың *д і л д а л ы қ* мұңымның бағасы бар, Бұл жақұтты қолыңа салғын деді (Ғашық-наме). Толықсып туған айдай нұрлы жүзі, Алты мың *д і л д а л ы қ* бір басқан ізі. Сыртынан сымбатына түссе көзің, Бейне бір секілденер хордың қызы (Батырлар жыры). Қаздауысты Қазыбек, Қара палуан Жәнібек, Жалғанда тумас ер еді. Кешегі Шөже, Орынбай, Жанақ, Біржан, Наурызбай – Бір сөзі мың *д і л д а л ы қ,* Алты алашқа атақты – Бәрі ақын, сері еді (М.Жұмабаев, Шығ.).

ДІЛДАР з а т. *Тілі мен жағына сүйенген берекесіздеу адам.* Шешенсіген *д і л д а р д а н* үндемейтін есті артық (Мақал).

ДІЛДӘ з а т. с ө й л. ***Ділда***. Көп үйқысыз түндер бөліп, *д і л д ә д а н* артық шапан кидірген, жаны – ақын көңілі – әнші, сәнді, сұлу өлеңдей, қарындасым Ақтоқтыға тәжім ет (С.Жүнісов, Ақан сері). Ол кездегі *д і л д ә н і ң* салмақтық мәні бізге белгісіз, ал ақша курсы бойынша бұл алтын монеттерді орыс ақшасына шаққанда төрт сомдық күміс ақшаға жуық болады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Ілгеріде бір бай саудагер баласын алыпсатарлыққа баулу үшін қолына екі мың *д і л д ә* беріп, базарға бара жатқан бір топ адамға қосып жіберіпті (Ә.Жылқышиев, Өмір.). – Сарайдан барып мың *д і л д ә н і* санап ал, бірақ төрт жылдан төрт күн кешікпейтін бол, – деді (С.Сауытбеков, Аютас). Үш мың үш жүз *д і л д ә г а* кетті сатып, Шешесіне ап келді таңырқатып. Шешесі: – Сол кісіні шақыр! – деді, – кетсін, – деп – үйімізден дәм-тұз татып (Абай, Тол. жин.).

ДІЛМАР с ы н. **1.** ж а ғ ы м д ы. *Тілге шешен, сөзге бай, тілмар*. Назым Хикметтің шығармасындағы ерекшеліктерін талдағанда Мұхаң ойының тереңдігіне, тілінің *д і л м а р* шешендігіне таң-тамаша қалдық (Қ.Бадыров, Өткендер). Ақметжан Нұртазин – Солтүстік Қазақстан облысында туылып өскен, жасынан өлең шығарған, жиын-тойларда айтысқа түскен *д і л м а р* ақын («Қаз. әдеб.»). Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді, сауатсыз болса да өте *д і л м а р,* шешен кісі бопты (К.Әзірбаев, Аңыз.). Жолдастар, ол сөзге ағып тұрған шебер, *д і л м а р*, топты бастар көсем, дау шешкен шешен болатын (Ә.Әбішев, Замана.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Сөзуар, мылжың, керауыз. Д і л м а р* Ырысбек енді бір желпініп, үшкір тілін әзіл жаққа жүгіртіп тағы бір көтерді (Ғ.Сланов, Жанартау).

Ділмар сөз. *Гибрат түрінде айтылатын бейнелі сөз, қанатты сөз, афоризм. Д і л м а р с ө з* атауын енгізген Шәкерім Құдайбердіұлы *д і л м а р с ө з д і* «Мәнді сөздер» деп атаған (С.Негимов, Шығ.). *Д і л м а р с ө з д і ң* мақалмәтелден ерекшелігі оның авторының белгілі болатынында (С.Негимов, Шығ.). *Д і л м а р с ө з* ойды жинақтап, тереңдетіп, өрнекті, кестелі айтуға, мейлінше қысқа тұжырымға, өткір мәнерлілікке, парасатты пайымға негізделеді (Қазақст. ықшам энц. сөздігі). *Д і л м а р с ө з д е р*: а) Отан, халық, дәуірге, ә) оқу-білім, ғылым-өнерге, б) ақыл-парасат, арман-мақсат, үміт-тілекке, в) адамгершілік асыл қасиеттерге, г) достық, махаббат, ұрпақ, өмір, уақыт, ата-ана тәрбиесіне, мінез ерекшеліктеріне қатысты жасалады (Әдеб. термин. сөздігі).

Топтан озған ділмар. *Өрен жүйрік сөз шебері.* Исатай *д і л м а р* еді *т о п т а н о з ғ а н,* Нар еді бәйтерекке басын созған. Кешегі Исатайдың арқасында, Ие еді ен дәулетке басыбайлы (Шернияз, Шығ.).

ДІЛМАРЛАН= е т. *Тілі мен жағына сүйеніп, бос сөзге салыну, білгішсу, шешенсу.* Қаншама жеңгесі *д і л м а р л а н с а* да, жүрек түбінде әлдене жетпей тұрғандай бір қуыс орын қала берді-ау, қала берді. Ол орын немен толады, Құдай білсін (З.Шашкин, Сенім). Барлығыңқырап жай сөйлейді. *Д і л м а р л а н ы п* орынды-орынсыз сөзге араласып күле береді (М.Қаназов, Жер кіндігі). Көп оқыған сенің алдыңда аз оқыған шофер басыммен *д і л м а р л а н ғ а н ы м* қалай болар екен? (Ғ.Қабышев, Тарихта.).

ДІЛМАРЛАНУ *Ділмарлан етістігінің қимыл атауы.* Жайшылықтағы *д і л м а р л а н у ы н* қазір де көрсетіп тұр (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы.).

ДІЛМАРЛЫҚ з а т. **1.** ж а ғ ы м д ы. *Ділмар болушылық, сөзге жүйріктік, шешендік, тілмарлық.* Сылдырыңнан *д і л м а р л ы қ* сезінемін, Сезіміне сан түрлі сыр ұқтырған. Туған жердің сен титтей көзі ме едің, Шараңа барлық әлем тұнып тұрған (Қ.Бұғыбаева, Жыр мен жүрек). **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Сөзуарлық, керауыздық, мәнсіз сөз қуушылық.* Біреуді-біреу тоспай сөйлейтін *д і л м а р л ы қ* енді басталды. Білгірліктің тиегі ағытыла жөнелді (С.Талжанов, Адам тур.). Жөнсіз *д і л м а р л ы қ* адам мінезіндегі ұнамсыз сипат («Қазақст. әйелдері»). Әйтсе де, ділмар адамның әу бастан сөзге ебі бар болғандықтан, өзінің бұл қабілетін дұрыс бағытта дамытып, сөздің дәмін ойдың дәнімен толықтыруды үйренсе, *д і л м а р л ы қ* шешендік қасиетке ұласуы да ғажап емес (ҚҰЭ).

Ділмарлыққа салды [салынды]. *Ділмарланды, шешен сөйледі.* Нұрлан іштей Раушанның өкінішін құптамады, *д і л м а р л ы қ қ а с а л ы н ғ а н* ерке келіншектің құбылмалы мінезінің өткір қыры екенін түсінсе де, жауап қайыруға асықпады (З.Шашкин, Сенім). Кейбіреулері сөзді үсті-үстіне сапыра сөйлеп, *д і л м а р л ы қ қ а с а л ы п* , шешендік көрсетіп, керауыздыққа басып жатты (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ДІЛМАРСУ *Ділмарсы етістігінің қимыл атауы.* Кейбір жастар *д і л м а р с у ы н* қара, өзім де білем дегендей тыжырынып, іштей жирене қарайды (Л.Байтанаев, Жаңбыр.). Осы мақсатты ұстаған ақындарымыз жалған сезімді жырлаудан, құрғақ ақыл айтудан, білгішсініп *д і л м а р с у д а н* арыла бастады («Лен. жас»). – Браво, браво! – деді Майра жас балаша мәз болып. Бірақ осы сен кіп-кішкентай болып, *д і л м а р с у д ы* қайдан үйреніп жүрсің? («Қаз. әдеб.»).

ДІЛМАРСЫ= е т. *Шешенсу, ділмарлану, тілмарсу.* Жанай өзінің аяқасты осынша *д і л м а р с ы п* шешен боп кеткеніне қайран қалды. Бұрын әкесімен бүйтіп сөйлесе алмайтын

(С.Мұратбеков, Көкорай). Қашаннан бері біздің ауылдың *д і л м а р с ы г а н,* сөзуар шалдары бір тәуір сөзді айтады да, ол қулық болса Алдар Көсеге, аңқаулық болса Қожанасырға, батырлық болса Абылайға, данышпан болса Лұқпанға таңа салады (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Еркексініп, келсін-келмесін орамал салған пенде алдында *д і л м а р с и* қалу менде де бар (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

ДІЛМАРСЫН= е т. *Шешенсіну, білгішсіну.* Жылқыбай – *д і л м а р с ы н ы п,* ақыл айтуды қаламайтын жігіт (Ә.Ибрагимов, Нағыз.).

ДІЛМАРСЫНУ *Ділмарсын етістігінің қимыл атауы. Д і л м а р с ы н у* – жақсы әдет емес (Ауызекі).

ДІЛМАРСЫТ= е т. *Тіл мен жағына сүйендіру, шешенсіту.* Жақанды көп *д і л м а р с ы т а* бермей, сабыр сақтауға шақырды («Соц. Қаз.»).

ДІЛМАРСЫТУ *Ділмарсыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і л м а р с ы т у д ы* қаламайды.

ДІЛМӘР с ы н. с ө й л. ***Ділмар***. Жібек – аттыға сөз, жаяуға жол бермейтін пысық, *д і л м ә р* келіншек (С.Омаров, Дала қызы). Тықылдаған бір *д і л м ә р* жас жігіт, өне бойы толған сөз, білмейтін бәлесі жоқ (С.Талжанов, Ұлдай.). Бір сөздің шетін шығарсаң, ине-жібі дайын тұратын *д і л м ә р* қазақ көп, жан-жаққа бұрып ап кете береді (Е.Әкімқұлов, Перизат.).

ДІЛМӘРЛІК з а т. с ө й л. ***Ділмарлық***. Құрылтай жиналысының желігімен елді аузыма қаратсам-ау дейтін земство комитеті *д і л м ә р л і к к е* басқан (Т.Кәкішев, Сәкен Сейфуллин). Бұл *д і л м ә р л і к* емес, өз бойын жасырып, өзге бір арсызды айдап салатын атқамінерлер мінезін дәл мегзейтін теңеу (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бұл – *д і л м ә р л і к* емес, кедей бұқараның тілі шыға бастағанын көрсететін теңеу (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ДІЛМӘРСУ *Ділмәрсі етістігінің қимыл атауы.* Жұмағали нақылдарында тым ескіше сарын бар сияқты. Мазмұны жаңа болғанымен, түрде, әсіресе, *д і л м ә р с у г а* бой ұру басым тәрізденеді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Осы мақсатты ұстаған ақындарымыз жалған сезімді жырлаудан, құрғақ ақыл айтудан, білгішсініп *д і л м ә р с у д а н* арыла бастады («Лен. жас»). Әлі он гүлінің бір гүлі ашылмаған балғын шәкірттер алдында өзін-өзі мадақтағандай *д і л м ә р с у д ы ң* қажеті қанша (Өрлеу). Оның кім екенін сізге менің тәптіштеп жатқаным жөннен кетіп, жосықтан асқан *д і л м ә р с у* болар еді (А.Сүлейменов, Бесін).

ДІЛМӘРСІ= е т. с ө й л. ***Ділмарсы***. *Д і л м ә р с и* бермеңіз, бикеш. Жамандық әрқилы жерге жол табады! (С.Алдабергенов, Асу). Ә, *д і л м ә р с і м е й* кет әрі, – деп Жалықпас қария үлкен ала көздерін аудара бір қарады да, Асаубайды итеріп тастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Е, мақұл, көмгені құрсын, көмбей-ақ қояйық, көмбей-ақ. Менің жазығым колхоздың тиынын қорғау ғой, тиынын. *Д і л м ә р с і г е н* Жүлдебекпен мені шатастырма, мені (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

ДІЛМӘРСІН= е т. с ө й л. ***Ділмарсын***. Босқа *д і л м ә р с і н і п* көп аптыға берме (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). Әр сөзін *д і л м ә р с і н і п* астарлаған, «Сасық» ақыл айтушы дос та жаман. Гүл іздеп қаңғырғанша айдалада, Табамын бал дегенді асханадан (Т.Бердияров, Бозторғай).

ДІЛУАР с ы н. ж е р г. *Тілмар, шешен, сөзшең.* Данышпан, білгір халықтан, *д і л у а р,* сөзгер топтан, үлгілі жолгер қарттан шығады, – депті («Қаз. әдеб.»).

ДІМҚАР с ы н. с ө й л. ***Дімқас***. Әрі *д і м қ а р,* әрі жасқаншақ Бораш та өз жолын тауып түскелі жүр (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Қалалық ақша бөлімінің бір налог жинаушысы алғашқы әйелі өлген соң, *д і м қ а р* кемпір мен балдызы Ақботаға ұсақ-ұлан жәрдем көрсетіп жүріп қолына қондырып алған (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

ДІМҚАС с ы н. **1.** *Кемтар, мүгедек, жарымжан, сырқат, науқас.* Әмірбекті күлкі мен жөтел бірден қысты. Көксау, *д і м қ а с* адам күліп, жөтеліп болғаннан кейін, кеудесін сырылдата алқынып отыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қарт малшы Сәкеңнің егделеп қалған әйелі Жақсыбала *д і м қ а с,* сырқат адам («Лен. жас»). Әтеке, бармай-ақ қойыңыз, көп жер, шаршайсыз және ұзақ жүріс сіздің *д і м қ а с* кеудеңізге жақпас (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). **2.** а у ы с. *Істен шыққан, бұзылған, жөндеуді керек ететін.* Тетігі бүлінген *д і м қ а с* мәшинені таң атқанша қозғамайтын болып, айнала отырып алған төрт жолаушы аздан соң күрешкелерге шөпілдетіп құйылған ыстық шайды сораптауға кірісті (Ә.Әзиев, Жез тау.). Трактор шеберхананың ауласына *д і м қ а с* боп кіреді, су жаңа болып шығады (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

ДІМҚАСТАЙ с ы н. *Дімкас сияқты, ауру адамдай.* ≈ *Д і м қ а с т а й* қымтанғыш адам.

ДІМҚАСТАН= е т. *Сырқаттану, ауыру.* Кемпір-шалымыз күн бұлттанса болды, белдері сырқырап *д і м қ а с т а н ы п,* бастарын төсектен көтермейді («Қаз. әдеб.»).

ДІМҚАСТАНУ *Дімкастан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқ-қолының *д і м қ а с т а н у ы.*

ДІМҚАСТАУ с ы н. *Аурушаңдау, науқашаңдау.* Апам қазір *д і м қ а с т а у* (М.Байтұров, Сырбұлақ.). Келін әлі *д і м қ а с т а у,* еліне келіп тұрмысы оңалды ғой (Ә.Нәбиев, Кертолғау).

ДІМКАСТЫҚ з а т. *Дімкас болушылық, аурушаңдық, жарымжандық.* Үлкен ұлымның *д і м к а с т ы ғ ы* бізге қиын болды («Қазақст. әйелдері»).

Дімкастық меңдеді. *Ауруы асқынды, науқасы күшейді.* Биыл *д і м к а с т ы ғ ы м е ң д е п* бара жатқан соң, совхоздан сауындық бие берген (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ДІМКӘР с ы н. с ө й л. ***Дімкас***. Табиғатта адамдар да *д і м к ә р* болып туылады. Қолдары немесе аяқтары жоқ, денелері бірігіп біткен, үш көзі, екі мұрны бар балалар... (М.Исқақов, Соқыр сенім.). Қамбар тартып жөнелді, Көп сөйлесіп сұлудың, Тарқатпады құмарын. Шоқытып кетті тұлпарын, Құртып сол сұлудың *д і м к ә р і н* (Қамбар батыр).

ДІМКӘРЛІК з а т. с ө й л. ***Дімкастық***. Бүкір бала сирек туылады, әдетте ондай *д і м к ә р л і к* екіқабат әйелдің биіктен құлауынан немесе құлаған үйіндінің астында қалып қатты зақымдануынан, жалпы ананың денсаулығына байланысты болады (М.Исқақов, Соқыр сенім.).

ДІМКӘС с ы н. с ө й л. ***Дімкас***. Жігіттің бұл жүрісі жүрегінде қобалжу ғана емес, тілгілеп, жұлқылай тартқан қиын ауруы бар *д і м к ә с,* жарымжан адам іспетті (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Дариғаның күйеуі өзі айтқандай, ұзаққа созылған туберкулез ауруы бар *д і м к ә с* кісі екен, көп ұзамай қайтыс болыпты (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Адам жеке-жеке жүріп күнелте алмайды, себебі: адамның хайуандай азуы, тұяғы, тырнағы, мүйізі жоқ, суық пен ыстыққа шыдамсыз һәм адам ол хайуан қалпынан кетіп қалды және адамның кәрі, жасы, ауруы, *д і м к ә с і* бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жақын қайнысы жайлы жат хабар *д і м к ә с* жүрегін жаралап кете ме деп кәрі анама жаңа келген жайсыз жайтті айта алмай, көп дағдардым (Ә.Жылқышиев, Өмір.).

ДІМКӘСТАН= е т. с ө й л. ***Дімкастан***. Соңғы кезде сәл *д і м к ә с т а н ы п* жүрмін, көп ас та батпайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДІМКӘСТЕН= е т. с ө й л. ***Дімкастан***. Омаров Жұмабектің фермасына барып отырғанбыз. Шопан бұдан бұрын *д і м к ә с т е н і п* қалып, жаңадан тұрған екен («Лен. жас»).

ДІМКӘСТЕНУ *Дімкәстен етістігінің қимыл атауы.* Тамақта витаминнің жетіспеуінен адам ағзасының әлсіреп *д і м к ә с т е н у і* мүмкін («Денсаулық»).

ДІМКӘСТІ с ы н. *Денсаулығы бұзылған, ауруы бар.* Шал болса *д і м к ә с т і,* ауырып үйде жатыр (Д.Исабеков, Шығ.).

ДІМКӘСТІК з а т. с ө й л. ***Дімкастік***. *Д і м к ә с т і г і н е* қарамай, Мұқан дені сау, әрі өзінен жасырақ бізден әлдеқайда көп еңбектенетін («Лен. жас»). 1965 жылы мектеп директорының *д і м к ә с т і г і* мен аңғалдығын пайдаланып, ешқашан да кешкі мектепте оқымаған адамдарға оқыды деп жалған документ бергендігін үшін мұғалімдік қызметіңнен бір рет босанып сың («Лен. жас»). Алпысқа келген жасы мен *д і м к ә с т і г і н е* қарамай бұл ер келбетті азамат ел шетіне жау келгенде жер астына қайта түсті (Қ.Сақабаев, Шығ.).

ДІМКЕС с ы н. с ө й л. ***Дімкас***. Ері далада жұмыста жүрсе, ата-енесі *д і м к е с* болса, үйде басқа бас көтерер кісісі болмаса не шара қылады? (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Кемпірге қарап жүрген бұл екі жігіт жоқ-ты. Өзі *д і м к е с* шешені қорексіз жүртқа тастап өздері бұлай кетті (З.Шүкіров, Ізгілік.). Ылғи ауыра беретін *д і м к е с* анасы Сара алты жасқа жеткен Маратты Көкшетау облысының Володар ауданындағы балалар үйіне өткізбеске амалы қалмады (Б.Әдетов, Парасат).

ДІМКЕСТЕУ с ы н. с ө й л. ***Дімкастау***. Николай Павлович, онда совхоздан көмекке жүрген Сарыбаевтың орнына барайын. Ол бейбақтың денсаулығы *д ы м к е с т е у* ғой, – деді (Сыбызғы). Шәйгүлдің сұрағына жауап берген Ұлпа әжей еді. Бұл күнде жастық уыты қайтқан қарт ананың бір көзі *д і м к е с т е у* болатын (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Күнсұлу *д і м к е с т е у* болатын. Тамағын қағып жөтелетін (Ж.Аяшев, Алақан).

ДІМСЕ с ы н. к ө н е. *Қымбат, бағалы.* Екі мерген келеді су өрлесіп, Күн суығын білмейді көңілі өсіп. Сүйіншілеп екі адам қалса жетіп, Сары хан *д і м с е* шапан берді шешіп (Қозы Көрпеш.).

ДІН[1] [ар. دين] з а т. <лат. religio> *Адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сеніп, оны мойындауға негіз болатын адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Д і н* жолын бекем ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған (М.Әуезов, Әр жыл.). Аз да болса *д і н г е* сенетін жастар арасында жұмыс жүргізгенде, олардың діни сенімдерінің терең, әлде тайыз екенін зерттеп, біліп алған жөн («Қазақст. әйелдері»). Әлемдік *д і н д е р д і ң* әрқайсысы түрлі ағымдар мен конфессияларға бөлінеді (ҚҰЭ). *Д і н н і ң* басты белгісі – адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және оны мойындау (Қазақст. ықшам энц. сөздігі).

Дін жолы. *Тұтынатын дінінің ұстанымы, бағыт-бағдары.* Діншілдердің түсінуі бойынша, Пайғамбарға бағынудан бас тартса, онда ол *д і н ж о л ы н а н* шығады (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Дін иелері. *Дін үйретуге қызмет ететін діндар адамдардың тобы.* Ел басқару мен маңызды мәселелерді шешуге *дін иелері* белсене қатысты («Түркістан»). Абай қазақ арасындағы орыс, өзбек, татар т.б. халықтарға қарсы айтылып жүрген *дін иелері* мен үстем тап өкілдерінің теріс пікірлеріне қарсы шығып отырады (Х.Сүйіншәлиев, Ізденіс.). Медресе ашылатын күні оған *дін иелері*, шайхылар жиналды (А.Көбесов, Сөнбе. жұлдыз.).

Дін күтті. *Құдайға сиынды, жолын қуды.* Сенен хандық кетті, Менен жыл қуған жастық кетті. Енді *дін күтті*, Жан бағатын уақыт жетті (Шортанбай ақын, Шығ.).

Дін мұсылман [дін ислам]. *Мұсылман дініне енушілердің бәрі, ислам дінін қолдаушылар.* Бұрынғы өткен заманда, *Дін мұсылман* аманда. Он сан ноғай елінде Шаншар хан атты ханы бар (Батырлар жыры). Өлең ғып ем өзгені, Мұны жырлап жазайын. Құлағың салып тыңдағын, *Дін мұсылман* ағайын (Мұңлық-Зарлық). Бұхара баратұғын базарымыз, Жақын боп *дін исламға* таза жүрміз. Алып кеп ұламадан молда сақтап, Айтылар әр ауылдан азанымыз (Айтыс). *Дін исламның* жолындағы пенделер иманның хақиқатын білсін (Абай, Тол. жин.).

Діннен азды. *Құдай жолынан безді деген мағынада.*

Діннен шықты [безді]. *Дін жолынан тайды. Діннен шықтың,* кәпір! Жасың отыздан асқанша, балаң «балығ» болғанша, басың «сәждеге» бір тиген жоқ, күпірлігің осы емес пе? (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Сонау Сейхун өзенінен – табиғаттың сыйынан, Жалғыз құлақ су бермейді-ау, *Діннен безген* Бүйі хан (М.Шаханов, Қыран. қонба.). *Діннен* де *безбе,* елден де безбе (Мақал). Әлгі *діннен безген* қай жаққа бет алды екен, соны білейін, – деді ол (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Дін оқуы. *Діни сауат ашатын оқу түрі*. Күні-түні Құдайға сиыну, *дін оқуын* оқу, қағидаларын жаттау олардың негізгі міндеті (Ә.Шәріпов, Алыс.). Шариғат үйрету мен *дін оқуынан* басқаны көрмеген Иран бұл күнде дүниеде пайдаланатын оқу орындарын ашып, барлық шаһарларда бұрынғы молдалардың орнына мұғалімдер шығарды (С.Шәріпов, Бекболат).

Дін орны. *Сиынып, мінажат қылатын, діни сауатын көтеретін мекенжай.* Осы қалада *дін орны* болу керек қой деймін? – деп қарсы алды оны Крейн (Қ.Иманбаев, Жолдас.).

Дін психологиясы. *Діни сананың ерекшеліктеріне, құрылымы мен функцияларына негіз болатын психологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторларды зерттейтін психология саласы. Дін психологиясы* XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында пайда болды және діни сананың Құдай (рух), жұмақ, тозақ, күнә және т.б. ұғымдарды қамтитын мазмұны туралы, сондай-ақ намаз, дұға, жалбарыну және басқа да парыздарды атқару кезіндегі адамның эмоциялық күйі мен сезімдері туралы едәуір материал жинақталды (ҚҰЭ). *Дін психологиясында* әртүрлі теориялық-әдістемелік тұрғыларға негізделген бірнеше ағым бар (ҚҰЭ).

Дін тұту. *Дін қағидаларын ұстану. Тұтынған дініне* қарамастан, адамның – бәрі бір адам. Бәрінде де жеті мүше бірдей. Бәрінде де ақыл-ес бар (Ғ.Сланов, Асау арна).

Діні бөлек. *Ұстанған діні мен наным-сенімі мүлде басқа.* Кейде осылай өз туысқаныңнан, қарындасыңнан көрмеген қайырымды, қаны басқа, *діні бөлек* орыстың мұжығынан көресің (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Әттең *діні бөлек*, әйтпесе құда болуға Құдай өзі әдейі жіберген азамат секілді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа).

Діні жұмсақ. *Өте мейірімді, аяғыш, қайырымды.* Шын күйгені ғой, – дейді Мәрдіғали. Әйтпесе Мақсымның *діні жұмсақ* адам. Көріп жүрміз, ағайынға азары жоқ (З.Шүкіров, Отты өткел.).

Діні қатты [қатал]. *Мейірімсіз, қатыгез.* Ит-ай, *діні*ң қандай *қатты* еді? – деді бір уақытта күле қарап, – Мені қойшы, мына Алматыны қалай қиып кетіп барасың? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Құлағыңды сал кеңесіме, Ауруыңды маған бер егесіне. *Діні қатты* дүшпаным жұмсап, жылып, Дос-жараным көтерсін төбесіне (И.Оразбаев, Өмір.). Кеңгірбай, ит екенсің *діні*ң *қатты,* Жүрмісің көрмеймін деп ғарасатты. Не жауапты бересің пара алғанға, Би алдына барғанда әділетті (Дастандар). Қарияның соңынан келіншек күліп тұрып: – Шеше-ау, өтірік бата кімге керек! *Діні қатал* адам жанға жұмсақ сөз сөйлесе, ұры адам бізге адал бол деп ақыл айтса, Құдай алдында да, адам алдында да күнә болмай ма? – деп айқай салды (М.Дүзенов, Әке.).

Дін ілімі. *Әр алуан діндегі басты қағидаларды жүйеге келтіріп, олардың негізін дәлелді етіп көрсетуге бағытталған діни теорияның жиынтығы; теология.* Исламдық *дін ілімі* Құран Кәрімнен бастау алады («Ислам әлемі»). Буддалық *дін ілімі* Құдайдың бар екенін мойындайды (ҚҰЭ). Халқымыз «әулие», «ишан», «ахун», «дамулла» атағына ие болған жандарды қатты қадірлеген. Олар мұсылман қауымын *дін ілімін*е баулумен қатар халықтың қамқоршысы, жетім-жесірдің жоқшысы, жарлы-жақыбайлар мен кембағалдардың сүйеніші, ауру-сырқаулардың емшісі болды («Зерде»).

Дінін бұзды. а) *Ұстанған дінінен ауытқыды.* Бүгін ғана істіктің басына мінгізіп, қазақтың ғұрпын, *дінін бұзып*, сарнаған әнімен, маңына топтаған әңгүдіктерімен ел шырқын бұзған Ақанды даттап еді (С.Жүнісов, Ақан сері). ә) *Жолдан тайды; сертінен айныды.* Шопандар сені көріп созды қолын, Сенің үшін *бұздың дінін*, бұзды жолын. Туралықты бұзықтыққа алмастырған, Сенің түсің, сенің суың, сенің буың (М.Қалтаев, Шығ.).

Дінін сатты. *Арын, ұятын айырбастады.* Сарыбай өзі мерген маралды атқан, Маралға ит Қарабай *дінін сатқан* (Қозы Көрпеш.).

Дініне берік. а) *Ұстанған дінінен, оның қағидасынан ауытқымайтын.* О, ұқсамасаң тумағыр, бұл тұқым *дініне берік* қой, қарғадай болып үйінің иесіз тұрмағанын ойлап тұрғанын қарасайшы, – дейді әжем (Ж.Түменбаев, Қимас.). Бұрын өліп бара жатсын аузына арақ алмайтын, елтең-селтең бос жүріске салынбайтын, *дініне берік* Серіжан енді сақал-мұртын өсіріп жіберіп, жападан-жалғыз шошайып ресторанда отыратынды шығарды (Р.Тоқтаров, Ғасыр наны). ә) *Өте, қатал, қатыгез (адам).* Ақбала күйеуінің ықыласына да шімірікпей қойды. Еламан бұрын-соңды жас адамда, дәл мұндай *дініне берік* кісіні көрген емес (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ислам діні. *Дүниежүзіне кең таралған төрт діннің бірі. Ислам дінінің* негізгі қағидасы – Жаратушының жалғыздығына қалтқысыз сену (ҚҰЭ). Шаманизмді *ислам діні* қанша күш салса да, жеңе алмады (ҚСЭ). *Ислам дінінде гі* ең маңызды ғибадаттар: Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммедтің оның елшісі екендігіне сену, Құран Кәрімді оқу және түсіну, намаз оқу, дұға ету, рамазан айында ораза ұстау, зекет беру, Меккеге қажылыққа бару, ізгілік амалдар істеу, ғылыммен шұғылдану, адал жолмен ризық табу (ҚҰЭ).

Мұсылман діні. *Ислам діні. Мұсылман дінінің* шайхы, қази, молда сияқты дінбасыларын пайдаланды (ҚазССР тарихы). Әбдірахман *мұсылман дінінің* айрықша қамқоры бола отырып, исламның көп парыздарын орындай бермейді екен (О.Сәрсенбаев, Сағым). VII және XII ғасырларда *мұсылман діні* негізінде дінге табыну институты «Шариғат» пайда болды (Ә.Бәженов, Дүниеге. көз.).

Тілі тәтті, діні қатты. *Сыртқа сыр бермей, әкей-үкей болғанмен, істеген ісі мен қылығы қатыгездікті танытады.* Сарттың *тілі тәтті, діні қатты* (Ел аузынан).

Ұстанған діні. *Діни наным-сенімі, тұтынған діні.* Дүниедегі адамдардың өздері де, істеген істері де бір-біріне байласулы, жалғасулы. Бірі туысқан қанымен, бірі *ұстанған дінімен*, бірі көретін күнімен байланысып, матасып жатыр («Парасат»).

Христиан діні. *Будда және ислам діндерімен қатар дүниеге кең тараған діндердің бірі. Христиан діні* «Жұрттың бәрі Христос алдында тең, барлық адамдар туысқан, бауырлас», – деп жариялайды (ҚҰЭ). Қазір ол «социализм» дегеннен қасқырдан үріккен жылқыдай қашады, оның қазіргі сенімі – «*Христиан діні* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қыздың әкешешесі Ралиахметке: – *христиан дініне* көшсең ғана қызымызды береміз», – деп шарт қояды («Қаз. әдеб.»).

Шаман діні. *Күнге, Айға, көкке, отқа табынатын таптық қоғамға дейінгі дін түрі.* Қазақ халқы IX–X ғасырларға шейін *шаман дінінде* болып: Күнге, Айға, көкке, отқа табынды (Х.Әбішев, Аспан сыры). *Шаман діні* (немесе шаманизм) таптық қоғамға дейінгі діннің бір түрі (Саясаттану сөздігі). Қазақ ырымдары *шаман дінінен*, ісләмнан бастау алады және аралас, құранды болып та келеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ДІН[2] з а т. с ө й л. *Дің, діңгегі.* Екеуі де алқымынан дем алып, арқаларын шеңгелдің *дінderіне* тіреп жүрелей кетті (А.Мекебаев, Періште.). Қайың *дінінен* ойып, қоңыр түсті лакпен сырланған ұлттық аспабы – қобыз бен домбыра Мәскеудегі Халық шаруашылғы көрмесінің төрінен орын алған («Қазақст. әйелдері»).

ДІН[3]: дін аман. *Бәрі де сау-саламат, шығын жоқ, бұрынғы қалпынша.* Кетпей, келмей дүние тұра алар ма, Жаз да жетті-ау сағынтып тірі адамға. Жасыл шекпен жамылған төрем менің, Ауыл-аймақ, ел-жұртың *дін аман* ба? (М.Мақатаев, Шығ.). Хирургиялық жолмен денедегі кез келген сынған мүшені қалпына келтіріп, *дін аман* жазып шығару әдісі енді қолданыла бастаған еді (Б.Асанбаев, Адам сұлу.). Қалипа қолындағы қара портфелін ерсілі-қарсылы бұлғалаңдатып, мына пәлеңді ала кет, Әсіғат. Ішіндегі нәрселерің *дін аман*. Көргеннен басқа қиянатымыз болған жоқ (С.Омаров, Дала қызы). «*Дін аманмын*, бармын, алаң болмасын! Осыны білдір!» – деді (Ж.Жұмақанов, Шығ.).

Дін қойды. с ө й л . *Ден қойды (бар көңілмен, ынты-шынтысымен мән берді). Дін қойып* тәуекелге оқи берді, Қазіргі жігіт болған «бала Ғұмар» (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар). «Тегін адам ие бола ма?» деп, текті адамдарға *дін қойып* өскен бұл қыр жігіті: «Бәсе!» деп жалпақ басын бір шайқап қойды (Х.Есенжанов, Ағайынды). Жолмұқанға көбі *дін қойып* қарайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Дін таза. *Тап-таза, былғанбаған.* Шаңтозаңнан *д і н т а з* а болса да, алақанымен аялап сүртіп-сүртіп ойланып отырар еді (Е.Мырзахметов, Өмір.).

ДІНАРАЛЫҚ с ы н. *Әртүрлі дінге қатысты. Д і н а р а л ы қ* байланысқа ақау түсірмеу – үлкен жетістік («Егемен Қазақстан»). Мұндай көзқарас *д і н а р а л ы қ* қатынастардың шынайы мәнін түсінуге кедергі келтіріп қана қоймай, сонымен бірге түрлі конфессиялар мен мәдениеттер өкілдерінің арасында шиеленіс пен төзбеушілікті ұшындыруы мүмкін («Егемен Қазақстан»). Мерейтойлық сессияға қатысушылар Қазақстан қоғамын, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарын ұлтаралық және *д і н а р а л ы қ* қатынастар саласында салиқалы саясат және жоғары моральдық қағидаларды ұсынуға шақырған үндеу қабылдады («Қаз. әдеб.»).

ДІНБАСЫ з а т. *Дін идеясын ұйымдастырушы, соған жетекшілік етуші адамдар. Д і н б а с ы л а р ы* адамдарды Құдайдың еркінсіз іс істеуіне болмайды деп үйретеді (А.Құрманәлиев, Ислам діні). Сол себептен қазақтың дүниетанымы дамуы үшін философиялық пікірталастар көп болып және оған біздің философтармен қатар әр саладағы ғалымдар мен *д і н б а с ы л а р* да қатысуы керек («Түркістан»). Қазақстан мұсылмандарының III құрылтайында жаңа *д і н б а с ы* сайланды («Егемен Қазақстан»).

ДІНБАСЫЛЫҚ з а т. *Дінбасы болушылық.* ≈ *Д і н б а с ы л ы қ* қызмет.

ДІНБҰЗАР з а т. *Діннен безген адам, күнәкар.* Хан деп тұтынбаймыз. Мешітте оларды *д і н б ұ з а р* деп жариялап айтамыз, сосын халық та оларды мойындамайды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Алайда түрлі-түрлі *д і н б ұ з а р л а р* біздің ұл-қыздарымызды, аға-іні, апа-қарындастарымызды дуалап, еліктіріп, секталарына тартқанына, бізді іштен ірітіп, қоғамдық тұрақтылықты бүлдіре бастағанына көнгіміз келмейді («Жас Алаш»).

ДІНБҰЗАРЛЫҚ з а т. *Дінге қарсы әрекет.* Рухани агрессия жан-жақты қаржыландырылуда – *д і н б ұ з а р л ы қ қ а* жылына 12 миллиард доллар бөлінеді («Жас Алаш») // *Дінбұзар болушылық.* Астанада өткізген форумды қуаттаймыз, бірақ жат секталардың *д і н б ұ з а р л ы қ* әрекетіне көне алмаймыз («Жас Алаш»).

ДІНҒУАР с ы н. с ө й л. ***Діндар***. Басқаша айтқанда батағөй қарт сәбиге *д і н ғ у а р* молда, адал мұсылман болуды тілеген («Білім және еңбек»).

ДІНДАР [ар. دیندار] с ы н. *Дінге сенгіш, Құдайшыл, тақуа, соны.* Аруақ, Құдай енді есіне түсіп, сескене қалған *д і н д а р* шал артына қараған да жоқ, бірауыз тіл қатқан да жоқ, атын бұрып алды да, аулына қарай жөнеле берді (F.Мүсірепов, Таңд.). Нұрышты ораза ұстап, намаз оқымайды деп ауылдың *д і н д а р* адамдары жақтырмайды («Лен. жас»). Степанов шоқынумен бірге орыстың *д і н д а р* миссионері де еді (М.Шоқай, Шығ.). Бенареске барлық Индияның *д і н д а р* жандары әулие қала санап тауап қылып келеді (М.Әуезов, Индия очерк.).

ДІНДАРДАЙ с ы н. *Діндар тәрізді, діндар сияқты.* Чечен жігіті туасы тақуа көрінген *д і н д а р д а й* ертелі-кеш еңкеңдеп намаз оқып жатады («Қаз. әдеб.»).

ДІНДАРЛАУ с ы н. *Дінге сенгіштеу, діншілдеу, құдайшылдау.* Тырекең *д і н д а р л а у* адам еді, сол жолғы пәле жақпаған болу керек, ақыры ауру болды (Т.Әбдіқов, Айтылмаған). Қанағат аурудан тұрғаннан бері бір *д і н д а р л а у* мінез тапқан-ды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ДІНДАРЛЫҚ з а т. *Діндар болушылық, дінге берілгендік, діншілдік.* Діндар дәуірдің мақтау өлеңінде *д і н д а р л ы қ* көрініп тұр. Діндар дәуірден ілгері ақындардың сөзінен діндар дәуірдің ақындарының сөзінде керек емес артық сөздер толып жатыр (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ақтанның *д і н д а р л ы ғ ы* жоқ. Дегенмен, әйтеуір бір тылсым күштен іштей сескенетінді (О.Бөкеев, Мұзтау). Мақыш балаға әуелі діни тәрбие беру, бала «*д і н д а р л ы қ т ы* жасында әдет етсе, ұлың болған соң оны есінен қалдырмайды» – дейді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.)

ДІНДАРМАН с ы н. к ө н е. ***Діндар***. Түнғатқан абыз болған алдалаған, Жимаған жұрттан малын қолдан алған, *Д і н д а р м а н,* шариғаттың шартын құптай, Аулына Асан дейтін молданы алған (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДІНДАРСУ *Діндарсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқ астынан *д і н д а р с у.*

ДІНДАРСЫ= е т. *Дінге берілген, діндар адам болып көріну.* Үйге кірсем, бір адам шариғат айтып, *д і н д а р с ы п,* елді аузына қаратып отыр екен («Қаз. әдеб.»).

ДІНДАРСЫН= е т. *Дінге берілгенсу, діндар болғансу.* Тақуасынған, *д і н д а р с ы н ғ а н* молдекемдерге осы әңгімем жүрегін тіліп-тілім тұз сепкендей болатынына көзім жетеді (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

ДІНДАРСЫНУ *Діндарсын етістігінің қимыл атауы.* Өзінің мұншалық *д і н д а р с ы н у ы н д а* жеңілген, шаршаған адамның түрі бар (Ә.Сәрсенбаев, Даңқ).

ДІНДӘР с ы н. с ө й л. ***Діндар***. *Д і н д ә р* адамдар әрқашан ықыласпен айтуға парыз саналатын бір жайларды сұрайды (М.Әуезов, Абай жолы). Хиуа, Бұқар оқуын тауысқан Ахон мешіті бар, *д і н д ә р* адам (F.Сланов, Дөң асқан). Жұма күндері мешітке келіп, қолына

түскен тиын-тебенін қайыр садақа деп қалпенің алақанына салатын Қойшығараның *д і н д ә р* жан екенін қалпе білетін (Ә.Нәбиев, Қанат).

ДІНДӘРЛІК з а т. с ө й л. ***Діндарлық***. Рахмет бабайдың *д і н д ә р л і к* ұғымына күле тұрсаң та, екеуміз де балалық аңқаулық, балалық әуесқойлықтан арылып үлгермесек керек (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ДІНДЕС с ы н. *Бір дінге сенетін, діні бірге.* Жолықты талай жандар басқа *д і н д е с,* Айтпасам мән-жайымды басқа білмес, Бәрі де құрметтеді, аналыққа Бола ма жауыздықтан басқа күндес (К.Райбаев, Жаңа толғау). *// Бір діндегі, діні бір адам.* Көзіңді аш, есіңді жи, енді ойнама, Мені сен өз *д і н д е с і ң* деп ойлама! Мен отқа шоқынамын, дініме көн, Менде бардың бәрінен қауіп ойлама! (Абай, Шығ.). Қызмет көрсет халыққа, Игі ат қалсын артыңда, *Д і н д е с і ң д і* бауыр тұт, Қарамай қазақ, сартына (С.Дөнентаев, Шығ.).

ДІНДЕСТІК з а т. *Діндес болушылық.* Орталық Азия халықтары тілдерінің жақындығымен қоса *д і н д е с т і г і н* де алға тартты («Түркістан»).

ДІНДІ с ы н. *Діні бар, дінге сенетін.* Қазақстанда шамандықтың тұрмыста қалған салттары, әдет-ғұрыптары көп-ақ. Оның бірі – бақсылық. Осы себептерден Уәлиханов қазақ халқын шала *д і н д і* халық деп атады (Х.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Жауыққан топ сізді жат *д і н д і,* жат құдайлы жанға санайды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ДІНДІК с ы н. *Дінге қатысты, дінге тән.* Мұсылмандар мен индустар арасында *д і н д і к* алауыздық аса залал кедергі деп түсінеді (Р.Бердібаев, Достық.). *// Дінге қатыстылық. Д і н д і к* не деп сұрасаң, Бойлаған сөзін бұзбаған. Параны көрсе қызбаған, Әділ бір сөздің шындығы (Ы.Шөреков, Исатай-Махамбет.).

ДІНИ [ар. دينى] с ы н. *Дінге тән, дін тұрғысынан. Д і н и* кітаптар мен мифтер халықтың есінде қалған мәліметтерді өз бойына жинап, болған ақиқат оқиғалар елесін береді (Шарапат). О кезде Екібастұзда молдалар сабақ беретін жеті *д і н и* мектеп болған еді (Жарық жұлдыздар). Інжіл, Құран т.б. *д і н и* кітаптарда латын, грек, ескі славян, араб тілдері сақталып, осыларға қоса *д і н и* философия, мантық (логика) әптиек, иман шарттар оқулық ретінде пайда болды (Ислам энцик.). Қырқа үстінде бүкіл қазақ жері мен Түркістанға *д і н и* ғылымның ошағы болған, қалың мәуе ағашына бөленген көп құжыралы Қарнақ медресесі тұр (І.Есенберлин, Қатерлі).

Діни әдебиеттер. *Белгілі бір діннің мәні мен мағынасын түсіндіруге, уағыздауға арналған кітаптар, шығармалар, аңыздардың жиынтық атауы.* Ислам діниндегі ең басты *д і н и ә д е б и е т* – Алла тағаланың Жәбірейіл періште арқылы сүйікті пайғамбары Мұхаммедке бөлік-бөлігімен көктен түсіріп отырған 114 сүреден құралатын қасиетті Құран кәрім (ҚҰЭ).

Діни ғимараттар [құрылыстар]. *Дін парызын өтеуге, Құдайға ғибадат етуге арнап салынған құрылыс. Д і н и ғ и м а р а т т а р* мешіт, шіркеу, қылует, собор, синагога, монастырь, кирха, пагода т.б. деп әртүрлі дінде әртүрлі аталады (ҚҰЭ). *Д і н и қ ұ р ы л ы с т а р д ы ң* ішінде алтарь, михраб, мінбар сияқты діни уағыздар айтылатын орындар болады (Ислам энцикл.).

Діни дастандар. *Ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт ярының есімдеріне байланысты мифтік аңыздар негізінде туған дастандар.* Бұлар – «Сал-сал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлі», «Хазірет расулалланың Миғражға шыққаны», «Жұм-жұма», «Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны», «Жүсіп – Зылиха» т.б. *д і н и д а с т а н д а р* қазақ даласына 18 ғасырда әуелде ауызша, кейін жазба түрде тарай бастады (Ислам энцик.).

Діни дәстүрлер [ғұрыптар]. *Діни танымға байланысты ғұрыптар жиынтығы. Д і н и д ә с т ү р л е р* көп жағдайда халықтық салт, әдет-ғұрыптармен байланысты. Мысалы, неке қию, қайтыс болған адамды жерлеу және т.б. (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Ислам дінінің халық арасында кездесетін толып жатқан *д і н и ғ ұ р ы п т а р ы* бар, солардың бірі – үшкіру (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Ирандағы көптеген ежелгі *д і н и ғ ұ р ы п т а р,* соның ішінде, зороастризм ағымының қасиетті кітабы – «Авестаның» алғашқы тармақтары біздің жерімізде пайда болды («Түркістан»).

Діни қисса. *Пайғамбарлар мен әулие-әнбиелер, періштелер мен сахабалар т.б. өмірі мен олардың дін жолындағы іс-әрекеті туралы шығарма. Д і н и қ и с с а л а р* сюжеті Құран Кәрімнен, Інжілден, Таураттан алынған (ҚҰЭ). ептеген әдебиеттен хабары бар ел адамдарымен отырғанда Бекет ел арасына тараған шығыс әдебиетінен тек қана «Жүсіп-Зылиха» атты Жамидің хиссасын бөле бағалап, «Сал-Сал», «Зарқұм», «Хасен-Хүссейін» атты *д і н и қ и с с а л а р д ы* құлли өтірік нәрселер деп бағалап отырғанын естігенім бар еді (І.Омаров, Шабыт шалқары).

Діни лауазымдар мен атақтар. *Әрбір діндегі ішкі құрылымдық ерекшелікке қарай сатыланатын қызмет пен атақтар.* Ислам дініндегі *д і н и л а у а з ы м ғ а* мүфти, ахун, молла, дамолла, қари, имам, муаззин, мүрид, қажы, пірәдар т.б. жатады (Ислам әлемі). Қазақстанда *д і н и л а у а з ы м м е н а т а қ т а р д ы ң* ең жоғарғысы Бас мүфти болып саналады (ҚҰЭ).

Діни мерекелер [мейрамдар]. *Әрбір дінді ұстанушылардың ерекше қастерлейтін мейрам күндері. Діни мерекелердің* ішкі мазмұны мен аталып өтілуі жеке діннің тарихына байланысты (ҚҰЭ). Үндінің әріден келе жатқан классикалық драмалары Рамаяна мен Mahaбхаратаның сюжеттерінен алынып, елді мекендерде *діни мейрамдарда* орындалатын болған (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Діни оқу орындары. *Діни қызметкерлер, діntанушы мамандар даярлайтын, жалпы халықтың діни сауатын ашуға арналған оқу орындары.* Кәдімгі өркениетті елдердің *діни оқу орындары* сияқты мұнда да бірнеше кафедралар болады. Ислам тарихы, араб тілі мен әдебиеті, мәдениеті, философиясы тереңдетіле оқылады («Егемен Қазақстан»). *Діни оқу орындарына* ортақ сипат – негізінен діни кітаптарды (Құран, Інжіл т.б.), діни пәндерді оқыту тілі ретінде араб, санкрит, латын, грек, ескі славян тілдерінің сақталуы (ҚҰЭ).

Діни уағыз. *Діннің өзгермейтін, даусыз «ақиқат» деп танылатын негізгі қағида ережелері. Ислам дінінің басты уағыздары Құран мен Суннада жинақталған.* Діни дастандарда *діни уағыздармен* бірге батылдықты, батырлықты, намысты, бір сөзділікті мадақтау да бар (Ислам энцик.).

ДІНҚАРЫНДАС з а т. *Діні бір туысқан. Дінқарындас* баршаңызға көп-көп сәлем, Сіздерге бөгде сәлем ғибрат кәлам (Ақмола ақын, Шығ.) Ноғайлар қазақтарға дін қарындас, рәсім-заңдары, тілдері бірдей. Өздерінің *дінқарындастарына* жуысар егін салғышы яки ғайри басқа өнерімен («ДУГ»).

ДІНСІЗ с ы н. **1.** *Дінге сенбейтін, Құдайды мойындамайтын.* Егер бұл ана сырттан қамаған Қытай әскерімен тілдесіп қалса, өзі *дінсіз* қауымның адамы сол жаққа кетіп қалуы мүмкін (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** а у ы с. *Мейірімсіз, қатыгез, кәпір.* Жіберді әлгі қапты жерге атып, Антұрған шал дәулетке қалды батып, Қап жерге түскеннен соң *дінсіз* кәпір Арқанды алып кетті жұла тартып (Абай, Тол. жин.). Орысша оқыған *дінсіз* неме, көптің сөзін аяқасты қылды, – деп шалдар Есембектің жағында болды (Б.Майлин, Таңд.). Маған сен не десең де, – жаның арам, Сеніңше, мен бір *дінсіз*, әрі надан (Шығыс жұлдыздары). *// Дінге сенбейтін, діні жоқ адам.* Ой, сұрама, *дінсіздердің* қылмаған қылығы жоқ (Х.Есенжанов, Тар кезең). Киелі Дзон-Қабаның аруағына сиынып, Тибетті *дінсіздерден* тартып алса қайтер еді (С.Сматаев, Елім-ай). Асқа барған Манаспен басқа көшпелі мұсылмандар *дінсіздердің* қыспағына шыдай алмай, төбелес шығарады (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.).

ДІНСІЗДІК з а т. *Дінсіз болушылық, дінге сенбеушілік, Құдайдың барлығын мойындамаушылық.* Сұм шалдың *дінсіздігін* сонда білді, қарамай, бір қайырылмай, жүре берді. Кәпірдің қайырылмасын білгеннен соң, жүгіріп жалтыр тастан жол іздеді (Абай, Тол. жин.). Ақымақтарға бұзықтықпен жол көрсеттің, Мәжнүнге *дінсіздікті* жөн көрсеттің. Сенің ғашықтығыңменен күліп еліргенге *Дінсіздікті,* хайуандықты оң көрсеттің (XX ғ. қаз. ақын.). Бір Алланы мойындап, оған тәубе келтірмейтін *дінсіздік*, оларды Құдайдың қарғысына ұшыратпақ (Қаз. әңгім.). Болыстарыңыз менің темекі, картошка еккен жаңалығымды *дінсіздік*, елден шыққандық деп қаһараттайтын көрінеді (С.Бегалин, Замана.).

ДІНШЕ ү с т. *Дін бойынша.* Ағатай, білмеген едім, оқыған жоқпын *дінше.* Әптиек оқытатын болар деп әкелгем (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ДІНШІ с ы н. с ө й л. ***Діншіл. ≈ Дінші*** жұрт. *// Діншіл адам.* Егерде біз де ауданымызда әлгі Винницк облысындағыдай атеист-лекторлар мектебін ашып, ауылдағы үгітші, насихатшы, лекторлардың басын қосып оқытар болсақ, насихатымыз да сапалы жүрер еді, *діншілерге* де лайықты соққы берер едік (С.Байжанов, Сыр.). Енді *діншілердің* де көңілін таптық (Т.Нұртазин, Үлкен жолда.).

ДІНШІЛ с ы н. *Құдайға сенгіш, дінге берілген.* Мұсылман халқы өте *діншіл* дегенді көп жұрт айтады (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Тәпсірші, *діншіл* сопының кітабын да оқыдым. Тазартып талай қоқымын, Түзеттім дінді шалыстан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өнер адамына тән ол бастан-аяқ құдайшыл, *діншіл* бола қоймады (А.Жұбанов, Замана.).

ДІНШІЛДІК з а т. *Діншіл болушылық, Құдайға сенушілік, дінге берілгендік.* Сүтпен кірген *діншілдік* сүйектен тез арыла қою оңай жұмыс емес (С.Мұқанов, Өсу жол.). «Аруағыңнан айналайын, әкетай, өзің жар бол» деді Қасым күбірлей. Онысы бір *діншілдігі* емес (М.Сүндетов, Қызыл ай). Мырзалының аздаған *діншілдігі* бар еді (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

ДІНШІЛІК з а т. с ө й л. ***Діншілдік***. Қол жайып жақсылықты көктен күтпей, Жөн болар *діншіліктен* аулақ болған (Айтыс). Әкеміздің *діншілігі* біздің мінез-құлқымызға да әсер еткен болу керек («Халық кеңесі»).

ДІҢ[1] з а т. **1.** ө с. <лат. caudex> *Ағаштың бұтақ тарайтын, жапырақ өсетін негізгі бөлігі.* Дауыл мен сұрапылға қасарып қарсы тұрған кәрі қарағай жерден кішкене көрінгенімен *діңіне* құшақ жетпейтін бұтақтары кішігірім киіз үйдей болып жайылған аса ірі ағаш (З.Иманбаев, Құстар.). Бұдан көп жылдар бұрын болып өткен әрбір жылғы ауа райын кесілген ағаштың *діңіндегі* жылдық шеңберлерінің құрылысына қарай

анықтауға болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Сексеуілдің *д і ң і* қисық-қисық және бұлтық-бұлтық, бұтақтары тақыс болады, жапырақтары болмайды (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Ағаш өсімдігінің *д і ң і* өте жуан және біреу, ал бұтаның *д і ң і* жіңішке бірнешеу болып шығып түптеніп өседі (Қаз. тілі термин. Биология). Екеуі де алқымынан дем алып, арқаларын шеңгелдің *д і ң д е р і н е* тіреп жүрелей отырады (А.Мекебаев, Періште.). **2.** а у ы с. *Тірек, таяныш.* Наурызбай осы ауылдың алтын *д і ң і* ғой (С. Нарымбетов, Шығ.).

ДІҢ² з а т. т е х н. *Шахталық көтергіш қондырғылар орнатылған ғимарат. Д і ң* жасалған материал түріне, көтергіш машиналар санына және шахта оқпанына қарай әлденеше түрге бөлінеді (ҚҰЭ). Металдан не ағаштан жасалған *д і ң* – қиық пирамида пішіндес құрылым (ҚҰЭ).

ДІҢ: дің қойды. *Қылан-таза болып аурудан айықты.* Көптен құныс болып жүре алмай есік алдында отырған Әбіш жорғалап жеткенде «Қара қой сойып, өкпесімен қақтырсаң *д і ң қ о й ы п* кетесің» деп оны да жұбатты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ДІҢГЕК з а т. **1.** *Жерге қазып орнатқан бағана, тіреу.* Қой қотанындағы *д і ң г е к т і ң* басына орнатылған электр шамдары айналаны жарқ еткізді (Дала шұғыласы). Келген қонақтардың аттарын *д і ң г е к к е* байлап қойдық (Ауызекі). **2.** *Талдың тұтас денесі, діңі.* Ербұлан тақ атар алдына дейін жалғыз жиденің *д і ң г е г і н е* арқасын сүйеп отырды да қойды (М.Қуанышбаев, Тайталас). Сол диірменге келетін судың бойында *д і ң г е г і* жуан, сұңғақ бір ақ терек өсіп тұрушы еді (С.Бақбергенов, Кентау). Мертай төрт өгізді айдап келіп, қатарластыра мүйіздерінен байлады да, бір ұшын ортадағы *д і ң г е к к е* ілді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **3.** *Белгілі бір мақсатта пайдалану үшін орнатылған таяныш, қада, кейде мұнара, бағана.* Ресторан онша үлкен емес, төбесі аласа, іші толған тас *д і ң г е к* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Анау электр тоқтарын арқалап келген алып *д і ң г е к т е р* бұрын түсімізге кіріп пе еді? (Ә.Тәжібаев, Хаттар.). **4.** *Кемеде желкенді бекітуге арналған биік бағана.* Кеме *д і ң г е г і н е* жүк көтеретін жебелер, сигналдық қондырғы орнатылады («Білім және еңбек»). **5.** *Белағаш астына қойылатын тіреу, арқалық.* Өгізқұрайға құйып жасаған майшамды ұстап алда келеді. Ағалы-інілі екеуі оның артынан үн-түнсіз ілесуде. Далан таусылар емес. Ығы-жығы *д і ң г е к т е р д і ң* арасымен келеді (Т.Жақыпбайұлы, Асан ата). Ойнақтап толқын, жел гулеп, Майысар *д і ң г е к* сықырлап. Ол жүрген жоқ бақ іздеп, Қашпайды бақтан бойды ұрлап (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Арқа сүйер тірек, таяныш.* Сығанақ қаласы – ежелгі қазақ жерінің мәдениет орталығы, талай жаугершілік заманның *д і ң г е г і* болған аты шулы орын (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Өмір – көпір, от үстінде салынған. *Д і ң г е к т е р і* зәндем отқа малынған (М.Жұмабаев, Шығ.). Абзал ана айтқандай, өзін ата шаңырағының *д і ң г е г і* сезінді де, ол шаңыраққа түскен зілді де қайыспай көтеруге дайын тұрған-ды (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.).

Діңгегі сынған желкенше құлады. *Тірек, таянышынан айырылды.* Сылқ ете түсті еденге мүлде, *д і ң г е г і с ы н ғ а н ж е л к е н ш е қ ұ л а п* (Д.Әбілов. Таңд. өлең.).

ДІҢГЕКСІЗ с ы н. *Діңгектің қатысынсыз, тірексіз, таянышсыз.* Мұнда шығарманың басынан аяғына дейін өрбіп отыратын өкпекті желі жоқ, *д і ң г е к с і з* бұтақтай шашалыңқырап жатыр («Қаз. әдеб.»).

ДІҢГЕКТЕ= е т. *Діңгектей қатайып, жуандап кету. Д і ң г е к т е п* кеткен жабайы жуа ащы екен, көзінен бүртектеніп жас шықты (Д.Досжанов, Келіншектау.).

ДІҢГЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Діңгек тәрізді, діңгек сияқты.* Дарбазаның айбыны да содан бір кейін емес, жоғарыдағы сонау заңғар маңдайшаға, шұрық-шұрық тесіктерге, *д і ң г е к т е й* жұмырлап соққан алып босаға, оның ішкі беттеріндегі көлденең сорайған дөңбектерге, қақ төбедегі түймедей салбыраған қола допқа еріксіз қарайсың, еріксіз бір айбын бойыңызды билейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дәмелі оған тұңғиық отты жанарын қадап, тас *д і ң г е к т е й* қақшиып тұрып қалды (С.Омаров, Қиыр жол). **2.** а у ы с. *Жуан, үлкен.* Хасен шошып оянса, *д і ң г е к т е й* ұзын үлкен жылан бәйтерекке өрмелеп барады екен (С.Сейфуллин, Шығ.). *Д і ң г е к т е й* азуымен кенді көссе, қалады төбедей жер болып тақыр (Айтыс).

ДІҢГЕКТЕЙ-ДІҢГЕКТЕЙ с ы н. *Соқталдай, сойдауылдай, сырықтай.* Баяғы Бобыл атанып кеткен Борясы, Табыл болған Толясы *д і ң г е к т е й-д і ң г е к т е й* механизатор, механик («Қаз. әдеб.»).

ДІҢГЕКТІ с ы н. *Діңгегі бар, діңгек орнатылған.* «Бригантина». Ертеде осы аттас қос *д і ң г е к т і* желкенді кеме болыпты (Ж.Исмағұлов, Адам мерейі). Оңтүстік облыстарда көп кездесетін, сыртқы пішіні сыпырғы тәрізді, биіктігі 40 метрге дейін жететін, жуан *д і ң г е к т і*, қалың қабықты ағаш (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Діңгекті ұлпа. б о т. *Негізгі ұлпаға жататын фотосинтездеуші ұлпаның құрамында болатын жасушалар тобы. Д і ң г е к т і ұ л п а* қосжарнақты өсімдіктердің ылғалы мол жерде

өсетіндерінің жапырақ тақтасының тек үстіңгі бетінде болады (Қаз. тілі термин. Биология).

ДІҢГЕКШЕ[1] з а т. *Кішірек діңгек. Д і ң г е к ш е н і ң* төменгі жағынан 70-80 см-ге дейін, гимнастиканың козел тұратын жерді қазып, ол жерге *д і ң г е к ш е* мықтап орнатылады («Лен. жас»).

ДІҢГЕКШЕ[2] ү с т. *Діңгек тәрізденіп, соған ұқсап.* Жер сілкінте аспанға лақтырған тас-тозаңы ақ қардың үстіне сары құйын боп ұйылығып, *д і ң г е к ш е* тік тұрып қалды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Франциянің үкіметі Гитлер армиясының тегеурініне төтеп бере алмай, шіріген *д і ң г е к ш е* түп тамырымен қопарыла құлаған шақта тағдыр Әмірханды немістермен табыс етті (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ДІҢГЕНЕ з а т. м е д. <лат. scorbutus> *Зат алмасуының бұзылуынан тістің қызыл иек еттерінің қанап ауыратын ауруы, құрқұлақ. Д і ң г е н е* ауруынан көп адам қаза тапты (Т.Дарқанбаев, Витамин.). Патушин *д і ң г е н е* ауруының неден болатыны туралы пікір айтты (Т.Дарқанбаев, Витамин.).

ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ е л і к. *Діңкілдеген жіңішке ұн бейнелейтін сөз. Д і ң г і л-д і ң г і л* етіп, өз шаруасын айтып жатты («Жұлдыз»).

ДІҢГІР з а т. *Дыңғырлаған жіңішке ұн.* Галя елең ете қалды. Домбыраның майда қоңыр *д і ң г і р і* көңілді жылытып, құлаққа таныс бір әуенді әкеле жатыр (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ДІҢГІРЛЕ= е т. **1.** *Діңгір-діңгір ету.* ≈ *Д і ң г і р л е г е н* дыбыс. **2.** а у ы с. *Тықақтау, дікілдеу.* Шай ішіп біліктілер үлгірмеді, Бір жігіт ішке кіріп міңгірледі, Тұрды атып Кескентерек түсі қашып, Ұзамай күйеу келіп *д і ң г і р л е д і* (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Сенерімді де, сенбесімді де білмей аз аңырып тұрып қалдым. Ол: «Тез киін де, жүр, есіңнен танып қалдың ба?» – деп *д і ң г і р л е й* түсті әзіл уытын төгіп (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Киіз басу, арқан-жіп, Міндетіндей жазулы. Қорқытады *д і ң г і р л е п,* Бәйбішесі азулы (С.Сейфуллин, Шығ.).

ДІҢГІРЛЕТ= е т. **1.** *Діңгір-діңгір еткізу.* Сол сәт неге екені белгісіз, есіне Тарғын түсіп, іле ет жүрегі лыпылдай соғып, дардан қабырғасын *д і ң г і р л е т і п* жібергендей болды (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.). Нәмет әбден терлеп, көзі қызарып кеткен, тағы да домбырасын *д і ң г і р л е т і п* біраз отырды (Ә.Тарази, Қиян.). Ол қабырғадағы шаң басып, көптен қол тимеген домбыраны алып *д і ң г і р л е т т і* (М.Рахманбердиев, Ақ тілеу.). **2.** а у ы с. *Тықақтату, дікілдету.* Оны жөнсіз дікілдетіп, *д і ң г і р л е т е* берме (Ауызекі).

ДІҢГІРЛЕТУ *Діңгірлет етістігінің қимыл атауы.*

ДІҢГІРЛЕУ *Діңгірле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і ң г і р л е у і* естілді.

ДІҢГІТТЕЙ с ы н. с ө й л. *Ортан қолдай, бір мынау деген, зіңгіттей.* Әлібек – қазір міне *д і ң г і т т е й* азамат, колхоздың бас көтерер белсендісі дейтіндердің бірі (Б.Тоқтаров, Таудағы ән).

ДІҢДЕЙ с ы н. *Дырдай, дыраудай, ортан қолдай.* Қалқаман сол араға *д і ң д е й* агроном болып келіп отыр (Адам және химия). Сонсоң әңгімені мүлдем өзгерткісі келіп, ал жас бастықтар біреуін партияның *д і ң д е й* мүшесі болдың, бірің сол мүшелікке өткелі тұрсың, не жаңалықтарың бар? (Ж.Молдағалиев, Ескі дос). *Д і ң д е й* педагог ауылдан ұрланып қашты деген не масқара? («Лен. жас»).

ДІҢДЕЙ-ДІҢДЕЙ с ы н. ж е р г. *Үлкен-үлкен, дәу-дәу. Д і ң д е й-д і ң д е й* ақ үйлер. Сұрастырып жүріп Қайырлаптың үйін таптым, Қиқайған, қырық жамаулы қараша үй (Б.Майлин, Азамат.).

ДІҢК: **діңк еткізді.** *Тіңк етіп құлатты.* Менің сүйемелдеуім Мақаш шалға да арқа бітірді білем, «ап» деп көтеріп, арба үстіне *д і ң к е т к і з д і* (Х.Тілемісов, Азамат.).

ДІҢКӘР з а т. *Ашулы, кекті адам.* Кешегі өткен жұма намазында, Жиналған оңшең *д і ң к ә р* – қайнап ыза (Қ.Бекхожин, Мариям.). Тізесін бүкпей қалды тақаппар жас, Махамбет мехрабқа икемді бас. Асасып қалды сілтеп сұм хазірет, Жүгірді оңшең *д і ң к ә р* жайып құлаш. Мешітке тұтқын болған жас жігітті жабылып, *д і ң к ә р* біткен жерге жықты (Қ.Бекхожин, Мариям).

Діңкәрін құртты. *Мысын құртты, діңкелетті.* Қамбар тартып жөнелді, Көп сөйлесіп Назымның, Тарқатады іңкәрін, Ауылға қайтқан сықылды *Құ р т ы п* сол күн *д і ң к ә р і н* (Қамбар батыр).

ДІҢК-ДІҢК: **діңк-діңк етті**. *Дікіңдеді, қоқаңдады, дік-дік етті.* Әлгі қата қалғыр мені көре қалыпты ғой түге. Кеше осында маған *д і ң к-д і ң к е т е д і* (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). «Мыналарың болмас» деп шүйілігіп, аяқ басқан сайын *д і ң к-д і ң к е т і п* апшымызды қуырып барады (Қ.Ахметбеков, Алқакөл.).

ДІҢКЕ з а т. *Жан-жүйе, жүйке.* Оның рас, денесі майланған сайын *д і ң к е с і* байланып, ырсылдауы көбейіп барады (Ә.Әбішев, Найзағай).

Діңкесі қатты. *Діңкеледі, сілесі қатты.* Өзі хат білмесе де «оқуы» көп, Бас айналған, мылжыңнан *д і ң к е ң қ а т қ а н* (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Сөйтіп, *д і ң к е с і* әбден *қ а т ы п,* жолдан көз жазған адамның ауылға жап-жақын жерге келіп мерт болуы мүмкін (М.Қаратаев, Далада.).

Діңкесі құрыды. а) *Шаршап-шалдықты, діңкеледі, титықтады.* Астраханнан шығып шөл

жапан дүз арқылы Хиуа мен Үргенішке баратын бұл жол әрі *дің кең дің құрт ар* ұзақ жол, әрі аса қауіпті еді (Ә.Кекілбаев, Ұйқыдағы ару.). Дұшпан жуыр маңда бойын жия алмады. *Дің кесі құ ры п,* өкшелей қууға дәрмені болмай қалды-ау деймін (Б.Момышұлы, Москва.). ә) *Не істерін білмей дал болды, мысы құрыды.* Біз мұнда бір ұрттам суға зар болып, *дің ке міз құ ры п* отыр (Т.Бердияров, Солдат.).

Діңкесіне тиді. *Титығына жетті, ығыр қылды, мезі етті.* Екеуі де үш күн бойы *дің ке ге ти ген* айқаспен жүргеніміз жетер, неде болса, бүгін тынығайық деген шешімдерін аңғартқандай (М.Танекеев, Қажымұқан). Макагон мені бұған дейін де талай жұмсап, кейде ретсіз жұмсап, *дің ке ме ти ін* келе жатқан (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мынау соғыс халықтың әбден *дің ке сі не ти ген* жоқ па (І.Жансүгіров, Шығ.).

Діңкесін тауысты [қатырды, құртты]. *Шаршап-шалдықтырды, діңкелетті.* Көшімнің кезіп өлкесін, Тауқұдірет талай қақсаған *Та ау ы сқ ан* елдің *дің ке сі н* Табиғат неткен тас сарай (Қ.Шаңғытбаев, Аққу әні). Калинин колхозы көрші шаруашылықтармен жарыса отырып, жүгері тұқымын үш мың гектардан астам жерге үш аптаның ішінде егіп тастағысы келіп-ақ еді, күш жетсе де, уақыт жетпей, *дің кені тау ыс ты* (Ш.Смаханұлы, Қыз сыры). Жалғыз өзім ғана осы елдегі байлардың үстеме салықпен *дің ке сі н қа ты ра м* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бастаушы табылып спорт жұмысын қолға алса, арамыздан шеберлер де шығады. *Дің ке ні құ рт ы п* отырған сол бастаушының жоқтығы («Лен. жас»).

ДІҢКЕЛЕ= е т. *Шаршап-шалдығу, әлі кетіп титықтау.* Бір кезде менің де әлім бітті, *дің ке леп* жүре алмауға айналдым (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Бақыт өз бөлмесіне кірді де, Жанай қараңғыда сипалап жүріп төңкерулі флягтің үстіне отырды. Тақа *дің ке ле пті,* әбден тоңыпты, қол-аяғы илігер емес (С.Мұратбеков, Көкорай). Ағайынды үшеудің кенжесі Молдабек кедей ауылдың қой-ешкісін күні бойы бағып, *дің ке леп* келген соң түнгі суға алып шығуға ағалары обалсынды (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе).

ДІҢКЕЛЕН= е т. *Шаршап-шалдығып, титықталу.* Спортпен шұғылдану үшін секцияға түсу керек, аптасына бірнеше рет жаттығуға барып, әр жаттығуда әбден *дің ке ле ні ген ше* «жұмыс істеу» керек («Қазақст. мұғ.»). Тор түсірген жолы суық өтіп, онсыз да *дің ке ле ні ген* адамды үзіп жіберіпті (З.Иманбаев, Қыран). Кешке дейін текке шапқылаймын деп қатты *дің ке ле ні ген* бейшараның енді онша ұзаққа шыдамайтыны белгілі еді (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

ДІҢКЕЛЕНУ *Діңкелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шаршап-шалдығып *дің ке ле ну.*

ДІҢКЕЛЕТ= е т. **1.** *Шаршап-шалдықтыру, титықтату.* Тезірек күн суытып, қыс түсіп, осы пәлелерден құтылсам екен. Әйтпесе *дің ке ле ті п* бітті (М.Гумеров, Хазірет.). Егер жалқау, не сылбыр жандармен қатар түссең белің де ауырғыш, қап, қанарыңда жуғарақта ақ ұлпаға толмай *дің ке ле те ді* (З.Қыстаубаев, Бәйтерек.). **2.** *Ығыр қылу, мезі ету.* Арам сары секілді тұйық мінезді адамдарды шапқа түртіп шамдандыру үшін олардың өздеріне ұқсап, *дің ке ле ті п* үндемей, мән бермей қою керек пе деймін (С.Шаймерденов, Қарғаш).

ДІҢКЕЛЕТУ *Діңкелет етістігінің қимыл атауы; шаршату, титықтату.* Омар да соларға жетсем деп асығып келеді. Бірақ жүрісі өнбей *дің ке ле ту де* (А.Жұмаділдин, Сең.). Күнделікті біржарым-екі сағаттай жаттығудың оқушыларды *дің ке ле ту і* түсінікті нәрсе («Қазақст. мұғ.»). Кісіні *дің ке ле ту ге* жетерлік шаруа одан да табылады екен. Бұл ең алдымен қозы айырудан басталатын көрінеді (С.Балғабаев, Құм.).

ДІҢКЕЛЕУ *Діңкеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаршап-шалдығу.* Мені қайғы жеп, әбден *дің ке ле у ге* айналғанымда көрген соң, шыдамады білем, бір күні арнайы келді (Ы.Жақаев, Өмір.). Қылыш толып жатқан іздердің әрқайсына бір түсіп, әбден *дің ке ле у ге* айналды (С.Балғабаев, Шөл.). **2.** а у ы с. *Діңкілдеу, мезі ету.* Әншейінде білмекке, үйренбекке құмар Ақан бұл сөздердің төркінінде құпия сыр жатқанына отырғандардың аңысынан байқап, қазбалап сұрап, *дің ке ле у ді* ұят санады (С.Жүнісов, Ақан сері).

ДІҢКЕЛІ с ы н. *Жан-жүйелі, жүйкелі.* Келгенде көктем ақ жұпар самалдарымен Дүние неткен *дің ке лі* едің, жарық ең (Д.Қанатбаев, Жетіқарақшы.).

ДІҢКИ= е т. э к с п р. *Көзге үлкен болып көріну, теңкию, дүңкию.* Енді көп үйдің ортасында қалған Игіліктің жаңа үйі ордадай *дің ки ін* ерекше көрінеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған.). Бақшада болғанда байқаған шығарсыз, қауын-қарбыз дегендер ұзын-ұзын желінің екі жағына жайғасып алып, күн сайын *дің ки ін* үлкейе бермей ме? (Өнегелі өмір). Кілт іздеп бүкіл қалтасын сипалап қарап шықты да, таба алмаған соң табалдырықтың алдында *дің ки ін* жатқан ағашқа жалп етіп отыра кетті (Ғ.Ахметчин, Көзі сынық.).

ДІҢКИТ= е т. *Үлкен етіп көрсету, теңкіту.* Алпамсадай екі жігіт сыммен байланған шөпті машинаға *дің ки ті п* тиепті (Д.Жанботаев, Дала.). Луговой станциясынан біздің совхозға отыз-қырық шақырым. Көліксіз, әсіресе, мы-

надай *д і ң к и т к е н* екі чемоданды көтеріп жету мүмкін емес (А.Бекбосынов, Ауылым.).

ДІҢКИТУ *Діңкит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шөпті *д і ң к и т у.*

ДІҢКИЮ *Діңки етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і ң к и ю і н-а й,* өзінің.

ДІҢКІЛ з а т. *Дің-дің еткен дыбыс.* Көп күндер мәні аз көп дыбыстардың *д і ң к і л і м е н* өтті (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

ДІҢКІЛДЕ= е т. *Діңк-діңк етіп, қоқан-лоқы жасау, күш көрсету.* Зіркілдеп болыс шығады, *Д і ң к і л д е п* ауылнай шығады, Біреу мырза, біреу старшина аталады (Ә.Тәжібаев, Өмір.). «Шығар кісіңді, шығар!» – деп, қыпшақтар жағы *д і ң к і л д е п* тұрғанда бура сан, бұқа мойын, түкті қараға тең түсерлік балуан таппай, арғындар жағы шынымен-ақ жасып қалды (О.Бодықов, Ақ құс). Қит етсе менің қаным бұзылған, аузыңды ашсаң өлтірем деп *д і ң к і л д е п,* тыныштық таптырмаған соң қолыма алдым (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ДІҢКІЛДЕК с ы н. *Діңк-діңк еткен, мазасыз.* Мұратбек тәуір адам ба десек, *д і ң к і л д е к,* өте беймаза кісі екен (Ауызекі).

ДІҢКІЛДЕС= е т. *Діңк-діңк етісу, қарсыласып қоқан-лоқы жасасу.* Өзара *д і ң к і л д е с к е н* алауыз ел ауыздағысынан жырылып, алдындағысынан айырыла беріпті («Қаз. әдеб.»).

ДІҢКІЛДЕСУ *Діңкілдес етістігінің қимыл атауы.*

ДІҢКІЛДЕТ= е т. **1.** *Домбырадан діңк-діңк еткен ұн шығару, тыңқылдату.* Кенжетай *д і ң к і л д е т і п* тартып отырған домбырасын құшақтай құлап, іргеге қарай аунай күлді (Д.Әбілев, Ақын). Домбырасын *д і ң к і л д е т і п* Гулямен бірге есігі қайырылып аңқаюлы тұрған қосқа Сәтпай да кірді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Шүкірбек те құралақан емес екен, өз білгенін ол да ортаға салып, шіңкілдетіп, *д і ң к і л д е т і п* ұшқалақтау бір жеңіл, құлақ күйлерін шертіп кетті (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** *Тықтық, нық-нық басқызу.* Түп-түзу көше бойымен сапқа тізілген солдаттар аяқтарын нық-нық, *д і ң к і л д е т е* басып барады («Лен. жас»). **3.** *Діңк-діңк еткізіп, тез басу.* Арқан ұстап тұрғандар әуелі шошып кетсе де, арттарынан-ақ тез есін жиып, төмендегі адамды *д і ң к і л д е т і п* көтере берді (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын). Ашыған жарасы басылғаннан кейін мені тағы да көтеріп алып, *д і ң к і л д е т і п* келеді. Жалаң аяқ, жалаң бас, тас, тікенді елемейді. Қайран, өзі нар ғой. Ештеңеге қайыспайды (Ә.Бөриев, Алматы.). **4.** а у ы с. *Діңк-діңк еткізу, қоқан-лоқы жасату.* Оған қоқан-лоқы жасатқызып, *д і ң к і л д е т е* берме (Ауызекі).

ДІҢКІЛДЕТУ *Діңкілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і ң к і л д е т у г е* болмайды.

ДІҢКІЛДЕУ *Діңкілде етістігінің қимыл атауы.* Ол бірақ үндеген жоқ, әрі директордың әкесі, әрі жасы үлкен кісі, *д і ң к і л д е у г е* батпады (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

ДІҢМАҢДАЙША з а т. *Есіктің негізгі тірек маңдайшасы.* Пантеонда жалғыз есік пен жалғыз тесік бар. Есік – үлкен, тесік – кіші. Сонан барады да *д і ң м а ң д а й ш а* жақ беттен ауа толқыны тек бір тесіктен, пантеон шаңырағынан ғана шыға алады (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

ДІР: **дір еткізді**. а) *Секем алғызды, тітіркендірді.* Ернің мен тырнағыңды қызарта бояғаның өнеге болып па? – деген көкесінің сөзі Сәулені *д і р е т к і з д і* (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). ә) *Әсерге бөледі, қобалжытты.* Әсіресе, мөлдіреген қара көзі күлімдей қарағанда, жүрегіңді өзіне тартып *д і р е т к і з е д і* (Х.Елебекова, Үні кетпес.).

Дір етті. а) *Дене, зат сәл-пәл селкілдеді, дірілдеді.* Бір кезде корабль сәл *д і р е т к е н д е й* болды (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.). ә) *Секем алып шошынды, тітіркенді.* Шөп басы сылдыр етсе де, бәрі бір кісідей *д і р е т і п* дыбыс шыққан жаққа шошына қарап көз тігеді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Бүкіл денесімен *дір ете* түскен Исмаил да жалт бұрылып, Шараға отты жанарымен тесіле ұзақ қарады (Е.Ахметов, Талшыбық). б) *Әсерге бөленіп, қобалжыды.* Жотабектің сырттай сыр бермегенімен, қуаныш сәулесі қылаңытып, елеңдеп қалған көңілі бір сәтке *д і р е т е* түскендей болды (Б.Шаханов, Ақ иірім). Жатырқап қарамады, қайта тым жақын адамындай қызыға, тереңде бүркеулі қалған жастық сезімі *д і р е т к е н д е й* ынтыға қарады (І.Жансүгіров, Шығ.). в) *Қалтырады, қалшылдады, сескенді.* Тұла бойым бір жаманшылық боларын сезгендей *д і р е т е* қалды (Ж.Тілеков, Қайнар.).

Дір қақты. *Дірілдеді, қалтырады, қалшылдады.* Нұриланың да жаңа ғана ашыла бастаған қызыл гүлдей үлбіреген қызыл еріндері *д і р қ а ғ ы п,* биік ақ маңдайы қызара қалып еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Кәрім екіленіп сөйлеген сайын, бір ішектен тартылған домбыра іш тартып, *д і р қ а ғ ы п,* тоқтап қала береді (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Дір қалтырады. а) *Дірдектеп тоңды.* Жыртық киім, жалаң аяқ *Д і р қ а л т ы р а п,* балалар. Отты көсеп «алдалаған», Кемпір-шалы және бар (Б.Майлин Шығ.). ә) *Үрейленіп қорықты. Д і р қ а л т ы р а п* қорыққан қыз үйге сүйеніп тұрғанда отаудан Еркебұлан шықты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Әмина қорыққанынан *д і р қ а л т ы р а п,* тіпті әкесіне де қарай алмады (Л.Жағанова, Еркежан).

Дір сілкінті. *Дүрліктірді, елең-елең еткізді.* Аяқ астымыздан жерді *дір сілкінтін,* тізбек-тізбек поездар составы өтіп жатыр (Х.Ерғалиев, Шындық.). Дүниені *дір сілкінткен* атақ қайда? Бас иген ауыл-аймақ жалғыз байға Құрысын бүйткен күнің! – деді мырза,– Дікеңдеп ең арғысы ауылнай да (Б.Майлин, Таңд.).

ДІРДЕК: **дірдек қақты**. а) *Дірдектеп тоңды, бүрсеңдеді, қалш-қалш етті.* Біз кетерміз отарға малды бағып, Суық күнде қалтырап *дірдек қағып.* Сағынармын қош қалқа сонда сені, Көздің жасы құйғанда мұз боп тамып (Айтыс). ә) *Сасқалақтады, дегбірі қашты.* Жылбектің көзі жаутаң-жаутаң етіп, Жамал жатқан жертөленің есігінің алдында *дірдек қағып,* ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр (Ә.Шәріпов, Партизан).

ДІРДЕК-ДІРДЕК[1] үс т. *Ағыл-тегіл, көлкөсір, тоқтаусыз.* Түрі әдемі дегені болмаса, өзі бұзық-ақ: тістегенде қолыңнан қара қан *дірдек-дірдек* ағады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Бір итке жегізіп ед табанда өлді, Қан кетіп мұрынынан *дірдек-дірдек* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ДІРДЕК-ДІРДЕК[2] е л і к . *Дірдектеген, дірдір еткен қимыл қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Дірдек-дірдек етті. *Қалш-қалш етті, бүрсектеді.* Мыжырайып етігі, Деленделдейді етегі, Тісі тимей тісіне, *Дірдек-дірдек етеді* («Балдырған»). Павло әкесіне орысшалап жеткізіп тұрды. Төлеген *дірдек-дірдек етеді* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ДІРДЕКТЕ= е т. **1.** *Қалтырап тоңу, қалшылдау. Дірдектеген* мал жылу іздеп, бір-біріне тығылып қысыла түскенде әлсіздері торпақ, тана секілді ұсақтары қағылып құлап, көп тұяқтың астында жаншылып қалуы да ықтимал (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Тағы да шомылып судан *дірдектеп* шықты. Түс ауып та кеткен. Үйге он шақты балық ала қайтпақ болды (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс). **2.** *Дірдір ету, дірілдеу, бүрсектеу.* Исахмет қораның түкпірінен қоңды, ойнақшыған көк байталды *дірдектей* жетелеп шықты (М.Сүндетов, Ескексіз қайық). Аттар да ашығып қалған екен, оқыранып тыпыршып тұр. *Дірдектеп* екі атты суғарып, отқа қойды (А.Нұрманов, Құлан.). **3.** а у ы с. *Тоқтаусыз сауылдау.* Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп, Көрсе, бастан ағып тұр қан *дірдектеп.* Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп (Абай, Тол. жин.). Қаздың бауырынан *дірдектеп* аққан қан ақ қырау басқан жерге қып-қызыл жол салып келеді (М.Есламғалиев, Қайырлы таң). Қамау қос уысын *дірдектеп* жоси жөнелген қанға тосып, бүк түсіп отырып қалды (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Оның аузынан, мұрнынан *дірдектеп* қан жосыды. Есі бір кіріп, бір шыға бастады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ДІРДЕКТЕС= е т. *Бірнеше адамның қалтырап тоңуы, қалшылдауы.* Олар бәз-баяғы сол күйі су ішінде *дірдектесіп* тұрған (С.Нарымбетов, Ассалау. Атлант.).

ДІРДЕКТЕТ= е т. **1.** *Қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.* Еркек кіндіктілерден ешкімді таба алмай, жігіттер екі-үш үйдің бала-шағасын *дірдектетіп,* Әубәкірдің алдына келді (А.Сатаев, Дала.). Бет қарыған аяз бен үйтқып соққан жел қойын-қонышымызды аралап, трубаға жеткенімізше *дірдектетіп* жібереді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). **2.** *Дірілдету, бүрсектету.* Жалбыр шаш жігіт шіңкілдеп айбат шеге жұлқынған тырна сирақ оны *дірдектете* сүйрей қашты (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл.).

ДІРДЕКТЕТУ *Дірдекте етістігінің қимыл атауы; қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.* Балаларды таңғы ызғармен *дірдектетуге* қимаған әйелдер бір-бір бас жіпті білектеріне іліп, суаттан қайтқан өгіздерге жүгірісті (Қ.Ысқақов, Түйық.).

ДІРДЕКТЕУ *Дірдекте етістігінен жасалған қимыл атауы; қалтырап тоңу, қалшылдау.* Қарашы, әне, *дірдектеуін,* тоңуын, Айдалада қаққан қазық болуын (А.Тоқмағамбетов, Агроном.). Ақылды қыз, қайсарлығың ұнады, Бірақ босқа *дірдектеудің* қажеті қанша (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ДІРДЕҢ: **дірдең қақтырды**. *Дірдектеп мұздатты, жауратты.* Жайлаудың түнгі салқыны қаладан келген қонақтарды *дірдең қақтырды* (Әдеб. хрестом.).

ДІРДЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Дірдекте***. Самалы көктем ессе де, Қабағы аспан кірбеңдеп. Жаздың айы десе де, Сәрі де түрдың *дірдеңдеп* (О.Малқаров, Менің ізім).

ДІРДЕҢДЕТ= е т. *Қалтыратып тоңдыру, қалшылдату.* Қысқы аяз *дірдең детпей* қойсын ба (Аялы жандар.).

ДІРДЕҢДЕТУ *Дірдеңдет етістігінің қимыл атауы.* Адамды *дірдең детумен* болды (Ауызекі).

ДІРДЕҢДЕУ *Дірдеңде етістігінің қимыл атауы.* Қаңтардың қатты аязында күні бойы *дірдеңдеумен* малға қарадым («Қаз. әдеб.»).

ДІРДЕҢ-ДІРДЕҢ: **дірдең-дірдең етті**. *Қалш-қалш етіп бүрсеңдеді, қалтырап, жаурады.* Мына суықта басқа жауынгерлер де жау келгеніне қарамай, түрегеліп бүкшие *дірдең-дірдең етеді* (Ғ.Ахметов, Жорық.).

ДІР-ДІР: дір-дір етті. *Діріл қағу, дірілдеу, қалтырау. Дір-дір етіп* тізесінің буыны сырт-сырт еткен Жағыпар откиіздің үстімен еңбектеп барады оң жақтағы қызға (А.Жүнісов, Өмір изі). Қымыз ұсынған күтушінің қолы *дір-дір етіп* жылап тұр екен (Д.Досжанов, Тұлпар.). Ойнап жүрген екі бала жуан-жуан қара ағаштарды аяғымен теуіп-теуіп қалысқанда бұтақтар *дір-дір етіп*

үстіндегі қарлары сусып, тұсынан өте бергенде кісіні көміп қалып жатады (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Дір-дір қақты. *Дірілдеді, қалтырады.* Денесі әлі де жылына қоймай, өзегі тереңнен қалтырап *д і р-д і р қ а қ с а* да, от табына жақындауға зауқы шаппады (К.Ахметбеков, Алқакөл). Әншейіндегі қызыл шырайлы өңі өрт сөндіргендей, сұп-сұр бет-әлпетінен кісі шошырлық. Бүкіл денесі қалшылдап, еріндері *д і р-д і р қ а ғ а д ы* (М.Рахманбердин, Үкілі сай).

ДІРЛІК= е т. с ө й л. ***Дүрлік.*** Бүкіл ауыл *д і р л і г і н,* келесі күні бесінде Тоқмақтың түбіндегі қырғыз аулынан шай ішіп отырған жерінен басқан (С.Бердіғұлов, Пердесіз.).

ДІРМӘН з а т. с ө й л. ***Дәрмен***. Одан артыққа *д і р м ә н і м* жетер емес, ауа қауып ернім ғана күбірлейді (К.Ахметбеков, Ақдала.). Баласына қандай жауап, қандай алдау айтарын білмей ананың буын-буынынан *д і р м ә н* құрып, тәлтіректеп кетті (Д.Исабеков, Тіршілік). Қайтейін, амал қанша өзімнен *д і р м ә н* кеткен соң, әр жерге арыз түсіріп, ақырын күтіп отырмын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ДІРМӘНСІЗ с ы н. с ө й л. ***Дәрменсіз***. Ашу-ызасы мен күйігі әлі бұрқырап, кеудесін көрікке қызған темірдей қарып бара жатса да, сол күйінішімен араласып, мына *д і р м ә н с і з,* момын кемпіріне жүрек түбінен бір жанашыр сезім шақпақ тастың ұшқынындай жылт ете қалды (Д.Исабеков, Тіршілік).

ДІРІЛ з а т. *Дененің қалтырап тітіркенуінен пайда болатын қимыл.* Конвертті қолына алғанда Маржанкүлдің жүрегі біртүрлі лүпілдеді. Саусақтарынан сәл *д і р і л* білінді (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Ауру жандай ақырын бастап, үніне *д і р і л* араласқан ана даусы біртебірте қатуланып, ызғарлана түсті (К.Салғарин, Жаныңда жүр.). Айтпақ бір сөз тілімде, Бір *д і р і л* бар үнімде. Жоқ сияқты еш пенде Менен асқан бүгінде (Ш.Мұхамеджанов, Құлыншақ.).

Діріл ауруы. м е д. *Дірілдің ұзақ уақыт бойы әсер етуі салдарынан болатын вибрациялық кәсіптік ауру. Д і р і л а у р у ы м е н* металл өңдеу, кен өндіру т.б. әртүрлі өндірісте, құрылыста істейтін адамдар ауырады («Денсаулық»). *Д і р і л а у р у ы н ы ң* алдын алу үшін жұмыс орнында діріл – тербеліс әсерлерінің зиянды жақтарын азайтуға арналған арнайы санитарлық нормалар мен ережелерді мұқият сақтау қажет (ҚҰЭ).

Діріл қақты. а) *Дір-дір етті, дірілдеді.* Толқып тұрдың *д і р і л қ а ғ ы п* сен-дағы, Желдің күнгі ақ қайыңдай жолдағы. Дірілдеді менің сорлы жүрегім, Әнші құсқа айналды да тордағы (Т.Молдағалиев, Мен де жиырма.). Дүр етіп барып, *д і р і л қ а ғ ы п* тоқтаған мотор үнін құлағы шалып, есік жақтан елең еткен бір сурет сезік беріп, Айнаш есікке бұрылғанда қарсы алдында Шынтас тұр еді (С.Адамбеков, Атылған қыз.). ә) *Лүпілдеді, көңілі толқыды.* Әкесін көз алдына әкелген кезде бала жүрегі *д і р і л қ а ғ ы п,* шабақша бір-екі рет ыршып-ыршып түсті (С.Бақбергенов, Адам.). б) *Жалт-жұлт етті.* Аспанда жұлдыздардың көмескі сәулесі *д і р і л қ а ғ а д ы* (М.Гумеров, Хазірет).

ДІРІЛДЕ= е т. **1.** *Дір-дір етіп қозғалу, қимылдау.* Дорбаны сауып тыныштықсыз Бір ай түгіл, жыл өтті. Алтындай жүзі сарғайды, Қол *д і р і л д е п,* әл кетті (Абай, Тол. жин.). Сен алтынсың, мен қасында *д і р і л д е г е н* сынаптаймын, Ерімесең мұндасыңа, Тасып кетер суат қайғым (Қ.Бекхожин, Қайран жастық). Суға аунап түскен аспанның көлеңкесі де *д і р і л д е п* Мақсұтты құлатқалы тұрғандай үңгірейді (Б.Шалабаев, Өмірде.). Үнділерді айтқанда дауыс шымылдығы жиірек *д і р і л д е й д і* де, ұяңдарды айтқанда дауыс шымылдығы сирегірек *д і р і л д е й д і* (Қазіргі қаз. тілі). Медбике епті қолымен дәкені шешіп, көздегі мақтаны алғанда, қабағым *д і р і л д е п,* көзімді ептеп қана аштым (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Қорыққаннан не болмаса толқыған көңіл-күйден дененің тұршігуі.* Батыр дегенім долы қатын алдында *д і р і л д е г е н* пенде екен. Көсем дегенім жол-жөнекей кездескен, сырты мығым, іші осал көз алдаған біреу болды (F.Мұстафин, Ой әуен.). Кішкентай Құрмаш шешесінен қорқып, *д і р і л д е п* сыбырлаған сөзін тыңдамай, бұрынғысынан да шыңғыра жылады (Аялы жандар). **3.** *Тоңу, мұздау, жауырау, қалтырау.* Мұз сыртылдап қозғалып майысады. Аттарымыз *д і р і л д е п* тәлтіректейді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Таңертең атам ізге қарап тұрып, түнде біздің үйге қасқыр келгенін айтқанда бойым мұздап, *д і р і л д е п* қоя бердім (Қ.Тәукебаев, Айлалы.). Қошқар *д і р і л д е п,* қалшылдап тоңа бастады (Қаз. ертег.).

ДІРІЛДЕК[1] з а т. *Дір-дір еткен қозғалыс, қимыл, ұн.* Самал жел таңмен бірге үріп бетке, Қозғалды шөптің басы тұрған текке, Сыбдырлап жапырақтар бас изесіп, Айналды судың беті *д і р і л д е к к е* (Б.Майлин, Шығ.). Ағылшын самолеті біздің «ТУ-104» самолетімен салыстырғанда анағұрлым баяу ұшады. Сонысына қарай зіркілдегі жоқ, *д і р і л д е г і,* шуы аз («Қаз. әдеб.»). Әртінірек бір үйден музыка даусы естіледі. Жастарға болмаса, біз құралпылардың құлағына түрпідей тиетін *д і р і л д е к,* шуылдақ джаз музыкасы (С.Шаймерденов, Қарғаш).

ДІРІЛДЕК[2] з а т. т а м а қ. *Сиыр, қой, бұзау сирағынан, бас құйқасынан, үй құстарының ішек-бауырынан, сондай-ақ балық пен балық қалдықтарының (бас, сүйек, құйрық, желбезек)*

қайнатылған сорпасынан жасалатын тағам. Пісуіне 1 сағат қалғанда *дірілдекке* 1–2 сәбіз, татымына қарай – пияз, петрушка, лавр жапырағын, ұнтақталмаған қарабұрыш қосу керек. Дайын *дірілдекті* ыдысқа салып, петрушка көгімен сәндейді, қышаны, тұздықты, қиярды бөлек қояды (Шаңырақ энцикл.).

ДІРІЛДЕН= е т. *Дір-дір ету, қалтырау.* Осыдан шалбарым біреуге берілсін. Сонсоң мен ерген кісіні де, алған кісіні де, аяғын аспаннан салбырап түссе де, көріп алайын, – деп *дірілдене еді* Жаңаберген (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Ол еш қарсылық білдірген жоқ. Екі беті қызарып, демі *дірілдене* кеудеме бетін басып тұрып қалды (З.Жәкенов, Қайта айналып.).

ДІРІЛДЕҢКІ с ы н. *Аздап дірілі бар, қалтыраңқы.* Зәуре Мақанды құшақтап, басын оның төсіне басты. Әлден соң *дірілдеңкі* тартқан Зәуренің үні лезде қатуланып кетті (К.Оразалин, Ақ жазық). Өз билігің өзіңде болсын, мен саған «мұның қалай» демеймін, алдыңда кесе-көлденең тұрмаймын. Бірақ тұлпарымның тұяғының еркін өзіме бер. Бар аналық тілегім осы. Менің отымды өшірме, – деп *дірілдеңкі* даусымен сөзінің артын жұтып қойды (Д.Сапаров, Өткен күн.).

ДІРІЛДЕҢКІРЕ= е т. *Сәл-пәл дірілдей түсу, қалтыраңқырау, қалшылдаңқырау.* Шын ба, шын солай ма? – деп абыржи алқына сөйлеген Нұрлығүлдің даусы тұтқырлана *дірілдеңкіре п,* кіп-кішкене қос алақанымен Қабекеңнің саусақтарын қыса ұстап, көкірегіне басты (З.Жәкенов, Таң самалы). Рысжан көздерін қысыңқырап, кең ақ маңдайын еркектерше сипалап қойып, даусы *дірілдеңкіре п* сөйлеп отыр (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). Бұл екі сөз оның аузынан *дірілдеңкіре п,* тұтығыңқырап шықты (С.Мұқанов, Таңд.).

ДІРІЛДЕҢКІРЕУ *Дірілдеңкіре етістігінің қимыл атауы.* Үнінің алғашқы *дірілдеңкіреуі* баяу басталып, бірте-бірте мұңлы, зарлы үн шалықтап, аспанға көтерілді (Л.Құрманаева, Өшп. жалын).

ДІРІЛДЕП-ҚАЛТЫРА= е т. **1.** *Дір-дір етіп қалтырау.* Олар сүйкімді бұйра шашты баладай теңселіп тербеліп тұр. *Дірілдеп-қалтырған* жасыл жапырақтар жаңбыр суымен шыланып қарақошқылданып, түтігіп кетіпті (Ө.Ахметов, Алтын арқау). **2.** *Қорыққаннан немесе толқыға ннан дененің тітіркенуі.* Сонда сіз мені Қондыбаевтың қылмысын жасырғалы жүр деп ойлайсыз ғой, – деп ол *дірілдеп-қалтырап* орнынан тұрды (З.Шүкіров, Қиын түйін). Қайным, *дірілдеп-қалтырама,* шалға жауабым әзір (М.Сүндетов, Қызыл ай.). **3.** *Суықтан жаурап, дір-дір ету.* Оның киімі жұқа болып, қашты жаурап, *дірілдеп-қалтырап* кетті (Ауызекі).

ДІРІЛДЕП-ҚАЛТЫРАУ *Дірілдеп-қалтыра етістігінің қимыл атауы; суықтан жаурау.* Жылы үйге кіргесін *дірілдеп-қалтырауын* қойды (Ауызекі).

ДІРІЛДЕП-ҚАЛШЫЛДА= е т. **1.** *Дір-дір ету, қалш-қалш ету.* Хохлов *дірілдеп-қалшылдап* сүттің езуінен аққанына да қарамай, қылқылдатып жұтып жатыр (Қ.Исабаев, Айқыз). Ал мен тауды көргім келеді, тауды! – Бекет *дірілдеп-қалшылдап,* дәп қазір тауды көргісі келгендей жұлқынады (С.Санбаев, Аруана). **2.** *Суықтан тоңып, қалшылдау.* Өне бойымызда су болмаған зат жоқ. *Дірілдеп-қалшылдасақ* та қуанышымыз қойнымызға сыймай тоғайға жеттік (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ДІРІЛДЕП-ҚАЛШЫЛДАУ *Дірілдеп-қалшылда етістігінің қимыл атауы; дір-дір ету, қалш-қалш ету.* Мұнымен менің айтайын дегенім жеке басың өмір алдында *дірілдеп-қалшылдауға* да тұрмайды (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Көпестің әйелі Қожаға келіп: – Қожеке, үш күн болды, әлгі біздің үйдегінің денесінің күйіп-жанып *дірілдеп-қалшылдауы* басылмай, қу жанын қоярға жер таппай, қысылып жатыр (Ауыз әдеб.).

ДІРІЛДЕС= е т. *Дір-дір етісу, қосыла қалтырау.* Жас терек-тал *дірілдесіп* майысып, табиғаттың дүлей күші алдында рахым сұрап жалынып жатқан тәрізді (Таң нұры.).

ДІРІЛДЕСУ *Дірілдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Дірілдесулерін* қойды.

ДІРІЛДЕТ= е т. *Діріл қақтыру, қалтырату.* Безгекте температура көтеріліп, ауру адамды *дірілдетіп* қалтыратады (А.Даиров, Хирург.). Газды басып байқап еді, мотор үні тіпті оның өзінің тұла бойын *дірілдетіп* жіберді. Сонсоң өшіре салды (Т.Алшынбаев, Жалбыз.). Қаһарыңмен дұшпанды *дірілдетің,* Қашқан жауға өзгеден бұрын жеттің, Мал мен жерді жарлыға бөліп бердің, Ақ жаныңмен түсініп сырын көптің (А.Шаяхметов, Замандас.). **2.** *Дір-дір еткен дыбыс шығарту.* Үстіңгі шекті басып *дірілдетіп,* Бас бармақ үн шығарды күбірлетіп. Жөнелді тарап бойға күйдің басы Бір жайдың алыс күнгі үнін шертіп (Ғ.Қайырбеков, Құрдас).

ДІРІЛДЕТУ *Дірілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суық желдің *дірілдетуі.*

ДІРІЛДЕТІҢКІРЕ= е т. *Қалтыраңқырау, дір-дір ету.* Ол ара-тұра жекелеген шектерді сұқ қолымен іліп қалып, шынашақпен ойнайтын пернені *дірілдеңкіреп* басып, домбыра тақтайын шертпей, кейде тіпті тиекке таяу тұстан мандолинша қағыс жасап қояды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ДІРІЛДЕТІҢКІРЕУ *Дірілдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Пернені *дірілдетіңкіреу.*

ДІРІЛДЕТІП-ҚАЛТЫРАТ= е т. *Діріл қақтырып, тоңдырту.* Бет алдымыздан соққан ызғырық суық жел бәрімізді *дірілдетіп-қалтыратты* («Жұлдыз»).

ДІРІЛДЕУ *Дірілде етістігінің қимыл атауы; дір-дір етіп қозғалу.* Кенет Көшербай карттың көзінен сорғалаған жасты байқадым. Жалғыз тамшы зырлап отырып, аппақ құдай сақалдың ұшына тіреліп де, *дірілдеумен* тұрып қалды (Таң нұры). Бұл кісінің негізгі сезім мүшелері (көз, құлақ) кеміс болғандықтан, оның *дірілдеу* сезімі ерекше дамыған (М.Мұқанов, Бақылау.). Алпамыстың анасының зарына келгенде көзіне жас алмаған жан қалмады. Жүйке босап, тамыр елжіреп, жүректер *дірілдеуде* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Дірілдеуді жою. и н ф. *Сөндіргіштің электрлік тұйықтарынан немесе басқа ауыстырып қосқыш құрылғысының қысқа мерзімді тұйықталуы мен ажырауынан туындайтын дірілдеу әсерін басу. Дірілдеуді жою* таңбаларды шығарып оқу кезінде жиі пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ДІРІЛДЕУІК[1] з а т. ө с. с ө й л. *Далалы жерде өсетін өсімдік.* Анау Төреқалған мен Тана құдығының аралығы бал татыған ісперек пен *дірілдеуікке,* сарыбас пен шытырға тұнып тұр (Қызылқұм).

ДІРІЛДЕУІК[2] с ы н. *Дір-дір еткіш, қалтырауық.* Алдында қабылдағыш – приемник, Сигнал берілді әне, бір үн келіп, Радист аппараты ашылды да Естілді сымнан дыбыс *дірілдеуік* (Т.Жароков, Шығ.).

ДІРІЛДІ с ы н. *Дірілі бар, дірілдеген.* Сағыныш ыңылдап бір әуенді қайыра берді. Әуелде оның *дірілдіда*усы алыстан естілгендей баяу шықты (К.Асанов, Сағыныш). Атырау беттен аздап жел келеді. Бірақ бір түрлі жұмсақ, ұлы теңіздің тынысындай ғана *дірілді*леп (З.Қабдолов, Жалын).

Дірілді елек. т е х. *Діріл әсерімен жұмыс істейтін елек. Дірілді електің* жұмыс мәрімдері – бірінің үстіне бірі орналастырылған, тетіктерінің мөлшері әртүрлі бір не бірнеше елеуіштер не торлар. Бұлар серіппегіштерге не серіппелерге орнатылған, не аспаланған қозғалмалы қорапқа бекітіліп орнатылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Дірілді күйежентектеу. к е н. *Жоғары жиілікті (10 кгц-ке дейін) тербеліспен әсер ету арқылы күйежентектелуді жеделдететін цнтақтық металлургия операциясы. Дірілді күйежентектеуді* қолданылғанда шөгу тездетіліп, күйежентектелген дайындамалардың беріктігі артады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ДІРІЛСІЗ с ы н. *Дірілі жоқ, дірілдемейтін.* Сыздық бір сәт көз тігіп, үстіне келіп қалған құстың еш *дірілсіз,* берік қанат құйрығына сынай назар аударған (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ДІТ з а т. **1.** *Мақсатты ой, көңіл, пікір.* Теміржолдың бойымен жүріп отырса, *дітке* алған жерді, Алдабергеновтің суреті салынған жартасты табар едім деп түйді (С.Бақбергенов, Адам.). Оның мына қылығына көңілі толмаған мен сол мезетте Алмагүлге көңіл *дітімді* айтып, онымен біржолата айырылысқым да келді (Ә.Бүркітбаев, Жетімек). Өзі осы өңірдегі елдің бір саны көп атасынан шыққан белді кісісі болғандықтан, өзінен басқа кісінің сөзін тек өзінің *дітіне* жақса ғана тыңдайтын адам көрінді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** л и н г в. *Тілтанымның коммуникация теориясы бойынша адресат пен адресант арасындағы сөйлеудің алдында болуы шарт сөз иелерінің алдын ала белгіленген мүддеге сай ниеті.* ≈ Баяншының *діті.*

Діт алмады. *Айып көрмеді, көңіліне алмады, ренжімеді.* Елемес құрдасының әзілін көңіліне *діталмады* (С.Жұмабаев, Шеңгел.).

Діт қойды. *Көңіл бөлді, мән берді.* Самұратпен еріп келген бала жігіт бар еді, соны Терентий стол басында отырғанда барып *дітқойып* аңғарды (Ә.Тарази, Тас жарған).

Дітіне берік. *Діттеген бағытынан айнымады.* Ол жұрттың көбі сабылып сарсаңға түсіп ой іздеп кеткенде де өзінің талант табиғатына зорлық жасамады, *дітіне берік* боп қалды («Қаз. әдеб.»).

Дітін тапты. *Ретін келтірді, орайын тапты.* Кезім бар болатын бір дана жандай, Теңеуі аз теңдесі кем дара жандай. Өзімнен өзгенің де *дітін тауып,* Жүретін жанның бәрін алаламай (Б.Батырбекова, Жинақ).

ДІТТЕ= е т. *Мақсат ету, көздеу.* Қолдайдың көңіліне тиіп, ауыр сөз айта алмады. Айтқысы келмеді. *Діттеп* келген ісінің ұшығына жеткісі келді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сүлеймен Харитонның *дітте*ген жерінен шығып, төртбес айдың ішінде өнерлі жұмысшы, қатардағы слесарь болып шыға келді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Баласынан мына тұста терісқақпай жауап күтті. Сәрдар бірақ *дітте*ген жерінен шыққан жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

Діттеген меже. *Алға қойған мақсат.* Сонша қиындықты жеңіп, сонша жолдан өтіп келген асау өзен *дітте*ген *меже*ге енді келдім-ау дегенде қарқыны басылып, үлкендікішілі көлдерге айналып, ақыры құрып кетеді (С.Балғабаев, Құм.).

ДІТТЕТ= е т. *Мақсат еткізу, көздету, мақұлдату, қолдату.* Айтпай жүргем жоқ,

облыстық денсаулық сақтау бөлімдеріне хат тапсырдым, ауызша *д і т т е т т і м* (Дәрігер мерейі.). Қиқар шал келіні өзінің қас-қабағына қарап, *д і т т е т і н е* риза болғандай, тағы да бір әңгіме бастады (М.Гумеров, Шыңырау).

ДІТТЕТУ *Дітте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Д і т т е т у і н е* риза болды.

ДІТТЕУ *Дітте етістігінің қимыл атауы.* Ешбір аңсыз-ақ, нақ осылайша сонау Бересек асына дейін барып, Мыңжылқы жаққа бұрылсам деп өзінше *д і т т е у м е н* келеді (С.Бақбергенов, Кентау). Әннің басты мақсаты – адам сезімінің сұлулығын *д і т т е у* («Қаз. әдеб.»).

ДЬЯК [грек. diakones] з а т. к ө н е. *XIV–XVII ғғ. орыс елінің мемлекеттік мекемесінде іс жүргізуші дін қызметкері.* Мен кезі келгенде сағаң бата оқуға *д ь я к қ а* ақша беріп қоямын (А.Нұрманов, Құлан.).

ДЬЯКОН [грек. diakones] з а т. *Православие шіркеуіндегі священниктің көмекшісі болып істейтін дін қызметкері.* Ақтау бекінісіне шіркеу салынсын. Шіркеуде бір поп, екі *д ь я к о н,* бір күзетші ұстауға рұқсат етілсін (І.Есенберлин, Қаһар). Батыс Россияда мектептер шіркеулер жанында болды да, оқытушылары монахтар, *д ь я к о н д а р* болды (О.Жәутіков, Математика.).

ДЮЖИНА о р. з а т. к і т. *Он екі данадан тұратын бір буда зат.* Тұтыну құндарын қарастырғанда әрқашан олардың сан жағы көзге түседі, мәселен, *д ю ж и н а* сағат, бір кез кенеп, бір тонна темір т.с. (К.Маркс,.. Капитал). Тағы бір *д ю ж и н а* сыра, – деп Бөлекбай заказ беріп қалды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДЮЙМ [голл. duim] з а т. *25,4 миллиметрге барабар саржанның он екіден бір бөлегі. Д ю й м* өлшемдердің метрлік жүйесі енгенге дейін көптеген елдерде қолданылып келген ұзындық бірлігі (ҚҰЭ). Ал өзінен-өзі оқшауланған бейім англо-саксон әлемі өлшемдердің метрлік жүйесін қабылдамай, өздерінің *д ю й м д е р і м е н,* футтарымен, мильдерімен, фунттарымен инженерлердің басын қатырумен жүр («Егемен Қазақстан»).

ДЮЙМДІК с ы н. **1.** *Ұзындығы бір дюйм болатын.* Құрылыс жұмысына *д ю й м д і к* шеге, *д ю й м д і к* тақта жеткізілді («Соц. Қаз.»). **2.** *Дюймге тұрарлық.* Оның жұмысының ұзақтығы бір жыл. Онда 8 *д ю й м д і к* телескоп болады. Телескоп телевизиялық қондырғылармен жабдықталған (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ДЮЙМДЕЙ с ы н. *Дюйм болатындай.* Деревняның қымқа алдыңғы жағында тұрған айналасын әбден былғап тастаған, үй иесінің төменгі жағының 9 *д ю й м д е й* жері мүлдем шіріп кеткен (К.Маркс,.. Капитал).

ДЮРАЛЮМИНИЙ [лат. durus –қатты, лат. alumen – ашудас] з а т. х и м. *Алюминийдің мыс, магний, кремнийлермен өте жеңіл әрі төзімді берік қорытпа қоспасы.* ≈ *Д ю р а л ю м и н и й* қайық.

ДЮРЕН [лат. durus] з а т. г е о л. *Жолақтар, қабатшалар және тұтас көмір қабаттары түрінде кездесетін қазба көмірлердің ең күңгірт және қатты ингредиенті. Д ю р е н* тығыз, берік, сұрғылт түсті, омырылымы мен беті бұдырлы келеді (Қаз. тілі термин. Геология).

ДЮШЕС [франц. duchesse] з а т. *Жемісі ірі, шырынды, тәтті, десерттік алмұрттың бір түрі.* Алмұрттың *д ю ш е с* аталатын түрі Орта Азияда көбірек өсіріледі («Қазақ. ауыл шаруаш.»).

Е

Е[1] з а т. **1.** *Тіл мен иектің сәл төмен түсіп, жақтың тар ашылуы арқылы жасалатын жіңішке дауысты дыбыс, фонема. Е* – тілдің қалпы жағынан тіл алды, ерін қатысы жағынан езулік дыбыс (Қазіргі қаз. тілі). *Е* сөздің барлық буындарында кездесіп, жиі ұшырап отырады. Ол түбірде де, қосымшаларда да келе береді (Қазіргі қаз. тілі). **2.** *Осы жіңішке дауысты дыбысты таңбалайтын әріп.* Мысалы, я, ю, *е* әріптері сөз басында йа, йу, йә дыбыстарының тіркесінің таңбалары ретінде жұмсалады (К.Аханов, Тіл білімі.). **3.** *Реттеп санау жүйесінде 8-інші деген мағынаны білдіреді.* Сенім хаттың күші мыналардың салдарынан жойылады: а) Сенім хаттың мерзімі өткендіктен; ә) сенім хатты беруші адам оны жойғандықтан;... *е)* өзінің атынан сенім хат берген заңды ұйымның қызметі жойылғандықтан (ҚазССР азаматтық кодексі).

Е витамині. м е д. ***Е дәрумені*** *(майда еритін, суда ерімейтін дәрумендердің түрі).* Соңғы жылдары *Е в и т а м и н і н е* физиологиялық үлкен маңыз беріліп жүр. Оның өзі бұлшық еттер жүйесін нығайтып, эндокрин бездерінің жұмысын бір қалыпқа келтіреді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). *Е в и т а м и н і* етте, майда, бауырда, жұмыртқаның сары уызында, бидай дәнінде, әсіресе оның ұрығында көп (Т.Дарқанбаев, Витамин.).

Е[2] о д. **1.** *Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылады.– Е,* Мырқымбай, қалайсың, Есендік пе мал-жаның (Б.Майлин, Таңд. шығ.). *– Е,* балам, қалай, әкең әлі тың ба? (Қ.Бекхожин, Мариям.). *Е,* Алла, осы бергеніңе шүкір. Қартайғанымда қолымды қатарыма бір жеткіздің. Ендігі жақсылығыңды Сейітжанымнан аяма (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). *– Е,* шеше, неге жылайсыз? (Қаз. ертег.). **2.** *Болған уақиғаның байыбына барғандықты, оны түсінгендікті біл-*

діреді. Е, солай де, солай де! – Әділжан қайта-қайта басын изеді. – Ал мен ойлаушы едім ол екеуің қайтсеңдер де қосылатын шығар деп (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). – *Е-е,* ұқтым сырыңды, бұдан бұрын үйіңнен арқан бойы ұзап жолаушы шықпаған пенде екенсің ғой (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Неге бұл маған алғаш «*Е,* мұнда отыр екен ғой» дегендей қарады да, сонсоң мүлде теріс айналып кетті. Мұнысы қалай? деген сияқты ойда қалды Серікқали (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). **3.** *Мақұлдағандықты, құптағандықты, қоштағандықты білдіреді.* – *Е,* бәсе, баяғыдан осылай ойнау керек еді ғой! (М.Рашев, Бетің қисық.). – *Е,* бәсе, мен де солай ойлаған ем. Енді сенем (С.Алдабергенов, Алға). – *Е,* өстіп бір, кеңеске келсеңші, бәрін өзің біле бермей (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **4.** *Есіркегендікті, мүсіркегендікті, жаны ашығандықты білдіреді.* – *Е,* байғұс, – деді Баян Қазыбектің сөзіне таңырқаған пішінмен, – отызға жетпестен кемпір атадың, алпыста не демексің? (Ә.Әбішев, Замана.). – *Е-е,* алда байғұс-ай! Солай ма? Бәсе, қазақтан аумайды, көзін қарашы! (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сәлемін алды, шал да амандасты, Қасына жуық келіп жақындасты. Жат жердің адамы едім, *е* шырағым. Не харекет қыласың! – деп сұрасты (Абай, Тол. жин.). *Е-е,* біреуге мал, біреуге бас қайғы, қу заман-ай, – деп Балқия бір күңіреніп қойды (Ғ.Мұстафин, Шығ.). **5.** *Жақтырмағандықты, ұнатпағандықты білдіреді.* – *Е,* жүр-дағы, жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң, әкең екеуміз қуып шыққанбыз (М.Әуезов, Абай жолы.). Тұрған жерлеріңіз қалай? Топырақ шығар? – деді. – *Е,* ауылдық жер ғой, – деп Сайлау сыпайы жауап қатты, – асфальт жоқ. Жел тұрса ептеп шаңытатыны болады («Жұлдыз»). – *Е,* ат шаптырып, жарақыланып жатқаның мына қояндай қозы ма? (Т.Жармағамбетов, Нәзік бұлттар). – *Е,* оңай болса, келіп шыға ғой, – деп Сәтжан Жанайға жартастың тіп-тік жалтыр текшесін көрсетті (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). **6.** *Күдіктену, күмәндану, шүбәлануды білдіреді.* – *Е,* мұның несі бар бізде? – деді Сатан келе жатқан Нұраділ мен Мәмбетке (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұлар іштерінен: «*Е,* бұл қалай?»... десіп қалды (С.Сейфуллин, Шығ.). Дұрыс, *е,* ендеше, ел де, елу басы да түгел десеңші (М.Әуезов, Шығ.).

«Е» деді. *Келісті, ризалық білдірді.* – Япырай, мынау қайсың, Бөбегім бе? Осынша мені ойлап жүдедің бе? Ұмытып алысқан қол, айтқан сертті Ақбөбек, әлдекімге *«е» д е д і ң* бе? (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

«Е» дегізді. *Сендірді, нандырды, иландырды.* Анау сұмның келетінін білген деп тұрып, төндіріп, соған тіпті мені де, Айсұлудың өзін де *«е» д е г і з б е к* болғанын айтсаңызшы (М.Әуезов, Өскен өркен). Бар күй ап-анық боп, жанды тынысымен *«е» д е г і з г е н д е й* болса, сөз, сезім, суретшілік те аса мөлдір сұлулық тапқан (М.Әуезов, Әр жыл.).

«Е» десті. *Келісті, уәделесті, серт берісті.* Қыз айттырмай балаға, Қалмалық деп жалаға, Қаулы қылды *«е» д е с т і* (С.Дөнентаев, Шығ.). Осы кезде Әбді мен Сержан, Асқан үшеуі *«е» д е с к е н д е й* ытқып барып, қарақшылардың жолына қарсы басып тұра қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Е, Құдай [Алла], бере көр! *Қайырым сұрау, тілек тілеу кезінде айтылады.* Балық көрініп қалған кезде, ол *е, Құдай, бере көр!* » деп, айырын шаншып қалыпты (Қаз. ертег.).

Е[3] қ. е т. *Негізгі сөзден болған баяндауышты тұрақты етіп, оған өткен шақтық мағына қосу үшін немесе баяндауыштардың мазмұнын түрлендіру үшін жұмсалатын көмекші сөз.* Есім баяндауыштарға да өткен шақтық мән беріп, олардың баяндауыштық қызметін айқындай түсетін көмекші етістіктің бірі – *е*. Ол сол қызметте жіктік жалғауларда қысқарып *е м, е ң, е к* болып та айтылады (Қазіргі қаз. тілі). Отыз жыл қалам тербеп батыл келем, Қашан мен жазар *е к е м* ақырғы өлең. Қапысын о да бір күн жібермес-ау, Айқасар ажал-жауыз ақынменен (М.Әлімбаев, Өшпес от). Біз бала кезде алыстағы мектепке түйе мініп китіңдеп, не өгіз арбада шайқалып әрең жетуші *е к* (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ЕБДЕГЕЙСІЗ с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіз***. Бойы мен ені бірдей боп, *е б д е г е й с і з* бүкеңдей жөнелгенде-ақ борсық екенін аңғару қиын емес еді (Қ.Қазиев, Үркер.).

ЕБДЕГЕЙСІЗДЕУ с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіздеу***. Омар асып-сасып, *е б д е г е й с і з д е у* қимылмен қолтығынан сүйемек болып жатыр («Еңбек туы»).

ЕБДЕЙ з а т. *Ынғай, икем, қолай, еп.* Шәкірттер өмірдің сан тарам жолдарының ішінен қабілетке қолайлысын, *е б д е й г е* икемдісін, өнерге өтімдісін, кәсіпке тиімдісін, қоғамға пайдалысын таңдау қуанышын бастан өткереді («Қазақст. мұғ.».). Сиқым түске дейін бірде жапырып, бірде шауып қиқалақтатып жүріп, әйтеуір *е б д е й г е* келтіріп жаттығып қалды (Д.Қасенов, Серт.).

ЕБДЕЙЛЕ= е т. *Ынғайлау, икемдеу,ептейлеу.* Кенет олардың түсі өзгеріп кеткендей, Рахметқали қолындағы темегін оңға қарай *е б д е й л е п,* Жібекке қарай команда берген тәрізді (С.Хайдаров, Теңіз.).

ЕБДЕЙЛЕН= е т. *Ынғайлану, икемделу.* Құ тұяқ, құлан шеке *е б д е й л е н і п* Күткендей үлкен жарыс, ұлы дуды (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

ЕБДЕЙЛЕНУ *Ебдейлен етістігінің қимыл атауы.*

ЕБДЕЙЛЕТ= е т. *Ебдейлі еткізу, ыңғайлату, оңтайлы еткізу.* Ағаштан *е б д е й л е т і п* аспап жасап алды (Ауызекі).

ЕБДЕЙЛЕТУ *Ебдейлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е б д е й л е т у* керек еді.

ЕБДЕЙЛЕУ *Ебдейле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е б д е й л е у г е* келмейді.

ЕБДЕЙЛІ с ы н. **1.** *Ыңғайлы, оңтайлы,ептейлі, икемді.* Ал ірі қараларды жауырынтақтан емдеу үшін, ағаштан *е б д е й л і* аспап жасап алып, жауырынның жабысқан жерін сонымен ажырату керек (Саржайлау). Балалар үйінің директоры бәкене бойлы, сарғыш өңді, орта жасқа келіп қалған *е б д е й л і* адам екен («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Пысық, ширақ.* Кенші коммунистер адамның ішіне кіріп тұрған істе алғыр, *е б д е й л і,* білімі жетік бұл басшысын сүйіп атайды екен (F.Сланов, Замана.).

ЕБДЕЙЛІЛІК з а т. *Ебдейлі болушылық, ыңғайлылық, оңтайлылық.* Тапсырған жұмысты тындырып істеуге алғашқы кезде *е б д е й л і л і г і м* жетіспей жүрді (Ауызекі).

ЕБДЕЙСЕК с ы н. с ө й л. ***Ебдейлі***. Махаң етікші өзі ауыс-түйіс күнкөріске *е б д е й с е к* кісі. Аз жылда-ақ орташарқы шаруа жинап алады (Б.Аманшин, Көкжар). *Е б д е й с е к* ересектер, тасығалы, шараны шайқап ұстап асығады (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

ЕБДЕЙСІЗ с ы н. с ө й л. **1. Ебедейсіз** (*икемсіз, оралымсыз, епсіз; қорбиған*). Ол өз пайдасына келгенде сол *е б д е й с і з* денесімен ұршықша айналады (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов.). Ол орнынан тұрып, сипалап жүріп, Қарабаланың жанынан темекі дорба мен шырпы тауып алды да, *е б д е й с і з* қолдарымен шоқпалақтай қылып орап тарта бастады (Балдәурен). **2.** *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет; ерсі.* Кіреукеленген көзінде сәуле жоқ, жараның орнындай шүңірейеді де, қоңқақ мұрыны мен өрескел аузы ол да жансыз, ағаштан ойып жасай салғандай *е б д е й с і з* (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Сорайған ұзын бойынан қысылғандай, *е б д е й с і з* қимылдап, брезент плащының шұбатылған етегі қаудырлай береді (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЕБДЕЙСІЗДЕУ с ы н. с ө й л. *Икемсіздеу, ыңғайсыздау; қолайсыздау.* Жүзін шаң басқан зор денелі Александр әлденені айтуға батпағандай, *е б д е й с і з д е у* қимылдап, желкесін қасыды (Қ.Салғарин, Жанында жүр.). Шоқша сақалды қарт сөйлей жүріп, жігітті арбадан түсіріп, қолдан *е б д е й с і з д е у* істелген, бірақ ұстауға берік балдағын әперді (Қ.Салғарин, Сол бір күн.).

ЕБДІРЕ= е т. с ө й л. *Елпектеу, абдырау.* Сөйтті де жүгіре басып *е б д і р е п* барып, Әзімханды вагон баспалдағынан көтеріп түсіріп жатты (Д.Әбілев, Арман.). Жабық қақпаның жанындағы кіші есік алдында сәл кідіріп, енді кірейін деп тұрғанда *е б д і р е й* сөйлеп келе жатқан адам даусын естіді (Д.Әбілев, Арман.).

ЕБДІРЕТ= е т. *Елпілдету, абдырату.* Әжейді *е б д і р е т п е й і к* (Ауызекі).

ЕБДІРЕТУ *Ебдірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үй иесін *е б д і р е т у.*

ЕБДІРЕУ *Ебдіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е б д і р е у і н е* қарама.

ЕБЕ з а т. ж е р г. *Үйтқып соққан жел.* Сол жылы қыста ауа райы малға өте қолайлы болды. Қар аз жауды. Байырғы Құлыстайдың екпінді *е б е с і* де, Алакөлдің бұлқын аяқ қыбыласы да қатты соқпады (Т.Айнабеков, Алғы шепте.).

ЕБЕГЕЙ з а т. с ө й л. ***Ебдей***. ≈ *Е б е г е й і н* келтіру.

ЕБЕГЕЙСІЗ с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіз***. Қарт аяулы жанындай, өмірдегі өзекті тірегіндей көретін бауыр еті – баласына шағынды білем, аузы *е б е г е й с і з* қисая кемсеңдегендей болды (С.Алдабергенов, Қанат.).

ЕБЕГЕЙСІЗДІК з а т. с ө й л. *Ебедейсіздік (икемсіздік, қолайсыздық).* Бүкіл Арқалықтан шақ костюм табылмайды, – деді директор лезде бала құсап құлағына дейін қызарып, еңгезердей денесінің *е б е г е й с і з д і г і н е* өзі ыңғайсызданып (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

ЕБЕДЕЙ з а т. *Ыңғай, икем, қолай, ептілік.* Өйтіп-бүйтіп *е б е д е й г е* келтіріп, дұрыстап алды (Ауызекі).

ЕБЕДЕЙЛІ с ы н. **1.** *Ыңғайлы, оңтайлы, икемді. Е б е д е й л і* қолдағы шанышқы етікшінің бізіндей жылпылдайды (С.Омаров, Өмір.). **2.** а у ы с. *Пысық, ширақ.* – Атаншаның баласы, сен жасың кіші және *е б е д е й л і* жігіт көрінесің, маған сыртқа шығып жәрдемдесіп жіберші (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕБЕДЕЙЛІК з а т. *Икемділік, ептілік, ыңғайлылық.* Көргенде заманадан ел өгейлік, Кеткендей ел ісінен *е б е д е й л і к.* Жақсылық, жамандықты жақындатқан, Көбейер бақсы-балгер, сәуегейлік (Н. Ахметбеков, Амангелді).

ЕБЕДЕЙСІЗ с ы н. **1.** *Икемсіз, оралымсыз, қорбиған.* Өзі [Нұрғали] *е б е д е й с і з* үлкен жігіт, оның үстіне сөлекет киімдер қосылыпты (F.Мұстафин, Дауыл.). Аты бір нәрседен бесең алып, жалт бергенде Шермектің *е б е д е й с і з* тоқымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшақтай аттан қалпақтай ұшқан секілді болды (Б.Майлин, Шығ.). Қаршадайынан темірді қанша илеген ағамның добалдай саусақтарының жіп-жіңішке қаламды тым *е б е д е й с і з* ұстағанын көргенде менің күлкім келіп кетті (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет, ерсі.* Ол өзінің осы *е б е д е й с і з* халін өзі мысқылдағандай Айдынға қарап күліп қояды (К.Сақабаев, Көктас.). Қадыр

қос шелек жылы суды Мөңке қарттың қасына апарып қойып, *е б е д е й с і з* қимылмен жейдесін, тоқымасын легенге араластыра салып, шелекке қол созғанда, Халима шыдай алмай дауыстап жіберді (Т.Жұртбаев, Бесқарагер).

ЕБЕДЕЙСІЗДЕН= е т. *Икемсіздену, епсіздену.* Темекі тартпайтын Әмірдің саусағы қағазды орауға келгенде *е б е д е й с і з д е н і п,* темекіні төгіп алды (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). Бастаушымыздың машинасы *е б е д е й с і з д е н е* бір жағына жантая бергенін көріп келеміз (Т.Бигелдинов, Аспанда.). Ертең ерте елгезек болып жүрген дене зілденіп, қолдағы кетпен де *е б е д е й с і з д е н е* түседі (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.).

ЕБЕДЕЙСІЗДЕНУ *Ебедейсізден етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е б е д е й с і з д е н у м е н* келеді.

ЕБЕДЕЙСІЗДЕУ с ы н. *Икемсіздеу, оралымсыздау, епсіздеу.* Нұрыш *е б е д е й с і з д е у* қозғалып орнынан тұрды (Б.Майлин, Шығ.). Дүржан маған жалт қарады. Өзінен кіші басы бақырдай, шертік қарын, аяқ-қолы балғадай, бір көрген көзге *е б е д е й с і з д е у* менің кейпім оған мүлде ұнамады білем, мұрнын тыжырынып, көкке көтерді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар атай).

ЕБЕДЕЙСІЗДІК з а т. **1.** *Ебедейсіз болушылық, икемсіздік, сөлекеттік, қолайсыздық.* Мен өзімнің *е б е д е й с і з д і г і м е* қатты налыдым, екеуміз бірдей құрып кете жаздадық (От ортасынан). Саусақтарының икемдігінің аздығы, әсіресе, бас бармақтың қалған саусақтарға қарама-қарсы орналасуы қалам ұстауға *е б д е й с і з д і к* келтіреді (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** п с и х о л. *Субъектінің өзі белгіленген іс-қимыл бағдарламасын оның қайта құрылуы объективтік тұрде талап етілетін жағдайларда өзгертуді қиынсынуы.* Субъект байқататын *е б е д е й с і з д і к* деңгейі оның тұлғалық ерекшеліктерінің ортаның сипатымен өзара әрекеттестігінен туындайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЕБЕЙ[1] з а т. к ө н е. **1.** *Кәрі әйел, кемпір. Е б е й* сөзінің ебейін, ебене, ебесін деп аталатын нұсқалары бар (С.Аманжолов, Қаз. тілі. диал.). **2.** *Басыбайлы, еріксіз күң.* Есіктегі *е б е й д і,* қайбір тоқал жебейді. Нәр татпаса күн бойы, күңім қайда демейді (Қазыбек би).

ЕБЕЙ[2] з а т. ө с. к ө н е. ***Ебелек*[1]. Мен бір соққан дауылпаз, Сен салмақсыз қаңбақ бос, Ебелек қаққан *е б е й с і ң,* Бір ұстасып қалсам деп, Күшіңді байқап шенейсің (Жамбыл, Шығ.).

Е б е й б а с т ы. *Басы қауқиған, селтиген. Е б е й б а с т ы* құба үлек, Сенен соң жүк көтерер түйе жоқ! Айғыры өлген ақ байтал, Сенен соң ат туарға бие жоқ! (Х.Досмұхамедұлы, Аламан). Ел қияға қонғай ма? Еділ, Жайық арасы Кеңшілік қоныс болғай ма?! *Е б е й б а с т ы* құба үлек Ернімен шырпы шалғай ма?! (Х.Досмұхамедұлы, Аламан). Мая, кез, *е б е й б а с т ы* құба үлектер Суды іздер қаңсып қалған көп табаннан (Қ.Жұмалиев, Қырдағы.).

Ебей басты бұғы. *Мүйізді бұғы. Е б е й б а с т ы б ұ ғ ы* епсіз келер («Қаз. әдеб.»).

Ебей сапты пышақ. *Мүйіз сапты пышақ. Е б е й с а п т ы п ы ш а ғ ы н* алды (Ауызекі).

ЕБЕЙ[3] з а т. к ә с. *Шығыр дөңгелегінің имесі, айнала көрінісі және сол дөңгелек тұрған орын (шұңқыр).* Тегеріш тұратын орынды *е б е й* дейді. Көлік *е б е й д і ң* айналасынан аспайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Шығырға жеккен көлік жүргенде *е б е й* қозғалып айналады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕБЕЙДЕЙ с ы н. *Ебей*[1] *сияқты.* Ерлерім өрдей қасарып, Жарантып сұлу ат мінген, *Е б е й д е й* төсі салынған, Егеудей тісі жанылған (Қашаған // Ақберен).

ЕБЕЙ-ДЕБЕЙ с ы н. *Үйпа-түйпа, қобыраған.* Ержігіт *е б е й-д е б е й і* шыққан қара шашын қолымен жоғары қайырып қойып, алға қарады (Б.Алдамжаров, Қара нөсер).

ЕБЕЙ-ЖЕБЕЙ ү с т. *Үсті-үстіне, бірінен соң бірін.* Мен әлгі қара бұжырмен шынтақ түйістіріп отырған сары әйелдің меншігіне тидім. Ол *е б е й-ж е б е й* екі-үш толтыртты (Ғ.Қабышев, Мысық). Алдымен айналайын өз танауым бастады әлгі *е б е й-ж е б е й* түшкіруді («Қаз. әдеб.»).

ЕБЕЙ-СЕБЕЙ с ы н. *Қобыраған, ұрпиген, дода-дода.* Әйтеуір мұрнына су кетіп, үсті маймай, шашы *е б е й-с е б е й* болып жүргені әлі көз алдымда тұр (Қ.Әжікеев, Жылан.).

ЕБЕЙСІЗДЕУ с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіздеу***. Шалдың жиырмадағы кенже баласы қойды сою ретін *е б е й с і з д е у* біледі екен, оған кіші келіні жәрдемдесіп жатыр (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЕБЕЙІН з а т. с ө й л. ***Ебелек***. Сонда патша сөйледі: – Есік алды *е б е й і н,* Күйген үрер көмейін. Алдымда тұрған Барын-ау, Шалдың қарны тоқ па екен? Үйінде малы көп пе екен? (Батырлар жыры).

ЕБЕҚАҢБАҚ з а т. ө с. <лат. gypsophila> *Жапырағы сағақсыз, гүлі ұсақ қалампыр тұқымдас көпжылдық шөп, аққаңбақ.* Қазақстанда көп тараған *е б е қ а ң б а қ* дейтін өсімдік бар (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Борпылдақ құмды топырақта көбінесе *е б е қ а ң б а қ* өседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). *Е б е қ а ң б а қ т ы ң* Қазақстанның барлық дерлік жерінде кездесетін 20 түрі бар (ҚҮЭ).

ЕБЕЛЕК[1] з а т. **1.** ө с. <лат. ceratocarpus> *Шөл-шөлейтті, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, биіктігі 10–30 см-дей, сабағы дөңгеленіп келген алабұта тұқымдасына жататын бір*

жылдық шөптесін өсімдік. Е б е л е к т і ң жемісі пісіп жетілгенде түбінен үзіледі де, желмен таралады (Ботаника). Алдарында ұшы-қиырсыз мидай жазық жатты. Қайда қарасаң да ырғалып өскен киікоты, *е б е л е к* (С.Балғабаев, Шөл). Ешкі жейді *е б е л е к*, ешкіні жейді кебенек (Мақал). Мен жалғыз екенмін, мен әлсіз екенмін, күшті жел түрсе домалай безетін *е б е л е к* екенмін (Ж.Саин, Жол үсті.). **2.** *Дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз адам.* Жалпы сағалағанды бағалағандар да бар шығар. Қайтеміз, ердің *е б е л е г і н е н* сақтасын дейміз де (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).Еркі желдің еркінде, Ел емес едім, *е б е л е к.* Өткен күнде белгі жоқ, Айтып-айтпай не керек (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ұшып-қонған, қалбалақ, жеңілтек, ұшқалақ адам.* Ұшқыны жоқ, бейне *е б е л е к* – Бір қызға мен жолықтым, Жаны жалған жан екен тек, Қаштым, сүймей «қорықтым» (Т.Жароков, Шығ. жин.). Бейімған қарт шыбын жанын ала ұшып, жүгіріп тұрған бір *е б е л е к* жан («Қаз. әдеб.»).

Ебелек қақты [ұшты]. *Асты-үстіне түсіп бәйек болды, қалбалақтады, ұшып-қонды.* Үй-ішінің, мал-жанның амандығын сұрасып, үйге шақырып, *е б е л е к қ а ғ а д ы* (Т.Ахтанов, Шырағың сөнбесін). Айтқанымды екі етпей, *е б е л е к қ а ғ ы п* жүр еді (Ә.Ахметов, Шығ.). Әкей-үкей деп, полковниктің асты-үстіне түсіп, *е б е л е к қ а ғ а д ы* (Б.Тілегенов, Аққайнар). Үй иесі бұрын әкемнің алдында «Әбеке, Әбеке!» деп, шешемді кейде «келінжан», кейде «қызым» деп, *е б е л е к ц ш у ш ы* еді, енді қабағын қарс түйіп, үрлеген қарынға ұқсап ісінді де қалды (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

Ебелек ұшпас елсіз [жер]. *Қу медиен, шөл дала. Е б е л е к ц ш п а с е л с і з д е н,* Көбелек ұшпас көлсізден, Құла мидай шөлдерден, адам жүрмес жерлерден Батпақ-лай сөлдерден (Қобыланды батыр). *Е б е л е к ц ш п а с е л с і з г е* қала орнады. «Көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ» жерлер гүлстан болды («Лен. жас»).

Ебелек шалды. *Қорқып қашты, зытты.* – Тілек, батам сол болсын. Жауыңның күні батсын да, еліңнің таңы қайта атсын! Соның қайраткері болғайсың, *е б е л е к ш а л м а й* ер боп қайт! (Ғ.Сланов, Жанартау).Заманыңда туған ер болсаң, жауға барғанда, қанжығаң қанды болсын! Қанжығаң кепсе, ер болдың не, *е б е л е к ш а л д ы ң* не! (Ғ.Сланов, Жанартау).

ЕБЕЛЕК[3] з а т. т е х. *Комбайнның астық сабағын жығу үшін арнайы жасалған ағаш қалақтары.* Жатка *е б е л е г і* күріштің басын орақтың жүзіне тоқсан градус иіп әкелуі тиіс («Қаз. әдеб.»). Двигательге жеткен суды мотордың *е б е л е г і* шашып, ток жүретін сымдар дымданды, машина сөніп қала берді (Ш.Дәрмағамбетов, Еңбек бақыты).

ЕБЕЛЕК[4] з а т. э т н. *Шыр айналған нәрсенің (ұршық басы т.б.) бейнесін көрсететін ою, өрнек. Е б е л е к* – зырылдауықтың не ұршықтың басын, самолеттің пропеллерінің бейнесін еске түсіретін өрнек (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Алдыңғы жағы қара алтын, Артқы жағы сары алтын. Қапталы екі ен темір, *е б е л е г і* сом темір (Батырлар жыры).

ЕБЕЛЕК[5] з а т. ф и з. *Әйнектің, жылтыр заттың жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәуле.* Жарық сәулесі айналардың екеуінен де шағылысқан соң, шкалаға жарық *е б е л е г і н* түсіреді (Физика курсы). Үстел бетінің аз да болса майысуы айналарды стрелкалармен көрсетілген бағыт бойынша еңкейтеді, сонда *е б е л е к* басқа орынға жылжиды (Физика курсы).

ЕБЕЛЕК-ЖУСАН з а т. ө с. *Ебелек және жусан.* Қарманып жүріп, әлдеқайдан бір құшақ *е б е л е к-ж у с а н* әкеп, дөңгелектің алқымына төседім (А.Нысаналин, Алыстағы алау).

ЕБЕЛЕКТЕ= е т. **1.** *Қалтылдау, қалт-құлт ету.* Бір мезгілде *е б е л е к т е п* сұр көбелек, оның артынан қолға түспейтін үлкен қанатты ақ көбелектер де келе бастады (Н.Баяндин, Құм асты.). Сарғайған жапырақ желдің сәл лебінен үзілді. Дір-дір қағып, қалтылдап, *е б е л е к т е п* барып құлады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.). Екі қолын түпсіз аспанның астында *е б е л е к т е г е н* балапанның қанатындай тұңғиық сабап ербеңдетеді, қолы талса сұлық жатып екі аяғын қыбырлатады (Б.Шалабаев, Өмірде.). **2.** *Елпек қағу, елпілдеу, қалбалақтау. Е б е л е к т е п* бірде құлап, бір тұрып, Қара шаң мен көк түтінге тұншығып. Қара солдат өңі сізден аумаған, Кіріп келді жанған үйге лаулаған (З.Тілеужанов, Толағай тау). Ол сыпайы болғанда орынсыз *е б е л е к т е п,* не ыбылжып тұрған жоқ. Кәдімгі табиғи қалпы (Т.Ахтанов, Шырағың сөнбесін). Түрегеп тұрып жылдам-жылдам ақтарып, бала құсап *е б е л е к т е п* Бекетке ұсынды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **3.** *Қолды-аяққа тұрмай ұшып-қону, безек қағу.* Бір ол жақ, бір бұл жаққа шығып, *е б е л е к т е п,* Ахметті айнала қипақтап бақсы жүр (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Лашынды қаршығаша атпен шауып екпіндетіп келіп құсқа лақтыра тастамай, алыстан өрлеткенше күш жиып ұшатындай қолдан босатып қоя береді. Құсты көргенде *е б е л е к т е п* қолда отырмай шабыт білдіреді (Ш.Айманов, Қыран.). Болғанда атым Нұртай, елім керей, Пиғылыма жан тояды ішпей-жемей. Алдыма *е б е л е к т е п* келдің қайдан, Жүруші ең әрқашан кезің келмей («Мәдениет және тұрмыс»). **4.** а у ы с.

Жаны қалмау, бәйек болу. Бәлкім ауыл жаққа барып, қонақ болып қайтарсыз, – деді ол *е б е л е к т е п* (К.Туғанбаева, Алтын.). Әлібек оңаша үйде жуынып жатқанда, жерошақ басында шай қамдап жүрген Ардаққа қолғабыс етіп, шамға түсетін көбелектей, Махмет те *е б е л е к т е п* жүрді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Үйіңнің төбесінен кішкентай ебелектегір! қ а р ғ. *Кім-көрінген басынып, әркім мазақ еткір деген мағынада.*

ЕБЕЛЕКТЕЙ[1] с ы н. **1.** *Ебелек сияқты, ебелек тәрізді.* Ол өсіпті қызғалдақтай сусыз шөлде, Тұрақсыз *е б е л е к т е й* дауыл желде (Жамбыл, Тол. жин.). Мақұлбек шілде ұрып қуратқан *е б е л е к т е й*, сақал-шашы қуарып, шөгіп, енді осы үйдің ығын қойып, өтіне шыққа, үһ еткен желге ұшып жөнелетіндей сезінді (Д.Досжанов, Зауал.). Ежелгі ескі далада *Е б е л е к т е й* көшкен кім? (І.Жансүгіров). **2.** а у ы с. *Ұшып-қонған, қалбалақтап бәйек болған.* От көрсе шыр айналған көбелектей, сұлу қыз ынтық болдың *е б е л е к т е й* (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЕБЕЛЕКТЕТ= е т. *Ебелек-ебелек еткізу, ебелеңдету.* Нияз балаларға қарап күліп, «Қош» айтқандай қолын көтеріп, қолының ұшын *е б е л е к т е т т і* (С.Сейфуллин, Шығ.). Есін жиып алғандай, жылдам қозғалып автомобильге кетіп бара жатып та артына қарайлай беріп, қолын *е б е л е к т е т е* берді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕБЕЛЕКТЕТУ *Ебелектет етістігінің қимыл атауы.* **≈** Қолын *е б е л е к т е т у.*

ЕБЕЛЕКТЕУ *Ебелекте етістігінің қимыл атауы; жаны қалмау, бәйек болу.* Ахаңмен арадағы әңгімеден кейін Бейсен оған *е б е л е к т е у д і* қойған (О.Сәрсенбаев, Сағым). Осы даңғаза ду саябырсыған сайын, Жатыпатардың еңсесі түсіп, *е б е л е к т е у д е н* тыйылғанын аңдадық (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Болмысынан тыс *е б е л е к т е у д і ң* бәрі жарға жығар жалған (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЕБЕЛЕКТІ с ы н. *Ебелегі бар, ебелек өскен.* Барса келместей көрінген, алты ай бойы сабылтып, сандалтқан сұрықсыз дала, *е б е л е к т і* өлке, қызыл құмды таулар енді мынау – қона қалсаң жайлы қоныс, жүре қалсаң әудем жер (Ә.Әбішев, Замана.). Тайбөрінің шығыс жағы жусанды, *е б е л е к т і,* көкпекті ұшы-қиырсыз боз дала (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Жусанды, *е б е л е к т і* бұдырға кеп тізгін ірікті, ұзын қыл шылбырдың ұшын қолтығына қысып, айдалада іс кескен кісі құсап жаяу аяңдаған, бес-алты қадам аттағанда-ақ балағын қарғыз тұтып қалды (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

ЕБЕЛЕКШЕ ү с т. *Ебелек тәрізді, ебелекке ұқсап.* Сол-ақ екен, тайша өкіре секіріп бір жөнелді дейсің, менің астымдағы шаңырақ *е б е л е к ш е* дөңгеледі (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Желге ұшқан, келді жұмбақ, *е б е л е к ш е,* Талайды таңырқатып жайған сепше. «Қызымын, – деп, – Байсарының» жазып жұмбақ, Құлпырды құмға ойнаған құба желше (Айтыс).

ЕБЕЛЕҢДЕ= е т. *Елпек қағу, елпілдеу, қалбалақтау.* Қайдан табарын білмей жан-жағындағы дуалдардың бұрыш-бұрышын қарап шығып, *е б е л е ң д е й* басып Тұрлығұлға айтайын деп барды (А.Оразалин, Қайырлы сапар.).

ЕБЕЛЕҢДЕТ= е т. *Елпек қақтыру, қалбалақтату, елпілдеткізу. Е б е л е ң д е т е* бастырып соңынан ертіп барады («Қаз. әдеб.»).

ЕБЕЛЕҢДЕТУ *Ебелеңдет етістігінің қимыл атауы.* **≈** Қолын *е б е л е ң д е т у.*

ЕБЕЛЕҢДЕУ *Ебелеңде етістігінің қимыл атауы.* **≈** *Е б е л е ң д е у і н* қара.

ЕБЕНЕ з а т. ф о л ь к. ***Ебей*** *(ебелек шөп).* Есіктің алды *е б е н е,* Ерлер киер кебене. Кеткен кісі келе ме? Алғанын тәңір бере ме? (Қобыланды батыр). Топырағы құнарлы өз жерімізге өспейтін өсімдік жоқ екен, тіпті сирек кездесетін *е б е н е н і* де көрдік (Ердің даңқы.).

ЕБЕП: ебептен [ебепке] себеп. к ө н е. *Бір нәрсенің орайы келу, сәті түсу, желеу болу. Е б е п т е н – с е б е п,* балшықтан – мұрат (Мақал). *Е б е п к е с е б е п* деген осы. Соғыс болмаса, мен майдан жауынгеріне сыйлық жібермесем, Әбілқасымға кездеспеген болар едім (С.Омаров, Қиыр жол). Қуанбай ше! Жұрт түгіл өзі де өледіге санап қойған әкесі құлантаза айығып кетті деп естіген, *е б е п к е с е б е п* дегендей (Н.Қазыбеков, Ағайын).

ЕБЕП-СЕБЕПТЕН ү с т. *Ана жағдайдан, мына жағдайдан, әр нәрседен.* Ол тарау-тарау жолмен келіп, бірнешелеген *е б е п - с е б е п т е н* құралып тұтасқан бір түйін жасауы ықтимал (Ж.Жұмаханов, Жинақ).

ЕБЕСІН з а т. ф о л ь к. ***Ебей***[2]. Ертеңгі күн болғанда Елің кеңес құрғанда, Айналып ақыл табарға Есіктегі *е б е с і н.* Сонда ханым, не дейсің, Мен жоқ болсам, Есім хан (Жиембет // Алдаспан). Ес білгеннен, Есім хан Қолыңа болдым сүйесін. Қолтығыңа болдым демесін. Есігіндегі *е б е с і н.* Мен жоқ болсам Есім хан Ит түрткіні көресің (Х.Досмұхамедұлы, Аламан).

ЕБЕТЕЙЛІ с ы н. с ө й л. ***Ептейлі***. Атаана еңбекқор болса, оның ұрпақтары да еңбек сүйгіш, іске *е б е т е й л і* келеді («Қазақст. мект.»). Қутыңдаған сұқ қолым, *Е б е т е й л і* мықты оным. Бармақтың басты тірегі, Өзінің ісін біледі (Ж.Смақов, Жаңғырық.).

ЕБЕТЕЙСІЗ с ы н. *Ебетейлі емес, епсіз.* Қазакем саудаға, есеппен, үнеммен күн көруге

е б е т е й с і з халықтың біреуі ғой (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ол жүгірген кезде бұратылып *е б е т е й с і з* көрінсе де, ізінен жел естіріп жібереді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.). Оқыстан келген бастықты көріп, біреулері *е б е т е й с і з* қимылдап, заттарын үстел астына жасырған болып жатыр (С.Шаймерденов, Мезгіл.).

ЕБЕТЕЙСІЗДІК з а т. *Ебетейсіз болушылық, епсіздік.* Дегенмен *е б е т е й с і з д і г і н* сездірмей, барынша тез-тез басып, жан-жағына жіті қарап, сақ келеді (Т.Шаханов, Жоғал. жауһар.). Жүргенде алақ-салақ *е б е т е й с і з д і к* бар, тозық орамалдың астынан самай шашы дудырап шығып тұр (Ж.Мусин, Ақалаң.). Өлетіндердің қайсыбірі өздерінің нашарлығынан, *е б е т е й с і з д і г і н е н* өліп жататын тәрізді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЕБЕУ о д. *Үйбай-ау, ойбай-ау. Е б е у* көтек, бұлары кім тағы да, – деп бәйбіше келгендерге одырая қарады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш.).

ЕБСЕК з а т. *Епті қимыл, ыждағатты да ықтиқатты әрекет. Е б с е к* – қимыл, әрекетпен байланысты айтылатын атау (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Екі жапсақ, бір *е б с е к* (Мақал).

ЕБСЕКТІ с ы н. *Қолынан әрқилы нәрсе келетін, епті, іскер. Е б с е к т і* ана қыздарын да үй шаруашылығын тындырып істеуге баулыған екен («Қазақст. әйелдері»).

ЕБІ з а т. *Үйытқып соққан дауылды жел. Е б і* межелі кезінен ерте келсе де шөп ебелек қағып, дедектеп тұрған қарашада өрт шығады да, айдай дерсің, жан баласына бой бермей, аспанға ызыл шымылдық құра лапылдайды-ай келіп (Х.Әдібаев, Таңбалы адам). Ей, қазақтар, *е б і д е н* ықтаған ешкідей салып ұрып, қайда барасыңдар? – деген дауыс естілді сонда («Қаз. әдеб.»).

Ебі желі. *Жоңғар Алатауының шығысында болатын екпіні қатты, дауылды жел. Е б і ж е л і* – Жетісу (Жоңғар) Алатауының солтүстік шығысындағы Ебінұр көлінен Жетісу (Жоңғар) қақпасы арқылы соғатын сұрапыл дауылды жел (ҚҰЭ).

Ебінің желіндей [сары желіндей]. *Ұзақ соққан қатты желдей.* Балқаштан бері шыға *е б і н і ң ж е л і н д е й* аңызағы жаман сарыөзек басталды (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз). *Е б і н і ң* соққан *ж е л і н д е й* Бекмұхамбет сөз сөйлер (Айтыс). *Е б і н і ң с а р ы ж е л і н д е й* саулайды екен сол сарын (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕБІЛ-ДЕБІЛ үс т. с ө й л. ***Ебіл-себіл.*** Сыбан молда ақ жайнамаз үстінде мүлгіп отырғанда, *е б і л-д е б і л,* омырауы көз жасына боялып Тасбике жетіп келді (С.Адамбеков, Атылған.). Қапанның көз алдынан әжесінің сол күнгі жұрт қуанса немерелерін құшағына қысып, *е б і л-д е б і л* болып жылай берген қуанышты кейпі әлі кетер емес (С.Хайдаров, Құрыш білек). Осының артынша Жөлекке базарға барғанда, мұның маңдайынан тері сорғалап, *е б і л-д е б і л* болып қауын сатып отырған жерінде көрдім (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Ебіл-дебілі шықты. *Егіліп жылады, еңіреді.* Дулаттың өлгеніне Таңшолпанның осыншалықты *е б і л-д е б і л і ш ы ғ ы п* жылағанына олардың түк қатысы жоқ сияқты (С.Балғабаев, Құм). *Е б і л-д е б і л і ш ы ғ ы п* жылап отырған қыздар көз жасын кенет тыйып, біртіндеп орындарынан тұрды («Жұлдыз»).

ЕБІЛ-СЕБІЛ[1] үс т. **1.** *Сора-сорасы шығып, ағыл-тегіл еңіреп.* Келсе, Тұраш *е б і л-с е б і л* жылап отыр. Бұрышқа басын сүйеп солқ-солқ етеді (С.Нарымбетов, Тентек). Өлдім-талдым деп өзеннен зорға өтіп немересіне келсе ол *е б і л-с е б і л* жылап тұр екен (Ш.Айтматов, Қош бол.). Атом деген аждаһа ысқырық сап, Асқар тауың дейміз біз құламасын! О, жер-ана, қара шашың жайып тастап Болғаны *е б і л-с е б і л* жыламасаң! (Қ.Мүсірепов, Раушан). **2.** *Терлеп-тепшіп, пора-пора боп.* – Міне, Гриша да келді! – деді Данила, *е б і л-с е б і л* терлеп, ентігіп, екі иығынан дем алып (Қ.Әміров, Революция.). Әріптесіме қарап қоям, ол да *е б і л-с е б і л* сияқты (Б.Тоқтаров, Тауда.). **3.** *Алқам-салқам, салдыр-салақ.* Киген киімі *е б і л-с е б і л,* омырауы алқам-салқам, арса-арса Қисықмойынға бейнебір аруақтай әсер етті (Т.Әлімқұлов, Ел мен жыр). Әдетте, бұл оның опыр-топыр көп баласына, қалай болса солай киінген *е б і л-с е б і л* үсті-басына көп күле беретін (Ә.Кекілбаев, Дала.). Кісі көрер сиқы жоқ, ілмиген арық қыз екен. Федоров оның үстіндегі *е б і л-с е б і л* киіміне жұпыны, жүдеу кескініне қарайды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **4.** *Абыз-күбің, әбігер, қарбалас.* Тәулігіне 35–40-тан қоздайды. Айтуар аулы *е б і л-с е б і л.* Бүкіл семьясы болып аяғының ұшынан басып жүр (С.Байжанов, Жастық.). *Е б і л-с е б і л* бір тіршілік. Бір бұйығы мұң өне бойын дел-сал қып, әлсіретіп барады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Осында *е б і л-с е б і л* күн кешкен жалғыз бұл ма? (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **5.** *Әрі-сәрі болып, абыржыған күйде.* Базаргүл басын жастықтан жұлып алды да, екі тізесін құшақтап, *е б і л-с е б і л* бір халде отырып қалды (Ж.Мусин, Ақ алаң). Ақбота ұйқысынан оянып, *е б і л-с е б і л* көйлегін түзеп, сасқалақтап әлектенді де қалды (Д.Досжанов, Кісі.).

Ебіл-себіл болды. а) *Сора-сорасы шығып жылады, еңіреді.* Ерік-күшімнен мүлдем айырылып босап, *е б і л-с е б і л б о п* жылап қоя берем, ыстық тамшылар омырауыма тырс-тырс тамады (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира). ә) *Әбігер болды. Е б і л-с е б і л б о л ы п* келетін адамдарын күтіп алуға даярлық жасады (Ауызекі). б) *Өрім-өрім,*

алқам-салқам, алба-жұлба болды. Күйеуге шыққасын да сорың арылмай қойды ғой. Әлиза қақбастың отымен кіріп, күлімен шығып, *е б і л-с е б і л б о п* жүрген түрің мынау! (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Гүлнаш шешесін құшақтап алды. Көкірегі дірілдеп, иығы селкілдеп қалш-қалш етіп тұрды да, ентігін басып өксіп-өксіп жылады. Үсті-басы *е б і л-с е б і л б о л ғ а н* (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Ебіл-себілі шықты. а) *Егіліп жылады, еңіреді.* Өзтай атынан аударылып түсіп *е б і л-с е б і л і ш ы ғ ы п,* егіліп жылады (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира). ә) *Алба-жұлбасы шықты, азып-тозды, жүдеді.* Қанша дегенмен пенденің аты пенде, жалғыз жүрген әйелдің *е б і л-с е б і л і ш ы қ қ а н* түрін жамандыққа жорып қалар деп сескенді (А.Мекебаев, Періште.). *Е б і л-с е б і л і ш ы қ қ а н* ел де етек-жеңін тез жиды. Осының бәрі ақ тер, адал еңбектің арқасы еді («Лен. жас»). б) *Әбігерге түсіп, абыр-сабыр болды.* Қарашаш келін қазіргідей *е б і л-с е б і л і ш ы ғ ы п* жүгіріп жүрмейтін (А.Мекебаев, Бойжеткен).

ЕБІЛ-СЕБІЛ² ү с т. *Әрең деп, әупірімдеп. Е б і л-с е б і л* тіршілік қылып, *е б і л-с е б і л* күнін көріп жатқан жайы бар (Ауызекі).

ЕБІЛ-СЕБІЛДЕН= е т. **1.** *Сора-сорасы шығып, еңіреп жылау.* Аналар оған *е б і л-с е б і л д е н і п* жылап, қорланып арланады. Келіннен туған кісі дүниедегі кем кісі, адам емес, адамға еліктеп жасалған хайуан сықылды. Балалардың ұрымы солай (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **2.** *Ағыл-тегіл болу. Е б і л-с е б і л д е н і п* қар еріп, дүние біткен жаңа бір күйге енген (К.Жүнісова, Құстар әні). **3.** *Алқам-салқам күйге түсу; алба-жұлба болу, тозу.* Ақ қаймақтардың бұрынғы киімдері тозып, енді үсті *е б і л-с е б і л д е н і п* бара жатқаны есіне түсті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЕБІЛ-СЕБІЛДЕНДІР= е т. *Сора-сорасын шығару, ағыл-тегіл еткізу.* Күннің ыстығы *е б і л - с е б і л д е н д і р і п* жіберді (Ауызекі).

ЕБІЛ-СЕБІЛДЕНДІРУ *Ебіл-себілдендір етістігінің қимыл атауы.*

ЕБІЛІС з а т. с ө й л. ***Ібіліс***. Мен қайдан алам нәрсені? Ой, *е б і л і с!* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕБІЛІСТІК з а т. с ө й л. ***Ібілістік***. Егер сізді алдаудан ойым болса, Есіткенде шошитын атты айтып, Мойнына кім екенімді алар ма едім? Қорқаулық *е б і л і с т і г і м* қай жерімде? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕБІН= е т. к ө н е. *Алға ұмтылу, еміну.* Ақсұңқардай *е б і н і п*, көкке самғады (Қаз. ертег.).

ЕБІР-ЖЕБІР с ы н. с ө й л. *Аңғал-саңғал, ашық-шашық.* Келген соң сексен төртке бітіп өмір, Жайнаған жалын сөніп, болды көмір. Еңіресіп еркек, әйел аза тұтып, Болғандай болды елі *е б і р-ж е б і р* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ақыры, міне, қараусыз қалған иесіз дүние – бомба түскен үйдей *е б і р-ж е б і р* (С.Адамбеков Атылған қыз.).

Ебір-жебірін шығарды. *Жұлма-жұлма қылды, өрім-өрім етті.* Қап, шынжыры қысқа болып қалды-ау. Қаусаған қақбастардың *е б і р-ж е б і р і н ш ы ғ а р ы п,* талап тастағанда сауап болатын еді (С.Адамбеков, Қожанасыр).

Ебір жебірі шықты. *Алба-жұлбасы шықты, азып тозды.* Жел кеулеген жыртық қора, тас қабырғалары күн жаумай су болып, *е б і р-ж е б і р і ш ы ғ ы п* азынап тұр (Т.Айнабеков, Алғы шепте.).

ЕБІРТІЛ з а т. к ө н е. *Нәр, қуат, колорит.* Ділдә менен жылқыны Қолынан бөліп береді, Тобырдың көңі бітеді. *Е б і р т і л і* күшті жемшөппен Қамбар атын күтеді (Қамбар батыр).

ЕВГЕНИКА [грек. eugenes] з а т. *Адамның тұқым қуалайтын қасиетін нашарлатпай, оның алдын алу туралы, адам генетикасы мен медициналық генетиканы қолдануды пайдалануға шақыратын ілім.* ≈ *Е в г е н и к а* ілімі.

ЕВНУХ [грек. eunuchos] з а т. *Храмда, гаремде қызмет ету үшін әдейі тарттырылған еркек.*

ЕВРЕЙ з а т. *Әлемнің түрлі елдеріне, соның ішінде негізінен Израиль мемлекетіне қоныстанған, шығу тарихы жағынан ежелгі семит тілдері тобына жататын халықтардың жалпы этникалық атауы.* Ал ол кезде *е в р е й л е р* Палестинада халықтың 10 процентіне де жетпейтін (Ә.Шәріпов, Қапаста.). *Е в р е й л е р* – әр алуан этникалық, субэтникалық топтан құралған, әлемнің көп елдеріне тарап қоныстанған тағдыры аянышты халық («Әдебиет майданы»). Бұл барлық ұлттардың бірдейлігі, біздің класта оқитын қазақ, орыс, украин, *е в р е й* балалары бір-бірімен өте тату тұрады (Қ.Жарықбаев, Психология). Бүгінде *е в р е й* қауымы алақанына салып әспеттеп, есімімен халықаралық сыйлық атаған, шығармаларын араб тілінде жазған еврей философы Маймонид те осы Кардовада туған («Егемен Қазақстан»).

Еврей жазуы. *Финикий жазуынан шыққан ежелгі жазулардың бірі.* Финикий жазуынан шыққан *е в р е й ж а з у ы н* иврит, идиш тілдерінде сөйлейтін қазіргі еврейлерде қолданылады (ҚҰЭ). *Е в р е й ж а з у ы н ы ң* көне нұсқаларын б.з.б. 10-ғасырдан сақталған мөрлердегі жазулар (ҚҰЭ).

ЕВРЕЙШЕ ү с т. **1.** *Еврейге ұқсап.* ≈ *Е в р е й ш е* киінген. **2.** *Еврей тілінде.* Израильге қоныс аударғандар бір жылда-ақ *е в р е й ш е* еркін сөйлей алады екен («Ана тілі»).

ЕВРОПИЙ [лат. europium] з а т. х и м. *Рет нөмірі 63, атомдық салмағы 1520 химиялық элемент. Е в р о п и й* сирек металдар тобына жатады, оны 1901 жылы француз ғалымы

Демарсе ашып, Европа материгінің құрметіне *е в р о п и й* деп атаған (Д.Мырзабаев, Хим. қызығы).

ЕВТРОФТАНУ [грек. eu – жақсы, trophe – тамақ, қоректену] з а т. с у ш а р. *Су өсімдіктері мен шаруашылық маңызы зор балықтар мен жануарлардың өсіп-өнуіне қажет қоректік заттармен болатын процесс. Е в т р о ф т а н у* не суқойманың табиғи «қартаюының», тыңайтылуының немесе ластануының нәтижесінде қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЕВТРОФТЫҚ: **евтрофтық батпақ**. с у ш а р. *Минералды қоректе бай батпақ түрі, ойпаңдық батпақ. Е в т р о ф т ы қ б а т п а қ* су қоймаларды өсімдік басу барысында беткейлерде, өзен жағаларында, бұлақ, тұма бастауларында негізінен ыза сулардың есебінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Евтрофтық көл. с у ш а р. *Сулары қоректік заттарға бай, фитопланктон мен жоғары су өсімдіктері дамыған көлдер. Е в т р о ф т ы қ к ө л д е р г е* негізінен орман мен дала белдеміндегі шағын, жазда жақсы ыситын көлдер жатады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЕГДЕ с ы н. **1.** *Жасы келген, жасы ұлғайған, кексе, мосқал тартқан.* Ол кезде *е г д е* жылқышы да жетіп, құрыққа ол да жармаса кетті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ал мына канал құрылысын бастау үшін Серебрянскіден бас энергетик Рақымбек Сатбаев деген жасы елуден асқан *е г д е* кісі келді (Қ.Сиранов, Кино тур.). Есті басты еркек кіндіктілерден, қойшы Жұматайдан басқа бір-ақ *е г д е* кісі бар. Ол ауыл ақсақалы Әбдір (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Біздің қолда тұрса, баяғыда ойран боткасы шықпай ма? Әй, сабазым-ай, өзің қызба қанды болмасаң нетті, – деп *е г д е* кісі сөзге араласты (Бал дәурен). // *Жасы келген, ұлғайған адам.* Көпшілігі жастар, еті тірі *е г д е л е р* де ұшырасады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Министр оң жаң қатарда отырған желкесі мен самайында ғана шашы бар *е г д е г е* иек қақты (Қ.Исабаев, Сұңқар.).

Егде тартты. *Жасы ұлғайды; орта жасқа келді.* Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал *е г д е т а р т ы п* зауал шағына бейімделген сайын дүние кеңейе береді екен, – деді Ұлжан (М.Әуезов, Шығ.). Осыдан түп-тура отыз тоғыз жыл өткен соң, 1980 жылы, тамыз айында Роза Шымкент облысының Бөген ауданында берген концерт аяқталған соң оған *е г д е т а р т қ а н* мұртты кісі келді (О.Бодықов, Аққұс). Қазір, міне, мен түгіл Райханның өзі *е г д е т а р т ы п*, жер ортасы жасқа келді (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЕГДЕЙ= е т. **1.** *Жас ұлғаю, егде тарту, қартая бастау.* Елінен кеткен Сапар *е г д е й і п* барып он сегіз жыл өткен соң тағы да аулына оралды (С.Шаймерденов, Інім сен.). **2.** а у ы с. *Рухы көтерілу, жігерлену, шабыттану.* Өзі жалақор, арызқұмар Құсайынға мына заң бастығының кейінгі сөзі бел болып, *е г д е й і п* үйіне келді (С.Бегалин, Замана.). Ол ұстазының қолдау білдірген сөзіне *е г д е й і п* қалды (Ауызекі).

ЕГДЕЛЕ= е т. *Жасы ұлғаю, егде тарту.* – Пай-пай, жүйрік уақыт-ай, зымырап жатасыңау, – деді ол өткен күнді еске түсіріп. – Қолымызда өскен бала едің. Сен де *е г д е л е п* қалыпсың (Дала қырандары). Ғаниеваны Матайдың *е г д е л е п* қалған әлдебіреуіне еріксіз ұзатқан (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек).

ЕГДЕЛЕН= е т. *Жасы ұлғайып егде тартылу.* Әттең, *е г д е л е н і п*, қайраты мұқалып қалды, әйтпесе осы үйдің бар тауқыметін әлі де өзі арқалай берер еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Арада көп жыл өткен, қатысатын адамдар *е г д е л е н г е н*. Үй іші жүдеу, молданың үстінде ескі шапан, басында көнетоз сәлде (Д.Еркінбеков, Шығ.). Ол Сапекеңді «әке» дейтін. Өйткені Заман әкесінің *е г д е л е н і п* қалған кезінде, қырықтан асқанда көрген жалғыз баласы еді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

ЕГДЕЛЕНДІР= е т. *Жасын ұлғайтып, егде тарттыру.* Рафих орта бойлы, толық денелі жігіт. Шөкімдей мұрт қойыпты. Онысы жүзін *е г д е л е н д і р е* түскен (З.Иманбаев, Кең аймақ). Қанша *е г д е л е н д і р г і ң і з* келгенмен, бұл кісіні жасы елудің үшеуіне келген көнекөз, тәжірибелі басшы дегенге сену қиын-ақ (З.Қабдолов, Сыр.).

ЕГДЕЛЕНДІРУ *Егделендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өңін *е г д е л е н д і р у.*

ЕГДЕЛЕНУ *Егделен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е г д е л е н у і* байқалды.

ЕГДЕЛЕУ[1] с ы н. *Жасы келіп қалған, мосқалдау.* Оқуға кешігіңкіреп түскен болу керек, басқа жігіттерге қарағанда ол *е г д е л е у* сияқты көрінеді (М.Дүйсенов, Мейман.). Кешкі шайларын ішіп, желпіне тысқа шыққан қолы бос *е г д е л е у* еркектер бұлақ жайқынына жақын төбе басында отыр (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Таңжарық бір айыр қалпақты *е г д е л е у* қазаққа көзі түсіп кетіп: «Рас-ей, айнымаған көкем!» деді (С.Асылбеков, Оттан. ыстық).

ЕГДЕЛЕУ[2] *Егделе етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е г д е л е у і* жылдам сияқты.

ЕГДЕЛІК з а т. *Жасы егде тартқандық, мосқалдық, кекселік.* Көңілден жүйрік не бар анасы *е г д е л і к к е* қарай бет алмай, үнемі жас күйінде тұрса екен деп ойлайтын (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап.). Жастық пен *е г д е л і к т і* салыстырып пайымдау жастың әр мезгіліне тән айырмашылықты шешен тілмен тақпақтап айту ауыз әдебиетімізде ұшырайды

(Р.Бердібаев, Гүлстан.). Кешір ана, сәл кейіндеу ес біліп, Жүрген болсам қадіріңді кеш біліп. Жастық шақпен жолдас екен албырттық, *е г д е л і к п е н* келеді екен естілік («Қазақст. әйелдері»).

ЕГДЕМ с ы н. к ө н е. *Күші басым, үстем, зор.* Меңгерген иен таудың тағы қаумын, Албырт қайрат, ұрыншақ алды асаудың, Алды ашу, айқайының арты кейіс, Үстемдігін көргендей *е г д е м* жаудың (Ш.Әбенов, Ортақ арал).

ЕГДЕР= е т. к ө н е. *Еде тарту, жасы ұлғаю.* Қайыпалды *е г д е р г е н* шағында жас әйел алды (Ақберен). Әкеміздің өлгеннен тумай жатып көрген біз ешқашан арманнан айырылып көрген емеспіз. Ол мінезден *е г д е р г е н д е* де айнымайтын шығармыз (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Екіндіге жетіп, *е г д е р і п* қалған жасына қарамастан Оңтүстік Қазақстанның ауылдарын аралады («Лен. жас»). Бір күні жасы *е г д е р і п* кеткенмен, ажары таймаған неміс әйелі есік қақты (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты.).

ЕГДЕРЕК с ы н. *Жасы үлкендеу, егделеу, мосқалдау.* Жаңа шыққан аз ғана мұрты бар, ашаң жүз, ірі сүйекті қара торы жігіт Мұқаметрақымнан жасы *е г д е р е к* болуы мүмкін (Д.Әбілов, Ақын.). Жас жағынан да, жазушылық стаж жағынан да Тайырдан *е г д е р е к п і н* деп ойлатын менің де алғашқы жинағым тек 1927 жылы жарық көрді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Егдерек тартты. *Жасы ұлғайыңқырады.* Елудің шығып беліне, *е г д е р е к т а р т қ а н* кезім бұл, Елеген соны еліме Еркелеп айтар сөзім бұл (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

ЕГДЕРУ *Егдер етістігінің қимыл атауы.* Жас келгенде *е г д е р у і* табиғи заңдылық (Ауызекі).

ЕГДЕТ= е т. к ө н е. *Еңсер.* ≈ Уайым *е г д е т т і.*

ЕГДЕТУ *Егдет етістігінің қимыл атауы.* Саматтың күші мұны *е г д е т у г е* айналған сияқтанып, ендігі бұның үні байбаламға ұқсап бара жатса да, ол айғайлап сөйлеп, үлкен айыптар тізіп жатты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕГЕ з а т. е с к і к і т. ***Ие.*** Өкініп отырсыңдар бұған неге? Сыр бермей сілте қылыш қанды төге. Әскердің көбі қашып кеткен екен, Емес пе ең екеуің де елге *е г е?* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жаратқан *е г е м* жар болып, әулие қылса көрәмәт (Молда Мұса).

Еге болды. *Ие болды, иемденді, иеленді.* Гвардия атаққа *е г е б о п,* Ту алып үлкен Советтен. Атағымыз жер жарып, Ел қуанып, жау қорыққан (Б.Момышұлы, Шығ.). Сырт киімін ауыстырып киініп жатқан Нұртастың түсі бұзылып кетті. Босап түр. Серік, қойға *е г е б о л!* – деді дауысы дірілдеп (Т.Тобағабылов, Жүрегім.).

Үй егесі. с ө й л. ***Үй иесі***. Бейне көптен адам тұрмай, *ү й е г е л е р і* бір жаққа ұзаққа қыдырып кеткен сияқты сезініп кетті (С.Досымов, Жаңғырық). Қолының қышуы қанған адам кеткен соң әрең секіріп түсті. Енді *ү й е г е с і* жалғыз кемпір қарғысын жаудырып қуалап берді (Ә.Бөриев, Ақ бидай).

ЕГЕ= е т. **1.** *Егеумен қайрау, жану, өткірлеу.* – Мен саған Кляшторныйдың бізді туысындай өзімсініп, бауырына тарта сөйлегенін айтам, – деп араның тістерін өткірлеп *е г е й* берді қарт Боранбай (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Бірде таптап балтаны, бірде иіп тағаны, Кеңге салып арқаны Бірде *е г е г е н* араны (Т.Жароков, Қырда.). Абақтыда Махамбет те бар күшін салып, білеу темірді *е г е й* берді (Б.Аманшин, Жар мұңы). **2.** *Тегістеу, түзету, жөндеу (жұқарту, жіңішкерту).* Жұмыстан қолы бос уақытында ол әйнектерден түрлі нәрселер жасап үйреніп, түрлі әйнектерді *е г е п*, бірінебірін жабыстырып, үлкейтіп көрсететін еткен (Н.Шоқанов, Микробтар). Күміс білезіктің сырты әлі де жылтыр, тегіс емес. Сондықтан зергер оны өзінің егеулерінің ішіндегі ең майдаларымен әр жерін кезек-кезек *е г е й д і* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** *Бір затты екінші затқа үйкеу, қажау, ысқылау.* Айнала берді бір тастан, Байлауды қиды тасқа *е г е п.* Тас қыры кем бе алмастан, Жіберді қиып кіршілдеп (С.Бегалин, Өлеңд.). Мен оның өсіп кеткен сақалына бетімді *е г е п,* омырауынан аңқыған мен білмейтін әлдеқандай сүйкімді иісті құмарта жұтамын (Саржайлау). Енді тізерлей домалап сол тасқа қарай ұмтылды. Келе арттағы қол байлаулы шылбырды бір тастың өткір қырына қойып *е г е й* бастады («Соц. Қаз.»). **4.** а у ы с. *Біреуді қайрау, намысына тию, жігерлендіру.* Жастығым-ай, жалын болдым демеймін, Еңсем түссе өзімді-өзім *е г е й м і н.* Сенен алған бір қуатты күш мені, Ғұмыр бойы қолтығымнан демейді (А.Нысаналин, Сүмбіле). Бірақ Дәуітовты қайрай түсу үшін, оның намысына тиіп *е г е й* түсу үшін айтқанынан қайтпай тұр (Ә.Жылқышиев, Мешін жылы). Сіркесі су көтермей жүргенде жанын жегідей жеп, *е г е й* бергенде бірдеңе шыға ма екен? (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Тісін егеді. *Кектенді, тісін қайрады.* Депті батыр *т і с і н е г е п,* Қышырлатып қиналғандай. Ер долданып өршіпті кек, Жауына атар оғы қалмай (С.Бегалин, Өлеңд.). Сасыпты да қатуланып, Тістепті ернін, *т і с і н е г е п.* Тұла бойы от боп жанып, Ажал бұғып бұлқынған кек (С.Бегалин, Өлеңд.).

ЕГЕЙ з а т. к ө н е. **1.** *Таңдаулы, ығай мен сығай; ігі жақсы, бірегей.* Елде жүрген *е г е й л е р* Қалада құр үйілдің. Ұлық көрсең ұйлы-

ғып, Желді күнгі қамыстай, Жапырылып иілдің (Жамбыл, Шығ.). Айыбы жалғыз еді, кедей еді, Еңіреген ер ішінде *е г е й* еді. Атса оқ, шапса қылыш өшпес күшін Қоң тәжі қоңыр қойға теңемеді (Сара, Тордағы.). Батыр туған *е г е й і м,* Жоғалғаным табылып, Үстем боп тұр мерейім. Тура шықса айтқаны Сонда бұған сенейін (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Ішінде байың да бар, кедей де бар. Кедейлігі болмаса, *е г е й* де бар. Тайлы бие тамаққа жұқ болмайтын, Тойымы жоқ, жалмауыз көмей де бар («Қаз. әдеб.»). **2.** ж е р г. *Қамқор, тірек.* Тұрмағамбет ақын ел *е г е й і* еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егей төс [төсті]. *Кең кеуделі, мүсінді (жылқы).* Қыз орман көк шашын балбыратқан. Бұл өзі құлаш созып көк құсына Жердегі *е г е й т ө с к е* қасын қаққан (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат). Жөнелді ханның қолы жынша шұбай, *Е г е й т ө с* мінгендері ығай, сығай. Тыныш елге батырсынып шеру тартты, Лек-лек боп қосындасып ыңғай сыбай (С.Сейфуллин, Шығ.). Егеудей ерлер жиналып, *Е г е й т ө с т і* ат мінді, Жүп-жұмыр қылып сауырын (Ақын жырлары).

Егей ат. э т н. *Қайтыс болған адамның тірі кезінде жақсы көретін мініс аты [Мұндай мал марқұмның жылы өткенше мінілмей, бос жіберіліп, жылы немесе асы болғанда сойылады].* Өлікке арнап құрбанға шалған қойларын о дүниеде «бағуына», әрі жылқы өсіріп тіршілік етуіне қажетті *е г е й а т ы н* қоса сояды (Қаз. әдет-ғұрып.).

ЕГЕЙЛЕС= е т. қ ө н е. *Бетпе-бет келу, қарсыласу, айқасу.* Елсізде туған құлыным, *Е г е й л е с к е н* дүниенің егесіндей, Жолсыздан болсын жұрымың, Толқын қуған Нұх шалдың кемесіндей (Ғ.Жұмабаев, Жомарт .).

ЕГЕЙЛЕСУ *Егейлес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетпе-бет келіп *е г е й л е с у.*

ЕГЕК з а т. м у з. *Қазақ халқының екі ішекті көне сазды аспабы.* Қыл ішекті ыспалы аспаптар тобына жататын *е г е к* әсіресе Алтай қазақтары арасына кең тараған («Мәдениет және тұрмыс»). 19 ғасырдың басында қолданыстан шыға бастаған *е г е к* музыка аспабын Алтай қазақтары төл мұра ретінде сақтап қалған (ҚҰЭ). Қазіргі кезде *е г е к т і* фольклорлық өнер ұжымдары пайдаланылып жүр (ҚҰЭ).

ЕГЕЛ= е т. *Қайралу, жанылу, өткірлену.* Гүілдеген машина, шақыр-шұқыр *е г е л г е н* темір аспап, ызың-шу, даңғаза. Ештеңе естіртетін емес (З.Шашкин, Теміртау). Қазақтың халықтық өнерінде қармақ біз кәріжіліктің шыбық сүйегінен, жарып алған жіліншіктің қыр сүйегінен *е г е л і п* істелген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

ЕГЕЛІ= е т. *Қажау, жану, үйкелеу; егеу.* – Иттер, құрыңдар! Неткен тойымсыз едіңдер! – деп ызаланды Луис қолын шандыған қыл арқанды артындағы өткір тасқа *е г е л е п* (Т.Шаханов, Көгілдір.).

ЕГЕЛЕН= е т. ж е р г. ***Иелен.*** Соның нәтижесінде колхозшылар арасында жұмысқа шықпай, тек колхоз мүшесі деген атақты *е г е л е н і п* жүргендері жоқ емес (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕГЕЛЕНУ *Егелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е г е л е н у* ойы бар.

ЕГЕЛЕС= е т. *Қосыла қайрасу, қажасу, өткірлесу.* Міне, олар бір аңды өлтірді: оның терісін бас салып таспен *е г е л е с е д і,* шуласады (А.Машанов, Жер асты.).

ЕГЕЛЕСУ *Егелес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шалғы *е г е л е с у.*

ЕГЕЛЕТ[1]= е т. *Қайрату, өткірлету, жалату.* Қолына қайрақты ұстатып *е г е л е т т і* (Ауызекі).

ЕГЕЛЕТ[2]= е т. ж е р г. *Ие қылу.* – Осы кезге дейін өзіңізді біреуге *е г е л е т п е й* жүргенің де ұқыптылығыңыздың арқасы-ау (С.Алдабергенов, Алға).

ЕГЕЛЕТУ *Егелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Араны *е г е л е т у.*

ЕГЕЛЕУ[1] *Егеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Пышақты *е г е л е у.*

ЕГЕЛУ *Егел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Араның *е г е л у і.*

ЕГЕЛІК з а т. с ө й л. ***Иелік.*** Орыс-герман соғысы бітті. Бірақ бізге *е г е л і к* етуші кім екенін білмей көп кідірдік (С.Бақбергенов, Қарға там.). Уақыттан жүйрік ештеңе жоқ дегендей, аз жылда Ақсалының Түржаны соқтауылдай жігіт болып, мектеп бітірді, еңбекке араласты, шаңыраққа *е г е л і к* етті («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕГЕМЕН с ы н. **1.** *Өз еркі, билігі, бас бостандығы өзінде, ешкімге тәуелді емес. Е г е м е н* болмай ел болмас (Мақал). **2.** с а я с и. *Тәуелсіз, еркіндікке ие. Е г е м е н* Қазақстанның экономикасы соңғы жылдары елеулі түрде дами бастады («Жас Алаш»). Қазіргі мемлекеттік биліктің үстемдігі мен тәуелсіздігі *е г е м е н* еліміздің саяси-құқықтық мәнін білдіреді (ҚҰЭ).

ЕГЕМЕНДІ с ы н. *Тәуелсіздікке ие болған, еркіндікке қол жеткен, өз билігі өзінде.* 70 жыл бойы армандап келген тәуелсіздікке қол жетіп, *е г е м е н д і* ел болдық («Жас Алаш»). Қазақстан *е г е м е н д і* мәртебе алып, нарықты экономиканы бастап, азаматтық қоғам құрып жатқан тұста тарих ғылымының әлеуметтік бағдарлау функциясының маңызы арта түсті (М.Қозыбаев, Өркениет және ұлт).

ЕГЕМЕНДІК з а т. с а я с и. <франц. souverainete> *Мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелсіз болуы және елдің ішкі істері мен*

саясатында еркіндікке ие болып, мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы. Республиканың *е г е м е н д і г і* оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді (ҚР Конституциясы). 1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің *е г е м е н д і г і н* жариялады («Алматы ақшамы»). Сыртқы саясатта әр мемлекет өзге мемлекеттің егемендігін ескермей тұра алмайды («Ана тілі»). *Е г е м е н д і к* сол мемлекетті құрып отырған ұлттың саяси билігін қорғауы тиіс (ҚҰЭ).

ЕГЕН= е т. с ө й л. ***Игі.*** Муапық ақыл серік болмаса *егеп,* Не пайда күшке салған омыраудан. Жігітке дүниеден не тірлік, Жолдасын егер тастап қашса жаудан («Қаз. әдеб.»).

ЕГЕР[1] з а т. к ө н е. *Атқа ерттейтін ер, ертоқым. Е г е р д і* далаға тастай салып едім, айылтұрманын ит жеп қоймас па екен («Қаз. әдеб.»).

ЕГЕР[2] с ы н. к ө н е. *Өш, қас, дұшпан; араз.* Екі ел *е г е р* болса, епті жігіт қатын алар (Мақал). Ұмытпан, достық көрдім естен кетпес, Жауымды таныттыңдар, сірә, кешпес. Ер өлер, *е г е р* болар, қандар ағар, Сонда да ер ұланның аттары өшпес (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Егер қылды [етті]. *Өшіктірді, жауластырды, араздастырды.* Тарт шалаңды тастаған, Бәлені сенсің бастаған. Ел арасын *е г е р г ы п,* Қалмады малым шашпаған (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Екі елді *е г е р қ ы л м а й* бітістіріп, абырой-атаққа ие болу үшін, Ноғайбай ақсақал мұнда өзі келген екен (С.Талжанов, Ұлдай.). О, Ыбырай! Тапа-тал түсте ел шауып, *е г е р е т е т і н д е й* не кегің бар еді (М.Ақынжанов, Ыбырай).

ЕГЕР[3] з а т. с ө й л. ***Ығыр***. Борандар көп еді, Бұршақтар сартылдап, Ел *е г е р* боп еді, Нажағай жарқылдап (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕГЕР[4] ш ы л. *Шарттық қатынасты (мәнді) білдіретін жалғаулық шылау; болмаса, немесе, әйтпесе, яки. Е г е р* көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззәт алар едік (Абай, Тол. жин.). – *Е г е р* аңға шыға қалғандай болсақ, кездік керек боп қалар (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Хан икемге келетін болса асықпайсыңдар, *е г е р* икемге келмесе қар суы кетпей келетін болыңдар (М.Тиесов, Әңгім.). Мін тапсаң *е г е р* жолдастан, Ұсақ деп оны жұбатпа. Талапкер, қатал бол жастан, Уақытпен дайым жүп атта (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

ЕГЕРДЕ ш ы л. *Егер, яки, яғни. Е г е р д е* есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніңде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен-өзің есеп ал (Абай, Тол. жин.). – *Е г е р д е* сізден Мырқал бірдеңелер сұрай қалса, түк те білмеймін, аулақ кет деңіз (Ә.Әбішев, Замана.). *Е г е р д е* үй іштерінің ынтымағы бұзылмасын десеңдер, ана оқымысты немеңді тайдырыңдар (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). *Е г е р д е* жұлдыз бол десең, Жарқырап көкте жанар ем. Арманым жалғыз сол десең, Айды да барып алар ем (А.Асылбеков, Көкорай).

ЕГЕРКИ ш ы л. с ө й л. *Егер және яки шылауларының бірігуінен жасалған сөз; әгәрәки, әгәрки.* Халықтың дұғалы аузына іліккендері жоғары өрлеп, атаққа ие боп жүр де, *е г е р к и* қарғыс алғандары – оңбай жұртта қалған итке ұқсап, тентіреп кеткен (З.Шашкин, Сенім). *Е г е р к и* болыс екең келген болса, Келін де айтқанына көнген болса. Жарастық өзіңізге болар еді, Құсыңыз тұғырыңа тезден қонса (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Күліктің бұл шабысы, ерлегені, Нұр болып жаусын жерге терлегені *Е г е р к и* бұл шабыста бел аспаса, Жолдасын болар еді жерлегені (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЕГЕРЛЕ[1]**=** е т. *Ойран қылу, қырату, ойсырату, бүлдіру.* Бейбіт жатқан ауылды *е г е р л е п* ойран салды («Әдеб. және искусство»).

ЕГЕРЛЕ[2]**=** е т. к ө н е. ***Ертте***. Атымды, ертең ерте *е г е р л е й м і н,* Аяғын отқа қойсам шідерлеймін. Отыз емес, қырық түйе ап кетсем де, Даушыны сіздің елге жібермеймін («Қаз. әдеб.»).

ЕГЕРЛЕУ[1] *Егерле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ойран қылып *е г е р л е у.*

ЕГЕРЛЕУ[2] *Егерле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *е г е р л е у.*

ЕГЕРЬ [нем. Iäger] з а т. **1.** *Қорықтағы және басқа жердегі аңдар мен құстарды қорғайтын сақшы, қорықшы, аң шаруашылығының қызметкері.* Осы маңның *е г е р і* Кәрібайды бүкіл аудан құрмет тұтып сыйлайды (Аялы жандар). **2.** ә с к. *Кейбір елдер әскерлеріндегі, оның ішінде орыс әскеріндегі арнаулы, ерекше атқыштар бөлімінің солдаты.*

ЕГЕРІМ ш ы л. е с к і к і т. ***Егер***. *Е г е р і м...* қызды бермесе, Айтқаныма көнбесе, Айдауыма жүрмесе, Бататын жерге батсын, – деп, [Жауласар] жерін айтсын, – деп (Қыз Жібек).

ЕГЕС з а т. **1.** *Ерегіс, талас-тартыс, қақтығыс.* Бұл ескіден келе жатқан ескі *е г е с,* ел билігіне таласудан шыққан бақастық (І.Есенберлин, Қаһар). Осы қайшылық жиі-жиі қақтығысулардан, *е г е с т е р д е н* кейін әкесімен біржола ажырасуға әкеп соқтырады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Өңкей жақсы қосылса, Бітіреді кеңесті, Өңкей жаман қосылса, шығарады *е г е с т і* (Бес ғасыр.). Сөз арасында *е г е с* те болды, күш те айтылды. Жұрттың сай-сүйегін шымырлатып, жүрегін тебіренткені марқұм Смайылдың карт әкесі Жаулыбайдың сөзі болды (А.Нұрқанов, Дала қыран.). **2.** *Бәсеке, жарыс, тайталас.* Талай ұл, талай қыздары

жүлдесін алды жарыстың, Ұлы *е г е с т е* қызғаны, барады шырқап, алыс тым (С.Мұқанов, Замандас). Жүретұғын болсыншы, ұлым, бұл есте: Ғұмыр өзі қысқарады *е г е с т е*. Қорабы бір көп бояудың ішінде Қажеттісі тез бітеді емес пе?! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

Егес етті [қылды]. *Ерегісті, таласты, тартысты.* Жетпеген жиырма беске жас баласың, Жұмыс қыл, тіл алғыш бол, *е т п е е г е с* (О.Шипин, Екі дастан). Ол үшін салған болсаң маған кеңес, Өзіңсің атақты тау, асқар белес. Біле алмай өз шамасын шалықтаған, Жаманмен жарамайды *е т у г е е г е с* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ел арасын *е г е с қ ы п*, Ойым жоқ бүлік салатын. Қоныстан елді бостырып, Неміз бар енді шабатын (Жамбыл, Шығ.). Дәуіттей сенің жасың мыңға келмес, Байғұс шал, сөзімізге *қ ы л м а е г е с*. Ағашты таста-дағы үйіңе бар, Бір күн түгіл, бір сағат та сенімді емес (XX ғ. қаз. ақын.).

Егеске түсті. *Таласып-тартысты, бәсекеге түсті, бәсекелесті.* Немесе бағалап сен атпадың ба? Атуға жүрексініп батпадың ба? Әйтпесе сұлудан сен дәме қылмай, *Е г е с к е т ұ с у г е* әдеп сақтадың ба? (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Әйтсе де қарттың бұл жолғы ән айтуында алғашқы шырқауынан бірталай алшақтық бар еді. Ана өзін таныту қамында айтқан кезде *е г е с к е т ұ с к е д е й* боп, барын салып, беріле шырқаған сияқты (М.Сәрсекеев, Туған жер).

Егес туды. *Дау-дамай шықты, қақтығыс болды.* Көбінің жүрегіне бір тау үшін, сол таудың қойнауындағы бір көл үшін ел ішінде *е г е с т у ы п*, ірге ашылып кете ме деп қауіп кірген (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

Егес шығарды. *Дау-дамай туғызды, керістірді, тартыстырды.* Өңкей жақсы қосылса, Бітіреді кеңесті. Өңкей жаман қосылса, *Ш ы ғ а р а д ы е г е с т і* (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Егесі ішке [іште] кетті. *Ежелден кекті еді, ескі кегі қалған еді.* Бәйеке, құты болсын көнсеңіз, Исатай *і ш к е к е т к е н е г е с і ң і з*. Ақ сұңқар түлегінде түк қалады, Бұл да бір қалған жүгім демесеңіз (Шернияз Жарылғасұлы).

Қанды егес. *Асқынған дау-дамай, таластартыс.* Кезде шаршап-шалдыққан, Салып майдан *қ а н д ы е г е с*. Бұл – қабақтан қалды ұққан, Әке үйінен кем емес (Қ.Ұябаев, От. жыл.).

Қызыл егес. *Қатты тайталас, қызу бәсеке.* Жігіттің жігіті *қ ы з ы л е г е с т е*, қызыл өңешімен көзге түседі (Б.Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

ЕГЕС²= е т. **1.** *Қайрауға, өткірлеуге көмектесу.* – Қол арамды *е г е с і п* жіберші, өтпей қалыпты (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Ерегісу, таласу, тартысу.* Аңдысқан ауыл болмайды, *е г е с к е н* ел болмайды. Ұзыннан өшіміз, қысқадан кегіміз жоқ. Жәукенің өлімі бәріміздің де қабырғамызға батты (С.Омаров, Қызыл арай). Жоқ, бәйгенің алдын Көксерек алады, – деп бір топ атқұмар қызба кісілер бір-бірімен *е г е с і п* жатыр (Т.Оразов, Қаныш.). Неге *е г е с т і м* онымен? Есеп берер жоқ шама! Бастаған іс қолыңмен, Жеңбей көңіл тоқтар ма (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Сол егіндей өстік нұрмен бәріміз: бір тілекте жасымыз бен кәріміз. Партиямыз, Отанымыз деп өстік, Дос пен дос боп, жау мен жауша *е г е с т і к* (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЕГЕС-ҚИЯС з а т. **1.** *Дау-дамай, таластартыс.* Кәкенов заңға жүйрік, *е г е с-қ и я с қ а* жаны құмар (З.Шашкин, Тоқаш Бокин.). Гречко сөзге ергіш, адамға сенгіш, көңіл қайтармайтын адам. *Е г е с-қ и я с* туса, жайма-шуақтатып, тайқып шығады (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **2.** *Ерегіс, қақтығыс, егес.* Ыстықкөлді айнала қоршап, қырғыздың екі руының арасындағы жер үшін қатал таластың өрбігеніне де талай жыл болған. Бір-біріне илікпей келген *е г е с-қ и я с т ы ң* ақыры осыдан екі жыл бұрын өткен қантөгіс шайқасқа ұласқан (Ж.Бейсенбаев, Шоқан ізімен). // *Өршелене егескен.* Жылан мүйіз қошқарлардың *е г е с-қ и я с* соғысын көріп мәз болатын (З.Шашкин, Ақбота.).

ЕГЕСПЕ з а т. *Ерегіспе, тайталас, бәсеке.* Ал енді аттар қайтатын жерден бері кімнен кім озады деген *е г е с п е* басталады (М.Қаратаев, Далада.).

ЕГЕССІЗ с ы н. *Ерегіссіз, талас-тартыссыз.* Әдетте *е г е с с і з* еш нәрсе істемейтін, жұмыс үстінде жиі күңкілдеп, шабан қозғалатын Асаубайда да бүгін бір көңілділік бар (Ә.Сәрсенбаев, Толқын.).

ЕГЕСТІ с ы н. *Дау-дамайлы, талас-тартысты, бәсекелі.* Қарысбек пен Әсірбек Қол бастаған ер еді. *Е г е с т і* жер болғанда, Дүшпанды қырған бөрі еді (Батырлар жыры). Алтын Топжан, Әлібай, *Е г е с т і* жерде тоқталмай, Нұсқалы жауап сөз табар (Үш ғасыр.).

ЕГЕСТІР= е т. *Ерегестіру, таластырыптартыстыру, керістіру.* Екі жақтан бай, құлақ, *Е г е с т і р і п* тұр екен. Атыстырып, айтақтап, Бұғып тұрған сұм екен (І.Жансүгіров, Шығ.). «Үрит соқ»-тап екеуді *е г е с т і р і п* сыртынан. Сезбегендей не екенін Күліп қойып мұртынан, Отырады сұжұқпас, Сұжұқпасқа – дым жұқпас (М.Рашев, Бұйымтай). Омаровтың бір ауыз сөзі араға от боп түсіп ерлі-зайыпты екеуін *е г е с т і р і п* жатыр (Ш.Шалқаров, Серіккөл.).

ЕГЕСТІРУ *Егестір етістігінің қимыл атауы.* Әдіғұлдың ойына алған себебі – өзгелерді өзара *е г е с т і р у*, таластыру арқылы жүйріктердің бойындағы құшырын таратып, біртін-біртін

кейінде қалдыру екенін мен әуелде аңғарған жоқпын (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЕГЕСУ *Егес етістігінің қимыл атауы; ерегісу, таласу, тартысу.* Михаил Иванович ұрысатын баяғы бір жәйт еске түскеннен бері мен Сережамен *е г е с у д і* де сиреткен болатынмын (Ә.Сәрсенбаев, Толқын.). Келмеген тірі жанмен *е г е с у г е*, Осы құс десем сірә, сенесің бе? Сезбейсің мекен етіп қалғанында Үйіңнің ұя салып төбесіне (Н.Исахметов, Ұландарым). Мен ауру деп мойытпа елді құр бекер, Бұл дозақта *е г е с у м е н* күн өтер. Мүмкін маған өзің болып азаттық. Қыл бұғаудан құтқарар күн бір жетер (С.Сейітхазин, Біздің Сәкен.).

ЕГЕСУШІ з а т. *Егескен адам.* Бірақ еркін кимелескендер арасынан тәртіп сақтаушыларға қарсы шығып, *е г е с у ш і л е р* жоққа тәндік (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЕГЕСУШІЛІК з а т. *Талас-тартыс, даудамай жасаушылық.* Партиялық платформалар жөніндегі таластарды, дискуссияларды *е г е с у ш і л і к т е р м е н* шатастыру орасан зор қате болған болар еді (В.И.Ленин, Шығ.).

ЕГЕСШІЛ с ы н. *Тайталасқа құмар, ерегіспе.* Нұрғанымның кәр өтпес шұғылалы жүзіне *е г е с ш і л* бір мысқыл толыпты (М.Әуезов, Абай жолы). Мақсат өзінің *е г е с ш і л* мінезіне батып бет бақтырмады («Қаз. әдеб.»).

ЕГЕСШІЛДІК з а т. *Белгілі бір мәселе бойынша басқалармен түсінісіп, мәмілеге келудің орнына ерегіс, тайталас, текетірес жолына түсушілік.* Өз мүддесін жөнсіз жоғары қоюмен сипатталатындықтан, *е г е с ш і л д і к* байсалдылыққа қарама-қарсы ұғым («Ана тілі»). *Е г е с ш і л д і к* – адам мінезіндегі немесе әлеуметтік топтардың іс-әрекетіндегі жағымсыз сипат, байсалдылыққа қарама-қарсы ұғым (ҚҰЭ).

ЕГЕСІЗ с ы н. с ө й л. ***Иесіз***. *Е г е с і з* жатқан неғылған мал, шопаны қайда деймін ішімнен (С.Алдабергенов, Алға).

ЕГЕСІЛІК з а т. с ө й л. *Иесі болушылық.* Қорыққанымнан кейін қарай зыта қашқым келіп кетсе де, еркектік намысыма үй *е г е с і л і г і м* қосылып, өзімді әрең-әрең ұстадым (Қ.Шыңғысов, Бетпе-бет.).

ЕГЕТ= е т. *Қайрату, өткірлету.* Сырбай ұсталарға орақтарды даярлатып, бәрін де *е г е т і п,* қайратып, ұстарадай қылпылдатып қойды (С.Мұқанов, Шығ. жин.). Тұла бойындағы бар мін – күрек тісі сойдақтау-ды. Бойжеткенде *е г е т і п,* алтынмен аптатқан (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ЕГЕТКІЗ= е т. *Қайратқызу, жаныту, өткірлету.* ≈ Орақты *е г е т к і з.*

ЕГЕТКІЗУ *Егеткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шалғыны *е г е т к і з у.*

ЕГЕТТІР= е т. *Қайрату, жаныту, өткірлету.* ≈ Араны *е г е т т і р.*

ЕГЕТТІРУ *Егеттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е г е т т і р у* керек.

ЕГЕТУ *Егет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шалғыны *е г е т у.*

ЕГЕУ[1] з а т. **1.** *Металдың жұқа қабатын жанып, егеп өңдейтін немесе өткірлейтін көпжүзді ұсталық құрал, аспап. Е г е у* үш қырлы, төрт қырлы, жұмыр және жалпақ болып келеді (Қаз. тілі темин. Тамақ.). Бәйтен жұмсақ *е г е у м е н* егейтін темірді түрпідей *е г е у м е н* егеп тұрғанын көрдім (F.Мұстафин, Қарағанды). Иван егін оратын машинаның тістерін станоққа орнатып алып, ұзын *е г е у м е н* қаршылдатып егеп жатыр (Ж.Арыстанов, Сұңқар.). Олар кейде біреуі *е г е у і н,* біреуі шапқысын, біреуі қайрағын ұстап, қобдиын ақтарып отырады (Ә.Кекілбаев, Құсқанаты). **2.** а у ы с. *Жұмсақ емес, түрпідей қатты нәрсе.* Валя оның сақалы тебендей *е г е у* иегі мен тамағын аймалап, иіскеп, құмарлана сүйіп жатты (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Егін салған *е г е у* қол шаруасың (М.Мақатаев, Шығ.). Оның [Гүлжамалдың] қасында менің алақанымды да, саусақтарымды да *е г е у* десе болғандай (Т.Тобағабылов, Жазира).

Егеудің жүзіне ұстады. *Қайрап айдап салды, дүрліктіріп қарсы шығарды.* Таңнан тұрысымен алмас қылышты *е г е у д і ң ж ү з і н е* ұстаған елді қай күш сабасына түсірер (Р.Сейсенбаев, Аңсау).

Егеудің сынығы, асылдың қиығы. *Абзал азаматтың ұрпағы, тектің тұқымы. Е г е у д і ң с ы н ы ғ ы, а с ы л д ы ң қ и ы ғ ы* ғой, бұл жігітке қолдан келген қамқорлықтарыңды жасарсыңдар («Қаз. әдеб.»).

Егеу мата. *Егеудің бедері сияқты көлбеу сызықтары бар қатты, уқаланбайтын мата.* Басында жұлдызды шлем. *Е г е у м а т а д а н* тіккен кителі, бура сан шалбары бар, өзіміздің Құдыш (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Егеу мұрт. *Егеудей қайратты мұрт.* Уәлидің *е г е у м ұ р т ы* едірейіп, қарашығы ойнақтап кеткен-ді (F.Сланов, Шалқар).

Егеу сөз. а) *Түрпідей өткір сөз, қатал сын.* Оқтын-оқтын *е г е у с ө з* естімеген Адам ба екен, ақылды, есті ме екен? ... Әлгі сынды әзілдің бүкпесі бай Интервью күлкімен бітті осылай (Х.Ерғалиев, Күйдастан). ә) *Қайрап салма сөз. Е г е у с ө з д і* қойдырды (Ауызекі).

Ердің ері, егеудің сынығы. *Мықтының мықтысы, асылдың асылы.* Өлім үрейі – теңіз дүлей дауыл емес пе? Оған *е р д і ң е р і, е г е у д і ң с ы н ы ғ ы* шыдайды (А.Лекеров, Түз гүлі). *Е р д і ң е р і, е г е у д і ң с ы н ы қ т а р ы* Ер үстінде қалғыды, тынықпады. Антеннасы секілді мұзжарғыштың Қойшылардың сорайған құрықтары (Ө.Нұрғалиев, Қайыңда.). Мұнда тек, елім деген *е р д і ң е р і, е г е у д і ң с ы н ы-*

ғы ғана қалады (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Тойдан кейін *«ердің ері, егеудің сынығы»* деп қасына баласы Үйсінді бас қылып жүз жігіт беріп аттандырады (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Кескір егеу. *Өткір егеу.* Секілді *кескір егеу*, елуім-ай, Бола ма енді қайта айналып келуіңе-ай. Сулаған жанған өрттей өте шықтың, Жоқ екен дүние сенің сенімің-ай (Ақберен).

ЕГЕУ[2] *Еге етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Егеумен жану, өткірлеу.* Слесарлық бұйымдар істеу үшін столға орнатылған кішкене тиски (темірді қыстырып қойып *егеу*, кесу үшін), балға, ара, қол бұрғы, тескіш қажет (Семья тәрбиесі). **2.** *Тегістеу, жөндеу.* Көптеген созылмалы жараны жою үшін бұзылған тістің түбін суырып тастау немесе өткір қырларын *егеу* керек (С.Баймақанова, Ауыз. рагы).

ЕГЕУБАС з а т. ө с. <лат. sclerochloa> *Құрғақ далалы жерде өсетін шөптесін астық тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік.* Қазақстанда Іле Алатауының, Батыс Тянь-Шаньнің, Қаратаудың сортаң жерлерінде өсетін бір түрі – қатты *егеубас* бар (ҚҰЭ).

ЕГЕУДЕЙ с ы н. **1.** *Егеу сияқты, егеу тәрізді.* – Жарқынym, – деді аңқылдай күліп Қайсар, – бұрын қандай қатты тасқа салғанымда да *егеудей* жонып түсетін едің, жүрек тұсыңа Алтын жұлдыз таққаннан бері, жүрегің ауыратынды шығарғансың ба? (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** а у ы с. *Қатты, тұрпідей.* – Ал, аға, жарты сағат жолдас болсақ та қоштасайық,– деді ол. Қолы *егеудей* екен (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Сәлем бере ұсынған қолымды *егеудей* көнтақа алақанынан босатпай, шегір көзін сығырайта, шалғы мұртының ұшы жыбырлап, бетіме тесіле қарады (Н.Сералиев, Құм адам.). Жұмыс істеуге жарамай, күрегіне сүйеніп тұрған Райға көзі түскенде секпіл солдаттың *егеудей* жез мұрты тікірейіп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Өткір, уытты.* Сондықтан да жұрт оны үлкен дескен, Кездескенде қол қысып, күлімдескен. Ал есуас әкімдер тайсалмаған, Не ақынның *егеудей* тілін кескен (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Күй қағып, ат соғып, зықысы шыққан қақпақтай қара жігіт қарсы алдымда тұр. Ақ жалақтанған ернін *егеудей* құрғақ тілімен сипалайды (З.Иманбаев, Солма. гүл.). **4.** а у ы с. *Сайдың тасындай, мықты, қарулы, атпал.* Балықшы ауылы бір жеңнен қол шығарып, ынтымаққа келе қалды... *Егеудей* он шақты жігіт дайын тұрды (С.Талжанов, Ұлдай). *Егеудей* ерлер жиналып, Егей төсті ат мінді, Жүпжұмыр қылып сауырын (Ақын жырлары).

Егеудей тиді. *Тұрпідей тиді, көңіліне келді.* Айманқүлдің әлгі сөзі жас ақын жігітке *егеудей тиді* (М.Дүйсенов. Мейман.). Осындай *егеудей тиетін* сөз естісе, қаһарына мінетін Нартай енді атысқа бел шешіп, кірісіп кеткен (М.Дүйсенов, Мейман.).

Жағы егеудей қырланған. *Екі жағы кіріңкі, өте арық.* Келсе балалар класқа жиналып қалыпты. Қарсы алдынан өте жүдеу, *жағы егеудей қырланған* жас жігіт шықты (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЕГЕУДЕЙІН с ы н. ф о л ь к. ***Егеудей***. *Егеудейін* Асқары – асырмайтын бөгеудейін, Шалғыны – жан жаралап *егеудейін*. Самалы – жүрегіңді жұла жалмап, Су сөзі – «көл қосыла бебеулейін» (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

ЕГЕУҚҰЙРЫҚ з а т. **1.** *Көбіне дымқылды, сулы жерлерді мекендейтін зиянды, тұмсығы сүйір, құйрығы ұзын ірі сұр тышқан.* Қойманың қалған-құтқанына тойынған мысықтай ірі *егеуқұйрық* Бостанның да алдынан жүгіріп өтті де, қараңғы бұрышқа барып о да ғайып болды (Х.Рахимов, Қызғалдақ). **2.** з о о л. <лат. rattus> *Кеміргіштер отряды қаптесерлер тұқымдасының бір туысы. Егеуқұйрық-тар* тауда, өзен-көл маңында, елді мекендерде, егістік төңірегінде кездеседі, көбінесе, тұрғын үйлер мен қора-жайларда, азық-түлік қоймаларында тұрақты тіршілік етеді (ҚҰЭ). *Егеуқұйрық* Қазақстанның барлық жерінде дерлік тараған. Әсіресе, солтүстік, шығыс облыстарда көп кездеседі (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). *Егеуқұйрықтар* – бау-бақша ағаштарының, ауылшаруашылығы мен орман шаруашылығының зиянкестері. Адам мен үй малдарына аса қауіпті аурулар (оба, безгек, сүзек тағы басқа) таратады, сондықтан олар мекендейтін үйлер мен астық қоймаларын мезгіл-мезгіл дератизациялап отыру керек (ҚҰЭ).

Сұр егеуқұйрық. з о о л. <лат. rattus norvegicus> *Тұмсығы сүйір, денесін сұр түсті жүн басқан қаптесерлер тұқымдасы. Сұр егеуқұйрық* республикамыздың батыс және солтүстік аудандарында көбірек кездеседі, соңғы жылдары басқа облыстарға да тарай бастады (ҚҰЭ). *Сұр егеуқұйрық* жылына шамамен сегіз сегізден бес рет балалайды, оның әрбіреуі үш айдан кейін өздері де көбейе алады (Жалпы биология).

ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАЙ с ы н. *Егеуқұйрық сияқты, егеуқұйрық тәрізді.* Түркістан төңірегіндегі қазақ атаулы шаһарды қорғаймыз деп жатқанда, Бәсентин жігіттері кемеден қашқан *егеуқұйрықтай* елге кетіп қалудың ретін таба алмады (І.Есенберлин, Жанталас). *Егеуқұйрықтай* зор тышқандардың астық дақылына үлкен зиян келтіретіні белгілі («Жас Алаш»).

ЕГЕУҚҰМ з а т. *Металдың, тастың бетін тегістеуге, әрлеуге, тазалауға қолданылатын ұнтақталған минерал (наждак).*

ЕГЕУЛЕ= е т. **1.** *Егеумен қайрау, өткірлеу.* Жергілікті жұмысшылардан сұрастырылып алдырған араны *е г е у л е п* өткірледік («Егемен Қазақстан.»). Айдын шүйсең тарлан шүй Көтерілген сона құтылмас, Жауға кисең берен ки, *е г е у л е г е н* болат өте алмас (Шалкиіз // Алдаспан). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені айта беру, мезі қылу, ығыр қылу.* Бостан-босқа бірімізді біріміз *е г е у л е п* қажай бермейік. Онсыз да басы жұмыр біздей пенделер не көрмеді (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

ЕГЕУЛІ[1] с ы н. **1.** *Егелген, қайралған, өткірленген.* Әр нәрсеге бір күліп, көңілді жүрген оқушылардың қолында *е г е у л і* күрек, шыңдалған кетпен, тырма («Лен. жас»). Айтып айтпай не пайда, *Е г е у л і* найза өңгерген, Азды көпке теңгерген (Махамбет, Шығ.). Далада құлан домбай шұбырса, О-дағы бір *е г е у л і* оққа жолығар (Шалкиіз // Алдаспан). **2.** а у ы с. *Қайрат берген, қуат берген.* Жолдағы талай өлі ерді, Ес тұту қалды тасалап. Өздерін бұлар *е г е у л і* (М.Әлімбаев, Ту тіккен).

Егеулі найза қолға алды. п о э т. *Өткір де үшкір найза ұстады.* Тұлпар мініп ту ұстап, көк болат сауыт киініп, *е г е у л і н а й з а қ о л ғ а а л ы п*, елді жаудан қорғайтын қолбасшы боларсың (С.Мұқанов, Шығ. жин.). Қалың жауға жалғыз шабатын жүректі болғанға ұқсайды. Жаңағабыл бабасы сияқтанып *е г е у л і н а й з а қ о л ғ а а л ы п* жауға аттанатын (С.Балғабаев, Шөл). Ереулі атқа ер салмай, *Е г е у л і н а й з а қ о л ғ а а л м а й*, Еңку-еңку жер шалмай, Қоңыр салқын төске алмай... Ерлердің ісі бітер ме?! (Махамбет, Өлең.).

ЕГЕУЛІ[2] с ы н. с ө й л. ***Егулі***. Бұл кезде *е г е у л і* биік ағашы бар совхоз орталығы да көрінген еді (А.Шамкенов, Шапақ).

ЕГЕУСІЗ с ы н. *Егілмеген, отырғызылмаған.* Кетті-ау, – деп, – артында бір гүл *е г е у с і з*, қайғыдан шымырлатып жүрегін сыз, Володя отыр ойдың құшағында, Маңдайын қос қолымен тіреп үнсіз (Ф.Оңғарсынова, Асау толқын.).

ЕГЕУШӨП з а т. ө с. <лат. myriophyllum> *Ұзындығы 15-80 см көп жылдық су өсімдігі. Е г е у ш ө п* өзен-көлдердің жағасында, негізінен тұщы су түбінде басқа су өсімдіктерімен бірігіп, қалың тоғай болып өседі (Ботаника.). Қазақстанда *е г е у ш ө п т і ң* екі түрі – шоқ егеушөбі және масақты егеушөбі өседі (ҚҰЭ). *Е г е у ш ө п т і ң* су астындағы тоғайлары балықтың уылдырық шашатын қолайлы орны болып табылады (ҚҰЭ).

ЕГЖЕЙ з а т. *Бір нәрсенің анық-қанығы, жайжапсары.* Алдымдағы баланың қалай айтқанын өзі білсін, мен осы екі ауыз сөзді осылай түйіндедім де саябыр тұтып, шаруасының *е г ж е й і н* сұрадым (Қ.Салғарин, Жанында жүр.). Қыруар рулар көп, қай саланы Қазақтың негізі деу, – ой салады. Ішінде арғын да бар, найман *да* бар *Е г ж е й* мен тегжейін кім айта алады (Т.Шопашев, Жастық.).

ЕГЖЕЙ-ЕЖЕЛГІ с ы н. *Бұрынғы, ерте заманғы. Е г ж е й-е ж е л г і* ру-тайпа заңын бұл қария ай тұтылғандағы жарық жұлдыз санайтын да, білімнің жетімсіздігі жастардың болашағы жайлы ойлауға мүмкіндік бермейтін (Қ.Құрманғалиев, Атырау аруы).

ЕГЖЕЙЛЕ= е т. **1.** *Тәптіштеу, анық-қанығына жету.* Оның өңінде қынжылыс барын аңғарған Кенжебек енді *е г ж е й л е й* беруді лайықсыз көрді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Қара жұмыстан көтерілген қарапайым жұмысшы мұқтажымен көбірек сансады, соларды *е г ж е й л е п* түсінетін де осы адам болған соң өзіне келуші де көп, әр тұстан кеп мұң-мұқтажын сарқа айтушылар да аз болмайды (А.Байтанаев, Қансонар). О баста шын көрініп бұ да маған, *Е г ж е й л е п* оның жайын сұрамағам. Ойласам, еркімен еш хан өлмепті, Еш патша өздігінен құламаған (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** с ө й л. *Жіктеу, буынға бөлу.* Ермек *е г ж е й л е й* оқып танысып болған соң құжаттарын Досжанның өзіне қайтып берді (А.Байтанаев, Жаңғырды дала).

ЕГЖЕЙЛЕТ= е т. *Егжей-тегжейіне дейін жеткізіп анықтау.* Асының аяғына қарамай, тездете барған. Уәкіл түйіліңкіреп отыр екен, жағдай сұрастырды. Пішен дайындаудың барысынан *е г ж е й л е т т і* (К.Ахметбеков, Алқакөл).

ЕГЖЕЙЛЕТУ *Егжейлет етістігінің қимыл атауы.* Бәрін тәптіштеп сұрап *е г ж е й л е т у і* тегін дейсің бе (Ауызекі).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙ з а т. *Бір нәрсенің жайжапсары, анық-қанығы; бүге-шігесі, ұңғылшұңғылы.* Оқиғаның ендігі *е г ж е й-т е г ж е й і н* кейінгі күндердің сыбағасына сақтап, қайғылы күйдің қайырмасын ғана ойлайық (С.Мұқанов, Аспаз.). Мен олардың жеке істерінің *е г ж е й-т е г ж е й і н* қайдан білейін (С.Омаров, Тастағы жазу). Құрманбек сол күні ротаға қайтып келмеді. Жау қорғанысының алғы шебін әбден бақылап, *е г ж е й-т е г ж е й і н* тәптіштеп біліп алмай, ол оқ шығармайтын (С.Сейітов, Сөз сұра.). Бірақ бұның бәрін ноқатына жеткізе *е г ж е й-т е г ж е й* ойлап шешуге өз ақылым жетер емес (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Егжей-тегжейіне дейін ойластырды. *Жанжақты ойластырды, бәрін ескерді.* Сөзі орынсыз болды, сөзін теріс түсінді. Сөзіміз аша шықпас үшін бұның бәрін *е г ж е й-т е г ж е й і н е д е й і н о й л а с т ы р ы п*, жаттап алдық (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Егжей-тегжейіне жетті. *Түгел анықтады, анық-қанығын білді.* Ал бірақ ашық ауыз болма, әбден *е г ж е й-т е г ж е й і н е ж е т і п* жаз (М.Иманжанов, Көк белес). Әрбір істің *е г ж е й-т е г ж е й і н е ж е т п е й* тыным таппайтын бұл адамның қазымыр мінезін майордың бұрын да естігені бар (К.Тоқаев, Тасқын).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕ= е т. *Егжей-тегжейіне жету, анық-қанығын айқындау.* Қазақ даласын көп аралап, ой-шұқырын *е г ж е й-т е г ж е й л е п* алған шетен қалпақ бір нәрсеге қайран қалды (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Мен Съездер сарайына қалай кіргенімді де, үлкен жиналыстың қалай басталғанын да *е г ж е й-т е г ж е й л е п* айтып бере алмаспын (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Бұдан соң Әуез Камалетдиннің келіп кеткені мен Қарақаннан тарап жатқан сөздің мәнісін *е г ж е й-т е г ж е й л е п* сұрап алды (К.Оразалин, Абай.).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕУ *Егжей-тегжейле етістігінің қимыл атауы.* Бар-бәрін сұрап, *е г ж е й-т е г ж е й л е у м е н* тексере ұғып көзіне жас та оралады. Бауырмал елжіреген жүректі Үрияны көреміз. Ақжарыла қуанады. Күтімін ойлауға, соған қам жасауға кіріседі (А.Тоқпанов, Бүгінгі күн).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ с ы н. *Жан-жақты, толық.* Ол істің жайына, шопандық өнер сырларына келгенде нақпа-нақ қолмен қойғандай ғып, *е г ж е й-т е г ж е й л і* сөйлеп берді (С.Байжанов, Сыр.) Қабеннің жетекшісі сөзден бас тартып, диссертант жөнінде де, диссертация туралы да бар пікірін *е г ж е й-т е г ж е й л і* жазып бергенін, оған қосар-алары жоқ екенін айтты (З.Қабдолов, Жалын). Парламент депутаттары да жоғары өкілді органда парламенттік қызметтің әлемдік демократиялық дәстүрлері мен стилінде қалыптасқан әдістер мен нысандарға сәйкес бүкіл қызметін парламентте – заң шығару процесінде шоғырландырып, заңдармен *е г ж е й-т е г ж е й л і* анықталған, нақты саяси-әлеуметтік мәртебедегі өкілдіктерге ие болып, ... міндетті түрде тұрақты және ақы төленетін негізде он жыл жұмыс істеп отыр («Егемен Қазақстан»). Руда шикізатындағы барлық пайдалы компоненттерді толық пайдалану міндетін ойдағыдай шешу үшін рудалардың геологиясын, минералогиясын, геохимиясын *е г ж е й-т е г ж е й л і* жете зерттеп, оларды өндірудің және технологиялық жағынан қайта өңдеудің неғұрлым прогрестік жолдары мен әдістерін іздестіру қажет (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Енді күн тәртібіне айнымалы шамалар саласындағы сандық қатынастар мен кеңістік пішіндерін қарастыру, оны *е г ж е й-т е г ж е й л і* зерттеу проблемасы қойылады (А.Көбесов, Математика.).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІК з а т. с ө й л. ***Егжей-тегжей.*** Нысанның *е г ж е й-т е г ж е й л і г і*, жалпы көлемі, нысанды сатып алу мерзімі және нысанның орны бойынша талап конкурстық құжаттамада көрсетілген («Егемен Қазақстан»).

ЕГИПЕТТІК[1] з а т. *Египет тұрғыны, мысырлық.* Ауылдық жердегі *е г и п е т т і к т е р* мақта, күріш, көкөніс өсірумен басымырақ айналысады («Жалын»).

ЕГИПЕТТІК[2] с ы н. *Египетке қатысты, соған тән. Е г и п е т т і к* мәдениет пен архитектураның көп ғасырлық тарихы бар («Лен. жас»).

ЕГИПТОЛОГ з а т. *Египтология ғылымы бойынша зерттеу жұмысын жүргізетін ғылым, маман. Е г и п т о л о г т а р д ы ң* Каирде өткен конференциясына Қазақстаннан үш адам қатысты («Соц. Қаз.»).

ЕГИПТОЛОГИЯ з а т. *Ерте заманғы Мысыр елінің (Египеттің) тілін, мәдениеті мен өнерін тарихы мен экономикасын зерттейтін ғылым саласы.* Біздің елімізде *е г и п т о л о г и я* ғылымымен айналысатын ғалымдар бар («Соц. Қаз.»). Ол тасты Наполеон экспедициясына қатысқан бір солдат 1799 жылы кездейсоқ тауып алған еді. Міне, осы күн – *е г и п т о л о г и я н ы ң* басталған күні (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

ЕГУ[1] *Ек етістігінің қимыл атауы.* Ағаш және бұта тұқымдарын *е г у д е н* бұрын, оны өндіру үшін біраз уақыт керек екені мәлім (А.Балтабаев, Жасыл орман). Ол үшін жұмыс істеуге тиіспіз. Астық *е г у* керек, мал өсіру керек (Б.Тоқтаров, Қыран.). Осылардың өнегесін көре тұра, тигізер пайдасын біле тұра, көп жерде егінді аңызақтан қорғайтын ағаш *е г у г е* әлі де көңіл бөлінбейді (С.Ақтаев, Дала.).

ЕГУ[2] *Ек[2] етістігінің қимыл атауы.* Профилактика дегеніміз – аурудың алдын алу, ауруды болдырмау, атап айтқанда тазалық сақтау, әртүрлі ауруларға қарсы *е г у* (С.Сұбханбердин, Өсімдік-дәрі.). Қоршаған ортаның жағымсыз әсерімен ол азаяды, ал туберкулезге қарсы алдын ала *е г у* арқасында көбейеді (Туберкулез). Пастер сол күні өзінің *е г у* әдісін адамды құтыру ауруынан сақтандыру мақсатында тарихта бірінші рет қолданды (Х.Жұматов, Құтыру ауруы).

ЕГУЛІ с ы н. *Тұқым себілген, егілген.* Ақыл деген – денеге *е г у л і* дән, суғарыла кіреді оған да жан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЕГУСІЗ[1] с ы н. *Егін егілмеген, егілмей қалған. Е г у с і з* қалған астық, орылмай қалған шөп мұның айқын дәлелі ғой («Қаз. әдеб.»).

ЕГУСІЗ[2] с ы н. *Аурудан, індеттен сақтау үшін ауру таяқшасы жіберілмеген.* Іш сүзегі

індетінің алдын алу үшін балаларды *е г у с і з* қалдырмау керек (Семья тәрбиесі).

ЕГУШІ[1] з а т. **1.** *Жерге тұқым себуші; егін егуші, ағаш (гүл, жеміс) отырғызушы.* Осында істеп жүрген алты адам бір бригада, өздері *е г у ш і*, өздері сушы (Достық нұры). **2.** а у ы с. *Белгілі бір идеяны, ойды халыққа, көпшілікке таратушы, жаюшы.* Осыған кінәлі кім? Әр адамға арам қан *е г у ш і* кім? Сері жігіт әлі бұл сұрақтарды жүре ойланып, оның жауабын көп іздей де бермейді (С.Жүнісов, Ақан сері). Ол – *е г у ш і* өмірдің игілігін, Гасырлардың арылтып ауыр жүгін. Ол керемет майданның жеңушісі, Бақытсыздық, азапты жоятұғын (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

ЕГУШІ[2] з а т. м е д. *Белгілі бір аурудан, індеттен сақтау, қорғау үшін сол аурудың тұқымын (таяқшасын) алдын ала жіберіп дәрілеуші адам.* Аурухана жанындағы «шешек *е г у ш і*» дайындайтын курсқа өз еркімен келіп оқып, емтихан тапсырды. Сөйтіп *«е г у ш і»* деген қуәлік алды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сөйтсе де *е г у ш і л е р* арасында құтыру ауруының болуы оның себептерін зерттеуге бізді мәжбүр етті (Х.Жұматов, Құтыру ауруы.).

ЕГІЗ[1] с ы н. **1.** *Бір анадан бірге туылған екі сәби. Е г і з д і* көп жағдайда 18 жасқа дейінгі немесе 30 жастан асқан әйелдер көтереді (ҚҰЭ). Келіншегі шекесі торсықтай *е г і з* ұлды болып әйелдер босанатын үйден шығып үлгеріпті, өкпелеп қалыпты, сәлемін де алмады (Д.Досжанов, Дария). Мына жігіттің есімі – Шауқар, менің есімім – Шорақазы. Екеуміз *е г і з б і з* (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). **2.** *Бір енеден қатар туған төл.* Осы саулықтардың көбі бұрынғы *е г і з* табатын саулықтар көрінеді (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). **3.** *Қос, екі, жұп.* Бір-біріне таяна өскен *е г і з* аққайың, оңаша екеуін қалың көк жапырағының көлеңкесіне алып, көлегейлеп тұр (З.Шүкіров, Жас жесір). Неше жыл жан көзіне жөнді көрінбей, жасырын өскен *е г і з* бұрым екі аршындай ұзарып та қалған екен (Х.Ерғалиев, Шындық.). Екеуміз *е г і з* бұтақпыз, Жел соқса бірге майысқан. От болып бірге тұтаппыз, Үрлепті дала-данышпан (Т.Молдағалиев, Алатау.). Өмірде күйініш, қасірет *е г і з* екен ғой (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл). **4.** *Бір нәрсенің сыңары, сегізі, жұбы.* Шолпанның кеткеніне мен де қатты қайғырдым, *е г і з і м н е н* айырылғандай болдым (Аялы жандар). Мен жасыл белдердегі Гүлдердің *е г і з і* едім. Менің сен кеудемдегі Шаттықтың теңізі едің (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Шындық – сегіз, бақыт – *е г і з* (Мақал). **5.** а у ы с. *Бірінен-бірін ажыратуға, бөліп қарауға келмейтін, бір-біріне тығыз байланысты (нәрсе, зат, құбылыс).* Қазіргі бағыт солай, кәрия. Еңбек пен оқу *е г і з* (Д.Досжанов, Зауал). Талант пен халық *е г і з*, халық аты талантымен танымал («Қаз. әдеб.»). Абақтыда бір жыл жатып, жарық дүниенің, тіпті еркіндіктегі тас қараңғы түнек өмірдің қадір-қасиетін әбден біліп, соны ұзақ аңсаған Оспан жаңағы күн мен түн орайындағы *е г і з* сезімге бәр сәт ойысып кетті (С.Омаров, Дала қызы). Байқасаң ақын да бір, теңіз де бір, Ересен екеуінде *е г і з* көңіл, Кеудеден екеуі де маржан атқан Деместен неміз өсіп, неміз кемір (Ғ.Қайырбеков, Асу алда). *// Қатар, бірге, жарыса.* Қазақстан – қазір өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы *е г і з* дамыған бай мәдениетті, гүлденген республика (С.Байжанов, Жастық.). Мына қақпақ жауырынды қара торы жігіттің бойына соңғы екі қасиеттің екеуі де *е г і з* дарыған (С.Ақтаев, Дала). Ол: Рухани байлықты айтасыз ба? – деді. Дәл өзі. Осы екі байлықты қатар игеріп, *е г і з* дамытпай тұрып, жаңа қоғамның жан-жақты дамыған адамы туралы айту қиын (Ж.Мусин, Қанат.).

Егізде екі болма. қ а р ғ ы с. *Көбейме, молайма.* Кенжетай, *е г і з д е е к і б о л м а*, білдің бе, – деп, жерге кіргендей болған Күнпейіс шал жабағысының мойнына асылып тұрып қалды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Егіздің сыңарындай. *Өте ұқсас, бірінен-бірін ажыратуға, бөліп қарауға келмейтін.* Өткен жыл Жетікөл мектебіне жолдама ала келгенмін. Бәрінің де төбесін қара қаңылтырмен түнікелеген *е г і з д і ң с ы ң а р ы н д а й* бірінен-бірі аумайтын жатаған ақ тамдардың арасынан маңдайшасындағы жарнамасына қарап әзер тапқанмын (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Екінші баланың да түрін көрдім. О да *е г і з д і ң с ы ң а р ы н д а й* (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Олардың «мен», «менің», «мендік», «менікі» дейтін сөздерінен көзіміз сүрінетіні сондықтан біріне-бірі *е г і з д і ң с ы ң а р ы н д а й* қатты ұқсайтын (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

Егіз қозыдай. а) *Бір-бірінен айнымайтын, өте ұқсас.* Сейтектің оған берген мінездемесі мен оған деген өз көзқарасым *е г і з қ о з ы д а й* ұқсас шықты (С.Еркебаев, Алғашқы.). Станцияның біріне-бірі *е г і з қ о з ы д а й* ұқсас жатаған үйлері артта сырғып қалып барады («Лен жас»). Әкесі *е г і з қ о з ы д а й* екі баласының мұңайғанын көрген сайын реңі қашып тістенді, ащы зарын лоқсытқандай шүйіліп жатты (Ж.Арыстанов, Шығ.). ә) *Тату-тәтті, ынтымақты.* Амантай мен Тұяқбай жас кезінде *е г і з қ о з ы д а й* тату еді (С.Мұқанов, Шығ.). Бірге өскен, бірге жүрген *е г і з қ о з ы д а й* құрбысы, ойнаса – ойыны жарасқан, сөйлессе – сөзі жарасқан серігі (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Екі жас *е г і з қ о з ы д а й* жұбын әсте бір жазбады: тау басында жасыл мүк жамылған тастарға шығып, бірін-бірі

қуысып жасырынбақ ойнады (Т.Бердияров, Фарида). Расында Қалампыр осы үйге келген күннен былай екі жас бірін-бірі ұнатып *е г і з қ о з ы д а й* бола қалған (С.Жүнісов, Өшп. із.).

Егіз туғандай. а) *Бір-бірінен айнымайтын, айыруға келмейтін, ұқсас.* Жандос көз тоқтатып қараса, кескін кейіптері ұқсастық жағынан бұл екеуі *е г і з т у ғ а н д а й* екен (С.Мұқанов, Шығ.). Үлбіреген аппақ-аппақ гүл қандай, Ақша бұлтпен бәрі де *е г і з т у ғ а н д а й.* Жолаушының көзіне бір түскенін Ол өзіне бақыт көріп тұрғандай (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). ә) *Өте тату, ынтымақты, дос.* Досымбек екеуміз ылғи бір жатып, бір тұрамыз, бір үзім нанға дейін бөліп жейміз. Бір анадан *е г і з т у ғ а н д а й м ы з* (Ол күндер.).

Егіз ұйқас. ә д е б. *Қатар тұрған екі жол ұйқасып келетін өлең өлшемі.* Жетінші жол сегізінші жолмен бір ұйқасады да ой бітеді. Бұл *е г і з ұ й қ а с* деп аталады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Мақал-мәтелдерде көбіне *е г і з ұ й қ а с* болады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ата-бабадан алған *е г і з ұ й қ а с,* шалыс ұйқас, тағы басқаларды там-тұмдап әлі күнге дейін екі буын, сегіз буын, он бір буыннан арыла алмай жүр (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЕГІЗ[2] з а т. қ о л ө н е р. *Белгілі бір бейненің немесе суреттің жұп-жұбымен, екі-екіден қайталанып келетін өрнек атауы. Е г і з* шегінің бейнесі шеңбер, әлем кеңістігі, өлі және тірі табиғат, дүние деген ұғымды білдіреді. Шеңбердің іші бір балықтың қақ жарған екі жартысы сияқты болып бейнеленген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕГІЗДЕ= е т. **1.** *Егіз туу, екі-екіден, қос-қостан табу, төлдеу.* Ерегіскендей тағы да екі саулық *е г і з д е д і* (Береке бастауы.). Ел болғанда ерекше, Еркін өскен ел едік. *Е г і з д е п* туып енеден, Есебі жоқ көп еді (Ә.Әбдікадыров, Таңд.өлең.). Өлке лықа толар ма? Қоралы сиыр өрмесе. Ақтылы қой өсер ме? *Е г і з д е п* төлі ермесе (Қ.Айнабекұлы, Өлең.). **2.** *Көптен, топ-тобымен туылу.* Меңешжан, баққан малың семіз болсын, Бақытты бол, толғансаң, егіз болсын, Қойдай қоздап, *е г і з д е п* қояндардай, Төрт жылда ұлың, қызың сегіз болсын (Айтыс). **3.** а у ы с. *Екі есе көбею, өсу, еселену.* Қазір мейлі нені іздесең, соны ізде, Қызық жайлап туып жатыр *е г і з д е п,* Тылсым таулар құпиясын жыр етіп, Тулап-тулап ашты жырын теңіз де (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). Әр қыста бір тосып алатын жұттан әр жылда *е г і з д е й* беретін алымсалықтар кейде тұқыртып кетсе, кейде біржола тұралатып кетуші еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЕГІЗДЕЙ с ы н. **1.** *Егіз сияқты, егіз тәрізді.* Тарғылы талас аптабы, Тұншығып жаздың ақ таңы. Жарық пен түнек *е г і з д е й,* Жарыса қатар жатқаны (Қ.Ұябаев, Тағдыр). Волганың беті теңіздей, Үстінде біз бен уақыт. Волгамен жаным *е г і з д е й,* Тербете берді бір бақыт (Д.Әбілев, Толқын.). Ал егер той боп қалса келін түскен екен, *Е г і з д е й* ене сүтін бөліп ішкен, ызасын ұзақ жылдың қайтарады, Ол түнді өткізеді желігіспен (Ғ. Жұмабаев, Жомарт күз). **2.** *Бір-бірінен айнымайтын, өте ұқсас.* Тақырыптар жағынан, жырлау әдістері жағынан біріне-бірі *е г і з д е й* ұқсас өлеңдердің кейде кездесіп қалатыны өкініште-ақ (С.Мәуленов, Үркер). Қарақалпақ, қазақ классикалық әдебиетінің аударылмай келген себебі екі халық тілінің *е г і з д е й* ұқсастығында (Р.Бердібаев, Достық.). Сағымды мөлдір теңіздей, Сәулесін көк шам төгіп тұр. Көрінді бәрі *е г і з д е й* – Бөлмеде түнгі көгілдір (Ж.Молдағалиев, Поэм.). **3.** *Тату-тәтті, дос.* Бала кезде қос жүрек, *Е г і з д е й* еді ғой, Біздер айтқан дос тілек, Теңіздей еді ғой (Т.Нұрмұхамбетов, Жомарт жер). Бірінің аты – Стан, бірі – Айбала, Жүретін *е г і з д е й* боп тату ғана. Сондағы бірге отырған парталары Тозған жоқ, сол орнында тұрады әлі (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

ЕГІЗДЕЙІН с ы н. ф о л ь к. ***Егіздей***. Қос «Шибұт» анау жатыр *е г і з д е й і н,* Дегендей басқалардан неміз кейін. Қос қанат қып ұшайын қос қолымды, Қосағымның мекені, сені іздейін (М.Қаратаев, Далада.).

ЕГІЗДЕН ү с т. *Екі-екіден, қос-қостан.* Саулығым артық маралдан, Мыңғырып өсіп таралған. Қозыларым *е г і з д е н,* иесі өзім өргізген (Қазақ әндері). – Кешеден бері қой үшеуден тапқан. *Е г і з д е н* тапқаны қазірде жиырмадан асты (С.Бегалин, Уақыт.). Қорада сан мыңдаған бастары бар, Кем емес, онан да артық асқаны бар. Қыс болса тоқты қысыр қалмайды екен, *Е г і з д е н* туып жатқан жас төлі бар (Ақын жырлары).

ЕГІЗДЕР з а т. а с т р. *Аспан күмбезінің солтүстік жартышарындағы зодиак шоқжұлдызы.* Жетіқарақшы мен Кассиопеяны қосатын сызықтың бір жағында Аққу, Лира, Бүркіт шоқжұлдыздары, ал екінші жағында Жетекші, *Егіздер,* Торпақ, Үшарқар-Таразы, Үлкен Арлан шоқжұлдыздары орналасқан (Астрономия). *Е г і з д е р* шоқжұлдызында Сатурн түнімен жарқырап тұрады (Қаз. календары). *Е г і з д е р* шоқжұлдызының ең анық көрінетін уақыты – желтоқсан, қаңтар айлары (Қаз.календары.).

ЕГІЗДЕС с ы н. *Қатар, сыңар, жұптас.* Батырлықпен *е г і з д е с,* Батылдық менің дәрежем. «Ешкімге жемін жегізбес, қасқыр бол!» – деген жоқ әжем (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

ЕГІЗДЕС= е т. *Қатарласу, қабаттасу, жұптасу.* Осылайша Спартак жоғарғы мектепке

барғанда да оның бойында Европа білімімен қатар өз елінің білімі *е г і з д е с е* өрбіді (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Екі жалғыз бірігіп, *егіздесін* қарияның отын маздатып, болашаққа жеткізсе, көңілдегі бір арманның орындалғаны емес пе дегенді ойлады (Ж.Еділбаев, Буырқан.).

ЕГІЗДЕСТІР= е т. *Сыңарластыру, қабаттастыру, жұптастыру.* Екеуін *егіздестірген* де, егілткен де бір қайғы, бір адамның күйігі – өмір күйігі, өмір өксігі (Т.Жармағамбетов, Соңғы хат.).

ЕГІЗДЕСУ *Егіздес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірігіп, *е г і з д е с у і.*

ЕГІЗДЕТ= е т. **1.** *Екі-екіден, қос-қостан таптыру, егіз тудыру, төлдеу.* Үш саулығы *е г і з д е т і п* қозы ертті («Қаз. әдеб.»). **2.** *Топ-тобымен, көптеп таптыру, өсіру.* Ешкім, ешкім, егіз тап, *Е г і з д е т е* сегіз тап. Тоқтым, тоқтым, тоғыз тап, Тоғызын да егіз тап (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Соңыра *е г і з д е т і п* төл ертпек түгілі жалқының өзін жарытпайтыны сөзсіз (С.Ләмбеков, Әке жолы). Ежелден еңбектері елге сіңген, Күресте тайынбайтын белдесуден, Олжабай, Оңай, Сейсен қарияларым, Ерінбей *е г і з д е т і п* төлді өсірген (Айтыс). **3.** *Қосарлату, қатарлату, екеулету.* Ақмарал шықпай тұрып, емшектен, Бір Ақмарал жетімдікті енші еткен. Зергүл оны *е г і з д е т і п* емізді, Тағдыр солай өз салмағын өлшеткен (Р.Нұрпейісов, Қоңыр өлең).

ЕГІЗДЕТУ *Егіздет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қойларын *е г і з д е т у.*

ЕГІЗДІК з а т. **1.** *Егіз болушылық, жұптық. Е г і з д і к* әдісі егіздер белгілерінің дамуын зерттеуге негізделген (Жалпы биология). Қарап тұрсаң, құстардың қос қанаттарында да *е г і з д і к т і ң,* қосақтықтың көзге көрінбейтін қасиетті Жібек жібі жатқандай-ау («Лен. жас»). *Е г і з д і к* әдісті генетикалық зерттеулерде қолдану үшін *е г і з д і к т і ң* типін дәл анықтау керек («Қазақст. мект.»). **2.** а у ы с. *Бірлік, байланыстылық, бірбіріне тәуелділік.* Өйткені оқу мен тәрбиенің *е г і з д і г і,* бізге әр нәрсенің тәрбиелік жағына баса назар аударып отыруды қажет етеді (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЕГІЗ-ЕГІЗДЕН ү с т. *Екі-екіден, қос-қостан.* Қайранбай атаның қойлары қозыны *е г і з - е г і з д е н* төгіпті (М.Тиесов, Дала.). Көп қойымыз *е г і з - е г і з д е н* қоздап жатыр, төлшілер жәрдемдесуде (Шопан серігі).

ЕГІЗ-ЕГІЗЕК с ы н. с ө й л. *Қос, жұп.* Нәзікен үшін мұның екеуі де –ескірмеген, *е г і з - е г і з е к* жаралар (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЕГІЗ-ЕГІЗЕКТІ с ы н. с ө й л. *Жұп, қос.* Бұл дауды жалқы қалдырмай, *е г і з - е г і з е к т і,* айыр-айқас тармақты етіп шығаруды ойлап жатқанда, Игілік бітіріп те қойды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЕГІЗЕКІ с ы н. *Қос, жұп, егіз.* Бұ дағы бала болды балғын, есті, Қысы-жаз апасының қолында өсті, Арқардың *е г і з е к і* қозысындай, Жемісті Асан шашқан бірге жесті (І.Жансүгіров, Шығ.). *// Екінші қайтара, екінші рет.* Аласаны атқа санама, Жаманды жатқа санама, Бір сынаған жаманды, *Е г і з е к і* сынама, – деп күйеу бала дауысын соза мақалдай түсті («Мәдениет және тұрмыс»).

Егізекі [ел] болмады. *Ауызбірлігі болмады, ынтымағы жараспады.* Қосшылыққа қолын беруге жарамаған еңбекшіл өзі де *е г і з е к і е л б о л м а й д ы* (С.Дөнентаев, Шығ.). Жаныңдағы жарыңды жамандасаң, *Е г і з е к і* мен кепіл *б о л м а с ы ң а* (Айтыс).

Егізекі болмағыр. қ а р ғ. *Ұрпақсыз, жалғыз қалғыр, өспегір, өнбегір.* Ей, *е г і з е к і б о л м а ғ ы р,* шоқынды қыз (Ш.Құсайынов, Таныс адам.).

ЕГІЗЕКІЛІК з а т. *Байланыстылық; бірліктік, ұқсастық.* Оқулық құрылымының ендігі бір сыры – екінші және бесінші тараулардың *е г і з е к і л і г і* («Қазақст. мект.»).

ЕГІЗШІЛ с ы н. *Егізден, қос-қостан туғыш (қой, ешкі).* – Өзі қысжанды, қарды жылқыша тебетін, жүні биязы, ет, мол, *е г і з ш і л,* сергек қой өсіріп берсең бола ма? – деп Әбдіжан танауын жиыра көзін ежірейте күлді (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕГІЛ[1]= е т. *Бір нәрсенің отырғызылып өсірілуі.* Ауа райы бүгін шынында да рақат, жайлы еді. Емхана ауласындағы асфальт жолдар бойына *е г і л г е н* қара ағаштар қанатын жайып, айналасына салқын саясын түсіріп тұр (О.Сәрсенбаев, Жиде). Бидай көтерген салқынды күріш көтере алмайды. Арыш, арпа, сұлы салқын жақта көп *е г і л е д і,* бидай, тары жылы жақта, күріш, жүгері ыстық жақта көп *е г і л е д і* (А.Байтұрсынұлы... Оқу құралы). Үйғырлардың дәстүрімен есік алдына қорық соғып, қоршап алған азғана жердің жарымына картоп *е г і л е д і,* жарымына пішен өсіріледі (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Мұндағы көңіл тойдырарлық бір нәрсе қар суымен *е г і л г е н* жоңышқа қаулап өсіп, бойлап қалыпты (С.Шаймерденов, Сыбызғы сазы). **2.** а у ы с. *Басталу, негіз болу.* Алалға қарсы хан болдың, Тентекті сүйеп не құрым. Азған сені көргенде, Қайнайды менің зығырым Өгізі болдың жегілген, Арамдыққа *е г і л г е н* Айдайтұғын шығырың (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЕГІЛ[2]= е т. м е д. *Белгілі бір аурудың таяқшасын қанға жіберіп індеттен сақтандыру.* Мұның үстіне бруцеллезге қарсы шығарылған вакцина адамға мезгіл-мезгіл *е г і л і п* тұрса, нұр үстіне нұр (Ә.Дайырбеков, Мал. ауру.). Чуманың қаупі бар жердің адамдарына жылына бір қабат осы ауруға қарсы *е г і л е д і* (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы.). Ауылдағы жас сәбилерге дер кезінде шешек *е г і л і п,* ол оң нәтижесін беріп келеді («Денсаулық»).

ЕГІЛ[3]= е т. *Іші-бауыры елжіреу, көңілі босау, езілу.* Албырт көңіл әр нәрсеге елігіп, Махаббаттың сырын тыңдап *е г і л і п,* Жігіт болып біз қыздарға қырындап, Жастық шақта жүруші едік желігіп (М.Әшірбеков, Кербез дала). Ақыл айтсаң біреуге ішің еріп *е г і л і п,* Ұялмас, ақы тілеуге, Бармасаң қалар түңіліп (Абай, Тол. жин.). Айекең сыр білдірмесе де бұл мінезіне іштей *е г і л і п* жүргенде жығылған үстіне жұдырық дегендей, осы үйдің кер биесі де қара үздеп, жоғалып кететінді шығарды (Балдәурен). Көк ала бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шақта, өне бойың *е г і л і п,* жас ағады аулақта (Абай, Тол. жин.).

Бордай [бор боп] егілді. *Қатты күйзелді, күйінді, жылады.* Кемпірінің жанында *б о р д а й е г і л і п* күйзелмейін деп кеткен ғой деп ойлады ол (М.Сүндетов, Ескексіз.). Онсыз да көңілі босап отырған Рай осы арада тіпті *б о р б о п е г і л і п,* тіл қата алмай, ернін тістей берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Е, балам, «шешенің судай төгілген, тыңдаушың *б о р д а й е г і л г е н*» дегендей сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел-дағы (М.Әуезов, Шығ.). Кербездерің керіліп, Басуға аяқ ерініп; Шешенің судай төгіліп, Тыңдаушың *б о р д а й е г і л і п,* Өзөзіңнен іскенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Егіліп жылады. *Солқылдап көз жасын төкті, ағыл-тегіл жылады; зарлады, қайғырды.* Ахмет – естіген сайын өне бойы шымырлап, үзіліп кете жаздағандай болып, *е г і л і п ж ы л а п* отырып мынаны айтты (С.Торайғыров, Шығ.). Жаңағы бір сөздерді естігенде кімге лағнат айтарымды білмей, ши арасына барып *е г і л і п ж ы л а п,* ұзақ отырдым (Ө.Қанахин, Жер бас.). Мырзаң келмеген екен ғой, – деді ол салқын дауыспен. Зиялы жауап берудің орнына Айбектің мойнынан тас қылып құшақтай алып, дауыс шығармай *е г і л і п ж ы л а п* жіберді (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу). Той қылмақ тұрмақ, шешем *е г і л і п ж ы л а п* қоя берді, жеңгем мен ағам оған қосыла жылады (Ш.Байбатшаев, Бел-белестер).

ЕГІЛГІШ[1] с ы н. *Күйінгіш, күйзелгіш; күйрек.* Үнсіз-түнсіз төмен қарап жер шұқылай береді. *Егілгіш*-ақ, мүжіліп жүдеп барады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жүрегім босқа егілген шығар. *Е г і л г і ш,* еліккіш жүрек шығар менікі (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

Бордай егілгіш. *Тым күйрек, күйінгіш.* Арынның бордай *е г і л г і ш* босаңдығы жалғыз Шериге мәлім (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕГІЛГІШ[2] с ы н. *Сусығыш, сырғығыш.* Сенің *е г і л г і ш* қорымды көргенің бар ма? (Ауызекі.).

ЕГІЛДІР= е т. *Іші-бауырын елжіретy, көңілін босату, езілту.* Бұдан кейін даусын көтеріңкіреп шығарып, жұртты *е г і л д і р е* баурамақ болды, – Бауырларым, қандастарым! (Д.Әбілев, Арман.). Қара табақ айналады, зырлайды, Күміс көмей Күләш болып жырлайды. Елестейді оны жұтқан қара күн, Еңсені езіп *е г і л д і р і п* мұң-қайғы (Ж.Қыдыров, Шынарым). Қараптан қарап-ақ осы көрініс, табиғаттың сиқырлы сазы жандүниені *е г і л д і р і п,* шымырлатып жібереді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЕГІЛДІРУ *Егілдір етістігінің қимыл атауы.* Күр-күрс соққы өкпеңді суырып, өзегіңді талдырған аянышты сезім еріксіз *е г і л д і р у д е* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЕГІЛМЕ с ы н. *Күйінгіш, күйзелгіш, егілгіш.* Халық әні «Гауһартастың» әсем әні бүкіл фильмнің шығар басында айтылатын тоты құс туралы сазы да, сөзі де *е г і л м е,* мұңды ән тым ауыр әсер қалдырды (Қ.Сиранов, Кино тур.). Жинақта көне Шығыстың ғашықтық газелдеріне тән қазіргі замандастың мінез-құлқына қабыса бермейтін тым *е г і л м е* елжіреулер ара-кідік байқалады («Қаз. әдеб.»).

ЕГІЛМЕЛІ с ы н. *Егілгіш, үгілгіш, сырғып кеткіш.* Тастың бұл [күнгей] жағы да оңай емес екен. Заман-заманнан жауын жауған күнгейі бедері аз, жылтырлау екен де, жықпылы *е г і л м е л і,* суы шылқылдаған тайғақ келеді екен (Ғ.Орманов, Жүрек).

ЕГІЛТ= е т. *Көңілін босату, елжірету, езілту.* Мұңайып зарымды айтқанмен, ағайын-жұртты *е г і л т і п* жылатқанмен, маған ем бола ма, оларға жеңілдік келе ме (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Әйтеуір ұрыспады. Тек сенің онсыз да елжіреп тұрған іші-бауырыңды *е г і л т е* түскісі келгендей бетіңе бір түрлі қабағын түйе қарап, қолыңның сыртына алақанымен ақырын ұрып-ұрып қалды (Ә.Нұрпейісов, Сең). Құдірет қой ғажап ән деген, Құбылтып сазын төгілткен, Қуаныш боп жүрек тербеген, Қағың боп бір кез *е г і л т к е н* (Ө.Жайлауов, Жинақ). Оралханның басын бір жаққа кербұғыша қисайтып алып, қасын кере көкке қарап ақырын шашын сілкуі, кейде ақырын іліп қана кетіп, тауып айтқан өз сөзін айызы қана миығынан жымиып тұруы, алқалы топтың алдында сөз тигенде бөгетті бұзған тасқын судай лықсыған сезімнің жетегіне еріп, *е г і л т е,* төгілте сөйлеуі, қайсыбірін айтайын-ай, бәрі-бәрі тек Оралханға ғана тән, жаратылысы ерек таза жанына жарасып тұрар бөлек мінез еді-ау («Қаз. әдеб.»).

ЕГІЛ-ТЕГІЛ с ы н. *Көз жасын көл қылған, ағыл-тегіл.* Әуелінде қос балдағын көріп, *е г і л т е г і л* жылап еді, «Апа, оныңыз ұят болады. Шүкіршілік етіңіз» деп жұбатты (С.Алдабергенов, Асу). Мәкен келді. Ол Балымды құшақтап алып, бауырын жазбай көрісті. Балым *е г і л т е г і л,* қайғының қара суына шомылып ол отыр (М.Жұмағұлов, Қыран.). Әйелдің *е г і л - т е г і л*

күйін байқап, іштей наразы болып қалған Бәкен атының басын тежеген еді (Ж.Молдағалиев, Торғай).

Егіл-тегіл жас. *Көл-көсір, көп, мол, ағыл-тегіл жас.* Нағи көзінде *е г і л-т е г і л ж а с*, сұлық жатқан Нұржан қолын қатты қысып, бауырына баса берді (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Егіл-тегіл болды. *Сора-сорасы, шығып, қатты жылады.* Станция басында да, колхозға қайтып келе жатып та *е г і л-т е г і л б о л ғ а н* бәйбішесіне: «Көрсетпе көз жасыңды, жылаған жаман ырым»,– деп зекіп тастады (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Профессор машина үстіндегі гүлмен көмкерілген табыт жанында *е г і л-т е г і л б о л ы п* жылап отырған жұбайы мен Сәулесін көргенде, көзінен ыстық жас ытқып-ытқып кетті (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.).

Егіл-тегіл еңіресті. *Ағыл-тегіл еңіреп көрісті. Е г і л-т е г і л е ң і р е с к е н* Сарыбайға, Ханымды сүйегіне келген алып (Қозы Көрпеш.).

[Көзінен] егіл-тегіл жас домалатты [төкті]. *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* Қос қолдап ұстаған көшелогін кеудесіне басып, *к ө з і н е н е г і л-т е г і л ж а с д о м а л а т т ы* (Р.Райымкұлов, Қыз-айна). Бала күндегідей өксіп-өксіп, иығы бүлкілдеп, *е г і л-т е г і л ж а с т ө к к е н.* Енді қараса жастықпен дұрыстап қоштаса да алмаған (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

ЕГІЛТУ *Егілт етістігінің қимыл атауы.* Сол мұңды ән қыз баланың жүрегіне дерт жамап, жанын *е г і л т у і* есте қалармлықтай еді (А.Нұрманов, Аққу.).

ЕГІЛУ[1] *Егіл*[1] *етістігінің қимыл атауы; отырғызылу, өсірілу.* Қазір ол сорттар республикамыздың жер-жерінде көптеп *е г і л у д е* (М.Ахметов, Егін қорға). Бидай, күріш, мақта, бау-бақшалар *е г і л у г е* ұқсатылған бұрынғы шөл жерлерді көп жерлерден кездестіруге болады (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм.).

ЕГІЛУ[2] *Егіл*[2] *етістігінің қимыл атауы; аурудың таяқшасын қанға жіберіп, індеттен сақтандыру.* Тышқандар арасында Чума білінген жерлерде тұратын және уақытша келген адамдар чума ауруына қарсы түгелдей *е г і л у г е* міндетті (М.Тілеуқабылов, Чума ауруы). Айтпақшы,– деді ол шығып бара жатқан докторды тоқтатып,– безгек, сүзек, іш ауруларына қарсы *е г і л у д і* ұмытпаңыз (Т.Әбдіков, Күзгі.). Сондай-ақ қой қоздату науқанында жүрген адамдар малдан жұғатын жұқпалы ауруларға қарсы міндетті түрде *е г і л у л е р і* тиіс (Шопан серігі).

ЕГІЛУ[3] *Егіл*[3] *етістігінің қимыл атауы; іші-бауыр, елжіру, көңілі босау, езілу.* Розадан жасырып та оған көрсетіп те *е г і л у м е н* болды. Әйтсе де Күндей әже барлығынан бұрын еңсесін көтеріп, қайта бекінді (О.Бодықов, Ақ құс). Әлгінде теріс қарап кеткен Бәтжан көз жасына әлі ие бола алмай *е г і л у м е н* отыр (Қ.Исабаев, Өрде). Бейсеннің бұл қылығын естіген ауыл үйдің абысын-ажындары іштей тұнжырап, *е г і л у м е н* аза бойлары қаза болатын (Ә.Ибрагимов, Ақ пейіл).

ЕГІЛІП-ЕЗІЛ= е т. *Қатты егілу, күйзелу.* Қабдынұр әкесінің қабірінің басына күнде барып ұзақ отырып, *е г і л і п-е з і л і п* қайтуын қояр емес (Ө.Қанахин, Бақыт.).

ЕГІЛІП-ЕЗІЛУ *Егіліп-езіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е г і л і п-е з і л у м е н* ұзақ отырды.

ЕГІЛІП-ЕҢІРЕ= е т. *Қатты күйзеліп жылау.* Өзі өте жақсы көретін, сырттай осы кісіге ұқсасам деп жүрген мұғалима апайының да не себептен мұнша күйзеліп, *е г і л і п-е ң і р е г е н і н* айтпады (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕГІЛІП-ЕҢІРЕУ *Егіліп-еңіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әйелдің *е г і л і п-е ң і р е у і.*

ЕГІЛІП-ТӨГІЛ= е т. *Жаны ашып күйзелу, қатты аяу.* Дәрігерлер мұндайда *е г і л і п-т ө г і л і п* жатпайды, сезімді барынша «қаталдықта» ұстайды (Д.Әбілев, Арман.).

ЕГІЛІП-ТӨГІЛУ *Егіліп-төгіл етістігінен жасалған қимыл атауы.* ≈ *Е г і л і п-т ө г і л у д і* жаратпайды.

ЕГІЛІС= е т. *Жандары ашып күйзелісу, езілісу. Е г і л і с к е н* екеуге онан әрі қарап тұруға дәтім барар емес, далаға тұра айдадым (З.Шүкіров, Жас жесір.).

ЕГІЛІСУ *Егіліс етістігінің қимыл атауы.* Екеуінің *е г і л і с у і* бұл ғана емес (Ауызекі).

ЕГІН з а т. е г і н ш а р. **1.** *Қолдан өсірілген екпе дәнді дақыл.* Қолдан өсірілген екпе дәнді дақыл. *Е г і н н і ң* ебін, сауданың тегін Үйреніп, ойлап, мал ізде (Абай, Тол. жин.). *Е г і н* қол орақпен, шалғымен орылады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Көктем гүл атып, күн шуағын мол төгіп, *е г і н* көтеріліп өсе бастады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген *е г і н і* жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ (Абай, Шығ.). **2.** *Дәнді дақыл егілген алқап, егіс.* Міне, енді *е г і н г е* қамданатын уақыт жетті (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Апрель айы. Қар кетіп жатыр. Өлке көлкіген су. Диханды *е г і н г е* шығарды (Ақ бидай). Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен, жазғытұрым жасырып жердің бетін, жасыл шөппен бой жеткен *е г і н м е н* тең (Абай, Тол. жин.).

Ақ егін. *Бидай, арпа сияқты негізгі дәнді дақылдардың жалпы атауы; ақ егіс.* Қолдан суғарылатын арпа *а қ е г і н г е* жатады («Қаз. әдеб.»).

Бітік егін. *Көп өнім беретіндей, қалың өскен егін.* Жеңу керек қайтсек те, жеңу керек лаулап

жанып кетсек те, мұны бізден бар табиғат, *бітік егін* тілейді, жеңу керек дүлейді (Айлы түнгі ән). Айналасы *бітік егіннің* өскелең бау бақшаның көк майса жайы–жасыл алқап (Ж.Тілеков, От кешу). Төртінші жетістік сол жаздың *егіні бітік* шығып, былай да тоғая бастаған халық, астыққа қарық боп қалды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Егін айдады. *Жер жыртты, дән септі. Егін айдап* кіріскелі жұмысқа Сер-ағамыз белін жазып тынысқа (Д.Әбілев, Өленд.). Шешендер кезегімен шықты сайрап (Колхозда жүрген бізге *егін айдап).* Социалистік тұрмыстың негіздері, Адал еңбек екенін айтты жайлап (Ақын жырлары).

Егін басты. *Орылған егінін қырманға сап, мал тұяғымен дәнін түсіріп алды.* Түсіріп таудан ағаш, отын тасып, Күз болса орақ орып, *егін басып,* Жалданып малайлыққа қала ішінде Шалқыма жүрді істеп еңбек-кәсіп (Д.Әбілев, Таңд. өленд.).

Егін даласы. *Егін еккен жер, егіс алқабы.* Оқушылар *егін даласына* қажырлы еңбек етті («Халық мұғ.»). *Егін даласындағы* қиын жұмыстар түгелдей дерлік механика күшімен орындалады («Халық мұғ.»).

Егін екті. *Егіншаруашылығымен айналысты, егіс екті.* Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер, Диқаншылар жер жыртып, *егін егер,* шаруаның біреуі екеу болып, жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (Абай, Тол. жин.). Мұнан былай да бұ күнгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей *егін егіп,* пішен шауып, күнілгері қамыңды же (М.Дулатов, Шығ.). Меңгеріп трақторды алдық жегіп, Колхозда десте-десте *егін егіп.* Дәулетті ел тұрмысын қамсыз етіп, Артығын үкіметке берді төгіп (Ақын жырлары).

Егін жинады. *Астық орды, бастырды.* Малын да бақтым, *егінін де жинадым,* қара жұмысын да істедім. Бұлар сені адамға санамайды (Ә.Ипмағамбетов, Жайық.).

Егін көгі. *Еккен тұқымның жер бетіне көктеп шығуы. Егін көгі* көтерілді (Ауызекі).

Егін қонбады. ж е р г. *Егін шықпады, өнбеді.* Бұл жерге *егін қонбайды* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егін қырықты. ж е р г. *Астық орды.* Оңтүстік облыстарда бізден гөрі *егінді* ертеден *қырқады* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егіннің қарасын басты. ж е р г. *Егісті бірінші рет суарды.* Май-июнь айларында *егіннің қарасын басамыз* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егін орағы. *Егінді жинап, бастырып алу маусымы.* Бес облыс қарайтын Тың өлкесі, үш облыс қарайтын Батыс Қазақстан өлкесі қазір түгел *егін орағына* кірісті (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Апаңмен дұрыстап қоштасып қал. *Егін орағынан* кейін күзде той болуы мүмкін (М.Гумеров, Хазірет.).

Егін орды. *Піскен дәнді дақылдарды жинап алды. Егін орған* кезде сабанның дымқылдығы 20% болады (И.Жұмағұлов, Қой шауаш.).

Егін пісті. *Дәнді дақылдың дәні толып, оруға келетін кезі келді.* Бұдан кейін он жыл өтті. Шөпті аяқтап, *егіннің піскен* кезі еді (С.Көбеев, Қалың мал). Ойға түскенде жердүниенің бәрі көкпеңбек, *егін пісе* бастаған (С.Шарипов, Шығ.).

Егін салды. *Егіншаруашылығымен айналысты, егіс екті.* Түбінде баянды еңбек *егін салған*, жасынан оқу оқып, білім алған, бұдан өзге бәрі жаман (Абай, Шығ.). *Егін салдым,* Мал бақтым, Тас қаладым, бағынам да, жұртты да басқарамын. Жалығам да, жабырқап пәс қаламын, Жырды бірақ, Жырды мен тастамадым, Жырдан бөлек қалмады басқа амалым (М.Мақатаев, Шығ.). Төренің кім шыдайды зардабына, Басқанда жер қайысқан салмағына. Төренің зардабына шыдай алмай, Келдім де *егін салдым* жан қамына (Батырлар жыры). Өкімет құнарлы жер кесіп берді, Кеудесін бай, кулактың басып берді. *Егін сап,* бау-бақша егіп берген жерге, Кіріскен белді буып кәсіпке енді (К.Әзірбаев, Шығ.).

Егін тақта болды. ж е р г. *Егін бас тартты. Егін тақта бола* бастады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егін тегіс басқа отырды. *Егін бітік шықты.* «Егіннің тәуір шығыпты» деген кісілерге: «Не берсе еңбекке өлшеп береді. Жыртуы жақсы, маласы тегіс, майда болса, құр тастамайды» деп жауап беретін. *Егін тегіс басқа отырды* (М.Әуезов, Шығ.).

Егін ұшып кетті. ж е р г. *Егінді суық ұрды, үсік жұрді.* Былтыр колхоздың *егіні ұшып кеткен* еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егін шығымдылығы. е г і н ш а р. *Егінді бастырғанда алған өнімділігі, түсімділігі.* Астық өндіруді молайтудың басты резерві бұрынғысынша *егін шығымдылығын* арттыру («Лен. жас»). Әлі де *егіннің шығымдылығы* нашар (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

Егініне түскен жоқ. *Еш зиян, жаманшылық жасаған жоқ.* Тоқаш сенің *егініңе түскен жоқ* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Көк егін. *Тары, күріш, жүгері сияқты (арпа, бидайдан басқа) дәнді дақылдардың жалпы атауы; көк егіс.*– Биылша кімдекім еңбек қылып жармадан салма шығарып *көк егін* (тары) егемін дегендерге рұқсат (Ж.Тілепбергенов, Ізбасар). Біліп қойыңыз, *көк егінге* жүгері, тары, қонақ жатады («Қаз. әдеб.»).

Суарма егін. е г і н ш а р. *Суғарылатын, суғару арқылы өсірілетін егін. С у а р м а е г і н н і ң* ең алды гектарынан 42–43 центнерден беріп тұр («Қаз. әдеб.»).

ЕГІНДЕЙ с ы н. *Егін сияқты, егін тәрізді.* Ауыр ойды көтеріп ауырған жан, Қайғы, қасірет жүзіне белгі салған. Дәні толық, басы үлкен *е г і н д е й*-ақ, Сенің де басың имек жерге таман (Абай, Тол. жин.). Сардала сағымымен жұртты *е г і н д е й* толқып, үйіріп өзіне тартатын (С.Мәуленов, Жер нәрі.). Көрінсеңші көзіме *е г і н д е й* боп, Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп (Қазақ әндері). Бүркіттей өткір жанары, Жете алар қиыр шетіне. *Е г і н д е й* қалың қабағы, Жалданып түскен егінге (С.Мәуленов, Шалқар.).

ЕГІНДІ с ы н. *Егін өскен, егіс мол.* Осыдан бір жыл бұрын, бір үлкен адамның көзіне түсіп, *е г і н д і* облыстың бірі – Павлодарға келгенді (З.Шашкин, Сенім). Республика басшысы Солтүстік Қазақстанның *е г і н д і* аудандарын аралып, ондағы орақ науқанының дұрыс өтуіне қатысты тиісті тапсырмалар берді («Соц. Қаз.»). Шайқалған самал жел ғана, *е г і н д і* дала, ен дала. Ырыс боп күзде құйылған Тасқындап келіп қамбаға (М.Әмірбеков, Кербез дала).

ЕГІНДІК з а т. **1.** *Егін егуге арналған немесе егін егілген жер, егістік.* Жалманды сайдың басындағы егістікке жетіп жылда бидай егетін үлкен *е г і н д і к к е* сәл кідірді де, қайтадан ілгері жүрді (Д.Жанботаев, Жер жылуы). Жанайға беретін қағазын бітіріп, Сәтжан далаға шыққанда, ауыл үстінен шулап ұшқан бір топ қаз тура *е г і н д і к т і ң* орнына тартты (С.Бегалин, Уақыт.). Балалармен қосылып Ғабдолла бүгін қыстау жанындағы *е г і н д і к к е* барып қайтты (М.Дүйсенов, Мейман.). **2.** а у ы с. *Бұл дүниеде жасаған жақсылық, қайыр.* Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы қакимдердің жасаған, таратқан істері әудүния мәзрәләтул – ахирет дегендей, ахиретке *е г і н д і к* болатын дүние сол (Абай, Тол. жин.).

ЕГІНДІК-ШАБЫНДЫҚ з а т. *Егін егуге, шөп шабуға ыңғайлы құнарлы жер.* Шаруашылық табысы аулымызға қарасты *е г і н д і к-ш а б ы н д ы қ* жерін игеріп, пайдалана білумізге байланысты («Жас Алаш»).

ЕГІНЕК з а т. ө с. <лат. leucanthemum mill> *Орман ішінде, шабындықтарда өсетін, биіктігі 20–65 см-дей, ақ гүлді, біржылдық шөп. Е г і н е к* – қабықсыз жалаңаш өседі де, төменгі сабақтары ұзын, жұмыртқа немесе жүрек тәрізді болып келеді (М.Қожабеков, Дәрілік өсімдік.).

ЕГІНЖАЙ з а т. *Егін егілген жер, егістік.* Мен ұшақ көлеңкесінің *е г і н ж а й* үстінен қалықтап келе жатқанын көріп отырмын (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Көкжиектен арайлап атқан таңның самал желі кең алқапты аймалап, *е г і н ж а й* сары алтындай толқиды (Ә.Нұрмағамбетов, Шығ.). Ол арада *е г і н ж а й*, аққан бұлақ, мол шабындық бар (Ш.Айманов, Қыран.). Белдерден аса бергенде, біресе *е г і н ж а й*, біресе табын-табын мал, біресе көрікті село алдыңнан шығады (С.Хайдаров, Азамат.).

ЕГІН-СУАН з а т. ж е р г. ***Егін-терін***.– Жамал-ау, жайды өзің жақсы білесің ғой, қазір қауырт науқан кезі – *е г і н-с у а н* қалып барады, жұмыстан шыға алмаймын («Қазақст. мұғ.»).

ЕГІН-ТЕГІН з а т. с ө й л. ***Егін-терін***. Күз түсіп, *е г і н-т е г і н* жиналған соң бұрынғы көкірек ауруы қайта асқынды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Кедейлердің азын-аулақ *е г і н т е г і н і* көз қуантарлық еді (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЕГІН-ТЕРІН з а т. *Жиылып-теріліп алынатын егін; жиын-терін.* Бұл мәселемен жеңгесі де хабардар екен. «Тұрсын қазір жұмыста, әрі ауылда жоқ. Ағасы жоқта қарындасы да күйеуге шығам дей қоймас. *Е г і н-т е р і н* жиналғанға дейін шыдайық», – депті (Т.Тобағабылов, Жазира). Шілденің ыстық аптабы жұрттың *е г і н- т е р і н і* пісіру былай тұрсын, олардың өздерін де қоса пісіріп жатқандай (А.Хангелдин, Ғани.)

ЕГІНШАРУАШЫЛЫҚ. з а т. *Шаруашылықтың егінмен айналысатын саласы, егін егу кәсібі.* Бізде мол *е г і н ш а р у а ш ы л ы ғ ы н а н* басқа, темекі егу жұмысы жүргізіледі, жеміс, бау-бақша өсіріледі (Б.Тоқтаров, Қыран.). Су көбейетін болған соң, біздің колхоздың *е г і н ш а р у а ш ы л ы ғ ы* да жаңа бағыт алды (Ы.Жақаев, Менің бақытым). *Е г і н ш а р у а ш ы л ы ғ ы* ауыл шаруашылығының астық, техникалық және жемшөптік дақылдар, көкөніс, жеміс-жидек өсіру саласы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕГІНШЕ үс т. *Егін тәрізденіп, егін сияқты.* Жаздың жыры *е г і н ш е*, Жайқала шығып көрінсе. Толғана жүрек түбінен, Жыр жазам мен де өзімше (Ғ.Малдыбаев, Қалдырған.).

ЕГІНШІ з а т. *Егін егетін, егіншаруашылығымен айналысатын адам; диқан.* Мен Сырдың арғы бетінде отыратын *е г і н ш і л е р д і ң* тұрмысымен таныстым (С.Мұқанов, Есею жыл.). Өзбек Ордасының абыройын ойлаған хан: «Бірде-бір әскер *е г і н ш і* жұрт пен көшпелі елге өз бетімен тимесін. Егілген егін, салынған бау-бақша сол қалпында сақталсын», – деп әскеріне бұйрық берген (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Бірі – малшы, бірі – кенші, Бірі – *е г і н ш і* ағалардың. Еңбек те көп ерлік енші, Аялаған аналарың (Т.Жароков, Шығ. жин.).

ЕГІНШІЛІК з а т. **1.** *Егіншаруашылығымен айналысушылық, егін егушілік.* Ағайындарының басын құрап, оларды *е г і н ш і л і к* кәсібімен

айналысуға шақырды (С.Мәуленов, Шыңдағы шұғыла). *Егіншілік* оңай іс емес, оған алдымен жер таңдай білген жөн (Қ.Исабаев, Шығ.). Аграрлық (дақаншылық) табынушылық – еңбек өнімділігін арттыру үшін табиғат апаттарына құдірет жолымен әсер ету мақсатында *егіншілікпен* айналысатын көне халықтардың діни-құдірет күшіне табынуы мен салт-дәстүрлерінің жиынтығы («Парасат»). Аграрлық табынушылықта *егіншілікке* немесе үй жануарларына қауіп төндіретін (құрғақшылық бұршақтың соғуы қара шегірткенің қаптауы, малдың індетке шалдығуы, т.т.) ерекше қауіптерге қарсы тұратын құдіретті күш бар деген ұғым пайда болды. Құрғақшылық жылдары мұсылмандардың су жағасына барып тасаттық шалуы, сөйтіп тәңірден жаңбыр тілеуі осының айғағы («Парасат»). Мал шаруашылығын жанжақты дамыту үшін ең алдымен *егіншілікті* жолға қою керек болды (С.Ақтаев, Дала.). **2.** *Ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты, сапалы, мол өнім алу үшін жерді өңдеп баптау тәсілдерінің жүйесі.* Қазақстанда *егіншіліктің* өзіндік көне тарихы бар (ҚҰЭ). *Егіншілік* ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты, сапалы, мол өнім алу үшін жерді өңдеп баптау тәсілдерінің жүйесі («Зерде»).

Егіншілік құралы. *Егін егуге, баптап өсіруге, өнімін жинауға керекті құрал-сайман мен жабдықтар.* Ертеректе кедейлер қарапайым *еңбек құралдарынан* да тапшылық көрді (Тыңайтқыш енгізу).

Егіншілік мәдениеті. *Егіс егудің тәртіпке түскен жүйесі.* Егіс көлемін ұлғайту, *егіншілік мәдениетін* арттыру негізінде өнімнің мол алынуына қарай көтеріңкі ақы төлеу тәртібі мардымсыз енгізіліп келді (С.Қаженбаев, Балық.). Қолымызда әлгі айтқан кілтіміз де бар, оның аты – агротехника, *егіншілік мәдениетін* көтеру, жұмыс процестерін механикаландыру (Бал дәурен).

Суармалы егіншілік. *Суғарылатын, суғаруға мүмкіндігі барегін шаруашылығы.* Олардың көшпелі мал шаруашылығы мен едәуір *суармалы егіншілік* кәсібі де болған (Н.Баяндин, Саяхатшы.). Сондай-ақ қант заводтарының қалдық суы *суармалы егіншіліктің* қоры және ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың қайнар көзі («Білім және еңбек»).

ЕГІС з а т. **1.** *Ауылшаруашылық дақылдарын егу, себу ісі.* Таңғы тыныштықты көктемгі *егіске* шыққан механизаторлар еңбегінің дабылы алыстан үзіліп естілген мотор үні ғана бұзғандай («Қазақст. әйелдері»). Осы сәт Сұлтан Аманжолға бүгін көктемгі *егіске* ең соңғы әзірлікті байқау үшін №2 бригадаға бару керектігін ескертті (К.Қазыбаев, Дәуір аты). **2.** *Егін егілген, тұқым себілген жер.* Егер тың жерлерді игеруге дейін Қазақстанның егіс көлемі революциядан бұрынғы *егіс* көлемімен салыстырғанда екі еседен артық көбейген болса, 1954 жылдан бастап сол *егіс* көлемі үш еседен артық өсіп, 30 миллион гектарға жетті (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.). Картоп *егісінің* шетіндегі айдалмай тың қалған жердің көгалында төрт қаз жайылып жүр (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Күзеткен қызыл әскер елім шетін, Ер ұлым жасқандырар жаудың бетін. Өсе бер еркін шыққан піскен *егіс,* Сақтауға жаудан сені солар кепіл (Жамбыл, Тол. жин.). Жылдар ауылшаруашылық *егістерінің* зиянкестері – кемігіштер, тағы басқа да түрлі жәндіктермен қоректену арқылы ауылшаруашылығына белгілі пайда келтіріп отыр (Х.Қыдырбаев, Қазақстн.).

Ақ егіс. *Бидай, арпа сияқты негізгі дәнді дақылдар егісі; ақ егін.* Алдымен ұсақ бригадаларды іріландіріп, *ақ егіс* және көк егіс бригадаларын біріктірсек (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Отырсың *ақ егісті* орындамай, Он бес күн бастағанмен бізден бұрын. Создыңдар *ақ егісті* елу күнге, Өткіздің ерте егіспен жаздың күнін (Айтыс).

Ауыспалы егіс. е г і н ш а р. *Белгілі бір егістік жерге түрлі ауылшаруашылық дақылдарын дүркін-дүркін ауыстырып егу жүйесі.* Бестанапты *ауыспалы егіс* жүйесінің жобасы жасалған екен, бірақ ол қағаз бетінде қалған (К.Баялиев, Жер тынысы). «Трудовик» колхозы егістен мол өнім алып, ең көп тараған *ауыспалы егіске* арнап топырақ өңдеу жүйесін ұсынады (Береке бастауы). Сірә, *ауыспалы егісті* игеру үшін ауылшаруашылығы органдары, совхоздар мен колхоздар қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру керек шығар (Д.Қонаев, Шығ.).

Дәнді егіс. *Дәнді дақылдар егілген егіс.* Қаңыратып қатпарын, Жер қыртысын сөккен күн. Түрлі *дәнді егісті,* Бау-бақшалы жемісті, Еңбектің ері еткен күн (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Жер тас шорттармен өңделіп, оған бидай және басқа *дәнді егістер* егілген (ҚазССР тарихы). *Дәнді егістер* оруға Жақындап қалған кез еді (О.Шипин, Екі дастан).

Егіс агрегаты. *Әртүрлі машинаны егін егу жұмысына топтастыру ісі.* Мұнда барлық тараторлар мен *егіс агрегаттары* үнемі сай тұрады (Мақташы).

Егіс басы. *Егінжайда жұмыс істейтіндердің жиналатын орны.* Таң атқаннан күн батқанға шейін Күлән *егіс басына* бірнеше рет қатынайды (Н.Ғабдуллин, Өмір).

Егіс бригадасы. *Егіс себетін, егінмен айналысатын бригада.* Бұл осы колхоздың *егіс бригадасының* бастығы еді (А.Хангелдин,

Біздің от.). – Жақсы. Мен бірінші *е г і с б р и г а д а с ы н а,* одан ары МТС-қа барып қайтам (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Егіс бригадирі. *Егіс бригадасының жетекшісі. Е г і с б р и г а д и р і н* ауданға сирек шақырады (Ә.Әлішев, Батыр.). Егін жинар алдында ауданның барлық колхозының *е г і с б р и г а д и р л е р і н,* колхоз басшыларын қалаға мәслихаттасуға шақырды (Ә.Әбішев, Батыр.).

Егіс даласы [аңызы]. *Егін егілген алқап. Е г і с д а л а с ы* ирек-ирек бел болып қалған (Ғ.Мұстафин, Шыңанақ). Сағит тура *е г і с д а л а с ы н а* тартты (С.Алдабергенов, Әңгім.). Күркетауық балапандары жайылым шөбін, дәнді *е г і с а ң ы з ы н д а ғ ы* қалдықтарды жақсы пайдаланады (Қазақст. етті молайту).

Егіс екті. *Егіс септі, егін екті.* Бала бұған келісті, *Е к т і* жылдам *е г і с т і.* Масатыдай құлпырып, Жайнап кетті жер үсті (А.Асылбеков, Алтын дән).

Егіс – ерден, өнім – жерден. *Егінді еге білу егіншіден, одан алатын өнім жердің құнарлылығынан. «Е г і с – е р д е н, ө н і м – ж е р д е н»* деген нақыл сөзді жер сүмесін емген еңбеккор халыққа қатысты айтқан абзал («Жас Алаш»).

Егіске шықты. *Егіс егуге жұмылды, кірісті.* Бәрі осында – қалың күш, Ертемен *ш ы қ т ы е г і с к е.* Шапшаң! Мезгіл асығыс. Ұмтыл дейді жеңіске (М.Әлімбаев, Құрбыма).

Егіс қорғайтын орман белдеу. е г і н ш а р. *Агломерацияның бір тармағы, ұзыннан-ұзақ отырғызылған орман белдеуі. Е г і с қ о р г а й т ы н о р м а н б е л д е у л е р і* егістікті табиғаттың қолайсыз әсерінен қорғау үшін жолақтап өсірілетін орман алабы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Егіс салды. *Жер жыртып, дән септі, егін екті.* Жер жырттық, қайнады еңбек, *е г і с с а л д ы қ,* Жарыспен еңбек жазын біз қарсы алдық. Қыртысын қара жердің қарс айырып, Қажымай жер қазынасы қабын жардық (Жамбыл, Шығ. жин.).

Егіс септі. *Дән септі, ұрық шашты; егін екті.* Сол ұрықтан мен бүгін *Е г і с с е у і п* жатырмын. Колхозды кең далама Жеңіс сеуіп жатырмын (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Егіс суы. е г і н ш а р. *Техникалық егіс егілетін жерге оның тұқымын, көшетін отырғызбастан бұрын берілетін су* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Егіс тереңдігі. е г і н ш а р. *Топырақ бетінен басталып, егілген тұқымға дейін жалғасатын тереңдік* (Қазақ тілі. термин. сөздігі, Су).

Егіс шығымы. *Егілген егістен алынған өнім көлемі. Е г і с т і ң ш ы ғ ы м ы* алағат деген, біраз танаптың тұзы шығып, азып кетіпті (Д.Досжанов, Кісі.).

Көк егіс. *Бидай мен арпадан басқа (тары, күріш, жүгері т.б.) дәнді дақылдардың жалпы атауы; көк егін.* Аңғардың алабында шешек жарып, Нұрланған еңбектен гүл шамдай жанып. Желкілдеп колхоздардың *к ө к е г і с і,* Көк түлеп топырақтан тамырланып (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Суармалы егіс. *Қолдан суғарылатын егіс.* Ауылшаруашылық дақылдарын суару саны мен суару мерзімдерін белгілеу үшін, *с у а р м а л ы е г і с к е* жұмсалатын судың жалпы жиынын білу керек (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). *С у а р м а л ы е г і с п е н* күн көрген елдің айғыржап жасаудан бастап, егінді орып, жинап алғанша қолынан кетпені түспейді (Ғ.Мұстафин, Шыңанақ). 1950 жылға дейін бұл өңірде с *у а р м а л ы е г і с* сол кездегі талап-тілектерге лайық бірқыдыру өз дәрежесінде жүргізіліп келді («Лен. жас»).

ЕГІС= е т. *Белгілі бір дақылды сеуіп өсірісу.* Қазір азаматтарымен бірге қырға шығып, ауылым деп келіп, егінін *е г і с і п,* шөбін шабысып жатқан ер әйелге, қаралы жесір болғанымен, қайсар әйелге бұлардың тіпті құрметтеп қарайтын жөні бар (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен).

ЕГІСЖАЙ з а т. с ө й л. ***Егінжай***. Қызыл ат бәйгі ап қайтты *е г і с ж а й д а н* Бірнеше күн өтті де егіс айдан Оратын ол егінді күн де жетер,– Тағы да кезектегі қызып майдан (С.Сейфуллин, Өлең.д.). Бұлар Мерекесазанға текке келмеген болатын. Осыдан бес-алты шақырым жерде Иванның әкесі Павелмен *е г і с ж а й ы* бар (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

ЕГІСТІК з а т. *Егіс себілген, егін егілген жер. Е г і с т і к к е* жарайтын жерге азғана бидай мен тары егеміз (Т.Ахтанов, Боран). Бригадир Қалмұрат мазасыз адам болатын. Құмтөбеге келгелі *е г і с т і к к е* су беретін бас арықтың құрылысына үш рет барып қайтты (Жасыл белес). Бұл өзі қырық елу гектар шамасындағы алқапты алып жатқан *е г і с т і к* екен (Ә.Жылқышиев, Балжан.).

Ауыспалы егістік. е г і н ш а р. *Әр жылда әртүрлі дақыл себілетін егістік.* Кейбір колхоздарда орман алқаптары *а у ы с п а л ы е г і с т і к* көлемінің 3% алады (М.Ахметов, Егін қорға.).

Егістік жерді су жаю арқылы суармалау. е г і н ш а р. *Суарылатын танаптарды ұзақ уақыт су бастыру арқылы күріш дақылын суару түрі. Е г і с т і к ж е р д і с у ж а ю а р қ ы л ы с у а р м а л а у* тұрақты және қысқа мерзімді су бастыру болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.). *Е г і с т і к ж е р д і с у ж а ю а р қ ы л ы с у а р м а л а у* өсімдік көгі түгел өніп шыққан соң немесе түптенер алдында жасап, кейін әртүрлі деңгейде ұстап отырады (Қаз. тілі термин. Су.).

Егістік кориандр. ө с. <лат. coriandrum sativum> *Биіктігі 30-70 сантиметрге дейін жететін, біржылдық, шөптектес өсімдік.* Сабағы жұмыр, түзу әрі жоғарғы жағында жайыла өседі. *Егістік кориандр* мәдени өсімдік ретінде егіледі. Кей жерлерде жабайыланып кеткендері де кездеседі (Қазақст. дәрілік өсімдік.).

Егістік көздері. ө с. <лат. anagallis arvense> *Сабағы төрт қырлы, жерге төселіп көлбей өсетін, бұтақтары көп бір жылдық шөп тектес өсімдік. Егістік көздерінің* гүлдері әдемі, қызыл түсті, гүл сабақтары ұзын, жапырақтарының қуысына жеке-жеке орналасқан (Қазақст. дәрілік өсімдік.).

Суармалы егістік. е г і н ш а р. *Қолдан суғарылатын егістік.* Бұған сонымен қатар 1,6 миллион гектарға жуық *суармалы егістік* жері бар Семей және Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік аудандары жатады (М.Ахметов, Егін қорға.). Орал облысында қазір 16 мың гектарға жуық *суармалы егістік* бар (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

ЕГІТІЛ= е т. с ө й л. *Егілу, езілу, елжіреу.* Онда өзі Нөтеннің қорыққанын қызық көретін еді. Қазір іші аянышпен *егітілетіндей* (З.Шүкіров, Ізгілік.). Тебіреніп жан жүрегім, *егітіле* түрдым қарап. Қайрат, рақым, мейірі мол, Біздің жастар неткен ғажап (Ә.Оңалбаев, Таң алдында). Білемін мен, аяйсың ғой, аяйсың, Неге сонша *егітілін* қарайсың. Аяғанмен кесел шіркін көне ме, Ол ұрланып еніп апты денеме (С.Сейтенов, Сапар соңы).

Жан-жүрегі егітілді. *Іші-бауыры елжіреді, езілді.* Баса алмадым өксігімді, Дей бердім тек: «Қасым!.. Қасым!.. *Жан-жүрегім егітілді,* Сорғалады көзден жасым (Ә.Оңалбаев, Таң алды).

ЕГІТІЛУ *Егіміл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүректің *егітілуі.*

ЕГІ-ШЕКСІЗ с ы н. с ө й л. *Көз жеткісіз, шексіз-шетсіз.* Қандай ойын салар ем! Жалынмен бәрін жалар ем! *Егі-шексіз* дүниеде, Жалғыз өзім қалар ем! (М.Жұмабаев, Шығ.). Тұранның *егі-шексіз* шөлі қандай, Теңіздей кемері жоқ көлі қандай! Тұранның дария аталған өзендері, Тасыса, шөлді басқан селі қандай! (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕҒЛАН [ар.إعلان] з а т. е с к і к і т. *Хабар; жария, әйгі.* Ол туралы ешқандай *ғлан* естілмейді («ДУГ»).

Ғлан етті [қылды]. е с к і к і т. *Хабарлады, жария етті, әйгіледі.*...Алдарында осы шындықты *ғлан етейін* деп келіп едім (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Штаб начальнигі Кириллов пен командир Белоус жүзбасыларын жинап алды да, командованиенің бұйрығын *ғлан етті* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Басқарма жиналыс болатыны туралы бізге *ғлан қылған* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕҒЛАНДА= е т. е с к і к і т. *Хабарлау, жариялау, әйгілеу.* Көк есекті сол әулие барша мұсылман қауымына *ғландапты* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.). Құныс болсаң, сенің саған айтарым бар деп жаңа ғана *ғландадым* ғой («Қаз. әдеб.»).

ЕҒЛАНДАТ= е т. е с к і к і т. *Хабарлату, жариялату, әйгілету.* Бұдан екі жыл бұрын окопқа қазақ жастарын алғанда июнь жарлығын патша ағзам атынан *ғландатты* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.).

ЕҒЛАНДАТУ е с к і к і т. *Ғландат етістігінің қимыл атауы.* Көк есепті әулие сол Әуезді барша мұсылман қауымына *ғландату ға* келіпті, – деген лақап тарады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕҒЛАНДАУ е с к і к і т. *Ғланда етістігінің қимыл атауы.*– Алыс сапарға шығарда сендерге ізгі ниетті ақ батасын беру үшін, бас имам хазірет Қуанайдың өсиетін *ғландау* үшін хазірет дәрежелі полковой молла Хайырша қази сөз сөйлейді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЕД= е т. *Еді етістігінің ықшамдалған түрі.* Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп, Мейманды құрметтейтін кәдеміз *ед* (Жамбыл, Тол. жин.).

ЕДӘУІР ү с т. *Бірталай, бірқатар, біраз, әжептәуір. Едәуір* еңкейген күн шапағы кем-кем солғындап қызғыш рең ала бастағанда бұғып жатқан қасқырлар әлденені сезіп, жерге жапырылып қалды (С.Елубаев, Ойсыл қара). «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен» – деп, екі оқтыланған түрмен Әміржан *едәуір* отырды (Б. Майлин, Шығ.). Отряд осылай жүріп отырып күн ұясына кірген шақта Биікбайлар жатқан тұстан *едәуір* өтіп, бір үлкен төбенің бауырына қонуға тоқтады (С.Балғабаев, Шөл). Өйткені өмір қажеттері мен талаптарын қанағаттандыратын күнпарақ жасау үшін тек аспан денелеріне бақылау жүргізу жеткіліксіз, *едәуір* астрономиялық білім-тәжірибелерді де жинақтау керек болады (А.Көбесов, Математика.).

ЕДӘУІРДЕСІН ү с т. с ө й л. *Едәуірден соң, біраздан кейін.* Ішкі запыранды төгіп-төгіп алып, *едәуірдесін* барып басымды көтердім (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Едәуірдесін* барып Наурыз тамағын қайта-қайта қырынып алып тіл қатты (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Едәуірдесін* әлгі сең өзгелердің де ойран ботқасын шығарып бір заманда жалпақ айдында жападан жалғыз қалды (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ ү с т. *Тез-тез, бірінен кейін бірі, жедегабыл, жылдам.* Екі кесе қымызды Қабекең *едел-жедел* сіміргенде маңдайынан

сұп-суық тер бұрқ ете түсті (З.Жәкенов, Таң самалы). Жәнібек алдында тұрған сырадан екі-үш стаканды *е д е л-ж е д е л* жұтып жіберді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Олардың ең үлкені осы Иван, онан кейінгілер: Мария, Галя, Миша, – бәрі де *е д е л-ж е д е л* туылған балалар (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Оны көрген сайын есіме Алешадан аз-ақ қалқыңқы *е д е л-ж е д е л* екі ұлым Арнұр мен Жаннұр түседі (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ЕДЕН з а т. **1.** *Үйдің, қораның, құрылыстың табанына төселген тақта т.б. төсем.* Бір мүйнетте зорайды от лапылдап, *Е д е н*, тіреу қирады бек шатырлап Әр терезе түбінде бір шенеунік, «Ойбай! Өлем! Құтқар!» – деп тұр тақылдап (Шәкәрім, Өлеңд.). Біз ауруларды аралап жүрген кезде кейде солардың кейбірінің *е д е н г е* жайнамазын жайып тастап, намаз оқып жатқандарын талай мәрте көрген едік. Олардың өзі бізге орталықта намазжай ашпасқа болмайтынын ұғындырды («Егемен Қазақстан»). Бектұрсын үйге келсе, келіншегі үйдің ішін тап-түйнақтай етіп жинап, *е д е н д і* жуып, неше күн ұйқысы қанбаған балаларын жатқызып отырған кезі еді (М.Дүйсенов, Мейман.). Әсия бір шелек етті сорпаны *е д е н н е н* көтеріп алып есікті аша бергенде, селоның шетіне түскен жау снаряды жер сілкіндіре гүрс етті (Қ.Исабаев, Аялы жан.). **2.** *Үйдің, қораның, құрылыстың табаны, жер. Е д е н г е* тақтай төсеуге мүмкіндік бола бермейтіндіктен, шетін қышпен қаластырып, ортасына кесек сыныктарымен араластыра топырақ төгіп, үстін қалың етіп сылап тастайын сәкі, сыпа (суфа) жатақ, қонақ бөлмелерінің үштен екісіндей бөлігін алып жататын. (Ө.Жәнібеков, Жолайрықта). «Қалайша, сонда бұл үйдің *е д е н і* тақтайланбаған ба?» (Д.Исабеков, Таңд. шығ.).

Еден төсеу. *Еден салу, едендеу.* Қазақ халқының архитектуралық өнерінде ұшырайтын: тастан *е д е н т ө с е у*, таспен күмбездеу, тас діңгектер қалау, сәкілер жасау әдістері ертеден келе жатқан шеберліктің дәлелі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕДЕНДЕ= е т. *Еден салу, еден төсеу.* Құрылысшылар екі аптада-ақ мектеп бөлмелерін *е д е н д е п* бітірді («Жетісу»).

ЕДЕНДЕЛ= е т. *Еден салыну, еден төселу.* Жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлер түгелдей *е д е н д е л г е н* екен («Жетісу»).

ЕДЕНДЕЛУ *Едендел етістігінің қимыл атауы.* Үйдің *е д е н д е л у і* ғана қалды (Ауызекі).

ЕДЕНДЕТ= е т. *Еден салдырту, еден төсету.* Биыл бульдозермен төбені ойып жіберіп, ойған жердің ішінен қыш кесектен өргізіп, астын *е д е н д е т і п*, төбесін шатырлатып аппақ ақ үй тұрғызып жатырмыз («Лен. жас»).

ЕДЕНДЕТУ *Едендет етістігінің қимыл атауы.* Барлық бөлмені *е д е н д е т у* керек (Ауызекі).

ЕДЕНДЕУ *Еденде етістігінің қимыл атауы.* Жаңа тұрғызған үйлеріңнің *е д е н д е у* жұмысын кешіктірмеңдер («Әдеб. майданы»).

ЕДЕНДІ с ы н. *Едені бар, еден төселген.*

Жер еденді. *Едені балшықпен сыланған.* Сөйтсе де, ауыл-селода *ж е р е д е н д і* үйлер әлі бар (Е.Оразақов, Туберкулез.).

Тақтай еденді. *Еденіне тақтай төселген.* Есік алдындағы жеңіл тамақ ішуге арнайы жасалған *т а қ т а й е д е н д і* сарайда отырып шай ішті (И.Есқараев, Тосқауыл.).

Тас еденді. *Тас төселген. Т а с е д е н д і* камера іші суық, ызғар (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЕДЕНДІК с ы н. *Еден боларлық, еден жасауға жарарлық.* Аталған қондырғы металдан жасалған материалдар мен өте қалың *е д е н д і к* бұйымдардың радиациялық дефектос құпиясын білу үшін жасалған («Қазақст. мект.»).

ЕДЕНСІЗ с ы н. *Едені жоқ, еден төселмеген.* Мұндағы тұрғындар *е д е н с і з*, сызды жерде ұйықтайды (М.Иманжанов, Таныс қыз).

ЕДИНИЦА о р. з а т. **1.** *Бірлік; біртектес, бірқалыпты нәрселерді белгілейтін (көрсететін) өлшем бірлігі, шама.* Бағалар масштабы үшін алтынның белгілі салмағы өлшем *е д и н и ц а с ы* ретінде тағайындалған (К.Маркс,.. Капитал). Мысалы, сілтілі фосфотазаның қалыптағы мөлшері 6–10 *е д и н и ц а* болса, рахитпен ауырған балаларда оның мөлшері 200 *е д и н и ц а г а* көтеріледі (Т.Айтбаев.., Қан. қасиеті). **2.** *Бір бүтін нәрсенің жеке бір бөлегі, бүтіннің бөлшегі.* Сөйтіп, ең алдымен сөзді, онан кейін дыбысты зерттей келіп, сөйлеудің ең ұсақ *е д и н и ц а с ы* – грамматикалық тұлғаларды зерттеу керек, ақырында тілдің күрделі *е д и н и ц а с ы* – сөйлемді тексеру керек (Қазіргі қаз. тілі). **3.** а у ы с. *Жеке адам, бір бүтін тұлға. Е д и н и ц а* жасысы Ерген елі бейне нөл. *Е д и н и ц а* нөлсіз-ақ өз басындық болар сол. *Е д и н и ц а* кеткенде, Не болады өңкей нөл (Абай, Тол.жин.).

ЕДИНОРОГ з а т. з о о л. ***Жалғызмүйіз*** *(мұрын үстінде мүйізге ұқсас бір ұзын тісі бар теңіз хайуаны). Е д и н о р о г т ы* Камчатка түбегінің оңтүстік жағалуынан, Сахалин мен Курил аралдарының жағалауынан көреміз («Зерде»).

ЕДІ= е т. *Е етістігінің өткен шақ (грамматикалық) формасы.* Жұртымды келіп *е д і м* сағындым деп, Еліме сәлем беріп, табынғым кеп. Он үш жылда бір келсем, іш тартпадың, Көзімнен қанды жасты ағыздым кеп (Ақмолла ақын, Күндер.). Көп *е д і* мұсылманға назарыңыз, Күн сайын асты майдан, базарыңыз. Сарқыттан

Ақмолланы бос қоймаңыз, Тасыды сіздің дәулет қазаныңыз (Ақмолла ақын, Күндер.). Тұтқындар құбыласы *е д і* – босағаңыз, Сөз рұлын білмегенге ұқсамаңыз. Жусаңыз, бір түскен кір кетпей қалмас, Қайраса, кетілген жер өтпей қалмас. «Әрбір зат асылына тартар» деген, Тат кетіп, болат қылыш өтпей қалмас (Ақмола ақын, Күндер.).

ЕДІРЕЙ= е т. **1.** *Тікірею, тұксию, селтию. Е д і р е й г е н* сары мұрты бар Әлғожа – әрі табыскер, әрі сері жігіт (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Ренжіспей, төбелеспей, тату ойнап жүргенде кенет осылардың арасына шашы *е д і р е й г е н* ұзын бойлы, тұман көз бір бала сая бола қалады (С.Шаймерденов, Өмір). Ана жылы басында *е д і р е й г е н* қалпағы бар, қылыш асынған, мұртын ширатқан, едіреңдеген алаштың бір милициясы келді (Т.Оразов, Қаныш.). **2.** *Көзі шатынау, үрке қарау; бақыраю, бақшию.* Кім болса да барып, біліп келіңдерші. Өткелден шегіншектеген түйедей *е д і р е й і п,* аяқтарын баспай қойды ғой (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Едіге Көкдауылдың ермегенін аңғарды. Бұрылып қараса, тұмсығын көкке көтеріп, құлағын тігіп, *е д і р е й і п* тұр, назары Жауыртағы жақта (М.Мағауин, Қиянда.). Ешкілер *е д і р е й і п,* мына екі пенденің арасында саудара түсіп тұрған бөртеге қарайды (К.Қазыбаев, Ызғар). **3.** а у ы с. *Ежірею, одыраю, сұс көрсету.* Кімсің сен, мені тексеретін?– деді ол *е д і р е й і п* (З.Шашкин, Сенім). Жастарым қайда болса мен сондамын деп *е д і р е й і п* отырып алды. Сондағы бар арттырғаны жастардың жүзін көргені ғой (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.). Әйелі Лукерия зәресі қысып: «Еріңді тауып бер!»– деп *е д і р е й д і,* Келген жау екілене құты түсіп (А.Нұртазин, Орман.).

Едірейе қарады. а) *Үрке қарады, шошына көз тікті.* Жапан дауыс шыққан жаққа *е д і р е й е қ а р а п,* мысық көрген күшікше қутыңдай бастады (М.Қабышев, Мысық. сақал.). Қаракер қамыс құлағын қайшылап, оқта-текте жерден басын алып, төңірекке *е д і р е й е қ а р а п* қояды (Ғ.Сланов, Дөң асқан). ә) *Тұксиді, одырайды, сұс көрсетті.*– Құдайға күпірлік келтірмеңіз!– деді молда Гауһарға *е д і р е й е қ а р а п* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). – Ей, Текебек, әкелші қымыздан!– деді Сары. Текебек Сарыға *е д і р е й е қ а р а д ы* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көзі [екі көзі] едірейді. *Одырая қарады, ежірейді.* Махметті көріп, Ахметтің *к ө з і е д і р е й і п* кетті (Ә.Нұршайықов, Батыр.). *Е к і к ө з і е д і р е й і п,* аузы түкті урядник келеді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Құсанның *е д і р е й і п е к і к ө з і* Сенгендей әлде болса өзіне-өзі. Қалжыңын, келекесін қозғай айтты, Жанына жақпаған соң қыздың сөзі (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Мұрты едірейді. *Ашу қысты, ызаланды.* Мұны естіп шашы тікірейіп, *м ұ р т ы е д і р е й і п,* көзі оттай жанып ашу қысқан Күреңбай найзаны жерге ұрып жібереді (Е.Кандеков, Өлеңд.). *М ұ р т ы е д і р е й г е н* қызыл лампасты сотник казақ-орыс есіктегілерді қаға-маға ішке үрейлене кіріп, қалшия қалды (С.Жүнісов, Ақан сері). Ашулы бетіне қаны шауып, қара сұр жүзі түтігіп, қою бурыл *м ұ р т ы е д і р е й і п* кетіпті (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ЕДІРЕЙМЕ с ы н. *Едірейген, тікірейген.* Ал әкеміз ат жақты, сопақ бет, сақал-мұрты тым қалың, қоңқақ мұрын, шүңірек көздеу, *е д і р е й м е* тік шашты, балуан денелі, қапсағай қара торы кісі болыпты (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бұрынғы бұйра шашының орнында тікенектей қылтиған *е д і р е й м е* қылтанақ шашы көрінеді (Т.Иманбеков, Үш ай.). Кішкене қостың алдынан *е д і р е й м е* мұртты біреуге кездесіп еді, Текей оны бірден тани кетті (Х.Рахимов, Сеңгір.).

ЕДІРЕЙТ= е т. *Селтиту, тікірейту, ежірейту, одырайту.* Тортөбел жерден басын көтеріп, бір сүргінді күткендей құлағын *е д і р е й т і п,* иесіне осқыра қарап тұр (Т.Ахтанов, Дала сыры). Жаулекең белін шарт буынған, сұлу сары мұртын *е д і р е й т і п* ширатып алыпты (З.Иманбаев, Кең аймақ). Танымал жылқышыға құлақтарын *е д і р е й т е* қарап қойып екі қара көк аттың бірі оған қарсы жүрді (Х.Есенжанов, Тар кезең.).

ЕДІРЕЙТУ *Едірейт етістігінің қимыл атауы.* Оның бас бармағын қысып қалып, оң қолының қалған төрт саусағын *е д і р е й т у і н* алғашында түсінбей қалдым («Жұлдыз»).

ЕДІРЕЙІҢКІРЕ= е т. *Сәл едірею, аз-маз одыраю.* Олардың қасында *е д і р е й і ң к і р е п,* езуін тарта күліңкіреп түскен шошқалы Иванның қызы Аннаның суреті тұр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бөрте лақ құлағын *е д і р е й т і ң к і р е п* жағулы тұрған шамға қарайды (Қ.Қазыбаев, Ызғар).

ЕДІРЕЙІҢКІРЕУ *Едірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЕДІРЕЙІС= е т. *Ежірейісу, одырайысу, тікірейісу.* Есік алдындағы ол-пұл шаруаларын тастаған әйелдер, кемпір-сампырлар осылай қарай елегізе, *е д і р е й і с е* қарап қалған (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Сәлден кейін ол қалыңдық арасында құлақтары қылтыңдап, *е д і р е й і с і п* алаңқыға қарай ойысып бара жатқан саяқтарды көрді (Ә.Сараев, Бозқырау). Енді бір қарағанда үйір-үйір қалың жылқы айналасын қоршап, *е д і р е й і с і п* төніп тұр екен (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕДІРЕЙІСУ *Едірейіс етістігінің қимыл атауы.* Бала біткеннің Саржанға қарап үрік-

кен қойдай *е д і р е й і с у і н* қызық көрді («Жұлдыз»).

ЕДІРЕК с ы н. *Едірейген, тікірейген.* Дуня көз алдынан жігіттің *е д і р е к* мысық мұртын қанша қуғанмен, айналып келе берді (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ЕДІРЕҢ[1] с ы н. **1.** *Ербиіп тұрған, селтиіп тұрған.* Бұл ежелден таныс, құрдастарына «балдақты Балықбай» атанған, жарбық бойлы, сирек сақал, *е д і р е ң* мұрт қойшының үйі екен (С.Бақбергенов, Адам.). **2.** *Қожаңдаған, қоқаңдаған.* Мектеп директоры Тоқмолданың баласы *е д і р е ң* Садық Мұраттың жүзіне бажырая қарады (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек.).

ЕДІРЕҢ[2] е л і к. *Аяқасты шошып не жақтырмай қарағанды бейнелейтін сөзқолданыс.*

Едірең етті. *Жалт қарады, көзі шатынады.* Ол қазақтардың аты өзіне құлақтарын селтите қарап *е д і р е ң е т е* түскенін анық байқады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Е, мектеп болса қайтушы еді?– деді *е д і р е ң е т і п* Жарекең, бәтеңкесінің бауын еңкейіп байлап жатып (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Медет жасы құрбы біреу емес, әкесіндей кісінің тым тіке кеткенінен ұялып не дерге білмей жалт беріп еді, қара шұбар қызараңдап *е д і р е ң е т е* түсті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Едірең қақты. *Едірең-едірең етті.* Орай бір кезде түсінен шошынғандай, *е д і р е ң қ а ғ ы п,* еңсесін көтеріп алды (М.Хасенов, Нар тәуекел). Ол кейінгінің аты өзіне құлақтарын селтите қарап, *е д і р е ң қ а қ қ а н ы н* анық байқады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Орай бір кезде түсінен шошынғандай, *е д і р е ң қ а ғ ы п* еңсесін көтеріп алды (М.Хасенов, Нартәуекел).

ЕДІРЕҢБАЙ с ы н. с ө й л. *Едіреңдей беретін, едіреңдегіш.* Ол өзі әпендешалыс адам, жүрген бір *е д і р е ң б а й* («Жұлдыз»).

ЕДІРЕҢДЕ= е т. **1.** *Селтию, тікірею; қарайып көріну.* Сексеуіл, жыңғыл бұталары да жасыл тартып, құлақтары *е д і р е ң д е й* қалыпты (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Машинаның екі жағында *е д і р е ң д е п* сексеуілдер жарысып келеді («Қаз. әдеб.»). **2.** *Елең ету, ежірею, одыраю.* Жирен ат үстіндегі адамның тізгіні бостығын сезді ме «әп» дегеннен *е д і р е ң д е п,* қиыс тартып екі айналғанша ырыққа көнбей бақты (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл). Екі ат бірбіріне *е д і р е ң д е п,* құлақтарын қайшылады (Ә.Кекілбаев, Дала.). **3.** а у ы с. *Дікеңдеу, қожаңдау, қоқаңдау, қораздану.* Құдай-ау, бұған тиіп Нұрилашым қор болмаса нетті, қылжақбас *е д і р е ң д е п* қалған неме екен (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Сол екі арада қару-жарақтары *е д і р е ң д е г е н* бес-алты атты кісі қораға кіріп келді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қолына тисе билік *е д і р е ң д е п,* Болады өкімдікпен өрім өрмек. Өзінің жетпесе де өресі оған, Тұрады: «Мен бармын ғой, өндірем!» – деп (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Ешкімнің тілін алмайсың, *Едіреңдеп* бәрің де, пісіріп нанды деміңе (Батырлар жыры).

Екі танауы едіреңдеді. *Қуанды, мақтаныш сезімі биледі. Е к і т а н а у ы е д і р е ң д е п* сырттан Мақан келді (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Ит қуған танадай [еліктің лағындай] едіреңдеді. *Үрке қарады, елегізіді. И т қ у ғ а н т а н а д а й е д і р е ң д е п,* тым шапшаң жүріп келе жатқан олар мен жатқан маяға жүз метрдей қалғанда кілт тоқтап қалды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қара сирақ, жалбыр кекіл, бадырақ көз, *е л і к т і ң л а ғ ы н д а й е д і р е ң д е п* ұшып-қонып тұрған біреу (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Үріккен түйеше [лақ, текеше] едіреңдеді. *Жан-жағына үрке қарады, елеңдеді.* «Көз қарасы да ауған жоқ, *ү р і к к е н т ү й е ш е е д і р е ң д е й* қалуын қарашы» – деп ойлады Аманқұл бала ойнаған тақыршықтан аттап өтіп (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – *Л а қ, т е к е ш е е д і р е ң д е г е н* қанжауғыр бір күні тақырға отырғызып кете ме деп қорқамын (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕДІРЕҢДЕГІШ с ы н. *Едірең қаққыш, желіккіш, дікеңдеген.* – Нағашыларың сыпайы еді. Тартыпсың! Сенің жасыңдағы жастар *е д і р е ң д е г і ш* келуші еді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЕДІРЕҢДЕС= е т. *Бір-біріне қоқаңдау, едірең-едірең етісу.* Аң көрінсе еркектер: – Әне! Тоқта! Ат! Кезекпен ат! – деп *е д і р е ң д е с і п* қалады (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Ақмоншақтың басын күншығысқа бұрып жөнеп бердім. *Е д і р е ң д е с к е н* жігіттер менің соңыма түсіп берді (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

ЕДІРЕҢДЕСУ *Едіреңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екеуінің *е д і р е ң д е с у і.*

ЕДІРЕҢДЕТ= е т. *Едірең-едірең еткізу, қоқаңдату, дікеңдету.*– Ойбай-ау, *е д і р е ң д е т е* бермейінші деп жылы сөйлесең, мына өңкей надандар мойынға мініп барады ғой (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Асылдың сырына қанық кекжиме арбасын тастап, әйелдер шөпті қайта аударып құлатып жатқанда, *е д і р е ң д е т і п* бастықтың өзін ертіп келген (М.Ысқақбаев, Қырық қыз.).

ЕДІРЕҢДЕТУ *Едіреңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біреуді *е д і р е ң д е т у.*

ЕДІРЕҢДЕУ *Едіреңде етістігінің қимыл атауы.* Бұрын күнұзақ қасымда Жорабек жүрген соң батпай ма, кім білсін, енді Құлшебай кездесе қалса, қоқаңдап *е д і р е ң д е у д і* шығарды (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

ЕДІРЕҢ-ЕДІРЕҢ е л і к. *Кенеттен шошып не жақтырмай қайта-қайта елеңдеп қарағанды бейнелейтін сөзқолданыс.*

Едірең-едірең етті. а) *Жалт-жалт қарады, елең-елең етті, елеңдеді.* Жылқылар құлағын қайшылап *е д і р е ң - е д і р е ң е т е д і,* түйелер күндегісіндей күлге шөгіп күрт-күрт күйсеп жатыр (Ә.Кекілбаев, Дала.). ә) *Тікірең-тікірең етті, селтеңдеді.* Салпы ерінді аузын қисаңдата шайнағанда саршұнақтың құйрығындай жіңішке ұзын мұрты *е д і р е ң - е д і р е ң е т е* қалды (І.Есенберлин, Қаһар). б) *Қожаң-кожаң етті, дікіңдеді.* Құрып кетсін, мұның да бар болғаны осы-ақ, құрдан-құр *е д і р е ң - е д і р е ң е т і п,* «қырыққан серкешік» секілденгені болмаса, серкеліктен суыртпақ та жоқ (З.Қабдолов, Жалын). Ол ол ма: «Әлін білмеген әлек» демекші, маған кеп, *е д і р е ң - е д і р е ң е т е т і н і н* қайтерсің (К.Туғанбаева, Алтын.).

Құлағын едірең-едірең еткізді. *Құлағын тікірейтті.* Екі көзі өріске кетіп бара жатқан ешкілерде. *Құлағын едірең-едірең еткізді* (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЕДІРЕЮ *Едірей етістігінің қимыл атауы.* Коваленконың маған бұрынғыдай *е д і р е й м е у* себебін бюро өткеннен кейін білдім (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЕЖДАҺАТ з а т. е с к і к і т. ***Іждағат***. Шоқанның күзден бергі оқуға деген *е ж д а һ а т ы н а* Әубәкірдің өзі де іштей таңданатын (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бәрінде бес құрғақтың адам болып, *е ж д а һ а т* етіп кәсіп күнін көрген. Суларда келіс мініп, сайран етіп, жоқ емес, тағы да адам дәурен сүрген (С.Дөнентаев, Шығ.).

ЕЖДИҺАТ з а т. е с к і к і т. ***Іждағат***. Адамға сөз табылар қалам алса, *Е ж д и һ а т* терең ой мен миға сатса. Не мағына жалғыз өзі білуінде, Жүйріктей топқа түсіп сыналмаса (Қаз. әдеб. хрестом.).

ЕЖДИҺАТСЫЗ с ы н. е с к і к і т. ***Іждағатсыз***. *Е ж д и һ а т с ы з,* михнатсыз Табылмас ғылым сарасы. Аз білгенін көпсінсе, Көп қазаққа епсінсе, Кімге тиер панасы (Абай, Тол. жин.).

ЕЖЕ[1] [ар. **هجاء**] з а т. **1.** д і н и. *Құран сүрелерін буындап, ежелеп оқу жүйесі, тәсіл.* – Шыдай тұр балам,- деді ақырында әкем. Екі-үш жылда әліптің *е ж е с і н* аяқтап, сүресіне түссең, қара танып қаласың. Сосын әптиек, құран. Одан арғысын көре жатармыз (З.Ақышев, Бәрі де есте). Оқуда мен әптиек *е ж е с і н* танып, сүресіне түстім (С.Бегалин, Мектеп.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің алғашқы бастамасы, әліппесі.* – Ойбай, балам-ай, ғылымның *е ж е с і н д е* жүр екенсің ғой. Катоқты тоқтатпаймын (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Еже тіл. *Ерте кездегі қазақ жұртының өзара құпияласып сөйлейтін сөзі, жастар жаргонының бір түрі. Е ж е т і л* бойынша екі жақтың сөзін бөгде адам түсінбес үшін сөз ішіндегі буын аралығына бөтен дыбыстар қосылып айтылады. Олар тілдесуші жастарға белгілі код (дыбыс) болуға тиіс (Қазақ тілі энц.).

ЕЖЕ[2] з а т. *Атасының, бабасының әпке-қарындасы.* Туыстық атаудан *«е ж е»* сөзі көнерген атауға айналды («Ана тілі»).

ЕЖЕ[3] з а т. ж е р г. *Нағашы апа. Е ж е* қырғызбен шектес Мерке, Қордай аудандарында қолданылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕЖЕ[4] ү с т. с ө й л. ***Ең.*** Түйе *е ж е* шетке шығып жайылып жүр (Қаз. тілі аймақ сөздігі). Майданның *е ж е* алдында боламын мен, Келе алмас біздің қолға ешбір жау тең (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЕЖЕГЕЙ з а т. э т н. *Қайнаған сүтке қатық құйып, қант сеуіп, сармай араластырылатын ұлттық тағам.* Тағам ыдысқа салынып, үстіне қант сеуіп, сарымай араластырылады. Кейде ірімшік қосқан сықпа құртты да *е ж е г е й* деп атайды (ҚҰЭ). – Әлди-әлди ұйықта, жаным, айнашым, Апаң жоқта бұзау еміп қоймасын. От салайын қазан астына, Әкететін *е ж е г е й і і* қайнасын (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.). *Е ж е г е й* – көбінесе қой сүтіне езілген құрт қосқан қойыртпақ (С.Қасиманов, Қаз. ұлт. тағам.). Балаларының оралуына Тәжі шайын әзірлеп, жарғақ дастарқан үстіне ірімшік, *е ж е г е й* тастады (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.).

ЕЖЕГЕЙДЕЙ с ы н. *Ежегей сияқты, ежегей тәрізді.* Шыныменен осынша кеткені ме далаға, *е ж е г е й д е й* ел тозып? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕЖЕҒАБЫЛ з а т. к ө н е. э т н. *Белкүда.* Ертеректе Бопыш әжем іштегі кезінде оның әкесімен *е ж е г а б ы л* ретімен бел құда болысыпты («Жетісу»). Қазақта ол *е ж е г а б ы л,* жесір дауы болса, мұнда жастайынан жесір қалған әйел қасіреті–тұңғыш шығармаларына арқау болған (Т.Ахтанов, Үндістан.). Бұл жерде көп кідіріп тұра алмаймыз, Ынтымақ Қадишасыз қыла алмаймыз. Ақ бата *е ж е ғ а б ы л* бұзылған соң, Берсең де бес мың қара тына алмаймыз (Н.Ахметбеков, Жасауыл).

ЕЖЕҒАБЫЛ ү с т. *Асығыс-үсігіс, тез, жедегабыл.* Бітімшіге қорсылдап бермей жауап, Өзіңе қойғызып ең қабан атты. *Е ж е г а б ы л* біздерде бар еді ғой, Парақорым, ескерсең шариғатты (Дастандар).

ЕЖЕК з а т. к ө н е. *Қайырым, мейірім, шапағат. Е ж е к* атауы біреуге аяушылық білдіру мағынасын білдіреді («Ана тілі»).

ЕЖЕКТЕ= е т. *Қайталап айтып салғыласу.* Көзін жұмса, өң бе, түс пе, әйтеуір бірқалыпты көрініс біреулермен *е ж е к т е п* айтысып жүреді (Р.Өтесінов, Алып.).

ЕЖЕКТЕТ= е т. *Қайталатып айтқыза беру, салғыластыру.* ≈ *Е ж е к т е т е* берме.

ЕЖЕКТІ с ы н. *Қайырымды, мейірімді, рақымды; бауырмал.* Нағашым бір он шақты үй, кедей ауыл, Әйтсе де бізді өмірде етпейді ауыр. *Е ж е к т і,* ер жүректі жігіттері Мен түгіл бөтенді де етер бауыр (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

ЕЖЕҚАБЫЛ з а т. с ө й л. ***Ежеғабыл***. Әйелдері жүкті екенін біліскен соң, бала тумастан бұрын іштегі балаға *е ж е қ а б ы л* ретімен белкұда болысады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ақын ұзақ жырлап келіп бір жерде: «Екі бай қатар жортып келе жатса, Алдынан буаз марал аң қашыпты», – деп, екі байдың құдалық *е ж е қ а б ы л ы* басталған жерді жырлады (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЕЖЕЛГІ с ы н. **1.** *Бұрыннан келе жатқан, дағдылы, үйреншікті, бұрынғы.* Әрбірімен *е ж е л г і* танысындай-ақ күліп амандасып, қал-жай сұрады (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Ермек босағада байлаулы жатқан бөлтірігімен ойнап отырғанда еркелеткен досы *е ж е л г і* жаулығына басып оның қолын тістеп алыпты (Ә.Әбішев, Сәуле.). **2.** *Ертедегі, баяғы, әуелгі; дәстүрлі. Е ж е л г і* вавилондықтардың түсінігі бойынша, жер жарты шар сияқты, пілдердің үстінде тұрады (Х.Әбішұлы, Халық астроном.). Өміріндей жас буынның тартысынан *е ж е л г і* дастанның әр алуан нұсқасын оқығандай әсер алады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Ежелгі дұшпан ел болмас. *Ата жауы мырағa келмес.* Ата дұшпан сен едің, Ата жауың мен едім, *Е ж е л г і д ұ ш п а н е л б о л м а с,* Етектен кесіп жең болмас (Махамбет, Шығ.). *Е ж е л г і д ұ ш п а н е л б о л м а с,* ежелгі дос айырмас дегендей, екеуміздің арамызды ешкім ажырата қоймас,– деді Уәлижан («Жұлдыз»).

Ежелгі дүние. т а р. *Адамзат қоғамы дамуының б.з.б. Рим империясы құлағанға дейінгі (б.з. 5 г.). кезеңі. Е ж е л г і д ү н и е* заманында Рим күшейіп, Италиядағы Латын мемлекеттерін өзіне бағындыра бастады (Ерте заман тарихы.). *Е ж е л г і д ү н и е* – тарих ғылымында адамзат қоғамы дамуының б.з. 5 ғасыры кезеңін сипаттау үшін қолданатын термин (ҚҰЭ).

Ежелгі заман. *Баяғы өткен дәуір, баяғы заман. Е ж е л г і з а м а н* тарихын зерттеген ғалымның бірі («Лен. жас»).

Ежелгі өткен шақ. л и н г в. *Істің өте ертеде, яғни бұрын болып өткендігін көрсететін ашық райдың бір түрі.* Ашық райдың *е ж е л г і ө т к е н ш а қ* түрі үнемі көсемшеге жіктік жалғаулары жалғану арқылы жасалады: алыппын, алыпсың, алыпты т.б. (Қазіргі қаз. тілі).

ЕЖЕЛГІДЕЙ ү с т. *Бұрынғыдай, баяғыдай.* Қойды *е ж е л г і д е й* жалғыз бағамыз деп, әйтпесе бала-шағаға сеніп тапсырып, талайын қасқырға тарттырды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЕЖЕЛДЕ ү с т. *Ертеде, баяғыда.* Еркің, еркің, еркің бар, Еркіндейтін көркің бар. Ел еркі үшін бас қиған, *Е ж е л д е* берген сертің бар (Б.Майлин, Шығ.). – Сендежалшылардың*е ж е л д е* сіңген еңбегі бар. Табан ақы, маңдай тері бар (С.Камалов, Әңгім.). *Е ж е л д е* екі өлмек жоқ, екі тумақ, Келіп тұр ақ тілеумен елің шулап. Бер уәде, нар тәуекел, міндік атқа, Ер болсақ бізге қарыз намыс қумақ (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕЖЕЛДЕН ү с т. *Бұрыннан, баяғыдан, ертеден; қашаннан, атам заманнан.* Қайтадан орнына келіп дастарқанның үстін сүрткен әйелінің мінезі Байболға *е ж е л д е н* белгілі: бірнәрсе айтып тиісерге осылайша бастайтын (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын). Ақжолдың шешесі Қанипа өзімнің *е ж е л д е н* сыйлас қадірлі адамым еді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ертіс бойының халқы *е ж е л д е н* армандаған үлкен көпір қарт өзенді де белдеулеп өтті (Ж.Ыбыраев, Алтай.). Қазақ, өзбек халықтары ертеден араласып, *е ж е л д е н* достасқан (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЕЖЕЛЕ= е т. **1.** *Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу.* Бірақ ес білгеннен бері иен далада емін-еркін өскен бала «би» мен «тиді» *е ж е л е п* отыруға шыдамы жетпеді, бір жағынан молданың көк шыбығынан да зәресі ұшып болды (А.Нұрманов, Құлан.). **2.** *Сөзді, сөйлемді әріпке, буын-буынға бөліп, таптап, мәнерлеп оқу.* Лев Толстойдың балаларға арналған ұсақ әңгімелерін *е ж е л е п* оқи бастадым (С.Омаров, Хантағы). Бала конвертті асықпай, маңғаздана ашып, ішінен бір жапырақ қағаз суырып алды да, көтеріңкі дауыспен *е ж е л е п* оқи бастады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жақып жазып берсе, Рақила үңіледі; хатты шала таниды ғой, *е ж е л е п* оқиды (Б.Майлин, Шығ.). Бұл кезде ол әдеби кітаптарды алғаш *е ж е л е п* оқып жүрді де, төселе келе мүдірмейтін болды (Ә.Әбішев, Батыр.). **3.** *Сөзді бөліп-бөліп айту, үзіп-үзіп сөйлеу; тұтығу, кібіртіктеу, ежіктеу.* «Ә, бағанадан *е ж е л е п* тұрғаныңыз сол ма еді» – дегендей, қыз қасын бүлкілдете жымиды (Т.Нұртазин, Мұрат). Тілмаш сөйлеушінің сөзін *е ж е л е п,* орысшаға аударып тұр (А.Сатаев, Дала.). Атын дұрыс жазғаны болмаса бірінші кластың баласынан жаман, қазіргі жазуды *е ж е л е п* зорға оқиды (К.Оразалин, Қайырлы сапар). Бұрын өзіміз аңламаған, байқамаған талай-талай мақұлықтардың қар бетінде қалдырған хаттарын егде қойшының көмегімен *е ж е л е п* оқып шықтық (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **4.** а у ы с. *Тәптіштеу, бақайшығына дейін шағу.* Ал Мәмбеттің бұларға айтқан сөзі мән-жайды *е ж е л е п* түсіндіру емес, тікелей

бұйрық есебінде шықты (Х.Есенжанов, Тар кезең). Біреуіне мөлдіреп тұрып тура қарап: «Сені ұнатамын», – деп айтып салмайды. Ал менің жаңағы әдісіммен *е ж е л е п* сұрауға ана екеуінің не батылы, не ақылы жетпейді (А.Қабанбаев, Жиһангез.). – Саған да *е ж е л е п* айту керек пе? Ұқпайсың ба, өзің бір (К.Тоқаев, Тасқын). **5.** а у ы с. *Байыптау, анықтау.* Қарт әже конвертті өзі ашты. Сынық көзілдірігін киіп, хатқа *е ж е л е п* көз жүгіртті. Ұлының арық бейнесі көз алдына келді (Жарық жұлдыздар).

ЕЖЕЛЕН= е т. *Екілену, өзеуреу, өршелену.* Есікті ұрып тұрған шіркіндер *е ж е л е н і п,* «үйде жоқ» дегенге нанбай, кейбіреуінің Маһираға тілі де тиеді! (Б.Майлин, Азамат.).– Менің надан екенім рас, – деді Әділбек *е ж е л е н е* түсіп (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕЖЕЛЕНУ *Ежелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ж е л е н у і н* қойдырды.

ЕЖЕЛЕҢКІРЕ= е т. *Сәл ежіктеу, ежелей түсу.* Сәл *е ж е л е ң к і р е й* оқи жөнелсем, ешбір өлең тұтас емес, көбісі бір жол, әйтпесе екі, төрт жолдан арасы жіктеліп жазылған (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Жәнібек хатты *е ж е л е ң к і р е п* оқыған сайын менің санамда сезімдердің орын алмастыруы жүріп жатты (Б.Қойшыбаев, Алтын.).

ЕЖЕЛЕҢКІРЕУ *Ежеленкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ж е л е ң к і р е у і* ойландырды.

ЕЖЕЛЕС[1]= е т. *Қосыла ежіктеп оқу.* Әжем мен атам күніне бір рет болса да хатты *е ж е л е с і п* оқып отыратын («Қаз. әдеб.»).

ЕЖЕЛЕС[2]= е т. **1.** *Шүйіркелесу.* Бір қолайсыз нәрсе үйде менімен *е ж е л е с і п* сөйлесетін ешкім жоқ (Ж.Алтайбаев, Тілек.). **2.** а у ы с. *Сөзге келіп, тәжікелесу.* Жәміш Саянмен *е ж е л е с і п* түрмауды артық санап, түн-түнсіз үйге кірді (С.Рахимов, Сүрі қар.). Осы аталғандарға көздері жеткендей болып, біраз *е ж е л е с т і* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЖЕЛЕСУ[1] *Ежелес[1] етістігінің қимыл атауы; бірге ежіктеп оқу.* ≈ *Е ж е л е с у м е н* уақыт өткізді.

ЕЖЕЛЕСУ[2] *Ежелес[2] етістігінің қимыл атауы; тәжікелесу, қарсы келу.* ≈ *Е ж е л е с у і н* қойдырды.

ЕЖЕЛЕТ= е т. *Ежіктетіп оқыту, кібіртіктетіп оқыту.* – Ұстазы жас шәкіртке әріп үйретіп, *е ж е л е т і п* хат танытып қана қоймай қалыпқа түспеген жас мінезді, адам санасын тәрбиелейді (Н.Габдуллин, Өмір күйі). Сонау бір кездері алғаш рет әліппені *е ж е л е т і п* оқытқан жан қазірге дейін көз алдымызда («Лен. жас»).

ЕЖЕЛЕТУ *Ежелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әліппені *е ж е л е т у.*

ЕЖЕЛЕУ *Ежеле етістігінің қимыл атауы.* Түні бойы Шеген хатының әрбір сөзін, ауыр-жеңіл салмағын *е ж е л е у м е н* болдым (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). *Е ж е л е у д е н* әрі аспады, қарпі таныс болғанымен, тілі түсініксіз (Д.Досжанов, Жібек.).

ЕЖЕҢДЕС= е т. с ө й л. ***Ежікелес***. Ысқырған, *е ж е ң д е с к е н,* бір-бірінің жағасына жармасып керілдескен жұрттың не дейтінін, не талап ететінін еш түсіне алмайсың (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЕЖЕҢДЕСУ *Ежеңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ж е ң д е с у і н* қоймады.

ЕЖЕ-СҮРЕ з а т. д і н и. *Буындап ежелеп оқылатын Құран сүресі.* Нарбота бастапқы кезде *е ж е-с ү р е м е н* басы қатып, жаны қиналып жүрсе де, кейінгі екі жылда әжептәуір хат танып, өз бетімен кітап оқуға жарап қалған (С.Омаров, Қиыр жол).

ЕЖЕТТЕС с ы н. к ө н е. *Пікірлес, сырлас; бір-бірін түсінетін (адам).* Бөтен елде бар болса, *Е ж е т т е с і ң,* сыйласың. Сыбырлас, сырлас көп болған, Көптен тату қимасың (Абай, Тол. жин.).

ЕЖІГЕЙ з а т. с ө й л. ***Ежегей***. Мұндайда Айымжан іріген сүтті біріне-бірін қоспай, күбі шелекке пісіп, майын алатын да, сарсуын *е ж і г е й* ғып қайнатып, есік алдындағы сөреге жая қоятын (З.Ақышев, Ақбел.). Қазақтың ұлттық тағамы *е ж і г е й д і* қайнаған сүтке қатық құйып, үстіне қант сеуіп, сарымай араластырып даярлайды («Мәдениет және тұрмыс»). Жарма құрт *е ж і г е й д е н* жасалады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Ежігей құрт. э т н. *Қайнатылған қатықтан жасалған қышқылтым құрт.* Әжесінің жұмсауымен Дариға столға бауырсақ, *е ж і г е й қ ұ р т* шашты, май әкеліп қойды (М.Гумеров, Сүйе ме?). Ол қуанып кетті. Орнынан тез тұрып, жарға ілінген кішкене шапанының қалтасын жалма-жан ақтара бастады. Қолына бір уыс *е ж і г е й қ ұ р т* ілінді (Қ.Сәрсекеев, Қараша).

Ежігей мұң. *Ұзаққа созылған мұң.* Көптен бері зіл болып басқан *е ж і г е й м ұ ң н а н* шымшымдап сейілткендей болған да, әлгі, тұңғыш өз көкірегін шабақтаған қуаныш сәулелері еді (О.Бөкеев, Үркер).

ЕЖІК[1] з а т. *Бір нәрсенің негізгі желісі, ұзынырғасы.* Оның манадан бері Байқуатовтың *е ж і г і н* ерінбей тыңдап отыруында осындай мән бар еді (О.Сәрсенбаев, Жиде гүлдегенде). *Е ж і г і н* айтқанмен, түсінбейсің (Қаз. тілі. диалек сөздік.).

ЕЖІК[2] ар. з а т. с ө й л. ***Еже***. Молда көрдік, Зорға көрдік, *Е ж і к,* сүре жаттастық. Ойын ойнап, Рақат ойлап, тойлап, айттастық (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ЕЖІКЕЛЕС= е т. *Ерегісу, егесу, тайталасу, айтысып-тартысу.* Осы сары далаға сыймай кер заманнан бері *е ж і к е л е с е* көшіп, керілдесе қонып жүрген ата-бабалары шынымен-ақ із қалдырмай өшіп кетті ме, қайда кетті! («Мәдениет және тұрмыс»). Ол мұнымен *е ж і к е л е с і п* пәтуа таппаспын деген қорытындыға келді (Е.Рахимов, Тентек келін.).

ЕЖІКЕЛЕСУ *Ежікелес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ж і к е л е с у і* дұрыс болмады.

ЕЖІКТЕ= е т. **1.** *Сөзді, сөйлемді әріпке, буынға бөліп, ежелеп оқу; жақсы оқи алмау.* Бір аптаны артқа салып Нұрлыбектің жазған хаты Өзбекстандағы Оразбайға келді. Оразбай хатты *е ж і к т е п* ұзақ оқыды (Қ.Жойқынбеков, Азамат). Пірәлі куәлікті қолына алып *е ж і к т е п* оқып дұрыстығына көзін жеткізді. Сонан соң Маңғалға сынай қарады (Т.Дәуренбеков, Кездескен. осы.). Ол қаралы қағазды ұзақ отырып екі-үш қайтара *е ж і к т е п* оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты (С.Мұратбеков, Көкорай). **2.** *Сөзді, сөйлемді бөліп-бөліп айту, үзіп-үзіп кібіртіктеп сөйлеу.* Дәуір бір-екі жолды *е ж і к т е п* айтты да, үнсіз төмен қарап тұрып қалды (Р.Қунақова, Кішкене.). Әрбір сөзін *е ж і к т е п,* қадап айтқан сықылды (С.Мәуленов, Жер нәрі). Орыс сөздеріне тілім оңай орала бермеуші еді, кейбір сөздерді *е ж і к т е п* әрең айтып шығамын (Ү.Шойбеков, Сұсты күндер). Ана тілімді ұмытып қалмас па екенмін, күн туып, елге қайтқандай уақыт болса, жұртқа күлкі боп, өз тілімді *е ж і к т е п* тұрсам, одан да өлгенім артық қой (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). **3.** *Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу; ежелеу.*– Әліп, би, ти, си-ден бастап өзі білетін әріптерді *е ж і к т е й* әндетіп шұбалтып айтып шыққан (К.Шөкенов, Біздің Ілияс). **4.** а у ы с. *Бақайшығына дейін шағу, тәптіштеу, егжей-тегжейіне жету.* Ыстық бауырсақ, сары маймен келген шайды сүйсіне ішіп отырып, Сапардан ел жайын *е ж і к т е й* сұрады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Тасемен мен Жайық мұны көрген адамдардан *е ж і к т е п* барымташылардың түр-түсін, жалпы нобайын сұрап, суыртпақтап тартса да, бұдан басқа ештеңе біле алмады (С.Жүнісов, Ақан сері). Бақытжан әкесінде бір шикілік барын әлгі бір тайқы сөйлеген сөзінен де, мына *е ж і к т е й* сұрап, ақтала сөйлегенінен де сезіп отыр (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЕЖІКТЕГІШ с ы н. *Ежіктей беретін, тәптіштегіш.* Оның *е ж і к т е г і ш* мінезінен жүрген ортасында сыйыспай қалатын секілді («Халық кеңесі»).

ЕЖІКТЕГІШТІК зат. *Ежіктегіш болушылық, тәптіштегіштік.* Әуезовтің құбылыстарды таңдау, материалдарды орналастырудағы шеберлігін *е ж і к т е г і ш т і к,* әріпкеміргіштік дертіне шалдыққан мыжыма методология ешқашан танытып бере алмайды (Р.Нұрғалиев, Өнер алды.).

ЕЖІКТЕЛ= е т. *Егжей-тегжейіне жеткізілу, тәптіштелу.* Байқайсың ба, Бәтес, партиямыздың қаулы-қарарлары *е ж і к т е л і п-а қ* жазылады (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Ақырында оқиғаның сыры ашылып, газет мақаласы *е ж і к т е л і п* оқылды (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі.).

ЕЖІКТЕЛУ *Ежіктел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қаулы-қарардың *е ж і к т е л у і.*

ЕЖІКТЕС= е т. *Егжей-тегжейіне жеткізісу, тәптіштесу.* Жас балалар біріне-бірі бөгет жасағылары келмей, танаулары пысылдап іштерінен *е ж і к т е с е д і* (К.Оразалин, Көктем.). – Біздің Қайрекең Бексұлтанды енді мұқатып бағар-ақ. Екеуінің тап осы жөнінде *е ж і к т е с к е н і н* көрер ме еді (Ғ.Сланов, Шалқар). Одан бөлімше бастығына ауысып, ең соңында емдеуші дәрігермен *е ж і к т е с е д і* (М.Ысқақбаев, Жойқын.).

ЕЖІКТЕСУ *Ежіктес етістігінің қимыл атауы.* Енді жетпегені екеуінің *е ж і к т е с у і н* қызықтау болғаны ма («Соц. Қаз.»). Шамасы, жас жұбайлардың ептеп болса да анда-санда *е ж і к т е с у і* өмір заңы болса керек (Т.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.). Енді ол екеуінің әңгімелері өз алдына жеке хикая. Әдетте сөздер хал-ахуал, денсаулық *е ж і к т е с у м е н* басталады да, соңы керіске ұласады (М.Ысқақбаев, Жойқын.).

ЕЖІКТЕТ= е т. *Егжей-тегжейіне жеткізу, тәптіштету.* Жігітке не нәрсе сондайда ем болатынын жамағат, әрине, одан әрі *е ж і к т е т п е й-а қ* түсінген-ді (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЕЖІКТЕТУ *Ежіктет етістігінің қимыл атауы.* О жәйтті ермек үшін *е ж і к т е т у д і ң* қажеті не? (Қ.Найманбаев, Үміт өткелі.). Тобағабылда екі айтқызу, *е ж і к т е т у* деген болмайды («Қаз. әдеб.»).

ЕЖІКТЕУ *Ежікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ежелеу, кібіртіктеу.* Зұлқарнай секретарьдың мұнша *е ж і к т е у і н е* таңданса да, сыр білдіргісі келмей, сөзін жалғастырды (К.Ахметбеков, Ақдала.). **2.** а у ы с. *Тәптіштеу.* Әрі қарай *е ж і к т е у г е* Иван Лазарович ұмтылмады, күн де кешкіріп қалған екен (С.Талжанов, Адам.). Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырын бажайлай танығаң суреткер зады *е ж і к т е у д е н,* мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақтылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кешірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

ЕЖІКТЕУШІЛІК з а т. *Ежіктеуге берілушілік.* Бердібаевтың мақаласында қасаңдық жоқ, ол болмашыға жерден жеті қоян тапқандай мәз

болып, *е ж і к т е у ш і л і к* пен тәптіштеушілікке ұрынбайды («Қаз. әдеб.»).

ЕЖІЛ-ГҮЖІЛ үс т. **1.** *Даң-дұң, у-шу.* Элеватор қақпасы алдында *е ж і л-г ү ж і л* сөйлескен бірнеше адам тұр (Ақ бидай.). **2.** *Емін-еркін, ашық-жарқын.* Бәрімен де бейне көптен таныс адамдай, аулаға кірер кірместен *е ж і л-г ү ж і л* сөйлесіп те кеткен (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЕЖІЛ-ҒОЖЫЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл.***

Ежіл-ғожыл болды. ж е р г. *Бір-бірімен шүйіркелесіп сөйлесті, сөздері жарасты.* Шұға жай сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша *е ж і л-г о ж ы л б о л а* алмады (Б.Майлин, Шығ.). Кешегі мәжілістен кейін *е ж і л-г о ж ы л б о л ы п* қалыпты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Жақсылық бұрын Қайырбекті көңілді қарсы алатын. Бұл жолы сәлем беріп, орындық ұсынғанмен, онша *е ж і л-г о ж ы л б о л а* қойған жоқ (Ғ.Сланов, Шығ.).

ЕЖІЛ-КҮЖІЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл***. Вестибюльде *е ж і л-к ү ж і л* сөйлесіп тұрған бір топ адамға көзім түсті (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЕЖІЛ-ҚАЖЫЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл***. Дүниедегі жанашыр жақыны Болат болып, сонан бері онымен *е ж і л-қ а ж ы л* сөйлесіп етене болған (А.Сегізбаев, Дала).

ЕЖІЛ-ҚОЖЫЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл***. Онысының өзі де көңілдері жарасқан ерлі-зайыптылардың көрпе астындағы *е ж і л-қ о ж ы л* әңгімесіне көп ұқсамай, мұрындықсыз өгізше киіп-жарып қимылдайтын дөкір мінезді еркектің әдепсіз әрекеті боп шығады (М.Хасенов, Нартәуекел). Көптен Асан кеткелі мұндай дәл қасында болып, *е ж і л-қ о ж ы л* ағайын әулет қамын айтқан кісіні таппай жүр еді (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ЕЖІЛ-ҚОЗЫЛ үс т. с ө й л. *Сыр айтысып шүйіркелесті.* Шұға жәй сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша *е ж і л-қ о з ы л* бола алмады (Б.Майлин, Шығ.).

ЕЖІЛ-ҚҰЖЫЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл.*** Сиыр сауып жатқан екі әйелдің *е ж і л-қ ұ ж ы л* абысын әңгімесі соңға қалған секілді, екеуінде де үн жоқ (Ғ.Сланов, Дөң асқан.).

Ежіл-құжыл болды. с ө й л. *Шүйіркелесті, сөздері жарасты.* Жақсыбек Қайырбекті бұрынғыдай көңілді қарсы ала қоймай, сәлем беріп, орындық ұсынғанмен, онша *е ж і л-қ ұ ж ы л б о л а* қойған жоқ (Ғ.Сланов, Шалқар.).

ЕЖІЛ-ТҮЖІЛ үс т. с ө й л. ***Ежіл-ғүжіл***. Әртүрлі жоба-жоспар, достар арасында *е ж і л-т ү ж і л* сырлы әңгіме де көбейіп жатқан кез болатын (Ғ.Сланов, Шалқар.).

ЕЖІРЕ [ар. اجرة] з а т. *Бір нәрсені уақытша пайдалану, жалға алу келісімі; жал.* Бағдатқа келген соң [саудагер] кең сарайды *е ж і р е г е* алып, бір бөлменің ішін жайнатып, өзіне пәтер жасады (Мың бір түн).

Ежіре қылды. ж е р г. *Келісті, уәделесті.* Қалың малы 47 болсын деп *е ж і р е қ ы л ы п т ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕЖІРЕЙ= е т. *Екі көзін тікірейтіп, тесірейе қарау; бақыраю, бақшию.* Зор дауыстан селк етіп, есікке жалт қарасам, босаға алдында қыс-қаша шаштары үрпиіп, көкшіл көздері *е ж і р е й г е н* Қармақбаев тұр (З.Асабаев, Жарас.). Оның көзі де ешкі көзденіп *е ж і р е й е* қалған еді (Ә.Әбілев, Замана.). Атынан атып түсіп, есік алдында тұрған маған төніп келді, алақандай көзі *е ж і р е й і п* ішіп-жеп барады (А.Нұрманов, Құлан.).

Ежірейе қарады. *Жақтырмай қарады, адырайды.* От басында отырған кемпірлер *е ж і р е й е қ а р а п,* ауыздарын сылп еткізді (Б.Майлин, Шығ.). Дәліз есігіне таман ілгері озыңқырап кеткен Абзал бұрылып, боп-боз болған келіншектің өңіне көзілдірігі үстінен *е ж і р е й е қ а р а д ы* (Ә.Сараев, Тоскауыл).

ЕЖІРЕЙТ= е т. *Екі көзін тесірейте қарау, бақшиту.* Бөлектас оған көзін *е ж і р е й т е* бір қарады да, түк айтпастан шыға жөнелді (Ә.Әбішев, Жас түлек.).– Ал сен бе өтірік айтатын?– деп балдақты көзін *е ж і р е й т е* Ғаниға ұмтылды (М.Иманжанов, Көк белес).

ЕЖІРЕЙТУ *Ежірейт етістігінің қимыл атауы.* Баланың тым сотқар екенін біле тұра бірге жүргендерге *е ж і р е й т у і н* дұрыс болмаған («Қаз. әдеб.»).

ЕЖІРЕЙТІҢКІРЕ= е т. *Көзін едірейте тұсу, адырайтыңқырау.* Жайлаубек қымыз құйып отырған жігіттеріне көзін *е ж і р е й т і ң-к і р е п:* – Ей, қымыз әкел! – деді (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Көзімді *е ж і р е й т і ң к і р е п* ашайын десем, бет пернем одан жаман бұзыла түседі (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

ЕЖІРЕЙТІҢКІРЕУ *Ежірейтіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *е ж і р е й т і ң к і р е у.*

ЕЖІРЕЙІҢКІ с ы н. *Ежірейе тұскен, сәл ежірейген.* Бізді көріп ол таңғалғаннан *е ж і р е й і ң к і* көзін жыпылықтатып, үндей алмай қалды («Әдебиет майданы»).

ЕЖІРЕЙІС= е т. *Тесірейе қарасу, адырайысу.* Аяқ астынан мұғалімнің сөзін іле түскенін, Әлекең де, Мырза да, Нұрғали да ұнатпады білем, *е ж і р е й і с і п* қалды (Б.Майлин, Шығ.). Гүріл күшейіп, тізбектелген керуен қырқаға шыққанда жұрт сол жаққа қарай *е ж і р е й і с і п,* қарай қалды (Дала қырандары).

ЕЖІРЕЙІСУ *Ежірейіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бір-біріне *е ж і р е й і с у.*

ЕЖІРЕК: **ежірек көз**. *Көзі ежірейген, тікірейген (адам).* Сағаттар бойы көрік басып, жайнаған шоқтан, балқыған темірден *ежірек көзін* алмай отыратын осы шал сол ұлы бабамен үнсіз сөйлесетін сияқты еді (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.). *Ежірек көз* шикіл сары, кіп-кішкене адамға дарақы, тоғышар әйел жөндеп қонақасы беріп құрмет көрсетпепті (Ақ бидай.).

ЕЖІРЕКТЕУ с ы н. *Ежірейіңкіреген, ежірейіңкі.* Шыныбек аласа бойлы, көсе кісі, көзі *ежіректеу*, сәл мұрнынан сөйлейтіні бар (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе).

ЕЖІРЕҢ е л і к. *Едірейіп, адырайып қараған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Ежірең етті. *Ежірейе қарады, едіреңдеді.* Түрегеп тұрып-ақ ішейін деп жанынан өткен күпшектей жуан келіншектен екі бөтелке сыра сұрап еді, анау құбыжық көргендей *ежіреңетті* (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЕЖІРЕҢДЕ= е т. *Ежірең-ежірең ету; көзін ежірейте әкіреңдеу.* Ақанға бата алмай тұрған Батыраш «бөрі ашуын тырнадан аладының» керімен *ежіреңдеп*, оған тап-тап берді (С.Жүнісов, Ақан сері). Осыған «сен кінәлі», «жоқ, сен кінәлі» дегендей, кейбір көздер бірінебірі *ежіреңдеп* қалып, шұқшиып барып басылды (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Сағат үштің кезінде арнайы бұйрықпен қосылған *ежіреңдеген* он атты солдатты ертіп Жұлқарбай қаладан шықты (Қ.Тайшықов, Октябрь ұшқ.).

ЕЖІРЕҢДЕС= е т. *Бір-біріне қарасу, көздерін ежірейтісу.* Екіжақта да қазақ көпшілік, осы екі топ бір-біріне *ежіреңдесті* (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

ЕЖІРЕҢДЕСУ *Ежіреңдес етістігінің қимыл атауы.* Екеуін болмашы нәрсеге *ежіреңдесуді* қашан қоясыңдар, мына отырған жастардан ұят емес пе? («Әдеб. және искусство.»).

ЕЖІРЕҢДЕТ= е т. *Ежірең-ежірең еткізу, бақшиту, адырайту.* Әйтек те төрқасқаның делбесін тежеп, *ежіреңдете* желгенді өзіне аса бір өнер санайтын (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕЖІРЕҢДЕТУ *Ежіреңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атын *ежіреңдету.*

ЕЖІРЕҢДЕУ *Ежіреңде етістігінің қимыл атауы.* «Бөрі ашуын тырнадан алады» дегендей, бұл қай қылығың, бостан-босқа *ежіреңдеуіңді* қой, шырақ («Қаз. әдеб.»).

ЕЖІРЕҢ-ЕЖІРЕҢ е л і к. *Жақтырмай, ұнатпай қараған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөзқолданыс.*

Ежірең-ежірең етті. *Көзін аларта жақтырмай қарады, ежіреңдеді.* Мұның ұсқынынан сескеніп қалған Омаш, бет жүзі құбылып, көзі *ежіреңежіреңетті* (Е.Қонарбаев, Жол басы.).

ЕЖІРЕЮ *Ежірей етістігінің қимыл атауы.* Түкке түсінбегендей *ежіреюін* көрдің бе (Ауызекі).

ЕЗ с ы н. **1.** *Ынжық, жасық, шірік, бос.* Адамның қорлауына адамның *езі,* ынжығы ғана көнеді (F.Мұстафин, Көз көрген.). Әділет басқан есерме Сөзге жуық келер ме? Түзу сөзге сенер ме, Түзелмесін білген *ез* Ер артық сұраса да, азға разы болады. *Ез* аз сұрар артылтып берсең де разы болмас (Абай, Тол. жин.). Иә, бұл кезең ер мен *езді*ң, жасық пен құрыштың не екенін ажырататын шақ қой (Ә.Әлішев, Батыр.). Өңшең *ез!* Сендер жау түсірмек түгіл, өздерің олжаға кетерсіңдер (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** а у ы с. *Бейшара, мүсәпір, қор.* – Жә, жә, – деді өзін-өзі тежеп. – Бықсық ой, *ез* өмір аулақ, менен! (М.Иманжанов, Адам.). Асаған ұрттағанға *ез* жұбанар, сенімді дәулет емес сен қуанар Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар (Абай, Тол. жин.). *Ез* өмірден ер өлім артық, ер өлім! Жер таяна көтерілген Мұса, түлкі ішігін сүйрете шығып бара жатқан Ыбырайымның сыртынан қаһарлы суық жанарын тайдырмаған күйі ата қарап қала берді (Ж.Түменбаев, Қардағы із.). Ертелі-кеш ерінбей, *Е* з тірлікке берілмей Асыл жинап өтуді, Адал еңбек етуді, Үлгі етіп бар адам, Үйренсе осы арадан (Т.Шопашев, Бәйтерек). **3.** а у ы с. *Ығыр қылған, мезі еткен, жалықтырған.* Мың рет қайталанған, тағы да сол *ез* сұрақ. Жыным ұстап, теріс айналамын (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Осының бәрін көзі көріп, құлағы естіген Арыстан, бұл өңірдегі жарлы мен жалшының, мұңды қыз бен тоқалдың ежелгі *ез* ұйқыдан ояна бастағанын байқады (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Дыбыстың бұрылысын, бұлтақтарын Уыстап шеңгелінен бұлтартпадым. Еңіреттім *ез* өмірдің қайғы-мұңын, Ешқашан қуанышты күй тартпадым (Т.Есімжанов, Ілияс.).

Ез жігіт. *Ар-намысы кем, ынжық, жасық адам.* Ұқпайсың бізді демейік Емессің ғой *ез жігіт*, Есбол-ау, саған сенейік Тоңбайын жұртты тез жібіт (Х.Ерғалиев, Өлеңд.).

ЕЗ[1]: **езі қалмады**. *Жаны тыршікті, жақтырмады.* Қайғыменен қан жұтқан Жамал *езі қалмаған*, жаны түршіге жек көрген Жұманның табалдырығын еріксіз аттайды (М.Дулатов, Шығ.).

ЕЗ[2]= е т. **1.** *Бір нәрсені суға салып еріту; қатты затты жұмсарту немесе сұйық күйге айналдыру.* Оның есесіне қысты күні сорпаға, көжеге, сарқасқа қылып құрт *езіп* тойып алса, қора ішіне кемзелшең, көйлекшең шыққанда бойы қыз-қыз қайнап жүреді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дархан оны ажыратпайды екен, өйткені ол құмшекерді де, кесек қантты да *езіп* ішеді (Б.Қойшыбаев, Ай нұры). Мүлкаманның

боздақтаған үнін жиіркене тыңдады. Қолын майлыққа сүртті, үндемейтін қатпа әйелі ұсынған құрт *е з г е н* қою сорпаны алды. Тамсанып отырып ұзақ сораптады (Д.Досжанов, Дария). **2.** *Бір нәрсені мыжу, мыжғылау.* Қасқыр сескеніп, оң жаққа жалт бұрылғанда Дойсал көлденеңнен бірақ соғып жықты да тұрғызбай алқымынан алып, *е з і п* жатыр (Ә.Нұрпейісов, Аңшы.). Сырбай етігінің табанымен жыланның басын *е з г е н д е* қонышына оралған құйрығы сылқ етіп жерге түсті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Қатындар жиылып бақанға асып, ішін тартып, «Көлденең келіп тұр, теріс келіп тұр» деп *е з і п*, жаншып жанын қинайды (М.Дулатов, Шығ.). Итере сырғытып алып келіп дуалға тіреп, қылғындырып тамағымды *е з е* бастады (Б.Момышұлы, Москва). **3.** *Жаншу, жаныштау, таптау.* Сол жағыма көз жіберсем, Нүркенге қарай жаудың бір танкісі келе жатыр. «Мынау ит Нүркенді *е з і п* кетер ме екен» деген ой маған келе қалды (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Танкінің шынжыр табаны оппы қарды шиыршықтай *е з і п*, бізге жол салып келеді (Ә.Нәбиев, Бейтаныс). Әрменірек жүр десең, өзіңді *е з і п* өтеді. Берменірек жүр десең, Қырдан асып кетеді (М.Жаманбалинов, Батыр ұстаз). **4.** а у ы с. *Қайғы-мұңға батыру, еңсесін көтертпеу.* Одан әрі шыдауға болмады. Жанымды *е з г е н* мына қорлықты көргенше қаңғырып кеткенім жөн деген ойға бекіндім (Н.Оразов, Достар.). Осы бір ойлар, түн сайын мені *е з е д і,* Бойымда қаным, тулаған таудың өзені (М.Мақатаев, Дариға.). **5.** а у ы с. *Мылжыңдап көп сөйлеу, не болса соны айту, болмайтын нәрсені әңгіме ету.* Бітірдім сөз аяғын осыменен, Жауапқа отырмаймын тосып өлең. Айтысып сеніменен *е з е* берсем, Қашпай ма бұл жиыннан шошып өлең (Ә.Тәжібаев, Құрдастар). Совхоз парторгі: «Келелі мәселені әңгімелегенде ақсақалдық керекті бір пікір айтады екен деп сөз берсең, жоқтан өзгені *е з і п* кетеді», – деді (Д.Жанботаев, Дала оттары). Бір сөзін ертеден қара кешке дейін *е з і п* отырғаны (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Бауыр етін езді. *Мейірлендірді, жүрегін елжіретті.* Қашан көзің жұмылғанша бала деген *б а у ы р е т і ң д і е з і п* бітеді емес пе, сол кенжеміздің қыстай бойы мұздамасыншы деп шешесі жанталасып түлкі ішік тігуді ниет етсін («Қаз. әдеб.»).

Езіп ішпейді. *Тұкке де керек емес, қажеті жоқ.* Сенің көркіңді *е з і п і ш п е й м і н,* маған да ел сияқты қызық, алданыш керек, бала керек (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

Еңсесін езді. *Еңсесін көтертпеді, зауқы соқпады, көңіл хошы болмады.* Бақытсыздық көрдім жастай, Татпай еңбек зейнетін. *Е ң с е м д і е з д і* қара тастай, Тартқан ауыр бейнетім (С.Машақов, Жылдар). Серпіген де осыған дейін өз *е ң с е с і н е з і п* келген зіл батпан қоқыстан құтылғандай жеңіл адыммен орнына кеп қайта жайғасқан («Қазақст. әйелд.»).

Малтасын езді. *Мыжып кетті, көп сөйледі.* Біреу жағынан тартып жібергендей, Есімнің өңі қаракүреңденіп кетті: – Ей, сен не *м а л т а ң д ы е з і п* отырсың (І.Есенберлин, Жанталас).

ЕЗ[3]= е т. **1.** *Біреудің еңбегін пайдаланып қанау.* Бай-бектер; жауапқа тартса, жарлыны қанағаны, *е з г е н і* үшін жауапқа тартады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Өздерін ұзақ заман есеңгіретіп *е з г е н,* ұлын құл, қызын күң еткен зұлым байлардан кек алді (З.Жөкенов, Таң самалы). Бұл байлардың бізді қандай *е з і п* келгенін сол газет арқылы біле бастадым (Е.Бекенов, Дала қоңырауы). **2.** *Бейшаралық күйде қараңғылықта ұстау; сорлату.* Ол ауылды *е з г е н* ескілікке, әртүрлі өсек-аяңдарға, кертартпа мінездерге кездеседі (С.Қирабаев, Октябрь.).

ЕЗБАЛДАҚ з а т. *Бос сөз, шатпақ; көкмылжың, езбе.* Хазірет пен Әбунүсіптің сол *е з б а л д а ғ ы н ы ң* өзіне мынау отырған қошеметшілердің кейбіреуі аузын аңқайта тыңдағансыды (Д.Әбілев, Ақын.). Одан да маған «сені сүймеймін, тұрып болдым, енді басқамен тұрамын» демедің бе?! Қорқып, қалтырап өмір сүргенше! *Е з б а л д а қ!* (Е.Домбаев, Ол осындай.).

ЕЗБАЛДАҚТА= е т. *Шатпақтау, мылжыңдау, езу.*– Ой, неменеге *е з б а л д а қ т а й с ы ң ?!* Көкше бие ұрланған мал емес, өз үйіңдікі. Айда, тарттық ілгері! (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЕЗБАЛДАҚТАТ= е т. *Шатпақтату, мылжыңдату.* Басы ашық мәселені қайталап айтып *е з б а л д а қ т а т ы п* отыратын уақыт жоқ («Жетісу»).

ЕЗБАЛДАҚТАТУ *Езбалдақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з б а л д а қ т а т у ы* дұрыс болмады.

ЕЗБАЛДАҚТАУ *Езбалдақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з б а л д а қ т а у ы н* қойды.

ЕЗБАЛДЫҚ з а т. с ө й л. ***Езбалдақ.*** Тыпыры көп, тындырғаны аз *е з б а л д ы ғ ы ң д ы* айтпайақ қой, Әлібек, – деп Әбунүсіп жақтырмай тыйып тастады (Д.Әбілев, Арман.).

ЕЗБЕ с ы н. **1.** *Езіліп жатқан, миы шыққан (жер).* Соңғы күндерде аспанды шоғыр-шоғыр қара бұлт торлап, *е з б е* жаңбыр жиі әрі ұзақ-ұзақ жауады (З.Асабаев, Жарас.). Жуық арада басылмайтын, бір күйінен тынбайтын көктемгі *е з б е* жауын (С.Мұратбеков, Отау үй). Ұзын жол таусылмайтын нағыз *е з б е,* Біз асықты деп болмайды тезбе тезге. Таңертең Нуғданың асын ішіп, Одан шықтың түнгі сағат

сегіз кезде (Дастандар). **2.** т а м а қ. *Ұсатылған азықтардан (көбіне өсімдікті) картоп, сәбіз, шалқан, сондай-ақ асбұршақ, ұрмебұршақ, жармадан, қарақұмықтан, күріштен және т.б. дайындалатын біртектес қою біркелкі тағам. Езбенің* құрамына түрлі май, жұмыртқа және дәмдеуіш қоспалары кіреді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **3.** а у ы с. *Көп сөйлейтін мыжыма, мылжың, тантық.* Кеудесі – жалған, қулық ой, Бәрі де пысық, *е з б е* емес құмары оның – айт пен той, Тойда мен мақтан – өзге емес. Өзіңде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден. Күнделіктігім қоздырып, азапқа қалма *е з б е д е н* (Абай, Тол. жин.). Гауһар көзде болады, Сөз асылы сөзде болады, Жаман жігіт *е з б е* болады (Сүйінбай ақын, Ақиық). Дәмеш курортта жүргенде смена бастығы болып бір тапалдау көзілдірікті инженер істеді, бір сөзді қайталап айтып, мезі қылатын *е з б е д і* (З.Шашкин, Теміртау).

Езбе қырт. *Барып тұрған мыжыма, көкмылжың.* Жо-жоқ, оның да болмайды. Азбергендей *е з б е қ ы р т т ы* көндіретін кісіні тапқан екенсің, – деп Қорекең онан сайын безе түсті (Ғ.Сармұрзин, Мейірім).

Езбе сөз. *Мылжың, мыжыма сөз.* Енжарлықтан туатын *е з б е с ө з д е р д і* ол айығары жоқ күзгі ақ жаңбырдай сезінеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Езбе тірлік. *Өнбейтін, мезі қылар тірлік.* Сонда елдегі *е з б е т і р л і к т е н* мына тағдыр өз еншісіне жазған саятшылық кәсібін соншама биік, патша тағындай сезінетін (Е.Тұрысов, Құралай.).

ЕЗБЕЛЕ= е т. *Көп сөйлеп, мыжу, шатпақтау. Е з б е л е п,* біресе жеңгесін, біресе өзін мақтап, сөзін зорға аяқтады (З.Шашкин, Сенім). Моғолдар ғой: «Әкеңнің аты кім?», «Нағашың қай жұрт?», «Ныспың кім?», «Құқың не?» деп *е з б е л е п* есті шығаратын (Д.Досжанов, Жібек.). Дос тұрса төзіп үндемей, Ашыттық миын *е з б е л е п*, күндіз де демей, түн де демей, қаланы кеттік кезбелеп (С.Асанов, Шолпан.).

ЕЗБЕЛЕН= е т. *Мыжып, көп сөйлеу.* Қайғының зардабынан кезбелендім, Арқа, Сыр алабы ғой кезген жерім. Дәріптеп ақ құрайды жанға байлап, Қайғылы күй тартам деп *е з б е л е н д і м* (Шаттық жыры).

ЕЗБЕЛЕНУ *Езбелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з б е л е н у і* жарасымсыз.

ЕЗБЕЛЕУ *Езбеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з б е л е у і ң е* жол болсын.

ЕЗБЕЛІК з а т. *Көп сөйлеушілік, мылжыңдық, мыжымалық.* Өзі аз сөйлейтін, арақ ішіп есіруге онша әуес емес капитан Белов Хорунжидің тойда отырғандай, беті баржиған түрін де, сөз құмар *е з б е л і г і н* де ұнатпады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕЗГЕК с ы н. с ө й л. *Уайым-қайғыға тез берілгіш; күйрек, күйреуік.* Өмірлері өкінішті екі жан осы отырысымен бір-біріне шағынған, бірін-бірі жұбатқан, елжіреуік, *е з г е к* күйде еді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЕЗГУ с ы н. е с к і к і т. **1.** *Ізгі, игі.* Оның үшін ғұламалар иман екеу емес біреу, бірақ *е з г у* тағатпенен нұрланады. Тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки сөну қаупі де бар деген (Абай, Тол. жин.). Толыға толқып күткен жарын, Махаббатты жас жігіттей. Еркіндік *е з г у* келер шағын, Күтуліміз тәтті үміттей (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние). Ол – ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың ниһаятсыз құдаға тақырып хасил болып хас *е з г у* құлдарынан болмақ үміті бар, өзге жолда не үміт бар? (Абай, Тол. жин.). Оның үшін ғұламалар иман екеу емес біреу, бірақ *е з г у* тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки сөну қауп де бар деген (Абай, Тол. жин.). **2.** ж е р г. *Білімді, мейірбанды.* Біздің үйде де былтыр бір *е з г у* адам жатқан (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі.). Ләзәттің осы еді шын ашынғаны, Толқыған ой теңізі басылмады. Ақтарып салды ортаға барлық сырын. Шындығын *е з г у* жаны жасырмады (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЕЗГУЛІК з а т. е с к і к і т. *Ізгілік, игілік.* Бәлки адалят барша *е з г у л і к т і ң* анасы дұр. Нысап, ұят бұл гадалаттан шығады (Абай, Тол. жин.). Көңілім ауыр жүктен бір құтылар, Кек арылып көкіректен, ұмытылар. Адамның баласына ашып жаным, *Е з г у л і к к е* жүрегім бір ұмтылар (Абай, Тол. жин.). Қолым қысқа болмасын деп іәм өзім біреуге тамғылы болмайын деп, малға махаббатын аудармай, *е з г у л і к к е* бол халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес (Абай, Тол. жин.).

ЕЗГІ[1] з а т. **1.** *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық, өктем билеуші, отарлаушы, т.б. таптың, елдің қол астында бодандықта болушылық (халық, ел туралы).* Олар патша өкіметінің *е з г і с і н д е г і* халықтарды барынша қадірлеу рухына толы, есте қаларлық тамаша шығармалар туғызды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Корей халқы ұзақ уақыт Жапон империализмінің отаршылдық *е з г і с і н е* ұшырап келді («Халық мұғ.»). Ұзақ жылдар бойына патша үкіметінің *е з г і с і н д е* жаншылып, тілі күрмеліп, іші құса болған халық кедергі шерін армансыз ақтарысты (Қ.Әміров, Жастық.). *// Адамды езген, жаншыған, еңсені көтертпейтін (тіршілік, өмір).* Бір қуанарлық жай: *е з г і* тіршіліктің ескі жұртынан ада-жұда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес (Ө.Қанахин, Дәмелі). *Е з г і* өмірдің томырық, тоңмойын топастығына тайсалмай қарсы тұрып, арманымызға жете білмесек не үшін адам

боп жаралғанбыз (Ө.Қанахин, Жас дәурен). **2.** *Біреудің өктемдігі, шексіз билігі, қиыншылық, амалсыздық.* Өмір *е з г і с і н е* шыдамаған жастар анда-санда алтыбақан құрып, түн ортасына дейін сауық-сайран көңіл көтереді (Т.Кәкішев, С.Сейфуллин). **3.** а у ы с. *Езбе мылжың, бос.* Сөзуардың бірі болмасаң жарар еді деп, тартынып та қалуың ықтимал мұндайда. Бақсақ Соколов *е з г і* адам екен (С.Хайдаров, Азамат келбеті).

Езгіде болды [жүрді]. *Қаналды, құлдықта болды өктем тап немесе отарлаушы, жаулап алушы елдің қол астында бодан күй кешті.* – Ағайындар! Патша мен қанішер байлардың *е з г і с і н д е б о л ы п* келген кедейлер! Сендерді бірлікке шақырамыз (Қ.Әміров, Революция.). Осы сияқты ақындардың айтысынан біз, қанаушы үстем таптардың *е з г і с і н д е ж ү р г е н* ақындардың аянышты қайыршылық тұрмысын көреміз (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

Езгіде келді. *Езіліп келді, бодандықта болды, қаналды.* Оның бұрын *е з г і д е к е л г е н* барша халқы азаттық алды, бар адамдарының арасында теңдік орнады (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Езгі көрді. *Қаналды, өктем таптың қанауында жүрді. Е з г і к ө р г е н* еңбекші халықтың ереуілдері, Қанды Жексенбі лайсаңдары, Преснядағы баррикада оттары, жан-жақтан жалындай бұрқырап, дауылдай ұйтқыған көтерілістер дүбірі Октябрь алдындағы баспалдақтар болатын (Жыл он екі ай). Халық бақыты үшін күрескен ардагерлердің бірі Зұлқаш Баймырзаев революциядан бұрын орыс байларының аяусыз *е з г і с і н к ө р г е н* жұмысшы отбасынан шыққан (Е.Өмірбеков, Октябрь.).

Отарлық езгі. с а я с и. *Өктем, күшті, қарулы мемлекеттің әлсіз, жаңа елді бодауына алушылығы, экономикалық т.б. қанаушылығы. О т а р л ы қ е з г і д е г і* мемлекеттің немесе бодандықты бастан өткеріп жатқан саны аз халықтың тарихын аттап өту, кейде соны үстемдік етуші елдің өткеніне қосақтай салу дәстүрі қалыптасқан, тіпті, әлі де осы үрдіс орын алуда («Парасат»).

ЕЗГІ[2] с ы н. с ө й л. ***Ізгі***. Ол бір аққөңіл, *е з г і* адам болу керек (Ә.Әбішев, Замана.). Осы бір ақжарқын, *е з г і* шалдың бойында соншалықты сүйкімді бір балалық қылық бар (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Уа, достым, ақындықтың қиял құсы, Жаныма жақынырақ келіп қоншы. Көп көрген, көп жасаған шежіре едің, Ежелден еркін ойдың *е з г і* досы! (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

ЕЗГІЗ[1]**=** е т. **1.** *Суға салып еріткізу, қатты затты жұмсарту.* ≈ Құртты *е з г і з у.* **2.** *Мыжғылату, жаншыту.* Жас иығын ауыр жүкке *е з г і з і п,* ел-жұрттарын көрмей жүрген Таймас пен Мұқаметрахымның өмірінде қызыға қоярлық не бар? (Д.Әбілев, Ақын.).

ЕЗГІЗ[2]**=** е т. *Біреудің еңбегін жегізу, қанауға ұшырату.* ≈ Қанатып, *е з г і з у.*

ЕЗГІЗУ *Езгіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға салып *е з г і з у.*

ЕЗГІЛЕ[1]**=** е т. **1.** *Қайта-қайта езу, мыжу, мыжғылау.* Серегин үн-түн жоқ бір шылымды алды да, қолымен *е з г і л е п,* тұтатпай тұра берді (З.Шашкин, Теміртау). Байқағаны тағамға ұсынған қолы дірілдейтіні, енді бірде қасық бола тұра, шайға салған қантын шанышқымен *е з г і л е п* отыр (М.Есламғалиев, Қайырлы таң). Сәлден кейін қарыны ашты деген күдігімен тамақ беруді ойлап, нанның ұсағын жылы суға салып *е з г і л е п* қошақанның аузына тосты (А.Байтанаев, Дала сыры). **2.** *Жұмарлау, илеу, түйгіштеу.* Біреулер алқымынан *е з г і л е п,* терең суға батырып, тұншығып өлуге тақалғанда қайта шығарады (О.Сәрсенбаев, Сағым). **3.** *Мылжа-мылжасын шығарып ұру, соққылау.* Тыртықты ол алып ұрады да, тізерлеп *е з г і л е й* бастайды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **4.** *Таптау, жаныштау.* Жаңағы танк Нүркеннің окобының алдына келіп, окопты жаныштай илеп, *е з г і л е й* бастады (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Шынжыр табан трактордың астына салып *е з г і л е п* тастағандай күйде Шуға тартқан едім (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). **5.** а у ы с. *Мылжыңдау, сөзуарлану, езбелену.* Ержан оны тоқтатып басқа арнаға бұрмақ болып еді, ол қайтадан өз әуеніне басып, сол белгілі жайды *е з г і л е й* берді (А.Шамкенов, Шапақ). Талант дегеннің өзі сол өзгенің *е з г і л е п* барып үйренетінін аз уақыт ішінде игеріп алатын қабілет болса керек (Қ.Байсейітов, Құштар.). **6.** а у ы с. *Еңсесін көтертпеу, көңілін басу; қайғы-мұңға батыру.* Ауыл сағынышы, үй ішінің уайымы еңсесін басып, *е з г і л е й* түседі (Б. Тілегенов, Аққайнар). Бұл күндері кеудені тұрмыс ауыртпалығы ғана емес, жан ауыртпалығы қаттырақ *е з г і л е й д і* (О.Сәрсенбаев, Сағым). Осындай ой салмағы *е з г і л е п* жүрген Ұлжанға бұл өңірдегі бозбаланың бәрінен өзгеше де сүйкімді жігітті тағдырдың айдап әкелгенін қарашы! (Ж.Тілеков, Хинган асуы).

ЕЗГІЛЕ[2]= е т. *Қайта-қайта езгіге алу, қанау.* ≈ Елді *е з г і л е д і.*

Иттей езгіледі. *Быт-шытын шығарып ұрды, мылжа-мылжасы шыққанша сабады.* Бір-екі грузчик Дайырды тауып алып, оны қойғылап, тепкілеп, *и т т е й е з г і л е д і* (М.Әуезов, Шығ.).

ЕЗГІЛЕН= е т. *Мыжғылану, жаныштану, жұмарлану.* Мәшине тоқтады. *Е з г і л е н-*

г е н денемді сүйреп мен де тысқа шықтым (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Ақтөстің аузына желкесі түскен ит қаншама жерден өлермен болса да, біраз *е з г і л е н г е н н е н* кейін басын алып қашуы мұң болушы еді (Ө.Ахметов, Қоңыр үй.).

ЕЗГІЛЕНУ *Езгілен етістігінің қимыл атауы.* Әлгіндегі лапылдаған денесі суып, асқақтаған көңілінің аяқ астынан *е з г і л е н у і н* сезінгендей болды (Д.Жанботаев, Жер жылуы.).

ЕЗГІЛЕТ= е т. *Мыжғылату, ұрғылату, соққызу.* Нұрланның кеудесіне бір міндіріп, «Үндемеске» *е з г і л е т с е,* қайтып Айжанның маңынан жүрместей болар еді (З.Шашкин, Сенім).

ЕЗГІЛЕТКІЗ= е т. *Мыжғылату, жұмарлату, езбелету.* Іштеріндегі сотқары да бар. Айтқанына түсіне қоймасам жығып салып, қарға аунатып *е з г і л е т к і з е д і* (З.Ақышев, Бәрі де есте.).

ЕЗГІЛЕТКІЗУ *Езгілеткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з г і л е т к і з у* керек.

ЕЗГІЛЕТУ *Езгілет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з г і л е т у і* жетерлік.

ЕЗГІЛЕУ[1] *Езгіле*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мылжалап соққылау.* Дәмеліне басқа-көзге төпелеп, алқымын *е з г і л е у м е н* Жанысбай да өлердей шаршады (С.Омаров, Қиыр жол). **2.** а у ы с. *Тұнжырату, кеудені басқылау.* Кенет еңсені *е з г і л е у д і* қойып, қунақыланып, қатайып-бекіп те сала беретіні бар (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЕЗГІЛЕУ[2] *Езгіле*[2] *етістігінің қимыл атауы.* Адамдықтан адасып, Елді шауып *е з г і л е у,* Хандарда мықты серт екен (С.Мұқанов, Таңд.шығ.).

ЕЗГІЛІК з а т. с ө й л. ***Ізгілік***. *Е з г і л і к к е* өсек сөздер ермесін, Көп жауыздар жұмақты былғап кірмесін, Барлық қазақ иемденіп жұмақты, Басқаларға орын қалмай жүрмесін (Б.Майлин, Шығ.). Өзі ана болғандықтан ба, әйтеуір, Мәдине жақсылық, *е з г і л і к* шеңберін осы бір үш әріптен құралған сөзден асыра алмайды (С.Шаймерденов, Болашаққа жол). *Е з г і л і к* пен жауыздық ежелден ел емес (Ф.Дінисламов, Семсер.).

ЕЗГІЛІКТІ с ы н. с ө й л. ***Ізгілікті***. ≈ *Е з г і л і к т і* іс.

ЕЗГІШ[1] с ы н. **1.** *Бір нәрсені (бояу, сыр, сия т. б.) еземін, езуге шебер (адам).* Сол-ақ құрт *е з г і ш* екен (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Көп сөйлегіш, мыжыма, мылжың.* Бір жол сия, дәру деп *е з г і ш* көрдім, Қиялменен жер, көкті кезгіш көрдім. Қаргысын – дозақ, алғысын – жұмақ қылып, Көзінен көз айырса безгіш көрдім (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

ЕЗГІШ[2] с ы н. с ө й л. *Езуші, қанаушы (тап).* Жығуға *е з г і ш* тапты ұран шашқан. Дүниені қалтыратқан сертті күнде, Ес білген жас бала да қару асқан (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЕЗГІШТЕ= е т. *Езген үстіне езе беру, әбден мыжып тастау.* Қалдарбек шалдың алдында басын төмен салып, туфлиімен табан астындағы кесек түйірлерін *е з г і ш т е п* үнсіз тұр (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.).

ЕЗГІШТЕТ= е т. *Езген үстіне езгізе беру, мыжғылап тастату.* Кесек түйірді *е з г і ш т е т* (Ауызекі).

ЕЗГІШТЕТУ *Езгіштет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з г і ш т е т у* керек емес.

ЕЗГІШТЕУ *Езгіште етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әлі де болса *е з г і ш т е у* керек.

ЕЗДІК[1] з а т. **1.** *Ынжықтық, жасықтық.* Байғыз сияқты басын қанатына тығып жездең жүр. *Е з д і г і* ме білмеймін, менімен ашып сөйлесуге де бата алмайды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Егіннің жаңа шыққан көгіндей, көгерім шағында, кірпігің жыпылықтап, әркімге бір жалтақтасаң, ертеңгі күнің *е з д і к п е н* өтер (О.Бөкеев, Біздің жақта.). **2.** *Ез болушылық, намысы жоқтық, қорқақтық.* Қыранның қанатын, жолбарыстың жүрегін нәресте күнімде-ақ бір маған тіледің. Өзгеге қисаң да *е з д і к к е* қимадың, Адалдық ақ құсын еншіме сыйладың (Д.Әбілев, Ой толқын.). Күлкі көп кей достардың мінезінде: Ерлік те, *е з д і к* те бар бір өзінде, Сөздерім тек ишарат, әзіл наз ғой, жақпаса достым, Аян, кінә өзіңде (С.Сейфуллин, Шығ.). Әркімнің адамдық, ерлік, *е з д і к* қасиеттері осындай қиын жағдайда бір шаң беріп қалады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан).

ЕЗДІК[2] з а т. с ө й л. *Езілушілік, қанаушылық.* Ол тіршілігінің ақтық тынысына дейін адам баласын құлдықтан, *е з д і к т е н,* аш-жалаңаштықтан, надандықтан, қараңғылықтан азат ету жолына арнап, бар өмірін соған сарп еткен (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕЗДІР[1]**=** е т. *Суға салдырып жұмсартқызу, еріткізу.* Ет бітті, Ыбырай аға, қалған бір азмұзын сорпа жасатып, құрт *е з д і р і п* жатырмын (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ). Соларды шаңтозаңнан тазартты, ауырлау күміс ер-тоқым орнына жеңіл жабдықтар әзірлетті, үлкен дорба ауыз ақ арлан мен аршынды сары ала қаншыққа құрт *е з д і р і п,* қуатты жеңіл тамақ бергізді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Астау-астау бауырсақ пісіріп, қой үйтіп, құрт *е з д і р і п* астарын да ықшамдады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ерте кездерде қысты күндері алыс жолға шыққан жолаушылар немесе далада айлап боран мен аязда жүретін жылқышылар күні бұрын құрткөже *е з д і р і п* алып арнаулы ыдыстарға (әсіресе тері ыдыстарға) құйып сақтаған («Парасат»).

ЕЗДІР[2]**=** е т. *Мыжғылату, жаншыту.* Николай Войко мұнара басында қолын тұрбаға

е з д і р і п алғанда, оның орнын жоқтатпай, зырылдаған элеватор аузына үш жүзге тарта тұрбаны өзі іліп тұрды (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЕЗДІРТ= е т. *Жұмсартқызу, еріткізу.* Гүлпаш қышқылтым сусын сұрап, қымыранды аңсады, құрт *е з д і р т і п* ішті (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат.).

ЕЗДІРТКІЗ= е т . *Ездіру, еріткізу.* Сорпаға құрт *е з д і р т к і з і п* ішсе, жұғымдырақ, дәмдірек болады («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕЗДІРТКІЗУ *Ездірткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құрт *е з д і р т к і з у.*

ЕЗДІРТУ *Ездірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құрт *е з д і р т у* керек.

ЕЗДІРУ *Ездір етістігінің қимыл атауы.* Бауырсақ пісіру, қой үйіту, құрт *е з д і р у* – біздің күнделікті атқаратын жұмысымыз («Қазақст. әйелдері»).

ЕЗЕ-ЖАНЫШ= е т. *Қатты жаншып, барынша езу.* Қайықтағы балықты таптап, үстінен басып, *е з е-ж а н ы ш а* жүреміз (А.Ханкелдин, Өткен күндер).

ЕЗ-ЕЗ с ы н. *Барынша езілген.* Бәрінің ұнжырғасы түскен, біреу ұрып тастағандай тұла бойлары *е з-е з* (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЕЗЕУРЕ= е т. с ө й л. **1.** *Айтқанды тыңдамай екілене сөйлеу.* Ісінде де береке жоқ үш күн аралағанда төрт-ақ отар тапты, сонда да жер мөлшерін жақсы білемін деп *е з е у р е п* қоймайды (Ә.Тарази, Асу.). Бірақ *е з е у р е г е н* сайын өңі қашқан сөз, айқайлаған сайын нашар естіледі, ауыздан шыққанымен құлаққа жетпейді (А.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Осы баланың кей-кейде *е з е у р е й* сөйлейтіні бар өстіп. Неменеге мақтанып тұр өзі (М.Рахманбердиев, Ақ тілеу). Ой, бізбен дауласып не пайда табасың. Төле дедік пе, төлейсің,– деп *е з е у р е п* тұрып алды («Соц. Қаз.»). **2.** *Өзеуреу, өңмеңдеу.* Мен дүниені дүрліктіре, *е з е у р е й*, үздіге дауыстаған қарсымдағы жаңа әріптесіме барлай көз тіктім (М.Ысқақбаев, Жойқын). Құрал *е з е у р е п* қасына және жүгіріп келді (С.Досымов, Директорлар). Игнат қанша *е з е у р е п*, өзегі талғанмен, Сәлмен салқын жүзбен амандасып қолын ұсынды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЕЗЕУРЕТ= е т. *Екілендіре сөйлету, өңмеңдету.* Айттым ғой, осы Дәулеттің баласында бір тірлік бар, көремісің, – деп *е з е у р е т т і* Бопан (З.Иманбаев, Дала.).

ЕЗЕУРЕТУ *Езеурет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з е у р е т у і* жөнсіздік.

ЕЗЕУРЕУ *Езеуре етістігінің қимыл атауы.* Хафиздің *е з е у р е у і н* қоймай, айтқанынан қайтпай тұрып алуы қытығына тисе керек («Жұлдыз»).

ЕЗМАЛТА с ы н. **1.** *Көкмылжың, көп сөйлейтін езбе.* ≈ *Е з м а л т а* құрбысы. // *Мылжың адам, көп сөйлейтін езбе кісі. Е з м а л т а н ы ң* сөзінде, Шындық бар деп сезінбе (Мақал). Істер ана өзің сияқты *е з м а л т а л а р*, – деп, Жазира даңғарадай төрт бөлмелі үйде біреу тыңдап тұрғандай сыбырлай сөйледі («Қаз.әдеб.»). – Түркістан тарихы, Түркістан мәдениеті жәйлі, биік Түркістан тұғырысында әр сағат түсіндірдім.– *Е з м а л т а ң д ы* (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). **2.** ж е р г. *Жарымес, нақұрыс.* Соның өзі *е з м а л т а* болғаннан сау ма? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕЗМАЛТАЛА= е т. *Мыжу, езу, шатпақтау.* Үшінші баланың күні бойы *е з м а л т а л а п* отыратыны: – Әлфіки күсін ән, әлфіки кәсін ен (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

ЕЗМАЛТАЛАУ[1] *Езмалта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з м а л т а л а у ы* жөнсіз.

ЕЗМАЛТАЛАУ[2] с ы н. *Көкмылжыңдау, езбелеу.* Ол өзінің *е з м а л т а л а у* екенін аңғармайтын сияқты (Ауызекі).

ЕЗМАЛТАЛЫҚ з а т. *Мылжыңдық, мыжымалық, езбелік.* ≈ *Е з м а л т а л ы қ қ а* салынды.

ЕЗСІН= е т. *Ез санау, ез деп білу.* Жалайырды *е з с і н і п,* Қойға тиген қасқырдай, Мазасын алды әр елдің Елдің ессіз, есері (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

ЕЗСІНУ *Езсін етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з с і н у і н* жасырмады.

ЕЗУ[1] з а т. **1.** *Астыңғы ерін мен үстіңгі еріннің түйіскен жері, ауыздың екі жақ шеті.* Екі *е з у і* қан боп жырылып қалған тай әлі де өлердей қияңқы екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ойына да келмеген жаланы айтып, мұны жазықсыз кінәлап келе жатқанда ортада отырған Тазабектің алдынан еңкейе созылып епсін жұдырығымен тап *е з у* тұсты көздеді (Б.Нұржекеев, Бір ғана.). Ернінен ернін ажырата беріп, құмары қанбағандай *е з у і н е н,* көзінен, алқымынан тағы бір-бір өбіп шықты (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). Әлсін-әлі аузына сүт тамызса, оны да түгел жұта алмай, жарым-жартысын *е з у і н е н* ағызып жіберді (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос.). **2.** а у ы с. *Жол, өзен т. б. жағасы, жиегі, шеті.* Үйшікті барақ дейді. Үйшіктердің саны 14-15. Жолдың екі жақ *е з у і н е* бір көше қылып, бір кішкене ауыл сияқты жағалай салған (С.Сейфуллин, Шығ.). Ол жолдың *е з у і н е* шығып, өгізінің басжібін ұзарта ұстап қисайып жата кетті (Е.Домбаев, Шығ.). Етектен тауға қарай тартатын жалғыз аяқ жолдың *е з у і н д е* жаңа ғана дүниеге келген екі нәресте құндақтаулы жатыр (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Студенттің қара шинелін желбегей жамылған Наурыз жарқабақты қиялай түсіп, екі *е з у і*

көпіріп, шірене шалқып жатқан өзеннің жиегіне жақын келді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). **3.** а у ы с. *Кейбір заттың, бұйымның шеті, жиегі. Е з у і* жырым-жырым екі шелегін алып көлге қарай бет алғанда Қайыркелді: «Гриша, суды мен-ақ алып келейін» деп шелекке жармасты («Лен. жас.»). Соның арасынша ошақ *е з у і н е* сүйеулі тұрған құманның шүмегінен қылқ-қылқ еткізіп бірер рет су жұтып жіберді (Ә.Сараев, Тоскауыл).

Ақ езу. *Қартайған, кәрі.* Болысбек көзін таяқ тастам жердегі бұтақтары арбиған қу сексеуілдің бұтағына қонған, күннің ыстығынан жабағы жүні жалбыраған *а қ е з у* қара қарғаға аударды (Д.Рамазанов, Тас түлек.).

Бір езу. *Бірмойын, қыңыр.* Соқыр ойлы *б і р е з у* өзімшілге Қанша ғылым білсе де кіре алмайды ес! Ұждандыны мақтайды тамам адам, Мейлі ғалым болса да, мейлі надан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Езу дауыстылары. л и н г в. *Айтқанда еріннің кері тартылуы, жиырылуы арқылы жасалатын дауыстылар. Е з у д а у ы с т ы л а р ы н а* а, ә, е, ы, і дыбыстары жатады (Тіл білімі термин. сөздігі).

Езу дыбыстары. л и н г в. ***Езу дауыстылары***. Еріннің кейін тартылуы арқылы жасалатындықтан ы *е з у д ы б ы с т а р ы* қатарына жатады (Қазіргі қаз. тілі).

Езу жидырмады. *Жұртты тоқтатпай күлкіге батырды, көп күлдірді.* Мәжілістің кезінде Жаңа сырын білдірді. *Ж и д ы р м а й т ы н е з у д і,* Адам болып шықты күлдіргі (С.Мұқанов, Замандас.). Жерге қонғанда оның қалжыңдары жігіттердің *е з у і н ж и д ы р м а й* күлдіретін болса, әуеде Шуттің «мазасыздығы» гитлершілердің жанын қоярға жер таптырмайтын (Т.Бигелдинов, Аспанда.).

Езу жидырмас, күлкіден тыйдырмас. *Көп күлдіре беретін, тоқтаусыз күлдіретін.* Оның үстіне бүгінгі композиторларымыз да біраз *е з у ж и д ы р м а с, к у л к і д е н т ы й д ы р м а с* дүниелер жазған, жаза да бермек («Қаз. әдеб.»).

Езу жимады [жинамады, жия алмады]. *Қайта-қайта күле берді, көп күлді.* Бөбегі шексіз мәз болып, *Е з у і н* әсте *ж и м а й д ы.* Жаны бір жайлау жаз болып, Анаға бақыт сыйлайды (А.Асылбеков, Әлем.). Алмабек бұл бөлменің сый қонағы, Күлкіден *е з у і н* бір *ж и н а м а д ы.* Көршісі: – Алып қой,– деп қолқаласа, Өтірік: – Ішпеуші ем,– деп қиналады (Т.Молдағалиев, Қамила). Бір күні көшеде маған қарсы келе жатқан Талжанды көрдім, ерні салпиып *е з у і н ж и я а л м а й* күліп келеді (С.Шаймерденов, Мінез).

Езу тартқызды. *Күлкісін келтірді, күлдірді.* «Елдер арасындағы позицияны жақындатып жатырмыз» деген ұғымға әйтеуір өздерін сендіріп қойған. Сөйтіп, бес ел өкілінің айтары сол баяғы құрғақ мәлімдемеден аспайды. Ал біздің вице-министрдің сөзі тіпті кісінің *е з у і н т а р т қ ы з а д ы* («Түркістан»).

Езу тартты. *Сәл жымиды, күлімсіреді.* – Солай болу керек, мұғалима жолдас,– деп Сағила болмашы *е з у т а р т т ы* (М.Иманжанов, Көк белес). Мен *е з у т а р т ы п*: «Сізге сол хатта не жазылғанын қазір-ақ айтып берейін», – дедім («Түркістан»). Алакөзов шаруашылық соңында жүргенде біреуге күле қарап, әсте *е з у т а р т қ а н* кісі емес (С.Жүнісов, Жапанда.).

Езу үндестігі. л и н г в. *Бірінші буындағы езу дауыстысының ауанына қарай кейінгі буында да езу дауыстыларының келуімен байланысты тілдегі езу буындардың үйлесу, жымдасу заңдылығы.* Осындай алғашқы буыннан басқа буындарда ерін дауыстылары келмей, езу дауыстылары келуін *е з у ү н д е с т і г і* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

Езуі айырылғанша айғайлады [дауыстады]. э к с п р. *Қатты айғайлап ұн шығарды.* Әлгі комбайншы қайта өтіп бара жатып *е з у і а й ы р ы л ғ а н ш а а й ғ а й л а п* күліп, құлашын сермеп шақырады шалды (К.Баялиев, Дегелек.).

Езуі жайылды. э к с п р. *Езу тартты, күлді, жымиды.*– Әлгі Дәметкен кел дегендей болып еді, сиырына сақтағаны бар ма, қалай? – деп, рұқсат сұрағандай, *е з у і ж а й ы л ы п* күліп қойды (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). Болмаса қатты ашуынан кейін, балалардың бірі: «Екіншілей өйтпейді, кешіре сал, Назеке» десе болды, *е з у і ж а й ы л ы п,* еріп сала береді (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

Езуі [екі езуі] жиылмады [жиналмады, тыйылмады, тыя алмады]. *Күлкіге қарық болды, тоқтай алмай көп күлді.* Ара-тұра басын шайқап, мейірлене күлумен Петрдің *е з у і т ы й ы л м а й* келеді (Ә.Нұршайықов, Курляндия.). Сақи өз үйіндегісінен бетер *е з у і ж и ы л м а й* күле сөйлеп, қызара бөртіп, шайға қанды (F. Сланов, Дөң асқан). Дәурен ағайдың өзіне ұқсаған қиықша қой көзді, дөң мұрын, қалқан құлақ кішкене Қоңырдың да *е з у і ж и н а л м а й д ы* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

Езуі [екі езуі] көпірді. а) *Көп сөйледі, дабыралы.* Сәлім *е к і е з у і к ө п і р і п,* аудан басшыларымен болған әңгімені айтып отыр. («Әдеб. және искусство»). Зор кеуде адамзаттың айласына, Көнбей бүгін күшімді көрсеткенмін. *Екі езуім көпіріп* айғайласам, Шын құтырсам шың тасты тербеткенмін («Қаз. әдеб.»). ә) *Аттар алқымын баса алмады, қатты жүрістен терледі, көбігі ақты.* Аттар сабынға салғандай қара тер боп, қолтығы мен *е з у і к ө п і р і п,* ішін тартқан (С.Бақбергенов, Қайран шешем). б) *Толқындары тулады, асып-тасып*

екпінден буырқанды. Теңіз беті дөңбекшіп жатты. Алып толқындар қазір таптап кетердей *е з у і к ө п і р і п,* сүйір жалын айбарландыра көрсетіп, ілгері шапшиды (Т.Құрманғалиев, Теңіз достары). Мұндай шақта шатқал ішін қақ жара ағатын кішкене Қарабас өзеніне тосыннан қуатты қаһар пайда боп, *е к і е з у і к ө п і р і п,* төмен қарай буырқана шапшиды (З.Асабаев, Жарас.).

Езуіндегі күлкіні көрді. *Жымиғанын байқады, күлгенін көрді.* Құмар ақсақалдың *е з у і н д е г і* ұры *к ү л к і н і* көріп, томсырая қалды. Онысын Ахаң да сезді (М.Асылғазин, Ауылдастар).

Езуінде күлкі. *Күлімсіреген, жымиған қалып, күй.* Дала гүлдерін иіскеп, көздеріне қуанышты жас алған адамдардың қуанышында шек жоқ. Кейбірінің есі шығып кеткен сияқты көзінде жас, *е з у і н д е к ү л к і* (С.Бақбергенов, Кентау).

Езуіне күлкі жүгірді [үйірді]. *Жымиды, күлімсіреді.* Жаңа жыл мерекесінен кейін Әділбектің *е з у і н е* де *к ү л к і ж ү г і р е д і* (М.Тиесов, Әлібек Майкотов). Жылқышының сөзі басқалардың *е з у і н е к ү л к і ү й і р д і* (Б.Дәулетбаев, Парыз).

Езуінен күлді. *Жымиды, күлімсіреді, езу тартты.* Қанатай қысқа мұртын жыбыр еткізіп, *е з у і н е н к ү л д і* (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Езуінен көбігі бұрқырады [көбік шашты]. б е й н. *Буырқанып, бусанды, қаһарланды.* Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жауырынын күжірейтіп, көк ала сеңарқалап, *е з у і н е н к ө б і г і б ұ р қ ы р а п,* екпіні үйі жыққандай долы Ертіс (Ж.Аймауытов, Қартқожа).Оразбай өзінің үлкен үйінің сыртында *е к і е з у і н е н к ө б і к ш а ш ы п* бұрқырап, бір топ адамға жер қазғызып жатыр еді (М.Әуезов, Таңд.шығ.).

Езуінен күлкі арылмады. *Үнемі көңілді, қуанышты боп жүрді. Езуінен күлкісі арылм а й т ы н* өр көңіл Мұхамеди ғана ештеңені елей қояр емес (Б.Соқпақбаев, Жексен). Оның *е з у і н е н к ү л к і,* жанарынан жайдарылық *а р ы л м а й д ы* екен (Адам және химия).

Езуін жиды. *Күлкісін тыйды, жымиюын доғарды.* Қайырбаев тез күлкісін тыйып, *е з у і н ж и д ы* да Біләлов жаққа қарады (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Ересек адам *е з у і н ж и с а* қайтеді, бұл жетісетіндей не бар? (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Езуін тыя [жия] алмады. *Күлкісін тоқтата алмады, тоқтамастан күлді.* Сергеев Бақтұрғанның «көсем» болғанын естігенде, шексілесі қатып, *е к і е з у і н т ы я а л м а й,* көпке дейін кеңкілдей күліп отырды (Ж.Тәшенов, Қаратас). Екі көзінен жас ағып, *е з у і н ж и я а л м а й* кеңкілдеген хозяйканы көріп: «Зинаида Соломоновна, не болды?» – деп жымиды Таня (М.Иманжанов, Көк белес).

Езуін тіліп, тісін қақты. э к с п р. *Оңдырмай соққыға жықты, сазайын берді.* Сәулем-ау, аю болмақ түгіл арыстан болса да мен сені берер ме екем? *Е з у і н т і л і п, т і с і н қ а ғ ы п* алайын (Ж.Мусин, Ақ алаң).

Езуіңді ұрайын. б е й п і л. *Езуіңе болайын деген мағынадағы ұрсу, кейігендік. – Е з у і ң д і ұ р а й ы н,* мұндай қатынжанды боларсың ба? (С.Мұқанов, Ботакөз). *Е з у і ң д і ұ р а й ы н,* тапа-тал түсте кім жейді дедің қатыныңды, сонша алабұртып, айдың күннің аманында? (С.Мұқанов, Ботакөз).

Екі езуі иығында. с т и л ь. *Екі езуі құлағына жетті, мәз-мейрам болды, әбден қуанды.* Айтқандай-ақ, Бұқакөз Абақтың өзі келді. *Е к і е з у і е к і и ы ғ ы н д а,* мәз (Ә.Тарази, Асу.).

Екі езуі [сабындай] көпірді. *Тоқтамай мақтана сөйледі, көп сөйледі.* Түнгі сменаға керекті адамдарға машина жіберейін десе, бір шоферге тіл алдыра алмай, *е к і е з у і с а б ы н д а й к ө п і р і п,* әркіммен бір салғыласып жүргені (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Орақтың екінші күні *е к і е з у і с а б ы н д а й к ө п і р і п,* әркіммен бір салғыласып жүрген директордың орынбасарына нұсқады (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Екі езуі [екі құлағында] құлағына жетті. э к с п р. *Қуанышы қойнына сыймады, мәз-мейрам болды.* Айтқандай-ақ, анадайдан *е к і е з у і қ ұ л а ғ ы н а ж е т і п* келеді екен (Т.Иманбеков, Үш ай.). Алдымен ас қоржынды алып шешесіне берді. Таусылмайтын дайын асы қолына тиген анасы ыржия қуанып, *е з у і қ ұ л а ғ ы н а ж е т т і* (Мың бір түн). Айнадан өзімнің *е к і е з у і м қ ұ л а ғ ы м а ж е т е* мәз болған кейіпімді көрем (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Қуанышы қойнына сыймай, *е к і е з у і е к і қ ұ л а ғ ы н а ж е т к е н ш е* ыржиып тұр (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Екі езуі [екі] құлағында. *Шат-шадыман, мәре-сәре, мәз.* Балтабектің алақанына бақыт құсы келіп қонғандай, *е к і е з у і қ ұ л а ғ ы н д а* (М.Гумеров, Сүйе ме?). *Е к і е з у і м е к і қ ұ л а ғ ы м д а,* көңілім тасып, әлгіндегі орныма қарай жөнеле бердім (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Айтуар да бұл күндері үндемегенмен *е к і е з у і е к і қ ұ л а ғ ы н д а,* кеудесін әлдебір қуаныш кернеп жүр (С.Байжанов, Жастық шақ).

Екі езуін шұрайлады. *Аттың езуіне шұрай салды.* Масақпай құлақтан басып, бұғалықпен буындырып, *е к і е з у і н ш ұ р а й л а п* тайды өлердей жазалап еді (М.Әуезов, Абай). Бұлталақтаған ақбозды бұғалықтап, *е к і е з у і н ш ұ р а й л а п* алған Орынбайдың мысы басты (С.Сматаев, Елім-ай).

Жырық езу. *Жырылған кем езу.* Ренжімеші, апатай! Менікі жай ой ғой. Қашанғы енді осылай *жырық езуден* қалған ас-суды ішіп, қалған құтқанын киіп жүре бермекпіз (Ақ бидай).

Қызыл езу. *Көп сөйлейтін, мылжың. Қызыл езулер* ауыздықталмаса, бір жарға ұрындырмай тоқтар түрі жоқ (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.). Көзім әбден жетті, көктей солмаса, ырық бермейтін *қызыл езудің* өзі (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Қызыл езу болды. *Аттың ауыздығын тарта-тарта езуін қандатты.* Жүген, құрық тимеген құр асау да *қызыл езу болғанда* басылатын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Сарыауыз [сары] езу. *Ана сүті аузынан кетпеген жас.* Қос жанарында бір от жылтылдап, *сарыауыз езуі* шоферға балапан құсты есіне түсірді (Д.Жанботаев, Дала.). Әйтсе де *сары езу* біреуі Қыли көзі қысықтау. Анасына көрінді, Өзгесінен пысықтау (Ш.Смаханұлы, Үр тоқпағым.).

ЕЗУ[2] *Ез*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйық затпен араластырып еріту.* Онда биенің жас сүтінен кептірілген сүтті қайта *езу* арқылы жасалған қымыздың химиялық құрамын зерттеген (Қымыз.). Коректік зат бетінде азотобактердің шырышталған сан мыңдаған жасушасы өсіп жиналады. Осы шырыш қабатты сыпырып алып, жылы суда *езу* керек (Н.Жақанов, Микробтар). Ащы құрт сусынға, сорпаға *езуге* ғана қажет (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **2.** *Сығу, жаншу, сығымдау.* Шырындық сұйық фитонцидтерді не сол өсімдіктерді *езу* арқылы алады, не оны суға салып қайнатып, тұнба түрінде алады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **3.** а у ы с. *Бос сөйлеу, мылжыңдау.* Мақсат осыларды қайта мылжыңдап *езу* емес, осылардың түпкі тамырын, тудырған себептерін айқын ашып көрсету (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЕЗУ[3] *Ез*[2] *етістігінің қимыл атауы; қанау, езгіге алу.* Қолыма жарақ беріп киін деді, Жұмсайым керек болсаң дер кезінде. Қожасы келешектің сен боласың, Байлардың ақысы жоқ енді *езуге* (Д.Еркінбеков, Шығ.). Помещиктер мен капиталистер қазақ еңбекшілерін аяусыз *езумен* болды (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Хандардың *езуіне* қарсы күресте халық кейбір батырлар мен билерді өз жағына тартуға тырысты (Қаз ССР тарихы).

ЕЗУ[4] с ы н. с ө й л. ***Ез***. Сендер ненің бітімшілігіне түрсыңдар, қолынан боқ келмейтін өңкей *езу* (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕЗУЛЕ= е т. **1.** *Тізгінін тарту, езуінен тартқылау.* Аттар бұрылмақ болып еді, жас жігіт әдейі қасарысып, жануарларға бой бермей, тепкілеп, *езулей* тартып, тура өртке әкеле жатыр (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Текіректеген желіспен лезде ауылдан қара үзіп шыққан Жанай тізгінді *езулей* тартып-тартып, тебініп қалған (С.Мұратбеков, Көкорай). Сүлеймен тізгінді *езулей* тартты (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** а у ы с. *Сөзге кезек бермеу, даурығу, өңештеу.* – Қыс жақсы болса қайтеді? – деп Тәжи *езулеп* болмады (І.Жансүгіров, Шығ.). Сібірден шошымаймыз, іргелесім, Бұл күнде Совет жері – бір белесім. Енсе Ертіс Қазақстан аясына, *Езулеп* несіне сен мін көресің? (Қ.Бекхожин, Мамырстан). Дәл осылайша көк теңіздің мистері кеуде қағып, Дәл бір долы қатындай *езулейді* (Н.Шакенов, Менің гүлім). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің жиегімен жағалап жүру.* Енді біраздан соң көпірді *езулеп* жүріп, Іле өзенінің арғы қалың құмайт қабағынан бірақ шықты (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен).

Бір езуледі. а) *Күлген болды, жымиды, күлімсіреді.* Мен де күлген болдым. *Бір езулеп* әрең жымидым (Т.Иманбеков, Үш ай.). Ферма меңгерушісі алтындатқан тісін әдейі көрсетейін дегендей *бір езулей* күліп, екеуінің қолын алды (Қ.Сегізбаев, Жыл. күндері). Дағдысы ма, кемтарлығы ма, кім білсін, аузын қисайтыңқырап *бір езулей* күлімсіреді (С.Шаймерденов, Болашақ.). ә) *Сыңаржақ кетіп, қыңырланды.* «Көкшетаудан» сын *бір езулеп,* «феодалдық» қалдық іздеді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Алыпқашпа ағылшын *Бір езулеп* лепіріп, Жанкешті жанды неғысын Көнбеді тулап, көпіріп (Д.Әбілев, Алтай.).

ЕЗУЛЕН= е т. *Даурығу, өңештелу.* Ол ішінен: «Шынында мен босқа *езуленіп* жүр екенмін-ау?», – деп ойлады (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер.).

Ақ езуленді. а) *Қартайды.* Күннің аптап ыстығында үй шатырының көлеңкесіне қонақтаған *ақ езуленген* қара қарғаны ғана көрді («Қаз.әдеб.»). ә) *Екі ернеуі ақ көбіршектенді. Ақ езулене* көпіршіп, гүрілдеп жатқан тау өзені, айдаһарша бүктетіліп, дөңбекшіген көк толқын жанды түршіктірді (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

Көк езуленді. *Көпіріп көп сөйледі, мылжыңдады.* Екінші жолы ет комбинатына орналастым. Онда да сол баяғы білім-сілімді көлденең тартып, *көк езуленіп,* таза орын бұйыртпады (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЕЗУЛЕТ= е т. *Тізгінін тартқызу, жағалатып жүргіздіру.* Ықсан тізгінді *езулете* тартып, босата қоймады (М.Сүндетов, Ескексіз.). Машина әбден миы шыққан ерқашты жолды *езулете* сызып келеді (Т.Тобағабылов, Жүрегім.).

Бір езулетті. *Бір жағына қарай бұрды.* Ол астындағы атын *бір езулете* жалт бұрып, ауылға қарай құйғыта жөнелді (М.Сүндетов,

Ескексіз.). Ықсан тізгінді *бір езулете* тартып, босата қоймады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЕЗУЛЕТУ *Езулет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Езулету* дұрыс шығар.

ЕЗУЛЕУ *Езуле етістігінің қимыл атауы.* Атты *езулеумен* келеді (Ауызекі).

ЕЗУЛІ[1] с ы н. *Езуі үлкен, жайындай.*– Қысқа мойын, әрі шықшытты, *езулі* көрінеді, қайратсыз да болмас (М.Мағауин, Ақша қар).

Көк езулі. *Мылжың, мыжыма.* Көнтек ерін Қодардың қатыны, *көк езулі* Омардың қатыны, Ұлтарақ, Балға, Айнабай, Тарақ, бас қосты бір күн солардың қатыны (Б.Майлин, Шығ.).

ЕЗУЛІ[2] с ы н. *Егілген, езіп қойылған, ерітілген.* Міне, енді осы *езулі* құртты қосқаннан кейін, көжені қайта ысытып, оған қажетінше сары май, шыжық салып сапырады. Сонда әзірленген тағам әбден бабына келеді («Парасат»).

ЕЗУЛІК з а т. **1.** *Астыңғы-үстіңгі еріндердің түйіскен екі шеті.* Оның үстіңгі ернінің оң жақ *езулігінде* үлкен қара мең бар екен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). *Езулігі* серпіліп, жоғары көтеріліп қойған ұзын мұрты да соны пәтуалап «солай, я солай» деп тұрғандай (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Ауыздық тілдің үстінде және тісі жоқ *езулікте* тұрады, оның ұштары кедір-бұдыр болмайды. Мундуштук ауыздықтан сәл төмен тұрады (Ө.Жолымбетов, Айгөлек). **2.** *Шеткі, езуге жақын жиек тұс.* Дәл *езуліктерінде* айқаса біткен ақ тістері бар, мысық мұртты тұмсықтар бізге қарсы өрмелеген (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Одан кейінгілерін ішкі тістер, сыртқы тістер, *езулік* (шеткі) тістер деп айырады (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

Бір езулік. *Қыңырлық, бірмойындық.* Торсықпайдың *бір езулігі,* кеудесоқтығы, қуақылығы салған жерден аңғарылады («Қаз. әдеб.»).

Езулік дауысты. л и н г в. *Езудің қатысы арқылы жасалатын дауысты дыбыс.* Сондай сипаты бар дыбыстың бірі – *езулік* «е» *дауысты с ы* деп жалпылай айтамыз да, былайынша текстік мысалын таппай қиналамыз («Қазақст. мект.»).

ЕЗУШІ[1] з а т. *Бір нәрсені езетін, езу ісімен шұғылданушы адам.* Құрт *езуші,* май шайқаушы әжелеріміздің тәтті-дәмділерін аңсап ауылға жетуге асығатынбыз («Әдеб. майданы»). Құрткөженің дәмі, татымы әрине, оны дайындауға, яғни құрт *езушіге* байланысты болады («Парасат»).

ЕЗУШІ[2] з а т. *Қанаушы, құлдықта ұстаушы, өзгенің еңбегін жеуші.* Езілгенді құтқарып, *езушіге* сұстанып, Бауыр болып жатқанда, Ауыр болып жатқан-ды (Н.Исахметов, Ұландарым.). Осы жекеменшіктің үстемдігі жүріп жатқандықтан біреу бақытқа жетсе, біреу бақытсыздыққа ұшырайды, біреу байыса, екінші біреу кедейленеді, біреу *езуші* болса, екінші біреу езілуші болады (Б.Кенжебаев, Қза. дем. жазушы.). Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде еңбекші адамның өздерін қанаушыларға, *езушілерге* қарсы жұмсайтын қаруы, құралы болған (Б.Адамбаев, Халық дана.).

ЕЗУШІЛІК[1] з а т. *Бір нәрсені езумен шұғылданушылық,* Құрт *езушілік* о бастан-ақ әжемнің үлесі (Ауызекі).

ЕЗУШІЛІК[2] з а т. *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық.* Кейбір ориенталист ғалымдар ғана қырғыз, қазақтардың даладағы надандық, *езушілік* қақпасында күн кешкен өмірін әңгімелеген саяхатшылардың этнографиялық жазбаларын Петербургтің, Париждің, Лондонның және Берлиннің кітапханаларынан ғана оқи алар еді (Р.Мылтықбаев, Түбі бірге.). Жас драматургтердің пьесалары африкандарды отаршылдық *езушілікке* қарсы күреске шақырып, африканың бостандық алу құқығын қорғайды (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.).

ЕЗІЛ[1]**=** е т. **1.** *Суға, сұйық затқа, майға т.б. араласып ерітіліп жұмсару, мыжғылану.* «Мыжыманың» бір ерекшелігі тек сары майға (әсіресе қарындағы) ғана *езіледі.* Қазіргі дүкеннің ақ майы мен қаймаққа езген нан халық үлгісіндегі мыжымадай болмайды («Парасат»). Қоюланып *езілген* құрт қайнатылған суға қосылады да, оның сұйығы езіліп жатқан құрт үстіне қайта құйылып, тағы да езіледі («Парасат»). **2.** *Шылану, жібу, ерітіліп ағу.* Паңгерей жаңбырдың суымен *езіліп* түсе бастаған қора сылағын қолымен шұқып, басын шайқады да ішке кірді (Т.Айнабеков, Алғы шепте.). Жер *езіліп* кетіпті, қызыл асығынан батпаққа батып жүре алмай келеді (З.Ақышев, Бәрі де есте.). **3.** *Тапталу, жаншылу.* Танкінің астына түсіп *езіліп* қалатынын сезген бір топ қызыл әскер Тұрамысовтың взводы қарсы шыға келгенде қол көтеріп берілуге мәжбүр болды (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан). Осы сәттілік күн сайын тұрақты түрде қайталанатын еске алсақ, намаз оқымай жүргенде *езіліп,* жаншылып қалған омыртқаларды зақымдануынан пайда болатын аурулардың алдын алу дауасын адамдарға Алланың өзі тартқан сыйы емес пе!? («Егемен Қазақстан»). **4.** а у ы с. *Денесі дел-сал болу, бойы босаңсып қалу, мең-зең күй кешу.* Ол күні мен төсекте *езіліп* күні бойы жатып, кешке таман жатақханада сыртқа шыққамын (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Қатты тоңып қалтырап келіпті де бірден безгек қысқандай

болыпты. Жылынған соң *е з і л і п* сала берген. Қадиша қыстың ұзақ түнінде кірпік қақпады (З.Иманбаев, Қыран түлегі). Ет пен ыстық сорпа Кенженің аштығын басып, бойын жылытты. Шаршағанын сезді де, өне бой *е з і л і п,* кірпіктері айқасып, көзі жұмыла берді (Ә.Әлімжанов, Жаушы). **5.** а у ы с. *Қайғы-шер бату, мұңаю, уайым жеу.* Оның жүзінен «...Сенің шешең бар, әжең бар. Еңсеңді, көтер, *е з і л м е!*» деген адал достығын оқитындаймын (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Сөзінің аяғын айта алмады, қыстыға өксігенмен, көзінен жас шықпады, бірақ бүкіл жан-тәнімен *е з і л е* жылағаны анық еді, тұла бойы дірілдеп кетті (С.Балғабаев, Шөл). Тыңдасаң қарттардың сен шежіресін: Жылайсың егілесің, *е з і л е с і ң.* Қалғисың, міз бақпайсың, көз ілесің, Шошисың, түршігесің безінесің (Ж.Сәтібеков, Сырлы қайың).

Бордай езілді. *Көңілі қатты босап, егілді.* Иә, өлгенмен бірге өлмек жоқ. Кейінгі кішкентайларының тілеуін тіле. *Б о р д а й е з і л г е н і м і з д е н* келер пайда не, Бәке, – деп басу айта бастағанын аңдап, әл сергіп қалды (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Езілген какао. т а м а қ. *Какао бұршақтарын қабықтарынан тазалап, құырып және ұнтақтап алынған өнім. Е з і л г е н к а к а о* жоңқа, ұнтақ және сұйық күйлерінде өндірісте шығарылады, түсі қара-қоңыр, ал қатып қалған кезінде қыңыр болады. 16-18^0 С температура аралығындағы – қатты, ал 40^{0}С-та қоймалжың күйге енеді (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Езілген құрт. э т н. т а м а қ. *Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін астауға салып ұнталып, келіге түйілген немесе қол диірменге тартылған кепкен құрт. Е з і л г е н қ ұ р т т ы ң* таусыншақ түйіршіктерін малта дейді, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарға шыққан адам оны ауызға салып суын жұтса, ол әрі сусын, әрі қорек болады (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Езіліп пісті. *Жұмсақ болып, әбден балбырап пісті.* Өз буына *е з і л і п п і с к е н* еттің дәмділігінде баға жоқ (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Емешегі [еметайы, емешейі] езілді. *Еміренді, елжіреді, пейілі түсті.* Ағайдың айдаладағы жалаңаяқ қаңғыбасқа неғып бүйтіп *е м е ш е г і е з і л е* қалғанын біздің көкем ұғына алмайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). «...Селк етқізгенін қарашы. *Е м е ш е г і е з і л і п* бара жатқан кім, түге?» – деп ойлады Доскей (Д.Досжанов, Зауал). Марқакөлден келген кім екен? Ол жақта мұны сонша іздеп келетіндей, *е м е т а й ы е з і л г е н* ешкім жоқ еді ғой, – деп ойлады Доскен (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Апырай дейтін ештеңе жоқ, балаң күндіз бір дөң астында жүрсе, оған *е м е ш е й і ң е з і л е* қоймас (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

Еңсесі езілді. *Көңілі қайтты, кеудесі басылды, ұнжырғасы түсті.* Оңаша шымылдық ішінде сымбатты да сұлу қызға тіл қатуға шамасы келмей, мысы құрып, *е ң с е с і е з і л г е н* пасық та ез, адамдық мүсіні болмаса бір ісі де жоқ күйеу жігітке ызаң келсе, күнәсіз қыздың өршіл мінезіне әрі аянышпен, әрі қызыға қарайсың («Лен. жас»). Сөйтіп, жеке адамға табыну дәуірін, неше түрлі қуғын-сүргін кезеңін бастан кешіріп, *е ң с е с і е з і л і п,* рухы жаншылып, көзі қорқып қалған сол заманның төл перзенттерінің бейнесі біздің әдебиетте осылай пайда болған еді («Жас Алаш»).

Ет жүрегі [жүрегі, жаны] езілді. а) *Елжіреді, еміренді.* Кейде қыздың тәтті қылықтары есіне түсіп, *е т ж ү р е г і е з і л г е н д е й* болады (С.Ләмбеков, Әке жолы). Нәрестедей күнәсіз қарындасының әлгі бір түншыға жылаған үнін есіне алған сайын *е т ж ү р е г і е з і л і п,* елжірей түсті (Т.Әбдіков, Көкжиек). Арап былтыр Жаяу мен Әбілдаға Күнбөпені айтып мақтағанда *ж ү р е г і е з і л і п* есінен танып қала жаздап еді (З.Ақышев, Жаяу Мұса). ә) *Уайымдады, қайғырды, мұңайды.* Әжем әлсін-әлсін жаулығының ұшымен көзін сүртеді. Іштен шыққан құлынының алыс сапарға, ауыр сапарға аттанып бара жатқанына ана *ж ү р е г і е з і л г е н д е й* (А.Мекебаев, Бойжеткен). Ол жағының бәрі жұмбақ Дәулетке. *Е т ж ү р е г і е з і л г е н* бала ауыр күрсініп кемпірдің қасынан тұрып кетті (Ж.Еділбаев, Буырқан.). Қобыз күйін тас жұтты, *Ж а н ы* елжіреп *е з і л г е н.* Таулардан да жас шықты, Боздағанда боз інген (С.Мәуленов, Бозқырау). Арбаның үстінде отырған кісі Хайдардың әкесі емес, ылғи бөтен боп шыға береді. Баланың *е т ж ү р е г і е з і л і п,* жүдеп, мұңайып қалады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Мидай езілді. *Әбден шыланды, ми батпаққа айналды.* Дала еріген қар суына жібіп, *м и д а й е з і л і п* жатты (З.Қабдолов, Жалын).

Іші-бауыры [ет бауыры, іші жаны] езілді. а) *Мейірленді , жаны ашыды. І ш і - б а у ы р ы м е з і л і п* түрса да, Оразбектің кешегі сөзін ойлап, жыламауға бекіндім (Н.Ғабдуллин, Өмір). Дереу олардан бергі партадағыларға көз тастап, біртүрлі *і ш і м е з і л і п* аяп кеттім (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Бірақ дүниеқорлыққа салынып, рухани байлықтың кедейленуін көргенде *е т б а у ы р ы ң е з і л е д і* (О.Сағынаев, Ұзақ жол). – Отыра ғой. – Біртүрлі *і ш і м е з і л і п* аяп кеттім. Дереу олардан бергі партадағыларға көз тастадым (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Тіпті адам туысына да дәл осылай елжіреп, *е т б а у ы р ы е з і л м е с - а у!* (Б.Тілегенов,

Аққайнар). ә) *Көңілі босады, жақсы көріп кетті.* – Аспандағы айымсың, жердегі гүлімсің? – деген еді ғой Жетібасар. *І ш і-б а у ы р ы е з і л і п,* елжіреген еді-ау! (Р. Райымқұлов, Қызайна). – Әлгі кішкентай ақ патша қайда? – деп, өзінше Жұлдызжанға да *і ш і-б а у ы р ы е з і л і п* бара жатқандай сырттан баяғыша салдырлап кірді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). б) *Қатты қиналды, мұңайды, қайғырды.* Бір ай емес, бір жыл емес, жиырма жыл көріспеуге қалай шыдарын білмей *б а у ы р е т і е з і л і п* дал боп қалды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Өлгенін Поридонның енді білді: *Е з і л і п і ш і-б а у ы р ы* егітілді. «Арман жоқ Алла ісіне, о, дарих!» – деп, Киініп қаруларын қарына ілді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕЗІЛ[2]**=** е т. а у ы с. *Жұмсақ болып, балбырау, ылжырап пісу.* Ауру балаға *е з і л і п* піскен ет, сорпа, сүйық ботқа беріп, компот, кисель, сүт, л и м о н с а л ы п, ш а й і ш к і з у г е б о л а д ы (С.Нұрғожаев, Балалар.). Бұтаны, тасты ұйпалап, Тартып жүр жайпап трактор. *Е з і л і п* піскен құйқадай, Ырсиып қалды тулақ қыр (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Өз буына *е з і л і п* піскен еттің дәмділігінде баға жоқ, таңдайыңа салсаң болды, еріп кетеді (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

ЕЗІЛ[3]**=** е т. *Еңбегі еш болып қаналу, таптың, елдің т.б. өктемдігінің әсерінде, қол астында болу.* Ұлт теңдігі дегенді *е з і л г е н* ұлттан өзгелер бағалай алар ма екен? (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ғани өзі *е з і л г е н* жақтың адамы болғандықтан жастығына қарап шыдап тұра алмай, күрес майданына түсті (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Ауруынан айыққан Шоқанның ендігі мақсаты, өзінің *е з і л г е н* қараңғы халқына іс жүзінде көмек көрсетпек еді (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). //т а р. *Қаналушы тап.* Үкіметтің реакциялық ішкі саясатын айыптаған, *е з і л г е н д е р д і* саяси күреске шақырған революциялық листовкалар 1905 жылы 8–9 июньде Семейден табылды («Қазақст. мект.»).

ЕЗІЛГІШ с ы н. **1.** *Езіліп кеткіш, тез әрі оңай еритін (зат).* Қара сабын әдетте *е з і л г і ш* келеді («Лен. жас»). Ас тұзы суда тез *е з і л г і ш* келеді («Қазақст. мұғ.»). **2.** а у ы с. *Елжірегіш, мейірленгіш.* Ағайдың осы *е з і л г і ш,* еміренгіш мінезінен Жатыпатар көп шарапат көрді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Бұл адамдар бір уақытта – болаттан да мықты ғой, Бұл адамдар бір уақытта – *е з і л г і ш* қой бордан да (Қ.Мүсірепов, Раушан.).

ЕЗІЛДІР= е т. *Суға шылатып жұмсартқызу, мыжғылату.* Бұл сіркіреудің соңы жер бетін *е з і л д і р е т і н* ақ жауынға айналып тұр (Қ.Исабаев, Арман.).

ЕЗІЛДІРУ *Езілдір етістігінің қимыл атауы.* **≈** Жер бетін *е з і л д і р у.*

ЕЗІЛТ= е т. **1.** *Суға шылатып мыжғылату.* Жер бетін *е з і л т е т і н* ақ жауын күні-түнімен толастамай жауды («Қаз.әдеб.»). **2.** а у ы с. *Еміренту, елжірету.* Аңырма, а н а ш ы ң д ы к ө ш і р м ұ н д а, Жүрегін жалғыздықпен шошындырма. Табамыз пәтерді де, көтер, бойды, Жаныңды *е з і л т п е ш і* осы мұңға (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Жасыратыны жоқ, жан-жүрегіңді *е з і л т е р* осындай жағымсыз жайттар соңғы 20-30 жыл аралығында барынша белең ала бастағанын мойындауымыз қажет («Түркістан»).

ЕЗІЛТУ *Езілт етістігінің қимыл атауы.* **≈** Жанын *е з і л т у.*

ЕЗІЛТІП-ЕГІЛДІР= е т. *Жылатып-сықтату, қайғыртып-мұңайту.* Көрер таңды көзімен атқызар жанды жылатып-еңіретпей, *е з і л т і п-е г і л д і р м е й,* көңілін аулап жұбату сөз айтты («Лен.жас»).

ЕГІЛТІП-ЕГІЛДІРУ *Езілтіп-егілдір етістігінің қимыл атауы.* Ол түні бізге ұйқы жоқ. Жылатып-еңіретумен, *е з і л т і п-е г і л д і р у м е н* өрелі таңды көзімнен атқыздыратын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕЗІЛТІП-ЖАНШЫЛТУ *Езілтіп-жаншылт етістігінің қимыл атауы.* **≈** Шынжыр табанмен *е з і л т і п-ж а н ш ы л т у.*

ЕЗІЛТІП-ЖАНШЫТ= е т. *Қанаушылыққа ұшырату, құлдықта жүргізу.* Халықты қан жылатып *е з і л т і п-ж а н ш ы т т ы* («Қаз. әдеб.»).

ЕЗІЛУ[1] *Езілу*[1] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ылжырау, еру, шылану.* Бұл көбінесе топырақты *е з і л у д е н* сақтайды (М.Сабыров, Бөгет салу.). **2.** *Мылжалану, жаншылу.* – Бұнда сынық жоқ, бұл тек сіңірінің созылып, етінің *е з і л у і* ғана сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** а у ы с. *Елжіреу, егілу, қиналу.* Ол сонда талай жыл жолдас болған жарына жаны ашып, *е з і л у м е н* болды (Қ.Жүсіпов, Бір әйел.).

ЕЗІЛУ[2] *Езіл*[2] *етістігінің қимыл атауы; қиналу, бодандықта болу.* Бірінші бағыттың өкілдері халықты ғылым-білімді үйренуге, феодалдық мешеулік пен отаршылдық *е з і л у д е н* азат болуға шақырады (XX ғ. қаз. ақын.).

ЕЗІЛУШІ з а т. т а р. **1.** *Үстем тап бодауы мен қанауындағы әлеуметтік-саяси жағдайы төмен тап.* Езушілер мен *е з і л у ш і л е р д і ң* мүдделері бір-біріне қарсы, ымыраға келмейтін мүдделер (КПСС тарихы). **2.** *Езіліп келген, қанауда болған.* Сондықтан Жайнақов пен Бокиннің арасындағы көп жылға созылған дұшпандық – ауылдағы езуші, *е з і л у ш і* таптың қарама-қарсы күресінің бейнесі деп түсіну керек (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Егер біз бұл адамдардан аулақ болатын болсақ, онда *е з і л у ш і* атаулының бәрі бізге келеді (В.И.Ленин, Шығ.).

ЕЗІЛУШІЛІК з а т. *Езілгендік, қаналушылық.* Мұны өздерінің бұрынғы *е з і л у ш і л і к* жағдайына қайтып оралуға мәжбүр ету үшін пайдаланды (К.Маркс, Таңд. шығ.).

ЕЗІЛІҢКІ с ы н. *Езіліп жүрген, дел-сал болған, марғаулау.* Сол күні көкпар тартысында додаға түсіп, қалжырағаң адамдай біраздан бергі *е з і л і ң к і* еңсем аяқ астынан жеңілдеп, көңілім қуанып, реңім құлпырып кетті (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЕЗІЛІП-ЕГІЛ= е т. *Жылап-сықтау, қайғыру, уайымдау, мұңаю.* Қосбармағын, Қосбармағы емес-ау қос қанатын *е з і л і п-е г і л е* отырып есіне алды (А.Сейдімбеков, Ақиық). Нағима жолдасы мен үлкен ұлын қатарынан майданға аттандырып сап, өзі үш бірдей жас баламен қала тұрса да, *е з і л і п- е г і л м е й,* белді бекем буып қайрат көрсетті («Қаз. әдеб.»).

ЕЗІЛІП-ЕГІЛУ *Езіліп-егіл етістігінің қимыл атауы.* Ол түні сосын маған ұйқы жоқ. Жылап-еңіреумен, *е з і л і п-е г і л у м е н* өрелі таңды көзіммен атқыздым (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕЗІЛІП-ЖАНШЫЛ[1]= е т . **1.** *Тапталып, жаншылып мыж-мыж болу.* Алдыңғы қатардағылар шынжыр табан астына түсіп *е з і л і п-ж а н ш ы л ы п* қала берді («Білім және еңбек»). **2.** а у ы с. *Қанаушылықта болу, құлдықта жүру. Езіліп-жаншылған,* ең революцияшыл тап – пролетариат тарихта тұңғыш рет өзінің дербес марксистік партиясының басшылығымен революцияға араласты («Қазақст. комм.»). Янушкеевичтің күнделіктері Европаны Қазақстанмен, қазақ халқының өмірімен таныстырды, Европа оқушыларының *е з і л і п-ж а н ш ы л ғ а н* халықты демократ-гуманистің көзқарасы негізінде тануына көмектесті («Қазақст. мект.»). **3.** а у ы с. *Еңсесі көтерілмей меңзең күйде жүру.* Шынында, Сардар соңғы кезде неге екені белгісіз, батпандап жүк арқалаған адамша қары салдырай шаршап, өз-өзінен *е з і л і п-ж а н ш ы л д ы* да жүрді (З.Қабдолов, Жалын).

ЕЗІЛІП-ЖАНШЫЛУ *Езіліп-жаншыл[1] етістігінің қимыл атауы.* Табан астында қалып *е з і л і п-ж а н ш ы л у д а н* сақтады (Ауызекі).

ЕЗІЛІС[1] з а т. *Мейірленген сәт, елжіреген күй.* Осындай ойлар үйтқып өзін қысты. Көрген жоқ көптен мұндай *е з і л і с т і.* Дуылдап тұла бойы аунады қыз, Тұтанды тұнып жатқан сезім күшті (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

ЕЗІЛІС[2]= е т. *Қосыла мейірленісу, елжіресу.* Аянышты жағдайын көріп, ата-анасы *е з і л і с т і* (Ауызекі).

ЕЗІЛІСУ *Езіліс етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е з і л і с у* не береді?

ЕЗІМ: **бір езім**. *Бір рет езуге жарайтын.*– Байым арбаңнан құлап мертігіп жатқанда, *б і р е з і м* құрт та бермегенсің (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЕЗІНДІ з а т. *Бір нәрсенің езілген, сүйылған күйі, ерітінді.* Көшеттер 10–15 данадан шоқталып буылады, тамыры саз балшық *е з і н д і с і н е* батырып алынып, жәшік түбіне тікесінен қойылады (А.Жанғалиев, Бағбан.). Кейде іскен желінге сүт пен езген тас көмірдің немесе уқорғасынның *е з і н д і с і н* жағатын болған (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Хина қабығының *е з і н д і с і* қызыл күрең түсті сұйық зат (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа). **2.** м е д. *Емдік т.б. қасиеті бар арнайы мәзірімен дайындалатын қоймалжың немесе сұйық зат.* Омелен – ақ омельдің жапырақтарынан жасалған қою *е з і н д і* (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). **3.** т а м а қ. *Езіліп, сұйық затқа еріткіліп өзірленетін тағам түрі.* Картоп *е з і н д і с і н е н* ішіне ет салып, бірнеше домалақ жасайды. Тұзды суда 20 мин қайнатады («Парасат»).

ЕЗІҢКІРЕ= е т. *Езе тұсу, көбірек езу.* Кейде жылдам қимылдаған саусақтары сиырдың емшектерін *е з і ң к і р е п* жібереді-ау деймін шамасы қызыл сиыр басын қақшаң еткізіп, артқы аяғын көтеріп қалады (Ә.Жылқышиев, Өмір жыры.).

ЕЗІҢКІРЕТ= е т. *Ездіре тұсу.* Қатқан құртты айранға салып *е з і ң к і р е т т і* («Лен. жас»).

ЕЗІҢКІРЕТУ *Езіңкірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құртты *е з і ң к і р е т у.*

ЕЗІҢКІРЕУ *Езіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Топырақты *е з і ң к і р е у.*

ЕЗІП-ЖАНШУ *Езіп-жаншы етістігінің қимыл атауы.* Кедей-кембағал мен ғаріп-ғасырды *е з і п-ж а н ш у* келмеске кетті («Әдеб. майданы»).

ЕЗІП-ЖАНШЫ[1]= е т. **1.** *Үстінен басу, таптау, мыжу.* Шіркін, мынау наркоспақ жалдан бір асса, ар жағынан қыземшек төбе де көрінер еді, сосын қос өкпесін *е з і п-ж а н ш ы п* бара жатқан тепкіден де құтылар еді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Адамның ауырған жерін аямай езетін дәрігер сияқты Әскербек пианиноның келіспеген жерлерін күшпен тұншықтырып, *е з і п-ж а н ш ы п* жібергендей болды (Ә.Тәжібаев, Жағанов әңгім.). **2.** а у ы с. *Еңсені көтертпеу, үнжырғасын түсіру.* Азалы хабарды ала келген сұмырай түн үстімізден *е з і п-ж а н ш ы п,* албастыдай басып тұрғандай болады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Желкесін бақсан сұм дүние салмағы Мейізгүлді *е з і п-ж а н ш ы п* бара жатты (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЕЗІП-ЖАНШЫ[2]= е т. *Қанау, құлдықта ұстау.* Әбдіштер әйелді құлданып үйренген тұқымдар: жалғыз әйел емес, кәріп-кәсірлерді *е з і п-ж а н ш ы п,* күшін пайдаланып, біреуін екеу қылып, байып отырған тұқымнан шыққандар

(Б.Майлин, Шығ.). Патшаның қазақ халқын екі жүз жылдай *е з і п-ж а н ш ы п* келгені өзінің терең зардабын қалдырған еді (Ш.Өтепов, Өшп. жалын).

ЕЗІП-ЖАНШЫТ= е т. **1.** *Үстінен бастырып мыжғылату.* Ауыр жүктің астында *е з і п-ж а н ш ы т а* ма деп қорықты («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Қанауға ұшырату, құлдықта ұстату.* Ұзақ жылдар *е з і п-ж а н ш ы т т ы* (Ауызекі).

ЕЗІП-ЖАНШЫТУ[1] *Езіп-жаншыт етістігінің қимыл атауы.* Себебі ол әділетсіз қоғамда қанаушылық, еңбекшілерді *е з і п-ж а н ш ы т у* үстем таптың айнымас серігі екенін әлі жете ұғынбайтын (Жүректерде жатталған).

ЕЗІС= е т. *Сұлап жұмсартысу, мыжғыласу.* Қыздар әжесіне құрт *е з і с т і* (Ауызекі).

ЕЗІСУ *Езіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балшықты *е з і с у.*

ЕЙ о д. *Танымайтын біреуді немесе онша ұнатпаған адамын өзіне қарату үшін немесе оның назарын өзіне аудару үшін айтылатын дыбыстық ишарат. – Е й,* ант атқан, бері кел! (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). – *Е й,* сендер бұл жерде не істеп жүрсіңдер? (Қ. Әміров, Революция.). – Әлмембеттің ішіндегі әңгімеде сенің нең бар, *е й?* (F.Мұстафин, Дауыл.). – Жұлқынып жүрген бұл кім, *е й?* (С.Алдабергенов, Алға).

ЕЙ-ЕЙ о д. *Ескертуді, құптамауды білдіретін ишарат сөз. Е й-е й,* мұның не, орнынан қозғама (Ауызекі).

ЕК[1]= е т. **1.** *Егін егу, тұқым себу; өсімдік өсіру, отырғызу.* О баста біреу осы жерге қоныс салармын деп *е к т і* ме екен, әлде өзі шықты ма екен: бұтағы бойын көміп, арық бойында андағайлаған ағаштар тұр (Б.Майлин, Шығ.). Суды күріш *е к к е н* жерге арықпен жібереді. Арықтары керек-керегінде суды жіберіп, керек етпес тоқтатуға ыңғайланып істелген (А.Байтұрсынов,.. Оқу құралы). Онда жемшөп мәселесі де шешіледі. Қара бидайды *е г і п,* ол арқылы мал азығының берік қорын жасауға болар еді (М.Неталиев, Үлкен жол). Екеуі Жем жағасына тары *е к к е н д е р д і ң* маңына барып, қолғабыс тигізіп жүрген (Н.Оразов, Достар.). **2.** вет. *Малды қолдан ұрықтандыру.* Диқандар тұқымды көктемде сепсе, шопандар күйек алу үшін күзге *е г е д і.* Ендеше түсімнің молдығы осыған байланысты (Жас қайрат). Сондықтан ғылымның кеңесі, практиканың көрсетуі бойынша күтім, күйі жақсы құнажандарды он алты-он сегіз айлық кезінде *е г і п* ұрықтандырып жіберу өте қажет (Ә.Нұршайықов, Жер тур.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсені (ғылым-білімді, ойды, идеяны т. б.) елге (көпшілікке) үгіттеу, насихаттау, санаға сіңіру.* Қараңғы далаға, адам баласына от берген Прометей сияқты Абай «жарықтың шақпақ отын» жағып, еліне адамшылықтың қасиетін *е г е д і* (А.Тоқпанов, Бүгінгі күн). Осы екеуін де, жауға деген өшпенділік пен Отанға деген сүйіспеншілікті айтамын, мен қол астымдағы әр жауынгердің, әр командирдің жүрегіне *е к т і м* (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

Білімнің дәнін екті. б е й н. *Білім берумен, ағартушылықпен айналысты.* Қазақ топырағына *б і л і м н і ң* алғашқы *д ә н і н е к к е н* Ы.Алтынсарин ақындар мен жазушылардың әлі талай рет оралатын тақырыбы (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі).

Қуаныштың гүлін екті. *Көңілін көтерді, қуанышқа, шаттыққа бөледі.* Ойлар, ойлар! Бірінен соң бірі кеп, Әр ойыңның білдіретін сыры көп: – Әр адамға мейірлі бол, жылы бол, Әр жүрекке *қ у а н ы ш т ы ң г ү л і н е к* (Ш.Садықанов, Мұрат).

Нені ексең, соны орасың. *Еңбегіне қарай зейнеті болады немесе әрбір істің, ниеттің т.б. нәтижесі мен салдары сол іске, ниетке т.б. қарай көрінеді деген мағынада.* Таза жоқ тата шықпайтын күмісінен, Өзінің әркім риза жүрісінен. Бір шаттық, бір қапалық – екеуі егіз, «*Нені ексең, с о н ы о р а р с ы ң*» деген нақыл, Таппай ма әркім өзі тірісінен («Жалын»).

Өлім [уын] екті. п о э т. *Қырып-жойды, өлтірді.* Үсті-басы арандай оқ жаудырып, *ө л і м е г і п* келе жатқан жау танктерінен ол сескенген де жоқ! (Ол күндер.). Суарып қанмен даланы, *Ө л і м е к п е к* болады. Дүниеде барлық баланы Жетім етпек болады (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Енді сәл кешіксе бұл титімдей қатерлі жәндік нардай жігіттің денесіне *ө л і м у ы н е г і п* кетуі кәдік (Ә.Әзиев, Жез тау.).

ЕК[2]= е т. м е д. **1.** *Белгілі бір аурудан, індеттен алдын ала сақтандыру, қорғау және адам мен жан-жануар ағзасының қорғаныс қабілетін арттыру үшін қанына сол аурудың таяқшасын (тұқымын) жіберу.* Кенжебек осыны ерте ойлап, сиырларды оқыраға қарсы ойда бір, жайлауға көшер алдында тағы бір *е к к е н.* Оқыра осымен жойылды (У.Қыдырханов, Шаңқай түс). Ә дегеннен-ақ, өкпеге суық тигенін айтып, дененің ыстығын қайтаратын дәрісін *е к т і* (Ә.Әлішев, Батыр.). Шешесін қимай қайғыра қиналған Нұрлан Айжанға көз қиығын тастап еді, терезе алдында дәрі *е к п е к* болып, шприцін дайындап жатыр екен, естімеген тәрізді (З.Шашкин, Сенім). Қандай ауруға қарсы *е к с е* де, негізгі мақсат адам организмінің сол ауруға қарсыласу қасиетін күшейтіп, оны қабылдау мүмкіндігін азайту болып саналады (М.Сисекенов, Демікпе ауру.). **2.** в е т. *Белгілі бір мақсат үшін жан-жануардың ағзасына қажетті зат (қан т.б.) ендіру.* Леггорнның ақ тауығына австра-орп тауығының қанын *е к к е н* (Ж.Әбиев, Биология.).

Шешек екті. *Жас сәбиді шешек ауруынан қорғау үшін ағзасына ауруға қарсы иммунитет тудыратын сол аурудың таяқшасын жіберді.* Ол айтты: біз жасаушы, Ел аралап келеміз. Қорасаннан құтқарып, балаға *шешек егеміз* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Фельдшер Миколай кепті, Лауына екі сары ат жекті. Екі әйелдің ішін қарап, Он балаға *шешек екті* (Ж.Сыздықов, Белестер).

ЕКЕ-КЕУ од. э к с п р. *Аха-хау, охо-хой деген сияқты қуануды білдіретін одағай сөз.* ≈ *Е к е-к е у,* шіркін. // *Ойын-күлкі, сауық-сайран.* Жұрт айтатын әннің, күйдің, думанның «аха-хау», *«е к е-к е у д і ң»* жел мінезді Майрасы емес, парасаты мен ұяты да бар, ар мен адамшылық нәр бар көкірек иесі жан боп көрінді (Д.Әбілев, Арман.).

ЕКЕЛЕС= е т. с ө й л. *Сөйлесу, түсінісу, ұғынысу; «еке», «еке» десу.* – Уа, Көтібар, ажарлығыңда баға жоқ. Дауың Маман болса, жапсарлас елсің, *е к е л е с е* жатарсыңдар («Қаз. әдеб.»).

ЕКЕЛЕСУ *Екелес етістігінің қимыл атауы. Е к е л е с у м е н* жай-жапсарын сұрасты (Ауызекі).

ЕКЕН= е т. *«Е» көмекші етістігінің өткен шақ есімше формасы.* Ол Қарақияның күншығысындағы жұртқа жеткенде Үркер, Үшқар, Сүмбілелер құлдилап етекке барып, таң да сібірлеп келеді *е к е н* (Х.Әбішев, Аспан сыры). Ауылға жақындағанда жас жігіттерге жат көрінген бір нәрсе, бұл ауылдың барлық жаны топталып, шеткі үйдің сыртына жиылып бұларды күткендей болып тұр *е к е н* (М.Әуезов, Қараш.). Ырғыз бен Торғайда көшіп жүрген Кенесарыны жоқ жерден бұл араға келе қояды *е к е н* деп күтпеген патша әскері қапыда қалады (І.Есенберлин, Қаһар).

Бар екен де жоқ екен. *Болған-болмағаны белгісіз деген мәндегі, ауыз әдебиетінде қолданылатын дәстүрлі тіркес. Б а р е к е н д е ж о қ е к е н,* Ертек-ертек екен, Ешкілері бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрықтары ұзын екен (Қаз. ертегі.).

Бір кісідей бар екен. *Сыйлауға тұрарлық азамат деген мағынада.* Жігітім, өзің бір жас дана екенсің, Ақылың *б і р к і с і д е й б а р е к е н с і ң,* Асылды жұрт білмеген сен таныдың, Жасыңнан дүние көрген жан екенсің (Н.Ахметбеков, Амагелді).

Мұң екен. *Жалма-жан, іле-шала, артынша.* Ебейсіннің үйден шығуы *м ұ ң е к е н,* Қаратаз қарқылдап үйді басына көтеріп күлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қыз әуелі жігіттің өзінен бұрын сөзін көрді. Газет бетінің етек жағына басылған шағын поэмаға көзі түсуі *м ұ ң е к е н,* оқып шыққанша бас ала алмады (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Неге екені белгісіз. *Түсініксіз; айқын емес деген мағынадағы баяншының күйін білдіретін қыстырма сөзқолданыс. Н е г е е к е н і б е л г і с і з,* жақсы білетін фельдшерді бұл жолы Жанша «доктор» деп тіл қатты (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Н е г е е к е н і б е л г і с і з,* бір халықтың тілі арқылы өз ана тіліңді тереңірек білуге болады екен деген көзқарас кең тараған («Қаз. әдеб.»).

Неге [неліктен, неден] екенін кім білсін [түсінбеймін, білмеймін]. а) *Түсініксіз, белгісіз деген мағынадағы баяншының көңіл-күйінен хабар беретін қыстырма сөзқолданыс.* Осы жерге түсінбей, Ойға шомды шал қайғы. *Н е г е е к е н і н к і м б і л с і н?* Кітап ашты, бал жайды (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). ә) *Себебі белгісіз. Н е л і к т е н е к е н і н е* осы күнге дейін өзім де *т ү с і н б е й м і н* (З. Шашкин, Өмір.). *Н е д е н е к е н і н б і л м е й м і н,* көк құсым бір түнде ауырып шықты (Ш. Айманов, Қыран.). *Н е г е е к е н і н т ү с і н б е й м і н,* сендерден хат жоқ. Сенің үйіңнің адресіне де жаздым, білмеймін алдың ба, жоқ па? Алматылықтар қалай жүріп жатыр (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

Сол-ақ [сол] екен. *Іле-шала, тез. С о л-а қ е к е н,* екі солдат бастан асыра автоматтарын бытырлата атып жіберді (Қ.Исабаев, Ажал.). *С о л-а қ е к е н:* «Сөйлеңіз!» «Сөйлеңіз!» – деген дауыстар көбейіп кетті (М.Тиесов, Әңгім.). *С о л-с о л-а қ е к е н* Жұмашқа: – Ал, дайындал. Оқта сақпаныңды! – деді Шойтық (Н.Сералиев, Намыс).

ЕКЕНШЕ з а т. ж е р г. *Екі ен етіп тігілген кішірек қап.* Кеспелтек қаптар, енсіз *е к е н ш е л е р,* далиған дағарлар әділет таразысына тартылып, сақырлап қант, бұрқылдап ұн өтіп жатты (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕКЕР з а т. э т н. *Ағаш ертоқым.* Ағаштан ашамай, *е к е р* қосатын ұсталар көшпелі ел тұрмысында елеулі қызмет атқарған (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

ЕКЕСТІ с ы н. *Есі онша дұрыс емес.* Түптұнық тұңғиыққа батып бара жатырмын, екі дүниенің шекарасында тұрған *е к е с т і* адам секілдімін (Б.Мұқаев, Өмір.). // *Есі дұрыс емес, ойланбайтын адам.* Қара басының қамы үшін ақиқатты құрбандыққа шалып, өзін-өзі ұстап беретін *е к е с т і л е р* түгіл, туралықты пір тұтатын сыншыларымыз оның төбесіне әңгіртаяқ ойнатуға даяр отыр (Ж.Әбдірашев, Парасат.).

ЕКЕУ с а н. **1.** *«Екі дана», «жұп» мағынасындағы жинақтық сан.* Қаншайым Қасымның қарына асылып келеді, *е к е у і н і ң* де бір-біріне тіл қатуға шамасы жоқ (Ө.Қанахин, Мұрагер). Күш атасын танымайды. Кәне күресіңдер, деп қоңқақ мұрын *е к е у м і з д і* құшақтастыра

салды (Б.Соқпақбаев, Менің атым). Кәне, кәне, санайық, Санын біліп алайық? Біреу, *е к е у*, үшеу, төртеу, бесеу, Қолымда сонда саусағым нешеу? (Ж.Смақов, Біздің тақпақ.). **2.** *Әлдебір (белгісіз) екі адам (кісі).* Есіктің алдында *е к е у* тұр. Бірі – трест инженері Кулевакин (С.Ерубаев, Шығ.). Алыстан сәлем беріп, Құнанбайдың алдына тақап келген бұл *е к е у д і ң* біреуі сақалына бурыл кірген Дәркембай (М.Әуезов, Абай жолы). Көп ойлана қоймай келе жатқан *е к е у* бар, бірі комбинаттың кадр бөлімінің бастығы да, екіншісі – Темірхан (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Шығанақ керек болса немістерге керек шығар, бізге қажеті шамалы деп сондағы облыс басшылығының әлгі *е к е у д і ң* қасына атқосшылыққа қосқаны – облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары мен аудармашы екі жас қыз еді («Егемен Қазақстан»).

Біреуден екеу, екеуден үшеу болды. *Уақыт өткен сайын үздіксіз көбейді, арта түсті.* Қашан да көз – қорқақ, қол – батыр. Еуразия тарихында өшпес із қалдырған ұлы «Түрік қағанаты» бір заманда табағаштардың қол астында езгіге түсіп, тоз-тоз болған түріктердің «біздің өз елдігіміз, ерлігіміз қайда»? деп сұрақ қойып, *б і р е у д е н е к е у, е к е у д е н ү ш е у болып*, бірте-бірте бас біріктіріп күреске шығуы нәтижесінде құрылды («Жас Алаш»).

Біреуді екеу деген кезі жоқ. *Ешқашан өтірік айтпады, әділетсіздікке бармады, зиян келтірмеді.* Мен саған құл боп баста-ақ тумасам да, Бетімнен күнә шаңын жумасам да, *Б і р е у д і е к е у д е г е н* кезім *ж о қ* қой, Мүсірке мені тәңірім анда-санда (Шығыс жұлдыздары).

Біреуі [бірі] екеу болды. *Көбейді, өсті.* Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер, Диханшылар жер жыртып, егін егер. Шаруаның *б і р е у і е к е у б о л ы п,* Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (Абай, Тол. жин.). Ол көп іздеген береке өз жерінде табылды. Малының *б і р і е к е у б о л ы п* өсті («Қаз. әдеб.»).

Екеу болды. *Қос көрінді, бұлдырады.* Бұрынғы шырқап салар дауыс та жоқ, Қарлығып шіркін дауыс тұрып алды. Қарыс жерде қарайған *е к е у б о л ы п,* Кілкілдеп көздің алдын ірің алды (Ақын жырлары).//*Жұптасты, отбасын құрды, үйленді.* Келгендей қайта оралып бала кезім, Кей кезде құстай түлеп қалам өзім. Барамын құшағыңа *е к е у б о л ы п,* Қолтықтап қазақтың бір қара көзін (Ө.Жайлауов, Шопан.).

Екеу болу. *Отбасын құру, үйлену.* Мадияр ыңғайсызданып, шарасыздан жымия күлді: – Жас адамға *е к е у б о л у* қиын ба? (С.Омаров, Өмір асу.).

Есін екеу, түсін төртеу қылды. *Есеңіреп жіберді, есін шығарды.* Қуаңшылық мыңғырған малы бар дәулетті қазақтардың, күш-көлік үшін көбіне қора-қора ірі қара ұстайтын орыс қулақтарының *е с і н е к е у, т ұ с і н т ө р т е у қ ы л д ы* (М.Ысқақбаев, Қырық қыз.).

ЕКЕУАРА үс т. **1.** *Екі адамға ортақ, екі кісіге бірдей.*– Бізге қосылғысы келмегендері *е к е у а р а* бір ат мініп, қалған аттарын тастап елдеріне қайтсын (І.Есенберлин, Алмас. Бұларға мейман қылып мал сояды, Алдында *е к е у а р а* ас қояды. Құп сыйлап, жақсы қызмет көрсеткен соң, Қырық жігіт разы боп тояды (Батырлар жыры). Таң сібірлегенде *е к е у а р а* бір-бір жалауға ие болдық (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). **2.** *Екеуінің арасында ғана, өзара екеуінен басқа ешкімге қатысы жоқ.* – Сол қалпы, – деп жымиды, өзінің Жомартпен *е к е у а р а* болатын дау-таластарын есіне алған Асқар (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Жұрт леклек болып, еңселі клубқа қарай ағылады. Өздерінше *е к е у а р а* даурығып, әңгімелесіп барады (С.Әбдірайымов, Шығ.). Ол *е к е у а р а* болған әңгімені таразыға салып, мысқалдап бірде-бір сөзді шашау шығармай талдап шықты (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

ЕКЕУДЕН үс т. *Екі-екіден, қос-қосынан, егізден, жұбымен.* Екі ана үш рет *е к е у д е н* туған (С.Мұқанов, Естімеген.). Олар ауру малдың қызыл қан түйіршіктерінде біреуден, кейде *е к е у д е н* кездеседі (С.Сыбанбаев, Мал қаны.). Дөңнен маңырап жамыраған қозылардай ұзын состав *е к е у д е н,* үшеуден бөлініп, жолдарға сұрыпталып жатыр («Лен. жас»).

ЕКЕУДЕН-ЕКЕУ үс т. *Екеуі ғана, оңаша.* Осы сөздің аяғы болу керек, түнде елдің алды ұйықтап қалғанша Дүрімбай мен Бақтыбай *е к е у д е н-е к е у* айдалада сөйлесіп отырған (С.Шарипов, Бекболат). Болат пен Еркін *е к е у д е н-е к е у і* ғана отырып шай ішті (А.Байтанаев, Болат.). Сендерге кісі жаға ма? Ұл кетті жайына, қыз кетті байына. Даладай үйде тотиып, *Екеуден-екеу* қалыппыз. Осы ма еді бізге қу тірліктен керегі? (Р.Тоқтаров, Терістік). Жүк машиналарының ішінде қылқан кескендей жас жігіттер, кейбір кабинада *е к е у д е н-е к е у* отыр (Ш.Айтматов, Қош бол.).

ЕКЕУДЕН-ҮШЕУДЕН үс т. *Екіден, үштен топтасып.* Қарауылшыларымен *е к е у д е н-ү ш е у д е н* бөлініп, төбе-төбелердің, молалардың арасына жасырынып жатыр (С.Шарипов, Бекболат).

ЕКЕУ-ЕКЕУ үс т. *Екі-екіден, қос-қостан.* Ән салып біраз көңілденіп алған соң, *е к е у-е к е у* жұптасып, дөңгеленіп би биледік (Ө.Тұрманжанов, Адам.) Жасы және қызметі үлкен Голощекин отырмаған соң, біз де отыруға ыңғайсызданып, әр жерде *е к е у-е к е у* боп тұрып қалдық (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЕКЕУ-ЕКЕУДЕН үс т. *Екі-екіден, қосқостан, жұптасып.* Оқытушы шығып кеткеннен кейін *екеу-екеудең* қатар отырған қыздар бір-бірімен күбірлесе күлісті де, тегіс кеуделерін қозғап, жүздерін аудиторияның ең артында отырған маған қарай бұрды (Ә.Нұршайықов, Махаббат қызық.). Ауық-ауық бойжеткендердің сыңғырлай шыққан күлкісі естіліп, кенет жастар *екеу-екеудең* қосылып ән де шырқатып жібереді (І. Есенберлин, Қатерлі.). Біздің сау ете қалғанымыз үйдегілерге қолайсыз тиді білем, *екеу-екеудең* қайта-қайта тысқа шығып, үй сыртында күңкіл-шүңкіл сөйлеседі (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

ЕКЕУЛЕ= е т. *Екі адам болып бірлесіп істеу, екеу болып жабылу.* Кейде кішігірім теңді жалғыз әкетеді, үлкен жәшік кездесіп қалса, *екеулеп* әкетеді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Іниіңізбен екеуіңіз *екеулеңіз,* Көпірдің қайраты мол, бой бермеді (Қозы Көрпеш.). Біз кезектесіп үн қаптауға кірістік. Біраздан кейін *екеулеп* жүріп, терлеп-тепшіп, ең соңғы қаптағы астықты диірмен тасқа құйдық (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). – Ойдә, пьеса да, қотарма да көп. Жалғыз болып, басым қатып отыр ем, кел, *екеулейік* (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЕКЕУЛЕП үс т. **1.** *Екі адам болып, бірлесіп.* Төлеп пен Дәмеш *екеулеп* жер барақты қазып жатыр (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Әрең дегенде *екеулеп* қапты арбаның шетіне іліктірдік (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Есекті талдың көлеңкесіне байлап, қоржынды *екеулеп* көтеріп, үйге кіргізді (З.Асабаев, Ар соты). **2.** *Екі-екіден, жұптасып.* Мен жұртты әдейі демалыс күнге күндізгі сағат бірге шақырдым. Мұғалімдер біреулеп, *екеулеп* келе бастады («Қаз. әдеб.»). Тары піскенде келі дегенді *екеулеп* түйеді екен (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **3.** *Екеуі ғана, көзбе-көз, оңаша.* Шоқанның [мұны] Шыңғыспен *екеулеп* отырып анықтағысы келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕКЕУЛЕП-ҮШЕУЛЕ=е т. *Екеу-үшеу болып, бірігу, жабылу.* Арбадағы қаптарды *екеулеп-үшеулеп* әрең түсірдік (Ауызекі). *// Екі-үштен, екеу-үшеуден. Екеулеп-үшеулеп* қатын алуды, қатын шығаруды машыққа айналдырған (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

ЕКЕУЛЕП-ҮШЕУЛЕУ *Екеулеп-үшеуле етістігінің қимыл атауы. Екеулеп-үшеулеумен* әзер көтерді (Ауызекі).

ЕКЕУЛЕС= е т . *Екі адам болып бірлесе істесу, атқарысу.* Біраздан кейін *екеулесіп* жүріп, терлеп-тепшіп, ең соңғы қаптағы астықты диірмен тасқа құйдық (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Өзіне алса бір дәптер, Бөпесін суреттер Әпкесі әкеп береді, *Екеулесіп* көреді (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние). Трактористі қанша үгіліп көрмеді, Зейнеттеніп жанбай қойды еңбегі. *Екеулесіп* жатыр әлі әурелеп, Ізтілеуов көмектесе келгелі (Ә.Ахметов, Өшп. жалын).

ЕКЕУЛЕСУ *Екеулес етістігінің қимыл атауы.* Мынаның бір жағынан ұста, *екеулесуіміз* керек, көтере алатын емеспін, – деді Сейдалым («Әдеб. және искусство»). Нұриламен *екеулесуімізді*ң арқасында бір-ақ күнде тапсырған жұмысты тындырып үлгірдік («Қаз. әдеб.»).

ЕКЕУЛЕТ= е т. *Екі адамды бірлестіріп істету.* Кейде кішігірім теңді жалғыз әкетеді, үлкен жәшік кездесіп қалса, *екеулетіп* әкетеді (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЕКЕУЛЕТКІЗ= е т. *Екеулеттіру.* Серік емес пе, болмай бізге *екеулеткізген* («Соц. Қаз.»).

ЕКЕУЛЕТКІЗУ *Екеулеткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Екеулеткізу* керек.

ЕКЕУЛЕТУ *Екеулет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Екеулетуін* сұрады.

ЕКЕУЛЕУ *Екеуле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Екеулеуге* келмеді.

ЕКЕУЛІК з а т. *Екеу болушылық, жұптық.* Үміт жоқ ай, жұлдыздан, не тәуліктен, Сол жартас көктемдерін жеке күткен. Бақытына сүйенген жалғыздығың Артық шығар бақытсыз *екеулікten* (Ө.Нұрғалиев, Кемпірқосақ).

ЕКЕУ-ҮШЕУ с а н. *Екі не үш екендігін болжай көрсететін жинақтық сан; екі-үш.* Кеше жұрттың бәрі терлеп-тепшіп арық қазып жатқанда, *екеу-үшеуі* өзеннің шегіне барып отыр (З.Ақышев, Біздің шамш.). Орта бойлы, жасы жиырманың *екеу-үшеуіне* келген көк көз жігіт орнынан атып тұрып, камераның есігіне барып құлағын төсей қойды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Барлаушылардың қарсы алдында жаудың миномет батареясы орналасқан екен. Гитлершілердің *екеу-үшеуі* миномметті күзетіп тұр (Б.Жетпісбаев, Жорық).

Екеу-үшеу болып көрінді. *Көзі бұлдырады, қос көрінді.* Оның көзі бұлдырап кетті: оған қызыл азбан да әлденешеу, қасқыр да *екеу-үшеу болып көрінді* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕКЕУ-ҮШЕУДЕН үс т. *Екіден-үштен бірігіп.* Әйелдер *екеу-үшеуден* топтасып, Есназар үйіне баратын жолға түскен («Қаз. әдеб.»). Изониазид дәрілерін сырқат адам көбінесе жақсы көтереді. Бұлардың негізі бір болғандықтан, *екеу-үшеуден* бірден қатар ішуге болмайды (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

ЕКЕШ ш ы л. *Тіпті, ең аяғы, ең соңғы; қала берді деген күшейткіш мағынадағы көмекші сөз.* Көлігі өрге қарай қиналғанда кісі мал *екеш* малды да аяп, түсіп жаяу жүруші еді (Т.Ахтанов, Үндістан.). Айтпақшы, әже, жақында мен Қы-

зыл Жұлдыз орденімен марапатталдым. Көрдіңіз бе, жасымда мені түйе *е к е ш* түйеден де қорқасың дейтін едіңіз, қазір қандай екенін балаңыздың (Т.Жармағамбетов, Соңғы хат). Жоғарыдағы ірі аңдарды былай қойғанда қоян *е к е ш* қоянның өзі де құрып барады бұл өлкеде қазір (Т.Қаупынбаев, Жазира).

ЕКЖЕЙ-ТЕКЖЕЙ ү с т. с ө й л. ***Егжей-тегжей***. Ұзынсүре даудың барлық *е к ж е й-т е к ж е й і н* жете ұқпағанымен, ел ішінің даушарының бір сала жобасын аңғарды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Осыған ұқсас өзіңіз қалған еңбегіңізді толық меңгеріп, *е к ж е й-т е к ж е й і н е* шейін біліп, әрбір қимылыңызды соған бағындыруыңыз қажет (Е.Байзақов, Еңбек эстетикасы).

ЕККІЗ[1]= е т. *Өсімдік өсірту, отырғыздыру.* – Бұл араны беталды жырттырма, өйтетін болсаң, алдымен айнала ағаш *е к к і з* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Жылда Әутен осы ауылдың кәріжасын жиып алып, өзеннің екі бетіне қайың *е к к і з с е м* деп әуреленді (Ер есімі).

ЕККІЗ[2]= е т. *Індеттен сақтандыру, ағзаның қорғанысын күшейту үшін қанға ауру таяқшасын жіберткізу.* Ауруға қарсы ем *е к к і з д і* (Ауызекі).

ЕККІЗДІР[1]= е т. *Өсімдік өсірту, отырғыздыру.* Онан ешбір зиян жоғына көзі жеткен соң орыстардың бәрі *е к к і з д і р д і* (З.Ақышев, Жаяу Мұса.).

ЕККІЗДІР[2]= е т. *Індетке, ауруға қарсы дәрі салғыздыру.* Тұмауға қарсы дәрі *е к к і з д і р д і* (Ауызекі).

ЕККІЗДІРУ[1] *Екқіздір[2] етістігінің қимыл атауы.*

ЕККІЗДІРУ[2] *Екқіздір етістігінің қимыл атауы.* Шешек ауруынан сақтандыру үшін балаңызға *е к к і з д і р у і ң і з* керек еді, – деді дәрігер («Лен. жас»).

ЕККІЗУ[1] *Екқіз[1] етістігінің қимыл атауы.* Тазалық сақтау, үйлерді майлату, бақша *е к к і з у* деген секілді ұсақ-түйек жұмыстары бар («Қаз. әдеб.»).

ЕККІЗУ[2] *Екқіз[2] етістігінің қимыл атауы.* ≈ Індетке қарсы ем *е к к і з у.*

ЕККІШ с ы н. *Егумен шұғылданған, соған төселген (адам).* Мәшинәсін жедел шақыртқан профессор Сарықұлов қарбыз *е к к і ш* тәуір жігіт Оразбаевпен қоштасып, чемодан, портфелін көтеріп, сыртқа шықты (Т.Тобағабылов, Түсінсең еді).

ЕКПЕ[1] с ы н. *Қолдан егіп өсірілетін, егілетін; табиғи емес.* Гауһар бір жағы *е к п е* ағашқа малынған, екінші жағында аласа жалаң үйлері бар қаланы көрді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Құрғақшылық аудандарда мал азығының берік қорын жасауда *е к п е* изеннің, құрғақшылыққа төзімді келетін беденің, изен мен бедеге үстеп егілген көпжылдық қара бидадың маңызы зор болып отыр (Шопан сырласы).

Екпе жуа. *Қолдан еккен жуа.* Етке *е к п е ж у а* тураса, дәмді болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Екпе қарақұмық. ө с. <лат. fagopyrum sagittatum> *Дәндерін әртүрлі ауылшаруашылық мақсатта пайдаланатын егіндік шөптесін өсімдік.* ≈ *Е к п е қ а р а қ ұ м ы қ т ы ң* жапырағы.

Екпе пар. е г і н ш а р. *Ерте пісетін дақылдар жазда жиналып алынып, оның орнына күздік дақыл егілетін ауыспалы егістік. Е к п е п а р* жаппай және отамалы пар болып екіге бөлінеді (Қазақст. ауылшаруаш.). Жаппай *е к п е п а р ғ а* біржылдық және көпжылдық шөптер егіледі (ҚҰЭ).

Екпе сиыржоңышқа. ө с. <лат. vicia sativa> *Бұршақ тұқымдасына жататын малазықтық шөптесін өсімдік.* ≈ *Е к п е с и ы р ж о ң ы ш қ а* егу.

Екпе шөп. а у ы л ш а р. *Егістікте не табиғи шалғындықта егіп өсірілетін біржылдық және көпжылдық шөп.* Жемшөп қорын жасауда *е к п е ш ө п т і ң* маңызы зор (Қазақст. ауылшаруаш.). *Е к п е ш ө п т е н* малшаруашылығына қажет арзан әрі құнарлы жемшөп дайындалады (ҚҰЭ). Қазір шаруашылықтағы бүкіл егіс көлемінің төрттен бірі *е к п е ш ө п т е р* болып отыр (Қ.Серікбаев, Қастек.).

ЕКПЕ[2] з а т. м е д. *Аурудан, індеттен алдын ала сақтандыру үшін егу ісі.* Сақтандыру *е к п е л е р і* – жұқпалы аурулармен күресудің өте маңызды тәсілі (Семья тәрбиесі). Сурама зәремнің кеткенін, Келгенде дәрігер Егем деп *е к п е н і* (М.Жаманбалинов, Менің інім). Отарларға барамын, әртүрлі сырқатқа қарсы шопан балаларына *е к п е* жасаймын («Мәдениет және тұрмыс»). Дала кеңіп қалғандай Бәрі де кең тыныстап, Жазылды *е к п е* салғандай Жүрген арқа құрыстап (А.Шамкенов, Жайлау.).

ЕКПЕБҰРШАҚ з а т. ө с. <лат. pisum sativum> *Бұршақ тұқымдасына жататын дөңгелек жемістері бар бақшалық шөптесін өсімдік.* ≈ *Е к п е б ұ р ш а қ* сабағы.

ЕКПЕЖОҢЫШҚА з а т. ө с. <лат. medicago sativa> *Бұршақ тұқымдасына жататын малазықтық шөптесін өсімдік түрі.* ≈ *Е к п е ж о ң ы ш қ а н ы ң* гүлдеу кезеңі.

ЕКПЕКТЕ= е т. с ө й л. *Етпеттеу.* Күтпеген жерден қыздың аяғы тайып кетті де, *е к п е к т е п* кеп құлады (М.Гумеров, Үш күн).

ЕКПЕКТЕТ= е т. с ө й л. ***Етпеттету***. ≈ *Е к п е к т е т і п* жатқызды.

ЕКПЕЛІ с ы н. *Қолдан егілген екпе.* Бүгінде Жапонияда Микимато бастаған пысықтар жасанды *е к п е л і* меруерт өндірісін қолға алуда (С.Қашағанов, Ыстық жағалау.).

Екпелі шөп. а у ы л ш а р. *Қолдан егілген шөп.* Біздің совхоздың тәжірибесі Мойынқұмға *е к п е л і ш ө п т е р* егудің пайдасы зор екенін көрсетті (К.Баялиев, Жер тынысы). Тіпті сол маңдарда *е к п е л і ш ө п* егу мүмкіндігі де бар (Ф.Оңғарсынова, Биіктік). Беде, жүгері және басқа мал азығы үшін егілген көлемі үш мың гектарды алып жатқан *е к п е л і ш ө п т е р* жайқалып өсіп тұр («Қазақст. әйелері»).

ЕКПЕТОҒАЙ з а т. а у ы л ш а р. *Ашық грунтта ағаштектес өсімдіктер отырғызылған аумақ. Е к п е т о ғ а й д а* ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, өндірістік-тәжірибе жұмыстары жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕКПЕТТЕ= е т. с ө й л. ***Етпетте***. Өмірі бұндай қорлықты көрмеген басым бетімді басып, боздап кроватқа *е к п е т т е п* құлай кеттім (А.Жұмаділдин, Сең.). Иесінің үнін арқаланған сары құс дүр сілкініп, жоғарыдан табан астына *е к п е т т е й* бір-ақ ытқыған еді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). *Е к п е т т е п* мылтығын алға кезеп жатқан Қойбағаров бетаузына жабысқан топырақты алақанымен сипап тастады («Қаз. әдеб.»).

ЕКПЕТТЕУ с ө й л. *Екпетте етістігінің қимыл атауы.* Мылтықпен дәл көздеу үшін *е к п е т т е у і м і з* керек (Қаз. әңгім.).

ЕКПЕТІМЕН ү с т. с ө й л. ***Етпетінен***. Ол төсегінде *е к п е т і м е н* түсіп жатқан екен (Қаз.әңгім.).

ЕКПЕТІНЕН ү с т. с ө й л. ***Етпетінен***. Бала жыламас үшін оны біресе *е к п е т і н е н,* біресе шалқасынан жатқызып отыру керек (Келіншектер.). Ол үзілген сымды әлсін-әлсін жалғап жатып, жаралы күйі сымның екі ұшын қысып *е к п е т і н е н* құлаған (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер). Сонан соң біраз ойқастап, әрлі-берлі жүрді де, жайпақтау бір жерге тоқтап, мұзға кеудесін төсей, *е к п е т і н е н* жата қалды (Қ.Толыбаев, Өжеттер).

Екпетінен түсті. *Етпетінен түсті, басын жерге қарата құлады.* Калмыковтың азаппен өлгенін естірткенде: – Не дейсің, не деп тұрсың! – деп лейтенантқа тұра ұмтылып, омыраулап келді де, көзі шарасынан шығып а-а-а деп ащы дауыспен *е к п е т і н е н т ү с т і* (К.Тоқаев, Тасқын).

ЕКПЕШЫТЫР з а т. ө с. <лат. lepidium sativum> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Е к п е ш ы т ы р* қалий және кальций тұздарына бай, құрамында С витамині, каротин, иод, темір бар (Ботаника.). Сәуір-мамырда шілдеге дейін гүлдейтін *е к п е ш ы т ы р* суыққа төзімді, тез толысатын өсімдік (ҚҰЭ).

ЕКПІН[1] з а т. **1.** *Белгілі бір күштің пәрмені, серпіні.* Өзен арнасының белінен баса сұлап жатқан үлкен көпірдің түбіне үшқыр *е к п і н м е н* зулап тақай бергем. Кенет бір нәрсе құлағымды тұндыра шатыр етіп жарылды (З.Жәкенов, Қайта айналып). Жел *е к п і н і* барған сайын күшейіп, толқын сарылы молая түскен (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). **2.** *Күш, тегеурін.* Қызыл Армияның *е к п і н і н е* төтеп бере алмай ығысып бара жатып, осы жердегі елді шауып-тонап, баса-көктей өтпек болған (Н.Габдуллин, Өмір күйі). Отрядқа қала көпшілігі сүйсінсе де, Осиповтың *е к п і н і н е* төтеп бере алады деп бәрі бірдей сене қойған жоқ (Ж.Арыстанов, Жалын.). **3.** *Қарқын.* Көпірсең жұмақ исі анадайдан, Кеудеңді жарып кетер әлдеқайдан. *Е к п і н і ң* еш нәрсеге жол бере ме, Өзендей гүр-гүр етіп аққан сайдан (Үш ғасыр.). «Абай» операсынан кейінгі өсу *е к п і н і* Брусиловский мен Төлебаевтың 1945 жылы алғаш рет мен қойған «Аманкелді» операсы жалғастырғаны белгілі (Қ.Байсейітов, Құштар көңіл). Жер жүгірген *е к п і н м е н* алысқа кетейін десе, күн тартып тұрады (А.Байтұрсынов,.. Оқу құралы). Дархан, сенің *е к п і н і ң* тәуір еді ғой, мүмкін сен айтарсың? – деген сөз жігерін қайрағандай, ол басын көтеріп алды (Ә.Әбішев, Сәуле). **4.** п о э т. *Бір нәрсенің әсері, буы, қуаты.* Ыбырай бір сәт шарасыздыққа тірелгендей болады. Тек той *е к п і н і* ғана көңілін көтергендей (Ж.Молдағалиев, Самал). Жырлауға жастық *е к п і н і н,* Қаламымды алам қолыма. Өтеді солай көп күнім, Қызығым жастық жолына (Пернедегі термелер). Кейде озып, кейде топтан жүрем кейін, Азырақ шаршасам да сыр бермеймін. Айдында жұлдызша аққан жүрт легінен *Е к п і н і н* жастық шақтың көргендеймін (Ә.Фатихов, Менің босағам). **5.** м у з. <лат. tempus> *Музыкалық шығарманың орындалу жылдамдығы, қарқыны.* Музыкалық шығарма мен оның жеке бөлімінің *е к п і н і* әдетте итальянша атаумен белгіленеді. Оның негізгі 3 түрі қалыптасты: жәй *е к п і н,* орташа *е к п і н,* жылдам *е к п і н* (ҚҰЭ). *Екпін* шығарманың сипатына, мазмұнына, орындаушының көңіл күйіне байланысты («Мәдениет және тұрмыс»).

Екпінге басты. *Қарқынын күшейті, жүрісін тездетті.* Поезд *е к п і н г е б а с т ы.* Мұнша несіне асығады деп ойлаймын мен ішімнен, әңгіземіз және жараса қоймады. Дегенмен алың, алыңның астына алып отырып, жарым кесе шарап ішкізіп, бір самса жегіздім («Қаз. әдеб.»).

Екпіні атқан оқтай. б е й н. *Зымыраған, зулаған күшті қарқынмен. Е к п і н і* аттарының *а т қ а н о қ т а й,* Келеді киік, арқар, аңды қырып (Рүстем-Дастан).

Екпіні басылды. *Беті қайтты, тойтарылды.* Ат үстінің желігі жаман екен, құрдасының *е к-*

пінің күні бүгінге дейін *басылмапты* (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көзі.). Алғашында дабұрдұбыр қуанысып қалып еді, артынша *екпіндері* тез *басылды* (Ә.Сараев, Тосқауыл).

Екпінін басты. *Бетін қайтарды, тойтарды.* Командование түс ауа авиация мен артиллерияның күшін топтастырып, дивизияның қорғаныс алқабындағы жаудың *екпінін басыпты* (Б.Момышұлы, Москва.).

Екпіні қайтты. *Беті қайтты, қарқыны басылды, тауы шағылды.* Жаутаң-жаутаң етіп Омар мен Сәлменге кезек қарай береді. Түгі жығылып, *екпіні қайтып* қалған сияқты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Екпіні тау [үй] жыққандай [жығарлық, жарғандай, жығардай]. *Аса күшті, тегеурінді мықты.* Кавказдан қара бұлт шықты аспанға, Түсі суық қорқыныш байқасқанға, Еңсергенде *екпіні тау жыққандай*, Шығар емес ешбір жан шайқасқанға (Қаз. ақын.шығ.). Шегі жоқ Қазақстан табысының, *екпіні жер жарғандай* дабысының, Салдырған құла шөлге Түрксибті, Жетуге жолы жақын алысының (Қаз.сов. халық әнд.). Қимылдары шалт, сөздері кесек-кесек, *екпіндері үй жығардай* (Н.Қазыбеков, Бейтаныс). Күні бүгінге дейін *екпіні тау жығарлық* Қалдекеңе қызыға қараймын деп, кеудемде өзім қастерлеп келген қайсыбір сезімдерді өз қолыммен жарға итеріп бара жатқанымды да аңғармаппын (Ұ.Доспанбетов, Қырдағы гүл).

ЕКПІН[2] з а т. <лат. tempus> **1.** л и н г в. *Сөз ішіндегі белгілі бір буынның сөздің басқа буындарын біріктіруші қызмет алып, күшті, көтеріңкі дауыспен айтылып, айқын естілуі.* Қазақ тіліндегі *екпін* басқа түркі тілдеріндегі *екпін* тәрізді сөздің көбіне соңғы буынына түседі (Қазіргі қаз. тілі). Қазақ тіліндегі *екпін* орыс тіліндегідей форма ажыратарлық, мағына ажыратарлық қызмет атқара алмайды (Қазіргі қаз. тілі). **2.** *Белгілі бір сөздің мән беріле, көңіл аударыла айтылуы; дауыстың көтеріңкі шығуы.* Дәрмен соңғы сөзін *екпінмен* даусын көтере айтты (А.Байтанаев, Қансонар). Ол осы сөзді ерекше бір *екпінмен* айтты («Лен. жас»). Бұндағы «қолың бер» деген сөз ерекше *екпінмен* оқылады («Қазақст. мұғ.»).

Динамикалық екпін. л и н г в. ***Лебізді екпін.*** *Динамикалық екпін* тіл-тілде әртүрлі болады: мысалы, орыс, ағылшын, неміс тілдеріндегі *динамикалық екпін* француз тіліндегі екпіннен күштірек (Тіл білімі термин. сөздігі.).

Лебізді екпін. л и н г в. *Фонациялық ауаның қарқындылығымен ерекшеленетін сөз екпіні; динамикалық екпін.* Тілдердің көпшілігі *лебізді екпін* тобына жатады (Қазіргі қазақ тілі).

Логикалық екпін. л и н г в. ***Ой екпіні.*** Бір ойды екінші ойдан ажырата білуге, *логикалық екпінге,* тағы басқаларға көңіл аудару керек (Қазіргі қаз. тілі).

Музыкалық екпін. л и н г в. ***Үнді екпін.*** Қазіргі тілдерде *музыкалық екпінге* иелер: серб, литвиялық скандинавия тілдері (Тіл білімі термин. сөзд.).

Ой екпіні. *Белгілі бір сөзге (мағынаға) баса көңіл аудару үшін, осы сөйлемдегі бір сөзге басқа сөздерден ерекшелеп көрсететін дауыс өзгерісі.* Ой айқында латын сөзге *ой екпінін* түсіріп, оған ерекше мән беріп, мәнерлі етіп айту керек болғанда, кейде сөйлемдегі сөз мағынасын дәлелдеп аша түсу үшін қолданылады (Қазіргі қаз. тілі). Ш.Есмұрзаев жолдас оны «білім байлықтан қымбат» деп аударады. «Байлықтан білім қымбат» деп *ой екпінін* «білімге» түсірсе де, келісуге болар еді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Ритмикалық екпін. л и н г в. ***Ырғақты екпін.*** Басқаша айтқанда, екі сөз немесе бірнеше сөз бір-ақ екпінге бағынып, өзара біркелкі акцентуациялық комплекс жасалады. Мұндай екпін фразалық немесе *ритмикалық екпін* деп аталады (Қазіргі қаз. тілі).

Үнді екпін. л и н г в. *Дауыс әуенімен, ырғағымен ерекшеленетін сөз екпіні; музыкалық екпін.* Кісінің ойын мәнерлеп, әсерлеп жеткізе алатын сөйлемдерде кей уақыт *үнді екпінді* де пайдалана аламыз (Қазіргі қаз. тілі).

Ырғақты екпін. л и н г в. *Сөз ағымында бір ырғақты топты екіншісінен айырып, топ ішіндегі сөздердің басын біріктіріп, бір демге бағындырып тұратын екпін. Ырғақты екпін* бір-бірімен синтаксистік қатынаста тұрған бірден көп бірнеше сөздің жымдасып тұруын қамтамасыз етеді («Тілтаным»).

Экспираторлық екпін. л и н г в. *Лебізді немесе динамикалық екпін.* Лебізді (динамикалық) екпінді лингвистикалық әдебиеттерде *экспираторлық екпін* деп те атайды (Қазіргі қаз. тілі).

Эмоциялық екпін. л и н г в. *Жан дүниесіне, сезімге әсер ету үшін эмоциялық жүк арқалаған сөзге түсірілетін дауыс күші немесе әуен өзгерісі.* Шын мәнісінде алып қарасақ, Абайдың ән өнеріндегі, поэзиясындағы, ақыл-ойындағы *эмоциялық екпін* оған сырттан енген жат өмірдің сарыны емес (І. Омаров, Серпін).

ЕКПІНДЕ= е т. **1.** *Екпінін күшейту; ентелеу.* Түнқатар аттан ырғып түсіп, күрең бестіні қаңтара салды да, *екпіндей* кіріп барды (М.Хасенов, Тұлпар.). Бұлар *екпіндеп* жеткенде қызуы басылмаған жігіттер айғай-дабырдан зорға тыйылып, бәрі жуандардың ауыздарына қарасты (С.Жүнісов, Ақан сері). *Екпіндеп* шапқан екі ат, аспанға көтеріліп,

қарысып қалған екі қол, оның ұшында күнге жарқыраған кездік қызыл өртке жақындап қалды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). **2.** *Күшею, қарқындау.* Туған жерге жақындаған сайын мәшинеміздің жүрісі *е к п і н д е й* түсті (С.Мұқанов, Саяхат.). **3.** а у ы с. *Қарыштау, алға ұмтылу.* Әдебиетке соңғы жылдары қосылған жас ақындарымыздың ішінен *е к п і н д е п* өсіп келе жатқан ақындарымыздың бірі – Тайыр (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ақ Жайықтан Алтайға дейін, Алатаудан Есілге дейін көсілген жазира алқапта еңбек дабылы үдере *е к п і н д е п*, қатар өскен биылғы жылдың мәртебесі биік келеді, үздік келеді (С.Хайдаров, Азамат). Ал, достарым, *е к п і н д е* Бұл қарқыннан қалыспа. Жұмыста жүріп, айқайлап, Шақырамын жарысқа! (Ә.Есмамбетов, Жырлап өт.). **4.** а у ы с. *Бір нәрсеге әсерлене қатты сөйлеу; екілену, арқалану.* – Сонымен, сөз кезегі, ән кезегі Гүлдариғаға! – деп *е к п і н д е п* барып аяқтады (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

Ағын судай екпіндеді. *Мейлінше тегеурінді қарқындады. А ғ ы н с у д а й е к п і н д е п*, Лай жоқ суатым. Ауру да емес, сау да емес, Құрыды әл-қуатым (Абай, Тол. жин.).

Екпіндей сөйледі. а) ж а ғ ы м с ы з. *Дауысын көтере даурыға, еліре сөйледі.* Шаңгерей оның *е к п і н д е й с ө й л е г е н і н* жақтырмады («Жұлдыз»). Сабалақ сары онан сайын еліріп, *е к п і н д е й* сөйледі (С.Омаров, Өмір.). ә) ж а ғ ы м д ы. *Әсерленіп, арқаланып, бар ынтасымен жанын салып сөйледі.* Талқыға түсіп отырған мәселе сүт өндірудің жайы. Алғашқы сөз Әмірханға берілген. Үлкен аудиторияның алдына шыққандай ол *е к п і н д е й с ө й л е п* тұр (М.Хасенов, Қайсар).

ЕКПІНДЕН= е т. *Екпіннің күшейтілуі, қарқындалу, қарыштalу.* Құрыш, болат күштісін, *Е к п і н д е н г е н* күшті ісің. Жерді алды үстіндік, Жаудың сыртқы, ішкісін (Б.Майлин, Шығ.). Талаптан, жас жігіттер, *е к п і н д е н і п*, Ән салып, өлең айтсаң жігерленіп. Толықсып пісіп тұрған гүлшешекке Жолықсын әр уақытта мейірленіп (Қаз.ақын.шығ.). Мұндай тәсілде жазылған назымдарды оқығанда оқушы терме, тақпақ айтқандай желпініп, *е к п і н д е н і п* отырады («Қаз. әдеб.»).

ЕКПІНДЕНУ *Екпінден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әл-қуаттың *е к п і н д е н у і.*

ЕКПІНДЕТ= е т. **1.** *Екпінін күшейту, екпінін арттыру.* Жанқыз сөзін алғаш құлағы шалған, екінші қоршаулы түйені жаяу жетелеп келе жатқан, тостаған бетті, жар кеуде әйел бірденеден құр қалардай аяғын ілгері қарай *е к п і н д е т е* басты, бұл – өзінің келіні Назым (А.Ханкелдин, Қараторғай). **2.** а у ы с. *Даусын күшейту, зорайту.* Әлі алда талай асулар, талай өткелдер күтіп тұр,– деді ол даусын бірте-бірте *е к п і н д е т і п* (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Сазекең домбырасын алды да, аз-кем шертіп отырып, әдемі қоңыр дауысымен *е к п і н д е т е* жырлай жөнелді (А.Бекбосынов, Ауылым). **3.** а у ы с. *Екілендіру, қарқындату. Е к п і н д е т е* соққан дүлей боранның ызғар ланып тұрғанына екінші күн (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Дауылдай екпіндетті. б е й н. *Қарқынын күшейтті, қаһарланды, қатты шұйілікті. Е к п і н д е т і п д а у ы л д а й*, Күзгі қара жауындай (Батырлар жыры).

Екпіндете сөйледі. *Арқалана, әсерлене сөйледі.* Теңдіксіз малға көнбедік, – деп *е к п і н д е т е с ө й л е г е н* Махамбет неден қаймықсын?! («Жас Алаш»).

Соққан желдей екпіндетті. б е й н. *Күшті қарқынмен жасады, зор қуатпен істеді.* Сөйлейтін *с о ққ а н ж е л д е й е к п і н д е т і п*, Інің мен артыңыздан келдім жетіп (Айтыс).

ЕКПІНДЕТКІЗ= е т. *Екпінін күшейтіру, жылдамдату, үдей түсірту.* Тарантасқа жеткен пар атты *е к п і н д е т к і з е* желдіріп, ән салған топқа жақындаған шағымызда алдымыздан бір салтатты бері қарай шоқыта тартты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Алмагүл машинаны орнынан баяу қозғады да, *е к п і н д е т к і з е* бастады (Б.Дәулетов, Парыз.).

ЕКПІНДЕТКІЗУ *Екпіндеткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е к п і н д е т к і з у* керек.

ЕКПІНДЕТУ *Екпіндет етістігінің қимыл атауы.* Оның сөйлеп тұрғанда қолын шошайтып, желпіне *е к п і н д е т у і* – үйреншікті әдет (Дала шұғыласы.).

ЕКПІНДЕУ *Екпінде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күшею, қарқындай түсу.* Дүрілдеп мотор даусы металл кеуде, Ұмтылып жоғарыға *е к п і н д е у д е* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Еліру, екілену, асқақтау.* Мұның қанкөзденіп елеуреуі, *е к п і н д е у і* жиілеп кеткесін, Сәлима жатқан орнынан кеудесін көтеріп, тарқатылған шашын қоғамдады (К.Ахметбеков, Алқакөл.). Керегі не *е к п і н д е у*, асқақ мінез, артық ой, Періштемін, пәкпін деу, Сайтандардың салты ғой (Ж.Әбдірашев, Дала.).

ЕКПІНДІ[1] з а т. с о в е т. *Кеңестік құрылыс тұсында еңбек ұжымдары, жұмысшы, еңбекшілер арасындағы социалистік жарыстың жеңімпаздары.* Облысқа баратын *е к п і н д і л е р* клуб жанында үлкен автомобильге мініп жатты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қарағанды пролетариаты, оның алдыңғы қатардағы *е к п і н д і л е р і* сүйікті театрының орасан табыстарын бағалай біледі (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Еңбегімен бәйге алған, Ел танысын күшті ерлер! Дүрілдет! Қайнат! Қимылда! *Е к п і н д і л е р!* Іскерлер! (І.Жансүгіров, Шығ.).

Екпінді бригада. с о в е т. *Кеңестік өкіметі тұсындағы барлық жағынан – жоспар мен міндеттемені орындауда, техниканы жете меңгеруде, өндірістік еңбек тәртібін сақтауда – алдыңғы қатарлы бригада.* Үндеу еңбекшілерді социалистік жарысты жандандыра түсуге, барлық жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін *е к п і н д і б р и г а д а л а р* қатарына тартуға шақырды (ҚСЭ).

Еңбек екпіндісі. с о в е т. *Социалистік жарыс нәтижесінде қарқынды еңбегі мен жоспарды мерзімінен бұрын немесе артығымен орындағаны үшін берілетін құрметті атақ.* Ал облыс бойынша *е ң б е к е к п і н д і с і* құрметті атағын алған комсомолецтер мен жастардың саны 24 мыңға жетті (Т.Бейісқұлов, Әкелер.). Жас шопандар жағы тағы да үлкен қуанышқа кенелді. Ағысбай, Шәркен, Тұрарбек үшеуіне *е ң б е к т і ң е к п і н д і с і* атағы берілді (А.Бекбосынов, Ауылым).

ЕКПІНДІ[2] с ы н. **1.** *Екпіні күшті, қарқынды.* Қапырық ыстық мәшинеңің *е к п і н д і* жүрісі бұларды шаршатты білем, үнсіз отырған екі жігіт аздан соң өз-өзі әлденелерді ойлап отырған қалпын бұзып, бір-біріне қарасты (Дала қырандары). Алдынан ескен *е к п і н д і* жел дәл құлақтың түбінен суылдап соғып бетке ұрады (Б.Тілегенов, Аққайнар). Терістіктен соққан *е к п і н д і* салқын жел сұр бұлттарды оңтүстікке қарай жөңкітіп жатыр (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** а у ы с. *Жылдам, тез.* Ылғал мол жерде микробиологиялық процестердің *е к п і н д і* жүретіні белгілі (Н.Шоқанов, Егін өнімі). **3.** а у ы с. *Көтеріңкі, жігерлі; пафосқа толы.* Мысалы, Балбырауын күйін алайық немесе Құрманғазының көптеген *е к п і н д і* күйлерін еске түсірелік (І.Омаров, Серпін). Төбеменен өтті зуылдап, *е к п і н д і* әні еңсеріп, Жапырақтар қалды шуылдап, Аққайың үнсіз тоңеліп (М.Айтхожина, Қарағөзайым). Дірілдеген ырғақ нәзік сағыныш ұйытқан әсерімен толқындай жөнеліп, демтыныстың үзіле шыққан лебімен сәл-пәл баяулап төмендеп кетеді де, іле *е к п і н д і* серпінмен тағы да аспандайды (С.Сматаев, Ақжелең). Ел эпосының ескі образдары мен қаһармандық пафосы оның өлеңдерінің интонациялық үнімен, *е к п і н д і* құрылымымен бірге ағып, азаматтық поэзияның арнасын құяды (С.Мәуленов, Үркер). **4.** а у ы с. с о в е т. *Алдыңғы қатарлы, озат, озық.* Коммунистік Жастар одағы қай жұмыста болса да өзінің көмегін көрсететін, өзінің инициативасын, бастамасын көрсететін *е к п і н д і* топболуғатиіс (Ш.Өтепов, Фани.). Еңбекөнімбіздің қарқынымызға байланысты, жолдастар, – деп бастады *е к п і н д і* жұмысшы Қабдолова Хадиша сөзін бәріне арнап, Биғайшаға да қарап қойды (Қ.Құрманғалиев, Атырау ару). Кел достым, *е к п і н д і* боп іс істелік, Екпінді бұдан да біз күштейлік, Егінді дәл кезінде жақсы жинап, Жұмыстың сапасы үшін күреселік (Айтыс). Рақым колхозға кірмей үйінде намаз оқып, бар кәсібі өсек айтып көріп еді, аштан өлуге жаны шығып бара жатқан соң, жалынып-жалпайып жүріп, колхозға кіріп, *е к п і н д і* болып жүр (Е.Бекенов, Дала қоңырауы).

Екпінді ақ су. ж е р г. *Тау суы.* Қара судан гөрі *е к п і н д і а қ с у* тез ағады (Қазақ тілі. аймақ сөздігі).

Екпінді құрылыс. с о в е т. *Тез қарқынмен салынатын құрылыс.* Су құбырын тарту *е к п і н д і қ ұ р ы л ы с* деп жарияланды (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

Екпінді міндеттеме. с о в е т. *Социалистік құрылыс жүйесінде жоғары нәтижеге қысқа мерзімде жеткізу жоспарланған міндеттеме.* Жиналысқа қатысқан көпшілік бөгетті салуды үш айда толық бітіріп шығамыз деп, *е к і п і н д і м і н д е т т е м е* қабылдады (Ш.Байбатшаев, Бел-белестер).

Тау суындай екпінді. б е й н. *Қарқыны, қуаты күшті, асау.* Сөзі *т а у с у ы н д а й е к п і н д і* (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Екпінді буын. л и н г в. *Екпін түскен буын. Е к п і н д і б у ы н* басқа буындардан өзінің күшті айтылатындығымен, созылыңқылығымен айрықшаланады (Қазіргі қаз. тілі).

ЕКПІНДІЛЕУ с ы н. *Екпіні күштірек; қарқындылау.* Директордың кабинетіне мектептің шаруашылық ісін басқарушы Сәйбек қарт кіріп келді. Жүрісі *е к п і н д і л е у* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Сәлімнің *е к п і н д і л е у* үнмен шырқаған әнін естіп, бәрі тына қалды (Ляулы жандар).

ЕКПІНДІЛІК[1] з а т. **1.** *Екпінді болушылық, қарқындылық; пәрмеңділік.* Бұның да [Анғара] жалпақтығы мен *е к п і н д і л і г і* Ертіске таласарлық (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сол үшін де оның ақындық темпераменті мен *е к п і н д і л і г і* ерекше көрінетін (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Соңғы кезде Ілияс жазған «Дала» атты поэмада түр жағынан түйдектік, *е к п і н д і л і к* бар (С.Мұқанов, Өсу жол.). **2.** с о в е т. *Екпінді адамға тән қасиет; озаттық.* Еңбекпенен еркіндеп, Жетілдік қой тойымға. *Е к п і н д і л і к* атты ақтау, Жүрген нәрсе ойымда (Ә.Есмамбетов, Жырлап өт.).

ЕКПІНДІЛІК[2] з а т. л и н г в. *Екпінге ие болушылық, екпін түскендік.* Буынның *е к п і н д і л і г і* – оның басқа буындардан ерекшелігі болып табылады («Тілтаным»).

ЕКПІНДІРЕК с ы н. *Екпіні күштірек, қаттырақ.* Жалшылардың ұйымы Талмай іске кірісті. Кешегі сылбыр жігіттер *Е к п і н д і р е к* жүрісті (С.Сейфуллин, Шығ.). Жолдастар-ау, бұл кекті өлім жүрекке у, *Е к п і н д і р е к* тізе

қосып кекті жу! «Шоқ, шоқ» деген жаудың үні құрсын, Көкке жетсін біздің тіккен қызыл ту (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Амандығы *екпіндірек* Күндегідей сөзі де. Бүгін беті көкшілдірек Қызарыңқы көзі де (С.Дөнентаев, Шығ.).

ЕКПІН-КҮШ з а т. *Екпін мен күш. Екпін-күші* асау тағы тұлпардай, Серпіндісі тас түлекті сарқындай (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЕКПІН-ЛЕП з а т. *Екпін мен леп.* Ал екінші топ көтеріңкі *екпін-леппен,* асқақ пафоспен, қызу құлшыныспен жазылған «рухты көтеретін, жігерлендіретін» мақала, материалдан тұрады («Лен.жас»).

ЕКПІН-САРЫН з а т. *Екпін мен сарын.* Құлағыма Есіл Рузаев, Октябрь аудандарының сары алтындай егін жайларындай жүзіп бара жатқан дала кемелерінің *екпін-сарыны* келеді (С.Сейітов, Жылдар).

ЕКПІНСІЗ[1] с ы н. *Екпіні жоқ, қарқынсыз.* Пісіп, толып тұрған сары бұйра алқап *екпінсіз* желге еркелей судырап, еріне ырғалады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Жылы күнде *екпінсіз* жауған қар бірте-бірте асфальтты жауып, көшеге көрпе бола бастады (С.Мыңжасарова, Замандастар). *Екпінсіз* ерегесте ер туар ма, Көтерген тауды жердей ел болмаса (Т.Жароков, Құмдағы дауыл).

ЕКПІНСІЗ[2] с ы н. л и н г в. *Екпін түспеген, сөз ағымында ерекшеленбеген (дыбыс, буын, сөз). Екпінсіз* буындар әрқашан әлсіз айтылып, көмескі дыбысталады (Қазіргі қаз. тілі). Айтылуында екпін түспейтін дауыстылар – *екпінсіз* дауыстылар деп аталынады (Тіл білімі термин. сөздігі.).

ЕКСЕ с ы н. к ө н е. *Ересек, мосқал.* «Құдай біреу, кезек екеу» деген осы. Ал, Мұрат, берді Құдай! Айырылып қалсаң өз обалың өзіңе. Балам жас, елім *е к с е.* Жас жастығын істесе кешірерсіңдер, еркелігін көтерерсіңдер (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЕКСЕ с ы н. ж е р г. *Кенде, зәру, мұқтаж.* Біздің ауыл мал мен жерге *е к с е е м е с* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕКСУ *Ексі етістігінің қимыл атауы.* Бұл оның берсе екен деп *е к с у і* (Ауызекі).

ЕКСІ= е т. *Елту, дәмелену; емексу, үміт ету.* Қиял жетегіне еріп, бір түнде домбырашы келіншек құралпы сымбатты жігіт боп шыға келсем деп *е к с і д і* (Қ.Ахметбеков, Сый орамал). Жастағы алған үлгі жойылмайды, Таңбадай таптап ұрып салған мысқа. *Е к с и м і н* ескерер деп айтқанымды, Болмаса ойларында ақыл қысқа (Т.Ізтілеуов, Шығ.)

ЕКСІМ з а т. *Екпін, қарқын; өктемдік, қызбалық.* Сұлтанмахмұт орнынан атып тұрып, оқи жөнелді. Үнінде ерекше *е к с і м* бар (Д.Әбілев, Арман.). Бір нәрсенің *е к с і м і* тигендей есіп сөйлеп тұрған алпамсадай жігіт демде басылып, қабағы түсіп, томсарып қалды («Жұлдыз»). // *Өктем, үстем, басым, астам.* Оспан ұршықтай үйіріліп, ішкі толқын әсерімен *е к с і м* сөйледі (С.Омаров, Қызыл арай).

Ексім жел. *Екпінді, қарқынды жел; өкпек.* Бағана ертеңгілік *е к с і м ж е л* тұрып еді, сонан ба, үңгірдің аузы аздап опырылып қалыпты («Қаз. әдеб.»). Теріскей беттен *е к с і м* ескен салқын *ж е л* дембе-дем күшейіп барады (С.Омаров, Күншуақ).

ЕКСІМДЕ= е т. **1.** *Екпіндеу, қарқындау; үдей түсу, өршелену.* Адамның иегі сақ-сақ соғады; дірдектеп, ащы мұңын онан сайын үдеткендей. Жел *е к с і м д е п* ұлиды (Ғ.Сыланов, Дөң асқан). *Е к с і м д е п* ескен түнгі жел Сырдың суын ақырын шайқайды (С.Омаров, Жүйрік көңіл). Қарай көр! Пәле шіркін... Ал жетіп көр. Зымыра жағалауды шаңдатып бер! Нөсердей *е к с і м д е г е н* телегейге, Жазылды арқаларын аунатып жер (Қ.Бекхожин, Шардара). **2.** а у ы с. *Астамсу, өктемсу.* Арыстан бұл жиналыста тым *е к с і м д е п,* «барлық табыс менің басшылығымның арқасында» дегенді айтты («Лен. жас»). Мұғалімнің *е к с і м д е г е н* сөзі де маған арналатын еді (С.Кенжеахметов, Қуырдақ). **3.** а у ы с. *Көтеріле, қыза сөйлеу; екілену, өзеуреу.* Содан кірпіктері тағы айқасты, қаттырақ күлгісі келді ме кім білсін, бірдеңелерді айтып, *е к с і м д е п* қалып еді, көкіректі сырылдатқан бір тосқауыл лықсып келіп, тынысын кілт тежеп, кідіріп қалды (У.Қыдырханов, Таң нұры).

ЕКСІМДЕН= е т. *Екпінделу, қарқындалу, өршелену.* Әсіресе жыртылып тастаған жалпақ төскейдің үстіне келгенде ол өршелене ойнақтап, құм суыра шаңытып, *е к с і м д е н е* соғады (А.Нұрманов, Аққу.). Екілене ескектеген обыр неме *е к с і м д е н е* соғып, ілгері жібермейтін дегендей, әлсін-әлсін оңменіңнен кәдімгідей кері итереді («Жұлдыз»).

ЕКСІМДЕНУ *Ексімден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Соққан желдің *е к с і м д е н у і.*

ЕКСІМДЕУ *Ексімде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желдің *е к с і м д е у і.*

ЕКСІМДІ с ы н. *Екпінді, қарқынды.*

Ексімді жел. с ө й л. ***Ексім жел.*** Ысқырған *е к с і м д і ж е л* арбиған қу қаңбақты домалатып, ескі апандарға сай-жырасына малша иіріп, тыға түседі (Б.Майлин, Шығ.). Ысқырған *е к с і м д і ж е л* арбиған қу қаңбақты домалатып, ескі апандарға, сай-жырасына малша иіріп тыға түседі (Б.Майлин, Шығ.).

ЕКСІМ-ЕКСІМ ү с т. *Өктем-өктем, үстем-үстем. Е к с і м-е к с і м* сөйлеген, Елдегі бізді билеген, Алғырт, албырт кейбірі Өлер жерін білмеген (Қ.Қуанышбаев, Шаншар.). Шал «ескі сирақ» шылымының көк түтінін үйысқан жирен мұртының арасынан бұрқылдатып, *е к с і м-е к с і м* сөйлейді (С.Омаров, Өмір тынысы).

ЕКСІТ= е т. *Елірту, емексіту, дәмелендіру.* Соның өзі бұған әлдебір жұмбақ сыр тастағандай

бала жанын тебірентіп, *е к с і т і н,* үйіріп әкетеді (К.Ахметбеков, Сый орамал).

ЕКСІТУ *Ексіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бала жанын *е к с і т у.*

ЕКТІР[1]= е т. *Тұқым септіріп, өсімдік өсірту, отырғыздыру.* Жоңышқа тұқымын сатып алдырды да, көктем келісімен қысқы мал жайылымына апарып *е к т і р і п* тастады (С.Шаймерденов, Сыбызғы). Тақырға ағаш *е к т і р і п,* Тотыдай құмды түлеткен. Алғысын айтты ел жеткізіп, Көсемге сүйген жүректен (Ж.Саин, Таңд.шығ.). Баяғыда бір бар жақсылық өзімнен артылмасын дейтін қара ниетті, жауыз бай малайларына қаншама бидай *е к т і р с е* де, жарытып өнім ала алмапты (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЕКТІР[2]= е т. м е д. в е т. *Қанға ауру талшықтарын жіберіп, індеттен сақтандыру.* Жас сәбиді дүниеге келген соң-ақ *е к т і р і п* отыру керек («Мәдениет және тұрмыс»). Иттерді құтыру ауруына қарсы дер кезінде *е к т і р у* қажет, иттер мен малдар 8-12 айға дейін құтырумен ауырмайды (Аса жұқпалы ауру.).

ЕКТІРУ[1] *Ектір*[1] *етістігінің қимыл атауы.* Егіс айналасын қоршай ағаш *е к т і р у* жұмысы да қолға алынды («Лен. жас»).

ЕКТІРУ[2] *Ектір*[2] *етістігінің қимыл атауы.* Түйенің оба індетімен ауырғаны, одан өлгені анықталса, бірге болған түйелерді оба індетіне қарсы вакцинамен *е к т і р у* керек (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы.).

ЕКШЕ[1]= е т. **1.** *Дән, жарма тәрізді майда дақылдарды желпіп, ірісін бір бөлек, уағын бір бөлек шығару (айыру).* Кішірек қап сәл толмайтын тарыны құдағиымыз күріштей етіп ақтап, *е к ш е д і* де, аузын кең тігіп, ерімнің үстіне жаймалай салып, айылыммен тартып берді (Ғ.Орманов, Жүрек). – Ақымақ, әкем менен өткен тыраш-ты. «Жегенім қысы-жазы *е к ш е г е н* сөк, Ырымға арпа талқан жеп көргем жоқ» деп өлең шығарған (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Кебегін ұшырып, талқанын тары да *е к ш е п* айырады. Сосын жарқырап тарының жармасы қалады («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені іріктеу, саралау, талдау, сұрыптау.* «Көз көргенде» көргендерімді, бастан кешкендерімді көрсеткім келеді. Олар тіпті көп екен, кітапқа сыймады. Сонсоң *е к ш е п,* іріктеп алдым (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жоқ олай емес, Молдеке. Елу адамды *е к ш е п* електен өткізеді деген мағынада айтылған. Жақсы адам жігіт қалпында қалады да, жамандар шалдар тобына қосылып кетеді (Ә.Жылқышиев, Өмір жыры). Көрсе де сан ғасырды Ертіс тыным таппаған. Халық *е к ш е п* асылды Ұрпақтарға сақтаған (Х. Талғаров, Торы тайым). **3.** а у ы с. *Ой елегінен өткізу, ақылға салу; салмақтау.* Кісі сөзін *е к ш е м е й т і н,* аңқылдақ Ерекең оң жақ танауының үстіне біткен түймедей қара меңін жұлқылап, ойланып отыр (З.Шашкин, Сенім). Шегебай шайды бірекі ұрттап қойып, ойға шомды. Бір нәрсені көңілінде өлшеп, *е к ш е п* отырған сияқты (Б.Тілегенов, Көктем.). Ол өзінің өткеніне көз жіберіп жақсысы мен жаманын саралап, ой елегінен өткізіп, *е к ш е й д і* (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Атақты режиссерлер мен әйгілі аға буын артистер Абай тақырыбы арқылы өздерінің суреткерлік қырларын керегінше *е к ш е п* алды («Жас Алаш»).

Екшей көрсету. ж е р г. *Мейлінше анық, дәл көрсету.* Ауданымыздағы саяси-үгіт жұмысының нашар екендігін *е к ш е й к ө р с е т к е н* (Қазақ тілі аймақ сөздігі).

Екшеп алып тастау *Саралап, тазартып артық-кемін жою.* Оның бәрін бір күнде *е к ш е п а л ы п т а с т а у ғ а* қол тимей жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕКШЕ[2] з а т. ж е р г. *Кимешек.* ≈ *Е к ш е* қиды. (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕКШЕГІШ з а т. т е х. *Бір затты екшейтін нәрсе, құрал.* Сабан *е к ш е г і ш к е* келіп түскен шөп-шарды клавиштердің арқалықтары жақсылап қопсытып сілкеді (Ауылшаруаш. машина.). Ал соққылайтын битер бастырылған астық массасының жылдамдығын баяулатып, оны сабан *е к ш е г і ш т і ң* клавиштеріне бағыттап отырады (Ауылшаруаш. машина).

ЕКШЕЛ= е т. **1.** *Іріктелiну, сұрыпталыну.* ≈ Тарының *е к ш е л у і*. **2.** а у ы с. *Талқыдан өтіп, таңдалып алыну.* Журналда басылған шығармалар әдетте жұртшылық талқысына түсіп, сарапқа салынып, *е к ш е л і п,* сұрыпталып, жөнделіп, өңделіп барып баспаға жетеді (С.Мәуленов, Үркер.). Бас қосып ақылдасу үшін, түбегейлі түйінге келі үшін көп жиналған жерде, көп тыңдайтын аудиторияда пікірі іріктелген, *е к ш е л г е н* асылы ғана айтылуы керек (Қ.Қазыбаев, Дәуір аты).

ЕКШЕЛЕ= е т. *Мұқиаттап екшеу, бірнеше рет сұрыптан өткізу.* Музыка сансыз сапырылыстан құралады. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққанда екі ортадағы *е к ш е л е г е н* бәйгет көлденең құлаққа таныс боп қала барады (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). Ол қарамағындағы материалды *е к ш е л е й* келе, әуелі әлі толық меңгеріп болмаған Жетісу өлкесін тағы да барлап қайтуды сол кездің белгілі саяхатшысы Петр Петрович Семеновке тапсырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕКШЕЛЕН= е т. **1.** *Талқыдан өткізіліп, саралану, сұрыптау.* Кешегі кедейлер тобының кеңесінде ер еңбегі *е к ш е л е н і п,* кімнің кім екендігі көрінді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Рас, жиған материалым бірталай, диплом түгілі бір диссертацияға жүк болғандай. Алайда солар әлі *е к ш е л е н і п,* қағаз бетіне түскен жоқ (М.Сәрсекеев, Жетінші.). **2.** *Іріктелу, таңдалу.*

Өтірік айтып оқуға түскен байдың балалары да қуылды. Не керек *е к ш е л е н і п* келеді (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.).

ЕКШЕЛЕНУ *Екшелен етістігінің қимыл атауы; сұрыпталу.* Стильдік жаңару, *е к ш е л е н у* процестерімен қатар советтік қазақ елінің жаңарған өмірін жырлайтын әндердің тақырыбы да байи түсті («Соц. Қаз.»).

ЕКШЕЛЕС= е т. ж е р г. *Таласып-тартысу, талқыға салысу.* «Шәдіні шайтан қуған шамасы бар екен» деп енді білсең *е к ш е л е с п е!* «Сәл жерден сабырлы ердің аты шығар,– дегенді білемісің,– сәті түссе» (Айтыс). *Е к ш е л е с е* келе анығы ашылғанда осы жерге жиналған жұмысшылар өзінен-өзі ұялғандай болып, біртіндеп ыдыраудың жолын қарастырған секілденді (Б.Майлин, Шығ.).

ЕКШЕЛЕСУ *Екшелес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е к ш е л е с у* ойында жоқ.

ЕКШЕЛЕТ= е т. *Іріктету, сұрыптату, екшету.* Есентай бөлмеде ерсілі-қарсылы жүріп, ойын *е к ш е л е т е* келе осы сәтті пайдаланып үш шал орындарынан тұра берді (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

ЕКШЕЛЕТКІЗ= е т. *Іріктеткізу, сұрыптатқызу, екшету.* Ал жастар жағын өз алдына *е к ш е л е т к і з і п,* Сыр бойының даңқты дақылына деген ерекше мол ынта-ықылас танытты (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар).

ЕКШЕЛЕТКІЗУ *Екшелеткіз етістігінің қимыл атауы.* Орынды-орынсыз ұсыныстарды *е к ш е л е т к і з у* арқылы пайдалысы қаулыға енетін сыңайда. Елеусіз осылай түсіне бастаған (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЕКШЕЛЕТУ *Екшелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алынған жобаларды *е к ш е л е т у.*

ЕКШЕЛЕУ *Екшеле етістігінің қимыл атауы.* Бұл екі күнде көп қағаз жазылғанымен *е к ш е л е у г е* келгенде айтыс екі жақтағы бес кезекпен аяқталып еді (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ЕКШЕЛУ *Екшел етістігінің қимыл атауы; сұрыпталу, таңдалыну.* Алайда бұл қарсылықтың сипаты әуел бастан-ақ елеусіз болмайды, қайта оның өзі неғұрлым мықтап *е к ш е л у г е* қабілетті екенін танытады (К. Маркс,.. Капитал). Энциклопедиялық сөздік жасалудың алдын ала істелетін толып жатқан практикалық ұсақ сөздіктер жасалып, олар қалыптасып, *е к ш е л у і* керек («Қаз. әдеб.»).

ЕКШЕЛІН= е т. с ө й л. ***Екшелен.*** Ол [әдеби мінез] – сандаған мінездердің жиынтығы және кейіпкердің өз ортасына тән, сол жағдайға лайықты, әбден *е к ш е л і н і п* алынған мінездердің сіріндісі (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЕКШЕЛІҢКІРЕ е т. *Аздап екшелу, іріктелінкіреу.* Бұл топ өзгелерден гөрі *е к ш е л і ң к і р е п,* артқа таман сырғып шығып тұрған топ еді (М.Әуезов, Қилы заман).

ЕКШЕНДІ з а т. **1.** *Екшеліп алынған, іріктеліп алынған, сұрыпталып шыққан нәрсе.* Мүйіз қара шақшасын, насыбай шелегін, темекі уқалаған оқтауын, сынық сапты аяқшадағы жаңа шыққан қылшаның ақ күлін *е к ш е н д і* салған ескі табақшаны бір жерге жинады да, жерге төсеген көрпесіне жантайды (М.Иманбаев, Жеткіншектер). **2.** а у ы с. *Қорытынды, байлам, түйін.* Сонымен: «Міне, жігіт болсаң, ер болсаң, осындай [Тарғындай] бол» – деген *е к ш е н д і* шығарады (С.Сейфуллин, Шығ.). Сонымен, жолдастар, азаматтар! Кейінгі сөздің *е к ш е н д і с і* сол. Біз бұл мейрамды қалың еңбекші қазақ елінің автономия мейрамы деп мейрамдап отырмыз (С.Сейфуллин, Шығ.). «Мүшәйрада» біреу жасайтын баяндама, тағы біреулер айтатын *е к ш е н д і* мүлде болмайды (М.Әуезов, Индия очерк.).

ЕКШЕП-ЕЛЕ= е т. *Іріктеу, талдау, саралау, електен өткізу.* – Тергеу аяқталғаннан кейін өз ойынды, қорытындыңды *е к ш е п-е л е п,* түйіндеп бізге докладной жазып бересің, – деді ол (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЕКШЕП-ЕЛЕТ= е т. *Іріктету, талдату, саралату, електен өткізу.* Айтқан ұсыныстарды *е к ш е п-е л е т т і* (Ауызекі).

ЕКШЕП-ЕЛЕТУ *Екшеп-елету етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өз ойын *е к ш е п-е л е т у.*

ЕКШЕП-ЕЛЕУ *Екшеп-еле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қорытынды пікірді *е к ш е п-е л е у.*

ЕКШЕС= е т. *Іріктесу, сұрыптасу.* ≈ Күрішті қосыла *е к ш е с т і.*

ЕКШЕСТІР= е т. *Іріктеттіру, сұрыптату.* Оқшауын *е к ш е с т і р с е* екі сөздің, Халық білед кімге беред «дурақ» атын. «Үлкенді ұлықтамақ қайда?» – депсіз, Үлкенді кісі ме едің ұлық тұтқан (Айтыс).

ЕКШЕСТІРУ *Екшестір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөздерін *е к ш е с т і р у.*

ЕКШЕСУ *Екшес етістігінің қимыл атауы.* Тарыны *е к ш е с у г е* көмектесті (Ауызекі).

ЕКШЕТ= е т. *Іріктету, талдату, сұрыптату.* Шабанбай ауылға келген үгітшілердің сөзін алдымен бір естіп алып, артынан өзінше осы көп оқыды-ау деген біреуіне қалай да *е к ш е т і п* алатын (А.Жүнісов, Өмір.).

ЕКШЕТУ *Екшет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алдын ала *е к ш е т у.*

ЕКШЕУ *Екше етістігінің қимыл атауы.* Роман композициясының шашырандылығы мен басты кейіпкерлердің толысып жетіспеуі, материалдарды талғампаздықпен *е к ш е у д і ң* жеткіліксіздігі автордың жанрды жете игермегендігін байқатады (С.Қирабаев, Октябрь.). Мінбеге шыға салысымен цифрларды тізе жөнелді. Ешбір талдау, *е к ш е у,* оған жан бітіріп, ой айту деген жоқ (К.Қазыбаев, Дәуір).

ЕКШЕУІШ з а т. т е х. *Сусымалы заттарды қозғалмайтын тор көзден немесе электен өткізу арқылы механикалық әдіспен сұрыптауға арналған құрылғы. Е к ш е у і ш* дәнді, түйнекті жемістерді, көмірді, кентасты, қиыршықтасты ажыратуға, сондай-ақ, ылғалды өнімдерді құрғату (сорғыту) үшін қолданылады (ҚҰЭ). *Е к ш е у і ш* байытылған көмір, жуылған руда т.б. заттарды судан арылту, уақтау, сорттау заводтары мен кен байыту фабрикаларында қолданылады (ҚСЭ).

ЕКІ с а н. **1.** *Бір мен үштің арасындағы есептік сан; бір мен бірдің қосындысы.* Өзінің «Негіздер» кітабын кемелдендіру» аты еңбегінде ол бесінші постулатты дәлелдеу үшін жабық түрде мынадай ұйғарымға сүйенеді: егер екі түзу үшінші бір түзумен қиылысқанда осы түзулер арасындағы айқыш бұрыштар тең болса, ол *е к і* түзуді басқа бір түзу қиғанда да жағдай осылай болады (А.Көбесов, Математика). Бұрыштағы көрнезді нар пештің қуысында қаз мойын жез шәугім; пештің алдында үлкен жез шылапшын. Төрдегі көлденең сырықта қызылала тек жайнамаз, *е к і* сүлгі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы *е к і* әскердегі патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). **2.** *Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп мөлшер, өлшем, шама мәнін береді.* Семіз екен. Ұлпа қазысы *е к і* елі! – десті әркімдер (С.Мұқанов, Шығ.). – Жазасы – *е к і* ауыз ән, ендеше! – деді Күлия (Шағын пьеса). Сәукеле төбесінің биіктігі *е к і* сүйем, кейде одан да биік болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** *Жұп, қос*; *пар.* Қазақтікінен латын әрпінің артықшылығын көрсету үшін латыншылдар қит етсе айырпылан, аптамабел мен қазақтың *е к і* аяқты арбасын салыстырады (М.Дулатов, Шығ.). Бұрқандансаң мұз жаудыр, Мұздай темір құрсандыр. Кел, кел, бұлт, кел бұлт! *Е к і* енеге тел бұлт! (С.Сейфуллин, Шығ.). Қиықтанып ай туды, Тәтті сырлар айтылды. *Е к і* ғашық елтіді – Ұмытты үйге қайтуды (М.Әлімбаев, Шығ.). Аталатын Қыземшек, *Е к і* шоқы қаз-қатар. Алабыннан гүл терсек, Адыры сыр тыңдатар (Н.Көбенов, Дала). **4.** п е д. *Оқушылардың біліміне қойылатын ең төменгі баға, балл.* Сондай-ақ кафедра жетекшісі бізден тыңдаушыларға *«е к і»* деген баға қоймауға талап етті. Яғни *е к і* қоюға болмайтын тыңдаушыларға жататындар – жоғары лауазымдылардың балалары, інілері, тағы басқалар («Жас Алаш»). Оқудан да *«е к і»* екен, Есептен де *«е к і»* екен. Суреттен «бір» алыпты, Бағаға әбден жарыпты (С.Сейітов, Таңд.). Бітті айғай, бітті ұрыс, Қылам енді нені дау? Отырғанда тыш-тыныш, *Е к і* алатын едім-ау! (Ж.Әбдірашев, Таңд.). Жас қанатың қатаяр да бекінер, Өзің болып батыл қара бетіне ел, Еңбекшіл бол, еріншектік жараспас, Дәптеріңе жоламасын *е к і л е р* (С.Сматаев, Алау).

Айтқаны [бұйрығы, әмірі] екі болмады. *Дегені болып тұрды, әмірі мүлтіксіз орындалды. А й т қ а н ы е к і б о л м а д ы,* Бай меңгеріп алмады, Ойлағандай сырт етті, Көтеріліп алған соң, Күш-жігер даяр болған соң, Ұлы жоспар жарқ етті (И.Байзақов, Құралай.). Әрине, ханның *ә м і р і е к і б о л м а й д ы* (Қаз. ертег.).

Айтқанын [өтінішін, сөзін, бұйрығын, әмірін, жарлығын, дегенін] екі етпеді [қылмады]. *Дегенін істеді, айтқанын мүлтіксіз орындады.* – Екінші шартым: Еркіңіз менде болады. *А й т қ а н ы м д ы е к і е т п е й с і з,* – деді Долан (А.Хангелдин, Өткен күн.). Әкесінің маған деген шынайы ықыласын аңғарды ма әлде басқа себебі болды ма, оның *ө т і н і ш т е р і н е к і е т п е й* күйсандықта да, домбырада да ойнап өнерін көрсетті («Қаз. әдеб.»). Қазір колхоздың барша адамы Сағидолла ағайдың *с ө з і н е к і е т п е й д і* (Шопан серігі). – Бар, ұйықта. Жұрттың аяғын тыя алмассың, – деді. Бала жігіт *б ұ й р ы қ т ы е к і е т п е д і* (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ақан оның *а й т қ а н ы н е к і қ ы л м а й,* бұлжытпай орындайды (З.Шашкин, Теміртау). Жанын сақтау үшін көтерілісшілер жағына шыққан хан бұл *а й т қ а н д а р ы н* да *е к і е т е а л м а с* еді («Егемен Қазақстан»).

Аузынан екі елі тастамады. *Ылғи айтып жүрді, үнемі еске алды.* Бұл өлеңдер сол маңайдағы бозбалалардың *а у з ы н а н е к і е л і т а с т а м а й т ы н* таспиғы еді (С.Торайғыров, Шығ. жин.).

Биенің екі сауымы. э т н. х а л. ө л ш е м. *Биенің екі сауылатын мерзімі.* Бәріміз бір-бір атты болғанша, *б и е н і ң е к і с а у ы м ы* өткен шығар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бұл [ол, осы, сол] екі арада. *Белгілі бір уақыт аралығында, мөлшерлі мерзімде. Б ұ л е к і а р а д а* ол да Алматыға мектеп оқушыларының дәстүрлі облыстық спартакиадасына баратын болып қалды (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). *О л е к і а р а д а* шаңдатқан құйындай бұрқыратып, еңгезердей бір әйел үйге сөйлеп кірді (Б.Майлин, Шығ.). Әлде *о с ы е к і а р а д а* тағы бір оқиға боп қалды ма екен? (Ж.Тілеков, Жоңғар.). *С о л е к і а р а д а* қару-жарақты, едіреңдеген бесалты атты кісі қораға кіріп келді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Бірді екі етті. *Ретін тапты, ұқсатты.* Сол жылдары *б і р д і е к і е т і п,* ауқаттана бастағандардың да саны ұлғая түскенді («Лен. жас»).

Бір көрген біліс, екі көрген таныс. *Бірер көрген соң бірін-бірі жақсы біліп қалды, жақын*

болды деген мағынада. Сонда да, *бір көрген біліс, екі көрген таныс* деген бар ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Бір қолды екі ете алмады. *Мұршасы келмеді, қолы тимеді; күш жетіспеді, адам таппады.* Сөйтіп *бір қолды екі ете алмай* жатқанда заводтың белді басшыларының бірі – бас конструкторы колхозға бармақ (Т.Нұртазин, Мұрат.).

Бір қолын екі еткізді. *Тызықтырды, асықтырды.* Тікелей әсер етпегенімен, жанама ықпал ету арқылы жастардың ұйымдарын құрып, *бір қолын екі еткізіп* жүргендер де бар («Жас Алаш»).

Бірі екі болды. *Өсті, өнді; көбейді.* – Қорықпа, – деді Айша оған күліп, – сенікі Алла берген ауру емес, адам берген ауру, өлмейсің, жітпейсің, от басынан кетпейсің, қалқам! *Бірің екі болады* (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

Демі екі иығынан зорға алынды. *Аурудан ентікті, шаршады.* Ас ішу емес, Абай енді біржолата төсек тартып жататын науқастың күйінде екен ысынған *демі* алқындыра деміктіріп *екі иығынан зорға алынады* (М.Әуезов, Таңд.).

Егіз екі болмады. *Өсіп-өнбеді, көгермеді, жетіспеді.* Жанындағы жарыңды жамандасаң, *Егіз екі* мен кепіл *болмасыңа* (Айтыс).

Егіз екі болмағыр. қ а р ғ. *Көгермегір, жетпегір, құрып кеткір.* – Ей, *егіз екі болмағыр,* шоқынды қыз (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Екі айырылды. *Екі бөлінді, бөлек кетті.* Екеуі *екі айырылмақ* қамын жеген, Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген. Мал тапқаны бір ізден таппақ болып, Серт қылып, бір-біріне уәде берген (Абай, Тол. жин.).

Екі айтқызбады. *Айтқанын екі етпеді, бірден істеп тастады.* Жұмағұл сырына әйелі жақсы қанық. Оның жаза баспайтынына кәміл сенеді, сондықтан да *екі айтқызбайды* (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Екі айтпады. *Сертте, уәдеде тұрды, айтқанынан қайтпады.* Бар әлемге жарықсың. Қайтпайтұғын сертінен, *Екі айтпайтын* халықсың (А.Асылбеков, Көкорай.).

Екі ара [аралық]. а) *Аралық қашықтық, мөлшер; екі орта.* Осы *екі аралық* теміржолмен қосылатын болса, сол жерден Сингапур, одан Алашанькоу арқылы, біздің Достық теміржолымыз арқылы Еуропаға шығуға болады («Егемен Қазақстан»). Әшейінде салбыратып тұрған жұмсақ таңдай жұтарда тартылып, көтеріліп, орта бөлімді жоғарғы бөлімнен бөліп, *екі араға* перде болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Қамысты кейде кіріп көлге қарау, Паналап із түспейтін тасты қамау, Қазан мен *екі арасы* екі айлық жер, Көп жүріп Москваға жетті жаяу (О.Шипин, Дастан.). Вокзал мен қаланың *екі арасы* бес-ондап, шоғыр-шоғыр жортқан әскер екен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Екі ара* – салт атты кісіге ара қонып жететін жер (З.Ақышев, Біздің шамшы.). ә) *Арақатынас.* Осы орайда Абай мен Уақтың бір адамы Нұрке деген кісінің *екі арасын* шиеленістіретін бір кез келді (М.Әуезов, Әр жыл.). Мүмкін шешесі де шайпау тілмен *екі арағa* маздата от жаққан болар (З.Шашкин, Теміртау).

Екі арада. а) *Екеуінің арасында, ортасында; екі ортада,* Ескі өмірге жаппай социалистік шабуыл жасалған кезде, *екі арада* алақтап жүрген бишаралар – деп қарады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ел билеген ханмен *екі арадағы* наразылықтың аяғы насырға шапқанын, қуғын-сүргіннің сырын ұқтым. Осы текті қақтығыс қаптаған қалың халықтың да, селдірсекен жұрттың да тарихына енген. Олардың да өзіңмен иықтас басшысы, балапан тобыр қосшысы болған («Қаз. әдеб.»). ә) *Бұл уақыт аралығында, осы мезетте.* Тоймағаны – бірінбірі құшқаны, Сүйіскені, білектерін қысқаны. *Екі арада* ат ерімен ауданға, Құйрық тігіп, құйындатып ұшқаны (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің).

Екі аттатпады. *Тез қуып жетті, алысқа жібермеді.* Өшігіп, әрі қызып желігіп алған Аққұмай оны *екі аттатпады,* қалыңға жеткізбей желкеден қонды кеп (Н.Сералиев, Намыс).

Екі ауыз. *Азғана, кішкене, шағын. Екі ауыз* ән білгені ақынмын дер, Қыдырдан түсте бата алғанындай. Ұятсыз, сіздің елдің бәрі даңғой, Айтпасаң, мұнан басқа қалғаныңды-ай (Ақын жырлары).

Екі ауыз сөз. *Қысқа тұжырымды әңгіме.* Әділ бидің алдынан іс кетпейді, Жәбірлікті нәпсі үшін істетпейді, Ердің құнын *екі ауыз сөзбен* айтып Абыройын кісінің еш төкпейді (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). Төл әдебиетіміздің жетістігі мен кемшілігін *екі ауыз сөзбен* сабақтап қою қиын. Ол үшін том-том кітап жазылуы қажет («Қаз. әдеб.»).

Екі ауыз сөздің басын қосты. *Сөз қисынын келтірді, тұзу сөйледі. Екі ауыз сөздің басын қосарлық* не ақыл жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп... таласбергеннің несі сөз (Абай, Таңд. жин.).

Екі ауыз сөздің басын құрай [қоса] алмайды. *Сөз қисынын келтіре алмайды, жөндеп сөйлей алмасақ,* несіне жүрміз («Лен. жас»).

Екі ашпалы. *Екі жаққа ашылатын, құранды. Екі ашпалы* пайы шымылдықты оң жаққа

құрып, жібек көрпеге күйеулерді отырғызған екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Екі аяғын бір етікке тығу. *Састыру, апшысын қуыру, тықсыру.* Раушан мына қалпын қоймаса, *екі аяғымызды бір етікке тығудан* тайынбас, – деді Қайырбай (Б.Майлин, Таңд.).

Екі аяқ көже. *Мол, қалағанынша, тойғанынша.* Қарасақал көжені ішіп болып біраз отырып айтады. «Іші құрғыр неге қорылдайсың, *екі аяқ көже* ішетін өз үйің бар ма?» – дейді (М.Дулатов, Шығ.).

Екі аяқты. б е й н е. *Адам баласы, адамзат атаулы. Екі аяқтының* данышпанысың... Ие, ие, айта бер (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). *Екі аяқтыда* бажа тату, төрт аяқтыда бота тату (Мақал). Анадай тұрып қарасам, Жанды ерітер жандайсың. Жуып кетсем маңына, *Екі аяқтыы* малдайсың (С.Торайғыров, Шығ.).

Екі аяғын бір етікке тықты. *Апшысын қуырды, састырды, тықсырды.* Көрдіңіздер ғой, қалай жекіремін. Мен әлі мұның *екі аяғын бір етікке тығам* (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Келіншек Мейрамның *екі аяғын бір етікке тықты.* Сөзі тіпті заңды, дәлелді. «Кетеміз, қырамызы» жоқ (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Екі басқа. *Мүлде бөтен, тіптен өзгеше.* Бүтін рельс пен кемшілігі бар рельстің даусы *екі басқа* (С.Мұқанов, Саяхат.). Саяси аренада «ойнау» мен футбол аренасында ойнау – *екі басқа.* Каддафидің қандай футболшы екеніне жақын күндері көзіміз жетеді («Жас Алаш»).

Екі бас намаз. д і н и. *Екі рет сәждеге барып оқылатын намаз.* Мына сөз қатты тиді меселіне Қалдым ба, деді жұрттың өсегіне, *Екі бас намаз оқып* жалбарынып, Шал жатты кемпірінің төсегіне (Н. Ахметбеков, Амангелді). Орысша осыны жаз, мөріңді бас, Болмаймыз сонда сіздің жаныңа қас. Болмаса бұл айтқаным, құбыла жаққа *Екі бас намаз оқып*, қойыңдар бас (Н. Ахметбеков, Амангелді).

Екі басы. *Екі жағы, екі ұшы.* Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп, *екі басын* ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ (Абай, Тол. жин.).

Екі беті. *Бет әлпеті, жүзі.* Тізілген аппақ тісі меруерттей, Нұр атқан *екі беті* жанған өрттей, Қу шалға шыныменен барам ба деп, Жатады көңілінен қайғы кетпей (К.Әзірбаев, Таңд.).

Екі болмады. *Қайталанбады, мүлтіксіз орындалды.* Хан жарлығы *екі болмайды,* – деп алпысқа келмек жасы бар, ақ араласқан шашы бар адамдардың барлығын қыра беріпті (С.Қасиманов, Шығ.). Әзім де бөгелмеді бойын тежеп, Талабы, тәуекелі сондай-ақ көп. Тәңірінің бір жазғаны *екі болмас,* Маяның ішіне енді тәуекел деп (Абай, Тол. жин.).

Екі білек. *Қос қолдың шынтаққа дейінгі тұсы.* Үстелге отырғанда *екі білегіңді* шынтағыңа дейін үстелдің үстіне салып отыр. Астыңдағы орындығың аласа болса, үстіне көпшік я бөтен нәрсе салып, керісінше биіктет (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Екіге бөлу. *Жіктеу, саралау.* Ас болған нәрсені *екіге бөлуге* болады. Бірі бапталып қанға қосылады, екіншісі бапталуға көнбейді. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Екі бөлінді. *Тұтастығы бұзылды, араздасты.* Қаратайдан өлген Жантөре ханның орнына хан сайлағанда Кіші жүз екіге бөлінді. Әлімұлы Айшуақ тұқымын қуаттап, Серғазыны хан сайлады. Байұлы Нұралы тұқымын қуаттап, Бөкейді хан сайлады. Жетіру *екі бөлінді* (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Соның нәтижесінде, бұрын әлемдік империя күшпен біріктіріп отырған отырықшы дүние мен көшпенді дүние қайтадан ірге ажыратып, *екіге бөлініп* кетті («Егемен Қазақстан»).

Екі бүктелді. *Қол-аяғын бауырына алып, бүрісіп қалды.* Адамның кейде *екі бүктеліп,* кейде сіресіп қалатыны да осыдан (Е.Оразақов, Дәрігер.). Оқоп түбінде, салқын қара жерде бүрісіп, *екі бүктеліп,* бос құрсақ, шаршап-шалдыққан жауынгерлер ұйықтап жатыр (Ол күндер.).

Екі бірдей. *Ол да, бұл да, екеуі де; қос.* Әуелгіде білген жоқ, Түсінемін ондайды. *Екі бірдей* соғысты босқа кешіп жүрген жоқ (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Атасы басқа жат ру, Жаман екен дүние-ай! Тастап кетті жұртына *Екі бірдей* асылды, Асылдан шыққан нәсілді (Ер Тарғын). Кодекс жобасына *екі бірдей* комитет – аграрлық мәселелер және экономикалық реформалар мен аймақтық даму комитеттері басшылық жасауда («Жас Алаш»). Соның айғағындай, Алматыдағы «Раритет» баспа компаниясынан «Нар заман мен зар заман поэзиясы» және «Тұнық тұма» деген атпен *екі бірдей* кітап жарыққа шыққан болатын («Егемен Қазақстан»).

Екіге жарылды. *Араздасты, кетті.* Сөзіңнен қетіп пәтуа, Құт-берекең арылды; Ағайын араз болған соң, Ел *екіге жарылды* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Екі дай. *Екі жақ, екі топ.* Төлебайды алу, алмау туралы басқарма мүшелері *екі дай* айтысқа кірісті (С.Мұқанов, Шығ. жин.). Сүзгілесті көк темір, Жекпе-жекте *екі дай.* Дірілдеп жер құйқасы Жарқылдады нажағай! (Сәлем саған.).

Екі дай болды. *Екі жікке бөлінді, топтасты.* Келе жатса, екі ауыл *екі дай болып,* көкпар тартып жатыр екен (М.Қаратаев, Далада.). Бұл тұста Жағатай ұрпақтары да екіге бөлінеді. Енді олар *екі дай боп* алысады (І.Есенберлин, Алмас.). Осыдан *екі дай боп* елеуресті,

Өйткені етке тойып, қымыз ішті. Құтырған қораздайын қырқыстырып, Дағдырын қос аусардың сүйтіп шешті (І.Жансүгіров, Таңд.).

Екі дара. *Әр басқа, әр бөлек.* Сөздері екеуінің *екі дара,* Мақтасты өз сұлуын өзі жана Диюға жын әмірі жүргендіктен, Ақырып тоқтатты қыз күшпен ғана, Өткізіп бос егеспен бүгін кешті, Азырақ ақылдасып кеңес шешті (Н. Ахметбеков, Амангелді).

Екіден бірі. *Бүтін нәрсенің (заттың) жартысы, тең жарымы.* Қарындағы майдың *екіден бірін* қонақтарым жесін деп, дастарқанға салды (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Екі дене есебі. а с т р. *Аспан механикасының жеке бір есебі. Екі дене есебі* Ньютонның тартылыс заңына сәйкес бір-біріне тартылатын екі дененің қозғалысын анықтайды (ҚҰЭ). Жалпы жағдайда, өзара әсерлесетін денелер құрылысының бір текті еместігі және қозғалыстың әр түрлі ұйытқулары ескерілетін жағдайда *екі дене есебінің* дәл шешімі болмайды (ҚҰЭ).

Екі дүние. *Бұл жалған; о дүние мен бұ дүние; жалған мен мәңгілік, шын дүние.* Басты иген көп құлшылық неге керек, Де де қой: «*Екі дүниеңді* өзің оңдас!» (О.Шораяқов, Шайыр). *Екі дүниенің* қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рақатың бәрі бірдей екен (Абай, Тол. жин.). Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы *Екі дүние* бұл тасдиық – хақтың досы. Осылардың бұзатын және үш іс бар: Пойда, мақтан, әуесқой – онан шошы (Абай, Тол. жин.).

Екі дүние бір қадам. *Сырдың суы сирағынан келмейді, айтқаны қаперіме кірмейді деген мағынада* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Екі дүниеде. *Өмір бойы, мәңгі-бақи.* Мына қанатымды бауырыңа ал. Ана Көктаспақ сүтке тиген күшіктей ғып жүрмесін. Онда *екі дүниеде* ырза емеспін (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). *Екі дүниеде* обалым болысыңның мойнында болсын (Ә.Әбішев, Армансыз.).

Екі дүниенің есігі. *О дүние мен бұ дүниенің қақпасы.* Ер түріктің бесігі, *екі дүниенің есігі* – Түркістанды Мекке десек, шетелдіктер шек келтіреді екен («Жас Алаш»).

Екі дүние сауабын алды. *Үлкен жақсылық жасады, сауапты іс бітірді.* Жасынан талапты боп атқа мінген, Жақсының жолдас болып қасына ерген. *Екі дүние сауабын алмақ* үшін Еліне мешіт, мектеп салып берген (М.Дулатов, Шығ.).

Екі дүркін. *Екі рет, екі мәрте.* Аймаққа *екі дүркін* газет тілшілері жіберіліп, тұрғылықты халықтың хал-ахуалы туралы республика жұртшылығына хабарда етті («Қаз. әдеб.»).

Екі езуі екі құлағында [құлағына жеткен]. *Мәз, қуанышты, өте көңілді.* Әбеннің *екі езуі екі құлағында,* қызара бөртіп, қонақ күтісіп жүр (F.Мұстафин, Дауыл). Нияз мәз болып, *екі езуі екі құлағына жеткенше* күліп; А-а солай ма!.. – деді (С.Сейфуллин, Шығ.). Жер-жаһанды шарлап, көңілі шалқып қайтқан Нұрбайдың *екі езуі екі құлағында* (Б.Тоғысбаев, Асыл адам).

Екі езуін тілді. *Аямай жазалады, тілін кесті.* «Кешегі құлым, кедейім, Құдайдан, діннен безуін. Суырып таста көмейін, *Тіліңдер екі езуін*!» (М.Мақатаев, Шығ.).

Екі елуді жасамады. к ө н е. *Жасы жүзге жетпеді.* Серкеден бастап жүрген адасып жұрт, Жесірде сыңайы бар бір болатын. Ерім-ай, *екі елуді жасамаған,* Жемеген бір пұл пара нашарлардан (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Екі елі айырылмады [ажырамады, қалмады]. *Үнемі ілесіп жүрді, қасынан қалмады.* Қәкітай қалада школда болған. Мағауияның білгенінен де көп пайдаланылатын. Өзі Абайдың қасынан *екі елі айырылмайды* (М.Әуезов, Таңд.). Сәтжанның қасынан *екі елі айырылмайтын* Бөрібасар да орнынан тұрды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Ол екеуі *ажырамайды екі елі*, Екеуіне бір-ақ орын жетеді, Екеуі де бір-ақ жолмен оралып, Екеуі де бір-ақ жолмен кетеді (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Екі елі ауызға төрт [бес] елі қақпақ. *Сақтық ету, сыр шашпау; сөзіне, тіліне ие болу.* Сөз бар ма, тілімнен таптым осының бәрін. Жоқ *екі елі ауызға бес елі қақпақ* керек екен (F.Мұстафин, Шығ.).

Екі елі аузына бір елі қақпақ қойды. *Артық-ауыз сөз айтпады, өсек-аяңға ермеді, сыр шашпады.* Мына туыстарыңа ескерт, – Шайман білетін орысшасына басты. – Мұнан былай *екі елі аузына бір елі қақпақ қойып* сөйлеуді үйренсін. Ит екеш ит те ас ішкен аяғына сарымайды («Қаз. әдеб.»).

Екі елі ұзамады [аттап шықпады]. *Алысқа кетпеді, ұзап шықпады.* Ол менің қасымнан *екі елі ұзамады* (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Бес ай бойына плантациядан *екі елі аттап шықпайтын* деуге болады («Лен. жас»). Алайда, ерінің жайсыз жатқаны Хакиманың тынышын алады. Ашу, ыза, ренжіске аралас, осы адамға арналған жақындық аяныш та одан *екі елі ұзамайды* (М.Иманжанов, Шығ.).

Екі енені тел емді. *Екі жаққа да сүйкімді болды, екі жақтың да жақсылығын, көмегін көріп өсті. Екі енені тел емген* Күпшек санды күреңмін, Төсімен тартса жетпейтін – Жуандықтан айылы. Өзімдей-ақ ұл туар Бір адамның зайыбы (Базар жырау, Шығ.). Сұлу етіп соғайын, *Екі енені тел емген*, Қысырдың қызыл тайындай. Сөйлесетін сөз болса, Көрсетейін зайырдай. Жылжытайын шіркінді Есенбайдың сайындай (Х.Досмұхамедұлы, Аламан)

Екі есе. *Екі қайтара мөлшер, екі мөлшер.* «Сайлауға барған біздің халық жай бір адамға емес, елге түсінікті саяси көзқарасы бар адам-

ға дауыс беруі қажет және де ол сайланған адамның жауапкершілігі *екі есеге* артуы тиіс: ол ел алдында және сайлау кезінде өзі идеясын жақтаған партия алдында жауап беретін болады» деп қадап айтты («Жас Алаш»). Көкөністі қайнатып пісіргенде, жемістің құрамындағы коротин бұзылады. Қайнатылған сәбізде коротин шикі сәбізге қарағанда, *екі есе* аз («Жас Алаш»).

Екі етегін түрінді. *Бар ықыласымен, ынтасымен кірісті.* Осы күні біз тұрмыз, Саңылау таппай кезденіп, Бізден бұрын өтіпті, *Екі етегін түрініп,* Иманын тілеп жүгірген Хақ дегенде еңіреніп. Ғайып ирен қырық шілтен Шылауында екен олардың, Жұмыла әулие күніреніп (Базар жырау, Шығ.). Бізден бұрын өтіпті. *Екі етегін түрініп,* Әулие іздеп жүргенде, Ақ деген құлдар еңіреніп (Б.Өтетілеуов, Шығ.).

Екі етек болды. *Барын салып күтті.* Ауыл жақсылары алдарынан шығып қарсы алып, әрқайсысын өздеріне тігілген ақ боз үйлерге кіргізіп *екі етек болып* жүр (Ә.Кекілбаев, Таңд.).

Екі жағына қарамады. *Жан-жағын барламады, байыптай алмады.* Алдыңда не бар көрмейсің, Артыңда не бар білмейсің, Жарға барып күп дейсің, *Қарамай екі жағыңа* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Екі жақ. а) *Екі тарап, екі түрлі бағыт.* «Үкімет ауылға бетбұрыс жасады. Алайда тұралап қалған ауылдарды аяқтарынан тік тұрғызу үшін *екі жақтан* да зор ынта-ықылас керек, мемлекеттің қаржысы қайтарымы болатын маңызды, өміршең шаруаларға жұмсалуға тиіс («Қаз. әдеб.»). Бұл азаматтың сөзіне қарағанда «көршісімен» тату көрінді, шамасы *екі жақ* қару қолданбауға шарт жасасқан болды («Қаз. әдеб.»). Пысығы *екі жақтың* билік қылды, Құрақпай бәрін алдап құлық қылды. Қолдағы біраз малды аямастан, Болыс пенен билерге сыйлық қылды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Қарама-қарсы жақ, жан-жақ.* Қаштыңдар мені көріп *екі жаққа,* Жетем деп мен жүргем жоқ жеті баққа. Заулайтын түрлерің бар тыным көрмей, Өзеннен аман-есен өтіп ап та (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Екі жақтан* атқан соң, Сорға түскен жылқыдай Қырылды солдат оппалап (О.Шипин, Дастан.).

Екі жақтады. а) *Екеуі бірікті, қосарласты.* Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап, Қыран шықса қияға, жібереді Олар да екі құсын *екі жақтан* (Абай, Тол. жин.). Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне құлық сақтап. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың *екі жақтан* (Абай, Тол. жин.). ә) *Жабылды, екеуледі, ортаға алды.* Енді екеуі жабылды *екі жақтан,* Күні бітті, тұрған жоқ Құдай сақтап. Зәһираның зардаусына қараймын деп, Еңіреген жарына да жүр жалтақтап (Дастандар). Балқаш пен Жезқазғанды екі жаққа ап, Өзегіңді екі алып жарып шығып, Төсіңді сорып жатыр *екі жақтап,* Қап-қара Қарағандым, бетің аппақ (М.Мақатаев, Шығ.).

Екі жапсақ, бір епсек. *«Екі жеп, биге шығу», еселеп пайда табу мағынасында* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Екі жар [болды]. *Екіге бөлінді; жақ-жақ болды.* Сарекең *екі жар* көрінеді. Тағы да Азына мен Қорам тұқымы сыйыса алмапты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ел *екі жар болған* соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйемін десе соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады (Абай, Тол. жин.).

Екі жарты, бір бүтін болды. *Бірікті, ұйымдасты, қауымдасты (көбіне кемтар, жоқ-жітік, жалғызілік кісілер арасында болатын өзара селбестік). Екі жарты, бір бүтін болайық.* Кімге сенеміз? Иық сүйесіп күн көрейік деп Құтжанға құран оқи келгенде, Қодар Жәмпейіске зарын шақты да, қолына ұстап қалды (М.Әуезов, Таңд.).

Екі [екіге] жарылды. *Орталарын аштыы, қақ бөлінді.* – Ел *екі жарылып,* сапқа тұрсын, – деді ол шауып бара жатып (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Жаудың қайдан екенін Жаңа білдік, – десті де, Жайды құшақ екеуі, Жұрт *екіге жарылды* (І.Жансүгіров, Поэм.).

Екі жеп биге шықты. *Екі жақтан бірдей пайда түсірді; олжалы болды, ұтты.* Уркварт *екі жеп биге шықты.* Екібастұздың май көмірін Риддерде көкстеп, о жақтан әкелінген цинк пен қорғасынды Екібастұздары заводтарында судай тегін көмірмен қорытты (Р.Тоқтаров, Терістік.). Мектепті берік, әдемі етіп салып алсақ, келесі жылдан бастап отырықшы болсақ, тура *екі жеп биге шығамыз* (С.Омаров, шығ.). Мақажан алдын-ала біліп, оның үстіне қалың малын да көп беріп ойсыраған жоқ, істің сәті келе кетті, *«екі жеп биге шықты»* (С.Талжанов, Шығ.).

Екі жиһан. *О дуние мен бұл дуние.* – Сағат сайын соғатын жүрегім сен, *Екі жиһан* арманы тілегім сен, Қайдан келіп қасыма тұр едің сен (Н. Ахметбеков, Амангелді). Екеумізді қосушы тәңірім шебер, Күнәкарға ақырда азап берер, *Екі жиһан* бейнетін бірден шектім, Қылығым жоқ тәңірінің жүзін көрер (Н. Ахметбеков, Амангелді).

Екі жол аралығы. и н ф. <ағыл. feed pritch, line spacing> *Мәтіннің бір жолының тірек сызығынан келесі жолдың тірек сызығына дейінгі қашықтық.* Word редакторында – *екі жолдың аралығы* мәтін символдарының мөлшеріне тәуелді болады. (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екі жұлдыз. б е й н. *Бір-біріне ғашық екі жас. Е к і ж ұ л д ы з,* екі үміт, екі қыран, Аттарыңды өтерміз етіп ұран. Көңіліміздің сәулесі көбейгенде, Көзіміздің азаймас оты бұдан (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Екі жүрек. б е й н. *Бір-бірін сүйген екі жас.* Емес пе *е к і ж ү р е к* бірдей келсе, Арада махаббат оты жағылмағы Мінеки, домбыраңыз тоқтадым мен Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы (М.Дулатов, Шығ.).

Екі жылдық өсімдік. б о т. *Екі жылда бір рет жеміс беретін (гүлдейтін) өсімдік. Е к і ж ы л д ы қ ө с і м д і к т е р д і* – бірінші жылы жертаған жапырақтарын шығарады, денесіне қоректік заттар жинайды («Халық мұғ.»). *Е к і ж ы л д ы қ ө с і м д і к т е р д і ң* тамырын келесі жылдың күзінде қазған пайдалы (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Екі иығына [иініне] екі кісі мінгендей. *Алып денелі, еңгезердей, зор.* Ол – *е к і и ы ғ ы н а е к і к і с і м і н г е н д е й,* денелі, үлкен от көзді, гүрілдеген зор дауысты жігіт (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Трактурист *е к і и ы ғ ы н а е к і к і с і м і н г е н д е й* алпамса тұлғалы адам екен (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). *Е к і и і н і н е е к і к і с і м і н г е н д е й* ұзын бойлы, толықша келген адам (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Екі иығына екі үкі, басына бір үкі тақты. *Асыра мақтады. Е к і и ы ғ ы н а е к і ү к і, б а с ы н а б і р ү к і т а ғ ы п,* ажарлап таныстырдым (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Екі иығынан [иінінен] дем алды. а) *Ентікті, алқынды.* «Ой, ұйықтап кеткен екенмін» деп, біреумен алысқан кісіге ұқсап, *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п* тұра келді (С.Торайғыров, Таңд. Шығ.). Алексей сол жағына жалт қараса, бір жас әйел *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п,* қасына келіп қалыпты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Бұлардың арасында *е к і и і н і н е н д е м а л ы п,* қорбалаңдап Сұлтан да жүр (Т.Ахтанов, Махабб.). Шолақ торы тайдың терін маржандай тамшылатып, *е к і и і н і н е н д е м а л ы п,* шөптің басына Шекердің інісі келіп тұр (Б.Майлин, Таңд.). ә) *Тынысы тарылды, жаны қысылды.* Ауру көкесінің түрі анау, күрк-күрк жөтеліп, *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п* жүргені (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Тек болғаны екі алақанына таянып қана *е к і и ы ғ ы н а н д е м і н а л а д ы* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сәлімгерей *е к і и і н і н е н д е м а л ы п,* ауыр ыңқылдайды («Қаз. әдеб.»). б) *Бұрқ-сарқ етіп қайнады, тасып төгілді.* Ызғарлы жел долданып, *Е к і и і н і н е н д е м а л ы п,* Ішін тартып осқырып, Кейде қатты ысқырып, Аңдай ұлып бір мезгіл, Екі санын шапақтап, Біресе сақ-сақ күледі (М.Жұмабаев, Шығ.). Есік алдында Дөкей апаның бүйірлі ақ самауыры быжылдап, *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п* тұр («Қаз. әдеб.»). Бір кезде *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п* сары самаурын келді («Лен. жас»). в) *Дандайсыды, деміне нан пісті, мақтанды.* Дәркембай шықпай бөгелген екен, *е к і и ы ғ ы н а н д е м а л ы п* алқынған жынды жігіттер: Шық, ойбай, Құдайсымай! Болыс пен стражник қысып жатса, Сен қу кедей де салмақтанамысың, – деп боқтап ақырып тастайды (М.Әуезов, Таңд.). г) *Қатты ашуланды.* Профессор Мусин *е к і и ы ғ ы н а д е м і н а л ы п,* ышқына сөйлеп, булығып отыр (З.Қабдолов, Шығ.).

Екі иығын [иінін] жұлып жеді. а) *Тыпыршыды, аласұрды, жанын жеді.* Сол музыкаларға бөтен деп жатсынбай, жатырқамай *е к і и ы ғ ы н ж ұ л ы п ж е п* билеп жүргендер өзіміздің кішкентай қарадомалақтар. Бүгінгі балғын патриоттардың сиқы! Осыдан кейін баланың санасы «сынбағанда» қайтеді («Қаз. әдеб.»). Қашан болса да шалықтап, науқансырап *е к і и і н і н ж ұ л ы п ж е п,* аласұрып отырғандары (Қ.Қуанышбаев, Шаншар.). ә) *Қатты долданып, ашуланды.* Тұнып қалған топты толқыта, *е к і и і н е н ж ұ л ы п ж е п,* еңгезердей қара жігіт келді (Ғ.Мұстафин). *Е к і и ы ғ ы н ж ұ л ы п ж е п* жүрген кісілерден гөрі, қайта осындай момын жандар ержүрек батыр боп шығатын (Ә.Нұрпейісов,Сең.).Мұндайда*екіиығынжұлып ж е п,* ауланы басына көтеріп жүрген тентек, содыр, тік бақайлар да жоқ («Қаз. әдеб.»).

Екі иығы салбырады. *Төменшік тартты, басылып қалды, сүмірейді.* Бағамын деп әркімнің қас-қабағын, Балам қабақ шытса да жасқанамын. Сәлемімді біреулер алмай кетсе, *Е к і и ы ғ ы м с а л б ы р а п,* пәс қаламын (М.Мақатаев, Шығ.). Еңсесін ой езе ме, *Е к і и ы ғ ы с а л б ы р а п*, Бір сойқанды сезе ме, Қалыпты әбден қалжырап (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Екі иініне [иығына] су кетті. *Жүні жығылды, сүмірейді.* Шымырлап, ішің мұздап, қаның суып, Мөлтілдеп көзіміздің жаспен жуып. *Е к і и і н і ң е с у к е т і п,* қайғы басып, Әл құрып, бар денеге жайылды уыт (Б.Ізтөлин, Шығ.).

Екі [айналып] келмейді. *Қайта соқпайды, оралмайды.* Жастық *е к і к е л м е й д і,* Бойында жігер қаулап. Жастықтың оты сөнбейді, Жалыны оттай лаулап (Д.Әбілев, Таңд. өлеңд.). Билебіле, жырла, сәулем, Қызығыңа тоймаймын. *Е к і к е л м е с* бұл бір дәурен, Мен де бірге ойлаймын (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Желдей зулап бір күні, өте шығар бұл дәурен, көзіңді ашып-жұмғанша. Бір кеткен соң басыңнан, *Е к і а й н а л ы п к е л м е й д і* (Б.Өтетілеуов, Шығ.). Бір кеткенсін басыңнан, *Е к і а й н а л ы п к е л м е й д і.* Сағатың бітіп сап қылар, Жалынсаң пұрса бермейді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Екі кеме құйрығын ұстады. *Алаңдады, екі-үш істі (кейде бір-біріне кереғар нәрсені)*

қатарынан бітірмекші болды. Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім. Құлағын салмас, тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім. *Екі кеме құйрығын Ұста,* жетсін бұйрығың (Абай, Тол. жин.). Екі кеме ұстаған суға кетер (Мақал). Қысқасы, тап қазіргідей *екі кеменің* басын *ұстап* қалт-құлт етіп мұхит ортасында тұрған болашақ ұрпағымызды алда әйтеуір бір болатын рухани аппаттан аман алып қаламыз десек, қырық құбылмай бір бағдарламаның ізімен алып жүргеніміз оларға да, өзімізге де, мемлекетімізге де тиімді болар еді («Қаз. әдеб.»).

Екі кештің арасында. *Апақ-сапақта, қызыл иірде, иір қараңғысында, көз байланар-байланбаста.* – Е, Сағатбек, қал қалай? Бұл не, *екі кештің арасында?* (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Осыдан екі жеті өткеннен кейін *екі кештің арасында* әлдеқайдан Аленка оның күзет үйіне кіріп келді («Лен. жас»). Қариялар күн қызылы тарап, аптап асылған *екі кештің арасында* құм шағылдың біріне шығады. Әңгіме-дүкен құрады (С.Бердіқұлов, Жұмыржер.).

Екі көзден жас кетпеді. *Қайғыға, мұңға батты.* Былай тұрсын шалдығы, Үш қатынның үстіне Менің басым қор болмақ, *Екі көзден жас кетпей,* Тартқаным қалың сор болмақ (О.Шипин, Дастан.).

Екі көздің бірі [егіздің сыңары]. *Бауыры, туысы, сенері, серігі.* Ол қандай болса, сен де сондай *екі көзімнің бірісің* (К.Оразалин, Көктем.). *«Екі көздің бірі, егіздің сыңары»* деп келетін сөз тіркестері осындай жайларды аңғартады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Екі көздің біріндей. *Ең жақыны, туысқандай көретін адамы; бауыры; досы. Екі көздің бірі-ндей,* Екі талай жер болса, Мен едім қимас егізің (Б.Өтемісов, Өленд.).

Екі көздің шарасы. *Көздің цясы.* Алтын шыны кеседей *Екі көзінің шарасы* (Қ.Жармағамбетов, Шығ).

Екі көзі алдында. *Алдыңғы жақтан көз алмады, ылғи алға қараумен болды.* Әбдірахманның *екі көзі алдында.* Алдымызда жүз саржан шамасында Есімбектің үйі тұр. Бірақ Шұға көрінбейді (Б.Майлин, Шығ.).

Екі көзі аспанда. а) *Алақтап-жұлақтады; адыраңдады.* Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, *...екі көзі аспанда* жынды кісіше шаба беруді біледі екен (Абай, Тол жин.). ә) *Дандайсыды, кісімсіді, паңсынды.* Ол төрде шіреніп отыр. *Екі көзі аспанда* (Ауызекі). б) *Қиялы басқа жақта, өзімен-өзі.* Таңғы сағат жеті, кешкі тоғызда күніне екі рет сапқа тұрғызып тексергенде, *екі көзім аспанда* («Жас Алаш»).

Екі көзі атыздай болды. *Зәресі ұшты, қатты қорықты.* Судыр Ахметтің *екі көзі атыздай болды.* Әшейінде, от басында, қатын-баланың алдында ерсіңгені болмаса, бұл өзі зәті қорқақ кісі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Екі көзі бұлаудай. *Көз жасын төккен, көп жылаған.* Түні бойы ұйықтай алған жоқпын, зәрем зәр түбінде. Қатынымның *екі көзі бұлаудай* (Р.Мұстафин, Дауыл.). Әрі-беріден соң көзімді ашсам, шешемнің *екі көзі бұлаудай,* молда дем салып отыр («Қаз. ертег.»).

Екі көзі жеп барады. *Теріле көз тікті, сұқтана қарады.* – Домбыра алған бұл кім? – деп, теріс көзбен қарады. Танып тұрып танымай, *Екі көзі жеп барады* (Айтыс).

Екі көз азап тартты. *Қиналды, жанға батты. Екі көз тартып азапты,* Кейде қылау жолатар. Көрмей қалса ғажапты, Сергек жүрек оятар (К.Салықов, Жезкиік).

Екі көзі жер сүзді. *Ұялды, қысылды.* Иә, қолында бар ата-ана мұғалімнің емеурінін айтпай түсініп түрлі желеулермен сұрағанын береді. Айлығы шайлығына жетпей отырғандар қиналды. Мұндайда ары тартса арба сынып, бері тартса өгіз өлетін ата-ананың баласы сыныптасының қасына мойнына су кетіп, *екі көзі жер сүзіп* жасып тұратынын ешкім жоққа шығара алмас («Егемен Қазақстан»).

Екі көзі қызарды. *Жанары тайды, болдырды.* Түсінде көрсең жан шошып, Өңіңде есті шығарған, Тіс біткені қаусаған, *Екі көзі қызарған,* Шал келеді өлмелі, Сонда да оған қыз арман (О.Шипин, Дастан.).

Екі көзін қан басты. *Ашу кернеді, қаны бетіне шапты.* Рахим жас мансінбейді аса сермеп, *Қан басып екі көзін,* ашу кернеп. Жәбірәиил әдіспенен ыңғайланды, Қанжардан қапы кетер қайсы жер деп (XVIII—XIX ғғ. қаз. ақын.).

Екі көзін май басты. *Еш нәрсені байқамады, көрмеді.* Кейбіреу жұр мысқыл айтып ашқылтым, Тұздығында ұшқыны бар қастықтың. *Екі көзін май басыпты,* шел қаптап, Тоя жеуден тастағанын бастықтың (К.Салықов, Жезкиік).

Екі көзін шарт [тарс] жұмды. *Еш нәрсені көргісі де, білгісі де келмеді.* Жігітке мықты дәулет амандығы, Қанағат барға етпесе надандығы. *Шарт жұмып екі көзін* жүргенменен, Көрінер қалайынша адамдығы (XX ғ. қаз. ақын.).

Екі көзі оттай жайнады [жанды]. *Көздері жалт-жұлт етті.* Шабақ тоғайдың ішін аралап келе жатса, бір арыстан шөкесінен түсіп, *екі көзі оттай жайнап,* шалға шапқалы дайындала бастай-ды (Қаз. ертег.). Баланың сонда ашумен айтқан сөзі: «Мен кетем қосқа отынның келер өзі!» Дірілдеп тұла бойы қалш-қалш етіп, Қызарып *оттай жанды екі көзі* (О.Шипин, Дастан.). Босанып аман-есен Қалам-

пыр жас, Болашақ батыр сонда дүние көрді. Баланы шомылдыра қолына алса, Қып-қызыл *оттай жанған екі көзі* (О.Шипин, Дастан.).

Екі көзі су қараңғы. *Көр, тұқ көрмес соқыр.* Өзіне қатты ұнаған күйшінің біреуін алып қалады. Оның *екі көзі су қараңғы* екен (Қаз. ертег.).

Екі көзі төрт болды. *Зарыға, сарғая күтті, жолына қарады.* Есік пен терезеге кезек қарап, *екі көзім төрт болып,* апамды күтемін (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Қыздың келер жағына қарай-қарай *екі көзі төрт болды* (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Тобылғы жазда Гүлдер жанады екен, Далада өрт болып. Тобылғы жазда Жар күткен жаман екен, *Екі көзің төрт болып* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Шайхыжан! *Төрт боп* жүр ме *екі көзің,* Папаңның почта арқылы күтіп сөзін? Туралық – тәуекелден, маслихат жоқ, Таза жүр тәрбиелеп өзіңді-өзің (О.Шораяқов, Шайыр). Жалғыз ауыз сөзіне Күйіп-жанып, от болып, Жүрген талай өзі де *Екі көзі төрт болып* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Екі көзі шарасынан шықты. *Көзі бақырайды, шатынады; қатты қорықты.* Сәтте қартайған, сақалының ағы басып кеткен Абайдың жүзі қазір аппақ құдай боп апты. *Екі көзі шарасынан шығып,* шатынап барады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Екі күннің бірінде. *Құдайдың құтты күні, күнде, күн сайын.* «Некесіз қатынның үйінің асы арам» деп шолақ молда *екі күннің бірінде* қақсайды (Б.Майлин, Шығ.). Шынында да, әлем біріншілігіне жолдама *екі күннің бірінде* беріліп жатқан жоқ («Жас Алаш»). Бас аман, мал түгелде ат басын кері бұрайық. Қарауылқожа *екі күннің бірінде* зікір салған бақсыдай ауыл үстін ылаң ғып бітті («Қаз. әдеб.»). Ақпарат айдыны асып-тасқан оңтүстікте *екі күннің бірінде* жаңа басылым желкен тартатындықтан, топқа тағы біреуі қосылса, жұрт мұны жаңалық деп қарамайтын еді («Жас Алаш»).

Екі қабатты. *Бірінің үстіне бірі орналасқан, екі қатарлы.* Үлкен қуаныш – 2000 жылдың 25 тамызында «Нұр» балалар үйіне жаңа үлгі-жобамен қайта жөндеуден өткізілген бұрынғы балабақшаның төрт қанатты, *екі қабатты* ғимараты берілді («Қаз. әдеб.»). Қазіргі заманға сай дизайнмен безендірілген, қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар *екі қабатты* ғимаратта орналасқан бұл кешен Өскемен қаласы тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды («Жас Алаш»).

Екі қанат, бір құйрық. *Құстың тұрпаты.* Жанды асылдың жақсысы. *Екі қанат, бір құйрық,* Аспанда желдеп көкте жүр (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Екі қой бір сом. *Бәрібір, мәнсіз.* Осындай жағдай менің әлгі КТК-ның қазақша хабарын ұйымдастырған балаларыма да, ондағы Гүлмира деген журналист қызыма да *екі қойың бір сом* болып тұр ғой («Жас Алаш»).

Екі қолға бір жұмыс [күрек]. *«Әйтеуір бір жұмыс табылар» деген мағынада.* – Ештемең кетпейді, *екі қолға бір жұмыс.* Мен өзім де жұмысты осы арбакеш болудан бастағам («Қаз. әдеб.»). Тек өз еліміздің азаматтары ғана емес, жатжұрттық іскерлер де *екі қолға бір жұмыс* іздеп елімізге ағылған («Жас Алаш»). 1990 жылдың бас кезінде ел іші дағдарып, *екі қолға бір күрек* табылмай, табылса, нәпақа болмай, әл-ауқатымыз төмендеп қалғаны есімізде («Жас Алаш»).

Екі қолын танауына тығып қалды. *Барынан айырылды, алданды, жер соқты.* – Кесекті көпақ құйған ек, Текшелеп-ақ жиған ек, Клуб салып беруге Колхозшыларға қалайда. Езіп кетіп ақ жауын, *Екі қолды танауға тығып қалдық* алайда (Ш.Смаханұлы, Тотияйын.).

Екі қолы алдына сыймады. *Қарап отыра алмады, зерікті, жалықты, іші пысты.* Осында келгелі мүлде өзгеріп барам. *Екі қолым алдыма сыймай,* ішім пысады. Бірдеме жетпейді, не екенін білмеймін. Көңіл соны далбасалап іздейді, таппайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Екі қолы жағасында. *Арпалысты, күресті, тайталасты.* Керегі жоқ бұл төлеудің, мен Тәңірі алдында сұрармын, оған дейін *екі қолым жағаңда* болар! (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Ендігі ісім сізбен түссін, ақсақал: Төрт аяғым төбеңізде, *екі қолым жағаңызда* (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.). Осыдан мені айырмай, Үш қатынның үстіне Қоя берсең сол шалға, Ақ сұңқардай түлеген Амангелді сен болсаң, Тоты құстай сыланған, Зылиқа сұлу мен болсам, *Екі қолым жағаңда*! (О.Шипин, Дастан.).

Екі қолын төбесіне қойды. *Мүлде безді, біржола қол үзді, тұңілді.* – Тіліңді алмаса, өздерінің қолынан ау-құралыңды сыпырып ал. Өңкей қу тақыр кедейлер *екі қолын төбесіне қойып,* тентіреп кетеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Еңбекші бұқараның негізгі күн көрісі жер еді, олар егін салып қана күн көре алатын еді, жерден айрылса *екі қолын төбесіне қойып* безіп кететін (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Екі қоянды бір таяқпен ұрып алды [өлтірді]. *Жолы бола кетті; бірден екі шаруаны бітірді* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Екі құлағынан басқа адал қарасы жоқ. *Нағыз кедей; қу кедей, тақыр кедей, «тірсегі шыққан» кедей, аузын ашса, ішек-қарны көрінетін кедей* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Екі құлағынан күн көрінді. *Қатты арыды, жүдеді.* Інім үйге өлімші болып, зорға жетті. Өзі арығанда, *екі құлағынан күн көрінеді* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Екі құлағы бар еді. *Қара басы ғана бар еді, түгі жоқ кедей еді.* Мен құда болғанда, Жирен шолақ құнаның бар еді, *Екі* ғана *құлағың бар еді*, Басыңда жаман тымағың бар еді, Атың жоқ еді, таяғың бар еді, Жалғыз қара шұнақ, лағың бар еді. Дәулетің менімен тең еді, Мен қашан сенен кем едім? (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Екі құшақ айқасты. *Құшақтасты, сағынып қосылды.* Жарлы қызы күйге құмар Қойшы жанын ұға алады. *Айқасады екі құшақ*... Көктен Ай да сығалады (О.Шипин, Дастан.).

Екі мүшел. *Жиырма бес жас.* Кәрі, жас дәурені өзге тату емес, Епке көнер ет жүрек сату емес, Кімде-кім үлкен болса *екі мүшел,* Мал беріп алғанымен, қатын емес (Абай, Тол. жин.).

Екі негізді қышқыл. х и м. *Металға ауыса алатын екі сутекті қышқыл.* Күкірт және күкірт сутекті қышқылдар – *екі негізді қышқылдар* (Химия).

Екінің бірі. а) *Кез келген адам, әркім, бәрі.* – Жұрт кірсін, біз қайда қашамыз, – деген сөзді *екінің бірі* айтты (Б.Майлин, Шығ.). Мақыштың жазда училищеміздің жаңа үйінің құрылысында еңбек еткенін *екінің бірі* біледі (М.Қосшығұлов, Шындық.). ә) *Не ол, не бұл; әйтеуір біреуі.* – Не бұл үйде мен тұрамын, не айтқаным болады, *екінің бірі* (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Бірақ *екінің бірі*: не актер болу керек, не бәрінен күдер үзу керек! Әлгі екеуі осындай қағида ұсынғандықтан ғана қиындықтың бәріне шыдап, кедергі атаулыны бұзып өтті («Жас Алаш»).

Екі мың. *Бір мыңның екі еселенген түрі, шамасы.* Бір атадан туғандай, Құралып басың көп болдың. *Екі мың* үйдің үстінде Бағасы қымбат сап болдым (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

Екінің бірі, егіздің сыңары. *Кез келген адам, әркім, бәрі.* Дәрігерлер өмірінде күн сайын, сағат сайын болып жататын қауырт та жедел оқиғаларды *екінің бірі, егіздің сыңары* біледі («Қаз. әдеб.»). Бұл ауданда *екінің бірі, егіздің сыңары* домбыра тартады («Қаз. әдеб.»).

Екінің бірінде. *Үнемі, ұдайы, әр кез.* Мал өсірушілер *екінің бірінде* малдарын жасырын түрде айдап әкетіп отырған (ҚазССР тарихы). – Бәрін бұлдіріп жүрген анау Ережеп, – деді Қаңқа. – Байшылдық пікірді *екінің бірінде* айтады (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Екі оқты болды. *Екі ойлы болды, дағдарды. Әбдірахман* хат жіберуге *екі оқты болған* соң, мен демдеп жібергем (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Екі оқтыланды. *Не қыларын білмеді, дағдарды. Қараған* көзден қысыла түскендей боп: «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен» – деп, *екі оқтыланған* түрмен Әміржан едәуір отырды (Б.Майлин, Шығ.).

Екі оқтылау. *Әрі-сәрілеу, екі ұштылау.* Бұл да қазір *екі оқтылау* боп тұр. Бірақ түбі түзелер (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Екі он бес. к ө н е. ***Отыз.*** Хан бұрылып қараған Би бұрылып сұраған Айдан ару сұлудың Ажары бетінде *Екі он бестен* жасы өтсе (Х.Досмұхамедұлы, Беріш Есет би//Аламан).

Екі орап алды. *Асып түсті, маңына жуытпады.* Шаруашылықтың бұл саласында Қазақстанның бір өзі-ақ Америкаңы *екі орап алады* (Тарту).

Екі оттың арасында [ортасында] қалды. *Біріне жақса, екіншісіне жақпады, аман қалар шешімі жоқ; айнала қиындыққа ұшырады.* Бұл тарихи қалыптасқан төл мемлекеттікті *екі оттың* – сырттағы басқыншылық пен іштегі наразылықтың *ортасында қалдырды* («Егемен Қазақстан»). Жаным күйіп, кейде өлім сұраймын, Тағы ойланып бал тұрмысты қимаймын. *Шыжық болған арасында екі оттың* Жүрегімді көз жасыммен бұлаймын (Б.Күлеев, Шығ.).

Екі өкпесін [аяғын] қолына алды. *Табаны сайға тимей жүгіре жөнелді, аяғы аяғына жұқпады; асығып келді (асыққан, қуанған кісіге айтылады).* Үш мың сом қолға тиетін болған соң, Жаббар-құлды, жан бар ма? – деп Жанғозин *екі аяғын қолына алып*, ауыл советке қарай тартты (С.Төлешев, Шығ.). Мөңке арсалаңдап келе жатқан Курнос Иванды көріп, Еламанға: – Мынауың *екі өкпесін қолына алып* келе жатыр ғой, – деді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Екі өкпесін [аяғын] қолға алып жүгірді [алды]. *Жан ұшыра, тез, қатты жүгірді. Екі өкпемді қолыма алып жүгіріп* келсем, Надя иегі иегіне тимей қалшылдап отыр (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Алексей бәйтеректен түсіп, тура әлгі жалғыз кісінің кеткен жағына қарай *екі өкпесін қолына алып* тұра *жүгірді* (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Ыңыранып хан да жетті *екі өкпесін қолға алып*, Аман қалған жалғыз ұлын құшып сүйіп, толғанып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Екі өлді. *Мүлде қапаланды, одан әрі азаптанды.* Болған жайды жол-жөнекей естіген Бәдігүл келе жатқан бетінен бұрылып, Тереңөзек жақта нағашылары бар дейтін, сонда тартыпты. Мұны естіп Қаншайым *екі өлді* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Екі палаталы жүйе. қ о ғ. с а я с и. *Жалпыұлттық өкілетті орган парламенттің құрылымы.*

Екі палаталы жүйе әркилы жолмен құрылады әрі әркелкі құзырет иеленетін екі (жоғары және төмен) палатадан тұрады (ҚҰЭ).

Екі сериялы. *Екі бөлімді.* Соғыс жылдары Гергий Рошаль қойған «Абай әндері» кинотүсірілімі мен бертінде Әзірбайжан Мәмбетов таспаға түсірген *екі сериялы* телефильмнің көркемдік мазмұны бүгінгі егемен Қазақстанның рухани талабына қамсау бола алмайды («Жас Алаш»).

Екі сөзге келмеді [келген жоқ]. а) *Бірден, сол бойда келісті, көнді, айтқанын істеді.* – Ей, Сәтбек? *Екі сөзге келмей,* ердім соңыңнан десем, сөзімді жалған дер едің (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Әнеке, үйді сатайық. Балаларға арнап интернат ашайық» дейді. Жұбайы да *екі сөзге келмейді.* «Ашсақ, ашайық» дейді («Қаз. әдеб.»). Ол *екі сөзге келген жоқ,* жұмбақ жымиыспен езу тартты да, көне кетті (Ә.Әбішев, Замана.). Әбіш *екі сөзге келмей*-ақ түсінді. Мағышы иығынан құшақтап сипай түсіп: «Жүр!» деп бір-ақ сөз айтты да, шапшаң киіндіріп ерте жөнелді (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Ай-шайға келмеді. Екі сөзге келмей* ұстаса кететін шатақ мінезді кісі (Қаз. тілі фраз. сөздігі).

Екі сөзді [сөз] көтермеді. *Әзіл-қалжыңды түсінбеді, біреудің айтқан әңгімесін жақтырмады, сөзді басынан асырмады.* Тәкәппар Дағыстанда Жүсіп батыр, бақытты асып құрбысынан келе жатыр, *Екі сөзді көтермес* зор көкірек, Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр (Ақылбай Құнанбаев, Шығ.).

Екі сөздің бірінде [бірі]. *Үнемі, ұдайы, әр кез.* Милион деген сөз бұ күнде *екі сөздің бірі* болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). «Төрт кластық, білімімізбен әлі біреу құрлы нан тауып жерміз» дегенді *екі сөзінің бірінде* аузынан тастамайды (С.Жүнісов, Өшп. із.). Хорлан да еш кінә жоқ Десем дағы сенбейді. *Екі сөздің бірінде* «Бүлдірген бәрін сен» дейді (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Өмір бойы өлгенше Мұрат осы ұранды ұстап кетті десе болады. «Жігіттің халыққа тиген пайдасын айту» Мұраттың *екі сөзінің бірінде* ұшырайды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Екі сөз жоқ. *Тұрақты; айтқанына, уәдесіне берік.* Қаймақ еді көңілімде, бізге қаспақ болды жем. *Екі сөз жоқ* өмірімде, Мен де, сорлы бақыты кем (Абай, Тол. жин.).

Екі сөйлемеді. *Айтқан сөзінде тұрды, бірақ рет айтты; сертке берік болды.* – Немене, *екі сөйлейтін* мені қатын дейсің бе? (М.Дүйсенов, Мейман.). Бөлімше басқарушысы Е.Тұрлыбековтың өзі осылай деп отыр. Ол екі *сөйлемейтін* адам («Лен. жас»). Хан *екі сөйлемес* болар, – деді Зейнеп енді екі көзі жалын атып, – мені Қараүлекке байға берсең, Қоңырқұлжадан да өшіңді қайтарасың (І.Есенберлин, Қаһар).

Екі тараптан. *Екі жақтан, бір-біріне қарама-қарсы.* Ғали әлі қалың бермеген бір талапты талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне наразылығына қарай *екі тараптан* да бір-біріне махаббат байланды деуге лайық болды (М.Дулатов, Шығ.).

Екі тарып болды. ж е р г. *Екіге жарылды, екі жікке бөлінді.* Бұрын байлар *екі тарып болып* айтысатын да жататын (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

Екі туып, бір қалғаны. *Бірге туған бауыры, жанашыр жақыны.* Мерхат *екі туып, бір қалғанының* ба, суырылмай тыныш тұр (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Сен сол баланы жақтауыңды қойшы. *Екі туып, бір қалғанының дай* аузыңнан тастамайсың (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Уа, қой, жеңгей, – деді Боранбай кейіп, – осындай қарлы боранда апаратын бұл менің қайбір *екі туып, бір қалғаным* еді? (С.Мұқанов, Шығ.).

Екі туып, бір қалмақ жоқ. *Әйтеуір бір өлім бар деген мағынада. Екі туып, бір қалмақ жоқ,* мылтықтың дауысынан құттарың қашпасын, жауға садақпен қан жұтқызып алайық та, содан кейін найза, сойылға жол берейік (І.Есенберлин, Айқас).

Екі тізгін, бір шылбыр [айыл]. *Ынтымақты ел-жұрттың ерік-билігін, билік тізгінін ұстау, ел-жұрттың көш басшысы болу мәнінде айтылады.* Ерегіскен дұшпанға, Айдаһардай шалысты, *Екі де тізгін, бір айыл,* Бір өзім деп салысты (Қаз. ақын. шығ.). Ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып, тілеу қылып, *екі тізгін, бір шылбырды* бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен (Абай, Тол. жин.).

Екі ұрты суалды. а) *Томсырайды, ұнатпады.* Келіні шыға қашады, Атасынан ұялып. Құдағи жүр тырысып, *Екі ұрты суалып* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Арыды, жүдеді.* Көзі бозарып, *екі ұрты суалып,* Ойсырап жүдеп қалыпты (С.Омаров, Шығ.).

Екі ұрық. а) *Дұдамал, екіталай, негайбыл.* Оқуға қайтар-қайтпасы *екі ұрық* екені есіне түсіп, Жарболдың іші удай ашиды (Ғ.Орманов, Жүрек). Оқуға қайтар қайтпасы өзге түгіл, өзіне де *екі ұрық* көрінбеді (Ғ.Орманов, Жүрек,). Тоқал да тұруы *екі ұрық,* Тоқалға да тақалды.

Соңында нокта сүйретіп, Қоқаң байдан ақы алды (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Бірде олай, бірде былай, құбылмалы, өзгермелі.* Ол қалалық комитетке қазақтың, ноғайдың күшімен кірген, мінезі *е к і ұ р ы қ,* жындылау адам еді (С.Сейфуллин, Тар жол.). б) *Шалық, есуас, жынды.* Енді біраз кешеуілдесек, бұл сырқат етек алып, осы отырған бәріміз *е к і ұ р ы қ,* есуас болады екенбіз (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.). Көроғлыны *е к і ұ р ы қ* айтады (Жамбыл, Шығ.).

Екі ұрықтау. *Есуастау, жындылау, шалықтау.* Щукарьдың жұмыс істеуге зауқы жоқ, сонда да осы *е к і ұ р ы қ т а у* картты елдің бәрі жақсы көреді (І.Омаров, Шабыт.).

Екі шамасында. *Сағат екіге жуық.* Түнгі *е к і ш а м а с ы н д а* сайлаушылардың көп дауысын алып тұрған кандидатты заңды тұғырынан құлатып, орнын әкімнің нұсқауымен аз дауыс алғанын өткізіп бердік. Бұл – қылмыс («Жас Алаш»).

Екі шоқып, бір қарады. *Сақтық жасады.* Адам баласы біздің дұшпанымыз, сақ болыңдар, *е к і ш о қ ы п, б і р қ а р а ң д а р,* – деген (Қаз. ертег.). Бізге, біздің елдің зиялы қауымында, дәл қазір *е к і ш о қ ы п, б і р қ а р а й т ы н* емес, бір шоқып екі қарайтын, әсіресе сырттан дүмпеніп жатқан қилы ғылыми тұжырымдарға аса сақтықпен, өте аңысқойлықпен қарайтын мезгіл келіп жетті («Жас Алаш»).

Екі ішек, он бір перне, бір тиек. б е й н. ***Домбыра.*** Домбырам, қайда барсам тастамаймын, Әнменен сенсіз өлең бастамаймын. *Е к і і ш е к, о н б і р п е р н е, б і р т и е к п е н,* Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Уа, ағайын, ағайын, Шаттана әнге салайын, Домбырамды қағайын, *О н б і р п е р н е, е к і і ш е к* Әшекейлеп тағайын. Алтын алқа Алатау Асқарына қарайын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Домбырам отыр қағынып *О н е к і п е р н е, е к і і ш е к* Бауырына тағылып. Қоянға қосқан тазыдай Бүктетіліп жазылып (Базар жырау, Шығ.).

Сақалын екі қолдап жұлды. *Күйіп-піскін ашуланды, өзін жерлей күйіп-пісті.* Саудагер сатар бақалды «Қыз жау» деген осы деп, Айтып отыр мақалды *Е к і қ о л д а п* Көбікті *Ж ұ л ы п* отыр *с а қ а л д ы* (Батырлар жыры).

Төбесі көкке екі елі жетпеді [тимеді]. *Қатты қуанды, мәз-майрам болды.* Құбайдың *т ө б е с і к ө к к е е к і е л і ж е т п е й* тұрған тәрізді. Мәз боп, шалқып кетті (Бәйшешек). Өкіл тұрып келіп, Бұзаубақтың қолын алады. Бұзаубақтың *т ө б е с і к ө к к е е к і-а қ е л і т и м е й д і* (Б.Майлин, Шығ.). Махамбет пен Құрманғазы аруағын тірілткендей тайлы тұяғыңыз қалмай келгендеріңізді көріп, *т ө б е м к ө к к е е к і е л і ж е т п е й* тұр («Жас Алаш»).

ЕКІАҒАЙЫНДЫ з а т. с ө й л. ***Ақпан.*** Қазақстанның оңтүстік облыстарында ақпан айы *е к і а ғ а й ы н д ы* деп аталады (М.Исқақов, Қаз. календары.).

ЕКІБАСТАН ү с т. **1.** *Ежелден, о бастан, әуелден; бұрыннан, баяғыдан.* – Орта жүзден бөлініп кеткен аз ғана арғынға бүліншілік заманда теңдік аз тисе керек, қоныстың жайлысы *е к і б а с т а н* тимейді (Х.Досмұхамедұлы Таңд.). Депутаттыққа таласқандар халықпен кездесуге келгенде, *е к і б а с т а н* «елге жаманшылық қылам» демейді, барлығы «депутат болсам, барлық қажеттілікпен қамтамассыз етем» дейді. Барлығы бірдей ниеттеніп тұрған соң, сайлаушылар арасынан өз руына дауыс бере қояды («Жас Алаш»). Төртеуі түгел барып қостарына, Қуанып қосылып жар-достарына, Мақтасып *е к і б а с т а н* жатыр ерді, «Саулықтың шығарды, – деп – бостанына» (Т.Ізтілеуов, Шығ.). **2.** *Онсыз да, ешкімнің көмегінсіз.* Төрелік: сасқандағы сазыңа түс! Сіз де бар *е к і б а с т а н* есепсіз күш! Адамға одан кейін көрсетілер, Жаһанда жан көрмеген ғажайып іс! (О.Шораяқов, Шайыр, Дөң асқан). *Е к і б а с т а н,* арғы жағын өзіңіз де түсінетін шығарсыз (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Әлгі Мырзахметті білетін бе едің? Есетті *е к і б а с т а н* білесің (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Бізде *е к і б а с т а н* күш-қару жоқ (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЕКІДЕН ү с т. *Екі-екіге бөлініп, жұптасып.* Ондатр көбінесе *е к і д е н* – «ерлі-зайыпты» боп бөлініп, ескі, иеленбеген үйшіктерді пайдаланады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Сабақтың әрбір буынынан *е к і д е н* жапырақ шығады да, олар бір-біріне қарама-қарсы орналасады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЕКІДЕН-ҮШТЕН ү с т. *Екеу-үшеу болып бірігіп, топтасып.* Құрмандарға *е к і д е н-ү ш т е н* келіп амандасқан жігіттер де күйеу үйіне бірге келді (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Едәуір қызып шыққан соңғы қонақтар *е к і д е н-ү ш т е н* тарқап барады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЕКІ-ЕКІДЕН ү с т. **1.** *Екеу-екеу етіп, қосарлап.* Көкірек үш бөлімнен (сегменттен) құралады. Көкірек бөлімдерінің бәрінде де *е к і-е к і д е н* аяқ болады. Жаңа да соңғы екі бөлімінде *е к і-е к і д е н* төрт қанат болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Нөлқара тізерлеп те, түрегеп те, нысананы *е к і-е к і д е н* төрт рет атып түсірді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Мадиярға *е к і-е к і д е н* үлестіріп берді де, қалған тастардың ішінен өзі екеуін таңдап алды (С.Омаров, Өмір.). **2.** *Екеу-екеу болып, жұптасып.* Оның ізінше Нұрай мен Демесін де келді. Сол-ақ екен, бұлар *е к і-е к і д е н* жұптаса қалды (Ө.Қанахин, Жүрек.). Осы кезде барлығы орындарынан тұрып, *е к і-е к і д е н* билей жөнелді (Ә.Тарази, Асу.).

ЕКІЖАҚТЫ с ы н. **1.** *Екі жағынан бірдей, екі жақтан.* Егер бала қылып алушы некеде жазылып тұрса бала қылып алу жөніндегі жұбайларды *е к і ж а қ т ы* келісімі қажет болады (Семья тәрбиесі). Ертең Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараны демаркациялауға байланысты 6 тамыздан бері Ташкентте жұмыс істеп жатқан *е к і ж а қ т ы* комиссия өз жұмысын аяқтады («Жас Алаш»). **2.** *Өзара, ерсілі-қарсылы.* Бұл уақытта құстар мен ондатрлар бір-біріне *е к і ж а қ т ы* қамқорлық жасайды («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Әрісәрі, солқылдақ; қайшылықты. Е к і ж а қ т ы,* қайшылықты пікірден революцияға дейінгі ел ақындарының бірталайы құтыла алған жоқ (Е.Ысмайылов, Ақындар). Таң атса күн болар, Күн батса түн болар. *Е к і ж а қ т ы* сөйлеткен Сайраған қызыл тіл болар (Үш ғасыр.).

Екіжақты бұрыш. г е о м. *Бір түзуден шыққан екі жарты жазықтықтан құралған кеңістіктегі фигура немесе осы екі жарты жазықтықпен шектелген кеңістіктің бөлігі; ортақ түзуден шығатын, екі жарты жазықтықтан жасалған кескін; фигура.* Ортақ түзу *е к і ж а қ т ы б ұ р ы ш т ы ң* қыры деп, ал жарты жазықтықтар *е к і ж а қ т ы б ұ р ы ш т ы ң* жақтары деп аталады (ҚСЭ). Жарты жазықтықтар *е к і ж а қ т ы б ұ р ы ш т ы ң* жақтары, ал оларға ортақ түзу *е к і ж а қ т ы б ұ р ы ш т ы ң* қыры деп аталады (ҚҰЭ).

Екіжақты диск. и н ф. <ағыл. double-sided disk> *Екі жағына да жазуға болатын диск.* Барлық дискілер екі жағынан да магниттік материалмен қапталып жасалады. Бірақ сынау барысында бір жағы шыдамаған дискілер бір жақты дискілер ретінде сатылады. *Е к і ж а қ т ы д и с к і л е р* екі бастиегі бар жағдайда ғана қолдануы мүмкін. Кейбір дискілерді аударып, бастиегін диск жетектерде де пайдалануға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екіжақты келісім. с а я с и. *Екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім.* Бұл мысал жөнінде СССР мен АҚШ арасында *е к і ж а қ т ы к е л і с і м г е* қол қойылды («Жетісу»).

Екіжақты клиринг. э к о н. *Қарсы талаптарды өздерінің орталық банктері арқылы өзара есепке алу туралы екі елдің үкіметтері арасында жасасылған келісім.* ≈ *Е к і ж а қ т ы к л и р и н г* шарты.

Екіжақты қатынастар. *Екі жаққа ортақ байланыс, алыс-беріс.* Үшіншіден, ТМД кеңестен кейінгі кеңістіктегі елдерді арасында қалыпты *е к і ж а қ т ы қ а т ы н а с т а р д ы ң* орнына бастауына жол ашты («Егемен Қазақстан»).

Екіжақты құжат. *Екеуіне ортақ, жауапкершілігі бір құжат.* Сапар мен қол қоюға жоспарланып отырған *е к і ж а қ т ы қ ұ ж а т т а р* екі ел арасындағы ынтымақтастықтың дамуына серпін беретін болды («Егемен Қазақстан»).

Екіжақты симметрия. ф и з. <лат. simmetria> *Дененің бір жазықтықта екі жаққа бөлінген екі бөлімінің өлшемдестігі.* Бұл жазықтық симметрияның осі деп аталады. *Е к і ж а қ т ы с и м м е т р и я* көпшілік жағдайда тек дененің сыртқы жағында ғана болады (Қаз. тілі термин. Биология).

Екіжақты шарт. э к о н. *Екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім; екі жаққа бірдей шарт.* ≈ *Е к і ж а қ т ы ш а р т қ а* қол қою.

ЕКІЖҮЗДІ с ы н. **1.** *Екі жағында да жүзі бар.* Өткірлігі *е к і ж ү з д і* семсердей азамат еді (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **2.** а у ы с. *Сөзінде тұрақ жоқ, бірде олай, бірде бұлай сөйлейтін; құу, айлакер, зымиян.* Десе де кеңес үкіметі *е к і ж ү з д і* саясат ұстанды: қаржылай көмекті көз қылып беруін бергенмен, екі досты Саратовта тұтқындап, ол ақшаларын қайта алып қойды (Р. Сыздықова, Х. Досмұхамедов// Алғы сөз). *Е к і-ж ү з д і,* сұрқия адвокат Мәкен дәлме-дәл және нанымды бейнелеп, мейманның епті сыңары етіп көрсетілген (М.Қаратаев). – Адам әрқилы текке жатады. Біреу ақылды, біреу ақымақ, біреу *е к і ж ү з д і,* айлакер, қулығын асырғыш. Енді біреу маубас, момын (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Есеңгіреп жүрмесең, Елді неге даттайсың. *Е к і ж ү з д і* болмасаң, Байды неге мақтайсың (Жамбыл, Таңд. жин.).

ЕКІЖҮЗДІЛІК з а т. *Қулық, айлакерлік, сұрқиялық.* Мұны неге айтып отырсыз? 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы дүние тек ұлтжандылықтан емес, *е к і ж ү з д і л і к т е н* де тұратынын дәлелдеп берген болатын («Қаз. әдеб.»). Сенгендерің Спан болса, ол қазірдің өзінде *е к і ж ү з д і л і г і н* танытып отыр емес пе? (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). *Е к і ж ү з д і л і к* адамның тіршілігі мен іс-әрекетіндегі, әсіресе, өзге адамдармен қарым-қатынасындағы қулық, айлакерлік, зымияндық сияқты жағымсыз сипаттар арқылы көрініс береді. Мұндай адамға әлеуметтік ортада, халық арасында сенімсіздікпен қарайды (ҚҰЭ).

ЕКІҚАБАТ с ы н. *Аяғы ауыр, жүкті.* «Ұрқия *е к і қ а б а т*» деген хабар кешікпей-ақ ауыл арасына жайылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Атырау облысының дәрігерлері сәбилер өлімінің көбею себебін *е к і қ а б а т* әйелдердің денсаулығының төмендеуімен түсіндіреді. Соңғы үш жылда қайтыс болған сәбилерден өкпе ауруларының белгілері анықталған («Жас Алаш»). Үй-жайым, шешем орталықта, өзім еркек қой отарымен ел шетіндемін, қатын *е к і қ а б а т* (М.Тиесов, Дала.). – Әлімбек... Мен *е к і қ а б а т п ы н,* – деуге ғана шамасы келді Қаншайым біраз үнсіз жатқаннан кейін (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЕКІЛ с ы н. ж е р г. *Жігерлі, қайратты.* Жас кезімде мен *е к і л* едім (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕКІЛЕН= е т. **1.** *Көтерілу; еліру, қызу.* Дүниені қудым *е к і л е н і п*, Ұстамаққа кезеніп. Дүние қырын салмады Ешбір маған еміреніп (Бес ғасыр.). Одан соң тағы біреу жұдырығын түйіп, *е к і л е н е* сөйледі (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Иттер бұрынғыдан да *е к і л е н і п*, арсылдай жүгіріп келеді (М.Әуезов, Қараш.). Елтай таяуды көлбете салып, күрей еседі. Қазір тіпті *е к і л е н і п*, қызып алған сияқты (З.Шүкіров, Гажайып.). **2.** *Екпіндеу, қарқындау, күшею, үдей түсу.* Мылқау боран қатаймаса бәсеңдейтін емес, құтырына, *е к і л е н е* түседі (М.Хасенов, Тұлпар.). Шіркін, менің тор бестім-ай десеңші, тізгінді кере тартып, шапқан сайын *е к і л е н е* түседі (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). **3.** *Қайраттану, құлшыну, өршелену.* Сонда Едіге, Домбыраын қолына алып, Екпіндетіп, *Е к і л е н і п*, Ескектетіп, Қалшылдатып, Тарсылдатып, Кекілік атып, Секектетіп, Күннің күйін, Нұрдың күйін соқтырды (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Өй, Асаубайдан осының өзі алымды» деген мадақтаушы дауыстар естілген сайын *е к і л е н е* қимылдаймын (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЕКІЛЕНДІР= е т. *Қыздыру, шабыттандыру; масаттандыру.* Марш күйін *е к і л е н д і р е* тартып, алдымен қызыл жалау көрінеді, оның артынан оркестр адамдары шығады, оркестр тынады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бар жалшыны соңына ертіп, сорлыға да жел беріп, *е к і л е н д і р і п* жіберген жоқ па ол? (О.Бодықов, Бұлбұл). Әннің аяғын дауысты баспалдақтап көтеріп тастап, *е к і л е н д і р і п* барып бітіреді (А.Жұбанов, Замана.).

ЕКІЛЕНДІРУ *Екілендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елірте *е к і л е н д і р у.*

ЕКІЛЕНТ= е т. *Біреуді елірту, қыздыру.* Кешкі кез. Сауық қызып клуб үйде, Гармоншы *е к і л е н т е* тартты күйге, Оразды орамалмен желпи өтіп, Өжет қыз Бәтия кеп басты биге (Ғ.Игенсартов, Тың дала).

ЕКІЛЕНТУ *Екілент етістігінің қимыл атауы.* ≈ Одан сайын *е к і л е н т у.*

ЕКІЛЕНУ *Екілен етістігінің қимыл атауы; еліру.* – Келдім! – деді Тілеш. Қоңыр даусында аздаған *е к і л е н у* бар (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЕКІЛЕП-ҮШТЕП ү с т. *Екеу-үшеу болып, екіден-үштен топтасып.* «Қосылу керек» деп сөзбен ғана қоймай, құлақтанған төңіректегі ел адамдары *е к і л е п-ү ш т е п* жасаққа қосыла бастады (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны).

ЕКІЛЕС= е т. *Сөз таластыру, айтысу, дауласу.* Барлыбайды Қаныбет те қорғап бағады. *Е к і л е с і п* келгенде, оған менің де бүйрегім бұруы мүмкін (З.Шүкіров, Қиын түйін). Екі жақ *е к і л е с т і* бетпе-бет кеп, Қанға қан, жанға жан да, кекке кек деп. Қашанғы қанды майдан жоралғысы – Шешеді шабар шақты жекпе-жек тек (І.Мәмбетов, Дос.).

ЕКІЛЕСУ *Екілес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елеурей *е к і л е с у і.*

ЕКІЛІК[1] з а т. п е д. *Оқушылардың біліміне (тәртібіне) қойылатын ең төменгі баға, балл.* – Олай болса тағы бір *е к і л і к т і* қоямыз енді, – деді оқытушы қаламын алып (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Кешке Сәлім көп ойнап, Жүрді текке лепіріп. Сабақ естен шығып қап, Алды бүгін *«е к і л і к»* (Ш.Смаханұлы, Шимайбек.). «Бестік» алсақ қуанып, Арқамыздан қағады. Алсақ егер *«е к і л і к»,* Ол ренжіп қалады (Кел, шырқайық.).

ЕКІЛІК[2] з а т. и н ф. <ағыл. binary> *Екі компоненттен тұратын кез келген жүйеге қатысты.* Есептеулерге қатысты *е к і л і к* 0 мен 1 пайдаланылатын жүйелерге қызмет жасайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік ағын. и н ф. <ағыл. bit stream> *Байланыс желісі бойынша берілетін екілік цифрлардың үзіліссіз тізбегі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік арифметика. и н ф. *Екілік санау жүйесінде берілген сандар арифметикасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік ауыстырып қосқыш. и н ф. <ағыл. bit switch> *Бір екілік разрядтан тұратын және екі қалып-күйі (қосу-ағыту, иә/жоқ) бар логикалық ауыстырып қосқыш* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік бөлшек. и н ф. <ағыл. binariy fraction> *2 санының дәрежелері қолданылатын бөлшек.* Мысалы ондық бөлшек 0,123 оннан бірдің біреуін, жүзден бірдің екеуін, мыннан бірдің үшеуін көрсетеді. Сол сияқты *е к і л і к б ө л ш е к* 0,101 жартысының біреуін көрсетеді. Нақты сандар (бүтін сандардай емес) компьютер жадында тек қана екілік түрде сақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік бөліктеу. и н ф. <ағыл. binary split> *Кейбір мәселелерді шешу үшін қолданылатын итерациялық әдіс.* Мұнда шешімді іздестіру екі шаманың біреуін таңдау арқылы жүргізіледі. *Е к і л і к б ө л і к т е у* амалы ізделіп отырған шамадан ауытқу мейлінше аз болғанға дейін орындалады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік бұтақ. и н ф. <binary tree> *Әр тармағы екі бұтақтан артпайтын ағаш құрылымының пішіні. Е к і л і к б ұ т а қ т ы* іздестіру белгілері бұтақ түйіндерінде орналастырылып, мынадай прниципке бағынады: бұтақтар төбесінің белгісіне қарағанда сол жақ бұтақша белгісі кіші, ал оң жақ бұтақша белгісі үлкен болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік жазба. и н ф. <ағыл. binary notation> а) *Нөлдер мен бірліктердің тізбегі түріндегі жазба.* ә) *Сандарды екілік санау жүйесінде ұсыну* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік жүйе. и н ф. <ағыл. binary system> *Екілік белгілер 1 мен 0-ді ғана пайдаланатын, негізгі 2 саны болып келетін позициялық санау жүйесі.* Мұндай санау жүйесі көбінесе мәліметтерді компьютер жадына ұсыну үшін кеңінен қолданылады. Сандарды екілік белгілермен көрсету олардың екілік өрнектелуі деп аталады. Сонымен қатар, *екілік жүйе* термині тек қана екі түрлі қалып-күйде бола алатын кез келген жүйені сипаттауға қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). Мысалы кез келген компьютер жадының әрбір элементі, бір қалып-күйі екілік белі «0»-ді, екінші қалып-күйі екілік белгі «1»-ді таңбалауға қолданылатын *екілік жүйе* болып табылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). Әдетте, осындай жад элементі немесе ақпараттық бірлік кез келген *екілік жүйеде* бит деп аталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік санау жүйесі. и н ф. <ағыл. binary counting system> *1 мен 0 сандарын ғана пайдаланатын, негізгі 2 болып келетін санау жүйесі. Екілік санау жүйесі* мәліметтерді компьютер жадына өрнектеуде кеңінен пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік санауыш. и н ф. <ағыл. binary counter> *Өзінің шығысындағы импульс тізбегін шығыс өткізгіштеріндегі сәйкес сигналдар тізбегіне түрлендіретін тізбек* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік семафор. и н ф. <ағыл. binary semaphore> *Ең жоғарғы мәні 1-ге тең болатын семафор* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік система. м а т е м. ***Екілік жүйе.*** Шынында адамзат мәдениет құшағына жаңа ене бастағанда, ең тұңғыш рет пайдаланған системасы осы *екілік системасы* еді. Ғылым мен техниканың орасан дамыған қазіргі біздің заманымыздағы *екілік системаның* маңызы тіпті үлкен (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Ауызша санау және жазбаша нөмірлеу үшін *екілік система* тіпті қолайсыз, себебі бір санды жазудың өзі көп орын алады. Осындай қолайсыздығына қарамастан *екілік системаның* артықшылығы да бар. Мысалы, *екілік системада* қосу, көбейту және бөлу амалдары тіпті ол оңай жасалады. (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

Екілік сұраныс. и н ф. <ағыл. binary request> *Іздестіру нышандарының саны екіге тең көп аспектілі сұраныс* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік таңба. и н ф. <ағыл. binary character – екілік цифр> *Жолдағы қате символды дұрыс символға алмастыруға арналған символ.*

Екілік ұсыну. и н ф. <ағыл. binary-coded representation> *Ақпаратты екілік кодта ұсыну мәліметтерді компьютер жадына ұсынудың негізгі тәсілі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік файл. и н ф. <ағыл. binary file> *Компьютерде пайдаланылатын символдардың стандартты жинағымен шектелмеген кодтары бар файл; ASCII-де пайдаланатын мәндерге кірмейтін сандық мәндерді пайдаланатын екілік кодтардан тұратын мәліметтер файлы. Екілік файлдарды* қолдануда бір разрядында өткен қателік сол файлды түгелдей пайдалану мүмкіндігін жояды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЕКІЛІК-ОНДЫҚ: екілік-ондық код. и н ф. <ағыл. binary-decimal code> *Ондық санау жүйесінде берілген мәліметтердің әрбір цифрын, ондық нүктесін немесе санның таңбасын бірдей мөлшерлі (әдетте, төртке тең) екілік тізбектер арқылы көрсететін шарттаңба* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік-ондық түрлендіргіш. и н ф. <ағыл. binary-todenary converter> *Кірістік екілік сигналдарды, дисплейде сандық мәндерді ондық пішінде бейнелеуге мүмкіндік беретін электрлік тізбек* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Екілік-ондық түрлендіру. и н ф. <ағыл. binary-to-decimal conversion> *Сандарды санаудың екілік жүйесінен санаудың ондық жүйесіне ауыстыру* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЕКІЛІ-ҮШТІ с ы н. с ө й л. ***Екі-үш.*** Гүлия Бұзаубақтың баспанасына ие болып, оның тапқан-таянғанын жинап, үсті-басын жамап, *екілі-үшті* сиырын сауып, әйел болып отыр (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

ЕКІМҮШЕ з а т. м а т е м. *Екі бір мүшенің алгебралық қосындысы. Екімүше* көбіне бином деп аталады (ҚҰЭ).

ЕКІМҮШЕЛІК з а т. м а т е м. <лат. bi-екі рет, қос, грек nome-бөлік> *Екі мүшеден құралған сан.* Мәселен, онда бір-мүшеліктерді, *екімүшеліктерді,* көмпүшеліктерді көбейту және квадрат түбірлерді бөлу ережелері берілген (О.Жәутіков, Математика.).

ЕКІМЫҢДЫҚ з а т. *Екі мың теңгелік ақша.* Қор жиған жамағатқа қолайлысы номиналы кіші «тиын» теңге емес, *екімыңдық* пен бесмыңдықтан тұратын «қағаз» теңге. Сосын қаржы айналымында ірі ақшалар қалмайды (айналымында әр ақша номиналының пайыздық мөлшері болады) («Жас Алаш»).

ЕКІНДІ з а т. **1.** с ө й л. ***Екінті.*** Шомылуға қолайлы уақыт сәске мен намаздыгер (*екінді*).

Тал түсте, күн қызып тұрғанда суға түспе. Тамақтан соң тоқ қарынға суға түспе. Қызып я терлеп тұрып суға түспе, әуелі қызуыңды басып, теріңді кептір (Х.Досмұхмедұлы, Замана). Суға қанып алған соң желдей есіп, Екеуі тағы жүрді Құдай десіп. Ентігіп *е к і н д і д е* жетіп келсе, Кетіпті көрген жерден ауыл көшіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тәкежанның үйінен Абай аттанғанда, күн кешкіріп, *е к і н д і г е* тақап қалған екен (М.Әуезов, Абай). Ханымы Қарабайдың кейін қалған Кешкі *е к і н д і* болғанда келді жетіп (Батырлар жыры). Сол уақытта *е к і н д і* уақыт болды, Бір ағаштың түбінде намаз қылды (Fашықтық дастандар). **2.** *Аспан күмбезінің батыс жақ шеті, көкжиекке таяу жері.* Күн *е к і н д і д е н* еңкейіп, ұясына кіруге ме, кірмеуге ме деп екі ойлы болғандай батыста қызарып қалған тәрізді (І.Жансүгіров, Шығ.). *Е к і н д і г е* қарай еңкейген күн желкемді шыжғырып барады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **3.** д і н и. *Бесін мен ақшам арасындағы мезгілде оқылатын намаз; намаздыгер. Е к і н д і н і ң* уақыты күн батудан екі сағат бұрын басталып, күн батпай тұрып, намазшамның уақыты күн батқаннан бастап шапақ батқанша (Ш.Құдайбердіұлы, Мұсылмандық шарты).

Екінді намазы. д і н и. *Күнделікті оқылатын бес намаздың үшіншісі.* Мешіт мұнарасынан азаншы дауысы *е к і н д і н а м а з ы н ы ң* азанын шақырды (Д.Әбілев, Ақын.). *Е к і н д і н а м а з ы* күн батуға бір-екі сағат қалғанда басталады да, күн батуға дейін созылады (А.Құрманғалиев, Ислам діні.).

Екінді шенінде. *Түс қайта, түстен кейін. Е к і н д і ш е н і н д е* Асанның келіншегі Зылиқа қайын сіңлісі Марияны қасына ертіп дәретке бара жатып, Марияға: – Еркем, Мен сенен бірдеме тілейін, беремісің? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЕКІНДІК з а т. с ө й л. ***Екінді***. Күн *е к і н д і к к е* ойысқанда барып қара жолмен шаңын шұбалтып Сағынбай көрінеді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жазатырдан елең-алаңда шыққан қос атты күн *е к і н д і к к е* таянғанда – Аршаты ауылына келіп түсті (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЕКІНДІЛІК з а т. с ө й л. ***Екінді***. Күн *е к і н д і л і к к е* еңкейіп, батыс көкжиекке ілінген (С.Омаров, Қызыл арай). Шешек атқан қызыл гүлдер аспаннан науат нұр тілегендей *е к і н д і л і к т е н* еңкейіп бара жатқан күнге қауыз ашады (С.Омаров, Өмір.).

ЕКІНТІ з а т. *Бесін мен ақшам арасындағы мезгіл.* Қаладан шыққан жолаушылар жолда еш жерде тоқтамастан суыт жүріп отырып, *е к і н т і* кезінде, алыстан шұбартып көрінген қалың ауылға қарай ат басын бұрды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Екінті еңкейді. *Күн еңкейіп, қараңғылық түсе бастады.* Жиналған топ *е к і н т і е ң к е й е* төренің ордасынан тарасты (Б. Құсбегин, Зұқа батыр).

ЕКІНШІ с а н. **1.** *Заттың бірден кейінгі кезекті есебін білдіретін реттік сан.* Біз кілем төсеген баспалдақпен *е к і н ш і* қабатқа көтерілдік (Ә.Шәріпов, Алыс.). Бұқтырма су электр станциясының бөгеті биіктігі жөнінен Братск ГЭС-інен кейінгі *е к і н ш і* орында (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Ең керекті екпінді жұмыс деп кәмисие бірінші, *е к і н ш і* басқыштарға оқу кітаптарын даярлауды тапты. Сонан соң кәмисиеге жиылып жатқан халық әдебиетін түстеп, түзеп, тексеріп, баспаға даярлауды ұйғарды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Е к і н ш і* сорт түгіл үшінші сортқа да алмаймын (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** *Келесі, бұдан кейінгі, одан соңғы.* Біздің полк бір деревнядан соң *е к і н ш і с і н* алуда (М.Fабдуллин, Ел намысы.). – *Е к і н ш і* жолы да осылай орындайсың ба бұйрықты? (С.Мұқанов, Өмір.). *Е к і н ш і* айтарым, қазіргі жағдайда Моғолстан мединесін бекінісі нашар Алмалыққа қалдырамыз ба, әлде жау қолы оңай жете алмас Ақсу шаһарына қайта көшіреміз бе, соны шешіңдер (І.Есенберлин, Алмас.). **3.** *Қарсы беті, қарама-қарсы жағы.* Бала жалма-жан көшенің *е к і н ш і* бетіне қарай жүгірді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Екі қотыр ат қораның *е к і н ш і* жағында (Б.Майлин, Шығ.). Якорьдің *е к і н ш і* ұшына топсалы етіп ұзындығы 14-16 мм темір тіл орнатылады («Халық мұғ.»). **4.** а у ы с. *Бұдан былай, ендігәрі.* – Құп, тақсыр. Ал *е к і н ш і* мәртебе қолға түссе ше? – Онда басын алыңдар (І.Есенберлин, Алмас.). Әлде Жарман жынды бірдеңені сезіп қалып, менімен *е к і н ш і* қайтып кездеспе деп ұрысты ма? (М.Дүзенов, Ақәже). **5.** а у ы с. *Бөлек, басқа, бөтен. Е к і н ш і с і* – қара мұрты қара түн Қара түнде қаққан қара қанатын, Шағатайға Отырардың қақпасын Ашып берген Қарашоқы болатын (М.Шаханов, Fасырдар.). Олардың мақсаттарына жету, жетпеуі ол *е к і н ш і* мәселе (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпос.). *Е к і н ш і* тәсіл – коммуналдық қызмет тарифтерін экономикалық негіздеу арқылы. Сонымен бір мезгілде тұрғын үй қорын пайдалану мен ұстауға бақылау орнату жүйесін енгізіп, тұрғындардың жауапкершіліктерін арттыру қажет («Егемен Қазақстан»). **6.** а у ы с. *Басқаша, ерекше, жаңаша.* Біраздан соң күн ашылып, жер-дүниенің бәрі *е к і н ш і* түрге енді (С.Шарипов, Шығ.). Бұдан кейін Мәкіш апайдың *е к і н ш і* өмірі басталғандай еді (Р.Тоқтаров, Терістік.). Қырын келген ол ма, әлде ғасыр ма, Уыз шақта, Жиырма тоғыз жасында, Шоқан солай *е к і н ш і* өмір бастады.

Ең айдарлы жұлдызынан айрылды Аңқау қазақ аспаны (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Екінші ауыздылар. б и о л. *Қос жақты симметриялы омыртқасыз жануарлардың бір тобы. Екінші ауыздылардың* алғашқы ауыздылардан айырмашылығы эмбриондық даму кезінде ауыз қуысы бластопордан емес, соған қарама-қарсы жақтан пайда болады, ал бластопор, әдетте аналь тесігіне айналады немесе жойылып кетеді (ҚҰЭ).

Екінші бір. *Басқа бір, тағы бір. Екінші бір* үлкен себеп, аса маңызды агротехникалық шара – егістік жерге ықтырма егу жүзеге асырылмады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Оны игеру көнбес тезге, Емес қой ол Атлантика. Шығар алдан тағы бір кезде *Екінші бір* Галактика (Б.Ырзабаев, Ұшу. керек).

Екінші деңгейдегі банк. э к о н. *Мәртебесі төмен (мемлекеттік емес) банк.* Және бір өзекті мәселе – *екінші деңгейдегі банктер* арқылы жалған фирмаларға ондаған миллиард теңге кетіп жататын бақылаусыз қолма-қол ақша айналымына қарсы күресті күшейту қажеттігі кездесуде егжей-тегжейлі талқыланды («Егемен Қазақстан»). Қазір *екінші деңгейдегі* отандық *банктер* арасында бәсеке өте күшті. Оларға қоса елімізге келіп жатқан шетелдік банктер де бар («Жас Алаш»).

Екінші жағынан. *Басқаша қарағанда, сонымен бірге. Екінші жағынан*, экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамассыз ету үшін өсіп келе жатқан табыстар негізінен ағымдағы мұқтаждарға жұмсалмауға тиіс («Егемен Қазақстан»). Бір жағынан, басын қорғап патша хүкіметімен арпалысу, патша хүкіметінің құралы болған орыс-қазақтармен жауласу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу; *екінші жағынан*, қонысқа таласып естек, қалмақ, түрікпен секілді көршілерімен жауласу; үшінші жағынан, өзара ру таластары – Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Екінші жақ. л и н г в. *Заттың екінші бір субъектіге тән екендігін білдіретін жіктік және тәуелдік жалғауларының грамматикалық көрсеткіші* (Тіл білімі терминдер. сөздігі).

Екінші класты аэродром. ә с к. *Авиацияның және елдің әуе шабуылына қарсы қорғанысының жойғыш авиациясының авиациялық бөлімін немесе бөлімшелерін орналастыруға арналған аэродром. Екінші класты аэродром* ұзындығы 1800–2000 м және ені 50 м болатын жасанды ұшып-қону жолағымен жабдықталады (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Екінші класты* тұрақты *аэродромның* негізгі ұшу жолағының жалпы ұзындығы шеткі қауіпсіздік-тің олақтарын қоса есептегенде 2800 м-ге жетеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Екінші күн. с ө й л. ***Сейсенбі***. Бірінші күн – сентябрь, Торғайға келді Эверсман; Губернатор келген соң, *Екінші күні* жинады Уездің үйі жанына, Адамдарды жан дәрмен (О.Шипин, Дастан.).

Екінші рет. *Бұдан соң, осыдан кейін.*– Енді бұл ән *екінші рет* дәл осылай шыға қоймас, – деді Еркеғали Рахмадиев (С.Мәуленов, Шыңда.). Аққулар... Аңыз көп қой олар жайлы, Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды... Тек қана тыныштықта ұйқтайды олар, Шошыса, *екінші рет* оралмайды (М.Мақатаев, Шығ.). *Екінші рет* бас сұғып көр осында («Лен. жас»).

Екінші рет зақымдану ошағы. ә с к. *Ядролық қарудың және басқа тұқымдаушы құралдардың зақымдау факторлары әсерінен пайда болатын ошақ. Екінші рет зақымдану ошағының* пайда болуы атқару жұмысының көлемін бірнеше есе арттырады және адамдардың көп шығындалуына әкеп соқтырады, қыруар экономикалық шығынға ұшыратады. Мұнда да зақым ошағындағы халықты құтқару шаралары жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Екінші реттік дене қуысы. <грек. koiloma – ойыс, қуыс> *Көп жасушалы жануарлардың (молюскілер, буылтық құрттар, қылтанжақтылар, тікентерілер, жартылай хордалылар, хордалылар) денесі мен ішкі мүшелері аралығындағы қуыс. Екінші реттік дене қуысы* ұрықтың мезодермальдік дамуы кезінде арнайы эпителий қабаты болуымен сипатталады (ҚҰЭ). *Екінші реттік дене қуысының* негізгі қызметі – денеге тірек болу (ҚҰЭ).

Екінші эшелон. ә с к. *Шабуыл барысында соққы күшін істету, қорғаныстың беріктігі мен белсенділігін арттыру, сондай-ақ бірінші эшелондағы шығынға ұшыраған кейбір бөлімшелерді (бөлімдерді) ауыстыруға арналған әскердің ұрыс ретіндегі бір бөлігі. Екінші эшелон* құрамы ұрыс мақсатына, ұрыс жағдайына қарай анықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Екінші эшелонның* ұрыс міндеттері бірінші эшелондағы бөлімшелердің міндеттерімен қатар, яғни әскери бұйрық берілген кезде айқындалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Екінші тың. п о э т. *Қой шаруашылығы.* Мектеп оқушылары *екінші тың* ерлерімен кездесу ұйымдастырды («Жетісу»). Молшылықтың бір көзі, *екінші тың* малда тұр. Қыстан аман ап шығып, Мал өсімі алда тұр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шопандар мен сақманшы, *Екінші тыңда* бақташы, Малдың басын көбейтіп, Төл өсіріп мақтаншы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕКІНШІДЕ ү с т. *Бұдан былай, алдағы уақытта, келешекте.* Бұл сөзде ақыл да бар,

ғибрат та бар, Өзіңе *екіншіде* пайда болар. Ақылменен ойласаң тоқтау қылып, Сүйкімді менен артық жан табылар (Абай, Тол. жин.). Байдың өз жауабы, өз мінезі оңбай тұрған соң, банағы кісі бұзылса, әлгі антұрған байға «мен айтпап па едім, онікі қулық сөз деп, міне көрдің бе?» деп, *екіншіде* тырп етпейтұғын қылып алды (Абай, Тол. жин.).

ЕКІНШІДЕЙ үс т. с ө й л. *Бұдан кейін, осыдан соң; екіншілей.* Гараб құлға патша айтты сенейін мен, Сөзіңе *екіншідей* ерейін мен (Ғашықтық дастан.). – *Екіншідей* есте болсын – деп берік байлам жасады (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЕКІНШІДЕН м о д. *Екінші жағынан; сонымен бірге; тағы да.* Біріншіден, шешесін аяса, *екіншіден,* бұлардың келесі көктемде басқа ауылға көшетін ниеті бар (М.Гумеров, Хазірет.). Біріншіден мен әлі оқушымын, *екіншіден,* ел ішінің өсегі қандай (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Біріншіден, терісі керек, *екіншіден,* бұл арада қалдыру мына жылқыға қасқырды шақыру деген сөз (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЕКІНШІЛЕЙ үс т. *Бұдан кейін, осыдан соң; ендігәрі.* – *Екіншілей* суға түсетін болсаңдар мына құрық сынғанша сабаймын екеуіңді де (С.Мұратбеков, Көкорай). Өтінемін, *екіншілей* хат жаза көрмеңіз (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Қара бала *екіншілей* суып тұрған атқа мінбеске ант береді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Захар Кузьмич бір айтқан әңгімесін *екіншілей* қайталамайды (С.Сарғасқаев, Көңілді.).

ЕКІОЙЛЫ: екіойлы болды. *Дудәмалданды, іске бел шешіп кірісуге батылы жетпеді, сенімсіздік етті, көңілі тұрақтамады.* Тағы да белгісіз күш Ержанды қыздардың вагонына сүйреп апарды. Ол *екіойлы болып* тұрып, қыздардан артта қалып, кейінірек кірді (Т.Ахтанов, Таңд.). Тәжи апа, мен *екіойлы болып* отырмын (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Ашу буып шыққан жігіт мынадан кейін ілгері жүрерін, әлде кейін қайтарын білмей, *екіойлы боп* тұр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕКІОРТАДА үс т. **1.** *Екі аралықта, екеуінің арасында, ортасында; екі арада.* Қазына тауы мен *екіортада* 40 күндік шөл екен (С.Қасиманов, Сиқырлы.). – Хан мен сұлтандар жанжалдасты деп *екіортада* шаруа неге қырылуы керек (І.Есенберлин, Алмас.). – Ағасының мінезі жаман. *Екіортада* шыбын өледінің кері болмасын (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Ең бастысы, *екіортада* ел тұрғындары зардап шекпес еді. Сондай-ақ, сөз соңында республикада қала маңына жолаушылар тасымалдайтын пойыздарға субсидия бөлу ережелерін бекіту ісі де толғағы жеткенін айтқымыз келеді («Егемен Қазақстан»). **2.** *Бұл мезгілде, осы уақытта.* Біркімбайдың сонау түсінен бастап бүгінгі Қараштың арасында қаншама алшақтық жатыр? Сол *екіортада* көлденең кісіге белгісіз нешеме кезеңдер, шатқалдар, асулар қалды екен? (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Бұл *екіортада* ханның әйелі бұған ғашық болады (Қаз. ертег.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің кесірінен, салдарынан; екі арада.* Заказ бермесе, жазбаймыз деп олар жүр, заказ берер ұйым тағы жоқ. *Екі ортада* жастардың эстетикалық тәрбиесіне нұқсан келуде («Лен. жас»). Айналып келгенде, *екі ортада* «әдеби көктүйнектерден» зиялы қа қауым қашып құтылмайды, ұялса да, қорықса да амалсыз айлығына сатып алып, тыныш табады («Егемен Қазақстан»). Жұрттым-ау, жылаудың да себебі бар, Неге сонша алдымнан келеді жар? Сен келіп селбеспесең, қайран жұртым, Сенделіп *екі ортада* өледі жан (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Тектен-текке, бостан-босқа. Екіортада,* бұ дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, басқа жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді (Абай, Тол. жин.).

ЕКІРЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Әкіреңдеу***. Ол шағымға жас офицер ісініп, Мәмбеттерге *екіреңдеп* тұрып алды (І.Жансүгіров, Шығ.). Қара көсе баяғы қалпы. *Екіреңдеп* андасанда жатақханаға кеп кетеді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қарусыз халықты жазықсыз жазалайтын кезде *екіреңдеп* жүретін екі жендет генералдың алдында зәрелері ұшты (Т.Жангелдин, Партизан.).

ЕКІРЕҢДЕУ *Екіреңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Солдаттардың *екіреңдеуі.*

ЕКІСӨЗДІ с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Сөзінде тұрақ жоқ, пәтуасыз, өтірікші.* Жұрттың бәрі сөз сатқан, Сатып алып не керек? *Екісөзді* Тәңір атқан – Шыр айналған дөңгелек (Абай, Тол. жин.). *Екісөзді,* қатал, бірақ жұрттың бәрі оны жақсы көреді. Махаббатқа адал («Жас Алаш»). *Екісөзді* шерменде арын сатқан. Адамдарды араз ғып шағыстырып, Аузы ептілер арадан пайда тапқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Екісөзді* болып елеңдеп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс (Б.Момышұлы, Москва.).

ЕКІТАЛАЙ үс т. **1.** *Бір нәрсенің болар-болмасы, жүзеге асуы белгісіз, күмәнді; негайбіл.* Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да *екіталай* (Абай, Тол. жин.). Ал сонда осы 18 оқу орындарының бәрі өздерінде бітірген жастарға мамандықтары бойынша жұмыс тауып бере ала ма? Оған күмәніміз бар. Тіпті, әр ауылдан бір кеден бекетін ашсақ та соншама мамандарға жұмыс тауып беруіміз *екіталай* («Қаз. әдеб.»). Биылғы жыл бар-

лығы келеді еске: *Екіталай* жеңгенім ерегесте, Одаққа оқ атқанда, Қазақстан, Кеудесін оққа тосқан сен емес пе ең?! (М.Мақатаев, Шығ.). Жұмағұлдың адам болуы *екіталай* болғасын, Абақаң оны Баян лазаретіне жөнелтіпті (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Не әрі емес, не бері емес; әрі-сәрі, дел-сал.* Төлеген *екіталай* көңілмен үйіне келді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Өстіп *екіталай* күйде жүргенде балалар үйімен қоштасар да мезгіл жетті («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Қиыншылығы көп, аумалы-төкпелі.* Енді өмір – *екіталай* ер басына, Құба жон құлазиды көшірмей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

Екіталай жер болды. *Қиын-қыстау, қысылтаяң шақ келді. Екіталай жер болса,* Ердің ісі жөн болса болар. Қаса батыр майданда... Иіліп сәлем қылысқан, Ибамен тұрысқан (Қ.Бекхожин, Мариям.). Табаны жаудан таймаған, Нағыз гөзәл сендерсің, Асыл туған негізің. *Екіталай жер болса,* Екі көздің біріндей Мен едім қимас егізің (Базар жырау, Шығ.). Дүзбенбетұлы Жиенбай – Ақ домбыра қолға алып, Ұшатын құстай қомданар. Ерегіскен ер болса, *Екіталай жер болса.* Аянбай шауып жолды алар (О.Шораяқов, Шайыр).

Екіталай жерде. *Қиын-қыстау кезде, ауыр шақта болса.* Ор текедей ойнақтап Талай келген өлімнен. Таласпай ешкім жолына, Тұрғанда бағып оңына, *Екіталай жерлерде,* Шабылмай бәйге берілген (Базар жырау, Шығ.). Нысабы кеткен залымдар Дүниенің түсіп соңына, Кісі өлтіріп, жол тосып, Салып жүр жұртқа ылаңды. Жай жүргенде әркімдер Өзінше батыр байқасаң, *Екіталай жерлерде* Ердің басы сыналды (Базар жырау, Шығ.).

Екіталай заман [кезең]. *Басқа ауыршылық түскен шақ.* Ақпа жол үсті *талай заман* тұстарындағы Майқайың елестейді (С.Хайдаров, Құрыш білек.). *Екіталай кезеңде* қазақ халқының нағыз адал ниетті бір үлкен досы бар екені анықталды (С.Көбеев, Орындал.).

Екіталай күн туды. *Аумалы-төкпелі заман туды, қиыншылық келді. Екіталай күн туса,* Беретін аттың сауырын. Бір тұлпар артық мыңынан Кірмеген топқа жабының (О.Шипин, Дастан.).

Екіталай іс болды. *Қиыншылық басқа түсті.* Ел басына күн туса, ауыртпалық, қиыншылық кездессе. *Екіталай іс болып,* Ат құлағы теңессе, Паналарсың тығылып, Осының барып шеніне (Қамбар батыр). *Екіталай іс болса,* Намысқа шабар ата ұлы, Мақтағанмен болмайды, Болмаған ердің татымы (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕКІТАЛАЙЛЫҚ з а т. *Неғайбілдік, белгісіздік, күмәнділік.* Мына жолға жуық арада табан тиюінің *екіталайлығын* сезінген өкініш бір бүйірімді суытып келе жатты («Лен. жас»).

ЕКІТҰГЕЙ с ы н. *Міністі, сауырлы.* Екі аттың мінісін беретін жылқы. *Екітұгей* торта ат, ылауға жайдақ аларды (Батырлар жыры).

ЕКІТІЛДІ: екітілді сөздік. л и н г в. *Бір тілдің сөздерін екінші тілге аудару мақсатында жасалған сөздік; аударма сөздік.* Тіл-тілде жасалатын сөздіктердің бір түрі – *екі тілді сөздіктер* (Қазіргі қаз. тілі).

ЕКІҰДАЙ с ы н. **1.** *Екі дай, екі жік.* Бұл драма туралы *екіұдай* пікір бар (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Міне, мен жанжалға отырған *екіұдай* ру айтысын көріп отырмын (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** *Әрі-сәрі, дудамал; екіұшты.* Бұған оның жолдасы *екіұдай* жауап берді (М.Әуезов, Таңд. Шығ.). Мен үнсіз *екіұдай* ойға кеттім (С.Талжанов, Адам.). Осындай *екіұдай* тартысты басымнан әлденеше рет кештірдім (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сапырсаң сар шараға құлаш керіп, Жиылған мейманына құйып беріп, Ата ұлын, ене қызын безіп тастап, Кетпей ме *екіұдайда* саған еріп? (С.Торайғыров, Шығ.).

ЕКІҰШТЫ с ы н. **1.** *Дудамал, күңгірт, күмәнді.* Туысқаның, достарың – бәрі *екіұшты.* Сол себепті досыңнан дұшпан күшті. Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған, Бұл не деген заманға ісім түсті (Абай, Тол. жин.). Сынықшының құлымын Сынған көңіл жамаған, Алман сопы қылығын, *Екіұшты* ғып қалаған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тек өз пиғылын аңғартып, *екіұшты* ой тастады (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** *Қайшылықты, солқылдақ, қарама-қарсы.* «Адресімді айтсам ба, айтпасам ба?» деген *екіұшты* ой бір сәт бөгей түсті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ол кейбір шығармалардың орыс тілінде алатын *екіұшты,* кейбір кезде бірбіріне қарама-қарсы бағасы жайлы (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі).

Екіұшты болу. *Күмәндану, сенбеу.* Құнанбай өз баласы туралы *екіұшты болуын* тез жойып, Байдалы сөзінің салмағына көз салып кетті (М.Әуезов, Таңд.).

Екіұшты жауап берді. *Жауабы түсініксіз болды, басын ашып жауап бермеді.* Айгүл құтылмақ ниетпен *екіұшты жауап берді* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Екіұшты сөз. *Түсініксіз, тайғақ, солқылдақ сөз.* – Бар болғыр-ау, дейді Шыңғыс Абайға кейіп, – *екіұшты сөзіңді* қойып турасын неге айтпайсың? (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бірақ «дәстүршіл» деген сөз Абайға өлшем емес. Өйткені «дәстүршіл» деген сөз керек десеңіз соншалықты тайғақ, соншалықты тайғақ, соншалықты *екіұшты сөз!* («Қаз. әдеб.»).

Екіұшты сөйледі. *Басын ашып айтпады.* Агроном бригада басында қонған екен, бұлтақтап *екіұшты сөйледі* (З.Шашкин, Таңд.).

Сөзі екіұшты айтылды. *Сөзі түсініксіз болды, басын ашып айтпады.* Аңдысып, алдап, арбаумен *Айтылып сөзі екіұшты,* Көбейген аяр, мүдәйі. Жоқтықтан жолы күрмеліп, Кеңеске басы кірмей жүр Жігіттің не бір сығайы (Базар жырау, Шығ.).

ЕКІҰШТЫЛАУ с ы н. *Күңгірттеу, дұдамалдау.*– Оны Құдай біледі де... Несібіне қарай көреміз, – деп Таутан *екіұштылау* жауап берді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Шалдар әкеңе естірткісі келді, мен бұл хабар *екіұштылау* екен, қоя тұрыңдар деп, хатты алып кеткенмін (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Бірақ оған айылын жинамаған Сәкенді енді саяси жақтан керек деп, мән-мағынасы *екіұштылау* «Азия (Европаға)» балладасына жабысқан-ды («Жас Алаш»).

Екіұштылау болды. *Күмәнданды, сенбеді.* Күш деген нәрсе *екіұштылау болады*: күштің пайдасы асқар таудай, зияны қылышынан қан тамған жаудай болады (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

ЕКІҰШТЫЛЫҚ з а т. *Анық еместік, күңгірттік, дұдәмалдық.* – Жақсы, Байдан аға, оны ойласып көрейін. Бейбіттің сөзінен *екіұштылық* байқалады (М.Дүзенов, Әке.). Жапондықтарға логикадан гөрі *екіұштылық,* буалдырлық көбірек ұнайды («Лен. жас»).

ЕКІ-ҮШ с ы н. *Екі не үш шамалас болжалды сан.* Не болмаса, жорға ат жетектетіп *екі-үш* қосшы жігіт жіберіп алдырады екен. Бұл барыс-келіс, сыйластық қарым-қатынас Таңжарық Құлжа қаласына жұмысқа ауысқанша үзілмей жалғасып тұрған («Егемен Қазақстан»). «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген сөз бар емес пе? Аты, заты бөлек жан біздің ханымыздан қалған асыл мұраны қайтсін, *екі-үш* жылдың ішінде «қалпына келтірілмек» түгіл адам көргісіз сұлбасын ғана қалдырып, тастап кеткен («Қаз. әдеб.»). Шомылып айна өзенге аулақ бетте, Өтті де *екі-үш* рет арғы бетке. Өзі өскен өлкеге оймен қарап, Көз салды нұрға шомған төңірекке (О.Шипин, Дастан.). Бұған себеп бір ғасырға жуық санамыздың өзге идеологиямен уланғандығында болса керек. Соның кесірінен ата-бабамыздың дінінен хабарсыз *екі-үш* буын өсіп те жетілді («Қаз. әдеб.»).

ЕКІ-ҮШЕУ с а н. *Екі не үш шамалас (мөлшеріндегі) жинақтық сан.* Тас тиелген мәшинелер төмен қарай зымырап барады. *Екі-үшеуі* алдымызда, бір-екеуі соңымызда («Қаз. әдеб.»). Әрегіректегі қабақта бір топ ит таласып жатыр. Жеңіліп, таланып қашқан *екі-үшеуін* одан сайын қаңсылатып, алты-жеті жалаң аяқ бала кесек ата қуалайды (Ж.Нәжімденов, Кішкентай). Тұрымтай құнжиып алып атылған да, шыбжықтай үшқыр шүрегейлердің бауырына шалқалай зуылдап кіріп, *екі-үшеуін* көз ілестірмей тобығына түйіп түсірген (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЕКІ-ҮШТЕН ү с т. *Екіден, үштен,* Бәрі де иықтарына автомат асынған, белбеулеріне *екі-үштен* граната қыстырған (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Түнде ғана қойманың айналасын барлап, *екі-үштен* кіріп-шығып жүреді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Үйездеу деп жылқының ыстық күндерде шыбын-шіркейден, бөгелектен, масадан, сонадан қорғалап, *екі-үштен* не одан да көптен топтанып бір-бірінің көлеңкесіне бастарын тығып, шұлғып тұруын айтады (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атау).

ЕЛ з а т. **1.** *Халық, жұрт, қауым.* Артылдық дегенмен *елден* алас кете алмаспыз («Қазақ»). Әбілхайырдан соңғы хандар амалсыздан патша хүкіметінің саясатын қазақ ішінде жүргізе бастады. Хандардың бөтеннің қолында құрал болғанын *ел* сезді, сондықтан хандар менен елдің арасына араздық кірді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындар мен емес – бір күн ісін, Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын, *Ел* бүгіншіл, менікі – ертең үшін (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Ел тереңге сүңгіді, Қармайтұғын қалмай тал, Серпілер күн болар ма, *Елге* түскен ауыр хал (Дулат Бабатайұлы, Шығ.). **2.** *Басқа адамдар, көпшілік.* Ұлтуған *ел* құсап үйден айран да алып шықпапты (С.Мұратбеков, Жабайы.). *Ел* сияқты мен де неге кете бермедім («Лен. жас»). **3.** *Өскен орта, туған жер; ауыл-аймақ, ел-жұрт.* Мен біржола кетем демеймін. *Елімді* бір көргім келеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Қайда жүрсең де аман бол. Тек *елің ді* ұмытпа (О.Бодықов, Бұлбұл). Осы өткен жаздағы демалысымызда Сағыныш екеуміз балаларды алып, *елге* бардық (К.Асанов, Сағыныш). **4.** *Шыққан тегі, негізі; заты, руы.* Мұндайда қарттар оңай жол табады. «Қай *елсің,* руың кім, кімнің баласысың» деп, бастан бақайшағына дейін талдайтын әдеті (Ә.Нәбиев, Шолпан). – Негізің қай *ел* болады, Жөніңді айтып бер, – деді, – Руымды сұрасаң, Жалайыр деген *ел,* – деді (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Екей деген *ел* едім, Сүйінбай деген мен едім. «Орман өлді» – деген соң, Көңіл айта кеп едім (Үш ғасыр.). **5.** *Отан, мемлекет.* Мүмкін ауа райының осы қарбаласын пайдаланып, зұлым жау *елімізге* қанды шеңгелін салмақ болар (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Біздің *елімізде* мұнайы тек фонтандық әдіспен ғана игерілетін алаңдар өте көп (М.Маташев, Қара алтын.). – Көп, – дейді ана, – көп, – дейді, – Уайым онда жоқ, – дейді. Бақытты Совет

е л і н е Ешбір *е л* де жетпейді (Қ.Ыдырысов, Аршында.). 1216–1465 жылдары ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, бармаған жер, жауламаған *е л* қалмаған («Зерде»). **6.** а у ы с. *Дос-жар, жақтас, ұрандас; жау емес.* – Уа, *е л м і с і ң,* жаумысың? Жылқыны жау әкетіп бара жатқанда не жан шыдап тұр? (І.Жансүгіров, Шығ.). – Кім *е л,* кім жау, халықтың өзі біледі, өзі шешеді (Қ.Оразалин, Көктем.). Мақтау – жел сөз жанға қас, Қошеметшіл шығарған. Бір мақтаса боқтамас, *Е л* табылса құмарлан (Абай, Тол. жин.).

Ел емес. *Дұшпан, қас.* Ханыша күйініп тұр сіздер үшін, Отауды бір текеңіз сүзген үшін. Жиылды жасақ сізбен жауласуға, *Е л е м е с,* жау деп күдер үзген үшін (І.Жансүгіров, Шығ.).

Аңқау елге арамза молда. *Сауатсыз, көзі ашылмаған ел сенгіш, алданып қалады деген мағынада.* Ал олардың насихатшылары болса, *а ң қ а у е л г е а р а м з а м о л д а* дегендей, олардың халықтың үстінен белшеден байлыққа батып жүргенін «нарық заңдылығы», «экономикалық заңдылық», «Еуропа елдерінің өнегесі», «Америкада осылай жасалған» дегендей сөздермен бүркемелеп, экономикалық ілгерілеуімізге қолбайлау болатын кедергілердің өзін ақтап, мақтап шыға келеді («Қаз. әдеб.»). *А ң қ а у е л г е а р а м з а м о л д а* боп жүрген сұмдар көп Бейхабар шама-шарқынан. Барлығын білем дейтұғын, Аз емес әуре-сарсаңда, Құр босқа кеулі талпынған (Базар жырау, Шығ.).

Артта қалған ел. *Дамымаған, сауатсыз, мешеу ел.* Сол күндері қазағым, *А р т т а қ а л ғ а н е л* еді. Бай мен билер нашарды Қорқаудай талап жер еді (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Бұрын *а р т т а қ а л ғ а н е л д і ң* жас ақыны, бүгін совет әдебиетінің мәселесімен келіп отырған Сәбитті үкімет басшысының бірі қабылдайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Байтақ ел. *Мол, ұшан қиырды алып жатқан ел.* Жүйріктей жиын жарған қағып жайтақ. Таңғалтып ән атымен *е л д і б а й т а қ;* «Ауылым қонған Сырымбет даласына» деп Ақан ән сап жатты басты шайқап (І.Жансүгіров, Шығ.). Олай болса, *б а й т а қ е л д і* осы бір Екеуміз де бірдей сүйген екенбіз. Олай болса, көңіліңнің хошы бір Ағайын боп аталмаппыз бекер біз (І.Мәмбетов, Сыр.). Үшінші бесжылдықтың міндеттерін, Күнбе-күн орындауда *б а й т а қ е л і м.* Асып тұр арнасынан ел дәулеті, Толысып, толымдалды орта кемім (Н.Байғанин, Шығ.).

Бауырға ел тарттырмады. *Маңына топ жинатпады.* Алдайды деп жауыңа, *Е л т а р т т ы р м а й б а у ы р ы ң а,* Көрінгенді азғырар (Абай, Тол. жин.).

Бейбақ ел. *Қарапайым, жай халыққа жаны ашу, мүсіркеу нышанымен айтылатын қолданыс.* Хан қырағы данам деп, Ханның тілін алам деп, Қырылды ғой, *е л б е й б а қ*! Ау, әлеумет, ойлаңдар» (М.Жұмабаев, Шығ.). Көні кепкен шөлдерге Көл орнатып гүл етті. Сорлы *б е й б а қ е л д е р г е* Қуат берді құдіретті (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Бір тайпа ел. *Бір қауым жұрт, әжептәуір халық.* Балықшылар *б і р т а й п а е л;* шетінен сіңірі шыққан кедей, қарға адым жерге аударылып қона алмайды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Арғынбай Әйет, Тобыл өзендерін мекендеген *б і р т а й п а е л г е* қажылық, тақуалық аты шыққан имам есепті кісі еді («Қаз. әдеб.»).

Дамыған ел. *Бай, экономикасы дамыған, өркениетті ел.* Соның өзінде, *д а м ы ғ а н е л д е р д е* олардың ең байы мен ең кедейінің арасында алшақтық үлкен болса, ол мемлекетке төнген қатер екенін жақсы түсінеді («Жас алаш»). Біздің тауарларымыздың бәрі бірдей алыс шетелдерге шыға алмайды. Ал шикізат өнімдері, мұнай, газ ТМД елдерінің нарықтық кеңістігіне сыймайтын дүниелер. Бұлардың тұтынушылары үлкен алпауыт, *д а м ы ғ а н е л д е р* («Түркістан»).

Донор елдер. *Көмек беретін дамыған бай елдер.* Тамыздың 28-29 күндері Алматыда тағы бір конференция өтеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы өкілі Анварул Чоудхуридің мәлімдеуінше, оған теңізге шығар жолы жоқ мемлекеттердің министрлері, транзит мемлекеттер және *д о н о р е л д е р* қатыспақ («Жас Алаш»).

Дүйім ел. *Бар қауым, бүкіл жұрт.* – Қайдан білейін. Тас-бөрінің де Мақпалда көңілі бар екенін *д ү й і м е л* біледі екен, – деп, Ниязбек әкесіне қарады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Бұл датаны бүкіл жұрт, *д ү й і м е л* елеулі табыспен қарсы алмақ («Қаз. әдеб.»).

Егемен ел болды. *Бостандық алды, тәуелсіз болды.* Тағдырға тәбділ табылды, Халқыма шырақ жағылды, Иман бұзбай пәк сенімін сақтаған. *Е г е м е н* бүгін *е л б о л д ы қ,* Оң мен солды тең шолдық, Сол бағытта сыр түйдегін ақтарам (К.Салықов, Жезкиік.).

Егінші ел. *Диқан жұрт, халық.* Қабағым қардай қатқан соң, Үйқыға көңіл бөлмедім. Қалып жатыр *е г і н ш і е л,* Қоғамен тартқан белдеуін (О.Шипин, Дастан.). Кәсіпқор, момын *е г і н ш і е л д і ң* ортасына қорек іздеп келіп, осында құда, дос, көрші, тамыр, «еңбекшерік», «кәсіпшерік» болысып орналасып қалған көптеген елдің үйлері бар (М.Әуезов, Абай жолы).

Егіз ел. *Көрші отырған тату, тағдыры бір елдер.* Қазақ пен қырғыз – ежелден *е г і з е л.*

Біздің тарихымыз, тіліміз, дініміз, мәдениетіміз бірдей. Түп тамырымыз да бір («Қаз. әдеб.»). – Уа, Ошыржап, «Түскейде – малымыз, төсекте басымыз қосылған» қазақ-қалмақ қатар жатып, сен Бала Ертісті, мен Қара Ертісті тел емген *е г і з е л* едік (К.Сегізбаев, Беласқан).

Ежелгі дұшпан ел болмас. *Ата жауда татулық болмайды.* «Хан баласы ақ сүйек, ежелден табан аңдысқан ата дұшпан сен едің, ата жауың мен едім; *е ж е л г і д ұ ш п а н е л б о л м а с*, етектен кесіп жең болмас» (Махамбет, Өлеңд.). Ежелгі дос жау болмас, Шірнеуіште хаты бар, *Е ж е л г і д ұ ш п а н е л б о л м а с,* Көңілінде кірдің таты бар (Бұқар жырау, Жыр.).

Ел адамы. *Халық, жұрт, көптің бірі. Е л а д а м ы,* қара халық бұрынғыдай ханға барып арыз айтудан қалды. Ханның жүзін іріктеліп, «бақытты» адам ғана көретін болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Хан мен елдің арасы әбден бұзылады. *Е л д і ң а д а м д а р ы н а* ханды енді қорқытып, дегенімізді істеу керек деген ой келеді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Байтақ *е л а д а м ы н ы ң* араны ашылып кететін шығар. Алмай, кім Жолдас болады дейсің. Бәрінікі бір құлқыны, бір тамағы (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ел ағартты. *Халықты, көпшілікті сауаттандырды, оқытты*. Біз өз жұртымыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындасамыз, елге жанасқан сайын, *е л а ғ а р т қ а н* іс гүлдейді (М.Дулатов, Шығ.).

Ел ағасы. *Елдің, ауылдың басшысы, ақылшысы, үлкені*. «Надан қазақ», «пасық қазақ», «күпірсің», «ананы істеме», «мынаны істеме» деген үгітті *е л а ғ а с ы* ақсақалдардың, билердің талайлары есітті (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Е л а ғ а м ы з* деп. Дүзеңгі бауды төрт қабаттап біз жүрміз. Әркімнің басында болар мұндай тәләйі көп тағдыр боларын ойлауға да мұршамыз бола бермейді (К.Сегізбаев, Беласқан). Сәрсен шырағым, қораның дауы өз алдына, *е л а ғ а с ы* деген атың бар, сенен жасырар сыр жоқ (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Енді бір ауылда Бәйкен келе жатыр деген хабарды естіп, алыс-жақындағы *е л а ғ а л а р ы* жиналып күтіп отыр екен (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Ел ақтады. *Ауыл-ауылды аралады, ел кезді, қайыр сұрады*. Қайраттанып Қарабек, Ашу қылды Қалқаңға. Сиынады аруаққа, Дуана болып *е л а қ т а п,* Әзірленді бармаққа (Батырлар жыры). Адамға ажал тағдыр жақын келсе, Қызықты қызық дүние қырын қалар. Бауырың дос-жараның, туғандарың, Ұл-қызың, ағажеңгең, інің қалар. Ақынмын, *е л а қ т а ғ а н* бақсы емеспін Адасып айдалада жыным қалар (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Ел алдында. *Көпшіліктің ортасында, көптің алдында*. Сахараны сансыз күн сабылып аралауға күші жете бермеген байырғы баба қазақ қолынан келсе, *е л а л д ы н д а* іздегенін, жоғын т.б. өлеңмен айтып немесе құлаққа құйылып, көкейге орнығып қалатындай қара сөзбен мәлімдеуге мәжбүр («Қаз. әдеб.»). «Сайлауға барған біздің халық жай бір адамға емес, елге түсінікті саяси көзқарасы бар адамға дауыс беруі қажет және де ол сайланған адамның жауапкершілігі екі есеге артуы тиіс: ол *е л а л д ы н д а* және сайлау кезінде өзі идеясын жақтаған партия алдында жауап беретін болады» деп қадап айтты («Жас Алаш»).

Ел алды. *Көпшілікті, халықты өзіне қаратты, бағындырды*. Байдың да ойлағаны *е л а л а й ы н,* Білмейді – қу шағып жүр өз бақайын. Көзі аспанда, көңілі мақтанда боп, Тауысқанын білмейді ішкі майын (Шәкәрім, Өлеңд.). Мықты жайын айтайын, тыңдап қара, *Е л а л ы п,* жауды жеңіп шықпақдара. Партияның басшысы – батырың сол, Қайраты мол, ішкені ант, шашқан пара (Шәкәрім, Өлеңд.).

Ел аман, жұрт тыныштa. *Жайшылықта, тыныштықта, бейбіт кезде. Е л а м а н, ж ұ р т т ы н ы ш т а* күңіренесің де отырасың, не көрінді сонша? (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Әй, қойшы, сопысынбай! *Е л а м а н, ж ұ р т т ы н ы ш т а* кімді кім сүймеп еді? (Ә.Әбішев, Замана.).

Ел анасы. *Елдің, ауылдың үлкені, ақылшысы*. Балалы әйел – *е л а н а с ы,* Ұрпақты әке – ел панасы («Қаз. әдеб.»).

Ел аралады. *Ел ішін кезді, адамдармен жүздесті*. Жиынды басқарушы жар айтушыны жанына ертіп алып, жиналған *е л д і а р а л а й д ы*. Ат шабыс қашан, қай жерде болатынын, бәйгеге қай жақтан қандай сәйгүліктер келетінін, балуандар күресі қайда, қашан болатынын айтады («Қаз. әдеб.»). Бақаң *е л а р а л а п* жүргенде Байшегір атты байдың үйіне барады (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Елі аралас, қойы қоралас. *Көрші қонып, тату-тәтті тұратын*. Қаршадай кезіміздің *е л і а р а л а с, қ о й ы қ о р а л а с* қос жұрттың ортасында өскен жігітпін. Араласып, қораласып жүре алмаған кездері шашақы найза ұстасып, алқын-жұлқын шабысқан елдің төліміз ғой. Екі елге теңдігім содан болар, –деп ол сөзін жұмбақтаған (К.Сегізбаев, Беласқан).

Ел арасы. *Ел-жұрт іші, көпшілік арасы*. Ағатай батыр өлеңдерінде айтқан екен: «Менің тұқымдарымнан жұырда біреу шығады, жалыны жалп етіп көкке жетеді де сөнеді, әруағы менен артық болады да, өмірі менен қысқа болады» деп. Бұнысы Исатай екен деп, жұрт жорыған-мыс. Осы секілді *е л а р а с ы н д а* талай әңгімелер бар (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Кешегі ақ пен қызыл атысқанда, Жауығып *е л*

а р а с ы болды салқын (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). *Е л а р а с ы* дау-шарға араласпай, Лоқ беріп, ағайынмен жағаласпай, Қайсар болып, қатты боп өсті жігіт, Қатыгез құмға біткен қарағаштай (М.Мақатаев, Шығ.).

Ел аузына қақпақ [елек] болды. *Көпшіліктің сөзіне тыйым салды деген мағынада.* – Қой, қой деп маған қожаңдағаны несі! Маған қойғызғанымен *е л а у з ы н а қ а қ п а қ б о л а а л м а й с ы ң* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Е л а у з ы н а қ а қ п а қ б о л ы п к ө р ш і.* Бірақ ол қолыңнан келмейді (М.Әуезов, Шығ.). Сөйлейтін сөз келгенде аузыма, *Е л е к қ о й ы п б о л а м а е л а у з ы н а.* Болыңдар тіршілікте тату-тәтті, Бір күні барамыз ғой көр аузына (Қабан жырау, Алтын қазық).

Ел аузынан. *Жұрттан, халықтан; әркімнен. Ел аузынан* жиналған әр алуан халық мұрасына олардың ие бола кететіні бар (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпос.). Естіп ем *е л а у з ы н а н* бір аңызды, Сол аңыз жүрегімнен жыр ағызды. Сырламай сол қалпында ұсынайын, кешір, дос, олақ айтсақ мына бізді (М.Әлімбаев, Таңд.).

Ел аузына ілікті [ілінді]. *Жақсы атаққа ие болды, даңқы шықты, атағы жайылды.* Бірақ жас Шолпан, өзінің *е л а у з ы н а і л і г е* бастағанын әлі білмейді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жұрттың бәрі бір өсіп, бір жүрген әкесінің аруағын сыйлайды, *е л а у з ы н а і л і н і п* кеткен озат колхозшы Теңгені сыйлады (З.Ақышев, Достар.). Балаларының барлығы *е л а у з ы н а і л і г е р л і к т е й,* айтулы азаматтар болып өсті. «Орныңда бар оңалады» дегендей, бүгінде аналарының соңында қалған мұрасын жинап, кітап етіп бастырып, мұражай ашып, өнегелі істің басы-қасында жүр («Түркістан»).

Ел аузында. *Жақсы аты жайылған, мақтаулы.* Ожырай қазір *е л а у з ы н д а ғ ы* батыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Отан үшін от кешкен сұрапыл соғыс жылдарында генерал шенін иеленген қазақтың ұлы соншалықты қаншау еді? Есесіне ерлігі *е л а у з ы н д а* аңызға айналған ерді көршілес жатқан ала шапанды ағайындар «өзіміздің өзбек» деп даңқын дүркіретті («Жас Алаш»). Ал оның еңбегі мен ерлігі *е л а у з ы н д а* («Қаз. әдеб.»).

Ел аузындағы. *Жұрттың, елдің жады, есіндегі.* Ауыз әдебиетін жиғанда, *е л а у з ы н д а ғ ы* сөздердің мынасы жақсы, мынасы жаман деп талғау керек емес, барын жия беруге керек (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Сондықтан ақын жырларын әлі де болса жинақтай түсіп, *е л а у з ы н д а ғ ы* төңкеріске дейінгі, төңкерістен кейінгі, соғыс жылдарындағы, тоқырау тұсындағы жариялану мық нұсқаларды өзара салғастырып, бастапқы қалпына келтіру – ақын алдындағы әлі атқарылмай келе жатқан парызымыз («Егемен Қазақстан»).

Ел аузында жүретін [жүрген]. *Көпке таныс, белгілі, әйгілі.* Тәуелсіз елдің жастары өздеріне қарап бой түзейтін зиялы қауым өкілдері мен ел алдында, *е л а у з ы н д а ж ү р е т і н* әншіқүйшілеріміз неге КСРО-ның кезінде алған атағын Тәуелсіз Қазақстанның марапаттарынан артық көреді? Біздің айтпағымыз – осы болатын («Жас Алаш»). *Е л а у з ы н д а ж ү р г е н* ескі әндерді осылай жазып алып, әбден әдістенген Досай шабыты келгендей біртүрлі елегізіп Айгүлге қайталатпай бір айтқаннан қағып алды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Ел аулаққа. *Көзден таса, оңаша жерге.* Жылы ізін суытпас, дамыл көрмес. Бір оңаша жолығар жер айтқызар. *Е л а у л а қ қ а,* оңаша қолына алып, Көңліндегі сабағын айтып тынар (Абай, Тол. жин.). Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты, Бай дағы, бақташы да білмей қапты. Ботаны *е л а у л а қ қ а* буып тастап, Енесін керуенге әкеп сатты (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ел аяғы басылды. *Жүріс-тұрыс тоқталды, тыныштады.* Түнде, *е л а я ғ ы б а с ы л ы с ы м е н* Тайқы ауылдан ара ағайын тауып, өзінің нағашылығын айтты (А.Хангелдин, Табыс тағдыр.). Шай ішіп, *е л а я ғ ы б а с ы л ғ а н* кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен шыжымдап сыр тартты (С.Омаров, Таңд.). *Ж ұ р т а я ғ ы б а с ы л д ы,* Ерте жататын еңбек адамының көбі ұйқыға да кірісті. Үйінде тықыршық атып шыдай алмай қонақтар отыр (М.Әуезов, Шығ.).

Ел әдебиеті. *ә д е б. Ауыз әдебиеті.* Исатайдың қимылы он тоғызыншы әсірдегі *е л ә д е б и е т і н е* көп әсер берді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Ескі *е л ә д е б и е т і* туралы ештеңе жоқтығы былай тұрсын, сол ескі *е л ә д е б и е т і н і ң* жинақтары да жоқ (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). «Асанқайғыны көксеу» деген дәуір елдің көңілін бөлді, ел арасында өзіне бөлек қимыл туғызды. *Е л ә д е б и е т і н д е* осы қимыл жақсы сүгіреттелген (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ел бағу. *Көпшілікке бас болу, басшылық ету.* Олар сиыр бағуды білмесе, *е л б а ғ у д ы* біле ме! (М.Дулатов, Шығ.). Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? *Е л б а ғ у*? Жоқ, елге бағым жоқ (Абай, Тол. жин.).

Ел бағына туды. *Еліне, халқына қалаулы азамат болды, елдің қамын ойлады.* Сағынам ауызға алсам Исатайды, Ер *т у м а с е л б а ғ ы н а* ондай жайлы. Қарадан халқы сүйіп ханым деген Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы (Шернияз ақын, Шығ.). Қара бұлт қаптап көкке мұнартып, Зарықтырып жаумай енді құрғатып. *Е л б а ғ ы н а т у ғ а н* сонда ер едің, шашып нұрын Сібір халқын қуантып (М.Дулатов, Шығ.).

Ел бақты. *Елді асырады, халқының қамын ойлады.* Әкем сәлем айтты: – Салияның қызынан туған жиен екенін ұмытпасын, жалғыз үйлі

Қаржастың зарына құлақ салсын, Мұқтарды бір мыттуға жарамаса, оның *ел баққанынан* өзімнің мал баққаным артық, – деді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Ел басқарды. *Халыққа басшылық, билік етті, басқару орнында болды.* «Қаңғып келген сіз түгіл, өз адамдарымызға жақсылық жасай алмай жатырмыз» деп арыма тигені бар. Өйтіп айтуға оның қандай құқы бар. Өз елімде, өз жерімде жүріп осындай сөз естимін деп үш ұйықтасам түсіме енген емес. *Ел басқарып* жүрген азаматтар бұлай деп сөйлесе, басқалар не демек («Егемен Қазақстан»). *Ел басқарсын*, туған ұл Әділ болып жарлы елге. Құттықтадым ұлыңды, Өлеңмен де, әнмен де (Бақтыбай ақын, Жел қобыз.).

Ел басқару. *Халыққа басшылық ету, билік жүргізу.* Айтпақ екен ақылын, *Ел басқару* тәсілін. Сен онан қорқып кетіпсің, Орманға қашып жетіпсің (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

Ел бастады. *Халыққа жолбасшылық жасады.* Байқаусызда қойыннан, Шыға келіп бойынан, Бақытты бейбіт еліме, *Ел бастаған* еріме, Қапыда өлім сайлады (Жамбыл, Тол. жин.). Қазақ пен қалмақ көрші заман болған, Жылы жоқ шабысудан аман болған; Қара күш сотқарлықпен *ел бастаған,* Екі ел де аң тәрізді надан болған (С.Сейфуллин, Өлең.). Серкедей *елді бастадың* Тар босаға, тар жерде. Нашарға тиген қайырың, Көріп жүрміз әр жерде (Бақтыбай ақын, Жел қобыз.). Халыққа қоқыраймай қоғамды бол. Белгілі *ел бастайтын* көсемдерше (Майлықожа, Нақыл).

Ел басы. *Ел басқарушы, халыққа басшылық етуші (адам).* Ол *ел басы,* топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден бірге жүгірмек болмайды екен (Абай, Тол. жин.). Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі ол заманда *ел басы,* топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен (Абай, Тол. жин.). Он бес пен жиырманың екі арасы Адам бола бастаудың бастамасы. Адамдық, надандықтың талас кезі *Ел басы* я болу жігіт басы (Б.Бигелдиев, Балқаш).

Ел басына күн туды [іс, ауыртпалық түсті]. *Халық ауыр жағдайға душар болды, қиын-қыстау кезге ұшырады.* Ар жақта Арынғазы дүбірлеген, Байеке, елің бар ма бүлдірмеген. Төре кетіп, төбеде төбет қалып, *Туып* тұр *ел басына* бұл *күн* деген (Махамбет, Өлең.). Қалай болғанда да, *ел басына күн туа* қалса (Құдай оның бетін аулақ қылсын!), қапылыста жалт беретін екіжүзділікке қарсы күресті осы бастан қолға алу керек. Біз осылай ойлаймыз («Қаз. әдеб.»). *Ел басына күн туғанда* жеке қалудың лажын таба алмай, Темір би де келген (І.Есенберлин, Алмас.). *Ел басына күн туған* Кездерде жаным садаға. Қару ап мен де ұмтылғам, Қорғауға сені, жан Ана! (М.Мақатаев, Шығ.). Ендеше, Махамбет Жәңгірдің басындағы бағын, астындағы тағын көпсініп отырған жоқ, *ел басына іс түскен* кездегі жасқаншақтығы мен жалтақтығын айыптап отыр («Егемен Қазақстан»). Сөзіне губернатор жабырқанып, Қалтырап қайғы жұтып, қалды халық. Қазанның қара түнек бұлтындай боп, *Түсті* кеп *ел басына ауыртпалық* (О.Шипин, Дастан.).

Ел белгісі. *Елдің, әдет-ғұрпы, дағдысы.* Аңдыған бірін бірі жаудан жаман Ойласам, *ел белгісі* – оңбайтұғын. Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан, Таласып бір-бірінің бетін жыртқан (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Ел бетіне қарай алмады. *Қатты ұялды, жер болды.* Қыстауым Сырымбеттің жел бетінде, Мың қарғыс сені өлтірген жендетіне, «Алыс жер, апарма» – деп қақсап еді, *Қарармын* енді қалай *ел бетіне* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ел бетін көрмеді. *Елге оралмады.* Базаралы бас қияды да, *ел бетін көрмей* айдауға кетеді (М.Әуезов, Шығ.). Маңы он екі жыл бойы *ел бетін көрмей* 1864 жылы мектепті бітіріп, қолынан мөрі тамған шебер суретші маманы шығады («Қаз. әдеб.»).

Ел бетін көрмейтін [көрместей] қылды. *Ұятқа қалдырды, қара бет қылды.* Неге аттың, неге аттыңдар? Бүлдірдіңдер ғой! *Ел бетін көрмейтін қылдың* ғой түге (М.Әуезов, Шығ.).

Ел биледі. *Халыққа билік жүргізді, ел басқарды.* – Шешеміз Күнетай деген кісі «Сірә осы бала *ел билеп,* жұртты аузына қаратар» деген екен (Б.Майлин, Шығ.). Жәңгірді жақтырмаған адам көбейеді. *Ел билеген* ақсақалдар да елдің тілегін тілеп, елдің жоқшысы болды. Ақсақал болу, би болудың өзі елдің сайлауынан болғандықтан, бұлар елден бөлініп кете алмайтын еді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Ел билеген* ханмен екі арадағы наразылықтың аяғы насырға шапқанын, құғын-сүргіннің сырын ұқтым. Осы текті қақтығыс қаптаған қалың халықтың да, селдір-секен жұрттың да тарихына енген («Қаз. әдеб.»). Кешегі Айшуақ пен Нұралы атаң, Дұшпанмен намыс үшін алысқан көп. Олар да *ел билеген,* жұртын ұстап, Патшаға қара қазақ барысқан жоқ (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ел билеу. *Мемлекет басқару, халыққа басшы болу.* Жәңгір ноғай мүфтиінің қызын алды. Діннің әсері күшейді. Осы күнгі Орда тұрған Жасқұс деген жерге Жәңгір мешіт салдырды. Елге шариғат жайыла бастады. Ханның

айналасына ноғайдың молдалары, хожалар көп жылды. Бұлар *ел билеу* ісіне араласты (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Жаңғірдің басына билігі келмейтін, мақтан сүйгіш, кім мақтаса соған еретін менмендігі күшті, *ел билеуден* тұқ білмейтін адам екендігі бүтін жұртқа мәлім болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ел билеуші. *Ел басқарушы, жұртқа билік жүргізуші.* Баққұмар әкесі оны *ел билеуші,* озбыр болыс болар деп күткен еді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). *Ел билеуші* тым жемқор, байды жақтар, Адалға айып таңып, арамды ақтар. Байлардың кілең шенді қамқоршысы, Байекең шенді алдында жорғалақтар (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Ел болып [боп]. *Бүкіл халық бірігіп, бірлесіп.* Оқыса басқа елдердей қатарға еңбек, Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек. Білімге *ел боп* аңсап, құмарланса, Жетілу аз-ақ жылда жоғары өрлеп (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

Ел болды. а) *Халық болып бірікті, басын құрады.* Қазақтың босқаны бір бұл ма, «Ақтабан шұбырындыдан» кейін де *ел болдық,* әлі де болармыз (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Халықты оянуға, өнерге, оқып жетіліп, мәдениеті күшті *ел болуға* шақырады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). ә) *Тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді.* – Жау болсаң, қашқаным. *Ел болсаң,* жарысқаным Кел жарыс, – деп айғай салды (Ә.Әбішев, Найзағай). Шын сырға шақыратын ағалар жоқ. Ағаларын құптап жатқан іні жоқ. Осы біз қалай *ел болар* екеміз? (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Ежелгі жау *ел болмас* (Мақал). Жетім өсіп теңелді, Жетісіп жесір кенелді. Шалшық суы көл болды, Құрамалар *ел болды* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ел болудан қалды. *Береке-бірлік кетті, бет-бетімен кетті.* Қаламгердің пайымынша, осындайдардың артынан ерсе, қазақ *ел болудан қалады* («Жас Алаш»). Отарлық халге түскен «қазақ» атты елдің береке, бірлігі кетіп, бассыздық (анархия) белең алып, бірін-бірі тыңдауды қойған, *ел болудан қалған*!.. (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Ел бұзатын [бұзарлық] іс. *Ел арасына іріткі салатын іс-әрекет, ерсі қылық.* Сүйіндік – басшы адамы Бөкеншінің. Қажы айтты: «Мына жұмыс бізге бір сын. *Ел бұзарлық іс* қылды естілмеген, Мұнысына не айтасыз іниіздің?» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тастан тайып өлген жоқ, таудан құлап, Оны өлтірген ағайын, қарындасы. *Ел бұзатын* ерсі *істі* өршітпеске Дарға асып, таспен, атқан өз ағасы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ел бұзғыш [бүлдіргіш]. *Ел ішіне іріткі салғыш.* Шернияз. Оқудан садаға кет! Оңбаған, бұзылған ит! Әкең сенің арам ед, *Ел бұзғыш* бір лағынет! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі жүзді, *ел бұзғыш,* Еппен қанша күн көрер. Өсек сөзге үрпиіп, Кейбір мисыз шын көрер (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.). Халыққа емес сыйымды, Парақор баспақ биіңді. *Ел бүлдіргіш* бегіңді Әперіп сөзбен кегіңді – Ұлы тілмен улаттым (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ел бұзу. *Елдің арасына іріткі салу, араздастыру.* Баласын оқытумен жоқ жұмысы, *Ел бұзу,* малын шашу – барлық ісі. Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі, Япырым-ау, айтсаңдаршы, бар ма кісі? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ел бүлінді. *Елден береке-бірлік кетті.* Әділдікке ол жатпайды, Сені өз жағын жақтайды Деп ойламаушы ем, сірә да. Аудара байлап берген соң, *Ел бүлінбей* тұра ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ел біткен. *Бүкіл жұрт, барша халық.* – Шырағым-ау, ол қас тіккенді қандаған, *ел біткенді* жалмаған ала тұяқ қой (Қаз. ертег.). Кідіріп Кей-Қысырау жатты көп күн, Иіріп *ел біткенді* астында иектің. Қаратты Апрасияпты адамдарға Табатын тас үстінен ізін жектің (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ел біріншілігі. спорт. *Елді түгел қамтитын спорт жарысы.* Бөлешев және *ел бірінші лігінің* қазіргі бас мергені Финонченко тартылды («Жас Алаш»).

Елге аян [белгілі]. *Көпшілікке белгілі, танымал.* Сырнаймен өзін-өзі сүйемелдеп ән айту қазақ музыка өнеріндегі тамырын терең жайған елеулі құбылыс. Есімдері *елге аян* Жаяу Мұса, Майра, Нартай, Хафиза сынды саңлақтардың өнеріне соны серпіліс әкелу, оны ұрпақ санасына ұялату («Қаз. әдеб.»). Ал кейіпкер осы ағасына өкпелеулі. Қолынан келіп тұрса неге қараспайды, – дейді. Өйткені ағасы *елге белгілі* сәулеткерлердің бірі ғой («Қаз. әдеб.»).

Елге бас ие болды. *Басшы, ақылшы болды.* Атқамінер ер-азамат өмірде тізгінді мықтап ұстап, *елге бас ие болады* («Егемен Қазақстан»).

Елге бүлік салды. *Елдің тыныштын алды, берекесін кетірді.* Қайным көшті, бай жерде емес, *Елге бүлік салатын* Күштілерге сенген де емес, Аяғымнан шалатын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Елге еңбегі сіңген. *Ел-жұртты үшін көп жұмыс істеген, пайда келтірген.* Осы топырақта туып-өстік. Кезінде *елге еңбегі сіңген* ағалар тұрады мұнда. Қазіргі таңда бізге жаны ашыған бір басшыны көрмейміз («Жас Алаш»). Дарынды сахнагер, *елімізге еңбегі сіңген* артист Төлеген Қуанышевтың орындауындағы аталған бейне асқан шынайылық дәрежесінде көрсетілген («Жас Алаш»).

Елге жайды. *Көпшілік арасына қауесет таратты.* Мешітбай ыза болды тысырайып, Әли-

ге ат мінгізді тартып айып. Жалынып маған да бір шапан жапты, Амалсыз, кетеді деп *елге жайып* (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп *елге жайып* жүріп, айтып ырбаңдауға пысық (Абай, Тол. жин.).

Елге жанасты. *Елге жақындады, бірге болды.* Біз өз жұртмыздың тіл салтына, заңына түссек, еге жылдам жақындасамыз, *елге жанасқан* сайын, ел ағартқан іс гүлдейді (М.Дулатов, Шығ.).

Елге жел беруші. *Елді айдап салушы, үгітеуші. Елге жел берушілер* деп 60-тан астам адамды тұтқынға алып... (М.Дулатов, Шығ.).

Елге қарар беті жоқ. *Ұятқа қалды, масқара болды.* – Жора, мен кетемін... *Елге қарар бетім жоқ* (С.Адамбеков, Көсе.).

Елге санат салды. *Елге салық салды, міндеттеді.* Әскердің тамағына деп, *елге санат салып,* сойыстық сиыр малын жинап, ояздың помощнигі Ткаченко сол кезде Қара Торғай Болысында Батпаққара деген жерде жатыр еді (М.Дулатов, Шығ.).

Елге сыймады. *Қайда журсе де, сүйкімі болмады.* Өлсе көрге сыятын еді, тірі қалып еді – *елге сыяр емес* (F.Мүсірепов, Таңд.). Күншіл кісі жалғанда *елге сыймас,* Жақсылықты адамға тіпті қимас, Күндестік, күншілдікте не пайда бар, Жай отырып, одан да елмен сыйлас (М.Әшірбеков, Белестер).

Елге танылды. *Көпшілікке белгілі болды, ел-жұрт білді.* Оны тарихқа таңбалаған режиссерлердің есімдері *елге танылып,* ұлы шайырдың бейнесін бедерлеген артистер қауымы кәсіби шеберліктерін шыңдап, шығармашылық ізденістерден қаншама ләззат тапты («Жас Алаш»).

Елге түсті. *Ел арасында болды, аялдады.* Амангелді сөйлейді: – Жолдағы *елге түспепсің,* Ешкімнен сусын ішпепсің, Алып қашып тізімді, Елге арамдық істепсің (О.Шипин, Дастан.).

Елге шықты. *Ел аралады, адамдардың арасында болды.* Қажылардың уағдалары бойынша шәкірттердің бірнешеуі *елге де шыққан* (М.Дулатов, Шығ.). Шымкент ауылшаруашылығы техникумының бірнеше студенті санақшылар сапында *елге шықты* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң.).

Ел дамуы. *Елдің, мемлекеттің өркендеуі, әл-ауқатының артуы, өсуі.* Ал тәуелсіз *ел дамуын* өрелі азаматтық сана мен рухани мәдениет қана өркендететінін атап өтеді («Жас Алаш»). *Ел дамуының* қазіргі кезеңінде мемлекеттік экономика мен саяси жүйені ырықтандырудағы реформалар жол ашып, Конституциямызға бекітілген демократиялық қағидалармен тыныстанған жастар барған сайын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуды айқындайтын белсенді күшке айналып, қоғамдық өмірдің жасампаз жаңашылдары ретінде танылы бастады (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Елде жүрген. *Ел арасындағы, ел аузындағы.* – Армысың, Ата! – Бар бол, балам, аман ба? – Жолыңыз болсын? – Жолдың несін сұрайсың, мына соқыр заманда. Қайда барса, Қорқыт көрі қазулы тұр адамға. *Елде жүрген* ескі аңыздың, Естіп пе едің, қарағым? Мына біздің ғаріп жағдай еске соны салады (М.Мақатаев, Шығ.).

Елді алып есіру. *Жұртты аузына қаратып, бәрін тыңдырып келгендей болып қораздану.* Барып келсе Ертістің суын татып, Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып, *Елді алып,* Еділді алып, *есіреді,* Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып (Абай, Тол. жин.).

Елден асқан. *Жұрттан озған, бәрінен алға кеткен.* Толыбай ағашқа да, темірге де *елден асқан* шебер (Ә.Әбішев, Армансыз.). Кешегі өткен ер Әбіш *Елден* бір *асқан* еректі. Жүрегі – жылы, бойы – құрыш, Туысы жаннан бөлекті (Абай, Тол. жин.).

Елден безген. *Туған-туыстан, өз ортасынан қашқақтаған (адам).* Май шайнаған билердің Нанға мұқтаж күні бар. *Елден безген* залымның Елге мұқтаж күні бар (Шешендік сөздер). Және елдің сырын білгім келеді. Сондықтан ғана тыңдаймын. Әйтпесе, ел қазағының толып жатқан шатақ жұмысына кіре берсем, ақсұттарым далада қалады ғой. Бірақ қазақтың кіріпшыққаны да зиян ба деп ойлаймын: сырттан кім көрінгенге иемденіп, арқаланып, бұтып-шатады. Жолатпайын десең, жаман да болса, бұзық та болса, өз елің ғой деп ойлайсың. *Елден безген* соң – бір орыс болғаның (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Елден елге жүрді [елден елді аралады]. *Жағалай қыдырды; ауыл-аймақты аралады. Елден елге жүрермін,* Елден жақсы көрінсе, Сені оған берермін (Бозжігіт). *Елден елді аралап,* Қошқар, теке жинадың, Маңдайдағы бай болдың, Нәпсіңді неге тыймадың (Дулат Бабатайұлы, Замана).

Елден ерек [ерекше]. *Бөтенше, ерекше, айрықша.* – Бес ағашты күзетіп *елден ерек* жалғыз үй қалғанша елге ерсейші (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым). Жау десе – жақтағаның, айыбың да, Жетпейтін онда ақтық байыбына. Сақтанған туысынан, сүйгенінен, Сол кездің *елден ерек* жайы бұл да (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Жұлдыздай боп жанар алдан Ақындықта *елден ерек* басқа заң Батырлығы жоқ адамнан Үлкен ақын шыққан емес ешқашан. Туған елім – арман, мұңым,

Енді сені жетелейді жол қалай? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сұрау сөзді доғарып, Дайрабайға *е л д е н е р е к ш е* сөз беруге тура келді (Б.Майлин, Шығ.).

Елден шықты. а) *Ел ішінен ұзап кетті, жол жүрді, сапар шекті. Е л д е н ш ы қ қ а л ы* айдан асқан. Асқаралы Алатау да, алмалы Алматы да алыста (Қаныш аға, Естеліктер). Қаңтардың 14-і еді. Күн боран. Біз ерте, сағат он бір шамасында Орынбордан шықтық. Бірсыпырадан бері *е л д е н ш ы қ п а ғ а н ғ а* маған бір түрлі шаттық іәм тезірек жетуге асығу пайда болды (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Ел ішінен, халық арасынан табылды.* Қазақтың оқығандарының бәрі *е л д е н ш ы қ т ы.* Қазақтан шыққан оқығандардың өзінде аламандық мінез бар ма? Жоқ па? (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). б) *Адам болудан кетті, бұзылды.* – Болды ғой, енді Қайратың асып бара жатса, бар, ана *е л д е н ш ы қ қ а н* жүзіқара қызыңды тыйып ал (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сенікі бұлақ түгіл барлық жерім, Ашусыз келісейік бітім қылып. Сейіткерей ортамызда жалғыз тентек Ол тулап қайда бармақ *е л д е н ш ы ғ ы п...*» (О.Шипин, Дастан.).

Елді өзіне қаратты. *Таңдандырды, тамсандырды, ұйытты.* Сұлулығын сезбеген *Е л д і ө з і н е қ а р а т қ а н.* Қос шырақты көз деген Көру үшін жаратқан (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Ел еңсесі көтерілді. *Елдің тұрмыс-жағдайы, әл-ахуалы дұрысталды. Е л е ң с е с і к ө т е р і л і п,* тәуелсіздік нығаю үстінде. Осының нәтижесінде мәдениетке көңіл бөлуге мүмкіншілік туып отыр, – деді («Егемен Қазақстан»). Қанаушылық қалай жойылды, солай *е л е ң с е с і к ө т е р і л е* бастады («Лен. жас»).

Ел еңсесін көтеру. *Елін қатарға қосу, әл-ауқатын көтеру.* Бұл оқиғалар қазақтарға жаңа серпіліс берді. 1971 жылдың табалдырығын аттар алдында *е л д і ң е ң с е с і н к ө т е р у д е г і* жаңа бір баспалдақ еді («Егемен Қазақстан»).

Ел еркесі. *Еліне жағымды, көпшілік жақтаған адам.* Бәрі де Исатайдың байлығы еді, Зерлеген қара шақшам тайлық еді. Исатай *е л е р к е с і,* ел серкесі Бір мен емес, алашқа жайылым еді. Елге алғау, маған да алғау ер Исатай, Айырылып Шерің содан қайғылы еді (Махамбет, Өлең.д.). Өз үйім, өлең төсегім деп бекер айтпаған. Тіпті *е л е р к е с і* Жиренше де: «– Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», – депті ғой (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Ел есінде. *Халықтың жадында.* Жер бетінде небәрі жиырма бір жыл ғана өмір сүріп, өшпейтін із қалдырған Мәншүк *е л е с і н д е* мәңгі жас күйінде қалды («Жас Алаш»).

Ел дәулеті. *Елдің байлығы, дүние-мүлкі.* Таусылса, төркінің көтермес, ел көтерер, *е л д і ң д ә у л е т і* таусылса, біздің шайымызда таусылар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үшінші бесжылдықтың міндеттерін, Күнбе-күн орындауда байтақ елім. Асып тұр арнасынан *е л д ә у л е т і,* Толысып, толымдалды орта кемім (Н.Байғанин, Шығ.).

Ел дегенде. *Ел үшін, елдің мақсат-мүдесі үшін. Е л д е г е н д е* сарқылмас қиялы бар, Ары таза, лұғатты ұялылар Төс қақпай-ақ доспын деп, дос боп өтер, Қандай жақсы болғаны зиялылар (К.Салықов, Жезкиік.). Жап-жас жанарын жасқа толтырып, жұрт дегенде жүдеп, *е л д е г е н д е* еңіреп, «ұлтты құтқару», «тәуелсіз Түркістан» деген сөздерді аузынан түсірмей дұғадай қайталап отырған жігітке сенбеу өте ауыр да, қиын болар еді (М.Шоқай, Шығ.).

Елден ала бөтен. *Жұрттан ерекше, айрықша. – Е л д е н а л а б ө т е н* сенің басыңа не күн туды? – деді Бану күлімсірей күңк етіп (М.Иманжанов, Көк белес). – Шырағым-ау, бұл сұмдықты қайдан шығарып жүрсіңдер... *Е л д е н а л а б ө т е н* маған ауыз салғандарың қалай (С.Омаров, Қайырлы жаз).

Елді аузына қаратты. а) *Көпшіліктің, назарын аударды, шешен сөйледі.* Ертедегі қазақ жырауы да қалың *е л д і а у з ы н а қ а р а т қ а н* болатын («Қаз. әдеб.»). ә) *Айтқанын істетті, еркіне көндірді; билеп-төстеді.* Олардың ішінде бір-екі дуан *е л д і а у з ы н а қ а р а т ы п* отырған болыс ағам Қақабай да бар (Ә.Әбішев, Найзағай).

Елді құртқан. *Қу, сұм, сұмырай. Е л д і қ ұ р т қ а н* қарақшы, Ел болып сені қарғасын. Үрім-бұтақ, зәузатың Мендей болып зарласын (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Елдің ағаруы. *Сауаттану, сауатын ашу.* Осы айтқандарды хүкімет басында отырғандар, қаламының өнері барлар, *е л д і ң а ғ а р у ы н а* тілектес азаматтар орындауға тырысса, баспасөзді көркейтуге, күшейтуге шын үме жасағанымыз болады (М.Дулатов, Шығ.).

Елдің алды болды. *Бәрінен озды, алдына жан салмады.* Сол қызымыз кейін оқуда да, жұмыста да *е л д і ң а л д ы б о л ы п,* семьямыздың мақтанышына айналды («Лен. жас»).

Елдің алдына түсті. *Алға шықты, озды.* Бір кезде ел маңдайы Күшік еді, Дәулеті құстай өрлеп ұшып еді. Берекелі, бірлікшіл, бір туысқан, *А л д ы н а* бір тайпа *е л д і ң т ұ с і п* еді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Елдің атын ерттеп өтті. *Кішпейіл, елгезек болып, көпке қызмет етті.* Орынсыз аға-ініңді өкпелетсең, Өкінбейді олар саған өртке кетсең. Қалады қалайда да артыңда атың, Елпеңдеп *е л д і ң а т ы н е р т т е п ө т с е ң*. Көп сені «керексіз» деп кесіп тастар, Ұзайып көлеңкесі көкке жетсең (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Елдің бетін қалай көремін. *Елге қарайтын бет жоқ, ұят, масқара болды деген мәндегі сөзқолданыс. Елдің бетін* енді *қалай көремін?* Жоқ шығар-ау ешкімге де керегім. Шыдағанша мұндай азап, қорлыққа, Арқан байлап, асылам да өлемін! (А.Асылбеков, Әлем.).

Елдің есінде қалу. *Елдің жадында қалу, елі ұмытылмау.* Ер-азамат үшін ескерткіштің үлкені – *елдің есінде қалу*, қадір-қасиетіңмен жұрттың шынайы құрметіне бөлену болса керек («Егемен Қазақстан»).

Елдің жоқтаушысы. *Халқының, елінің мүддесін ойлаушы.* Ел билеген ақсақалдар да елдің тілегін тілеп, *елдің жоқтаушысы* болды. Ақсақал болу, би болудың өзі елдің сайлауынан болғандықтан, бұлар елден бөлініп кете алмайтын еді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Елдің құты. *Елдің берекесі, бақыты, ырысы.* Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты, Бес теңге Қызылжарда ұнның пұлы. Орта жүз, ырысың бар ел екенсің, Хан еді Абайділда – *елдің құты* (М.Дулатов, Шығ.).

Елдің мінезі. *Елдің әдет-ғұрпы, дағдысы.* Бастарыңа бұдан ауыр күн тумасына кімнің көзі жетеді. Жан тәттілік қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл ел болмайтын *елдің мінезі* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Елдің салты. *Елдің әдет-ғұрып дәстүрі.* Раушан. Оңайын тәуір көресіз, Әйтпесе *елдің салты* да. Жарасымды емес пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тағы да туды қырсық сөнер шағы, *Елінің* ескі *салты*, көне сәні, Ақ туын атасының қолына алды Кенжесі Абылайдың Кенесары (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елдің тұтқасын ұстады. *Ел біледі, жұртқа басшылық етті.* Агроном болған адам *елдің тұтқасын ұстайтындай* көрінеді де тұрады оған («Лен. жас»).

Елдің іргесі бұзылды. *Бірлік кетті, құрыды, жойылды.* Отряд шықса, елдің берекесі кетеді, басы мен малға әлегі бірдей тиеді, *елдің іргесі бұзылады* (М.Дулатов, Шығ.).

Ел етті [қылды, жасады]. *Халықтың басын біріктірді, ұйымдастыр-ды, жинады.* Суалып қалған қақтарды, Айдын шалқар көл етті. Тозтоз болған ұлттарды, Берекелі *ел етті* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Арылтамыз аспанды аршып тұманнан, Тазалаймыз жерді жонып жуаннан. Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі, *Ел жасаймыз* еңбегіне қуанған (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ел есінен кетпеді. *Халықтың жадында сақталды.* Әйгілі сықақшы ақынның осы өлеңі ғасырлар өтсе де ескірмей, *ел есінен кетпей* келе жатқаны кімге аян емес (М.Рашев, Бетің қисық.).

Елеулі ел. *Дамыған, өркениетті ел.* Енді *елеулі ел* болам десе санаулы шамаға алам десе, алатын кезі келді («Абай»). Бізбен туысқан мынау башқұрт халқы біздің үш бөлігіміздің біріндей-ақ. Осы күні осылардың әскері бар. Сондықтан басқалар башқұртты *елеулі ел* көріп отыр (М.Дулатов, Шығ.).

Ел жақтаған. *Ел соңына ерген, елге сыйлы (адам). Ел жақтаған* ақсақалдардың, билердің хан қасында кәдірі кеміді. Төрелер, келімсектер өте кәдірлі болды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ел жатты. *Жұрт жатты, ел ұйқыға кетті.* Тәңірберген *ел жатта* Ақбаланың қойнына келеді екен деп есіткен бойда Рай Кәленге барды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жылқының сезіп дыбысын жүйріктері, Жетеуін желіктіріп алып қашты. *Ел жатта* жылқы өріске жеткен кезде, Жылқыға Абақтобы араласқан (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Қайрекең жол жүріп келген соң, бүгін жылқының түнгі күзетіне бармай, *ел жатарда* үй іргесіне төсек салдыртып жатып қалған-ды (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Ел жебеді. *Көпшілік тілеуін тіледі, қолдады.* Мүсіндеп талай жерді көрмеледі, Даңқы асты, әр қадамын *ел жебеді*. Шоқаны Көкшетауда құлшынып тұр, Қанышы Алматыда дем береді (К.Салықов, Жезкиік).

Ел жиды. *Өзіне жақтас, сөзін сөйлейтін жұртты топтастырды.* Өзімдік бол деп *ел жиып*, Құрастырып септеймін. Бұзақының бүлігін «Жақсы ақыл» деп «күп» деймін (Абай, Тол. жин.).

Ел именді. *Жұрт тайсалды, қарсы келуге қаймықты, жасқанды; бетіне айтуға ұялды, қымсынды.* Жасқанып, қорқып, Жорғалап, жортып, *Именсе елің* батпан-бақ, Қарғағанын жер қылмақ, Алқағанын зор қылмақ (Абай, Тол. жин.).

Ел кегі жауға кетпес. *Елін, жерін жауға бермейді, қорлатпайды, есесін қайтарады деген мағынада.* Ер жігіт тірі шақта нені көрмес, Ер болса қасіретке бойын бермес. «*Ел кегі жауға кетпес*» деген бар ғой, Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ел кезді. *Ел аралады, ауыл-ауылды шарлады; ел ақтады.* Орынбор, Мәскеу аралап, Жазықысы дамыл таппады, Арып-ашып *ел кезіп*, Қайғылыны қаттады (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазіргі халық ақыны революцияға дейінгі домбырамен *ел кезіп*, өлең-жыр айтқан ақындармен біремес (Е.Ысмайылов, Ақындар). Ұмыт болды бұл күнге, Қолтықтап сені *ел кезіп*, Жаяу қорлық көргенім (Халық ақындары). *Ел кездім* Кертөбелден арықтатып, Жақсыға сөз сөйледім анықтатып, Үш жүздің ортасында Біржан едім, Бұл күнде қойды Құдай шалықтатып (Біржан Қожанұлы).

Ел керегін жоқтады. *Халқына қызмет етті, қамын ойлады.* Дана туған білімді – *Ел керегін жоқтайды.* Адал көңіл, ақ пейіл Сағырдың қолын қақпайды (Базар жырау, Шығ.).

Ел көзіне түсті. *Көпшілікке танылды.* Ауызбен орақ орған алдамшы бар, Жағымпаз жатып ішер**,** жалдамшы бар. Елгезек *ел көзіне* ерте *түсіп,* Қайтадан ауылға кеп жүрген шығар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ел көрді. *Ел аралап, өзге елдің, жұрттың тұрмысымен таныс болды.* Сол уақыттар болғанда, белес-белес бел көрді, Бел астында *ел көрді* (Батырлар жыры). Жер көресің, *ел көресің* деді, таза ауада денсаулығыңды көтересің дейді... әйтеуір көндірді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Уай, заманым, балалық, Жан біткенді *ел көргең.* Десе біреу қарағым, Гүл-гүл жайнап, өңі енген (С.Дөнентаев, Шығ.).

Ел көшті. *Ауыл қоныс аударды, ескі орыннан көтерілді.* Екі-екіде, *ел көшсе,* әнге салып, Жиналып жастар жылқы айдағанда. Ел қонса, құрық алып шырқ иіріп, Биені үйге бөліп жайғағанда (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жолымен Мәтібұлақ *ел көшеді*, Ұрысса екі ағайын «сен» дееді. Баласы ер жігіттің өле берсе, Шырағы жанып тұрған демде өшеді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Төрт жылда тынды дауыл да, Жайлауға жазғы *ел көшпей.* Бір ғажап болды ауылда, Көрмесе көзің сенбестей (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Ел көшті [қашты], жау жетті. *Жан алқымға алды, қысты, тықсырды; асықтырды.* – *Ел көшті, жау жетті* қылмай қоя тұрыңдаршы, әуелі не болғанын біліп алайық (Н.Қазыбеков, Тұсау.). – Жә болды, *ел қашты, жау кетті* демей! ... Қонақ көрмеп пе ең? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Ел кубогы. спорт. *Елдің жарыс жеңімпазына арналған жүлдесі.* Ел біріншілігінде де, *ел кубогында* да «Қазцинк-Торпедо» үздік болды («Жас Алаш»).

Ел кісісі. *Елдің сыйлы, ақылшы, тәжірибелі адамы.* Одан есейіп, *ел кісісі* қатарына көтерілген адамның келісті, кемел пайымдауларын аңғаруға болады («Егемен Қазақстан»). *Ел кісілері* қаракөңіл биге – Кеңгірбайға берген соң, ар жағында не қалды, айтыңдаршы (М.Әуезов, Шығ.). – Біз болыс, станршын емеспіз. *Ел кісісі* болса, әне, қариялар бар, – деп бір-екеуі сызданып жауап берді де, жүріп кетті (М.Әуезов, Қилы заман).

Ел қақсатты. *Көпшілікті зарлатты, азапқа салды.* Әдетті тастап түзелу – сендей жуанның қолынан келуі қиын іс, бірақ, шырағым, мен саған бір әңгіме айтайын, соны ұғып алсаң, – сен де түзелер едің», – депті де, айтыпты: «Бұрынғы заманда әлі жеткенге күшпен, әлі жетпегенге айламен зорлық қылып, *ел қақсатқан* бір залым ұйықтап жатса, қасынан өтіп бара жатқан үш адамның бірі: «Мына залым кешке дейін оянбаса, талай момын зұлымдығынан аман болар еді», – депті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ел қамқоры. *Халықтың қорғаушысы, жанашыры. Ел қамқоры* Едіге, Орақ, Мамай, Телағыс, Орда тіккен Еділге Ноғай деген еларыс (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Ел қамқорымын* деген адам елдің намысын үйде отырып емес, атқа мініп, халықтың жауымен қандасу арқылы жақтасын (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Пірді сағынап үйреткен Құдай жолын, Надандарға танытқан оң мен солын. Байдан алса, нашарға тарататын, Сағынбасқа бола ма *ел қамқорын* (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Заманнан кеудесі асқан, *ел қамқоры*, батагөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз (М.Әуезов, Шығ.).

Ел қамын жеді [ойлады]. *Халықтың жағдайын ойлады.* Мұраттың өлеңдерінде патша хүкіметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хүкіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, *ел қамын жегендердің* қуылғаны, өлтіргені анық айтылады (Х.Досмұхамедұлы**,** Таңд.). *Ел қамын ойлаған*, қызыл тілін қару еткен қазақ жыраулары әрқашан да өз ойларын ашық айтқан (І.Есенберлин, Алмас.).

Ел қамын ойлау. *Халықтың жоғын жоқтау, ел мүддесін ойлау.* Жас кезінде батыр болып, елін жаудан қорғасады. Көпті көрген қария ұзақ жасап, өмірінің бәрін *ел қамын ойлауға*, ақыл айтып, арманға жетелеуге жұмсаған (К.Оразалин, Абай.). Әуелі ел қатарына қосып, ошақтың қасиетін, көптің қадірін түсінуге, қала берді *ел қамын ойлауға* тәлімдеген Зылиханың ыстық махаббаты екенін сезеді (Қ.Ысқақов, Түйық).

Ел қарасын көрді. *Еліне оралды, туған жеріне қайта келді.* Біреулері мұғалімнің алты ай жаз дамыл алмай, *ел қарасын көрмей,* қыстауда жатып, осы мектепті бітіргенін айтып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Таудың қойнын бөктерлеп, Жылғамен жылжып келеді. Дәл жеті күн жол жүріп, *Ел қарасынкөреді* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ел қарату. *Елге өзінің сөзін сөйлету, жақтас ету.* Заманадан хабарсыз біздің халық, Болыс болар неше мың ақша алып. *Ел қарату* үшін де пара беріп, Онысын қайта жияр пара алып (М.Қалтаев , Таңд.).

Ел қатарлы. *Өзге жұрт сияқты; біреуден ілгері, біреуден кейін.* Жақсылық ешкімге жалынбайтын, *ел қатарлы* кісі болды (М.Әуезов, Қараш.). Алматы облысы, Райымбек ауданының Саржаз ауылына қарасты Ақбейіт бөлімшесінде тұратын Қанат Исабаевтың отбасы екі ұл, бір қыз өсіріп, көштен озып кетпейтіндей, жұртта

қалып қоймайтындай *ел қатарлы* қоңыртөбел тіршілігі бар отбасы еді («Егемен Қазақстан»). Өзің білесің, *ел қатарлы* тұрмыс құрдық, *ел қатарлы* еңбек еттік («Лен. жас»). Берген мал қалың малға өсіп кетті, Қырсығын қайын атамның кесіп кетті. Мал бітіп төрт түліктен *ел қатарлы*, Жайлауға бие байлап, көшіп кетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ел қатарына [санатына] қосылды. *Жұрт қатарлы тіршілік етті, адам болды; жұртпен теңесті.* Детдомға кіргесін ғана *ел қатарына қосылдым* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ұлың ұлдай, қызың қыздай *ел қатарына қосылғанын* көпсініп жүрмісің? (Р.Тоқтаров, Теріс-тік.). Қысқасы, тамағы тоғайып, көйлегі көгеріп дегендей *ел санатына* тез қ*осылып* кетті (С.Омаров, Дала.).

Ел қондырды. *Белгілі бір жерге, аймаққа халықты қоныстандырды.* Еділдің бойы ен тоғай, *Ел қондырсам* деп едім. Жағалай жатқан сол елге Мал толтырсам деп едім (Махамбет, Өдеңд.). Хал қайда мен дүшпанмен алысарға, Ат қайда жүйрікпенен жарысарға? Жайлауға *ел қондырып*, қой қоздатып Күн қайда Мақпалмен табысарға! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Ел қорғады. *Ел-жұртын жау қолына бермеді, қарсы тұрды.* Исатайдың бабасы ақтабан шұбырынды замандарында *ел қорғап*, ұранға шыққан Ағатай батыр еді. Ағатайды жұрт әулие дейді. Ата-бабаның әруағын сыйлағыш рушыл халыққа Исатайдың Ағатайдың тұқымы болғандығы да әсер берсе керек (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Тау өшпес, аспан төніп, еміренген, Сел солмас, қарлы күз бен көк мұзды емген. Ерлерін *ел қорғаған* есте тұтып, Ел бітпес, кеңес қылып күңіренген!.. (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ел қорғау. *Ел-жұртың жау қолына бермей, қарсы тұру.* Би-болысты Тәңір атты, *Ел қорғауға* жарамай. Ағайынды еңіретті, Көз жасына қармай (Жамбыл, Шығ.).

Ел қорғаны. *Ел-жұртты қорғайтын қамқоршы, ер-азамат.* Батырлар жырының жемісінде ақын *ел қорғаны* ерлердің жалпы қасиетін айтып, олардың ерлік, жауынгерлік әрекеттеріне халық көзімен баға береді (Қаз. совет әдеб.). *Ел қорғаны* ерлердің, Қорғауға тұрар елі бар. Ел жеңілмес жауынан, Сендердей алып ері бар (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

Ел құлағы елу. *Ел арасында, көпшілік болған жерде құпия сақталмайды; бірі болмасы бірі естиді деген мағынада.* Дегенмен, *ел құлағы – ел у*. Қойдымның келгенін естіген Таңжарық кішілік ізетпен нағашы әпкесін іздеп келеді. 1926 жылы еліне оралғаннан кейін көп кешікпей абақтыға жабылған ол бұл кезде босанып, ел ішінде болатын («Егемен Қазақстан»). Ақ сұңқар құс дабысты, Дүшпаннан алған намысты, Қамбар кедей деген сөз, *Ел құлағы елу* ғой, Есітті батыр дабысты (Қамбар батыр). Адалы қанша, арамы қанша кім білсін «*Ел құлағы елу*» деген емес пе, көршілес колхоздар гу-гу етеді (С.Төлешов, Шығ.).

Ел құлағын түрді [тосты]. *Елең ете қалды; тосын хабарға құлақ бұрды.* Дабысы бұрын жеткен Керқұланың Дегенге «Келді» *түрді ел құлағын.* Ас тегіс алды-артына қалды үймелеп, Көруге Көкшетаудың кер пырағын (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ел қыдырды. *Ауыл аралады; бір үйден шығып, бір үйге кірді. Ел қыдырып,* ас ішіп, Еркек арын сатады. Бала-шаға, ұрғашы, Үйде жаурап қатады (Абай, Тол. жин.). Өмірінің көбі байдың үйінде өтті. *Ел қыдырып*, амандықтың шашбауын көтеріп, сауық құрумен өтті (Б.Майлин, Шығ.). «Қатарың толарсақтан қан кешіп жүргенде сен *ел қыдырып* қалай жүрсің?» деген сауалдарды мына үй ішіндегілердің көзінен байқайды (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Ел қылды. *Басын біріктірді, мемлекет етті.* Қазақты Құдай оған «*ел қыл*», – депті, Еншіңе ен даланы бердім, – депті, Сондағы Елшім сенсің, саған сенем, Беделім, сен боласың белгім, – депті (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ.). Мұқым қазақ баласы, Тегіс ақыл сұрапты, Тобықтыны *ел қылыпып*, Басын жиып құрапты (Абай, Тол. жин.).

Ел мен жер. *Отан, ел-жұрт, туған жер.* Әрине, бұдан өзге елдер жер һәм жесір дауынсыз екен деген ой тумауы керек. Тулақтай жер үшін тебінгісін тер шалып жүрген ел қанша? *Ел мен жер* үшін сол жерде жан кешіп, жесірін қара жамылдырған ер қанша? («Жас Алаш»). Біз көрген *ел мен жер,* тіпті ақын экологиясын Мақаң топшылағаны болмаса, көзбен көрген жоқ («Қаз. әдеб.»). Өмір емес өмірі, қораштанған, байғұс ана тірліктен қалыс қалған. Келеді ана, қарабет қарақшыдай, *Ел менжерден* бір жола аласталған Аппақ нұрды көре алмай ақ аспаннан, Түн-түнекте бейне бір адасқан жан (М.Мақатаев, Шығ.).

Ел намысы. *Елдің абыройы, халық мүддесі.* Алайда Махамбеттің ханмен тек өз намысы, өз мүддесі үшін емес, *ел намысы*, ел мүддесі үшін кетіскені рас еді. Тек өз намысын көйттесе, Махамбет бүкіл ағайын-тумасы болып, жиырма екі жыл бойы қырбай болып келген Исатаймен қайта табыспас еді («Егемен Қазақстан»). Отанын сүйген абзал ұл халқын, *ел намысын* дүшпандарға табалатқысы келмеді (Ә.Әлішев, Батыр.). Солайша ханым кеткен, халық қалған, Қазақпын, қайран жерін алып қалған. Ездікке *ел намысын* қимағаннан, Әлгі

бір ерлік аңыз қалып қалған (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Ел орынға отыра. *Кеш түсе, ымырт жабыла, шам жамырағаң кезде. – Е л о р ы н ғ а о т ы р а* Үштөбеге жетеміз, қонам десеңдер сонда аялдайық (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Біз Омар қарттың үйіне *е л о р н ы н а о т ы р а* бардық (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Ел санады. *Қатарға қосты, тең санады.* Қарайсың күліп қамсыз жай, Мені де жақын *е л с а н а п.* Қолыңа түскен жансыздай Қалбақтап қалам көрсем-ақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Ел сандалды. *Халық әбігерге түсті, тыныштық көрмеді.* Із кесіп екі-үш күндей *е л с а н д а л д ы,* Қалды деп кеуек қазып қарап қарды. Түңіліп елі күдер үзген кезде, Ауылға қойын жайып қойшы барды (О.Шипин, Дастан.). Ортақ боп бұл қайғыға *е л с а н д а л д ы,* Жиылып «жақсылары» ел-жұртының, Ас беріп, бата оқысып, аза салды (И.Байзақов, Шығ.).

Ел сөзі. *Халықтың, көпшіліктің пікірі, мүддесі.* Түрегелді орнынан Амангелді бұрқанып, Көздерінен от шашты Мұздай темір құрсанып: – Менің сөзім – *е л с ө з і,* Жандаралға айта бар, Берер жан жоқ патшаға, Болсақ тағы күнәкар! (О.Шипин, Дастан). Батпассың, ел ішіне келген соң, *Е л с ө з і н е н* басыңды аласың ба?! Үй ішіне пайда келтірмей жүрген Азамат жоқ қазақтың баласында. Құр таза болам дегенмен бола ма?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақбөпежан бергендей Қасым десе, Серігі, ақылдас та, әсіресе, Әкесі қия тартып көнбегенде, Жөн айтқан *е л с ө з і н е* әлденеше (И.Байзақов, Ақбөпе).

Ел сөзін сөйлеуші. *Елді жақтаушы, елге жанашыр адам.* Ақын-жазушы – *е л с ө з і н с ө й л е у ш і,* ел мұңын мұңдаушы («Жас Алаш»).

Ел сұрады. қ ө н е. *Ел биледі, билік жүргізді.* Ол кезде ерікті болып *е л с ұ р а ғ а н ы ң,* Көкірегін қайғы, көзін дым алып тұр (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Ел сынағыш. *Өзгелер туралы пікір айтқыш.* Сыр сақтағыш, *е л с ы н а ғ ы ш,* Берік жансып жүруші ем (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ел сілкінді. *Жұрт тыңілді, безді.* Аға сұлтан, қазының, *Е л с і л к і н д і* ісінен, Ауылдың атқа мінері, Жемітекке қонған күшіген (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ел табаны ауды. *Ауыл көшті, іргесін көтерді. Е л т а б а н ы а у м а й,* ұзақ отырып қалған жайлау, бұл шақта сары жұрт боп, шаңдағы шығып жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ел [жұрт] тану. *Дүниетаным, көзқарас.* Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, *ж ұ р т т а н у ы* ешбір халыққа ұқсамайды (Абай, Тол. жин.).

Ел таныды. *Халықпен араласып, жақсы-жаманды көрді, танып білді.* Ата көңілі жанбаса бір, Артық өнер шықпаса; *Е л т а н ы м а й,* үй танып құр, Шаруасын да ұқпаса (Абай, Тол. жин.).

Ел таразысын аңдамады. *Келеге түсеміз, талқыға түсіп, сөзге ілінеміз деп ойламады.* Бүгінгі Найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол *е л т а р а з ы с ы а ң д а м а ғ а н* албырт жастардың шалалығы (М.Әуезов, Шығ.).

Ел тарту [тартушылық]. *Көпшілікті өз жағына шығару.* Мұны істеген Қаукен қу ғой, Оның ойы *е л т а р т у* ғой. Сені сайлап, қажыны алып, бай-бектерді қыжырту ғой (С.Дөнентаев, Шығ.). *Е л т а р т у ш ы л ы қ,* арбасу Европа тілінде бір сөзбен дипломатия деп айтылады («Қазақ»). Немістер соғысқа ұсталығын *е л т а р т у* ісінде де көрсетіп, ынтымақ патшаларының дипломаттары жеңіліс тапты («Қазақ»).

Ел тартысты. *Халық талас-тартысқа түсті, өзара келіспеді.* Бөжей өлген соң, жаздан бері екі жақ сыртын қақтығыспаса да іштен барды салып, *е л т а р т ы с ы п,* сілкісіп келе жатқан (М.Әуезов, Абай жолы).

Ел тұтқасы. *Елді ұйымдастыра білетін, елге бас болатын (адам); ел ұйытқысы.* Кедеймін деп жасыман! Берекелі елді айтам, *Е л т ұ т қ а с ы* ерді айтам, Басымнан сөз асырман (Айтыс).

Ел тұтқасын ұстады. *Елге басшылық етті, жол көрсетті, береке-бірлігін сақтады.* «Мойнындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бәрімізді бір арнаға тоғыстырып, ортақ мүдде жолында біріктіріп отырған мәселе, ол – күні ертең *е л т ұ т қ а с ы н ұ с т а й т ы н* бүгінгі ұл-қызды саналы да сауатты, тәлімді де тәрбиелі етіп өсіру («Егемен Қазақстан»)

Ел түбіне жетті. *Елді аздырып-тоздырды, құртты.* Дүниені түзетуші іәм бұзушы бір ғылым, Әрі залым, әрі ғалым – *е л т ү б і н е* сол *ж е т е р* (Шәкәрім, Өлең д.).

Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан. *Уақыт өткен сайын заман өзгереді деген мағынада.* Кеше сен, бүгін мен болсам – дүние кезек емес пе, көнбеске сенің де шараң жоқ! *Е л у ж ы л д а – е л ж а ң а, ж ү з ж ы л д а – қ а з а н!* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Ел ұйытқысы болды. *Халықтың бірлігін, тұтастығын сақтады. Е л ұ й ы т қ ы с ы б о л ы п* отырған Астанадағы аралас мектептер туралы министр өз байламын айтып, бірте-бірте қазақ білім ұяларына көшіру жайын ойластыруды осы пікір алысуға қатысқан қалалық білім басқармасының өкіліне қадап айтты («Егемен Қазақстан»).

Ел ұйытқысын бұзды. *Ел ішіне іріткі салды, бүлдірді.* Сөз сөйлене келе: *«Ел ұйытқысын бұзып,* орысқа шапқаны үшін не жаза істесе де рауа», – десті (М.Әуезов, Шығ.).

Ел ұйытқысы шайқалды. *Ел ішінің ынтымағы кетті, тыныштығы бұзылды. «Ел ұйытқысы шайқалды»,* – дейді. Бұрын Абайдың естімеген зар-шері сияқты (М.Әуезов, Шығ.). Қара шығын алымы Бай-кедейге бірдей боп Шаңыраққа салығы, *Ел ұйытқысы шайқалып,* Төгіліп судай аққандай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құйындары бек болды Елді тегіс көрмейтін. *Ел ұйытқысы шайқалып* Дәулеті судай аққандай (Дулат Бабатайұлы, Замана).

Ел ұстады. *Жұртқа басшылық жасады, билік етті.* Есім хан заманында қазақ пен қалмақ өнемейін жауласып жүрді. Хан *ел ұстаған* батырға мұқтаж. Осындай уақытта Жиембеттің ханды қорқытуы, Жолымбеттің қызды тартып алуы аламандық емей немене?! (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Кедейден де талай топ жарған шешен, қол бастаған батыр, *ел ұстаған* билер шыққан (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас, Қас итсің, қасыңа да адам жуымас! *Ел ұстап,* жұрт билейтін қылығың жоқ, Хан емес, қас қатынсың мұндар құ бас! (Ақын жырлары).

Ел үстінде. *Халықтың мойнында, елдің есебінде.* Құдайым көзімді алды көрмесін деп, Жын-шайтан әзәзілге ермесін деп. Ырзығым *ел үстінде* болғаннан соң, Тауықша теріп жүрмін мен шөмеңдеп (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Ел үстінде жүрді. *Ел басқаруға араласты, басшылық қызметте болды.* Өңінде ұзақ уақыт *ел үстінде жүріп,* енді тұғырдан тайып, шетқақпай қалған кісіге тән салқын қабақ, салғырттық бар (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Ел үстінен күн көру. *Жұртты қанап тіршілік ету, есебінен өмір сүру.* Кейін, ондағы күні нашар болғансын, *ел үстінен күн көруіне* рұқсат етілді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Ел үшін еткен еңбек. *Ел мүддесі үшін сіңірген, істелген жұмыс.* Қапыда өткен дүние-ай, Ақырында еш болды-ау, *Ел үшін еткен еңбегім* (Махамбет, Өлеңд.).

Ел үшін туған [өмір сүрген]. *Елінің қорғаны, қамқоршысы. Ел үшін туған* батыр Амангелді «Аралап көрейінші, – деді, – жерді». Даланы кезіп жүріп әлдекалай, Бұлаққа ағып жатқан бұл кез келді (О.Шипин, Дастан.). Ел ұлы Амангелді кешегі өткен, *Ел үшін өмір сүрген,* ерлік еткен. – Халық! – деп ой-сезімін ерте оятып, Үмітін аудармаған келешектен (О.Шипин, Дастан.).

Ел шапты. *Басқа бір елді жаулап алды, тонады.* Он екі ай жүріп *ел шауып,* Күң мен құлын көшіріп, Мақтанып келді көбіне. Есепсіз қазына, сансыз мал Алдына әкеп қамады. Хан менен төре, бегіне (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Қара жауың қайтадан *шапса еліңді* не етер ең? – Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем. Қатын болып күн кешіп жүргеннен де қырқысып, Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем! (М.Мақатаев, Шығ.).

Ел шетіне өрт салды. *Ел ішіне іріткі салды, бүлік шығарды, араздастырды.* Елде тамағын айыра алмай, орыс қаласына Ертіс өтіп кеткен 275 кедейге алым-салым, түндігің деп, мұның алымын елдегі ағайыннан ал деп, бейшара қаңғырған қазақ *Елдің бір шетіне өрттi* осымен *салып* жүр ғой (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Ел ырысы. *Көпшіліктің несібесі, байлығы. Ел ырысын* ен байлыққа телідің, Қасиетті әр күніңнің тегі құн. Мың жылғы азық ашып беріп кетіпсің, Сол жиһазың – болашаққа сенімім (К.Салықов, Жезкиік.). Жігерімен жіберердей тасты үгіп, Өнер, ойы тармақты, Адал, жайсаң жас жігіт *Ел ырысын* шашып өткен Тосын келген қасіреттен Жанын салып туған жерін қорғапты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Елі азғанның жері азған. *Береке-бірлігі жоқ жұрттың дәулеті де жоқ деген мағынада.* Бала: – *Елі азғанның жері азған* деген осы екен-ау, біздің елдің қоянының мүйізінен шаңырақ иеді. Сіздің елдің қоянынан шақша ғана шыққаны ма? – депті (Қаз. ертег.).

Елім дейтін. *Елге жан ашитын, ел мүддесіне қызмет ететін (адам).* Себебі олардың ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, «балам дейтін жұрты» барына көзі жетті, енді *елім дейтін* бала болуға тырысады («Егемен Қазақстан»).

Ел іргесін сақтады. *Халықтың бірлігін, тыныштығын ойлады.* Аға сұлтан, қазының Ел сілкінді ісінен. Ауылдың атқа мінері Жемтікке қонған күшіген. Өзі тойса мәз болады, *Ел іргесін сақтамай* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ел іргесі сөгілу. *Елден бірлік кету, тұтастығы жойылу, ел болудан қалу.* Азаматы жабылу, Малы күнде сабылу, Ұлып жатыр ұлы жүз, Қырғын тауып аштықтан, Ел еңіреп егілу, *Ел іргесі сөгілу* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ел іші. *Ел ортасы, халық арасы.* Елді бөліп-бөліп Жәңгір әр рудың, әр тайпаның басына бір-бір төре қойды. Бұлар өз қол астында Жәңгірдің саясатын жүргізе бастады. *Ел ішінде* әділдік жойылды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Сондай-ақ *ел ішінде* «әнебір қалтаның мұнша жері бар екен», «мына шенеунік үрімбұтағын жермен қамтамассыз етіп қойыпты»

деген сөздер желдей есіп жүр («Жас Алаш»). Ұлыңды кім құтқарғанын тіпті білгің келмей ме? Бүйте берсең, *ел ішінде* ізгі сезім өлмей ме? (М.Шаханов, Қасырлар.). Осы менің алғаш көрген Жеңісім, Бір-ақ сәтте шықты шарлап *ел ішін*. Үлкен-кіші демейді екен ешкімді, Алыс-жақын болмайды екен ол үшін (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Ел экономикасы. э к о н. *Мемлекеттің шаруашылығы, өндірісі, қаражат-қаржысы.* Қазақ әдебиетінде халқымыздың әл-әуқаты мен *ел экономикасы* қалтарыстарына қазіргі заман талабы тұрғысынан терең үңіле пікір қозғайтын шығармалар дәл қазір аса қажет («Қаз. әдеб.»). Сондай-ақ облыс басшысы облыстағы бүгінгі *ел экономикасының* жаңалықтарымен қаламгерлерді таныстырды («Қаз. әдеб.»).

Еңбек елі. п о э т. *Еңбекші халық, бұқара.* Енді сол Абайдың басына түскен ауыр шақ, арына түскен таңба жайын Семей қаласындағы *еңбек елі* үлкен ызамен, қатты намысты ашумен әңгіме ететін (М.Әуезов, Шығ.). Қайта бейнет, *еңбек еліне* дәл осы күндер қабағы ашық, аз күнде күткен өзгеше жұбанышы бардай. Онысы – пісіп толыққан егіні (М.Әуезов, Шығ.).

Еңбекші ел. *Қалың бұқара, қара халық.* Босқа ғана Кеткен жоқ қой төккен тер. Тау алабы Өркендеген *еңбекші ел* (К.Маликов, Алтын.).

Естімеген елде көп. *Таңғажайып оқиға, ғаламат іс деген мағынада.* – Шырағым, *естімеген елде көп*. Бұл ғаламатты кім күткен (М.Дүйсенов, Мейман.). *Естімеген елде көп* деген, кәпір-ай, тіфә, тіфә, – деді кемпір (М.Иманбаев, Сұлу). Осы қазындының ішінде екеуі ерекше көзге түсерліктей үлкен еді. *Естімеген елде көп.* – Мынау төмпешіктер біздің сол кездегі үйіміздің орны, – дейді Дәулет арық жағасындағы қазындыларды көрсетіп (Ә.Жәмішев, Армысың.).

Есіл ел. *Қасиетті ел-жұрт қымбат, ардақты, асыл деген мағынада.* Сұм патша тозаң қылып *есіл елді* Талай қыршын өмірді текке қиды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар... Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар. *Есіл елді*, есіл жерді жат алды... Ойлы ұлына бұл кең дүние болды тар (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жалпақ ел. *Бүкіл жұртшылық, қалың ел.* – Қазір аттанамыз. Жайлаудағы *жалпақ елді* көтереміз (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жанрдың бұл түріне жататын шығармаларға қойылатын ортақ талап – марқұмның өмірін *жалпақ елге* жаппай таныстырумен қабат мадақтау, оның кейінгілерге үлгі боларлық істерін, жасаған жақсылықтарын, кісілігін, т.б. алуан игі қасиеттері мен жақсылықтарын мәлімдеп, еске алу («Қаз. әдеб.»). Әркім өзі сүйген үйшігін тұрғызады. *Жалпақ ел,* бар ауылдар осы жағалауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл», «күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады (М.Әуезов, Шығ.).

Жеті ғылым [ықылым] ел. *Әлем, дүние [осындағы ғылым сөзі гректің «ықылым» – ел, әлем деген сөзінен ауысқан].* Ата-ананың жүзін көрмеді деп, Зарлыққа жүз ердің күшін пида қылды, ..қызға ана жүзін көрмеді деп, *жеті ғылым елдің* өрнегін үйретті (Мұңлық-Зарлық).

Жеті дуан ел. *Байтақ ел, дүйім жұрт.* Өрмекшінің әкесіне ас бергенін, сол асқа *жеті дуан елді* шақырып, сайдан ақ май ағызғанын жырлапты (Қаз. ертег.).

Кеңес елі. т а р. *Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО), совет үкіметі.* Ал енді ақынның арғы бетке қайтуы төңірегінде ел арасындағы әңгімелерге құлақ салсақ, Таңжарық *Кеңес еліне* өтіп кеткеннен кейін Нүптібек бәйге атын жоқтап, оның туыстарын, әке-шеше, бауырларын қысымға алады («Егемен Қазақстан»). Кеңес қоғамында жүйелі түрде орын алып келген тоқыраулар КСРО-ның күйреуі *Кеңес елінің* әлеуметтік психологиясына қатты әсер етті («Егемен Қазақстан»).

Колхозды ел. т а р. *Колхоздасқан жұртшылық (ел).* Менің жырым сол әнменен қабысты, *Колхозды елдің* қырманында табысты. Сондықтан мен, секірдім жас балаша, Билеп мені еңбек жыры тамаша (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Көлбеген көк қойнында көк жасыл құс, Қоштасып өріп жатыр *колхозды елге* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

Көшкен ел. *Бір орыннан екінші орынға ауысып бара жатқан ауыл.* Жалтарғанды жаздырмай, Қыран шалған қояндай Бұлтылдатқан жиырма бес. Ақысы кеткен кісідей *Көшкен елді* қуалап Күн-түн қатқан жиырма бес (Базар жырау, Шығ.). Осы *көшкен ел* сәуір жұлдызын бауырда өткізіп, малы ащыға, адамы аққа қанып, төрт түлік малдың төлі әбден аяқтанып, асыр салып, енді жайлауға шықпақ үшін қайта көшті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көшкен елдей. *Дуылдатып, думандатып; сән-салтанатымен.* Баяндай балам болса, байтақ елім бар. Сән-салтанатыңмен кел. *Көшкен елдей,* күнірентіп аттанатын болсын Баяным! (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Көшкен елдей,* Соққан желдей, Жастық шағы өтер тез. Шіркін жастық, Күшке мастық, Аңдаусызда кетер тез (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Көшпелі ел. *Малының жағдайын жасап, көшіп-қонып жүретін ел-жұрт. Көшпелі*

елдің тірлігінде өзі ғана біліп қоймай, өзгелерге білдіруге асығатын жайлар қисапсыз. Ондай сәттер жайында салтанатты түрде өлеңмен хабарлау бертінге дейін баланы сүндетке отырғызғанда, шілдеханаға шақырғанда, бесікке салып, тұсауын кескенде, бала мінген ат бәйгеден келіп, жүлде алса, ас пен тойға т.б. шақырғанда да айтылатын («Қаз. әдеб.»). Жар салу, жар айту алыс қиырдан бүгінгідей жедел хабар алуға, хабарласуға мүмкіндігі шектеулі *көшпелі елдердің* тұрмыс-тіршілігіне қажет, өмірдің өзі тудырған жанрлық түрлер болғандықтан ұзақ замандар бойы кәдеге жарап келгені анық («Қаз. әдеб.»). Өте алмайд жүргіншілер қайық бармай, Өткізіп жігіттері жүред талмай. Жолаушы кірекешпен *көшпелі елдің* Өткізді біреуінен тиын алмай (О.Шипин, Дастан.).

Күншығыс елі. *Жапония, жапон елі.* Енді бірер күнен кейін *Күншығыс елінде* дзюдодан әлем чимпионатының тұсауы кесіледі («Егемен Қазақстан»). Жапондық физиологтар ұйқының ұзақтығы мен өмірдің жалғасуы арасындағы байланысты анықтады. Он жыл бойына жүз мың *күншығыс елі* тұрғындарына сұрақ салған және олардың өмірлерінің жалғасуын бақылаған ғалымдар көп ұйықтаған денсаулыққа зиян деген қорытындыға келді («Зерде»).

Кісі елі. *Бөтен жұрт, туыстығы жоқ халық.* Күн-түн сайын құсыңның Білесің тілін түсініп. Бар ақылын үйретті Шопабай батыр еріне, Қадірлі *кісі еліне* (Қ.Жапсарбаев, Сөйл.). Өзінің ежелгі зайыбын ұмыт қалдырғанына ұялып, ол *кісі еліне* оралған соң бәйбішесінің алдына мал салып, дүние бөліп, күтуші қызметші беріп жеке ауыл етіп шығарыпты (М.Әбдіхалықов, Жердің асты.). *Кісі елінде* күркірегенше, Өз елінде дүркіре (Қаз. мақал.).

Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. *Өзіңнің туған цяңда бол, соған қызмет ет деген мағынада.* – Орта жүздің жағасы Шәкен жығылса, қазақта жығылмаған не қалды? Пісіріп жесе де өз еліңнен кетпе, бауырым. «*Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол*» – дейді Әбен Шәкенге жылап отырып (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Қазақ елі. *Қазақ ұлты, қазақ жері, қазақ мемлекеті.* Есік қорғанынан табылған Алтын Адам Римде өткен көрмеге қойылған кезде, Италияның өнерсүйгіш жұртшылығы өзіндік дүниетанымға таңғалып, қазақ өнерін, *қазақ елін* мойындады («Жас Алаш»). Арыстандай ақырып Он алтыншы жыл келді. Қаһарына шыдамай, *Қазақ елі* сенделді (О.Шипин, Дастан.).

Қалың ел. *Дүйім жұрт, көпшілік.* Үйлығып сасқан молла, халфелер, мынау *қалың елден* қысылады (М.Әуезов, Абай жолы). *Қалың ел* түгел атқа мінсе, болысың да, патшаң да құм қабар (Ғ.Сланов, Дөң асқан). *Қалың ел* – мәңгі жасыл қарағайым, Қарсы алды дән толқыған дала дайын. Алладан не тілесек, соны берсін, Ас пен той Құтты болсын, бар ағайын! (К.Салықов, Жезкиік.). Қырғидай торғай қуған қырда тұрдым, Шулаған *қалың елге* мойын бұрдым. Жоғалған жеті қойды жоқтаймын деп, Тәуекел талап етіп жоба құрдым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Айналып келіп, қалың ормандай *қалың елге* сүңгіп-сүңгіп кетпекші болды қарақшылар (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Рулы ел. *Бір ру ел.* Маманды *рулы елге* қылған баға, Маман бай мал біткенге қылған тоба. Байлығы Маман байдың жаннан асқан, Сұрасаң ата-тегін түбі Тама (Айман-Шолпан). Босқын қырғыздың көбі қытай жеріне барып, ашаршылыққа шыдамай бала-шағаларын қытай-қалмаққа сатқандығы, бір адамның құны бір пұт бидайға шыққандығы мағлұм болып еді. Мұны естіген алаштың азаматы көз алдында бауырларының құлдыққа айналғанына, *рулы ел* ойран болып, іргесі бұзылғанына қабырғасы қайысып, қайғыға қалған еді (М.Дулатов, Шығ.). Бүкіл бір *рулы ел* бұлттың бер жағында шұбыла көшіп барады (З.Иманбаев, Әңгім.).

Сыңсыған қалың ел. *Өте көп, самсаған жұрт.* Кең далада асты құмайт, айдын шалқар көл жатыр. Көлді жағалай *сыңсыған қалың ел* отыр. Ел ұйықтаған. Дүние тып-тыныш (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Тәуелсіз ел. *Бостандық алған ел, өз билігі өзінде, ешкімге бағынышты емес ел.* Түгіскен – талбесік тербеткен ауыл. Мұнда 84 Батыр Ана тұрады. Алла жазса, бұл өңірден *тәуелсіз еліміздің* талай ерлері шығады әлі («Қаз. әдеб.»). Енді Керенскийдің ұсыныстарындағы екінші мәселеге – саяси құқық, ұлттық *тәуелсіз елдердің* мүдделерін тең тұрғыдан құру жөніндегі тұжырымдасына келейік (М.Шоқай, Шығ.). Бұлардың *тәуелсіз ел* болғанына саусақпен санарлық қана жылдар өтті (Ә.Омаров, Серпін).

Туған ел. *Туып-өскен ел-жұрт, отан.* Ағам жоқ, сездім мен енді Ерлігін – оның жеңісін. Ерлігі – ерте ол өлді, Мен үшін, *туған ел* үшін! (С.Жиенбаев, Қарлығаш). Жалтылдаған жас өмір, Баса алмай қызуын, *Туған ел,* сен де қош боп тұр, Көреміз жолдың ұзынын (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Жақсылыққа жаным ғашық пендемін, Жолым ашық. *Туған ел* – бар сенгенім. Күннен күнге дербестігім нығайып, Тез алсыншы жанталасқан ел демін (К.Салықов, Жезкиік.). Жә, бұл түсім тегін емес мына сойқан заманда Тіршіліктен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да. Қоштасар сәт жетті-ау деймін, *туған елім,* еңселім?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Үркін ел. к ө н е. *Тыныштығы кетіп, жер ауған ел.* Іле басы – қас, күндес, Өткел таппай *ү р к і н е л.* Кетті суға талай көш; Тозғындады ел, тозды жұрт (І.Жансүгіров).

Шет [алыс, таяу] елдер. *Сыртқы, өзге елдер.* Өзіңмен іргелес елдердің ішінде болып жатқан оқиғалар айдың бас-аяғында дерлік азар-азар талып естіледі. *Ш е т е л д е р,* алыс жерлер хабарлары болса, жылдың басаяғында ғана өлеусіреп зорға естіледі (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Іргелі ел. *Өркенде өскен, мықты ел.* Екі ағасы Тәңірбергенді Ақбалаға үйлендірмей *і р г е л і* бір *е л г е* арқа тіреп отырғысы кеп, оған Аяққұм бойындағы Тілеу – Қабақ руының белді бір байының қызын алып беріп еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзінің де *і р г е л і е л,* жуан ата баласы екенін сездіре, сыздана сөйлейді (М.Әуезов, Шығ.). Лайық па, жан ата, *І р г е л і е л і м* тұрғанда, Жат елде өмір кешкенім (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ішіне [ар жағына] ел қонды. *Тамақ ішті, қарны ашпастай болды, тойды. І ш і м е е л қ о н ғ а н с ы н,* көңілім жайланып, жан-жағыма қаранамын (С.Бақбергенов, Қарға там.). Әрі-бері асағаннан кейін *а р ж а қ т а р ы н а е л қ о н ы п,* қонақтар бір сәтте ет жеулерін саябырлата бастады («Қаз. әдеб.»).

ЕЛ-АНА з а т. б е й н. *Туған ел, өскен жер.* Қуатым сенсің, *е л - а н а,* Құшағың жылы, лебің нұр. Қашан да саған мен бала, Қартайтпас, сірә, мені бұл (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Тапсырды кеше бір қолға, Сол жырдың тағы бір бетін. Содан да таныр *е л - а н а,* Ұлының соңғы суретін (Ж.Молдағалиев, Жыр тур.). *Е л а н а н ы,* Жер ананы, Пәле-жаладан қоры деп, Балам саған тапсырдым. Аманат! Аманат! Аманат! (Наурыз). Сол әкеден қалған бір тұяқ – Светлана – Сәуле қыз тағдырдың қандай иірімдерін көрсе де, өз анасын да, *Е л - а н а с ы н* да әлпештеп азаматтық үлкен тағдырға көтерілген («Егемен Қазақстан»).

ЕЛАРАЛЫҚ с ы н. *Екі не көп елге қатысты, бірнеше елге тән.* Аталмыш ақпараттарыңыздың *е л а р а л ы қ,* қала берді халықаралық мәнмаңызы зор екені зайыр ғой («Жас Алаш»). Халықаралық және *е л а р а л ы қ* маңызы бар мәселелердің әсер-ықпалымен кейбір қазақтардың отбасылық тірліктері де түзеліп кетуі бек бәлкім («Жас Алаш»).

Еларалық байланыс. *Екі ел арасындағы алысберіс, қарым-қатынас.* Ынтымақтыстықтың бұрынғы қауымдастықтан айырмашылығы *е л а р а л ы қ б а й л а н ы с т ы* дамытудағы аясы кең болмақ («Жас Алаш»).

Еларалық бірлестіктер нарығы э к о н. *Экономикалық айырбастың ерекше формалары мен шарттары, терең еңбек бөлінісі арқылы байланысқа, бірнеше мемлекеттердің қатысуымен құрылған нарық.* Территориялық белгілеріне қарай нарық мынадай түрлерге бөлінеді: дүниежүзілік нарық, *е л а р а л ы қ б і р л е с т і к т е р н а р ы ғ ы,* ұлттық нарық, аймақтық нарық және оқшауланған (локальды) немесе жергілікті нарық (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ЕЛАУАДАН ү с т. ж е р г. *Баяғыдан, атам заманнан.* Ол ел сонау *е л а у а д а н* бері отырықшы – егін егеді, балық аулайды, орыстың байына жалға жүреді (Б.Аманшин, Көкжар.).

ЕЛБАСЫ з а т. ж а ң а. <лат. praesidens> *Өкімет басшысы, Президент.* Мұнан кейін *Е л б а с ы* алда әлі көп іс, бәрінен бұрын әкімдер тарапынан тындырылуы керектігіне тоқталды («Егемен Қазақстан»). *Е л б а с ы* жақындап қалған, яғни келер жылы өтетін Парламент сайлауы заң шығаруға салқынын тигізбеуі тиіс екендігін де қадап айтты («Ана тілі»). *Е л б а с ы* өз жолдауында тәуелсіздік жылдарында Қазақстаннан кетіп қалған, өндіріске қажетті мамандарымыздың қайтып оралуына да мүмкіндік тудыру қажет деді («Түркістан»). *Е л б а с ы м ы з* бен Үкіметіміз министрліктің жобасын қабылдап, рұқсат берді («Түркістан»).

ЕЛБЕГЕЙ ү с т. ж е р г. *Тез, жылдам, шапшаң; жеңіл.* – Жазсаң сонан кейін жазарсың, – деп Балғаным қария орнынан *е л б е г е й* көтерілді де, Еркінді арқасына салып алып, ас үйге кетті (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ЕЛБЕГІ з а т. к ө н е. *Түркі тілдес халықтар арасындағы жергілікті әкімнің лауазымы. Е л б е г і* ұлысты бақылап отырды. Даулы істерді шешуге араласып, кінәлі адамдардан қазына пайдасына айып өндіріп алып тұрды (ҚСЭ).

ЕЛБЕ-ДЕЛБЕ: елбе-делбе болды. *Алқам-салқам жүрді, қалай болса солай болды.* Түймең үзіліп, *е л б е - д е л б е б о л ы п* жүру – мәдениетсіздіктің белгісі (А.Тоқмағамбетов, Шәңгек). Төрдегі төсектің арасынан *е л б е - д е л б е б о п,* ыңыранып біреу басын көтерді (А.Нысаналин, Алыста.). *Е л б е - д е л б е б о п* көше бойында қаннен-қаперсіз отырған мыналар кім? («Лен. жас»).

ЕЛБЕ-ЖЕЛБЕ ү с т. ***Елбе-делбе.*** Тозғандар қайта ауылдан келіп жатыр, Жыртылып етекжеңі *е л б е - ж е л б е.* Түзеуге тұрмысыңды сайман сайлап, Қонысқа атамекен аунап көлбе (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЕЛБЕК е л і к. *Жалпылдаған, елбектеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Елбек қақты. а) *Жалп-жұлп етті, бұлғақ қақты, елбектеді.* Жағалаудың селдір сары қамысы суылдап, шайқалып, суық жел астында

е л б е к қ а ғ а бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Көшенің екі жағын бойлай өскен алуан түрлі ағаш жапырақтары *е л б е к қ а ғ ы п,* басын шұлғыпты (Ә.Шәріпов, Партизан.). ә) *Тез-тез қимылдады, дедек қақты, ұшып-қонды.* Қапқара борбайлары дедектеп, жалаң аяқ, жалаң бас күйде *е л б е к қ а ғ ы п*, ұшып жортып жүр (М.Әуезов, Индия очерк.).

ЕЛБЕК-ЕЛБЕК е л і к. *Жалп-жұлп етіп, қайта-қайта елбек қаққан қимылды бейнелейтін сөз.* Астындағы Тайбурыл *Е л б е к-е л б е к* жортады, Ерні төмен салынып, Қара терге малынып (Батырлар жыры).

ЕЛБЕКТЕ= е т. **1.** *Елбең-елбең ету, елбек қағу.* Айлы түн астында маңып бара жатқаныңда сонадайдан мүлгі салбыраған көгілжім мұнар жақындаған сайын қашаң тартып, сайтандай *е л б е к т е п* тұрар (О.Бөкеев, Үркер). Қашты қалмақ еңбектеп, Былғанып жерге көлбектеп. Бұтаны жүр тасалап, Көтеріп басын *е л б е к т е п* (Батырлар жыры). Көзімнен ғайып болсаң да, Көңілде тұрсың көлбектеп. Көз алдымнан кетпейді, Суретің дәйім *е л б е к т е п* (Үш ғасыр.). **2.** *Қол-аяғын ербеңдету, тырбыңдау; талпыну.* Енді бөпем еденде Отырады *е л б е к т е п.* Әрең-әрең дегенде, Жүре алады еңбектеп (Ж.Смақов, Тамшы). **3.** *Қаңғалақ қағу, ұшып-қону, жан ұшыру.* Шеткі бір көше бойымен біреу *е л б е к т е п* ұшып келеді (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Жапал жан ұшыртып, қаңбақтай *е л б е к т е п* келеді (А.Байтанаев, Қайнар.). **4.** а у ы с. *Жаны қалмау, бәйек болу, қалбалақтау.* Оның туысын көргендей соншалық жылы қабылдап, барын аузына тосып, *е л б е к т е п* тұрғанын көргенде өз-өзіңнен айран-асыр қаласың (Р.Тоқтаров, Терістік.). Жасымыз бен кәріміз Құрмет етіп *е л б е к т е п,* Атаймыз біз бәріміз Ол ананы – Еңбек, – деп (Қ.Мырзалиев, Алуан.). Әже менен шөбере Өткізеді күндерін. Бірі еңбектеп, Бірі *е л б е к т е п* (С.Мәуленов, Тартыс.).

ЕЛБЕКТЕУ *Елбекте етістігінің қимыл атауы, бәйек болу, қалбалақтау.* Мен дайынмын Іс деуге, Еңбек деуге. Жатпын бірақ өбектеу, *Е л б е к т е у г е.* Қалайша Сіз қиясыз азаматты Сәби құсап жорғалап, Еңбектеуге! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЕЛБЕЛЕК с ы н. *Ұшып-қонған, тұрақсыз, орнықты, тиянақты емес.* Ойға оңаша жер керек, Ойынды ұғар ел керек, Партия қуған *е л б е л е к* Ел өзіңе масыл да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЕЛБЕЛЕКТЕ= е т. **1.** *Аяқ-қолын ербеңдету, талпыну, тырбыну; қалтаң-құлтаң ету.* Ән салғыш бая-шая дөңгелектер, Соқтықса, томар қақса *е л б е л е к т е р,* Әндері бытыраңқы қосылмайды, Кетер ме берекелі асыл тектер (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шаңқ еткен ащы дауыстан үй дір етіп қалғандай болды. *Е л б е л е к т е п* құлап бара жатқан бала көрінісі ана жүрегін өткір қылышпен жарып өткендей еді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **2.** *Жалп-жалп ету, елбек қағу.* Оттар бір жалт етіп, бір сөніп, *е л б е л е к т е п,* таянып келе жатқан тәрізді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Қаңғалақ қағу, ұшып-қону; қалбалақтау.* Әкем, әкемнің аты Вячеслав Алексеевич, ол *е л б е л е к т е п* маған өзінің қысық астығын көрсетіп жүр (М.Жұмабаев, Шығ.). Тіл алғыш бала жігіт жедел қимылдап, *е л б е л е к т е п,* тезірек барса, Асановтың кабинетіне жүрт жиналып қалған (З.Шашкин, Сенім). – Ербол енді қағазының екінші бетіндегісін оқысын, – деп *е л б е л е к т е п* ұшып кете жаздады (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Тым *е л б е л е к т е п* кеттіңіз. Мұныңыз қалай? Әдетте асығыстық – адастырады! (К.Тоқаев, Түнде.). **4.** а у ы с. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.* Мен қарияның кішіпейіл, *е л б е л е к т е г е н* қарапайым қасиетіне риза болып, сүйсіне түстім (С.Мәуленов, Шыңда.). Байғұс *е л б е л е к т е п,* ананы да, мынаны да шақыртып жатыр (К.Баялиев, Дегелек.). Ол кім келсе де *е л б е л е к т е п,* асты-үстіне түсіп, бәйек боп қалады (А.Жақсыбаев, Менің дост.). **5.** а у ы с. *Сасып-абдырау, не істерін білмеу.* Майсары жүруге ыңғайланды. Көлдей не дерін білмей *е л б е л е к т е п:* – Көрісерміз Майсары, кездесерміз тағы да, – деді (А.Хангелдин, Өткен күн.). Әлгі сөзімді есітіп қалды ма деп, қарт байғұс *е л б е л е к т е й* қалды («Лен. жас»).

ЕЛБЕЛЕКТЕУ *Елбелекте етістігінің қимыл атауы; қалбалақтау.* Петр Ивановичтің ел орнынан тұрмай *е л б е л е к т е у і н е* қарап, ол тағы бір ыңғайсыз жұмыс болғанын сезді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

ЕЛБЕЛЕҢ е л і к. *Елбең-елбең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

Елбелең қақты. с ө й л. ***Елбек қақты.*** Аң баспаған белменен, Сарғайған сағым шөлменен. Құтырған құйын желменен, Елпілдеп, *қ а ғ а м е л б е л е ң* (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.).

ЕЛБЕЛЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Елбелекте***. Сол қолының салалы саусақтары [күйшінің] толқынды көлдің бетінде қалықтаған қаршығаның қанаттарындай *е л б е л е ң д е п* тұрып алды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Киноның енді бір көрінісінен қараңғы түнде *е л б е л е ң д е п* жүгіріп келе жатқан бір қара көрінді (К.Қазыбаев, Дәуір.). Афанас Петрович ана арбадан мына арбаға жүгіріп *е л б е л е ң д е п* жүр. Үстіндегі шапаны да жыртық. Сығырайған екі көзі де жыртық (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕЛБЕЛЕҢДЕС= е т. *Елбелектеу, елбең-елбең етісу.* Ойбайласты, *е л б е л е ң д е с т і,*

біреуі қолмен қағылып кетті, біреуі аяқпен соғылып кетті (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕЛБЕЛЕҢДЕУ *Елбеленде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л б е л е ң д е у м е н* келді.

ЕЛБЕҢ е л і к. *Ербеңдеген, желп-желп еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

Елбең етті. *Селтең қақты, ербеңдеді.* Әдеттегі құлазыған қара жар-тасты шың-құз тау, ең болмаса *е л б е ң е т і п* ұшқан құс та көрінбейді (А.Лекеров, Түз гүлі). Қарсы алдынан *е л б е ң е т і п* біреу көрінгендей болды (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

Елбең қақты. а) *Жел екпінімен теңселді, шайқалды, ырғалды; елбеңдеді.* Баяу соққан жел екпініне *е л б е ң қ а қ қ а н* жапырақ, үні асыл жібек судырындай адам жүрегін қытықтап, бір рақат тыныштыққа бөлейді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). ә) *Бәйек қақты, құрақ ұшты, жаны қалмады.* – Рұқсат, шырағым, рұқсат, – деп Текеш *е л б е ң қ а ғ ы п* еді, Қаусат оны іштей бір сыбап алды да: – Рахмет, қажеке, – деді (Ә.Әбішев, Найзағай). Әйтеуір, үлкенді-кішілі әріптестерінің бәрі «Ереке», «Ерекелеп», оның алдында *е л б е ң қ а ғ а д ы* (Қ.Ыдырысов, Ел жатса да.).

ЕЛБЕҢДЕ= е т. **1.** *Ырғалу, теңселу; желп-желп ету.* Соңында шудаланған қою шаң будай шалқып барып, жол езуінде *е л б е ң д е г е н* бұйырғын мен жусанға, көде мен көкбекке сіңіп, жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге *е л б е ң д е й* бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Мен жел астындағы жас көк емеспін бе? Жел қалай соқса да, *е л б е ң д е п* қоя бермеймін бе? (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Көлбеңдеу, қараң-құраң ету.* Қасым көз алдынан *е л б е ң д е п* жөнелген бір нәрсенің түсін шалып қалды (М.Әуезов, Қараш.). Бірақ алакөлеңкеде *е л б е ң д е г е н* бейтаныс адам алты-жеті жасар бала болып шықты (К.Сегізбаев, Ашыл.сыр.). От жарығында *е л б е ң д е г е н* адам қарасы көрінеді (К.Ахметбеков, Сый орамал). **3.** *Селтең-селтең ету, ербеңдеу.* Шақырса да Ернар кеп, Шықпадым мен далаға. Ойнап кетсем *е л б е ң д е п,* Кесте тігіп бола ма?! (А.Шамкенов, Сырларым.). **4.** *Қаңғалақ қағу, ұшқалақтану, жеңілтектену.* – Мына пішен шабатын машинаны өзім жүргізем, былтыр көргемін, – деп *е л б е ң д е д і* ұшқалақ Сәдірбек (С.Бегалин, Мектеп.). Әнет шалдың екі езуі екі құлағында, қуанышында шек жоқ. *Е л б е ң д е п* үйге бір кіріп, бір шығып жүр (Б.Тәжібаев, Қараторғай.). **5.** а у ы с. *Жаны қалмау, қалбалақтау, бәйек болу.* – Олай болса, мен қазір қағаз келтірейін, – деп кемпір *е л б е ң д е п* сыртқа екінші рет шықты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Анау аздап қоңырая бастап еді, сүйтсе де Алмас *е л б е ң д е й* қалған соң, ізінше күле бас изеп, кешірім ишаратын білдірді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЕЛБЕҢДЕТ= е т. *Елбең-елбең еткізу, жалпылдату.* «Мына далаға сендер қайдан келдіңдер» дегендей, қанатын *е л б е ң д е т і п,* шиыршық ата жолаушылардың дәл төбесіне түйіле шырылдайды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Мойның қалды бұлғақтап, Екі езуің ыржақтап, Еріншек нардай ер шөкті, *Е л б е ң д е т і п* көтердің, Ебелектей езіңді (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЕЛБЕҢДЕТУ *Елбеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қанатын *е л б е ң д е т у.*

ЕЛБЕҢДЕУ *Елбеңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бас шұлғып *е л б е ң д е у.*

ЕЛБЕҢДІК з а т. *Елбең-елбең етушілік, елбең қағушылық.* Ет әдет, *е л б е ң д і к п е н* ежіреймей, Нарқы артық наз бедеудің қымсынбай-ақ! Қиялым, халқың үшін қызмет еткіл, Дәмесіз данышпанның құлқындай-ақ (XX ғ. қаз. ақын.).

ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ е л і к. *Елбеңдеп, қаңғалақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз. Е л б е ң-е л б е ң* жүгірген, Ебелек отқа семірген. Арғымақтан туған асылды Баптап мінер күн қайда? (Махамбет, Өлең.д.). *Е л б е ң- е л б е ң* жүгірген Ебелекті боз далам. Үйып тұрған іңірді Ұясынан қозғаған (Ө.Нұрғалиев, Нөсер).

Елбең-елбең етті. а) *Ербеңдеді, селтеңдеді, қараң-құраң етіп көрінді.* Шаһар жақтан бір адам, *Е л б е ң-е л б е ң е т е д і.* Ат қоялық қырық жігіт, Ат қойсақ неміз кетеді (Батырлар жыры). Күте-күте жан жара... Дариға, қашан жетеді?! Әлдеқайда бір қара *Е л б е ң-е л б е ң е т е д і* (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) *Жаны қалмады, бәйек болды, құрақ ұшты.* – Бүгінгі самолетпен өзім апарам Сағаға, құлан таза жазылып кетесің, – деп, *е л б е ң-е л б е ң е т т і* (З.Қабдолов, Жалын).

ЕЛБЕ-СЕЛБЕ с ы н. *Елбе-делбе, алқам-салқам.* Можан сыздап, атының сауырын аямай бір жосытып алды да, екі иығы *е л б е-с е л б е* боп, ауылына қарай шаба жөнелді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЕЛБЕСІП-СЕЛБЕСІП ү с т. *Бір-біріне көмектесіп, қол ұшын беріп.* Екі жарты бір бүтін боп, *е л б е с і п-с е л б е с і п* күн көреміз (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мұнда Жібек келін бар, Жұмабике бар, *е л б е с і п-с е л б е с і п* күнелтеміз ғой (Н.Оразов, Достар.).

ЕЛБЕТ з а т. ж е р г. *Бет пішін, әлпет.* Жылқыбектің *е л б е т і* жақсы емес еді (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

ЕЛБҰЗАР с ы н. *Ел ішіне іріткі салып жүретін.* Сонда Махамбет: «Тас бауыр төрені қазаққа болысып, орысқа қарсы болады дегенге

кісі нанар ма? *Елбұзар* екені бетінен-ақ көрініп тұр ғой, мылтығымның тауын қайтардыңдар. Енді атпаймын» дейді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

ЕЛБІРЕ= е т. **1.** *Жан-тәнімен берілу, етбауыры езілу, елжіреу.* Сұлу әйелдің неше түрлі жарастықты сәнмен бұралып, құлағына кіріп, *елбіреп* келіп сүйгені, мойнына құшағын артып нәзіктенген қозғалысы Сыздықтың көңілінен дүниедегі барлық әйелді ұмыттырғандай болды (М.Әуезов, Шығ.). Жанна жолаушылар ұзаған сайын, туфлиінің өкшесін көтеріп, әдемі аққу мойнын соза, *елбірей* толқып, ұмсына қарап қалған екен (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **2.** *Жаны қалмау, елпектеу.* – Қабен... Қабенжан... – деп қайта-қайта *елбіреп* еді, анау үн қатпады (З.Қабдолов, Жалын). Бұ да Қасен деп онша *елбіремейді,* елемейді (М.Әуезов, Шығ.). Мына сөзді естіген соң иіліп, *елбіреп* малын беріп тұрған жұрт «ду» етіп аттарына мініп, малдарын қуа жөнелді (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Қалт-құлт ету, елбеңдеу; дірілдеу.* Ағаш жапырақтары алақандарын сәулеге тосып, болмашы лепке тыпыр-тыпыр етіп *елбіреп* тұр (З.Қабдолов, Жалын.). Әдемі еді мөлдіреген Айна көлдің көрнегі; Су бетінде *елбіреген* Ақ шашақтар өрнегі (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Жетіппін жүре-жүре қыр басына, Жол екен таусылмайтын бір ғасырға. *Елбіреп* екі аяғым дірілдейді, Көз жетпей тұрарыма, тұрмасыма (Жамбыл, Шығ.).

ЕЛБІРЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Елбіре.*** Ерназар отағасы *елбіректеп* азан шақырып жатыр (І.Жансүгіров, Шығ.). Ауылдастарымның *елбіректеген* көңіліне семіріп отырмын («Жалын»).

ЕЛБІРЕКТЕУ *Елбіректе етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жапырақша *елбіректеу.*

ЕЛБІРЕҢКІРЕ= е т. *Сәл ғана елбіреу, елпектеу.* Тұтқиылдан телефон шылдыры. Тіпті Москвадан... бұл қалай? – дегендей бір сәтте абыржыңқырап, *елбіреңкіреп* қалсам керек (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

ЕЛБІРЕҢКІРЕУ *Елбіреңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Елбіреңкіреуді* ойлады.

ЕЛБІРЕС= е т. *Бір-біріне жан тәнімен берілу, жаны қалмау.* Құсайын жеңіл емес бала күннен, Тұрудың ызбарменен жөнін білген. Біреуге ағытылып сырын айтып, Ешкіммен *елбіресіп* көрді ме екен? (С.Дөнентаев, Шығ.).

ЕЛБІРЕСУ *Елбірес етістігінің қимыл атауы. Елбіресуін* қара! (Ауызекі).

ЕЛБІРЕТ= е т. *Елжіретту, ет-бауырын езілту.* Кейде сен жас сәбидей *елбіреттің.* Көңілімнің күйін ту қып желбіреттің. Көз жазып азғана күн ажырасам, Сарғайттың, жүрегімді елжіреттің (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Қандай ән бұлбұл әні жанға жаққан? Жанының *елбіретін,* маужыратқан (К.Райбаев, Жаңа толғау). Елітер, екілентер, *елбіретер,* Толғантар, толғақ салар, толықсытар Аспанға ашы дауыс шырқап қалқып (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕЛБІРЕТУ *Елбірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жанды *елбіретту.*

ЕЛБІРЕУ *Елбіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жаны *елбіреу.*

ЕЛГЕЗЕК с ы н. **1.** *Тілалғыш, екі айтқызбайтын, жұмыс десе жанып тұрған.* Жалпы, дала перзенті, ауыл баласы *елгезек,* аңғарымпаз, бауырмал болып өсетіні белгілі («Ана тілі»). Ол тіл алғыш, *елгезек,* жұмсағаныңа шауып тұратын еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). – Жарайды, тәте, – деп, *елгезек* бала ізінше жүгіріп кетті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Қандай *елгезек,* таң сәріден жетіп келгенін қарашы (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). **2.** *Пысық, ширақ, тындырымды.* Ол атасы сияқты құнтың қаққан, пысық, *елгезек,* ширақ (М.Қаратаев, Далада.). *Елгезек* жас жігіттің даусында толқу, тіксіну жоқ, үні сондай анық (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ел болуға не керек, Ойлы, ақылды ер керек. Халық қамын ойлаған Жігіт керек *елгезек* (М.Әшірбесов, Белестер). **3.** *Шапшаң қимылдайтын, ылдым-жылдым, лыпып тұрған; жүрдек.* Сәнмен ерттелген *елгезек* аттарды таңдап мінгендей екі жас қойшы қай отарда қанша саулық барын есепке алып жүр (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Малтабардың тарантасқа жеккен қара бурыл аты мейлінше денелі де, *елгезек* те, жүрдек те жылқы екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мәртебелі меймандар кішкентай қолбаланың *елгезек* қимылына, ойнақы қылығына, шалдыр-бұлдыр орысша сөйлегеніне мәз (К.Сейдеханов, Түркістан.). **4.** а у ы с. *Жеңіл, жеңілтек.* Жас кезінде кербездеу еді. Енді *елгезек* боп барады (Т.Ахтанов, Боран). Өз жайын ақылдың елегінен өткізген сайын *елгезек* бойы ауырлап, секемшіл көңілі жабырқау тартып барады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Сергіді кәрі дене бүгін қалай, *Елгезек* болып кетті бозбаладай (И.Байзақов, Құралай.). **5.** а у ы с. *Сергек, сезімтал.* – Бұл не пәле, әй? – деді ауылға келген жаңалық біткенді жұрттан бұрынырақ сезетін *елгезек* Сартай (М.Дүзенов, Әке.). Өзін *елгезек* сезінетін ол ұйықтап қалғанына ұялғандай орнынан қипақтай тұра келді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Командир қиын-қыстау сәттерде шешім тапқыш, әрі алды-артын дұрыс барлап, қапысыз болжай білетін, сергек те, *елгезек* адам болуы керек (Р.Хайруллин, Офицер.).

ЕЛГЕЗЕКТЕН= е т. **1.** *Елпең қағу, лыпылдау; жеңілтектену.* Өзімен жарысып, еліге, *елгезектене,* желпеңдеп келе жатқан Әміржанға атасы зекіп: – Кейін, артымда жүр, – деп тежеп тастады (С.Омаров, Өмір.). – Тұрмыс қалай, шеше? –

деді Секен, елпең қағып, *е л г е з е к т е н і п* отырған қарияға (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). **2.** *Сергу, жеңілдену.* Тысқа шыққаннан кейін сергіген Байжанның денесі *е л г е з е к т е н і п* кетті (С.Мұқанов, Сырдария). Сол түнде ат таза ауада аунап-қунап, сергіп, *е л г е з е к т е н і п* қалатын (Шопан сырласы).

ЕЛГЕЗЕКТЕНУ *Елгезектен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Орынсыз *е л г е з е к т е н у.*

ЕЛГЕЗЕКТЕУ с ы н. *Тілалғыштау, пысықтау, ширақтау.* Түнқатар – *е л г е з е к т е у* жігіт. Мен өзін жақсы да көремін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛГЕЗЕКТІК з а т. **1.** *Тілалғыштық, екі айтқызбай істеушілік.* Ағеден мінезі, *е л г е з е к т і г і м е н* кімге болса да жағып, ішіне кіріп кететін жігіт (Т.Ахтанов, Боран). Міне, осындай *е л г е з е к т і к,* кішіпейілдік туған ауылында құрмет иесі етіп отыр («Лен. жас»). **2.** *Тындырымдылық, іскерлік, пысықтық.* Осыларға үстеп айтатын бір қасиеті – Мұқанның жүйрік журналистігі, публицистикалық *е л г е з е к т і г і* мен ұшқырлығы (М.Әлімбаев, Тәрбие.). Осыны түсініп, әр нәрсені қалт еткізбей орындайтын ерекше *е л г е з е к т і к* талап етіледі бізден (Ж.Исмағұлов, Адам.). Жас ақынның *е л г е з е к т і г і,* байқағыштығы, пайымдаулары қуантады («Қаз. әдеб.»). **3.** *Шапшаңдық, ылдымжылдымдық.* Былай қолапайсыздау, денелі болғанымен, жіп иірген ұршықтай қолды-аяққа тұрмайтын *е л г е з е к т і г і н* қайтерсің (Ө.Қанахин, Жүрек.). Үлкен өнерпаз әннің соңғы аккордын аяқтап тастап, өзіне тән *е л г е з е к т і к п е н* күлімсіреп келіп, ауыл баласының кішкене қолдарын қысты (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЕЛГЕЗЕР з а т. ж е р г. ***Елек.*** Әкесі ерте қайтыс болып, шешесі *е л г е з е р* елеп, нан илеп дегендей жасынанЕмбінің наубайханасында жұмыс істеп, күнін көрген кембағал кісі болыпты (Б.Момышұлы, Москва.). Кіші апамдардың *е л г е з е р і н* әкеп, азырақ нан ашытып қоймасам, таңертең шайға салатын ештеңе жоқ, – деді жеңгем (Б.Соқпақбаев, Біз де бала.).

Елгезерден өткізді. с ө й л. ***Електен өткізді.*** Міне, алдын ала қанша *е л г е з е р д е н ө т к і з с е* де жеребенің аты жеребе. Залдың көтеріліп кеткені де осыдан (С.Бердікұлов, Жұмыр жер.).

ЕЛГЕЙ з а т. к ө н е. э т н. *Ежелгі дәуірдегі күміс ақша; теңге, жамбы.* Екеуің шүйіншілеп келдің дейді, Құдай-ай, бір қуанышты көрдім дейді. Мұныменен қоймаймын екеуіңді, Үйден барып берермін жүз *е л г е й д і* (Қозы Көрпеш.).

ЕЛДЕ-КҮНДЕ ү с т. *Елде, жұртта, халық әдетінде.* – Басқасы басқа болсын. Тап мына қимылы *е л д е - к ү н д е* жоқ кәпірдің ісі (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЕЛДЕН-ЕЛГЕ ү с т. *Бір жерден екінші жерге, ауылдан ауылға, көпшілікке.* Қар жастанып, мұз төсеп, Адамдықтың, елдіктің Қамын жейтін күн туды,– Деген даусы батырдың *Е л д е н - е л г е* тарады, Қару-құрал сайланып, Белдеуде аттар жарады (О.Шипин, Дастан.). Сол ғұрыппен бұл аңыз да кісіден-кісіге, *е л д е н - е л г е,* тілден-тілге ауысып келіпті (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЕЛДЕС[1] с ы н. *Елі бір, бір елден.* Солардың ішінде, соңғы жиырма шақты жылда аудандық, облыстық, республикалық жауапты қызметтерде келе жатқан Қ.Мұстафин да бар. Ол менімен *е л д е с* жігіт (С.Мұқанов, Есею жыл.). Біз одан Бейімбеттің күнделікті жазу жұмысында кейіпкерлерді ауылдас, *е л д е с,* сыры белгілі адамдарға сүйеніп жасағанын көреміз (С.Қирабаев, Октябрь.). // *Бір елден шыққан адам.* Айтқанына елі түгел құлайтын, Елім деген *е л д е с і н е* ұнайтын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЕЛДЕС[2]**=** е т. *Татуласу, табысу, жарасу, жақтасу.* Сенімен жау емеспін, *е л д е с к е н м е н,* Бес-алты ауыз жел сөзбен белдескенмен. Мал мен бастың бірінен кем болар деп, Қожам қай күн Құдаймен тілдескен сен? (Айтыс). Егіз-егіз *е л д е с і п,* Қол ұстасып белдесіп, Қайраттанып, кел десіп Туған жерде кең бесік, Өмір сүрдік селбесіп (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕЛДЕСТІК з а т. *Бүкіл ел-жұрт болып бас қосушылық, бірігіп тірлік етушілік.* Көк байрақты көтеріп, дербестікпен, *е л д е с т і к п е н* ел тізгінін қолға алды («Жалын»).

ЕЛДЕСТІР= е т. *Араздықты қойғызу, татуластыру. Е л д е с т і р м е к* елшіден, Жауластырмақ жаушыдан (Мақал). Ерегіскен батырдың Ел үшін кетер кәлдесі. *Е л д е с т і р м е к – е л ш і д е н,* Жауластырмақ – жаушыдан. Мен бір келген қонақпын Үрім менен Қырымға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕЛДЕСТІРУ *Елдестір етістігінің қимыл атауы.* – Жауластыру жаушыдан, *е л д е с т і р у* елшіден деп атаң қазақ айтқандай, ара ағайын екі жағына да адал сөзімізді айтып, достық біл діргелі келдік (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЕЛДЕСУ *Елдес етістігінің қимыл атауы.* – Түсінбей қалдым, Батыржан. *Е л д е с у,* жауласу деген сөзіңізді толығырақ ұғындырыңызшы? (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Қазақпенен жарамас белдесуге, Іздесе, мен сұраған кел десуге. Қаңлы аман қалуға осы жолы, Сен ғана себепкерсің *е л д е с у г е* (Ш.Әбенов, Кейпін.).

ЕЛДЕТ= е т. *Ел аралау.* Жиырма шақты шәкірт орталарынан ат жалдап, алты арбамен Семейге *е л д е т і п,* төтесімен тартты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ел *е л д е т е р, е л д е т е р,* Ашылған тұман желдетер, Жақсылардың алдында Біразырақ сөйлесем, Онан да менің нем кетер (Шал ақын, Өлең.).

ЕЛДІ с ы н. *Ел бар, халық орналасқан жер. Е л д і* жерде ұры бар, таулы жерде бөрі бар. Кім екенін қайдан білсін (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Елді мекен [қоныс]. *Халықтың тұрғын үйлер салынған жерге шоғырлануы; ауыл, қыстақ.* Бір өзінің үлесіне Тақырбұлақ, Ұшқан, Дүйсеке, Мұнайлы сияқты *е л д і м е к е н д е р* тиген-ді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Рас, кейбір *е л д і қ о н ы с т а р* колхоздардың іріленуімен байланысты мүлдем бос қалған (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Қалалар мен басқа да *е л д і м е к е н д е р* ластанған заттардың үлкен мөлшерін береді (Табиғат сулары.). Жергілікті органдардағы инвестициялық бағдарламаларды қарап, түрлі *е л д і м е к е н д е р д і ң* қазіргі жай-күйі мен болашағын ескере отырып, олардың дамуына қаржы салудың орындылығын айқындау керек («Егемен Қазақстан»). Қамысты ауданындағы Бестөбе ауылында болғанымда, бұрын күйі қашып кеткен *елді мекеннің* соңғы жылдары ісі оңға басып, ел қатарына қосылып қалғанын көрдім («Жас Алаш»). Шешімнің шығарылу орны сол шешім шығарылған қаланың немесе өзге де *е л д і м е к е н н і ң* атауына байланысты болды («Егемен Қазақстан»).

ЕЛДІ-ЕЛІНЕ ү с т. *Әркім әр жаққа, өз елдеріне.* Екі жылдан кейін жігіттер жол жұмысынан босап, *е л д і-е л і н е* қайтатын болыпты (І.Жансүгіров, Шығ.). Жылдағы әдеті бойынша ол қыс түсе бар әскерін *е л д і-е л і н е* таратып, жаз шыға қайта жинайтын (І.Есенберлин, Қаһар). Мен үміт етемін, ақсақалдар *е л д і-е л і н е* тарап, жастарды үгіттер, мұнан кейін бұл секілді оқиғаның болмауына ыждият етер (М.Дулатов, Шығ.).

ЕЛДІК сын. **1.** *Елге тән; халықтық, бұқаралық.* Сонымен, біз Жәнібекті бәрімізге ортақ мәселелер төңірегінде әңгімеге шақырған едік. Бірден айталық, әріптесіміздің қазіргі *е л д і к* ахуалымызбен уақыт мазмұнын бағамдаған өзіндік пікірі көптің көңіліне әртүрлі ой салары шындық («Қаз. әдеб.»). Бұл сөз ағайынның сөзі – «У ішсең көппен бірге іш, бал жесең бөліп же» деген ежелгі *е л д і к* сөз (Х.Есенжанов, Тар кезең). *«Е л д і к* намыс жыртылды, ата дәстүрін аяққа бастыдан» басқа пәлендей лаң көрдік дей алмады (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Халыққа, елге тән жақсы қасиет; татулық, бірлік, ынтымақтық.* Тіл – ұлтымның анасы Ақ сүттей бойға татынған. Тіл – бар қазақ санасы *Е л д і к к е* дербес шақырған (К.Салықов, Жезкиік.). Енді бұлар бізді пана тұтып келді ғой, біз де *е л д і г і м і з д і* көрсетіп қорғалық, көп болса екі жыл дауласар, оның ар жағында өздері де шаршар – деп жастардың көңілін бұрынғыдан да қуантқан еді (М.Дулатов, Шығ.). Қара халық өте сақ болады. Тұрмысына, салтына, *е л д і г і н е* зиянды нәсілдерді қабылдамайды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Елдігі кетті [ыдырап кетті]. *Елдіктен айырылды, ел болудан қалды.* Құрт жегендей қуарып, Дәнің тандыр суарып, *Е л д і г і н к е т т і ы д ы р а п* (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

Елдігін істеді [жасады]. а) *Шапағатты пейіл білдірді, қайырымдылық көрсетті.* Сендер қаңғыған итке мені талатпай әйтеуір *е л д і к т е р і ң д і і с т е д і ң д е р.* Ризамын, Аңдабек (Ш.Хұсайынов, Үкілі.). Тоқтапты сол көш, Түргенге жетіп құлапты, Қарсы алған елден бір жайлы қоныс сұрапты. Ел деген ел ғой *е л д і г і н і с т е п* бағыпты, Сол ауыл сөйтіп бір жайлы қоныс тауыпты (Т.Молдағалиев, Ескерткіш.). ә) *Көп болып көмектесті, жәрдем етті.* – Екі баласы бірдей елдің қамын ойлап, жауға аттанса, ел *е л д і г і н і с т е м е с* деймісің? – деп Сәрсен болмады (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Ағайын-туыс, жора-жолдастар күйеуінің жетісі мен қырқын өткізісуде аянбай, *е л д і г і н ж а с а ғ а н* (М.Дүйсенов, Мейман.).

Елдігін сақтады. *Бірлігін бұзбады, татутәтті тұрды. Е л д і г і н с а қ т а п* қазақтың, Ордалы өрге ту тіккен. Аңсаған мәңгі азат күн Береке, бақыт, бірлікпен (К.Салықов, Жезкиік.). Құтырған жауын, жеңіл аңыратып, Қамалын қарсы тұрған қаңыратып. *Е л д і г і н с а қ т а п* едің ер сарбаздар, Келген ғой ұрпақтарын таңырқатып (Қ.Көпішев, Әке құшағы).

Елдік салты. *Елдің әдет-ғұрпы, дәстүрі.* Сен аман бол, сенем мен Кісілік, *е л д і к с а л т ы н а*, Мына бір ауыр белеңнен, Өт те, келші қалпыңа! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елдіктен кетті. *Ел болудан қалды; тоз-тоз болды; араздасты, жауласты. Е л д і к т е н* әбден *к е т к е н д е,* Сүйекке зардап жеткенде. Шыққамыз бүгін жарыққа, Лағынат айтып өткенге (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕЛДІ-КҮНДІ с ы н. *Ел бар, жұрт бар.* Өзі арба болғандықтан, қалайда бізді әйтеуір *е л д і-к ү н д і* бір жерге жеткізіп тастар деп үміттендік (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *Е л д і-к ү н д і* жердеміз, бұйырғанын тағы көре жатармыз (М.Дүзенов, Әке.). – Тіпті құссыз отыра алмасаң, *е л д і-к ү н д і* жердеміз, жалғыз көлігіңді берсең де бір ермек тауып ал (Ш.Айманов, Қыран.).

ЕЛЕ[1]**=** е т. *Ұн, талқан, құм сияқты майда заттарды електен өткізу.* – Елеуіштері бос емес, өздері ұн *е л е п* жатыр екен, күтіп отырып қалдым (С.Мұратбеков, Жабайы.). Тартылған талқанды *е л е п,* майдасын бір бөлек, сағын бір бөлек аламыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Біреулер құм *е л е п,* біреулер тас уатып, жүйген қыш жонып жатыр (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

ЕЛЕ²= е т. **1.** *Ескеру, құнттау, көңіл бөлу.* Әйткенмен тырыңдаған Қойтекенің шолақ ағашы тірсектеріне тықылдай бастаған соң, түйелер *е л е й і н* деді: айдаған жағына ығыса берді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қуа-қуа осы сөз анықталды, Матайлар Тобықтыға кісі салды. «Қыз дегенің немене, білмейміз» – деп, Тобықты оны *е л е м е й* жатып алды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қызым соны білмейді ме? Біледі! Біле тұра селт етпейді жүрегі. Небір жайсаң жігіттерді төредей Мазақ етіп кетпеді ме *е л е м е й*?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жалаң аяқ, қалқан құлақ, баланы Ер жетер деп *е л е г е н д е р* шамалы. Өз жолыммен жүре бердім ақырын, Өмірім әлі өз арнасымен ағады (Т.Молдағалиев, Жүрек.). **2.** *Байқау, аңғару, мән беру.* Тұла бойы түгел ісік тәрізді, иіктірмейді. Ет қызумен жараны *е л е м е г е н* екен (Н.Оразов, Достар.). Мұндай қызықты алғаш рет көрген Елжас бәрінің алдына шығып алған. Еш нәрсені *е л е р* емес, екі көзі солдаттарда (Е. Өтетілеуов, Бос шелек). **3.** а у ы с. *Құрметтеу, сыйлау, ілтипат көрсету.* Еңбек ақысын алған сайын баласы жоқ жетім кемпірді *е л е п,* бір-екі әшмөшке шәй апарып беріп тұратын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кейбіреулер оны *е л е п* үйлеріне шақырып, тәтті-дәмдісін соның аузына ұстайды (Р.Орманов, Жүрек). Жетпістен жасы асқанда, Сексенге аяқ басқанда, Жастар *е л е п* келмесе, Келіп сәлем бермесе... Қартайған күнде ер жетім (Ақберен). **4.** а у ы с. *Ұмытпау, естен шығармау.* Айтайын ауырлықты елге келген, Жөн болмас ол бір кезді *е л е м е г е н,* Қазақтар қарсы шауып «ақ патшаға», Қан ағып, ел қырылған жыл дүрбелең (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Сөзін еледі. *Біреудің айтқанына құлақ қойды, тыңдады.* Сосын оқушы баланың *с ө з і н е л е п,* кім әдебиет іздеп жатсын (С.Хайдаров, Азамат.). Төрекелді бастықтың *с ө з і н е л е м е й,* бір аяғын орындықтың үстіне салып, ырғалып тұрып алды (М. Иманжанов, Адам.).

ЕЛЕГЕНСУ *Елегенсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е г е н с у* міндет емес.

ЕЛЕГЕНСІ= е т. *Көңіл бөлгенсу, ескергенсу.* Темекі түтінінің коюлығынан күйеуінің мазасыз халін айнытпай аңғаратын Сәбира еш нәрсені *е л е м е г е н с і п,* ыдыс-аяқтарын жинады (Т.Ахтанов, Боран). – Жә, болды. Жылқы жетеді, – дей салды *е л е м е г е н с і п* (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕЛЕГІЗ= е т. **1.** *Жалғызсырап қорқу, жанжағына қарау, құлақ тұру.* Ауыл сыртынан ат дүбірі естілді. Үйдегілер *е л е г і з і п,* есікке қарап қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Шөпті сыбдырлатып торғай ұшса да, тоғай ішін тартып уілдесе де, тау үкісі таңдайын қақса да, Ақбілек жан-жағынан жау қамап келе жатқандай *е л е г і з і п,* қымтырыла береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұрын поезд дегенге ешбір мән бермеуші еді. Бүгін, міне, паровоз үні шықса болды, *е л е г і з и* қалады (З.Қабдолов, Жалын). *Е л е г і з і п,* еске түсіп қай-қайдағы. Көңілдің іріп кетті бал қаймағы, Кегі кеткен жандайын әлдекімге, Іш өртеніп, қайнайды қан бойдағы (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Бір нәрсеге алаң болу, көңілі бөліну.* Елде жүргенде Махмұт бойын күтіп, тағы тыныш жата алмайды, елдегі неше түрлі қиянат, жолсыз істермен күреседі. Елде *е л е г і з і п* тұра алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Елеңдейтін, *е л е г і з и т і н* еш нәрсе жоқ, тым-тырыс (З.Ақышев, Ақбел.). Ұзақ түн тыншымды алды маза бермей, Төңбекшіп, *е л е г і з д і м* ұйқы келмей. Қашқындық қасіретін алға тартты, Бір дүбір алыс жақтан естілгендей (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Ұйықтатпадың-ау, бұлбұл құс, түнімен сайрап, Елтимін әлі тәтті әнге мен деген бейбақ. *Е л е г і з и м і н* де жатамын ертеңді күтіп, Өткен бір қызық шақтарды есіме кейде ап (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **3.** *Жалғызсырау, іші пысу, құлазу.* – Гүлсім-ау, сені маған құдай екем айдап әкелді ғой. Жалғыз өзім *е л е г і з і п,* үйге сыймай жүр едім (С.Алдабергенов, Асу.). Мен үй ішін шолып, «Жапан далада екеуденекеу қалай *е л е г і з і м е й* отырады екен» деген ойға баттым (Н.Сералиев, Қаңтар). Нина тұрмысқа шыққалы қарындасы Валя да *е л е г і з і п,* жалғызсырап үйге тұруды қойғанды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). **4.** *Үрейлену, шошу; қауіптену.* Қаламүш үйге кіргесін бойы жылып, денесі жазылса да ас батпады. Әлде бір жаманат хабар күткендей *е л е г і з і п* апасына қарай берді (Т.Ахтанов, Боран). Босаға жақта автоматын тазалап отырған Ефремов ілесе шығып: – Адасқан снаряд болар, *е л е г і з б е ң і з!* – деді (К.Тоқаев, Көмескі із.). Қаншайым ұрлық істеген адамша *е л е г і з и* бастады. Өмірбай келіп қала ма? Көршілер білсе не демек? Масқара-ай! (Ш.Құмарова, Қос шынар). **5.** а у ы с. *Елеңдеу, аңсау, сағыну.* Қорқып едік бұл жаққа беттегенде, Кететіндей азайып от денеңде. Ішіп-жеуге үйренген қазақпыз ғой, *Е л е г і з і п* тұрамын ет дегенде (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Еліктей [елікше, киіктей] елегізіді. *Қорықты, үрейленді, үркіді.* Үріккен *е л і к т е й е л е г і з е* қалатын астыңғы асау кірпік тесе қараған көзді терезеге түйретіп тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Е л і к т е р д е й е л е г і з і п* әр дауысқа, Қалды күндер, қалды жылдар алыста. Аралықтай адам жеткен ғарышқа, Қалды күндер, қалды жылдар алыста (С.Мәуленов, Алыс кет.). Етбетінен жатқан күйі *е л е г і з г е н* жаралы *е л і к ш е* жанжағын құр қармана берді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Түрі бұзылып, өңі қашып, үрейі ұшқан *к и і к-*

т е й е л е г і з е түскенін көріп, ол – қыз бар жамандықты естіп келген деп ойлады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көңілі елегізіді. *Алаңдады, беймазаланды, мазасы кетті.* Жол жүрер адамның *к ө ң і л і е л е г і з і п* тұратыны қандай! Қашан аттанып кеткенінше асығулы еді Жарқын (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ЕЛЕГІЗГІШ с ы н. *Елеңдегіш, еліккіш; елегіземін. Е л е г і з г і ш,* қызыққыш бала көңіл Жираф айтқан еркін ойын, еркін тамақтан қайтып қашсын! (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЕЛЕГІЗДІР= е т. *Қорқыту, үркіту.* Жаңағы дабыр жусап жатқан қойды *е л е г і з д і р і п,* тынышын бұзса керек (К.Қазыбаев, Дәуір.).

ЕЛЕГІЗДІРУ *Елегіздір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е г і з д і р у* мақсатымен істеді.

ЕЛЕГІЗУ *Елегіз етістігінің қимыл атауы; алаңдау, көңілі бөліну.* Жатақханаға келсем де, жұмысқа барсам да бір нәрсемді, аса бір қымбат затымды жоғалтқандай боп, іштей алаңдаумен, *е л е г і з у м е н* болдым (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЕЛЕГІЗУШІЛІК з а т. *Алаң болушылық, елеңдеушілік.* Жұманның әлгіде ғана серпілгендей болған көңілін *е л е г і з у ш і л і к* пен торығушылық билеп, тұла бойы шіміркенгендей (К.Баялиев, Жер тынысы).

ЕЛЕГІЗІҢКІРЕ= е т. *Сәл елегізу; елеңдеңкіреу, алаңдаңқырау.* Көшесінде түнде жүріп көрмеген, салты танық қалада біз *е л е г і з і ң к і р е й* аяңдап келеміз (С.Мұқанов, Алып. адым.). Әуелде жолға жалғыз шыққанына *е л е г і з і ң к і р е п,* құрбыларының бірін ерте кетпегеніне өкінгендей болды (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЕЛЕГІЗІҢКІРЕУ *Елегізіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е г і з і ң к і р у м е н* келеді.

ЕЛЕГІЗІТ= е т. *Алаңдату, елеңдету.* Сызылтып салған тәтті ән, сыңқылдаған күлкі құлақты түрілтіп, көңілді *е л е г і з і т і п,* әлдеқайдағыларды көзге елестетеді (Б.Майлин, Шығ. жин.). Білмеймін жүргенімді нені күтіп, Әлдене көңілімді *е л е г і з і т і п.* Бірі де жуыспайды сұлулардың, Оларды кеткендейақ мен ұмытып (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл.). Ержанның бойында бусанған ағаштың бұтағына келіп қонып, көктемді аңсатқан жыл құсындай, жас жігіттің көңілін *е л е г і з і т е,* еліктірген күш бар (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЕЛЕГІЗІТУ *Елегізіт етістігінің қимыл атауы.* Бұдан былай тек көңіл аулау, жалғыз басты құрбыны *е л е г і з і т п е у* ниетімен жиі келетін Нәргүл әр уақытта Рахима көңілінен шыға білетін (А.Байтанаев, Қансонар).

ЕЛЕГІШ[1] з а т. с ө й л. ***Елеуіш.*** – Мынау түзетіп жатқаныңыз сеялканың *е л е г і ш і* ме? Бұған қандай пәле тап болған? (Ә.Нәбиев, Ауыр.). Дайын болған топырақты пайдаланар алдында тор көздің үлкендігі 1 см *е л е г і ш т е н* өткізеді (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Ионосфераны *е л е г і ш к е* ұқсатуға болады (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

Елегіш бет. *Қолданылатын електердің торы. Е л е г і ш б е т* әртүрлі болады. Ірілігі 1,0 мм-ден аспайтын затқа арнап тоқылған торлы електер, ал 1,0 мм-ден жоғары болса, тесікті болат қаңылтырды електер, сондай-ақ өндірістік жағдайда тесікті болат беттер қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Е л е г і ш б е т* жазық бетті, және цилиндірлі болып сусыма материалдарды қозғалмайтындай етіп орнатылған торлар, сондай-ақ шайқалып, айналып тұратын не дірілді жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЕЛЕГІШ[2] с ы н. *Ескергіш, көңіл бөлгіш; байқағыш, аңғарғыш.* Әсия мұндай көп көріністерді *е л е г і ш,* аңдағыш, мәдениетті әйел (М.Әуезов, Өскен өркен).

ЕЛЕК[1] з а т. **1.** *Ұн елейтін елеуіш; елгезер. Е л е к т і ң* мап-майда көзінен аппақ ұн стол үстіндегі сыпыраға сауылдап түсіп жатыр (Т.Бердияров, Солдат.). Саттар *е л е к т е н* өткізген ұндай таза, ақ ұлпа құммен адымдап келеді (Бәйшешек). Ер қолында мал тұрмайды, *Е л е к* ішінде су тұрмайды (Мақал). **2.** т е х н. *Астық тазалайтын, кен рудасын іріктейтін арнаулы құрал (мәшине).* Тұқымға арналған дән әдеттегі тазартудың үстіне тор көзі ұзынша *е л е к т е н* өткізіліп, қосымша іріктеледі (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Ұшырылған астықты ұшықтардан әбден арылту үшін арнаулы *е л е к т е р м е н* елейтін (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). Қырман ішін еңбек дүбірі кернеген. Үш жерде зырқылдаған *е л е к* дән тауын толассыз тазалап тұр («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Сұрыптау, іріктеу ісі; талғаушылық.* Кейде бір талғамның көмейінен өткен нәрсе екінші талғамның *е л е г і н д е* тұрып қалатынын да байқамасқа болмайды (С.Мәуленов, Үркер.). Адамзат келер, кетер кезегімен, Өмірдің өту қиын *е л е г і н е н.* Таразыға тартқандай салмақтар ел, Сонда ұялып қалмағың өз-өзіңнен (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

Елекке құйған сумен тең. *Зая кеткен, нәтижесіз еңбек.* Жаман туыс бір масыл, Арқалаған құммен тең. Жақсылығың істеген *Е л е к к е қ ұ й ғ а н с у м е н т е ң.* Көңілсіз берген тамағың Күл аралас құммен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Елекке [ой елегіне, сын елегіне] салды. *Ой елегінен өткізді, сын көзімен қарады.* Сәруар жеткенше не айтып, не сұрайтынын *е л е к к е с а л д ы* (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Жақыпбек мұның екінші бір тиімді жағын да *о й е л е г і н е с а л ы п,* шолып шықты (М.Иманжанов, Алғашқы ай.). Көп мақтау айтып едім өлеңіне, «Әй,

өзің ақынсың!» – деп, жымыңдадың. Бір күні *салып* ем *сын елегіне*, Шарт сындың, қалайша бұл құбылғаның? (Ә.Жәмішев, Сағым.).

Електен [ой, ақыл, ақыл-ой, сын елегінен] өткізді. *Іріктеді, сұрыптады, талғады; ақылға салды, жан-жақты ойланды.* Әрине, *електен өткізіп*, сұрыптап алмасаң, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді (І.Омаров, Шабыт). Салынатын магистральдың қандай жерлерді басып өтетіндігін, жолда кездесетін кедергілерді тағы да бір *ой елегінен өткізеді* (К.Сейдеханов, Түркістан). Ол әрнені *ақыл елегінен өткізіп*, өзінше топшылайды (А.Байтанаев, Асан). Қатерлі іске қадам басудан бұрын Дагмар екеуміз бар жағдайды талқылап *ақыл-ой елегінен өткіздік* (Т.Сүлейменов, Жұлдыз). Бірақ соларды *сын елегінен* дұрыс *өткізіп* ала алған кісіге онда көп нәрсе бар (А.Жұбанов, Құрманғазы).

Електен өткізу. *Таңдау, іріктеу.* Басқосуда мемлекетаралық банктік топтар құру, альянсқа кіретін банктер ішінен лидер таңдау, белгілі бір салаларда тәжірибе алмасу, банк клиенттеріне ұсынылатын қызметкерлерді *електен өткізу* сияқты мәселелер талқыланды («Жас Алаш»).

Уақыт [сын] елегіне түсті. *Уақыт сынынан өтті, сыналды.* Білемін, өкпелісің өлеңіме, *Тұскенде уақыттың сен елегіне* Шадыман жырмен ғана шалқыдым мен, Тағдырын тұстасымның еледім бе? (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Кемдіктер түсіп *сынының елегіне*, Қисық іс тез түзелді. Керегі не? Не қажет болса, бәрі түгелденіп, Күшейе түсті Отанның көмегі де (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЕЛЕК[2] з а т. ж е р г. *Бидайдың қауызы.* Қазақта «тарыдан – кебек, бидайдан – *елек*» деген нақыл сөз бар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕЛЕК[3] з а т. к ө н е. а с т р. *Зодиак шоқжұлдызы.* Х. Әбішевтің зерттеулеріне қарағанда зодиакты қазақтар *елек* деп атаған. Бұл «лек» сөзінен шығуы ықтимал (М.Исқақов, Қаз. календары).

ЕЛЕК-ҚАЛАҚ ү с т. с ө й л. ж е р г. ***Елең-алаң.*** Ертең *елек-қалақ* болғанша істейміз (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

ЕЛЕКТЕ[1]**=** е т. с ө й л. **1.** ***Елеу***. Шай қайнатып, от жағып, Су тасиды шелектеп. Байға тамақ дайындап, Нан илейді *електеп* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). **2.** а у ы с. *Таразыға салу, өлшеп-пішу.* Бұзып кірді терезені...досы жатыр өлімге өзін ұмсынып, Қос ұланы бебеулейді көк түтінге тұншығып, Қайсар дел-сал тұрып қалды өз сезімін *електеп*, «Ең алдымен кімді ап шығу керек?» – деп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЕЛЕКТЕ[2]**=** е т. ж е р г. **1.** *Бағу, күзету.* Шолғыншы болып айланып, Асынып мылтық байланып, Елдің шетін *електеп*, Некен саяқ деректеп, Рахат, үйқы көрмеймін! (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.). **2.** а у ы с. *Елпілдеу, қалбалақтау.* Жақсыменен дос болсаң, Басыңа қиын іс түссе, Алдыңнан шығар *електеп* (Махамбет, Өлеңд.). Мас болып бес ағашпен мақтанасың, Бір сорлы молда екенсің *електеген* (Айтыс).

ЕЛЕКТЕН= е т. *Майдалану, ұсақталу.* Жаз келсе, жағаң жасыл желектеніп, Малта, құм еріп жатар *електеніп* (И.Сапарбаев, Раушан.).

ЕЛЕКТЕУ *Електе етістігінің қимыл атауы.* Бәсе, *електеуі* жаман (Ауызекі).

ЕЛЕКТІ с ы н. *Елеуіші бар; елегі бар.* ≈ *Електі* комбайн.

ЕЛЕКШЕ ү с т. *Елекке ұқсап, елек сияқты.* Туған жердің бұлты да бір ерекше, Нұр себеді дән тазартқан *елекше*. Сол бұлтыңмен араласып, аптығып, Сағынышты алып келем бір кәдеңе керекше (Н.Оразов, Шұғыла).

ЕЛЕКШӨП з а т. б о т. <лат. Iuncus> *Ылғалды, шөл-шөлейтті, сортаңды жерлерде өсетін, биіктігі 0,8-100 см-дей көпжылдық даражапырақты шөптесін өсімдік. Елекшөптің* 250 түрі белгілі. (ҚСЭ). Көбірек тарағаны қызғылт *елекшөп*. Барлық аймақта кездеседі. Биіктігі 10–30 см, көп сабақты түбінен бастап, бұтақтанады (ҚҰЭ).

ЕЛЕКШІ з а т. *Елек елеуші; астық тазартушы. Елекшілер* өз міндетін 150 процент орындады (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

ЕЛ-ЕЛ з а т. *Көп ауыл, жұрт.* Жанға соқпай келемін Арасымен *ел-елдің*. Ұрылардың, қарақшы Қорқытып көңлін шегердім (О.Шипин, Дастан.). *Ел-елдің* құт дарыған Есім малай, Қыдырып қызығыңды көрдім талай. Арқаңда үрлеп ішіп, шайқап төктім, Қайтқалы бет түзедім елге қарай (Жамбыл, Шығ.). *Ел-елдің* болыс-биі астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па, аңқау елдің (М.Әуезов, Абай жолы). Шартарапқа, жан-жаққа. Шыға да қоймас *ел-елге*, Аралай қоймас алапты. Соға алмай кетсе... егер деп, Жібердік мына шарапты (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЕЛЕН[1]**=** е т. *Елеуіштен өтілу, тазартылу.* Үстеп қоректендіру ретінде шашылатын тыңайтқыш жақсылап ұсатылып, *еленіп*, топыраққа біркелкі енгізілуге тиіс (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Балапан үшін ең жақсы жем – жүгері, бидай, қауызы *еленген* арпа мен сұлы дәндерінің майдаланған қоспасы (Құс өсіруші.).

ЕЛЕН[2]**=** е т. *Бағалану, көріну, мән берілу.* Өз еңбегінің *еленгеніне* қатты қуанады (Р.Хайруллин, Офицер.). Алайда бұл жәй көп реттерде *еленбейді* (С.Ысқақов, Табиғат.). Оянып кетсем келеді екен тан атып, Алатау бөркін алтындай, нұрға жалатып, Төменде жатқан *еленбей* Төбе мен қырға қарайды Саған да тәңірім биіктік берсін дегендей (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзге еленбеді. *Көрінбеді, білінбеді.* Қайғы кеуледі. Қайғы басты. Тұрушы еді бұрын *көзге еленбей,* Тұла бойын қайғы кеулеп жегендей. Ақ гүлдерін ашыпты олар, қыздарға Маған ұқсас көйлек киші дегендей (Т.Молдағалиев, Көктем).

ЕЛЕНДІ з а т. *Аралас қатты затты елегенде тордан өтетін өнім.* ≈ *Е л е н д і н і* жинау.

ЕЛЕНУ[1] *Елен*[1] *етістігінің қимыл атауы.* Ұнның *е л е н у і* көпке бармай тез-ақ бітіп қалды («Жетісу»).

ЕЛЕНУ[2] *Елен*[2] *етістігінің қимыл атауы.* Біздіңше, әдеби факт жиі-жиі қайталануына қарап бағаланбай, бірегейлігіне қарай *е л е н у і* тиіс (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Қайтейін, өтсін деп ем *е л е н б е у м е н,* Мықтырақ болып шықты менен кеудем. Мен бе деп жүрмісіңдер әлде сендер Көлденең көк аттыға елеңдеумен (Т.Айбергенов, Мен саған.). Тірліктің ұлан-байтақ әлемінде, Адаммын мен де лайық, *е л е н у г е.* Тауымның жасыл гүлі, ақша қары, Жайнады дәйім қатар өлеңімде (Достық жыры).

ЕЛЕҢ[1] з а т. *Елеңдеушілік, алаңдаушылық.* Сезілгендей жүрегінің *е л е ң і,* Құлағыма күлкісі де келеді. Келеді оның ұраны мен ызасы, «Түрмең шірік, түртсе, құлар» дегені (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Байқаймын, ақырындап күз келеді. Бітеді қайран жаздың ізгі *е л е ң і.* Кеткен жаз келмеймін деп қабақ түйді, Келген күз айтар екен бізге нені (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Елең алды. а) *Елеңдеді, секем алды, қорықты, үрейленді. Е л е ң а л ы п* тұрған айғырдың үйірі тобымен жылқыдан тұра-ақ жөнелді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Егер теке бірдеңеден *е л е ң а л д ы* ғой, ә, «пых» деп ата жөнеледі (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер). – Өмірімде мұндай қатты қорқып көрген адам емеспін. – Бір *е л е ң а л ғ а н* соң, елеңдей береді ғой (Д.Еркінбеков, Шығ.). ә) *Желпінді, желікті.* Қырда онда оқу емес, өлең арман, Қымыз бен піскен кезі кебе бағлан. Айтып боп алты ауызын: «қонақ кәде, Айт», – деді қыз-бозбала *е л е ң а л ғ а н* (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

Елең болды. *Құлақ түрді, сақтанды.* Туған жерінен шұбыра безген бишара жұртқа елсіз аулақта кім тимек? Кім аңдиды оны? Әйтсе де, үнсіз түн құрылған қақпан тәрізді, *е л е ң б о л ғ а н* жөн (І.Есенберлин, Қаһар).

Елең еткізді. *Таңғалдырды, есте қалар-лықтай болды.* Қара түлкі мен түйеқұс өсіріп, елді *е л е ң е т к і з г е н* де осы Жәкең («Жас Алаш»). Сол шақта елді *е л е ң е т к і з г е н* осы оқиға туралы тағы да қысқаша қайталап айтатын болсақ, оның мазмұны төмендегідей («Егемен Қазақстан»).

Елең етті. а) *Жалт қарады, мойын бұрды; елеңдеді.* Сөйтіп отырғанда сырт жағынан есікті біреулердің ашып жатқанын байқады. Жігіт *е л е ң е т і п* есік жаққа қарады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Мен *е л е ң е т е м і н,* жартасқа жалт қараймын (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). Бір кезде әлдеқайдан шықты дыбыс, Білінді тым асығыс суыт жүріс. Айнала *е л е ң е т і п* құлақ түрді, Күткендей кездейсоқта үлкен бір іс (О. Шипин, Дастан.). ә) *Құлақ түрді; көңіл бөлді, ықылас қойды.* Әйткенмен қандай әнді естісем де құлағым *е л е ң е т е* түседі, құмарлана тыңдаймын (А.Лекеров, Қырда.). – Ол кімнің қызы? – деп Нұрекең *е л е ң е т е* қалды (Т.Бердияров, Солдат.). Дәл осы күні үстіне тау құлап барады десе, қазақта *е л е ң е т е р* жан көрінбейді (М.Дулатов, Шығ.). Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып, «Сенікі жөн», – деп құлаққа ілген жан бар ма? *Е л е ң е т е р* намысқа қызып жігіт аз, Бұл не ғажап – жұрт керең боп қалған ба? (М.Дулатов, Шығ.). б) *Мән берді, еледі, ескерді.* Есімде жоқ, жаз ба еді, күзде ме еді, Көп жыл өтті бұл баққа біз келгелі. Әйтеуір, дәл осылай бейуақта Құмар көңіл әлдене іздеп еді. Күзгі түннің салқынын *е л е ң е т п е й,* Отырушы ек ерітіп мұз денені (М.Мақатаев, Шығ.).

Елең [құрлы] көрмеді. *Елемеді, ескермеді, ойына да алмады.* Тисе де басыма тас жол бойынан Ұмытамын соңынан *е л е ң к ө р м е й.* Жұбатып өзімді-өзім кей мезгілде Мәз болам жоқ нәрсеге нәрестедей (А.Лекеров, Өмір.). Баданадай екі көзін төңкеріп, Құдайбергенге бұрылып, құлағын тікейтіп көзін бір алартты да, *е л е ң қ ұ р л ы к ө р м е й,* қымсынбастан қарды тебе берді (С.Талжанов, Ұлдай.).

Елең қақты. *Елеңдеді, алақтап қарады, сабырсызданды.* Ат дүбірі шығысымен-ақ *е л е ң қ а ғ ы п,* Ақбақай басын көтеріп алды (І.Есенберлин, Алмас.). Таймаңдамай тамылжып, бір суынып, бір ысып, Дем ала алмай дамыл қып, *Е л е ң қ а ғ ы п,* бос шошып (Абай, Тол. жин.). Әбіш пен Ораз *е л е ң қ а ғ ы п* дамылсызданып, қару-жарағын, белбеуін түзеп, үйдің екі жағына кезек шығып қояды, жатқан өліктерге қарасып, ауыл жаққа қолдарын былғасып қояды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Е л е ң қ а ғ ы п* жануар Ұшқан құстай жөнелді. Қос құлағы қамыстай, Мойны кез, сағақты, Тісі ұзын қарыстай, Соза тартқан тамақты. Асқар таулар, кең дала, Гүрілдеп аққан өзендер, Барын жайған алдынан Анасындай туған жер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Елең қылмады. *Мән бермеді, ескермеді, елемеді.* Бірақ жұрттың *е л е ң қ ы л м а й* бұл сынын, Піл ән салды бұлғаңдатып тұмсығын. Тумады-ау деп ой сергітер байтақ ән, Қалың қауым қалғып кетті қайтадан (М.Шаханов, Ғасырлар). Ерлігі *е л е ң қ ы л м а й д ы,* Бір өзінен басқаны. Қайырымсыздығы талайдың Жоны-

нан алған таспаны (Д.улат Бабатайұлы, Замана.). Ол кедейлікті, тұрмыс таршылығын *е л е ң қ ы л м а й*, барды барынша, жоқты жоғынша көріп алып тарта беретін секілді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Өңменінен өткен ызғырық желді, бораған суды *е л е ң қ ы л м а й*, төрт терезелі үйге тесіле қарады (Ә.Сараев, Бозқырау).

Елең туғызды. *Елеңдетті, алаңдатты,* Бағана күн батарда біреуін көзге түсіп, Сейтенге *е л е ң т у ғ ы з д ы ң д а р* (І.Есенберлин, Қаһар).

ЕЛЕҢ[2] з а т. з о о л. *Дене тұрқы 20 см, салмағы 200 г-ға жуық, тұқы тұқымдас балық. Е л е ң* көбіне суы таза, ағыны мықты шағын өзендерді мекендейді (ҚСЭ).

ЕЛЕҢ-АЛАҢ ү с т. **1.** *Таң алды, құлқын сәрі; алағеуім мезгіл.* Әлі күн шыққан жоқ, *е л е ң-а л а ң* еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Күн әлі шыға қоймапты. Үйдің іші *е л е ң-а л а ң* шақтағы бозғыл сәулемен көлеңкеленіп тұр екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Көрінгендей өзінен Мөлдір ауа, бұлт көбік. *Е л е ң-а л а ң* кезінен Ентелейді жұрт келіп (С.Мәуленов, Торғай.). **2.** *Көмескі, күңгірт; көрінер-көрінбес кез.* Манағыдай емес, қар үстіне көлеңке аунаған *е л е ң-а л а ң* жарық бар (Р.Тоқтаров, Терістік.). Қараңғылықты таң қылаңы ақырындап қусырып, тау-таудың жоталары *е л е ң-а л а ң* көріне бастады (Х.Әбішев, Аспан.).

ЕЛЕҢ-АЛАҢДА ү с т. *Таң атып келе жатқан шақта, таң сәріде, алағөбеде. Е л е ң-а л а ң д а* Оспанның үйіне Қасболат жетіп келді (С.Омаров, Дала қызы). Бағана *е л е ң-а л а ң д а* иығына кетпенін салып ап, кетіп бара жатқан (С.Нарымбетов, Тентек). Айгүл мен Нүркең *е л е ң-а л а ң д а* тұрып кеткен (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *Е л е ң-а л а ң д а* от арбадан түсе қап, бержебей іздесек, бауырынан жарған сым шалбарлы, қу етікті, қалпақты, көйлекті, бет-аузы тобарсыған қу мұрын, қу жақ жігіт (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛЕҢ-АЛАҢМЕН ү с т. **1.** *Ертемен, таң алдында.* Елге көрінгім келмей, *е л е ң-а л а ң м е н* әжемнің үйінен шықтым (Т.Иманбеков, Шығ.). **2.** а у ы с. *Алғашқы кезде, бастапқыда.* Олар халықаралық коммунистік қозғалыстың *е л е ң-а л а ң ы н д а:* «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» – деп ұран тастады (Р.Мылтықбаев, Түбі бір.). Вакуумды және газ толтырылған радиолампа біздің ғасырымыздың *е л е ң-а л а ң ы н д а ғ ы* радиотехниканың барлық талап-тілектерін толық атқарды («Білім және еңбек»). Сергазы өмірі еліміздің сонау *е л е ң-а л а ң* ерте көктеміндегі қиын да қарбалас шағынан елес беретін жай («Қаз. әдеб.»).

ЕЛЕҢДЕ= е т. **1.** *Алаңдап жан-жағына қарау, айналасына көз тастау.* Біреу-міреу жылағанын естіп қала ма дегендей *е л е ң д е п*, есік жаққа қарап қояды (М.Дулатов, Шығ.). Ақ қанат құс тағы да төмендеді, Қайтадан көтерілді, бөгелмеді. Жайылуын тоқтатып, маңғаз қойлар Маңырап көкке қарап *е л е ң д е д і* (М.Мақатаев, Шығ.). Үшеуі *е л е ң д е п*, дауыс шыққан жаққа қарай қалды (С.Омаров, Өмір.). Гауһар *е л е ң д е п* жан-жағына қарады. Бір бүйірден келе жатқан ат-арбалар тізбегі көрінді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Елең ете қалу, құлақ тұру.* Шаттықта өнер менен өлең жеңген Қалың ел ән мен күйге *е л е ң д е г е н*. Қашаннан әнге құмар сауыққой жұрт Кәрі, жас даусы шыққа дедеңдеген (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қалғанмен артта қар басқан қанды белендер, Сен келді десе рухы төзбей *е л е ң д е р*, Құдайдай жырлап тауыса алмай кеткен ақ толқын Айдар өзенін, Жұмағалидың босағасына сәлем бер! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Біздің үй жақтан шыққан әр дыбысқа *е л е ң д е п* құлақ түрем (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). **3.** *Бір нәрсеге алаңдау, көңілі бөліну.* – Өзім де сезгендей, келіп қалар деп, *е л е ң д е п* отыр едім (С.Бақбергенов, Кентау). Гүлбану екі көзі есік жақта, *е л е ң д е п* әбден берекесі қашып отырғанды (А.Байтанаев, Қансонар). Білмеймін неге күттім. Келер дедім, Әйтеуір есік жаққа *е л е ң д е д і м*. Білмеймін саған қарай тартқан күшті Қуатым бар ма, жоқ па жеңер менің (Ф.Оңғарсынова, Асау.). Әлденеге *е л е ң д е й м і н*. Жүрегім лүпілдейді (Н.Сералиев, Қаңтар). **4.** *Елестеу.* Жан-жақта көлеңкелер көлеңдеді, Көзіме әлденелер *е л е ң д е д і*. Жүрегім дүрс-дүрс соғып айта бердім, Айтқаным: «Ләт берді, өлең берді? (М.Дулатов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Білгісі келу, құмарту, ынтығу.* – Одан да жаманын айтайын ба? – Ие – деді Шоқан *е л е ң д е п* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тұрған комсомолдар *елеңдеп:* «Кім барады?», «кім?», кім?» – десіп қалды (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). *Е л е ң д е п* қос құлағын тіге қарап, Танығаң таңға жақын басқан ізін. Келтірген мезгілінен кеш қалдырмай, Мақсаттың махаббаты сүйген шөлін. Қараңғы айсыз түнде сүрінбеген Кетірем қайтіп естен бұл бір жерін (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Біздің арамызда ондайлар бар ма? – Бар, – деді мастер. Ол кім екен дегендей балалар *е л е ң д е й* қалды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **6.** а у ы с. *Қорқу, үрейлену, сескену, секем алу.* Деміңді бас, делеңдеме, бақырма, *Елеңдеме*, бұлтты күні соқыр дауыл шақырма Өжет бұған құлақ аспай жетіп барды Айлаға, Жетіп барса Айла сорлы байлаулы екен Ақылға (М.Шаханов, Ғасырлар.). Үш-төрт салт атты, сойылдарын сақыр-сұқыр етқізіп, үйдің сыртына келіп аттарынан түсті. Үй ішіндегілер *елеңдеп,* тіксініп қалды (О.Бодықов, Бұлбұл.).

Екеуі сүріне-қабына жеткенде, бие де *е л е ң д е п* жиекке шығып кетті (М.Сүндетов, Балық аула.). Далаға түнетпеймін деп едім, шешең *е л е ң д е п* отырған шығар (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). **7.** а у ы с. *Едіреңдеу, еліру.* – Қатира, тоқта. Мен бір сұмдық айтайын саған, – деді. *Е л е ң д е п* Қамза да келді (Б.Майлин, Шығ. жин.). Алдымен *е л е ң д е п* бір адам шықты (Б.Момышұлы, Москва.). Арбаңдаған бесеуің, Жиылып келдің *е л е ң д е п*. Адырайып жүресің, Сөйлемейсің талқан боп (Қамбар батыр).

Елеңдей күтті. *Алаңдап тосты, қарайлады.* Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыстығын ел *е л е ң д е й к у т к е н і м е н*, ешкімнен, ешқайдан ресми мәлімдеме естімедік. Белгісіз аяқталған айқай-шудың ақ-қарасын анықтау үшін жауапты адамға жолықтық («Жас Алаш»).

Құлағы елеңдеді. *Құлағын тұрді, сабырсызданды.* Көзінен жасы парлады. Өткенге іші күйінді. Енді қыздар түйінді, Асыл киім киінді Асықтарын иірді, Ғашық жарын көруге Алтын шашы түюлі. *Құ л а қ т а р ы е л е ң д е п*, Қуанып жүр дедеңдеп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕЛЕҢДЕГІШ с ы н. **1.** *Елең-елең етіп, жан-жағына қарағыш; үріккіш, секем алғыш.* Менің де ерте-ақ сеніп қайратыма Томаға-түйық қалдың айбатыма. Дүбірге қайшылаған қос құлағын, Үқсайық *е л е ң д е г і ш* бәйге атына (Айтыс). **2.** а у ы с. *Жаңалыққа жаны құмар, әр нәрсеге құлақ түргіш.* Жаңалыққа құлақ түргіш боп, *е л е ң д е г і ш* әдетке дағдыланған жігіт Мыңшұқырда байыз тауып отыра алмады (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЕЛЕҢДЕҢКІРЕ= е т. *Елеңдей түсу, алаңдаңқырау.* «Сені завком шақырады!» дегенде, Нияз сәл *е л е ң д е ң к і р е п* қалды (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

ЕЛЕҢДЕҢКІРЕУ *Елеңдеңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е ң д е ң к і р е у і* керек.

ЕЛЕҢДЕС= е т. *Алаңдасу, жан-жағына қарасу, елең-елең етісу, қарағыштау.* Жұрт *е л е ң д е с і п*, қорқуды былай қойып, сол әскердің түскен үйін жағалады. Мен де бардым: қылқандай жас жігіт, бірен-саран сақалдылары да бар (Б.Майлин, Шығ.). Бұғылар *е л е ң д е с і п*, тоқтай қалып жатыр (Р.Тоқтаров, Терістік.). Осы тұста Сәмбет жуан қызыл қарындашпен столды сарт еткізді. Жұрт *е л е ң д е с і п* қалды (С.Мұратбеков, Көкорай). Жел маялар келеді желдей есіп, Сұм шалдың бір тарапты көзі тесіп, Шал айтады баладан – Көрдің бе? – деп Бұлт түр бұлттарға *е л е ң д е с і п* (Абай, Тол. жин.).

ЕЛЕҢДЕТ[1]= е т. *Алаңдату, тықыршыту.* Әлтай Шұғаға үйленеді екен деген дыбыс елді *е л е ң д е т і п* тастаған еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Шіркін, әр жерінен сүйектеген көш құлаш жіңішке сабы барда қандай дүмбірлеуші еді, ел көшкендей *е л е ң д е т у ш і* еді-ау! (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** *Беймаза күйге түсіру. Е л е ң д е т с е* бейнесі қазір мені, Тірі сурет пәк сезім әзірледі: Кең далада көп жолдай қатпар-қатпар Шәкен аға бетінде әжімдері (К.Салықов, Жезкиік).

Құлағын елеңдетті. *Құлағын қайшылады, құлағын тұрді, тыңдады.* Тықыршып айналып, қос *қ ұ л а ғ ы н е л е ң д е т і п*, шабдар атта тыңдады (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЕЛЕҢДЕТ[2]= е т. *Көлбеңдету, ербеңдету.* Қаздия, қақия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап, көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делеңдетіп, елпілдетіп, *е л е ң д е т і п* желер ме еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛЕҢДЕТУ *Елеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көңілін *е л е ң д е т у.*

ЕЛЕҢДЕУ *Елеңде етістігінің қимыл атауы. Алаңдау.* Смайылдар үлкен жолдың торабынан шаң көрінсе, «әне келе жатыр, міне келе жатыр» деп, *е л е ң д е у м е н* болды (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.).

Құлағының елеңдеуі. *Сабырсыздану, тағатсыздану.* О, нан жауғыр, ауру қалса да, әдет қалмайды-ау! *Қ ұ л а ғ ы н ы ң е л е ң д е у і н* қарашы (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

ЕЛЕҢДЕУШІ з а т. *Елеңдейтін адам; құлақ тұруші, алаңдаушы.* Сөзден сөз туып, мұның аяғы кеңейіп, *е л е ң д е у ш і л е р* көбейгені байқалады (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ЕЛЕҢ-ЕЛЕҢ е л і к. *Жалтақ-жұлтақ, алақ-жұлақ етіп қараған қимыл-қозғалысты бейнелендіретін сөз.* Әли бұған бір ғаламат құпия сыр ашатын адамдай жан-жағына *е л е ң - е л е ң* қарап, сыбырлай сөйледі (З.Қабдолов, Жалын).

Елең-елең етті. *Елеңдеді; секемденді.* Өзге ешкілер бөртені қимаған кейіппен *е л е ң - е л е ң е т і п* қорада қала берді (К.Қазыбаев, Ызғар). – Япыр-ай, мына хабар жақсылықтың алды болғай-ды, – деп Үркия *е л е ң - е л е ң е т е д і* (З.Ақышев, Жесір.). Көзін алға тіге *е л е ң - е л е ң е т т і* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЕЛЕҢКІРЕ= е т. *Ерекше мән беру, елеу.* Өзі сағынып күткен жігіттің бұлай *е л е ң к і р е м е й* қарауы Байдалыға ой салайын деді (Р.Тоқтаров, Терістік.). Сағын *е л е ң к і р е м е й* арсаландап, күлген болып еді (С.Досымов, Жаңғырық).

ЕЛЕҢ-ҚҰЛАҢ: елең-құлаң қылмады [қылған жоқ]. *Елемеді, ескермеді; қаперіне де алмады.* Байсалды қимылынан танбаған Новиков әріптесінің қатты шабуылын *е л е ң - қ ұ л а ң қ ы л ғ а н ж о қ* («Лен. жас»).

ЕЛЕҢ-СЕЛЕҢ з а т. **1.** *Селтең-селтең, алақ-жұлақ.* Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызығың бәрі

өлеңмен, Ойласаңшы бос қақпай *е л е ң-с е л е ң* (Абай, Тол, жин.). **2.** а у ы с. *Селтең-селтең етіп, бос жүрушілік; көше таптаушылық.* Бозбалалық, *е л е ң-с е л е ң н е н* де ол аулақ (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). – Иә, береке жоқ, дуа жоқ, талай жыл *е л е ң-с е л е ң м е н* өткен екен де (А.Нұрманов, Құлан.). Босқа шаппа, *е л е ң-с е л е ң,* алаңғасарлықты қойып, табан аудармай, үнемі жұмыс басында болуың керек (Б. Серкебаев, Өткенде.).

ЕЛЕҢСУ *Елеңсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е ң с у і н* қойды.

ЕЛЕҢСІ= е т. с ө й л. ***Елеңде***. Жігіттің жүзі жабырқау, Жалтақтап тұрды *е л е ң с і п.* Сүттеніп қапты япыр-ау, Бидайдың басы көбеңсіп (Н.Шакенов, Айгүл).

ЕЛЕҢСІЗ[1] с ы н. *Алаңсыз, қайғысыз, қаперсіз; жайбарақат.* Кенжекүл жұмыс орны осы үйдей-ақ, ешбір *е л е ң с і з,* жіп иіруге кірісті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Ай жарығында ирең-ирең қозғалған ақ түйе *е л е ң с і з* жатқан елдің желкесіндегі ең соңғы қыр басына да иек артты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЕЛЕҢСІЗ[2] с ы н. с ө й л. *Елеусіз, ескерусіз.* Мен *е л е ң с і з* жоғары өттім де, өзімнің бұрынғы орныма бардым (К.Баялиев, Дегелек.). *Е л е ң с і з* бір уақытта анау келіп, оны алып кетіп тұрған (Б.Тоқтаров, Тауда.). Ел лебізіне *е л е ң с і з* қарауды жек көретін ол көшеде кездессе де бұйымтайы бардың бәрімен шүйіркелесіп, жылы лебізін, ақыл-кеңесін әсте аямайды (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕЛЕҢСІЗДІК з а т. *Жайбарақаттық, алаңсыздық, қаперсіздік; елеусіздік, ескерусіздік.* Сонда қойды жер жұтқан жоқ, сенің осы *е л е ң с і з д і г і ң д і* білген, Нұржанды бала деп басынған біреу ұрлап отыр (З.Жәкенов, Таң самалы.).

ЕЛЕҢШІЛ с ы н. *Алаңшыл, елеңдегіш.* Бондаренко Доорушкиннің кекесінін елемей, *е л е ң ш і л* ойдың үстінде тұр (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.}.

ЕЛЕҢІТ= е т. с ө й л. *Елеңдеу, елегізу.* Күн өтіп, жол соғып, сағым ескен сар далаға қарай-қарай жалыққан көңіл жер реңі өзгергенге *е л е ң і т і п* қалды (Ә.Сараев, Бозқырау).

ЕЛЕП-ЕКШЕ= е т. **1.** *Елеу, екшеу, тазалау.* Еңбек етіп еккен дәнді, *Е л е п-е к ш е п* баптаймыз. Халықтың қымбат қазынасын Оттан, судан сақтаймыз (С.Машақов, Жылдар.). **2.** а у ы с. *Сын елегінен өткізу; сұрыптау, іріктеу, таңдау.* Тарихтың сол бір бұралаң-бұлтарыс жолдарын *е л е п-е к ш е п,* ең түйінді, ең дәйекті шешім айтқан маркстік-лениндік ілім (К.Қазыбаев, Дәуір.). Жүрегіндегісін *е л е п-е к ш е п* жату Бағимашта әзір жоқ, айта салады (Д.Әбілев, Арман.).

ЕЛЕП-ЕКШЕУ *Елеп-екше етістігінің қимыл атауы; іріктеу, таңдау.* Қазір Жазушылар одағының секциялары қолжазбаларды оқуды, талқылауды, *е л е п-е к ш е у д і* жақсы жолға қойды («Қаз. әдеб.»).

ЕЛЕП-ЕСКЕР= е т. **1.** *Елеу, ескеру; байқау.* Бағана аздап қызыл арақ ішкенбіз, соның буы ма жердің сызын, өзеннен ескен салқынды *е л е п-е с к е р м е й* отыра бердік (О.Бөкеев, Қамшыгер). **2.** *Мән беру, көңіл бөлу.* Ағабек Тұяқбайды бұл тірлікте бағы ашылмай өткен көп мұңдықтардың қатарына қосатын да, *е л е п-е с к е р і п* жатпайтын (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қауқарынан айырылған қаріп-қасер, қарттарды *е л е п-е с к е р г е н* үкіметімізге, әлбетте, рақмет (Ф.Дінисламов, Көл жағасы).

ЕЛЕП-ЕСКЕРУ *Елеп-ескер етістігінің қимыл атауы; мән беру, көңіл бөлу.* Алайда «уран, уран» деп уралап жүріп, өндірген өнім салдарынан аймақтағы адамдардың денсаулығы улануы, дүниеге кемтар сәбилер келуі секілді қауіпті *е л е п-е с к е р м е у* алаңдаушылық туғызады («Жас Алаш»). Қазақстандағы қазіргі демократиялық үрдістер, шын мәнінде, ұлттық-мемлекеттік идеяға ұйытқы бола алатын қазақ ұлтының әлеуметтік-мәдени мүддесі мен арман-аңсарын *е л е п-е с к е р у г е* келгенде орашолақтық танытуда («Қаз. әдеб.»).

ЕЛЕР= е т. **1.** *Екі құлағын едірейте, үрке қарау; едіреңдеу.* – Қарашы, еліктің лағындай *е л е р і п* тұрғанын (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Желіккен қалың жылқы айғайға еріп, Жайлауыш тай-тұлақ та шапты *е л е р і п.* Сайланған жылқышы да тобын жазбай, Салды ұрыс жан аямай түйдек келіп (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Ай туған кезде ағарып алтын алқадай, Қыр жатқан кезде құлағын түріп, *е л е р і п,* Аппақ бір нұрға бөленіп, Мамырлы таңдай албырап, лаулап нұр жүзің, Биіктен жанып жұлдызың, Алғашқы жауған ақ қардай Орамал тартып басыңа, Келдің сен менің қасыма (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Желігу, желпіну; делебесі қозу.* Бейнет көрме, біреуге бейнет берме, Дүние – алдамшы, өмір – қу деп *е л е р м е.* Қамдан, сақтан, қағып бақ, бәле келсе, Бәрін құдай қылады дегенге ерме (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Батырлықтың сәні жоқ – Түн ұйқысын төрт бөліп, *Е л е р г е н* тұлпар ерттеліп, Толғаулы найза қолға алып, Тұйғын құстай толғанып (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жүніс бастаған топ *е л е р е* түрегелді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Қасекең қарап алды төңірекке, Жолаушы жол үстіндегі кемірек пе? *Е л е р і п* бейшараға деді былай: – Қозғалтып қолаяқты қыбыр етпе! Жемекке сені дереу түзеттім ой, Көп былшыл қисаңдаған сөзіңді қой! Түбі бір туысқаның, әлгі сенің, Басыма сала жаздады бір үлкен той! (О.Шораяқов, Шайыр). **3.** *Жындану,*

құтырыну, көтерілу; аусарлану. – Аяғымды басып кеттің, *е л е р г е н* неме? Сонша есің шыққаны не? (Д.Әбілев, Арман.). Жан жолдасы Бекеттің, Олжай деген батыры Аусарланып *е л е р г е н* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ауруы меңдеп, күшейген кезде [құтырған] мал *е л е р е* бастайды, басқа малға, кісілерге ұрынады (А.Елеманов.., Қой шаруаш.). **4.** *Өршелену, үсті-үстіне соғу, үдей түсу (жел туралы).* Биіктен айналаны болжап көрді, Сонша болмай дуылдап жел де *е л е р д і.* Қырылдаған дауыспен сөндегенсіп, – Кемені солға бұр, – деп әмір берді (Ш.Әбенов, Ортақ арал). ...Пароходқа болып еді үлгермек, Қайығын жел бұрып кетті *е л е р г е н* (Д.Әбілев, Өлеңд.). **5.** *Аң-таң болу, таңдану, таңырқау, аңыру.* Екі қыз мұны көрді, бас көтеріп, Адамзатқа таңырқап тұрды *е л е р і п.* Ей, жігіт, түсің жақсы жан екенсің, Жүр едің жәдігөйге не қып еріп? (Абай, Тол. жин.). Шөке-ау, қымыз сапыр. Неге тұрсың *е л е р і п* (С.Адамбеков, Көсе.). Жігіттер *е л е р і п,* таңдайларын тақ-тұқ қағып қояды. – Ой, батырдың атқышын-ай десеңші (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЕЛЕРЛІК с ы н. *Көңіл бөлерлік, құрмет көрсететіндей.* Сондықтан мен жалғызбын, ермегім жоқ. Алдым қабір, үміт қып сенгенім жоқ. Соны істеп кеттім ғой» деп медеу қылар Адамдыққа еш нәрсе бергенім жоқ. Бұл кезімде құрметтеп, мені *е л е р л і к* Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ. «Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЕЛЕРМЕ[1] з а т. с ө й л. ***Елірме***[1]. – Ұстаңызшы, жасынан *е л е р м е с і* бар, құлап түседі (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

ЕЛЕРМЕ[2] с ы н. с ө й л. ***Елірме***[2]. **1.** *Елеңелең етіп, жалт бергіш, уркек.* Сөз сұрап екі қонақ тыным таппай Мергенді қағыстырды тасқаяқтай. Басында түйткілденіп отырса да, Қызған соң заулады шал *е л е р м е* аттай (Ш.Әбенов, Ортақ арал). **2.** а у ы с. *Есерсоқ, әулекі, есірік.* Әбілет басқан *е л е р м е* Сөзге жуық келер ме? Түзу сөзге сенер ме, Түзелмесін білген ез? (Абай, Тол. жин.). Қуанбаңдар жастыққа, *е л е р м е* күлкі мастыққа. Көзің қайдан жетеді Достық пенен қастыққа (Абай, Тол. жин.). Тіпті соңына түсіп, бүлік шығарған әлгі *е л е р м е* замандастары да Нұрым мен Оспанның дымын қалдырмай, сақал-мұртына дейін әдемілеуші еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

ЕЛЕРМЕЛЕ= е т. *Елеру, елерме болу.* Гүлнаш ымыртта *е л е р м е л е п,* түні бойы ауық-ауық сандырақтап шықты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЕЛЕРМЕЛЕУ *Елермеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л е р м е л е у і* қайталана берді.

ЕЛЕРТ= е т. с ө й л. **1.** ***Елірту.*** Жаз жалымен жібермей жалғыз тайын, Тыныштықпен ішкізбей тақта шайын, Ұрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы *е л е р т і п,* Құрытады үш жақтап тамам байын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өңкей қашақ жиылып, Елді *е л е р т п е к* аңғары (М.Әуезов, Таңд, шығ.). Ол «болдым-ақ» дей берер, Бұлғақ қағып басқанға. Елең қағып елбірер, *Е л е р т і п* көзді аспанға (Абай, Тол. жин.). **2.** ***Еліктіру.*** Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілердің бәрі – бәлеге, жаманшылыққа *е л е р т п е к* үшін (Абай, Тол. жин.).

ЕЛЕРУ *Елер етістігінің қимыл атауы; желігу, желпіну.* Ала-сапыран көңіл күйінде пайда боп мың құбылтқан құлазу да, *е л е р у* де, асып-тасу да бес жыл бауыр басқан мына думанды қимаудан туса туып та жатқан болар (А.Байтанаев, Қансонар).

ЕЛЕРІП-ЕР= е т. *Жаппай, алды-артына қарамай, ақылға салмай соңынан еру.* Жала жауып жалмайды, Жазасыз қарап тұрғанды, *Е л е р і п-е р і п* көп ел-жұрт, Білмеді Құдай ұрғанды (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд.).

ЕЛЕС з а т. **1.** *Сол сәтте көз алдында тұрмаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының санада қайта қалпына келтірілген, елестетілген бейнесі.* Мәлике енді қайтадан шалқасынан жатып, көзін жұмады. Қорқынышты *е л е с т е р д е н* арылу үшін тез ұйықтап қалмақ (Д.Әбілев, Арман.). Көз алдындағы *е л е с т і* жоғалтып алмауға тырысқан Қаншайым көзін жұмған күйі тұр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Белгілі бір нәрсенің бұлдыр бейнесі.* Қайда кетті, қайда кетті әлгі *е л е с,* Жасырды-ау бір алда тұрған бел-белес. Адам досы, жетімдердің жолдасы, Өз еліне жау болатын пенде емес (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). Атқан таңы бақыттың белесіндей, Түні сұлу бұлбұлдар кеңесіндей. Жұлдыздары ғарышкер кемесіндей, Туған айы... ғашық қыз *е л е с і н д е й* (К.Салықов, Жезкиік.). **3.** *Өткен күннің (істің) қым-қуыт оқиғасы, шым-шытырық көрінісі.* Бұның бәрі де өткен күндердің еске түскен *е л е с і* еді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Әр кластың тұсынан өткен сайын сол кездің бір *е л е с і н* еске түсіремін (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Балалық шақтың да *е л е с і* есінде қалмаған (А.Нұрманов, Құлан.). Айта алмаймын мен оны, Кеттік еркін өмірдің кең жолымен. Балғын үміт жалт бұрылып шалғайға, Тек сол күннің *е л е с т е р і* қалды ойда (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** *Түс сияқты құр алданыш, бос қиял; шын емес, жалған дүние.* *Е л е с* екенін, шын екенін білмеймін, су тасушы машина дөңгелегі жерге анда-санда бір тиіп, ауамен ұшып келе жатқан сияқты көрінді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Шығасың сүйтіп тағы бір белеске, Алданбай енді қайтып құр *е л е с к е,* Ақырын артқа қарап енеді ақыл, Ойнақтап

жеткен кезде жиырма беске (М.Әшірбеков, Белес.). Алдандым, барлығы да *елес* екен, Бірі жоқ, шіркіндер-ай, о несі екен?! Құдекең пәндем десе, досы көп жан, Өмірде ауыратын емес екен (М.Мақатаев, Шығ.). Көгеремін көп ергенмен *елеске*, Сыбағам да ылдида емес белесте. Патшаң өзі қызығады жырыма, Бағыма сол қызыққаны емес пе?! (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Елес берді. а) *Көз алдына келді, елестеді.* Барлыбай көзінің алдынан тұтас бір өмір суреті *елес беріп* өте шыққандай (З.Шүкіров, Қиын түйін). Буалдыр жас кіреукесі арасынан жастық шағы, өткен күндер өкініші сағымданып *елес бергендей* (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Алыстан алабұртып сағымдана, Ең қайғылы кезім мен Ең көңілді шағымда да Өкшелеп, *елес беріп* қалмайды бір Өткен зарлы соғыстың ескі лебі... Мынау сенің әкеңнің костюмі еді (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Бір көрінді де жоқ болды; шаңын көрсетті.* Мария Иванова дейтін Торғайда тұратын мұғалима да ұзақ поэманың екі-ақ жерінде *елес беріп*, өзге жерінде жоғалып кетеді (С.Мұқанов, Өсу жол.). «Нәзірдің жары жақсы», – дейік мақтап, «Ізетті Іңкәр», – дейік атын нақтап. Басында поэманың *елес берген* Қайыңның қабығындай балтыры аппақ (Ж.Нұрқанов, Нұрлы.).

Елес ұрды. *Елестеді, көз алдына келді.* Сол сәт көз алдыма соғыста қыршын кеткендер мен сүйретіліп үйлеріне қайтқандар *елес ұрғандай* болады (Т.Тобағабылов, Тағдыр).

ЕЛЕС= е т. **1.** *Бағалау, бір-бірінің қадірін білу.* ≈ *Елесін* келеді. **2.** а у ы с. *Санамалау, жіпке тізу, ескеру.* Аз өмірдің ішінде, Білмесіңді бір-бірің Жүріңдер, бектер, *елеспей!* (Үш ғасыр.).

ЕЛЕС-АЛАС ү с т. с ө й л. *Шала-пұла, аздап; кіресілі-шығасылы. Елес-алас* есі кіргенде қолын ойлайды, қолындағы маузерін ойлайды (З.Ақышев, Ақбел.).

ЕЛЕССІЗ с ы н. **1.** *Ешқандай елес жоқ.* Үйқысыз шайтан емеспіз,– Демек ол күліп ояна. Жанары, бірақ, *елессіз,* Ояну, күлу – ой ғана (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** а у ы с. *Із-түссіз, мүлде, біржола.* «Не деген көп кітап, мұнда кітап жақсы келеді екен-ау» деп ойлайсыз. Бірақ, таныса келсеңіз, ол ойыңыз ескен желдей *елессіз* ғайып болады (С.Байжанов, Сыр.).

ЕЛЕСТЕ= е т. **1.** *Көз алдына келу, елес болып көріну. Елестеп* өтті алдымнан Жаралы жылдар бейнесі. Қаралы туын жамылған, Шіріген қанмен жейдесі (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Жас күнің таң болады қартайғанда, Жан достың суысады мал тайғанда. Көзіңе өткен күнің *елестейді,* Алладан уақыт бітіп жантайғанда. Төрт бұрышы төңіректің алыс емес Көзі ашық, зейіні көп майталманға (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бармаау, өлім, жеме-жемге келгенде Үміт, үміт *елестейді* бір сәуле (М.Дулатов, Шығ.). Жаның да таза екен ғой ақша қардан, Арлының адамдығы жоғала ма? Жердегі барлық ізгі жақсы адамдар Сен болып *елестейді* маған, аға! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзге [көз алдына] елестеді. а) *Көз алдына келді, елес берді.* Құрбылардан бөлініп жеке-дара, Отырсыңдар үн-түнсіз екеу ара. *Елестеді көзіме* со бір сәтте, Майданда қаза тапқан Бекен аға (М.Мақатаев, Шығ.). Тағы... Тағы... Талайлар *Елестеді көзіме.* Қайран туыс ноғайлар Он сан болған бір кезде (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). ә) *Есіне түсті, ойына келді.* Осыдан кейін бұл хабар Батырға барып жетеді, Бойына сыймай ашуы Денесі дір-дір етеді, *Елестеп* ердің *көзіне* Зылиқаның мұң-зары (О.Шипин, Дастан.). Адамның туған жерде ынтызары, Кетпейді бір аунамай жас пен кәрі. Ойнаған ой-қырлары *көзге елестеп,* Қол бұлғап шақырғандай сүйген жары (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Елестер көз алдыңа* өткендерің Айрылып алшақ басқан әр мінезден. Алпыста аса отырып қалмасаң да Көшке ерген кісідейсің кәрі өгізбен (Базар жырау, Шығ.).

ЕЛЕСТЕН= е т. *Көз алдына келу, елес болып көріну.* Шат тұрмыстың үні естілед Машинаның әнінен. Сол шат тұрмыс *елестенед.* Бақытты жұрт сәнімен (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЕЛЕСТЕНУ *Елестен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Елестенуін* қоймады.

ЕЛЕСТЕТ= е т. **1.** *Көз алдына келтіру.* Қанша дарын өресі тар пенделікке күйттелді. Кім дарынсыз дей алады Шыңғысхан мен Гитлерді? Жайпап өткен жанағанын Бірақ олар қара дарын *Елестеткен* тек қасірет қараны (М.Шаханов, Ғасырлар.). Көз алдыңа желді күні көбік атып жатқан айдын көлді *елестетіп* байқашы (Ғ.Сланов, Замана.). Ғашық кезде іңкәр сөзін жалғап та, *Елестеттім* Қорлығайын жаннатта. Махаббатшыл мақамдарын ұғынсам, Ол да түсті-ау біз іліккен қармаққа (К.Салықов, Жезкиік.). Атақты Ақмоланы көріп өттік, Көз жетпес, шексіз дала желіп өттік. Келеді Сәбит айтып ел мен жерді, Біржан сал, Ақан серіні *елестетіп* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Білу, анық аңғару.* Өйткені не істейтінімді өзім де айқын *елестетіп* отырған жоқпын (Б.Момышұлы, Москва.). Адамзат қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген машиналық математиканың маңызын ауызбен айтып жеткізу қиын. Дегенмен математикалық машинаның ролін айқын түрде *елестету* үшін бірнеше мысалдар келтірейік (О. Жәутіков, Математика.).

Көз алдына елестетті. *Көз алдына келтірді, көрсетті.* Бұл «Тарих» арқылы Геродот б.э.д. V ғасырда Греция географиялық түсінігін,

көп елдер тарихын, грек, парсы соғысын және ертедегі Орта Азия, Қазақстан тарихын *көз алдыңызға елестетеді* (Н.Баяндин, Атамекен). Шіркін, пікірталастар мен текетірестер әдебиет өміріне қатысты болса ғой... Әзірге оның бейнесін *көзге елестете* алмайсыз да, бармақ шайнайсыз («Егемен Қазақстан»).

ЕЛЕСТЕТУ *Елестет етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Көз алдына келтіру.* Біз оқушымызды ежелгі қаланың орнына апарып, қазіргі бейнесін аз да болса көз алдына *елестетуге* тырыстық (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **2.** п с и х. *Адамның сол сәтте көз алдында тұрмаған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын миында жалпылай бейнелеуге мүмкіндік беретін психикалық процесс. Елестету* – жалпылау дәрежесінің деңгейіне қарай жалпы елестету жеке елестету болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Елестету* – заттың бейнесін есте сақтауға, оның типтік, басты белгілерін табуға мүмкіндік беретін ой тәсілдерінің (талдау, жинақтау, салыстыру, топтастыру, жүйелеу, т.б.) мәнін танып білуге мүмкіндік жасайды (ҚҰЭ). *Елестетудің* ең маңызды мәні сонда, ол еңбек басталғанға дейін оның нәтижелерін көз алдына келтіруге мүмкіндік береді, осы арқылы қарекет процесінде адамды бағдарлайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **3.** *Есіне түсіру.* Әлгінде ғана осы арада тұрған қыздың бет-әлпетін *елестетуге* тырысты (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЕЛЕСТЕУ[1] з а т. п с и х. *Көз алдына келу құбылысы; галлюцинация.* Сыртқы дүние біздің сезім мүшелеріміз арқылы миға әсер етеді де, мида түйсік, қабылдау, *елестеу,* ой, сезім түрінде бейнеленеді (Қ.Жарықбаев, Психология). Сандырақ, көз бояу, көзге *елестеу* сияқты құбылыстар да оны таңдандырмай қоймайды (А.Машанов, Жер асты).

ЕЛЕСТЕУ[2] *Елесте етістігінің қимыл атауы.* Гауһарлар үйге кіріп кеткеннен кейін де құдашаның бейнесі Жұмаға *елестеумен* болды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕЛЕСТІ с ы н. *Елестейтін, шалықтайтын.* Араққұмарлықтың көпке созылуы ақырында жеңіп, көп жағдайда психикалық қатты ауруға, *елести* ауруға ұшыратады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ЕЛЕСТІР= е т. ж е р г. ***Еле***[2]. Бірақ Иванов оның ұсынысын *елестірген* жоқ (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Үрмәштен бір-екі жас үлкендігі бар. Онысын *елестірмейді* (Ә.Әлішев, Батыр.).

ЕЛЕТ[3] з а т. ж е р г. *Туыс, жақын.* Батыр өзінің *елетімен* Іле бойында жүреді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕЛЕТ[1]**=** е т. *Елеуіштен өткіздіру.* Қолын тимей жатқан соң, үлкен үйдің келіні – Шахарманға ұн *елетіп* алдым («Лен. жас»).

ЕЛЕТ[2]**=** е т. *Бағалату, мән бергізу.* Көпей сөзін *елете* алар жерде тартынып қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жерге, туған планетаға деген сағыныш оған басқа ештеңені *елетер* емес (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.).

ЕЛЕУ[1] *Еле*[1] *етістігінің қимыл атауы, таңдау, сынау.* – Довжиктің миллиондары біздің е *л е у д е н* өтсе ғана салмақ тартады, – деп жымия тіл қатты қырманшы («Лен. жас»).

ЕЛЕУ[2] *Еле*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Елеуіштен өткізу.* Руданы қайта өңдеуге әзірлеу, яғни *елеу,* уату және ұнтақтау кезінде де ол тотығуға ұшырайды (Т.Қалыбеков, Экология.). **2.** а у ы с. *Елеп-ескеру, мән беру, ықылас қою.* Жұмағұл Нұрыштың сөзін *елеудің* орнына, сықақ қып ернін шығарды (Б.Майлин, Шығ. жин.). Күн арқа жаққа ауыса бастапты. Желкемді күйдіріп барады. Оны *елеу* қайда (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЕЛЕУ[3] с ы н. с ө й л. ***Елеулі.*** Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып, басына «осыным бірсыпыра *елеу* азық болар» деген талаппен қылып жүр (Абай, Тол. жин.).

ЕЛЕУЛІ с ы н. **1.** *Елерліктей, көзге түсерліктей, көрнекті.* Егер мені *елеулі* адам көріп патшаның тойына жібергісі келсе, губернатор неғып менің үйіме түспеді? (С.Мұқанов, Ботагөз). Сырнаймен өзін-өзі сүйемелдеп ән айту – қазақ музыка өнеріндегі тамырын терең жайған *елеулі* құбылыс. Есімдері елге аян Жаяу Мұса, Майра, Нартай, Хафиза сынды саңлақтардың өнеріне соны серпіліс әкелу, оны ұрпақ санасына ұялату («Қаз. әдеб.»). Индустриялық-инновациялық стратегияны жүзеге асыру шеңберінде Даму банкі рөлінің *елеулі* түрде артатынына байланысты, оның несиелік саясатының принциптері де айтарлықтай өзгеруге тиіс («Егемен Қазақстан»). **2.** *Айтарлықтай үлкен, ірі.* Жамбылдың творчествосында *елеулі* орын алатын шығарманың бірі «Сұраншы батыр» дастаны (Е.Ысмайылов, Ақындар). Орман алқаптарын өсіруде республикамыздың кейбір колхоздары мен совхоздары *елеулі* табыстарға жетті (М.Ахметов.., Егін қорға.). Өткен жылы бюджет қаржыларының *елеулі* бөлігінің игерілмей қалуы соның дәлелі болып табылады («Егемен Қазақстан»). **3.** *Белді, басты, негізгі.* Адам өміріндегі *елеулі* кезеңнің бәріне осы гүл шоғы ілесе жүреді (К. Баялиев, Дегелек.). Біріншісіне *елеулі* рудың басты адамдары тегіс жиналатын (І.Есенберлин, Алмас.). Айға аттанған спутник туралы да, ел өміріне химия енгізген *елеулі* өзгерістерді де жырлаған

комсомол ақыны Тайыр Жароков болды (С.Мәуленов, Шыңда.). Ол ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы *е л е у л і* айырмашылық туралы айтты (Бейбітшілік). **4.** *Қадірлі, қадірменді, сыйлы, қалаулы. Е л е у л і* бір жер шақырғанда болмаса, [Қалақайдың] жалғыз жүргенді ұнататын әдеті (З.Шүкіров, Ізгілік.). Байының арқасында ерке де, ел сыйлаған халық *е л е у л і с і* де болды (Д.Рамазанов, Тас түлек.). Адамдар зерек болмақ ақылы мол, Қажыма, ақыл-қайрат, айтқаным сол. Еліңе барған жерде *е л е у л і* боп, Халқыңа кәдірменді, қалаулы бол (Айтыс). Сосын оның ішінде өмірдің көшін бастап жүрген *е л е у л і* адамдар да жоқ (Р.Тоқтаров, Терістік.).

ЕЛЕУЛІРЕК с ы н. **1.** *Еленетіндей, көзге көрінерліктей.* Шымылдық бұрынғысынан гөрі де *е л е у л і р е к* дір етіп қалды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** а у ы с. *Маңыздырақ, мәнділеу, тереңірек,* Марксизм олардың ойлағанынан гөрі *е л е у л і р е к,* тереңірек нәрсе (В.И.Ленин, Шығ.).

ЕЛЕУРЕ= е т. **1.** *Желігу, желпіну.* Қымызға мас болып желіккен, *е л е у р е г е н* адамдар кез келгеннің бөркін жұлып алып, аспанға лақтырады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Әли *е л е у р е п* кетті. – Әкел домбыраны, айтамын (С.Омаров, Қызыл.). Ерігіп *е л е у р е й т і н* заман қайда, Сал болып сайрандайтын Әлім бай ма? Іс керек, іскер керек, күштер керек, Істесе, ел жұмысы азғантай ма? (Б.Майлин, Шығ, жин.). **2.** *Елегізу, елігу.* Қыз көңілі *е л е у р е п,* Үйден шықты ымыртта. Уәделі жерге келер деп, Жігітін күтіп жүр сыртта (С.Сейітов, Бетпебет). **3.** *Қызу, қызбалану, көтерілу.* – Мынаусы барып тұрған қылмыс, – деді Назар *е л е у р е п* (Т.Ахтанов, Дала.). Жырау таққан кінәні естігенде бастығы Қобыланды батыр болып *е л е у р е п,* қопаңдай қалды. – Қашан? – Қай жерде? – деген де шу шықты (І.Есенберлин, Алмас.). «Айтатынын арызында жазған жоқ па, бұған не қылған соз?!». Нұрқат *е л е у р е й,* жұлқына сөйледі (З.Шашкин, Сенім). **4.** *Даурығу, лепіру; өзеуреу.* – Жетті, жетті, *е л е у р е м е!* О несі ей! Әкеңді бір жерге тығып қойды деп отырмысың (С.Жүнісов, Жапанда.). Өлгенді тіріледі деп көрге көмген, Кісідей *е л е у р е й с і ң* көзбен көрген. Дүниеде жоқ құдайды табам деуің Мақұл емес, ақылдан адастың сен (Қ.Айнабекұлы, Өленд.). Кластан кластарға тұрды көшіп, Қуанды көшкен сайын көңілі өсіп. *Е л е у р е п* ел мен жерді сағынбады Ойына әрнені ойлап қиял түсіп (О.Шипин, Дастан.). *Е л е у р е й с і ң* ентігіп, Басылар қазір қарқының, Ат-тоныңды олжа, қып, Қайт еліңе, жарқыным (Айтыс). **5.** а у ы с. *Елеру, едірею, едіреңдеу; көзі шарасынан шығу, қорқу.* Оң жоқ, түс жоқ, әлденеден үріккен ботадай *е л е у р е п,* екі көзі шатынап кеткен жас қызды маңдайынан сипады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қасқыр көрген жылқыдай құлақтарын тігіп, үрпиісіп, *е л е у р е п* үрке жөнелейін деп тұрған жұрт қапелімде Бәшен мен Балташты тани алмады (З.Ақышев, Ақбел.). Кейбіреулері *е л е у р е п,* ит қуған ешкі көзденіп, көздері ұясынан шығып кеткен (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Мен адал перзенті едім көп тілектің, Көп тілек құлпырсын деп көп гүлектім. *Е л е у р е п* сан ояндым шырт ұйқымнан Қара Жер күңіренгенде оқтын-оқтын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЕЛЕУРЕН= е т. *Желігу, көтерілу, лепіру.* Айқын маған болашағың, мақсатың, Қуанамын шықса сенің жақсы атың. Ел танысын әр ісіңнен өзіңді *Е л е у р е н і п* асқақтама босқа тым (Ж.Байтанаева, Арыс.).

ЕЛЕУРЕС= е т. *Даурығысу, лепіру.* Ысқақ, Оразалы, Сары және бірнеше кісі шуласып, *е л е у р е с і п* барып, балуанның бас бәйгісіне тігілген қарагер құнанға жабысты (С.Сейфуллин, Шығ.). Осыған екі дай боп *е л е у р е с т і,* Үйткені етке тойып, қымыз ішті. Құтыртып қораздайын қырқыстырып, Дағдырын қос аусардың сөйтіп шешті (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕЛЕУРЕТ= е т. *Қыздыру, желіктіру.* Ел еді бір кездерде шілдей тозған, Есіктен төрге қарай мойын созған. «Ерік» деп емірентіп, *е л е у р е т і п,* Күн бұрын кімдер екен көрін қазған?! (Б.Майлин, Шығ.). Алаңда көп ұзамай басталды ойын, Пысықтау байбатшалар басқарды ойын. Қыздырып, *е л е у р е т і п,* әсіресе Әкетті еліктіріп жастарды ойын (К.Райбаев, Жаңа толғау).

ЕЛЕУРЕТКІЗ= е т. *Желіктіру, қыздыру.* ≈ *Е л е у р е т к і з і п* жіберу.

ЕЛЕУРЕТКІЗУ *Елеуретқіз етістігінің қимыл атауы.*

ЕЛЕУРЕТУ *Елеурет етістігін қимыл атауы.* ≈ *Е л е у р е т у м е н* болды.

ЕЛЕУСІЗ с ы н. **1.** *Ескерусіз, назардан тыс.* Дүниеде алдындағы жұмысын ғана біліп, *е л е у с і з* жүретін адамдар бар (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін *е л е у с і з* тастай алмайды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Іждихат етерміз ... мұны *е л е у с і з* тастамасқа іждихат етерміз (М.Дулатұлы, Шығ.). Құрғақ бұйрықтардың Земство деген жаңа естілген жат сөз болғанға, жылда шығып тұратын көп құрғақ бұйрықтардың бірі екен деп *е л е у с і з* қылмау керек (М.Дулатұлы, Шығ.). **2.** *Көрінбейтіндей, көзге түспейтіндей.* Шақпақ тасын тырлаған, *Е л е у с і з* жермен еңбектеп, Бауырын бұта тырнаған: Ормалы мылтық қолға алып Ойпаңдау жермен зырлаған (Базар жырау, Шығ.). *Е л е у с і з* елсіз су деп соған барған, Күн көріп, ұрлық қылып жатып алған. Бөтен жау

жататұғын орын емес, «Қызыл – деп, – қырық қарақшы» сонан қалған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көзге түспей *е л е у с і з* болу үшін, екеуі полиция мекемесінен әрірек барып тұрды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин.). Жиналыста да алға шығып кимелемей, шет жақта, бұрышта *е л е у с і з* отыра беретін-ді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **3.** *Еленбейтін; мән бермейтін.* Бір ғажабы осының бәрі күнделікті тұрмыстың *е л е у с і з* бір көріністері болып кеткен (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Адам өмірінде басында *е л е у с і з* көрінетін, бірақ ұмытылмай мәңгі есте қалатын бір сәттер болады (Р.Тоқтаров, Терістік.). *//Мән бермей, сүлесоқ.* Балзия бұған пәлендей мән бере қоймай, *е л е у с і з* ғана: – Бұл айтып отырғаныңыз қандай қауесет? – деп сұрады (С.Омаров, Өмір.). – Отарыңызда қанша саулық бар? – деп *е л е у с і з* ғана сұрай салды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.). – Мысықты көргенім жоқ, – деп Бейсен жай, *е л е у с і з* жауап берді (С.Бегалин, Шоқан асу.). *Е л е у с і з* Еркін болып, Қайкен болып, Оңдаған шамшырақты бай кен болып, Бүгін сен аспан аунап жанарыңнан, Отырсың жиырма бесті қайта өңгеріп (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Елеусіз қалды. *Ескерілмеді, еленбеді.* Депутат Гудневтің *е л е у с і з қ а л м а ғ а н* поправкасы үкімет төрелеріне бапсыз бір мәселе қозғады (М.Дулатов, Шығ.). Государственный контролердің бұл көрсетуі *е л е у с і з қ а л м а й,* ішкі істер министрінен мұның қалай деп сұраған (М.Дулатов, Шығ.). – Қайдан, қарайтын түрі жоқ. Мына кісі болмаса, тіпті *е л е у с і з қ а л а т ы н* едік, – деп Қарлығаш сыңғырай күлді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). – Көп ретте мамандар пікірі *е л е у с і з қ а л а д ы,* олардың білімі мен тәжірибесі ескерілмейді (К.Баялиев, Жер тынысы).

Елеусіз қалдырды. *Мән бермеді, елемеді.* – Ия, бұл *е л е у с і з қ а л д ы р а т ы н* әңгіме емес екен, – деді едәуір үзіліс жасап (А.Шамкенов, Толқын.). Жалғыз ұлға сауын етіп отырған Атып ұрып жалғыз шұнақ ешкісін. Ел осылай ер ұланын *е л е у с і з қ а л д ы р ғ а н* жоқ, қошеметсіз, демеусіз, Ал мына сіз сол адамның есімін де білмейсіз, Сөйте тұра қалың жұртты адалдыққа үндейсіз (М.Шаханов, Ғасырлар.)

Елеусіз қылды. *Білдіртпеді, байқатпады.* Сатқындар заман таңдамайды. Қай кезде де жаныңнан табылады, – деді Владимир Иванович *е л е у с і з ғ ы п* («Қаз. әдеб.»).

Елеусіз сым бөгеттер. ә с к. *Әуеден және жерден арнайы бүркеніш болмаған жағдайда да білінбейтін, жаяу әскерге қарсы құрылған тікенексіз сымнан жасалған бөгеттер. Е л е у с і з с ы м б ө г е т т е р,* сонымен қатар теңіз жағалауындағы десантқа қарсы қорғаныста да қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЕЛЕУСІЗДЕН= е т. *Елеусіз болу, байқалмау; назарға ілікпеу.* Бақтығұл *е л е у с і з д е н і п,* боздың жалына таман жабысып алып, жылқыға қарай жүрді (М.Әуезов, Қараш.). Ентіге басып мектепке жақындаған кезде, көше-көшеден ағылып келіп жатқан балалармен араласып, *е л е у с і з д е н і п* қалдым (А.Жақсыбаев, Бозарал).

ЕЛЕУСІЗДЕНДІР= е т. **1.** *Байқатпау, білдіртпеу.* Таңата Сарытоғайға таяп барып адырға бекінген бұлар Моншықтағы қарауыл әскерді сырттай байқап келуге *е л е у с і з д е н д і р і п* екі адам жібергені (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр). **2.** *Мән бермеу, көңіл бөлмеу.* – Немене, Әбеннің аты жүрдек пе, – деп *е л е у с і з д е н д і р е* сөйледі (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕЛЕУСІЗДЕУ с ы н. *Онша еленбейтін, көзге түспейтін.* Ерсілі-қарсылы жүрген, топырлаған халыққа *е л е у с і з д е у* болу үшін, Аян бір көлеңкелеу жерде тұрды (С.Сейфуллин, Шығ.). Ертеден бері әңгімеге араласпай, [Мөңке] *е л е у с і з д е у* жерде басын алақанына сүйеп отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *// Білдірмей, байқатпай.* Құлан тал арасына сіңіп бара жатып, артына *е л е у с і з д е у* бір көз тастағанда қайыршы апыл-құпыл шомыттарын шешіп жатыр екен (А.Нұрманов, Құлан.).

Елеусіздеу етіп. *Байқатпай, білдіртпей.* – Өзі қандай адам екен? – деп қойды, *е л е у с і з д е у е т і п* қана сұраған боп (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЕЛЕУСІЗДІК з а т. *Назардан тыс қалушылық, байқалмағандық, еленбегендік. Е л е у с і з д і к* те жаман (Ауызекі).

ЕЛЕУСІЗІРЕК с ы н. *Көзге түспейтін, онша еленбейтін, ескеріле бермейтін.* Бұрын «қатарлы ақын», я болмаса, «жас ақын» деп *е л е у с і з і р е к* жүретін бірталай ақындарымыз ойландыратын шығармалар жібере бастады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЕЛЕУШІ[1] з а т. *Бір нәрсені (ұнды, талқанды, құмды т.б.) електен өткізетін адам.* Мына ұнды *е л е у ш і* кім? (Ауызекі).

ЕЛЕУШІ[2] з а т. *Бір нәрсені ескеруші, оған көңіл бөлуші адам.* Оның ешкіммен ісі болған жоқ. Оны *е л е у ш і* де болмады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЕЛЕУШІ з а т. **1.** *Ұн, талқан сияқты майда заттарды елейтін елек, елгезер.* – Әй, Қаныш, тұр. *Е л е у і ш к е* барамысың?! Қаныш, үйінің ет салатын табағын ала кел (С.Жүнісов, Өшп. із). Мына тұрған үйден *е л е у і ш* әкеле қой дегеніме дәл бір шайқайнатым уақыт болған шығар (С.Мұратбеков, Жабайы.). Мұқаштың қатыны аулындағы бір абысынымен *е л е у і ш* бере қоймадың деп, шаңқылдасып қалғанда, абысыны «Осы елдің бар дүниесін үйіңе тығып

отырғаныңды көрермін» (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** т е х н. *Бір нәрсенің (астықтың, кен рудасының т.б.) ұсағы мен ірісін ажырататын арнаулы құрал.* Қаражалда темір рудасын бірнеше *е л е у і ш т е р д е н* өткізіп шығарады (Қ.Смайылов, Мамандық.). Бұдан соң олар арнаулы *е л е у і ш т е н* өтіп, норий [труба] арқылы магнитті сепаратор қойылған дозаторға түседі (Қ.Құсайынов, Жүгері.). Жаңағы алтын кенінің бұрынғы «Бақыршық» деген әп-әдемі аты бар болатын (Бақыршық – алтын жуатын *е л е у і ш*). Сол Бақыршық атауы кімге, не үшін ұнамадың Түсінбедік («Қаз. әдеб.»).

Елеуіш мәшине. т е х. *Сусымалы материалдарды елеп, тазалауға арналған механикаландырылған қондырғы.*

Елеуіш суырғы. т е х. *Сусымалы массаларды әрі елеп, әрі желмен суыратын қондырғы.* ≈ *Е л е у і ш с у ы р ғ ы* орнату.

ЕЛ-ЖАМАҒАТ з а т. *Ел-жұрт, туғантуыс, ағайын. Е л - ж а м а ғ а т ы ң* аман ба? – деді ол, жылы шыраймен сәлемдескеннен кейін (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Осылай *е л - ж а м а ғ а т* сөз байлады, Іріктеп он жігітті тез сайлады. Аттанды Баянауыл қайдасың деп, Бас кесер өңкей бұзық қай-қайдағы (С.Омаров, Сәукен).

ЕЛЖАНДЫ с ы н. *Елін, жерін сүйетін адам.* Биылдан бастап бұл іс-шара жалғасын тауып, дәстүрге айналады, оны өткізуге түрлі деңгейдегі әкімдер, *е л ж а н д ы* азаматтар, барша мұсылмандар қатысады («Түркістан»).

ЕЛЖАНДЫЛЫҚ з а т. *Елін, жерін сүюшілік, патриоттық.* Бірақ Түркістан халқының *е л ж а н д ы л ы ғ ы н а* қайран қаласың («Егемен Қазқастан»).

ЕЛ-ЖҰРТ з а т. **1.** *Ауыл-аймақ, шыққан елі.* Мәжнүннің осы болды бар тілегі, Ләйліде басқада емес жан жүрегі *Е л - ж ұ р т ы*, ата-анасы күдер үзді, Бұл дерттен жоқ екен деп түзелмегі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ата-анаң, *е л - ж ұ р т ы ң* көп үміткер: «Пәленше жан келеді, – деп, – іске жарап». Сол үміттің шырағы сіз болсаңыз, Үміт босқа шықпасын, ұмтыл бірақ (М.Дулатов, Шығ.). Қоштасар мезгіл жетті *е л - ж ұ р т ы м м е н*, Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын. Сәлем де артта қалған туған елге, Ту тігіп, думан құрып өскен жерге! (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Е л - ж ұ р т т ы ң* амандығын естіп қуанып қалдым (С.Көбеев, Орынд. арман). **2.** *Халық.* Еске түсті «шұбырынды ақ табан», Отыз екінші жылдар *е л - ж ұ р т* қақсаған. – Сақта жұттан қазағымды, – дедім мен, – Кеше қырғын соғыста да сақтаған (К.Салықов, Жезкиік). *Е л і н - ж ұ р т ы н* жеңіске бастаған қайсар кейіпкерлердің түрлі күрес-жорықтарындағы алмас семсердің жүзіндей өткірліктері ұлы мақсат-идеал үшін де жан алысып, жан берісу әзірліктері сахна мен экран төрінен мол орын алулары тиіс еді, өкінішке қарай, ол жағы әлі де болса әлжуаз, әрі жеткіліксіз («Жас Алаш»).

Ел-жұрт аман ба? э т н. *Бүкіл ауыл-аймақтың амандығын сұрау этикеті.* – Алматыдан шыққандарыңа көп болды ма? Ол жақтағы *е л - ж ұ р т а м а н б а?* (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Ел-жұртқа [елге] танылды. *Бүкіл елге, көпшілікке белгілі болды.* Тіпті, көне көздердің айтуынша, Ташкентке барып оқығысы келген екен. Оған өзінің дарыны, *е л - ж ұ р т қ а т а н ы л а* бастауы, зиялы азаматтардың оның оймақсатын түсініп, ақыл-кеңес беруі, талантын бағалауы себеп болғаны сөзсіз («Егемен Қазақстан»). Талантты іздеп таппай-ақ қояйық, дегенмен, өз таланттарымен *е л г е т а н ы л ы п*, шығармашылықтарымен мойындатқан дарынды жастарға жағдай жасауға болатын шығар («Қаз. әдеб.»).

Ел-жұртты елеңдетті. *Қулақ тұргізді, қызықтырды.* Бүтіндей бір мемлекетті басқарып отырған Президенттер кезекті демалыс күндерін қайда және қалай өткізеді? Бұл сұрақ *е л - ж ұ р т т ы е л е ң д е т п е й* қоймасы анық («Қаз. әдеб.»).

ЕЛЖІР з а т. *Елжіреғендік, езілушілік; мейірім, ықылас.* – Енді ондай дос табыла ма? – деп, Мұрат жасты көзін жұдырығымен сүртіп, ыстық бетін алақанымен басты. Жүрек *е л ж і р і н* баса алмай тұрғандай (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЕЛЖІРЕ[1]**=** е т. **1.** *Іші жылу, мейірлену, еміреу; айналып-толғану.* Бір гүл көрсе, шын *е л ж і р е п* сүйген ол, Гүл дегені у боп, жанып күйген ол. Жаны бірге, ары бірге жан таппай, Жас жүрегі күлден кебін киген ол (М.Жұмабаев, Шығ.). Екі антқа жаны ашысын кім *е л ж і р е п*, Беттеріне түкірді бәрі де кеп. Борсақтың басшы адамы батыр Қиял Болмады «таспен атпай, дарға асам» деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Жаны ашу, есіркеу, мүсіркеу, аяу.* Жеті қараңғы түнде сонша жерден жан ұшырып жалғыз келгенімді білгенде, шешем: «Жаным, қалай қорықпадың» деп *е л ж і р е п,* бауырына басты (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Шай ішіп, демалып қайтайын десе, қалада «е» деп *е л ж і р е й* қоятындай ет жақыны және жоқ (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **3.** *Жан-тәнімен құштарлану, құмарту, балқу.* Жаңа түскен келіншекше *е л ж і р е п* тұрған да келіспейді (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Алматының ақ қайыңдарының түбінде, жасыл жапырақтар астында қарама-қарсы тұрып, алақандарын алақандарына салып екеуі бірбіріне ұзақ уақыт *е л ж і р е й* қарайтын (С.Досанов, Қыран.). Ақынғұл қызға *е л ж і-*

рей қарап отыр. Жүрт қалжыңға айналдыра ма деп ойлаған қыз төмен қарады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **4.** *Егілу, езілу, босау, босаңсу.* Ұста сөз, мұңды даусың басты байлар, Тоқтаған шабуынан құлын-тайлар. Даусыңнан *елжіремес* нәрсе бар ма, Жас төгер бойы балқып терең сайлар (М.Жұмабаев, Шығ.). Сонан соң кәрі жүрегі боркеміктене егіліп, *елжіреді-ай* келіп (А.Сейдімбеков, Ақиық). Бір кезде әр кварталын ақтан азат ету үшін жан қиып, жарақат тапқан қаламыздың осынау торқалы тойында толғана, *елжірей,* егіле сөйлемеске ерік қайсы? (Тоғызыншы шежіре). Анажан, егілме сен, *елжіреме,* Жас құсың қанат қақты енді, міне. Аттансам алыстағы қияларға, Жүр екен әлде неғып деп жүдеме (Ф.Оңғарсынова, Асау.).

Ет жүрегі [бауыры] елжіреді. а) *Мейірі тұсті, еміренді, іші жылыды. Елжіреп* есім шығып *ет жүрегім,* Қызығын дүниенің жаңа көрдім. Ақ торғын алтын шашақ орамалмен Отырды аз құрғатып көкірегін (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ып-ыстық леп бетін күйдіре жанап «апатайым» дегенде Күліман ерекше өзгеріске түсті. Тұла бойы – дір етіп, *ет жүрегі елжіреп* салды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Жүрегіне бір жылылық құйылғандай, *ет бауыры елжіреді* (С.Алдабергенов, Асу). ә) *Егілді, езілді, көңілі босады.* Нағипа қайғы қаптап кеудесіне, Тағдырдың душар болды көрмесіне. Езіліп *ет жүрегі елжіреді,* Көз жетіп енді жарын көрмесіне (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Осы бір түн өңі үрейлі Жетімдікті сезінді бас. *Ет бауырым елжірейді,* Домалайды көзімнен жас (С.Мәуленов, Тартыс.).

Көңілі елжіреді. *Құмартты, көңілі қатты ауды.* «Жарықта қараңдап бой көрінер!» – деп, Бір-бірін сүйісе алмас мауқын басып. *Елжіреп көңілдері,* құмар қанбай, Айрылар біраздан соң амандасып (М.Жұмабаев, Шығ.). Одан есейіп, ел кісісі қатарына көтерілген адамның келісті, кемел пайымдауларын аңғаруға болады. Сонымен бірге оның тұжырым-түйгендері – суық, салқын тәртіптің шарты, сырт ақыл ғана емес, өмірдің есе бермей, еңсе түсірген жайының қай-қайсысына да *елжіреген көңіл,* мөлдіреген мейір, соларды қалай жеңілдетсең екен деген пейіл («Егемен Қазақстан»).

Сары майдай елжіреді. *Өте қатты мейірімі тұсті, көңілі құлады. Сары майдай елжіреп* Араласып сұрапты. Ер Төстік псн Боқмұрын Бірін-бірі сынасты. Иран, Тұран халқының Тойы тойға ұласты (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Іші-бауыры [жүрегі] елжіреді. а) *Мейірленді, еміренді, жаны ашыды.* Жолығар ұзын жолда талай адам. Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман, Ішөртеніп, *жүрегім* шын *елжіреп,* Дәл сендей басқа жанды сүю арам! (М.Жұмабаев, Шығ.). Әй-әй, Орақ көке, кел, кел! – дейді Әскербек. Соны естіп Нұрперзент *іші-бауыры елжіреп* кетті (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.). Толқытып құстар оралған, Құба тал кетті желбіреп. Оянды сезім жоғалған, Сағынған *жүрек елжіреп* (Қ.Салықов, Жезкиік). Егер шынымен *іші-бауырың елжіреп,* қимай бара жатсаң, ер соңымнан (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Егілді, езілді, жасыды.* Неге екенін кім білсін, Азусарының *іші-бауыры елжіреп,* көзіне жас келді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЕЛЖІРЕ²= е т. с ө й л. *Бабына келіп пісу, былбырау, ылжырау.* Асханалық картоп *елжіреп* пісетін, дәмді, түйнектері біркелкі болуы шарт (Б.Шағыров, Картоп). Жер еңбеккерге – *елжіреген* ас, еріншекке – тас! (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

ЕЛЖІРЕГЕНДІК з а т. *Еміренгендік, мейірленгендік.* Қаным, тәуірсің бе? – деді Мұса, даусында ерекше бір *елжірегендік* бар (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕЛЖІРЕГІШ с ы н. **1.** *Елжіреп тұратын; мейірленгіш, еміренгіш. Елжірегіш* жүрегі, егілме жаны қара тасқа айналып, дүниенің бәріне қарс жабылған қатулы қабақпен қарайтын болды (С.Досанов, Қыран.). Мекіренгіш, *елжірегіш* аналар киноға деп, сауық кешке деп баласына әкесінен жасырып ақшаны асыра беріп жаман үйреттетіні сирек кездесер жәйт пе? (М.Әлімбаев, Тәрбие.). **2.** *Егілгіш, езілгіш; күйрек.* Осы сен-ақ *елжірегіш* екенсің!? Қашан көрсең де езіліп егіліп, күйректікке салынып отырғаның («Лен. жас»).

ЕЛЖІРЕК с ы н. с ө й л. *Елжіреуік, елжіregіш, елжіреп тұратын (адам).* Осы жаман неме кімге ұқсап *елжірек* болды, – деп Кәлен де баланы бауырына қыса түседі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Анасының бұрын-соңды мұншалық *елжірек* кезін көрмеген Айғанша үрейленіп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕЛЖІРЕКТІК з а т. *Елжіregіштік, елжіregендік.* Россия тәрізді төмендегіше налу мейлінше арзан *елжіректік* болған болар еді (К.Маркс,.. Капитал).

ЕЛЖІРЕС= е т. *Еміренісу, құмартысу.* Сағынысқан құшақ, *елжірескен* жүректер, бірте-бірте буынға түсіп, екеуі де езіліп бара жатқандай (А.Хангелдин, Қараторғай). Екі сұлу мөлдіресіп, Неге бұлай мұңайды? Бірінбірі *елжіресіп,* Неге ақырын сылайды? (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЕЛЖІРЕТ= е т. **1.** *Мейірлендіру, еміренді-ру.* Көрді де Нартайлақтың есі кетті, Сәулем-ау, мұнша жылап саған нетті? Құшақтап, рақат-

танып, жатпақ едім, Көз-жасың жүрегімді *елжіретті* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Олдағы батыр еді ер жүректі Жүрегін ғашық оты *елжіретті*. Ләйлінің жүзін көрмей тұра ала ма, Аяғы басқан сайын кейін кетті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Маржандай тізілген жүрек *елжіретер* сол сөздердің өзі неге тұратын еді, шіркін (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). **2.** *Босату, езілдіру*. Сан бұзылып дыбыс пен ұйқы түнде, Сырын түйіп құпия сиқыр үнге, Тауды, тасты, даланы *елжіретін*, Сөйледі ол күмбірлеп күй тілінде (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ән жақсы ма білмедік, Шал жақсы ма білмедік, *Елжіреткен* жаныңды Екеуі де бір, дедік (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Күн шақырайып төбеге шығып, ыстығы әлем жүзін балқытып *елжіреткендей* боп, адамды қапалатып, тұншықтырып барады (Б.Майлин, Шығ. жин.).

Жан жүрегін елжіретті. *Тебіренті, толқытты, еміренді*. Есіне түсті ме жас мезгілі өткен, Осынау аңсады ма сөзді көптен – Әйгерім ән арқылы айтады алғыс Абайға *жан-жүрегін елжіреткен* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Ішті елжіретті. *Мейірлендірді, еміренді, ішті жылытты*. Маған деген оның осы бір аяушылық сезімі *ішімді елжіретін* жіберген еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Және көп жалаңдаған жан құмары, Жақындасаң, ап кетер одан әрі. Жады көзбен сиқырлап жаныңды алып, *Ішіңді елжіретін* тұрғандары (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЕЛЖІРЕТУ *Елжірет етістігінің қимыл атауы*. «Сіз мені сүйесіз бе?» – деді. «Сүйем» – деп, өтірік *елжіретуге* арым жібермеді. «Жоқ» деп шынымды айттым (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

ЕЛЖІРЕУ *Елжіре етістігінің қимыл атауы; емірену, мейірлену*. Ол маған бұрынғы *елжіреуін* шорт қойды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Егер Гауһар дәл қазір Жұманның бетіне қараған болса, алғашқыдағы *елжіреудің* ізі де қалмағанын көрер еді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕЛЖІРЕУІК с ы н. *Елжіреп тұратын, елжірегіш; елжірек*. Кең пейілді баладай *елжіреуік*, сәл нәрсеге жабырқап, сәл нәрсеге жылитын елгезек жан қазір өзгеше қатайып, қуаттанып алған тәрізді (Б.Шаханов, Ғашық.). Өмірлері өкінішті екі жан осы отырысымен бірбіріне шағынған, бірін-бірі жұбатқан, *елжіреуік*, езгек күйде еді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЕЛЖІРЛІК з а т. с ө й л. *Елжірегіштік, елжіреушілік*. Кейде Абдолла жырларында сары уайым, жылауықтың, *елжірлік* көп дейтіндер бар. Өз басым оған қосыла алмаймын («Лен. жас»).

ЕЛКЕЗЕР з а т. ж е р г. ***Елеуіш***. *Елкезерге* қос уыс ұн салдым да, екі алақанымды безілдетіп, тырпылдата жөнелдім («Лен. жас»).

ЕЛ-КҮН: ел-күн аманда. *Тыныштықта, бәрі орын-орнында тұрғанда, еліміз аман, күніміз бейбіт заманда деген мағынада қолданылатын сөз*. Әрине, қалың көпшіліктің, тіпті қолына қалам алған жазушы, журналистердің барлығы тегіс қазақтың әр сөзінің түп-төркінін, семантикалық қозғалысын жақсы білулері мүмкін емес, сондықтан бұл күнде ай-күн аманда демей, *ел-күн аманда* деп келтіргендері жөн (Р.Сыздық, Сөздер сөйлейді).

ЕЛОРДА з а т. ж а ң а. ***Астана*** *(мемлекеттің әкімшілік орталығы)*. Кеше Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен Астанадағы құрылыс проблемаларына арналған кеңес болып өтті. Оған республика Премьер-Министрі, министрлер мен ведомстволар, *елордада* және құрылыс компанияларының басшылары қатысты («Егемен Қазақстан»). Бұл тұрғыдан келгенде, *елордада* мектептерінде қызмет етіп жүрген мұғалімдерге артылар жүк, тіпті талап, жауапкершілік, сенім аз болмасы анық («Егемен Қазақстан»). Бір ғана Жеңіс даңғылымен жүріп өтіңізші, *елордалы* жедел абаттандыру тұсында асығыс істелген жұмыстың алабажақ қолтаңбасы «мен мұндалайды». Сылағы түсіп, бояуы оңған үйлер көп кездеседі («Егемен Қазақстан»). Жарқ етті Қостанайда жан талабы, Ахметті көрген адам тамсанады. Астана көпірінде қос жолбарыс Ашқандай ел ажарын, қарсы алады. *Елордада* ашық алаң төріндегі, Не деген таңғажайып өмір еді! Бір бала көп фонтандар арасында Кішкентай Төлеш болып көрінеді (К.Салықов, Жезкиік).

ЕЛП е л і к. *Желп еткен жеңіл қимылды бейнелейтін сөз*.

Елп ете қалды [түсті]. *Келісе кетті, лып етті*. Ықсақ *елп ете қалған* жоқ. Сырт айналып төрдегі құрақ көрпенің үстіне барып жайлана жатты (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ол *елп ете қалмайды,* жүрісі жай, ілбіп, жақтырмай барады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Әр нәрсеге асығыс *елп ете түспей,* соңын шыдаммен күткен қалпын байқатты (М.Дүзенов, Әке бол.).

Елп етті. а) *Желп етті*. Оқта-текте *елп еткен* жібек желмен ойнағандай бастарын шұлғып қап теңселіп тұрған көк майса үстінде асыр сап ойнап жүрміз (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). ә) *Байқалды, білінді, сезілді*.Алмадай қызарған кішкене қыз жүзінде қуаныш күйі *елп етті* (З.Шүкіров, Ғажайып.). б) *Лып ете қалды; тез жауап қатты, қоштады*. Құдайберген *елп етіп:* – Сен білмеуші ме едің? Алдыңғы жылы қыс қатты болып, бізде мал қырылды ғой (Т.Ахтанов, Дала.). Мына қатындар не айтса да *елп етіп* қостап, «кәзір», «кәзір» дейді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕЛПЕК с ы н. *Айтқанды екі етпейтін тілалғыш, елгезек.* – Тіл алғыш, *е л п е к,* жақсы бала деп, мені мұғалімдер өте жақсы көреді (Б.Тұрсынбаев, Ауыл.). Оған ресторанның салтанатты тазалығы, айтқаныңды екі етпейтін *е л п е к,* әсем официант қыздары қатты әсер етті (К.Сақабаев, Өткел.). Әбсаттар жас күнінде қиялшыл, *е л п е к,* еліктегіштеу еді («Жалын»). *// Елпілдеп тұратын, елпектеген қасиет, қылық.* Жақаңа мен ұнадым. Ұнағанда жарамсақ *е л п е к п е н* емес, жақсы еңбекпен ұнадым (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Елпекке көшті. *Елпектей бастады, елпілдеді.* Ақын ойламаған *е л п е к к е* көшті: – Ойбай, көке, барыңыз! Біздің үйдегі келініңіз де сыбағаңызды сары майдай сақтап отыр (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Елпек қақты. а) *Елпілдеді, желпілдеді, ұшып қонды.* Мәжіліс кезінде [ол] аса байсалды, онша *е л п е к қ а қ п а й т ы н* да, кеуде көтермейтін де (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Жаңалық солай баурап ала бермек, Балаша *е л п е к қ а ғ ы п* барам өрлеп. Кенеттен көзім түсті көше атына, Көше емес, проспект – салалы өрнек (М.Әлімбаев, Жүрек.). ә) *Жаны қалмады, бәйек болды.* Үйіне келген қонағын қайтсем риза етіп аттандырамын деп *е л п е к қ а қ қ а н* бригадир – Белгібек үйге бір кіріп, бір шығып жүрген-ді (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Келген кезде үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлап, *е л п е к қ а ғ а т ы н* (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

ЕЛПЕК-ЕЛПЕК е л і к. *Ұшып-қонған, елпілдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Елпек-елпек етті. *Елпектеді, жаны қалмады; ұшып қонды.* Жетпісбайдың баласы шөпжелке біреуді үйіне кіргізіп, жерден жеті қоян тапқандай *е л п е к-е л п е к е т і п* жүрген көрінеді («Қаз. әдеб.»).

ЕЛПЕКТЕ= е т. **1.** *Елпек қағу, елпілдеу; қауқалақтау.* Молдабай бұрынғыдай «үйге кір» деп *е л п е к т е г е н* жоқ (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). – Ой, айналайын-ай! – деп Сейдахметтің әкесі байғұс *е л п е к т е п* қалды (О. Дастанов, Мұрагер.). – Дүкендегі әңгіме есіңізде болар. – Есімде, есімде, – деп *е л п е к т е д і* сатушы (Е. Еділбаев, Тергеуші.). **2.** *Ұшып қону, қолды-аяққа тұрмау, қалбалақтау.* Шапанын сүйретіп, басқарманы шыркөбелек айналып *е л п е к т е п* жүр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы.). – Ой, *е л п е к т е г е н* жазған-ай, марқа қозы алып кел (С. Адамбеков, Көсе.). **3.** а у ы с. *Бәйек болу, жаны қалмау; айтқанын екі етпеу.* – Ыссыласаңыз, шешіңіңіз, ілгек әне, – деп, есепші жаны қалмай *е л п е к т е п* барады (Д.Досжанов, Зауал). Үй иесі әйел қанша *е л п е к т е г е н м е н,* төсекорын берген жоқ (Р.Хайруллин, Офицер.). Жүргесін ел-жұрт *е л п е к т е п,* Өстік қой ерке-бұлалау, Менен де басқа тентектер Қартайтып кеткен шығарау (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Әркім оның алдында басын иіп, айтқанын екі етпей *е л п е к т е п* жүруі керек (М.Дүзенов, Әке бол.).

ЕЛПЕКТЕҢКІРЕ= е т. *Аздап елпілдеу, жеңілтектену, ұшқалақтау.* Рас, Бронштейн осы жігіттің кейде тым құбылып, *е л п е к т е ң к і р е п* кететінін де байқап жүр (О. Сәрсенбаев, Даңқ.).

ЕЛПЕКТЕТ= ет. с ө й л. *Елпілдету, елпек қақтыру.* Қонағының осы халін бағып, ұғынып отырған Сағынай: – Алыңыз, Ореке, алыңыз, – деп *е л п е к т е т т і* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.). Аларда ажал адамды жаңылдырар, Өмірді қу ажалға бағындырар. Өмірден ажал үстем болар сонда, Адамды *е л п е к т е т і п* табындырар (Қабан жырау, Алтын қазық).

ЕЛПЕКТЕТУ *Елпектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л п е к т е у г е* болмайды.

ЕЛПЕКТЕУ *Елпекте етістігінің қимыл атауы; елпілдеу.* Бұл адамның... орын көрсетіп, *е л п е к т е у і н е* дейін келушіге жақсылықтың нышанын байқатады (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Жақсыға шашылу – шығасы емес, өнерпазға *е л п е к т е у* – кемшілік емес (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ЕЛПЕКТІК з а т. *Елпілдектік, елгезектік, тілалғыштық, айтқанын екіетпеушілік.* «Менің бұл *е л п е к т і г і м д і* қыз қалай түсінеді?» деп ойлап тұрдым да, шешінген судан тайынбас дегендей, не де болса кіруге ұйғардым (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Жарқын жүз, жайдары мінез, еңбек сүйгіш *е л п е к т і к* Шөкеңнің сүйегіне біткен деуші еді, Тастоғам колхозының председателі Қабди (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

ЕЛПЕЛЕКТЕ= е т. **1.** *Елпектеу, елпілдеу, қауқалақтау; асып-сасу.* – Абайлаңыз, қатты сүріндіңіз ғой? Батыржан *е л п е л е к т е п* кеп Сейілді сүйеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Ғани жайдары келбетімен *е л п е л е к т е й* жүгіріп, бізді Пушкин көшесімен профшкол дейтін су мұраптар даярлайтын мектепке бастап келе жатыр (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Сөйткенше болған жоқ сырттан Жетпісбай *е л п е л е к т е й* кірді (Бал дәурен). **2.** *Ұшып қону, қолды-аяққа тұрмау; ұшқалақтау.* Сапар балаша *е л п е л е к т е п,* күлерін не айқайларын білмеді (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдыз.). – Кімді айтсаң, сол келеді. Әне, Тұрлыбектің дәл өзі, – деп *е л п е л е к т е п* кетті Светлана («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Жаны қалмау, құрақ ұшу; жалпақтау.* Менің өзгерген осы мінезімді сезіп қалған-ау, ағамның балалары маған бұрынғыдай *е л п е л е к т е п* тұрмайтын болды (Д.Исабеков, Бекет.). – Сөйтіңдер, шырағым, – деп Қамқа әжем *е л п е л е к т е п* жүр (Т.Иманбеков, Үш ай.). Жаны

қалмай *е л п е л е к т е п* қуанады (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЕЛПЕЛЕКТЕУ *Елпелекте етістігінің қимыл атауы; асты-үстіне түсу, елпілдеу.* – Жә, *е л п е л е к т е у і н* мұның! Бір мәнісі болар... (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). Және бұл *е л п е л е к т е у і* меймандостықтан әлдеқайда алыс жатыр еді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

ЕЛП-ЕЛП е л і к. *Елпілдеген, елпек қаққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Елп-елп етті. *Елпілдеді, елпектеді, елпең қақты.* – Сен немене, *е л п - е л п е т і п* жүргенің?! Өлген әкең тіріліп келді ме? Сонша құрақ ұшатын әулие ме еді Қанипа! (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЕЛПЕҢ с ы н. *Елпілдеп тұрған, жеңіл.* Жел *е л п е ң* қарды суыра, борандата айдай бастады (Б.Момышұлы, Москва.).

Елпең қақты. а) *Елпілдеді, елпектеді; дедек қақты, зыр жүгірді,* – Қара қазан, сар баланың қамына қылған қайратты құм қыла көрме Құдайым, – деп, ол *е л п е ң қ а ғ ы п* сумен бірге жүгірді де отырды (К.Қазыбаев, Ызғар). Қазіргі Күреңбай күні кешеге шейін иесінің бұйдалы тайлағындай *е л п е ң қ а ғ а т ы н* (С.Омаров, Қайырлы жаз.). ә) *Жаны қалмады, құрақ ұшты, құрдай жорғалады.* Васильев қанша *е л п е ң қ а ғ ы п,* дос көрінсе де, Қаныбек шалдың қас-қабағынан әлі сенбей тұрғанын байқады (Ж.Төшенов, Алғашқы.). – Басекең дұрыс айтады, сары уайымға салына бермеңдер, – деп агроном Елубаев *е л п е ң қ а ғ ы п,* Шегебаевтың алдында құрдай жорғалады (М.Рашев, Бетің қисық.).

Елпең ете қалды [түсті]. *Елп етті; құрақ ұшты.* Сапар орнынан атып түрегеліп, Айсұлуды көптен күткен сағынышты адамы құсатып құшақтай алғысы келген ниетін сездіре *е л п е ң е т е қ а л д ы* (А.Байтанаев, Асан). – Бәрі дұрыс, басеке, өзіңіз айтқан графикті құптаймыз, – деді алдыңғы қатарда отырған кем иек шал Құтпан *е л п е ң е т е т ү с і п* (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЕЛПЕҢДЕ= е т. **1.** *Тез-тез басу, ылдым-жылдым жүру; бүкшең қағу.* Талдырмаш денелі елгезек командир *е л п е ң д е й* басып келіп капитанға сәлем берді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Делбемен түйені қағып қалып едім, көнбіс мал болса керек, жеңіл тарантасты еркін сүйреп, *е л п е ң д е п* ала жөнелді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Елге қарай *е л п е ң д е й д і* екі өгіз, – Сам жамырай, колхозға да жетеміз. Жол қысқарсын... Көкейіне ел тоқыр, Жұмаш, кәне, бір хикая шерте отыр (М.Әлімбаев, Жүрек.). **2.** *Елпілдеу, елпектеу, қауқалақтау.* Жолына үй тіктіріп, бие байлатып... дегендей ауылын күтіндіріп, өзі сақалды басымен *е л п е ң д е п* жолда тұруды ол лайықсыз көрді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Мен мақтап жүрген әлгі болашақ ғалым қыз Жауқазын дегенім осы, – деді жас баладай *е л п е ң д е г е н* ақ көңіл профессор (О. Тәжиева, Жетім қыз). Бүгін тағы... Келем ұшып *е л п е ң д е п,* Көңілімді таудан ескен жел тербеп. Бүгін тағы... Бітпей қалды бір шаруа, Өзімді-өзім жұбатамын – Ертең... деп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Шамасы, апам да кет әрі болмағаны ғой. Әйтпесе жігіт күтіп тұр деп *е л п е ң д е й* қала ма? («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу.* О, Қараңыз келді ғой. Төрлет! Төрлет! – деп *е л п е ң д е й* қалды (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Әншейінде не айтсаң соған *е л п е ң д е п* тұрушы еді, дәл қазір жақтырмай-ақ тұрған шығар (Тұлпар). **4.** а у ы с. *Жарамсақтану, жағыну, жалпаңдау, құрдай жорғалау,* Манаптың Жұмағұлы былай тұрсын, атаманның шабарманы түшкіріп қалса «жаракімаллалап» *е л п е ң д е п* тұратын Қасымбектің өзі де бой тартты (З.Ақышев, Ақбел.). Көкен *е л п е ң д е п* қызмет етуде. Мақтапберген күлсе, бұл да қарқылдап күледі. Мақтапберген біреуді балағаттаса, ол қоса жамандайды (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Жүрсе де ол сүйеп, *е л п е ң д е п,* Жүрсем де өзім аяқпен, Сүрініп кетпес пе екем деп, Түртемін жерді таяқпен (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЕЛПЕҢДЕС= е т. *Елеңдесу, алаңдасу.* – Жаңажол мен Сүйіндік шалдары тұмар әкеледі деп *е л п е ң д е с і п* отыр, сен енді менімен қайт (Ж. Молдағалиев, Самал).

ЕЛПЕҢДЕСУ *Елпеңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л п е ң д е с у і* жаман.

ЕЛПЕҢДЕТ= е т. *Елпең-елпең еткізу, елп-елп еткізу.* – Жаңажол мен Сүйінбайды неге әкелгенсіңдер өзін *е л п е ң д е т і п?* – деді Қайша жігіттерге (М.Әуезов, Шығ.). Зайкүл брезент белбеуді мойнына салып кеп жіберіп, бұйдалап алған тайлағындай *е л п е ң д е т і п* жетелей жөнелді (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЕЛПЕҢДЕУ *Елпеңде етістігінің қимыл атауы; асты-үстіне түсу.* Анау-мынауға жалпаңдамайтын тәкәппар Қаражанның қарғадай балаға *е л п е ң д е у і н і ң* де кілтипаны бар еді (Н.Сералиев, Қаңтар). «Орынбай», «Орынбай» деп *е л п е ң д е у і н* қайтерсің тағы да (К.Баялиев, Нөсер.).

ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ е л і к. *Елпеңдеп, құрақ ұшқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Елпең-елпең басты. *Елп-елп етті, елпеңдеді.* Аруақ ұрған Әлеуке, Ауа көшіп тайыпты. *Е л п е ң - е л п е ң б а с ы п т ы,* Еркеш-Тамнан асыпты (Манас).

Елпең-елпең етті. *Елпеңдеп тез жүрді, елпең қақты.* Онда үн жоқ. Мұрнын тесіп жетелеген қотыр тайлақтай *е л п е ң - е л п е ң е т е д і* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ол *е л п е ң - е л п е ң е т і п* жүгіре түседі (Р.Райымқұлов, Қыз-айна).

ЕЛПУШІ: етегі елпуіш, жеңі желпуіш болды. *Тыным таппады, жан аямады.* Түн ұйқысын төрт бөліп *е т е г і е л п у і ш, ж е ң і ж е л п у і ш б о л ы п* тәрбиелеп өсірген, үміт күткен қайран ананың келмеске кеткені өмір желісін опырайтқан кетік тәрізді болды (Ж.Арыстанов, Жалынды.).

ЕЛПІ: етегі елпі, жеңі желпі жүрді. *Жан салып, тынбай еңбек етті.* – Не деп тантып тұрсың сені *Е т е г і м е л п і, ж е ң і м ж е л п і,* тобығымнан саз кешіп, түн ұйқымнан пар кешіп, сені жөні түзу адам етемін бе деп *ж ұ р с е м,* сен бетсіз не деп көкіп тұрсың? (М.Дүйсенов, Мейман.). *Е т е г і ң е л п і, ж е ң і ң ж е л п і ж ү р і п* жоқшылық тауқыметін көп тартып едің, қолыңды жылы суға малып, шалқая отыратын уақытың болды енді (С.Шаймерденов, Қарғаш.).

ЕЛПІЛ: елпіл қақты. *Елпілдеді, елпең қақты; құрақ ұшты.* Ертеңгісін оянғаннан бастап, түнде әбден төсегіне жатқанға дейін екеуі бұның алдында *е л п і л қ а ғ ы п,* аяғының ұшымен жүгіріп жүреді (Б.Аманшин, Көкжар).

ЕЛПІЛДЕ= е т. **1.** *Лып-лып етіп тез жүру.* Бұл екі аттың сыры Болатқа мәлім еді. Жирен ат қамшы салдырмайтын, *е л п і л д е г е н* жүйрік болатын (Н.Ғабдуллин, Өмір.). *Е л п і л д е й* басқан ақсұр атпен тау ішінде осындай адам кездесе кетсе, оның Орынбек қарт екенін тани беріңіз («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Елпек қағу, елпектеу, қауқалақтау.* – Айналайын, Қабенжан, – деп Азамат та *е л п і л д е й* жөнелді (З.Қабдолов, Жалын.). Жасы алпыстан асса да еңбектен қалмаған осы бір *е л п і л д е г е н* ақ көңіл қарияны колхозшылар қауымы түгелдей жақсы көреді, қадірлейді (Ж.Бектепов, Қызылшашы.). Сүйінші деп *е л п і л д е п,* Шықты алдымнан жеңешем. Танау кеткен желпілдеп, Әзілі де ересен (Н.Сүлейменов, Жолда.). Бата берді Ақжелек Ақ сақалы желпілдеп, Қалың халық қол жайды, Мейірі түсіп *е л п і л д е п.* Жылап бата береді, Екі көзі мөлтілдеп. Ер Төстік пен Боқмұрын Тіке тұрды селкілдеп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Ұшып-қону, қолды-аяққа тұрмау.* Ол да жем аңдыған сауысқандай тым сақ отыр екен, *е л п і л д е п* жетіп келді (Қ.Сегізбаев, Ашыл. сыр.). Әншейінде *е л п і л д е п* тұра жүгіретін анам бұл жолы сабырлы бола қалды (Ж.Аяшев, Алақан). – Енді... нетіп қалды. Келісіп қойдық. Кемпір-шал да қарсы емес. Келіңіз, аға, келіңіз... – Ұшып-қонып *е л п і л д е п* тұр (С.Әлжіқов, Күле көрме.). **4.** а у ы с. *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу,* Бұрынғыдай емес, асты-үстіме түсіп, *е л п і л д е п* тұрады, шай ішкенде нан, қантты алдыма сырып қойып отырады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). – Кел, шырағым, төрлет. Атаңа жақынырақ отыр, – деп кемпір *е л п і л д е п* Саматты жоғары шығарды (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Үй иесі бірден *е л п і л д е п* құрақ ұшпады, салмақпен қабылдады (Д.Әбілев, Арман.). **5.** а у ы с. *Құрдай жорғалау, айтқанын екі етпеу.* Бұрын жұртқа *е л п і л д е п-а қ* тұрушы еді, енді айтқаныңды орындағанның өзінде алдымен желкесін қасып алады (Т.Ахтанов, Дала.). – Ол [болашақ күйеуі] мына асты-үстіңе түсіп, *е л п і л д е п* отырған Кірби! (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Қорқатын адамы болмаса, басқаның сөзін жүре тыңдайтын Майлық та *е л п і л д е п,* мұның сөзін екі етпеді (А.Нұрманов, Құлан.). **6.** а у ы с. *Желігу, желпіну; еліру. Е л п і л д е м е й* ақырын сөйлесейші, жаңағы жігіт естіп қалар (Жастар эстрадасы). Канал қазамыз деп еліріп, *е л п і л д е п* жүрген ана белсенділердің басын қоспай, тоз-тоз қылу керек («Лен. жас»).

ЕЛПІЛДЕК с ы н. **1.** *Елпілдеп тұратын, тілалғыш; елгезек.* Ал Нақыш болса, жалпылдаған аққөңіл, кім көрінгенге сенгіш, біреудің сөзін екі етпейтін *е л п і л д е к* қыз (М.Дүзенов, Ақәже). Ұзақ – тым аққөңіл, *е л п і л д е к* жан. Сондықтан да бөгде тілегін орындауға әрдайым әзір тұрады (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Сұрасаң аты Еркінбек, Сөйлесер сізге еркін кеп. Еңбекте озат өзгеден Ақжарқын жігіт *е л п і л д е к* (Н.Сүлейменов, Жолда). **2.** *Жеңілтек, жаңғалақ, ұшқалақ, мінезі жеңіл.* Жақпады білем бастан-ақ, Жарыңның саған бір ісі. Ертерек түскен шаштағы ақ, *Е л п і л д е к* жүріс-тұрысы (С.Иманасов, Ақдариға). Гүлжан кейде паң, кейде бейқам, кейде *е л п і л д е к* («Лен. жас»).

ЕЛПІЛДЕП-ЖЕЛПІЛДЕП ү с т. *Елп-елп етіп; ұшып-қонып.* Өзі бір көрмеге желғабыз, *е л п і л д е п-ж е л п і л д е п* қалған адам (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ақырында айтарымыз *е л п і л д е п-ж е л п і л д е п* жүріп жеткізетіндер желім ауыз, жез таңдай жеңгейлер деп жүрсек, өсектің арғы түбі ағамыз Босақбайдан шыққан екен (Б.Қыдырбекұлы, Ешкімге.).

ЕЛПІЛДЕС= е т. *Асты-үстіне түсісу, бәйек болысу.* Сылқым жігіттер жаңа ғана бұған «қарындас», «қарындас» деп, шығарға жандары басқа боп *е л п і л д е с і п* жатыр еді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЕЛПІЛДЕСУ *Елпілдес етістігінің қимыл атауы.* Енді, міне, сол *е л п і л д е с у* басылып, ел сабасына түсе бастады (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЕЛПІЛДЕТ= е т. *Желкілдету, еліктіру.* Көкетай да сондай ат құмарлардың бірі екен, «көрелік» деп, *е л п і л д е т е* жөнелді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Өлеңнің интонациясы, эмоциялық қуаты, лексикалық оралымдары оқушыны *е л п і л д е т і п* жүгіртіп әкетеді (С.Мәуленов, Үркер.). Қаздия, қақия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап,

көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делеңдетіп, *е л п і л д е т і п,* елеңдетіп желер ме еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛПІЛДЕУ *Елпілде етістігінің қимыл атауы.* Алайда с ө й л. Тұрсынзаданың дала жайындағы жырларында орынсыз *е л п і л д е у,* дәлелсіз күрсіну жиі кездеседі («Қаз. әдеб.»).

ЕЛ-САЛ ү с т. с ө й л. ж е р г. ***Дел-сал.*** Бір кезде *е л-с а л* болған бойын жиып алғандай шіміркене қозғалып, Нұрлыбекке қарап бұрыла түсті (Б.Майлин, Шығ. жин.).

Ел-сал тарты. с ө й л. ***Дел-сал тартты.*** Оның түннен бері қарай бойы *е л-с а л т а р т ы п,* қабағы бір түрлі тырысқан сияқты бола берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕЛ-СЕЛ: ел-сел болды. *Жер-көкті су басты, сел боп ақты.* Өлім мен өмір, от пен оқ арпалысында өткен қарлы қыс көктемгі алтынкүрек соққан кездегі *е л-с е л б о п* еріген қардай тез өтті (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Ел-сел етті. *а) Ебіл-себіл су қылды.* Таң алдында қатты нөсер болды. Жер-көкті *е л-с е л е т і п,* маңайды бұрқыратып, түтіп жібереді (Д.Досжанов, Тұлпар.). *ә) Қанын судей ағызды, қырды.* Бұл жерде баяғыда жоқ еді ел, Қу дала құс қонбайтын еді бір бел. Өлтіріп осы арада Әшкәбусті, Ағызып *е т і п* едім қанын *е л-с е л* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ел-селі шықты. *Қатты терледі, борша-боршасы шықты.* Сағадат оянды... Шырақтың саңлауында *е л-с е л і ш ы ғ ы п* отырған Сәйфіл-Мәлікті көріп, үрейі ұшты (Мың бір түн).

ЕЛСЫНАР з а т. з о о л. *Ашық тау жоталарында ұялайтын құс.* Ормансыз тау жоталарында тундра кекілігі, қарабауыр, алпі қарғасы, айдарлы бозторғай, *е л с ы н а р* ұялап, тіршілік етеді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЕЛСІЗ с ы н. **1.** *Ешқандай ел жоқ, халық мекендемеген (жер). Е л с і з* дала демін ішіне тартып, сұрланып, сұлық жатыр (О. Сәрсенбаев, Жалғыз.). Шетелде басылған бұл кітапта өткен ғасырларда Ресейдегі көптеген озық ойлы азаматтар *е л с і з,* тылсым жатқан шөлейт далаларға жер аударылды дегендей түсінік басым болғаны, шын мәнінде олар табиғаты Еуропадан да сұлу, Швейцария жеріне ұқсас өңірлері мол Қазақстанға келіп, Ресейдегіден де жақсы өмір сүріп кеткені жазылған екен («Қаз. әдеб.»). Айттым ғой: мына асудың Ар жағы *е л с і з* жапан, – деп Жеткесін соған, мал жайып, Шалқып бір жалғыз жатам, – деп (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.). Шөбінің жиған жері бес шақырым, Аяңдап кете бердім кешке тұрым. Қорқыныш, *е л с і з* өзен, еш адам жоқ, Шөбіне барып жаттым мен пақырың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Ел-жұртсыз, туған-туыссыз; отансыз. Е л с і з* ер болмайды, Сусыз жер болмайды (Мақал). **3.** *Елдің қатысынсыз. Е л с і з* Ақан жоқ, Ақансыз жердің сәні, елдің әні жоқ (С.Жүнісов, Ақан сері). Ел бай болса, үкіметтің бай болғаны. *Е л с і з* үкімет жасай алмайды (С.Шәріпов, Бекболат).

Елсіз жер. *Ел мекендемеген аймақ.* Ер Төстік елге қарай жүгіреді, Беліне екі етегін түрінеді. Ентеңдеп *е л с і з ж е р д е* келе жатса, Жапанда жалғыз түйе көрінеді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕЛСІЗДЕТЕ= е т. *Елсізбен жұру, елсіз жерді кезу.* Бұлар түнімен *е л с і з д е т е* жүріп отырып, таң алдында Майқұдықтағы елсіз қыстаулар тұсынан өтті (Д.Әбілев, Арман.).

ЕЛСІЗДІК з а т. *Ешқандай ел жоқтық; ел болмағандық.* Құлазыған *е л с і з д і к,* сонау әріде, тау бөктерінде қарауытқан поселка байқалады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ұзақ жол, машинаның бір қалыпты гүрілі, айналаның *е л с і з д і г і* еріксіз ойға жетелейді («Лен. жас»).

ЕЛСІЗ-ЖҰРТСЫЗ с ы н. *Ел жоқ, жұрты жоқ (мекен).* Қазір ол өзін бір қиян түкпірдегі *е л с і з-ж ұ р т с ы з* аралда жалғыз қалған жанға – Робинзонға ұқсатады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Соншама жерден келгенде, біздер – балалар, әуелі *е л с і з-ж ұ р т с ы з* ен далаға тап боламыз ба деп үрейленіп едік («Лен. жас»).

ЕЛСІЗ-КҮЙСІЗ с ы н. *Ешкіммен араласымы жоқ, жалғыз.* Төңкеріліп төбеңнен Тұрады үнсіз тау қарап, *Е л с і з-к ү й с і з* ежелден, Міз бақпайтын жарқабақ (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

ЕЛСІЗ-КҮНСІЗ с ы н. *Ел жоқ, тіршілік етуге болмайтын; құ медиен, айдала.* Алпыс километр жердегі Жезқазғанға, *е л с і з-к ү н с і з* бұйратты даламен бару – маған мейлінше қызық сияқтанды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Хиуадан шығып, *е л с і з-к ү н с і з* қу тақырлар мен құмдарды басып, ұзақ жол шеккен соң Жайық жағасындағы туған жерге жеткеніне де бір жыл (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЕЛСІЗ-КҮНСІЗДЕ ү с т. *Айдалада, оңаша жерде. Е л с і з-к ү н с і з д е* кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? (Абай, Тол. жин.).

ЕЛСІЗ-СУСЫЗ с ы н. *Ел жоқ, су жоқ; құ дала.* Мұны естігенде *е л с і з-с у с ы з* далада қол-аяғы байлаулы қалған түрікпен жігіті көз алдынан кетпей қойды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕЛСІН= е т. **1.** *Ел деп білу, тану, ел екен деп санасу.* Осындай білінген соң мінезім, кімде-кім біздің жұртты *е л с і н і п* пе? (М.Дулатов, Шығ.). Тақтар өшті елімді *е л с і н б е г е н,* Шахтар өшті мендейді менсінбеген. Атым бар да, жоқ еді фамилиям, Енді о да бар, оны да сенсің берген (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** а у ы с.

Жерсіну, сіңісу. Бірақ, сақау ол ауылды *е л с і н б е й* қашып келіп, өзінің туған жеріне жата қалып аунап, шөбін иіскелейді («Қаз. әдеб.»).

ЕЛТ= е т. с ө й л. ***Елті***. Бір жақсысы, ол менің аңшылық жайын *е л т е* тыңдап, оның сөзіне құдайдай сенетінімді біледі (Е.Тұрысов, Ақбақай). Күй сазымен кейде мен, Өлең жазам, *е л т е м і н.* Асыл мұра күй деген, Күй боп тусын ертеңім (Р.Нұрпейісов, Туған өлкем). Саусағы мен ақ жаңбыр Тереземді шертеді. Көңіл күйім қызығып, Әлде неге *е л т е д і* (Х.Талғаров, Шында.).

ЕЛТАНУ з а т. г е о г р. *Белгілі бір елдің, сондай-ақ ірі аумақтар мен материктердің табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік құрылымы т.б. туралы әртүрлі мәліметтерді жинақтап, бір жүйеге келтіріп, кешенді түрде зерттейтін географиялық пән.* ≈ *Е л т а н у* сабағы.

ЕЛТАНУЛЫҚ с ы н. *Елтану пәніне қатысты, елтануға тән. Е л т а н у л ы қ* зерттеулерге табиғи-тарихи және әлеуметтік экономикалық сипат тән, ғылым ретінде XX ғасырдың басында қалыптасады (ҚҰЭ).

ЕЛТАҢБА з а т. <нем.Herb> *Мемлекеттің туда, мөрде, теңгелерде бейнеленетін өзіндік белгісі, мемлекеттік рәміздің бірі.* Ал самға, әлем кезіп, әнұраным! Қалықта, *Е л т а ң б а с ы* – шаңырағым. Көк Байрақ, көгерт менің көсегемді, Аспандат Атам қазақ Аруағын! (F.Қайырбеков, Көнсадақ). *Е л т а ң б а с ы н ы ң* көк аспан түстес шеңберінің ортасында шаңырақ пен уық бейнеленген («Егемен Қазақстан»). Қазақ халқының елдігі мен егемендігінің белгісі болған халқымыздың көңіліндей ашық, аспан түсті желбіреген Туы, сонау ғасырлар қойнауында тағдыр тәлкегімен талай құлап, әруақты аталарымыздың күш-қайраты арқасында қайта тігіліп жүрген шаңырағымызды ел үстіне көтеріп, күн сәулесіне шомылдырған *Е л т а ң б а с ы,* тыңдағанда жан-дүниені тебірентіп, әр азаматқа рух берер Әнұраны қабылданғаны күні кеше ғана сияқты еді («Егемен Қазақстан»).

ЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ з а т. *Құр думанмен күн өткізушілік, селтеңдеп бос жүрушілік. – Е л т е ң-с е л т е ң м е н* бар өмірін босқа өткізіп жүргендер аз ба бізде? (Ө.Қанахин, Жүрек.). Қазіргі *е л т е ң-с е л т е ң* жүріске ғана қызығады, ертеңін ойламайды (К.Қазыбаев, Дәуір аты.). *Е л т е ң-с е л т е ң м е н* еңбектен бос жүрген бірде-бір адам көзге шалынбайды (Тоғызыншы шежіре).

ЕЛТІТІР= ет. *Еліктіру, желіктіру.* Қанша айтқанмен өз аяғынан жайылатын мал сары қамыстың сабағын қажаса да, жан созып, қыстан қоңы жығылмай шығатынын айтып, үй иесін *е л т і т і р і п* қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕЛТУ *Елті етістігінің қимыл атауы.* Енді, міне, соны растағандай Шоқанның Нарғызға шығарылған күйлерге *е л т у і н* қарашы (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жақсы өлеңмен ауызданып, оған құмарту, буына *е л т у* заманымыздың салтына айналуы керек (І.Омаров, Серпін).

ЕЛТУШІ з а т. *Бір нәрсеге елтіген адам, құмартушы.* Күйші атаулы – сыншы. Төлеген *е л т у ш і г е* өте ырза (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сол ағаның жақсы әңгімесіне *е л т у ш і л е р д і ң* бірі мен едім («Қазақст. мұғ.»).

ЕЛТІ= е т. **1.** *Бір нәрсенің уыты бойға тарап, басы айналу, улану; елеуреу.* Байлап алып әкелді Ащысуға, Тама найман жиылған қалың дуға, Қайран жастар қапыда қолға түсті, *Е л т і г е н* бөрідей боп жеген уға (Шәкәрім, Өлең). Жылан не қарақұрт шаққан мал *е л т і п,* мең-зең болып, оттай алмай тұрып қалады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). **2.** *Желігу, желпіну; мас болу.* Бойларына шымырлап коньяктың қызуы тарап, *е л т і г е н* сайын сөздері молайып, әңгімелесіп кетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жүзім шарабына едәуір *е л т і п,* екі беті бал-бұл жанып, көңілі шарықтап отыр (Ш.Құмарова, Қос шынар). **3.** а у ы с. *Бір нәрсеге елігу, бойы балқу.* Әнге *е л т і п* тұрған қызды мен тұңғыш Құшағыма ап ессіз сүйе беріппін. Жаным содан нәзік нұрға оранды, Сен шығарған дейді ғой жұрт сол әнді (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қалайша арман саған *е л т і м е с і н,* Даусын қазды аспанның келтіресің, Қайтпасам болмайды енді Алматыма, Сен мені өртей-өртей өлтіресің (Т.Айбергенов, Мен саған.). О, Махаббат! Сен әлі тірі ме едің!? Көзімнен ғайып болған күнім едің, Гүлім едің... *Е л т і г е н* түнім едің, О, Махаббат! Сен әлі тірі ме едің!? (М.Мақатаев, Шығ.). Осының өзіне *е л т і п,* еліктеп, таусыла тыңдауына қарағанда, бұның машығы өзі айтқан «жора-бозаның» төңірегіндегі желік сияқты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЕЛТІГІШ с ы н. *Бір нәрсеге елтіп кеткіш, елтуге бейім.* Сонымен бірге [Гайша] жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның барлық мауыққыш, *е л т і г і ш* тұлғасын көріп шыққандай болды (М.Әуезов, Қараш.). Бақытты едім. Ойдан жырақ, *е л т і г і ш* кезімде мен Алалығын өмірдің сезінбеп ем (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.).

ЕЛТІРІ з а т. *Туғаннан кейін 2–3 күн ішінде сойылған қозы терісі.* Олар жыл сайын мемлекетке жарты миллионға жуық қымбат *е л т і р і* тапсырады (Ә.Нұршайықов.., Менің Қазақст.). Қазыбек қара лақтың *е л т і р і с і н е н* істеген көнетоз бөркін киді (Ә.Әбішев, Замана.). Әр жерге қан-жын тамшылар, Әр жерде дал-дал *е л т і р і.* Ертесін

байғұс жалшылар. Іздейтін малдың жемтігін (М.Мақатаев, Шығ.). Енесі буаздығының 135–140-шы күндері, мерзімінен бұрын шала туған қозының *е л т і р і с і* қарақұлше, жылбысқы деп аталады және жоғары бағаланады (ҚҰЭ). // *Елтіріден істелген, елтіріден тігілген.* Бұның мынадай сары аяз, сақылдаған қыс күндерінде *е л т і р і* ішік, бояулы тон, күпі, қаптал шапан, саптаманы тастағаны қызық (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ұзақтың басында *е л т і р і* бөрік, аяғында тесік табан ұзын қоныш пима (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

Қаракөл елтірісі. *Қаракөл қой төлінің терісі. Қ а р а к ө л е л т і р і с і* мәселесін мықтап ойланатын, сөзден іске көшетін уақыт жетпек түгілім, өтіп барады («Егемен Қазақстан»). Қазақстан – қазір *қ а р а к ө л е л т і р і с і н* көп дайындайтын республиканың бірі (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

ЕЛТІРІЛІ с ы н. *Елтірісі бар, елтірісі көп.* Сұр *е л т і р і л і* қозылар да совхозда тұңғыш рет осы Серіктің отарында пайда болды (К.Баялиев, Жер тынысы).

ЕЛТІРІЛІК с ы н. *Елтірі алуға арналған, елтірі беретін. Е л т і р і л і к* бағыттағы қойшаруашылығы Шымкент, Жамбыл, Гурьев облыстарында кеңінен тараған (Жаңарған өлке).

ЕЛТІТ= е т. **1.** *Еліктіру, балқыту.* Бұл әңгіме мені тәтті шараптай *е л т і т і п* отыр еді (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Тыңдаушысын *е л т і т і п,* жүректерді билеп алған сиқырлы әуен көңілдерді қытықтап, буын-буындарды босатып барады (Ә.Әлішев, Батыр.). **2.** *Мас қылдыру.* Рақмет, сиқыршым! Сен біздің Жүрегімізді *е л т і т е с і ң.* Өмірдегі ләззатте, Жалғыз махаббатта ғана ән жол береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шырақшылар: бұл қазанда бір заманда су тұрушы еді. Мынау шүмектерден ағызып алып ішуші еді... – дейді. Ақсақ Темір тұсында бұл қазаннан сопыларға арақ беріп, *е л т і т к е н і н* қайдан білсін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛТІТУ *Елтіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л т і т у* амалына көшті.

ЕЛУ с а н. *Қырық тоғыз бен елу бірдің арасындағы есептік сан; жүздің жарымы, бес он; 50 санының атауы.* Миллион шырпыны (күкіртті) ұштастырып тіресек, ұзындығы *е л у* шақырымдай шоқ болады. Шаштың бір түгі милион рет жуандаса – жуандығы алпыс құлаш бағана болады. Ахметтің екінші жылдық «Тіл-құралы» 120 бет болмай, милион бет болса, қалыңдығы елу шақырым кітап болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). 1738-інші жылы сүмбіленің ішінде Әбілқайыр ханмен бірге бағынуға ант беріп, қол қойған *е л у* алты кісі мына рулардан: 17 кісі – арғын, 7 адам – найман, 4 адам – қыпшақ, 2 адам- тама, 10 адам – табын, 3 адам-жағалбайлы, 1 адам – кердері, 4 адам – алаша, 2 адам – байбақты, 2 адам – жаппас, 2 адам – масқар, 1 адам-шөмекей, 1 адам – кете (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Ұзыны да, көлденеңі де *е л у* шақырым қалың орманның іші толған партизан (З.Ақышев, Ақбел.). // *Елу жас. Е л у г е* келген, шашы бурыл тартқан, Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан. Жүріс-тұрыс сүйтсе де жас жігіттей, Қуатына жарамас шал деп айтқан (Абай, Тол. жин.). Біздің Темекең сол жылы *е л у г е* келген-ді (І.Есенберлин, Алтын.). *Е л у д е* інілерге шал атанып, Риза боп елжірейсің сәлемдессе, «Шал» аты жүз келсе де айырылмайды, Шараң жоқ, қара жерге енді енбеске (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Еңсеңе әлі-ақ бір күн мінеді *е л у*, Қазанның қара түнек бұлтындай-ақ (О.Шораяқов, Шайыр). *Е л у г е* келген шақта қатын дейді, Онан соң кемпір келе жатыр дейді. Ер-әйел төрт кезеңмен аяқтайды, Қара жер табандағы ақыр жейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Елуден асты [елуді еңсерді]. *Жасы елуден асты, елу жастан өтті, алпысқа аяқ басты.* Бір сөйлескенімде журналист боламын деген. Кейін хабарласа алмай қалдық. Қазір ол Ерғали да аман болса, *е л у д е н а с ы п* қалды («Қаз. әдеб.»). *Е л у д і е ң с е р г е н* отағасы ауылда жұмыс болмағандықтан, вахталық әдіспен аратұра қалаға барып, бала-шағаның шай-пұлын ажыратса, отанасы Раиса Саржаздағы кәсіптік мектепте еден жуушы. 21 жасар Мөлдір де осы кәсіптік мектепті бітіріп, анасының қолын ұзартып, бір үйдің тіршілігін шыр айналдырып отырған («Егемен Қазақстан»).

Елудің елі. *Елудің іші, елуден алпыс жасқа дейінгі аралық.* Шығып *е л у е л і н е н* ара қонып, Алпысқа кеп қалсам да аға болып, Сәби сезім тербеліп толқынында, Туған жерде кетемін бала болып (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Елу жылда ел жаңа. *Жарты ғасырда елде көп өзгерістер болады; танымастай өзгереді деген мағынадағы сөзқолданыс. Е л у ж ы л д а е л ж а ң а,* Жүз жылда қазан (Мақал).

Елу көштік. *Көп ауыл сыятындай, көп рет көшіп-қонатындай.* Басына қыстайды, аяғына жайлайды, екі ортада *е л у к ө ш т і к* ен дала мұның өрісі (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Елуінде еленбеді. *Елу жасында жұрт сыйлайтын, қадірлейтін сипаты, еңбегі болмады. Е л у і н д е е л е н б е с е ң,* алпысында атаусыз қаларсың («Жас Алаш»).

Елу – ердің жасы. *Дер шақ, ақыл тоқтатқан, толысқан жас.* Еліне сыйлы, қоғамына қадірлі, *Е р д і ң ж а с ы е л у г е* толып отырған ғалымға, ақ адал ғалымның шаңырағына шаттық, еңбегіне табыс тілейміз («Қаз. әдеб.»). Енді *е л у д е е р ж а с ы,* Байқа сөздің мәнісін

Жерлестіктің мағынасы Өзгермесе, неғылсын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елу мың қол. *Елу мың адамнан құралған әскер.* О, шіркін, емес еді-ау осал ағаң, Кезі жоқ көп екен деп, жау санаған. Үш жылдай ұлы сүргін, қанды айқаста Жеңілмей, *елу мың қол* асыраған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елу сомдық. *Бағамы елу сом тұратын ақша, елу сомдық купюра.* Біреулер елдің қанын тегін сорып, Біреулер тапқан шығар терін сор ғып, Әп-сәтте құнсыз қағаз болып шықты Кешегі жүз сомдық пен *елу сомдық* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елу шалды. *Жасы елуден асты.* Көзінің тоқтата алмай жасын тыйып, Айырып болар емес көңілін қиып. Бұл дағы *елу шалған* бір ер кісі Өксіді бір-бірінің қолын сүйіп (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЕЛУ-АЛПЫС с а н. *Елу мен алпыс арасындағы болжалды сан. Елу-алпыс* қой-ешкі, үш бұзаулы сиыр, екі құлынды бие... өзіне қарап қалды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). – Ең жақын қорық осы арадан *елу-алпыс* шақырымдай жерде (З.Шүкіров, Қиын түйін).

ЕЛУБАСЫ з а т. к ө н е. **1.** ә с к. *Бұрынғы қазақ әскеріндегі әрбір елу сарбаздың басшысы.* Жігіттерді қос-қостарына тарқатып, жүзбасы, *елубасылардың* ертіп Тайшым ту тіккен үйіне барды (С.Шарипов, Бекболат). Осыншама бүлінген мақсаты болыс, би, *елубасы*, старшын болмақ, дұшпанынан кек алмақ, намысқа тырыспақ, момын бұқара халыққа алам-шығынды аударып тастап бай болмақ (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Кешке қарай батырдың бұйрығымен Үмен *елубасы* Жәкен Тілеулі баласын шақырып алып, жиырма сарбаз беріп, Батпаққара жағына шолғыншыға жіберді (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** қ о ғ.-с а я с и. *Патша заманында әрбір 50 үйдің атынан болыс сайлауына қатынасатын өкіл (адам); би-болыстың ел ішіндегі әкімі.* Осы *елубасылардың* көбі Мүсілімге тілектес адамдар ғой. Мүсіліммен тағы бір сөйлесіп көрсек қайтер еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Патшалықтың ел ішінде сайлап алған аппараты: болыс, билер және әрбір елу үйден сайлаушы ретінде аталып қойылатын *елубасылар* (М.Әуезов, Әр жыл.). *Елубасылар* шарларын тастап, дауыстарын беріп қойған (Б.Тілегенов, Аққайнар). Енді болыстар, оның хатшылары, шабармандары, ауыл билері, ауылнайлар, *елубасылар* ел аралап жүріп, салық жинай бастады (Ш.Байбатшаев, Бел-белестер).

ЕЛУБАСЫЛЫҚ з а т. *Елубасы болушылық.* Сенің әкең Тұрар Ырысқұловпен дастарқандас болып, көк тиын шығармай болыстыққа назначение алғанда, біз *елубасылықтан* аса алмадық (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). *Елубасылық* пара алып, ішіп, бу... жемесе бір құрметті орын, болыс, би, қандай адам болуы осының қолында (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЕЛУДЕЙ с а н. *Елу шақты, елуге жуық.* Тобымызға тұтқыннан босаған *елудей* адам қосылды (А.Лекеров, Қырда.). *Елудей* бричка, арба жұртта қалған, Он шақтысы ішіне азық салған. Тартып алып жылатқан талай жанды, Ел қолына олдасы қайтты зордан (Е.Бердин, Қанды асу).

ЕЛУЛЕГЕН с а н. *Елу-елуге бөлінген.* Ол сонау *елулеген* әскер тобының соғыс әдісін үйреніп жатқандарына сүйсіне қарап тұрды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бірақ оларда тұқым шықпайды, *елулеген* ұсақ баданашалар пайда болады (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

ЕЛУЛЕП-ЖҮЗДЕП ү с т. *Елуден, жүзден; топ-тобымен.* Бір қыстақты алу үшін *елулеп-жүздеп* шығынға ұшырай берсек, Холмға шейін неміз қалмақ? (Б.Момышұлы, Офицер.).

ЕЛУЛІК з а т. к ө н е. **1.** ә с к. *Елу-елуден бөлінген (біріккен) сарбаздар тобы; взвод.* Жүздік, *елулік* топ тағайындап, олардың басына батыл, өжет жігіттер беріп, мергендер тобын бөлек іріктеп, ең тәуір дегенін өз қарамағына жинады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Соғыс советі сардарды – командир, сарбазды – жауынгер, *елулікті* – взвод, атты жүздікті – эскадрон, жаяу жүздікті – рота, жасақты – полк деп өзгертті (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Низамға түскеннен соң штат құрды. *Елулік*, ондық деген адам тұрды. Залалсыз патша әмірі болғаннан соң, Ахоты болған адам іске кірді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** с ө й л. *Би-болыстың ел ішіндегі өкілі, әкім; елубасы.* – Е, ол әлгі менің болысқа кандидат болып, сенің *елулік* болып... – деп Жүсекең көтеріле түсті (Б.Майлин, Шығ.).

ЕЛУІНШІ с а н. *Заттың қырық тоғыздан кейінгі кезекті есебін білдіретін реттік сан.* Шүбәсіз болса, жүріңіз. Осымен бүгін *елуінші* лау келді (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Бұл колхоз *елуінші* жылдардың ортасына дейін жүгері егіп көрмеген-ді (Ш.Есмұрзаев, Ильич.).

ЕЛШІ ү с т. *Ел сияқты, елге ұқсап.* Албанда Саурық аулы жуан ауыл, Басы өскен, дәулет біткен бұған ауыр. *Елше* екшеп, ауылша атап, Албанша айтсақ, «Нар шөккен, аруақ аунап, дуалы ауыл» (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

ЕЛШІ з а т. **1.** д и п л. <лат. consul> *Бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі өкілетті дипломатиялық өкілдігінің басшысы қызметін атқаратын жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.* Бұл пікірді орыс *елшісі* де ұнатады («Қазақ»). Ескі шығыстың мәдениетімен жете таныс болатын Назыр Төреқұловтың кейін СССР-дің Аравиядағы *елшісі* болуы тегін

емес-ті (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Бұл салтанатты мәжіліске Совет Одағының Канададағы *е л ш і с і* И. Шпедько жолдас қатысты (І.Омаров, Серпін). Мен сізді бір мемлекеттің *е л ш і с і* ме деп қалғанымшы (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **2.** к ө н е. *Бір іс жөнінде екі кісінің не екі елдің арасын бітімге келтіру үшін жүретін адам, делдал.* Жоламан үйімен екі арадағы *е л ш і* – Бұғыбай (С.Омаров, Өмір.). «Бұлармен соғыспаймыз. *Е л ш і* жіберу керек», – деген сөздерді ашық айта бастады (А.Жұмаділдин, Сең.). **3.** д і н и. *Құдайдың өкілі, пайғамбар.* Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз Құдайдың *е л ш і с і* пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайруннас мән янфағуннас деген (Абай, Тол. жин.). *Е л ш і* болып пайғамбар келді бастап, Дүзеткен хақ Мұхаммед дінді қоштап. Солардан асыл ғалам жари болған, Төрт жар мен он екі имам жүмлә асхаф (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Иман дегеніміз бір ғана инанбақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, құранның оның сөзі екендігіне, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм оның тарапынан *е л ш і* екендігіне инандық (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Бір нәрсенің хабаршысы, жаршысы; белгісі.* Десек те ет жүректің *е л ш і с і* – сөз, Әзелден махаббаттың *е л ш і с і* – көз. Екеуді тілсіз баурап үнсіз жалғап, Алуға асықтырар еншісін тез (М.Әлімбаев, Көңіл.). Күшті ақынәлеуметтің тіл қамшысы, сайламаса да табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұңын зарын атқызатын *е л ш і с і* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жас шағым қалды алыста, Кәрілік кепті *е л ш і* боп. Айналып әуел таныска, Қонбақшы сосын көрші боп (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Ауада аз діріл бар, Жел *е л ш і с і* секілді. Ақ жібектей бұлт шетін, Анда-санда желпиді (Ғ.Қайырбеков, Құрдас.). Қайын атам, қош аман бол, елдің басы! Есен тұр, Бұлайқұлдың кәрі-жасы! Бұйырса, ендігі жыл *е л ш і* келер, Боламын Бағдатта хан баласы (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Елдестірмек елшіден. *Ел мен елді табыстыратын, татуластыратын елшінің міндеті деген мағынадағы сөз.* Ерегіскен батырдың Ел үшін кетер кәлдесі. *Е л д е с т і р м е к – е л ш і д е н,* Жауластырмақ – жаушыдан. Мен бір келген қонақпын Үрім менен Қырымға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Елші кісі. *Ара ағайындыққа жүретін адам, татуластырушы.* Алдынан бір арылып алайық деп, Тобықтыға жіберді *е л ш і к і с і:* «Ел бүлдірмей бітелік, жөнге келсін, Еңлік, Кебек екеуін ұстап берсін» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Төтенше және өкілетті елші. д и п л. *Бір елдің екінші елге төтенше жағдайларда жіберілетін белгілі өкілеттілігі бар елшісі.* Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі *Т ө т е н ш е ж ә н е ө к і л е т т і е л ш і с і* А.А.Мусин Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі *Т ө т е н ш е ж ә н е ө к і л е т т і е л ш і с і* қызметін қоса атқарушы болып тағайындалды («Егемен Қазақстан»).

ЕЛШІДЕЙ с ы н. *Елші сияқты, елші тәрізді.* Мен болсам жүрдім бұл шақта Жүгіртіп ойды сан саққа, Сатылып кеткен *е л ш і д е й* Машиналар мен мансапқа (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЕЛШІЛ с ы н. *Ел қамын ойлаушы, елін жанындай сүюші; көпшіл.* – Басым, көкірегім білімге толып біткендей, арманымнан шыққандай несіне *е л ш і л* бола қалам? (Д.Әбілев, Ақын.). Осыдан кейін еріксіз ойлайсың, жалпы оқулық атаулыны біз неге аса білімдар, *е л ш і л,* халыққа етене жақын, ұлтымыздың болмысбітімін айрықша терең білетін ірі тұлғаларға жазғызбаймыз («Жас Алаш»). Едігедей *е л ш і л* бол, Егескен жерде кек алған. Үлгі ал батыр Мәліктен, Өзіңмен бірге аттанған (А.Лекеров, Өмір.). Қазақ шенеуніктерінің, биліктің әртүрлі сала-сатыларында еңбек етіп жүрген қазақ шенеуніктерінің ішінде аса алғыр, аңғарымпаз, *е л ш і л,* шалымды, шебер ұйымдастырғыш (бір-екі күннің ішінде республикалық жиынды, бас-аяғы бір аптаның ішінде халықаралық конференцияны ұйымдастырып – өткізе алатын шенеуніктер де бар!), жедел қимылдайтын, ел ішін жиі аралайтын (мәселен, тәулігіне бар болғаны бес-ақ сағат ұйықтайтын аудан әкімін өз көзіммен көрдім де!), шешен, кішіпейіл, денсаулығы темірдей, кімнің де болсын тілін таба алатын көпшіл, елгезек азаматтар аз емес. «Аз емес» деймін-ау, мұндайлар, тіпті, мол («Жас Алаш»).

ЕЛШІЛДІК з а т. *Елін сүюшілік, ел қамын ойлаушылық.* Өзімді қоса, жаңағы жігіттердің соншама *е л ш і л д і г і н* есіме алсам-ақ болды, осы бат-бат пен адыраспан ықасында көз алдыма келеді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕЛШІЛІК з а т. д и п л. <лат. consul> **1.** *Бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігі (мекеме). Е л ш і л і к т і ң* машиналары төрт қабатты бейтаныс қонақ үйдің алдына келіп тоқтады (Ә.Шәріпов Алыс.). – Бұл совет *е л ш і л і г і н е н.* Әлгінде ғана біздің дәрігеріміз хабарласқан-ды (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.) Бейрутта көп елдердің *е л ш і л і к т е р і,* мәдени орындары, ресторандары бар («Лен. жас»). **2.** *Осы өкілдік орналасқан үй, ғимарат.* Жомарт жер астындағы жол мен шығып, *е л ш і л і к к е* кірді (Т.Ахтанов, Дала.). Римде ашынған адамда демонстрация жасап, америка *е л ш і л і г і н е* қарай бет алды (Бейбітшілік.). **3.** *Шетелдегі үкімет өкілдігі қызметін атқарушылық, елші болушылық.* Кіші

Плиний империясында ең төменгі қызметтен бастап *елшілік* қызметіне дейін көтерілген адам (Н.Баяндин, Геогр. ашу.). Келгеннен кейін *елшілікпен* үш қайнаса сорпасы қосылмайтын міндет жүктелді (Ж.Тілеков, Хинган.). **4.** *Екі ел арасын келістірушілік, дәнекер болып бітімге келтірушілік. Елшілікке* жүруге екеуі де қарсылық білдірген жоқ (М.Әуезов, Ақын аға). Ақылдаса келе *елшілікке* қасына екі жігіт ертіп, Жұман барсын деп ұйғарылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Найзаға ақ ту байлап алыс тұрып, Елшілер Құсан жақтан хабар күтті. Белгісін *елшіліктің* таныған соң, Келсін деп Құсан мырза хабар етті (И.Байзақов, Құралай.).

ЕЛШІХАНА з а т. *Шетел өкілдері тұратын жай, ғимарат; елшілік үйі.*

ЕЛІ[1] з а т. *Ұзындықты, қалыңдықты білдіретін саусақтың көлденең ені (өлшем мөлшері, өлшеу бірлігі).* Мықынынан балағына дейін екі *елі* қызыл әдіпті генералдың белгісі бар шалбары өзіне шақ еместей олпы-солпы болып көрінді (Б.Момышұлы, Москва.). Жерге шөгіп кетпесін деп астарына жуандығы төрт *елі* тақтай төсеген (Ө.Қанахин, Дәмелі). Аралығы қарын менен жүректің Төрт-ақ *елі* болса да, Қашық олар қаншама! Иә, көп болса төрт елі (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Аузынан бір [екі] елі тастамады [түспеді]. *Ылғи айтып жүрді, үнемі сөз етті.* Қазақтың күні бүгінге дейін *ауыздарынан бір елі тастамай,* «шіркін, тарының сүтке бөктірген сары сөгі мен көжесі-ай», – деп емекситіні де осыдан келіп шыққан («Лен. жас»). «Өмір», «бақыт» деген егіз сөз Саттардың *аузынан екі елі түспейтін* (А.Лекеров, Қырда.).

Бармақ елі. *Қалыңдығы бармақтың еніндей (мөлшер).* Беті түтеп, қызарды көз, тер кетіп, Күйген аяқ тайқи берді кер кетіп. Ботинкадан *бармақ елі* ұлтаны, Қайран шіркін, жақсы екен-ау керзі етік (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

Бір елі. *Қалың, әжептәуір.* Жаясының майы тап *бір елі* шықпаса, мұрнымды кесіп берейін (М.Әуезов, Абай). Бетіндегі сапсары қаймағы *бір елі* болып, кастрюлде піскен сүт тұрады (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Бір [екі] елі ажырамады [айырылмады]. *Үнемі бірге жүрді; жұбы жазылмады.* Кинотеатрға барғанда да ол екеуі *бір елі ажыраспайды* (М.Гумеров, Сүйе ме.). Тынбай боздап барады. Он жыл бойы өзінен *бір елі айырылмаған* жалғыз серігін жоқтап барады (З.Шүкіров, Ізгілік.). Рахым бұл кезде маған бұрынғыдан бетер бауыр басып кетті. *Екі елі ажыраған жоқ* (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдыз.).

Екі елі аузын жаппады. *Аузын тыймады, сөйлей берді.* Атсыздан күтпе жақсылық, Не айтарын білмейтін Шамасыз шалғай шарқыдан. *Екі елі аузын жаппайды,* Айтқаны өсек балшылдан, Тентектің жайы белгілі, Асау нардай тарпыған (Базар жырау, Шығ.).

Есінен бір [екі] елі шығармады. *Ылғи есінде жүрді, әр уақытта жадына сақтады, ұмытпады.* – Қайда барсам да, жүрсем де *есімнен бірелі шығармайтын* сені (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Күз бұлтын тіркеп алып жетегіне, Қаз-үйрек қайтып жатыр мекеніне. Бұлар да сағынады-ау өз ұясын, *Шығармай естерінен екі елі* де (М.Неталиев, Сағыныш.).

Есінен бір [екі] елі шықпады. *Ұмытпады, есінде болды.* Жалғыз қызының халі соңғы бесалты айда *есінен екі елі шықпай* қойды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Жуан елі. *Бармақ елі; қалыңдығы бармақтың еніндей жуан, қалың.* Майқұмарлау біреуі күрең тайдың *жуан елі* қазысын дәріптеп сілекейін шұбыртып еді, жаңағы қаба сақалды қара шұбар тағы да күж етті (Ә.Әбішев, Найзағай). Жер ошақтағы сүт пісірусіз тұра берді, қазанның бетіне *жуан елі* сары қаймақ сіресті (Б.Майлин, Шығ.).

Көзінен бір елі қашықтатпады. *Көзінен таса қылмады, үнемі көз алдында ұстады.* Келдім саған жұлдыздар жүз аққанда, *Қашықтатпай көзімнен бір елі* мен. Сапарыңды толқындар ұзартқанда Кемелердің саулығын тіледім мен, Ей, менің қара шашым! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Қасынан [жанынан, соңынан] бір [екі] елі қалмады [қалған жоқ]. *Ажырамады, айырылмады, ізінен жүрді.* Сонан бері ол жас жігіттің *қасынан бір елі қалған* жоқ (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Муаммар Каддафирдің футболшы ұлын да Ливияның қауіпсіздік қызметінің 30 агенті *жанынан бір елі қалмай* күзетеді екен. Бірақ күзетшілер президент ұлымен бірге алаңға шығып, футбол ойнамайтыны белгілі ғой («Жас Алаш»). Сонау бір жылдары тау кезген геологтардың *қасынан екі елі қалмай* бірге жүретін еді (М.Сәрсекеев, Жеті жылдық.). Мен қайда барсам, олар сонда барады. *Соңымнан бір елі қалмайды* (І.Есенберлин, Алтын құс).

Қасынан [қанжығасынан] бір [екі] елі тастамады. *Ылғи ертіп жүрді, жанынан қалдырмады.* Әйтеуір Вася оны *қасынан бір елі тастамай,* ертіп жүргені (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Шарболатым ұсталып, істі болғалы жүрегі құрғыр ойнамалы. *Қанжығаңнан екі елі тастамайтын* күлдірманайыңды бекер қалдырдың-ау. – Уәрі жыраудың өңіне үрей жүгірді («Қаз. әдеб.»). Тек Абайды *қасы-*

нан Тастамайтын бір елі. Пушкин десе жасынан Лүпіл қаққан жүрегі (А.Шамкенов, Жайлау.).

Қыл елі. *Ешбір, ешқандай; титтей де.* Оразовтың осы жазғандарынан мұнайлы Ембіге келер *қ ы л е л і* пайда жоқ (З.Қабдолов, Жалын). Біздер, журналистер, түрлі-түрлі еңбеккерлерге жиі барамыз; шабытымыздың қайнар бұлағы солар болған соң, олардан *қ ы л е л і* ажырауды қылмыс көреміз (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Маңдайының соры бес елі. *Бағы жанбаған, бақытсыз. – М а ң д а й ы ң ы н ы ң б е с е л і с о р ы* әлі арылмаған екен... (Ж.Мусин, Үміт.). Есімде жылдар кешегі Көп төккен көздің жаңбырын. *М а ң д а й д ы ң с о р ы б е с е л і,* Бас салған бақыт тағдырын (І.Мәмбетов, Дос.).

Он екі елі ішек [шек]. а н а т. *Қарынның шығар аузына жалғаса жатқан ұзындығы он екі елідей жуан ішек. О н е к і е л і і ш е к т е н* бастап, бүкіл ащы ішектің кілегей қабығында ішек бездері деп аталатын көптеген майда бездер бар (Адам анатом.). Біздің деректеріміз бойынша, ол негізінен *о н е к і е л і ш е к т е,* кейде ащы шек пен мықын шекте кездеседі (С.Сыбанбаев, Сиыр. коқцидиозы).

Төбесі көкке бір-ақ [екі-ақ] елі жетпеді [жеткен жоқ]. *Мәз болды, қатты қуанды; мақтаныш кернеді.* Бекетім! Сонда сенің *т ө б е ң к ө к к е б і р - а қ е л і ж е т п е й* жүрді ғой (Д.Исабеков, Бекет). Өзін коллективі қарсы алады, осыншама жұрт жиналады деп ойламаған Сейткерейдің *т ө б е с і к ө к к е е к і - а қ е л і ж е т к е н ж о қ* (Ы.Тникин, Жомарт.). – Бәрекелде, балам, еккен талың көгеріпті. Енді біз де бау-бақшамен айналысамыз, – деп маңдайымнан сипады. *Т ө б е м к ө к к е е к і - а қ е л і ж е т п е й* қалды (Ж.Аяшев, Алақан).

Шынашақ елі. *Ең жіңішке елі; жіп-жіңішке, жұқа (қалың емес).* Әңгімелесе келе байқағанымыз, өмірде *ш ы н а ш а қ е л і* повесть оқып көрмеген азамат па деп қалдық («Лен. жас»).

ЕЛІ[2] з а т. же р г. *Ұзаққа созылатын көз ауруы.* Көзің *е л і* болса, көзілдірік ки (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕЛІБІ з а т. *Түр-түсі, бет-әлпеті.* Аузыңа қарасам, Аш бөріге меңзеймін. *Е л і б і ң е* қарасам Ер Төлепке меңзеймін (Аламан).

ЕЛІГУ[1] з а т. *Еліккендік, елігушілік, желік.* Жас адамда жиі кездесетін *е л і г у д е н,* ұнатудан шығып, нағыз махаббат туған (М.Иманжанов, Менің махабб.). Осы екі күннің ішінде өз бойында бір өзгеріс пайда болғандай. Көңілінде түсініксіз *е л і г у* бар (Б.Исаханов, Ғашық.).

ЕЛІГУ[2] *Елік етістігінің қимыл атауы.* – Е, бауырым-ай, оның сүйгендік емес, жай қызығу, *е л і г у* еді десеңші (М.Сүндетов, Ескексіз.). Мұнысын Сыздық қазіргі әппақ боп атқан таң нұрына *е л і г у і* шығар деп жорыған еді (А.Сейдімбеков, Ақиық.).

ЕЛІГУ-ЖЕЛІГУ з а т. *Еліккендік, желіккендік.* – Иә, мен шабандоз Мұқырды білемін. Мал баққан, *е л і г у - ж е л і г у* дегенді білмейтін, мінезі томырықтау, құба төбел кісі (Ә. Көшімов, Жас аңшы). Бұл дүниеден бойыңды аулақ сал, барлық *е л і г у - ж е л і г у д е н* таза тыйыл дейді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

ЕЛІГІҢКІРЕ= е т. *Аздап елігу, қызығыңқырау, желігіңкіреу.* Ойынға қызып *е л і г і ң к і р е п* отырған әйел мүлдем елең қылмастан, міз бақпады (Ж. Молдағалиев, Торғай.).

ЕЛІДЕЙ с ы н. *Азғана, азғантай, титімдей.* Егер еліме тиетін *е л і д е й* пайдасы бар іс кезіксе, мен дарияны малтып өт десеңіз де көнем (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

Бір елідей. а) *Кішкентай, шағын.* ә) *Кішкентай.* Дәл ернінің алдына *б і р е л і д е й* мұрт қойыпты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЕЛ-ЖЕР з а т. *Атамекен, туған жер.* Ертедегі, жырауларды *е л і м - ж е р і м* деп жырлатқан патриоттық сезім бар емес пе? Оны қайда жібереміз? («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІК[1] з а т. **1.** з о о л. <лат. capreolus capreolus> *Таулы, бұталы, орманды жерлерді мекендейтін, бұғы тұқымдас жүп тұяқты, сүтқоректі кішірек аң.* Ол тауда арқар мен *е л і к т е р* де мекендейді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Анадай жерден ырши секіріп, Асқардан үріккен *е л і к* көрінді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Тау ешкі дейтін аңы бар. Ермегі аңшы баланың. *Е л і к,* киік тағы бар, Көркі тау мен даланың (Қ.Жапсарбаев. Сөйле.). Тиме, *е л і к к е,* жүрегі бекінсін, Тиме, киікке, түлегі жетілсін. Тимеші маған да ән салсам, Көкірегім бір дертін кетірсін (К.Салықов, Жезкиік). **2.** а у ы с. *Көз қуантар, көз тартар, сұлу, сымбатты қыз (әйел)* Көп кешіп ем осынау өмір сортаңын, Әлі күнге қиял қуып жортамын. Ақ сәулеге бойы үйренген *е л і г і м* Қара түннен шоши ма деп қорқамын (С.Жиенбаев, Оркиік). Мен ұл ем Сендер ең үш тамаша *е л і к,* Төртеуміз бір әкенің баласы едік, Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын Өстік біз бір омыраудан таласа еміп (Т.Айбергенов, Өлеңд.).

Елік ауыз болды. ж е р г. *Қисыны кетті, ұйқаспады, байланыспады.* Сөзі *е л і к а у ы з б о л ы п* кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Елік аяқ. *Жылқы малының аяқтарының келісті біткенін білдіретін сөзқолданыс.* Қоян жүнді, ешкі бас, *е л і к а я қ,* Төрт аяғы желгенде жеңіл тақпақ. Жал-құйрығын сүзгенде сүмбе болып, Жай уақыттан он есе бітер сандақ (С.Керімбеков, Еңбек – ата.).

Елік бас. *Жылқы малының бас бітімінің әдемілігін білдіретін сөзқолданыс.* Мұлтық мойын, кең кеуде, бөкен қабақ, Жағы жұқа, *е л і к б а с* тұрсаң қарап. Көк қасқаның тұлғасы келісіп тұр, Айта алсам толықтырып бәрін санап (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Еліктің лағындай [асығындай]. *Шағын ғана әдемі, сымбатты; сүйкімді.* Нұрбек аялдамаға келгенде он сегіз, жиырмалар шамасындағы *е л і к т і ң л а ғ ы н д а й* сүйкімді бір қызды көрді (С.Досанов, Қыран.). – Өзі кіп-кішкентай *е л і к т і ң л а ғ ы н д а й* екен ... (С.Хайдаров, Құрыш.). Алдияр хан! *А с ы ғ ы н д а й е л і к т і ң,* Шемен жігіт келіп тұр, Аты-жөнін айтпайды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Елік сезім. *Нәзік, жастық сезім.* Мына меңіреу дүниеге тауыт төзім, Әлде аман қалар ма *е л і к с е з і м.* Төңкергенде жіберер бірге аунатып, мөлдіреген мойылдай қара көзім (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

Ерке тотай елік. п о э т. *Еркін, қақпайсыз өскен қыз.* Ен даланың *е р к е т о т а й е л і г і м* Елім сұлу көрінетін менімен. Енді денем әлдекімнің мазағы, Бірақ әнім мәңгі бірге сенімен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Қашқан елік. *Қолға оңай түспейді, қол жеткізу қиын деген мағынада қолданылатын сөз.* Үміт шіркін қашанда *қ а ш қ а н е л і к,* Кейде жазып қаламын, кейде көріп. Тұлпардайымын көңілім қиқулаған, Шабытыма шаршамас тілімсерік (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕЛІК²= е т. **1.** *Елту, қызықтау.* Ой билеп, жап-жас Қорқыт елден безді, Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді. *Е л і к п е й,* үйірілмей еш нәрсеге, Алтайдың алаптарын жалғыз кезді (М.Жұмабаев, Шығ.). Ойын қызығына *е л і к к е н* шуылдақ балалар бұны елейтін де, байқайтын да емес (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Ол – тәтті тіл алдайтын Өлтіруге дүшпанын, *Е л і к к е н* аман қалмайтын, Білмей жерді құшқанын (С.Торайғыров, Алаш.). Майда-шүйдеге қызығып, жоққа *е л і г і п,* сағым қуып жүріпті ғой (Ә.Тарази, Асу.). **2.** а у ы с. *Желігу, желпіну.* Байларда үрей жоқ. Кедейлер *е л і г і п* алған (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Оларға еріп, бірнеше иттер *е л і г і п,* жүгірісіп кетті (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қапияда төніп қалған қауіптен зәре-құты қашқан бөкендер оңды-солды жалт-жалт бұрылып, мың сан тұяқтан ұшқан ақ түтек қас-қағымда төңіректі жалмады. Соңынан ерген табынның дүбіріне *е л і к к е н* ақбас шабысын одан сайын үдетті («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІККІШ с ы н. *Әр нәрсеге еліктегіш, қызыққыш; еліге кеткіш.* Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы бір дауыстар селт еткізді. Мұндайда балалар *е л і к к і ш* келеді ғой... (С.Мұратбеков, Көкорай.). Сәби көңілде жазық жоқ. Әр неге *е л і к к і ш,* не болса соған көнгіш те (А.Байтанаев, Қансонар).

ЕЛІККІШТІК з а т. *Еліге кеткіштік, қызыққыштық.* Раушаннан аңғарған бір мінез – оның бір нәрсені естісе не көрсе, соған *е л і к к і ш т і г і* (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.).

ЕЛІКПЕ¹ з а т. *Бас айналып, есеңгіреп қалатын ауру түрі.* Нерв жүйесі зақымданған балық сенделіп, қимыл-әрекетін басқара алмай қалады, сондықтан бұл ауру кейде *е л і к п е* деп те аталады (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЕЛІКПЕ² с ы н. *Еліккіш, еліге кеткіш.* Бір теректен терекке, Құстар қонса дүр етіп. Жүрегіміз *е л і к п е* Қалатын-ды дір етіп (Ж.Тоғашев, Атырау.). Қайсыбір *е л і к п е* жігіттер сияқты ол келіншек саусақтарын ұзақ ұстамады («Жалын»).

ЕЛІКТЕ= е т. **1.** *Біреудің жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне т.б. ұқсауға тырысу, сондай болғысы келу.* Ждан-Пушкиннің ашық, жақсы мінезі, түзу пікірі оқушыларға жақсы әсер беріп, кадеттер көп өрнек алып, дайым соны *е л і к т е й т і н* еді (М.Дулатов, Шығ.). Жазым болар десе де болмайды бір, Жарлы байғұс қайтсін-ай, ұнамай жүр. Байы айтқан соң амалсыз арқандады, Анда-санда бір үзіп *е л і к т е п* тұр (Шәкәрім, Өлеңд.). **2.** ж а ғ ы м д ы. *Біреудің ерекше қасиетін, дарынын өзіне үлгі тұту, сондай қабілетке жетуге тырысу.* Сол тұста қазақ әдебиетінде оның «Жәмиласына» *е л і к т е п* жазылған жас жазушылардың бірсыпыра әңгіме-повестері де Ш.Айтматов шығармаларының өміршендігін дәлелдейтін бір сыр еді десек, тағы да қателеспейміз («Қаз. әдеб.»). Кейбір ақындар Жамбылдың бұрынғы толғау өлеңдеріне *е л і к т е п,* ұзын-сонар поэмалар жаза бастағанда, Жамбыл онан арылып, поэзияға қарай ойысқан болатын (М.Базарбаев, Замана.). Капитанға *е л і к т е п,* мен де тамағымды қыра сөйлеймін (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **3.** *Біреудің істегенін істеу, қайталау.* Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйеніш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілді *е л і к т е й* беруі зор хата (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Күндер жылжып аға берді, біз білімге бас қойдық, Он екіден асқан кезде жұртқа *е л і к т е п* шаш қойдық (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сүзіліп сұпсынып дінді сатқан Таңқы мұрт, таспа қара, сұрдан қорқам. Бұлғақтап құр білімсіз, ағымға еріп, білгенді *е л і к т е г е н* зырдан қорқам (Ғұмар Қараш, Шығ. жин.). Сөйтсек керіскедей жігіт... Сынықтан басқаның бәрі жұғады, сол Нұрбекке *е л і к т е п* біздің ауылдың жігіт-желеңі темекі орнына жылқының құ тезегін үгітіп тартып жүрді

(Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **4.** *Елігу, елту.* Қайдасың қайда, ұларым? Тарқатшы көңіл мұнарын. Еркелеп келші, *е л і к т е п* ерші, Жер-көкте жалғыз құмарым (К.Салықов, Жезкиік.). «Ертең үйге шығам. Содан кейін Москва барып полип деген кішкене сүйелімді алдырам да, Москва түбінде аялдап жаңа романымды жазамын» деп өзінің творчестволық жоспары жөнінде бір түрлі шабытпен *е л і к т е й* сөйледі (Біздің Мұхтар). Жас баладай *е л і к т е п* қараған сайын, жүрегім аузыма тығылып, қуанамын (А.Лекеров, Қырда.). *Е л і к т е п* сол бір әніңе, Мұңайсам енді сөкпеші. Мен көнейін бәріне, Сен ғана мұң төкпеші (М.Айтхожина, Шыңда.).

Еліктеп келемеждеу. ә д е б. <грек. parfdia> *Еліктеу түріндегі әзіл қағытпа өлең немесе белгілі бір әдеби нұсқаға еліктеп отырып, бұрмаланатын көлемді көркем шығарма. Е л і к т е п к е л е м е ж д е у* өлең түрінде болса, басқа ақынның өлеңіне әдейі еліктеп, жеке пікірлерін қайталай отырып, бұра сөйлеп мысқылдау негізінде жасалады (Әдеб. термин. сөздігі).

ЕЛІКТЕГЕНДІК з а т. *Біреуге ұқсағандық, сондай болғысы келгендік; еліктеушілік.* – Бұл әшейін орысқа *е л і к т е г е н д і к,* – деді Айназар (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт бөлек, Міржақып бір бөлек. Алғашқы үшеуінде орыс ақындарына *е л і к т е г е н д і к* бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кейде мұндай қайталану – дамудың кейбір өткен сатыларына саналы түрде *е л і к т е г е н д і к* болып шығады (А.Қасымжанов, Диалектика.).

ЕЛІКТЕГІШ с ы н. **1.** *Біреуге ұқсап баққыш, елтігіш, еліккіш, әр нәрсеге қызыққыш; әуесқой.* Бала – *е л і к т е г і ш,* маңайындағы адамдардың, әсіресе ата-анасының мінезіне салып алады. Бала жүргенде, сөйлегенде ата-анасындай болуға тырысады (М.Жұмабаев, Шығ.). Кішкене Жомарт – ойынпаз, әр нәрсеге *е л і к т е г і ш,* қиялшыл, саяхатты жаны сүйетін бала (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Ал жастар – *е л і к т е г і ш* жандар. Олардың ой-санасына, мінез-құлқына күшті ықпал жасайтын, ең алдымен, әке мен ана (С.Бақбергенов, Біздің колхоз.). Райша жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның барлық мауыққыш, *е л і к т е г і ш* тұлғасын көріп шыққандай болды (М.Әуезов, Қараш.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Өзіндік пікірі жоқ, өзгеге ергіш.* Халықтың рәсімдерін басшылыққа алуы да оның әр нәрсеге *е л і к т е г і ш,* тез оңғыш еместігін, өмірлік адамгершілік тұрғысының беріктігін дәлелдейді (Р.Бердібаев, Достық.). Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, түр тапқыш, аса *е л і к т е г і ш* емесі – Міржақып (Ж.Аймауытов, Шығ).

ЕЛІКТЕГІШТЕУ с ы н. *Көрсеқызарлау, қызыққыштау.* Әбсаттар жас күнінде қиялшыл, елпек, *е л і к т е г і ш т е у* еді («Жалын»).

ЕЛІКТЕГІШТІК з а т. **1.** *Біреуге ұқсауға тырысушылық, соның істегенін істеуге ұмтылушылық. Е л і к т е г і ш т і к* ақындық жолында мін емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** п с и х о л. *Еліккіштік, елтігіштік.* Төменгі класс оқушыларының психикасына тән ортақ қасиеттердің бастыларына: жалпы әсерге тез берілгіштік, *е л і к т е г і ш т і к* т.б. жатқызуға болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Біз күні бұрын өзімізге қызықты көрінген мінездерін бақыламақ боламыз, мысалы, ойын кезіндегі баланың шығарғыштығы, *е л і к т е г і ш т і г і* қандай екенін балалардың көбірек ойнайтын ойыны не екенін, әйтпесе қандай уақытта, әсіресе, ойынға құштарланатындығын білгіміз келеді екен (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

ЕЛІКТЕЙ с ы н. *Елік сияқты, елік тәрізді.* Елегізиді *е л і к т е й* Қара-құраң тау-тастан. Тек жанына серіктей, Ескі қыстау қау басқан (С.Мәуленов, Алыс кет.). Аяғымның ұшы қолдауына сәл тиіп кетсе *е л і к т е й* орғи жөнеледі, мені шопақ құрлы көрмей, ала жөнеледі (С.Омаров, Қайырлы.). Қатар түзеп, біріне-бірі қарайлай көсіліп бара жатқан екі жануарлардың бірі – добал дене айғыр, екіншісі – *е л і к т е й* жинақы сүлік қара жас бие (Ә.Тарази, Асу.). Толқынды толқын қуалап, Жарысар бейне *е л і к т е й,* Жүзеді қалқып домалап, Бетінде судың көбіктей (К.Шілдебаев, Қыз көңіл).

ЕЛІКТЕМПАЗ с ы н. *Әр нәрсеге қызыққыш, әуесқой.* Бала *е л і к т е м п а з* болғандықтан, баланың ылғи сұлу іәм құлықты әсерлер алуына ыждаһат қылу керек (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕЛІКТЕҢКІРЕ= е т. *Аздап еліктеу, біреуге ұқсауға тырысыңқырау.* Содан ба, кейде Серікке *е л і к т е ң к і р е п* те кететінді шығарды (О.Сәрсенбаев, Даңқ.).

ЕЛІКТЕСТІК з а т. с ө й л. *Еліктеушілік.* Осы ретпен баланың көрген-баққан дүниесі кеңіген сайын, баланың жады неше түрлі жаңғыру, *е л і к т е с т і к* қуатымен барып, бір перненің орнын екінші баса береді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛІКТЕТ[1]= е т. *Елеңдету, елегізу.* Мұнымен мұғалім класта тәртіп орнатудың орнына, балаларды өзінің айқайына *е л і к т е т і п,* шуды бұрынғысынан бетер көбейтуі ықтимал (Қ.Жарықбаев, Психология). Жайдарылығы, ашық-жарқын мінезі – әдетте онымен кездескен жандардың барлығын да өзіне еріксіз *е л і к т е т і п,* бағындырып алып кететін (Семья тәрбиесі).

ЕЛІКТЕТ[2]= е т. *Біреуді өзіне еліту, тарту.* Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне *е л і к т е т і п,* соңынан ертіп шәкірт қып әкетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛІКТЕТКІШ с ы н. *Біреуді еліктетіп, соңына ертіп алғыш.* ≈ *Е л і к т е т к і ш* адам.

ЕЛІКТЕТКІШТІК з а т. *Еліктете білушілік, еліктете алушылық.* Сыншылар көркем әдебиеттің идеологиялық мәнін, әсер етк іштік, *е л і к т е т к і ш т і к* қуатын, тәрбиелік маңызын ауызға көп алады (Ф.Оразаев, Басты.).

ЕЛІКТЕТУ *Еліктет етістігінің қимыл атауы; біреудің ерекше қасиет-қабілетін үлгі тұтқызу.* Бұл үшін тәрбиеші баланы ұлы адамдардың өнегелері мен істеріне *е л і к т е т у,* дүниетанымы мен сенімін қалыптастыру т.б. сияқты жұмыстарды ретіне қарап жүргізіп отыруы тиіс (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЕЛІКТЕТУШІ з а т. *Еліктеткіш, еліктетіретін.* ≈ *Е л і к т е у ш і* қиял.

ЕЛІКТЕУ[1] з а т. **1.** п е д. <лат. imitatio> *Адамның басқалардың мінезіне, қылығына, іс-қимылына ұқсауға тырысуы, еліктеу әрекеті. Е л і к т е у д і ң* мұндай түрі бала оның топтағы әлеуметтік моделін реттейтін негізгі ережелерді білуі керек деп түсіндірді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Е л і к т е у* адамның дамуындағы өздігінен бағдарлаудың және мінез-құлықтың бастамасы болып шығады (А.Қасымжанов, Диалектика). Бірақ әдеттердің бірсыпырасы *е л і к т е у* арқылы пайда болатыны да кездеседі (М.Мұқанов, Педагогика очерк.). Өмірім биіктердің өмірі ме, Жүрмін бе *е л і к т е у м е н* көп іріге. Оқи ма мені бала оқымай ма, Тоқи ма өсиетімді көңіліне (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** ә д е б. *Жазушының, ақынның өз шығармасында белгілі әбеди нұсқаны үлгі тұтуы, алдындағы атақты өнер иелерінен өнеге алуға ұмтылуы.* Мұндай *е л і к т е у,* өзінше көркемдік тәсілдерінде қолданылуы мүмкін. Соның нәтижесінде дәстүр тағылымына, көркемдік, стильдік ерекшеліктерді жаңғыртып, жаңаша қолдануға негізделген шығармалар туады (Әдеб. термин. сөздігі). Бірақ бұл – жалаң *е л і к т е у* емес, творчестволық түрдегі үйрену (С. Қирабаев, Октябрь.). Ш.Айтматовқа деген оқырман құштарлығы да, кейінгі толқын қаламгерлердің оған көбірек *е л і к т е у л е р і* де, жазушы қаламынан осы романтикалық сезімдердің дәл және мөлдіреген қалпында түсе қалатындығынан да болса керек («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІКТЕУ[2]**: еліктеу сөздер**. л и н г в. *Табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Е л і к т е у с ө з д е р* шығуы жағынан да, құрылысы жағынан да басқа сөз таптарына ұқсамайды, бірақ практикалық тілімізде қолданылуы жағынан ерекше орын алады (Қазіргі қаз тілі).

ЕЛІКТЕУ *Елікте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Әр нәрсеге елігу, қызығу, әуестену.* Музыка табиғатын түсінбейтін кейбір жастар модашыл жандардай көрінгенге *е л і к т е у г е* құмар (Алғысқа бөленгендер). Біреудің әлем-жәлем киім киісіне, сәнқойлығына, сырбаздығына, паңдығына *е л і к т е у* де жоқ емес («Білім және еңбек»). Осыдан барып жастардың батыс мәдениетінің кейбір сасық дәстүрлерін мәдениеттің жақсы түрі деп түсініп, оған *е л і к т е у* туғандай (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** *Біреуге, бір нәрсеге елту, соған бет бұру.* Абай өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр кіргізді. Бұл күнде ақындар Абайдың көп түріне түр қоспақ түгілі, әлі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ. Көптің бетін бұрып алғандығы – ақынның екпіннің күштілігі. Абай өлеңімен пайдаланып, *е л і к т е у* әлі қызған жоқ, бірақ мұнан артық қозып, бірталай заманға шейін бармақ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛІКТЕУШІ з а т. *Еліктеген кісі, еліктейтін адам.* Ақынның әр сөзін алтын көріп қалған шәкірттері бар, *е л і к т е у ш і л е р і* бар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЕЛІКТЕУШІЛІК з а т. *Еліктегендік, еліктеу ісін істеушілік.* Ондай жастар бара келе өзін-өзі қайталап, жақсы дүниелердің көлеңкесінде ғана қалып қояды. *Е л і к т е у ш і л і к* дәрежесінен биікке көтеріле алмайды (С.Мәуленов, Үркер.). Махаббат темасына жазып жүрген ақындарымызда классиктерге жалаң *е л і к т е у ш і л і к* бар (Е.Ысмайылов,Сын.). Бұның бәрі – *е л і к т е у ш і л і к* емес. Басымыздан өтіп жатқан баянсыз уақыттың кінәратсыз көңіл мен байыз таба алмай жүрген байбалам санаға тікелей түсіріп жатқан қысымы («Қаз. әдеб.»). Әдетте таланты шағын, білімі болымсыз жазушылар классиктерден үйренуді *е л і к т е у ш і л і к к е,* белгілі канонды қайталаушылыққа айналдырады («Лен. жас»).

Жалаң еліктеушілікке бой ұрды. *Көзсіз, талғаусыз еліктей берді.* Қазақ әдебиетіндегі Асқар эксперименті *ж а л а ң е л і к т е у ш і л і к к е б о й ұ р м а й* іштей түлеткен нәтижесінде еңбек болып шықты («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІКТЕУІШ: еліктеуіш сөздер. л и н г в. *Табиғат құбылыстарының, адам мен хайуанаттың шығарған дыбыстарына олардың қимыл-әрекетіне бейнелі түрде еліктеуден пайда болған сөздер.* Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сырсипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес, өз алдына дербес сөз табы ретінде қаралатын бір алуан сөздер *е л і к т е у і ш с ө з д е р* деп аталады (Қаз. грамм.). Еліктеу сөздер екі топқа (түрге) бөлінеді. Оның бірінші тобын *е л і к т е у і ш с ө з д е р* деп, екінші тобын бейнелеуіш сөздер деп атаймыз (Қазіргі қаз. тілі). *Е л і к т е у і ш с ө з д е р д і ң* бастапқы түбірі екі рет қайталаны-

лып қолданылады да, жаңа қос сөз жасалады (Қазіргі қаз. тілі). *Еліктеуіш сөздер* бұрын одағай категориясына телініп жүрді. Кейінгі жылдары өз алдына жеке сөз табы ретінде танылды (Қаз. тілі энцикл.).

ЕЛІКТІР= е т. **1.** *Бір нәрсеге қызықтыру, әуестендіру.* Еркінше *еліктірген* қапыл заман, Дәулетті өзгелерден көрсем дағы, Періште көрінеді басың маған (Батырлар жыры). Бәрін бірден ашып көрсетпейді, адамды *еліктіріп*, әкетеді, көзімізді ашқандай дәстүрлер мен рәсімдерді сақтай біледі (М.Кемел, Сөздер құдіреті). Топты баладан мұғалімге елігетін бала шықпай тұрмайды, ондай бала басқаларды да *еліктіреді*, бала еліктегіш екені мәлім (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйгілі, құтты кесене, Күшіңді толқыт, еселе, Ел-жұртыңды *еліктірде* қызықтыр. Мәңгілікті меңзеткен, Естіген жанды шөлдеткен Қабырғаңда тарих сыры тұнып тұр (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Елітіру, баурау.* Жер иісі, жусан иісі, құрай мен құлқайыр иісі кеудеңді кернеп, жан сарайыңа жаңа сезім, жаңа қуаныш толтырады, алпыс екі тамырыңды түгел матап, *еліктіріп*, еліттіріп әкетеді (Д.Исабеков, Екі жиырма). Айтматов шығармаларының оқырмандары баурап, *еліктіріп* қана қоймай, өзіне біржола табындыратын сиқырлы күшінің сыры да осында болса керек («Қаз. әдеб»). Шынайы поэзияның құдіреттілігіне өз оқырманын *еліктіре* баурай білуінде ғой («Қаз. әдеб»). Сілкін де Желік бір! Құлкіңмен *Еліктір*! Жанымның Жайы бол! Шамымның Майы бол! Тұтансын Намыстар! От алсын Таныстар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** *Тәнті ету, ынтық қылу.* Татар халқының қызы шәкірттерін қазақ тілін қастерлеуге ғана баулымай, биязы, ұстамды мінезімен бізді сондай қылықтылыққа да *еліктірді* (М.Әлімбаев, Көңіл.).

ЕЛІКТІРГІШ[1] з а т. *Зиянды жәндіктерді құртып, жою үшін я қолға түсіру үшін тасталған алдамшы азықтық зат; жем, жемтік.* Әуелі тор мен қақпанды қасына *еліктіргіш* (ірімшік, шұжық, кептірген балық т.б.) тастайды да, үш-бес күнге қалдырады (Т.Телеуғалиев, Мал. қора.). Бұның кемшілігі – уланған *еліктіргіш* берілгенде, оны жеген кеміргіштер өздерінің ауыра бастағанын тез сезеді (Ж.Лұқпанов, Химия.).

ЕЛІКТІРГІШ[2] с ы н. *Еліктіріп әкететін, еліктіретін.* Абай образының *еліктіргіш*, иландырғыш күші, міне, осында (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Бір ән, менің шырқар кезеңім бе, Тебірене бер, мен сыр сеземін бе? Күмбірлеп алып кетті оркестрдей, Көңілді *еліктіргіш* өзгенің де (Н. Көбенов, Дала.).

ЕЛІКТІРГІШТІК з а т. *Еліктіргіш қасиет.* Жандықтың қозғалыстары қоғамға қарай ыңғайласып, үндесуі көбінесе, жандықтың *еліктіргіштігінен* болады деседі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕЛІКТІРУ *Еліктір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызықтыру, әуестендіру.* Сорлы ана әркімнің *еліктіруімен* малға қызыққандығы болмаса, ана ғой (С.Сейфуллин, Әңгім.). Жай *еліктіру* емес, жаны сергек ер жігіттің сенімді серігі, қиындыққа толы өмірлерінің бір мезгілдік арашасындай да болды (А.Сейдімбеков, Ақиық). Өз ойының жетегіне қызды қайткенде де *еліктіруге* тырысқандай (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **2.** *Баурау, еліттіру, тарту.* Адам өзі ден қоймаған нәрсеге өзгені *еліктіру* мүмкін емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жазушы әрбір шығармасында халықтың алдына пайдалы адамдар мен залалды адамдарды тартып, жақсыға *еліктіруге*, жаманнан бездіруге тырысады (С.Мұқанов, Өсу жол.).

ЕЛІКТІРУШІ з а т. *Еліктіргіш, еліктіріп әкеткіш.* ≈ *Еліктіруші* әуен.

ЕЛІКТІРУШІЛІК з а т. *Еліктіріп әкетушілік, еліктіргіштік.* ≈ *Еліктірушілік* қасиет.

ЕЛІКШЕ ү с т. *Елік тәрізді, елікке ұқсап.* Есік алдынан болар-болмас тықыр естілуі-ақ мұң екен, бойжеткен іш көйлегін қолына ұстай, *елікше* екі-ақ секіріп, төсегіне күмп берді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Көсілген көл, керілген жалпақ дала, тегістікке бедер берген дөң-төбе оның көңілін *еліктше* елегізетеді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Кейде тоғайдың арасымен *еліктше* оғып келе жатқанда қарағаштың сояудай мықты шоңкесі май өкшеге кірш етіп кіріп кететіні бар (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Еліктше* елеңдеп, бойжеткенше жайраңдап отыратын Газекеңнің жасы елудің алтауында дегенге дені дұрыс кісі сенбестей, ал сенгеннің өзі бәрібір қырық бесті әрең бергендей («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІЛЕ= е т. **1.** *Елімен өлшеу, қанша елі болатындығын анықтау.* Алдыңғы аяқтың сіңірін ұстап, құйрығын көтеріп байқады. *Еліледі* сербегін өлшеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Құйымшағының арасын *еліледі* өлшеп еді, төрт еліден асық (І.Қожабаев, Ұя).

ЕЛІЛЕТ= е т. *Елімен өлшету.* ≈ *Еліледіту*.

ЕЛІЛЕТУ *Елілет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қазына *еліледіту*.

ЕЛІЛЕУ *Еліле етістігінің қимыл атауы.* Соғымның жақсы-жамандығын *еліледіу* көрсетеді (Ауызекі).

ЕЛІН-ПЕЛІН: елін-пелін болды. ж е р г. *Аңтарылып, тұйыққа тіреліп, дағдарды; не істерін білмді.* Ол нақ бір ертедегі аңыз-әңгімелердегі тоғыз жолдың торабына келіп, енді

қайда жүрерін, қалай басарын білмей, аң-таң болған саяхатшы, жиһанкездер тәрізді *е л і п п е л і н б о п*, жол үстінде тұра берді (С.Бақбергенов, Адам.).

ЕЛПІ з а т. ж е р г. **1.** *Кейіп, кескін, бейне; әліп, әлпет.* Тіпті оның бойын да, өңін де, бет *е л і б і н і ң* қандай екенін де анықтай алмады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қасында жан-жағына барлай көз тастап інісі Қожахмет тұр, бұның да *е л і б і* ағасы тәріздес те, тек көз қарасы ұяң, жүзі солық («Жұлдыз»). **2.** *Тұлға, тұрпат, мүсін.* Денесі мығым, екі қолы тоқпақтай, *е л і б і* балғашы я көрік басушыға келеді (Б.Аманшин, Көкжар).

ЕЛПІТЕС с ы н. ж е р г. *Тұр-тұлғасы ұқсайтын, кескіндес, кейіптес, бейнелес; әліптес.* Оған тете Елдос, сосын мен, ең кішіміз – Ізім үшеуміз де әкем *е л і п т е с* қара сұр, аша маңдай, мұрындымыз (Б.Аманшин, Көкжар). Сары нәнкемен тыстаған төбесі шошақ бөркі оны түлкі *е л і п т е с* етіп тұр (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕЛПІТІ с ы н. ж е р г. *Бейнелі, кейіпті, тұрпатты.* Молдаш ағай өзі де, жеңгеміз де ертеректе оқыған ескі интеллигент *е л і п т і,* үсті-бастары мұнтаздай, аса парасатты, мәдениетті адамдар көрінді (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЕЛІР= е т. **1.** *Елеңдеу, едірең-едірең етіп қарау, алақтау.* Кілең алқаракөк, алшақ кеуде, бота тірсектер қамыс құлағын тігіп, үріккен киіктей *е л і р і п* тұр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Келемін көріп талай қысқы күнді, Тәніме қадама, аяз, істігіңді. *Е л і р е* жармасқанмен, келмейді әлің, Бойдағы суытуға ыстығымды (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ежелгі елік, киік – қыр аңдары *Е л і р і п* орнында тұра алмады. Беткейде әккі түлкі даң-даң басып, Құйрығы әлденеге бұланддады (Н.Сүлейменов, Жолда). **2.** *Айғай-шуға, дүбірге делебесі қозу, бүйірі қызу.* Менің астымдағы жирен аттың қамшы тисе, айғай шықса, *е л і р і п* кететін мінезі бар екен (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ). Бір *е л і р і п* алған жылқы өмірі тоқтамайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **3.** *Қызбалану, даурығу; екілену. Е л і р і п* таласады, бобырнайға, Шығынды бірден салып жарлы, байға, Ел санасқан таластан олжа тауып, Ласқа жел береді болсынайға (Ақмолла). Өрен жүйрік ақындар. Ақын десе *е л і р і п,* Қаумалап халық мақұлдар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жыққан палуанға қошемет айтып *е л і р і п* жатқан жұрттың қоршауынан шыққан соң, жалма-жан керме басындағы атына қарай безе жөнелді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Түсте толқын *е л і р і п,* Абыржып еді ойнақтай. Кешке толқын тып-тыныш, Қабыржыған қаймақтай (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Желігу, желпіну.* Күнұзын ел қыдырып сумен қағып, Өтірік пен өсекке судай ағып, Екі табақ ет жесең, *е л і р е с і ң,* Жерден алтын тапқандай масаттанып (Әдеб. хрестом.). Хатшының сөзі тағы да қатты шықты. Бірақ екпіні үй жыққандай болып, *е л і р і п* сөйлеп тұрған хатшыға қарсы үн шығармадық («Қаз. әдеб.»). **5.** *Елеуреу, есіру; есі шығу. Е л і р д і к,* ерегістік, елді жардық, Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық. Бүгін дос, таң атса қос бола қалып, Бұлт еттік, мен болдым деп ат алармық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Дырау қамшы ұстап, көлденеңдей шапқан даяшылар, аттарының омырауымен қағып, есірген, *е л і р г е н* жұртты шегіндіріп әлек (С.Жүнісов, Ақан сері). Қиқулап айғайлап барады. Балалар да *е л і р і п* алған (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Кенет есік алдында күліп тұрған Кумбаны көрді де, одан сайын *е л і р і п:* – Балық бер, сусын бер, – деді айғайлап (Т.Әбдіков, Күзгі). **6.** *Жындану, есерсоқтану.* Бұған болса да шүкіршілік, ішіп алған соң *е л і р і п,* екі аяғыңды бір етікке тықса не істер ең (С.Шаймерденов, Өмір.). – *Е л і р г е н* ессіз, «адамшылықты» не қылсын? (С.Сейфуллин, Тар жол.). Желігіп барған жексұрын Жеріңе бомба түсірді. *Елірген,* есерсоқтарға Көрсет мықты қысымды (Ақын жырлары). **7.** *Құтыру, жынды болу, есі ауысу.* Бір бақсының тұқымы *е л і р і п* ауырғандарды бес ұрпағына дейін түнде далаға ұйықтатып емдеген екен дейді (К.Қазыбаев, Ызғар). Мұнан кейін, 12–72 сағат өткеннен кейін қозу стадиясы басталып, ит *е л і р і п* ешнәрседен тайсалмастан кісіге де, малға да жанталаса тиісе бастайды (Н.Әжіғалиев, Мал. ауру.). **8.** *Сөзінен шатасу, сандырақтау.* – Кешеден бергісі осы. Күзетіп шығамын түнімен. *Е л і р е д і.* Тәлтіректеп орнынан тұрып кетеді (Н.Серәлиев, Қаңтар).

ЕЛІРМЕ[1] з а т. м е д. *Көбінесе жас балаларда болатын психикалық ауру (ұйықтап жатып орнынан тұрып кетеді, санасыз түрде әртүрлі әрекеттер істейді т.б.).* Бошайдың баласы Шертай өткен жылы *е л і р м е* науқасқа душар болып, көше аралап қаңғып кетеді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Мына жатқан қайныңыз *е л і р м е* деген аурумен ауырып, жаңа ғана төсектен тұрған беті еді (О.Әубәкіров, Сиқыр). – Ана біреудің *е л і р м е с і* бар ма, немене?... (М.Гумеров, Сүйе ме).

ЕЛІРМЕ[2] с ы н. **1.** *Елең-елең етіп, жалт бергіш, үркек (жылқы).* Мұқтар *е л і р м е* жылқыға мінуді жақсы көрмейтін (Октябрь өрендері). Астындағы *е л і р м е* торы жалт беріп еді, балаң жігіт ат үстінен ауып түсіп қала жаздады («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Қызба, даурықпа (адам).* Пайдалыны бұл қазақ Не себептен тұр қылмай? Мақтан қуған *е л і р м е* Шаруаны жүр қылмай (Ш.Құдайбердиев,

Шығ.). Ол айғайшыл, *е л і р м е* жігіт екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қыз-келіншек, бозбалалар толған үлкен үйдің төрінде *е л і р м е* ақын домбыраны екі өкпеге тепкілеп сілтеп отыр (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). **3.** а у ы с. *Әулекі, даңғой, есерсоқ.* Біреу сені мақтаса қуанасың, Жамандаса жабырқап суаласың. Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісің жоқ, Бәрібір, сен де *е л і р м е* дуанасың (Ш.Құдайбердиев, Өлең.). Мүмкін мас адам шығар. Орыс бозасы көзін бозартып, ақылын алып, сенделтіп жіберген немістің *е л і р м е* офицерлерінің бірі шығар (М.Иманжанов, Адам туралы).

ЕЛІРМЕЛЕ= е т. с ө й л. *Еліру, есіру, даурығу.* Жолаушы оқыс *е л і р м е л е п,* қиқулай бастады. Қасқырдың қаншығы қашып кетті («Жалын»).

ЕЛІРМЕЛЕУ[1] *Еліргіш, есіргіш.* ≈ *Е л і р м е л е у* адам екен.

ЕЛІРМЕЛЕУ[2] *Елірмеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л і р м е л е у і басылды.*

ЕЛІРМЕЛІ[1] с ы н. **1.** *Елірме ауруы бар, елірмесі бар.* Әлде бұл *е л і р м е л і* ауру ма, Ауырса ем іздейік сауығуға. Шатақтың шаңын көкке бұрқыратып, Соқтырды суық сөздің дауылын да (Д.Еркінбеков, Шығ.). **2.** а у ы с. *Еліріп, есіріп кететін; есерсоқ.* Батырдан барымташы туар даңғой, Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой. Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз, *Е л і р м е л і* маскүнем байқалған ғой (Абай, Тол. жин.).

ЕЛІРТ= е т. **1.** *Елендету, алаңдату. Е л і р т е р* момындарды «сен де аттан» деп. Қарашы, бұл қырсыққа не қыларсың, Бишара әуреленер құр жатқан тек (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Даурықтыру, екілендіру.* Айтқұл оның қолтығына су бүркіп, *е л і р т і п* қояды (З.Ақышев, Жесірлер). Елді *е л і р т і п* азғырған, Әуесқой қып аздырған, Жазықсызды жазғырған, Аузы епті өсекке, Тұлпар ат беріп есекке, Ен жатқан елді бүлдірер Сөзінен бәле үдете (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Е л і р т е р,* екілентер, елбіретер, Толғантар, толғақ салар, толықсытар; Аспанға ащы даусың шырқап қалқып, Қоңырлап, көмей қайта аңырсытар (І.Жансүгіров, Шығ.). Ел таңырқап балаға Батырлар түсті араға. Ерігіп тұрған қалың ел. *Е л і р т і п* жатыр жаңа да. Ер Төстік сонда сөйледі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Желіктіру, желпіту.* Елдің осынша Жәукені жұлмалаудағы мақсаты Омарды айтаққа *е л і р т і п,* Оспанға салу еді (С.Торайғыров, Шығ.). Шұбарлы жылқың бар ғой семіртетін, Ішпей-жемей мас қылып *е л і р т е т і н.* Айдаса жау, ысқырса желдікі ол, Сүйегін аң мен құсқа кеміртетін (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

ЕЛІРТКІШ с ы н. *Еліртетін, еліртіп әкететін.* Осы жолы қолдары күрп еткелі тұрған тиімді сауданың *е л і р т к і ш* буына бәрі де өлден семіріп алғандай (Б.Аманшин, Көкжар).

ЕЛІРТПЕ[1] з а т. *Еліктіріп әкетушілік, қызықтырушылық.* [Шыңғыс] Шепенің айтағына шабудан беті талай шарпылып, ендігі *е л і р т п е с і н е* аяғын аңдап басатын болған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕЛІРТПЕ[2] з а т. с ө й л. ***Елірме***[1]. Жаздың шүйгін шабыны семірткесін, Жата алмайды жайлаудың шегірткесі. Әлсін-әлсін жыны ұстап түніменен, Әлсін-әлсін ұстайды *е л і р т п е с і* (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). – Қайны боласыңдар ма, құрбы боласыңдар ма, кешіріңдер мен бейбақты!? Осындай *е л і р т п е* ауруға шалдықтым, – деді әйел екеумізге қарап («Қаз. әдеб.»).

ЕЛІРТУ *Елірт етістігінің қимыл атауы; даурықтыру, екілендіру.* Алғашқыда бай мен молдалардың *е л і р т у і н е н* тұра жөнелген кедей қауымы қазір өкініп-ақ жүр (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

ЕЛІРУ *Елір етістігінің қимыл атауы; қызбалану, даурығу.* Мінезі қызық. Елірсе басылуы, басылса *е л і р у і* қиын (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Ақымақ-ау қарсыласар қаруың жоқ. Мұнша *е л і р у і ң е* болайын! (Т.Шаханов, Жоғалған.).

ЕЛІРУШІ з а т. *Еліру ісін (әрекетін) істеуші, елірген жан.* Кәне, *е л і р у ш і* қайсың? Бері шығыңдар (Ауызекі).

ЕЛІРУШІЛІК з а т. *Еліргендік, еліріп кетушілік.* 1849 жылы 8 майда өзінің өмір сүруінің ақырғы күндерін басынан кешіріп отырған Құрылтай жиналысында, бұрын болып көрмеген *е л і р у ш і л і к* болды (К.Маркс,.. Таңд. шығ.).

ЕЛІРІП-ЕСІР= е т. *Еліру, есіру, масаттану.* Күзгі лайсаңның қаншалық баянсыз екенін ертеден білетін кәнігі Ағарыс мән бере қойған жоқ, қуанған жоқ. Қуанғанда, *е л і р і п-е с і р г е н д е* жеткен мұраты қайсы?! (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЕЛІРІП-ЕСІРУ *Еліріп-есір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л і р і п-е с і р у г е* көшті.

ЕЛІТ= е т. с ө й л. **1.** *Бір нәрсенің уыты бойға тарап, басы айналу.* Мынау бір күшті темекі екен, *е л і т і п* қала жаздадым-ау (Ж.Тілеков, От кешу). – Ол үлбіреген қауыз үрпіне танауын тоса рахат бір әсерге *е л і т і п* қыбырсыз мүлгіді. Жусан исін бұрқыратқан мамыр желі жанына майдай жағып барады («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Бір нәрсеге ұю, елігу; бойы балқу.* Қыз әңгімесі барған сайын мені *е л і т е* берді, *е л і т е* берді (К.Асанов, Сағыныш). Өзінің құлаққа жағымды әсем үнімен тыңдаушыларды *е л і т і п* әкетті (К.Әміров, Өшп. жұлдыз).

Сарыбайдың алкеуде аңғалдықпен біраз маралды атып, қаһар оғы тиіп, тұралап қалған сәтіне келгенде бәсеңсіп, иіп кетіп, Қарабайдың дүниеқоңыздығын баян қылатын тұста үнінен ашу теуіп, кіжінуі тыңдағандарды еріксіз *е л і т т і*, қапысыз құштар қылды («Қаз. әдеб.»). Домбыра ғой бұл Еміреніп жұрт мұңына *е л і т к е н*, Париждің залын қос шегімен күңіренткен. Европаға тартқан бір таң-тамаша сый құздан, Шашырап жатқан шалғайды бір төбеге сыйғызған (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЕЛІТКІШ с ы н. с ө й л. ***Елтігіш.*** Еліккіш, *е л і т к і ш* сәби көкірек соны аңдап, таразыға тартып талқылап қайтсын (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЕЛІТТІР= е т. *Елеуретy, бас айналдыру.* Сезім билер жас құшақ *е л і т т і р і п* барады (А.Байтанаев, Қайнар.). Сырлыбайды Шарайна биінің сұлулығы *е л і т т і р д і* (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

ЕЛІТТІРУ *Еліттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л і т т і р у д і* ойлады.

ЕЛІТУ *Еліт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е л і т у і н* қара.

ЕЛІТУШІ з а т. *Еліметін, елітіп кететін адам.* Оның аузынан шыққан сөзге табынып *е л і т у ш і* – Сәден. Ол Гауһарды ұнататынын басқаларға білгізіп алған жайы бар (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).

ЕЛІТУШІЛІК з а т. *Еліткендік, елітіп кеткендік.* ≈ Сенгіш балаларды *е л і т у ш і л і к.*

ЕМ[1] з а т. **1.** *Түрлі ауруға қарсы қолданылатын емдеу әрекеті, емдеу ісі.* Шума ауруы тез жұғып, тез өлтіреді. Шумаға *е м* жоқ дегендей. Қойға тиген топалаң қандай болса, адамға да сондай (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). №7 қалалық клиникалық ауруханада 220 орынды нейрохирургиялық орталық орналасқан. Мұнда тек алматылықтар ғана емес, еліміздің барлық аймақтарынан келген адамдар *е м* алады («Егемен Қазақстан»). Қан кеткенде жасалатын *е м* біреу-ақ, ол – аққан қанды қандай жолмен болсын тоқтату (А. Даиров, Хирург.). **2.** *Аурудың (дерттің, кеселдің) айығуына себі тиетін нәрсе; дауа, шипа.* Шалғындық қырықбуын тибеттің халықтық медицинасында бұл өсімдікті *е м* үшін, ал якуттарда бағалы мал азығы ретінде пайдаланылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Адыраспанды ауру-сырқау адамдар *е м г е* пайдаланады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Аранның балынан басқа сүті де болатынын, оның бірнеше ауруға *е м* екенін көбіміз біле бермейміз (Ғалам ғажайып.). Үйірілген қышқыл, тәтті сары қымыз, Ауруға – *е м,* сауға – қуат, дәрі қымыз. Кедейлер ұрттар сусын таппағанда, Ертелі-кеш байлар ішкен қәрі қымыз (Жамбыл, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің амалы, айласы, шарасы.* ...Жалғыз-ақ *е м і* қалды. Мен оның мойнынан құшақтап алдым да: – Айналайын, бауырым! Сен ақшаңды қайырып алмасаң, мен бұл моншаға келмейтін боламын, – дедім (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Баққа барсам – қайтемін, Өзің ғана айт *е м і н;* Сен сағынсаң – шыдарсың, Мен сағынсам қайтемін (С.Сейітов, Бетпе-бет). – Мұның *е м і* қайсы? Нендей шара, қандай ықпал жасауға болады? («Халық мұғ.»). **4.** а у ы с. п о э т. *Жүрек дауасы, көңіл қалауы.* Сөйлесіп бүгін баламен, Барлығын өзің түсіндір. Көңілінің тапшы бар *е м і н,* Жарқылдап күнім жүрсін бір (Ш.Мұхамеджанов, Кең жайлау). Махаббат мазақ... Қайда *е м і?* Асыл жан аз-ау қимайтын: Өзіңді сүйіп, ал мені Өзіңнен артық сыйлайтын (Ә.Жәмішев, Сағым.). Жатсаң ойда, тұрсаң жырда Жанған жүрек *е м і* бар. Жаннан безген жырдан басқа Жас жүректің кемі бар?! (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Ем болды. а) *Жасалған ем дарыды, қонды, шипа болды.* Мұғалім еді, жас еді, *Е м б о л м а д ы* еш дару. Нағыз қиғаш қас еді, Алып кетті-ау құрт ауру (Қ.Мұқышев, Поэм.). Ең ақыры – бұл жердің *Е м б о л а д ы* батпағы. *Е м б о л а д ы* – түндегі Сар масаның шаққаны... – Осы айтқанды қабылда, Шыда!– деді, шыдадым. Түсіп кетті қарын да, Ісіп кетті құлағым (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Үшіртті тұз, мейіздің талайларын, «Ақтыққа» қазірет алды талай малын. Ешбірі *е м б о л м а д ы,* ерегісті, Ауызбен қылса дағы оңай бәрін (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). ә) *Тиімді, пайдалы болды.* Еткен ісі *е м б о л а р* Ерді дәулет иектесе. Бидарық сөзді айтпайтын Сопы, ғалым, молдалар Бұл сөзімді шет десе (Кердері Әбубәкір, Қазағым). б) *Жанына жақты, еңсесін, көңілін көтерді.* Дерт дейтін дерт жоқ, Дертсіз де қажып ауырдым. *Е м б о л а р* ма екен түтіні туған ауылдың?! Қайырымды қала, Кешіргін мені, қайтейін! Жатайын барып төсінде асқар тауымның. Кешіргін мені, Көк жайлауымды сағындым! (М.Мақатаев, Шығ.). Найманбай, Малдыбай мен Қарасайлар, Әділ би, айтқан сөзі *е м б о л а д ы.* Бәріміз Бақтиярдың баласымыз, Кенебай, айтқан сөзің жөн болады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Намақұл сөздің мысалы: Аң көрмей ұшқан далаға, Алмайтын құспен тең болар, Лепесі қабыл ғазиздың, Жақсының сөзі *е м б о л а р* (О.Шораяқов, Шайыр).

Ем болсын. т і л е к. *Шипа болсын, емі қонсын деген мағынада айтылатын тілек сөз.* ≈ *Е м б о л с ы н,* жазылып кет! (Ауызекі).

Ем жақты. *Шипа болды, жазылды, айығып кетті.* Сол болды ауруының *ж а қ қ а н е м і,* Халықтың бәрекелді тапқан емі (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Емге жоқ. *Түк жоқ, мүлдем жоқ;* – Жарықтық, *емге* бұлт *жоқ.* Шақырайып-ақ түр екен (Ә.Сараев, Бозқырау). – Ессентукидің суы бар ма? – *Емге жоқ* (М.Рашев, Бетің қисық.). *Емге* бұлты *жоқ,* қылаусыз аспан мөлдіреп тұрғанымен, орманды-қопалы бұл өңірде қарашаның айсыз түндері көзге түртсе, көргісіз қараңғы (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

Емге табылмады. *Іздесе де ұшыраспады, кездеспеді.* Сол кезде *емге табылмайтын* бес жұлдызды коньяк, коробкалы шоколад, печеньелер әкеп қойды дастарқанға (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Дәл сол жылы жұтапты елдің бәрі, *Табылмайды емге* де талқан, тары, Ұзатылған қызына естіртпекке, Өзі бармақ әкемнің ынтызары (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бірде-бір химиялық реакцияны, физикалық құбылысты тәжірибе жасап қуантпайды. Керекті құрал, түрлі материалдар *емге табылмайды* («Лен. жас»). Көк орай шалғынды сонау Шабақты мен Ынталының ойдым-ойдым аңғарынан, қолдан қазылған оман арықтың жағасынан көрмесең, басқа жерден *емге таппайсың* (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

Емге ұшпады. *Мүлде ұшыраспады, атымен кездеспеді.* Адам аусыл болады екен, тәтті жемеген соң. Тәтті *емге ұшпайды* (С.Талжанов, Ұлдай.).

Ем жасады [етті, қылды]. *Ем істеді, емдеді.* Бақсылар негізінен жүйке ауруына ұшыраған дарға, есі ауысқандарға, ауыр толғақ қысқан әйелдерге, сарып сал аурымен ауырғандарға *ем жасаған* (Б. Абылқасымов, Телқоңыр). Бұлардың кейбіреулері нағыз шын көңілмен файда келтірейін деп-ақ *ем жасайды;* бірақ дәрігер ғылымынан һеш нәрсе білмеген соң, файда орнына залал келтіреді, бір қатар қазақтар сыр түтеткіземіз деп ажалдан бұрын сынаптың уынан өлген болар дейім (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Жұмсақ қолмен сипап-сылап, Жүгіріп қыз *ем жасады.* Сусын беріп, жайын сұрап, Маңдайына су басады (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Бір қатар емдеушілер темір жалап күркіреп, құмалақ салып, бал ашып *ем етеді;* бұл заманда әулиелік, пайғамбарлық болмайтынын бұлардың өздері де, халық та біледі (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Осы дәрідәрмегін іске асырып, қай түрлі ауру болса да, Тұздыбай қарсы *ем қылып* жатады (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

Ем қабылдау. м е д. *Адамның аурудан жазылып, айығуы үшін дәрі-дәрмек пайдаланып, емдеу шараларын алу, емделу.* Ауруханадан сауығып шыққанан кейін үй жағдайында да *ем қабылдау* жалғастырыла береді (Шаңырақ энцикл.).

Ем қонбады. а) *Емдеген емнен ешбір нәтиже шықпады, дарымады.* Меңдеп кеткен ескі аурудай, ешбір *ем қонбай*-ақ қойды (Ө.Қанахин, Мұрагер). Жылайсың да шыдайсың... Енді қазақ ел болмас: Күні өтіп, айы асқан, Дәрігері дарын болса да, Ауруына *ем қонбас* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Таңменен таңға кірпігін қақпай Дөңбекшіп, Тулап, Бір тыным таппай, Жасаған *емі қонбапты.* Қанталап көзі қабынып ісіп, Артынша жерді қармапты (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бұл науқас, сірә, менен үзбеді қол, Талпынып құтылуға таппадым жол. Еткен *ем,* ішкен дәрі *қонбаған* соң – Көңілдің әрбір түрлі қасіреті мол (О.Шораяқов, Шайыр). Белгісі кәріліктің кетер күшің, Болмайды бастағыдай ешбір ісің, Кәрілік дауасыз дерт *ем қонбайтын,* жылаймыз қартайдық деп соның үшін (Шал ақын, Өлеңд.). ә) *Дауа жоқ; сөз өтпеді, тұзелмеді.*– Өкпе жоқ менде, тұла бойым бауыр ғой... Кешір, геройдың нақ сүйері! – Дауа жоқ, *ем қонбайды* саған (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Камал Ақрам сынды *ем қонбас* коммунистер Кеңес мектептерінде тек «мақұлбайлар» тәрбиелеп шығарамыз деп ойлаған екен (М.Шоқай, Таңд.).

Емі жоқ дерт. э в ф. *Жазылмайтын ауру мағынасында.* 2001 жылы XXI ғасырдың *емі жоқ дерті* Орал қаласының дәл іргесінен естілді («Жас Алаш»).

Емін білді. *Амал-айласын, жолын тапты.* Өз дертіңнің туғандай *емін білін,* Жүруші едік бір кезде жеңіл күліп. Қанаттанған шымшықтың балапаны, Қолдан шығып кетті ғой көңілділік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Еміне шипа іздеді. *Аурудан жазылудың амалын қарастырды.* Барасың туған жеріңе, Ақын жоқ, Ақын аты қап. *Іздейсің шипа еміне,* Тартады туған топырақ (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Емін тапты. *Шарасын, дауасын тапты.* Соның *емін таба алмай* Ой алысқа үңілген. Жеңілгенді намыс қып, Аш беліңіз бүгілген (Жамбыл, Тол. жин.). Жалғасын бізді тәтті үміт, Қос жүрек *емін табайық.* Құлшынып, құштар үздігіп, Рақаттан күйіп-жанайық (К.Салықов, Жезкиік).

Емі табылмады. *Дауасы табылмады. Табылмас ем,* дауа да Бұл сезімге мұңды, отты (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Мың да бір ем. *Таптырмас дәрі, нағыз ем.* – Бұғы мүйізінің қаны *мың да бір ем,* – деді ол аузын, қауға сақалын сүртіп тұрып (О.Бөкеев, Қайдасың.). – Бұл қайнардың суы ана сүтіндей. Іш ауруына *мың да бір ем,* – деуші еді әкем («Лен. жас»).

Сөзі ем болмады. *Айтқан сөзі дауа болмады, миына кірмеді.* Не шара, айтқан *сөзім ем бол-*

м а с а, Сұқармын сұқсыр үйрек тең болмаса. Сен үшін мұнша қапа болмас та едім, Алды, артым – бәрі қысқа, кем болмаса (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). Қайтсем деп етікшіні бай ойлайды, Қатты айтып әкім емес, ол қоймайды; «Ұйқы бер мазамды алма», десе-дағы, Бай *с ө з і* қанша айтқанмен, *е м б о л м а й д ы* (XX ғ. қаз. ақын.).

ЕМ[1]= е т. **1.** *Емшек ему; уызға, сүтке қарнын тойдыру.* Емізікке үйреніп кеткен баланың емшек *е м б е й* қоюы мүмкін (Е.Оразақов, Дәрігер.). Ақ бота, енесінің бауырына басын тығып, саусақтың саласындай төрт емшегін алмакезек қомағайлана *е м і п* жатыр (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Кенже туған бұп-бұйра қара қошақан енесінің ар жағына бір шығып, бер жағына бір шығып *е м е д і* (Б.Соқпақбаев, Аяжан). **2.** *Бір нәрсені (саусақты, емізікті т.б.) сору.* Маңдайынан сипап еді, қозы бұның саусағын *е м і п,* құшырлана түйіп-түйіп қойды (Жыл он екі ай). Мал «тілін» әр кез өзі ұғар, Одан жақын болмақ кім? Уыздан бұрын қозылар Бармағын *е м г е н* сол қарттың (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің қызығын көру, оны қажетіне жарату, пайдаға асыру.* Күндіз момақан, түнде үрейлі Шудың екі иінінде *е м і п* жатқан ел көп (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Жер ғана емес, аруанасың жүз желін. Сені *е м г е н д е р* аңсап тұрар түз желін. Қасиетсіз болсаң, саған сіңгендер Ұмытар ма еді өз жерін?! (Қ.Мырзалиев, Көш.). Бірінші топ – аз біледі мен жайлы, Әзірге олар жұрт пікірін аңдайды. Кейде тіпті өз ойларын өзі *е м б е й,* Жүріп жатыр ашық пікір кезенбей (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ақтарыла анамыз қуанбады, Семе берді, күн сайын қуаңдады. Есіңде ме, біз *е м г е н* ақ бұлақтар, Біржолата тартылып суалғаны? (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. э к с п р. *Обу, құрту, сору, жеу; жатып ішу, оңай олжа табу.* Ганшин бай ұстаған пароходын ұдайы сауып, Ертісті *е м і п* тұрады. Ертісті емес-ау, ердің еңбегін *е м і п* тұрады (І. Жансүгіров, Шығ.). Тасы асыл қазыналы жер екен деп, Алам деп, қолын тозған әркім келіп. Патшаның қара түндей жауыздары Солар ед қазынаңды жүрген *е м і п* (Пернедегі терме.).

Адал сүт емген. а) *Негізі жақсы, текті.* Бақталайына *а д а л с ү т е м г е н* біреу табылса, адам етер еді-ау Шәкеңдер (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). *А д а л с ү т е м г е н* біреуге кездестіре гөр деп жатсам, тұрсам тілеуші ем (С.Омаров, Өмір.). ә) *Қайырымды, адал; Құдайға қараған.* Өлім мен өмірдің арасында жаттым. Дәрігерлердің, қала берді бір *а д а л с ү т е м г е н* әйелдің күтімі жанымды сақтады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Арда емді. а) *Үлкейгенше, есейгенше еміп жүрді.* Ақ тай енесінің асаулығынан былтыр байланбаған. Биыл *а р д а е м д і* (М.Әуезов, Абай). Сен тұрғанда бар ма еді Көңілімде қайғы арманым! Құлыныңда емдің, тайда емдің, Құнан жаста *а р д а е м д і ң* (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Сондықтан менің, бабам *а р д а е м б е г е н,* Өскен тек тағдыр жазған бар демменен. Жуылып ақ сақалы өкініштен, Құлаған асқар тауы арманменен (Т.Айбергенов, Мен саған.). ә) *Оңаша, еркін иемденді.* Магниткадан көтеріле ұшқан бозғылт түтін аспанның төсін *а р д а е м г е н* қаз бауыр бұлт мәнзелдес (С.Талжанов, Шығ.). Қазақ руханиятын *арда емген* біздер өзге елдегі қазақтар сияқты рухани зәрушілік көрген жоқпыз. Алыстағы ата жұрттың тыныстіршілігімен есейдік («Қаз. әдеб.»). Ерланды жолықтырған сайын әпкез Абайдың: «Екі асылдан қосылған, Сом алтынның сынығы» деген жолдары есіме түседі. Иә, ол – ата көрген, *а р д а е м г е н* азамат («Егемен Қазақстан»).

Жеке емген. *Дара өскен, жоқшылық, қиындық көрмеген.* Мен бір жүрген жолаушы Бір ананы *ж е к е е м г е н*... Сен сұрасаң: боп әнші, Күйші боп та кетем мен (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жер [емшегін] емді. *Диқаншылықпен шұғылданды, егінмен күн көрді.* Өзі жастайынан *ж е р е м і п* өскен адам, диқаншылық кәсібіне сондай қанық (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Жо-жоқ, Бұлбұл! Сол ма маған керегі?! Менің атам өскен екен *ж е р е м і п* (Ә.Сүлейменов, Атамекен). Халықпен кеңеспей, жерді жекелендірсек, *ж е р е м і п,* күн көріп отырған ел-жұрт ертеңгі күні жүретін жолынан, егісінен, малының өрісінен айырылып қалатын болса, елдігіміздің несі қалады? («Жас Алаш»). Отырған жақсы, *ж е р е м ш е г і н е м г е н* жақсы (М.Әуезов, Абай жолы). *Ж е р е м ш е г і н е м і п,* күнделікті жұмысынан басқаға назар аудармайтын дихан қауымы жуас келеді ғой (Н.Оразов, Достар.).

Қуаныш пен қайғы емді. *Зейнеті мен азабын бірге көрді.* Жалынан тарта шапсам қай күреңнің, Мен қатар *қ у а н ы ш* пен *қ а й ғ ы н ы е м д і м.* Туған жер халқын сүйген азаматқа Екен ғой таусылмайтын қайғы мен мұң (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Тел емді. а) *Екі енені қатар емді.* Екі енені *т е л е м г е н* қара құлынды сойып, ішін жарды (С.Талжанов, Ұлдай.). Тұяғын тұңғыш тік басып, Жер төсін жаңа *т е л е м г е н.* Шұбар тастар мүк басып, Көк теңбіл түсі көгерген (С.Мәуленов, Алыс кет.). ә) *Бір нәрсені ортақтасып, бірге пайдаланды.* Алтайдайын енесін *т е л е м г е н* ел баласы мекеніне көңілі қалып көрген жоқ (Ғ.Сланов, Замана). Бақыт балын *т е л е м г е н,* Еркін елдің төлісің (С.Керімбеков, Колхоз.).

ЕМ²= е т. *Едім етістігінің қысқарған түрі.* Аспандағы Аллаһу да түнерді, Мына сені, «Көзін құрт, – деп, – мына ерді, Бір махаббат жіберіп *е м*, қызығын Көре алмады, жанын ал», – деп жіберді (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Базарда ат та тұрса, атан тұрса, Қымбат зат алтын-күміс қатар тұрса, Алар *е м* домбыраны елден бұрын, Ілулі жанат бұлғын шапан тұрса (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ақынның қасіретіне ортақ болып, Етер *е м* қайғысына қатаң төзім. Не пайда, мезгілінен кейін қалып, Арманда «көрмедім», – деп, екі көзім (О.Шораяқов, Шайыр). Мен ұл *е м*. Сендер ең үш тамаша елік, Төртеуіміз бір әкенің баласы едік. Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын Өстік біз бір омыраудан таласа еміп (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жан жәрдемі болмаса, Жазыла алмай жарадан, Қорлық үшін туып па *е м*, Мен туғанда анадан? (О.Шипин, Дастан).

ЕМАРША з а т. ө с. *Таулы, тасты жерлерде өсетін, биіктігі 4-5 м-дей жатаған бұта немесе шағын ағаш; дәрі арша.* Жиделі тоғайлардың айналасында *е м а р ш а* – жерге төселіп жатқан бұта өседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). Сарыарқада осы түйеқұлақтың жинаған азығының құрамында жусан, тобылғы, көде, жауқияқ, шайыр, сасыр, қоңырбас, теріскен, *е м а р ш а,* итмұрын сияқты 64 түрлі өсімдік енген (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.).

ЕМГЕР з а т. с ө й л. ***Емші***. Томда туберкулез ауруының атақты профессоры Захаров деген бар, бұл сырқаттың содан бөтен білгір *е м г е р і н* білмеймін (Д.Әбілев, Арман.).

ЕМГІШ с ы н. *Еміп қоятып, еметін.* ≈ *Е м г і ш* бұзау.

ЕМДӘМ з а т. т а м а қ. <грек. diaita – өмір салты> *Шама мөлшері, химиялық құрамы, құнарлығы және кулинариялық өңделуі бойынша арнайы іріктелген тамақтану тәртібі. Е м дәмнің* бейімделген, аз белокты, түрлендірілген, сүттік, етті езілген, жеңілдетілген түрлері болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қазіргі кезеңде *е м дәм* үйлесімді тамақтану теориясына негізделіп, адам организміне қажетті заттардың мөлшерін есептеп, жеткіліксіз заттар орнын толтыруға, ауруға шалдыққан организмдегі заттек алмасуын реттеуге бейімделіп құрастырылады (ҚҰЭ).

ЕМДӘМДІК с ы н. т а м а қ. *Емдәмге қатысты, емдәмге тән. Е м д ә м д і к* асханаларда күнделікті үш түрлі *е м д ә м д і к* нұсқалар, ол жалпы асханаларда олардың 5–6 түрі болуы қажет (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Е м д ә м д і к* тамақтар – кәсіпорындар мен мекемелердің, оқу орындарының асханаларында, сондай-ақ арнаулы *е м д ә м д і к* асханаларда немесе жалпы асханаларда дайындалатын тамақ (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЕМДӘМТАНУ з а т. т а м а қ. <грек. diaita – өмір салты, тамақтану тәртібі, logos – ілім> *Сау және науқас адамның тиімді тамақтануын, дұрыс тамақтандырудың ғылыми негіздерін және оны ұйымдастыру әдістерін зерттейтін ғылым.* Қазақстанда *е м д ә м т а н у* емдеу-профилактикалық мекемелерде, демалыс орындары мен санаторийлерде *е м д ә м т а н у* қызмет көрсету ісін ұйымдастыруға байланысты 1930 жылдан дами бастады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЕМДЕ= е т. **1.** *Ауруға қарсы ем жасау, дәрілеу.* Ауруды қарамақ, *е м д е м е к*, адамдардың халық болып қосылып ғұмыр етуіне қанша көп заман болса, оған да сонша заман өтті (М.Дулатов, Шығ.). Ауру шахтерлер ай сайын көбейіп келеді. Неге? Өйткені шахтерлерді *е м д е п* жатқан ешкім жоқ («Жас Алаш»). Сан ғасырға кетер-ау сәбиіңмен жасты еңбек, Әуреленсек ойменен, әуреленбей шашпен көп. Жүйке құртқан арудың жүзін мүлде көре алмай, Жүретін де кездер бар жүректі емес, басты *е м д е п* (Ж.Жұматаев, Ләйлә.). Не керек, сонымен дәрігерлер бар жарамды *е м д е п* жазды (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **2.** а у ы с. *Көңілін жай таптыру, қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілту. Е м д е* досты. Менен сәлем айтарсың, Таң қалдырды теңселгені асқар шың. Бірақ, шіркін, Оған тиген соққыны Өз басыңа жеткен күні байқарсың (К.Салықов, Жезкиік). Қам көңіл халқыңыз бар, жақсы жырмен жарасын *е м д е ң і з* (О. Бодықов, Бұлбұл). Дару ғой, дуалы ғой өлең деген, Жаралы жүректерді ол *е м д е г е н*. Айшаны әкетейік ауыр кезден Өлімнің көлеңкесі көлеңдеген (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Жұлдызым болып жансайшы, Қолыма келіп қонсайшы. Жүректің *е м д е п* жарасын, Бақыт құсым болсайшы (С.Омаров Сәукен.).

ЕМДЕЛ= е т. **1.** *Ем қабылдау, ем алу; е м д е л г е н.* Сүзектен есірген адамды құдыққа салып қойған қазақтарды да білеміз. Мұндай еммен *е м д е л г е н* адам жуық арада жазыла қоймас (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Оның алдында госпитальда біраз *е м д е л д і м* (Т.Ахтанов, Боран). «Курортыңа бар, *е м д е л*, демал», – деп мен қақсағалы қашан саған (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** а у ы с. *Жағымсыз, жаман нәрселерден арылып сейілу, көңіл жайлану.* Біреудің адал малын босқа ұрламай, Қой болдым, қозы болдым қасқыр болмай. Менмендік ауруынан ерте *е м д е л д і м*, Ауруым бойымдағы асқындамай (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Апта қанша бекер-босқа сенделген! Барлығы үшін қысыламын енді елден. Азаматтар біз

боламыз бүгінде Ар-ұяттың шипасымен *е м д е л г е н*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЕМДЕЛУ *Емдел етістігінің қимыл атауы; ем қабылдау.* Қанша жатқаны белгісіз, есі кіргенде, ойына алғаны: тезірек қосқа жетіп, *е м д е л у* болды (З.Шашкин, Өмір.). Өз бетімен ашығу арқылы *е м д е л у* тамақтанудың өте бір зиянды формасы, оның емдік тағамдарға еш қатысы жоқ (Шаңырақ энцикл.). Мұндайда климаты жақсы жерде *е м д е л у* керек (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). // *Ем алу процесі, ем қабылдау ісі.* Алматының үлкен бір ауруханасына *е м д е л у г е* барамын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ауруханада жатып *е м д е л у г е* Тойғанның өзі де қарсы емес (Қ.Жармағамбетов, Әнші.).

Емделу қағазы. м е д. *Сырқаттануға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақша құжат.* ≈ *Е м д е л у қ а ғ а з ы н* алу.

ЕМДЕЛУШІ з а т. *Ем қабылдаушы, ем алушы адам.* Лезде курорт аты бүкіл Одаққа жайылып, бұған елдің ең алыс түкпірлерінен де *е м д е л у ш і л е р* келе бастайды (Қ.Қамбаров, Алтай.). – Доктор, соңғы кезде жүрегім шаншитын болып жүр. Шылымның әсері болуы мүмкін бе? – деп сұрады *е м д е л у ш і л е р д і ң* бірі (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Соның нәтижесінде, елімізде ақылы емдеу орындары 40 пайызға азайды. Өйткені *е м д е л у ш і л е р* мемлекеттік мекемелерге көптеп келеді («Жас Алаш»).

ЕМ-ДЕМДЕ ү с т. с ө й л. *Лезде, жылдам, тез, демде.* Есік ашық. Тоқтатылды *е м-д е м д е;* Күбірлейді күткеніміз елден де, – Айболовы, Жәмиласы, Кешегі, Табандары сыбыр-сыбыр еденде (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің).

ЕМДЕН[1]= е т. с ө й л. ***Емделу.*** Жәбірәһил жаудан келіп жатып алған, Жарақат жаман болып, есін танған. Елу күндей *е м д е н і п* тәуір болып, Сол күні аң атуға о да барған (Дастандар).

ЕМДЕН[2]= е т. с ө й л. ***Иелен.*** Түн бойы еркін *е м д е н і п,* Толқынға баяу тербеліп. Өзіне тартқан ай нұрын, Өрнектеп колхоз айдынын Қалғитын жусай жайылып, Арқара мойнын қайырып (Ә.Сәрсенбаев, Үйрек.). *Е м д е н г е н* ентікпені ел керегі, Кербезден кербез өткен дер кезегі. Жетелей боз байталды байпаңдатып, Киргізді қоржынды үйге жеңгелері (С.Керімбеков, Өлең.).

ЕМДЕНУ[1] *Емден[1] етістігінің қимыл атауы.* Өзім жарақаттансам да, *е м д е н у г е* кетпей жатқанымның себебі сол еді (Б.Момышұлы, Офицер.). – Белгілері қандай болады екен соның [туберкулездің] өзінің? Сақтану, *емдену* жөнін білу керек қой? (Д.Әбілев, Арман.).

ЕМДЕНУ[2] *Емден[2] етістігінің қимыл атауы; иелену.* Колхоз мүлкін *е м д е н у г е* келгенде алдыңа жан салмайтының қалай, а? (Ауызекі).

ЕМДЕС= е т. *Ем жасасу, бірге емдеу.* Бөлектігі жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та, осыны *е м д е с* (Шәкәрім, Өлеңдер).

ЕМДЕСУ *Емдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауруды бірігіп *е м д е с у.*

ЕМДЕТ= е т. **1.** *Ауруға қарсы ем жасату, ем қолдану.* Ревматизмнің алғашқы сатысында оны дұрыстап *е м д е т с е,* ауру процесі тоқтап, жүрекке ақау түсуден аман қалады (С.Сұбханбердин, Дертке – дауа.). Атбасарға апарып *е м д е т е й і к* деп едім, Желдібай дәрігерден ат-тонын ала қашты (С.Омаров, Қайырлы жаз). Алып кетті, Тәңір атқыр, мейірімсіз арам-ай, Хал үстінде жатқан қартаң анаға да қарамай, Сорлы анаға қайдан жеңіл тисін мұның салмағы, Бастан жүрек ауруы бар, *е м д е т к е н м е н* болмады (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** а у ы с . *Жаман әдеттен арылу.* Баз біреу көп ақылға ие болып, Жұмысын ешбір жанға жөндетпеген. Баз біреу мал базарын мақсат етіп, Ауруын ауамдықтың *е м д е т п е г е н* (Кете Жүсіп // Бес ғасыр.).

ЕМДЕТКІЗ= е т. *Ем жасатқызу, дәрілеткізу.* Ауруды *е м д е т к і з г е н* жөн (Ауызекі).

ЕМДЕТКІЗУ *Емдеткіз етістігінің қимыл атауы.* Оны *е м д е т к і з у* керек (Ауызекі).

ЕМДЕТУ *Емдет етістігінің қимыл атауы.* Енді стоматолог-дәрігер ойлап тапқан өзгеше тәсілмен *е м д е т у г е* ата-анасы келісетін баланы табу да оңай болмай шықты («Егемен Қазақстан»). Біреудің қолымен от көсеуді жақсы көретін отаршылар жұқпалы ауруларды, құлғана-мерездерді жергілікті халықтың өзіне *е м д е т у д і* ойластырған («Алматы ақшамы»). Бұлардың қызметтері: пәтер ісін, азық-түлік ісін басқару, босқындардың санын, аты-жөнін жазу, киіндіру, балаларын оқыту, қызмет тауып беру, керек орнында жөн көрсету, ауруларын *е м д е т у* һәм жәрдем ақшаларға ие болып, тиісті орнына беріп тұру (М.Дулатов, Шығ.). Емдеуден бас тартқан, не емделгеннен кейін спиртті ішімдіктерді ішуін тоқтатпаған маскүнемдерді еркінен тыс ықтиярсыз *е м д е т у* және еңбекпен түзеу шаралары, халық сотының шешімі бойынша 1 жылдан 2 жыл мерзімге дейін жүргізіледі (Шаңырақ энцикл.).

ЕМДЕУ *Емде етістігінің қимыл атауы; ауруға қарсы ем жасау, дәрілеу.* Халық медицинасында өсімдік қайнатындысының тұнбасын қақырық түсіруге, тыныс жолының созылмалы ауруын *е м д е у г е,* бастың сақинасына қарсы, үйқы бұзылып, нерв жүйесі әлсіреген кезде қолданған (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Академияның микробиологтері «актиномицин К» деп аталатын жаңа антибиотик тапты. Мұны жамандат ауруын *е м д е у-*

г е және түрлі тері ауруларына қарсы қолдануға болады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). // *Ем жасау ісі, емдеу әрекеті. Е м д е у* дегеніміз – дәрігер адамның немен ауырып жүргенін анықтап, соған сәйкес дәрі беру (С.Сұбханбердин, Өсімдік–дәрі.). Көріп отырсыздар «Испат Қармет» үшін не қымбат екендігін. Оларға дімкәс шахтер керек емес, өйткені оларды *е м д е у г е* қаржы жұмсамау керек («Жас Алаш»). *Е м д е у д і ң* бірінші шарты – ауырған мал өріске жіберілмей, әбден жазылғанша қолда тұруы тиіс (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Амбулаториялық емдеу. м е д. *Амбулаториялық немесе емханада жүргізілетін емдеу түрі.* Бұл саладағы негізгі міндеттер қатарына мыналарды атады: басты назарды стационарлық емдеуден *а м б у л а т о р и я л ы қ е м д е у г е* аудару, яғни жатын орындарға иек арта беруден бас тарту («Жас Алаш»).

Емдеу жолы. *Ем жасаудың әдісі, амалы.* Жалпы, жатырға қатты суық тиіп, оны уақытында емдеуге мән бермесе, түсік тастау тәрізді жағдайлар болуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу үшін дәрігерге көрініп, *е м д е у ж о л д а р ы н* анықтап алу қажет («Жас Алаш»).

Емдеу мекемесі. *Емдеу ісімен айналысатын мекеме; емхана, аурухана.* Олай болса, аталған *е м д е у м е к е м е с і н і ң* адамдары босатып, жұмысты тоқтату керек. Елбасы бұл мәселені де анықтап, өзіне есеп беру үшін бір апта уақыт бөлді («Егемен Қазақстан»). Облыс көлеміндегі жалпы *е м д е у м е к е м е л е р і н д е г і* ескірген флюроаппараттарды жаңарту, атап айтқанда, Арал, Жалағаш, Шиелі аудандарын жаңа флюроаппаратпен жабдықтау көзделіп отыр («Жас Алаш»). Мемлекеттік және жекеменшік *е м д е у м е к е м е л е р і н д е*, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі (ҚР Конституциясы).

Емдеу орны. *Дәрігерлік жәрдем көрсету орны; емхана, аурухана, санаторий т.б.* Былтыр Үкіметтің мемлекеттік *е м д е у о р ы н д а р ы н* тегін жасау туралы қаулысы шыққан. Сол қаулы бойынша, қазір ауруханаларда ауруларға дәрілер тегін беріледі («Жас Алаш»). Дәрігер бұған тағы да үлкен *е м д е у о р н ы н а* барып көрінуге кеңес берген (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Санаторий – дәрігерлік жәрдем көрсету жағынан республикамызда көрнекті *е м д е у о р ы н д а р ы н ы ң* бірі (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Соның нәтижесінде, елімізде ақылы *е м д е у о р ы н д а р ы* 40 пайызға азайды. Өйткені емделушілер мемлекеттік мекемелерге көптеп келеді («Жас Алаш»).

Емдеу пункті. м е д. *Дәрігерлік көмек көрсететін пункт.* Облысқа, ауданға Мәжіліске барғанда; Мәселен қойдық керек деп, Алыстағы жайлауға *Е м д е у п у н к т,* қалайда. Онда барса дәрігер Болады деп әбігер, Денсаушылық бөлімі Ескермей жүр, алайда (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Иландырып емдеу. м е д. *Адамды дәрідәрмексіз психикасына сөзбен немесе басқа да әрекетпен әсер ету арқылы емдеу түрі.*

Мал емдеу. в е т. *Ауруды қойдыру үшін ауруға шалдыққан жануардың ағзасына немесе жеке мүшелеріне түрлі емдік тәсілдер мен әдістерді қолдану, әсер ету.* Қазақтың *м а л е м д е у* дәстүрінде, дәлірек айтсақ, пішу үрдісі барысында аталық малдың зауық мүшелерінің бөліктерін атауға да тыйым салынады (Б.Қинаятұлы, Ата салт.). Енді олардың *мал емдеуде* қолданылатын тәсілдеріне жеке тоқталып көрелік. Ұшықтардың бірнеше түрлері бар: жалғыз ұшық, сумен ұшықтау, қазан ұшық, жерұшық (С.Мұқанов, Шығ. жин.).

Стационарлық емдеу. м е д. *Науқастардың ауруханада ұзақ уақыт жатып ем қабылдайтын емдеудің түрі.* Тек соңғы бір айда ғана шахтерлардың 30 пайызға жуығы *с т а ц и о н а р л ы қ е м д е у д е* болатын. Ауру шахтерлар ай сайын көбейіп келеді. Неге? Өйткені шахтерларды емдеп жатқан ешкім жоқ («Жас Алаш»).

Тіс емдеу. м е д. <грек. stoma – ауыз, logos – ілім> *Тіс, жақ, ауыз қуысы ауруларын емдеумен айналысатын медицина саласы.* Бұл еңбекте *т і с е м д е у* қызметін қайта реформалау жөнінде деректер, саланы нарық жағдайында дамытудың стратегиясы мен *т і с е м д е у* практикасындағы жаңа технологиялардың жасалу нәтижелері келтірілген («Егемен Қазақстан»).

ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ с ы н. *Емдейтін, дәрілейтін және аурудан алдын ала сақтандыратын (орын, шара т. б.).* Мәдениет ошақтары мен *е м д е у-п р о ф и л а к т и к а л ы қ* шаралар жиі-жиі қолданылып, тазалық мұқият сақталып отыру керек (К.Күленов, Қазақст. балық.).

ЕМДЕУ-САНИТАРЛЫҚ с ы н. *Дәрігерлік жәрдем көрсету, емдеу және тазалық сақтау талаптарына жауап беретін (орын, пункт т. б.).* Қазіргі уақытта республикамызда 800-ден астам *е м д е у-с а н и т а р л ы қ* пункт қызмет істейді (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Жамбыл облысы, Луговой ауданының барлық қой өсіруші шаруашылықтарында *е м д е у-с а н и т а р л ы қ* пункт ашылды («Соц. Қаз.»).

ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ с ы н. *Емдеу және сауықтыру мақсатына арналған, сонымен байланысты.* Оның бастап жүруімен *е м д е у-с а у ы қ т ы р у* және спорт кешенін, жазғы демалыс базаларын, 1200 орындық «Солнечный» балалар сауықтыру орталығын аралап көрдік («Егемен Қазақстан»). Мектеп ғимаратында сондай-ақ *е м д е у-с а у ы қ т ы р у* кешені мен бассейн қарастырылған («Егемен Қазақстан»).

ЕМДЕУСІЗ с ы н. *Ешқандай емдеу жүргізілмеген, ем-дом жасалынбаған.* Буаз биеде өз ырқынсыз несеп ағатын шыжың ауруы 1–1,5 айға жалғасып, ешбір *е м д е у с і з* өздігінен айығады (Жылқы шаруаш деректері).

ЕМДЕУХАНА з а т. с ө й л. ***Аурухана.*** Төкен *е м д е у х а н а д а н* шығып, елге қайтарда тамаша қуанған-ды (С.Бегалин, Ана.).

ЕМДЕУШІ з а т. *Ем жасаушы, ем істейтін адам.* Бір қатар *е м д е у ш і л е р* темір жалап күркіреп, құмалақ салып, бал ашып ем етеді; бұл заманда әулиелік, пайғамбарлық болмайтын[ын] бұлардың өздері де, халық та біледі. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Е м д е у ш і* мұндай көп болар ма, үйге сыймай, лық-лық етеді (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Мен де *е м д е у ш і* болсам! Кім ауырса, солардың бәрін емдеп жазсам! (М.Тиесов, Әділбек Майкотов). Ал бұл санаторийде жауапты бөлімде әрі бастық, әрі *е м д е у ш і* міндетін атқарам деп, екі айлық алып келген (Е.Оразақов, Дәрігер).*//Емдейтін, ем істейтін (дәрігер, адам).* Әзірге ештеңені ойламаңыз. *Е м д е у ш і* дәрігердің айтқанын екі етпей істеңіз (М.Дүзенов, Әке бол.). Бұлардан басқа да неше түрлі дәрілердің қолданылуы мүмкін, оны *е м д е у ш і* дәрігер біледі (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). Сүлік тек *е м д е у ш і* дәрігердің кеңесімен ғана пайдаланылуы керек (Ғалам ғажап.).

ЕМ-ДОМ з а т. *Дәстүрлі дәрігерлік жәрдемнен бөлек ұшқыру, ұшықтау, аластау сияқты халықтық ем.* Ұлғайғанда қай мүше Зәру емес *е м-д о м ғ а*! Деді маған бәйбіше: – Тұз ала кел бір дорба (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Ем-дом қылды [жасады, істеді]. *Қолынан келген емін жасады.* Тәуіп келіп қанша *е м-д о м ж а с а с а* да, ештеңе істей алмады (М.Дүйсенов, Мейман.). Азан сап ертеңді-кеш күңіренткен, Үйқыдағы адамды тебіренткен, Ауырсам, қасымда боп *е м-д о м қ ы л ы п*, Өлсем, жуған, саулатқан «табарактен», – Осындай ғазиздардың мен аттарын Борыштымын атауға зор құрметпен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ол [Сырым] *е м-д о м і с т е п*, бақсы-құшнаш боп жүрген жан емес (М.Әуезов, Қараш.). Орталықтың дәрігерлері сәби дүниеге келмей тұрып-ақ, анасы арқылы ВИЧ инфекциясына қарсы *е м-д о м ж а с а ғ а н* болатын. Бірақ нәрестенің болашағы жайлы «екі жасқа толғанға дейін айыру мүмкін емес» деген тұжырым айтылған («Жас Алаш»). Алдымен *е м-д о м ы н ж а с а ғ а н* медицина қызметкерлеріне алғыс айтқым келеді. Сонан соң бос уақытымызды көңілді өткізіп, мәдени дем алуымызға жағдай тудырған басшыларына ризашылық білдіремін («Егемен Қазақстан»).

Ем-дом істетті. *Емдетті, емдеу шараларын орындатты, ем-дом жасату.* Тоқсанбай елдегі көзі қарақты молдалар мен тәуіптерді үсті-үстіне шақырып, *е м-д о м і с т е т і п* көріпті (С.Омаров, Қайырлы жаз).

ЕМ-ДОМДА= е т. *Ем-дом жасау, емдеу.* Бірақ ол бақандай 23 күн суық сорған аяқ-қолының башпай саусақтарын *е м-д о м д а п* жатып, пәлендей ерлік жасадым екен деген жоқ («Лен. жас»).

ЕМ-ДОМДАУ *Ем-домда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е м-д о м д а у* ісі.

ЕМ-ДОМДЫҚ с ы н. *Емдік, шипалық; дәрілік.* Шу дегенде қымыздың шошалада тұратын ас қана емес, *е м-д о м д ы қ* қасиеті бар нәрсе екені, сондықтан да оны тек дәрігер белгілеп берген мөлшерде, мезгілімен ішу керек екені ескертілді (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

ЕМ-ДОМСЫЗ с ы н. *Ешбір емсіз, дәрі-дәрмексіз.* Еті жақсы еді, маған тартқан. Қандай жара болса да *е м-д о м с ы з* тез жазылып кететін (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЕМДІК с ы н. *Ем боларлық, шипалық, дарулық.* Жарықтық жылқы етінің иісі, дәмі өзгеше ғой! *Е м д і к* қасиеті қандай! (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). *Е м д і к* суларға өзінің химиялық құрамы және физикалық жағынан арнаулы зерттеулер мен емдеу практикасы негізінде жасалған нормаларға сай келетін минералды сулар жатады (Шаңырақ энцикл.). Бірақ ол кезде мен дәрілердің *е м д і к* қасиетіне үңіле қоймайтынмын (К.Қазыбаев, Дәуір.). Дәрігерлер қауымы жүгері майының *е м д і к* сипатын анықтап отыр («Мәдениет және тұрмыс»).

Емдік дене шынықтыру. м е д. *Адамның дене мүшелерінің қызметін қалпына келтіруге бағытталған емдеу әдісі; жалпы терапияның бір саласы. Е м д і к д е н е ш ы н ы қ т ы р у* ауруды емдеу, одан сақтану мақсаттарымен, науқастың денсаулығы мен еңбек ету қабілетін тез қалпына келтіріп, ауруға төзімділігін арттыру үшін, сырқат пен жарақаттың асқынып кетпеуіне жол бермеу үшін қолданылады (ҚҰЭ).

Емдік жерасты сулары. м е д. *Химиялық, газдық құрамының ерекшеліктері мен температурасына байланысты адам ағзасына емдік әсер ететін жер асты сулары. Е м д і к ж е р а с т ы с у л а р ы* ішетін және бальнеологиялық (сыртқы қолдану) болып екі топқа бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Емдікке таба алмады. *Іздесе де таппады, кездестірмеді.* Соңғы уақыттарда Гиппократ антына адалдық танытып жүрген дәрігерлерді *емдікке таба алмай* қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Әрине, өзіндік реттелу тәртібі, нормалары бар ғой, бірақ бәрібір Гиппократтың өзі жоқ қой («Жас Алаш»).

ЕМЕГЕН с ы н. *Еміп қоятын, емгіш, жанасқыш (төл).* Ойбай, әке, тұрсайшы, Екі бөрің талады. Жетім құлын *емеген*, Құлық бие тебеген (Х.Досмұхамедұлы, Аламан).

ЕМЕЖЕ з а т. ж е р г. ***Еметай***. Менің *емежемнің* үзілгені оның миына да кіріп шықпапты (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЕМЕ-ЖЕМ: еме-жемге келгенде. *Шындап келгенде. Еме-жемге келгенде* қия алмады (Қ.Ысқақов, Қараорман).

ЕМЕЙ ү с т. *Болмағанда, болмағанда ше.* Қорқақ *емей* немене қашқан кісі, Батыр *емей* немене шанышқан кісі? Мың жылқы біткен баймен бірдей қисап, Оразасын үйінен ашқан кісі (Шал ақын, Өлеңд.).

ЕМЕКСУ *Емексі етістігінің қимыл атауы.* Айбаршаға деген махаббатын ол ұмытпас-ақ еді, егер Айбарша тарапынан *емексу* көрсе (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЕМЕКСІ= е т. **1.** *Бір нәрседен үміттену, дәмелену.* Қызылбикенің сөз таластырғанына *емексіп*, «сөзге келсе, әкетем ғой» деп дәмеленіп, шешесі дауысын күшейтіп, өршелене бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Бишара бала шешесінен тірідей айырылды ғой. Қайдан білсін әлі күнге артымнан келе ме деп *емексіп* жүрген ғой (Т.Ахтанов, Боран). Айдархан шын *емексісе* керек, бұ жолы Сығанақ елшілерін жылы ұшырай қабылдап, екі мыңға жуық әскерін қосып жіберіпті (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Ықылас, ниет білдіру, емеурін көрсету.* Галия *емексіген* соң, Қордабайда ес қалған жоқ (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ал анау күшіген қара тылсым, тұйық. Тас түйіні *Емексіп* жібімейді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). **3.** *Бір нәрсеге сүйену, арқалану; көңіліне тоқ санау, медет ету.* – Иә, мен тыңдап тұрмын, – деген көңілді үнге *емексіп* бір күліп алды (С.Бегалин, Уақыт.). Осыған *емексіген* Баймұқан алдыңғы күні түн ортасында намыс үшін жасырын істеген әрекетін ашып айтты (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Атырабат жазығында өткен Батыр Сайыстың қиқуын *емексіді* (Д.Досжанов, Жібек.).

ЕМЕКСІГІШ с ы н. *Емекситін, дәметкіш, үміттенгіш.* Қайғыны да, неше түрлі ауыртпалықты да, *емексігіш* тілеуіңді де сен сол сөздер арқылы жеткізбексің,– деді (С.Талжанов, Адам.).

ЕМЕКСІН= е т. **1.** *Үміт ету, дәмелену.* Ел керексіп, Сөзге *емексін*, Не болады мақтаның? Бейілі шикі, Ақыл күйкі, Осы жұрт па тапқаның? (Абай, Тол. жин.). Бұрынғы әдетінше еркелетіп, жылы шыраймен қарсы алатын шығар деп, *емексініп* құшақтасқысы келіп еді (Б.Тілегенов, Көктем.). **2.** *Ықылас, ниет білдіру.* Жауап бергенде *емексініп*, Қартқожа келген шаруасын айтты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕМЕКСІНУ *Емексін етістігінің қимыл атауы.* Тарзанның қаншық атаулыға *емексінуі* тұңғыш болса да, құрғақ төбелесті көруі жалғыз бұл емес еді. Тұра қалып майдан берді (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЕМЕКСІТ= е т. *Бір нәрседен үміттендіру, дәмелендіру.* Алдымызда талай күндер жатыр ғой... деген сияқты *емексіте*, дәмелендіре едәуір сөйледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алғашқы күннен-ақ «Айжанды қайтсе де саған алып берем» деп *емексіткен* соң, Айтқұл Мақпалды Құдайындай көріп соңынан қалмаған (З.Ақышев, Жесірлер).

ЕМЕКСІТКІЗ= е т. *Үміт еткізу, дәмелендіру.* ≈ *Емексіткізгісі* келмеді.

ЕМЕКСІТКІЗУ *Емексіткіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Емексіткізу* керек.

ЕМЕКСІТТІР= е т. *Үміт еттіру, дәмелеттіру.* ≈ *Емексіттірін* қайтесің.

ЕМЕКСІТТІРУ *Емексіттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Емексіттіруін* қоймады.

ЕМЕКСІТУ *Емексіт етістігінің қимыл атауы.* Былай естуімше сөз білетін адам. Ендеше мынасы несі? Әлде мені сырттай *емексіту* ме? (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Лайықты бір теңдес жігіт тапқанша, қыз бұл албастыны *емексітумен* біраз жер сүмеңдетеді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Бұл жерде ойдың орамын Қазақстанның қазіргі жағдайымен шендестіргенде, біртұтас мемлекет аясындағы жүзден астам ұлттық идеяның субъектісі бола алады деп *емексітудің* еш қисыны жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЕМЕЛЕС з а т. *Туған анасының емшегінен сүт шықпағанда (немесе басқа себептермен) емізулі нәрестесі бар өзге әйелдің емшегін еміп өскен бала.* Кетеді бірінікін бірі алып, Еркелеп *емелеске* еткендей наз (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕМЕН[1] з а т. ө с. <лат. guercus> **1.** *Шамшат тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты көп жылдық ірі ағаш.* Жапырақтың басы (жаймасы) түрлі болады. Осыларға қарағанда *еменің* жапырағын қайыңның жапырағынан не болмаса үйеңкі жапырағынан тез айырасыздар (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Емен* – жарық сүйгіш ағаш. Орманда жарық мол түсетін жерде тез өседі. 15–60 жылда жеміс бере бастайды (ҚҰЭ). Біздің елімізде өсетін ағаш өсімдіктерінің

ең ірілерінің бірі – *е м е н* (Т.Таубаев, Жасыл әлем). Сырғалы ақ қайың, қылқанды қарағай мен арша, жалпақ жапырақты үйеңкі мен *е м е н,* қарағаш пен шырша аз ба біздің қаламызда (Ө.Қанахин, Жүрек.). **2.** *Қазтабан жапырақты, үлкен, қатты ағаш.* Елжіреп, Владимир еріп кетті, Жүзігін Марияға беріп кетті. «Қысылсаң, сал осыған жүзікті» деп, Қуысын қу *е м е н н і ң* көріп кетті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). «Қарайғанға қарсы бұтақ біткенше, *е м е н г е* иір бұтақ бітсейші, қыранға тұғыр қыларға?!» деп күңірене тіл қататындай ақын аруағы алыстан-алыс ғарыш төрінен... («Қаз. әдеб.»). **3.** *Емен ағашының сүрегі.* – Ағаштың қай түрінен жасаттың шкафты, – деді. – *Е м е н н е н* (Ғ.Сланов, Замана). Ағаш өңдейтін кәсіп орындарында *е м е н н е н,* қайыңнан, үйеңкіден қымызға арнаулы стандартты ыдыстар жасалуы тиіс (Ж.Орманбаев, Қос басшы). // *Емен ағашының сүрегінен жасалған.* Өзі қайқы табан, теңселмелі *е м е н* орындықты Инешке қарай жылжытып баяу ғана «отыр» деп дыбыстады (С.Шаймерденов, Болашақ). Екі қолын алдына бос салып, қошқар мүйізденіп иірілген *е м е н* столға кеудесін тіреп, үнсіз отырған Кондратьев жотасын орындыққа тірей, басын көтерді (К.Тоқаев, Тасқын). Бұдан оншақты күн бұрын алты қанат ақ отаудың жанында *е м е н* тұғырлы, күміс балақ баулы бүркіт отыр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Емен бақ. *Емен тоғай, орман.* Саялайын, *е м е н б а ғ ы,* Жырды ұрлай бер, сырлы ұрлай бер. Екеу болып келем әлі, Сыбдырлай бер, сыбдырлай бер (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Еменге шыт байлады. м и ф. *Әулие тұту ырымын жасады.* «Қазанғап кімге шіқәрә?» – дегенге шықты, Арнадан асты, намысым кемерден шықты. Қақ тұрмас жерге қасарып жалғыз өспесе, Әулие деп, неге *б а й л а й м ы з е м е н г е ш ы т т ы?* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Емен садақ. э т н. *Еменнен жасалған берік садақ. Е м е н с а д а қ* өңгерген, Еңсесінде ақ сауыт. Асу-асу жол көрген, Асау жауға көп шауып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Емен сойыл. э т н. *Еменнен жасалған берік, қатты шоқпар, ағаш қару.* Атойлап қаптағанда қалың кедей, Болды бір бай ауылы алай-түлей, Сартылдап *е м е н с о й ы л* сілтегенде, Қалмады, қалтырады байларда үрей (О.Шипин, Дастан.).

ЕМЕН²: емен де, семен де. *Кім болса сол, әркім.* Әйтпесе *е м е н д е, с е м е н д е* басынып, осы үйдегі қылып алады (М.Әуезов, Шығ.).

ЕМЕН= е т. ф о л ь к. *Емеспін деген көмекші етістіктің ықшамдалған түрі.* Атын білгенім болмаса, оның кескін-кейпін толық көрген *е м е н* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Үйіне қайтудан бас тартқан солдатты естіген *е м е н* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Неге үркесің? Тұнып тұр ғой ақ әлем, Мен де саған зәбір берер жан *е м е н,* Жатырқамай, кірші менің қойныма, Құтқарайын мәңгі бәле-жәледен (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманның Ұшындағы үш-ақ түйір тал өскен. Басқа дүние шығып кеткен бәрі естен. Ұзақ жолдан шаршап келгем, Жыр жазатын халде *е м е н,* Жындандым ба әлде мен! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЕМЕНДЕЙ с ы н. **1.** *Емен сияқты, емен тәрізді.* Мен тастай қаттымын, *е м е н д е й* берікпін (С.Бақбергенов, Кентау). Соғыстың, қыстың ызғары Бойымнан кетпей, боп сырқат. *Е м е н д е й* жалғыз құздағы, Айналаға болдым жат (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). **2.** а у ы с. *Мықты, берік.* Керала деген орыс крестьянынан шыққан карт *е м е н д е й* кісі болатын (М.Әуезов, Абай жолы). *Е м е н д е й* қатып, ...бір кезде төмен қарай оқыс сілкіп қалды (С.Жүнісов, Таңд.). **3.** а у ы с. *Ұзақ жасап, көпті көрген.* Қараймын қара *е м е н д е й* мәңгі қартқа, Мінетін сексенде де қарғып атқа. Қараймын, қараймын да сүйсінемін Бәріне заман берген сол қуатқа (Ғ.Қайырбеков, Алтын.). **4.** а у ы с. *Иілмейтін, қайсар, қайтпас; қайыспайтын, төзімді.* Көріңдерші, адамзаттың көктемін, Жарылқаған жан сәулесі жеткенін; Жас түлектен отты дауыл тудырған, Өр *е м е н д е й* ер азамат өскенін (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән). Иілмедім *е м е н д е й,* Долдана қызып кетті ұрыс. Жәрдемге жетті достарым, Торлады жауды кекті күш (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Жалғыздығыңды сол *е м е н д е й* Есіңе алдың. Жас күнің үшты заулап. Көзіңді көлегейлей Бір тамшы жас түсті аунап (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЕМЕНДІ с ы н. *Емен өскен, емені көп.* Онда талшынды, *е м е н д і* және самшитті ормандар, қарағай, майқарағай ормандары көп кездеседі (Ботаника).

Еменді орман. *Емен ағашы көбірек өскен ну ағаш. Е м е н д і о р м а н н ы ң* жаздық шөптері көлеңкеге өте төзімді келеді (Жалпы биология). *Е м е н д і о р м а н д а р ы м ы з д ы ң* көпшілігінде ірі шөпқоректі тұяқтылардың зубр, бұғы, құлан, еліктер тобы жойылып кетуі жалпы экологиялық жүйеге онша әсер еткен жоқ (Жалпы биология).

ЕМЕН-ЖАЙ үс т. ж е р г. *Жайғасып, жайланып, жайбарақат; асықпай.* Бірақ мынадай көші-қоң үстінде онымен *е м е н - ж а й* отырып сөйлесуді жағдай көтере ме? (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЕМЕН-ЖАРҚЫ с ы н. *Болмашы, аздаған, азын-аулақ.* Абай қырдағы толып жатқан егінші, пішенші, *е м е н - ж а р қ ы* ғана тірлігі бар жатақ-сатақ деген, бұқара-сұқара дегенді қостағыш боп

алыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ұзақ жолдың үстінде жаяу қалдырса, *е м е н-ж а р қ ы* кегі сонымен де бітіп қалады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). // *Аздап, там-тұмдап, жартылай.* Біз бұған дейін Күнтайдың ажарын әңгіме қылған жоқпыз. Реті келген осы арада ол жайды да *е м е н-ж а р қ ы* айта кетейік (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұл өзі Мадиярдың бұдан бұрын көрмеген адамы. Әйтеуір осындай бір жігіт жуырда ауысып келіпті дегенді әлдекімдерден *е м е н-ж а р қ ы* естігені бар (С.Омаров, Өмір.).

ЕМЕН-ЖАРҚЫЛАП ү с т. *Аздап, жартылай, тиіп-қашып.* Ақыры бірнеше ай сілкілескен екеуі өз мұраттарына *е м е н-ж а р қ ы л а п* жеткендей болды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Есілді өрлеп келе жатқан жолында Шоқан Жайнақтан *е м е н-ж а р қ ы л а п* сұрастырса, Айжанның көңілі әлі де өзінде сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕМЕН-ЖАРҚЫН[1] с ы н. *Ашық-жарқын, көңілді, емін-еркін.* Мал жайында бір түйін табылғандай, тамақты бәрі де *е м е н-ж а р қ ы н,* сүйсіне отырып ішті (F.Орманов, Жүрек). Олар айына, жылына бір рет дүрдіараз болып, өкпелесіп, болар-болмасқа ренжісіп қалса да, бірер күн өтпей жатып-ақ *е м е н-ж а р қ ы н* әңгімелесіп, қазан-ошағы қайтадан араласып, аз күн тоқтап қалған қатынастары қалпына келіп, қабақтары ашылып қалады («Егемен Қазақстан»). Даяшы жылпос жігіттердің қылаң ұрған жүрістері, әзіл-қалжыңы көп жайраңкөз жеңгелердің *е м е н-ж а р қ ы н* күлкісі естіліп жатыр еді («Жұлдыз»). Сауд елінің елшісі арнайы қабылдап, *е м е н-ж а р қ ы н* іскерлік әңгіме жүргізді («Егемен Қазақстан»).

ЕМЕН-ЖАРҚЫН[2] с ы н. *Болмашы, аздаған.* Тергеушінің қатыңқы қас-қабағына *е м е н-ж а р қ ы н* жылы леп жүгіргендей болды (С.Омаров, Қайырлы.). Асылында, өнер еріккеннің ермегі десек, ол теріс пікір болар еді, бірақ теріс болса да сол пікірде *е м е н-ж а р қ ы н* шындық бар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕМЕНҚҰЛАҚ з а т. ө с. *Басы қызыл қоңыр, сұр түсті, ақ саңырауқұлаққа ұқсас, бірақ басының төменгі жағы қызғылт болып келетін еменге таяу жерде өсетін саңырауқұлақтың түрі. Е м е н қ ұ л а қ* қою тағам әзірлеуге, маринадтауға, тұздауға және кептіруге пайдаланылады (Шаңырақ энцикл.).

ЕМЕНТҰМСЫҚ з а т. з о о л. <лат. coccothraustes> *Омырауында қара дағы бар, жуан, мықты тұмсықты, торғай тәрізділер отряды құнақтар тұқымдасына жататын орман құсы. Е м е н т ұ м с ы қ* ағаш басына ұялап, 3-7 көбінесе 4-5 жұмыртқа салады (ҚСЭ). *Е м е н т ұ м с ы қ* – әдеміше қызыл түсті, омырауында галстук сияқты қара «көбелегі» бар, бейне піл сүйегінен жасалғандай мықты тұмсықты құс. Ол – орман құсы («Орталық Қазақстан»).

ЕМЕН-ТЫНЫШ с ы н. *Қауіпсіз, жайлы.* Осы уақытта Құлжа мен қытайдың Шиху деген қаласының арасындағы жол *е м е н-т ы н ы ш* депті («ТҰГ»).

ЕМЕНШЕ ү с т. *Емен тәрізді, еменге ұқсап.* Бірде қарасаң өте қатал, өз дегені болмаса, *е м е н ш е* иілмей тұрып алады (С.Бақбергенов, Кентау). Тал бойына тән күші де бар, еркі де мол. Бүксең иілмейді, *е м е н ш е* шарт сынады (І.Омаров, Шабыт).

ЕМЕНШӨП з а т. ө с. <лат. teucrium> *Ерендүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шала бұта. Е м е н ш ө п т і ң* Қазақстанда өзен, көл жағалауларындағы шалғынды жерлерде өсетін үш түрі бар (ҚҰЭ).

Сарымсақ еменшөбі. ө с. <лат. teucrium scordium> *Биіктігі 10–25 см-дей, сұлама тамырсабағы болатын, тік өсетін қырлы сабағына шеті тілімденген қауырсынды жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, тостағанша жапырақшалары қоңырауға ұқсайтын, қос ерінді күлтесі ашық қызыл, сирек ақ түсті өсімдік. С а р ы м с а қ е м е н ш ө б і* медицинада дәрі алу үшін дәмдік-татымдық зат ретінде тамаққа пайдаланылады (ҚҰЭ).

ЕМЕР= е т. ж е р г. *Ерін қымқыру, жымқыру.* Бірақ Сарқасқа тағы бірдеңе айтқысы келіп ернін *е м е р д і* де, талықсып кетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕМЕРУ *Емер етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ернін *е м е р у.*

ЕМЕРІЛ= е т. *Еріннің қымқырылуы, жымқырылуы.* Өзім де сөз айтуға шебер-ақпын, Сөйлеуге ернім епті *е м е р і л г е н* (Бес ғасыр.). Тау көркі оған сұлу көрінбеді, Мәлімсіз жас жүрегі жерінгені. Түскендей көңілінің көлеңкесі, Еріксіз *е м е р і л д і* еріндері (Т.Жароков, Шығ. жин.). Білмей тұрмын мен бүгін не дерімді, Діріл қағып ерінім *е м е р і л д і.* Қыстауым жоқ: құр ғана орны жатыр, Қайдан білсін бір кезде келерімді (С.Сейітов, Жаңғырық).

ЕМЕРІЛУ *Емеріл етістігінің қимыл атауы.*

ЕМЕС= е т. *Е көмекші етістігінің есімше тұлғалы болымсыз түрі.* Бөтенім *е м е с і ң,* ертең туысым болайын деп отырсың (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ерлік білекте *е м е с,* жүректе (Мақал). Көкейді тескен тірліктің білгенге мәні Көп *е м е с* пе еді? Көк мидың бір демде бәрі: «Өрісте малы, өкімі, билігі жоқтың Сүйегіндегі жүйріктік кімдерге дәрі? (Ж.Жұматаев, Ләйлә.). Бұл өмір бір күн шаттық, бір күн егес, Тірліктің барлық мәні күлкіде *е м е с,* Болсын мейлі көл жалғыз, терек жалғыз, Менің жалғыз болуым мүмкін емес (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Адам [кісі] емес. *Адамшылығы аз, ұяты жоқ.* – Тракторисің *а д а м е м е с* екен... Бізді қатты ұятқа қалдырды («Лен. жас»). *К і с і е м е с* сөз еместі сөйлер (Мақалнама).

Аз емес. *Жеткілікті, жетерлік.* Алайда, – десті шешендер, – жедел түрде қолға алатын істер *а з е м е с.* Өзімізде өңделетін мал өнімдері әлі де қымбат, сапасы төмен, бәсекелестікке төтеп бере алмайды («Егемен Қазақстан»). Қызығып асау Есілге, *А з е м е с* ойға түйгенім. Есімде ауыл кешінде Бетіңнен алғаш сүйгенім (К.Салықов, Жезкиік.). Білген жанға өмір деген мәңгі жарқын жаз емес, Жұмыр бастан кетіп жатар кемшілік те *а з е м е с.* Әрине, оған кейде-кейде керек шығар кешірім, Алайда оны кешірместен досша айтудың несі мін (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Анау-мынау емес. *Оңай (жеңіл) тірлік, мерзім, іс т.б. емес.* Жер Іле Алатаудың етегінде белгілі бір үзіліс жасай отырып, *а н а у - м ы н а у е м е с,* үш жылдай сілкініп тұрған («Егемен Қазақстан»).

Бала емес. *Ересек, ақыл тоқтатқан, тәжірибелі.* Күмісбай, *б а л а е м е с с і ң* тамырланған, Жастықта талай жарымес забырланған. «Үйінде Досбай да бар» дегеннен соң, Біз келдік сәлем бере сағынғаннан (О.Шораяқов, Шайыр).

Белін жаза алар емес. *Қалпына келер емес, жөнделер емес.* Быт-шыт болып бөлінген шаруашылықтар бүгілген *б е л д е р і н ж а з а а л а р е м е с* («Қаз. әдеб.»).

Бұйым емес. *Бақайынан да келмейді; тұқ емес.* Әңгіме деген Ережепке *б ұ й ы м е м е с.* Суырылып тұрған бір жан (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Бір бұл емес. *Тек осы ғана емес; әлі де, талай рет.* Сөйлеген аға тұрып іниден без, Ежелден елде сондай бар еді сөз. Аралау ағайынды *б і р б ұ л е м е с,* Әлі де сізбен талай болармыз кез (Жамбыл, Шығ. жин.).

Бір емес. *Бірнеше рет, талай рет; қайта-қайта.* – Сіз осы ауылды *б і р е м е с,* екі рет шаптыңыз ғой (І.Есенберлин, Қаһар). Серіккали сөзге *б і р е м е с,* бірнеше рет шықты (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

Емес те емес. *Ол да емес, бұл да емес.* Құлдық емес, *е м е с т е е м е с.* Байқадамның айналасы осынша кедей, көзінен сорасы аққан сорлы бола ма екен? (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

Жақ ашар емес. *Сөйлейтін, ұн қататын, жауап беретін түрі жоқ.* Бірақ екеуі де Удей мен Кусейді тірідей қолға түсіре алмаған әскерлерінің әлсіздіктерін мойындамайды. Он төрт жасар Мұстафаның қазасы туралы *ж а қ а ш а р е м е с* («Жас Алаш»).

Жаман емес. *Дұрыс, жөні бар; тәуір. Ж а м а н е м е с* бүркіті Әр жерден түлкі алады. Қашқан аңын жібермей Құмары ердің қанады (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Құдайға шүкір, әлі де *ж а м а н е м е с п і н,* Күніммен келген, түніммен кеткен кеңестім. Белдеуден де әрі өтіп жүр әзір тұлпарым, Кеудемнен әлі қаққан да емес мені ешкім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жасырын емес. *Құпия емес, белгілі.* Алғысты да естиді, қарғысты да естиді. Солардың әрекетіне қарап, жұртшылық бүкіл құқық қорғау органының қызметіне баға беретіні *ж а с ы р ы н е м е с* («Егемен Қазақстан»). Тұрған қаланың жайлылығы мен көріктілігіне не жетсін. Сол үшін де туған үйіңдей намысыңды жыртасың ғой. Астананың әр адамы да осындай сезімге бөленіп жүргені *ж а с ы р ы н е м е с* шығар («Егемен Қазақстан»).

Жеке отырып, шай ішкен жан емеспін. *Етене араласқан емес, дос-жар болған емес.* Ал мен ол кісімен бетпе-бет *ж е к е о т ы р ы п, ш а й і ш к е н ж а н е м е с п і н.* Мен ол кісіден тіпті бір ауыз жақсы сөз дәметпеймін де! («Қаз. әдеб.»).

Жұмыс емес. *Тұқ емес, қиын емес.* Қалайда халық – астана, қали емес, Деген бар: «Көп тілегі – мысалы, көл...» Алдынан жұрт жұмылса, *ж ұ м ы с е м е с* – Теңселіп шыққанменен теңізден сел (О.Шораяқов, Шайыр).

Кем емес. *Тең, пара-пар, бірдей.* Қазақ тілі ғылым жолына салынып іреттелсе, іш бір жұрттың тілінен *к е м* болатын *е м е с,* бұған инануымыз толық (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Жоқ болса қатыныңның жат өсегі, Болмаса мінезінің еш кесегі. Майысқан, бейне гүлдей толықсыған, *К е м е м е с* алтын тақтан жар төсегі (Абай, Тол. жин.). Сонау біз білетін Кирді құртқан Тұмар (Томирис) заманынан келе жатқан ер мінезді қазақ қыздарының намысы олардан бір *к е м е м е с.* Тек оны қайта оятып, дұрыс бағыттай білсек болғаны («Жас Алаш»).

Кенде емес. *Құр емес; жеткілікті, баршылық.* Жемнен, шөптен *к е н д е е м е с п і з,* бірақ қар жеген қой ақ майды аузына ұстасаң да, күнненкүнге шөге береді («Лен. жас»).

Кет әрі емес. *Қарсы емес; келісетін түрі бар.* Шешесімен тілдесіп көріп ем, *к е т ә р і е м е с* сияқты («Қаз. әдеб.»). Екі билет алып тағы бардым Бәкеңе. Байқаймын, бұл жолы *к е т ә р і е м е с* («Лен. жас»).

Көлденең көк атты емес. *Кездейсоқ адам емес, белгілі орны бар адам.* Алексей Гончаров газетті табыс табуға бола шығарып жүрген *«к ө л д е н е ң к ө к а т т ы е м е с»* Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалдың білдей бастығы («Жас Алаш»).

Көптің бірі емес. *Орны бөлек, сыйлы, қатарынан озық тұрған адам.* Егер бұлар қара сирақ көп қазақтың бірі болса, онда мен бүйтіп күйіп-піспеген де болар ем. Бұлар қара сирақ *көп* қазақтардың *бірі емес* қой («Жас Алаш»).

Қара жаяу емес. *Мақұрым, құралақан емес; өзіндігі бар.* Сені ұмытпай жүргенін қарасаңызшы. Тегі *қара жаяу емес* қой, – деп көтеріп қойды Жадыра (С.Сейфуллин, Шығ.). Дарханбек те орысшаға *қара жаяу емес* еді, бірақ неге екені қайдам, бәрін есіте отырса да мыңқ етпеді («Қаз. әдеб.»).

Қиын емес. *Жеңіл шешілетін, оңай.* Шетел азаматтарымен салыстыра қарасақ та бұл жөнінен қазақтардың артықшылығы көп екенін аңғару *қиын емес.* Ал ел өміріне үңілсек, нақ осындай білімді, ізденгіш, еңбеккөр қазақтар неге қайыршылық күйге түскен? («Қаз. әдеб.»).

Қол емес. *Лайықсыз, қолайсыз; жөн емес.* Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес. Ыңталы жүрек, шын көңіл, – Өзгесі Хаққа *қол емес* (Абай, Тол. жин.). – Ойбай, маған ол мамандық *қол емес* екен, менің қабілетім мына мамандыққа бейім («Лен. жас»).

Құр алақан емес. *Түгі жоқ, құр емес; бірдеңелері бар.* Оның үстіне Сафура ақылдан да *құр алақан емес* қой (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). – Е, биыл алмасаң, алдағы байқауда алармыз. Әйтеуір сендердей *құр алақан емес піз* ғой (С.Хайдаров, Құрыш.). Ал белгі демекші, одан бұл жолы да *құр алақан емес* екенбіз. Яғни жоғарыда аталған «Раритет» баспа компаниясы Дулат ақынның мерейтойына оның мерекелік жинағын әзірлеп үлгіріпті («Егемен Қазақстан»).

Мәз емес. *Мақтауға келмейді, жақсы емес; жетісіп тұрған жоқ.* Аяқтарымен тақтайды езіп жібергендей тіреніп, қолтықтасып алған екеуінің жағдайы онша *мәз емес* (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). Біздің аймаққа Қарақалпақстаннан көбірек келіп қоныстанады. Өз аймақтарынан онсыз да тарығып келген жандардың жағдайы аса *мәз емес* («Жас Алаш»). Соңғы кездері анамның денсаулығы да *мәз емес* екенін байқаймын. Менің тағдырыма қатты алаңдайтын болуы керек («Жас Алаш»).

Мемлекеттік емес. *Мемлекеттің меншігіне жатпайтын, қоғами жекеменшік.* Микронесие мәселесімен айналысып жатқан ұйымдар – *мемлекеттік емес* ұйымдар («Жас Алаш»). Ресми мәліметтерге қарағанда, бізде тіркелген 2300 БАҚ-тың 80 пайызға жуығы *мемлекеттік емес* нысандағы заңды тұлғалар болып табылатын көрінеді («Егемен Қазақстан»).

Мүмкін емес. *Ешбір болмайды, олай болатын жөні жоқ.* Намыс та махаббат секілді адамның ішкі жан сезімі. Оны бірер сөзбен жеткізу *мүмкін емес* («Жас Алаш»). Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылмен не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге көндіру *мүмкін* де *емес* (Абай, Тол. жин.). – Жоқ, жоқ, *мүмкін емес.* Алма жазбайды, мұны басқа біреу жазды (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

Онша емес. *Мәз емес, жақсы емес.* Аққемпір екеуі қашаннан араз. Доспен де *онша емес,* сондықтан бұл үйге келсе, көбіне Қарақатынмен шүйіркелесетін (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Оңай емес. *Іске асуы, бітуі, орындалуы қиын.* Көп жаумен жалғыз өзі атыс жасап, Үш адам жау жағынан қабат түсті. Бұл өзі *оңай* келген пәле *емес* деп, Жиылған қалың жаудың зәресі ұшты (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Әр нәрсенің осындай, Білгендерге парқы бар, Қадірін білсең мысалы, Кәрілік пен жас қандай. Өздеріңдей жақсының *Оңай емес* алдында Татусыз сөзді табуға, Кібіртіктеп жасқанбай (Базар жырау, Шығ.).

Сөз емес. *Бұйым емес, тұк емес; тіптен оңай.* Үш мың гектарға жеткізу *сөз емес*-ау, колхозда әлі де орылмаған талай мың гектар астық сабағында тұр (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Есебін тапқан жігітке, Ердің құны *сөз емес* (Қаз. мақал).

Таныс емес. *Жат, белгісіз.* Абай өлеңінің ішінде парсы, араб тілдерінен кірген сөздер көп, бірлі-жарымды орыс сөздері де бар. Шет тілдерден кірген сөздердің көбі қазаққа *таныс емес,* жат сөздер. Солай болған соң бұл сөздер оқушыларға онан жаман қиындық беретін еді. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Тегін емес. *Себепсіз емес; тектен-тек емес.* Аудандық комитеттің қызметкерлері «Ілбішін» совхозына да келе алмады. Ол да *тегін емес.* Мұнда екі қатарлы совхоз мәдениет үйі бар («Лен. жас»).

Тұк емес. *Бұйым емес; оңай.* Мал, дәулет қасында, оған туған ел, дос-жар, іштен шыққан баланың көз жасы *тұк емес* (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұрын құқық қорғау органдарына күніміз түспегесін білмеппіз, енді қарап тұрсам, бұл саланың былық-шылығы жетіп-артылады екен. Көзге баданадай боп көрініп тұрған нәрсенің өзін жоқ қылып жіберу бұларға, шыңдап кіріссе, *тұк* те *емес* көрінеді («Егемен Қазақстан»).

Үш ұйықтаса түсіне енген емес. *Күтпеген, ондай болады деп ойламаған.* «Қаңғып келген сіз түгіл, өз адамдарымызға жақсылық жасай алмай жатырмыз» деп арыма тигені бар. Өз елімде, өз жерімде жүріп осындай сөз естимін деп *үш ұйықтасам түсіме енген емес.* Ел басқарып жүрген азаматтар бұлай деп сөйлесе, басқалар не демек («Егемен Қазақстан»).

ЕМЕСЕ: емесесі құрыды. с ө й л. ***Емешесі құрыды.*** Қарлығаш Көкпайды қойып қалып,

мінбелей отырады. Не болады деп *е м е с е с і қ ұ р ы п,* жанып отыр (М.Әуезов, Қараш.). Балқаштың көлі қандай болса, мысы сондай мол екенін сезген шетел капиталистері *е м е с е с і қ ұ р ы п*, талай рет сілекейін шұбыртқан («Қаз. әдеб.»).

ЕМЕСЕК з а т. ж е р г. *Жымысқы, ұры.* Жармағамбеттің *е м е с е г і* бар еді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕМЕСКІ с ы н. *Көмескі, болар-болмас.* Тағы іздедім кешегі Тастап кеткен елімді. Елдің шеті бола ма, *Е м е с к і* екі қара көрінді (Батырлар жыры). Тап қазір де әкем қара темірді төске қойып, шықылдатып іс соғып жатқандай бір *е м е с к і* үн құлағымнан кетер емес (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ашаққа шығатын... бұрын да *е м е с к і*, суыртпақ жол таралып, жіңішкеріп кетіпті (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Алдыңғы жағымыздан *е м е с к і* бір-екі қара көрінеді (Ер Тарғын).

ЕМЕСКІ= е т. с ө й л. ***Емексі.*** Не түсіне енген жоқ, Не қасыңа келген жоқ. *Е м е с к і д і* ез көңіл, Бірақ әлі сенген жоқ (С.Торайғыров, Шығ.).

ЕМЕСКІЛЕУ с ы н. *Көмескілеу, болар-болмас.* Шынымды айтсам, сол жылғы көктемнің қай кезде күшіне енгені есімде *е м е с к і л е у* қалған (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

ЕМЕСКІТ= е т. с ө й л. ***Емексіт***. – Ой, Ермек ағай, сіз бірдеңе деп *е м е с к і т і п* қойған болсыз. Әйтпесе, ол кісі менімен не сөйлеспек (А.Байтанаев, Жаңғыр.).

ЕМЕСІН з а т. *Үміт, дәме.* Тек жаңа ғана оңалып кеткен сөздердің әрқайсысын өз алдына қайта салмақтап, солардан алғашқыда аңғарылмаған жылылық табам ба дегендей *е м е с і н м е н* телмірді (М.Иманжанов, Көк белес).

ЕМЕТАЙ: **еметайы езілді [еріді].** *Елжіреді, ынтықты, құмартты.* Марқакөлден келген кім болды екен деп ойлады Өріп. Ол жақта сонша мұны іздеп келетіндей, *е м е т а й ы е з і л г е н* ешкім жоқ еді ғой (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). *Е м е т а й ы е з і л г е н д е й* осылай Жер мекен көк шаққа тұрар қосылмай. Апта ойы көңіліңді көлдетіп, Ақ жауыны тұрып алар басылмай (Т.Нұрмұхамедов, Күн.). Осы Төлепке де мені *е м е т а й ы ң е р і п* бердім деп отырсың ба. Мектеп бітіргенше ішетін көжемді көпсінген жоқсың ба (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЕМЕУРІН з а т. **1.** *Бет-ауыздың қимылы, ишара.* Сәкеннің *е м е у р і н і* бойынша өнер салыстыруға іштей әзірленген Мұсақан мен Кәрібек мазасызданыңқырап, тықыршып отыр (Ә.Көшімов, Лашын.). Жездесі бүгін Бикенге көз сап, апаңның орнын бас дегісі келеді. Тіке айтпаса да, *е м е у р і н і н е н* белгілі (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **2.** *Мақсат, ниетті аңғартатын тұспал сөз, нышан.* Өзі тұрғылас қазақ драматургтерінің ішінде Бейімбет шығармаға ат қойғанда, *е м е у р і н,* астарлы мәнді құнттайды (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Иә, қолында бар ата-ана мұғалімнің *е м е у р і н і н* айтпай түсініп, түрлі желеулермен сұрағанын береді. Айлығы-шайлығына жетпей отырғандар қиналды («Егемен Қазақстан»).

Емеурін білдірді [жасады, танытты]. *Ой-ниетін, тұпкі мақсатын аңғартты, тілек етті.* Қасыңа жолдас қып мына отырған барлық атпал жігіттерді ертем. Тек *е м е у р і н і ң д і б і л д і р ш і!* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Кезінде сондай бір-екі «академияның» басшылары бізге де *е м е у р і н б і л д і р г е н*: «бар болғаны, небәрі екі жүз доллар төлей қойсаң, академик деген атақ береміз», деп («Қаз. әдеб.»). Тамара Халелге ешбір *е м е у р і н б і л д і р м е с е* де, өзінің ашық, жайдары мінезімен жақындық тапты (С.Жүнісов, Жапанда.). Ендігі отырыста Абай тек қысқа ғана *е м е у р і н ж а с а п,* сөзді өзі бастамай, әуелі даугер би Бараққа сөйлетті (М.Әуезов, Абай). – Ең болмаса шай ішіп, тамақ жеп кетпейсің бе, балам-ау, күн ұзақ дегендей, – деп, әжесі *е м е у р і н т а н ы т т ы* (Н.Сералиев, Ақбөпе).

ЕМЕУРІНДЕ= е т. *Емеурін байқату, таныту.* Михаил Егорович биылғы өнімнің қандай боларын кейінірек нақты нәтижемен айтуға келісті. Уәдені жықпаспыз дегенді *е м е у р і н д е д і* («Лен. жас»).

ЕМЕУРІНДІ с ы н. *Ойлы, ниетті, мақсаты бар.* Жалғасы едім тегеурінді төзімнің, Арнасы едім *е м е у р і н д і* сезімнің. Мен солардан алыс кетіп барамын, Жолдарымды қайта таппай өзімнің (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЕМЕУРІНСІЗ с ы н. *Біреудің қалауықылықасынсыз, ықтиярынсыз.* Тегінде, Абайдың қысқы, жазғы түстігіне үнемі шақырусыз, *е м е у р і н с і з,* өз еріктерімен келіп, күні бойы Абайдың сөзін тыңдағансып, ләм демей, үнсіз отырып, түстікті бірге жесіп алып, өз беттерімен аттанысып кете беретін көп кісілер бар-ды (М.Әуезов, Абай жолы).

ЕМЕУРІНСІТ= е т. *Тұспалдап айту, ишара білдіру.* – Ой, Аллай, олда-біллә шақырғаным жоқ. Айта салып ем, әшейін. *Е м е у р і н с і т к е н г е* түсінбей жетіп келе қалуын көрмейсің бе? (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

ЕМЕУСІН з а т. ж е р г. ***Емеурін.*** Дәмелінің бір мінезі – біреуге көңілі қалса, қатты қалады; сол адам өзі кешірім сұрап *е м е у с і н* білдірмесе, қысқы тоңнан бетер жібімей қатып қалады (Ө.Қанахин, Дәмелі). Өзі ештеңе демесе де, ешқандай *е м е у с і н* білдірмесе де, қыздың қасы мен қабағына қарап-ақ көп нәрсені аңғара қоятын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕМЕҮСІРЕТ= е т. с ө й л. ***Емеурінсіт.*** Шешесінің *е м е у с і р е т к е н* осы бір сөзінен демеу тапқан Шолпан көңілі едәуір марқайып, қуанышқа енген болатын (А.Хангелдин, Қараторғай). «Екпінді» деп *е м е у с і р е т і п,* қапыда қармақ тастау тәсіліне ойысқан секілді бұл Крей (А.Сатаев, Ақын.).

ЕМЕУІР з а т. с ө й л. ***Емеурін.*** Көк шатырға еніңіз дегендей *е м е у і р* білдірді (К.Әзірбаев, Аңыз.). Олар айтпақ болған ойын да, орны бөлек ыстық ықыласын да *е м е у і р і м е н* білдіреді (Ақ бидай).

ЕМЕШЕ: емешесі құрыды [қурады, құлады]. *Қатты ынтықты, жүрегі елжіреді, құштар болды.* «Оқыған, оқыған» деп *е м е ш е с і қ ұ р и д ы,* Ал, кенелтті оқыған! (М.Дулатов, Шығ.). Балаға аңсап, шөлдеп, үш жүз алпыс екі тамыры түгел кеуіп, суалып бара жатқандай *е м е ш е с і қ ұ р ы д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қанипа *е м е ш е с і қ ұ р ы п,* сүйікті жарына бір түрлі сүйкімді шыраймен қарап отыр (С.Омаров, Қызыл.). Осы менің күйеуімді інім деп *е м е ш е ң қ ұ р а ғ а н д а й* саған не жақындығы бар? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.) Тым *е м е ш е ң қ ұ л а п* кетіп еді, Құдай біледі, аман емессің ғой (Т.Ахтанов, Боран).

Емешесін үзді. *Ынтықтырды, құмартты. Емешеңді үзіп,* аңқаңды кептірген ұшы-қиыры жоқ сары даладағы осы бір қолмен қойғандай әсем көрініс әрі-бері өткен жолаушыға мойын бұрғызбай қалған емес («Лен. жас»).

ЕМЕШЕЙ: емешейі езілді. с ө й л. ***Емешегі езілді.*** – Апырай дейтін ештеңе жоқ. Балаң күндіз бір дөң астында жүрсе, оған *е м е ш е й і н е з і л е* қоймас. Кешке үйіне келіп тұрады (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ЕМЕШЕК: емешегі езілді [құрыды, үзілді]. *Ет жүрегі езілді, ынтықты, құмартты.* Анау үрейлене дүрліккен құстарға қанша елжіреп *е м е ш е г і м і з е з і л г е н м е н,* табиғаттың қатигез мінезін де құптамасқа болмас (К.Баялиев, Нәсер). Егер Жамал басқа біреуді сүйсе өз еркі. Сондай-ақ менің де оған *е м е ш е г і м е з і л г е н* емес (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). Күйші, өлеңші дегендерің де күлімсіреген еркекке *е м е ш е г і қ ұ р ы п,* есі кетіп қалатын жел қуық ұрғашы сияқты ғой (Ә.Кекілбаев, Дала.). Соқ өтірікті, соншама *е м е ш е г і ң ү з і л і п* отырғаны, одан да жасымнан қазандықтың қаспағын жалап үйренген мешелмін десейші (С.Жүнісов, Ақан сері). Менің сіңлімді орналастырмай, сенің қызыңа *е м е ш е г і ү з і л і п* қалғанынан-ақ кәдік алып едім-ау! (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Емешегін көкке сауды. *Қарғады, күдерін үзді.* Мен енді *е м е ш е г і м д і к ө к к е с а у а р м ы н* ...Қарғармын! Оңбассың! – деген кезде Жамалдың көзіне мөлдіреп жас келіп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕМКӨС з а т. ж е р г. ***Емші.*** Шала қазақ Мақсұт дейтін *е м к ө с* емдемекші болып дәрілер береді (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

ЕМЛЕ [ар. إملاء]. з а т. *Орфография, дұрыс жазу және оның ережесі.* Абай кітабының бірінші баспасы оқушыларға қиын тиюші еді. Қазақ *е м л е с і м е н* дұрыстап жазылмағандықтан, жаңылыс басылған сөздері көп болғандықтан, мәнісін айырып алу қиын еді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Осы графикамен Шыңжаңдағы қазақ туыстарымыз бүкіл оқу-ағарту ісін, баспа дүниесін жүзеге асырып отыр. Ахаң түзген әліпби мен жасаған *е м л е* тәртібі мұнда өте жақсы қызмет етіп отырғанын айтуға болады («Қазақст. мект.»). Орфография, немесе *е м л е* дұрыс жазу нормаларын белгілейді (Р.Сыздықова, Қазақ орфогр.). Бөлімдердегі түскен материалдарды редакторға берместен бұрын, *е м л е* қатесі жоқ па екен деп оқып шығам (Ж.Арыстанов, Естен кетп.).

ЕМЛЕЛІК с ы н. *Емлеге қатысты, емлемен байланысты.* ≈ *Е м л е л і к* ережелер.

ЕММАТ [ар. همة] з а т. ескі кіт. *Еңбек, тіршілік, қызмет.* Ерлерше *е м м а т* қылыңдар, Наданша жүрмей өнерсіз. Қанша жақсы көргенмен, Дүние шіркін сенімсіз (Ә.Тәңірбегенов, Ұмытпа.).

ЕММӘТ з а т. с ө й л. ***Еммат***. Қырылды біздің шеркес, сансыз дұшпан, Қабыл ал, жалғыз мен ғой қалған достан. Үйіңе кіргіз, мені! – расул қуә, Өлгенше *е м м ә т і ң д і* сірә ұмытпан (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕМПЕЛЕКТЕ= е т. с ө й л. *Елпелектеу, бәйек болу.* Әдепсіз, келдің неге, баса-көктеп, Біре шақырып кететіндей *е м п е л е к т е п* Мен сенің бастасың ба, қатарың ба, Көрейін мұнан былай көрші беттеп! (С.Сейтеков, Сапар.).

ЕМПЕЛЕҢ: емпелең қақты. с ө й л. ***Елпең қақты.*** Өзің елеп әдейі келген соң, Үмітжанның тойы бір есте қаларлық боп өтетін болды ғой, – деп Шегебай *е м п е л е ң қ а ғ ы п,* қонақтарын үйіне қарай бастады (Б.Тілегенов, Көктем). Степан осы пәлемен ұстаспай-ақ қояйын аяғы насырға шауып жүрер дегенде *е м п е л е ң қ а ғ ы п,* итінің шынжырына жармасып, әрі қарай тартты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЕМПЕЛЕҢДЕ= с ө й л. ***Елпелекте***. Енді бір сәтте күпісін желең жамылып, бәйбішесі соңында, *е м п е л е ң д е п* Бименді келді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Денесінің соншалық салмақтылығына қарамай, *е м п е л е ң д е п* ұшып кеткелі тұр (Б.Тілегенов, Көктем.) Аякең қонағын жатқызып, *е м п е л е ң д е й* басып үйіне барды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕМПЕҢ: емпең қақты. с ө й л. ***Елпең қақты***. – Қойдан енді айырылатын болдық, – деп шал алақанын қалқалап, аспанға қарады да, қойлардың алдына түсіп, *е м п е ң қ а ғ ы п,*

бүйір соғатын бүлкілге салды (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

ЕМПЕҢДЕ= е т. с ө й л. **1.** *Елпектеу, емпең қағу.* Ақшасын қойнына салып, базарды аралап, *е м п е ң д е п* келе жатыр еді, қолында ірі ақшасы бар бір қазақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қызу болса да, басқарманың ыңғайына қарай жығылудан бухгалтер жаңыла қоймапты. Осылай деді де, санын бір салып, дастарқанға қарай *е м п е ң д е й* түсті (К.Қазыбаев, Ызғар). Түс ауа Сарыжазықтың күншығыс қабағынан *е м п е ң д е п* желген бір қара құлады (С.Елубаев, Ойсыл қара). **2.** а у ы с. *Жаны қалмау, құрақ ұшу.* Орынсыз аға-ініңді өкпелетсең – Өкінбес олар саған өртке кетсең. Қалады қалайда да артыңда атың, *Е м п е ң д е п* елдің атын ерттеп өтсең (Т.Ізтілеуов, Назым).

ЕМПЕҢДЕТ= е т. *Елпелектету, елпеңдету; бас ию.* Әрине, Абайға, жас ортасынан асқанда біреуді сүйдіріп, сақал шашқа ақ кіргенде *е м п е ң д е т і п* қойса, шығарманың құнын түсірмесе, көтермес еді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Тауасарды *е м п е ң д е т і п* жетелеп келмесі ме... Ендігі іс жөні мәлім (Ж.Ахмади, Жүрек...).

ЕМПЕҢДЕТУ *Емпеңдет етістігінің қимыл атауы. Е м п е ң д е т у* – мақсат емес (Ауызекі).

ЕМПЕҢ-ЕМПЕҢ е л і к. *Елпеңдеген қолайсыз, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Жанарында ашу-ыза оты ұшқындап, қазығын *е м п е ң-е м п е ң* айналады (С.Елубаев, Ойсыл қара). Жетектеп *е м п е ң-е м п е ң* сайға асыпты, Алатаудың бүйрегіне жайғасыпты. Бір жеті буып қойып, шешісе алмай, Күндекүнде «соямен» сайласыпты (С.Баймолдин, Монолог).

ЕМПІР з а т. ж е р г. *Тұмауратқанда, суық тигенде ішетін шөптен жасалған домалақ дәрі.* Алақаным, төбем, табаным бәрі қызады. Күшалаң, *е м п і р і ң* болса бер (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЕМСЕ= е т. к ө н е. *Аңсау, сағыну.* Еділді көріп *е м с е г е н,* Жайықты көріп жемсеген, Таудағы тарлан шұбар біз едік (Махамбет, Өлең д.).

ЕМСЕК з а т. *Емші, шипагер, тәуіп.* Қазақ арасындағы мал ауруларын емдеуді кәсіп етушілер негізінен қолданатын шараларына қарай оташы, сыныкшы және *е м с е к* болып бөлінетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Шын *е м с е к к е* әкей сол күн қаралды, Науқасына шипа болар дәрі алды. Маңдай жіпсіп, қызу түсіп, өң кіріп, Шабыттана алғаш рет нәр алды (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). *// Ем жасайтын, шипалы.* Содан бірде аңдаусыз сілтенген күрек кесіп, зақымдады. Бағына қарай, қонақта жүрген бағбан атайдың *е м с е к* қолы еншісіне тиді. Өлмеді, жетіліп кетті (Қ.Салғарин, Жанында жүр.).

ЕМСЕКТЕ= е т. к ө н е. *Емтеп-септеу, амалдау.* Ыбырай. Жеріңді алса бөлшектеп, барыңды алса *е м с е к т е п* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЕМСЕКТІК з а т. *Емшілік, шипалық.* Сөз арасында айта кетейін, әжемнің тағы бір қасиеті, қолының *е м с е к т і г і* болатын (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Дарудың *е м с е к т і г і н* білгеннен кейін апақ-сапақта Қайшаға жетіп үлгерген Бакизат асығыс шаруасын баяндады (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЕМСІЗ с ы н. **1.** *Ем-домсыз, дәрі-дәрмексіз, ем қолданбай.* Содан бері байлаусыз, *е м с і з* болғандықтан, бұның бойынан көп қан кетіпті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Міне, осындай созылмалы ауруға ұшыраған балалар көбінесе ешқандай *е м с і з* жүре береді (Б.Хабижанов, Бала.). **2.** а у ы с. *Дауасыз, амалсыз, шарасыз.* Қор қылуға құдіреттен, Жүрегіме түсті өрт. Тайды аяғым ескі серттен, Түсті *е м с і з* қатты дерт (Абай, Тол. жин.). Оған енді ем таппай, жазылу жоқ. *Е м с і з* жерде өмірлік қадалған оқ. Жанын жайлап жарасын жазылдырар, Тек махаббат екенін білемін құп (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ЕМСІН= е т. *Елту, көңілі босау.* Алдыңғы ретте отырғандардың ішінен мұрындарын қоскостан тартып *е м с і н г е н* біреулерді байқап қалдым (М.Тоқжігітов, Ән атасы.).

ЕМТИХАН [ар. إمتحان] з а т <лат. examen> **1.** *Белгілі бір пән бойынша білім дәрежесін анықтайтын сынақ.* Қазақстанда *е м т и х а н* қабылдау алғаш рет Алтынсарин мектептерінде қолданылды (ҚҰЭ). Болат жетінші кластың ең соңғы *е м т и х а н ы н* тапсырған күннің ертеңіне үйіне ауданнан бір жүк машинасы келді (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Берілді оқуына, осы тұста Дипломдық жұмысы да асығыс та. Әсия әуреленді *е м т и х а н м е н,* Осылай әбігермен өтті қыс та (Қ.Бекхожин, Үш кезең). **2.** а у ы с. *Сынау, байқау, тексеру.* Оқыды, болды, сұрады; – Ұқтыңыз ба, әже? – деп, *Е м т и х а н* алмақ болды да, Үндемеді, тұтты әдет (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Емтихан алушы. <лат. examinator> *Емтихан қабылдап, тапсырушыларға баға қоятын адам, емтиханшы.* ≈ *Е м т и х а н а л у ш ы* профессор.

Емтихан сессиясы. *Жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы емтихан тапсыру кезеңі.* Оқу жылында екі (қысқы және жазғы) *е м т и х а н с е с с и я с ы* болады (ҚСЭ).

Жазбаша емтихан. *Жазбаша түрде тапсырылатын сынақ.* ≈ *Ж а з б а ш а е м т и х а н* тапсыру.

Мемлекеттік емтихан. *Оқу орнын бітірерде тапсырылатын маңызды сынақ.* Негізінен, өркениетті елдер қолданылатын бұл жобада

талапкерлер жылдағыдай мектепте *мемлекеттік емтихандыбір*, содан соң жоғары оқу орнына қабылдану тестік емтиханын бір бөлек тапсырып жатпайды («Түркістан»).

ЕМТИХАНДЫҚ с ы н. *Емтиханға арналған.* Стол үстінде *емтихандық* билеттер жатыр (Ауызекі).

ЕМТИХАНСЫЗ с ы н. *Емтихан тапсырмай, сынақсыз.* Нілжан Мұхамедиярова облыс орталығындағы педагогика институтының физика-математика факультетіне *емтихансыз* қабылданды (Ө.Қанахин, Жүрек.). Көнгендерін *емтихансыз,* комиссиясыз бірден институтқа алатын (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сосын, Алматыдан мединститутқа түскісі келетін жастарды іздестірді. Ақыры 16 абитуриенттің басын құрап, бәрінің құжаттарын дайындасты. Бәрі институтқа *емтихансыз* қабылданды («Түркістан»).

ЕМТИХАНШЫ з а т. с ө й л. *Емтихан алатын адам, емтихан қабылдаушы.* Мектепке оқушылардан бұрын *емтиханшылар* келді (Ауызекі).

ЕМТІКЕН з а т. ө с. <лат. Alfredia> *Жуан тамырсабағынан бірнеше тік сабақтары шығып, қалың жапырақтарының ұшы сүйірлеу, тұмсық тәрізді болып келетін, сары түсті гүлдері жиналып, себет гүлшоғырын құрайтын, күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Емтікеннің* әрбір гүлінің тостағанша жапырақшаларынан түзілген айдаршасы бірнеше қатар тікенектерден тұрады. Шілде айында гүлдеп, тамыз-қыркүйекте жеміс береді (ҚҰЭ).

ЕМУ *Ем етістігінің қимыл атауы; сүт, уызды еркімен және тілмен сору, қоректену.* Биені жиі сауғанда желіндегі жиналған сүт үнемі босап отырады, мұның өзі құлынның *ему* уақытына дәлірек келеді (Қымыз және шұбат). Бесіктегі іңгәлаған бөбегім *Ему і* керек емес пе? Мына жарық дүниенің, Бейнеті мен рақатын Біз сияқты көруі керек емес пе? (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ЕМУШІ: сүт емуші. с ө й л. ***Сүтқоректі.*** Қарсақ түлкінің бір түрі, қасқыр ұруы, ит жынысы, жыртқыш бөлімі, *сүт емуші* табы, сүйекті тобы болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

ЕМХАНА з а т. **1.** м е д. *Аурулар барып-келіп емделетін аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме. Емхананың* негізгі міндеттері: өзіне бекітілген тұрғындарына денсаулығын қадағалау, белгілі жоспар бойынша түрлі ауруларға қарсы егу, ауыр операция жасатқан және түрлі жұқпалы аурулармен ауырған адамдарды диспансерлік есепке алу (ҚҰЭ). Жаңылды *емханаға* тіркетіп, қай дәрігерге көрінетін қағазын бердім де, өзім Оралдың хал-жағдайын білуге ауруханаға келдім (М.Дүзенов, Ақәже). Жеті ауылдық отбасылық *емханаларға,* оның ішінде Қожбақы ауылдық емханасына жедел жәрдем автокөліктері берілді («Жас Алаш»). Ауруханаларды, *емханалардың* дәрігерлермен қамтамасыз ету және ауыл-селолық жерлерде жұмыс істейтін дәрігерлерге жағдай жасау жөнінде де бірсыпыра шаралар белгіленуде («Соц. Қаз.»). **2.** с ө й л. *Аурулар жатып емделетін орын, аурухана.* Ұлы Отан соғысы басталғанда Жамбыл 95-те еді әрі ауру боп *емханада* жатыр еді (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Барлық дерттің баршасы маған қонып, *Емханада* жатырмын алаң болып. Терезеден бір ызың мазалайды, Шақырады бір сәтте балам болып (М.Мақатаев, Шығ.). Дәрігер қыз науқас адамды астанаға әкеліп, үлкен *емханаға* орналастырды (Көктем лебі).

ЕМХАНАЛЫҚ с ы н. *Емханаға тән, емханаға қатысты.* Келеді күздің демі терезеден, Бір қатқыл, бірде дымқыл желі ежелден. Аңсаймын таза ауаны, еркіндікті, Шықсам деп *емханалық* ережеден (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЕМШЕК з а т. **1.** *Сүт қоректі жануардың сүт жиналатын мүшесі.* Бір биенің екі *емшегі* – Бірі кетсе сүті жоқ. Бір түйенің екі өркеші – Бірі кетсе күші жоқ (Мақал). Ақ ешкі, зарланасың лағыңа, Сүт берген *емшегіңнен* шырағыңа, Қосылып, кел, екеуміз бір жылалық, «Тәңірінің» жетер ме екен құлағына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а н а т. <лат. mamma> *Әйел адамдардың кеуде тұсының екі жерінен шығыңқы, томпайып келген мамасы.* Елге қайтқан солдаттардың алдынан, Шықты қыздар бұрымына гүл тағып. Аналардың жан баласын сағынған, *Емшегінен* кетті аппақ сүт ағып (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер). **3.** *Адамның кеуде тұсы.* Пистолет тарт етті. Түтін ыдыраған кезде Иоган мәз болып қарқылдап күледі. Оқ *емшектің* жанап, сыдырып өткен (Т.Ахтанов, Үндістан.). Тереңдігі *емшектен* келеді. Түс әлетінде Досхан соған келіп, жуынып кетуді әдетіне айналдырған (А.Жұмаділдин, Сең.). Осылайша дәтін айтып, басты мөрін, Орамалын тастады сіңген терін. Бұл хатты сүйсінерлік жерге қойды, Омырау екі *емшектің* ойпаң жерін (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бүйен емшек. *Бүйенге ұқсас сопақ, салбыраған емшек.* Ақ әжемнің *бүйен емшек* сиыры өрістен ерте қайтты (Ауызекі).

Емшегі иіді. *Емшегінен сүт саулады. Емшегім иіп* кетті-ау, қарағым жылап жатыр ма? – деп әлгі қара әйел өмірінде су тимеген саусағымен төсін уқалады (Б.Майлин, Шығ.). Жармасса бала барып, емізеді, Балаға анасындай *емшегі иіп.* «Баланы алмайын, – деп, – бір-екі

айдай, Бұл бала тұрмас, – дейді, – жерге сыйып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ән сарыны өңменінен өтетін, Мал да болса *емшегі ұшып* кететін. Өзіме де себеп болды фермаға Сиыр сауған мезетте іздеп жететін (К.Салықов, Жезкиік).

Емшегін [емшектің сүтін] көкке сауды. э т н. *Шешесі баласын қарғады, теріс бата берді.* Қалқам Зейнешжан, тілімді алмасаң, *емшегімді көкке сауам,* қолымды теріс жайып, қарғыс берем (Б.Майлин, Шығ.). Егер тілімді алмасаң, Артынан қуып бармасаң, Отыз ұл емген *емшектің Сауамын сүтін* мен *көкке*. Сексен жаста Елемес, Ер Төстіктің атасы Ақжелекке қайғырып Теріс боп тұр батасы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Емшек баласы. *Бір, бір жарым жасқа дейінгі емшек еметін бала.* Әйелдің алдында, стол үстінде *емшек баласы.* Ол маңындағы қағазды ұстап, жыртып, ойнап отыр (Б.Майлин, Шығ.). Демалыс уақытында бізге ойнаған балалар, *емшек балаларын* көтерген аналар келді (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Емшекке жармасты. *Емшекті бас салды, тартып емгісі келді.* Жүгіріп жүр әлгі жетім бейбақ та, Бір *емшекке жармасады* кей уақта. Тағы ілгері жүгіреді маңырап, Ауық-ауық қарап қойып мен жаққа (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Емшек табы [сүті] аузынан [ернінен] кетпеген [кешпеген]. а) *Тым жас, балғын. Емшек табы аузынан,* бесік табы арқаңнан *кетпеген,* Рәшжан-ау, сенен қалай айырылармын (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Емшек сүті кеппеген ерінінен* Екі інімді мен қайтіп асырармын (Қ.Жұмалиев, Шығ.). ә) *Шалағай, тәжірибесіз.* Беккер комиссия қорытындысын қуаттап, ұзақ сөйледі, «*Емшек табы ернінен кетпеген* біреулер келмей жатып әкесіне ақыл үйреткісі келеді...» (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Емшектен шығарды. *Баланы емізбейтін болды.* Тілемістің өзбек әйелінен бір ұл, бір қызы болған. Тілеміс осы ұл мен қызды *емшектен шығарысымен* өзбек әйелінің қолынан алып, тәрбиелеуге қазақ әйелдерінің қолына берген («Жас Алаш»). Жаңыл жеңешем... Үмітті *емшектен* ертерек *шығарып,* өзі сиыр фермасына кетті (М.Дүзенов, Ақәже.).

Емшектің қатерлі ісігі. м е д. *Сүт безінде болатын қатерлі ісік, сүт безінің рагы. Емшектің қатерлі ісігі,* негізінен, әйелдердің организмінде болатын өзгерістердің әсерінен, сондай-ақ, әртүрлі аурулардың салдарынан болады (ҚҰЭ).

Жер емшегін емізді. *Диқаншылық етті, жерден мол өнім алды.* Дәмдес болдық Дәрімен, Еш сыбыс жоқ сезілген. Екі жылдай сол елге, *Жер емшегін еміздім* (О.Шипин, Дастан.).

Жыламаған балаға емшек бермес. *Сұранып, талап етпесе ешнәрсе берілмейді, өзі қолға түспейді. Жыламай* жас *балаға емшек бермес,* һәр хәжет ізденбесең, өзі келмес. «Алма піс, аузыма түс», – дегенге Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес (М.Дулатов, Шығ.).

Қыз емшек. *Шошақ, тіп-тік, шоқиған.* Әрине, тауының заңғар басынан бұлт көшкен, *қыз емшек* қия шоқылары көк тіреген... таулы өңірден мен құм арасын артық қып көрсетуден әсте аулақпын (Ө.Қанахин, Жер бас.). Шөмішке ұқсап дөңгелене жайылған, айналасы ат шаптырым төңірегін жыңғылды, жүзгенді, қияқты, *қыз емшек* құм шоқылар қоршаған (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Сыңар емшек. *Бір емшегінен сүт шықпайтын.* «Қырсыққанның иті қыңыр жүгіреді» деген емес пе, оның (сиырдың) өзі де *сыңар емшек* (Ол күндер.). *Сыңар емшек* қой бір қозыны қалай да жарытады, оны шопандар өзі де жақсы біледі (М.Ермеков, Тарту).

Тас емшек. *Тандыр болып кеуіп қалған емшек.* Күй күшті істі, еңбекті сүйдіретін, Тамырын *тас емшектің* идіретін. Жарлының тілек күйі, жүрек күйі, Өмірді бүлдіретін, күлдіретін (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕМШЕКТЕГІ: емшектегі бала [балапан]. *Емшек еметін, емшектен шықпаған бала.* Үйқының ұзақтығы жасқа қарай түрліше болады. Тәулікке *емшектегі балаға* он алты – жиырма сағат, он-он екі жасар балаға – тоғыз сағат, бозбалаларға – сегіз сағат, үлкен кісіге алты-жеті сағат ұйқы керек (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Сөйтіп, күйеуі картопты айырбастап апармағанша, *емшектегі баламен* ауруханадан шығармаған («Егемен Қазақстан»). Баланы алып қаламыз. Іштен шыққан жас Шоқанды, Қалай алып қаласың? *Емшектегі балапанды,* Қалай адам қыласың?! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕМШЕКТЕЙ с ы н. *Емшек тәрізді, емшек сияқты.* Бес-алты түйе тіркеген шолақ керуен суалған *емшектей* тандыры кеуіп қалған өзен сұлбасынан өтіп, дөңеске иек артты (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сылдыраған бұлақ тас *емшектей* суалып, жайнаған бақша күлдей қурапты (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЕМШЕКТЕН: қыз емшектенді. *Қыз емшегі сияқтанды, қыздың емшегіне ұқсады.* Алыңыздар, алыңыздар, – деді ол езу тартып күлген болып, ана екеуінің ортасында тұрған шыны тұрғауыштары *қыз емшектеніп* піскен жүзімді меңзей (І.Есенберлин, Қаһар).

ЕМШЕКТЕС с ы н. *Бір емшекті еміскен, бір анадан туған, ет бауыр туыс.* Екеуің де ет бауыр *емшектесімсің,* бір қызды қалай қақ жар дейсің маған? (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Емшектесім* жұбайым Бақытыңды

сірә ашпады-ау Бір жасаған құдайым (Бес ғасыр.). Қайғымен жас жасамас қалған жасың, Суреттің сізге айтайын уақиғасын. Туысқан ата-анасы бөлегі жоқ, *Е м ш е к т е с* бірге туған қарындасым (Ә.Найманбаев, Шығ.). Табалар дұшпандарым, досым күліп, Басына түспеген жан қайдан білсін. «Бауыр ет, *е м ш е к т е с і м* жау қолында, Арман жоқ солар үшін жанды берсем», Деп батыр қамшы басты Тортөбелге, Қорлыққа бастан асқан ер көнер ме (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕМШЕКТІ с ы н. **1.** *Емшегі бар.* Біздің үйдің сыңар *е м ш е к т і* сиыры алдына салған шөпті де талғап жейді (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Бұрлі, бедерлі.* Қырсыққанда, аяғыма киетін футболшының *е м ш е к т і* бәтеңкесі табылмай, отырдым да қалдым (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Сол кеткеннен мол кеттің, қарамадың, Күн батты, қырға қарай жағаладым, Жүріп келем қадалып жүрегіме Шұбар аттың *е м ш е к т і* тағалары (М.Мұқатаев, Дариға.).

Қыз емшекті. *Томпиған, сүйір, үшкір.* Түйе өркеш, *қ ы з е м ш е к т і* сұлу төбе, Түгел-ақ біткен екен бәрі құмға. Жерұйық тамылжыған әшекейлі, Жайлауым алды қырда, арты суда (Айтыс).

ЕМШЕКТАРТҚЫШ з а т. *Әйелдердің кеуде тұсының жинақы, сәнді көрінуі үшін пайдаланылатын ішкиімнің бір түрі.* Әсемкүл оңаша бөлмеге кіріп, шашын, *е м ш е к т а р т қ ы ш ы н* реттеді (Ауызекі).

ЕМ-ШИПА з а т. *Дәрі-дару. Е м-ш и п а* болатын Берсем я бір алма, Айта ғой, қуатым, Көңіліңе ұнар ма? (Ә.Ахметов, Ашық аспан).

ЕМШЫРМАУЫҚ з а т. ө с. <лат. periploca> *Түйе шырмауық тұқымдасына жататын сабағы шырмалып, не тік өсетін бұта. Е м ш ы р м а у ы қ т а н* жүрек дәрісі дайындалады (ҚСЭ).

ЕМШІ з а т. **1.** э т н. *Өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, емдеу ісімен айналысатын адам.* Дәрігерден гөрі *е м ш і г е* бұрын жүгіру, жуынудың орнына шайына салу, моншамен араздың сияқты нәрселер қазақ колхоздарында әлі де көп (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жаны қиналған бәйбіше тәуіптен көзін алмайды, жантәнімен ұйып, *е м ш і н і ң* сөзіне құлақ тосады (М.Әлімбаев, Тәрбие тур.). Бала кезімде ел *е м ш і с і н і ң* бір әрекетін көргенім бар-ды (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). **2.** *Емдеуші, дәрігер.* Емхананың өз тәртібі, дәстүрі, *е м ш і л е р д і ң* өз әдеті, өз тілі... Ерекшесі, ерекше ісі болса да, Түспесінші кәрі де оған, жас түгі (Ә.Ахметов, Ашық аспан). Мен жатырмын жаралы, Тиді бір оқ кеудеден, Лезде маған дем берді, Кеңестік *е м ш і* емдеген (Қ.Әбдікадыров, Таңд. өлеңд.). **3.** а у ы с. *Қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілтуші.* Өмір, менің дертім һәм *е м ш і м* өлең, Жақсылықты өндірер кеншің ем мен. Мен отыз жыл көрмеген жамағатқа Жұтап қалар болсам да енші берем (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын). Қанеки, алыстама, қайта келші, Бар дертке бір өзіңдей қайда *е м ш і.* Қаз дауыс қазақшылап қосылайын, Қырғызша ғашық әнін айта берші (К.Салықов, Жезкиік). Бірақ уақыт – *е м ш і*, қазір ол райымнан қайтқаным рас. Өмір үшін күресіп-ақ жүрмін. «Үмітсіз шайтан» демекші, жұрт секілді менің де он екі мүшемнің сау болғанын қалаймын («Жас Алаш»).

ЕМШІДЕЙ с ы н. *Емші тәрізді, емші сияқты.* Жақсылық басқарған ауданда шаруасы күйзелген жер жоқ. Кейіндеп бара жатқан артель болса, қырағы, білгіш *е м ш і д е й* даруын тауып, айықтыруға шебер еді (Ғ.Сланов, Шалқар).

ЕМШІ-ДОМШЫ з а т. *Халық емшілігіне сүйеніп, түрлі ауруларды емдеуші, ем-дом жасаушы.* Бір кезде *е м ш і-д о м ш ы д а н,* бақсы-балгерден басқа дәрігерді көрмеген, түзде орналасқан қалада бұл күндері он бір емхана мен он сегіз аурухана жұмыс істейді (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ЕМШІЛІК з а т. *Емдеу жұмысы, дәрігерлік.* Осы айтылған 4-5 түрлі *е м ш і л і к т і ң* бірінен болмаса бірінен ауруы жазылып, жалқұйрық қайта жетіледі («Жаршы»). Зейнештің *е м ш і л і к т е н* де басқа таланттары жоқ емес сияқты (О.Сәрсенбаев, Даңқ.). // *Ем-дом жасау.* Молдалығын қойғанымен, ол астыртын *е м ш і л і к* кәсібімен айналысатын (М.Гумеров, Хазірет.).

Емшілік өлеңдер. *Ем-домға арналған өлеңдер.* Соны алғаш байқап, Ахаңның «қалып сөзінен» қашып, әлгі үшеуіне «тыб», «қағу», «үшкіру», «дем салу», «құдайы», «бойтұмар», «құмалақ ашу» дегендерді қосып, *е м ш і л і к ө л е ң д е р* деп топтаған Х.Досмұхамедов болатын (Б.Абылқасымов, Телқоңыр).

ЕМІЗ= е т. **1.** *Емшек сүтін беру, емдіру.* Бала *е м і з г е н* Дәрінің Емшегін сүт кернеген. Кеудеге сыймай қос анар, Торсықтай болған теңдеген (О.Шипин, Дастан.). Ағам менің ағаш жарса, Отынды үйге енгізем. Сиырды ағам суға апарса, Бұзауын мен *е м і з е м* (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Осыдан өрген түрлі өзен *Е м і з г е н* екі дос елді. Келмесең бұған білмес ең Туысы бірге шешеңді (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Жармасса бала барып, *е м і з е д і*, Балаға анасындай емшегі иіп. «Баланы алмайын, – деп, – бір-екі айдай, Бұл бала тұрмас, – дейді, – жерге сыйып. Денені көмейін де осы араға, Шірімес мұның тәні күнге күйіп» (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЕМІЗГЕКТЕТ= е т. *Асықпай ұзаққа созып отырып алу.* Солтаншәріп оның кей сөзінен үміт елестегендей жанары жалт етіп жанса, кей сөзіне жүрегі зу етіп, көз алдына қараңғылық

үйіріліп амалсыз «тыңдаймын» дегендігі үшін мына шалдың *емізгектеткен* мылжыңына әзер шыдап тұрған (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

ЕМІЗДІК з а т. с ө й л. ***Емізік***. Афанас Петрович жерошақтан шаланы алып, ұшқынын шашыратып жарқ-жұрқ еткізіп, өзі түтіннен жөтеле-жөтеле үй-үйді кезіп, *е м і з д і к* іздеп жүр (М.Жұмабаев, Шығ.). Сол күні таңертең енесінен жетім қалып, құлынынан өзі *е м і з д і к п е н* асыраған қара жорғаны Есілден су ішуге келген кезінде еппен құр-құрлап ұстап алады (І.Есенберлин, Қаһар). Ол біткеннен кейін жоғарыға шығып викторина ойнады. Онда Зәру шығыршығы бар *е м і з д і к* ұтты (Ө.Қанахин, Жүрек.).

ЕМІЗДІКСІЗ с ы н. с ө й л. ***Емізіксіз***. Тудым жатақ қауымында, Өзің бірақ тербеттің. Екінші ана баурында *Е м і з д і к с і з* ер жеттім (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

ЕМІЗДІКТЕ= е т. с ө й л. ***Емізікте***. Бәйбішеге жарасар, *Е м і з д і к т е г е н* сабасы, Келіншекке жарасар, Емшектегі баласы (Алдаспан).

ЕМІЗДІР= е т. *Емшек сүтін бергізу, емізу*. Келесі күні, керісінше, желіннің оң жақ жартысын сауып, сол жағын ботасына *е м і з д і р е д і* (Қымыз және шұбат).

ЕМІЗУ *Еміз етістігінің қимыл атауы. Емізу,* ұйықтау, тосу, таза ауаға шығару дегендердің бәрі мезгілімен жүретін, болса, бала соған дағдыланатынын айтады дәрігер (С.Байжанов, Сыр.). Үрпі жарылғанда немесе мастит пайда бола бастағанда баланы *е м і з у д і* тоқтатудың керегі жоқ, бірақ міндетті түрде дәрігерге көрінү керек (Шаңырақ энцикл.). Егер бие келер жылы қысыр қалса, онда ол бір жастағы төлін *е м і з у д і* жалғастыра береді (А.Иманғалиев, Адай жылқысы).

ЕМІЗУЛІ с ы н. **1.** *Емшектегі, еметін*. Ал семьяның ең кішісі Ұлмекеннің шыр етіп дүниеге келгеніне сегіз ай болған. Міне, әкешешесінен қысы-жазы айырылмай, тау-тасты бірге аралайтын тек *е м і з у л і* Ұлмекен ғана (Дала қырандары). Үйінде *е м і з у л і* баласы қалған қатындар жұмыс аяғына жаны дызығып жетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ата-анам мені жыламай жатсын деп *е м і з у л і* кезімде тірнектің суын беріпті (Қаз. ертег.). **2.** *Еметін баласы бар*. Егер ана *е м і з у л і* ана болатын болса, сәбиді емізер алдында қолын, емшегін тазалап сабынмен жуу керек (Т.Қалжеков, Туберкулез.).

ЕМІЗІК з а т. **1.** *Жас баланы, төлді қолдан емізу үшін пайдаланылатын резеңке немесе сойылған саулықтың желін үрпінен жасалған түтік*. Қолдан асырағанда балаға тамақ беру үшін қолайлы әдіс – *е м і з і к* (М.Жұмабаев, Шығ.). Бесік арбада *е м і з і г і н* борп-борп сорып кішкентай қыз бала жатыр («Балдырған»). Қаратай өз үйіне – қалаға қайтқанша сол қозыны *е м і з і к п е н* сүт беріп асырады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Ерте, ерте, ертеде Жалқау бала болыпты. Жасы төртке жетсе де *Е м і з і к т і* сорыпты (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң.). **2.** *Емшек, емшектің ұшы*. Биелерінің жалпақ сауырына адам төсек салып жатқандай, көнектей желіндерінің *е м і з і г і* жырта қарыс (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сиыр атан өгіздей болса керек. *Е м і з і г і* табан қарыс (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЕМІЗІКТАМЫР з а т. б о т. *Кейбір өсімдік тамырларында пайда болатын паразит*. Паразит болып өсетін кейбір өсімдіктердің тамырынан пайда болған емізікше тәрізді өскіншесі *е м і з і к т а м ы р* делінеді. *Е м і з і к т а м ы р д ы ң* ерекшеліктері басқа бір өсімдіктің қабығында өсуі (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЕМІЗІКТЕ[1]= е т. *Шүпілдеп толу, лықылдау, иіндеу*. Тінібек күймесінің артында *е м і з і к т е г е н* қара саба келе жатыр еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Толғағы жеткен келіндей желбауға алып, қақ ортада *е м і з і к т е п* қара саба тұрды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қонақ үйлердің ішінде әр жерге орнатылған *е м і з і к т е г е н* сабаларды бұрап болып, жаңағы табақтарды құрғатқан кезде ғана тойшы халық аттарына міне бастады (М.Әуезов, Абай жолы). Тырс-тырс етіп *е м і з і к т е п* толған қара сабадағы іркіттің майын түсіру оңай ма. Шалқар үске дейін әбден әуреленді (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕМІЗІКТЕ[2]= е т. *Сыздықтату*. Жақыпбек төрде, көрпе үстінде. Қызыл кәрлен кесенің ернеуінен *е м і з і к т е п* қымыз сорып қойып отыр екен (Д.Әбілев, Ақын.). Әбунүсіп осыны айтты да, манадан алдында тұрған қымыз кесені сол қолымен алып, ернеуінен таңдана, *е м і з і к т е п* тартып іше бастады (Д.Әбілев, Арман.).

ЕМІЗІКТЕН= е т. *Лықа толу, шүпілдеу*. *Е м і з і к т е н г е н* қара сабаның жанында Балдай отыр, алдында бір шара қымыз (Б.Майлин, Шығ.).

ЕМІЗІКТЕУ *Емізікте етістігінің қимыл атауы. Емізіктеу* – лық толтыру [емізігіне жеткенше толтыру] (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕМІЗІКТІ с ы н. *Емізігі бар*. Сән-саулық көзің тоймас тамаша, Еңбекші: үлкен-кіші, балашаға. Жаз болса сапырулы сары қымыз. Иіндеп *е м і з і к т і* қара саба (Айтыс).

ЕМІЗІКШЕ[1] з а т. а н а т. *Терідегі тұқ орна ласқан қуыс бүртіктер*. Терінің баданамен бірігіп өскен жерін тұқ *е м і з і к ш е с і* дейді (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

ЕМІЗІКШЕ[2] з а т. *Емізіктің кішірейтіп айтылуы, кішірек емізік*. Паразит болып өсетін кейбір өсімдіктердің тамырынан пайда болған

е м і з і к ш е тәрізді өскіншесі емізіктамыр делінеді (Ғ.Мұсақұлов, Ботаника).

ЕМІЗІКШЕ[3] ү с т. *Емізік сияқты, емізікке ұқсас.* Ревматизм эндокрситімен ауырғанда, екі жақтаулы қақпақтың *е м і з і к ш е* жүрек етін ұштастырып тұратын жіңішке сіңірлері ширап, тартылады (Ә.Даиров, Хирург.).

ЕМІЗІЛ= е т. *Соғызылу, сорып ішкізілу.* Бірінші тәулікте сауын айын сол жақ алдыңғы және артқы емшектерін қақтап сауып, оң жақ екі емшегі ботаға *е м і з і л е д і* (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Екінші кезекте ересек боталар *е м і з і л е д і* (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ЕМІЗІЛУ *Емізіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е м і з і л у* уақыты.

ЕМІК з а т. с ө й л. ***Емізік***. Айтайын айт дегеннен *е м і к* ембе, Бір жері тұрғанынан кемігеп бе, Қарай ғой көзі жетік, шырағым-ау, Бір нәрсе мөлдіреңдеп көріне ме (Қозы Көрпеш.).

ЕМІКСІТ= е т. с ө й л. ***Емексіт***. Баяғыда мыстан алтын жасаймыз дейтін алхимиктер тәрізді сенімпаз әйелді *е м і к с і т е* берді (Р.Әутәліпов, Алтын.).

ЕМІЛ= е т. *Сорылу, сорып ішілу.* «Анау орыс, мен қазақ, мынау жебірей, ол кәпір, бұл мұсылман» деген сөздер – баяғыдан бері келе жатқан патша, хан, корольдардың орнатқан ғұрып, әдет, заң қағидаларының жемістері, ана сүтімен *е м і л і п,* сүйектеріне сіңген адамдардікі (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕМІЛЕ[1] з а т. с ө й л. *Ымыра, келісім, мәміле.* Осы екі құлақ ерегіспей *е м і л е г е* келіп, шықшытымыздан қоныс тапқаны қандай ақыл болған?! (О.Әубәкіров, Сиқыр).

ЕМІЛЕ[2] з а т. с ө й л. ***Емле***. Ағасы оған ұрысып, *Е м і л е н і* сөз етті.«Өріңді» ол бір сызып, «Үріп» етіп түзетті (Қ.Мырзалиев, Көктем).

ЕМІН[1]= е т. **1.** *Ентелеу, киіп-жару, төну.* Тоқтылар мен ешкілер алға *е м і н і п,* селтең-селтең, шошаң-шошаң секіреді, бірақ сонда да жүрістері өндімейтін тәрізді (М.Мағауин, Ақша қар). Ол қауіп әлі кете қойған жоқ – жау Еділге *е м і н і п,* еңсеме таман кеп қалды (Ғ.Сланов, Жанартау). Жалғыздың жары Құдай деп, Сары ала туы салбырап Шапты батыр тебініп, Жалмауыздай *е м і н і п* (Ер Тарғын). Ақылы кемел Олкожа, Тоқтау айтып деп қояд, – Уайымға ерлер берілме! Жата берді батырлар, Іші-бауры егіліп, Кісендеулі қол-аяқ, Отты көздер телміріп. Павлов деген тергеуші, Алады жауап *е м і н і п.* Әли тілін тартпады, Түссе де қолға жеңіліп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Кимелеу, қыстырылысу.* Бес-алты қараша киіз үй жон арқасын қырдың самалына тосып, осы қызыл қырманға *е м і н е* жақын қонып ты (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Жобасы, тағы бір бұлан бұталарды қырата басып мұны іздеп келе жатқандай. Бұл бұрыла қарағанда көсем бұлан үйіріне бір уыс ақ қылшық біткен аналықтың *е м і н е е н т е л е п* келіп қалғандығын аңғарды («Қаз. әдеб.»). **3.** а у ы с. *Қиылып сұрау, жалынып-жалпаю, өтіну, тілемсектену.* «Тағы да салшы, сал» – деп *е м і н е д і,* Шыдамай дорба енді сөгіледі. Қазына дорба толған бір минутта Сау етіп бәрі жерге төгіледі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Кезінде атағы дүркіреген Сыр күрішін жылдар жаңғырығымен қайта түлеткен Сәбит Асылов тәжірибесі үлгі тұтуға лайық-ақ. Көкжиектің арғы жағындағыларға көз сүзіп, босқа *е м і н г е н ш е,* ел ішінен бөлек сыбана шыққан азаматқа болыссақ керек-ті («Жас Алаш»). *Е м і н і п* артыңнан қалмайды, асыңды ішкізбейді, зәр ішкірлер (М.Әуезов, Абай жолы). *Е м і н і п* алған алақандай жерімді тартып алғалы үшеуі бірден жабылады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** а у ы с. *Төменшектеу, біреуге жалыныштыбасыбайлы болу.* Әкең де сен сияқты барына қанағатшыл, аш-тоқ отырса да, басқаға *е м і н б е й т і н* еді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Еңбеккер қол *е м і н б е й д і* (Шопан сырласы). Шекер бұрын *е м і н е* бермей, еркінсіп, былғаныш қара жұмыстан бойын теткіп ұстаушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Телміру, үздігу.* Әбеннен үйдегілер ананымынаны сұрастырып, *е м і н і п* өліп барады (М.Дүйсенов, Мейман.). Қасындағы айлашыл алаяқ билер Оразбайға *е м і н е,* исіне қарап қапты (М.Әуезов, Ақын аға). **6.** а у ы с. ж а ғ ы м д ы. *Ынтығу, ерекше ықылас қою.* Мен өзім де жас шағымнан бір нәрселерді білгім кеп, *е м і н і п* сұрауға әуес едім ғой (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қыздың сары ала көйлектің жағасынан суырылып шыққан жас баланың білегіндей жұмыр мойнын көргенде, *е м і н і п* ұзақ қадалып қалғанын сезеді (Т.Ахтанов, Дала.).

ЕМІН[1]**: емін де еркін.** с ө й л. ***Емін-еркін***. *Е м і н* де *е р к і н* жүр еді мынау көктемде, Хош исі аңқып тануалы жарған көк белде (Ж.Қыдыров, Жұлдыз).

ЕМІНДІР= е т. *Ынтықтыру, асық қылдыру.* Даланың баласы қалаға құмар, қаланың баласы далаға құмар. Екі жақтан *е м і н д і р і п* қойған Тәңір-ай (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Қиялында тұлпар мінген демесек, Бабам таппай аяқ артар көк есек, Ah ұрыпты, ah ұрыпты... Тек қана игі үмітпен *е м і н д і р г е н* келешек (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Оятып дүниені дел-сал қылып, Тамыздың таңы да атты тамсандырып, Сай-сайдан бошалаған бозала таң, Таудағы тіршілікке ән салдырып, *Е м і н д і р і п,* еріксіз қарсы алдырып, Бұлбұлға дүниеге жар салдырып, Тамыздың таңы да атты тамсандырып (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕМІНДІРУ *Еміндір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е м і н д і р у д і* ұнатпайды.

ЕМІН-ЕРКІН үс т. **1.** *Керегінше, мейлінше, барынша, толығымен.* Бөкейдің заманында қазақтың алды Сарытауға дейін жайылатын еді. Еділдің бойындағы кең тоғайларды, теңіздің жағасындағы қалың нуларды қазақ әуелгі уақытта *е м і н-е р к і н* қоныстаушы еді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Сезді ешкімнің тимесін, Ешкім енді кірмесін, Өздеріне кең сарай, *Е м і н-е р к і н* тигесін (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Ең болмаса *е м і н-е р к і н* кезейін, Есіл, Нұра, Еділ, Жайық саласын. Бой көтеріп жүріп сайран етейін, Орал, Алтай, Тянь-Шань тауы арасын (М.Дулатұлы, Шығ.). Оқыту жұмысына *е м і н-е р к і н* берілген, уақыты жеткен мұғалім күндегі беретін сабағын жазып отырса, жылдың аяғында ол сабақтар бір кітап болуында дау жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Барынша, қысылмай, еш тосылмай, қымтырылмай. Е м і н-е р к і н* сөйлессін деген болулары керек, Шілдебайдың өзі де, шешесі Ғайни апай да басқа үйге кетіпті (С.Омаров, Өмір.). Мен өзім ұялшақтау болатынмын, неге екенін қайдам, бір көрген мына жігітпен *е м і н-е р к і н* сөйлесіп отырғаныма өзім де таңғалдым («Егемен Қазақстан»). **3.** *Ешқандай бөгетсіз, тосқауылсыз, басынып, өз білгенінше.* Бұрыштарда алақанын жайып, жаймасын төсеген ақ қар, көк мұзда дірдектеген сәбилі әйелдерді көргенде... осынау қаптап кеткен «жарлы-жақыбайлардың» еліміз шекарасынан қалай *е м і н-е р к і н* өтіп кеткеніне таң қалмасқа лажың жоқ («Егемен Қазақстан»). Әдебиет пен өнердің жүрімін жайдақтап отырған үшінші бір ағым – қолына қалам ұстарлығы болсын, болмасын дәулет жинаған кез келген адамның кітап жазуға әуестігі. Мұны әуелі ежелгі партия, кеңес орындарын *е м і н-е р к і н* билеген, бүгінгі жаңа қоғамның өзгерістеріне «қарыны» ашып жүрген базбір ақсақалдар бастады («Егемен Қазақстан»). Осынау өршілдік төркінінде жеке бастың қамы ғана емес, қазақтың сайын сахарасына жатжұрттық билеп-төстеушілердің *е м і н-е р к і н* еніп, кешегі ата-бабасы ен жайлаған даланың озбырлық пен отаршылдық шеңгеліне түсіп қиналған сәтін, қамыққан тұсын көріп, жаны күйзелген, ойы ашынған ақынның ашу-ызасы, нала-мұңы, зарығу торығуы қатар жатқанын аңғарамыз («Қаз. әдеб.»). Ол кез Ақаңның жалғанды жалпағынан басып, *е м і н-е р к і н* ұрттап-шайқаған шағы (Т.Мұртазин, Мұрат). **4.** *Асығыссыз, аспай-саспай баппен. Е м і н-е р к і н* теңселе басып, жүктің алдына таяна отырады, бір аяғын көсілген (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаздың ұзақ күні бойы *е м і н-е р к і н* жайылып, қотанына қайтты (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Қыран жемін іздейді әркез қиырдан, Оған шыңның ұлылығы бұйырған. Жайдақ таулар төбеге ұқсас – төбеде *Е м і н-е р к і н* жайылмай ма сиырлар (М.Шаханов, Ғасырлар.). **5.** *Ешбір қағажу көрмей, бетімен; бос, қиналмай. Е м і н-е р к і н* ер жетті, Күйеуге бермей күн өтті. Ат шаптырды Әзімбай Он екі баулы өзбекке, Ат кекілін өрмекке (Қамбар батыр). Ыдырыс келіп столдың бір шетіне *е м і н-е р к і н* жантайды (С.Шарипов, Шығ.). Қылаңдап, қырық құбылып тұрғанда, қыз, Артыңа қолаң шашың бұрғанда, қыз. Әкеңнің *е м і н-е р к і н* оң жағында Бізіндей етікшінің жылмаңда, қыз. Әр елден мен сендейді көп көргенмін, Көтеріп өзіңді өзің бұлданба, қыз! Кекектеп, қалжың айтса, жақтырмайсың, Атадан сенен басқа туған ба, қыз? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сый сұрағам жасыңнан. Мейір күткем қартыңнан. Еркелеп ем сендерге, *Е м і н-е р к і н* шарқ ұрғам, Екенмін ғой антұрған (М.Мақатаев, Шығ.). **6.** *Иесіз, өзі қожа, өзі би, өзіне өзі қожа, бос жіберілген.* Адам баласы өзі өмір сүріп отырған ортасы, бүкіл қоғам алдында үлкен жауапкершілік атқарады. Қасиетті Құран Кәрімде («Қиямет» сүресі 36-аят): «Адамдар өздерін *е м і н-е р к і н* жандармыз деп ойлай ма?» – деп айтылуының себебі де осында («Егемен Қазақстан»).

Емін-еркін сыйды. *Ешбір қиындықсыз енді, бос орналасты.* Екі батальон әскердің жиырмадан артық офицері *е м і н-е р к і н с ы й г а н д а й* кең үй Семеновка қаласына қайдан келсін (С.Шарипов, Шығ.).

ЕМІНСЕК с ы н. с ө й л. ***Еміншек.*** Соның бәрі қу домбырасын құшақтап ел ақтап жүретін ежелден *е м і н с е к* қарт жыраулардың жыры мен үлкендердің аңыз-әңгімесінен қожа, молланың хадис-аятынан тарап кеткен құр дақпырт, алып-қашты аңыз, лақап екенін Еламан осы барған сапарында көріп қайтып еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕМІНТ= е т. **1.** *Ентелету, киіп-жарғызу.* [Олар да] боз бурылдың артқы шабына аттарының тұмсықтарын *е м і н т е* жанастырып қалыспай келеді (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз). **2.** а у ы с. *Қиылту, жалынтып-жалбарту.* Шолып ап топтың арғы-бергі шетін, *Е м і н т і п* көп сұрамай елдің еркін (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

ЕМІНТУ *Емінт етістігінің қимыл атауы. Е м і н т у д і* ойлаған емес (Ауызекі).

ЕМІНУ *Емін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ентелеу, соңында жүру.* Әбден қой соңында *е м і н у м е н* ұзын-сонар салт жүрісті ұмытып, еркашты болған жануар екен (А.Сейдімбеков, Ақиық.). **2.** а у ы с. *Қиылу, жалынышты болу.* Міне, оның қылығы, әлгі пейілі тар оңаза сараңнан дәметіп *е м і н у д е н* әлдеқайда жеңіл, – депті баяғыда бір данышпан (С.Талжанов, Адам тур.).

ЕМІНШЕК с ы н. *Сұрамсақ, тілемсек, емінгіш.* Еріншектің бір мінезі – *е м і н ш е к. Е м і н ш е к*

бола көрме, шырағым. Емініп алғаның – арыңды айырбастап алғаның («Жұлдыз»). Кеудесіндегі ұшқыр сезім күрсіне бебеу қағады; *е м і н ш е к* арсыз қайыршы тәрізденген, менмендік ыңқылдай ыңырсиды (С.Талжанов, Адам тур.), Еріншек бастық – *е м і н ш е к,* Көңілін жықпас көңілшек (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

ЕМІНШЕКТІК з а т. *Тілемсектік, сұраншақтық, емінгіштік. Ұста не бетімен мұсылман! Өтірік-өсек, ұрлық-зорлық, ұятсыздық, арсыздық, надандық, пасықтық, қорқақтық, жағымпаздық, жалқаулық, е м і н ш е к т і к...* бәрі өзінен табылады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.).

ЕМІРЕН= е т. **1.** *Жақсы көріп мейірлену, тебірену, сүйсіну.* Жібек Ана Ақ борықтай бөпесіне Мамасын емізіп *е м і р е н е д.* От жүрекке Аялай қысып, айналад, толғанад (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Бір басым жолыңа азат» деген сіздің Ұмытып сол сөзіңді қайтып кетем. Өмірлік шын жүрекпен *е м і р е н і п,* Қалқам-ай, қызығыңды көрер ме екем? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әр уақыт бірге болып еліменен, Елім деп *е м і р е н і п,* еңіреген. Дөңінде Дегелеңнің ән толғатып, Отырған соған орай өріп өлең (С.Мәуленов, Алыс кет.). Күтетін, сағынатын мені кім бар, Ой дейтін таусылмайтын серігім бар. Елім бар *е м і р е н і п* өзім сүйер, Желімді ал, күндер менің желігімді ал (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Мейір сұрау, ынтықтығын күту.* Қатын алма алпыстан асқаннан соң, Күш-қуатың бойыңнан қашқаннан соң. Жас тоқал жатысымен *е м і р е н с е,* Тер шығар маңдайыңнан сасқаннан соң (Шал ақын, Өленд.). **3.** а у ы с. *Жақындау, жанасу, төніп тұру.* Тау өшпес, аспан төніп *е м і р е н г е н,* Сел солмас, қарлы күзбен көк мұзды емген. Ерлерін ел қорғаған есте тұтып, Ел бітпес, кеңес қылып күңіренген (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕМІРЕНГІШ с ы н. *Мейірімді, бауырмал, көңілшек.* Ағайдың осы езілгіш, *е м і р е н г і ш* мінезінен Жатыпатар көп шарапат көрді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы ас). Мейірімділігіне егделігі қосылғаннан ба, *е м і р е н г і ш* болып, босаңсып алған-ау өзі (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

ЕМІРЕНТ= е т. *Мейірленту, сүйсіндіру.* Қараған жанды өзіне *е м і р е н т і п* тұрар қарақат көз, қызыл шырайлы оң бұл жолы Жұбайқан жүрегін жылытпады (А.Байтанаев, Қайнар.). Еңбектің *е м і р е н т п е с* жері бар ма (Ғ.Әлімқұлов, Сапар). Ән салсаң өзімдей сал аңыратып, Үніндей самал желдің аңқылдатып; Толғантып, *е м і р е н т і п,* секектетіп Таңындай ақ бөкеннің жарқылдатып (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЕМІРЕНТУ *Емірент етістігінің қимыл атауы. Е м і р е н т у* оңай емес (Ауызекі).

ЕМІРЕНУ *Емірен етістігінің қимыл атауы; мейірлену, сүйсіну. Е м і р е н у д і* білмейтін ұрының жүрегі шымырлап кетті. Бірақ Жұманға сыр білдіргісі келмеді (С.Мыңжасарова, қыр қыз.). Жас әйелдің кескініндегі күлі табы, *е м і р е н у д е н* гөрі мысқыл-азақты аңғартқандай (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЕМІРЕНІС= е т. *Мейірленісу, жақсы көрісу, сүйсінісу.* Жұрт дүрбелең: жолдасы ма, осы ма, туысы ма, құрдасы ма, бірін-бірі құшақтай *е м і р е н і с і п* қарсы алып жатыр (З.Шашкин, Теміртау).

ЕМІРЕНІСУ *Емірениіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Енесі мен бұзауының *е м і р е н і с у і.*

ЕМІРКЕН= е т. с ө й л. ***Емірен.*** Үш күндей үдере толғатып тұңғыш ұлын аман-есен тапқан ана қиналғанын енді ұмытып та кетті, жылы дыбысты *е м і р к е н е* тыңдады (С.Талжанов, Сейфулла.). Үндегі *е м і р к е н і п,* саулы інгендей үстіне түспесе отыра алмайтын жігіт, құйрығымен жылжыған баладай қыздан қашықтап, үйдің бір бұрышына шығып алғанын өзі де білмеді (Мың бір түн).

ЕМІРКЕНУ *Емірken етістігінің қимыл дауы; мейірлену.* Сонымен, енді ол әбден титықтап тәлтіректейді, қалжырап ыңырсиды, шошынған жүрегі нанымды іздейді. Махаббаттың нәзік *е м і р к е н у і н* күнірене көксейді (С.Талжанов, Адам тур.).

ЕМІРІЛ: **ерні емірілді**. *Ерні икемге келмеді, зорға қозғалды.* Күрмеліп сөйлеуге де келмей тілі, Ақырын *е м і р і л і п е р і н д е р і,* Сөйлеген ишарада сүйген сезім (Т.Жароков, Шығ. жин.).

ЕМІРІҢ= е т. с ө й л. ***Емірен.*** Құлыным! – деп, апасы баласын басынан сипап, *е м і р і н е* құшағына қысты, маңдайынан сүйді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЕМІС[1] ү с т. *Болар-болмас, естілер-естілмес.* Көк жиегінде тіркестенген қара қошқыл бұлт *е м і с* қана көрінген тәрізденеді (Б.Майлин, Шығ.). Құлағына бір ызың келеді. Ащы шектен бұратылып шыққандай азалы үн. Оң мен түстің арасындай *е м і с* қана естіліп еді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Емісі тепті. *Сәл-сәл нышанасы білінді.* Мұрнына таныс иістің *е м і с і т е п т і* (Т.Әлімқұлов, Таңд.).

ЕМІС[2]**=** *Бірге ему.* Таласып емшек *е м і с к е н.* Бір төсекке жатысқан, Көп қызыққа батысқан, Тай-құлындай тебіскен (Қыз Жібек). Құмнан жасап ойыншық Құлын-тайдай айқасып, Бақшадағы балалар Құшақтасқан тел өскен, Бір емшектен *е м і с к е н,* Бөпелерге қарандар (Ғ.Орманов, Таңд.). Біз екеуміз – құлынбыз тел *е м і с к е н,* Анамыздың ақ сүтін тең бөліскен (Ә.Жәмішев, Сағым.).

Ана сүтін емісті. *Бірге, тел өсті, бір ананы тел емді.* Аман болғын, хош жігіт. *А н а с ү т і н е м і с к е н* (Бозжігіт).

ЕМІС-ДЕМІС үс т. сөйл. жерг. ***Еміс-еміс.*** Әлімнің есі *е м і с-д е м і с* кіре бастады. Достары тағы да басын сүйеп, аузына су тамызып жүр («Соц. Қаз.»).

ЕМІС-ЕМІС үс т. **1.** *Ақырын, жай, әзер, баяу.* Гауһар тамырын ұстап еді, жігіттің тамыры *е м і с-е м і с* соғады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Алыстан бір сарын *е м і с-е м і с* естіледі (Д.Еркінбеков, Шығ.). Алыста ымырттаған жылқылардың кісінеген үні құлаққа *е м і с-е м і с* қана естіледі (М.Хасенов, Тұлпар.). Қайда екенін айтпаймын деп бұлақ та Зыр жүгіріп қашатындай жыраққа. Әлсіз ғана желдің үні дірілдеп, *Е м і с-е м і с* естілердей құлаққа (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). **2.** *Балдыр-бұлдыр, шала-пұла, әзер-мәзер, сәл-пәл.* Басы айналып, көзі қарауытып құлап бара жатып, қасында тұрған полицейді *е м і с-е м і с* көзі шалып кетті (Қ.Исабаев, Соңғы.). Сол күні бөкендер құм қойнына дендеп кіруден қаймығып, ашық далада отықты. Түнге қарай ақбас өзіне таныс ызыңды *е м і с-е м і с* естігендей болды. Ол қалт тұрып, желге құлақ тосты («Қаз. әдеб.»). Ақыл-есі де әлсіреп, есін *е м і с-е м і с* білетін халге жеткен (С.Алдабергенов, Асу.). **3.** *Аратұра, оқта-текте, анда-санда, арағідік, әлсін-әлсін.* Бастап *е м і с-е м і с* боп, өлімсіреп туған өсек барған сайын бойы өсіп, бұғанасы қатып дәуірлей береді (М.Жұмабаев, Шығ.). *Е м і с-е м і с* естілетін қауесетке қарағанда, мемлекет басқару ісіне жас жігіт кезінен араласа бастаған екінші Александр осы пікірде деседі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Е м і с-е м і с* жанжал, ұрыс-төбелес араласып өмірлерінің берекесі де кетіп жүреді (І.Омаров, Серпін). Жерошақта шажылдап қайнаған бауырсақтың исі *е м і с-е м і с* келеді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЕМІСКІ үс т. сөйл. ***Емескі.*** Ендігі сәтте денесінің бірте-бірте қызғындап бара жатқанын *е м і с к і* сезіп қалды (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек).

ЕМІСТЕУ сы н. *Көмескі, шала-пұла.* Бірекі жыл өлді деп әуре болған, Тағы есіттік *е м і с т е у* бір хабарын, Баласының айтқан жан бір дерегін, Патшамыздан алады не керегін (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЕМІСУ *Еміс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тіл *е м і с у.*

ЕН[1] з а т. **1.** *Заттың я бір нәрсенің көлденеңінің кеңдігі, жалпақтығы. Е н і* алты кез, ұзындығы тоғыз кез, биіктігі төрт кез болмедегі ауаның салмағы бес пұттай (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Аңдарды ұстау үшін тау арасынан *е н і* тар қоршау жасап, олардың жан-жағына аң кіргеннен кейін шегініп шыға алмайтындай өткір істік қадалар орнатады (С.Мұқанов, Қазақ қаумы). Майдың аяқ кезінде өзеннің *е н і* кейбір жерінде 20-30 километрге жетті (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Әр баспалдақтың *е н і* бір құлаш, жағалай ұзындығы он құлаш (С.Шарипов, Шығ.). Коридордың *е н і* 1,1 метр, бірақ қоршауды секцияға қарай еңкістеу орнатқанда оны едәуір кішірейтуге болады (Құс өсіруші.). **2.** *Мата, алаша, таспа, т.б. сияқты заттардың көлденеңі.* Бұл жіптер ақ, қара, көк, қызыл – төрт түсті делік. *Е н д е р д і ң* жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тісімен өбістіреді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Ақ жаулық. Түнеугі тоқыған шекпенді алты *е н н е н* төрт қап тігіп алып едім, оған ұн толтырып алдық (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

Дүние ені жалпақ, түбі терең. б е й н. *Осы дүниенің, тіршіліктің ұшы-қиыры жоқ, дүниелік қызық пен байлықтың шегіне жете алмайсың деген мағынада.* Дүние қусаң қашар, қашсаң жетер. Өмірді жетемін деп қума бекер. *Д ү н и е - е н і ж а л п а қ , т ү б і т е р е ң ,* Көп адам аттай алмай түсіп кетер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕН[2] з а т. *Малдың құлағына салатын белгі, таңба. Еннің* қай құлағынан салынғанына қарап, қойдың будан немесе таза тұқымды екендігін білуге де болады (М.Ермеков, Қазақст.). Мен де өз жағымды сұрадым, – сіз, оң құлағы ойық *е н,* қара қасқа марқа көрдіңіз бе (Ж.Тілеков, От кешу.). Аттың құлағындағы *е н і н,* санындағы таңбасын ешкім бұл төңірекке жуытпай қойды (М.Дүзенов, Ақәже). Бұлт деген тамшы бір табын, Білгенмен мұны, түрінде Тамшының, будың, ұлпаның Таңба жоқ, *е н* жоқ бірінде (Ж. Жұматаев, Ләйлә.). Байдың сауған бір өзі, Іріктеп жетпіс биені. Екі мыңдай қойы бар, Барлығының бір *е н і* (О.Шипин, Дастан.).

Ен салды. а) з о о л. *Жануарлар тіршілігіне байланысты зерттеулер жүргізу үшін олардың кейбір өкілдеріне арнайы таңба, металдан жасалған сақина т.б. түрдегі белгі салды.* Қазақстан зоологтары Торғай өзенінің сарасындағы ақ бөкеннің жаңа туған лақтарына *е н с а л ы п,* олардың қай жерлерге дейін жайылып баратынын зерттеді (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). ә) *Белгіледі, белгі салды.* Жақсылық жасадым деген пенденің өзі тірсегін қиып, құлағына *е н с а л ы п* кетеді. Екінші біреулер көзін ойып тастайды немесе түгел көтеріп әкетеді де, көз көрмес, құлақ естімес жердегі таныстарына апарып сыйлайды («Қаз. әдеб.»). Мәселен, Қазақстандағы табиғи уранның көптеген кеніштері әлі игерілген жоқ. Мұны көріп-біліп отырған Батыс фирмалары қазір Қазақстандағы осы кеніштері ентелеп, *е н с а л ы п,* шыбын-шіркей болып шапқылап жүр («Жас Алаш»). б) э т н. *Атады, меншіктеп қойды.* Сен үшін нағашымның бір тайына *е н с а л д ы м* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Ен салу. м а л ш а р. *Малдың қай шаруашылыққа немесе қай топқа, иесіне т.б. қатысты екенін білдіріп тұру үшін оның құлағына немесе денесіне көрінетін етіп белгі жасап қою.* Қойды бірнеше әдіспен: құлағына таңба салу, сырға тағу, мүйізін күйдіріп таңбалау, құлағына *е н с а л у* арқылы белгілейді (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

Ен тағу. м а л ш а р. ***Ен салды.*** Дмитрий Михайловичтің өзі мал құлағына *е н т а ғ у д ы* жеңілдететін құралдарды жасап іске қосты («Соц. Қаз.»).

Ен тақты. *Белгі салды, меншіктеді, иеленді.* Оның үстіне ана Жаманкүл кемпірмен осы жақында ғана өзім сөйлесіп, «өзімнің құдағиым» деп бау байлап, *е н т а ғ ы п* қойғаным тағы бар (М.Дүйсенов, Қалыңдық). Мұса мырза, білсеңші сөйлер сөзің, Ерте туып кеш қалып жүрген өзің. Қыз біткенге *е н т а ғ ы п* қойып па едің, Өңменідейсің өзеуреп, сүзіп көзің (Айтыс).

ЕН[3] з а т. **1.** *Малдың аталық безі.* Төрдегі қадірлі құдаларға жаулық салындырды, қошқардың *е н і н*, қамшысын, түйенің құмалағын саусылдатып қадаған құрым киіз сәукелесін кигізді (Ж.Аймауытов, Шығ.). [Бруцеллезбен ауырғанда] іш тастаған мал көпке дейін қысыр қала береді, еркек малдың *е н і* ауырады (А.Даиров, Хирург.). Көбінесе айғыр мен бұқаның *е н і*, сиырдың желіні ісиді (Ә.Әбішев, Мал санитары.). **2.** б и о л. <лат. testis> ***Аталық без*** *(аталық жыныс жасушалары – спермийлердің дамуы мен жетілу процесі жүретін және аталық жыныс гармоны түзілетін жұп жыныс безі). Е н* сыртынан сірлі қабықпен қапталған (Қаз. тілі термин. Биология). Сперматозоидтердің толық жетілу процесі *е н* қосымшасы өзегінде аяқталады (Қаз. тілі термин. Биология).

Еннің бауы. с ө й л. ***Енбау*** *(малдың немесе адамның аталық жыныс безімен байланысқан бұлшық ет, қан және жүйке тамырлары).* Ал осы зауық (жыныс) безімен байланысқан қан және жүйке тамыры, бұлшық еттен тұратын шоғырды ... *«е н н і ң б а у ы »*, «бүйректің кіндігі», «бездің тамыры» немесе «титан тамыр» деп келетін эвфемистік синонимдермен тұспалдап атаған (Б.Қинаятұлы, Ата салт.).

Еннің бүйегі. в е т. *Аталық малдың жыныстық безінің бірі.* Пішу үстінде аталық малдың зауық безінің бірін (себебі қайсысын айтатыны белгісіз) *«е н н і ң б ү й е г і»* немесе «бүйрек» деп тұспалдап айтады (Ә.Ахметов, Түркі тілді. табу мен эвф.).

Еннің үлпершегі. в е т. *Жылқыға тән жыныс сырқаты. Е н н і ң ү л п е р ш е г і м е н* ауырған малдың ені қабынады, ұмасы салбырайды, әрең жүреді, талтайып қозғала алмайды. Қазақтар ыстық май жағып, айғырды дереу пішеді (Ж.Бабалықұлы, Мал. ауру.).

ЕН[4] с ы н. *Кең, ұшы-қиырсыз, шетсіз.* Баданамды баса бөктеріп, Қасыма жаттан жолдас ертіп, Күн-түн қатып жортқанмын Атаңа некес қалмақтың Жайлау, қыстау жері үшін. Еділден шыққан *е н* Шаған, Қалмақтан ноғайға тартып әпердім (Ер Тарғын). Төскейге орда орнатып, Төрткілдеп ошақ қыздырып Төбел бие сойғызып, Төменде бидің кеңесін Бізде құрар ма екеміз!? Құлаты тауға қол салып, Садақтың оғын мол салып, Бетпақтың *е н* бір шөлінен Төтелеп жүріп жол салып, Қолды бір бастар ма екеміз!? (Ақтамберді Сарыұлы//Алдаспан). Ол енді *е н* айналаға, қалаға, көшелерге, тауға қараудан тоймайтын сияқтанып тұр (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ен байлық. *Мол қазына, қыруар мал-мүлік.* Сол жерден, миуалы бақтан алынып жатқан сарқылмас қазына, *е н б а й л ы қ* (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Жал өзеніндегі балық та *е н б а й л ы қ т ы ң* көзі (М.Дүзенов, Ақәже). Қорытып жаз бойғы елдің табыстарын Құрметті елдің алдым алғыстарын. *Е н б а й л ы ғ ы н* даламның елге берген Мақтан етер әркім-ақ тамыз айын (М.Рашев, Алғашқы.).

Ен дүние. *Ұшы-қиыры жоқ, шексіз-шетсіз әлем.* Мен *е н д у н и е н і* жайнатуға, тылсым жұмбақтардың қара түнегін серпілтуге дүниені өзіммен тілдестіретін дәнекер гармонияны табуға, сол гармонияны өз көкірегіме ұялатуға міндеттімін (С.Талжанов, Адам тур.).

Ен дәулет. *Есепсіз байлық, молшылық.* Еркін өсіп ержеткен Ерекше туған көбеңмін, *Е н д ә у л е т т і ң* ішінде Еркін жүріп тел емдім (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Кешегі Исатайдың арқасында Ие едім *е н д ә у л е т к е* басыбайлы. Исатай ділмар еді топтан озған, Нар еді бәйтерекке мойын созған (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Есенейдің *е н д ә у л е т і* шалқып тұрған шақта, Керей-Уақты Кенесары да шапқан (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Дербісәлі де қамсыз отырған жоқ. Өзің де байқаған шығарсың. *Е н д ә у л е т т і ң* ұшығы ғана қалған онда (Т.Ахтанов, Таңд.).

Ен дала. а) *Құла түз, жапан дала.* Қаласы, өндірісі жоқ, *е н д а л а д а* өмір сүрген қазақ та тіршіліктің талай тәсілдерін білген (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Ұшы-қиырсыз, тегіс жазық жер.* Боздаған бойымды алып бозшағылым, Қосылдым жүрегімде қозса мұңым. *Е н д а л а,* ентелеген өз сағымым, Егіліп, елжіредім озса күнім («Қаз. әдеб.»). Керуеннің басы солтүстік пен шығысқа бет түзесе, қазағы жоқ ауылдар да азаяр еді-ау. Көсіліп жатқан *е н д а л а м ы з ғ а* сонда ғана еркін жүріп, кең жайлаушы едік қой («Егемен Қазақстан»). Бақшаның шетіне, қыранға шығып, жан-жаққа қарасаң, кең көлбей барып аспанмен құшақтасқан *е н д а л а* көрінеді (С.Сейфуллин, Таңд.).

Ен жайлады. *Еркін иелік етті, емін-еркін өсіп-өнді, кең жерді алып жатты, қоныстанды.* Басқа жердің құмын білмеймін, біз *ен жайлап,* еркін көшіп өскен құм арасы тіпті де ондай емес (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кең көшіп, *ен жайлаған* қалың қазақ Кәуірден түршіккен соң толықсыған (Бес ғасыр.). Еділдің бойын *ен жайлап,* Шалғынға бие бір байлап, Орнықты қара сабадан Бозбала мен күліп-ойнап, Қымыз ішер күн қайда (Махамбет, Өлеңд.). Әуелгі Қазақ деген жұрт Миығыңды көрсетпей, Ұстарасыз өскен мұрт. Емін-еркін *ен жайлап,* Өсіп едің Бұхарда (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ен жатқан ел. *Кең байтақ жерде бейбіт жатқан халық.* Елді еліртіп азғырған, Әуесқой қып аздырған, Жазықсызды жазғырған, Аузы епті өсекке, Тұлпар ат беріп есекке, *Ен жатқан елді* бүлдірер Сөзінен бәле үдете (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ен жер. *Мол жатқан алқап, кең дала.* Жаңағы аталған екі ауданда жүз мыңдармен саналатын мал басы *ен жерге* кең жайылды (М.Әуезов, Өскен өркен). *Ен жерді* мекен етем деп, Игілікке жетем деп, Кеңшілік сүтін ішем деп, Ойменен тон пішем деп, Қара қазан, сары бала, Кемпір-шалдың қамы үшін (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ен жыр. *Ағыл-тегіл, төкпе өлең.* Сарқылды шетсіз-шексіз *ен жыр* бөлек, Іздейді әлі әжеден кенже ұл дерек. Маған да мұның осал соқпағанын Алдының түсінуіне он жыл керек (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Ен қоныс. *Кең, самарқау жатқан шұрайлы мекен, алқап. Ен қоныс* таптым деп оңай, Өрісі кең ну тоғай. Суы тұнық шөбі қау, Жалғыз ғана жиен жау (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Ен қоныс,* тоқты қоздап, тай құлындап, Бір мың боп, ел лықсып қысы-жазы (Батырлар жыры).

Ен от. *Лапылдаған оттың ортасы.* Ішінде жанған *ен оттың* Арманда болып әке өтті. Ал елде дауыл бөбектің Өкпесін жұлып әкетті (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Ен табыс. *Мол кіріс, байлық.* Есебі жоқ *ен табыс* Бәйбішенің, қолында. Дәрінің алған күйеуі Бала еді құмар ойынға (О.Шипин, Дастан.).

Ен тегін. *Көл көсір, ақысыз, молынан жатқан. Ен тегін* етке қолым тиіп тұрған да білем-білем құйрықты, майлы-майлы жамбасты, қос-қос қазыны оған да бердім, бұған да бердім (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Ен тоғай. *Қалың, ну өскен тоғай.* Ұқсаған *ен тоғайдың* ағашына Мол жиын таудың сайы, саласында (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕН= е т. **1.** *Ішке, бөлмеге, гимаратқа т.б. кіру, есіктен өту, сұғыну.* Дәрігер деген жазуы бар кабинетке *енгенімізде* сол еді, ентіге басып бір жігіт келді (Б.Қожабеков, Көктөбе). Біз тік баспалдақпен төмен түсіп, бақ ішіне кіре, бірінші қабаттың есігінен *ендік* (Ә.Нұршайықов, Алтын.). *Енелік* деп жетіп келді патша, уәзірі, Сарайға кіріп кетті қылмай құзыр. «Бақшаға кім кірсе де, ұстаңдар!» – деп, Үш кісі дайындап ед бұрын әзір (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Бір нәрсенің арасына кіру.* Болсын солай, тұрсын солай, солай ғой... Әрбір адам бір-бір жыныс тоғай ғой. Ну орманнан шыққаннан да жол тауып, Еркін келіп, *еніп* кету – оңай ғой (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Көрінбей кету, бату, сіңу.* Бүркіт шоқ талдарды айнала беріп, қараңғы түнге *еніп* жоқ болып кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). **4.** *Араласу, қатысу, ішінде болу.* Майданға содан кейін *ендім* мен де, Ақыры жаралы боп келдім елге. Құтылдым жандаралдан, патша құлап, Мінеки «Уақыт-аға» болдым пенде (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). Қызметке *енгеннен* бері аяқтарын нық басып сыздана сөйлейді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **5.** *Қосылу, пайда болу, кірігу.* Денсаулық секцияларының бағдарламасына гимнастика, жеңіл атлетика, суда жүзу, спорт ойындары, спорттың тағы басқа да түрлері *енді* («Спорт»). Жұрт қаулыға *енсін* деген ұсыныстарын айтып секретарь оларды жаза бастады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Бұл жинаққа оның осы сипатты бірсыпыра өлеңдері *еніп* отыр (Д.Еркінбеев, Шығ.). Этимологиялық сөздікке сөздік құрамдағы сөздердің бәрі бірдей кіре бермейді, тек қана түбір сөздің біразы ғана *енді* (Қазіргі қаз. тіл). **6.** а у ы с. *Ауысу, өсу, өту.* Қазақ совет поэзиясы қырқынды жылдарда дамудың жаңа кезеңіне *енді* (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **7.** а у ы с. *Қолданылу, жүзеге асу, кәдеге жаратылу.* Сол қасиеттеріне бола бұл екі өсімдік те медициналық практикаға *еніп* отыр, аптекаларда екеуінен де жасалған дәрілер бар (С.Сұбханбердин, Өсімдік–дәрі.). Бұл қолымыздан әбден келетін мүмкіншілік болса да, әлі үрдісімізге *енбей* жүр (Қ.Нұрмаханов, Дос.). Қазір көмірден, мұнайдан, известен, азоттан жасалатын нитрон деген мата өндіріске жаңа *ене* бастады («Халық мұғ.»).

Ақыл енді. *Есейіп есі кірді, оң-солын таныды.* Ай, асып өтті, Тоғызға Ажар келді, Еркелігі азайып, *ақыл енді* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Құл тумадың, ұл тудың, зейнеті қатты ананың, Адам болып *ақыл еніп,* Өскенін көрдік баланың (Ақын жырлары). ә) *Түсінді, ақылға келді, білді.* Жасынан білер ескі шалдың мінін, Артық жерін, *ақылға* кеш *енерін.* Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар, Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін (Абай, Шығ.).

Ақымақтың [тентектің] ақылы [есі] түстен кейін енеді. *Парықсыз, ойсыз, ақылсыз адам, істің*

байыбына бармайды, барса да кеш түсінеді деген мағынада. Сұмдық екен! – дей берді, Өйткені: *Ақымақтың ақылы түстен кейін енді* (А.Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл). Баламды бар ма екен, – деп, көрер күнім? Еңкілдеп, еріксіз ер шығарды үнін. «*Тентектің түстен кейін есі енгендей*», Сағынды түрі түгіл бір тал түгін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бейілі енді. с ө й л. *Жадырады, көңілденді, тарынбады, көңілі түсті, сараңдық етпеді.* Қара тастан басқаның бәрі жадырап, Бір сараңнан басқаның *бейілі енер.* Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне, Бойың балқып, ериді іште жігер (Абай, Тол. жин.).

Дәмі енгенше. *Тәтті болып, әбден піскенге дейін.* Дәл бейне ерте шыққан бұлдіргенше, Суық соғып бүрісер, *дәмі енгенше.* Көзге де, ауызға да қызығы жоқ, Қызығы – үзілгені бос жүргенше (Абай, Тол. жин.).

Дендеп енді. *Молынан батты.* Өзенге шүйілгенде топшысына дейін *дендеп еніп,* тұмсығына ілінген сынық сүйем шабақты суырып алып, қуана қиқуласқан аппақ шағалалар ерсілі-қарсылы тағат таппай сабылып жүр («Қаз. әдеб.»).

Есігіне енді. *Араласты, жақын тартты.* Азамат болып *есігіме енсең* арқалап арман-мұратты, Белдеуден шеш те мініп кет мына пырақты. Мен сенен, бауырым, бір тайдың басын қайтарып сұрар деймісің, Шевченкоға да мінгізген қазақ бір атты (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Есі енді. а) *Ер жетіп, ақыл кірді.* Баймақан: *Есім енгелі* әскер қатарында болдым (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). ә) *Өзіне-өзі келді, ес жиды.* Сонда ғана *есі енгендей.* Шырағым Сәбит, отыр, – деді маған Рая жеңгей (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Жан енді. *Әлденді, ширады, күш алды. Жан еніп* қалған қозы қардың үстіне тыпырлап түсті (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Жерге енді. а) *Жердің астына кетті, түсті.* Көп шайтан көктен қашқан *жерге енер.* Адамға «бісмілләсіз» жақын келер. Тығылған бой тасалап шайтанды атса, Адамдар қасындағы бірге өлер (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Қатты ұялғаннан өзін қоярға жер таппады, әбден қысылды.* Жас бала ұялса, *жерге не* жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен (Абай, Тол. жин.). Бекболат *жерге еніп* кеткендей болып, ұялып қала берді (С.Шарипов, Шығ.).

Жер [қара жердің] қойнына енді. *О дүниелік болды, қайтты, соңғы демі үзілді.* Байқаймын көктемнің де келгенін Мол түсіріп ақ шуағын жерге күн. Байқамаймыз күліп жүріп өмірде Көп досыңның *жер қойнына енгенін* (Т.Молдағалиев, Қош.). Жақсы көріп алғанды, бергің келмес. Беталдына ерігіп жүргің келмес. Жасың жүзге жетсе де жаның тәтті, *Қара жердің қойнына енгің* келмес. Қайран жастық-ай! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жылу енді. *Жылынды, жылу алды.* Бойына *жылу еніп* балқыған жер Екі есе жомарт келер, маңдайдан тер (М.Жансаева, Ана жүрегі.).

Кейпіне енді. *Қалпына келді, дағдылы түрін сақтады.* Жасыл алқап өзінің қалыпты *кейпіне енген* (С.Омаров, Әңгім.).

Көрге енді. *Ажалы жетті, дәмі таусылды, өлді.* Теміртай да *көрге енді,* Көр сықылды, жерге енді. Бас айналды, ес кетті, Буыны босап күш кетті (С.Мұқанов, Таңд. өлең.).

Көркі енді. *Көркейді, түрленді, құлпырды.* Жаздың *көркі енеді* жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен, Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал, Жалбақтасар өзінің тұрғысымен (Абай, Тол. жин.).

Күй енді. *Шабыт келді.* Сағыныш шалғай сапарларыма жасаған шақта иелік, Кеудемде менің сан рет кеткен табан астынан *күй еніп.* Қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар әлем, қыз-өмір, Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Күйге енді. *Белгілі бір қалыпқа түсті, жаңарды, көңіл-күйінде жағымды өзгеріс болды.* Ондайда қайсар Қасым дауылмен жарысып, найзағаймен ойнағандай керемет бір *күйге енетін* (С.Мәуленов, Үркер.). Осынау албырт жасымда, Ойнақы түрлі *күйге еніп.* Жақындап барып қасыңа, Жалт беріп жүрдім именіп (С.Әлімқұлов, Қыран). Айлы кеште көңіл шіркін *күйге енер,* Мұндай шақта ән айтпасқа бола ма? Біздің үйдің алдындағы жиделер Өз саясын ұсынады оларға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Күш енді. *Әл-қуат алды, күшейді, әлденді.* Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, *күш енген* соң, оған билетпедік (Абай, Тол. жин.).

Күшіне енді. а) *Қатуланды, жігерленді.* Абылай ханына дейінгі қазақ мемлекетінің тарихы ел есінен кетпеген, демек, халқымыздың бойында тәуелсіздікті аңсау қуаты сарқылмаған, сол қуат Желтоқсан оқиғасында қайта *күшіне еніп* Асанқайғы армандаған Жерұйыққа толық ие болмақ деген қорытынды жасайды («Қаз. әдеб.»). ә) р е с м и. *Жарамды болды, заңды айналымға кірді.* Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап *күшіне енеді* («Егемен Қазақстан»).

Қатарға енді. *Санатқа қосылды, жетілді, алдағылармен, дамығандармен т.б. тең болды.* Оқыса басқа елдердей *қатарға енбек,* Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек. Білімге ел боп аңсап құмарланса, Жетілу аз-ақ жылда жоғары

өрлеп (С.Торайғыров, Шығ.). Келгенде елу жасқа *қатарға ендім,* Жылаушы ем, кеттім бе деп қосылмай-ақ (Ақын жырлары).

Қойнына енді. *Әйелдің төсегіне барды, жақындасты.* Қайдан білдің, Жібек-ау, Іздеп келген Төлеген Мал беріп сені алмасын, Әлі *қойнына енбесін* (Қыз Жібек).

Қолына енді. *Бірге тұрды, үйіне кірді.* Малының керегі жоқ. Салт басты өзіме бала болып *қолыма енетін* біреуге берем, – деді Қатша (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Қуат енді. *Қуаттанды, әл жиды.* Күн жаңғырып, бойына *куат енген,* Алтынды үйдің ішінде еркеленген – Жан-жағын қалай сайпан қылсаң еркін, Жалғыз-ақ бір есікке кірме, – деген (Абай, Тол. жин.).

Құлағына енді. а) *Естілді, құлаққа жетті.* Суық сөз *құлаққа енсе* көңілге мұз, Адамзат қайда бармайды айдаса тұз. Ежелден ердің назын ер көтереді, Жаманнан жабырқаған күдеріңді үз (Базар жырау, Шығ.). ә) *Көңіл қойып тыңдады, ұқты, байыбына барды.* Оңды-солды бетінен сүйді-дағы, Артынан бата беріп тұрып қалды. Қанша айтса да, *құлағына енер* емес, Қажымас қара болат майталманды (Қозы Көрпеш.). *б) Мән берді. Ене* ме бұл айтқаным *құлағыңа*? Бізге айтқан ғақыл ғой деп ұғынды ма? Хор болып желге кетсең қайран сөзім, Өкінбе жетпедім деп мұрадыңа (М.Дулатов, Шығ.). Түні бойы алтыбақан теуіп, таң алдында жатқан Аманның *құлағына* бұл сөздің бірі *енген* жоқ (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Қара жер құшағына енді. б е й н. *Жер жастанды, өлді.* Адамның алып анасы – *қара жер* перзентін құшағына бір алады. Адам көп дегенде жүз жасап, сол анасының *құшағына енеді* (М.Иманжанов, Адам.).

Құшағына енді. *Құшақтасып, аймаласты, құшаққа алды.* Туады сол күн біздерге, Дұшпанды жеңіп келеміз, Күлімдеп қарап жүзіңе *Құшағыңа енеміз* (Ж.Молдағалиев, Жеңіс.).

Миына енді. *Ақылына қонды, түсінді.* Тағы да бір сөйледі, Ашу буып бүр дейді. Осыларды сан дейді, Қатардағы жан дейді! Бар білері «мен» дейді. *Миына* түк *енбейді* (Қ.Баянбаев, Ильич.).

Нұры енді. *Өңі кірді, нұрланды, жарқырады.* Жүздеріңді сау көрсем, Екі көзім *нұры еніп* Қосылысып бір жүрсем, Әр нәрсені үйреніп (Абай, Тол. жин.).

Ойға енді. *Есіне түсті, ойға келді.* Суһраптың Рүстемге түсті көзі. Таңырқап кім екен, – деп қарады өзі? Рүстем емессің бе? – деп сұрады, *Ойға еніп* айтқан сөзі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Отыздың ішіне енді. *Жиырмадан асып, отыз жасқа жақын келді, отызға таяды.* Бізді кең иықты, ірі денелі, *отыздың ішіне* жаңа ғана *енген* әскери адам қарсы алды («Соц. Қаз.»).

Ортаға енді. *Араласты, бірге болды.* Менің үшін бірдей тілің, жынысың, Көбің ана, көбің аға-інісің. Достық өскен, ерлік ескен *ортаға енген* сайын кеңи түсер тынысым (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Өзгеріс енді. *Жаңарды, түрленді, өзгерді.* Шақырудан тайсалмастан, өзіне *өзгеріс енбестен,* батыл келіп сәлем берді (С.Бақбергенов, Менің досым).

Өмірге енді. *Жарық көрді, іске асты.* Драматург *өмірге енген* осы бір үлкен жаңалықты дәл басып, жақсы ұғынған (І.Омаров, Серпін).

Өңі енді. *Реңі кірді, жайрақ қақты, әрленді.* Татулықты, тыныштықты Қоңыр көрер, кем көрер. Ұрлық пенен қулықты Қызық көрер, *өң енер (*Абай, Шығ.).

Санаққа енді. *Есепке кірді, қатарға қосылды.* Ай шұғыласы көре алмай, *Санаққа* жан боп *ене* алмай Шымырлап жасып торландым (Ақын жырлары).

Санасына енді. *Ақылға қонды, миына кірді, ұқты.* Туралықты білмеді Әділдік пен адалдық *Санасына енбеді,* Түн түнегі түнеріп, Жауыз патша Николай Бақыт жолын күрмеді (Н.Байғанин, Өрісте.).

Тарихқа енді. *Тарихи оқиғаның санатына кірді, өшпес, елеулі іс деп есептелді.* Азаттық үшін соғыста Көрсеткен ерлік істерін *Тарихқа* түгел *еніп* тұр, Айбатып күшті Армиям, Жауды қия бастырмай Күзетіңде берік тұр! (Н.Байғанин, Шығ.).

Түрге енді. *Безенді, құлпырды, жайнады* Көктем келсе жер көгеріп, Далам жаңа *түрге енер* (Н.Шәкенов, Шаттық.). Дүние – атомдар үнемі өзгеріп, жаңарып құбылып, әр алуан *түрге еніп* отырады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Сонан бері арада Өтті зырлап талай жыл Өлке өзге *түрге еніп,* Жайнап кеті ой мен қыр (Б.Ысқақов, Москва.).

Түске енді. *Белгілі бір түрге ие болды, басқаша бояу алды.* Екінші жасқа көшкен дернәсілдің бас және көкірек бөлімдері, сонымен қоса құрсақ сегменттерінің орталық бөлімдері қара қоңыр *түске енеді* (Ә.Тілменбаев, Бақашық.). Қазір алау атандай қызыл арай *түске енген* (К.Тоқаев, Тасқын).

Түсіне енді. а) *Түсінде көрді, түсіне кірді.* Дабыл жиі қағылып, Оятады ұйқымнан. Тек *түсіме енеді,* Алыстағы үй-туған (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өксіп жасын төкті-дағы, Папа, – дейді шыр-шыр етті. *Түсіне енген* әкесі ме? Тағы қайта ұйықтап кетті (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.). ә) *Әсері қатты болды, есінен шықпады.* Сен мендегі достықты көрсең Қалтқысыз сенетұғын, Қайғыңды көтеруге Қайғысыз көнетұғын, Тек қана сол болар еді *Түсіңе енетұғын* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Түсіне енбестей. *Ойға келмейтіндей, шындыққа жанаспайтындай, ақылға сыймайтындай.* Әйтпегенде, бұл үйлердің құны қоныстанушылардың *т ү с і н е* де *е н б е с т е й* көлемінде екенін айтсақ, олардың ешқайсысы да мұншама қаржы жылдап жинай алмасы хақ («Қаз. әдеб.»).

Үйқыға енді. *Ұйықтап етті, қалғып-мұлгіді.* Жаңа қалғи бергенде, *Ү й қ ы ғ а е н і п* көз жұмып, Қарсы алдында елестеп, Бөбегі келді жүгіріп (Д.Әбілев, Таңд. өлең.).

Үш ұйықтаса [да] түсіне енген емес [енбеген]. *Ойына еш кіріп-шықпаған, мүлдем ойламаған, күтпеген.* Үйленеміз деген екеуінің де *ү ш ұ й ы қ т а с а т ү с і н е е н г е н е м е с* (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ойымда жоқ, *ү ш ұ й ы қ т а с а м т ү с к е е н і п*... Отырғанбыз қос басында түстеніп, Бір салт атты шыға берді белеске – Қасым ағам! Жүгіріп кеп «түс» – дедік (Ә.Ахметов, Таңд.).

Сақалға шалғырт енді. *Сақалына ақ кірді, қартайды.* Жас жетпіске келгенде, *С а қ а л ғ а ш а л ғ ы р т е н г е н д е,* Сен, бала, менің үстімнен, Шауып өтіп жол салып, Байрағыма қол салып, Бұл күн де бізге түс келген (Қашаған Күржіманұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Шайтанның асуасына енді. д і н и. *Шайтанның азғыруына сенді.* Ханыммен қанша оңаша қалса-дағы, Ойына еш жамандық келмегенді. Шыдамай нәпсісіне бірақ ханым, *Ш а й т а н н ы ң а с у а с ы н а* рас *е н д і* (Едіге).

Шашына ақ тал енді. *Шашы ағара бастады, қартайды.* Қайқақтаған қара көк ат астында, Қызыл жұлдыз шошаймасы басында, Қаз-қалпында қаршығадай денесі *А қ т а л е н г е н* қою қара *ш а ш ы н а* (F.Қайырбеков, Қосбасар).

Ынсапқа енді. *Ақылға келді, тоқтау жасады.* Бетке айтқанда зәһар жоқ, Сырттан айтсақ өсекті. *Ы н с а п қ а* қазақ *е н б е с е ң,* Көрерсің талай кесекті (Бес ғасыр.).

Іші-бауырына енді. *Мейірлендірді, елжіретті, еріксіз ықыласын аударды.* Ол сөзуарлау адам екен, қоярда-қоймай, *і ш і-б а у ы р ы м а е н і п,* баурап әкетіп барады («Қаз.әдеб.»).

Ішіне енді. *Тіл тауып жақындасты.* Мейірімді, ақ жарқын сырлас жолдас тәрізді *і ш і н е е н і п* барады (F.Мұстафин, Таңд.).

ЕНБАУ з а т. а н а т. в е т. *Малдың немесе адамның аталық жыныс безімен байланысқан бұлшық ет, жүйке қан тамырлары.* Бұл ауруға көбінесе сирақ, *е н б а у,* тік ішек, қан тамырлары ұшырайды [күре тамырдың кеңіп, түйінделуі] (М. Исамбаев, Мед. анықтама).

ЕНГІЗ= е т. **1.** *Кіргізу, өткізу.* Мұхтар есікті өзі ашып, алдымен Мәликені *е н г і з і п,* өзі соңынан кірді (Д. Әбілев, Арман.). **2.** *Қосу, тіркеу.*Сол кездегі министр Мұхтар Әбіләзовтың ұсынысымен сырттан келетін тауарларға жапсырылатын қағаздар қазақ тілінде жазылсын деген талап *е н г і з д і к* («Қаз. әдеб.»). Біз осы заңдар арқылы астық қолхатын *е н г і з д і к*, төрт түлік малды және барлық үй жануарларын төлқұжаттандыра бастадық («Егемен Қазақстан»). **3.** а у ы с. *Іске асыру, атқару.* Генерал жайғасып отырып өзінің келген шаруасын, *е н г і з і п* жатқан өзгерістерінің мәнін айтты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Жебедей жерге енгізді. *Жер-жебіріне жетті, тілдеді, бетін қайтарды.* Қамарға хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен *ж е б е д е й ж е р г е е н г і з і п*, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді (С.Торайғыров, Таңд.).

ЕНГІЗБЕ: енгізбе шұқыршақ. к е н. *Шегендерді сұғып қоятын шұқырлар. Е н г і з б е ш ұ қ ы р ш а қ* – жерасты қазбалар қабырғасындағы шегендердің ұшы тайып кетпес үшін, оларды сұғып, тіреп қоюға арналған шұқырлар (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЕНГІЗГІШ з а т. т е х. *Енгізе алатын, кіргіш зат. Е н г і з г і ш т і* КДМ-46 немесе -54 қозғалтқыштарының іске жарамай қалған цилиндр гильзаларынан және сақиналары бар піспектен жасаңыз (Тракторист.).

ЕНГІЗДІР= е т. *Кіргіздіру, қосылттыру.* Біраз кәсіпкер ойыншыларын олимпиалық командаға *е н г і з д і р і п,* олимпиалық алтынды алып қалғысы келді («Спорт»).

ЕНГІЗДІРУ *Енгіздір етістігінің қимыл атауы.* **≈** Құрамаға *е н г і з д і р у.*

ЕНГІЗУ *Енгіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қосу, кіріктіру, кіргізу.* Өтінім беруші қайтарылған тіркеу өтінімдерін алған сәттен бастап ескертулерді түзейді және уәкілетті органға тіркеу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен оларды *е н г і з у г е* құқығы бар («Егемен Қазақстан»). **2.** а у ы с. *Қолданысқа кіргізу, тәжірибеге пайдалану.*Ауыспалы егіс тәртібін *е н г і з у* үшін егіс көлемінің құрылымы жөніндегі мәселені дұрыс шешу қажет (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Теңгені *е н г і з у г е* байланысты алда тұрған басты міндет – оның тұрақтылығы мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, оны болашақта конверсиялану қабілеті бар валютаға айналдыру (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.). Кеншілер руда шығарудың ең өнімді жаңа жүйелерін жасап, рудниктерде *е н г і з у* мәселелеріне негізінен баса көңіл бөлуде (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Несиелік технологиясын *е н г і з у* үшін шетелдік мамандардың қатысуымен Қазақстанның жетекші оқу орындарында

тәжірибеден өттік («Жас Алаш»). **3.** а у ы с. *Құру, ұйымдастыру, іске қосу.* Алқабилер сотын *енгізу*, Республика конституциясында көрсетілгендей, Қазақстанның жақын уақыттағы құқықтық саясатының бірден-бір басым бағыты («Егемен Қазақстан»).

Енгізу құрылғысы. и н ф. <ағыл. input device; devices an entering> **1.** *Есептеу мәшинесіне бастапқы мәліметтер мен есеп шешетін бағдарламаларды енгізуге арналған құрылғы.* **2.** *Ақпаратты адамға да, компьютерге де түсінікті етіп түрлендіру мен өңдеуге қолайлы құрылғы.* Қазіргі заманғы *құрылғылар* ішінен мәліметтерді *енгізу* планшеттерін, мәліметтерді жинау терминалдарын, сөзді танып білу құрылғыларын, карталар мен құжаттардан шығарып оқу құрылғыларын атап айтуға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** *Мәліметтерді, бағдарламаларды, сигналдарды процессорға беретін құрылғы.* Пайдаланушының интерфейсін жасақтайтын *енгізу құрылғыларының* танымал түрі – пернетақта (Қаз. тілі термин. Информатика).

Енгізу операторы. и н ф. <ағыл. input statement> *Мәліметтерді сыртқы жадтан негізгі жадқа жеткізуді анықтайтын және оларды бағдарламаға қатынас құруға мүмкіндік жасайтын бағдарламадағы оператор. Енгізу операторын* қосу.

Енгізу операциясы. и н ф. <ағыл. Input operation> *Мәліметтерді сыртқы жадтан немесе шалғай құрылғылардан негізгі жадқа жеткізетін компьютер әрекеттерінің жиынтығы. Енгізу операциясы* аяқталды (Ауызекі).

Енгізу пернесі. и н ф. <ағыл. enter key> а) *Терілген сөз тіркесін немесе бұйрықты компьютердің жадына енгізу үшін қажет перне.* Бағдарламаның әрбір жолын теріп болғаннан кейін *енгізу пернесін* басу керек (Қаз. тілі термин. Информатика.). ә) *Пернетақтадағы сол жаққа қараған тік бұрышты бағыттауыш бейнесі бар, ең үлкен перне. Енгізу пернесі* келесі жолға өту үшін, енгізілген команданы орындау, меню жолын таңдау тәрізді және т.б. әрекеттер атқару үшін қолданылады. Macintosh компьютерлерінде бұл перне Return (қайтару) деп белгіленеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу режимі. и н ф. <ағыл. input mode> *Мәліметтерді енгізу тәсілі. Енгізу режимі* ағынмен және жазбамен енгізу, мәліметтермен, мәліметтер тізімімен және редакциялаумен басқарылатын енгізу, мәліметтерді түрлендіріп және түрлендірмей енгізу болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Өзгеріс енгізу. *Өзгерту, жаңалау.* Семинардың негізгі мақсаты – теорияны тәжірибеде қолдану, екі мемлекет азаматтарының хал-ахуалын жақсарту, тауар айналымын арттыру, экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізу, кеден ісіндегі нормативтік-құқықтық базаға *өзгерістер енгізуде* туындайтын мәселелерді талқылау («Жас Алаш»).

ЕНГІЗУ-ШЫҒАРУ з а т. и н ф. <ағыл. input-output> **1.** *Компьютерге енгізілетін немесе одан шығарылатын электрлік сигналдар түріндегі ақпарат.* **2.** *Екі құрылғы арасындағы мәліметтер алмастыру.* **3.** *Сыртқы құрылғылар мен негізгі жад арасындағы мәліметтер алмасу процесін сипаттауға арналған жалпы термин.* Буфер арқылы *енгізу-шығару* мәліметтерді уақытша орналастыруға арналған буферлік аймақтарды (буферлерді) пайдалануға негізделген мәліметтерді уақытша сақтауға арналған негізгі жад аймағы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару арнасы. и н ф. <ағыл. input-output channel> *Компьютердің жедел жады мен шалғай құрылғыларының арасында мәліметтер алмасу үшін пайдаланылатын техникалық құрылғылардың жиынтығы. Енгізу-шығару арнасының* негізін мәліметтерді пішімдеуді жасақтайтын және енгізу-шығару операцияларын басқаратын мамандандырылған процессор құрайды; компьютер жады мен шалғай құрылғылар арасында мәліметтер алмастыруға арналған арна (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару блогі. и н ф. <ағыл. input-output block> *Компьютерлердің біртұтас жүйесінде басқару блоктарының адресі мен арналық бағдарлама туралы ақпараты бар әрі пайдаланушы бағдарламасының басқа жүйелермен байланысын анықтауға қолданылатын кесте.* ≈ *Енгізу-шығару блогін қосу.*

Енгізу-шығару диспетчері. и н ф. <ағыл. input-output manager> *Енгізу-шығару жүйесінің әртүрлі бөлшектерін біріктіретін атқару жүйесінің құрауышы. Енгізу-шығару диспетчері* енгізу-шығаруға жасалған сұратуларды қабылдау, оларды файлдық жүйеге және құрылғылардың драйверлеріне жеткізу үшін керек ережелер мен әдістерді анықтайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығарудың базалық жүйесі. и н ф. <ағыл. bace input-output system (BIOS)> **1.** *MS DOS операциялық жүйесі модульдерінің бірі. Енгізу-шығарудың базалық жүйесі* дербес компьютерді іске қосқанда автоматты тестілеуді, операциялық жүйенің бастапқы жүктеу блогын шақыруды және жүйелік блогын шақыруды және жүйелік шақырулардың (үзулердің) қызмет етуін орындайды (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** *Компьютердің тұрақты жадында тұратын әрі дербес компьютерді жеткізіп беру кешеніне кіретін қысқа аппараттық-тәуелсіз бағдарлама.*

Операциялық жүйе типі өзгеруі мүмкін, ал енді *енгізу-шығарудың базалық жүйесі* өзгермей тұрақты күйінде қалады. Сондықтан ол дербес компьютердің өзгермейтін бөлігі бола тұрып, бір жағынан компьютердің аппараттық бөлігінің құраушысы болса, екінші жағынан кез келген операциялық жүйенің, оның ішінде MS DOS-тың құраушысы ретінде де қарастырыла алады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Енгізу-шығарудың базалық жүйесі* MS DOS-тың құрамына кіргенімен, бұл модульсіз операциялық жүйе жұмыс істей алмайтындықтан, оны MS DOS құрылымының құраушысы деп те есептеуге тура келеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** *Тұрақты жадта сақталатын және есептеуші жүйенің бөлігі болып саналатын әрі дербес компьютердің кейбір басқару қызметін сүйемелдейтін бағдарламалық жасақтаманың бөлігі. Енгізу-шығарудың базалық жүйесінің* құрамына стандартты сыртқы құрылғылардың жұмысын басқару жөніндегі арнайы бағдарлама (драйвер), аппаратураның жұмыс істеу қабілетін бақылауға арналған тестілік программа, операциялық жүйенің бастапқы жүктеу программасы кіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Енгізу-шығарудың базалық жүйесінің* негізгі қызметі дербес компьютердің қалыпты жұмысы процесінде іске асады. Бұл қызмет – дербес компьютердің нақты моделін құраушылардың құрамына кіретін стандартты сыртқы құрылғыларды: дисплейді, пернетақтаны, дискжетекті, принтерді, таймерді басқару (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығаруды буферлеу. и н ф. <ағыл. buffered input-outpur, spooling> а) *Енгізу-шығаруды ұйымдастыру тәсілі.* Қойылған мақсатқа байланысты *енгізу-шығаруды буферлеу* тәсілін пайдаланған кезде шығарылған барлық мәліметтер жұмыс аяқталғанша буферлік файлда сақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.). ә) *Мәліметтерді уақытша орналастыру үшін буферлік аймақты пайдалануға негізделген мәліметтерді енгізу-шығару.* б) *Процессор мен сыртқы құрылғы алмасатын мәліметтерді уақытша сақтау процесі. Енгізу-шығару буферлеу* екі құрылғыдағы мәліметтерді өңдеу жылдамдықтарын теңестіру үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару интерфейсі. и н ф. <ағыл. input-output interface> *Компьютерге шалғай құрылғылар қосу үшін қолданылатын интерфейс. Енгізу шығару интерфейсі* сыртқы құрылғылармен және енгізу-шығару арналарымен стандартты сәйкестендіру (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару құрылғыларын үлестіру. и н ф. <ағыл. sharing the device an entering-conclusion> *Микропроцессорлық техника архитектурасында енгізу-шығару командалары қарастырылатын процессорлармен сыртқы құрылғыларды орналастыру үшін қолданылған әдіс. Енгізу-шығару құрылғыларын үлестіру* әдіске сәйкес сыртқы құрылғыға кем дегенде процессордың енгізу-шығару порттарының бір адресі бөлінеді. Бұдан кейін қалып-күй туралы ақпарат пен мағлұматтар процессорда орындалған енгізу-шығару командаларының көмегімен беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару құрылғысы. и н ф. <ағыл. input-output device> а) *Сыртқы объектінің немесе оператор-адамның есептеу жүйесімен, есептеу мәшинесімен ақпарат қабылдауды немесе жеткізуді жасақтау үшін пайдаланылатын аппараттық жабдықтың бөлігі.* ≈ *Енгізу-шығару құрылғысын* қосу. ә) *Компьютердің жедел жады мен шалғай құрылғы арасында мәліметтер алмасуды жасақтайтын құрылғы.*

Енгізу-шығару операциясы. *Компьютер жады мен кез келген енгізу-шығару құрылғысы арасында ақпарат алмастыру. Енгізу-шығару операциясы* аяқталды (Ауызекі).

Енгізу-шығару процессоры. и н ф. *Шалғай құрылғылардан жадқа ақпарат енгізу-шығару операциясын басқаратын және енгізу-шығаруды басқарудың (шалғай құрылғы түрінен тәуелсіз) жалпы функцияларын жүзеге асыратын процессор.* ≈ *Енгізу-шығару процессорын* қосу.

Енгізу-шығару регистрі. и н ф. <ағыл. register an entering-conclusion> *Енгізу-шығару құрылғылары мен бас компьютер арасында мәліметтер алмасу процесінде қолданылатын регистр. Енгізу-шығару регистрінде* мәліметтердің шағын үлесін – байттарды немесе символдарды – мәшинелік сөз мөлшеріндей блоктарға біріктіруге немесе осыған кері процедураны орындауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізу-шығару супервизоры. и н ф. <ағыл. supervisor of input-output, EXCP-supervisor> *Енгізу-шығару процедураларының аты-жөнін анықтау мен аяқтауды, сондай-ақ енгізу-шығару құралдарының қалып-күйін бақылауды жүзеге асыратын операциялық жүйені басқаратын бағдарлама* (Қаз. тілі термин. Информатика.). ≈ *Енгізу-шығару супервизорын* ендіру.

Енгізу-шығару үзілімі. и н ф. <ағыл input-output interrupt> *Әрбір енгізу-шығару операциясын орындау аяқтаганда болатын үзілім. Енгізу-шығару үзілімі* енгізу-шығару

супервизорымен өңделеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізілу-шығару шинасы. *Бірнеше енгізу-шығару құрылғыларын параллель қосуға болатын шина. Енгізу-шығару шинасын* қосты (Ауызекі).

ЕНГІЗУШІ з а т. *Кіргізуші, орнықтырушы; тәжірибеде іске асырушы.* Ілияс поэманың публицистикалық түрін қазақ поэзиясына тұңғыш *енгізушілердің* бірі болды (С.Мәуленов, Үркер.). Өндірісте жаңалық *енгізушілер* саны өсе түсуде («Соц. Қаз.»).

ЕНГІЗІЛ= е т. *Кіргізілу, ішке қойылу.* Жалтыраған жаңа жиһаздар үйге *енгізілген* соң құрастырылып, құрылып, орын-орнына қойылып болды (Ж.Алтайбаев, Сшырғыш.). Азғантай тезек қораға *енгізілмей* қардың астында қалған (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Қосылдырылу, қатарға алыну, орнықтырылу.* Жасуша қабықшасының құрылыстарындағы құпия сырлар ашылып, ғылымға көптеген жаңалықтар *енгізілді* (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **3.** а у ы с. *Тіркеліну, тізімге, есепке кіргізілу.* Флораның 6778 түрі бар, олардың бесеуі – шренк раушаны, қырғыз қайыңы, қатты жапырақты дұғаш, ақгүл, теңгежапырақты шықшылдақ Қазақстанның Қызыл кітабына *енгізілген* («Парасат»). **4** а у ы с. *Жүзеге асырылу, пайдалану.* Қазақстанда нармая мен қоспақты бурамен шағылыстыру практикаға *енгізіліп* отыр. Ал бізбен көрші Түркіменстанда иірмая мен күртті үлекпен шағылыстырып жүр. Ал қоспақ пен күртке келсек, олар бастапқы ата-енелерінің қасиеттерін тек сүт және жүн жағынан байқатады да, басқа жағынан ерекшелік танытпайды (А.Ниязов, Түйе – табысты түлік).

ЕНГІЗІЛУ *Енгізіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қолданысқа кіргізілу, пайдалану.* Бұл арадағы жаңалықтардың бірі шопандар бригадалары мүшелерін материалдық жағынан ынталандырудың жаңа жүйесінің өндіріске *енгізілуі* (Саржайлау). Құрылысты тиімді, шапшаң жүргізудің тамаша әдістері өндіріске *енгізілуде* («Соц. Қаз.»). Өндірістің тапсырмасы бойынша зерттеулер жүргізіліп, олардың нәтижелері өндіріске *енгізіліп* отыр (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). **2.** *Іске қосылу, жүзеге асырылу.* Ұлттық бірыңғай тестілеудің *енгізілуі* Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінде білім беру деңгейін бағалаудың тәуелсіз ұлттық жүйесін құру жолындағы қажетті шаралардың бірі деп есептеген дұрыс болар («Қаз. әдеб.»). Ауруханаға ішілік жұқпалы аурулардың алдын алу және оларды азайту мақсатында емдеу – алдын алу ұйымдарының қызметіне халықаралық тәжірибе – едәуір қаржы ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік беретін «жұқпалы ауруларды бақылау» жүйесі кезең-кезеңімен *енгізілуде* («Егемен Қазақстан»).

ЕНДЕ[1]= е т. **1.** *Тереңдеу, бойлау, кеулей кіріңкіреу.* Топырақ түйірлі, ауа мен ылғал, жылылық жеткілікті болса, тамыр *енде* тереңдеп өсе алады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Көктемнің Шудағы шағырмақ күні, құмға *енде* кіргендегі қуырдақтай қақтаған ыстығы (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Міне, сонау көрінген жаңағы айтқан Жаңадарияның жармасы, оған қосарлана аққан Іңкардария Қызылқұмға кіріп, *енде* бара жатыр (Ұ.Бағаев, Дала.). **2.** *Кең қанат жайып даму, өрістеу, өркендеу.* Еділ, Жайық екі су, Еңсесіне ел қонып, *Енде* жылқы жайылды Ақтөбе деген суына (С.Сейфуллин, Шығ.). Шаңғытқан кемерінен тасып бұлақ, Жарқырап жазығына жатыр құлап. Егісі ен даланы кеткен *енде,* Тарысы майысады әрең шыдап (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Анау қырда қаптаған мал Жатыр еркін *енде* жайлап, Міне, шалғын жасыл кілем, Ұлан-байтақ зор кең аймақ (Қ.Тастайбеков, Өленд.). **3.** а у ы с. *Асқыну, дендеу.* Ассалаумағалайкүм, Алдияр тақсыр ханымыз. Кесел *енде* асқынып, Нашарлапты халіміз (А.Хангелдин, Өткен күн.). Олардың әсіресе *енде,* тереңдей күшті мамыт жайып алған қара қуат құдіретін көрді (М.Әуезов, Абай).

ЕНДЕ[2]= е т. *Ем салу, иемдену, меншіктену.* – Ой, мынаны өзім *енде* жүр едім ғой. – Ә, не дейді? – Бар апар енді. Колхоздікі десе қасқырдай шабатын әдеттерің ғой, әйтеуір (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЕНДЕ[3]= е т. **1.** *Бір заттың белгілі кеңістікке көлденеңінен, жалпағынан сыйып орналасуы.* Етектедің, *ендедің* Толқының өрге құлаштап, Дариядай тасып көлбедің (Халық ақындары). **2.** *Кеңейтіп, созу, ұзарту, үлкейту.* Мінеки, жомарт бай қырман Маялар жалдап *ендеген;* Тасушы, таудай арбадан, Аударса, астық көлбеген (Ғ.Орманов, Дикан.).

ЕНДЕЙ ү с т. **1.** *Тұтас, бүтіндей, кесіліп-пішілмеген қалпында.* А... кәуір, шапсаң анау елім деп, Етекте *ендей* жатқан малым деп, Өзіңнен үлкен жол тапсам, Маған не дер қалың деп. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Қомдау – түйеге *ендей* киізді өркешіне жүк батпайтын етіп орап, соның үстіне жүк арту («Хабарлар»). **2.** *Тұтастай, кеңінен, молынан.* Ежелден ертегідей ел аңыз қып, Айтатын Ойтүндік пен Бесқазандық. Етегін *ендей* жайған Ертіс беттей, Арқадан құлай бере кең жазылып (Ғ.Игенсартов, Тың дала).

ЕНДЕРЛІКТЕЙ с ы н. с ө й л. *Көлденеңінен сыярлықтай.* Тек біздің бағытымызда, екі кеме ғана *ендерлікте й,* бұралаңқы «өзен» бар (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЕНДЕС[1] с ы н. *Таңбалас, ен-таңбалары ұқсас, бірдей.* Малдарына салған таңбалары бірдей, *е н д е с* боп шықты («Жұлдыз»).

ЕНДЕТ= е т. *Бойлату, өрістету.* Жылқы жатқан жер адырлы қабаты, жасырыны мол жер болатын. Сондықтан көп *е н д е т і п* жаюға болмас еді (М.Әуезов, Қараш.). Өрен жүйрік өлеңге Үмбет едім, Жүрген, тұрған жері ме міндет едім, Түлкісі қызыл алтай сөздің қуып, Апарып өзеніне *е н д е т е м і н* (Жамбыл, Шығ.).

ЕНДЕТУ *Ендет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Матаны *е н д е т у.*

ЕНДЕУ *Енде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Малды *е н д е у.*

ЕНДЕШЕ ш ы л. **1.** *Олай болса.* Өзіңе тимеген екем, *е н д е ш е,* қақтық, ағайын (М.Әуезов, Абай жолы). *Е н д е ш е,* киелі қазақ жерінің топырағын күнде табанымен басып, ауасын жұтқанына місе тұтпай, «су ішкен құдығына түкірген» Алексей Гончаров мырзаның «жаңылуы» саудың тамағын ішіп, аурудың сөзін сөйлегені емей, немене? («Жас Алаш»). Хош, хан мен халық жолы қиылыспасы хақ. *Е н д е ш е,* халық қолын бастаған Исатай-Махамбет пен патша жолын жақтаған, тіпті, оны құптамауға титтей де мүмкіндігі жоқ Жәңгір хан одағы ыдырамасын! («Жас Алаш»). Адам көзі үйрене ме сұмдыққа?! Адам жаны көндіге ме құлдыққа?! Көндікпейді! Менің үшін *е н д е ш е* Соңғы шумақ жақындайды шындыққа! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Не, немесе, я, яки.* – Ол емес. – *Е н д е ш е,* майдан жаңалықтары жайында... – Ол да емес (Ж.Тілеков, От кешу). Олай десең ойла да, Қарауыл бол, қоймаға. – Ол қолыңнан келмесе, Егін суғар, *е н д е ш е,* (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.). **3.** *Білгің келсе, керек болса.* Қасқырың соғылады, *е н д е ш е,* – деді (Ғ.Мұстафин Дауыл.). *Е н д е ш е,* сарбаз қатынның керегі жоқ маған! (Ғ.Мүсірепов, Таң. Шығ.). Мә саған, *е н д е ш е!* Мә! – деп қарауыл дойырмен Қабыланбайды иықтан осып-осып жіберді (Б.Аманшин, Жар мұңы). **4.** п о э т. *Әдетте бірнеше рет қайталанған сөздердің арасында өлең ұйқасы үшін қолданылатын қыстырма мәнді күшейткіш сөз.* Сұр бет деймін, *е н д е ш е,* сұр бет деймін. Бір бетіңнен бетің кір бет деймін (С.Төлешов, Түрлі. бас.). Қидасынгер, *е н д е ш е,* қидасынгер, Көшкенде жемір тайлақ бұйдасын жер. Ақ бетіңнен бір сүйгіз замандасым, Көрген жан, әзер болса қимасың дер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕНДІ[1] ү с т. **1.** *Бұдан былай, осыдан кейін.* Елден келсең, *е н д і* үйіне келіп көр, Қарсы алады жары күліп, күліп төр. Ауылынан ала келген мінезбен Айғайлайды ақ көңілден жігіттер (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Белдеуге күрең атты байлап қойып Жинады алыс пенен жақынды *е н д і.* Қадірлі бозбаланың көңілдісін Алмаққа жолдастыққа шақырды енді (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Елуде інілерге шал атанып, Риза боп елжірейсің сәлемдессе, «Шал» аты жүз келсе де айырылмайды, Шараң жоқ, қара жерге *е н д і* енбеске (К.Әзірбаев, Шығ.). Жеті-сегіз жеңгелеріңнің сүйенері, біздің әулеттің бас көтерері – *е н д і* жалғыз өзіңсіз (М.Дүзенов, Ақәже). **2.** ф о л ь к. *Бірінен кейін бірі болған көп қимылды сипаттағанда, әсерін күшейту үшін әрқайсысынан кейін қолданылатын сөз.* Елге қарап қайтты *е н д і* Түн қараңғы жатты *е н д і,* Талма тал түс болғанда, Аштарханға атқан оқтай жетті енді (Боран жырау). Бұл үш кісі Тарғынның Соңынан қуып кетті *е н д і ,* Батырды қуып жетті енді, Етегіне басын салды *е н д і,* Ашуын тілеп алды *е н д і* (Ер Тарғын). Ол кеште қонып сонда жатады *е н д і.* Таң атып, бамдатқа азан айтады *е н д і.* Таң намазын қауым болып оқып алып, Үш күн, үш түн тынбай жол тартады екен (Діни дастандар // Бабалар сөзі). **3.** *Жаңадан ғана, жаңа ғана. Е н д і* үскіріп тұрған аяз өтіне шыдамады ма, төбесі бір уыс болып жиырылған құлақшынын жұлып алды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Орыстан құтылу үшін еткен Кіші жүздің қимылдары әлі тарих болып жазылған жоқ, бұндай сөздің бәрі патша заманында құпияда еді. Тарихшы *е н д і* шықса керек (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Үйдегілер *е н д і* тарай бастаған кезде, кенет сырттан шу естілді (І.Есенберлин, Қаһар). *Е н д і* шығып бара жатыр едім, Андрей Акимович кез бола кетті (С.Бақбергенов, Қарға там.). **4.** *Тағы, тағы да, бұдан басқа.* Баланы көрдіңіз. Біздің де жанымыз соның үстінде *Е н д і* не айтасыз біз секілді тал қармаған жандарға? – деп кемсеңдеді бәйбіше (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). *Е н д і* кімнің басына сарт етер екен деген үрей Әміре ойын талай саққа жүгіртеді (Қ.Жармағамбетов, Әнші.). Мына кемпіріміз бен екеуміз бес жүз түп алма ағашын бердік. Атаңның *е н д і* бір ойы бар (С.Омаров, Өмір.). **5.** *Нақ қазір, дәл осы кезде.* Тәкежан *е н д і* қатты сұрланып, ызалана түсіп, Абайға анық зекіп отыр (М.Әуезов, Абай жолы). Жаңағының бәрі түс екенін *е н д і* біліп, ішім удай ашып қоя берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Е н д і* сол аңсағандары іргеден табылғанға үлкен демей, кіші демей жетісіп қалды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **6.** *Олай болса, әйтпесе.* Қазір солардың өкіметі. – Олардікі емес. – *Е н д і* кімдікі? (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Сондағы айтайын деп отырғаныңыз кісі есігінде жүргеніміз жоқ дейсіз ғой. – Жоқ, олай емес. – *Енді* не? (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). **7.** с ө й л. э к с п р. *Сонда, басқа деген мағынадағы қарсылық, сұраулық мәнде қолданылатын*

сөз. Жоспарды орындамай, *е н д і* не бітіріп жүрсіңдер (Ә.Әбішев, Армансыз.). **8.** с ө й л. э к с п р. *Тіпті, тіптен, тегі.* – Ақсақал-ай *е н д і,* – Кемел желкесін қасыды, – айттым ғой. Халық қызметі. Сенсеңіз осы күнде сіңбіруге мұршамыз жоқ (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **9.** с ө й л. *Әрине, әлбетте, қалайда.* – Осы жұмысты ертеңге қалдырмай-ақ, бүгін бітіре салғанымыз жақсы ғой. – *Е н д і!* (Ауызекі). **10.** *Осымен, сөйтіп.* Ойменен «Біттім *е н д і,* қасқыр!» деген, Селт етіп, тас қабағын ашты бірден, Қараса, еркелеген Құтжолы екен, – Қойшыға жалғыз серік жас күнінен (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). *Е н д і* мына Қыранқараны күніне бір келіп көріп кетеді, құсты көп ұстаған адам емес пе, танып қызығып жүр (Н.Қазабеков, Саятшылық). **11.** *Қайтадан, қайыра.* Қала жаздық осы жерде қанға батып, Бір кеткен соң сол келмес *е н д і* қайтып. Пышақтасып осы жерде өле жаздық, Қаңғырып жүрген немеге қайдан қалдық (Қозы Көрпеш.). Ағайын-туған есен бол, Алшайып атқа мінейін. *Е н д і* айналып келгенше, Аңсай-аңсай жүрейін (Жамбыл, Тол. жин.). **12.** э к с п р. *Ал келіп, үдетіп.* Жеті атадан кегі бар Алшағыр *е н д і* шапсын деп, Қараспан таудың ағасы, Біршымбайға бар, – деді (Батырлар жыры).

Ал енді. а) э к с п р. *Ал, қане, қанеки. Ал е н д і* шіркін көмей былқылдасын, Сөзімді әшиесіз кім тыңдасын (Кемпірбай). ә) *Осыдан кейін, келесі кезекте. А л е н д і* табиғатымыздағы биоқуат (биоэнергия) айырбастауға биосфера да, геосфера да қатысады («Ана тілі»). б) с ө й л. э к с п р. *Тіпті бар ғой, тіпті деген мағынадағы таңғалу немесе қатты күйінуді білдіретін күшейткіш сөз. А л е н д і* сөйлейді-ақ қой шіркін (Б.Соқпақбаев, Алыс.).

Енді бірде. *Тағы бірде, реті келгенде.* Он төртінде толыса балқып туған Ай шаңытқан суықтан өңі бозарып, сәулесі әлсіз тартқандай біртүрлі жетімсіреген сыңайда, бірде бұлт тасасына жасырынып қалып, *е н д і б і р д е* жылт етіп қайта шығып омбы қарды белден кешіп келе жатқан табынның табан ізін бағып тұр («Қаз. әдеб.»).

Дүниеге енді келді. *Жаңа туды, жаңа ғана жарық көрді.* Егер қасқыр мен адамның бір-біріне жасаған қиянатын безбенге салып өлшесе, әлбетте адамдікі басым түсер еді. Басқасын айтпағанда, *д ү н и е г е е н д і к е л г е н* жазықсыз бөлтірікке кімнің жаны ашыпты? («Қаз. әдеб.»).

Енді болмаса [болмағанда]. *Аз болғанда, сәл кідіргенде.* Ержан *е н д і б о л м а с а* шығып кететін еді, Құдай оңдап поез жүріп кетті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Төрт жыл әуре болып отырдым. *Е н д і б о л м а с а* аштан өлуге жетіп едім (С.Шарипов, Бекболат). – *Е н д і б о л м а ғ а н д а* мына баланы соқыр етіп ала жаздаппыз (А.Байтанаев, Қайнар.).

Енді бүгін. *Дәл қазір, осы кезде, бүгіндері. Е н д і б ү г і н* біржола Гүрсілдеген тынды атыс. Күрсінді де, демін алды, Күркіреген күнбатыс (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Қайта жасап шалдарым – Шаттанып тұр, күліп тұр. Миллиондаған адамдар – *Е н д і б ү г і н* білімді (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Енді бір. *Тағы да, және де.* Самолеттің гүрілі бірде алыстап кетеді, *е н д і б і р* сәтте төбе құйқаны шымырлатып жақындай береді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Енді біразда. *Сәлден соң, аз уақыттан кейін.* Абай әуелі халфенің орамдылығын сәл тамашалай түсті де, *е н д і б і р а з д а* мысқыл аралас, бір ажуаны ойлады (М.Әуезов, Абай жолы).

Енді қайтып. *Қайта айналып, екінші рет, тағы да.* Копияқиннің әйелі де өзіне сай сырт көзге момын, құдайшыл болатын да, қолға түскен тиынды *е н д і қ а й т ы п* шықпастай тереңге тастайтын (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ахметше *е н д і қ а й т ы п* Қаршығадан еш нәрсе сұрамады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕНДІ[2] с ы н. *Көлденеңі көлемді, үлкен, кең; жап-жалпақ.* Рас, өзеннің суы да мол, ағысы да қатты. Кей жері *е н д і* де (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қаланы қақ бөлген тұзды су Орал өзеніндей *е н д і-ақ* еді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Қазақстанда мидай жазық дала да, өлшеусіз *е н д і* шөлдер де көп (М.Ермеков, Қазақст.).

ЕНДІ[3] с ы н. *Ені бар, ен салынған, таңбаланған. Е н д і* қойларды қосып жіберіп те баға береміз («Қаз. әдеб.»).

ЕНДІГӘРІ ү с т. *Бұдан былай, осыдан кейін, алдағы уақытта.* Жарықтығым, *е н д і г ә р і* Абайды бұндай жерге бастай көрме, – деді Ұлжан (М.Әуезов, Абай). *Е н д і г ә р і* бұдан былай сан тексеруден, үңіле сүзіп бақылаудан өтпейінше ешбір кітап жарыққа шықпау үшін осындай тоскауыл қою қажет деп саналған, сірә («Егемен Қазақстан»). Солдаттарды босатты «*Е н д і г ә р і* тек жүр!» – деп Арыз берді олар да, Амангелді ұрды деп (О.Шипин, Дастан). Ерінің бір ескертпесін *е н д і г ә р і* қайталатпауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЕНДІГІ ү с т. **1.** *Келесі, алдағы, бұдан былайғы. Е н д і г і* жұмада тарыны орып, сөкке тоятын болдың, – деп, кемпір қуанып қояды (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Қос шелек беті үйіріліп барып тынғасын, Құбақан құлын мүшеңді бері бұрғасың, Кекілді түртіп, алқара шашты жөндеп сап, *Е н д і г і* күнім не болар деп те тұрғасың (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Шақизат *е н д і г і с і н* айтуға тілі бармайтындай мұлт кідіріп қалды

да, сөзін қайта жалғастырды (Д.Әбілев, Арман). Кісіге бес-он тиын ат болмайды, Дәнекер дүние жүрсе жат болмайды. Ойланып *е н д і г і с і н* өзіңіз біл, Әбубәкір өнебойы тап болмайды (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). **2.** *Қазіргі, бүгінгі, осы кездегі. Е н д і г і н і ң* баласына сенім жоқ. Ертең оқуын бітірген соң, үлкен қалалардың біріне білім іздеп кете барады (С.Жүнісов, Жапанда.). *Е н д і г і* өмір өткенге тіпті ұқсамайды, ұқсай да көрмесін (Ә.Жәмішев, Дала.). Жас дедік, жазды, жаңылды дедік. Бәрін кешірдік. *Е н д і г і ң е* не жорық? (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **3.** *Осы кезге дейін, күні бүгінде.* Анау қалың қызыл әскер *е н д і г і* Орал қаласын да алып қойған шығар (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ол *е н д і г і* жігіт боп қалған, шөпті ауырлап алып, тіпті алысқа лақтырады (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Ендігі бір. *Тағы да, кезектегі бір, келесі бір. Е н д і г і б і р* кезекте Базаралы өз қолымен домбыра ұсынып, Әйгерімге бұрылды (М.Әуезов, Абай жолы). Сағыныштың *е н д і г і б і р* жаңалығы жолда келе жатып, Басқанға жолығыпты (С.Асанов, Сағыныш). Әзима *е н д і г і б і р* әңгімеде Абай өлеңдерін орысша аударғысы кеп жүргенін айтты (Д.Әбілев, Арман.).

ЕНДІ-ЕНДІ ү с т. **1.** *Жаңада ғана, таяу арада, жақын мезетте.* Ел көзіне түсіп, *е н д і-е н д і* адам боп келе жатқанында, жеткізбеймін деп қыршыныңнан үзіп түскені-ақ батып барады (А.Байтанаев, Қайнар.). **2.** *Жаңадан, осы кезден бастап.* Күн сонау апайтөс таулардың басынан *е н д і-е н д і* ғана қылтиып келеді (О.Бөкеев, Қамшыгер). Ал шетелдіктердің бұл іске тартылуына *е н д і-е н д і* жол ашыла бастады. Десе де, шетелдіктер үшін мақтаны шикізат күйінде алып кеткен тиімді («Жас Алаш»). «Кетші» деп айтар ұл едім, Шаруасы болса бұл менде, Қыздарға мұздай жүрегім, *Е н д і-е н д і* жібіп жүргенде (Ж.Жұматаев, Ләйлә.).

ЕНДІК[1] з а т. **1.** *Заттың, дененің көлденеңі.* Қой шаруашылығында селекциялық тұқымдық мал жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін осы көрсеткішпен бірге организмнің тұрқы өсуінің биіктік, *е н д і к,* қаусырымдық, ұзындық өлшемдерін ескерудің үлкен мәні бар (Т.Күлтебаев, Қой төлі.). **2.** г е о г р. *Жер бетіндегі нүктенің орнын жер полюсіне қатысты анықтайтын географиялық координаталардың бірі.* 1963 жылы И.В.Максимов пен Б.А.Слепцов әрбір *е н д і к т е* атмосфера қысымының құбылыс амплитудасы әртүрлі екендігін анықтаған (Т.Омаров, Күн құбылыс.). Облыстық бетпақдала аймағы оңтүстіктен солтүстікке қарай 47–49 градус *е н д і к т і* алып жатады (А.Балтабаев, Жасыл орман). **3.** м а т. *Көлденең орналасқан координата.* Тағы бір еңбегінде Николь Орем математиканы натурфилософияға қолдану төңірегіндегі схоластикалық ой-пікірлерді жинақтап, дамыта келіп, тік бұрышты координаттардың алғашқы формаларының бірі жазық тік төртбұрыш үшін бойлық және *е н д і к* ұғымдарын енгізеді (А.Көбесов, Математика тарихы). **4.** *Жан-жақ, тұс-тұс.* Зулайды ол бүгін тұсымда менің жаңғырып барлық *е н д і к п е н* Сұрша құмдарға, құм шағылдарға таңдайы кеуіп сел күткен, сел күткен, Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып, Сағынып жүрмегендіктен! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Географиялық ендік. г е о г р. *Жер бетіндегі белгілі бір нүктенің экватордан қашықтығы. Г е о г р а ф и я л ы қ е н д і к* градуспен белгіленеді (Қ.Құрманов, Физ. геогр.). Жердің айналу осінің ығысуынан *г е о г р а ф и я л ы қ е н д і к* өзгереді (ҚСЭ). Дүниенің солтүстік полюсінің горизонттан биіктік бақылаушы тұрған орынның *г е о г р а ф и я л ы қ е н д і г і н е* тең болатын (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Гиппарк айдың тұтылу құбылыстарына бақылаулар жүргізіп, *г е о г р а ф и я л ы қ* бойлық және *е н д і к* ұғымдарын енгізген (О.Жәутіков, Математика.).

Ендік қызметі. г е о г р. *Географиялық ендіктің орнын жүйелі түрде анықтау қызметі. Е н д і к қ ы з м е т і н е* ендік өзгерісін жан-жақты тексеру, Жер полюстерінің қозғалысы туралы дерек алу жатады (ҚСЭ).

Қоңыржай ендік. г е о г р. *Континенталды емес, жұмсақ ауа-райлық географиялық қашықтық. Қ о ң ы р ж а й е н д і к т е р д е г і* ауа массасы мен тропикалық ауа массасының кездесуінен әр жерде ауаның жалпы циркуляциясы бұзылып, циклон деп аталатын зор құйын сияқты желдер түзіледі (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

Оңтүстік ендік. г е о г р. *Жер шарының экватордан оңтүстікке қараған қашықтығы. О ң т ү с т і к е н д і к т е р д е* өсірілетін мақта, күріш және бақша өсімдіктері нөл градус пен минус 5 градус аралығындағы температурада бір тәулік ішінде үсіп кетеді (Ж.Әбиев, Биология).

Солтүстік ендік. г е о г р. *Жер шарының экватордан солтүстікке қараған қашықтығы.* Сыртқы жағдайлардың маусымдық қайталап әсер етуі *с о л т ү с т і к е н д і к т е д е* айқын білінеді (Жалпы биология).

ЕНДІК[2] з а т. к ө н е. *Әйелдердің беттің ұшына қызартып жағатын сәндік бояуы.* Қостан әйкел тағынған, Жүз теңгелік опа, *е н д і к.* Екі бетке жағынған (Қыз Жібек).

Қаннан ендік жағынды. к ө н е. э т н. *Жақын ер адамы қайтыс болғанда әйел бетін тырнап, қанатып жоқтады.* Арғымақ үйірін сағынсаАртқы аяғын қағынар Алғанын бейбақ сағынса, *Қ а н н а н е н д і к ж а ғ ы н а р* (Бопы төренің қарындасы күйеуі өлгенде жоқтағаны // С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕНДІЛЕУ с ы н. **1.** *Көлденеңі үлкендеу, жалпақтау, кеңдеу.* Үлкен жарнақты қиярлардың жапырақ алақаны басқаларға қарағанда ұзынша, *е н д і л е у* және қалыңдау келеді (Д.Әбілев, Помидор). Әдетте ердің алды қысыңқы болады да арты *е н д і л е у* келіп, екі қапталды алдыңғы басы аздап шалқайыңқырап жоғары қарай сәл ғана шалыстау қайқая шабылады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). **2.** а у ы с. *Жуандау, семіздеу, толықтау.* Ентігіп *е н д і л е у* бір әйел кірді («Қаз. әдеб.»).

ЕНДІЛІК з а т. *Жалпақтық, кеңдік, көлденеңдік.* Дүниеде ұлылы-кішілі өзен көп. Бірі оның *е н д і л і г і м е н,* екіншісі ұзындығымен, үшіншісі бұрқанған адуын арнасымен белгілі («Лен. жас»). Ұзындығы 8–9 кез, *е н д і л і г і* жарты сажынға толатын жапырақтар бар (А.Байтұрсынов, Оқу құралы). Культивация сапалы болу үшін оның тереңдігі де, *е н д і л і г і* де ойдағыдай болу қажет («Соц. Қаз.»).

ЕНДІР= е т. **1.** *Кіріктіру, кіргізу.* «Иранбақ қамалы» дегеніміз, қақпасын қаланың ішіне *е н д і р е* салған, көлемді бақты қоршаған кең де қалың саман дуал (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **2.** а у ы с. *Пайдалануға беру, қолдану, іске қостыру.* Министрдің пайымдауынша, ақшасы жоқтарға несиелеу жолымен оқыту тетігін *е н д і р г е н* абзал («Егемен Қазақстан»). **3.** а у ы с. *Жаулап алғызу, жаулату.* Есен барса жолбарысың *Е н д і р е м і н* дұшпанды Мәдет берсе Құдайым (Қамбар батыр).

Арман құшағына ендірді. б е й н. *Қиялдатты, армандатты.* Әр сөз, әр жол оны жастың *а р м а н ы н ы ң қ ұ ш а ғ ы н а* еріксіз *е н д і р і п,* тәтті дүниенің қол жетпес қақпасына жетектеп кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Естерін ендірді. *Есін жиғызды, өз-өзіне келтірді.* Артынан аңдып келіп алдым тауып, Сіздерді қойған екен қымтап-жауып, Есіркеп, *е с т е р і ң д і* жаңа *е н д і р е м,* Қылмаңдар, Құдай ақы, менен қауіп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕНДІРЕК с ы н. *Енділеу, кеңдеу, жалпақтау.* Жазық далада егістіктерді қорғайтын орман алқабын *е н д і р е к* етіп, 7-11 қатарға дейін жеткізуге болады (А.Балтабаев, Жасыл орман.). Егер қызылшаның қатар аралығы кең болса, оған су жүретін бороздаңы да *е н д і р е к* етіп жүргізуге болады («Жетісу»).

ЕНДІРКЕ= е т. с ө й л. ***Ендіркеле.*** Ұмтылып алтын арай иек артып, Шыңдарды күннің нұры жаңа шарпып. Сәскенің мезгілі еді *е н д і р к е г е н,* Тұманды қойнауларға жұтқан тартып (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

ЕНДІРКЕЛЕ= е т. *Киіп-жару, өктемсу, еркінсу.* Елгелді жігіттері *е н д і р к е л е п* көтерілейін деп еді, Таубай қозғалмады, артын бақты (С.Талжанов, Ұлдай.). Жұрт әкесінің үйіндегі балаларша *е н д і р к е л е п,* әлі кеткісі келер емес (Д.Әбілев, Арман.). Сүйінші, – деп, Өтеш те *е н д і р к е л е й* сөйлей бастады (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕНДІРКЕЛЕУ *Ендіркеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е н д і р к е л е у і н* қоймады.

ЕНДІРМЕ[1] з а т. э т н. қ о л ө н е р. *Бір басы үшкір үшбұрыш түріндегі геометриялық өрнектің аты.* Мұндай өрнектер ши орауында, терме бауларда, кілем-алашаларда, сүйек өрнектерінде көбірек кездеседі. Ондай өрнектерді кейбір жерлерде *е н д і р м е* деп те атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Е н д і р м е* өрнегі екі затты сыналап көлемдеу әдісінде қолданылады. Бұл көбінесе бір басы үшкір келген геометриялық үшбұрыштардан түзіледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕНДІРМЕ[2] з а т. *Жеке авторлардың шаруашылықтың, тұрмыстық қызметтің түрлі салаларында пайда беретін жаңалығы.* Қасымның *е н д і р м е с і* өндірісте кеңінен қолдау тапты («Лен. жас»).

ЕНДІРМЕ[3] з а т. м а т. *Берілген бұрышты теңдей үшке бөлу үшін қолданатын математикалық әдіс.* Берілген бұрышты тең үшке бөлу проблемасын шешуде біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырдағы грек математиктерінің қолданған бір тәсілі – *е н д і р м е* әдісі делінетін әдіс (О.Жәутіков, Математика.).

ЕНДІРУ[1] *Ендір етістігінің қимыл атауы; қолдандыру.* Жоспарлы тұтыну және өнімге бекітілген жоспарлы баға ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін *е н д і р у г е,* ресурсты үнемдеуді жүзеге асыруға, өнімнің сапасын арттыруға, өндіріс шығындарын төмендетуге мүмкіндік туғызбайды (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ЕНДІРУ[2]= е т. қ о л ө н е р. *Енін үлкейту. Е н д і р у* – еніне қосу; енін үлкейте түсу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕНДІРІЛ= е т. **1.** *Кіргізілу, ішке тартылу.* Теледидар сыртқа шығарылған антенна арқылы жұмыс істейтін болса, ол сол антеннаға жалғастырылып, үйге *е н д і р і л е т і н* кабель қысқа болатындай жақын жерге орналастырылуы керек (М.Бекбауов, Көгілдір.). **2.** *Тіркелу, есепке алыну, қосылу.* Қазақ тілінде информациялық хабар дайындауға съезд секретариатына Ғ.Мүсірепов екеуміз *е н д і р і л г е н б і з* (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **3.** а у ы с. *Қолданылу, пайдаға асырылу.* Сондай-ақ, жұмыссыздарды қаржыландырудың жаңа бағдарламасы *е н д і р і л г е н* (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.).

ЕНДІРІЛУ *Ендіріл етістігінің қимыл атауы.* Радио әдісі ғылымға, техникаға, өндіріске және халық шаруашылығына *е н д і р і л у д е* («Халық мұғ.»).

ЕНЕ з а т. **1.** э т н. *Ерлі-зайыптылардың шешелерін білдіретін туысқандық атау.* Бұл кісі мына Шолпанның мамасы, менің *е н е м* деп таныстырды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Қынай *е н е с і м е н* бірге тұрады (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Е н е ң* болмаса да, инең болсын [Мақал]. Орынсызға сөз қатып, Күнәға батпа, келіншек! Байыңнан бұрын төсекке Өзің жатпа, келіншек! Үй басына қыдырып, Өсек айтпа, келіншек! Рас сөзді өзгертіп, Жалғанға сатпа, келіншек! Атаң, *е н е ң* жұмсаса, Бола көрме еріншек! (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Сауыр етіктің табаны талда болса, Қырық кісінің ақылы ханда болса. Сірә, еркіңе қоймаймын, жан *е н е к е*, Қайнымның тұрысын айт, әлде болса (Қозы Көрпеш.). **2.** *Аң, мал төлінің аналығы. Е н е с і н* жақсы азықтандырған меринос қозылар есейгенде жүнді де көп береді (Шопан кітабы). Мүмкіндігінше *е н е с і* жарытпаған қозыларға қой сүтінің орнына сиырдың уызын қолданса да болады («Лен. жас»). *Е н е с і* тепкен құлынның еті ауырмас (Мақал). **3.** к ө н е. *Баланың анасы, шеше.* Алып туар *е н е д е н*, Ат туады биеден, Сұрағаның дұрыс қой, Сынағаның мақұл ғой. Сіз деген сөзден, Меңлібай, Сен деген сөзім жақын ғой. Ежелден сенің ақынға Құрдастығың батыл ғой (Бақтыбай ақын, Жел қобыз.). *Е н е д е н* екеуміз. Бірақ екеуміз екі түстіміз. Заты жат жаралған дегенің болмаса, менен Қамар артық (Д.Әбілев, Ақын.). Тілеміс *е н е д е н* қағына туып, он үш жасынан ұрлыққа араласады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **4.** а у ы с. *Асыраушы, өсіртіп-өндірген жеткізуші, өмір, азық көзі.* Ертіс даңқы елге аян. Ертіс – ен даланың ежелгі *е н е с і* (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Бір ененің егіз туған төліндей. *Бір-бірінен айнымайтын, ұқсас.* Байтақ дала жатыр шеті көрінбей, Қазақ елі көңіліңнің кең төріндей. Дон мен Тобыл топырағы туыстас *Б і р е н е н і ң е г і з т у ғ а н т ө л і н д е й* (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Ене бауырындағы құлындай. б е й н. *Тым жақын, әрдайым жанында.* Әйел еркекке *е н е б а у ы р ы н д а ғ ы қ ұ л ы н д а й* жанасып жүріп ие, не шеттеп тайталасып жүріп те сүйеніп өседі (М.Әуезов, Шығ.).

Енеден екі туды. *Дүниеге қайта келгендей болды.* Тұғырға қонды қайта қанды балақ. Сапаққа жаңа кірді жан домалап, *«Е н е д е н е к і т у д ы ң,* Сапағым!» – деп Мәз болып Үйсін, Дулат кетті тарап (І.Жансүгіров, Таңд.).

Ене көрген. *Үлгі-өнеге көрген, ата-ананың тәлім-тәрбиесін алған.* Ата көрген оқ жонар, *Е н е к ө р г е н* тон пішер (Мақал).

Ене қасқыр. *Қаншық қасқыр, құртқа.* Зиянды сауданды пайдалы қылуына болады, дер кезінде пайдаланып қал, неге десең, өмірі мен саған *е н е қ а с қ ы р м е н* бір есеп боламын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ене мен келіндей. а) ж а ғ ы м д ы. *Бірі үлкен, бірі жас, сырлас, сыйлас әйелдерше.* Сол қайғы үстінде күндегі бір-біріне мұң айту, күрсіне отырып зарларын шағу, екеуін әбден келін мен ата халінен кетіріп, ортақ қайғыдағы *е н е м е н к е л і н д е й* немесе әке мен баладай жақындатқан (М.Әуезов, Абай жолы). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Бірі үлкен, бірі жас бір ошаққа таласқан міншіл әйелдерше. Е н е м е н к е л і н д е й* емес, бір үйдің қызындай болсаңдаршы (Ауызекі).

Енесіне асыққан құлындай. б е й н. *Аңсары ауып, ентелеген, алды-артына қармай аптыққан күйдегі. Е н е с і н е а с ы қ қ а н қ ұ л ы н д а й* құлдыраған баланы көріп, бүкіл топ ақтарылып тоқтап қалды (Н.Сералиев, Ыстық күлше.).

Енесіне ентелеген ботадай. *Анасының бауырына ұмтылған бота тәрізді.* Келіншектау май айында көрікті. Бурыл бұлттан Киіп алған бөрікті. *Е н е с і н е е н т е л е г е н б о т а д а й* Етегіне Тас төбелер шөгіпті (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Енесінен айырды. *Төлді енесінен бөліп, енесін суалтты. Е н е с і н е н а й ы р ғ а н н а н* кейін қозылар жақсы суаты бар, жұмсақ, көк шөпті өрістерде бағылады (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

Енесінен жаңа туғандай. б е й н. *Тап-таза, жайнап тұрған, кір шалмаған. Е н е с і н е н т у ғ а н д а й ж а ң а* ғана, Өлген қала орнында жаңа қала. Адам деген – құдірет, құдірет қой, Адам ізі жалғанда жоғала ма?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Енесін көрген қозыдай. б е й н. *Жамырасып, шуласқан деген мағынада.* Неге шулайсыздар, *е н е с і н к ө р г е н қ о з ы д а й* еміреніп (Х.Есенжанов).

Енесін ұрайын [ұрды]. б е й п і л. *Біреуге немесе бір нәрсеге қатты ашуланғанда айтылатын, тіл тигізу, боқтау сөз.* Ой, *е н е с і н ұ р а й ы н,* өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! (Абай, Тол жин.). *Е н е с і н ұ р ы п* болыстықтан басқа қызыметке тұрма! Сені қайтсек те Сартауға болыс қоямыз. Бізге тек Әбеннің *е н е с і н ұ р ы п* берсең болғаны! – деп Мұқашты құтыртты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Кіндік ене. э т н. ***Кіндік шеше*** *(жаңа туған нәрестенің кіндігін кесуші әйел, кіндік шеше).* Бір сөз айтсам, балам-ау, күлермісің, Біздікінде аял ғып жүрермісің. Баян қыздың күйеуі сен болғанда, *К і н д і к е н е ң* мен едім білермісің (Қозы Көрпеш.).

Қайын ене. э т н. *Ер адамның әйелінің шешесі.* Сүйеу қарт соңғы қозысын сойып, қазан көтертті. *Қ а й ы н е н е с і* де пейілді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қасболат бұл күнде

ауылдың үкімет бастығы. – *Қайын енең* сол кісінің қолында, аман жүріп жатқан көрінеді (С.Омаров, Дала қызы).

ЕНЕНҒАРА-АЙ о д. ж е р г. *«Ананы қарай көр» деген одағай сөздің кіріккен түрі. Е н е н г а р а-а й*, мына не сұмдық! (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕНЕДЕЙ с ы н. *Ене сияқты, ене тәрізді.* Менен жамандық күтпе, ата-анаңнан артық, туған *е н е ң д е й* боламын (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Әлі сол қалпы екі өзен Емізіп жатыр *е н е ң д е й.* Жайыңды жұртым, күп сезем, Жылың жоқ қалған кенелмей (Ғ.Орманов, Жер.).

ЕНЕЖАП з а т. ж е р г. *Үлкен арық.* Мына *е н е ж а п т ы* бұрын басқаша – хан жабы – деп атады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕНЕК з а т. қ а р а п. ***Ең** (адамның, жануарлардың аталық безі).* Бұқаның *е н е г і н* пішіп тастаса, өгіз болады (Ауызекі).

ЕНЕКЕ[1] з а т. к ө н е. **1.** э к с п р. *Шешетай, шешеке деген мағынадағы анасын еркелету, құрметтеу нышанымен айтылатын қаратпа атауыш. Е н е к е,* сен шығардың бір сұмдықты, Сауармыз құлын өлсе бір қулықты (Қозы Көрпеш.). – Мен үйімнен шыққалы алты ай болды, Мінген атым астымда тайдай болды. Есітіп, біліп көргенің бар ма, *е н е к е,* Қарабайдың ауылы қайда болды? (Қозы Көрпеш.). **2.** *Анасын еркелету, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш. Е н е к е м н і ң* еміп кет, Төсінде екі мамасын Сабындаса ағармас, Іштен туған қарасын (Қобыланды батыр).

ЕНЕКЕ[2] з а т. **1.** з о о л. <лат. bubalus> *Жұптұяқтылар отряды құысмүйізділер тұқымдасына жататын күйіс қайыратын сүтқоректі жануар. Е н е к е л е р* орман-тоғайларда, жазықта және тауда (3000 м биіктікке дейін) кездеседі. Жалқы, сирек те болса егіз бұзау туады. *Е н е к е л е р д і ң* 2 түрі белгілі: азия енекесі (Bubalus arnee) және африка енекесі (Bubalus caffer) (Қаз. тілі термин. Биология). Су арыстаны... тіпті *е н е к е г е* де шабуыл жасайтын көрінеді (Бабырнама). **2.** *Сиыр, бұзаулаған сиыр.* Бұрын балырақ кезімде: «Ел жатса да, *е н е к е м* жатпайды», – деп ешкінің мүйізін жұмбақ қып айтатыны есімде бар-ды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Сиырдың мазасыздығын «Ел жатса да, *е н е к е м* жатпайды» деп жұмбаққа қосқан (М.Ермеков, Тарту).

ЕНЕКӨКІРЕК с ы н. ж е р г. *Азғантай, азын-аулақ, аз-маз.* Жұрттың *е н е к ө к і р е к* айран-шалабы бар ғой (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Енекөкірек етті. ж е р г. *Талшық етті, азық етті.* Мынау үйдегі азғантай азық-түлікті сендерге ала келдім *Е н е к ө к і р е к е т е* тұрыңдар, кейінгісін тағы көреміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕНЕЛІ с ы н. *Енесі бар. Е н е л і* жанға не керек, Еркелей бермей қартайып! Тартты деп жасым егдерек, Жатайын неге жантайып (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

ЕНЕЛІ-КЕЛІНДІ с ы н. *Бірі ене, бірі келін, енесі және келіні қоса. Е н е л і-к е л і н д і* екеуінің бір-біріне жылы сөз айтысқаны да, бір-бірін жақын сезінгені де осы жолы еді (Ә.Тарази, Асу-асу).

ЕНЕПАЙ с ы н. ж е р г. *Қыруар, көп.* Осы күнде қолхозда *е н е п а й* жұмыс бар ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕНЕТАЙ з а т. э к с п р. *Туған шешесінен немесе енесінен бір нәрсені өтініп сұрағанда құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.* Ақырында сол өсектің құрбаны болған жоқ па, аруағыңнан садаға кетейін *е н е т а й ы м* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕНЕШ з а т. с ө й л. *Енетай, енеке.* Сен дәрменсіз балақан! Енең дән де тереді, Шегіртке ұстап береді *Е н е ш і ң н і ң* қасынан (М.Әлімбаев, Орақ).

ЕНЖАР с ы н. **1.** *Ықылассыз, ниетсіз, ынтасыз, салғырт (қатынас).* Әңгіме осыған тірелгенде көңілге алуан түрлі күдікті ой келеді. Жапонияның Қазақстанмен салыстырғанда осыншама құлдырап кейін қалуының себебі неде? Бәлкім, Жапонияның оқу орындарын көптеп ашуға шамасы келмей, қаржысы жетпей жатқан шығар? Мүмкін, жапон халқы қазақтарға қарағанда білім алуға *е н ж а р* ма екен? («Қаз. әдеб.»). **2.** *Селқос, сүлесоқ, дел-сал (күй).* Мұндай күндері адамның да көңілі бір түрлі жадау тартып, ештеңеге мойны жар бермей, *е н ж а р* бола бастайды екен (Б.Тілегенов, Көктем.). *// Ниетсіз, ынтасыз адам.* Ынталының ісі лезде бітеді, *Е н ж а р д ы ң* ісі кейін кетеді (Мақал).

Енжар көңіл. *Ықылассыз, ынтасыз, амалсыз пейіл, ниет.* Қалтасында ақшасы жоқ, басқа табар табыс көзі тағы жоқ, жағдайымды жақсартам ба деп пәленбай жыл еңбек етсе де, көзге көрінбейтін қаржы-қаражаты жоқ, аузы-мұрты майланбаған ауыл адамы көктемнің келуіне байланысты тағы бір әрекет жасап көрейік деген *е н ж а р к ө ң і л м е н* далаға қарап тұр («Жас Алаш»). Құрыстап денең дел-сал боп, Буының сыздап сырқырар. Құлазып *к ө ң і л е н ж а р* боп, Бұзылар ойдың шырқы бар (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Енжар қалдырмады. *Бейтарап қалдырмады, ойландырды, көңіл бөлді.* Ежелден еліміздің күнкөріс тірлігінің, берекесі мен бірлігінің ұйытқысы, алтын бастау, аялы ұясы болып келген ауыл тағдыры бүгінде әрбір есті азаматты *е н ж а р қ а л д ы р м а й т ы н* ерекше мәселе («Қаз. әдеб.»).

Енжар қарады. *Қалай болса солай істеді, ниетсіз болды.* Сен көңілсіз бұйығысың, бар нәрсеге *е н ж а р,* ынтасыз, салқын *қ а р а й т ы н* болып барасың (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Енжар қарау. *Салғырттық көрсету, қалай болса, солай істеу, ниетсіз болу.* Бізде шаруаға әлі де немқұрайлы, *е н ж а р қ а р а у* басым (З.Шашкин, Сенім).

Енжар қорғаныс. ә с к. *Нысаналарға қарай ұшқан зымырандарды ұстау жөніндегі «белсенді» шаралардан азаматтық және әскери нысаналарды сол нысаналардың өздерін өзгерту арқылы ерекшеленетін қорғаудың түрі.* Азаматтық нысаналарды *е н ж а р қ о р г а н ы с* шаралары радиацияға қарсы баспаналарды және азаматтық қорғаныстың басқа да түрлерін қамтиды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Енжар радиолокация. ә с к. *Нысананың өзінен тікелей шығатын және оған сыртқы кеңістіктен және басқа көздерден түсетін энергияда бейнелейтін, жиілігі өте жоғары электрмагнитті қабылдау негізінде нысананың орнын табу және анықтау әдісі. Е н ж а р р а д и о л о к а ц и я д а* табылған объектіні сәулелендіру қажеттігі болмағандықтан, енжар радиолокаторларда радиоқабылдағыш болмайды және қарсыластардың радиотехникалық барлауы оны анықтай алмайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЕНЖАРЛАН= е т. **1.** *Селқостану, марғаулану, сүлесоқ күйге түсу, көңілсіздену.* Манадан бері шам жақпай *е н ж а р л а н ы п* жатқан Ақбілек дереу атып тұрып, шам жағып, жерге қойды да, қағазды жеп қоятындай қадалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл уақыттың бәрінде Ақанның көңілі *е н ж а р л а н ы п,* үйқысы шала болды (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Жүрегі қобалжып, тілемеген, қаламаған сүрғылт күндердің жақындығын сезіп, көңілі *е н ж а р л а н ы п,* екі күннің ішінде көзі кіртиіп, қатты құлады (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Салғырт қарау, ынтасыздану.* Қысқасы, қарын рағына *е н ж а р л а н а* сырттай қарамай, олармен күрес жұмысын ұйымдасқан түрде белсене жүргізу керек (Х.Әбисатов, Қарын рағы).

ЕНЖАРЛАНУ *Енжарлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е н ж а р л а н у д ы ң* зияны.

ЕНЖАРЛАС= ет. *Бір-бірін ықтей жаратпау, бір-біріне ниетсіз болу.* Арғы бетте жүргенде де екеуміз болымсыз бірдемеге *е н ж а р л а с ы п* араласпай кеттік емес пе (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕНЖАРЛАСУ *Енжарлас етістігінің қимыл атауы.*

ЕНЖАРЛАТУ з а т. т е х. *Металдарды тат басудан сақтау үшін олардың беттерін оксидтермен қаптау. Е н ж а р л а т у* – металдардың беткі қабатын активті күйден (химиялық тұрғыда) коррозиялық беріктендіру мақсатымен пассивті күйге көшіру (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЕНЖАРЛАУ с ы н. *Селқостау, сүлесоқтау, көңілсіздеу.* Тіпті селқос, *е н ж а р л а у* күйде. Маңайына бұрылып қарамайды да (Б.Тілегенов, Аққайнар). Жүрегі лүпілдеп, көңіліне секем алып, сезікті бір оймен *е н ж а р л а у* келе жатты (Ш.Байбатшаев, Бел-белес). «Менің семіргенім де күлкі ме» дегендей ишаратпен тыжырынып, шайды *е н ж а р л а у* ұрттап, салқын да маңғаз рәсми қалып сақтап қалды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЕНЖАРЛЫҚ зат. **1.** *Селқостық, сүлесоқтық, керенаулық, самарқаулық. Е н ж а р л ы қ т а н* туатын езбе сөздерді ол айығары жоқ күзгі ақ жаңбырдай сезінеді (Р.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** *Қамсыз-қаракетсіздік, бейқамдық, бейжай болушылық, салғырттық.* Бұқара мен билік, ауқаттылар мен жоқ-жітіктер арасындағы атшаптырым алшақтық, экономикалық *е н ж а р л ы қ* және саяси самарқаулық, сыбайлас жемқорлық, олигархиялық байлыққұмарлық пен биліккұмарлық та содан [монополизмнен] өрбитіні сөзсіз («Егемен Қазақстан»). Біз бұл жерде жан-жақтың барлығын қап-қара етіп көрсеткіміз жоқ. Бірақ қоғамдық көңілкүй температурасының қарапайым адамдар арасында *е н ж а р л ы қ* пен бейжайлықты көрсетуі, сөз жоқ, алаңдатарлық жағдай («Жас Алаш»). Ақын тағы тезге салып көріп еді ақылды, Ақыл барып Өжеттікті сырласуға шақырды. *Е н ж а р л ы қ т ы ң* шерткен сырын өзек қып (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Еш нәрсеге зауқы болмаушылық, еріншектік.* Айлар өтісімен-ақ мен бір түрлі құлази бастадым, екі иығыма *е н ж а р л ы қ* атша мінип алды (Х.Ерғалиев, Шындық.). Желкеме мінген *е н ж а р л ы қ* пен жалқаулық қолымды іске жібермеді (А.Сарбопин, Аспалы бесік). **4.** *Шаршағандық, қуаты кеткендік, жасы келгендік.* Түсіндім көп нәрсеге, жетті көзім, Көбісі көлгірсітіп, етті мезі. *Е н ж а р л ы қ* пен егделік қарайды, әне, Нұрсыз, түссіз тұнжырап етті көзі, Түсіндім, елегізер кетті кезім (М.Мақатаев, Шығ.). **5.** п с и х. <лат. passivus> *Адамның белсенділікке қарама-қарсы қасиеттерінің бірі. Е н ж а р л ы қ* адамда әрекетсіздік, немқұрайдылық, ынтасыздық, еріксіздік сияқты және т.б. қасиеттер арқылы көрінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЕНЖАРМА з а т. *Бір жарым еннен тұратын зат.* Балаларға *е н ж а р м а* қылып, көрпе жасап бердім (Ауызекі).

ЕНЖАР-МАРҒАУ с ы н. *Салғырт-селқос, самарқау.* Солай ма, – деді Крейгель. Сұраудың орағы боп иілуге, ілінуге келе жатқан дауыс, кенет *е н ж а р - м а р ғ а у* тартты (А.Сүлейменов, Бесін).

ЕНЖЕР с ы н. с ө й л. ***Енжар***. *Е н ж е р* болман өз мұңыммен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕНЖУ з а т. **1.** с ө й л. ***Інжу***. *Е н ж у* ізде, іздеуші, тулаған толқыннан қорыққан ба! (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). *Е н ж у* мен ақ меруерт мойнында, Ұрлаған екі алмасы қойнында. Теңдессіз жар табуды арман еткен, Бақыттың дариясында шомылуда (И.Байзақов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің ең жақсысы, қадірлісі, бағалысы.* Өлеңде боп бар ұжданың, бар жаның Сұрыптайсың лағыл, *е н ж у,* маржанын Өз тапқаның өзіңе асыл көрінер, Жұрт айырар бірақ қымбат-арзанын (Қ.Тоғызақов, Таңд.).

ЕНЖУДЕЙ с ы н. с ө й л. ***Інжудей***. Көңілімді, көзімді, Өмірімді, өзімді, *Е н ж у д е й* тізген сөзімді... Шамшырақтай жандырған (Жамбыл, Тол. жин.).

ЕНЖУ-МАРЖАН з а т. с ө й л. ***Інжу-маржан.*** Төгілтіп *е н ж у-м а р ж а н* сәукелесін, Сұлудай серпіп ашқан шәй көрпесін (А.Жұмағалиев, Өлеңд.). Безенген өне бойы *е н ж у-м а р ж а н,* Бриллиант, алтын, яқұт, гауһар тасы. Сол елде Сәмен дейтін бір жігіт бар, Құрбылас әлгі қызбен жас шамасы (XYIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕНЖҰРҒА з а т. с ө й л. ***Үнжырға***. Жақып кірді. *Е н ж ұ р ғ а с ы* түскен, бұрынғысындай жайраңдамайды, жылпыл дамайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Неге екені белгісіз, Олжабайдың *е н ж ұ р ғ а с ы* бұрынғыдан бетер түсіп кетіпті (Ә.Әбішев, Замана.). Бір орынға он адам білім таластырып жатқанда, орта, жақсы деген бағамен озып шығу мүмкін еместігін ойлап, Ғанидың *е н ж ұ р ғ а с ы* түсе бастады (М.Иманжанов, Көк белес.)

ЕНЖІЛ з а т. д і н и. с ө й л. ***Інжіл***. *Е н ж і л д і* саулатқанда даусы қандай Шіркеудің қабырғасын күңірентіпті (Ғ.Қайырбеков, Дала.). Керейдің төрт биі: Көкен, Бейсенбі, Құлыбек, Топан деген адамдар. Құнанбай Керейдің төрт би сайлағанын дәріптеп былай депті: Құдайдан түскен үлкен кітап төртеу еді: Тауарт, Забур, *Е н ж і л,* Құран. Құдайдың ең жақын періштесі төртеу еді: Жабырайл, Газырайл, Ысрафил, Микайыл. Мұрсал пайғамбарлар – Құдайдың ең жақын досы – төртеу еді: Мұса, Дауыт, Ғайса, Мұхамбет. Мұхамбет пайғамбардың серігі – төртеу еді: Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғали. Ислам дінін таратқан имам төртеу еді: Ахмет, Мәлік, Шайхи, Ағызам («Жұлдыз»).

ЕНҚАП з а т. а н а т. *Аталық жыныс безінің, оның қосымшасының орналасқан қабығы.* Аталық жыныс гормоны түзілетін жұп жыныс безі ең қосымшасымен бірге *е н қ а п т а* орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕНСІЗ[1] с ы н. *Ені тар, қысқа, көлденеңі тар.* Өзеннің бұл тұсы *е н с і з,* шамасы екі жүз метрдей болатын (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Әлдекім өзеннің *е н с і з* жеріне ұзын бөрене тастапты. Қыл көпір. Жүрегі дауаламай Күміс ана біраз дағдарды («Ана тілі»). Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен, *е н с і з* кереге сықылды, жалғыз тау (М.Әуезов, Қараш.). Жай өрмек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме баулар сияқты *е н с і з* нәрселер үшін тоқылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Енсіз жапырақты кассия. ө с. *Жапырақтары мен жемісі іш айдайтын дәрі жасауға пайдаланылатын бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік түрі. Е н с і з ж а п ы р а қ т ы к а с с и я* Пакистан мен Үндістанда өсіріледі (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЕНСІЗ[2] с ы н. *Белгі-таңбасыз, ені жоқ, ен салынбаған.* Бір қора қойдың ішінде ендісі де, *е н с і з д е р і* де аралас екен («Соц. Қаз.»).

ЕНСІЗДЕУ с ы н. *Ені тарлау, енсізірек.* Қайыңды өзенінің бойы Мойылды өлкесінен *е н с і з д е у,* алайда бас-аяғына көз жеткізгісіз ұзақ көрінеді (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЕН-ТАҢБА з а т. *Ерекшелейтін шартты белгілер.* Халықты айтпағанда, мал екеш малдың да *е н - т а ң б а с ы* болмай ма? (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Сөздіктің бір бағанасындай етіп малдың әртүрлі *е н - т а ң б а с ы н* да жаздым (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

Ен-таңба салды. *Белгіледі, таңбалады.* Ескіден келе жатқан рәсім: мына жаман ағаңның астына мінген ырымы, мынаған өз қолыңнан *е н т а ң б а с а л ы п* кет (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕНТАҢБА з а т. и н ф. <ағыл. label> *Бағдарламалау тілдерінде командаңың сәйкестендірушісі (идентификаторы). Е н т а ң б а* – бағдарлама операторына тіркеліп жазылатын және онда осы операторға қатынауға пайдаланатын идентификатор (Қаз. тілі термин. Информатика.). Қатты *е н т а ң б а с ы* бар дискетте әрбір секторға арналған тесіктер бар, ал қатты онтаңбасы жоқ дискеттерде тек бірғана тесік бар (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Ентаңба блогі. и н ф. <ағыл. label block> *Ентаңбасы бар магниттік тасуыш блок.* ≈ *Е н т а ң б а б л о ғ і н* қосу.

Ентаңба өрісі. и н ф. <ағыл. label field> *Ентаңбаны жазуға арналған стандартты бланк өрісі.* ≈ *Е н т а ң б а ө р і с і н і ң* жұмысы.

Ентаңбаларды айырып тану. и н ф. <ағыл. mark recognition> *Белгілі әдістер арқылы ентаңбаларды тасуыштан шығарып оқу. Е н т а ң б а л а р д ы а й ы р ы п т а н у* – ақпараттың кірістік ағынындағы ентаңбаларды бөліп алу немесе мәліметтерді орналастыру кезінде жүйеде қарастырылған тәсілден өзгеше әдіспен берілген ентаңбаларды тасуыштан шығарып оқу (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Ентаңбаларды өңдеу. и н ф. <ағыл. label processing> *Пайдаланушымен немесе операциялық жүйемен іске асыратын томдағы ентаңбаны даярлау, толтыру және тексеру.* ≈ *Ентаңбаларды өңдеу* ісі.

ЕНТАҢБАЛА= е т. и н ф. <ағыл. formatting> *Қолғабыстың ақпаратты жазу арқылы тасуышты пайдалануға дайындау.*

ЕНТАҢБАЛАУ *Ентаңбала етістігінің қимыл атауы.*

Ентаңбалауға арналған саңылау. и н ф. <ағыл. sectoring hole> *Қажетті секторды анықтауға мүмкіндік беретін 5,25 дюймдік иілгіш дискідегі тесік. Ентаңбалауға арналған саңылаудың* диаметрі онша үлкен емес және дискінің өзінде ойылған, фотоэлементпен анықталатын жарық сәулесі тесік арқылы өтеді (түседі) (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЕНТЕК с ы н. с ө й л. ***Әнтек.*** Ақыл, ой бар сезігін ұйқы жеңген, Қанын тартқан ішіне құба өңмен. Айқасып кірпіктері тыным алған, Ақ жүзі *е н т е к* қана күңгірттенген (Ш.Әбенов, Ортақ арал.).

ЕНТЕЛЕ= е т. **1.** *Кимелеу, өзеуреу, киіп-жару.* Ол мешітке көзін салған жоқ, шатырға *е н т е л е й* кіріп келді, Биби ханымның бұрақ белін таң атқанша алып білегімен айқастыра қысып, бос тұрған сұлу сауыттай-ақ құмарлықтың қатты ашыған, ыстық сусынын толғанша құя берді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өздері неткен көп еді, Қаптаған жердің құртындай. *Е н т е л е й* басып келеді, Қатары сиреп жыртылмай (М.Мақатаев, Шығ.). Жадыра жеңгей азырақ елегізгендей *е н т е л е й* басып, тысқа шықты (С.Талжанов, Сейфулла.). **2.** *Асығу, аптығу.* Мәселен, Қазақстандағы табиғи уранның көптеген кеніштері әлі игерілген жоқ. Мұны көріп-біліп отырған Батыс фирмалары қазір Қазақстандағы осы кеніштеріне *е н т е л е п,* ен салып, шыбын-шіркей болып шапқылап жүр («Жас Алаш»). Тоқал сұр дөненін тебініп жіберіп, Ақмаралдың қасына *е н т е л е п* жетіп барды (Ғ.Орманов, Жүрек). Ішіл ит шынжырын жұлқа *е н т е л е п,* ескі қыстауға қарай тартады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **3.** а у ы с. *Алыстан көрініп менмұндалау.* Боздаған бойымды алып бозшағылым, Қосылдым жүрегімде қозса мұңым. Ен дала, *е н т е л е г е н* өз сағымым, Егіліп, елжіредім озса күнім («Қаз. әдеб.»). Айналамда шошақ шоқылар мен шұңғыл сайларды елестететін, жартастың жалаңаш та ұзақ сұлбасы *е н т е л е й д і,* кей жерлерде үңгірлер аузы аңқая үңірейеді («Қаз. әдеб.»).

Еміне ентеледі. *Барын сала, жан-тәнімен кимеледі, ұмтылды.* Жобасы тағы бір бұлан бұталарды қырата басып мұны ізденіп келе жатқандай. Бұл бұрыла қарағанда көсем бұлан үйіріне бір уыс ақ қылшық біткен аналықтың *е м і н е е н т е л е п* келіп қалғандығын аңғарды («Қаз. әдеб.»).

Ентелей түсті. *Алға ұмтыла берді, кимеледі.* Кіші Сорақ поселкесінің осы күнгі көрген күнін адам баласына бермесін дейік. Күн сайын ерсілі-қарсылы гүр-гүр етіп, «Кәне, кімнің үйін бұзайын?» деп *е н т е л е й т у с к е н* бульдозерлер тұрғындардың зәресін алып біткен («Жас Алаш»).

Ентелей шықты. *Тез, шапшаң көтерілді.* Сол ұлы Абайдан кейінгі шайырларды былай қойғанда, Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбеттей қырғи тілді, асқақ үнді ақын болған жоқ. Қазақ даласының қадау-қадау айтқыш ақындары *е н т е л е й ш ы қ қ а н* белестердің ең биігінен Махамбет тұлғасы жарқылдай көрінеді («Жас Алаш»).

ЕНТЕЛЕН= е т. *Кимелену, асығу.* Ен даладан өткенде, Қалмаққа жақын жеткенде, Көңлі өсіп батырдың *Е н т е л е н і п* ол жүрді (Батырлар жыры).

ЕНТЕЛЕҢ: ентелең қақты. *Ентелең-ентелең етті, елпеледі.* Сыртқы дабырды құлағы шалған баласы *е н т е л е ң қ а ғ ы п* сыртқа шықты («Лен. жас»).

ЕНТЕЛЕҢДЕ= е т. *Ентелең қағу, киіп-жару.* Алмалап екі жағын *е н т е л е ң д е п* Көксағым қарғығанда жер төменде (С.Керімбеков, Еңбек – ата.).

ЕНТЕЛЕҢДЕУ *Ентелеңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е н т е л е ң д е у м е н* келеді.

ЕНТЕЛЕҢКІРЕ= е т. *Ұмтылыңқырау, килігіңкіреу.* Денесі ширыға түскен ол Жақыманнан көзін айырмаған күйінде шананың жанына *е н т е л е ң к і р е п* тақай түсті (Қ.Оразалин, Көктем). Еріксіз аяғымды адымдай басып, есікті шапшаңырақ ашып, *е н т е л е ң к і р е п* кіріп бардым (Б. Тұрсынбаев, Ауылда.).

ЕНТЕЛЕҢКІРЕУ *Ентелеңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЕНТЕЛЕС= е т. *Ұмтылысу, киіп-жарысу.* Құж-құж халық алды отырып, арты түрегеліп тұрып, бәсекеге түсетін жігіттерге *е н т е л е с е* қарайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Қан табылса жаны қала ма? Жұмысшылар *е н т е л е с і п* үстелге үймеледі (С.Ерубаев, Шығ.).

ЕНТЕЛЕСУ *Ентелес етістігінің қимыл атауы.*

ЕНТЕЛЕТ= е т. **1.** *Кимелету, киіп-жарғызу.* Қара көк атты *е н т е л е т е* желіп, үйге Нияз жетіп келді (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Екпіндету, құйқылжыту, тамылжыту.* Біржанды өзің қойдың еркелетіп, Салады Біржан әнді *е н т е л е т і п*... Есерге поштабайдай көз алдыңда, Біржанды қойғаның ба желкелетіп (Біржан сал, Өлең.). **3.** а у ы с. *Жаналқымынан*

алу, бойды билеп, ерік бермеу. Сәлемнен сүпсұр болып ақыл кетті, Тәжді ұрды алып жерге, тырнап бетті. Дегізіп тірі болып не бітірем, Енді ашу еркін алып *е н т е л е т т і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕНТЕЛЕТУ *Ентелет етістігінің қимыл атауы.*

ЕНТЕЛЕУ *Ентеле етістігінің қимыл атауы; кіп-жару.* Осылар неменеге асырып елпілдейді, – деді өтіп бара жатқан бейтаныс біреулерге қарап, – бірдемеден құр қалғандай *е н т е л е у і н* қарашы (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЕНТІГЕ-ЕНТІГЕ ү с т. *Алқынып-аптығып, ентіккен үстіне ентігіп.* Қалың тоғайдың ішінен шығып, Сарысудың қабағымен төмен қарай *е н т і г е - е н т і г е* жүгіріп, таңғы бір ұйқы қалды дегенде үйіне қайтып барды (С.Шарипов, Бекболат).

ЕНТІГУ *Ентік етістігінің қимыл атауы, алқыну.* Екі айдай қымызбен емделгеннен кейін ауру адамның тәбеті жақсарып, ұйқысы бір қалыпқа келді, *е н т і г у і* және әлсіздігі басылды (Қымыз.).

ЕНТІГУ з а т. с ө й л. ***Ентікпе***. Малдың тынысы тарылып, демалысы жиілеуін *е н т і г у* дейді (Ә.Әбішев, Мал. санитары.).

ЕНТІГУЛІ с ы н. *Тынысын әрең алған, деміккен күйде.* – Ұлбала келіп, Исатайдың алдына тізерлеп отыра кетті. Жүзі жүдеу, өзі қатты *е н т і г у л і* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Өлдім ғой Азеке, – деп Ұлбала Махамбетке жете бере сүрініп құлады. Қатты *е н т і г у л і,* жүзінде үрей (Б. Аманшин, Жар мұңы).

ЕНТІГІҢКІ с ы н. *Ентігіп-аптығыңқы, деміккен.* Әлима жеңгей есікті жеңіл ашып, лып етіп кіріп келді. Аз-маз *е н т і г і ң к і* (М.Мағауин, Көк мұнар). Даусы *е н т і г і ң к і,* бәсең шықты (Ө.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЕНТІГІҢКІРЕ= е т. *Аптығыңқырау, демігіңкіреу,* Екпінді сөзден *е н т і г і ң к і р е г е н* Шоқан аз тыныс ап, сөзін жалғастырып кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ал, келдік! – деп қайықшы демін *е н т і г і ң к і р е п* алып, қара қайық маңдайдағы бүршіктерді саусақпен бір сыпырып тастады (Б.Майлин, Азамат.).

ЕНТІГІҢКІРЕУ *Ентігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЕНТІГІП-ДЕМІК= е т. *Қатты алқыну, солығын баса алмау.* – Қашыңдар, неміс солдаттары селоны өртеп, адамдарды асып-атып жатыр! – деп, баласын көтеріп тоғай жиегіне *е н т і г і п - д е м і г і п* бұрын жеткен жас әйел Анна Ивановнаға есі шыға қарады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЕНТІГІП-ДЕМІГУ *Ентігіп-демік етістігінің қимыл атауы.*

ЕНТІГІП-ТҰНШЫҚ= е т. *Алқыну, демігу, тыныс алуы қиындау. Е н т і г і п - т ұ н ш ы қ - қ а н ы н* аңғармадым, ол тоқтамай жүгіре берді (Ауызекі).

ЕНТІГІП-ТҰНШЫҒУ *Ентігіп-тұншық етістігінің қимыл атауы.* Айғырларды тұқымға іріктеп аларда дене бітімі мықты, сүйегі ірі, кең омыраулы, жалпақ жонды, аяқтарын түзу басатын, аяғына жем түсу, сүйегі ісініп, *е н т і г і п - т ұ н ш ы ғ у* сияқты кемшіліктері жоқ айғырларға аса көңіл бөлінеді (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

ЕНТІҚ= е т. **1.** *Тез қозғалғаннан т.б. алқыну, демін зорға алу.* Бір мезгілде бір шұбар матүшке келіп, *е н т і г і п,* сұрланып, ерні дірілдеп есік көзінде тұра қалып еді. Бәрі де үн-түн жоқ, төмен қарады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Малқар біреумен алысқандай, *е н т і г і п,* терін сүртіп отырғанда, Балқия енді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Өрт болып жатқан жерге мектептен шыққан балалардың соңын ала *е н т і г і п* Асқар да жетті (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** *Демігу, тынысы тарылу.* Қан азайғандықтың ауыр түрінде адам *е н т і г е д і,* кейде талып та қалады (М.Исамбаев, Мед.).

Ентіге шапты. *Қатты жүріске салды, әбден алқындырды.* «Осынау жалпақ елдің ортасында маңдайым жарқырап, қызды алып қашсам» деп *е н т і г е ш а у ы п,* екіленіп, күйеу жігіт келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ентігін басты. *Тыныстап дем алды, алқынып-аптыққанын қойды.* Боровик бөлменің ортасында *е н т і г і н б а с а* алмай ерсілі-қарсылы жүрді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Содан тарбиған қарабарқынды қобыға еніп, одан қалың сексеуілді бозаңға тұяғы тигенде барып *е н т і г і н б а с т ы* («Қаз. әдеб.»). Дыбыс болмады. Есікті қайта ұрды. Борис оған таяу келіп, *е н т і г і н б а с а* алмай пысқырды (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Бөрібек терлеп қалған екен. *Е н т і г і н б а с қ а н д а*: – Тұлпардың етін қазақ жемейді. Қатын, сен қамықпа, – деп Бәтжанға уаныш айтты («Қаз. әдеб.»).

ЕНТІКПЕ[1] з а т. **1.** м е д. <лат. dyspnoe> *Тыныс алу жиілігінің ырғағының, тереңдігінің бұзылуы салдарынан тыныс алудың қиындауы. Е н т і к п е н і ң* физиологиялық және патологиялық екі түрі бар (ҚҰЭ). Фельсол – Чехословакияның дәрісі. Мұнымен тыныс және жүрек демікпесін, созылмалы бронхитті, *е н т і к п е н і* емдеуге болады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Антальби тыныс демікпесіне, жүрек ауруының салдарынан адам тұншығып булыға бергенде, жүрек қан тамырларының қызметінің әлсіреуінен *е н т і к п е* пайда болғанда беріледі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). **2.** ***Демікпе***. Төленнің *е н т і к п е* сырқаты болушы еді, әлсін-әлсін алқынып булыға жөтеліп қала береді (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Патологиялық ентікпе. м е д. *Тыныстау мүшелері, қан айналысы, жүрек, бүйрек, жүйке жүйесі аурулары қаназдық, улану т.б. салдарынан пайда болатын сырқат.* Емді терапевт-дәрігер белгілейді, әуелі *п а т о л о г и я л ы қ е н т і к п е г е* себеп болған ауруларды емдейді (ҚҰЭ).

Физиологиялық ентікпе. м е д. *Ағзада тотығу процесінің жылдамдауынан тыныс алудың жиілеуі.* Адам ауыр жұмыс жасағанда, биіктікке көтерілгенде немесе қоршаған орта температурасы артқанда тыныс алуы жиілеп, ағзаға қажетті оттектің мөлшері 2–3 есе артады. Соның салдарынан тыныс алу бұлшық еттерінің жұмысы жиіліп, адам ентігеді. Мұндай ентігуді *ф и з и о л о г и я л ы қ е н т і к п е* деп атайды (ҚҰЭ).

ЕНТІКПЕ[2] з а т. э т н. *Күйеу ұрын келгенде жеңгелердің алдынан жүгіріп шығып алатын алғашқы ырым сыйы.* Күйеудің келгенін біліп, қыз-қатындар жүгіріп күйеу алдына келіп, *е н т і к п е* бер деп жанжал қып, 20–30 кез мата шыт алады (Қаз. әдеб-ғұрып.).

ЕНТІКТІР= е т. *Тыныс алуын қиындату, алқынту.* Жүрек ауруы бар науқастарды жүк көтергенде, екінші этажға көтерілгенде, әрқашан алқындырып, *е н т і к т і р е д і* («Соц. Қаз.»). Қалыңдықсыз қашанғы жүремін мен? *Е н т і к т і р г е н* қорқамын жүрегімнен. Қартаң тартқан қолыма бір қыз түссе, Айырылмас ем ұстатқан білегінен (Қаз. әндері).

ЕНТІКТІРУ *Ентіктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е н т і к т і р у г е* болмайды.

ЕНУ *Ен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кіру, бір нәрсенің ішіне өтіп кету.* Ауру қоздырғыш микробтардың ағзаға *е н у і м е н* қатар, сол ағзаның қандай болса да бір себеппен әлсіреуі ғана адамды ауруға шалдықтырады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). **2.** *Есіктен бөлмеге, ішке қарай өту.* Кабинет есігін ұзын сары жігіт ашып, *е н у г е* рұқсат сұрады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **3.** *Қосылу, кірігу.* Егер сөз, ақынның айтайын деген ойын, жасайын деген образын толық берсе, анық, айқын көрсетсе ғана, шумаққа *е н у і* керек (Қ.Нұрмаханов, Дос.).

ЕНШАЛЛА о д. д і н и.с ө й л. ***Иншалла***. Ғаламнан хан Сарыбай өткен болса, Еншалла, тәуба, тәңрім, артын берсін (Батырлар жыры). *Е н ш а л л а,* біздің осы мұңымыз Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жетіп, оның басшысы айтулы азамат, ұлт жанашыры Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзадан қолдау табар деген үмітіміз зор («Қаз. әдеб.»). Ақмола таспығын жинап қалтасына салды. – *Е н ш а л л а,* бір жеңілдігі болар. Құданың рақымы мол ғой (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *Е н ш а л л а,* дәм татқан құдыққа түкіре қоймаспын! – деп, атына мінді Жақып (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЕНШІ з а т. **1.** э т н. *Қазақ дәстүрінде бала үйленіп жеке үй боп бөлініп шыққанда, ата-ананың бөліп беретін мал-мүлкі, үлесі.* Дәстүр бойынша *е н ш і н і* үлкен ата немесе әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені (аға) бөледі (ҚСЭ). Қара шаңырақ пен ата-ана кенжеге қалады. Сүндетке отырған, жасқа толған кездерде немесе олжа, сүйіншіге деп бұрын аталып қойған малмүлік, әр баланың өз аққұласы аталып, *е н ш і* бөлісінде есепке кірмейді (ҚҰЭ). *Е н ш і г е* үй жабдықтары да кіреді (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Аласы құн, сыбаға, тиесі.* Нәсілі жеті-сегіз атаға жеткен Өсердің бір жұрағаты менмін, «отыз ауыл Өсер» дейді... Содан менің алмағым, үлесім, ортағым, *е н ш і м* бар (М.Әуезов, Қараш.). Байдан әкеңнің аласысы көп, *е н ш і с і н* әпереміз, – деді ол (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Жаңыл сол жиналыста табандатып отырып бір-екі байдың тоқалына *е н ш і* бөлгізіп берді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). **3.** а у ы с. *Құзыр, орындай алу міндеті, қабілетіне тәндік, құзыреттілік.* Жасаушы қиял адамдардың, суретшілердің *е н ш і с і* деп қарапайым жұрт жориды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Уақыт тынысын, дәуір келбетін асқан шеберлікпен айнытпай сомдау, заманның жүрек соғысын тамыршыдай тап басып, әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы жеріне жеткізе бейнелей білу де шынайы суреткердің *е н ш і с і н д е г і* дүние («Қаз. әдеб.»). Рақымжан бұл тапсырманың өз *е н ш і с і н е* неге тигенін сұрауға мұршасы болған жоқ (Қ.Қазыбаев, Дәуір.). Ақтау, қаралау сіз бен біздің жеке *е н ш і м і з* болмағанымен, ғылымның, қоғамның еншісі («Қаз. әдеб.»). **4.** а у ы с. *Меншік, иелік.* Жүйрік жылқы – жұрттың *е н ш і с і н д е.* Ертең Тілештен тағы біреудің алып кетуі ықтимал (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Ағымдағы жылдың басынан қыркүйек айына дейін Ресей экономикасына бағытталған 29 миллиард 135 миллион доллар шетел инвестициясының басым бөлігі Люксембургтің *е н ш і с і н д е* екен («Егемен Қазақстан»). **5**. а у ы с. *Тағдыр, талай.* Қайтем, тағдыр *е н ш і м е* жақсылықты аз берсе (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Алынбаған енші. б е й н. *Өтелмеген парыз.* Ат басы алтын берсе табылмаған, *Е н ш і м* бар менің сенде *а л ы н б а ғ а н*! Қобызың емес пе едім қолыңдағы, Ұмыттың неге мені, жаным бабам? (М.Мақатаев, Шығ.).

Енші алған соң азат. *Өз алдына бөлек кеткен соң дербес болды, өз билігі өзінде, қалай жүрсе де ерікті.* Бір туған Қырғыз, Естек, Қазақпенен Атадан *е н ш і а л ғ а н с о ң а з а т* деген. Жұртында Хорезмнің Өзбек қалды, Жапқазып, егін егіп азаппенен (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Енші алды. а) э т н. *Ата-ана мұрасынан үлесін алды, өз алдына үй (отау) болып шықты.* Елден таңдап сұлу ал. Ақ отау тігіп басыңа, Төрт түлік малдан *е н ш і ң д і а л* Топтан таңдап тұлпар мін, Күлтелі құйрық сұйық жал (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тәкежан сол жылы *е н ш і а л ы п*, бөлініп шыққан (М.Әуезов, Абай жолы). ә) б е й н. *Жаңа кезеңге өз бетінше аяқ басты, дербес болды.* Қайғыдан пәк қажымас қайран жастық! Жоқшылықпен белдесе майдандастық. Есейіп еңбек күнге *е н ш і а л ғ а н д а*, Екеуара қуанып жайраңдастық. Жаны бірге жақсы дос қайран жастық! (М.Мақатаев, Шығ.).

Енші берді. а) э т н. *Үйленген баласына мал-мүлік бөліп беріп, бөлек үй етіп шығарды.* Сүйеу інісіне әйел әперіп, *е н ш і б е р і п* бөлек шығарды (Ө.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ұл балаларына шешесі жинаған мүлкінен аз ғана *е н ш і б е р е д і* (Ғалам ғажап.). Қазақта ноқта ағасы – үлкен, басшы мағынасында қолданалады. Олай дейтіні көне заманда әке балаларына *е н ш і б е р г е н д е* көш алдына жүретін ноқталы түйені үлкен ұл жетектеген. Содан ноқта ағасы атанған (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). ә) *Тиесілі үлесін берді.* Үлестіріп жасауын, *е н ш і б е р і п* еліне, Жатыр әне сол дала тандырдай боп нан жапқан (М.Мақатаев, Шығ.). Ықыласыңмен тыңдасаң Сөзімді бұлдап несіне – Бойымды балап кернейін. Атасы тегін жел сөзден Басбасыңа жетерлік *Е н ш і ң д і* неге *б е р м е й і н* (Базар жырау, Шығ.).

Енші бөлді. э т н. *Баласына үйленген соң мал-мүлкінен тиесілі бөлігін берді.* Падиша Мәлікаға *б ө л д і е н ш і*, Көп еді қазына, мүлік, жиған кеніші. Бәрін де қалдырмастан тайлаттырды, Қызымды етейін деп елден ерсі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Енші бөліспеген. *Жері, мал-жаны аралас, тату-тәтті тұрған.* Бірге айтып ел қазақ пен ел қырғызды Қашаннан *б ө л і с п е г е н е н ш і м і з д і.* Қаншама туыспыз деп келсек-дағы, Ең алғаш туыстырған сенсің бізді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Еншіге тиді. *Үлесіне тиді, иесі болды, иемденді. Е н ш і г е т и г е н* бөріні не істерін білмей Шайман дал, қандасын жоқтап, басын өлімге тіккен мәрттігі үшін оны аулаққа апарып босатып жіберейін десе онсыз да үй торып мүлдем жауығып кете ме деп қорқады («Қаз. әдеб.»).

Енші мал. э т н. *Үйленген адамға еншілікке берілетін мал.* Ежелгі дәстүр бойынша той тағамын ішерде Михаил мен Николай ерлі-зайыпты екі жаққа *е н ш і м а л* атады (С.Омаров, Дала қызы).

Еншісі бөлек. *Үй-жайы, үлесі басқа, өз алдына.* Үлкен ағамыз Балтабек осы қалада іс соғатын ұста. Бізден *е н ш і с і б ө л е к* (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау).

Еншісі бір. а) *Дүние-мүлкі ортақ, еншілес адамдар, бір үйдің балалары.* Мен де оның жауы емеспін, жақынымын, Әлібектің бірге тұратын, *е н ш і с і б і р* інісімін (Х.Есенжанов, Көп жыл.). ә) *Мақсаты бірдей, аралас-құралас, ынтымағы жарасқан.* Сондағы сөзі мынау Балжекеңнің: – Оқуға Орынборға бала әкелдім, Бір ата, бір анадан орыс, қазақ Ежелден *е н ш і с і* бір екі елдің (О.Шипин, Дастан.).

Еншісіне қалдырды. *Қызырына жүктеді, меншігіне тапсырды.* Жоқ, бұл сөздің астары – мың қатпар. Одан ой топшылауды мемлекеттік саясатты жүргізушілердің *е н ш і с і н е қ а л д ы р д ы қ* («Жас Алаш»).

ЕНШІ[2] з а т. *Малға ен салушы адам.* ≈ Байдың *е н ш і с і.*

ЕНШІДЕЙ с ы н. *Енші сияқты, еншіге берілгендей.* Ат пен арба, өгіз бен түйе өз *е н ш і с і н д е й* көрінеді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Асқар тау арқасында бұғы ойнаған, Әр төбе ашылмаған сыр ғой маған. Алтын күн аулымның *е н ш і с і н д е й,* Күн бойы қызығымды бір тойлаған (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

ЕНШІЛЕ= е т. **1.** *Меншіктеу, игілігіне беру.* Мен түскенде нағашысы *е н ш і л е г е н* жалғыз құнанын жайратып салды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** *Иелену, ие болу.* Үш партияның үшеуінде де жеңісті мұрат тұтқан жерлестеріміз алғашқы екі ұпайды өздеріне *е н ш і л е д і* («Спорт»). Содан бері Марлс Томас мырзаның уысында ұсталған алып кәсіпорын атауын жиі-жиі ауыстырып, жақында «Петро Қазақстан» дейтін жаңа атауды *е н ш і л е д і* («Жас Алаш»). Алыста қалған ата-тегінен *е н ш і л е г е н* қасиеттің болымсыз күші оны ұстап тұрған. Әлсіз де болса бой көрсетіп жатқан күш (С.Елубаев, Ойсыл қара). Отан үшін от кешкен сұрапыл соғыс жылдарында генерал шенін иеленген қазақтың ұлы соншалықты қаншау еді? Есесіне ерлігі ел аузында аңызға айналған ерді көршілес жатқан ала шапанды ағайындар «өзіміздің өзбек» деп даңқын дүркіретті. Ташкенттегі ықшамаудан, мектеп, метростанса есімін *е н ш і л е п*, орталықтан еңселі ескерткіш орнатылды («Жас Алаш»).

ЕНШІЛЕН= 1. *Тиесілі болу, тапсырылу.* Қой күзету Күлпашқа *е н ш і л е н г е н* (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** *Меншіктелу, иелену.* Сәтті қатардың адамдары «Волганы» *е н ш і л е н е т і н* жалғыз орынды іздеп, жан-жағына қарасты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЕНШІЛЕНУ *Еншілен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінікін өзі *е н ш і л е н у.*

ЕНШІЛЕС үс т. *Еншісі бір, меншіктес, ортақтас.* Майқыны Көкшағыр айдауда жүргенде, өзіне дәулет біте бастасымен Майсор *е н ш і л е с* етіп қолына алған болатын (Д.Әбілев,

Арман.). Ол үш сомға болыс-биден бастап ауылнайға дейін *е н ш і л е с* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қалшылдап тұрдық әр таңда, Аязды бойда түнетіп. Екеуміз үшін қаңтарда *Е н ш і л е с* болды бір етік (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). // *Тән, тиесілі.* Жылу тасушы сәуле де, кәдімгі ақ жарық та бір дүние. Олардың біріне ортақ екіншісіне де *е н ш і л е с* (А.Қалығұлов, Жарық.).

Еншілес ел. *Жері, малы араласып жатқан ынтымағы жарасқан ел.* Қазақ, қырғыз басынан көршілес ел, Араласып бір жүрген *е н ш і л е с ел.* Қыз алысып, қыз берген құда сүйек, Басынан-ақ аралас, көңілдес ел (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Еншілес кәсіпорын. э к о н. *Негізгі кәсіпорыннан бөлініп шыққан не оның құрылтайшылығымен құрылған, заңды тұлға құқын иеленуші дербес кәсіпорын. Е н ш і л е с к ә с і п о р ы н н ы ң* құрылтайшысы оның жарғысын бекітеді және оның үстінен бірқатар басқару, тексеру, т.б. құқына ие болады (ҚҰЭ). Ұзын саны елуден астам *е н ш і л е с к ә с і п о р ы н д а р д ы ң* басын қосып отырған компания аз уақыт ішінде активтерді шоғырландыру, жаңа кәсіпорындар ашу (Ресеймен бірігіп, «ҚазРосГаз» кәсіпорыны құрылды) саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткізген («Жас Алаш»).

Еншілес қоғам. э к о н. *Негізгі қоғамның бақылауындағы басты акционерлік қоғамның филиалы. Е н ш і л е с қ о ғ а м* өзінен бөлініп отау тіккен қоғамдарға өкімін жүргізеді, пайданың бір бөлігін өз пайдасына қайта бөліседі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЕНШІЛЕСТІК з а т. *Ортақтық, бірлестік, жақындастық.* Сіздердің біреудің көліне келіп сүзекі салатын қандай *е н ш і л е с т і г і ң і з* бар? (С.Бегалин, Бала Шоқан). Біреуге біреуді танытатын да, жақындататын да еңбек *е н ш і л е с т і г і* (С.Бегалин, Өлеңд.).

ЕНШІЛЕСТІР= ет. *Ортақтастыру, бірлестіру, телінді қылу.* Жоқ дүние не істетпейді. Бір ыдысқа екі үйді *е н ш і л е с т і р і п* қойды (Ауызекі).

ЕНШІЛЕСТІРУ *Еншілестір етістігінің қимыл атауы.* Өзгені *е н ш і л е с т і р у* қажет емес (Ауызекі).

ЕНШІЛЕУ *Еншіле етістігінің қимыл атауы; иелену.* Әрбір өнер туындысының ғұмыры қызық. Оны толықтыруға, түзетуге, қайта жазуға автордың сол туындысы жарияланғанға дейін мүмкіндігі болады, ал туындысын халыққа ұсынғаннан кейінгі тағдыры автордың өзіне де беймағлұм. Ұзақ жасауы мүмкін. Мәңгілік ғұмыр *е н ш і л е у і* мүмкін («Қаз. әдеб.»).

ЕНШІЛІ с ы н. *Еншісі бар, ортақтас.* Ырылдаудың да сан түрі бар: реніш, қуаныш, қорқыныш, ашу дегендер *е н ш і л і* сарынға ие болды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЕНШІСІЗ с ы н. *Еншісі жоқ, тиесісіз, сыбағасыз.* Алғашқы қадам, алғашқы еңбек әліппесі оның бұл өмірде *е н ш і с і з* қалмайтындығын сездіргендей («Лен. жас»).

ЕНШІ-ҮЛЕС з а т. *Сыбаға, тиесі, иелік.* Әжем құда-құдағиларға *е н ш і-ү л е с т е р і н* бөліп берді (Ауызекі).

ЕНІҢКІ с ы н. *Кіріңкі, өтіңкіреп тұрған.* Түйнектерде қатты, көкшіл қоңыр түсті, ішке қарай сәл ғана *е н і ң к і* дақтар пайда болады (Б.Шағыров, Картоп.).

ЕҢ[1]= е т. с ө й л. *«Едің» сөзінің қысқарған түрі; солай болған.* Кездесердей алыстан келдім ұшып, Қолымды да алмайсың енді қысып. Қыршын едің, Әлия, Қызғалдақ *е ң,* Жатырсың енді әжімді жерді құшып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Шырағым, қырқы кетіп, қалды бірі, Жұмысты көрген ермін талай ірі. Өзгеріс бола қойса, өкінер *е ң* – «Бағыңа» ағаң өліп, қалсаң тірі (О.Шораяқов, Шайыр). Пай-пай, тау-тасың да тегіс кілем, Бұрын да дәл осындай келісті ме *е ң?* Көз жазсам суреті паң, сері таудан, Сандалсам таба алам ба жер үстінен?! (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЕҢ[2] ү с т. **1.** *Өте-мөте, тіптен, аса, асқан.* Тоғыз құмалақ – қазақтың *е ң* қызық ойындарының бірі (М.Рахимқұлов, Тоғыз құмалақ). Жылқының еті мен сүті – *е ң* қасиетті, *е ң* асыл тамақ саналған (С.Сейфуллин, Шығ.). Соның өзінде, дамыған елдерде олардың *е ң* байы мен *е ң* кедейінің арасында алшақтық үлкен болса, ол мемлекетке төнген қатер екенін жақсы түсінеді («Жас Алаш»). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Нағыз барып тұрған.* Шума – жұқпалы аурудың ішінде *е ң* жұқпалысы. Шума ауруы тез жұғып, тез өлтіреді. Шумаға ем жоқ дегендей. Қойға тиген топалаң қандай болса, адамға да шума сондай. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Адам баласының *е ң* жаманы – талапсыз (Абай, Тол. жин.).

Ең абзалы. *Ең дұрысы, өте орындысы.* Қайырдың *е ң а б з а л ы* бұл дүниеде: Біреуге қысылғанда жәрдем бермек! Кейбіреу зор бейнетке тап болады, Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Ең азулы. *Бәрінен күшті, қуатты.* Анна алдағы оқу жылында Нью-Йорк университетінің экономика факультетіне ауысты. Демек, ол енді елдегі *е ң а з у л ы* ұжымның бірі – осы университет командасында ойнайтын болады («Жас Алаш»).

Ең ақыры. а) *Сонымен бірге, бұған қоса. Е ң а қ ы р ы* – бұл жердің Ем болады батпағы. Ем болады – түндегі Сар масаның шаққаны... – Осы айтқанды қабылда, Шыда!– деді, шыдадым. Түсіп кетті қарын да, Ісіп кетті құлағым (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). ә) э к с п р. *Тіпті, әуелі. Е ң а қ ы р ы* стихиялық апат кезінде

жаратылатын азақ-түліктің қорын қалай сақтау мәселесі де жан-жақты ойластырылуы қажет («Егемен Қазақстан»).

Ең ақырында. *Ақыр аяғында, ақыр соңында.* Өсе келе баланың аяқ-қолының қимылдары күрделеніп, алғаш отыруды үйренеді, сонан соң қаз тұрады, *ең ақырында* аяғын тәй-тәй басып жүруді үйренеді (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

Ең алғаш. *Алғашқыда, әуелде, бастапқыда.* Бір жағы көк, бір жағы қызыл, жұғатын әшекей түсті қарындашты Мұхит «Кеңөріске» *ең алғаш* оқу бітіріп мұғалім боп келген жылы, үздік оқитын бір балаға сыйға тартып еді (Ғ.Сланов, Шалқар). *Ең алғаш* көз бұлдырап, бой шымырлап, Козғалып жүрек орнын таба алмады. Талғардың төбесінде тіккен ту бар, Ол-дағы бұлақ қағып төмен қалды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ең артығы а) *Дұрысы, бәрінен жөнірегі.* Жылы мезгілде бос суға көбірек шомыл. *Ең артығы* күннің шуағына жылыған суға түсу (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Шума ауруында ең алдымен ауруды баққандар, молдалар, қожалар, жуғандар, жаназаға, садақаға барғандар, киімін алғандар өледі. Бұны естен шығармасқа керек. *Ең артығы* қай уақытта да өлген кісінің киімін алу керек емес (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). ә) *Озганы, асылы, жақсысы.* Сабырсыздың осындай әрбір ісі, Түн артында күн бармен жоқ жұмысы. Ойлап тұрсам адамның *ең артығы* – Ерінбейтін, еңбекшіл шыдамдысы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ең алдымен. *Бірінші болып, бәрінен бұрын, әуелі.* Мәдениет қуған жұрттың *ең алдымен* тілі өзгермекші. Шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер келмекші. Білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Ең алдымен* жеке сектормен бірлесе отырып істің жайын талдау мен бизнес-стратегиялар жасау жөніндегі басқару жүйесіне қол жеткізуіміз керек («Егемен Қазақстан»). Шумадан сақтану үшін *ең алдымен* тазалық керек. Ішкен-жеген тамақ, киген киім, отыратын орын, қолданылатын үй заттары, ішетін, жуынатын су, үйдің айналасы таза болуы керек (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Абай *ең алдымен* Тәкежанның өзін сөйлетті (М.Әуезов, Абай жолы).

Ең арғысы. э к с п р. *Сорақысы, сорлағандағысы. Ең арғысы* екпіндірек соқса жел, «Қонағы» еді бастықтың ол күтпейтін (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

Ең астыңғы. *Бәрінен төменгі. Ең астыңғы* бөлімі күрең түсті келіп, қалың қою болады. Ортаншы бөлімі ақшыл түсті келіп, жұқа болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ең атақты. *Аты бәрінен де әйгілі.* Қазақстанның ең атақты клубы Кипрдің *ең атақты* командасымен сырт алаңда кездесіп, тең ойын көрсетті («Жас Алаш»).

Ең аяғы. э к с п р. *Басқасы басқа, керек десең, тіпті. Ең аяғы* шіркей де бір түйір кеудесіне қуанышы сыймай дірілдеп ұшып жүр (Т.Ахтанов, Махаббат.). Жақында баспасөз бетінде Астана – Алматы тас жолын салып жатқан Иранннан келген құрысшылар өте жақсы нәтиже көрсетуде, ал қазақстандықтардың жұмысы ешқандай сын көтермейді деген әңгіме айтылды. Байқайсыздар ма, біз *ең аяғы,* өз жолымызды өзіміз дұрыстап сала алмай отырмыз («Қаз. әдеб.»).

Ең әрі кеткенде. *Тым ұзағанда, мықтағанда.* Егін орағы *ең әрі кеткенде,* 15-20 күннен кейін бітеді («Жас Алаш»).

Ең әрісі. *Тым болмағанда, ақыр соңы.* Иә, Қайырхан, – деді сосын жай ғана – Рух ердің өзегі ғой қайда да. *Ең әрісі* Жеңілістің өзін де, Шешкің келіп тұр өзіңнің пайдаңа (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ең әуелі. а) *Алғашқыда, бастапқыда.* Бірге оқып *ең әуелі* «әліпбиді», Қосылып әнге салып «жұм» мен «сиді», Көрсек те ащы-тұщы, жаман-жақсы. Сол кезде екеумізге бірдей тиді (С.Торайғыров, Шығ.). ә) *Негізгісі, бастысы, басымы.* Нысамбайдың сөзінің артықшылығы *ең әуелі* тіл жағынан. Нысамбайдың тілі – нағыз үлгі боларлық қазақ тілі (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Рухани байланыс жоқ жерде ештеңе жоқ: даму да жоқ, жетілу де жоқ, өсіп-өркендеу де, кәмалат та жоқ. Сондықтан *ең әуелі* – рухани байланыс! Өзгесі – сонан кейін! («Жас Алаш»). б) *Басында, бәрінен бұрын.* Біздің алған жолымыз мынау болды: ғылым атауларына *ең әуелі* ылайықты сөздерді қазақ-қырғыз тіліндегі сөйленіп жүрген, аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған кәлде, ескі ұмытылған түрік сөздерінен, өзбек, ноғай, ғұсманлы сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді іздедік (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Исатайдың ісін дұрыстап *ең әуелі* сөз шығарған беріш Қуан жырау. Алаша Сарыбопе бидің Қуан жыраудың сөзіне тоқталып, ұстаудың орнына Исатайға көмектес болғанын жоғарыда айтқанбыз (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). в) *Алдымен, басымдықпен.* Егер қоғамдағы мақсатты арнаға бейімдеуші орындардың парасаты биік болса, онда *ең әуелі* әдебиет пен өнерге деген елдің ықыласын қадірлейді («Егемен Қазақстан»).

Ең бастысы [басты]. а) *Бәрінен де маңыздысы, ерекшелеп айтуға керегі.* Ойын алаң иелерінің үлкен басымдылығымен өтті. Қазақстан ұлттық құрамасының қақпашысы Юрий Новиков

тағы да жанын салып еңбектенді. *Ең бастысы*, ойын қорытындысында Қазақстанның қоржынына жарты ұпай түсті («Жас Алаш»). *Ең бастысы* – қытайлық коммунистер түркіменстандық демократтармен партиялық тығыз қарым-қатынас орнату туралы келісімге келген («Жас Алаш»). Мұндай МТС-тердің құрылуы астықты өңір үшін өте тиімді. *Ең бастысы*, көктемгі дала жұмыстарын, күзгі орақты қысқа мерзім ішінде сапалы атқаруға мүмкіндік береді («Егемен Қазақстан»). ә) *Аса маңызды, негізгі, басымдық алған.* Қазақ үшін *ең бастысы* дау жер мен жесір дауы болғанда, ең алдымен сол ұрпағының болашағы бірінші кезекте тұрмаушы ма еді? («Егемен Қазақстан»).

Ең болмағанда [болмаса]. *Тым құрығанда, аз дегенде.* Тұла бойыңды, *ең болмағанда* мойыныңды, көкірегіңді, арқаңды күнде салқын сумен бір жуып тұр. Көнбісті боласың (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). «Туған жердің бір уыс топырағы-ай» деп, еңіреп кеткен сол көштің, шетелдегі қазақтардың *ең болмағанда* елу пайызының қайтып оралуын тоспай, оларсыз жер бөлу жөнінде әңгіме жасауымызға моральдық құқымыз бар ма? («Жас Алаш»). *Ең болмаса*, шұбарлап сөйлесе де бір қазақ тауып беріңдерші, деп «Хабардың» жігіттері жанұшыра жүгіріп жүр («Егемен Қазақстан»). Тек шипасымен емес, жылы сөзімен де емдейтін дәрігерлердің сонша күн қиналған науқастың *ең болмаса* қасына барып, жағдайын сұраудың орнына арына, намысына тиетін сөз айтып қорлауға дейін баруын немен түсіндіреміз («Егемен Қазақстан»). Өкпе аурулары халық арасында жиі кездеседі. Өмірінде *ең болмаса* салқын тиіп, жөтеліп ауырмайтын адам аз (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

Ең бір. *Сондай, соншалықты, барып тұрған.* Парақорлық, жемсауы толмаушылық, жағымпаздық ұлы Абайдың да қазақ бойынан көрген *ең бір* жексұрын қасиеті – «Болыс болдым мінеки...» деп есіргендерді өлтіре мінеуі осы бір әлеуметтік дерттің сонау-сонау кезде де қазақты ұшпаққа шығара қоймағанын аңғартады («Түркістан»).

Ең бірінші. а) *Әуелі, алдымен.* Сыртқы ортаның зиянынан *ең бірінші* шаштың бет жағы зардап шегеді. Сондықтан жаңбырда, күннің ыстығында мүмкіндігінше шашты қорғау керек («Жас Алаш»). ә) *Әуелгі, алғашқы.* Тұмау ауруларына қолданатын емдері де бірдей деуге болады. *Ең бірінші* шарт – төсек тартып жату (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Акционерлік қоғам қарамағындағы 7 шаруашылықтың ішінде *ең бірінші* болып егін егуді аяқтаған – Аламесек ауылы. Бұл ауыл – ауданда алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі атанып, жарыс жалауын жоғары көтеріп жүрген ауыл («Жас Алаш»).

Ең жақсысы. *Бәрінен дұрысы, жөні.* Міндім де *ең жақсысын* жүріп бердім, Тепкілеп басқа, көзге ұрып бердім! Тасырлап жөнелгенде біліп қалып, Артымнан бір-екеуі қуып берді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ең жоғары баға. *Ең қымбат ұсыныс, құн.* Жекешендірілетін нысан үшін *ең жоғары бағаға* ұсынған қатысушы жеңімпаз болып жарияланады («Егемен Қазақстан»).

Ең зиянды. *Бәрінен пайдасыз, өте қауіпті.* Қазір саудадағы темекінің түрлерінен көз сүрінеді. Темекінің пайдасы жоқ қой. Әйтсе де, *ең зияндысы* қайсысы екенін білгім келеді. Соның нәтижесінде, елімізде ақылы емдеу орындары 40 пайызға азайды. Өйткені емделушілер мемлекеттік мекемелерге көптеп келеді («Жас Алаш»).

Ең кем болғанда [дегенде]. *Тым құрығанда, аз дегенде.* Оқығанда кітабыңның бетінен көзің *ең кем болғанда* отыз екі сантиметрдей (2 сүйемдей) қашықтықта болсын (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ең кемінде. *Тым болмағанда, ең аз дегенде.* Жекешендірілетін нысан бойынша саудасаттық тек мынадай жағдайда өтті деп саналады, егер ең болмағанда екі қатысушы жекешендірілетін нысанның бастапқы бағасын *ең кемінде* бағаны арттырудың екі қадамына ұлғайтса («Егемен Қазақстан»).

Ең керегі [керектісі]. *Аса қажетті, әбден дұрысы.* Ғылымды өз тілімізге аударғанда, *ең керегі* ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ тіліне дұрыстап түсінікті қылып аудару — өте қыйын жұмыс (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Орыс тілінде сөйлейтіндерге етіміздің өліп кеткендігі шығар, басқасына қарауға мұрша жоқ, жазып-ақ жатырмыз. Азар болса, аударуға біршама уақыт кететін шығар, бізге *ең керегі* ақпарат қой («Егемен Қазақстан»). *Ең керектісі* екпінді жұмыс деп кәмисие бірінші, екінші басқыштарға оқу кітаптарын даярлауды тапты. Сонан соң кәмисиеге жиылып жатқан халақ әдебиетін түстеп, түзеп, тексеріп, баспаға даярлауды ұйғарды (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ең керім. ж е р г. *Аса нәзік, асқан сұлу.* Сезімдерге беленгенде *ең керім*, Жүзімізге, көзімізге нұр ұйып. Гүл мен мұнар, кемпірқосақ еңбегін Бағалаймыз махаббаттан жымиып (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Ең қадесіз. *Ретсіз, нашар, орынсыз.* Әдебиет пен өнердің халықшылдығы осындай «қазақшылық» пен қоянның жонындай бұлтылдаған

көзқарастармен өлшенетін болса, бұл еркіндікті қадірлеудің *ең қадесіз* түрі («Егемен Қазақстан»).

Ең қауіптісі. *Бәрінен зияндысы, қорқыныштысы. Ең қауіптісі,* шақырусыз келген шетелдіктер ауру ма, қылмыскер ме, біле алмайсың. Былтыр Мақтарал ауданында жалданып жүрген Өзбекстан азаматы бір қазақстандық отбасын қанға бояп, қара жамылдырып кетті («Жас Алаш»).

Ең құрыса [құрығанда]. *Ары кеткенде, тым болмағанда, аз дегенде.* Әубәкір мырзаға барайыншы. Күйеу баласына *ең құрыса* төс берер деді де, Жүсіп орнынан қисалаңдай тұрып кетті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Әрине, банкир болған жақсы, кеден қызметі де жаман емес, салық комитетіне барсаң, *ең құрығанда* мәшине мінесің. Бірақ өкінішке орай, мұндай жұмыстар ұшан-теңіз шексіз емес қой («Қаз. әдеб.»). Е, Қошеке, әулие-ата шөрі емес пе? *Ең құрыса* мен құрлы тіршілік қыла аласың (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

Ең нәзік тұс. *Көңілге тиер, аса жанды жері.* Соңғы кезде жаңа ұлттық құндылықтар туралы айту сәнге айналды. Біреу біліп, біреу білмей айтып жүр. Әйтеуір не десе де жұрттың *ең нәзік тұсына* «ине жүгіртсем» көзге түсіп қаламын-ау деген пәндеуи үміт («Қаз. әдеб.»).

Ең оңтайлы. *Бәрінен дұрысы, жөндісі.* Сондықтан да шағын бизнеспен айналысатындарға барынша қолдау көмек көрсетудің *ең оңтайлы* жолы салық түрлері мен мөлшерін азайту болмақ («Қаз. әдеб.»).

Ең соң. *Ақырынан, бәрінің соңынан.* Қазақтың ішінде патша хүкіметіне *ең соң* көнген руы – адай. Шынында, адай Хиуа мен түрікпенді алған соң ғана бағынды. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ең соңғы. *Ақырғы, аяққы.* Ел қамымен басы қатқан Атағы сай ақылына. Қазағымның осы жатқан *Ең соңғы* бір батыры ма?! (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Ең сорақысы. *Барып тұрған цяттысы, масқарасы, орынсызы.* Осы мәселелер бойынша Қайсаровтан басқа бір де бір сенатор пікір білдіруге жарамады. Бұл аз десеңіз, *ең сорақысы,* сенаторлардың И.Тасмағамбетовке сауал қоюға да дәрмені жетпеді («Жас Алаш»). *Ең сорақысы* – мұндағы үйлердің барлығы дерлік құлауға жақын тұр. Жақын тұрғаныңыз не, үйіндісі ғана қалған үйлер де бар («Жас Алаш»).

Ең толымды. *Ең жарамдысы, іске асары.* Мұның не деп сұраған Көрінген елге жолдағы, *Ең толымды* дәлелі Байекеңнің сондағы: – Сақалымның ағы ұрғыр, Көп алдында кемітіп, Бармаймын деп қорлады (О.Шипин, Дастан.).

Ең төмен. *Сапасыз, нашар.* – Біздің әлеуметтік сала кешегі *ең төмен* – барлық есік жабылып, барлық сөре бос қалған, ең аяғы, өзі аз зейнетақыны 6-8 ай бойы бере алмаған – сол құлдыраған жағдаймен салыстырғанда қазір адамдардың тұрмысы әлдеқайда түзеліп, жақсарды («Егемен Қазақстан»).

Ең төменгі баға. э к о н. *Ең аз, бастау болған баға.* Егер аукционшы *ең төменгі бағаны* жариялаған кезде қатысушылардың бірде-біреуі аталған нысанды сатып алуға тілек білдірмесе, онда нысан сауда-саттықтан алынып қалады («Егемен Қазақстан»).

Ең төрінде. *Құрметті орында, көрнекі жерде.* Музейдің *ең төрінде,* Бейне дала өкілі. Ұқсап сарғыш егінге, Тұр диқанның етігі (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Ең төте. *Аса оңтайлысы, оңайы.* Өйткені бүкіл халықтың тұрмыс жағдайын оңалтудың *ең төте* жолы шағын және орта бизнесті гүлдендіру болмақ («Қаз. әдеб.»). Білім алудың жолы көп, жолдың ішінде *ең төтесі* – жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ең үздік. *Бәрінен озық, бәрінің алдындағы.* Тіпті, таяуда өткен баспасөз күні мерекесінде «*Ең үздік* БАҚ жанашыры» номинациясын жеңіп ады («Жас Алаш»).

Ең ыстық. *Аса жағымды, жанға жайлы.* Өзі көктеп, желектеп өзі байып, Жатқан жанға *ең ыстық* сөз лайық. Сәлем саған ұрпағы Фарабидің, Сәлем саған ең кіші Тәжібаев (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЕҢБЕК[1] з а т. **1.** *Адамның өз қажетін қанағаттандыруға бағытталған қаракеті, жұмыс, іс.* Шабытым сен болмасаң келер ме еді, Қаламым сенсіз ағып желер ме еді, Алаңсыз орын теуіп отырмасам, *Еңбегім* өрге жүзіп өнер ме еді (М.Дулатов, Шығ.). *Еңбек* – өлім, жан қанатын қиятын, *Еңбек* – өлім, жанды ашудан тиятын. *Еңбек* деген – еңбектеген мылқау дию, Жаншып жанның сұлу сынын жоятын (М.Жұмабаев, Шығ.). Біз осындай *еңбегімен* даңқ, беделге ие болған бригаданы көруге, ондағы еңбеккор адамдардың хал-жайымен танысуға асықтық (С.Шаймерденов, Мінез.). Бар өмірін *еңбекпен* өткізіп келе жатқан Шарипа қайырым тілеп кісі алдына барып көрген жан емес (Ө.Қанахин, Мұрагер). Ердің атын *еңбек* шығарар (Мақал). *Еңбегіне* қарай өнбегі (Мақал). **2.** ф и л о с. *Тіршілікке қажетті нәрселер өндіру мақсатымен адамның табиғатқа әсер етуі. Еңбек* дегеніміз – адамның табиғат заттарын құралдың көмегімен өзгерту жөніндегі жоспарлы қызметі (Марксистік филос.). **3.** *Біреуге, қоғамға, Отанға көрсеткен жақсылық,*

қызмет. Дүние аямай төгіп-шашып оқытқан балам *еңбегімді* ақтады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Жауынгер жақсы *еңбегі* үшін командирдің жылы лебізін естуге тиіс, – деді Панфилов (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Анығында Мақпалдың өз *еңбегі* үшін тигені осы үш саулық еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **4.** *Мақсат, мазмұн жағынан жаңа құрылымды танытатын материалдық, мәдени игілік, шығарма, шығармашылық.* Шоқан өз *еңбектерінде* ең алдымен ұлттық мәселелерді алға қоюға тырысты (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Атақты ғалым И.П.Павлов 80 жасында өзінің белгілі «Жоғары нерв жүйесі» жөніндегі *еңбегін* жазды (Ғалам ғажап.). Ф. Энгельс Дарвиннің «Түрлердің тегі» деген *еңбегін* жарыққа шыққаннан соң бірнеше күннен кейін оқып шығып, К. Маркске жазған хатында оны сүйсіне мақтайды (Жалпы биология). Қазақ өнерінің қара шаңырағы Әуезов театры егемендік алған тұста, яғни 1992 жылы Нәбиден Әбутәлиевтің бұрынғы жазған *еңбектерінің* ізімен «Өттің дүние» атты пьесаны жарыққа шығарды («Жас Алаш»). **5.** к ө н е. *Бейнет, мехнат.* Қайтып жаның ашымас? Неткен заман қатыбас? Еткен *еңбек,* төккен тер Қалай түкке татымас? (Жамбыл, Шығ.).

Адал еңбек. *Таза еңбек, өз күшімен істелген іс.* Көп артық сөзге жоқ, тек *адал еңбекпен* күн көруді мұрат тұтқан. Балаларға дауыс көтеріп, зекуді де білмейді («Егемен Қазақстан»). Қызың жақсы болса қырымдағы келер, Ұлың жақсы болса рудағы келер, Бақыт бар деп базарға барма, Иман бар деп азанға барма. *Адал еңбек* елдің досы. Бақ іздеудің жолы осы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Саудагер сау қалмайды, санын қақпай, Төсекте жата алмайды пайда таппай. Ардақты, *адал еңбек* абыройлы, Арамдық текке кетпес арандатпай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Дене еңбегі. *Қол күші, дене қимылы арқылы орындалатын қара жұмыс. Дене еңбегімен* шұғылданбайтын адамға шамамен күн тәулігінде 300-350 грамм углевод керек (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі).

Еңбегі бағаланды. *Сіңірген еңбегі еленіп-ескерілді, лайықты бағасын алды, марапатталды.* Армансыз Жамбыл жетті жүзге келіп, Өлгенше жасап кетті нұр бөленіп. *Еңбегі* қарт жыраудың *бағаланды,* Ішінде Кремльдің жүзін көріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Еңбегі далаға [босқа] кетті. *Істеген ісі зая болды, текке кетті.* Ақырын жүріп анық бас, *Еңбегің кетпес далаға.* Ұстаздық қылған жалықпас Үйретуден балаға (Абай, Тол. жин.). Өсімдіктерді бір-біріне телігенде және оларды кесінділеп, көбейткенде дене помостілігімен санаспайтын болса, істеген *еңбек далаға кетеді* (Ботаника). Қор болған *босқа кетіп еңбек,* бейнет, Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет Оттай бер, жануарым екі аяқты! – Азаттық хайуанға қанша қажет (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Еңбегі еш. *Текке қара тер болды, жұмысы зая кетті. Еңбегі ештің* тұзы сор (Мақал). *Еңбегі ештің* – күні кеш (Мақал). Мүйіздескен сиырдай Байласаң бас жіп жетер ме? *Еңбегің* – *еш,* тұзың – сор, Қайратың селге кетер ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ақ іске анығынан асылған соң, Халистің, қалай қалсын *еңбегі ешке*? Апарып су төгетін сахарасы, Тұрарлық анығында толық кешке (О.Шораяқов, Шайыр.).

Еңбегі еш кетті. *Еңбегі босқа кетті, пайда болмады.* Ақтердің бұл *еңбегі еш кеткен* жоқ, М.Сеннің аталмыш лентасы оны күллі үнді еліне танымал етті («Жас Алаш»). Оңтүстік дикандарының «Құдай қаласа, *еңбегіміз еш кетпес,* өткен жылмен салыстырғанда биыл жаңбыр аз» деп қуаныса, бір-бірімен шүйіркелесе сөйлесіп тұрғанын естіген де едік («Жас Алаш»).

Еңбегі жанды. *Қызметі зая болмады, еңбегінің рақатын көрді, ісі алға басты.* Бертін келе әкесінің көп жылғы *еңбегі жанып,* дәулеті дөңгелене бастады (З.Ақышев, Ақбел.). Жер емшегін емген, *еңбегі жанса,* тым құрмаса талшығын алар деп, егінді кәсіп етеміз (М.Әуезов, Абай). «Сүйіп ем, Сәмен, сені іздеп тауып, Арманым – аз жүрмедім *еңбек жанып.* Бұл жайға, тірі болсаң, бір келерсің, Жарыңды ұмытпасаң есіңе алып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бірінің жанды еңбегі, Бірі күшін сарп етті; Дене қанға боялды, Қан құмар қылыш қарш етті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Еңбегің жанып,* мінекей, Жайқалып тұр егінің, Еңбегі ғой көгерген, Егіншідей еріңнің (І.Жансүгіров, Таңд.). Күн болса егер де, *Еңбегің жанатын,* Сонда айт, ала атым, Мейрамдап шабатын! (Б.Майлин, Шығ.). Құтылды сан қатерден қиын-қыспақ, *Еңбегі жанып* еді тура нұсқап, Қайран қамқор жөнелді дүниеден, Жеті жыл әділдік қып тұрған ұстап (Ә.Тәңірбергенов, Өлең.).

Еңбегі жарады. *Еңбегі іске асты, пайда әкелді.* Бәрекелде, Бұл *еңбегің жарады*! Бірақ одан ұрпақ тарап Одан ақын туғанша, Ал ол ақын ата жолын қуғанша, Кеудесіне сыйдырғанша даланы, Айырғанша ақтан бөліп қараны, Талай өзен тасып өтер, Бәлкім, талай ғасыр өтер – деп, Қайырхан жасқа толып жанары Отырарға қимай, ұзақ қарады (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңбегі зая болды [кетті]. *Істеген ісі далаға кетті, еңбегі жанбады.* Күн бойы істеген *еңбегі зая болғанға* Күлəмза ызаланып жылап

Зейнептің оң жақ тізесіне жармаса жатып еді (Б.Майлин, Шығ.). Алтын деп қопарғаны тас боп шығып, *еңбегі зая кетіп,* босқа шаршайтын күні көп (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Еңбегі қайтты. *Істеген ісінің пайдасын көрді, еңбегі ақталды.* Бір жақсысы, Сатанның *еңбегі қайтты.* Ауының түбі құр емес екен. Өңкей ақ табандар үйлығын жусап тұр («Лен. жас»). Салғанмен қаққа қармақ, *қайтпас еңбек,* Еш нәрсе болмаған соң алып шығар (Айтыс).

Еңбегі мойнында. *Қарыздар, борышты, бересілі.* «Елміз ғой. *Еңбегіңіз мойнымызда.* Дем салудан қашпаңыз» деп тыйып тастаса керек (Т.Иманбеков, Бұлақ.).

Еңбегін ақтады. *Еткен жақсылығын қайтарды, сіңірген еңбегі қайтты.* Қазақстанда тұңғыш рет жарыққа шыққан халықаралық «Азия» газетіне редактор ретінде қол қойғанымды көріп, «Тетелесіме рахмет, *еңбегімді ақтады,* баяғыда Балбақ қайнағамның алдына апарып, сіздей жорналшы болсын деп батасын алған едім, Құдай тілеуімді берді», деп ішіп отырған шайын тастай салып, газетті қолына алып, көршілеріне жүгіргенін ауылдастарымнан естігем («Егемен Қазақстан»).

Еңбегін еш қылды. *Жұмысын зая етті, еңбегін далаға жіберді.* Е, е, бір екі рет *еңбегін еш қылса,* «итше жер тырмалап жаман ырым бастама!» – десе, өзі де көшеді, – деді Әзімбай (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Еңбегін қанады [сорды]. *Жұмысының жемісіне ортақ болып пайда тапты.* Жеке шаруалар мен қолөнершілердің кісі *еңбегін қанамайтын,* өз еңбектеріне сүйенген ұсақ жеке шаруашылықтары болуына ғана жол береді (ҚазССР Конституциясы). Сүліктей ескі кезде *еңбек сорған* Кек құмар жандармға теңгересің (Д.Еркімбеков, Шаншу).

Еңбегін сатты. а) *Көрсеткен қызметін бұлдады, бәлденді.* Халық ағарту комиссарының жарлығын ойға салсақ, болашақта да ақша мол болады деген үміт аз. Бұл оқушы мен жазушының есінде болсын. *Еңбегін сатып*-ай, халық үшін бос қызмет қылған азаматтарға [алда] жарылғасын айтамыз. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). б) *Өз күшімен күнін көрді, еңбек етті, қызмет қылды.* Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден *Еңбегін сатқан* бала артық (Абай, Тол. жин.).

Еңбегін сауды. *Адал еңбегімен күн көрді, күнелтті, қызметінің жемісін жеді.* Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, *еңбегіңді сау* (Абай, Тол. жин.).

Еңбегі сіңген [еңбек сіңірген]. а) *Көп еңбектеніп, қызметі өткен.* Өз жұртына жұмыс қылып, *еңбек сіңірген* адамдарды кәдірлеу – елдіктің белгісі. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шет елдерде болған ірі адамдармен таныстыру (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). «Исатайды ұстап берген адамға екі мың сом ақша беріледі» деп, үкімет жар шашады. Теңіздің жағасын қарауылдаған Қарауылқожа баласымен екеуі Исатайды ұстауға көп *еңбек сіңіреді.* Бірақ еңбегі еш кетеді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Бұл төңіректе Бекболаттың *еңбегі сіңбеген* ауыл кем де кем, талайының қираған қазан-ошақтарын бүтіндеп берген (С.Шарипов, Шығ.). ә) *Қоғамдық жұмыстың, ғылым мен мәдениеттің, өнердің белгілі бір саласында көп жылдар жемісті еңбек еткендікті аңғартатын құрметті атақ.* И. С. Жәкенова – денсаулық сақтау ісінің озаты, Қазақ ССР-ына *еңбегі сіңген* дәрігер («Лен. жас»). Ойынның 26-минутында спортқа *еңбек сіңірген* мастер Ю. Варзин қарсыластар қақпасына допты соғып есеп ашты («Спорт»).

Еңбегі [қызметі] сіңді [өтті]. *Көп қызметін қылды, бейнеттенді.* Қайыры болсын халқына, Сабыр қыл, ойла келмесін. Қармяң келіп, жырлап тұр, *Еңбегі сіңген* ер үшін (Бұқар жырау, Жыр.).

Еңбегі татырлық. *Істеген ісі мен атқарған қызметін ақтарлық, соған тұрарлық.* Сыздықтың таңдану-сүйсінуі аралас бұл сөзі «көндім не де болса, *еңбегім татырлық* құс екенсің» деген ішкі сезімінің үніндей еді (А.Сейдімбеков, Ақиық).

Еңбек ақысы. *Сіңірген еңбегінің өтемі, қайтарымы.* Соғым сойысуға келгендер кейбір әзіл-қалжыңы жүретін *еңбегінің ақысына* ірі қарадан «азап арқа», «бейнет белдемше» деп аталған мүшелерден қоңдылау етіп, кесіп алады. Ұсақ малдан «сорлы қабырға», «қол кесер» деп таңдап алады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Еңбек анасы. *Жұмыстың негізі.* Кеп *еңбек анасы* үшін аят оқып, Мақтайды артыңыздан барша халық (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Еңбек ардагері. *Елге, Отанға еңбегі мол сіңген, ұзақ жылдар қызмет еткен адам.* Соғыс және *еңбек ардагерлері,* мүгедектер, жалғызілікті адамдар, аз қамтамасыз етілген отбасылар да қамқорлықтан тыс қалмайды («Жас Алаш»). *Еңбек ардагерімен,* дикандармен, кәсіпкерлермен, ауыл әкімдерімен емен-жарқын әңгімелесті («Егемен Қазақстан»).

Еңбек армиялары. т а р. с о в. а) *Соғыс жағдайы мен әскери тәртіпті сақтай отырып, құрылыста, шаруашылық саласында істеген 1920-21 жылдардағы Советтік Россияда болған армия.* Ақ поляктардың Советтік Россияға шабуыл жасауы *еңбек армияларын* жауынгерлік күйге көшіруге мәжбүр етті (Саяси

сөздік). ә) *Еңбек етуші халық, бұқара.* Жол жоқ, Темір жол жоқ, Қазірден әзірлен, *Е ң б е к а р м и я с ы н* құрамыз (Ж.Тоғашев, Атырау).

Еңбек әдісі. э к о н. *Тәсілдердің, операциялардың құрамымен, олардың орындалуының белгілі бір тізбектілігімен сипатталатын еңбек процесін жүзеге асыру әдісі.* Орындаушының және жабдықтың жұмыс уақытын пайдалану дәрежесі, адамның жұмыс істеу қабілетінің деңгейі және оның қызметінің тиімділігі, жұмыстарды орындау қауіпсіздігі, өнімнің сапасы нақты жұмысты орындау үшін қабылданған *е ң б е к ә д і с і н е* байланысты (Қаз. тілі термин. Экономика.)

Еңбек әрекеті. *Ізденіс, талпыныс.* Математиканың алғашқы ұғымы – сан ұғымының тууына түрткі болған адамның *е ң б е к ә р е к е т і* (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Еңбек базары. *Қызу еңбек, орнықты жұмыс.* Осылайша ауылдағылар қалаға ауа бастады. Көшкен жұрттың орнында кезінде еңселі етіп салған ғимараттар мен тұрғын үйлердің үйінділері жатты. Ауыл ажарынан, дала думанды *е ң б е к б а з а р ы н а н* айырылды (*«Қаз. әдеб.»*).

Еңбек биржасы. э к о н. а) *Жұмысқа жалдау кезінде қызметкерлер мен кәсіпкерлер арасындағы делдалдықты тұрақты негізде жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.* Мемлекеттік *е ң б е к б и р ж а с ы н ы ң* көмегімен еңбек рыногына белгілі бір ықпал жасайды, жұмыссыздарды ғана емес, сонымен бірге кәсібін, мамандығын өзгерткісі келетіндерді де жұмысқа орналастыру процесін реттейді, жұмыс күшінің сұранымы мен ұсынымын зерделейді (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Е ң б е к б и р ж а с ы* жастарды кәсіпке бағдарлайды, жұмыс күші рыногының жағдаятына ұдайы талдау жасайды, басқа да делдалдық операцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу құқығының белгіленуі мен күшін жоюын бақылау міндетін орындайды (Қаз. тілі термин. Экономика.). ә) *Жұмыссыздарды тіркеп және жұмыс табу жөнінде делдалдық жасап отыратын мекеме.* Капиталистік елдерде *е ң б е к б и р ж а л а р ы* жұмыссыздарды аса ауыр жұмыстарға еріксіз жіберу үшін пайдаланылады (Саяси сөздік). Қызметті мен емес, *е ң б е к б и р ж а с ы* тауып беруге тиісті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Еңбек бөлінісі. *Жиынтық еңбектің жеке түрлер мен бөлшектерге, тур өзгешеліктерге бөлінуі.* Тұңғыш ірі қоғамдық *е ң б е к б ө л і н і с і* мал бағушылардың егіншіліктен оқшаулануына байланысты (ҚСЭ).

Еңбек гигиенасы. *Еңбек үстінде, жұмыс кезінде денсаулықты сақтау, өндірістің зиянды факторларын жою жағдайы, шарасы.* Олар – жұқпалы және паразитті аурулар және оларды жою жолдарындағы күрес, *е ң б е к г и г и е н а с ы* және жұмыс орнына байланысты аурулар (*«Лен. жас»*). *Е ң б е к г и г и е н а с ы* – гигиена ғылымының бір саласы (ҚСЭ).

Еңбек дауы. а) *Қызметкерлер мен жұмыс берушінің (кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің) арасындағы келіспеушілік.* Өткен алты жыл ішінде осы *е ң б е к д а у ы* түрлі сатыдағы сот органдарының мәжілістері мен отырыстарында бақандай 47 рет қаралыпты. Соған сәйкес 30-дан астам қаулылары мен шешімдері шығарылған (*«Егемен Қазақстан»*). *Е ң б е к д а у ы* көбінесе еңбек туралы заңдарды қолдану мәселелеріне, ұжымдық, жеке еңбек келісімшартының бұрын реттелмеген шарттарына байланысты туындайды (ҚҰЭ). Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» заңының 97-бабына сәйкес *е ң б е к д а у ы* тараптардың келісімі бойынша не сот үкімімен шешілуі мүмкін (ҚҰЭ). ә) *Жұмыс барысында болатын келіспеушілік.* Сондықтан да алғашқы кезекте қабылданған заңдар... «Ұжымдық *е ң б е к д а у л а р ы* мен ереуілдер туралы» және басқалар болды (*«Егемен Қазақстан»*).

Еңбек демалысы. *Еңбек етуші барлық азаматтарға жұмыс орны және орташа табысы сақталып, жыл сайын демалу үшін берілетін мерзім.* Ақжарқын қалпымен аңқылдап амандасты. Сөз арасында оның Мәскеуден кезекті *е ң б е к д е м а л ы с ы н* алып, елге келгенін аңғартады (*«Жас Алаш»*).

Еңбек Ері. *Еңбекте үздік шыққаны үшін берілетін құрметті атақ.* Кәдімгі, өткен жылы *Е ң б е к Е р і* атағын алған Мұзапар ма? – деді шал Мұстафаға (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

Еңбек етті [қылды]. *Жұмыс істеді, қызмет етті, еңбектенді.* Білімді болу үшін көп сарғаю керек. Шаруашылық басшысы дұрыс айтады. Бұл ауылдың тұрғындарында масылдық психология әу бастан жоқ. *Е ң б е к е т с е*, еметіндерін жақсы түсінген қауым бұл. Сондықтан да, ауыр жылдардан абыроймен өтті (*«Қаз. әдеб.»*). Қалтасында ақшасы жоқ, басқа табар табыс көзі тағы жоқ, жағдайымды жақсартам ба деп пәленбай жыл *е ң б е к е т с е* де, көзге көрінбейтін қаржы-қаражаты жоқ, аузы-мұрты майланбаған ауыл адамы көктемнің келуіне байланысты тағы бір әрекет жасап көрейік деген енжар көңілмен далаға қарап тұр (*«Жас Алаш»*). *Е ң б е к е т* те, міндет ет (Мақал). *Е ң б е к е т с е ң* емерсің (Мақал). Біледі білімділер сөздің парқын, Күйеу-қыз

жақсы болса жүзің жарқын. Халыққа адал *еңбек еткен* адам Көреді көсем болып елдің нарқын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). «Еңбек етсең емерсің». *Еңбек қылмай* білім жоқ. Еңбексіз ағартып, тездеп елді мәдениетті қыламын деген ой ауысқандық. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). *Еңбек қылсаң* ерінбей, Тояды қарның тіленбей (Абай, Тол. жин.).

Еңбек ету. *Жұмыс істеу, кәсіп ету.* Халықтың басым көпшілігі *еңбек етуге*, ізденуге, тұрмысын түзеуге, білім алуға бейім. Шетел азаматтарымен салыстыра қарасақ та бұл жөнінен қазақтардың артықшылығы көп екенін аңғару қиын емес. Ал ел өміріне үңілсек, нақ осындай білімді, ізденгіш, еңбекқор қазақтар неге қайыршылық күйге түскен? («Қаз. әдеб.»). Ломоносов жұртты нақты ғылымның теориялары мен заңдарын дәл зерттеу, дәл байқау мәліметтеріне сүйенетін ғылым жолында *еңбек етуге* шақырды (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Арғымақ жыл туған соң, Жүлде бермей өтерсің. Енді біраз жылдан соң, Еліңе *еңбек етерсің* (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Еңбек ету* үшін де үміт керек – Сыйынатын құдіретің күтіп көмек, Бойыңдағы барыңды беруге де Қайратыңды тұратын сілкіп, демеп. (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Еңбек жағдайы. *Өндірістік процестер орындалатын ортаға қажетті жағдайлардың (температура, ауа ылғалдылығы, сулылығы, шаңдану деңгейі және т.б.) жиынтығы.* Еңбекті қорғауға және *еңбек жағдайын* жеңілдетуге, әлеуметтік қамсыздандыруға, тұрғын үйге т.б. орасан көп қаржы бөлінеді (ҚСЭ).

Еңбек жарақаты. *Қызметкердің не қызметшінің денсаулығына келтірілген зиян.* Мемлекет және қоғамдық міндеттерін орындау кезінде; адам өміріне араша тұру, меншік нысандар мен қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі азаматтық борышын өтеу барысында қызметкер бақытсыз оқиғаға душар болып, денсаулығына зиян келсе, *еңбек жарақатына* ұшырағанболып есептеледі (ҚҰЭ). *Еңбек жарақатының* осындай деректері уақытша еңбекке қабілетсіздік бойынша жәрдемақы, мүгедектігі үшін немесе асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы тағайындау барысында қаперге алынады (ҚҰЭ).

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. *Еңбек пен әлеуметтік қорғау шараларымен айналысатын үкімет орны. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің* жұмысын ҚР Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссия мен Бас прокуратура «өз қолына алғалы» қашан. Мұндай қолында қауқары жоқ министрліктің барынан жоғы жақсы, әрине («Жас Алаш»).

Еңбек жолы. *Өтілі, еңбек еткен жылдары, мерзімі.* Туған ауыл құшағында *еңбек жолын* бастадық, Шарықтаған достық әнін тау самалы қашты алып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңбек заңы. *Азаматтардың еңбек ету, еңбек тәртібін сақтау жағдайын реттейтін ережелер жиынтығы.* Бірде Бақытжан қазіргі *еңбек заңы,* жұмысқа алу, жұмыстан шығару ережелері туралы лекция оқыды (Б.Аманшин, Көкжар.).

Еңбек заты. ф и л о с. *Табиғи заттар мен адамның табиғаттан алып пайдаланатын нәрселер.* Табиғат беретін немесе табиғаттан адамның өзі алатын заттар *еңбек заты* болып табылады (Марксистік филос.).

Еңбек иесі. *Еңбек адамы, еңбек етуші кісі.* Содан үш айдың жүзі болды-ау дегенде, *еңбек иесіне* зорға деп қайта оралды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Сәл аңдамай бір жерін бүлдіріп алсаң, *еңбек иесін* осылай қызартып та алады (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Еңбек интенсивтілігі. *Белгілі бір уақыт өлшемі ішінде жұмсалған шығындармен өлшенетін еңбектің қауырттылығы. Еңбек интенсивтілігінің* дәрежесі артқан кезде жұмыс операциясының орындалу шапшаңдығының артуы есебінен белгілі бір уақыт өлшемі ішінде жұмсалатын жұмыс күшінің шығындары да өседі (ҚСЭ).

Еңбекке баулыды. *Еңбек етуге тәрбиеледі, әдеттендірді.* Қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, *еңбекке баулып,* ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер туып отырды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Еңбекке жарамсыздық. *Адамның медициналық және әлеуметтік себептермен күнделікті істеп жүрген кәсіби жұмысын атқара алмайтын жағдайы. Еңбекке жарамсыздық* дәрежесіне қарай жарым-жартылай және толық болып ажыратылады (ҚҰЭ). *Еңбекке жарамсыздықтың* жарым-жартылай түрінде науқас адам өзінің күнделікті жұмысын атқара алмағанымен басқа жеңілдеу жұмыстарды істей алады (ҚҰЭ).

Еңбек келісімшарты. і с к е р и. *Қызметкер мен жұмыс беруші (фирма, мекеме, т.б.) арасында жасалған шарт. Еңбек келісімшарты* бойынша қызметкер фирма штатына енгізіледі және белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттеніп, ішкі тәртіпке бағынады, ал фирма қызметкерге жалақы төлеуге, елдің еңбек туралы заңдарында және өзара шартта көзделген еңбек жағдайын қамтамасы етуге міндеттенеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбекке шашты. *Еңбекке бөлді (ақша, астық).* Алты айлық *е ң б е к к е* ақша, астық *ш а ш қ а л ы* жатыр (Фразеол. сөзд.).

Еңбек кооперациясы. *Өзара байланысты өндіріс процесінде көп адам жоспарлы түрде бірлесіп жұмыс істейтін еңбек формасы.* Әрбір қоғамдық құрылыстың өзіне тән *е ң б е к к о о п е р а ц и я с ы* болады (ҚСЭ).

Еңбек көрсеткіші. *Өнімнің мөлшерін, табыстың шамасын, жұмыстың дәрежесін байқататын жалпы нәтиже.* Бұл бригаданың *е ң б е к к ө р с е т к і ш і* тәуір дегенді әлгіде ғана совхоз директорынан естігенбіз (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Еңбек кітапшасы. і с к е р и. *Жұмыс істей бастағаннан бергі қызмет орны мен уақыты, еңбекке қатысы жайлы мәлімет беретін бірыңғай үлгідегі құжат.* Рас, онда *е ң б е к к і т а п ш а с ы* біреу де емес, екеу. Бірақ оларға қарап Крановокийдің қашан, қайда жұмыста болғанын тиянақтау мүмкін емес (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). *Е ң б е к к і т а п ш а с ы н а* қызметкердің тегі, аты-жөні, туған күні мен жылы, білімі, кәсібі, мамандығы, жұмысы туралы, жеке еңбек шартының мерзімі, оның тоқталуы мен бұзылуы туралы, сондай-ақ ордендермен, медальдармен марапатталуы, көтермелеу мен ынталандыру сыйлықтары жөніндегі деректер жазылады (Қазақстан ықш. энц. сөздік).

Еңбек қарқындылығы. *Уақыт өлшеміне шаққанда жұмыс күшін жұмсау дәрежесімен айқындалатын еңбек қауырттылығы. Е ң б е к қ а р қ ы н д ы л ы ғ ы* серпіні бір сағат, жұмыс аптасы, т.б. бойына жұмсалған нақты еңбектің (дене еңбегі мен ой еңбегінің) ауқымымен өлшенуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек құқығы. *Еңбек ету тәртібіне қатысты заңдылық, міндет, жауапкершілік.* Шетелдік компаниялардағы және шетелдік компаниялардың үлесі бар мекемелердегі қазақстандық жұмысшылардың *е ң б е к қ ұ қ ы ғ ы н* сақтау мәселесіне орай жүргізілген тексеру барысында 129 шетелдік компанияның Қазақстанның «Еңбек туралы» Заңына немқұрайдылықпен қарағаны белгілі болды («Жас Алаш»).

Еңбек құралдары. *Жұмыс істеу үшін керек жабдықтар, мәшинелер, аспаптардың жиынтық аты. Е ң б е к қ ұ р а л д а р ы* – Маркстің айтуынша, адамның жұмысшы күші дамуының өлшеуіші ғана емес, сонымен бірге, еңбек процесі болып жататын қоғамдық қатынастардың көрсеткіші (Марксистік филос.). Адам баласы ең ерте дәуірінен бастап-ақ еңбек үстінде кездесетін қиыншылықтарды жеңу үшін көптеген *е ң б е к қ ұ р а л д а р ы н* жасап келді (М.Мұқанов, Бақылау.).

Еңбек құрал-жабдығы. *Адамның еңбек заттарына әсер етуі үшін керек саймандар, игіліктер жиынтығы, өндіріс жабдығының бір бөлігі. Е ң б е к қ ұ р а л-ж а б д ы ғ ы н а* еңбек *қ ұ р а л д а р ы,* үйлер мен ғимараттар, темір жолдар, труба құбыры, т. б. жатады (ҚСЭ). *Е ң б е к қ ұ р а л-ж а б д ы ғ ы н а* еңбек қаруы жабдық, машина, станоктар, прибор, өндірістік үймереттер мен ғимараттар, жолдар, құбырлар, арналар, тасымал құралдары, еңбек заттарын сақтайтын түрлі сыйымдылықтар, т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Экономика.). Кәсіпорындарда *е ң б е к қ ұ р а л-ж а б д ы ғ ы н ы ң* елеулі бөлігін негізгі өндірістік қорлар құрайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек қылды. *Жұмыс істеді, қызмет етті.* Адамшылықтың қарызы үшін *е ң б е к қ ы л с аң,* Алланың сүйген құлының бірі боласың (Абай, Тол. жин.). Ерінбей *е ң б е к қ ы л с а,* түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? (Абай, Тол. жин.). *Е ң б е к қ ы л с аң,* ерге қыл, Бал төкпе шіркей-шыбынға! (О.Шораяқов, Шайыр).

Еңбек лагері. *Оқушы балалардың жазғы демалысын еңбекпен байланыстыұйымдастырған арнайы лагері.* Үшінші жыл колхозда демалыс және *е ң б е к л а г е р і* жұмыс істеп келеді («Қазақст. мұғ.»).

Еңбек лицензиясы. *Еңбек ету құқығын растайтын құжат.* Мемлекет мұндай дискриминацияны өз басына өзі тілеп алып отыр. Себебі, «*Е ң б е к л и ц е н з и я с ы* туралы жаңа ережеде» қазақстандықтар мен шетелдіктердің тең еңбек құқығы сақталмаған («Жас Алаш»).

Еңбек майданы. бейн. *Қайнаған еңбек ортасы. Е ң б е к м а й д а н ы* қызды («Жас Алаш»).

Еңбек мектебі. *Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, оқуын жалғастыра беруге арналған және кәсіби мамандық орны.* Бұл – жалпы білім беретін орталау политехникалық *е ң б е к м е к т е б і* (Семья тәрбиесі).

Еңбек нарығы. *Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу саласы, еңбек саудасы.* Бітірушілер үшін білім мен тәжірибені ұштастыра білу қажеттілігі ғана емес, қазіргі *е ң б е к н а р ы ғ ы н д а ғ ы* бәсекелестікке төтеп беріп, онда жеңіске жете білу қажеттілігі осыдан келіп туындайды («Жас Алаш»). *Е ң б е к н а р ы ғ ы* арқылы жұмыс күшін белгілі бір мерзімге сату жүзеге асырылады (ҚҰЭ). Дамыған экономика жағдайында *е ң б е к н а р ы ғ ы н ы ң* бір-бірімен байланысқан түрлері мол болады, ол түрлі мамандықтарға байланысты қалыптасады (ҚҰЭ).

Еңбек өлмейді. *Еткен еңбек, бейнет құр*

кетпейді, қайтарымы болады. Үйреткен шәкіртің Өзіңдей сайраған. *Еңбегің өлмейді,* Әуенің сөнбейді. Артыңда шәкіртің, Өзің деп сөйлейді (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Еңбек өнімділігі. ф и л о с. *Жұмыс уақытының бір өлшемі ішінде шығарылған өнім мөлшері, өндірісті еңбектің нәтижелілігі. Е ң б е к ө н і м д і л і г і* уақыт өлшемінде өндірілген өнімнің мөлшерімен (өндіріммен) немесе өнім өлшеміне жұмсалған уақыт шығынымен (еңбек сыйымдылығымен) тұлғаланады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Еңбек өнімділігінің* дәрежесіне техникалық қарулану мен өндірісті жетілдіру, машинаны шеберлікпен пайдалану, еңбек тәртібін нығайту және т.б. ықпал жасайды (Саяси сөздік). *Е ң б е к ө н і м д і л і г і* өнім бірлігін өндіруге жұмсалған уақыт мөлшерімен немесе уақыт бірлігінде өндірілген өнім мөлшерімен өлшенеді (ҚҰЭ). *Е ң б е к ө н і м д і л і г і* адам қызметінің мақсаттылығын, жемістілігін сипаттайтын өндіріс және қызмет жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі (ҚҰЭ).

Еңбек өнімі. *Материалдық-заттық (материалдық өнім), рухани ақпараттық (ақыл-ой еңбегінің өнімі) формадағы не орындалған жұмыс пен атқарған қызмет түріндегі адам еңбегінің, шаруашылық әрекетінің нәтижесі.* Өндіріс процесі кезінде белгілі бір мұқтаждыққа байланысты өңдеуден өткен еңбек заттары өз формасын өзгертіп, *е ң б е к ө н і м і н е* айналады (ҚҰЭ). *Е ң б е к ө н і м і* өндіріс құрал-жабдығына және тұтыну заттарына бөлінеді (ҚҰЭ). Егер товарлық денелердің тұтыну құнын есепке алмайтын болсақ, онда олардың бір ғана қасиеті қалады, атап айтсақ, олар – *е ң б е к ө н і м д е р і* (К.Маркс,.. Капитал).

Еңбекпен түзеу. *Жазасын еңбек арқылы өтеу, еңбек арқылы қайта тәрбиелеу.* Егер дәрігер науқасқа жауапсыздығынан орташа дәрежедегі зақым келтірсе, онда ол үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі немесе 4-6 ай қамауға немесе бұл кәсіби мамандықпен айналысу құқығынан айырылып, 2 жылға дейінгі мерзімге *е ң б е к п е н т ү з е у* жұмысына жіберіледі («Егемен Қазақстан»).

Еңбек психиатриясы. *Жұмыс орнындағы диагностика мен профилактика мәселелерімен шұғылданатын психиатрия тарауы. Е ң б е к п с и х и а т р и я с ы* психиатриялық пациенттердің еңбекке оралуы, жұмыскердің жұмыс орнындағы эмоциялық орнықтылығы, жұмысқа шықпай қалу, оқыс жазатайым жағдайлар, жазатайым жағдайларға бейімділік, жұмыстан шығып кету сияқты проблемаларға баса назар аударуы (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еңбек психологиясы. *Еңбек қарекетінің нақты нысандарының қалыптасуының психологиялық заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Еңбек психологиясының* объектісі – индивидтің өндірістік жағдайларындағы және оның жұмыс күшін ұдайы өндіру жағдайындағы қарекеті (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Е ң б е к п с и х о л о г и я с ы н ы ң* тұрғысынан индивидтің жұмыс уақыты мен бос уақыты еңбек және жұмыс күшін ұдайы өндіру жағдайлары сияқты тығыз байланысты (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еңбек рахаты болсын! *Жұмысың сәтті болсын деген мағынада.*

Еңбек резерві. *Арнаулы оқу орындарында халық шаруашылығының жетекші салалары үшін маман жұмысшыларды дайындау жүйесі.* Шаруашылықты жоспармен жүргізуге негізделген социалистік өндіріске тек материалдық резерв қана емес, *е ң б е к р е з е р в і* керек (Саяси сөздік).

Еңбек ресурстары. *Белгілі бір елдегі, аймақтағы халықтың еңбек етеуге қатыса алатын экономикалық белсенді бөлігі. Е ң б е к р е с у р с т а р ы н ы ң* мөлшері сол елдің (ауданның, аймақтың) халық санына, оның үнемі өсуіне, халықтың демографиялық құрылымы мен демографиялық процестерінің қарқындылығына байланысты (ҚҰЭ). *Е ң б е к р е с у р с т а р ы н* оның құрамына енетін адамдардың жасына, жағдайына, білімділігіне, кәсіптік және әлеуметтік топтарға жіктелуіне қарай бағалайды (ҚҰЭ).

Еңбек ресурстарын басқару. *Кәсіпорын (цйым, фирма) кадрларын таңдауға, орналастыруға, оқытуға, өсіруге, олардың қызметін бағалауға ықпал жасау мақсатындағы нысаналы әрекет. Е ң б е к р е с у р с т а р ы н б а с қ а р у* еңбек ресурстарын жоспарлау, қызметкерлерді жинау, кадрларды іріктеу, жалақы мен жеңілдіктерді айқындау, қызметкерлер қызметінің нәтижелерін бағалау кезеңдерін қамтиды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек стажы [өтілі]. *Белгілі бір қоғамдық жұмыс салаларында еңбек еткен уақыттың мөлшері.* Әуелі екі жыл жұмыс істеуім керек. Оқуға сосын барамын. Бәрібір одан бері де *е ң б е к с т а ж ы* жоқ деп қабылдамайды (Т.Тобағабылов, Жазира).

Еңбек сіңірді. *Көп уақыт бойы жемісті жұмыс істеді, мәнді қызмет атқарды.* Қажым ағарту жолында көп *е ң б е к с і ң і р д і* («Халық мұғ.»). Дүйсенбай Ерканның есігінде он жылдан артық жүріп *е ң б е к с і ң і р д і* (Б.Майлин, Шығ.). «Менің атым Аққүріш еді, мені ақ күріш қыл да, теңіздің түбіне шашып жібер. Мені тауып алғысы келгендер *е ң б е к с і ң і р і п*, теңіздің түбінен алтындай сүзіп алсын», – деген екен! Сол тілегі қабыл болып, күріш

болып себіліп, жұлдыз болып төгіліп, теңіздің түбінде қалған екен («Жас Алаш»). Үздік табысқа жеткен, жемісті қызмет көрсеткен. Қазақстанның халық ақыны, композиторы және өнерге *еңбек сіңірген* қайраткері – Кенен Әзірбаев («Лен. жас»).

Еңбек тәрбиесі. *Баланы еңбексүйгіштікке, табандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Еңбек тәрбиесі* мен оқытудың міндеттері еңбекке баулу сабақтарында орындалады (Қаз. тілі тремин. Педагогика.). *Еңбек тәрбиесі* – еңбекті негізгі өмірлік қажеттілік деп білетін саналы көзқарасты қалыптастыру арқылы адамды белсенді еңбек әрекетіне және оны ұйымдастыруға қалыптастыру (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еңбек тәртібі. а) *Еңбек етушілердің арақатысын тиімді қалыпқа келтіріп отыратын жүйе.* Әрбір әлеуметтік құрылыс ерекше, өзіне тән қоғамдық тәртіп, *еңбек тәртібін* қалыптастырады (Марксистік филос.). Осы жарты жыл ішінде 2 адам *еңбек тәртібін* бұзғаны үшін жұмыстан шығарылған («Лен. жас»). ә) *Белгіленген еңбек ережесіне сай жұмыс уақытының рет тәртібін сақтау. Еңбек тәртібін* бұзуға жұмыстан себепсіз қалу, кешігу т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Еңбек тәртібін* қамтамасыз етудің сипаты мен әдістері өндірістік қатынастардың тұрпатымен және соның негізінде жатқан өндіріс құралжабдығына меншіктің нысанымен айқындалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбектегі қауырттық. ф и л о с. *Өндіріс процесіндегі еңбек өнімділігін арттырудың дәрежесі.* Капитализм тұсында *еңбек қауырттығының* артуы [интенсификация] – жұмысшыларды қанауды күшейтудің бір тәсілі («Соц. Қаз.»).

Еңбек терапиясы. *Индивидке мақсаткерлікпен жұмыс істеуге мүмкіндік беруге негізделген терапия. Еңбек терапиясы* белгілі бір бұлшық еттерді жаттықтырып, дамыту, сенсомоторлық үйлесімді жақсарту міндеті қойылатын физикалық терапия немесе жұмыс адамның жалпы өзін-өзі сезінуін жақсартуға бағытталған психологиялық бағдарлы терапия болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еңбек торы. *Қарапайым, еңбекқор адам деген мағынада.* Жетем дедім көрінген сол жағаға, Болғанынша бойымнан арман ада. *Еңбек торы* болдым мен ел қалаған Күндіз-түні жегілдім шаруаға да (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Еңбек түзету колониясы. *Қоғамдық тәртіпті бұзған қылмысты адамдарды еңбекпен тәрбиелейтін орын.* Шапық. Өз ұйғаруымды сұрасаң, *еңбек түзету колониясына* тапсырғаннан басқа лаж қалған жоқ (Ш.Құсайынов, Таныс адам.).

Еңбекті ақтады. *Өзіне сіңген біреудің қызметін өтеді.* Оқу жылын жақсы аяқтадық. *Еңбекті ақтадыңдар,* балалар (С.Бегалин, Мектеп.).

Еңбекті нормалау. *Тиісті техникалық-ұйымдастырушылық жағдайында белгілі бір жұмыс уақыты ішінде өндірілетін өнім көлемін (өнім мөлшерін) анықтау. Еңбекті нормалау* анализдік және тәжірибелік-статистикалық әдістермен жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Еңбектің арқасында. *Еткен еңбектің нәтижесінде, еңбекпен қол жеткен.* Құмдағы мейірленіп «ұйымына» Құяды керегінше жаңбыр көктен. Бірлік бен ұлы *еңбектің арқасында* Кедейден тері тон мен қалды шекпен (О.Шипин, Дастан.).

Еңбекті ұйымдастыру. *Жұмыс күшін ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі. Еңбекті ұйымдастыру* өндіріс барысында адамдарды тиісінше орналастыруды, еңбек бөлінісін, әдістерін, оны біріктіруді, нормалауды, ынталандыруды, жұмыс орындарын ұйымдастыруды, оларға қызмет көрсетуді, қажетті еңбек жағдайын қамтиды (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Еңбекті ұйымдастыру* тиімділік пен ғылыми негізделудің түрлі дәрежесімен сипатталады. Өзара байланысты экономикалық, психологиялық-физиологиялық және әлеуметтік міндеттердің топтарын қамтамасыз етуге тиіс (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек ұжымы. *Қоғамның мұддесіне керекті өнім өндіруді немесе қызмет етуді көздеген адамдар бірлестігі.* Орталықтанған меншікке негізделген экономикада *еңбек ұжымын* ұйымдастыру мемлекеттің қолында болады. Жеке меншікке негізделген қоғамда кәсіпорын, ұйым құру меншік иесінің еркіне беріледі (Қаз. ықш. энц. сөзд.).

Еңбек үлесі коэффиценті. *Ұжым мүшесінің жалпы табысқа қосқан еңбегіне қарай берілетін қорытындылаушы сандық баға.* Осы көрсеткіш бойынша еңбек ақы төленеді. *Еңбек үлесі коэффициентінде* әр қызметкердің еңбек өнімділігі, орындалған жұмыстың сапасы мен қиындығы, ұжымның басқа мүшелеріне тигізілетін қолғабысы, еңбек пен өндірістік тәртіпті сақтау және басқа да факторлар есепке алынады. Еңбек ақы тарифтік разрядқа және нақтылы еңбек уақытына сәйкес белгіленеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек шарты. құқық. *Қызметкер мен жалдаушы (оның ұжымы) арасындағы келісім. Еңбек шарты* бойынша қызметкер біліктілікке сәйкес белгіленген бір немесе бірнеше кәсіптер, мамандықтар немесе лауазымдар бойынша жұмысты орындауға және ішкі еңбек тәртібіне бағынуға міндеттенеді, ал жалдаушы

қызметкерге жалақы төлеуге, тараптар көздеген және еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндеттенеді (Қаз. тілі термин. Экономика.) *Е ң б е к ш а р т ы* белгісіз немесе белгілі бір жұмысты орындау уақытына жасасылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еңбек шығыны. э к о н. *Белгілі бір жұмысты орындауға жұмсалған күш, жұмсалған қаржы.* Құсты бағып-күтудің қандай да болсын жүйесін енгізгенде *е ң б е к ш ы ғ ы н ы* бірдей болмайтынын есте ұстау керек (Құс өсіруі.).

Ердің атын еңбек шығарады. *Еңбек еткен адам елге танымал болады. «Е р д і ң а т ы н е ң б е к ш ы ғ а р а д ы»* деген халық сөзіне алыпқосар не бар дейсіз? «Халық айтса, қалып айтпайды» («Жас Алаш»).

Қоғамдық еңбек. *Қоғамға тән, қауымдық жұмыс, бірлескен қызмет. Қ о ғ а м д ы қ е ң б е к т і* белгілі бір сәйкестікте болу қажеттігі қоғамдық құрылыстың ешқайсысында да жойылмайды (Қысқ. саяси экон.). Менің менімді көрсететін *қ о ғ а м д ы қ е ң б е к к е* (егін оруға) асыға ұмтылам. Бірақ бір нәрсе жетпейтін сияқты, – дейді (З.Сәрсенбаев, Офицер).

Қоғамдық еңбек үлгісі. *Қоғамның жеке мүшелерінің әртүрлі өнімдер өндірумен шұғылдануы. Қ о ғ а м д ы қ е ң б е к ү л г і с і н* көрсетті («Жас Алаш»).

Қол еңбегі. *Қолмен істейтін жұмыс. Қ о л е ң б е г і н е* негізделген ұсақ өндірістің орнына капитал машиналы өндіріске негізделген ірі өнеркәсіп құрды (ҚҰЭ).

Қосымша еңбек. *Қажетті жұмыс уақытынан тыс орындалған жұмыс.* Бірақ тіпті қарастырылып отырған ретте де қосымша құнның асыра өндірілуі қажетті жұмыс уақытының қысқартылып, *қ о с ы м ш а е ң б е к т і ң* тиісінше ұзартылуынан туады (К.Маркс,.. Капитал).

Ой [ақыл-ой] еңбегі. *Ақылға, санаға, ойлау қабілетіне негізделген жұмыс.* С және В витаминдерінің қосындысы ауыр жұмыс істеген кезде немесе *о й е ң б е г і м е н* көп шұғылданған кезде адамға қуат береді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

Ойдай еңбек. *Қыруар жұмыс.* «Чкалов» колхозы 10 гектарлық бөгет суын нашар бөгегендіктен айырылып қалды, *о й д а й е ң б е к* зірә болды (Фразеол. сөзд.).

Шығармашылық еңбек. *Ой еңбегінің жемісі, ой ізденісінің нәтижесі.* Соның мән-жайын бақастай отырып, *ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ е ң б е к т і ң* бағасын береді («Егемен Қазақстан»).

ЕҢБЕК[2] з а т. а н а т. *Бас сүйегі қатаймаған сәбидің төбесіндегі былқылдап тұратын жері.* Соңғы кезде бір жарым жаста баланың *е ң б е г і н і ң* қуысына қан құю ұсынылып жүр (А.Даиров, Хирург.).

ЕҢБЕКАҚЫ з а т. *Еңбегіне берілетін төлем, еңбек төлемі, ақшалай я заттай құн. Е ң б е к а қ ы ң* жетпейді, қаламақың да, Кімге шағым айтарсың бұл хақында. Әрбір шыққан газетке жаңа өлеңі Жаңа бір той жасатып тұрды ақынға (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Мысалы, Ақтөбе облысындағы бұрғылау жұмысымен айналысатын «Ұлы қабырға» ЖШС бір деңгейде маманданған, қызметі қатар қазақстандықтың *е ң б е к а қ ы с ы н* шетелдік маманға қарағанда аз төлейді екен. ҚХР азаматымен инженер-технолог қызметіне жасасқан жеке еңбек келісімшартында (ЖЕК) қытайлық азаматтың *е ң б е к а қ ы с ы* 570 АҚШ доллары (немесе 88578 теңге) болса, қазақстандық азаматтың жалақысы–75500 теңге көлемінде («Жас Алаш»).

Еңбекақы алды. *Жалақы алды, еңбегінің төлемін алды.* Тұңғыш рет *а л ғ а н е ң б е к а қ ы м а* Костюм сатып әперіп ем әкеңе. Сұлулықтың безбені ғой көз деген, Ұлым, мені ұғамысың, сондағы оның қуанышын Қалай айтып жеткізе алам сөзбенен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қызметіңе ертең ерте тұрып бар. Әріптестер – соншалықты қылықтар. Адам сорлы – *Е ң б е к а қ ы а л ғ а н* соң – Істеп жүрген жеріне де кіріптар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Еңбекақы қоры. э к о н. *Қаржыландырылу көзіне қарамастан еңбекке ақы төлеу үшін кәсіпорын (фирма, ұйым, мекеме) есептеген барлық сома. Е ң б е к а қ ы қ о р ы* – ынталандырушы және өтемдік төлемдер, соның ішінде бағаның өсуіне және заңдарда көзделген нормалар шегінде табысты индекстеуге байланысты өтемдік төлемдер, сондай-ақ жұмысшыларға жұмыс істелмеген уақыт үшін есептелген ақшалай қаражат (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЕҢБЕККЕР з а т. **1.** *Еңбек етуші, жұмыс істеуші кісі.* Николай Никитич *е ң б е к к е р л е р* ортасында болды (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Колхоз *е ң б е к к е р л е р і н і ң* биылғы межесі қашанғыдан да қомақты («Соц. Қаз.»). Елбасы аталған шаруашылықтың тыныс-тіршілігімен танысып, ауыл *е ң б е к к е р л е р і н і ң* қажыр-қайратына риза болды («Егемен Қазақстан»). Құрылымы өзгеріп, жаңадан заңды тұлғалар құрылды. *Е ң б е к к е р л е р г е* жұмыссыз жүрген уақытына өтемақы төленді («Жас Алаш»). «Қарағанды» совхозының *е ң б е к к е р л е р і* егіс даласын қорғайтын орман алқаптарының өте пайдалы екенін әбден түсінген (Л.Балтабаев, Жасыл орман.). **2.** *Еңбексүйгіш, еңбеккор адам.* Ол бұл салада тынбай жазып келе жатқан *е ң б е к к е р,* оқымысты, педагог жазушымыз (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Игісінов кереметтей *е ң б е к к е р* адам («Соц. Қаз.»).

ЕҢБЕККЕРЛІК з а т. *Еңбекқорлық, еңбеккүмарлық, еңбексүйгіштік.* Іңкәрбектің *е ң б е к к е р л і г і* бізге бұрыннан белгілі (С.Ақтаев, Дала.). Кемеңгер ұстазды жақсы білетіндер оның орасан *е ң б е к к е р л і г і н е* қайран қалатын («Қаз. әдеб.»). Бұл мерзімде Медетбек өзінің механизаторлық шеберлігімен, тиянақты *е ң б е к к е р л і г і м е н* ел көзіне түсті («Қаз. әдеб.»). Низами өмірді жөндеу үшін адам алдымен өзін жөндеу қажет деген қағидасын ұсынады. Ең үлкен мақсат әділдік пен *е ң б е к к е р л і к.* Ол екеуі мақсаттың орындалуына жол ашпақ (Е.Ысмайылов, Шығ.).

ЕҢБЕККҮН з а т. т а р. с о в. **1.** *Ұжымдық шаруашылықтағылардың тапқан табысының күнге шаққандағы мөлшері.* Еңбекке қажырлы, жұмысқа тиянақты, тәртіпшіл, мәдениетті Ахметтің жыл сайын алатын *е ң б е к к ү н і* мол (Е.Ысмайылов, Сын.). Еліміздегі колхоздарда қоғамдық өнімнің колхозшылар арасында бөліске түсетін бөлігі *е ң б е к к ү н* арқылы бөлініп жүр (Б.Ордабаев, Коммунизм.). Колхоздан істеген жұмысыңа *е ң б е к к ү н* аласың, оған астық, ет тағы басқалар беріліп тұрады (Б.Тоқтаров, Қыран.). **2.** *Ұжым-шардағы (колхоздағы) күнделікті бітірген еңбектің бағамы.* Қайғыдан пәк қажымас қайран жастық! Жоқшылықпен белдесе майдандастық. Есейіп *е ң б е к к ү н г е* енші алғанда, Екеуара қуанып жайраңдастық. Жаны бірге жақсы дос қайран жастық! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕҢБЕКҚОЙ с ы н. с ө й л. ***Еңбекқор***. Қазақтың алғашқы *е ң б е к қ о й* оқушылары әртүрлі пәндер мен орыс тілін де тез игерді («Айқап»).

ЕҢБЕККОР с ы н. *Еңбексүйгіш, еңбекқой.* Ол қарапайым, бір сөзді, *е ң б е к қ о р,* кез келгенге қол ұшын беріп көмектесуден шаршаған емес («Ана тілі»). Әр нәрсенің жолын біледі, *е ң б е к қ о р,* өнерге бейім. Өмір бойы ұлы махаббат иесін күтуге бар («Жас Алаш»). *Е ң б е к қ о р,* адал, жаның жай, Мінезің маған тартқанын, Ақылыңды айтып келіп тұр, Балаларды біліп тұр. Қалай жүріп жатқанын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сәбиттің әкесі Дөнентай кедей, *е ң б е к қ о р,* санасы ояу, шаруашылығына ұқыпты кісі болған (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы).

ЕҢБЕККОРЛЫҚ з а т. *Еңбексүйгіштік, еңбеккүмарлық.* Халел Дерягиннің *е ң б е к қ о р л ы ғ ы н,* оның машина жүргізу шеберлігін айтып, біраз мақтады (С.Жүнісов, Жапанда.). Майшекер бұл жолы да өзінің асқан шеберлігін, *е ң б е к қ о р л ы ғ ы н* таныта («Лен. жас»).

ЕҢБЕКОРЫН з а т. *Жұмыс істейтін жер, отыратын жай.* Өкінішке орай, кез келген қала мен ауылдың айналасына көз жүгіртсеңіз мұндағы тұрғындар мен басшылардың экологиялық сауаты жоқ екенін бірден ұғынасыз. Басқаша айтқанда, біз өз үйіміздің, *е ң б е к о р н ы м ы з д ы ң* маңайын таза ұстау жөнінде біліммен қарулана қойған жоқпыз деуге болады («Қаз. әдеб.»).

ЕҢБЕКСҮЙГІШ с ы н. *Жұмыс істеуге берілген, еңбек етуден қашпайтын, жалқау емес, еңбекшіл, еңбекқор.* Не нәрсеге болса да берік. Мейірімді, *е ң б е к с ү й г і ш,* ұйымдастыру қабілеті жоғары («Жас Алаш»). Мамыт қарт – *е ң б е к с ү й г і ш* момын адам (Ж.Өмірбеков, Батыр.). Қыс қатты, қары қалың болған жылы, Жалынып шөп сұрайтын талай байлар. Диханшыл, *е ң б е к с ү й г і ш* жігіт екен, Қордайға бидай, тары, егін айдар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК з а т. *Еңбекқорлық, еңбеккерлік.* Әйтсе де, Дәку Әбдиевтің жастық қайраты, үй салу өнері, *е ң б е к с ү й г і ш т і г і* сыналар күн алда еді (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы).

ЕҢБЕКСЫМАҚ з а т. *Кемшілігі көп, әйтеуір бір жұмыс, құр еңбек деген аты бар.* Бұл *е ң б е к с ы м а қ т ы* қарап көріңізші, оны сіздің білгіңіз келеді деп естідім (В.И.Ленин, Шығ.).

ЕҢБЕКСІЗ с ы н. **1.** *Жұмыссыз, еңбек етпей.* Көгілдір аспан астында *е ң б е к с і з* ер жоқ, қимылсыз қыз жоқ (Қ.Ұябаев, Қырда.). *Е ң б е к с і з* тапқан мал есепсіз кетеді (Мақал). *Е ң б е к с і з* іс бітпейді, Еріншектің қолы жетпейді (Мақал). **2.** *Әрекетсіз, қарекетсіз.* Тартылмас ішек қақпай домбыра да, Ауылды сусыз жерге қондыра ма? Торқадан тоғыз қабат тон озғанда *Е ң б е к с і з* еш адамды оңдыра ма? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Бейнетсіз, мехнатсыз. Е ң б е к с і з* мал дәметпек – қайыршылық, Ақылды ерге ар болар ондай қылық. Оны ойлар бұл күнде адам бар ма? Пайда ойламай қылады кім татулық? (Абай, Тол. жин.) Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты *е ң б е к с і з* табуға болмайды (Абай, Тол. жин.).

ЕҢБЕКСІЗДІК з а т. *Жұмыссыздық, әрекетсіздік, жалқаулық.* Абай заманындағы қазақтың көшпелі аулында болған жалқаулықты, *е ң б е к с і з д і к т і* ең алғаш өлеңмен сөз қыла бастайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Ал адамды кей кезде тайған қылдан *Е ң б е к с і з д і к* қайтадан хайуан қылған (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

ЕҢБЕКСІЗ-ТОЛҒАҚСЫЗ с ы н. *Бейнетсіз, мехнатсыз; бос, құр, тегін. Е ң б е к с і з - т о л ғ а қ с ы з,* әзірге мәзір бола кетпеңдер (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЕҢБЕКТЕ[1]= е т. **1.** *Тізерлеп, етпеттей жұру. Е ң б е к т е п* жүріп шүлдірлеп Тіліміз шықты аныққа. Баладан асып жігіт боп, Жасымыз жетті толыққа (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Аттарын шөп сап қойған байластырып, Түйеге артып жатыр жайластырып. *Е ң б е к т е п* он шақты аттың қасына кеп, Отырдым жүрексініп байқастырып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жан жабықса, көңіл хошы келе ме, Шынымен-ақ

қамқор шырақ сене ме... Әжем жатқан бөлме қайда дегендей, Солай қарай *еңбектейді* немере (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Еңкейіп, бой тасалай бұғып жүру.* Кәрім мен Юлань *еңбектей* бұғынып келіп, күзетшінің дәл тұсына орналасқан-ды (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Кеней бұл кезде қамыстың ішімен *еңбектеп,* иірім суға беттеп бара жатты (Т.Сағымбаев, Кездесу). Екі иығынан дем алған Жамантай да жер бауырлай *еңбектеп* келіп қалды (Аялы жандар). **3.** а у ы с *Жорғалау, өрмелеу, тырмысу.* Биік мақсат – биік жартас, Ерінбей *еңбектеген* жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Жалыну, жалбарыну.* Бірақ мені білесіз ғой... Алдыңызға кешірімді бұл әлі *Еңбектеп* кеп сұрайды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңкейген кәрі, еңбектеген бала [жас, сәби]. *Жұрттың бәрі, барлық ел, түп-түгел, бірі қалмай. Еңкейген кәрісі, еңбектеген баласына* дейін ат десе елең ете қалатын ерекше жандар (М.Дүзенов, Ақәже). Қош айтысып қалу үшін көп халық жиналады *Еңкейген кәрі де, еңбектеген жас* та жиналады (М.Тиесов, Дала). Бұл жиынға *еңкейген кәрі* шал мен *еңбектеген сәбиден* басқалар түгел келді деуге болады (С.Мұқанов, Есею. жыл.).

ЕҢБЕКТЕ²= е т. с ө й л. *Еңбек ету, әрекеттену.* Жастықта әр тараптың басын шалсаң, Қармақты тәуекел деп суға салсаң, Еңбегің *еңбектеген* кетпес зая Міндетке бір жетерсің ойыңа алсаң (Үш ғасыр.).

ЕҢБЕКТЕЙ с ы н . *Еңбек сияқты, еңбек тәрізді.* Орман ішінде қысы-жазы бірдей жас баланың *еңбегіндей* былшылдап, бассаң кіріп, тартсаң шықпайтын ұйық жерлер де бар (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕҢБЕКТЕН= е т. *Жұмыс істеу, іздену, әрекеттену, бейнеттену.* Олар уақтылы *еңбектеніп,* уақытымен тынығады (Абзал жандар). Кедейлік төрелікке қарамайтын көрінеді, қайта өзің *еңбектеніп* тырбынбасаң, желкеңе онан сайын міне түсетін көрінеді (Ж.Қосыбаев, Әнші Мұхит). Егер ізденсе, *еңбектенсе,* қазақша тартымды бағдарламалар жасауға әбден болады. Соның бір дәлелі – «Таң» телеарналарынан беріліп жүрген «Ақсүйек» бағдарламасы («Қаз. әдеб.»). Ойын алаң иелерінің үлкен басымдылығымен өтті. Қазақстан ұлттық құрамасының қақпашысы Юрий Новиков тағы да жанын салып *еңбектенді.* Ең бастысы, ойын қорытындысында Қазақстанның қоржынына жарты ұпай түсті («Жас Алаш»).

ЕҢБЕКТЕНУ *Еңбектен етістігінің қимыл атауы.* Бүгінгі өмірді жырлау – тыным таппай *еңбектену,* күрестің алдыңғы сапында болу деген сөз (С.Қирабаев, Октябрь.). Ерінбей *еңбектену* арқылы талант жасап алуға да болады (С.Шаймерденов, Болашақ.).

Еңбектену әрекеті. *Іздену, талпыну. Еңбектену әрекетінде* оған бұйымның мөлшерін өлшеп білу керек болды. Әрине бұл ұғым күннің, әйтпесе бір жылдың тіпті бір ғасырдың ішінде қалыптаса қойған жоқ. Сан ұғымының қалыптасуына мыңдаған жылдар керек болды (О.Жәутіков. Жаратылыстану.).

ЕҢБЕКТЕС с ы н. *Бірге еңбек ететін жұмысы ортақ кісі.* Соғыстың алғашқы күніақ Мәдіхан өзінің *еңбектес* достарымен бірге колхоздың егіс даласынан өздері тіленіп майданға аттанған (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Сөйтсе де олар екі халықтың *еңбектес,* ниеттес жұмысшыларының бірлігін бұза алмады («Жұлдыз»). *Еңбектес* достарымның арасындағы беделімнің ойдағыдай өсуі мені қатты тебірентті (Бәйшешек).

ЕҢБЕКТЕС¹= е т. *Бірге жұмыс істеу.* Екеуі сонау коллективтендіру дәуірінен бері колхозда бірге *еңбектесіп* келеді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

ЕҢБЕКТЕС²= е т. *Бірге етпеттеп жүрісу.* Таса жерді паналап, көзге түспес үшін *еңбектесіп* жүріп отырды («Жетісу»).

ЕҢБЕКТЕСУ *Еңбектес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірге *еңбектесу .*

ЕҢБЕКТЕУ *Еңбекте¹ етістігінің қимыл атауы.* Алғашқыда еңкейіп жүріп отырды, біраз барған соң забойдың түп жағы тарылып, аласарып, *еңбектеуге* тура келді (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім).

ЕҢБЕКТІ с ы н. *Еңбегі бар, еңбек істей білетін. Еңбектіге* қара жер ойылады (Мақал). *Еңбектіміз* өлер, ораздымыз қалар, құтылар деді (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі).

ЕҢБЕКТІК с ы н. *Еңбекке тән, еңбекке қатысты.* Өсіп келе жатқан ұрпақтар әр білім программасын игереді, сонымен бірге сан алуан *еңбектік* іс-әрекеттердің түріне қатысады (Семья тәрб.). 1922 жылы августа ВЦИК *еңбектік* жер пайдалану жөніндегі негізгі заңды бекітті (ҚазССР тарихы).

ЕҢБЕКШІ з а т. **1.** с о в е т. *Пайдалы еңбек етіп, жұмыс істеп күн көретін қалың бұқара халық.* Тілі өзге болғанмен тілегі бір екі ұлт *еңбекшілерінің* кезектесе айтылған әндерінде жарқыншақтары, дара жайылу жоқ, бірін-бірі толықтырып келе жатқандай (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Дүниежүзі *еңбекшілерін* қамықтырған ұлы қазаға бүкіл қазақ даласы да қайғы-қасірет шекті (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Қазақстан *еңбекшілері* көмекке келген достардың қолғабысына сүйене отырып, астық майданында айтарлықтай ерлік қимыл жасады. (С.Сейітов, Жылдар.). Найзаға баламенен қандаймыз деп, Қалайша біз қызылды алдаймыз деп, Шуылдап *еңбек-*

б е к ш і л е р құмға қашты, Нұрбайдан өлмей, сірә, қалмаймыз деп, Мүлікке жұртта қалған бармаймыз деп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **2.** *Еңбексүйгіш, еңбекшіл, бейнетқор.* Жарқын. Үйдің орайын, қарапайым *е ң б е к ш і* жандар қалай келтіріп жатыр (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Екеуінің шығармасында да халықтың, *е ң б е к ш і* адамның үміті, тілегі көрініп тұрады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Жұмысшылардың, *е ң б е к ш і* интеллигенцияның, студенттердің Сәкенді сүйетіндігі бұл жолы да айқын көрінді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Еңбекші қауым. ***Еңбекші бұқара.*** Бұл диктатура егер үйымдасқан адамзаттың, *е ң б е к ш і қ а у ы м н ы ң* басым көпшілігі оны қолдаған кезде ғана бүкіл адамзаттың мүддесі үшін нығайып, іс жүзіне асырмақ, сол үшін де қырғыз еңбекші халқын осы программа астына топтастыру қажет (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Еңбекші ел. *Еңбек адамдары, еңбекпен шұғылданатын көпшілік.* Жер жүзінде *е ң б е к ш і е л* Тыныштықты тілейді. Өткен соғысты ойласа, Ұшырады үрейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Көрмеген бұл сөзіме нанасың ба, Қопаның туып өстім даласында, Тағы да бір ажалдан қалғанымды, Айтайын *е ң б е к ш і е л д і ң* баласына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Еңбекшілер қаласы. *Жұмысшылар қаласы.* Талдықорған дуаны – *Е ң б е к ш і л е р қ а л а с ы.* Еңбекшілер отырған, Қараталдың жағасы (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Еңбекші халық [бұқара]. *Материалдық-рухани игілік жасаушы қауым, қоғам мүшелері. Е ң б е к ш і б ұ қ а р а н ы ң* ортасынан шыққан айлакер, ақылы сергек, мысқылшы Алдар көсе әңгімелері арқылы ханды, байды, саудагерді т. б. жағымсыз түрде бейнелейді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ЕҢБЕКШІЛ с ы н. **1.** *Еңбексүйгіш, еңбекқұмар, бейнетқор.* Адамзаттың тәні түгіл, жаны құл. Азаматтың ой-иманы, ары құл. Азған адам қолын ұрмақ құлдыққа, Адамзаттың бәрі – *е ң б е к ш і л,* бәрі құл (М.Жұмабаев, Шығ.). Сабырсыздың осындай әрбір ісі, Түн артында күн бармен жоқ жұмысы. Ойлап тұрсам адамның ең артығы – Ерінбейтін, *е ң б е к ш і л* шыдамдысы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сырт көзге *е ң б е к ш і л* жанмын. Бірақ неге екенін білмеймін ісім өнімсіз (С.Досанов, Қыран.). Оспан ел арасындағы қысыр әңгімеде, қақсоқта жұмысы жоқ, өз шаруасын тындырып жүре беретін *е ң б е к ш і л* бір жан (С.Жүнісов, Жапанда.). Ол талапшыл, *е ң б е к ш і л,* қауымшыл бала болып өсті (Дала шұғыласы). **2.** с ө й л. ***Еңбекші.*** Енді жастарын әскерге бермей, сөйтіп Россияның жалпы *е ң б е к ш і л* табының қызыл әскерімен бірге, солармен қатар қолдарына қару-жарақ алмай қатарға кіре алмайтынын білді (С.Сейфуллин, Шығ.). – Рас, – дедім мен, – бұл сенің, я менің аузымдағы сөз ғана емес, қазақтың саналы *е ң б е к ш і л е р і н і ң* бәрінің аузындағы сөз (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЕҢБЕКШІЛДІК з а т. *Еңбексүйгіштік, еңбекқұмарлық, бейнетқорлық.* Есберген әуелден-ақ ерінбейтін *е ң б е к ш і л д і г і м е н* көптің көңілінен шықты (Құрыш білектер). Ол бұл атақ-абыройға өзінің талмайтын *е ң б е к ш і л д і г і м е н,* жаңалыққа құмар ізденгіштігімен жетті («Қаз. әдеб.»). Болатжан бойындағы *е ң б е к ш і л д і к,* мұқалмас қажыр-қайрат бірден-бір куә («Лен. жас»).

ЕҢБЕКШІЛІК с ы н. *Еңбекшіге тән.* Оның кішіпейіл мінезі, қарапайым қалпы, ақ көңілі, ерлік, *е ң б е к ш і л і к* сипаты кімді болса да еріксіз еліктіреді (М.Қаратаев, Далада.).

ЕҢГЕЗЕР с ы н. с ө й л. ***Еңгезердей.*** Бір жастау әйелдің соңында Бәкенге ұқсап, *е ң г е з е р* бір жігіт салбырап жүр (Б.Майлин, Шығ.). Болыс желісінің басында *е ң г е з е р* бойлы, ұзын да сирек мұртты Ақыш алдарыңда не күтіп тұрғанын білесіңдер ме, – дейді (Д.Әбілев, Ақын.).

ЕҢГЕЗЕРДЕЙ с ы н. *Соқталдай, алпамсадай, сомадай.* Ауылдың басқа адамының бәрі *е ң г е з е р д е й,* сап-сау, сеп-семіз. Бетіне шертсең, қаны шапшып шығайын деп тұрғандай (М.Жұмабаев, Шығ.). *Е ң г е з е р д е й* қара кісі сөз сұрап, осынша тіленді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Махамбет кейпінде көрінген талантты актер марқұм Мәкіл Құланбаев шабыт үстінде танылды. *Е ң г е з е р д е й* еңселі, талантты сахна шеберінің қызуқанды, әлеуетті әрекеті көрермен көпшіліктің көңілінен шықты деуге болады («Жас Алаш»). Ақ қырау болып, үйге бір құшақ аязды ерте кірген Имам *е ң г е з е р д е й* денесі икемге келмей, сырт киімдерін аюша қорбаңдап шешіп жатып, қып-қызыл болып кеткен тұмсығын ысқылады («Қаз. әдеб.»). Әбілқайыр *е ң г е з е р д е й* зор, балуан денелі, шүңіректеу өткір қара көзді, қалың дауысты, жылтыр қара өңді адам болатын (С.Мұқанов, Өсу жол.). Нұрмұқан қария – дене бітімі кесек, ер тұлғалы, *е ң г е з е р д е й* қара кісі («Лен. жас»).

ЕҢГЕЗЕРЛІК з а т. *Үлкендік, зор денелілік, ірілік.* Осылардың, әйтеуір, марқасқа болмысын, екі иығына екі кісі мінгендей *е ң г е з е р л і г і н* жаратпайды (А.Сүлейменов, Бесін).

ЕҢЕЗЕ: еңезесі құрыды. *Болдырды, қатты шаршады.* Көзін қадап *е ң е з е с і* құрып есіней берді (Мың бір түн).

ЕҢЕКЕ ү с т. *Еркін, қаймықпай, қалаған кезде.* Еңісі биік ақ орда *Е ң е к е* кірер күн қайда? Қара бұлан терісін, Етік қылар күн қайда? (Доспамбет жырау, Шығ.).

ЕҢКЕ: еңке түсу. с ө й л. *Жабырқау, жүнжу.* Қылқиып құр сүлдесі, *Е ң с е с і е ң к е* түсуде. Өртенгендей кеудесі, От лапылдап ішінде (Қ.Мұқышев, Поэм.).

ЕҢКЕЙ= е т. **1.** *Басын төмен салып бүгілу, төмен иілу.* Абыстай жалма-жан *е ң к е й і п,* жаңа ғана суарған гүлдерінің ішінен бір түп гүл жұлып алды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ат үстінен *е ң к е й і п* қолына маңдайымды тостым (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ұлбала Қабыланбайға ат үстінен *е ң к е й і п* әлденені сыбырлап айтып келеді (Б.Аманшин, Жар мұңы). Ел жатып қалған мезгілде Жұдырықтай үйіне *Е ң к е й і п* басып кіреді (Қ.Жапсарбаев. Сөйле.). Мұнда неше түрлі шаруашылық орындары, жарық, су жүйелерінің тетіктері орналасқан. «Сара, сен осы түрбалардан еңкейіп өтуің керек, *е ң к е й*» – дейді. Қара маймен боялған, аласа, сансыз түрбалардың астынан әрең-әрең өтіп келемін («Жас Алаш»). **2.** *Белі бүгілу, бүкірею, мосқал тарту.* Белі бүгіліп *е ң к е й г е н* шалдар жуан ақ таяқтарын зорға көтеріп, сүйретіліп барады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Жас өсіп, кәрі *е ң к е й і п,* орта ер жетіп, Сапарын жалғаған көш керуендетіп, Талпынып бойда барды қарыштап қал, Көңілдің жапырағын желдей желпіп (Айтыс). **3.** а у ы с. *Төмен түсу, құлдилау, ылдилау.* Түйіліп, ойға қарай *е ң к е й і п,* ақырын ағып келе жатқан қара бүркіттің соңынан биіктен ағып келіп, ойнай сипап өткен сұңқарша, сыпылдаған жарау биелі құбаша жігіт... жүгіртіп ақ сұр аттының қасына жетіп келді (С.Сейфуллин, Шығ.). Көрдің бе, тау басындағы қар етекке қарай *е ң к е й і п* қапты, – деймін жолдасыма (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **4.** а у ы с. *Икемге келу, иілу; босаңсу, жібу.* Жазғы ыстық күзгі қалың балық кезінде бізге амалсыз *е ң к е й і п,* кейбір «кеңшіліктер» беретін қожамыз, қыс түсіп, балық шірімейтін болғаннан бері қайтадан шалқая бастайтынды шығарды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Шалқайғанға шалқай, – Басың көкке тигенше. Еңкейгенге *е ң к е й,* – Басы жерге тигенше (Мақал). Ғафу етіңіз, – деп Геккеге қарай *е ң к е й г е н* Жәңгір өңі бұзылып, орнынан ұшып тұра келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Еңкейе қоймады. *Иілге қоймады, тыңдай қоймады.* Бұған халық өкілдері де *е ң к е й е қ о й м а д ы* (М.Дулатұлы, Шығ.).

Еңкейіп келді. *Амалсыз, бағынып келді.* Еділ деген қиянға, *Е ң к е й і п к е л д і ң* тар жерге, Мұнда кеңес қылмасаң, Кеңестің түбі нараду (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Жасы еңкейді. *Жасы жетіп қартайды.* Қалай ғана отырмын бұған төзіп, Деген ой жеп жанын езіп. *Ж а с ы е ң к е й і п* кеткенде Жар сүюдің Қиындығын ойланып, енді сезіп (Т.Әбдірахманова, Көгершін).

Күн еңкейді. *Күн батуға жақындады, күн кешкірді. К ү н е ң к е й і п* бара жатты (М.Әуезов, Абай жолы). Бір кезде артыма қар асам, жаздың қызыл *к ү н і ұ*ясына қарай *е ң к е й і п т і* (Ә.Нұршайықов, Алтын құс). Бірінің аузына бірі қарап, киімдерін шұқыласып, екеуі ағаш түбінде көп отырды. *К ү н* де *е ң к е й д і.* Кәмиланың қыдырып кеткен қайынаға, абысындары да келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үңіледі дүрбіге, тінте қарап даланы, Өткен күндер елестеп, сағым болып ағады. Ол тауда отыр, *К ү н е ң к е й і п*, құлдилап, Қонағына асығып, құлағалы барады (М.Мақатаев, Шығ.). Салқын жел келіп бабына, Көтеріп сайдың ақ буын, Таулардың арғы жағына *Е ң к е й і п* бара жатты *к ү н* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЕҢКЕЙМЕ с ы н. *Еңкіш, еңкейген.* Бұл жарқабақтың *е ң к е й м е* іргесіне салынған су диірмен болатын (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

ЕҢКЕЙТ= е т. **1.** *Төмендету, ию, бүгілдіру.* Ол басын сәл *е ң к е й т і п* ойланыңқырап қайта көтеріліп, түзеліп отырды (К.Оразалин, Ақ жазық). Айғаным тұрып, төбе темірді *е ң к е й т т і* (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші, Біреудің хақын жемес жақсы кісі. Тақтағы хан, топтағы биді *е ң к е й т к е н*, Хан ата, қалай екен малдың күші? (Шал ақын, Өлеңд.). **2.** а у ы с. *Қартайту, тоздыру, әрін кетіру.* Теректің ұрлап жалынын, Кетсе де жылдар *е ң к е й т і п*, Жанында жайып тамырын Талдар тұр оны көркейтіп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЕҢКЕЙТКІЗ= е т. *Бүгілгізу, иілгізу.* Жеңісі елде желпіндір, көңілді, Майдан-шепте мертіктірді өлім? Ерлігімен *е ң к е й т к і з б е й* елімді Жау оғына дарытпады өмірді (Т.Шопашев Жастық.).

ЕҢКЕЙТІЛ= е т. *Төмендетілу, бүктетілу. Е ң к е й т і л і п* қойған түндіктен уық қарына күн түсіп тұр (К.Оразалин, Абай.).

ЕҢКЕЙІҢКІ с ы н. *Иіліңкі, еңкіштеу; солыңқы.* Ерні салпы ер аты, Семірмес қайта, ер өтсе. *Е ң к е й і ң к і* тартады Ер қолынан мал кетсе (С.Сейфуллин, Шығ.). *Е ң к е й і ң к і* күн ауып, Батуға жақындаған күн. Бағаналы боз орда *Е ң к е й і ң к і* күн болған (Махмбет, Өлеңд.).

ЕҢКЕЙІҢКІРЕ= е т. **1.** *Иіліңкіреу, бүктелу, бүгіліңкіреу.* Сәлмен аласа есіктен *е ң к е й і ң к і р е п* кіріп табалдырықты аттады (Б.Тілегенов, Ақ қайнар). **2.** *Қартайыңқырау, егде тарту.* Оның түрі өзгедей емес, сақалы бурыл тартып, *е ң к е й і ң к і р е п* қалыпты (А.Хангелдин. Өткен күн.).

Күн еңкейіңкіреді. *Күн кешкіре бастады, батуға жақындады. К ү н е ң к е й і ң к і р е г е н* сайын, маңай буалдыр тартып, жусан мен бетегенің жас исі аңқиды (К.Оразалин, Көктем.).

ЕҢКЕЙІС з а т. *Бүгіліс, иіліс, еңіс, ылди.* Айналадағы биік жоталардың тіктеу келген

е ң к е й і с т е р і м е н ақырын жылжыған ұсақ тастар етекке құлап кетеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЕҢКЕЙІС= е т. *Иілісу, бүгілісу.* Тағы бір *е ң к е й і с к е н м е н,* ол қаншаға барар дейсің (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бір кезде шоқталысып тұра қалды, *Е ң к е й і с і п* жанжаққа көзін салды (Тарту). Тастар да тәжім қылып *е ң к е й і с і п, Үйдей боп үйілісіп тұр* құламастан (И.Байзақов, Құралай.).

ЕҢКЕК с ы н. *Еңкейіңкі, еңкіш, иіліңкі.* Түріне қарағанда, Қылышбаев сұсты кісі екен: биік, *е ң к е к,* арық денелі, кең жауырынды, орақ мұрынды, сүйір иекті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Шоқ сабағы сәл *е ң к е к* өседі, жапырағы көп және ірі (Б.Шағыров, Картоп).

Еңкек жауырынды. *Жауырыны еңкіштеу, жауырыны бүкірейіңкілеу.* Жат дауыс-ау деп бұрылып қарадым: *е ң к е к ж а у ы р ы н д ы* қара сұр жігіт, тостағандай көзін менің ту сыртымнан қадап тұр екен (Б.Майлин, Шығ.).

Еңкек тартты. *Еңкейе түсті, бүгіле түсті.* Бұрын тіп-тік жүретін ана *е ң к е к т а р т т ы* («Жұлдыз»).

ЕҢКЕКТЕ= е т. *Иіліңкіреп, еңкейіңкіреп жүру, қозғалу.* Ол *е ң к е к т е п,* дуал жағалап келе жатыр (Ауызекі).

ЕҢКЕКТЕУ[1] с ы н. *Еңкіштеу, бүгіліңкіреу.* Сыздық арықтау, *е ң к е к т е у,* әлсіздеу адам екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Саяси жетекші – жас шамасы қырықтарды еңсерген, көкшіл көзді, *е ң к е к т е у* келген жайдары адам (Ә.Әлішев, Батыр.). Траншеяның қабырғалары бетінен түбіне қарай *е ң к е к т е у* қазылады (Н.Шоқанов, Сапалы сүрлем.).

ЕҢКЕКТЕУ[2] *Еңкекте етістігінің қимыл атауы. Е ң к е к т е у м е н* біраз жер жүрді (Ауызекі).

ЕҢКЕКТІ с ы н. с ө й л. ***Еңкек.*** Жүгімен жүріп жүдетер, Айыр өркеш көмпекті. Арғымақ аттың белгісі – Салыңқы кеуде, *е ң к е к т і* (О.Шораяқов, Шайыр).

ЕҢКЕКТІК з а т. *Еңкіштік, ылдилық, еңістік, бүгіліңкілік.* Су ағысының күштілігі яки бәсеңдігі өзен арналарының *е ң к е к т і к* немесе шалқақтық дәрежелерімен байланысты (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.).

ЕҢКЕЛЕКТЕ= е т. *Еңкелең-еңкелең ету, еңкеңдеу, қалбалақтау. Е ң к е л е к т е г е н* шал адамдар қолы жетер жерге дейін барып, керулі жатқандарға сусын беруге рұқсат ала алмай қайтыпты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бұққан адам үн шығармай Бұланбай жаққа қарай *е ң к е л е к т е й* жүгіріп кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Шаруаны бітірген соң «ал сендер-ақ алыңдаршы» деп, кезектен шығып, ашуланған болып, *е ң к е л е к т е п* жүріп кеттім (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕҢКЕЛЕКТЕТ= е т. *Мың бұралту, нәшіне келтіру, елпілдету, екпіндету.* Боз інген күйін толғауын толтырып, *е ң к е л е к т е т і п* келіп еңіреткенде, тыңдаушылар бір күрсінбей қойған емес (Ғ.Мүсірепов, Шұғыла).

ЕҢКЕҢДЕ= е т. **1.** *Төмен иіліңкіреп жүру, еңкең-еңкең басу. Е ң к е ң д е п* ет аңдыған шалдар да көп, Телміріп бір тойғанын ар қылмаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Екі қолын артқа ұстап *е ң к е ң д е п* көрі кемпірлер де келді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Бөксесі кейін, кеудесі ілгері, *е ң к е ң д е й* басады аяғын (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Біреу үйілген топырақтың арасымен *е ң к е ң д е п* қашып барады екен (С.Мұқанов, Сырдария). **2.** *Бүгжеңдеу, елпеленде у, бүкшеңдеу.* Әбен атам *е ң к е ң д е п* құдықтан су тартады (Н.Сералиев, Қаңтар). Екі қасқыр *е ң к е ң д е п* арманырақ кетіп, өзге екеу-үшеуінің қасына барды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қасқырдайын қас дұшпан Төрт аяқтап, *е ң к е ң д е п,* Қан даладай қабысқан Шағуға тез жетем деп (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Бәйек болу, елпең қағу.* Бір ауыз қарсы сөз айтпай, алдына түсіп *е ң к е ң д е й* берсең, желкеңе шығып алады (Б.Тұрсынов, Айнымас.).

ЕҢК-ЕҢК е л і к. *Еңкілдеген, кеңкілдеген, солқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.* Жәмила анау үйден сөйлей еніп, Жылады, бірдеңе деп *е ң к-е ң к* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Еңк-еңк етті. *Еңкілдеді, ыңқылдады. Е ң к-е ң к е т к е н* Кәрден тез қимылмен айғырдың шабын семсерімен осып жіберді (З.Шашкин, Тоқаш Бөкин).

Еңк-еңк ақырды. *Есек қатты солқ-солқ дыбыс шығарды.* Қанаттың далаға шыққанына қуанғандай үй жанында байлаулы тұрған көк есек *е ң к-е ң к а қ ы р д ы* (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Еңк-еңк күлді. *Еңкілдеп сылқ-сылқ күлді.* Тегі әнеугі мақала бас инженердің шамына тиген-ау – деп, Базаров *е ң к-е ң к* етіп *к ү л і п* апты деседі (З.Шашкин, Теміртау).

ЕҢКЕРІС з а т. *Еңіс, ылди. Е ң к е р і с т е н* жау шапса, бір шығарармын теріңді (Ер Тарғын).

ЕҢКЕС с ы н. с ө й л. ***Еңкек.*** Мерген қосы көрінді, Шалғынды Түңлік бойында, *Е ң к е с* аққан Ертіске, Көлбеген жазық айдында (С.Бегалин, Таңд. өлең.).

ЕҢКЕУ з а т. с ө й л. ***Еңіс.*** Таудың *е ң к е у і н е* түсе бергенде, арбаның бір доңгелегі сынып қалды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Әрірек *е ң к е у д е* тұсаулы қараша інген жайылып жүр (З.Шүкіров, Ізгілік.). Күн *е ң к е у д е н* төмендеп кетсе де, күндізгі ыстық әлі серпілмеген (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕҢКЕУ-ЕҢКЕУ с ы н. с ө й л. ***Е ң к у-е ң к у.*** Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, *Е ң к е у-е ң к е у* жер шалмай, Қоңыр салқын төске алмай (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕҢКЕУІТ з а т. *Еңістеу, ылдилау жер. Е ң к е у і т т е* екпіндеп келе жатқан машина алдынан таудың қоңыр салқын таза лебі қызғалдақ аралас жусанды көк-майсаның жұпар исін алдыңа тосады (С.Әлжіков, Дала.).

ЕҢКЕЮ *Еңкей етістігінің қимыл атауы.* Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір *е ң к е ю д і ң* орнына үш еңкейдің (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

ЕҢКИГЕН с ы н. *Өңкиген, еңкіш тартқан. Е ң к и г е н* ұзын бойлы, тарамыс денелі, үстінде кенеп трусиден басқа тұлдыр киімі жоқ, тұла бойы жүнделген түйедей қара қайыс, ат жақты көсе карт екен! (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Ой, *е ң к и г е н* неме, андағы бойыңмен баланың сыбағасын қалай қанағат тұтасың (М.Хасенов, Алғашқы ән).

ЕҢКУ з а т. с ө й л. ***Еңіс***. Шелек көтерген әйел, қыздар ана *е ң к у д е г і* өзенге суға кетіп барады (О.Сәрсенбаев, Сағым.). Ертеңнен шапса кешке озса, *Е ң к у д е н* салса, төске озса, Еңіреуден қара қайырса, Құланды қақтан айырса (Үш ғасыр.).

ЕҢКУ с ы н . *Еңкиген, сорайған.*

Еңку бойлы. *Еңкиген, ұзынтұра.* Балағанның ішінде бетін шығысқа бере, басын биік қойдырып, шалқалай отырған сақал-шашы құдай, *е ң к у б о й л ы* еңгезердей карт та қыбырсыз («Қаз. әдеб.»).

ЕҢКУ-ЕҢКУ с ы н. **1.** *Ойлы-қырлы, кедірбұдыр.* Бұдан арғы *е ң к у-е ң к у* жер шалып жөңкілген қолдың соңынан желкілдеп шаба бергенді жасы да көтермейді (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Бірде олай, бірде бұлай, аумалытөкпелі.* Өзі іспетті сол сағым тірліктің, сағым бірліктің ағайындарына да *е ң к у-е ң к у* жылдар бойына ұстатпайтынын, ұстаймын деп жүріп, азып-тозып жер қойнына кіретінін қайдан білсін (О.Бөкеев, Үркер).

ЕҢКУЛІ с ы н. с ө й л. *Ойлы-қырлы, белесті.* Ертеңге және шақырып қойды он досың. Думанмен, тоймен өтеді күнің біртіндеп, *Е ң к у л і* жердің еркесі болып туғасын (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.).

ЕҢКІЛДЕ= е т. **1.** *Еңк-еңк ету, солқылдап жылау.* Әкем *е ң к і л д е п , е ң к і л д е п* үйге жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күмпейіс шал ұзын тонның етегіне сүріне-қабына, құшағын жайып, мен машинадан түсер-түспестен *е ң к і л д е п* келіп, иығыма асылды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Күрілдеп бәрі шықты қыр басына, Жақсылық қашан болар бір басыма? Ыза боп әкем сорлы шыдай алмай, *Е ң к і л д е п* булығады көз жасына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Екпінмен алыпұшу, зырылдау, өңмеңдеу.* «Газик» асудан асқасын, төмен қарай *е ң к і л д е п* келеді (Ә.Тарази, Үлкен ауыл.). Шынында да, алдарындағы ақ шоқалақ тасасынан Сүйеу қарттың жүдеу қорасы көрініп, ат басы аумай *е ң к і л д е п* келіп қалған екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Еңкілдеп жылады. *Солқылдап жылады, өксіп-өксіп жіберді.* Ақжол ақырын қозғалып арбадан түсе бергенде, Садуақас *е ң к і л д е п ж ы л а п* кеп, інісін айқара құшақтады (Н.Габдуллин, Өмір.). Кенет ол *е ң к і л д е п ж ы л а п* қоя берді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Еңкілдеп күлді. *Еңк-еңк ете күлді, кеңкілдеп күлді.* Ой, айтқышым-ай, айтқан екен-ау. Шіркін, – деді *е ң к і л д е п к ү л г е н* Ноғайекең денесінің селкілі басылмай мәз болып (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Ол епетейсіз *е ң к і л д е п* кеп *к ү л д і* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЕҢКІЛДЕТ= е т. *Екпіндету, желдірту.* Ақ бурасын *е ң к і л д е т е* шауып келе жатқан Бұрындық он қадамдай жерге таянғанда, түйенің тасасында оң қолында ұстап келе жатқан қыл арқанын сумаң еткізіп лақтырып жіберді (І.Есенберлин, Алмас.). Нысанбай жыршы қарағайлы кәрі домбырасын *е ң к і л д е т е* жылатып, іле-шала Қаратау мен Шу, Сарысу мен Сыр бойын жайлаған қалың қазақты қалай Жоңғар ханы Сыбан Раптан шауып, «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұламаға» ұшырағанын мақал етті (І.Есенберлин, Қаһар).

ЕҢКІС с ы н. *Аздап еңістеу, еңкек, еңкіш, ылди.* Ондай жаппа қораның ашық жағы оңтүстікке қаратылады, едені де солай қарай *е ң к і с* болады (А.Елеманов, Қой шаруаш.). Сұйық, зат жиналып Садыра құдығы қойманың бір жағында, оның түбінің *е ң к і с* жағынан жасалған (Көң. қордасы). Стадионның аса зор *е ң к і с* ойпатында айқын көзге түсіп отырған олимпиаданың жалындаған жүрегінің қызғылт отының сәулесі бүкіл дүниежүзіне көрініп тұр («Спорт»).

ЕҢКІСТЕУ с ы н. *Еңкектеу, көлбеулеу, еңістеу.* Су іркілмей тез ағуы үшін төсеніштер кеспекке қарай *е ң к і с т е у,* көлбете орнатылады (Қ.Құсайынов, Саған.). Құстың қандай түрі және қай жастағысы болмасын фермаға белгіленген участок құрғақ, тегіс, оңтүстік жағы аздап *е ң к і с т е у* болуға тиіс (Құс өсіруші).

ЕҢКІСТІК з а т. *Алға қарай еңкектік, көлбеулік, еңістік.* Арықтардың табаны мен екі қабырғасы әдетте ешқандай материалмен бекітілмей және түбінің *е ң і с т і г і* 0,003-0,005-ден аспауы тиіс (С.Сабыров, Бөгет салу.).

ЕҢКІШ с ы н. **1.** *Ылдилау, еңістеу.* Суландырғыштың *е ң к і ш* тұруы және ондағы судың тереңдігі клапанның суды сорып алып, дұрыс шашырататынын қамтамасыз етуі қажет (Агроном. анықтама.). Енді бесінші машина *е ң к і ш* тақтай үстінен өте бергенде, мотор үні сөне

қалды (М.Танекеев, Қажымұқан). Бұл қабырға ішіне қарай *е ң к і ш* болуға іс (Шопан серігі). **2.** *Бүгіліңкі, бүкірейіңкі, иіліңкі.* Әжесінің белінің тым *е ң к і ш* екенін алғаш рет көргендей, Төлеген аңырып қарап қалды (Ө.Қанахин, Мұрагер.). Ет-жеңді, шашына ақ кірген көзілдірікті, шегір көз әйел есік ашты, дімкәс пе, бүкірейген *е ң к і ш* («Лен. жас»). Онан соң кішкене шоқша сақалы бар, көзәйнекті, өңі аппақ, *е ң к і ш* келген аласа бойлы шал сөз алды (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Еңкіш етті. *Бүкірейтті, бүкшитті.* Тік жүрмей, еңсесін түсіріп, қалай болса солай еңкейіп жүру баланы өсе келе *е ң к і ш е т е д і* (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

Еңкіш тартты. а) *Бүгілді, бүкірейді.* Жастық шақтың жанымда елестері, Жапырақ ұшып, тау жақтан жел ескені. *Е ң к і ш т а р т ы п* тұрғанмен еңсем менің, Көз бен көңіл қартаяр емес тегі (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Әкесінің аузынан түскендей, бүкшеңдеп, *е ң к і ш* тарты, теңселіп жүреді (Б.Тілегенов, Көктем.). ә) *Қартайды, белі бүгілді.* Айғаншаның бұл күнде шашы молынан ағарып, бір кездегі тіп-тік белі *е ң к і ш т а р т ы п,* кәдімгідей кекселенген (С.Алдабергенов, Асу). Кемпір тіпті қартайып, *е ң к і ш т а р т ы п,* мүжіліп кеткен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЕҢКІШТЕ= е т. *Еңістеу ету, еңкіш қылу.* Кірпішті бір жағына қарай *е ң к і ш т е п* жиды («Лен. жас»).

ЕҢКІШТЕЛ= е т. *Иілу, қисаю, көлбеулену.* Бел ағаш – ердің екі қасының аралығында дәл келіп, *е ң к і ш т е л г е н* жұқа ағаш (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕҢКІШТЕЛУ *Еңкіштел етістігінің қимыл атауы.* Бұл арасы әлі де *е ң к і ш т е л у і* керек екен (Ауызекі).

ЕҢКІШТЕН= е т. *Бүгіліңкіреу, еңкіш тарту, бүкшию.* Бір жері ауыра ма, жоқ шаршағандікі ме, қабағы тырысып, бойы *е ң к і ш т е н і п,* бүгжиіп кетіпті (Б. Тілегенов, Көктем.). Генерал арықтап, бұрынғыдан да кішірейіп, *е ң к і ш т е н і п,* кителінің жағасы мойнына кеңейіп қалыпты (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Қарттың кең жауырынды, батыр тұлғалы сұңғақ бойы *е ң к і ш т е н е* түскен («Қаз. әдеб.»).

ЕҢКІШТЕНДІР= е т. *Бүгілдіру, иілдіру.* Онсыз да алып ұшпа, тарпаң мінезді құла енді қамшы салдырар емес, күдірейген мойнын *е ң к і ш т е н д і р е* созып жіберіп, сумаңдап келеді («Лен. жас»).

ЕҢКІШТЕНДІРУ= *Еңкіштендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ң к і ш т е н д і р у г е* кірісті.

ЕҢКІШТЕУ[1] сын. **1.** *Еңкектеу, бүкірейіңкілеу.* Оның қасында отырған жауырынды, *е ң к і ш т е у,* ақсары Ерболды бұрыннан білетін-ді (З.Шашкин, Сенім). Сосын, күреңітіп жүретін өңі де ақ сарыланып, *е ң к і ш т е у* арық денесі жылдам ет алып шарлана түсті («Қаз. әдеб.»). Сұңғақ бойлы, *е ң к і ш т е у* денелі жігіттің екі иығына екі кісі мінгендей (А.Хангелдин, Қараторғай). Махамбет оның сопайған ашаң жүзін, *е ң к і ш т е у* тұлғасын жадында сақтап қалды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Майысыңқылау, иіліңкілеу.* Ердің алдыңғы қасы алдына қарай *е ң к і ш т е у* болып орнатылады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЕҢКІШТЕУ[2] *Еңкіште етістігінің қимыл атауы.* Қиыстыратын ағашты *е ң к і ш т е у г е* көп уақыт кетті (Ауызекі).

ЕҢКІШТІК з а т. **1.** *Еңкектік, бүкірейіңкілік.* Иықтың аласа, биік болуы жаурынның ұзындығына және *е ң к і ш т і г і н е* байланысты (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). **2.** *Майысыңқылық, көлбеулік.* Жылқы бақайының *е ң к і ш т і г і* бір қалыпты дұрыс болуы керек (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.).

ЕҢЛІК з а т. өс. <лат. macrotomia> *Опадалап жасау үшін тамырынан қызғылт сары түсті бояу алынатын шөптесін өсімдік.* Қызғалдақ, сарғалдақ, жауқазын, түймедағы, нарт, раушан, жалбыз, *е ң л і к* және т. б. адам баласы өмір бойы құмартқан гүлдерді біз тек жаз айларында ғана көреміз («Халық. мұғ.»). Тастақ, беткейлерде түкті, аласа *е ң л і к* те көп кездеседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.).

ЕҢЛІКГҮЛ з а т. **1.** ө с. <лат. leontopodium> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Е ң л і к г ү л* Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар), Іле Күнгей Алатауларының шалғынды, тастақты беткейлері мен бұлақ маңындағы сазданған дымқыл жерлерде, аршалы және шыршалы ормандардың арасында өседі (ҚҰЭ). **2.** *Иісі аңқыған сары түсті гүлдері бар, таулы жерде көп өсетін өсімдік.* Жалағаштың арақарағайын аралап ат бойындай атқұлақты, балдырды, төбе жайлаудағы қазтаңдай, *е ң л і к г ү л д і* иіскегім келеді (Б.Қожабеков, Көктөбе).

ЕҢЛІКТЕЙ с ы н. *Еңлік сияқты, еңлік тәрізді.* Желкен ғып ақша бұлтын жүздіретін, *Е ң л і к т е й* толықсиды аппақ ақ таң. Ұялжыған мәуелер үздігетін, Үзілетін күзгі бір шақта бастан (А.Нысаналин, Көзайым).

ЕҢМЕН= е т. *Ентелей, ішке кіре отыру.* Еділден ұшқан аққудай Келіп қондым *е ң м е н і п,* Әтекеңнің төріне (Бес ғасыр.).

ЕҢМІН= е т. *Ентелеу, алқыну, ентігу.* Ай, Көнірден шапқалы Азар жеттім *е ң м і н і п,* Болдырды атым шөл көріп (Аламан).

ЕҢПЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Еңкеңдеу***. Әжем өр суын тізеден кешіп, бізге қарай *е ң п е ң д е п* келеді (Ә.Сараев, Қараша.).

ЕҢПЕҢДЕУ *Еңпеңде етістігінің қимыл атауы. Е м п е ң д е у і н е* қарап тұрып, күлкісі келді (Ауызекі).

ЕҢСЕ з а т. **1.** *Тұла бойы, дене, тұлға.* Қалайша биіктемес жарқын *е ң с е ң,* Арналар дүрліккенде алқымы сең. Әлемді алдыңа алып жыр жазасың Қаламы Аманжолдың арқылы сен (Т.Айбергенов, Мен саған). Қап бәлем, неше қолға түспейтін болсаң да, тап бүгін *е ң с е ң е* бір мінермін-ау, – деп Көшкімбайдың өзі мықтымсып... жата берді (А.Жұбанов, Замана.). **2.** *Тұрық, биіктік.* Совхоз бөлімшесінің оқтай түзу көшесі, *е ң с е с і* биік шатырлы үйлері анадайдан көз тартады (С. Хайдаров, Азамат.). **3.** а у ы с. *Өңір, аймақ.* Еділ, Жайық, екі су, *Е ң с е с і н е* ел қонып, Ендеп жылқы жайылды. Ақ төбе деген суына (С.Сейфуллин, Шығ.). Еңкейіп қондым *е ң с е г е,* Жауатын бұлттай торланып (Қаз. ақын. шығ.).

Ел еңсесі көтерілді. *Ел-жұрт есін жиды, қалпына келді, тұрмыс-тіршілігін түзеді. Е л е ң с е с і к ө т е р і л і п,* тәулсіздік нығаю үстінде. Осының нәтижесінде мәдениетке көңіл бөлуге мүмкіншілік туып отыр, – деді («Егемен Қазақстан»).

Еңсе денелі. с ө й л. *Ұзын бойлы, қапсағай, еңгезердей.* Сол жиыннан кейін жұрт тарқағанда жұпыны киінген, *е ң с е д е н е л і,* қатқыл жүзді қарт қалып қойды («Соц. Қаз.»).

Еңсе көтерді. *Бой түзеді, іргесі қаланды.* Қала орталығынан екі бірдей мектеп үйі *е ң с е к ө т е р д і* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Еңсесін биік ұстады. *Мойымады, жасымады.* Қайсарлық, рухтың мықтылығы да иесін таңдайды. Сағыңды сындырмай, күйректікке салынбай, *е ң с е ң д і б и і к ұ с т а п,* арамызға аман оралғаның үшін өзің жалынып-жалбарынар Алладан басқа кімге қарыздарсың? («Жас Алаш»).

Еңсесі биік. *Тұрқы жоғары, озық.* Еңбекте Ердің тәуірі Еселі терін сүрте ме?! Елудің өзі, бауырым, *Е ң с е с і б и і к* бір төбе (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). Жас Астана есімі елеңдетіп, *Е ң с е м б и і к*, Ұмтылдым өрем бекіп. Ол – кең дала, киелі ақ күмбезі, Көп үңілсем, тарихқа терең кетіп (К.Салықов, Жезкиік.).

Еңсесі биік боз [ақ] орда. п о э т. *Ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады. Е ң с е с і б и і к б о з о р д а,* Еріксіз кірсем деп едім (Махамбет). *Е ң с е с і* биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім. Керегесін қиратып, Отын етсем деп едім. (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Еңсесі биік, ерні салпы. п о э т. *Алпамсадай бойлы, қалың еріндің. Е ң с е с і б и і к, е р н і с а л п ы* Құбаша ұл (Ауыз әдеб.).

Еңсесі езілді. *Басылып қалды, басын көтере алмады, күйзелді.* Талауға түскен, *е ң с е с і е з і л г е н* ұлттың саяси-әлеуметтік келбеті. Ебі кеткен елдің тіршілігі («Қаз. әдеб.»). Әдетінше таң атты, Әдетінше күн шықты. Тұтқында *е ң с е ң е з і л і п,* Үнің сенің тұншықты (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Еңсесі жоғары. *Мәртебесі биік, көңілі көтеріңкі.* Бұрынғысын да *е ң с е с і ж о ғ а р ы,* көңілі көтеріңкі болады (А.Жұбанов, Замана.).

Еңсесі зор. *Алып; мықты, күшті.* Ел басына күн туғанда, атқа жайдақ міне салып, қиқулаған қалың жауға алаңсыз араласып кете баратын көзсіз батырлары мен ауыздыға сөз бермес, қарсы келгенді алып та, шалып та жығатын өрт мінез, орақ тілді шайырлары бар қазақ деген көшпелі ұлттың бұл жағынан, шүкір деп сөйлейік, шақтығы биік, *е ң с е с і з о р* («Жас Алаш»).

Еңсесі көтеріңкі. а) *Еңселі, биік, көрнекті.* Тоқабайдың қара лашығы жоқ, *е ң с е с і к ө т е р і ң к і* шеті ақбоз үй болыпты (С.Талжанов, Ұлдай.). ә) *Көңілі шат жадыраңқы. Үйде,* алдыңғы бөлмеде *е ң с е с і к ө т е р і ң к і* адам біреу-ақ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Еңсесі құлады. *Көңілі басылды, уайымға салынды.* Өткен күзде билетін жоғалтып ап, Бір қарт әжей вокзалда жылап тұрды, Жылап тұрды, *е ң с е с і қ ұ л а п* тұрды, Жанарында жалыныш сұрақ тұрды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңсесін алды. *Еркін биледі, дегбірсіздендірді.* Өмірінде селт етіп бірде-бір әйелге шын құмартып көрмеген оған жастықтың өзі де жаңа келгендей *е ң с е с і н а л д ы* (К.Оразалин, Ақ жазық).

Еңсесін басты. а) *Үнжырғасын түсірді, жүнжітті, көңілін көтертпеді.* Қабырғасы қатпай жатып жегілген ауыр жұмыс Жаңылдың *е ң с е с і н б а с ы п* кетті (Т.Ахтанов, Боран). Бұл қиындықтың бәрі еңбек жорығына аттанған жас жігіттің *е ң с е с і н б а с қ а н* жоқ (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық). Өкінбеймін, сол керек өзіме де, Көзім тұнған көрінсе көзіме не... Есі кетіп, есірік қуған жанның *Е ң с е с і н* біреу *б а с п а й,* сезіне ме! (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Ықтырды, бағындырды. Б а с ы п* бара жатты сенің *е ң с е ң д і* Менің адал сезімімнің салмағы. Кері қайттым өзіме-өзім өкпелеп, Ол өкпені ұмытуға от керек (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңсесін езді. а) *Кеудесін басты, көңілін (бетін) қайтарды.* Пенжектерін, галстуктерін шешіп, омырауларын ашып тастаған, бет-ауыздары нарттай маркаскалардың жаппай жалт қарауы *е ң с е с і н е з і п* жіберді (Қ.Құттыбаев, Шығ.). ә) *Күйзелтті, жасытты, қажытты.* Ел *е ң с е с і н е з е* түсті екі өлім, Бір қабірге қойды апарып екеуін... Аялайды халық гүлдер өсіріп, Мәңгілік жас махаббаттың мекенін (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Еңсесіне мінді. *Мойындатты, жеңді. Е ң с е ң е* әлі-ақ бір күн *м і н е д і* елу, Қазанның қара түнек бұлтындай-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

Еңсесін жазды. *Қуанышқа бөленіп еркіндеді, масайрады, жайраң қақты.* Туғанда кеше Октябрь, Шыққанда дауыс ал ұмтыл! Шалқыды, тасты шалқар көл, *Еңсесін жазды* еңбекші ел (Ә.Тәжібаев, Жаңғырық.).

Еңсесін жегідей жеді. *Еңсесін көтертпеді, көңілін жадыратпады. Еңсесін жегідей жеген* ой азабынан, ой шырмауынан шыға алатын емес (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Еңсесін жиды. *Есін жиды, бойын көтерді. Еңсесін әлі жия* алмай, Сары ауыз сәби бұртиды. – Айта ғой, саған кім тиді? (М.Мақатаев, Шығ.).

Еңсесін көтерді. а) *Бойын жазып сергіді, көңілін көтерді, жадырады.* Шай адамның *еңсесін көтеріп,* көңлін сергітіп жібереді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Қар бір еріп, бір жауып жазғытұрғы сілемік күн ел *еңсесін көтертпей* қойды(Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Өз-өзіне келіп, жағдайы жақсарды, әл-ауқаты молайды.* Астық өндірушілерге 750 тонна тұқымды жеңілдік белгіленген бағамен сатып алуға жағдай жасалды. Мұндай қамқорлық дықандардың *еңсесін көтергендігі* даусыз («Егемен Қазақстан»). Бұрынғыдай емес, халық *еңсесін көтерді.* Дықандар күрішін де, бау-бақша өнімдерін де егіп үлгірді. Малына жоңышқаларын да алып жатыр («Жас Алаш»). б) *Мерейі үстем болды, мәртебесі артты.* Ал біз болсақ, өз жерімізде өз тіліміздің мансұқ етіп, бір-бірімізбен орысша сөйлесеміз. Ұят! Өз елінде өз тілің *еңсесін көтере* алмай тұралап жатқанда, азамат ретінде, өзіңді қалай бақытты сезіне аласың?! («Қаз. әдеб.»). в) *Жасымады, еңсесін тік ұстады.* Жұмысқа келерімде, кетерімде, Еркім жоқ *еңсемді* еркін *көтеруге.* Аузыма шыбын кіріп кетседағы, Еркім жоқ түшкіруге, жөтелуге, Жұмысқа келерімде, кетерімде (М.Мақатаев, Шығ.). Жер менен көк теңселді, Көз жанары бұлдырап. *Көтеремін еңсемді,* Теңселмеймін мен бірақ (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бірақ, ұзақ баурай алмай нұр көкті, Үш күннен соң соғыс өрті бұрқ етті. Әкең сонда *еңсесін* тік *көтеріп,* Бойында кек қайнап тасқан-ды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Еңсесі көтерілді. *Бойы биіктеді, қарасы үлкейді.* Сол жасыл бұтақтар алып үйлерден алыстаған сайын *еңсесі көтеріліп,* бара-бара ну орман сияқтанып, жасыл алқапқа айналады (М.Иманжанов, Көк белес).

Еңсесін салысты. *Барын салды, бар күшпен кірісті.* Байға кім сөз қайырсын, бірі аттың қолтығын, бірі сипап: «Құр, жануарым, құр!» деп, атқа *еңсесін салысты.* Қаққан сайын, ат шапшып секіріп тұрмады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Еңсесін түсірді. а) *Көңіл күйін төмендетті, күйзелтті. Түсірген* жұрт *еңсесін* шер-мұң айтып, Сұлу қыз көре алмаған елді қайтып. Лақтырып тұңғиыққа тұншықтырып, Толқындар көңіл айтқан кері қайтып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Кешегі кеңестік заман идеологиясы илеп тастаған, құлдық пен құтандықтың ұрығын сеуіп, *еңсесін түсіріп* жіберген сананы қайтадан биік деңгейге көтеру үшін не істеу керек деген сұраққа жауап іздейді («Қазақ әдеб.»). ә) *Мойымады, жігері жасымады.* Әйткенмен *еңсемді түсірмей,* балаларды пәтерге орналастырып, оқу жауабын менен аласыңдар деп жатқыздым (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Еңсесін тік ұстады. *Мойымады, уайымқайғыға салынбады.* Өксіп бәлкім өтер өмір дүрбелең, Мәңгі ғұмыр жолында оны сүрген ем. *Еңсемді* сен *тік ұстатып* келесің, Сенімді дос, сүйікті жар – мұңды өлең («Қаз. әдеб.»).

Еңсесі түсті. а) *Көңіл-күйі болмады, үнжырғасы түсті, салы суға кетті.* Марковтың түрі өте солғын, *еңсесі* төмен *түскен;* барлық бейнесінен қайғы басқан адамның тұрпаты аңғарылады (Майдан). Қалады қайран көңіл жалғыз сұрап, Алатын азапты да жанбыз сұрап. *Еңсемді түсіп* кеткен қалса байқап, Жатады досым күліп, балдыз сынап (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Бас көтере алмады, шаруасы оңалмады.* Бұл – өмірі есе тимей, *еңсесі түскен* кедей ауыл екен (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Еңсесі түсіңкі. *Жабырқаңқы, түнеріңкі, көңілсіз.* Дәмелінің екі ұрты суалып кеткен. *Еңсесі түсіңкі* (Ө.Қанахин, Дәмелі).Тіпті, оның *еңсесі түсіңкі* десек, қателеспейміз ғой деп ойлаймыз («Жас Алаш»).

Еңсе түсірді. *Мысын басты, төмендетті.* Одан есейіп, ел кісісі қатарына көтерілген адамның келісті, кемел пайымдауларын аңғаруға болады. Сонымен бірге оның тұжырымтүйгендері – суық, салқын тәртіптің шарты, сырт ақыл ғана емес, өмірдің есе бермей, *еңсе түсірген* жайының қай-қайсысына да елжіреген көңіл, мөлдіреген мейір, соларды қалай жеңілдетсем екен деген пейіл («Егемен Қазақстан»).

Еңсе тіктеді. а) *Бойын жазды, кеудесін көтерді.* Сонсоң Айташ қартқа қарады. Айекең аппақ кеудесін ырғалта *еңсесін тіктеп,* қою бурыл мұртынан бастап, аппақ қалың сақалын оң қолымен жайлап сипап сауып, Қабиға қарады да, тамағын кенеп алып, сөйлеп кетті («Қаз. әдеб.»). *Жағдайы жақсарды, оңалды, көтерілді.* Мұндағы құпияның құлпын ашсаңыз, сол ауданда атом өнеркәсібінің өркендеуі оң нәтижелерге жетелегені айқын аңғарылады. Солардың бірі, біріккен «Катко» қазақ-француз компаниясы. Ауданның экономикасы *еңсе тіктегенін* дұрыс дейік («Жас Алаш»). Қазақстан

Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халыққа Жолдауында көрсетілген 2003-2005 жылдары ауылды қолдау мемлекеттік саясаты – ел *еңсесін тіктеп*, ертеңге деген сенімді шыңдай түскені айқын («Қаз. әдеб.»).

Жалғыздыққа еңсе бермеді. *Жігерін жасытпады, ұнжырғасы түспеді, мойымады.* «Рекорд» қабылдағышы маған үлкен серік. Сан әуезді ән тыңдап, *жалғыздыққа еңсемді бермеймін* (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.).

ЕҢСЕ[1]= е т. к ө н е. *Аңсау, көксеу, еміну, емсеу.* Еділді көріп *еңсеген*, Жайықты көріп жемсеген Таудағы шұбар біз едік (Махамбет, Өлеңд.). *Еңсеген* күні осы Адай Түрікпен түгіл баланы Талайды сатты арыстан (Аламан). Жорытқан ерлер жорықта Кек қайнаған қолыңнан. *Еңсеген* ерлер көп өтті. Көрмесе жауын сағынған (Қ.Жүсіпұлы, Өлеңд.). Осылайша ауылдағылар қалаға ауа бастады. Көшкен жұрттың орнында кезінде *еңселі* етіп салған ғимараттар мен тұрғын үйлердің үйінділері жатты. Ауыл ажарынан, дала думанды еңбек базарынан айырылды («Қаз. әдеб.»).

ЕҢСЕ[2]= е т. к ө н е. *Сапыру, шайқау.* Белін шешіп жатпаған, *Еңсемей* саумал ішпеген (Ер Сайын).

ЕҢСЕГЕЙ с ы н. *Ұзын тұра, зор денелі.* Дайрабайдың үстінде ақ костюм пешпент, аяғында бәтеңке... *еңсегей* қара сұр, қасында атқосшысы бар (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Әлгі қой шетінде тұрған зор денелі, *еңсегей* сары сұр кісінің қалпын байқадың ба? (С.Бегалин, Уақыт.). Елдер жинала бастады. Бір кезде есіктен *еңсегей* денелі бір адам ене берді («Лен. жас»). *Еңсегей* ерге лайық туған бөлек, Кім зорлық, қорлық көрсе соған көмек. Абақ, Тарақ бас қосқан қырғыз, қазақ, Кебекбайға келеді соңғы кезек (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Еңсегей бой [бойлы]. *Ұзын бойлы, еңгезердей.* Кісі еді *еңсегей бой*, ер мүшелі, Адамға қайыр, нәсіп бергіш еді, «Талапкер» танабында аға-інісі, Соларға демалыста келгіш еді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Садуақас *еңсегей бойлы*, ер тұлғалы, ашаң жүзді, қуақы жігіт («Қаз. әдеб.»).

ЕҢСЕЙ= е т. **1.** *Еңкею, кішірею, аласару.* Жалғыз шалды көрген соң, Самаладай қаптады. *Еңсейіп* барған бабайдың Аллаға ісі жақпады (Батырлар жыры). **2.** а у ы с. *Үңіле тұсу, ерекше мән беру.* Беттейді бірі Нарын, бірі Шуға Тағдыр жоқ олар қайтып табысуға. Анадай тау да соған *еңсей* қарап, Құлағын тосады ұсақ даусына (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.).

ЕҢСЕЛЕ= е т. **1.** *Еңсеру, меңдеу, алқымдау.* Кеше аңда жүргенде, ат үстінен ширақ көрінген қызыл көз шал Шәймерден бүгін *еңселеп* қалыпты (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Тоқтаусыз көп жүріппін, бір тынбастан, *Еңселеп* елуге де келіп қаппын (Ә.Тәжібаев, Шығ.). **2.** *Ентелеу, бар күшін салу.* Аз ауылдың ақсақалы Әбдібек ақ таяғына *еңселей* сүйенген бойында, айнала бытырай өріп, қанат жая бастаған қойлардың бір шетінде тұр (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **3.** *Желкесінен түйгіштеу.* Бұлар біреуді алдарына сап *еңселеп* түйіп айдап кірді (Ә.Нұрпейісов, Құрляндия).

ЕҢСЕЛЕН[1]= е т. *Бойы көтерілу, оңалу.* Тіпті ағашты жеп қояды деп ешкіні құртқанмен де, бұл бағытта *еңселеніп* кеткен іс әлі аз (С.Ақтаев, Дала.).

ЕҢСЕЛЕН[2]= е т. *Биіктеу, өрлеу, өсу, еңсесі көтерілу.* Алтайда Сұлушоқы деген шың бар. Жыл өткен сайын *еңселеніп* көкке өрлеп барады дседі («Лен. жас»).

ЕҢСЕЛЕНДІР= е т. *Биіктету, асқақтату, ерекшелендіру.* Мүмкіндіктерінше ойын үстінде өзіндік беттерімен көрінуге тырысады... Осы қасиеттерінің өзі олардың өнерін *еңселендіріп* тұр («Лен. жас»).

ЕҢСЕЛЕНДІРУ *Еңселендір етістігінің қимыл атауы.* Құрылысты *еңселендіру* жағы қарастырылды (Ауызекі).

ЕҢСЕЛЕНУ *Еңселен етістігінің қимыл атауы. Еңселенуіне* таңырқады (Ауызекі).

ЕҢСЕЛЕС с ы н. *Деңгейлес, теңдес, шендес.* Қасым поэмаларының көркемдік дәрежесі өз тұсындағы шығармалардың алдыңғы қатарлыларымен *еңселес* тұрады (Р.Бердібаев, Гүлстан).

ЕҢСЕЛЕТ= е т. *Ентелету, екпіндету.* Сан рет шайқалдым да сырға тұндым. Дауылыңнан екпінді, *еңселеткен* Тебірендім, теңселдім, ырғатылдым (М.Айтхожина, Аққу.).

ЕҢСЕЛЕТУ *Еңселет етістігінің қимыл атауы. Еңселету* қайта басталды (Ауызекі).

ЕҢСЕЛІ с ы н. **1.** *Биік, үлкен.* Қыс болса отыратын үйің дайын, *Еңселі* сәнді сарай, қора жайың, Жем құюлы қамбада, шөп үюлі Газбенен қайнаулы тұр ет пен шайың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бір іңкәр оймен қадала қарап тұрушы ең тауға *еңселі*, Осындай сәтте көруге қандай құштар ем, аға, мен сені (М.Шаханов, Ғасырлар.). Садағын сала байланып, Астана жұртын айналып, Ерлерім *еңсеп* келген жер (Мұрат ақын). **2.** *Бойшаң, еңгезердей.* Ол аяғын салмақпен басып, жайымен, ойланып жүріп келе жатқанда, жұрттың бәрінен *еңселі* көрінетін (М.Мағауин, Ақша қар). Махамбет кейпінде көрінген талантты актер марқұм Мәкіл Құланбаев шабыт үстінде танылды. Еңгезердей *еңселі*, талантты сахна шеберінің қызуқанды, әлеуетті әрекеті көрермен көпшіліктің көңілінен шықты деуге болады («Жас Алаш»).

ЕҢСЕЛІК з а т. *Қас пен маңдайдың арасы. Е ң с е л і г і м* екі елі Егіз қоян шекелі (Махамбет, Өлеңд.). Екі иініне екі кісі отырғандай жалпақ жаурын мен *е ң с е л і г і* екі елі өр кеуде еттен ада (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Еңсеріп аштық пен шөл күшін алып, Еңкейткен *е ң с е л і г і н* Сағынайдың (Қ.Жұмалиев, Қырда.). *Е ң с е л і г і* екі елі, Шекелігі үш елі, Жараған теке мүшелі... Жүйрік аттарға жарасар (Шайыр).

ЕҢСЕЛІЛЕУ с ы н. *Еңсесі көтеріңкілеу, биіктеу, үлкенірек.* Айналада жыпырлаған тоқал тамдар, бопыр қора. Бұлардың бәрінен *е ң с е л і л е у* бір ақ үй тұр (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Машина Әзімдікі деген бергі шеттегі *е ң с е л і л е у* қоңыр үйдің жанына келіп тоқтады («Лен. жас»).

ЕҢСЕЛІРЕК с ы н. *Көтеріңкілеу, биіктеу, еңселілеу.* Дөң үстіндегі жеке, шағын да болса таза, *е ң с е л і р е к* үйге шам жағылған іңір кезі (Ә.Көшімов, Қысталаң). Таяу маңда басқа төбешіктерден гөрі *е ң с е л і р е к* шоқы болса, соның басына көтеріліп, әлдебір биік тастың үстіне шығады (М.Мағауин, Ақша қар).

ЕҢСЕР= е т. **1.** *Апырып-жапыру, ойсырату, бар күшін салу.* Қуанышы бойын кернеген Жүсіп ертеңінде қызметті де *е ң с е р е* істеді (З.Шашкин, Доктор.). **2.** *Бітіру, тауысу, тындыру.* Табақтағы еттің жартысын *е ң с е р і п* барып, Қарасай тағы да үн қатты (С.Жүнісов, Жапанда.). **3.** а у ы с. *Меңдеу, жеңу, дендеу.* Бірақ қашанда ұйқы оны байқаусыз *е ң с е р і п* кетіп, қапы қалып келеді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Қазір өршіген ыза *е ң с е р і п* алған оны (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). **4.** а у ы с. *Белгілі бір жастан асу.* Саяси жетекші – жас шамасы қырықтарды *е ң с е р г е н* көкшіл көзді, еңкектеу келген жайдары адам (Ә.Әбішев, Батыр.). Жасы жетпісті *е ң с е р г е н м е н*, бұ кісі әлі тұғырдан тайған жоқ (М.Хасенов, Алғашқы ән.).

Еңсере алмады. *Істі ойдағыдай бітіре алмады, өндіріп істей алмады.* Егер осылай жалғаса беретін болса, онда ахуалды *е ң с е р е а л м а г а н* әкімдер мен ІІБ бастықтарын орындарынан алу керек («Егемен Қазақстан»).

ЕҢСЕРМЕЛІ с ы н. *Ойсыратарлық, еңсерерлік, қарқынды.* Дала қауырт қимылда, *е ң с е р м е л і* екпінде (С.Сейітов, Жылдар.).

ЕҢСЕРУ *Еңсер етістігінің қимыл атауы.* Алдындағы қызметті *е ң с е р у г е* асыққандай қалпы бүкіл жан дүниесінен танылып тұрғандай (Т.Құрманғалиев, Теңіз.). Үлкен жиынға қатысушылардың өркениетті дағдарысын *е ң с е р у*, әлемдік діндердің күш-жігерін қақтығыстарды бейбіт шешу мақсатында біріктіру секілді мәселелерді талқылауы белгіленіп отыр («Егемен Қазақстан»).

ЕҢСЕРІЛ= е т. **1.** *Белгілі бір мөлшерге жеткен, мөлшерден асқан.* Шілденің күндізгі шыжыған күні қазір недәуір-ақ *е ң с е р і л г е н* (Ә.Көшімов, Қысталаң.). **2.** *Аударылу, құлау, тұсу.* Жоқ, әлі он-он бес шақырымдай жер бар, – деді атшы шанадан *е ң с е р і л е* түсе беріп (С.Жүнісов, Жапанда.). **3.** *Бүкіл денесімен бұрылу.* Жанар өзін-өзі ұмытып, самолетке *е ң с е р і л е* қарап қалған-ды (Т.Ахтанов, Дала.). **4.** *Біту, аяқталу.* Әрине, билікті бөлудің конституциялық принципі мен олардың тепетеңдігін іске асыру мемлекеттік билік органдарының арасындағы *е ң с е р і л м е й т і н* тартыстарды азайтып немесе болдырмау үшін олардан жоғары жауапкершілікті талап етеді («Егемен Қазақстан»).

ЕҢСЕРІЛІС= е т. *Бітісу, аяқталысу.* Егін орағы *е ң с е р і л і с і м е н*-ақ мектеп оқуды қайта бастады (С.Хайдаров, Азамат.).

ЕҢСЕРІП-ЕҢСЕРІП ү с т. *Теңселтіп, шайқап, ырқына көндіріп.* Дауыл... ішін тарта үдей-үдей, ысқыра-ысқыра соққанда, ат үстіндегі жігіттерді ат-матымен *е ң с е р і п-е ң с е р і п* тастайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЕҢСЕРІС= е т. *Ойсырату, апырып-жапырысу; көтерісу.* Заманымда өзімнің Еңсеріскен ер көрдім, Белсеніскен бел көрдім (Қазына//Есет би).Отар ауыртпалығының бір жағын *е ң с е р і с і п* жүрген Сағымжан үйіндегі жеңгей екен («Соц. Қаз.»).

ЕҢСЕТ= е т. *Еңселендіру, мойынсындыру, бағындыру. Е ң с е т к е н* ерік еркеге, Сусатқан су егінге. Жұлқынған жүйрік жүректе, Бұлқынған асау көңілде (І.Жансүгіров, Шығ.). Ерлікпен сездік Кебекті, *Е ң с е т к е н* түгел сол маңды, Шолпылы жібек желекті Сүйсіне көрдік Тоғжанды (Ғ.Орманов, Таңд.).

ЕҢСЕТУ *Еңсет етістігінің қимыл атауы.*

ЕҢСЕУ *Еңсе етістігінің қимыл атауы.*

ЕҢСЕЮ *Еңсей етістігінің қимыл атауы. Е ң с е ю г е* мәжбүр етті (Ауызекі).

ЕҢСІТУ= е т. к ө н е. *Жұбату.* Жылай да қалған мұңлықты, кім *е ң с і т і п* алған жоқ (Базар жырау, Шығ.). Белгілі ару қор болып – Кімдерден жылап қалған жоқ? Жылай да қалған мұңлықты Кім *е ң с і т і п* алған жоқ?! (Базар жырау, Шығ.).

ЕҢІЗ-ТЕҢІЗ с ы н. с ө й л. ***Ағыл-тегіл.*** Өмірзақ, ағай, мен... мен... – деп, Дәмелі алақанымен бетін басып, парторг ұсынған орындықтың арқалығына асылып тұрып, *е ң і з т е ң і з* жылап қоя берді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Еңіресіп *е ң і з-т е ң і з* жылады олар, Ататын бізге, сірә, бар ма, тағ (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕҢІРЕ= е т. **1.** *Егіліп, ағыл-тегіл жылау, көз жасын көл қылу.* Жұмағұл екі көзінің жасы омырауын жауып *е ң і р е п* жүр (З.Ақышев, Ақбел.). Ердің анасы *е ң і р е м е й д і* (Мақал).

Назгүлдің басқа сөз айтуға шамасы келген жоқ, бетін баса құлап *еңіреп* қоя берді (Ә.Әбішев, Ғаламат.). **2.** *Зар қақсап, күңірену, күйіну, күйзелу.* Осынау үкім Торғайдың Даласын тегіс шарлады. – Не болды бауыр! Зор қайғы!.. *Еңіреп* ауыл зарлады (М.Рашев, Тоғыз жүз.). Қазақы төл мәдениет, дүниетаным батыстың «басқыншы өркениетті құндылықтарының» астында «жылап, *еңіреп*» қалмағанда қайтеді («Қаз. әдеб.»). Ажар атты анасы, Ибраһимдей бабасы Зар *еңіреп* қорықты. Шалмақ болып құрбанға, Мінә тағының басына Баласын алып барыпты (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сәкеннің ең үлкен ағасы, күрескер батыр да, батыл да, екі жүзді нар кескен өткір жан, заманынан ерте туып *еңіреп* өткен ағасы Махамбет болатын (С.Талжанов, Ұлдай.).

Елім деп еңіреді. *Елі үшін жан аямады, барын салды.* Әр уақыт бірге болып еліменен, *Елім деп* еміреніп, *еңіреген.* Дөңінде Дегеленнің ән толғатып, Отырған соған орай өріп өлең (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Еңірегенде етегі толды. *Егіліп ұзақ жылады, қатты күйзелді, қамықты, қан жұтты. Еңіреген*де *етегі толып* жазыпты ғой міне («Қаз. әдеб.»). Я, айрылып қалды байғұс. *Еңіреген*де көз жасына *етегі толады* (М.Дүйсенов, Мейман.).

Еңіреген [еңіреп туған] ер. *Елінің қамын ойлайтын, елі мен халқы үшін жан аямай күресетін ардагер, күрескер азамат.* Құрбан Танабекұлы болса, халық қамы дегенде көкірегінен жалын атып жүрген *еңіреген ердің* бірі (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). Сол қатарлас батыр жан, елі үшін *еңіреген ердің* бірі – Рамазан Аманкелді баласы (От ортасы.). Сағынғалидың кейіпкерлері Отанға, халыққа адал, елім деп *еңіреп туған ерлер,* олар әрі жауына кекшіл, рақымсыз (Қ.Ыдырысов, Отты жыл.).

Еңіреп кетті. *Амалсыз тастап кетті, жылап қоштасты.* «Туған жердің бір уыс топырағы-ай» деп, *еңіреп кеткен* сол көштің, шетелдегі қазақтардың ең болмағанда елу пайызының қайтып оралуын тоспай, оларсыз жер бөлу жөнінде әңгіме жасауымызға моральдық құқымыз бар ма? («Жас Алаш»).

Еңіреп туған ел. *Ел мен жер үшін жан аямай күресетін жұрт, ардагер азаматтар.* ... Азаттықтың Абылай түпкі тірегі, Арпалыста жолбарыстай түледі. Оған тартқан, *Еңіреп туған елім* деп Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі (К. Салықов, Жезкиік).

Еңіреп тұрған [жүрген] ер. *Ел үшін, елдің қамы үшін іс еткен адам.* Мен, мен едім, мен едім, Мен Нарында жүргенде, *Еңіреп жүрген ер* едім, Исатайдың барында, Екі тарлан бөрі едім (Махамбет, Өлең.).

Зар еңіреді. *Көз жасын көл қылды, егіліп жылады.* Кавказ *зар еңіреп,* Қаржаудың арбасына отырып, тағы да кете барған (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЕҢІРЕЙ-ЕҢІРЕЙ үс т. *Жылай-жылай, зарлай-зарлай. Еңірей - еңірей* көз жасы да әбден сарқылып біткен тәрізді, құр кемсеңдеп булыққанымен көзінен жөнді жас шықпайды (З.Жәкенов, Таң самалы). Менің бүйтіп жатқаным өз шәһәрімнің жырағы! *Еңірей-еңірей* кетейін, Қырымда қалған ерлердің Есіткей тағы құлағы (Ер Тарғын).

ЕҢІРЕН= е т. **1.** *Көз жасы төгілу.* Осы күні біз тұрмыз, Саңылау таппай кезденіп, Бізден бұрын өтіпті, Екі етегін түрініп, Иманын тілеп жүгірген Хақ дегенде *еңіренің.* Байып ирен қырық шілтен Шылауында екен олардың, Жұмыла әулие күңіреніп (Базар жырау, Шығ.). **2.** а у ы с. *Күйіну, ызғар шашу, айбаттану.* Әрине, бұл сияқты зор қимыл *еңіренге* шыққан ер-азаматтарға ой салып, батыл күреске шақырған болатын (С.Омаров, Серпін). Үңгірді жаңғыртамын күңіреніп, Жаралы арыстандай *еңіренің,* Ноғайбай, Қалиасқар бауырларым, Қолынан жауыздардың кетті-ау өліп (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Зар еңіренді. *Қатты қамықты, күңіренді.* Шешем болса мен бүйтіп жүрер ме едім, тамақ іздеп үй-үйге кірер ме едім. Шешесі бар баланың тамағы тоқ, көремін де соларды *зар еңіренді*м (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕҢІРЕНУ *Еңірен етістігінің қимыл атауы.* Ол көпшіліктің *еңіренуіне* қосылып кетті (Ауызекі).

ЕҢІРЕС= е т. *Дауыстап, еңіреп жыласу, көздерінен жас төгісу.* Үйдегі жұрт *еңіресіп,* егіліп көз жастарын моншақ-моншақ төгісті (С.Сейфуллин, Әңгім.). Үшеуі жылайды да *еңіреседі.* Бірінің бірі сөзін жөндеседі. Адамда малсыз, бақсыз баға бар ма, Пенденің дүниемен көңілі өседі (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЕҢІРЕСУ *Еңірес етістігінің қимыл атауы. Еңіресуін* тоқтата алмады (Ауызекі).

ЕҢІРЕТ= е т. **1.** *Жылату, өксіту.* Сыртынан жаназа оқып халқы кетті, Бұл өлім талай жанды *еңіретті.* Аямай ажал шіркін кімді алмайды, Ол түгіл пайғамбарға қаза жетті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Зарлату, зар қақсату. Еңіретін* күң ғып сататын, Еріккенде ойнап жататын Болды, қалды бір хайуан. Енді ежелгі көркі жоқ, Көргені қорлық, еркі жоқ, Естисің бе зарлы үнін? (М.Жұмабаев, Шығ.). Тоты құс едім бақшада, Қарақұсқа жем еттің. Хан қызындай басымды Бір жаманға тең еттің. Ботасыз нардай боздатып, Мінеки, мені

е ң і р е т т і ң (М.Дулатов, Шығ.). Көнбеске амалы қанша? Жалғыз шешесін қалай *е ң і р е т с і н* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **3.** а у ы с. *Өлеңді нақышына келтіріп аңырату, төгілту, құйқылжытып орындау.* Екі қыз «Ақбөбекті» *е ң і р е т т і,* Емініп елжіретіп төңіректі. Жабықтан әлсін-әлсін ай сығалап, Қам көңіл қараша күз жасын төкті (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Айтуға аттан түсіп сабыр қылмай, Өлеңді ат үстінен *е ң і р е т т і* (Айтыс). Бас қамшыны Көксерекке. *Е ң і р е т!* Боздат! – деген айғай шықты (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). **4.** а у ы с. *Мөңірете, аңырата жақ тарту, ату.* Лақтырып қал тағы бір, Соңғы балық ілігер, Көнсадақтың жағы бір Тартылар да дірілдер. «Ала өгіздей мөңіреп», Атар соңғы жебесін, Сен де, мерген, *е ң і р е т,* Оқ таусылды демесін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Елді еңіретті. *Елді қинады, зар илетті.* Қайдауылдың болысы Сейіткерей Бектасов Сұм еді *е л д і е ң і р е т к е н,* Қырылад деп сарбаздар, Бармаңдар деп үгіттеп, Өсекті талай гулеткен (О.Шипин, Дастан.).

Зар еңіретті. *Зар жылатты, зарлатты.* Әкеден баланы, баладан шешені айырып *з а р е ң і р е т т і ң* сен соғыс (А.Мұздыбаев, Тағдыр).

ЕҢІРЕТУ *Еңірет етістігінің қимыл атауы.* Апырай, бұл болмаған іс екен, балиғатқа жетпеген жасты зар *е ң і р е т у* барып тұрған қылмыс қой («Лен. жас»).

ЕҢІРЕУ[1] з а т. ***Керік.*** *Е ң і р е у д е н* қара қайырса, құланды қақтан айырса (Мұрат ақын).

ЕҢІРЕУ[2] с ы н. *Алысқа шабатын қас жүйрік; батыр, мықты, қайтпайтын.* Желқабыз, жез тағалы *е ң і р е у м і н* (Біржан мен Сара айтысы).

ЕҢІРЕУ *Еңіре етістігінің қимыл атауы; ағыл-тегіл егіліп жылау. Е ң і р е у м е н* етегің толар, есің толмас! Тый қане! («Лен. жас»).

ЕҢІРЕУЛІ с ы н. *Жапа шеккен, зар қаққан, қорлық көрген. Е ң і р е у л і м і н,* есемді әпер! Әділетің жетпесе, кес-кестеме алдымнан (Д.Әбілев, Арман.).

ЕҢІРЕУІК с ы н. *Еңірегіш, жылап-сықтағыш, қапаланғыш, уайымшыл.* Біздің ғажап ақындарша шарықта, Ескілерше *е ң і р е у і к* жасыма (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің).

ЕҢІС з а т. **1.** *Жотаның, өрдің түсе берісі, ылди жері, еңістік.* Төңірегін ақ селеу басқан шоқ жүзгеннің түбінен бұлақ етіп құмның қызыл түлкісі қиғаштап, *е ң і с к е* қарай ұра жөнелді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жарыс жолы ойлы-қырлы. *Еңіске* самғағанмен, қырға келгенде тыпырлап қаласың (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Жақсылықтың алды – өр, жамандықтың алды – *е ң і с* (Мақал). Асқақ Алатаудың бауырынан *е ң і с к е* қарай еркелей ағып, орта белде бір арнада тоғысқан қос өзен – Қасқасу мен Сайрамсу сүйсіне қараған сырт көзге қыздың өрген қос бұрымы сияқты сұлу көрінеді («Қаз. әдеб.»). Гүл іздедім өрімнен, *е ң і с і м н е н,* Қарыздармын қалама демі сіңген. Алматыға әкелген арман жолға, Алғыс айтып жүремін мен ішімнен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Жазық, ойпаң жер, егістік.* Бұл күндері облыстың өрісі малға толса, шексіз қиыры – шабындық, *е ң і с і* – мол егіндік («Қаз. әдеб.»). Бір шеті Бесағаш, бір шеті Егінсай жазығымен жалғасатын жалпақ *е ң і с к е* егін салған (Ж.Молдағалиев, Жүрек). Қарт Қаратаудың *е ң і с і н* жайлаған елді халық Созақ ауданы немесе Теріскей деп таниды. Ұлт тарихын ұмыттыруды көздеген кеңестік кезеңде атақты Созақ көтерілісін көлденең тартқандар Теріскейдегі елге сұқ саусағын шошайтып, салқын қабақ танытты («Жас Алаш»). Оның анау, *е ң і с т е г і* аталастарының арасына кіріп, бойын жылытуға аңсары ауса да, қозғалуға қауқары келмеді әрі тағдырына көндігіп қалған жайы бар. Мына табын оған жат, осыдан екі күн бұрын бөлінген бауыр үйірінен әлі күдерін үзбеген («Қаз. әдеб.»).

Күн еңістен ауды. *Күн бесіннен ауды, түс қайтты. К ү н е ң і с т е н а у ы п* кеткенмен, аптап әлі басылмай тұр (М.Шаханов, Таңд.).

ЕҢІС= е т. *Ойысу, бет алу, бағыттау.* Шалпық қайтыс болды дегеннен кейін осы ойға *е ң і с е* берген (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). Ақмадия алға қарай *е ң і с і п* кетті де, жағадан ұстаған жігітке сүйеніп қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕҢІС-ЕҢІС з а т. *Ойпаң жер.* Биік қыраттарға шығармай *е ң і с-е ң і с т і ң* мол отына сал, – деді де, Жазылбек жол жүруге қамданды (Октябрь өрендері).

ЕҢІС-ОЙПАТ з а т. *Ойпат, еңістік.* Күркіреп құйып өткен нөсерден кейін жер құлпырып шыға келген. Көл табаны *е ң і с-о й п а т* көкпеңбек (Т.Ахтанов, Дала).

ЕҢІСТЕ= е т. *Төмен түсу, ылдилау.* Гүлнар кейде *е ң і с т е п,* кейде өрлеп ілгері жылжыды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Қисмет бір қызық ән тамашалы, Естуге ел құмар боп таласады. Бір өрлеп, бір *е ң і с т е п,* бір бұлтарып, Қиялап, орғып ойнап қыр асады. Жүлгелеп жүрегіңді, өкпеңді өрлеп, Құрылыс қуатыңмен санасады (Ә.Найманбаев, Шығ.). Күн болса ұстараның жүзінен ауып, *е ң і с т е п* барады (С.Шаймерденов, Қарғаш). Алдыңғы жары *е ң і с т е м е й,* биіктеп бара жатқандай (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ЕҢІСТЕН= е т. *Төмендеу, ылдилау* ≈ *Е ң і с т е н і п* келеді.

ЕҢІСТЕНУ *Еңістен етістігінің қимыл атауы; қиялай төмен түсу.* Грунт суларының

қозғалу бағыты бедердің *е ң і с т е н у* бағытына сәйкес келеді (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЕҢІСТЕТ = е т. *Төмендету, ылдилату.* ≈ *Е ң і с т е т і п* жіберді.

ЕҢІСТЕТУ *Еңістет етістігінің қимыл атауы; қиялай төмендету.* Оған жерді тегістеу, үйіндіні *е ң і с т е т у*, топырақтың құнарлы қабатын жинап алып, рекультивацияланатын жерге тасымалдап төгу, жол, гидротехникалық және мелиорация құрылыстарын салу және т.с.с. жұмыстар жатады (Т.Қалыбеков, Экология.).

ЕҢІСТЕУ с ы н. **1.** *Төмендеу, ылдилау, ойпаңдау (жер).* Үсенғалидың түйесі жар жағалап келді де, бір *е ң і с т е у* жерден төмен түсті (Н.Оразов, Достар.). *Е ң і с т е у* жер келсе ғана бүлкең-бүлкең желеді де, басқа уақытта аяңмен жүреді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Үрмәш *е ң і с т е у* жерге келіп, Петроның жүрегін тыңдап көрді (Ә.Әлішев, Батыр.). Қостөбенің терiскейі мен үйдің арасы бірталай жер ғой, бірақ *е ң і с т е у* . Орта тұста екі бірдей терең сай бар, солар қиындау («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Бүкіштеу, еңкіштеу.* Жездем Сауыт күйкілеу, *е ң і с т е у,* кішірек денелі адам екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЕҢІСТЕУ *Еңісте етістігінің қимыл атауы.* Жүргері *е ң і с т е у г е* дауаламады (Ауызекі).

ЕҢІСТІ с ы н. *Ылдилау, еңістеу келген.* Қырмызыдай отты қызғалдақ басқан жусанды алқап, *е ң і с т і* беткей сол көктемнің көркіне оранғандай бөгіп те, тұнып та жатыр (С.Бақбергенов, Адам.).

ЕҢІСТІК з а т. **1.** *Ылдилық, төмендік.* Мұздықтың жылжу жылдамдығы мұз жылжып келе жатқан арнаның *еңістігіне,* температураға және жауын-шашынға байланысты (С.Жортанов, Өлке тану.). Ағаш отырғызылатын беткейдің *е ң і с т і г і* 12–15 градус болса, ағаштардың аралығы жақындатылады (Ш.Хабибуллин, Алхоры.). **2.** *Ойпаң жер, жазықтық.* Солтүстікке бағытталған *е ң і с т і к т е* көктемде қар кеш ериді (М.Ахметов, Егін қорға.). Тау сілеміне иек артқан мына *е ң і с т і к т е* зәулім үйлерін жасыл желек көмкерген әсем бір қала тұр (Дала қырандары).

ЕҢІСУ[1] з а т. а с т р. *Аспан шырағынан экваторға дейінгі бұрыштық қашықтық. Е ң і с у* дөңгелегі экваторға перпендикуляр болып, дүние полюстерін басып өтетін үлкен дөңгелектер (ҚСЭ).

ЕҢІСУ[2] *Еңіс етістігінің қимыл атауы. Е ң і с у г е* әлі ертерек (Ауызекі).

ЕП з а т. **1.** *Икем, ыңғай, бейім.* Ол жас болғанмен... қысылған жерде айла мен ақылды қатар жұмсап, ине көзінен өткендей *е б і* болатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Кейінгіге үлгі қалдырған Шешендердің тілі артық. Әрбір істің қалпына Аңғырттықтан *е п* артық (XX ғ. қаз. ақын.). Жақсыларға *е п* едім, Жамандарға көп едім (Махамбет, Өлең.). **2.** *Айла-тәсіл, әдіс, амал.* Көнбедім мен олардың *е п т е р і н е*, Түкірдім жүзіқара беттеріне. Көндірем көнбесең де деп ақырып, Барғана қамшы басты еттеріме (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ер өтірік айтпайды, *Е п* өтірік айтады (Мақал). Егіннің *е б і н,* Сауданың тегін Үйреніп ойлан, Мал ізде (Абай, Тол. жин.). Қаңбақбайдың емеурінін ғана емес, *е б і* мен емі табылса, Әлінің айтқанын екі етпейтін арғы ниетін де айқын сезді (З.Жәкенов, Таң самалы). **3.** *Жөн, лайық, лазым.* Жұртпенен бірге өзіңді қоса алдасып, Салпылдап сағым қуған бойыңа *е п* пе? (Абай, Тол. жин.). *// Дәл, сай.* Ерлігім ерлігіңе дөп келеді. Байлығыңа байлығым *е п* келеді (Жамбыл, Шығ.).

Аузы епті. *Сөзге, қызыл тілге бейім кісі туралы айтылады.* Тұрлаусыздан сөз ұқпа, *А у з ы* оның *е п т і* деп. Нашардан шыққан жақсының Сөзін жерге тастама, Атасы нашар өтті деп (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ебі бар. *Епті, икемді.* Ауру тілінің *е б і б а р д ы* іздемейді, Қолының емі барды іздейді (Мақалнама). Тіліңнің желі, аузыңның *е б і б а р* еді, сен осы кездескенімізге бірдеме деші, – депті (С.Талжанов, Адам тур.). Ол қолының *е б і б а р,* сурет салғыш бала еді (Н.Сералиев, Намыс).

Ебі жоқ. *Икемсіз, епсіз, орашолақ.* Зарың бар, зорың жоқ, Ентігуің бар да, *е б і ң ж о қ,* жандайшап болып жайыңа қаласың, деді-ау! (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Ер жігіт елдікке *е б і ж о қ* жегжатынан қорлық көреді (Мақал).

Ебі кетті [қашты]. *Сасып-сасқалақтап берекесі кетті, икемсізденді.* Ақтардың есі шықты, *е б і к е т т і,* Басына қаралы күн қайта жетті. Қазақты халық көрмей есірген жау, Өзінің қырсығынан көрді әлекті (Е.Бердин, Қанды асу). Жүрегім аузыма тығылып, *е б і м қ а ш ы п,* оңашада Биғайшаға деген ойымды айттым (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Ебін тапты. а) *Орайын, ретін келтірді, қалауын тапты. Е б і н т а п қ а н* екі асайды (Мақал). *Е б і н т а п қ а н* ер өлмес (Мақал). *Е б і н т а п п а ғ а н* түз жалайды (Мақал). ә) *Амалын келтірді, істің жөнін, қисынын келтірді.* Келдің бе *е б і н т а у ы п* қалқашым деп, Боз үйге есік ашып енген қандай? Сол жерде айтыспаған сыр қалмайды, Мысалы Әбдіреашып ақтарғандай (Ақан сері, Шығ.). Бай шал отыр тоқпақ шауып, Бәйбіше отыр бие сауып. Сонда барсақ *е б і н т а у ы п*, Болмақ қызық ойын-сауық (Ө.Тұрманжанов, Шығ.).

Епке көнді. *Ыңғайға жүрді, айтқанды істеді.* Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес, *Е п к е*

к ө н е р ет жүрек сату емес. Кімде-кім үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанменен қатын емес (Абай, тол. жин.).

Еп қылды. *Лайық көрді, амал жасады.* Қорған салып биік қылса, Көңіліменен *е п қ ы л с а,* Құдай жақсы көрер ме, Шариғатты бұзған соң (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЕПЕЛЕК[1] з а т. ж е р г. *Шегені қаққанда тұтас кіріп кетпеу үшін оның мойнына киізілген қалпақша.* Мылтығының қажып, босап кеткен ескі жәутік сүріміне мыс *е п е л е к* салып, мың қайтара шегелеген (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕПЕЛЕК[2]**: епелек қақты.** *Ебелектеді, ебеледі.* Күйеуі *е п е л е к қ а ғ ы п* құрақ ұшып жүр («Жетісу»).

ЕПЕЛЕКТЕ= е т. **1.** *Елбең қағып, ұшып-қону, құрақ ұшу.* Сұлтан *е п е л е к т е п,* балаларын өзі көтеріп түсіріп, үйге өзі кіргізіп, құрақ ұшып жүр (Ә.Тарази, Құйрықты.). **2.** а у ы с. *Бәйек болу, жағымпаздану.* Бәрінің жаны Мәуладидің үстінде секілді, *е п е л е к т е п* қасынан шықпайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЕПЕЛЕКТЕУ *Епелекте етістігінің қимыл атауы.* Оның *е п е л е к т е у і* сөлекет көрінеді (Ауызекі).

ЕП-ЕЛЕУСІЗ с ы н. с ө й л. *Білінбейтін, ескерусіз, байқаусыз.* Қаймақ жүз, сұрша кісі – кірсіз жандай, Ілмиген қара көзді, тайқы маңдай. Көселеу, орта ойлы, мүп-мүләйім, Қимылы *е п е л е у с і з* сұр жыландай (С.Сейфуллин, Өлең.).

ЕПЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Епелектеу.*** Атаңнан қалған Таласқа, Қайта келдіңайналып. Жас күнінен бай Жақып, Дүние жидың *е п е ң д е п* (Манас).

ЕП-ЕРЕСЕК с ы н. *Үп-үлкен, дап-дардай.* Сәуленің жынына жымиып жүретіні тиеді, *е п-е р е с е к* адам езуін жиса қайтеді («Лен. жас»).

ЕП-ЕРКІН с ы н. *Емін-еркін, оп-оңай.* Астероидтың ана шеті мен мына шеті қол созым жердегідей, аттасаң болды төңіректі тұмшалаған қара барқыт үстімен *е п-е р к і н* жүріп-ақ кетесің (Т.Шаханов, Жоғалған.).

ЕП-ЕРСІ с ы н. *Сөлекеттеу, тым ыңғайсыз.* Елу бестегі шалдың мынау өлеңді айтуы, сиырға ер-тоқым салғандай *е п-е р с і*-ақ (Б.Шалабаев, Өмірде.). Сиырға жүк артқанды алғаш көргенім, *е п-е р с і* боп тұрады екен (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕП-ЕРТЕ ү с т. *Тым ерте.* Күнде *е п-е р т е* келетін Босаңбайдың да нақ бүгін машина келгенде кешігіп қалуын қарашы (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

ЕПЕТЕЙСІЗ с ы н. с ө й л. ***Ебедейсіз.*** Бөлменің ортасында арбиған бір *е п е т е й с і з* үлкен стол тұр (М.Қаратаев, Далада.). Жиын болса жұрт көзіне түртетіндей қысылып, өзін *е п е т е й с і з* қораш сезінеді (Д.Досжанов, Зауал).

ЕПЕТЕЙСІЗДЕН= е т. с ө й л. *Ебедейсіздену, ыңғайсыздану.* Кінәлі адамдай *е п е т е й с і з д е н і п,* қасындағы жалғыз бос орындыққа отырдым (К.Баялиев, Дегелек.).

ЕПЕТЕЙСІЗДЕНУ *Епетейсіздік етістігінің қимыл атауы.*

ЕПЕТЕЙСІЗДІК з а т. с ө й л. ***Ебедейсізік.*** Әдетте өрмекшілерді сырт бейнесінің *е п е т е й с і з д і г і* мен қорқынышты кейпіне қарап көп өлтіреміз (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Піл – денесінің *е п е т е й с і з д і г і н е* қарамастан, құрылысшы жануар (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.).

ЕПИСКОП [грек. episkopos]. з а т. д і н и. *Христиан шіркеуі әкімшілік-территориялық бөлік басшыларының ең жоғарғы лауазымы.* Қауымға ортақ мүлік молайғанда, ерекше *е п и с к о п,* яғни қауым мүлкін бақылаушы тағайындайды (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

ЕПКІН з а т. с ө й л. ***Екпін.*** Кәрі қыстың ашуланар кеп күні. Берді боран қарын бізге үйіп те. Шаңғышының қырдан түскен *е п к і н і* Шығарып-ақ салады бір биікке (Қ.Мырзалиев, Көктем).

ЕПКІНДЕТ= е т. с ө й л. ***Екпіндету.*** Жұма енді Гауһардың аяғын аяғымен қыспақшы болып, қозғала бергенде Михаил арқанды *е п к і н д е т е* шайқаған болып, тартыңқырап қалды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕПСЕК з а т. *Ыңғай, икем, еп.* Әкемнің мәсі ұлтарып, етік жамауға қолының *е п с е г і* бар еді (Н.Сералиев, Ыстық күлше.). Апсарының толғатқан әйелге жәрдемдесуге, туатын баланы қабылдауға қолының *е п с е г і* болушы еді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЕПСЕКТІ с ы н. *Ыңғайлы, епті, оңтайлы, жұғымды.* Оңалбек сабаққа ғана жұғымды емес, үй жұмысына да *е п с е к т і* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қозыларды тудырып, жерден көтеріп алып, енесіне теліп, аяқтандырып жүрген малшылар мен мал дәрігерлері қандай *е п с е к т і,* жеңіл, шапшаң қимылдайды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Мінсіз қаланып жатқан кірпіштерге, әсіресе шебердің *е п с е к т і* де епті қолына қызыға қарайтын (Ж.Қожабергенов, Құрылысшы.).

ЕПСЕКТІК з а т. *Ыңғайлылық, икемділік жұғымдылық, оңтайлылық.* Қолымның аздап *е п с е к т і г і* бар еді. Үйшілік етіп, арба-шана жасап дегендей кәсіп қылатын едім (А.Нұрманов, Құлан.).

ЕП-СЕП з а т. с ө й л. *Еп, икем, бейім.* Қолының *е п-с е б і* бар қарияны басшылар қолқалап: «дүкенге қол болыңыз» деп тілектерін айтқан («Лен. жас»).

ЕПСІЗ с ы н. **1.** *Епті емес, орашолақ, олақ.* Жас келіннің алғашқы уақыттағы *е п с і з* істеріне, жөнін білмей бүлдіріп алған шаруаларына ренжімеді, қабақ шытып кейімеді (Н.Ғабдуллин,

Сар. жапырақ). Біреу епті өмірде, біреу *е п с і з* Жай ғана адамдар бар кереметсіз. Айғайсыз-ақ өз ойын айтатын бар, Тыңдап болмай, оған сіз не демексіз (Ә.Тәжібаев, Кеше.). *Е п с і з д і ң* еңбегі еш (Мақал). **2.** *Әдіс-айласы жоқ, құр тоқпақ. Е п с і з,* айласыз ештеңе де шығара алмайсың. Байлық, бақ, атақ деген нәрселер өз аяғымен келмесе керек (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

ЕПСІЗДІК з а т. *Икемсіздік, орашолақтық, ебі жоқтық.* Салақтық, *е п с і з д і к* немесе күйгелектіктен болған жағымсыз істерді әдейі жасаған тәртіпсіздік қылықпен бір дәрежеде қарап ұялту қате (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЕПСІН= е т. *Епті болғансу, пысықсу.* Еждиһатсыз, михнатсыз Табылмас ғылым сарасы. Аз білгенін көпсінсе, Көп қазаққа *е п с і н с е,* Кімге тиер панасы (Абай, Тол. жин.). Ниеті бұзық кей жаман Бірді бірге итеріп, Жықсам дейді аранға. *Е п с і н і п,* көзді салады, Жуас пенен баяуға (С.Жаңғабылов, Тоқсан.).

ЕПТЕ= е т. **1.** *Абайлау, жайлап әрекет ету.* Қайда қалған өткен заман қызығар? Омыраулап күшке салмай, *е п т е л і к.* Әлдеқандай заман болар алдыңда, Ғафилдықта бекер шулап өтпелік (М.Дулатов, Шығ.). Өз мінін білген *е п т е й д і,* Кісінің мінін сөкпейді (Мақалнама). **2.** а у ы с. *Өлшеп-пішіп, үнемдеу, шағындау, қымқыру.* Келсе де қанша қонақ кет демеген Аз асын таусылар деп *е п т е м е г е н.* Төбелес, ел арасы күнде қиқу, Араз боп бірақ оны кектемеген (Б.Майлин, Шығ.). Кәкір-шүкір, көр-жерді Пайда көріп *е п т е й м і н.* Мынау арам, тентек деп Еш кісіні теппеймін (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Амалдау, ыңғайын, ретін табу.* Ықыласыңды білдірсең болғаны. Ар жағын өзім *е п т е й м і н* (К.Тоқаев, Көмескі.). Қураған құрайларың көп десең де, Нанбаймын өтірікпен *е п т е с е ң* де. Сауысқан, ала қарға қалың құсың Айтайын ақиқатын жек көрсең де (Айтыс).

ЕПТЕП ү с т. **1.** *Аз-аздап, шақтап, мөлшермен.* Офицер өзі де *е п т е п* қазақша біледі екен, бар білген тілімен тергеуді өзі алды (М.Дүйсенов, Мейман.). «Япырай, өзі Ғалиға *е п т е п* ұқсайды екен»,– деп ойлады Байбосын, ескі досын есіне алып (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Бұл күнде Ебейсін *е п т е п* қоң жия бастаған (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Ақырындап, бабымен.* Сәтжан екі балапанды *е п т е п* қана алып, мертікпейтін етіп орап, мықтап байлады (С.Бегалин, Таңд.). **3.** *Ыңғайлап, жөнімен.* Ондағы тұрған елдің жастары көп, Марияға сөз салады әркім *е п т е п.* Шешесі «уақыт өтпей ти» десе де, Қызы басын шайқайды «тимеймін» деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Аяғын ептеп басты *Ақырын абайлап жүрді, байқатпай жүрді.* Есікті ақырын ашып, *а я ғ ы н* әдетінше *е п т е п б а с ы п* кірген шешесін Сәми білген жоқ (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕПТЕГЕН-СЕПТЕГЕН с ы н. с ө й л. *Аздаған, там-тұмдаған. Е п т е г е н-с е п т е г е н* бірдеме басталған-ақ шығар, бірақ соны суыртпақтап тарта білетін «өнер» ба ма екен мұнда? (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЕПТЕЙЛЕН= е т. *Ыңғайлану, икемделу, тырысу.* Сүйгізуге *е п т е й л е н г е н* Космосбегін атасы кідіртті (Ө.Тұрманжанов Адам.).

ЕПТЕЙЛЕНУ *Ептейлен етістігінің қимыл атауы.* Өзі де *е п т е й л е н у д і* білмейді (Ауызекі).

ЕПТЕЙЛІ с ы н. *Ыңғайлы, икемді, епті.* Сабыр күріш көгінің сирек жерін әкеліп топырақ арасын ашты да, әлгі көшетті *е п т е й л і* тез ғана отырғызды (С.Алдабергенов, Алға). Өмірғұл кісіні мезі қылмайтын жеңіл, зілсіз әзілге *е п т е й л і* екен (И.Жақанов, Қайта орал.).

ЕПТЕЙЛІК з а т. *Ыңғайлылық, икемділік,ептілік.* Бала жігіттің шапшаң қимылы, *е п т е й л і г і* ұнайды (Ауызекі).

ЕПТЕЛ[1] = е т. *Ыңғайлану, икемделу.* Бүлкілдеп көмекші шалдың сонда *Е п т е л д і* ерін еті сөйлейін деп: Жас бала, құмармысың тұлпарға сен, Жасымда сен сияқты сұрампаз ем (С.Керімбеков, Бес мылтық).

ЕПТЕЛ[2] = е т. *Баяулау, кібіртіктеу.* Қаттықатты басайын десе де болмайды, аяғы *е п т е л е* береді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕПТЕЛУ *Ептел етістігінің қимыл атауы. Е п т е л у і н* қарай гөр (Ауызекі).

ЕПТЕМЕЙЛЕ = е т. *Ептеп-септеп әрекет ету, ыңғайын келтіру.* «Келдік деп, түбіміз бір, кектемей көп», Болыңдар біреуің хан *е п т е м е й л е п.* Хан десе, қазақ халқы қадірлейді, Надан ғой, аңқау өскен ала көйлек (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЕПТЕП-ЕПТЕП ү с т. *Ақырындап, амалдап, ептеп-септеп.* Оқыс сөзбен жанына бірден жара салмай, *е п т е п-е п т е п* қана жеткізерсің, – деп өтініпті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ол Бақтыгүлдің қасына барып, *е п т е п-е п т е п* сөйлесіп жұбатады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЕПТЕП-СЕПТЕП ү с т. *Өйтіп-бұйтіп, амалдап, ыңғайын тауып.* Қазанғаповтың екі сөзінің бірі – *«е п т е п-с е п т е п».* Ол шынында да, барлық жағдайда *е п т е п-с е п т е п* күн көрді (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Әзірше *е п т е п-с е п т е п* бірдеме ғып, өздерің күнелте тұрыңдар, – деді ол (Д.Досжанов, Тұлпар.). Алғашында «бір жыл *е п т е п-с е п т е п* шыдап көрейін» деген оймен жүрген еді («Лен. жас»).

ЕПТЕС= е т. *Ептілік жасасу, жымқырысу. Е п т е с к е н* екеуінің бұл жолғы орталық қоймада жасырған үлкен ұрлығы да ашылды (Б.Қыдырбекұлы, Шығ.).

ЕПТЕСТІР= е т. *Ақырындап ыңғайын келтіру, амалын табу.* Жай-жапсарын осыдан *е п т е с т і р і п* сұрап көрейінші, – деп ойлады Долан (А.Хангелдин, Өткен күн.). Ерден ердің несі артық, *Е п т е с т і р г е н* сөзі артық, Малдан малдың несі артық, Бір-ақ асым еті артық (А.Сатаев, Дала.).

ЕПТЕСТІРУ *Ептестір етістігінің қимыл атауы.* Бұны *е п т е с т і р у* қиын-ақ (Ауызекі).

ЕПТЕСУ *Ептес етістігінің қимыл атауы. Е п т е с у д і ң* ақыры осы болды (Ауызекі).

ЕПТЕТ= е т. *Ақырындату, жайлату.* Балаларын *е п т е т і п,* өзеннен де кетті өтіп. Бектемірдің жүрегі Тап осыны тіледі (А.Асылбеков, Алатау).

ЕПТЕТУ *Ептет етістігінің қимыл атауы. Е п т е т у д і ң* жөнін тапты (Ауызекі).

ЕПТЕУ *Епте етістігінің қимыл атауы.* Азық қорын *е п т е у д і* ұмытпаңдар, – деді штаб бастығы (Т.Жангелдин, Партизан.).

Ептеуден ары аспады. *Жартымсыз, өнімсіз, нәтижесі шамалы тірлік істеді.* Талас-тартысында ұлы мақсат, үлкен іс болмайды, ұсақ тілеу, *е п т е у д е н а р ы а с п а й д ы.* Ондай ұсақ нәрселердің талас-тартысқа айналуы да қайраткері нашар болып, ұсақ іске де шамасы келмегендіктен болады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЕПТЕШ з а т. ж е р г. ***Жолдас***. 1876 жылы мен судьялық орында тұрғанымда, екі *е п т е ш* адам бір-бірімен ұрысып, арызға келді (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Мен мұны көріп, аурулы *е п т е ш і м д і* бек аядым да, қасына келім (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

ЕПТІ с ы н. **1.** *Ыңғайлы, икемді, бейім, оңтайлы.* Жасыңда араластың малтымаға, қызығып есер елдің салтына да! Би, болыс, *е п т і* жігіт атанам деп, Көп түстің ерегіскен талқыға да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). «Екенсің ән салуға сен-дағы *е п т і,* Сен біраз әтеш әнін үйрен», – депті. Бұл сықылды сыншының сөзін естіп, Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті (Абай, Тол. жин.). Аулына Тұрсынбектің Сара кепті, Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті. Ол кезде он жетіде ақын Сара, Жел сөзге адам болмас онан *е п т і* (Айтыс). *// Икемі, ыңғайы бар адам.* Сыйласарлық тектінің Кім танымас нұсқасын? Күнде өзімшіл *е п т і н і ң* Несін адам ұстасын (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Қу, айлакер, пысық, тәсілқой.* Біздің «атқамінерлер, *е п т і л е р*» мұнан сірә, хабары бар ма екен? Жоқ, әлі омырауды ашып қойып, білекті сыбанып іске кідіп соғып отыр ма екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айтуынша, бала кезінде ол өте *е п т і,* қу болыпты (Ә.Әлімжанов, Махаббат.). Екі ел егер болса, *Е п т і* жігіт атын алар (Мақал). *// Айлакер, пысық адам. Е п т і л е р* ебін тауып жақындапты, Болуға ең сүйгені жақын қапты. Не қылсын өз қолы жеткеннен соң, Меңіреуді мен сықылды шақырмапты (М.Жұмабаев, Шығ.).

Аузы епті. *Сөзге шебер, сөзуар, ділмар.* Тұрлаусыздан сөз ақпа, *А у з ы* оның *е п т і* деп. Нашардан шыққан жақсының Сөзін жерге тастама, тасы нашар өтті деп (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕПТІЛІК з а т. **1.** *Икемділік, ыңғайлық, бейімділік.* Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, *е п т і л і к,* қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда (Абай, Тол. жин.). Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, *е п т і л і к,* шорқақтық, құлық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге болу, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Оның салалы саусақтары ісмер етікшінің *е п т і л і г і н* еске түсіреді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Еңбек *е п т і л і к т і* сүйеді (Мақал). **2.** а у ы с. *Айлакерлік, тәсілқойлық, пысықтық. Е п т і л і к п е н,* елді арбаумен, ешкіні апа, текені жезде деумен күн көріп келе жатқан адамның бірі – осы Ерғали (Б.Майлин, Шығ.).

ЕПТІРЕК с ы н. *Икемдірек, бейімділеу, тәсілқойлау.* Мұқан мен Үсеннен гөрі *е п т і р е к* Теңізбек құбақан тілмашты қотан шетіндегі қараша үйге түн ортасы ауа бергенде ертіп келді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Мұндай іске ол менен гөрі *е п т і р е к* еді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЕПТІ-СЕПТІЛЕУ с ы н. с ө й л. *Аздаған, кішкене, ептеп-септеген.* Біраз жылдан кейін *е п т і - с е п т і л е у* есі бар бір жігітке бас қостым (Мың бір түн).

ЕПШІЛ с ы н. *Айлакер, тәсілқой, епті. Е п ш і л* емсек жылпыңдар, Мазаны алды тықылдап. Жаңа ойладым, жығуға, Кім мені жүрген сиқырлап (І.Жансүгіров, Шығ.). Кекшіл болма, *е п ш і л* бол (Мақал).

ЕПШІЛДІК з а т. *Икемділік, тәсілқойлық,ептілік.* Ақылдан да бұрын *е п ш і л д і к,* яғни жағымпаздық керек (Т.Бердияров, Фарида). Еселі еңбек етпеген, *Е п ш і л д і г і ң* құрсын-ау! Өз басыңнан кетпесін, Жарымайтын тынтұнау! (Айтыс).

ЕР[1] з а т. **1.** *Адамның еркек жыныстылары, еркек азамат.* Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық Ақылды *е р г е* ар болар ондай қылық (Абай, Тол. жин.). Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «мал тапқан *е р д і ң* жазығы жоқ» дейтұғын (Абай, Тол. жин.). *Е р д е н* әйел жамандық та алады, қасиет те алады (М.Әуезов, Абай). Үстіне *е р* адамдардың комбинезонын киіп алған Гүлсім Ермекке күлімдей қарайды (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). **2.** *Күйеу, бай, әйелдің жұбайы.* Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй, Қоржаң суық келеді кей сасық ми. *Е р і* ақылды, қатыны мінезді боп, Тату болса, райыс үстіндегі

үй (Абай, Тол. жин.). Тегінде адам басы сау бола ма? Бойында тексерілмес дау бола ма? *Ер і* ашу айтса, әйелі басу айтып, Отырса, бұрынғыдай жау бола ма (Абай, Тол. жин.). Үйіңе тату құрбың келсе кіріп, Сазданбасын қабақпен имендіріп. *Ер і* сүйген кісіні о да сүйіп, Қызмет қылсын көңілі таза жүріп (Абай, Тол. жин.). **3.** с ө й л. *Адам, пенде.* Талпынған талаппенен мен де – бір *е р*, Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер. Ең болмаса, халқыма көрсетейін, Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер (Абай, Тол. жин.). *Ерлер* аз ғой бара алатын байыпқа! Тым кеш ұқтым, Махамбеттей батырға Бүкіл қазақ ғашық болса айып па? (М.Шаханов// Екі мыңжылдық.). **4.** *Батыр, қаһарман, жаужүрек. Е р* мойында қыл арқан шірімейді (Мақал). *Е р* деп елді бұзғышты, Сұқсыр деп сұмырай қызғышты, Кезкүйрықты лашын деп, Кенеусізді асым деп. Жабыны шабан тұлпар деп, Құтқармайтын құмай деп, Төбетке қарғы таққандай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құрмет еткен кішіні үлкен аға, Сүйеніште *е р л е р г е* болған пана. Ғашық болып қосылған Ғалияжан, Өлеңменен сөйлейін біраз ғана (Балуан Шолақ//Екі мыңжылдық.).

Ел қамын жеген ер. *Елінің мүддесін көздеген, елдің жоғын жоқтасқан батыр.* Қас дұшпанға қасарсаң, Қан шықпас тастай түйінсің; *Ел қамын ж е г е н е р* болса, Сабазым сендей күйінсін (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Еңбек Ері. т а р. с о в е т. *Еңбектегі ұздік табысы үшін берілген құрметті атақ.* Жақыпбек ауыл маңындағы қырман басына барды. *Еңбек Ерлеріменәңгімелесті* (М.Иманжанов, Алғашқы.). Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге сіңірген аса көрнекті еңбегі үшін Ыдырыс Әбдіғұловқа биыл СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Социалистік *Е ң б е к Е р і* атағы беріліп, Алтын жұлдыз бен Ленин ордені қоса тапсырылды (С.Байжанов, Сыр.).

Еңіреген ер. *Халық қамын, ел мұңын ойлаушы ардагер азамат.* Бұл – өткен күнде өнер өрге көтеріле алмаған, *е ң і р е г е н е р д і ң* мұңы болар (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Ер апшысы қуырылды. *Ер адамның берекесін кетірді, састырды. Е р а п ш ы с ы қ у ы р ы л ы п,* Биыл топқа суырылып, Сөз сөйледі тоқалдар. «Үш-ш-шүкүр» дейтін асықпай (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ер бала. *Еркек бала, ұл. Е р б а л а л а р* көгілдір майка, қара түсті шолақ дамбал киеді («Халық мұғ.»). *Е р б а л а л а р д ы* жас кезінен бастап-ақ өздерімен құрдас қыздарға көңіл бөліп, оларға қамқорлық көрсетуге дағдыландыру керек (Семья тәрбиесі).

Ер басына іс [күн] келді [тиді, туды, түсті]. *Азаматтың басына іс түсті, қиын-қыстау заманға кез болды.* Осындай *е р б а с ы н а і с* көп *к е л е р*, Білмейміз, кімге қалай, кім дөп келер. Сұмдығы сұраушының азаймаса, Не жөн бар – қайырсыз деп жұртқа өкпелер! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Талымдардан хат қалар, Ұсталардан зат қалар. Аруақты туған ерлерден, Азғана күн ат қалар, *Е р б а с ы н а і с т ұ с с е* Дүние бәрі жоқ болар. (Ақыт Үлімжіұлы, Екі мыңжылдық дала жыры). Асыл жауһар табылмас. *Е р б а с ы н а к ү н* туса, Не істемес, не қылмас, Тәуекелді жолдас ет!» – Деген сөзде бармысың? (Ғұмар Қараш // Екі мыңжылдық дала жыры). Көпке тентек ез қисық, Қамшыменен и болар. *Е р б а с ы н а к ү н т у с а*, бұта түбі үй болар (Шортанбай Қанайұлы). *Ер басына іс түспей* болмас, қам жемегім деп көңіл берді (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі).

Ер бесіктен танылады. *Батыр кішкентайынан-ақ белгілі болады, жастайынан көзге түседі.* Топтан таңдап алғаны, Ақбөртедей тай болады. Танылар тұлпар желіден, *Ер танылар бесіктен* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ер болды. *Батыр, күшті, қуатты болды.* Дариға! Ол заманның бәрі өтті, Кәрілік деген пәле келіп жетті. Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң, Сорыма бәрі мұның *е р б о п* кетті (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Ерге шықты [тиді, барды]. *Тұрмыс құрды, күйеуге тиді.* Әкесі Гүлжанның баяғыда *е р г е ш ы ғ ы п* кеткенін айтты (М.Дүйсенов, Гүлжан). Еркежан: – Үлкен үйден сүйреп тастаса да, енді *е р г е т и м е й м і н,* – деді (М.Әуезов, Ақын аға). Арман етпе жас күнің көп, Игілік көр, *е р г е б а р*! Бұл заманның қашқыны деп, Мен ғаріпті есіңе ал (Абай, Тол. жин.).

Ердің басы екі елу. *Ер көп жасады, оның өзі жасамаса да, атағы жасайды деген мағынада* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Ердің ері, егеудің сынығы. к ө н е. *Асыл тектің ұрпағы, жақсының көзі.* Тойдан кейін *«е р д і ң е р і, е г е у д і ң с ы н ы ғ ы»* деп қасына баласы Үйсінді бас қылып жүз жігіт қосып беріп аттандырды (Шешендік сөздер).

Ердің қанын іздеді. *Батырдың, ердің құнын сұрады, кегін құды.* Елдің қамын көздеген Енді бізге ер қайда. *Е р д і ң қ а н ы н і з д е г е н* Еркін байтақ ел қайда (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Ердің қасын ұстады. *Үнжырғасы түсті, тауы шағылды.* Ақылдан танып базында, *Е р д і ң қ а с ы н ұ с т а п т ы.* Сонда дағы дәс беріп, Бәріне де шыдапты (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Ердің құны [нардың пұлы]. а) *Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық нормаларындағы ер азаматты өлтірген немесе дене мүшесіне ауыр зақым келтірген жағдайда қылмыскер мойнына салынатын айыптың мөлшері.* Қасақана кісі өлтіруші – қолма-қол, абайсызда кісі өлтіруші үш ай мерзім ішінде *е р д і ң қ ұ н ы н* төлеуі

тиіс (ҚҰЭ). Бір көрумен кемітпе ешкім пұлын, Өз балаңнан кем деме жаттың ұлын. Аяғын шалыс баспас жан болмайды, Бір қатемен кемітпе *ердің құнын* (Ақмолла ақын, Күндер.). Сауға, Махамбетше, сауға! Сұрайтыным *ер құнын, нар пұлын* емес. Терісі төбе тақия болмайтын мынау қаптесер тышқан ғана («Жұлдыз»). ә) *Қымбат, бағалы нәрсе; салмағы ауыр талап.* Еспембет, сенің мына айтып отырғаның береке, бітім емес. Найман мен Тобықтының арасында *ердің құны,* Нардың пұлының дауын саламын деу (М.Әуезов, Шығ.).

Ердің құнына тұрды. *Өте қымбат, ер құнына бара-бар болды.* Ханның сүйегін қыздырған соң, жарлық жазып беріп, қасына екі адам қосып: «Түгел жұртымды аралат, жылқыларының бәрін көрсет, егер мынау тұлпар десе, *ердің құнына тұрса* да алып кел!» – деп ерікті ықтиярымен баланы қосып жіберді (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді. к ө н е. *Шешімді сөз, ұтымды үкім айтты.* Әкең Қыдыр, *ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген.* Сөз таныр деп келдім (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Ер егесі еңісте. *Ер адамдардың тартысы сырт жерде деген мағынада.* Бәсе, *ер егесі еңісте!* Сырлас келінінің алдында мақтанайын деген шығарсың. Шық былай! (М.Әуезов, Шығ.).

Ер жанды. *Еркек жанды, еркекті жақсы көретін.* Қатын алма төреден, Қатын алсаң төреден, Еркегі болар жау жанды, Ұрғашысы *ер жанды (*XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ер жетті. *Есейді, азамат болды, кәмелетке толды.* Екінші, Жамал *ер жеткен* соң Жұманға көңілі наразы болып жүргенін сезіп, хәттә сол мезгілде Жамалдың жазып жүрген өлеңін тауып оқиды, деп жоғарда жазып едік (М.Дулатов, Шығ.). Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, *ер жеткен* соң суық тартатұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.). *Ер жеті,* оннан асып қалған Ақылбай деген баласы Нұрғаным қолында өседі (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Ер жігіт. *Ер мінезді азамат.* Рас, бұл – тіршілікте *ер жігіттің* басына келетін кететін ауыр халдің бірі еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). *Ер жігіттің* басына не келіп, не кетпейді (Қ.Мұхамеджанов Өзіме де.).

Ер кезегі үшке дейін. *Кезек алып, бұрынғы істеген ісін қайталауы. Ер кезегі үшке дейін.* Әйелдің Медет қызы, аты Өрім, Айында бір жумайды беттің кірін. *Ер кезек* ер жігітке *үшке дейін,* Бір боқты тағы бас та және сүрін (Абай, Тол. жин.). Көзден тайса, көңілден таса деген шын екен, *ер кезегі үшке дейін.* Осы мекемеге қайта оралсам ба деймін (М.Рашев, Бетің қисық.).

Ер келбетті. *Сырт келбетіне көз тойғандай, кесек тұлғалы.* Сом денелі, *ер келбетті* жас жігіттің де бұл орында істегенін көп жылдар өткен (Адам және химия).

Ер көкірек. *Намысшыл, өр мінезді, айбатты.* Масығұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп, Көрсе, бастан ағып тұр қан дірдектеп. Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, Жігіт қой *ер көкірек,* жау жүрек деп (Абай, Тол. жин.). Ол – тауы шағылмаған, беті қайтып көрмеген бет алған жаққа сермеген *ер көкірек* жан (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

Ер көңілді. *Батыр мінезді, көңілшек.* Осы жұрт Ескендірді біле ме екен? Македония шаһары оған мекен. Филипп патша баласы, *ер көңілді,* Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен (Абай, Тол. жин.). Бұдан кейін екеуі көп отырып, *ер көңілді,* батыр тұлғалы жігіттің мінезін, өткен күнін, бір кезде Мәдинаға өлерде ғашық болып, ақырында көп күткен үміттің ақталмай қалғанын айтты (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Ер қаруы бес қару. к ө н е. *Қылыш, найза, садақ, шоқпар және сойыл – ерлер асынып жүретін қару-жарақ.* Бұрын мықтағанда – *ер қаруы бес қару* дейді екен (М.Базарбаев, Замана.).

Ер маңдайын баққа бер. т і л е к. *Батырды, ер-азаматты бақытқа баста.* Адалдан бер, ақтан бер. Бәлекетін жатқа бер, *Ер маңдайын баққа бер!* (М.Әуезов, Шығ.).

Ер мойнында қыл арқан шірімес. *Кісіде кісі ақысы кетпес, түбінде ол да сондай бір жақсылықты қайтарар.* – Ай, шыбын жанымай, oh, зекетің кетейін-ай! *Ер мойнында қыл арқан шірімес,* алып қалшы жанымды! – деп, зар илеп, әл үстінде жатқан Дүйсенбі Күндікбаев бақсыға жалынды (М.Рәшев, Бетің қисық.).

Ер мұрынды. *Дөңес келген үлкен мұрынды, қошқар тұмсық.* (Қайырдың) маңдайы кере қарыс, беті жалпақ, нағыз Арқа қазағының беті, *ер мұрынды* демекші, қырат мұрын (З.Шашкин, Теміртау). Үй алдында соқыр қобызшы қарт пен *ер мұрынды,* өткір көз домбырашы бала жігіт (А.Сатаев, Дала.).

Ер ортасы жасқа келді. *Орта жасқа толды, ақыл тоқтатты.* Енді *ер ортасы жасқа келдік;* қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік (Абай, Тол. жин.).

Ер сайыс. *Ер адамдардың күш сынасып, сайысқа түсуі.* Жаяу жарыс, *ер сайыс,* Балуан күрес, ит тартыс, Ойын-күлкі, тамаша, Жамандар қалып адасып (Манас).

Ердің сойы. *Ердің ері, төресі.* Келісті *ердің сойы* даңқына орай (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

Ер сымбатты. *Ер келбетті, батыр тұлғалы.* Бір жігіт жүзі жылы, инабатты, Бітімі, тұлғасы да *ер сымбатты* (Д.Әбілев, Өленд.).

Ер тартты. қ о л ө н е р. *Ер ағашын көнмен тартып қаптады.*

Ер тәуекел. *Қиындыққа қарамай, іске батыл кірісу, нар тәуекел.* Ол Максимнің ой теңізіне өзінің *е р т ә у е к е л і н* қайық етуге бекінді (Ә.Әбішев, Ауылда.).

Ер тұяқ. к ө н е. *Ұл бала, еркек кіндік.* Егелік мал-мүлкіңе ететұғын, Берді Алла бекзат айлап *е р т ұ я қ т ы.* Жалп етіп жер астына жағылармыз, Ажал – оқ қиып кетсе жан қияқты (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Ер шекіспей бекіспейді. *Басы қатты болса да, аяғы тәтті болатын іс, қақтығысып барып түсініскен адамдар жайында айтылады.* «*Е р ш е к і с п е й б е к і с п е й д і*» деген, шекістім – сен жеңдің деймін, – дейді ішінен Қоңырқұлжа, – міне қолым (І.Есенберлин, Шығ.).

Көзсіз ер. *Асқан батыр, жүрекжұтқан батыр. К ө з с і з е р,* қайрат, күшпенен Орнатты тәртіп байтаққа (И.Жылқайдаров, Жастар.).

ЕР[2] з а т. *Көлікке салт мінгенде, тоқымның үстінен салатын арнаулы жабдық.* Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты *е р,* Қанжығамда байлаулы жіптен шідер, Жарғақ жастық көпшігім жезді пыстан, бір келісті сайманым топқа мінер (Абай, Тол. жин.). *Е р* атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасалған жабдық (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Алтын *е р і ң* атқа тисе, Алтынын ал да отқа жақ (Мақал).

Әскери [орыс] ер. *Атты әскерге арналып жасалған шошақ бастылау ер.* Төсі сала құлаш жануардың, сірә, белі де күдіс болса керек, бірақ былғары көпшікті, қалың қос айылды *ә с к е р и е р* оны көрсетпей тұр (Ғ.Сланов, Домбыра.). Жас жігіт есектің арқасына арнап соққандай саяз алқым *о р ы с е р* Қараланың төрт елі шоқтығын алып қала ма деп тағы да қорқып отыр (А.Сүлейменов, Бесін).

Ереуіл атқа ер салды. *Жаугершілікте елін қорғауға аттанды; жортуылға сай тұрды. Е р е у і л а т қ а е р с а л м а й,* Егеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме (Махамбет, Өлең.).

Ер қосу. *Ердің бөлшектерін, жонып, қиюластыру, құрау.* Қазақ даласының қай жерінде болмасын *е р қ о с у* ісі кең өріс алумен бірге, ершілердің өнері жоғары бағаланатын (Х.Аргынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Ері мойнына кетті. а) *Жүдеп-жадады; берекесі кетті, шаруашылығы күйзелді.* – О, құрметті досым, Бақаш, *е р і ң м о й н ы ң а к е т і п* қалыпты ғой, саған бір дос жәрдемі керекау, – деді ол (С.Адамбеков, Шығ.). Кетер бастықтың лауазымы жоғарылап бара жатса, сөз басқа. Ал *е р і м о й н ы н а к е т і п,* орнынан аударылып түсіп, кабинет кілтін басқа бір қызулы алақанға салған соң, оның көрген күні бар болсын (С.Адамбеков, Шығ.). ә) *Қысылды, ұялды, ұнжырғасы түсті.* Тек Роза қиналғанда бірге қиналды. Доғалдың қалжыңына көтермеші бола алмай, *е р і м о й н ы н а к е т і п* төмен қарайды (Т.Ахтанов, Таңд.).

Ер шапты. *Ер жасады.* Ол – *е р ш а б а т ы н,* домбыра да жасайтын қолы ұсынақты адам (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Ерін бауырына [мойнына] алып тулады [мөңкіді]. *Қатты ашуланды, шала бүлінді, бұрқан-тарқан болып ашуланды.* «Сұрау біткен соң сөйле» десең, Дайрабай *е р і н б а у ы р ы н а а л ы п т у л а у ғ а* дайын, – деді Ырысты (Б.Майлин, Таңд.). Шал әуел баста заводты қимай, *е р і н м о й н ы н а а л ы п,* біраз *м ө ң к і с е* де, ақыры көніпті (З.Шашкин, Таңд.).

Ерін бір алмады. *Аты үнемі ерттеулі болды, жорыққа ат-тұрманы әзір тұрды.* Ел шетіне жау келсе Атынан *е р і н б і р а л м а с,* Аузына бір дәм салмас ед. Тоғыз сөтке түн қатса Сөткесіне бір татса Шалқасқа аты қалмас ед (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Желқом ер. э т н . *Тоқым жабдығы қоса тігілген ер.* Ағаш соқа, *ж е л қ о м е р,* ашамайлар, Күн болар қалатұғын ойға келмей (Қ.Қуанышбаев, Өлең.).

Қалмақы ер [үйрек бас ер]. э т н. *Алдыңғы жағы иіліп келген ер.* Орай-орай оқ атқан, Он екі тұтам жай тартқан, *Қ а л м а қ ы е р д і* жастанған, Құба дүзді басқарған (С.Сейфуллин, Шығ.). Есік пен төрдей ақ боз атқа салт мінген, *ү й р е к б а с е р д і ң* артына қомақты қызыл қоржын бөктерген... (С.Омаров, Дала қызы).

ЕР= е т. **1.** *Біреудің соңынан ілесу, бірге жүру.* Апам қапталдаса *е р і п,* сөйлеп келе жатыр (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Аттыға *е р і п* жаяудың таңы айырылыпты (Мақал). **2.** *Еліктеу, елігу.* Бір ит көріп үреді. Екі ит *е р і п* үреді (Мақал). Қайыршыға қайыршы *е р м е й д і* (Мақал). **3.** а у ы с. *Ырқына көну, бағыну.* Төреге *е р г е н* ер-тоқымын арқалар (Мақал).

Әнге [әннің әуезіне] ерді. *Қосылып ән айтты.* Отырған *ә у е з і н е ә н н і ң е р і п,* Бар жұрт бір қозғалды көңілденіп (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Көз ерместей. *Көз ілеспестей, тез, жылдам, шапшаң. К ө з е р м е с т е й* шапшаңдық пен жіпке ұрып қалып үзеді, кеспейді, үзеді (С.Шарипов, Шығ.).

Нәпсіге ерді. *Нәпсінің құлы болды, нәпсінің ырқымен кетті.* Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдап көрсе қызар *н ә п с і г е е р м е* (Абай, Тол. жин.).

Өтірік-өсекке ерді. *Біреудің сөзіне сенді, иланды, ықпалында болды.* Егер сол айтқанындай, шайтанның әрекеттерін жойып отырса, онда бір кісі де шайтанның *өтірік-өсегіне ермеген* болар еді (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Сөз [өсек, өтірік, өсек-аяң] ерді. *Біреулер сөзге іліктіріп жамандады, даттады.* Бір жағынан «жазықсыз Перизаттың соңынан тағы да *сөз ертін* болды ғой» дегенді де ойлап үлгірді (С.Досанов, Қыран.). Ашиды жаным, жерлес ек, Біле ме қыздар қадірді, Артыңнан бүгін *ерді өсек,* Табалар дұшпан табылды (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Сорлы бет, қайдан біттің жылтыраған, Жетпей ме қара бұжыр кескін маған, Бәрі де жалшы әйелдің теңізде жүр, *Ергенжоқ* жалғыз ауыз *өсек-аяң* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

Сөзге [тілге] ерді. *Біреудің айқанына иланды, елікті. Сөзіне ердім* бір құдың, Түсірді аддап бір залым. Жандарыңа у құйдым, Хаттарыңды ұрладым (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Төрегелді: Көлденең *тілге ерін,* көңіл қалдыратын зілді сөз айтпа-қыз жақынға (М.Иманжанов, Адам тур.). Қыздырманың қызыл *тіліне ерме,* Күреңбай, – деді Нұртай (С.Омаров, Қайырлы).

ЕР-АЗАМАТ з а т. *Бас көтерер еркек адам, жігіт.* Отан соғысы басталып, *ер-азамат* майданға аттанғанда, ол тұтқында еді (С.Бегалин, Ана.). Ішіңді ит тырнап тұрса да, айналаңа жарқын жүзбен қарай білу – өнер. *Ер-азаматты* өзіне тәнті етудің құпиясы. («Ана тілі»). Тінібектің бас көтерер *ер-азаматы* Сандыбай аулының сыртындағы жүндес қоңыр төбенің басына жиналды (С.Омаров, Дала қызы). Ақпанның аязындай сақылдап кеп *ер-азаматқа* ауыр салмақ салған, аласапыран күндер туды (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЕРАПАЙСЫЗ с ы н. *Жөнсіз, орынсыз, қолайсыз.* Жігіт сақал-мұрты талайдан бері алынбаған болу керек, *ерапайсыз* өсіп кетіпті (М.Мағауин, Бір ата.).

ЕРАПАЙСЫЗДЫҚ з а т. *Жөнсіздік, дөрекілік, қолапайсыздық.* Даусының оқыс шыққаны, *ерапайсыздығы* соншалық, қатар келе жатқан екі ат екі жаққа жалт берді (М.Мағауин, Аласапыран).

ЕР-ӘБЗЕЛ з а т. *Ер-тұрман.* Босағаға таяу керегенің басына жылқышының *ер-әбзелдері* ілінген (Қ.Сәрсекеев, Қараша.).

ЕР-ӘЙЕЛ з а т. *Көпшілік, түгел, бәрі.* Бұл жиынға ауылдың *ер-әйелі,* кемпір-шал, бала-шаға түгел жиналды (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Совхоз кеңсесінің іргесіндегі болар-болмас көлеңкеде *ер-әйелі,* кәрі-жасы аралас бірқауым адамдардың басы құралып қалды («Қаз. әдеб.»).

ЕРБЕЙ= е т. с ө й л. ***Ерби***. Үйінің біткен сиқы жоқ, Жатыр қиқы-жиқы боп. – Аманбыз,– деді *ербейіп*. Дегендей сырды бермейік (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Шешесі сонда сөйлейді: – Қаратауда бұлағым, Байың келді дегенге, *Ербейіп* еді құлағым, Қызылың қызыл, қарағ не? (Батырлар жыры).

ЕРБЕЙТ= е т. с ө й л. ***Ербит***. *Ербейтіп* екі қолымды, Бір батып суға, бір шығып. Көрсетіп қана жонымды, Барамын десем тұншығып (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер). Аққозы мен Ақмоншақ та кішкентай саусақтарын *ербейтіп* поезд кеткен жаққа қарай көтеріп тұрды (С.Бақбергенов, Менің досым.).

ЕРБЕЙТУ с ө й л. *Ербейт етістігінің қимыл атауы.* Аш болар, иттердің құлақтарын *ербейтуін* қарашы («Қаз. әдеб.»).

ЕРБЕК с ы н. с ө й л. *Ербең-ербең еткен, ербеңдеген.* Ешкінің жүні *ербегім,* Еңіреп жүріп көргенім, Елде қалған Қосайдың Сыбағасына мың кісі (Батырлар жыры). *Ербек* тымақ ала бестіні қамшымен салып жіберіп, балалардан қаша жөнелді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ербек қақты. *Ербеңдеді, ербең-ербең етті.* Көздің жоғы арман-ақ, *ербек қағып* қолдары, әлдекімді қармалап іздейтін-ді олдағы (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

ЕРБЕКЕЙ с ы н. э к с п р. *Ербең-ербең еткен.* Әне, қотыр тоқты құсап сүйкенісіп, тағы екі *ербекей* келеді (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЕРБЕК-СЕРБЕК с ы н. с ө й л. ***Ербең-сербең***. Алғаш оған таудың қатпар-қатпар тарғыл тастары да, *ербек-сербек* қисық-қыңыр ағаштары да, ... біртүрлі сұсты, сиқырлы, жабайы көрінді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЕРБЕЛЕҢ с ы н. *Ербең-ербең, шошаң-шошаң, қараң-құраң.* Үмітін құмас құдың *ербелеңі,* Бақыттың алда әлі өр, белеңі («Қаз. әдеб.»).

ЕРБЕЛЕҢДЕ= е т. *Ербең-ербең ету, ербию, қараңдау.* Қолдары *ербелеңдеп,* біресе құлақтарын, біресе бет-ауыздарын ұрып қалатын сияқтанады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қараңғыда *ербелеңдеп* жүріп келе жатқан әлдекімнің көлеңкесі көрінді (Х.Рахимов, Қарлығаш). Мен одан көңілшек боп кеттім келін, Атаң жүр ақсарбас деп *ербеленде*п! (Т.Молдағалиев, Хаттар). Горюны жақтан көз алмай, түтіннің арасында әлдекімдер *ербеленде*п жүгіріп жүр (Б.Момышұлы, Москва.).

ЕРБЕЛЕҢДЕТ= е т. *Ербең-ербең еткізу, шошаңдату.* Даусы дірілдеп, қолын *ербелендетіп,* мелшие қарайды (З.Шашкин, Сенім).

ЕРБЕЛЕҢДЕТУ *Ербеленде т етістігінің қимыл атауы.* Үлкендердің көңілін аулағысы келген бала екі қолын *ербелендетуге* көшті («Лен. жас»).

ЕРБЕЛЕҢДЕУ *Ербеленде етістігінің қимыл атауы.* Қонақтың атқа бұрын міне көрмегендігі байқалады, *ербелендеумен* келеді («Қаз. әдеб.»).

ЕРБЕҢ: **ербең етті [қақты].** *Қараңдау, ербелеңдеу.* Қараша үйдің маңынан *е р б е ң е т к е н* баланы да, өріп жүрген жетім лақты да көрмейсіз (О.Бөкеев, Қамшыгер). Бір кезде терезеден қараңдаған Серіктің тұлғасы көрінді де, *е р б е ң е т к е н* қолын жоғары көтеріп қап, шамды өшіріп жіберді (С.Сматаев, Армысың ана). Апан аузында *е р б е ң қ а қ қ а н* сүлбелер қылаң берді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Таныс әйел тұлғасы, тынышсыздана қозғалып *е р б е ң е т т і* (З.Шүкіров, Ізгілік іздері).

Ербең құлақ. *Құлақтары ербиген.* Егер мен Нармамбеттей шешен болсам, Әмірқанды: «*Ербең құлақ,* едірек, талтиған тәпек асық» дер едім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕРБЕҢДЕ= е т. *Ербең қағу, ербең-ербең ету.* Тырнадай *е р б е ң д е г е н* ана бір ұзын сирақ ат, әлгінде көлденең көшеден ағызып келе жатыр еді, енді артымызға түсті (С.Мұқанов, Ботагөз). Есіктен көрінген қара қошқыл аспанның кішкене бөлшегінде *е р б е ң д е г е н* қоңырқай көлеңкелер елестеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бір кезде күндіз-түні жалпылдайтын жапалақтардың қазір түнде ғана *е р б е ң д е й т і н* жарқанатқа айналып кеткенін мен де көріп таңғалып отырмын (Ә.Әбішев, Сәуле.).

ЕРБЕҢДЕС= е т. *Ербең қағысу, ербең-ербең етісу.* Бір шаруаның қамымен бозала таңнан тұрып, *е р б е ң д е с к е н* тіршілік оңай емес, әрине («Қаз.әдеб.»). Арзымайтын нәрсіз нәрсеге өң бұзысып, екеуміз екі жақта – телефон тұтқасының түбінде *е р б е ң д е с і п,* селкілдеп, қалтылдап тұрғанымыз (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

ЕРБЕҢДЕСУ *Ербеңдес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ербең-ербең етісу.* Қарт әйел ересек болған немерелерінің даңғаза әуенге елтіп, *е р б е ң д е с у і н* ұнатпайтын еді («Лен. жас»). Бір топ аттылы адамдардың үй маңына жиылып, *е р б е ң д е с у і н* алыстан-ақ байқаған Қанат бір сұмдықтың болғанын ұқты («Қаз.әдеб.»). **2.** *Қараңдасу, көлбеңдесу.* Ауыл иттері кеш қараңғылығында да тыным таппай жортақтап, *е р б е ң д е с у д е н* бір танбайды («Лен.жас»).

ЕРБЕҢДЕТ= е т. *Ербең қақтыру, ербең-ербең еткізу.* Ұшын ұсына қайырып ұстаған шолақ қамшысын *е р б е ң д е т і п* саулай жөнелді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Соңғы сөздерін айтқанда, қолдарын қоса *е р б е ң д е т і п,* көздері найзағай атқанға ұқсайды (Ұ.Доспанбетов, Қардағы гүл). Тұлымшағы жалбырап отыра қап топ-толық қолын *е р б е ң д е т і п* әркімнен аянышты үнмен жәрдем сұрайды (С.Сматаев, Елім-ай).

ЕРБЕҢДЕТУ *Ербеңдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ербең-ербең еткізу.* Бүркітбайдың баласы аңшылық құрып, қысы-жазы шапқылап, мылтығын *е р б е ң д е т у д е н* жалыққан емес («Лен.жас»). – Е, мынауың бос белбеу екен ғой.– Сал бөксе де. Қолын *е р б е ң д е т у і* жаман еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). **2.** *Тырбаңдату.* Сөйлей қалса, әсіресе қызыңқырап кетсе, ұпұзын, ебедейсіз екі қолына тыныш жоқ; оңды-солды, жоғарылы-төменді *е р б е ң д е т у м е н* болады (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы).

ЕРБЕҢДЕУ *Ербеңде етістігінің қимыл атауы; көлбеңдеу, шошаңдау.* Бірлі-жарым қараның *е р б е ң д е у і н е н*-ақ қыстаудағы адамдардың әлі үйлеріне кірмегені байқалады («Қаз.әдеб.»). Әсел жас сәбидің қол-аяқтарының *е р б е ң д е у і н е* қызыға қарап, ұзақ отырып қалды («Лен. жас»).

ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ е л і к. *Бір нәрсенің әрі-бері немесе жоғары-төмен жылдам, кейде ебедейсіз қозғалысын білдіретін бейнелеуіш сөз. Ербеңдеген, шошаңдаған, селтиген.* Енді қайтып тырнағын адамның кеудесіне іліктіре алмай, алдыңғы аяғы *е р б е ң-е р б е ң* етеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Екі қолы *е р б е ң-е р б е ң* етіп, кейін шегініп кетті (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу). *Е р б е ң-е р б е ң* жүгірген, ебелек отқа семірген (Батырлар жыры).

ЕРБЕҢ-СЕРБЕҢ е л і к. с ө й л. ***Ербең-ербең.*** Жаралылары да біздің елге істеген жауыздығы жанын қинағандай қолдарын *е р б е ң-с е р б е ң* еткізіп, бірінен соң бірі бақырып өтіп жатыр (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Атылған қасқырдың аяқтары *е р б е ң-с е р б е ң* етіп, жанталасып жатыр (Ауызекі).

ЕРБЕЮ *Ербей етістігінің қимыл атауы.* с ө й л. ***Ербию.*** Жалқау төбеттің құлақтарының *е р б е ю і* бөгде біреудің келгендігінен хабар береді («Қаз.әдеб.»). Үйлерінен шыққан адамдардың *е р б е ю і н е* қарап-ақ ауыл тірлігінің жұтаңдығын байқауға болады («Лен.жас»).

ЕРБИ= е т. *Дүрдию, ерекше көзге түсіп көріну, үрпию; сексию.* Қысықтау көзінің үстінде қою қара қасы қолдан жапсырғандай *е р б и і п* тұр (З.Иманбаев, Дала.). Дене бітісі тырнаға ұқсас, аяқ-қолы *е р б и г е н* арық қара жігіттен көз алмай, соңынан ұзақ қарап тұрды (М.Дүзенов, Әке.). Сұр тышқан *е р б и і п* інінің аузына тұра қалды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Төр алдында ұйықтап жатқан Қамза *е р б и і п* тұрып, Қатираны иықтан тартты (Б.Майлин, Шығ.). Ол бір кездегі теңсіздіктің, озбырлық пен әділетсіздіктің күәсі сияқты кең далада *е р б и і п* қана тұр (Дала қырандары).

ЕРБИТ= е т. *Секситу, селтиту, қалқиту.* Жұмабек бақсының «аруақ» деп бізді шошытып жүргені – бейіттің ішіндегі бұталарға *е р б и т і п* жауып қойған, елден алған «ақтық» бұлдары екен ғой (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Теке еңсесін көтеріп басын *е р б и т е* түсті (С.Елубаев, Ойсыл қара). Атын базға қойып, жаяу қайтқан бетінде екі көзі қала жақта, шоқша сақалын *е р б и т і п*, басын кекжите қарайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕРБИТУ *Ербит етістігінің қимыл атауы; қалқайту.* Жаңабергеннің ойы биылғы жылы бір баспананы *е р б и т у*, сөйтіп осы жерді түбегейлі меншіктену еді («Лен.жас»).

ЕРБІК с ы н. *Тікірейген, қайратты.* Қапқалың *е р б і к* қара шашы тым төмен қабағына жетеқабыл біткен, көкектің айдарына ұқсап үнемі жалданып, тікірейіп тұрады (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы).

ЕРБИІС= е т. *Селтиісу, сексиісу.* Бұлар біртіндеп ояна берді, енді бір-біріне жақындаса алмай, бәрі де жын соққандай *е р б и і с і п* бастарын көтерді. Зікір сарыны күшейе түсті (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де сол керек). Екеуі де езу тартып, *е р б и і с і п*, менен қысылғандай жалаң аяқтарын қайда қоярын білмей тұр (Ш.Мұртазаев, Интернат наны).

ЕРБИІСУ *Ербиіс етістігінің қимыл атауы. Селтиісу, сексиісу.* Қорадағы қойлардың *е р б и і с у і н е* қарап, олардың бір нәрседен секем алып сақтанып тұрғанын ұқты («Қаз.әдеб.»).

ЕРБИЮ *Ерби етістігінің қимыл атауы; селтиіп тұру.* Кісіге ілтипат көрсетуді білмейтін бала ғой, *е р б и ю і н* қарашы (Ауызекі).

ЕРБІКТЕУ с ы н. с ө й л. ***Ербиіңкілеу***. Әбден күнге күйіп, шашым ғана емес, *е р б і к т е у* қасымның өзі сарғыш тартқанға ұқсайды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕРБІҢ с ы н. ж е р г. *Ербиіңкі, селтиген.* Ақ сары кескіні алау-далау, жирен қасы *е р б і ң*... әскери кісінің көріктей кеудесіне Дәмелі басын қойып, төсіне бетін жасырған шақта, екі иіні тым жиі селкілдеп кетті (Ө.Қанахин, Дәмелі). Екі шеті жоғары қарай ширатылып өскен *е р б і ң* қас жігіт екен (Ауызекі).

ЕРГЕЖЕЙ с ы н. с ө й л. ***Ергежейлі***. Жеміс өсірушілер осы сорттарды аласа болып өсетін ұластырушылармен теліп (ұластырып), бойы аласа, *е р г е ж е й* ағаштар шығарған (Ш.Хабибуллин, Алхоры). Көрші үйдің ауласында қанша жыл болса да, діңі жуандағанмен бойы өспейтін *е р г е ж е й* өрік ағаштары («Лен. жас»).

ЕРГЕЖЕЙЛІ з а т. **1.** *Бойы 120-130 смден қысқа болып келетін аласа адам; лилипут.* Бұл жолы бүгін оқыған *е р г е ж е й л е р* аралы есіне түсті (М.Мағауин, Көк кептер). Жерлер бар Қазақстан даласында, Көз тоймас көлемі мен қарасына. Аласа *е р г е ж е й л і* бойындайақ, Жүлде алмас асқарлықтың таласында (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі). Баяғыда, майданда жүргенде, *е р г е ж е й л і л е р д і ң* концертін көргені бар (О.Бөкеев, Біздің жақта.). **2.** а у ы с. *Өте кішкентай, тым ұсақ; аласа, қортық.* Бұл – қауынның әңгелек деп аталатын ерте пісетін *е р г е ж е й л і* сорты (О.Сәрсенбаев, Сағым). Жылқының *е р г е ж е й л і* тұқымын өсіруге болады екен (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Сарғыштау жұлдыздар да алыптар мен *е р г е ж е й л і* топтарға бөлінеді (Х.Әбішев, Халық астрон.).

Ергежейлі қосаяқ. з о о л. <лат. salpingotus pallidus> *Арал өңіріндегі Қарақұм мен Борсыққұмда, Алматы облысындағы оңтүстік Балқаш құмдарында кездесетін дене тұрқы 52-61 мм., салмағы 8-12 г. болып келетін қосаяқтар тұқымдасына жататын жәндік тәрізді. Е р г е ж е й л і қ о с а я қ* Қазақстанда, оның ішінде Арал өңірінде және оңтүстік Балқаш құмдарында кездеседі (Қазақстан энцик. сөздік). *Ергежейлі қосаяқ* ғылымға 1984 жылдан бастап белгілі (Қазақстан энцик. сөздік). Бозтүсті *ергежейлі қосаяқ* сирек кездесетін эндемик түр ретінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (Қазақстан ықшам энциклоп. сөздік).

ЕРГЕЖЕЙЛІЛІК з а т. *Адам бойының қалыпты деңгейден (120-130 см) төмен болуы. Е р г е ж е й л і л і к* – сирек кездесетін ауру («Денсаулық»).

ЕРГЕНЕК з а т. **1.** *Киіз есіктің тосқауыл ағашы.* Үй тұрмысына керекті ағаш жасаулары: оюлармен безенген екі ашпалы есік, *е р г е н е к*, жүкаяқ, піспек, төсағаш, кебеже т.б. (Х.Арғынбаев, Археология). Есіктен *е р г е н е к* кетсе, иттен иба кетеді (Мақал). **2.** *Киіз үйдің ағаш есігі; сықырлауық. Е р г е н е к т і ң* жақтауы, маңдайшасы мен табалдырығы, қақпақтары алмалы-салмалы, топсасыз біріктіріледі (Эксп. шат.). **3.** *Сықырлауық есіктің көсігі. Ергенек* – сықырлауықтың маңдайшасы мен табалдырығындағы арнайы тесіктерге енгізілетін тетік (Ө.Жәнібеков, Жолайрықта). **4.** *Қораның, шөп шарбағының есігі.* Қора аузындағы *е р г е н е к т і* былай ысырып қойды («Қаз. әдеб».). Қой қораның *е р г е н е г і н* жауып қой (Эксп. мат.). Жоғарғы жағы төмен салбырап, құлар-құламас болып, мал-қораның *е р г е н е г і* қисайып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕРГЕНЕКТЕЙ с ы н. *Ергенек сияқты.* Әр үйдің есігінде *е р г е н е к т е й* бір-бір басқыш (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕРГЕНШЕК з а т. с ө й л. *Киіз үйдің есігі; ергенек, сықырлауық.* Сыртынан киіз есік түсіріп, ішінен *е р г е н ш е к* байлайтын. Бұл *е р г е н ш е к* киіз есікке қарағанда әлдеқайда көркем, жылы болады (Г.Райымханова, Ата кәсіп). Есіктен ең алдымен шығам деп ұмтылған Әулеки бидің мойнына *е р г е н ш е к* ілініп, ашыққан ара артынан қалмай, бір сайға келгенде

талып жығылған жерінен уәзірлер тауып алады (Бозінген).

ЕРГЕШ з а т. ө с. <stroganovia> *Шалғын далада, шөл мен шөлейт, сортаң жерлерде болатын, орам жапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Е р г е ш т і ң* Қазақстанда өсетін жеті түрі бар (Қазақстан энцик. сөздік). *Ергештің* биіктігі 15–30 см-дей (Қазақстан энцик. сөздік). Жүрекжапырақты, шымыр, жебежапырақты, трауфеті *е р г е ш* деген түрлері Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (Қазақстан энцик. сөздік).

ЕРГІЗ= е т. *Ерту, ілестіру.* Теңізді құйып теңізге, Өзгерттік өзен ағысын, Ізімізге *е р г і з е,* Қаптаттық толқын жарысын! (Д.Әбілев, Таңд. шығ.). Артыңнан сөз *е р г і з б е,* балам (Ауызекі).

ЕРГІЗДЕ[1]: **ергізде таусылмас.** *Ешқашан таусылмайтын, сарқылмайтын.* Мұның үлкен бір қасиеті, суы кісі бойы қол ұсынымнан шықса да, *е р г і з д е т а у с ы л м а с т ы,* «астында нұр көзі бар», барып тұрған бір құдірет (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЕРГІЗДЕ[2]: **ергізде екі болма.** қ а р ғ. *Өсіп-өнбе, көбейме.* Жақсылықтың барша жауларының жобалауынша және өліп-өшіп тілеуінше біз *е р г і з д е е к і б о л м а с қ а,* өшпесек, өспеске тиіс ел едік (М.Сатыбалдиев, Мөлдір аспан). Орағымды өлтірген Қалу мен Сары оңбасын, *Е р г і з д е е к і б о л м а с ы н* (Мұрат ақын).

ЕРГІЗУ *Ергіз етістігінің қимыл атауы; күштеумен, зорлықпен, алдаумен ерту.* Ондағы ойы ақылға көніп, соңынан ермеген жұртты талаумен, сойылмен қорқытып *е р г і з у* болатын (І.Есенберлин, Қаһар). Жиырмасыншы жылдары кеңес үкіметінен қашқан байлар біреулерге күштеп зорлау, біреулерге алдап арбау тәсілін қолданып, ауыл адамдарын өз соңына *е р г і з у д і* ойлаған еді («Лен.жас»).

ЕРГІШ с ы н. *Сенгіш, нанғыш, иланғыш.* Колхоз председателінің бір кемшілігі кісі сөзіне *е р г і ш,* ұйытпа әңгімеге сенгіш (М.Мырзақұлов, Өмір дастаны). Еркектің соңынан қатын *е р г і ш* болса, сенің сұлуың саған неге ермейді, – деді (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш).

ЕРПІШТЕ= е т. *Ілесе тұсу, соңынан қалмау.* Соңғы кездері тетелес інім соңымнан қалмай, жиі *е р г і ш т е й т і н* болып алды («Лен. жас»). Күн сайын шалдың қасына ауылдың селт етерлері *е р г і ш т е п,* қырғауыл ілген, қоян алған қармағының қызығын көреді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау.).

ЕРГІШТЕУ *Ергіште етістігінің қимыл атауы; жиі-жиі ілесіп, еріп жүру.* Өсіп қалған ала күшік енді Мараттың соңынан қалмай, қайда барса да *е р г і ш т е у д і* шығарды («Лен.жас»).

ЕРГІШТІК з а т. *Өз ойы жоқтық, біреудің немесе бір нәрсенің әсеріне тез түскіш жағымсыз қасиет.* Әсерленгіш, *е р г і ш т і к* – ердің мінезі емес. Көзі қызғанның көңілі де тез ауады. Ондай жан опа көрмейді, қызым (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

ЕРДЕЙ[1] с ы н. *Еркектей, ер сияқты.* Сонау сұрапыл соғыс жылдарында әйелдер де *е р д е й* жұмыс жасап, ересен еңбек етті («Лен.жас»). Әйелдің әйел *е р д е й* теңі болмас, Бола алмас махаббаты, жаны жолдас. Егер де әйелге әйел ғашық болса, Жалғанда бұл дертінің емі болмас (Н.Ахметбеков, Аманкелді).

ЕРДЕЙ[2] с ы н. *Батырдай, ер сияқты.* Алыстан *е р д е й* боп келгенсін, бәрін көрейін де, аттың ішін қарамаппын, Нәл-қара (С.Бақбергенов, Қарға тамған қан). Жезтырнақ солай өлгенді. Жауларын және бұқтырып. Сүйегі қолдан жерленді. Мерт болған *е р д е й* тік тұрып (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайық). Атып жықты Сары хан *е р д е й* болып, Екі бұзау аңырады жетім қалып (Қозы Көрпеш.).

ЕРДЕЛЕН= е т. ж е р г. *Жал-жал қылып, ердене-ердене етіп жинау.* Жеткілікті мөлшерде қазып әкелінген шым үйдің қасына әкелініп, *е р д е л е н і п* үйіледі (С.Турдиев, Үй өсімдік.).

ЕРДЕНЕ з а т. к ә с. *Тұқым, дақылдарды және олардың өсіп-өнуіне қажетті өнімдерді салып қоятын орын, ыдыс. Е р д е н е д е г і* тұқым салынған қап (Диалек. эксп. мат.). Көңді арнайы орында, *е р д е н е г е* салып сақтаған жөн (Б.Шағыров, Картоп).

ЕРЕБЕЙСІЗ с ы н. с ө й л. ***Рабайсыз***. Обал, күнә, артық, кем, намыс, кек ар-ұят дегендердің бәрі де олпылы-солпылы, кейде *е р е б е й с і з* асып түсіп, кейде шолтаңдап жетпей жатады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Мал қораны *е р е б е й с і з* үлкен қылып салған екен, қыста суық болады (Ауызекі).

ЕРЕБІ з а т. *Қымыз сабаның түбінде тұнып қалған қою ірімшік; қор.* Қара күздегі *е р е б і д е н* сақтап, алып қою қажет (Эксп. мат.).

Еребі қор. *Саба түбінде тұнған қою ірімтік, қор.* Еребі қорды шүберекке түйіп сақтап, келер жазда қымыз ашытамыз (Эксп. мат.).

ЕРЕГЕС з а т. с ө й л. ***Ерегіс***. Сен жалғыз, түк бітпейді *е р е г е с т е н,* Көңілін тап, жан сақтап, ебіңменен (Батырлар жыры). Тоқаш *е р е г е с к е* кірді. Салғыласып отырып алды (З.Шашкин, Тоқаш Боқин).

ЕРЕГЕС= е т. с ө й л. ***Ерегіс***. Балаңа ғылым үйрет жас күнінде, Досыңа жақындама мас күнінде. Халқыңа қайрылар деп насихат айтпа, Ел бұзық, *е р е г е с к е н,* қас күнінде (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Осы төртеуі ойламастан, уәделесіп қойғандай, «*е р е г е с к е н* соң газеттің бір нөмірін де таратпайық» дегендей,

басқармаға бәрі бірауыздан жауап қайырып отыр: «Ешкім газет алмайды, қайтейік» – деп (М.Дулатов, Шығ.).

ЕРЕГЕСКЕК с ы н. с ө й л. ***Ерегіскіш.*** Санжардың бала кезінен *е р е г е с к е к* мінезі бар болатын, ілік іздеп, реті келсе, шайқасуға дайын тұратын («Лен.жас»). Ойын, той кездерінде шатақ іздеп жүретін *е р е г е с к е к* жігіттер де кездеседі («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕГЕСПЕ с ы н. с ө й л. ***Ерегіспе.*** Ол да осындай *е р е г е с п е* екен-ау. Бұрын неге білмедім екен? (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын).

ЕРЕГЕСТІР= е т. *Ерегестіру, қасарыстыру.* Кешегі шатақтан кейін Асқар: «Жаман атқа жал бітсе, жанына тоқым байлатпас» деген осы да, *е р е г е с т і р с е* көшемін де кетемін, – деп ойлады («Лен.жас»). Тілмаш жігіттің «өзім Ташкентке жеткіземін» дегені ойына түсіп, *е р е г і с т і р і п* алып бәлеге қалармын деді (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

ЕРЕГЕСТІРУ *Ерегестір етістігінің қимыл атауы.* Өзі қыңыр мінезді адамды *е р е г е с т і р у д е н* ештеңе шықпайтынын білетін жігіттер Әнуармен абайлап сөйлесетін («Лен.жас»). Ел ішінде сөз бағып, жұмыстың арасына от жағып, біріне-бірін айдап салып егестірумен, *е р е г е с т і р у м е н* айналысатын сұмпайылар да табылып қалады («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕГЕСУ *Ерегес етістігінің қимыл атауы.* Әйелі күйеуінің бұл жолғы ірі сөзділігінің, өзімен *е р е г е с у д е н* тайынбауының себебін таба алмай дал болды («Лен.жас»). Көптен Мұрсейіт пен *е р е г е с у л і* Бектің шалды салып жіберуі де мүмкін еді (Р.Сейсенбаев, Аңсау).

ЕРЕГЕСУШІЛІК з а т. *Таласып-тартысушылық, тіресушілік, қырсығушылық.* Ер жету кезеңінде жастардың арасында өр мінезділік, ретті-ретсіз *е р е г е с у ш і л і к* жиі болып тұрады («Лен жас»). «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» дегендей, *е р е г е с у ш і л і к т е н* еш пайда жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕГІС з а т. *Өштесушілік, тартысушылық, егесушілік. Е р е г і с т е* ер өлер, Екі батыр егессе, Екеуінің бірі өлер (Мақал). Осы екі тайпа арасында көш үстінде ойда жоқ бір *е р е г і с* басталады (Т.Әлімқұлов, Ақ боз ат). Сол жылы Олжекеңмен *е р е г і с к е* түскендей бүкіл жаз қуаңшылықпен өтті (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.).

ЕРЕГІС= е т. **1.** *Тартысу, тіресу, өштесу, егесу.* Шоқан мына үш үлкен кісінің бір ауыз сөзге *е р е г і с і п* қалғанын байқап, әлемді тануға көңіл бөлмеген жұрттың ой-өрісін көргендей болды (С.Бегалин, Шоқан асулары). Қырсығы көп Жұман бай Көпейге *е р е г і с і п*, оны қайта алдырмай, екеуін екі айырып жіберді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қырғыз билеушілерінің Ресей мемлекетінің билігін мойындауға ынғай беруі, әрине, қазақ ханының *е р е г е с і н* туғызады (Ж.Қасиманов, Кенесары хан). **2.** *Аңдысу, тақасу, қырсығу, қасарысу.* Текебайдың бір теріс мінезі – көр-жерге бола *е р е г і с і п* үлкендау туғызады екен (С.Сауытбеков, Аютас). Сағидың қасарыспа мінезін білетін әйелі қандай іс болса да, *е р е г і с к е* соқтырмай бітіруге тырысатын еді («Лен.жас»). *Е р е г і с і п,* емтиханнан қуып жіберсе не істемек? (М.Дүйсенов, Гүлжан). Аңдысқан ауыл болмас, *Е р е г і с к е н* ел болмас (Мақал).

Сөзге ерегісті. *Сөз таластырды.* Шоқан мына үш үлкен кісінің бір ауыз *сөзге ерегісіп* қалғанын байқады (С. Бегалин, Шоқан асу.).

ЕРЕГІСКЕНДЕЙ үс т. *Қырсыққандай, қасарысқандай, егескендей.* Ұзын бойлы қазақ-орыстың сөзін тыңдаған жоқ, әдейі *е р е г і с к е н д е й* топырақты алысқа лақтыра берді. Ұзын бойлының мұнысына Темірбай бет-аузын тыжырып, ұнатпай қалды (М.Жұмабаев, Шығ.). Ауа райы да *е р е г і с к е н д е й* аяқ астынан бұзылып сала берді емес пе? («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕГІСКІШ с ы н. *Өштескіш, егескіш, қасарысқыш.* Оған қараған Оспан жоқ.Бұл бір *е р е г і с к і ш* мінезі бар, қисықтау кісі еді (Ғ.Қайырбеков, Шығ.). Қозғалмасақ, қонармыз, – деді Шоқан, *е р е г і с к і ш* мінезді ұстай ғап (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕРЕГІСПЕ с ы н. *Егескіш, қасарысқыш.* Сұқ қолындағы Қап тауында бұның көзі түскенін байқап қап, сұр мойнақ арғымақ атының кеңірдегін бір-ақ орған *е р е г і с п е* ер жігіттің шынашағынан алынған үр тас (Ә.Кекілбаев, Дала.). Өзге ауылға көшіп барған соң соқтығарға қара таппай жүретін сотқар, *е р е г і с п е* балалардан сақтанып жүретін болдым («Лен.жас»).

ЕРЕГІСТІР= е т. *Егестіру, қасарыстыру.* Кім жел беріп, *е р е г і с т і р і п,* жаман жолға салғанын айтпады (С.Сарғасқаев, Ұстаз). Жақып ондай жаман балшықты ұстамайды деп апасы тентек баласын *е р е г і с т і р м е й* тыйым салды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Айқай сөздің адамға әсер ықпалы бола бермейді, керісінше, *е р е г і с т і р і п* алуың ықтимал (Т.Әлімбаев, Тәрбие тур.).

ЕРЕГІСТІРУ *Ерегістір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Егестіру, қасарыстыру.* Педагогикалық талап балаларды *е р е г і с т і р м е у,* өз айтқандарын жаймен, бірақ бұлжытпай орындату көпшілік аналар үшін қиын соғады (Семья тәрбиесі). **2.** а у ы с. *Еліту, шабытын шақырып, қызыққа итермелеу.* Ай тұяқпенен жер түтіп, Алатын қайда тамаша-ай? Жазықтар мені елтітіп, *е р е г і с т і р у і н* қарашы-ай? (Ғ.Қайырбеков, Асу алда).

ЕРЕГІСУ *Ерегіс етістігінің қимыл атауы.* Әдептің көздеген мақсатын орындау үшін, Рүстемге *е р е г і с у і* де өзін-өзі ақтаудың сылтауы болатын (М.Гумеров, Хазірет.). Ботагөз *е р е г і с у д і* қажет көрмей жүре беріп еді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЕРЕГІСІМПАЗ с ы н. *Ерегіспе, ерегіскіш. Е р е г і с і м п а з* мінезімен аты шыққан адам осы Оспан («Қаз.әдеб.»). *Е р е г і с і м п а з* кісі кекшіл келеді («Жұлдыз»).

ЕРЕГІСІМПАЗДЫҚ з а т. *Ерегіспелік, қасарысқыштық. Е р е г і с і м п а з д ы қ* пен келісімпаздық арасы жер мен көктей («Лен. жас»). Есенейдің бір мінезі *е р е г і с і м п а з д ы г ы н д а* еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕРЕЖЕ[1] з а т. **1.** *Қазақ халқының дәстүрлі құқығының негізі болып жабылатын, нормативтік-құқықтық қағидалар.* Ежелгі дәуірде және орта ғасырларда «жөн-жосық», «ата-баба жолы» деп аталған *е р е ж е л е р д і ң* құқықтық-реттеушілік, азаматтық-тәрбиелеушілік мәні жоғары болды (ҚҰЭ). *Е р е ж е л е р* дәуірдің ерекшелігіне, уақыттың талабына орай түрін өзгерткенімен, имандылыққа, адамгершілікке негізделген мазмұнын сақтап қалды (ҚҰЭ). *Е р е ж е л е р* сырт пішімі жағынан мақал-мәтелге, қанатты сөзге ұқсас болғанымен, нақтылығымен, дәйектілігімен ерекшеленеді әрі прецеденттік сипат иеленеді (ҚҰЭ). Би-қазылар дау шешу, төрелік айту кезінде *е р е ж е л е р д і* жатқа біліп, істің ыңғайына, әділеттілік салтына орай қолдануға тиіс болды (ҚҰЭ). **2.** *Қоғамдағы белгілі бір құбылыстың қалыптасқан арақатысына негізделген заңдылық, тәртіп.* Бұл діннің негізі *е р е ж е л е р і* мен уағыздары Құранда баяндалған (М.Тоқжігітов, Құран туралы). Бар әңгімелері діни *е р е ж е* болатын ойсыз ортада жүрсе де, жас Абай олардың ауқымында, ықпалында қалып қоймады (Т.Әлімқұлов, Абай). **3.** п е д. *Оқулықтағы белгілі бір анықтама, түсінік.* Ол кісі сабақ сайын мектептің қабырғасында ілулі тұратын жиырма *е р е ж е н і* жатқа соғып отыратын (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бұрын басы қатып, миы ашып түсінбей жүрген *е р е ж е л е р*, жаттығулар баурай тартып жөнелгені (Д.Досжанов, Келіншек.). **4.** *Қандай да бір ғылым, өндіріс саласындағы орындалатын жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің, арақатынастың тәртібі, ретін көрсететін қағидаттар.* Бұдан кейінгі жылдарда күріш егісі агротехникалық *е р е ж е л е р г е* сай жүргізіле бастады (Ы.Жақаев,Менің бақытым.).

Ережелер жинағы. *Белгілі бір пән саласына жататын қағидалар жиынтығы.* Оқуға түсікісі келетін жас талапкерлер *е р е ж е л е р ж и н а ғ ы н* сатып алып жатты («Қаз.әдеб.»).

Ереже сөз. *Қазақ халқының дәстүрлі құқығының негізін көрсететін ұлағатты, өнегелі сөз.* «Қасым ханның қасқа жолы. Есім ханның ескі жолы» деген қазақтың *е р е ж е с ө з д е р і н і ң* ішіндегі Қасым хан осы Қасым (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ойын ережесі. *Ойнау тәртібі, шарты. О й ы н е р е ж е л е р і н* сақтау керек (Ауызекі).

Тазалық ережелері. *Гигиеналық тәртіп.* Көпшілік тамақтанатын орындарда *т а з а л ы қ е р е ж е л е р і н* өте-мөте мұқият сақтау керек («Қаз.әдеб.»).

Техникалық қауіпсіздік ереже. *Техниканы дұрыс пайдалану, қауіпсіздікті сақтау тәртібі.* Амал не, кейбір мамандарымыз, ауыл адамдарының өздері де *т е х н и к а л ы қ қ а у і п с і з д і к т і ң е р е ж е л е р і н* сақтамайды (А.Апсаттаров, Дәрігер.).

ЕРЕЖЕ[2] з а т. **1.** з е р г. *Ұсталар белгі салу үшін пайдаланылатын бау, жіп, сызғыш.* **2.** қ ұ р. *Құрылысшылардың қаланған тастың, қыштың тегістігін, тіктігін тексеретін түзеткіш аспап.*

ЕРЕЖЕ[3] з а т. ж е р г. *Қымыздың түбінде қалған іртігі.* Қымыз *е р е ж е* боп кетіпті (Эксп. мат.).

ЕРЕЖЕЛЕУ *Ережеле етістігінің қимыл атауы; ережеге айналдыру.* Ауыл балалары жыл сайын ойын түрін ойлап тауып, оны *е р е ж е л е у г е* кіріседі («Лен.жас»). Оған да қосалқы жалғану арқылы да құрмаласатынын *е р е ж е л е у* керек (Қазіргі қаз. тілі).

ЕРЕЖЕЛІ с ы н. *Ережесі бар, ережеге негізделген, белгілі бір заңдылыққа сүйенген.* Бір тұрмыстың екі бетін бірдей көрсететін *е р е ж е л і* әдебиетті реализм деп атады (С.Сейфуллин, Шығ.). Мектеп жасына дейінгі балалар қозғалып ойнайтын ойындармен қатар *е р е ж е л і* ойындармен де әуестенеді (Семья тәрбиесі).

ЕРЕЖЕП [ар. رجب] з а т. д і н и. *Мұсылман күнтізбесі бойынша, жетінші ай, қасиетті төрт айдың бірі.* Қасиетті *е р е ж е п* айында мұсылман қауымы үш күндік ораза тұтады («Қаз.әдеб.»). Қасиетті *е р е ж е п* айы өтіп, ауыз бекітер рамазан айы басталған (С.Жүнісов, Ақан сері.).

ЕРЕЖЕСІЗ *Белгісіз бекітілген тәртібі жоқ.* АҚШ-та *е р е ж е с і з* жекпе-жекке ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұрындары АҚШ-та кәсіпқой бокс мықты дамып еді. Қазір деңгейі төмендей бастады («Жас Алаш»). *Е р е ж е с і з* жекпе-жектің Прайд түрінен ағайынды Емеляненкалар әлемді аузына қаратып жүр («Жас Алаш»).

ЕРЕЖЕ-ТӘРТІП з а т. *Белгілі заңдылықтар.* Қай заманда да *е р е ж е-т ә р т і п т і ,* әдет-

ғұрыпсыз тірлік болған емес («Қаз.әдеб.»). Салт-дәстүр, *е р е ж е-т ә р т і п т і* қызғыштай қорып, сол арқылы елдің елдігін сақтап келген ақсақалдар аман болсын («Лен.жас»).

ЕРЕЖЕ-ШАРТ з а т. *Белгілі тәртіп, істі жүзеге асыру үшін керек жағдай.* Шахмат ойынымен әуестенуші жас балаларды әсіресе әртүрлі фигуралардың жүрістеріне қатысты *е р е ж е-ш а р т т а р* қызықтыратын еді («Жас Алаш»). Сол жоғарыда аталған *е р е ж е-ш а р т т а р д ы ң* бәрінен өткен бала жігіттің ірі аңға ең алғашқы рет шыққан күні көрсеткен бір аңғалдығын еске түсірейін (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЕРЕЙ= е т. с ө й л. ***Ерби***. Ойпаттың солтүстік қабағында бір үлкен мола тұр да, одан төменірек *е р е й г е н* көк арбаның қасында үш-төрт жігіт көрінеді (F.Мүсірепов, Оянған өлке). Жайылып жүрген қойлардың соңында тыраш арық, *е р е й г е н* бақташы бала келеді («Лен.жас»).

ЕРЕЙГЕН-СЕРЕЙГЕН с ы н. *Орайған-сорайған, серейген.* Шөп-жемі шағын кедей-кепшіктің қыстан әрең аман шыққан малдары *е р е й г е н-с е р е й г е н* күйде қорадан шығып, көктеуге бет қоятын-ды («Жұлдыз»). Тұрып неме құлағын қайшылап *е р е й г е н-с е р е й г е н* көп темірге қарай аяғын баспай қойды (Ә.Кекілбаев, Құсқанаты).

ЕРЕЙІП-СЕРЕЙІП ү с т. *Сорайып, сексиіп.* Төрт құбыладан бірдей *е р е й і п-с е р е й і п* үстіне төніп тұрған ақар-шақар тауларға, тауға біткен үйірім-үйірім сабалақ жүнді орманға да, тау басында қалықтап жайылып жүрген бүркітке де, тауға тырмыса жайылып, жатқан құмырсқадай жылқыға да, қостан аулағырақ өзек қуалай шыққан шоқ-шоқ бұтаға да Ақбілектің көзі тоқтап тұра алмай, сырғанап келіп, жерошақ басындағы қазақтың қара құманына, қара астауына, жыртық орыстың шөмішіне тоқтады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕРЕК ү с т. *Өзгеше, бөлекше, дара.* Онан қорқып, обырлық қоймасаң да, Адам боп, хайуаннан болсаңшы *е р е к*! Жалмағанша, жәрдемің тигізсеңші, Жығылған, жылағанға болып көмек (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Баршагүл есімі Қайырбек аузынан шыққан сайын, Мұхит дүркін-дүркін селт етіп бір қалып, *е р е к* сезімді халге келген-ді (F.Сланов, Шалқар). Мұраттан *е р е к* Хадишаға ықылас көрсетті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күй). Адамға бүгін бағынған, Қыр бейнесі өңді *е р е к* Шал көзіне шалынған, Сыңсыған қайың, бәйтерек (Т.Жароков, Шығ.).

Елден [топтан] ерек. *Топ ішінде айрықша, бөлекше, басқалардан өзгеше.* Көктемгі көш кезінде, қыз-қырқын, бозбалалар *е л д е н е р е к* әсем киінетін еді («Лен.жас»). Сырым маған қыран топшылы, толық денелі, кең кеуделі, шалқақ төсті, жолбарыс бетті болып көрінді. Басқа да *е л д е н е р е к*, торсық шекелі екен. Ағамды осыдан білдім, – депті (Шешендік сөздер).

ЕРЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Ерекшелеу.*** Ақынның жаны ер шығар, *е р е к т е п* оқып, есіңе ал. Балдың дәмін татқанда, Тамсанбасаң несі бал? (Х.Өтеғалиев, Әже әлдиі). Шаңғы жарысында бірінші келген Аманқосты жаттықтырушы елден *е р е к т е п* атады («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕКТЕН= е т. *Бөлектену, жырылу, ерекшелену.* Мәкеңнің ұлы жас кезінде үнемі елден *е р е к т е н і п*, жалғыз жүретін еді ғой («Лен. жас»). Дарынды баланың өзгелерден *е р е к т е н е т і н* айрықша қасиеттері жас кезінен-ақ байқалады («Жұлдыз»).

ЕРЕКТЕНУ *Еректен етістігінің қимыл атауы. Е р е к т е н у* мұрат емес, ел билеп, Көптен озып көгермейді бір басың. Жұбатарлық арманыңды әлдилеп, Жұрт қатарлы тіршілікке ырзасың (Қ.Сарыбаев, Отырар.).

ЕРЕКТЕУ с ы н. *Бөлекшелеу, айрықшалау, ерекшелеу.* Айсұлтанның кіші ұлы басқаларынан *е р е к т е у* дене бітімі де, мінезі де бөлек болып өсіп келеді («Қаз.әдеб.»). Әлібектің айқайы басқалардан *е р е к т е у* естіледі (М.Хайрутдинов, Алғашқы раунд). Қазіргі кезде үйді басқа үйлерден *е р е к т е у* етіп салу салтқа айналды («Лен.жас»).

ЕРЕКШЕ ү с т. *Өзгеше, айрықша, басқаша, төтенше.* Оған бұрын атын естімеген бір әнші жігіт *е р е к ш е* ұнады (С.Бақбергенов, Адам.). Шіркін, жылқы баласы *ерекше-ау!* (С.Жүнісов, Жапандағы жалғыз үй). Кешкі күннің қиғаш сәулесі тау жоталарын қызғылт-сарғыш *ерекше* еді ол жердің көлі мүлде, *Е р е к ш е* еді сол жердің елі мүлде (М.Мақатев, Шуағым).

Ерекше белгі. *Адамның, заттың т.б. бет әлпетінде, пішінінде, жалпы тұлғасында болатын айрықша белгілер. Е р е к ш е б е л г і с і*: бір аяғын сылтып басады (Ауызекі).

Ерекше сұранымды тауарлар. э к о н. *Сатып алу аларман тарапынан қосымша күш-жігер мен шығындар жұмсауды қажет ететін бірегей ерекшеліктері бар тауарлар.* Жаңа, ерекше сәнді және тартымды тауарларды, сондай-ақ, олардың ішіндегі нарықтың тар ауқымындағы буынына арналған тауарларды *е р е к ш е с ұ р а н ы м д ы т а у а р л а р ғ а* жатқызуға болады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЕРЕКШЕЛЕ= е т. *Айрықшалау, оқшаулау, арнайы бөліп көрсету.* Біздің училищенің қалыңсыз қыз бермейтін әдеті бар, осыны есіңізге *е р е к ш е л е п* салып қояйық (К.Зәкенов, Жанартау). Екіншіден, жиырма сегіз ерді бірінен-бірі *е р е к ш е л е п*, асырып алуға болмайтын-ды (Р.Ыдырысов, Отты жыл).

Жұрт көзіне Камелитдиннің төгілген киімі бойын тіпті ұзартып, елден *ерекшелеп* тұр (К.Оразалин, Абайдан соң). Қасымбек бұрын Зікірия қартты ауыл ақсақалдарынан көп *ерекшелей* қоймаушы еді (Шопан сырласы).

ЕРЕКШЕЛЕН= е т. *Айрықшалану, өзгешелену.* Алаштың көрнекті азаматтарының ішінде «Асауқара» атанған осы Бәйке өткір тілімен, батыр ойымен *ерекшелене* беретін (Ә.Нәбиев, Қанат қаққан). Ол ештеңесімен *ерекшеленбейтін* дағдылы мінезді өзіміздей бала еді (Б.Қойшыбаев, Ай нұры). Мәтелдің мақалдан *ерекшеленетін* бір айырмасы қорытынды жасалмайтындығында емес пе? (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз). Бұл жердің табиғат байлығы да *ерекшеленеді* (Туған жердің қазынасы).

ЕРЕКШЕЛЕНДІР= е т. *Әдеттегіден өзгешелендіру, айрықшаландыру.* Тіпті анау қобырап иығына төгіліп тұрған ретсіз, ұзын шашы да оны өзгеше *ерекшелендіріп* тұр (Лен. жас). «Конференцияға қатысушы – делегат тар 40 ұлттың өкілінен тұрады» дегенді де ешқандай *ерекшелендіріп* айтқан жоқ (С.Хайдаров, Құрыш.). Сені өзгелерден *ерекшелендіретін* де осы мінезің ғой, Әсел («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕКШЕЛЕНДІРУ *Ерекшелендір етістігінің қимыл атауы.* Әр бейнені өзгеше сомдап *ерекшелендіру* оңай іс емес («Қаз. әдеб.»). Ландшафтына қарай пішу творчестволық ізденісті, суреткерлік көзді қажет етеді. Ол ауыл келбетін *ерекшелендіру,* бірбіріне ұқсастырмау үшін үлкен рөл атқарады («Лен. жас»).

ЕРЕКШЕЛЕНУ *Ерекшелен етістігінің қимыл атауы. Ерекшелену* жағын әйелдерге қалдырайық, бізге осы киім де болады, – дейді Сәлім («Лен.жас»). Стиль дегеніміз – ерекшелік. Және ол нашар жағымен көрінетін ерекшелік емес, шебер жағымен *ерекшелену* («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕКШЕЛЕУ[1] с ы н. *Айтарлықтай өзгеше, басқашалау.* Бетіне қарап отырған жалғыз бала болғасын тізгінін еркін өзіне беріп, ел қызынан *ерекшелеу* өсірдік (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Баласының мына шешімі тым *ерекшелеу* болған сияқты (М.Әбдіқалықов). Жаңа туған қозыны көріп жатыр, Адасқанын анаға теліп жатыр. Егіз туған қозыны бөлек алып, *ерекшелеу* орынға бөліп жатыр (Х.Есенқараева, Жұлдызым).

ЕРЕКШЕЛЕУ[2] *Ерекшеле етістігінің қимыл атауы.* Әр отардағы қойлардың ақ-қарасын, ауру-сауын, ақсақ-тоқсағын бөліп *ерекшелеу* қажет (Ауызекі). Дарын әр әнін *ерекшелеуден* бір танбады («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕКШЕЛІК з а т. *Өзгешелік, айрықшалық, өзіндік қасиет.* Дара *ерекшелігі* жөнінен Абай образы қайталанбайтын үздік образ (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Қазақ мақалдарының өзіне тән негізгі бір *ерекшелігі* – аз сөзбен көп мағына беретіндігінде (М.Ғабдуллин, Қаз. хал. ауыз. әдеб.).

Жас ерекшелігі п с и х. *Адамның жасына сәйкес даму заңдылықтары.* Оқу-тәрбие мекемелері балалардың *жас ерекшеліктеріне* сәйкес құрылады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Әр баланың жас *ерекшелігіне* қарай әңгімені де тауып айта қояды (С.Сарғасқаев, Көңілді балалар).

ЕРЕКШЕЛІКСІЗ с ы н. *Өзіне тән айырмашылықсыз, өзгешеліксіз.* Бірақ мұндай шығармалар өзіндік *ерекшеліксіз,* жазба әдебиеттік, реалистік, оригиналдық бояусыз, шығыс әдебиеті мен ауыз әдебиеті стилінде жазылды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Бұрынғы заман туындыларын еш *ерекшеліксіз,* айна қатесіз көшіріп салатын шебер суретшілер көбейді («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕЛГІ з а т. *Ерсілік, өрескелдік.* Қыз қашпас, ойын ойнай келмек еді. Осы сай сан қызықтың ермегі еді. Ойында *ерелгі* жоқ, жөн сұрайық, Жігітің бұл қызға не демек өзі (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жиналған топ *ерелгі* жасамай, тыныш тараса болар еді, – деп тіледі ішінен («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕ-МЕРЕ ү с т. с ө й л. *Соңынан ілескен бойы, ерген бойы.* Арыстан оған *ере-мере* үйден шығып бір елі де қалмай келеді («Қаз. әдеб.»). Әйелі күйеуіне *ере-мере* аттанды («Лен.жас»).

ЕРЕН с ы н. **1.** *Ерекше, айрықша, өтемөте, үздік.* Қалада мынау тұрмыс та ерен, күй де *ерен,* Көрместі көріп, білместі біліп, үйренем. Сәл ғана жаным қинала қалса, дүрлігіп, Дүниенің бәрін шақырып алам үйге мен (М.Мақатаев, Шығ.). Тыңдаушылар бұрынғыдан да *ерен* гу-гуге көшті (Қ.Ұябаев, Қырдағы қырандар). **2.** *Асқан, аса, тым зор.* Қалды ғой таулар күші *ерен,* Қалмады бұлттар түсі аппақ. Амалым болса – түсер ем Аспанның өзін құшақтап! (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Әлі есімде сол күні бұрынғыдан да *ерен* қимылмен шабуылға ашынып кіріскен (Т.Бигелдинов, Аспан.). **3.** а у ы с. *Өңкей, кілең.* Сонау қаһарлы желтоқсанда *ерен* боздақтардың қаны төгілді («Жас Алаш»). **4.** *Үлкен, алыптай.* Тұлғасы *ерен,* кең кеуделі, асқақ үнді әнші, сахараның ғажайып бір алыбы боп апты (М.Әуезов, Абай).

Ғайып ерен. д і н и. *Мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейнелері.* Ерікті ерке сенің құдіретпенен

Келген күнің жарыққа. Хорлар күліп, құттықтап *ғ а й ы п е р е н*, Нұр себілген бүкіл шарыққа (Б.Күлеев,Шығ.).

Ғайып ерен қырық шілтен. м и ф. *Қысылған шақта демеу беретін пір.* Шын тілеуім, шөберем,Сапарыңдыоңдасын,*Ғайыперенқырық ш і л т е н* Әулие жар боп қолдасын, Танып апсың, қарағым, Өмірлік бөртең жолдасың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Ғ а й ы п е р е н қ ы р ы қ ш і л т е н* қыдыр әліксалам шылауыңнан кетпесін, – деп қол жайып берген батасынан кейін ғана құлжаны ас үйге алып кетісті (Е.Тұрысов, Құралай жолы).

Ерен ер. *Асқан ер жүрек, батыр.* Үш жыл болды келгелі, Ақбөрте бесті жығады. *Е р е н е р* мен тұлпарды Кім жасырып тығады (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Е р е н* ерлердің, ақылды бабалардың арқасында елімізді, жерімізді сақтап қалдық («Қаз әдеб.»).

Ерен жүйрік. *Асқан жүйрік.* Қалай дегенмен де Құлагердей *е р е н ж ү й р і к* Асқаннан басқа бір адамда да болмайды (А.Жұбанов). Бес жүз аттың әрқайсысы өз елінде жүлде алып жүрген ерен жүйріктер (С.Жүнісов, Ақан сері).

Ерен санамады. *Санаспады, менсінбеді.* Сол көсеу қол не өнерімен барды екен? – деді Асан *е р е н с а н а м а ғ а н с ы п* мысқылды үнмен (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.).

Түз ғайып ерендер. д і н и. *Қырдың киелі пірлері. Т ү з ғ а й ы п е р е н д е р* Атымды қойған Зарлық хан (Мұңлық-Зарлық).

ЕРЕНДІК з а т. *Ерекшелік, айрықшалық; күштілік, мықтылық. Е р е н д і г і н* қазақ дейтін халықтың, Бойыңменен, келсе жүртқа танытқын, Тереңдігін қазақ дейтін халықтың Ойыңменен келсе жүртқа танытқын (Ж.Әбдірашев, Саяхат.). Бұл кезде оның омырауында еңбектегі *е р е н д і г і н* көрсететін бірнеше медаль, көрме белгілері қадалған еді (Қ.Салғарин, Ақмаржан). *Ерендік* – нағыз ерлерге тән қасиет («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕН-ЖАРАН з а т. с ө й л. ***Ерен-жаран***. Тіпті, Күлғаси құдашасы *е р е н - ж а р а н ы м е н* тиісуді шығарады. Сөйтіп, Рақымбекова Күлғаси «Мыңаралға» көшіп кеткен («Лен. жас»).

ЕРЕН-ПАРАН ү с т. ж е р г. *Елең-алаң, таңғы бір қараңғы – бір жарық кез, алакеуім шақ.* Ертең *е р е н - п а р а н д а* тұрып, үй үстіне салатын ағашқа кетеміз (Диал. эксп. мат.). *Ерен-паранда* атын ұстап мінді (Ауызекі).

ЕРЕНСІЗ с ы н. с ө й л. *Бейқам, қамсыз. Е р е н с і з* боп отыра бермей, шаруаларыңды істеңдер (Ауызекі). Өзенде, Кезеңде *Е р е н с і з* Бір жалтыр Тас болды (Ә.Дүйсенбаев, Қайырлы таң.). Мұндай *е р е н с і з* қараудан нақтылы, айтарлықтай нәтиже шыққан емес, Шықпайды да (А.Тоқпанов, Бүгінгі күн.). Жеті қара түнде *е р е н с і з* нағып жүрсің, шырағым? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕНСІЗДЕУ с ы н. с ө й л. *Бейқамдау, аңғалдау.* Олар, әдетте, қаланың тікбақайларындай емес, молдау, *е р е н с і з д е у* ғой (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕРЕН-ТОЗАН: **ерен-тозан қылды**. ж е р г. *Быт-шыт қылды, тоз-тоз етті.* Қырық күн шілдеде жылқыны *е р е н - т о з а н қ ы п*, айғырын мініп алған сен сияқты адамды көрмедім (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕҢ[1] с ы н. ж е р г. **1.** *Айрықша, орасан.* Күн *е р е ң* көп жауды (Қаз. тілі диалек. сөздігі). **2.** *Жақсы, ерекше.* Ол жігіттің *е р е ң* киінбей жүрмейтін күндері жоқ (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕҢ[2] з а т. ө с. *Денесінен от алғыш эфир майын бөліп шығаратын бұта. Е р е ң* Тянь-Шань тауында кездеседі (Қаз. ауылшар.).

ЕРЕҢ[3]: **ерең қылмады**. *Мән бермеді, көңіл бөлмеді.* Көптен ынтыққан профессорына көрінем деген ой көңілін ұялап алған Әділ, дәрігер мен тіркеушінің «алтыда, алтыға»... деген жіктеуін *е р е ң қ ы л ғ а н* жоқ, алтыдан қалмасам болды ғой деп ойлады (Ғ.Орманов, Жүрек.). Арлан қасқыр ұсақ иттердің шәуілін *е р е ң қ ы л м а д ы*, асықпастан қырқадан асты («Қаз.әдеб.»).

Ерең сел болды. *Аса қатты, өте күшті, ағыл-тегіл болды.* Жаңбыр *е р е ң с е л б о л ы п* жауды (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

ЕРЕҢ-СЕРЕҢ: ерең-серең етті. с ө й л. *Ербең-ербең етті.* Олар қазанның жанында кешкі көлеңкелері *е р е ң - с е р е ң е т і п*, үңіреңдеп ашқарақтана ұмтылып жүр («Лен. жас»). *Е р е ң - с е р е ң е т і п* төрт аяғын қапталына созып көлбеп жатқан бір түйе (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Қол-аяғы *е р е ң - с е р е ң е т к е н*, салдырлақ ұзын қара Сақыш дейтін тілді қыз бар (М.Сүндетов, Қызыл ай).

ЕРЕПАН ү с т. ж е р г. *Өте, орасан, ересен. Е р е п а н* жақсы, *е р е п а н* жүйрік (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕПЕЙСІЗ с ы н. *Ебедейсіз, қолапайсыз.* Дөңес қабағының үстіндегі қалың қасы бұрынғыдай *е р е п е й с і з* дүрдимей, жапсыра сылап қойғандай аздап жылтырайды (А.Лекеров, Түз гүлі). Тізеден төмен салбыраған *е р е п е й с і з* ұзын жеңді, салпылдаған ұзын сырғалы әйелдер, бір сөзбен айтқанда, өңшең қара халық қақ айырылып, жапырыла жол ашты (М.Мағауин, Аласапыран). Кабинетте жалғыз қалған Ланке орнынан тұрып, әрі-бері жүре бастады. Серейген аяқтары тіпті *е р е п е й с і з* ұзын еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Шашы алынған тап-тақыр басы *е р е п е й с і з* үлкен болып көрінді Нартайлаққа (А.Жүнісов, Өмір ізі).

ЕРЕПЕЙСІЗДЕУ с ы н. *Қолапайсыздау, ебедейсіздеу. Ерепейсіздеу,* әйтпесе жақсы әйел болар еді, – деймін ішімнен («Қаз. әдеб.»). Қимыл-қозғалысы *ерепейсіздеу* көрінгенімен, жаны жомарт адам екен («Лен.жас»).

ЕРЕСЕ з а т. ж е р г. *Орташа алынған есеп. Ересе* болған есепте отыз мыңдай үйі бар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Ересе* есеппен қырық-отыз адам жиналды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕСЕЙ= е т. с ө й л. ***Есей***. Өзі мүлдем *ересейіп* өсіп, сұлуланып, тола бастады (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Кәдіржан бұл күндері біртүрлі салмақтанып, менің көз алдымда *ересейіп* бара жатты (Т.Есімжанов, Аяулым). Алпысбайға серік боп, *ересейді* Құрман да. Ойнар еді-ау ерік жоқ, Күні-түні қырманда (Қ.Шөкенов, Гудок).

ЕРЕСЕК с ы н. *Есейген, ер жеткен, естияр. Ересектерде* болатын бұл екі кейіпкердің парқын Оствальд жақсы суреттейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Іштеріндегі *ересегі* Әбдірахман, бесінші класта оқиды (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). Көңбайдың отау үйі. Төрде *ересек*, делқұлы баласы Торбайды қасына алып бәйбіше, одан төменірек қара жамылған тоқалдар отыр (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жантас қазір бала емес, *ересек* жігіт (С.Жүнісов, Жапанда.). Назымбек Шоқаннан *ересек*, жігіт болып қалған жас өспірім сыпайы жеткіншек екен (С.Бегалин, Бала Шоқан). Бақыты Есет мәпелеп, Еркелетті, ер Есет Болды қыран *ересек* Қанаты қатып қайратты (М.Дулатов, Шығ.).

Ересек бала. *13-15 жас аралығындағы жасөспірім. Ересек балалар* тез өседі (Ауызекі).

Ересек тартты. *Өсті, үлкейді, ер жетіңкіреді.* Бұл кезде *ересек тартып* қалған бала Лермонтов Рылеев жырларын оқып жүрді (Ж.Саин). Биыл денесі өскелеңдеп қалған баласы мінез жағынан да *ересек тартқан* сияқты (М.Әуезов,Шығ.).

Ересек тұтты [санады]. *Есейіп, ер жеткен деп есептеді.* Ауылдың үлкендері сол жас адам біраз шетке шықса болды, жер көріп, сөз ұқты, ел таныды дей ме, *ересек санап,* байқап сөйлейді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Айгүл бірер жас үлкен ағасын *ересек тұтып*, оны өзінің қорғанындай сезінеді («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕСЕК-ЕГДЕ с ы н. *Естияр, бас көтерер үлкен.* Түтін атаулының *ересек-егдесі* түгел қатысқалы отырған сот процесін көріп аттаныңыз (Х.Ерғалиев, Шындық.). *// Бас көтерер, естияр азамат.* Оң-солын, жақсы-жаманды танитын *ересек-егделер* азаматтық істерге араласады («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕСЕКТЕЙ с ы н. *Ересек адамдай, үлкендердей.* Орман жолын, тал сырларын Білген бала *ересектей,* Талай-талай тапсырманы Тындырыпты екі етпей (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Сұрапыл соғыс жылдары жас балалар да *ересектей* еңбек етті («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕСЕКТЕН= е т. *Есейіп, ер жету, өсу, үлкею.* Бір еркек бала, бір қыз бала енді бір бел асса, *ересектене* кеткелі тұр («Қаз. әдеб.»). *Ересектеніп* қалған жастар үшін Гаванада қысқа мезгілде техникумдар ашылды (Б.Момышұлы, Шығ.). Ес жиып *ересектенгеннен* бері көргені бейнет («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕСЕКТЕНУ *Ересектен етістігінің қимыл атауы.* Баласының бойы өсіп, дауысы өзгеріп, *ересектенудің* белгілері көбейді («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕСЕКТЕУ с ы н. *Жасы үлкендеу, ересегірек.* Басқа балаларға қарағанда *ересектеу*, ес білетін Жаңабек жаңа тіршілікке көндіге алмай-ақ қойды (Б.Тоғысбаев, Ақиық). *Ересектеу* екі бала шешініп жіберіп, картқа көмектесе бастады (З.Иманбаев, Солма.гүл). Ол бізден *ересектеу* еді (О.Тәжібаев, Қара қолғап).

ЕРЕСЕКТІК з а т. *Үлкендік, өсіп ер жеткендік.* Сережаның даусында да күлкі бар, *ересектігін* білдіріп, әрі өрескел, әрі аңқау мінезімді мазақтап тұр (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). –Апа, апа, Ерден аға келді – деп, Айтбай даурыға қалды да, Әбдірахман *ересектігін* білдіргендей жүгіріп барды (Т.Дәуренбеков, Бір түйме). *// Үлкенге тән, үлкендердегідей.* Қайғырсақ, қажысақ та өз ісіміз Біз дағы *ересектік* таптық амал (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЕРЕСЕКШЕ ү с т. *Ересек тәрізденіп, ересектерге ұқсап.* Ауыл баласы жастайынан *ересекше* еңбек етіп өседі («Қаз.әдеб.»). Қаршадай бала *ересекше* сөйледі («Лен.жас»). Жас бала *ересекше* малдас құрып отыр (Ауызекі.).

ЕРЕСЕН с ы н. *Ерекше, өзгеше; орасан, ғаламат, ғажап.* Ақынның *ересен* кең білімділігі, теңіздей терең парасаттылығы, сан тарап ғылымынан жан-жақты хабардарлығы қайран қалдырды (Р.Бердібаев, Гүлістан). *Ересен* еңбекті жан ләззатына айналдырып отырған алуан түрлі адамдармен жүздестім (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.). Шөп биыл тіпті *ересен* шыққан. Ішіне енсе, түйеден басқа мал көрінбей кетеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл .).

ЕРЕСЕЮ е т. ж е р г. *Ересек болу, есею.* Ол кезде Абай *ересейіп* қалған (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Ересейіп* қалған баланы көтерген бойында Мырзахан да қуанышқа бөленіп, айналып толғанады (К.Оразалин, Ақ жаз.).

ЕРЕСІ с ы н. ж е р г. *Жасы үлкен, егде; дегдар. Ересім* жүйрік Ешнияз – Есіткен жан тоймайтын Шекермен сөзі барабар (О.Шораяқов, Шайыр).

ЕРЕТ з а т. ж е р г. *Зәкірдің жібін байлайтын ағаш.* Байқа, *е р е т к е* соқтырып алма, сындырасың (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕУ ү с т. ж е р г. *Беталды, лағып, өз бетінше.* Әлі де баяғысынша. Көші-қондыны еркектер біледі деп *е р е у* жайылып жүр (Ғ.Мүсірепов, Өмір жорығы.).

ЕРЕУЛЕ= е т. с ө й л. ***Ереуілде***. Қолға түскен қара бүркітке бола ауыл екі күн *е р е у л е г е н-д і:* соның құрметіне қой сойылған-ды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). *Е р е у л е г е н* егер дауынан Тұтамдап оқ жонбаса, Бәрін айтпа, бірін айт, Ұғынар мұны ел қайда (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Қалың жылқы қайырғанға көнбей, *е р е у л е й* жөнелді («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕУЛІ с ы н. с ө й л. ***Ереуіл***. Түбі менің бір күнім бар – «*Е р е у л і* атқа ер салар», Түбі менің бір күнім бар «Егеулі найза қолға алар», Түбі менің бір күнім бар, найзағай болып жарқ етер, Түбі менің бір күнім бар – Қылыш сүйіп ант етер (Ж.Нәбиуллин, Таныс әуендер). *Е р е у л і* елдің мүддесі ескерілмесе, таяу уақытта келісім болмайды, соны айтарсыз («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕУІЛ[1] з а т. е с к і к і т. *Жорық, жортуыл, соғыс.* Ел үшін кешіп жанынан, *Е р е у і л г е* шыққан ер, Өлексесін құшақтап, Қала берді туған жер (Дулат Бабатайұлы, Замана). Ол кешегі ел басына күн туған *е р е у і л* кезді есіне алып сәл тұрды (К.Боқасов, Әкеге қарап).

Ереуіл ат. *Шайқасқа тұсерде мінілетін ат.* Тарихи жәдігерліктер бойынша *е р е у і л а т* тіркесінің негізгі мағынасы «соғыс аты, шайқаста мінілетін ат» екендігі байқалады («Қаз. әдеб.»).

Ереуіл атқа ер салды. *Ұрыс атына ер салды, соғысқа аттанды. Е р е у і л а т қ а е р с а л м а й,* егеулі найза қолға алмай, Еңку-еңку жер шалмай... Ерлердің ісі біте ме? (Махамбет, Шығ.). *Е р е у і л а т қ а е р с а л а т ы н* күн туды, – деді күйіне дауыстап (І.Есенберлин, Қаһар).

Ереуіл жасау. ж е р г. *Іші пысу, зерігу.* Мына Нәсіболда *е р е у і л ж а с а п* отыр, оған өлең айтқызу керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРЕУІЛ[2] з а т. с а я с и. **1.** *Жалданып еңбек етуші адамдардың еңбек жағдайына қатысты әкімшіліктің алдына белгілі бір талаптар қойып, жұмысты уақытша тоқтатуы.* Американдық азаматтар да осы талаппен ақ үйдің іргесін солқылдатып, есігіне *е р е у і л м е н* барып тұр (Х.Ерғалиев, Шындық шырқайды). Нариман университетте оқып жүрген кезде, 1905 жылы төңкеріс басталды. Нариман студенттер көсемі болды, студент *е р е у і л д е р і н* басқарды (М.Дулатов, Шығ.). Жер асты шахталарында істейтін жұмысшылар еңбекақыны көтеруді талап етіп *е р е у і л г е* шықты («Жас Алаш»). **2.** *Жаппай бас көтеріс, жаппай қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік.* Сонда күні кеше жау десе еліріп шыға келетін *е р е у і л* елі қанжарымен сүйек мүжіп, найзасымен от көсеп, ошақ күзетіп қалғаны ма? (Ә.Кекілбаев, Дала.). Қалың қазақ қайықтың батып бара жатқанын білмейді. Бірақ Ақан сықылды бірен-саран ұлдары ғана болар-болмас сезген де, көпке алдымен өзінің өмірімен *е р е у і л* жасаған, оның өзінің сері, жолдастарының пері атанғаны осыдан (М.Жұмабаев, Шығ.). Таудың жота-жотасын аралап кеткен ұран сөздер *е р е у і л г е* әзірленген ел-жұртты қауіп төнген жаққа бір сәт жалт қаратқандай болды (А.Сатаев, Ақын ізі).

Ереуілге қарауыл. а) *Ісіне қарай лайықты іспен жауап беру, есесін қайтару, қысасқа қысас қылу.* Егер мұның өзін аз деп тапса, *е р е у і л г е қ а р а у ы л* деп барымтаға шығады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). ә) *Қимылға, қозғалысқа шақыратын үндеу сөз.*

Ереуіл сөз. *Ар-намысты қолдан бермеуге шақыратын өршіл рухты сөз.* Тәкежан аулы Базаралының *е р е у і л с ө з і н е* былқ еткен жоқ, қар екі жауса да үй іргесін шыммен көмдіріп алып, тағы да ықтырмасын құрғызып қойып күндіз-түн демей, кедей ауылдың пішені мен қорығын аямастан жеді де отырды (М.Әуезов, Абай). Ежелгі жыр, толғаулардағы *е р е у і л с ө з* үлгілері қазіргі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге қажет-ақ («Қаз.әдеб.»).

ЕРЕУІЛДЕ= ет. **1.** с а я с и. *Ұйымдасқан түрде наразылық білдіріп, ереуілге шығу.* Ресей халқы қазір уақытша үкіметке қарсы көтеріліс ашып, жер-жерде *е р е у і л д е п* жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Жаппай наразылық білдіріп *е р е у і л д е п* көшеге шыққан халық алаңға сыймай кетті («Қаз. әдеб.»). **2.** *Дүрлігу, жаппай қозғалу, аттану.* Аздан соң құздың басына *е р е у і л д е г е н* жаяулар шықты да, ойдағы жиынға қарады (М.Әуезов, Абай). Екі жағында екі нөкері, төменіректе нояндар, қолбасылар, *е р е у і л д е п* шаһар жаққа көз тігісе қалған (Д.Досжанов, Жібек.). **3.** а у ы с. *Көтерілу, қаулап өсу.* Шөптің *е р е у і л д е п* тұрғаны мынау: Ой, заман-ай! Бір кезде шаңы аспанға шығып жататын жер еді-ау (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаз туа өсімдік *е р е у і л д е й* көтеріліп, жер жаннат бағына айналады («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕУІЛДЕС= е т. ***Дүрлігісу***. Жиналған жұрт *е р е у і л д е с і п* түрегеп, малдардың қасына келіп тұрды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Жұрт *е р е у і л д е с е,* әлі де болған іске нанбағандай күйде тарасып кетті (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық). Екі жақ *е р е у і л д е с і п* тұрғанда араға Мыңбай қарттың жас албырт баласы Бекен түсті (А.Нұрқанов, Дала қыраны).

ЕРЕУІЛДЕСУ *Ереуілдес етістігінің қимыл атауы. Жаппай көтерілісу, дүрлігісу.* Таяу Шығыс елдерінің халқы қырық жылдай *е р е у і л д е с у м е н* келеді («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕУІЛДЕТ= е т. *Дүрліктіру, жаппай қозғалысқа келтіру.* Қалың әскер қалаға сап түзеп, дабылдатып, *е р е у і л д е т е* кірді («Лен. жас»). Баяғыда екі теңіздің арасын *е р е у і л д е т к е н* Есет бар емес пе, біздің жиен, әне, сол (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ЕРЕУІЛДЕТУ *Ереуілдет етістігінің қимыл атауы;* Франция жастары әрбір 20-30 жыл сайын жаңа талаптармен көшеге шығып, *е р е у і л д е т у м е н* келеді («Лен. жас»). *Е р е у і л д е т у д і ң* уақыты өтіп, мәмілелесудің заманы туды емес пе? («Қаз. әдеб.»).

ЕРЕУІЛДЕУ *Ереуілде етістігінің қимыл атауы. Дүрлігу, жаппай көтерілу.* Россия әлі аласапыран. Бір керемет дауыл көтерілгелі тұрғандай. Ел *е р е у і л д е у л і* (Ж.Мусин, Таң нұры). *Е р е у і л д е у д і ң* нәтижесі оның жөні мен ретін, тәсілін білуге де байланысты болады («Лен. жас»).

ЕРЕУІЛДІ с ы н. **1.** *Дүрліккен, бас көтерген, ереуіл үстіндегі.* Патша үкіметі ұлт-азаттық қозғалысын, *е р е у і л д і* елді қарудың күшімен басуды ойлады («Қаз.әдеб.»). **2.** а у ы с. *Мазасыз, тынымсыз.* Бет аузын әжім қаптаған, екі көзі қанталап, Өңінде *е р е у і л д і* үйқысыз түндердің ізі сайрап тұр (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЕРЕУІЛШІ з а т. *Ереуіл жасаушы, ереуілге шығушы.* Бұнымен қатар орыс бекіністерін қазақ *е р е у і л ш і л е р і н е н* сақтау үшін қазақ жеріне қарулы әскер шығаруға указ берді (І.Есенберлин, Жанталас). Одан бергі Есет заманында да талай *е р е у і л ш і г е* бас сауға болған жиде тоғайлар келе-келе азайған (Ә.Кекілбаев, Құсқанаты). Екінші қатардағы *е р е у і л ш і л е р д і ң* ішінде мен танитындардан Бейсенбай Үмбетаев пен Садри Нұрымов (Қ.Әміров, Өшпес жұлдыз.).

ЕРЕУІЛШІЛ с ы н. *Ереуілге қатысушы, ереуілді қолдаушы.* Шу дегенде Кенесарыға қарсы шыққан аға сұлтан Жамантай осы кісінің ақылы арқасында соңғы кезде *е р е у і л ш і л д е р г е* қарсы келмей, бұғып қалуға көше бастаған (І.Есенберлин, Қаһар). Жалын аралас қышқыл қара түтіннің арасымен келе жатқан *е р е у і л ш і л* елдің бел ортасындағы Құрманғазының келбеті де алға қадам басқан сайын түтігіп, қарая түсті (А.Сатаев, Дала күй.). Ол XIX ғасырдағы қазақ еңбекшілерінің хандарға қарсы көтерілісінің көсемдерінің бірі болумен қатар, тамаша ақын, *е р е у і л ш і л* қайсар жан еді («Лен. жас»).

ЕРЖЕТ= е т. *Кәмелетке толу, ересек жасқа жету.* Бірақ қанша айтқанмен бай үйдің, бар үйдің баласы емес пе, Барлыбай ертерек *е р ж е т т і* (З.Шүкіров, Қиын түйін). Таудан мен жаратылған киіктің сүтін еміп *е р ж е т к е н м і н*, Қуат алып қыранның қанатынан (М.Мақатаев, Аққулар.). Заман оңала бастағанда Көпекбай балалары шеттерінен жігерлі, қасқыр жігіттер болып *е р ж е т т і* (Б.Соқпақбаев, Бастан кешкен).

ЕРЖЕТУ *Ержет етістігінің қимыл атауы.* Байжан соңыра *е р ж е т у г е* қадам басқанда да, балаға деген сол салқындылығынан айныған жоқ (Қ.Ахметбеков, Құштар көңіл). Бар медеуім Жұлдызым ғана. Соның тез *е р ж е т у і н* тілеймін (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЕРЖҮРЕК с ы н. *Жүрек жұтқан, батыр, жүректі.* Оқыған, әтіретке жазылам дейтін *е р ж ү р е к т і* жігіттер жоқ па? Қазақ бір заманда жауынгер жұрт емес пе еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еспенбеттей *е р ж ү р е к* Қолмен бірге келеді, Топ «шу» десе, Ақбөрте Артына шаңды боратып (Дулат Бабатайұлы // XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЕРИ-ЕРІМЕС ү с т. *Еріп бітпей жатып.* Ауа райы жақсы болған жылдары қой бағушы шопандар қар *е р и - е р і м е с* жайлауға шығуға асығады («Лен.жас»). Оңтүстік өлкелерде қар *е р и - е р і м е с т е н*-ақ жер көктей бастайды («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕ с ы н. **1.** *Бұла болып өскен, шолжаң, ерке-тотай.* Қара жерден қар кетіп, Жерді басқан – бір мұрат. Ер Төстік батыр сенбісің, Елеместің *е р к е с і*, Отыз ұлдың кенжесі Өзіңдей болып туады «Тәңірдің» сүйген пендесі (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Е р к е* бала ер болмас (Мақал). **2.** *Беткеңстар, қадірлі, сыйлы, құрметті.* Мекен қып құздың қиясын, Бұлтқа салған ұясын. Айнадай көрген аймағын, Түйінін шешкен айланың, Жерге қонбай ұша алмас Көк *е р к е с і* қыран да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол Аманкелдіні қозғамай-ақ қойыңдар, – деді Ералы. – «Қойдың *е р к е с і* – серке, ел *е р к е с і* – Ер», – деген елде мақал бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). **3.** а у ы с. *Асау, буырқанған, тасыған.* Тұранның таулары бар аспанға асқан, Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан. Бауырында *е р к е* бұлақ салады ойнақ, Жаралып таудан аққан салқын жастан (М.Жұмабаев, Шығ.). Қандай күнде жатыр екен көрейін, Ер қазақтың еркін өскен баласын. Баяғыдай еркіншілік бар ма екен? Өз көзімен *е р к е* көңілің қарасын (М.Дулатов, Шығ.).

ЕРКЕ-БҰЛАН с ы н. *Әлпештеген, қағу-соғу көрмеген.* ≈ *Е р к е - б ұ л а н* бала. // *Біреудің әлпештеген аяулылары, ерке-шолжаң баласы.* Әліпбектің үйін қала халқы да босатпайды, Бұлар – ірі байлардың, ақсүйектердің *е р к е - б ұ л а н д а р ы* (З. Ақышев, Ақбел.). Шетінен *е р к е - б ұ л а н,* әкелері мен шешелерінің

жалғызы (Р.Тоқтаров, Ертіс.). // *Қағу-соғу көрсетпей, бетінен қақпай.* Шал мен кемпір ортасындағы бір қызды бетінен қақпай *е р к е б ұ л а н д а у* өсірді (Б.Шаханов, Қаратау.).

ЕРКЕЖАН з а т. с ө й л. *Жеңгесінің қайын сіңлісін еркелетіп атауы.* Сен де жат, *Е р к е ж а н,* деді жеңгей күлімсіреп (Б.Майлин, Азамат.). «Өзіңді өзің, *е р к е ж а н,* алдамашы, Орындалмас үмітті жалғамашы. Қарапайым қараны қашан сүйген, Қолда өскен қайырымсыз хан баласы (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕРКЕЙТ= е т. *Еркелетіп, бет қақпай өсіру.* Бауырларын *е р к е й т і п,* Не сұраса қақпаған. Бүлдіруші ең үндемей Істі қылған жақпаған (Абай, Тол. жин.).

ЕРКЕЙТУ *Еркейт етістігінің қимыл атауы.* Баласы есейіп кетсе де *е р к е й т у і н* қоймады (Ауызекі).

ЕРКЕК[1] з а т. **1.** б и о л. *Хайуанаттардың, басқа да жанды тіршілік иелерінің тұқым шашатын жыныстылары. Е р к е к* қозылар мен ұрғашы қозыларды жеке-жеке отарға ұйымдастыру керек (Шопан серігі). Айыр тұяқ аң атауларының *е р к е г і* көктемнен бастап ұрғашыларынан бөлінеді (С.Мұқанов, Саяхаттар). **2.** *Ер жынысты адам.* Бибігүл мен Смағұл тәтем отаса алмады, біраз уақыттан кейін екеуі ажырасып кетті. Біздің үйде кілең *е р к е к т е р* қалдық (Б.Соқпақбаев, Балалық). *Е р к е к* өз орнында ғана *е р к е к,* мына жұмысқа шорқақ. Бере тұршы деп от жағуға өзі кірісіп кетті (З.Иманбаев, Кең аймақ). «*Е р к е к* көктен түскен жоқ, Бәрі адамның баласы. Әйел жерден шыққан жоқ, Қыз бен ұлдың анасы. Жауыз патша тұсында Әйелдің бар ма ед бағасы. Көк пен жердей еді ғой Ер, әйелдің арасы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жарылған тиіп кетсе қағанақтай, Жаратқан бүйтіп шетін жаны құрсын Мінгізген қылдан тайсаң ағаш атқа, Өзімшіл *е р к е к т е р д і ң* заңы құрсын (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Әйелдің некелеп қосылған күйеуі, жұбайы. Е р к е г і* ашу айтса, әйелі басу айтады деуші еді. Сен, тіпті, ердің аузы бармайтын сөзді де айттың ғой (М.Әуезов, Қараш.). Анадай екі әйелді бір үйде қатар ұстау осал *е р к е к т і ң* қолынан келе бермейді ғой (Б.Тілегенов, Аққайнар). Өмірден ләззат алу, көңіл соғу, Жалғыз-ақ *е р к е к к е* адал, бізге арам ба? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** *Күшті, мықты ер адам, нағыз жігіт.* Ойлан, жуас жан іздеген, жар іздеген, жас талап, Өмір сенің күткеніңнен әлдеқайда басқарақ, *Е р к е к* сұлу көрінбей ме еркімен, Еркіндіктің нұры ойнаған көркімен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Алтын басты еркек. *Ер азамат, нағыз жігіт. «А л т ы н б а с т ы» е р к е к к е* «Борық бас» боп ердік біз Шапса басың, алса жан – ықтиярын бердік біз (Б.Күлеев).

Еркек алтын [күміс]. з е р г. *Төмен сапалы, өңделмеген, қоспасы бар алтын не күміс. Е р к е к а л т ы н* болып шықпасын, байқа (Ауызекі.).

Еркек бала. *Ер жынысты бала, үл. Е р к е к б а л а* сен болсаң Өлеңім бәрі кетсе де, Лямай бата берер ем (Айтыс).

Еркек балаша. *Үл баладай, жігіт сияқты.* Жамалды *е р к е к б а л а ш а* киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді. Қыз деп айтқан адамдарға ашуланып та қалған күндері болды (М.Дулатов, Шығ.).

Еркек басыңмен. к е ю. *Еркек бола тұрып.* Бетім-ау, жұрттан ұят қой. Оның не *еркек басыңмен,* – деп жұбаныш айтты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Еркек жіп. э т н. қ о л ө н е р. *Күзуде болып, үнемі үске шығып отыратын өрмектің жібі, оны ерсісі деп те атайды.* Кейде үстіңгісі *е р к е к ж і п,* астыңғысы ұрғашы жіп деп аталады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Еркек кіндік [кіндікті]. *Еркек атаулы, еркек біткен, еркек баласы.* Әке-шешесі әлдеқашан қайтыс болған, *е р к е к к і н д і к т і* жалғыз Сапар жас басынан жетім боп, ешкімнің тепкісінде шіріген жоқ (Ғ.Сланов). Үй-үйдің ортасында *е р к е к к і н д і к т е н* менен төрт-бес жасы үлкен ағай бар (Б.Тұрсынбаев).

Еркек қиық көз. *Нағыз еркектерше қарап, тани білетін қырағы көз.* Оны қызықтайтын, *е р к е к қ и ы қ к ө з* қайда. Өзді-өзі қалжыңмен, қағытумен тынады (Т.Иманбеков, Үш ай).

Еркек қой. *Бойдақ қой.* Екі жастан асқан қоздайтын қойды саулық, ал піштірілген еркегін құнан немесе қой, дөнен қой, бесті қой, бестен асқанын ақ ауыз қой немесе *е р к е к қ о й,* бойдақ қой дей береді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Е р к е к қ о й д ы ң* терісі ұрғашы қойдың терісінен берік, мықты келеді (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

Еркек қойын аударады. *Еркек малды ұрғашы малға ауыстыру, мал өнімін өсіру.* Мың-мыңнан қойды аз деп жүрген манап, *Е р к е к қ о й ы н а у д а р ғ а н* пайда қалап, Күнге сеніп мәз болып күлімдейді, Арпа менен бидайдың басын санап (Майлықожа).

Еркек мінез. *Кесіп бір-ақ айтатын ер адамға лайық мінез.* Әйтеуір *е р к е к м і н е* з. Ұсақтық емес, ірілік. Соларын ұнатамын жатақханадағы қыздардың (С.Бердіқұлов, Егеулі.).

Еркек тіс. з е р г. *Күміспен әшекейленген сүйек тарақтың ірі тістері.*

Еркек усасыр. ө с. <лат. dryopteris filix mas> *Тамыр сабағы жуан, қоңырқай түсті, көлбеу өсетін, көптеген жіңішке, қосалқы тамырлары бар, биіктігі 1 м-ге дейін жететін көпжылдық, шөптектес өсімдік. Е р к е к у с а с ы р* қылқан жапырақты ормандарда, бұталардың арасында,

таулы беткейлерде өседі (Ә.Іскендіров, Дәрілік өсімдіктер).

ЕРКЕК[2] з а т. өс. <лат. argopyron pectiniferme> *Сояуының ұшына масақ салып, шоқ-шоқ боп өсетін бидайық тұқымдас қыр шөбі.* Жоңырышқа жоқ болса, *е р к е к т е н* орын әкеле салсақ да болады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Еркекбетеге з а т. ө с. <лат. festuca giganthea> *Астық тұқымдасы бетеге туысына жататын өсімдік.*

Еркекбидайық з а т. ө с. <лат. agropiron cristatum> *Астық тұқымдасы бидайық туысына жататын өсімдік.* ≈ *Е р к е к б и д а й ы қ т ы ң* сабағы.

Еркекгүл з а т. б о т. *Жеміс бермейтін гүл.* ≈ Қиярдың *е р к е к г ү л і.*

ЕРКЕКЖАНДЫ с ы н. *Ерлігі мінезді, қайратты.* Менен сен екі есе мықтысың, қайратты, *е р к е к ж а н д ы с ы ң.* Әйел қасиетінен гөрі сенде ердің ерлік қасиеті барырақ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Ал әлдебір себептермен шын жылағандар *«е р к е к ж а н д ы»* екен деген қаңқудан қорынып, қатардан озбай үнсіз егілетін (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЕРКЕККАМЫС з а т. ө с. <лат. erianthus> *Астық тұқымдасы еркекқамыс туысына жататын өсімдік.* ≈ *Е р к е к қ а м ы с т ы ң* жапырағы.

Қызғылт еркекқамыс. ө с. <лат. erianthus purpurascens> *Астық тұқымдасы еркекқамыс туысына жататын өсімдік түрі.* ≈ *Қ ы з ғ ы л т е р к е к қ а м ы с* сабағы.

ЕРКЕКЕҚЫРЫҚҚҰЛАҚ. з а т. ө с. <лат. *pteridium> Кәдімгі қырыққұлақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* Біздің жерде *е р к е к қ ы р ы қ қ ұ л а қ* көп өседі («Лен. жас»).

ЕРКЕКСУ *Еркексі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еркектігін көрсету, еркек болғансу, дікілдеу.* Жантас екі күннің бірінде айбат көрсетіп, ашу шақырып, *е р к е к с у д е н* бір танбады («Қаз. әдеб.»). *Е р к е к с у* – ер азаматқа жат қылық («Лен. жас»). **2.** *Еркекті аңсау, ер адамды сағыну.* Күйеуі Тайжанның жол апатынан қаза болғанына он жылдан астам уақыт өтсе де жас келіншектің *е р к е к с у і н* байқамадық («Лен. жас»). Жиырма бестен жаңада ғана асқан жас әйелдің *е р к е к с у і* табиғи нәрсе («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕКСІ= е т. **1.** *Еркекке ұқсағансу, өзін еркек санау.* Жанбайдың *е р к е к с і п* қолын шошаңдатып нұқылап шымшылағанына қарамастан ішке қарай дырылдатып сүйрей жөнелді (С.Мұратбеков, Жабайы алма). **2.** *Еркек болғансу, қоқаңдау.* Жөнді-жөнсіз *е р к е к с і п* қоқаңдаған адамның үйінде береке бола ма, мазаны алып бітті («Қаз. әдеб.»). **3.** *Еркекті аңсау, еркекті сағыну. Е р к е к с і п* қалған әйелдерді оңай иемденеміз, – деп ар-ұятын алшақ кеткендер көп ішінен арағідік көрініп қап жүрді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЕРКЕКСІЗ с ы н. *Еркегі жоқ, еркек болмаған жерде.* Қасында сақау Мәмбеттен басқа қол қатар серігі жоқ Омарды әдейі *е р к е к с і з,* өңкей әйелдері ғана қалған ауылға түсіреді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Күнсіз жер жоқ, жерсіз су жоқ. Бұл табиғат гармониясы. Адам да сондай. *Е р к е к с і з* әйел жоқ (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

ЕРКЕКСІН= е т. *Ерсіну, ер адамсыну.* Бәкір де өзгелерге еліктеп, *е р к е к с і н і п* мылтық асынғанымен, оны атуды білмейтін (О.Сәрсенбаев, Жиде.). *Е р к е к с і н і п* үйіңе кеп жолдасыңа қажеті не, өмірдің таласы көп (А.Лекеров, Өмір оты).

ЕРКЕКСІНУ *Еркексін етістігінің қимыл атауы; еркек болғансу, қоқаңдау.* Жөнсіз едіреңдеп *е р к е к с і н у* адамның қадірін кетіреді («Қаз.әдеб.»). Қожағұлдың *е р к е к с і н у і н е* шыдай алмаған Жамал ақыры төркініне кетіп тынды («Лен. жас»).

ЕРКЕКСІРЕ= е т. *Ер-азаматты, еркекті аңсау, сағыну, жоқтау.* Ойлап қарасаң – байлық, барлықтың, бақыттың арты бір тұтам. Қарық қылдым дегені *е р к е к с і р е г е н* қатынның бір ықыласындай ғана баянсыз... (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕРКЕКСІРЕУ *Еркексіре етістігінің қимыл атауы.* Бір арманым осы балаларымды жетілдіру болды, бай іздеп, *е р к е к с і р е у г е* уақытым болмады («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕКТАС з а т. *Диірменнің үстіңгі тасы.* Қол диірменнің үстіңгі бөлігін *е р к е к т а с* дейді (Ауызекі).

ЕРКЕКТЕ: еркектеп кетті. ж е р г. *Көкөніс (көбіне қауын-қарбызға қатысты) түйінді аз салды, түсімді аз берді.* Біздің салған қауынымыз *е р к е к т е п к е т т і* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРКЕКТЕЙ[1] с ы н. *Еркек сияқты, еркекке ұқсас.* Сонау сұрапыл соғыс жылдары әйелдердің *е р к е к т е й* еңбек еткендігі ақиқат («Қаз. әдеб.»).

Бір еркектей намысы бар. *Ер жігітке жетерлік рухы бар.* Жыламашы, шыдап бақшы, ерсің ғой, бар емес пе еді *б і р е р к е к т е й н а м ы с ы ң* (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ЕРКЕКТЕЙ[2] с ы н. *Еркекшөп сияқты.* Ажалдан үркіп жан таппай безген неміс солдаттары шебер шалғышы сүйкеп өткен бір түр *е р к е к т е й* жусап қалды (Ә.Нұрпейісов).

ЕРКЕКТІК з а т. **1.** *Еркек адамға тән қадір-қасиет, қайсарлық, мықтылық. Е р к е к т і г і ң д і* көрсетіп, өзіңді-өзің қолыңа ал, өз тағдырыңа

қожа бол (І.Есенберлин, Көлеңкеңмен.). Бәлкім жаға жыртылуы, Дей көрме оны тентектік, Тентектік боп көрінеді кейде нағыз *е р к е к т і к* (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Жалпы еркек жынысқа тән қасиет; мінез-құлық.* Енді Бике оның *е р к е к т і к* көрсеткенін тілейді, Бике үміттенді, күтті, онда Бике, әрине, қарсы қимыл қылмақшы ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қой етінің дәмі де, оның ұрғашы, *е р к е к т і г і н е* байланысты («Қаз. әдеб.»). **3.** *Дөрекілену, қоқаңдау.* Кейде осы Ұзақтың *е р к е к т і к* көрсетіп, Қатша апайға қамшы ала жүгіретіні бар (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЕРКЕКТІС з а т. *Шаштарақтың ірі және сирек тістері.* Тарақтың *е р к е к т і с т е р і м е н* тарану ыңғайлы (Ауызекі). *Е р к е к т і с* – шаштарақтың ірі және сирек тістері (С.Қасиманов, Қаз. қолөнер.).

ЕРКЕК-ҰРҒАШЫ з а т. **1.** *Жануарлардың аталық, аналық жыныстары.* Мен ондай құйтырқыңды білмеймін. Шынымды айтсам, қойдың *е р к е к - ұ р ғ а ш ы с ы н* айыра да білмеймін (З.Шүкіров, Қиын түйін). **2.** қ а р а п. *Еркек пен әйел біткен, бәрі де.* Қиырбай аулының *е р к е к - ұ р ғ а ш ы л а р ы* тысқа шығып, жігіттерді аттандырып қала берді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕРКЕК-ҰРҒАШЫЛЫ с ы н. *Еркегі де, ұрғашысы да бар.* Сіз үшін *е р к е к - ұ р ғ а ш ы л ы* сегіз мал (түйе, сиыр, ешкі, қой) жаратты (М.Тоқжігітов, Құран тур.). Иті *е р к е к - ұ р ғ а ш ы л ы* алты күшік туды («Лен. жас»).

ЕРКЕКШЕ ү с т. *Еркек сияқтанып, еркекке ұқсап.* Не десең соған нанады. Ағатайымның баржоғын білдірмейді. Келген кісімен *е р к е к ш е* сөйлеседі. Менің көзімді ашқан со жеңгем ғой, әйтпесе... (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Е р к е к ш е* киінген әйелдер біз тоқтаған лашыққа ағылып келе бастады (С.Омаров, Әңгім.). Қаз мойын қазан ат *е р к е к ш е* киінген қыпшақ қызын алып, көз ұшында ағып кетіп барады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЕРКЕК-ШОРА с ы н. *Ұл балаша киініп, еркін өскен (қыз).* Мәмбетей өсіп-өнді барабара, Сол таптан бір бай шықты жеке-дара, Ол байдың он бес жасар қызы Мамыр, Әрі сұлу, әрі есті, *е р к е к - ш о р а* (Шәкәрім, Өлең. мен поэм.). Жыртық шалбар киіп *«е р к е к - ш о р а»* болып жүреді деп естіген (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ұлпан бала күнінен *е р к е к - ш о р а* болып ерке өсіп еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). *Е р к е к - ш о р а* қыздардың жігіттермен бірге жүретін әдеті. Ханшайым нағыз бала жігіт тәрізді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЕРКЕК-ШОРАЛАУ с ы н. *Еркек бала тәрізділеу, еркекке ұқсастау.* Таңсәріде үш адам екі жігіт пен *е р к е к - ш о р а л а у* киінген бір қыз бала ауылдан асығыс аттанып кетті («Қаз. әдеб.»). Мінезі *е р к е к - ш о р а л а у*, адуын болғанымен, отбасына тыныш Зиба аяқ астынан жын қаққандай езуінен көбік атып бүлініп шыға келді (Ә.Сараев, Тоскауыл).

ЕРКЕК-ШОРАЛЫҚ з а т. *Еркекке ұқсастық, ұл бала сияқтылық.* Денесі ғана емес, сөзі де, мінезі де ірі, *е р к е к - ш о р а л ы ғ ы* басым осы әйел сонда отырғандардың кейбіреуіне ұнамаса да, Ғанидың жанына жағып кетті (М.Иманжанов, Көк белес). Бұл *е р к е к - ш о р а л ы қ* моданың өмірі ұзақ болмас деймін, себебі бұл мода әйелдердің табиғи сұлулығын көлеңкелейді («Лен. жас»).

ЕРКЕК-ШОРАША ү с т. *Ұл балаға ұқсап, сол тәрізденіп.* Бірақ Айғаным келе жатқан хабары естілгенше «ұлдығын» өзгертпей, *е р к е к - ш о р а ш а* киініп жүре берген (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ат жарыста екінші келген торының үстіндегі бала – *е р к е к - ш о р а ш а* киінген қыз болып шықты («Лен. жас»).

ЕРКЕКШӨП з а т. ө с. <лат. agroryrom> *Құмды жерде шоқ-шоқ боп өсетін бидайық тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік; еркекбидайық.* Мойынқұмның жайылымдарында көбінесе құрақ, *е р к е к ш ө п*, жусан және жүзген өседі (Т.Әпсембетов, Саулықтар). Осы шөптердің ішінде көбірек кездесетіндер: *е р к е к ш ө п*, арпабас, бидайық (Б.Мұқанов, Қазақст. өсімдік.).

Құм еркекшөбі. ө с. <лат. fragile> *Сібір бидайығы бидайық туысына жататын өсімдік түрі.*

ЕРКЕКШІЛЕ= е т. *Еркек сияқтану, ер адамға ұқсау.* Оның сөздері батыр адамдай кесек болатын еді, біреуді тілдегісі келсе *е р к е к ш і л е п* боқтайтын еді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Көңілі түссе *е р к е к ш і л е п* боқтап жіберетін жарқылдаған ақ көңіл адам еді (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЕРКЕКШІЛЕУ *Еркекшіле етістігінің қимыл атауы.* Айтар сөз бен киер киім түрін *е р к е к ш і л е у* модаға айналған кездер де болды («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕЛЕ= е т. **1.** *Баланың ата-анаға, жасы кішілердің үлкен адамға еркетотайлануы, шолжаңдауы.* Сәбидің шешесіне *е р к е л е п*, мәре-сәре боп қалғанын көргенде, бейтаныс әйел, бір ауыз сөзге келместен, еңіреп қоя берді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Біз де асау ек, осы өзендей тентек ек, Өстік ата-анамызға *е р к е л е п*. Бірге жүрдік, бірге ойнадық, таластық, Таластық та тағы қайта жарастық, Балалықта болмайды екен оғаштық (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қазақтың үлкен дәстүрінің бірі – үлкенді сыйлай білу, үлкенге *е р к е л е й* білу (Б.Момышұлы, Ол күндер). **2.** *Жақсы көріп еркінсу, иек арту, өзімсу.* Алатау, туып өстім алабында, Жетісу

желі жұпар самалында, Атанып әнші-ақын *еркеледім*, Сауықшыл қырғызы мен қазағына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ол күйеуінің иығына *еркелей* асылды. Бұнысы да жаңалық (М.Дүйсенов, Меймандар). Күлзия Мәуленнің мойнына асылып, басын кеудесіне қойып, өзімен бірге жігітті де шайқап *еркелей* тербетіледі (Ө.Ахметов, Алтын арқау). **3.** *Наздану, жақсы көріп еркетайлану.* Он бір жасар Ернар үйге ентіге кірді. Кіре бергенде анасына *еркелей* үн қатты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **4.** а у ы с. *Ит иесін танып бұлаң қағуы, арсаландауы.* Құйрығын былғап *еркелеп* Қылды ықылас шындықтан. Күліп шулап, кірсе үйге, Самауыр тұр бу шыққан. Тойып алып тамаққа, Балалар жатып тыныққан (М.Дулатов, Шығ.). Ол таяна бергенде ат үстіндегі иесін танып, құйрығын бұлғаңдатып, *еркелеп*, бір ол жағына, бір бұл жағына шықты (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЕРКЕЛЕГІШ с ы н. *Еркелеуді жақсы көретін, ұнататын.* Рас, аздап нұр жүзінде әжім бар, әжіміннің өзінде де жазық бар. Көктемің бар, күзің менен қысың бар, *Еркелегіш* нәзік гүлдей назың бар (Е. Ибраһим, Көкше.). Өзіміз еркелеуге зар болып өскендіктен, балаларды *еркелегіш* қылып өсірдік («Лен. жас»).

ЕРКЕЛЕН= е т. **1.** *Наздану, еркетотайлану.* Әжесіне *еркелене* әдеппен келіп Шоқан бетінен иіскеткенде, Жақып та еттілеу томпақ бетін төседі (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Еркінсу, өзімсіну.* Сана жүзіне кенет қан жүгіріп, күйеуіне *еркелене* сөйледі (Т.Нұртазин, Мұрат). Жания аяз сүйген алма беттерінен бақыт ишарасын сездіріп, *еркелене* күледі (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Тәңірінің күні жарқырап, Үйқыдан көңіл ашар көз. Қуатты ойдан бас құрап, *Еркелеңіп* шығар сөз (Абай, Тол. жин.).

ЕРКЕЛЕС= е т. *Назданысу, бір-бірін еркелету.* Осындай жақсы әйелді жолдас еткеніме қуанам. Екеуміз осы күні кәдімгідей *еркелесеміз* (Б.Нұржекеев, Күй толғау). Бір бұтаға қонақтап қос қарлығаш, *Еркелескен*, назданып, таранысқан (Ә.Абайділданов, Шың. шырақ). Екі жастың бір-біріне ықыласы өзгеше, бейне *еркелескен* қос кептер іспеттес («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕЛЕСУ *Еркелес етістігінің қимыл атауы.* Жас сәбилердің бір-бірімен тіл қатысуына, бір-біріне *еркелесуіне* қарап ұзақ тұрып қалыпты («Лен. жас»). *Еркелесу* – тірі жанның бәріне де ортақ жарастық (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

ЕРКЕЛЕТ= е т. **1.** *Ата-ананың, жасы үлкен адамның балаға, өзінен кішіге еркелеуіне мүмкіндік жасау.* Кейбір адамдардың баланың өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы *еркелетіп* әдейі тілдерін бұзып, балаша шолжыңдап сақау болып сөйлейтіндері бар (М.Жұмабаев, Шығ.). Пұшпақты ілген тұсына, Қарап қояд құсына, *Еркелеткен* жүзбенен. Қалдырмай бәрін біріндеп, Соғып отыр күлімдеп, Мақтанышты сөзбенен (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Наз білдірту, еркінсіту, иек артқызу.* Перзенті жоқ Есеней Ұлпанды енді тіпті қадірлеп, бұрынғыдан бетер *еркелеткен* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Теңедің сәби кезде балапанға, Өсірдің *еркелетіп* алақанда (Пернедегі термелер). Қазақ деген халықтың баласымын, Жолға тастап кетпейтін жан асығын. Қарындасын қызындай *еркелетіп*, Аялайтын гүліндей даласының (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

ЕРКЕЛЕТУ *Еркелет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еркелеуге мүмкіндік жасау, шолжаңдату.* Үйде болса тоң-торыс. Тіл қатысу жоқ. Үш жасар ұлдың маңдайынан иіскеп *еркелетуден* де қалды (З.Ақышев, Ақбел.). Далбай әке болып, баланы мойнына мінгізіп *еркелетуді* білсе, Әйкен ер-азаматты күтуде осы күндерді басынан кешті (Ә.Бөриев, Ақ бидай). **2.** а у ы с. *Қастерлеу, қадірлеу.* Әмірені халықтың еркекше *еркелетуіне* бірінші себеп оның әні болса, екінші себеп осы мінезі еді (М.Тоқжігітов, Ән атасы.).

ЕРКЕЛЕУ[1] с ы н. *Еркелегіштеу, шолжаңдау.* Хайдар *еркелеу* болды. Бірақ еркелігін әкесіне ғана жасайтын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Келіншектің орынды кінәсы жанды жерімізге тигенмен, ошақ әзіл-қалжыңы, кісіні билеп-төстеп сөйлейтін *еркелеу* мінезі ұнап барады (С.Асылбеков, Оттан да ыстық.). Алдында аға, артында інілері болғандықтан, Қынама *еркелеу* де еркіндеу өсті (А.Жанкелдин, Өткен күн.).

ЕРКЕЛЕУ[2] *Еркеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ерке тотайлану, шолжаңдау.* Кешеден бері осы бала асыр салып *еркелеу* тұрсын, ойыннан да қалды (Т.Ахтанов, Шырағың.). **2.** *Назданып, еркінсу, өзімсіну.* Кәмшат әйелдің күйеуіне *еркелеуін* ерсі санайтын (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Ең шешуші кез келгенде, тілің тістеп тұрып қалдың. Еңселім деп ойлаушы едім. *Еркелеушіем* ерге балап, Ең шешуші кез келгенде тұрып қалдың жерге қарап (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЕРКЕЛІ с ы н. *Назды, еркелегіш, сүйкімді. Еркелі* нәзік қолмен маған тиді, Ұмытпа деп айрылған жерде берді. Қан соғарлар жүзіңе жас сорғалап, Қайғымен өртенгеннің белгісі еді (Абай, Тол. жин.). Бір сенің ғана жаныңда, Сенің ғана құшағыңда, Еркелі, майда көзіңмен, *Еркелі* тәтті сөзіңмен, Жансая табам ба десем, Жарамды жазам ба десем, Сен де мені отқа салдың ба?.. (Ж.Аймауытов, Шығ.). Соны айтып, төргі үйден гүлді жібек халат киіп

шықты да, қонағына *е р к е л і* жанарын бір төңкеріп, сылаң жүріспен ас үй жаққа бет алды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Сақыш Айшаның қасына келіп, белі кеткен түлкідей қираландап, өтірік күліп: – Апа, – деді *е р к е л і* үнмен (М.Дүйсенов, Гүлжан сүйеді).

ЕРКЕЛІК з а т. **1.** *Бұла боп өскендік, еркетайлық, еркелеушілік, шолжаңдық.* Есею тым ерте басталып, *Е р к е л і к* базарын ашпадық. Тірегім тірлікте сол шығар, Үйрендім өзімді басқарып (К.Салықов, Жезкиік.). Жалғыз ұлы Сәтжанның *е р к е л і г і н* емірене қарсы алған ана баласының бүгінгі қуанышында айрықша сыр барын сезді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). **2.** *Наздық, еркінсушілік.* Келіншектің үнінде өзімсінген еркіндік пен *е р к е л і к* бар (С.Досанов, Қыран.).

ЕРКЕМ з а т. э к с п р. э т н. *Қазақ ғұрпында жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.* – Ә, – деп ойлады Асқар, – жас қызды бұл *Е р к е м* дейді екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Жеңгесінің *– Е р к е м,* әй, *Е р к е м!* – деп шақырған даусы естілді (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЕРКЕ-МОМАҚАН с ы н. *Жуас, момын, ерке.* Мұрат бала күнінде бірдеме сатып әпер деп жалынғанда, тап осылай, *е р к е - м о м а қ а н* кескінмен сөйлейтін (Р.Тоқтаров, Терістік.).

ЕРКЕ-НАЗ з а т. *Жақынсынған адамға білдіретін, айтатын назы, көңіл сыры, еркелік.* Гүлбанудың мына қылығы әйел бойына жарасымды *е р к е - н а з* бәрін ұмыттырып жіберді (А.Байтанаев, Қансонар). Харитон мойындағы қарызын өтеп тастап, көңілі тынған кісіше, нәзік жанды мүләйім кейпінен әлдеқандай терең сыр аңғартып, *е р к е - н а з* пішінмен Сейілбекке қарап отырды (С.Омаров, Қызыл арай). Өлген торының *е р к е - н а з ы,* бұйрығы да бір өзінде, жұдырықтай бұлтық-бұлтық, буын-буын шолақ кісінесі (А.Сүлейменов, Бесін).

ЕРКЕ-НАЗДЫ с ы н. *Ерке-назы бар.* Шырша жапырақтары әлде бір қуанышты, *е р к е - н а з д ы,* жақсы нәрселер туралы әңгіме айтып тұрғандай (Қ.Қайсенов, Жау тылы). Жарасымды *е р к е - н а з д ы* баладан есті қыз өсіп шығатыны кәміл («Лен. жас»).

ЕРКЕСОҚ с ы н. ж е р г. *Ерке-бұла, шолжаң.* Олардың бір *е р к е с о қ* баласы мен екі қызалақ саласы бар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРКЕСУ *Еркесі етістігінің қимыл атауы. Е р к е с у д е н* түк те шықпайтынын аңғарған Санжар әкесін мазалауды қойып, енді шешесінің құлағына әлденені сыбырлап айтып жатты («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕСЫМАҚ с ы н. *Еркеге ұқсағансу, соған еліктеу.* Біз екеуміз жай ғана әйел емес, *е р к е с ы м а қ* шолжаңбыз ғой, Алма (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). // *Еркеге ұқсаған, еліктеген адам.* Ол кезде бай ауылдың *е р к е с ы м а қ,* ерке тотайлары мұндай қара сирақ жалшының баласын менсінуші ме еді («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕСІ= е т. *Ерке болып алу, еркінсу, еркелік жасағансу, дандайсу.* Еңбегі жоқ *е р к е с і п,* Бір шолақпен серкесіп, Пысық деген ат шықты (Абай, Тол. жин.). Жүргізілер күн жақындап қалды, – деп, ауылнай, болыстың күн аралатпай жіберіп жатқан шабармандарынан *е р к е с і п* алған жігіттер айылын да жиятын емес (А.Хангелдин, Қараторғай). Бетімен бұла болып, шолжаң қылықты *е р к е с і п* өскен баладан естияр жап-жақсы азаматтың шығуы ғажап-ақ («Лен. жас»).

ЕРКЕСІН= е т. *Еркелеу, ерке болғансу, еркелік жасағансыну.* Үлкені серілік құрса, ең кенжесі мырзамсып, *е р к е с і н і п,* ештеңеге бойы жар бермейтін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қаршадайынан жалғыз өскен Қалмұрат *е р к е с і н г е н* балаларды ұнатпайтын еді («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕСІНУ *Еркесін етістігінің қимыл атауы.* Назымның ойын-тойларда өзін еркін ұстауы, *е р к е с і н у і* жолдасының арқасы ғой. Анадай азаматтың жары болу аз бақыт емес («Лен. жас»).

ЕРКЕТАЙ с ы н. э к с п р. *Ерке-бұлан, ерке-тотай, ерке-шора балаға, қызға, адамға қарата жақсы көру мәнінде айтылатын сөз.* Он екі айдың *е р к е т а й ы* Май келді! Жұлдыздар да жымыңдады, ай күлді. Қалың қардың құшағынан құтылып, Сылдыр-сылдыр, сылдырлады, сай күлді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Еріктің *е р к е т а й ы,* ардақтысы, Алтайдың ақиығы – алғыр құсы, Алаштың Арқа еркін ойнақтаған, Жол тосқан жауыз жауда болады ма ісі? (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕРКЕТАЙЛЫҚ з а т. *Ерке бұландық, ерке-шоралық.* Үй тәрбиесінде *е р к е т а й л ы қ* қызығын Сағат көбірек көрді. Нұрғали да сезбеді сондайлық кем-тарлықты («Лен. жас»). Әскер қатарында болған екі жылдың ішінде Жасұлан бұрынғы *е р к е т а й л ы ғ ы н а н* арылып, мүлдем өзгеше, ер мінезді жігіт болып оралды («Қаз. әдеб.»). *Е р к е т а й л ы ғ ы ң д ы* әке-шешең ғана көтереді емес пе? Басқалар түсіне бермес деп ойлаймын («Лен. жас»).

ЕРКЕТАЙЫМ з а т. *Жақсы көрген, аялаған өзінен жасы кіші адамды еркелетіп, наздандырып айтылатын қаратпа атауыш.* Қарашығым, *е р к е т а й ы м*! Бұл жалғыз сенің басыңа келетін іс емес қой. Өзің ойлашы, қалқам! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЕРКЕ-ТӘЙТІК с ы н. ж е р г. *Ерке-шолжаң, шолжақ.* Біреудің *е р к е - т ә й т і к* қып өсірген баласын алмағай ең. Алған соң тілін табу керек, жарасу керек (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Торжан

сырлас достардың арасына жараса беретін *е р к е-т ә й т і к* бір сөз айтты (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). *Е р к е-т ә й т і к* бала кім аузына қандай сөз салса соны айта беруші еді (Т.Әлімқұлов, Ел мен Жер).

ЕРКЕ-ТӘЙТІКТІК з а т. ж е р г. *Еркелік, тәйтіктік, шолжақтық. Е р к е-т ә й т і к т і к т і* енді таста, қарағым, – деді Біркімбай қызына (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). *Е р к е-т ә й т і к т і к* ілуде біреуге ғана жарасатын мінез. Көпшілікке жараспайды («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕ-ТӘЛІПІШ с ы н. с ө й л. ***Еркешолжақ***. Жаналының отымен кіріп, күлімен шығып жүріп те көңілінің балдыр күйіне, баяғы *е р к е-т ә л п і ш* мінезіне басады кейде, тізгінінен айырылып қалады (Б.Аманшин, Көкжар.).

ЕРКЕ-ТОТАЙ с ы н. *Қағу-соғу көрмеген, еркін өскен, бұла.* Бір үйдің ұлы да, қызы да өзі боп, тым-тым *е р к е-т о т а й* шалықтап өскен Ардақтың тілі де шолжың еді (О.Бөкеев, Үркер). Сабыржанның мына бір балалық, *е р к е т о т а й* мінезіне кешіріммен қараған жасы үлкен, тәжірибелі ұстаздың бір иірім күлкісі де үйіріліп тұр (О.Сәрсенбаев, Даңқ). Кішкентай *е р к е-т о т а й* Мәкенді жүрегінің түкпірінен бөлек шығару оңай болмады (М.Жұмағұлов, Қыран).

ЕРКЕ-ТОТАЙЛАУ с ы н. *Шолжаңдау, еркелегіштеу, ерке-наздылау.* Қыз мінезі шолжаң, *е р к е-т о т а й л а у* болса керек («Лен. жас»).Үш ұлдың ортасындағы *е р к е-т о т а й л а у* өскен және біраздан бері хабар-ошарсыз кеткен жалғыз қызының қазіргі от жағып отырған орнын көріп қайтуды мақсат етіпті (Ж.Тұрлыбаев, Семсер).

ЕРКЕ-ТОТАЙЛЫҚ з а т. *Шолжаңдық, еркелегіштік, ерке-наздылық.* Үні қандай жұмсақ, жағымды еді; біртүрлі бір *е р к е-т о т а й л ы қ* бар (М.Сүндетов, Ескексіз.). Кірген беттегі *е р к е-т о т а й л ы қ* ғайып болған. Иттен қорғана жүріп, сан қилы ұзын-қысқалы хорда, катет, гипотенуза бойымен қақпа сыртына қашып шығады (М.Қабанбаев, Арыстан).

ЕРКЕШ[1] з а т. к ө н е. ***Серке***. *Е р к е ш* еті ем болар, ешкі еті жел болар (Мақал). Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде қозыны көрпеш және *е р к е ш* деп атау кездеседі («Қаз. әдеб.»).

ЕРКЕШ[2] з а т. ж е р г. ***Ершік***. Оспанның жеккен атының *е р к е ш і* жаңа екен (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРКЕШІМ з а т. э к с п р. *Еркетай, еркежан деген мағынадағы жақсы көрген адамына айтылатын қаратпа атауыш.* Жаным, сәулем, *е р к е ш і м,* қызыл гүлім, Тек сенімен гүлденсін жас ғұмырым, Күздей күңгірт көңілге жаз орнатқан, Жадыратқан жанымды сенің нұрың (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.). Ерсі емес қой, *е р к е ш і м,* Ұйықтасаң да қаншама. Күш жинап ал, бөпешім Ер жеткенде шаршама (Т.Нысанбек, Сүйінші.). Түсіріп кімге ескілік көлеңкесін, Қайда, қайда барасың сен, *е р к е ш і м* (З.Шүкіров, Арал.).

ЕРКЕ-ШОЛЖАҢ с ы н. ж а ғ ы м д ы. *Еркетотай, ерке-бұлаң.* Теңіз деген осы. Қулығын асырады кейде. Ару қыздың *е р к е-ш о л ж а ң* мінезіндей өзі (Теңіз тарландары). Қарлығаш сол баяғы *е р к е-ш о л ж а ң* қалпымен, әке-шешесінің мойындарына кезек асылып, маңдайынан сүйгізді (Қ.Жұмаділов, Саржайлау). // ж а ғ ы м с ы з. *Ерке-тотай, ерке-бұлаң, ештеңенің қадірін білмейтін бала.* Байдың топас, *е р к е-ш о л ж а ң д а р ы* болмаса, ауылдың Құбалтөбе дәулеті бар адамдарының балалары Кененнің осындай ауыр жайда жүргенін сезеді (А.Жұбанов, Замана.).

ЕРКЕ-ШОЛЖЫҢ с ы н. с ө й л. ***Еркешолжақ***. Бай қызы бұлғақтаған *е р к е-ш о л ж ы ң* Күнге лайық кескін мен сыртқы формың. «Бақ та қатын» деген бар «сор да қатын», Тосып жүрген сені де бар бір сорлың (С.Торайғыров, Шығ.).

ЕРКЕ-ШОРА с ы н. **1.** *Бетімен еркін өскен, бұла. Е р к е-ш о р а* бай қызы бір жағы қалжыңбастық, еркелікпен, екінші жағынан, жігіттердің намыстарына тиіп мазақ етті (І.Есенберлин, Жанталас). Темірланның көз алдына сүп-сүйкімді, тұлымшағы желбіреген *е р к е-ш о р а* Жанар мен мейірім шуағы мол шешесінің бейнесі тұра қалды (Дөңгеле, күн, дөңгеле). **2.** с ө й л. ***Еркек-шора.*** Әсия да жетім болды, бірақ ағаларының қанат астында *е р к е-ш о р а* өсті (Х.Рахимов, Қарлығаш). Өнерлі жастардың ішінде скрипкашы Ізкеш, домбырашы Ысқақ, *е р к е-ш о р а* Мағрипа Тұрағұл қызы да бар (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

ЕРКЕЙ= е т. *Ержету, көркею, бой көтеру, бұла өсу.* Ер *е р к е й с е* ел сүйер (Базар жырау). Бойжеткендер көркейіп, бозбалалар *е р к е й і п* келеді («Қаз. әдеб.»).

ЕРКӨБЕКТЕН= е т. ж е р г. *Ерсіну, батырсыну.* Бала *е р к ө б е к т е н і п* шығып, өзіне өріс тапты (Ауызекі).

ЕРКІМЕН ү с т. *Өз қалауынша, өз тілегімен.* Майданға керек адамды қазақ өз *е р к і м е н* бермейтініне көзі жетті де, оны енді күшпен алуға бекінді (М.Дүзенов, Ант). «Кәпір» деп өздері қорқытқан орыс қара шекпенділеріне ауыл жігіттерінің *е р к і м е н* барып қосылып жатқанын көрген сұлтандар енді зәре-құттары қашып сасайын деді (І.Есенберлин, Жанталас). Ел намысын қорғауға әзір миллионнан аса қыз-келіншектер өздерінің *е р к і м е н* майданға аттанды («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІН с ы н. **1.** *Өз тізгіні өзінде, қағажу көрмеген, бетімен өскен. Е р к і н* өсіп ержеткен, Ерекше туған көбекпін, Ен дәулеттің ішінде *Е р к і н* жүріп, тел емдім (Қаз. ақын. шығ.). Мен тудым кең далада, *е р к і н* өстім, Кеудемді желге тостым, күйге тостым. Жаз бойы таң атқанша жұлдыз санап, Ақбұлтпен жел айдаған бірге кештім (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). «Менің көрген бірде-бір жігітіме ұқсамайды, барынша *е р к і н,* ер, қайсар, ақылды екен өзі», – дер еді ішінен (М.Жұмағұлов, Қыран.). Басқа әйелдерге қарағанда Зылиха *е р к і н* өскен еді (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Тәуелсіз, ерікті, бостан.* Жүрмеді ол жай жөніне бос қаңғып, Өз құрбанын өзектерде тосты аңдып. Өзі *е р к і н* болғанымен өзгеге Беруге ол қарсы болды бостандық (С.Мәуленов, Алыс кет.). // *Бейбіт, тыныштық, еркіндік сүйгіш.* Сарыарқа мүлде бейіш боп, Елі *е р к і н*, кейіс жоқ, Мыңнан бірді таңдатты. Төрт түлікке толтырды, Толағай тұлдыр қыратты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Е р к і н* елге жау тиіп, Ту түбіне жиылды, Намыс үшін аттан деп, Саған да Отан бүйірды (З.Қалауова, Бейбітшілік.). **3.** *Иесіз, сұраусыз, бос.* Бұрын жердің *е р к і н* шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен (М.Дулатов, Шығ.). // *Қысылып-қымтырылмай, қымсынусыз, тежеусіз, кедергісіз.* Тәтті қиялға енген Жұма есік алдында тұрған сарбазды байқамай кеңсеге *е р к і н* кіре берді (С.Мыңжасарова, Қыр қыздары). Кей мемлекеттердің жабық шекараларынан палуандар ғана *е р к і н* өте алады (М.Танекеев, Қажымұқан). Қарт балықшының үйіне қымсынбай *е р к і н* кірген-ді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **4.** *Оп-оңай, жеп-жеңіл, еш қиындықсыз.* Ешкімге болған емес өш ниетім, Көбінің өз мінезін кештім *е р к і н*, Біреулер түк жазығың болмаса да Бар екен тірлігіңді көпсінетін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ән туды *е р к і н* төгіліп, Тулады жүрек бір демде. Ажарың кетті көрініп, Аққуды аққу сүйгенде (К.Салықов, Жезкиік). Әлия ауылды жерден ертерек кеткенімен де, ана тілін *е р к і н* білетін (Ж.Жұмақанов, Әлия). Қосылғандарына аз уақыт болғанмен, ол күйеуін *е р к і н б и л е п* үлгерген екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **5.** *Мейлінше, қалауынша, армансыз.* Бұлар осыдан кейін *е р к і н* отырып, *е р к і н* сөйлесті (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Ай нұрының астында Ғашықтар *е р к і н* жолықсын (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). Ақ қағаздарда Жалаңаш жатқан тысталмай, Қаламың жүйткіп, Ұшыпты-ау *е р к і н* Асыққан жазға құстардай (С.Мәуленов, Алыс кет.). // *Кең, молынан, керегінше, қалай болса солай.* Күз – алтын күз. Мұның өз орны бар. Таудан түскен мал ермен, жусанды ашырқанып *е р к і н* жейді (Т.Айнабеков, Алғы шепте.). Бір *е р к і н* кең жайылып, жайбарақат тұрмысқа ие болдым да қалдым (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Жүргенде еркімен ел *е р к і н* жайлап, Жүзден нар, мыңнан жылқы иіріп айдап, Кең дала құлаш жайып күлімсіреп, Бәйшешек жауқазын мен жатқан жинап (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Еркін айырбасталымды валюта. э к о н. *Резиденттер үшін де, резиденттер емес үшін де валюталық шектеуді толық жойған елдердің валютасы. Еркін айырбасталымды валюта* кез келген шетел валютасына еркін айырбасталады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еркін аударма. ә д е б. *Бір тілден екінші тілге автордың өз стилімен аударып жазылған көркем туынды.* «Рүстем-дастан» – «Шақнаманың» аса үлкен бөлігінің *е р к і н а у д а р м а с ы* болып табылады (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Сондықтан аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, *е р к і н а у д а р м а,* сәйкес аударма деп ажыратылады (Әдебиет. термин. сөздігі).

Еркін баға. э к о н. *Тауарлар мен қызметтер нарығындағы сұраным мен ұсынымды ескере отырып, кәсіпорындар дербес немесе шарттық негізде белгілейтін баға* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Еркін дала. *Кең байтақ жер, ен дала; тәуелсіз ел.* Бес жыл әскерде жүріп *е р к і н д а л а,* салқын ауасын сағынған дихан егін еккенше асығады (Ы.Жақаев, Менің бақыт.). Балаусалы, балғынды Баяғыдай салаң жоқ; Кең қоныс, *е р к і н* өрісті Баяғыдай *д а л а ң* жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қазақстан – *е р к і н д а л а м,* Мақтан етсем оның атын Украинаға, сенсің маған сондай ыстық, сондай жақын (С.Машақов, Жылдарым менің).

Еркін дүние. *Жарық кең дүние, бостандық өмір.* Қапаста отырғанына бірнеше жыл болғандықтан, Марат азаттықты, *е р к і н д ү н и е н і* зарыға күтетін еді («Қаз. әдеб.»). Айттым саған, менен қол үзсең, *е р к і н д ү н и е г е* ұзақ жүре алмайсың деп! – деді Ағажан (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

Еркін жерде. *Жақындарының арасында, таныс ортада.* Қалжыңға келер шорқақтау, Жауға келер қорқақтау, *Е р к і н ж е р д е* ызақор, Томырық келер тарқылдап (Абай, Тол. жин.).

Еркін жұптасу. б и о л. *Көбею кезеңдерінде бір немесе бірнеше белгілеріне және оларды анықтайтын генотиптеріне қатысты әртүрлі ағзалардың кездейсоқ (таңдаусыз) жұптасуы.* ≈ *Е р к і н ж ұ п т а с у* тәсілі.

Еркін ирелең. с у ш а р. *Еңіс шегінің кемдігінен және шектеуші жағдайлардың болмауынан өзен арнасы иректігінің ұлғайып, өзен ирелеңі шегіне*

жетуі. Е р к і н өзен *и р е л е ң і* үшін өзенде кең жайылма болуы шарт (Қаз. тілі терми. Су.).

Еркіне қоймады. *Қоярда-қоймады, ерік бермеді.* Жадыра өзіне жарасымды қылықпен билеп-төстеп, жездесін *е р к і н е қ о й м а й* биге алып шықты («Қаз. әдеб.»). Жаз бойы далада жүріп тағылыққа үйреніп қалған жылқылардың бытырай жөнелгеніне қарамастан, жас жылқышы оларды тез арада тәртіпке келтірді, асау айғырды да *е р к і н е қ о й м а д ы* («Лен. жас»).

Еркін кеден аймағы. э к о н. *Тауарлар кеден бақылауынсыз және кеден бажын төлемей жіберілетін аумақ.* ≈ *Е р к і н к е д е н а й м а ғ ы н* белгілеу.

Еркін күрес. с п о р т. *Қарсыласын лақтыру, аударып түсіру, қапсыра ұстау, белден төмен ұстау т.б. техникалық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік берілетін күрес спортының кең тараған түрі.* Қазақстанда *е р к і н к ү р е с* жарыстары 1955 жылдан өтіп келеді. 1956 ж. өткен КСРО халықтары спартакиадасында Қ.Байдосов, Ж.Ысқақов жүлдегер атанды (Қаз. ықшам. энцикл.). *Е р к і н к ү р е с т е н* талай жарыста топ жарып, жүлде алған қазақ палуандары жетерлік («Лен. жас»).

Еркін сайлау. қ о ғ.-с а я с и. *Сырттан ешбір күштеу, әсер ету шараларынсыз, жоғарыдан тағайындаусыз азаматтардың өз ырқымен болған сайлау.* Халық билікті тікелей республикалық референдум және *е р к і н с а й л а у* арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді (Қазақстан Республикасының Конституциясы).

Еркін тербеліс. ф и з. *Механикалық, электірлік т.б. жүйелердің сыртқы әсерсіз, алғашқы берілген энергия есебінен болатын тербелісі.* Нақты жүйелердің *е р к і н т е р б е л і с і,* энергия шашырайтындықтан, әрқашан өшетін тербеліске жатады (ҚҰЭ).

Еркін тиді. а) *Жеңіл болды, оңай тиді.* Сонда жауап бере алман мен бишара, Сіздерге *е р к і н т и е р,* байқап қара. Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын жаны жара (Абай, Тол. жин.). ә) *Еш кедергісіз ие болды, емін-еркін иеленді.* Болыстық билік өзіне *е р к і н т и г е н* Шөпіш те көптен бері қалада жатыр (К.Оразалин, Абайдан соң).

Еркін шығарма. п е д. *Белгілі бір тақырып бойынша жазылған жазу жұмысы.* «Ғалия» медресесінде тіл және әдебиет пәндерінен сабақ беретін Ғалымжан Ибрагимов бізге *е р к і н ш ы ғ а р м а* жазыңдар деп тапсырма берді («Қаз. мектебі»).

Еркін экономикалық аймақ. э к о н. *Белгілі бір аймақ аумағының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету үшін шетелдік инвестицияны, озық технология мен басқару тәжірибесін тарту мақсатымен құрылатын, нақты айқындалған әкімшілік шекарасы және ерекше заңды тәртібі бар арнайы аумақ. Е р к і н э к о н о м и к а л ы қ а й м а қ т а р* – ұлттық және шетелдік кәсіпкерлер үшін жеңілдікті экономикалық жағдайлар белгіленген шектеулі аумақтар (Қаз. тілі термин. Экономика.). Қазақстандағы алғашқы *е р к і н э к о н о м и к а л ы қ а й м а қ т а р* 1991 ж. пайда болды: Алматы облысындағы Жаркент, Алакөл және «Талдықорған-внештранс» кәсіпорны, Қостанай облысындағы Лисаков қаласы және Алматы қаласындағы «Атакент» еркін сауда аймақтары (Қаз. ықшам. энцикл.). Дүниежүзіндегі көптеген елдерде *е р к і н э к о н о м и к а л ы қ а й м а қ* құру тәжірибесі кездеседі («Қаз. әдеб.»).

Еркін энергия. ф и з. *Изохора-изотермалық термодинамикалық әлеуеттің немесе Гельмгольц энергиясының бір атауы. Е р к і н э н е р г и я* (А не F) мына формуладан анықталады: F=U–TS, мұндағы U – термодинамикалық жүйенің ішкі энергиясы, S – термодинамикалық жүйенің энтропиясы, T – температура (ҚҰЭ).

ЕРКІНДЕ= е т. **1.** *Өз еркі өзінде болу.* Көлбақалар құрылдап, Әупілдейді әупілдек. Көлді айналып балалар Біраз жүрді *е р к і н д е п* (О.Шипин, Дастан.). Еңбекте жүрдім *е р к і н д е п,* Есімде жүрді сол антым. Өлеңге ендім *е р к і н д е п,* сол антым болды талантым (С.Мәуленов, Жолдас). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Өз бетінше жүру, қымсынбау, дандайсып кету.* Нәзипа бүгін тіпті *е р к і н д е п* кеткен (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕРКІНДЕН= е т. *Өзін еркін сезіну, еркін ұстау.* Айдарға бойы үйренген соң кішкентай Самат жалтақтауды қойып, *е р к і н д е н е* бастады («Лен. жас»). Түнде барайық та, терезеден гранаталарды тастап-тастап жүре берейік, – деді ұсынысы өткен соң *е р к і н д е н е* түскен Сивков (Қ.Исабаев, Өрде).

ЕРКІНДЕНУ *Еркінден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өзін еркін сезіну, қысылып-қымтырылмау.* Ағасының үйіне келген соң *е р к і н д е н у і н* қара, жүзі бал-бұл жанып, қуанышын жасыра алмай жүр («Қаз. әдеб.»). **2.** *Босаңсу, жайбарақаттану.* Науқан кезінде босаңсып, *е р к і н д е н у г е* әсте болмайды («Лен. жас»).

ЕРКІНДЕС= е т. *Еркін сезінісу, емін-еркін болысу.* Отырыс аяқталып, құрбы-құрдастар кеткен соң екі құрбы оңаша қалып, *е р к і н д е с і п* отырып ұзақ әңгіме-дүкен құрды («Лен. жас»). Жастар біраз *е р к і н д е с і п* қалжыңдасып, қағытысып алды да, жайма-шуақ әңгімеге көшті («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНДЕСУ *Еркіндес етістігінің қимыл атауы.* Көптен бері кездеспеген екі құрдастың ащылы-тұщылы сөз саптауларына қарап, *е р-*

к і н д е с у д і сағынып қалғандарын аңғару қиын емес еді («Қаз. әдеб.»). *Е р к і н д е с у* – жастарға жарасымды қылық қой, ол есейген сайын азая береді емес пе («Лен. жас»).

ЕРКІНДЕТ= е т. **1.** *Еркін болуына жағдай жасау, еркіндік беру.* Темір мені тербетіп *е р к і н д е т к е н*, Қанатымды қатайтып, Серпінді еткен (Б.Тәжібаев, Жүріп келем). Құрықты асауға салған жылқышы сол шу асаумен бастапқыда көпке дейін қатарласа шауып, біраз *е р к і н д е т е д і*, оның бойын құрыққа бірте-бірте үйретеді, келе-келе жетекке көндіреді, міністе де баулиды (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.). **2.** *Емін-еркін жүру, өзін еркін ұстау.* Ән салып, *е р к і н д е т е*, дабылдата, Келіп түр кемеліне Кенен ата. Жақсының жан жолдасы, адал жары, Зухра келініме бердім бата (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЕРКІНДЕТУ *Еркіндет етістігінің қимыл атауы; еркін болуына жағдай жасау.* Үлкендер жылқы малын қысқа дейін бос жіберіп *е р к і н д е т у д і ң* қажеттігін айтып отырды («Лен. жас»). Баланы жас кезінде *е р к і н д е т у д і ң* дұрыстығын жан-жақты дәлелдеп берді («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНДЕУ[1] с ы н. **1.** *Қағажу көрмей, өз бетінше.* Жәнібек пен Керейдің өзге балаларынан жасы үлкен және өзін өзгелеріне қарағанда *е р к і н д е у* ұстайтын, ұр да жықтау мінезі бар Бұрындық: – Басқа рулар қайда қалды? – деген (І.Есенберлин, Алмас.). *Е р к і н д е у* өскен баланың бойында аз-маз тентектіктің де болатындығы анық («Лен. жас»). **2.** *Беттілеу, өткірлеу, батылдау.* Жаңа таныстарының ашық-жарқын, жайдары мінездерін байқаған Жанат енді өзін *е р к і н д е у* ұстады («Қаз. әдеб.»). Түлкібай келесі күні Маржанкүлмен көптен таныс кісіше *е р к і н д е у* сөйлесті (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ).

ЕРКІНДЕУ[2] *Еркінде етістігінің қимыл атауы; өз еркі өзінде болу, емін-еркін жүру.* Жастардың бой көтеріп, *е р к і н д е у і н е* жағдай жасайтын думанды орындардың бірі – түнгі клубтар («Лен. жас»). Айдар жаңа туған жас құлыншақтың апыл-тапыл басып, *е р к і н д е у і н* қызық көріп ұзақ тұрып қалды («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНДІК з а т. **1.** *Өз дегенімен болу, еріктілік.* Ойлан, жуас жан іздеген, жар іздеген, жас талап, Өмір сенің күткеніңнен әлдеқайда басқарақ, Еркек сұлу көрінбей ме еркімен, *Е р к і н д і к т і ң* нұры ойнаған көркімен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Іштей күлкі қысқан Айманкүл баласына *е р к і н д і к* беріп, Өзінөзі әрең тежеп тұр (М.Дүйсенов, Меймандар). Бар ғұмыры мал соңында өткенсін бе, оның аузы *е р к і н д і к к е* әбден үйреніп алған еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Еркін болушылық.* Жыр жазып талай желпіндік, Жанардан төгіп шуақты. Қыранға керек *е р к і н д і к* Маған да керек сияқты (Т.Молдағалиев, Өлеңд.). Еркін өмір біздің тілек, *е р к і н д і к п е н* өссін бөбек. Келешектің бақыты үшін жаратылған біздің жүрек (М.Хакімжанова, Таңд. өлеңд.). **3.** *Тәуелсіздік, бостандық, теңдік.* Аман бол, көріскенше ел-ағайын, Басыңа түсті қазір сары уайым. Ел-жұртым *е р к і н д і к* ап, басын қосса, Серпілер онда менің арман-ойым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Аяқты үзеңгіге салып жіберіп, *е р к і н д і к к е* қолы жеткендей үстіне қарғып мініп алды (Т.Жармағабетов, Сентябрь.).

Еркіндік дәрежесі. ф и з. *Дененің кеңістіктегі орнын анықтау үшін қолданылатын координаталар саны.* Механикада *е р к і н д і к д ә р е ж е с і* – механикалық жүйенің тәуелсіз орын ауыстыруларына сәйкес келеді. Ал орын ауыстырулар саны жүйені құрайтын бөлшектер мен жүйеге түсетін байланыстардың санымен анықталады (ҚҰЭ). Термодинамикада *е р к і н д і к д ә р е ж е с і* – жүйенің термодинамикалық тепе-тең күйін анықтайтын тәуелсіз термодинамикалық параметрлер (ҚҰЭ).

ЕРКІНДІКШІЛ с ы н. *Еркіндікті, еркін болуды қалайтын. Е р к і н д і к ш і л* ерлердің істеген істері мен айтқан сөздері халық жадында мәңгілік сақталады («Лен. жас»). Қазақ халқы өзінің табиғаты бойынша бостандық сүйгіш, *е р к і н д і к ш і л* ел («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНДІЛІК з а т. с ө й л. ***Еркіндік***. Ол сол Абылайдың жетпіске келгенше ыңғайына қарай біресе Россия патшасына, біресе Қытай богдаханына иқем көрсетіп, Түркістаннан бастап Есіл, Нұра бойына дейін көшкен қалың қазақтың *е р к і н д і л і г і н* жоғалтпай, ел ғып сақтап өткенін тағы да бір алуан жыр ғып шырқатты (І.Есенберлин, Қаһар). Жастардың бойынан халқымыздың табиғатына тән *е р к і н д і л і к т і* көргім келеді («Лен. жас»).

ЕРКІНСУ *Еркінсі етістігінің қимыл атауы; тым еркін болу, емін-еркін жүру.* Қыс өтіп, көктем шыға жан-жануарлардың бәрі де дүр сілкініп, бой жазып, *е р к і н с у г е* кіріседі («Лен. жас»). Әке мен шеше болған соң бала үшін асқар тау емес пе. Соларды арқа тұтамыз да ертелі-кеш *е р к і н с у і м і з* көп болады (А.Сейдімбеков, Қыр хикаясы).

ЕРКІНСУШІЛІК з а т. *Өзін еркін ұстаушылық, иманбеушілік.* Әрине, иманбейтін мінездің болғаны жақсы ғой, дегенмен *е р к і н с у ш і л і к т і ң* де жөні бар балам, – деген еді әжесі ол жолы («Қаз. әдеб.»). Нұрғазы Әселді бала кезден бірге өскен жастарға тән *е р к і н с у ш і л і к п е н* ырқына қоймай биге алып шықты («Лен. жас»).

ЕРКІНСІ= е т. **1.** *Тым еркін болу, өзімсіну, тайсалмау. Е р к і н с і г е н* көп жаманның

бірі ме десем, олай болмай шықты, еркөңілді жігіт екен («Қаз. әдеб.»). Қолдан сүт ішіп дағдыланған еліктің лағы Құралайға *еркінсіп* алды («Лен. жас»). Тұқымды талаушылар әбден *еркінсіп* алған түрі бар (Т.Нұртазин, Үлкен жолда). **2.** *Шектен шығу, асқақтау, дандайсу.* Кешеден бері тым *еркінсіп*, тілмашына дейін қасынан қуып, Ақанмен серуен құрған әйелінің қылығы ұнамаған Измайлов кекесінмен сөйледі (С.Жүнісов, Ақан сері). Еш нәрсе Апрасият айта алмады. Жауап жоқ болғаннан соң қайтарғалы. Ретсіз *еркінсіген* ердің көңілін, Сөз керек әділ айтып тойтарғалы (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕРКІНСІЗДІК з а т. с ө й л. ***Еріксіздік***. Революциядан бұрынғы шығыс әйелінің теңсіздік, *е р к і н с і з д і к,* күндік халі жұртшылыққа мәлім (Т.Әлімқұлов, Абай). Жиырмасыншы ғасырда Африка құрлығындағы көп елдер *е р к і н с і з д і к* бұғауынан арылып, өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құрып отыр («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНСІН= е т. *Өзімсіну, батылдану.* Әбден *е р к і н с і н г е н* ғой, бүгін тіпті жақын келуін қараңызшы, – деді Әлия (Ж.Жұмақанов, Әлия). Жер лайсаң болғандықтан, тым жақындағанша ат дүбірін естімеген әрі енді қуғыншы келе қоймас деп *е р к і н с і н г е н* екі ұры жылқыны жайбарақат айдап, тау қуысына ене берді (Ә.Нәбиев, Қанат қаққанда).

ЕРКІНСІНУ *Еркінсін етістігінің қимыл атауы.* Үлкен үйдегі шал-кемпірдің қолында өскен Жанболат ағайынды адамдардың өзге балаларындай туысқанды жақын көріп, бауырындай *е р к і н с і н у д і* білмейтін еді («Лен. жас»). Негізі жуас момын жігіттің қыз алдында *е р к і н с і н у і* ұзаққа бармады («Қаз. әдеб.»).

ЕРКІНСІТ= е т. **1.** *Өзін еркін ұстауға мүмкіндік беру, батылдандыру.* Осы жайдың өзі мені едәуір *е р к і н с і т і п*, батылдандырып та жіберді (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.). Үй иесінің жайдарлығы біздің де жанымызды жайландырып, *е р к і н с і т і п* жіберді (С.Мәуленов, Жер нәрі). **2.** *Асқақтату, дандайсыту.* Осы сендер не біліп жүрсіңдер? Мына Үдербайдың қарақшы қу тақымын қашанға *е р к і н с і т і п*, басқа секіртеміз, – деді болыс (А.Нұрқанов, Дала.). Әзімханның Сұлтанмахмұтты шуу дегеннен бүріп тастамай мұнша *е р к і н с і т і п* отырғанына Ыбырай іші бұлан-талан (Д.Әбілев, Арман.).

ЕРКІНСІТУ *Еркінсіт етістігінің қимыл атауы; өзін еркін ұстауға мүмкіндік беру, батылдандыру.* Орынсыз жұмсақтық істе *е р к і н с і т у* баланы өкпелегіш етеді (Семья тәрбиесі). *Е р к і н с і т у* мен еркіне жіберуді бірдей деп ұғынуға болмайды (Ауызекі).

ЕРКІНШЕ ү с т. **1.** *Мейлінше, барынша, қалауынша.* Шоқандардың Қашғарияға алып барған мүліктерін бара жатқанда неше рет жолын тосып, *е р к і н ш е* тиеп ала алмаған Қырғыз қарақшылары қайтар жолын да тосты (С.Бегалин, Шоқан асулары). Белорус жері орманда, Белорус жері балшықты. Ен-тегін жайлап сол маңды, *Е р к і н ш е* соғыс жаншыпты (М.Мақатаев, Шығ.). Бірақ мұнша жұрттың көсіле бой жазып, *е р к і н ш е* ырғалуына онда тарлық қылғандай екен (З.Шүкіров, Ізгілік.). **2.** *Өз ықтиярымен, өз бетімен, өзінше. Е р к і н ш е* өскен қайран ел, Дәулетің бейне шалқар көл, Айдының бейне асқар бел, Ботадай бейне өскен тел, Айуанмен тең саналдың, Терідей болып тоналдың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бүгін өкіметінің әділдігімен әр ұлт өз *е р к і н ш е* тіршілік қылып отыр (Ш.Өтенов, Ғани Мұратбаев).

ЕРКІНШІЛІК з а т. с ө й л. ***Еркіндік.*** Болыс, Бақтығұлды қырына алып жазаламаққа байлаған соң не де болса, оның елде *е р к і н ш і л і к т е* жүрмей, барарына тезінен бармағын тілеп еді (М.Әуезов, Қараш.). *Е р к і н ш і л і к т і* көксеу адамға емшек сүтімен бірге келеді (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). Жексенбі күні жұмыстан қол бос, *е р к і н ш і л і к* күн екені еске түскенде тұрып кетуді көңіл қостамады (А.Байтанаев, Қансонар).

ЕРКІНІРЕК с ы н. *Еріктілеу, батылырақ.* Жұмабек не де болса қызбен *е р к і н і р е к* сөйлесіп, мықтап сыр тартуға бел байлады (Т.Ахтанов, Махаббат.). Оның құлаш сермесі *е р к і н і р е к* те батылырақ (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЕРҚАРА з а т. *Әйтеуір еркеккіндік санатындағы адам.* Қалқиып, *е р қ а р а* болып отырғанның өзі неге тұрады... – деді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сенің енді азамат болғаның, күнім, *е р қ а р а* болып ел қатарында, еңбекте болдың, – деп баласын мақтан еткендей жымыңдап отырды (С.Бегалин, Шығ.). Жел-құзды күні аз-кем болса да септігім тиер деген оймен *е р қ а р а* атаулыдан мақұрым Баршын кемесіне мінді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

Ерқара жұрт. *Санатта болмаса да, санда бар ел.* Өздеріне бұрынғыдай барлық мәселеде кенже қалып, тек аға халықтың арқасында ғана қатарға ілігіп отырған *е р қ а р а ж ұ р т т а р* деп қарайтын қасаң түсінікке іштей наразылық желі тартып үлгерген-ді («Қаз. әдеб.»).

ЕРҚАШТЫ: **ерқашты болды**. *Мезі болды [ер-тоқымнан қашқалақтайтын көп мініліп жауыр болған аттың мінезінен келіп шыққан].* Өзге халықтардай біздің қазақ «ертеңгі күннің қамы» үшін *е р қ а ш т ы б о л ы п* қажымай, кең дүнияда қызық дәурен кешіріп, аулы дүбір,

шаршы топта сөз бәйгесіне қосылып, жүлде алған жұрт (М.Дулатов, Шығ.). Онда өмір қайыршының киіміндей, Қыс қысып таудың азған киігіндей, Езілген *е р қ а ш т ы б о п* елде сұр жоқ, Бидайдың шөлде қалған түйіріндей (Д.Еркінбеков).

Еркашты қылды. *Мезі етті, жалықтырды.* Әлде шахтердің үйіне қонақ жиі келіп *е р қ а ш т ы қ ы л ғ а н* ба? Оған түс беретін қазақ па, тәйір (З.Шашкин).

ЕРЛЕ[1]= ет. *Нағыз ердің ісін істеу.* Әйелдердің ақты маңдай терлері, Қазған сайын дүзген қалап, зергері. Азаппенен жалтыраған су шықты. Ал, әйелдер онан сайын *е р л е д і* (Шұғыла). Ес білгелі өртеніппін, жаныппын, *Е р л е й м і н* деп есімнен де таныппын. Тірі жүріп, ірі жүрген дұрыс қой, Ерттеп мініп арғымағын шабыттың (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЕРЛЕ[2]= е т. с ө й л. *Ерттеу, ер-тоқым салу.* Ойдан-қырдан жиылған осы қосын Қарсыбайдың жылқысын *е р л е п* те, жайдақ мініп көшіп келеді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Қуаныш атты бір тұлпар Алтыннан ерін *е р л е г е н*, Белдеуіне тұр, Сыреке, Айдары билеп желменен (Ғ.Қайырбеков, Қанатты жылдар). *Е р л е й* бастағанда күрең ат Сәкеннің кеудесін иіскеп ауыр күрсінеді (Т.Кәкішев, С.Сейфуллин). Келемін төмен жақтан жоғары өрлеп, Өлеңмен әрбір жұртқа салып өрнек, Менменсіп талай ақын келе тұғын Есектей жуас атын мінген *е р л е п* (Айтыс).

ЕРЛЕН= ет. *Батылдану, еркіндеу.* Қорғалап өскен қояндай – Еркімен өскен *е р л е н і п* Ер жүректі балаң жоқ; Боран соққан қой болдың, Жел жағында панаң жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Көшеде кез боп бір қанден Ұмтылды пілге шаптығып. Шаңқылдап үрді *е р л е н і п*, Тартынбай ұрысар жан шығып (Абай, Шығ.). Есеней тобының қаша жөнелгенін таныған соң, жеңіле берген жау ес жинап, *е р л е н і п* кетіп еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Із бар ма – деп маңайын қарап тамам, Бір белгі болар еді болса адам. Тәуекел неде болса шыдадым – деп *е р л е н і п* балағанға басты қадам (Ш.Әбенов, Ортақ арал).

ЕРЛЕНДІР= е т. *Батылдандыру, ер мінезді болуын қолдау.* Батыл қимылда! – деп кеңесін беріп, жас досын *е р л е н д і р і п,* осы жерде ол Тарбағатайға жүріп кетті (С.Бегалин, Шоқан.). Жігіттердің бүйтіп үндемегені мені *е р л е н д і р і п* жібергендей болды (Б.Нұрпейісов, Бесқара).

ЕРЛЕНДІРУ *Ерлендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е р л е н д і р у* сөзі.

ЕРЛЕНУ *Ерлен етістігінің қимыл атауы.* Баршагүл былай депті жорып түсін: – Қарағым, *е р л е н у* ғой көрген түсің. Жатасың жалғыз өзің нұрдай балқып. Қалам қас, алма мойын, бойың мүсін (Көрұғлы).

ЕРЛЕТ= е т. с ө й л. *Ерттеу, ер тоқым салдырту.* Тұлпар атты жаратып, Құйрық, жалын таратып, Бежін ерді *е р л е т і п,* Жорыққа жортып, терлетіп, Сырты қырлы, жүзі алмас, Салған-дағы жоғалмас Сапы асынар ма екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЕРЛЕУ *Ерле етістігінің қимыл атауы.* Жас бала әкесінің атын *е р л е у г е* кірісті («Лен. жас»).

ЕРЛІ[1] с ы н. *Ері бар, күйеуі бар, тұрмыс құрған әйел.* Кеше ғана осы сұлу, Кеше *е р л і* емес пе еді? Толқын сырлы жастық шақпен Кеше емес пе еді кеңескені? (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

ЕРЛІ[2] с ы н. *Ер-тұрманы бар, ерттелген.* Жан-дәрменде көзіне *е р л і* ат елестеп, соған міне қашты (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

ЕРЛІ-ӘЙЕЛДІ с ы н. с ө й л. ***Ерлі-зайыпты.*** Ой келді үсті-үстіне үйме-жүйме, Екеуі ойға түсіп тұрған күйде. Тамақ дайын деп хабар бергеннен соң, *е р л і-ә й е л д і* екеуі кірді үйге (Ш.Әбенов, Кейпін батыр). Дастарқан басына *е р л і-ә й е л д і* жұптар жиналды («Лен. жас»).

ЕРЛІ-БАЙЛЫ с ы н. с ө й л. ***Ерлі-зайыпты.*** *Е р л і-б а й л ы* екеуі іш-шай деспей, жиырма жыл дәурен сүріп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Е р л і-б а й л ы* екеуінің арасында бір салқындықтың бар екендігі еріксіз көзге шалынарлық еді (Б.Майлин, Шығ.). Көре сала шаруа жайын кеңесіп кетпей мен әуелі *е р л і-б а й л ы* екі адаммен танысып алуды ойладым (С.Мұқанов, Саяхаттар). Жас қыз Ақлима *е р л і-б а й л ы* адамдардың шалғай-шалғыс керістерін тыңдағысы келмей далаға шығып кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЕРЛІ-БАЙЛЫША үс т. *Ерлі-зайыптыға ұқсап.* Екеуі *е р л і-б а й л ы ш а* түтін түтетіп, бірге тұрмыс құра бастады («Лен. жас»).

ЕРЛІ-БАЙША үс т. с ө й л. *Ерлі-зайыпты адамдарша.* Екеуі екі орында отыр жайша, Бірі – күн сияқтанып, бірі – айша. Сонда да ымы-жымы бір көрінді, О баста үйреніскен *е р л і-б а й ш а* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕРЛІ-ЗАЙЫП з а т. *Заңды некеге отырып, тұрмыс құрған күйеу мен әйел, жұбайлар. Е р л і-з а й ы п* – қос егіз (Мақал). Бірін-бірі сүймейтін *е р л і-з а й ы п* болар ма? Бірін-бірі сүймесе, бір-біріне жолар ма! (А.Шамкенов, Сырларым.). *Ерлі-зайып* болыңдар тату-тәтті, Қуалама басыңа қонған бақты Дастарқанның болмайды берекесі, Ері сараң, әйелі болса қатты! (М.Әуезов, Шығ.). Жылуын ап екі жұлдыз отының, Көңіліңе көп дүние тоқыдың. *Е р л і-з а й ы п* Еңбек Ері туралы Қасым жазған очеркті оқыдың (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТАЙ с ы н. *Ерлі-зайып сияқты, некелі адамдай.* Екеуі қазір *е р л і-з а й ы п-т а й* бірге тұрады (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ с ы н. **1.** *Неке заңымен тұрмыс құрған, жұбайлы. Е р л і-з а й ы п т ы* екі адам жас кездерінде аңғармаса да орта жасқа жақындағанда жастық артта қалып көрілік алда екенін сезді (Т.Жанкелдин, Сын сағатында). Қыз Жамбыл жақтан өткен күзде көшіп келген *е р л і-з а й ы п т ы* мұғалімдердің баласы еді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Екі адам *е р л і-з а й ы п т ы*, Қараса қалды күлісіп. Өздеріне лайықты. Сезіммен іштей білісіп (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** з а т. *Некеге отырып, тұрмыс құрған күйеу мен әйел. Е р л і-з а й ы п т ы н ы ң* ортасына есі кеткен түседі (Мақал). Ойланызшы, *е р л і-з а й ы п т ы д а н* жақын адам бар ма? Қаны мен қаны, жаны мен жаны араласқан адамдар (З.Шашкин, Өмір.).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫДАЙ с ы н. *Ерлі-зайыпты сияқты, некелі адамдай.* Сетқаны қолына ұстап, Нұрбибіні қолтықтап, кәдімгі *е р л і-з а й ы п т ы д а й* жұптасып, қас қарая, екеуі қыз тұрған пәтерге көтерілді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Алтын екеуі *е р л і-з а й ы п т ы л а р д а й* бірге жүрді («Лен. жас»).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ з а т. *Ерлі-зайыпты болушылық.* Тым болмаса *е р л і-з а й ы п т ы л ы қ* бақыты бір жылға да жетпеді-ау («Лен. жас»). Бибіш *е р л і-з а й ы п т ы л ы қ* тұрмысқа да осы табалдырықтан аттады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Күлмей-ақ қой, күнім. Ер жеткен ұлға *е р л і-з а й ы п т ы л ы қ* жарасады (Ж.Мусин, Туған үй.). Үйлену, *е р л і-з а й ы п т ы л ы қ* турасында Тәнеке де: мұның өзі адам үшін табиғи, солай болуға тиіс нәрсе деп ойлайтын бұрын (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫША ү с т. *Ерлі-зайыптыларға ұқсап, некелі адамдарша.* Екеуміз кәдуілгі *е р л і-з а й ы п т ы л а р ш а* ертеңімізді бірлесе ойлай бастадық (А.Сатаев, Ақын.). Олар *е р л і-з а й ы п т ы ш а* ғұмыр кешуді аңсайтын («Қаз. әдеб.»).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПША ү с т. *Ерлі-зайыпқа ұқсап.* Екеуі *е р л і-з а й ы п ш а* жарасып отыр (Ауызекі).

ЕРЛІК з а т. **1.** *Ержүректілік, батырлық, қаһармандық. Е р л і к к е* де бар едің, Үйренуге тоймаған. Жасқа жас, Ойға көрі едің, Атаңның атын жоймаған (Абай, Тол. жин.). *Е р л і к* білекте емес, жүректе (Мақал). Тарихы бар ел ғана ел жасай алады. Сенің елің – ер дана *е р л і г і м е н* қалады (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** а у ы с. *Ерлікке татитындай іс, қажырлы еңбек.* Жас әдебиетшінің осы еңбегін ғылымдағы *е р л і к* деп атасақ, артық болмас деп ойлаймын (Р.Бердібаев, Шығ.).

Аққөз ерлік. *Көзсіз батырлық, жалтақсыз қимыл.* Осыдан кейін жанжал десе, жаны кіріп қоя беретін әшейіндегі *а қ к ө з е р л і г і н е* басып, қолындағы жуан дойырды Көкен сығымдап қыса түсті (Ә.Нұрпейісов). Осындайда өзінің алды-артына ақылға салып, пәндеп жатпайтын *а қ к ө з е р л і г і н е* басып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ерлік буды [қысты]. *Қайраты тасыды. Е р л і к қ ы с қ а н* кеудеге ішкен асы батпады. Қамын жеген қазақтың Батырдың сарқыт ақыры (Қаз. ақын. шығ.).

Ерлік құрды. *Батылдық, батырлық таныттты, ержүректігімен атын шығарды.* Мен *қ ұ р д ы м е р л і к т і* де, билікті де, Келді деп хан мен төре иліктім бе. Сапырған санды бұлап ақын Базар, Лузына кәріліктің киліктің бе? (Базар жырау, Шығ.).

Жеке ерлік. *Жеке басқа тән батылдық, ержүректік қасиет; батырлық іс, даңқын шығаратын әрекет.* Жігіт болсаң керек, саған *ж е к е е р л і к*. Жеке ерлікке жігерің де жетерлік. Аулағырақ болсын сенен қашанда Алаяқтың бойындағы мекерлік (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан.).

Көзсіз ерлік. *Қауіпті жол, қатерлі іске бастаған әрекет, жүрек жұтқандық.* Мұндайда жауының күшін асырып, қорқытпақ болсаң-ақ, күйеуінің *к ө з с і з е р л і к к е* басып кетерін біліп, тілін тістей қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бала баста жақсы көрген албырт жүрек қыз көзінше қадірлі болып көріну үшін, Байтабанды кейде *к ө з с і з е р л і к к е* де жетектеген жоқ па? (І.Есенберлин, Шығ.).

ЕРЛІКСІЗ с ы н. *Ерлік жасаусыз, батырлықсыз.* Майдансыз, ұлы *е р л і к с і з,* мехнатсыз өмірде көрген жан жоқ рақатты (Ж.Саин, Күлөнда). Жанкешті *е р л і к с і з* жеңіс болмас («Қаз. әдеб.»).

ЕРЛІКТЕЙ с ы н. *Ерлік тәрізді.* Ұрыста, ұлы *е р л і к т е й* еңбекте де Коммунизм солдаты біздің халық (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

ЕРЛІ-ҚАТЫН з а т. с ө й л. ***Ерлі-зайып.*** *Е р л і-қ а т ы н н ы ң* ортасына Есі кеткен отырар (Мақал). Екі жарты – бір бүтін, *е р л і-қ а т ы н* – бір түтін (Мақал).

ЕРМЕ с ы н. *Соңынан ергіш, ілескіш.* Қоңырбаевқа түсіндіріп айту керек. Ол *е р м е* немесе мәңгіп жүре береді (Д.Досжанов, Тұлпар.). *// Ілесіп шыққан, соңынан ерген адам.* Арқалық жастан шыққан сен бір *е р м е,* Кейін қап, қарауылда биік жерге (Батырлар жыры).

ЕРМЕК з а т. *Алданыш, жұбаныш, қызық.* Мен жазбаймын өлеңді *е р м е к* үшін, Жоқбарды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай, Тол. жин.). Күні кеше уайым-қайғысы жоқ алаңсыз еді. Қой бағу – *е р м е к*, қызық сияқты көрінетін (Т.Ахтанов, Дала сыры). Шалбары мен камзолын киінді де, отыра қап аяғына

ботинкасын сұқты. Осының бәрі Бектасқа *ермек*, жұбаныш болып отырған жас қыз (М.Әуезов, Шығ.). **2.** ж а ғ ы м д ы. *Сүйіп айналысатын іс.* Өнер шіркін болды басты *е р м е г і м.* Сәл жаңылсам, Өзімді-өзім тергедім. Бұл өмірдің бұзығы көп – Көнбедім, Бұл өмірдің қызығы көп – Ермедім (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тауешкі дейтін аңы бар. *Ермегі* аңшы баланың. Елік, киік тағы бар, Көркі тау мен даланың (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Төкеңнің ендігі *е р м е г і* осы бау. Жаздай арам шөбін жұлып, түбін қопсытып, суға қандырып шықты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Құмалақ тарту ұзаққа созылды. Одан өзге *е р м е к т і ң* өзі де шамалы (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұл бейнет емес, *е р м е к* тәрізді (М.Әуезов, Абай). **3.** ж а ғ ы м с ы з. *Еріккеннің ісі, бос нәрсе.* Жұмыстан гөрі *е р м е к* пен қалжыңды көбірек ізденіп жүргендері бар (Х.Рахимов, Қызғалдақ). **4.** п е д. <ағыл. hobby> *Бос уақытта адамның қызығып айналысатын ісі. Е р м е к* адамның танымдық іс-әрекетін дамытып, өзіндік ізденісін өрбітеді (Қаз. тілі. термин. Педагогика.). **5.** *Назарын салатын іс, айналысатын шаруа.* Бұл кезде қазаққа өзінен басқа да *е р м е к* табылып, «ауыл иті ала болса да, бөрі көрсе бірігер» дегендей заманға ұшырап тұрғанда, бұрынғы алалықты азайтып, жұртшылықты ойлау керек еді (М.Дулатов, Шығ.).

Ермек болды. а) *Алданыш, жұбаныш етті, серік болды.* Жатырмын жапан түзде жауды бағып, Қасымда *е р м е к б о л а р* серігім жоқ. Өтеді біздің өмір осыменен, Елімнен кеттім жалғыз дерегім жоқ (Қаз. ертег.). Жасы беске толғанда, Ата менен анаға, *Е р м е к б о л д ы* бұл бала (Батырлар жыры). Арада қанша күн өтсе де шыдап жүре берді. Бір жақсысы, осы кезде оған жұмыс көп, *е р м е к б о л д ы* (І.Есенберлин, Айқас). ә) *Мазақ қылды, тәлкек етті.* Ағаларыма *е р м е к б о л ғ а н* екем, олар менен жасырынып кетіп қалады (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Ермек қылды [етті]. а) *Бос нәрсеге уақытын босқа жіберді.* Жоқ нәрсені *е р м е к қ ы п,* уақыт оздыру деген осы ғой (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Көңіліне алданыш етті, сүйікті ісімен айналысты.* Біреу түр зеңбірекке аттай мініп, Күзетші өз жұмысын өзі біліп. Алақтап жанжарына, салақсымай, Күңіреніп, өлең айтып, *е р м е к қ ы л ы п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жазамын тәржіманы *е р м е к қ ы л ы п*, жұмыс жоқ еріккен соң жай отырып (С.Көбеев, Өлеңд.). Сынауына сорғалап келмесе де, Сөкпеңдер мына сөзі қалай десіп. Біліккен соң ер сөзін *е р м е к е т т і м*, Осыны айтпасам да өнер қысып (Ақылбай Құнанбаев). Нұрым ақырын езу тартып, домбырасын *е р м е к е т і п* қаға берді, жауапты Сүлеймен қайырды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Ермек қылуға қара таба алмады. *Ерігіп жүрді, ұрынуға адам таппады.* Ұрынуға қара таба алмай, *е р м е к қ ы л у ғ а қ а р а т а б а а л м а й* жүрген оңкей есектерге солай екен деп қоя қою қайда (С.Торайғыров, Шығ.).

Еріккеннің ермегі болды. *Жұмысы жоқтың ісі, бос тәлкек болды. Е р і к к е н н і ң е р м е г і б о л ғ а н ш а,* Еңбектің өрнегі бол (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). «Сіздікі *е р і к к е н н і ң е р м е г і б о л а р.* Жайыңызға жүріңіз», – деп өзіме ұрысып тастаса, тіпті одан да ауыр бірдеңелер айтып сөгіп жүрсе қайтем? (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕРМЕКСАЗ з а т. <итал. plastilina> *Жабысқақ сазбалшыққа май, балауыз қосылып жасалған, әртүрлі заттарды мүсіндеуге арналған, жұмсақ, созылмалы зат.* ≈ *Е р м е к с а з* сатып әперді.

ЕРМЕКСІЗ с ы н. **1.** *Түктен-түксіз, тыныш.* Бала болғаннан кейін *е р м е к с і з,* ойынсыз отыра алмайсың (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Іссіз, бос, мағынасыз-мазмұнсыз. Е р м е к с і з,* қызықсыз бұл дүниенің не мәнісі бар? («Лен. жас»). **3.** *Шаруасыз, ермек қылатын нәрсесіз.* Бұл екеуінің сөзі де ендігі жерде бір болыс елдің «жақсыларын» *е р м е к с і з* қылатын емес (С.Шарипов, Бекболат).

ЕРМЕКТЕ= е т. *Уақыт оздыру, ермек ету.* Жеңгелері көлбектеп, Құйылып қымыз, ет келді. Үстін-үстін өрнектеп, Қыз бен күйеу қалжыңдап, Отыра берді *е р м е к т е п* (Қамбар батыр).

ЕРМЕКТЕС= е т. **1.** *Уақыт оздырысу, күн өткізісу.* Екеуміз *е р м е к т е с і п,* кейде бірбірімізге көмектесіп отырып сабақ жасаймыз (Ө.Тұрманжанов, Адам.). **2.** *Бірін-бірі ермек етісу, бірін-бірі қара көрісу.* Оны әуелі өзге құрбыларына қосып, солармен *е р м е к т е с і п,* бірге қой жаюға шығарды (Ғ.Орманов, Жүрек.). Үйреніп ап Жолбарыс, Қалмай қойды Қараштан, *Е р м е к т е с і п* екі арыс балалығы жарасқан (Ө.Тұрманжанов, Менің кіт.).

ЕРМЕКТЕСУ *Ермектес етістігінің қимыл атауы.* Екі қария ұзақты күнді бірге өткізісіп, *е р м е к т е с у м е н* келеді («Қаз. әдеб.»).

ЕРМЕКТЕУ *Ермекте етістігінің қимыл атауы.* Осы бір азғана жүнді түтіп, *е р м е к т е у д і* шығарды (Ауызекі).

ЕРМЕКШІЛ с ы н. *Әңгімесі қызықтырып әкететін, әжуаға жаны жақын.* Бұл өзі кездескен таныс кісіге шешуін жан таппас қиын сұрақ қойып, мат қылып жібермеске көңілі көншімейтін бір *е р м е к ш і л* адам еді («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕРМЕКШІЛДІК з а т. *Ермек етушілік, ерігушілік.* Поэзияда орынсыз дөрекілік, бисаясат-

шылдық, бұлдыр тұмандық, *ермекшілдік* пен еріккендік, еңбексіздік секілділер болмасқа керек («Қаз. әдеб.»).

ЕРМЕЛІ с ы н. ж е р г. *Сөзге ергіш, айтқанына тұрмайтын. Ермелі* жандар қайда жоқ дейсіз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРМЕН з а т. <лат. artemisia vulgaris> *Бірсабақты көпжапырақты шашақгүлді болып келетін ащы жусан туысының бір түрі, құнарлы жемшөптік өсімдік. Ермен* сабағының биіктігі небары 50–120 см ғана болса, оның тамырының ұзындығы 3,5 м жерге дейін тереңдеп бұтақтанып кетеді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Шек құрт аурулары малдың жаздыгүні ащыға жайылмай, *ермен,* жусанды аз жегендігінен болатын тәрізді (Х. Арғынбаев, Мал ауру.). *Ермен,* жуа, сарымсақ сияқты кейбір өсімдіктер сүтке қолайсыз иіс береді, әрі оның дәмін күрт бұзады, сапасын кемітеді (С.Сейітов, Сүт. өңдеу).

Ермен шөптей. *Ермен сияқты.* Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан нар кескен жылдардан есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қиқулатып, бұғалықсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім, қайдасың деді ме, тіршіліктің мынау қолындағы қамшының сабындай келте, сабындай жылпылдақтығын әрі *ермен шөптей* ащылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме... (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Бидай шашқан егінге ермен шықты. *Жақсылық орнына жамандық, арамдық, керек емес нәрсе келді. Ермен шықты,* ит қылып, *Бидай шашқан егінге.* Жай жүргенді уерд қылып, Тыныш өлсеңші тегінде (Абай, Тол. жин.).

ЕРМЕНДІК с ы н. *Ерменнен даярланған. Ермендік* жемшөптің қой азығы үшін маңызы зор («Жетісу»). *Ермендік* дәрілердің асқазан бездерінің жұмыстарын күшейтетін, тамаққа тәбетті қоздыратын қасиеттері бар (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік. өсімд.).

ЕРМЕНЕ з а т. б о т. <лат. achillea millefolium> *Ақбас жусан туысына жататын, далалық жерде өсетін бозғылт түсті жатаған өсімдік. Ермене* мен ебелек, Басына қонар көбелек, Мал жегенге көп керек. Қырықбуын, жапырақ, Жаңбыр жауса көл-тарап, Күреңсе көде, тарақбоз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қас қарайып, көз байланып кеткен, жалғыз аяқ сүрлеу жиегіндегі бұта мен *ермененің* ербиген басы ғана көрінеді («Лен. Жас»).

ЕРМЕНЕЛІ с ы н. *Ермене көп өскен, ерменесі көп.* Осы ауылдың отырған жері *ерменелі* жер (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРМЕНСЫМАҚ с ы н. *Ермен тәрізді.* Есік алдына *ерменсымақ* құрай өсіпті («Қазақст. әйелд.»).

ЕР-МЕРІМЕН ү с т. *Ер-тұрманымен, ертоқымымен қоса қабат.* Үзіліп кеткен *ер-мерімен* шұбатыла сылқ ете қалған қарашыңның жаны аузына келіп, енді шығуға таяу еді (І.Есенберлин, Алмас.).

ЕРНЕ з а т. ж е р г. ***Ернеу***. Меден кейде ысқырып, кейде қайықтың *ернесіне* кеспелтек ағашпен тықылдатып қояды (С.Хайдаров, Теңіз самалы).

ЕРНЕК з а т. **1.** ж е р г. *Ыдыс аяқтардың ернеуі.* Темір аяқтың *ернегі* қайқайып, тамақ ішкізбейді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Жардың, құздың шеті.* Кеше мынау *ернектің* қай тұсынан кеп құлағанын есіне түсіргісі келіп еді, айыра алмады (Ә.Кекілбаев, Үркер). Тұрқы келте ат мінсең, құрдым құздың *ернегінде* тұрғандайсың (Ә. Кекілбаев, Дала.). **3.** *Шеткері жақ, сыртқары тұс.* А, кәуір-ау! Шашсаң әне елім деп, *Ернекте* ендей жатқан малым деп, Өзіңнен үлкен жол тапсам, не-дүр халің деп (Жанұзақ). *Ернекке* отау тіктіріп, Мал семізін сояды, Келген-кеткен кісіге Қостан табақ қояды (Батырлар жыры). **4.** *Ернеу.* Қайықтың *ернегіне* етбеттеп жатып алыпты (З.Шүкіров, Отты өткел.).

ЕРНЕКТЕ= е т. **1.** *Ернеуіне дейін лықа толтыру, шүпілдету, асып-төгілу. Ернектеп* құйылған сары қымыздан екі-үш тостағаннан тастап-тастап жіберген жігіттер суыт аттанып кетті (С.Әлжіков, Дала.). **2.** а у ы с. *Кернеу, сыймау,* Әлде көптен бері кеудеге сыймай келген қамығу зары *ернектеп* кетті ме? (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жау! – деген ащы дауысқа бүтін алқап лық толып, *ернектеп* кеткендей болды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЕРНЕКТЕТ= е т. *Ауызмұрнына шейін шүпілдете толтыру, ернегінен асқанша құйдыру.* Қорадағы қаңырайған абажадай темір бөшкенің ішін суға шүпілдете толтырып, *ернектетіп* қояды (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЕРНЕКТЕТУ *Ернектет етістігінің қимыл атауы.* Осы бала су құйса *ернектетуін* қоймайды. Әне төгіп-шашып келеді («Лен. жас»).

ЕРНЕКТЕУ *Ернекте етістігінің қимыл атауы. Ернектеуін* қарашы! (Ауызекі).

ЕРНЕУ[1] з а т. **1.** *Ыдыс-аяқтардың жиегі, ауыз жақшеті.* Сүт тасып, қазанның *ернеуінен* асты (Б.Майлин, Шығ.). Шәй құюы да тәртіп: бірде-бірінің аяғын ауыстырмайды, *ернеуінен* асырмайды, бірін-біріне соғыстырмайды, әккі дүкеншілердей қолы-қолына жұқпайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кесенің *ернеуіне* жеткізе аққұманнан қызғылтым шай құйып, түрегеліп тұрған бойда іше берді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Баурайдағы қарлардың қазанның *ернеуіндегі* үнтақ қанттардың ерігеніндей төмен

сусып жылжып түскендері көрініп тұрды Жанға (Т.Жармағамбетов, Соңғы хат). Ыбырай жалмажан бір тізерлеп отыра ғап, шелектің *е р н е у і н е н* су ішті (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** *Бір нәрсенің шеті, жиегі.* Түлкі айтады: – Айланың орны осы ара, Сен өрмелеп созылып тұрып қара. Төбеңе шығып алып секірейін, *Е р н е у г е* шықпас па екем мен бейшара (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көпірге киреберістегі тасжолдың *е р н е у і н д е* әлденеше мотоцикл жайрап жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). Екеуі шұңқырдың *е р н е у і н е* таяу кеп отырды (М.Гумеров, Шыңырау). **3.** *Аңғар, өзен-көлдердің жырылған ойысы.* Мына Ертіс шарапатты тұрақ саған, Жағады шырқау жұлдыз шырақ соған. Сол Ертіс *е р н е у і н е н* күмбірлесең, Құймайтын дария бар ма жырақ саған (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.). Көлдің суы молайып, *е р н е у і н е н* асқалы тұр (М.Етекбаев, Алатау.). **4.** *Жиек.* Кірсе ар жағы дөңгелек қалың ағаш, Ішінде бір қауыз бар *е р н е у і* тас. Бұлбұл сайрап, миуасы салбырап тұр, Салтанатын түгендеп айтып болмас. Тас *е р н е у і* – меруерт, ол көрінген. Кеткісі келмес жанның мұны көрген. Ер Әзім тамашалап қарап тұрса, Бір түрлі таңғажайып құстар келген (Абай, Тол. жин.). Әр жерде сыртын сан түрлі бояуларымен өрнектеген, *е р н е у л е р і* Құран сүрелерімен безенген Күмбезді мешіттер (І.Есенберлин, Жанталас).

ЕРНЕУ[2] з а т. *Үй, мекеме, бөлмелерінің терезе немесе есігінің үстінен көлбеу бағытта жүргізілген перде ілетін арқау.* ≈ *Е р н е у* ілу.

ЕРНЕУЛЕ= е т. **1.** *Лықа толу, асып-төгілу.* Су *е р н е у л е п* келіп арнасынан шыққан бетте, толқын үйірімен еріп келген малтатас, құм қиыршықтар алқапта қалып қояды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Жиектеу, жағалап жүру.* Қопа-қопалардың арасымен, тас-тастың жымымен көлге құятын кішкене өзенді *е р н е у л е й* басып жүріп келеміз (Ө.Тұржанжанов, Адам.). Айналма жарларға алдыңғы доңғалақтың *е р н е у л е п* барып, бұрылып кететіні жүрегімді сәт сайын су-су еткізумен болды (Самғау). // *Жағалай, айнала.* Айналасы дөп-дөңгелек тулақтай тақыр алаң, жиегін *е р н е у л е й* өрік, шабдалы, жиде ағаштары өсіпті (Д.Досжанов, Жібек.). Ойпатты *е р н е у л е й* қонған үш, бес қанатты боз үй; анау төңірегінде қоқырсып жатқан шалғы, айыр, арба (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЕРНЕУЛЕТ= е т. *Ернеуіне дейін құйдыру, шұпілдету.* Ол төрт құлақты қара қазанды жерошаққа асып, ішіне *е р н е у л е т е* су құйып жатыр (Д. Исабеков, Мазасыз күн.). Сақыш бөтелкенің тығынын ашып, екі рюмкаға *е р н е у л е т і п* құйды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Аға бұйрығын алысымен Төлен шай кесеге *е р н е у л е т е* су құйды (Ө.Ахметов, Қоңыр үй).

ЕРНЕУЛЕТУ *Ернеулет етістігінің қимыл атауы; ернеуіне жеткізе құю.* Арақ құйса, *е р н е у л е т у і н* қоймайды («Лен. жас»).

ЕРНЕУЛІ с ы н. *Ернеуі бар.* Көздері ұстап тұратын *е р н е у л і* ұялар батыру, сызу, бедерлеу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕРНІ-БАСЫ з а т. *Бет-аузы.* Денеңе су өтеді, Құты мүлдем кетеді, *Е р н і-б а с ы* бозарып, Тісі сақ-сақ етеді (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЕР-САЙМАН з а т. с ө й л. ***Ер-тұрман.*** *Е р-с а й м а н д а р* жиналып қалды (З.Шашкин, Тоқаш Бөкин).

ЕР-САЙМАНДЫ с ы н. *Ер-тұрманы бар.* ≈ *Е р-с а й м а н д ы* болды.

ЕР-САЙМАНСЫЗ с ы н. *Ер-сайманның қатысынсыз, ер-сайманы жоқ.*

ЕРСЕҢ-ҚАРСАҢ ү с т. с ө й л. *Ерсілі-қарсылы, арлы-берлі.* Аттан түсіп, бойын жазып, *е р с е ң – қ а р с а ң* жүрді (Е.Қонарбаев, Түнгі от). *Е р с е ң-қ а р с а ң* сабылып, Қалмастан кедей жазылып, Кіргізбеді байларды (Қ.Тоғызақов, Өленд.). Олар бізді көріп, біліп; «Өткізбейміз, жол бермейміз!» – дегендей *е р с е ң-қ а р с а ң* басып, жолымызды кесе беріп жүр (Т.Нұртазин, Үлкен жолда). Алды-артынан атқан соң, Сасқалақтап солдаттар *Е р с е ң-қ а р с а ң* жүгіріп, Жылымға түсіп қырылды (О.Шипин, Дастан.).

ЕРСІ[1] с ы н. **1.** *Оғаш, сөлекет, өрескел, сиықсыз.* Шікірейіп, я жігіттер, кетпелік, Инсанлыққа *е р с і* жұмыс етпелік. Қарастырып халық пайдасын жабылып, Көмек беріп мұқтаждарға көптелік (М.Дулатов, Шығ.). Бұларға ою бастыру, не оюлап құрастыру *е р с і* саналады (С.Қасиманов, Қаз.қолөнері). **2.** *Жарасымсыз, ұнамсыз, қолайсыз.* Менің кигенім гимнастерка. Белдіксіз жүру бір түрлі *е р с і* («Қаз. әдеб.»). Қандай көркем! Қолмен қашап скульптор жасағандай, кескінінде бір *е р с і,* артық мүше болсайшы (З.Шашкин, Теміртау). Көріп қалғаным – қарны тым *е р с і* үлкен екен (М.Жұмағұлов, Қыран.). // ж е р г. *Өте жақсы.* Ол әңгімені *е р с і* біледі (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Ерсі болды. *Оғаш болды, сөлекеттеу көрінді.* Жантас екеуміз сырлас болған жандар емеспіз. Сондықтан менің сөзім оған *е р с і б о п* көрінуі де кәдік (І. Есенберлин, Ғашықтар). Сен сол бір қызығы мол, қызулы шақта тудың да атыңды *е р с і б о л с а* да, Алтыбақан қойып едік, – деген («Қаз. әдеб.»). Оның қазанбұзар қылығы өзге түгілі саған да *е р с і б о л д ы*-ау, – деді Айғаным (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Ерсі көрді. *Оғаш, өрескел деп санады.* Бекарыс та желімдей жабысып қазбалай беруді *е р с і к ө р г е н* (З.Жәкенов, Таң самалы).

Жіберді ортасынан тоғыз емші, Деп «елдің өтінішін айтып көрші». Барған соң тоғызы да тарту алып, Кей Қысырау «келіңдер» деп *көрмей ерсі* (Рүстем Дастан).

Ерсі көрінді. *Біртүрлі көрінді, ыңғайсыздық тудырды.* «Ұмытпасаңыздар болады» деген сөзі бұларға да *ерсі көрінді* (С.Шарипов, Шығ.). Бірақ оның мекемесіне баруда *ерсі көрінді* (А.Нұрқанов, Дала.). Сирақтары сырықтай сорайып арық аттардың бүйтіп дөңкиіп жата қалулары өздеріне де *ерсі көрінген* шығар (М.Жұмабаев, Шығ.).

Ерсі қылық. *Оғаш мінез, сөлекет қылық, кесірлік.* Бірақ биязы мінезді апасы әрдайым сіңлі ығына жығыла жүретін еді. Қазір Күнзия есіне оған еткен талай кесірліктері, кейбір *ерсі қылықтары* түседі (З.Шүкіров, Ізгілік).

Ерсісі жоқ. *Сөкет емес, терістігі жоқ, теріс емес.* Өйткені оның достас көршісі көп айтылса, ақиқаттың *ерсісіжоқ* (Е. Райбаев, Жаңа толғау).

ЕРСІ[2] з а т. қ о л ө н е р. *Өрмектің үстіңгі бой жібі, еркек жібі.* Түрлі жіптерді кілемнің *ерсісіне* қолмен орап, әртүрлі өрнектер теріледі (Х.Арғынбаев, Археология). Сол кезде күзеуге ілінбеген қарсы жіп адарғының қырымен 20–25 см жоғары көтеріліп, күзеулердің ара-арасымен 10–15 сантиметрдей *ерсі* жіптің үстіне шығады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕРСІ[3] з а т. ***Еріс***[2] (*Керегелік желінің ең ұзын ағашы*). ≈ *Ерсіге* ілу.

Ерсісі биік. *Бойы биік, тұрқы ұзын.* Қоян ала алмай, жығыла беретін *ерсісі биік* аңсағай көк тазыша, жіліншігі сидиып, Сарбасов екі мықынынан ұстап, көнбеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕРСІ= е т. *Ер болғансу, мықтысыну, күштісіну.*– Қолым қалтырар деп пе ең? *Ерсуін?* Шық қане! – деді Майсор (Д.Әбілев, Арман.).

ЕРСІЗ[1] с ы н. *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.* Қобыланды Құртқадан құлынды алады, *ерсіз,* жүгенсіз мінеді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Көзінен ата-анам жас ағызар, Жүгенсіз, *ерсіз* жүрген керді көрсе (Дастандар). Еркін жайлап қонған соң, Малсыз болар деймісің, Тұлпар туған құлыншақ *ерсіз* болар деймісің (Алдаспан). Атаның аруағын қор қыларсың, Қысаға қышымалы қотыр тайлақ. Бәріңнің іздегенің сауап емес, Өлді десе, шабарсың *ерсіз* жайдақ (Үш ғасыр.).

ЕРСІЗ[2] с ы н. *Еркексіз, күйеусіз.* Әттең, өмірбақи *ерсіз* өтуді ант еткен Аққозы Орақтың тірі қалғанын білген жоқ (І.Есенберлин, Алмас.). Ел мақтамаған қыз *ерсіз* қалады (Мақал).

ЕРСІЗ[3] с ы н. *Батырсыз, батыры жоқ. Ерсіз* ел болмайды, Елін ер таниды (Б.Момышұлы, Москва.). *Ерсіз* ел болмаса, елсіз ер және болмайды (С.Бақбергенов, Белгісіз.).

ЕРСІЗ[4] с ы н. ж е р г. *Ерсі, сөлекет.* Ол ...феодалдардың бұл жөніндегі *ерсіз* қылықтарын үнемі мысқылдаумен болды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРСІ-ҚАРСЫ ү с т. с ө й л. ***Ерсілі-қарсылы.*** Жүк тиеп, адам тиеп *ерсі-қарсы* Шаңдатты бұрқыратып дала жонды (С.Сейфуллин, Шығ.). *Ерсі-қарсы* жүйіткітіп, Түтіндетіп ұйтқытып, Қара арғымақ қажымас, Қамбардың қара атындай. Орғып әне барасың (Халық ақындары). *Ерсі-қарсы* ағылған машиналар кісі мінетін көліктен гөрі балалар ойнайтын ойыншық сияқтанып бара жатты (Алтынтау).

ЕРСІЛЕН= ү с т. **1.** *Ебедейсіздену, икемсіздену.* Бөкселерін бұлтаңдата қиқаңдап, еңкейе түседі де, аяқтарын кейін қарай *ерсілене* серпиді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** *Өрескелдену, оғаштану.* Бекеш мені мазақтап, *ерсілене* күледі (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Құсайын гармонды *ерсілене* дарылдатып алды (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЕРСІЛЕНУ *Ерсілен етістігінің қимыл атауы. Ерсіленуін* қарай гөр (Ауызекі).

ЕРСІЛЕУ с ы н. **1.** *Оғаштау, ұятту.* Қыз да айтқан сөзінің *ерсілеу* екенін түсініп, күліп жіберді (Т.Ахтанов, Боран). Мекеме басшысының жасын сұрап жатудың өзі *ерсілеу* ғой (Ә.Жәмішев, Дала). **2.** *Ыңғайсыздау.* Ақылдаспақ едім дегені *ерсілеу* естілді Қалимаға (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Шымылдық артынан жас келін қасында отырған қыз-қырқынның тұншыға шыққан *ерсілеу* күлкілері естілді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Ерсілеу болды. *Өрескелдеу болды, ұятту саналды.* Досқали мына қылығының *ерсілеу болғанын* аңғарып, тез айықты (Ә.Сараев, Бозқырау). Түс ауа аттанып кетіп, ел орынға отыра қайта оралып келгенім маған *ерсілеу болды* (С.Бегалин, Уақыт.).

Ерсілеу көрінді. *Сырт көзге ыңғайсыздау, өрескелдеу болып байқалады.* Бір кезде қарағайлы беткейге қарап шалқып сөйлеп, сәл *ерсілеу көрінетін,* бірақ тым әсерлі мінез танытты (Б.Нұржекеев, Күтумен. өт.). «Әпке» дегені Күлжәмилаға да, өзіне де *ерсілеу көрінді* (К.Қазыбаев, Ызғар). Жөкеңнің жаңағы сөзі маған *ерсілеу көрінгендей* болды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЕРСІЛ-ҚАРСЫ ү с т. с ө й л. ***Ерсілі-қарсылы.*** Оң қолы сары жезді күрең қамшы, Толқиды күнмен күліп *ерсіл-қарсы* Келеді тау иесі, дала иесі Жарасып Айқасқаға ер тұлғасы... (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

ЕРСІЛ-ҚАРСЫЛ ү с т. с ө й л. ***Ерсілі-қарсылы.*** Ол кабинетінде *ерсіл-қарсыл*

жүріп сөйлеуді ұнатады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Таң ата шырылдаған торғай мен үйдің алдын, кісінің жолын *е р с і л-қ а р с ы л* кесіп ұшқан қарлығашта да дамыл жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Әлдекімдер келді алып Сол ағашқа бір адамды. *Е р с і л-қ а р с ы л* өткен халық Аң-таң болып тұра қалды (Қ.Аманжолов, Шығ.). Ол біраз жеп кетіп қалып, қайтып оралып, *е р с і л-қ а р с ы л* жүре бастады (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Мал да, адам да дүрлігіп, Жандарынан түңілді. Ел қосылып елменен *Е р с і л-қ а р с ы л* шұбырды (О.Шипин, Дастан).

ЕРСІЛІК з а т. **1.** *Оғаштық, сөкеттік.* Көрген мен көрмегенде көп парық бар: Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей Лайықсыз *е р с і л і к к е* арандама һәр істің мазмұнына көзің жетпей. Ғибрат ал жақсыларға жақын жүріп, Қаша гөр жамандықтан аулақ шеттей (М.Дулатов, Шығ.). Әңгіме үстінде еркін пікір айтудың, керек жерінде қызу-қызу айтысудың еш *е р с і л і г і н* жоқ (С.Байжанов, Сыр.). Өздерінің бұл тұрысының *е р с і л і г і н* сезгендей, олар қырманға үнсіз беталды (М.Сүндетов, Балық аула.). **2.** *Жөнсіздік, ыңғайсыздық.* Еңбексіз күн өткізу – *е р с і л і к* (Мақал). Ерекше боламын деп, *е р с і л і к к е* ұрынбаған жөн. Сәнмен емес, санамен озған мерей (Ә.Нұршайықов, Автопортрет). Бірақ жас Абай әуелі осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын жасайтын қайшылық, *е р с і л і к т е р д і* көрумен, солармен алысумен жүрді (М.Әуезов, Әр жыл.). Ахмет Ясауидің еңбегі қазақтың да, өзбектің де көне әдебиет тарихында қатар қарастырылуының *е р с і л і г і* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЕРСІЛІ-ҚАРСЫЛЫ ү с т. **1.** *Ілгері-кейінді, әрлі-берлі.* Бағила тағат тауып отыра алмай, *е р с і л і-қ а р с ы л ы* жүрумен болды (М.Иманжанов, Көк белес). Далада *е р с і л і-қ а р с ы л ы* сапырылысқан кісі (С.Мұқанов, Шығ.). Көше бойы *е р с і л і-қ а р с ы л ы* ағылған халық (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Жол үстінде жүк тасыған вагондар *е р с і л і-қ а р с ы л ы* жүйткиді (Б.Әбдіразақов, Серпілік). Қазақстан жолдарында астық артқан керуендер *е р с і л і-қ а р с ы л ы* ағылып жатады (Арулар). // *Қарама-қарсы, бетпе-бет.* Айналасы ағаш, қора-жайы кең, *е р с і л і-қ а р с ы л ы* екі бөлмесі бар, тап-түйнақтай үй екен (Б.Тоқтаров, Тауда.). **2.** *Олай-бұлай, айқыш-ұйқыш. Е р с і л і-қ а р с ы л ы* көсіле құлаған ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Теңіз болсаң, *е р с і л і-қ а р с ы л ы* мен Дүниені жаңғыртып кешер едім. Ал тау болсаң, көтеріп бар шыңыңмен, Ауырыңа арқамды төсер едім (Т.Айбергенов, Мен саған.). **3.** а у ы с. *Олай бір, былай бір, алай-дүлей.* Дүние желі *е р с і л і-қ а р с ы л ы* соққанда өңкей бір таңбалы шаңдарды, теңбіл шаңдарды бұрқыратып жүруін тілемеймін (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЕРСІН= е т. **1.** *Еркексіну, мықтысыну.* Сарыбала енді *е р с і н і п,* оларды қуып кетті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Әшейінде отбасында қатын, баланың алдында *е р с і н г е н і* болмаса, бұл өзі зәті қорқақ адам (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ер жоқта ергежейлі *е р с і н е р* (Мақал). **2.** *Күштісіну, өзін мықты, керемет санау.* Ең ауыры, екі үйлі кірме жаппасқа жан бармады қыршын жасты азаптап өлтірген жауыз бай *е р с і н е д і* (А.Нұрқанов, Дала.).

ЕРСІНУ *Ерсін етістігінің қимыл атауы; батырсу, мықтысыну.*

ЕРСІНУШІЛІК з а т. *Мықтысынушылық, күштісінушілік.* Еркекпін деп *е р с і н у ш і л і г і н* қоймайды, мына жаман («Лен. жас»).

ЕРСІРЕ= е т. с ө й л. **1.** ***Байсырау*** *(еркекті аңсау).* Ертайы төрт жыл майданда жүргенде де, *е р с і р е п* емешегі үзілген кезі болмап еді (Қ.Кереева, Құндыз құпиясы). **2.** *Ер болғансу, батырсыну.* Сырттай *е р с і р е г е н і м е н* іштей үрейленуі қалмай, үй сыртынан шыққан дыбыска да елеңдеп отыратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕРСІРЕК с ы н. *Оғаштау, ерсілеу, ретсіздеу, қолайсыздау.* Бұл жолы манағыдан да әрі *е р с і р е к* күлдім (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Бірақ бұл пікірмен жиырма тоғызыншы жылы жарыққа шығу Ғаббасқа *е р с і р е к* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЕРСІРЕУ *Ерсіре етістігінің қимыл атауы; күйеусіреу. Е р с і р е у* ойында жоқ Күнтай осындай жағдайда өмір бойы тұрып қалар ма еді, қайтер еді, егер Шепе үрлеткен өсек желі біраздан кейін қабындап кетпесе (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕРСІТ= е т. *Мықтысың деп күпіндіру.* Жаман балаларды мақтап-мақтап, *е р с і т і п* айдап салып отыр («Лен. жас»).

ЕРСІТУ *Ерсіт етістігінің қимыл атауы; күпіндіру.* ≈ Ер еместі *е р с і т у.*

ЕРТ= е т. **1.** *Бірге, қасына алып жүру.* Күн бата берген кезде шешесін *е р т і п* бала қайтадан келді (Ә.Әбішев, Замана.). Айшаны әкесі Қарқара жәрмеңкесіне *е р т і п* әкетті (Р. Әутәліпов, Алтын). Қасына *е р т к е н* ешкімі де жоқ (Ғ.Сланов, Әңгіме.). Батыр Мұқатайды ордасына *е р т і п* әкетті (С.Сматаев, Елім-ай). Қоңыр күздің басы ма, Күн болатын ерек бір. *Е р т і п* келіп қасына, Мақтады оны директор (Ж.Әбдірашев, Саяхат). **2.** *Ілестіру.* Көшер ме сені көріп қыс түнерген, Мылтығын лақтырар ма сұсты мерген. Мен саған Алатауымды көрсетейін, Қасыңа қырық қыз *е р т і п* шықшы бермен (Т.Айбергенов, Мен саған.). Он шақты ер-азамат нөкер *е р т і п т і* (М.Әуезов, Абай жолы).

Сөз ертті. а) *Өсектеді, сөз қылдырды.* Ол кезде бала едім мен жетілмеген, Ауыл үй *с ө з е р т с е* де жетім деген, Сен едің әке орнына әке болған (Жас қанат). ә) *Жаман сөзге, өсек-аяңға ілінді.* Кешегі – бүгін Тұрсынның тамыр басып, сыр тартқан жігіт-желеңі де Аққыздың қыз болып соңынан *с ө з е р т к е н і н* естімепті (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

ЕРТАУЫЛ з а т. ***Ертәуіл***. Үнемі *е р т а у ы л* полкта жүрді (М.Мағауин, Аласапыран). Тәуекел сұлтан хан ием қарауындағы бес-ақ мың қолымен жиырма мың жауға қарсы соғысқанда *е р т а у ы л* мыңдықтың басында кім шауып еді? (М.Мағауин, Аласапыран).

ЕРТӘУІЛ з а т. к ө н е. *Барлаушы, шолғыншы.* Кеш көзден жоғалған кезде, Карпов пен Серғазы жасақтарының *е р т ә у і л д е р і* де жеткен (І.Есенберлин, Қаһар). Бұл Табын руының салты. Өздерінің арғы бетке қойған *е р т ә у і л* жігіттері екен (І.Есенберлин, Қаһар).

ЕРТЕ ү с т. **1.** *Таң сәріде, ертемен.* Күзетшілер оянды *е р т е* ақырып, Шай алуға тұтқындарды шақырып. Бейшаралар уқалай көзін жүгірді, Тастаған ғой тізесін әбден батырып (М.Дулатов, Шығ.). *Е р т е* шықсаң, алдыңнан күн шығады; кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады (Мақал). **2.** *Алдын ала, алдымен, күні бұрын.* Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ, Айлаға, ашуға да жақтым шырақ. *Е р т е* ояндым, ойландым, жете алмадым, Етекбасты көп көрдім елден бірақ (Абай, Тол. жин.). Жарлығына Алланың *е р т е* ойланған көнбекті. Олар да тірі қалған жоқ, Тірлік арты өлмекті (Абай, Тол. жин.). Мен өнердің күрең тайын мінгелі, Бір дамылсыз жүріп келем ілгері. Бұрылғам жоқ қыстағына мансаптың, Қарсы келген толқындарға қарсы ақтым, Содан, бәлкім, өзімді *е р т е* шаршаттым, Қазір мені үш топ адам қоршап тұр (М. Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Белгіленген, жоспарланған немесе әдеттегі уақыттан бұрын.* Мыс бақырдан қолына алдыдағы, Лапкеге күндегіден *е р т е* барды (Абай, Тол. жин.). *Е р т е* туған қозылар мен кеш туған қозылар кейде бір отарға ұйымдастырылған жағдай кездесті (М.Неталиев, Үлкен жолдың). Кенет жаңбыр басталып, суық *е р т е* түссе, жер бетін қар басады, егін қардың астында қалады (І.Есенберлин, Көлеңке.).

Әлі ерте. *Әлі белгісіз, артын күте тұру керек.* Аз уақыт бұрын хабардар болдық 3 қазанда Тереңөзектегі «Арман» кинотеатрына С.Қожықовтың есімі беріліпті. Бірақ бұған қанағат қылып, қуану *ә л і е р т е* («Түркістан»).

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде. ф о л ь к. *Баяғыда, ескі заманда деген мағынаны білдіретін ертегілердің басталуында айтылатын сөз. – Е р т е, е р т е, е р т е д е, е ш к і ж ү н і б ө р т е д е,* Ән дегенің атымен Болмапты бұл өлкеде (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

Ерте жатып, кеш тұрды. *Жалқауланды, бойкүйездікке салынды.* Жолдасы кедейліктің ұйқы мырза *Е р т е ж а т ы п, к е ш т ұ р с а* болады ырза (И. Байзақов, Таңд. шығ.).

Ерте заманда [кезде, уақытта]. а) ф о л ь к. *Баяғыда. Е р т е з а м а н д а* бір тазша баланың әке-шешесі өліп, жетім қалыпты (Қаз. ертегі). ә) *Бұрыныракта.* Бұл – бір қожаның *е р т е к е з д е* салдырған мешіті екен (С. Бегалин, Мектеп.). *Е р т е у а қ ы т т а* жан-жақтан келетін тоғыз торап жолды шөп басқан (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

Ерте кетті. *Жас кезінде қайтыс болды, қыршын кетті.* Көп кешікпей көктем де келер енді, Көгереді ауылдың төңірегі. *Е р т е к е т к е н* досымның қабірі тұр, Келер көктем, білмеймін, не береді? (М.Мақатаев, Шығ.).

Ерте күнді кеш қылды. *Сөзбұйдаға салды, кешіктірді. Е р т е к ү н д і к е ш қ ы л м а й ы қ,* бармай-ақ қояйық! (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Беретін болсаң *е р т е к ү н д і к е ш қ ы л м а й* бер (С.Нарымбетов, Тентек).

Ертең ерте. *Ертеңінде, таңертең, ертемен, азанда. Е р т е ң е р т е* базарға Кемер барса, баяғы көк шолағы дәл келді (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Жұмабек *е р т е ң е р т е м е н* Сарыжалға аттанды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Әуелі хақтығына жетсін көзің, Серт қылдым ғой үйретпек болып өзім, *Е р т е ң е р т е* сол жерден табыспаққа Екеуі уәде байлап, қойды сөзін (Абай, Тол. жин.). *Е р т е ң е р т е,* елең-алаңда тұрып, әлгі қонақүй иесі кемпірге: «Бәйбіше, не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» – деп сұрапты (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ертетуған. ***Кепе.*** *Марқа.* Жанәлигеқозысою – қоян сойғаннан оңай, *е р т е т у ғ а н* кепелердің бірін он минутта жайратып салып, бұтарлап-бұтарлап қазанның түбіне қоя салды. Қайран мырзам-ай, тағы бір кепесін жайратып салыпты-ау! (Ә.Тарази, Кен).

Ерте туып, кеш қалған. *Өмірден еш нәрсе көрмеген, қолы тұкке жетпеген, уақытын босқа өткізген. Ерте туып, кеш қалған,* Мықан інім, Ертеден неге етпедің шатағыңды? (Айтыс).

Ерте тұрғызды. *Ерте оятты.* Нұрмияшты бүгін төсегінен *е р т е т ұ р ғ ы з д ы* («Қаз. әдеб.»).

Ерте тұрды. *Үйқыдан күн көтеріле, күн шыға оянды. Е р т е т ұ р ғ а н* жігіттің ырысы артық, *Е р т е т ұ р ғ а н* әйелдің бір ісі артық (Мақал). Сол қара тас жатқан жер Мәтібұлақ, Қозы жайған жерлерім күнде жылап. *Е р т е т ұ р ы п* дірдектеп мен жүргенде, Қанымпез бай ұрсады сөзбен сыбап (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ол жерге *е р т е т ұ р ы п* жігіт барды, Шал

да душар алдынан бола қалды. Қолынан ұстап алып, ертіп барып, Далада бір бұзылған тамға апарды? («Жалын»).

Ерте пар. а у ы л ш а р. *Ерте көктемде жыртылған, өңделген егістік. Е р т е п а р ғ а* арналған алқаптарда қар тоқтатылады (ҚСЭ).

Есте жоқ ерте заман. *Өте ерте заман. Е с т е ж о қ е р т е з а м а н д а р д а н* бермен қарайғы аңыз-әңгімелеріміз де, халқымыздың тарихын құрайтын таңдаулы шығармаларымыз да ауыз әдебиетіміз арқылы бізге жетті («Түркістан»).

ЕРТЕГІ з а т. **1.** ф о л ь к. *Қиял мен арманға, аңызға негізделген сюжетті көркем әңгіме түрінде қара сөзбен берілетін эпикалық шығарма.* Жалпы *е р т е г і л е р д і ң* пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға сенген, себебі ол шақта *е р т е г і* өз төркінінен алшақ кете қоймаған, сондықтан көркемдік қызмет те атқармаған (ҚҰЭ). *Е р т е г і* уақиғаны ғажайыпты етіп, әсірелеп, әсерлі етіп баяндап, сөйтіп тыңдаушысын елтітіп, эстетикалық тәрбие береді, жалпы *е р т е г і н і ң* танымдық-тәрбиелік рөлі өте зор (Әдеб. термин. сөзд.). Біраз уақыт өтеді, үйдегі отырғандар жалынып, Қарасақалға *е р т е г і* айтқызады (М.Дулатов. Шығ.). *Е р т е г і* емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір әңгіме шертейін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Таңғажайып *е р т е г і л е р д і* көп тыңдайтын баланың ойы сан-саққа жүгірді (С.Ақтаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Шындық емес, ақиқат нәрсе емес, қолжетпес қиял.* Диірмен мен үшін – *е р т е г і* (Ә.Бөриев, Алматы әңгімелері). **3.** а у ы с. *Өтірік, шындық емес.* Наданға арам ақылды құлаққа ілмек, Бұл сөзден *е р т е г і н і* тез үйренбек. Рас сөздің кім білер қасиетін? Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек (Абай, Тол, жин.). Қызыл арай ақ күміс, алтын бергек Қызықты *е р т е г і г е* көтерілмек. Ақсақалдың, әкенің, білімдінің Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. жағымсыз. *Әсірелеп жырға айналдырушылық.* Қазақтар қаруын тастамайды деген *е р т е г і н і* жас балаларға айтсаңыз бәлкім сенер (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **5.** а у ы с. *Аңыз әңгіме.* Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, *е р т е г і н і* термек үшін, Көкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай, Тол. жин.). **6.** э к с п р. *Қиялдағыдай ғана болатын, бұл дүниеде жоқ ғажап әлем.* Айналаға көз салсақ, Жетісу бейне *е р т е г і*. Айырқезең, Майлыошақ Арасан соның етегі (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Бұл ғасыр бейне *е р т е г і*, Теңі жоқ жыр ғой асылы. Әз інілердің ертеңі – Әзизалардың ғасыры (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Батырлық ертегілер. фольк. *Бастыкейіпкер – батырдың тұлғасы даралана көрсетілетін, батырлық істері әсірелене суреттелетін, қаһармандық эпоспен байланысты қалыптасқан ертегі жанры. Б а т ы р л ы қ е р т е г і л е р д і ң* басты тақырыбы қаһармандықпен сүйгеніне үйлену, небір алып құбыжық, жалмауыздармен күресу және ру, тайпа, бүкіл ел үшін кек алу. Бұның бәрі ертегінің сюжет даму барысында көрініс табады (Әдеб. термин. сөзд.). *Б а т ы р л ы қ е р т е г і л е р д і ң,* көне классикалық түрлеріне «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай» т.б. ертегілер жатса, қаһармандық эпостық ертегі түрінде келетіндері «Қамбар батыр», «Таласпай мерген», «Ер Тарғын» т.б. (Әдеб. термин. сөзд.).

Ертегі жыр. ф о л ь к. *Өлеңмен айтылатын жыр. Е р т е г і ж ы р* деп өлеңмен айтылған ертегі айтылады (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

Ертегі қылды. *Аңыз етіп дәріптеді, әсіреледі.* Неткен мойын, неткен көз! Осыдан артық дейсің бе, *Е р т е г і қ ы л ы п* айтқан сөз? (Абай, Тол. жин.). «Құлагер» поэмасынан оқушы Ақан мен Құлагердің халық *е р т е г і қ ы л а т ы н* образдарын күтеді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Жануарлар туралы ертегілер. ф о л ь к. *Адам мінезін жануарлар бейнесі арқылы тұспалдап, аллегориялық тәсілмен пернелеп жеткізетін, хайуанаттар жайындағы ертегілер. Ж а н у а р л а р т у р а л ы е р т е г і л е р* фольклортану ғылымында үш топқа жіктеледі. Біріншісі және ең көнесі, этиологиялық мифтен байланысты үзе қоймаған, жанрлық жағынан синкретті – этиологиялық ертегілер. Екіншісі, әлем халықтары арасында кеңінен тараған, Шығыс және Батыс халықтары хайуанаттар жайындағы ертегілермен сабақтас және мотивтері мен сюжеттері үндес келетін ең көп түрі – классикалық ертегілер. Үшіншісі – әдебиетке жақын, көбінесе кітаби болып келетін мысал ертегілер (Әдеб. термин. сөзд.). *Ж а н у а р л а р т у р а л ы е р т е г і л е р д і* алсақ, төркіні адамзат тарихының ерте дәуірімен, аңшылық өмірімен байланысты келеді (Әдеб. термин. сөзд.).

Классикалық ертегілер. ф о л ь к. *Әлем халықтары арасында кеңінен тараған, сюжеті мен кейіпкерлері көп халықтар ертегісінде ортақ, танымал хайуанаттар жайлы ертегінің бір тобы.* Жануарлар жайындағы қазақ ертегілері фольклортану ғылымында үш топқа бөлінеді. Біріншісі – мифтік жануарлардан байланысын үзе қоймаған көне ертегілер. Екіншісі – әлем халықтары арасында кеңінен тараған танымал *к л а с с и к а л ы қ е р т е г і л е р* және мысал ертегілер (Әдеб. термин. сөзд.). Бірінші топқа «Мүшел», «Хайуанаттардың жыл басына таласуы», «Үркер» т.б. екінші топқа *к л а с с и к а л ы қ е р т е г і л е р* «Бес ешкі», «Айлакер тышқан», «Түлкі, аю, қойшы, т.б. ал мысал

ертегілерге «Сегізбай мен Тышқан», «Түлкі, аю, қойшы» т.б. жатқызуға болады (Әдеб. термин. сөзд.).

Қазақ ертегілері. ә д е б. *Қазақ халқының ауыз әдебиетінің көне жанры, қазақ халқының ертегілері. Қ а з а қ е р т е г і л е р і н д е* хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан (ҚҰЭ). *Қ а з а қ е р т е г і л е р і* де басқа халықтардың ертегілеріндей тақырыбы сан алуан, қоғамның өмірінен кең мағұлмат беретін, көркемдік маңызы зор халықтың сөз өнерінің бір саласы, Белинский сөзімен айтқанда «Халық жанының айнасы» (Әдеб. термин. сөзд.).

Қиял-ғажайып ертегілер. ф о л ь к. *Қиял-ғажайып бейнедегі образдар арқылы берілетін, сюжеті, оқиғасы шындық өмірден әлдеқайда алыста жататын ертегі жанрының бір түрі. Қиял-ғажайып ертегілерде* алғашқы қауымдық қоғамдағы адам баласының арманы қиял-ғажайып бейнедегі образдар арқылы беріледі. *Қ и я л - ғ а ж а й ы п е р т е г і л е р д і ң* көне түрлерінің сюжетінде ерте заманға тән тотемизм, анимизм, магия т.б. діни нанымдар мен сенімдер кездеседі (Әдеб. термин. сөзд.). *Қ и я л - ғ а ж а й ы п е р т е г і л е р д і ң* басты кейіпкерлері: аңғымерген, батыр, тазша бала т.б. Олар түрлі ғажайып күштермен соғысып, жеңіп отырады. Оған «Тазша бала», «Сиқырлы құс» т.б. жатады (Әдеб. термин. сөзд.).

Новеллалық ертегілер. ф о л ь к. *Кейіпкерлері қоғамның әлеуметтік тап өкілдері болып келетін, сюжетіне қарапайым, күнделікті тұрмыс, тіршіліктегі оқиға негіз болатын, шындық өмірге біршама жақын тұрмыс-салт ертегілері. Н о в е л л а л ы қ е р т е г і л е р д і ң* бір түрі тұрмыс-салт ертегісі деп аталып келді (Әдеб. термин. сөзд.). *Н о в е л л а л ы қ е р т е г і н і ң қаһармандары* – уәзір мен кедей, би мен ұста, т.б. Бұл саладағы ертегілерге «Аяз би», «Үш өсиет» т.б. жатады (Әдеб. термин. сөзд.).

Сатиралық ертегі. ә д е б. *Мысқыл мен сықаққа негізделген ауыз әдебиетінің көне жанры.* Эпостық шығарманың және бір қысқаша түрі – *с а т и р а л ы қ е р т е г і* (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

Сықақ ертегілер. ф о л ь к. *Қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды әшкерелеп отыратын, аты аңызға айналған танымал кейіпкерлері бар ертегі жанрының бір түрі. С ы қ а қ е р т е г і л е р* – кейінірек дүниеге келген, жаңа тарихи кезеңдердің жемісі; ертегілердің тілі өткір келеді, жамандық біткенді, қоғамдағы небір жағымсыз құбылыстарды әшкерелеп отырады (Әдеб. термин. сөзд.). *С ы қ а қ е р т е г і л е р д і ң* бір түрі – анекдот, өмір құбылыстарын күлкімен өрнектеп, маңызды қорытынды жасайтын қысқа, тілі өткір, күлдіргі әңгімеге жақын келеді (Әдеб. термин. сөзд.).

ЕРТЕГІ-АҢЫЗ з а т. *Ертегілер мен аңыздар.* Рақыш естіген *е р т е г і - а ң ы з д а* шығар күнді жақсылыққа, батар күнді жаманшылыққа жорушы еді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Ондай белгі атаулар қазақ жерінде өте көп. Бұл туралы неше түрлі *е р т е г і - а ң ы з д а р* да бар (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

Ертегі-аңыз болды. *Дәріптелді, жырға айналды.* Еліміздің беріктігін танытқан сол айбынды күндер жас ұрпаққа *е р т е г і - а ң ы з б о л ы п* жетіп жатқан жоқ па? (С. Бақбергенов, Менің досым.).

ЕРТЕГІДЕГІ с ы н. *Қиял мен аңызға негізделген әңгімедегі.* Әжем оны *е р т е г і д е г і* батырлардан да зор, күшті, құдіретті деп сипаттады (А.Лекеров, Түз гүлі). Олар кездесе қалса-ақ *е р т е г і д е г і* ғашықтардай шағынып табысады (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЕРТЕГІДЕГІДЕЙ с ы н. **1.** *Ертегідегі сияқты.* Бірінші кітабында *е р т е г і д е г і д е й* оқиғаларға көбірек орын берген (Семья тәрбиесі). Осы кезде Әлия *е р т е г і д е г і д е й* батырларға ұқсады (Ә.Нұрмаханова). **2.** *Ерекше, сөзбен айтып жеткізе алмайтын.* Емдік қасиеті бар, суы шипалы рахман қайнары, *е р т е г і д е г і д е й* сұлу табиғатымен әлемді тамсандырған Қатон-Қарағай, шалқар көлдер Зайсан мен Алакөл де осы маңайда («Жас Алаш»).

ЕРТЕГІДЕЙ с ы н. *Ертегі сияқты, қиялдағыдай, шындық дүниеден бөлек. Е р т е г і д е й* алыс өмірден елес-елес леп берсем, дұрыс түсін. Ел көкірегіндегі тәтті үмітті ән жолынан іздедім (С.Сматаев, Елім-ай). Бояу реңі *е р т е г і д е й* шапшаңдықпен ауыса-ауыса береді (М.Әуезов, Шығ.).

Ертегідей етіп [қып] айтты. *Ұйытып, майын тамызып, көзімен көрген таңғажайып оқиғасындай етіп айтты.* Саясат мәселесін де Сағатбай әдемі *е р т е г і д е й е т і п а й т у ш ы* еді (Б.Соқпақбаев, Бастан кешкен). Көп құпияның кілтін ашты. Аманжолдың жайын *е р т е г і д е й г ы п а й т ы п* жатыр (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

ЕРТЕГІҚҰМАР с ы н. *Ертегіні ұнататын.* ≈ *Е р т е г і қ ұ м а р* балалар.

ЕРТЕГІЛІ с ы н. с ө й л. *Ертегі араласқан.* Көне заманғы *е р т е г і л і* оқиғалар болсын, жаңа заманның бас кезіндегі оқиғалар болсын қайсысында да суретші сол кездің рухын дәл беретін келісім, қисын, бояулар таба біледі («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕРТЕГІЛІК с ы н. **1.** *Ертегіге тән.* Тарихи жырлардан ең маңыздысы бурят көтерілісшілерін бастаушы, *е р т е г і л і к* батырға

айналып кеткен Амурсапан екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұл Ер Төстіктің жас кезіндегі *ертегілік* сипаты (Т.Сүлейменов, Қиял әлемі.). **2.** *Ертегідегі.* Халық ауыз әдебиетіндегі әңгімелердің көпшілігі *ертегілік* сипатта болып келеді (Қаз.әдеб.). Ал түнде толыққан ай биіктей кеп, Сәулесі *ертегілік* киіттей боп, Теңіздің бойын өрлей, жүзеді еркін, Қорықпайтын бейне «Моби – Диктей» боп (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **3.** *Ертегіге арналған.* Үшеуі де шығыстың дастан аңыздардан немесе *ертегілік* тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады (М.Әуезов, Әр жыл.).

Ертегілік проза. фольк. ***Ертегі.*** *Ертегілік проза,* яғни ертегілер тақырыбына, сюжетіне қарай бірнеше жанрлық түрге бөлініп жіктеледі: жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сықақ ертегілер (Әдеб. термин. сөзд.).

ЕРТЕГІШІ з а т. **1.** *Бұрыннан белгілі ертегілерді жадында сақтап, тыңдаушыға көркем тілмен, тартымды етіп айтып беретін немесе өз жанынан да ертегі шығаратын адам.* Фольклордың қарасөзбен айтылатын эпикалық жанрларының бір түрі – ертегінің алуан үлгілері ел ішінде көненің сөзін көп білетін *ертегіші* арқылы тараған (ҚҰЭ). Әр *ертегішінің* өзінің білім өрісіне, өмірлік тәжірибесіне, сөзге ұсталығына орай, ертегіге өзінше көркемдік өрнек дарытады. (ҚҰЭ). Осы елдің әнші, домбырашыларын, *ертегішілерін,* әңгімешіл қарттарын кезекпен келтірем (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Ертегі-аңыздарды көп білетін адам. Ертегіші* Бабай осы айтып отырған хикаясына шын берілген күмәнсіз сезімге лайық басылды қоңыр дауыспен баяндап, тағы да бөгелді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Малшы сырын білем мен, Қасында өскен жасымнан Ел тарихын үйренген, *ертегіші* малшыдан (Ж.Жабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ерте замандар тарихының шежіресі. Ертегіші* – алдияр баба дала. Ақындардың ақыны – жер, тегінде (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЕРТЕГІШІЛ с ы н. **1.** *Ертегі-аңыздарды көп білетін, ертегі айтуға шебер.* Қойшы, балапаным,– деп, манадан бері құмарта тыңдап отырған *ертегішіл* әжем де жағасын ұстайды (Ә.Сәрсенбаев Теңіз.). Мінезі момын қойшының бойындағы бір қасиеті аса *ертегішіл* (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Ертегіні ұнататын, ертегіқұмар. Ертегішілін* қарай гөр өзінің, күнұзаққа тыңдай беруге бар (Ауызекі).

ЕРТЕГІШІЛІК з а т. *Ертегі айтуға шеберлік; ертегіқұмарлық. Ертегішілік,* шешен әңгімешілік дәстүрлер Жамбылдан бастап, осы күнгі ақын-жыршылардың көбінде бар (Е. Ысмайылов, Ақын).

ЕРТЕДЕ ү с т. **1.** *Өткен заманда, баяғы кезде, көне дәуірде. Ертеде* еңбегімен дәулет құрған Момынбай деген кісі болған екен (Қаз. ертегі.). Біздің халқымыздың *ертеде* сурет өнері шеберлігі болған (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Бұдан көп уақыт бұрын.* Омар ақсақал *ертеде* Қостанай деген кісі болған екен дейді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Қаншама емдетсе де қызметті көп істеу, торығу салдарынан Сұлтанмахмұттың *ертеде* Тройцкіде жүргенде пайда болған ауруы күшейе түседі (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы).

ЕРТЕДЕГІ с ы н. *Бұрынғы, баяғы заманғы.* Ең алғашқы сөздікті біздің заманымыздан бұрын, V ғасырда, *ертедегі* гректер құрастырған (Ғалам ғажап.). Пушкиннің есіне *ертедегі* ата-бабасының дворяндығы түседі (М. Қаратаев, Туған әдеб.). *Ертедегі* тарих осыны айтады (С. Шарипов, Бекболат).

ЕРТЕДЕН ү с т. **1.** *Ерте кезден, бұрыннан, көп уақыттан бері, әуелден-ақ.* Шопан қадірлі де, сыпайы сөз. Бұл барлық шығыс халқына *ертеден* мәлім болатын (Тарту). Колхозды *ертеден* басқарып отырған Салық та, ауыл адамдары да бұған мән бермейді (С.Жүнісов, Жапанда.). *Ертеден* елге аян Қазан қала, Жататын көптен бері маңғаздана. Кетті оның көшесіне кемдік етіп, Торғайдан тентіреген жалғыз бала (О.Шипин, Дастан.). Қазақтың қол инемен тігу ісінде *ертеден* келе жатқан көркемдеп тігудің түрлері де бар (С.Қасиманов, Қазақ қолөнері). Қазақ, өзбек халықтары *ертеден* араласып, ежелден достасқан (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **2.** *Таңертеңнен бері, таң азаннан. Ертеден* бері жігерін құм қылып, еңсесін басқан зілді біреу сыпырып тастап, Ержанды ширықтырып алға нұсқады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Ертеден қара кешке [дейін]. *Күні бойы, ұзақты күнге.* Айтсам тілімді алмайсың. Құстың бабы саған – Абылғазы мен Әділ емес, *ертеден қара кешке* боқтай берсең, көтере беретін дегенім қайда? – деп Абылғазы Жабайды мазақтап күледі (М.Әуезов). Желі басында *ертеден қара кешке* бие сауған Бүркітбай да қасындағы көмекшісі бала жігіт Баймағамбетке әр биені саууға отыра бере ауыр-ауыр көп істер, мұндар айтады (М.Әуезов, Шы?.). Біз адам емеспіз бе?! *Ертеден қара кешке дейін* шайханадан шықпаймыз (Ә.Жәмішев, Армысың.). Ол үп-үлкен болып алып, *ертеден қара кешке дейін* тамақтан басқаны ойламайтын шығар (Р.Әбутәліпов, Алтын Жем).

Ертеден салса, кешке озған. п о э т. *Күні бойы шаба беретін, алда келетін жүйрік (ат). Ертеден салса, кешке озған,* Ылдидан салса төске озған (Махамбет, Өлеңд.).

Ертеден бері. *Біраз уақыттан бері.* Үй ішіндегі әңгімеге *ертеден бері* Мөңке араласпай отырған-ды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕРТЕК з а т. с ө й л. ***Ертегі***. Қыс өтті, жаз шығып, мал төлдеп қалды. *Ертектің* кезі өтті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мұратын ермек етеді, оның тілін қызық көреді, *ертек* айтып береді (Т.Ахтанов, Боран). Әжемнің мыстан кемпір туралы *ертектері* есіне түсіп, өзімді де үрей билейді (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Ата досқа санама, Алды-артында болжал жоқ, Жаңадан болған селтекті. Шайырлардың сомасы – Хикая, толғау, *ертек*-ті (О.Шораяқов, Шайыр.). Ылди мен жорта білдім өрде бірдей, Тартты алға түс-түс жаққа ол бөлінбей. Досқа да сенді алаңсыз ақын жігіт, *Ертекке* әжесі айтқан сенгеніндей (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Ертек қылды [болды]. *Жыр қылды, дәріптеді, аңызға айналдырды.* Шақа атам үй толған адамға *ертек қылып* айтып берді (А.Хангелдин, Алғыс.). Сонымен бұрынғылар шын деген әңгімелер соңғыларға *ертек болып* қала берген (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕРТЕ-КЕШ ү с т. *Күні бойы, таңертең де, кеш те.* Жүрді ме әлде *ерте-кеш*, Жігіт атын суарып Жүрді ме әлде бір бикеш, Күнде көлден су алып (С.Мәуленов, Рауан). «Жатсаңдар жазықысы мінекей» деп, Көрсетіп шаһналық қойды жайды. *Ерте-кеш* үйлеріндей келіп, кетіп, Осылай өткізді олар бірталайды (Т.Ізтілеуов, Назым). Алып дене князьдың Жарадан қанын сүртемін Зарланамын *ерте-кеш*, Жасымды неге іркемін (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Тапсырдым сені, Шайхы, бір құдаға. *Ерте-кеш* еңбегіңе ел дұғада (О.Шораяқов, Шайыр.).

Ерте-кеш пе с ө й л. *Я ерте, я кеш, әйтеуір бір.* Кетсе досым, кете берсін, қайтемін, *Ерте-кеш пе* түсінетін болады (М.Шаханов, Баллада.). Тұтанды көкірегімнен шырақ-сенім, Болса егер қайрылуға уақытың жоқ, Жүре бер. *Ерте-кеш пе* бірақ сенің Алдыңнан жарқыраймын бақытың боп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ерте-кешті өткізу. *Күн өткізу, уақыт өткізу.* От жалын ой өртеп ішті, Жай таптырмай жаныма. *Өткізумен ерте-кешті*, У жайылды қаныма (XX ғ. қаз. ақын.).

Игіліктің [игі істің] ерте-кеші жоқ. *Жақсылықтың, жақсы істің кеш болса да, болғаны жақсы, әйтеуір, түбі қайыр болса болғаны деген мағынада.* Оқасы жоқ, *игіліктің ерте-кеші жоқ*, бұрын келе алмаса, бүгін келді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). *Игіліктің ерте-кеші жоқ*, тек арты қайырлы болсын (І.Есенберлин, Алмас.). *Игіліктің ерте, кеші жоқ*, жоспарыңызды қалдырып кетіңіз (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жарайды, ертең де барсақ болады, *игі істің ерте-кеші жоқ* деген, бұл күнге жете алмаған да сұңқарлар аз емес-ті (І.Есенберлин, Айқас).

ЕРТЕ-КЕШТІ с ы н. с ө й л. ***Ертелі-кеш***. Жылқыны араладым *ерте-кешті*, бірін жүйірік, біреуін берік десті (Батырлар жыры). Жұрт болып олар тағы жинады есті. Көбейіп күннен-күнге өсіп-өнді. Уақытында Мұхамедтің мұсылман боп, Оқитын болды намаз *ерте-кешті* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕРТЕКТЕГІ с ы н. с ө й л. ***Ертегідегі***. Қарауытқан орман *ертектегі* сыр бүккен алып батырға ұқсас (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Қайым өлең фольклордың *ертектегі* үлгісіне жатады (Е.Ысмайылов, Ақындар). Өзі алда бара жатыр, немістерге қарсы автоматынан да оқты қардай боратып барады. Осы кезде Әлия *ертектердегі* батырларға ұқсайды (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары).

ЕРТЕКТЕГІДЕЙ с ы н. с ө й л. ***Ертегідегідей***. *Ертектегідей*, сол ашылған жерден, оның ар жағындағы алтынды дүние жарқ етіп, бүкіл өлкені сәулелендіреді (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

ЕРТЕКТЕЙ с ы н. с ө й л. ***Ертегідей***. Уезде не болып жатқанын ауыл адамдары Таңқыбайдың *ертектей* сайлы етіп айтатын әңгімесінен қанады (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Әрбірінің тарихы бар, *Ертектей* ел жаттап алған (С.Бегалин, Өлеңд.).

ЕРТЕКШІ з а т. с ө й л. ***Ертегіші***. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертекшінің өзіндік қасиеті болғандықтан, *ертекші* де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады (ҚҰЭ). Ауыл жоқ отыратын әрбір сайда, Білмеймін енді *ертекші* кемпір қайда? Қызы отыр Алматыда ел басқарып, Ұлы отыр Ұлытаудан ұшқалы айға (Б.Адамбаев, Аманат). Есіркеген бірден айқайлауды ерсі көріп «бұл кім-ай?» деп қолын созғанда, алақаны *ертекші* қонақтың қара сақалына барып тиген (І.Есенберлин, Қаһар). Айтқыш, әңгімеші, *ертекші* қария ақындар ел ішінде аз емес (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЕРТЕКШІЛ с ы н. с ө й л. ***Ертегішіл***. Әйгерімнен туған Абайдың үшінші баласы Мекеш әңгімешіл, *ертекшіл* еді (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Бегайдарды білемін дейді. *Ертекшілін* қарашы, сен, мұның! Мыңбасы Бегайдарды көру – тақияңа тар келер, сұлу қыз (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Бір шеттен әділет пен адамгершілікті ту еткен, қапыда кеткен әкесі Шалғынбай, оған жанаса асқан *ертекшіл*, аңшыл қарт Құспан келіп тұрды (Ә.Әзиев, Жез таулар). Ай апамның әңгімешілдігіне таңқалатынбыз. Дүниеде бұдан өткен *ертекшіл* адам болмайтын шығар (Д.Шаймерденова, Ауыл жігіті).

ЕРТЕЛЕП үс т. **1.** *Уақытынан бұрын.* Сансыз көкек сұңқылдап, Көктем келді *ертелеп* (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.). Елдос жұмыстан бүгін *ертелеп* шығып, сәл ойға қалып тұрған-ды (А.Байтанаев, Қансонар). **2.** *Таңатысымен, азаннан, ертемен.* Күнде *ертелеп* бұл районның алдын күзетеді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Міне, бүгін де ол *ертелеп* атқа қонды (К.Баялиев, Дегелек.). Құлпытастың төңірегінде күнде *ертелеп* біреу жүреді («Қазақст. мұғ.»). Шыңдардан шыққан *ертелеп*, Тасқын су ұқсас қолға, Енді сәл бәсең еркелеп, Тоғанға жетті қонаға (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). Сол жерге окоп қазып, түнеп шықтық. Таңертең *ертелеп* шабуыл шебіне таяндық (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). Күнде тұрып *ертелеп*, Жерге сеуіп ақ күміс, Алматыда ентелеп, Есіктерді қақты қыс (С.Мәуленов, Найзағай жарығы).

ЕРТЕЛЕТ= е т. **1.** *Ерте қамдану, іске ерте кірісу, асығу.* Ол таңертеңгі шайын жаңа алдына алған екен, *ертелеткенімді* сонда білдім (С.Еркебаев, Алғашқы.). Әбен атам *ертелеткенімізге* ренжіген жоқ (Н.Сералиев, Қаңтар). *// Таң атысымен, таңертеңнен.* Қонақтар бір сағаттай көз шырымын алды да *ертелетіп* кетіп қалды (О.Иманғалиев, Сыңар.). Әбекең де *ертелете* аяңдап, мектепке қарай келе жатыр (Ә.Жәмішев, Дала шұғ.). **2.** *Ерте үйқыдан ояну.* Жаным ғашық таң нұрына, Кетем күнде *ертелетіп* Налымадым тағдырыма Қоймадың деп еркелетіп (Ш.Мұхамеджанов, Шағала көңілім).

ЕРТЕЛЕТУ *Ертелет етістігінің қимыл атауы; ертемен тұру, істің қамына ерте кірісу.*

ЕРТЕЛЕУ с ы н. *Бұрынырақ, тезірек, ертерек.* Сол киім артық еді бүтіннен де, Жасқаншақ жетім бала күтілген бе. Үкідей ұшып үйге жүгіретін, Жұмысын кейде *ертелеу* бітіргенде (М.Айтхожина, Қаракөзайым). Жаздыгүні күн тез ысып кетеді, Сондықтан *ертелеу* қимылдап, жұмысқа ерте кіріскен жөн болады («Лен. жас»). Нәзікен бүгін жұмысқа *ертелеу* келген (З.Шүкіров, Сарша тамыз). Хаттардың тарихы Отан соғысының сұрапыл жылдарынан басталса, мына алма ағашының тарихы онан сәл *ертелеу* басталады (Ж.Еділбаев, Бауырқанған бұлақтар). Екеуміздің үйірсектігіміз тым *ертелеу* болып кетті ме, қалай? (Ғ.Сланов, Жанартау).

ЕРТЕЛІ үс т. *Таңертеңнен, азаннан, ертеден бастап. Ертелі* шеккен ойына жымыңдаған жұлдыздан ұялғандай өз-өзінен қысылды (Н.Сералиев, Қаңтар). Керуен басы да *ертелі* көзін салып, тосын жүргіншіні қарап отырыпты (Ә.Әлішев, Батыр бол.). Ерте уақытта Ұзақ соғыс ертегі Кеш айт яки *ертелі*,– Жаныңды мезі қылады (Қ.Аманжолов, Тол. жин.).

Ертелі бері. *Күн ұзаққа, күні бойы. Ертелі бері* екеуінің әңгімесі аяқталуын күтіп отыр еді (З.Шүкіров, Жас жесір). *Ертелі бері* үй ішінде сөйлесудің ретін келтіре алмады («Лен. жас»).

ЕРТЕЛІК[1] з а т. *Күні бұрындық, асығыстық.* Қазір-ақ келе беріңдер, *ертелік* етпейді (Ауызекі).

ЕРТЕЛІК[2] с ы н. с ө й л. *Бұрынғы кездегі, ерте уақыттағы.* Әр-беріден ескі ауылдың өзін, қазақтың *ертелік* оқиғаларын, совет жазушылары жаңа көзқараспен жазуға тырысты (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЕРТЕЛІК[3] з а т. ***Таңертеңгілік.*** Күнде *ертелік тегі* обходта бір кездесіп халақуал сұрасса, кешке жақын Айжан қасына арнайы келіп, ұзақ отырып, әңгіме шертіседі (З.Шашкин, Сенім).

ЕРТЕЛІ-КЕЙІНГІ үс т. *Бұрын-соңғы, алдыңғы-кейінгі.* Дегенмен халқымыздың *ертелі-кейінгі* аңшылық кәсібінен елес бергендей бірсыпыра мақал-мәтелдер сақталған (Б.Адамбаев, Халық даналығы).

ЕРТЕЛІ-КЕШ үс т. **1.** *Күннің бір уағында, әйтеуір бір. Ертелі-кеш* мектепке бір соқпасам, ішкен асым бойыма тарамайды (К.Асанов, Сағыныш). **2.** *Үнемі.* Бағиланы *ертелі-кеш* көре жүріп Нәбидің өзінше оның бойынан тапқан міні – мінезі тым жұмсақ болғандықтан біреудің біреу жөнінде айтқан сөзіне тым көңіштеу сияқты (Т.Жанкелдин, Сын сағатында). *Ертелі-кеш* берген ақыл-кеңесі үшін ұстазына өзінің қияметке дейін борышты екенін айтты (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). **3.** *Әйтеуір бір, ақыр соңында.* Біреуге ерте келеді, біреуге кеш, *Ертелі-кеш* өлімнен қалмады һеш. Өлім қойса, кәрілік жас қоймайды, Екі айналып келсе де жиырма бес (Шал ақын, Өлеңд.). **4.** *Күні бойы, күн ұзаққа.* Тірелген дүние жасауға Бәйшешектей түрленіп, Орданың іші жайлаған, Бірі – асып, бірі – түсіріп, Әр түрлі тамақ пісіріп, *Ертелі-кеш* қазаны Оттан түспей қайнаған. Сол секілді байлардың «Дәулеті қолдан кетер» деп, «Кедейлік мұнда жетер» деп Кімдер, сірә, ойлаған? (Базар жырау, Шығ.). Қазақта ондай ақын қайдан болсын. Ақылдың аңдап білер алтын, жезін. «Қалай да содан тәлім алам ба» деп. Тежеймін *ертелі-кеш* өзімді-өзім (О. Шораяқов, Шайыр.). **5.** *Ылғи, дәйім.* Бала күнінде *ертелі-кеш* осы тоғай ішін аралаудан бір жалықпайтын (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.). Біресе қарақат теріп, біресе тығылмақ ойнап, топ-тобымызбен *ертелі-кеш* шуласатынбыз да жүретінбіз (А.Шамкенов, Толқын.). *Ертелі-кеш* қолда-

рынан кетпен түспей аңыздарда жүреді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Сені ойлап *ертелі-кеш* қиялдадым, Бөлмеде қиын болды сия алмағым. Есіме ап күбірлесем, күмбір етіп, Кеудемнен таси ақты сыр-арманым (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЕРТЕЛІ-КЕШТІ үс т. с ө й л. ***Ертелі-кеш***. Оған бір себеп: үйдің қаладан жырақтығы, *ертелі-кешті* қатынасуы қиын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жолдасбек Бұғыбаев Ташкент газеттерінде қазақ ақындарының *ертелі-кешті* жариялаған өлеңдерін жинап отырған («Лен. жас»). Әлі түсініп жетпеген екенсіз, Есімбек. Бірақ *ертелі-кешті* түсіне жатарсыз (Е.Оразақов, Дәрігер.). Шілдеде Ахмет жарғақ құлағы жастыққа тимей, *ертелі-кешті* уақытын өлкелерде өткізеді (С.Мұқанов, шығ.).

ЕРТЕЛІ-КЕШТІК з а т. *Я ерте, я кеш болушылық.* Игілікте *ертелі-кештік* болмас (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЕРТЕЛІ-СОҢДЫ үс т. *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңды.* Ақындар өз айтыстарында әр облыстағы сондайлық *ертелі-соңдыы* ел қасиеттерін де еске алып сөйлейді (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЕРТЕМЕН үс т. *Таң атысымен, азаннан, ертелеп.* Райхан *ертемен* ауылды бір аралап, ауру-сырқау адам бар-жоғын сұрастырып білетін-ді (З.Шашкин, Өмір тынысы). Бірде *ертемен* кетіп, кешке үйге қайтып, кейде үш-төрт күн жүріп бір оралдық (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). Сиқырын ақынның құдайлар білсін деп, Желді де жырыммен байлаймын тілсімдеп. Оятып күнді де жіберем *ертемен*, Қаламның көшесін аралап жүрсін деп (Ә.Тәжібаев, Жартас). Бүгін сізге сәлем беремін дегенсін *ертемен* алып келгенім (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Ертеменен* отырар Желінің келіп басына. Көзін алмай қадалып, Ақбөртенің қасына (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ертең ертемен. *Таң атысымен, таң азаннан, құлқын сәріден. Ертең ертемен* қалаға жүресіңдер (Ә. Әбішев, Армансыз.). *Ертең ертемен* ауылға жүріп кетемін дейсің бе? (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕРТЕҢДІ-КЕШ үс т. с ө й л. *Ертелі-кеш.* Тауға қарай өрлей беретін осы жаяу жолмен Қалахалқов *ертеңді-кеш* серуен жасайды (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЕРТЕҢ үс т. **1.** *Бүгіннен кейінгі, келесі күн. Ертең* күн жексенбі, – деді Жұмабек (Ә.Көпбаев, Мақтаныш.). *Ертең* жоқ, бүрсігүні ауыл көшіп Қаңтарбай бұлағына қонады дегенді естігенде тұла бойым түршігіп кетті (Ж.Алтайбаев, Түлек). Мен келген күннің *ертеңі* орыстың жексенбілік мейрамы екен (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Бүгіннен *ертең*ігі (Мақал). **2.** *Басқа күн, ертең-бүрсігендер, келер күн, бір күні.* Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, *ертең* біреуіне кезекпен сатады да жүреді (Абай, Тол. жин.). Кей құрбы бүгін тату, *ертең* бату, Тілеуі, жақындығы – бәрі сату. Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ Қажымас, қайта айнымас қайран тату! (Абай, Тол. жин.). Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау; Бүгінгі дос – *ертең* жау, Мен не қылдым, япырмау? (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Келешекте, болашақта.* Бүгін сенің қойыңды бағып, жалшы болғанмен, *ертең* ел ағасы боп шықпасына кім кепіл (Б.Тілегенов, Аққайнар). // *Болашақ, келешек, алдағы өмір.* Сол баланың *ертеңін*, болашағын өзіңмен бірге ойласайын деп келдім («Қазақст. мұғ.»). Мына шақ жігіттікке ұмтылған шақ, Ал мынау кеудемде алғаш жыр тұнған шақ. Мына шақ *ертеңді* аңсап тұрған шағым, Мына шақ тұрған шағым былтырды аңсап (Т.Айбергенов, Мен саған.). *Ертеңім* жақсы болғай бүгіннен де, Не рахат таба аламын түңілгеннен. Ақ таңдарым артымда қалса игі еді, Ана-жерге бас иіп жүгінгенде, Алып жотам иіліп бүгілгенде (М.Мақатаев, Шығ.). Ауылдың *ертеңі* мұнан да нұрлы болмақ, – деді директор кабинетіне енгенімізде (Қазақст. әйелд.).

Бүгінгінің ертеңі бар. *Бүгінгі істелген іске болашақта жауап бересің.* Мен сені сыртыңнан жақсы білетін едім, *бүгінгінің ертеңі бар*... (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Ертең ерте. *Таңертең, ертемен, азаннан. Ертең ерте* алаң-елеңде тұрып, әлгі қонақүй иесі кемпірге: «Бәйбіше, не нәрсеге мұқтаж, ділгірсіз?» деп сұрапты (С.Сейфуллин, Шығ.). Дем ал, бәрібір *ертең ерте* тұрасың, – деді (С.Ерубаев, Шығ.). *Ертең ерте* мысыңмен дайын болып, Көңіліңнің дәркүмәнін алшы шешіп (Абай, Тол. жин.).

Ертеңнен қара кешке [дейін]. с ө й л. ***Ертеден қара кешке.*** *Ертеңнен қара кешке* жұдырықтай баланың басын қатырады да отырады (Ғ.Мұстафин, Жұлдыз). Кешегі бір жетіспей қалған материалдар үшін бүкіл бригаданың *ертеңнен қара кешке* шейін қол қусырып, сарылап отырғаны Әмірдің есінен қалай шыға қойсын (Б.Мәдиев, Өлең.). *Ертеңнен қара кешке дейін*, түні бойы үлкенді-кішілі жолдармен шығысқа қарай қалың әскер, босқын халық ағылады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Күні ертең. а) *Таңертең, ертең.* Сені ойлап кейде жүдеп қалам, жаным, Бір көру болып жүр-ау саған да мұң. *Күні ертең* жолға шығам деп тұрғанда, Ауылдан анам келіп бара алмадым (З.Шүкіров, Арал толқын.).

ә) *Таяу арада, жуық маңда. К у н і е р т е ң* орындалмақ тез қайтам деп, Шығарда туған елге берген сертi (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар.). *К у н і е р т е ң* құдалар келген кезде. Бұл қалпында көрсетем не бетіммен, Масқаралап жүрмесін бәрімізді, Айттым, қойдым, құтылдым міндетімнен (Б.Аманжолов). *К у н і е р т е ң* бір көрінсең Сорлы асықтың көзіне, Тәңірі үшін шапқатыңмен Нан ғарыптың сөзіне (Абай, Тол. жин.).

ЕРТЕҢ-БҮГІН үс т. *Таяу күндері, бүгін-ертең.* Мүмкін, сіздермен *е р т е ң-б ү г і н-д е р і* көрісерміз,– деді ол арбаға отырып (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Бұл астан орап әр саламен ағызып әкеп, *е р т е ң-б ү г і н* бір салаға құйылғалы тұрған (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЕРТЕҢ-БҮРСІГҮНІ үс т. *Жақын күндері, бір-екі күнде.* Маған *е р т е ң-б ү р с і г ү н і* Есенеймен сөйлесу керек (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қараяйын дегенсің-ау, танабай, күні-түні жылқыдан шықпайсың, *е р т е ң-б ү р с і г ү н і* көшетініміз қаперіңе де кіріп шықпайды (Ш.Айтматов, Қош бол, Гүлсары). Бойковтың *е р т е ң-б ү р с і г ү н і* осы елге келетін хабарын Жәуке әлдеқашан естіген (С.Омаров, Қызыл арай). Шашымды жуып алайын, мүмкін *е р т е ң-б ү р с і г ү н і* керемет той болар, жеңіс күнін естіген ел жүрегі жарылар (Ә.Бөриев, Ақбидай).

ЕРТЕҢГІ с ы н. **1.** *Келесі күнгі. Е р т е ң г і* күннің ыстық боларының белгісі, аспандағы жұлдыздар сирек, тек ерекше жарықтығы көрінеді (С.Мыңжасаров, Қыр қыз.). *Е р т е ң г і* күнді бидайдың сабақта тұруына беріп, бүрсігүнгі бастарсыздар (С.Бегалин, Уақыт.). Біз е *р т е ң г і* дайындыққа әлі кіріскеніміз жоқ (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Келешектегі, болашақтағы.* Ел үшін, *е р т е ң г і* несібе деп еңбекпен жасап отырған бас байлық – төскейде толған төрт түлік мал (С.Қалиев, Еңбек ерені). // *Болашақ, келешек, алдағы өмір.* Қам жейсің қайғырасың ұлың үшін, «үш» алып келген күні ашиды ішің. Қызартып ел алдында жүрмесін деп, Ойлайсың *е р т е ң г і с і н,* бүгінгісін (М.Әлімбаев, Лирика). Бітірсем ғажайып бір істі бүгін, Ойлаймын *е р т е ң г і н і,* алдағыны (А.Шамкенов, Сырларым.). Маған да кезең келер көңіл бөлер, Жұлдыз боп бір жанады көгінде өнер. Керегім болу керек *е р т е ң г і г е,* Сол ертең болса менің елімде егер (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем.). **3.** *Таңертеңгі, азанғы.* Күн шығар алдындағы *е р т е ң г і* табиғат таза да мөлдір (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.). Есенәлі жаңағы екі әйелді жұмысқа жұмсап жіберіп, үйіне *е р т е ң г і* шайға бармақ болып отыр еді (Ж.Тілеков, Шалғай шеп.). *Е р т е ң г і* сағат он мезгілінде батыстан күн күркірегендей зеңбіректен атыс басталды (Б.Момышұлы, Офицер.). *Е р т е ң г і* күн шыққан және жаңа ай туған кезде көшпелілер әдетте жерге жеткізе бас иеді (Қазақ ССР тарихы).

Ертеңгі ас [тамақ]. *Таңертеңгі тамақ, таңғы ас. Е р т е ң г і а с т а н* соң барлығын сапқа тұрғызып, қалың орман ішіне әкелдім (С.Бақбергенов, Қарға там.). *Е р т е ң г і а с т ы* тастама, кешкі асқа қарама (Мақал). Ұзамай *е р т е ң г і т а м а қ* ішетін мезгіл де жетті (Ә.Шәріпов, Алыс.).

Ертеңгі күн. *Алдағы уақыт, болашақ.* Осы ауылдың өзінен мектеп ашпақ ойымыз бар. *Е р т е ң г і к ү н н і ң* иесі сендерсіңдер (М.Дүйсенов, Меймандар). Мынадай алып құрылыстан бастағанымызды *е р т е ң г і к ү н і* мақтан ететін боламыз («Лен. жас»). Мына сатқын перзентіме қосақтап Өлтіруге міндеттісің мені де! Азғындықтың соңы бізбен құрысын Сабақ болсын *е р т е ң г і* атар *к ү н* үшін. Құм мәңгілік бүркей алмас асылды, Даңқың көктеп өтеді әлі ғасырды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ертеңгі смена. с ө й л. *Күннің алғашқы жартысында жұмыс істейтін ауысым. Е р т е ң г і с м е н а г а* асыққан жұмысшылар завод қорасының қар басқан кең алаңынан өтіп бара жатып, репродукторға құлақ тігеді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Күні ертеңгі. *Болайын деп тұрған, болашақтағы.* Олардың дені Құранның бір парасын жаттаған. *К ү н і е р т е ң г і* діндарлар, болашақ жамағат!.. («Түркістан»).

ЕРТЕҢГІДЕЙ с ы н. с ө й л. *Таңертеңгі сияқты.* Мұкарама ауруханадан үйіне қайтып келіп, тап *е р т е ң г і д е й* әйнегі алмалы терезенің алдына барып, тағы ұзақ отырып қалды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЕРТЕҢГІЛІК з а т. **1.** *Таңертеңгі уақыт, азанғы мезгіл.* Серәлінің *е р т е ң г і л і к* бой жазып біраз жүріп қайтқысы келді (Т.Ахтанов, Боран). Қыстан арықтап шыққан төлдеген саулықтар *е р т е ң г і л і к т е* шөпті талғамай, тойғанына қарамастан жей береді (Береке бастауы). Оқимын мен отыра қап, *Е р т е ң г і л і к,* кешкілікте. Хатты жүрек отына орап, Көрсетпеймін еш жігітке (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** п е д. *Белгілі бір мереке, айтулы күндер алдында салтанатты түрде өткізілетін балабақшадағы балалар ойын-сауығы.* Мәдениет сарайында балалар үшін *е р т е ң г і л і к* ұйымдастырып, балалар өнерінің байқауы өтуде («Қазақст. мұғ.»). Клуб *е р т е ң г і л і к т е р,* кездесулер, әңгімелер өткізеді («Қазақст. мұғ.»).

Ертеңгілік ас [тамақ]. *Таңертең ішілетін тамақ. «Е р т е ң г і л і к а с т а н* құр қалма» деген, жүріп шай ішіп кетіңіз, – деді (Ш.Құмарова, Қос

шынар). Санат *ертеңгілік тамағын* ішіп отыр екен (Қ.Исабаев, Сұңқар.).

ЕРТЕҢГІЛІК-КЕШКІЛІК з а т. с ө й л. ***Ертелі-кеш***. Механизаторлар мен дикандарды *ертеңгілік-кешкілік* егістік пен ауыл арасында қыруар уақытты жоғалтып, бос жүргізіп қойған басшылардан не үміт, не қайыр («Лен. жас»).

ЕРТЕҢГІЛІКТІ с ы н. *Таңертең болатын, ертеңгілік кезге тән.* Февраль айының *ертеңгілікті* аязы бетті сорып, қолды қариды (А.Хангелдин, Өткен күн.). *Ертеңгілікті* жаттығулар кезінде жас жігіт біраз жерге жүгіріп барып қайтатын еді («Қаз. әдеб».).

ЕРТЕҢГІСІН үс т. **1.** *Таңертеңгі уақытта, ертеңгілік кезде.* Әжем бізге күнде *ертеңгісін* сүтке тары бөктіріп қояды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). *Ертеңгісін* взвод командирлері жауынгерлерді қала сыртына алып кетті (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бүгін *ертеңгісін* біздің үйден жеуге бірсындырым нан табылмады (Ә.Әлішев, Батыр.). Күнде *ертеңгісін* осында соқпай кетпейді («Лен. жас»). **2.** *Келесі күні, ертеңгі күні. Ертеңгісін* екеуміз жолға шықтық («Лен. жас»). *Ертеңгісін* жемтіктердің саудырап қу сүйектері қалғанын көрдік («Лен. жас»). *Ертеңгісін* күн шықпай қойды жайлауға алып кетемін (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРТЕҢДІ: **ертеңді қара кеш**. с ө й л. *Ертеден қара кешке дейін. Ертеңді қара кеш* қолында тор дорба, жаман бәтеңкесінің тобығы қисайып дүкен кезіп, тамақ тасиды, – дейді («Қаз. әдеб.»).

ЕРТЕҢДІ-КЕШ үс т. с ө й л. ***Ертелі-кеш.*** Жадыратып жанның бәрін, Жаз да келді жайраңдап, *ертеңді-кеш* бұлбұл әнін, сұлу тыңдар сайрандап (М.Хакімжанова, Өткелдер). Өзіңді, тамағыңды таза ұста. Ішкен-жеген сайын және де *ертеңді-кеш* аузыңды тазалап шай. Аузыңды таза ұстасаң, тіс аурудың көбінен құтыласың. Тамақ жеген сайын тісіңді мәсуекпен (тіс тазалауышпен) жақсылап тазала... Мәсуегіңнің қылы тым қатты не өте жұмсақ болмасын (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Жылармын бір сені ойлап *ертеңді-кеш* шешеңнің жылағаны бір бұл емес (Қозы Көрпеш.). Менің балам қолының қысқалығына қарамай, анаған да мынаған да араласып, *ертеңді-кеш* қарап отырмай сауда қылатын еді ғой (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕРТЕҢДІ-КЕШКІ с ы н. *Күні бойғы, ұзақты күнгі.* Бірнеше күнге созылған мәжілістің *ертеңді кешкі* жиналыстарын ұқыпты күйде минут аудармай қатынасумен өткізді (М.Әуезов, Өскен өркен).

ЕРТЕҢДІК с ы н. *Ертеңгі күндік.* Оның үстіне бүгін, *ертеңдік* жем, тұз барлық пункттерде бар деп сендіреді (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.). Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі – *ертеңдік* (І.Омаров, Шабыт шалқары).

ЕРТЕҢСІЗ с ы н. *Келесі күнсіз; болашақсыз.* Ұрлатпа өмірді «Қызыққа», *Ертеңсіз,* пайдасыз өткен күн (А. Лекеров, Өмір оты).

ЕРТЕҢШЕ үс т. сөй л. *Ертеңге дейін.* Қош *ертеңше,* құрметті күн, Қайнар көзі тіршіліктің (Ә.Сәрсенбаев, Отан.).

ЕРТЕҢШІЛ с ы н. *Ертеңге аударғыш, кейінге қалдырғыш. Ертеңшіл* егіншіден без (Мақал). Есіне неше дүркін түсірсең де, *Ертеңшіл* ескі мінез бір тозбайды (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпаңыз.).

ЕРТЕҢІНДЕ үс т. *Келесі күні, ертеңгісін. Ертеңіндеол* жұмысқа шыққан жоқ («Қазақст. мұғ.»). *Ертеңіндеертемен* Қару-сайман сай болды, Топтан таңдап алғаны Ақбөртедей тай болды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЕРТЕРЕК с ы н. **1.** *Бұрынырақ, жылдамырақ, алдын ала.* Мен – бір шал дүниеде жиһан кезген, Ертең түсте кетемін шаһаріңізден, *Ертерек* пәлен жерден тосып тұрып, Алып қал бір базарлық, жаным бізден (Абай, Тол. жин.). *Ертерек* келмедің деп несін ескертейін, ештен кеш жақсы да, (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Көрмедің ондай бақытты, Ол кезде елің жерлі еді. Көрмедің жақсы уақытты, *Ертерек,* шіркін келмеді (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Жаман болса алғаның, Жасумен өтер өмірің Бір шығармас жақсы атқа. Есің болса *ертерек* Күнілгері күтініп Бөледен аулақ бас сақта. Екіталай жерлерде Адамға қайыр қылмайтын, Ақшаның татын жалаған Түспесін ісің ақымаққа (Базар жырау, Шығ.) **2.** *Уақытынан бұрын, мезгілсіз, ертелеу.* Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады (М.Әуезов, Әр жылдар ойлары). Орынсыз қызғанғаның Уақыттың өтері бар, *ертерек* қыз баланың Есейіп кетері бар (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Өсиет айту сағанәлі *ертерек* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Пісіп қалыпты ғой, әлі *ертерек* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **3.** *Бұрынырақта, баягыда. Ертерек* уақытта Біржан сал да Абаймен жүз көрісіп үлкен дос болған (М.Әуезов, Әр жыл.) Тұрады көзім алдында Түтіні шұбап ауылдың, *Ертерек* кетіп қалдым да Елді де қатты сағындым (С.Жиенбаев, Әлия). *Ертерек* кезде жақсы торсықтарды тарамыстан тіккен (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕРТЕРЕКТЕ үс т. *Бағзы заманда, ертерек уақытта. Ертеректеосы* өлкені мекен еткен ағайынды екі жігіт болады (Қ.Жұмаділов,

Көкейкесті). *Ертеректе* көп білетін бір ғұлама кісі «өнерді орыстан үйрен» деген екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Осы аймақта *ертеректе* Тоғжан деген атақты соқыр ақын болған-ды (М.Дүйсенов, Меймандар). *Ертеректе* Майлыағашта да қалың орман күнде жапырағын тосып, жайқалып тұратын (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ЕРТЕРЕКТЕГІ с ы н. *Ерте кездегі, өткен уақыттағы, баяғыдағы.* Қазақтың *ертеректе гі* әдет-ғұрпынан пайда болған «киіт кию», «киіт шапан» деген тұрақты тіркестер бар («Қаз. әдеб.»).

ЕРТЕРЕКТЕГІДЕЙ с ы н. *Баяғыдағыдай, ертерек кездегідей. Ертеректегідей* қызды айттыру салты қазіргі маориларда кездеспейді («Жетісу»).

ЕРТЕРЕКТЕУ с ы н. *Бұрыныраң, ертемен. Ертеректеу* тұрып, әкеме қолғабыс жасадым (Т.Оразов, Қаныш.).

ЕРТЕРЕКТІК з а т. с ө й л. ***Ертелік***. Бастай беруге болады, *ертеректік* етпейді («Жұлдыз»).

ЕРТЕСІН ү с т. с ө й л. ***Ертеңгісін***. Ертең *ертесін* бүкіл Сорғабақ өңірін әлдеқандай зор гүріл алды да кетті (Е.Домбаев, Ол осындай.). Агроном білді жұмыс *ертесін,* Қасыды ол сәл қынжылып желкесін (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Әр жерге қан-жын тамшылар, Әр жерде дал-дал елтірі. *Ертесін* байғұс жалшылар. Іздейтін малдың жемтігін (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕРТЕСІНЕ ү с т. *Ертеңгі күні. Ертесіне* ерлер ерлігі жайлы газет беттерінен жазып, олардың рухына рух күшіне күш қосады (Ә.Бектемісов, Жау жағадан.). *Ертесіне* совхоз орталығына апаратын автобусқа мініп, жолға шықты («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕРТЕШІЛ с ы н. **1.** *Ерте тұрғыш, ерте бітіргіш, ерінбейтін адам.* Құс үйқылы, *ертешіл* (Ә.Әлішев, Батыр.). Өй, күшік, өзің, тіпте, *ертешіл* екенсің ғой, шаруаның баласы солай болар, бәрекелді, – деген Қараманның қоңыр даусын естідім (Ж.Түменбаев, Қардағы іздер). **2.** *Ерте түстен, ерте келетін, тез басталатын.* Оңтүстікте көктем *ертешіл,* наурыз туысымен күн жылынды (Н.Сералиев, Зеңгір.).

ЕР-ТОҚЫМ з а т. *Атқа салт міну үшін керекті әбзел, жабдық.* Қаракөк аттың үстіне Бөжейдің *ер-тоқымы* ерттеліпті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Абайдың күміс *ер-тоқымы* ерекше көз тартады (К.Оразалин, Абайдан соң). Бәйбіше отыр шау тартқан, Айналған өңі жүдеуге, Барысымен мен үйге Жұмысы бардай біреуде, Жастау бала қол созды, *Ер-тоқым,* әбзел жүгенге (О.Шипин, Дастан).

Ер-тоқымы алынбады. *Әрдайым дайын болды, сақадай сай болды.* Сол баяғы кезіндей жалындаған Сәл жымиып қарайды жарым маған. Түсінемін Өйткені мен бір бесті *Ер-тоқымы* өмірі *алынбаған*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан.).

Ер-тоқымын арқалады. *Жаяу қалды, атынан айырылды.* Төреге ерген *ер-тоқымын арқалар* (Мақал).

Ер-тоқымын бауырына [мойнына] алып тулады. *Қатты ашуланды, шала бүлінді, бұлқан-талқан болды.* Теңізбен бұл жайында әңгіме қозғау мүмкін емес еді, *ер-тоқымын бауырына алып* әлі *тулап* жүр (Е.Ахметов,Талшыбық). Сіз болсаңыз, *ер-тоқымыңызды бауырыңызға алып туладыңыз* келіп (С.Досанов, Қыран.). Ертай әуелі тасталқан боп бір тулайды, *ер тоқымын мойнына алып* екі *тулайды* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Осы сен салпаң құлақ емеспісің? Кәне, тура қарашы. Меңдеке *ер-тоқымын бауырына алып* тулады (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕР-ТОҚЫМДЫ с ы н. *Ер-тоқым салынған, ерттелген.* Анандай жерде алдыңғы екі аяғын тұсап қойған екі *ер-тоқымды* ат жайылып жүр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Әдемі *ер-тоқымды* ат, әшекейлі киім, аңыраған дауыс, көркем келбет – жүрген жерінің бәрінде Біржанның қадірін көтереді (А.Жұбанов, Замана.). Үй оңаша, жалғыз. Маңайы сытырлаған *ер-тоқымды* тұсаулы аттар (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЕР-ТОҚЫМСЫЗ с ы н. *Ер-тоқымы жоқ, ерттелмеген.* Мен бүгін бір түс көрдім, түсімде жаман іс көрдім, Төлеген мінген көк жорға ат *Ер-тоқымсыз* бос көрдім (Қыз Жібек). Мырзабек бұл жерде бір нәрсені ішке бүгіп қалды. Сәудің аты ауылға *ер-тоқымсыз* бос келгенін айтпады (Т.Дәуренбеков, Кездес.).

ЕРТӨЛЕ з а т. к ө н е. *Төлеңгіт, жасауыл.* Шыңғыс нояндары бір елді шабар болса, ең алдымен *ертөлелерін* жібереді (І.Есенберлин, Алмас.). Кешеден бері ұрысып жатқанымыз қазақтардың жәй әшейін *ертөле* топтары екен, Бөгенбай мен Қабанбай басқарған бес мың қол бүгін түсте осы Іле жағасына жетеді (І.Есенберлин, Жанталас).

ЕРТТЕ= е т. **1.** *Мінетін көлікке ер-тоқым салып, жабдықтау*. Қойшыға да ұстатты сүйек-саяқ Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ. Бата қылып, қол жуып болысымен Еңлік атты *ерттеді* айтқызбай-ақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әдемі бір ақтангер атты *ерттеп* жетелеп алып, өзі жайдақ Қайсар қайтып келді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қара тұлпарды *ерттегін*, Қуанталық екеуміз Ер Төстіктей батырды. Атқа мініп екеуі Қырға қарай кетеді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Үш жел мая ұстады жорығына, Бірінің азық артты қомдығына. Екеуіне ер *ерттеп* мініп алып,

Барабанды қалдырды орнына (Абай, Тол. жин.). Тамам қостың байлары Маңайынан кетпейді. Қошемет қылып бәрілері, Шомын да жөндеп *е р т т е й д і* (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Билеп-төстеу, айдағанына көндіріп, айтқанымен жүргізу, құл қылу.* Қара қазақтың жоқшысы болған билер қара бұқараны хандарға *е р т т е п* мінгіздірмеді. Бұлар хандарды жүгендеп ұстады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Ерттеп мінді. *Өз ырқына көндірді, билеп-төстеді. У*ақытша үкіметті *е р т т е п м і н і п* алған Керенскийді орнынан жұлып тастай ма (З.Ақышев, Ақбел.). Жолын тапқан жолбарысты да *е р т т е п м і н е д і* (Мақал). Үш жел мая ұстады жорығына, Бірінің азық артты қомдығына. Екеуіне *е р т т е п м і н і п* алып, Барабанды қалдырды орынына (Абай, Тол. жин.). Мекенім Ніл дария – Меккем менің, Келеді мәңгілікке мекендегім. Дариға-ай, Зұлпыһарды *е р т т е п м і н і п*, Көрмеген мекеніме кетер ме едім?! Семсерін Ғазіретәлі ескек жасап. Жерорта теңізінен өтер ме едім?! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЕРТТЕГЕНШЕ үс т. *Ерттеп болғанша.* Тұсаулы аттарын *е р т т е г е н ш е* түс ауды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЕРТТЕЛ= е т. *Атқа ер салыну.* Батырлықтың сәні жоқ – Түн ұйқысын төрт бөліп, Елерген тұлпар *е р т т е л і п*, Толғаулы найза қолға алып, Тұйғын құстай толғанып (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Даярмыз деген мырзалардың дайындығы ат *е р т т е л і п*, киімін киіп, тойға жүруге дайындалған даярланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Жігіттер де тысқа шықты. Аттары *е р т т е л і п* болған екен (М.Әуезов, Қараш.). Ат ерттеліп болды (С.Мұратбеков, Көкорай). Жайсыз *е р т т е л г е н д і к т е н* мініліп жүрген жылқының арқасы кететін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЕРТТЕЛУ *Ерттел етістігінің қимыл атауы.* Аттардың *е р т т е л у і н* күткен жолаушылар ертемен жолға шықты («Лен. жас»).

ЕРТТЕН= е т. *Тас түйін дайындалу, сақадай сай болу.* Кәрімді осы – жан еді, – Дейтін «Әке», – өртпен тең, Төне түссе қатерді Жалын ұстап, *е р т т е н г е н* (Қ.Көпішов, Ер жүрек).

ЕРТТЕНУ *Ерттен етістігінің қимыл атауы.* Үнемі осы, жолға шығуға Даярланып, *е р т т е н у і н* қоймайды (Ауызекі).

ЕРТТЕС= е т. *Ат ерттеуге көмектесу, жәрдемдесу.* Жігіттер ауылға барып аттарын *е р т т е с і н* алды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Біреулер аттарын *е р т т е с і п* жатыр (С.Мұқанов, Менің мектеп.). Баймырза да ішінен сол тілеуді тілегенмен, сыртқа дыбыс шығармай, тайды балаларға *е р т т е с т і* (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

ЕРТТЕСУ *Ерттес етістігінің қимыл атауы.* Аттарға бірге, бір мезгілде ер салысу. ≈ Атты *е р т т е с у г е* кірісті.

ЕРТТЕТ= е т. *Біреуге ер-тоқым салдыру.* Мешітпен екі араға жоталанып күртік үйіліп қалғандықтан, қатынасуға Итбай ат *е р т т е т і п* қойған еді (С.Мұқанов, Ботагөз). Қонақтар тамақтанып, қымыз ішіп, сыртқа шыққанда Аманкелдіге деп торы төбел тайды *е р т т е т і п* қойыпты (А.Нұрқанов, Дала қыраны). Ер-тоқымды жайлы қып *е р т т е т і п*, қалың ат көрпені баптап салып, Абай атына мініп, қорадан шықты (М.Әуезов, Шығ.). Амангелді арыстан, Нәнжіл жеке батырдың Ай қасқа атын *е р т т е т т і* (О.Шипин, Дастан).

ЕРТТЕТУ *Ерттет етістігінің қимыл атауы.* Қонақтар тамақтанып болған соң аттарын *е р т т е т у д і* сұрады («Лен. жас»).

ЕРТТЕУ *Ертте етістігінің қимыл атауы.* Атымызды *е р т т е у г е* мұршамыз келмей, ағаш-ағаштың түбіне, үлгергеніміз қара қосқа тырағайлап қашып едік-ау (О.Бөкеев, Мұзтау). Осының алдында ғана сырт қонақтап, үйге таңға жуық қайтқан Байжан ұйқысын қандырып алып, тағы да ат *е р т т е у г е* қам қылды (Қ.Ахметбеков, Алқакөл). Атты *е р т т е у г е* де мұршасы болмай, жайдақ мініп алды да, өрт тигендей қорадан шыға шапты (Ш.Айтматов, Қош бол, Гүлсары!).

ЕРТТЕУЛІ с ы н. *Ер-тоқым салынған, ерттелген дайын.* Жанында *е р т т е у л і* атын жетектеген бір қарт адам бар (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Ол ағасы Жарылғаппен бірге ағылшын үйінің қасында *е р т т е у л і* екі ат ұстап тұр екен (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қызыл шырайлы, күнге тотыққан балдырған інім *е р т т е у л і* атты алдыма әкеп ұстап тұр (Қ.Мүсірепов, Раушан). Сөйт те тура жүре бер, Намысыңның *е р т т е у л і* атын міне кел. Ол төмендеп отырғанда, сен оның Жүрегінен шынар болып түрегел (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ерттеулі аттай. *Сақадай сайланған, дәп-дайын. Е р т т е у л і* белдеудегі бедеу *а т т а й*, Іңіннің қадірін біл қасыңдағы! (Үш ғасыр.).

ЕРТТІ с ы н. с ө й л. ***Ерттеулі***. Күнбатыс жақтағы қияқ, үрпектің құбыла бауырында үш-төрт *е р т т і* ат тұсауымен шашпып жайылады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЕРТТІР= е т. *Қасына біреуді қосу, қара қосу.* Әншейінде қасынан бір қалдырмайтын Ағаев осы жолы ешкімді *е р т т і р м е й* жалғыз қоя бергені емес пе (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан.).

ЕРТТІРУ *Ерттір етістігінің қимыл атауы.* Қасына ересек біреуді *е р т т і р у* керек еді (Ауызекі).

ЕРТУ *Ерт етістігінің қимыл атауы.* Кедейлерді соқынан *е р т у* үшін оларға тиесілі рызықтың шет-жағасын көрсету қажет (Ж.Тілеков, От кешу). Айгүлді *е р т у г е* болар еді (Тұлпар). Қазақ хандығын құру... Шамасы келсе Хиуа ханына қарсы шығып жүрген Көтібардың Есетін де өзіне *е р т у* (І.Есенберлин, Қаһар). Аманкелді енді Көкшетау уезі Саумалыкөл сотына барады, кімді *е р т у* өз еркінде (А.Нұрқанов, Дала қыраны).

ЕРТУШІ з а т. *Бастап алып жүруші.* Бай қасында *е р т у ш і л е р* көп екен («Жұлдыз»).

ЕР-ТҰРМАН з а т. *Атқа салт міну үшін керекті әбзел-жабдықтардың жиынтық аты.* Ақылбайдың *е р-т ұ р м а н ы* қалың күміс (М.Әуезов, Абай). *Е р-т ұ р м а н ғ а* ерден басқа тоқым, желдек, терлік, тебінгі, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, тартпа, айыл, өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізген, ат көрпе, көпшік, пыстан, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады (ҚҰЭ). Өзіндік ауқаты бар қазақ семьясы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей *е р-т ұ р м а н* дайындайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. ертұрман.). Сырлы төсектің аяқ жағына ілінген күміс жапқан *е р-т ұ р м а н,* жез ораған қыз қамшы, от сәулесімен олар да жымыңдаса кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.кет.).

ЕР-ТҰРМАНДЫ с ы н. *Ер-тұрманы бар.* Кенет дәл шыға берісте Тышқанбайдың атын әдемі *е р-т ұ р м а н д ы* ақбоз ат бүйірімен түйіп кетті (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Күміс *е р-т ұ р м а н д ы* бір топ жолаушы сау ете түсті («Лен. жас»).

ЕРТІЛ= е т. ***Ерітілу*** *(жібітілу, жұмсару).* Ерегессе *е р т і л г е н,* Дұшпаннан қайтқан жері жоқ, Шабайдан бергі мезгілден (Ақберен). Сол жанға жүрек қылы шертілмес пе, сол ыстық махаббаты *е р т і л м е с* пе? Кімі бар Айсұлудың туған бірге, Ағасы, туысқаны осы емес пе? («Лен.жас»).

ЕРТІЛУ *Ертіл етістігінің қимыл атауы.* ***Ерітілу.*** Ал түскен бейненің сапалы болуы сол эмульсияның біркелкі *е р т і л у і н е* байланысты (К.Әбдіғапаров, Қызықты физ.).

ЕРУ[1] з а т. к ө н е. *Көшіп-қонғанда, жол жүргенде, ұзақ сапарға шыққанда жолаушылардың жолда аялдап жасайтын дем алысы.* Оспандікін үлкен үй деуші едік. Үлкен үйден көшкенде ат мінуші едік. *Е р у д е* қымыз ішуші еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көшкенде көлік бар ма түйе алдында. *Е р у д е* сауын бар ма бие алдында. Өз ерін сыйламаған арсыз келін, Біз түгіл Құдайынан ұялды ма? (Шал ақын, Өлеңд.). Ер *е р у д е* бала мінезді, Ер сайыста шала мінезді (Мақал).

Еру әңгіме. *Жайбарақат, жайылма әңгіме.* Алмына дастарқанның басындағылар әлі *е р у ә ң г і м е м е н* отыр (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

Еру болды. *Қонып қалды, дем алатын болды.* Байекең өзіне ұнаған көк шалғынға келіп, атынан түседі. Осы жерде бірер күн *е р у б о л а т ы н ы н* жариялайды (С.Балғабаев, Шөл). Тағы бір 40 километрден кейін бүкіл армия бір сағатқа *е р у б о л д ы* (Ө.Қанахин, Майдан). Керуендер бір жерге малдарын тыныктырып, тойындырмаққа тоқтап, бес күн *е р у б о л ы п* жатады (С.Сейфуллин, Шығ.). Керуеншілер бір жерге малдарын тыныктырып, тойындырмаққа тоқтап, бес-алты күн *е р у б о л ы п* жатады (Қаз. ертег.). Көшіп бара жатқан қай ауылдың да болса, бір қонып үдеруге ақысы бар, *е р у б о л ы п* бүк қонып отырып қалса, оның арты қыпқызыл жанжал (С.Шәріпов, Бекболат).

Еру ел. *Қашып келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл.* Жолаушы адам білемін, жүдеп келер, *Е р у е л д е н* бірдеңе тілеп келер (Жамбыл, Тол. жин.). Көшкен елдің ерулігі болса, *Е р у е л д і ң* көмегі болады (Мақал).

Еру елдей. *Көшіп келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл тәрізді.* Аз қызық тіршілігің серуендей, Ажалдан қалған адам *еру елдей,* Жұмғандай көзді ашып жалған дүние, Көшерміз әлі ақ бір күн керуендей (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Еру жайылды. *Бейқам болды, жайбарақаттанды.* Әлі де баяғысынша, көші-қонды еркектер біледі деп, *е р у ж а й ы л ы п* жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Еру қылды [жасады]. *Аялдап дем алды, еруленді.* Ауылға үш-ақ күндей *е р у қ ы л ы п,* Төртінші күн жылқыға қайта айдайды (Батырлар жыры). Керуендер *е р у ж а с а й т ы н* жерге сексеуілді үйіп қоямын (Ә.Әлішев, Батыр.). Дарынды Жамбыл ақынның атақты «Майтөбе» жайлауынан дүйсенбі күні далаға көшкен Тойкең «Көктекшеде» *е р у ж а с а п,* ертеңіне колхоз селосының терістік деңгейіндегі Итбай бастауының басына келіп қонды (М.Ермеков).

Еру қонды. *Жайланып қоныстанды.* Бес облыстан келген үш мыңнан астам колхозшы бірбіріне *е р у қ о н г а н* (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Еру отыр. *Аялдады, демалды.* Сұрап білсе, мынау кейінде кетіп бара жатқан ұзын көш Алдияр байдың ауылы екен. Бақтыбай болыстың ауылы енді бір көш жерде, алдында *е р у о т ы р* дейді (С.Шәріпов, Бекболат).

ЕРУ[2] з а т. *Тіккен я тоқыған киім мен бұйымның жиегі, шет-шеті.* Өзі де тозбастың да тозбасы екен. Арқауы алтын, *е р у і* жібек (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ЕРУ[3] *Ер етістігінің қимыл атауы.* Оның істейтіні қажылардың қасына *е р у,* қонақтан қонаққа жүру (І.Жансүгіров Шығ.). Үлкені

қайда бастаса, өзгесі соңынан *е р у г е* бар (І.Есенберлин, Қаһар). Сәтжанның қасынан екі елі айырылмайтын Бөрібасар жартасқа өрмелеген Сәтжанға *е р у г е* о да орнынан тұрды (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕРУ[4] *Ері етістігінің қимыл атауы.* Қардың *е р у і н* көрдің бе, жақсы еріп жатыр-ау өзі, ойпаң жердің бәрі су болып кетіпті, – деп Әбіш әңгіме бастайды (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Әр заттың өзінің *е р у* және қайнау температурасы бар (К.Әбдіғапаров, Қызықты физ.).

Еру жылуы. ф и з. *Заттың бір молі ерігенде бөлінетін не сіңірілетін жылу мөлшері. Е р у ж ы л у ы* заттың агрегаттық күйіне тәуелді (ҚҰЭ). *Е р у ж ы л у ы н ы ң* мәні теріс, ал бөлінсе оң болады. *Е р у ж ы л у ы н* калориметрия әдісімен анықтайды (ҚҰЭ).

ЕРУ-ЕРМЕУ е т. *Біреуге ілесу я ілеспеу, жүру я жүрмеу.* Қасымызға бес-алты қазақтың ер жігіттерін ертіп, ермей қалған не *е р у-е р м е у і н* білмей отырған жұртқа тарауымыз керек (І.Есенберлин, Алмас.).

ЕРУЖАЙ з а т. *Аялдап дем алу үшін ыңғайланған мекен, орын.* Жаңа жұртқа қонып, ауыл *е р у ж а й ғ а* ауысқаннан кейін, Шоқанды жолдастарымен Шыңғыс өз ордасына шақырды (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЕРУЛЕ= е т. **1.** *Жолда аялдап демалыс жасау, тыныстау.* Сары садақ асынып, Егескен жауды қашырып, Ұлын қорып жауынан, *Е р у л е г е н* егер дауынан Тұтамдап оқ жонбаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тәңірбергеннің әлде де бірекі күн *е р у л е п* күте тұрайық деген сақтығын құлағына ілмеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қалың ел үдере көшіп, кіші Бидайық пен Үлкен Бидайықта аз күн *е р у л е п*, Саржайлауға талықсып жеткен кез еді (Х.Әдібаев, Таңбалы адам). Қайрақты өзенінің бойына *е р у л е й т і н* болдық (А.Хангелдин, Қараторғай). **2.** *Серуендеу, қыдырыстау.* Еріккенімнен *е р у л е п* кетіп бара жатпағанымды өздерің де көріп отырсыңдар («Қаз. әдеб.»).

ЕРУЛЕН= е т. *Ұзақ жолдан кейін жайланып, демалу, тыныгу.* Тауынан Нәрінқара аса жүрдім, Белінен күйген Қора баса жүрдім, Көксеннен көктей өтіп Шірік шеге, Келдім де, кешке жақын *е р у л е н д і м* (Батырлар жыры). Беталып Ертісті өрлеп қырынға кеп, Сол жерде түнде жатып *е р у л е н д і к* (Батырлар жыры).

ЕРУЛЕНУ *Ерулен етістігінің қимыл атауы. Е р у л е н у г е* ыңғайлы жер екен! (Ауызекі).

ЕРУЛЕТ= е т. *Тоқталу, тыншу, дем алу.* Жел өз бетімен қалың бұлт керуенін түйдектеп қуып, *е р у л е т п е й*, тұман көшіп қопарып барады (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЕРУЛЕТУ *Ерулет етістігінің қимыл атауы.* Осы күнге дейін *е р у л е т у* дегенді білмейді! (Ауызекі).

ЕРУЛЕУ *Еруле етістігінің қимыл атауы.* Әндірбай туасынан асықпайтын, үш күн көшсе бір күн *е р у л е у д і* жаны сүйетін кісі еді – жұрттың ең соңында қалды (С.Балғабаев, Шөлде.).

ЕРУЛІ: **еруліге қарулы**. *Ісіне қарай іс істеу, соған іспен жауап беру; жақсылыққа жақсылық деген мағынада. Е р у л і г е қ а р у л ы* болсын, мен де саған бір мырзалық жасайын, қалт етпей қабыл аласың ба? (Ғ.Сланов, Асау арна). Бар, өтінсе жолдастың жолдастық жұмысына, Қолғабысын жолдастың сен де сына, *Е р у л і г е қ а р у л ы* іс етсең де, Бірақ өлең сұрама ақысына (Б.Күлеев). *Е р у л і г е қ а р у л ы* дегендейін, мен де саған бір жақсылық жасайын. Сен енді өз басыңның қамын ойла (Қ.Тоқаев, Соңғы.). *Е р у л і г е қ а р у л ы* дегеннен сендер берген ерулікке өзі де, жұбайы да риза (Қ.Тоқмырзин, Үш кие).

ЕРУЛІК з а т. э т н. *Жаңадан көшіп келгендерге тұрғын адамдардың сыйлап беретін мал-мүлкі, сыбағасы, қонақасы.* Мәдениет деген нәрсе қала болған елге берілетін *е р у л і к* емес қой (М.Дулатов, Шығ.). Өліп едім, жар бірігіп, Бір бейісті таңдады. Ләйлі – Мәжнүн қарсы шығып, *Е р у л і г і н* қамдады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл *е р у л і к к е* шақыра бастады (М.Дулатов, Шығ.). Кален марқа сойып, *е р у л і к к е* Жүністің үй-ішін тегіс шақырды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Ерулік берді. э т н. *Жаңадан көшіп келген көршісін қонаққа шақырып, сый-құрмет көрсетті.* «Көрші ақысы – тәңір ақысы» деген сөз бар. *Е р у л і к б е р м е с е*, дән қысырайды, босаға сөгіледі, жер жериді деп ырымдайды (А.Қайбарұлы, Б.Бопайұлы, Қазақ ырымдары). Ағайындас қазақ пен қырғыз малшылары біріне-бірі *е р у л і к б е р і п*, күнде думандатып жатады (С.Ақтаев, Дала.). Атамыз қазақтың үйіне іргелес қонған кісіні сыйлап *е р у л і к б е р е т і н* ежелгі әдеті (Ш.Құмарова, Қос шынар). Алғашқы күндері-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне *е р у л і к б е р і п*, шақырысып, араға аяқтабақ қатынап қалды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЕРУЛІК-СЕРУЛІК з а т. с ө й л. ж а ғ ы м с ы з. *Еруліксымақ. Е р у л і к-с е р у л і к к е* шақырған жергілікті жігіттердің үйіне бас сұғып болдық (С.Бердіқұлов, Егеулі.).

ЕРУЛІКШІ з а т. *Ерулік беруші.* Күндізден, *е р у л і к ш і* қонақ әйелдер келгеннен бастап, Айғыз бен Қалиқа оларды бұл үйлер жаққа бастырмаған (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕРУШІ[1] з а т. *Соңына ілесуші, бірге жүруші адам.* Оянған ерге ұмтылған жерде *Е р у ш і* азда, серік кем. Қас білген досты, Дос білген қасты,

Мұндай елді көріп пе ең? Қыс ішінде бірер қаз Келгенменен, қайда жаз?! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әр істің бағыты оң болса ғана *е р у ш і с і н* адастырмайды. Өзі қайда бара жатқанын білмеген адамның етегінен ұстаушылар қайдан жол табады (М.Дулатов, Шығ.). Шоқан да, оған *е р у ш і л е р* де Қосбайталдан Омбыға беттеп қозғалғанда барлық жұрттың бір үнмен шу етіп айтқан сөзі: – Сау бол! (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ақынға жанмен *е р у ш і* Өлеңін басып беруші, Не машинистка боларсың, Не бір әріп теруші (Ә.Сәрсенбаев, Өлең.д.).

ЕРУШІ[2] з а т. *Сұйыққа айналушы, балқушы.* Дәндеріндегі белоктың түрлі *е р у ш і* фракцияларының арақатысы мынадай (А.Байрашев, Қазақст.).

ЕРУІЛ: еруліге қаруыл. с ө й л. ***Еруліге-қарулы***. *Е р у і л г е қ а р у ы л* дегендей, ендеше, кезекпен айтатын болайық (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). *Е р у і л г е қ а р у ы л* дегендей, Берайда мен Жарасты жарастырып жіберуі үшін Манаптағы ісектің ақшасы қатер болды (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

ЕРШЕ[1] ү с т. **1.** *Ер адамдарша, ер адамдарға ұқсап.* «*Е р ш е* барып, итше қатып жүріп малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек (Абай, Тол. жин.). Ерлер батырларша қимыл көрсетсе, әйелдер белдерін буынып *е р л е р ш е* еңбек етті (С.Еркебаев, Алғашқы.). Гүләйім өзі *е р л е р ш е* киінеді (Қаз. ертегі.). **2.** *Ержүрек батырларша. Е р ш е* көтеріп елің қайғыны. Өзіңді еңбекпен ғана жұбатқансың. Бәрі көз алдымды ғой (Т.Иманбеков, Үшай.). Қоянша үркіп қашудан, *Е р ш е* өлуді қалады (С.Дайырбеков, Арман.). Еңсе көтеріп, *е р ш е* түйіндірген қиын қыс есімізде осылай бейнеленіп қалыпты (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).

ЕРШЕҢ[1] ү с т. *Ер-тоқымымен, ерттеулі күйінде.* «Семіз,– деп, сере шығатын қабырғасы», Біз жүрміз тепеңдеумен мініп *е р ш е ң* (Айтыс).

ЕРШЕҢ[2]: **ершең бала**. с ө й л. ***Еркек бала.*** Отырмыз ғой, міне, сондай *е р ш е ң б а л а ғ а* да зар болып,– деген әжейдің сөзін естіп жатырмын (О.Тәжиева, Қара қолғап).

ЕРШІ з а т. э т н. *Ер-тоқым жасаушы ісмер, шебер.* Етікші, *е р ш і* ұста біткеннің қолы бір ме? Әркімнің өз ойы, өз оңтайы болады. Баланың ой желісін, өз оңтайын бұзып керек емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазақта оқудың керегі жоқ кезде, өнердің де керегі аз еді, өздеріне керек өнерді білетін адамдары араларында болушы еді, үйшісі, ұстасы, етікшісі, *е р ш і с і* өзінде еді («Қазақ»). Әкесі атақты шебер *е р ш і,* әрі етікші (Д.Әбілев, Арман.). Балташылар, ағаш ұсталары, *е р ш і л е р,* үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕРШІГЕШ с ы н. с ө й л. ***Ерсымақ***. Жаудың шығандаған бірен-саран *е р ш і г е ш і* болса, араңды аша беріп, ортаңа түсіріп алып, қарағұстан, самайлықтан сілейте соқ (М. Әуезов, Абай). Айман, Шолпан; Алдияр, қадірлі ата, еркің білсін, егескен *е р ш і г е ш к е* балаң күлсін (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕРШІК[1] з а т. **1.** *Арбаға не шанаға көлік жеккенде тертенің бел көтермесі асылатын әрі қамытты артқа тарттыру үшін қажетті ер тәрізді әбзел; ыңыршақ. Е р ш і к т і ң* тысы қалың киіздерден, қос қапталы мен арқалығы ағаштан не металдан жасалады. Көліктің беліне тағалы тартпа арқылы бектіледі (ҚҰЭ). Танабай атының *е р ш і г і н* сыпырып, ауыздығын алды (Ш.Айтматов, Қош бол, Гүлсары). *Ершік* (ыңыршақ) – жеккен аттың бел бөктермесі тұратын кішкентай ершік. Оны «ыңыршақ» деп те атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Торы ат дертеде байлаулы тұр, қамыты мен *е р ш і г і* алынбапты (Ж. Жұмақанов, Соқпақ.). **2.** *Түйеге жүк арту үшін жасалатын әбзел.* Түйеге жүк арту үшін шом және *е р ш і к* жасалады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

ЕРШІК[2] з а т. ***Ерсымақ.*** Алашта талай-талай ерлер өткен, Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен? Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп, Ер емес «*е р ш і к т е р*» ол елді еңіреткен (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕРШІКТЕ= е т. *Жегілетін көлікке ершік салу.* Миды жастай меншіктеп Қалған қалай тез шықсын Мінген жастай *е р ш і к т е п,* Күнді көңілім ұмытсын! (І. Жансүгіров, Шығ.).

ЕРШІКТЕУ *Ершікте етістігінің қимыл атауы.* Тайын *е р ш і к т е у г е* кірісті (Ауызекі).

ЕРШІКТІ с ы н. *Ершігі бар, ершік салынған.* Екі совхоздың жерін *е р ш і к т і* төбенің ұзыннан-ұзын шұбатылған жотасы ғана бөліп тұр (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЕРШІКШІ с ы н. *Ершік жасаушы ісмер. Е р ш і к ш і* ауыл аралап жүр (Ауызекі).

ЕРШІЛІК з а т. *Ер-тоқым жасауды кәсіп етушілік. Е р ш і л і к т і* кәсіп еткен шеберлердің қолынан шығатын ерлердің сыртқы кейпінің біркелкілігі көзделеді (Х.Арғынбаев, Қаз. ертұрман.). Зергерлік, етікшілік, *е р ш і л і к* өнерін жалғастырушы шеберлер республикамызда көптеп кездеседі («Қаз. әдеб.»).

ЕРШІМДЕЛ= е т. қ о л ө н е р. *Оратылу, ұйысу.* ≈ Жібі *е р ш і м д е л д і.*

ЕРШІМДЕЛУ е т. *Ершімдел етістігінің қимыл атауы; жіптің бір-бірімен оралып, ширатқан бөліктерінің таңдайланып қалуы.* Тартылған кезде жіптердің жүгінуі, бірінің ішке кірмеуі, бірінің сыртқа шықпауы және үш жіп бір *е р ш і м д е л у і* керек (Н.Нұрғалиұлы, Е.Еженбекұлы, Ата салт.).

ЕРІ= е т. **1.** *Жылу әсерімен сұйық күйге айналу.* Жол бойы езілген қара батпақ, жерде аламыш *е р і п* жатқан бозғыл қар бар (Т.Сағымбаев, Кездесу.). Қар *е р і д і* екен деп қара жер бүлінбес (Мақал). **2.** *Балқу, ағу.* Ине біраздан соң оттың күшімен *е р і п,* қызарды (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Мыс бақырды сындырды талқан қылып, Көмірге салды, мысты дүкен құрып, мыс былқылдап *е р і г е н* кезінде шал Шөпшіктен ұсақ қара алды қырып (Абай, Тол. жин.). **3.** *Сұйық затқа сіңіп, жоқ болу.* Тұз емеспіз ғой *е р і п* кететін, аяңдай берсең нетті, Мұқа (Бәйшешек). **4.** а у ы с. *Елжіреу, егілу, балқу, мейірлену.* Ахмет келгенде Қамармен көзқарастары бір-біріне елжіреп, *е р і п,* елпілдеп тұруларынан сезіктеніп қалып еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). ...Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын; жақсылыққа елжіреп *е р и т ұ г ы н* – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын мен (Абай, Тол. жин.). Қара тастан басқаның бәрі жадырап, Бір сараңнан басқаның бейілі енер. Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне, Бойың балқып, *е р и д і* ште жігер (Абай, Тол. жин.). Өлі бойға жан жүгірді, Қайратым құрып болды, нан. Мұз жүрегім май сықылды *Е р і п*, от боп күйді жан (Абай, Тол. жин.). Періштенің қауырсын қанаттары қандай жұмсақ тиеді. Хауа қыздың барлық денесі балқып, *е р і п*, бара жатқандай, есі болса, есінен айырылғандай еді («Қаз. әдеб.»). Көңілі *е р і п,* көзінен жас кетті ағып, «Туды,– деп, мұндай бала менен неғып?» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бой еріді. *Елжіреді, балқыды.* Исің гүл аңқыған Нұрын күн шалқыған. Көргенде *б о й е р і п,* Сүйегім балқыған (Абай, Тол. жин.). Етің етке тигенде, Демің тиіп сүйгенде, тән шымырлап, *б о й е р і п,* Ішім оттай күйгенде (Абай, Тол. жин.). Сөзіне Балжекеңнің, *б о й ы е р і п,* Келеді келешектен үміттеніп, Арада бірнеше күн өткеннен соң, Ыбырай Орынборға жетті келіп (О.Шипин, Дастан).

Жаны [жан-жүйесі] еріді. *Сүйсінді, цйыды.* Жаманға «жар» деген-ақ, ән көрінер, Жақсы әнді тыңдасаң, *ж а н ы ң е р і п,* Жабырқаған көңілің көтерілер (Абай, Тол. жин.). Жақсыға айтсаң, *ж а н ы е р і п,* Ұғар көңіл шын беріп, Дертті ішіне ем көріп, Неге алтынды десін жез (Абай, Тол. жин.). Балқияның *ж а н-ж ү й е с і е р і п,* балқып кеткендей болды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жадырап *ж а н ы м е р і п* күй тыңдадым, Төгілді күйдің балы сусындадым (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең.).

Жүрегі еріді. *Жаны ашыды, аяды.* Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік, Достықпен *ж ү р е к е р і п* тәуір еттік. Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда, Еліңе жеткізуге біз де жеттік (Абай, Тол. жин.). Көргенде Мариямды *ж ү р е г і е р і п,* Кернейді тұла бойың бір ой келіп (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

Қорғасындай [сары майдай, қанттай] еріді. *Жан-жүйесі босап егілді, елжіреді.* Отқа түскен *қ о р ғ а с ы н д а й е р і д і м,* ессіз, түссіз сұлдем қалған тірімін (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). Әжелеп келсең алдыма, менде сабыр қалды ма, *е р и д і майдай* барденем (М.Хакімжанова, Өткелдер). – Амандық Болатбеков, – дегенде, менің ішкі өзегім бордай үгіліп, *қ а н т т а й е р і п* жүре берді (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

Іші [сай-сүйегі, іші-бауыры] еріді. *Жаны ашыды, аяды; елжіреп-егілді.* Ақыл айтсаң біреуге *і ш і ң е р і п,* егіліп, Ұялмас ақы тілеуге, Бермесең қалар түңіліп (Абай, Тол. жин.). Елжіреп *е р і п* кетті адам *і ш і* (Ұйқыда секілденіп жатқан түсі). Әйтеуір, әлі тірі екен. *С а й-с ү й е г і н і ң* бәрі *е р і п,* тізерлеп отыра кетті (Ә.Кекілбаев, Дала.). Інімнің бауырмалдық қылығына *і ш і-б а у ы р ы м е р і п* кеткендей болды (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЕРІГУ *Ерікетістігінің қимыл атауы; іші пысу, зерігу. Е р і г у д е н* басқа ермегі жоқ жолаушылар Қасымның қазіргі кескінін көргенде, бірін-бірі түрткілей сақылдап күліп жатты (Ө.Қанахин, Мұрагер). Ойлап тұрсам, оның да қиын халі, зерігу мен *е р і г у* – бұйырғаны (Ә.Жәмішев, Сағым.). Бұл әдеттің өте бір бауырмалдықтан туғанын я болмаса қолы бос, жұмысы жоқ *е р і г у д і ң* салдары екенін әлі күнге айырып біле алмаймын (Ж.Саин, Жол үстінде).

ЕРІГУШІЛІК з а т. *Зерігушілік, іші пысушылық.* Босқа *е р і г у ш і л і к т і* жаратпайды (Ауызекі).

ЕРІГІШ с ы н. *Сұйық күйге айналғыш, сұйыққа сіңгіш, балқығыш.* Топырақ құрамында тез *е р і г і ш* тұздар көп (Е.Жамалбеков, Суармалы.). Стрептомицин – суда *е р і г і ш,* сарғыш ұнтақ зат (Ғ.Әбішев, Мал жарақат.). Қос топырақты кремний *е р і г і ш* (сұйық) және ерімейтін кристалл күйінде кездеседі (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

Ерігіш реагенттер. к е н. *Флотациялауда қолданылатын, ерігіштігі жоғары техникалық реагенттер. Е р і г і ш р е а г е н т т е р д і ң* құрамы сорттарына қарай өзгермелі болады да, негізгі заттың пайыздық үлесі 70–95% аралығында кездеседі (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЕРІГІШТІК з а т. ф и з. **1.** *Заттың белгілі бір еріткіште еру қабілеті; сұйық күйге айналғыштық, балқығыштық.* Әртүрлі заттың суда *е р і г і ш т і г і* әртүрлі (Е.Бірімжанов, Жалпы химия). Олардың *е р і г і ш т і к* дәрежесі температураға тікелей байланысты (Н.Шоқанов, Топырақ.). Заттардың физикалық қасиеттеріне физикалық күйі, түрлі, жылтырлығы, иісі, дәмі, меншікті салмағы, *е р і г і ш т і г і* т.б. қасиеттері

жатады («Қазақст. Мект.). **2.** х и м. *Бір заттың екінші затпен араласып, біртекті жүйе қажетті мөлшерін сипаттайтын шама.* Заттардың *е р і г і ш т і г і* олардың табиғатына, температура мен қысымға тәуелді (ҚСЭ). *Е р і г і ш т і к,* көбінесе, еіртікіштің 100 массалық бірлігінде қаныққан ерітінді түзілгенше еритін еріген заттың масса бірлігімен көрсетеді (ҚҰЭ).

ЕРІК з а т. **1.** *Ықтияр, ырық, билік.* Әйелде *е р і к бар* ма? Кім азғырса Соған құл. Қарлығаштан әзер болса, Шабардың екі-ақ қарасы артық шығар... Соған кетті көрермін біраз тұрса! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біріне күш, біріне көрік берді, Көрікке құмар етіп *е р і к* берді, Атадан сол сияқты мирас қалды, Аяймын күшім жетсе енді немді (Шал ақын, Өлең д.). Ере бердім мен артынан бір есер, Қарсы келіп *е р к і м* бар ма тіресер? Жел айдаған тұрағы жоқ қаңбақтай, Ағынымды дедім-дағы сай кесер (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Бостандық, теңдік, еріктілік. Е р і к* – десе жүрек тулап, Қандай әйел қызбайтын (Б.Майлин, Шығ.). Бұл маған *е р і к* пен теңдік беретін дүние емес, ақша мен мал дүниесі (Ж.Саин, Жол үсті.). **3.** п с и х. *Адамның бойындағы психологиялық сезім, жігер, қайрат.* Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің *е р к і ң і з д і,* сіздің мәдениетіңізді сезе алатындай болуы керек (Қ.Жарықбаев, Психология). *Е р і к* – адамның өз қызметін және әртүрлі психикалық процестерді өзі детерминациялауынан және өз реттеуінен көрінетін қабілеті (Қаз. тілі термин. Психология.). *Е р і к* – адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алу қабілеті, оның белгілі бір мақсатқа жету, іс-әрекетті орындап шығу жолында қиыншылықтарды белсенділікпен жеңе білуінен байқалатын ішкі қуаты (ҚҰЭ). **4.** а у ы с. *Кеңшілік, мұрсатана.* Ойланып шешулеріңе он күн *е р і к* беремін (Қаз. ертег.).

Бас еркі. *Тең құқылық, бас бостандық.* Адамның *б а с е р к і* де жойылады екен деген әңгімелер гу-гу тарап жатты (Б.Майлин, Шығ.).

Басына ерік алды. *Азат болды, еркіндікке қол жеткізді.* Оқудан, өнерден бос қалып, қараңғыда қамалған қасіретті қазақ халқы да өз *басына е р і к а л ы п,* өз алдына мемлекет құрып, өз тізгінін өзі ұстап бөлек шығады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Басынан ерік кетті. *Ырықсыздыққа ұшырады, бас еркінен айырылды. Б а с ы н а н е р і к к е т і п* қабыл алды, Жалғыз-ақ өзі біледі өткен халді. Мәскеудің шаһарына мәлім болып, Вешір боп қыз-жігітке той жасалды (Ә.Найманбаев, Шығ.). Тірлікте бізге керек ақыл серік, Бірлікпен боларсыңдар жауға берік. Береке, бірлігіңді құрамасаң, Алады ақырында жауың жеңіп. Үшеуің үш тарапқа жүрсең егер, *К е т е д і б а с т а р ы ң н а н* қымбат *е р і к* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Басында еркі бар. *Ерікті, азат.* Бұл заманда қыздың *б а с ы н д а е р і к б а р* ғой, азар болса малын алар, кім қызды тегін береді,– дегеннен кейін Ғалидың қуанғаннан екі көзі жайнап кетті (М.Дулатов, Шығ.).

Еркі кетті. *Ықтиярынан айырылды.* Шолпандай адам едің жиһан көркі, Тіл шаршап, көп айтуға *к е т т і е р к і.* Қымбатты жаннан ғазиз асыл еркем, Шықпаған бұл қасіреттен Жанның беркі (Ақан сері, Шығ.).

Еркі күшті. *Мақсатына жетпей қоймайтын жігерлі, қайратты.* Бұл – нағыз *е р к і к ү ш т і н і ң* ісі, – деді Сағит (Қ.Қамбаров, Алтай.).

Еркімен жіберді. *Тыйымсыз, еркін өсірді.* Мырзалы алты ұлдың ортасында бұлғаңдап өскен жалғыз қызы Айтжанды да *е р к і м е н ж і б е р г е н* (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

Еркімен өсті. *Еркін өсті, қыспақ көрмеді.* Қорғалап өскен қояндай – *Е р к і м е н ө с к е н* ерленіп Ер жүректі балаң жоқ; Боран соққан қой болдың, Жел жағыңда панаң жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Еркін алды. *Ықтиярсыз етті, ырқына көндірді, биледі.* Егер де бетіменен қоя берсең, сенің ол *е р к і ң д і а л ы п,* қылар шошқа (С.Торайғыров, Шығ.).

Еркін биледі. *Тәнті етті, баурап алды.* Қарағай, қайын желпінді, Құстарға қарап анталап. *Б и л е д і* менің *е р к і м д і* Жер-көкке қонған махаббат (К.Салықов, Жезкиік.). Сүйемін мен күнді Көңілді, жалынды. Сен *б и л е е р к і м д і,* Әлдиле жанымды (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Еркіне бағынды. *Ырқына көнді, жетегіне жүрді.* ≈ Аспан әлемі де адам *е р к і н е б а ғ ы н а* бастады.

Еркіне жіберді. *Ерік берді, дегеніне көнді.* Шаймерден атын *е р к і н е ж і б е р м е й* тежеп келеді (М.Иманжанов, Адам.). *Е р к і н е ж і б е р с е ң* бітті дей бер, тарының түте-түтесін шығарады (Н.Сералиев, Намыс.).

Еркінен айырды. з а ң. *Бас бостандығын жойды.* Заңда көрсетілген жағдайлардан тысқары ешкімді *е р к і н е н а й ы р ы п,* тұтқынға алуға болмайды (ҚР Конституциясы).

Еркінен айырылды. *Еріксіз күйге түсті, сазайын тартты.* Сотталып *е р к і н е н а й ы р ы л д ы* (Қаз. тілі фраз. сөздігі).

Еркіне қоймады. *Ырық бермеді.* Шықтым ба деп ем, құдай-ау, Қызықты күннің шетіне. Өшірмек Алла болған соң, Бенденің *қ о й м а с е р к і н е* (Абай, Тол. жин.). Жатса да, жүрсе де, Тек жалғыз мені ойлаған. Қайғырып, талып күлсе де, *Е р к і н е* зарым *қ о й м а ғ а н* (Б.Күлеев, Таңд.).

Еркі өз қолында. *Бас еркі өзінде, тәуелсіз.* Ол кезде орыс онша кіріскен жоқ, Қазақтың *еркі өзінің қолында* боп. Тамам жақсы жиылып «Құндыздыда» Арғын, Найман бас қосып жасапты топ (Ш.Құдайбердиев. Шығ.).

Ерік алды. а) *Еркіндеді, асқақтады, серпілді.* Ән серпіні күшті, ескіліктің торын бұзып, *ерік алған* жастың жігерлі үні еді (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Теңдікке, бостандыққа ие болды.* Қазақтың *ерік алды* әйелдері (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). б) *Рұқсат алды.* Алпыстағы шалға Мерғұлжанды көзім қимай ханнан үш күн *ерік алып* саған келдім (Қаз. ертег.).

Ерік берді. а) *Ырқына жіберді, ықтиярлы етті.* Қуанып Апрасияға *ерік берді*, Бас болып Барзуға енді өзі ерді. Ту алып, тұлпар мініп, тынбай жүріп, Иранмен ұрысуға олар жүрді (Т.Ізтілеуов, Рүстем). Татулыққа кенші мінез берікпін, Егескенге *ерік бермес*, келтемін. Мен де талай қиындыққа тоғысқам, Менің де әкем қаза тапқан соғыста, қолда барды аяп қалар жерім жоқ, Өзіме де бүкіл дүние болысқан (К.Салықов, Жезкиік). *Ерік берсең* орға жығып, кетер бір күн асау қан, Сақта Тәңір қателікті біле тұра жасаудан! (М.Шаханов, Ғасырлар). ә) *Рұқсат етті.* Кейде қиын операция жасауға да *ерік берді* (З.Шашкин, Ақбота). Жауына шапса өз атын өзі ұрандап, Қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ. Есі бар тентек есейе келе ер болар, *Ерік берің дер*, неғыласыңдар бұғаулап... (М.Мақатаев, Шығ.).

Ерік тимеді [бермеді]. *Ырқына жібермеді, ықтиярынан айырды.* Ой кіргелі *тимеді ерік* өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, *ерік бермей*, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме (Абай, Тол. жин.).

Ерік тиді. *Құқы болды, ықтияры болды.* Көтеріп күміс сапты қылыш беріп, Батырға Шаймерденде й *тиді ерік*. Алматы, Қараталды қорисың деп, Өзіне жоспарлы жер берді бөліп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Көзіне ерік болды. *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* Мәрия үйіне келген соң ғана екі *көзіне ерік берді* (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

Өз еркімен. *Өз ықтиярымен, өз ырқымен.* Бәз біреулер тіршілікте жүр бекер, Кейінгіге бір ісі жоқ үлгі етер. Өмір сүру оңай емес, сонда да Сол өмірден *өз еркімен* кім кетер (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). *Өз еркің мен* өлу ерлік екен ғой, Ондай ерлік келер емес қолымнан. Перзентіңді ете көрме келеке Ая мені, Ая мені, жан әке! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Өз еркі өзінде. *Билігі бар, ықтиярлы. Өз еркім өзімде* тұрғанда, мен де бір адамға ерік берейін, қыз сенікі (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЕРІК= е т. *Іші пысу, зерігу.* Ішпек, жемек, семірмек, есінемек, *Ерікпеннен* жалшыға бос зекірмек, Бай ұрыспаған кезінде өзі ұрысқансып, «Олай емес, білмейсің, былай» – демек (Абай, Тол. жин.). Ел таңырқап балаға Батырлар түсті араға. *Ерігіп* тұрған қалың ел. Еліртіп жатыр жана да. Ер Төстік сонда сөйледі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Берекеге қас болса, Желіктірген айтаққа, арақ ішпей мас болса, ел тыныш болса азады, *Ерігіп* өле жаздады (Абай, Тол. жин.). «Ердің малы елде, *ерікпенде* қолда» (Абай, Тол. жин.). Күлімсіреп сілкін, көңілім, жабықпай, Шыда көніп ауырлыққа, талықпай. Еркін ойлап *ерігетін* күн болар, Сыр көрсетпей, шық өткелден тарықпай (М.Дулатов, Шығ.). Менің қалаға баратын кісім жоқ. Қалаға барам, шөп сатам деп *ерігіп* жүрген осындағы Нұрмақ қу (М.Дулатов, Шығ.). Жалынып жар-досыма жан қинасаң – Қылышын жарандардың серметейін! *Ерігіп* ерегіске ие болып, Дегенің: «Азып-тозып кер кетейін» (О.Шораяқов, Шайыр). Хан*ерікпе*, қара халық ханның ойыншығы болады (Мақал). // *Іші пысқан, зеріккен адам. Ерікпендердің* жұмыс істеп жатқан адамның жанына жиналып, әңгіме соғатын әдеті ғой (Б. Майлин, Шығ.). Колхоздікі сұраусыз дүние емес, *ерікпенге* ойрандатып қойып отыра алмаймын (Т.Нұртазин, Мұрат).

ЕРІК-ЖІГЕР з а т. *Адамның өзін басқару қабілеттілік қасиеті, еркі күшті болушылық.* Лесбектің мінез-құлқы, *ерік-жігері* былайғы жұрттың да көңілінен шықты («Лен. жас»). Адамның *ерік-жігер* қасиеттері сан қилы (Қ.Жарықбаев, Психология). Тек қызықтырған нәрсе ғана адамды өзіне ие ететіндігін, ол үшін адамның ақыл-ойы, *ерік-жігері*, тілек-мақсаты шындық жолында ғана болуы қажет екендігін барынша сезінеді («Қазақст. Мект.»).

ЕРІККЕНДІК з а т. *Не істерге ісі болмай ермек іздеушілік, ойына келгенін істеушілік.* Нақ өзі сияқты жеке тұратын жолдасы жоқ. Қолын қағып, қой дейтін адам болмаған соң *ерікпендігі* дейтін шығар деп қоймапты (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.). Ермекшілдік пен *еріккендік*, еңбексіздік секілділер болмаса керек («Қаз. әдеб.»).

ЕРІККЕН-ЕРІККЕН сын.сөйл. *Неістерін білмей, ермек іздеген.* Бүгін күндегідей *ерікпен-зеріккен* шалдардың бірі де көрінбейді (О.Дастанов, Мұрагер). // *Іші пысқан, зеріккен адам. Ерікпен-зеріккендер* не демейді. Жұрттан асар күш қайда бізге деді (Ә.Көшімов, Қысталаң жыл).

ЕРІКСІЗ с ы н. **1.** *Еріктен тыс, амалсыз, шарасыз.* Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,

Әйтеуір тарқайтұғын уақыт жетті. Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін, *Ерiксiз* есті екеуін есер етті (Абай, Тол. жин.). Дарбазаның айбыны да содан бір кейін емес, жоғарыдағы сонау заңғар маңдайшаға, шұрық-шұрық тесіктерге, діңгектей жұмырлап соққан алып босағаға, оның ішкі беттеріндегі көлденең сорайған дөңбектерге, қақ төбедегі түймедей салбыраған қола допқа *ерiксiз* қарайсың, *ерiксiз* бір айбын бойыңызды билейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түсі қашқан, көңілін қайғы басқан мұңды қыз келіп отырғаннан қанша сездірмейін десе де, *ерiксiз* күрсініп жібергендігі байқалып қалды (М.Дулатов,Шығ.). Мынадай күйкі көлікті көргенде, кісі *ерiксiз* күледі екен (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **2.** *Өз келісімінсіз, ықтиярсыз, зорлап-қыстап.* Ұзын бойлы топырақты серпіп алысқа атады. Зордың күшімен тек *ерiксiз* жұмыс қылып тұрғаны көрініп тұр (М.Жұмабаев, Шығ.). Бай мен жарлы баласы аңға шықты, Жалаң қағып жарап тұр аты мықты. Жортып жүрген түлкіні көрдідағы, Қуып барып *ерiксiз* інге тықты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қалың әскермен төңіректен *ерiксiз* айдалып келген босқын жұрт қара өзеннің ағынына қарсы тоскауыл салып, жолын бөгеді (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Ерiксiз* ел-жұртынан, туып-өскен жерінен айырылып, жат елге құлдыққа бару қандай аянышты (Ә.Шәріпов, Партизан.). **3.** *Басында еркі жоқ, басыбайлы.* Сен бір *ерiксiз* құл едің. Талантсыз туған сорлы едің. Көп зарықтың, көп сарғайдың... (М.Дулатов, Шығ.). Құн деп олжаға түскен *ерiксiз* әйелді айтады (С.Қасиманов, Сиқырлы.). // *Басында еркі жоқ, басыбайлы адам.* Айдалып жүрген *ерiксiзге* бәрібір емес пе (Ә.Тәжібаев, Жартас). **4.** а у ы с. *Ерік-күші жоқ, жігерсіз, ынжық.* Ер *ерiксiз* болса, Ел көріксіз болар (Мақал). Жоқ, Шәміл, Менің ойым бөлек еді, Басқа жыр, басқа ғұмыр керек еді...Құл болған Махаббатқа менде ерік жоқ, *Ерiксiз* өмір маған не береді?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Еріксіз емдеу. з а ң. *Қоғамға қауіпті аурулармен ауыратын, мамандандырылған дәрігерлік мекемелерде емделуден жалтаратын адамдарды еркінен тыс емдеу.* ≈ *Ерiксiз емдеу* амалдары.

Еріксіз қимыл. б и о л. *Төменгі сатыдағы жануарлар мен жәндіктердің негізгі қимылдары және жоғары сатыдағы ағзалардың кейбір мүшелерінің қимылы. Ерiксiз қимылға* жүрек ырғағы, тыныс алу ырғағы, ішек-қарын қозғалысы және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ерiксiз қимылға* ортаңғы ми мен артқы мидың қатысуымен іске асады (Қаз. тілі термин. Биология).

Еріксіз сәуле шығару. ф и з. *Кванттық жүйелердің сыртқы (мәжбүрлеуші) сәуле әсерінен электрмагниттік сәуле шығаруы. Ерiксiз сәуле шығару* кезінде шығарылған электрмагниттік толқынның жиілігі, фазасы, поляризациясы және таралу бағытты сыртқы толқынның сәйкес сипаттамаларымен бірдей болады (ҚҰЭ). *Ерiксiз сәуле шығарудың* болатындығын, жылулық сәуле процестерін кванттық теория тұрғысынан теориялық жолмен талдай отырып, 1916 ж. А.Эйнштейн тұжырымдаған (ҚҰЭ).

Еріксіз тербеліс. ф и з. *Қандай да бір жүйеде периодты сыртқы күштің әсерінен пайда болатын тербеліс (мысалы, айнымалы магнит өрісі әсерінен болатын телефон мембранасының тербелісі т.б.). Ерiксiз тербелістің* сипаты сыртқы күштің табиғаты мен жүйенің өзіне тән қасиеттері арқылы анықталады (ҚҰЭ). Сыртқы күштің болуы – *ерiксiз тербелістің* қозуы мен болуының қажетті шарты (ҚҰЭ).

ЕРІКСІЗДЕН үс т. *Еркінен тыс, шарасыз. Ерiксiздең* тартып биге тұрғандай, Ұлы еңбектің сазды күйі тербеліп (Айтыс). *Ерiксiздең* ойды бұрып, жауын алған жанардың Мынау заңғар сән сарайлар меншігінде солардың (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЕРІКСІЗДЕН-ЕРІКСІЗ үс т. *Өз-өзінен, амалсыз, еркінен тыс, шарасыз.* Оларға қарағаң сайын жігіт жүрегін қуаныш кернеп, сезім қылы шертіліп, *ерiксiздең-ерiксiз* елтиді («Лен. жас»). Енді солар есіме түсіп, соларға көз қиығымды тастап, *ерiксiздең-ерiксiз* момақан болмасқа лаж қалмады (Ғ.Қабышев, Тарихта.). Сенің жүдеп тұрған пішінің, оның үстіне *ерiксiздең-ерiксiз* жапанда біткен көдедей маған, менің жалғыздың дүниесіне біткен жүрегіме онша оңай соқпады (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

ЕРІКСІЗДІК з а т. **1.** *Билігі болмаушылық, еркі жоқтық, шарасыздық.* Осы түнгісі дәл соған ұқсап отырса да, екеуінің арасы тым қашық! Неге десеңіз: былтырғысы өз еркімен жүрген сейіл, сауық еді, бұл жолғысы: *ерiксiздiк,* қашқындық!.. (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). Бұл жырда Абай, қазақ әйелінің *ерiксiздiк,* күндік күйін арнаулы тақырып етіп қолға алады (М.Әуезов, Әр жыл.). Өзінің ешқайда қозғала алмайтын *ерiксiздiгiн* ойлап налиды (А.Жұбанов, Замана.). **2.** *Құқы болмаушылық.* Өмірде *ерiксiздiк,* езушілік бар дейтін, біз оны да көрмеген едік (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

ЕРІКТІ сын. *Өзеркіөзінде, ықтиярлы; құқылы, тәуелсіз.* Мен – қазақпын азат қыз, *ерiктi* ұлмын, жер бетінде Антейден берік тұрмын (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Сен де еліңе жеткенше

ғана *е р і к т і* батырсың, еліңе барғасын сен де еркіңнен айырыласың: не байдың, не бидің сойылы болып қаласың (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). // *Күштеусіз, зорлықсыз әскери болған адам.* Мен бұл патриот *е р і к т і л е р д і* әскери киіммен, сонымен қатар әйелдерге тән келісті киіммен киіндіруді өтінбекпін (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Осы кезде Верныйда Емелевтің *е р і к т і л е р і н е н* құралған жаяу әскер полкы тұратын (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Сөйтіп Отанаңның шақыруын күтпей-ақ *е р і к т і л е р* қатарында майданға аттанды («Қазақст. мұғ.»).

Ажалға ерікті болды. *Жанын қиды, өлімге баруға да дайын болды.* Қуа соғып соқынан, Әлжан ұрмақ желкеден. Жүз-жүзден алып серікті, Жаланып ерлер желікті. Халық үшін өлсе арман жоқ, *А ж а л ғ а б о л д ы е р і к т і.* Әли-сынды батырым, Төртөбелге мініпті. Бесатарын мойнына Тәуекел деп іліпті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Ерікті әскер. *Өз еркімен шыққан зорлықсыз, күштеусіз жасақ (шені)* Аманкелді жауынгерлерді болыс-болыстан *е р і к т і ә с к е р* жинауға жіберді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Ерікті болды. *Өз еркі өзінде, азат болды, еркін болды.* Таусылмай толып жатыр арманымыз, *Е р і к т і б о л м а ғ а н* соң мал, жанымыз (XX ғ. қаз. ақын.).

Ерікті қимыл. б и о л. *Жоғары сатыдағы жануарлар мен адамның қимыл-қозғалыстары.* Ерікті тәрбиеге: жүру, жүгіру, секіру, көз қимылы, құлақ түру, тыныс алу, дене қимылы және т.б. *е р і к т і қ и м ы л* еріксіз қимылмен бірге туып, ми қыртысының басшылығымен орындалады (ҚҰЭ).

Ерікті тәрбие. п е д. *Педагогикадағы баланы тәрбиелеуде оған күш көрсетуге, оны мәжбүр етуге қарсы бағыт. Е р і к т і т ә р б и е н і* жақтаушылар балаға күш көрсетуге, мәжбүр етуге мүлде қарсы болды және тәлімгерлік араласуды да мүмкіндігінше азайтуға тырысты (ҚҰЭ). *Е р і к т і т ә р б и е н і* жақтаушылар (М.Монтессори, К.Н.Вентцель, Л.Н.Толстой және т.б.) педоцентризм идеяларына сүйеніп, өктемшіл тәрбиені сынады (ҚҰЭ).

Ерікті ұйқас. ә д е б. ***Еркін ұйқас.*** Ұйқастары бірде олай, бірде былай болып келетін өлеңдер де бар. Бұларды *е р і к т і ұ й қ а с* дейді (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЕРІКТІ-ЕРІКСІЗ ү с т. *Ерікті болсын я болмасын, ықтиярлы-ықтиярсыз.* Ақын *е р і к т і - е р і к с і з* өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біз мінген вагон плацкартсыз, сондықтан билеті барлардың кім көрінгені *е р і к т і - е р і к с і з* міне береді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЕРІКТІК с ы н. п с и х. *Ерікке тән, ерікке қажетті.* Сотқар адамның жөнсіз батылдығы мен ұрының жылпос «пысықтығын» мінездің *е р і к т і к* сапаларына кіреді деп ойлау шындыққа сай келмейді (Қ.Жарықбаев, Психология). *Е р і к т і к* реттеудің дамуы, ең алдымен, бай мотивациялық мағыналық саланың, адамның орнықты дүние-танымы мен сенімдерінің қалыптасуымен, сондай-ақ іс-әрекеттің ерекше жағдаяттарында еріктік күш-жігерге қабілеттіліктің қалыптасуымен байланысты (Қаз. тілі термин. Психология.). *Е р і к т і к* реттеу ырықты реттеудің тұлғалы деңгейі ретінде көрінеді, бұлардың айырмашылығы – еріктік реттеу туралы шешім тұлғадан шығады және реттеу кезінде тұлғалық құралдар пайдаланады (Қаз. тілі термин. Психология.).

ЕРІКТІЛЕУ с ы н. *Еркі күштілеу.* Баланы жасынан *е р і к т і л е у* етіп тәрбиелеу керек («Қазақст. мұғ».).

ЕРІКТІЛІК з а т. **1.** *Ықтиярлылық, еркі болушылық.* Зорлау жоқ, тек *е р і к т і л і к* керек,– деді салмақты өзіне сала сөйлеп (Ө.Әмзеев, Кентау). Ол шын мәніндегі *е р і к т і л і к т і* және біреуге-біреудің тәуелсіздігін көрсетеді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **2.** *Еркі күштілік, жігерлілік.* Бұл үшін оларға, мақсатқа тырысушылық, *е р і к т і л і к,* өз күшіне сенімділік, алдына қойған мақсатына жетуге қабілетінің болуы қажет (Семья тәрбиесі). Ол шын мәніндегі *е р і к т і л і к т і* және біреуге біреудің тәуелсіздігін көрсетеді (Ә.Шәріпов).

ЕРІКТІР= е т. *Бостан-бос жүргізу, зеріктіру, іш пыстыру.* Қалабек келсе бұ кісілерді *е р і к т і р м е с* еді, – дейді біреуі. – Сол ма? Ол жындының жүрген жері думан ғой, – дейді тағы біреуі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ер ондай еркін туған *е р і к т і р і п,* Қайсарды қайырып тұр басқа жолға (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). *Е р і к т і р і п,* қасында жүрдірші деп, Қозы Көрпеш өлгенін білдірші деп. Баяғыда алған ақ бетіңді, Баянжанай аулақта сүйдірші деп (Қозы Көрпеш.).

ЕРІКТІРУ *Еріктір етістігінің қимыл атауы.* Балаларды *е р і к т і р у* жақсылыққа әкелмейді (Ауызекі).

ЕРІЛ= е т. *Өзінен-өзі еру.* Кер маралдай керіліп, Сары майдай *е р і л і п,* Тәңірі берген екі аяқ, Бір басарға ерініп (Қыз Жібек). Күн ұзарған соң қатқан тоңдар *е р і л і п,* көктемнің жақындығы сезіле бастады («Лен.жас»).

ЕРІЛУ *Еріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Майдай *е р і л у.*

ЕРІМТАЛ с ы н. *Сұйық күйге айналғыш, ерігіш.* Аминоқышқылдар – түссіз, суда *е р і м т а л,* кристалдық заттар (Б.Бірімжанов, Жалпы химия). Әдетте сабын ретінде жоғары май қышқылдарының суда *е р і м т а л* натрий және

калий тұздары қолданылады. Натрий тұздары қатынасса сабын қатты, калий және аммоний тұздары болса сұйық болып келеді («Білім және еңбек»).

ЕРІН з а т. **1.** *Ауыздың астыңғы және үстіңгі екі жақ жиегі.* Тілде сүйек, *е р і н д е* жиек бар ма? Шымылдық боп, көрсетпес шыңның жүзін (Абай, Тол. жин.). Кірсіз тіс, жұқа *е р і н*, сөзге епті, Ақылмен білім сөйлер әрбір текте. Жасы менен денесі таласа өсіп, Құрмадай кәміл піскен көз жетті (С.Торайғыров, Шығ.). Аузын ашып қалғанда «ай десе аузы бар, күн десе көзі бар», қасы қиылған, аузы оймақтай, *е р н і* жұп-жұқа, белі құмырсқаның беліндей нәп-нәзік, орта бойлы бір қыз шыға келді (Қаз. ертег.). Екінші айдың аяғында, үшінші айда бала дауысты дыбыстарға бірте-бірте дауыссыз дыбыстар да қоса бастайды. Ең алғаш *е р і н м е н* айтылатын дауыссыз дыбыстарды қосады (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. ***Ауыз***. Мүсәпір *е р н і н* кемсеңдетіп, сақалын желк-желк еткізді (Ә.Әбішев, Армансыз.). Сәлем орнына *е р н і н* күбір еткізді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Ерні аққа тиді. *Мал төлдеп, сүт молайды.* Енді біздің *е р н і м і з а қ қ а т и і п,* төбеміз көкке жеткендей болды («Жұлдыз»). Иә, *е р н і м і з а қ қ а т и д і,* Балалар да балыққа тойып оңып қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзіміз аурудан жаңа тұрып, аштықтан ширай алмай, қара шолақ сиырдың туғанына екі-үш күн болып, *е р н і м і з а қ қ а т и г е н* (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан. келген.). «Енді не істеу керек? *Е р н і а қ қ а т и с е*, мұрны қанайтын кедейің мен болдым-ау» деді Оразалиев (Қ.Оразақов, Дәрігер.).

Ерні жібіді. *Көңілі орнықты, көңілі жай тапты.* Жалғызым менің тірі кеп, Балбыраған етіне, Жұпардай болған бетіне, Тірі тиіп қу аузым *Жібір* ме екен *е р і н і м*? Бақ қонып қайта басыма Келісер ме екен көңілім (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Ерні-ерніне жұқпады. *Жып-жып етіп, тез әрі еркін сөйледі, зыпылдады.* Бір сөйлесе *е р н і - е р н і н е ж ұ қ п а й,* осылай ұзақ сөйлейтін Нүрекең іштегісін тегіс ақтарды (Ә.Әбішев, Замана.).

Ерні кезерді [қаязыды]. *Шөлдеді, сусады, су ішкісі келді.* Бұлар *е р н і к е з е р і п,* тістеніп жатқан Жамалдың басын сәл көтеріп, сусын берді (Ә.Шәріпов, Партизан.). Қабағы қатып, тұтығып, *Е р і н д е р і к е з е р г е н.* Жалшы әйелді жан дер ме, Бай қатыны безерген! (С.Сейфуллин, Шығ.). Қарт танып тұр – баласы емес. Бейтаныс жолаушының *е р і н д е р і қ а я з ы п* кеткен. Шөліркеген-ау, шамасы («Лен. жас»).

Ерні кепті. *Тапшылық көрді, шөлдеді.* Әлбетте, *е р н і ң к е у і п* шөлдемейсің, Арнаға сабы сайлы салсаң қасық. Тастамас талапты ерді Тәңірім шөлге, Жатқанның пайдасы жоқ, бекер жасып (О.Шораяқов, Шайыр). Өтіпті ілгеріде қара шекпен, Кем еді, кедейліктен *е р н і к е п к е н.* Қолайлы қорек қылар нәрсесі жоқ Орманда дақылы бар аз-маз сепкен (О.Шораяқов, Шайыр).

Ернінен уыз кеппеген. п о э т. *Тәжірибесіз, балаң, жас.* Сәби ғой мынау, бауырым, *Е р н і н е н у ы з к е п п е г е н,* Балалық шақтың әлі бір Балауса табы кетпеген (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Ернінің емеуріне қарағанда. *Сөз әлпетіне, ауыз қалпына қарағанда. Е р н і н і ң е м е у р і н е қ а р а ғ а н д а,* жандай жақын құрбыға ғана айтылатын асыл сыр бар сияқты ішінде (С.Омаров, Қайырлы.).

Ернінің сөзін айтпады. *Жалған сөйлемеді, алдамады, ой елегінен өткізбей сөйлемеді.* Ет жүрексіз *е р н і ң н і ң а й т п а с ө з і н,* Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін (Абай, Тол. жин.).

Ернін шүйірді. *Тыржиды, жақтырмаған сыңай білдірді.* Буы бұрқыраған бір асым ыстық қамырды Назира жай үпілеп, аузына салып жіберді де, табан арасында *е р н і н ш ү й і р і п,* мұрнын тыржитты (Т.Бердияров, Фарида).

Ернін шығарды. *Сыйламаған, ұнатпаған түр көрсетті, мазақтады.* Сеп-семіз шикіл сары әйел Үрлөпия ғана осы үйден кете беріп, *е р н і н ш ы ғ а р д ы* (С.Жүнісов, Өшп. іздер.).

Ерін дауыстылары. л и н г в. *Еріннің қатысуы арқылы жасалатын дауысты дыбыстар.* О фонемасы еріннің дөңгеленуі арқылы айтылатындықтан, оны *е р і н д а у ы с т ы л а р ы* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

Ерінді кептірді. *Көп сөйлетті, шаршатты.* Ақылы жандар қамалап *К е п т і р д і* сонда *е р і н д і* (Абай, Тол. жин.).

Ерін үндестігі. л и н г в. *Сөздің ортаңғы, соңғы буындарының бас буындағы ерін дауыстысымен үндестікте айтылуы. Е р і н ү н д е с т і г і* қазақ тілінде езу үндестігіне қарағанда өте сирек кездеседі (Қазіргі қаз. тілі).

Ерін шығару. *Жақтырмау, ұнатпау, жиіркену. Е р і н ш ы ғ а р у* – менсінбеу, жирену белгілері (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көнтек ерін. *Көнтиген үлкен ерін. К ө н т е к е р н і* аңырқай ашылған қалпы секпіл бет таңтамаша кейіпте тұрып қалды (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Қаймақ [қаймылжың] ерін. *Қаймыжықтай жұқа еріндді адам. Қ а й м а қ е р і н* қарасұр жігіт бізбен саудаласқысы келіп ынтығы құрып барады (Б.Майлин, Шығ.). *Қ а й м ы л ж ы ң е р і н,* ұзын тұра, тыриған арық біреу кеңкілдеп күлді («Қаз. әдеб.»).

Қызыл ерін. п о э т. *Қыздың алаулаған тартымды ерні.* Ай қабақ, алтын кірпік, *қ ы з ы л е р і н* Кел десең неге аяйын аттың терін (Халық әнд.). Сен едің қыз патшасы менің көрген, Сый болмас бұдан артық өмір берген. Жас жүрек алабұртып, шыдатпайтын Сүйгім кеп нарттай *қ ы з ы л е р і н д е р д е н* (Қ.Салықов, Жезкиік).

Салпы ерін. *Салпиған қалың ерін.* Теке мұрын, *с а л п ы е р і н,* ұзын тісті, Қабырғалы, жотасы, болса күшті. Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Май мұрын, жалпақ беті, Көп күлмейтін қара көзі, *Е р н і* де *с а л п ы,* етті – Бәрі әкенің бала кезі (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

Түрік ерін. *Дүрдиген үлкен ерін.* Оның әшейінде де үстіңгі *е р н і т ү р і к,* қайқы тұмсық аңқау кескіні қазір бұл дүниеде қуаныштың көптігіне сүйсіне таңырқағандай аузы ашылып, уылжи күлімсірейді (Т.Ахтанов, Боран).

ЕРІН= е т. *Мойны жар бермеу, жалқаулану, кежірлену.* Кербездерің керіліп, Басуға аяқ *е р і н і п*; Шешенің судай төгіліп, Тыңдаушың бордай егіліп, Өз-өзіңнен іскенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана). Кішкентай күнімнен шаруа істеуге *е р і н б е й т і н* едім (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Жігіттерге журнал, газет, өлең кітаптарды оқып, өз білгенін айтып отыруға *е р і н б е й т і н* еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады. *Жалықпай бейнет етсең, қолыңа түспейтіні жоқ деген мағынада.* Ерінген аузындағысынан айырылады, *е р і н б е г е н а р ы с т а н н ы ң а у з ы н д а ғ ы с ы н а л а д ы* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

ЕРІНБЕЙ-ЖАЛЫҚПАЙ ү с т. *Шаршап-шалдықпай, табандылықпен.* Жалпы халықты мәдениетке үндеп, олармен *е р і н б е й-ж а л ы қ п а й* жұмыс жүргізу керек (С.Омаров, Күншуақ). Мұғалімдердің көпшілігі *е р і н б е й-ж а л ы қ п а й* ізденудің нәтижесінде алғашқы кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жойды («Қазақст. мұғ.»). *Е р і н б е й-ж а л ы қ п а й* атқарған еңбек сізді де ел соңына тастаған жоқ (Достық.).

ЕРІНГҮЛ з а т. ө с. <лат. galeopsis speciosa mill> *Қияқ сияқты жапырақтары қысқалау, сағақты болып келетін биіктігі 15-20 см-лік, ерінгүл тұқымдас бір жылдық өсімдік (Galeopsis speciosa mill). Е р і н г ү л* – өскелең өсімдік (Ауызекі).

ЕРІНГҮЛДІЛЕР з а т. б о т. <лат. labiatae-juss> *Қосжарнақтылар тобына жататын бұта, шала бұта (шырмауық немесе ағаш) түріндегі көпжылдық немесе біржылдық өсімдіктер тұқымдасы. Е р і н г ү л д і л е р д і ң* дүниежүзіне көп тараған 3500 түрінің Қазақстанда 44 туысы мен 238 түрі өседі, оның 64 түрі сирек әндем өсімдіктер (ҚҰЭ). *Е р і н г ү л д і л е р* эфирмайлы, дәрілік, техникалық, тағамдық, әсемдік, балдық, илік, бояулық өсімдіктер (ҚҰЭ).

ЕРІНДЕЙ с ы н. *Ерін сияқты, ерін тәрізді.* Ұялшақ көркем келіндей Сүюге тосқан *е р і н д е й,* Албырап тұрған қызыл гүл, Солды қурап бұзылып (С.Сейфуллин, Өлең.). Жас *е р і н д е й* қызыл гүл, Біз кетеміз бір сүйіп (А.Лекеров, Достар).

ЕРІНДЕУ с ы н. *Ерні бар, ерінділеу.* Қалың *е р і н д е у,* қара торы қыз (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЕРІНДІ[1] с ы н. *Ерні қалың, ерні үлкен.* Боржабай – орта ғана бойлы, жуантық денелі, қалың *е р і н д і* кісі (С.Мұқанов, Өмір мект.). Қалың бетті, дүрдек *е р і н д і,* томпақ көзді, толық орта денелі, ол сөзге сараң (С.Мұқанов, Алып. адым.). Ат *е р і н д і* келер, Ер мұрынды келер (Мақал).

ЕРІНДІ[2] з а т. с ө й л. ***Ерітінді***. Тау қарының *е р і н д і с і м е н* күн сайын кенересін кернеп, толықсып, тулап аққан арында тау өзені Іле де шыршық атып, долдана түскен (С. Бақбергенов, Өз. жігіт.).

ЕРІНДІГҮЛДІЛЕР з а т. с ө й л. ***Ерінгүлділер.*** *Е р і н д і г ү л д і л е р г е* жататын өсімдіктер негізінен кіндіктамырлы, кейбір түрлері ғана тамырсабақты болып келеді (ҚСЭ). *Е р і н д і г ү л д і л е р г е* жататын киікот, шайшөп, сәлбен, т.б. өсімдіктерді медицинада, жалбыз, лаванда, т.б. парфюмерияда, тамақ өнеркәсібінде қолданылады (ҚСЭ).

ЕРІНДІК[1] з а т. *Ат тұрманның жылқыны ырыққа көндіріп, еркін бағыттап отыру үшін ат аузына салынатын құрамдас бөлшегі; ауыздық.* Қызуға кіріп айдап келе жатқанда, қолым босап кетті білем, *е р і н д і г і м* шығып кетіп, атым сыңар езулеп ала-ақ жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзгелері де пәлен демей түсіп, *е р і н д і к т е р і н* алысты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕРІНДІК[2] с ы н. л и н г в. *Ерінніқ қатысымен жасалған (дыбысқа қатысты).* Қазақ тілінде төрт *е р і н д і к* дауысты дыбыс бар (Қазақ тілі). *Е р і н д і к* дауыстылар сөз соңында қолданылмайды (Қазақ тілі).

Еріндік дыбыстар. л и н г в. <лат. labialis> *Ерінніқ қатысы арқылы жасалып, дыбысталатын тілдің сөз құраушы ең кіші бірліктері. Е р і н д і к* дауысты *д ы б ы с т а р* қатары езу дыбыстарына қарама-қарсы қойылады: о – а, ө – ә, е, ұ – ы, ү – і (Қазіргі қаз. тілі). Қазақ тілінде ерін-тіс дауыссыз дыбысы жоқ, ал қос *е р і н д і к д ы б ы с т а р* п, б, м бір-біріне үннің қатысы арқылы қарама-қарсы қойылады (Қазақ тілі).

Еріндік сингармонизм. л и н г в. ***Ерін үндестігі.*** *Е р і н д і к с и н г а р м о н и з м* түркі тілдерінің барлығында сақталған жоқ («Тілтаным»).

Еріндік үндестігі. л и н г в. ***Ерін үндестігі*** *(дауысты дыбыстардың сөз бойында ерін қызметіне қарай ыңғайласып, үйлесіп келуі).* Қырғыз тілінде *е р і н д і к ү н д е с т і к* жақсы сақталған, мысалы үйлөрүмүз, көбөлөктөр, т.б. (Тіл білімі сөздігі).

Жуан еріндік дыбыстар. л и н г в. *Тілдің төмен қалпымен ерін қатысуымен жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыстар. Ж у а н е р і н д і к д ы б ы с т а р* қазақ тілі дыбыстарының үндесім вариантты ретінде кездеседі (Қаз. тілі. грамм.).

Жіңішке еріндік дыбыстар. л и н г в. *Тілдің жоғары қалпымен ерін қатысуымен жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыстар. Жіңішке е р і н д і к д ы б ы с т а р* қазақ тілі дыбыстарының үндесім варианты ретінде кездеседі (Қаз. тілі. Грамм.).

ЕРІНДІКТЕ= е т. *Жылқының ерніне ауыздық салу.* Бір-екеуін ұстап, *е р і н д і к т е п* мініп алған соң, жылқы қайыру оңай болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тарлан атты Көбікті *Е р і н д і к т е п* алады. Беліне терлік салады (Батырлар жыры).

ЕРІНДІКТЕУ *Еріндікте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Асауды *е р і н д і к т е у.*

ЕРІНДІЛЕУ с ы н. *Ерні үлкендеу.* Сапар ұзын бойлы, үлкен *е р і н д і л е у* қарасұр жігіт («Жетісу»).

ЕРІНУ *Ерін етістігінің қимыл атауы; жалқаулану.* Ләйлада *е р і н у* жоқ. Оралды да оқуға кірісті (С. Шарипов, Шығ.). *Е р і н у,* жалқаулық деген менде болмайды (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Жалығу, *е р і н у* жоқ, жасу да жоқ. Жеті рет асқандайсың тау қырқасын (Қ.Бекхожин, Ардагер туралы.). Үй ішін де, мал шаруасын да меңгерді. Ең бастысы, *е р і н у,* ренжу дегенді білмейді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

ЕРІНШЕК с ы н. *Мойны жар бермейтін кежір, жалқау.* Шырақтар, ең құмарың осы болсын, «Алла сүйсең, адамды сүй» дегендей. Құмарың бір, ісің көп болсын, жаным, Көпке құмар, *е р і н ш е к* болма мендей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Е р і н ш е к* етікшіден, елгезек масақшы артық (Мақал). Қайырсыз сараң малыңды, *Е р і н ш е к* есек жарыңды, Халыққа емес сыйымды Парақор баспақ биіңді, Ел бүлдіргіш бегіңді Улы тілмен улаттым (Дулат Бабатайұлы, Замана). *// Кежір, жалқау адам.* Теңгеге телміретін *е р і н ш е к т е р,* Түспеген желектері келіншектер. Қайырмай қайын атасын, «ұялам» деп, Бет басып, сырт айналып, шегіншектер (М.Дулатов, Шығ.). *Е р і н ш е к т і ң* бір мінезі – еміншек (Мақал). Еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, *е р і н ш е к* атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұспан болды (Абай, Тол. жин.). *// Жалқаулық, еріншектік.* Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, *Е р і н ш е к,* бекер мал шашпақ, – Бес дұшпаның, білсеңіз (Абай, Тол. жин.).

ЕРІНШЕКТЕП ү с т. *Еріншек тартып, жалқауланып.* Езіліп қалған қазір *е р і н ш е к т е п,* Елеусіз жайын-күйін көңіл шертіспек (С.Асанов, Алматым.). *Е р і н ш е к т е п* отырған Құмар көзін бір ашқанда совхоз орталығы мен екі арадағы қырдан бері құлаған қараны байқап қалды (А.Нұрманов, Құлан.).

ЕРІНШЕКТЕН= е т. *Мойны жар бермей кежірлену, жалқаулану.* Ол кластың гимнастикаларға *е р і н ш е к т е н і п,* көбіне бармай жүретін еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нұрлан тізгінінен тартып, шу-шулеп жетелеген соң ғана *е р і н ш е к т е н е* соңынан ерді (О.Бөкеев, Ән салады.). Жиекке жаңа ғана *е р і н ш е к т е н е* созалаңданып аунап түскен күн шапағынан нұр тартып қызылтана көз қуантады (М.Сүндетов, Қызыл ай). Зұлқарнай диваннан *е р і н ш е к т е н е* түсіп, үстел басына құлықсыз барып отырды (К.Ахметбеков, Алқакөл).

ЕРІНШЕКТЕНУ *Еріншектен етістігінің қимыл атауы. Е р і н ш е к т е н у г е* болмайды (Ауызекі).

ЕРІНШЕКТЕУ с ы н. **1.** *Кежірлеу, жалқаулау.* Ол өзі *е р і н ш е к т е у* бала еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Тартыншақтау, мінезім – ұрыншақтау, *Е р і н ш е к т е у* болыпты – тырысқақтау (Жамбыл, Шығ.). **2.** с т и л ь. *Баяу, сылбыр, әлсін-әлсін.* Ақ мұнар бетіне сәуле түсе бастаған. Анда-санда *е р і н ш е к т е у* атылған бірен-саран кездейсоқ оқтар (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). Түстік желі аралымызды *е р і н ш е к т е у* ғана бірер күн қуды да, тарс тына қалды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЕРІНШЕКТІК з а т. *Кежірлік, жалқаулық.* Адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: Әуелі надандық, екіншісі *е р і н ш е к т і к,* үшіншісі залымдық (Абай, Тол. жин.). *Е р і н ш е к т і к* – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны (Абай, Тол. жин.). Ойлай отырып олардың үйленбегеніне кінәлі аты да, мінезі де емес, *е р і н ш е к т і г і м е* деп қаламын (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Жабайы шөп егінді аздырар, *Е р і н ш е к т і к* ерді аздырар (Мақал).

Еріншектікке салынды. *Жалқаулыққа бой алдырды, кежірленді.* Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, *е р і н ш е к т і к,* жалқау, салғырттық, кербездікке *с а л ы н а д ы* (Абай, Тол. жин.).

ЕРІНІҢКІРЕ= е т. *Мойны жар бермей, жалқауланыңқырау, кежірленіңкіреу.* Орнынан *е р і н і ң к і р е п* тұрып, директорға қара көзін төңкере, наздана, ойнақыланып қараған еді (С.Адамбеков, Қожанасыр). Айназар сол жақ

қасын *е р і н і ң к і р е й* көтерді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕРІНІҢКІРЕУ *Еріңкіре етістігінің қимыл атауы.* Келін бірнеше жыл өткен соң, не істесе де *е р і н і ң к і р е у д і* шығарды (Ауызекі).

ЕРІП з а т. ж е р г. *Қымыздың мес түбінде қалған іртігі. Е р і п т і* төгіп тастаса да болады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). *Е р і п* қымыз түбінде іртік-іртік болып қалады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРІС[1] [ор. ересь] з а т. ж е р г. ***Бұлікшілік.*** Ел шауып, *е р і с* бүлдірушілік қай заманда да болып отырған (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕРІС[2] з а т. ж е р г. *Киізүйдің керегелік желісінің ең ұзын ағашы.* Керегенің *е р і с т е р і* мықты болу керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Керегелік желінің ең ұзыны – *е р і с*, қысқалауы – балашық, ең кішісі – сағанақ деп аталады (Қаз. тілі. жерг. ерек.).

ЕРІС[3] с ы н. ж е р г. *Тапқыр, шешен.* Айыпты бар жұмбағын Рысжан тегіс, Шешіпті бөгелместен Әсет *е р і с* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРІС[1]= е т. *Біреудің соңынан жүрісу, бірге жүру.* Ереуіл ерлер *е р і с і п,* Жетті жортып Еділге (Жамбыл, Шығ.).

ЕРІС[2]= е т. *Бірігіп балқу.* Еменнің түбі сары бал, *Е р і с к е н* көңіл бәрі бал. Жоғарыдан төмен төгейін, Керегіңді теріп ал (Махамбет, Өлең д.). Ел жіреркен ерлі-зайыптылар, *е р і с к е н* көңілдер... Ертелі аңқия қарап отырғанымды енді байқадым (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЕРІС[3]= е т. ж е р г. *Ерегісу, керісу.* Болмашы нәрсеге осынша *е р і с і п,* неге керек! (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Жұмыс жайында кейде *е р і с і п* қалатын адамдар да болады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Бастықпен аздап *е р і с і п* аламыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРІСПЕ с ы н. ж е р г. ***Ерегескіш.*** *Е р і с п е* болады дейді қоспа түйелер (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Әнестің *е р і с п е* даусы шығып тұрады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕРІСУ *Еріс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірге жүрісу.* ≈ Соңынан *е р і с у.* **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Бір нәрсенің соңынан бірге еріп кетісу, еліктесу, бір істің ықпалына түсісу.* Екінші жағынан, оппортунизмді, сөз бен істің алшақтығын, заңды айналып өтуге, ереже сақтамауға үйірлікті, *е р і с у д і* ерен ерлік санайтын шолақ белсенділікті, болмаса да болған, білмесе де білген, істемесе де істеген болып көрінетін әлеуметтік мимикрияны жатқызуға болады («Егемен Қазақстан»). Кей доста келісуден керісу көп. Өсек пен өтірікке *е р і с у* көп; Көзге дос, сыртыңнан қас, іштен араз. Сылтау ғып сәл нәрседен жерісу көп (Т.Ізтілеуов, Назым.).

ЕРІТ[1]= е т. **1.** *Сұйылту, сұйыққа айналдыру.* Ең алдымен әр шелектегі қарды *е р і т і п,* оны мензурка арқылы жеке-жеке өлшеп шықтық та, нәтижесін рет-ретімен жазып қойдық (С.Жортанов, Өлке тану.). Күннің көзі шарықтап жылы лебін беріп, жан-жануарды шуақтатып, қардың бетін күңгейлетіп *е р і т і п* тұр (Е.Бекенов, Дала қоңырауы). Басымдағы аққарды Жалын болып *е р і т т і ң.* Өткен жігіт шақтарды саған сақтап келіппін (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). Бала сөзі Жәнияның жан жүйесін *е р і т і п* кетті (С.Шаймерденов, Өмір нұры). **2.** *Езілту, былжырату, жібіту. Е р і т і п* түскен ұшқын ғашық майын, Ғашықтық орын алды барған сайын (Ақан сері, Шығ.). 2 жыл 10 айлық бір бала тәрелкеге су құйып, ішіне ет салыпты. Не үшін? Етті суға *е р і т е м* деп. Бұрын солай қантты *е р і т к е н і* бар екен (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** з е р г. *Алтын, күміс, қорғасын сияқты заттарды отқа қыздырып, балқыту.* Асыққа ақ жамбыны *е р і т і п* құйған Найманның жігіті қайда бағыланындай (Айтыс). Алтынды *е р і т е* білмеген ірітер. Теріні илей білмеген шірітер (Мақал.).

Жан дүниені [жанды] ерітті. *Көңілін босатып, елжіретті, толқытты.* Жан қысылса, жайтаңдап, *Ж а н д ы е р і т к е н* жайдары-ау. Жан жай тапса, сен неге Ұрлық пенен құлыққа, Байлағанда, кестің бау (Абай, Тол. жин.).

Сары майдай ерітті. *Жан-жүйесін босатты.* Асқан шебер домбырашы Дина Нұрпейісова апайдың әрбәр саусағы ерекше нәзік үн тартып, тұла бойыңды балқытып, *сары майдай ерітіп,* әсемдік әлеміне алып ұшатын (А.Тоқпанов, Бүгінгі күн.).

Тоңды ерітті. *Көктемгі күннің қызуы жер бетіндегі қыс бойғы қарды жібітті, босата бастады.* Бұл қасқыр, аю, арыстан, пілден соңғы, Ерлікте азулы аң жоқ мұнан оңды! Қайсар күш қаһарланса қайтпайтұғын, Екпіні *е р і т к е н д е й* қатқан *т о ң д ы*! «Қабыма салып, сақтап қалдым» дейсің, Нандырғыл наданға айтып мұндай халді (О.Шораяқов, Шайыр.).

Тұла бойын ерітті. *Тебіренттті, көңілін толқыныс күйге бөлентті.* Жерін сағыну тақырыбына шығарған бұл күй, тыңдаушының *т ұ л а б о й ы н е р і т і п* әкетеді (А.Сейдімбеков, Серпер).

ЕРІТ[2]= е т. с ө й л. ***Ерт.*** Көктемде жан бола ма желікпеген, Барлығы қайрат, күшке еліктеген, Кең дала гүл жамылып, бұлбұл сайрап, Кімдерді өз көркіне *е р і т п е г е н* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Адамды әлдеқайдағы қиялға, рақатты арманға *е р і т е* жөнелердей (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жайшылықта, балапандарын *е р і т к е н* қоқиқаздай, нөкерлерін шұбатып келіп, алаң ортасында өзіне арнайы орнатылған

тақтың үстіне қонжиятын хан бүгін осынау құбыжықтан қорыққандай сарайынан шықпай қалыпты (Қ.Салғарин, Үбедей). Бес болыс елді *е р і т і п*, Әлидің қолы бөлінеді, Түйелері қомдаулы, Көшкен елдей секілді (К.Әзірбаев, Шығ.).

ЕРІТКІШ с ы н. *Сұйық күйге айналдырғыш, балқытқыш.* Су өте тамаша *е р і т к і ш* зат (Химия). // *Сұйылтқыш, балқытқыш зат.* Спирт, бензин, ацетон және басқа сұйықтар кейбір заттарға *е р і т к і ш* бола алады (Химия). Пропан *е р і т к і ш* және органикалық синтезде шикізат ретінде т.б. қолданылады (ҚСЭ).

Еріткіш денешік. б и о л. <лат. lysosomae, грек. lysis – еру, ыдырау, soma – дене> *Липопротеидті жарғақпен шектелген, пішіні шар тәрізді ұсақ жасуша органелласы. Е р і т к і ш д е н е ш і к т і ң* құрамында 60-қа жуық гидролиттік ферменттер (протеиназа, нуклеаза, глюкозидаза, фосфатаза және т.б.) болады (Қаз. тілі термин. Биология.). *Е р і т к і ш д е н е ш і к* жасуша ішіндегі қоректік заттарды қорытуға тікелей қатысады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕРІТКІШТЕР з а т. х и м. *Әртүрлі заттарды ерітіп, ерітінділер түзуге қабілетті химиялық қосылыстар.* Әртүрлі *е р і т к і ш т е р д і ң* көмегімен өсімдіктен алынған препараттарды қазір де галендік препараттар деп атайды (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). *Е р і т к і ш т е р* бейорганикалық (су) және органикалық (спирт, эфир, т.б.) болып бөлінеді (Қазақстан ықшам. энц. сөзд.). Органикалық *е р і т к і ш т е р д і ң* көпшілігі ұшпа, жанғыш, кейде улы сұйықтықтар, бұлар ауамен жарылыс қауіпті қоспалар түзеді (Қаз. тілі термин. Кен.). Мұндай *е р і т к і ш т е р м е н* жұмыс істегенде, қауіпсіздік техникасы мен өрттен сақтану ережелерін ұстанған жөн (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЕРІТКІШТІК з а т. *Сұйық күйге айналдырғыштық, балқытқыштық.* Сабанның қоректік заттары микробтар мен қарын сөлінің *е р і т к і ш т і к* қасиетіне төзімді, тым жәй сіңетін түрде болады (Қ.Құсайынов, Сабан.).

ЕРІТПЕ с ы н. *Ерітілген, балқытылған.* Вольфрам мен молибден жоғары сапалы болаттың, *е р і т п е* қоспалардың құрамында қолданылады (М.Бақенов, Қазақст. ресурс.).

ЕРІТУ *Ерітетістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сұйылту, сұйық күйге түсіру.* Жерасты суларын қоректендіру көздерінің химиялық құрамының өзгеруі осы сулардың тау жыныстарына келіп жететін кездегі *е р і т у* процестерінен басталады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Ауа райын жақсартудың бір жолы Солтүстік мұхит мұздарын *е р і т у* болғаны белгілі (Қ.Исабаев, Көгілдір.). **2.** т е х. *Өнімді қыздырып немесе балқытып сұйық күйге жеткізу.* Технологиялық процестерде майларды *е р і т у* арқылы сұйық күйінде тасымалдау және басқа құрауыштарға қосып араластыру қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **3.** з е р г. *Алтын, күміс, қорғасын сияқты заттарды отқа қыздырып балқыту.* ≈ Алтын *е р і т у*. **4.** а у ы с. *Жан-жүйесін босату, елжірету, тебіренту.* Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін, Көздің жасы жүректің қанымен, *Е р і т у г е* болмайды ішкі мұзын (Абай Тол. жин.).

ЕРІТУШІ з а т. **1.** *Сұйық күйге айналдырушы, балқытушы адам.* Ол май өндіретін цехта *е р і т у ш і* болып істейді («Соц. Қаз.»). **2.** *Сұйылтатын, балқытатын қоспа.* Құтыру вирусының химиялық құрылысында май тектері аз болуға тиіс, өйткені май *е р і т у ш і* хлороформ әсеріне бұл вирус әжептәуір төзімді (Қ.Жұматов, Құтыру ауруы).

ЕРІТУШІЛІК з а т. *Сұйық күйге айналдырушылық, балқытушылық.* Ол металл балқыту цехында *е р і т у ш і л і к* мамандығын игерді («Соц. Қаз.»).

ЕРІТІЛ= е т. **1.** *Сұйытылу, сұйық күйге түсірілу.* Қаны, жыны шашылған жерге карболка, *е р і т і л г е н* алмас (раствор сулемы), болмаса суға езген ақ балшық (известка) шашу керек, яки қырып, жинап бір шұқырға көму керек (М.Дулатов, Шығ.). *Е р і т і л г е н* препараттың науқастың қалін жеңілдетіп, жүректі алқындырмайтыны да жиі кездеседі (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.). **2.** *Балқытылу.* Ірімшік, яғни сүтсірне қатты, жұмсақ және *е р і т і л г е н* деп үш түрге бөлінеді (З.Сейітов, Сүт. өндеу.).

ЕРІТІЛУ *Еріткетістігінің қимыл атауы; балқытылу.* Қорғасынның *е р і т і л у і н* күтіп отырған бала оны тез арада саз балшықтан жасалған қалыптағы асыққа құйды («Лен. жас»).

ЕРІТІЛМЕЛІ с ы н. *Езуге болатын, ерітпе.* Үнтақ күйінде даярланатын *е р і т і л м е л і* құрғақ сүр еттердің ұзақ уақыт ішінде дүркін-дүркін пайдалануға қолайлығы белгілі («Лен.жас»). Соңғы кезде табиғи кофеден жасалған *е р і т і л м е л і* кофені жұрт көп ішеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЕРІТІНДІ з а т. **1.** *Сұйыққа езілген қоспа, құрамына бір зат еріген сұйықтық.* Ішілетін дәрілер үш жікке бөлінеді. Соның бір түрі *е р і т і н д і* немесе қосынды *е р і т і н д і* дәрілер (Е.Оразақов, Дәрігерлік кеңес). Кеуек вакцинаны егер алдында физиологиялық *е р і т і н д і г е* егу керек (Ж.Сұлтанов, Аурулар.). Бір тонна картопты дәрілеу үшін 200 литрге дейін *е р і т і н д і* жұмсалады (Б.Шағыров, Картоп). **2.** к е н. *Екі немесе одан көп тәуелсіз бөліктерден тұратын, құрамы ауыспалы гомогенді жүйелер.*

Е р і т і н д і қатты, сұйық және газ тәрізді болады (Қаз. тілі термин. Кен.). Қатты *е р і т і н д і г е* түрлі қорытпалар жатады. Сұйық *е р і т і н д і* – газ, сұйық және қатты заттардың сұйықтықтағы ерітіндісі. Газ *е р і т і н д і г е* газдар қоспасы (ауа, табиғи жанғыш газ т.б.) жатады (Қаз.тілі термин. Кен.). **3.** қ ұ р. *Сұйық күйге түсіріліп дайындалған құрылыс қоспасы. Е р і т і н д і* мұнараның арт жағындағы түбі цементтелген, беті ашық ұраларда сақталатын (Ә.Сараев, Бозқырау). Әктеген кезде *е р і т і н д і г е* 20 процент формалин қосса, қабырғаға түскен микробтар ұзақ өмір сүрмейді (Т.Қалжеков, Туберкулез.).

Ерітіндіден тұндырып алу. к е н. *Тотықсыздандыру немесе электролиз процесі арқылы сұйытылған тұз ерітінділерінен металл ұнтақтарын алу әдісі.* Көптеген сапалық және сандық талдау әдістері *е р і т і н д і д е н т ұ н д ы р ы п а л у ғ а* негізделген. Ерітіндідегі заттарды реагенттер қосу арқылы тұндырады. Өнеркәсіпте, талдамалық тәжірибелерде, түсті металдарды бөлуде көп қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен).

Ерітінді сорғысы. қ ұ р. *Тас қалау, сылақ жұмыстарында құбыр немесе шланг арқылы ерітінділерді тасымалдауға арналған піспекті немесе пневматикалық сорғы. Е р і т і н д і с о р ғ ы с ы н ы ң* өнімділігі 2-4 $м^3$/сағ., арыны 70-150 м., тасымалдау ұзындығы 100-160 м., көтеру биіктігі 20-35 м. болып келеді (Қаз. тілі термин. Су.).

ЕРІТІНДІЛЕР з а т. х и м. **1.** *Әртүрлі заттектерін ерітіндіге айналдыра алатын химиялық қосылыстар мен қоспалар.* Органикалық және органикалық емес болып бөлінетін *е р і т і н д і л е р* арасында хош иісті көмірсулар, спирттер, эфирлер, хлорланған аморфтық көмірсулар кең тараған (Қаз.тілі термин. Тамақ). **2.** *Екі немесе одан көп заттектердің құбылмалы құрамындағы біртекті қоспа.* Еріген заттардың концентрациясына байланысты қанықкан, қанықпаған және аса қанықкан *е р і т і н д і л е р* болады (Қаз.тілі термин. Тамақ). Сұйық *е р і т і н д і л е р д е* көп құрауыштар – еріткіш, ал қалған құрауыштар еріген заттар болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЕРІТІНДІЛЕУ з а т. к е н. *Рудаларды іріктеп еріту арқылы олардан бағалы құрам бөліктерді ажыратып алудың гидрометаллургиялық әдісі.* Ажыратылуға тиісті заттың қатты денедегі басқа заттарға қарағанда тезірек, оңайырақ ерігіштігіне негізделген *е р і т і н д і л е у* процесі кен өндіруде, химия өнеркәсібінде, гидрометаллургияда, қант өндірісінде қолданылады (Қаз.тілі термин. Кен).

ЕРІШТІР: ақыл еріштіру. с ө й л. *Ақыл қосу.* Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хаким *а қ ы л е р і ш т і р е* алмады (Абай, Тол. жин.).

ЕС з а т. **1.** *Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; жад. Е с і ң д е* бар ма жас күнің, Көкірегің толық, басың бос, Қайғысыз, ойсыз мас күнің? Кімді көрсең – бәрі дос (Абай, Тол. жин.). **2.** *Түйсік-тәжірибе, көрген-білген, естігеннен түйгені, ақыл.* Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып безектеген. Досын келіп досына жамандайды, Ширкінде *е с* болсайшы сезед деген (Абай, Тол. жин.). Жаман болса алғаның, Жасумен өтер өмірің. Бір шығармас жақсы атқа. *Е с і ң* болса ертерек, Күн ілгері күтініп, Бәледен аулақ бас сақта. Екіталай жерлерде Адамға қайыр қылмайтын, Ақшаның татын жалаған Түспесін ісің ақымаққа (Базар жырау, Шығ.). Танитын ердің қадір-қасиетін ерекше *е с* болады ұрғашыда (Ж.Нұрқанов, Нұрлы терезе). **3.** п с и х. *Бұрынғы тәжірибені ұйымдастыру және сақтау процестері, осы арқылы бұрынғы тәжірибені қайталап пайдалану немесе санаға қайта оралтуды жүзеге асыратын жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. Е с* – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының бейнесі адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылуын, ұмытылуын бейнелейтін психологиялық процесс (ҚСЭ). *Е с* субъектінің басынан өткенін қазіргісімен және болашақтағысымен байланыстырады және дамыту мен оқытудың негізі болатын аса маңызды танымдық функция болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Бүгінде *е с т і ң* механизмі мен оның заңдылықтары жайында қалыптасқан психологиялық және нейропсихологиялық бағыттарға қосымша үшінші бағыт – биохимиялық тұрғыдан зерттеу қосылып отыр (ҚҰЭ). *Е с* бес қосындыдан тұрады: 1) естеліктерді орнықтыру; 2) оларды сақтау; 3) еске түсіру; 4) тану; 5) орынды пайдалану. *Е с т і ң* орнықтыру қабілеті бұзылса, амнезия (еске түсіре алмау) ауруына шалдықтырады (Қазақст. ықшам энц. сөздігі). **4.** а у ы с. *Сүйеніш, медеу, серік.* Біз бір енеден бір едік, Бір енеден екі едік. Екеуіміз жүргенде Бір-бірімізге *е с е д і к.* Бір енеден үш едік, Үшеуіміз жүргенде, Толып жатқан күш едік (Махамбет Өлеңд.). Әр пайдасы тиеді сасқан жерде, Ел жиылып, етекті жау басқан жерде. Жаманды жақыным деп *е с* санама, Көңілі күнде оның ер мен төрде (Қабан жырау, Алтын қазық). Аңғал-саңғал үңірейген тау ішінде ит те болса Рекстің әжептеуір *е с* екенін аңғарды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **5.** б и о л. *Тірі жүйелердің көрген-білгенді, естігенді, сезгенді, өтіп кеткен құбылыстарды*

нақтылы бір жағдайда қасиеттерімен бірге жинақтап, тәжірибе ретінде пайдалану дағдысы. Ес филогендік *ес* және онтогенездік *ес* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). Филогендік ес эволюциялық даму барысында жиналған тәжірибені, ал онтогенездік *ес* жеке бастың тәжірибесін көрсетеді (Қаз. тілі термин. Биология). Филогендік *ес тің* негізі – туа болатын шартсыз рефлекстер болса, онтогенездік естің негізі – өмір тәжірибесінен жүре пайда болатын шартты рефлекстер (Қаз.тілі термин. Биология).

Бейнеліес. псих. *Көркемөнеркәсіптеріменшұғылданатын адамдарда жоғары деңгей де дамыған естің нәзік түрінің бірі.* ≈ *Бейнелі ес* иесі.

Бейнелі-көрнекілік ес. п с и х. *Заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, нақты бейнесін ойда қалдырып, қайта жаңғыртуда айқын көрініс беретін жүйке жүйесінің қызметі. Бейнелі-көрнекілік ес* арқылы табиғат көрінісі, бастан кешкен оқиғалар, дыбыс, иіс, дәм жаңғыртылады. Егер қалыпты дамыған адамдар үшін есту есі мен көру есінің маңызы зор болса ал соқыр, саңырау адамдарда мұның есесіне сипау, иіс, дәм естері өте жақсы дамып, басқа естердің кемістіктерін толықтырады (ҚҰЭ).

Еріксіз ес. п с и х. *Белгілі мақсат қоймай, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру сияқты жүйке жүйесі қызметінің түрі.* Естерді ерікті ес және *еріксіз ес* деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты (ҚҰЭ).

Ерікті ес. п с и х. *Белгілі бір мақсат қойып, арнайы есте қалдырып есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру сияқты жүйке жүйесі қызметінің түрі.* Ес түрлері бір-бірімен өзара байланысты. Мысалы, сөздік – мағыналық ес мағыналы болуымен бірге еріксіз не *ерікті ес* түрінде болады (ҚҰЭ).

Ес болғандай. *Медеу қылардай, тірек етердей.* Қала, село былай тұрсын, қалқиған жалғыз-жарым қора да жоқ. Алдыңғы күн мен кешелер сирек те болса *ес болғандай* мал фермалары кездесуші еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қолында ұзын таяқ, ол да болса өзіне *ес болғандай* (С.Омаров, Әңгім.).

Ес болды. *Демеу болды, серік, сүйеніш болды.* Балаға – бала, әйелге – әйел серік, біріне-бірі *ес болар*, әрі көңілдірек қой (И.Салахов, Көкшетау.).

Ес білгелі. *Есейгелі, ержеткелі, ержеткеннен күні бүгінге дейін.* Абайдың өзі *ес білгелі* шын жақын жанның өлімін көргені осы (М.Әуезов, Абай). Ақпан еді бүріккен үскірігін, Шырылдатып бұрқасын ысқырығын. *Ес білгелі* ең алғаш жылағаным, Кешіргейсің, есіме түсті бүгін (М.Мақатаев, Шығ.). *Ес білгелі* әлі көрген жоқ, Өзінің туған мекенін Көруге шама келген жоқ Аспаны қандай екенін...(С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

Ес білді. *Есейді, ержетті, оң-солын таныды.* Мұны да қазақ ғұрпы шатастырған, Жасында бір қазақпен атастырған. Күйеуін *ес білген* соң, көңілі сүймей, Жас жүрек жан серігін қарастырған (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). О, өмір, қызықсың, Сәбилік кезінде Сырыңды кім ұқсын, Есейіп, *ес білдік* (Х.Талғаров, Торы тайым). Бала [Абай] *ес білгеннен* бері қарай, әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып танып өскен (М.Әуезов, Шығ.).

Ес білдірді. *Дем берді, рухтандырды, жәрдемдесті.* Мен туған жер – «Қарасаз» баурайдағы, Жалғанда жер біткеннің бал қаймағы. Есім кетіп жүргенде *ес білдірген,* Жаралған жұлдызым ғой маңдайдағы (М.Мақатаев, Дариға.).

Ес біліп, етек жапқалы [жиғалы]. *Есейгелі, ержеткелі.* Өзі *ес біліп, етегін жапқалы* жеген таяғы болғандықтан, Итбайдың барлық қаны жүрегінен басына шықты (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). *Ес біліп, етек жинағалы* талабы тасқа шағылумен келе жатыр екен (З.Шүкіров, Жас жесір). Ол шіркінмен алысып, жұлысқаны бір бүгін бе тәйірі, ода болса көріп келе жатқан үйреншікті құқайы; *ес біліп, етек жапқалы* қойындасып, қолдасып тіршілік кешкен «тентек құрдасы» дағы (Д.Досжанов, Табалдырығы.).

Ес біліп, етек жапқанша. *Жасынан, есейгенше. Естерін біліп, етегін жапқанша* асырадық, оқыттық, адам санатына қостық бәрін де (Ғ.Сланов, Домбыра.].

Ес біліп [жиып], етек жапты. *Есейді, есі кірді; өзіне-өзі келді.* Көптен көңілдері тыныш тапқандай болып, бұрынғылары ұмытқа айналған секілді, *есін жиып, етегін жапқандай,* олардың да әлдеқалай бір балбырап, алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен күні бүгін-ақ еді (С.Торайғыров, Шығ.). Анау сай-салалар, суық бастау, жар-бастауларды көргенде *ес біліп, етек жиған* кездерім, қақы, қызғалдақ теріп, зеңгір таяқ, тақия тепшек ойнаған күндерім есіме түсіп кетіп еді (Р.Райымқұлов, Болат.).

Ес біліп, етек жиған жер. *Ақыл кіріп, оңды-солды білген мекен, ержеткен жер.* Тайсойған: Орал еді туған жерім, *Ес біліп, етек жиып* жүрген *жерім.* Айғырды қаңтарда бел бүгілдіріп, Құйрығын әсемдікке түйген жерім (Мұрат Мөңкеұлы, Өлеңд.).

Ес жиғызды. а) *Бойын жазғызып, бір серпілтті.* Қала менен даланы Той-мереке топырғып, Дүрілдеткен осы Май. *Ес жиғызып* елімді, Майысқан жазып белімді, Еркін алып

демімді, Жібермей жауға кегімді, Қуат берген осы Май (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). ә) *Өзді-өзіне келтірді, ақылына келгізді.* «Қап сені ме, сені!» деген сөз аузынан қалай шыққанын сезбей қалды. Осы сөз өзіне де *е с ж и ғ ы з д ы* (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

Ес [есін] жиды [жинады]. *а) Талықсып жатқан адам өзіне-өзі келді, ақылы кірді.* Бір кезде *е с і н ж и д ы*, көзін ашып, Жанарлы қара көздің оты жасып. Қоштасып Мұқанменен үйге қайттым, Дірілдеп, әлсіз аяқ шалыс басып (С.Торайғыров, Шығ.). Шатасатыны – қорқып, жүрегі ұшқандық. Әлсіз болған соң, *е с і н ж и я* алмай тұр, – деді доктор (С.Торайғыров, Шығ.). Әлқисса, сол халден Төлеген *е с і н ж и ы п* алып, көзін ашып қараса, шалқасынан жатыр екен (Қыз Жібек). ә) *Ауыр тауқыметтен құтылды, қорқыныштан арылды.* Жазылған соң әлденіп *е с і м ж и ы п*, Қайтіп жатқан сорлы өнер ішке сыйып, Алты жылдай ілулі домбырамды, Қолыма алдым баламдай бетін сүйіп (К.Әзірбаев, Шығ.). *Е с і н ж и н а п* алған соң, Бозбала үйде жатпады. Тобышақ атты баптады, Болат сүңгі саптады (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ес жиюға келтірмеді. *Жан-жағына қарауға мұрша бермеді. Е с ж и ю ғ а* келтірмей, үшеуі Еламанды бас салды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ес жоқ. а) *Жастыққа, албырттыққа бой ұрған, масаң.* Соны күтіп жүрген Нағимада *е с ж о қ.* Ауылдың бетке ұстар сұлуы еді бір кезде,– деді Уәсила (М.Гумеров, Хазірет.). Берейін деген бендеге Табиғаттың несі жоқ. Болар-болмас нәрсеге Көзіңді сатып жүретін, Бозбала, сенің *е с і ң ж о қ* (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). ә) *Қуанышында не қорқуында шек жоқ; асып-сасулы, есі шыққан.* Жұмабай карт пен Күлзипа шешейде бүгін *е с ж о қ.* Қутың-қутың етіп күле береді (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Сәйгел қуған сиырларда *е с ж о қ*, құйрықтарын шошайта, көздерін шатыната тырым-тырағай шапқылауда (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). б) *Ой жоқ, қамсыз, қаперсіз.* Балта аулында *е с ж о қ.* Ішерге тамағы болмай отырса да, ертеңге үміттене қарап, аштығын сездірмейді (С.Жүнісов, Жапанда.).

Ес [өң] жоқ, түс жоқ. а) *Қатты қорықты, қатты шошынды деген мағынада.* Кемпірде *ө ң ж о қ, т ү с ж о қ.* Біссімілләдан басқа сөз аузына түсер емес («Лен. жас»). ә) *Қатты абыржыды.* Нұрым да «омин», «омин» деп аузын толтырып жалаңбас, *е с ж о қ, т ү с ж о қ* терлеп-тепшіп, екі езуі құлағында, алақандай шегір көзі ақиып, жирен сақалы қаумиып кеткен, әншейін-ақ күр-күр етеді (С.Торайғыров, Тол, жин.).

Еске [есіне] алды. а) *Ойына түсірді, ескерді, еледі.* Арман етпе, жас күнің көп, Игілік көр, ерге бар! Бұл заманның қашқыны деп, мен ғарыпты *е с і ң е а л!* (Абай, Тол.жин.). Сонан соң Жамандық, атқа мініп алып, сол кеткеннен Жақсылықты *е с і н е а л м а с т а н*, кете беріпті (Қаз. ертег.). ә) *Ойынан шығармады, бейқам болмады.* Мәз болмай азды күнгі күн көріске, *Есіңе ал* келешекті, жора-жолдас! (О.Шораяқов, Шайыр). б) п с и х. *Ұзақ уақыттық жадтан алынып шыққан өткеннің бейнелер санада көрініс тапты.* Қайсыбір оқиғаны арнайылап *е с к е а л ғ а н д а*, оған деген көзқарас қалпына келіп, бұған сол эпизодқа астасқан эмоциялар ілесуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еске алу. п с и х. *Ұзақ уақыттық естен уақыт пен кеңістік тұрғысынан оқшаулап өткеннің бейнелерін алып шығу. Е с к е а л у* ырықты (еске түсіру) және ырықсыз (бейнелер санада әлдеқалай пайда болатын) болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Е с к е а л у д ы ң* физиологиялық негізі толық зерттелмеген (Қазақ тілі термин. Билогия). *Е с к е а л у д ы ң* өнімділігі мнемикалық құралдарға, сондай-ақ эпизодестесақталғанжағдайларғатәуелдіболады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Еске [есіне] келді. *Ойға түсті, жаңғырды; ескерілді.* Жігітті көрген жерден көңілі толып Отан соғысында өлген балалары *е с і н е к е л д і* (Қ.Оразалин, Ақ жазық). Асыққанда *е с к е к е л м е й* жатқанын қарашы. Сәл тоқтай тұрыңызшы (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Еске [есіне] сақтады. *Жадынан шығармады, ұмытпады.* Оған Құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, *е с і ң е с а қ т а м а* деп пе? (Абай, Тол. жин.).

Еске [есіне] салды. *Ойына түсірді, елетті, ескертті.* Жаңағы *е с к е с а л д ы* соны Волга, Қалайша енді риза болмас жаным (Ғ.Қайырбеков, Қосбасшы).

Еске [есіне] түйді. *Аңғарды, ұқты.* Әңгіме айтса вожатый, Шындық оның айтқаны, Оның сөзін *е с к е т ү й,* Әлі де бар айтпағы (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). Естігеннің жалғаны бар... – Ия, солай дегенім хақ. *Е с к е т ү й і п* қалғаным бар, Құп, сөйлейін көргенімді-ақ (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

Ес кетті, жан шықты дегенде. с ө й л. *Өлдім-талдым дегенде, әзер, әрең-әрең.* Ол қысыла барып, әкесін неше күндей қан жылатып, *е с к е т т і, ж а н ш ы қ т ы* дегенде сәл бері қараған тәрізді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әбден тойлатып, ес-түссіз жатқан Саят *е с к е т т і, ж а н ш ы қ т ы* дегенде өзіне келіп, жан-жағын бажайлап қарап, қалпына келе бастады («Жұлдыз»).

Еске түсірді. *Есіне алды, жадында жаңғыртты.* Егіннен, піскен болса бірер десте, Балаларға қорек болар келер кешке, Барып кел, отағасы, орман жаққа!– Дегенді зағипасы *т ұ с і р д і е с к е* (О.Шораяқов, Шайыр).

Еске түсті. *Ойына келді, жадына түсті.* Қырық жастан өткен соң қырық беске, Жастықта өткен істер *т ұ с е д і е с к е.* Кісі деп «қара сақал» сонда айтады, Қаласың қалжың сөзден есер-еспе (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). – Ноғаймысың? – дедім мен, Еркін басып төсіме, Сонау арғы, бергіден Нелер *т ұ с і п е с і м е* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қайғы (ғып) болмайды, Өкпелеп білмеске. Сүйтсе де оңбайды, Бұрынғы *т ұ с т і е с к е* (Абай, Тол. жин.).

Еске түсіру. п с и х. *Ұзақ мерзімдік жадтан қажет ақпаратты іздеумен, қалпына келтірумен және алумен байланысты ақыл-ой әрекеті. Е с к е т ұ с і р у* еске алудың ырықты нысаны ретінде көрінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Ес көрді. *Медеу тұтты, сүйеніш қылды.* Қайдан жүрсің ақылды мақұлық? – деді Сағат онан әлі сескенсе де, мына оңашада *е с к ө р і п* (Р.Әутәліпов, Қыр әңгімелері). *Е с к ө р і п,* сірә, ол мені, Қасымда жүрсін дей ме екен? Осынау әлде көргені Басында жүрсін дей ме екен? (Ә.Абайділданов, Алыс.).

Ес [есі] кірді. а) *Есі ауған адам өзіне-өзі келді, түзелді, айықты.* Шашырады ұшқын көзімнен, Бас осал екен, тас мықты. *Е с к і р і п* сонда сезінгем, Өткенін қайран жастықтың (М.Мақатаев, Шығ.). Қанша жатқаны есінде жоқ. Бір мезгілде көзін ашса, өзін Құрбан құшақтап отыр екен. Ағасы оның аузына саусақтарын сұғып жіберіп таңдайын басты. Кенжеғұлға аздап *е с к і р е* берді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). ә) *Ақыл кірді, есейді, ер жетті.* Кіндік кескен өлкесінің сорына Ержеткен соң қайта келді қолыма. Бөренені жарып шыққан сынадай Бабалардан бізге жеткен, Құлақтыны іздеп өткен, Өсиет бар мынадай: «Әр нәресте қашан *е с і к і р г е н ш е,* Жер қадірін, Ер қадірін білгенше, Алғашқы әнтек қылығына Өзі ұялып күлгенше, Көтергенше балаң ойдың желкенін, Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол, Өзін туған қасиетті өлкенің Ауасымен дем алуға тиісті ол» (М. Шаханов, Ғасырлар). Ойыннан өзге жоқ ойда, Болмаған әлі *е с к і р і п.* Алаңға шығып, доп ойнап Жатамыз күнде кешкілік (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Келешекте жеңгелері секілденіп біреуге қатын болып, күнде таяқ жеп өмір өткізетінін Зейнеп *е с к і р е* бастағаннан-ақ сезген (Б.Майлин, Шығ.).

Ес [қалған жоқ] қалмады. а) *Барынша ынтықты, құмарланды.* Оның бұл мінезін білетін Сұлтанбекте *е с қ а л ғ а н ж о қ* (Қ.Қазыбеков, Тұсау кесер). Заһираны көрген жанда *қ а л м а й д ы е с,* Қара қасы қиылған, көзі нәркес. Алақанға көтеріп аялайды, Бұл бір жан деп бүкіл черкес (XVIII–XIX ғ. қаз. ақын.). ә) *Қатты қорықты, зәре-құты қалмады.* Ағыжанда *е с қ а л м а д ы.* Жаны түршігіп, көзі шарасынан шығып кетті (С.Талжанов, Ұлдай.). Естісем *е с і м қ а л м а й д ы,* Ойлауға мұршам болмайды. Тұра зытып жөнелем. Бәрінен осы – зор қайғы (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Отырған жігіттерден *е с қ а л м а д ы,* Не сұмдық естіртед деп бұдан арман (И.Байзақов, Өлеңд.). б) *Ойлаудан айырылды, жаңылысты.* Тоқалсыз бай бола ма, Кедейде *е с қ а л а* ма, сұраса бай жас қызын, сатпай ма 3-4 қараға (С.Мұқанов, Тол. жин.).

Ес қатты. *Есі кірді, есейді.*– Балаларыңның алды ержетіп, *е с қ а т т ы.* Сенің мынау сұмдығыңды естімей ме, көрмей ме олар? Көрген бала қандай боп өседі (Б.Нұржекеев, Күй.).

Ес қылды. *Көңілге демеу қылды, арқа тұтты.* – Қарағым-ай, дауысым қарлықты-ау бүгін, – деп, Биғайша таңертең үйге кірді. – Бір мезгіл *е с қ ы л ы п,* дыбысын шығарып қоятын мылтығың да оқ-дәрісіз қаңсып қалды, Бригадирге ескертіп жатыр едің ғой әнеукүні, Лизажан. Не болды өзі? (Бал дәурен).

Ес таптырмады. *Ес жиғызбады, абыржытты, састырды.* Нөсер *е с т а п т ы р м а й,* қуыс құрайға кіргендей болдық (Б.Қожабеков, Көктөбе.).

Есте [есінде] жоқ. *Ойда қалмаған, ұмытылған.* Міне ем, *е с і м д е ж о қ,* атқа қашан, Болмас-ау басылмасам, тоқтамасам. Жасаған жылдарымнан ұят болар, Ер жетіп, ер қарызын ақтамасам (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Ұмытыппын, *е с і м д е ж о қ,* Адам тілі сөзіңді, Ұмытыппын өткен күнді, Ұмытыппын өзімді де (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.).

Есте жоқ ескі мезгілде. ф о л ь к. *Баяғыда, бағзы заманда. Е с т е ж о қ е с к і м е з г і л д е* маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен (Абай, Тол. жин.).

Есте [есінде] қалды. *Жадында сақталды, ұмытылмады.* Көрем деген жандарды, Көрдім түгел сол кеште Жүрек жырмен толғанды, Көркем сурет *қ а л д ы е с т е* (М.Хакімжанова, Таңд.). Өзендер өткен өңірлер Әшекей өрнек шым кесте. Жаңартқан жерді сол бір ел Жырымдай жақсы *қ а л д ы е с т е* (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

Естен [есінен] кетпеді. *Ұмытылмады, ойдан шықпады.* Баянауыл басынан бұлыт кетпес, Қиядағы түлкіге құсың жетпес, Ақбоз үйдің сыртынан шығарып сап, Қош ағатай дегенің *е с т е н к е т п е с* (Халық әні). Естібай өзінің *е с і н е н к е т п е й т і н* сәтсіздіктері туралы талай толғанды (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Ерекше *е с т е н к е т п е с* қызық қайда? Жолығатын қыз

қайда терең сайда? Сұлулығын қояйын, мінезі артық, Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда (Абай, Тол. жин.).

Естен қалмады [қалдырмады]. *Жадынан шықпады, ұмытылмады.* Екі асылдан қосылған Сом алтынның сынығы. Өлгенше *естен қалмайды,* Өзгеше біткен қылығы (Абай, Тол. жин.). Қан төгіліп, шабылып, үріккен шақ, Бірталай жыл болды ғой *естен қалмас.* Нәсілсіз туған бала айдасаң да, Он кісі басын қосқан жерге бармас (Қабан жырау, Алтын қазық).

Естен [есінен] танды [тандырды]. а) *Ойлаутану қабілетінен айрылды, есеңгіреді. Есімнен танды м* жабығып, Қарайлап қалдым қамығып. «Аққуды» тартшы, Қаршыға, Кетпесін жүрек жарылып (К. Салықов, Жезкиік). ә) *Күйініш-сүйініштен асып-састы, абыржыды.* «Өлсе Күнім – балам деп, Өзім жалғыз қалам деп» – Өксіп *есінен таныпты.* Төге, төге көз жасын, Тасқа соғып өз басын Талай талып қалыпты (Қ.Мырзалиев, Алуан.). б) *Береке-құты қалмады, састы, мәңгірді.* Ел *есінен таңған* еді, Ел жүрегі жанған еді. Қанішерлер елді ұйпап, Қанға қолын малған еді (Б.Майлин, Шығ.). в) *Ынтықтырды, елітті, құмарттырды. Естен тансам,* жан тылсымы үзіліп, Шыдатпады қарағаның сызылып. Сен едің ғой, әлі де сол, өзіңсің Жер бетінде жүрген маған қызығып (К.Салықов, Жезкиік.).

Естен [есінен] тандырды. а) *Күйініш-сүйініштен әбден састырды, әбіржітті.* Бірде атып, бірде тартып жанды *есінен тандырар* (Б.Күлеев, Таңд.). ә) *Есеңгіретті, қалжыратты, қажытты.* Солардың мекені екен бір кең арал, Ішер ас, көрген бейнет *ес тандырар.* Жайсыз-ақ жатар орын, киер киім, Ұлықтар тұтқындарды итке балар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). б) *Есін шығарып, ойынан жаңылыстырып, райынан қайтарды.* Медеу сөзбен баспалдатып, Жақыптың *есін тандырды.* Жақып қысылғаннан «түзелемін» деп Медеуге сертін берді (Б. Майлин, Азамат.). в) *Ынтықтырды, сезімін, бойын билеп алды.* Өзгеше көрініс, лезде бұлт сөгіліп, сұлу айды жарқ өткізгендей болды. Абайды *есінен тандыра* биледі де, өзгеше бір нұр шұғыласына бас идіргендей боп кетті (М.Әуезов, Абай). г) *Берекесін қашырып, зәре-құтын қалдырмады.* Анталаған жаулардың берекесін қашырды. *Естерінен тандырып,* Талай белден асырды (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Естен [есінен] шығарды. *Ұмытты, ойда сақтамады, еленіп ескерілмеді.* Жалғыз бауырым Рахим *естен шығып,* мен ит болған екем деп кетеді атып (Қаз. ақын. шығ.). Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманның Ұшындағы үш-ақ түйір тал өскен. Басқа дүние *шығып* кеткен бәрі *естен.* Ұзақ жолдан шаршап келгем, Жыр жазатын халде емен, Жындандым ба әлде мен! (Т.Айбергенов, Мен саған.). *Шығарды естен* мөлдір қара көзін де, Теңеп кетті көлеңкеге өзін де. Үміт лағып метеориттің тасындай, Жоғалғанын сорлаған қыз сезді ме? (М.Әлімбаев, Таңд. өлеңд.).

Есте [еске, есіне] сақтады. *Ойда ұстады, жадынан шығармады, ұмытпады.* Оған Құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, *есіңе сақтама* деп пе? (Абай, Тол. жин.). Перзент қиын үмітті ақтамаған, Жігіт қиын ел-жұртты мақтамаған. Шығар шақта бұл өмір сапарына, Осыларды *есіңе сақта,* балам! (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл бағы).

Есте сақтау. п с и х. *Ақпараттың жадта сақталуын қамтамасыз ететін үдерістердің жалпылама атауы. Есте сақтау* жаңа алынған білімдердің кейін қалпына келтірілуінің ең маңызды шарты (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Есте сақтаудың* нәтижелілігі, ең алдымен, жаңа материалды ұғынылған байланыстар жүйесіне кіріктіру мүмкіндігіне қарай анықталады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Есте сақтау* процестерінің іс-әрекет құрылымындағы орнына байланысты ерікті есте сақтау және еріксіз есте сақтау болып саналады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Есте [есінде] тұтты [ұстады]. *Ұмытпады, жадында сақтады.* Ата-аналар да қайнар қызу күндерін өздері отырған бөлмелерінде, жатыс-жайларында, ас-су айналасында түгел сезінді, ертеңді-кеш *есте тұтты* (М.Әуезов, Алғы шептегілер). *Есіңде ұста,* достарым! Өмір бар, мұнда жалын бар. Өз тұсымнан қосқаным, Менің бір тамшы қаным бар (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Ес тоқтатпаған баладай. *Ақылы кірмеген, жан-жағын аңдап, оң-солын танымаған баладай.* Абай дегбірі қашып, *ес тоқтатпаған баладай* боп, алас ұрып ұмтылып барады (М.Әуезов, Абай жолы).

Ес тоқтатты. *Ақылы кірді, есейді, толысты.* Бұрынғыдай емес, былтырғыға қарағанда *ес тоқтатып* қалыпты ғой балаң (А.Тоқмағамбетов). *Ес тоқтата* қоймаған балалық шақтың думанды күндері дала төсінде зулап жатқанын кейіннен аңғардық қой («Лен. жас»). Махаббат – жас. *Ес тоқтатқан* жоқ әлі, Ол жыл сайын он сегізге толады. От басады, су кешеді, сол үшін Оған бәрін кешіруге болады (Қ.Баянбаев, Ақ шағала).

Ес тұтты. *Арқа тұтты, сүйеніш, пана көрді.* Әлекеңнің.... өңі өзгеріп, қабағы түнеріп кетіпті. Елсіз жерде *ес тұтқан* Әлекеңнің бұл түрі мені де қорқытты (Ғ.Орманов, Жүрек). Жерде қаншама кесапат болып жатқанымен, аспанда

толық ай бар. Тоқтылардың қарасы үзілмейтіні сол. Әрі «сәбидей» жануарлар бірін-бірі *е с т ұ т ы п* бүйыға береді («Қаз. әдеб.»).

Ес түсті. *Ақылына келді, сабасына түсті.* Қой,– дедім, байқа,– дедім – тыңдамадың, Бір елді осыншама былғағаның. Есіңе келмеген соң – *е с т у с с і н* – деп, Амалсыз халайықты жинап алдым (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

Есті қашырды [шығарды]. а) *Абдыратты, асып-састырды.* Ерікті алып, *е с ш ы ғ а р ы п* екілентіп, көңілді көлбектетіп, ойды ұмтылтып (І.Жансүгіров, Шығ.). Шырайды қайғы жасырмай, Күлкінің ерні кезермес. Шыдасаң *е с т і қ а ш ы р м а й,* Құлдатып, қор қып жібермес (Абай, Тол. жин.). ә) *Дегбірін алды, мазалады.* ...Қой енді, жүр астыңғы үйге барып отыр, мұнда (казак-орыстар) іздеп келеді енді! – деп қоймай *е с і м д і ш ы ғ а р д ы* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Есі ауды. а) *Ақыл-естен айырылды, талып қалды.* Сасқан Асқар жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы ашаға тарс ете түсіп, *е с і а у ы п* қала жаздады, көзінің оты жарқ ете түсті (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Мен оң қапталында тұрғам, қолымды бесатарыма салам дегенше, *е с і м а у ы п* құлап бара жатқанымды білем... (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Қожа айтады: «Бәт бәхіт зәремді алдың, *е с і м а у ы п,* қорыққаннан талып қалдым» (Қаз. ақын. шығ.). Кетер деп қайткенменен қылып қауіп, Қостырып асқа дереу дәрі тауып; Барзуға байқаусызда бергізіп ед, Жығылып жатып қалды *е с і а у ы п* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) ж е р г. *Аңсары ауды, құмар болды.* Сені қайдам, дәл осы алманы үзіп жегім кеп, *е с і м а у ы п* тұр (Ауызекі). б) *Дел-сал болып, не істерін білмей абдырып қалды.* Алдымнан даяшылар келді шауып, Толықсып аттарының баурына ауып, Құрметтеп тойшыларды алып кетті, Мен қалдым қыр басында *е с і м а у ы п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). в) *Жынданды, есуастанды, жарымес болды.* Еңіреп Рахым ел кезді, *Е с і а у ы п* қырда адасты. Талай да талай жер кезді, Шөлдерді кешіп тау асты (М.Әлімбаев, Өленд.).

Есі ауысты. *Ақылынан адасты, есеңгіреді, жынданды.* Мөлшермен істеген еңбек – нерв жүйесі және *е с і а у ы с қ а н* сырқат адамдардың тез жазылуына көмекші құрал (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

Есі [ес] бар. *Есті, ақылды.* Жақсының кегі жібек орамал кепкенше, жаманның кегі жерге басы жеткенше. Осыны ұғатындай *е с б а р* шығар екеумізде (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). *Е с і б а р* адамға екі айтудың қажеті жоқ (Ауызекі).

Есі бүтін. *Ақылы тұзу, ойлау қабілеті дұрыс. Есінің бүтіндігіне,* денесінің пысықтығына қарағанда, бұл кемпірді көрген адам алпыс-жетпіс жаста ғана дерлік (С.Мұқанов, Саяхат.).

Есі дұрыс. *Ақылы тұзу, дені сау, ойлау қабілеті бар.* Денемде тұтас па екен қызыл етім? Құлақ, көз, тіл тоқтатқан қызметін! Тек қана ойлай білем, *е с і м д ұ р ы с,* Ой серік, осы ғана жылы үмітім (Ә.Сәрсенбаев, Жазылым. кітап). Құтылар хал болмады мына дудан, Біз де ішпесек болмайды жынды судан. Өлтірер өңкей жынды бізді келіп, Жынды деп *е с і д ұ р ы с* бізді қуған (Абай, Тол. жин.). Сені де дүние үшін біреу алар, Кім болса да екінші сорға қалар. *Е с і д ұ р ы с* жан болса сенен гөрі, Деп айтпас сеніменен бағым жанар (С.Торайғыров, Шығ.).

Есі енді. *Өз-өзіне келді, ес жиды.* Түн жарымда жігіттің *е с і е н і п,* өзіне не болғанын білгісі келді («Лен. жас»). Екінші күн оның *е с і е н ғ е л і,* Алайда бұл қуаныш ап келмеді. Екі аяқпен жүре алмаса жер басып, Жақсы еді ғой, жақсы еді ғой өлгені! (Ә.Ахметов, Ашық аспан).

Есі жарым. *Ақылы кем, жарымес. Есі жарым* адамға нені тапсыруға болады (Ауызекі).

Есі кетті [қалмады]. а) *Зәре-құты қалмады, үрейі қашты, жаны қысылды. Е с і ң к е т с е,* естіге кіріптарсың, Ең бастысын ұмытқансың, – деп Шыңғысхан ызбарлана тіл қатты, Әр сөзінде атан түйе қайысардай зіл жатты (М.Шаханов, Ғасырлар). Бір жағынан сен қыстың. Бір жағынан – партизан. *Е с і к е т т і* фашистің (Ж.Саин, Шығ.). Қара жұртта бықсыған шала қалған, Аналардан *е с к е т к е н,* балалардан. Тал да таппай қармауға жағалаудан, Ақыл қашқан адыра бабалардан. Қандай қарғыс атты екен қайран елді?! Қайда барып тығылар паналауға?! (М.Мақатаев, Шығ...). ә) *Мазасы кетті, қатты састы, абдырады. Е с і к е т к е н* қатын ерін ата депті (Мәтел). Екеуі әлденеге *е с і к е т і п* алыстағы қала жаққа қадала түсті (Х.Есенжанов, Тар кезең). б) *Ынтықты, елітті, берекесі кетіп құмартты.* Көрінген қыз күле қараса, *е с і к е т і п* елпеңдеп жүргені. Бұл қайтіп адам болады («Лен. жас»). Үш жүзге атым шыққан Балуан Шолақ. Денеме тегіс біткен күш пенен бақ. Көргенде сұлу әйел *е с і м қ а л м а с,* Жігіттік бойымдағы күнәм сол-ақ (Балуан Шолақ). в) *Тыныштығынан айырылды, беймаза күй кешті.* Еліне миллиард пұтты несібе етіп, Тың жатыр ен қимылдан *е с і к е т і п,* Ала қиғаш шабады рельстер, Таулардың тесіп өтіп, кесіп өтіп (Т.Айбергенов, Мен. саған.).

Есі кірелі-шығалы. а) *Ақылы толыспаған, жас.* Мен болсам *е с і м н і ң к і р е л і - ш ы ғ а л ы* уағы. Түннің бір жарымына дейін көз ілмей, шешемнің келуін күтемін («Қаз. әдеб.»). ә) *Ақылы кем, жарымес. Е с і к і р е л і - ш ы ғ а л ы* не істеп, не қойғанын білмейді (Ауызекі).

Есі кіресілі-шығасылы. с ө й л. *Есі ауған, талықсыған, шала есті.* Беттен қан судай ағып, бала

торы аттан аунай түсті. *Есі кіресілі-шығасылы* болып жатқанда, солдаттар сүйреп апарып, бұтаның түбіне лақтырып жіберді оны («Қаз. әдеб.»).

Есі қатты. ж е р г. *Басы қатты.* Осы бір есепті шығара алмай әбден *е с і м қ а т т ы* (Ауызекі).

Есі қашқан жандай. *Есінен айырылған адамдай.* Бәріне көндігемін осы бастан, *Жандай-ақ* бола тұрып *е с і қ а ш қ а н* (Ж.Молдағалиев, Тол. жин.).

Есін алды. а) *Ынтықтырды, еліктті, мас қылды.* Сайраған көкте торғай *е с і ң д і а л ы п,* Күн де жоқ, әлдеқашан кеткен батып. Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан, Артында қызыл шапақ нұры қалып (С.Торайғыров, Шығ.). ә) *Мазасын кетірді, есеңгіретті, мезі етті.* Сөйтіп, Европаның *е с і н а л ғ а н.* Талай немістің құлағын кесіп алған. Осындай азаматы бар бізбен соғысу Неміс ақымақтың несін алған? (О.Әубәкіров, Көк тайғақ). Он бірінде қозыға салып еді, Томар бас деп *е с і ң д і а л ы п* еді (Ақын жырлары).

Есінде тұрмады. *Ұмытты, есінде қалмады.* Оқыған сабағы *е с і н д е т ұ р м а й т ы н* келіншек әлгі жайды егжей-тегжейлі біледі екен, ештеңесін де ұмытпапты (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Есінен адасты. а) *Ақылынан жаңылысты, есеңгіреді. Е с і м н е н а д а с ы п* жатырмын ба дегендей Төлеген өз көзіне сенбей оларды тағы бір шолып өтті (Қ.Исабаев). Жас жігіттің денесі оттай жанып, ауық-ауық *е с і н е н а д а с ы п,* сандырақтап жатты («Лен. жас»). – Апыр-ай, мына сорлы *е с і н е н а д а с қ а п* екен ғой, енді қайттік, деді ол үрейлене қарап (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). ә) *Абдырады, қатты састы.* Соншама мол қаржыдан әп-сәтте айырылып қалған Балжан не істерін білмей, *е с і н е н а д а с ы п* тұрып қалды («Қаз. әдеб.»). Осы дүниенің дәл сол сағатта не халде екенін екеуі *е с т е н а д а с ы п* біле алмай, кіретін жер таба алмай, Үйдің ішінде шыр көбелек айналып зыр жүгірді (Ә.Әбішев, Армансыз.). Есебіңнен жаңылсаң, *е с і ң н е н а д а с а с ы ң* (Мақал).

Есінен айырылды. а) *Талып қалды, бір уақытқа ақылынан айырылып қалды.* Құла ат тәлтіректеп *е с і н е н а й ы р ы л ы п,* жығылуға айналған уақытта Бақтығұл аттың жалынан басып секіріп кетті (М.Әуезов, Қараш.). Жалғыз баласының кездейсоқ жол апатынан қайтыс болғанын естіген Назым табан астында *е с і н е н а й ы р ы л ы п,* талықсып кетті («Қаз. әдеб.»). Ертеңінде көп адаммен бірге ағаштың арасында босып жүргенімді ғана білемін. *Е с т е н а й ы р ы л ы п* қалыппын. Жындыханада жатып шықтым (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). ә) *Алжыды, жынданды, есуастанды.* Тілеубай Айнакөл халқының айтуы бойынша, окопта *е с і н е н а й ы р ы л ы п т ы* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). б) *Есі шықты, үрейі ұшты, абдырады.* Ел қайтар кезде Бөжейдің тынысы бітті де, түн ортасына дейін *е с т е р і н е н а й ы р ы л ғ а н д а й* болып, барлық қатын-қалаш, бала-шаға, үлкендер де өкіріп, өксіп жыласып отырды (М.Әуезов, Абай). Бала: «Алтын су тауып кел?»,– деді деп жылайды. Кемпір-шал мұны естігенде *е с т е р і н е н а й ы р ы л а д ы* (Қаз. ертег.). в) *Ынсапсызға айналды, құнықты.* Қазіргі қазақ ұлығы, Жаман иттен несі кем. Жемтік көрсе, қан көрсе, *А й ы р ы л а р* мүлде *е с і н е н* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Есінен жаңылды. *а) Ақыл-есін жоғалтты, есеңгіреді.* Байқаусызда тулаған тай тентек баланы оп-оңай ытқытып, топ ете түсірді. Бірақ Оспан жығылса да, *е с і н е н ж а ң ы л ғ а н* жоқ (М.Әуезоз, Абай). *ә) Есі шықты, мәңгірді.* Онда еркіңде, амал не, Басқа біреу табылар... Бұдан артық жаман не, Қыз *е с і н е н ж а ң ы л а р* (Қ.Мұқышев, Поэм.).

Есінен тандырды. *Еңсесін көтертпеді, бой жаздырмады, есін шығарды.* Бірде атып бірде тартып, Жанды *е с і н е н т а н д ы р а р* (Б.Күлеев, Таңд.).

Есінен тастамады. *Ұмытпады, жадынан шығармады.* Сүйгенімнен айтамын Бұл ақылым, шырағым! *Е с і ң н е н* бір *т а с т а м а* Елдің алыс-жырағын! (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

Есінен шықты. *Жадынан шықты, ұмытты.* «Жоғары шыққа» қарқ болып, тамақ, киім, борыш *е с і н е н ш ы ғ ы п* кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алды (Абай, Тол. жин.).

Еске түсті. *Ойына келді, елестеді. Е с к е т ү с і п* бала кез, Жудым суға бетімді (Ғ.Орманов, Сәт сапары). Көзге түртсе көргісіз Қап-қараңғы түн еді, *Е с к е т у с і п* бір нәрсе Күзетші жас күледі (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Есін жиып, етегін жапты. *Өзіне-өзі келді, қалыпты өмірге кірді, теңелді.* Көптен көңілдері тыныш тапқандай болып, бұрынғылары ұмытқа айналған секілді, *е с і н ж и ы п, е т е г і н ж а п қ а н д а й,* Омардың да әлдеқалай бір балбырап, алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен күні бүгін-ақ еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Соғыс болса бітті. Енді жұрт *е с і н ж и н а п, е т е г і н ж а п қ а н* соң сол мезгілсіз тоқтап қалған тақырыпқа қайта қозғау салып, Еділов қасына екі-үш көмекші ертіп екі ай бойы Отырар қаласының орнын бақылауға кеткен-ді (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Есін шашты. ж е р г. *Берекесін кетірді, құтын қашырды. Е с т е р і н ш а ш ы п* ап, жия алмай жүр ғой, түге, – деді Сәлім сылқылдай күліп (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

Есің барда елің тап. *Дер кезінде қимылда, мүмкіндікті пайдаланып орныңды, жолыңды тап.* Өзге қазақ өз білгенін өзі істесін, тақа осы арадағы азғана Әлжан сен *е с і ң б а р д а е л і ң т а п* (М.Әуезов, Қиыл заман). *«Е с і ң б а р д а е л і ң т а п»* деп, екі әйел соқаны қайырып, ауылға зытып отырады («Лен. жас»).

Есің барда етегің жап. *Ақылың бар болса, ар-абыройыңды сақта.* Әлі де болса кеш емес, кем-кетігін бітесін дейміз, *«е с і ң б а р д а е т е г і ң ж а п»,* өзіңе лайықты орын тап дейміз (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Есі шықты. а) *Үрейі ұшты, қатты састы.* Көшің кетер бір жаққа, малың кетер бір жаққа, Көш соңынан жете алмай, *Е с і ң ш ы ғ а р* сол шақта (Қаз. ақын. шығ.). *Е с і ш ы қ т ы* көрді де, Ұры иттің қылғанын. Ойбай салды, білді де, Қоса сорлы болғанын (Абай, Тол. жин.). ә) *Қуанышы қойнына сыймады, есі қалмады.* Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген палуаны жықса, *е с і ш ы ғ ы п* бір қуанады (Абай, Тол. жин.). Арман менің бар санамда, Үйлендім деп жар салам ба. *Е с і м ш ы ғ ы п* отырдым мен. Өз қасыңда арсаландап (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Бетімау, тіпті *е с і м ш ы ғ ы п* кетіпті ғой Ойламаған жерден... Кел, жоғары шық айналайын Өзің аман-есен оралдың ба (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *б) Ынтызар болды, есі кетті.* Жылжып жылдар өтті Айтоты бой жеткенде, оны көрген бозбала *е с і ш ы ғ а* ғашық болады екен (О.Бодықов, Бұлбұл).

Есінен шықты. *Жадында болмады, ұмытты.* «Жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш *е с і н е н ш ы ғ ы п* кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алды (Абай, Тол. жин.). Кінәлі өзі, Ақан. Егін орамын деп, біржола Райханды *е с і н е н ш ы ғ а р д ы.* Кеше Ташмағамбетов тегін айтқан жоқ, барып қайту керек еді... (З.Шашкин).

Қимыл-қозғалыс есі. п с и х. *Әртүрлі қимыл қозғалыстарды, қимыл-әрекеттерді санада сақтап, қайта жаңғыртуға жауап беретін жүйке жүйесінің қызметі. Қ и м ы л-қ о з ғ а л ы с е с* дегеніміз – ойын, спорт, еңбек, оқу әрекеттеріне байланысты әртүрлі қимыл қозғалыстар мен әрекеттерді есте қалдырып, оларды қайта жаңғыртып отыру (ҚҰЭ).

Қысқа мерзімді ес. п с и х. *Қабылданған нәрселерді, құбылыстарды, олардың белгілі қасиеттерін мақсатты түрде тиісті әдістәсілдер арқылы қысқа уақытқа ғана есте қалдыратын адамның жүйке жүйесі қызметінің түрі.* Мұндай жағдайда осыдан біршама уақыт бұрын қабылдаған нәрселердің бейнесі адамның көз алдына елестеп, құлағына дауысы естіледі. Естің бұл түрі *қ ы с қ а м е р з і м д і е с* деп аталады (ҚҰЭ). Психология ғылымында *қ ы с қ а м е р з і м д і е с* «шұғыл» ес (түрлері амал-тәсілдер есі) деп аталады (ҚҰЭ).

Сөздік-мағыналық ес. п с и х. *Ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлері пішімдер арқылы із қалдырып отыратын адам жүйке жүйесінің қызметтерінің бірі. С ө з д і к-м а ғ ы н а л ы қ е с* оқушылардың білім жүйесі мен оқу материалдарын есте сақтауында жетекші мәнге ие (ҚҰЭ).

Тарс есінен шықты. с ө й л. *Мүлде ұмытты.* Жолшыбай Әсия мен ұстаға Миталдың өлімін әйеліне айтыңдар демек еді, *т а р с е с і н е н ш ы ғ ы п* кетіпті (Қ.Исабаев).

Тәубесін еске түсірді [салды]. д і н и. *Құдайын есіне алдырды; тәңірін білетін етті; райға келтірді.* Әділ мырза, ер болып, Әлемге жайған өрнекті, *Т ә у б е с і н е с к е т ү с і р і п,* Тентекті тыйып жерлепті (Абай, Тол. жин.). Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын, Артық кетсең қатал қолмен *т ә у б а ң д ы е с к е с а л а т ы н* (М.Шаханов, Ғасырлар).

Түпкілікті ес. п с и х. *Қабылдаған нәрселерді, құбылыстарды, олардың белгі-қасиеттерін ұзақ уақыт бойы есте қалдыратын адамның жүйке жүйесінің қызметінің түрі. Т ү п к і л і к т і е с т е* қалдырудың тағы бір ерекшелігі нәрселердің әсерінің ұзақ мерзімге созылуына және адамның арнайы мақсатына да қатысты болуы (ҚҰЭ).

Эмоциялық ес. п с и х. *Әртүрлі көңіл күй қозғалысы, өзгерісін санада сақтап, қайта жаңғыртуға жауап беретін жүйке жүйесінің қызметі. Э м о ц и я л ы қ е с* бойынша адам басынан кешіргендерін еске түсіргенде бозарады не қызарады. Өйткені оның басынан өткен әр алуан жағдайлар оған күшті әсер етіп, эмоциялық күйге ұшыратады (ҚҰЭ).

ЕС[1]= е т. *Арқан, жіп жасау үшін жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрау.* Сөзіңе, – деді түлкі, – тұрмын нанбай, Мені де көңілің бар ма алдағандай? Адамның арқан *е с к е н* әулетісің, Өтірік үзік жібін жалғағандай (О.Шораяқов, Шайыр). Мыжырайған қара кемпір жүн шүйкелеп, аяғына орап, шүйкені *е с і п* отыр (Б.Майлин, Шығ.). Көз – мерген, жігіт – мылтық, көңіл – білте, Орамды аң табылмай атылмайтын. Жібек пен қойдың жүнін қосып *е с с е ң,* Бірігіп арқан болып қатылмайтын (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қатын, сен үй ішін буып-түйіп, бұйдаңды *е с і п,* жазыңды жамап әзір отыр, – деп кеткен-ді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Есіп жөрмеу. *Жөрмелеп тігудің бір тәсілі. Е с і п ж ө р м е у* көбінесе су таситын қарын, мес, матадан, кенептен тіккен ыдыс қапшықтардың шеттерін тіккенде, кейде орамалдың шетін

бүге тіккенде қолданылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Жіп те есе алмайды. *Қолынан ештеңе келмейді, олақ.* Шырайдың қасында Әсел *жіп те есе алмайды* (Ауызекі).

ЕС[2]= е т. **1.** *Жел тұру, жел соғу.* Осы бір самал майдалап, Көктем *есті*, күз *есті*. Сонда онымен бой сылап, Көршімде бір қыз өсті (Қ.Ұябаев, Отты жылдары). Қасырдың ызғары дауыл боп *ескенімен* Далаңның мұңлы әжімі жүзіңе көшкеніменен, Сенім қайығың сенделіп, үмітің өшкеніменен, Көңіліңде жүздің еліңнің намысты ескегіменен, Тіліңді кесе алмай қор болды Жауларың жабылып басыңды кескеніменен (М.Шаханов, Қасырлар.). Жерорта теңізінен салқын самал *есіп*, тұр (Т.Шаханов, Көгілдір мұнар.). **2.** а у ы с. *Ән-күй қалықтау, шарықтау, төгілу, жағымды ұн шығару.* Ықыластың екі қолы қобызды *есіп* еңіретіп отыр екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қай жақтан жүрсің, қай тұстан *естің*, арман-ән, Шығар-ау саған сан арман қанат қармаған. Бір жерде сені көргендеймін-ау осы мен, Қызғалдақ гүлін жармаған! (Т.Айбергенов, Мен саған). Мен үшін таныс жол мына, Біргемін туған еліммен. Аңызақ, дауыл орнына ән болып *ессем* дедім мен (А.Бақтыгереева, Өрімтал). **3.** а у ы с. *Жосу, жүйтку, заулау, зырлау.* Еркін *есіп* келе жатқан Қасболат соңғы жылдары омбыға кіргендей аяғы ауырлап, жүрісінен жаңыла бастады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Қанша қарсы ұрсаң да, Мәшине заулап *еседі*. Сабалап бетке ұрсаң да, Оқтай жарып кеседі (С. Сейфуллин, Шығ.). Талмай орғып күрсілдеп, Желді жарып кеседі. Екпіндеп алып қара айғыр Құстай ұшып *еседі* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **4.** а у ы с. *Мақтану, бөсу.* Қаншама азғырып, жалынып сұрасам да, кейбір шалдардай балпылдап, көсіле мақтанып, ерсілі-қарсылы *еспеді*, өзі туралы ләм-мим демеді, көбіне елін, елінің парасатты азаматтарын, олардың көзге түсерлік құнды істерін әңгіме қып, соларға деген ниетін білдіріп келді шал (З.Шашкин, Өмір.). Зарқұмар Жәнгүдейдің мергендігін жақсы көрсе де оның барлық ақ тілін өзі ғана біліп, *есіп* отыратын мінезін ұнатпайтын (С.Бегалин, Уақыт.). Сол қарттардың бірімін деп шын *еспе*, Кел, біле қал қайратыңды, өзіммен-ақ тірес те. Ал аяқты беріп алған тыныштығым үшін мен Күнде ертеңін балдақ ұстап түсем қызу күреске (Ж.Нәбиуллин, Таныс.). **5.** а у ы с. *Айқын аңғарылу, сезілу, білінү.* Колхозшылар өте көңілді. Олардың қимылынан ұлы істің лебі *еседі* (М. Иманжанов, Алғашқы). Осы бір қу сүйек кішкене денеден жып-жылы аналық мейірім *еседі* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сыпайы тұлғасына сай, қимылынан самарқау биязылық *еседі* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Айдарынан [айдарымен] жел есті. а) *Жетісті, болып-толды.* Төменгі ауылдың қалашылары қалаға ара қонбай жете алмайды. Сондағы қонатыны біздің ауыл. Соғыс кезінде кім *айдарынан жел есіп* отыр дейсің (Н.Сералиев, Қаңтар.). ә) *Асқақтап, дәурен сурді, төрт құбыласы түгел болды.* Ерлігің болса мақтаған, Жауын қуып қашырған, *Айдарымен жел есіп*, Алатаудан асырған (Жамбыл, Тол.жин.). Көзден таса кей-кейде шығады естен, Қалпында қалмас адам өзгерместен, туған елің миятың айдарлы ол, Болсаң да *айдарыңнан желің ескен* (О.Малқаров).

Есіп отыр. *Мақтанды, бөсті.* Манадан бері лепіре *есіп отырған* Жапал енді есін жинады білем, жан-жағына қарады (А.Байтанаев, Қайнар.). Ақыл ағасы бір топ баланың қоршауында *есіп отыр* (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Есіп [айтады] сөйледі. *Еркін, көсіле сөйледі.* Соны кейде ән мен домбыраға қосып айтса, кейде Сейіт қарадай төгілтіп, *есіп сөйлеп*, арызып айтып береді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Пікірімді, ойымды *есіп айтам*, Тиесілі сөзімді тосып айтам (А.Асылбеков, Көкорай).

Желдей есті. а) *Жүйткіді, зырлады, заулады, қатты қарқындады.* Бәрінің жараулы аттары тойды көрген соң еліріп, әм шыбыннан қарынып терлеп, ұрынып, лепіріп *желдей есіп* келеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Автобус асфальт жолмен *желдей есіп*, бел асып ұзап барады («Лен. жас»). Күшті жанның астындағы аты да аса белді жылқы екен, – алдыңғы аяқты шеңгелдей тастап, жалды мойнын ілгері соза түсіп, бөкен желіспен *желдей есіп* бара жатты (Х.Есенжанов, Ақ жайық). ә) *Желпінді, масаттанды, мақтанды.* Назар көңілсіз. Мылжың шалдың әңгімесін ұнатпай, кіржің етіп: «Ал, жаңағы Асан, Бану туралы білетініңді айтшы!» – деуі мұң екен, қалтылдақ шал *желдей есіп* жүре берді (Т.Ахтанов). Көргендер мәз-мейрам боп гүілдесті, Мақтанып кейбіреуі *желдей есті*, Аңшылық қызығымен дала кезіп, Талай құз, талай таулы жонға көшті (О.Шипин, Дастан.) б) *Серпілді, еркін көсілді, асып-тасыды.* Күнтуар *желдей есіп*, серпіле сөйлеп кетті (С.Омаров, Әңгім.). «Аты-тонын олжалап, Аман қайтса жарар» – деп, Өзінше *желдей есіпті*. Бетіне жан қаратпай, Көңілі әбден өсіпті (Қамбар батыр). Қойды қораладым. Мардан бала болса да, малдың жайын жақсы біледі. Әбіш те жаман емес, аздаған құлығы бар, онысы жымдаспайды. Жас қой, жас, кейде судай тасып, кейде *желдей есіп* кететін де кездері болады (Д.Еркімбеков).

Жібектей есілген. *Мінезі биязы, жақсықылықты.* – Жақсы оқыған, *жібектей есілген*,

бұл өңірге бітпеген асыл бала алтыным еді. Іздей көріңдер, азаматтар (М.Әуезов, Шығ.).

ЕС[3]= е т. **1.** *Қайықты жүргізу үшін ескекті су ішінде біресе ілгері, біресе кейін қарай қимылдату, көсу.* Біресе артқы жағы, біресе алдыңғы жағы қайқаң қағып, өзен түбінің май батпағын жұмсақ қана *е с і п* келе жатқаны сезіледі (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жал-жал толқындарға көзі түскенде үрейі қашады. Онан сайын ол оңайлықпен өлгісі келмей, қос ескекті суға көміп, жұлқынып *е с і п* келеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сал үстінде бір топ адам, ескекті бір кісідей ырғақпен *е с е д і* (С.Бақбергенов, Менің досым). Ескегіңді берші маған Мен *е с е й і н,* сен *е с п е,* Су күлкісі сылдыраған Сенің күлкің емес пе? (Қаз. әндері). **2.** *Пышақпен осып жіберу, жарып жіберу, кесу.* Жүгіріп келген қалпыммен қасқырдың тірсегінен алдым да, қындағы пышағымды суырып, ішін *е с і п* жібердім. Шек-қарны қарға түскенде, қасқыр қылжаң етіп құлады (С.Мұқанов, Ботагөз). Ежелден Мұстафаның жауы Мырзақ, түсірді қақ шекеден жалғыз оқ сап. Ағызды топ ішінде қара қанын, Өзінің қанжарымен *е с і п* тастап (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Адамның өлтіруші есі кеткен, Қанжарды жалғыз сермеп *е с і п* кеткен. Қанжары төстен салған тайып кетіп, Астынан жаурынының тесіп өткен (Н.Ахметбеков, Аманкелді). Кісесінің қынабындағы кездікті суырып ала ұмтылған қарт аңшы тізесі бүгіліп, бөксесі шоңқайған озбырдың ішін пышақпен *е с і п* жіберді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **3.** *Қарды, құмды қақ жарып шашу, ысыру, із тастау.* Ұлпа қарды *е с і п,* томпаландап басып адымдап бара жатқан Саян кенет тұра қалды (С.Шаймерденов, Өмір.). Екеуі қолтықтасып кетті құмға, Бөлінбей көңілдері жола ың-жыңға, Құмды *е с і п* аяқтары аққан бетер, Шығуға ниет етті биік шыңға (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қозыкем атын тастап жүре берді, Бейне қардай *е с е д і* қара жерді, Салқа жортып келгенде, ер Қозыкем, Қарабайдың малына тура келді (Қозы Көрпеш.).

Ыңғайына [ығына] есті. *Ырқына жүрді, әуеніне ерді.* Балғабектің әкесі Алыпбай әйелінің *ы ң ғ а й ы н а е с е т і н* орта жасқа келген, сабырлы, бірақ тұйық, сөзге сараң, іш сырын сөзінен гөрі ісінен көрсетуді ұнататын кісі еді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Әкеңнің *ы ғ ы н а е с е* бер (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

ЕС-АҚЫЛ з а т. *Ой-сана, ақыл.* Тарихты ұзын бойына шолып шықсақ, адам баласы ой-санасымен *ес-ақылының* бір де бір жамандыққа ауытқығанын, теріс-бұлтарыс жасағанын көрмейміз де, білмейміз де (Б.Кенжебаев, Асау жүрек).

Ес-ақылынан адасты. *Мәңгірді, жарымес-тенді, ақылы ауды. Е с - а қ ы л ы н а н а д а с қ а н* Жұмақүлдің бұл жатысы ұйқылы-оядағыдай санасыз, әшейін жолдасы ғана (А.Сегізбаев, Дала жұлдыз.).

ЕСАЛАҢ с ы н. **1.** *Ақылынан адасқан, есі ауысқан. Е с а л а ң* кісі сияқтымын. Түкке мойным жар бермейді (С.Мұқанов, Шығ.). Шәкила екі шелек судың біреуін өзі алып, екіншісін *е с а л а ң* әйелге ұсынды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жандар). **2.** *Ақымақ, ақылы кем, есуас, делқұлы (адам).* Уайым жоқ, қайғы жоқ, *Е с а л а ң,* ессіз ыржаңбыз. Жал мен жая тартылса, Пышағы жоқ құр жанбыз (Т.Ізтілеуов, Назым). Азапқа сап бауырларды Өлтіріпті жау *е с а л а ң.* Ой жеңіп, бой ауырлады Біз секілді сол бес адам (С.Мәуленов, Бозқырау). Бұл не деген *е с а л а ң?* Әлдеқашан заманы өткен білектің! Қара күшке әнін қалай бағындырмақ жүректің? Арашаға түсе кетті жас ұлан (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Адасқан, құтырған, есерсоқ.* Жалғыздың үні өшіп, Өндірмейсің сен түк те. *Е с а л а ң* бомба түседі Болсаңда жалғыз бір нүкте (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). // к о н т е к с т. *Басқалардан өзгеше, өмірге бейімсіз адам деген мағынада. Е с а л а ң д а р д ы ң* қылығы, қызметі, кәсібі, жұмысы басқалардікінен оғаш көрініп тұрады, бұлар жай адамдарша өмір сүре алмайды, ыңғайы, икемі келмейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Есалаң кісіше. с ө й л. э к с п р. *Есінен айырылған адамдай.* – Сен *е с е л а ң к і с і ш е* сөйлейсің ғой! – деді Отар (С.Сейфуллин).

Есалаң сөз. *Орынсыз айтылған сөз.* Сол қанжардың уытына шыдамай басқаның бәріне де айтылса да сізге айтылмайтын бір *е с а л а ң с ө з д і* айтып салдым (Ә.Әбішев, Ғаламат).

ЕСАЛАҢДАЙ с ы н. *Есалаң сияқты.* Мұхитты алғаш көргенде оның *е с а л а ң д а й* ыржаландап күле беретіндігінен күдіктенген еді («Лен. жас»). Ерім-ау, мұнша неге еріккенің, Есуас *е с а л а ң д а й* желіккенің. Соңына бұл арақтың мұнша түсіп, Дүниеге бір сол үшін келіп пе едің? (Қ.Тәкежанов, Қария).

ЕСАЛАҢДАН= е т. *Есінен айырылу, есерсоқтану.* «Бетім-ау, мына шал *е с а л а ң д а н ы п* қалыпты ғой өзі, хатты бер деймін. Оқытайық!» –деп тағы шар ете түсті Алтынай (Ж.Мусин, Ақ алаң). Жұмақүл *е с а л а ң д а н г а н* бойымен қалың жыңғылдың арасына кіріп, етбетінен құлай кетті (А.Сегізбаев, Дала жұлдыздары). Әлгідей *е с а л а ң д а н ы п,* ажалдың аранына қарай өзің жүгірме (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

ЕСАЛАҢДАНУ *Есалаңдан етістігінің қимыл атауы.* Мысалы, солтүстікте ит пен жанаттың құтыру вирусы өз алдына өзгеше, бұл хайуанаттар басқа жердегі иттерше құтырмайды,

аурудың үй иесін танымау, қаңғып кету, тағы сондай *е с а л а ң д а н у* белгілерімен аяқталады (Х.Жұматов, Құтыру.). – Біздің еліміз бақайшағына дейін қаруланған қатал жаумен бетпе-бет кездесіп отыр. Сұрқия дұшпан уақытша сәттілікке есіріп, *е с а л а ң д а н у д а* (С.Алдабергенов, Асу).

ЕСАЛАҢДАУ с ы н. *Ақымақтау, есуастау, есерсоқтау*. Мәшине кузовының сартылы естіледі. Байырғұнға соқтырып алды-ау. Кім де болса шоферы *е с а л а ң д а у* екен (З.Шүкіров, Қиын түйін). Хан айтты: «Мұның жайын кім біледі, Әлде бір *е с а л а ң д а у* жынды ма еді. Өлердегі сөзіңді сынға алайық, Қаніки, дәтіңді айтшы енді?» – деді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЕСАЛАҢДЫҚ з а т. м е д. **1.** *Адамның психикалық іс-әрекетінің төмендеп, санасының кемуі. Е с а л а ң д ы қ,* қояншықтық және есіріктік болып бөлінеді. Қояншықтық, есалаңдық – қояншық ауруынан, мидың зақымдануынан болады. Есіріктік, есалаңдық (истерия) кезінде адам есеңгіремейді, дағдыға айналған әрекеттерді қайталай береді (Қаз.тілі термин. Педагогика.). *Е с а л а ң д ы қ т а* адам іс-әрекеттерді санасыз, соқыр сезіммен орындайды. *Е с а л а ң д ы қ* белгілері: адам уақыт пен кеңістікті, заттарды олардың қасиеттерін ажырата алмайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **2.** а у ы с. *Есуастық, ақымақтық*. Ақылды бастық тура келсе жақсы. Бірақ офицерлердің көбі ылғи мас болып, талай *е с а л а ң д ы қ* жұмыстарды бұйырды (С.Шәріпов, Бекболат). Отпен ойнаған оңбайды. Оның үстіне тас ғасырында отты қолмен көсеу *е с а л а ң д ы қ* болады («Қаз. әдеб.»). Нәрсе емеспін, зат емеспін деп едім ғой мен. Неге құлақ аспадың. Мұныңыз қай *е с а л а ң д ы қ*? (Қ.Сатыбалдин, Қызыл жалау).

ЕСАУАН з а т. қ а р а п. ***Жарымес.*** Осы *е с а у а н н а н* қалай құтылам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Бектің айтқанына сенуге болмайды, *е с а у а н* адам ғой (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСАУЛ з а т. к ө н е. ә с к. *Қазан төңкерісіне дейінгі ресей әскеріндегі капитанмен барабар казак офицерінің шені.* Суық мылтықты, кәр қылышты әскер жасағын басқарып келген *е с а у л* Лебедев ысқыра қамшысын үйіріп, қасқыр шапқан қойдай ұйлығып қалған жұртты кең алаңға жинады (І.Есенберлин, Қаһар). – Не деп тұрсың *е с а у л* мырза?! – деп, даусы шығып кетті мына жала жанына батқан Махамбеттің (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЕСАУЫЛ з а т. с ө й л. ***Есаул***. Соны естіп қызу қанды Иман мен Алтай руының батыры Орынбайдың Жанайдары *е с а у ы л* Лебедевпен кездескенше асықты (І.Есенберлин, Қаһар). Уақыт жетсе де паром басындағы *е с а у ы л ғ а* не демекші (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕСЕ[1] з а т. **1.** *Тиесілі үлес, сыбаға, ақы*. Ерте тұрғанның *е с е с і* артық (Шопан сырласы). Туған халқының өмірін тебірене жыр еткен суреткер еңбегінің *е с е с і* деуге әбден болады (С.Байжанов, Замандас). Жас кетіп біреу дүниеден, Арт жағында қалдырған, Әкесі мен шешесін. Қартайып жетсе қазасы, Төлейді бала *е с е с і н* (Қаз. ақын. шығ.). **2.** *Бөлік, бөлшек*. Байлардың дүние-мүлкін кәмпескелеу кезінде талай жалшы, кедей-кепшік өзіне бөлінген *е с е с і н* алған еді («Қаз.әдеб.»). Сол мал мен жердің бір *е с е с і* сізге тиді (Шағын пьесалар). **3.** а у ы с. *Ыза, кек*. Ей, мырза, еш адамда кетпейді *е с е ң,* Жарайды, ол князьді өлтірмесең. Мені көріп қызықты, жазалы ма, Қанына ортақ болма, мені десең (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Білемін, Матайдың талайдан Тобықтыда жүрген *е с е с і* бар (М.Әуезов, Шығ.). Енді Айдарға деген кегім де, саған деген *е с е м* де қайтты (Қ.Нұрғалиев, Екінші көктем). Төгілген қанның *е с е с і* қанмен қайтады (Р.Сейсенбаев, Арнау).

Алынбай жүрген кек, тимей жүрген есе. *Қарымтасы қайтпай, өтеуі түгелденбей жүрген орай*. Мына Найманда *а л ы н б а й ж ү р г е н к е г і ң, т и м е й ж ү р г е н е с е ң* болса, оныңды айт (М.Әуезов, Шығ.).

Есе [есесін] алды. *а) Ақы-үлеске ие болды, иемденді*. Мен тасып барам сен үшін, Өмірден *а л а р е с е ң* мол, Әзірге сау бол ел ішім, Жолдасым сен де есен бол (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Жолдастар, өкімет сендердің алдарыңа мал салып, бастарыңды қосып, теңдік әперді. Байларда кеткен *е с е л е р і ң д і* алып берді (С.Жүнісов, Жапанда.). *ә) Кек-қарымта қайтарды, теңдік туды*. Осы жылы серейіп тез өскен Баймырза талай балалардан *е с е с і н а л д ы* («Лен. жас»). Мен де барымды ортаға салғым, жарлының жалғызын ұрлағандардан *е с е а л ғ ы м* келеді (А.Лекеров, Түз гүлі). Қас сауынан *е с е с і н* Қанмен *а л с ы н* дегейсің? Ер майданда айқасып, Ұрыс салсын дегейсің! (Сәлем саған.).

Есе [есесін] берді. *а) Сазайын тарттырды, сыбағасын берді*. Көрінген жерде адамсынып, азаматсынып есіп отыратын Асқардың бар мінін бетіне басып, әбден *е с е с і н б е р д і* Жәмила («Қаз. әдеб.»). Батыр, батыр дегелі Дәу пірімсіп екеуің Әлден асқан екенсің. Тайғақ болса табаның Танырамай шыныңды айт, Өзім *б е р е м е с е с і н* (М.Әуезов, Шығ.). *ә) Үлес, ақы берді*. Советтің кедейлерге *е с е б е р і п,* теңшілік әперуге айналғанын өзге елмен бірге Жақсылық та сезе бастады (М.Әуезов, Қараш.).

Есе бермеді. *Ақысын, кегін жібермеді*. Есе сөйлеп, *е с е б е р м е й* ешкімге, Неменеңе арсаңдап отырсың? (М.Әлімбаев, Өшпес от). *Е с е б е р м е д і м,* еңсеріп ұттым дейсің бе?

(М.Әуезов, Шығ.). Ер Еспембет кешегі, Ерекше ер дeседі, Тіл біткеннің шешені, Топта *бермес есені* (Қаз. ақын. шығ.).

Еседен айырылды. *Үлестен құр қалды.* Аңғал аңқау болып өскен Амантай талай жерде өз үлесінен қағылып, *еседен айырылып* жүрді («Қаз.әдеб.»). Жәмила ондайда қақас қалып, *еседен айырыла* қоймайды (М.Әуезов, Шығ.).

Есепте бар, еседе жоқ. *Ескерілмеді, қақас қалды.* Азима Сұлтанмахмұттың жүзіне мейіріммен күлімсіреп қарады да: – Біз қазақ елдері *есепте бар да, еседе жоқ* қауымбыз ғой, Махмұт! – деді Д.Әбілев, Арман.).

Есесі кетті. *Ақысын жіберді, кегі кетті.* Көз алдымда жас дөңгелеп булығам да ызадан, Маған тіпті сөз келмейтін ұяттардан қызарам. Бұл дүниге онсыз дағы *кеткен* жоқ па көп *есең*, О, аналар, кей пасықты жаратасың неге сен! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Бағанадан бері *есемізе* мына Кәкітайда *кетіп* барады (М.Әуезов, Абай жолы). Жаңағы біреуде *есесі кеткендей* бұрылып тұрып артына қайта қарады («Лен. жас»).

Есесі қайтты [қайтпады]. *Ақысын жібермеді, қарымтасы, кегі қайтты. Есең қайтып* көрмеген еш пендеден, Құралайды көзге ататын мерген ең (М.Шаханов, Ғасырлар.). Анаң да соны біліп бар жылы-жұмсағын молдекеңнің аузынан аяған жоқ. Шүкір енді, *есесі қайтты* (С.Алдабергенов, Асу). Бәрі де Жарастың ерлігіне ырза болып жатыр. Кеткен *еселері* бір *қайтқандай*, даурығысып айтады (З.Шүкіров, Отты өткел.).

Есесінен толтырды. *Басқаның есебінен түгелдеді.* Байлар ұлыққа берген парасының орнын момын шаруалардың *есесінен толтырды* (М.Ақынжанов, Шығ.).

Есесін жеткерді. *Қайырын берді, қарымын қайтарды. Есесін* Алла *жеткеріп*, Серіктің артында қалған жалғыз ұлы азамат болып өсті («Қаз. әдеб.»).

Есесін жоқтады. *Үлесін, кегін іздеді. Есесін жоқтаса* да бәле іздеген бола ма? (М.Әуезов, Абай жолы).

Есе [-сін] жібермеді. *Ақысын, кегін, кезегін жібермеді.* Ақтамберді, Қабанбай – Алдындағы көсемі. Келелі сөзге Сасан бар – *Жібермейтін есені* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Мінезі ауыр болғанымен, өзін момындар санатына қосу қиын, ешкімге *есесін жіберіп* көрген пенде емес (М.Сқақбаев, Қырық қыз). Есепте *есе жіберетін* ессізің мен емес, алтау алып, бесеу беремін (С.Кенжеахметов, Тышқан.).

Есесін қайтарды. а) *Жақсылыққа жақсылық жасады.* Жақсылықты жақсылығын түсінетіндей, ертеңгі күні *есесін қайтаратындай* адамға жасайды (Б.Нұржекеев, Бір ғана.). ә) *Ақысын, үлесін жібермеді.* Деді әйел Гүлжамал, «Батыр» басын шайқады. Күбір етті бар ма амал, Бұл да *есесін қайтарды* (Ғ.Қайырбеков, Шығ.). Сусанна Михайловна талай сынай байқаған, басынан асыра сөз айтып жатса да кейпін бір бұзбайды, бірақ ол сөздің *есесін* кейін *қайтарады* (З.Шашкин, Шығ.). б) *Кек қайтарды.* Байдан *есеңді қайтарар* күнің туды. Енді аянып бұқпа (Б.Соқпақбаев, Өткел.).

Есесі өтелді. *Есесі қайтты.* Шын сөзден сан жеткісіз етсең залал, *Есесі өтеледі* жалғасындай. Жалған сөз – жасырынбас жапсаңдағы, Шулаған өлімтіктің қарғасындай (XX ғ. қаз. ақын.).

Есе тиді. а) *Тиесілі үлес, сыбаға алды.* Кім малды болса емес пе солар палуан, Кедейге *есе тиед* сонан қалған, Бұл – менің қонысыма лайық деп Бұлақты Бектас күшпен тартып алған (О.Шипин, Дастан). Буы бұрқыраған ас үй толған әйел екен: күні бойы тамақ пісірген келіншектер, кексе қатындар, енді ғана *есе тиіп* ішуге кірісіпті (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). ә) *Өмір кезегі келді; ерік, теңдікке қол жетті деген мағынада.* Келді саңқ-саңқ мына үн: «Қимылда, тіл, қимылда! Қимылдайтын күн бүгін, *Есе тиген* күң-құлға»! (І.Жансүгіров, Шығ.).

Оның [мұның] есесіне. *Оның орнына.* Шет тілі болмаса, конспектісін көп қарамайды, *оның есесіне* оқытушы көрсетіп берген көмекші құралдарды оқиды (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). *Оның есесіне* мыңдаған пұт шөп шабылмай қалды (Ж.Тілеков, Қайнар). *Мұның есесіне* құстың қауырсыны сәтті шыққаны қандай қуанышты (Бейбітшілік.).

ЕСЕ[2] з а т. *Бастапқы қалпымен салыстырғандағы артық, кем мөлшер.* Кешір, шеше! Мәңгілік майдандамын. Жауға олжа болмасын деп жайған малым, Отан деп аталатын сайран бағым, Қаламаймын біреулер ойрандауын, Сол үшін күзеттемін, майдандамын, Мың *есе* намысымды қайраудамын (М.Мақатаев, Шығ.). Арманыңды ақтарамын ба жүрегімде тербесем, Айға сіңлі, қарындассың қасиетті Жерге сен. Мен өзіңді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем, Сендік қуат мың *есе* артық Жердің тарту күшінен (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйемін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше *есе* асырады (Абай, Тол. жин.).

ЕСЕ[3]: **есесіне бермеген.** жерг. *Ес, сана.* Үйреткенмен бола ма, өзінің *есесіне бермеген* соң (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕСЕБДАР с ы н. с ө й л. ***Есепдар.*** Ол *е с е б д а р* болмаса, бухгалтер болып істей ме? (Қаз. тілі. жерг. ерек.).

ЕСЕБІ ш ы л. ж е р г. *Мысалы, айталық. Е с е б і*, сенің балаң болса, ол оқуда жүрсе, қалай сағынбайсың (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Жетіқабат жердің астында қараңғы, үңірейген үңгір забой, *е с е б і*, көрдің ішіндей десе болады (С.Сейфуллин, Әңгіме.).

ЕСЕБІНДЕ ш ы л. *Ретінде, қатарында.* Ержан командир *е с е б і н д е* тастауға тиіс еді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сонымен бала көрінбестен қызбен бірге – бірі апа, бірі іні *е с е б і н д е* тұра береді (Қаз. ертег.).

ЕСЕДЕЙ с ы н. *Бірнеше есеге жуық, есеге тарта.* Марс диаметрі жерден екі *е с е д е й* кіші (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Көктемгі кезде бұл өзеннің суы бес-алты *е с е д е й* көбейеді («Лен.жас»). Сол жылғы совхоз табысы одан алты жыл бұрынғыдан алты *е с е д е й* өскен (Ә.Жәмішев, Дала.).

ЕСЕЙ с ы н. ж е р г. *Ауыр, зор.* Баймағамбет байлығы тасып қажыға барған кісі емес. Бірнеше жыл старшин болып, көбінесе елдің берген қаражатымен Мекке-Мәдинеге барып, пайғамбардың қабіріне зират қылып... *е с е й* күнәлерден «тазарып» келген еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕСЕЙ= е т. **1.** *Үлкею, өсу, ержету. Е с е й г е н* сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қиықтық шығара бастайды (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жас күннен бірге ойнап, бірге өстік, Бір жүріп, сабақты да бірге оқыстық. *Е с е й і п* бірте-бірте ес кірген сайын, Жақындық, арамызда артты достық (М.Жұмабаев, Шығ.). Екеуміз де екі ананың еркесі едік тел өскен, Ерте *е с е й і п* бақыт күткен арман атты белестен (М.Шаханов, Қырандар). Ол өзін әлі де жаспын деп ойлайтын, ал дәл қазір едәуір *е с е й і п* кеткендей сезінді өзін (С.Мұратбеков, Дос ізден.). **2.** *Егде тарту, тоқтасу, мосқалдану.* Я бұл кешегі Балагүл емес. Көп нәрсені басынан кешіп *е с е й і п т і*, ана болыпты (З.Шүкіров, Жас жесір). Өмірімнің *е с е й г е н і н* сезінемін күзде мен, Алдағыма асығамын, өткенді әсте іздемен, Ойхой, шіркін, болашаққа құмармыз ғой біз деген (М.Мақатаев, Шығ.). Көгеріп сақал, ағарып самай, *Е с е й д і к* те елуге жеттік (Ә.Сәрсенбаев, Өленд.). **3.** а у ы с. *Шыныгу, шыңдалу, толысу, көркею.* Алты жасынан бастап Абай өлеңдерінен тәрбие алған інісі қазір Қазымбектің көзіне *е с е й і п* қалған (К.Оразалин, Абайдан соң). Жұмысшы табы құрымайды, қайта ол күресте өседі, нығаяды, *е с е й е д і*, ұйымдасады, ағарады және шынығады (К.Қазыбаев, Дәуір.). *Е с е й г е н* енді ел көрдім Еңбегімен байыған – Биелері құлындап, Сиырлары бұзаулап, Түйелері қайыған (Жамбыл, Шығ.).

ЕСЕЙГЕНДІК з а т. **1.** *Ержеткендік, естияр-лық.* Көңілінде бір тасқын қуаныш бар, бойынан *е с е й г е н д і к т і* сезінеді (А.Байтанаев, Қансонар). Жасының *е с е й г е н д і г і* ме, әлде тым зер салмағандықтан ба, Тәлім толық сауатты емес (Б.Майлин, Шығ.). Тығыз қара шашы, қалың қара қасты, кең шаралды көздерінің қарасына ерте *е с е й г е н д і к*, ойлылық белгілері көп Мұрат анасына жұбату сөздер айтып келеді (Қ.Қамбаров, Ертісте). **2.** *Үлкейгендік, жасы ұлғайғандық, егде тартқандық.* Осы ұсақ әжімдер Зейнешке *е с е й г е н д і к* қалып береді (О.Сәрсенбаев, Даңқ). Бәлкім *е с е й г е н д і к* шығар, соңғы уақытта күнделікті қолыма тым сирек алатын едім («Білім және еңбек»).

ЕСЕЙТ= е т. **1.** *Үлкейту, естияр ету.* Мезгіл жетпей үзілген көк жемістей соғыс бізді, балаларды ерте *е с е й т т і* (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Уақыт алға зымырады, арада үш-төрт жыл өтті, Жылдар бізді *е с е й т т і* ғой, жылдар бізді түлетті (М.Шаханов, Ғасырлар.). Өмір оны ерте *е с е й т к е н*, балалықтың бал базарын өткізбей жатып, он бес жасында еңбеке араласты (Саржайлау). **2.** *Марқайту.* Өмірдің бір жемісті болар қызықты шағына қадам басқаны көңілін *е с е й т е д і* (А.Байтанаев, Жаңғырды.).

ЕСЕК[1] з а т. **1.** *Жылқыдан аласа, құлағы үлкен, күтімді онша қажет етпейтін азық талғамайтын, құрғақшылыққа төзімді көлік малы.* Үркектеу, үйір емес онша қолға, Бір *Е с е к* ұлы сапар шықты жолға. *Е с е к т і ң* бойы тәуір болғанменен, Есепте қосылмайды есі молға (А.Байтұрсынов, Шығ.). – Мен сенің қасарғаныңнан ауырып қалдым... *Е с е к* сықылды ақымақ адам екенсің! Жас күнім болса, мен сенің атыңды барымталап алар едім, не керек... (М.Жұмабаев, Шығ.). Ауылың қиқу, күнде шу – Ел дұшпаны марқайса. *Е с е к п е н е н* тең, болар – Арғымақ аттан жал тайса (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Тойған *е с е к* шөпті оттап маңайдағы Соңырқап шатқа кетті қай-қайдағы. Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып, Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы (Абай, Тол. жин.). **2.** з о о л. *Жылқы туысына жататын сүтқоректі тақтұяқты жануар.* Жабайы африкалық *е с е к т е н* шыққан. Бұдан 5–6 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Шоқтығына дейінгі биіктігі 1–1,2 м. (Қазақст. ықшам энц. сөздігі). Әртүрлі жабайы *е с е к т е р д і* қолға үйреткеннен кейін ұзақ уақыт сұрыптау және оларды бір-бірімен будандастыру арқылы күш көлігі ретінде тиімді тұқымдары (Иранда хомад, Испанияда – каталон, Орта Азияда – бұқар) шығарылды (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Ақымақ, мығұла, кеще (адам).*

Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем, *Е с е к к е* қосақтаулы өтті күнім (Ақын жырлары). Заман қайтсін, маңдайында сор қалың, Арқандады-ау талайлардың арманын. Жолы сынсын тұлпарды озған *е с е к т і ң*, Қары сынсын сұңқарды озған қарғаның (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қор болып бір *е с е к к е* қосақталған Әйелдің талай маңғаз асыл тегі. Күнәсыз сандуғаштар сайрап жүрген, Ол кезде қарақұстың болған жемі (Ш.Иманбаева, Өлең д.). **4.** а у ы с. *Қырсық, қиқыр (адам)*. Қайырсыз сараң малыңды, Еріншек *е с е к* жырынды, Халыққа емес сыйымды Парақор баспақ биіңді, Ел бүлдіргіш бегіңді Улы тілмен улаттым (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол бәлемен байланыспай-ақ қояйын. Не қылса, о қылсын, ерік өзінде, *е с е к к е* сен есексің дегенге ол мойындай ма? – деді ішінен шал (Ш.Айтматов, Қош бол, Гүлсары).

Есек арба. *Есек жегуге лайықталған арба*. Солардың үйіне бара жатқан бетім еді, тоғай арасынан астында *е с е к а р б а с ы* бар Жүсекең шыға келді (С.Асанов, Жомарт.). Тоғайдан отын шауып, *е с е к а р б а м е н* қалаға апарып сатты (С.Омаров, Қиыр жол). Жол-жөнекей *е с е к а р б а* бір жағына аударылады, екінші дөңгелегін баса қоямын, қалпына келеді (С.Сәмбетова, Қарлығаш.).

Есек бәсеке [үміт]. *Әулекі, есірік, бос бәсеке, үміт*. Шығарма «анау сөйткенде, мен сөйте алмаймын ба» деген *е с е к б ә с е к е д е н* емес, қабілет ыңғайына қарай объектімен етене табысу, интеллект шамасына, икемділікке орай табиғи заңдылықпен туғанда ғана жемісті болмақ (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Қысқа күндей қысқа өмір Көрсетпеді бір қызық. Әуреледі босқа құр *Е с е к ү м і т* мінгізіп (М.Әлімбаев, Таңд. өлең д.).

Есек дәме. *Құрғақ қиял, орынсыз үміт, емексу*. Мектеп директоры соңынан қуа аттанған соң, мүмкін алып қайтар деп үміттеніп едім, оным жай *е с е к д ә м е* екен (Ғ.Сапаев, Гүлдана). Мен де өтірік күліп, *е с е к д ә м е г е* салып қойдым да, шаруамды бітіргенсін шалқайып жүре бердім (О.Сәрсенбаев, Жақсының көзі). Егер Жанұзақта шын көңілі болса, маған несіне жылы қарап, көзімен де, сөзімен де, күлкісімен де арбап, *е с е к д ә м е л і* етті (С.Еркебаев, Жолдар.). *Е с е к д ә м е* аңшыдай қақпан артқан, Аралыштап, жақсы емес сақпан атқан. ...Сыншының ары таза болса керек Алдында жатқан ана-оу ақ парақтан!!! (М.Мақатаев, Шығ.).

Есек дәмеленді. *Жоқтан үміттенді, босқа дәмеленді*. Шернер солдаттарын ғана алдамаған, өзі де алданып, *е с е к д ә м е л е н і п* келгенін осы бүгін білді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Есек дәмелендірді. *Жоқтан үміттендірді*. Әлде түлкісі құрғыр кәдімгі бұлаңына салып желе-шоқырақтап, *е с е к д ә м е л е н д і р і п* алысырақ ертіп кетті ме, кім білсін, оның ертеңіне де келмеді (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Есек дәмелі. *Жоқтан үміткер*. «Аға сұлтандық қызметінен түсті» дегенмен, Шыңғысты «тұғырынан біржола түскен» адамға есептемейді, әлі де «тісі мен тырнағы бүтінге» санап, пайдасы тиюіне *е с е к д ә м е л і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Рас, өтірігін кім білсін, Еділов мұны директорлыққа ұсынамын деп *е с е к д ә м е л і* етіп қойған (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Есекке үкі таққандай. *Жарасымсыз қылық, орынсыз мақтауға байланысты айтылады*. *Е с е к к е ү к і т а қ қ а н д а й,* Итке жалпош жапқандай (Мақал.).

Есек құрты мұрнынан түсті. с ө й л. к е к е с і н. *Болып-толды, жетісті*. Ақшай кемпірдің бүгінде *м ұ р н ы н а н е с е к қ ұ р т т ү с е д і*. Шалы қасында, үш бірдей келін қызметін істеп тұр («Қаз. әдеб.»). Майданда оқтың түтінін жұтпай, елде басына күн тумай көкке тірелген танауынан *е с е к қ ұ р т ы т ү с к е н* мына Жылтырға сөз өтер ме? (Б.Бабақов, Өрт).Үсейін алыпсатар – *е с е к қ ұ р т ы м ұ р н ы н а н т ү с і п* тұрған саудагер жатақ (І.Жансүгіов, Шығ.). Жайлауда айнала жусаған жылқы. Бәрі де осы қолхоздікі, колхоздың *е с е к қ ұ р т ы м ұ р н ы н а н т ү с і п* тұрған кезі екен деймін (І.Жансүгіров, Шығ.).

Есек миын жеді. *Ақымақ болды, ақылы айныды*. «Біз *е с е к м и ы н ж е д і* деп ойлайсыз ба, сөз астарына түсінбейтін?» – деп редактор әуелі күліп алды (З.Шашкин, Теміртау).

Есектен де жуас. *Момын, көнбіс*. *Е с е к т е н д е ж у а с* боп, Қолынан түсті таяғы (І.Жансүгіров, Шығ.).

Есектің миын жегенсің бе? к е й і с. *Ақылың орнында ма, ақымақсың ба?* Мұның не? – Оттай бермеші, қатын! – деді Әбен, Шалабай сияқты қашқынға, қанішерге Шәкен мәр беріп құтырып па, *е с е к т і ң м и ы н ж е п п е* сонша! (Ғ.Мұстафин, Шығ.). – Тек, балам, не айтып тұрсың өзің? *Е с е к м и ы н ж е г е с і ң б е*, ей? – деді председатель шошынып, ауыздан қағып (З.Шашкин, Сенім).

Есектің мойнына байлап жіберді. *Мазақ етті, күлкі етті*. Қатын қарғысынан қараңғылық орнағанын көргенім жоқ, бас таңбаңды, Жалмұқан, Қарауылдың ұл-қызына үлгі болсын, *б а й л а п ж і б е р* бір *е с е к т і ң м о й н ы н а!* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Кер есек. *Керітартпа; қиқыр, бірбет*. «Ой, тәңірайшыл» *к е р е с е к*, Құлық, сұмдық не өсек, Болмаған соң, бір есеп – Мейлі қамқа, мейлі бөз (Абай, Тол. жин.).

Көк есек. *Көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам.* Суық тас әкем тәні қара кесек, Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп. Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің, Жаны елік, жүрегі өлік бір *к ө к е с е к* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көк есекпен сауда жоқ. *Ертеңімен ісі жоқ. («Ертеңгі сауда – сауда, кешкі сауда – қауға», «.. көк есектің саудасы ертеңгі сауда сияқты фразалар: өмір – сауда, оның ертесі жақсы, – дегенді меңзейді. Ал ақын бұл арада көк есек саудасындай тірлік саудасынан қалған көңілді айтып отыр).* Ертеңгісін ойламас *К ө к е с е к п е н с а у д а м ж о қ.* Есепте жоқ удай мас, О да менен ауған жоқ (Б.Күлеев, Шығ.).

Қызда қырық есекке жүк болатын айла бар. *Қыз айлалы, қу, қылығы, назы көп деген мағынада.* Әлде... *қ ы з д а қ ы р ы қ е с е к к е ж ү к б о л а т ы н а й л а б а р* дейтін еді, айлалап жүр ме екен? (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЕСЕК[2] з а т. ж е р г. **1.** *Егін, шөп шапқанда шабылмай қалған жер, жал.* Анау белорақпен шөп шапқанда *е с е к* қалдырып кетіпті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Арық қазушылардың өлшеп алған жерінен қазып үлгермей қалған жері.* Ол күнде *е с е к* қалдырмаймыз деп, кешке дейін жан сала жұмыс істеуші едік (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСЕК[3] з а т. ж е р г. *Қырықтықтың үстайтын жағына кигізіп қоятын тиек ағаш. Е с е к т і* қырықтықтың басындағы имекке өткізіп қояды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Сәду қарт қырықтықтарға *е с е к* істеп отыр (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСЕК[4] з а т. ж е р г. **1.** *Төрт аяқты үстел. Е с е к т і ң* бірнешеуін қатар қойып, үстіне ұзыннан тақтай салып, су алу үшін жол жасайды. Көпшілігінде теңіз жағасы кешіп су алатындай, тайыз болатындықтан балықшылар *е с е к т е н* көпір жасап су алады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Үйдің қол жетпейтін жоғарғы жағын құруға пайдаланатын ұзын аяқты үстел* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСЕКАРА з а т. з о о л. *Араның бір түрі, түркы 25–30 мм, ағаш қуыстарына ұялайтын. Е с е к а р а* насекомдарды (оның ішінде бал арасын да), жеміс-жидекті жейді (ҚСЭ).

ЕСЕКЖЕМ[1] з а т. ж е р г. ***Қырықаяқ.*** Биыл осы үйдің ішінде *е с е к ж е м* көбейіп кетті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСЕКЖЕМ[2] з а т. м е д. <лат. urticaria> *Теріде және шырышты қабатта кенеттен қызарып, күлдіреп шығатын қышымалы бөртпелер түріндегі ауру. Е с е к ж е м* (крапивница) – кенеттен, қалақай шаққандағыдай, күлбіреп шығатын қышымалы тері ауруы (М.Исамбаев, Мед. анықтама). *Е с е к ж е м* кенет пайда болып, тез жайылып кететін тері ауруы; ол пішіні дөңгелек, жиегі анық, кейде дуылдап қышитын тері бетіндегі көтеріңкі дақтар (С.Омаров, Мал терісі.).

ЕСЕКЖЕМ[3] з а т. *Есек малының сүйіп жейтін шөп түрлері.* Үйреншікті момын айуан *е с е к ж е м* іздеген бе, жол шетінен жырақ шығып, бетімен лағып кеткен (К.Тоқаев, Тасқын).

ЕСЕКЖОҢЫШҚА з а т. ө с. <лат. viсia> *Жабайы жоңышқаның бір түрі.* Талас Алатауының орманды белдеуінде қызыл суыр *е с е к ж о ң ы ш қ а*, орман адыраспаны, ешкімия, кәдімгі ақбас жусан, иманшөп, таспа сияқты өсімдіктермен қоректенеді (Қаз. аң байлығы). *Е с е к ж о ң ы ш қ а* өте биік болып шығады (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЕСЕККҰРТ з а т. з о о л. <лат. oniscus asellus> *Ылғалды жерлерде тіршілік ететін тең аяқты шаяндар тобына кіретін қара қоңыр түсті көпаяқты құрт.* Балық жеміне пайдаланылатын дафрия және циклоптарды аулауға да шек қойылмаған, алайда жамбасқұрт және *е с е к қ ұ р т т ы* шектен тыс аулауға рұқсат етілмейді (Қ.Қайымов, Суасты әлемі.). Көктемде бәрінен бұрын ұйқысынан оянатын құмырсқа мен *е с е к қ ұ р т* емес пе (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). «Өзім бұрын барам», – деп, «Ханның қызын алам»,– деп, Есерленді *е с е к қ ұ р т* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). *Е с е к қ ұ р т* Орта Азия мен Қазақстанның шөл даласында кең таралған. Топырақта ін қазып, оны арқасындағы қалқанымен жауып жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСЕККҰРТТАР з а т. з о о л. *Теңаяқты шаянтектестердің отряд тармағы.* Орта Азияда, Кавказда, Қырымда *е с е к қ ұ р т т а р д ы ң* мыңға жуық түрі таралған. Олар суларда, құрлықтарда, ылғалды жерлерде кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСЕККЫРҒАН з а т. а с т р. *Юпитер планетасының қазақ арасындағы ежелгі аты. Е с е к қ ы р ғ а н* найза бойы көтерілгенде, екі-екіден тізілген елу шақты аттылар тауды бөктерлеп, Қанай моласына қарай құлады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Юпитер кейде Шолпандай жалтырайтын болғандықтан оны Шолпанмен шатастырып алуға болмайды, оны қазақша *Е с е к қ ы р ғ а н* деуі де осыдан (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Жатқан, қандай көк шалғын төсеп қырда, Бұл қай жұлдыз? Шолпан? Не, *Е с е к қ ы р ғ а н*?! (О.Сүлейменов, Атамекен). Шолпансып ерте туып *е с е к қ ы р ғ а н*, Сартты да соған сеніп құдай ұрған (С.Торайғыров, Шығ.).

Есекқырғанды Шолпан деп. *Беймезгіл у да шу, дүркірей жөнелу мағынасында айтылады* [*Түн ортасы ауа шығыс жақтан туатын жарық жұлдыз Есекқырғанды Шолпан деп ерте көшкен керуен барлық көлігін – есегін қырып алыпты-мыс.*

Содан ол жылдыздың аты ескі аңыз бойынша Есек-қырған аталыпты].

ЕСЕКМИЯ з а т. б о т. <лат. sophora japonica> *Көпжылдық улы өсімдік және соның сопақша келген қоңыр түсті дәні. Е с е к м и я* деген бір бәле бар, оның залалы – егер өсірмей отап тастамасаң бойы кірпіштен тез асып кетеді де, күн көзін бермей қояды (С.Мұқанов, Сырдария). Сыр қазынасының бірі – шырмауық, мия, көк шалғын, гүлді шөптер, жалбыз, жабайы сәбіз, *е с е к м и я* мен қамыс түнып түр («Лен. жас»).

ЕСЕКМИЯЛЫ с ы н. *Есекмия өскен.* Тоғай жағасында, өзен иығындағы айналасы *е с е к м и я л ы*, ортасы тепсең шұқырда бес-алты киіз үй тұр (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Сақи мен Қарасай қала іргесіндегі *е с е к м и я л ы* төбеге таянып жоқ болып кетті (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЕСЕКМОНШАҚ з а т. ж е р г. *Жүзіктің ортасындағы сопақша, жұмыр келген тас.* ≈ *Е с е к м о н ш а қ* салды.

ЕСЕК-ПЕСЕК з а т. *Әйтеуір мініс көлігі, аяқ артар.* Шалықтап, жерді қойып жүрсің көкте, Бұл дәуір болып па еді бай мен бекте?! Олардың өліп-талып бабын тапсаң, Мінуші *е с е к - п е с е к* оқта-текте (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЕСЕКТАРТЫСПАҚ з а т. о й ы н. *Балалар бір-біріне мініп, өзара тартысып, бір-бірін құлатуға тырысатын балалар ойыны.* Жаздыгүні ылғи балалар жиналып, құмның үстіне шығып *е с е к т а р т ы с п а қ* ойнайтынбыз (Тұлпар).

ЕСЕКТАС з а т. э т н. *Әсемдік үшін және жас балаларға, қыздарға назар түспеуі, көз тимеуі үшін киімге тағылатын көк түсті тас.* Ырай өзі кедей бола тұрса да, әлем-жәлем киінуді, бөркіне үкі мен *е с е к т а с* тағуды жақсы көретін (Б.Ізтөлин, Шығ.). Қазақтарда балалардың киіміне *е с е к т а с* пен күміс қадау ғұрпы осы парсылардың ғұрпынан шыққан (М.Исқақов, Соқыр сенім.). Балаларға *е с е к т а с* пен тұмар қадау тіл, көз тиюден сақтайды деп есептелген (М.Исқақов, Соқыр сенім.).

ЕСЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Есек сияқты; топас, көнбіс, жуас (адам).* Ал енді мұнда қандай ғибрат бар? *Е с е к т е й* іс атқарар көп адамдар. Сар жезден саф алтынды айырмайтын Дүниеде бар емес пе не надандар? (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әтештің шақырғанын есектен артық бағалайтын ешкім жоқ, тіпті сол *е с е к т е й* түсіне алмас едік (О.Бөкеев, Мұзтау). **2.** а у ы с. *Үлкен, дәу.* Бір рет қақпанға түскен *е с е к т е й* көкжалдан көзкөреге айналып, қатты өкінді (С.Ерубаев, Ойсыл қара). Жұмыс күні аяқталған соң дүкеннің ішін үлкендігі *е с е к т е й* ит бос кезіп жүретінін тіпті сатушылардың өздері де біле бермейтін (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Бір ит малда. Мал санағанда көрген жоқсың ба? *Е с е к т е й* көк төбет (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

ЕСЕКТІ с ы н. *Есегі бар, есек мінген.* Демалыс жайға иек артқан жолда *е с е к т і* шал көрінді, ол дөң басынан еңіске түсіп келе жатты (Н.Сералиев, Құм адамдары). Базар байқамай *е с е к т і н і ң* қасынан өтемін деп соқтығып қалды (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Біз жүріп келе жатқан жаққа аттылы, *е с е к т і*, түйелі, өгізді, жаяулы... дегендей шұбырған адамнан машина көп жерге жүріп болар емес (С.Мұқанов, Алып. адым.). Болат жұлып алғандай: – Нақаңның түбіне *е с е к т і л е р* жетті ғой, – деді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЕСЕКТІК[1] з а т. *Ақымақтық, надандық, топастық.* Солардың ақымақтықтарын, яғни аңқаулықтарын, сенгіштіктерін, *е с е к т і к т е р і н* дұрыс орын-орнына пайдалана білсең ғана сен мына мен тұрған шыңға әлі-ақ шығарсың (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

ЕСЕКТІК[2] с ы н. **1.** *Есекке лайық, есекке тән.* Түйе туласа, бір *е с е к т і к* жүк қалар (Мақалнама). **2.** *Көнбіс, төзімді.* Еңбегі адал, еті арам *е с е к т і к* көнбіс мінез Сансызбайдың табиғатында бар («Лен. жас»).

ЕСЕКШЕ үс т. *Есек сияқтанып, есекке ұқсап.* Ешнияз мені *е с е к ш е* тепті (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Арам қат, – деп иесі тастап кетті, Сабыр-төзім дегенде болады шек, кім оны *е с е к ш е* ұқса – олдағы есек (С.Сейітов, Сапар соңы). Ол есікті қайта тартып еді, енді есіктен шыққан салдыр Алмалық қаласына түгел естілмегенімен, көршілерді таңғы тауықша, мүмкін көк *е с е к ш е* бір оятардай қаңғыр-күңгір дыбыс шығарды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕСЕЛЕ= е т. **1.** *Қосу, үстемелеу, толтыру.* Ең алдымен, бір нәрсенің басын ашып алайық, – деді де, сәл ойланып алып сөзін *е с е л е д і* (С.Омаров, Қиыр жол). Темір пешке әлсін-әлсін қарағай отынын *е с е л е п*, толтырып, маздап жанған отқа арқасына төсей отырып, Жылбек бір қиялға шомған еді (Ә.Шәріпов, Партизан қызы). Аққыздың ықыласпен ұсынып, *е с е л е п* құйған қымызы қонақ жігіттерді ширатып, тыңайта берді (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.). **2.** *Үдеу, күшею.* Қар *е с е л е п*, үдеп тастап тұр (С.Елубаев, Ойсыл қара). Жақында байдың көңілін сұрап, сәлем бере келген Бекболат, Көбен билер Сүтемгеннің қайғы отына май құйғандай, бұрынғыдан бетер *е с е л е п* кетті (С.Жүнісов, Ақан сері). Қарт Алматының жайын *е с е л е п* сұрап, бейтаныс дүниені көңілімен көргендей көзін жыраққа тігіп, ойлы пішінмен отыр (Т.Нұртазин, Үлкен жолда). **3.** *Асыру, арттыру.* Бұл мінезімен ол Қарлығаш алдындағы өзінің беделін *е с е л е п* көтерді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Пікірін тереңдету үшін, ойын *е с е л е п* өткірлей беру үшін Жамбыл қайталаудың әр алуан

түрлерін қолданады (Е.Исмайылов, Ақындар). Ал мына дәптерді оқығаннан бері әсіресе Меңсұлуға деген пейілі *е с е л е п* арта түсіп еді (Е.Мырзахметов, Өмір сыйы). **4.** *Бүктеу, қабаттау, қаттау.* Өрмек керу. Жүгіріп болған соң қазықтарды суырып тастап, өрістегі жіпті екі *е с е л е п* жинайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Ағашты қойып *е с е л е й,* Ұйықтап жатқан кісідей Етіп басына ер жастап, Үстіне шапан жабамыз (Жамбыл, Шығ.). **5.** м а т. *Көбейту.* Екеуін көбейтіңдер... одан шыққан санды екі *е с е л е ң д е р* де, жүзге бөліңдер (М.Иманжанов, Менің махабб.) Қалған қалдықты екі *е с е л е п,* шыққанына әуелгі ойлаған сандарыңды қосыңдар («Халық мұғ.»).

Еселеп ішті. *Іспелеп ішті, мөлшерден артық ішті.* Ет артынан *е с е л е п* сорпа *і ш т і* (І.Жансүгіров, Шығ.). Қораның бітісіне деп, жылқылы ауылдан жіберілген қымыздан екі месті *е с е л е п і ш і с т і* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕСЕЛЕГІШ з а т. *Көбейткіш.* Өзен-көлдер аспаннан келетін жауын-шашынмен еселеніп отырмақ. Республика көлемінде ол *е с е л е г і ш т е р* сипатымен аз да болса таныстық (Қ.Исабаев).

ЕСЕЛЕН= е т. *Қосылу, үстемелену, толтырылу.* ХХ ғасыр қазақтардың қоғамдық және мәдени өмірінің алдына әлденеше *е с е л е н г е н* күрделі міндеттерді қойды («Лен. жас»). Арнаулы бағыттағы біздің қорғанысқа шабуыл үшін дайындалған жаудың *е с е л е н г е н* күші соққы жеді (Б.Момышұлы, Москва.). Мұнымен қатар сәулемен сәуле *е с е л е н і п* қосыла бергеннен көріністің күшейе беруі міндет емес (А.Қалығұлов, Жарық). Өзен-көлдер аспаннан келетін жауын-шашынмен *е с е л е н і п* отырмақ (Қ.Исабаев).

ЕСЕЛЕНУ *Еселен етістігінің қимыл атауы.* Үстеме буынды қос сөздер арқылы негізгі сөздің мағынасын күшейту, сол сөзге оның басқа буыны қосарлану немесе *е с е л е н у* жасалынады (Х.Кенғанова, Қаз. қаз. тілі). ДНК молекуласының өздігінен екі е *с е л е н у* процесі клеткада тікелей бөлінер алдында жүреді (Жалпы биология).

ЕСЕЛЕП-ЕСЕЛЕП үс т. *Үсті-үстіне.* Нүркен Ұлы Отан соғысының майданында жастығын *е с е л е п-е с е л е п* алғандығын қазір бүкіл Ұлы Отанымыз біледі (Ол күндер.). Жарылған шрапнельдер жау үстіне қорғасыннан *е с е л е п-е с е л е п* «бұршақ» бүріккендей нөсерлетті (Б.Момышұлы, Москва.).

ЕСЕЛЕҢ с ы н. с ө й л. *Есалаң, жарымес, ақылы кем.* Ит артық өз ойыма *е с е л е ң н е н,* Жасынан жамандықты пешеленген. Адамды ата болған алып ұрып, Кемпірді күң тұтынар шешеленген (Т.Ізтілеуова, Шығ.).

ЕСЕЛЕС= е т. *Бірге қосу, үстемелесу.* Екі әйел *е с е л е с і п,* бірсыпара ыңқылдады-ай... (О.Бөкеев, Ән салады шағылдар).

ЕСЕЛЕСТІК з а т. *Орайластық, сәйкестік.* Қиялыма бүкіл әлемнің үні оралады. Үндестікті үйлестік, *е с е л е с т і к* заңын содан үйрендім (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЕСЕЛЕТ= е т. *Үстемелету, үсті-үстіне қостыру, толтырту.* Зәурежан, самаурынды *е с е л е т і п,* шәугімге шай салғыз,– деді келініне (Ж.Тілеков, Жоңғар.). «Кішкентай» күйдің аты не себепті... Оны бір дарқан-дария десе нетті? Исатай – Махамбетті пәруар танып, Асқақ жан асау толқын *е с е л е т т і* (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЕСЕЛЕТТІР= е т. *Үстемелттіру, жаңалаттыру, еселеп қостыру.* Ол өзі сүйетін үнді шайын өзінің жол жәшігінен алдырып, үлкен аққұманға тағы да *е с е л е т т і р і п,* шайды ұзақ ішетін әдетін бұл жолы да ұмытқан жоқ еді (Д.Әбілев, Ақын.).

ЕСЕЛЕУ *Еселе етістігінің қимыл атауы; қосу, үстемелеу.* Бұрғылау жұмысын жөн жолға қойып алмай, мұнай өнімін *е с е л е у,* молайту мүмкін емес (З.Қабдолов, Жалын). Ол күндер артта қалған, кейде амалсыз қайталау, еріксіз *е с е л е у* бола береді (С.Бақбергенов, Қарға там.). *Е с е л е у* теңестіру, қабаттау, қосу, молықтыру, үдету (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕСЕЛІ с ы н. **1.** *Тиесілі, тиісті, лайықты.* Жұмыссыз қалғалы тұр екенсің ғой, – деген Есім қалжыңына Ағана да *е с е л і* жауабын қайырды (А.Хангелдин, Табысқан тағдыр). Мұнда Хайролла басқарған бригаданың да *е с е л і* үлесі жатыр (С.Хайдаров, Жүрек сыры). Жатқа сірә бермеген, Ел намысын *е с е л і.* Елім десе еңіреп, Етікпен су кешеді (Ш.Әбенов, Кейпін.). **2.** *Есесі мол, табысты, өнімді.* Бұдан кейін өз ойларын ортаға салған басқа балықшылар да екпінді еңбек етіп, биыл *е с е л і* табысқа ие болуға серттесіп жатты (Ұ.Бағаев, Дала.). Жыл ішінде танымастай өскен жас қыз *е с е л і* қарқын таныта жүріп, материалдық ресурстарды ысырапсыз жұмсауды да назардан тыс қалдырған жоқ (Достық нұры). Бұл Сарман қой жайса да *е с е л і* боп, Еңбек сүйді адамның кесегі боп. Жастықта ол көрмеген қорлық бар ма, Қойы жастық, қой қора төсегі боп (С.Әлімбетов, Өлеңд.).

Еселі ел. *Іргелі, өскен-өнген ел.* Күн тұрса төбемізде жарқыраған, Атансақ бақытты өскен жарқын адам. Елу жыл *е с е л і е л* боп нұрды құшсақ, Жыр ма екен шабыттана шалқымаған! (З.Ыбыраев, Замана.).

Еселі еңбек. *Қарқынды, екпінді еңбек.* Ыбырай есімі *е с е л і е ң б е к т і ң* символы

(Ұ.Бағаев, Жан сұлу.). Ол 22 сиырдан жиырма екі бұзау алып, сүт сауу жөніндегі көтеріңкі міндеттемесін асыра орындап шығу жолында *е с е л і е ң б е к* етуде («Қазақст. әйелд.»).

Еселі жұлдыз. а с т р. *Гравитациялық күш әсерімен массаларының ортақ центрі маңында айналатын, құрамында бірнеше жұлдыздары бар жұйелер.* ≈ *Е с е л і ж ұ л д ы з д а р* шоғыры.

Еселі интеграл. м а т. *Жазықтықтың, үш өлшемді немесе n өлшемді кеңістіктің белгілі бір облысында анықталған функцияның интегралы.* Функцияның анықталу облысына қарай *е с е л і и н т е г р а л,* қос интеграл, үш еселі интеграл және n еселі интеграл болып бөлінеді (ҚҰЭ). Мәселен, цилиндрлік және сфералық координаталар көлем есептерінде, *е с е л і и н т е г р а л д а р д а,* ал эллипстік координаталар инерция осьтерінің кеңістікте таралу мүмкіндіктерін зерттегенде көп жеңілдік келтіреді (М.Исқақов, Проект. геом.).

Еселі сыбаға. *Тиселі үлес.* Өмірден *е с е л і с ы б а ғ а с ы н* ала алмайтын соншама ұшып-қонба көбелек болып жаралмасам дүниенің бір кемісінің орны толмай қалатындай тағдырдың маған соншама шұқшиғаны не? (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы қыз).

ЕСЕЛІК з а т. м а т. *Екі немесе бірнеше санға қалдықсыз бөлінетін сан.* Осы амалдарды қолданумен байланысты гректер математикаға маңызды ұғымдардың, бір-екі санның екі кіші *е с е л і г і н* табу ұғымын енгізді (О.Жәутіков, Математика.). Шексіз түзуді жасау үшін берілген кесіндіге *е с е л і к* кесінділерді қанша болса да тіркестіре беру керек дейді Ибн-әл-Хайсам (О.Жәутіков, Математика.). Жалпы мүшесі осы теңдікпен өрнектелген тізбек, *е с е л і г і ң* геометриялық прогрессиялар мүшелері қосындыларының тізбегі болып табылатын болды (О.А.Жәутіков, Математика.). Ең кіші ортақ *е с е л і к* – берілген сандардың әрқайсысына бөлінетін ең кіші сан (ҚСЭ).

Еселік қатынас заңы. х и м. *Химияның негізгі заңдарының (стехиометрия заңдарының) бірі. Е с е л і к қ а т ы н а с з а ң ы* бойынша, екі элемент бір-бірімен бірнеше молекула қосылыс түзетін болса, онда бір элементтің екінші бір элементтің масса бірлігіне келетін массаларының қатынастары бүтін сандардың қатынасындай болады (Қазақст. ықшам энц. сөзд.). *Е с е л і к қ а т ы н а с з а ң ы н* 1803 ж. ағылшын ғалымы Дж. Дальтон ашты (ҚҰЭ).

ЕСЕМЕЛЕ= е т. *Үдеу, күшею, өршу.* Әсіресе, соңғы жылдары отыз тістен шыққан сөздің *е с е м е л е п* тарайтын әдет тапқанын сірә да естен бір елі шығаруға болар ма (А.Сүлейменов, Бесін). Ол үрейді одан сайын *е с е м е л е й* түсіп, ауыр есік қатты ашылды (Б.Алдамжаров, Қара нөсер).

ЕСЕН ү с т. *Аман-сау, сау-саламат.* Алыстардан *е с е н* жеттім еліме, Дүбір қостым дербестіктің деміне. Алатауды Көкшетаудай сыйлаймын, Жаным құштар Сарыарқаның желіне (К.Салықов, Жезкиік). Айнаға да мен қарағыш емес ем, Жүрсем деуші ем жер бетінде тек *е с е н.* Қай қыз одан көңіл гүлін аяған, Болса егер де жігіттердің жаны әсем (Т.Молдағалиев, Шақырады шақырады). Салғанын бір Құдайдың көрмейміз бе? Шынымен қаза жетсе өлмейміз бе? Жарымды *е с е н* барып, алып қайтсам Сонан соң сізге оралып келмейміз бе? (Ғашық наме).

Басы есен. *Өзі сау, ауру-сырқаудан аман.* Барлы-барлы, барлы тау *Б а с ы е с е н н і ң* дені сау (Шешендік сөздер). Мал бітер *б а с е с е н г е* деген сөз бар, Өзімнің тауба қылдым тірлігімеай (Ақан сері Ақын жырлары).

Бауыры бүтін, басы есен. *Аман-сау. Б а у ы р ы б ұ т і н, б а с ы е с е н,* Сағынар сауық – күлкіні-ай, Қызықтырған түлкідей, Дүние өтер бір күні-ай (Нұржан Наушабаев, Шығ.).

ЕСЕН-АМАН ү с т. *Аман-есен, сау-саламат, түп-түгел.* Қолымда бір қамшым бар бунақтаған, Бәйгеден екі ат келер ойнақтаған. Жүрмісің *е с е н - а м а н,* беу, қарағым, Көзіңнен айналайын жаутаңдаған (Қаз. әндері). Барып кірді бақшаға *е с е н - а м а н,* Кешікпей жігіт келді қызға таман: «Сырымды айтпай кеткенім мақұл емес. Мария, айырылармын болды заман (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Масғұтты ұры шапты қылышпенен, Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен. *Есен-аман* шал дағы құтылыпты, Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен (Абай, Тол. жин.). Үміт еткен көзімнің нұры балам... Атаң мұнда анаңмен *е с е н - а м а н,* Сүйіп сәлем жазады бүгін саған (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

ЕСЕН-АМАНДЫҚ з а т. *Аман-есен, сау-саламат болушылық.* Бұл бір төре. Петербургтан келе жатыр. Нұрғожа *е с е н - а м а н д ы қ т а н* соң көтеріліңкірей сөйлеп мән-жайды түсіндірді (Ж.Бектұров, Шығ.).

Есен-амандық сұрасты. *Амандасты, сәлемдесті.* Есентай, Әділғазы, Шериаздандар *е с е н - а м а н д ы қ с ұ р а с ы п* жатты (Д.Әбілев, Арман.).

ЕСЕНДЕС= е т. **1.** *Амандасу, сәлем беру.* Ол бұл жолы көптен көрмеген Рахметке *е с е н д е с е* келе жатқан еді (С.Мұқанов, Сырдария). Көл басындағылар мен келгендердің қуана *е с е н д е с к е н* үндері де шыңдарды сілкінтіп, әр саққа жүгіріп, тайғанап бара жатыр (Ғ.Сланов, Шалқар). Балалар аманбысың, шырақтарым! Майысып көлге біткен құрақтарым. Жүрмесем *е с е н д е с і п* тұра алмаймын, Ішінен асып кетсе

бір аптаның (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Қоштасу, қош айтысу.* Құдағи Алматыға жүрер алдында ғана Иса бір күнге ұшып келіп, көрісіп, *е с е н д е с і п* кейін қайтты (М.Әбдіхалықов, Жердің асты.). Келуші ем кеш болғанда көңілім түсіп, Ежелден қадірлестік бірге өсіп. Астынан ақ саңдақтың аттандырып, Қалушы ең қолды қысып, *е с е н д е с і п* (Қаз. әндері). Қимасаң да амал жоқ өз жұртыңды, жар-жар. Қайран жұрт деп кетерсің *е с е н д е с і п,* жар-жар-ай. Ұл боп тусаң бұл үйде жүрмес пе едің, жар-жар. Құдіреттің ісі еді әлде нешік, жар-жар-ай (Ақан сері, Шығ.).

ЕСЕНДЕСУ *Есендес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сәлемдесу.* Үлкейіп кеткені соншама, бірін-бірі бейне қаладағы секілді танудан, бір-бірімен *е с е н д е с у д е н* қалған-ау деймін (О.Бөкеев, Ән салады.). **2.** *Қоштасу, қош айтысу.* Терiскейдің елі құмға көшіп кетпей тұрғанда *е с е н д е с у г е* келген еді (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз).

ЕСЕНДІК з а т. *Амандық, саулық, тұгелдік.* Ауыл-аймақ, ел-жұрт тегіс *е с е н д і к т е* ме? – Тегіс есен (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жарының *е с е н д і г і,* болашақ ұрпақты көруге деген әкелік сезім оны алыпұшқан (К.Сегізбаев, Жыл. күндері). Ауыл-аймақ, ағайын-туған *е с е н д і г і н* тілеп, әр ұланның азамат болып атқа мінгенін көрген ақсақал ата бақытты (Тербеледі.). Қарақан бастың қамын ойлайтын, жас сәби өмірінен гөрі дүние-мүлкінің *е с е н д і г і* үшін жанын салған тоғышар, қаражүрек адамдар елес береді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

Есендік айтысты. *Амандық, саулық сұрасты.* Сәлем беріп, *е с е н д і к а й т ы с қ а н н а н* кейін хан Батырбектің түр-тұлғасын, кескін-кейпін барлап, сесті пішінмен сөз бастады (С.Омаров, Өмір асу.).

Есендік сұрасты. *Хал-жағдай білісті, амандасты.* Кәрия әлден уақытта ғана құранын аяқтап, бетін сипады да, *е с е н д і к с ұ р а с ы п,* көңіл айтуға кірісті (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). *Е с е н д і к с ұ р а с ы п,* шаруашылық жайлы сөзден соң, председатель әңгіменің тоқетеріне көшті (М.Гумеров, Хазірет.).

ЕСЕНДІК-САУЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Есен-саулық.*** Үйінде қазақ шырайлы, Береді дәмін шұрайлы, Бір сағат бойы ол сенен *Е с е н д і к-с а у л ы қ* сұрайды (Х. Ерғалиев, Дәуір.). *Е с е н д і к-с а у л ы қ т а н* кейін Сұлтан мен Шолпан шаруаларына кетіп қалды (З.Ақышев, Бәрі де есте). *Е с е н д і к-с а у л ы қ қ а* келген бес жігіт Далбадағы ағайындарды аралап, бір жұмадай жүріп қалды (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

Есендік-саулық сұрасты. *Амандық, саулық сұрасты.* Ізет, құрмет ретінде *е с е н д і к-с а у л ы қ с ұ р а с ы п,* сапырылған қымыздан құдалармен қатар дәм ауыз тиген Бұрқан батыр көп кідірмеді (Ә.Көшімов, Қысталаң). *Е с е н д і к-с а у л ы қ с ұ р а с қ а н н а н* кейін әңгіме арасында да осынау қолдан табылған көне аспан мойын бұрғыза берді (Жас қайрат).

ЕСЕН-САУ үс т. *Аман-сау, сау-саламат. Е с е н-с а у* жүрсіз бе, Ақынның төресі? Көп жерден белгілі Тегін, құр емесі (Абай, Тол. жин.). Түн қаупі мен жау қаупімен әзірше *е с е н-с а у* келе жатыр (Ғ.Сланов, Алтай.). Екеуі де Алшынбектің *е с е н-с а у* екеніне көздері жетісімен, қайтадан өз орындарына барады (І.Есенберлин, Көлеңке.). Сол күні ғарышқа да көп қарадым, Көңілімді бір күдік жеп барады. Япыр-ау, қаншама тәулік өтті, Оралса екен *е с е н-с а у* деп қаламын (М.Мақатаев, Шығ.). Еліме бардым *е с е н-с а у,* Азаптың тартып ауырын. Отыр екен орнында Өзімнің өскен ауылым (О.Шипин, Дастан.).

ЕСЕН-САУЛЫҚ з а т. *Амандық, есендік, саулық.* – Ал Қожаке, шаруаңызды айта отырыңыз, – деді Мырқасым *е с е н-с а у л ы қ т а н* кейін (Ж.Тұрлыбаев, Семсер). Дивизия командирі түрегеліп, жеңімпаз жұмысшы табы мен қаһарман колхозшылар арасынан келіп отырған өкілдердің *е с е н-с а у л ы ғ ы* үшін тост көтерді (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Есен-саулық сұрады [сұрасты]. *Амандасты, жағдай білісті.* Қысқасы, бірін-бірі қанша көріп-біліп жүрсе де, арақатынастары *е с е н-с а у л ы қ с ұ р а с у д а н* әрі аса қоймаған-ды (Ө.Ахметов, Алтын арқау). Құшақтасып, сүйісіп, *есен-саулық с ұ р а с ы п* болғаннан кейін, Дәулетті шаршы төрге отырғызды (Х.Ерғалиев, Майдан).

ЕСЕНШІЛІК з а т. с ө й л. ***Есендік.*** *Е с е н ш і л і к,* қарағым, Қалыспаймын сендерден. Әлімді байқап қарағын, Күресейік, кел бермен (М.Мақатаев, Шығ.). – Жақсы, рақмет. *Е с е н ш і л і к т е* болыңыз, Байеке! (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.). – Қалай, немерелерім аманшылық па? Гүзел, Мариямгүл, Төлеген бәрі бәрі *е с е н ш і л і к* пе? («Лен. жас»).

ЕСЕҢГІ з а т. в е т. *Мал денесіне қаптап шығатын ұсақ бөртпелер.* Малдың денесіне үйқыдай ұсақ бөрткен қаптауын *«е с е ң г і»* атайды (Ж.Бабалықұлы... Төрт түлік.).

ЕСЕҢГІ= е т. с ө й л. ***Есеңгіре.*** Көрінген көзден сескеніп, Келеді батып кесел жүк Ауырлап бір кез ес кетіп, Қалт тұрып қалды *е с е ң г і п* (Н.Шакенов, Айгүл).

ЕСЕҢГІРЕ= е т. **1.** *Есінен айырылу, талықсу, әлсіреу, қалжырау.* Ақан сері ана жылғы Сағынайдың асынан кейін, Құлагердің қайғысынан мүлде *е с е ң г і р е п* қалса керек (З.Ақышев, Жаяу Мұса). Жабай сұлқ жатыр, *е с е ң г і р е п,* талықсып кеткен сияқты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Не істерін білмеу, мәңгіру.* Еркебұлан *е с е ң г і р е п* қалған жайда жер тарпып тұрған

торыға мінді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Назарын төмен салып кабинет ортасында *е с е ң г і р е п* тұрып-тұрып Сатқын абдырап шығып кетті (Ғ.Сланов, Шалқар). Соғыс басталғанын хабарлады. Бәріміз *е с е ң г і р е п* отырып қалдық (Қ.Байсейітов, Құштар көңіл). **3.** а у ы с. *Ақылынан адасу, сандырақтау, алжасу.* Науқас ұзақ уақыт жоғары температурамен жатқандықтан болар, тағы да *е с е ң г і р е й* бастаған (М.Сергалиев, Замандастар).

Есеңгіреп қалғандай. *Есінен айырылу, мәңгіру.* Орындарында мелшиген қожалар *е с е ң г і р е п қ а л ғ а н д а й* мәңгіріп отыр (С.Жүнісов, Шығ.).

ЕСЕҢГІРЕТ= е т. **1.** *Талықсыту, қалжырату.* Соқпа дерт оқыстан қатты қилігіп оны *е с е ң г і р е т і п* тастаған секілді (Т.Тілеуханов, Өзгенің бақыты.). Аштықпен қалжырау қосыла оны едәуір *е с е ң г і р е т і п* тастағандай (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.). Көктемгі суық қандай жаман. Қатты тиген салқын адамды *е с е ң г і р е т і п* алып соғады (О.Сағынаев, Ұзақ жол). **2.** *Есінен тандыру, әлсірету, қажыту.* Үй ішінің қайғысы да оны *е с е ң г і р е т і п* жіберді (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Осылардың бәрінен де Төкеннің өлімі туралы жаманат оған қатты батып, *е с е ң г і р е т і п* кетті (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **3.** а у ы с. *Көңілін мас қылу, жан рахатына батыру.* Оразбаймен отасқан дәмді тұрмысының буы бұл келіншекті біразға дейін *е с е ң г і р е т і п*, елітіп әкеткен-ді (С.Алдабергенов, Асу). **4.** а у ы с. *Астан-кестен ету.* Бұрыннан да бұйығы даланы қанды жорықтар *е с е ң г і р е т і п* тастады (З.Қабдолов, Сыр).

ЕСЕҢГІРЕТІЛ= е т. *Есі кіресілі-шығасылы етілу, талықсыту.* Тауық пен балапанды жартылай автоматтық конвейермен сойғанда, олар басы төмен түсіріліп, аяқтарынан ілініп қойылады да, бірден он шақты құс электр тогымен *е с е ң г і р е т і л е д і* (Т.Телеуғалиев, Ет. эксперт.).

ЕСЕҢГІРЕУ *Есеңгіре етістігінің қимыл атауы; есінен айырылу.* – Иіскетіп жіберді, ащы тисе керек, *е с е ң г і р е у і* жаман ғой өзінің (С.Сматаев, Армысың.). Қарынның жарасы тесілетін ауру, перитонитке айналғанда, адамда *е с е ң г і р е у* пайда болады (А.Даиров, Хирург.). Бұрын да сөзге олақ Текебай бұл жолы да көсемсудің әдісін таба алмады ма, әлде *е с е ң г і р е у д е н* есін әлі де жиып болмады ма, ештеңе дей қоймады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЕСЕП з а т. **1.** *Бір нәрсенің цифрмен көрсетілген саны, мөлшері.* Доптың авторы – Сегізбаев. *Е с е п* әзірше бір де нөл. Жерлестеріміз пайдасында (Н.Қазыбаев, Бейтаныс). Осы бір апат басталғалы бері Танабай қырылып жатқан төлдің *е с е б і н е н* жаңылып қалды (Ш.Айтматов, Қош бол, Гүлсары). Совхоздың бізге берген *е с е б і* бойынша, Қабыл шопанның отарында бір мың бес жүз бас ірі қой болуы тиіс еді (З.Шүкіров, Қиын түйін). **2.** п е д. *Төрт амалға (қосу, алу, көбейту, бөлу) негізделген пән.* Аға, сіз *е с е п т е н* беретін мұғалімге ренжіп қалдыңыз ғой (С.Сейтхазин, Хадиша). Оның жасынан оқуға сіресе *е с е п* сабақтарына алғыр екендігін бұрыннан да сезінуші едім (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.). Үшінші, төртінші кластарда *е с е п т і ң* шарты мен жоспары оқушылардың тікелей қатысуымен жасалады («Халық мұғ.»). **3.** м а т. *Ойлау, есептеу арқылы шешуді қажет ететін санға негізделген жаттығу.* Қойшы-ей, – деді Зейнеп. Күмістің боқмұрыны мына сен бе *е с е п* шығарып жүрген? (С.Сарғасқаев, Ұстаз). Мен қырық жасымда сауатымды ашып, жаза да, оқи да алатын, жәй арифметиклық *е с е п т е р д і* шығара алатын болдым («Қазақст. мект.»). Алдында көлдей қағаз, беті толған *е с е п* (Ғ.Сланов, Шалқар). **4.** *Ой-пікір, амал-айла.* Асықпай-саспай араға бір қонып, бір жетіп барамыз деген *е с е п п е н* шығып келеміз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Жаман қатын, төсегінен белгілі, Жаман жігіт *е с е б і н е н* белгілі (Мақал). Ой, Шұбар, айлалы *е с е п т е н* айрылған ба? (М.Әуезов, Абай жолы). **5.** *Болжам, өлшем, шама, мөлшер.* Менің *е с е б і м* бойынша, қоздайтын уағынан үш күн өтіп кетті (Н.Айдаров, Жазылбек.). Біріншіден, саған тыйым салу керек. Ол үшін жақын арада малдың *е с е б і н* алмақпыз (Т.Дәуренбеков, Біз әлі). Күн-тәуліктің қазақша өз *е с е б і* бар («Қаз. әдеб.»). Ойнаушылар қапыда қалмау үшін әрбір шарды *е с е п п е н* ұрады (Қ.Қамбаров, Тауда.). **6.** і с к е р и. *Кадрлардың жеке басына қатысты мәлімет.* Облыстық әскери комиссариаттың үшінші бөліміне кірді. Медиктер *е с е б і н* осы бөлім басқаратын (Е.Оразақов, Дәрігер.). Әлі талай келмек жаңа повеске, Соны отырмын алып бүгін мен еске. Неге осы өсірмеймін жасымды, Барлық *е с е п* өз қолымда емес пе? (Қ.Ыдырысов, Жолық.). **7.** і с қ а ғ а з. *Жеке цйымның, не адамның қызметі, жұмысы туралы (ауызша не жазбаша) хабар, мәлімет.* Совхоздың бізге берген *е с е б і* бойынша, Қабыл шопанның отарында бір мың бес жүз ірі қой болуы тиіс еді (З.Шүкіров, Қиын түйін). Мәжілісте сот, милиция қызметкерлерінің *е с е п т е р і* тыңдалады (Ж.Жанарыстанов, Бұзақылық.). Саған үлес ертеңім, Саған үлес келешек. Ертеңгі істі ерте біл, Келешекке бер *е с е п!* (Кел, шырқайық.) **8.** *Бір нәрсеге пара-пар, тең.* Н. бақшасы жердегі жұмаққа *е с е п,* Жасыл шөп бейне кілем қойған төсеп, Мәуелері салбырап жерге түсіп, Бақшада неше түрлі ағаш өсед (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Кез келген жерге кешке жата кетед, Төсегі бос тапырақ –мамыққа

е с е п. Жас қызға жылылыққа екі бала Бергендей жамылғы қып жанын төсеп (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). Қарғаның жүзіне бір кесек, Жаманның жүзі бірге *е с е п* (Қаз. мақал.). **9.** *Санақ, санат.* «Ой, тәңір-айшыл» кер есек, Құлық, сұмдық не өсек Болмаған соң, бір *е с е п* – Мейлі қамқа, мейлі бөз (Абай, Тол. жин.). Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан *е с е б і н е* қосылады (Абай, Тол. жин.). **10.** э к о н. *Басқарылатын нысанның жай-күйі, оның айналысы, басқарушылық өкімдерінің орындалуы және қорытындылаушы мәліметтер туралы деректердің жиынтығы болып табылатын қажетті ақпаратты жинау мен тіркеу жүйесі.* ≈ *Е с е п* операциялары.

Бақал [бұқпа] есеп. *Ұсақ, арам есеп.* С.Мұқановтың «Ботагөзін» жұртшылық әлі күнге дейін сүйіп оқиды. Мұнда әр кейіпкердің өз орнына сай арманы, кейбірінің түпті *б а қ а л е с е п т е р і* бар («Қаз. әдеб.»). Күнке әрқашан *б ұ қ п а е с е п к е* бейім тұратын (М.Әуезов, Абай жолы).

Бәрі бір есеп. *Бәрі бір.* Оған *б ә р і б і р е с е п* Көктем, жаз, күз, қыс деген. Қате емес: жер жоқ десек, Оның ізі түспеген (С.Сейітов, Жаңғырық).

Бір есебін тапты. *Лажын жасады, айла істеді.* Үшінші күнгі соғыста, Құнанбай тәсіл ойлаған кезде, Байдалы да *б і р е с е б і н т а п қ а н* (М.Әуезов, Шығ.).

Бір есептен. *Бір жағынан, былайша.* Ауылда оқыған жастар азайып бара жатқаны *б і р е с е п т е н* рас та сияқты (М.Иманжанов, Менің махаббат.). Бектен *б і р е с е п т е н* Елдес сылтауын да жөн көрді. Жас адамға көп демалыс қажет бола бермесе керек (А.Байтанаев, Қансонар). Бекболаттың жер-суым болса деген ойы бар. *Б і р е с е п т е н* бұл ойының іс болып қалуы да қисынды (С.Шәріпов, Шығ.).

Дүниені бір тиын есеп көрмеді. *Мал-мүлiктің бетіне қарамады. Д ү н и е н і б і р т и ы н е с е п к ө р м е й т ұ ғ ы н ы,* жомарттығы, әртүрлі белгісі бойында тұрмас па еді (Абай, Тол. жин.).

Есебі бар [болды]. *Мәні, сыры бар.* Мынау бізді неге шақырды екен? – Қайдам *б і р е с е б і* бар шығар? (Ә.Нұрпейісов, шығ.). Шақшабайдың өз *е с е б і б а р.* Осындай құқайы басым құла топты жиып барып, әу бастан бастықтың әуселесін байқамақ (Т.Иманбеков, Тұт ағашы). Ал Ыбырайдың өз *е с е б і б а р*: оған мәнті сатылу – бірінші мәселе (І.Жансүгіров, Шығ.). Әрине, ол баласының бұл арада тағы бір бүркеулі ішкі *е с е б і б а р ы н* пайымдай алған жоқ (М.Скақбаев, Сұлутөр.).

Есебі жоқ. *Тіпті көп, мол, сансыз, ұшы-қиырсыз.* Мүсәпір, жарлы адамды, Тоқтарбай жиып алыпты, *Е с е б і ж о қ* дәулетті, Тойға келген елдердің, Ортасына салыпты (Н.Байғанин, Шығ.). Ескі досын көргенде, *Е с е б і ж о қ* ант ішіп, Аруақ құдай айтысып: «Сыр алғалы айттым» деп, «Жауыңды алдап қайттым» деп, Құдайдан қорықпай ант ұрған, Иманның жүзін тоздырар (Абай, Тол. жин.). *Е с е б і ж о қ* мал көрдім. Құлақ естіп, көз көрген, Құдіретті жан көрдім (Манас).

Есебінен жаңылды [жаңылып қалды]. *Қателесті, ойы дұрыс шықпады.* Осы бір апат басталғалы бері Танабай қырылып жатқан төлдің *е с е б і н е н ж а ң ы л ы п қ а л д ы* (Ш.Айтматов, Қош бол.). Он жыл өтті ме? Балаларымды ойлап, әуре-сарсаңмен жүргенде *е с е б і м н е н ж а ң ы л ы п қ а л с а м* керек (С.Омаров, Жүйрік көңіл). *Е с е б і н е н ж а ң ы л с а ң,* Есіңнен адасасың (Қ.Айнабекұлы, Шығ.).

Есебін жібермеді. *Есесін жібермеді.*– Рас, ол мені алдады,– деді мистер Репсс қалпағын дөңгелетіп отырып,– Бірақ мен де *е с е б і м д і ж і б е р г е м* жоқ (Р.Тоқтаров, Терістік.). Ізгіліктің, ерліктің жайып даңқын, *Ж і б е р м е г е н* жауына өз *е с е б і н* (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

Есебін тапты. *Ретін келтірді, амалын тапты.* Айдаркин қонақүйге қайтты. Ендігі ойы үлкен кісіден алатын қағаздың *е с е б і н* қалай *т а б а д ы* (С.Бегалин, Уақыт.). *Е с е б і н т а п қ а н* екі асар (Мақал). Ақылын, байлығын сарп етті. Өзін сүймейтін қызға *е с е б і н т а у ы п* үйленіп, есегін судан өткізді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Біз бұларды кеше көргенбіз, қайдан келді дерің бар ма, *е с е б і н т а у ы п* келген де әйтеуір, – деді Оразқұл мән бермей (Ш.Айтматов, Қош бол.).

Есеп айырды [айырысты]. а) *Ақысын, үлесін берді, қарызын қайтарды.* Күнұзын балық өлшеп алып, балықшылармен *е с е п а й ы р ы с ы п,* сан-сапалақ жұмыс қатты шаршатты (З.Шүкіров, Ғажайып.). Уәлидің әдеті мартта бүкіл жалшыларын жинап, *е с е п а й ы р ы с а д ы* екен (М.Мырзақұлов, Ақық). ә) *Сазайын берді, кегін қайтарды.* Ақы төлеуін, айып-анжысын алып, *е с е б і н а й ы р ы п* өштескен, егескен жерлерінен Құнанбай арқылы өш алғандар да бар екен (Тарту). Нұрқаттың сүйетінін біле тұра, арасына түсіп жүргенін көрмейсің бе, осыны да туыс, бөле дейді – туф... Әй, бір реті келе ме, жоқ па – *е с е п а й ы р ы с а т ы н* (З.Шашкин, Сенім).

Есеп айырысу. э к о н. *Ақшалай міндеттемелердің атқарылуы. Е с е п а й ы р ы с у* қолма-қол ақшамен шектеусіз жүргізілуі немесе қолма-қол ақшасыз *е с е п а й ы р ы с у* жолымен жүргізілуі мүмкін (Қаз.тілі термин. Экономика.).

Есеп айырысу бағасы. э к о н. *Өндірудің табиғи және басқа объективті жағдайларын ескере отырып, салалар мен аймақтар ішінде*

сараланған біртекті өнімнің көтерме сауда және сатып алу бағасы түрлерінің бірі. Е с е п а й ы р ы с у бағасы белгіленді.

Есеп алды. а) *Жұмыстың барысы, нәтижесі туралы мәлімет, хабар алды.* Тезек қалың, кейде күніне үш әкеліп төгемін. Күнде кешке Үсейін шақырып алып *е с е п а л а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Біріншіден, саған тыйым салу керек. Ол үшін жақын арада малдың *е с е б і н а л м а қ п ы з* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). ә) *Ақысын алды, есептесті.* Ботагөздің татардың ойнақшыған көзінде жұмысы болған жоқ, оның ойы тез *е с е п а л ы п* кету (С.Мұқанов, Ботагөз). – Кәне, батырлар, қонторға барып *е с е п а л у л а р ы ң а* болады... Сендер жұмыстан шығарылдыңдар,– деп жариялады ол (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). б) *Іске қорытынды жасады, нәтижені топшылады.* Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір ең, болмаса, айында бір өзіңнен-өзің *е с е п а л.* Сол алдыңғы *е с е п а л ғ а н н а н* бергі өмірді қалай өткіздің екен (Абай, Тол. жин.).

Есеп берді. а) *Болған уақиға, істелген жұмыс туралы баяндады, мәлімдеді, ақпар берді.* Делегат әйелдер өзінің жұмысы жөнінде жалпы жиналыс алдында *е с е п б е р і п* отыратын (Х.Айдарова, Аялы жандар). Дәмеш не істеп, не қойғанына *е с е п б е р м е д і.* Ажар қылығына шыдамы жетпеді. Есікті шалқайта ашты: – Бармаса жалынба, Ораз! – ...өзіміз барамыз, кейін! – деді (З.Шашкин, Шығ.). ә) *Жауап берді, талдау жасады.* Бала өз қылығына өзі *е с е п б е р і п,* өзінің моральдық жауапкершілігін сезінетін болады (Семья тәрбиесі). Жұбайқан есіктен шыға жөнелген Гүлшәрінің кетіп қалғанын көргенде барып, өз сөзіне енді *е с е п б е р д і* (А.Байтанаев, Қайнар.).

Есеп беру. инф. а) *Ақпараттың қорытындыланып, тақырыптары мен бет нөмірлері қойылып, қағазға басылған құжат түрінде бейнеленген түрі. Е с е п б е р у* кезінде қажетті ақпарат сұраныс бойынша файлға жазылады да, басылым оны басып шығарады (Қаз. тілі термин. Информатика.). ә) *Электрондық пошта жүйесінен туындайтын және хабардың немесе үлгінің табысты жөнелтілуі туралы мағлұматы бар ақпараттық нысан.* б) і с к е р и. *Атқарылған шара, орындалған іс туралы тиісті орын, ұжым, т.б. алдында ақпар беру.* Бас төреші жарыс аяқталғаннан кейінгі екі күн ішінде жарыс өткізген ұйымға *е с е п б е р у г е* және протоколдарды тапсыруға міндетті (Ә.Бүркітбаев, Қазақтың ат спорты).

Есеп беру картасы. ә с к. *Белгіленген уақыт кезеңіндегі өз әскерлерінің (күшінің) және қарсыластың ұрыс қимылының барысы графикалық түрде хронологиялық жүйелілікпен көрсетілген ұрыстың ақпараттық есеп беру құжаты. Е с е п б е р у к а р т а с ы* әскерлердің (күштердің) жауынгерлік тәжірибесін зерттеуге және талдап қорытуға, ұрыстық қимылдар туралы анықтама және есеп беруді құруға арналады және тарихи материалды жасауда қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Есеп беру, сайлау жиналысы. р е с м и. *Белгілі бір мерзім арасындағы ұжымның жұмысын қорытындылау және ұйым басшыларын сайлау жиналысы.* Мұнда колхоздың *е с е п б е р у, с а й л а у ж и н а л ы с ы* жүріп жатқан-ды (С.Алдабергенов, Әңгім.). Ертең комсомол ұйымының, колхоздың *е с е п б е р у, с а й л а у ж и н а л ы с т а р ы* болады (М.Дүзенов, Ақәже.).

Есеп болды. *Солай деп ұйғарылды, саналды.* Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға *е с е п б о л ы п т ы* (Абай, Тол. жин.).

Есеп емес. *Сөз емес, тұқ те емес; есептемеу, санамау.* Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай *е с е п е м е с* (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Соның үшін де қазіргі сәтте дихандар үшін күн-түн дегендеріңіз *е с е п е м е с* (Қ.Салғарин, Жанында жүр). Арада өткен айлар саны бұл күнде *е с е п е м е с* (М.Әуезов, Абай жолы). Ғарып-қасыр бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа *е с е п е м е с* (Абай, Тол. жин.).

Есеп етіп болмайды. ф о л ь к. *Есепсіз, есептеп болмайды.* Базарбайдың байлығын ешкім *е с е п е т і п б о л м а с* екен (Қыз Жібек).

Есеп жасады. а) *Есептеді, шамалады.* 1640 жылы атақты оқымысты Г.Галилей маятникті сағат жасауды ұсынып, математикалық дәл *е с е п ж а с а д ы* («Білім және еңбек»). – Бұл тура *е с е п ж а с а у ғ а* қиындық келтіреді, – деді минашы (Ә.Нәбиев, Ауыр.). Әдейі қойылған т ү р л і з е р т т е у құрал-аспаптарының көрсеткіштері бойынша табанда *е с е п ж а с а л д ы* (Қ.Қамбаров, Таудағы қала). ә) *Аражігін ашты, біржола қоштасты.* Халықтың өзінікі бар келешек! Ескілікпен біржола *ж а с а п е с е п,* Жарқырап жаңа ғана келген өмір Туған жер торғын киіп, мамық төсеп (Д.Әбілев, Алтай.).

Есеп жетпес [жеткісіз]. *Тіпті көп, есепсіз, мол.* Бетегеден аласа, Тәрізденіп белдегі. *Е с е п ж е т п е с* санаса, Тарыдай шашқан жердегі (Д.Әбілев, Майданбек). Мыңғырған мал жайлаған Маңым десем болады. *Е с е б і н е ж е т к і с і з* Саның десем болады (Ақын жырлары).

Есеп жоқ. *Сансыз көп, есепсіз-қисапсыз.* Машинамен келген, атпен келген, есекпен келген, жаяу келген жұртта *е с е п ж о қ* (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ал мотоциклдер мен велосипедтердің

санында *е с е п ж о қ* (С.Ғабдуллин, Өрлеу.). Қысқасы, бір күн ішінде Балтабектер көрген қызықта *е с е п ж о қ* сияқты (З.Шүкіров, Ғажайып.).

Есепке алды [алмады]. а) *Санады, есептеді.* Жұмыс көлігі соқа-сайманы тастаяқтай қағылып *е с е п к е а л ы н д ы* (Б.Майлин, Шығ.). Сәнмен ерттелген елгезек аттарды таңдап мінгендей екі жас қойшы қай отарда қанша саулық барын, қанша қозы туғанын *е с е п к е а л ы п* жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Тоғыз күн қонақ болады. Қонаға атты жөнелтіп, *Е с е б і н* аттың *а л а д ы* Тура бес жүз шамалы (Қамбар батыр). ә) *Ескерді, еледі, санасты.* Әдебиетіміздің қай жанрын, қай тақырыбын, қай кезеңін сөз етсек те, С.Мұқановтың жаратындыларын *е с е п к е а л м а й,* талдамай өте алмаймыз (Р.Бердібаев, Достық.). Өз еркі болмаса басқаның сөзін *е с е п к е а л а р* пенде Имаш па екен, ол әке кеңесін де ескере қойған жоқ (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Кеңестің іздегені азаттық тең, Адамдық ықтиярын қылмақшы кең. Ескеріп, *е с е п к е а л ы п,* ұран шашып, Дәл мұндай ілгеріде болып па ең? (XX ғ. қаз. ақын.). б) *Арнайы бақылауға алды, қадағалады.* Алайда біз қатерлі ісікпен ауырғандардың бәрін тіркеуге, *е с е п к е а л ы п,* емдеу – аурудың алдын алу шараларымен оларды толық қамтыдық деп айта алмаймыз (М.Қайрақбаев, Рактан. сақтан.). Ауруы асқынған кейбір адамдар ауруханада емдеу үшін арнаулы *е с е п к е а л ы н а д ы* (С.Табынбаев, Жемсау.).

Есепке алу. э к о н. *Шаруашылық органдардың өзара ақшалай талаптарын есепке алынған сомада төлемсіз өтеу.* Өзара талаптарды *е с е п к е а л у* тұрақты қолданылып жүрген немесе бір жолғы есепке алу болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Есепке алу ережесі. *ә с к. Қару-жарақты бақылау мақсатында қаруды есепке алуды жеңілдету үшін белгіленген шаралар.* ≈ *Е с е п к е а л у е р е ж е с і* жасалды.

Есепке алынбаған кен. *к е н. Құрамында бағалы заттың пайыздық үлесі өте төмен немесе құрамбөліктері байытуға келмейтін минералдар түрінде болғандықтан, байытудан өтпейтін, қазып алынуы экономикалық жағынан тиімсіз кендер.* ≈ *Е с е п к е а л ы н б а ғ а н* кен есебінде саналады.

Есепке енгізді. *Санаққа кіргізді, есептеді.* Әйтеуір бұқа кеудесімен қаққан сиыр болса, соны қашты деп *е с е п к е е н г і з е* салады (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Есепке кірді. *Қатарға қосылды.* Әділдіктің хақында Мағұлым болған аят бар, *Е с е п к е к і р е р* бір күні Дүниеде жүрген адамдар (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). 1932 жылы... Асылбек қылшылдаған жас жігіт еді. Міне, енді бұл да қарттар *е с е б і н е к і р г е н* (Б.Тоқтаров, Қыран.). Күндесін жұрт, қылсын өсек, Мен лайық өсекке. «*К і р м е й* жігіт өсекке Кірмес деген *е с е п к е*» (Б.Күлеев, Айтшы.).

Есепке жүйрік. *Есептегіш, білгіш.* Біздің кіршіміз ауырып қалды, соның орнына *е с е п к е ж ү й р і к* бір адам берсеңіз (Ә.Әбішев, Замана.).

Есепке қосылды. *Қатарға кірді, теңелді.* Жас жеткіншек балалар, Үйір болма өсекке. Үйір болсаң өсекке *Қ о с ы л м а й с ың е с е п к е* (Пернедегі терме.).

Есепке тұтты. *Ескерді, еледі.* Бірақ имам ол халді еске алып, *е с е п к е т ұ т п а д ы* (М.Әуезов, Абай жолы). Сенің онда қанша рет келгеніңді *е с е п к е т ұ т п а й д ы* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Есепке шақты. *Есептеді, есепке алды.* Шаруашылық басшылары биылғы қыстан мал аман шықса, «бөлінбейтін қордың» көбейіп, қора-қопсы, шопандарға үй салуға жағдай туатынын *е с е п к е ш а ғ а* отырып сөйледі (М.Дүзенов, Әке.).

Есеп қылды. *Санады, есептеді. Есеп қылдық,* он тоғыз бен отыз бір жасқа шейін екі мыңға толар-толмас азамат бер екен (С.Шәріпов, Бекболат). Аманкелді тәртіп беріп бәріне Жар ішіне қойды бәрін жағалап. Бөлек-бөлек мерген қойды әр жерден, Бес жүз алпыс *е с е п қ ы л д ы қ* санап сап (1916). Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы *е с е п қ ы л м а қ* (Абай, Тол. жин.).

Есеп қылмады. *Ескермеді, елемеді.* Жол қашаңдау келетін болды. Бірақ ол оны *е с е п қ ы л м а й,* асыға жүріп, ақжал аттың қатты жорғасымен келеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Есеп операциялары. э к о н. *Банкілердің вексельдерді және борыш міндеттемелерінің басқа да кейбір түрлерін есептеу операциялары. Е с е п о п е р а ц и я л а р ы* сондай-ақ ақшалай қаражатты авансылау тәсілі болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Есеп регистрі. *э к о н. Бухгалтерлік есепке сәйкес ағымдағы операцияларды күнделікті тіркеп отыру құжаты. Е с е п р е г и с т р і н е* тіркелген операциялардың көрсеткіші әрбір айдың аяғында бас есепшоттарға және негізгі кітаптарға көшіріліп, арнайы белгілер қойылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Есеп саясаты. э к о н. *Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жүргізу және қаржы есеп-қисабын ашып көрсету ережелерінің, тәсілдерінің, әдістерінің жиынтығы. Е с е п с а я с а т ы н* меншіктенуші немесе субъектінің басшысы есепті кезең басталғанға дейін қабылдайды және

ішкі фирмалық нұсқаулық ретінде пайдаланды (Қаз.тілі термин. Экономика.).

Есепте болды. *Есте болды, ескерілді.* – Ол кісі жаңа тұрды. Осы бөлмемде аз күтіңіз, мен өзім ол кісіге жолығып келейін. Және сіздің келгеніңізді де айтайын. Бірақ бұл қызметім *е с е п т е б о л а д ы,* – деді (С.Бегалин, Уақыт.).

Есептен тыс. *Нормадан артық, жоспардан тысқары.* Есептен артық бидайды, *Е с е п т е н т ы с* ол бидай Қамбаға тулап сыймайды. Серігі оның секретарь, Жеуден аузын тыймайды (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Есепте тұрды. а) *Мүше болды, мүшелікке алынды.* «Ақжар» совхозының комсомол ұйымында 379 адам *е с е п т е т ұ р а д ы* («Лен. жас»). ә) *Ерекше бақылауға алынды.* – Дәл, солай, полковник мырза. Скотников бізде ерекше *е с е п т е т ұ р,* – деп, қырыс қабақ қырсық майор өзін көтеріп тастады (Қ.Тоқаев, Түнде.).

Үлкен есеппен жасады. *Белгілі бір пікірмен істелді, алдына зор мақсат қойды.* Игілік осы үйді *ү л к е н е с е п п е н ж а с а т ы п* еді. Сонау Еділ бойындағы Сандыбай үйшіге он құлынды бие беріп үйдің сүйегін жасатты (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Шаруашылық есеп. э к о н. *Өз шығынын өз табысының есебінен толтырып, өндірістің тиімділігін қамтамасыз етуге негізделген, шаруашылықты жоспармен жүргізу әдісі. Ш а р у а ш ы л ы қ е с е п* колхоз экономикасының нығаюына тікелей себепші болады (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.).

Ішкі есеп. *Өз көңіліндегі сыр, ешкімге жария етпеген сыр, шама.* Осындай *і ш к і е с е п т е р м е н* Шұбар қонақ еткен (М.Әуезов, Шығ.).

ЕСЕПДАН с ы н. **1.** *Есепқор, есепшіл, ұсақ.* Ол *е с е п д а н* кісі болатын, – деді қария оған шамданбай. – Қымыз түгіл, шалаптың сауабы да оралады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен.). *Е с е п д а н* кісінің әр нәрсеге сақтықпен қарайтын әдеті емес пе (Алғы шепте). **2.** *Есепті жақсы шығаратын, есепке жүйрік, тез есептейтін, есептегіш.* Ыбырай Жылгелдин математикаға қабілетті, кластағы ең *е с е п д а н* оқушы болатын («Қазақст. мұғ.»).

ЕСЕПДАНДАУ с ы н. *Есеппен қимылдайтын, ұсақтау.* Балтабай өз пайдасын ұмытпайтын *е с е п д а н д а у* адам еді («Жұлдыз»).

ЕСЕПДАНДЫҚ з а т. *Есепдан болушылық, есепшілдік, ұсақтық.* «Жеке меншіктен қол үзіп ол өзі пролетариат болды», – деп Нагульнов мақтаған сәтте Щукарь атай жауап береді, оның шаруаға *е с е п д а н д ы ғ ы* осы арада айқын көрініп қалады (І.Омаров, Шабыт.).

ЕСЕПДАР с ы н. *Есепқор, есепшіл, санасуға бейім.* Әйелдердің еркектермен салыстырғанда *е с е п д а р* болатыны белгілі («Қаз. әдеб.»).

ЕСЕПДАРЛЫҚ з а т. *Есепқорлық, есепшілдік, ұсақтық.* «Қазақ әдебиеті» газетіндегі бас мақалада «жалаң мадақтаушылық, ұнап қалуға тырысушылық, *е с е п д а р л ы қ* сияқты кеңес әдебиетіне жат қылық дұрыс атап көрсетілді («Соц. Қаз.»).

ЕСЕПКЕР с ы н. *Есепші, ұсақ.* Қашпайды мінез, балаңнан, Ол емес бөгет, жоқ Айша. Ықтайды жаңа заманнан, *Е с е п к е р* кенттік ноғайша (Ж.Молдағалиев, Жесір.). // *Есеп жұмысын жүргізуші, есепші, есеп-қисапшы.* Бүкіл жұртшылық болып, мамандар, *е с е п к е р л е р,* белсенді басшылар болып, ақыл-кеңеспен жоспарды бағдарлап отыру керек (Жарық жұлдыз.).

ЕСЕПКЕРЛІК з а т. *Есепкер, ұсақ болушылық.* Қызметтес жолдасының шамадан тыс *е с е п к е р л і г і н* ұнатпайтын (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). // *Есеп-қисап жүргізуге қатысты. Е с е п к е р л і к* жұмысын жүргізу үшін шопандар бригадасына арналып шаруашылық есеп кітапшасы ашылды (Шопан сырласы).

ЕСЕПКІТАПША з а т. *Күнделікті есеп-қисапты жазып отыратын кітапша.* Дәл осындағыларға арнап *е с е п к і т а п ш а с ы н* аштырдым («Егемен Қазақстан»).

ЕСЕП-ҚИСАП [ар. حساب] з а т. **1.** *Бір нәрсенің жалпы сан мөлшері, саны, есебі, мән-мазмұны.* Қолға түскен олжаның *е с е п-қ и с а б ы* жоқ (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Осы ойын өзінше сызықтарға түсіріп, *е с е п-қ и с а б ы н* шығарған болды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Бақталастар қыза келе қазыналарының *е с е п-қ и с а б ы н* айтып, бірін-бірі кекеп, мұқатпақ болды (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). **2.** қ а р ж ы. *Мекеменің кіріс-шығыс есебі, бухгалтерлік жұмысы.* Ол кеңседегі *е с е п-қ и с а п* мәліметін анықтап болып, комбинаттың кең қорасына шыға келді (С.Төлешов, Түрлі. бас.). Сол себептен де қазіргідей бір тыныс алған шағында уезд бойынша облыс басшыларына осы күз жіберілер *е с е п-қ и с а б ы н а* оралды (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ). **3.** с ө й л. *Есеп, арифметика, математика, бухгалтерия.* Троицкідегі медреседен дін оқуына қоса *е с е п-қ и с а п,* география, табиғат тану оқып келді (М.Тиесов, Әділбек Майкотов). Баласы жарлы Исақтың Оқуға жүрттай халі жоқ. Білмейді *е с е п-қ и с а п т ы,* Жұмысқа бірақ жаны жоқ (С.Мәуленов, Шалқар). Тастанбеков Тасжігіт – Жас жігіт. *Е с е п-қ и с а п* оқуын, Сырттан оқып бітірген (Ж.Ақбердиев, Басқа пәле тілден). **4.** *Бір нәрсенің жан-жақты талқыланып, есептелуі, санағы.* Сөйтіп *е с е п-қ и с а п* бітіп, қазақтар қайтпақшы болды (Ш.Смаханұлы).

Ақша араласқан жерде есеп-қисап керек. *Ақша есептеусіз, ретсіз жұмсалса, шашылып кетеді, ақшаны есеппен жұмсау дұрыс деген мағынада. Ақша араласқан жерде есеп-қисап керек* дейді ғой орыс мақалы (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Есеп-қисап жасасты [айырысты]. *Есептеп шығарысты, есептесті, санасты.* Самардан келген байдың қосына айдап кеп тапсырып, *есеп-қисап жасасты* (Ә.Бектепов, Мәди). «Заря» мейманханасына соғып, *есеп-қисап айырысып*, одан біржола аттандым (С.Мәуленов, Шыңда.).

Есеп-қисап жұмысы. *Мекеменің немесе кәсіпорынның, шағын кәсіпкерлік орындардың шаруашылығының қаржылық кіріс-шығысын есептеу, реттеу жұмыстары.* Хожа Афзал кеңсе, *есеп-қисап жұмыстарына* жетік, мемлекет басқару істерінде тәжірибелі, арлы қызметкер еді (Айбек). Бірінші топ бухгалтерлік *есеп-қисап жұмысымен* айналысады (З.Шүкіров, Қиын түйін).

ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ үс т. **1.** *Есептемей, санаусыз, есебін жүргізбей.* Машине-машине келген шыны сауыттарды Садекең *есеп-қисапсыз,* санаусыз ала береді (М.Қосшығұлов, Шындық.). *Есеп-қисапсыз* жүруге болмайды (Б.Момышұлы, Офицер.). **2.** *Сансыз көп, шамадан тыс көп, есепсіз.* Юрий Васильевич сонау бір жылдарда өлке мен облыс орталығына *есеп-қисапсыз* көп жиналыстарға барғанын еске алды (Абзал жандар).

ЕСЕПҚОЙ с ы н. *Есепшіл, санасып қалған, ұсақ (адам).* «Мырза» деген жай сөз, оның қайырымы сатулы, *есепқой* адам (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Шара жоқ тауым шағылса, Шамамды білмей, шақтамай. Қиындық көріп тосылсам, *Есепқой* достан сақтағай (Ө.Жайлауов, Шопан.). Күмісбегің құм санаған *есепқой* (Д.Досжанов, Кісі ақысы).

ЕСЕПҚОЙЛЫҚ з а т. *Есепқой болушылық, ұсақтық.* Шәкеннің *есепқойлығы,* қаталдығы болғанымен, малайларды ішіп-жемнен онша қыспайтын (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЕСЕПҚОР с ы н. **1.** *Есепшіл, пайдакүнем.* Кіріс-шығыс, пайда-шығынның бірін елемейтіндей көретін Игілік бұл далада теңдесі жоқ *есепқор* еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Есепқор әке қызының туған күнінің тойын мектеп бітіру тойымен әдейі ұштастырған (Ә.Нәбиев, Ауыр апта). **2.** *Есепке жүйрік, есептегіш.* Айшалар, Қадірәлілер, Үйренді одан тақпақ, ән, *Есепқор* шаруа кәрілер, Кеңеске кінә тақпаған (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЕСЕПҚОРЛЫҚ з а т. *Есепқор болушылық, есепшілдік, пайдакүнемдік.* Сараң жігіт *есепқорлық* ойымен, Үй салыпты бірдей ғып өз бойымен. Бел ағашқа ұрып алып төбесін Әреңәрең жиып жүрген ол есін (Шығыс жұлдыз.). Әрине, әдебиеттің міндетін *есепқорлықпен* түсінуге болмайды (Тербеледі тың.).

ЕСЕППАЗ с ы н. *Есептеп отыратын, әр қадамы есептеулі.* Нарықтық заманда *есеппаз,* әрекетшіл болмасаң, тіршілік ету де қиын ғой («Түркістан»).

ЕСЕППАЗДЫҚ з а т. *Есеппаз болушылық, есепқойлық.* Нұрғазы бір сәтке, өзінің осыншалық саудакештігінен, өзінің әр қимыл, әр сөз, әр бұлқынысын *есеппаздықпен* ойластыруынан сенімге ие бола алмағанын ойласашы («Жұлдыз»).

ЕСЕП-САНАҚ з а т. <нем. statistik> *Есеп-қисап, статистика. Есеп-санақ* мәліметтеріне қарағанда жер шарында жылына рактан екі миллион адам өледі екен (М.Қайрақбаев, Рактан сақтан.). Басқа жұмыста жүрген *есеп-санақ* қызметіндегі үш адамды трактарға отырғызып, төртіншісіне он бес жасар мектеп оқушысын тапқан еді (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

Есеп-санақ жұмысы. *Әр алуан шаруашылық пен кәсіпорында табыс пен шығынды есептеу жұмысы.* ≈ *Есеп-санақ жұмысын* басқарды.

Есеп-санақта жоқ. *Есепке алынбайтын, санатта жоқ.* Ауылға келген сыйлы қонақтың малды байдың үйіне түспей, бас көтерген азаматтардың *есеп-санағында жоқ* кедей үйге түсуі бәрін таңғалдырды (Ж.Тәшенов, Қаратас).

ЕСЕПСІЗ үс т. **1.** *Есепке алмай, қалай болса солай, беталды.* Барымды *есепсіз* жұмсай беріп, Ленинградқа азғантай ғана қаражатпен түскем (С.Мұқанов, Есею жыл.). Көңіл күйіне байланысты болар, көбіне уақыт деген *есепсіз* тез өтіп жатқандай сезіле берді (А.Байтанаев, Қансонар). – Ие-е, сұм ғой, *есепсіз* аяқ баспайды. Есепсіз дүние жоқ деген (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). // *Ойластырмай істелінген, кездейсоқ болған.* Төрт бөлме үй, асхана, туалет, соның бірінде *есепсіз* бірауыз сөз, не бір ауыз күлкі жоқ қой (Е.Домбаев, Менің туыс.). **2.** *Текке, босқа, зая.* Еңбексіз тапқан мал *есепсіз* кетеді (Мақал-мәтел). **3.** *Қисапсыз, сансыз көп, аса мол.* Атымтай Жомарт *есепсіз* бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл жұмыс қылады екен (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Әкең есеп берсе, еңбегің *есепсіз* береді (Мақал). Сіз бір сұңқар шаһбаз, Жер жүзінен алған баж. Біздей ғаріп *есепсіз* Есігіңде жүр мұқтаж (Абай, Тол. жин.). Жарылып жатқан *есепсіз* снарядтар мен миналарға, жаңбырша жауған оққа қарамастан жауынгерлер жау шебіне қарай лап қойды (Ә.Меңдібаев, От кешу). Өмірде өз еңбегімен сынық тиын тауып көрмеген маған

120 сом *е с е п с і з* көп ақша сияқты көрінді (С.Омаров, Өмір асу.).

ЕСЕПСІЗДІК з а т. *Есепсіз болушылық, есепке алынбаушылық. Е с е п с і з д і к т і ң* аяғы жарға ұрындырады (Ауызекі).

ЕСЕПТАС з а т. с ө й л. ***Есепшот***. *Е с е п т а с* тарс-тұрс ете қалды, болады екі жүз елу бес сом қырық тиын (М.Есламғалиев, Екінші таныс).

ЕСЕПТАЯҚ з а т. к ә с. *Өрмек адырғысының алдында тұратын, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Е с е п т а я қ* – өрмек тоқу үшін қажетті құрал (Біздің оттар).

ЕСЕПТЕ= е т. **1.** *Есептеп шығару, санау.* Жанбота Айсұлуға жауап қайырған жоқ. Қағазын алып *е с е п т е й* бастады (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Қазақстанның жеріне Англия, Франция, Германия, Италия, Испания және Түркия сияқты мемлекеттердің жерлерін қосып *е с е п т е г е н д е* ғана тең келеді (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). Жақында Испанияда болып өткен тіл білімі конгресінде ғалымдар бүкіл әлемде 2972 тіл бар екенін *е с е п т е п* шығарды (С.Мұқанов, Естімеген елде көп). **2.** *Ойлау, шамалау, мөлшерлеу.* Өзін діндар емеспін деп *е с е п т е м е г е н м е н*, құралақан да емес-тін (М.Сқақбаев, Сұлутөр.). Кенет Күйгенбай бұлқынып қалғанда, әшейінде Күйгенбайға мол әлім жетеді деп *е с е п т е й т і н* Әрайда қалай ұшып кеткенін білмей қалды (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Сөйтсе, манадан бері үйде жоқ деп *е с е п т е г е н* кемпірі пештің түбінде бүк түсіп жатыр екен (К.Бектұрғанов, Бабаназар.). **3.** *Ескеру, елеу, санасу.* Ана әлдеқайдан жарық көріп, қос өкпесін қолына алып, соған ұмтылған адамдай еш нәрсені елемейді де, *е с е п т е м е й д і* де (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Кадрларды олардың іскерлік және жекебасындық қасиеттерін *е с е п т е й* отырып, келешектегі өсу жолын да ойластырып, дұрыс орналастыру үшін бастық тарапынан барынша әділ болуды талап етеді (Б.Момышұлы, Шығ.). Ақтотыдай күнәдан пәк ерке қызынан қапыда көз жазу Букаға өліммен тең екенін жалғыз қазақ жағы емес, күллі торғауыт та *е с е п т е п* отыр (Ә.Хасенов, Жат жазасы). **4.** *Реттеу, ойластыру, тәртіпке салу.* – Мен өз өмірімді өзім *е с е п т е п*, өзім пішем. Онда ешкімнің жұмысы жоқ, – деді ол қызараңдап (Б.Қыдырбекұлы, Шайтанның шатағы).

ЕСЕПТЕГІШ[1] з а т. ж а ң а. *Жұмсалған энергияның, күш-қуаттың мөлшерін көрсететін құрал.* Ал тоқты қанша пайдалансаңдар да өз еріктерің. *Е с е п т е г і ш т е р і ң* бөлек. Тек сол бойынша ақшасын ай сайын маған беріп тұрсаңдар болды («Қаз. әдеб.»). Кімнің қанша литр сүт сауғанын арнайы қойылған автомат *е с е п т е г і ш т е р* тайға таңба басқандай көрсетіп тұр («Қаз. әдеб.»).

ЕСЕПТЕГІШ[2] с ы н. *Жылдам есептейтін, тез ойлайтын.* Б. Паскаль 16 жасында қосу амалын орындайтын *е с е п т е г і ш* мәшине құрастырыпты (Ғалам ғажап.). *Е с е п т е г і ш* мәшинелер қанша «ақылды» болғанмен адам ойлауына пара-пар келе алмайды (Қ.Жарықбаев, Психология). Нейтрондық монитордың ең негізгі бөлігі – нейтрондық *е с е п т е г і ш* (М.Мұсабаев, Антарктида.).

ЕСЕПТЕЛ= е т. **1.** *Есептеп шығарылу, саналу.* Әлішер Науаи шығармаларының бір томдығынан басқа қазақ тіліне аударылған кітаптар саны ондап *е с е п т е л е д і* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Торғай бассейніндегі көмірдің *е с е п т е л г е н* қоры 36 миллиард тоннаға жетті (М.Бекенов, Қазақст. ресурс.). **2.** *Табылу, болып табылу.* Жаңағылардың бәрін өзіне апа боп *е с е п т е л е т і н* шешесі емес, басқа біреу айтса, орнынан атып тұрып, жағаласа кетер еді (М.Гумеров, Шыңырау).

ЕСЕПТЕЛУ *Есептел етістігінің қимыл атауы; табылу, болып табылу.* Солай болса, біздің совет елі саяси мағынада бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерінің Отаны болып *е с е п т е л у* керек (І.Омаров, Шабыт.). Ана сүтімен қамтамасыз етудің маңызы зор. Мұның өзі бала өсірудің негізі деп *е с е п т е л у і* деген сөз (Х.Нұрғалиев, Жас ана).

ЕСЕПТЕЛІН= е т. *Есептеліп шығарылу, саналу, шамалану, мөлшерлену.* Колхозшылардың еңбекқүндері *е с е п т е л і н д і,* мүшелер істеген қызметтеріне қарай тиісті үлестерін алды (Б.Шалабаев, Өмірде.). Қалада 1250 адам қоғамдық баспасөз таратушы болып *е с е п т е л і н е д і* («Лен. жас»). Көптеген ғасыр бойы Геродоттың осы әңгімесі ойдан шығарылған деп *е с е п т е л і н і п* келді (Шарапат).

ЕСЕПТЕЛІНУ *Есептелін етістігінің қимыл атауы.* А.Жұбановтың Л.Хамидимен бірігіп жазған «Абай» операсы қазақ опера өнерінің әзірге жеке-жеке тұрған шығармаларының бірі болып *е с е п т е л і н у і* тиіс (Ж.Исламғұлов, Адам мерейі).

ЕСЕПТЕП-ҚИСАПТА= е т. *Санау, шамалау, мөлшерлеу.* Әйтеуір осы күні бәрін *е с е п т е п қ и с а п т а п* жатады (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы).

ЕСЕПТЕП-ҚИСАПТАУ *Есептеп-қисапта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алдын-ала *е с е п т е п қ и с а п т а у* керек.

ЕСЕПТЕС= е т. **1.** *Бірлесе санасу, қосыла шамалап көру.* Тоғызқұмалақ пен дойбыны ауызша *е с е п т е с і п* ойнайтын Нұрмағанбет пен Боранбай да бұл топқа кірісіп кеткен-ді (К.Оразалин, Абайдан соң). **2.** *Есеп айырысу,*

ақысын төлеу. Такси қонақүйдің алдына келіп тоқтай қалды, мен *е с е п т е с і п,* түсіп қалдым (Қ.Исабаев, Арман.). Бухгалтериямен *е с е п т е с т і м* де, жігіттермен қоштасқалы жұмыс орныма бардым (А.Мекебаев, Аңызақ). Ұмытпайық, жігіттер, Жетім қалған солдатты. *Е с е п т е с і п,* төлесін, Миллиондардың құнын жау (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). **3.** *Санасу, бір нәрсені елеу, ескеру, келісу*. Жұмысшылар уақытпен де, ауа райымен де *е с е п т е с п е й т і н* (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Өзінің де ептеп сезері бар Хомонтовский онымен үнемі келісіп, *е с е п т е с і п* отырды (Б.Соқпақбаев, Қайдасың, Гауһар). Туыспын дегенде құшағын айқара ашады, ескіні еске алып, *е с е п т е с і п* те жатпайды (М.Жақыпов, Абырой).

ЕСЕПТЕСКІШ с ы н. *Елегіш, санасқыш, ойлағыш*. Үлкенге де, кішіге де сыпайы, жұрттың мұң-мұқтажымен *е с е п т е с к і ш,* жақсыдан үйренгіш, жаманнан жиренгіш абзал адамдар (Шопан серігі). Есепке жоқ Досымбай, *е с е п т е с к і ш* осындай (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау). Әкем Бидәулет Мырзабайұлы аса мейірбан, кедей-кембағалдың жағдайымен *е с е п т е с к і ш* еді («Жұлдыз»).

ЕСЕПТЕСКІШТІК з а т. *Есептескіш болушылық. Е с е п т е с к і ш т і к т і ң* тиімді жағы да бар (Ауызекі).

ЕСЕПТЕСТІР= е т. *Есеп айырыстыру, ақысын өтеттіру*. Бізге көмек бергендердің бәрімен есеп айырыстық, енді Жақыппен *е с е п т е с т і р і ң д е р,* – дедік («Ана тілі»).

ЕСЕПТЕСТІРУ *Есептестір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екеуін *е с е п т е с т і р у* керек.

ЕСЕПТЕСУ *Есептес етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Санасу, елеу, есепке алу, ескеру*. Ол күштің жалпы аты – еңбекшілер. Біз осы күшпен ғана *е с е п т е с у г е,* соны ғана бағалауға, соған ғана сүйенуге міндеттіміз (С.Мұқанов, Есею жыл.). Не де болса тез құтылып, орманға жетуім керек, бұлармен *е с е п т е с у д і ң* осыдан ыңғайлы мезгілі болмайтыны белгілі (Қ.Тұрсынқұлов, Олар орал.). Бірақ осы ағымға ілесер халық не күйде, сонымен де *е с е п т е с у* керек-ау (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ЕСЕПТЕТ= е т. *Есептеп шығарту, санату, мөлшерлету*. Шаруашылықтың қай саласы болса да уақытпен *е с е п т е т і п* істемей, жұмысымыз дұрыс нәтиже бермейді (Ердің даңқы.).

ЕСЕПТЕТКІЗ= е т. *Есептеп бергіздіру, есептетіп шығарту.* ≈ Істеген жұмысын *е с е п т е т к і з д і.*

ЕСЕПТЕТКІЗ. *Есептеткіз етістігінің қимыл атауы.*

ЕСЕПТЕТТІР= е т. *Есептеп шығарту, есептеп бергізу*. Жеткен жетістік пен соның нәтижесін *е с е п т е т т і р д і* (Ауызекі).

ЕСЕПТЕТУ *Есептет етістігінің қимыл атауы.* Ол кезде өзге шаруадан қолым босамағасын, саған *е с е п т е т у д і* кейінге қалдырған едім («Жалын»).

ЕСЕПТЕУ[1] з а т. *Санақ, есеп-қисап* (*заттық ұғымды білдіреді*). Ұлттың басқармасының *е с е п т е у л е р і* дәлме-дәл шықса, кесте бойынша сіздің алдағы мүшелді жылыңызға дейін ораламын ғой (А.Мархабаев, Ғарышта.).

Есептеу аспабы. *Алгоритмнің жеке әрекеттерін (операцияларын) ғана орындай алатын есептеу құралы. Е с е п т е у а с п а б ы н а* арифмометр, калькулятор және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Есептеу әдісі. *Салық есебінің амал-тәсілдер жиыны. Е с е п т е у ә д і с і* бойынша төленетін уақытына қарамастан кірістер мен шығыстар жұмыстардың орындалған, қызметтердің көрсетілген, тауарлардың жөнелтілген сәтінен бастап, олардың өткізілуі және мүліктің кіріске жатқызылуы мақсатымен есептеледі (Қаз. тілі термин. Экономика).

Есептеу желісі. и н ф. <ағыл. computer network> *Желі элементтерінің арасында мәліметтер жеткізуге арналған компьютерлер, қосымша жабдықтар, байланыс арналары және арнайы бағдарламалық жасақтамалар кешені; бір немесе бірнеше түйінінде есептеу машинелері (және басқа электрондық құрылғылар) орналасқан мәліметтер жеткізу жүйесі.* Міндеттеріне, жабдықтар типіне және байланыс арналарына байланысты *е с е п т е у ж е л і с і* жергілікті, корпоративті, аумақты және кең ауқымды болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика).

Есептеу жүйесі. и н ф. <ағыл. computer system> *Ақпарат қабылдауға, сақтауға, өңдеуге және оның нәтижесін пайдаланушыларға ыңғайлы түрде шығаруға арналған есептеу техника құралдарының өзара байланысқан жиынтығы ретінде берілген мәліметтер өңдеудің автоматтандырылған жүйесі. Е с е п т е у ж ү й е с і н* біртұтас жүйе құрайтын және арифметикалық-логикалық операцияларды қатарластыра орындауды жасақтайтын физикалық және программалық түрде біріктірілген процессорлар ретінде қарауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика). Мысалы, командалар және мәліметтер ағынының түрлері (сандары) бойынша *е с е п т е у ж ү й е с і* төрт түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика).

Есептеу қағидаты. қ а р ж ы. *Бухгалтерлік есеп қағидаты. Е с е п т е у қ а ғ и д а т ы* бойынша кірістер мен шығыстар ақшалай қаражатты алу немесе төлеу уақытында емес,

түсуі мен пайда болуына қарай танылады (Қаз. тілі термин. Экономика). Салық салу мақсатында *есептеу қағидаты* былайша тұжырымдалады: кірістер мен шегерістер жұмыстардың орындалған, қызметтердің көрсетілген, мүліктің өткізу және кіріске алу мақсатымен жөнелтілген сәтінен бастап төленген уақытына қарамастан есептеледі. Сөйтіп кірістердің және осы кірістерді алу мақсатымен жұмсалған шығыстардың өзара сай келуі қамтамасыз етіледі (Қаз. тілі термин. Экономика).

Есептеу қамтамасыздығы. *Гидротехникалық құрылыстарды жобалау және сушаруашылығы объектілерінің құрылысын жүргізу барысында гидрологиялық шамалардың су нормативімен қамтылуы. Есептеу қамтамасыздығы* арқылы гидрологиялық жүргі көрсеткіштерінің шамасын анықтаумен бірге гидротехникалық құрылыстың өлшемдері мен көрсеткіштері де анықталады (Қаз. тілі термин. Сушаруашылығы).

Есептеу [компьютерлік] лингвистикасы. л и н г в. <ағыл. computational linguistics> *Лингвистика мен жасанды интеллект тоғысындағы пән. Есептеу лингвистикасы* табиғи тілдердің қалыпты қасиеттерін зерттеумен және компьютерде табиғи-тілдік мәтіндерді талдау, синтездеу мен түсіну процестерін модельдеумен шұғылданады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Есептеу математикасы. м а т е м. *Математиканың есептеулер жүргізу мен электр есептегіш мәшинелерді пайдалануға байланысты мәселелерді қамтитын саласы. Есептеу математикасы* – типтік математикалық есепті шешудің сандық әдістерінің теориясы («Зерде»).

Есептеу орталығы. *Электресептегіш мәшинеңің көмегімен әртүрлі ақпаратты жинап, күрделі есептеу жұмысын орындайтын арнайы кәсіпорын. Есептеу орталығы* есепке алып, есеп беру құжаттамасын өңдейтін орталық болып табылады («Зерде»). *Есептеу орталығына* есепке алу, статистикалық, бухгалтерлік ақпаратты өңдеуге арналған есептеу де жатады (ҚҰЭ).

Есептеу орталықтарының желілері. и н ф. <ағыл. networks of computer centers> *Байланыс арналарымен біріктірілген есептеу орталықтарының жиынтығы. Есептеу орталықтарының желісі* ақпараттық есептеу жұмыстарын орындауда пайдаланушылардың (ведомстволық кәсіпорындардың, ұйымдардың) қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге едәуір мүмкіндік береді. *Есептеу орталығы желілерінің* элементтері ұжымдық пайдалану есептеу орталықтары, мәліметтерді жеткізу жүйесі, абоненттік пульттер (терминалдар) (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Есептеу тәжірибесі. *Компьютерлік моделі жасалған құбылысты, процесті, мәшинені зерттеу әдісі. Есептеу тәжірибесінің* сапасы модельдің нақтылы объектіге сәйкес болу деңгейіне және өзгерілетін параметрлерді анықтайтын эксперимент жүргізушіге байланысты болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Есептеу тәжірибесінің* басқа кез келген әдістен артықшылығы – ол неғұрлым жедел жүргізіледі және шығыны біршама аз болады. Тәжірибе барысында модель бұзылмайды және өз қасиеттерін жоғалтпайды. Математика, физика, химия, биология, экология, техника және информатика салаларында кеңінен қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Есептеу техникасы. и н ф. <ағыл. computer sciences> *Ақпаратты өңдеу мен есептеудің математикалық процесін механикаландыру және автоматтандыру үшін қолданылатын құрал-жабдықтар орталығы. Есептеу техникасы* кең көлемді әрі күрделі есептеулерді шешуде, үлкен, көлемді ақпаратты өңдеуде қолданылады (ҚҰЭ).

ЕСЕПТЕУ[2] *Есепте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Санау, тіркеу.* Қиғаш басқан қадамымды *е с е п т е у м е н* мәңгілік, Достарымды достарыңа өсектеумен мәңгілік (Ж.Әбдірашев, Найзағайлы.). **2.** *Ойлау, шамалау.* Бұлай деп *е с е п т е у* дұрыс емес екен (А.Қарағұлов, Жарық сәуле.). // *Бір нәрсенің есебін шығаруға арналған.* Бұл жұмысқа төселіп кету үшін *е с е п т е у* құрылғысы мен есептеу математикасын игеріп алған жөн («Жас Алаш»).

ЕСЕПТЕУЛІ с ы н. *Санаулы, есепке алынған.* Дала төсінде теңіздей тербелген әрбір бидай *е с е п т е у л і* (С.Мәуленов, Жер нәрі). Аумалы-төкпелі заманда көзден тамған бір жас, аңқылдай күлген бір күлкінің өзі *е с е п т е у л і* болатын көрінеді (М.Сқақбаев, Қырық қыз). Олардың мамандығы да асқан шыдамдылықты, әрбір қасқағымы *е с е п т е у л і* дәл қимылды керек етеді (С.Омаров, Өмір асу.).

ЕСЕПТЕУСІЗ с ы н. *Есептеп шығармаған, мөлшерлеусіз.* ≈ *Е с е п т е у с і з* қимыл. ≈ *Е с е п т е у с і з* жасалған әрекет.

ЕСЕПТЕУШІ з а т. **1.** *Солай деп санаушы.* Сол уақытқа дейін, тіпті Ньютонның дәуірінде де жарық қарапайым түс деп *е с е п т е у ш і л е р* есепсіз көп еді (А.Қалығұлов, Жарық сәуле.). **2.** *Есеп-қисап жүргізіп, есеп айырыстыратын адам.* Бұл жұмыстағы *е с е п т е у ш і м і з* Сейдәлім болатын («Жетісу»).

ЕСЕПТЕУШІЛІК з а т. *Есепке алушылық, санаушылық.* Шығыста астарлай сөйлеуді

ұнатады деп *е с е п т е у ш і л і к* бар, солай болса да шығыс адамы – мына мен сөзіңізді онша ұға алмадым, – деді (Дм. Снегин).

ЕСЕПТЕУІШ з а т. *Бір нәрсенің санын, мөлшерін көрсететін құрал.* Нысана бағытынан ауытқу бұрышын анықтауға мүмкіндік беретін екінші *е с е п т е у і ш* қондырғысы бар (ҚСЭ).

Есептеуіш мәшине. т е х. *Өңдеу процесін механикаландыруға, автоматтандыруға арналған құрылғы.* Өндірісті басқаруда электронды *е с е п т е у і ш м ә ш и н е н і ң* пайдаланылуы көп («Қазақст. мект.»).

ЕСЕПТІ[1] с ы н. **1.** *Дәл есептелген, есебі дұрыс, алдын ала ойластырылған.* Осы *е с е п т і* істелген шаруа-шақпыттар жол үстінде көңілге бір мезгілде медеу болғанымен, қайнар жұмыс арасында қандай боларын әзір біле алмайды (Б.Тоқтаров, Қыран.). Сол күлкісінде астарлы да *е с е п т і* бір қуаныштың сыры жатқандай (Е.Қонарбаев, Жол басы). **2.** *Санаулы, есептеулі, айтулы.* Ал өзінің жазуына қарағанда, *е с е п т і* күні толыпты (С.Бегалин, Уақыт.). *Е с е п т і* уақыт азайған сайын полицейдің мазасы кетіп, үш қадам төр үйді қарыштап санай бастады (С.Әйешев, Жаңғыру).

Есепті баяндама. *Шаруашылық қйымның белгілі бір мезгілдегі жұмысының қорытындысы. Е с е п т і б а я н д а м а н ы* бюро мүшелерінің бәрі де жасап жүр («Қазақст. комм.»). Бүгін ұжым алдында бір жылдың істеген ісі туралы *е с е п т і б а я н д а м а* жасады (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

Есепті дос. *Әр нәрсенің байыбын бағалайтын дос. Е с е п т і д о с а й н ы м а с,* есепсіз дос қайырылмас (Мақал-мәтел).

Есепті жиналыс. *Белгілі бір қйымның белгілі бір мезгілде істеген жұмысының қорытындысына арналған отырыс.* Бір күні комсомол ұясының *е с е п т і ж и н а л ы с ы* болды (Е.Оразақов, Дәрігер жолы). Шаруашылықтың жылдық *е с е п т і ж и н а л ы с ы н а* ұжым мүшелері тегіс қатысты («Жас Алаш»).

ЕСЕПТІ[2] ү с т. *Іспетті, тәрізді, сияқты.* Айдардың мына жыры осындай бір жаңа жырдың басы *е с е п т і* (М.Әуезов, Қараш.). Ертіске көршілес осы екі ауданның шегарасы *е с е п т і* болатын (Ә.Нұршайықов, М.Қайырбаев). Бұл жөнінен келгенде Зейнеп – апа, Сұлтанмахмұт – бауыр, Садуақас – жезде *е с е п т і* (Д.Әбілев, Ақын.).

ЕСЕПТІК[1] з а т. *Есеп шығаруға арналған математикалық тапсырма.* Қосымша есептік материалды мұғалім «Алгебра және функциялар *е с е п т і к т е р і* жинағы» аталатын оқулықтан табады («Қазақст. мект.»).

ЕСЕПТІК[2] с ы н. *Есептеуге арналған, есепке алынған.* Қосымша *е с е п т і к* материалды мұғалім «Алгебра және функциялар есептіктері жинағы» аталатын оқулықтан табады («Қазақст. мект.»).

Есептік сан. л и н г в. ***Есептік сан есім.*** Бір, он, елу, жүз, мың дегендер *е с е п т і к с а н ғ а* жатады («Қазақст. мектебі»).

Есептік сан есім. л и н г в. *Заттың аз-көптік есебін, ұзын санын білдіретін сан есімнің түрі. Е с е п т і к с а н е с і м д е р* қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді (Қазіргі қаз. тілі).

ЕСЕПТІЛІК з а т. *Есепті болушылық, есеп берушілік.* Орындап біткен, атқарған жұмысымыздың *е с е п т і л і г і* талап етілетін (Ауызекі).

ЕСЕПШОТ[1] з а т. *Он-оннан жүздей домалақ тасы бар, бір нәрсенің санын алып-қосып анықтауға арналған аспап.* Мұғалима *е с е п ш о т т ы ң* қасында әртүрлі есепті шотқа қағып көрсетіп тұр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Әсіресе көп жылдан бері есеп-қисап саласында істеп жүрген орынбасардың *е с е п ш о т* қағуы мүлде бөлек (М.Есламғалиев, Екінші тыныс). *Е с е п ш о т т ы ң* он домалақ тасы ұрсын, Он баламның көзінің жасы ұрсын, Әкемнің ақ сақалы ұрсын (О.Иманалиев, Соқырішек).

ЕСЕПШОТ[2] з а т. қ а р ж ы. *Жеке кәсіпорынның өзге заңды тұлғалармен есеп айырысып, ақша қаражатын сақтау үшін банктен ашылған есебі. Е с е п ш о т* әралуан кәсіпорын мен ұйымда, мекеме мен фирмада өзара есеп айырысуды жүргізу мақсатында қолданылады (ҚҰЭ).

ЕСЕПШІ[1] з а т. к ө н е. *Тоғыс есебін жүргізіп, ауа райы, күн райы мен табиғат өзгерісі туралы болжам айтып отыратын адам. Е с е п ш і л е р* Үркердің аууынан күн райының өзгеретінін білген (Шопан серігі). *Е с е п ш і* – ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан халықтың тұрмыс ерекшелігінен туған әуесқойлық кәсіп (ҚСЭ). Уақыт пен ауа райының есебін жүргізгенде, *е с е п ш і л е р* көкте байқалатын астрономиялық, метеорологиялық құбылыстарға сүйенген (ҚСЭ).

ЕСЕПШІ[2] з а т. қ а р ж ы. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығысын есептеп, тіркеп отыратын маман; санақ жұмысымен айналысатын бухгалтер.* Шәйзада қазір көршісовхозда *е с е п ш і* болып істейді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Сол мақсатпен Бүрген бойына ерте көшіп келген Ж.Қарабалиннің ауылына совхоз *е с е п ш і с і* де келіп жетті (Б.Асанбаев, Адам сұлу.). Өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын сол *е с е п ш і д е й*-ақ болсаңдар нетті (Алғашқы адым).

ЕСЕПШІ[3] з а т. к ә с. *Өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын жабдық.* Ертеректе әжелеріміз *е с е п ш і н і* пайдаланып, әдемі текемет тоқитын (Ауызекі).

ЕСЕПШІДЕЙ с ы н. *Есепші сияқты, есептеуші адам сияқты.* Өз жүрегімнің тыныс-сын санаған *е с е п ш і д е й* оның басқан қадамын санап отырмын (Ж.Саин, Жол үсті.).

ЕСЕПШІЛ с ы н. **1.** *Пайдакүнем, есепдан, ұсақшыл.* – Солай болуға тиіс еді, – деді Құдайберген, – сенің түскен жерің жат орта, дүниеқоңыз, мансапқор, тым *е с е п ш і л* жандар (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). *Е с е п ш і л* кәрілердің дәл бүгін тасыған қар суындай бір-ақ лықсып, нөпір келуі де сондықтан (С.Сматаев, Елім-ай). Ас үйдегі анау өсекшіл, Жеп-ішкенге *е с е п ш і л,* Мені ұры деді, Мысық болмай құры деді (Қ.Мұқышев, Екі мысық). **2.** *Есепке жүйрік, есеп шығарғыш.* Ендеше, сол *е с е п ш і л* Бөкең мектептің тақтасындағы есепті қойып, қазір өмірдің есебін шығаруға кірісті (М.Дүзенов, Әке.). Мырзаш әкесінен анағұрлым ақылды, *е с е п ш і л,* сақ (Қ.Уәлиев, Әңгім.).

ЕСЕПШІЛДІК з а т. **1.** *Есепшіл болушылық, пайдакүнемдік, ұсақтық.* Үй ішінде еңбек бөлісу; «сен ананы істе, мен мынаны істедім» деген тепе-тең *е с е п ш і л д і к т і ң* де, «өзгедей бір жаққа тартып кетейін деп отырсың ба?» – деп ұсақшыл күмән келтірудің де жөні жоқ еді («Мәдениет және тұрмыс»). Ер адамға қарағанда әйел адамның бойында *е с е п ш і л д і к* көбірек кездеседі («Қазақст. әйелд.»). **2.** с ө й л. *Есепші болушылық, есепшілік.* Өзі де еңбек жолын сол Нұрғабылдың бригадасында *е с е п ш і л д і к т е н* бастап, бөлімшеге бухгалтер болған («Қаз. әдеб.»).

ЕСЕПШІЛІК з а т. *Есепші болушылық; есептеу жұмысы, есепші қызметі.* Саналы өмірінің 34 жылында *е с е п ш і л і к* қызмет атқарған Латипа апай әлі де тұғырдан тайған емес («Мәдениет және тұрмыс»). Директор ең арғысы *е с е п ш і л і к к е* адам алса да «ауыл ішінде беделі қалай?» деп ақылдасады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Шілденің дәл қайнап тұрған кезінде ағайымды колхоз Алматыға үш айлық *е с е п ш і л і к* курсқа оқуға жіберді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЕСЕР с ы н. **1.** *Ойына келгенін істейтін әумесер, тентек, есірік. Е с е р* кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен (Абай, Шығ. жин.). *Е с е р* баладан ерке бала жаман (Мақал-мәтел). Маймыл боп *е с е р г е* сондай, Арсылда адамға болмай, Ит болып өтпесің оңбай, Жырқылда, тырқылда, әйда! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мен мыналардан іш тарттым, Ұшыратар кеселге. Неге тізгін ұстаттың, Ес білмейтін *е с е р г е*? (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Ақымақтау, әңгілеу.* Тек *е с е р* мінезді адам ғана бұған мән бермейді (Ауызекі). *Е с е р д е н* ес сұрамас (Мақал-мәтел).

Есер жабық. ж е р г. *Онша емес, орташа ғана.* Соғымдық жылқымыздың *е с е р ж а б ы қ* қана еті бар екен (Диал. сөздік).

ЕСЕР-ЕРСІ с ы н. *Әумесер, есір, дөрекі.* Күлмедім қалжыңына *е с е р - е р с і,* Белгілі донжуандық мәселесі (Б.Аманшин, Жайық желі).

ЕСЕРЛЕН= е т. **1.** *Әумесерлену, есіру, делқұлылану.* Жаудың миномет батареясы бұрынғыдан да *е с е р л е н е,* бағанағы траншеяның о жақ, бұ жағына минасын төкті де түрды (С.Сейітов, Сөз сұра.). *Е с е р л е н і п* бұл енді, Лақтырғандай біреуді. Қорғасынды сақасын Суға атып жіберді (Қ.Тәңірқұлиев, Тауы.). Есалаң жау жеңеміз деп желікті, Тәңірі тұтып танкісі мен бомбасын. Ентеледі, *е с е р л е н і п* демікті, Қанша темір, төкті қанша қорғасын (Ә.Оңалбаев, Таң алды.). **2.** *Ақымақтану, әңгілену, қызбалану.* Түрленіп «төре болдым» деп, *е с е р л е н і п* шатпаған. Жүз мың теңге келсе де, Махаббатын сатпаған (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Ес жиғызбау, күшею, құтырыну.* Қара дауыл құйын қанатымен *е с е р л е н е* жерді сабалап, шулап, дүрлігіп жатыр (К.Боқасов, Әкеге қарап.).

ЕСЕРЛЕНДІР= е т. *Әумесерлендіру, делқұлыландыру, есірту.* Байдың жалғыз ұлы болғасын ба, *е с е р л е н д і р і п* жіберген бе («Әдебиет майданы»).

ЕСЕРЛЕНДІРУ *Есерлендір етістігінің қимыл атауы.* Жастық шақтың *е с е р л е н д і р у і* не істетпеді дейсің (Ауызекі).

ЕСЕРЛЕНУ *Есерлен етістігінің қимыл атауы; әумесерлену.* «Жетер енді *е с е р л е н у і ң,* сабыр сақта, тыныштал» деп иығынан басып, орнына отырғызды (З.Шашкин, Өмір).

ЕСЕРЛЕУ с ы н. *Әумесерлеу, мақтаншақтау, есіріктеу.* – Иә, есімде, өзі бір *е с е р л е у* неме еді ғой. Әуелі жұмысқа келмей, аяғында завод директоры жұмыстан шығарып жіберген жоқ па? (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Бай адамның ерке, шолжың баласы сияқты. Әр суретте кеудесін көтеріп, өзінің байлығына, көркіне мақтанып тұрған *е с е р л е у* бала (Т.Ахтанов, Үндістан.). Шығармада алғаш біз алаңғасар, *е с е р л е у,* еркебұлақ өскен ұшқалақ бір ұрыншақ баламен кез боламыз (З.Серікқалиев, Ақыл таразысы).

ЕСЕРЛІК з а т. *Есер болушылық, әумесерлік, есіріктік, делқұлылық.* Адам деген ардақты атқа ие болғандарын біле тұра, соның бәрін қасиет тұтпау ақылдылық емес, *е с е р л і к* болады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Оның үстіне осы Қауғабайды балалық жігіттшіліктің *е с е р л і г і* соңғы сыныпқа көшкен жылы табыспас жау етіп кеткен еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қазір ойласам біздің сонымыз көзсіз ерліктен гөрі ес білмеген *е с е р л і к* пе деп қалам (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЕСЕРСОҚ с ы н. *Нақұрыс, әумесер, есірік, ұрда-жық.* – Сіздің генерал-губернаторыңыз тек қана *е с е р с о қ* емес, орыс патшалығының барлық есуастық зұлматының айнасы (С.Бегалин, Шоқан асу.). Айтанның өзі де кәдуілгі адамға ұқсамайды, жын буған түзік те, ақылы бүтін *е с е р с о қ* та емес (М.Мағауин, Көк кептер). Сол кезде справник тағы келді, Малайды қағыстырып көп тексерді. Шатпақтап малай жөн сөз айтпаған соң, *Е с е р с о қ* жынды ғой деп қоя берді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Е с е р с о қ т ы ң* ақылы түстен кейін кіреді (Мақал-мәтел).

ЕСЕРСОҚТАН= е т. *Жындану, аласұру, құтырыну.* Шортан деген су бүлігі шабақ қуып *е с е р с о қ т а н а д ы* да жүреді (Ғ.Сыланов, Дөң асқан). Дария *е с е р с о қ т а н ы п*, енді ақ көбік толқындарды жар қабақтан асыра берді («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕСЕРСОҚТАНДЫР= е т. *Жындандыру, құтырту, аласұрту.* ≈ Еркеліктен *е с е р с о қ т а н ы п* кеткен.

ЕСЕРСОҚТАНДЫРУ *Есерсоқтандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с е р с о қ т а н д ы р м а у* керек.

ЕСЕРСОҚТАНУ *Есерсоқтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с е р с о қ т а н у ы н* тыйды.

ЕСЕРСОҚТАУ с ы н. *Әумесерлеу, жындыкештеу, ақымақтау.* Хан ашуы қатты адуын, *е с е р с о қ т а у* кісі болса керек (М.Қаратаев, Далада.). Кілең *е с е р с о қ т а у* жас жігіттер әлгі қоянды қуып берді (І.Есенберлин, Қаһар). Сәл *е с е р с о қ т а у*, аңғал Тудай Мөңке шу дегенненақ Ноғайдың асыранды күшігі тәрізді бірден соңынан ерді (І.Есенберлин, Алтын Орда).

ЕСЕРСОҚТЫҚ з а т. *Есерсоқ болушылық, әумесерлік, есерлік.* Сахнадағы осы көрініс бітпейақ, екі ғашықтың кездесу сәтін бұзып, *е с е р с о қ т ы қ* жасаған Есеннің шатағы («Мәдениет және тұрмыс»). Жас кезіндегі *е с е р с о қ т ы ғ ы н* әлі қоймаған сияқты («Жалын»).

ЕСЕРСУ *Есерсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с е р с у і н* қойғызды.

ЕСЕРСІ= е т. *Әумесерлену, есерсоқтану. Е с е р с і г е н* қылығынан ұялса етті (Ауызекі).

ЕСЕРСІТ= е т. *Әумесерлендіру, есерсоқтандыру.* Ұлыңызды ержеткенше жөнсіз шолжаңдатып, *е с е р с і т е* бермексіз бе? – деп жиналғандар ренжісті («Қаз. әдеб.»).

ЕСЕРСІТУ *Есерсіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Текке *е с е р с і т у д і ң* жөні жоқ.

ЕСЕСІ з а т. *Бір нәрсенің қарымы, орны толуы.* Оның *е с е с і н е* қысты күні сорпаға, көжеге, сарқасқа қылып құрт езіп тойып алса, қора ішіне кемзелшең, көйлекшең шыққанда бойы қыз-қыз қайнап жүреді (Ж.Аймауытов, Шығ.)

Есесін қайырды. *Орнын толтырды, есесін жібермеді.* Мүсілім биесін алма деп, болысқа осынша айтса да болмайд де! Ренжімесін, тірі болсам оның *е с е с і н қ а й ы р а р м ы н* деп айт, білдің бе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСЕСІЗ с ы н. **1.** *Есе, үлестен құр қалған, теңдіксіз, тәуелді.* Құрман амандықтың орнына әке-бабадан жіберіп келіп: – Есігімде жүрген *е с е с і з* құл, Құдайыңды ұмытқан екенсің! Бес қара бітті деп, теріңе сыймай жүр екенсің ғой сен, – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Аяусыз қысым мен соқыр сенімнің жанштауында *е с е с і з* болған қазақ кедейлері бұл күнде үкіметке жүрегін жарып шыққан алғысын айтады (Т.Оразов, Қаныш.). **2.** *Орны толмай, өтелмей.* Елден ерекше шығынға ұшыраймыз, менің екі бірдей өгізшем *е с е с і з* кеткен (С.Бегалин, Замана.).

ЕСЕСІМЕН ү с т. *Артығымен, үстемесімен.* Топырақтан өмір исі шығады, Оны денең тиіп кетсе, ұғады. Еңбегіңді *е с е с і м е н* беретін Жақсылық та топырақтан жұғады (Ө.Тұрманжанов, Бозша.).

ЕСЕРТАРТЫС з а т. о й ы н. *Қазіргі «музыкалық қаламбур» немесе «музыкалық масқарампаз» деген ойынға ұқсас ойын түрі.* Ақындар арасындағы «арсыз» айтыс сияқты, үлкен домбырашылар тартысып кеткеннен кейінгі масқарампаздар ойыны *е с е р т а р т ы с қ а* жатады («Жұлдыз»).

ЕСЕ-ТЕҢДІК з а т. *Үлес-сыбаға, тиесі, теңдік.* Жігітке қарағанда тісқақты емес пе, Сәлмен *е с е - т е ң д і к* бере қоймады (Б.Тілегенов, Аққайнар). «Біз де бір адам сияқты *е с е - т е ң д і к к е* ие болсақ-ау, шіркін!» – деген ізгі үмітті көксеп, сол үмітті үлкен медеу тұтатын (З.Жәкенов, Таң самалы). Борсықтың қызы, Борсықтың қатыны, оған *е с е - т е ң д і к* болушы ма еді дейсің ғой (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЕСЕЮ *Есей етістігінің қимыл атауы; ақыл тоқтату, ер жету.* Алайда мен үшін бұрынғы Қаблан, балаң Қаблан қымбат еді. Дегенмен амал жоқ, өзгеру, *е с е ю* – өмірдің басты заңы (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Адамның *е с е ю і н* бойынан емес, санасынан тану керек (С.Сарғасқаев, Көңіл. бала.). Бұрынғы ашық, аңқылдақ мінез сап тыйылып, Еркебалаға *е с е ю*, ер жету кезеңі басталғандай еді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЕСЕЮЛІ с ы н. с ө й л. *Өсіңкі, көтеріңкі.* Досжан көңілі соңғы күндері *е с е ю л і* еді (А.Байтанаев, Жаңғыр.). Анар бойынан осы соңғы жайлар басым сезіледі. Көңілі өскен, өзі де *е с е ю л і* (А.Байтанаев, Қансонар).

ЕСКЕК[1] з а т. *Қайық жүргізу үшін суды есуге арналған, сабы ұзын, үш жағы қалақша келген құрал.* Кіші баламыз Әлімжан да қайықтың

бір *е с к е г і н* ұстап үйреніп жүр (М.Әуезов, Абай жолы). *Е с к е к* есу мен ау құлағын ұстаудың мәнісіне ерте түсінген бір топ лек бұл кәсіпті өз мамандықтарына айналдырды (Теңіз тарландары).

Ескек пәре. т е х. *Қалақшасының беті винт тәрізді жасалып, көлденең оське орнатылған кеме қозғалтқыш.* ≈ *Е с к е к п ә р е* орнатылды.

Ескек шалу. ж е р г. *Ескек есу. Е с к е г і ң д і* оқсатып *ш а л* (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

ЕСКЕК[2] з а т. с ө й л. ***Кескек***. Бір күні, кешкұрым, өріске қалып қойған, құрттаған, әлгі жарасын қасымасын деп *е с к е к* байлаған қоңыр қозыны айдап келе жатыр едім (С.Бақбергенов, Қарға там.). *Е с к е к* байлаған, құрттаған қоңыр қозыны алдына салып жеңгем ауылға қайтты (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЕСКЕК[3] з а т. **1.** *Салқын самал, жайлап соққан жел.* Күн төмен түскен уақыт еді. Күннің ыстық лебі қайтып, денеге жібек торғындай тиетін майда *е с к е к* тұрған еді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Жаңа бір өткінші жауынептеп қана жер бетін шылап өтті де, іле жел көтеріліп, *е с к е к* соқты (Ердің даңқы еңбекте). Мен сөйлесем қаларсың Ашылмас тұман *е с к е к к е*. Баймын деп сендей тасыман. Кедеймін деп жасыман (Айтыс). **2.** а у ы с. *Екпінді, қарқынды, тасқынды, асқақ.* Дәрмен шалқыған, *е с к е к* өленді ойдан шығара жырлайтын (М.Әуезов, Абай). Бебеулеген сарын кем-кем бауырын жазып, екпінді *е с к е к* әуенге ұласты («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Лебі, буы, әсері.* Жаз айында сен кеттің, қала бердім, Әуре болып ойынның *е с к е г і м е н* (Ж.Сәтібеков, Даладағы дастан).

Ескек жел [самал]. *Қоңыр салқын, жанға жайлы, есе соққан жел, самал.* Алатаудың *е с к е к ж е л і* жаныңды желпіп тұрғандай (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Бетін қарсыдан соққан *е с к е к ж е л г е* төсеп, соңына өкшелей ерген Балабекті байқамастан, Махамбет ауыр ойдың қорғасын құшағынан арыла алмай шапқылап келеді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Биіктен соққан бір ескек салқын самал ән әуезін елірте түседі (Д.Жанботаев, Дала оттары). *Е с к е к с а м а л,* сұлу толқын қошаметтеп, Қарсы алар екеумізді теңіз түні (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

ЕСКЕКАЯҚ з а т. з о о л. *Жануарлардың суда тіршілік етуіне байланысты жүзуге бейімделген ескек тәрізді саусақты аяқтары. Е с к е к а я қ* суда тіршілік ететін бауырымен жорғалаушыларда (мыс., теңіз тасбақалары), құстарда (пингвиндер) және сүтқоректілерде *(е с к е к а я қ т ы л а р,* кит тәрізділер т.б.) болады (ҚСЭ). *Е с к е к а я қ т ы ң* сыртқы құрылысы балықтардың жұп жүзбеқанаттарына ұқсас, терімен қапталған жалпақ қалақты болып келеді (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСКЕКАЯҚТЫ з а т. з о о л. <лат. pinnipedia> *Суда жүзуге бейімделген ескек тәрізді бессаусақты жәндіктер мен жануарлар.* Кейбір жануар түрлерін, құстар мен шаяндарды *е с к е к а я қ т ы л а р ғ а* жатқызамыз («Білім және еңбек»). *Е с к е к а я қ т ы л а р д ы ң* үш түрі халықаралық Табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» жатқызылған (ҚҰЭ).

Ескекаяқты шаянтәрізділер. з о о л. <лат. copepoda> *Омыртқасыз жануарлардың буынаяқтылар түрінің шаянтәрізділер табына жататын бір тармағы. Е с к е к а я қ т ы ш а я н т ә р і з д і л е р* – балықтар мен мұртты киттердің негізгі қорегі (ҚҰЭ).

ЕСКЕКАЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. pelecaniformes> *Құстар табы отрядына жататын, денесі ірі су құстары.* Барлық *е с к е к а я қ т ы л а р ғ а* тән ерекшеліктер – аяқтарының 4 саусағының арасында жүзу жарғағының және мойын қапшығының болуы (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСКЕКЕТ= е т. с ө й л. ***Ескектет***. Сонда Едіге, Домбырасын қолына алып, Екпіндетіп, Екіленіп, *Е с к е к е т і п*, Қалшылдатып, Тарсылдатып, Кекілік атып, Секектетіп, Күннің күйін, Нұрдың күйін соқтырды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСКЕКСІЗ с ы н. *Ескегі жоқ.* – Қайтқаны несі? Мыналарды өткізбейміз бе? – *Е с к е к с і з* қалай өткіземіз? (З.Шүкіров, Ғажайып.). Аққу көлінің айдынында *е с к е к с і з* қалқыған қайықтың үстінде отырған адамдай сезінді (М.Дүзенов, Әке.). Анау моншаның тұсынан жалғыз қайықты шықты. Мана ат суарғалы келгенімде *е с к е к с і з,* шынжырлаулы-тұғын (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Ескексіз қайықтай. *Басқарусыз қалғандай, дәрменсіз, амалсыз. Е с к е к с і з қ а й ы қ т а й* қалтылдап Теңселді бай біткен, Сен күлдің қарқылдап, мазақтап, Өзіңе тұрса да құшағын жайып кең (Ж.Молдағалиев, Жас қайың). Өзін дәл бір көл бетіндегі *е с к е к с і з қ а й ы қ т а й* сезініп, қатты ағын қай жақтан келсе, солай қарай ығуға іштей бекінді (К.Зәкенов. Жанартау).

ЕСКЕКТЕ= е т. **1.** *Ақырын ғана жел соғу, жел тұру, желпу.* Күнбатыстан ақырын ғана майда жел *е с к е к т е й д і* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ес самал жел, *е с к е к т е* Үдесін қырман бораны. Ағылып бидай бір шетке, Арылсын қауыз тозаңы (С.Машақов, Жылдарым.). Қашан да *ескектеп* соққан желдің қабілеті атмосфералық ауаның қозғалу жылдамдығына байланысты (Ғалам ғажаптары). **2.** а у ы с. *Борату, жосыту, асқақтау, екпіндеу.* Ыбырай төрдің алдында шынтақтай жатып, *е с к е к т е п* соғып отыр сөзді (Б.Майлин, Шығ.) Тыңдаушыларын

желпінте, *е с к е к т е й* салынған әсем ән енді жер үйге сыймай, майдан өлкесіне тартылған сымдай болып бүкіл алғы шепке тарап жатты (С.Сейітов, Сөз сұра.). Сұңқылдаған көмейі, Сыбызғының үніндей, *Е с к е к т е г е н* толқыны «Бозторғайдың» күйіндей (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Сар даланың боранындай ескектеді. б е й н. *Беталды, мазасыз, ретсіз қозғалды, жүйесіз әрекет жасады. Е с к е к т е п с а р д а л а н ы ң б о р а н ы н д а й* Аңқылдап бет алдына жүре берме (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕСКЕКТЕЙ с ы н. *Ескек сияқты, ескек секілді.* Су серпіген *е с к е к т е й* Домбырасын серпісін. Тоқсан үш жасы торқадай, Тоқсан күн қатқан жорғадай (Жамбыл, Шығ.). Қарулы қолындағы *е с к е к т е й*-ақ, Рас сөз – алыс жолдың арбасындай (Үш ғасыр.). Онымен шаруасы жоқ, емірене иіскеп, *е с к е к т е й* алақанымен жаурынымнан қаққыштап босатар емес (М.Асылғазин, Ауылдастар).

ЕСКЕКТЕЛ= е т. *Желдің соғылуы, боратылу.* Маужырап, жел де еспей *е с к е к т е л і п*, Тыныштық тыным ал деп әсем қақты (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат)

ЕСКЕКТЕЛУ *Ескектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желдің *е с к е к т е л у і.*

ЕСКЕКТЕТ= е т. **1.** *Ақырындап барып үдетіп жел тұрғызу, бораттыру.* Жел *е с к е к т е т е* соғып, боратты (Ауызекі). **2.** *Желіктіру, құлшындыру, желдірту, желпіндіру.* Сыпа киінген ер ортасы кісі, түксиген мұрты аузын жауып, сөзді *е с к е к т е т е* соғып, маңындағы жұртты үйытып отырған секілді (Б.Майлин, Азамат.). Тағы да *е с к е к т е т е*, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсапа сөздерді желдіртіп, *е с к е к т е т і п* айту бұл заманда артық, ұнаспайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСКЕКТЕТУ *Ескектет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөзді *е с к е к т е т у.*

ЕСКЕКТЕУ *Ескекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желдің *е с к е к т е у і.*

ЕСКЕКТҰМСЫҚ з а т. з о о л. *Теңізде тіршілік ететін балықтың бір түрі.* ≈ *Е с к е к т ұ м с ы қ* аулау.

ЕСКЕКТІ с ы н. *Ескегі бар, ескек орнатылған. Е с к е к т і* қайықпен өзеннің арғы жарасына міне өттім дей бергенде алдынан көкжал қасқыр қарсы шыға келгендей көрінді бұған (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Іліп кетті ескекті қайықты ағыс, Үркіп үшты аулаққа үйрек те алыс (Қанат қақты). // *Ескекпен ғана жүретін, жүзетін.* Ерте заманда *е с к е к т і* кемелер ғана болған (Ауызекі).

Қос ескекті. *Екі жағында да ескегі бар.* Кәлен *қ о с е с к е к т і* қайықтың кенеріне сүйей салды да, тез еңкейіп аудың құлағынан ұстады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕСКЕКТІЛЕР з а т. з о о л. <лат. ctenophora> *Омыртқасыз жануардың тек теңізде тіршілік ететін бір түрі. Е с к е к т і л е р д і ң* денесі іркілдек, мөлдір, пішіні шар не қапшық тәрізді (ҚҰЭ). *Е с к е к т і л е р д і ң* әртүрлі тереңдікте су түбінде жылжып тіршілік ететіндері бар (ҚҰЭ).

ЕСКЕКШІ з а т. **1.** *Қайықты жүргізуші, ескекті есетін адам. Е с к е к ш і л е р* қаншама әккі болғанымен, осындай бір сәтте ық жақтағы жігіт толқынға малтыққан ескегін шығара алмай қалып еді (Ә.Сараев, Бозқырау). Қайықтар алға қарай зулады, тәжірибелі, күшті *е с к е к ш і л е р* отырған қайықтар озып барады (Ж.Тәшенов, Алғашқы айқас). Дымы құрыды *е с к е к ш і* есе-есе, Толқын ұрып толқытты әлденеше. Балыққа жем болуы айдан анық, Егерде кеме көмек істемесе (Ш.Әбенов, Ортақ арал). **2.** с п о р т. *Қайыққа мініп жарысатын спортшы.* Жақында қалалық советтің үлкен кубогы үшін жылмажыл өтіп тұратын *е с к е к ш і л е р д і ң* дәстүрлі жалауын көтерді («Лен. жас»). Қайықтар көл бетін тілгілеп келеді. *Е с к е к ш і л е р* 100 метр су айдынын өтуі тиіс («Спорт»). // *Ескекті жақсы есетін, ескек есудің майталманы.* Мен ол қайыққа мінуге жүрексінгенмен, Ережеп жалынған соң, амал жоқ отырдым. Ол *е с к е к ш і* екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЕСКЕКШІЛІК з а т. *Ескекші болушылық.* Өз еркіміз өзімізде, тек *е с к е к ш і л і к к е* жарасақ болды (Қ.Жиенбаев, Жалғыз желкен).

ЕСКЕКШІСЫМАҚ з а т. э к с п р. к е к е с і н. *Ескекші деген аты бар, ескекші болып жетістірмейтін адам.* Қайық ішінде *е с к е к ш і с ы м а қ* басқа да адамдар бар сияқты (Қ.Жармағамбетов, Әнші-азамат).

ЕСКЕКШІСІЗ с ы н. *Ескекшісі жоқ, ескекшінің қатысынсыз.* ≈ *Е с к е к ш і с і з* қайыққа отырмайды.

ЕСКЕЛЕҢ с ы н. с ө й л. ***Өскелең***. Қолында қашқарлық жез құманды ақшыл шылапшынның үстінен көтеріп, *е с к е л е ң* құба талдай ұзын бойлы Қатира тұр (Ғ.Сыланов, Шалқар).

ЕСКЕР= е т. **1.** *Еске алу, есте тұту, ұмытпай елеп, ойына алу.* Бір *е с к е р е т і н* жағдай бұл өңірдегі желдің өте қатты тұратындығы (Е.Жамалбеков, Түлеген түбек). Сөзіміздің қадір кетсе, өзімізден де қадір кететінін бәрбәр уақытта *е с к е р е* бермейміз (С.Омаров, Серпін). Осы жайды Бахыт *е с к е р г е н д і к т е н*, Байекеңе өкпе артып отыр (Б.Дәулетбаев, Парыз). **2.** *Ардақтау, қадірлеу, құрмет тұту.* Өлген аруақты *е с к е р м е й* баса-көктеп

өтіп бара жатқан ісін ағат санап, мәшинеден шықты (С.Шаймерденов, Селдің екпіні). Ауыз дәмін киргізер дәмі бар ма, Маған десе, бұл елдің бәрі бар ма? Қалай кетіп барамыз деп ойлаған Есті жас пен *е с к е р г е н* кәрі бар ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бес жүз үйге жетеді Төңіректегі адамы, *Е с к е р м е д і* адам деп Қамбар батыр палуанды (Қамбар батыр.).

Дүниені паң секілді ескермеді. б е й н. *Айналасындағыларға тиісті назар аудармады, жақындарына жанашырлық танытпады, басқалардың өміріне зер салмай өзімен ғана әлек болды. Д ү н и е н і е с к е р м е д і ң п а ң с е к і л д і*, Жатырқап тірі жанды аң секілді (Абай, Тол. жин.).

ЕСКЕРГІШ с ы н. *Елегіш, байыптағыш, білгіш, аңғарғыш.* Ондайды *е с к е р г і ш* болсаңыз, әкеліңіз андағы кетпеніңізді (Б.Нұржекеев, Күй.).

ЕСКЕРГІШТЕ= е т. *Ескере тұсу, әлсін-әлсін еске түсіру.* Жылгелді әр нәрсені *е с к е р г і ш т е п*, әңгіме-оқиғаларға өзінше баға беріп, өз топшылауын айтып жүрді (У.Қыдырханов, Таң нұры). Ол бала көңіліндегі бұл елеусіз кірбіңді де *е с к е р г і ш т е д і* («Жұлдыз»).

ЕСКЕРГІШТЕТ= е т. *Әлсін-әлсін еске түсірту.* ≈ Әр нәрсені *е с к е р г і ш т е т т і.*

ЕСКЕРГІШТЕТУ *Ескергіштет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өткенді *е с к е р г і ш т е т у м е н* отырды.

ЕСКЕРГІШТЕУ *Ескергіште етістігінің қимыл атауы.* ≈ Керектілерін *е с к е р г і ш т е у.*

ЕСКЕРМЕ з а т. с ө й л. ***Ескерткіш.*** Біздің училищеде болғаныңызға *е с к е р м е* ретінде сізге азын-аулақ тапсыратын нәрселеріміз бар еді, қабылдауыңызды өтінеміз (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЕСКЕРТ= е т. *Еске алдырту, есте тұттыру.* Көлді жағалап келеміз. Көкем жөтелме, сөйлеме деп *е с к е р т т і* (М.Тиесов, Дала.). Міне, адвокат Райымжан Марсековтың қазақ қамын *е с к е р т к е н* мақаласы бар, міне, ел ішіндегі партия пәлесінен туған өтірік шағым, хата өлген кісінің атынан жазылған арыз бар... (М.Дулатов, Шығ.). О, жиен, алған бетің дұрыс емес, жөні былай демесіңді білсем де, ойымда жүрген бір дертім бар еді, соны *е с к е р т к і м* келеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЕСКЕРТКІШ з а т. **1.** *Естен шығармау, ұмытпау мақсатымен берілетін белгі-сый.* Жігіт Қосанның *е с к е р т к і ш к е* сыйлаған қолғабын қойын қалтасының сыртын қайта-қайта басып-басып байқап қояды. Қыз белгісі денесін өртеп бара жатқан секілді (Б.Тәжібаев, Қараторғай). *Е с к е р т к і ш* болсын – баланың атын Амантай қой. Сенен екінші өтінішім: мені қорғауға, ізденіп шығаруға шамаң келмейді (С.Мұқанов, Ботагөз). Бұл – менің алыстағы досым берген *е с к е р т к і ш* – сыйлық қой (Б.Тоғысбаев, От пен күл). **2.** ө н е р. *Еңбегімен, ерлігімен аты шыққан даңқты адамдарды немесе тарихи уақиғаларды халықтың есінде қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.* Астаналы Алматыға келген үлкен-кішінің Абай *е с к е р т к і ш і н е* бір қарайламай кететіні кемде-кем (С.Байжанов, Жастық.). Жезқазған қаласының көрікті алаңдарының біріне қойылған *е с к е р т к і ш т е* алтын әріппен жазылған жазу бар (Ж.Дүйсекеев, Гүлденген.). Осы тұрысында Нәлқара өзі туылған жердің белгісіз шоқысының басына қойылған белгісіз батырдың *е с к е р т к і ш і* тәрізді еді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **3.** *Ерте дәуірден қалған тарихи мұра, көненің көзі.* Мүмкін мына құмыра табылған жерден баяғы заманның тағы бір *е с к е р т к і ш т е р і* табылып қалар (З.Шүкіров, Ғажайып.). Қазақ халқының батырлар жыры, лиро-эпостық дастандары – ғажайып асыл мұра, атадан баласына қалған ғажайып *е с к е р т к і ш* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Әлекеңнің бұл көне дәуір ескерткіштері жайындағы әңгімесін тыңдап отырсаңыз, талай тамашаға қанығасыз (Ә.Жәмішев, Дала шұғыласы).

Ескерткіш соғылды [орнатылды]. *Ескерткіш ретінде белгі қаланды.* Мұса ақынға сом *е с к е р т к і ш с о ғ ы л с а*, Саған тарту – ел алғысы қайнары (М.Хұсайынов, Мен де перзенттімін). Абай *е с к е р т к і ш і о р н а т ы л ғ а н* жерге қойылған тас үстінен бүркеніш мата сыпырылып түсті (Х.Ерғалиев, Шындық шырқайды.).

Жазба ескерткіш. *Көне дәуірден қалған тасқа, тостағанға, сауыт-сайманға т.б. ойып жазылған құнды жазбалар.* Есік *ж а з б а е с к е р т к і ш і* біздің заманнан бұрынғы 5-4 ғасырға саяды (А.Аманжолов, Шығ.).

ЕСКЕРТКІШСІЗ с ы н. *Ескерткіш жоқ, атаусыз, белгісіз.* Соларды көргенде біреулері: «Біздің нелер қадірлі аталарымыз, қымбат адамдарымыз *е с к е р т к і ш с і з* өтті-ау!» – деп өкініпті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕСКЕРТКІШТЕЙ с ы н. *Ескерткіш сияқты, ескерткішке ұқсас.* Қараймын кеп бітіміне, Түгел тастан құйылған. *Е с к е р т к і ш т е й* ерте күнде Жер бетіне қойылған (Ғ.Орманов, Таңд.). Қарттарымның аппақ-аппақ шаштары, Сол күніне *е с к е р т к і ш т е й* орнатқан (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Осы сөз, осы сезім, осы сенім, Ойымда *е с к е р т к і ш т е й* қалды менің (А.Лекеров, Өмір оты).

ЕСКЕРТКІШТІК с ы н. *Ескерткіш боларлық, мұра етерлік.* Тарихи *е с к е р т к і ш т і к* жағынан бұл қамалдың да, басқаша қымбат мұраларымыздың да көруге қызық екені рас (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЕСКЕРТПЕ з а т. **1.** *Кеткен олқылық, кемістік туралы сын.* Бүгінгі күннің талап биігінен қарасақ журналда жарияланып жатқан шығармалар мен сын материалдарына айтылар *е с к е р т п е л е р* аз емес (С.Мәуленов, Үркер.). Қазақстан Жазушылар одағының бір мәжілісінде «Қазақ әдебиеті» газетінің жұмысы талқыланып, газет атына сын, *е с к е р т п е л е р* көбірек айтылып жатты (Р.Бердібаев, Достық.). **2.** *Алдын ала есіне салып қоюшылық, ескертушілік.* Алдыңғы жолдарда «Кім қолына тисе де бұл хат Асқарға табыс етілсін» деген *е с к е р т п е с і* бар екен (Х.Рахимов, Қызғалдақ). **3.** р е с м и. *Үйым, басшы тарапынан берілетін жеңіл тәртіптік жаза.* Штаб бастығынан *е с к е р т п е* алған партизандар сөздерін су сепкендей тыйды (Т.Жанкелдин, Партизан). Мекеме жиналысында *е с к е р т п е* алғасын, Көбек әке ақылын тыңдап, қарқынын тежеп, кәдімгідей байсалды қалыпқа түскен (Ердіңдаңқы.). **4.** с ө й л. *Үнемі еске түсіріп, салып тұру үшін жасалған белгі.* Шынында да, кеш болмай-ақ машина жүретін жолдың дөңнен шыға беріс жеріне дөңгелек қаңылтырға күлімдеген бала суреті мен әдемі жазылған сақтандырғыш сөзі бар *е с к е р т п е* орнатылып та қойылды (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Аққан тер, төгілген қан еш кетпесін, Дүние жаңғырмасын атқан оқпен. Мен болсам, болашаққа *е с к е р т п е* үшін – Күзетте мәңгі қалдым автоматпен! (Н.Шакенов, Толқын.). **5.** *Теріс, жағымсыз іске білдірілген қарсылық, наразылық қайталанбасын, доғарылсын деген қатал ниеттен туған әрекет.* «Ақсақ құлан» күшті жанға көңіл айту емес, халық атынан айтылған *е с к е р т п е* еді (І.Омаров, Шабыт шалқары).

Ескертпе сөз. *Жіберген олқылық туралы, оған жол бермеу жайлы айтылған ескерту.* Ақжарқын, мейірімді, елгезек ана бірталай *е с к е р т п е с ө з д е р* айтып, ұлының құлағына құйып жатыр (Т.Бердияров, Солдат.).

ЕСКЕРТУ[1] з а т. **1.** *Біреудің мінезіне, ісіне байланысты ауызша не жазбаша айтылатын ескертпе.* Палата аралап жүрген сестра Евдокия Кирилловнаға кіре бере қатты *е с к е р т у* жасады (К.Тоқаев, Тасқын). Жас мұғалимамыз шыдай алмай күліп жіберді. Сонысы үшін үзілісте Салиқа апайынан *е с к е р т у* алды (Б.Қойшыбаев, Ай нұры). Қазақта бір қағида бар ғой, аға алдынан шықпайтын. Ұлық болсаң, кішік бол деп те, бізге екінің бірі *е с к е р т у* айтады (С.Бегалин, Бала Шоқан). **2.** р е с м и. *Мінез-құлқындағы, жұмысындағы кемшілік үшін әкімшілік атынан ауызша не жазбаша түрде берілетін тәртіптік жаза.* Есеп карточкаларыңызға жазып, сөгіс беруді ойлаған едік. Енді *е с к е р т у м е н* ғана тынатын шығарсыздар (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Ақыры бюрода қаралып, аудан басшыларына, совхоз директорының ол түні ауылда болмағанын ескеріп, қатаң *е с к е р т у,* парторгке сөгіс жариялады (М.Дүзенов, Әке.). Қаншама бұл дүниеде кетік жатыр? Біздерді жауапты қып кетіп жатыр. Ұяты бар бір шашты ағартуға Сөгіс не, бір *е с к е р т у* жетіп жатыр (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). **3.** *Теріс, жағымсыз іске білдірілетін қарсылық, қайталанбасын, доғарылсын деген ниеттен туған әрекет.* Ол совет халқының тарихи ерлігін еске түсіру ғана емес, сонымен бірге тарихтың үлкен *е с к е р т у і* де (К.Қазыбаев, Дәуір.).

ЕСКЕРТУ[2] *Ескерт етістігінің қимыл атауы; бір нәрсені ойына салу, хабардар ету.* «Қайтарыңда маған соғарсың» деген *е с к е р т у д е н* кейін Смағұл шығып кетті (Ж.Еділбаев, Буырқанған.). Станцияға жетіп қалғанын кондуктордың *е с к е р т у і н е н* ғана білгенді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мұнымызды көріп, мұғалім қанша *е с к е р т у* жасаса да ұмытып кетеміз (Б.Баязитов, Өркен). Егер бұнда да оқи алмасаң рабфактан шығарыласың деген қатты *е с к е р т у м е н* келген (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЕСКЕРТУДЕЙ с ы н. *Жағымсыз іс қайталанбасын деген қатал ниетті білдіретін белгідей.* Дей алмаймын өлікті азулы әлі, Дей алмаймын және одан аз у қалды. Рейхстаг жарында *е с к е р т у д е й* «Қазақ» деген әйтеуір жазу қалды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЕСКЕРТУСІЗ с ы н. *Ескерту жасамай, айтпай, білдірмей.* Бейсауат жүрген орыс тұтқындарын ешбір *е с к е р т у с і з* атуға әмір берілген (Т.Ахтанов, Дала.). Көрші барақтағы француздар «біздің сіздерден артықшылығымыз бар, сендерді *е с к е р т у с і з* атады» дейтін (Т.Ахтанов, Дала.).

ЕСКЕРТІЛ= е т. *Еске салыну, хабардар етілу.* Мінбеге шығатыны оған күні бұрын *е с к е р т і л г е н,* сол себепті үйіндегі бар тәуір киімін киіп жасанып-ақ келіпті (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Шалғай орман шаруашылығының қызметкерлеріне, жұмысшыларына, орманнан ағаш тасып жүрген шоферлерге дейін *е с к е р т і л д і* (Қоғамдық тәртіп). Өзінің де ешқайда шықпауы қатты *е с к е р т і л і п,* одан қолхат алынды (Ә.Әзиев, Жез таулар).

ЕСКЕРТІЛУ *Ескертіл етістігінің қимыл атауы.* Бірақ сол іске кірісерден жарым сағат бұрын *е с к е р т і л у і* шарт екенін айтты (Ж.Тілеков, От кешу).

ЕСКЕРУ *Ескер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Еске салу, хабарлап айту.* Күн көзінің қызуынан терлеген дене қатты қызып күйіп қалуы мүмкін екенін *е с к е р у г е* тура келеді (М.Әмірғалин,

Биязы жүн.). **2.** *Есте ұстау, назарға алу, ұмытпау.* Көзіне теріскен жиі шығатын, көзі жасаурап, іріңдейтін балалардың су жағасында күнге қыздырынғаннан ауруының өршуі мүмкін екенін *е с к е р у* керек (Б.Хабижанов, Бала организмі). Түркістан ескерткішінің алғашқы тұрқы қандай болғанын көзге елестету үшін, қазіргі өрілген қыш тістердің орнында бұрын түзу арқалықтар болғанын *е с к е р у і м і з* керек (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ЕСКЕРУЛІ с ы н. *Есте бар, ойластырылған.* – Ол жайдың бәрі *е с к е р у л і* ғой, көке. Бөтен сөз жоқ па? (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЕСКЕРУСІЗ ү с т. **1.** *Елеусіз, байқаусыз.* Жайлы қоныс тапса, бізді *е с к е р у с і з* тастамас (К.Оразалин, Абай.). **2.** *Ұмыт қалған, есептен шығып қалған.* Рахмет досым, ескеріпсің, *Е с к е р у с і з* жатқан жанды. Өмір гүлін кеш теріпсің, Кеш жүріп шатқалдарды (С.Мәуленов, Қызыл арша). *Е с к е р у с і з* шаңыраққа сіз жасаған жақсылықты естіп разы болыстық (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Ескерусіз қалды. *Елеусіз қалды, ұмытылды.* Ертеңінде-ақ Ушақ «Мен таптым» деп алды атақ. Қой соңында баяғы *Е с к е р у с і з қ а л д ы* апа (Қ.Мұқышев, Орман.). Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де *е с к е р у с і з қ а л д ы р м а й*, түбінде салыстыра, қорыта келе бір дәлелді мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап, жазады (М.Дулатов, Шығ.).

ЕСКЕРІЛ= е т. *Еске алыну, есте тұтылу.* Әлдекімдердің үзіле, күрмеле шыққан қарсылық үндері *е с к е р і л г е н* жоқ (М.Әуезов, Абай). Отан алдындағы ерліктері *е с к е р і л і п* Әбсаттар Жақыпов 4 орденмен және 7 медальмен наградталды (Ғ.Тәшімбаев, Топ жарған.). Бір айыбы вокзалды салуда қаланың үлкен болашағы тағы *е с к е р і л м е г е н* (О.Сағынаев, Ұзақ жол). Бір досының ақылымен ол Алматыға көшіп келіп, мұндағы аздаған тамыр-таныстары көмектесіп, бала жағдайы, отбасы жағдайы *е с к е р і л і п*, қаланың түу шетінен үш бөлмелі пәтер тиді бұған (Ш.Құмарова, Қазбауыр.).

ЕСКЕРІЛУ *Ескеріл етістігінің қимыл атауы.* Біздің Қазақстан өлкесінде қой малының екі түрлі ерекше қасиеті *е с к е р і л у і* қажет (С.Бегалин, Уақыт.). Шаруашылық бағыты, жер жағдайы, күш-мүмкіндік – бәрі де *е с к е р і л у і* қажет (М.Хасенов, Нартәуекел). Арманды бағалауда оның әрекетіне қандай қатынасы бар, шындыққа қалай жанасады, келешек үшін қандай маңызы бар екендігі қатты *е с к е р і л у і* қажет (Қ.Жарықбаев, Психология.).

ЕСКЕРІМДІ с ы н. с ө й л. *Ескергіш, аңғарғыш.* Көжектің алақтап баласына қарай бергенін сезіп, *е с к е р і м д і қария* қарап оған рұқсат етті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЕСКЕРІМДІЛІК з а т. *Ескерімді болушылық, ескергіштік.* Оның барлығы – ыждағаттылық пен *е с к е р і м д і л і к т і ң* нәтижесі («Қаз. әдеб.).

ЕСКЕРІМСІЗ с ы н. с ө й л. ***Ескерусіз***. Бірінші қарағанда *е с к е р і м с і з* жағдайдың үлкен іске себеп болып кетуі болып тұратын нәрсе (А.Жұбанов, Құрманғазы).

ЕСКЕРІҢКІРЕ= е т. *Аңғарыңқырау, елеңкірей тұсу.* Амал не Чернышевский, Герцен, Белинский, Добролюбов сияқты алып қайраткерлердің өмірін жазған еңбектер, зерттеушілер мәселенің осы жағын *е с к е р і ң к і р е м е й д і* (І.Омаров, Шабыт.).

ЕСКЕРІҢКІРЕТ= е т. *Аңғарта, анықтата түсіру.* Біздің Қазақстан жағдайында әсіресе қой малын көбейтуді жергілікті басшыларға *е с к е р і ң к і р е т і п* айтып жүр («Егемен Қазақстан»).

ЕСКЕРІҢКІРЕУ *Ескеріңкіре етістігінің қимыл атауы.* Мәселенің осы жағын *е с к е р і ң к і р е у* дұрыс шығар («Егемен Қазақстан»).

ЕСКЕРІС= е т. *Қосыла еске алыну, бірлесе есте тұтылу.* Ауылдағы қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілігін жақсартуды ойластырып *е с к е р і с к е н* жайымыз бар («Жетісу»). Жоғары орындар ұжымшарды кеңшарға ұйымдастыру қажеттігін көздегенде осы жағдайды *е с к е р і с к е н* болар (Ж.Еділбаев, Буырқанған.). Альбом – жүрек, жақсы сақтай көріңіз, Таза жүрек меруерттен теріңіз. *Е с к е р і с і п* жүру үшін өмірде, Қане, құрбым, қолыңызды беріңіз! (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЕСКЕРІСУ *Ескеріс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жағдайды *е с к е р і с у.*

ЕСКІ с ы н. **1.** *Тозығы жеткен, өңі кеткен, ұсталған.* Үстінде өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған *е с к і* көйлек, оның сыртынан тозығы жетіп талаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың жұрнағы (Б.Майлин, Шығ.). Балықшының әйелі шай қойып ішерсіңдер деп қара шәйнек, тамақ істеу үшін кішкене *е с к і* шелек әкеп берді (Б.Жүнісов, Өрім жас). Елеусіз *е с к і* домбыра, Ілулі тұрсаң төрде сен. Білермін қайдан мен мына, Қолға алып шертіп көрмесем (М.Құрманалин, Шалқар.). **2.** *Көне, баяғы, бағзы, ертедегі.* Самарқан – *е с к і* қала. Оның салынғанына екі мың бес жүз жылдай уақыт өткен («Қаз. әдеб.»). Мен аруана жайында бала кезімнен есімде қалған *е с к і* аңызды айтып бердім (С.Омаров, Қиыр жол). Осы ұзын Ақтақырдың әр жеріне жүздесе беретін ескі арықтың сілемдері де Айгүлге *е с к і* бір аңызды айтып келе жатыр еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Арада *е с к і* қыстау барын, қыстауларды аралап өтетін ойлы-қырлы жолы барын еміс-

еміс, бұлдырлау білем (Ө.Тұрманжанов, Адам.). // *Ертедегі өмір, баяғы кездегі тұрмыс-тіршілік.* Тіпті дәл қазіргідей шексіз шаттық, мол қуаныш үстінде қамсыз тіршілікте де *е с к і н і* еске түсірудің артықтығы жоқ (Ж.Ертілесов, Туған жер.). *Е с к і н і* еске түсірген тентексің сен бір ісінген. Қара қазақ қайырсыз, Елім деп сені түсінбен (Ы.Шөреков, Исатай.). *Е с к і г е* – жаңа өлшеуіш, жаманға – жақсы өлшеуіш (Мақал). **3.** *Бұған дейінгі, бұрынғы өткен кездегі.* Жаңа болысты *е с к і* болыстар қоршап алған, «құтты болсынды» жаудырып жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Е с к і* бастық орнынан алынды, Жағымпаздардың ауыздары аңырды. Жаңа келетін бастықты сөз ғып, Ерсілі-қарсылы тағы да сабылды (М.Рашев, Бұйымтай). **4.** *Танымал, таныс, байырғы.* Жақын елге мәлім *е с к і* ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті (М.Әуезов, Көксерек). Барақта тұратын *е с к і* жұмысшылардың бірен-саран сиыры бел асып, өрістеп барады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). – Шырағым-ай, шырылдап кеп *е с к і* ұяңа бір соғайын дедің-ау, ұмытпаған екенсің ғой,– деді кемпірі (Т.Иманбеков, Үш ай.). **5.** *Бұрыннан бар, бәріне белгілі.* Трактор атыз жиегіне ұмтылып, *е с к і* сүрлеуге түсе бергенде тіркеме жолдан сырғып кетіп, артқы екі доңғалағы терең қашыртқыға кептеліп қалды (Д.Сапаров, Бақытты жан.). **6.** а у ы с. *Сыралғы, сырлас, сыр мінез.* Соғыстан бұрын онымен бір жерде, кейіннен комсомол қызметінде бірге болғанымыз бар. Манаппен *е с к і* жолдаспыз (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Тамаша үшін осындай бас қосқанда, Сөкет болмас айтысқан кәріменен. Бала күнгі әндерім *е с к і* жолдас, Ада-күде кеткен жоқ әлі менен (Ж.Жабаев, Шығ.). Қалды әжем күлімдеп, Көргендей *е с к і* танысын. «Өркеннің өссін, ұлым»,– деп, Жаудырып жатыр алғысын (А.Бақтыгереева, Өрімтал). **7.** *Үйреншікті, дағдылы, қалыптасқан, машықты.* Жарияның *е с к і* ауруы ұстап, жатып қалғанына бірнеше күн болды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Күй біткен соң орнынан тұрады да, кейде тал күркесіне тура жүріп кетеді. Кейде жанжағына қарағыштап, өзінің *е с к і* әдетіне басады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). *Е с к і* тіршілік өстіп қалпына түскен секілді болды (Т.Әбдіков, Ақиқат). Жаратқан мені құдай қасқыр етіп, Айыпты болармын мен оған нешік? Қой ұрлау, қора тосу, қозы ап қашу, Атадан келе жатқан *е с к і* кәсіп (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). **8.** *Ұзақ тұрған, көп сақталған.* Саулықтың үрпінде қатқан *е с к і* сүт өңезін сауып тастап, сары уызға жол ашады (Қ.Салғарин, Жанында жүр.). Ескерген *е с к і* асынан сақтар (Қаз. мақал.).

Ескі ай. *Ай толғаннан бастап, туғанға дейінгі кезең.* – *Е с к і а й д а* есірке, Жаңа айда жарылқа, – деп тәу ететіні тіл ұшына оралатын («Жалын»).

Ескі ақынша зарлады. к о н т е к с т. *Бұл жерде ақын байырғы кездегі ақын-жыраулардың бай-манаптардың дәулетін мадақтауын сынау мағынасында қолданып тұр.* Ескі бише отырмын бос мақалдап, *Е с к і а қ ы н ш а* мал үшін тұрман *з а р л а п* (Абай, Тол. жин.).

Ескі арна. *Өзеннің негізгі арнасынан әртүрлі жағдайға байланысты бөлініп, оқшау қалған бөлігі. Е с к і а р н а* Сырдариянның далалық бөлігінде көп кездеседі (ҚҰЭ).

Ескі әнге [әуенге] басты. *Баяғы әдетіне салды, соны қайталады.* Тоқбол екеуміз ойда жоқта сап ете түскенге Ақшал әуелгіде бір түрлі қыбылжып қалды. Бірақ сәлемдесе келіп, неге жүргенімізді білген соң, *е с к і ә н і н е б а с ы п,* тағы да шалқая бастады (Ғ.Орманов, Жүрек). – Олай емес, Қаржауов мырза. Азаттық, теңдік сөзді бетіне қалқан қылып ұстап, *е с к і ә н г е б а с у* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Ескі әңгіме. *Бұрыннан айтылып жүрген нәрсе.* ≈ *Е с к і ә ң г і м е н і* қайталады.

Ескі әуез. *Көне жыр, байырғы әңгіме.* Кешегі кеткен ер Қорқыт Кейінгі жанға болды ұмыт. Сарынын соның салайын, *Е с к і ә у е з* демей құлақ тұт (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Ескі бет. *Жас сияқты емес, өңі көне.* Ал енді айна алдында көріктеніп, Әлі тұр *е с к і б е т к е* көрік беріп, қымбатты болам десем денеңдегі Тыныш бол майды өзгеге бөліп беріп (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм.).

Ескі дәуір [заман]. *Баяғы кез, көне заман.* Ою-өрнек барлық халықтарда да *е с к і д ә у і р д е н* бері келе жатқан халықтық өнердің бір түрінен саналады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мәдени мұраға *е с к і з а м а н* ескерткіші екен деп орынсыз бас ие бермейді, оларды сын елегінен өткізеді (Уақыт және қаламгер).

Ескіден қалды. *Ескі уақыттан, бұрынғы заманнан қалған (зат, салт, кісі туралы). Е с к і д е н қ а л ғ а н* бұрынғы, Бәтуалы ырымды, Адаспастай даңғыл жол (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ескі дос. *Көптен сырлас, ниеттес, сыр мінез адам.* Менің Тайлан деген *е с к і д о с ы м* бар еді (С.Шаймерденов, Мінез). – Қош келдіңіз, қуаныштымын келгеніңізге, – деп *е с к і д о с ы н ш а* қолтықтай жөнелді төрге (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Ескі достай елжіреді. б е й н. *Көптен таныс, етене жақын адамындай ыстық көңіл білдірді. Е л ж і р е п е с к і д о с т а й* бас шұлғыды Қан күрең қарағайлар, сал қайыңдар (С.Мәуленов,Өлең.).

Ескі жазу. а) *Көне жазба ескерткіші.* Жас Әлкей туған ауыл төңірегіндегі Шорабай қыс-

тауы, Шідерті өзені бойларын аралап жүріп, мүсінді тастардан кейде сурет, кейде *е с к і ж а з у л а р д ы* көріп, кілт тоқтай қалатын еді (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). ә) *Қазақ қоғамында ертеректе қолданылған араб жазуы.* Әкем *е с к і ж а з у м е н* сауатын ашты («Қаз. әдеб.»).

Ескі жара. а) *Ертеректе алған жарақат.* Қауіпті емес, майданнан қалған *е с к і ж а р а* оянып кетіп, мазамды алғаны, содан әйтеуір дәрігер дұрыстаған болып жатыр (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.). ә) *Көңілде бұрыннан жүрген түйткіл, реніш, қаяу.* Жақыппен сөйлескен сөздің аяғында Абайдың тұспалдап, түйреп өткені осындай *е с к і ж а р а* болатын (М.Әуезов, Абай).

Ескі жараны білтелеу. *Өткен-кеткенді қайта қозғау, бұрынғы көңілге түскен қаяуды қайта еске салу.* Құп білемін, сізге жақпас, *Е с к і ж а р а б і л т е л е у.* Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу (Абай, Тол. жин.).

Ескі жараның аузын ашты [тырнады]. *Іштегі бұрынғы ыза-кекті оятты, бұрынғы жағымсыз істі, қайғылы оқиғаны т.б. қайта еске салды.* Ойлаған түріне қарағанда, жанды жеген *е с к і ж а р а н ы ң а у з ы а ш ы л ы п,* жүректе қан боп қатқан сырдың мұздай жарылып, сең болып ағып кетуге дайын тұрғандығын сездіргендей еді (Б.Майлин, Шығ.). Қойшы бірер күлімдеп Көргенімде қараңды, Жүректі кеткен тілімдеп *А ш т ы қ е с к і ж а р а м д ы* (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). *Е с к і ж а р а н ы ң а у з ы н т ы р н а п* қайтесің, болар іс болып, бояуы сіңді емес пе («Қаз. әдеб.»).

Ескі жұрт. а) э т н. *Елдің басқа орынға көшіп кеткендегі қалған орны, мекені. Е с к і ж ұ р т т ы* қимай, қайта-қайта келгіштеп жүрдім (А.Жақсыбаев, Менің достарым.). Жаздыгүні болса, ауру шыққан *е с к і ж ұ р т т ы* тастап, қоныс аударатын (Х.Арғынбаев, Мал ауруы). ә) б е й н. *Бұрынғы кездегі, ертеректегі халықтың өмір сүру салты, тіршілігі.* Қазақтың құрамалығы *е с к і ж ұ р т* екендігіне қарсы дәлел бола алмайды, қайта құрама бола тұрып, кейіннен қосылғандардың ұйтқысы қазақ екендігі ыспатталады (М.Дулатов, Шығ.).

Ескі [ескіден қалған] көз. а) *Сырмінез, сырлас дос-құрбы.* Қалаға барып *е с к і к ө з д е р д і* көрген соң, қыр есіңнен шығып кетті (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Көне көз қария, өткеннің куәсі болған адам. Е с к і к ө з д е р* бара жатыр азайып, Олар жайлы ойламаудың өзі айып. Ей, тірілер! Соларды бір еске алып, Тебіренейік, толғанайық, жазайық (М.Мақатаев, Шуағым менің). *Е с к і к ө з д е р д і ң* әңгімесін тыңдап отырсаң, сан алуан ғажайыптарды естисің (Бал дәурен). *Е с к і к ө з д е н* жалғыз Сарыбура атам ғана қалған. Тілі жоқ, құлағы естімеген соң ол бізге не сыр айтсын! (Тұлпар). б) *Көнеден келе жатқан белгі, ескерткіш.* Рақымбек ашық терезеде жел қағып, сәл сулана қалған жанарын осынау панорамадан, әлгіндей өзіне таныс *е с к і к ө з* – көне шахта орындарынан ала алмай келеді (Өнегелі өмір). Қаланың *е с к і к ө з і,* қаламен қатар жасап келе жатқан Қазанның қарт Кремлі ат шаптырымдай жерді алып жатыр («Қаз. әдеб.»). Мен әкенің мол дәулетіне иелік ете алмадым. *Е с к і д е н қ а л ғ а н к ө з* шешемнің жасауына келген көне кілем ғана екен (О.Сәрсенбаев, Жақсының көзі).

Ескі көздей. *Ескерткіштей, ыстық көрінетін заттай.* Керімбала Абай үшін ыстық, *е с к і к ө з д е й* болатын (М.Әуезов, Абай). Ескі қыстау – *е с к і к ө з д е й,* оттай басылды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Ескі құлақ. *Кәрікұлақ, көрген-білгені мен естігені көп (адам).* Оған қоса өзімнің де *е с к і қ ұ л а қ* екенімді білдіріп қойғаным (С.Бақбергенов, Қарға там.). Не деген сөзден шыққан екен бұл ат? – дейді Ғабең, қасындағы баяғы *е с к і қ ұ л а қ,* айтқыш ағасына қарап, өзінің де талай болжамы барынан ештеме сездірмей (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен).

Ескі моладай. б е й н. *Төбесі мұжіліп, құлап, аласарып қалғандай деген мағынада.* Сонау *е с к і м о л а д а й* жер боп қалған жұмысшы кепелерінің ішінен үш стражник бір қазақ жұмысшыны айдап келеді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Ескінің көзі. *Көненің белгісі, қалдығы, жұрнағы.* Жерге белуарынан батқан, шатырлап жапқан темірсіз тақтай төбесі дал-дұл, жуан бөренеден қиып салған ағаш қабырғалары да қуарып, ақ жемделген осы үй *е с к і н і ң к ө з і* екенін өзі-ақ әйгілеп тұр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Жарықтық, Жекең деген *е с к і н і ң к ө з і* ғой, – деп қошеметтеді Көжектің жақын ағайыны Бейсен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Ескінің қолқасы. *Бұрынғылардың ізімен істелген іс.* Тек *е с к і н і ң қ о л қ а с ы* болмай, атағыма ісім сай болса жақсы-ау, – деп еді Қасболат (Т.Ахтанов, Шығ.).

Ескі оқу. *XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін қазақ қоғамындағы араб әліпбиімен оқытатын діни оқу.* Жоспар бойынша ауызша әңгімелесу кезінде молдаға, *е с к і о қ у ғ а* деген оқушылардың көзқарасы бірден байқалады («Қазақст. мект.»). Мұның бәріне сол кездегі *е с к і о қ у д ы ң* әдісі кінәлі ғой (М.Дулатов, Шығ.).

Ескі салт [әдет]. *Көне дәуірден жеткен әдет-ғұрып.* Мәдиге Қақабайдың өзі қазақтың *е с к і с а л т ы* бойынша Өмірзақ дейтін байдың қызын айттырған болатын (Ә.Бектепов, Мәди.). Бұл қалыптасып қалған *е с к і ә д е т* еді (Қ.Исабаев, Арман.).

Ескі сарын. *Баяғы әдеті, үйреншікті қылығы.* Ол өз қамқоршысының, әлі «*ескі сарынмен* келеміз» деген пікірін қайта-қайта ойға алады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Ескі сөз. *Бұрынғыдан қалған сөз.* Өмірінің көбін қыдырып жүріп өлең айту, той бастау, айтысу, *ескі сөздер* айтумен өткізген (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Ескі сүйек. *Сарсүйек, ежелгі жекжат, құда-құдандалы.* Екі жау – Ұзақ, Балта *ескі сүйек,* Жарасып және болды жақсы сүйек. Алысып, араласып, азаласып, Табысты: тату құда, тәтті сүйек (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ескі танысша. б е й н. *Әбден жақсы білетін адамша, бұрыннан сыры белгілі кісіше.* Бұрынғыдай емес, енді Мұратқа *ескі таныс-ша* сенімді көзбен қарады. (Т.Ахтанов).

Ескі теңгеліктей көмескі тартты. б е й н. *Әбден тозды, ажары кетіп, солды.* Жүзінің басқа мөрі түгел өшуге жақындап, *ескі теңгеліктей көмескі тартқан* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.жин.).

Ескі тұяқ. *Ескіден қалған жұрнақ, ескінің көзі.* Жамандасаң жаманда жер табанда, Жігіт жаман болмайды жұрт аманда. *Ескі тұяқ* елдегі жалғыз сен бе, Құштар болып отырған кім саған да (Айтыс).

Ескі үлгілі. *Қазіргі, жаңа сәннен шығып қалған киім пішімі.* Үстіндегі жағасы мен жеңі кестеленген *ескі үлгілі* көне көйлек, басында иығынан сусып түскен түбітті жылы орамал (Б.Момышұлы, Москва.).

Ескі шөп. *Өткен жылдан қалған шөп.* Тасқынбай қора үстіндегі *ескі шөптің* арасынан тұрғанда күн шыққан екен (М.Иманбаев, Жеткіншек.).

Есте жоқ ескі мезгілде. *Баяғы көне заманда. Есте жоқ ерте мезгілде* маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен (Абай, Тол. жин.).

Есімханның ескі жолы. *Есімханның тұсында жаңартылып XX ғасырдың ортасына дейін қолданылған тұрмыстық, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарды реттеуде «ата-баба жолын» басшылыққа алған дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы [Есім хан – Еңсегей бойлы ер Есім (туған жылы белгісіз – 1645) – 1598-1645 жылдарда Қазақ хандығының ханы, Шығай сұлтанның ұлы].* Дауды шешіп, төрелік айту құзыретін иеленген би-қазылардың халық «*Есімханның ескі жолы*» деп атап кеткен осынау жол-жоралғы мен әдет-ғұрып жосындарын білуі міндетті саналған («Білім және еңбек»). Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрыптар туралы ережелер жинағы – «*Есімханның ескі жолы*» қазақ елінде XIX-XX ғасырлар ортасына дейін сақталып, қызмет етті (ҚҰЭ).

ЕСКІБЕТТЕН= е т. *Аздап өңі тая бастау.* Ет бітіп, егде тартып, толысар жас а келсе де шыр жоқ.Ептеп *ескібеттенген,* қайратты қалың қара шашына аз-аздап қана ақ кірген (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

ЕСКІДЕЙ ү с т. *Ескі сияқты, ескі тәрізді.* Қайсыбір иесі салақ үйдің жаңа дүниесі *ескідей* көрінеді ғой (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Ет жүрек, сом тіл, қас маңдай *Ескідей* енді жасқанбай, Қайтадан туып, ғаламды – Қайтадан болдым ашқандай (Қ.Ұябаев, Тағдыр.).

ЕСКІ-ҚҰСҚЫ з а т. **1.** *Тозығы жеткен, пайдаланылған, ұсталған көнетоз, қоқыр-соқыр.* Үйге келсем сағат орнында жоқ екен. Апам оны *ескі-құсқы* жататын отын қоймасына шығарып тастапты (Т.Шаханов, Көгілдір.). Келісімен таза киімдерін шешіп тастап, *ескі-құсқыларын* үстіне іледі де, шаруаға кіріседі (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). // *Тозығы жеткен, көнетоз.* Сарай толған кедей ауылдың *ескі-құсқы* дүниелері. Құлағы түскен самауыр, тесік шелек, мойны сынған кәпкір, ожау (С.Жүнісов, Жапанда.). **2.** *Тұтынушыға жарамағанымен, өндірілетін шикізат есебінде ұқсатуға келетін заттар.* Көшеден *ескі-құсқы,* әсіресе шойын, темір қалдықтарын жинап «утильге» тапсыру – маңызды жұмыстардың бірі (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Ескі-құсқы базары. *Пайдаланылған заттарды сататын базар.* Ертеңінде Жомартбек қыздардың берген заттарын осы күнгі стадион орнындағы *ескі-құсқы базарына* апарып өткізіп келді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

ЕСКІЛЕ[1]= е т. **1.** *Ескекті үсті-үстіне есе тұсу.* Сол-ақ екен, қайықты екі матрос *ескілеп,* біреуі Сангулина мен Сабырға мылтығын кезеп, теңіздің ортасына қарай ала жөнелді (А.Хангелдин, Өткен күн.). **2.** а у ы с. *Суды, ауаны қолмен тілгілеу, қолын әрі-бері сермеу.* Жарты денесі судың бетінде, қол-аяғымен жылдам *ескілей,* сәл қиғаштау тартты (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Өзі былай қарғып шығып, жүгіріп-секіріп, ауаны жұдырығымен *ескілеп* әлектенді де қалды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЕСКІЛЕ[2]= е т. *Ескі ету, тоздыру, көнелеу.* Киетіні де әпкелерінің киіп оңдырған, *ескілеген* киімдері ғана («Жетісу»).

ЕСКІЛЕУ[1] с ы н. *Ұсталыңқыраған, ескірің-кірген.* Керегеде ілулі тұрған *ескілеу* домбыраны Досай алып шертіп көрді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Қолдан тоқылған *ескілеу* жүн бөкебаймен арық жіңішке мойнын иегімен тұтастыра орап алған (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). Балқиялар мініп келген *ескілеу,* қал-

қансыз кішкене тарантас вокзалдың алдындағы бақтың ішінде тұр екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндер). *// Ертерек, бұрынырақ.* Кішкене класс, бес тіреу, Мектептің үйі сақталған. Сонау бір күнде, *е с к і л е у* Ол да зор қызмет атқарған (Ғ.Қайырбеков, Көсем.).

ЕСКІЛЕУ[2] *Ескіле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киім-кешегін *е с к і л е у.*

ЕСКІЛІ-ЖАҢАЛЫ с ы н. *Ескісі мен жаңасы аралас.* Бұқара тіршілігін жақсы білетін жазушымыз сонау жағдайда халықтық еңбек творчествосының ірі-ұсақты, *е с к і л і-ж а ң а л ы* табыстарын да қамти отырады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Мұнда *е с к і л і-ж а ң а л ы* шахталар да, *е с к і л і-ж а ң а л ы* шахталардың орны болған баяғыда бір қазылып, кейіннен қайтадан жер болып, өсіп кеткен жер де көп (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Баққалдың кітапханасында *е с к і л і-ж а ң а л ы* медициналық құнды әдебиеттер мол (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЕСКІЛІК[1] з а т. **1.** *Ескі болушылық.* Құрал-сайманның *е с к і л і г і* қолбайлау болып тұрған сияқты (Ауызекі). **2.** *Бұрынғы, ескі қоғамның салт-сана, әдет-ғұрпы.* Бірақ аздаған *е с к і л і г і* болса да, Сағила жеңешесі өте ақ көңіл, мейірімді жақсы адам екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әйел рөлдерін ойнауға *е с к і л і к т і ң* салтын ұстап, ата-ене, әке-шешесінің ықпалынан қыз-келіншектер шыға алмаған (К.Оразалин, Абай аулы.). Тарихты оқыту шәкірттің *е с к і л і к к е* сезімін оятады, яғни қазіргі өмір мен өткен күннің байланысы барлығын білерлік сана туғызады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Е с к і л і к,* надандық жоғалсын, Сорлы жұрт сестеніп оңалсын, Бақытқа жол ашық сезілсін Әділдік, жаңа заң түзелсін. Патшалар, ұлықтар жасаған Бұрынғы қу тәртіп бұзылсын (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Ескілік сөз. *Бұрынғыдан қалған тәлімді сөз.* Бірақ *е с к і л і к с ө з д е р* батырдың батырлығын, бидің шешендігін, ханның хандығын, салтанатын жетілдіріп, ескектетіп айтқанына келісуші еді («Қаз. әдеб.»).

ЕСКІЛІК[2] с ы н. **1.** *Ескіге тән, бұрынғы, баяғы.* Осы сияқты *е с к і л і к* мінездерді өткір сынайтын мысалдың бірі «Мысық пен шыбын» (С.Қирабаев, Октябрь.). Мәдина *е с к і л і к* әдетті сақтағандықтан емес, ұятты сақтағандықтан өтпеген болар (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). – Рахмет, достым, – деді Сұлтан жымиып, сенің арқаңда екі шал *е с к і л і к* кекті қойды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **2.** *Қарттық, кәрілік.* Байқасам жігітімнің самай шашы көк бурылданып, өңінде *е с к і л і к* әжімі осылып жатыр (С.Бегалин, Ана.). *// Көне дәуір, өткен заман.* Музейде *е с к і л і к т е н* сақталған бір алтын тәж бар екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзім – Тәңірі, табынамын өзіме, Сөзім – Құран, бағынамын сөзіме! Бұзушы да, түзеуші де өзіммін, Енді, *е с к і л і к,* келдің өлер кезіне! (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** *Ескі-құсқы, тозығы жеткен. Е с к і л і к* киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, боқшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмеңдеп, сақалына сүңгі тұрып, базарға кетіп барады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСКІЛІКСІЗ с ы н. *Ескі салт-дәстүрлі сақтамай, бұрынғы жорамаларсыз.* Бар айыбым – оған үйленерде *е с к і л і к с і з,* ырым-жырымсыз той жасағаным (З.Асабаев, Жарас.).

ЕСКІЛІКТЕЙ с ы н. *Ескілік сияқты, ескілік тәрізді.* Қолында бір қартқа жасатып алған күмбез домбырасы, күміс үзбені нағашы жеңгесі берген *е с к і л і к т е й* шығыршығына тағып алған (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЕСКІЛІКТІ с ы н. *Ежелгі, бұрынғы, ескі.* Біз көрген Дели, Бенарес тәрізді ұлы қалаларда және одан басқа *е с к і л і к т і* қалаларда театр жоқ (М.Әуезов, Индия очерк.). Қолында Перетаскідегі бір қартқа жасатып алған сол күмбез домбырасы, шығыршығына мен нағашы жеңгем берген *е с к і л і к т і* күміс үзбені тағып бергенмін (Б.Аманшин, Жар мұңы). – Оспан, аман ба? – деп бір кезде осы совхоздың ең *е с к і л і к т і* шофері Әбдірасіл Ерденов келді (Жарық жұлдыздар).

Ескілікті ауру [сырқат, науқас]. *Бойға сіңген ескі ауру.* Мына қайғы-қасіретке шыдамаған нәзік әйел жүрегі тез күйреп, *е с к і л і к т і а у р у ы н* қоздырды (А.Байтанаев, Қайнар.). Мұндай «той» жасағам неше, Айтарым мұның не десе: – *Е с к і л і к т і с ы р қ а т ы м* бар ғой, Сол ұстап ауырдым кеше (С.Машақов, Жылдарым.). Шешемнің *е с к і л і к т і н а у қ а с ы* бар-тын, жиі төсек тартып жатып қалатын («Қазақст. әйелдері»).

ЕСКІЛІКШЕ ү с т. *Ескіге ұқсас, ескі сияқты.* Біздікі өзара айтыс, бағыт бірге, Тартысу *е с к і л і к ш е* талас емес (Айтыс).

ЕСКІР[1]= е т. **1.** *Көнеру, тозу, өңі кету.* Ауыз үйдегі *е с к і р г е н* диванға шаршаған адамдай сылқ етіп отыра кеттім (З.Шашкин, Өмір.). Жағынар опа-далап, түсті өзгертер, Аппақ бет, бола қалар қызыл ерін. Бес пальто, алты-жеті костюмі бар. *Е с к і р д і* деп тастаған оның көбін (Д.Еркінбеков, Шаншу). Әйел басына шашақтары үзіліп, әр жері сетінеген көнетоз бөртпе шәлі салған, оның астынан милығына түсіре тартқан *е с к і р г е н* ақ орамалдың шеті көрініп тұр (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Қырықта ер қайраты қонар жаққа, Елуге келсе жасың – қондың таққа, Белгісі кәріліктің – үйде отырған, *Е с к і р г е н* бос сауыттай саудырлап та (Ақмолла, Күндер.). **2.** а у ы с. *Күні өту, уақтысы біту,*

ерсі көріну. Әй, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен *е с к і р і п,* бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу соларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ (Абай, Тол. жин.). Жоқ, жоқ, жолдас ұрыспадым ешкіммен. Бұл заманда ондай әдет *е с к і р г е н.* Ұрыс, жанжал, қақтығысу, шекісу Дегендерді білмей-ақ сол өстім мен (А.Шамкенов, Сырларым.). Ақын бүгін де *е с к і р м е г е н,* ертең де көнермейтін керемет бір ой түйген (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Тым *е с к і р г е н* дау екен аяқсыған, Жол табу қиын болар, сірә, бұған?! (Ж.Аймауытов, Шығ). *Е с к і р г е н ш е* жаңа жат, Ақыл-есті бұйымбыз (Қабан жырау, Алтын қазық). «Елу жылда ел жаңа» деп естіген біздер үшін бұл мақал да *е с к і р г е н* сияқты (Ж.Молдағалиев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Естен шығу, ұмытылу, еленбеу.* Арада бес ай өтіп, арыз *е с к і р е* бастағанда Сиркеев арызын қайта жаңғыртты (Б.Қыдырбекұлы, Ұрының еншісі). Біздің тілмашымыздың бұдан үш-төрт жыл бұрынғы көрген-білгені *е с к і р і п* қалыпты (Т.Ахтанов, Үндістан.). Нұркеннің ерлігі мен айбын-даңқын, Жырлайды домбыра алып ауылда ақын. Есімі *е с к і р м е с і н* ен даланың, Сөнбейтін алауындай лауылдасын (Партия тур. өлең.д.). **4.** а у ы с. *Қартаю, егде тарту.* Клеткалардың бөлініу процесі күрделі организмнің жасы толған кезінде де бола береді, себебі оның көптеген клеткалары жануардың тіршілік ағымында *е с к і р е д і,* тозады, өшеді (Т.Күлтебаев, Қой төлі.). **5.** а у ы с. *Тозу, жарамсыз болып қалу, құнарсыздану.* – *Е с к і р с е,* тозса жер таппайсың ба, тың жерді. Баянауылда үш Францияның жері бар, – деді Ковальчук мырс етіп (З.Шашкин, Сенім). Сары қабақты қатаған сары көде *е с к і р і п* жүдеген кескінімен даланың ұзақ мұңды күйін еске түсіргендей болды (М.Әуезов, Қараш.). **6.** а у ы с. *Былғану, дәмі бұзылу.* Сасыған не *е с к і р г е н* судан адам сияқты егін де ауырады (С.Мұқанов, Саяхат.). Мен сендерге арнап балдай тәтті қызыл алмалардан жұлып қойып едім ғой. Ол *е с к і р і п* кеткен болса тағы да жұлып әкелейін (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Және колхоздың бір отар қойы осы арадан жақында көшті, суы *е с к і р е* қойған жоқ (З.Ақышев, Достарым.). Науқас адамның асы мейлінше әртүрлі болып, *е с к і р м е г е н* азықтан даярлануы қажет (Ш.Көшербаев, Туберкулез).

Ескірмейтін болат. т е х. *Механикалық қасиеттері тұрақтанған, аз көміртекті болат (көміртек 0,15%-ға дейін). Е с к і р м е й т і н б о л а т* қажет қасиеттер балқыту технологиясымен (алюминиймен қышқылсыздандыру), сондай-ақ термиялық өңдеумен және азғана мөлшерде (0,005-0,1%-дан) алюминий, титан, ванадий не ниобий қосумен арытылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Күн ескірді. *Мезгіл өтті.* Қалды ма айлар өтіп, *к ү н е с к і р і п,* Арқаның салқын сазы тұр естіліп. Мырзасы табиғаттың көрі құдаң, Шашуда көктен маржан үлестіріп (М.Неталиев, Сағыныш.).

Өңі ескірді. *Қартайды, егде тартты.* Омар Лизаға қарай береді. Баяғысындай емес, *ө ң і е с к і р і п,* аршыған жұмыртқадай аппақ беті күреңденіп, жарыла бастаған (Б.Тілегенов, Аққайнар). Дегенмен, дамылсыз ауыр жұмыс қойсын ба, *ө ң і е с к і р е й і н* депті (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЕСКІР²= е т. с ө й л. *Есіркеу, аяу.* Шырайлым-ай! деп *е с к і р е д і,* аяды, өзеуреді, беті-қолын жуғызып, алдына дәм қойып, «Іше ғой, жей ғой қарағым!...» – деп, үстіне түсіп, өліп-өшіп, күтті, сыйлады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСКІРТ= е т. *Күнін өткізу, ескі еткізу, тоздырту.* Сонан бергі қырық жыл оқиғаны *е с к і р т с е* де, адам қасіреті ұмытылмағандай, сонан ба, ескі жара жүрегімді тырнағандай болады (Ж.Арыстанов, Естен кетп.).

ЕСКІРТУ *Ескірт етістігінің қимыл атауы.* Бірақ ұзақ уақыттан бері алынбаған сақалмұрт оның түрін едәуір *е с к і р т у і* мүмкін (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЕСКІРУ *Ескір етістігінің қимыл атауы; көрі көрсету.* Ғылыми тұрғыдан алғанда жапырақтың түсуі – жапырақтың *е с к і р у і* мен өсімдіктің құрғақшылық жағдайына бейімделуің нәтижесі (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

Ақпараттың ескіруі. и н ф. <ағыл. aging of the information> *Ақпараттың пәндік салада өзі бейнелейтін қалып-күйдің уақыт өте келе өзгеруіне байланысты практикалық құндылығынан айырылуы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Ескіру мерзімі. з а ң. *Қылмыстық және азаматтық істер бойынша заңда белгіленген мерзімнен кейін іс көтеруге болмайтын жағдай.* Істелген қылмыстың *е с к і р у м е р з і м і н* ескеріп, сот Сейітті жауапқа тартпады («Жетісу»).

ЕСКІРІҢКІРЕ= е т. *Ескіре түсу, көнеріңкіреу, тозыңқырау.* Мұндағы үйлер де – көбіне қамыс шатырлы *е с к і р і ң к і р е г е н* үйлер (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Жүрегі сыздағандай, төмпешік боп үйіліп, *ескіріңкіреп* қалған топыраққа ұзақ қарады (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЕСКІРІҢКІРЕТ= е т. *Ескірте түсу, тозыңқырату.* Үлкен пеш пен қазандықтың кірпіш иықтарының қарая бастауы үйін *е с к і р і ң к і р е т і п* тұрғандай (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЕСКІРІҢКІРЕТУ *Ескіріңкірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киген киімдерін *е с к і р і ң к і р е т у.*

ЕСКІСІЗ с ы н. *Ескі болмай, ескі дүниесіз.* Сіздер сенің мұның ескішілікке тарту деп ойлап қалып жүрмеңіздер. *Е с к і с і з* жаңа жоқ (І.Есенберлин, Ғашықтар).

ЕСКІСІН= е т. *Ескі көру, қомсыну.* Есіміңе ет тоба, *Е с к і с і н б е,* намыс кеп (Т.Шопашева, Сұлутөбе).

ЕСКІСІНУ *Ескісін етістігінің қимыл атауы.* ≈ Затты *е с к і с і н у.*

ЕСКІ-ҰСҚЫ з а т. с ө й л. ***Ескі-құсқы.*** Бұқара кедей де болады, *е с к і-ұ с қ ы* да киінеді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы). *// Ескірген, тозған киім-кешек.* Сыпсың құйрық шабан торыны қорапты жеңіл тарантасқа жегіп, үстіне қай-қайдағы *е с к і-ұ с қ ы* киім киіп, Аралбай Амантай қаласына кештетіп жөнеп кетті (С.Омаров, Дала қызы). Жинатып жазғы тіккен киіз үйін, *Е с к і-ұ с қ ы* қыз, қатындар киген киім; От жағып, түтіндетіп пештеріне, Кісінің үйде отырған берген сыйын (Б.Майлин, Шығ.).

ЕСКІШ[1] з а т. с ө й л. ***Ескек.*** Жолаушыларды, әсіресе, Шоқан мен Достоевскийді баркастан гөрі *е с к і ш т е р* қызықтырады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Тез, тез! – деп сыбырлады Сапар *е с к і ш т і* дереу өз қолына алып (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЕСКІШ[2] з а т. с ө й л. ***Ескекші.*** Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алған ең жас спортшы, Голландия *е с к і ш т е р і н і ң* рулевойы 1908 жылы жеңіске жеткен көрінеді («Спорт»).

ЕСКІШЕ ү с т. **1.** *Өткендегідей, бұрынғыша, ескі уақыттағыша.* Амал не, өмірдің өкініші көп қой. Жарайды, әр сөздің өз кезегі бар, *е с к і ш е* әдет-ғұрыппен үйленуімнің ақыры осылай аяқталған еді (Қ.Байсейітов, Құштар көңіл). Қазақтың *е с к і ш е* мал баққаны жетер. Жаңаша бір үлгі көрсетейік те (Т.Ахтанов, Дала сыры). Мен жоқ болсам, жұмысымнан кешіксем, Есік бағып отыратын көзі оның. Құдайына құлдық етіп *е с к і ш е,* Өзі күтті өлімнің де кезегін (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). **2.** с ө й л. *Арабша, мұсылманша.* Ақылбай орысша оқи алмай қалған. Оның оқу-білімі ауылда оқыған мұсылманша, *е с к і ш е* оқудың орташа дәрежесі болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Мүсілім *е с к і ш е* көп оқыған, құлағы түрік, осы өңірдің әргі-бергісін жатқызып-өргізетін көңілі жүйрік қарияның бірі (Ә.Сараев, Тоскауыл). Қазіргі Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Троицкіде *е с к і ш е* бала оқытып, қажылық құрып жүрген (Б.Кенжебаев, Дем. жазушы.). **3.** *Жыл санаудың ескі тәртібі бойынша.* Менің есебім бойынша, марттың *е с к і ш е* жиырма екісінде қоңыр қаз келеді. Көктемді сонда деп есептеймін (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Октябрьдің *е с к і ш е* Дәл жиырма бесіне, Әкесінің сәлемін Жылда салам есіне (С.Сейфуллин, Өленд.).

Ескіше қара [хат] таныды. *Арабша, мұсылманша сауатты болды.* Біз *е с к і ш е* ғана *қ а р а т а н и т ы н,* оқымаған надан адамбыз (М.Мағауин, Бір атаның.). Асқардың революцияға дейінгі өмірі негізінен өз аулында өтеді. Ауыл молдасынан оқып, *е с к і ш е х а т т а н и д ы* (С.Қирабаев, Октябрь.).

ЕСКІШІЛ с ы н. *Ескіні қолдағыш, кертартпа.* Бұл қастық – *е с к і ш і л,* қараңғы феодалдардың Абайға тап жауы екендігін, сондай қоғамдық тартыс жөнінен өштілігін көрсетеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Әйелді адам санатына қоспайтын *е с к і ш і л* көңілі, мұнан бұрынғы көп күндердің кімнің арқасымен білінбегенін енді ұққандай (А.Жүнісов, Өмір ізі). *// Ескіні қолдаушы, кертартпа күш, адамдар тобы.* Ол кездің жағдайында халқымыз ішінде әлі де ықпалы күшті болып отырған *е с к і ш і л д е р д і ң* интригалары орыстардың жанына майдай жағатынын ескерсек, жәдитшілердің бұл әрекеті шынында мақтауға тұрарлық (М.Шоқай, Таңд.). Ондай адамды «ежелгі ескішіл» дейміз. *Е с к і ш і л д і к* жаста да болады. Қайтпас ескішілдер жастық шақтан пайда болады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСКІШІЛДЕУ с ы н. *Ескіге бейімдеу, кертартпалау.* Жеңгесі *«е с к і ш і л д е у,* қазақы» әйел, бұның әскерге алынғанын естіп біраз жылапты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Көрінің кейде *е с к і ш і л д е у* көрінетін гөй-гөйін бойына дарытқысы келмейді, ауық-ауық өзімен айтысып та қалады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЕСКІШІЛДІК з а т. *Ескішіл болушылық, ескіні қолдаушылық, кертартпалық.* Қазақ сияқты Россиядағы көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық, *е с к і ш і л д і к* қалыпты нық сақтап отырды (М.Әуезов, Әр жыл.). Операда жақсы болашақты, жарық дүниені аңсаған алғыр ой мен етектен тартқан *е с к і ш і л д і к т і ң,* надандықтың бітіспес шайқасы бірден-ақ басталып кетеді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов).

ЕСКІШІЛЕ= е т. *Ескішілдікке, кертартпалыққа салыну.* Кісі өлтірісіп, құн төлескеніміз бүгін емес қой, заң қуыссақ – жаңашалап, Құдай, аруақ қуыссақ – *е с к і ш і л е п* бітісерміз (К.Оразалин, Көктем.). Жоламан ауыл қазақтарының еспе, *е с к і ш і л е г е н* сөзіне келгенде алдына жан салмайды (С.Орманов, Өмір асулары).

ЕСКІШІЛІК з а т. *Ескі заман, ескіге тән әдет-ғұрып, қылық.* Сіздер сенің мұның *е с к і ш і л і к к е* тарту деп ойлап қалып жүрмеңіздер. Ескісіз жаңа жоқ (І.Есенберлин, Ғашықтар).

ЕСМАЛТА с ы н. ж е р г. *Есалаң, жарымес.* Соның өзі *е с м а л т а* болғаннан сау ма (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕСПЕ[1] з а т. с ө й л. *Ескек, ескіш.* Қақпа – паром өтуге, *Е с п е*, тақтай, бөрене. Түнде өтіп алуға Кезінде көпір бітеді (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

ЕСПЕ[2] с ы н. **1.** *Желпіп соққан жылы өкпек (жел).* Жаныңа рақат беретін нұрлы өң мен жігер құйып құлшындыратын *е с п е* леп бар (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тау аңғарынан *е с п е* жел келе жатыр ма деп Әмина жан-жағына қаранып еді, қылаң еткен бір жапырақ жоқ екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Желі бар бетке тиген, жылы *е с п е,* Күн жылы, аспан жарық, оңды кеште. Қарасаң бұл уақытта көк далаға, Әртүрлі қиял келіп түсер еске (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Ақпа, сусымалы, бос, борпылдақ (құм, қар).* Айнала *е с п е* құм. Шөптен түк қылтанақ жоқ (А.Байтұрсынов,.. Оқу құралы). Қыс болса тұмаулы шаныт тұманы, жаз шықса шаңдақ *е с п е* құмынан басқа қызығы жоқ ауылдан гөрі қала тірлігін аңсаған кезі де болған (Қ.Ысқақов, Түйық). Аяқ астынан *е с п е* қар бұрқ-бұрқ көтеріліп, боранға қосылып, шаңытып қалып жатыр (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдыз.). Ашық тау-кен жұмыстарын жүргізу грунт (*е с п е*) сулары деңгейінің төмендеуіне алып келеді (Т.Қалыбеков, Экология.). **3.** *Жүрдек, екпінді, төкпе (жылқы, түйе).* Бір сәттен соң кесек адымды сақа жылқы, *е с п е* жорғаның екпіні бөлек біліне бастайды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Басын көтеріп, делбесін қағып қалып еді, жүрдек күрең *е с п е* желіске түсті (Ж.Молдағалиев, Самал). Ата қаздай ұзын мойнын алға қарай соза түсіп, *е с п е* желіспен бура ауаны ысқырта жарып келеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **4.** *Ақпа, асқақ, шалқыған, жосыған (күй, ән, жыр).* Үшінші – *е с п е* күй. Онда мұң мен зар, үміт пен қайғы, түнек пен жарық араласып, біте қайнасады («Қаз. әдеб.»). Қазақ ақындарынан соңғы уақытта Тайырдың, Әбділданың, Диханның, Қасымның, Сайынның, Қапанның, тағы басқа жас ақындардың өлеңдерінде өршіл, өскелең, идеялы шалқып *е с п е* мотивте Горький романтизмінің сарыны айқын көрініп тұрады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Өзіндей сандалған жесірдің қазіргі немесе бұдан сансыз жылдар соңғы сағыныш жыр *е с п е с і* барын көкірегіне түйген (О.Бөкеев, Қамшыгер). **6.** а у ы с. *Көпірме, бөспе, даңғой.* Жоламан көпті көрген, көп білетін сұңғыла жігіт екен. Ауыл қазақтарының *е с п* е сөзіне келгенде алдына жан салмайды (С.Омаров, Өмір.). Оралып шебер келсе кешке таман, Түнжырап отыр Омар *е с п е,* далаң. Тау жаққа... құрық та жоқ, сырық та жоқ... Деді Әшім: «Мұнан бұлай бөспе, балам» (Қ.Жармағаметов, Соңғы түн). Екеуі *е с п е* қалжыңдарын сап тыйды да, әңгіме жүйесін басқа жаққа бұрып әкетті (К.Зәкенов, Жанартау).

Еспе қайталау. ә д е б. *Алдыңғы пікірдің аяғын соңғы пікірге қатыстырып, қайталап айту.* 8-класта өтілетін «Ақжүністің Қарт Қожаққа айтқаны», Махамбеттің «Қызғыш құс», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңдеріндегі *е с п е қ а й т а л а у д ы ң* рөлін баса көрсетеміз («Қазақст. мұғ.»).

ЕСПЕ[3] з а т. *Көктемгі су тасқыны кезінде арнасын бұзып, шайып кететін, ал жаз айларында құрғап немесе жеке қарасуларға бөлініп қалатын далалық белдем өңіріндегі өзен.* Ауыл сыртындағы *е с п е* тамыз айында құрғап қалған («Жас Алаш»).

ЕСПЕ[4] с ы н. *Ширатып, пысытылып бұралған, еспелі.* Қолымызда *е с п е* бау, еспе ноқта-жіп бар (Ауызекі).

ЕСПЕ[5] з а т. ж е р г. *Суы таяздан шығатын құдық.* Жаздыгүні теңіздің жиегінен үй басы бір *е с п е д е н* қазып алдық (З.Шүкіров, Отты өткелдер). *Е с п е н і ң* суы тайыздап шыққанымен тап ғой (Диал. сөздік.). Теңіз жағасынан қазылған *е с п е* көпке шыдайтын (З.Шүкіров, Отты өткел.).

ЕСПЕК[1] з а т. к ә с. *Арнадағы судың аз кезінде жайылған суды жан-жағынан бөгеу арқылы арыққа жіберу әдісі.* Суға тапшы бұл ауданда азғана егістік жерін дикандар *е с п е к* арқылы суғарады («Соц. Қаз.).

ЕСПЕК[2] с ы н. с ө й л. Еспе *(желпіп соққан жылы өкпек).* Сол алғашқының өзінен: теңіздің тілге татыр дүлей дауылы да емес, жай ғана *е с п е к ж е л і н е н* беттері қайтып, жасып қалған түрлері бар (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЕСПЕЛЕ= е т. *Екпіндеу, тасқындау.* Ғанидың өлеңінен кейін біразға дейін манағы басындағыдай *е с п е л е г е н* әңгіме қайта жабыспай-ақ қойды (Б.Аманшин, Көкжар).

ЕСПЕЛЕТ= е т. *Екпіндету, тасқындату.* Вальс – би махаббаттың нұры *е с п е л е т і п,* Айлы түн құшағында тілдескен ек (К.Қалиев, Ақ қанат).

ЕСПЕЛЕТУ *Еспелет етістігінің қимыл атауы.* **≈** Әңгімені *е с п е л е т у.*

ЕСПЕЛЕУ *Еспеле етістігінің қимыл атауы.* Жоламанның нағашыларынан көрген сыйсияпатын айтып *е с п е л е у і* жалықтырайын деді («Әдеб. майданы»).

ЕСПЕЛІ[1] с ы н. *Ескекпен есетін, ескекті.* Толқын үстінде ойнақтап-орғып жалғыз *е с п е л і* қайықтар жүр (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Іленің жағасы қаз-қатар тізілген *е с п е л і* қайық («Қаз. әдеб.»).

ЕСПЕЛІ[2] с ы н. *Екпінді, жүйрік.* Ақсары атан *е с п е л і* Ен жайлауға көшкен жұрт, Ақтың жолын күзетпей, Жамандықты тұтқан жұрт (Алдаспан).

ЕСПЕЛІ[3] с ы н. *Сусымалы, ақпа.* Біз білеміз, Ел еді бір көшпелі, Жел аударған құм сияқты *е с п е л і* (Ғ.Қайырбеков, Торғай.).

ЕСПЕЛІ[4] с ы н. *Ширатылған, есілген.* Қалыңдығы үйлену тойы қарсаңында оған *е с п е л і* белбеу сыйлаған екен («Қазақст. әйелд.»).

ЕСПОНАЛ з а т. м е д. *Ішімдікке қарсы қолданатын дәрі.* Алкогольге қарсы қолданылатын көптеген дәрілер бар. Олар: тетурам (отандық дәрі), антетан, аверсан, контропод, *е с п о н а л* және т.с.с. (С.Сұбханбердин, Дәрі-дәрмек.).

ЕССІЗ с ы н. **1.** *Ес-түссіз, есін білмейтін, есінен танған.* Майданда жүріп жараландым да, *е с с і з* күйде жау қолына түстім,– деді Петров (Т.Жанкелдин, Партизан.). Оны ол төбе басынан *е с с і з* жатқан жерінен барлаушы жігіттер келесі күні түс кезінде іздеп тапты емес пе (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). *Е с с і з* болсам үнсіз, тілсіз тұншығып, Жапа шегіп, мұнша азап көрмес ем... (Ж.Аймауытов, Шығ). Нұрлан *е с с і з* бала емес, бір есебі бар шығар, одан неге шошындық, – деп, күйеуіне ұрсып тастаған болды (Ж.Молдағалиев, Самал.). **2.** *Жарымес, есерсоқ, жынды.* Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағашат дүниеде надан бір *е с с і з* адам болып шығады да, харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады (Абай, Тол. жин.). Біз даланың *е с с і з* есерлеріміз ғой (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Көкшағыр *е с с і з* адамдай, бажырая қарады (Д.Әбілев, Арман.). *// Ақылы кем, ақымақ адам.* Мен үшін жүдеп, мынадай *е с с і з д е р д і ң* алдында қор болмаңыз (С.Жүнісов, Ақан сері). Айтқаның ақылдыға әсер етер, Көгалға көктемдегі дым секілді. *Е с с і з г е* есіл сөзің еш болады, Кереңге көзбен еткен ым секілді (Т.Ізтілеуов, Назым). **3.** а у ы с. *Көзсіз, есіл-дертсіз.* Ал енді бар ма, шыны керек қой, Бұйратов Жанарға ғашық, *е с с і з* ғашық (З.Қабдолов, Жалын). – Апажаным, түсіндім енді, бәрін де ұқтым, – деп Жортуыл кемсеңдеп жылаған күйінде Маржанның маңдайын *е с с і з* аймалады (С.Омаров, Өмір асу.). Кеше қау шөпті жапыра аунаған кезде пайда болған *е с с і з* сезім тұла бойын қайта билеп, буындары босап бара жатты (Т.Алшынбаев, Өткел.).

Қызыл көз ессіз. *Ештеңеден тайынбайтын, бәле құғыш, бәлекор.* Лизаға қарасам, «Мынау шын *қ ы з ы л к ө з е с с і з д і ң* өзі ғой» дегендей, таңырқап тұр екен (Ү.Шойбеков, Сұсты күндер).

ЕССІЗДЕН= е т. *Есінен айырылу, есінен тану.* Нәзім біразға дейін *е с с і з д е н і п* жатты да, бір мезетте есін жинағандай болып, көзін ашты (Ә.Әбішев, Армансыз.). Түлкібай Айнамкөзді бас салып, *е с с і з д е н і п*, бетінен, тамағынан сүйе бастады (Ж.Мусин, Ақ алаң). Жамал *е с с і з д е н і п*, Өмірбекті көргенде біресе жылап, біресе күлді (Б.Майлин, Шығ.).

ЕССІЗДЕНУ *Ессізден етістігінің қимыл атауы.* Көргендердің айтуына қарағанда, мен бес-алты саржадан жоғары емес жерден құлаппын. Сөйтіп, қатты талып қалу, *е с с і з д е н у д е н* білмеппін (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕССІЗДЕУ с ы н. *Ақылсыздау, делқұлылау, есалаңдау, әумесерлеу.* Жапал осы спектакльде *е с с і з д е у,* алаңғасар, күлегеш болып көрінеді («Қаз. әдеб.»).

ЕССІЗДІК з а т. **1.** *Ессіз болушылық, есерсоқтық, әумесерлік.* Екі аяғы есерлік, *е с с і з д і к* деген екі баспалдақта тұрған адам сияқты екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Егер де адам өзіне ұнамсыз дағды қалыптастырып және бұған көп уақытын жіберіп жатса, мұның өзі өте *е с с і з д і к* болар еді (Қ.Жарықбаев, Психология). Ескі ойдан шыға ала ма босап адам Бір ерлік – бір *е с с і з д і к* жасамаған. Әйтеуір бір *е с с і з д і к* етсем деймін, Бір жылжып кету үшін осы арадан (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.). **2.** *Есін білмеушілік, мәңгүрттік. Е с с і з д і к* дегенді кей тұста мәңгүрттік деп те атайды («Түркістан»).

ЕССІЗ-ЕЛСІЗ с ы н. *Қу медиен, жапан дала.* Меніжоғалтып отырған үйішім бір жұмадай *е с с і з - е л с і з* далада жатқанымызды қайдан білсін (А.Сатаев, Ақын.).

ЕССІЗ-ОЙСЫЗ с ы н. *Ақылсыз, жарымес.* Біреу! Біреу – мыңның бірі. Ноль емес! «Бірді» ноль деу – *е с с і з - о й с ы з* ерегес. Тоғыз жүз де тоқсан тоғыз – бірсіз мың. «Мың» мен «бірді» бөле қарау жөн емес (М.Әлімбаев, Жүрек.).

ЕССІЗ-ТҮССІЗ с ы н. *Есінен айырылған, мең-зең болып есеңгіреген.* Зеңбірек түбінде *е с с і з - т ү с с і з* қансырап, гвардия сержанты Сұлтанбеков жатты (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Жаңыл *е с с і з - т ү с с і з* халде етегіне төгілген қара моншақ түйірлерін былай қағып тастап, орнынан көтерілді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Күлімдеп келген көктемнің жаймашуақ бір күні еді. Әбітай *е с с і з - т ү с с і з* жатқалы бір аптадай боп қалған (С.Омаров, Тастағы жазу).

ЕСТЕГІ с ы н. *Ойдағы, көңілдегі. Е с т е г і н і ң* бәрі жазылғандай, қажетті сөздің бәрі айтылғандай еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Омардың Аманкелді туралы көптеген ұсақ толғау жырлары, *е с т е г і* әңгімелері бар (Е.Ысмайылов, Ақындар). *// Естелік, әсер, сурет.* Абай көңілінде ерте күннің айықпас сағымдай сұлу қиял *е с т е г і с і* отыр еді (М.Әуезов, Абай).

ЕСТЕК[1] з а т. с ө й л. ***Башқұрт***. *Е с т е к* болғанмен, өзіміздің қазақ сияқты қытығы жоқ, кеңпейіл, тәуір адам екен. Көзі қап-қара, денелі, келбетті кісі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Келін ноғай емес, *е с т е к* қызы дегеннен бері,

ақсақал *е с т е к т і ң* бір атасын қазаққа жақын қып алып еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұлар Есілге Қараөзектен ауған башқұрт. Қазақтың Ыбырайды *е с т е к* дейтіндері де сонан (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЕСТЕК[2] з а т. ж е р г. ***Есек.*** Ана *е с т е к* жатып алды ғой, әрі айдап жібер (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Қасқырбай Жидектіден үйге жетіп, ұрлық малын соятындай жан-жағын шолғыншылап шыққаннан кейін *е с т е к* қораның қуысынан екі нәрсе алып шықты (Ж.Мусин, Туған үй.).

ЕСТЕЛІК з а т. **1.** *Өмірдегі көрген-білгені мен ойда қалғанын еске түсіріп баяндау дағдысы, алған әсері.* Басымнан өткерген оқиғаларды ойым, тілім жеткенше, *е с т е л і к* есебінде жазып тастағым келді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Балалықтың тәтті *е с т е л і г і* мен ыстық сағынышы жарығын төгіп, жол көрсеткендей (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Бейбіт еңбек етіп жүрген қазіргі кездің өзінде Отан үшін от кешкен күндердің *е с т е л і г і* түн ұйқыңды төрт бөледі (У.Қыдырханов, Таң нұры). **2.** ә д е б. *Мемуар жанрының бір түріне жататын әдеби шығарма.* Автор *е с т е л і к т е* ақиқаттан алшақ кетпеуге, оны көркемдеп, бейнелеп жеткізуге хұқылы (ҚҰЭ). *Е с т е л і к* жанрлық табиғаты жағынан мемуардың күнделік, жолжазба т.б. түрлеріне жақын (ҚҰЭ). *Е с т е л і к* – өмірде шынайы болған ірі тұлғалар мен ел тарихында өткен елеулі оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың сол өткенді еске түсіріп, өз атынан баяндап беруі (ҚҰЭ). **3.** с ө й л. ***Ескерткіш***. Елден киіп келген киімі мен түскен суреті өзіне *е с т е л і к* боп қалсын. Енді бұл баланы қала жосығымен мұздай киіндірейік те, тағы да суретке түсірейік (С.Омаров, Дала қызы). Мектептің бұрынғы түлектері, ұстаздары салтанатты кеш соңында мектепке *е с т е л і к* сыйлықтар тарту етті («Қазақст. мұғ.»). *Естелік* болсын деп атақты шопанның үй-ішімен бірге суретке түстік (Т.Айнабеков, Алғы шепте.).

ЕСТЕН= е т. с ө й л. *Есі кіру, оң-солын тану.* Жамансордағы ауылда Жалшы әлеумет сестенді. Есептесіп байлармен Көзі ашылып *е с т е н д і* (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕСТЕНУ *Естен етістігінің қимыл-атауы.* ≈ Көзі ашылып *е с т е н у*.

ЕСТЕУСІЗ ү с т. с ө й л. ***Елеусіз.*** Мұрат қыз бен жігітке *е с т е у с і з* ұшырады (Т.Нұртазин, Мұрат). Жаңа ғана тер құйылған денесін дымқыл жердің суық топырағы құшып, ұрыс даласында *е с т е у с і з* жатып қалды («Қаз. әдеб.»).

ЕСТИЯР с ы н. **1.** *Ес білетін, ересек, ер жеткен.* Арманбегімнің ақылы кіріп, *е с т и я р* болып, қажетке жарап, жаным тыншып қалды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Ибаш та келісіп тұрған жоқ. Жаңылдан екі жас үлкендігі бар, *е с т и я р* болудың орнына шолжың өскен (Т.Ахтанов, Боран). Шешеден қалған төрт баланың *е с т и я р ы* осы қыз екен (Ә.Тәжібаев, Жданов әңгім.). **2.** *Бас көтерер, сақа, жұртқа сөзі өтетін.* Ауылдың *е с т и я р* адамдары қотан іргесіндегі құдық басына жиналған (Ә.Көшімов, Лашын.). Ауылдың *е с т и я р л а р ы*, пысықтары жан ұшыра даурығысып, бұж-бұж үн қатысып, төбелесті зорға басты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Ауылдағы *е с т и я р* төрт әйелден шаруаға белсене қатысуға жарайтыны – Дәмелі мен Рахила (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **3.** а у ы с. *Түсінік-түйсігі бар, есінде сақтай алатын, сезінетін.* Тек еститіні бар-ды: «Жылқы – *естияр* мал. Ол қандай боранда ықса да бәрібір жол табады. Тек ықтиярын беру керек (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаздар).

ЕСТИЯРЛАН= е т. *Ер жету, есею, естену.* Осы аз жылдар аралығында Клара әжептәуір *е с т и я р л а н ы п* қалған (С.Бегалин, Ана.).

ЕСТИЯРЛАНУ *Естиярлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с т и я р л а н у ы* байқалады.

ЕСТИЯРЛАУ с ы н. *Ересектеу, үлкендеу, сақалау.* Жеті қыздың жаңағы *е с т и я р л а у ы* былай шыққан соң қалғандарына ақыл салды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Мұндайда менен гөрі әрі *е с т и я р л а у* әрі салқын қандылау Сережа егесті насырға шаптырмай, ыңғайға көшеді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Бұларға тағы бір бала келіп қосылса, ол және екеуінен гөрі *е с т и я р л а у* болса, оның не артықтығы болмақ (Ж.Тұрдыбаев, Семсер).

ЕСТИЯРЛЫҚ з а т. *Естияр болушылық, ер жеткендік, үлкендік.* Енді бір қарағанда, қыздың түп-тұнық жанарынан бір түрлі *е с т и я р л ы қ*, ақылы толысқан байсалдылықты байқады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Кейбір балалар әуелі байыппен сәлемдесіп содан кейін үлкен адамдарша жөн сұрап *е с т и я р л ы қ* қалып та білдіріп қалады (М.Иманжанов, Көк белес). Жас жігіт мосқалырақ әйелмен қосылса, оны ол адам баласының *е с т и я р л ы қ қ а* ұмтылуына апарып тірейді (Ғ.Мүсірепов, Қазақ.).

ЕСТУ[1] з а т. б и о л. *Адам мен жан-жануарлардың дыбыс толқындарын қабылдау қабілеті. Е с т у* сезімталдығы құлақ қабылдай алатын ең кіші дыбыс тербелісімен өлшенеді («Денсаулық»). Кейінгі жылдарға қарағанда шу әсер ететін алғашқы 3–5 жылда *е с т у* қабілетінің жойылуы әлдеқайда жоғары болады (Т.Қалыбеков, Экология.).

Есту жүйкесі. а н а т. <лат. nervus acusticus> *Ішкі құлақ пен ми орталығын байланыстыратын есту жолдағышының өткізгіш жолы. Е с т у ж ү й к е с і* тепе-теңдік жүйке түбіршігімен, иірімді (спиральды) жүйке түйінінен, ал тепе-теңдік

жүйке түбіршігі кіре беріс жүйке түйінінен басталады (Қаз. тілі термин. Биология).

Есту органы. *Адам мен жан-жануарлардың есту мүшесі.* Құлақ – *е с т у о р г а н ы н а* жатады («Денсаулық»).

Есту сүйекшілері. а н а т. <лат. ossicula auditus> *Ортаңғы құлақ дабылдық сүйек қуысында орналасып, бір-бірімен буын және бұлшық еттер арқылы қозғалмалы байланысқан сүйекшілер. Е с т у с ү й е к ш і л е р і* сыртқы дыбыс жарғағының тербелмелі қозғалыстарын ішкі құлақ кіреберісіндегі ішкі дыбыс жарғағына жеткізеді (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСТУ[2] *Есті етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Хабар алу, хабарды тыңдап білу.* Фани деген жігіт Түркістанның комсомол ұйымының жауапты хатшысы деп әркімнен *е с т у і м* бар (Ш.Өтепов, Фани.). **2.** *Тыңдау, үнді құлақпен қабылдау.* Мәселе онда да емес, өзгені шын мақтай білетін Сәкеңнің өзі жайлы мақтау сөз *е с т у д і* жаратпайтынында (Т.Тобағабылов, Жазира). Тұңғыш баланың шыр етіп жерге түскен даусын *е с т у г е* ата-ана асығады да, жүрексінеді (Ә.Нұршайықов, Жомарт өлке).

Сөгіс есту. *Жіберген қателіктеріңіз үшін ескертпе алу.* Баянның келмей жатып доктордан *с ө г і с е с т у і* басқадан емес, Есейдің орынсыз қолқасынан болды (Ә.Нұршайықов, Курляндия).

ЕСТУШІ з а т. *Еститін адам, тыңдаушы.* Алланың сөзі қаріпсіз, дауыссыз. Олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және болар, сәмиғ, яғни көруші, *е с т у ш і* деген (Абай, Тол. жин.). Соңынан ер шығу мәнісін енді түсінген Нұрлан бұ хабарға *е с т у ш і с і* ғана болып көрінген (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЕСТУІНШЕ ү с т. *Естуі бойынша.* Сырт *е с т у і н ш е* Сәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан (С.Шаймерденов, Мезгіл.). Олардың *е с т у і н ш е* мен елдегі қазақ ақындарын тауып, өлеңдерін жазып алуға шығыппын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сауалдан біразырақ сөз сұрайын, Намазжан, *е с т у і ң ш е* қай жер биік (Айтыс).

ЕС-ТҰС з а т. с ө й л. ***Ес-тұс***. Мұны есіткен Жаңылдың *е с - т ұ с ы* қалмады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Енді не қалды, не боламыз? деген ойдың басыма келуі мұң екен, қайтып *е с - т ұ с ы м д ы* білмей қалыппын (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.).

ЕС-ТҰС з а т. *Ақыл-парасат, ойлау жүйесі.* Осы да *е с - т ұ с і*, ақыл-парасаты бар адамның істейтін қылығы ма? – деп Жаңыл реніш білдірді («Қаз. әдеб.»).

Ес-түсі жоқ. *Ұсқыны кеткен, сұрықсыз.* Мақаштың түріне қарауға жан түршігеді. Киімінің пәршек-пәршегі шыққан, өзінде *е с - т ұ с ж о қ* (К.Баялиев Дегелек.). Тәңірберген шыдамай, ақ арғымақты тебініп қап, тобынан үзіліп ілгері шыға бергенде, ар жағынан *е с - т ұ с і ж о қ* Ақбала жанұшырып кеп, аттың мойнына асылды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Ес-түсі кірмеді. *Есінен танды, есін жимады.* Көлеңкеде басы таңулы *е с - т ұ с і к і р м е й*, Дәурен талып жатыр («Қаз. әдеб»).

Ес-түсі қалмады. *Зәресі ұшты, құты қашты, үрейленді.* Осы минуттан бастап ажал сағатын күткен тұтқындай менде *е с - т ұ с қ а л м а д ы* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Сенің келе қалғаның мұндай жақсы болар ма, енді болмағанда кеткен едім, – дейді әйеліне *е с - т ұ с і қ а л м а й* («Ара»).

Ес-түсінен айырды. *Есінен тандырды, ақылынан жаңылдырды, шала-жансар қылды.* Саурықтай шын батырым, Ерегіскен кісіні *Е с - т ұ с і н е н а й ы р д ы ң* (Жамбыл, Шығ.).

Ес-түсінен айырылды. *Ақылынан адасты, мәңгірді.* Бүгін ұлын түрмеге жапты дегенді естігенде, Айманның төбе шашы тік тұрды, *е с - т ұ с і н е н а й ы р ы л ы п,* есеңгіреп қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Даладан әйелі келсе, *е с - т ұ с і н е н а й ы р ы л ы п* жатқан Бәңішіні көріп, аң-таң болып тұрып қалады (Қаз. ертег.).

Ес-түсін білмеді. *Есінен танды, есеңгіреді.* Кәбек сойылға жығылды. Оны үйіне алып келгенде, *е с - т ұ с і н б і л м е д і* (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Өлсем ұлыммен бірге өлейін деп, күні-түні қасында болып едім, қара тажал менің өзіме ауыз салды. Екі жеті бойы *е с - т ұ с і м д і б і л м е й* жатыппын (Ө.Қанахин, Жер). Майдалау ақшаны қолға алып *е с - т ұ с і н б і л м е й*, санауға кірісті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ес-түсін жинады. *Өзіне-өзі келді, ақылы кірді.* Үшеуі үш күн, үш түн жылап қалды, төртінші күні *е с - т ұ с і н ж и н а п* алды (Қозы Көрпеш.).

ЕС-ТҰССІЗ с ы н. *Есінен танған, есеңгіреген.* Өзі азалы болып отырған келіншек *е с - т ұ с с і з,* емшектегі баласын емізген күйі талып түсті (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Сол күні түс қайта Дегерезден дәрі-дәрмек әкеле жатқан Қапия аттан жығылып, он алты күн *е с - т ұ с с і з* жатты (Дәрігер мерейі). Бурыл құлағаннан қалай ұшып түскенін, онан қанша уақыт *е с - т ұ с с і з* жатқанын Анаш күні бүгінге дейін есіне түсіре алмады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЕСТІ с ы н. **1.** *Ақылды, парасатты, саналы.* Шен-шекпенге сатылып, Батпаққа елін батырып, Дұшпанына оқ салып, Еліне қарай атылып, Біздің *е с т і м і н* деген жақсылар, Ақыл-ойға тапшылар, Заңын білмей алдатты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Е с т і* кісі есермен ойнамайды, Бойы қысқа тереңге бойламайды. Ақша берген кісіні болыс сайлап, Елубасы ел қамын ойламайды (Орынбай). Балташ менің

ойлағанымдай емес, недәуір білетін, артық желігі жоқ, сыпайы, *е с т і* жігіт көрінді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Білімдар, ойшыл.* Естілердің сөзін ескеріп жүрген адам өзі *е с т і* болады (Абай, Тол. жин.). Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген *е с т і* артық. Бәйге алмаған жүйріктен, Белі жуан бесті артық (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Қанша ақылды, білімді, әдепті, *е с т і* болғанмен, әйелге жарастықты сипат – сезім ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі кісі бейім тұрса, *е с т і* кісі кейін тұрады (Мақал-мәтел). **3.** *Көкейге қонымды, дұрыс айтылған. Е с т і* де әділетті сынға қарсы бас көтеретін жазушы қазірде табылмауы мүмкін деп те ойлаймыз біз (М.Қаратаев, Туған әдебиет). Қара кемпір біреуді мақтап, біреуді жамандап жатпай, ойландыратын, жаны ауыратын *е с т і* сөзбен еріксіз бөгеді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Жаңа қағазға жазсаң да, Жаңармайды *е с т і* ой. Ескі қағазға жазсаң да, Көнермейді *е с т і* ой (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

Есті тентек. *Мінезі шатақ болғанмен, ақылмен іс қылатын адам.* Не дедің, қайталашы алдыма кеп, Қажытқан өмір жалғыз сен бе екен тек. Мынау шаш текке ағарды деп пе едің, Мен мұны деп жүрмін-ау *е с т і т е н т е к* (Г.Әбдірахманова, Көгершін.).

ЕСТІ= е т. **1.** *Құлаққа шалыну, үнді, дыбысты, шуды құлақпен қабылдау. Е с т і м е,* көрме, сөзден без, Аузыңа ие болмасаң Бәле үйір, жала тез (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Елінде Қарақыздың харап болдым, Қонысы құт болмады Қарасордың. Мұндай іс қылғанын еш *е с т і г е м* жоқ, Қазағы Кіші жүздің, Орынбордың (Ақмолла, Күндер.). Даладан күбіріңді *е с т і г е н* соң, Атыңды тысқа шығып, байлап тұрар. Үйіне мейман келсе жаман қатын, Түксиіп сары азбандай айбат қылар (Ақмолла, Күндер.). *Е с т і г е н і ң* жамандық – Жұрт жиылып бүлінген, Шошқаның етін қақтаған, Құбылаға бақпаған. Атасының малындай Арақты ас қып сақтаған – Көлимасыз көпірге Кіріптар қылдың, Құдіреттім! Ал бұл заманның аяғы – Заманың кетті баяғы (Шортанбай Қанайұлы.). **2.** *Үнін тыңдау, сөзін ұғу.* Майра десе Майра екен ғой. Әнін қашан *е с т і р* екенбіз, қашан бастар екен деседі (Д.Әбілев, Арман.). «Әлияның әніне» келсек, оны кезінде орыс, қазақ жауынгерлері майдан жолдарында әр дауыспен орындап жүргенін мен де көрген, *е с т і г е н* болатынмын (Ж.Жұмақанов, Москвадан.). Оқымасақ та *е с т і р* құлағымыз, байыптар санамыз бар, біз жан емеспіз бе? (Ж.Саин, Жол үсті.). **3.** *Хабардар болу, құлақтану, білу.* Жақында ғана *е с т і д і м.* Бұрынырақ *е с т і г е н д е,* жағдай басқаша болатын еді. Маған кеш жетті бұл хабар (М.Дүзенов, Әке.). Шоқан қалай кездесуді білмей отырғанда, «Қабан аға» аталатын Әлібек келе жатқан хабарын *е с т і д і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жиын деп, жұрттың Үйгентасқа кетіп жатқанын Әтіке мен Сейітбаттал Аққайқыда жүріп *е с т і д і.* Ести сала атқа қонды (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Естіген жерде қалды. *Ешкім білмеді, сыртқа таралмады, қайтып айтылмады.* Біріңіз емес, бәріңізге айтамын. Естігендеріңіз *е с т і г е н ж е р д е қ а л с ы н,* тіс жарып тірі жанға сездірмеңдер (Ә.Әбішев, Замана.). – Не дейді? Қой әрі, мүңкитпей. Менен басқа іеш жан естімесін, бұл әңгіме *е с т і г е н ж е р д е қ а л с ы н.* Жігітмігіт деген не пәле, әдіре қалғыр? (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Естіген құлақта жазық жоқ. *Өз құлағымен естігендіктен, жоққа шығара алмады.* Бұл айтқаныма ренжімеңіз, *е с т і г е н қ ұ л а қ т а ж а з ы қ ж о қ* емес пе, – деді Жамал жымиып («Әдеб. искусс.»).

Естімеген елде көп. *Өмірдегі таңғалдырар нәрсе аз емес.* Япырай, *е с т і м е г е н е л д е к ө п,* есек мінген сартта көп» деген осы екен-ау». Нан иман болғанда, наны көп жерде иман да көп қой (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Апырай ә, *е с т і м е г е н е л д е к ө п* деген осы екен-ау – деп көрген-білгендер таңғалып жатты («Жалын»).

Көз көрмес, құлақ естімес [көз көріп, құлақ естімеген] жер. *Өте алыс, тым жырақ жер, жердің түбі.* Мен ертең кетемін. *К ө з к ө р м е с, қ ұ л а қ е с т і м е с ж е р г е* кетемін. Сені әдейі қоштасқалы шақырдым (Н.Серәлиев, Қаңтар), Кейде үйді, жұмысты, туысты тастап, алыс бір шығанға, *к ө з к ө р і п, қ ұ л а қ е с т і м е г е н ж е р г е* қашып кеткің келеді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Өз аузынан [құлағымен] естіді. *Бетпе-бет жүздескенде айтылды.* Ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, сарытоқым ұры болған ел ішіндегі үлкендердің *ө з а у з ы н а н е с т і г е н* әңгімелері де ұмытылмайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұл әңгіме қымызшы Қамиланың үйінен тарады. Бәти оны *ө з қ ұ л а ғ ы м е н е с т і п* келіп Байжанға хабарлады (Х.Рахимов, Сеңгір.).

Сөз естіді. *Біреуден сөгіс алды, жазғырылды, реніш көрді.* Кеше Ақаннан, жиналыста жұрттан *с ө з е с т і д і,* қаңғыбас Мақышқа да күлкі болды (З.Шашкин, Өмір.). Бұл жолдастарым үшін талай-талай *с ө з е с т і р м і н* деп, Әбдіжан ішінен алдындағы ауыр жолдарына ой жіберді (С.Бегалин, Уақыт.). Жайшылық, солай жүріп *с ө з е с т и м і н,* Көремін мұны өзім тілімнен де (Р.Ниязбеков, Келер күн.).

ЕСТІ-БАСТЫ с ы н. *Беткеұстар, салиқалы, ел ағалары, беделді (адамдар).* Ел ішіндегі Құдайға қараған *е с т і-б а с т ы* едәуір

кісілер кенеттен туған бұл дауды өршітті, ағайыншылықпен бітіруге күш салған болса да ала қарғадан жем айырғысы келетін, қасқыр ауыз, түлкі құйрық тәйілқай пасық, пысықтар қоламта шоқты неғұрлым үрлей түскен (Ж.Ахмади, Жүрек.) Өзін елдің *е с т і-б а с т ы* жігіт ағаларының бірімін деп санайтын Шақабай шаруашылықпен қолма-қол араласуды өзіне ар көрді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

ЕСТІГЕН-БІЛГЕН с ы н. *Басқалардың айтқанынан ұққаны бар, құлағдар болғандары.* Екі келіншек ойдағы-қырдағы *е с т і г е н-б і л г е н д е р і н* айтып, іштерін босатса, кішкентай құрдастар ойынға беріліп мәз болатын (Ж.Еділбаев, Буырқан.). Бүкпей-бүркемей анығын айту керек, – деп Мұратбай *е с т і г е н-б і л г е н і н* ашып салды (А.Хангелдин, Ғани.). Өзім *е с т і г е н-б і л г е н*, өткен-кеткен дүниедегі дегдар даңқты әйелдердің бір де біреуін маңайламайды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЕСТІГЕН-ТҮЙГЕН с ы н. *Естіп-білген, ұққан.* Бүгінгі түн *е с т і г е н-т ұ й г е н д е р і н* дүниеге паш етуге асыққан Ақбұлақ ертелеп барады (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

ЕСТІГІШ с ы н. *Жақсы еститін, сақ құлақ.* Екі көзі тас соқыр кісінің құлағы *е с т і г і ш,* мұрны иіссіл келеді дейді (Б.Аманшин, Жар.). Құғынға көп ұшырайтындардан жаратылысынан сақ құлақ, *е с т і г і ш* жануарлар толып жатыр (А.Машанов, Жер асты.). Қалада болып жатқан күнделік жаңалықтарды жұрттан бұрын *е с т і г і ш* Әбдірахман Бәйділдин де жуық арада Москвадан Қызылордаға келді (С.Мұқанов, Есею жылдары).

ЕСТІГІШТІК з а т. *Естігіш болушылық, сақ құлақтық.* Не деген нәзік құлақ, не деген *е с т і г і ш т і к,* әдетте музыкалық есту қабілетін талап ететін музыка мамандарының сөзі осындайда еске түседі (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

ЕСТІЛ= е т. *Құлаққа шалыну, үні тыңдалу.* Аяжанның дәл артқы тұсынан пыс-пыс еткен жат дыбыс *е с т і л д і.* Ол артына бұрылып қарай бере бақырып жіберді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Жүзіп бара жатқан Қабыланбай да көрді ұларды. – Тоқта! Тоқта! Атамын!– деген айғай *е с т і л д і* жағадан (Б.Аманшин, Жар мұңы). Шырқаған әнің құлаққа *Е с т і л і п* тұрды кеткенше. Естіліп тұрды күн-түні, Біз жеңіске жеткенше (Мен де дала перзентімін). Естілмеді сонда сенің наз әнің, *Е с т і л м е д і* шаңқобыздан азалы үн. Шаттық алып келер деген қасқа жол, Әкелді ғой жат хабарын қазаның (Ж.Сәтібеков, Сырлы.). Үй сыртынан дүрсіл *е с т і л с е* де, қақпаны жел сықырлатса да, сен келіп қалды екен деп Сапар екеуміз үдере түрегелеміз (Д.Исабеков, Таңд.).

ЕСТІЛЕР-ЕСТІЛМЕС ү с т. *Еміс-еміс естілетін, сәл ғана естілетін.* Хасен босап кеткен домбырасының құлағын ақырын бұрады да, жұртқа *е с т і л е р-е с т і л м е с* етіп «Ақсақ құлан» күйін ойнай бастады. (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жапырақтар *е с т і л е р-е с т і л м е с* қана сыбырлап, ұйқы көрмей түн қараңғысының ғажайыптарымен сөйлескендей анда-санда ақырын күрсінеді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Бәсердің даусы *е с т і л е р-е с т і л м е с* болып сыбырлы шықты (С.Сматаев, Алау).

ЕСТІЛЕУ с ы н. *Естірек, ақылдылау.* Десек те достың жебер ақ тілеуі, Кек тұтпас дұшпанның да *е с т і л е у і* (Б.Аманшин, Маңғыстау.). Соңғы тиген күйеуім анаған қарағанда *е с т і л е у* болды,– деп жалғастырды ол сөзін (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

ЕСТІЛУ *Естіл етістігінің қимыл атауы.* Мысалы, ы, і әріптерінің *е с т і л у* ерекшеліктерін бала бірнеше рет қайталанғаннан кейін ғана шатастырмай танитын болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Дыбыстың *е с т і л у* шамасы хабарлағыш пен қабылдағыштың арасындағы резонанстыққа байланысты болады («Халық мұғ.»).

ЕСТІЛУЛІ с ы н. *Естіліп тұрған, естілген.* Әлдекайдан бір әуенмен ырғатылып қаңғырмай соққан қоңырау даусы ызғырық желмен араласа құлаққа одан жаман беймаза *е с т і л у л і* (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЕСТІЛІК з а т. *Ақылдылық, саналылық, парасаттылық.* Есерлікке сан рет берген тізгінін бұл жолы *е с т і л і к к е* берсін. Махмұттың бұл тұста оған жолдар сәлемі – осы (Д.Әбілев, Арман.). Арманды қисынсыз қиялға айналдырмай, шындық тиегімен қабыстыра арман етсең, бұл – *е с т і л і к т і ң* белгісі (Ы.Жақаев, Менің бақыт.).

Естілік көрсетті. *Ақылдылық танытты, ақыл-парасатын көрсетті.* Жолбасшымыз ғана *е с т і л і к к ө р с е т т і* (М.Сәрсекеев, Жеті. толқын).

ЕСТІМПАЗ с ы н. *Тез еститін, есіткіш.* Өзі көреген, *е с т і м п а з,* ешкіммен шүйіркелеспесе де, жұмысшы арасындағы сыбысты тез сезеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Құлағы қандай *е с т і м п а з!* Кемпірдің болмашы пысылын есті сала қос ашпалы есіктің бір жағын ашып, босаға аттады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЕСТІМШІ с ы н. ж е р г. *Естіген, белгілі.* Мынауың енді *е с т і м ш і* хабар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕСТІМІШ с ы н. *Естігені көп, көп нәрсені білетін, көріқұлақ.* Тек оларға әлгі өзгеден естіген *е с т і м і ш т е р і н е,* е, бәсе деп қойғызатындай қып, әр жер-әр жерге өз құдіретіңнен жұрнақ қалдырып отырсаң болғаны (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЕСТІП-БІЛ= е т. *Құлағдар болу, хабардар болу*. Маңғыстауды бала күнінен *е с т і п-б і л і п* жүрсе де, оның аңсары ауып, көріп-танығанына бес-алты жыл (М.Сатыбалдиев, Жартастағы жазулар). Ғанидың өз көлемінде *е с т і п-б і л г е н* жаңалығы әзірге екеу-ақ (А.Хангелдин, Ғани.). Дүниені жүріп көрмей, *е с т і п-б і л м е й*, Жатасың ішің пыспай үйде неғып? (М.Дулатов, Шығ.).

ЕСТІП-БІЛУ *Естіп-біл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біздің *е с т і п-б і л у і м і з* осындай.

ЕСТІП-ЕСКЕР= е т. *Басқалардың айтқанын елеусіз қалдырмау*. Сексеннен асқан ақсақалдың *е с т і п-е с к е р г е н і* аз ба екен! (Б.Кенжебаев, Асау жүрек).

ЕСТІП-ЕСІТПЕ= е т. *Тыңдап-тыңдамау, біліп-білмеу*. Сол жерде сөздің расына көз жетсе де шыға беріп қайта қалпына кетсе, *е с т і п-е с і т п е й* не керек (Абай, Тол. жин.).

ЕСТІП-ТҮЙ= е т. *Хабардар болып, ой топшылау*. Біз театр сахнасындағы қойылымдардан, оқушы жұртшылық пікірінен, көп *е с т і п-т ү й г е н і м і з д е н* аңғарамыз («Қаз. әдеб.»).

ЕСТІР[1]= е т. *Білдіру, хабарлау, дауыстап айту*. Түн ішінде Қошқарды оятып алып, оған сұмдық хабарды *е с т і р д і* (Қаз. ертег.). Қай адам ер Тайлаққа тең келеді, Жиылған сол араға көп ел еді. *Е с т і р м е й* қайтқанымыз лайық емес, Ханымға жырлай-жырлай кім барады? (Қозы Көрпеш.).

Естір құлаққа ұят. *Айтуға ұят қылық, іс*. Жақын адамды газетке жазу деген *е с т і р құ л а қ-қ а ұ я т* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЕСТІР[2]= е т. *Жел тұрғызу, желпіндіру*. Сай бойындағы шөпті жолмен желген аттың екпіні бетке самал *е с т і р е д і* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ала сәуледе жасыл шөпті жапырып, өкпек желді *е с т і р і п*, көкіректі керіп, тымтырағай айдап келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Айдарынан жел естірді. *Асқақтап дәурен сүргізді, төрт жағы, құбыласын тең қылды*. Сол бәйгем алтын майданындай, Желпілдеп *ж е л е с т і р і п а й д а р ы м н а н*, Міне мен жеттім, заман айғағындай (С.Бегалин).

Желдей естірді. *Шырақ қимылдады, ұршықтай айналдырды*. Өзі де қолға алған істі *ж е л д е й е с т і р е т і н* жігіт екен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЕСТІР[3]= е т. *Қайықты ескекпен жүргізіру*. Бізге күні бойы ескекпен қайық *е с т і р е д і*, – деді бізбен сөйлескен бозбала («Әдеб. иск.»).

ЕСТІР[4]= е т. *Арқан, жіп жасау үшін жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрату*. Әжелер келіндері мен ересек қыздарға жаз бойы жіп, арқан, бау, ноқта *е с т і р т е т і н* («Мәдениет және тұрмыс»).

ЕСТІРЕК с ы н. *Ақылдырақ, саналырақ*. Қамажай қарындасымның бой жетіп қалғандығын күні кешеге дейін мен де мойындаған жоқ ем. Оған ылғи бала деп қарап, өзімді одан *е с т і р е к* санайтынмын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.). Кейін өзгелерден *е с т і р е к* деп ауыл ағасы астына ат беріп, қойға қосты (Дала дауылпаз.).

ЕСТІРЛІКТЕЙ с ы н. *Ести алатындай, естуге болатындай*. Ол өзінің қоңыр даусымен *е с т і р л і к т е й* анық та салтанатпен сөйледі (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЕСТІРТ= е т. **1.** *Құлаққа шалындыру, үнін аңғарту*. Артымызда Апалай келеді ыңылдап өлең айтады, жел ызыңы бір сөзін *е с т і р т с е*, екіншісін естіртпейді (Б.Майлин, Шығ.). Шешесінің ақылын тыңдап, Зейнемхан отырғандарға *е с т і р т і п* өз ойын ашып айтты («Қазақст. әйелд.»). **2.** э т н. *Кісінің өлімі жайлы туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау, айту*. Нағашылары да үлкен уайым қылып, қолымыздан өлтірген секілді болдық-ау, – деп, өздері ақылдасып, *е с т і р т і п* һәм хабар айтуға кісі жіберді (М.Дулатов, Шығ.). Шалматай ежелден ішінен атысқан дұшпанына өлім хабарын *е с т і р т е т і н* кісідей шікірейе қарады (І.Жансүгіров, Шығ.). Әрине, менің *е с т і р т е т і н і м* өлім емес, өлімнен де күшті, саған да, маған да бататын жай (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЕСТІРТЕРЛІК с ы н. *Естуіне керекті, естуге жарарлық*. Сұрауларына сол кезде жауап беріліп өтсе де, кейбірі жалпыға *е с т і р т е р л і к*, өмір жүзінде таңдайына тиіп жүрген сұрау болғандықтан, жаңа комплекске де қатысы барлықтан, бұл жерде көрсете кетуді лайық көрдік (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСТІРТУ *Естір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлаққа шалындыру, үнін аңғарту*. Бұлар өстіп келісе салады. Әбден бас шұлғып үйренген, өз дауысын *е с т і р т у* деген болсайшы (Т.Иманбеков, Үш ай.). Жанына жайнаң қаға отырды кеп Жас жыршы *е с т і р т у г е* достарға әнін (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). **2.** э т н. *Кісінің өлімі жайлы туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау, айту*. Бүгін-ертең құмнан Кенді жездең келеді. Қасына бір-екі шалды қосып беріп, қаза болған азаматтарды *е с т і р т у* керек (М.Дүзенов, Ақәже). Өлікті *е с т і р т у г е* келгенде, ауылда Жақыптан шебер жан жоқ. Қай жерде қалай сөйлеуді алдын ала ойлап жүреді (М.Дүзенов, Ақәже). *Е с т і р т у д і ң* соңы көңіл айтып, қайғылы хабарға ортақтасып, жұбатуға ауысады (ҚҰЭ). Көпеш шал қариялармен бірге

Естілеудің қазасын *е с т і р т у г е* келген еді (Ә.Жылқышиев, Балжанның тағдыры).

ЕСТІРУ *Естір етістігінің қимыл атауы; жүнді, ноқтаны т.б. ширату, пысыта бұрату.* Ұзақ ойланғанмен іс бітпейді, ноқтаны осы ауылдың кемпірлеріне *е с т і р у* керек (М.Хасенов, Тұлпар.). Әжесінің дорбасында қолғап тоқудан қалған жүн-жұрқаның жүргенін білетін. Қабікен шешелеріне айтып, содан қармаққа бау *е с т і р у г е* кірісті (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ЕСУ[1] *Ес (1) етістігінің қимыл атауы; жүнді, мақтаны ширату, пысытып бұрату.* Бас жіпті қалай *е с у д і* ұмытып кеттік қой, колхоз кезінде ауылда бәрі болатын (М. Дүзенов, Әке.). Түйе жүні айыл, құйысқан, өмілдірік, ноқта, баушу *е с у г е* өте қолайлы (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бектас жүн түтіп, *е с у і н* тоқтатқан жоқ (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ.).

ЕСУ[2] *Ес (2) етістігінің қимыл атауы; қайықты ескекпен жүргізу.* Жігітім, судың тілін, қайық *е с у д і* жақсы білесің бе? (С.Бегалин, Мектеп.). Дәл айтқанда, желкенді қайықта отырғандайсың, ескек *е с у д і ң* мүлде керегі жоқ сияқты (Ғ.Сланов, Арман.).

ЕСУ[3] *Ес (3) етістігінің қимыл атауы; жел тұру, желпіну.* Күзгі салқын желдің жайлап *е с у і* бойды сергіткен тәрізді (Ауызекі).

ЕСУАН с ы н. с ө й л. ж е р г. ***Есалаң***. Осындай *е с у а н* адамды төбеңе шығарып жіберермісің (Диал. сөздік.).

ЕСУАС с ы н. *Кіресілі-шығасылы есі бар, жарымес, әңгі.* Дәрежелі байының буына піскен *е с у а с* біреуге сөзіңді шығын қылып қайтесің? Көрмегенім осы үй болсын (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жақан *е с у а с* адамдай бетіме мелшие қарап біршама тұрды (Ә.Сараев, Қараша.). // *Кіресілі-шығасылы есі бар, жарымес адам.* Сот жүрмейді *е с у а с қ а,* әңгіге, Солай болған, солай болмақ мәңгіде (Қ.Мырзалиев, Домбыра). *Е с у а с т ы* көрмесең, есіңнен бар-жоғын қайдан білер ең (Мақал-мәтел).

ЕСУАСТАЙ с ы н. *Есуас адам сияқты, есуас тәрізді.* Отыр мен, іздеймін мен, сандалам. *Е с у а с т а й* кейде өзіме таңқалам (Ж.Саин, Самал). Көп көрген бас бар ма екен осы бастай, Сенделіп мен жүремін *е с у а с т а й.* Жақындағы жалғыз дос өлең ғана, Ол да кейде қояды есік ашпай (Қ.Мырзалиев, Көш).

ЕСУАСТАН= е т. *Ақымақтану, есерсоқтану, жарыместену.* Ортақ баламыздың мінезі күнбе-күн күдіктер туғыза берді. Үсті-басы кір, әке барын, шеше барын ұмытқан, есейген сайын *е с у а с т а н а* беретін сияқты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ертеңгіні ойла, халқың үшін қамыға біл, өз орнына сөз берген бөсер байлардың оңына ертіп елірме, *е с у а с т а н б а* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЕСУАСТАНДЫР= е т. *Ақымақтандыру, жарыместендіру, есерсоқтандыру.* Ауыр жағдай *е с у а с т а н д ы р а* ашындырған көпшілік ештеңеден қаймығар емес (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

ЕСУАСТАНДЫРУ *Есуастандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с у а с т а н д ы р м а у* керек.

ЕСУАСТАНУ *Есуастан етістігінің қимыл атауы.* Бергтің қалай қарайтындығын, *е с у а с т а н у л а р ы н* қоятындай етіп маған жазып жібер (В.И. Ленин, Шығ.). Тойынғаннан не істерін білмей *е с у а с т а н у ы н а* жол бере қоймаспыз («Жұлдыз»).

ЕСУАСТАУ с ы н. *Жарыместеу, есерсоқтау, кешелеу.* Сәл *е с у а с т а у,* содыр мінезді осы Ахмет – байдың нағыз қол шоқпары, атса – мылтығы, шапса – қылышы (О.Бодықов, Бұлбұл). Баланы шақыр десең, шақырайын. Мен әншейін ол баланың өзі *е с у а с т а у* болған соң айтып едім (Ә.Әбішев, Армансыз.).

ЕСУАСТЫҚ з а т. *Есуас болушылық, жарыместік, ессіздік, есерсоқтық.* Кейде көз көріп, құлақ естімеген жерге қашып кеткің келеді. Осындай *е с у а с т ы қ* сенің басыңа келе ме? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Қозы Көрпеш бейітінің төбесін әлдекім зеңбіректен атып, бұзып тастапты. Мұндай *е с у а с т ы қ т ы ң* кімге керек болғанын анықтай алмадым («Қаз. әдеб.»). Жай бір жағымпаздық әдет енді тіпті ешбір мәні де, мағынасы да жоқ мылжыңдық пен *е с у а с т ы қ қ а* ұқсап кеткен еді (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

ЕСУЛІ с ы н. *Есілген, есіліп қойылған.* ≈ *Е с у л і* арқан.

Есулі қос өткізгіш. ф и з. <ағыл. twisted pair> *Бірге ширатылып, екі айырылған өткізгіш, жергілікті желілерде пайдаланылатын есілген қос сым түріндегі байланыс кабелінің жалпы атауы.* Бұл жұп сыртынан қоршаумен, қосымша айырғыш затпен немесе басқа да *е с у л і қ о с ө т к і з г і ш п е н* қоршалуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика). *Е с у л і қ о с ө т к і з г і ш* – экрандалған (ИТР) және экрандалған (STP) деп аталатын екі түрі бар. Қазіргі өндіріліп жатқан *е с у л і қ о с ө т к і з г і ш і н і ң* көбі қоршаусыз болғандықтан, олар электромагниттік бөгеуілдер әсеріне шалдыққан болып келеді. Бірақ *е с у л і қ о с ө т к і з г і ш т е р д і* ауыстыру немесе салу жеңіл (Қаз. тілі термин. Информатика).

ЕСІ-ДЕРТІ з а т. с ө й л. ***Есіл-дерті***. Сол күннен бастап *е с і - д е р т і м* құла аттың үстіне бір қонып, батырларша құйғытып, кеме қайратымды бір көрсету болды (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Қарқаралыдағы әке-шешемді, жалғыз інімді ойламаймын, *е с і - д е р т і м* Меңдеш (Б.Аманшин, Жар мұңы). Несін аяр

туған ел, Өзі өсірген баладан. *Е с і-д е р т і* бір сендер, зор үмітпен қараған (Жамбыл, Шығ.).

ЕСІЗ с ы н. с ө й л. **1.** *Иесі жоқ, иесіз.* Тұла бойын тот басқан, Өткір жүзі кетілген, *Е с і з* ескі қылыштай Жүдеп едің күтімнен (Қ.Айнабекұлы, Өлең.). Ұзай беріп артына қарап еді, дәу қарағаштың басындағы *е с і з* қалған дегелектің ұясын көрді (К. Баялиев, Дегелек.). Көкесі мен апасының қаны төгілген шым үй осы күнге дейін өзін күтіп *е с і з* тұрғандай көрінді (М.Дүзенов, Әке.). **2.** *Ел қоныстамаған, құлазыған.* Мүлгіп жатқан ен байтақ *е с і з* сахараға көз тастап, тоят іздейді (С.Шаймерденов, Болашақ.). Басқалар бұл араны *е с і з*, иесіз жер, қасында төбе тақау деп қоңысқа ыңғай көрместен ішке кіріп кеткен-ді (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Құ мекен, *е с і з* дала, жан баспаған, құс ұшып, аң жүрмеген аймақ емес пе көрерім? – деді Сәт (М.Сәрсекеев, Жеті жылдық.).

ЕСІЗДІК з а т. с ө й л. *Иесіздік, елсіздік.* Қалың алабота өскен төмпешіктерде шыр-шыр еткен шегіртке үні құлазыған *е с і з д і к* үніндей (С.Жүнісов, Ақан сері). Айналасында ел жоқ *е с і з д і к* көңілге мұң ұялатады («Жұлдыз.).

ЕСІК з а т. *Үй мен бөлменің т.б. ашып-жауып, кіріп-шығатын орны. Е с і к т і* біреудің қағып тұрғаны естілді. Мен орнымнан тұрып, бөлменің есігін аштым (Ә. Шәріпов, Қапас.). Біз контордан шығып, *е с і к* алдында тұрған ауатком «Газ-69»-на келіп мінгенше қойны-қоншымыз топырақка, аузымыз шықырлаған қиыршыққа толып кетті (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Буыншақ-түйіншектерін көтеріп әйелдер автобустың артқы *е с і г і н е н* қарбаласып міне бастады (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

Дүние [өмір] есігін ашты. а) *Балалық шақтан ересек өмірге өтті. Д ү н и е е с і г і н* жаңа *а ш ы п* отырған Қайдар сияқты жас жігіт үшін тіпті қызық (Е.Қалиев, Рудный.). ә) *Туды, дүниеге келді.* Нұрғали болса Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Доланалы аулында тұңғыш *ө м і р е с і г і н а ш ы п т ы* (Арайлы көктем).

Дүниенің [өмірдің, күннің] есігі ашылды. *Бетбұрыс кезең басталды.* Сол күннен бастап Мағрипа үшін екінші *д ү н и е н і ң е с і г і а ш ы л д ы* (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Я алшымнан, я тәйкемнен түсетін *к ү н н і ң е с і г і* бүгін *а ш ы л г а н д а й* (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Еңбектің есігі. *Жаңа жұмыс, келесі бастама.* Алдымнан қонақүй есігі ашыла берді. Бұл бір еңбек біткеннен кейінгі алдымнан ашыла берген келесі бір *е ң б е к т і ң е с і г і* еді (Қ.Исабаев, Арман.).

Есігі ашық. а) *Пейілі кең, дастарқаны жаюлы.* Жомарт, *е с і г і а ш ы қ*, ақ көңілділердің бірі сенің әкең еді (А.Тоқмағамбетов). ә) *Рұқсат, қайда барсаң да жол бос.* Отан – өмір, өмір – Отан, Отан өмір – алтын бесік. Арылт жерді фашистерден, Қайда барсаң *а ш ы қ е с і к* (А.Лекеров, Өмір оты).

Есігін ашпады. *Бармады, хабарласпады, қатыспады.* Жаман ағаңның *е с і г і н а ш п а й т ы н* едің, осы жөнің түзу, жақсы келдің, қайным (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Айранбай: «Енді қайтып Кемелбайдың *е с і г і н а ш у ш ы б о л м а й ы қ*», – деді Раушанға (Б.Майлин, Шығ.).

Есігінде қалды. *Қамқоршы, жанашыры болмай, біреудің тәрбиесінде болды.* Ол әркімнің *е с і г і н д е қ а л ғ а н* жетім Есікбайлар ғой. Қазақ ренжірін я ренжімесін білмеді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Есігінен қарамады. *Бармады, араласпады, қатыспады.* Міне, содан бері Раушан Кемелбай үйінің *е с і г і н е н* де *қ а р а м а й д ы* (Б.Майлин, Шығ.).

Есігінен қаратпады. *Үйіне кіргізбеді, қатыспады, жолатпады.* Құдайы мейманды ешкім *е с і г і н е н қ а р а т п а д ы* (Б.Майлин, Шығ.).

Есігін ойран қылды. *Үйінің астан-кестеңін шығарып, талқандады.* Айдатты, дүре соқтырды, *е с і г і н о й р а н қ ы л д ы* (ҚСЭ).

Есігінің алдына келтірді. *Дегенін істетті, бас идірді.* Көрмес, келмес деп едім, Өз еркіммен бетімді-ай, *Е с і г і ң н і ң а л д ы н а*, Ұрмай-соқпай *к е л т і р д і ң* (Махамбет, Шығ.)

Есігі тарлық. *Пейілі тарлық, сараңдық.* Осындай хан атамның хандығы бар, *е с і к т і ң* сол себепті *т а р л ы ғ ы* бар (Сүйінбай Аронұлы).

Есігін тоздырды. *Қайта-қайта келе берді, ығыр қылды, мазалады.* Аудандағы әр мекеменің *е с і г і н т о з д ы р ы п* болған соң шыр көбелек айналып, Омаровтың алдынан шыға беремін («Лен. жас»).

Есігі ойран, төрі талқан. *Шаңырағы ортасына түскен, тас-талқаны шыққан.* Көр, мынаны бәрің де, *Е с і г і о й р а н, т ө р і т а л қ а н.* Қарақаттай қайран көз қамшы бойы жас төгіп отыр, мінеки! (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Есік жақ. *Үй ішінің төрге қарама-қарсы тұсы, орны.* Мәпелеп той қылады жұртың жиып, Әркімге арнап семіз малын сойып. Бәйбіше *е с і к ж а қ қ а* қойғанменен, Бесігі тербеледі төрге жылжып Күнде қалса, саяға тез ұмтылып (Қ.Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Есік көзі. *Есіктің алды, табалдырықтың қасы, босаға.* Есік ашылғанда еңгезердей бір сары жігіт *е с і к к ө з і н д е* тұрып қалады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғы.), Келіңіз, ағай, бері келе беріңіз,– деп, Сәуле *е с і к к ө з і н д е* тұрып қалған Олжайға қарады (Ә.Әбішев, Замана.).

Есік көрген. *Бұрын күйеуге тиген, ерге барған, тұрмыста болған.* Өзің *е с і к*

к ө р г е н әйелсің, оның үстіне артыңнан ілескен балаң болса, күнкөрісің қараң болады (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). *Е с і к к ө р г е н д і* алма, бесік көргенді ал (Мақал-мәтел). Мен сенің жайыңды түсінемін, келін, жассың, ол да – жас жігіт. Сенің балаң бар, *е с і к к ө р г е н* адамсың (А.Байтанаев, Қайнар.).

Есік көрсету. э т н. *Жаңа түскен келінді күйеу жігіттің туған-туысқандары мен досжарандарының қонаққа шақыру рәсімі. Е с і к к ө р с е т у* арқылы келіннің кімнің кім екенін танып білуіне жол ашады (ҚҰЭ).

Есік қақты. а) *Кіруге рұқсат етуін сұрады.* Осы мәнсіз, өткінші сырт өмір Қасболаттың ғажайып дүниесіне *е с і к қ а қ п а й* ене бастады (Т.Ахтанов, Боран). Тәуір қыз нұсқа көрген бола алмассың. Ел кезіп, *е с і к қ а ғ ы п*, өсек айтсаң, Қыла бер мақұл болса кәсібіңді, Жүр едім бұрын білмей нәсіліңді (Айтыс). ә) *Қаңғыбас, кезбе.* Аулақ менен ендеше, сорлы сұмырай, құлқынына сатылған *е с і к қ а қ т ы* (М.Әуезов, Шығ.).

Есік пен төрдей. а) *Аралық өлшемі, анадай жерде, біраз қашықтықта.* Билет тексерушілер біздің алдымызға келіп, біздің қағаздарымызды *е с і к п е н т ө р д е й* тұрып көрді де, өте шықты (С.Сейфуллин, Тар. жол.). Тұрсын көзін ашып, жалт қарағанда, өзіне қарсыма-қарсы келіп, *е с і к п е н т ө р д е й* жерде тоқтап тұрған қос аттыны көреді (Ә.Көшімов, Қысталаң жол). ә) *Өте жақын, аз-ақ, азғана.* Айғыр құлағын жымитып алған, биенің апшысын қуырып барады. Тақалды, *е с і к п е н т ө р д е й-ақ* қалды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). б) *Денелі, үлкен, зор.* Мұқаңның тақымына *е с і к п е н т ө р д е й* жарау қара көк айғыр тиді («Қаз. әдеб.»). Мұртын ширатып қойып *е с і к п е н т ө р д е й* ақбоз атты керілте аяңдатып келе жатқан Аббас батырдың алдынан бұлаңдап өте берді (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Есіктегі басы төрге жетті. *Елеусіз кісінің беделі артты, мерейі көтерілді, құрметке ие болды.* Жәукенің бейнеті босқа кетпей, Ахметтің арқасында аузы асқа, ауы атқа тиіп, *е с і к т е г і б а с ы т ө р г е ж е т т і* (С.Торайғыров, Шығ.). Қозғамбайдың қызын Жақыптың баласы алса, Қозғамбайдың *е с і к т е г і б а с ы т ө р г е ж е т к е н* емес пе? (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Есіктегі басын төрге сүйреді. *Сый-құрмет көрсетіп, беделін арттырды.* Атадан жақсы ұл туылса, *е с і к т е г і б а с ы н т ө р г е с ү й р е р*; атадан жаман ұл туылса, төрдегі басын есікке сүйрер (Мақал-мәтел).

Есікте жүрді. *Біреуге жалданып жұмыс істеді, біреудің босағасында қызмет етті.* – Хан екі сөйлемесе болар, – деді Зейнеп енді екі көзі жалын атып. – Мені Қараүлекке байға берсең, Қоңырқұлжадан да өшіңді қайтарасың, *е с і г і ң д е ж ү р г е н* құлыңның да сауабын аласың, айтқан уәдені де орындайсың (І.Есенберин, Шығ. жин.). Әйелінен, малынан, дүниесінен айрылған нелер азамат жігіттер қарындары ашқан соң тамақ іздеп қытай, қалмақтың байларының *е с і г і н д е ж ү р д і* (С.Шәріпов, Бекболат). *Е с і г і н д е* он жыл *ж ү р г е н д е* байлар мені не оңдырды дейсіз. Бай босағасынан былтыр ғана шықтым (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Есіктен шықса тесіктен, тесіктен кетсе есіктен келді. *Мұнан кіріп, одан шыққан сұңқпас құ, айлакер.* Тағы да сенбісің, су жұқпас! *Е с і к т е н ш ы қ с а ң т е с і к т е н, т е с і к т е н к е т с е ң е с і к т е н к е л е с і ң*, қалдым-ау бір пәлеге (Ә.Тәжібаев).

Есікте өлтірді. к ө н е. *Жалшылықта, қорлықта ұстады, өмір бойы жалшы етті.* Ерден қайыр кетпесе, *ө л т і р м е й д і е с і к т е*, Өлшеп берген нәсіпке (Шортанбай, ақын өлең.).

Жар есігін бермеді. *Жұбай етіп қосыла алмады, өмірлік жолдас бола алмады.* Жаным ғашық асылым ең, *Ж а р е с і г і н б е р м е д і ң.* Сорға біткен ғашығымсың, Неге тым кеш сермедің (Абай, Тол. жин.).

Кісі есігінде. *Біреуге жалданып қызмет істеумен өмірін өткізу.* Жас басымнан жалшылықта жүріп, тесік өкпе болып өстім. Қырыққа келгенше *к і с і, е с і г і н д е* өмірім өксіді (С.Омаров, Қайырлы жаз). Шынында да Ғаниға жалғыздық оңай соққан жоқ. Өзі жастас қатар-құрбыларының кейбірі *к і с і е с і г і н д е* (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ЕСІКАШАР з а т. э т н. *Күйеудің үйленгеннен кейін алғаш рет қалыңдығының ата-анасына, үйіне бару кәдесі, ескі салт бойынша, күйеу беретін кәделердің бірі.* Қазақ ғұрпында күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, *е с і к а ш а р*, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар сияқты кәделерін алуға тиісті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЕСІК-ЕСІК: **есік-есік болды.** ж е р г. *Алды-алдына бытырап бөлінді.* Ауылдың малы өріп, *е с і к - е с і к б о л ы п* кетіпті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕСІКПЕ-ЕСІК ү с т. *Есіктері қарама қарсы, үйлері жақын. Е с і к п е - е с і к,* қарсы тұратын көршім Көжекті, оның әйелі Жаңылды өз басым онша жақтыра бермейтін едім (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Әбілез Омар тұратын үйде, бір этажда, бір алаңқайда *е с і к п е - е с і к* тұратын (Ә.Тарази, Бұлтқа салған.).

ЕСІКСІЗ с ы н. *Есігі жоқ.* Дәу қораның *е с і к с і з* қамыс күркесінің аузы үңірейіп, терең апандай қарауытады (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). *Е с і к с і з* үй кішкене, Ешкім де жоқ

ішінде. Әңгіме айтып бірақ та, Әндетеді ол кей уақта (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

ЕСІКТЕЙ с ы н. *Даладай үлкен, кең.* Аузы ағаш үйдің *е с і г і н д е й,* Құлағы қазақ үйдің түндігіндей Қашау дерсіз көрсеңіз оның тісін, Мұрынының тесігі қазған індей (Қисса дастандар.).

Кеудесі [омырауы] есіктей. а) *Өркөкірек, кеудесіне нан піскен.* Әншейінде *к е у д е с і е с і к т е й* болып жүретін жігіттің топаны азайып, шөгіп қалған екен (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Кең кеуделі, омыраулы.* Өзі мереке күніндей жасана киініп, *е с і к т е й о м ы р а у ы н а* төңкеріс кезінде алған күллі ордендері мен медальдарын тағып шығыпты (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). *О м ы р а у ы е с і к т е й,* Ақ балтыры бесіктей, Егінші боп өзгеге Құсқа болар ма екенсің (С.Сейфуллин, Өлеңд.). *К е у д е с і е с і к т е й,* бауырынан жараған, арыстанжал шабдарға мінген, көмірдей қалың қара мұртының ширатыла сояуланған қиықтары екі құлағына жеткен жолаушы онсыз да жүрдек атын ара-тұра сипай қамшылап жалмаң қақтырды (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

ЕСІК-ТЕРЕЗЕ з а т. *Үйдің есігі мен терезесі.* Қора-қопсының төңірегі жинақы, баздар сайлы, *е с і к-т е р е з е* бүтін (С.Хайдаров, Жүрек сыры). Жел сай-саланы қуалап ұйтқып, *е с і к-т е р е з е н і* сабалайды, сыртта әлдене ұлығандай (Е.Салихов, Алақан). *Е с і к-т е р е з е л е р і н е н* сығалап, «апыр-ау, қайта көшіп келе ме» деген қауіпті ой түртпектеген ауылдың қатын-қалашы (еркектері шөпте) Еріктің соңынан жыртиыса қарап қалған (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

ЕСІК-ТЕРЕЗЕСІЗ с ы н. *Есік-терезесі салынбаған, есік-терезесі жоқ. Е с і к-т е р е з е с і з* үй қабырғалары тұтқындар легіне үрей туғыза үңіледі (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЕСІКТЕС с ы н. *Есіктері қатар тұрған, есікпе-есік, ең жақын көршілес.* Күндердің күнінде екеуі де жаңа пәтерге көшіп келсе, пәтерлері *е с і к т е с* болып шығады (Н.Қазыбеков, Бейтаныс). Керім кабинетке *е с і к т е с* кішкене бөлмеде тұрады, сол жерде тамақтанып, дем алады (Ә.Жылқышиев, Балжан.).

ЕСІК-ТЕСІК з а т. **1.** *Саңлау бітken, барлық ашық жер.* Түнде байдың қойына қасқыр шабады. Құлақ *е с і к-т е с і к т і ң* бәрін тас қылып бекітіп тастайды. Қасқыр байдың қойының бәрін тамақтап кетеді (Қаз. ертег.). Бір кезде танкінің ішіне кірген су кейін лықсып, астыңғы *е с і к-т е с і к т е р д е н* төгіле бастады (F.Мүсірепов, Кездесп. кеш.). **2.** а у ы с. *Үй, гимарат, барар жер.* Оған Петербург татарларынан орысша және мұсылманша оқыған бір епті қуды жәрдемге беріп, ол аз күнде кең байтақ астананың *е с і к-т е с і г і н е н* көрсетпеген жері қалмаған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЕСІК-ТӨР з а т. *Отырған үйі, мекенжайы.* Ең болмаса *е с і к-т ө р д і* көрсетіп, шай-пайға да шақырмадым (Б.Қадырбекұлы, Шайтан.). Біздің *е с і к-т ө р д і* бір көргенің бұл емес, бір қызыл бесті байлатып қойдым (С.Бегалин, Сахара.).

ЕСІКТІ с ы н. *Есігі бар, есік салынған.* Екі қабат зәулім сарайдың әр қабаты кәдімгі қалалық үйлердің үш қабатындай бар. Даладай кең коридор, кең *е с і к т і* бөлмелер (Т.Ахтанов, Үндістан).

ЕСІКШЕ з а т. *Кішкене есік; қақпа.* Қойдың өткелектен өтетін *е с і к ш е с і* және көкем теке үшін шығатын *е с і к ш е* бар, тосқауылмен қоршалған (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші). Бақшаның талдан тоқылған *е с і к ш е с і н е н* атып шығып, Аяжан артына бір-ақ көз тастады (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

ЕСІКШІ[1] з а т. *Есік жасаушы.* Әкесі өмір бойы қолөнерімен шұғылданып келген, ол аулымыздағы бірден-бір айтулы *е с і к ш і* (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

ЕСІКШІ[2] з а т. **1.** к ө н е. *Хан, сұлтан ордаларындағы, сарайларындағы есік, қақпа алдында тұратын күзетші, сақшы. Е с і к ш і* мұның кім деп кес-кестеді, Еш адам рұқсатсыз етпес еді, Ақырды кемпір: – Бұл қыз Халифаның Сүйгені, сенің қолың жетпес деді (Н.Ахметбеков, Амангелді). **2.** *Есік алдында отыратын күзетші, швейцар.* Асқар ұялса да ертіп әкелген *е с і к-ш і д е н* номердің, мейманхананың бар тәртібін сұрап алды (С.Мұқанов, Ботакөз). Завод басқармасына кіре берісте *е с і к ш і* Ермектен куәлік сұрамақ болып ұмтыла түсті де, танып, қоя қойды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕСІЛ= е т. **1.** *Боратылу.* Баяғы майда қоңыр топырақ кебексіз ұндай *е с і л і п* түр (Ж.Жұмақанов, Екі жол). **2.** *Жосылу.* Машина көшенің басына шығып ашық далаға түсті де, заулап берді. Жол тегіс, жуырда ғана төселген құмтас *е с і л і п* жатыр (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **3.** *Ұшу, желдің әсерінен қайырылу.* Ақ иық қыран, мұзбалақ Аялап Отан өсірген. Қалды ізің күн орай, Кекілің желге *е с і л г е н* (М.Хакімжанова, Жыр асуы). **4.** а у ы с. *Бөсу, мақтанға берілу.* Шүңірек көз – көзінің шалғайына саулаған ащы терді шынашағымен қағып жіберіп, жирен сақалын бір сипап қойып, *е с і л і п* сөйлеп өткен (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Әр құлаш өлең сөздің өзенімін, *е с і л с е м* толқынына көмкерілме (Айтыс).

ЕСІЛ о д. *«Қайран, шіркін!» сөздерінің мәнінде айтылып, көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.* Басы – сайран, сұм жалғанның соңы – ойран, Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан! *Е с і л* жастық ескен желдей гүілдеп, Әлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан (М.Жұмабаев,

Шығ.). Ах, не пайда *е с і л* сөзім өтпесе, Ойдағыма оның көзі жетпесе, Мақсатымның бар жобасын жоғалтып (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). Нұржан жайын көбірек ойлап жаны ауырады. *Е с і л* ерді қатал тағдыр қор қылып құртып бара жатқандай (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Есіл басым. *Қайран басым. Е с і л б а с ы м* жамандарға қор болған («Ана тілі»).

Есіл дүние [өмір]. а) *Қимас өмір.* Кіжінумен, түңілумен өткен *е с і л д ү н и е* («Қаз. әдеб.). Екі ортада, бұ дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, *есіл ө м і р д і* ескерусіз босқа, жарамсыз қылықпен қор етіп өткізеді (Абай, Тол. жин.). ә) *Қайран мүлік, жиған-терген. Е с і л д ү н и е* ұстауын білмей қор болған (А.Тоқмағамбетов).

Есіл ел. *Қайран жұрт, қасиетті ел, ел-жұрт.* Сұм патша тозаң қылып *е с і л е л д і*, талай қыршын өмірді текке қылды (К.Әзірбаев, Шығ.).

Есіл мал. *Ит-құсқа, өзгеге қимас мал, қайран мал. Е с і л м а л*, алты ай жаз, алты ай қыс аялап баққан еңбектің соры ма, не қылсын (М.Әуезов. Шығ.).

Есіл еңбек. *Қайран еңбек.* Қысы-жазы бір тұяқ шығындатпай, шырылдап жүріп өсіріп еді, шынымен *е с і л е ң б е к* ит-рәсуа болғаны ма (С.Мәуленов, Таңд.). Айлар бойы қасарысқан *е с і л е ң б е к* аяқ астынан, аз уақыт ішінде зая кетер ме екен («Лен. жас»).

Есіл ер. *Қайран азамат.* Езіліп, еңсе түсіп *е с і л е р д е н,* Күн бар ма бас көтеріп, есі келген. Езуші, езілуші – екі тап боп, Кім мынау адамзатты екі бөлген? (Ә.Нілібаев, Алаулаған.). Қайтесің қолы тимепті, «Өлеңші, әнші *е с і л е р*». Ала жаздай ән салсаң, Селкілде де билей бер (Абай, Тол. жин.). Неміс оғы *е с і л е р д і ң* ішінен тиіп, ішегін шұбалтып кетті (Ә.Нұршайықов).

ЕСІЛ-ДЕРТІ з а т. *Бар ынта-жігері, бүкіл ой-мақсаты.* Мал баққан жігіттеріміздің *е с і л д е р т і* – мал қамы, жемшөп қоры, жайылымның отты не отсыз болмағы (Ғ.Сланов, Замана.). Менің қобызға құмар кезім, *е с і л-д е р т і м* – Ықыластың қобызы, көзімді Ықыластан алмай отырмын (С.Сейфуллин, Тар жол.). Осы ой бірте-бірте *е с і л-д е р т і н* билеп, жүрегіне әрқашан жылу беріп тұратын, күндіз-түні есінен шықпайтын, қол созған асыл арманына айналды (Б.Әдетов, Парасат).

ЕСІЛДІР= е т. *Гүлету, көсілту, желпіндіру, бөстіру.* Үлкен ағам Семей, Орынборда, Ленинград, Ташкентте өткен жастық дархан шақтарынан да іркілмей *е с і л д і р е* жөнелетін (Ғ.Сланов, Замана.).

ЕСІЛДІРУ *Есілдір етістігінің қимыл атауы.* Аққұба қыздың қолаң шашын көкірегінде *е с і л д і р у і* елес бергендей (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЕСІЛЕ-ЕСІЛЕ ү с т. *Есілген үстіне есіле. Е с і л е-е с і л е* өкшенің қырын қып-қызыл ғып сыпырып түсіпті (Н.Қазыбеков, Ағайын).

ЕСІЛТ= е т. **1.** *Жел соқтыру, боратты ру.* **≈** Желді *е с і л т т і.* **2.** *Үсті-үстіне бастырмалата тұсу.* Күйші қадалып алған. Домбыраның қос ішегін еміне сауып, *е с і л т і п* отыр (Ә.Кекілбаев, Дала.). Бейнеттен тынбады ана, тынбады ана, Болаттай берік етіп шыңдады ана. Дауылда сынбасын деп ақ қайыстай, *Е с і л т і п* майыменен сылады ана (Қ.Көпішев, Әке құшағы). **3.** а у ы с. *Көсілту.* Толқы, толқы, Тобылым, Толқыта тарт ескегім. Сырласайын сенімен, *Е с і л т е* жырдың ескегін (Ж.Сыздықов, Белестер).

ЕСІЛУ *Есіл етістігінің қимыл атауы.* Күнді шыр айналып жүрген жер шарында эфирдің *е с і л у і,* білінуі – міндет (А.Қалығұлов, Жарық.).

ЕСІЛІҢКІРЕ= е т. *Еселе тұсу.* Жұрт секілді *е с і л і ң к і р е п* бастап, көсілте жөнеліп, дауысты дірілдете, көзге жас алғандай болып аяқтау керек («Қаз. әдеб.»).

ЕСІМ з а т. *Адамға туылған кезінде қойылған ат.* Жалпы түркі нәсілді елдердің бәрінде де өз *е с і м і* мен әкесінің есімін қосып айтатын рәсім жоқ, тек өз есімдерін ғана айтады. Мысалы, менің *е с і м і м* – Айназар. Мынаның *е с і м і* – Әмір (С.Сейфуллин, Шығ.). Сонау аласапыран уақыттарда қазақ даласында бостандық туын алғаш көтерушілердің бірі, қол бастаған Рақымжан Мәдиннің *е с і м і м е н* аталған көше еді бұл (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Азаматтар заңда белгіленген тәртіппен өз *е с і м д е р і н* өзгерте алады (ҚҰӘ). *// Құрметті атау.* Ана деген *е с і м* – елімізде құрметке бөленген ардақты атақ (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Балқар елінің дарынды ұлы Қайсын Кұлиевтің *е с і м і* мен еңбегін кім білмейді (Р.Бердібаев).

Ер есімі. *Еліне қыруар еңбегі сіңген немесе ерлігімен көзге түскен, ел-жұрты құрмет тұтар ардагер есімі. Е р е с і м і* ел есінде (Мақал). *Е р е с і м і н* қағаз жүзіне қалдырып, істерімен елді таныстыру ниетімен асығыс күнделік жазып келемін (Б.Момышұлы, Офицер). *Е р е с і м і* де, ерлік қимылы да өзінің туған елінің тарихына алтын әріптермен жазылуға тиіс (С.Сейітов, Сөз сұрайды.).

ЕСІМДЕЙ с ы н. *Есім тәрізді.* Жүздеген адамның қиын-қиын атын атағанда бәрін байырғы *е с і м д е р д е й* іркілмей, шатастырмай тізіп шықты (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

ЕСІМДЕР з а т. л и н г в. *Адамның, заттың, құбылыстың атауын, түр-түсін, санын және басқа қасиетін білдіретін атау сөздер. Е с і м д е р* дегеніміз зат есім, сын есіт, сан есім сияқты есім сөздердің басын қосатын грамматикалық атау

(Қазіргі қаз. тілі). Негізгі сөздер ерекшеліктеріне қарай *есімдер* және етістіктер болып, салалы екі топқа бөлінеді (Қазіргі қаз. тілі). *Есімдердің* бәріне көптік, тәуелдік, септік жалғаулары секілді ортақ тұлғалық категориялар тән (ҚҰЭ).

ЕСІМДЕС с ы н. *Есімдері бірдей, аттас.* Ойына Күдеріден естіген өзімен *есімдес* тағы бір жас Ибрагимнің шығыстың жеті жұлдызына сиынып, шабыт шақырған өлеңі түсті (Ж.Молдағалиев, Алғашқы.). Осы ауылда өзіммен *есімдес* бір жігіт бар еді (Тарту). **2.** *Есімді, есім тәрізді.* Сәдуақастан басқа Рәсімбай, Оразай *есімдес* ұлдары өсіп келе жатқанда 1933 жылы Серкебай дүние салды (М.Габдуллин, Сұрапыл.).

ЕСІМДІ с ы н. *Деп аталатын, есімі сондай, атты.* Серіктеріміздің көпшілігі көңілді адамдар болып шықты. Ең көңілдісі – Шайхы *есімді* жігіт (С.Мұқанов, Есею жыл.). Абылай хан көтеріліп, оған Атығай мен Қарауыл рулары үш-үштен алты қыз бергенде, Атығайға жататын Бабаназар Зағыпыран *есімді* қызын да қосқан екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әйел іздеген Әлен Алқабайдың Күланда *есімді* қызына сөз салады, бірақ әкесі қызын малға сатқысы келмейді (Ә.Бектепов, Мәди).

Есімді сөз тіркесі. л и н г в. *Басыңқы сыңары есім сөз болып келетін сөз тіркесі. Есімді сөз тіркесінің* ұйытқы сөздері негізінен зат есім, сын есім, сан есім болады да, бағыныңқы сыңарының қызметін көбінесе етістіктің есімше түрі атқарады (Қазіргі қаз. тілі). *Есімді сөз тіркесінің* сыңарлары қабыса, матаса, меңгеріле байланысады (Қазіргі қаз. тілі).

ЕСІМДІК з а т. л и н г в. *Зат есім, сын есім, сан есім сөздердің орнына қолданылып, соларды меңзей айтылатын сөз табы.* Баланың алғашқы кездегі сөзінде зат есімдер көп болады. Кейіннен етістіктер, *есімдіктер,* тағы да басқа сөз таптары қосылып қорланады (Қ.Жарықбаев, Психология). *Есімдіктер* заттың атын, сынын, санын я олардың атын білдірмейді, бірақ солардың орнына жұмсалады (Қазіргі қаз. тілі). Морфологиялық тұрғыдан алғанда *есімдіктер* септелуге, көптік жалғау жалғануға бейім (ҚҰЭ).

Болымсыз есімдік. л и н г в. *Жалпы болымды мағынаға қарама-қарсы, затты, құбылысты жоққа шығару үшін қолданылатын есімдік. Болымсыз есімдікке* ешкім, ешбір, ешқайсы, ешқашан, тағы басқа сөздер жатады (Қаз. грамм.).

Жіктеу есімдігі. л и н г в. *Белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын есімдік. Жіктеу есімдігі* сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деген ұғыммен байланысты қолданылады (Қазақ грамматикасы). Бірінші, екінші жақтағы *жіктеу есімдігінің* бәріне жіктік жалғау жалғанады (Қаз. тілі энц.).

Өздік есімдік. л и н г в. *Сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстан бөліп алып көрсетуші есімдік. Өздік есімдікке* өз түбірінен тараған сөздер жатады (Қаз. грамм.). *Өздік есімдігі* тек қана өз сөзі болғанмен, әртүрлі қосымшалар арқылы көптеген өзгеріске түседі (Қаз. тілі энц.).

Сұрау есімдігі. л и н г в. *Сұраулық мағынаны білдіретін есімдік.* Есімдіктің түрлеріне жіктеу, сілтеу, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық және *сұрау есімдіктері* жатады (Қазіргі қаз. тілі). *Сұрау есімдігінің* басын қосып тұратын негізгі белгі – олардың сұраулық мәнде қолданылуы (Қаз. грамм.).

Сілтеу есімдігі. л и н г в. *Әр алуан құбылыстың жақындық я алыстық сияқты аралық қатысын білдіретін сөздер. Сілтеу есімдігіне* анау, мынау, сонау тағы басқа сөздер жатады (Қаз. грамм.). *Сілтеу есімдіктерінің* ішінде өзге сөздердің орнына қолданылмайтындары да бар (Қаз. тілі энц.).

ЕСІМҚОСУ з а т. о й ы н. *Көңіл көтеру отырысында әркімге ат қойып шығатын ойын түрі.* Ертеректе жастардың көңіл көтеру отырысында *есімқосу* ойнаушы едік («Жалын»).

ЕСІМНАМА з а т. *Ғылыми еңбек пен журналдың, көрсеткіштердің соңында берілетін, жеке адамның өмірі, қызметі туралы жазылған мақалалар, хабарлама және басқа да мәліметтер (персоналии).* ≈ Журналда басылған *есімнама.*

ЕСІМСІЗ с ы н. *Атсыз, атаусыз, атын атамаған, тұстемеген, есімі жоқ.* Ел мен жер деп жырлайтын жалпы атақ, *Есімсіз* қара сөзде болар шатақ. Әр гүлдің исі басқа деген сөз бар, Әр шөптің тану керек атын атап (К.Әзірбаев, Тойбастар).

ЕСІМШЕ з а т. л и н г в. *Бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқарып, есімдерше тұрленетін етістіктің негізгі бір грамматикалық категориясы. Есімшенің* өткен шағы етістіктің бастапқы түріне, етістерге *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнағы жалғану арқылы жасалады (Қазіргі қаз. тілі). *Есімше* етістіктен жасалады да, есімге атрибут ретінде қоданылады (Қазіргі қаз. тілі). *Есімшенің* -ар, -ер формалы түрі де мезгіл бағыныңқы сөйлемді жасауға қатынаса алады («Қазақст. мект.»).

ЕСІМШЕЛІ с ы н. л и н г в. *Есімше араласқан, есімше формалы. Есімшелі* қайырма деп ерекшеленген компоненттің баяндауышы есімшеде тұруын айтамыз (Қазіргі қаз. тілі).

ЕСІН з а т. б и о л. <лат. fauces> *Ауыз қуысының жұтқыншаққа өтетін тесігі. Е с і н д і* тіл түбірі мен жұмсақ таңдай шектейді (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕСІНЕ= е т. **1.** *Шаршағанда не ұйқы келгенде, ұйқысын аша алмағанда ауызды кең ашып, еріксіз тыныс алу, ішке тартылған ауаны бірден серпіп шығару.* Ақан үйінің оң жақтағы көршісі Құмырай шығып, есік алдындағы тақтай табалдырықта тұрып, аузын арандай аша *е с і н е д і* (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Бала ұйқысын аша алмай, көзін уқалап ауық-ауық *е с і н е й д і* (С.Мыңжасарова, Қыр.). *Е с і н е г е н* кезде адам аузын кең ашып, ішке қарай терең дем тартып, сыртқа демді тез шығарады («Зерде»). **2.** *Істейтін іс жоқтықтан ерігу, ұйқысырау, жалқаулану.* Ішпек, жемек, семірмек, *е с і н е м е к*, Еріккеннен жалшыға бос зекірмек. Бай ұрыспаған кезінде өзі ұрысқансып, «Олай емес, білмейсің, былай» демек (Абай, Тол. жин.).

ЕСІНЕК з а т. ө с. <лат. antirrhinum> *Арыстанның аузы тәрізді болып ашылатын гүлі бар бақша гүлі.* Қорапшаның немесе қауашақтың қақырау жолы өсімдік түріне қарай *е с і н е к т е р* әртүрлі болады... (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *Е с і н е к т і ң* жабайы түрі көктеген кезде құмды гүлдендіріп жібереді (Б.Муханов, Қазақст. өсімдік.). *Е с і н е к* гүлінің күлте жапырақшасының орналасуы арыстанның аузына ұқсайды (Ботаника).

ЕСІНЕҢКІРЕ= е т. *Есіней түсу, аздап есіну.* Аузыңды ашып *е с і н е ң к і р е г е н д е* «О, Алла, мені сайтаннан сақта» деуі керек. Әйтпегенде ауыздан енген сайтан бойды жайлап алады (Б.Қанарбаева, Қаз. наным-сенім.).

ЕСІНЕҢКІРЕУ *Есінеңкіре етістігінің қимыл атауы.* Шаршаған көңіл-күйін *е с і н е ң к і р е у і* байқатты («Қаз. әдеб.»).

ЕСІНЕП-ҚҰСЫНА= е т. **1.** *Есінеген үстіне есіней беру, қайта-қайта есіну.* Ол ештеңе сезбегенсіп, *е с і н е п-қ ұ с ы н а п* отыра берді (Н.Қазыбеков, Ағайын). **2.** а у ы с. *Манаурау, тыныштықта болу.* Мынау *е с і н е п-қ ұ с ы н а п* жатқан сайын дала сол қара нарды сойып, сыпырып алып, шелдеп тастаған терісіндей елестейтін (О.Бөкеев, Үркер).

ЕСІНЕП-ҚҰСЫНАУ *Есінеп-құсына етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і н е п-қ ұ с ы н а у м е н* болды.

ЕСІНЕП-МАНАУРА= е т. *Есінеп, қалғып-мұлгу.* Ақлима *е с і н е п-м а н а у р а п,* екі білегін сипалап тағы біраз жатты (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЕСІНЕП-МАНАУРАУ *Есінеп-манаура етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і н е п-м а н а у р а у м е н* болды.

ЕСІНЕП-ПЫСЫНА= е т. *Қапырықта ыстықтап, есіней беру. Е с і н е п-п ы с ы н а п* отырасың ба солай, үйге кірсеңші, – деді Қарагөз (Қ.Тоқмырзин, Үш кие).

ЕСІНЕП-ПЫСЫНАУ *Есінеп-пысына етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і н е п-п ы с ы н а у ы* басылды.

ЕСІНЕС= е т. *Қосыла есіну.* Иттер андасанда ауыздарын кере бу шығарып, қыңсылай *е с і н е с і п* қояды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЕСІНЕСУ *Есінес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і н е с у м е н* болды.

ЕСІНЕТ= е т. **1.** *Есінеуге мәжбүр ету, есінеуге ықпал ету. Е с і н е т е* бастаған Естайдың ұйқысы ашылып, бойы сергектеніп кетті (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Күш-қуатты алу, әлсіздендіру.* Көп кешікпей көктем де келіп қалар, *Е с і н е т і п,* есіртіп, ерікті алар. Азан-қазан аспанның қоңырауы Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар (М.Мақатаев, Дариға.).

ЕСІНЕТУ *Есінет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і н е т у і* жаман.

ЕСІНЕУ *Есіне етістігінің қимыл атауы.* Екі қолын есікке қарай екі-үш рет созып, төбеге қарап аузын ашып бір рет *е с і н е у м е н* сөзін бітірді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Е с і н е у* адамға ғана емес, сүтқоректі жануарларға да, қосмекенділер мен балықтарға да тән (ҚҰЭ). Ақан бала бақшаға Әдетінше беттеді. Кеше ерте жатса да, *Е с і н е у і* кетпеді (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.).

ЕСІНЕУІК с ы н. *Жиі есінейтін, есіней беретін.* Шаршағанда, ұйқысы келгенде, адамның *е с і н е у і к* болатыны бар емес пе (Ауызекі).

ЕСІҢКІРЕ= е т. *Бөсіңкіреу.* Бұл аймақта комбайншы көп болғанмен, соның ішінде осылай *е с і ң к і р е п* жүретіні – осының күйеуі (Е.Қонарбаев, Жол басы).

ЕСІҢКІРЕУ *Есіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і ң к і р е у і н і ң* себебі бар.

ЕСІП-ЕСІП үст. *Әлденешеретжәнеәлдемеесіп жіберу.* Бір жақсы жері ол менің белімнен құшақтағанда алақаныммен суды *е с і п-е с і п* жіберіп ем, су бетіне шыға келдім (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ЕСІП-ТАСУ *Есіп-тасы етістігінің қимыл атауы.* Сәлден соң шайға отырдық. Құсекеңнің баяғы *е с і п-т а с у ы.* Өзіне де, өзгелерге де риза сияқты (Т.Тобағабылов, Түсінсең еді.).

ЕСІП-ТАСЫ= е т. *Көңілі шалқу, масайрау, масаттану. Е с і п-т а с ы п,* шалқып барамын, адам шын қуанғанда сөйтеді ғой (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Үміт шіркіннің алысты жақын ғып қоятыны бар ғой, ондайда

кісі жарға соққан толқындай *е с і п-т а с и д ы* (Т.Тобағабылов, Жүрегім соғып.).

ЕСІР с ы н. *Тентек, есірік, қияңқы.* Жалғыз ұлы тентек, *е с і р* болып, ата-анасын әбігерге салумен келеді («Қаз. әдеб.»).

ЕСІР= е т. **1.** *Екілену, қызбалану, есіреңдеу.* Үйдегілер қыран-топан күліп жатыр. Мен одан сайын *е с і р е* түсем. Сосын өлеңге көштім (Ө.Қанахин, Жер бас.). Өлең айтсақ, соншама Тым *е с і р і п* кетесің. Кітап оқып жүрмін деп, Текке соғып нетесің (Қ.Сатыбалдин, Пьесалар). Еркін шыр етіп қалқалай берді. Анау одан жаман *е с і р д і* (К.Жүнісова, Құстар әні). Үйде отырған *е с і р г е н,* еріккендер енді қирай күліп жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Асып-тасу, асқақтау, дандайсу.* Қолына ерік тисе *е с і р і п* кететін сорлы басы ашумен асыра сілтеп жібергенін сонда барып бір-ақ білді (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу). Тарт тіліңді, *е с і р м е!* Есірген күнің болған, бірақ ол күнің өткен сенің (М.Тоқжігітов, Ән атасы.). Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ, *Е с і р і п* көрген жерден ентеледің (Жамбыл, Тол. жин.). *Е с і р е й і н* деп есірдім бе, мені есірткен – жездеңнің желігі (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **3.** *Есерсоқтану, жындану, құтыру. Е с і р д і* жау, елірді, Тоқтатам деп жырды ағын. Көмір ғып өртеп өмірді, Таптамақшы гүл бағын (С.Машақов, Жылдар.). Есіңде болсын, «апама барамын, ауылнайдан қуәлік алдым» деп *е с і р і п* жүрме (Т.Дәуренбеков, Кездес. осы). Қалармыз бұдан біз аман, Жасармыз әлі көп заман. *Е с і р м е,* фашист, *е с і р м е,* Түбінде саған іс жаман (С.Әлімбетов, Өлеңд.). **4.** *Елту, есеңгіреу, мас болу.* Наша денеге сіңгеннен кейін адам тез *е с і р е д і,* кейде 10–12 сағат қалың ұйқыға шомады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Ақ арақтан бір-екі рет қағып жіберген Қаракең аздан соң *е с і р е* бастады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мынау қара күзгі аспан да сол бір тайқазанның бетіндей екен. Орта тұсы қара-қошқылданып, қарға аунап *е с і р г е н* ақ ауға ұқсап кетеді (М.Сүндетов, Қызыл ай). **5.** а у ы с. *Күшею, ес жидырмау.* Жұлқыса жел *е с і р і п,* Майысқанмен сынбадың. Сыр айтпадың шешіліп, неше келіп тыңдадың (А.Бақтыгереева, Өрімтал). *Е с і р і п,* одан сайын долырған Ерсайын үсті-үстіне шабуылдай жүріп бір мезетте қарсыласын белінен ұстай жерден тік көтеріп алған (Б.Жүнісов, Өрімтал.). Қолқаға түтін исі ұрды. Көз алдына қызыл-жасыл шеңбер ойнатып от *е с і р е д і* (С.Ерубаев, Ойсыл қара). *Е с і р і п* алған қатты жел Ақбаланың өзін де дедектетіп, табанын жерге тигізбей ұшырып бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕСІРЕЙ з а т. с ө й л. ***Есірік.*** Бұрын бұл қызметті Иран мен Үндістаннан алып келген *е с і р е й л е р* атқаратын. Олардың өлгені өлді, өлмегені ебін тауып жеріне қашып кетті (І.Есенберлин, Алмас.). Бұхарбай да Саржан мен Кенесарыға еріп, Қоқан шабарман сыпайларының талайын қырды, Мәмет Әлімнің жігіттерінің де бері шыққандарын *е с і р е й* етті (І.Есенберлин, Қаһар).

ЕСІРЕК с ы н. с ө й л. ***Есірік.*** Фон Рубинштейн қарқылдап күліп жіберді. Бүйтіп әдетте *е с і р е к* адамдар ғана күлетін-ді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Көзі қызарған, ұзын кірпіктері әлі дымқыл. Өзі де бір түрлі *е с і р е к* халде (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). *// Есірік кісі.* Ал бұндай *е с і р е к т е р* кім көрінгеннің басында ойнайтын әңгіртаяқпен шатастырды (С.Бердіқұлов, Аспан.).

ЕСІРЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Есіріктеп.*** *Е с і р е к т е г е н* жоңғарлардың тауы шағылып, бойларына үрей ұялап, ендігі жерде қазақ жігіттеріне соқтығудан олар қашақтайтын болды (Ә.Әлімжанов, Жаушы).

ЕСІРЕКТЕН= е т. *Есуастану, ақымақтану.* Ол көрсе де көрмегендей әдейі *е с і р е к т е н і п,* әдейі құтырынып тұр (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЕСІРЕКТЕНУ *Есіректен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р е к т е н у і н* қойдырды.

ЕСІРЕКТЕТ= е т. *Есуастандыру, ақымақтандыру.* Ойыншылын өзінің, *е с і р і к т е т п е ң д е р* әрі, бастарыңа шығып алады (С.Мұратбеков, Жабайы алма).

ЕСІРЕКТЕТУ *Есіректет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р е к т е т у і* дұрыс болмады.

ЕСІРЕКТЕУ[1] с ы н. с ө й л. ***Есіріктеу.*** Ләухи десе дегендей, байқұстың бас терісі де келісіп тұр екен, тақтайдай теп-тегіс төрт бұрышы төбесіндегі ежіктеп қырыққан *е с і р е к т е у* қалың шаштың әр қылшығы тебендей, шапсаң шалғы батпайтын тәрізді (Қ.Ысқақов,Қараорман).

ЕСІРЕКТЕУ[2] *Есіректе етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р е к т е у м е н* болды.

ЕСІРЕҢДЕ= е т. *Әкіреңдеу, есерсоқтану, құтырыну.* Манағы төтен ерлік, *е с і р е ң д е п,* еді-реңдеп, күштімсіп, бәлдемсіп тұрған батырың аяқ астынан моп-момақан күйге түсті (Ақ бидай).

ЕСІРКЕ= е т. *Жаны ашу, мүсіркеу, аяу.* Адам бол, азамат бол. Жас емессің, енді аяғыңды шалыс бассаң, сені ешкім *е с і р к е м е й д і* (Д.Досжанов, Тұлпар.). Тапсырдым сізге налынып, Толтырып жасқа көзімді, *Е с і р к е* деймін жалынып (Абай, Тол. жин.). *Е с і р к е г е н* үй көп болса бірер күн тамақ берер. Күн саны көп, есіркер саны аз, жолатпаса қайда барасың (С.Мұқанов, Ботакөз). Мен – жаралы жолбарыспын, Жұрттың атқан оғы өтіп, Сен *е с і р к е,* сорлы жаспын, Шын сөзіме рақым етіп (Абай, Тол. жин.).

ЕСІРКЕГЕНДЕЙ үс т. *Есіркеген сияқтанып, есіркеген болып.* Басқарма бізді *е с і р к е г е н д е й* жиырма сотық жер беріпті (З.Шүкіров, Қиын түйін).

ЕСІРКЕГЕНДІК з а т. *Жаны ашығандық, мұсіркегендік, аяғандық.* Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды *е с і р к е г е н д і к т е н* болады (Абай, Тол. жин.).

ЕСІРКЕГЕНСУ *Есіркегенсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жөнсіз *е с і р к е г е н с у і* ұнамады.

ЕСІРКЕГЕНСІ= е т. *Жаны ашып аяғансу, мұсіркеген болу.* Қанша адамның *е с і р к е г е н с і п* берген кеңесі, жылырман күйдегі қайғыға ортақтасқан сөздері құлағына да кірмейді (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

ЕСІРКЕГІШ с ы н. *Аяғыш, жаны ашығыш.* Жетім-жесірді *е с і р к е г і ш* Айғаным екі жетімге ерекше көңіл бөледі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Е с і р к е г і ш* екенсің, – деді шілік,– Онша, сорлы емеспін, тартпа күйік (Абай, Тол. жин.). Еркім бар *е с і р к е г і ш* елім берген, Жүремін жер үстінде сеніменен (І.Мәмбетов, Сыр).

ЕСІРКЕГІШТІК с ы н. *Есіркегіш болушылық, жаны ашығыштық.* Адам баласын аяп тұратын *е с і р к е г і ш т і к* те жаман емес (Ауызекі).

ЕСІРКЕП-МҰСІРКЕ= е т. *Жаны ашу, қамқорлық жасау.* Әкем ергежейліні ылғи *е с і р к е п - м ұ с і р к е п,* ұшпақты жақсы сөзін аямай, қоқайтып жүретін («Лен. жас»).

ЕСІРКЕП-МҰСІРКЕУ *Есіркеп-мұсірке етістігінің қимыл атауы. Е с і р к е п - м ұ с і р к е у* – сауабы мол іс (Ауызекі).

ЕСІРКЕП-МҰСІРКЕУШІЛІК з а т. *Жаны ашушылық, аяушылық, есіркеушілік.* Кетпектей адам да *е с і р к е п - м ұ с і р к е у ш і л і к т і* іздей ме? Біреудің сені аяғанынан жек көргені көш ілгері емес пе? (Р.Тоқтаров, Терістік).

ЕСІРКЕС= е т. *Жандары ашысу, мұсіркесу, қосыла аясу.* Құрбы-құрдас, жолдас-жора, Мен деген жан, барлық пенде. Күрсінісер көкірек тола *Е с і р к е с і п* егілгенде (Д.Әбілев, Таңд.).

ЕСІРКЕСУ *Есіркес етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р к е с у м е н* болды.

ЕСІРКЕТ= е т. *Жанын аштырту, мұсіркету.* Кеше жұмысшылар мола бұзбаймыз дегенде, алдарында жылап, *е с і р к е т і п,* жалынып істетіпсің ғой (С.Ерубаев, Шығ.). Бірде еңіретіп, бірде *е с і р к е т і п,* бірде сергітіп, тебірентіп, өзіңізді ғажайып дүниенің көшіне кездестірері хақ (Алғысқа бөленгендер). Мәжібаев поэмасын толқындандырып оқып, теңізге батып бара жатқан жанды елестетіп, еріксіз *е с і р к е т к е н д е й* болды (Б.Майлин, Азамат.).

ЕСІРКЕТУ *Есіркет етістігінің қимыл атауы.* Еңбексіз *е с і р к е т у* мүмкін емес (Ғ.Сланов, Мөлдір бұлақ).

ЕСІРКЕУ *Есірке етістігінің қимыл атауы; аяу.* Далабайды жылы шыраймен қарсы алды. Оның көзінен өзіне деген *е с і р к е у д і* көрді (Д.Досжанов, Зауал). Егер әзір біреу *е с і р к е у* сөз айтса, еңіреп жіберетін де кейпі бар (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Сол тәрізді, біреудің түрін көру түгілі, біреудің қайғысы туралы әңгіме етудің өзі *е с і р к е у* сезімін оятады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕСІРКЕУШІ з а т. **1.** *Аяушы, мұсіркеуші, жаны ашушы, қамқоршы.* Мұндайда *е с і р к е у ш і н і ң* бейшараға аяныш сезімінде булыққан ызасы, шарасыздығы араласа жүреді (З.Қабдолов, Жалын). – Шіренуін қара өздерінің, отставной бастықтар, – деп сүйінушілер де, *е с і р к е у ш і л е р* де, мысқылдаушылар да табылып жатыр (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **2.** а у ы с. *Тілекші.* Сүйгеннен соң өзіңді еншім деуші ем, Өтті қанша сенімен есіл кешім. Ақ тілекпен алыстан алаңдайтын, Болсаң болды менің бір *е с і р к е у ш і м* (С.Мәуленов, Рауан). **3.** а у ы с. *Жұбаныш.* Ән ғана *е с і р к е у ш і,* жұбанышы, Ән ғана – қолдан соғар қуанышы. Тағдырға әнмен алғыс айтпақшы ол Қорлан қыз жер бетінде туғаны үшін (М.Әлімбаев, Өшпес от).

ЕСІРКЕУШІЛІК з а т. *Аяушылық.* Сол сәттегі өктемдік пен *е с і р к е у ш і л і к* жанымды жасытып жіберді (Д.Жанботаев, Жер жылуы).

ЕСІРЛЕН= е т. с ө й л. *Екілену, қызбалану.* Соншама *е с і р л е н і п,* төгіліп-шашылғаны несі, – дейді. Нағыз ес білмес есерлер солар дер едім (К.Тоқаев, Солдат.).

ЕСІРЛЕНУ *Есірлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р л е н у і н* қойғызды.

ЕСІРЛІК з а т. *Есерсоқтық, тентектік, қияңқылық.* Ер жетіп, есейген жасқа келдің, балалық шақтағы *е с і р л і г і ң д і* қой, – деп әкесі ақылын айтып жатты («Жалын»).

ЕСІРТ= е т. *Екілендіру, қызбаландыру, есерсоқтандыру, жындандыру.* Атадан қалған дәулет, аға қолындағы билік табиғатынан ұр да жық, Мұстафаны тіпті *е с і р т і п* жіберген (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Жоспар әрдайым артығымен орындалып жатады. Сейтназарды *е с і р т і п* жүрген де осы жоспар ғой (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). Сәскеде ендім есіктен, Есендік-саулық сұраспай. Еркектей тағдыр *е с і р т к е н,* Әйелге титтей сыр ашпай (Х.Ерғалиев, Дәуір дабылы). Мұндай жүгенсіздерді жөнгесалмай қашанғы *е с і р т і п,* тайраңдатып қоясыңдар (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЕСІРТКІ з а т. *Адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, нашақорлыққа шалдыратын көкнар, наша.* Табиғи *е с і р т к і г е* есірік дақылдары мен олардан алынатын апиын, анаша, марихуана, гашиш т.б. жатады («Денсаулық»). Жыл басынан бері оңтүстікказақстандық қауіпсіздік қызметкерлері 77 кило наркотикалық

өнімді тәркілеп, наркотикті тасымалдаудың 5 халықаралық арнасын жойса, ОҚО кедендік бақылау департаменті 102 кило *е с і р т к і*, оның ішінде 46 кило героинді барар жеріне жеткізбеді («Егемен Қазақстан»). Азиядағы *е с і р т к і* бизнесіне қарсы тұруды мақсат тұтатын бағдарлама жасауға тиіс («Егемен Қазақстан»).

Есірткі дақылы. б о т. *Құрамында орталық жүйке жүйесіне әсер ететін қоздырғыш заттары бар өсімдік. Е с і р т к і д а қ ы л ы н а* кокаинді бұта, тау қылша, үнді кенепшөбі, сасық меңдуана, апиын, көкнәр т.б. жатады (ҚҰЭ). Кейбір *е с і р т к і д а қ ы л ы н ы ң* жапырағында атропин, скополамин, алкалоидтары болады (ҚҰЭ).

ЕСІРТКІШ с ы н. *Тез есіртетін, еліттіргіш, зиянды, алкогольдік.* Басқа улардан арақтың айырмашылығы – оның еліктіргіш, баурағыш, *е с і р т к і ш* әсерінде («Лен. жас»). Түрлі-түрлі пітна толар деген. Сауық-сайран молаяр деген. *Е с і р т к і ш* шарап ішушілер толар деген (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Арақ, боза секілді *е с і р т к і ш* нәрселерге жолама. Наша шекпе, көкнәрі жеме. Диуана боласың. Шайды, кофені қатты қылып ішпе, сұйық қылып іш (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ЕСІРТУ *Есірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р т у і* дұрыс емес.

ЕСІРУ *Есір етістігінің қимыл атауы.* Шығыс елінің осы бір наша тартып *е с і р у і,* оны ғиш деп мадақтап, апиын жеп мас болуы барып тұрған қасіретті деп ойлады Шоқан (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЕСІРІК[1] с ы н. **1.** *Есерсоқ, есуас, ақымақ.* Маңдайынан сипағанмен, *е с і р і к* есіркегенді білмейді. Аз да болса ащының дәмін татқызу керек (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Қызымның естиярлығы кейбір *е с і р і к* еркектен артып түскеніне қуанбасам ренжімеймін (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бір *е с і р і к* бай боптьі, Байлығында есеп жоқ. Өзінен басқа адамды Ойлайды екен есек деп (Е.Елубаев, Көкпар). *Е с і р і к т і ң* мағынасыз мылжыңынан әбден зеріксе керек, Михаил Иванович зекіп тастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** *Дандайсыған, асып-тасқан, асқақтаған.* Байсалбайдың манадан бері *е с і р і к* көңілі аяқ астында құлазып қалды. Бес бөлмелі үйде өзіне серік болар жан жоқ (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Үлде мен бүлдеге оранған, бар-жоқты білмейтін талай *е с і р і к т і* басып озар түрің бар (Х. Ерғалиев, Шындық.). *// Ақылға көнбейтін, қызба, өз білермендігімен жүретін адам.* Келеге келмес кесір мен кеселін, айтқанға емес *е с і р і г і* мен есерін. *Е с і р і к т е р д і* Қарғайсың мынау отырған *е с і р і к т е р д і.* Мынау жүгенсіздер, анау қасын көрген жеңгесі Шәкетті бұзбай қояр ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Туа араз болып туғандар, Кектерін қанмен жуғандар. Әркайсысы «үстеммін!» деп айғайлап, *Е с і р і к т е н* екі көзі тұнғандар (Ж.Қыдыров, Шынарым). **3.** *Құтырынған, жынданған, лепірген.* Өлтірейін мен ол жетпегірді. Адамды алдау қалай болатынын көрсетейін мен оған!– деген *е с і р і к* айқай бәрібір басылмады (Ә.Тарази, Асу-асу). Елеуреген *е с і р і к* елдің бәрі, Өңкей батыр пәлекор жас пен кәрі. Сені адам деп ескеріп кім елейді, Құлап қалған қу молаң кімге дәрі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әбу Насыр әңгүдік ғалымдардың таусылмас даудамайынан, *е с і р і к* сауық-сайраннан безердей боп кеткен («Білім және еңбек»). *Е с і р і к т і ң* қылығын есі кеткен ғана жасайды (Мақалмәтел). Сырттай осының бірін қалт жібермей отырған Қалқаман қызғаныштың *е с і р і к* отын шарпып жіберді (К.Ахметбеков, Сый орамал). Ақылдысы тиме деп, *Е с і р і г і* кимелеп, Ұрып жүр басқа шолтаңдап (Ү.Кәрібаев, Шығ.). Әлде Титанның алғашқы сақшысы, Әлде бір *е с і р і к* қобызшы, Әлде өзіндей желек жамылып, Қолтығына қылыш асынған, Қалпақты, арсыз бозбала (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** *Есінен адасқан, шалықтаған, есеңгіреген, мәңгіреген.* Есін алып *е с і р і к* еткен қатыгез аурудың қыспағында қалған бала үй ішіндегі жандардың толғаныс, күйзелісін де сезер емес (Саржайлау). Ақбала есін дұрыс білмейтін *е с і р і к* халде. Алдынан жүгіріп шыққан екі бала оның түсінен шошынып, шегініп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *// м е д. Есіріктік.* Ақыры ескі көңнің тұсынан ұстап, ауылға жетелеп алып келгенде, кемпір бірімізді танымай, аппақ құдай шашы жалбырап, беті қисайып, ықылық атып, *е с і р і к* буып тұр екен (Т.Әбдіков, Күзгі жапырақ). **5.** ауыс. *Алай-дүлей, есіре соққан.* Бұлекеуібүгінде *е с і р і к* желге қарамай, көк теңізбен алысып жүріп, ұшанға салған ауларын қарап шықты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Шөлдің *е с і р і к* дауылы талай-талай керуендерді құм астына көміп те кеткен (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Оның үстіне биылғы жел біртүрлі *е с і р і к,* жағалау қаймақшып, кілегейлене бастаса-ақ Арқадан шыққан қатты жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап қуып кетіп тұрады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕСІРІК[2] з а т. *Жан-жануарларды жындандырып, құтыртатын ауру. Е с і р і к т е н* қырыла бастаған қойды әкесінің моласына түнетуге жіберді (Б.Серкебаев, Өткенде.). *Е с і р і к* болған жаралы жануарлардың бірқатары жан ұшырып әлдеқайда барып құлайды да, құзғындарға жем болады (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

Есірік тиген [тигендей]. *Есірікпен ауырған.* Тапал қарада зәре қалмай, шайқап отырған кірін тастай бере, *е с і р і к т и г е н* тайлақша атып

тұрды (А.Әлсеров, Ауыл.). Бұл жазғанның өлең оқығаны да бір түрлі. *Есірік тигендей* аузы көпіршіп айқайлай береді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЕСІРІК[3] з а т. с а я т. *Қыран құсты аң алуға үйретіп, дағдыландыру үшін жасалған алдандырғыш.* Лашынды шақыруға үйреткеннен кейін, арықтатыңқырап далбайға келуге, *е с і р і к к е* түсуге үйретеді (Ш.Айманов, Қыран.). *Е с і р і к* алдырғанда тірі үйректің қанатын қысқарта кесіп, бір кісінің қолына ұстатады. Ол жардың астында көрінбей тұрып, қанаты кесілген үйректі көкке лақтырады (Ш.Айманов, Қыран.).

ЕСІРІКТЕН= е т. **1.** *Есуастану, есіру, ессіздену, құтырыну.* Көктем қызуы артып, күн шуақты болып, көбелектер ұша бастағанда, бойдақтардың *е с і р і к т е н і п,* асылық та, асыға да айта беретін сөздері көп болады (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Қаблан онымды тыңдар емес, *е с і р і к т е н і п* алған шалдуар бала секілді енді тұрып келе жатқанымда қайта жығады (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Әйел қолындағы шыбығымен есекті басқа-көзге сабаласа да әңгі неме басылмай, қайта екіленіп, *е с і р і к т е н е* түсті (С.Алдабергенов, Асу). Қаз руының атына семіріп, аш-жалаңаштығын түсінбейтін қәрі әйелі кейін тіпті *е с і р і к т е н і п* кеткен еді (К. Оразалин, Көктем.). **2.** а у ы с. *Үйтқу, өршелену.* Солтүстік желі *е с і р і к т е н е* соғып тұр (Дала дауылпаздары).

ЕСІРІКТЕНДІР= е т. *Есуастандыру, ессіздендіру, есірту.* Сол кие, немесе арқа деп те атады, өзінің баласына қонады. Ол қонарында *е с і р і к т е н д і р і п,* ауыртады (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен).

ЕСІРІКТЕНДІРУ *Есіріктендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұл оның жөнсіз *е с і р і к т е н д і р у і.*

ЕСІРІКТЕНУ *Есіріктен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р і к т е н у і* ұятқа қалдырады.

ЕСІРІКТЕУ с ы н. **1.** *Есерсоқтау, есуастау.* Рақымға ере келген жігіттің бірі Ахмет деген *е с і р і к т е у* жан еді (Қ.Исабаев, Айқыз). Далабай сенің атыңды шығаратын – бала. Біздің әлгі жаман Сауранбайды *е с і р і к т е у,* ерке қып өсіріп, енді тия алмай қойдық (Д.Досжанов, Зауал). Бөлімше басқарушысы Жұмарғали елірме *е с і р і к т е у* мінезі болғанымен, бас пайдасының бабын білетін адам-тын (К.Зәкенов, Жанартау). **2.** а у ы с. *Жастау, өмірден көрген-білгені аздау, тәжірибесіздеу.* Осы көне ырымға иланған Иланшы Қадырхан да *е с і р і к т е у* бала шағында сол сыннан өткен деседі (Д.Досжанов, Жібек жолы).

ЕСІРІКТІК з а т. **1.** *Есерсоқтық, есуастық, жындысүрейлік.* Елге жақпас *е с і р і к т і к т і ң* не қажеті бар (Ауызекі). Әйелім түсініп, басқаға қызғанышсыз қараса, оған да құппын, бұл заманда жұрттан өзгешемін деу – *е с і р і к т і к* (Т.Тілеуханов, Өмір.). Сол мезгіл-мерзімде адамның адам екені, бұл дүниеге есерлік пен *е с і р і к т і к* үшін келмегені ойына оралып, жанын жылылық жайлар-ау (А.Нұрманов, Құлан.). **2.** м е д. *Невроз тобына жататын ауру.* Үстірт пайымдаушылық, иланғыштық, қиялшылдық, көңілкүйі ауытқымалы, өзіне жұрттың назарын аударуға, жүріс-тұрысын мәнерлеуге тырысушылық, тән тұлғалық кейіп *е с і р і к т і к* психопатия деп аталады (ҚҰЭ).

ЕСІРІН= е т. *Екілену, есерсоқтану, құтырыну.* Біреуі тыныш отыр *е с і р і н б е й,* Бір солдат масығады есі кірмей. Соңынан ілеседі қара жаяу, Еріксіз Сағырбаев екі жаяу (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

ЕСІРІҢКІ с ы н. *Есіріктеу, есерсоқтау, есуастау.* Қамшыларын берік тістеп, Әдет қылып ақырған. Әбең де болса, берме деп, *Е с і р і ң к і* ант ұрған (Айтыс).

ЕСІРІҢКІРЕ= е т. *Есерлену, қызулану.* Қасы мен кірпігіне дейін ақ айран ұн басқан саудагерлер бұл кезде самогон ішін *е с і р і ң к і р е п* алса керек (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЕСІРІҢКІРЕУ *Есіріңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е с і р і ң к і р е у і* ұнамады.

ЕСІС[1]**=** е т. *Жүнді, мақтаны ширатысу, пысытып бұрасу.* Ауыл шетіндегі бір үйде бір топ әйел жиналып, арқан *е с і с і п* жатыр (Ауызекі). Оны енді ботаның ноқтасын *е с і с і п,* бітірісіп жіберуге шақырды (Төрт түлік.).

ЕСІС[2]**=** е т. *Есу.* Ақынның өзімен өзі іштей үндесуінен, сырласуынан туған қоңыр салқын леп баяу *е с і с к е* керек еді (Т.Әлімқұлов, Абай).

ЕСІС[3]**=** е т. *Қайықты жүргізу үшін ескекпен бірнеше адам есу, ескекті әрі-бері қозғалысқа келтірісу.* ≈ Ескекпен екеулеп *е с і с т і.*

ЕСІСУ[1] *Есіс (1) етістігінің қимыл атауы.* ≈ Арқан *е с і с у.*

ЕСІСУ[2] *Есіс (2) етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екеулеп *е с і с у.*

ЕСІТ= е т. **1.** *Құлаққа шалыну, есту.* Алғашқы күндері баланың құлақ түтігі суға толы болады да, ештеңені *е с і т п е й д і* (Қ.Жарықбаев, Психология). Бір кезде біз *е с і т т і к,* Командир бастап алаңға: «Енді тоссақ – кешіктік!» Деп берді алға команда (Қ.Ұябаев, Отты жыл.). **2.** *Іс-әрекеттің басы-қасында болып, өз құлағымен тыңдау.* Дәнекердің екі шілдеханада Жанардың ән салғанын *е с і т к е н і* бар. Өзі де, өзге жұрт та онда мұндай өнер бар деп ойламайтын (К.Қазыбаев, Ызғар). Мөңкенің үйінде қонақ жатқанын білетін, бұл ауылдың қадірлі кісісі екенін де *е с і т к е н*

(Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Мұны *е с і т к е н* жұрт аяудың орнына «өз сазайын тартқан екен» дейтін (Б.Момышұлы, Шығ.). Жансейіт Дәулеттен *е с і т к е н* әңгімеден кейін Ақаннан қатты шошынған (Ү.Шойбеков, Сұсты күн.). **3.** *Хабардар болу, сұрастырып білу.* Бұрын ескермегенмен, Жарбол уақиғасын *е с і т к е л і* Мәруенің кім екенін Тәлім сезе бастаған сияқты (Б.Майлин, Шығ.). Жүрмекші болды соған тамам халық, Шақырған *е с і т к е н* соң хабарды алып. Жұрт айтты: «Бұл жиында ақын қыз бар, Сол қызбен айтыс», – деді маған барып (Айтыс). Ол ағасы Жәнгүдейдің осы жақтағы Күршім жоталарынан бер өткен аю жайында айтқан әңгімелерін *е с і т к е н* (С.Бегалин, Уақыт.). Бітіпті хор қызындай саған көрік, Сүйегім әр сөзіңе барады еріп, Жарқыным, қалайша боп түстің торға Мәнісін айтыңызшы *е с і т е л і к* (Қыз Жібек).

ЕСІТКЕНДЕЙ с ы н. *Естіген сияқты. Е с і т к е н д е й* болады Құлағым ескі сыбырды (Абай, Тол. жин.).

ЕСІТКІШ с ы н. *Тез есті қоятын, құлақтанғыш.* Жемтікті алыстан сезетін қарақұс сияқты молда да өлікті *е с і т к і ш* болады (Ж.Арыстанов, Сұңқар.).

ЕСІТТІР= е т. **1.** *Құлаққа шалындыру, естілетін еткізу.* Ыбырайым да енді ерін ұшымен күбірлемей, баяу болса да *е с і т т і р е* сөйледі (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). Айтмағамбет *е с і т т і р м е у г е* тырысып, аузына қолын тосып сөйлесе де, командир құлағы шалып қалғандай (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). **2.** *Тыңдаттыру, құлағын салғызу.* Көршіні көрші шақырды, Болды да сыйлап ас бермек. Құлығын іште жасырды, Баланың әнін *е с і т т і р м е к* (Абай, Тол. жин.). **3.** э т н. ***Естірту.*** *Кісінің өлімі туралы туған-туыстары мен жақындарына хабарлау.* Мен адаммын тәуекелді сыйға алдым, Маған сыймай оларға да сыйған мұң. *Е с і т т і р і п* біреулердің қайғысын, Қасіретіне өзім қатты қинадым (Беташар). Ол кеткен соң ауылдың да қызығы бірге кеткендей болған. Сол азамат қаза тауыпты майданда. Кеше *е с і т т і р д і* (Ә.Әлішев, Батыр болып.). Сүмбесін мылтығының сыламадың, Қара қанға он бар мағың қынамадың. Мыңды беріп, бірде алған Айдос жәкем, Өлгендігін *е с і т т і р с е м* жыламадың (Айтыс).

ЕСІТТІРУ *Есіттір етістігінің қимыл атауы.* **1. *Естілдіру.*** Клубтан шыға салып жұрт екеу-екеуден кеукілдесті де қалды. Бір-біріне *е с і т т і р у г е* қысыла ма, сыбыр-сыбыр етеді (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). **2.** э т н. ***Естірту.*** Ержанның қазасын туған ағасына қалай *е с і т т і р у д і ң* ебін таба алмай, Ұлжан сәл бөгеліп қалды (Ж.Тілеков, Шалғай.).

ЕСІТУ *Есіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** п с и х. ***Есту.*** Әрбір адамның ана тілі оның *е с і т у* түйсігінің дамуына күшті әсер етеді (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** *Хабардар болу.* Маған ырыс – таң нұры алаулаған, Бір аумаған қып-қызыл жалаулардан. Маған ырыс – *е с і т у* елден бұрын, Тіршіліктің тынысын әр ауладан (І.Мәмбетов, Тарланбоз). **3.** *Тыңдау, өз құлағымен есту.* Бүгінгі күннің қорытындысын *е с і т у* үшін жұмысшылар қашан да болса біразға дейін қайта қоймады (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЕСІ-ТҮСІ з а т. *Ақыл-есі, ақыл-ойы. Е с і-т ү с і* дұрысында сол жалауды әдейі сыртқа шығара байлап қойған: әрі-бері өте қалғандар көрсін деген ойы еді (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.).

ЕСІТІЛ= е т. **1.** *Құлаққа шалыну, естіліну.* Шын ба, дариға, шын ба, достарымның даусы *е с і т і л е д і* ғой? – дейді солдат сандырақтап (М.Иманжанов, Адам.). Омардың аты *е с і т і л г е н д е* өткен дәуір театрын көз алдынан елестетіп өтті (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Есту.*

ЕСІТІЛУ *Есітіл етістігінің қимыл атауы.* **≈** Іштегі дауыстың *е с і т і л у і.*

ЕТ з а т. **1.** *Адам мен жан-жануарлардың терісі мен сүйегінің арасын жалғастырып тұрған бөлігі, мұшесі.* Әсіресе пенициллин, стрептоциллин сияқты дәрілерді *е т* пен терінің арасына жіберсе, перитонит ауруы асқынбай жазылады (А.Даиров, Хирургтің кеңесі). **2.** *Сойылған мал мен аң атаулының тамақ үшін бөлшектелген мұшесі, құнды тағамдық өнім.* Қойдың *е т і* мен майынан сапалы тамақтар жасалады (М.Ермеков, Қазақст.). Сібірдің жергілікті халқы жылқы *е т і н* қатты ұнатып жоғары бағалағанмен, табиғат жағдайының қолайсыздығынан жылқы аз өсіріледі (Түрік әлемі). Қойды жайылым мал деп санағанмен, дайындалған жемшөпті беріп, қолда баққанда жүн мен *е т т і* мол береді (А.Елеманов, Қой шаруаш.). **3. *Бесбармақ*** *(Қазақтың кәделі тағамы).* Жаңыл аққұманға шай салып отқа қойды да, дастарқан жайды. Қаламұштің алдына *е т* әкелді (Т.Ахтанов, Боран). Кешке мол дастарқан жайылып, тайқазанға асылған *е т* қонақтарға тартылады (Ж.Тәшенов, Қаратас). Жұмыскерлер *е т* жеп болған кезде жартыланып туған ай арқан бойы көтерілген еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Ат үстінде күн көрмей, Ашаршылық шөл көрмей, Өзегі талып *е т* жемей... Ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет, Өлеңд.). **4.** а у ы с. *Адамның денесі, тұла бойы.* Қара жерге қар жауар, Қарды көр де, *е т і м* көр.

Қар үстіне қан тамар, Қанды көр де, бетім көр (Ер Тарғын). Бір қақты ақ *е т і ң е* ашуменен, Жігітке ашу ұят асыл деген. Бір түгіл екі соқса жаның шықсын, осының кісі келер ме басын көрген? (Айтыс). *Е т і м д і* шал сипаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға (Абай, Тол. жин.).

Бауыр еті. *Ең жақын қимасы.* Ол адам қалай оңсын, іштен шыққан *б а у ы р е т і* – баласын, көз жасына қарамай, обалынан қорықпай, шырылдатып малға сатады (Ө.Қанахин, Жас дәурен.).

Бұзау еті. *Сойылған бұзаудың жеуге жарамды, тағамдық еті. Б ұ з а у е т і н і ң* сорпасы онша дәмді болмайды. Оны көбінесе духовкада қуырады, ал пісіргенде етті ыстық суға салып, отын басып, бүлкілдетіп қайнатады («Шаңырақ»).

Бұлшық ет. а) *Сіңірге жалғас сом біткен жиырылғыш ет тарамдары, кесек ет.* Қоректілігі жағынан ең құнды әрі жұмсақ *б ұ л ш ы қ е т* тіндері омыртқа, арқа, белдеме, жамбас тұстарында болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Сіреспе – *б ұ л ш ы қ е т т е р д і* жиырып сірестіретін жұқпалы ауру, жарақаттанған адам мен малға құм, топырақ және ауру малдың нәжісі арқылы жұғады (Т.Телеуғалиев, Мал. қора.). ә) *Денесінің сыртына бұлтылдап шығып тұратын, шынықтырылған ет.* Онда мына кәрі атаң Жігіт еді, жас еді. Жүртты өзіне қаратқан *Б ұ л ш ы қ е т і* тас еді (А.Шамкенов, Сағат). Жұмыр білегінің *б ұ л ш ы қ е т і* шалғының бағытына қарай біресе бұлт етіп шыға келеді де, бір сәт қайтадан жоғалып кетеді (М.Дүзенов, Ақәже).

Бірінің етін бірі жеді. *Араздасты, қырқысты.* Мен көрдім дүние деген иттің к... *Ж е п* жүр ғой *б і р е у і н і ң б і р е у і е т і н.* Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің сырты бүтін, іші түтін (Абай, Тол. жин.).

Ет алды. *Семірді, қоңданды.* Жайылым оты шүйгін болды да, бағылған құлындар жақсы *е т а л д ы* (А.Иманғалиев, Адай жылқысы). Күзде үлкен дүрмек кезінде қабылдап алған тоқтылар қыс кезінде *е т а л м а с а,* жүдеген жоқ (С.Байжанов, Шопан.).

Ет асату. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында дастарқандағы ет желініп болған соң, қонақтардың үлкенінің бас табақтан жасы кішілерге өз қолынан ет жегізу рәсімі. Е т а с а т у* жасы үлкендердің кішілерге жасаған құрметі болып есептеледі (ҚҰЭ).

Ет асты. э т н. *Қазанға ет салып, пісірді.* Ас үйде екі-үш әйел *е т а с ы п* жатыр (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Қыс болса, табақ-табақ *е т а с а с ы ң,* Жаз болса, тоқты іздеп бір сасасың. Көрмеген өміріме қорлық көріп, Кемиді күйікпен-ақ жарым жасым (Б.Майлин, Шығ.).

Ет ашумен. *Біреудің жанға батар қылығына күйініп, табанда ашуға беріліп.* Таңертең Жігітек жаулыққа шығып, Солтабайдың қатынын алып қашып алды деген соң, Бөкенші *е т а ш у м е н* бір оғат іс істепті (М.Әуезов, Шығ.).**Ет баласында.** *Жалпы етті айтқанда, алып қарағанда.* Қазақстанда жалпы өндірілетін *е т б а л а с ы н д а* қой етінің үлес салмағы әлі де үлкен және ол өте бағалы тағам болып табылады (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

Ет бауыр [жақын, туыс]. *Ең жақын ағайын, бірге туған туыс.* Екеуің де *е т б а у ы р* емшектесімсің, бір қызды қалай қақ жар дейсің? (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ағайын жолы бұлай ма? Біз берсек *е т б а у ы р* бала қыл деп бердік. Қорлыққа бердік пе? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ойпырай, ата-анадан тіптен жас қалған екенсің, шырағым. *Е т ж а қ ы н* туыс дегеннен ешкімің бар ма? (М.Иманжанов, Көк белес). Бөжей асына келген көпшілік бір түнеп тарқайды, екінші күнге алыстан келген *е т ж а қ ы н д а р ы,* нағашылары ғана қалады (М.Әуезов, Шығ.). Сарман әке-шешесінің туыстарын іздеді. Тек қана жамағайындарын тапты. *Е т т у ы с* ешкімі жоқ екен (А.Мұздыбаев, Тағдыр). Әй, кім біледі, екі жылдай іздеп *е т т у ы с ы* Байсақалдың малын да ешкімнен өндіре алмай жүр емес пе? (С.Талжанов, Ұлдай.).

Ет бауыры елжіреді. *Аяды, есіркеді, жаны ашиды.* Сол тобықтыға төтеп беремін деп кесіп отырсың ғой, сен де жалғыз өзің *е т б а у ы р ы ң е л ж і р е п* жұмсап түрсаң көрерміз (М.Әуезов, Абай жолы).

Ет бұзды. *Етті жіліктеп бөлшектеді, мүшеледі.* Өлтіріп, досын алдап Түлкі бұзық, Жеп жатыр өлісімен *е т і н б ұ з ы п.* Бір айдай азық етіп Түлкі жатты, Сүйегін жан досының таза мүжіп (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Ет бітірді. *Семіртті, ет алдырды, оңалдырды.* Бұл жер қозылы қойдың буындарын тез бекітеді, қанын толтырады, *е т б і т і р е д і* (М.Ермеков, Тарту).

Ет дегенде. *Етті көргенде, дайын, піскен етті жеу керек болғанда деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* «*Е т д е г е н д е* бет бар ма» дегендей, қызылшыл қазақтар, қонаққа қой сойылуын пайдаланып, сорпа-суын ішуге жиналған көрінеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Е т д е г е н д е* бет бар ма деп тегін айтылмаса керек («Қаз. әдеб.»).

Ет етке, сорпа бетке. *Ет жеу де, сорпа ішу де керек. Е т е т к е, с о р п а б е т к е* дегендей, ет жегесін, сорпа да ішу керек, – деді Жақып («Қаз. әдеб.»).

Ет жаны. *Бауыздалған малдың соңғы тұяқ сертуі.* Бауыздалған малдың «*е т ж а н ы*» толық

шығар алдында аяғы шешіліп, босатылып, аяғын бір екі серпіту керек. Мұны «тұяқ серпіту» дейді (Д. Қатран. Қазақ. ас-тағам мәд.).

Ет желін. *Сүті аз шығатын малдың желіні.* Кейбір саулықтардың сүтін енесі жарытпайтын қозыларды емізу үшін пайдаланады. Әйтпесе аса сүтті қойдың желіні жарылып, соның салдарынан *е т ж е л і н* болып кетеді (М.Ермеков, Тарту).

Ет жемесе де, сорпа ішкендей болды. а) *Қара терге түсті.* Ыстық күнде жұмыстан шаршап келіп, *е т ж е м е с е д е с о р п а і ш к е н д е й б о л ы п* отырмыз (Ауызекі). ә) *Әбден ұялып, қысылды.* Бөлекбас ыңқ етіп бір күрсінді де, «Ал мен де *е т ж е м е с е м д е, с о р п а і ш к е н д е й б о л д ы м*», – деді (Ә.Әбішев, Замана).

Ет жүрегі езілді. *Іші күйді, уайымдады.* Құрбысының ауыр жағдайын ойлап, Зейнемханның *е т ж ү р е г і е з і л д і* («Қазақст. әйелд.»).

Ет жүрек. а) *Рухани, жан дүние.* Ол тереңге батып бара жатқандай бойы қалшылдап, *е т ж ү р е г і* тітіркенеді (Ә.Әбішев, Армансыз.). Жолдасым, көргеніңді бұрып айтпа, Мені аяп *е т ж ү р е г і ң* жылып айтпа. Жүзінде ғашығымның өлімі тұр, Құрбымсың, маған айла қылып айтпа!» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кәрі, жас дәурені өзге тату емес. Епке көнер *е т ж ү р е к* сату емес. Кімде-кім екі мүшел үлкен болса, Мал беріп алғанменен қатын емес (Абай, Таңд. жин.). ә) *Қорқақ, жүрексіз.* ≈ *Е т ж ү р е к* адам.

Етке өткізді [тапсырды]. *Малды сойып, етін сатуға жіберетін мекемеге апарды.* Қыстан шыға алмайды-ау деп күдіктенген қойларды жер қарада семіртіп, *е т к е ө т к і з е д і* (М.Ермеков, Қаз.қой шаруаш.). Қарекең мал бабына қандай жетік, Малдарын *т а п с ы р д ы е т к е* күйлі етіп (Айтыс).

Етке шықпады. *Шыр бітпеді, етеймеді, толыспады, семірмеді.* Қолға алғаннан бері ілігінен айығып, тілі шығып адам боп аяғына басып келсе де, сорлы бала *е т к е ш ы қ п а й*-ақ қойды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ет клеткасы. б и о л. <Myocytus, грек. mys – ет және kytos>. *Ішкі мүшелер, қан және лимфа тамырлары қабырғаларындағы етті қабықтар мен қабаттарды құрайтын, пішіні ұршық тәрізді ұзынша келген клетка. Е т к л е т к а с ы* жолақсыз бірыңғай салалы ет ұлпасын түзеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Е т к л е т к а с ы н ы ң* екі жақ ұшы үшкір келеді, ал оның ортаңғы жуандау бөлігінде сопақша келген ядро орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

Ет комбинаты. *Малды ветеринарлық тексеруден өткізіп, сойып, сатуға, өткізуге дайындайтын комбинат.* Семейдің *е т* консерві *к о м б и н а т ы* мипалау, сүрленген құйрық, шұжық, сүр ет, жал, жая сияқты жаңа тағамдар жасап шығара бастады («Лен. жас»). Қасапханаға апаратын жіңішке дәлізге кірмей, өрістен айдалып келген бір қотан қой *е т к о м б и н а т ы н ы ң* кең ауласының азан-қазанын шығарды (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

Ет қызу [қызуымен]. а) *Апатқа ұшыраған адамның қатты жараланып немесе басқа да қиын жағдайға ұшырап қалғанын дер кезінде сезбей қалуы.* Атпен бірге омақаса түскен шабандоз жігіт орнынан тұра сала шылбырға жармасқанда, *е т қ ы з у ы м е н* бұғанасының сынып кеткенін байқамаған да еді (Ауызекі.). ә) *Алғашқы қарқын.* Жирен жал құла дөнені күміс жүгеннің ауыздығын тістеп, әрлі-берлі көлбектеп, *е т қ ы з у ы н* баса алмай тұр (М.Әуезов, Абай жолы). Шешем де осы баланы ойланбай бере салғаны үшін Құдай тағаланың өзін де *е т қ ы з у д а* біраз шықпыртып алды (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Лай судан балық аулама деп осы жолға жетектеген өзіңсің, ондағымыз *е т қ ы з у ы* – албырттық екен (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Өздерінің аптығын баса алмағандықтан және бауырын жазған сайгүліктердің *е т қ ы з у ы м е н* бұлар түн ортасына дейін тарта берді (Ә.Көшімов, Лашын.).

Ет мүшелері. *Сойылып, жілік-жілігімен бөлшектенген мал етінің қазақша атаулары. Е т м ү ш е л е р і н і ң* негізгілері: бас, жақ, жақ ет, ұрт ет, мойын, мойын ет, бұғана, қара қабырға, сүбе, қазы, төс, төс ет, төстік, ауыз омыртқа, кәрі жілік, жұмыр жілік, асықты жілік, тоқпан жілік, жамбас, жая, белдеме, мойын омыртқа, ұзын омыртқа, жүрек, үлпершек, бауыр, көк бауыр, бауыр ет, бүйрек, ұлтабар, қарта, қима, тоқ ішек, ащы ішек, желін, қом, қарын, өкпе, сирақ, бүйен (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Ет мүшелеу. э т н. *Сойылған малдың етін жілік-жілігімен бөлшектеу. Е т м ү ш е л е у* кез келгеннің қолынан келе бермейді (Ауызекі).

Ет өнімдері. т а м а қ. *Өндірісте еттен дайындалған шұжықтар, тұзды-ысталған өнімдер және консервілер.*

Етпен қайнап, сүйекке сіңген. *Әбден дағдылы болған, әдетке айналған, үйреніскен.* Бір мінезің алты алаш білген мінез, *Е т п е н қ а й н а п, с ү й е к к е с і ң г е н* мінез. Шын періште секілді құлыныңның Жас жүрегін, ойласа, тілген мінез (Б.Күлеев).

Еттен айырылды [арыды]. *Арықтады, жүдеді.* Көктемнің көк өзек шағына қарай торы айғыр е *т т е н а й ы р ы л ы п,* қу сүйек боп қалған (І.Қожабаев, Ұл). Жалпақ беті де қалың *е т т е н а й ы р ы л ы п,* ұрты ортая, бет сүйектері шыға бастаған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Еттен өтіп, сүйекке жетті. а) *Жанға қатты батты.* Тілі қандай ащы, тыңдаған адамның *е т і н е н ө т і п, с ү й е г і н е ж е т е д і* (Б.Майлин, Азамат.). Аман айғайсыз, жәй сөйлесе де, *с ө з і е т і н е н ө т і п, с ү й е-*

г і н е ж е т т і (Ғ.Мұстафин, Шығ.). *Е т т е н ө т і п, с ұ й е к к е ж е т к е н* қорлық бетімізге шіркеу болды, оны қайтеміз,– деп Мұқажан Омарға жауап күте қарады (Б.Тілегенов, Аққайнар). ә) *Шыдамы кетті, төзбестік халге ұшырады, шектен шықты.* Сар дала, кімдікі едің, өткен кезде, Қан болып, жан шығарға жеткен кезде? Арқа еті арша, борбай еті борша болып, *Е т т е н ө т і п, с ұ й е к к е ж е т к е н* кезде? (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

Етті қарындады. *Тазаланған қарынның тық жағын сыртына қаратып аударып, етті жілік-жілігімен қоспасын қосып, ішіне ауа қалдырмай нығыздап салды. Е т т і қ а р ы н д а п,* қарынның ауызын түйреп буып байлайды (Х.Нүркеұлы, Ұлттық мирас.).

Етті мүшеледі. э т н. *Сойылған малдың етін жілік-жілігімен бөлшектеді.* Қазақ халқының дәстүрінде қонақтарға арнап *е т т і м ү ш е л е п,* әр жіліктің табаққа тартылу тәртібі бар («Мәдениет және тұрмыс»). *Е т т і м ү ш е л е г е н д е* қойдың төрт аяғындағы он екі жілік ажыратылады («Парасат»).

Еттің жылы-жұмсағы. *Еттің ең таңдаулы, сүбелі, сүйсініп жейтін бөлігі.* Кішкентай бөбектер әжесін жағалап, *е т т і ң ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н а н* дәметіп жүр (М.Сатыбалдиев, Шопан серігі). Қазекем *е т т і ң ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н* қонағына сақтайды («Мәдениет және тұрмыс»).

Ет ұршығы. б и о л. <лат. fusus –ұршық және muscularis – ет> *Жіңішке және қысқа көлденең жолақты ет талшықтарынан (10-12) құралған құрылым. Е т ұ р ш ы ғ ы* созылмалы дәнекер ұлпалы қапшықпен қапталған (Қаз. тілі термин. Биология).

Ет хошан. т а м а қ. *Қойдың құйрығы, қамыр, өсімдік майын қосып, қарынға салып, пешке пісіретін тамақ.* **≈** *Ет хошан* даярлау.

Еті ауыр. а) *Семіз, толық денелі, зор жаратылған. Әсел е т і а у ы р,* жауырынды денесін отырыс-тұрыста шапшаң, жеңіл қозғайды (М.Әуезов, Өскен өркен). ә) *Жайбасар, қозғалуы қиын.* Жөнкерілген *е т і а у ы р* жетпіс жасқа. Жетпісінде жігіттік мүсіні бар Сымбатыңыз сүйкімді ғой пен досқа (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Аужанның мынау айтқан әдісі көкірегіне қона кеткен, тіпті, *е т і а у ы р* Ықылас: – Біз де барып көрелік, – деп Шыңғысқа қарады (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Еті ауырды. *Денесі ауырып, жаны қиналды.* Сабаған уақытта *е т т е р і н а у ы р т қ а н д а й,* жанына батқандай қылып жіберуге болмайды (М.Дулатов, Шығ.).

Еті ауырмады. а) *Жақын адамның ұрысқанын елемеді.* Енесі тепкен құлынның *е т і а у ы р м а с* (Мақал-мәтел). ә) *Жаны қиналмады.* Уайым аз, үміт көп, *Е т а у ы р м а с* бейнетке, Бүгін-ертең жетем деп Көңілге алған дәулетке (Абай, Тол. жин.). б) *Жаны ашымады.* Балаларының жағдайын ойлап *е т і а у ы р м а й т ы н* ата-ана болушы ма еді («Қаз. әдеб.»).

Еті қашқан. *Тарамыс, салалы, жүдеу.* Сәбиді домбырасымен қоса (кемпір) тізесіне қондырды да, *е т і қ а ш қ а н* ұзын саусақтарымен бір пернені баса ішекті дүмбірлетіп қағып-қағып жіберді («Қаз. әдеб.»). Саусақтың саласы бар *е т і қ а ш қ а н,* Шаш селдіреп азайған үлкен бастан. Домбыра оң жағында сүйеулі тұр Өзімен өмір жолдас бала жастан (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

Еті қашты. *Арықтады, жүдеді, таралды.* Меңдігерей бір жұмадан кейін орнынан тұруға жарады. Шеке тамырлары көгеріп, жақтан *е т і қ а ш ы п,* жүзінен нұр тайған қалпы ұзаққа созылды (Х.Есенжанов, Таркезең).

Еті қызды. *Шабытына келді, екпіндеді, қарқындады.* Дуаным – Қара өткел мен Қаркаралы, Барады кешкі базар тарқағалы, Алған соң *е т і қ ы з ы п* тоқтата алмас, Өлеңді тағы да отыр шайқағалы (Жамбыл, Шығ.).

Етінен ет кессең де мыңқ [былқ] етпейтін. а) *Өте шыдамды, мінезі аса салмақты.* Жұмаштың ағасы үстіне түйе аунап, *е т і н е н е т к е с і п а л с а д а м ы ң қ е т п е й т і н* (Н.Сералин). ә) *Без бүйрек. Е т і н е н е т к е с і п а л с а д а б ы л қ е т п е с* без бүйректің өзі бопты (А.Тоқмағамбетов, Әке).

Етінен ет кесіп берсе де. *Жанын қаншама қинап, азаптанғанына қарамастан.* Жауың мен сені еңіреткен ұзында өшпін, Қайтпастан *е т і м н е н е т т і к е с с е ң д е* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Етін сыртына тепті. *Ыза кернеп, терісіне сыймады, түгі сыртына шықты.* Нұрман *е т і н с ы р т ы н а т е у і п,* зәрін шашып, жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады (М.Әуезов, Шығ.).

Еті ояз. *Арық, еті таралған.* Мына құнан тұяғының *е т і о я з ы п* кетіпті. Жиренді міне кет (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Байдың үйінің өзі болса да, «қысқа әлсіз болар-ау» деген кәрі-құртаңын сояды немесе көбең тойыны бар, *е т і о я з* малды сирек сойып, әр нәрсені аужал етеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Еті өлді. *Әбден үйреніп көндікті, үйреншікті болды, мойын ұсынды.* Жаман, жақсы әр іске Қалады дейді *е т і ө л і п.* Көпті көрген ер жігіт Көсем болар төселіп (Үш ғасыр.). Біздің *е т і м і з ө л і п* қалған ба, әлде қолдан келер айла-амалдың жоқтығынан ба, әйтеуір үш-төрт шана шөпке тоқмейілсіп, басқа қаракет жасамаймыз (С.Жүнісов, Жапанда.). Құлдыққа біржола көніп, *е т і ө л і п,* жаны сөніп болған құл, тым болмаса жалғыз баласының жайын да аузына ала алмайды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Еті сырбаз. *Жас малдың дәмді еті.* Баптап, балбырап піскен қозының *с ы р б а з е т і н* қонақтарының алдына тартты («Жалын»).

Еті сіздікі, сүйегі біздікі. э т н. *Жас баланы оқуға берерде ата-анасы тарапынан айтылатын, тәрбиелеуге ризашылықтарын білдіретін сөз.* Молла ұрса ұра берсін ғой, «*е т і с і з д і к і, с ү й е г і б і з д і к і*» деген сөзімізден қияметте де танамыз ба (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.).

Еті тірі. *Қолынан әр нәрсе келетін, ширақ, епті, пысық.* Сыздық кедей болғанымен *е т і т і р і* адам болғандықтан, бұл да белгілі адам еді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ауа райы жайдарылау ашық күндері *е т і т і р і* жандар таңертеңгі шайдан кейін бір-бірімен жолығысу, дидарласу үшін ауылдың орта тұсындағы ұста дүкеніне таман келеді (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ).

Еті тірілді. *Пысыды, ширақ тартты.* Ләйланың көзі от шашты, енді қаштым деп ішімнен қуанып, *е т і т і р і л і п,* беті ажарланып қалды (С.Шәріпов, Шығ.).

Еті тітіркенді. *Жиіркенді.* Оның хатын ашып көруге қолым кірлегендей *е т і м т і т і р к е н е т і н* (М.Әуезов, Шығ.).

Еті үйренді. *Әдетке айналып, көндікті.* Баласының аң құмарлыққа салынып, жексенбі күнін асығып күтетініне Әйменнің *е т і ү й р е н г е н-ді* (С.Бегалин, Таңд. әңгіме.). Меніңше, жау әлі де атакалайды, бірақ қанша айтқанмен жігіттердің танкке *е т і ү й р е н і п* қалды, – деді Ержан (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Жас ет. а) *Жаңа сойылған малдың еті. Ж а с е т т і ң* түсі ақшыл қызғылт немесе күрең қызыл болады. Ол хош иісті, тканьдері серіппелі созылмалы болады (саусақпен басқанда шұқырайған жер тез қалпына келеді («Шаңырақ»). Қыран құстар тегі *ж а с е т п е н* ғана жемделеді (Ш.Айманов, Қыран.). ә) *Жаңа сойылған малдың асылған, піскен еті. Ж а с е т* жеп, Жақсы ет жеп, Дұрыстап бұрыштап, Сорпа ішіп терлеймін (Қ.Мырзалиев, Көктем). Қойдың майы, тоңдаған *ж а с е т і* жеңсік астай үшеуі де құшырланып жесті (М.Қаназов, Сонар). Қазанның буы бұрқырап, *ж а с е т т і ң* иісі жер үйдің ішін алып кетті (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

Жылқы еті. а) *Сойылған жылқы еті. Ж ы л қ ы е т і н е н* – қазы, шұжық, жая, сүр ет, жал және қарта тағамдары даярланады (Қазақст. етті молайту). ә) *Сойылған жылқы етінің асылған, пісірілген түрі.* Ол *ж ы л қ ы е т і н е* жерік екен, келе қырғын салыпты (Ә.Әбішев, Найзағай). Қазан бұлқ-бұлқ қайнап жатыр, ішіндегі *ж ы л қ ы е т і н і ң* иісі бұрқырап мұрныңды жарады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Иттің етінен жек көрді. *Тіптен жақтыртпады, мүлде ұнатпады.* Файзолла – сол қаладағы үлкен саудагер, жайшылықта інісін *и т т і ң е т і н е н ж е к к ө р с е* де, оны өлімге қимайды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Біздің білетініміз бұл старшын бұрыннан-ақ Ықыласты *и т т і ң е т і н е н ж е к к ө р е т і н-ді* («Лен. жас»).

Көзінің еті өсті. *Дандайсыды, асқақтап кетті, асып-тасты.* Нұржан Құдайын ұмытты, *к ө з і н і ң е т і ө с т і,* – деді Ақанның жанындағы трактористі айқайлап (З.Шашкин, Өмір.). Бүгін енді өз алдына ауыл болып түтін түтеткен соң, қымызға тойып, бүйірің шыққан соң, *к ө з е т т е р і ң ө с е й і н* деген екен (А.Нұрманов, Құлан.).

Қазақша ет. т а м а қ. ***Бесбармақ.*** Қонаққа немесе тойға көбінесе қой сойылып, *қ а з а қ ш а е т* беріледі (ҚҰЭ). Біздің халқымыздың құрметті кісілерге ұсынатын кәделі әрі орны бөлек тағамдарының ең бастысы – *қ а з а қ ш а е т* («Парасат»). «*Қ а з а қ ш а е т* және тәтті шай, Бір жапырақ күлшетай, Болса... жылқы жаясын әкеліңіз», – деп едім, – Түнере қалды даяшым (Ш.Смаханұлы, Ұр.).

Қой еті. а) *Сойылған қойдың еті. Қ о й е т і н е н* қуырылған, бұқтырылған, салқын тағамдар, әртүрлі фарш және суп әзірлейді. *Қ о й е т і н е н* мөлдір сорпа сирек әзірленеді, суп жасау үшін, ең дұрысы, жауырын-омыртқа еттерін пайдаланған жөн («Шаңырақ»). *Қ о й е т і н е* қарағанда сиыр етін көбірек қайнатады. Етті пісіру уақыты малдың түріне, ұша бөліктеріне және ет кесегінің мөлшеріне қарай әртүрлі болады («Шаңырақ»). *Қ о й е т і н і ң* ең кәделі, сыйлы мүшелері – бас пен жамбас, одан кейінгісі асық, орта жілік, белдеме, жауырын, сүбе қабырға (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). ә) *Сойылған қойдың асылған, пісірілген еті.* Қадиша түні бойы бұрқылдап қайнап, сүйегінен сыпырылып түскенше жидіген *қ о й е т і н* салып әкелді (С.Жүнісов, Ақан сері). Әлім қарт бас болып, үй іші жас *қ о й е т і н е н* жасалған ыстық кеспеге бас қойыпты (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

Қоң ет. *Бұлшық ет.* Тіл-көзден сақтай гөр, – деп, Аязбай түлкінің бірінің *қ о ң е т і н* ойып алып, Ақиыққа екі-үш рет асатып жіберді («Лен. жас»). Жау минасының жарықшағы бір аяғымның балтырын, *қ о ң е т і м д і* боршалап кетіпті (Ж.Жұмаханов, Майдан). Шала-шұла пісіріп, Мосыдан алып түсіріп, *Қ о ң е т і н* кесіп беріпті (Алпамыс).

Құлақ етін жеді [құлағының құрш етін жеді]. *Мазасын алды, ығыр қылды.* Өйте көрме, бүйте көрме, – деп, Жылқыбай *қ ұ л а қ е т і н ж е п* барады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Еменнің совхоз басшыларының *қ ұ л а қ е т і н ж е г е л і* қашан. Қанша айтты, қанша қақсады («Қаз. әдеб.»). Үшеуіне де істер амалы жоқ. *Қ ұ л а ғ ы н ы ң қ ұ р ш е т і н ж е й т і н.* Шолпан мен Қалиман болса бір сәрі («Қаз. әдеб.»).

Мал – адамның бауыр еті. *Мал адам өміріне барынша қажетті, керек нәрсе.* Өзіңде жоқ болса, әкең де жат, *мал – адамның бауыр еті* (Абай, Тол. жин.).

Ойынды ет. *Жілікте болатын кесек ет.* Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы жотасы, болса күшті. *Ойынды еті* бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқын төсті (Абай, Тол. жин.).

Өз етін жұлып жеді. *Қатты қапаланып, мазасы кетті, жанын жегідей жеді.* Тауып айтса мінім деп, Жоғалтып бақ міниңді. *Өз етіңді жұлып жеп,* Ашпа алашқа сырыңды (Ш.Құдайбердиев, Өлеңдер).

Өлі ет. а) *Бірер күн тұрып қалған ет.* – Әй, Төлеу! – деді кемпір, – мына балаға бір малыңды сой. Баласы оған: – Апа-ау, осы үйде *өлі ет* те бар емес пе? – деді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Жараның ішіндегі әлі іріңге айналып жетпеген еті.* Шиқан пісіп жетілген соң іріңмен бірге *өлі етін* де сығып шығарып тастайды (Ауызекі).

Сиыр еті. *Сиыр ұшасы. Сиыр еті* үш сортқа бөлінеді. Бірінші сортқа: сан еті, жамбас, белдеме, арқа, жауырын, төс; екінші сортқа – мойын мен төстік: үшінші сортқа – ауыз омыртқа мен кәрі жілік пен асықты жіліктердің басы жатады (Шаңырақ энцикл.).

Сүр ет. *Тұздап, кептірілген ет.* Гипертониясы бар адамға қою шай, кофе, майлы сорпа ішуге, қазы-қарта, *сүр ет* жеуге мүлде болмайды (С.Сұбханбердин, Дәрі.). Ебейсін *сүр ет* пен құрт езген сорпаның иісі әлі де кете қоймаған ыссы үйдің ауасына мұрнын төсеп, манаурап жатқан-ды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұндай кездерде екі жақтың аты да доғадан босап, түйелер шөгеріліп, құдықты жерге қос тігіп, мосыларға шәугім ілініп, шай қайнатылып, *сүр ет* асылады (О.Қарабалина, Тағдыр). Жаңа жылға арналып сақталған *сүр ет* асылып, дастарқанға әртүрлі тағамдар қойылды («Парасат»).

Табан ет, маңдай тері. *Өз еңбегі, адал еңбегі, жатпай-тұрмай істеген бейнеті.* Комитетке *табан ет, маңдай терімен* күн көретін жігіттердің көбі кірген екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Еңбеккерлердің *табан ет, маңдай терімен* жиылған халық қазынасы – қашанда қасиетті («Қаз. әдеб.»). Аяқталғанын танимын заманнан бергі сарсыған *Табан ет, маңдай терімнің* (Жамбыл, Тол. жин.).

Тоңазытылған ет. *Қаны соргымаған күйінде мұздатқышқа қойылып мұздатылған, қатырылған ет. Тоңазытылған етті* қуырар алдында мұзын бірте-бірте (2-3 сағат аралығында) еріту керек. Ол үшін етті сумен шайып, ыдысқа салып салқын жерге қояды («Шаңырақ»).

Тұщы етке тиген ащы таяқ. *Жас, құлық-сұмдықты білмейтін кезде көрген қиянат, зорлық, зәбір ащы болады, жүректе ұзақ сақталады деген мағынада қолданылатын сөз.* Отыз жылдан бергі сансыз жәбір-жапа, *тұщы етке тиген ащы таяқ,* ар-намысқа тиетін қиянаттар Күреңбайдың көкейіне тастай орнап қалған-ды (С.Омаров, Қайырлы жаз.). Тезегін теріп, бұзауын бақсам да, бай зекіді. *Тұщы етіме тиген ащы таяқтар,* Жас жаныма шаншу сөздер беріш болып байланды (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Түйенің жарты етіндей. *Үлкен, еңгезердей.* Есет *түйенің жарты етіндей* ауыр денесін созалаң қозғап, ыңырана түседі (С.Омаров, Өмір.). Оның ойы Жақсылықтың қақ алдындағы екі креслоның біреуіне сыймай отырған *түйенің жарты етіндей* Бексұлтанда (Ғ.Сланов, Шалқар).

Уыз ет. *Жаңа сойылған жас малдың пісіріліген еті.* Мол қымыз, *уыз ет* ке қызығып жүргендер топтала келіп, тойынған соң тез тарайды (Ә.Көшімов, Лашын.).

ЕТ=е т. **1.** *Істеу, қылу, жасау.* Суалып қалған қаңтарды Айдын шалқар көл *етті.* Тоз-тоз болған ұлттарды Берекелі ел *етті* (Қ.Аманжолов, Шығ.). Менің тілегімді сендер де беріңдер. Арқама қамшысы тиген аю қызды күнім *етем* деген антым бар-ды, күнім емес, күнім *етейін,* беріңдер маған Ақжаңылды (Д.Әбілев, Арман.). – Шынында бұл алаңның қызықты көрінетін кезі алда. Біздер мұны спорт алаңы *етпекпіз,* – демесе Жаннаның әлгі бір сөзінің орайына Бураханның шамдануы мүмкін еді (Ә.Әбішев, Ғаламат.). **2.** *Еліктеуіш сөздердің жетегінде қолданылып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.* Таң атып, күн найза бойы көтеріліпті. Жылбек көзі жаутаң-жаутаң *етіп,* Жамал жатқан жертөленің есігінің алдында дірдек қағып, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр (Ә.Шәріпов, Майдан). Сүрлемді немен тасырын білмеген сауыншылар ауыл жақтан қылтың *етіп* машина шыға келгенде, қуанғандарынан шуласып қалды («Лен. жас»). Жаймас бұрын былай таман шығып, ақ простыняны жел жаққа көлеңдетіп сілкіп-сілкіп қалып еді, қотандағы қойлар дүр *етіп,* үрке жөнелді (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Адал еңбек етті. *Өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады.* Сөйтіп ол бұрынғы пендешілігін қояды, *адал еңбек етеді* (Қаз. ертег.). Ол *адал еңбек етіп,* маңдай терімен дүние жинауға белін буады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Адам етті. *Ел қатарына қосты, санатқа іліндірді.* Ал, жолаушы, қарама, айда бұған, Уақыт шын қуғыншы сайда қуған. Анам мені бір туып *адам етсе,* Осы дала ақын ғып тағы туған (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Әкесі өзімді *адам етті,* өзі бүгін елімді ажалдан құтқарды (Ә.Әбішев, Шығ.).

Ажуа етті. *Мазақ етті, келеке қылды.* Кейін әлгі айтқанын жұрттың көзінше қырық саққа жүгіртіп, өзіңді *ажуа етіп* бітеді (Н.Баяндин, Шығ.). Шоқан мұндай сәті келіп біреуді *ажуа еткенде,* сұрғылт өңі жайнап, тек көзі ғана күлімдейтін (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Азат етті. *Бостандық әперді, теңдікке жеткізді.* Атырдың таң еліме, Септің нұрды жеріме. Жүз жетпіс бір миллион *Азат еттің* халқымды (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қарағым, менің абыройымды ойлайтын болсаң, дәлосы жұмыстан *азат етші* (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

Айғақ етті. а) *Танымал қылды, жайды.* Көкшетаулықтар кешегі Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында гитлершіл басқыншыларға қарсы ерлікпен күресіп, өздерінің шын батырлар өсіретін ел екенін бүкіл әлемге *айғақ еткені* анық (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). ә) *Тілге тиек етті, дәлел қылды.* Арқасы ошақтай жауыр қара байтал ер сала бастаған бастыққа өзінің арқасын *айғақ етіп* айтады (М.Әуезов, Әр жыл.).

Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етті. *Қанады, езді, тепкіге алды, қор етті, құлдыққа, күндікке түсірді. Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етуді* арман етті (Қ.Жұмалиев, Шығ.).

Айтқанын [дегенін, сөзін] екі етпеді. *Дегенін бұлжытпай орындады, дегенін істеді, бірден-ақ көнді.* Ата-ана оның *айтқанын екі етпеуге* жанын салып бақты, балалардың тамағынан жырып оған киім алып беретін (М.Дүйсенов, Мейман.). Бала секілді елгезек, *айтқанынды екі етпейтін* ыңғайыңмен айналып елпілдеп тұратын кішкентай, қағылез ғана жігіт (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Олар бір сиырдың сүтін күзге дейін, обалы нешік, айтқан *сөзін екі етпей* саған беріп тұрды (С.Мәуленов, Үркер.). Көп жұрт Жүністен ығатын, қарсы келмей, қыңыр қажының ыңғайына көше сөйлеп, оның *дегенін екі етпейтін* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Айып етпе [етпеңіз]. *Кешір, кінә қоймаңыз деген мағынада.* Отырған жоқ кабинетте Қарындашпен қиратып жау. Ағажаным, *айып етпе,* Кетсе шығып сөзім шашау (Қ.Аманжолов, Шығ.). Ұлы дәрежелі, құрметті генерал, *айып етпеңіз* сіздің лауазымыңызды анық білмегенімді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Айып етті. *Теріс деп тапты, сөкті, кінәлады.*

Алаң етті. *Ойы, көңілі бөлінді, аландады.* Ойынан күдікті ой шықпай қойды. Осымен қатар, Әбіштің байқауынша, кейде Абайды бір мазасыз ойлар *алаң етіп*, толқытқандай болады (М.Әуезов, Шығ.). Ол өткіншілік қана қауқары бар алдамшы сезім шығар. Әйтсе де, жас жігіттердің көңілін *алаң еткісі* келмеді, айтып беріп тынбақ (А.Байтанаев, Қыран.).

Аллаға мінажат етті. *Сиынды, жалбарынды.* Құбылаға қарай бас қойып, *Мінажат етіп Аллаға,* Сәждеге басын салады (Қыз Жібек).

Алла нәсіп етті. *Құдай бұйыртты.* Алла нәсіп айласа, Бір сұлу қызды аламын. *Алла нәсіп етпесе,* ендігі сөздің қысқасы, Меккеге таман барамын (Қыз Жібек). Сондай бір ақ дастарқанда ақ бата жасаған ақсақал тілегінің соңында «мынау отырған Нұржамалды туыстарымен жүздесуге *Алла нәсіп етсін*» деп бетін сипады («Қаз. әдеб.»).

Аманат етті. *Аманаттады, табыстады.* Кеше Алмасымыз пионерге өтем деп хабарлағанда оған баяғы өзім таққан әке галстугін *аманат еттім* (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Арқадан ауып, көрші қырғыздардың қолынан мерт болатын Кенесары астыртын *аманат етіп* жіберетін түріктің буыншық туы ендігі қазақ көшінің көсемі Құнанбай тәрізді ер азамат болуға тиістігін жорамалдайды («Егемен Қазақстан»).

Ант етті. *Серт берді, сендірді.* Мейлі, тоқтадым сенің қуәлігіңе. Сонда да, иманым кәміл болсын, *ант етші* осы сөзіңе! – дейді (Б.Аманшин, Көкжар). Ұстап бер жануарды бір мінейін, Қолымнан әл келгенше жіберейін. *Ант етіп* сол арада айтып едім, Әкем Бөрібай өлсе де не берейін (Батырлар жыры). Соғыс бітіп, біздің әулетімізден бас көтерер адамдар келгенше ойдағы ауылға жоламаймын деп *ант етті* (М.Дүзенов, Ақаже).

Аңыз етті. *Әңгіме қылып айтты, жырға айналдырды.* Баспақ бәрін де естіп білді, Миығынан күлді. Бұрынғыдай емес енді, Көрінгенді мүйізіне ілді. Оны әркім *аңыз етті* (С.Сейтенов, Бойжеткен.). Молам менің тұрсын жалғыз, Торабында осы жолдың. Өткен-кеткен *аңыз етер,* Не себепті жолда өлем (Қ.Аманжолов, Таңд.).

Ап-сап етті. *Тас-талқан етті, тып-типыл етті, жоқ қылды.* Ұлтайдың асығуының және бір себебі, нөкерлерін ертіп хан Мұғалжардан құлан аулауға кеткен. Ел қайта оралғанша, барлығын *ап-сап ету* керек еді (Қ.Жұмалиев, Шығ.).

Арам етті. *Жарамсыз етті, бұлдіріп қойды, бүтіндігін жойды.* Ертең кіріп келіп: «Сенің інің халал төсегімді *арам етті*, ақ некемді аяққа басты, аяулы өмірімді жер етті, тұрмы-

сымды қорлады, жұрт алдында көрге кіргізді», – десе, не деймін? Аға-жеңге алдында не деймін! (Х.Есенжанов, Шығ.).

Арқау етті. *Негіз, желі қылды.* Қарт ақын бұдан әрі облыстың озат комбайншылары, атақты еңбек ерлері Амангелді Исақовтың, Жансұлтан Демеевтің жан сүйсінерлік еңбектерін астық жырына *а р қ а у е т і п*, өлеңге қосады (С.Мәуленов, Шығ.).

Арман етті. *Қиялдады, аңсады, армандады. А р м а н е т п е*, жас күнің көп; Игілік көр, ерге бар! Бұл заманның қашқыны деп, Мен ғаріпті есіңе ал (Абай, Тол. жин.). Нұркен Совет Одағының атақты ұшқыштарының суреттеріне көзі талғанша қарап, өзі де солардай ұшқыш болуды *а р м а н е т е д і* екен (Ол күндер.). Қалқаман өзінің кедейлігін еске алып, ең жоқ дегенде тақымына басқан жақсы атының да болмағанын *а р м а н е т е д і* (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

Арс етті. а) *Кенеттен қарсы келіп, айбат шегу, тұра ұмтылу мағынасында айтылады.* Қасқыр бұған (Исаға) қарай *а р с е т і п* ұмтыла беріп, қиралаңдап, тәлтіректей басып еді (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Беттен алды, қарсы келді.* Әй, ант ұрып кеткен, бірдеме десе, *а р с е т е* түседі ғой (Қ.Қуанышбаев, Шығ.).

Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті. *Қаһарына мініп, апшысын қуырды, зәресін ұшырды, қатты қыспаққа алды.* Күреңбай *а с п а н д ы а л а қ а н д а й, ж е р д і т е б і н г і д е й е т к е н* қатал райынан қайтып, имантаразы қалпына келді (С.Омаров, Қайырлы жаз.). Оның себебін сұрай қалсаң, *а с п а н д ы а л а қ а н д а й, ж е р д і т е б і н г і д е й е т і п*, алуан түрлі дәлелдер айтып жатқаны (Береке бастауы). *А с п а н д ы а л а қ а н д а й, ж е р д і т е б і н г і д е й е т і п* тұрған қанипезер қоңыр жал бәрібір бұлқ етпей жатып алды (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Аузын сылп еткізді. *Әйел адамдардың бір нәрсені жақтырмағанда жасайтын ишараты.* Шатақ «балама берейінші» деп екі бүйректі алғанда, ішек-қарын аршып отырған әйел алара қарап, *а у з ы н* бір *с ы л п е т к і з д і* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Аяқасты етті. а) *Қорлады, қадірлемеді.* – Ақымақсың! – деді Естай күйіп кетіп. – Жиырма жылдан бері сен бағып келген екенсің ғой оны? Қорғансыз жетімді *а я қ а с т ы е т і п* кете беруге болады дейтін шығарсың? Олай ойласаң, қателесесің (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Жазықсыз жанға жала жауып, өзінің де таза арын *а я қ а с т ы е т і п* отыр («Лен. жас»). ә) *Ескерусіз қалдырды, елемеді.* Бұл қазақтың ескі әдетін *а я қ а с т ы е т к е н д і к* сияқтанды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Әдет етті. *Дағдыға айналдырды, әдеттенді.* Әрі-беріден соң кітапты өзі оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып айтып отыруды *ә д е т е т е* бастайды Абай (М.Әуезов, Әр жыл.). Не жаманшылық болса да бір *ә д е т е т с е*, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды (Абай, Тол. жин.).

Әмір [жарлық] етті. *Бұйырды, жарлық қылды.* Өшір үніңді, қарсыласпа! Бүгінше осы қақпастың айтқанын істейік,– деп, *ә м і р е т е* сыбырлады да, Ебейсін оны әй-шәйге қаратпай сыртқа сүйрей жөнелді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сол сәтте жаңа оралған алғы шептен Қалжыраған дәрігер айтты қысқа: – Достар, бізге комиссар *ә м і р е т т і*, Шықсын, – деп,– коммунистер қан соғысқа (Партия тур. өлең.). Майор жуан таяғын жоғары көтеріп, көпір аузындағы автоматчиктерге әлденендей *ә м і р е т е д і* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Сәт сағаты жеткенде, Көсем *ж а р л ы қ е т к е н д е*, Жаудың тілі байланар (Ақын жырлары).

Әңгіме етті. *Баяндады, айтты, жыр қылды.* «Ханға өтініш» деген тамаша өлеңінде ақын дихандардың адам жаны түршігерлік халін үлкен аныштық сезіммен *ә ң г і м е е т е д і* (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі). Нені білді тағы Евгений, Тауыса алмай *ә ң г і м е е т і п*. Неге болды шыны гений, Бар ғылымнан неге жетіп (І. Жансүгіров, Шығ.).

Әрекет [қарекет] етті. *Еңбек етті, амал-айла істеді, бостан-бос жүрмеді.* Осы кездесуден кейін жаңағы топ өз бетімен өздері бастаған сөздерін аяқтау жолында *ә р е к е т е т і с і п* жүрісті (М.Әуезов, Шығ.). *Ә р е к е т е т і п* көрдің бе өзің? («Қаз. әдеб.»). *Қ а р е к е т е т п е г е н* қателеспейді (Мақал).

Әсер етті. *Ықпалын тигізді.* Өз шешімімді дұрыс деп ұйғарғаным соншалық, айтылған сөздер де маған ол кездерде *ә с е р е т п е д і* (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім). Дәрілі өсімдіктерді *ә с е р е т е т і н* химиялық заттары толысып, әбден піскен кезінде жинайды (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). *Е т т і* ме *ә с е р* ағалық шақ, Кім бар оны білетін. Күлсе-дағы саған ұқсап, Саған ұқсап күлетін (С.Асанов, Ленин.).

Әуре етті. *Әлекке салды, әуреледі.* Қареке-ау, жаман сөзді айтпа бекер, Бұл мінезің өзіңді *ә у р е е т е р,* Осы арада қыз бермей сен тұрмассың, Қашып жүріп бірталай күнің өтер (Қозы Көрпеш.). Өзіңді сенгіштікпен *ә у р е е т п е,* Құмарпаз боп, мақтанды қуып кетпе. Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап, *Ә у р е е т е д і* ішіне қулық сақтап (Абай, Тол. жин.).

Баж ете қалды. *Қарсыласа кетті, қарсылық білдірді.* Жеңгелер *б а ж е т е қ а л д ы,* Кәрекен жуан дауыспен қарқылдай күлді де: «Жә,

онда қаймағың мен наныңды дайында, сүрден қалғаны бар ма еді?» – деді (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Жоқ, айта көрмеңіз ауруды, – деп, пациент *баж ете қалды,* – Сіз қате түсіндіңіз («Қаз әдеб.»).

Барын базар етті. *Қолдағы барға қанағат етті. Барымды базар етейін,* Өлшеулі өмір біткен күн, Нешеулердің жалғызын Жалынан тартып құлатқан (Б.Өтемісов, Өлеңд.). *Барымен базар етіп,* өстіп таза ұстауға болады ғой, – деді Жақыпбек. – Не қылар дейсің, осы қалпымызбен де сабақ беріп келгенбіз, – деді Батырбай (М.Иманжанов, Шығ.).

Басшылық етті. *Басқарды, жетекшілік қылды.* Бригада советіне директоры *басшылық етті* де, звено советіне тәрбиеші мұғалім *басшылық етті* («Халық мұғ.»). Соғыстан кейінгі кезде балық аулау ісіне *басшылық ету* жетілдіріле түсті, балықшы қолхоздар ірілендірілді, мемлекеттік аулаудың дербес базасы салынды (М.Тайыров, Балқаш.).

Баян етті. *Баяндады, жырлады, түсіндірді.* «Жақсылық ұзақ тұрмайды» деген өлең басынан ақырына шейін қоғамдық тілекке қадірлі, қасиетті адам болудың Абай ұғымындағы сипаттарын *баян етеді* (М.Әуезов, Әр жыл.) Албан, Дулат жиылып бата берсе, Кеңес айтып жырлайын *етіп баян* (Жамбыл, Шығ.).

Белгі етті. а) *Белгілеп қойды.* Сармолланы сәл ғана *белгі етіп* оқшаулап алды (М.Әуезов, Абай жолы). ә) *Аңғартты, білдірді.* Науқас Абайды самайынан, маңдайынан қоса иіскеп, сүйгендей *белгі етті* (М.Әуезов, Абай).

Бетке былш еткізді [бетіне былш еткізіп басты]. *Бетің бар, жүзің бар демей айтып салды.* –Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып көпке жайып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында *бетімізге былш еткізіп,* жарып айтқан жатты терге, – деді Құнанбай Сүйіндікке (М.Әуезов, Шығ.).

Беті бүлк [шылп] етпеді. *Ұялмады, шімірікпеді, бедірейіп тұрды, қысылып қиналмады.* Ол дайындау факультетінің студенті болғанда да, нашар студент еді, инженерлік факультетінің студентімін деп, *беті бүлк етпей* жалған сөзге барды («Лен. жас»). Ертеңгісін ойлай алмайтын, болашақтың бетін білмейтін парықсыз надандардың ғана халқы қырылып жатқанда *беті шылп етпейді* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Беті ду етті. *Ұялып қатты қысылды, бетінен оты шықты.* Жақып үндеген жоқ. Неге екенін кім білсін, «Сол жерде үйленетін болар» деген сөзді естігенде *беті ду ете* қалды (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Дәл төрдегісі – манағы шұбар халатты жігіт. *Бетім ду етті,* мені ол да танығаң сияқты (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Бетін айдай етті. *Қарабет қылды, жерге қаратты, кінәсін бетіне басып цялтты.* Абайдың өзі ғана емес, Оразбайдан елдің өшін аламыз. Бір өзі емес, оған құрық берген айыпкердің бәрін жазалаймыз, айып тарттырамыз, *бетін айдай етеміз* десті (М.Әуезов, Шығ.).

Бетіне салық етті. *Мінін, кемшілігін көзіне айтты, кінәлады, бетіне басты.* Күйеуім менің надандығымды, оқымағандығымды *бетіме салық етпеді,* – деп шыр-пыр болады Ақмарал (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Біз кез келген нәрсенің атын атап, түсін түстеп, *бетке салық етуге* дайын тұрамыз («Қаз. әдеб.»). – Бұндай қателік әрқайсымыздан табылады. Тек оны *бетке салық етпейік,* сабақ етейік, – деді секретарь (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бұлт етті. а) *Кенеттен бұрылды, күтпеген жерден бұрылды*. Жол «Победа» совхозы Социализм бөлімшесінің арғы басына шығып, көпірден өте *бұлт етіп* оңға бұрылды (О.Асанов, Жомарт.). ә) *Лып берді, бұлғаң етті.* Бірнеше соққыны тез жаудырып жіберді де, *бұлт етіп* қашақтап жөнелді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

Бұрқ еткізді. *Бір қайнатып алды.* Сонан кейін туралған ет пен салманы тұздықтың үстіне салып, бір *бұрқ еткізіп* қайнатып алады (Келіншектер).

Бұрқ етті. а) *Кенеттен шапшыды, атқылады.* Темір сүймен қарақұстан қайта тигенде, басынан қан *бұрқ етіп*, бетін жуып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Дұрқ ете түсті.* Сағит шешесіне де *бұрқ етіп,* тоң-торыс суық жауап айтты: – Тілеуің берсін, апа, кіріспе («Лен. жас»). б) *Кенет бір будақ боп көтерілді.* Анық хабарды сол әкелер деп тұрғанда көз ұшынан шаң *бұрқ етті* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Бүйрегі бұлк ете түсті. *Іші сезе қойды, сезіктенді.* Мырқалдың *бүйрегі бұлк ете түсті.* Көзінің астымен қақ төрде отырған Орловқа қарап еді, ол ұнатпаған кездегі әдетімен кең маңдайын сипап отыр екен (Ә.Әбішев, Шығ.).

Бүлк [былқ] етпеді. *Тырп етпеді, ешбір сезім білдірмеді, қарсылық білдірмеді.* Бәріне *бұлк етпей* отырған жалғыз Қакең ғана. Ой, жарықтықай, *бұлк етпейді*-ау, *бұлк етпейді.* Баяғы ауым-сауым болып солпиған қалпында былқ етпей отырады да қояды (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Бірақ он жыл бойы *бұлк етпеген* Тоқайдың арыз бере қоюы, қас пен көздің арасында қайқы ерін тоқалдың жоғалуы «Қызыл отаушылардан» екеніне жайлау елі күмәнсыз (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Алдағылар *былқ етпестен* қар мен мақтаға көміліп жатыр

(Б.Момышұлы, Майдан). Өзінен мықтырақ кісілердің ғана тілін алып дағдыланған бастық бала жігіттің өтінішіне *былқ етпейді* (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

Гүр [дүр] етті. а) *Қатқыл жуан дауыс шықты.* Тиме, жібер! – деген зор дауыс *гүр етті* сырт жағынан (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). ә) *Мәшине т.б. көліктің гүрілдеген дыбыс шығарды.* Шофер сөзін бітіргенде мәшине да *дүр етіп* тоқтай қалды (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Гүрс [дүрс, таңқ, тарс] етті. *Гүрсілдеген, дүрсілдеген, тарсылдаған қатты дыбыс шығарды.* Шәукеннің ойын мылтықтың *гүрс еткен* даусы бөлді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Дүрс еткен* зеңбірек үнінен кейін жұртың бәрі ентелеп, танкілер жаққа қарады (Ә.Нұршайықов, Махмет Қайырбаев). *Тарс еткен* дыбысқа бәрі жалт қарады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Әжіғали *таңқ еткен* мылтық даусына жалт қарап, серейген құнысты көрді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Гасылық етті. көне. *Асып-тастылық етті.* Кешіргей Алла пенденің *Гасылық еткен* қатесін (Қыз Жібек).

Гафу ет. *Кешір деп, кешірім сұрау. Гафу етіңіз,* ұлы дәрежелі генерал. Мен темекі тартпайтын едім, құрметіңізге көп рахмет! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Әуелі бақсы тірі Қорқыт ата, Тілеймін *гафу ет* деп, кетсе қата. Адам нанар Сүлеймен өткеннен соң, Мойныңа көп жамағат салған бата (С.Сейфуллин, Шығ.). Саламатсыздар ма, *гафу етіңіздер,* мына адамдарды жөнелтіп жіберейік, – деді директор (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Дабыра еткізбеді. *Жария қылмады, білдірмеді.* Ол елге *дабыра еткізбей,* бәрін ыңдыңсыз жарастырды (З.Жәкенов, Таң самалы).

Дабыра етті. *Жұртқа жарияланды, мәлімделді.* Үрмәш Қаракөздің халін сұрағысы келіп еді, ауылға *дабыра етіп* қайтемін деп ойлады (Ә.Әлішев, Батыр.).

Дат етті. *Айтып, жария етті.* Бір жырау өз руының ерлігін паш етсе, қарсы жырау сол рудың айтылған ерлігінің кемшілігін, қатесін *дат етеді* (І.Есенберлин, Шығ.).

Дәме етті. *Үміт артты, дәмеленді. Дәме ететін* ағайын көп, шырағым, өзімсінеді ғой. Бәріне жеткізе алмайсың (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үлкендерден *дәме етіп,* Аузы-басын пақ етіп. Бір отырып, бір тұрып, Ұлғайды келіп жарасы (С.Сейфуллин, Шығ.). Даладан *дәме есе* жау, Алармыз тағы алқымдап. Сайысар кезең келгенде, Сақылдап талай серт бердік (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Дәрмен етті. жер г. *Қуаттады, көмектесті.* Зеңбірекшілер асылып танкіге мінгенде, Баян Фроловты сүйемелдеп, тіктеліп отыруына *дәрмен етті* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Дегеніне бақыл еткізді. *Айтқанына көндірді, дегенін істетті.* Көнгісі келген руларды ақылмен көндірді, ал көнгісі келмегендерін қос шоқпарын бірдей сілтеп, қан-жоса етіп, күшпен *дегеніне бақыл еткізді* (І.Есенберлин, Шығ.).

Дос етті. *Дос қылды, дос көрді, дос санады. Дос еткен* еңбек сүйген әлем халқын, Тұрмыстың әділ болжап білген нарқын (С.Машақов, Отан үшін). Өмір деген өрге тартқан көш екен, Түзу көшсіз бүкіл тірлік бос екен. Балалық пен жігіттіктің арасын Мен өзімше бауыр басқан *дос етем* (К.Салықов, Жезкиік). Бойкүйезденіп үйқыны Бойыңа үйір *дос етпе* (Базар жырау, Шығ.).

Ду ете түсті. *Беті цяттан, ибалықтан алауланып, қызарып кетті.* Мағаш бірінші рет Әбішке сұрақ бергенде, жүзі де қайтадан *ду етті* (М.Әуезов, Шығ.).

Душар етті. *Бір бәлеге кездестірді, тап қылды.* Сіз бізді тіптен адам төзгісіз жағдайға *душар етіп* отырсыз (Б.Майлин, Шығ.). Гипертония бүкіл организмді әлсіретіп, адамның қызмет қабілетін кемітіп, кейде мүгедектікке де *душар етеді* (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Дұға етті. *Құран оқып, жақсы ниет білдірді.* Алған жарым, бұл дүниеден түзу өт, Мені ойласаң, Шаһизада, *дұға ет.* Бұл дүниеден қол көтерді жолдасың, Жолығарсың күні келсе қиямет (Ғ.Қайырбеков, Қостанай). Мұсылмандар, парыздарыңды мұқият өтеңдер, басшы болған азаматқа *дұға етіңдер* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Дұңк ете қалды. *Тез тарады, лезде жайылды (хабар, лақап туралы).* «Көкшетау жақты шауыпты» деген хабар келесі күні-ақ бүкіл Сарыарқаға *дұңк ете қалды* (І.Есенберлин, Шығ.).

Дұңк етті [еткізді]. *Күтпеген жерден айтып салды.* Галя өз ойымен алаң болып, қасындағы жігіттің сөзін де ден қойып тыңдамады. Кенет Бәшек түйеден түскендей: – Мен сені сүйемін, – деп *дұңк еткізді* (Т.Ахтанов, Шығ.).

Елең етті. *Құлағын тікті.* – Жолдас Марабайұлы Жандоскқа сөз беріледі, – деді Ералин. Жұрт *елең ете* түсті (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Еңбек етті. *Бейнеттенді, еңбек сіңірді, жұмыс істеді.* Құмырсқа *еңбек еттіі* ала жаздай, Шұбырып кіре тартып тобын жазбай. Шілдеде саршатамыз таңдай кепкен, Азығын таси берді азбай талмай (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Төлен үш шалдың біркелкі қимылына әрі қызыға, әрі таңдана қарайды. Тезірек ержетіп, үлкендердей *еңбек еткісі* келеді (Т.Мизамбеков, Ұзақ жаз).

Ерлік етті. *Ерлік көрсетті, жүректілік таныттты. Ерлік еттің* ел үшін, Орындап ізгі тілекті. Қаптаған қара дауылға Қарсы тостың жүректі (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Үстіндегі Қара тондай тоң керек, «Шүкір, қазір бұлар бізде мол», – дер ек, Қаймықпастан соққан мынау бораннан Жеткізетін *ерлік етін* кім дер ек? (Қ.Көптиев, Ақмарал.).

Ермек етті. *Алданыш қылып, уақыт өткізді.* Қол жазуды *ермек ет,* жатпа бекер. Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер. Өзі қисық, өзі асау тентек өмір, Арттағыға бір белгі қойса нетер? (Абай, Тол. жин.). Абай қызығып күліп *ермек етіп* отыр еді. Бір сәтте арт жағында тасырлатып салдыр-гүлдір асығып келе жатқан аяқ дыбыстарын естіді (М.Әуезов, Абай жолы).

Жар етті. *Өмірлік серік қылды, сүйіп қосылды, үйленді.* Тәңірі қосқан жар едің сен, *Жар ете* алмай кетіп ең. Ол кездерде бала едім мен, Аямасқа бекіп ең (Абай, Тол. жин.). Ақанның Ақтотыға көңілі біржола ауып, өмірлік *жар етуді* қалаған (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жарты малта ас етті. *Ауыз жарымас ауқат талшық болды; қиыншылық көріп, ашығып күн кешті.* Беттеген жауды үркіткен *Жарты малта ас еткен*, Қатын-бала жат еткен... (Н.Байғанин, Шығ.).

Жәрдем етті. *Көмек көрсетті, жәрдемдесті.* Жігіттер бір-бірлеп сыртқы киімдерін тастап, білектерін түріп, *жәрдем етпекші* болып арбаға жақындады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Жаратқан *жәрдем етпесе*, Өз өнері жетпесе, Тағы да қуып кетпесе, Сақа айғырдай арқырап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Біздің онда барып, оқуға түсуімізге себепші болған, *жәрдем еткен* Ғани еді (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев).

Желеу етті. *Жоқтан өзгені себеп қылды, сылтауратты.* Болмашы нәрсені *желеу етіп*, күшті ру басылар әлсіз рудың малдарын айдатып әкетіп, білсе «барымта», білмесе «сырымта» деп сіңіріп кететін болған (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Алтыбай да қызына бақылауды күшейтіп, бұрынғыдай ойын-тойды *желеу ететін*, бейсауыт жүрісіне тыйым салды (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

Желі етті. *Негіз, өзек, жүйе қылды.* Дина барлық күшін күй өзегіне арқау етіп, күйлі сазын соған *желі етіп* тартты (С.Бақбергенов, Шығ.)

Жер етті. *Қатты ұялтты; беделін түсіре, абыройсыз етті.* Жоқ, ұмытар мен емен, Ел жорасын *жер етіп*, Жаттан барып жөн сұрап, Жульетта деп сандалып, Шіркеуге шұлғыр мен емен! (М.Әуезов, Шығ.).

Жермен-жексен етті. *Тып-типыл қылды, жоқ қып жіберді, құртты.* Жеңген жауға жетуге, *Жермен-жексен етуге*, Жедел де жүйрік, жете бас, Желпілде қызыл байрағым (І.Жансүгіров, Шығ.). Созақты да, оның ежелгі қанаттас қаласы Құмкент, Саудакентті де, шоқша шаһар Баба-Атаны да Шыңғыс ханның зеңбірегі *жермен-жексен етіп* жіберген (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Жоқ етті. *Жойды, жоғалтты, көзін құртты.* Нұрсұлтанға сол күні екі танк жабылып еді, Нұрсұлтан екеуін де *жоқ етті* (Ғ.Мүсірепов, Ол күндер). Қалай да болса босатуға әрекет жасап көремін, ал қолымнан келмесе, жауды да, өзімді де *жоқ етемін* (Қ.Тұрсынқұлов, Алыса.).

Жұрдай етті. *Бәрінен мақрұм қылды, дым қалдырмады.* Табиғат деген бір адамның бойына бар сұлулықты береді, енді біреуді соның бәрінен *жұрдай етеді* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Оның алғашқы қимылы мені мейірімді ойдан *жұрдай етті*. Дядя Иван – бірден олай қимылдау өлтіріп жібергісі келгендердің әдісі дейтін (Қ.Әбдікадыров, Қажымұқан).

Жүрегі зу [су] етті. *Қатты қорқып қалды, үрейі ұшты.* Алға шығыңдар! – деп, қазақ приставы айғай салғанда, жігіттердің *жүректері зу ете* қалды («Қаз. әдеб.»). Тотия құлардың алдында ғана кітабын қолтықтап ауыз үйге шыққан Нұрперзент әкесінің ойбайын естіп, *жүрегі зу ете* қалды (Ш.Мұртазаев, Шығ.). Бір кезде ойыма манағы хат түсе кетіп, орнымнан ұшып тұрдым. Түсіріп алдым ба деген ой келіп, *жүрегім су ете* қалды (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Ойламаған жерден екі жандарм қыстаққа шауып келді. Оларды көргенде ауыл ақсақалының *жүрегі су ете* қалды («Қаз. әдеб.»).

Жыр етті. *Әңгіме етті, жырлады. Жыр ретем* асқақ биікті, *Жыр ретем* марал, киікті, *Жыр ретем* туған елімнің Жері мен гүлін сүйікті (С.Әлімқұлов, Қыран). Теңкиіп жатқан тас келбеті де аңыз *жыр еткендей* ұйықтап кеткен батыр бейнесі емес, жай ғана үйме екенін бірден ұқты (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

Жігерін құм етті. *Мысын құртты, тауы шағылатындай қылды.* Мынау оқиға оның от *жігерін құм еткендей*, ренжіс тудырды (М.Иманжанов, Менің махабб.). Жақыпбек сүрініп сәтсіздікке ұшырай қалса да, от *жігерін құм етпей*, қиындық селіне қарсы жүзер еді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Зар етті. а) *Жалынып-жалбарынды, жалына өтінді, зарланды. Зар етсе* бендесі, Бермей ме Алласы, Тән саулық қалқама, Қабыл боп көз жасы (Абай, Тол. жин.). ә) *Зәру қылды, мұқтаж етті.* Олар мұны білсе, бұл күніне *зар етеді* («Лен. жас»).

Зират етті. *Қайтыс болған адамның зиратына барып, бата оқыды, дұға қылды.* Дариядан артық ақылың, Төбең биік ғарыштан. Қартайғанда бір көріп, *З и р а т е т і п* қайтуға, Жамбыл келді алыстан (Жамбыл, Шығ.).

Зорлық етті. *Қысым жасады, күш көрсетті.* Қапыда өткен дүние-ай, Халқымның көрген қорлығы, Хандардың *е т к е н з о р л ы ғ ы* (Махамбет, Шығ.).

Зу [зу-зу] етті. *Зуылдады, зымырай жөнелді.* Қызыл балық өрлеп шығып алып, сол сәтінде жарқ беріп, шұғыл бұрылып, төмен қарай *з у е т і п*, құлай жөнелді (М.Әуезов, Шығ.). *З у-з у е т к е н* машиналар үстімізден өтіп жатыр («Қаз. әдеб.»).

Зыр етті [ете қалды]. а) *Азар да безер болды, бебеу қақты.* – Ойбай, атай көрме, қарағым, бүлдіресің! – деп Нұрке *з ы р е т е қ а л д ы* (С.Мұқанов, Шығ.). Сырбайға Рахмет өзінің күріштен мол өнім алу жөніндегі тәжірибесінен ауыл шаруашылық комиссариатының коллегиясында баяндама жасайтынын айтты. «Жүдә болмас ол», – деп, *з ы р е т е қ а л д ы* Сырбай (С.Мұқанов, Шығ.). ә) *Лезде, көзді ашып-жұмғанша жетіп келді.* Бір кезде артынан *з ы р е т і п*, жеңіл мәшине шыға қалды (С.Мұқанов, Шығ.).

Зырқ етті. а) *Қатты шаншып ауырды (көбінесе бас пен жүрекке қатысты айтылады).* Шүйдем тақтайға тоңқ етіп оңбай соғылды. *З ы р қ е т і п* миым аузыма құйылғандай болды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). ә) *Тұла бойы тұршігіп кетті, жағымсыз сезім пайда болды.* Осы келіннің қабағы жадырап бір күлгенін көрген емеспін... Сорандай есіктен кіріп келе жатқанда, жүрегім *з ы р қ е т е д і* (З.Шүкіров, Шығ.).

Кәнігі етті. *Қызықтырды, құмарландырды, құнықтырды; машықтандырды, әуестендірді.* «Жарып шыққан» арқылы Тайбөріні қызыл балықпен *к ә н і г і е т е т і н* теңіз – осы, мына алдымыздағы. Бұл теңіздің капитаны мына Яковлев, – деді Ниетқабыл (Ғ.Сланов, Шығ.).

Көздің жасын сел етті. *Ағыл-тегіл жылады, еңіреген етегі толды.* Ажал, аштық, жауыздық Даланы кезіп құйындай, *К ө з д і ң ж а с ы н е т т і с е л* (Жамбыл, Шығ.).

Күншілік етті. *Күндеді, іштарлық істеді.* Оны естіген патша санаттары *к ү н ш і л і к е т е д і* (Қаз. ертег.).

Күңк етті. *Жақтырмаған пиғылмен наразы сөз айтты.* Бәрін бүлдіріп жүрген осылардың өздері, – деп қысылып отырған Қарсақ бір *к ү ң к е т т і* де жым болды (Ә.Әбішев, Шығ.). Не қыласыз сөзіңізді қор қылып, бірдеңе түсінетін адам болса, оқуды тастап, біреудің есігін күзетіп отырар ма еді? – деп *к ү ң к е т т і* (М.Иманжанов, Шығ.).

Қабыл етті. *Қош көрді, жаратты, ұнатты.* Көп жасап, жаңа табыстарға жетуіңізге тілектеспін. Сәлемімді *қ а б ы л е т і ң і з* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Өзім шықтым сапарға, Сәлемдесіп қайтуға, *Қ а б ы л е т с е ң,* бауырым (Жамбыл, Шығ.).

Қайрат етті. *Қарсылық білдірді, айбат шекті.* Жылы менен суықтың бәрін көріп, Қайран көңіл қайыспай *қ а й р а т е т т і* (Абай, Тол. жин.).

Қалт [бір қалт] еткенде. *Уақыт болып, қол тигенде, мүмкіншілік болғанда.* Келесі *қ а л т е т к е н д е* қабырғасын қалап, үшінші ретте төбесін жауып берді («Қаз. әдеб.»). Сен бұл күдікті қой. Ертең бір *қ а л т е т к е н д е* Жәмимен сөйлес, не ойы бар екен (С.Омаров, Қайырлы жаз). Үздік-создық келуші, көңіл сұраушы көп, ес жиғызбайды. *Б і р қ а л т е т к е н д е* Бекет алдына үлкен альбом жайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Қалт етпеді. *Ешқандай қозғалмады, тыпыр етпеді.* Қарақ қақпай қабақты, Қайда келед қуған қол? *Қ а л т е т п е й* бақ жан-жақтан Жеткен жерде маған айт (М.Әуезов, Шығ.). Қазына жерді қақ жарып, Қойнынан алдың асылын *Қ а л т е т п е й* саған таңғалып, Қарап тұр осынау ғасырым (М.Мақатаев, Шығ.).

Қалт-құлт етіп. *Әзер деп, әупірімдеп.* Оған ауыз жарымас, Сондадағы ар қылмас. *Қ а л т-қ ұ л т е т і п* жүргені Қысы-жазы қарны аш (Жамбыл, Шығ.). Өстіп *қ а л т-қ ұ л т е т і п* жүріп жатқанымыз солардың арқасы, солардың қуанышы емес пе? («Қаз. әдеб.»).

Қалш-қалш [қалт-қалт] етті. *Қалтырап дірілдеді, дір-дір етті.* Не істерін де, не дерін де білмей, *қ а л ш-қ а л ш е т і п*, иегі-иегіне тимей жүр (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Қамалап айғырды ұстадық. Айғыр *қ а л ш-қ а л ш е т е д і* (С.Сейфуллин, Шығ.). Мен көрдім сынық қанат көбелекті, О да білер өмірді іздемекті. Күншуақта жылынар *қ а л т-қ а л т е т і п*, Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті (Абай, Тол. жин.).

Қанағат етті. *Нысап қылды, тәубесіне келді. Е т п е д і* ел сөзіне хан *қ а н а ғ а т,* Тапсырма басбасына берді аманат (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Жақсы көп сұрап, аз алса да *қ а н а ғ а т е т е д і* (Ғ.Сланов, Домбыра).

Қарсылық етті. *Тайталасты, дауласты, қарсыласты.* Егер біреу-міреу *қ а р с ы л ы қ е т с е,* дереу Халық комиссарлары Советіне қойыңыз (Қазақст. тарихы). Алғашқы күндердегідей емес, аяқ ілікken жерге табан тіреп, жиі-жиі жауға *қ а р с ы л ы қ е т е д і* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Қарық етті. *Молшылыққа белшесінен батырды, кенелтті, жарылқады.* Жанардың жанған

жалыны Жердің жүзін жарық етер, Жарылқар жалшы, жарлыны, Жаңа жұрт жасар *қ а р ы қ е т е р* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қауіп етті. *Қауіп қылды, қауіптенді, сақтанды.* Кірсе, лебіз – шықса жоқ, *Қ а у і п е т і қ д е р* өлімнен (Жамбыл, Тол.жин.). Пәрәміріз басына ұстап тұрды қалқан, *Қ а у і п е т і п* қала ма деп талқан-талқан (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Қит етсе. *Сәл-пәл нәрсеге бола, ешбір кінә таппаса да.* Мұрны тесілмеген қашаған сары тайлаққа көбірек шүйілігеді, көп түйенің ішінен осы тайлаққа құсы түсіп, көзінің қырын айырмай, *қ и т е т с е* ақырып қап, жағаласып болды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзгелері қарқ-қарқ күледі. *Қ и т е т с е* ыржалақ мінезге басады (Д.Досжанов, Шығ.).

Қолқа етті. *Қалады, сұрады.* Тоғжан бұдан жауап тілеп отырғандай. Айтпаса, одан айырылып, Абай өмірден де қол үзетін сияқты. Қарманып тағы ойлайды. Өлеңі...Тоғжаны *қ о л қ а е т к е н* өлеңі есіне түспей, тағы қинайды (М.Әуезов, Шығ.).

Қонақ етті. *Мейман қылып күтті.* Бір күні патша жиды балгерлерін, Қарсы алып, *қ о н а қ е т т і* келгендерін. Мен үшін ойлаңдар да, бал ашыңдар, Үш күнде хабарың бер көргендерің (Е.Бердин, Қанды асу). Өздері де қазақ достарын *қ о н а қ е т і п*, ағайын боп кеткен азаматтар (М.Дүзенов, Әке.).

Қор ете қалды [түсті]. *Тез үйықтап кетті.* Шамды сөндірмей, сығырайтып білтесін басып қойды. Кеш жатқан жұрт жастыққа басы тиертіместен *қ о р е т е қ а л д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Постқа баратын жігіттер ұйықтап қалды. Соның бірі – Жұмажан, ол шаршаса керек, *қ о р е т е т у с т і* (Ол күндер.).

Қор етті. *Бишара қылды, сорлатты, кемсітті.* Бұ дүниенің рақатының қайда екенін білмей, есіл өмірді ескерусіз босқа жарамсыз қылықпен *қ о р е т і п* өткіземіз (Абай, Тол. жин.). Алдағанын қайтесің ата-ананың, ренжісе, бермесін баталарын. Алғыс, қарғыс дегені, әншейін сөз, Тірі болса, *қ о р е т п е с* қосақ жарың (Б.Майлин, Шығ.).

Құбыжық етті. *Қорқынышты етті, шошытты.* Еврейді «жүйіт» қойып тентіретті, сарт, ноғай, қырғыз, хохол – *қ ұ б ы ж ы қ е т т і* (Жамбыл, Тол. жин.). Олар мектепті де, мұғалімдерді де халыққа *қ ұ б ы ж ы қ е т і п* көрсетуге бар өнерін салып бағуда (К.Сейдеханов, Түркістан.).

Құлағы елең етті. *Көңілі бөлініп, ынта қойып тыңдай қалды, құлақ тіге қойды.* – Садықов! – деді командир Осипов естілер-естілмес үнмен ғана. Әлімбайдың *қ ұ л а ғ ы е л е ң е т е* қалды (С.Сейітов, Майдан). Ержанның *қ ұ л а ғ ы е л е ң е т е қ а л д ы.* – Ол кім? – деді (А.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Құрбан етті. *Жанын пида қылды.* Қозы Баянның жолына өзінде бардың бәрін де *қ ұ р б а н е т е д і* (М.Әуезов, Әр жыл.). Ежелгі салтымен жүрегін майданның тірегі етіп, барын намыс жолына *қ ұ р б а н е т і п* отырған еліме қарап мақтанамын (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Құрмет етті. *Сый көрсетті, қадір тұтты.* Колхозшы, үлкен-кіші жылы жүзбен Қарсы алды қуанышпен *қ ұ р м е т е т і п* (О.Шипин, Ақын жыр.). Ата-анам жақсы көрген арқасында, Көрген жан баршасы да *қ ұ р м е т е т т і* (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы).

Қыбыр еткен жан жоқ. *Ешкім, жан баласы көрінбейді.* Колхоз деревнясы жым-жырт. *Қ ы б ы р е т к е н ж а н ж о қ* (М.Иманжанов, Шығ.). Қайнар қыстағы жым-жырт, бейсеует *қ ы б ы р е т к е н ж а н ж о қ* (Ж.Тілеков, Шығ.).

Қыбыр етпеді. а) *Қозғалмады, тапжылмай қалды.* Бұл не істер екен дегендей, бар ынталарын сала қараған оқушылар *қ ы б ы р е т п е й* қатып қалды (М.Иманжанов, Шығ.). ә) *Ешқандай әрекет жасамады.* Қара түнде қара баспаса, Ертісті арылы-берілі кезген қайықшыны қашан көрдің? Енді *қ ы б ы р е т е р* жайым жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

Қызмет етті. *Күтті, сый көрсетті.* Жерің алыс жете алмай, Мағаштан да мен сорлы. *Қ ы з м е т і ң д і е т е* алмай Қалмас едім сол құрлы (Абай, Тол. жин.). Отанға еңбек сіңіріп біттің, енді *қ ы з м е т е т п е с е ң* де болады деп кім үйретті саған (М.Иманжанов, Адам.).

Қызыл қырман [етті]. *Қырып салды, қызыл жоса қан қып кетті.* Алдияр олай болса, жаным құрбан, Бекетті мен ұстайын ханды қырған, Сен емес, менің дағы қас дұшпаным *Е т е й і н* барлық елім *қ ы з ы л қ ы р м а н* (М.Әуезов, Шығ.).

Қызыл шақа етті. *Тып-тықыр етіп жүнін жұлып, қырқып алды.* Гревки – Галиев жолдастың ешкіні қылшықтауға ұсынған, ешкіні *қ ы п-қ ы з ы л ш а қ а е т е т і н* темір тарақтары (С.Төлешов, Шығ.).

Қылп ете түсті. *Сезіктенді, секем алды.* Ақ сұр аттың үстіндегі жалпақ бет қара жігіттің жүрегі *қ ы л п е т е т у с т і* (С.Сейфуллин, Шығ.)

Қылп [қылт] еткізбеді. а) *Тап бастырмады, қозғалтпады.* Кете берейін десем, ит *қ ы л п е т к і з е р* емес (Ә.Әбішев, Шығ.). *Қ ы л т е т к і з б е й* бағып көр (Абай, Тол. жин.). ә) *Айнақатесіз, дәл тапты.* Есдәулетов бар сенімді сөзінің ішінде солқылдақ бір сөйлемді қоса қыстырғанын Карпов *қ ы л п е т к і з б е й* анық таныды (М.Әуезов, Шығ.).

Қылт еткізбес. *Сезімтал, аңдағыш.* Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар, *Қ ы л т е т к і з б е с* қылықты тамыршы озар (Абай, Тол. жин.).

Қылт етті. а) *Көзге шалынып қалды.* Құлаған аттың тасасына тығылып, Шалабай атыса берді, қуғыншылар өзекте, қашқын қырда, бірін-бірі төбесі *қылт етсе*, басып салады (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Бүгінгі жауыннан кейін әр үйде бір әйел босанғандай, бәрі Сыздық үйінің сыртындағы жазыққа жиналып, мәресәре болып тұрғанда, қора тасасынан Әбен *қылт ете* түсті (Ғ.Мұстафин, Шығ.). ә) *Араз бола салды; бұртиып бұрыла салды.* Қазақтың қайсысының бар санасы, *Қылт етерде* дәп-дайын бір жаласы (Абай, Тол. жин.). *Қылт етпеген* көңілдің көшуі жоқ, Жүрегінде жатады өкпе-сызы (Абай, Тол. жин.).

Қыңқ етпеді. *Тырп етпеді, төзді, үндемеді.* Кәлен отбасына тыныш, қатын-балаға кең, мейірбан кісі. Үйде отырғанда үстіне келі түйсең де, *қыңқ етпейді* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Лап етті. а) *Лезде тұтанды, жанды; бұрқ етті.* Құрап тұрған қамысқа сіріңкенің отын жел үрлеп қалғанда, жалын *лап ете* түсті (С.Мұқанов, Шығ.). ә) *Ашуы бұрқ ете түсті.* Жақыпбек *лап еткен* ашуын дереу кейінге сырып, аптықпай, алқынбай, байыппен сөйледі (М.Иманжанов, Шығ.).

Лып етті. а) *Тез қимылдады, көз ілеспей қозғалды.* Есік тез ашылды да, талдырмаш қара торы қыз *лып етіп* ішке кіріп, әлдекімнен жасырынғандай есікті жалп еткізіп жауып алды (Т.Ахтанов, Шығ.). ә) *Лезде екпін пайда болды. Лып етіп* лезде жел тұрды. Тұншықтырып келе жатқан қалың маса тым-тырағай жөнелді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Мазақ етті. *Келемеждеді, әжуа қылды.* Досмағамбеттің молдалығын Жамбыл халықты қанағыштық, құлқыны жамандыққа сайып, *мазақ етіп*, жерлеп кетеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Мына жұрттың айтып отырғаны да, бастарына көтере *мазақ етіп* отырғаны да сол бір сөз өнері, тапқыр шешендік (Ж.Саин, Жол үсті.).

Мақтан [мадақ, мақтаныш] етті. *Дәріптеді, мақтаныш қылды.* Енді ол бұрынғы ойын өзгертіп, баласы *мақтан ететін* жұмысқа еліктеп бара жатты (Б.Қожабеков, Көктөбе). Сыртың қоңыр болса да, Ішіңде *мақтан етерің.* Төбеңе бұлт қонса да, Жайма-шуақ етегің (С.Машақов, Сапарда). Мына жұрттың айтып отырғаны да, бастарына көтере *мадақ етіп* отырғаны да – сол бір сөз өнері, тапқыр шешендік (Ж.Саин, Жол үсті.). Қарайын мен де қайтып кеп, Сақтап қой, жыртып тастама. Сен де оқы солдат хаты деп, *мақтаныш етіп* басқаға (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Масқара етті. *Ұятқа қалдырды, масқаралады.* Барша балалардың алдында бетің бар, жүзің бар демей *масқара етеді*-ау (Ә.Қалдыбаев, Қос тентек). Ат жалын тартқыза, асауды үйреткізе жүріп, ер жеткізген ұлым емес пе еді, енді кеп бір қатынға қайраты жетпей, қарабет боп, ел-жұрттың алдында *масқара еткені* (М.Қожахметова, Күннің алтын.).

Мәжбүр етті. *Еріксіз көндірді, міндеттеді.* «Өлмек парыз, – деп айтар, – тумақ сүндет, Мойынға ораза, намаз дейді міндет». Алымдар орындауды *мәжбүр етер*, Адамға Мұхамбетке болған үмбет (Майлықожа, Өлеңд.). Оның қолаяғын матап, шіркеуге кіргізіп, Иссус Христосқа шоқынуға *мәжбүр етті* (І.Есенберлин, Қаһар).

Медеу етті. *Тірек қылды, сүйеніш етті, арқа тұтты, көңілге тоқ санады.* Оқытарсың молдаға оны, Үйретерсің әр нені. *Медеу етіп* ойы соны, Жаны тыныштық көрмеді (Абай, Тол. жин.). Мағрипа былтырғы маған айтқан жалғыз ауыз сөзіңді *медеу етіп* қалыпты ғой (М.Әуезов, Шығ.).

Мезі етті. *Ығыр қылды, ер қашты етті.* Түйсіксіз, міңгірмен оқылғандықтан, оның сабағы ішті пыстырып, Жақыпбекті де, балаларды да әбден зеріктіріп, *мезі етіп* жіберді (М.Иманжанов, Шығ.). Не керек, өзін әбден *мезі етті.* Сөзімен қашақтата, шапалақпен үркіте алмай мысы құрыды (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

Мекен етті. *Орнықты, тұрақты орын қылды.* Геодезистер қар кеткеннен бері түз аңындай дала кезіп, құлазыған осы бір меңіреу түкпірді *мекен етіп* жатқан еді (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Қара табасы биік мұнар кетпес, Сырласып бұлттармен болған кептес. Түрлі аңдар *мекен етіп*, өніп-өсіп, Жүреді бір-бірімен боп тілектес (Жамбыл, Шығ.).

Мерт етті. *Өлтірді, мерт қылды.* Жолбарыс таудың ішін еткен мекен, Бір нардың ботасын *мерт еткен* екен (А.Тоқмағамбетов, Шағалалы.). Мына Төлеутаев деген зымиян адам. Ол екеумізді де *мерт етеді* (М.Иманжанов, Шығ.).

Мүсәт етті. ж е р г. *Шыдам қылды, шыдады.* Аязды аязсынбай *мүсәтету* керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Мықтылық етті. *Күш көрсетті, кеуде қақты.* Сонда тұрып әскерлер: – Барамыз, – деді, – аттанып, Бәрі де *етіп мықтылық*, Тұрды солай мақтанып (Батырлар жыры). Құлағыңды салпаңдатып, *мықтылық еткеншe*, бір уақыт аяушылық білдірсеңші (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Мыңқ етпеді. *Жақ ашпады, мелшиді.* Бұрын *мыңқ етпейтін* салмақты жанның енді бір ауыз сөзді көтере алмай, аяқ астынан тулағанына Әліби іштей таңғалып отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Нұридің «тәуір-ақ отырған екенбіз» деуі Шәкірге «осымен аяқтайық» деген

құлаққағысы еді, бірақ Шәкір *мыңқетпеді* (М.Иманжанов, Таныс қыз).

Мырс етті. а) *Миығынан күлді, жымың етті.* Мен *мырс етіп* күліп жібердім де, баланы арқаға қақтым (С.Сейтхазин, Хадиша). ә) *Кекете күлді.* Сол құлынды бүгін олар жер ме екен, біз жер ме екенбіз өзі, – деп *мырс етіп* күліп қойды (М.Әуезов, Шығ.).

Нәсіп етті. *Бұйыртты.* Әзелде тәңірі оған *нәсіп еткен*, Тағдырды пәнде бар ма бұзып кеткен? Жесірін жатқа бермес намысы қатты, Табыннан құтыламын не себептен (М.Сералин, Шығ.).

Ниет етті. *Көңіл қойды, ықыласын аңғартты.* Енді *ниет еттіңіз* таһарат алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа (Абай, Тол. жин.). Мінеки Ғарун келді өз еліне Бастады көріп елін жан сүйсіне. Түбінен терезенің дауыс етті, Кіруге *ниет етіп* өз үйіне (Шәңгерей ақын, Шығ.).

Ойран етті. *Тас-талқанын шығарды, бүлдірді, күл-талқан етті.* Тарт, ордасын *ойран ет*, Тап еліңді, Аламан! Сен батырдан ұзама! (М.Әуезов, Шығ.). Қол қусырып, бәрібір бәріңді *ойран етер* көп дұшпаннан бір қасық қанын сұрасын. Әйтпесе, ғарап болады (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Олжа етті. *Пайда қылды, олжалады.* Көңілмен бірге қол жетер, Жұрт қажет мол жетер. Сусап тұрған бостанға, Білімдікті *олжа етер* (І.Жансүгіров, Шығ.). Алдымен келді ерлері, Ханнан бұрын жетсем деп, Жалпылдап шауып келеді Ат-тонын *олжа етсем* деп (Батырлар жыры).

Орнынан тұрғысыз етті. *Қатты ұялтты, масқара етті.* Егер қазір Садақ көзіне көрінсе, «үлкен» демей, «аға» демей айыбын бетке айтып, *орнынан тұрғызыз етердей* (Д.Әбілев, Шығ.).

Өлең етті. *Жырлады, баяндады, әңгімеледі.* Сал демеймін сөзіме ықыласыңды, қайғылы *өлең еттім* өз басымды. Көкірегім бар сырым өз әлінше Көрінгенге көрсетпей көп жасырды (Абай, Тол. жин.). Бақытты ел бас қосқанын *етіп өлең*, Лахути, парсыша сен жаздың сәлем (Жамбыл, Тол. жин.).

Өмірін сарып етті. *Жан аямай қызмет етті, өмірін арнады.* Туған жер! Туған жер! – деді Қуат бауырын төсеп жатқан күйі, – төс түйісіп ант етем саған. Сен үшін *өмірімді сарып етуге*, сені жұмаққа жеткізуге ант етем... (Ғ.Сланов, Шығ.).

Парық етті. *Бір нәрсені айыра, бағалай білді, жақсы-жаманды ажыратты.* Жаратқан өзі жар болса, Тәңірі берген жігіттің Өтеді күні мұратпен Ләззатын сөздің *парық етіп*, Түсініп тыңдар құлақпен (Б. Өтемісов, Шығ.).

Паш етті. *Әйгіледі, жариялады, білдірді.* Композиторлар тіршіліктің сұлулығын да, зұлымдығын да музыка тілінде сыр етіп, дыбыстың керемет құдіретін *паш еткен* (Ш.Сариев, Арайлы көктем). Бала едім бүгін, міне, жас әкемін, Сонда да сендерменен бәсекемін. Нұржаным өздеріңмен белдескенше, Ойлаймын, сырларыңды *паш етемін* (Б.Әбдіразақов, Жарық дүние).

Пәрмен етті. *Бұйырды, жарлық етті.* Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен, Құдайым дәрмен бол деп *етер пәрмен*. Бір малы шаруаның екеу болып, Қыстаудан ел шығады алуан-алуан (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Нөсер соғыс әлемге жетіп жатыр, Ақ патша жұртқа *пәрмен етіп* жатыр. Ол пәрменде санатқа қазақ кіріп, Шот, қорегі жылтыңдап кетіп жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Пірін жат етті. діни. *Әулиеге, пірге сиынды.* Естісең айтшы, қарағым, Ертелікеш уақытта, *Жат етемін пірімді* (Қыз Жібек).

Рақым етті. а) *Мейірі түсіп, жанашырлық етті.* Мен – жаралы жолбарыспын, Жұрттың атқан оғы өтіп. Сен есірке, сорлы жаспын, Шын өзіме *рақым етіп* (Абай, Тол. жин.). Көптен бері табалдырық аттамаған көршісінің *рақым етіп* елеп-есіркеп келгеніне ризалық танытты (М.Дүйсенов, Ант). ә) *Мархабат етті.* Құрметті Әміре, Кәмештің тойына *рақым етіңіз* (М.Тоқжігітов, Ән атасы).

Рұқсат етті. *Келісім берді. Рұқсат етсең*, әлеумет! Тынығып біраз көрейін. Дем алып тағы сөйлейін, Сөйлеттің неге демейін (Жамбыл, Туған елім.). Мінгесіп күрең атпен жүре алмаймын, Жабымен жау жолына кіре алмаймын. Онан да *рұқсат ет* маған, жаным, Қосылып сірә дәурен сүре алмайтын (Н. Ахметбеков, Жасауыл.).

Сабыр етті. *Шыдады, тағат қылды. Сабыр ет*, сен күйінетіндей әзір еш нәрсе болған жоқ,– деп, өзіме-өзім тоқтау салдым (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Ажал жетсе бола ма өлмесіне, Тағдырға амалы не көнбесіне. Жылапсықтап аяғы *сабыретті*, Өлінің көз жеткен соң келмесіне (Дастандар).

Сайран етті. *Қызық думанға батты, ойын-сауықпен жүрді.* Жігітке *сайран етіп* жүрген артық Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып. Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше, Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық (Біржан сал, Өленд.). Осылай әлденеше күндер өтті, Шілде боп, күннің ыссы кезі жетті. Аралар ойды, қырды, орман, тауды, Екі дос күн ыссыда *сайран етті* (А.Байтұрсынов, Ақ жол). Адамзат *сайран етер* көңілі жай, Секіріп ойын салар құлын мен тай. Қой маңырап, сиыр мөңіреп,

шат болады, Тасиды күркіресіп өзен мен сай (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

Сап [сарт] ете қалды. *Кенет, тосыннан, күтпеген жерден келді.* Қайдан келгенін білмеймін осы арада бір сары жігіт *сап ете қалды* («Лен. жас»). Әп-сәтте жедел жәрдемінің күймесі де *сап ете қалып*, жарақаттанған жігітті ала жөнелді (Ә.Сатыбалиев, Ақмарал). Оңшең бестен жауаптың *сап еткені*, Кенеттен бір қызыққа тап еткені: – Неше балаң бар? – деп ем, әуес көріп, Кідірмей, «бесеу» деген тақ еткені (Қ.Көпішев, Ақмарал). Күзгі қара суық күндердің бірінде Павловтың самолеті құлапты деген суық хабар құлағымызға *сарт ете қалды* (Майдан).

Сарп етті. *Бойындағы барлық күш-қуатын соған салды, сарқа жұмсады.* Зарлық он сегіз өлеңінің тобы Абайдың ақындыққа мол күшін *сарп етін*, бойындағы өнер-қуатын кең жайып, табанды еңбекке түгел берілгенін танытады (М.Әуезов, Әр жыл.). Шешең болса жесір болғалы сендерді асыраймын деп, көп жыл жас өмірін, бар өмірін *сарп етті*, – деді Әсел (М.Әуезов, Шығ.). Мен бұл жолға барымды саламын. Керек болса өмірімді *сарп етуге* де әзірмін, – деді Жақыпбек (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Сарсаң етті. *Әуреге салды, тентіретіп қойды.* Отбасында Қозыкем өзі сұм-ды, Шоқ теректі барды да мекен қылды. Мұндай *сарсаң ететін* білер болсам, Баяғыда-ақ қырмас па едім мұндар құлды (Қозы Көрпеш.). Бір күн туып анадан бесік көрсең, Өлген күні табытқа тиер арқаң. Бұл күнде дүниеге құмар болдың, Дүние әркімдерді *еткен сарсаң* (Майлықожа, Нақыл).

Сау етті [ете қалды, түсті]. а) *Бірден төгіліп кетті.* Қапты тіліп жібергенде, іші тола бидай *сау ете қалды* (Ауызекі). ә) *Тұтқиылдан топтанып жетіп келді.* Он тоғызыншы жылдың аяқ шенінде бір топ қызыл әскер біздің ауылға *сау ете қалды*. Ақтүйенің қарны жарылды, көктен тілегеніміз жерден табылды (С.Омаров, Қайырлы жаз). Кенет төңіректегі үйлерден естіліп тұрған кілемшілер тарағының тықылы ат тұяғының дүбіріне ұласып кетті. Сол-ақ екен лашыққа қару асынған бір топ жігіт *сау ете қалды* («Қаз. әдеб.»). Бастығы Мекеш болып, сайдың тасындай отыз жігіт *сау ете түсін*, Махамбет қатты састы (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, оншақты салт атты *сау ете түсті* (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). б) *Бұрқ ете түсті*. Жұдырығым мұрнына дәл тиіп, қан *сау ете қалды* (С.Алдабергенов, Асу). Найзабай қолындағы дәу кесемен қақ маңдайынан қойып жібергенде, қан *сау ете қалды* («Лен. жас»).

Сәуегейлік етті. *Әулиелік жасады, білгірсіді.* «Шыныңды айтшы, дәл осы жолғы жорамалым да теріс пе?» – деген Байсалға «Бұл жолы *сәуегейлік ететің*, – деді Бану (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

Селк етті. *Шошып қалды, тұршікті.* Танакөз де жиіркеншек-ақ болатын. Поселкаға ене бергенде майтұмсықтың бірі қорс етіп еді, ол *селк етті* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Селт етер. *Бір нәрсеге құлақ асатын, сөз түсінетін, есті.* Ауылдың *селт етерлері* түгел осында (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Күн сайын шалдың қасына ауылдың *селт етерлері* ергіштеп, қырғауыл ілген, қоян алған қармағының қызығын көреді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

Селт етпеді. *Ешбір белгі білінбеді, міз бақпады.* Ой, сабаз-ай, қанша айтсаң да бір *селт етпейді*, мелшиіп отыра береді (А.Тоқмағамбетов, Фельетон.). Көңілі *селт етпеді*, ішкі дүниесі құлазып қалды. Өзіме-өзім ыза болғаннан ба? Яки, бөтен бір себептен бе? Еш білмеймін, сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты (Абай, Тол. жин.). О, сұлуым, сылаң қағып өтпей-ақ қой алдымнан, Сен дегенде *селт етпейтін* жүрегім бар қалғыған (Ж.Қалиев, Армысың.).

Селт етті. *Сескенгеннен оқыс қозғалды, шошып кетті.* Күтпеген дауыстан оның денесі *селт етті* (С.Мұқанов, Аспаз). Райхан *селт етеді*, тітіркенеді. Көзін жұмып, бойы сіресіп, қыңыр қайратпен құшырланып қалғандай болады (М.Әуезов, Шығ.).

Серт етті. *Уәде берді, серттесті.* Обалы не керек, бірге болған жолдастары *серт етіп*, сөз бұзбады, айтқанын орындады («Қаз. әдеб.»). Айтары тұтқын жандарға, Әлхисса, татар жырлары, *Серт еткен* жігіт қанжарға, Батырлық жастық сырлары (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

Сөз етті. а) *Әңгімеледі, айтты, баяндады.* Әйтім әкесінің жуырда жаңа қайық сатып алғанын, сонымен өзеннің арғы бетіне жүзіп өтуге болатынын *сөз етті* (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). *Сөз еткелі* отырған «Гигант» колхозы осы дәрежеде десе боларлық (Р.Тоқтаров, Қырандар.). Мен бұл мақаладан көріп, сұрап, бағдарлап білгендеріміздің бәрін *сөз етпекші* емеспін және оларды бір мақаланың аясына сыйғызу да мүмкін емес («Халық мұғ.»). ә) *Өсектеді.* Жұрт екеуіңді *сөз етіп* жүр дейді ғой («Жұлдыз»).

Сылқ етті. *Есеңгіреп талып түсті, күрт құлады.* Хакім жерден топырақ алып барды, Бір уыстап сүйекке шаша салды. Ана басы *сылқ*

е т і п жерге түсіп, Сүйек басы жоғары шығып қалды (Абай, Тол. жин.).

Сылтау етті. *Болмашы нәрсені желеу қылды, сылтауратты.* Ауыр жұмыс кез болса, Араздығы сөз болса, Араз кісі болғансып, *С ы л т а у е т е р* бекер-ді (Абай, Тол. жин.). Салқындап отыруды *с ы л т а у е т і п* тысқа шықты (Б.Майлин, Шығ.).

Сып етті. *Жылп етті, лып берді.* Әлгі жігіт *с ы п е т і п* есіктен шықты да, жүгіре жөнелді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Қаны қашып кеткен Шалматай *с ы п е т і п* үйден шығып кетті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сідет етті. *Міндет қылды, сылтау етті.* «Қызды ұзақ ұстап көп сөйлесіпті» десе, әр нәрседен секем алып отырған Сыбан оны да бір *с і д е т е т у і* мүмкін (М.Әуезов, Шығ.).

Тағзым [тәжім] етті. *Бас иіп ізет білдірді, қошеметтеді.* Алдарынан екі жақта тұрған жасауылдау иіліп *т а ғ з ы м е т е д і* (М.Әуезов, Шығ.). Мініп ап Көкмойынды жүріп кеттім, Тәтиге түн ішінде келіп жеттім. Отырған мені тосып ханымымен, Ақпейіл ықыласына *т а ғ з ы м е т т і м* (Батырлар жыры). Отырған қырық шақты адам орындарынан дүрліге тұрып, бақсыға бас иіп *т ә ж і м е т т і* (С.Омаров, Қайырлы жаз).

Талақ етті. а) *Неке бұзып, жарынан безді, қайтып көрместей болып тастап кетті.* Ері *т а л а қ е т і п* тастаған соң, арада төрт ай, он күн өтпей бұрынғы ері қайтып ала алмайтын мишқаттың ғиддәт шартын көпе-көрнеу ескермеген еді (С.Жүнісов, Ақан сері). Ол да осал емес, Мариямның жолында үш баласы мен сүйген жары Күлзаданы *т а л а қ е т к е н* жігіт («Лен. жас»). ә) *Дүниеден, тіршіліктен безді. Т а л а қ е т і п* бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің. Кінәсі жоқ жас адамды Қатты соққан не еткенің (Абай, Тол. жин.). Атақ, мансап, байлықты *т а л а қ е т т і ң,* От жырыңды қылышқа балап өттің (Беташар).

Талап етті. а) *Міндеттеді, жүктеді.* Мамандардан өте оперативті басшылық етіп, шаруашылықты жүргізуде ынта-жігер көрсетіп отыруды *т а л а п е т е д і* (М.Әмірғалин, Биязы жүн.). Тағам өнімдері мен өнеркәсіп товарларын мұқтаж адамдардың арасында бірдей бөлуді *т а л а п е т т і* (Халық бақыты). Жұмысқа төселіп, өзіне тиістіні мінсіз орындауды *т а л а п е т т і* (Ж.Саин, Таңд. шығ.). ә) *Талпынды, ұмтылды.* Атағы талай жерге оның жетті, Жердің жүзін алуға *т а л а п е т т і.* Есепсіз әскер ертіп жарақтанып, Есіткен елдеріне жүріп кетті (Абай, Тол. жин.).

Талқан етті. а) *Қиратты, сындырды, быт-шыт қылды.* Біліп кеп тұрған лапкесін, Бұзып *т а л қ а н е т і п т і* Түк қалдырмай әммесін Үптепті де кетіпті (Абай, Тол. жин.). Қазір дәл осы шаттық сезім Жақсыбергеннің жүрегінде. Жалғыз өзі жүздеген тонналық шойынды алты оқпен *т а л қ а н е т т і* (Ә.Сәрсенбаев, Майдан). ә) *Қырып-жойды, жермен-жексен қылды. Т а л қ а н е т к е н* фашисті темір қолмен, Көсемім бастап өзі Армияны (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Жеңіспен тарихтан кең алдың орын, Ұмтылған *т а л қ а н е т і п* жаудың тобын (Ақын жыр.).

Талшық етті. *Аздап қорек қылды, үнем етті.* Азғана ауылдың қыс *т а л ш ы қ е т е т і н* иек астындағы болымсыз ши қорықтарына қой мен түйе, сиыр жайылып кеп, тұмсық салды (М.Әуезов, Шығ.). Ол үздік оқығаны үшін алатын үстемелі стипендиясын бір киер киіміне жұмсайды, ауысқанын тамағына *т а л ш ы қ е т е д і* (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

Тамам етті. *Бітірді, аяқтады, тамамдады.* Әуелбек тау-кен институтын *т а м а м е т к е н і н е* бір екі-ақ жыл болған жас маман (Ә.Көшімов, Лашын хикаясы). – Шырағым, қандай тәпсірлерді *т а м а м е т к е н* едің? Қазақтардың әптиекті, одан асса Құранды жаттап алған ұрпақтарын ғұлама деп санайтыны бар емес пе? (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

Тамаша етті. *Қызықтап қарады, сүйсінді, таңданды, таңырқады.* Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім Жібермей көп тоқтатар оның көзін. Жолаушы жол үстінде *т а м а ш а е т к е н,* Сықылды өткен жанның бір күмбезін (Абай, Тол. жин.). Ертең ортаға алып, *т а м а ш а е т і ң і з,* – деп Жаманды ас үйге жіберді (Қаз. ертег.).

Тап етті. *Кенеттен ұмтылды, бірден ұрынды. Т а п е т т і,* шап етті, Ап кетті қу түлкі: Ант ұрған, сол тұрған жеріңде бол күлкі (Абай, Тол. жин).

Тарту етті. *Сыйға берді.* Өлеңді кең жанындай Елге *т а р т у е т е р с і ң* (С.Мәуленов, Жасыл орман). Жеңіспен оралған қызыл әскерлерге қыздар гүл шоқтарын *т а р т у е т к е н* шақта мен де шойраландап, олардың ортасында жүрдім (А.Сатаев, Ақын.).

Тауап етті. а) *Құлшылық қылды, табынды.* Мұсылмандардың Меккеге барып тауап қылғанындай, Бенареске барлық Индияның діндар жандары әулие қала санап, *т а у а п е т і п* келеді (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Тағзым қылды, даңқына бас иді, қадір тұтты. Т а у а п е т і п* өзіңе, Кетуге келген көп халық, Көріседі осында (Жамбыл, Шығ.). Түрлі елдер өкілдері тәжік халқының данышпан шайыры Әбдірахман Жәмидің аруағына *т а у а п е т т і* (Р.Бердібаев, Шығ.).

Тәлкек етті. *Ажуа-әзілге салды; күлкі-мазаққа айналдырды.* Соңынан сұрап бақса, әдейі ажуалап, *т ә л к е к е т у* үшін жасаған қулығы екен (Т.Бердияров, Шығ.).

Тәрк етпеді. *Сыйлады, бағалады.* Ералы қарт адамның сый-құрметін *т ә р к е т п е й*, темекі орап тұтандырды («Лен. жас»). Ағайын бір-бірін осылай жақсы көреді. Мен олардың атамзаманнан қалыптасқан қазақы салт-дәстүр, жол-жоралғыны *т ә р к е т п е й*, жөн біліп, кісілік танытқандарына тәнті болдым («Жас Алаш»).

Тәрк етті. д і н и. *Дүниені талақ етті.* Он сегізде атандым шолақ дәу деп, Бұл дүниені ойлаймын шолақ-ау деп. Бұл дүниенің бар малын *т ә р к е т к е й м і н*, Ақыр бір күн артымда қалар-ау деп (Балуан Шолақ).

Тәубе етті. *Шүкіршілік қылды.* Іштен *т ә у б е е т е м і н* Көрінгенге жәй төбең. Сен болмасаң, не етемін, Сен болмасаң, қайтер ем? (С.Мәуленов, Шалқар). Ер Қозыкем аттанды *т ә у б е е т і п,* Шешесі оның жылар есен жет деп. Екі емшегін алдына тең шығарып, Тым болмаса мынаны еме кет деп (Қозы Көрпеш.).

Тоят етті. *Ләззатқа кенелді, мейір қандырды.* Мен бір сұңқар шүйілген, Сүйіктім сен бір жектейсің. Мейірімді қандырып, Түсіңнен *т о я т е т к е й с і ң* (М.Байзақов, Шығ.).

Төзім етті. *Өзін-өзі ұстап, сабыр тұтты.* Ер жүрегім, *е т п е й т ө з і м*, Өксіп-өксіп төгем жас, Бар ма екен ол, Қайда екен ол, Нендей түрде жүр екен (Б.Күлеев, Өлеңд.). Қара көзің, *Е т і п т ө з і м*, Қарағанды қандыра («Жалын»).

Тұл етті. *Жесір қалдырды, қорлады.* Тұлымдыны *т ұ л е т к е н* жауыз хан Алаша да соқыр күйші алдына бас иген (С. Бақбергенов, Күй).

Тыз етпе. а) *Ұзаққа бармайтын.* Алғашқы минуттарда *т ы з е т п е* шабуылмен ойынды бастаған қайраттықтар көп ұзамай қарқыннан тайды («Лен. жас»). ә) *Қызуқанды, ашушақ. Т ы з е т п е* ашушаң лейтенант Петуховтан қаншама көресіні көрдім (Т.Бердияров, Солдат.). Ғабдолланың болмашы нәрсеге қызып, қиқарланатынын білетін атасы «әй, тым *т ы з е т п е с і ң*-ау» дейтін ішінен (М.Дүйсенов, Мейман.).

Тыз етті [ете қалды]. а) *Тызылдап ауырды, дуылдады.* Ол қолындағы екінші гранатын лақтырысымен, жауырыны *т ы з е т к е н д е й* болды (С.Сейітов, Сөз сұра.). ә) *Шамданып, тез ашу шақыра қойды.* Жарылқасын айтылған сын-ескертпеге реніш білдіріп, *т ы з е т е қ а л д ы* («Жұлдыз»).

Тырп [тыпыр] етпеді. *Орнынан қозғалмады.* – Өзгесін біле алмадым, өзімді алты атары қолында бір орыс *т ы р п е т с е ң* атамын деп, кеудеме тіреп жылқыдан оқшау ұстап тұрды, – деді қойшы (Қ.Тайшықов, Октябрь.). Ал төртпақ қара *т ы р п е т п е г е н* қалпында бөлме ішін көзімен шолып шықты («Қаз. әдеб.»). Ажалдың оғы тиген соң, *т ы п ы р е т п е й* қабылан өліпті (Алпамыс).

Тілге тиек етті [тіліне тиек, сөзіне тірек етті]. *Аузына ала сөйледі, сөзіне сүйеніш, ойына таяныш жасады.* Демек, Сүлеймен төренің тек *т і л г е т и е к е т к е н і* болмаса, одан күтерлік ештеңе қалмағанын, оның өткендегі үлгі бастықтардың күңгірт көлеңкесі ғана екенін қарт жырау жақсы түсінеді (А.Дүйсенбаев, Шығ.). Жырау Барақпен Кеңесбайға мінтағып шенегенде *т і л і н е т и е к, с ө з і н е т і р е к е т е т і н і*: сендердің арғы аталарың дегдар еді, олардың кезінде заман да түзу, заң да әділ, сондықтан адамгершілік те мол болатын-ды, ал мынау азған шақта сендерде енді не қасиет қалды, құрып болдыңдар ғой деген тәрізді бірыңғай қорытындыға келеді (А.Дүйсенбаев, Шығ.). Бір кездерде *т і л г е т и е к е т е т і н* бірлі-жарым заңдар болған («Лен. жас»). Біздің *т і л г е т и е к е т к е л і* отырғанымыз – осы мәдениет үйінде жүргізіліп жатқан жақсы да жанданған істер («Соц. Қаз.»).

Тілек етті. *Арман-мұддесін білдірді, өтінді.* Қақпаға жапсырған жарнаманы халайық оқып бер деп *т і л е к е т к е с і н* оқып бердім (Х.Есенжанов, Шығ.). Көп сақиналы, үлкен білезікті аппақ қолын сәл көтере түсіп, жігітке сыпайы *т і л е к е т т і* (М.Әуезов, Абай жолы).

Тіршілік етті. *Өмір сүрді, күн көрді.* Бір рет ер боп өлмейді, *Т і р ш і л і к е т к е н* мың қарға. Төртінші мезгіл келмейді Ажалы сұлу сұңқарға (Ө.Нұрғалиев, Ақ нөсер). Ешкім тимей тыныштықта *т і р ш і л і к е т к е н* құстар мұхиттың балығымен күнелткен (Н.Нұрахметов, Дархан хим.).

Тіске сыздық етті. *Үнемдеді, тіс тиерлік алданыш етті.* Тек бұрын ауыл адамдары қыстың беті қалай бұрылады деп, сатып алған азын-аулақ астығын кебеже, абдыраға тыққыштап, кәрі-құртаң малды *т і с к е с ы з д ы қ е т і п*, қалтырап отырушы еді (А.Нұрманов, Шығ.).

Тірі еткенді құр етпеді. д і н и. *Жан бергенді құр тастамады, ризығын берді.* Қолыма қалам алып салдым нұсқа, Жайылар жария сөз бөтен нұсқа. *Т і р і е т к е н д і қ ұ р е т п е н* деген Алла, Өзі нәсіп береді ұшқан құсқа (Мұңлық-Зарлық).

Уәде [уағда] етті. *Уәде берді.* Алла хақы деген соң амал да жоқ, Барайын деп *у ә д е е т і п* қол қағысты (Абай, Тол. жин.). Табандылыққа келсеңіз, таптырмайтын халық! *У ә д е, у а ғ д а е т т і* ме, бітті, орындап шығады, – деп, Ушаков кесіп жауап берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Күнінде *у а ғ д а е т к е н* қалқа жанның Жетуге ынтызар боп жүрген қандай! Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп, Жүгіртіп сайлау жермен келген қандай! (Ақан сері, Шығ.).

Үміт етті. *Дәмеленді, үміттенді.* Абай халқының ортасындағы өзі *үміт еткен* жас талапкер тобына дұрыс жол нұсқап отырады (М.Әуезов, Әр жыл.). *Үміт еттің,* көреген жаныңмен сен, Алады деп ел қазақ барым берсем. Ала алмады ол, алуға амалы жоқ, Жасыңды да ұқпады зар еңіреген (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.).

Хабар етті. *Мәлімдеді, жеткізіп айтты.* Бастық осы ауылға соға кетпекші екен, мені көрген соң, сізге *хабар ет* деп, кідірмей жүріп кетті (М.Дүйсенов, Мейман.). «Тыңда!» деп радио *хабар етті,* Ұйқы ашылды, оятты, ойды өрлетті (Ақын жырлары).

Шабалаң етті. *Шыжбыңдады, шаптығып қарсы сөз сөйледі.* Ей, ана үзілген қамытыңды бері әкел, – деді. Жолақ бешпентті әйел *шабалаң ете* түсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Шағым етті. *Арыз айтты.* Берешек адам қарызынан бас тартса, оның туыстарына, ал ең соңында сол рудың ақсақалдарына *шағым етеді* (М.Елеусізов, Экономия). Бар дүниеге *шағым етті.* Күндердің бір күні жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға арыз айтады (Фразеол. сөздік.).

Шақ етті. *Бұрқ етіп беттен алды, қарсы сөйледі.* Құман жатыр күл болып домаланып, *Шақ ете*р қайда десең, айқай салып. Құйғаны ақшыл шама құманына, Шаймен дәрет аласың тазаланып (Б.Өтетілеуов, Шығ.). – Е, соның күйігі саған түсті ме! – деп Татен *шақ ете* түсті (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Шап етті. *Бір сөзге келмей тыз етіп ашуланды; тап берді.* – Ой, тілеуің құрысын, өл де маған... Секеңдеген албасты, – деп Мақпал жағаласып кеп *шап етіп*, лақтың мықынынан ұстай алды (М.Әуезов, Шығ.) Жауынбаев жолдас сөзіне жауап беретін болар, – деді Мамырәлі. Батырбай оған тағы да *шап етті* (М.Иманжанов, Шығ.).

Шар етті [ете қалды]. а) *Жағымсыз үнмен қатты дауыстап жіберді.* Ол жылан шаққандай *шар етті* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Кенеттен қатты дауыстап жылады.* – Иә, папаң өліпті, шырағым,– дегенде, бала *шар ете қалды.* Жалма-жан құшақтай алып, бауырыма қыстым (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). – Еламан! – деп, есі шыға бір шыңғырды да, Ақбала құлап түсті. Дәл осы сәтте *шар ете қалған* жас шарананың даусы естілді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Шөп етті. *Тез сүйіп алды.* Жұрт қолқалап «ащылап», *Шөп етті* ерін ерінге. Қайран, шіркін жастық шақ, Ләззат-назың керім де (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.).

Шүкірлік [шүкіршілік] етті. *Тәубе қылды, ризалық білдірді.* Кейбірінің өткен істері естеріне түсіп, тірі тұрғандарына да *шүкірлік еткендей* (К.Оразалин, Жексен). Жыламаңыз, ана, *шүкірлік етіңіз,* Қайратыңыз жігіт болыпты (Ж.Еділбаев, Буырқан.). Тағдырдың мұнысына да *шүкіршілік ет,* осыған да қол жеткізе алмай жүрген пақырлар толып жатыр (Д.Досжанов, Дария). Сіңлім, жаныңның қалғанына *шүкіршілік ет* (А.Әлсеров, Ауыл.).

Шыр етті [ете қалды]. а) *Оқыстан қатты дыбыс шығарды.* Сонда ғана Иманның жан даусы *шыр етті* (Ә.Әбішев, Найзағай). Нақ осындай шат-шадыман жағдайды *шыр еткен* телефон бұзып жіберді (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). ә) *Біреудің арасына түсті, қорғаштады.* Бір-біріне жаны ашып, *шыр ете қалады* (Ә.Нұрмаханова, Ұлбала).

Шыр етіп дүниеге келді. *Жарық дүниеге, өмірге келді, туылды. Шыр етіп дүниеге келген,* өмірге көз ашқан алтын босаға адамға қандай қымбат! (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.). Ал семьяның ең кішісі Ұлмекеннің *шыр етіп дүниеге келгеніне* сегіз ай болған. Міне, әке-шешесінен қысы-жазы айырылмай, таутасты бірге аралайтын тек емізулі Ұлмекен ғана (Дала қырандары).

Шыр етіп жерге түскеннен [түскелі]. *Көз ашып жарық дүниеге, өмірге келгеннен. Шыр етіп жерге түскеннен* бар өмірі қалада өткен екі қыздың бұл сапарға аттануы жеңілге соқпады («Лен. жас»). *Шыр етіп жерге түскелі,* Артық еді қылығың. Иіскесем мейір қандырған, Шекерден тәтті шырыным (О.Шипин, Екі дастан).

Шырт еткізді. *Шыртылдаған дыбыс шығарды.* Қанат фотоаппаратын бірнеше рет *шырт еткізді* (Ө.Күмісбаев, Ауыл.).

Шырт етті. *Шыртылдаған дыбыс шықты, сынды, қақ бөлінді.* Шыны *шырт етті* де қақ бөлінді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Шыр-шыр етті. *Баж-баж етіп жылады; шарылдап қолды-аяққа тұрмады.* Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала, дәл бір от басып алғандай *шыр-шыр етеді* (М.Әуезов, Шығ.). Өксіп жасын төкті-ары. Папа, – дейді *шыр-шыр етіп.* Түсіне енген әкесі ме? Тағы қайта ұйықтап кетті (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.). Әлсіз аяқтары сырғанақтап, сүріне құлап, «Аяшы! Атпашы!» деп жалынғандай *шыр-шыр етті* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Ығыр етті. *Мазасын алды, берекесін кетірді, мезі қылды.* Теріскей жақтан үздіксіз соққан ызғырық, сыртта жүрген малшылар тұрсын, қырдағы жұртты түгелдей *ығыр еткен-ді* («Лен. жас»). Күнде келіп, *ығыр етіп* жатқан жоқсыздар, өздеріңіздің дегендеріңіз болсын, – деді келіншек (Ә.Ибрагимов, Ақпейіл).

Ықпал етті. *Әсерін тигізді, себепкер болды.* Азияны үздік зерттеушілердің бірі, орыстың өте көрнекті ғалымы, академик П.П. Семенов-Тяньшанскиймен танысу Шоқанның ғылыми қызметін өрістетуіне өте зор *ықпал етті* (М.Елеусізов, Экономия.). Біріне-бірі *ықпал етпеген* ақын, жазушы кемде-кем болар (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Ынтызар етті. *Құмарттырды, ынтықтырды.* Бәтестей қызды бірден *ынтызар етер* қылық актер бойында тым аз екен («Қаз. әдеб.»).

Ыңқ етпеді. а) *Сыр білдірмеді, мінез көрсетпеді.* Кәлен – от басына тыныш, қатынбалаға кең, мейірбан кісі. Үйде отырғанда үстіне келі түйсең де *ыңқ етпейді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Қабақ шытпады, ауырсынбады.* Көңілді ықыласпенен хаққа қойып, Міну шарт тәуекелдің кемесіне. Кей сабаз тәуекелге бел байласа, Оқ тисе де *ыңқ етпес* денесіне (Ақан сері, Өлеңд.).

Ізет етті. *Ибалық жасап, әдеп сақтады, құрмет білдірді.* Қуанып Апрасият бұған өте, Жаздады өз-өзінен ұшып кете. Ол (Сартақ) болса, ордаға алып келіңдер, – деді, – Қалмастан қарсы барып *ізет ете* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕТАСЫМ: етасым уақыт. э т н. *Асқан ет пісетіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем.* Олар сұр қасқаны ұстай алмай *етасым уақыт* әуре болды (І.Жансүгіров, Шығ.). Тамыр, ана кеткен сенің ағайындарың енді бір *етасым уақытта* Ащының сағасына жететін жайы бар (Х.Есенжанов, Тар кезең). Шай қайнатым немесе *етасым уақыт* деуге болар еді (Т.Әлімқұлов, Сейтек сарыны). Бала жыланның уытына уланыңқырап, *етпісірім уақыт* талып жатты (Қаз. ертег.). Базаралы бір *етасым уақыт* жалғыз алысқанда, он жігіттің бесеуін найзалап, қалған бесеуін жаралы, ызалы жолбарыстан қашқан қорқақ иттей қып қуып, айдап тастады (М.Әуезов, Шығ.).

ЕТБЕТТЕ= е т. с ө й л. ***Етпетте***. Абай мына Күшікбай бұлағының мөлдір суынан *етбеттеп* жата қалып, мейірі қанғанша ұрттаған болу керек (Х.Ерғалиев, Шындық.). Нарәли қашқан күні Ғалия түнімен көз ілмейді, жынданған адамдай бөлме ішінде әрлі-берлі жүріп алады, ертеңіне кешке дейін *етбеттеп* жатып жылайды (Ә.Тарази, Басынан.). Маймақ анасының соңынан еремін деп *етбеттей* ұмтылып, тоңқалаң аса құлап, қиналып қалып жүрді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЕТБЕТІНЕН ү с т. с ө й л. ***Етпетінен***. Ғабдолла *етбетінен* жатып, қалың кітапты қақ жарып ашып әндете оқиды (М.Дүйсенов, Мейман). Бәрінен бұрын жеткен Жалғас мылтығын жерге атып ұрып, *етбетінен* жатқан Жомартты аударып алды (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле). Одан әрі қарауға шамасы жетпегендей Таңатар терезеден кері шегініп, іргедегі төрт қабат текемет үстіне *етбетінен* құлай кетті (Ә.Әзиев, Жез тау.).

Етбетінен түсті. *Бетін жерге қарата сұлап түсті, сұлап жатты.* Өз үйінің суық еденін құшақтап, Құлахмет ағай *етбетінен түсіп* жатыр екен. Мен кіріп келгенде орнынан атып тұрды (Қ.Исабеков, Қара шаңырақ). «Сонсоң жаныңнан безгенің келе бер» дегендей, *етбетінен түсіп*, көзінен от шаша күрілдеп жатыр көкжал (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Бозінген боздаған бойы ботасына жете бере *етбетінен түсті*, ботасын аймалайды да боздайды, боздайды да аймалайды (Ә.Әбішев, Шығ.).

ЕТБИДАЙ з а т. к ә с. *Бидайдың дәні қата бастаған кезі.* Қазір *етбидай* екен, Құдай қаласа бір аптадан кейін егін ора бастаймыз (Ауызекі).

ЕТЕЙ= е т. *Ет алу, қоңаю, толу, семіру.* Самаурынды жеп-жеңіл көтеріп, ауызғы бөлмеге бет түзеген Мұқасинаның қаз төсі қайқиып, *етейген*, шара табақтай бөксесі бұраңдап барады (М.Сүндетов, Қызыл ай). Ақ тайлақ тойынып, *етейе* бастаған кезде Мырзағали да мал соңынан жүгіруді қойып, ертеңгі-кеш далаға шығарып сап, күтіп алып жүрді (С.Санбаев, Аруана). Көк шөп жеген малдың тез тойынып, жылдам *етейетіні* де витаминге байланысты (Тарту).

ЕТЕЙТ= е т. *Ет алдырту, қоңдандыру, семірту.* Бұл заттар өте сіңімді болғандықтан, малдың денсаулығын жақсартумен қатар *етейтін*, сүбейту де қажет (Қ.Құсайынов, Жүгері.). Алыс жерден еті оңдап келген Ақ қасқаның қыстығүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп, *етейтін*, баптап қайырып жүрді (М.Әуезов, Қараш.).

ЕТЕЙТУ *Етейт етістігінің қимыл атауы; семірту.* Сабан қосылып әзірленген жүгері сүрлемінің малды *етейтуге*, сүбейтуге жақсы әсері бар (Қ.Құсайынов, Жүгері.).

ЕТЕК з а т. **1.** *Киімнің төменгі жақ шеті.* Айдай мен Нұрперзент аяқ киімдерін шешіп, суды тізеден кешіп өтті. Айдай көк сәнді көйлегінің *етегін* түріңкіреп алды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Әдетте тоқылатын заттар *етегінен* жағасына қарай, қонышынан басына қарай тоқылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Қара кемпір көйлегінің шұбатылған *етегін* жинап, есікті шалқайта ашып, табалдырықтан сүріне жаздап аттады (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Қаратаудан кей Бәдік асып кеткен, Жігіттерден үрейі қашып кеткен. *Етегіне* бір табақ топырақ салып, Көрген қыздың көзіне шашып кеткен (Айтыс). **2.** *Тау, өзен*

сияқты әртүрлі табиғи құбылыстардың төменгі жағы. Теріскей Алатаудың үстірті – жайлау, қапталы – қалың қарағай, *е т е г і* – толы егін, сол байлықтың бірінің қожасы Нұрлан (Б.Қожабеков, Көктөбе). Сұлусары тік түскен жардың *е т е г і н е* жағалай өскен топ-топ шеңгелге айнала күлімдей қарады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** а у ы с. *Төрге қарама-қарсы жақ, төмендеу жер.* Жігіт бірден төрге ұмтылмай, *е т е к т е н,* дастарқан шетінен орын алды (М.Рүстемов, Нартай).

Ақ етек. *Адал кісі, арамдығы жоқ жан.* – Ұлық пен төре алдында *а қ е т е к* ишан бола қалуын. Сені түнде, ел жатқаннан былай қарай көрер ме еді... Көлдің ортасына кіріп, қотаннан қой алып қашатын өгіз мойын көкжалдың нағыз өзі болар едің ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Екі етегін түрінді. а) *Бел шешіп кірісті, білегін сыбанды.* ә) *Жолға түсті.* Бізден бұрын өтіпті, *Екі е т е г і н т ү р і н і п,* Әулие іздеп жүргенде, Ақ деген құлдар еңіреніп (Б. Өтемісов, Өлеңд.).

Ес біліп [жиып], етегін жапты. а) *Есейіп ер жетті.* Ол өзі *е с б і л і п, е т е к ж а п қ а л ы* дәл бұлай егіліп жылап көрген жоқ-ты («Лен. жас»). ә) *Ел қатарына қосылды, адам болды.* Міне, *е с ж и ы п, е т е к ж а б ы л ғ а н* бақытты дәуір осылай келді (К.Әзірбаев, Аңыздар.). Балсары байғұс таептеп *е с і н ж и ы п, е т е г і н ж а у ы п,* еңсесін тіктеп келе жатқандай болатын (Н.Сералин, Қаңтар).

Есің барда етегің жап. *Ойлан, өзіңе-өзің сақ бол деген мағынада.* Әлі де болса кеш емес, кемкетігін бітесін дейміз, *е с і ң б а р д а е т е г і ң ж а п,* өзіңе лайықты орын тап дейміз (С.Төлешев, Түрлі бас.).

Етегі ашылды. а) *Абыйыры көрінді.* ә) *Күлкі болды, ұятқа қалды. А ш ы л ғ а н е т е к* жабылмай, Біріне-бірі сеніспей, Кешірім жасап келіспей, Бет-бетімен ел кетті (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Етегі елпі, жеңі желпі. а) *Қауіп-қатерді ойламайтын, бейғам.* Аумалы-төкпелі заманның өзі әкелген жаңаша үрдісі ме, әйтеуір соңғы кездері *е т е г і е л п і, ж е ң і ж е л п і,* бейғам жатқан бұл елге де бұрын естіп- көрмеген үрдістер келе бастапты (К.Сегізбаев, Беласқан). ә) *Жеңіл-желпі киінген. Е т е г і ң е л п і, ж е ң і ң ж е л п і* жүре беретін жаз болса бір сәрі (Ф.Оңғарсынова, Биіктік).

Етегі қанамады. *Бала көтермеді, перзенті болмады.* Маржан бір рет көтерді де, қазан асып жүргенде ошақтың бұтына оратылған жыланнан қорқып, түсік тастады. Содан қайтып *е т е г і қ а н а м а д ы* (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ұлдайдың *е т е г і қ а н а м а ғ а н* кісі (Қ.Жұмалиев, Шығ.).

Етегін ашпаған. *Күйеуінің көзіне шөп салмаған, ешкімнен көңілдес болмаған.* Адалдықтан аспаған, Жамандық іске баспаған. Өз ерінен басқаға *Е т е г і н* сірә *а ш п а ғ а н* (Манас).

Етегін [көтін] ашып күлді. қ а р а п. *Масқара қылды, мазақ етіп күлді. Е т е г і н а ш ы п* кім *к ү л м е с* Азғындаған шағыңа? Алдыңа келсе жүгініп, Қарамай қара, ағына, Адалды сатып параға, Болыстың арам жағына (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Етегін басты. *Асып-састы, абдырап қалды, шөгіп отырып қалды.* Ер пайдасы тиеді сасқан жерде, Ел жаңылып, *е т е г і н б а с қ а н* кезде. Жаманға жазатайым ісің түссе, Жабысып қалады екен аспан жерге (Ақан сері, Шығ.).

Етегіне жармасты. *Біреумен лажсыз көңіл қосты, еріксіз тұрмысқа шықты.* Қара қағазын қолына ұстап әбден күдер үзген соң, жетім бала, жесір қатын не оңамыз, біреудің *е т е г і н е ж а р м а с а й ы н* деп те лоблыды (А.Нұрманов, Аққу.).

Етегінен айырылмады. *Соңынан қалмады, жабысып алды.* Енді мына Достановтың *е т е г і н е н а й ы р ы л м а ң ы з д а р,* – деді Сапар (Т.Ахтанов, Шығ.).

Етегінен алды. *Кедергі келтірді, алға бастырмады.* Сәтсіздік дәл осы заман тақырыбына келгенде *е т е г і ң н е н а л с а,* ойланбасқа не шара (F.Мүсірепов, Суреткер.).

Етегіне намаз оқыған. *Ешкіммен бөтен жүрісі болмаған, құнәсыз, пәк.* Сен *е т е г і ң е н а м а з о қ ы п* жүр мең? Кіші қызың қойшының аузынан түскендей. Қыздырма тілімді! (F.Мұстафин, Көз көрген). Аманкелдінің тумаған, бәлки әлі жаратылмаған беліндегі қызына қалыңмал айдап беріп отыр. Ал Аманкелді қай бір *е т е г і н е н а м а з о қ ы п* жүрген кісі (М.Дулатов, Шығ.). Бұның бұрын, о да *е т е г і н е н а м а з о қ ы п* жүрмесе де, тап үйіне уақтылы қонып тұратындай тәртібі бар шығар деп ойлайтын бір адамы – Сеңгір (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Етегінен басты [тартты]. *Кейін тартпақтап, басып отырды.* Талай жерде қиянаткерлердің қолында өлетін жерде де осы шал өздерің *е т е к т е н б а с ы п* тоқтатып қала беретін (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қолыңнан келері болмаған соң, өзгелердің *е т е г і н е н т а р т п а с а ң* екен-ау, – деді Сәуле (Т.Ахтанов, Шығ.).

Етегінен тартты. *Кесір жасады, жолын бөгеп, қиянат етті.* Сіздің үстіңізден арыз түсті. Бір-бірінің *е т е г і н е н т а р т ы п,* ілгері басқанның аяғынан шалу қашан қалар екен осы! (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Біріміз ұйқы, күлкі көрместен еңбек етіп жүрміз. Екіншіміз бізді *е т е к т е н т а р т ы п,* еңбегімізді еш етеді (М.Дүзенов, Ақәже).

Етегінен ұстады. а) *Соңынан ілесті, артынан қалмады.* Рақмет, айналайын, көп жаса, осы ағаңның *е т е г і н е н ұ с т а.* Не

десе, соны орында (Е.Домбаев, Ғашықтық.). ә) *Қол ұстасып қосылуға бел байлады, тұрмысқа шықты, күйеуге тиді.* Тұмажан менің досым. Елге тірі барса, соның *етегінен ұста,* сенің басыңды қор қылмайды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Ақбөпе тағы біреудің *етегінен ұстайтын* болса, балалардан біржола күдеріңді үзе бер (С.Жүнісов, Жапанда.).

Етегінен ұшынды. *Жігіт-желеңдікке беріліп, жеңіл жүріспен әуейіленді.* Сұлекең жиырма жасынан бастап-ақ *етегінен ұшынды* да, бозбалалықтың соңына түсті (Қ.Жұмалиев, Шығ.).

Етегіне оралды. *Жабысып алып, соңынан қалмады.* Аш мал ұлдардай шулап, көздері жәутеңдеп, оның *етегіне оралды* (С.Иманасов, Шығ.). Үйде қалған ересек балалардың *етегіне оралып,* улап-шулап таңның атысы, күннің батысы қызығымыз ойын болатын (Ө.Күмісбаев, Ауылдан шық.).

Етегіне от тигендей. *Қатты қорықты, шошыды.* Айша *етегіне от тигендей* шоршып түсті (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Етегіне сәжда қылды. кекесін. *Ақпейіл болғансып, еш күнәлы болмағансып жүрген суық жүрісті, арам қылықты кісі туралы айтылады.*

Етегіне сүрініп жатты. *Шаруа басып, қолы босамады.* Онда істейтін қатындар жұмысқа кетер алдында үйдегі шаруасын үлгіре алмай *етегіне сүрініп жатты* (Ә.Нұрпейісов Шығ.).

Етегін желпінбеді. *Ар-ұятын ойлады, ақылға келді.* Бірақ есті әйел *етегі желпінбей* қымтанып, райға келеді («Қаз. әдеб.»).

Етегін көрді. *Жақындасты, көңілдес болды, ашына болды.* Бала түгіл сымбыл жоқ, Бедеуге бала бермек ең. Бедеу қатын қалды ма, Сен *етегін көрмеген* (Қаз. ақын. шығ.).

Етегін төсек, жеңін жастық қылды. *Қар төсеніп, мұз жастанды, қиын-қыстауды бастан өткерді, жанын аямады.* Бұл халық қамын ойлаған ер азаматтың *етегін төсек, жеңін жастық қылған* тар жол, тайғақ кешу заманы еді («Парасат»). Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, *етегін төсек, жеңін жастық қылған* бақташы ғана баға алады (І.Омаров, Шабыт.).

Етегінің желі бар. *Жеңіл мінезді, жеңіл жүрісті.* Оңаша қалғаннан бері оғаш мінез танытып жүрген *етегінің желі бар* жас келіншек күйеуінің қырқын күтпестен, әйелі өлген қартаң біреуге тиіп алды (М.Мағауин, Ақша қар).

Етегі сынып жүр. *Әйел адамның етеккірі келіп жүр. Етек сынып жүргенде* тазалық сақтау керек («Денсаулық»).

Етегі таза. *Бұзық жүрісі жоқ, күнәдан пәк, адал.* Ұлы сөзде ұяттық жоқ. Күйеуінің көзіне шөп салмаған *етегі таза* жас келіншек оққа жығылғанның үстінен аттап өтсе, кідіріп қалған оқ түседі деуші еді (О.Әубәкіров, Ұзын сөз.).

Етек алды. *Кең тарады, жайылды.* Республикамыздың ауыл шаруашылығының барлық саласында, әсіресе, кейінгі жылдардың ішінде электрлендіру ісі *етек алып,* өрісі әлдеқайда кеңейді (Ә.Шәріпов, Алыс.). Жұқпалы аурулардың халық арасында *етек алып* келгені туралы толып жатқан мәліметтер бар (Ж.Сұлтанов, Аурулар.).

Етек аралас. *Екіқабат болған, аяғы ауыр болып қалған.* Арасы бір жарым, екі жасар аралығындағы үйелмелі-сүйелмелі үш баласы бар еді, тағы да *етек аралас* болып қалыпты («Жұлдыз»).

Етек жайды. а) *Кеңінен тарады, өріс алды.* Капитал елдерінде тап күресі барған сайын өсіп, кең *етек жаюда.* Мұның өзі социализм жеңісіне жеткізеді (А.Қасымжанов, Диалектика.). Араб елдерінде сопылық-мистикалық ілім кең *етек жайды* (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Суырды браконьерлік жолмен аулау кең *етек жайып* отыр (Х.Қыдырбаев, Терісі бағалы.). ә) *Тіленді, сұрады.* Алтыннан абырой қымбат қыз балаға, Алтынды ақымақ болса қызғана ма. Өкпелеп жаман күйеу тұс келгенге, Болмасын *етек жайды* боз балаға (М.Сералин, Гүлқашима).

Етек жапты. а) *Өзіне-өзі келіп, ес жиды.* Соғыс бітіп, бірлі-жарым ер азамат елге оралып, ауыл адамдары *етек жабаға* бастағанда туылыппын («Мәдениет және тұрмыс»). Тірі кісі тіршілік қамын қылып, жыл өтті, есін жиды, *етек жапты* (С.Торайғыров, Шығ.). ә) *Ұяты көп шашылмай ақылға келді.* Бірақ есті әйел *етегін жауып* райға келеді («Қаз. әдеб.»). б) *Ұятқа қалдырмады, бір сыннан құтқарды, абырой әкелді.* Айтуларға қарағанда, мұнда *етекті жауып* отырған егін ғана. Малдан ылғи залал шегеді («Лен. жас»). Ашылған *етек жабылмай,* Біріне-бірі сіңіспей, Кешірім жасап келіспей, Бет-бетімен ел кетті (Қаз. ақын. шығ.).

Етек жимады. *Елең құрлы көрмеді, жасқанбады. Етегіңді жимадың,* Тентегіңді тыймадың. Елге тиді кесірің, Жөн бе, ағайын, осының (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

Етектен алды. *Кедергі жасады, бөгет болды, шалғайдан тартты, ілгері бастырмады.* Ойланбасқа, толғанбасқа болмайды. Сәтсіздік дәл осы заман тақырыбына келгенде *етегіңнен алса,* ойланбасқа не шара? (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Сұлтан ұшып тұрды: – Балық жоспары орындалмай аудан жағадан алып

жатқанда, сендер *е т е к т е н а л ы п* құрттыңдар ғой? – деді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жалпы етек. *Кім көрінгенге тәуелді, міндеткер.* Сатар малың, берер бұлың жоқ, ертең күзде кімге бидай, тары бер деп көзің сатып, *ж а л п ы е т е к* боласың (А.Нұрманов, Құлан.).

Ит етекке жармасты. *Кім көрінген жармасып, қиянат жасады.* Бәрі мертіксе де бөлтіріктері шулап, жау жайраса да *и т е т е к к е ж а р м а с ы п* жатқан шақта сол адамдары не істемек екен (Ж.Тілеков, От кешу).

Көз жасына етегі толды. *Қатты жылап еңіреді, көз жасын көл қылды.* Сана құйып ойыңа, Қуат беріп бойыңа. *К ө з ж а с ы* сел болған, *Е т е г і т о л ы п* көл болған (Қаз. ақын. шығ.). Өрт ішінен жылап қашқан бала мен *к ө з ж а с ы н а е т е г і т о л ы п* еңіреген анада есеп жоқ (Қ.Жармағамбетов, Шығ.).

Қос етегі кең. *Кеңпейіл, жан-жақты, ақкөңіл, жомарт.* Дихан болсаң, Қос өгізің тең болсын. Шаруа болсаң, *Қ о с е т е г і ң к е ң* болсын (Мақал).

Салпы етек. *Нас, салақ, өзін-өзі күтпейтін.* Сені Құдайдың еркек етіп жаратқаны қандай жақсы болған. Егер әйел болсаң, нағыз *с а л п ы е т е к* салақ қатын болар едің («Лен. жас»). Қайным, ондай *с а л п ы е т е к т і* қайтесің, сыбай салтаң да емес, оның шиеттей баласы бар («Қаз. әдеб.»).

Сары ала етек сарпылтаң. *Күнделікті күйбің тіршілік ыңғайымен сарытап болған.* Дала қызы табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? Кең дала, көк дала... сары дала... сағым. Төрт түлік мал... соғым. Қысы-жазы киіз үй. Ұзақ түндей өзгерісі жоқ өмір. *С а р ы а л а е т е к с а р п ы л т а ң ғ а* көндігіп кеткен қазақ әйелі (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Төмен етек. *Әйелдерді кемітіп мұқату үшін қолданылатын сөз.* Сайлаған төрт құбыласын Бибекеме, Әйелде *т ө м е н е т е к* жан жете ме? Көруге ақ дидарың аңсай келдім, Өзеннен о шайылмай ел кете ме? (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ол әйелдің әулиесі ме? Жоқ, *т ө м е н е т е к* әйел біткен сен ойлағандай емес (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Түп етектен ұстады [байланды]. *Мықтап ұстады, айырылмастай болды, қыр соңынан қалмады.* Кім алса да осы кісі тауып береді. Осы кісінің *т ұ п е т е г і н е н ұ с т а п* айырылма (Қаз. ертег.). Бір қызмет қылайын деп ойланып, Бұл туралы шын ниетті қолға алып. Жайраң қағып шықсадағы мұқтаждық, Жібермеді *т ұ п е т е к т е н б а й л а н ы п* (Б.Майлин, Шығ.).

Ұзын етек. к ө н е. *Әйел, қатын-қалаш деген мағынада айтылады.* Нұржан осынша құмартып соңынан қалмағанға мен сені ерге – ер, серіге – сері қатын екен десем, сен де *ұ з ы н е т е к т і ң* бірі екенсің ғой, тәйірі (С.Мұқанов, Шығ.).

Шаш етектен. *Өте көп, ағыл-тегіл мол.* Қорыта келгенде, зерттеушілер ғалымдарымыздың да, архив қызметкерлерінің де алдында тұрған жұмыс *ш а ш е т е к т е н* («Қаз әдеб.»). Су қоймасының шаруашылыққа тигізіп отырған пайдасы қазірдің өзінде *ш а ш е т е к т е н* («Қаз әдеб.»). Соның бәріне де олар олжаға *ш а ш е т е к т е н* кеңеліп, қат-қабат жұмыстарын жалғастыра береді («Лен. жас»). Бригадирдің шаруасы *ш а ш е т е к т е н* келіп, сарсылып жүрсе керек (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЕТЕКБАСТЫ з а т. *Кедергі, бөгет, қарсы әрекет, қиянат.* Өз ортасынан Абай үнемі *е т е к б а с т ы н ы,* қара күшті, қарсылықты көп көрумен күн кешеді (М.Әуезов, Шығ.). Шығармаға айтылған *е т е к б а с т ы* арзан сындар ақын арына атқан оқпен бірдей (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Етекбасты болды. ә) *Көп балалы, жанұялы болды.* Мен өзім қазақ қыздарының мектеп бітірген бойда оқуға түсіп, бір мамандық алып шыққанын мақұл көремін. Әйтпесе көбі тұрмыс құрып, *е т е к б а с т ы б о п* қалады (С.Баязитов, Айдарлы.). ә) *Үй шаруасынан қолы тимеді, уақыты жетпеді.* Ахмет Жұбанов филармонияның көп жұмысынан *е т е к б а с т ы б о л ы п*, бірақ өзінің сүйікті оркестрінен қол үзбейді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). б) *Алысқа бармады, үйден шықпады.* Мен дертімнен *е т е к б а с т ы б о л ы п* ауылдық жердегі мектептің төңірегінен әрі ұзай алмадым (С.Көбеев, Орынд. арман).

Етекбасты қылды [көрді]. *Жұрт кедергісін, тартпағын көрді.* Бұға, бұға болдыңдар ғой осы! *Е т е к б а с т ы ғ ы п* өлтірдіңдер ғой осы сендерақ (М.Әуезов, Абай жолы). Ерте оянды, ойландым, жете алмадым, *Е т е к б а с т ы* көп *к ө р д і м* елден бірақ (Абай, Тол. жин.).

ЕТЕКБАСТЫЛЫҚ з а т. *Етекбасты болушылық.* Баяғы самодержавие тұсындағы әлеуметтік *е т е к б а с т ы л ы қ т ы* кеңестік кезеңдегі әлеуметтік мимикриямен тоғыстырған құбыжық феномен өтпелі кезеңнің сынақтарынан өтуден өте өрескелдік танытуда («Егемен Қазақстан»). Бірақ кешегі кеңестік, кеңестіктегі құлаққестілік бұрын-соңғы *е т е к б а с т ы л ы қ т ы ң* қай-қайсысынан да асып түсіпті (Ә.Кекілбаев, Үш белес.).

ЕТЕК-ЕТЕК с ы н. *Өте, көп, мол. Е т е к е т е к* ақшаны жұмсарға жер таппай, бәрі жабылып машина деп сабылып жүр (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Біз *е т е к-е т е к* белбеу тастамақ, ақ сүйек, алтыбақан, соқыртеке, қолүзбек сияқты ойын ойнайтынбыз (Ауыз әдеб.).

ЕТЕК-ЖАҒА з а т. с ө й л. ***Етек-жең.*** Ілияс *е т е к-ж а ғ а с ы н* әбден түзеп, әңгімесін бастады (Қ.Шөкенов, Гудок). Галияның *е т е к-ж а ғ а с ы н* алтын зермен мәнерлеткен, үстінде қызыл барқыт жеңсіз қынама бел камзол мен қос етек ақ жібек көйлегі бар (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

ЕТЕКЖАЙЛЫҚ з а т. ж е р г. *Жеңіл жүріс, жеңсіққойлық.* Солардың арасында *е т е к ж а й л ы қ қ а* түсіп жүргендері де жоқ емес (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТЕК-ЖЕҢ з а т. **1.** *Киімнің етегі мен жеңі. Е т е к-ж е ң н е н* сыпсыңдаған суық жел бойды тоңазытып барады (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Сосын жолы түсіп елге барғанда нағашы ағасының қалап-сұрап алған *е т е к-ж е ң і* кең сырмалы шапанды иығына желең жамылып, зал бөлмесіне қарай өтті (О.Сәрсенбаев, Жақсының көзі). **2.** *Киген киімі, үсті-басы.* Көк көйлектің *е т е к-ж е ң і* шаң-топырақтан көрінбейді (А.Сартаев, Дала күйлері). Әйтпесе тұтасқан қардың *е т е к-ж е ң і* бір-екі күн ішінде сөгіліп, жұлма-жұлмасы шықпас еді де (Ә.Ысқабаев, Жетекші шопан).

Етек-жеңі жинақы. *Жинақы, ұқыпты.* Мынау ақсақал сол қырманның қожасы деп, бізге *е т е к-ж е ң і ж и н а қ ы,* мейірбан адамды ұсынды (С.Хайдаров, Жүрек сыры). *Етек-жеңі жинақы,* орысша киінген, сұңғақ, аққұба жігіт көздің жауын алғандай («Қаз.әдеб.»).

Етек-жеңі кең. а) *Кеңпейіл, ақпейіл, жомарт, қолы ашық, дүниенің бетіне қарамайтын.* Қошқар болар тоқтының маңдай жағы дөң болар, Адам болар жігіттің *е т е к-ж е ң і к е ң* болар (Мақал). ә) *Өрісі кең, баршылық.* Қаңлының *е т е к-ж е ң і к е ң* болады, Бұл Бақай қыдыр шалған жер болады. Сендердей кеусен сұрап қыдырмаймыз, Ақ бидай елім еккен кең болады (Айтыс). Әйтпесе, *е т е к-ж е ң і к е ң,* жеті-сегіз баланың анасы, бәйбіше боп отыратын дария жан емеспісің (М.Сералин, Шығ.).

Етек-жеңін жиды. а) *Есін жиды.* Төніп келе жатқан дүлейді сезініп әмірдің жасағы да *е т е к-ж е ң і н ж и н а п,* тиіп кетсе бұрқ ете түсер бітеу жарадай бедірейіп ол жатты (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Тағы құландай, ру-ру боп жалпақ даласында шұбырған қалың қазақ енді *е т е к-ж е ң і н ж и н а п,* ел болмақ (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). ә) *Шаруашылығы, тұрмысы түзеліп ықшамдалды, өзіне-өзі келді, тәртіпке түсті, жақсарды.* Күтсең де, күтпесең де күз келді. *Е т е к-ж е ң д і ж и н а й т ы н* шақ жеткендей (Қ.Найманбаев, Шығ.). б) *Жинақы болып, сақтық жасады.* Епті Тәңірберген татар байының тырнағына түсіп қалатындай-ақ оның алдында *е т е к-ж е ң і н ж и н а п* отыратын еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). в) *Шашыраңқы болмай топтасты, жан-жақтағылар жиналды.* Ұлы сәскеге таман малдың *е т е к-ж е ң і ж и н а л ы п,* жылқышылар бір жерге бас қосқан сәт Нұртаза жылқыға қасқыр шауып, екі бірдей құлынды жарып кеткенін айта келіп Думанға тиісті (А.Мекебаев, Періште.).

Етек-жеңін жимады. *Ештеңеден сескенбеді, елең құрлы көрмеді, именбеді.* Ел үркеді, біз көшеге сыймаймыз, Сонда дағы *е т е к-ж е ң д і ж и м а й м ы з* (С.Бегалин, Шығ.).

Етек-жеңін кең ұстады. *Жайбасарлыққа салынды, етек-жеңін жимады. Е т е к-ж е ң і н к е ң ұ с т а п,* жиналып-теріліп үлгермеген Ердалы ауылы аяқ астынан абыр-сабыр болды да қалды (Р.Ниязбеков, Отағасы).

Етек-жеңін сыбанды. *Жинақталды, тастүйін болып дайындалды.* Әбжыландай толғанып, *Е т е к-ж е ң і н с ы б а н ы п,* Сақал-мұрты тебіндеп, Жиырмаға жетпеген, От шашырап көзінен, Тірескен аман кетпеген (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Етек-жеңі шолақ. *Қолы қысқа.* Мен келмеймін дедім бе? *Е т е к-ж е ң і м ш о л а қ* болды. Киюге тоным жоқ-ақ болды (Шешендік сөздер).

ЕТЖЕҢДІ с ы н. *Арық емес, толық.* Бірақ қалай бұлқынса да, аяғы жерге тимей, *е т ж е ң д і* толық денесі топырақ-топырақ болып дырылдап сүйретіліп бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЕТЕККӨЙЛЕК з а т. ж е р г. *Әйелдердің белден төмен киетін тыс киімі.* Әйелдердің үй шаруасын *е т е к к ө й л е к* киіп атқарғаны жөн («Мәдениет және тұрмыс»). Мен өткен базарда әйеліме *е т е к к ө й л е к* сатып алдым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТЕККІР з а т. м е д. <лат. menstruus> *Әйел адамның ағзасындағы бала табуға жасы жеткен кезден бастап ай сайын қайталанып отыратын физиологиялық құбылыс; қана, менструация.* Алғашқы *е т е к к і р* – қыз баланың бой жеткендігін көрсететін белгі (Ә.Есенқұлов, Әйелдер.). Әйелдің қалқан безі салмағы жағынан еркектің қалқан безінен 4-5 грамм ауыр болады, оның себебі екіқабаттық пен *е т е к к і р д і ң* әсерінен бездің ұлғаюына байланысты (С.Табанбаев, Жемсау.). Қыздардың *е т е к к і р л е р і н і ң* келу-келмеуіне байланысты емшек бездері де бірнеше түрлі өзгерістерге ұшырайды (Ж.Қодаров, Жас ана).

Етеккір келіп жүр. *Әйелдердің әр айда болатын табиғи белгісі қайталанып жүр.* Екіқабат әйел мен *е т е к к і р і к е л і п ж ү р г е н* әйелдерге сабур дәрісін беруге болмайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ЕТЕККҰМАР с ы н. *Жүргіш, нәпсіқұмар, әйелқұмар.* Оның да намыссыз, *е т е к к ұ м а р* еркек атанғысы келмейді (Б.Нұржекеев, Шығ.).

ЕТЕКСІЗ с ы н. **1.** *Етекті емес, етегі жоқ.* Көкпар тараған соң қараса, шапанының бір өңірі *е т е к с і з* қалыпты (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Кішкене.* Күй тілінде әбігершілік жоқ. Жібектей майда, ерке саз. Кәрі күйші бір қырындай беріп *е т е к с і з* құлағын қабырғаға тосады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЕТЕКСІЗДЕУ с ы н. *Етегі кішілеу.* Қолын да менімен бірге көтеріп, саусақтарын *е т е к с і з д е у* құлақтарына апарды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЕТЕКТАС з а т. к ә с. *Қортпа ауының астыңғы көңгейіне арасы 4-5 метр сайын байланған тас.* Аудың *е т е к т а с т а р ы н* байқаңдар, түгел болсын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТЕКТЕ[1]= е т. *Етекке салып жинау. Е т е к т е п* терген құ тезек – Отқа жаққан отыны. Мамырлап ұшады аспанға Отына шыққан түтіні (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Қара таудың қатыны, Бір сиырды жетектеп, Шикі тезегін *е т е к т е п* (Айтыс). Кейде анам келуші еді жетектеп, Теруші едім бүршігіңді *е т е к т е п* (М.Хакімжанова, Өткелдер).

Етектеп тапты. *Табысты көп тапты.* Жұмысты өзіңіз сықылды жеке меншіктер істейді. Ақшаны *е т е к т е п т а б а т ы н* уақыт сонда туар сізге (Л.Жүнісов, Өмір.).

ЕТЕКТЕ[2]= е т. *Таудың етек жағымен жүру; төмендеу, еңістеу.* Баян тауын *е т е к т е п* келеміз. Тауға жарыса шыққан, тауды етекте шыққан неше түрлі әдемі ағаштар бүршік ата бастаған (С.Сейфуллин, Тар жол.). Айдың өресі жетпеген Алатаудың шұбар қолтықтары қара көлеңкелерін ұзартып *е т е к т е д і* (С.Камалов, Әңгім.). Ауылдың қақ ортасында үлкен дөң бар. Ауыл сол дөңнің екі жағын *е т е к т е п* кете берген (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЕТЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Етек сияқты.* Олардың үстіне *е т е к т е й* қыртыс майының қалыңдығын көрсеткісі келгендей (С.Мұқанов, Таңд.). **2.** а у ы с. *Жайылыңқы, жалпақ.* Кең балақ қара шалбарының оң жақ қалтасынан *е т е к т е й* ақ орамалын суырып алып, май басқан бетінің терін сүртіп, желпініп алды (Ғ.Омаров, Дала.). Ол кездегі грамоталар *е т е к т е й* үлкен болады екен, алтынмен жазған әріптерінің әлі күнге дейін міні құрыған жоқ (Б.Аманшин, Көкжар). **3.** а у ы с. *Үлкен, көлемді.* Ол Аман келген күннің ертеңіне-ақ ауыл арасына *е т е к т е й* ғып қап-қап өсектің аузын босатты да жіберді (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Қолына қалам ұстай білетін саяхатшының басқа ел туралы жазу-жазбауы неғайбіл. Ол сен туралы ең құрығанда *е т е к т е й* мақала жазады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *Е т е к т е й* екі құлағын кезек-кезек желпіп, «жарып тастайын ба» дегендей, маған қарай жылжи берді (С.Мұқанов, Тол. жин.).

ЕТЕКТЕЙ-ЕТЕКТЕЙ с ы н. *Айтарлықтай үлкен, көп-көлемді, дап-дардай.* Облыстан, астанадан келген тілшілер *е т е к т е й-е т е к т е й* ғып мақала жариялап үлгірген (Д.Досжанов, Дария). Шалқаровтың *е т е к т е й-е т е к т е й* дипломдары бар (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Айналдырған қазы, қарта шекке сыймаған соң, қарынға тыққан *е т е к т е й-е т е к т е й* телпіштер тершіп, майы сыртқа шығып тұр (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

ЕТЕКТЕЛ= е т. *Етекке салыну.* Не нарлар түсті базар жетеліп, Шашылды ақша көшеге *е т е к т е л і п.* Елдегі бұл сайлаудың бүлігіне ешкім шыдас берместей төтеп келіп (Үш ғасыр.).

ЕТЕКТЕЛУ *Етектел етістігінің қимыл атауы.*

ЕТЕКТЕМЕ з а т. э т н. *Түйенің үстіндегі жүк оның бүйіріне тимес үшін арнайы жасалған жазы жондығының төменгі жиектемесі (етек). Е т е к т е м е* түйеге жүк артқанда керек болады (Ауызекі).

ЕТЕКТЕН[1]= е т. **1.** *Етек салыну.* Кескіні дауыл соққандай құбылып, шашы қобырап кетіпті. Мүсінді денесін қос *е т е к т е н г е н* көйлегі бұзып тұр (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Төмендеу, еңістену.* Бүгін олай емес. Анау *е т е к т е н г е н* көк жиек бел астынан ешкім көрінбейді (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

ЕТЕКТЕН[2]= е т. *Еңістелу, төмендеу.* Бұл сай *е т е к т е н і п* барып, алқаппен астасып кетеді екен (Қ.Исабаев, Серт.). **2.** *Жазылу, жайылу.* Қазақстан мен Орта Азия республикаларын қамтып *е т е к т е н і п* жатқан алып аймақ бар (Жер жаннаты). Сарысу өзені Бетпақдалада *е т е к т е н е* келіп, Сырдың Телкөліне иек артады (С.Әлжіков, Дала.).

ЕТЕКТЕНУ *Етектен етістігінің қимыл атауы.*

ЕТЕКТЕС= е т. **1.** *Айқасу, жалғасу.* Бұл – бір тұтас жатқан өңір, үлкен бір кен жоталарының *е т е к т е с і п* жатқан өлкесі (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Араласу.* Кей үйде қозы-лақпен *е т е к т е с е* отырамыз (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЕТЕКТЕУ[1] с ы н. *Етектегі, төмендеу.* Енді таудан төмен құлаған тастай *е т е к т е у* жақтағы қызметтің ғана құлағын ұстай алған (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЕТЕКТЕУ[2] *Етекте*[1] *етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жиған тезегін *е т е к т е у.*

ЕТЕКТЕУ[3] *Етекте*[2] *етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жотаны *е т е к т е у.*

ЕТЕКТІ с ы н. **1.** *Етегі бар.* Биік өкшелі ботинка киген аяқтары ұршықтай иірілгенде, кең *е т е к т і* шәй көйлегі дөңгелене дөңгелейді (С.Мұқанов, Алып. адым.). Ұзын *е т е к т і* қоңыр көйлек, қолдан тоқыған жасыл жүн

кеудеше, қызыл көзел мәсі, биік галош киеді екен (С.Омаров, Өмір.). Мүкіш өзінің көк торғын шымылдығын, оқалы *е т е к т і* күрең мақта камзолын, үкілі бөркін, білезік, шолпысын және бір қасқыр терісін үлкен дастарқанға орап беріп жіберді (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** *Етек жағы кең, мол (киім).* Қарт әйелдердің киімі неғұрлым *е т е к т і*, мол қаусырмалы, қалталы, әшекейлерінің көбі тана, түйме, тіс шұқуыш, қапсырма, оқалы өңір сияқты заттар болған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бауын тамағынан өткізіп алған *е т е к т і* жеңіл қалпағы жайқандап, іннен інге тығылғандай қашып жүр (Ж.Ахмадиев, Дүрбелең). **3.** а у ы с. *Жайылыңқы, жалпақ.* Ли Хуң алдында жатқан сигареттің бір талын тұтатты да, *е т е к т і* келген таңқылау танауынан көк түтінді дірдектете шығарды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Маңдайдан тура түскен *е т е к т і*, дөңес мұрны мен шықшытты келген жақ сүйектері, биік қабақ астындағы алақандай өткір көздері, қауметі қалың тебінгі құлағына дейін тек осындай алып адамға ғана жарасатындай (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Жауырын *е т е к т і* болса, үй иесінің қойы көп болады, қолға ілінетін жері ірі болса, түйелі болады; қырлы болса, жылқысынан жүйрік шығады; шұңқырлы болса, қазаны толы болады (Отан тарихы).

Етекті ел. *Іргелі ел.* Ертеректе ноғайлар Солтүстік Кавказдағы ең көп санды *е т е к т і ел* болған (Түбі бір түркілер).

Төмен етекті. э к с п р. *Әйел баласына, әйел жыныстыға кемсіту үшін әлсіз, нашар мағынасында айтылған.* Ханымгүл парықты ма, жоқ әлде бүгінін ойлайтын *т ө м е н е т е к т і н і ң* бірі ме, ол жағын байқап, байыптап көрген емес (Таң нұры). Әйел затының дәрменсіз күйін пайдалану отбасында да, қызметте де, түзде де орын алып жатады. Сондағы ең басты қылмысқа арқау болатын нәрсе: әйел заты ма, ол *т ө м е н е т е к т і* ретінде еркектің дегеніне көнуі керек («Егемен Қазақстан»). Біздей *т ө м е н е т е к т і* әйел емес. Күнінде болып-толған. Күйеуі өлгеннен кейін бір ауылды билеп-төстеп, еркек орнына жүрген әйел (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЕТЕКТІЛЕУ с ы н. **1.** *Етегі кеңдеу.* Киімнің етегі үлкенірек, *е т е к т і л е у.* Орта жүздің шапандары сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Үйге кіріп көнетоз, күн қағары *е т е к т і л е у* қара қалпақ пен шолақ пальтосын киіп шықты (М.Сүндетов, Ескексіз.). **2.** а у ы с. *Жайылыңқылау, жалпақтау.* Қырлы мұрны көтеріңкі болғанмен, танауы делдиген *е т е к т і л е у* (М.Сқақбаев, Сұлутөр.). Түбі тым батыңқы, үш жағы көтеріңкі, *е т е к т і л е у* келген мұрны әмен бітіп жүреді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үш жағы *е т е к т і л е у* келген қолағаш сияқты танауынан шыққан дем селдір сақалын желпіп тұрды (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

ЕТЕНЕ с ы н. **1.** *Тым жақын, бірге өсіп, біте қайнаған.* Хатшы осы елге ежелден *е т е н е*, білікті, беделді Байнекең деген кісі болатын (Д.Досжанов, Дария). Көңіл жарасып, қимас достардай сыр ақтарысып, ежелден *е т е н е* жандарша шын жүректен мәз-мейрам болып отыратынбыз (И.Жақанов, Қайта орал.). **2.** *Бар ықыласымен, бірге, қоян-қолтық.* Пушкин образдарының қазақ оқушыларына соншама *е т е н е* сіңісіп кету себептерін түсіндіруге тырыстым (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Біз жастайымыздан еңбекпен *е т е н е* өстік, сендер де еңбекті сүйіп, құрметтеп өсіңдер деді-ау (Ы.Кененбаев, Қырда өскен.). Шын жау ма, кінәлі ме, әкем осы? Қасарды неге заңның мекемесі? Қалайша қас болады еліне ол, Еңбекпен қайнап өскен *е т е н е с і* (Қ.Бекхожин, Үш кезең). **3.** *Әбден, жете, мейлінше.* Өсуінің бастапқы кезеңінде суға *е т е н е* қанық болып үйренген өсімдік гүлдеу кезінде де топырақта ылғалдың мол болуын талап етеді (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Олар мүлде алыстан бастайды. Толып жатқан мемлекеттер, мәдениеттер болыпты дегенді айтады. Соның бәрі де рас шығар, бірақ мен оларды қанша білсем де *е т е н е* түсіне алмаймын (С.Талжанов, Ұлдай.). Оған мынау колхоз-совхоз театрының жұмысынан гөрі осы айтыс өнері дәл табылған жұмыс сияқты, *е т е н е* жақын кәсіп секілді көрінеді (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

Етене араласты. *Тым жақын, қоян-қолтық қарым-қатынаста болды.* Мектепте жүргенде аса *е т е н е а р а л а с қ а н* достардың санатында болмайтын (Б.Шаханов, Қаратау.).

Етене бауыр [туыс]. *Ең жақыны, бірге туғаны.* Бәрі де *е т е н е б а у ы р ы ң* емес пе (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Нұралының жақыны, *е т е н е т у ы с ы* тағы жоқ (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Етене болды. *Жайдарыланды, көңілі түсті, ашық-жарқын көңіл білдірді.* Теміркұл үйіндегідей жаға жайлау *е т е н е б о л а* қойған жоқ, бәрі де әлденеге түйықтанып, дәстүрмен ғана отырды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Екеуі бұл жолығыста мәз-мейрам болып қатты қуанысты. Екеуінің *е т е н е б о л ы п* әңгімелесуіне де уақыт өте жайлы еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Етене болып кетті. *Әбден араласып, сіңісіп кетті, үйреніспі, жақындасты.* Біз суға түсіп, күнге қақталып, кешке дейін тоспа басында ойнадық. Аянмен бұрыннан таныс адамдай *е т е н е б о л ы п к е т т і к* (С.Мұратбеков, Көкорай.). Айранын ұрттап, қойын құрттап дегендей сол өзінің *е т е н е б о л ы п к е т к е н* балық

заводында-ақ жүретін еді ғой. Шұқановтың өзіне де сол керек! (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

Етене дос. *Жандай дос, өте тату жолдас.* Розамен баяғыдан бері бір жүріп, бірге жасап келе жатқандай ең жақын *е т е н е д о с ы* сияқты (Т.Ахтанов Қаһарлы күн.).

Етене жақын. *Аралас-құралас тұратын, өте жақын.* Роза бірер айда мұндағы адамдармен жете танысып, кейбіреуімен *е т е н е ж а қ ы н* болып кетті («Жалын»). Бұрын өте *е т е н е ж а қ ы н* адамдар бола тұра көп жылдар бойы көріспегені өз алдына, бірін-бірі мүлде біліспеген (С.Бақбергенов, Кентау).

ЕТЕНЕЛЕН= е т. *Еті үйрену, бауыр басу.* Пиманы сол жылы қыстай киіп шықтым. Біраз күннен кейін алғашқыдай емес, *е т е н е л е н і п* үйреніп кеттім (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЕТЕНЕЛЕНДІР= е т. *Етене ғып үйрету, бауыр бастырту.* Жолдыбай мені тез баурап, табалдырығын жүрексіне аттаған жаңа селоға бірер күннің ішінде-ақ *е т е н е л е н д і р і п* жіберді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЕТЕНЕЛЕНДІРУ *Етелендір етістігінің қимыл атауы.*

ЕТЕНЕЛЕНУ *Етенелен етістігінің қимыл атауы.*

ЕТЕНЕЛЕС с ы н. *Тым жақын, біте қайнасқан.* Әңгімемізге арқау болып отырған бес кітаптың тақырып аясы мен табиғатының бір-бірімен *е т е н е л е с* екенін ескерген едік («Қаз. әдеб.»).

ЕТЕНЕЛІК з а т. *Етене болушылық, ықыласы тұсушілік, бауыр басушылық.* Сашалар не десе, о десін, бұлардың өзара жақын дерлік *е т е н е л і г і* жоқ, сыпайы ғана сыйластығы бар (З.Қабдолов, Өмір.). Бұл тақырыптың Ғабиден үшін біраз *е т е н е л і к* сипаты бар еді («Қаз. әдеб.»). Еркін сезінген *е т е н е л і к*, жарасымды теңдестік бар (Т.Тілеуханов, Шарапатты.).

ЕТЕЮ *Етей етістігінің қимыл атауы; ет алу, семіру.* Жазда тауда болып, салқын түсе ғана етекке келген биязы жүнді қой тұқымдарының *е т е ю і* артық болады (М.Ермеков, Қаз. қой шаруаш.). Аммиак суымен өңделген сүрлем сауын сиырдың сүтеюіне, бордақы малдың *е т е ю і н е* көп әсерін тигізеді (Қ.Құсайынов, Химия.). Шомбалдану – *е т е ю*, өсіп толысу. Мал еттеніп, денесі шомбалданып жақсы өссін дегені (Ата салтынды аяла). Жайбарақат жатқан адам *е т е ю г е* де бейім келеді. Ал тым артық семіру адамның қимылына кедергі келтірмей қоймайды (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

ЕТЖАПЫРАҚ: етжапырақ бадан. ө с. <лат. bergenia crassifolia> *Биіктігі жарты метрге дейін жететін, тасжарған тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Е т ж а п ы р а қ б а д а н* Қазақстанның биік таулы аймағының тасты беткейлерінде, альпілік белдеулерде өседі. Алтайда кең тараған (ҚҰЭ). *Е т ж а п ы р а қ б а д а н* – дәрілік қасиетке ие өсімдік (Ә.Іскендіров, Қаз. дәріл. өсімд.). *Е т ж а п ы р а қ б а д а н н ы ң* тамырсабағы өте жуан болып, жерге төселіп өседі де, жапырағы сабақ түбін айнала қоршай орналасады (Ә.Іскендіров, Қаз. дәріл. өсімд.).

ЕТЖЕЙДЕ: етжейде дос. *Ең жақын, сырлас, істес адам. Е т ж е й д е д о с ы н ы ң* аспан көк мінезі өзіне белгілі («Лен. жас»).

ЕТЖЕҢ с ы н. **1.** *Жуан, толық, етшең.* Зұлқарнайдың *е т ж е ң* алақаны үстел бетін дүңк еткізді (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Әсия жұмсақ *е т ж е ң* саусақтар арасындағы жол книжкасын кейде көзіне тақау ұстап адам аттарын еске алады (М.Әуезов, Өскен өркен.). *Е т ж е ң* бет-аузы үйқы қақты боп, арақ өтіп домбыққан батқасы Ташкеннен шығарда бөдене құйрықтатып күзеп тастаған сақалын иегімен қосып уыстағаннан басқа қайрат қылған жоқ-ты (А.Сүлейменов, Бесін). **2.** *Семіз, толық.* Ашық жағалы, баран түсті көйлек толық денелі, бұғақты, мойны тоқ *е т ж е ң* әйелге болмаса, қағылез әйелдің ұсқынын алып кетеді (М.Иманжанов, Көк белес). Жақ сүйегі білінбейтін *е т ж е ң*, домалақ бет айнаны тастай салды (Т.Ахтанов, Дала.).

Етжеңнен айырылды. *Арықтады, жүдеп кетті.* Шырағым-ау, домбырамен есің кетіп, диуана болуға қалдың ғой, – деп, баласының *е т ж е ң н е н а й ы р ы л ы п* бара жатқанын ескертеді (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЕТЖЕҢДЕУ с ы н. *Еттілеу, толықтау, семіздеу.* Айшаның *е т ж е ң д е у* сәл ғана жарасымды толықтығы бар тұлғасынан байыпты бір тартымдылық сезіледі (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндер). Кіршіксіз ақ жаға, әшекейсіз жұқа қара бешпет, сәл *е т ж е ң д е у* қызыл шырайлы ақ жүзін айқындап аша түскен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЕТЖЕҢДІ с ы н. **1.** *Жуан, етшең.* Себет гүл немесе корзинка. Мұның гүл кіндігі немесе негізгі осі *е т ж е ң д і* болып, үстіңгі беті жазық та, ойыс та және дөңес те болуы мүмкін (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Жасаған бергендер түскен үйдегі кемпірдің үш жағы ісік тәрізденіп жұмбазданып тұратын *е т ж е ң д і* мұрнының бір танауында бүйедей қара мең бар (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жүзі демекші, зор денелі, *е т ж е ң д і*, жалпақ беттеу, мойны күждей ақсары кісі өзге көздің назарын бірден аударады (Р.Хайруллин, Офицер.). Есенжол әкесіне ұқсап таралғы, шибұт боп өссе, кішкенесі *е т ж е ң д і*, балпанақтай болатын (К.Баялиев, Дегелек.). **2.** *Семіз, толық.* Жасы қырыққа жаңа келген, орта бойлы, *е т ж е ң д і* аққұба әйел

Айжан – Мұхиттың өгей шешесі (М.Дүйсенов, Қалыңдық). Жаңа осында келерде Әбекең бір сасық күзен індеткен. Іні терең, жер қатты екен. *Етженді* кісі азырақ ырсылдады да, ала алмай жүріп кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ошақ басынан *етженді* ұрғашы көрсе де: «Па, шіркін, бүпиттей екен!» – деп ел ішін қаптап кеткен ширпотребтің буфетімен жарыстыратын әдеті (Қ.Ысқақов, Қараорман).

ЕТЖЕҢДІЛЕУ с ы н. *Семіздеу, жуандау, толығырақ.* Бойы ортадан сәл жоғары, шалқақ кеуделі, *етженділеу*, жазық маңдай, шамадан тыс қоңқақ мұрынды адам еді (М.Мырзақұлов, Өмір дастаны). Ауыл ортасындағы ақ шатырлы үйден екі бала жетектеген *етженділеу* мосқал әйел шықты (Ж.Мусин, Үміт). Ол елде Нияз деген кісі би екен, өзі *етженділеу* адам болса керек (Шешендік сөздер).

ЕТЖЕҢДІЛІК з а т. *Етженді болушылық, семіздік, толықтық. Етженділігі* ме, әлде мені тастап кетуге ыңғайсыздана ма, алдымда келе жатқан Әбілқай менен аса ұзамайды (С.Мұқанов, Алып адым.). *Етженділігіне* қарамастан тегеурінді қолдардан сытылып шыққан Ерахмет балуан жігіттің шықшытынан қонжитып жіберді (Таң нұры).

ЕТЖЕҢДІРЕК с ы н. **1.** *Жуандау, еттілеу. Етженділерек* үлкен танауы бір қусырылып, бір делдиді (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Семіздеу, толықтау.* Еңгезердей ірі, *етженділерек* қария онан әрі жиырылып: «Жәдігөй неменің жылмаңдауын қарашы», – деді сырт айналып (М.Сүндетов, Қызыл ай).

ЕТКЕЛ с ы н. *Етженді, қоңды, етейген, жуан.* Ерлі-байлы *еткел* кісі қайда екен деп келдің бе (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Дуняшы өзі қатарлы құрбыларына қарағанда *еткел*, денелі, сондықтан ересектеу көрінеді (М.Сқақбаев, Қырық қыз.).

ЕТКЕНШАЙ з а т. ж е р г. *Үлкен шыныға, кесеге құйып, май, тұз салып ішетін қаймақты шай.* Су киімдерін шешіп тастап, диірменшінің құрғақ киімін киіп отырғанда әжей екі үлкен кесе *еткеншай* алып келді («Қаз. әдеб.»).

ЕТКОМБИНАТ з а т. *Етке өткізетін малды қабылдап, сойып, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорын.* Жеті жүз шақырым жолға малдың арып жеткенін, *еткомбинаттың* екінші сортпен ғана бағалап алғанын баяндады (М.Дүзенов, Ақ әже). Қойлар *еткомбинатына* айдап келісімен таразыға салынып өлшенеді (М.Ермеков, Қазақст.). Ет көп болса, оны дұрыс сақтау үшін баптап сүрлеумен бірге, дұрыстап кептіріп, *еткомбинаттың* технологиясы бойынша дәмді колбасалар жасау керек (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

ЕТКӨЙЛЕК з а т. с ө й л. *Киім ішінен денеге киілетін жеңіл, жұқа ішкиім.* Төрт-бес мыңдай адамы, *еткөйлегін* шешісті. Тай қазанға су құйып, малшынысып түсісті (Манас).

Еткөйлек дос. *Ең жақын, ежелгі дос.* Бригадир Владимирге ақшыл маңдайы ақырын жыбырлап үнсіз жымияды. *Еткөйлек досы* Василийдің аспатөк мінезі өзіне белгілі («Лен. жас»).

ЕТКӨРПЕ з а т. *Жерге төселмейтін, тек үстіге жабатын көрпе.* Жастықтары шетінен өңшең рақы жастық, *еткөрпе* жібектен де әсем жасалған (М.Әуезов, Өскен өркен.). Қашаудың ұзына бойына *еткөрпелер* ілініпті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТКҮРКЕ з а т. ж е р г. *Шошала, шолан.* Ондай бөлмені *еткүркеде* деп те атайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТКІЗ= е т. *Істету, қылдыру, жасату.* Мені уәзір *еткізбеймін* деп, бекер жанталаспаған екенсің. Сол айыбының есесін енді өзім қайтарамын (І.Есенберлин, Алмас.).

Дір еткізді. *Секем алғызды, тітіркендірді.* Батылдық па, күтпеген жүрек пе ізгі, Сені маған жіберген сүйікті етіп. Менің балғын денемді *дір еткізді*, Қолдарың тиіп кетіп (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.).

Қиқаң еткізді. *Қиқандатты, қисаландатты.* Даяшы қыз иығын *қиқаң еткізіп*, жігітке таңырқай бір қарады да, бұраңдай басып буфетке қарай бет түзеді (Қ.Қараманұлы, Қайраң өткел).

Лақ еткізді. а) *Ақтарып төге салды.* Жүзге жуық зеңбірек снарядын төртінші ротаның үстіне *лақ еткізіп* ақтара салды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). ә) *Барын алдына жайып салды, ойындағысын айтып салды.* Осы оқиғаны алдына бірден *лақ еткізіп* төге салмай, біртіндеп таныстырғым келеді (С.Мұқанов, Тол. жин.).

Томп [топ] еткізді. *Оп-оңай жыға салды деген мағынада.* Шайда да шара таппай тұрды жерден, Тұрғаннан Кей-қысырау тұтып белден. Ақырып, айналдырып төбесінен, Тымақтай *томп еткізіп* жерге берген (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Сырттай тұр ем. Артымнан екі-үшеуі келіп, көтеріп ала жөнелді. Қарасам, өзімнің трақторшыларым. Топтың ортасына апарып *топ еткізді* («Лен. жас»).

ЕТКІЗУ *Еткіз етістігінің қимыл атауы.* Терезеден құйылған күн нұры да, аракідік кездесіп қалатын ақ көбік бұлттарда генерал көңілін алаң *еткізуге* әл жеткізе алмағандай (Т.Тобағабылов, Жазира). Ішті дегеннен гөрі кесені аузына көтеріп, лық *еткізуіне* қарағанда құйып жіберді деуге болады (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Оны көрген Ұлтарақтар қалай болса солай былш *еткізуді* доғарып,

қақырғысы келсе тысқа шығатын болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ал инвесторды да осылай амалын тауып, елге, жерге қызмет *е т к і з у д і ң* жолдары өз қолымызда деп ойлаймын («Жас Алаш»).

ЕТҚАЙНАТЫМ: етқайнатым уақыт. *Қазанға салған ет қайнайтындай уақытты білдіретін халықтық өлшем.* Арада *е т қ а й н а т ы м у а қ ы т* өткенде Зейнолла әкесінің тортөбелін отқа қойып келді («Қаз. әдеб.»). Күн әлгінде ғана батқан. Жатарға дейін әлденеше *е т қ а й н а т ы м у а қ ы т* бар. Ән тыңдайық (Шопан серігі).

ЕТҚАПТАР з а т. э т н. *Ет сүрленіп болған көктем айларының бас кезінде арсадағы етті түсіріп қапқа салушылық.* Осы кезде келген бала-шағаға «*е т қ а п т а р*» деп жөргем, көтеншек беріп, үлкендерге ет асып, арнайы шақырады (Қазақ. ас-тағамы).

ЕТҚОР с ы н. *Ет жегісі келіп тұратын, етқұмар. Е т қ о р* адамның ет жегісі келіп тұратыны белгілі (Луызекі).

ЕТҚОРЕКТІ с ы н. *Етпен қоректенетін, ет жеп күн көретін.* Табиғи жағдайда бұл тізбектің кептеген бунақтары болады, өйткені бұған *е т қ о р е к т і* жануарлар – жыртқыштар мен паразиттер араласады (Жалпы биология).

Етқоректі жануарлар. з о о л. ***Етқоректілер***. *Е т қ о р е к т і ж а н у а р л а р ғ а* қолтырауындар, көптеген жыландар, жыртқыш құстар мен аңдар жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕТҚОРЕКТІЛЕР з а т. з о о л. *Жылықанды омыртқалылардың етімен қоректенетін жануарлар. Е т қ о р е к т і л е р* де өстіп қоректендіреді (Р.Әлімбаев, Құстар.).

ЕТ-МАЙ з а т. *Еті мен майы.* Мал союдың да жөн-жосығы, тәртібі болады. Соған орай әрбір жілік, омыртқа, қабырға, қазы тағы басқа кәделі мүшелер тиісті *е т - м а й ы м е н* бірге бөлінуге тиіс («Парасат»).

Ет-май жібермеу. *Бауыздалған малдың терісін сыпырғанда оған ешбір артық зат қоспай, ет-майды таза күйінде ажыратып алу.* Теріні кеспей, әрі оған шел, яғни *е т - м а й ж і б е р м е й* бірыңғай пышақпен сою үлкен шеберлікті тілейді (Қ.Салғарин, Қасапшылық).

ЕТМАЛ м о д. ж е р г. *Ықтимал, мүмкін.* Оңтүстік өңірде айтылатын араб тілінен енген *е т м а л* сөзі – ықтимал сөзінің варианты («Ана тілі»). Бабажанның сарайы мұнан 94 жыл бұрын құлауы *е т м а л* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЕТ-МЕТ з а т. *Ет және сол сияқтылар.* Әйтсе де соғымдық, аздап тиын-сиындық *е т - м е т* табылатын шығар (М.Сүндетов, Ескексіз). Шешесінің қолыңды жу дегеніне қарамай ортан жілікті *е т - м е т і м е н* ала қашты Дәурен (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЕТПЕ: дүрс [дұңқ] етпе [етпелік]. *Қоңқ етпе, дөкір мінезді (адам).* Ұзағалы баяғы тоң мойындығынан, *д ү р с е т п е л і г і н е н* танбады. Жас әйелдің тәтті қиялын түсінбеді («Лен. жас»). Арғы үрім-бұтағың да осы өзің секілді *д ұ ң қ е т п е л е р* екен, нәсіліңе тартқаның ғой (Ж.Молдағалиев, Тоғай.).

Үп етпе. *Әлсіз соққан, үп еткен.* Келмейтін көңіл күйге налып, састы, *Ү п е т п е* ұлпа сезім алып қашты, Қоп-қою бұйраланған көк шалғында Тізеңе тыныстадым салып басты (Аманхан Әлімұлы // Екі мыңжылдық.).

ЕТПЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Етпетте***. Омбы қарға *е т п е л е й* құлаған бір-екі кемпір мен бала бір тұрып, бір жығылып, үйелеп жатыр (С.Жүнісов, Ақан сері). Аш өзекке ас барғанда, Буын босап сала берді. Әміршідей бар жалғанға Құшты *е т п е л е п* қара жерді (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). *Е т п е л е й* түсіп үй маңына таянып қалдық, үй ішінен барқыраған бір дауыс естілді (Ж.Саин, Жол.). Шабуыл, тағы да шабуыл, Ажалды ажал тек жеңеді. Шабуыл, тағы да шабуыл, Рамазан *е т п е л е п* келеді (Е.Ибраһим, Гаккү).

ЕТПЕЛЕКТЕ= е т. *Етпетінен құлай жаздау.* Қолтықтасып алғандары бірде шалқалақтап, бірде *е т п е л е к т е п*, теңселе жұлқысып, тәлтіректеп келеді (А.Сатаев, Дала.).

ЕТПЕЛЕКТЕТ= е т. *Етпетінен құлай жаздату.* ≈ *Е т п е л е к т е т е* жаздады.

ЕТПЕЛЕКТЕУ *Етпелекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жас баланың *е т п е л е к т е у і*.

ЕТПЕТТЕ= е т. *Бетін жерге қарата жату.* Мәлке түскі астан кейін ұйқыға кетті. Тез ұйықтамақ болып, *е т п е т т е п* жатып еді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Атын аққайыңның саясына байлап, Нұржан бұлақ жағасына *е т п е т т е п* жата кетті (З.Жәкенов, Таң.). Құшағым жетпеген соң *е т п е т т е п* жата қалдым да, мұп-мұздай қара тасын сүйдім (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЕТПЕТТЕТ= е т. *Бетін жерге қарата жатқызу.* ≈ *Е т п е т т е т і п* жатқызды.

ЕТПЕТТЕТУ *Етпеттет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е т п е т т е т у д і ң* керегі жоқ.

ЕТПЕТТЕҢКІРЕ= е т. *Сәл етпеттей түсу.* Салмақ екпінімен *е т п е т т е ң к і р е п* барып, ышқына қайта шапшып еді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Үстел ернеуіне *е т п е т т е ң к і р е й* кеудесін тіреп, ауыр ойға шомып, қыбыр етпей әлі отыр (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЕТПЕТТЕҢКІРЕУ *Етпеттеңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е т п е т т е ң к і р е у і ң* керек еді.

ЕТПЕТТЕУ *Етпетте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е т п е т т е у і* ұзаққа бармады.

ЕТПЕТІНЕН үс т. *Бетін жерге қаратып жатқан қалпы.* Бүркіт енді жерді құшақтай *етпетінен* жатып жан-жағына қарай бастады (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Етпетінен* жатқанға бастығырылыңқырап терлеп қалыпты (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Ержан сызды жерге *етпетінен* жатып, алдыңғы жаққа көз жіберді. Сирек бұталардың ар жағынан белдеуленген қара жолақты көрді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Етпетінен түсті [құлады, жығылды]. *Бетін жерге қарата құлады.* Сөйтіп келе жатып, әлдене аяғына оралып, Айғыз *етпетінен түсті* (Қ.Исабаев, Айғыз). Боздаған бойы ботасына жете бере *етпетінен түсті*, ботасын аймалайды да боздайды, боздайды да аймалайды (Ә.Әбішев, Замана.). Жасын арбаға мінгенде, терезеден қарап тұрған Фатима ағаш төсекке *етпетінен құлай* кетіп, шүберекке оралған қолжазбаны құшақтап, өксіп жіберді (Т.Жұртбаев, Бесқарагер). Шешесіне сөзін тыңдата алмай, қатты қапаланып орнынан көтеріле берген Байсал осы самаурынды аңдаусыз қағып кеткендей болды да, өзі *етпетінен құлады* (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.). Жазым боп қапылыста оққа ұшып, *Жығылды* ол *етпетінен* жерді құшып. Айыпсыз ақ денеден қан сорғалап, Езілді ізгі жаны, жүрек қысып (Б.Ысқақов, Москва.).

ЕТПІСІРІМ: етпісірім уақыт. *Асқан ет пісетіндей уақытты білдіретін халықтық өлшем.* Бала жыланның уытына уланыңқырап, *етпісірім уақыт* талып жатты (Қаз. ертег.). Шал сәлден кейін жаны тынышып, қорылдап ұйықтап кетті. *Етпісірім уақыт* ұйықтады («Лен. жас»).

ЕТПІСІМ: етпісім уақыт. с өй л. ***Етпісірім***. ≈ *Етпісім уақыт* болды.

ЕТ-СОРПА з а т. *Еті мен сорпасы.* Әскердегі барша ел ұланның ақ сапары үшін айтып сойылған «ақсарбастың» ұлар сорпасындай «теберік» *ет-сорпасы* тартылған (Ж.Ахмади, Шырғалаң.).

ЕТ-СҮЙЕК: ет-сүйек ұны. *Белокты-минералды мал азығы. Ет-сүйек ұны* негізінен шошқаға, құсқа, мамық жүнді аңдарға азыққа және құрама жемге қосып береді (ҚҰЭ). *Ет-сүйек ұнының* құрамындағы майдың тотықпауы үшін оған антиоксиданттар қосады (ҚҰЭ). *Ет-сүйек ұны* тағамға жарамайтын мал ұшаларынан дайындалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЕТ-СҮТ с ы н. *Ет пен сүт беретін жануарларды өсіру және қолданумен байланысты.* ≈ *Ет-сүт* өнімдері. ≈ *Ет-сүт* тағамдары. Соғыстан кейінгі жылдары Украинада былғары аяқ киім, трикотаж, тігін, тоқыма жібек, нан, макарон, консерв, кондитер, *ет-сүт* өнеркәсібі кең көлемде өркендетілді («Лен. жас»).

ЕТСІЗ с ы н. **1.** *Ет болмау, етті емес.* Қала *етсіз.* Қыр халқы ақшаның құнына сенбей, базарға мал әкелмей жатыр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бұл үйде ет көп, тек жеуіңді біл, қайным. Ағаң тірі болса, бір күн *етсіз* қоймайды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). **2.** *Еті аз, ашаң, арық.* Адай жылқысының басы орташа жеңіл және *етсіз* (А.Иманғалиев, Адай жылқы.). Қарабала сөйлеп болған соң, Сейтқали сәл ойланып отырды да, *етсіз*, жіңішкелеу ұзын саусақты оң қолын созып, бір телефонның трубкасын көтерді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Естемес маңдайына тосқан қолын түсіре берді де, *етсіз* салалы саусағымен қамшының сабын қағып жіберді (Т.Ахтанов, Дала.).

ЕТСІЗДЕУ с ы н. *Еті аздау, арықтау, ашаңдау. Етсіздеу* ұзын саусақтар перне үстінде құйындай үйіріліп, жіті жорғалайды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Есіктен жас мөлшері кекселене түрса да, қарынға қазы жимаған *етсіздеу* кісі кіріп келе жатты («Қаз. әдеб.»). Қазақ жылқыларының бір түрі – адай жылқысы. Салт мініске қолайлы, басы жеңілдеу, шоқтығы шығыңқы, сауыры *етсіздеу*, итарқалау, аяқтары жіңішке, сіңірлі болып келеді (Ш.Жанәбілев, Қаз. мал. атаулары).

ЕТСІЗДІК з а т. *Етсіз болушылық, еті аздық, ашаңдық.* Жақсы аттың бір белгісі – *Етсіздігі* басының, Айнала көріп атырапты, Абайлатқан асылын (Халық ақындары).

ЕТСІРЕ= е т. *Етті аңсау, ет жегісі келу.* Өстіп *етсіреп* жүргенде Жылғанат шатқалында қаңғып қалған аңнан қағып келсек қайтеді (Д.Досжанов, Зауал). – Қарғыс атсын, Сара, сені, – деді Сәбила. – Қарағым-ау, елден ерекше *етсіреитін* саған не болған... *Етсіресең* өз малың жетпей ме (У.Қыдырханов, Таң нұры). Ақсақал көп созбаңыз, көп ақша береміз. *Етсіреп* жүрміз (Д.Еркінбеков, Шық.).

ЕТСІРЕТ= е т. *Етті аңсату.* Қарағым-ау, елден ерекше *етсіретін* саған не болған («Қаз. әдеб.»).

ЕТСІРЕТУ *Етсірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бала-шағаны *етсіретуі.*

ЕТСІРЕУ *Етсіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үй ішінің *етсіреуі.*

ЕТТАРТҚЫШ з а т. *Негізінен етті тұрап майдалауға арналған электрлі жетегі бар немесе қолмен айналдыратын құрал.* Тұраған қызанақ пен ақжелкен, аскөк пен балдыркөкті, ұзынша етіп тұраған тәтті бұрыш, қуырылған пиязды, баялдыны қосып, бәрін *еттартқышта* өткізіп, сырлы ыдысқа салып араластырады («Қазақст. әйелдері»). «ЭМ-1» және «Виница» *еттартқыштары* таттанбайтын болаттан

жасалған, олар ет және балық фарштарын, пашттеттер дайындауға және басқа өнімдерді тартып-тураурға арналған (Шаңырақ энцикл.). Егер шырын сыққыш болмаса, онда туралған капустаны *е т т а р т қ ы ш т а н* бір-екі рет өткізіп алады да, содан кейін дәке салып, банкіге сығады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЕТТЕ= е т. *Теріні еттен тазалау, шелдеу, етін қыру.* Иленіп кептірілген теріні *е т т е й д і.* Жұмыстың бұл процесін тері қыру дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЕТТЕЙ с ы н. **1.** *Ет сияқты, ет тұстес.* Айғанымда ажар қалмай, бұрынғы қоңыр, әдемі кескіні шала піскен *е т т е й* қарамықтана бозарып, өңі әжімденіп кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өзі әлденеге ашулы сияқты, селдір сақалы селтең-селтең етеді, саршегір көздері сөлі сорылған *е т т е й* бозарып кеткен (М.Сәрсекеев, Туған жер.). **2.** а у ы с. *Дөңгеленген, толық.* Аласа бойлы, жұпыны ғана киінген, шегір көз, *е т т е й* сары әйел қол беріп амандасты (С.Бегалин, Замана.).

Жас баланың етіндей. *Уылжыған, үлбіреген. Е т і н д е й ж а с б а л а н ы ң* білегі бар, Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы, Қолаң қара шашы бар жібек талды, Торғындай толқын ұрып көз таңдайды (Абай, Тол. жин.).

ЕТТЕН= е т. *Артық ет біту, толысу, қоңдану, семіріңкіреу.* Оның енді-енді *е т т е н і п*, бұғағы тола түскен беттері бөртіп бусанып жатыр екен (М.Қуанышбаев, Жалғыз жиде). Қырықтан асқан біздің жасымызда *е т т е н і п*, толу да керек сияқты (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

Өлі еттенді. *Еттері өліп қалды, жансыздады.* Лактикодегидраза деген кейбір мүшелердің *ө л і е т т е н г е н* уақытында, бұлшық еттер жаншылғанда, жыртылғанда көбейеді (Т.Айтбаев, Қан. қасиеті). Аяқ-қолдың қажалып, ойылуынан болатын *ө л і е т т е н г е н* тері, Жер қазып, құм, тас төсеп қойып жолға, Сүйелдер шықпап па еді біздің қолға (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

ЕТТЕНДІР= е т. *Артық ет бітірту, қоңдандыру, семірту.* Күзге қарай қойды *е т т е н д і р д і* (Ауызекі).

ЕТТЕНДІРУ *Еттендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е т т е н д і р у* тәсілдері.

ЕТТЕНУ *Еттен етістігінің қимыл атауы.* Көбеңсіген соң мал денесіне «су жүгіреді», *е т т е н у* белгісі басталады (Эксп. матер.).

Өлі еттену. *Еттері өліп қалу, жансыздану.* Мал жарақатының көлемі үлкен болса, онда оның жарақат түскен жерінің *ө л і е т т е н у і* көбейеді (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат).

ЕТТЕС с ы н. *Туыстас, жақын.* Мына кісі ондай *е т т е с і* болмағанмен, қалтқысыз, адал ықыласымен айтып отырған сияқты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

ЕТТЕС= е т. *Теріні еттен бірге тазалау, етін қырысу.* ≈ Теріні *е т т е с т і.*

ЕТТЕУ *Етте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тері *е т т е у.*

ЕТТҰМСЫҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. <proboscidca> *Қазіргі жануарлардан піл ғана жататын, жойылып кеткен сүтқоректілер отряды.* Қазіргі кезде *е т т ұ м с ы қ т ы л а р д ы ң* биіктігі – 3-4 м, салмағы 4-5 тоннаға жетеді. Аяқтары жуан әрі жұмыр, 5 башпайлы (Қаз. тілі термин. Биология).

ЕТТІ с ы н. **1.** *Еті бар, етсіз емес.* Сол аста Бектемір баптап, екі жүз тоқсан үш аттың алдынан келтірген кер бесті бұған дейін көзге түспеген жылқы болса, кейін ол ұшқыр тайдан да қалып қоятын қара *е т т і* мал болып шықты (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Тобық аяныштымүсәпір халін, осы жалғыз сиырдан өзге дүниесі, адал *е т т і* малы жоқ екенін, рақым етуін өтініп жалбарынған (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** *Еті мол, еті көп.* Бұл тұқымның түйелері *е т т і* келеді. Семіздерін сойғанда таза еті мен майы тірілей салмағының 50 пайызына тең (И.Жұмағұлов, Түйе.). *Е т т і* жылқының тамаша бір тұқымы туып келеді, – деп қуантты (С.Қалиев, Еңбек ерені). Будандастыру нәтижесінде архар сияқты биік жерге шыдамды, мүсінді, *е т т і* қой тұқымы шықты (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). **3.** а у ы с. *Жуан, етженді, семіз.* Оның *е т т і* ақ балтыры менің балтырыммен жанасты, екеуміздің де жүрегіміз алып ұшқандай (Х.Рахимов, Қызғалдақ). Ол әлденеден қысылып-қымтырылған *е т т і* еріндеріне, тал шыбықтай бұратылған сұлу сымбатына қызығып тұрғандай, көзін алмай қадала қарады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Бас киімін қолтығына қысып, қалың *е т т і* жалпақ бет төмен қарай жылжи аққан терін жеңімен сүртті (З.Жәкенов, Таң самалы). **4.** а у ы с. *Үлкен, көлемді. Е т т і* өсімдіктерге, әсіресе кактустерге ыдыстың тарырақ болғаны жақсы (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.).

Етті мал. *Еті мол төрт тұлік түрі. Е т т і м а л* шаруашылығын интенсивтендірудің және оны одан әрі өркендетудің маңызды шарасы – оның тұқымын асылдандыру («Қазақст. комм.»). *Е т т і м а л* ұшасының сыртына май тегіс жайылады, ет қабаттарының арасына тарамыстанып тарайды (Ә.Қарасаев, Батыс.).

Етті саңырауқұлақ. ө с. *Ақ саңырауқұлаққа өте ұқсас, басының төменгі жағы алқызыл-қоңыр немесе қызыл қоңыр түсті болып келетін, қылқанды орманда өсетін улы саңырауқұлақтың бір түрі. Е т т і с а ң ы р а у қ ұ л а қ т ы ң* жұмсағы сынғанда тез қылғылт тартады. Бұл

оның үзгенде бірден алқызыл түске боялмайтын ақ саңырауқұлақтан басты өзгешелігі болып табылады (Шаңырақ энцикл.).

Шақпақ етті. *Кесек-кесек, бұлшық етті.* Ұршығы төмен біткен, *ш а қ п а қ е т т і,* Өзі санды, дөңгелек келсе к...ті, Сырты қысқа, бауыры жазық келіп, Арты талтақ, ұмасы үлпершекті (Абай, Тол. жин.).

ЕТТІ-ЕМДІ с ы н. ж е р г. *Етжеңді, толық.* Оның өзі де бір әрең қимылдайтын *е т т і-е м д і* кісі екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТТІ-ЖЕҢДІ с ы н. с ө й л. ***Етжеңді***. Сары балшықпен қораның қабырғасын салып жүрген *е т т і-ж е ң д і* қараторы келіншек сыпайы ғана амандасып, үйге қарай аяңдады (М.Хасенов, Нартәуекел). Жаң Жуң-хуа – жасы елуден асып кетсе де, әлі қайраты қайтпаған, *е т т і-ж е ң д і,* ақбөрте, семіз адам еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЕТТІ-ЖҮНДІ с ы н. *Еті де, жүні де мол.* Бұл аймақта биязылау жүнді қой тұқымын алу үшін *е т т і-ж ү н д і* бағыттығы биязы мен биязылау жүнді будандар пайдаланылады (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

ЕТТІК[1] з а т. *Сойылған малдың, соғымның етін сақтайтын салқын үй, етхана, кілет.* Күнгейдегі ұзын қора байдың үйлері: өзі отыратыны бір басқа, екі қатынның үйі екі басқа, баласының отауы қонақ үй, малшылардың үйі, шошала, *е т т і к,* астықхана (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қази елден әдейі ала келген бір қап ұн, бір жылқының етін, қант-шайларымен арбадан түсіртіп, *е т т і к к е* кіргізді (Ә.Бектепов, Мәди). *Е т т і к т і ң* есігінен біреудің басы қылтиды, артынша көйлегі солбаңдаған қара кемпірдің өзі көрінді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

ЕТТІК[2] с ы н. *Етке тән қасиет.* Гибридтердің *е т т і к,* сүттік сапасы қодасқа қарағанда әлдеқайда жоғары болады (Жалпы биология).

ЕТТІК[3] з а т. к ә с. *Қармақтың тілі.* Қармақтың *е т т і г і н е* басқа да нәрселерді іліп, балықты ұстай береміз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕТТІ-ҚОҢДЫ с ы н. *Еті мол, бітімі зор, қоңы бар, семіз.* Бойлары қатты тоңази қоймаған *е т т і-қ о ң д ы* сиырлар артқы аяқтарын кезек-кезек сілкілеп, бөгеліп қалған еді (Жас қайрат).

ЕТТІЛЕУ с ы н. *Еті молдау, толығырақ, жуандау.* Әжесіне еркелене келіп, Шоқан бетінен иіскеткенде Жақып та *е т т і л е у* томпақ бетін төседі (С.Бегалин, Шоқан.). Менің үстіңгі ернімнен гөрі астыңғысы *е т т і л е у,* апамның аузындай (М.Сүндетов, Құмдағы.). Алдыңғы аяқтары артқы аяқтарына қарағанда *е т т і л е у* де әлдірек (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

ЕТТІЛІК з а т. *Еті молдық, кесімі үлкендік.* Қой тұқымын асылдандырып, әрбір қойдың жүндестігін, *е т т і л і г і н* арттыру қажет (Қ.Серікбаев, Қастек.). Герефорд тұқымы ішінара асыл тұқымды мал заводтарында қазақтың ақбас сиырының *е т т і л і к* сапасын жетілдіруге пайдаланылады (Ә.Қарасаев, Батыс облыс.). Қойдың бұл жаңа тұқымы – тау өрісіне таптырмайтын мал. Оның *е т т і л і г і,* басқа қасиеттері жайлы толық жеткізе айтылды ғой деймін (С.Бегалин, Уақыт.).

ЕТТІ-МАЙЛЫ с ы н. *Еті мен майы мол.* Негізінде *е т т і-м а й л ы* бағыттағы шошқа, ірі ақ шошқа өсірілді (Жаңарған өлке). Қазақы еділбай қойы – *е т т і-м а й л ы* қой тұқымына жатады (Шопан серігі).

ЕТТІ-МАЙЛЫЛЫҚ з а т. *Ет пен майы мол болушылық.* Бірінші тарауында – жылқы, екінші тарауында – түйе, үшінші тарауында – сиыр, төртінші тарауында – қой, бесінші тарауында ешкі түліктерінің пайда болуы мен шыққан тектеріне қысқаша шолу жасалып, олардың *е т т і-м а й л ы л ы ғ ы н а,* жүріп-тұруына, жүн беруі сияқты толып жатқан ерекшеліктеріне байланысты атаулар мен терминдік тіркестер жік-жігімен тақырыптарға бөлініп баяндалады (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал. атау.).

ЕТТІР= е т. *Істеттіру, жасаттыру.* Өйтіп тірі қалғаны бар болсын, о да өлім. Мәшһүрім олай *е т т і р і п* қоймас еді, мың есе ғып қайырар құнын (Д.Әбілев, Арман.). Ыңғайлы екі қолды қызмет *е т т і р і п,* аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, исін алып ләззаттандырғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойды (Абай, Тол. жин.). *Е т т і р і п* ел біткенге дұға, қайыр, Қайтарды қазы-қарта шайнаттырып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕТТІРЕК с ы н. *Еті молырақ, етжеңділеу, семізірек.* Сәлімжан Ибрайымды сөгер шүйлеп, Сояды *е т т і р е г і н* өзі билеп. Нұрсұлтан госплан деп акт жазып, Тастайды арық болса, сайға сүйреп (Айтыс).

ЕТТІРУ *Еттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Олай *е т т і р м е у* керек.

ЕТТІ-СҮТТІ с ы н. *Еті мол, сүті мол.* Кейінгі жылдары шаруашылық *е т т і-с ү т т і* мал өсірумен шұғылдана бастады («Жас Алаш»).

ЕТУ *Ет етістігінің қимыл атауы; істеу, қылу, жасау.* Үйлерге енетін шуды азайту шаралары: үйлердің әйнектелетін бетін азайту, терезелерді дыбыс өткізбейтіндей *е т у,* олардың әйнегін рамаға тығыз бекіту, үш қабат әйнектеу, әйнектердің арасындағы қашықтықты арттыру, қалың әйнекті пайдалану (Т.Қалыбеков, Экология.).

Әсер ету. *Ықпалын тигізу.* Шудың зияндық дәрежесі негізінен алғанда оның күшімен, жиілік құрамымен-спектрімен, *ә с е р е т у*

ұзақтығымен және реттілігімен анықталады (Т.Қалыбеков, Экология.).

Еңбек ету. *Жұмыс істеу, еңбектену.* Біздің қоғамымызда *еңбек ету* тек қана тіршілік ету үшін қажетті болып қоймай, адам организмінің физиологиялық қажеттілігі болып саналады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

Қамтамасыз ету. *Керек-жарақпен қамту, жабдықтау.* Біріншіден, математиканың практикалық мәні бар, теориялық әдістерін дамытып, ыңғайлау, яғни оны қолданудың таза математикалық жағын *қамтамасыз ету* (А.Көбесов, Математика.). Бұл кезде, әлбетте, тау-кен және транспорт жабдықтарының жоғары өнімді әрі қауіпсіз жұмысын *қамтамасыз ету* тағы да ойластырылуға тиіс (Т.Қалыбеков, Экология.).

Табыс ету. *Тапсыру, табыстау.* Енді маған ұжымымыздың сіздерге тартқан сыйлығын *табыс етуіме* рұқсат етіңіздер (Е.Жәкенов, Тұғырлас.). Келген бірінші шаруам әлгі құттықтау хатты *табыс ету* де, екіншісі, малшыларға тойдың болатынын хабарлау еді (М.Неталиев, Үлкен жол.).

Тіршілік ету. *Өмір сүру.* Кәдімгі алтын балық – бозша мөңкенің арғы тегі, аквариумда *тіршілік етуге* бейімделген, пішімі мен реңі ұқсас болғанмен өзіндік ерекшелігі бар балық (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЕТУШІ з а т. *Істеуші, орындаушы, жасаушы.* Бізге егелік *етуші* кім екенін білмей көп кідірдік. Біреулер еліне қайтып жатты (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ол Отанын қайта тапқандармен бірге қуанды, бірге тебіренді. Біздерге олар азат *етушіміз* деп қарады (Қ.Қамбаров, Ертісте). Қазақтың малқор да дүниеқоңыз байының маңында еңбек *етуші* кедей еңбегін ғана жегізбейді, ар қорлығында көреді (М.Әуезов, Әр жыл.). Аштан өлуге көзім жетпесе, ағайынның тағалы тор тайына қиянат *етуші* ме едім! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазақ сияқты, өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет *етушілердің* қадірін білмеген жұртқа қырық тоғыз жыл ұмытарлық көп заман (М.Дулатов, Шығ.).

ЕТХАНА з а т. *Ет сақтау үшін шошаланың ішінен кереге, шимен бөлінген орын немесе арнайы салынған бөлме, кілет.* Солдаттар шам жағып, Ахметті ертіп жүріп шошала, *етхана,* қой қораның бұрышынан бірін қалдырмай қарады (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Күзге салым *етханадағы* шағын сусекке бидайды лық толтырып алып, қарық болды да қалды (С.Омаров, Өмір тынысы). Далаға шығып серги алмаған Қамқор қайта келгенде, Қатира *етханада* жүр екен (К.Оразалин, Көктем.).

ЕТШАПҚЫ з а т. *Ет шабуға арнап жасалған дөңгелек жүзді құрал, қолбалта.* Егер ет тартқыш болмаса, түшпараға арналған етті *етшапқымен* уақтайды (Ауызекі).

ЕТШЕ ү с т. *Етке ұқсап, ет сияқтанып.* Неге десең, бұлшық *етше* бұлтиып, Іштей тынып бекер жатқан жоқсыңдар (С.Оразаев, Дала.).

ЕТШЕҢ с ы н. *Етті, толық, жуан, семіз.* Рақыш та көп күттіре қойған жоқ. Көзі күлімдеп, *етшең* беті жайыла түсіп, бұлт астынан шыққан көктемнің күніндей жарқ ете қалды (Ә.Жылқышиев, Өмір жыры). Жұмсақ басып Сәбира кірді. *Етшең* толық денесі сүйегінен, тығыздығынан айырылып, осы қара сағымда жеңіл қалқып жүрген сияқты (Т.Ахтанов, Боран). Оған енді жақындаңқырап келіп қалған Олжабайдың *етшең* жалпақ кескінінен шынында да біртүрлі тоқмейілділік көрінгендей еді (А.Мұқатаев, Директор.). Көзінің астын көгертіп сүрме жағып алыпты, торсиған *етшең* астыңғы ернін қатты тістелейді (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ЕТШЕҢДЕ= е т. *Етті болу, жуандау, семіру.* Бет-әлпеті *етшеңдеп* толыса бастаған орақ мұрынды, айналасына қалың қабағы сәл түйіле қарайтын жігіт екен (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

ЕТШЕҢДЕН= е т. *Семіріп жуандану, еттену.* Әсет енді көріп отыр, әпкесі анау жылғысынан әжептәуір қартайып қапты, *етшеңденіп* толған (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

ЕТШЕҢДЕНУ *Етшеңден етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Етшеңдену і* байқалды.

ЕТШЕҢДЕУ[1] с ы н. *Толықтау, жуандау, семіздеу.* Әлі нұры таймаған кішкене қой көзінде үрей мен үміт, қуаныш пен қатер арбаса ұйытқып, *етшеңдеу* ақ сұр кескіні бір қызарып, бір бозарады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кіршіксіз ақ жаға сәл *етшеңдеу* қызыл шырайлы ақ жүзін айқындап аша түскендей (Т.Ахтанов, Қаһарлы.).

ЕТШЕҢДЕУ[2] *Етшеңде етістігінің қимыл атауы.*

ЕТШЕҢДІК з а т. *Етшең болушылық, толықтық, семіздік.* Бұл совхоздағы ірі қараның *етшеңдігі* сонша, олар күніне 1200 грамм салмақ қоса алады (А.Байболатов, Жарыс мұраты).

ЕТШІ з а т. с ө й л. *Қасапшы, ет сатушы.* Мен осында қонамын ба, әлді *етшінің* үйіне барамын ба? – деді Әмір, шығуға ыңғайланған Оразға (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЕТШІЛ с ы н. *Ет-ет деп отыратын етқұмар, қызыл жанды.* Біздің ауыл балаларының *етшіл* келетіні белгілі (Ауызекі).

ЕТІК з а т. *Былғары не резинка сияқты материалдардан тігілетін қонышты аяқкиім.*

Қазақ арасында былғарыдан ең көп тігілетін киімнің бірі *етік* болғандықтан, былғарыны өңдеумен көп айналысқан (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Ескі *етіктің* қонышын бастап кию үшін әркімнің тігінінен қалдырған жамаулығы жетпей қалып, азғана қайыс сұрап кел деп Раушанды Кемелбайдікіне жұмсаған (Б.Майлин, Әңгім.). Бұл *етік* өте жұмсақ былғарыдан әшекейлеп тігілетіндіктен шығыс әйелдері сәнге киетін (С.Бегалин, Шоқан асу.). *Етік* адамның жас, жыныс ерекшелігі мен жыл мезгілдеріне қарай түрліше тігіледі («Жас Алаш»).

Базары етік. *Сәнді, қымбат, бағалы етік.* Сыртынан жеңсіз камзол, көк шапан, қара бөрік, қызыл тақия, *базары етік*, сарала белбеу-барлығын үстіме кигізіп, далаға шығарғанда өлмейтінімді білдім (К.Әзірбаев, Аңыз.).

Бастама етік. *Жұмысқа киетін етік.* Жұрт жаназаға етіктерін тастап, мәсісімен тұрады. Ал Артықбай *бастама етігімен* тұрады («Қаз. әдеб.»).

Былғары етік. *Өңделген теріден тігілген етік.* Мықшима аяғымда *былғары етік*, Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп. Үлкен кісі жанымда жез салдырған, Шақпағым, дөндөкуім жарқ-жұрқ етіп (Абай, Тол. жин.). Қалада *былғары етік* тігетін фабрика іске қосылды («Жетісу»). Аяғында жұлығына жамау түскен көне *былғары етік*, басында тәйпиған көкшіл кепка (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Екі аяғын бір етікке тықты. *Жанын шығарды, апшысын құырды, тықсырды.* Бізді қысымға алған аяз бен жел немістердің *екі аяғын бір етікке тығып* тұрған шығар (Б.Момышұлы, Москва.). Үш комбайнға төрт-ақ машина. Тым жеткіліксіз екен. Бір Төлегеннің өзі *екі аяғымызды бір етікке тығып* жатыр («Лен. жас»).

Етігімен су кешті. *Қиын-қыстау күнді бастан өткерді.* Ел басына күн туып, *етігімен су кешті* (А.Машанов, Жер асты.).

Етік басы. *Аяқтың башпайлары мен мойынын қауып ұстап тұратын бөлігі.*

Керзі етік. *Керзі материалымен қонышталып, басы қалың былғарыдан тігілген резеңке табанды етік.* Бүлігін сосын өршітіп, Үйірге қарай ұмтылды. *Керзі етікпенен* жер шұқып, Ержетіп қалған ұл тұрды (Е.Раушанов // Екі мыңжылдық.). Үстінде көп жуылып өңі қашқан сарғыш гимнастерка мен әскери көнетоз галифе, аяғында *керзі етік* (М.Сүндетов, Ескексіз.). Баян *керзі етік* киген кішкене аяқтарын тыпың-тыпың басып, жаралылардың артынан кетіп барады (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

Киіз етік. *Киізден тігілген етік. Киіз етіктің* басы мен қонышын бөлек, екі бет етіп пішіп алып, тігістіктеріне былғарыдан немесе жақсы иленген қайыстан сыздық салып отырып қусырып тігеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Оқуға кетіп бара жатқан баласына шешесі өз қолымен сырып, *киіз етік*, сәтен тысты, жылы бөрік тігіп берді (Қ.Әміров, Жастық шақ.). Құр құйысқан, жіп тізгін, *киіз етік*, Айдалада келемін күжілдетіп (К.Әзірбаев, Шығ.).

Көк етік. *Жақсы иленіп көк бояуға салынған, сапалы былғарыдан тігілген қымбат, бағалы етік.* Ай, бикеш, осы сөзің жора болғай, Жіберші шоқ терекке барсын торғай. *Көк етік* сүйіншіге беремісің, Сол кісі Құдай оңдап күйеу болғай (Қозы Көрпеш.). Тақтайдай жауырыны кең, көкіректі, Жоталы жолбарыстай сом білекті, Келте тон, күлте белбеу, қырым балақ, Жез қалпақ, жырма қоныш *көк етікті* (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Көн етік. ф о л ь к. *Көннен тігілген, кедей-кепшік киетін ескі, нашар етік. Көн етік* деп қазақ жоқ-жітік пен кедей-кепшікті атаса керек (Ғ.Қайырбеков, Алтын.). Ақ *көн етік*, жыртық тонын үстімде, Аталам мен жармыш көжем ішімде (Ж.Жамхаев, Өлеңмен өрілген.). Өзіңді күн ілгері көр тексеріп, Түбіңе тиіп балта қырқылмай-ақ! Сөзіңді бір-екі ауыз міндет етіп, Көмпиме, *көн етіктің* ұртындай-ақ (Қаз. ақын. шығ.).

Қима етік. *Биік өкшелі етік. Қима етік* жеңіл, жұқа былғарыдан өкшесі биік етіп тігіледі («Қазақст. әйелдері»).

Қисық табан етік. *Қара жұмысқа киетін арзанқол етік.* Жалаңаяқ тартпа өретін шикі сары қайыстан *қисық табан етік* киіпті (А.Сүлейменов, Бесін). Бұтында кең балағын оюлап тастаған шалбар, аяғында биік өкшелі қызыл сафьян, *қисық табан етік* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Аяғында жылтыр қоныш *қисық табан етік*, басында биязы қара қалпақ, үстінде су жаңа диагонал костюм – бәрі бесбаттам балшық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Құрым етік. *Құрымға боялған былғарыдан тігілген етік.* Кереуеттің аяқ жағында бір пар *құрым етік* жатыр (Н.Сералиев, Қаңтар.). Оның аяғында биік өкшелі қара *құрым етік* (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

Сақтиян етік. *Әшекейлеп тігілген етік.* Кейін Алматыға барғанда оқалы камзол, шолпы, сырға, қос білезік, *сақтиян етік* киіп бардым («Қаз. әдеб.»). Мұндағыдай *сақтиян етікті* Хиуа мен Бұхарадан таба алмайсың (Ә.Кекілбаев, Таңд.).

Саптама етік. *Қонышын қара санға жеткізе тіккен, астары жылы, байпақпен киетін етік.*

Тұмақтарды шәукитіп, *с а п т а м а е т і к т і* сүйрете басып, шидем шекпенді қазақ жігіттері Гроның үлкен магазиніне топырлап кіріп жатыр (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Кең қоныш *с а п т а м а е т і г і н і ң* табанына аппақ қар жабысқан (З.Иманбаев, Кең аймақ.). Хамит созалаң отырып аяғындағы қазақша *с а п т а м а е т і к т і* бір-бірлеп шешті (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Шоңқайма етік. *Тұмсығы ұшкір, өкшесі тайқы былғары етік*. Қыздардың аяғында оймышты *ш о ң қ а й м а е т і к т е р і* бар (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЕТІКЕЙ з а т. *Шағын, кішкене етік*. *Е т і к е й* етік тігерде, етік иесінің аяғын (тұрқын, алқымын, жіліншігін) өлшеп алды да, үлгі пішінді, қалып жабады, жамалайды, шешесі баласына көйлек пішерде баласының бойын, аяғын, қолын, мойнын өлшеп алып, шүберек жыртады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕТІКМАЙ з а т. *Етік майлайтын май*. Дүкеннен *е т і к м а й* сатып алдық (Ауызекі).

ЕТІК-МЕТІК з а т. *Етік және басқалары*. Ескі-құсқы киім, *е т і к-м е т і г і н* қолтықтап, дорбасын, боқшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмеңдеп, сақалына сүңгі тұрып, базарға кетіп барады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕТІКТЕЙ с ы н. *Етік сияқты*. Өрнекті өлеңімнің гүлі құрап, Сөгілген ескі *е т і к т е й* қақырадым. Қоштасар мезгіл жетті ел-жұртыммен, Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын. Сәлем де артта қалған туған елге, Ту тігіп, думан құрып өскен жерге! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Басын көтерейін деп еді, тарамыспен іліктіре-іліктіре салған қырық жамау көн *е т і к т е й* құрысқан дене жібермеді (С.Жүнісов, Ақан сері). Ресейдің – жалшы таптың, Ісінен дүние үлгі алар. Таж бен тақ домалап, Ескі *е т і к т е й* тұл қалар (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЕТІКТІ с ы н. *Етігі бар, етік киген*. Мысық ұйықтар алдында көзіне *е т і к т і* адамдарды елестетті (М.Рашев, Бетің қисық.). Баспалдақта ол күмісше жылтыраған нейлон күпі киген, *е т і к т і* ақ құба періштеге жол берді («Лен. жас»). Әлгі *е т і к т і* сұлуды көргенде пристань басындағылардың ішінен әркім-ақ ол жөнінде сөйлей қалды (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Шолақ аяғымен кедір-бұдыр жерді *е т і к т і* кісідей басады (С.Мұқанов, Таңд.).

Көк етікті. *Басқалардан тәуір, өзгелерден артық адам*. Байғұс басым, алмайын деп кекірелеп жатқан мен бар ма? *К ө к е т і к т і* кез келмейді, көн етіктіге кез келгің келмейді, – дейді жігіт (Қ.Тайшықов, Октябрь.). Сөйтіп, *к ө к е т і к т і* кездеспей, көн етіктіге бара қоймай жүргенде, Варвара қартамыш болып қалады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Көн етікті. *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай*. *К ө н е т і к т і* демесең, Көпті бұзар сөзім бар (Ш.Смаханұлы). Аузының салымы бар екен, көк етікті кездеспей, *к ө н е т і к т і г е* бармай отырған сұлу қыз ақыры саған бұйыратын болды (С.Омаров, Өмір.). Сонымен «көк етікті кез келмей, *к ө н е т і к т і н і* көзге ілмей» жүрген хал Ғайшаның басына бүгіннен көп бұрын туып еді (М.Әуезов, Қараш.).

ЕТІКТІК с ы н. *Етік тігуге жететін, соған жарайтын*. Қоржындары сықай толған шай-шекер, күріш пен мейіз, көйлек-көншек, бірер *е т і к т і к* былғары және бар (Б.Аманшин, Көкжар).

ЕТІКШЕҢ ү с т. *Етік киген күйінде, етігімен*. Барсам, әлгі шешінген адам көпірдің астындағы суды *е т і к ш е ң* кешіп жүр, – дейді Базар (Майдан). Менің ұсқыным шынында да таңырқарлық еді. Былғары шалбар, былғары көкірекше киіп, *е т і к ш е ң* жүргенім (Т.Бигелдинов, Аспан.).

ЕТІКШІ з а т. *Етік және басқа аяқкиім тігетін ісмер, шебер адам*. Былай тұршы, біз де көрейік, – деп *е т і к ш і н і ң* пышағын, бізін, балғасын, кемпірауызын ұстап, қамалап жатқан еркектерді кимелеп, біреуінің қолынан кебісті жұлып алып қарады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ашумен бай баласы шығып кетті, *Е т і к ш і* бір жігітке кезек жетті. Қыз дегенде қызықпай кім тұрады, Бұл-дағы осы қыздан үміт етті (Ж.Жолдинов, Ойлар.). Бірен-саран қолы өнер білетін *е т і к ш і*, көрікші, ұста сияқты адамдар болмаса, кәсіптің тұлдыры да жоқ еді (К.Смайылов, Мамандық.). Қазаққа оқудың керегі жоқ кезде, өнердің де керегі аз еді, өздеріне керек өнерді білетін адамдары араларында болушы еді, үйшісі, ұстасы, *е т і к ш і с і*, ершісі өзіне еді («Қазақ»).

ЕТІКШІЛІК з а т. *Етікші болушылық, етік тігуді кәсіп етушілік*. Бар еді Ерден деген момын адам, Көрсе де не қиындық мойымаған. Өнері бойға біткен *е т і к ш і л і к*, Кәсіпке одан бөтен бой ұрмаған (С.Омаров, Сәукен). *Е т і к ш і л і к* – жақсы өнер, таптырмайтын жұмыс. Бұған да қолы жете алмай жүргендер бар (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бойда бар күшіңді аямай бар ынтаңмен жұмыс істемейінше бірдеңе тындыру мүмкін емес. *Е т і к ш і л і к* те еңбексіз келмейді (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЕТІКШІШЕ ү с т. *Етікші тәрізденіп, соған ұқсап*. Құрыш таспасы мен бізін кезек-кезек жұмсап, тулақты көктеген *е т і к ш і ш е* біресе аттың тізгінін оңға, біресе солға бұрғыштап, алты өрменің астына ала берді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЕТІЛ= е т. *Істелу, жасалу*. Еш нәрседен болмаған қолы қысқа, Төрт ұлы бірі үйде, бірі

тыста. Орындалып дегені сағатында, *Етілмей* ешбір ісі қалмай босқа (С.Мұқанов, Шыңнан.). Қысты күндері макеттер жабылып, қар басып қалмайтындай *етіліп* қоршалады да, жұмысы ерте көктемнен басталады. Сол кезде суретші, дизайнер, сәулетшілер саны 40-тан асып кетеді («Егемен Қазақстан»). Олай *етілмесе*, соңғы берілетін мағлұматтар орнықсыз, үстірт болып, бала ілгері қарай барғанда, соқыр кісіше қармалып, әр нәрсенің басын шалып кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Азат етілді. *Босатылды, азаттық алды.* Гиммлер үйі – желке тұста. Онда әлі ұрыс жүріп жатыр. Рақымжан – төртінші қабат *азат етілген* шақта, түс мезгілінде кетті (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Баян етілді. *Хабарланды, айтылды.* Алғашында ол өзі сөйлеуден гөрі жұрттың сөзін тыңдаумен болды. Оған қаланың бар жайы *баян етілді* (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Сөз етілді. *Әңгімеленді, айтылды.* Бізде де бұл мәселе *сөз етіліп* отырған мәдениет туралы заңда белгіленсе, еш артықтық етпес еді («Егемен Қазақстан»).

Талап етілді. *Міндеттелді, талап қойылды.* Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару *талап етілетін* жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады (ҚР Конституциясы).

ЕТІЛУ *Етіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Рұқсат *етілу*.

Қамтамасыз етілу. *Керек-жарақпенқамтылу, жабдықталу.* Қыс кезінде пайда болатын жарақаттар малдың күтіміне және жемшөппен *қамтамасыз етілуіне* байланысты болады (Ғ.Әбішев, Мал жарақат.). Лагерьдегі адамдардың тамақпен *қамтамасыз етілу* жағы оған белгілі, өлместің күнін көріп жүретінін білетін (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Көк түсті қойларды №1 фермаға жинап, отарлар құрғанда бір ферманың жем-азық жағдайын, қорамен, сумен *қамтамасыз етілуін* ескердік (Береке бастауы).

ЕТІС з а т. л и н г в. *Қимыл-әрекетке, іске субъект мен объектінің қатынасын білдіретін етістікке тән грамматикалық категория.* Зерттелінген тілдердегі *етісті* сапасы, саны, көрініу формасы әртүрлі болғанымен, олардың жаратылысында жалпы заңдылық бар (Қазіргі қаз. тілі). Сөйтіп, етістіктің субъектіге және объектіге қатынасына байланысты семантикалық және формалдық құбылуын *етіс* деп атаймыз (Қазіргі қаз. тілі). *Етіс* түрлері негізгі етіс түрінен емес, негізгі және туынды түбір етістіктерден белгілі қосымшалар қолдану арқылы жасалады (Қаз. тілі энцикл.).

Ортақ етіс. л и н г в. *Қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіретін етіс түрі.* Сөйтіп, *ортақ етіс* мағынасы мен қосымшасы етістің басқа түрлерінен сабақтылық-салттылық сипатқа бейтарап болуы негізінде де ерекшеленеді (Қаз. грамм.).

Өзгелік етіс. л и н г в. *Қимыл, іс-әрекеттің тікелей өзі арқылы емес, екінші субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіретін етістің түрі. Өзгелік етіс* жұрнағы салт етістікке жалғанса, салт етістікті сабақты етістікке айналдырады (Қаз. тілі. энцикл.).

Өздік етіс. л и н г в. *Іс-әрекетті субъектінің тікелей өзі істейтіндігін білдіретін грамматикалық категория. Өздік етіс* жұрнағы негізінен сабақты етістікке жалғанады, бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді (Қаз. грамм.)

Ырықсыз етіс. л и н г в. *Қимыл, іс-әрекеттің атқарушысы арнайы көрсетілмей, қимыл өздігінен істелгендігін көрсететін формасы. Ырықсыз етіс* тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады (Қаз. тілі. энцикл.).

ЕТІС= е т. *Қосыла істесу, жасасу.* Қытайдың патшасымен болып таныс, *Етісті* бір-бірімен беріс-алыс. Бір сұлу бұл патшаның қызы бар ед. Әркімдер етіп жүрген атын жарыс (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

Әңгіме [сөз] етісті. *Бір нәрсені әңгімеге айналдырып, сөйлесті.* Қашанғы әдетімізше Жаңыл екеуміз көп жайды аударып-төңкеріп *әңгіме етісіп* отырғанбыз (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Екеуден-екеу оңаша отырып, алдағы келер қыстың жайын, мал қамын, даярлық жағдайын біраз *сөз етіскен* (Ә.Жылқышиев, Мешін жылы).

Уәде етісті. *Уәделесті, серттесті.* Ушаковтың өндірісіне көшіп келуге *уәде етісіп*, ақша алып қалған қырық жігіт Поповка кетіп қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЕТІСТІК з а т. л и н г в. *Заттың қимылы мен іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістіктің* түбір тұлғасы қимылды, іс-әрекетті, процесті т.б. білдіреді және ол – етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі (Қаз. грамм.). Морфологиялық жағынан да, сөйлемдегі қызметі жағынан да сұрыпталып қалыптасқан негізгі сөз табының бірі – *етістік* (Қазіргі қаз. тілі).

Етістіктің рай категориясы. л и н г в. *Сөйлеушінің іс-әрекетке көзқарасын, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын білдіретін грамматикалық категория. Етістіктің рай категориясының* төрт түрі бар (Н.Сауранбаев, Қазақ тілі).

Етістіктің шақ категориясы. л и н г в. *Іс-әрекеттің болу мезгілін, сөйлеп тұрған уақыт арасындағы қарым-қатынасты білдіретін грамматикалық категория. Е т і с т і к т і ң ш а қ к а т е г о р и я с ы н ы ң* үш түрі бар (Қаз. грамм.). *Е т і с т і к т і ң ш а қ к а т е г о р и я с ы* қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін немесе болып жатқанын не әлі болмағанын, бірақ болатынын білдіріп, әртүрлі жолдармен жасалады (ҚҰЭ).

Көмекші етістік. л и н г в. *Лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке ауысқан етістіктер.* Кейбір *к ө м е к ш і е т і с т і к т е р* тіркесетін дербес сөздің формасын таңдамайды, етістікке де, есім сөзге де тіркесе береді, олар: еді, екен, емес (Қаз. тілі. энцикл.). Еді *к ө м е к ш і е т і с т і г і* есім сөздермен және кейбір етістік формаларымен тіркесіп, күрделі өткен шақ формаларын тудырады (Қазіргі қаз. тілі).

Күрделі етістік. л и н г в. *Сөз тіркесімен берілген етістік.* Мысалы, айтып берді десек, «айтып берді» тіркесі – *к ү р д е л і е т і с т і к* (Қазіргі қаз. тілі). *К ү р д е л і е т і с т і к т е р* екі-үш сөзден құралады (Б.Қасымова, Қазіргі қаз. тілі күрд. етістік.).

Қайталама етістік. л и н г в. *Бір етістіктің өткен және келер шақ көсемше тұлғаларында қайталанып қолданылуы. Қ а й т а л а м а е т і с т і к* басқа сөздер сияқты (жүре-келе, бара-тұра, оғып-бұғып), түбір сөз дәрежесінде, тұтас бір сөздің ғана ұғымын білдірмейді (Ы.Маманов, Қаз. тіл білім.).

Сабақты етістік. л и н г в. *Табыс септігіндегі тура толықтауышты (тура объектіні) керек ететін етістік.* Қазақ тіліндегі барлық етістіктер, табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгеру қабілетіне қарай салт және *с а б а қ т ы е т і с т і к* болып екі топқа бөлінеді (Ы.Маманов, Қаз. тіл білім.). *С а б а қ т ы е т і с т і к т е р* салт етістіктерден мағынасы және табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгеру қасиетіне қарай оқшауланады (Қаз. тілі энцикл.).

Салт етістік. л и н г в. *Табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгере алмайтын, тура объектіге сабақталмай-ақ, жанай жүзеге асатын етістік.* Мағынасы жағынан топтасырылған етістіктерді өзара салыстырсақ, *с а л т е т і с т і к т е р д і ң* көпшілігі адамның көңіл-күйін, қимыл-қалпын, қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктер болып келеді (Қаз. тілі энцикл.).

Туынды етістік. *Басқа сөз табына немесе түбір етістікке жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістік.* Мысалы, базар – зат есім, базарлады – *т у ы н д ы е т і с т і к*, жаман – сын есім, жамандады – *т у ы н д ы е т і с т і к* (Қазіргі қаз. тілі).

Тұйық етістік. л и н г в. *Семантикалық жағынан қимыл, іс-әрекетті білдірмей, соның аты, атауы ретінде қолданылып, грамматикалық сипаты жағынан етістік тұлғаларына тән модальдық мағынаны да, шақтық мағынаны да білдірмей, тек зат есімдерше тұрленетін етістіктің ерекше түрі. Т ұ й ы қ е т і с т і к* барлық етістік негіздеріне, яғни түбір етістіктерге, етістерге және күрделі етістіктерге – у жұрнағы жалғану арқылы жасалады (Ы.Маманов, Қаз. тіл білім.). *Т ұ й ы қ е т і с т і к* зат есімше тікелей де, тәуелдік тұлғада да септеледі, көптік жалғау жалғанып көптеледі, бірақ жіктелмейді (Қаз. грамм.).

ЕТІСТІКСІЗ с ы н. *Етістік қатыспаған, етістігі жоқ.* Сөйлем көбіне-көп етістікті болып келеді, *е т і с т і к с і з* сөйлем сирек айтылады (Қазіргі қаз. тілі).

ЕТІСТІКТІ с ы н. *Етістігі бар, етістік тіркескен.* ≈ *Е т і с т і к т і* сөйлем.

ЕТІСУ *Етіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Уәде *е т і с у.*

ЕУ о д. *Біреудің назары тікелей өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз. Е у*, хеу, айт! Біздің заман шын туайт (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЕУРАЗИЯ з а т. *Солтүстік жарты шардағы Еуропа мен Азиядан құралатын ең ірі материк. Е у р а з и я* екі дүние бөлігінен – Еуропа мен Азиядан тұрады. Олардың арасындағы шартты шекара – Орал тауының шығыс етегі, Жем өзені, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Кума және Моныч өзендерінің аңғарын бойлап Донның сағасына өтеді (ҚҰЭ). *Е у р а з и я н ы ң* көлемі 53,4 млн км^2, халқы 2,8 млрд адам. Дүниежүзіндегі халқы ең көп елдер – Қытай, Үндістан, ТМД осында орналасқан (Қ.Құрманов, Физ. геогр.).

ЕУРАЗИЯЛЫҚ с ы н. *Еуразияға тән, қатысты.* Бұл *е у р а з и я л ы қ* мәдени типке, Ресей тарихы мен орыс діліне шығыс «тұрандық», негізінен татар-моңғол жаугершілігінен қалған түркі-татарлық ықпалы зор болған (Мәдени-филос. энцикл.сөздігі).

ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ зат.қоғ.-саяси. *XX ғ. 20-жылдары ресейлік эмигранттар арасында пайда болған тарихи-мәдени концепция және оның негізінде қалыптасқан қоғамдық-саяси ағым. Е у р а з и я ш ы л д ы қ* Ресей және орыс этносының ерекшеліктерін славянофильдерден өзгеше дәлелдеген. Бұл ерекшелік, дейді олар, орыс этносының синтетикалық табиғатымен сипатталады (Мәдени-филос. энцикл. сөздігі).

ЕУРО з а т. *Еуропалық одаққа мүше елдерге арналған бірыңғай еуропалық валюта.* 2002 жылдан бастап қазіргі қолданылып жүрген ұлттық валюталардың орнына *е у р о* айналымға енді («Егемен Қазақстан»). Еуропа

одағына мүше елдер тіпті ортақ ақша – *е у р о г а* көшкеннен кейін де өз тәуелсіздігінен бас тарту дегенді ойларына да алмайды («Егемен Қазақстан»).

ЕУРОБОНА з а т. қ а р ж ы. *Американ доллары, неміс маркасы және басқа да валюталар түрінде шығарылатын ұзақ мерзімді заем. Е у р о б о н а н ы* заем, қарыз қолхатары, аударылатын вексельдер түрінде қолдануға болады, оны халықаралық жоғары беделі және белгіленген процеттік ставкасы бар үлкен компаниялар пайдаланады (Ж.Аяпова, Іскер адам.).

ЕУРОВАЛЮТА з а т. э к о н. *Европа банкілері бірінің басқа елдің банкісіне жергілікті валютамен салынған ақшалай қаражаты.* Жыл өткен сайын *е у р о в а л ю т а* қоры өсіп келеді («Егемен Қазақстан»). Еурокредит – елдердің ірі коммерциялық банктеріне *е у р о в а л ю т а* нарығының ресурстары есебінен берілетін халықаралық қарыз (Ж.Аяпова, Іскер адам.).

ЕУРОНАРЫҚ з а т. э к о н. *Несие капиталдарының халықаралық нарығы. Е у р о н а р ы қ т а ғ ы* операциялар еуровалюталар тұлғасында жүзеге асырылады («Егемен Қазақстан»). *Е у р о н а р ы қ т а* несиелер ретінде, көбінесе, жекеше коммерциялық банкілер әрекет етеді, ал қарызгер рөлін шетел валютасына мұқтаж ұлтаралық корпорациялар мен мемлекеттер атқарады (ҚҰЭ).

ЕУРООБЛИГАЦИЯ з а т. қ а р ж ы. *Қарызгер еуронарықта ұзақ мерзімді қарыз алу кезінде шығаратын борышқорлық міндеттеме; купондық облигациялар түріндегі бағалы қағаз. Е у р о о б л и г а ц и я* нарығы XX ғасырдың 70-жылдарының басында пайда болды, оларды ірі халықаралық банкілер шығарды (ҚҰЭ).

ЕУРООРТАЛЫҚТЫҚ з а т. ф и л о с. *Философия мен мәдениеттанудағы адамзат өркениеттілігінің басты құндылықтары тек Батыс Еуропада қалыптасты дейтін ұстаным. Е у р о о р т а л ы қ т ы қ т ы ң* түп-тамыры антиктік өркениетті варвар-тағыларға қарсы қоюдан бастау алады. Бұл ұстаным бойынша, бүкіл Шығыс енжар, әрекетсіз, тұлғасыз, мүлгіп жатқан өркениеттілік үлгілерін ғана дүниеге әкелді (Мәдени-филос. энцикл. сөзд.).

ЕУРОПА з а т. г е о г р. *Азияның (Еуразия материгінің) батыс бөлігіндегі құрлық.* Көп ғалымдар мұз қаптау *Е у р о п а д а*, Азияда, Америкада бірнеше рет болды деп ойлайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). *Е у р о п а д а* жазықтар мен ойпаттар және қыратты жерлер басым (География).

Европа әлеуметтік қоры. *Европа қоғамдастығының жұмыспен қамту проблемасын шешуге арналған қоры. Е у р о п а ә л е у м е т т і к қ о р ы* 1959 жылы құрылған («Егемен Қазақстан»).

Европаға табынушылық. с т и л ь. *Европа мәдениетін басқалардан жоғары қойып, ғылымның, техниканың, өнердің, философияның және т.б. мәдениет салаларының шынайы көрінісі тек Европада ғана дамыды дейтін пікірді ұстанатын тұжырымдама. Е у р о п а ғ а т а б ы н у ш ы л ы қ т ы ң* негізі грек-рим өркениетін «тағыларға» қарсы қоюда жатыр. Орта ғасырлардағы Европаға табынушылыққа Рим мен Рим папасы жер жүзінің рухани бастауы ретінде қарастырған католиктер идеологиясы тән болды (ҚҰЭ).

Европа кеңесі. *Демократиялық принциптер, адам құқы мәселелері, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық байланыстар, мәдениет т.б. салалардағы іс-әрекеттер, мәселелер қаралатын әлемдегі беделді халықаралық ұйымның бірі. Е у р о п а к е ң е с і* 1949 жылы Батыс Европаның он мемлекетінің бірлескен шешімімен құрылған. Штаб-пәтері Страсбург қаласында (ҚҰЭ).

Европа қара күзені. з о о л. <лат. mustela lutreola> *Дене тұрқы 36-42 см, салмағы 1,1 кг-дай, жүні біркелкі ұлпілдек, қара қоңыр, қызғылт-қоңыр түстес, алқымында, астыңғы және үстіңгі еріндері мен төсінде ақ дағы болатын сусар тұқымдасына жататын мамық терілі аң. Е у р о п а қ а р а к ү з е н і н і ң* басы жалпақ, денесі ұзынша келген, аяқтары қысқа (ҚҰЭ). *Е у р о п а қ а р а к ү з е н і* – терісі өте бағалы аң. Қазіргі кезде өте сирек кездесетін аң болғандықтан, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

Европа қоғамдастығы. <ағыл. European communities> *Батыс Европа елдерінің біріккен тобы. Е у р о п а қ о ғ а м д а с т ы ғ ы* 1967 жылы құрылған (ҚҰЭ).

ЕУРОПАЛАН= е т. *Европа тіршілігіне, соның әдеті мен салтына, мәдениетіне бейімделу.* ≈ *Е у р о п а л а н ғ а н* тұрмыс.

ЕУРОПАЛАНУ *Европалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тұрмыс-тіршіліктің *е у р о п а л а н у ы.*

ЕУРОПАЛЫҚ с ы н. *Европаға тән, Европаға қатысты.* Негізгі себеп – ұлы реформатор бірінші Петрдің Ресей *е у р о п а л ы қ* ел болмайынша жолы ашылып, бағы жанбайтынын ерте бастан сезгендігі (С.Абдрахманов, Елдік сыны). – Сен ғой, менің байқауымша, қазақ халқынан шыққан, *е у р о п а л ы қ* білімі бар бірінші адамсың (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). XVI ғасырда *е у р о п а л ы қ* ғылым айтарлықтай бірнеше ірі табыстарға жетті, бұларға жататындар: үш дәрежелі және төрт дәрежелі теңдеулердің алгебралық шешуінің табылуы, мұның арқасында комплекс сандардың тууына себептер молая береді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). // *Европа тұрғыны, Европ-*

падан келген адам. Ағартушылық мәдениеттің өкілдері білім мен мәдениетті теңестіріп, *е у р о п а л ы қ т а р д ы ң* басқа «надан» және «таза» халықтарды өркениеттендіру миссиясы туралы айтты (Мәдени-филос. энцикл. сөзд.). Әрине, қалада қазақ көрінбейді. Қаланың бәрі *е у р о п а л ы қ т а р* (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Ұзын кірпік астынан жіті тесіліп тұрған көгілдір көздер, қоңқақ мұрын мен шығыңқы иек оның *е у р о п а л ы қ* екенін бірден танытқандай (Т.Сұлтанбеков, Лұқман Хакім.).

Еуропалық ислам кеңесі. *Мұсылмандардың халықаралық ұйымының бірі. Е у р о п а л ы қ и с л а м к е ң е с і* 1973 жылы Лондон қаласында құрылған («Ислам әлемі»).

Еуропалық нәсіл. *Жер бетінде кеңінен тараған көне нәсілдердің бірі. Е у р о п а л ы қ н ә с і л г е* антропологиялық сипаттама шашының, көзінің, терісінің түс ерекшелігіне қарай беріледі (ҚҰЭ).

Еуропалық одақ. *Халықаралық саяси және экономикалық бірлестік. Е у р о п а л ы қ о д а қ* 1993 жылы құрылған (ҚҰЭ).

Еуропалық парламент. *Еуропалық одақтың өкілдік органы.* 1979 жылы *Е у р о п а л ы қ п а р л а м е н т т і ң* алғашқы мәжілісі өтті («Жас Алаш»).

ЕУРОПАЛЫҚША ү с т. *Еуропалықтарға ұқсап, еуропалық тәрізденіп.* Әкесі азияша, баласы *е у р о п а л ы қ ш а* киінгеніне қарап та бұлардың бір аяғы қалада, бір аяғы далада, дәурені жүріп, дүрсіп тұрғанын аңдауға болатындай (М.Қаратаев, Далада.). Үшінші күні кешке қарай *е у р о п а л ы қ ш а* киінген арықша жігіт кіріп келді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЕУРОЦЕНТРИСТІК с ы н. *Еуроорталықтыққа тән, еуроорталықпен байланысты.* Бақсақ, осы уақытқа дейін адамзатты батыс пен шығысқа бөлу *е у р о ц е н т р и с т і к* тарихтың философиясы тудырған жасанды түсінік екен («Егемен Қазақстан»). Алтайдағы Пазырық қорғанынан табылған алтын бұйымдар, әсіресе бір бейіттен шыққан иран кілемі кезінде әлемдік сенсация туғызып, Шығыс дүниесі туралы *е у р о ц е н т р и с т і к* астам түсінікті күйретіп кеткен болатын (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

ЕУРОПАША ү с т. *Еуропалық адамша, Еуропа тұрғыны тәрізденіп.* Мәселен, жапондар жұмыста *е у р о п а ш а* киініп, ал театр мен жиынға ұлттық киімдері – райфикуді киіп баруды, ежелгі Бусидо мораліне тән үлкенді сыйлау, бастықтан сый, бағыныштыдан құрмет қағидаларын ұжымдық өмірдің тәртібіне айналдыруды сол кезде дағдыға енгізді (Ә.Кекілбаев, Үш белес). – Жоғары шығыңыз, Мәмбет аға, – деді баяғы *е у р о п а ш а* киінген, үлкен көзді, сұлу қара торы қыз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Төрде *е у р о п а ш а* киінген, портупея асынған, шүңірек көз, сақалды біреудің портреті ілулі тұр (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЕУРОПИЙ [ағыл. Europium] з а т. х и м. *Периодтық жүйенің III тобында орналасқан химиялық элемент (Eu). Е у р о п и й* ауада тез тотығады (Химия). *Е у р о п и й* ядролық техникада нейтрондарды сіңіргіш, түрлі-түсті теледидар люминофының активаторы ретінде қолданылады (ҚҰЭ).

ЕФРЕЙТОР з а т. ә с к. **1.** *Кіші сержант пен солдаттың аралығындағы әскери шен, атақ.* Рота командирі мені саптың алдына шығарып алғыс жариялады. Бір-екі күн өткен соң маған *е ф р е й т о р* деген әскери атақ берілді (Ә.Әлішев, Батыр.). **2.** *Ефрейтор шеніндегі солдат.* Майорды қорғап жүретін және көмекшілік қызмет атқаратын адам *е ф р е й т о р* екен (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Мен өзім – қатардағы жауынгер, *е ф р е й т о р*, сержант, фельдфебль міндеттерінің тұз-дәмін бірінші жиһангерлік соғыстан татқанның бірімін (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЕХ о д. *Көңіл-күйді білдіретін ишарат сөз. Е х,* туған ел, жақсы өмір, Алыссың, әрі жақынсың. Алыссың, қолым жетпей тұр, Жақынсың есте жатырсың (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Сол арада Садық *«е х!»* деп, кеудесін басып, бүгілді де қалды (Б.Соқпақбаев, Өзім.).

ЕЊ о д. *Көңіл-күй, реніште, күйініш пен өкініште білдіретін ишарат сөз.* Әдеппенен сәлем берем, Келді деймін күйеулерің. *Е h,* жігіттер, білсең тегі, Арша аруы сүйгендерің (М.Хұсаин, Мен. перзент.). *Е h,* сәулем! Жан сырымды тыңдармысың, Түсінбей әлде өзіңше шындармысың. Ай сайын ақша салып тұрғанымды Атама, мен емеспін бұлдар кісің (Т.Есімжанов, Кең жайлау.). Бір сезім оның жүрегін ұйтқытып оқтын-оқтын *«е h!»* дегізетін. Әсіресе бұл «е *h!»* деп қалатын байқаусыз өкініш анасындай болып қалған Күміс кемпір ойға түскенде қаттырақ шығады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЕЊЕ о д. *Көтеріңкі көңіл күйін, таңдануды білдіретін ишарат сөз. Е h e,* шыныңды айттың ба ақыры. Үлкендер бізге өтірік айтпа дейді де, өздері шетінен өтірік айтады (М.Гумеров, Хазірет.). *Е h e,* ғашықтарға ұқсап үнсіз тұрсыңдар ғой! – деген дауысқа екеуі де үрке қарады («Лен. жас»). Жас әйел маржандай тістерін көрсетіп жымиды. – *Е h e,* шешенсің ғой өзің! – деді Әскер деген жұмысшы (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

Ehe десті. *Уәделесті, келісті.* Мерекелі күннің бірі болатын. Сымтас қаласындағы «Жартас» артелінің қызметтен қайтқан бірсыпыра қызметкерлері көңіл көтеруге *е h e д е с т і* (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЕҢЕ-ЕҢЕ о д. *Әр алуан көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.* Уайым – ер қорғаны, есі барлық, Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық. *Е һе-е һе-г е* елірме, бозбалалар, Бұл – бес күндік бір майдан ер санарлық (Абай, Тол. жин.).

ЕҢЕЛЕ= е т. *Eh-eh деп қайталап айта беру.* ≈ *Е һ е л е г е н* дауыс естілді.

ЕҢЕЛЕС= е т. **1.** *Ерегісу, таласып-тартысу.* Екі жақ айтыса, *е һ е л е с е* бір-біріне тақалып қалды. Енді тек бір тентек бастап жіберсе, талайдың тасыған қаны төгілгелі тұр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Не бопты *е һ е л е с і п,* мұндайда біреуге біреу шылбыр ұшын бермейтін бе еді? – деді Ақтамақ (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). **2.** *Бас қосып бірігу, бір-біріне көмектесу, ынтымақтасу.* Жиі-жиі шығады кезектесіп, Ол – белгісі жоспардың орындалған. Шахтерлер күш жұмсаған *е һ е л е с і п,* Бұған дәлел ылғи да мен мұндалап (Еңбек күйі).

ЕҢЕЛЕСУ *Ең елес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бостан-босқа *е һ е л е с у.*

ЕШ е с і м. **1.** *Тұк жоқ, еш нәрсе болмау деген мағынадағы болымсыз есімдік.* Өзім де ерте, кеш емес, Кезінде туған адаммын. Өмірім менің *е ш* емес, Бейтаныс мүлде маған мұң (Достық жыры). **2.** *Ешбір, тұк, ешқандай.* Таба алмай бір барғанда *е ш* белгісін, Көзден жас көлдей болып ағасың да (М.Дулатов, Шығ.). Кешке таман Артемовка деревнясына баратын көрінеді. Онан әрі баратын жолы белгісіз, *е ш* жан білмейді (Ә.Шәріпов, Қапаста). Сонда да сол жол кескіні Салады ойға ескіні. Ал, қайда жаңа, жақсы жол Болмайтын енді *е ш* міні (Қ.Ұябаев, Тағдыр.). **3.** *Мүлдем, тіптен де. Е ш* қаймықпа, айтқандыққа. – Ашып айт бүкпей бәрін! *Е ш* қаймықпа! Аласын таңдап жақсы ат айтқандыққа («Жұлдыз»). Олар бір кезде өмір сүргенін, туған ата-анасы, сүйген жары, балашағасы болғанын *е ш* есіне түсіре алмайтын шығар (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Еңбегі еш болды [кетті]. *Істеген ісі текке кетті, ешбір нәтижесіз қалды.* Саны көп, сапасы жоқ іс болмасын, Есігің артқа тартып кеш қалмасын. Сәті бар әр жұмыстың өзіне сай, Бастан ойла, *е ң б е г і ң е ш б о л м а с ы н* (Қ.Тәкежанов, Қария). Қыруар *е ң б е к е ш б о л ы п,* жыл аяғында екі қолын мұрнына тығып, отырып қалған колхоздар бар (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Оларға *е ң б е г і н і ң е ш к е т п е й,* егіндері кеш болмай мезгілімен салынғаны зор қуаныш (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Біздің өсуіміздің, өміріміздің шындығы бұл. Шамиевті үлкен өнерге үйреткен ұстаздар *е ң б е г і е ш к е т п е д і* («Соц. Қаз.»)

Еңбегі еш, тұзы сор. *Істеген ісі текке кетіп, жапа шекті, сор маңдай болды.* Онда да қарап жүргенім жоқ, қолдан келгенше жұмыс істедім. Бірақ *е ң б е г і м е ш, т ұ з ы м с о р ғ а* айналды (А.Нұрманов, Құлан.). Заман өзгерсе *е ң б е г і е ш, т ұ з ы с о р* боп қалған қалың бұхараның өз қолы өз аузына жетіп те қалар (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Еңбегін еш [етті], жігерін құм қылды. *Істеген ісін зая кетіріп, көңіліне қаяң салды.* Мен қиындықты емес, *е ң б е г і м д і е ш, ж і г е р і ң д і қ ұ м қ ы л а т ы н* мешеулікті айтамын (Т.Ахтанов, Дала.). Біріміз ел-жер деп, ұйқы-күлкі көрместен еңбек етіп жүреміз. Екіншіміз бізді етектен тартып, *е ң б е г і м і з д і е ш е т е д і* (М.Дүзенов, Ақәже).

Еш болды. *Зая кетті.* ≈ Қыруар еңбегі *е ш б о л д ы.*

Еш болмаса. *Ең құрыса, тіптен, тұк болмаса.* Маған күнде қуаныш әкеліп жүрген жаңға *е ш б о л м а с а* бір рет қуанышпен жауап беруден мен неге бас тартамын (К.Баялиев, Дегелек.).

Еш нәрсе. *Ештеңе, дәнеңе, тұк те.* Хазіреттің сарнап айтып жатқанынан *е ш н ә р с е* ұғына алмаған Мұхтар жанындағы Асылжанға қарап еді (К.Оразалин, Абай.). Жамалға бетпе-бет кеп *е ш н ә р с е* айтып үлгіре алмаса да, болған жайды оның білетініне көзі жетті (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Арамызда *е ш н ә р с е* болмағандай Рахмет бабай мен Тоғайәлі қопарыла ығысып, маған орын ұсынды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Еш уақта. с ө й л. ***Еш уақытта***. Татьянаны аяймын, оның көңілін *е ш у а қ т а* да жер еткім келмейді (І.Есенберлин, Алтын құс).

Еш уақыт. *Ешбір кезде, ешқашан.* Біз құрылтай биігінен *е ш у а қ ы т* қашқан емеспіз (М.Дулатов, Шығ.) Біздің батырларды халық *е ш у а қ ы т* естен шығармайды (С.Омаров, Өмір.).

Еш уақытта. *Ешбір кезде, ешқашан да.* Бұл бәледен сөйтіп қана құтылуға болады, сөзбен де, күшпен де оны жеңемін деп ол *е ш у а қ ы т т а* ойлаған емес (М.Дүйсенов, Мейман.). Алдын ала іс қылу, халықтың жайын, керегін хүкіметке ертерек білдіру бізде *е ш у а қ ы т т а* болмаған (М.Дулатов, Шығ.).

Ештен кеш жақсы. *Игіліктің ерте-кеші жоқ.* Жолдас Оразалиев, *«е ш т е н* де *к е ш ж а қ с ы»* деген, оның айып емес, – деді комиссар сөзге араласып (Е.Оразақов, Дәрігер.). Ертерек келмедің деп несіне ескертейін, *е ш т е н к е ш ж а қ с ы* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЕШБІР е с і м. *Ешқандай, бірде-бір. Е ш б і р* дарынды ақын, *е ш б і р* дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүниежүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмауы керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Бауыржан *е ш б і р* кемшілікті кешірмейтін, әр нәрсені өз атымен атайтын, лезде тауып айтатын

адам болып көрінді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Соғыстың төрт жылы мұны солдаттық достыққа үйретті. Ұрыста мұны *е ш б і р* қарумен салыстыруға болмайды (Р.Хайруллин, Офицер.).

ЕШБІРЕУ е с і м. *Ешбір адам, ешкім.* Осының бәрі онкология институтында берілген қағазда көрсетіледі, бірақ Жамалға дертің қатерлі деп *е ш б і р е у і* айтқан емес (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Бірақ олардың *е ш б і р е у і* де сайтанды көздерімен көріп, қолдарымен ұстап алған емес (М.Етекбаев, Алтын мүйіз). Диюлар келе қойса мұнда қашып, Кетуге болса ойлары сыртқа асып. Жібермей *е ш б і р е у і н* өлтіріңдер, Жем болып құрт-құзғынға қалсын сасып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЕШБІРІСІ е с і м. с ө й л. ***Ешқайсысы.*** Әмірінде *е ш б і р і с і* болып бұлай, Тұрмаған теріс бағып титтей замат (Т.Ізтілеуов, Шық.).

ЕШЕК з а т. *Домбыраның тиегі.* Домбыраның *е ш е г і н* жасап беріңізші, көке, мен де тартып үйренейін («Жалын»).

ЕШЕКМИЯ з а т. с ө й л. ***Есекмия***. Ерте үйленейік деп мына ағаң да *е ш е к м и я* жеген торпақтай мәңгіріп жүр (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ЕШЕН з а т. с ө й л. ***Ишан***. Қаладағы қарақожа *е ш е н* ел аралап жүр екен. Қолы тисе, жарықтықты Науатқа құран түсіруге шақыру керек еді (К.Баялиев, Дегелек.). Бабата тағы сондай сан ата бәрі де әулие *е ш е н д е р д і ң* мазарлары орнаса да, арғы көне замандардан, әр дәуірден келе жатқан кәрі кенттер екені даусыз (М.Әуезов, Алғы шепте.).

ЕШКІ з а т. **1.** *Үлкендігі қойдай, мүйізді ұсақ мал және оның ұрғашысы.* Қызғалдақ қызыл арай, қырмызы бел, Салқын тау, саялы көл, самалды жел. Қой қоздап, *е ш к і* лақтап, сиыр туып, Мәз-мейрам зор мереке жаздағы ел (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Қарағай мүйіз серкелі, Шүйде жалды, телкелі, Сексек ата баласы *Е ш к і* бассын үйіңді (Бата-тілектер). **2.** з о о л. <лат. caprahireus> *Мүйізқуыстылар тұқымдасына жататын жұптұяқты, күйіс қайыратын жануар.* Дүниеде не қиын? *Е ш к і* баққан қиын. *Е ш к і* дегеніңіз ыстыққа да, суыққа да төзімсіз, ерте өріп, кеш жусайтын, сынапша сусып, суырыла жайылатын жүрдек хайуан (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Соңғы жылдары Қазақстанда 20 мыңнан астам қой мен *е ш к і* өсіретін совхоздардың үлес салмағы 19 пайызға көбейді («Қазақст. мект.»).

Ешкі бас. *Кішкене шақша бас.* Күрең аттың жанындағы қозы қарын, *е ш к і б а с* торыны жылқы екен деп елеген де жоқ (Ә.Көшімов, Қысталаң жыл). Бергінің мінген екі таңасқан, *е ш к і б а с*, құлан сан тобылғы торы. Әсем басады, қарды уыстап лақтырады (Ж.Аймауытов, Шық.).

Ешкі болсын, теке болсын, балаларға сүт болсын. *Не болса ол болсын, пайдасы тисе болғаны. Е ш к і б о л с ы н, т е к е б о л с ы н* дегеннің орнына кейбір кезде «бұқа болсын, шорт болсын балаларға *с ү т б о л с ы н*» деп те айтады (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Ешкінің асығындай. *Кішкентай, шүйкімдей.* Бұл баяғы *е ш к і н і ң а с ы ғ ы н д а й* кішкентай Есіркеген емес (І.Есенберлин, Шық.). Әбу *е ш к і н і ң а с ы ғ ы н д а й* ғана, шарға бойлы, ақсары жігіт еді. Тілге де шебер, қай сабақты өтсе де, оқушыларды бірден баурап алатын («Жұлдыз»).

Ешкінің құйрығы көкке жетер. *Мүмкін емес нәрсе.* – Соқ, өтірікті! – деді Құсайын, нанбағандай, – сен артель болсаң *е ш к і н і ң қ ұ й р ы ғ ы к ө к к е*, түйенің құйрығы жерге *ж е т е р* (С.Мұқанов, Есею жылд.).

Ешкінің қылды айранын бермеу. *Тұқ татырмау.* Оның сарандығын айтпа, үйіне барған кісіге *е ш к і н і ң қ ы л д ы а й р а н ы н д а б е р м е й д і* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Ешкі сақал. *Шошайған селдір, шоқ сақал.* Есіктен біреу сығалады да, жаба қойды. Қырындау отырған Айжанның көзі Сембі шалдың *е ш к і с а қ а л ы н* шалды (З.Шашкин, Сенім). Ал сенің терің жел мен күнге суарылған шар болаттай берік. Анау *е ш к і с а қ а л* шілденің ыстығында бетін уқалайды (С.Бердіқұлов, Пердесіз.).

Ешкі сүті. т а м а қ. *Ас қорытуға жеңіл, аса бағалы сүт өнімі. Е ш к і с ү т і* химиялық құрамы жағынан сиыр сүтіне жақын. Ерте кездерде асқазаны, бүйрегі ауыратын адамдарға *е ш к і с ү т і н* беріп емдеген (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЕШКІБЕТТЕНІП ү с т. *Бет-әлпеті құшық, тайқы сияқтанып.* Жайды ұшқыны тиген *е ш к і б е т т е н і п* алып, бұл да бір жігітке қосылған саяқ болды ғой, әйтеуір, – деді Ақмарал (К.Сегізбаев, Қойнау.).

ЕШКІБҰРШАҚ з а т. ө с. *Гүлінің түсі көк, бұршағы салбырап тұратын көпжылдық шөп. Е ш к і б ұ р ш а қ* республиканың оңтүстік өңірінде көбірек өседі (Ботаника). *Е ш к і б ұ р ш а қ т ы ң* бұршағы салбырап тұрады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЕШКІБҰЛДІРГЕН з а т. ө с. *Сабағында жидегі бар аласа бойлы, жапырақты өсімдік.* Жыл сайынғы жаңа шалғынның арасы тұнған жидек пен *е ш к і б ұ л д і р г е н* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Зәулім биік боп өсіп тұрған бұл қалың ағаштың ішіне өскен шөп *е ш к і б ұ л д і р г е н н і ң* жапырақтары ғана екен (С.Мұқанов, Бақташы.).

ЕШКІДЕЙ с ы н. **1.** *Ешкі сияқты.* Қараймын ешкім тіл қатар емес, жұрт боранға ұшыраған *е ш к і д е й* ықтап кетіпті (З.Шүкіров, Жас жесір). Құрдастығын пайдаланып, көрінген

жерде қотыр *е ш к і д е й* сүйкене кететін әдеті (М.Қаназов, Жер кіндігі). **2.** а у ы с. *Кішігірім, ұсақ.* Мал дегенде бір түлік сиыр болса, бұл елдің сиырына болайын. Сиырларының үлкендігі *е ш к і д е й* ғана (Ә.Шәріпов, Алыс.).

Ешкідей секеңдеді. *Желпілдеді, елпілдеді.* Әншейінде қоңырау соғылса-ақ, *е ш к і д е й с е к е ң д е п* есікке қарай алдымен жүгіретін қыздар сабақ үстінде өзара іштей уәделескендей, ешқайсысы селт етпестен, парталарында сіресіп отырып қалды (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Ешкідей үркіді. *Селт етті, шошынды. Е ш к і д е й ү р к і п* шыққан Шоладыр тұр, Қасқырдан бір тықырды көретіндей (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ит қуған ешкідей. *Зәре-құты қалмаған, қатты қорыққан.* Даладан *и т қ у ғ а н е ш к і д е й* елеңдеп Мақпал жүгіріп кірді (З.Ақышев, Жесірлер).

Тау ешкідей. *Жабайы ешкідей.* Бикен *т а у е ш к і д е й* атыла тұрып, Әйкеннің шашына қолын сала бергенде, есік қағылды да, ашылып кетті (С.Бақбергенов, Кентау).

ЕШКІЕМЕР[1] з а т. з о о л. <лат. agamidae> *Құйрығын қайқайтып жүретін, батпақты, құмды жерде өмір сүретін кесірткенің бір тұқымдасы.* Шөл мақұлықтарынан тасбақа, шегіртке, *е ш к і е м е р,* қос аяқ, жылан, тағы басқаларын алыңыз, барлығы да сұр топырақ, құс өңдес келеді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). *Е ш к і е м е р д і ң* күн қатты ысып, құм қызғанда бұтаның басына өрмелеп шығатыны анықталды («Білім және еңбек»). Мына бір *е ш к і е м е р* кесіртке жерде ыстық болғандықтан сексеуілдің бұтағына шығып кетіпті (Н.Баяндин, Құм асты.). Ақ сұңқардың баласы, *Е ш к і е м е р* мен батпаққа Көзін салып қарай ма? (Бес ғасыр.). Үлкен кесіртке – *е ш к і е м е р* ешкінің артқы аяғын құйрығымен тұсап еміп жатыр екен (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

Дала ешкіемері. з о о л. <лат. agama sanguinolenta> *Тұрқы 11-12 см, салмағы 35 г-дай, арқа қабыршақтары біркелкі, құйрық қабыршақтары қиғаш орналасқан, шөл және шөлейт жерлерде кеміргіштердің және басқа омыртқалылардың ініндe тіршілік ететін кесірткенің түрі. Д а л а е ш к і е м е р і* жәндіктермен, өрмекшілермен, кейде өсімдіктермен де қоректенеді. Екінші жылы жыныстық жағынан жетіледі. Бір маусымда аналығы 3 рет 4-18 жұмыртқаны 50-60 күндей басады (Отырар энцик.).

Түркістан ешкіемері. з о о л. <лат. agama lehmanni> *Тұрқы 14-15 см, салмағы 120 г-дай, таулы жерлерде мекендейтін кесірткенің түрі. Т ү р к і с т а н е ш к і е м е р і н і ң* арқа қабыршағы мен көлденең сақиналы құйрық қабыршағы бірігіп сегмент құрады (ҚҰЭ).

ЕШКІЕМЕР[2] з а т. з о о л. *Солтүстік Америкадағы кішкентай құс.* Жауыннан жасырынған *е ш к і е м е р д е й,* жерге кіріп, сіңіп кеткісі келеді (Ж.Тәшенов, Алғашқы айқас). Американың батыс штаттарында мекен ететін кішкентай солтүстік американдық *е ш к і е м е р* дейтін құс қыс бойы ұйықтап жатады екен (Ғалам ғажап.).

ЕШКІЕМЕРДЕЙ с ы н. *Ешкіемер сияқты. Е ш к і е м е р д е й* емінсек екі аяқтылар соның өзіне шаңқ-шаңқ ақырып қояды (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Жауынан жасырынған *е ш к і е м е р д е й,* жерге кіріп, сіңіп кеткісі келеді (Ж.Тәшенов, Алғашқы айқас).

ЕШКІКӨЗДЕНІП ү с т. *Ежірейе, тікірейе қарап.* Ол кеудесін қағып-қағып жіберіп, көзі *е ш к і к ө з д е н і п,* ежірейе қалған еді (Ә.Әбішев, Заман перзенттері). Ит көрген *е ш к і к ө з д е н і п,* елерме жынды сөзденіп (Абай, Таңд. шығ.).

Ит көрген ешкікөзденіп. *Зәре-құты қалмай үрейленіп, ұрпиісе қарап.* Үй ішіндегілер *и т к ө р г е н е ш к і к ө з д е н і п* бір-біріне қарасты. Қожахмет езу тартқан болды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). *И т к ө р г е н е ш к і к ө з д е н і п,* Елерме жынды сөзденіп, Жасынан үлгісіз шіркін, Не қылсын өнер ізденіп (Абай, Тол. жин.).

ЕШКІҚОҢЫРАУ з а т. ө с. ***Шеңгел***. Шеңгелді кейде *е ш к і қ о ң ы р а у* деп те атайды (Б.Муханов, Қаз. өсімдік.).

ЕШКІҚОТЫР з а т. м е д. *Теріде болатын жұқпалы қышыма аурудың бір түрі.* Ауруыңыз *е ш к і қ о т ы р* екен, көпке созылған ескі қотыр екен (А.Хангелдин, Өткен күндер).

ЕШКІ-ЛАҚ з а т. *Ешкі мен лағы.* Қолында қалған *е ш к і - л а ғ ы,* бұзау-торпағы, жүк артқан көлігі, астына мінген аттарымен жаңа тұрмысқа көшті (С.Шәріпов, Бекболат). Жалшы байғұс күн райы бұзыла бастағанына қарамай, жоғалған *е ш к і - л а қ т ы* іздеп ауылдан шықты (Ә.Жәмішев, Армысың.). Осынау алғашқы аздыкөпті қуанышқа бола біреулер *е ш к і - л а ғ ы н,* біреуі тоқтысын, таппағаны саулығын сойды (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.).

ЕШКІЛБАЙ з а т. ж е р г. *Ешкі асығы.* Қой асығы болмаса, *е ш к і л б а й* сақа қылуға жарамайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕШКІЛІ с ы н. *Ешкісі көп, ешкісі бар.* Басында болған екен *е ш к і л і* бай, Өте сараң Шықбермес деп естігем. Еті құрсын, көргенде шошып кеттім, Қисайған аузы, мұрны кескіні-ай (К.Әзірбаев, Тойбастар). Деуші еді сенің әкең *е ш к і л і* бай, Сараң деп қара қазан естідім-ай. Жиған мал ішпей-жемей бәрі де арам, Құдайдың қылып қойған кескінін-ай (Айтыс). Ойда жоқта *е ш к і л і* болғанына қойшы қуанбай кім қуансын (М.Тиесов, Әңгім.).

ЕШКІЛІК з а т. з о о л. ж е р г. *Ешкіше дыбыс шығаратын құс.* Кешке қарай мына Қарасаз үстінде *е ш к і л і к т і ң* маңырауын естисің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕШКІМ е с і м. *Ешбіреу, еш адам, ешбір жан.* Мен ешкімнен байлық, бақ сұрамаймын, Мен *е ш к і м г е* жағынып ұнамаймын. Өзгелерден биікті қызғанбаймын, Өзім шыққан биіктен құламаймын (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар). Кеңседе *е ш к і м* жоқ болар деген оймен жолаушылар кешікпей шықты да, әлгі қарттың үйіне қарай тура тартты (А.Байтуғанов, Шопан.). Кеудемде жаным тұрғанда Гауһарды *е ш к і м г е* бермеспін. Ертең жиналыстан кейін біржола кететін күнді белгілеймін (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Ешкімнің ала жібін аттамады. *Жан баласына қиянат жасамады, бұрауын алмады.* Қой, ойбай, *е ш к і м н і ң а л а ж і б і н а т т а п к ө р г е н і м ж о қ,* – деп бажылдады Алым байғұс абыржып (Қаз. ертег.).

ЕШКІМАЙ з а т. *Ешкінің асығы.* Мынауың асық емес, *е ш к і м а й* ғой (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЕШКІМИЯ з а т. ө с. *Ешкі сүйсініп жейтін дәмі ащы өсімдік.* Сауыр мен Тарбағатайда ол қызыл бояу, қастабан, жусанның әр түрлері, экспарцет, қансигек, *е ш к і м и я,* жоңғар кекіребасы, түлкімасақ секілді шөптермен қоректенеді (Қазақст. аң байлығы).

ЕШКІӨЛМЕС з а т. ө с. *Мал азықтық маңызы бар шөптесін өсімдік.* Жусан, селеу, *е ш к і ө л м е с,* еркек аталатын шөптер – қыста қойлардың сүйсініп жейтін азығы (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл).

ЕШКІСАБАҚ з а т. ө с. *Биіктігі бір, бір жарым метр боп өсетін, майлы жемісті бұта. Е ш к і с а б а қ* дәрі жасағанда қолданылатын, жемісінде майы бар, суыққа, қуаңшылыққа төзімді, көркем болып өсетін бұта (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). *Е ш к і с а б а қ* Қазақстанның көп жерінде кездеседі(Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.).

ЕШКІСАСЫР з а т. ө с. *Ешкі малы ұнатып жейтін, жағымсыз иісті, биіктеу боп өсетін құрайдың бір түрі. Е ш к і с а с ы р д ы ң* мал азықтық қасиеті жоғары екенін қариялар жақсы біледі («Жас Алаш»).

ЕШКІСІЗ с ы н. *Ешкісі жоқ.* Былтырдан бері *е ш к і с і з б і з.* Емшектегі сәбиге ешкінің сүтін беру керек еді, – деді әйел («Қаз. әдеб.»).

ЕШКІТАЛ з а т. ө с. <лат. salix songarica> *Басқа ағаштардай діңі болмайтын, ши секілді түбінен бірнеше ақ шипая боп өсетін бір түп сәмбіленген құба тал; жоңғар талы.* Тақыр өзеннің жағасынан жалғыз өскен бір оңаша селдір *е ш к і т а л д ы* зорға таптым. Соның көлеңкесіне келіп отырдым (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Таутан шайқатылып, *е ш к і т а л д а н* өріп тоқылған шарбақтың алдына жеткенде, шынжырдан босанған төбет алдынан арсылдап шыға келді (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). *Е ш к і т а л д ы* елді мекенді көгалдандыру мақсатымен, сондай-ақ құм бекіту үшін де егеді (ҚҰЭ).

ЕШКІШЕ ү с т. *Ешкі тәрізденіп, ешкіге ұқсап.* Зәкір терезе алдында *е ш к і ш е* селтиіп тұрған Жайнақовқа көз тастады (З.Шашкин, Тоқаш Боқин).

ЕШКІШЕК з а т. з о о л. *Байғыздан кішірек тұн құсы.* Байыз таппаған байғыз шақырып, *е ш к і ш е к* бақырды (Ә.Кекілбаев, Үркер).

ЕШҚАЙДА е с і м. **1.** *Еш жаққа, еш тарапқа.* Жолаушы да атының басын *е ш қ а й д а* бұрмастан осы екі қыз тұрған тұсты бетке ұстап тура тартты (А.Байтанаев, Қайнар.). Мен бұл түнде *е ш қ а й д а* бармаймын, ешкімді оятпаймын, сағынып келген Сарышоқының төбесінде түнеймін (Ж.Жұмақанов, Екі жол). Бүгін *е ш қ а й д а* бармайсыңдар, маған бір кешті қимайсыңдар ма? (Ж.Молдағалиев, Самал). **2.** *Еш жерде, еш елде.* Байы да болып шықты туған өлкем, *Е ш қ а й д а* болмай шықты оған жер тең. Дейтұғын «түгін тартса, майы шыққан», Құнарлы топырағы, түгі көркем (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЕШҚАЙДАН е с і м. *Ешбір жақтан, еш тараптан.* Жалғызға біздің жанымыз шығатыны сол емес па? Қарағым, *е ш қ а й д а н* тамақ іштің бе, шай қояйын ба?! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЕШҚАЙСЫ е с і м. с ө й л. *Ешбірі, ешкімі, ешқайсысы.* Ертең байдың малын бағуға *е ш қ а й с ы н* шығуға асықпаңдар (А.Байтанаев, Қайнар.). Біз барсақ көпшіліктің сүрінді көз, Бәрі де көрмекші боп жиналған сөз. Есікке ретпенен барып тұрдық, Сөйлемей *е ш қ а й с ы м ы з* бір ауыз сөз (Ақын жырлары). Көзімнің тірісінде *е ш қ а й с ы н а* да салмағымды салмаймын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ЕШҚАЙСЫСЫ е с і м. *Ешбірі, ешкім, ешқайсы.* Бибі тарқылдап күлді, оның қисынсыз күлкісіне мұндағылар үйренсе керек, *е ш қ а й с ы с ы* назар аударбады (М.Гумеров, Хазірет.). Ол мына отырғандардың *е ш қ а й с ы с ы н а* ұқсамайтын еді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Қанша уақыттың алға зымырап үлгіргеніне көңіл бөлген *е ш қ а й с ы с ы* болмады (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ЕШҚАНДАЙ е с і м. *Ешбір, бірде-бір, дәнеңе, тұқ те.* Ашық мінез, ақ маңдай, Менмендік жоқ *е ш қ а н д а й* Сөзің алтын, күлкің наз, Жайдары жүз еркем-ай (Қаз. әндері). Төрт айдың ішінде сарышұнақ бүкіл жыл бойына жететін май жинап алады да, *е ш қ а н д а й* аштықтан қорықпайды (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геог.). *Е ш қ а н д а й* бөтен ойы, бөлек пікірі, бұл дүниеде күмәні

жоқ адамдай көздері жаудырап, мөлие қалыпты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЕШҚАШАН е с і м. *Еш уақытта, ешбір кезде де.* Мылтық оқтағанда оның аузын *е ш қ а ш а н* кісіге қаратпа, кісіге қаратып ойнап оқтама (Ш.Айманов, Қыран.). Махаббат сөнбейді, өлмейді, Сөнсе күн, өлсе жан қорлықта. Махаббат *е ш қ а ш а н* көнбейді, Ажалға, үкімге, зорлыққа (Н.Шакенов, Сақина). Достыққа шекара жоқ бүгінде, Адам достығымен күшті. Досы көпті жау алмайды *е ш қ а ш а н* (Достық нұры).

ЕШМЕК з а т. с ө й л. ***Ешкілбай***. Ешкі асығын *е ш м е к* деп те атайды («Ана тілі»).

ЕШТЕМЕ е с і м. *Ештеңе, еш нәрсе, дәнеңе, тіпті те.* Надан қуанар, арсаңдар, Тоқырап тұра қалсаңдар. Татымды *е ш т е м е* болмас, Адамсып босқа талтаңдар (Абай, Тол. жин.). Барлық күзетшілер орнында екен, күдіктенерліктей *е ш т е м е* байқалмады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мына жаңа жолаушының мысы жеңді ме, әлде оның *е ш т е м е д е н* қысылмайтын, еркін қимылы қызық көрінді ме, әйтеуір күпедегілер бір сәт тым-тырыс бола қалды (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Гүлжанды тұзағына түсірмекке талай рет айла-шарық жасап көрді, бірақ онысынан *е ш т е м е* шығара алмады (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЕШТЕҢЕ е с і м. *Ештеме, дәнеңе, еш нәрсе.* Тақырыбыңды терең барлап, тамырын ұстап, жүрек соғысын білмесең, *е ш т е ң е* жаза алмайды екенсің (С.Мәуленов, Үркер.). Бейлис неміс жұмысшыларының жарылғыш оқ-дәрі жинап беруге уәдесін алып бергені болмаса, одан бөтен *е ш т е ң е н і* білмейді (І.Есенберлин, Алтын құс). Қызылшашы дегенде ертеден кешке дейін қызылша түбіне шұқшиюдан басқа қолымыздан *е ш т е ң е* келмегені ме? (К.Оспанова, Жүрек лүпілі). Мен жаңа білдім, туған жердің топырағына жетер *е ш т е ң е* жоқ екен (К.Қазыбаев, Ызғар). // ф и л о с. *Шынайы нақтылықты немесе болмысты мойындамай, жоққа шығаратын ілімдер категориясы.* Хайдеггер *е ш т е ң е н і ң* болмысқа қатысы жайындағы мәселені қарастырды (ҚҰЭ).

ЕШТЕҢКЕ е с і м. с ө й л. ***Ештеме.*** Көңілдегі ойымды, ынтызар халімді өзіне баяндармын деп күткен Садуақас бүгінге дейін қыз қарасын көріп, Үміт соңынан ергеннен басқа *е ш т е ң к е* тапқан жоқ (Ж.Саин, Жол үсті.). Мұны ол жақсы көріп айтты ма, яки жақтырмай айтты ма, даусынан *е ш т е ң к е* аңғарып болмайтын (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

ЕШІР= е т. с ө й л. *Есіру.* Біз келгенде ол *е ш і р і п* отыр екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЕШІРУ *Ешір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Е ш і р у і н* қарашы.

ЁЛКА ор. з а т. с ө й л. *Жаңа жылдық шырша.* Менің жаңа жылда үйіме *ё л к а* алдырмай, қонақ шақыратыным бар (О.Әубәкіров, Сиқыр). *Ё л к а* әр түсті шамдармен безендіріліпті және олардың бір тобы жанса, бір тобы сөніп, әсем құбылып тұр (Ө.Қанахин, Жүрек.).

ЁЛКАДАЙ с ы н. *Ёлка сияқты.* Заманның біз – бұлбұлы, Жазы-қысы сайрайық. Өмір қызық *ё л к а д а й, Ё л к а д а й* біз де жайнайық (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЁЛКАЛЫ с ы н. с ө й л. *Ёлкасы бар. Ё л к а л ы* үйлердің терезесінен неше түрлі қызыл, жасыл, сары, көк түсті жарықтар жарқырап көрінеді (Луызекі).

ЁЛКАСЫЗ с ы н. *Ёлкасы жоқ.* Жаңа жыл қарсаңында қалада *ё л к а с ы з* үй қалмайды (Луызекі).

Ж

Ж л и н г в. **1.** *Қазақ әліпбиінің дауыссыз дыбысты білдіретін сегізінші әрпі.* **2.** *Тіл алды ызың (фрикатив) дауыссыз дыбыс.* Осы күнгі әдеби тілімізде *ж-га* бітетін сөздердің саны анағұрлым көбейе түсті (Қазіргі қаз. тілі).

ЖА[1] о д. с ө й л. ***Жә.*** *– Ж а,* не айтарыңды білемін. Мә, ақша, маған Құдай үшін билет алып бер (М.Иманжанов, Адам.).

ЖА[2] ш ы л. ж е р г. *Не, немесе, я.* Құдық қазғанда топырақ ішіне құламас үшін ағаштан *ж а* тастан өреді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБА[1] з а т. ж е р г. *Саятқа шыққанда қыран құсты ұстау үшін торлап, шаңырақ тәрізді етіп жасалған құрал.* Өз-өзінен желігіп құсқұмар боп, Әкесі *ж а б а* тігіп қаңғып кетті (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).Будан соң әлгі обақаннан сондай жерге *ж а б а* тұрғызылады (Саятшылық). Төрт-бес жерге, Шопеке, *Ж а б а* құрып жатасың. Соны ұстасақ, Шопеке, Көңілдегі аңыңа (Қ.Жапсарбаев, Жетісу жырлары).

ЖАБА[2] з а т. ж е р г. *Кішірек жылқы.* Мына ат *ж а б а* екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБА[3]**: жаба тастау.** м у з. *Әдетте, оң қолдың қағысынсыз, сол қолдың қағысынсыз, сол қолдың саусақтарының күшімен ғана жасалатын домбыра тарту тәсілі* (Т.Әсемқұлов, Домбыра.).

ЖАБАҒЫ[1] з а т. *Алты ай мен бір жас аралығындағы ересек құлын.* Құнанбайға сыбаға деп арнаған семіз қойлар, жүнттай *ж а б а ғ ы л а р,* арда емген тайлар да болатын (М.Әуезов, Шығ.). *Ж а б а ғ ы* – құлынның күзде енесі суалған сірге жияр шақтан бастап қарын жүнін тастағанға дейінгі аралықтағы жас атауы (Х.Арғынбаев, Қазақ. мал шаруаш.).

Елең ете қалған екі жылқышы *ж а б а ғ ы н ы ң* шұрқыраған даусынан оның енесі мерт болғанын бірден аңғарды (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Апамның боз биені *ж а б а ғ ы с ы м е н* қолға ұстауына да болатын еді (М.Тиесов, Дала.).

ЖАБАҒЫ[2] з а т. *Қой мен түйенің көктемде қырқып алған, суық маусымда өскен, ұйысқан жүні.* Сараң кісілер шыжыған ыстыққа қарамай қойын құрттап, *ж а б а ғ ы с ы н* қырқып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Оның аузын тігіп, тығыздап салған алты қап *ж а б а ғ ы с ы* бар екен (Ғ.Сланов, Асау арна). *// Бір-біріне жабысып, тұтасып қалған, ұйысқан. Ж а б а ғ ы* жалды ат мінген *ж а б а ғ ы* сақал кісі аттан түсіп жатты («Қаз. әдеб.»).

Жабағы бұлт. *Қарабауыр ала-шұбар бұлт.* Қарабауыр *ж а б а ғ ы б ұ л т т а р* батыстан шығысқа қарай көшіп жатқан (Тоғызыншы шежіре). *Ж а б а ғ ы б ұ л т т а р* жыртылып-жыртылып кеткенде, кешкірген күн қылт-қылт етіп бірер көрінді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Жабағы жүн. *Қылшық жүнді қойдың, түйенің ұйысқан қысқы жүні.* Қойды *ж а б а ғ ы ж ү н і н* алғаннан кейін жазда суға айына екі рет тоғытып тұрған жөн (Б.Далабаев, Табыс.). Көктемде қыстан арықтап шыққан мал оңалып, денеге жабысқан *ж а б а ғ ы ж ү н* көтеріле бастағанда қырқады («Парасат»). Қазақтар *ж а б а ғ ы ж ү н д і* тазалап, жуып, жылқы қылымен араластырып, арқан, бау, құр есуге қолданады (Ата салт.).

Түйе жабағы. *Түйенің жазғытұрымғы ұйысқан салалы жүні.* ≈ *Т ү й е ж а б а ғ ы* жүні.

ЖАБАҒЫ[3] з а т. *Қой жүнінің астына шүберек мата салып, сырып тіккен жабдық. Ж а б а ғ ы н ы* суық маусымда нәрестенің бесік құндағын, сондай-ақ кәрі-құртаң мен ауру-сырқауларды жылылап орап, қымтауға қолданады (Қ.Медеубеков, Қазақст. қой шаруаш.).

ЖАБАҒЫ[4] з а т. *Тоқымның іштігі. Ж а б а ғ ы* сөзі тоқымның іштігі деген мағынаны да білдіреді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Ж а б а ғ ы н ы* тастай сап, жануарым, Бір сілкініп алғанға не жетеді (Д.Қанашбаев, Ағын сулар).

ЖАБАҒЫДАЙ[1] с ы н. *Тұтасып, ұйысып қалған, жабағы жүн сияқты.* Жайлау беті – тұщы сулы толған көл, түгін тартса майы шығатын, құнарлы топырақ, *ж а б а ғ ы д а й* ұйысып жатқан қалың бетеге (С.Мұқанов, Есею жыл.). Талайдан бері ешкім тиіп көрмегендіктен болар, қымыздық деген *ж а б а ғ ы д а й* ұйысып қалыпты (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ол арықтап барады, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген кезіндегі өлі жүнді *ж а б а ғ ы д а й* жақ жүні үрпиіп тұр (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.).

ЖАБАҒЫДАЙ[2] с ы н. *Жабағы қылын-тай сияқты.* Осынау апатқа өздерімен бірге ала келген жеңісі де жаңағы *ж а б а ғ ы д а й* мерт болатын секілді көрінді (К.Қазыбаев, Аманат). Бәрі де көріп келеді, бұл жардай қояндар мен *ж а б а ғ ы д а й* қасқырлар ордасы екен (Жалғыз салт атты). Ер тұлпары жау көрмесе, *ж а б а ғ ы д а й* жалсыз болар (Ж.Сыздықов, Қос қыран).

ЖАБАҒЫЛАН= е т. *Кірігіп, тұтасып, ұйысып қалу, ұйпақталу, жырымдану.* Терезені ашып сартылдатып шаңын қақты. *Ж а б а ғ ы л а н ы п* кеткен шетін қиып, тәртіпке келтірді (С.Шаймерденов, Болашақ.). Кешегі жібектей шашы да терден сауыс-сауыс боп, *ж а б а ғ ы л а н ы п,* жағына жабысып ұсқынын алып-ақ тұр (С.Жұбатыров, Алыстағы.). Ожардың тырнағы өсіп, шашы *ж а б а ғ ы л а н ы п,* тұла бойын түк басты (С.Қасиманов, Алтай.).

ЖАБАҒЫЛАНУ *Жабағылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБАҒЫЛАУ с ы н. *Жабағыға жақындау.* Қар суын пайдаланып, көктемді Қарақұмда өткіздік, ірімшіктей қызыл изен қойдың өзін ғана емес, оның *ж а б а ғ ы л а у* жүнінің ерте көтерілуіне әсерін тигізді (А.Лекеров, Қырда.).

ЖАБАҒЫЛЫ[1] с ы н. **1.** *Жабағысы бар, жабағы ілескен.* Шет жақта жайылып жүрген *ж а б а ғ ы л ы* көк биенің, ешкі-лақ аралас азғана қойдың жанынан өттік (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Ол *ж а б а ғ ы л ы* бір-екілі биесін қосталған көп жылқыға, 20-30 ұсақ тұяқтарын жалпы қотанға қосқан (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Ең алдымен *ж а б а ғ ы л ы* торы бие зым-зия жоқ болып кетті (Ә.Көшімов, Жас аңшы). **2.** *Жабағы салынған.* Батырдай сапқа тұрған сауыт кидік, Күпіні *ж а б а ғ ы л ы* шешіп тастап (Махамбет, Өлеңд.).

ЖАБАҒЫЛЫ[2] с ы н. *Қысқы ұйысқан жабағы жүні түспеген (қой я түйе).* Жүні қалың *ж а б а ғ ы л ы* қойды қыстаудан айдап түстік («Лен. жас»).

ЖАБАҒЫЛЫҚ[1] з а т. *Ұйысқан қалып, күй.* Соның өзінде (қойдың жүнін бояу қалақшаларды пайдалана отырып) бояуды жүннің *ж а б а ғ ы л ы ғ ы н* бүлдірмей жеңілдеп жағу керек (Шопан серігі).

ЖАБАҒЫЛЫҚ[2] с ы н. *Бір жабағыға бағаланатын, бір жабағы тұратын.* Осы ауылдың әр үйіне бір *ж а б а ғ ы л ы қ* бейнетің сіңген шығар (Д.Исабеков, Тіршілік).

ЖАБАҒЫСЫЗ с ы н. *Жабағысы жоқ, жабағының қатысынсыз.* Қожасы хан зекетін *ж а б а ғ ы с ы з* бердің деп, қырық жылқысын айдап алды (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖАБАҒЫША үс т. *Жабағыға ұқсап, жабағы жүнше (ұйысқан).* Комендантты қабылдау

бөлмесіне кіріп келсем, *ж а б а ғ ы ш а* ұйысқан жирен шашын шолтита күзеп тастаған хатшы әйел абыржып отыр екен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Онысы аз болғандай, қас қарая сықпа суы шығатын *ж а б а ғ ы ш а* ұйысқан қалың боз тұман қаланы басып алды (Ө.Қанахин, Бақыт.). Жанай бар күш-қуатын жинап, *ж а б а ғ ы ш а* ұйысқан зілдей ауыр шырмауық шөпті шана үстіне ытқыта берді (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЖАБАЗЫ[1] з а т. **1.** *Аттың қамытын мойнына жібермес үшін салатын әбзел түрі (шлея).* ≈ Киізге *ж а б а з ы* салды. **2.** ж е р г. *Киізден, иленген теріден жасалған ағашсыз қамыт, киіз қамыт. Ж а б а з ы н ы* арбаға жегетін түйенің мойнына кигізді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБАЗЫ[2] з а т. к ә с. *Түйе жазысының айналасына сәндік үшін оюлап, өрнек салып матадан тігілетін, жазының төменгі жиегінен көрініп тұратын қосымша әбзел.* Ертеректе түйелі ауылдарда той-жиынға бару, көш көлігін сәндеу кезінде *ж а б а з ы* міндетті түрде пайдаланылған (Ә.Жақыпов, Түйе.).

ЖАБАЙ з а т. **1.** *Қорғасын құйылмаған салмақты асық, кеней. Ж а б а й* – тігулі тұрған асықты ататын сақа («Ана тілі»). **2.** *Сақаның өңделгеннен кейінгі салмақты түрі.* Болаттың *ж а б а й ы* алшы тұрғыш (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБАЙЫ с ы н. **1.** *Қолға үйренбеген, тағы.* Индия жеріндегі ормандарда *ж а б а й ы* аңдар көп (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Бірнеше жылғы арманы – ашық күреске шығуға қолы жеткенде ол меңіреу орманның *ж а б а й ы* аңы былай тұрсын, фашист жендеттері кездессе де сескене қоймас (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Далада қонып отырған ақ құрды *ж а б а й ы* бұғы деп қалып, тасырлата қуа жөнелгенде, онысы заматта ғайып болып, кішкентай ала қанат құсқа айналып кеткенін талай рет көрген (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Қоғамдық, әлеуметтік жағынан артта қалған мешеу (ел).* Бәймембет биді ақ патша Шақырып алып кеңескен. *Ж а б а й ы* жүрген едің деп, Бас бұрмай маған көнің деп, Түсіндір барып халқыңды (С.Жанғабылов, Тоқсан толғау). *Ж а б а й ы л а р* даласына темір тәртіп керек, оны бұлжытпай ұстап отыратын темір жұдырық керек, қызым (Ә.Тәжібаев, Жартас). **3.** *Жұпыны, жай, қарапайым, дөрекі. Ж а б а й ы* тілмен айтқанда, ол – кәдімгі мекеменің қызметкері. Бірақ өзі пысық. Жиналыстарда көбірек сөйлейді және шешен, оның үстіне Губкомның бюросына мүше (С.Мұқанов, Есею жыл.). Аян Сыпатаевтың шырай құбылысына қарап отырып ішінен: «...Телефон соққан жай бір *ж а б а й ы* адам емес, жоғарыда отырғандардың бірі-ау!» – деді (С.Сейфуллин, Шығ.). Ол милиционерлік белгісінің бәрін тастап, *ж а б а й ы* киініп алған еді (К.Оразалин, Көктем.). **4.** *Өзінен-өзі өсіп-өніп тұратын, түздік.* Таспа тары – кәдімгі тарыға ұқсас, бірақ бойы бір қарыстан аспайтын, сабағының ұшында қызыл түйір дәні бар *ж а б а й ы* өсімдік (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *Ж а б а й ы* өсетін жеміс-жидектердің бәрін дерлік тағам ретінде жаңа жинап алған бойында немесе кептірген, мұздатқан, консервілеген күйінде пайдалануға болады (К.Шалекенова, Жеміс.). Адам көптеген жылдар бойы еңбек ету, ғылыми жұмыс жүргізу арқылы *ж а б а й ы* өсімдіктен осы тамыр-жемісті қолдан жасады десе де болғандай (Ж.Әбиев, Биология). **5.** *Көзге қораш.* Аманкелді балта, шоқпар секілді *ж а б а й ы* құралы барларды сегіз шақырым кейін тұруға қосты (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.). Ол паровоз бір кезде күшті паровоз болғанымен кейбір механизмі *ж а б а й ы* еді (С. Бегалин, Жеткіншек.). Ол кездегі төрт дөңгелекті, тек қана сегіз аттың күші бар Харьков тракторы бізге қазір «ескінің мұрасы» саналып, машинаның *ж а б а й ы с ы* болып көрінеді (І.Есенберлин, Қатерлі.). **6.** а у ы с. *Кісіге жуыса алмайтын жасқаншақ, ұялшақ.* Ол былай болған. Ылғи шетте әкесімен мал соңында жүріп *ж а б а й ы* болып қалғаны ма. Жоқ, өмір тілін білмеуі ме, бұйығы еді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Өйткені менің ерім сондай *ж а б а й ы* жан болды, ол тіпті махаббаттың не екенін мүлде түсінбеді (І.Есенберлин, Ғашықтар). **7.** *Дөрекі, тұрпайы, жағымсыз.* Сыпайгершілік, мәдени райдан көзір енді ырым да байқалмайды, *ж а б а й ы* күш, жат мінез үстем (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.). Қайыршы басын шайқап, жаман бір *ж а б а й ы* дауыспен бақырып жіберді де, жөтеліп шашалып тұрып, тілін шығарды (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Жабайы адамдар. *Үңгір мен лашықтарда тұрып, аң аулап қана тіршілік еткен адамдар тобы.* Еуропалықтар оңтүстік Африка мен орталық Америкаға алғаш аяқ басқанда ондағы *ж а б а й ы а д а м д а р м е н* істес болды (Ғалам ғажап.). Амал не, заман тыныш, ешкім беттеріңнен қақпайды... Дегенмен, мына *ж а б а й ы а д а м д а й* жалбырамай, бастарыңды дұрыстап ұстасаңдаршы (Ә.Ахметов, Былғары.).

Жабайы ара. з о о л. *Жәндіктер класының жарғаққанаттылар отрядының жабайы аралар тұқымдасының бір түрі. Ж а б а й ы а р а* қауым құрып тіршілік етеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а б а й ы а р а* ұясының көздерін қағаз сияқты затпен жауып қояды (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а б а й ы а р а н ы ң* 22 мыңнан аса түрі белгілі (ҚҰЭ). Ересек *ж а б а й ы а р а л а р* гүл шырынымен қоректенеді (Зоология).

Жабайы банкив тауығы. з о о л. *Тауық тәрізділер отрядына жататын құстардың жабайы тауық немесе бұта тауығы. Ж а б а й ы б а н к и в т а у ы ғ ы* Үнді және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тараған (М.Шаймарданова, Зоол. қазақ.-орыс. сөздік). *Ж а б а й ы б а н к и в т а у ы ғ ы* бұлдырықтардан кішірек. Көбінесе жерде жүреді. Қауіп төнген шақта дереу ағаш басына ұшып шығады (М.Шаймарданова, Зоол. Орыс. сөздік). *Ж а б а й ы б а н к и в т а у ы ғ ы* қазіргі үй тауықтарының ататегі деп саналады (М.Шаймарданова, Зоол. қазақ.-орыс. сөздік).

Жабайы бидай. а) *Масағы сынғыш бидай түрі. Ж а б а й ы б и д а й* түрі Еуразия, Африка материктерінде өседі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). ә) ж е р г. *Былтыр еккен бидай орнына келесі жылы екпей-ақ шыққан бидай. ≈ Ж а б а й ы б и д а й* өсті.

Жабайы жүзім. б о т. <лат. vitis vinifera> *Жүзім тұқымдасына жататын, ағаштанып қатайып кеткен көпжылдық шырмауық.* Жапырақтары дөңгеленіп келген *ж а б а й ы ж ү з і м н і ң* тамыры тереңге жайылады (Қазақст. энцик. сөздік). *Ж а б а й ы ж ү з і м* сирек кездесетін өсімдік болғандықтан, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (Қазақст. энцик. сөздік).

Жабайы ит. з о о л. <лат. danis dingo> *Иттер туысына жататын, екінші рет жабайы итке айналған иттер тұқымдасы. Ж а б а й ы и т* Австралия фаунасында кездесетін жалғыз жыртқыш аң (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а б а й ы и т* Австралияда иесінен қашып кетіп, өзіне қолайлы қорегі мол, жаулары жоқ, еркін көбейетін жер тауып, сол жерде көп таралған (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жабайы қасқыржем. ө с. <лат. asparagus officinalis> *Лалагүлдер тұқымдасына жататын, биіктігі 70-120 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж а б а й ы қ а с қ ы р ж е м* мамыр-шілде айларында гүлдейді, жемісі шілде-тамызда піседі (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.). *Ж а б а й ы қ а с қ ы р ж е м н і ң* тамыры мен сабақ тамырында аспарагин, сананиндік стероидтар, кумарин, көмірсутегі, каротин бар, эфир майы бөлініп алынады (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.). *Ж а б а й ы қ а с қ ы р ж е м* Қазақстанның тегістік дала аймағында, Сарыарқада кездеседі (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.).

Жабайы қыша. ө с. <лат. sinapis> *Шыршағүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер туысы.* Қазақстанда – дала *ж а б а й ы қ ы ш а с ы* белгілі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а б а й ы қ ы ш а* бос жатқан жерлерде, дәнді дақылдар егістігінде арам шөп ретінде өседі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а б а й ы қ ы ш а* майлы тағам ретінде және сабын қайнату үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жабайы мінез. *Кісіге жұғымы жоқ дөрекі мінез.* Кең дүниені тарылтып тұратын *ж а б а й ы м і н е з і н* жұмсарту еді (Д.Досжанов, Кісі.).

Жабайы сарымсақ. ө с. *Пияз тәріздес шөптесін өсімдік. Ж а б а й ы с а р ы м с а қ т ы ң* тамаққа жас сабақтары қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жабайы сұр қаз. з о о л. *Қаз тәріздер отрядына жататын ірі денелі құс. Ж а б а й ы с ұ р қ а з* Европада, Сибирьдің едәуір бөлігінде ұя салады (М.Шаймарданова, Зоол. қазақ.-орыс. сөздік). *Ж а б а й ы с ұ р қ а з д ы ң* негізгі қорегі – шөп, тұқым, өсімдіктердің тамыржемістері. Еті және жұмыртқасы үшін ауланады (М.Шаймарданова, Зоол. қазақ.-орыс. сөздік).

Жабайы шомыр. ө с. <лат. raphanus raphanistrum> *Орам жапырақтар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Ж а б а й ы ш о м ы р д ы* мал жақсы жейді, оны сүрлемге қосуға болады («Зерде»). *Ж а б а й ы ш о м ы р* жаз бойы және күзде гүлдейді («Зерде»).

Жабайы шөп. ж е р г. *Далаға шығатын табиғи шөп. Ж а б а й ы ш ө п* биыл бітік шықты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жартылай жабайы. *Артта қалған, ой-өрісі тар.* Өздерінің алдында құнды жаңалық ашып тұрған әйелді бұрынғы *ж а р т ы л а й ж а б а й ы*, көшпелі елдің қызы дегенге күдік келтіре берді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЖАБАЙЫЛАН= е т. **1.** *Адам маңынан алыстап, шеттеп, тағылану.* Оның өзі *ж а б а й ы л а н ы п* кеткен кәдімгі үй мысығы болуы да мүмкін (Н.Мұраталиев, Жасыл көл). Бірақ ондатра фермасы кейін Тоғайсай деген шалғайдағы оңаша көлшікке көшірілді де, қамыс арасында қалып қойған бірен-саран хайуандар *ж а б а й ы л а н ы п* кеткен (Ә.Тарази, Асу-асу). Ауылда бұралқы иттер көбейген. Адам тұрмайтын жаман тамдарды мекендеп, кісі көрсе безіп жөнелетін *ж а б а й ы л а н ғ а н* мысықтар пайда болған (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** *Қарапайымданып, жұпыны тарту.* Айтыс сахнасында Қапан жақындап бір келеді де, Айдармен кездескен жерлерде тым *ж а б а й ы л а н ы п* қалады. Айдардың кесесіне у салар жерде басқа бір образға көше жаздайды (F.Мүсірепов, Суреткер.). **3.** *Күтімсіз, өз бетімен өніп-өсу.* Өздеріңіз білесіздер, соғыстан күйзеліп шыққан шаруашылық қой. Майдан жылдары күтім болмай, ағаштың көбі азып, *ж а б а й ы л а н ы п* кеткен екен (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі). **4.** а у ы с. *Әдептен асып дөрекілену, тұрпайылану, әпербақандану.* Мына деген бастықтар елге келсе болды ет пен қымызға битін салып, *ж а-*

б а й ы л а н ы п кетеді. Ең әрі болғанда қазақты жамандайды (Ж. Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖАБАЙЫЛАНДЫР= е т. **1.** *Жабайы еткізу, тағыландыру.* Елсіз жерде қалған мысықты да *ж а б а й ы л а н д ы р ы п* жіберген (Ауызекі). **2.** *Жұпыныландыру, дөрекілендіру, тұрпайыландыру.* «Қойым семіз болғанға өзім семіз...» деген сияқты қойшының сана-сезімін сонша *ж а б а й ы л а н д ы р ы п,* тағылық таңбасын басатын өлеңдерді Тәжікстанда естіген жоқпыз (F.Мүсірепов, Суретк ер.).

ЖАБАЙЫЛАНДЫРУ *Жабайыландыр етістігінің қимыл атауы.* Күтімсіздік кейбір ағаш түрлерін де *ж а б а й ы л а н д ы р у д а* (Ауызекі).

ЖАБАЙЫЛАНУ *Жабайылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБАЙЫЛАУ с ы н. **1.** *Жартылай тағы, жабайырақ.* Ертеде адамдардың бұдан да *ж а б а й ы л а у* кезінде, аңға шығып, олжалы қайтқан аңшылар осы ойынды ойнаса керек (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Жұпыны келген, қарапайымдау.* Шертердің сырт пішіні домбырамен салыстырғанда *ж а б а й ы л а у* («Қаз. әдеб.»). Тағам атаулы да *ж а б а й ы л а у* әдетпен әкелініп жатыр (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЖАБАЙЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жабайы болушылық, тағылық.* Австралияның байырғы тұрғындары еуропалықтар барғанға дейін *ж а б а й ы л ы қ т а* болып келген («Мәдениет және тұрмыс»). **2.** а у ы с. *Анайылық, тұрпайылық.* Масқара түрдегі бағы заман *ж а б а й ы л ы ғ ы* дәл осы Мадрас қаласына кеп орнағандай (М.Әуезов, Индия очерк.). Адам *ж а б а й ы л ы қ т а н* енді-енді арылып, болашаққа қадам жасай бастаған кезінде мәдениет орындары бой көрсетеді (Т.Шаханов, Жоғалған.). **3.** *Жұпынылық, қарапайымдылық.* Сол сияқты қазақ халқының ауызша әндерін де қарапайым *ж а б а й ы л ы қ қ а* жатқызу дұрыс бола қоймас еді (І.Омаров, Серпін). Адамға табиғи *ж а б а й ы л ы қ* жарасар еді, егер бар ғалам табиғи *ж а б а й ы л ы ғ ы н а н* өзгермей тұра берсе (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖАБАН з а т. **1.** *Қыста мал жататын тепсең жер. Ж а б а н д а* жатқан малдың қарасы қомақты көрінді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). **2.** ж е р г. *Жайылымға қолайлы, бетегелі от жер.* Малды *ж а б а н ғ а* жайса, қыстан күйлі шығады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБАСАЛМА[1] з а т. *Асығыста шаңырақ пен уықтан ғана уақытша құрастырылған жолым үй, киіз күрке, жаппа.* Кермекастың есентемірлері түйелерінің қомын сыпырып, аттарының айылын босатып, қаңтарып, *ж а б а с а л м а* қосын қалқайтып болған (Б.Аманшин, Көкжар). Көш келіп, байдың үйлері үлкен-үлкен *ж а б а с а л м а с ы н* жасап алған кезде, сиырларын ұстап, жүгін түсіріп жатқанда Шекерлер де келді (Ж.Аймауытов, Шық.).

ЖАБАСАЛМА[2] з а т. *Қазанға жаба салып, қарып пісірген жаппа нан.* ≈ *Ж а б а с а л м а* пісірді.

ЖАБАСАЛМА[3] з а т. к и і м. *Түйе жүнінен немесе қойдың қара жабағысынан жасалған сырт киім. Ж а б а с а л м а н ы ң* тысы да күләпара сияқты баран матадан қапталады. Күз, көктем айларында 70 жастан жоғары жастағы қариялар киеді (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.). *Ж а б а с а л м а н ы* тысын матамен қаптап, қозы терісінен де тігеді («Ана тілі»).

ЖАБАТАЙ з а т. ж е р г. ***Жаба[2].*** Тай жасынан асып құнан, құнажын шықпаған, әлі де болса байланып отырған *ж а б а т а й* (Б.Базылхан, Моңғол. қаз. тілі).

ЖАБАУ с ы н. с ө й л. *Желеу.* Дінді қатты «құрметтейтін» елде халық та көп қырылғанын, өйткені олар дін деген *ж а б а у* сөз арқылы бүкіл ұлтын сатып жібергенін білдім (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖАБАУРА= е т. с ө й л. *Жабырқау.* Маған алыс әлі алдағы жарық күн, Жасым жетіп *ж а б а у р а ғ а н* ғарыппын. Досжан атын сұрар болса келешек, Көңілінен табар жыршы халықтың (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі).

ЖАБАУРАУ *Жабаура етістігінің қимыл атауы.*

ЖАББАР [ар. جبار] з а т. *Құдайдың көп атының бірі, жаратқан ие. – Ж а б б а р* ием, өзің жар бол! Құланжан, мұндайға не амал бар?– деп жүдеген үнмен сауал қойып, Орман шал мергенге жаутаңдай қарады (А.Нұрманов, Құлан.). Жалынды жалғыз *ж а б б а р ғ а*, Жолына құнан қой айтты Жетсем деп атар ақ таңға, Дұғаны іштей молайтты (Б.Алдамжаров, Нұр мен түнек). Атаңды жасыңда алған *ж а б б а р* құдай, Ұқтырды қайын атаң аулы бұлай. Атадан жастай қалған сен сұмырай (Батырлар жыры).

ЖАБҒҰ з а т. к ө н е. *Түрік қағанатында болған 28 дәрежелі әскери-әкімшілік қызмет сатысы жүйесіндегі қаған мен ұлықтан кейінгі лауазым. Ж а б ғ ұ н ы* қағанның балалары мен жақын туыстары мұрагерлік жолмен иеленген (ҚҰЭ).

ЖАБДАН з а т. ж е р г. **1.** *Ашық алаңқай, жазық жер.* Анау төскейде біздің үйдің ұсақ жандығы жататын. Одан әріректегі *ж а б д а н д а* қырдың сәнін келтіріп, ірі қара андыздап, шашырай жайылушы еді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бұлардың ендігі беталысы теп-тегіс *ж а б д а н*, ұшы-қиырсыз көлбей көсілген сары жазық, күн нұрына малынған дарқан дала (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Құлан жортпас қу медиен, Құба жонды құлпыртып. *Ж а б д а н* жатқан жапаныма Гүл боп тұндың сары ала (Қ.Шаңғытбаев, Арма.).

ЖАБДАН= е т. *Керек-жарақпен қамдану, әзірлену.* Ауылында бес-алты күн жатқан Құсайын жолға шықпақ болып *ж а б д а н а* бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). Ойран салып ғасырлардың құйыны, *Ж а б д а н ы п* өмір жатыр жүдеп бұйығы. Осы ауылды таңдап алып дүниеде, Тірелген бе тіршіліктің тұйығы? (Қ.Шаңғытбаев, Арма.).

Жабдан алу. *Көмек сұрау, жылу жинау.* Тек өткен жылғы жұтта Байқадан қараң-құраңнан айырылып, *ж а б д а н а л у ғ а* биылша шамасы келмеген еді (Б.Құсбегин, Зуқа батыр).

Жабдан киіз. *Бояусыз, түрсіз киіз. Ж а б д а н к и і з д і* керегеге ұстап қой, жел кірмесін (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБДАНУ *Жабдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жолға *ж а б д а н у* керек.

ЖАБДУ *Жабды етістігінің қимыл атауы.* ≈Ат-арбасын *ж а б д у* керек.

ЖАБДЫ= е т. ж е р г. *Керек-жарақ мүлікті, затты дайындау, әзірлеу (қамдау).* Күн кешкіре біреуі малшылармен сөйлескелі жүріп кетті де, Құрман қарт ат шанасын *ж а б д ы п,* қалың киіне бригадасына қайтуға асықты (Ғ.Орманов, Жүрек). Жеңілдеп көшетін ел қояр жүгін, Егін деп егіншілер *ж а б д ы р* жабдық (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАБДЫҚ[1] з а т. **1.** *Керек-жарақ, әртүрлі құрал-сайман, әбзел.* Станциядан көлігімен ағаш, әртүрлі *ж а б д ы қ т а ғ а н* маусымды жұмысшылардың арасында екі трактор да жүк тасып жүр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Бар тапқаным радиоқабылдағыш пен үй шаруасына қажетті түрлі *ж а б д ы қ* қана (З.Шашкин, Доктор.). Тарзан-Мүтәліп пен Ұстабай тәуекел деп сапарды әрі жалғастыруға бел байлап, жолазықты, *ж а б д ы қ т ы* теңдей етіп бөлісті (Д.Досжанов, Келіншектау.). **2.** *Үй ішінің дүние-мүлкі.* Көлігі барлар өз үйінің *ж а б д ы ғ ы н* тасып алған соң, басқаға көмектеседі, тек трест ақы төлесе болғаны (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Үйді қамалап, үйдің *ж а б д ы ғ ы н а* төніп, мінбе ер-тұрмандардың ішінен екі-үш дауыс жамырасып, бірінен-бірі қағып алысып шырқап, сұңқылдап, «Той бастар», «Аужар» айтып тұр еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Алты қанат ақ үй, оның ішіндегі *ж а б д ы қ,* есік алдында тұрған күйме бұлардың бәрін қызының еншісіне Балымайдың әкесі берген (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** *Түрлі тетік, бөлшек.* Қазір мұнда қорғасын-мырыш және титан, магний комбинаттары, ТЭЦ, электр *ж а б д ы қ т а р ы н* жасайтын, конденсатор, аспап құрылысы, машина құрылысы, жөндеу-механика заводтары бар (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Әрбір цехта – еңбек дабылы. Соның әрқайсысында трактор *ж а б д ы қ т а р ы,* запас бөлшектер жасалынып жатыр (Б.Мәдиев, Өрендер). **4.** *Іске қажетті нәрсе, бұйым.* Сәлімнің оқитын кітаптарын, дәптер, қалам, сия, сызғыш секілді оқу *ж а б д ы қ т а р ы н* күніне бір түгендеп, тексеріп қоятын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Біз Калиновский тоғайына келдік. Азық, *ж а б д ы қ* тиеген күймелі арба да сол тоғайға келіп тоқтаған екен (Ш.Айманов, Қыран.). Әйелге қайнатылған, жуылған, дәріленген киім, төсекорын *ж а б д ы ғ ы* беріледі (Келіншектер.). **5.** *Қару-жарақ, құрал.* Жанындағы *ж а б д ы ғ ы* – Наркескен, қанжар, асыл-ды, Қарасайдай батырлар, Қиқу салып аттанса (Жамбыл, Шығ.). Генерал жаяу біздің әскерлердің о шетінен кіріп, бұ шетінен шықты, барлық әскери *ж а б д ы қ т а р ы м ы з д ы* көрді (Б.Момышұлы, Москва.). Енді ұзақ отыруға болмайды, қару-жарақ, керекті *ж а б д ы қ т а р д ы* алып, Лиза басқарған партизандармен бірге біз де жолға шықтық (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). **6.** *Өлікті шығаруға кететін малмүлік, керек-жарақ.* Балам дүние салып жүре берді. Артында қалғанын есептеп отырып, қақ жартысын өзінің *ж а б д ы ғ ы* мен бересісіне шығарттым (М.Әуезов, Қараш.). Жаратты *ж а б д ы ғ ы н а* барлық малын, Таратты ашарыққа қалғандарын. Бар малдан шұбар шолақ аты қалды, Қаракет қылуына балалардың (Е.Бердин, Екі ойшыл). **7.** *Әрекет-іс алдындағы әзірлік, дайындық, қам.* Қонақтар Өркенмен амандасып, сәкіге отырғанда Жұмек үйге кіріп, ас үйдегі той *ж а б д ы ғ ы н* көзден тағы бір өткізіп келді (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Сен, Ысқақ, жүру *ж а б д ы ғ ы н а* кіріс. Асыл бұйымдарды сымбалдап буып, адам көрмес жерге апарып тыққыз (Б.Майлин, Шығ.). Келесі күні саяхатқа керекті *ж а б д ы қ т а р д ы ң* бәрі де іңірге дейін ретке келтірілді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Осыған орай майданға жүру *ж а б д ы ғ ы н а* кірісіп, әрбір взвод командирлеріне тиісті міндеттер де айтылған болатын (Н.Ғабдуллин, Ел намысы).

Жабдығын сайлады. *Керек-жарағын даярлады.* Қанжарды батыр байлады, Садақты белге байлады. Көксерек атқа ер салып, *Ж а б д ы ғ ы н* батыр *с а й л а д ы* (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.).

Жабдықтарды жетілдіру. *Жабдықтардың функциялық қасиеттерін, пайдаланудағы сенімділігін арттырып, жақсарту жолдарының (әдістерінің) бірі. Ж а б д ы қ т а р д ы ж е т і л д і р у* – түбегейлі қайта өзгертуді талап етпейтін, құрылымының жеке бөліктерін, тораптарын өзгертуге саятын өте үнемді жетілдіру әдісі (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жабдықтарды жинақтау. *Жабдықтардың жеке бөлшектерін жинақтау.*

Жабдықтарды орнықтыру. т е х. <франц. montage> *Техникада құрылымдарды, технологиялық жабдықтарды, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды, аспаптарды және т.б. дайын бөліктерден жинақтау және орнықтыру.*

Жабдықты жаңғырту. э к о н. *Кәсіпорындарда жұмыс істеп тұрған машиналар мен механизмдерге өндіріс техникасы мен технологиясының қазіргі талаптарына сай келетін сипатта беру және қолданыстағы жабдықтың өнімділігін арттыру мақсатымен осы машиналар мен механизмдерді жетілдіру.*

Жабдықтың жүктелу коэффициенті. э к о н. *Жабдықтың жұмыс істеу уақытының қолданыстағы қорының белгілі бір уақыт (жоспарлы, есепті кезең) бойына пайдалануын сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Ж а б д ы қ т ы ң ж ү к т е л у к о э ф ф и ц и е н т і* өндірістік бағдарлама (жоспарлы тапсырма) және жабдықпен бұйымды өңдеу уақытының техникалық нормалары негізінде есептеледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАБДЫҚ² з а т. э т н. *Жұмсақ киізден қос қабаттап, нар түйенің өркешіне жазының астына салатын ішкілік. Ж а б д ы қ* ұғымы құралға жақын болғанымен, негізінен малға тікелей қолданылатын әбзел тектес және жұмсақ матадан жасалады (Малшыларға кеңес). *Ж а б д ы қ т ы* өз ішінен жылылағыш, қоруыш, аяқты қорғаушы деп үшке бөлуге болады (Малшыларға кеңес). Нар түйенің үстіне *ж а б д ы ғ ы н* салып, отыруға ыңғайлады (Абзал жандар).

ЖАБДЫҚ-ЖАЙ з а т. с ө й л. ***Жабдық-жарақ***. Олардың тау жақтан бар *ж а б д ы қ-ж а й л а р ы м е н* түсуі де таяп қалды (Р.Тоқтаров, Таудағы ән.)

ЖАБДЫҚ-ЖАРАҚ з а т. *Тұрліше құрал-сайман, қажетті мүлік.* Олардан бұйым, киім, *ж а б д ы қ-ж а р а қ* алғалы келіп жүрген адамдар онша мол емес (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖАБДЫҚСЫЗ ү с т. **1.** *Ешбір құрал-саймансыз. Ж а б д ы қ с ы з* жайрап жатқан жер үйлер жасалғандай болды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **2.** *Қару-жарақсыз, құралсыз.* Бекболат білдірмейді көпке сырын, Қылышмылтық күші бар жаудың түрін. Жаным-тәнім кем емес Николайдан?! Жарақсыз, *ж а б д ы қ с ы з б ы з* бер ақырын (Дастандар).

ЖАБДЫҚТА= е т. **1.** *Қажетті заттар, тетіктер, құрал-саймандармен қамтамасыз ету.* Айтқожа шопанның отарынан тігілген бес үйді *ж а б д ы қ т а п*, тойдың басқа керектерін совхоз жұртшылығы әзірлеп жатты (С.Бегалин, Уақыт.). Өзің білдей шоферсің, табысың болса көл-көсір. Қала-далаға шығып, үйіңді шай-қант, матамен *ж а б д ы қ т а п* тұрасың (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Бүкіл бір болыста бір-ақ мектеп. Ол дағы бастауыш. Оны зордың күшімен қуынып жүріп, әрең *ж а б д ы қ т а п*, жетпейтін баланың басын құрап едім (Ғ.Сланов, Замана.). **2.** *Бір әрекеттің қамын істеу, дайындау, әзірлеу.* Шешініп, жуынып, жайланысып, дем алыңыз. Қымыздан гөрі шай дұрысырақ болар деп соны *ж а б д ы қ т а п* жатыр жеңгей (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ол бірден жазалау отрядын *ж а б д ы қ т а п*, оларға көтерілісшілерді аяусыз басып-жаншуды бұйырды (Ш.Өтепов, Жалында.). Қазіргі шақта жатпай-тұрмай соларды сақадай сай етіп *ж а б д ы қ т а п*, қамдамасаң, ертең сан соғарың ақиқат (Саржайлау). **3.** *Ат-көлікті әбзелдеп әшекейлеу, безендіру.* Асып туған Төлеген Жағалбайлы халқынан, *Ж а б д ы қ т а п* атын мінеді, Гауһар, лағыл, алтыннан, Жолдас ермей елінен Жалғыз өзі жөнеді (Қыз Жібек). Шоқан келген күннің ертеңінде күміс ертоқыммен *ж а б д ы қ т а п* мінгізген боз жорға дөнен аса бір әсем болатын (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЖАБДЫҚТАЛ= е т. **1.** *Қажетті затпен қамтамасыз етілу.* Ол үшін қойшыға жақсы *ж а б д ы қ т а л ғ а н*, боран-дауылдарда сыр бермейтін берік киіз үй, үдере көшкенде белі қайыспайтын мықты көлік қажет (С.Мәуленов, Жер нәрі). Үнді қонақ үйлері адам тұруға өте қолайлы, тұрмысқа керекті заттардың бәрімен толық *ж а б д ы қ т а л ғ а н* (Ә.Шәріпов, Қапастағы.). **2.** *Қайта жөнделу.* Содан бері қайта *ж а б д ы қ т а л ғ а н* комбайнын бәйге атындай жаратып, бір тоқтаусыз арындатып келеді (Р.Тоқтаров, Қырандар.).

ЖАБДЫҚТАЛУ *Жабдықтал етістігінің қимыл атауы.* Күні бүгінге дейін көптеген трактористер ескі маркалы машиналарда жұмыс істейді, тіпті жаңа тракторлардың өзінің кейбіреуінің *ж а б д ы қ т а л у ы* онша емес (Тракторист.). Сонымен қатар оқушылар түрлі-түсті суреттер коллекциясын жинақтап, кабинеттің *ж а б д ы қ т а л у ы н а* көмектеседі («Қазақст. мект.»). Жүз жылдан астам уақыт бедеріндегі жекеленген зираттардың *ж а б д ы қ т а л у ы* да тарихи сипаттар танытады екен («Білім және еңбек»).

ЖАБДЫҚТАН= е т. *Керекті затпен қамтамасыз етілу, жөнделу.* Жайдақтаған жауыр болады, *Ж а б д ы қ т а н ғ а н* тәуір болады (Қаз. мақал.).

ЖАБДЫҚТАНДЫР= е т. *Қамтамасыз еттіру.* Екі жылдан бері комбинат мектептегі оқу бөлмелерін керекті заттармен *ж а б д ы қ т а н д ы р ы п* жүр («Қазақст. мект.»).

ЖАБДЫҚТАНДЫРУ *Жабдықтандыр етістігінің қимыл атауы.* Балаға қолдау көптеген жағдайларда: кішкене мастерскойды *ж а б-*

д ы қ т а н д ы р у д а, материалдар, әдебиеттер алған кезде, түрлі жолдарды үйретуде, ақыл берген кездерде көрінеді (Семья тәрбиесі).

ЖАБДЫҚТАНУ *Жабдықтан етістігінің қимыл атауы.* Оқу кабинеттерінің ойдағыдай *ж а б д ы қ т а н у ы* шеберханалар жұмысына байланысты («Қазақст. мект.»).

ЖАБДЫҚТАҢҚЫРА= е т. *Жабдықтай түсу.* Қазіргі шақта жатпай-тұрмай соларды *ж а б д ы қ т а ң қ ы р а п,* қамдамасаң, ертең сан соғарың ақиқат (Саржайлау).

ЖАБДЫҚТАҢҚЫРАУ *Жабдықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Керекті затпен *ж а б д ы қ т а ң қ ы р а у.*

ЖАБДЫҚТАС= е т. *Жабдықтауға көмектесу, қосыла жабдықтау.* Екі күнгі уақыты үйдің үстіңгі қабатындағы кең залды *ж а б д ы қ т а с у ғ а* кетті (Ж.Тілеков, От кешу).

ЖАБДЫҚТАСУ *Жабдықтас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бөлмені *ж а б д ы қ т а с у ғ а* көмектесті.

ЖАБДЫҚТАТ= е т. *Жабдықтауға мүмкіндік жасау, рұқсат ету; мәжбүрлеу.* Салтанатпен жүруді әдеттенген аға сұлтан Мұса Қаракөлден аттанарда ерекше *ж а б д ы қ т а т ып,* алып жүретін жол шатырын тиетіп, бірнеше нөкермен жүрді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Қазір келер жазда енгізбекші қалыңдығына ел көрмеген қымбат жасау *ж а б д ы қ т а т ы п* жатыр (С.Ләмбеков, Тай-талас).

ЖАБДЫҚТАТУ *Жабдықтат етістігінің қимыл атауы.* Әлімжан жылқышыны өзі іріктеп алды да, қосты *ж а б д ы қ т а т у* қамына кірісті (Ж.Орманбаев, Қос басшы).

ЖАБДЫҚТАУ *Жабдықта етістігінің қимыл атауы.* Алғашқы екі күн колхоздың жаңадан ашылған дәрігерлік пункті *ж а б д ы қ т а у м е н* өтті (Т.Ахтанов, Көк құлан). Жоқтан бар жасап, бүкіл майданды *ж а б д ы қ т а у,* от кешіп, шоқ шайнап жүрген жауынгерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қажет қылды («Қаз. әдеб.»). Жасы да үлкен, тіпті бүкіл Жымпиты әскерінің *ж а б д ы қ т а у* ісін басқарған лауазымы да зор, оның үстіне батыр келбетті, албырт Мәмбет үйге кіріп келгенде, Жоламанов пен Орақов орнынан ұшып түрегелді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жабдықтау базасы. ә с к. *Әртүрлі мемлекет қарулы күштерінің тыл құрамындағы материалдық қамтамасыз етудің штаттық немесе штаттан тыс мекемесі. Ж а б д ы қ т а у б а з а с ы н а* басқару органдары, материалдық құралдар қорлары мен қоймалары және қамтамасыз ету бөлімдері жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а б д ы қ т а у б а з а с ы* көлікті тиімді және кешенді пайдалану және материалдық құралдарды уақытымен жеткізу, сондай-ақ әскерлерден көшірілген мүліктерді қабылдау және басқа мәселелерді шешу мақсатында жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жабдықтау бөлімі. *Мекеменің шаруашылықты қажетті заттармен қамтамасыз етіп отыруды басқаратын бөлігі.* Олар партия бюросына *ж а б д ы қ т а у б ө л і м і н і ң* жұмысымен жете танысып, оны коммунистердің талқысына салуға ұсынады (Қ.Әбілдаев, Коммунист.). Николай Ивановичтің өзі одақтық мәні бар үлкен заводта техникалық *ж а б д ы қ т а у б ө л і м і н і ң* бастығы болып істеген (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Жабдықтау құралдары. ә с к. *Ұрыс мүмкіндіктерін көтеру және жауынгерлік міндеттердің табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін жалпы әскери бөлімшелер, бөлімдер, құрамалар командирлеріне уақытша бағынатын әртүрлі әскер салалары мен арнайы әскерлердің бөлімшелері, бөлімдері, құрамалары.*

Жабдықтау стансысы. ә с к. *Теміржол көліктерін қабылдау, оларды тиеу-түсіру, материалдық құралдарды уақытша сақтау және құрамаларға (бөлімдерге) жіберу, сондай-ақ жаралылар мен науқастарды, қару мен әскери техниканы қабылдау және әрі қарай эвакуациялау үшін жалпы әскери армияда тағайындалған бір немесе бірнеше теміржол стансалары мен разъездері.* Бейбіт уақытта *ж а б д ы қ т а у с т а н с ы с ы н* біріктіру қолданылмайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖАБДЫҚТАУШЫ з а т. *Керек-жарақ заттармен қамтамасыз етіп тұрушы (адам).* Майдан штабының *ж а б д ы қ т а у ш ы с ы* Әлімжанның «осы да жетеді ғой» дегеніне қарамастан екі шыны сүтті қапшығына салдырған (М.Құттықов, Аяқталма.). Қамар Қасымов Құрманғазы оркестрін аспаптармен *ж а б д ы қ т а у ш ы* боп қала берді («Лен. жас»).Ол таза технологиялық жұмыспен айналысарын немесе *ж а б д ы қ т а у ш ы* міндетін атқарарын білмей, өзінен-өзі дал болды (Өрлеу).

ЖАБДЫҚТЫ с ы н. **1.** *Қажетті керек-жарағы бар.* **2.** *Әбзелдермен безендірілген, әшекейлі.* Су жағасы толған әскер екен. Қайықтан шыққан жігіттің алдына алты *ж а б д ы қ т ы* атты көлденең тарта бер (Мың бір түн).

ЖАБДЫН= е т. *Керек-жарақпен қамтамасыз ету, соның әзірленуі.* Сансызбай қажының ауылы ерекше жасанып, *ж а б д ы н ы п* көшті (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

ЖАБДЫР= е т. *Керек-жарақ заттармен қамтамасыз еткізу, әзірлету, қамдандыру, жабдындыру.* Жеңілдеп көшетін ел қояр жүгін, Егін деп егіншілер *ж а б д ы р* жабдық (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАБРАЙЫЛ з а т. с ө й л. ***Жебірейіл***. Сонда Құдайдың құдіретімен *ж а б р а й ы л* періште құс болып келіп, аяғымен көтеріп алып кетіпті де, қаланың шетіндегі бір кемпірге әкеліп беріпті (Ы.Алтынсарин, Таңд.).

ЖАБУ[1] з а т. **1.** *Малдың, үй жануарларының жонын, сауырын суықтан, жаңбырдан қорғау үшін пайдаланатын жұмсақ тері, матадан сырылып жасалған малдың арқа, сауыр, бүйірін қаусыра қымтайтын, үштары доғал келген төртбұрыш пішінді, ұшында бір-біріне байланатын бауы бар қорғаныш жабдығы.* Бота *ж а б у ы н ы ң* арқасын өркешін қымтап тұратындай доғал жасалады немесе тесік шығарылады (ҚСЭ). Қылышбай жігіттері жүк буған арқанға пышақты сала бастаған кез еді, кенет түйе біткеннің үстіндегі *ж а б у ы* жерге жалп-жалп ұшып, әр теңнен екі-екі қарулы адамнан сопаң-сопаң етіп шыға келді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Қабырғалары мен күмбезіндегі барельефтер – салтанатты күймелер, өгіздер мен арыстандар, *ж а б у ы н* оюлап, үстін безендіріп тастаған пілдер (Т.Ахтанов, Үндістан.). **2.** *Бір нәрсенің үстін бүркеп тұратын матадан істелген бұйым.* Елеусізде жұмысшылар аңғармай қалып, *ж а б у* жаппай талай рет жүктер былғанған (Ә.Әбдіқадыров, Әңгім.). Отряд әбден ұзады-ау дегенде қараша үйдің жанындағы тезекке жапқан *ж а б у д ы ң* астынан Аяпберген қария түрегелді (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Сән үшін пайдаланатын әшекейлі жапқыш.* Жібектей *ж а б у* жаптырған, Үйқысын алып қағытып. Ақ отауға бақтырған, Опасыз қазақ таптырған (Амангелді). Оң жақта үстіне ақ масахана құрған ақ никельді кереует, оның үстінде өрнектері ғажап *ж а б у* (С.Мұқанов, Менің мектеп.). **4.** *Қазақ үйдің киіз есігі.* Осы сәтте есіктің *ж а б у ы* ашылып, еңгезердей оберофицер үйге кірді (А.Сатаев, Дала.). Бұ бір – баланы көп тауып, жалғызынан басқаның бәрі ұзатылып, өліп таусылған, ауыл үйдің жібін иіріп, *ж а б у ы н*, сырмағын сырып, сабасын тігіп күн көріп отыратын көңілшек тәуір кемпір еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** *Бесіктің ту сыртынан қымтап жабатын жабу, бесік жапқышы.* Бесіктің көлеміне сай, жұқа матадан тігілген кестеленген арнаулы *ж а б у ы* болады. Ол бесікке бөленген жас нәрестені маса-шыбыннан, күн көзінен, желден, суықтан қорғайды (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

Жабуды жаба тоқыды. *Кемшілікті білдірмеді, бүркемелеп жасырды.* Десе егер ер еңбекпен өмір егіз Бұл – село куәсінің өзі деңіз. *Ж а б у д ы ж а б а т о қ ы п* жөнелмейтін, Жасырсам оны халық көрер кейін (Айтыс). Шаруаның жайы аталы-балалыққа қаратып қойды ма, *ж а б у д ы ж а б а т о қ ы п* қоя салатын заман ба бұл (З.Ақышев, Жесірлер).

ЖАБУ[2] *Жап етістігінің қимыл атауы.* Қаңқу емес, расы сол: қалаға қатер төндіріп тұрған селдің жолын біржола *ж а б у* үшін екі жақтан қаусырмаланып келген екі тауды қысаң жерде тас-талқан етіп қопарып, бөгеп тастау керек (С.Шаймерденов, Сел.). Ол мая үйгелі иіріп сырып қойған шөптен қорасына *ж а б у ғ а*, бір арба ғып сықитып тиеп әкеле жатып, председательдің көзіне түсіп қалыпты (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Жала жабу. *Нақақ кінә тағу.* Қалай дегенмен *ж а л а ж а б у ғ а* да бір себеп керек емес пе (С.Омаров, Қызыл арай).

Нан жабу. *Нан пісіру.* Біраз айлар өткен соң әйелдер күнде *н а н ж а б у* жұмысынан да босайтын болды (М.Мырзақұлов, Өмір.).

Ылғал жабу. *Жерді суарып, топырақты дымқылдау.* Қар жұқа түсті де, ерте кетті. *Ы л ғ а л ж а б у* үшін егінші тұра ұмтылды (С.Хайдаров, Жүрек сыры). Жүгеріден мол өнім алу үшін топырақты ерте көктемде тырмалап, *ы л ғ а л ж а б у д ы ң* үлкен маңызы бар (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

ЖАБУДАЙ с ы н. *Жабу сияқты.* Ақ қайран көлдің түбінде төселген ақ жібек *ж а б у д а й* ақша бұлтты да сумен бірге жұтып қойғысы келгендей (Ә.Кекілбаев, Дала.). Мені кенет киіз *ж а б у д а й* бір хал басып еді – кәрлен кесені дастарқанның шетіне жамбастатып тастадым да отырып қалдым (А.Сүлейменов, Бесін). Үстіндегі ілініп қана тұрған лыпаның көйлек деген аты ғана, оның да ту-талақайы шығып, *ж а б у д а й* жалбырап қалған (Б.Тілеков, Уақыт).

ЖАБУДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. *Жабуға ұқсас.* Сөткесіне бір татса Шалқасқа аты қалмас ед. *Ж а б у д а й ы н* жабылып, Жау жолында қалмас ед. Құраққа құрық салдырған, Киікке жетіп алдырған. Батырдың серік жолдасы ед (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖАБУЛА= е т. **1.** *Малдың үстіне жамылғы салып бүркеу.* Келген бойда қос құланы қорағa кіргізіп, жылы *ж а б у л а п*, қаңтарып байлап тастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Аттарымды түкпірдегі іші тап-таза ағаш қораның көлеңкелі салқынына байлап, үстерін *ж а б у л а п*, оттықтағы көк шөпке қойдым (Ж.Бектұров, Жол.). Мұндай жабумен малдың қан сорғыш насекомдар көп қонатын жерлерін *ж а б у л а п* қояды (Т.Досжанов, Зиянды насеком.). **2.** *Отынның, көмірдің және т.б. заттың үстін жамылғымен бүркеу, тасалау.* Есік алдындағы тезектердің үстін *ж а б у л а й м ы н* деп тағы да біраз бөгеліп қалды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Шағын бөлме. Қарама-қарсы екі қабырғаның іргелерінде қызыл жібекпен *ж а б у л а ғ а н* екі диван (Ғ.Қабышев, Тарихта.). Ол қалш-

қалш етіп, дір-дір етеді. Жылы су бердік. Үйдегі бар киізбен мықтап *жабуладық* (К.Қазыбаев, Аманат).

ЖАБУЛАН= е т. *Малдың үстіне жамылғы салыну, бүркенуі.* Шанаға жегіп келген ат жылы *жабуланып,* ақырдағы көкпеңбек пішенді күрсілдете соғып тұр екен (Ғ.Орманов, Жүрек). Үстіне желқом салынып, *жабуланған* кербесті тықыршып, ауыздығын сүзе тартып, шыркөбелек айнала береді (С.Талжанов, Ұлдай.). Жіңішке қыл арқанмен ноқталап, жүгенделген және *жабуланған* асау қара төбел тайды саз жерде айналдыра жетектеп жүріп,– Мін мынаған, Месқара! – деді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАБУЛАТ= е т. *Аттың үстіне жамылғы салдырып бүркету.* Жылқышы қинала жүріп *жабулатқан* жас тұлпарды топ алдынан алып өткенде жылқы танитын ел үндемей қалысыпты (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

ЖАБУЛАТУ *Жабулат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБУЛАУ *Жабула етістігінің қимыл атауы.* Ыстық күндері мініс аттарының күтімі дұрыс болуы үшін үстін жеңіл жабумен *жабулау* керек (А.Иманғалиев, Адай.).

ЖАБУЛЫ[1] с ы н. **1.** *Үстінде жабуы бар.*– Айбек мырза, Қоңырдан басқамыз қомыт *жабулы* түйе болғанымыз ғой, тегі? – деді, зіл сездіріп, ызбармен айтты (Д.Әбілев, Арман.). Бірақ үрке шапқылаған *жабулы* үлкен түйені лезде өлімші еткен, әрине, ана көнек бас көкжал (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Бабына әбден келіп, оқтаудай жарап алған бәйгі аттар... Бәрінің үсті *жабулы* (З. Ақышев, Достар.). **2.** *Үсті бір нәрсемен бүркелген, тасаланған, жабылған.* Бос шелектің бірін алып, аула ішіндегі аузы *жабулы* тұратын құдықтан су тартып алып, қайтадан үйге беттеді (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Ойшылдарды шақыртты мұнда келсін, *Жабулы* ыдыс ішінде не бар білсін, Ғылым – білім жолы ма, құрғақ ой ма, Көпшіліктің жиналған көзі көрсін (Е.Бердин, Қанды асу). Бір тояйын, не жай бар мұнан аяр, ұмтылып *жабулы* асқа қол созғанда (Қисса-дастандар). **3.** а у ы с. *Жасырын, жабық, белгісіз.* Жақсылық қайта барып начальникке жаға алған жоқ, Ақөзек оқиғасы ел ортасында *жабулы* күйінде қалды (М.Әуезов, Шығ.). Сәкен, Ілияс, Бейімбет творчествосы көп уақыт мүлде *жабулы* жатты («Қаз. әдеб.»). Өткенім қалды тұманда, Ертеңге жолым *жабулы.* Көргенім менен білгенім, Көзімде ғана жазулы (Ә.Тәжібаев, Поэм.).

Жабулы қазан жабуымен [жабулы]. *Шетке сыр шашпай, өзді-өзі біліп қоя салды, істі ары қарай қоздырмады.* Менің тілімді алсаңдар, осы әңгіме *жабулы қазан жабулы* күйінде қалсын!– деді (Б.Майлин, Шығ.). Олар баяғы *жабулы қазанды жабулы* күйінде қалдырғылары келген екен, бірақ қыздың жеңгесі бір абысынына айтып қойыпты (С.Омаров, Өмір асу.). Қамар болса, маған да, сіздерге де бірдей қарындас: – күнәсі болсын, болмасын *жабулы қазан жабуымен* қоя қояйық (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖАБУЛЫ[2] с ы н. *Ашық емес, бекітулі, кілттеулі.* Сахнаның да, ложалардың да шымылдықтары *жабулы* тұр, залдың төбесінде сәулесі күннен де өткір сияқтанған, төңірегі асыл тастар сияқты бірдемелермен әшекейленген шамдар шоғыры (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Суреттер қазір жоқ ондай Қалыпты бәрін қар қымтап. Әзірше жинап қойғандай, *Жабулы* жатыр ол кітап (Ғ.Орманов, Ой қанаты). Ауыл ортасындағы ағаш үй Жәнібектікі. Терезелері *жабулы.* Үй маңында қыбыр еткен жан жоқ (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАБУСЫЗ[1] с ы н. **1.** *Жабуы жоқ, жабу жаппаған. Жабусыз* үстел үстіне тағамдар қоя бастады («Жалын»). Жер бетінде күш болып Құрт-ашарат қырылып, Жерден рақат түріліп, *Жабусыз* малдар жайына Жүре алмайды бұрылып (Майлықожа, Нақыл). **2.** *Үстіне еш нәрсе салынбаған, төбесі ашық.* Балалар биікте қабырғалары қаланып біткен, төбесі *жабусыз* үш қатарлы үйдің жарының ұшар басында тұр (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

ЖАБУСЫЗ[2] с ы н. *Жабылмай ашық қалған, бекітілмеген, кілттенбеген.* Машина қабинасының есігі *жабусыз* ашық қалған (М.Сүндетов, Қызыл ай).

ЖАБУША ү с т. *Жабу тәрізденіп, жабуға ұқсап.* Онысы сәл ғана ызғырық түрса *жабуша* жалпылдап, алды-артын соққылап жүргені (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАБУШЫ з а т. *Жамылғы жабатын, бүркейтін адам.* Түркімен болмасақ та солармен ортақ үлкен шаңырақтың астынан келгендіктен, біз де шапан *жабушының* рөлін атқардық (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Жала жабушы. *Нақақ кінә тағушы. Жала жабушының* кім екені өзіне мәлім (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көзі.).

Ылғал жабушы. *Айдалатын жерге су жіберіп, ылғалдаушы.* Кәнігі диқан биыл да бригадасын көктем жорығына ерте қамдап, *ылғал жабушыларды* егістікке шапшаңдата шығарды (Ж.Мусин, Қанат.).

ЖАБУЫЛДА= е т. *Мінер көліктің үстін мықтап жабу.* Бекәділ шығыс жиек бозалаң тартып, қараңғылықтың көбесі сөгіліп, қызғылт сәуле жүгіргенде, Бәйгібозды майпаздап *жабуылдап* ерттеп, қырға кеткен (Д.Жанботаев, Дала.).

ЖАБУЫЛДАУ *Жабуылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мінер атын *жабуылдау.*

ЖАБЫ[1] з а т. **1.** *Қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.* Әрі тілімнен қағынуым бар емес пе: «*Ж а б ы н ы* қанша жемдесең де, қазан ат болмас», – дегенім (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жігітті топқа салсаң әбден баптап, Бойында ірінер болса тұрмас тоқтап. *Ж а б ы д а н* туылған болса мәстек болып, Жерінде бас көтермей қалар оттап (М.Дулатов, Шығ.). Жалы бар деп, *ж а б ы д а н* айғыр салма (Қаз. мақал.). Алса борыш көрмейді, берсе міндет қылмайды. Ондайлар бағзы бір заманда *ж а б ы с ы* ұшқан көлденең жолаушыға тақымына басқан жалғыз күлігін түсіп береді екен (М.Мағауин, Бір ата.). **2.** а у ы с. *Төмен дәрежеде, шамалы.* Қашсаң қуып жетемін, Бізге *ж а б ы* бұйым ба-ай. Селтеңдеген ақынды Көрмеуші едім шыбындай (Жамбыл, Тол. жин.).

Жабы емеспіз, тұлпармыз, құладын емес, сұңқармыз. п о э т. *Екінің бірі емеспіз, қарапайым, әншейін емеспіз.* Сәкеннің өр жотадан атой бергендей тәкаппар сөз үндері. «*Ж а б ы е м е с п і з, т ұ л п а р м ы з, қ ұ л а д ы н е м е с, с ұ ң қ а р м ы з*», – деп бұрынғы өткен тарихта, бүгінгі оянған табына, езілген еңбекшілерге дабыл ұрады (М.Әуезов, Шығ.).

Жабы құрсақ. *Нашар, ұсқынсыз, жөнді құрсақ көтермейтін.* Сұр жылан сияқты өзінде жөнді ұсқын да жоқ, әшейін *ж а б ы қ ұ р с а қ* көбелек көңіл көп ұрғашының бірі екен ғой (Ө.Қанахин, Құдірет).

Жабы түйе. *Өмірі мінілмеген, қашаған, асау түйе.* ≈ *Ж а б ы т ұ й е с і* бар.

ЖАБЫ[2] с ы н. *Шатырсыз, жатаған (үй).* Нариман интернатта оқып жүргенде бұл қала шап-шағын, жалаң қабат, *ж а б ы* үйлердің шаһары-тын (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

ЖАБЫ[3] с ы н. *Жабырқаңқы, уайымды, мұңды.* Ерболат *ж а б ы* көңілді кісіге ұқсап үнсіз отыра берді («Қаз. әдеб.»).

Жабы болды. *Жүні жығылды, жүнжіп кетті, қайғырып, көңілсіз болды.* – Бәсе, келші! Сен болмай тынысым тарылғандай *ж а б ы б о п* кетіп ем (М.Әуезов, Абай жолы). Бір кезде дабырайса даңқы шығып, Бұл күнде *ж а б ы б о л ғ а н* көптің бірі («Қаз. әдеб.»).

Жабы ит. ж е р г. *Қаппайтын, үй күзететін ит.* Түкке керегі жоқ *ж а б ы и т т е р* толып жатыр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБЫҒУ *Жабық етістігінің қимыл атауы.* Жиырма жыл бірге өмір өткізген жолдастың *ж а б ы ғ у ы* батпай қоя ма (Б.Майлин, Шығ.). Оның бұл қарасы: «Мұндай жасыл атқан жас дүниеде, мұндай адамдар арасында жалғызбын деп *ж а б ы ғ у ы* да қате екен» – дегендей еді (М.Иманжанов, Адам.).

ЖАБЫҒУШЫЛЫҚ з а т. *Көңілі жасушылық, қамығушылық.* Психикалық қозуды тежейтін аминазин, стеллазин, этапразин және көңілсіздік пен *ж а б ы ғ у ш ы л ы қ қ а* душар болғандарға берілетін ипразид сияқты дәрілер табылады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ЖАБЫҒЫ с ы н. *Көңілі қамығыңқы, жабырқаңқы.* Көптен бері көкірегі ашыла сөйлегені де осы еді. Сұлтанмахмұт елде болмаған төрт жылда ұшудан қалған үй құсындай *ж а б ы ғ ы* жүретін (Д. Әбілев, Арман.).

ЖАБЫҒЫЛЫҚ з а т. *Жабығы болушылық, көңіл қамыққандық, жабырқаңқылық.* Кешке тамақ үстінде Ажарға көзі түсіп кетіп еді, қызы бүгін тым сұңғақ көрінді. Анасы манағы қонақтардың неге келгендерін айтып қойған ба, өңінде бір *ж а б ы ғ ы л ы қ* бар (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАБЫҒЫҢҚЫ с ы н. *Көңілі жабырқаңқы, қамығыңқы.* Қасболат аққұба, бидай өңі құбылып, мөлдір қара көзі жасаурап, тым *ж а б ы ғ ы ң қ ы* отыр еді (С.Омаров, Дала.). Ерболаттың өзімен бірге екі ағасы да соңғы уақытта күрт өзгеріп, *ж а б ы ғ ы ң қ ы* тарта берді (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

ЖАБЫҒЫҢҚЫРА= е т. *Әлденеге қапаланыңқырау, қамығыңқырау.* Осындай бір ойлармен *ж а б ы ғ ы ң қ ы р а п* аудиториядан шықтым (С.Шаймерденов, Қарғаш).

ЖАБЫҒЫҢҚЫРАУ *Жабығыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБЫҒЫП-ЖАБЫРҚА= е т. *Қапаланып ренжу, қамығып кею.* Қандай қиын халге түссе де, *ж а б ы ғ ы п - ж а б ы р қ а м а й т ы н* жайдары мінезді Төрехан қарулас достарының сүйікті адамы еді (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖАБЫДАЙ с ы н. *Жабы сияқты.* Көкке тойып, өз қиынан өзі үріккен *ж а б ы д а й* оқыранып, ойқастайды (А.Хангелдин, Өткен күн.). *Ж а б ы д а й* жемге тойған желіктіріп, Ойыңды ойнақтатпай осыған сен! (Татулық – табылмас ем). Жеммен жүрер *ж а б ы д а й*, Құрбының көбі тез түлеп, Топырлап топқа шапқанда. Жапанда жалғыз күңіреніп (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАБЫДАЙЫН: жабыдайын жалтаңдап. ф о л ь к. *Тайсалып, беттей алмай.* Тұлпардан туған талаудың Артынан телміріп қиқу таянса, Қара терге боялса, Алдынан найза бойы жар келсе, *Ж а б ы д а й ы н ж а л т а ң д а п,* Жануар түсер жерін қарамас (Ер Тарғын).

ЖАБЫҚ[1] з а т. *Киіз үйдің үзігі мен туырлықтың қосылған жері, киіздерінің қосылған жері.* Ісләм Айшаның үйіне қарай тура жүрді. Әуелі есік алдына ақырын басып келіп, *ж а б ы қ т а н* сығалады (М.Әуезов, Қараш.). Жиылып отырған кісілер мұғаліммен кеңесе бастап, үйдің *ж а б ы ғ ы н а н* қыз-қатындар сығаласып түр еді (М.Дулатов, Шығ.). Бағанадан сөздің аңысын аңдып, *ж а б ы қ т а н* сығалап тұрған Мардан тыста тұрып, жанжал көтерген (І.Жансүгіров,

Шығ.). Дүсірлетіп, аттарын омыраулатып үйге тіреліп, соқтығып, үйді сықырлатып топырлаған аттылар есікті, *ж а б ы қ т ы* түріпашты, анталасты (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАБЫҚ[2] с ы н. **1.** *Ашық емес, бекітулі.* Аманкелді коридорға алдымен кірді, артынан шалдар, олардан соң Серік, Мұратбай ерді. Оң жақтағы, солдағы кабинеттердің есігі *ж а б ы қ* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Тар торапты поезда кісі мінетін вагон жоқ екен. Жүк вагондарының кейі *ж а б ы қ*, кейі ашық (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қабырғаның бәрі тықыр, қосалқы есік жоқ. Погребін де байқамадым. Еден нық, дүңкілдемейді. Терезе де *ж а б ы қ* (К.Тоқаев, Түнде.). **2.** *Биркеулі, жабулы, қоршай қапталған.* Айтысты жүректегі сырды сарқып, Бірінен дос таппасын біреуі артық. Жегілген қос арғымақ *ж а б ы қ* күйме, Бет қойып Орынборға кетті тартып (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар). **3.** *Төбесі жабылған, су өтпейтін етілген.* Әбілқасым бас болып, *ж а б ы қ* қорадағы жемде тұрған жеті-сегіз аттың ең мықтысын ерттеп мінді де, зоотехниктер тұс-тұсқа жөнеліп кетті (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Аң аулау жұмыстарына алдын ала дайындық жүргізілгенде, аңшы бригадаларын тамшы өтпейтін *ж а б ы қ* күркелермен қамтамасыз ету шараларын да қарастырған дұрыс болар еді (М.Исмайылов, Зорман.). **4.** а у ы с. *Қасырын, құпия.* Жеке шыққаннан кейін, сағынысып жүрген жастар махаббат мұңын төккен болар, *ж а б ы қ* сырды ашқан шығар, әйтеуір қосыламыз деген сөзді біз ертеңіне-ақ естіген болатынбыз (С.Әбдірахманов, Тоғысқан.). Бұлардың ішінде бір-біріне деген ыстық ықылас жатқандай. Оларын жаңға сездірмей, *ж а б ы қ* ұстайды (С.Алдабергенов, Асу). Қажы ауылының мұндай ұдайы болып жататын ашық қонағынан басқа анда-санда *ж а б ы қ* қонағы да болып қоятын еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Аузы жабық. а) *Аузы желімделген, жапсырылған. А у з ы ж а б ы қ* конвертті саусақтарыммен сипап, сан қайталап ұстап қоямын (Е.Әкімқұлов, Қош бол.). ә) *Артық ауыз сөз айтпайтын, сыр сақтағыш.* Маған сен, *а у з ы ж а б ы қ* мендей-ақ болар (Ақберен).

Жабық акционерлік қоғам. э к о н. *Акциялары тек құрылтайшылардың немесе күні бұрын айқындалған адамдар тобының арасында ғана жабық жазылыс жолымен бөлінетін серіктестік. Ж а б ы қ а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м* қатысушыларының саны 50 акционерден аспауға тиіс, ал иеленушілер акцияларды тек акционерлердің көпшілігінің келісуімен ғана сата алады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жабық ақпарат. и н ф. <ағыл. private information> *Қандай да бір себептермен құпия деп танылған ақпарат. Ж а б ы қ а қ п а р а т* осы ақпаратқа қатысты мәселелерді бақылайтын өкілеттігі бар органдардың келісімі арқылы ғана таратылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жабық атыс позициясы. ә с к. *Қарсыластың жерүсті бақылауынан оқ жарқылын, шаң мен түтінді, материалдық бөлікті тасалап жасыратын жергілікті жер қатпарлары немесе елді мекен, орман сыртында артиллериялық бөлімшелер немесе жеке қарудан атыс жүргізу жаттығуына арналып дайындалған немесе алынып қойылған жер телімі.* Әуе бақылауынан бой тасалау бүркеніш көмегімен жүзеге асырылады. *Ж а б ы қ а т ы с п о з и ц и я с ы н а н* атыс жүргізудің барлық жағдайында зеңбірек есептобы нысананы көрмей атыс жүргізеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жабық аукцион. э к о н. *Барлық сатып алушылар бағаны бір мезгілде, әдетте, жазбаша өтініш түрінде ұсынатын және тауар ең жоғары баға ұсынғанға сатылатын аукцион. Ж а б ы қ а у к ц и о н* көбінесе сатып алушылардың аукционы болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жабық дауыс. *Жасырын беретін дауыс.* Сайлаудан кейін, болыстық атқару комитетінің басшы адамдарын тағайындау кезінде *ж а б ы қ д а у ы с қ а* түскен Дәулетияров Иманғалиды председательдің орынбасарлығына ұсынды (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

Жабық дүкен [магазин]. *Белгілі адамдарға ғана өлшеммен, нормамен тауар беретін сауда орны.* Жазушылардың үйі: жер бетіне терезелері ғана көрінетін астыңғы қабатында басшылардың *ж а б ы қ м а г а з и н і* бар жалғыз қабат болса да еңсесі биік, көк төбелі, әдемі үй екен (Ә.Әбішев, Үлкен жол.). Оларға жұмасына екі рет аудан орталығындағы *ж а б ы қ д ү к е н н е н* нормаланған азық-түлік берілді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Жабық етті жылқы. *Аса семіз емес, қабырғасы жабық жылқы.* ≈ *Ж а б ы қ е т т і ж ы л қ ы* көрінеді.

Жабық жайғасым. э к о н. *Мәміле бойынша есеп айырысуды аяқтау, тауарларды сатқаннан кейін оларды сатып алу немесе керісінше, сатып алғаннан кейін сату.*

Жабық жалды. *Семіз, жалы берік (жылқының арық-семіздігін жалынан ұстап білуге байланысты қалыптасқан сөзқолданыс).* ≈ *Ж а б ы қ ж а л д ы* екен.

Жабық жан. *Ашылып сөйлемейтін, тұйық.* Омардың байқауынша, бұл өзі жатбауыр, *ж а б ы қ ж а н* көрінбейді. Қаржас ұрпағына тән тілі де бар (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

Жабық жиналыс. *Адамдар арнайы шақырумен ғана қатынасатын құпия жиналыс.*

Өз кемшілігін мойындауға коммунист ақынның батылдығы да молынан жетті, бұған оның 1951 жылдың декабрінде партияның *жабық журналысында* оқыған өлеңі айқын дәлел (С.Мәуленов, Үркер.). Сол күні кешкісін Қайдар «Ажы» басына барып, партияның *жабық журналысына* қатынасты (З.Шашкин, Өмір.).

Жабық қабақ. *Жабырқаңқы, реніштi қалып.* Рақымғалидың бұл ұзақ сүресіне аса риза болмай үйден *жабық қабақпен* шыққан Әділбек қолына қауға шелекті алып, орталап су тартты (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Исатай *қабағы жабық,* сәл ойланып алғаннан кейін: – Ауылға бар ендеше, шырағым. Біздің үйде бол, жеңгелеріңнің қасында,– деді Ұлбалаға (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Жабық қора. *Үстi жабылған, мал тұратын орын.* Ашық қораның түстік жақтағы бүйіріне тақап *жабық қора* салынған (Ө.Қанахин, Жер бас.). Аруаналарды және аудан тұқымаралық будандарды ашық далада жатқызуға болмайды, сондықтан оларды түнететін *жабық қора* болуы тиіс (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

Жабық қырман. *Астық түсірілетін үстi қалқалы жай.* Астық орылып жатыр, бірақ *жабық қырмандары* жоқ (М.Әуезов, Таңд.).

Жабық мәліметтер. и н ф. *Пайдаланушылардың шектеулі тобы ғана таныса алатын немесе өңдей алатын мәліметтер.* ≈ *Жабық мәліметтер* тобы.

Жабық порт. ә с к. *Шетел кемелерінің, сондай-ақ бортында шетелдіктер бар өз мемлекеті кемелерінің кіруіне тыйым салынған порт. Жабық портта* әскери-теңіз базалары орналасады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жабық [тұйық] программа. и н ф. <ағыл. closed program> *Басқа программаға қатынау мүмкіндігі жоқ программа.* ≈ *Жабық программамен* жұмыс *жасады.*

Жабық рынок. э к о н. *Рыноктың сатып алушы бағамы сатушы бағамына тең жай-күйі.* ≈ *Жабық рынок* нарқы.

Жабық сауда-саттық. э к о н. *Саны шектеулі фирмалар мен консорциумдар қатысуға шақырылатын халықаралық сауда-саттық. Жабық сауда-саттықтың* өткізілетіні туралы хабарландыру жарияланбайды, оларға қатысу шақыру хаты жеке тәртіппен жіберіледі (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Жабық сауда-саттыққа* қатысуға, әдетте, белгілі бір саладағы аса ірі және қуатты 5-7 фирма мен консорциум шақырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жабық сот. *Рұқсатпен ғана кіргізетін, жасырын жүргізетін сот.* Бір күні адвокат: *жабық сот* болды. Қорғаймын,– деп жиып-теріп апарған ақшамды сыпырып алды (Ә.Ипмағамбетов, Жайықтың сол жақ бетінде).

Жабық тұқымды [гүлді] өсімдіктер. б и о л. <лат. angiospermae> *Жоғары сатыдағы тұқымды ағаш және шөптесін өсімдіктердің ең көп тараған тобы. Жабық тұқымды өсімдіктер* гүлдерінде аталық, аналық гүлсерігі бар (Қаз. тілі термин. Биология). *Жабық тұқымды өсімдік тер* тұқымы дәнек, жеміс, қорапша, дорбашық т.б. ішінде болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жабық тұқымды өсімдіктердің* ең көп тараған тұқымдастары: астықтар, бұршақтар, күрделігүлділер, еріндігүлділер және т.б. (Қаз. тілі термин. Биология).

Жабық хат. *Белгілі адамдарға ғана оқылатын қатынас қағаз.* Бұл жайында жоғарыдан *жабық хаттар* да түсіп жатыр. Бірақ мұның бәрін осы отырған жұртқа аттың жалы, түйенің қомында түсіндіру қиын (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Жабық хатқа* әдетте, адам құмар ғой, Оқығанша, сыр алғанша тынар ма ой. Ашылмаған хаттай жұмбақ жүрегің, Оқи алмай зарықтым да жүдедім (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

Жабық шегерім. э к о н. *Арнаулы үкіметаралық келісімдер бойынша жеткізілетін өнімге берілетін баға шегерімі.* ≈ *Жабық шегеріммен* келген тауар.

Жабық экономика. э к о н. *Тек қана өз елінің технологиясы мен тауарын пайдаланатын халықаралық сауда-саттық үрдісінен оқшауланған экономика. Жабық экономика* елдері даму тұрғысынан мешеу қалады, халқының әлеуметтік жағдайы төмендей береді (ҚҰЭ). *Жабық экономика* шетелден әкелінетін тауарларға шектен тыс көп салық салады («Жас Алаш»).

Қабырғасы [мұздай] жабық. *Семіз, жалы берік. Қабырғасы мұздай* жабық, бабымен жақсы жараған мақпал қара арғымақтарды үштен парлап жеккен қос пәуеске тастақ жолмен жортып келеді (З.Жәкенов, Таң самалы).

Түсі [қабағы] жабық. *Қабағы шытыңқы.* Майлы белдемшені мойынға асып, қолында жуан балға, төс жанында Өмірбек. *Түсі жабық,* қабағы кіртиіңкі (Б.Майлин, Шығ.).). Қарғалыдағы жалғыз қыстау басына жеткенде күздің зәрі сынғандай, бұлыңғыр да ыдырып, *қабағы жабық* күн көзі шайдай ашылып кетті (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЖАБЫҚ= е т. *Мұңаю, қамығу, жабырқау, жасу.* Тек сол үшін шыға бердім үйімнен, Кете бардым, ұзай бердім жарықтан. Ойлағам жоқ өтемін деп күюмен, Үміт бердім жүрегіме *жабыққан* (Ә.Тәжібаев, Жартас). Емес қой өмір әркез бал мінезді, Қайғы-мұң тұрса бір

сәт жаныңды жеп. Күрсінбеші *ж а б ы ғ ы п* жалғыз өзің, Қатал тағдыр басыма салды ғой деп (Қ.Мүсірепов, Раушан). – Мен биылғы жыл жалғыз ержеткен балам солдатқа кетіп *ж а б ы қ қ а н* жылым еді деді Мақыш (М.Әуезов, Қараш.).

Жабыққанды дерт білмейді. *Қайғылы адамның еңсесі көтерілмейді. Ж а б ы қ қ а н д ы д е р т б і л м е с,* Басқан қайғы серпілмес, Шамшырақтай жайнамай. Ер деп атақ алмайсың. Алмас семсер асынбай (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Көңілі жабықты. *Көңіл-қошы болмады, қамықты. Жабыққан көңілін* Жамал сырын халыққа білгізбес үшін іәм *ж а б ы қ қ а н к ө ң і л і н* көтеру үшін, қыз-бозбала жиналған ойын-тойдан қалмаушы еді (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАБЫ-ҚОМША з а т. с ө й л. ***Жабы***. Олар көшуден екі-үш күн бұрын бас білгі, жуас атан түйені таудан алып, *ж а б ы-қ о м ш а с ы н* сайлаған-ды (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

ЖАБЫҚТЫР= ет. *Қамықтыру, жабырқату, жасыту.* Жылқымды, қымызымды, қойымменен Жұмсар ем қонағыма, тойымменен. Жұртымның *ж а б ы қ т ы р м а й* көңілін ашып, Күнде той, күнде қызық ойынменен (А.Байтұрсынов, Шығ.). «Ертерек қам жасамай, кешеуілдеп қалмасам нетті» деген ой да көңілін *ж а б ы қ т ы р ы п,* мана Хасен қарттың үйіне келгенде ғана біраз сейілген-ді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қынаманың ет жүрегін елжіретіп, жанын *жабықтырып* тұрған тағы бір себеп – ол ағасының өлімі (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖАБЫҚТЫРУ *Жабықтыр етістігінің қимыл атауы.* Жаман айтсам *ж а б ы қ т ы р у ы м* мүмкін («Қаз. әдеб.»). Немістің табан асты салған қырғын соғысының үрейлі қаупі ол әйелді қартайтып, *ж а б ы қ т ы р у ы* айтпаса да белгілі (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАБЫЛ[1]= е т. **1.** *Үйымдасып, біріге, бір-бірін қолдап әрекет жасау.* Жолдастарының бәрі де серпілгендей болып, «әңгіме айт, әңгіме айт» деп басын көтерген Әзімханға *ж а б ы л д ы* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Жауы жанынан табылған, жақындары *ж а б ы л ы п* діңкесін құртқан Омар сорлының құр қынжылып, сақалын жұлудан басқа не әлі бар (С.Торайғыров, Шығ.). Қойлар мұның көмегінсіз-ақ шұбырған бойы сайға түсті де, қораның шетіндегі маяға барып *ж а б ы л д ы* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **2.** *Ортаға алып қысу, қысым көрсету.* Жау *ж а б ы л с а,* бұзылмас жан көрмедім, Артық жолдас таппадым татулықтан (Абай, Тол. жин.). Күшік ит бөрі ала ма *ж а б ы л с а* да? Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да (Абай, Тол. жин.). **3.** *Жұмыла көтерілу, жұмыла іс істеу.* Ауыл адамдарының бәрі *ж а б ы л а* атқа мініп жауға қарай бетін түзеп шапқаннан-ақ жау атына мініп қаша бастады (С.Шарипов, Бекболат). Көп *ж а б ы л с а,* жоқ табылар (Мақал-мәтел). Осы жерде жайдары жазды өткізетіндей маскировка торын құрып, үш-төрт адам әр бұрышына *ж а б ы л ы п,* қазық қаға бастады (К.Тоқаев, Тасқын).

ЖАБЫЛ[2]= е т. *Үстін ашық қалдырмау, бүркелу.* Киізі қос қабаттап *ж а б ы л ғ а н* кеңдеу, жылы қоста Абай қатты ұйқыда жатыр еді (М.Әуезов, Абай жолы). Елпанның қыстауы көрініп тұр. Қызыл қаңылтырмен *ж а б ы л ғ а н* биік ағаш үй (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Төбесі талмен, шілікпен *ж а б ы л ғ а н,* шикі кірпіштен соғылған кеп-кең, тап-таза қора екен (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

ЖАБЫЛ[3]= е т. **1.** *Бір нәрсенің ашылмайтын етіп бекітілуі.* – Тек отырып алма!.. Темір есік *ж а б ы л д ы* да босағаны тістеген қалпы қарысты да қалды (Қ.Ысқақов, Қараорман). Сүтемген мен Балуан Шолақ қаланың орта кезіндегі ояздың ақ тас үйінің биік қорғанмен қоршаған қақпасына салт кірді, қақпа *ж а б ы л д ы* (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Жолдасымның бала-шағасы мынадай қонақтардан құтыла алмай-ақ отыр екен. Есіктен шыға да бердік, ол сарт етіп қайта *ж а б ы л д ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің дағдылы әрекетінің тоқтатылуы, аяқталуы, қысқартылуы.* Дағдарыс болған жылдары ірілі-уақты үш мыңға тарта кәсіпорын *ж а б ы л ғ а н* («Егемен Қазақстан»). – Халық ағарту институтында оқушы едім. Қазір бұл мектебіміз *ж а б ы л ы п,* жаңа ашылған университетке қосылмақшы (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **3.** а у ы с. *Қамалу, отырғызылу.* Мені *ж а б ы л с ы н* дейсіңдер ме (Ж.Жұмақанов, Соқпақ).

Абақтыға [түрмеге] жабылды. *Қылмысы үшін айыпталып, түрмеге отырғызылды, қамалды.* Шығарушылар *а б а қ т ы ғ а ж а б ы л ғ а н д ы қ т а н,* серб газеттерінің бәрі жабылған (М.Дулатов, Шығ.). 1847 жылы патша өкіметі қоғамды талқандап, оның мүшелерін түгелдей тұтқынға алып, сол жылдың сәуірінде Т.Шевченко да *т ү р м е г е ж а б ы л д ы* (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі).

Аузы жабылды. *Үндемей қалды, үні өшті.* Қуанғанымнан орнымнан ұшып тұрып, шылапшынды да, құманды да тез әкеле қойдым. Суды әуелі нағашыма құйдым; тезірек *а у з ы ж а б ы л с ы н* дегенім (Т.Тобағабылов, Жазира).

Жаласы жабылды. *Нақақтан кінә тағылды, айыпталды.* Табыннан жоғалған екі аттың *ж а л а с ы ж а б ы л ы п,* Бойқовтың қолынан ит қорлықпен өлген Жәукенің жалғыз інісі Сағалбайдың құнын іздеген жан болған жоқ (С.Омаров, Қызыл арай).

Қабағы [қарс, түндей] жабылды. *Реңі тұнжырады, түнерді.* Бегдербек те қабағын

шытты. Оның қалың *қ а б а ғ ы ж а б ы л ы п* қайта ашылды. – Қысыр сөзді қайтеміз, одан да тілейтініңізді айтыңдар (І.Есенберлин, Қаһар). Есіктен кіріп келгенде оншақты адамның *қ а р с ж а б ы л ғ а н* сұсты *қ а б а ғ ы н* көріп, үмітін үрей жеңіп, ауыр халге түседі (Т.Ахтанов, Боран). «Жүзінде не белгі бар?» дегендей жамырай қараған көп көздердің түбінде тап сол шақта талай тамшы еріксіз домалап, талай-талай *қ а б а ғ ы қ а р с ж а б ы л ғ а н* да шығар (Х.Есенжанов, Тар кезең). Өңінен ызғар кетпеді, *Қ а б а ғ ы т ү н д е й ж а б ы л ы п*. Ешкімге зәрін төкпеді, Қынжылмады «аһ» ұрып (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Ымырт жабылды. *Сам жамырап, қас қарайды, көз байланды.* Ыстық қайтқан соң тағы да жүрдік. *Ы м ы р т ж а б ы л а* Полонино Руноның шығыс беткейіне іліндік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). *Ы м ы р т ж а б ы л м а й* тұрғанда көпір арқылы өзеннің ар жақ бетіне өтемін (С.Омаров, Қызыл арай).

ЖАБЫЛА үс т. *Бәрі бірдей бірлесе, жаппай, жапатармағай, тұтас жұмыла.* Ұжым жұмысшылары *ж а б ы л а* іске кірісіп, жұмыс аяғына дейін қызмет орнын тәртіпке келтірді («Қаз. әдеб.»).

ЖАБЫЛАН= е т. *Қамығу, жүні жығылу, жүнжіп кету.* Жабырқап, *ж а б ы л а н ы п* жүре алмайтын, Көңілім күндей жарық, айдай ашық. Секілді күйек қақты, сатпақ теке, Шал болып қайтып жатам аузым сасып? (Шұғыла). *Ж а б ы л а н ы п*, обалдан қорқып жүрген Қартқожаға мына сөз қуат бергендей болып, көтеріліп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАБЫЛАНДЫР= е т. *Қамықтыру, жүнжіту.* Үнемі ауыл-үйдің адамы кісіні *ж а б ы л а н д ы р ы п*, тынысыңды, өрісіңді тарылтып қатынбасшы, үй күшік қып жібереді ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАБЫЛАНДЫРУ *Жабыландыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБЫЛАНУ *Жабылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а б ы л а н у ы н а* себеп болды.

ЖАБЫЛАР-ЖАБЫЛМАС үс т. *Толық жабылмай тұрып.* Есік *ж а б ы л а р - ж а б ы л м а с т а* алақанын жазды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Есіктегі ағылшын құлып сырт етіп *ж а б ы л а р - ж а б ы л м а с т а н*-ақ Нұрбибі сол сырттан келген күйі, жататын бөлмесіне барды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАБЫЛҒЫ з а т. ж е р г. *Бір нәрсенің бетін, үстін жабуға арналған нәрсе, жамылғы.* Тезектің *ж а б ы л ғ ы с ы н* жел ұшырып кетпесін, шетін бірдемемен бастырып сал (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАБЫЛТ= е т. *Қосыла әрекет жасату, жабылдыру. Ж а б ы л т с а ң* да аңыңды, – деді Шмидт, – үйренгем (Т.Жароков, Таңд.).

ЖАБЫЛТУ *Жабылт етістігінің қимыл атауы.*

ЖАБЫЛУ *Жабыл етістігінің қимыл атауы; тоқтатылу, қысқартылу.* Алматының арықтары *ж а б ы л у ға* тиісті емес, көбейе беруге, көріктене беруге тиісті (С.Мұқанов, Саяхат.). Оған себеп, жоғары кластар биыл мұнда *ж а б ы л у ға* тиісті де, оның оқушылары аудан орталығына ауыстырылмақ (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). // с ө й л. *Түрме, қамау.* Мардан сол *ж а б ы л у д а* ай жарым жатты. Бұл ай жарым уақытта қызыл тұмсық заведующий больницадан жазылып та шықты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАБЫЛЫҚ з а т. *Жабы болып, жүнжіп кетушілік.* Көнеден көпті көрген қойып ықылас, Жақсы сөз жаттамаймыз *ж а б ы л ы қ т а н* (Т.Ізтілеуов, Лұқпан.).

ЖАБЫЛЫҢҚЫ с ы н. с ө й л. ***Жабыңқы.*** *Ж а б ы л ы ң қ ы* қабағының үстіндегі жиырылған жіңішке сызықтар мен еріндерінің аздап жымқырыла түскені етсіз бетіне қату рең беріп тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ауру әйел мен егіз ұл туралы естігенін Жайлаубай кемпіріне де айтқан жоқ. Қабағы *ж а б ы л ы ң қ ы*, тек күрсіне береді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАБЫН[1] з а т. *Үйдің бір қабатын екінші қабатынан бөлетін және үйдің үстіңгі немесе төменгі шегін белгілейтін құрылымдық бөлік.* Қазіргі кездегі құрылыста *ж а б ы н* негізінен ағаштан және темірбетоннан жасалып жүр («Егемен Қазақстан»). *Ж а б ы н н ы ң* ұзаққа шыдауы үйдің мөлшерлі беріктігіне байланысты («Егемен Қазақстан»).

ЖАБЫН[2] з а т. ж е р г. **1.** *Көрпенің қабы.* Үй ыссы болса, көрпесіз *ж а б ы н д ы* ғана жамылыңыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **2.** *Ілулі тұрған киімді шаң баспас үшін үстінен жапқан материал. Ж а б ы н н ы ң* астындағы халатты алып беріңізші (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жабын жапырақ. б и о л. *Кәдімгі сабақтық немесе түрі өзгерген жапырақ, оның қолтығында жеке гүл немесе гүлшоғыры орналасады.*

Жабын ұлпа. б и о л. <лат. epithelium superficiale, epi – үстінде, thele – еміздікше, superficialis – беткей, жабынды> *Жануарлардың денесін сыртқы жағынан және түтікше мүшелердің ішкі, сыртқы беттерін қаптап, дене қуыстарын астарлап, ағзада шекаралық орын алатын ұлпа. Ж а б ы н ұ л п а* организмдегі бездердің секторлы соңғы бөлімдері мен шығару өзектерінің қабырғаларын да түзеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а б ы н ұ л п а* организмдегі орналасу орны мен атқаратын қызметіне байланысты жабынды және безді эпителий болып екі топқа бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а б ы н ұ л п а* негіздік

жарғақшада орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жабын шөп. *Үйдің төбесіне жапқан шөп.* ≈ *Жабын шөп* керек.

ЖАБЫН[3] з а т. с ө й л. ***Жабынды***[1]. *Жабын* астында топырақтағы ылғал жақсы сақталады, топырақ көп тығыздалмайды (Овощ өсірушi.).

ЖАБЫН[4] з а т. *Құстардың қатты қауырсыны.* Көгершіннің үстіңгі жағында қатаңдау серпіндірек келетін қауырсынын *жабын* деп атайды («Білім және еңбек»).

Жабын жүн. *Қойдың сирақтарында, жақтарында, құйрығы мен құрсағында өсетін қысқа, тықыр жүні.* ≈ *Жабын жүндi* бөлек жию.

Жабын қауырсындар. б и о л. *Құстың денесін жауып тұратын негізгі жамылғы. Жабын қауырсындар* – теріде птерилия деп аталатын жерлерге орналасады, олардың арасындағы қауырсынсыз орын – аптериялар болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жабын қауырсындар* өзектен және оның екі жағында орналасқан желпуіштен тұрады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жабын қауырсындарда* көптеген ұсақ ілмешіктер болады. Осы ілмешіктер өзара байланысып, желпуішті құрайды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАБЫНДЫ[1] з а т. *Бір нәрсенің үстіне салынған қамыс, ағаш сияқты заттар.* Бастырманың бұдан неше жыл бұрын салынған *жабындылары* қарайып, шіруге айналыпты (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Жұмсақ нәрсені қарманып кеп қалсам не дейсіңдер ғой? Кәдімгі егін сабағы, аласа бір үйдің төбесіне кеп түсіппін. *Жабындысы* сабан екен (Ғ.Сланов, Замана.).

Жабынды клеткалар. б и о л. <лат. pericytus, грек. peri – қасында және cytos> *Қылтамырлар қабырғасындағы негіздік жарғақта орналасқан талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасының клеткалары. Жабынды клеткалар* қылтамырлар қабырғасының сыртқы қабатын құрайтын өсінділі жиырылғыш клеткалар (Қаз. тілі термин. Бология). *Жабынды клеткалардан* артериолалар мен венулалар қабырғаларындағы ет клеткалары – миоциттер дамуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАБЫНДЫ[2] з а т. *Үсті шөп-сабанмен жабылған жаппа, лапас.* Жігіттер көлік айдасып, жүк тасысын, ағаш кессін. Қоймалар салынсын. Жабдық отын атаулы *жабындының* астында сақталсын (Ғ.Сланов, Асау арна). Әлібек отаулы үйден шеткерірек тұрған қора сияқты *жабындыны* көпке дейін айыра алмай, жақындаған соң барып оның шатыр екеніне көзі жетті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Әрдайым аңсыз кезді көздеп жүретін әккі жау осы жолы да құрайыштары андыздап, *жабындыдан* шыға-шыға келді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖАБЫНДЫ[3] з а т. *Жасырын жер, көмбе.* Көмбе ашылды ма? Алтын ақтарылды ма? *Жабындының* беті ашылды ма? (Ғ.Сланов, Бесжылдық.).

Жабынды материал. *Үй мен құрылыс төбесін жабатын материал. Жабынды материал* су өткізбейтін әрі ыстық-суыққа төзімді, өртену қаупі аз болуы қажет (ҚҰЭ).

ЖАБЫНДЫ[4] з а т. *Есік, терезе пердесі.* Қараөлеңкелеп тұрған терезенің *жабындысын* ол ысырып тастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Терезе *жабындысының* саңлауынан жарық түсіп,үй іші ала көлеңке екен (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Байқаймын, есіктің *жабындысы* өзгеріп қалған (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

ЖАБЫНДЫ[5] с ы н. *Жабылған, беті ашық емес.* ≈ *Жабынды* мата. ≈ *Жабынды* киіз.

ЖАБЫНДЫҚ з а т. *Жамылуға, жабуға болатындай нәрсе.* Жығылған *жабындық*, не жаңғалақ (Айтыс).

Жабындық материал. *Үйдің және басқа құрылыстың төбесін жабу үшін пайдаланатын материал. Жабындық материалдың* су өткізбейтін және ыстық-суыққа төзімді, өртену қаупі аз болуы қажет (ҚҰЭ).

Жабындық тін. б и о л. *Өсімдік органдарының сыртын қаптап тұратын жасушалар тобы.*

ЖАБЫНШЫ з а т. с ө й л. ***Жабыныш***. Строгов бес қораның бар қуысын түгелімен ақтатып, жыртық есік-терезе, тесік *жабыншы* болса, соның бәрін бітеп, бүтіндеп әзірлетті (М.Әуезов, Таңд.). Қара жер қыртысын, Қопарсаң – мақпалдай. Қарасақ – қыр тұсын, *Жабыншы* жапқандай (С.Сейітов, Бетпе-бет).

ЖАБЫНЫШ з а т. *Бір нәрсенің үстіне жабатын қалқа, жамылғы.* Қызыл алтыннан *жабыныш* жапқан храмдар да бар (М.Әуезов, Индия очерк.). Зеңбіректер сыртқы *жабыныштары* алынып, оқ атуға ыңғайланып қойылған (Өзбек әңгім.).

ЖАБЫҢҚЫ[1] с ы н. **1.** *Көңілсіз, мұң басқан, жабырқаңқы.* Көшедегі адамдар басын төмен салып, *жабыңқы* кетіп барады. Бәрінің де көзі жасты (С.Шаймерденов, Мезгіл). Зарлайды мұңды қурай неге налып, Жылай ма, қайғыра ма жалғыз қалып. Жоқ, әлде, қозғамақ па қойшы күйін *Жабыңқы* жас балаға қиял салып (Ә.Тәжібаев, Поэм.). **2.** а у ы с. *Көк жүзі түнеріңкі.* Манадан бері қабағы ашылмай тұрған аспан бір түрлі *жабыңқы*, жалбағай (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Көңілі жабыңқы. *Түр-пішіні мұңайған, жабырқаған, көңіл қошы жоқ.* Бірақ осындай

ұлы дүбірде жүрсе де, Халелдің *көңілі жабығы* (С.Жүнісов, Жапанда.). Дәрігердің *жабығы көңілін* аурулар ғана сезбеді (З.Шашкин, Ақбота). «Үйлеріңе хат жазыңдар» – деп, планшетін ашып қағаз үлестіреді, ақылкеңес береді. О ғып, бұ ғып, әйтеуір *жабығы көңілімізді* сергітеді, жадыратады (Т.Бердияров, Солдат.).

Қабағы жабыңқы. *Еңсесі түсіп, тұнжырап-тұнерген.* Мұстапа үйде, Сарыбала сыртта, үй көлеңкесінде. Екеуінің де *қабағы жабығы.* Бай аулында болып жатқан думанға қатынаспады бұлар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.). Кішкентай Нақышсыз маған өмір жоқ. Жо, бұл жүрген бұрынғы Нағима емес. *Қабағы жабыңқы,* қоңыраудай алыстан шалынатын көңілді күлкісі жоқ (М.Дүзенов, Ақәже). Бәсе, үнің баяу, *қабағың* да *жабығы.* Оқасы жоқ, қайта бұл жақсы болады саған (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАБЫҢҚЫ[2] с ы н. *Сәл-пәл ғана ашықтау, жабылыңқы.* ≈ Есік *жабығы.*

ЖАБЫҢҚЫРА= е т. *Көлегейлеп бекітіңкіреу.* Қамқор үй ішінің ұйқысын бұзғысы келмей, төргі бөлменің есігін *жабыңқырап* қойды (К.Оразалин, Кеңбайтақ). Арынның да шекесі жалтыр, сәл құшықтау; Әнтек салыңқы қабағы жанары күйген қызғылттау көзін *жабыңқырап* тұр (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖАБЫҢҚЫРАУ *Жабыңқыра етістігінің қимыл атауы; бекітіңкіреу, қалқалау.* Түндікті *жабыңқырау* керек (Ауызекі).

ЖАБЫРАҢҚЫ с ы н. *Көңілі жүдеу, қабағы түсіңкі.* Қызыл отаудан шыққан жақсы киінген жуандардың еңсесі түсіңкі, жүздері *жабыраңқы* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Есігі жабық үйдің баласы әдетте *жабыраңқы,* тұйық мінезді болып өседі (Семья тәрбиесі). Тыңдаушының кемшілігі: айтушылардың жоғарғы айтылған қалпына қарап бір жағынан *жабыраңқы* отырып, сонымен қатар айтушылардың қызулы айтылған жерлеріне де сонша әуірілмей тыңдады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАБЫР-ЖҰБЫР ү с т. с ө й л. ***Жапыр-жұпыр.*** Абайға тегіс қамшы, шоқпар көтеріп алып, *жабыр-жұбыр* сатырлатып жабылып кетеді (М.Әуезов, Абай). Қостардың басындағы сан қилы сөздер, сан түрлі дауыстар араласқан алашабыр *жабыр-жұбыр* әңгімені қырдың түнгі самалы түу-түу алысқа, шалғайға алып қашады (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАБЫРҚА= е т. *Көңіл босап жабығу, қамығып жасу.* Адам үнемі қуанып қана жүре ме, кейде көңілі жүдеп, *жабырқайтын* кездері де болмай ма? Әсіресе сондай шақта ой дегенің қалыңдап, ауырлап алады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ноқталы басқа бір өлім, Өлмей де адам жүре ме? Қатын-бала қамы үшін, Қарсы шап та, мылтық құш, Құр *жабырқап* жүдеме (Бес ғасыр.). Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп, *жабырқаған* көңілің көтерілер (Абай, Тол. жин.). Дене сезімдерінің бір қасиеті – көңілге әсер береді, көңіл не жай тауып, рақаттанады, не *жабырқайды,* азап шегеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАБЫРҚАҒЫШ с ы н. *Көңілі жасып қамыққыш.* Жан емес Ақан, сірә, *жабырқағыш,* Жүрегін езген әлгі зәбір-запыс. Сауықшыл жас еді ғой, жаны сері, Әзілшіл, билегіш те, ән шырқағыш (К.Бекхожин, Үш кезең). Ол лезде арнасынан тасығыш, Ол думанға елеңдегіш, асығыс. Болмашыға ол бұртиып қалады, Болмашыға *жабырқағыш,* жасығыш (Қ.Мүсірепов, Раушан).

ЖАБЫРҚАН= е т. *Көңілі ортайып, жаны жүдеу.* Полина Аркадьевна шам жақты. Қалың қырау басқан әйнек тропика орманы секілді іздер тастаған. Көңілі *жабырқанып* кері шегінді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Тым бөлек күй сарыны құлақ жарған, Сыңсыған емес зарлы, *жабырқанған* (Ә.Тәжібаев, Поэм.). Біреу өзіне жамандық істегендей, Меруерттің көңілі бір түрлі *жабырқанып* қалды (І.Есенберлин, Көлеңкеңмен.). Жау десе *жабырқанып* жатпайтұғын, Таңдаулы батыр болған ер қолбасы. Салиха бұл жігітті сырттан таңдап, махаббат ауған бұған ықыласы (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАБЫРҚАНУ *Жабырқан етістігінің қимыл атауы.* Барып тұрған жалғыздық, жұрттың бәрінен де, оның қай-қайсынан да сақтана жүру, *жабырқану,* түңілу, міне, менің Орынбор бекінісіндегі жайым осы (Ы.Алтынсарин, Таңд.). Тіпті кей сәттерде, осы қуаныш пен *жабырқанудың* арасы бір-ақ тұтам болып, бірі-біріне жалғаса келіп жатуы да таңданарлық нәрсе емес (А.Байтанаев, Дала сыры).

ЖАБЫРҚАҢҚЫ с ы н. *Көңілі қамығыңқы, ұнжырғасы түсіңкі.* Жайнақ жетіп келді. Бұған дейін бұндайда ақ көңілсіз аңғалақтай кіретін оның қазіргі жүрісі сылбыр, жүзі *жабырқаңқы,* қабағы қатыңқы (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қай ауылды көрсең де *жабырқаңқы,* Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен. Кемпіршал құржаң қағып, бала бүрсең, Көңілсіз қара суық қырда жүрсең (Абай, Тол. жин.). Мінгізгеннің қабақтары түсіп, мінгендерінің көңілдері шат болып, жеткізгендері қуанып, жете алмағандары қайғырып *жабырқаңқы* болып, жете алмағанына ішінен ұялып барлығы да ордаға жиналады (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛАУ с ы н. *Көңілі қамығыңқылау, еңсесі түсіңкілеу.* Дәрменнің көңілі тасып отыр. Қыздың осы бір *ж а б ы р қ а ң қ ы л а у* шыққан лебізінде көп сыр жатқанын іші сезеді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛЫҚ з а т. *Көңілі босаңқылық, қамығып-жабығушылық.* Жалғыздық, *ж а б ы р қ а ң қ ы л ы қ* тұрмыс түрі, Тек күтем өмірімнің ақыр шағын (Қаз. ақын-жазушы.).

ЖАБЫРҚАС= е т. *Еңселері түсіп, көңілдері қамығысып қалу.* Қалған соң балықшылар *ж а б ы р қ а с ы п,* Жас Жанай атып тұрды оқ жыландай: –Көппен көрген ұлы той байқасармыз, Ағалар, серпіліңдер *ж а б ы р қ а м а й* (И.Байзақов, Құралай.). Тыңдаушы бұл несі деп таңырқасты, Біз неге сөйтпедік деп *ж а б ы р қ а с т ы.* Түрмеде үш күн жатып алтын алсаң, Бір сүйсек неміз кетті қиғаш қасты (Н.Ахметбеков, Амангелді). Сұлтанғазының арқасында той деп басталған мәжілісіміз, енді өлікті еске алу секілді боп *ж а б ы р қ а с ы п* қалдық (Ж.Молдағалиев, Таңд.).

ЖАБЫРҚАСУ *Жабырқас етістігінің қимыл атауы; жабығып-қамығысу. Ж а б ы р қ а с у м е н* көп отырысты (Ауызекі).

ЖАБЫРҚАТ= е т. *Жанын жасыту, көңілін қамықтыру.* Үй ішінің бұл күйкі көрінісі Еркеболат көңілін *ж а б ы р қ а т а* алмады (Ә.Қалмырзаев, Ар). Қызыл бұзау оқиғасын айтар болсам, әкем де, шешем де қатты ренжиді ғой. Олардың көңілін *ж а б ы р қ а т қ ы м* келмеді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ақық әжей толқыған қалпын өңінен таныды да, келінінің көңілін *ж а б ы р қ а т қ ы с ы* келмеді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Жар көңілін *ж а б ы р қ а т а р л ы қ* сөзді тілінде ұстамақ түгіл, ойына да жолатпайды Кабира (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЖАБЫРҚАТУ *Жабырқат етістігінің қимыл атауы; жанын жасыту, қамықтыру, көңілін қалдыру.* Әлпешпен қалай сөйлесем?.. Бәрінен қиыны осы. Әрі ойлап, бері ойлап онымен сөйлесудің ретін таппадым. Онсыз да қам көңілін *ж а б ы р қ а т у ғ а* қимадым (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Әкесі мен анасы еңбекші екен, Бал тамған бармағынан көңілі бай. Ағайын, көршілері балдай тату, бір-бірін болмайды әсте *ж а б ы р қ а т у* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАБЫРҚАУ[1] с ы н. **1.** *Күйсіз, сүреңсіз.* Жан қысылса, жайтаңдап, Жанды еріткен жайдарыау. Жан жай тапса, сен неге Жат мінезсің *ж а б ы р қ а у* (Абай, Тол. жин.). Екі ғасыр қазақ шаруасының *ж а б ы р қ а у* өмірін өзгерте алмады, оны өзгертуге екі ғасыр аздық етті (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). **2.** *Көңілсіз, реніштi, жабырқаңқы.* Бай ауылдан бір әйел келді: бас-аяғы түзу, киімі таза, бірақ жүдеу өңінде *ж а б ы р қ а у* ажар бар (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Есік алдындағы ағаштар күзгі желмен мазасыз шуылдап *ж а б ы р қ а у* көңілді онан сайын тырналай түседі (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). **3.** а у ы с. *Күзгі уақыт, күн райының бұзылуына байланысты айтылады.* Адам сірі жанды екен. *Ж а б ы р қ а у* күздің қара-қатқағына қарайламай қашып еді бесеуі (А.Нысаналин, Алыста.). Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де қазіргі күздің сұрғылт, *ж а б ы р қ а у* аспаны сияқты күңгірт, салбыраңқы (М.Әуезов, Абай жолы).

Жабырқау тартты. *Көңілсіздік басты, мұңайды, көңілі сынық болды.* Айырылып атаанадан, Жетімдік шіркін жүдетті. *Ж а б ы р қ а у т а р т ы п* налыды, Жас нояндар жүректі (О.Шипин, Дастан). Естілді бір кез таныс үн, Жүрекке жылы тым алыс. *Ж а б ы р қ а у т а р т қ а н* жан үшін, Бұл да бір демеу, жұбаныш (Н.Шәкенов, Таңд.).

ЖАБЫРҚАУ[2] *Жабырқа етістігінің қимыл атауы; көңілі түсу, жасу.* Біраз бақыт сыйлап еді жомарт күн, Жаным, тәнім *ж а б ы р қ а у д а н* тағы азды. Ең ғажайып қазынамды жоғалттым, – Сенің күлкің бейнеленген қағазды (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАБЫРҚАУЛЫ с ы н. *Көңіл-күйі қамығыңқы, реніштi.* Гүлсім біртүрлі өзін сырқат жандай сезінеді. Жүзі сынық және солғын тартқан. Осылайша *ж а б ы р қ а у л ы* отырған шағында үйге ойламаған жерден Оразбай келді (С.Алдабергенов, Асу). Аңсауменен өтеді әр сағатым, Қуанатын досым көп барса хатым. Көңілім менің дәл қазір *ж а б ы р қ а у л ы,* Еркелетіп анам жоқ қарсы алатын (О.Иманалиев, Сәуір). Тұнық жанарына мұң тұнып, іштей толғанады. Жалқы жанның *ж а б ы р қ а у л ы* көңілі (Т.Жұртбаев, Бесқарагер).

ЖАБЫРҚАУЛЫҚ з а т. *Еңсесі түсіп, мойып қалушылық, қамығушылық.* Оның бұл үнінде бір түрлі аянышты *ж а б ы р қ а у л ы қ* сезіліп тұрды (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Иә, шал мұндай күйін көптен бері Дәмешке байқатқан жоқ-ты. Қаладан қайтқан әуелгі айлардағы *ж а б ы р қ а у л ы ғ ы* қазір қайта оралғандай (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖАБЫРҚАУСЫЗ с ы н. *Ешбір мұңаюсыз, қамығусыз.* Жарқылдап *ж а б ы р қ а у с ы з* жайдары жан, Жұлқынып жазғы егіске жарақтанған (Жамбыл, Тол. жин.). Жаным тұрды *ж а б ы р қ а у с ы з* елжіреп, Соқтым, достар, болып сонда мен жүрек! Ақыл айтар әкем менің ерте өлген, Денесі оның дертті жылы өртенген (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖАБЫРҚАУШЫЛЫҚ з а т. *Көңіл-күйі босаңсып, мұңаюшылық, қамығушылық.* Оның жүзінде әлденеге *ж а б ы р қ а у ш ы л ы қ т ы ң* ізі бар. Бет-аузы домбығып кеткен («Лен. жас»).

ЖАБЫРЛА= е т. **1.** *Бет-бетімен жапатармағай сөйлеу, дабырлау.* Осы уақытта Шәке аттың басын тартып, бәрі де іркіле тоқтап, *ж а б ы р л а й* сөйлесті (М.Әуезов, Абай). Оның артынан қанды көз Мәмет қызыл тақиясын аспанға лақтырып мәсісін шешіп, *ж а б ы р л а п* отырысты, қатынды қалай іздеген әңгімесін шертті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үйдегілер былай тұрсын, Құлтуманың даусын есіткен басқа үйлерде отырғандар *ж а б ы р л а п* далаға шығып, сырттан тыңдап тұрды (А.Жұбанов, Замана.). **2.** *Тұс-тұстан, бет-бетімен қаптап кету, анталау.* Көз алды енді мәңгі тұман болды, *Ж а б ы р л а п*, жанжағына қалмақ толды (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұлардың келе жатқанын қорадағылар көш жерден көріп тұрған еді, жақындағанда жастар қорадан *ж а б ы р л а й* шықты (І.Жансүгіров, Әңгім.). **3.** *Иін тіресу, топырлау.* Илья мен Бейсен Күләнданы көтеріп есіктің алдына алып шықты. Шахтерлер *ж а б ы р л а п* қоршап алды (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Астыңғы құрыш ағызатын алаңда тұрған қараша үйдің аумағындай қара қазан жылжып аранның ұясындай *ж а б ы р л а п* тұрған қалыптарға — изоляцияға құяды (З.Шашкин, Теміртау). *Ж а б ы р л а й* өзен бойын тіккен жаппа, Байлаулы жүйрік аттың бәрі бапты; Шашағын желең желпіп желкілдетед, Шапшулы сырлы найза ырғай сапты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАБЫРЛАС= е т. *Бір-бірімен жарыса, жамыраса сөйлесу, дабырласу.* Басқалар *ж а б ы р л а с ы п* сұрап жатқанда, ол сұрамайды да, бәрін білетін кісіше өзін тым тәкаппар ұстап, ең артта жалғыз отыр еді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Манадан *ж а б ы р л а с ы п* мақтауға да бата алмай отырған тобы мұнысын берілген ұлықсаттай көріп, онсыз да биік үйді тіпті жоғары көтеріп әкетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұрынғыдай «көш – көлікті болсын!» деп тұс-тұсынан аңдап келетін көрші жоқ, *ж а б ы р л а с ы п* жүк тиесіп жүрген бозбалалар да жоқ (Б.Майлин, Шығ.). – Сыртын қойып, ішін оқы! Менің атым бар ма екен? Мені қарашы! – деп *ж а б ы р л а с т ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жас Жанай жалғыз қалды әнге салып, Өзгелері шығысты *ж а б ы р л а с ы п*. Боздатты домбырасын бозінгендей, Көңіліне келгеннен соң күйі тасып (И.Байзақов, Құралай.).

ЖАБЫРЛАСУ *Жабырлас етістігінің қимыл атауы; дабырласу, бет-бетімен сөйлеу. Ж а б ы р л а с у д ы* қойып, сөз тыңдасаңдаршы, балалар, – деп ескертті тәрбиеші (Ауызекі).

ЖАБЫРЛАУ *Жабырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жамырап сөйлеу, дабырлау.* Бәрі жанжақтан *жабырлауға* кірісті (Ауызекі). **2.** *Анталау, жан-жақтан қаптау.* Ой-қырға толып *ж а б ы р л а у ы н* қара (Ауызекі).

ЖАБЫС[1]= е т. *Бір нәрсенің үстін қымтауға, жабуға көмектесу, жабыла күш жұмсау.* Ерден апасына болысып, үйдің керегесін жайысып, уық шаншысып, киізін *ж а б ы с ы п,* ширақ қайрат көрсетті (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

ЖАБЫС[2]= е т. **1.** *Беттесіп бірігіп, бір-бірінен айырылмау, желімдегендей ажырамау.* Балық аз түсіпті, әрі тайызға салған аудың арқалығы мұзға *ж а б ы с ы п* қатып қалған екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Нан саларда қазанды күштірек қайнату керек. Әйтпесе тақтаға жазылған жұқа нан бір-біріне *ж а б ы с ы п* қалады (С.Қасиманов, Қаз. тағам.). Қабырғасында пышаққа ілінер ет жоқ арық, әжім тілген ет терісі жақ сүйегіне *ж а б ы с қ а н,* тер алдында жүнін жұлып алған қойдың терісіндей өңі сұп-сұр (Т.Ахтанов, Боран). Шырыштанып сілемейленген өсімдік тұқымдары топыраққа тез *ж а б ы с а д ы* да, ондағы ылғалды өз бойына сіңіріп, ұрықтың өнуін тездетеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** *Ұстап алып жібермеу, жармасу.* Ең семізін ілейін, қызық қылып ашарға. Деді дағы аралап, *Ж а б ы с т ы* келіп қошқарға (Абай, Тол. жин.). Ол жүгіріп келіп шылбырға *ж а б ы с т ы.* Бірақ ат қозғалмастан денесі дірілдеп, бүйірін соғып, ырс-ырс дем алып жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Бас салып айырылмау.* Мен құшағынан сытылып шықтым да шал артына секіріп мінгесіп алдым. Еңгезердей кісі екен, жарбиып *ж а б ы с а* қалдым (Н.Сергалиев, Ыстық күлше). Тыныш жатқан Бақтығұлға Қозыбақ ауылы ескі кек сылтаумен тағы көп *ж а б ы с т ы* (М.Әуезов, Қараш.). **4.** а у ы с. *Қиылып сұрап, өтіну, жалыну, қыр соңынан қалмау.* Кейінгі күндері үш жігіт үн-түнсіз Достың қасына көшіп кетті. Мөңке оларға «қал» – деп *ж а б ы с қ а н* жоқ (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Осында қырдан келген бірқыдыру бала маған келіп, қыстай оқытып шық деп *ж а б ы с ы п* жүр (З.Ақышев, Бәрі де есте). Нұғыман бір күні көк құсты үйрекке салғызып, қызығын көріп, кешке өз аулына ертіп келді... Ертеңінде көк құсымды сұрап: «Бір ат мін, бір құлынды бие ал» деп *ж а б ы с т ы* (Ш.Айманов, Қыран.). Анатолийдің үйінің жанынан өте бергенімізде ол «біздікіне соға кет» деп *ж а б ы с ы п* болмады (А.Жақсыбаев, Менің дос.). **5.** а у ы с. *Бір пәлеге душар болу, тап болу, пәле-жалаға кезігу.* Ешкім де жөргегінде бұзылмайды, жақсылық та, жамандық та жүре *ж а б ы с а д ы* (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

– Енді қайтыңыз. Әйтпесе, сәлден кейін-ақ мына істеп жүрген ата кәсібіңіз пәле боп *жабысқалы* тұр (А.Байтанаев, Қайнар.). Жантасқа қандай бәле *жабысса* да Айдарбектен келді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

Етекке жабысты. *Жалынып-жалпайды, жалыныпты болды.* Міллетке бекзор үміт шәкірт халқы. Ат болса да, біздерде жоқ қой қалпы. *Жабыстың* көрінгеннің *етегіне,* Бір бақас жаттап алып шала-шарпы (С.Торайғыров, Шығ.).

Жабыса тұну. б и о л. *Әртүрлі сұйықтардағы бактериялардың (тірі, өлі жасушаларының), қан түйіршіктерінің антиденелер – агглютининдердің арқасында бір-біріне жабысып тұнуы.* ≈ *Жабыса тұну* процесі.

Жағаға жабысты [жармасты]. *Алқымнан алды, дөрекілік істеді.* Тыпырлатпай тас қол, *жағасына жабысар.* Қарсы алдында қанды ор... Жағы бітіп қарысар (С.Мәуленов, Жолдас). Қатуланып көр қылды, Қатын менен балаға: – Қазақ егер, көрінсе, Қыра бер, жанға санама. Басын кес те, қанын төк, Ақпатшадан садаға. Көтере алмай тойғанын, *Жармасты* келіп *жағаға,* – деп бұйырды солдатқа, – Айтқаны болмай қалды ма (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жатып [жатты та] жабысты. *Өлердегісін айтып, жалынып-жалпайды.* Бір жұмадан кейін Құсайын сауығып өз орнына келген, Жәнібек ауылға қайтпақшы болып еді, бригадир *жатып жабысты* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Мен ауызғы үйге шыққанда, құрдасым жатаған столдың үстіне арағын әкеп, ащы қиярын турап қойған екен, *жатты да жабысты* (Ө.Қанахин, Жер бас.). – Әке, өз отарыңызды басқа біреуге бергеніңізше маған берсеңіз қайтеді, – деп Ібіжан әкесіне қолқа салып, *жаттыда жабысты* (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

Желімдей жабысты. *Ажырамады, екі елі айырылмады.* Теміржолшылар рельстің бүтіндігін бір кішкентай балғамен ұрып байқайды. Рельс аман болса, ол серіппедей ыршып отырады да, сынығы сезілсе, *желімдей жабыса* түседі (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Жығыла жабысты. *Қиылып өтінді, жалынып-жалпайды.* Өзі де *жығыла жабысып:* «Жаз туатын балықтай құнажым бар, соны ал. Оның үстіне бір қысқа жетерлік ұн тартқызып берейін» деп өлердегісін айтты (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Бірақ Есілжан сол сабырлы күйінен өзгерген жоқ. Олар қоштасып жүруге айналғанда ол *жығыла жабысты* (А.Оразалин, Қайырлы.).

Кенедей [ашкенедей, тас кенеше] жабысты. *Қадалып, айырылмай қойды.* – Шыдағанға шығарғанның өзі екенсің. *Кенедей жабысып* болмадың ғой, – деді аңшы көз ұшынан қиыла қарап (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Мехцехтың сол жақ кіре берісінде есігінен бір қара құлып *аш кенедей жабысып* кетпейтін бір бөлме бар еді, қазір соның ішінде де өмір бар (Ә.Әбішев, Замана.). Қара кемпір де Айбаланың сырт жағынан кеп *тас кенеше жабысыпты* (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

Сүліктей жабысты. *Қояр да қоймай, қадалды.* Жалғыз бие ертеден кешке дейін алтыжеті рет сауылады. Әр екі, үш сағатта атам оның бауырына *сүліктей жабысып* алып отырғаны (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қалай көзің жетті ме? – талдың арасынан сығалап тұрған Жұпар. – Құлқының құрғырдың емешегі үзіліп, *сүліктей жабысуын* қарашы (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Талағы жабысты. к е к е с і н. *Ым-жымы бір адамдар туралы айтылады.* Сертшілін қара мына бейбақтың... Онымен *талағың* қашан *жабысып* қап жүр?! (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖАБЫСҚАҚ[1] з а т. *Биттің сіркеден гөрі үлкендеу, ұсақ түрі.* Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман *жабысқақ,* Сыңысып сірке бұрымда, Қаптап еді қалың қайызғақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАБЫСҚАҚ[2] с ы н. **1.** *Жуысқан жерінен ұстасып ажырамайтын.* Екі-үшеуі асық үйіріп жүр. Қалғандары қара жол бойындағы *жабысқақ* май топырақты бақайларының арасынан көпсіте бұрқыратып, құм үйіп ойнайды (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Кеңгір бабамның моласын сары *жабысқақ* топыраққа аттың қылын араластырып, биенің сүтін, ешкінің майын ерітіп құйып, қыш жасап соққан (О.Бөкеев, Өз отың.). *Жабысқақ* тікен тұтқан қылшық құйрығын екі тақымының арасына қысып алыпты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **2.** а у ы с. *Кісіні жалықтырып, қыр соңынан қалмайтын.* Төргі үйдің есік жағындағы үстелді өзгертіп, хатшысы болып *жабысқақ* Мияш отыр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Келесі сәтте басқарма әлгі сынды *жабысқақ* сұраушыдан мұнша оңай құтылғанына қуанды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүниесі құрғырдың жүзі ыстық қой. Ақыры Қали көнді, менің берген нәрселерімді алды да, үйге қайтты. Қызылкөз *жабысқақ* пәледен құтылғанымызға біз қуаныштымыз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Жабысқақ балық. з о о л. <грек. echeneidae> *Алабұға тәрізділер тобына жататын, денесі ұзынша, тұрқы 30-90 см болатын теңіз балықтарының бір тұқымдасы. Жабысқақ балық* акулаға, балыққа, теңіз тасбақасына, китке т.б. жабысып жүреді (ҚҰЭ). *Жабысқақ балық* тропиктік және субтропиктік

теңіздерде тараған (ҚҰЭ). Тропиктегі кейбір ел тұрғындары *жабысқақ балықтарды* теңіз тасбақасын, ірі балықтарды, дюгондарды аулауға пайдаланады (ҚҰЭ).

Жабысқақ қандыағаш. ө с. <лат. alnus glutinosa> *Қайыңдар тұқымдасына, қандыағаш туысына жататын бір үйлі ағаш. Жабысқақ қандыағаш* – дәрілік өсімдік. Оның қабығында илік заттар (5-9%), бүршігінде алкалоид (14-16%), жапырағында лицил, спирт және түрлі органикалық қышқылдар болады (ҚҰЭ). *Жабысқақ қандыағаштың* сүрегі жеңіл, қызыл түсті, одан үй жиһаздары, ыдыс жасалады, құрлыстарда пайдаланылады (ҚҰЭ). *Жабысқақ қандыағаш* өте сирек кездесетін өсімдік, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ЖАБЫСҚАҚ[3] з а т. ж е р г. *Жеңіл киімнің түймелері.* Көйлегімнің *жабысқағы* үзіліп қалыпты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі)

ЖАБЫСҚАҚТЫҚ з а т. **1.** *Тиген жерінен ажырамайтын қасиет.* Мырыш... өсімдік организмінде болатын аса маңызды реакцияларға қатысып, плазмалардың *жабысқақтығына* әсер етеді (К.Нұрмағанбетов, Микротыңайт.). **2.** а у ы с. *Кісіге жармаса кетіп, мезі ететін, ығыр қылатын мінез. – Жабысқақтығым* үшін кешіріңіз. Көңілімде жүрген дүдәмал ойларымның дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін біреумен әңгімелесіп айтысқым кеп жүруші еді, – деді ол ақтала сөйлеп (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАБЫСҚЫР з а т. *Жетпегір мәніндегі қарғыс сөз.* О, *жабысқыр*, жоғал әрі, қайдан шыққан пәлесің? – деп Шекер Серікке жалт қарады (С.Мыңжасарова, Әйел.). Ажырайып қарайсың, Жалғызыңмен *жабысқыр*, Ұрысуға қалайсың? (Батырлар жыры).

ЖАБЫСҚЫШ с ы н. **1.** *Жуысқан күйде жапсырылып, жармаса кеткіш.* Аквариум суында көп тараған балдырдың бірі – жасыл балдыр. Оның кейбіреуі жүзіп жүреді, енді бірі *жабысқыш* келеді (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Ауылда адамға бөгде ат сондай *жабысқыш* болар ма: жаңағы баланың шын аты Нұржан екенін ұмытып, осы күні жұрттың бәрі оны «Ыпталозол» деп атап кетіпті (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Бірге ілесіп жүрген, ұмыт болмайтын.* Ескінің етекке *жабысқыш* қалдығы, әлі құрымай келе жатқан қырсығы мұнда орынды да өткір мінелінеді (М.Әлімбаев, Қалам қайраты).

ЖАБЫСҚЫШТЫҚ з а т. *Бірден жапсырылып, жуғыса кететіндік.* Лейкемия деп аталатын дертімен науқастанған адамдардың қанының *жабысқыштығы* жоғарылап, қаны қою болып келеді (Т.Айтбаев, Қан қасиеті).

ЖАБЫСПАҚ с ы н. с ө й л. ***Жабысқақ.*** Өзі ошаған сияқты *жабыспақ* қу еді, айырылмайақ қойды, мылтығын шошаңдатып бастыққа тура алып барғаны! (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖАБЫСТЫР= е т. **1.** *Беттестіру, біріктіру.* Таңертең самауыр тұтқасындағы шегені суырып алып, екі құлақты тұтқа ағашқа қаттырақ *жабыстырып* қана қойғанмын (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Кешкі аязда кірпіктерді *жабыстырған* салқын мұздақ та білінеді (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Желімдеу, жапсыру.* ≈ Қағаз *жабыстырды.* **3.** а у ы с. *Тар киім кию.* Райхан жұқа жібек көйлегін денесіне *жабыстыра,* самай шаштары мен кекілін кейін қайыра жұлқылайды (Т.Әбдіков, Көкжиек). Дудардай шаш қоясың қарыс қылып, Бұтыңа кидің шалбар *жабыстырып,* Орысша, қазақшаны түгел білмей, Сөйлейсің шалдыр-шалдыр шабыстырып (О.Шораяқов, Шайыр). **4.** а у ы с. *Қолын алмау, жармасу.* Хамит бір қолын мылтыққа *жабыстырған* бойымен екінші қолын босатып алып, бандыны жамбасқа мінгізіп алып кеп жерге соқты (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЖАБЫСТЫРУ *Жабыстыр етістігінің қимыл атауы; желімдеу, жапсыру.* Егер жара бастың сау жеріне түгел жайылса, дәріні төбеге *жабыстыру* керек (О.Бердібаев, Таз – тақиядан.).

ЖАБЫСТЫРЫЛ= е т. *Желімделу, бір нәрсеге беттестірілу, тағылу.* Көздің қадалуыақ мұң екен, Төлімнің ойы астан-кесен болды! Хаттың бұрышына қызыл қағаз *жабыстырылыпты* (Б.Майлин, Шығ.). Басында әдемі көк мақпал тебетейі, оның жиектеріне зерден де бөлек күміс оюшалар *жабыстырылған* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАБЫСУ *Жабыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желімделу.* **2.** а у ы с. *Қол сұғу.* Шәрипаның рұқсат етпейтін жеріне Ұлбосынның бұл бірінші *жабысуы* еді (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Соңынан қалмау, жармасу.* Сол Қоңқай оң жағынан кескінсіз, мінезі одан да жағымсыз адам бола тұра Алуаға ұдайы *жабысумен* болатын (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жабысу жылдамдығы. *Минерал бөлшектерінің ауа көпіршіктеріне жабысуы үшін қажетті ең аз уақытты анықтайтын көрсеткіш. Жабысу жылдамдығы* минерал бетінің флотациялық активтілігін, оған реагенттердің әсерін сипаттайды және құрылымы әртүрлі түйіспе аспап арқылы анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Жабысу жылдамдығы* секундтың мыңнан бір үлесінен минутқа, сағатқа дейін өзгереді (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАБЫСЫҢҚЫ с ы н. *Жапсырыңқы, жуысыңқы.* Шамшаттың бүршіктері үшкір келеді, алмұрттікі – түксіз және шыбығына

алшақтау орналасады; алманікі – түкті және *жабысыңқы* жатады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАБЫСЫҢҚЫРА= е т. *Сәл жапсырылыңқырау, жуысыңқырау, жармасыңқырау.* Тоғжан Абайдың омырауына ақ саусақтарын салып, *жабысыңқырап* тұрып: – Қош, ұмытпа, – деді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАБЫТТА= е т. ж е р г. *Тасалау.* Қарақшылар қараңғы түнді жамылып, қара тасты *жабыттап* қасқырша қадағалайды да отырады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҒА з а т. **1.** *Киімнің мойын үстіне түсетін бөлігі.* Жолаушының бірінің тығын тысты жаңа түлкі тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген мол сұр шапанының *жағасы* қара барқыт (М.Әуезов, Қараш.). Бірақ ашулы Толқынай бұған да шеңгелді салып үлгерген екен: Кәдірбаевтың галстүгі жұлынып, *жағасы* жыртылыпты (Б.Майлин, Азамат.). Бұйра қызыл қозының елтірісінен орамал *жаға* салған сары тонды шешкенде Қалпе торғайдайақ болып қалады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Әсіресе, жұп-жұмыр аппақ мойны анау бұйра қою қара шашпен камзол *жағасын* қосып жатқан алтын мойнақ секілді (О.Бөкеев, Үркер). **2.** *Су арнасының кемері, жиегі.* Толқын, соқпа толқындар, су көздері деңгейінің ауытқуы – *жағаны* қалыптастыратын басты факторлар (Қаз. тілі термин. Су.). Айдын көлде сын болмас, *Жағасы* болса құрақсыз. Асқар тауда сын болмас, Бауыры болса бұлақсыз (Бес ғасыр.). Суды сүйген сары алтын, Сәуле сүйген бағана. Кемеміз көлбеп келеді, Жібектей жасыл *жағаға* (М.Жұмабаев, Шығ.). Осы теңіз *жағасында* Жүз Жағалбайлы деген ел бар екен (Қыз Жібек). **3.** *Жолдың шеті.* Қыстақтың азғана үйлері де жол *жағасында* күркеше-күркеше болып, қарауытып қаз-қатар тізіліп тұрғандай (Б.Момышұлы, Москва.). **4.** а у ы с. *Сүйеніш, тірек, қамқор.* Ал мына Алтай мен Ерназар бұларға аға да, *жағға* да (С.Досанов, Қыран.). Інісі бардың тынысы бар, Ағасы бардың *жағасы* бар (Мақал-мәтел).

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды. *Ауызбірлік көрсетті, ынтымақтық, ұйымшылдық жасады.* Халқымыздың ұл-қызы күш біріктіріп *бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса,* кім бізді торғайдай тоздыра алар еді?! (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып* жүрген мынау еңбеккерлердің қуатты серпіні соны аңғартады (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Жаға аккумуляциясы. *Толқындар мен олар туындататын ағыстардың әрекетінен толқын алаңында тасындылардың жиналуы.* Тасындылардың *жағға* бойлық *аккумуляциясы* немесе су астындағы жаға беткейінің шайылу процесінде су түбінен шығарылуы нәтижесінде пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жаға буды болды. *Басым түсе алмай, тайталасты.* Сонан екі ат Көлқараның құлауына дейін бірінен-бірі суырылып оза алмай, *жағға буды боп,* желіп келе жатқан (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жағадан алды [жағасына қол салды, жармасты]. а) *Дөрекілік істеп, дұрсе қоя берді.* Жапалақ мақтанса жардан қоян алдым дер. Жаман мақтанса, жақсының *жағасынан алдым* дер (Мақал). Қолма-қол жауабын аламын, өзгені емес дәл осы жолы қос қолыммен сол Ыбырайды (Абайды) *жағадан аламын.* Аламын да шөке түсіріп табанымның астына саламын – деді Оразбай (М.Әуезов, Абай жолы). Шауып жүріп ерлерің, Белден ұстап алады. Олар белден ұстаса, Тұра шөгіп қалады, *Жағаға қолды салады* (Батырлар жыры). ә) *Асықтырды, жан алқымға алды, қысты.* Балық жоспары орындалмай аудан *жағадан алып жатқанда* сендер етектен алып құрттыңдар ғой, – деді Сұлтан (Т.Ахтанов, Шығ.) Ертең тағы тексеру басталғанда, бірінің *жағаңнан бірің аласыңдар* ма деп қорқамын (С.Адамбеков, Көсе.).

Жаға жыртысты [жыртылды]. *Қол жұмсасты, төбелесті.* Бұл үшін *жағға жыртыспасақ* та, жағалассыз болғанымыз жоқ (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Сол түні ол *жағға жыртысқан* талай кең кеңірдек, жуан жұдырыққа ара түсіп ағалық айтқан (Ә.Сараев, Тосқауыл). Еркектер ше? Жоқ тәңірім сақтасын, Телпекетердей кері бұрмай ат басын, Ер жігітке тән мінезбен баяғы, Бұзақыны өз орнына қояды. Бәлкім *жағға жығылуы,* Дей көрме оны тентектік, Тентектік боп көрінеді кейде нағыз еркектік (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жағасы бүтін. *Абыройлы, қадір-қасиеті мол.* Жаным сау, *жағам бүтін* уақытында, Айтылып отыратын маған жырсың. Хатпенен қалайда да хабар білдір, Қуантып қандырғандай құлақ құршын (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жағасы жайлау, төбесі қыстау [көктем] болды. *Уайым-қайғысыз, жайбарақат күй кешті.* Шешін, шырағым, – деді Науша. – Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, *жағамыз жайлау, төбеміз қыстау,* отырмыз жайланып (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Сырттай қарсы сөз айтқанымен Толқындай қыз өзінің қолына су құйғанда жігіттің *жағасы жайлау, төбесі қыстау боп* сала берді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Өлең десе *жағасы жайлау, төбесі көктем болатын,* өлең естісе қайғы-қасіретін жоятын қазақ емес пе! (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.).

Жағасы жайлау, төсі өріс. *Мол өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік;*

жайбарақат күйде күн кешу. Ой, шатастырған құдай-ай, мен де сол сияқты шаруа бағып үйде тыныш жатсам, әуелден, *жағам жайлау, төсім өріс* болмай ма? (А.Нұрманов, Құлан.).

Жағасы жайлауға кетті. а) *Еңсесі түсіп, бейжай болды.* Комитеттің байдан жасалған бір мүшесі онда да, мұнда да жоқ, *жағасы жайлауына кетіп,* жәй салбырап ол отыр! (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Алқа-салқа болды, түймесін ағытып, қалай болса солай отырды.* Осы ойлардың үстінде отырғанда Өтекеңнің мойны салбырап, *жағасы жайлауына кетті* (С.Адамбеков, Қожанасыр.). б) *Шалқыды, тасыды. Жағасы жайлауға кетіп,* бөсіп отыр (Ауызекі).

Жағасы жақыт кіреуке, жібісі жетіп жүн болғанша. *Шыдамның, төзімнің жеткенінше (бұл жерде мейлінше төзу, әбден шыдас беру мағынасында айтылып тұр). Жағасы жақыт кіреуке, жібісі жетіп жүн болғанша* шыдастық. Найманның не пәлесі болса да көтердік (М.Әуезов, Шығ.).

Жағасы кеңіді. *Еркіндік тиіп, көңілі жайланды.* Олар жоқ болса, үй шаруасына қолы тиіп *жағасы кеңіп* қалады (З.Иманбаев, Солма. гүл).

Жағасына түкірді. ы р ы м. *Жақсылыққа кезігеді, жол болады деген мағынада.* – Қосшым, *жағаңа түкіре* бер. Бұл үйде қыз бар екен, – деп Ебейсін жалма-жан жанындағы жігіттің құлағына сыбырлай қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Келіншектер алғашында шытынаса, Құдайдың бергені деп, *жағама түкіре* берем. Кейін Сарғасқаның ізінен өздері жүгіретін (С.Мыңжасарова, Әйел.).

Жағасын ұстады. *Шошынып, аң-таң болды, қайран қалды.* Мақсұттың өлімімен тең қабат қаза келгендей болып, аузы күбірлеп, жалбарынып *жағасын ұстады* (М.Әуезов, Қараш.). Мен шошып *жағамды ұстадым,* саған тапсыратыным – ел жігіттерін үгіттеп басуға тырыс, – деді Бөлкебайға (Б.Майлин, Шығ.). Жарқынбай жорта селк ете түсіп, *жағасын ұстап* қатты шошынған боп: – Астапыралла! Астапыралла! Бұл неткен сұмдық, десеңдерші, – деп жан-жағына қарады (Д.Әбілев, Ақын.).

Жағасы сөгілді. *Абыройы кетті, елдігі ыдырады.* Алтын *жағаң сөгіліп,* Абыройың төгіліп, Барыңнан да жақсы еді, Жоқ болғаның мұнан да (Бес ғасыр.).

Жау жағадан, [бөрі етектен] алғанда. *Қиын-қыстау кезде, басқа іс түскенде.* Патша Құдай, сиындым, Тура баста өзіңе. *Жау жағадан алғанда,* Жан көрінбес көзіне (Абай, Тол. жин.). Кеселді болып бітеді Жақсыға біткен жақындар. *Жау жағадан алған* күн Өздері иттей тақымдар (Абай, Тол. жин.). Әлі есімде, жол үстінде жолықтық, Заманы еді аттаныстың, жорықтың. *Жау жағадан алған* шақта, тар жерде, Бір мен ғана сүйенішің болыппын (Б.Майлин, Шығ.). Қас болды қарындасым, Әділ, маған, Қас болмаған қарындас табылмаған. *Жау жағадан алғанда, бөрі етектен,* Ақыл сұрай келіп тұрмын әдейі саған (Қабан жырау, Алтын қазық). Бізге енді қауырт қимыл керек. *Жау жағадан, бөрі етектен алып* жатқан кез қазір (Ә.Қалмырзаев, Ар).

Шет жағасы. *Түгелдей емес, аздаған бөлігі.* Партия жиналысында не болды, кімді қарады, оны Ақан айтпады. Бұрын *шет жағасын* ептеп айтып, ұзын-ырғасымен таныстыратын (З.Шашкин, Өмір.). Жаңа туынды шығармалардың да *шет жағасы* көріне бастаған болатын (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖАҒАЖАЙ з а т. **1.** *Су жағалауының, су толқындары әсерінен болып тұратын, жылжымалы майда тастар, құмдар мен ұлутастар жиынтығы кездесетін жағалаудың судан биік бөлігі.* **2.** *Кез келген су қоймасының, ағын судың түсіп шомылуға жайлы, еңісі жалпақ, жаға беткейі.* Ағалап бала әкелген арнап мана, Қарамай қара жігіт қармаққа да, Су түбін көк балдырлы, көлеңкелі, Жатырмын *жағажайдан* барлап қана (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **3.** *Теңіз, көл, су қоймасы, бөгет немесе өзен жағалауларында шомылуға, күнге қыздырынуға арнайы жабдықталған орын.* Теңіз жағасындағы сан иірім жол, көп *жағажай,* гүлзардың қайсысынан шыға келгені белгісіз күтпеген жерден қарсы жолыққан атақты ақынмен оқыс кездескенде аузына сөз түспеді (С.Досанов, Екінші өмір). Қапшағай теңізінің жағасынан жаңа *жағажайлар* жасалынады (Ж.Бейсенбаев, Шоқан ізімен). **4.** *Тасындылар (бос құм, қиыршық тас және т.б.) қабаты жапқан, толқынның бұзылу зонасы мен ең күшті су ұру сызығы арасында орналасқан суқойма (теңіз, көл, бөген) жағалауының көлбеу жазық пішінді келген бөлігі* (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖАҒА-ЖЕҢ з а т. *Киімнің мойын үсті мен қол ұшына түсетін бөлігі.* Бәкеннің костюм ішінен кигені *жаға-жеңі* кестеленген украинша көйлек (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЖАҒА-ЖЕҢСІЗ с ы н. *Жаға-жеңі жоқ.* Дүниядан мұндай болған әйелдердің, Көрдің бе өлгендерін болып киімсіз. Бола ма сүйген достың, жанға пайда Көйлекті киген күні *жаға-жеңсіз* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАҒА-ЖИЕК з а т. *Судың кемері, жағалауы, шеті.* Өзеннің және қара сулардың *жағажиектеріндегі* селдіреген қамыстар үлбіреп, жел соқса ақырын ырғала желбіреп,

сары үкідей болып сарғайған (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЖАҒАЙЫМДАН= е т. ж е р г. ***Жағымпаздану***. Ол басшыларға *ж а ғ а й ы м д а н ы п* жүретін кісі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҒАЙЫМСЫНУ= ет. жер г. *Жағымсыну*. Қолға түскен соң, неміс офицерлері бізге *ж а ғ а й ы м с ы н а* қарайтын болды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАҒАЛ с ы н. *Жақ, мойын жүні солғын ғана, жолақ-жолақ боп келетін қошқыл сары түс*. Шоңқайған *ж а ғ а л* ешкіні екпіндеген бетінде басып өтуге айналған машинаны шофер шұғыл бұрды (Ә.Көшімов, Лашын.). Бағып жүрген ешкінің бәрі *ж а ғ а л*. Әріптесім сен болсаң, әдіре қал. Әдіре қал дегенге арсаңдамай, Жел жағымды мүңсітпей әрі жоғал (К.Әзірбаев, Шығ.). Лашын – сырты қоңырқай, бауыры шұбар құс. Мойнында *ж а ғ а л ы* бар («Лен. жас»). Тік мүйізді сұр *ж а ғ а л* серкеш екен, Әлгібіреу серкешің бөрте ме екен? Қаражал серкешің көсем бастар Бар ешкіні соңынан ертеді екен (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

ЖАҒАЛА= е т. **1.** *Бір нәрсенің жиек шетін бойлап жүру*. Көл *ж а ғ а л а й* мамырлап құ менен қаз, Жұмыртқа іздеп жүгіріп балалар мәз. Ұшқыр атпен зырлатып тастағанға, Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз (Абай, Тол. жин.). Бақтығұл әрқашан ауылдан шыққанда елсізге бет алып, жоғары қарай өзенді *ж а ғ а л а п*, тауға тартып кететін (М.Әуезов, Қараш.). Мен түсімде зорлық көрдім, қорлық көрдім ғаламат Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап, Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ, Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап, Бара жатты атамекен Ақжайықты *ж а ғ а л а п*, Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тас тарпуын, шапшуын, Қарасаң қайран қаласың, Жалғыз жазғы бір кеште *Ж а ғ а л а д ы м* жағасын (І.Жансүгіров, Шығ.). Алабас өзенін *ж а ғ а л а п*, адырға қарай беттеген ілгерілі-кейінді төрт-бес жүз жігіт көрінген төбені тасалап қарауыл қарап тұр (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Қолдан-қолға көшу, тегіс аралау*. Емшекте баласы бар бір келіншек жеті жасар Торғайды жетелеп, үй *ж а ғ а л а п* жүріп «осы баланы алып қалыңдар» деп жалыныпты (Т.Ахтанов, Боран). Аузыма тығылардай жүрегім дүрсілдейді. Бір парақ қағаз қолдан-қолға көшіп *ж а ғ а л а п* барады (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Қобыз тартатынымды Елдос айтқан-ау деймін, домбыра *ж а ғ а л а п* маған жеткенде даяшы қыз қолыма қобыз ұстата қойды (М.Хасенов, Алғашқы ән). **3.** *Байқап көру, төңіректеу, сағалау, айналсоқтау*. Аздан соң әйелдердің бәрі де Қадишаны *ж а ғ а л а п*, Қамария сияқты үлкендері оның да бетінен сүйісті (М.Әуезов, Қараш.). Ол ауылына келісімен жұрттың сөзін құлағына ілместен, Байғұлдың үйін *ж а ғ а л а д ы* (Б.Майлин, Шығ.). Сол оймен әрі аш, әрі ауру, сіңірі шыққан Меңдіқарасын арқалап, вагондарды *ж а ғ а л а д ы* (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Атқа толды күндіз-түн Қос алаптың бауыры. Сейіткерейді *ж а ғ а л а п*, Байлар пара ұсынды. Алтын, күміс, жиһазды Топ-тобымен түсірді (О.Шипин, Дастан.).

Шет жағалап. *Ептеп-септеп, тиіп-қашып*. Ол болған оқиғаға тым тереңдеп, үңіле бергісі келмей, *ш е т ж а ғ а л а п* қана айтқан (Қ.Исабаев, Жолдас.). Ақтар мен қызылдар арпалысқан жылдарда Сайқын елі ондай-мұндай бандалармен *ш е т ж а ғ а л а п* сайысқаны болмаса, азамат соғысының ешқандай ауыртпалығын тартпаған (Ә.Көшімов, Лашын.).

ЖАҒАЛАҒЫШ с ы н. *Біреуді төңіректеп, сағалағыш*. Енді оған атініп желпілдеп уәкіл *ж а ғ а л а ғ ы ш* жылтырақ тірлік соншалықты арзан, соншалық алдамшы боп көрінді (Е.Тұрысов, Қыран.).

ЖАҒАЛАЙ ү с т. *Шетінен, түгелдей, жаппай, тегіс*. Құрым киізге оралған сандықтың екеуі де ашылған. Кілең асыл бұйымды Нұрыш *ж а ғ а л а й* жайып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Терiскейдегі ұзын қораның күнегей беті *ж а ғ а л а й* есік (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жақыпбек бөріне де қол беріп амандасып, *ж а ғ а л а й* танысып шықты (М.Иманжанов, Менің махабб.). Бар екен таудан аққан таза бұлақ, Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ. *Ж а ғ а л а й* біткен ағаш жапырақты, Жайқалып күн мен желден тұрған қорап (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАҒАЛАҢ з а т. ж е р г. *Былғарыдан қапталған сандық, жағлан*. Шай *ж а ғ а л а ң* ішінде (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҒАЛАС з а т. *Жанжалды тайталас, алыс-жұлыс айқас*. Жауыз беттің жалған көбін Майдан жыртар, оқ тесер. Жан берiскен *ж а ғ а л а с т а* Алдамыштың оты өшер (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАҒАЛАС= е т. **1.** *Тайталасу, айқасу, күресу*. Анау билердің жүгінісінен айырып алған Құсайын Сатанды алып Мұқажанмен *ж а ғ а л а с а* осы Шалматайдың өзіне келген (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол да бір, малдың қамы үшін қатал табиғатпен *ж а ғ а л а с ы п* өткен ауыр науқан еді ғой (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.). Ел арасы дау-шарға араласпай, Лоқ беріп, ағайынмен *ж а ғ а л а с п а й*, Қайсар болып, қатты боп өсті жігіт, Қатыгез құмға біткен қарағаштай (М.Мақатаев, Шығ.). Тұрғанда тән сәламат неге отырсың, Жеріңе көңілге алған барып қалмай. Жарысып *ж а ғ а л а с п а й* дәнеме жоқ, Тиесілі сыбағаңды алып қалмай (М.Дулатов,

Шығ.). – Елаға, бұған не дейсің? Баяғы патша заманында да жауға намыс бермей, жығылсаң да *ж а ғ а л а с ы п* кетпеп пе едің (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Қосамжарланып араласу, қоса қабаттасу.* – Сен қойшы осы, *ж а ғ а л а с п а й!* – деді Рүстем кейіп (М.Гумеров, Хазірет.). Кенет қарсы бөлмеден дәрігермен *ж а ғ а л а с а* ап-арық шал шықты (Т.Әбдіков, Айтылмаған.). **3.** *Ойнақ салып алысып-жұлысу.* Жұматай ойнақылануын біресе Сейіттің, бірде Бәтиманың қолындағы ірімшік-құртын тартып алып, кейде алысып кезек *ж а ғ а л а с ы п,* көбінше өзі де қутыңдап, Сейітті де күлдіріп, үйде ойнап қалысты (М.Әуезов, Қараш.). – Апаң тіл біледі, Зәуреш, ақырын, отқа түсіп кетпе, – деп, қонақпен *ж а ғ а л а с а* бастаған сәбимен сөйлесті Мүкарама (Х.Есенжанов, Тар кезең). **4.** а у ы с. *Асып-тасу, сыймау.*

ЖАҒАЛАС-ЖҰЛҚЫЛАС= е т. *Таласып, тайталасу.* «Кезек менікі, кезек менікі» деп өңешін жырта керілдесіп, әке-шешеден кетіп, *ж а ғ а л а с а-ж ұ л қ ы л а с а* келіп жатқандардың дауы қаншама (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

ЖАҒАЛАСТЫР= е т. *Айқастыру, қоса қабаттастыру.* Тиісті орындар Қарағанды жұмысшыларын жол қамалдарымен қашанға дейін *ж а ғ а л а с т ы р а д ы* (С.Ерубаев, Шығ.).

ЖАҒАЛАСТЫРУ *Жағаластыр етістігінің қимыл атауы; қоса қабаттастыру, араластыру.* Сол ойынға қосымша нәрселерді *ж а л ғ а л а с т ы р м а у д ы* ол жақсы түсінеді (Ауызекі).

ЖАҒАЛАСУ *Жағалас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айқасу, күресу, соғысу.* Жардан қуып шықса жалтарып жан сақтайды. Тілі салақтаған, көзінен от шашады. Қашып жүрсе де жан бермеу үшін *ж а ғ а л а с у ғ а* әзір (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Мерген Сапа бір немісті түсіре алмай, онымен қолдасып, *ж а ғ а л а с у ғ а* дейін барған екен, Есей келіп қол ұшын берді (Ә.Нұрпейісов, Күрляндия). **2.** а у ы с. *Асып-тасу.* Жанымда менің Атылмай жатқан жасын бар. Өзендер жатыр, Мұршасы келмей тасуға. Ғаламнан үлкен осынау жұмыр басымда, Жеңісе алмай, Зарядтар *ж а ғ а л а с у д а* (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАҒАЛАТ= е т. **1.** *Бір нәрсенің жиегін, шетін бойлай жүргізу.* Ал қалған жартысын Атбасар жақтан орағытып, Есілді *ж а ғ а л а т а,* Қараөткелге иектете орналастырған (І.Есенберлин, Қаһар). Өйткені қаланың қақпасы боп тұрған осы күншығыс жақ аймақтан сырт *ж а ғ а л а т а* шағын тоған салынған (А.Байтанаев, Қайнар.). Оқыған газет жыртылмайды. Үйге көрік беретін кілем орнына қабырғаға *ж а ғ а л а т а* ілініп қойылды (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Кезектеп ретімен ұсыну, қолдан-қолға жүргізу.* Қамқаш, Айнұр, Зейнеп келгендерге шапшаң шай құйып *ж а ғ а л а т ы п* толтыра бастады (Е.Мырзахметов, Медет). Үлкен арғымақ мүйіз ожаумен сары қымызды торы ала тостағандарға құйып, жұртқа төмен қарай *ж а ғ а л а т ы п* беріп отыр (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Білгісі келіп, ептеп суыртпақтау.* Кейін де осы көрші қойшы Әйтімбет Қодарға анда-санда қатынасатын кедей-кепшіктен *ж а ғ а л а т ы п* сұрау салып, жаңағы жаладан Қодарды аман деп ұйғарып еді (М.Әуезов, Абай). Ақан өзі ашылып ештеме демеген соң, *ж а ғ а л а т ы п* бірдеме сұрауға бата алмады (С.Жүнісов, Ақан сері). Өрт кету жөнінде Семен *ж а ғ а л а т ы п* өз пікірін айтты (Т.Нұртазин, Мұрат). Ауылға қайтар жолда Ғайни мен Ордабай әңгімесі жараса қоймады. Жігіт қаншама *ж а ғ а л а т қ а н ы м е н,* қыз көңілінің кілтін тауып жібіте алмады (М.Хасенов, Алғашқы ән).

ЖАҒАЛАТУ *Жағалат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҒАЛАУ[1] з а т. **1.** *Сулы алап жанындағы құрлық жиегі.* Олар поселка сыртындағы көлге келді. *Ж а ғ а л а у ы* ойдым-ойдым қамысты, орталығы жалаңаш дөңгелек көл ай жарығымен жалтырап, мөлдіреп жатыр (М.Иманжанов, Алғашқы.). Жолдың *ж а ғ а л а у* жағы сай. Сай суының шуы құлаққа еміс-еміс қана естіледі (І.Жансүгіров, Әңгім.). 1940 жылы Азов теңізі *ж а ғ а л а у ы* арқылы келетін Жібек жолымен Флоренция сәудегері Пегалотти Отырарға келеді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Албырт, қызу арманынан көз жазбаған бір елі, *Ж а ғ а л а у д а* сол жас жігіт ат суарып тұр еді (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** т е р м. *Құрлық пен су алабының өзара әрекеттестігінен қалыптасқан жербедер пішіндерімен сипатталатын, мұхит (теңіз, көл) жиектеріне жапсарлас созылған белдеу.* Кейде *ж а ғ а л а у* терминімен тек қана сол жағалауға тән құрлық белдеуі аталып жүр (Қаз. тілі термин. Геология). **3.** а у ы с. *Әр жақ, түрлі шет.* Аласапыран уақыт әркімді әр *ж а ғ а л а у ғ а* айдап қуған сияқты (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Жағалау артиллериясы. ә с к. *Маңызды нысандарды, аралдарды, бұғаздарды, әскери-теңіз базаларын қорғау мақсатымен жау кемелеріне қарсы ұрыс жүргізетін және теңіз маңындағы құрлық әскерлерін демеуге арналған артиллерия түрі. Ж а ғ а л а у а р т и л л е р и я с ы* қондырғыларының түрлеріне қарай тұрғылықты және жылжымалы болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а ғ а л а у а р т и л л е р и я с ы,* негізінен калибрі 200 мм, ұшу қашықтығы 40 км-ге жететін ауыр зеңбіректермен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаңа жағалауға меңзеді [жетеледі]. *Жаңа бір белеске тартты.* Өмір өзі ұсынып отырған

оқиғалар көркем ой орыны үшін *жаңа жағалауға меңзейді* (І.Омаров, Серпін). Берайданмен «әп» дегеннен тіл табысуы, әрі мына бастықтың қызымен алғаш кездесуі және оның өте сәтті өтуі Тоқаны *жаңа жағалауға жетелеп,* кеше ғана өзге түгілі өзіне күлкі көрінген үмітіне шабыт берді (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

Жағалау белдемі. *Теңіз бен құрлықтың бірбірімен тоқайласу өңірі. Жағалау белдемінің* ені ондаған метрден бірнеше километрге шейін жетуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология).

Жағалау күзеті. ә с к. *Кейбір елдердің Қарулы Күштеріндегі су үстімен өтетін шекараны, теңіз, өзен байлығын күзету үшін қолданылатын арнайы әскер түрі. Жағалау күзетіне* күзет кемелері, мұзжарғыштар, сақшы катерлері, ұшақтар мен тікұшақтар пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Қазақстан Республикасында *жағалау күзеті* (Каспий теңізі, Ертіс, Іле өзендерінде) шекара әскерлеріне жүктелген (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жағалау маңындағы сауда. *Іргелес мемлекеттердің шекара маңындағы аудандарда (құрлық және теңіз шекарасы бойында) орналасқан кәсіпорындары мен цйымдары осы мемлекеттердің арасындағы сауданы мемлекеттік реттеудің ерекше жеңілдікті режімін беру туралы келісімдер негізінде жүргізетін сауда.* ≈ *Жағалау маңындағы сауда* орны.

Жағалау сулары. *Көл, теңіз жағасына таяу жататын белдемінің (ені ондаған метрден бірнеше километрге дейін) жерасты сулары.* ≈ *Жағалау сулары* белдемі.

Жағалау сызығы. *Су алабы мен құрлық арасындағы шекара.* ≈ *Жағалау сызығы* бойы.

ЖАҒАЛАУ[2] *Жағала етістігінің қимыл атауы; бір нәрсенің жиек шетін бойлап жүру.* Нұрланның ендігі қолынан бар келері агроном қыздың әрбір кірген-шыққанын қалт жібермей аңду, ойша сөйлесу, қиялмен қол ұстасып, тоғай аралап, өзен *жағалау*... ойша алысқа... тым шалғайға таңғы шықты кешіп тентіреп кету... (О.Бөкеев, Ән салады.).

ЖАҒАЛАУЛЫҚ с ы н. *Жағалауға қатысты, тән.* ≈ *Жағалаулық* белдеу.

Жағалаулық шөгінділер. г е о л. *Жаға белдемінде пайда болатын, қабаттылығы әртүрлі аккумуляциялық жиылымдар. Жағалаулық шөгінділердің* көпшілігін ірі түйірлі материал құрайды, сонымен бірге олардың құрамында лагуналық майда түйірлі түзілімдер де кездеседі (Қаз. тілі термин. Геология). *Жағалаулық шөгінділердің* геологиялық қимасына линза тәрізді жатыс тән (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАҒАЛДА= е т. *Үстін-басын былғау, айғыздап, кір қылу.* Жең ұшын *жағалдаған* топ баланың ортасында тұр едім (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАҒАЛДАН= е т. **1.** *Айғызданып қалу, кір болу, былғану, жүгу.* Үстіндегі қалаға шыққанда ғана киетін неміс плащы *жағалданып* сүмектеп шыға келді (Д.Досжанов, Дария). **2**. а у ы с. *Әр жерден бір жағалданып көріну, жұқалтақ тарту.* Көгілдір биік аспанның әр тұсына ақ *жағалданып* жұқалтақ бұлт бояуы жағылған (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

ЖАҒАЛДАНУ *Жағалдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киімнің *жағалдануы.*

ЖАҒАЛ-ЖАҒАЛ с ы н. *Айғыз-айғыз, кір-кір.* Тажал деп отырғаным сыры *жағал-жағал* көше бастаған, үш дөңгелекті көкшіл көне мотоцикл (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Ұшымен *жағал-жағал* жаулығының, Көз жасын сүртіп, қиын қайғыруын, Қоштасып сол секунд үзілерде, Ойланды анасының қайғылы үнін (Т.Жароков Таңд. шығ.). Партизандар беттерінен моншақтап аққан терлерін батпақ жабысқан жеңдерімен сүртеміз деп, *жағал-жағал* етті (Ә.Шәріпов, Партизан.).

ЖАҒАЛТАЙ з а т. з о о л. <грек. falco subbuteo> *Лашын тектес өте ұшқыр, сұйрік қанатты қара жасыл кішкене қыран құс.* Мұсаның тұрымтай, *жағалтай,* ителгі, қаршыға, қыран, лашын, бүркіт сияқты құстарды тобымен ұстап отыратынын көрген адамдар әлі тірі (А.Жұбанов, Замана.). *Жағалтай* – жыл құсы. Қазақстанға сәуірдің аяғында ұшып келіп, ұясын ағаштың басына салады, көбінесе, басқа құстардың ұясын пайдаланады (ҚҰЭ). Қарғалар соңынан қалмай мазасын алған соң, дүниені дүрліктірмейін деп қона қалған *жағалтай,* тұрымтай, қырғи тектес шәулі қырандардың бірі ме екен, кім білсін (Ә.Көшімов, Лашын.).

Жағалтайдай жайтаңдау. *Сыланду, қылшылдау.* «Осы жолда барған жұмысымды тындырып, әбиір алып қайтсам!» – деп, *жағалтайдай жайтаңдап,* нар кескендей қылшылдап Қызылбике келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАҒАЛШАҚШАҚ з а т. з о о л. <лат. saxicola ruberta> *Торғай тәрізділер отряды сайрауықтар тұқымдасына жататын құс. Жағалшақшақ* Қазақстанның солтүстігі мен батыс аудандарының далаларында, көбінесе, сазды шалғындықтар мен орман-тоғайларда мекендейді (ҚҰЭ). *Жағалшақшақ* зиянкес жәндіктерді жеп, орман шақшағына пайда келтіреді (ҚҰЭ).

ЖАҒАЛЫ с ы н. *Жағасы бар, жаға салынған.* Үстінде сарыға боялған ешкі терісінен кестелеп тіккен күндыз *ж а ғ а л ы* тоны бар (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Қисық *ж а ғ а л ы* ақ жібек көйлек киген, өрме жібек белдеудің шашағы бір тізесіне қарай салбырап тұр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Нәубетжан суық тиді деп әйелінің пұшпақ *ж а ғ а л ы* қоңыр күпісін бөксесіне орап, төрге қисайыпты (З.Иманбаев, Кең аймақ).

Жағалы ел. *Жұртқа әйгілі, іргелі, мықты халық, қауым. Ж а ғ а л ы е л с і н* жан-жақты, Жау тиіссе тосыннан. Үніңнен дұшпан тайсалып, Үрейі кетіп шошынған (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Жағалы жау. *Азулы, күшті дұшпан.* Шүкірлік! Тағы шүкір ұрпағыма! Ал тақсыр, аямасаң ұр тағы да. Үлесі ердің ғана *ж а ғ а л ы ж а у,* Оған жоң төңірінің ортағы да (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

Жағалы киім. *Құнды, қымбат сырт киім.* Толып жатқан *ж а ғ а л ы к и і м н е н* жарғақ терідей қырысқан (кожаның) мойны тасбақаның мойнындай қылқиып тұр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАҒАЛЫҚ[1] з а т. *Сулы алап жанындағы жер шеті.* Бірте-бірте Үшөзеннің бойы мен Нарын құмының *ж а ғ а л ы ғ ы* да казак-орыстарға берілді (І.Есенберлин, Қаһар). Ебейсін мал қыстауға *ж а ғ а л ы қ т ы ң* тиімді екенін айтты, теңіз жағасындағы қалың қамысқа қанша малды айдап жіберсең де ығы жетеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Көңіліңді қызық бұрса, мені ізде, Басқа бір көз қызықтырса, мені ізде, *Ж а ғ а л ы қ т а* иесіз қайық ескегі, Көлдің бетін сызып тұрса, мені ізде (С.Иманасов, Ақ айдын).

Жағалық база. ә с к. *Жағалауда, портта, ықтырмада тұрған кемелерді тылдық қамтамасыз етуге арналған әскери бөлім. Ж а ғ а л ы қ б а з а* айлақтық майдан шебімен, шеберханалармен, қоймалармен, кемелерге электр энергиясын беру құралдарымен, үлестің әртүрлерімен тұрғын үй және оқу ғимараттарымен, асханаларымен, моншалармен, клубтармен т.б. жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жағалық белдем. г е о г р. *Құрлықтың су айдынына (тоған, бөген, өзен, көл, теңіз, мұхит) жанасып жатқан бөлігі. Ж а ғ а л ы қ б е л д е м* су жиегіндегі жағалық беткейден және суасты жағалық беткейден тұрады (ҚҰЭ). Теңіздің *ж а ғ а л ы қ б е л д е м і н і ң* құрлық жағадағы шекарасы – теңіз суының толысуы және теңіз дауылы кезіндегі соқпа толқын шалпылы жететін сызықпен, ал теңіз жағындағы шекарасы изобата сызығымен шектеледі (ҚҰЭ).

Жағалық беткей. *Құрлықтың теңіз жағасына ұмсынған биік әрі тік беткейі* (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық жал. г е о г р. *Суқойманың жағасын бойлай созылған, соқпа толқындар ағысының әрекетінің пайда болған жер бедері. Ж а ғ а л ы қ ж а л д ы ң* биіктігі 1-4 метрге жетуі мүмкін, құм, қиыршық тас, топырақ және т.б. тұрады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық қайраң. г е о г р. *Теңіздің немесе көл жағалауларының саяз бөлігі, өзен арнасындағы тосқындар жиынтығы. Ж а ғ а л ы қ қ а й р а ң* жағадан теңізге қарай тереңдей береді (ҚҰЭ).

Жағалық морена. *Таудағы аңғарлық мұздықтың толық немесе бүйірлік шетінің жарым-жартылай еруінің нәтижесінде қалыптасатын және тізбек немесе баспалдақ түрінде аңғар беткейлерінен бойлай шөккен морена.* Кейде бірінің үстіне бірі орналасқан (шөгу террассаларды бірнеше *ж а ғ а л ы қ м о р е н а* қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а ғ а л ы қ м о р е н а* құрғақ континенттік климат жағдайында жақсы сақталады, климаты ылғалды алаңдарда кейде жер пирамидаларының кешені қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық ойнады. *Су жиегінде бірін-бірі құып жетіп, қол тигізіп, асыр салды.* – Аққатыға *ж а ғ а л ы қ о й н а п,* ерте де, кеш те суға түсетін кездер есімнен шықпайды, – деді әйел мұңайғандай пішінмен (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Бала кезінде талай *ж а ғ а л ы қ о й н а п,* қыздармен талай кесек атысқан Хакім әлденеше оқталып, оларға араласып кеткісі келді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жағалық процестер. *Жағалық аймақта су ағысының (толқулар, лықсу-қайту және су алабы) әрекетінен болатын табиғи процестер. Ж а ғ а л ы қ п р о ц е с т е р* көптеген факторлардың күрделі әрекеттесуінің нәтижесінде жасалады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық сызық. *Құрлық пен су аралығындағы жиек сызық.* Көптеген суқоймаларының деңгейі тұрақсыз болғандықтан *ж а ғ а л ы қ с ы з ы қ* алаптағы судың лықсуы мен қайтуы, желқума-желбөгет құбылыстарының және т.б. әсерінен, сонымен қатар судың ауытқымалылығы салдарынан әр уақытта үздіксіз өзгерісте болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық терраса. *Жағаның сатыланып келген кемері. Ж а ғ а л ы қ т е р р а с а* теңіздің соқпа толқыны әсерінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жағалық үймек. *Малтатасты, құмды-малтатасты, құмды және бақалшақты аласа (биіктігі бірнеше см-ден бірнеше м-ге дейін) қырқа. Ж а ғ а л ы қ ү й м е к* асимметриялы: жайпақ беткейі теңіз немесе көлге, ал қиялау беткейі құрлыққа қарайды. Қазіргі жағаларда мұндай үймектер кейде бірден, кейде оншақтыға дейін болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жағалық шағылдар. *Теңіз не өзен жағалауларында жел айдап үйген құм жалдары* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жағалық эрозия. *Өзен бойлары беткейлерінің, жағалауларының суға шайылудан бұзылу үдерісі. Ж а ғ а л ы қ э р о з и я* нәтижесінде өзен суы арналары ауысып, ирелеңдеп ағады, олардың аңғары кеңейді (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖАҒАЛЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Әйелдер көйлегінің жағасына бастыра тігетін өрнекті, гүлді кесте.* Мұнда жас әйелдердің бәрі де көйлегіне *ж а ғ а л ы қ* салып тігеді (Қазақ тілі. аймақ сөздігі).

ЖАҒАН з а т. ж е р г. *Тіл.* Тілді Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар *ж а ғ а н* дейді (Қазақ тілі. аймақ сөздігі).

ЖАҒАРМАЙ з а т. т е х. *Машина тетіктерінің арасындағы үйкелісті азайту үшін пайдаланылатын мұнай қосындысы, бензин.* Еліміздің *ж а ғ а р м а й* жөніндегі резервін молайта түсу мақсатымен республикамыздың автотрактор парқын қатты отын жағуға, қоңыр көмірді жағуға көшіре беру ісін тынбай кең көлемде жүргізе беру керек (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). *Ж а ғ а р м а й д ы ң* өндірістік қасиеттері (беріктігі, тұтқырлығы, ыстыққа төзімділігі т.б.), негізінен, олардың химиялық құрамы мен құрылысына байланысты (ҚҰЭ). Ұтқырлығы төмен немесе орташа дистиллят *ж а ғ а р м а й л а р* мазутты вакуумде айдау арқылы алынады, ал қалдық майлар – мұнайды айдағанда бөлінетін, тұтқырлығы жоғары қалдық (ҚҰЭ).

ЖАҒАСТАЙ: жағастай дембеті. ө с. <грек. mertensia dshagastanica> *Айлауық тұқымдасы дембет туысына жататын көпжылдық көлеңке сүйгіш өсімдік. Ж а ғ а с т а й д е м б е т і* Қазақстанда Кетмен тауындағы Қалжат сайында өседі. Биіктігі 15 см-дей (ҚҰЭ). *Ж а ғ а т а й д е м б е т і* – өте сирек кездесетін реликт өсімдік. Оның өсу аймағының жылдан-жылға тарылуына байланысты қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ЖАҒАСЫЗ с ы н. *Жага салынбаған, жағасы жоқ.* Ел ағасыз болмас, тон *ж а ғ а с ы з* болмас (Қаз. мақал.). Қыз жалаңбас... Үстінде *ж а ғ а с ы з* сары көйлегі бар (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Өлімнен бұрын, өлмек қамын ойла, Санаулы аз өмірді босқа жойма. Қабырға түлкі ішікпен ешкім кірмес, *Ж а ғ а с ы з* ақ көйлекті пішер бойға (Бес ғасыр.).

ЖАҒДАЙ з а т. **1.** *Хал-ахуал, тұрмыс-жай.* Қыздың аты-жөнін, үй ішінің *ж а ғ д а й ы н* ертеңінде өз үйіміздің дастарқанының басында шай ішіп отырып естідім (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Роман халыққа тарап біткен соң, Міржақыпқа қазақ қыздарынан өз *ж а ғ д а й л а р ы н* баяндаған хаттар тасқыны ағылды (М.Дулатов, Шығ.). Баланың *ж а ғ д а й ы н* енді түсіне бастаған Қастай одан үйден қалай шығып кеткенін тәптіштеп сұрай бастады (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). **2.** ф и л о с. *Адам әрекетінің айналадағы ортаның ықпалына тәуелділігін білдіретін философиялық ұғым.* Жүзеге асқан өндіріске бір немесе бірнеше *ж а ғ д а й* әсер етуі мүмкін (ҚҰЭ). *Ж а ғ д а й* толық негіз ретінде пісіп жетілмесе, онда өзгеріс тумайды не уақыт жағынан кешігеді (ҚҰЭ). Құбылысты жете тану үшін оның себебін ашу барысында *ж а ғ д а й* да түрлі қимылдарымен анықталып, таныла түседі (ҚҰЭ). **3.** ә с к. *Операцияға (ұрысқа) дайындық кезеңі.* Әскерлерді (күштерді) тиімді басқару үшін қолбасшылар мен штабтар *ж а ғ д а й д ы* мұқият зерттеп, бағалайды (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Ж а ғ д а й д ы* бағалаудан шыққан қорытынды операция (ұрыс) жүргізу және ұрыс қимылдары барысында міндеттерді нақтылау туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады (Қаз. тілі. термин. Әскери.). **4.** *Нақтылы жайкүй, қалып.* Қарағандының келешегінен гөрі бүгінгі *ж а ғ д а й ы н* баса айтып, түйінді бірнеше мәселеге тоқталды да, бәрін өзі шешіп берді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ол бізді асықпай тыңдай білетін де, *ж а ғ д а й ғ а* әбден қанғаннан кейін, өзіңмен ақылдаса отырып, келесі күнге нақты тапсырма беретін (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Капитан жергілікті *ж а ғ д а й д ы* мәлімдеп, өзінің қандай шешім қабылдағанын айтып, Поповқа хабарлама жазды да, бір жауынгерді полкке атпен жөнелтіп жіберді (Ж.Тілеков, От кешу). **5.** *Кездейсоқ оқиға, іс.* Өткен жылы мынадай бір *ж а ғ д а й* болды. Біз Таңбалы-тасқа көшіп қонғанбыз. Шұбар ертесімен қой өргізіп кетті (С.Бегалин, Уақыт.). Мұрат ауыр *ж а ғ д а й д ы* айтар алдында жұрт көңілін сергітіп алып, ойнақылықтан сұсты салмақтылыққа ауысты (Т.Ахтанов, Қаһар.). Ол есіктен кіре берген мезетте-ақ оның осы күйін қас-қабағынан тани қойдым. «Қызмет бабында бір қолайсыз *ж а ғ д а й* болған ғой» деп топшыладым ішімнен (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **6.** *Оқиға желісіндегі белгілі бір сәт, кез.* Демек, зерттеушілердің кейбір *ж а ғ д а й д а* жаңылуы әбден ықтимал. Олай дейтін себебіміз, көне Сайрамда қираған ескі құрылыстар өте көп (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **7.** *Қолайлы мүмкіндік, ыңғайлы жай-күй.* Әсіресе, әдебиетіміз бен көркемөнеріміздің қарыштап өсуіне жақсы *ж а ғ д а й* жасалды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Аудан орталығына келген соң директорға жолығып: «Жатқан үйімде, *ж а ғ д а й* болмады, жатақханаға орналастырыңыз» деп едім, тілегімді орындады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Апаттық жағдай. и н ф. *Міндеттерінің орындалуын тоқтатуға әкелетін есептеуіш жүйенің істен шығуы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жағдайға орай басқару. э к о н. *Белгіленген жоспарлы кезеңде емес, өткізудің әлеуетті проблемаларының пайда болуына қарай стратегиялық шешімдер қабылдау.* ≈ *Ж а ғ д а й ғ а о р а й б а с қ а р у* шарттары.

Жағдайды бағалау. ә с к. *Операцияның (ұрыстың) міндетін орындау мен мақсатына жетуге әсер ететін факторлар мен жағдайларды зерттеп талдау. Ж а ғ д а й д ы б а ғ а л а у* кезінде жауынгерлік тапсырманы орындауды қиындататын немесе жеңілдететін факторлар мен жағдайлар белгілі болады, жайсыз жағдайларды жеңілдететін факторлар мен жағдайлар жеңілдететін және қолайлы факторлар тиімді пайдаланылатын шаралар белгіленеді (Қаз. тілі термин. Әскери).

Жағдайы кем. ж е р г. *Халі нашар.* Оның *ж а ғ д а й ы к е м* болып тұр (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Ұзарбайдың *ж а ғ д а й ы к е м* болса, ауылға жібер (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Жер жағдайы. *Жер сипаты, сызбасы.* Деуші еді осы араны Медеу сайы, Апырм-ай, өзгерген бе *ж е р ж а ғ д а й ы?* Алматы бұрынғыдай зер жамылып, Жібектей төгіліп тұр қарағайы (К.Әзірбаев, Таңд. Шығ.).

Төтенше жағдай. *Табиғат апатынан, әртүрлі қауіптен сақтандыру үшін жарияланатын дабыл.* Әлде қалада жарияланған *т ө т е н ш е ж а ғ д а й* бітті ме, көшеде жүгіншілер көбейе түскен сияқты (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

ЖАҒДАЙЛА= е т. *Ыңғайлы етіп икемдеу, бейімдеу.* Шал жазған шатпақ сөз айып етпе, *Ж а ғ д а й л а п* адал ниет білдіремін. Қош, сау бол, саламатта жолы қанша, Ұзартып сөз аяғын неғыламын (Айтыс).

ЖАҒДАЙЛАС= е т. *Икемделу, ыңғайға қарасу.*

ЖАҒДАЙЛАСТЫР= е т. *Икемдестіру, реттестіре орналастыру. Ж а ғ д а й л а с т ы р ы п* көр! (Ауызекі).

ЖАҒДАЙЛАСТЫРУ *Жағдайластыру етістігінің қимыл атауы; жайластыру, реттестіру.* Менімен бірге пленумға қатысуға Гүлдариға Тәшенова мен облыстық жер *ж а ғ д а й л а с т ы р у* экспедициясының қызметкері Раиса Дариенко да бірге баратын болды (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

ЖАҒДАЙЛАСТЫРЫЛ= ет. *Икемдестіріліп орналастырылу, жайластырылу.* Ауыл, селолардағы ясли мен бақшалардың көпшілігі уақытша *ж а ғ д а й л а с т ы р ы л ғ а н* үйлерге орналастырылғандықтан, санитарлық-педагогикалық талапқа жауап бермейді («Қазақст. мұғ.»).

ЖАҒДАЙЛАСУ *Жағдайлас етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҒДАЙЛАУ *Жағдайла етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҒДАЙЛЫ с ы н. **1.** *Керекті, қажетке қолайлы, ыңғайлы.* Ол елдің іші жайынан хабар алып отыруға *ж а ғ д а й л ы.* Бұл жағына иланған Карл Казимирович бастаған үкімет адамдары соғыс келісім істеді (С.Бегалин, Шоқан асу). Әзірге шыдау керек. *Ж а ғ д а й л ы* уақытты тосу керек, – деді Сәкен біраздан кейін (С.Мұқанов, Есею жылдары). **2.** *Жайлы, тиімді.* «АН–10» самолеті қара түнді қақ жарып, ағып келеді жолаушыға *ж а ғ д а й л ы* самолет екен (С.Мәуленов, Жұлдыз.). *Ж а ғ д а й л ы* орын осы Хаманның үйі болар деп, жібергеніне риза боп келемін (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАҒДАЙСЫЗ с ы н. **1.** *Жағдайы жоқ, халі нашар. Ж а ғ д а й с ы з* жаман қалып барамын, Жанымда бір туғанның жоғынан!.. (Бес ғасыр.). Көзі енді ашылып, көкірегі енді оянғандай. Ассыз, арықсыз, *ж а ғ д а й с ы з* апталап сол үңгірде жату жалықтырған болар (К.Қазыбаев, Дәуір аты). **2.** *Орынсыз, ыңғайсыз, қолайсыз.* Басында мақтана айтып қалып, әдейі машинамен келгенде үйінен таппаған жерде Зайдадан ұялып қалған *ж а ғ д а й с ы з* кезі қайта есіне түсті (С.Бегалин, Уақыт). Әлгі күңіренген жұрттың дыбысы енді тіпті жақын қалды. Қоңырбаев та кеп қоймапты. Бір *ж а ғ д а й с ы з* күйге ұшырағандай аңқиып, аңырайып тұр (Д.Досжанов, Тұлпар.). **3.** *Пайдасы жоқ, тиімсіз, жайсыз.* Бұлар составты ұзына бойын жағалап, жүріңкіреп кетті. *Ж а ғ д а й с ы з* жүрісті жақтырмаған Андрей кері қайтайық деп айта алмады (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Мен өзіме тост кезегі тигенде Кренинге *ж а ғ д а й с ы з* бірдеңе айтсам керек (Р.Тоқтаров, Терістік.).

ЖАҒДАЙСЫЗДАН= е т. *Ыңғайсыздану, қолайсыздану.* Күтпеген жерде үйге кіріп-кіріп келген кісілерден *ж а ғ д а й с ы з д а н ы п* қалдық (Ауызекі).

ЖАҒДАЙСЫЗДАНУ *Жағдайсыздан етістігінің қимыл атауы; жайсыздану, ыңғайсыздану.* Андреевтің конбой бастығы екені, өзінің тұтқындығы қарсы есікке кірер алдында ғана есіне түскен де, учительге әлде бір *ж а ғ д а й с ы з д а н у* сезімі пайда болды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАҒДАЙСЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Шаруаға ыңғайсыз, қолайсыздық.* Тұрмыс *ж а ғ д а й с ы з д ы қ т а р ы н а н* бұрын оны қарсы ой жүдетіп-жадата бастаған сияқты (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). **2.** *Тиімсіздік, жайсыздық.* Асығыстық,

ж а ғ д а й с ы з д ы қ болса да мен сіздің суретіңізді салдым (Б.Момышұлы, Шығ.). Осы қабат жұқа болып келсе, ауа райының *ж а ғ д а й с ы з д ы ғ ы н* көрсетеді (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

ЖАҒДАЙШЫЛ с ы н. *Қошеметшіл, жағымпаз, жарамсақ.* Осындай көркем сынды жасырмаймын, *Ж а ғ д а й ш ы л,* жарамсаққа бас ұрмаймын. Ақын дос, мақтанудың реті де бар, Құр босқа даурықпаңа қосылмайым (Айтыс).

ЖАҒДАН[1] [ир.جامەدان] з а т. **1.** к ө н е. *Сыртын қаңылтырмен әдемілеп қаптаған сандық.* Қыз сарайы шын зубәр *ж а ғ д а н* тас. Өрнек бар тамашалы адам нанбас (Батырлар жыры). Сексен түйе қомдаған, Сексен түйе үстінде Алтынды *ж а ғ д а н* орнаған, Асбаһаны кілем бар Жібектен гүлін торлаған (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** ж е р г. *Киізден істелген сандық қап.* Осы күнге дейін *ж а ғ д а н ғ а* керек-жарақ саламыз (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

ЖАҒДАН[2] з а т. *Алтын шеккен түйе қомы, сәнді жабу.* ≈ *Ж а ғ д а н д ы* түйе.

ЖАҒДАЯТ з а т. **1.** п е д. *Субъектінің белсенділігіне негіз болып, ынталандыратын, оған қатысы жөнінен сыртқы жағдайлар жүйесі. Ж а ғ д а я т* элементтеріне субъектінің өзінің мұның алдындағы уақыттағы күйі де жатуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Ж а ғ д а я т т ы ң* толық сипатталуы индивидке сырттан болған немесе ол үшін бастау ретінде көрініп, өзі тұжырымдаған талаптардан сарылануын көздейді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **2.** с ө й л. ***Жағдай***. Әзіл-оспақсыз өмір іш пыстырады, қалжыңға өтірік қоңсы қонады. Ерулік қайсысынан, ол *ж а ғ д а я т қ а* байланысты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Нарманнан *ж а ғ д а я т* сұраған ешкім болған жоқ (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Аңшылық кезінде әртүрлі қызық *ж а ғ д а я т т а р* болушы еді (М.Мағауин, Аласапыран). Нұрболды қасына ертіп, әйтпесе Мақпалды сонда алдырып, өткендегі батырлар жайлы, өмірдің ащы-тұщы *ж а ғ д а я т т а р ы* туралы толғаулар шертіп, Сарыарқаның бір түкпірінде жүре бергені жөн бе еді? (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАҒЛАН з а т. с ө й л. ***Жағылан***. Сол жақтағы бұрыш мүйіс пен пештің қуысында әбдірә, *ж а ғ л а н*, қат-қабат көрпе-төсек жиналған (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Ақ сандықтың қасында төрт *ж а ғ л а н д а*, Бес жүз санап салып ем өң шапанды (Батырлар жыры). *Ж а ғ л а н* кигізден, былғарыдан, теріден жасалады. Қазақстанның оңтүстік өңірінде чемоданды да *ж а ғ л а н* деп атайды (ҚҰЭ).

ЖАҒРАФИЯ [ир.جغرافی] зат. сөйл. ***География***. «Сопка Ключевая» деп ойлады. *Ж а ғ р а ф и я* оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек (М.Жұмабаев, Шығ.). Сібір халқын ғылымға, *ж а ғ р а ф и я*, тарих һәм рәсімін үйренуге қызықтыру үшін не қылу керек деп, біз мәслихат берер едік (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а ғ р а ф и я* оқулығында сондай бір сурет бар. «Фудзи» деп те ойлады. О да сол кітапта (Ә.Тарази, Асу.).

ЖАҒРАФИЯЛЫҚ с ы н. с ө й л. ***Географиялық***. Генстің жас кезінде *ж а ғ р а ф и я л ы қ* экспедициямен осы араны сан кезгенін білетін Деровский оның сөзін бөлген жоқ (І.Есенберлин, Қаһар). Ол жақтың жағдайы біздің елімізге өте қажетті болып отыр. Әсіресе *ж а ғ р а ф и я л ы қ* ғылымға көп жаңалық табылатын өлке (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бұл өңірді жергілікті халық Күреңбел атап кеткен. Киелі мекен. Шежірелі тарихы және бар. Бір қызығы *ж а ғ р а ф и я л ы қ* жағынан Күреңбел өңірі төртке бөлінеді («Жас Алаш»).

ЖАҒУ[1] *Жақ етістігінің қимыл атауы; отты тұтату, жандыру, пешті қыздыру. Ж а ғ у ы н* білмей көмірді жазғырған долыға Мейрам не десін? Естімеген боп кете берді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖАҒУ[2] *Жақ етістігінің қимыл атауы; жұқалап жаю.*

Бетке ұн жағу. э т н. *Қазақ халқының құдаласу, құда болу салты кезінде жасалатын ырым.* Екі бай біріне-бірі құда болды, құйрық жеп, *б е т к е ұ н ж а ғ у* солардан қалды (Алпамыс.).

ЖАҒУ[3] *Жақ етістігінің қимыл атауы; өзгеге ұнау, көңілден шығу.* – Оны уақытында көрерміз, – деді Гутковский, – біреуге біреу түсімен ғана емес, ісімен де *ж а ғ у ы* қажет емес пе? (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАҒУЛЫ с ы н. ф о л ь к. *Көңілден шыққан, ұнаған.* Қол қусырып жиен деп, Көтеріп аттан алулы, Қызметі ханшаның, Төреханға *ж а ғ у л ы* (Батырлар жыры). Толықсып тұрған жасында Қырық қыз бар қасында Халқына ол *ж а ғ у л ы* (Батырлар жыры).

ЖАҒУШЫ з а т. *Пеш, от жағушы.* Ол Халық Комиссарлары Советінің аппаратындағы барлық қызметкерлердің, пеш *ж а ғ у ш ы л а р д ы ң* да туған күніне дейін тегіс біліп, оларды туған күндерімен ұмытпай құттықтап отырған (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ЖАҒЫДАН з а т. ж е р г. *Алтынды, күмісті сандықшаның киізден жасалған тысы, сандық қап. Ж а ғ ы д а н д а р д ы* даярлау керек (Ауызекі).

ЖАҒЫЗ= е т. **1.** м а л ш а р. *Сүтке жарымаған жас төлге екінші бір ененің сүтін емізу, немесе бауырына салу.* Мұндайда ақсыз туған қойдың қозысы мен егіздің сыңарын сүтті саулықтарға *ж а ғ ы з ы п* алып отырады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Жыл сайын боталайтын інгендер ботасын 7 ай емізгеннен кейін суалып кетеді. Олардың боталарын басқа інгендерге *ж а-*

ғ ы з ы п, жем беріп, жақсы күтімге алу қажет (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). **2.** а у ы с. *Маңдайын ашу, теңдікке қолын жеткізу, көкірек-көзін ашу.* Ұлы көкірек жиған сүтін тамызбай, Қызыл қылыш қырқа турап ағызбай. Басылмас бұл алқындаған арыным, Адал сүтпен жарлыларды *ж а ғ ы з б а й* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жағызып еміздің. *Ішіп емізді.* Көзімнен жасты ағызып, Емшектен сүтті тамызып, Өлгенде көрген ботамды *Е м і з б е д і м ж а ғ ы з ы п* (Қаз. ертег.).

ЖАҒЫЗДЫР= е т. *Төлді басқа ененің бауырына салдыру, басқа малдың сүтін еміздіру.* ≈ *Ж а ғ ы з д ы р ы п* емізу.

ЖАҒЫЗДЫРУ *Жағыздыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төлдерді *ж а ғ ы з д ы р у.*

ЖАҒЫЗУ *Жағыз етістігінің қимыл атауы; жас төлге екінші бір ененің сүтін емізу.* Жетім қозыларды сүті көп, не жалқы қозы тапқан саулыққа *ж а ғ ы з у к е р е к* (Ғ.Қыдырниязов, Шопан.).

ЖАҒЫЛ[1]= е т. **1.** *От тұтатылу, отын жұмсалу.* Мен біздің жорық ошақтарымызда екі күннен бері от *ж а ғ ы л м а ғ а н ы н* айттым (Б.Момышұлы, Москва.). Сүмбеде отын таппы, жақын маңда орман жоқ. Отқа қурай, сабан, тезек, көң *ж а ғ ы л а д ы* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қазіргі қоғам құрлықтың 50 пайызынан астамын пайдаға жаратып, өзен суларының 12 пайызын орман өскенінің 50 пайызын пайдаланады, жыл сайын құрлыс және тау-кен жұмыстары кезінде 4 мың км^3-тан астам жыныстар аудастырылып, жер қойнауынан 100 миллиард тоннадан астам кен алынады, 7 миллиард тонна шартты отын *ж а ғ ы л ы п,* дүниежүзілік мұхит суларына 600 миллиард тонна мұнай төгіледі (Т.Қалыбеков, Экология.). **2.** а у ы с. п о э т. *Сезімнің оянуы.* Емес пе екі жүрек келсе, Арада махаббат оты *ж а ғ ы л м а ғ ы.* Мінекей, добыраңыз тоқтадым мен, Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жайнап, жарқырау.* Жаралды тәні пенде нұрдан қайнап, *Ж а ғ ы л ы п* тудың сен сол нұрдай жайнап (Ақан сері, Шығ.).

ЖАҒЫЛ[2]= е т. *Үйкелу, тамызылу. сызылу, боялу, жұқтырылу.* Үшеуіне де табан астына қыпшақ таңбасы – жылқы қаны *ж а ғ ы л д ы* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Жағылмаған күйе [жабылмаған жала] жоқ. *Кінәсіз, жазықсыз айып тағылу.* Әйтеуір не керек, Оспанға жабылмаған жала, *ж а ғ ы л м а ғ а н к ү й е* қалған *ж о қ* (С.Омаров, Қызыл арай).

ЖАҒЫЛАН з а т. к ө н е. *Қайыстан, теріден, былғарыдан істелген әбдіре, сандық.* Қазақстанның Оңтүстік өңірінде чемоданды да кейде *ж а ғ ы л а н* деп атайды (ҚҰЭ). Төрдің алдына жүк жиналған, астында қызыл ала кебеже, оның үстінде тең-тең кілемдер, қызыл *ж а ғ ы л а н* сандық (С.Талжанов, Ұлдай.). Жүгінде атлас көрпе, *ж а ғ ы л а н* сандық, Ала тек, қора кілем, жасау, жастық. Текемет қызыл ала жастықтарын, Жиғанда жайнап қалды қазқатар ғып (С.Керімбеков, Өленд.).

ЖАҒЫЛУ *Жағыл етістігінің қимыл атауы; от тұтатылу, жандырылу.* Ол есікке қарай қараңғы үйді қармалай жүріп келді де, Дәріштің қолынан ет толы табақты алды. Ілгері баспай, шамның *ж а ғ ы л у ы н* күтіп тұрып қалды (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖАҒЫМ: бір жағым. *Тіптей, бір жағатын.* Қайда жоғалды екен, әлгі жүзі қара келіні, үйде *б і р ж а ғ ы м* отын жоқ, жаурап барамын (Б.Серкебаев, Өткенде).

ЖАҒЫМДЫ с ы н. **1.** *Көңілден шығатын ұнамды, сүйкімді.* Әрине, Орақ бастығына *ж а ғ ы м д ы,* өйткені бастығы оған артық сөз сөйлемейді (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Өз мінезің қырмызы, Ел-жұртыңа *ж а ғ ы м д ы,* Шынжыр балақ, шұбар төс, Ата тегің мәлімді (Жамбыл, Шығ.). Ол жалаң аяқ, жалаң бас дала кезіп, көбелек қуып гүл терген балалық шақтарын, Оспанның сондағы не түрлі *ж а ғ ы м д ы* қылықтарын бір ауық еске түсірді (С.Омаров, Дала қызы). **2.** *Аңқыған, жұпар (иіс).* Тау жақтан соққан майда самал танауға бір *ж а ғ ы м д ы* иіс әкеледі (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **3.** *Пайдалы, сіңімді.* Жаңа туған сәбиге ең *ж а ғ ы м д ы* тағам – ана сүті (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Жағымды кейіпкер [қаһарман, образ]. ә д е б. *Әдеби шығармадағы ұнамды бейне.* Қиялғажайып ертегілерінің *ж а ғ ы м д ы к е й і п к е р л е р і* қарапайым адамдар болып отырады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). Жаңа адамды, *ж а ғ ы м д ы қ а һ а р м а н д ы* бейнелеудегі Мұхтар Әуезов ізденістері жанрлық формалардың ішкі мүмкіндіктерін ерекше ойластырудан да айқын көрінеді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

Құлаққа жағымды. *Естуге үйлесімді, ұнамды.* Өзен сарыны да осы кешкілікте әлдебір *қ ұ л а қ қ а ж а ғ ы м д ы* саз ырғағымен тербетеді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). *Қ ұ л а қ қ а ж а ғ ы м д ы* қоңыр үндердің арасында тыңқ-тыңқ шертілген домбыра даусы естіледі (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Қалибек *қ ұ л а қ қ а ж а ғ ы м д ы,* бояуы мол қоңыр кең дауысын сан қилы кейіпкерлер характеріне лайық пайдалана білетін («Қаз. әдеб.»).

ЖАҒЫМДЫ-ЖАҒЫМСЫЗ с ы н. *Ұнамды-ұнамсыз, жақсы-жаман.* Осы өмірдің өзі үлкен бір кітап сияқты да, адамдар сол кітаптың *ж а ғ ы м д ы-ж а ғ ы м с ы з,* басты-қосалқы кейіпкерлері тәрізденеді (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

ЖАҒЫМДЫЛЫҚ з а т. *Көңілден шығатын ұнамдылық, сүйкімділік.* Әжем туралы аз сөз

ел аузында ол «жұрт анасы» аталған адам, біріншіден, қолда бар асын аямайтын мырзалығы, екіншіден, кішіпейіл мінезінің *жағымдылығы* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Жүк болжағыш – ол ұлықтардың сөзіне емес, ісіне қарайды, жұртқа *жағымдылығына* қарайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Әкесінің, ауыл адамдарының ішінде кез келгендерінің есінен мәңгі шықпайтын жұртқа *жағымдылығы* мен шеберлігін айтып тауыса алмай, бірнеше ақсақалдар да келіп кетті (К.Оразалин, Қайырлы.).

ЖАҒЫМПАЗ с ы н. э к с п р. *Жағыну үшін жалбақтайтын қошеметшіл, жарамсақ.* Көксеңгірге келген күннің ертеңінде қасына Сарманов, Данияр сияқты өзі құрбы, өзінің алдында құрдай жорғалайтын *жағымпаз* чиновниктерді, тілмаштарды ертіп алып, Оразбай аулына келіп түскен-ді (М.Әуезов, Шығ.). Губерниялық соттың қылмыс бөлімін басқарушы Жалмағамбет дейтін жігіт, тауқұдірет тұмсықтанған, қызыл шырайлы, тісінің бәрін алтынмен қаптаған, күлкішіл, кісіге *жағымпаз* адам болатын (Б.Майлин, Азамат.). Өз қабілетіне өзі сенбейтін, оңай жолмен пайда табуды немесе билікке қол жеткізуді мақсат тұтқан адамдар *жағымпаз* келеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Нұржанның бір бастығы болды, маңындағы *жағымпаздары* не айтса, соған құлағын тосып, соған сенетін де, солардың сөзімен жұртқа баға беретін (З.Шашкин, Өмір.).

ЖАҒЫМПАЗДАЙ с ы н. *Жағымпаз сияқты.* Батыстан өкпек жел тұрып, қуаң тартқан селеу мен изенді, түп-түп шилердің басын жерге жеткенше иіп, *жағымпаздай* изектеді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАҒЫМПАЗДАН= е т. *Жағынып жалбақтау, жарамсақтану.* Ықыластың барбиған жалпақ бетінде, *жағымпаздана* мөлтеңдеген көз құбылысында сайрап тұрған сұрқиялық бар еді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ұшқалақтап, *жағымпаздаңып* сөйлеген адамнан жек көрері жоқ, Тәлімнің... (Б.Майлин, Шығ.). Олар түскі тамақ үстінде жадырап күліп Сәуле мен Зәуре екеуімен қайта табысып алды, үнсіз ғана кешірім сұрайтынын сездіріп *жағымпаздаңып* отырды (Ә.Тарази, Тасжар.).

ЖАҒЫМПАЗДАНУ *Жағымпаздан етістігінің қимыл атауы; жарамсақтану, жақсы атану.* Ескі дақпырт бойынша, атқамінер алаяқтар тарапынан болысты қолпаштау, оған *жағымпаздану* әлі де сезіледі (А.Хангелдин, Қараторғай). Оны *жағымпаздану* үшін емес, тамақ асырау үшін емес, баланы жақсы көретін шын көңілден істейтін едім (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖАҒЫМПАЗДЫҚ з а т. **1.** *Жағыну үшін істелетін қошеметшілдік, жарамсақтық, жағымпаз болушылық.* Өз әдісін қара тоқпақ десе де, Сәтекең де талайды көрген, *жағымпаздық* дегеннің түтіні қайдан ұшатынын түсінетін адам болатын (С.Шаймерденов, Мезгіл). Дүниеде жақсылықты ұмытып кеткен жаман. Ал қазір жалпаңдап жетіп барсам *жағымпаздық* деп танылар (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Істейді бастық болып талай жылдан, осы жердің милиция бөлімінде. Ешқашан *жағымпаздық* ойламайды, біреуге жақсатты боп көрінуге (Ф.Оңғарсынова, Асау толқын). **2.** п с и х. *Адам мінезіндегі жағымсыз сипат, оның өзінен қызметі жоғары адамдарға жақсы көрінү үшін шектен тыс қошемет көрсетушілік. Жағымпаздық* орын алған әлеуметтік ортада адамгершілік принциптері мен шынайы құндылықтар рөлі төмендеп, адамдар қарым-қатынасында жалған өлшемдер белең алады. Сондықтан халық *жағымпаздықты* ащы күлкімен шенеп отырған (ҚҰЭ).

ЖАҒЫМПАЗСУ *Жағымпазсы етістігінің қимыл атауы. Жағымпазсудың* не қажеті бар? (Ауызекі).

ЖАҒЫМПАЗСЫ= е т. *Жағымсақтану, жарамсақ болғансу.* Десті – Бүгін біз мұнда, Бай үйінің қонағы, *Жағымпазсып* кейбірі Байға қолын созады (С.Машақов, Жылдарым.).

ЖАҒЫМСУ *Жағымсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жағымсу* әрекеті.

ЖАҒЫМСЫ= е т. э к с п р. *Жылмаңдап жалбақтау, жарамсақсу.* Арамызда ашылмаған сырлар көп қой, батыр аға.. кеше бізге *жағымсып* жүрген бір топ алашордашылар Ақтөбе маңында ақтар жағына өтті (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Он жетінші әуелі маған *жағымси* келіп «он сегізінші тұтқын өзінен соңғының біріне хат жазып берді» деді (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАҒЫМСЫЗ с ы н. **1.** *Сүйкімі жоқ, ұнамсыз.* Сол Қоңқай өң жағынан кескінсіз, мінезі одан да *жағымсыз* адам бола тұра Алуаға ұдайы жабысумен жүретін (М.Әуезов, Өскен өркен). Айнаш өз-өзінен абдырап, не дерін білмеді, әрі мынау кісінің көзі *жағымсыз* екен (М.Сүндетов, Құмдағы.). Шорманның мінезіндегі *жағымсыз* жайлар Ақшатауға келгеннен кейін қореқсіз қалған құрайдай солды (Ж.Жұмаханов, Шұбартау.). Мақтан күйшіл бүркіттей Бабын қалай табайын? *Жағымсыз* сөз әркімге Жұмсайтұғын малайын – Бәрі тегін жер тезек Қайсысын таңдап алайын? – Асыл сөзбен бұл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Қолайсыз, жайсыз, келіссіз.* Дегенмен осы отырысты Ғалия кешпеді-ау деймін, мен үшін *жағымсыз* хабар жеткізіп үлгерді (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар.). **3.** *Құлаққа*

жат, қатқыл. Шынтас өзіне *ж а ғ ы м с ы з* тиетін әңгімені құлағына ілмей, ескерусіз қалдырғысы кеп еді, жолдасы тақымдап қоймады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Күн батып кеткен. Ауыл жақтан бір *ж а ғ ы м с ы з* үн естіліп, Сәнжан елең ете қалды (Ә.Тарази, Құйрықты.). Осының бәрі Ақзеренің ойынан кетпей, дөңбекшіп жатқанда сыртынан құлаққа тым *ж а ғ ы м с ы з* дыбыс естілді (О.Иманәлиев, Байқадам.). **4.** *Денсаулыққа жақпайтын, улы.* Кейде мал *ж а ғ ы м с ы з* шөптерді әкеп уланатыны да байқалады (С.Омаров, Қой. бағу.).

Жағымсыз кейіпкер [образ]. ә д е б. *Әдеби шығармадағы ұнамсыз бейне.* Ал Жиренше өзі тектес *ж а ғ ы м с ы з к е й і п к е р л е р д і ң* қатарында да оқшау тұрады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Жауыз жанның *ж а ғ ы м с ы з о б р а з ы н* бере отырып, халық ертегісі қанаушылардың қалың бұқараға жасаған қасқүнемдігін бейнелейді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

Жағымсыз сұраным. э к о н. *Сатып алушылар белгілі бір тауарды теріске шығаратын сұраным.* ≈ *Ж а ғ ы м с ы з с ұ р а н ы м ғ а* ие тауар.

ЖАҒЫМСЫЗДАУ с ы н. *Сүйкімсіздеу, құлаққа жайсыздау.* Келе *ж а ғ ы м с ы з д а у* жарықшақ дауыспен: – Ал не айтасың? – деп дүңк ете қалды; мен әуелі сасыңқырап қалдым (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *Ж а ғ ы м с ы з д а у,* қатқылдау шыққан кесек сөз осы оймен орнынан тұрғанында шалынды мұның құлағына (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.). Бір кезде алыстап бара жатқан ат дүбірін құлағы шалды. Үй жақтан *ж а ғ ы м с ы з д а у* дауыс тағы естілді (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай.).

ЖАҒЫМСЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Сүйкімсіздік, ұнамсыздық.* **2.** *Жақтырмаушылық.* Қызғаншақ бала басқалардың қолы жеткен және ие болған барлық жақсы нәрсесіне *ж а ғ ы м с ы з д ы қ п е н* қарайды (Семья тәрбиесі.). **3.** *Тиімсіздік, жайсыздық.* Созылмалы бронхит... істейтін жұмыстың түріне қарап, үй-тұрмыс жағдайының, ауа райының т.б. факторлардың *ж а ғ ы м с ы з д ы ғ ы н а н* болуы мүмкін (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

ЖАҒЫМСЫН= е т. *Жарамсақтану, жағыну, жақсы көрінгенсу.* Қамбарға *ж а ғ ы м с ы н ы п* беделінің жоғары екендігін көрсетпек боп, үстем сөйлеп отырған Әшім ыңғайын Бекбосын да аңғармай қойған жоқ (К.Оразалин, Ақ жазық). Кімде-кім қорыққанын алдауменен, Түлкіше қылып айла бұлаңдаған. Халықты жексұрын қып болыспайлар, Үйезге *ж а ғ ы м с ы н ы п* бипаңдаған (М.Көпеев, Хал-ахуал). Көрген жоқ еш нәрседен сағым сынып, Ешкімге көрген емен *ж а ғ ы м с ы н ы п* (Ә.Нілібаев, Көңіл көзі.).

ЖАҒЫМСЫНУ *Жағымсын етістігінің қимыл атауы; жағыну.* «Қарабас пен Сатымбетке *ж а ғ ы м с ы н у д а н* басқа түк қалған жоқ», – деп ойлаған Жүгенбай Қамқорға Қанайды нұсқап жіберіп, өзі «қызығын» алыстан көріп, қыбы бір қанды (К.Оразалин, Көктем.).

ЖАҒЫМТАЛ с ы н. ж е р г. *Кісіге жаққыш, ұнағыш.* Аталы сөзді айтқан жұртқа *ж а ғ ы м т а л* Шыман төре еді (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Орысқа *ж а ғ ы м т а л* боламын деп, орыс жетегінен жем жеймін деп бишара біздің ішімізде болған бір-екі қазақ сөз үйретіп жатыр (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖАҒЫМТАЛДЫҚ з а т. ж е р г. *Өзгеге жаққыштық, ұнағыштық.* Бойында сүт мінезді *ж а ғ ы м т а л д ы қ,* Әркімге үйренісед өсек аңдып. Борсиған портфелінде «материал» Бір күні ақтартпақшы бір асар қып (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАҒЫМТАЛСЫ= е т. *Жақсы көрінгенсі, ұнағансы.* Әйтпесе, қипақтап, ұлыққа *ж а ғ ы м т а л с ы п* жақсы атты кісі боламын деп, елді тұйыққа қамайтын ала ауыз жоқ емес, табылады (М.Әуезов, Қилы заман).

ЖАҒЫН з а т. ж е р г. *Қалыпты жағдайда қатқыл яки қатты күйін сақтайтын желімдік қасиеті бар күрделі құрамды зат* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҒЫН= е т. **1.** *Жұпар майын себіну, бояну.* Кербез өткен тағынған, Сұлу өткен *ж а ғ ы н ғ а н,* Не жайсаңдар өтпеген, Озған жүйрік табынан (Үш ғасыр.). Кеше күн қып-қызыл боп, аса жалқын бояуды армансыз *ж а ғ ы н ы п,* батыс жақ жер-көкті тұтастыра өртеп, ырымы жаман болып батып еді (О.Бөкеев, Қайдасың.). Сыңқылдатып, жарып көлді, Жұпар майын *ж а ғ ы н ы п,* Жұбайына аққу келді Алыс жерден сағынып (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** *Қалайда ұнауға тырысу, жағымпаздану, жарамсақтану.* Жүсіп жылмаңдап, сол минутте Жамалға шын *ж а ғ ы н ғ ы с ы* келген адамның пішініне кірді (Б.Майлин, Шығ.). Ұлықтарға *ж а ғ ы н ы п* пайда қылам ба деген ой Қуатбаев Омарға да баяғыдан бері маза бермей жүр (С.Шарипов, Бекболат). – Мен сені тәуір көремін. Завучтардың бірі болғандықтан *ж а ғ ы н д ы* деме бірақ (О.Сәрсенбаев, Сағым.). Жұман момын адам кісіден тіленбейді, кісіге *ж а ғ ы н б а й д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Енді бірде байлардың, байлықтың сойылын соғып, *ж а ғ ы н а м* деп сорлаған құрбандықтар елестейді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАҒЫНҒЫШ с ы н. *Ұнауға тырысқыш, жарамсақтанғыш. Ж а ғ ы н ғ ы ш* шығар ол менен, Беделдіні танығаң. Арға біткен кеудемен, Қайтып кімге табынам (Қ.Бекхожин, Қайран жас.).

ЖАҒЫНДЫ з а т. *Ыдысқа тамызып алған кішкене тамызынды.* Тейлериоз эпизоотологиялық деректерге, ауру белгілеріне, қан *ж а ғ ы н д ы с ы н* микроскоп арқылы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып анықталады (З.Шойынбаев, Мал пироплаз.). Бұл үшін қан төсеніш әйнекке тамызылып, инемен немесе басқа бір әйнектің бұрышымен он тиынның көлеміндей етіп жайып, *ж а ғ ы н д ы* жасайды (С.Сыбанбаев, Мал қаны.).

ЖАҒЫНУ *Жағын етістігінің қимыл атауы; жағымпаздану.* Бірақ Шыңғыс ел билеу істерінде оған Мұхаметқалидай еркіндік бермей, тізгінін тартыңқырай ұстайтын... Оның бар ынтасы – Шыңғысқа қайткенде *ж а ғ ы н у,* қайткенде сенімді кісі болу (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өзінен үлкен әкімге *ж а ғ ы н у д ы ң* ілімін әбден білген еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а ғ ы н у* мен жағу бір емес. Еңбегімен, ісімен, қылығымен дүйім елге жағу бар да, екіжүзділікпен көрінгенге жағыну бар («Қаз. әдеб.»).

ЖАҒЫНУШЫ з а т. *Ұнауға тырысушы, жағымпаздануышы.* Маған басқарушылық өте ұнайды. Өйткені бастықтың аты бастық. Бағынушылар мен *ж а ғ ы н у ш ы л а р д ы* жанымдай жақсы көремін (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЖАҒЫНЫМПАЗ с ы н. с ө й л. ***Жағымпаз.*** Шенқұмар, мансапқор топтың әмір иесіне *ж а ғ ы н ы м п а з* бір бейшара, мінезі де осы; күресте жығылады, ойнаса ұтылады, қалжыңдасса жеңіледі (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЙ= е т. *Тәуелді болып, жалынып-жалбарыну.* Қарсылассам біржола айырылармын, одан да *ж а ғ ы н ы п - ж а л п а й ы п* жүріп, жазғытұрым болса да қолыма түсіріп алып көрейін деп ойлады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЮ *Жағынып-жалпай етістігінің қимыл атауы. Ж а ғ ы н ы п - ж а л п а ю ғ а* кірісті (Ауызекі).

ЖАҒЫНЫШТЫ с ы н. *Басыбайлы, міндеткер, тәуелді, жалынышты.* Бай ауылына *ж а ғ ы н ы ш т ы,* жалынышты тынымсыз көрші малай, қартаң ақсақал да өз әрекетімен аталып өтеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Ол маған болсын деді *ж а ғ ы н ы ш т ы,* Көнетін не айтсам да бағынышты (Айтыс).

ЖАҒЫҢҚЫРА= е т. *Ұнаңқырау, көңіліне шығыңқырау.* Дәл осы жолы алдыңғыдан гөрі соңғы сөз жанына *ж а ғ ы ң қ ы р а с а* керек (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).

ЖАҒЫС з а т. ж е р г. *Өзеннің, теңіздің жағасындағы қайыққа мінетін қолайлы орын.* Теңіз жағасында *ж а ғ ы с т ы қ* жерлер болады (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Қайық қайырлап, *ж а ғ ы с с ы з* жерге келе алмайды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАҒЫС[1]= е т. *Отты, пешті, шамды бірге тұтандыру, жағуға көмектесу.* Мен де әлім келгенше қолқабысымды аямаймын: бала тербетем, от *ж а ғ ы с а м,* ішке отын кіргізісем, күл шығарысам (Ө.Қанахин, Жер бас.). Шешем амандаса келіп тізе бүкті. Ошақтағы отты сыпырып *ж а ғ ы с а* бастады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Жұрт белдеріндегі шамдарын *ж а ғ ы с ы п,* қақпағы ашылған қималы құдыққа арттарымен түсіп, шахтаның сатысымен тырбаңдап, шегінді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАҒЫС[2]= е т. **1.** *Байлаудағы төлін енесі келіп емізу.* Сол жақтағы ықтасынға байлаған лағына мекіренген ақ туша, көзді ала беріп, *ж а ғ ы с а* қалатын (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Тіл табысу, ұғынысу.* Жергілікті сұлтандар мен халықтан шыққан байлармен де *ж а ғ ы с а* алмай жүрмін (Д.Дулатова, Шоқан.).

ЖАҒЫСТЫР= е т. **1.** *Енесі алмайтын немесе сүтке жарымайтын төлді қолдан емізіру.* Қозысын алмайтын қойларды жеке бөлімшеге кіргізіп қозыларын қолдан емізіп *ж а ғ ы с т ы р а д ы* (М.Ермеков, Қазақст.). Мына екі егізге екі 501 деген, ана екі егізге екі 502 деген белгі ұр, – деді шопан, емшек іздеген қозыны анасына *ж а ғ ы с т ы р ы п* жатып («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Бірімен-бірін жақындату, табыстыру.* Ауыл әдетінде «қызға сөз айту» деген болады екен ғой, ондайда қыз бен жігіттің арасына жеңгелері жүріп, егер *ж а ғ ы с т ы р а* алса, алымға молығып қалады екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Жігіттер мен қыздарды, әсіресе ер жете бастаған ағасы – Жақыпты *ж а ғ ы с т ы р ы п* тұру Рақияның қызық көретін қызығы (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өзімді жолдағы елге таныстырдым, Қызыл тілді халқыма *ж а ғ ы с т ы р д ы м* (Айтыс). Ол ескілік пен жаңалықты *ж а ғ ы с т ы р ы п,* Жоламанның жанына жағатын бір сөз тауып айтты (С.Омаров, Күншуақ). **3.** *Өзара байланыс жасату.* Күшті оқушыларға *ж а ғ ы с т ы р ы п,* қанағаттанғысыз баға алғандарға дара тапсырма берудің маңызы зор («Қазақст. мект.»).

ЖАҒЫСТЫРУ *Жағыстыр етістігінің қимыл атауы. Ж а ғ ы с т ы р у* – қозысын жарытпайтын сүті аз жалқы, яғни егіз тапқан тұсақ немесе кәрі саулық қойдың қозысын сүті әрі мол, әрі жұғымды жалқы қозысы бар қойға мойнынан көрсетпей ұстап, өз қозысымен бірге енгізу (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал. атау.).

ЖАҒЫСУ *Жағыс етістігінің қимыл атауы.* От *ж а ғ ы с у ғ а* кірісті (Ауызекі).

ЖАҒЫШ з а т. ж е р г. *Құрбандық, тасаттық (пұтқа атап шалатын құрбандық)* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАД[1] [ир. یاد] з а т. *Адам баласына тән ой, ес, қапер.* Ескіні еске алмай, жаңа *ж а д ы н а* түспейді (Мақал-мәтел). Қартқожа талабы болмаса, *ж а д ы* аса тұтқыр, зейіні жұлма, орташа еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл күнде біз оқ-дәрі мен қаннан өзге иісті сезбейтін боп кеттік. Қанша қалжырасам да алтын бесік – туған жерім *ж а д ы м н а н* шықпай-ақ қойды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Бірақ ол не сұмдықтың болғанын білместен шошынып тұрса да *ж а д ы н д а ғ ы* жақсы сөздерден жаңылған жоқ (Ә.Әбішев, Ғаламат).

Жад етті [қылды]. *Құлшылық етті, сиынды.* Жүп шырағым жалындап, *Ж а д е т к е н і м* өзіңсің, От анасы, жарылқа! (Батырлар жыры). *Ж а д қ ы л а м ы н,* Естеке, Жеті кәміл бабаны (Батырлар жыры). Жалғызыма жар бол деп, *Ж а д қ ы л а д ы* жәббар Құдайды (Батырлар жыры).

Жад ету [қылу]. *Құдайды, пірлерді құлшылық етіп есіне алу.* Жеті кәміл бабасын, *Ж а д е т у г е* жаңылып, Енді қара басады (Батырлар жыры). *Ж а д қ ы л у* жалпы біреуді немесе бір нәрсені еске алу емес, тек қана жалбарынатын иені – Құдайды (Алланы, Тәңірі), әулие-әнбиелерді, бабалар мен пірлерді еске алу, жай ғана еске алмай, оларға құлшылық етіп, бір тілекпен жалбарына еске алу мағынасында ғана қалыптасқан (Р.Сыздықова, Сөздер сөйлейді).

Жады берік. *Сақ, есі мықты.* Бұны ол еш уақытта ұмытпайды. Жалпы иттердің *ж а д ы б е р і к* (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

Жадына алды. *Еске түсірді, ойлады.* Әрбір таң ақмандайы сол жандардың, Мәңгі жас болып тұрып қалғандардың. Бізге таң ату үшін күн боп батқан, Мен бүгін бауырларды *ж а д ы м а л д ы м* (Н.Оразов, Шұғыла). Жақсы сол ерін күліп шаттандырса, Атқарып тапсырмасын мойнына алса, Ері жоқта күйзелтпей шаруасын, Ағайын, көршілерін *ж а д ы н а а л с а* (Бес ғасыр.).

Жадынан көтерілді. ж е р г. *Ұмытты, есінен шықты.* Балқыбек өлеңінің біразын білуші ем, *ж а д ы м н а н к ө т е р і л і п* қапты (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Жадынан шықты. *Естен шықты, ұмыт болды.* – Сіздің атыңыз кім еді осы? Көптен көрмеген соң адамның *ж а д ы м н а н ш ы ғ ы п* кетеді екен (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Сөйтіп, күн өткен сайын мен оны тіпті көрген түстей *ж а д ы м н а н ш ы ғ а р ы п,* мүлдем суынып, ұмытып бара жатқан сияқтандым (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Кінәлі өзі, Ақан. Егін орамын деп, біржола Райханды *ж а д ы н а н ш ы ғ а р д ы* (З.Шашкин, Өмір.).

Жадына сақтады [ұялатты]. *Есте тұтты, ұмытпады.* Жаман ғой жарлылық күй адамзатқа, Жақсы емес рақатсыз байлық-бақ та. Мал жиып, бай болуды талап еткен, *Ж а д ы ң а* бұл кеңесті ұғып *с а қ т а* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Дәт өзі осы жақтың көп елінің біріндей Абайдың атын естіп, сөзін де едәуір ұғынған, *ж а д ы н а с а қ т а ғ а н* адам екен (М.Әуезов, Шығ.). Халық *ж а д ы н д а* көптеген билердің есімдері *с а қ т а л ғ а н,* қайсыбір аңыз, әңгімелер солардың атымен байланысты айтылады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Төкеңнің ағалық ақыл-кеңесіне риза болып, әр сөзін *ж а д ы н а ұ я л а т ы п* отырған Өміржан тосын сұраққа қапелімде не айтарын білмей қалды (М.Серғалиев, Замандас.).

Жадына тоқыды. *Ұғып-біліп, есте тұтты.* Алдымен сен сабырлы бол! Сен азған күні менен сабыр сұрама, мен енді күндегі басқан ізіңді аңдимын. Алдасаң кегім бітпейді... Осыны *т о қ ы ж а д ы ң а* (М.Әуезов, Шығ.). Сәуле Бибидің сөзін үнсіз тыңдап, *ж а д ы н а т о қ ы п* отырды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе. Адамдықты көздесең, *Ж а д т о қ ы п* ал көңілге (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Әкемнен «Әліппбиді» үйде оқыдым, Үйреніп намаз, сабақ *ж а д т о қ ы д ы м.* Әлімолда алдында дәл екі жыл Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жадына тұтты [түйді]. *Есінен шығармай, ойында сақтады, ұмытпастай ұғып алды.* Ол Арқаға қайтқан қалың елдің ішіне шірене кірмекке асықты. Із тастаудың тәсілін *ж а д ы н а т ұ т ы п* бара жатып (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Осы күнгі жазба ақындардың өлең поэмаларын *ж а д ы н а т ұ т ы п* жаттап алып, халық арасында тараттын жыршылар аз емес (Е.Ысмайылов, Ақындар). Бір күні Мұхит бала Ораздың аузынан шыққан «жылқышы хикаясын» *ж а д ы н а т ү й і п* алады (А.Жұбанов, Замана.).

Жадына түсірді. *Есіне алды, көз алдына келтірді.* Ұста тағы үндемей қалды. Бірдемені *ж а д ы н а т ү с і р г е н д е й* маңдайы қыртыстанып, көзі сәл сығырайып, жанданып кетті (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Жадында жоқ. *Ойында болмады, есінен шығып кетті.* Сәбиттің «Жас ұлан» атты өлеңін қашан оқып жүргені Жарастың *ж а д ы н д а ж о қ* (З.Шүкіров, Отты өткелдер). Екі көзім нотада. Пианинода неше рет ойнап шықтым, *ж а д ы м д а ж о қ.* Әйтеуір балқып та, толқып та отырғаным есімде (Н.Серәлиев, Қаңтар). Бұдан елу, алпыс жыл бұрын бір атақты бидің, – есімі *ж а д ы м д а ж о қ,* – асында осы жазықта бәйге өткізіліпті (М.Мағауин, Ақша қар).

Жадында қалды. *Ойдан кетпеді, естен шықпады, есте қалды.* Адамның өмір бойы *ж а д ы н д а қ а л а т ы н* сөздер болады. Ермек диплом жұмысына «Жәмила» деген картина ұсынды

(Т.Ахтанов, Дала сыры). Сотта менің сүйікті ұстазым Ушинский әлеуметтік айыптаушы болып естен қалғысыз керемет сөз сөйледі. Ол сөз түгелдей менің *жадымда қалған* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қартқожаның *жадында* бұлдыр бір нәрселер *қалды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол жыршылардан тыңдағанда *жадында қалған* бір жырдың бір-екі шумағын айтты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Жадында ұстады. *Ойдан шығармады, есте тұтты. Жадыңда ұста,* Жақсылық күтпегейсің! От емес, оқ сұрасаң менен егер (М.Мақатаев, Шығ.). Қысқасы, пара жөнінде осы айтылғандарды әрдайым *жадыңда ұста*. Пара алу ісіне жеңіл-желпі қарама! (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Жәке, менің әдісім, сенің оқу арқылы емдейтін еміңе қайшы келмейтінін *жадыңда ұста,* бұл бір (Р.Тоқтаров, Қыран).

Жады тозған. *Миы шаршаған, ұмытшақ болған.* Бұл күнде Ораздың *жады тозған.* Ол Абылай аспас сары белден үдере асқан керейлерді білетін (Т.Әлімқұлов, Шежіре.).

ЖАД[2] з а т. и н ф. **1.** *ЭЕМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданушыға беруге арналған бөлігі.* ЭЕМ *жадында* сақталатын ақпарат мөлшері оның құрамына кіретін барлық іске сақтау құрылғыларының (ЕСҚ) жиынтық сыйымдылығымен анықталады (ҚҰЭ). ЭЕМ *жадын* құрайтын ЕСҚ-лар шұғыл, сыртқы және буферлік ЕСҚ деп аталады (Қазақстан ұлт. энцикл.). Компьютер *жадыы* ақпарат сақтайтын құрылғының бір немесе бірнеше түрі арқылы жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика). **2.** *Ақпаратты тұрақты немесе уақытша сақтайтын орын.* **≈** *Жад* сақтаушы.

Жад аймағы. и н ф. <ағыл. storage area> *Мәліметтердің бір немесе бірнеше үлестерін орналастыру үшін бөлінген жадтың адрестелетін элементтерінің тізбегі.*

Жад банкі. и н ф. <ағыл. memory bank> *Мультипроцессорлық режімде жұмыс істейтін компьютерлерде – негізгі жадтың бір мәселеге бөлінетін ұяшықтарының жиынтығы. Жад банкі* программаларды сақтауды қамтамасыз етеді және программалық модульдерді өзірлеу кезінде пайдаланушыға үлкен мүмкіндіктер береді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жад блогы. и н ф. <ағыл. storage block> *Жад кілті теліне алатын негізгі жадтың үзілісіз аймағы.* Компьютерлердің бірыңғай жүйесінде *жад блогының* ұзындығы 256 байтқа тең болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жад диспетчері. и н ф. <ағыл. memory manager> а) *Қатынас құруды басқаратын және жедел жад адрестерін түрлендіретін құрылғы.* ә) *Жүйедегі мәселелер арасында жадты бөліптаратуды басқаратын программа.*

Жад картасы. и н ф. <ағыл. memory map> а) *Жүйелік жадтың әртүрлі аймақтарының қызметтік міндетін көрсететін сурет, листинг немесе кесте.* ә) *Жад бөлігі қай программаны орналастыруға бөлінгенін көрсететін карта. Жад картасы* адрестер ауқымы мен программа атауы көрсетілген кесте түрінде беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жадқа қатынау. и н ф. <ағыл. storage access> а) *Ақпаратты сақтау және оқудың толық жүйесі.* ә) *Жадтан оқуға, жазуға немесе мәліметтер іздестіруге сұраныс жасау.*

Жад қорғанышы. и н ф. < ағыл. memory guard> *Көппрограммалық өңдеу кезінде бір есептің мәліметтерін басқа мәселелердің бұзуынан сақтайтын аппараттық және программалық құралдар жиынтығы. Жад қорғанышы* сыртқы жадта сақталатын мәліметтерді бұзудан немесе құқығы жоқ адамдар олардың көшірмесін алудан қорғайды. Ол үшін арнаулы кодтар мен құпия сөздер қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жадсыз автомат. и н ф. *Жалғыз ғана ішкі қалып-күйі бар абстракты автомат, көп мәндік логиканың функциясы.*

Жад сыйымдылығы. и н ф. < ағыл. memory capacity> *Компьютердің сақтаушы құрылғысында бір мезгілде сақталатын мәліметтің ең жоғарғы көлемі. Жад сыйымдылығы* бит термин, байттармен (килобайттармен, мегабайттармен, гигабайттармен), машиналық сөздермен, символдармен өлшенеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жад регистрі. и н ф. <ағыл. storage register> *Ақпаратты уақытша сақтауға арналған орын, тіркеуіш.*

Жадты басқару. и н ф. <ағыл. memory managment> *Жадты есепке алу және оны программалар арасында тарату, оған қатынас құруды жасақтау жүйесі. Жадты басқарудың* мақсаты сақтаушы құрылғының әрбір типіне қатынасулардың ең жоғарғы тиімділігін және бар жадтың программалар арасында ұтымды үлестірілуін жасақтау болып табылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жадты басқару* аппараттық және программалық құралдармен, сондай-ақ пайдаланушы әрекетімен жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жадты бұғаттау. и н ф. <ағыл. memory lockout> *Жадтың шектеулі бөлігіне қатынас құруға тыйым салу.* Диск сызық жолында ақаулардың байқалуына байланысты сол жолға қатынас құруға аппараттық немесе программалық құралдармен рұқсат бермеу *жадты*

б ұ ғ а т т а у деп аталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жадты кеңейту тақшасы. и н ф. <ағыл. memory expansion board> *Компьютер жадының сыйымдылығын арттыруға арналған құрылғы. Ж а д т ы к е ң е й т у т а қ ш а с ы* көмегімен қарапайым типтегі дербес компьютердің жедел жады 16 мбайтқа дейін арта алады (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жадты қорғау кілті. и н ф. <ағыл. storage protection key> *Программаға бөлінген жад бөліктеріне телінетін және жад блоктарына сәйкес келетін код. Ж а д т ы қ о р ғ а у к і л т і* программаға телінген қорғаныс кілтімен сәйкес скелуі тиіс (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жадтың кілті. и н ф. *Операциялық жүйенің жад бөлігіне тағайындап беретін кілті, коды.* Егер *ж а д т ы ң к і л т і* жадқа қатынас құрарда оның қорғаныш кілтіне сәйкес келсе, онда жад бөлігіне қатынас құруға қойылған шектеулер толық немесе жартылай алынады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жадтың шапшаңдылығы. и н ф. <ағыл. memory speed> *Ақпаратты шығарып оқуға, жазуға қажетті уақыт.*

Жадты тазалау. и н ф. <ағыл. garbage collection> *Программамен пайдаланылмайтын жадтың блоктарын табу, жадты қайта үлестіру. Ж а д т ы т а з а л а у* іске асырылуы тиіс болғандықтан, жолдарды сорттау процесі өте ұзақ уақытқа созылады да компьютер осынша уақыт басқа әрекеттер орындауға мүмкіндігі болмайды (Қаз. тілі термин. Информатика.). Егер *ж а д т ы т а з а л а у* жүйелі уақыт аралығында орындалып отырса немесе сорттау барысында жолдарды ауыстырмай, тек көрсеткіштердің мәнін өзгертсе, бұл мәселе тікесінен қойылмаған болар еді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жад ұяшығы. и н ф. а) *Жедел жадтың мәлімет сақталатын ең кіші қарапайым арестеу бөлігі;* ә) *Excel электрондық кестелерінің мәлімет енгізілетін торлары.*

ЖАДА с ы н. ***Ада*** *(азайған, жоқ болған, кеміген).* Тар орында бос берген, Қандай қымбат достардың, *Ж а д а* болған, заман-ай (Бес ғасыр.).

ЖАДА= ет. **1.** *Етті жұқарып арықтау, жүдеу.* Қақпаны ашса, екі қара арғымақ шынжырмен байлаулы тұр екен. Қабырғалары қабысып, арып *ж а д а п* қалған екен (И.Байзақов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Күйі кетіп арып-ашу.* Жат елде *ж а д а п* жүргенше, Жалтаң көз боп тірі боп, кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **3.** а у ы с. *Ауырып-сырқау.* Ал мына ауруханада *ж а д а п* жатқанымда, халімді білуге алты айдың ішінде бір келмеген кей құрбыма көңілім қалды (Н.Ғабдуллин, Өмір.). **4.** а у ы с. *Жаны қиналу, мұңаю.* Қамажай мұны түсінді, үнсіз қиналды. Жаны *ж а д а п,* ойға шолып қалады, жүдеп мұңаяды (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖАДАҒАЙ[1] з а т. *Астарсыз тігілетін жеңіл, жұқа шапан, сырт киім.* Ол май-май комбинезонды тастап, шолақ майка сыртынан жеңіл *ж а д а ғ а й ы н* киіп жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қазақ мәнерінде кейде арасына жүн тартпаған жеңіл *ж а д а ғ а й л а р* да кездеседі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАДАҒАЙ[2] с ы н. **1.** *Лыпасы жоқ жалаң, теп-тегіс, жайдақ. Ж а д а ғ а й,* алқам-салқам күйінде, «Құдай сақтар» деп жүріп, қәрлі қысқа маңдайы тақ еткенін бір-ақ білді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Арқалық *ж а д а ғ а й* жалғыз болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да панасы болмайды (М.Әуезов, Шығ.). Қымыздықты сайдың орта кезі кең, *ж а д а ғ а й* көк шымайт болатын (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жалаңаш, *ж а д а ғ а й* құлазыған дала, құлазыған қоңыр ауылдар сонда да көзге ыстық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Әншейін айтылған, құр, бос (сөз).* Ондай көп ортасына айтылған сөз көбінесе *ж а д а ғ а й* қалады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мұнайшы тірлігінен бейхабар ауыл жігіттеріне *ж а д а ғ а й* осы сөздің өзі де қызық, өйткені бар хикмет әлі алда (М.Сүндетов, Қызыл ай). Азаматтың әуен дегенді әдебиетіміздегі кейбір кезеңдегідей *ж а д а ғ а й* үгіт, жалаң жырлау, бірөңкейлік деп ұқпау керек («Қаз. әдеб.»). **3.** *Тегістеу келген жайпақ, жалпақ.* Бұның бас жағы *ж а д а ғ а й.* Өрлеп барып өту керек. Мына түрған жер ғой (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Боз дөңге барды әскерлер Ұрымтал жердің өзі деп, *Ж а д а ғ а й* екен жалаңаш Жүріп кет деді тезірек (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Язенконың қызмет орны да, жатар жері де осы бөлме болатын. *Ж а д а ғ а й* тақтайдан жасалған ағаш қойқасы ғана бар-ды (Д.Әбілев, Баянауыл). **4.** а у ы с. *Жайдақ, ойы таяз, білгені аз.* Абайға әкесі *ж а д а ғ а й* көрінбеді (М.Әуезов, Шығ.). Ауылдың адамдары қазақнамай, жабайы, *ж а д а ғ а й* (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жадағай арба [шана]. *Үсті ашық, қорабы жоқ жайдақ арба (шана).* Біз Аманжолдың *ж а д а ғ а й а р б а с ы н а* мініп жүріп кеттік (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Байлаушы аттың шылбырын шешіп, *ж а д а ғ а й а р б а ғ а* міндік те шаба жөнелдік (Т.Нұртазин, Адам.). Айқыз есік алдынан жалғыз ат пен *ж а д а ғ а й а р б а д а н* басқаештеңе көрмеді (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖАДАҒАЙ-ЖАЙДАҚ с ы н. *Жалаң күйде, ашық-шашық, ретсіз, қалай болса солай.* Бұрын *ж а д а ғ а й-ж а й д а қ* жататын қазан-

аяқ жаққа шыпта құрыпты, жалғыз-ақ от басында тұратын қара құман жылжып барып, босағадан орын алыпты (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а д а ғ а й-ж а й д а қ* жерге мен отырсам, Құрбыңа еліндегі келмей ме арың? (Айтыс). Біз, біріншіден, бұл хаттың бір жыл кешігіп жазылғанына, екіншіден, тым *ж а д а ғ а й-ж а й д а қ,* жалпылама жазылғанына қайран қалдық («Қаз. әдеб.»).

ЖАДАҒАЙДА ү с т. *Әншейінде, жайшылықта.* Жат елге *ж а д а ғ а й д а* сөйле шәргез, Тар жерде тайпалудан танба әр кез. Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап, Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез (Абай, Тол. жин.).

ЖАДАҒАЙЛА= е т. **1.** *Жайпақтап тегістеу, жайдақтау.* Топырақты *ж а д а ғ а й л а д ы* (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Сөздің мәнін жұмсартып, жуып-шаю.* Қалиман баласының сөзінен қысылып, әлгі сөзді *ж а д а ғ а й л а м а қ* болды (М.Әуезов, Қараш.). Бәйтік *ж а д а ғ а й л а п* сөйлегенмен қанын ішіне тартып, қуқылданып тұрған-ды (К.Оразалин, Абай.). Отырғандар қозғалақтасып қалғанын баққан Қарабас өзі де көңілденіп, жайдары ажармен көзін сүртіп *ж а д а ғ а й л а д ы* (К.Оразалин, Көктем.).

ЖАДАҒАЙЛАН= е т. *Тегістеле біту, жайпақтала, жалпақтала келу.* Оқтаудай жараған шағында жоны *ж а д а ғ а й л а н ы п,* сәл қайқы тартқан белі, қабысуға бет алған бауыры, сүмбіл сандары бәрі тегіс жұмырланып кетеді («Қаз. әдеб.»). Ұзынша біткен қыр мұрыны *ж а д а ғ а й л а н а* біткен (Ж.Жұмақанов, Әлия).

ЖАДАҒАЙЛАНУ *Жадағайлан етістігінің қимыл атауы.* Төбе *ж а д а ғ а й л а н у ғ а* айналды (Ауызекі).

ЖАДАҒАЙЛАТ= е т. *Сөздің, істің мәнін кетіріп, жайдақтатып жіберу.* Егер есі-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, жайдақтап *ж а д а ғ а й л а т п а қ* болсаң, мен билікті айтқызбаймын (М.Әуезов, Шығ.). Поэмаларда... белгілі тартыс, тұрпат, үлгі жоқ секілді. Тек бастан түсіп *ж а д а ғ а й л а т ы п* қара сөзді құран оқығандай зулата береміз (С.Ерубаев, Шығ.). Үйлену жұмысындағы ыстық сезімді кемітіп, қызығын *ж а д а ғ а й л а т ы п* жіберетіндей көрінді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАДАҒАЙЛАТУ *Жадағайлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөзді *ж а д а ғ а й л а т у.*

ЖАДАҒАЙЛАУ[1] с ы н. **1.** *Тегістеу, жайдақтау, үстіртіндеу. Ж а д а ғ а й л а у* бір жеріне келіп, шапанын, камзолын шешіп, көйлекшеңденіп, білегін түріп жуынды, су ішті (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Мәнсіздеу, тояздау.* Бәрібір онысы ақылдан емес, сезімнен туындап, кейбір жаман өлеңдер сияқты *ж а д а ғ а й л а у* боп шықты (С.Бақбергенов, Адам.). **3.** а у ы с. *Жайдақтау, жұмсақтау.* Қабат-қабат шың сияқты еді. Салмақты, салқын ұстайтын өзін. Қазір *ж а д а ғ а й л а у.* Ықтырып алмақ па әлде? (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

ЖАДАҒАЙЛАУ[2] *Жадағайла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жайдақтау, тегістеу.* ≈ Жерді *ж а д а ғ а й л а у.* **2.** а у ы с. *Сөздің мәнін жұмсартыңқырау.* Іштей Әмірқанды қуаттағанмен ол бүгін көздеген жерінен шыға алмай отыр. Істі ұлғайтып алмай *ж а д а ғ а й л а у ғ а* кірісуі шарт (К.Оразалин, Абай.).

ЖАДАҒАЙЛЫҚ з а т. **1.** *Бірқалыпты жайдақтық.* Скориков кәдімгі өзінің көңілді кездеріндегі *ж а д а ғ а й л ы қ п е н* жалпақ ерні жайылып күлімсіреп тұр (Ә.Нұрпейісов, Құрляндия). **2.** а у ы с. *Жалаңдық.* Идея орнын тақырып, көркемдік орнына *ж а д а ғ а й л ы қ т а* өткен кез. Бала кезіміз, долаң кезіміз (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАДАҢ с ы н. с ө й л. ***Жадау***. Қарттар мен жақ жүні үрпиген *ж а д а ң* жүзді балалар түгіл, ересек адамдардың да еңсесі түсіңкі (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖАДАП-ЖҮДЕ= е т. *Күйі кетіп шаршап-шалдығу, арып-ашу; әлсіреу.* Қалқам, мені сыйлайтының шын болса, Мені жатқа қимайтының шын болса, Маған өріс тілейтінің, Маған жеңіс тілейтінің шын болса, Мен сүрінген, мен қиналған кездерде *Ж а д а п-ж ү д е п* жүргенімді, Мұңға батқан түндерімді, Сездірме сен өзгеге (М.Шаханов, Ғасырлар.). Иен далада жабайы адамнан әрмен *ж а д а п-ж ү д е п* жүрген біреулерді көз алдарына елестетеді де қолдарынан бір-ақ сілтейді (А.Байтанаев, Қансонар).

ЖАДАП-ЖҮДЕГЕН с ы н. *Күйсіз, сүреңсіз, сықы кеткен.* Тарас Борисович бастаған топ әлгі жерге келсе сақалдары белуарына түскен, сүреңсіз *ж а д а п-ж ү д е г е н* екі адам отыр (Ә.Шәріпов, Партизан). Базар *ж а д а п-ж ү д е г е н* кезінде солардың алақанына келіп қонды (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Сауық құрып сайрандап қайтқан кісіден гөрі, сықы жоқ іздеп *ж а д а п-ж ү д е г е н* адамға көбірек ұқсайды (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ЖАДАП-ЖҮДЕУ *Жадап-жүде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тауқыметтен *ж а д а п-ж ү д е у.*

ЖАДАУ[1] з а т. ж е р г. *Тоған, арық.* Біздің колхозда бір үлкен *ж а д а у* бар. Үлкен *ж а д а у,* кіші *ж а д а у,* тағы басқа біздің ауылда жаман *ж а д а у* да бар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАДАУ[2] с ы н. **1.** *Ет жұқарып арықтаған, азған, жүдеген.* Аты *жадау* дегенше, Иесі қарау десеңші (М.Әлімбаев, 666 мақал). Аттар да жабулы: жарауы, тоғы, *ж а д а у ы,* күйлісі, жүйрігі, шобыры аралас (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жазғытұрғы әрі буаз, әрі *ж а д а у* қойлар тізеден су кешіп әрең жылжып келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көз алдына Таңшолпанның комбинаттағы ілулі тұрған суреті, *ж а д а у* бейнесі елестеді (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). **2.** *Күйі кетіп азып-тозған, әлсіреген.* Апа сол *ж а д а у* топтың орта шенінде кетіп барады (М.Мағауин, Бір ата.). *Ж а д а у* шақта, аласармай айбыным, Жүзіп келем іңкәр дүние айдынын. Қанатымда самалы бар бақыттың, Саусағында жүзігі бар қайғының, Сұлулықтың сәні болып өрілдім, Қорқыта алмас ызғары да өлімнің (М.Шаханов, Ғасырлар.). Шеткі үйлердегі киімі жыртық, өңі *ж а д а у* сауыншы, тезекші әйелдері, балалары бұл топқа жолай алмай шеттеп жүр (М.Әуезов, Абай). Жазға шыққан қаншама үйден күзге оралғаны аз. Әлдебір мезгілсіз қысқа ұрынып, жолшыбай шашылып, тозып, жылы мекенге үрпиісе әрең жеткен құстардай, ауыл *ж а д а у* (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). **3.** а у ы с. *Мәнсіз, ретсіз, әрсіз.* «Әләуләймен» әлі әуес қайран бауыр, Жаман қисын, *ж а д а у* сөз – болған жауыр. «Үлкен айтыс», «Бала айтыс», «Шал айтыстар» Сөз қадірін жей қойды әжептәуір (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жадау иін, жұтаң жұрт. *Жүдеу, әлсіз, нашар топ. Ж а д а у и і н, ж ұ т а ң ж ұ р т* біраз жабырқасып, жоқтасып тарасты (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Жадау иін, жыртық өкпе. *Жұпыны, жүдеу.* Әлі күнге дейін көңілімнің бір түкпірінен сығалап тұрған *ж а д а у и і н, ж ы р т ы қ ө к п е* болсаң да айрықша аяулы, балалық шағым, бұл – саған ескерткіш (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Жадау тартты. *Мұңайды, жаны жүдеді.* Алысқа бар бауырым, алысқа бар, Кез келген материкке, ғарышқа бар Жақсы адамға орын бар бір кісілік, *Ж а д а у т а р т с а,* көңілің де таныс табар (М.Мақатаев, Шығ.). Қараймын жар жүзіне *ж а д а у т а р т қ а н,* Бұл күндер маңдай шашым сәл ағарған, Үстімнен күндіз-түні төніп байғұс, Үмітпен күндер өткен, таңдар атқан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖАДАУ[3] *Жада етістігінің қимыл атауы; жүдеу, арықтау.* Оның бұл санаторийге келгендегі көздеген мақсаты, қайтсе де бір он шақты килограмға *ж а д а у* (Ауызекі).

ЖАДАУ-ЖҮДЕУ с ы н. *Арып-ашқан, азып-тозған, жүдеген, жұпыны, сиқы кеткен. Ж а д а у-ж ү д е у* ауылға бұрын болмаған оқиға келді. Таң алдында мүлгіген тыныштықты жаман бір ащы дауыс тіліп-тіліп жіберді (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАДАУЛА= е т. *Күйі кетіп жүдеу тарту; әлсіреу.* Есей сырттан бойы тоңазып, тітіркенгендей боп *ж а д а у л а п* келген-ді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Соғыс жылдарында тұралаңқырап қалған колхоздың одан кейінгі жылдары да *ж а д а у л а п* отырғаны мынау (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖАДАУЛАН= е т. *Көңілі жүдеу тарту, жасу.* Құштарлығым тіршілікке тасыған, Күндерім аз *ж а д а у л а н ы п* жасыған (К.Салықов, Нұрлы күн.).

ЖАДАУЛАНУ *Жадаулан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАДАУЛАТ= е т. *Көңілін жасыту.* Әйтеуір сол бір ащы да болса дәл қазір балдай көрінетін балалық шағын өткізген ауыл бұған сыры тайып, сыны кеткендей әсер етті. Көңілін *ж а д а у л а т ы п* жібергендей болды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖАДАУЛАТУ *Жадаулат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАДАУЛАУ с ы н. **1.** *Жүдеулеу келген, арықтау. Ж а д а у л а у* болса да, сүйкімді, жайбарақат қалпы (С.Шаймерденов, Мінез). *Ж а д а у л а у,* ұзын бойлы, кішіпейіл Иван Лукьянович жайды тізгін қақпай көйіте айтады (Т.Нұртазин, Адам.). **2.** *Қоңторғайлау, жұтаңдау, әлсіздеу.* Үй тұрмыстары *ж а д а у л а у* болатын. Қысыла-қымтырыла тұрып осыны айттым (З.Тоқтаров, Тауда.). Би өнерінің қалыптасқан озық дәстүрі *ж а д а у л а у* болғанымен, сол өнердің бұрқ етіп дамып кетуі үшін қажетті алғышарттар жеткілікті еді (І.Омаров, Серпін).

ЖАДАУЛЫ с ы н. *Әбден тозған, ескірген.* Ерлан мен Нұрлан сырт киімдері жамаулы болғанымен *ж а д а у л ы* еді (Е.Мырзахметов, Медет).

ЖАДАУЛЫҚ з а т. **1.** *Ет жұқарып арығандық, арықтық.* Өзінің жирен жүзі тым жүдеу, *ж а д а у л ы қ т а н* болса керек... оқтаудай салбыраған ұзын мұрын астында шалғысы шиыршық атқан жез мұрт қана (З.Қабдолов, Жалын). Шалдырмай шабуылға салудан байтал арығаны, *ж а д а у л ы қ т а н* жалынан да айырылған (М.Әуезов, Әр жыл.). **2.** *Күйі кеткендік, жүдегендік, қажығандық. Ж а д а у л ы ғ ы н а* қарамастан Ғалым кейпінде салғыртты қ не бір көңілсіздік жоқ та, созылымы мол өмір бар (С.Шаймерденов, Болашақ.). Көктем шыға қақ жартысының мұржасынан түтін будақтамағаны рас қой. *Ж а д а у л ы қ* пен жүдеулік еркекке жетпесін (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Оншама үйлесіп тұрмаса да, Мақсұттың реңінде *ж а д а у л ы қ* бар (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.).

ЖАДАУРА= е т. *Көңілін аулау, жалпылдау.* Жалғыз Қабден ғана көңілі соққанда «Есті аға» деп *ж а д а у р а й д ы.* Онысының әзіл-шынын біліп болмайсың (С.Бердіқұлов, Пердесіз.).

ЖАДЕИТ з а т. к е н. <франц. jadeite> *Силикаттар класындағы пироксендер тобына жататын минерал. Ж а д е и т т і ң* түсі жасыл, ақшыл, қызғылт, күлгін көк, қоңыр, қаттылығы 6,5-7,0, меншікті салмағы 3,3-3,4 г/см^3, шыныша жылтыр болады (ҚҰЭ). *Ж а д е и т т е н* ежелгі заманнан бері соғатын, шабатын қару-жарақ жасалды (ҚҰЭ). *Ж а д е и т* Қазақстанда солтүстік Балқаш аймағындағы Итмұрынды кенінде кездеседі (ҚҰЭ).

ЖАДИД [ар. جديد] з а т. *Түркі тілдері үшін жеңілдетіп алынған қадимнен кейінгі араб жазуы жүйесі.* Құрымсы аталатын ауылға Уфа қаласындағы медресе Ғалияны бітіріп, Сейткерей Мағазов дейтін башқұрт мұғалімі келді. Ол *ж а д и т* бағытындағы мұғалім еді (Б.Ізтөлин, Шығ.). Анау жерде *ж а д и т т е р*, Одан біздер үміткер, Олардан тәлім алмасаң, Көрген күнің болар тар (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖАДИДШІЛДІК с ы н. с ө й л. ***Жәдидшілдік***. Мектеп-медреселердегі өз беделдерінен айырылып қалғысы келмеген кейбір дін иелері *ж а д и д ш і л д і к т і* шариғатқа қарсы әрекет ретінде бағалады (ҚҰЭ).

ЖАДНАМА [ир. یادنامه] з а т. ***Естелік***. Бұл *ж а д н а м а* көбейтіліп, таратылды («Қазақст. мект.»).

ЖАДУ[1] з а т. с ө й л. ***Жады***. Үшінші – айдаһар бар өте ірі, Онан жан он айтқанмен қалмас тірі. Төртінші – түрі жаман бір *ж а д у* бар, *Ж а д у д ы ң* жаһандағы болған пірі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАДУ[2] с ы н. с ө й л. *Сиқырлы.* Көзіме көріндің, Ашылмас сорыма, Байқамай іліндім, сиқырлы торыңа. *Ж а д у* көзің басымды айналдырып, Құрбан қып шалдың ба жарыңды жолыңа? (Шәкәрім, Шығ.).

ЖАДУАЛ з а т. ж е р г. *Бір нәрсе жөнін жүйелі кестелермен көрсететін мағлұмат (таблица).* Тоғызыншы кластың логарифм *ж а д у а л ы н ы ң* көмегімен шығарылар есептің беріндісінде радикал көрсеткішінің «3» дәрежесін көрсетпепті (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). Содан бәрін бәрекелдіге келтіріп, мынандай денсаулық *ж а д у а л ы н* жасап қояды (О.Әубәкіров, Сиқыр).

ЖАДУЛАН= е т. *Қаһарлану, арқалану.* Асынған айбынды аспап қаруланып, Түтігіп, түсі қашып *ж а д у л а н ы п* (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖАДЫ[1] [ир. جادو] з а т. **1.** *Ескі наным бойынша, сиқырлы күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сырқат.* Мұндай қиялы ерекше ұшқыр жас дұрыс жөн-жоба таппаса *ж а д ы* болып кетуі мүмкін немесе одан қайрауы келіссе, үлкен ақын шығуы да ғажап емес (Ә.Көшімов, Лашын.). – Көзжақсым молда жігіт жоқ жерде *ж а д ы* болған кісідей есінен, сөзінен жаңылып, жай сөзімнің өзін ұқпай кетеді (М.Әуезов, Қараш.). Түбек *ж а д ы м е н* ауырып, сол жадысы ішіне түсіпті-міс, ол ауруының себебін әйелінен көреді-міс (Айтыс). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің құпия сыры, сиқыры.* Төмен тартпағаны – беттің тіктігін, тастағын ойлағаны. Жау жер *ж а д ы с ы н* білетін анық жырындылығын істеген (М.Әуезов, Қараш.). Жылқышылар ақ боз атты жалғыз ұрыны көріп қалып, ізінше қуғын салған екен, бірақ жер *ж а д ы с ы н* жақсы білетін қашқын адастырып кетіпті (Т.Рахымжанов, Оралу). – Енді бір сүт пісірімде келіп қалды, – десті жер *ж а д ы с ы н* білдіретіндер (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖАДЫ[2] з а т. ж е р г. *Жазы, қом.* Кейбіреулер түйенің үстіне салатын қомның ағашын *ж а д ы* дейді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Шойын қара құламапты... пері-ай, қайыс белбеуінің бір ұшын *ж а д ы ғ а* байлап алған екен (Д.Досжанов, Жібек.). Шалбарымды шешіп, екі балағынан шөп тықтым да атқа *ж а д ы* ғып мініп алдым (Б.Тоғысбаев, Ақиық).

ЖАДЫАҒАШ з а т. ж е р г. *Қом ағаш, жазы.* Дүшпандарын түйелерінің мойнына асып құртамыз. Найзаларын *ж а д ы а ғ а ш* жасаймыз (Д.Досжанов, Жусан.). Ал үшінші биі ақсақ екен, *ж а д ы а ғ а ш қ а* асылып алыпты (Д.Шалқарбаев, Бесекбай).

ЖАДЫБАС з а т. *Басы айналған, дуаланған кісі, ескі наным бойынша, әйелі не басқа біреу дуалаған адам. Ж а д ы б а с,* кеткен қатын қайта алдың деп, Бетіме салық қылар құрбыларым (Айтыс).

ЖАДЫГЕР[1] [ир. یادگار] з а т. *Ескерткіш, мұра, белгі.* Жақсыдан *ж а д ы г е р і м* (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

ЖАДЫГЕР[2] з а т. *Жадына сақтағыш, ұмытпайтын адам.* Мен жасымда *ж а д ы г е р* едім, бір естігенімді қағып алып, қашан сұраса да айтып беруші едім (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Жай емес, *Ж а д ы г е р* боп сауаттанған Сайтанға қыз бергені сауап болған, Ахмет жазда келіп жадылатып, Қалыңсыз қайын жұрттан Науатты алған (Х.Ерғалиев, Күй.).

ЖАДЫГӨЙ с ы н. *Сиқырлап-дуалап, алдап-арбайтын сиқыршы.* «Бұл молданы білу керек екен, мүмкін елді алдап жүрген бір *ж а д ы г ө й* болар» – деп толғайды ішінен (С.Талжанов, Қайып қарт.).

ЖАДЫГӨЙЛЕ= е т. *Көз байлап, алдап-арбау. Ж а д ы г ө й л е п* алды (Ауызекі).

ЖАДЫГӨЙЛЕН= е т. *Қуақылану, алдамсақтану.* Құшбегі Мәделіханның тәтті ойын бұзғысы келмегендей *ж а д ы г ө й л е н е* күлімсірей сөйледі (І.Есенберлин, Қаһар). – Мен басқалардай жалған айтып, *ж а д ы г ө й л е н е* алмаймын (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

ЖАДЫГӨЙЛЕНУ *Жадыгөйлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кісіге *ж а д ы г ө й л е н у.*

ЖАДЫГӨЙЛІК з а т. *Алдап-арбаушылық, сықырлық.* – Ойпыр-ау, бұл сұмдық қой! Мұндай суайттық, *ж а д ы г ө й л і к к е* қалай батылы барды екен? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАДЫГӨЙСУ *Жадығөйсі етістігінің қимыл атауы; алдағансу, жәдігөйсу.* Алдау мен арбауға көнетін Кәмеш енді жоқ. Төбесі көрінген жалғыз әрекет – алдына барып *ж а д ы г ө й с у* (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

ЖАДЫГӨЙСІ= е т. *Алдап-арбаушы, сықыршы болғансу.* Әлгі ұшып түрегелді. Екі көзі шарасынан шығып кеткен. Қалт-құлт етеді. *Ж а д ы г ө й с и* қалыпты (С.Сейітов, Сөз сұра.). Тасбөрі Мақпалдың қасынан шықпай қойды. Әңгімелер соғып, *ж а д ы г ө й с і п,* асты-үстіне түсіп жүр (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖАДЫГӨЙСІН= е т. *Жадығөйлікке салынғансу, алдап-арбағансу.* – *Ж а д ы г ө й с і н б е,* түсінемін мен әзілді... Бұл әзіл емес, азғындық! – деді Песков (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖАДЫГӨЙСІНУ *Жадығөйсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кісі алдында *ж а д ы г ө й с і н у.*

ЖАДЫГӨЙШЕ үс т. *Жадығөйге ұқсап, жадығөй тәрізденіп.* Бұл кісіні біздің жақ деп шатыспа. Оған мейлі – сен Шығыс па, Батыс па? *Ж а д ы г ө й ш е* жалбақтамай, жалтармай, Тек арыңды аға алдында пәк ұста (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

ЖАДЫҒАТ з а т. *Түрлі құрылысқа қажетті шикізат, жабдық.* Мазар салуға қолданылған күйген қыш, майолика тақтасын жасайтын *ж а д ы ғ а т* таптырмайды (Жаңа атаулар).

ЖАДЫЛА¹= е т. *Бас айналдырып сықырлау, арбап дуалау.* Мұндай қатыгез, қатты болар ма мінезі, ала қыстай Танаға бір жібермей-ақ қойды-ау. «Баламның басын дуалап қойған... *ж а д ы л а п* оқытқан...» деген сөздерді де айтты-ау (С.Мұратбеков, Отау үй).

Жадылап алғандай. *Сықырлап, арбағандай.* Оларды Бекжанның таза ойыны, күйдің асау серпімі *ж а д ы л а п а л ғ а н д а й* (М.Мағауин, Көк кептер).

ЖАДЫЛА²= е т. ж е р г. *Қомдау, жады салу.* Шаңқай түсте *ж а д ы л а ғ а н* екі түйемен Мақбал, Кәмила, Дариға, Гүлшаттар келді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖАДЫЛАУ *Жадыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түйені *ж а д ы л а у.*

ЖАДЫЛЫ с ы н. ж е р г. *Жазылы, қомды.* Оның артында – Ақбикеш пен және бір әйел. Грузовиктің жанында салт ат пен *ж а д ы л ы* түйе тұр (Т.Әлімқұлов, Шежіре.).

ЖАДЫЛЫҚ з а т. *Адамды дуалап, арбайтын сықырлық.* Білгіштігі бір басқа, *ж а д ы л ы ғ ы* тұр басқа, Пекиннен шыққан қойқасқа, Артық сыншы, білгішті (Манас). Үйреткен Аржасыпқа *ж а д ы л ы қ т ы,* Бір дию бұл қатарда бар ед мықты. Достымның дәулетін бұл күндеді-ау деп, Зәрдәшті жау санап, болды дықты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАДЫРА з а т. ж е р г. *Балық аулайтын аудың торы.* Кең *ж а д ы р а м е н* қарағозді аулауға болмайды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Михаил Иванович пен Айдынғали төменгі арқанына тас, жоғарғы арқанына қозы байлаған кең көзді *ж а д ы р а н ы* үркіге тастауға кірісті (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

ЖАДЫРА= е т. **1.** *Жайма-шуақтанып райлану, жайнау.* Қыстың сықырлаған аязын, түтеген алай-түлей боранын, қызыл үскірік суығын бастан кешіріп, жазға жетіп, *ж а д ы р а ғ а н* шуақта, балбыраған жасыл шөпте жанжануардың бәрі рақат тауып, жаны қандай жайланады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Таңертең *ж а д ы р а п* шыққан күннің күлімдеген сәулесіне көңілді деп сенуге болмайды (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Сол кезде дауыл тынып, толқын тоқтап, Бұлт тарқап, күн нұр беріп *ж а д ы р а д ы* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). *Ж а д ы р а п* көктем туды. Қар қауырт еріді де, аз күнде төңірек қарайып, құрғап шыға келді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **2.** а у ы с. *Шаттшадыман болу, жайраңдап масайрау.* Қалау осы балаға не айтқанының бәрін істете алатынына ырза болғандай, көңілі *ж а д ы р а п* күле түсті де, тағы да тез ғана түсін суыта қойды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Көңіл бір *ж а д ы р а п,* шайдай ашылды. Әттең ауыздың дәмін ала алмай, құмарымыз қана алмай қалдық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жайлауыңды көргенде, *Ж а д ы р а й м ы н,* жайланам. Өксігіңді ойласам, Ұйқы беріп, қайғы алам (Бес ғасыр.). Көзіне бір нұр ойнап, *ж а д ы р а й* түскен Шаймерден тау жаққа көтеріңкі көңілмен серпіле қарады да, тағы да сөйлеп кетті (М.Иманжанов, Адам.). Осыдан соң, Базаралы да *ж а д ы р а й* түсіп, Көкпайға домбыра ұсынды (М.Әуезов, Шығ.).

Жадырап сала берді. *Көңілі көтерілді, масайрап, рақаттанды.* Бектас сөзі үздіксіздік айтылғанмен, кесімді ой санаған қалтқысыз жеткендей. Дәріш те, Әлімбек пен Қаншайым да іштей *ж а д ы р а п с а л а б е р д і* (А.Байтанаев, Қайнар.). Әмірбай Атамбай мен Қарақан бірдей келіп қалғаннан кейін көңілі де өсіп, *ж а д ы р а п с а л а б е р д і* (К.Оразалин, Абай.). Кейде көшеде кетіп бара жатқанын сыртынан көзім шалғанда да біртүрлі іштей тоғайып, көңілім *ж а д ы р а п с а л а б е р е д і* (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Қабағы [қас-қабағы] жадырады. *Қас-қабағы ашылып, көңіл-хошы көтерілді.* «Әкесінің *қ а б а ғ ы* қашан *ж а д ы р а р* екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?..» деп сарылып, сарғайып күтеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бастықтың *қ а б а ғ ы ж а д ы р а ғ а-*

н ы н пайдаланып, кейбіреулер шағым айта бастады (Ә.Таразы, Асу.). Дастарқан жайылып алдарына буы бұрқыраған ыстық ас келгенде бала-шағаның көңілдері көтеріліп, *қ а б а қ т а р ы ж а д ы р а й* түсті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Сол уақыт жай табады асау жаным, Сол уақыт *ж а д ы р а й д ы қ а с-қ а б а ғ ы м* (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАДЫРАҢҚЫ с ы н. **1.** *Жайма-шуақ.* Әлгінде ғана *ж а д ы р а ң қ ы* тұрған төңірек іп-лезде қабағын түйді де, ымырт құшағына жедеқабыл енді (М.Сәрсекеев, Жетінші.). Ойпыр-ай, Қорғалжынның *ж а д ы р а ң қ ы* жазда шырын атқан кең жазира даласы қандай, көлдері қандай (Х.Рахимов, Қызғалдақ). **2.** *Жайдары-жарқын.* Көңіліміздегі қайғы тұманы ыдырап, *ж а д ы р а ң қ ы* күндер мен жылдар жылжып өтіп жатты (А.Шамкенов, Толқын.). **3.** а у ы с. *Көңіл-күйі көтеріңкі, шат-шадыман.* Арай мына көкпардан жаңы қысылса да, жүзі *ж а д ы р а ң қ ы* көрінді (Ш.Мұртазаев, Шығ.). Көптен бері көрмей сағынған тоқалына мойнын бұрып, түсті қасын керіңкіреп, *ж а д ы р а ң қ ы* жылы шыраймен емірене қарады Байсақал (С.Талжанов, Ұлдай.). Елді сағынған ауыл адамдары Оспан мен оның қасындағы жолдасы Дарқанды көңілді, *ж а д ы р а ң қ ы* жүзбен қарсы алды (М.Әуезов, Абай).

ЖАДЫРАҢҚЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жанға жайлы жайма-шуақтылық.* Таң самалы түнгі ауыр ауаны ысырып, әлдебір *ж а д ы р а ң қ ы л ы қ т ы* әкелгендей (С. Сарғасқаев, Көңілді бала.). **2.** а у ы с. *Көңіл-күйі көтеріңкілік, шат-шадымандылық.* Аспаны ашық, жұлдызы жарқын, жайдары түн, жарық түн. Жауынгер қабағында да *ж а д ы р а ң қ ы л ы қ* бар (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Есім одан кейін әжесіне қарап еді, оның ашаң өңінен *ж а д ы р а ң қ ы л ы қ т ы* байқады (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЖАДЫРАҢҚЫРА= е т. *Көңіл-күйі көтеріңкіреу, жайнаңдаңқырау.* Менімен қатарласып алған соң қаракердегі ашуы біткен тәрізденіп, азырақ *ж а д ы р а ң қ ы р а п* маған қарады (Б.Майлин, Шығ.). Үй иесі болса да әуелде жүзі *ж а д ы р а ң қ ы р а п* Жанболатқа бірденеге деуге оқталды (С.Мұратбеков, Жабайы алма). Манадан бері түнеріп отырған Анатолий сөздің аяғын *ж а д ы р а ң қ ы р а п:* – Ия, сонымен, – деді ентелей (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖАДЫРАП-ЖАРҚЫРАП үс т. *Шуақтанып, нұрын төге.* Көптен аңсап, асыға күткен көктем *ж а д ы р а п-ж а р қ ы р а п* келсе де, қауырт та шұғыл жұмыстарымен жұрттың екі аяғын бір етікке тықты (К.Қозыбаев, Дәуір аты).

ЖАДЫРАС= е т. *Көңілдері көтерілісіп, құлпырысып, жайнаңдасу.* Ауыл адамдары да жаңбыр ашылған соң *ж а д ы р а с ы п*, көбі тыста қыбырласып жүр (С.Сейфуллин, Шығ.). Күйеулер үйі аз отырып шай ішкенше, оншалық жазылып *ж а д ы р а с а* алмады (М.Әуезов, Абай жолы). *Ж а д ы р а с а* күліп, құшағымызды тағы да айқастырдық (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.). Арамыздағы таныспаудан туған азғана кірбең жойылған соң, жалпылдап амандасып, *ж а д ы р а с ы п* қалдық (І.Жансүгіров, Әңгім.). Орнынан тұрып барып Боранбайдың бетінен сүйген Зәкенді көрген жұрт *ж а д ы р а с а* қалды (К.Оразалин, Абай.).

ЖАДЫРАСУ *Жадырас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көктем күніндей *ж а д ы р а с у.*

ЖАДЫРАТ= е т. *Тынысын кеңейтіп, көңілін көтеру, жүзін жайнатып, көңіл-қошын өсіру.* Жерге қар түскен. Қалың қарағай ішінің таза ауасы адамның тынысын кеңейте *ж а д ы р а т ы п* жіберді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Үрбала дастарқан жайды, жылы ажармен, әзілмен осы ауылдың сорпаға шығары боп саналатын төрт еркекті *ж а д ы р а т ы п* жіберді (Д.Досжанов, Шығ.). Шуақты күн жерімізге нұрын төгіп, бойымызды *ж а д ы р а т а д ы* (Б.Момышұлы, Шығ.). Қуат-күші сендегі ұлы дарынның Орталанса қайтер еді Нарын құм? *Ж а д ы р а т ы п* сен ашпасаң қабағын Халі қалай болар еді даланың? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАДЫРАТУ *Жадырат етістігінің қимыл атауы.* Аз сөзді, ауыр мінезді, турашыл Ермегінен көңіл түйткілдерін *ж а д ы р а т у д ы* күтті көпшілік (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Қаһарман алғашқы сәттегі үрейін сейілтіп, жолдастарын *ж а д ы р а т у ғ а* тырысты (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі.). Арман оны бірден *ж а д ы р а т у* үшін ширықтыратын бір сөзді сайлап та үлгерді (Ә.Әбішев, Ғаламат).

ЖАДЫРАУ[1] с ы н. *Көңілді, көтеріңкі, шаттықты.* Бектастың осы сәттегі *ж а д ы р а у* көңілі арнасынан асып тасыған дариядай. Саналы еңбек жолына түскен бір табысына шат (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ЖАДЫРАУ[2] *Жадыра етістігінің қимыл атауы; көңілі көтерілу, жүзі нұрлану.* Тулаған, арпалысқан сезім толқындары кері шегініп, сабасына қайтып, Бекең жүзі бірте-бірте шайдай ашылып, *ж а д ы р а у ғ а* көшті (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Сәттерімнен іздедім жаңылысқан, Сені іздедім *ж а д ы р а у*, жабығыстан (М.Мақатаев, Шығ.). Жазғытұрғы *ж а д ы р а у*, дүниенің барлық сұлулығы қалай бас қосып, қалай иесіз жатқанына таңданғандайсың (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЖАЗ з а т. **1.** *Көктемнен кейін келетін жылдың жылы, жайлы маусымы.* Түсі суық, у тілді, Қарға адым жер боп мұңы, Үнемдеп жалап топырақ, Бұта көрсе тоқырап, Қыс болса

қатып сіресіп, *Жаз* өмірмен күресіп, Аяғы жоқ, еңбектеп, Күн көріп жүр жылан да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жан-жануар қайтсын *жазға* кенелмей, Баурың төсеп, еркелейсің енеңдей, Жердің жүзі жадырады, жасарып, «Тәңір ием, рахманың кең!» дегендей (Ақмолла, Күндер мен түндер). *Жазда* Атырауға барған сапарында Үкімет басшысы газ кеніштерін игеру кенже қалып жатқанын сынап: «Ұлттық мүдденің теңдігі бұзылуда», – деген-ді («Жас Алаш»). **2.** геогр. *Жер шары өз орбитасының жазғы күн тоқырау нүктесінен күн мен түннің күзгі теңелу нүктесіне дейінгі аралығында болатын жылдың төрт мезгілінің бірі.* Астрономия тұрғысынан *жаз* 93 күнге (23.06 – 23.09) созылады (ҚҰЭ). Әдетте Жер шарының солтүстік жартысында маусым, шілде және тамыз *жаз* айлары болып есептеледі (ҚҰЭ). **3.** *Жаз айларына көктем мен күздің жылы кезеңдерін қосып есептегендегі жылдың жайлы мерзімі.* Өткен дәуір белгісіз, Бір жылдың жартысы қыс болса, Жадырап жартысы *жаз* болар. Құлазыған далаға Құладын тұрмас байласаң (Базар жырау, Шығ.). Қыс, *жаз* бізді алдайды, Алтын айдан артық асылы Рахаты болмайды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Жаз* болғанда елге келсең... Жаңа әйелің жанында боп, Қыс қалада тұра берсең... Айтпаңыз оны, ағатай! (Ж.Аймауытов, Шығ.). 1997 ж. **4.** ауыс. *Жаңға жайлы жылылық, жайнаған әдемілік.* Қызыл тілім буынсыз, Сөзімде *жаз* бар шыбынсыз. Тыңдаушымды ұғымсыз Қылып тәңірім бергенді (Абай, Шығ.). Қайғың – қыс, жүзің – *жаз,* Боламын көрсем мәз. Күлкіңіз бойды алар, Бұлбұлдай шықса әуез (Абай, Шығ.). Аулақ, аулақ, Аулақ менің жанымнан! Қара уайым қара шәлі жамылған. *Жаздың* әлі гүлім жаңа жарылған, Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан (М.Мақатаев, Шығ.). Жай тауып, жадырап бар жан дүниесі *жаз* лебіндей жымия жылы күліп (Ә.Оңалбаев, Өсиет.).

Алты ай жаз. *Ала жаздай, жылдың бүкіл жайлы мерзімі бойы.* Жоғалған анау күнгі қаракерім, Сымбатты жылқы болмас ондай өрім. *Алты ай жаз,* жануар-ай, арымайтын, Босатпай мінсеңдағы бір күн белін (Д.Еркінбеков, Шымыр.). Ханның бұрынғы мешкейі жарты қазақ, жарты қалмақ Анапия ана жолы Хиуада бәсекеге түсем деп жүріп, өрік-мейізден ұшынып, *алты ай жаз* ауырып жатып жақында дүние салған-ды (Ә.Кекілбаев, Үркер.).

Жаз аяғы. *Жаз соңы, күздің басталатын шағы.* Хан тек соңғы жылдары жайлауға алысқа бармайтын, Ұлытау маңайындағы бір шұрайлы жерге бір-екі айдай бой жазып, үй тігіп серуендеп жататын да, *жаз аяғы* болмай Орда Базарға қайта оралатын (І.Есенберлин, Алмас.). *Жаз аяғы* жақындап қалған Ақжауынның кезі (Ә.Әлімжанов, Жаушы).

Жаз бойы. *Жаздай, күн суытқанша, көктемнен күзге дейін.* Екпе шалғындық шөбі тек сиырларда *жаз бойы* құнарлы көк шөппен азықтандыру үшін пайдаланылатын болды (С.Ғабдуллин, Өрлеу.). *Жаз бойы* терістіктегі көз көрмеген мұзды мұхитта жиналған бұлттар қат-қабат, иін тіресіп, жылы жақтың аспанына қарай бүктетіле аунаған әбжылан, айдаһарлардай қаһарлана жылжыды (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жазға салым. *Жазға қарай, жаз шығарда, қыс өте. Жазға салым* қой қоздар кезде сауын айтылған. Сауын, астың болатын айкүнін, орнын жариялаған (М.Әуезов, Шығ.). Күземей тұрып, *жазға салым* түйені жүндейді (М.Ермеков, Тарту). *Жазға салым* бура мен үлек қаншырдай қатып бауырынан жарайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жазда жауған қардай. б е й н. *Қалың, жапалақтаған, аппақ.* Жеделдеп жетіңдер де, жаныштаңдар, Үстіне *жазда жауған қардай* болып (Рүстем-дастан). *Жазда жауған қардай* аппақ мақта (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жаздағы таңдай. б е й н. *Баяу да әдемі, ұзақ та жарық.* Жайдары шуақ мінезің *Жаздағы таңдай* сызылған (Т.Молдағалиев, Өленд.).

Жаз дидарлы. *Жүзі жылы, ашық-жарқын (кісі).* Ән еркесі – келте мұрын, үлкен қой көзді, *жаз дидарлы*, қою шашты қыз («Лен. жас»).

Жаздың сарша тамызында. *Шілденің нағыз ыстық кезінде (тамыз – араб сөзі, ыстық мағынасында). Жаздың сарша тамызындағы* таңдардың бірі. Күн көкте өрмелеп, көлеңкелердің бойын қысқартып келеді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қыс ызғар, жаз шаң тимеді. *Қиыншылық көрмеді, жаны қиналмады. Қыс ызғар, жаз шаң тимес,* Алатаудың аруы ем, Қараның қаны – бекзат ем, Сол басымнан күн өтті (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАЗ[1]= ет. **1.** *Ойлаған ойды әріп-таңбалармен қағаз я басқа нәрселердің бетіне түсіру.* Ей, Құлын, қоздырмашы делебемді, *Жаза* бер онан-дағы кенегеңді. Кім келер қайымыңа, «алда-арба», Надан көп сенің ұстар өнегеңді (О.Шораяқов, Шайыр). Шатыр іргесінен жайлап соққан самал, салқын желден білте шам сөніп қала жаздап, жалын басын бұлғақтатып жалп-жалп етеді. Оған қарамай *жаза* берді (С.Бақбергенов, Белгісіз). Ақ, қараны айырған Қағазға *жазған* хат болар. Шешендерді сынаған Тізелескен дау болар (Базар жырау, Шығ.). **2.** ауыс. *Шығару, ойын ұйқастырып, үйлестіріп, келістіріп, өлең не болмаса басқа да көркем шығарма түрінде жеткізу; шығармашылықпен айналысу.* Жарты ғасыр болыпты-ау, *Жазға-*

н ы м а мен өлең. Әлі де болса толықтау, Жаза түссем деген ем (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Ж а з б а у ғ а* қоймас жүрек ерік бермей, Мезетке қалам қайтсын серіктенбей. Ащы шер, құрлы мұңым бой балқытар, Күншуақ қалың қарды еріткендей (К.Салықов, Жезкиік). Осындай жайларды көріп-біліп отырғаннан кейін бұл уақыт шығындап, *ж а з ы п* жатқан жұмысымды тоқтатып, «ой бөлмей-ақ қояйын, оқыған, көрген жұрт әділдігін өздері-ақ айтар» деп ойлағам («Жас Алаш»). **3.** *Атап көрсету, жазып көрсетіп кету.* Қазақ этнографиясының жетік білгірі, академик Ә.Х.Марғұлан мұндай қорымдар орналасқан жерлердің ертеректе «түпкі ер», «меке жер» деп аталғанын *ж а з а д ы* («Парасат»). Нью-Йорк академиясы мүшелігін мақтан қып *ж а з ғ а н* үміткердің құжаттары бірден мақулатура жәшігіне жөнелтіледі («Жас Алаш»). Бұл жерде Абылай, Төле бастаған аталарымыздың халқының атын, ру-тайпасының атын қытайлық түсінікте бермегеніне де, ол атаулар туралы қазір қытай тарихшылары *ж а з а* қалса, оларды қазақша төл ұғымыда емес, сол архивте сақталған күйінде, қытайша береріне де ешқандай күдік болмауға тиіс («Жас Алаш»). Өзеннен өткен соң, – деп *ж а з а д ы* Рубрук, – біз әлдебір алаңқайға тап болдық та, сол тұстан күйреген замокты кездестірдік, оның қабырғалары саз топырақтан тұрғызылыпты, айналасындағы жерлер өңделген екен («Парасат»). **4.** а у ы с. *Діни наным бойынша адам тағдырының о бастан Алла тарапынан пешенеге белгіленіп қойылуы.* Өкінішім қалмайды әлі ішімде, Ертеңгі күн ұлы сәске түсінде, Жетіп келді көкең сорлы тап етіп, *Ж а з ы п* тұр ма жау қолына түсуге (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Не пайда тәңір сізді шетке *ж а з ғ а н,* Сонда да үмітім көп сұлу наздан. Мал берген сізге ажарсыз жаман жігіт, Көрер деп біздерді артық ақылы аздан (XX ғ. қаз. ақын.).

Алла [Құдай] жазса. с ө й л. д і н и. *Құдайдың қалауы солай болса, бұйыртса, иншалла, ынғайы келсе деген мағынада.* Үлкені бар үйлер құр отырған жоқ. Ертең, *А л л а ж а з с а,* сол жақта болатын шығармыз (М.Дүйсенов, Мейман.). Шайға бұл жолы отырмаймын. Кейін... *А л л а ж а з с а* бәрі кейін... Жартыны жарып, бүтінді бөліп жейтін жандар боламыз әлі (Д.Әбілев, Арман.). Сонан кейін Күлзейнені маған *Құ д а й ж а з б а ғ а н* шығар деп көңілімді суытып, біржола күдер үздім (І.Жансүгіров, Шығ.).

Алланың [Құдайдың, тағдырдың, тағдыры] жазғаны. д і н и. *Құдайдың пендесіне бұйырғаны, көруге нәсіп еткені.* Көрмей пенде қоймайды, Жаратқан ие *А л л а н ы ң* тағдырда *ж а з ғ а н* бұйрығын (Қыз Жібек). Егер де Ақбота таппаса, онда *т а ғ д ы р д ы ң ж а з ғ а н ы* – үсідік далада (З.Шашкин, Шығ.). Білмейді бастарына келмеген жан, Атына махаббаттың мінбеген жан. *Т а ғ д ы р д а* осылайша *ж а з ғ а н* болса, Бар ма екен құдіретке көнбеген жан (М.Сералин, Таңд.). Қайдан білейін. *Құ д а й д ы ң* бір *ж а з ғ а н ы* бар шығар. Әйтеуір өзі жыламайтын болса екен. Біз көрерімізді көрдік (З.Ақышев, Ақбел.).

Әзелде жазған іс. *Ежелден бұйырған іс; тағдырдың жазмышы. Ә з е л д е н ж а з ғ а н і с* болса, Несіне мұның күйеді (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

Дәм жазды. *Жолы түсті, сәті келді, тағам бұйырды.* Жасқанбай ай көзіңді шығарман мен *Д ә м ж а з ы п,* тез арада бара қалсам. Қуанарсың, жерімде шығарған мен Егін мен орманымды ала барсам (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). *Д ә м ж а з ы п* осы жолдан аман қайтсам, Сұрша қыз көрісерміз Баянтауда (Қаз. ақын. шығ.).

Жазатын мәшине. и н ф. *Мәліметтерді компьютерге енгізу мен олардықағазға шығаруға абоненттік бөлімдерде компьютер операторының консолы ретінде пайдаланылатын сыртқы құрылғы* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Ие жазды. *Тәңірі қалады, тәңірінің дегені болды.* Күңіренген бәйбіше де қоңыр қазша: «Бермес пе ед бір шикі өкпе *и е ж а з с а*!» Үйлыққан, үндей алмай отырған жұрт, Шеттегі түрегелді жетім тазша (І.Жансүгіров, Шығ.).

Құдай [пешенесіне] жазбаған. д і н и. *Алла тағала бұйырмаған, тағдырында болмайтын.* Асылы, адал кәсіп маған кәсіп емес екен. *П е ш е н е м е ж а з б а ғ а н* болды. Торы аттан енді күдер үз (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Құдай жазбасын. т і л е к. *Басқа салмасын, бастан өткізбесін, аулақ болсын, айналып өтсін, көрсетпесін мағынасындағы жаманшылықтан сақтасын деген тілек. Құ д а й ж а з б а с ы н* да, есіткенде иманың түршігеді (Б.Майлин, Шығ.).

Маңдайға [маңдайына, пешенеге] жазды. *Тағдыры осылай болды, бақ-талайына осы түсті; тағдырдың дегені.* Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір, соған қарсы бір де болса, қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да арман емес. *М а ң д а й ы м ы з ғ а ж а з ғ а н ы н* көріп аламыз (М.Әуезов, Шығ.). Қаламайын, жан ата, Сұлуды да, малды да, *М а ң д а й ы м а ж а з ғ а н* бар Бақытым менің алдымда (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бар болып байлар кімді асырайды Әркімнің *ж а з ғ а н* Алла *м а ң д а й ы н а н* (Біржан сал, Өлеңд.). *П е ш е н е м е ж а з ғ а н* азап пен дозақта адам баласын қара жердей етіп қорлайтын сұмдық айлар да басталды («Лен. жас»).

Топырағыңды жеріңнен [елден] жазсын [жаза гөр]! *Алла өз жеріңде, туған еліңде дүние салуға бұйыртсын, бұйырта гөр деген мағынада*

айтылады. Уа, Қозыбай, дәм-тұзыңды елден жазсын, *Топырағыңды жеріңнен жазсын*! (Шешендік сөздер). *Жаза көр топырақты елден,* Алла. Тілегін міскіндердің берген, Алла. Құлыңа екі жаза бере көрме, Кеше гөр, қылдым тәуба, тәуба, тәуба (М.Дулатов, Шығ.).

Тұрағын жұмақтан жазсын! д і н и. *Қайырлы болсын, о дүниеде жаны жайлы болсын*! Төлегендей ағаның *Жұмақтан жазсын тұрағын* (Қыз Жібек).

ЖАЗ²= е т. **1.** *Жаймалап тегістеу.* Қасқырлар тыным таппай қазып жатты, Астына топырағын *жазып* жатты. Арасын өрген тастың тескен кезде, Жолаушы аяқтан кеп ұстай апты (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). – Шырағым-ау, мұның не? Көрпелеріңнің тысын жуып, мақтасын *жазып* салуың ғой,– деді келініне (С.Досымов, Жаңғырық). Мақұлбек қалтасынан сиыр тіліндей үш қызыл қағазды алып, қыртысын *жазып,* Доскейдің алдына қойды (Д.Досжанов, Зауал). **2.** *Жиюлы, бүктеулі күйін ашып жаю.* Сәрсен кесте төккен жібек орамалды *жазып* жіберіп, ай сәулесіне тосып желбіретіп тұрды да, сүйіп алды... (Т.Ахтанов, Дала сыры). Қолын созып оның қалтасындағы бет орамалды алды. Ұрлық істеп отырғандай Мишаға бір қарап қойып, тізесінің үстіне *жазып* салды (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Шешем ауыз да тиместен әлгіні менің қалтама қотарып салып едім. Сонан соң қолтығындағы айнаны алып орауын *жазды* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **3.** *Бүгілген, бүрілген қалпын түзеу.* Сонсоң ғана епте есін жинайын дегендей, Жаналыға бір, Әпсаттарға бір қарап, екі қолын *жазып,* иығын кейін қайқайтып, мықтап бір керіліп алды (Б.Аманшин, Көкжар). Қасқыр бүктетілген алдыңғы екі аяғын *жаза* алмай, алас ұрып жатыр (Қ.Әбдікадыров, Мақташы қыз). Қаз, қаз балам, қаз балам, тақымыңды *жаз* балам. Қадамыңа қарайық, Басқаныңды санайық (С.Қасиманов, Өс-өс.). Шайыңды даярлайын, босатшы, еркем! – деді Айбала, Ботагөздің қолын мойнынан *жазып,* бетінен сүйді (С.Мұқанов, Ботагөз). **4.** *Шатысып, үйысып қалғанды талдап ажырату.* Бақтың ортасында сымбатты бір кемпір шашын *жазып* отыр екен (Мың бір түн). Дарияға балық аулап бір шал келді, Ауына дариядағы көзін салды. Алтын шаш ауына кеп оралыпты, Ауынан әлгі шашты *жазып* алды (Батырлар жыры). **5.** *Байлаулы қалыптан босату, шешу.* Бір-бір шолағын кісеннен *жазып,* тұсаудан міне қашқан кедейлер де көп жылқының дабырына қарай бет-бетімен безіп жөнелді (І. Жансүгіров, Шығ.). Суытып қойып жатқанша, Қара қасқа тұлпардың, Қаңтаруын *жазды* да, Байлады мейіз-жем беріп (Қамбар батыр).

Арқа жазды. *Қолы босап, аяқ-қолы кеңіді, еркін тыныстады. Арқа жазар* күн жақын. Дихан тұқым себуді аяқтап, алтын астықты жинауға дейін саябырсиды (Қ.Мұхамеджанов, Шығ.).

Бауыр жазды. а) *Түрегеліп жүре бастады.* Төсек тартып жатып қалған еді, *бауырын жазып,* үйге кіріп-шығатындай халге жетті (Ауызекі). ә) *Еркін көсілді, жүйткіді.* Поезд қазір кең жазықта *бауырын* еркін *жазып,* желдің өтіне маңдайын төсеп зымырап келеді (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Жайшылықтың өзінде *бауырын жазып* жарытпайтын, ал дауыл келгеннен бері «Аллалап» көрінген тасаға бетін басып бұға берген Жібекті Бөбек келісімен ішке жіберген (Ә.Сараев, Тосқауыл).

Бел жазды. *Дем алды, тынықты, тыныстады.* Бұл фермадан келген Төленнің апасы еді. Ол білегіне қыстырған шелегін жерге қойып, *белін жазды* (Т.Мизамбеков, Ұзақ жаз.). Оларға сіздер «Сібірге айда» деп айтпайсыздар ма?! Ол жақта сіздерге өмірбақи *бел жазбай* істейтін құл керек емес пе! (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік). Көмекке не туыс кеп, Қалды қарттар *бел жазып.* «Егін, егін – ырыс!» деп, Жаңғырықты кең жазық (І.Мәмбетов, Таңд.).

Бой жазды. *Көңіл сейілтті, сайрандады, сергіді.* Сұлтанымның жоғында, Сен болдың менің ергенім. Әкелдің де қамадың, Жарық сәуле көрмедім, Далаға шығып қыз Құртқа, *Бойын жазсын* демедің (Ер Таргын). Жүріс өнбейді. Сонда да қарсыз құрғақ жерге шығып, азырақ *бой жазған* соң, қалашылар меніменен әңгімелесуді көбейте бастады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Наймантайлар жуынып-шайынып, сақал-мұрт басысып, енді үй сыртында *бой жазып* тұр еді (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

Бойын жаза алмады. а) *Денесі ауырлады.* ә) *Еркін, жайдары бола алмады.* Мен астанадан келдім. Беделім де, қызметім де одан жоғары. Сонда да оның алдында кібіртіктеп, *бой ымдысы жаза алмай* қалдым (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Жұбын жазбады. *Бір-бірінен ажыраспады, үнемі бірге жүрді, ынтымақта болды, бөлінбеді.* Абай айналасындағы тілеулестер, әсіресе, денелері, бітім-тұлғалары балғын, кесек біткен, отыз-қырқы тізе қосып, *жұбын жазбай* жүрген грузчиктер болатын (М.Әуезов, Шығ.). Әбіш, Мағыш, Әлмағанбеттер бір бөлек кетті де, Дәрмен мен Мәкен ұзақ кешті *жұбын жазбай* өткізді (М.Әуезов, Шығ.).

Жұбын жазбау. *Бір-бірінен ажырамау, үнемі бірге жүру.* Айбарша мен Дәулеттің құрылыс басында *жұптарын жазбауы* көзіне күйік бола беретін Самарқан оған қуанған (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жазып құйды. ж е р г. *Үйге келген қонаққа ең соңғы рет сый аяқ, сый шай құйды.* Қонақтың

шыныаяғына шайды *ж а з ы п қ ұ й* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көңіл жазды. а) *Бой сергітті, серуендеді.* Жүрші, қырға шығайық, бой көтеріп, *к ө ң і л ж а з а й ы қ* (Ауызекі). ә) *Көңілде дық қалдырмады.* Енді, Құнанбай тым құрыса, Ұлжанмен арыздасып, *к ө ң і л ж а з ы п* кетпек (М.Әуезов, Шығ.).

Қабақ жазды. *Реніште, кейісті түрін өзгертті, көңілденді.* Қалиманың ойында түк жоқ; шалының *қ а б а қ ж а з ы п,* тіл қатып жатқанына мәз (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бірақ мылқау табиғат бізге деген ашулы *қ а б а ғ ы н ж а з б а д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Желе аяңдап Амантайға жеткенде, түйілген *қ а б а ғ ы н ж а з б а с т а н,* – тоқтат! – деді (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

Құлаш жазды. а) *Екі қолын кеңінен аштыр.* *Қ ұ л а ш ы н ж а з ы п,* құшағына алды (Ауызекі). ә) *Кең алқапқа таралып, молынан жайылды.* Тұмсықшадан қылт етіп еңсе көтергені сол – тың аяғының астынан кең алқап лықсып *қ ұ л а ш ж а з ы п* кетеді екен, сол жазықтың бетімен лықси ыңып келе жатқан сап-сары кілегей қаймақтай бөкен легін көрді (Ө.Досжанов, Табалдырығың.). б) *Өрістеді, дамыды.* Қор құйылды далаға, Миллион-миллион сомалар, *Ж а з д ы қ ұ л а ш* жаңа өмір – Социалдық шаруалар (І.Жансүгіров, Шығ.). в) *Алысқа естілді, жан-жаққа таралды.* Міне, тағы *қ ұ л а ш ы н ж а з д ы* бір ән, Көркі осалдық етпегей мазмұнынан. Сорпа ішеміз қалайы қасықпенен, Жер бетінде күмістің аздығынан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Құшағын жазбады. *Айырылмады; тастамады, бірге болды.* Көзінің тірісінде шешесі көкейіне қондыра берген болу керек, бала менен *қ ұ ш а ғ ы н ж а з б а й-ақ* қойды (Ж.Жұмақанов, Таңд.).

Құшақ жазды. *Қаусырған екі қолын босатты.* «Мауқымды бастым» дегендей Төлебай *қ ұ ш а ғ ы н ж а з ғ а н д а* Қаратілеу кескініне қарап еді, жылағандай көзін сүртіп тұр екен (С.Мұқанов, Шығ.). Қаншайым *қ ұ ш а ғ ы н ж а з ы п,* Гауһарды қалдыра беріп, Ақынғұлдың өңіне төне түсті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Тақым жазды. *Шапты, жүрді деген мағынада айтылады.* Жарысқанда артта қалуға намыстанғаным ба, әлде салт атты жатырқап қалдым ба, біраз жер *т а қ ы м ж а з ғ а н н а н* кейін, мен атымның басын іркіп, аяңға түсірдім (С.Мұқанов, Шығ.).

Тобын жазбады. *Бірлікте болды.* Сол жолымен келеді еркін басып, Ерікті ел еңбекте *ж а з б а й т о б ы н* (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.).

Тізе жазбады. *Жүбы ажырамады, қатары бытырамады.* Қалбағай қалған жылқышылардың тобын маңына тартып алып, ел кісісі артта қалғанын біліп, енді *т і з е н і ж а з б а й ы қ* деп, тоскауылға бөгелеңдеп қалған топқа артына ерген шоғырымен тұтас келіп араласып кетті (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗ^{3}= е т. *Ауру-сырқаттан, дерттен айықтыру, сауықтыру, жараны емдеу.* Баланы бақты кірекеш, түйітпей қас-қабағын. Түйеге жайлы мінгізіп, жарылған *ж а з д ы* табанын (О.Шипин, Екі дастан).

Бас жазар. с ө й л. *Мастықты тарату үшін ішетін ішімдік.* Тобын жазбай жүретін ауыл бастықтары әлі есін жиған жоқ. Енді бәрі *б а с ж а з а р м е н* әлек (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Бас жазды. с ө й л. *Мастықты тарату үшін ішімдік ішті. – Б а с ж а з б а қ* боп ресторанға бара жатыр едім. Жолдан бұрылып кеткім келгені (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Енді қазір ол *б а с ы н ж а з б а қ* болып, бутылкадағы ақ арақты рюмкеге толтыра құйды да, қылқылдата бастады (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Жанның [жүректің] жарасын жазды. *Көңілдегі дерт, қаяу, қайғыны жойды, жанға жылылық, жақсылық әкелді, ауыр ойлардан, қайғыдан айықтырды.* Өміріңді өксітіп Мыс қылар алтын бағаңды. Жолдас болсаң жақсымен *Ж ү р е к т е н ж а з а р ж а р а ң д ы* (Базар жырау, Шығ.). Сен туғалы таң атып, *Ж а н ы м н ы ң ж а з д ы ң ж а р а с ы н* (С.Керімбеков, Жер-ана).

Жараны жазды. *Бір ауыр, қиын т.б. жағымсыз әсер, әрекеттен құтқарды, саламаттылық әкелді.* Ескі дүние *ж а р а с ы н ж а з д ы* бәрі, Еркіндеп кең бақшада масайрасқан (Жамбыл, Шығ. жин.).

ЖАЗ^{4}= е т. **1.** *Кінәлі, айыпты болу, жақпау.* Үміт шіркін қашанда қашқан елік, Кейде *ж а з ы п* қаламын, кейде көріп. Тұлпардайымын көңілім қиқулаған, Шабытыма шаршамас тілім-серік (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қарағым, не *ж а з ы п* қалдық. Бес күннен бері өзіңнің хабар-ошарсыз кеткеніңмен шаруаң жоқ-ау, – деді әйелі (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **2.** *Бетінен жаңылу, бағдарынан ажырау, адасу.* Мұндай қасқырларға осы уақытта да ерік беріп қойған екен. Әлгі сорлы жолдан *ж а з ы п* үсініп қалар ма екен (Б.Серкебаев, Өткенде). **3.** *Айну, алған бетінен тану, айырылу.* Мұны сендер үшін Құдай тағалаға күндіз-түні құлшылық етуден *ж а з б а й* келе жатан әулие апа Марияның атынан сұраймын (Қ.Исабаев, Соңғы.). «Ой, бауырым» салу ертерек, өздерің барда ол тірі. Елінен *ж а з б а с* ер түлек, жемінен жазбас бөлтірік (Ж.Молдағалиев, Таңд.).

Аллаға [Құдайға, тәңірге] жазды. *Діни түсінік бойынша «Алла жолынан ауытқыды», «күнәкар болды», «жазықты болды» деген*

магынада айтылады. Бірінші тілек тілеңіз: Бір *Аллаға жазбасқа.* Екінші тілек тілеңіз: Пиғылы пасық залымның Тіліне еріп, азбасқа (Бұқар жырау, Жыр.). Бақсы да, сірә, болмадың. Өлең айтып оңбадың. Ел ішінде азыпсың. Бір *Құдайға жазыпсың* (Жамбыл, Шығ.). *Тәңірге жазып,* мінбей-түспей арып, шөмеңдеп, дуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды? (Абай, Тол. жин.).

Жаза баспады. *Жаңылмады, қателеспеді, дәл түсті.* Құмайдай жұрт аңдымай қияға ұшып, Алатын тоятымды таңдап едім. Айдынның ақ шортанын жібермеймін, Жасымнан *жаза баспас* қармақ едім (Жамбыл, Шығ.). *Жаза баспас* қадам жоқ, Жаңылмайтын адам жоқ (М.Әлімбаев, 666 мақал).

Жаза басты. *Жаңсақ кетіп, жаңылды, қателесті. Жаза басқан* жерім қайсы деп алды-артын ойлаумен шеке тамыры үзіліп кетердей боп отырғанда сырттан дүрліккен айқай-шу тағы естіліп, құлақ жарды (А.Байтанаев, Қайнар). Өмірде тап баспай, *жаза басу* кездесіп отырады. *Жаза басу* – әдебиетте де, сында да болуы ықтимал («Қаз. әдеб.»). Қанды көз Мәмет іс қылып жүріп, өмірі *жаза басқан* емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айдынның ақ шортанын жібермеймін, Жасымнан *жаза баспас* қармақ едім (Жамбыл, Таңд. шығ.). Қиқулап өтсе қаздардың азаны аспанда, Қараша келіп, қонаққа қазан асқанда. Жеті пері қыз жүр ме екен «Басекемайлап», Жастарын сүртіп, жарлары *жаза басқанда?* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жаза ұрды. жерг. *Жаза басты, дәл түспеді.* Бүркіт кейде түлкіге *жаза ұрады* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жазбай таныды. *Дәл басты, жаңылмай ажыратты, бірден білді.* Аудан басшыларының бірі боларсың-ау деп, *жазбай танып,* биесін ерттей салып, осылай қарай беттеп еді (С.Жүнісов, Жапанда.). Оның ішінен Нүрпейіс Зіриді *жазбай таныды.* Жүректе тағы да толқу пайда болды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Ол әр кезде өзінің қасынан табылып, тиянақтандырып жүретін осы бір ұзын шашты кішкене адамды топ ішінен де, ауыл шетінен де *жазбай танитын* (Қ.Жаркенов, Жылқышы).

Жазған [жаппар] құлда жан [шаршау] бар ма? көне. *Еш қажымайды, ертеңнен қара кешке дейін дамылсыз жұмыс істейді, тиісті міндетінен бас тартпайды.* Немене, жүрегің дауаламай ма? *Жазған құлда шаршау барма,* Кәшекең өзі-ақ баяндайды (М.Иманжанов, Таңд.).

Жаздым, жаңылдым. *Жаңсақ бастым, айыптымын. Жаздым, жаңылдым* десе тимейді. Қоңырқұлжа мұны да жақсы түсінеді (І.Есенберлин, Қаһар). Алатау, Кешір, Манар! Мен *жаздым.* Мен *жаңылдым,* мен оңбадым (Қ.Сатыбалдин, Қызыл.).

Көз жазбады. а) *Үнемі назарында ұстады, қарасынан адасып қалмады.* Айқын, сен бізден *көз жазбай,* батысқа қарай бетте (Ә.Әбішев, Шығ.). Бір ноқатын қалдырмай маған жеткізу үшін, оны аңдып, *көз жазбады* (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). ә) *Көз айырмай, тесіле қадала қарады.* Шіркін, біз үйден шығып кеткенше, қыздан *көз жазбады,* тесілді де отырды (Ауызекі). – Сонымен ойларың қандай, – деді ол екеуіне көк теңізден *көз жазбай* тұрып («Қаз. әдеб.»). Айдар түс көріп оянғандай *көз жазбай* қарап қалыпты (Т.Тобағабылов, Тағы бір күз.). б) *Айнымады, айырылмады.* Асан арқаннан *көз жазбай,* баяу сусыған қозғалысына қарай шыжымдап жіберіп жүр (С.Санбаев, Аруана).

Көз жазғанша қарады. *Көрінбей кеткенше қарап тұрды. Көз жазғанша* нүктеге ұзақ *қарады.* Қалған нүкте, дариға, естен шығар ма? (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

Көз жазып қалды. а) *Ізінен адасты, қарасынан қол үзді, қапелімде айырылып қалды, жоғалтты.* Ержан жаңағы өзі шырамытқан «ерекше» жауынгерден тағы да *көз жазып қалды* (Т.Ахтанов, Таңд.). Надя мен Тайман кинодан шыққан бетте әлгі үшеуінен оп-оңай *көз жазды* да *қалды* (З.Қабдолов, Жалын). ә) *Көре алмады, көріп-білуге мүмкіндігі болмады.* Ол үйректің қызығына қарап, ителгісінің одан кейін не істегенінен Сәтжан *көз жазды* (С.Бегалин, Уақыт). б) *Хабар-ошарсыз, бейхабар қалды.* Мен саған бір әңгіме айтайын. Екі айдан бері хат болмай, мен баламнан *көз жазып қалып* ем (Ж.Ташенов, Қаратас).

Құдай-ау, [тәңірге] не жазды. эксп р. *Бір нәрсеге қатты кейігенде, қиындық көргенде айтылатын айыбым қандай деп Құдайдан сұрау, жалбарыну мағынасындағы сөз.* Жауға пенде қылғандай. Мен *тәңірге не жаздым?* (Қобыланды батыр). – *Құдай-ау,* мен *не жазып* едім? – деппін, әбден енді өлгенімнен (С.Сейфуллин, Шығ.).

Не жазды. *Жазығы, айыбы қайсы, қандай кінәмен жақпай қалды.* Бұл топтың ішіне байқаусызда түсіп қалған қыз бен жігіт *не жазып* қалғанын білмей, жан-жағына жаутаңдап қарады (С.Адамбеков, Көсе.). Бәтір-ау, бұған *не жаздым?* Алғаш рет қол ұстасып ауылға бірге келген кеште бірдеңенің ретін білмей ренжітіп алдым ба? (М.Дүзенов, Ақәже). «Япыр-ау, Бексұлтанға не болған, ақыл-есі түзу жігіт еді ғой. Мені осыншалық жеккөрушілік-

пен халыққа, әй көпір етіп көрсетуге бұлайша құлшынып, жалған сөйлеп, жала жабуға мәжбүр ететіндей *не жаздым* бұған» («Жас Алаш»).

Соқыр көргенінен жазбас. *Ұстағанынан айырылмайды деген мағынада (қыңыр, топас адамдарға айтылады). «Соқыр көргенінен жазбас»* дегендей, соқыр басшылар мені қауқитып бетке ұстап жүргенде, ақырын жүріп, мығым басқан талайлар менен озып кетіпті. Соны білдім, – дейді Кәкібай («Лен. жас»).

Тәубесінен жазды. д і н и. *Құдайын есінен шығарды; жолдан шықты.* Білген кісі азар ма? *Тәубесінен жазар* ма? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЗА [ар. جزاء] з а т. **1.** *Қылмыстылығы, кінәлілігі үшін тартатын айып, істеген күнәсінің азабы, өтеуі.* Қасиетті Құран Кәрімнің, «Иунус» сүресінің 27-аятында: «Жамандық жасағандар сол жамандығына тепе-тең *жазаға* ұшырайды, қорлыққа жолығады» («Жас Алаш»). Сонымен оны Жұрымбай *жаза* алмайды дейсің бе? (М.Дулатов, Шығ.). Мұсылмандық ережелерден шегінгендер немесе ол ережелерді дұрыс атқармағандар үш түрлі *жазаға* кесілетін еді: бірінші *жаза* – шапалақтау, екінші *жаза* – таяқпен дүрелеу, үшінші *жаза* – темір шыбықпен (шомполмен) соғу (Х.Ақназаров, Ислам). 1903 жылға дейін дүре *жазасы* қолданылып келді («БК(б)П тарихы»). **2.** *Себепсіз азаптау, жапа.* Мәмлүк заңы бойынша, сұлтан қаһарына ұшыраған әмірдің ең жақын достары да *жазадан* құтылмайтын («Парасат»). **3.** *Кінә, жазық.* Жүгіріп Мәжнүн келді «ағатайлап, Гәріпті неге ұрасың қолын байлап. Сорлының әлде қандай *жазасы* бар, Ұқтырып айтыңызшы маған жайлап» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қайратқа сеніп, қақтықпай, *Жазасын* тауып жауласар. Қатынша тілмен шаптықпай, Майданға шықса жарасар (Абай, Тол. жин.). **4.** п е д. *Тәлімгерді қандай да бір айыбы үшін жауапкершілікке тартудың бір түрі ретіндегі тәрбиелік мәні бар жазалау шарасы.* Соңғы кезде педагогика пәні *жазаны* екіге бөліп жүр: 1) Жаратынды *жаза*, 2) жасанды *жаза*. Жаратынды *жаза* қылмыстың өзімен байланысулы, яки нәтижесі сияқты, қылмыстың өзінен туады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** з а ң. <ағыл. fenalty> *Сот үкімі бойынша қылмыс жасады деп танылған азаматарға қатысты әр елдің қылмыстық заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес қолданылатын мәжбүрлеу шарасы.* Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша *жаза* белгілеу кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамға қатер төндіру дәрежесі, айыпкердің жеке басы, оның мінез-құлқы, жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі (ҚҰЭ). *Жазаны* қылмыстық іс жүргізушілік низамда белгіленген арнаулы заң тәртібімен сот қана тағайындайды (Заң. термин. түс. сөзд.).

Жаза берді. *Сазайының тартқызды, кінәсін өтетті, жазалады.* Қолыңда әкең қылышы! Әкеңнің жалаң намысы осы болаттың жалындаған жүзінде. Жаза бассаң, *жаза* да *берер* сол қылыш, – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Жазаға кіріптар қылмады. *Жазаламады, жазаға тартпады, кінәламады.* Палата шығын кескенмен, бәлкі кеспесе де, закон бойынша, егер прокурор протест қылмаса, олардың ісін қайта қарап *жазаға кіріптар қылмайды* (М.Дулатов, Шығ.).

Жазаға ұшырады. *Біреудің кәріне кезікті, қаһарына душар болды.* Естеріңде болсын. Егер үкімет жинаған астықты заңды жолмен алмай, талассаңдар, күні ертең *жазаға ұшырайсыңдар* (Т.Нұртазин, Үлкен жол.). Жаудың *жазасына ұшыраған* үш жолдасымыздың қайғылы қазасы әлі ұмытыла қойған жоқ еді (Н.Көшекбаев, Қарулас дост.).

Жазадан [жазаны өтеуден] босатылды. з а ң. *Жеңілдететін мән-жайларды ескере отырып, жасаған қылмысы үшін мәжбүрлі айыбын өтеу немесе оны жеңілдетуге рұқсат алды.* Жеңіл қылмыс жасағаннан кейін екі жыл, орташа ауыр қылмыс жасағаннан кейін бес жыл, ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл өтсе, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты айыпкер *жазадан босатылады* (ҚҰЭ). Аса ауыр қылмысы үшін сотталғандар он бес жыл мерзім ішінде өтемеген болса, қылмысы үшін сотталған адам *жазаны өтеуден босатылады* (ҚҰЭ).

Жазадан босату. з а ң. *Жеңілдететін мән-жайларды ескеру арқылы жазасы үшін еріксіз мәжбүрлеуді оңалту немесе болдырмау.* Айыпты азаматтарды ауруға шалдығуына, төтенше жағдайларға, айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты рақымшылық немесе кешірім жасау акті негізінде *жазадан босату* жағдайлары да кездеседі (ҚҰЭ).

Жазасын алды. *Тиісті сазайын тартты.* Арқасын қайыңға сүйеп тұрған Павлик: Поезд тіпті жақындап қалды. Бәлкім, офицер *жазасын алар* еді, – деді (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Жазасын алу. *Айып-кінәсін өтеу, сазайын тарту.* Сынған ыдыс пен жыртылған костюмнің құнын әйелі төлепті. Бірақ енді тентектік бір жасалғаннан кейін *жазасын алуы* қажет қой (А.Шамкенов, Толқын.).

Жазасын берді. *Көресісін көрсетті.* – Мыс-қылың құрысын! Майланбаған соң қайтушы еді? Екі соқаның екеуі де кешікті бүгін. *Жазаларыңды берермін!* – деді Мәскуре (І.Жансүгіров, Әңгім.). Менің басыма бас

сауғалап құтылатындай ештеңе түскен жоқ. Қателестің деді, беретін *жазасын берді* (С.Бақбергенов, Адам.).

Жазасын беру. *Көресісін көрсету, сазайын тарттыру.* Сұмдық жауыздық қой бұл. Бұлардың *жазасын беру* керек, – деді Балымай өңі сұрланып, айуандыққа жаны түршігіп (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Жазасын тапты. *Айып-кінәсінің өтеуін берді, сазайын тартқызды.* Ел құрып жаудың жолын бақпақ болды *Жазасын* залымдардың *таппақ* болды. Қасына сексен кісі жолдас ертіп, Қыранның томағасын тартпақ болды (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жаза тартқызды. *Сазайын, айып-сыбағасын берді.* Қожа есегін ұрады жаман қатты, Ұрмай қайтсін қалғаны жанға батты. *Жазаңды тартқызайын* мен сенің деп, Өлгенше тас тасуға майын сатты (М.Қалтаев, Таңд.).

Жаза тартты. а) *Сазайын алды, жазаланды, айыбын, кінәсін өтеді.* Қарсылық күнде қылған телі-тентек, *Жаза тартып* ешбірі сұралмай жүр (Абай, Тол. жин.). Ақсүйекті қор тұтқан, Қараны онан ор тұтқан, Ноғайларды пір тұтқан, *Тартарсың* сонда *жазаңды* (Бозжігіт). ә) *Істеген жазығы үшін айыпталды, мәжбүрлі түрде айыбын өтеді.* Сайымды өлтірген төрт жігітті патша үкіметі дарға асып, оларға серік болған көп адамды *жазаға тартқан* екен (С.Мұқанов, Өсу жол.). Кісі өлтірген Елпан да, өлтірткен сен де *жазаларыңызды тартасыңдар* – деген Нұржанның даусы қатты шықты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Өлім жазасы. з а ң. *Аса ауыр қылмысы үшін берілетін аса ауыр жаза, өлімге кесілу.* Осылай ойлап, өзіне *өлім жазасын* күткен қылмыскердей құнысып, бір уыс болдым да қалдым (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

ЖАЗАБА: жазаба тиді. ж е р г. *Қырсық шалды, бәлеге жолықты.* Егер осы пірәдәрді бұзса, *жазаба тиеді* депті (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

ЖАЗАГЕР з а т. *Қылмыс істегенді айыптаушы, жазалаушы.* Әлгі еңгезердей жирен *жазагерді* шақырып, «жасауыл, жасауыл» деп Қостөбе жаққа қолын сілтеді (А.Нұрманов, Құлан.). // *Жазалайтын, азаптайтын қанды қол.* Ақ пен алаштың *жазагер* отряды тап осы кезде келіп, осы ауылдарға орнады (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). *Жазагер* отрядтың бастығы офицер Антоновтың жүрген жері жылан жайлағандай болып қалатын (Ғ.Мүсірепов, Ана.).

ЖАЗАҒ [ар. جزع] з а т. м и н. *Оникс, ағат тұрлес минерал.* Көзіне қойылған тасы – *жазағ* (А.Машанов, Жер асты.).

ЖАЗАДАЙ с ы н. *Айып-жаза сияқты.* Абай мынау ыстық үйде, мынадай тырысқақ ашушаң кісінің үйінде етасым отыруды өз басына *жазадай* санап еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖАЗАЙЫМ: жазайым берді. с ө й л. *Сазайын тарттырды, айып-сыбағасын берді.* Біздің мұнымызға қоса әкесі де жақсылап тұрып *жазайын берген* екен (Ауызекі).

ЖАЗАЙЫМ з а т. ж е р г. *Жаза, айып, кінә.* Айтқанда орындамадың деп бізге де *жазайым* салады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗАЛА= е т. **1.** *Айыпқа жығу, жазығы үшін соққыға душар қылу.* Әкесі... баласының бұдан былай да теріс жолмен кетуін қаламайды, сол себепті ол сөгеді, ұрсады, тіпті *жазалайды* да (Б.Момышұлы, Шығ.). Құдай тағала құдыретті ғой. Жер бетіндегі біз сияқты құлдарын әрбір қисық қылығы үшін *жазалап* отырады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Әкем бізге өте сирек ұрсатын. Тіпті некен-саяқ *жазалайтын* (С.Айни, Құлдар). Швейцарияда шылым тартатындарды көпшілік жүретін жердегі діңгекке байлап *жазаласа*, Англияда ондайларды елден аластатып отырады (Ж.Еділбаев, Буырқан.). **2.** *Айыбын өтету, жауапқа тарту. Жазалас а* тәуір оқитын, жаман оқитын балаларды да бөлшектеп, кісі басына сабақ беру жолы да бар екен. Бұл түкке тұрмайтын әдіс (Ж.Аймауытов, Шығ). Мектепке баруға бетім шыдамады. Өзімді-өзім қара жұмысқа салып, *жазалағым* да келді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Кешегі әндерін олардың кейбіреулері бюрода да қайталамақшы еді, оған бюро мүшелері қатты тойтарыс беріп, ондай пиғыл таратқандары үшін колхоз басшыларын қатты *жазалап* тастады (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.). Ердің ары өлгені өзі өлгені. Шөгішті *жазалап*, абақтыны қолдан жасағаны үшін Омархан мен Нұрмағанбет жиырма бес түйеден ер-азаматтың құнын тартсын (К.Оразалин, Абай.).

ЖАЗАЛАН= е т. **1.** *Жазығы үшін айыпталу, жазаға тартылу.* Алауыздық жасағандар *жазаланды* (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.). Ұстап тез деревняға алып барды, Құрсаулап жұрт көзінше құрсау салды. Бойсынбай қыз бұйрықты бұзғаны үшін, Тірідей өртелуге *жазаланды* (З.Қалауова, Таңд. шығ.). **2.** *Азапталу, азап шегу, жаза тарту.* Күннің шығысынан келіп жансыз боп *жазалаған* саудагерлердің бес жүз түйелік жинаазы қалды (Д.Досжанов, Жібек.). Ұзақ жолда жаңылдық, *жазаландық*, Масайрайтын кезде де мазаны алдық. Аман қалдық бәрінен әріден-ақ Ала алмады қазақты ажал аңдып (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

ЖАЗАЛАНДЫР= е т. *Сазайын тарттыру, жазаға тарту.* – Сендер, ақсақалдар, байлар... бір жұманың ішінде ел-елге шығып, қазақты әскер жұмысына баруға көндіріп келіңдер. Өйтіп келмесеңдер өздеріңді *жазаландыра-*

мын – деді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Жазалы адамды *жазаландырат ын* пәтуалы, қуатты, әділ сотты, күшті үкіметті табу қиын бола бастады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖАЗАЛАНУ *Жазалан етістігінің қимыл атауы; жазаға тартылу.* Шоқанның сөзінен, Қаранарға көрсеткен қылығы үшін басына *жазалану* қаупі туған атаман, сырқаттың керекті тамағын аяған жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өз командирін атып салған солдат тіпті қандай жағдайда да аяусыз *жазалануы* тиіс (Б.Аманшин, Көкжар). Заң бойынша ондай адамдар *жазалануға* тиісті. Председательдің бұйрығы біз үшін документ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАЗАЛАҢ с ы н. ж е р г. *Біртегіс, жалпақ келген, тегістеу, кедір-бұдырсыз.* Екі қанаттың қай жағына тартсаң да жолдан қиыс кетесің. Осы дөң біраз созылып барып *жазалаң* бітуге тиіс (Т.Тілеуханов, Өзге.).

Жазалаң тартты. *Қабағы ашылды, жадырады.* Қашан соның қабағы *жазалаң тартқанша*, соңынан қалмайтын (Т.Тілеуханов, Өмір.).

ЖАЗАЛАҢДА= е т. ж е р г. *Тегістелу, кедір-бұдырсыздану.* Столға қырындап қабырғалай сүйенді, жалпақ алақанымен жайлап маңдайын сипап өтті: терең түскен үш-төрт әжім *жазаландап* барып қайта жиырылды (Т.Тілеуханов, Келешек).

ЖАЗАЛАС с ы н. *Жазалары бір, айыптас, бірдей күнәлі (адамдар).* Жазалы Барғана ғой Самсыменен, Қыстаған ойнас қыл деп қызды неден, Қосылған өзі сүйіп Нартайлақты, Демекті *жазаласың* жөн көрмеген (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЗАЛАТ= е т. *Жазаға тарттыру, жазасын бергізу.* Ат мәлім болған шақта Мәубиев Әбдірахманды *жазалатпақ* болады («Қаз. әдеб.»). Алажаздай жігіттерді *жазалатқанын* аздай, енді менің соңыма түстің бе?! Жоқ, оған жол берілмейді, – деді ол («Лен. жас»).

ЖАЗАЛАТҚЫЗ= е т. *Жазаға тарттыру, сазайын бергізу.* Кеше ғана өзін *жазалатқызған* бастықтың бірі алдына қайта келді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗАЛАТҚЫЗУ *Жазалатқыз етістігінің қимыл атауы.* Бұзақы баланы әке-шешесіне айтып *жазалатқызу* дұрыс бола бермейді (Ауызекі).

ЖАЗАЛАТТЫР= е т. *Өзгенің қолымен сазайын тарттқызу, жазасын бергізу.* Неге тәртіпсіздік жасайсың? Бастауыш класта жүргенде үстіңнен талай рет шағым айтып, *жазалаттырғанымм* есіңде ме? (К. Сегізбаев, Ашыл. сыр). Осы екі аяттың біріншісінде Құран аяттарға нанбайтындарды Құдайға *жазалаттырат ын* болады (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

ЖАЗАЛАТТЫРУ *Жазалаттыр етістігінің қимыл атауы.* Ереуілшілерді атты казактарға *жазалаттыру* – патша үкіметінің соңғы жылдары қолданып жүрген негізгі тәсілдерінің бірі («Лен. жас»).

ЖАЗАЛАТУ *Жазалат етістігінің қимыл атауы.*– Сен рұқсат бердің, жолдас Назаров, оны айту керек, мойындау керек! Немесе Алдабергеновті *жазалату* үшін әдейі рұқсат бердің бе? (С. Бақбергенов, Адам.). Әрине, қолдан келсе, бейкүнә адамды *жазалатпау* керек, – деді Устинья (Х.Рахимов, Сеңгір).

ЖАЗАЛАУ[1] з а т. п е д. *Баланың тәртібіндегі жағымсыз қылықтар мен әрекеттерге тыйым салып, оларды болдырмауға бағытталған педагогикалық ықпал ету тәсілдерінің бірі. Жазалау* істелген тәртіпсіздікке лайықты, әділетті болғанда және бала өзінің не үшін жазаланғанын түсінгенде ғана оның тәрбиелік мәні болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Жазалаудың* әртүрлі жолы бар. Мысалы, тәртіпсіздік үшін ұялту, ескерту, сөгіс беру, педагогикалық кеңеске шақыру, мектептен шығару, бір сыныптан басқа сыныпқа немесе басқа мектепке ауыстыру және т.б. (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖАЗАЛАУ[2] *Жазала етістігінің қимыл атауы.* Сондықтан да олар енді өздері басып алған елді мекендердегі адамдарды бірден *жазалауға* көшті (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Қазақта *жазалаудың* талай түрлері болған. Негізгісі – құн. Айыпты адам құн төлейді (С.Жүнісов, Ақан сері). Таяқтың саны көбейіп, *жазалаудың* түрлі әдістерін қолдана бастады (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.). Жазықтыны *жазалау* – заңның ісі (Ә.Сәрсенбаев, Таңд.).

Жазалау мәшинесі. б е й н. ж а ғ ы м с ы з. *Жазалау отряды, зәбірлік көрсетуші қарулы топ.* Қазақтар десе, біз көне Ресей патшалығының қамшысы, найзасы және қылышы іспетті *жазалау «машинесін»* көзімізге елестетеміз (М.Шоқай, Таңд.).

Жазалау отряды. т а р. *Отарлаушы елдердің жергілікті халықты бағындыру үшін, басып-жаншу үшін құрған қарулы әскери қол.* Кейбір саналы орыс азаматтары қазақ, қырғыз жасақшыларына басшылық етіп, олардың қатарында патшаның *жазалау отрядына* қарсы соғысты (К.Әзірбаев, Шығ.). Ақ қайың орманын партизандардан тазарту үшін фашистер бүгін түн ауа *жазалау отрядын* жібергелі жатыр (Қ.Сатыбалдин, Шағын.).

ЖАЗАЛАУСЫЗ ү с т. *Айыбын өтеусіз, күнәсі үшін жауапсыз.* Бір ерекше дүлей мінез тосып ек, Шіркін, адам табиғаты-ай сан қырлы. Қанша ашулы болғанымен осы рет Әжем мені

ж а з а л а у с ы з қалдырды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАЗАЛАУШЫ з а т. *Зорлық-зомбылық жасаушы, зәбірлік көрсетуші.* Елге құлыбының майы кеппеген бердеңке асынып, жиырма-жиырма, отыз-отыздан *ж а з а л а у ш ы* кетті дегенді Шымкенттен шықпай жатып-ақ естіп еді (А.Сүлейменов, Бесін). *Ж а з а л а у ш ы л а р* ауыл-ауылды тағы да қылыштың жүзі, найзаның ұшымен «бағындыруға» шықты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Жазалаушы отряд. ***Жазалау отряды*** *(отарлаушы елдерде жергілікті тұрғындарды басып-жаншып, зәбір-жапа көрсету үшін жарақталатын әскери полициялық қарулы қол).* Шығармада патшаның қазақ еңбекшілерін қанауы, ала аяқ алаштардың зымияндық әрекеттері, *ж а з а л а у ш ы о т р я д т а р д ы ң* жауыздық істері сөз болады (С. Мәуленов, Жер нәрі). Бірме-бірге атан түйедей анау Мерков әл бермейді. 16-жылы *ж а з а л а у ш ы о т р я д т ы ң* бастығы болып келгенінде, жұртты қанжоса еткен осы еді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы).

ЖАЗАЛЫ с ы н. **1.** *Айыпты, кінәлі, жазықты.* Сенің өткен күндегің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен *ж а з а л ы* емессің (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл махрум қалмағыма кім *ж а з а л ы*, Қолымды дөп сермесем өстер ме едім? (Абай, Тол. жин.). Мен тентек те, түбінде кім *ж а з а л ы*? Қайғыны жіберуші өзі сынар (Абай, Тол. жин.). Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші *ж а з а л ы* (М.Жұмабаев, Шығ.). // з а т. *Белгілі бір мемлекеттің қылмыстық заңына сәйкес айыпкер, қылмысты саналатын адам.* Үрейлене қарап тұрған шағымызда, *ж а з а л ы л а р д ы* солдаттар алтыбақан тәрізді жасалған даранның астына апарды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ендігі мәселе – *ж а з а л ы л а р д ы ң* айыбына қарай ұсыныс жасап, қаулы шығару болды (Б.Шалабаев, Өмірде.). **2.** *Жаза көруші, айыбын өтеуші, азапталушы.* Жалғыз- ақ, қарауылшылардың бастықтары былай деп сақтандырды: – Тағы көшеге шықтыңыз ба, донна Марианна! Байқаңыз, мұндай уақытта оққа ұшу оңай. Кім *ж а з а л ы* екенін ешкім тексермейді де... (М.Жұмабаев, Шығ.). Басылған бас көтерсе, *ж а з а л ы*, Базаршы базынасын айтса, *ж а з а л ы* (Мақал). Сол он бір айдың ішінде тауып келмесеңдер, *ж а з а л ы* боласыңдар, – дейді (Аязби).

ЖАЗАЛЫҚ з а т. *Жазаға татырлық, айыбына берілетін өтеу.* Күнәңді өзің мойныңа алсаң, сол жаза саған *ж а з а л ы қ қ а* татыр (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАЗАЛЫЛЫҚ з а т. *Жазалы болушылық, айыпты болушылық, кінәлілік.* Естіген құлақта *ж а з а л ы л ы қ* бола ма, оны бұл үшін күстәналаудың жөні болмас («Лен. жас»).

ЖАЗАҢ з а т. **1.** *Біртегіс ашық жер, жазық алқап.* Өзекше шолтаң етіп тез таусылды да, Нұржан *ж а з а ң ғ а* шықты (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Қала ашық *ж а з а ң* жерге орналасқан (О.Сәрсенбаев, Сағым). Биіктен оң жаққа қарағанымызда осыған ұқсас тағы бес төбешікті көрдік. *Ж а з а ң* қырат үстінде төбесі тап осындай қазан шұңқырланып, қаз-қатар тізіліп тұр (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы.). **2.** *Үсті тегіс, жайпақ, жазық.* Сары жорға ат, көп жорғадай күдір емес, қабырғалы *ж а з а ң* және зор болатын (М. Әуезов, Шығ.).

ЖАЗАҢДАУ с ы н. **1.** *Теп-тегістеу, ашықтау.* Оның батысындағы сәл *ж а з а ң д а у* келген жасыл белестер – Ой жайлау мен Бала жайлау (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Бала *ж а з а ң д а у* ойпатқа құлай бергенде, оның сол жағынан үрген ит дауысы естілді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Петро алғашқы отар тұсына Әлім қон деген соң, көп сақтықпен бірнеше айналып жүріп, көп *ж а з а ң д а у*, бір ұзындау созылған жонсымақ жерге жайлы қонды (М.Әуезов, Өскен өркен). **2.** *Жазықтау, жайпақтау.* Жалғыз-ақ жотасы ғана ұқсамайды: мұндай дұңкиген күдір емес, *ж а з а ң д а у* (М.Әуезов, Қараш.). Жел қуған қайықтай біресе еңіске құлап, біресе биікке өрмелеп келе жатқанымда *ж а з а ң д а у* алаңнан қою бозғылт шаң көрінді (Б.Тоғысбаев, Боз жорға).

ЖАЗАҢҚАЙ з а т. *Үсті тегіс алаңқай жер. Ж а з а ң қ а й* адырдан Қанай өзенінің қабағында. Төңірегі *ж а з а ң қ а й* адырдан шыққан кісі бадырайып тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а з а ң қ а й д ы* түтін қаптап кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үш орыс шығып, анадай *ж а з а ң қ а й ғ а* барысып тұрған кезде, жирен орыс Ақбілекті бауырына қысып алып, аузынан құшырлана үш сүйіп, екі орысты ертіп, анау үш орысқа таман барды. Алтау болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әне, теке шыр айналды, сандалақтады... Ия, сона бір *ж а з а ң қ а й д а ғ ы* екі-үш түп шилердің маңына құлап түсті (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАЗАРМАН з а т. ж а ң а. *Жазушы; мақала жазғыш.* Орыстың үлкен *ж а з а р м а н д а р ы н а н* ондай адамдарды көп кездестірдім (Ж.Молдағалиев, Таза бұлақ). Онда кейбір «қырағы» оқушылар мақаланы жазып алып, аяғын тұмандатып жіберген *ж а з а р м а н д а р ғ а* өкпесін айтыпты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа).

ЖАЗАСЫЗ с ы н. **1.** *Жазығы жоқ, кінәсіз, нақақ, айыпсыз.* Екеуі сол қызықпен жүріп алды, Ләззатын махаббаттың біліп алды. Дәлел жоқ Жәбрәиілден айырылуға, Жарының *ж а з а с ы з ы н* көрді, нанды (Дастандар). Батырай, құмар едім дабысына, Тал түсте қалың

елге шабысыңа. *Ж а з а с ы з* Ақмолаға жер аударған, Жүрсіз бе Тобықтының намысына (Келіншек). *Ж а з а с ы з* жақын елдің бәрін шапты, Дарияның суындай қандар ақты. Шапқан жерін бәрін де бодан қылып, Өкіметпен қолына тартып апты (Абай, Тол. жин.). **2.** з а ң. *Істеген қылмысы үшін мәжбүрлеп жазаланбаған, айыпталмаған, сотталмаған.* Сол себепті сотқа беруге де, отқа беруге де оны қимаймын. Бірақ жазалау керек, *ж а з а с ы з* қалдыруға болмайды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). // *Жазаламай, айыбын өтетпей.* Патша да, оның министрлері де күйеу жігіттің өтінішін еске ала келіп айыптыларды *ж а з а с ы з* босатады (Камбоджа ертегілері). Бала мұнша бола ма екен мазасыз, Қане, қайсың көзәйнекті сындырған? – деді әжеміз,– қалдырмаймын *ж а з а с ы з*, Сындырған кім? Алдыма кеп тұр жылдам! (М.Шаханов, Ғасырлар.). // *Нақақтан нақақ, бостан босқа.* Неше түрлі түсін өзгерткен түрмен келіп... жұмыскерлер арасындағы санасезімі төмен талай жанды *ж а з а с ы з* улайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАЗАТАЙЫМ үст. **1.** *Аяқасты, байқаусызда, абайсызда.* Әйелдің аты әйел, тиген байың, Шоқанға қолы тисе *ж а з а т а й ы м,* Балаға ара түсуге әлің келмей («Лен. жас»). Кетті деп *ж а з а т а й ы м* секіргеннен, Шекенді алдап едім, нанған болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біреудің *ж а з а т а й ы м* сүрініп құлап, аяғы сынып, яки тобығы шығып кетсе, сылап-сипап орнына салып беретін де менің апам болатын (Ө.Тұрманжанов, Адам). **2.** *Қапелімде, кенеттен, кездейсоқ.* Бұлардың жаман ауына *ж а з а т а й ы м* ірі балық түссе де, шірік торлар жыртылып кете беретін (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Ажал қолын тартпаса, Өлімді пенде жаттамас. *Ж а з а т а й ы м* жалынса, Жақсыны жаман сақтамас. Есекпенен бір қойсаң, Асыл жүйрік оттамас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Ж а з а т а й ы м* сырлассам біреуменен, Тау тұрғандай алдымда тіреу көрем. Мен қайтейін балапан ғасырларым Өтсе түгел амандық тілеуменен (Т.Айбергенов, Мен саған.). **3.** *Аяқастынан, күтпеген жерден.* Жаманға дәулет бітсе ауа айналар, Жақсыға дәулет бітсе бақ айналар. Басыңа *ж а з а т а й ы м* бір іс түссе, Арасы дос пен дұшпан абайланар (Шал ақын, Өлеңд.). Қас жаман қасындағы досын жаулар, Қас жақсы жау да болса көңіліңді аулар. Жаманмен *ж а з а т а й ы м* түссең қолға, Құрдымға сені итеріп басын қорғар (Базар жырау, Шығ.). **4.** *Жазыммен, жазым болып.* Жат жерді жастанғанда *ж а з а т а й ы м*, Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым. ...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын, Қазақтың дәл өзіндей қарапайым (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЗБА[1] з а т. **1.** *Қолжазба, қағаз бетіне түскен жазу.* Дәл осы кезде Семенов Карл Риттердің «Азия» деген кітабын тәржіме қылып жүр екен. Шоқанға *ж а з б а с ы н* оқып көрсеткен (М.Дулатов, Шығ.). Баспа, *ж а з б а* һәм жатқа айтылып жүрген сөздер бәрі әдебиетке сияды («Абай»). **2.** *Жолжазбалар, жол бойындағы ойлар, көрген-білгеннің тіркеліп қағазға түсірілген мәтіні.* Кіші Арменияның патшасы Гайтон Отырарға түсті. Міне, сол Гайтон өз *ж а з б а л а р ы н д а* бұл қаланың өте тамаша сәулетті, бай екенін таңдай қаға суреттеп жазды (Д. Досжанов, Құм жұтқан.). **3.** и н ф. <ағыл. record saving> *Мәліметтер базасының бір немесе бірнеше өрісінде орналасып, өзара логикалық түрде байланысқан ақпараттардың толық бір құрылымдық бірлігі [Мыс., бір жұмысшының аты-жөні, адресі, телефоны т.б. жатады]. Ж а з б а н ы* өзара байланысқан мәліметтердің толық бір бөлігі деп айтса да болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Ж а з б а л а р* автоматты түрде берілу реті бойынша нөмірленеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба [бас] әріп. *Кіші әріптен биіктігі үлкен, кейде сызылымымен де ерекшеленетін әріп* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазбалар блогі. и н ф. <ағыл. record block> *Ақпарат алмасу кезінде біртұтас берілетін тізбектік жазбалардың тобы* (Қаз. тілі термин Информатика.).

Жазбалар жинағы. и н ф. <ағыл. record set> *Бір мәліметтер көзінен шығып, ортақ белгілеріне қарай таңдалып алынып жинақталған жазбалар тобы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба жұмыс. а) п е д. *Оқушылардың мұғалімнің тапсырмасы бойынша және жетекшілігімен, сондай-ақ өздігінен орындайтын жазбаша түрдегі жұмысы. Ж а з б а ж ұ м ы с т а р ы н ы ң* тиімділігі мен нәтижелілігі оқушының тапсырманың мақсатын қаншалық ұғынғанына, көлемі мен орындалу әдістері бойынша орындауға келетіндігіне, өзін-өзі бақылау әдістерінің меңгерілуіне байланысты (Қаз. тілі термин. Педагогика.). ә) *Оқытушылардың, мұғалімдердің жазбаша күнтізбелік жоспары, т.б. іскағаздары.* Шаруасы көп болғандықтан ба, әлде солай әдеттенгендіктен бе, әйтеуір бұл ағай өзінің көптеген *ж а з б а ж ұ м ы с т а р ы н* маған жасататын (С.Еркебаев, Алғашқы.).

Жазба үстел. *Жазуға, кітап оқуға арналған жиһаз түрі.* Уақытынан бұрын келдім. Кең, биік бөлме. Түкпірдегі *ж а з б а ү с т е л д е* отырған жалтыр маңдай, жирен шаш, жапалақ көз, ұзын бойлы, толық денелі министр орнынан тұрып қарсы алды (Е.Оразақов, Дәрігер).

ЖАЗБА[2] з а т. *Қағазға т.б. материалға таңбаланып жазу түрінде түсірілген тарихи,*

ғылыми т.б. құндылығы жоғары мұралар. Шындығында, көшпелі түрік халқының, соның ішінде қазақтардың да хат мәдениеті ежелден дамығанына бүгінге дейін сақталған тас бітіктері, қыш кітаптары, әртүрлі материалдық бұйымдарға бәдізделген тылсымдық қасиеті бар *жазбалары* айғақ («Жас Алаш»). Бексұлтан «усын» сөзін қытай сөзі емес, түрік сөзі дейді. Оған қытай *жазбаларынан* ескі деректі дәлел етеді («Жас Алаш»).

Бастапқы жазба. и н ф. <ағыл. source record> *Қолданбалы бағдарламада берілген мәліметтер ретінде қолданылатын файл жазбасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба әдебиет. *Жазып шығаратын әдебиет.* Ол кезде қазақта *жазба әдебиет* дәстүрі жоқ еді. Сондықтан Абай өз күшіне кәміл сене де алмады (Т.Әлімқұлов, Абай). Біздің бүгінгі *жазба әдебиетіміз* халықтың ауыз әдебиетінің табиғи жалғасы емес (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ж*азба әдебиетінің* іргесін қалаған... Абайдың өзін алсаңыз – оның тұсында сын былай тұрсын, ақынның көзі тірісінде бір кітабы шықпағанын білеміз (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Жазба деректер. *Тарихи, ғылыми т.б. мәні бар жазылған күйдегі мұралардың мәліметтері. Жазба деректерінде* Қаялық (Қойлық) қаласының болғандығын бізге жеткен *жазба деректер* куәландырғандай және зерттеушілердің әр алуан пікірлері дәлелдегендей үйінді астынан табылған буддалық храм да осы тұжырымды нақтылай түседі («Парасат»). Солардың ішінде *жазба деректерінде* Қоялық (Қойлық) қаласының аты аталады, онда әзірде өзіміз айтқан қожалар әулеттері өмір сүрген болатын («Парасат»).

Жазба ескерткіштер. л и н г в. *Жазба тіл қалыптасқанға дейінгі хатқа түскен, жазылған, басылған тарихи жазба мұралар. Жазба ескерткіштер* тілін зерттеуге арналған ғылыми-лингвистикалық зерттеулер аз емес («Тілтаным»).

Жазба кілті. и н ф. <ағыл. record key> *Файлдағы жазбаларды ұқсастыруға және оған тез қатынас құруға пайдаланылатын символдар жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба мәтін. л и н г в. *Мәтіннің жазылған, басылған, қағаз бетіне түскен жазба тілдің графикалық, орфографиялық нормаларымен заңдастырылған нұсқасы. Жазба мәтінді* араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады (Қ.Күдеринова, Қаз. жазу. теор. негіз.).

Жазбаны иемдену. и н ф. <ағыл. record-locking> *Көп пайдаланушылық желілік қолданбаларда мәліметтердің тұтастығын қолдайтын ең көп тараған және жетілдірілген құрал.* Деректің бір жазбасына бірнеше пайдаланушы бір уақытта өзгеріс енгізе алмайды. Әрбір жұмыс бекеті тек «өзінің» ғана *жазбасын иемденеді* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба сипаттамасы. и н ф. <ағыл. record description> *Мәліметтерді сипаттау тәсілдерінің көмегімен бағдарламадағы жазбаның атауы мен атрибуттарын анықтау* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба тығыздығы. и н ф. *Ұзындық, аудан, көлем бірлігіне келетін ақпарат мөлшерімен анықталатын ақпарат тасуыштың сипаттамасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жазба тіл. *Жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік тұрақты дәстүрі бар тіл.* Өткен ғасырларда қолданылған араб графикалы *жазба тіл* мен халықтың ауызекі сөйлеу тілі арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған еді («Қаз. әдеб.»). *Жазба тіл* адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап осы заманға дейінгі ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған байлығын сақтауына және оны жетілдіруге мүмкіндік береді (ҚҰЭ).

Көне түркі жазба ескерткіштері. т а р. *Түркі руникалық жазба ескерткіштері, VII-IX ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері* арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады (ҚҰЭ). *Көне түркі жазба ескерткіштерінің* тілін зерттеп, зор үлес қосқан ғалымдар – В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Банг, Г.И.Рамстед, А.Габэн, С.Е.Малов, В.М.Насилов т.б. (ҚҰЭ).

Көпжақтың жазбасы. м а т. *Берілген көпжақты алу үшін оның қабырғалары мен төбелері бойынша жапсыру тәртібі көрсетілген көпбұрыштардың жиыны.* Бірінші сурете кубтың – *көпжақтың жазбасы* көрсетілген (ҚҰЭ).

Қисық беттің жазбасы. м а т. *Бірін-бірімен жапсыру арқылы берілген қисық бетті құруға арналған жазық фигуралардың жинағы. Қисық беттің жазбасы* ұғымы элементар геометрияда, сызуда, топологияда және дөңес беттер геометриясында қолданылады (ҚҰЭ).

Қисық сызықтың жазбасы. м а т. *Ұзындығы берілген қисық сызықтың ұзындығына тең болатын түзу кесіндісі. Қисық сызық жазбасын* іздеу қисық сызықты түзулеу деп аталады (ҚҰЭ). *Қисық сызықтың жазбасы* деп кейде оның эвольвентасы түсініледі (ҚҰЭ).

Қорытынды жазба. и н ф. <ағыл. total summary> *Қорытынды ақпараттан тұратын соңында немесе белгілі бір бөлігінде орналасқан жазба* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Мәліметтер жазбасы. и н ф. <ағыл. data record> *Мәліметтер құрылымының бірлігі; мәліметтерді негізгі жадтан сыртқы жадқа ауыстыратын мәшинелік амал. Мәліметтер жазбасында* мәліметтерді алмастыру бірлігі болып нақтылы жазба-блок саналады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Пішімсіз жазба. и н ф. <ағыл. informatted record> *Бағдарламалау тілдерінде – арнайы операторлармен анықталмайтын жазба.* Соның салдарынан *пішімсіз жазбаны* беру формасы, стандартты келісімдермен анықталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Түпкі жазба. и н ф. <ағыл. root record> *Иерархиялық мәліметтер базасындағы бастапқы жазба* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАЗБА-БЛОК з а т. и н ф. *Компьютерлік бағдарламаның мәліметтер жазбасындағы мәліметтерді алмастыру бірлігі.* Мәліметтер жазбасында мәліметтерді алмастыру бірлігі болып нақтылы *жазба-блок* саналады (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

ЖАЗБАГЕР з а т. *Хатқа түсіруші.* Сол заманның, дәлірек айтсақ XII ғасыр *жазбагері* осының бәрін қайыңның қабығынан жасалған қағазға жазып (ежелгі Мысыр папирустары тәрізді), жер астына көміп тастай берген («Жас Алаш»).

ЖАЗБАЛАЙ үст. сөйл. ***Жазбаша.*** Менің жұмыстан кетуім керек, Әбеке! Қазір *жазбалай* арызымды беремін. Солай болғаны дұрыс! («Жас Алаш»).

ЖАЗБАЛЫ с ы н. *Қағазға түсірілген, жазбаша.* Мен бұлардың *жазбалы* программаларын көргенім жоқ. Оны министрдің өзі бекітеді (Б.Момышұлы, Шығ.). Сонымен *жазбалы* баяндама барлық сән-салтанатымен, омпақ-томпағымен, шылдырмақ-сылдырмағымен треске жөнелтілді (С.Төлешев, Түрлі. бас.). Онда да *жазбалы* түрде берілуі шарт (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Жазбалы тастар. *Жазуы бар тастар, әріптер қашалып жазылған тастар. Жазбалы тастар* көрінгеннің қолында, жүргеннің жолында жатыр («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗБАША үст. *Қағаз бетіне түскен күйде; құжат түрінде.* Аудандық атқару комитетінің *жазбаша* да, телефон арқылы ауызша да берген нұсқауы бойынша совхоздардың директорлары мен колхоздардың председательдері... бүгінгі сағат он жарымда осы жерге жетпек болатын (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Жазбаша айтыс. ә д е б. *Ерте замандағы шығыс поэзиясында (араб, парсы, моңғол т.б.) болған хат арқылы айтысу үрдісі. Жазбаша айтыста* ақын әр жайды өлең етпей, бір желінің бойымен жүріп отырады, мұндай айтыста кейде мәдени, тарихи мәліметтер келтіріледі (Әдебиеттану термин.). Өкінішке орай, халық поэзиясының бұл түрі соңғы кезде сұйылып кетті, оның орнын *жазбаша айтыстар* баса бастады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Жазбаша бұйрық. *Жазба түрде, жазылып берілген, құжат түрінде ресімделген мекеме басшысының бұйрығы.* Басқарманың *жазбаша бұйрығын* бүгін мылқаудың өзі әкеліп тапсырды («Соц. Қаз.»).

Жазбаша деректер. т а р. *Жазылған мәтіндер түрінде сақталған тарихи, ғылыми т.б. құнды мәліметтер. Жазбаша деректері* жоқ ертедегі қазақ тарихы үшін археология ғылымының рөлі аса зор (Т. Оразов, Қаныш.).

Жазбаша жұмыс. п е д. *Жазба түрде өткізілген емтихан.* Зәурештің аталған тақырыптағы *жазбаша жұмысы* өте жақсы деп бағаланды (С.Сейітов, Жылдар.). Оқушыларды байланыстырып сөйлеуге төселдіретін де сөйлеу мәдениетін қаншалықты меңгергенін айқындайтын да *жазбаша жұмыстың* ең күрделі түрі – шығарма («Қазақст. мект.»).

Жазбаша шарт. *Ресми құжат түрінде белгілі бір бекітілген заңдарға сәйкес жазбаша рәсімделген екі жақ арасындағы келісім.* Қызмет көрсету туралы *жазбаша шарт* жасалған жағдайда заңдарда белгіленген талаптардан басқа, шартта міндетті түрде пәндердің немесе сабақтардың атауы, олардың көлемі, қызмет көрсетудің құны, тараптардың жауапкершілігі туралы деректер қамтылуы тиіс («Түркістан»).

ЖАЗҒАН с ы н. **1.** *Бейбақ, байғұс, бейшара.* Сабира іштей толқи бастады. *Жазған* бала, уәде беріп қалғансың ғой – деп ойлады (М.Дүйсенов, Ант.). **2.** *Ант соққан, ант ұрған, сорлы.* Үйіндегі бір нанды бір ай жеді аз-аздан, Бір түн түгіл, бір айды Ынсап қылмай ол *жазған* (Абай, Тол. жин.). *Жазған* ер Керенский майданды аралап әскерге үгіт айтып, 18-июльде біздің қыбладағы әскер жауға шауып, қырып-жойып қанша жер алды (Ә.Бөкейханов, Шығ.). // *Байқұс адам, бейшара кісі.* Кідім уайым айтатынды шығарды. «Шиеттей екі баламен Сағынай *жазғанның* күні не болар екен» деп Түрмешке оңашада ауыр сыр ағытады (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

Жазған басым-ай. с өйл. эксп р. *Өзін-өзі аяп, мүсіркеу мәнінде өзінің ауыр халін айтқанда «бейшарамын, байқұспын» деген мағынада қолданылатын сөз.* Жігіттің амалы құрыған кісідей болып: – *Жазған басым*-ай – деп алғашқы үшеуінің біреуін алды. Екі бидің ортасынан төрағашылықты знагі бар бидің өзі алды (С.Шәріпов, Бекболат.).

ЖАЗҒЫ с ы н. *Жаз кезіндегі.* Жеделдеп жетім ұлмен жүріп кетті, Үйқысыз ұзақ таңға бүлкілдетті. Ұзын жол, жұлдыз жарық, *жаз-*

ғ ы түнді, «Құлагер» деген әнмен күңірентті (І.Жансүгіров, Поэм.). Ержан, Мұқаш – *ж а з ғ ы* демалысқа Ержанның ауылына келіп жатқан комсомол ұйымындағы рабфак студенттері (М.Дулатов, Шығ.). Қарақтарым, ержеткеннің белгісі ғой, міне, бұл, Екі әкенің келер күнмен жалғадыңдар жүрегін, – деп жымиды, жанын бір ой тербеткендей тасқынды, Жанарында *ж а з ғ ы* шықтай екі тамшы жас тұрды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жазғы гүлдей түрленді. б е й н. *Құлпырды, көз тартып жайнады. Ж а з ғ ы г ү л д е й т ү р л е н і п* толған түсім, Көзім нұрлы, ақ меруерт бүтін тісім (С.Торайғыров, Шығ.).

Жазғы жауындай. б е й н. *Жылы, жанға жайлы; құйылған, төгілген деген мағынада.* Аңқылдап алтын күрек домбырадан, Құйып тұр *ж а з ғ ы* жылы *ж а у ы н д а й* боп (І.Жансүгіров, Шығ.). Шашылады күлкі *ж а з ғ ы ж а у ы н д а й,* Дүрілдейді алақандар дауылдай (С.Мұқанов, Шығ.).

Жазғы күндей. б е й н. *Жарық, жарқын, ашық, жайлы деген мағынада. Ж а з ғ ы к ү н д е й* жарқын күнім, Еңбек ері – жүректі ұл (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жазғы түскен сағымдай. п о э т. *Құлпырып, жарқырап алыстан көз тартатындай.* Бет ажарын қарасаң, *Ж а з ғ ы т ү с к е н с а ғ ы м д а й* (Батырлар жыры).

ЖАЗҒЫЗ[1]= е т. **1.** *Жаздыру, сөзін қағазға түсірту.* Таң атысымен ең әуелі мол арыз *ж а з ғ ы з ы п,* Сәрсен ақсақалды жоқшы ғып қалаға, ұлыққа аттандырды (М.Әуезов, Қараш.). Ол Тарағайға Көкаланы жамандап арыз *ж а з ғ ы з ы п* алатын да, қалтасына салатын (Ә.Тарази, Асу.). **2.** *Қарызға алып, белгілетіп қойдыру.* Кейде, тіпті, бір-екі күн аш жүрсе де, ертеңіне көк дүкеннің қожасына өлердегі сөзін айтып, ілгергі күннің есебінен нан, не ұн *ж а з ғ ы з ы п* алатын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖАЗҒЫЗ[2]= е т. *Жайдыру, төсеткізу.* Күн қызбай үйдің көлеңкесіне кілем *ж а з ғ ы з ы п,* үстіне бірнеше қабат шайы көрпе төсеткізді (Ж.Сатаев, Алакөбең.).

ЖАЗҒЫЗДЫР= е т. *Өзге адамға жаздыру, сөзін қағазға түсірту.* – Мына іні-балалары Абайдың сөздерін Мүкеңе *ж а з ғ ы з д ы р ы п* жатыр (К.Оразалин, Абай.). Егер де санақшылар бұл жоқта үйге келе қалғандай болса, *ж а з ғ ы з д ы р ы п* жіберуді тапсырды (К.Оразалин, Кеңбайтақ.).

ЖАЗҒЫЗДЫРУ *Жазғыздыр етістігінің қимыл атауы.* Бекбосын өзінің артық малдарын жиендеріне еншіге берген болып Сұлтанның атына *ж а з ғ ы з д ы р у д ы ң* қажеттігін сөйлесті (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАЗҒЫЗУ *Жазғыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойын, сөзін, таңбасын қағазға түсірту.* Арифметикалық амалдарды орындағанда дәптердің бір бетіне үш бағана етіп *ж а з ғ ы з у* керек («Халық мұғ.»). Атаңның саған бар үйреткені маған хат *ж а з ғ ы з у,* солай ғой? – деді ол (К.Оразалин, Абай.). **2.** *Шығарту, ойлап шығарту.* Жүсіпбек әнді өзі ойлаған жүйесіне түсіргендей болуы да, енді әнге лайықты сөз *ж а з ғ ы з у* үшін Габиденге қолқа салды (Х.Елебекова, Үні кетпес.).

ЖАЗҒЫ-КҮЗГІ с ы н. *Жаз бен күз кезгі, екі жыл мезгіліне қатысты.* Овчинниковтың деректері бойынша, қазақ биесінің *ж а з ғ ы - к ү з г і* маусымдарда алғашқы 4 ай сауғандағы тәуліктік сүті 10,5 литр (Қымыз.). Омарғали тағы жұмыссыз қалды да, *ж а з ғ ы - к ү з г і* табыстан жиналған тиын-тебенмен ептеп күн көріп тұрды (С.Бегалин, Сәтжан).

ЖАЗҒЫ-ҚЫСҚЫ с ы н. *Жаз бен қысқы кезгі, екі жыл мезгіліне де қатысты.* Үйінде әйел болмағанмен, *ж а з ғ ы - қ ы с қ ы* тұрақтары үнемі жинақы (С.Мұқанов, Өмір мект.). Ері өлгенде, Күлтайдың қолында бір ат, бір бұзаулы сиыр, *ж а з ғ ы - қ ы с қ ы* үй, салқамданған сайман қалды (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЗҒЫЛЫҚ з а т. ж е р г. *Жаз кезі, жаздыгүні. Ж а з ғ ы л ы қ қ а* ағаш үй артық қой, ауасы жақсы (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). *Ж а з ғ ы л ы қ т а* да, қысқылықты да мал сойылмай тұрмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗҒЫР= е т. **1.** *Айыпты деп кінәлау.* Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып, Белгілі етер ісі алып барып. Осындай жазықсызды *ж а з ғ ы р а т ы н* Әр жерде күштілер де бар ғой қалып (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж а з ғ ы р м а ш ы,* сен мені, Жазығы жоқ пендемін. Бұл дүниеге келгелі Сен үшін не көрмедім (С.Мәуленов, Бозқырау.). Жамаулы киім киген іңе жұртты *ж а з ғ ы р м а* (Мақалнама). **2.** *Жазалау, жазасын беру.* Атаңды анаң азғырып, Тұрғызбаған бейішке. Алласы оны *ж а з ғ ы р ы п,* Әкелді бастап кейіске (Абай, Тол. жин.). Жамандыққа *ж а з ғ ы р а д ы,* жақсылыққа жарылғайды (Абай, Тол. жин.). Жазбаған шығар бұл тағдыр, *Ж а з ғ ы р ы п* сені болар ма. Асығып жазға тұрған гүл, Жазына жетпей солар ма? (Т.Молдағалиев, Хаттар.).

Өлердей жазғырды. *Әбден кінәлады, жер-жеберіне жетіп күстәналады, барынша айыптады.* Байға қарсы шабуыл бастаған өжет топты *ө л е р д е й ж а з ғ ы р ы п,* кінәлап, қиянаттап отыр (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗҒЫРТ= е т. *Кінәлатқызу, күстәналатқызу.* Өзімен-өзі болып жатқан оның жан дүниесінде әлдекімді кінәлау немесе өзгеге *ж а з ғ ы р т п а қ* ойы болған емес («Лен. жас»).

ЖАЗҒЫРТУ *Жазғырт етістігінің қимыл атауы.* Ерденнің патша ағзамнан шен алып, шекпен киген даңқын, кімді болса да *ж а з ғ ы р-*

т у, жарылқау қолында екенін малданушылар да көп-ті (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЖАЗҒЫРУ *Жазғыр етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Айыпты деп кінәлау.* Қазір ойланып қараса, соның бәрі қиянат, жазықсыз *ж а з ғ ы р у.* Амал не, сондай да лайсаң күндер өткен (З.Қабдолов, Жалын). Қарт атқа теңдеп қойған отынды да, бүкіл дүниені де ұмытқан күйде отыр. Өткен өмірі үшін өзін ойша *ж а з ғ ы р у м е н* отыр (Ә.Әлімжанов, Отырар). **2.** *Жазалау.* Содан бері күйі басылмаған малды Жәнікейлеп *ж а з ғ ы р у* әдетке айналды (Т.Нұртазин, Адам.). *Ж а з ғ ы р у ы* да, жарылғауы да пендесіне ұқсамайды (Абай, Тол. жин.).

ЖАЗҒЫРУШЫ з а т. *Айыптаушы, кінәлаушы.* Жиырма екі жасымда он алтыншы жылы Мерке көтерілісіне қатынасып, патша *ж а з ғ ы р у ш ы л а р ы н ы ң* бақтысына түстім (Ж.Арыстанов, Сұңқар). Мені теңіз еңбегінің ауыртпашылығы емес, «теңізге шықтың, қиындықтан қаштың» деп *ж а з ғ ы р у ш ы л а р* қынжылтады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). *// Айыпты санайтын, кінәлайтын.* Астрахандағы досынан ат-түйедей қалап алған қол фонарын жаққан еді, егде капитанның түйме көзі қара кер арғымақтың *ж а з ғ ы р у ш ы* қарашығына кездесті (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖАЗҒЫРЫЛ= е т. *Айыпталу, жазалану.* Мадияр жазықсыз *ж а з ғ ы р ы л ғ а н* сыңай көрсетіп: – Не боп қалды? Біреу бірдеңе деді ме, жаным-ау, айтшы, түсіндірші! – деді (С. Омаров, Өмір.). Уақытсыз сені тұғырдан тайдырған жау *ж а з ғ ы р ы л а д ы* (Ж.Арыстанов, Сұңқар.). Бала теріс *ж а з ғ ы р ы л с а,* бұл оның мінез тәрбиесіне кері әсер етеді (К.Жарықбаев, Психология.).

ЖАЗҒЫРЫҢҚЫ с ы н. *Кінәлірек, айыптылау.* Апай, бұл мешіт емес. – Мұғалима *ж а з ғ ы р ы ң қ ы* пішінде әкеме қарады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз).

ЖАЗҒЫТҰРҒЫ с ы н. *Көктемгі, қыстан кейінгі. Ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* әрі буаз, әрі жадау қойлар тізеден су кешіп әрең жылжып келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* салған көпірді, күн қыза су қатты тасып, мүлде бұзып ағызып әкеткен (С.Бегалин, Уақыт.). Қазақ жаңа жылы – *ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* күн мен түннің теңелген күні (22-марта) болады (М.Жұмабаев, Шығ.). Олардың бәрі де *ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* гүлдей сұлу еді (М.Жұмабаев, Шығ.). *Ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* тан шапағы бесіктегі сәбиін аялаған құдды ана мейірімі рәуішті (К.Ахметбеков, Алакөл.).

Жазғытұрғы Жайықтай. б е й н. о к к а з. *Суы молайып, кенерінен тасыған, көктемдегі Жайық өзеніндей дархан, шалқыған деген мағынада.* Қыран қабақ, салпы ерін, Көзде күлкі жан телім, Тындағанның қоймас жанын байытпай. Тегін емес бұл кісі, Каспий тұлға, дүр кісі, Жаны мырза *ж а з ғ ы т ұ р ғ ы Ж а й ы қ т а й* (К.Салықов, Жезкиік).

Жазғытұрғы жасықтай. б е й н. *Қыстан титықтап зорға шыққан, жүдеп-жадаған малдай әлсіз, сылбыр деген мағынада.* Адамзат, хайуанаттар бір тәрізді, Шынара халық ішінде бар егізі. *Ж а с ы қ т а й ж а з ғ ы т ұ р ғ ы* босқа жатпай, Кел, көңілім, көже қатық майша шыжы! (О.Шораяқов, Шайыр).

Жазғытұрғы қардай еріді. б е й н. *Бірте-бірте кеми түсті, азая берді.* Күн сайын мұны көріп Байбол жағы Кеміді *ж а з ғ ы т ұ р ғ ы қ а р д а й е р і п* (С.Торайғыров, Шығ.).

Жазғытұрғы сонадай буды. б е й н. *Жаз кезіндегі мал үстіне үймелеген қалың сонадай жан-жағынан борады, әр тұстан қаптады.* Әр тұстан атқан автомат, пулемет оқтары жарқ-жарқ етіп, Егорды *ж а з ғ ы т ұ р ғ ы с о н а д а й б у ы п* келеді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖАЗҒЫТҰРЫ з а т. *Көктем кезі, жазға салым мезгіл.* Ойын-той болып жатқан, Ел көшіп, қонып жатқан. Жаз шығып, *ж а з ғ ы т ұ р ы,* Анау мал толып жатқан (М.Дулатов, Шығ.). Қыс бойы ақша шығармай-ақ, көр-жермен *ж а з ғ ы т ұ р ы* көлік майын берем деп-ақ ұнды ала беруші едік (С. Шәріпов, Шығ.). – Менің атым Сәлмен. Хакіммен *ж а з ғ ы т ұ р ы* айырылып кеткеннен бері хабарсызбын (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Ж а з ғ ы т ұ р ы* құлпыра жайқалған, тағы да жаңарған дүниені көргендей, белде тұрған адам өзі де жасарғандай болады (Ы.Жақаев, Өмір.).

ЖАЗҒЫТҰРЫМ з а т. *Қыс пен жаздың арасындағы мезгіл, көктем. Ж а з ғ ы т ұ р ы м* алашамен жауып қорғаған қар ғұмыры Жалынғанда, қазақ аяп алған газета ғұмыры (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Бір-екі айдан соң *ж а з ғ ы т ұ р ы м* уақыт еді, бір күні ауылға бір шәкірт келіпті, молдалыққа тұрады екен дегенді естіп, Сәрсенбай соған сөйлесуге келді (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а з ғ ы т ұ р ы м* кезі екен, Күн ызғырық жел екен: Қалпақты қазақ бүрісіп, Жақ жүндері үрпиіп (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жолшыбай таутасқа нашарлары өліп-қырылып, ылғи ірілері іріктеліп қалған, мал-жандары, қора-қопсысы, барлық мүлкі ақтардың қолында қалып, *ж а з ғ ы т ұ р ы м* желігетін қасқырдай зығырлары қайнап мұжықтар қостарының ішінде жатып даланы ойлайтын, Ертісті сағынатын (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жазғытұрым атқан таңдай. б е й н. *Көктемдегі таңдай жарық, жылы, нұрлы деген мағынада.* Көзің – күн, ойың – аспан, жарқын жүзің Сыз беріп *а т қ а н т а ң д а й ж а з ғ ы т ұ р ы м* (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖАЗҒЫТҰРЫМҒЫ с ы н. *Көктемгі, қыстан кейінгі жылы, жайлы кезгі. Ж а з ғ ы т ұ р ы м ғ ы* жас иісті жасыл шөптердің орнын сары селеу мен қатаң тартып қуарған аққөде басқан (М.Әуезов, Қараш.). Ең ұзыны қылшық жүнді қойдың *ж а з ғ ы т ұ р ы м ғ ы* жабағы жүнінің ұзындығы 7-20 см, кейде 25 см-ге дейін жетеді (М.Ермеков, Қаз. биязы.). Есіл өзенінің жағасында ойдым-ойдым боп бітетін тал, шетен, сарағаш, қайың, аршалардың *ж а з ғ ы т ұ р ы м ғ ы* жасыл жапырақтары сарғылттанып қалған (І.Есенберлин, Қаһар).

Жазғытұрымғы қар суындай. б е й н. *Тарамтарам болып жыраларға бөлінген көктемгі еріген судай сала-сала деген мағынада. Ж а з ғ ы т ұ р ы м ғ ы* сай-саланы қуалай аққан *қ а р с у ы н д а й* қазақ қолдары тарамданып, жан-жаққа қарай аттана бастады (І.Есенберлин, Жанталас).

Жазғытұрымғы өзендей. б е й н. *Көктемгі суы молайып тасыған өзендей асау, бағынбайтын, көнбейтін деген мағынада.* Бұл аурудың өзі *ж а з ғ ы т ұ р ы м ғ ы* тасыған *ө з е н д е й* не тез алып кетеді де, не тез жағасына шығарып тастайды («Лен. жас»).

ЖАЗҒЫШ[1] с ы н. **1.** *Тез жазып тастайтын, ойындағысын қағазға түсіруге құмар, бірден қағазға түсіргіш.* – Біле біл сең көргеніңді сол қалпында қағазға түсіре алатын *ж а з ғ ы ш* екеніңе қуанам (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Жалғайық мейлі үмітті Сәбиге жаңа сөйлеген. Қызға хат *ж а з ғ ы ш* жігітті Сағынып қалам кейде мен (Т.Молдағалиев, Қош, көктем.). Тергеуші жағына пышақ жанығандай арық сары жігіт екен, қолы сондай *ж а з ғ ы ш*, мен ежелеп айтып бергенше, ол жазып үлгереді (Ж.Өмірбеков, Тастүйін.). **2.** т е х. *Таңбалап түсіргіш, таңбалаушы.* Осылайша жасалған программа мен *ж а з ғ ы ш* механизмге төрт бұрыш, үш бұрыш, трапеция т.с.с. сынық сызықтармен қоршалады (К.Айманов, Физика.). Ферромагниттік лентаны магниттейтін электромагнитті – *ж а з ғ ы ш* электромагнит деп атайды (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ЖАЗҒЫШ[2] с ы н. *Жазылуды, түзелуді қамтамасыз ететін.* ≈ Түйілгенді *ж а з ғ ы ш* тамыршылар.

Жазғыш еттер. а н а т. <лат. musculus extensor> *Аяқ пен қол буындарының жазылу қозғалысын қамтамасыз ететін бұлшық еттер тобы. Ж а з ғ ы ш е т т е р* буын бұрышының төбесінде орналасып, буынды құраушы сүйектердің бастарын бір-бірінен алшақтатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАЗҒЫШТАР з а т. с ө й л. э к с п р. к е к е с і н. *Арыз, шағым жазуға дайын тұратын немесе газет, т.б. басылымдар арқылы біреуді, бір нәрсені сынап-мінеуге құмар адамдар мағынасында.* Әй, Әбілбек, сен бар ғой, тез жөнел, ана мені мұқатқыш газетке *ж а з ғ ы ш т а р д ы* осында жинап әкел (Ә.Тәжібаев, Гүлден.). Ол кезде кеңшарлар мен ұжымшарларда бірді-екілі *ж а з ғ ы ш т а р* болатын («Жас Алаш»).

ЖАЗҒЫШТА= е т. *Қайта-қайта жаза беру.* Алайда «жүз деген жазуға да, айтуға да келісті. Әсіресе жүз ат, жүз атан, жүз қой... – деп *ж а з ғ ы ш т а й* бастады интендант Қалыбай (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ел ішіндегі қаралықты, зарлықты көрсе дауыс көтеріп, дауға араласып, жан-жаққа *ж а з ғ ы ш т а п,* жүрген жерінде әділдік орнатам деп әуреленген (Б.Аманшин Көкжар). *Ж а з ғ ы ш т а п* жатыр бүктүсіп, Әне бір марқа қарындас. Көкала еткен көк тісін Жаланып жасыл қарындаш (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.).

ЖАЗҒЫШТАУ *Жазғышта етістігінің қимыл атауы.* Сүйекке сіңген әдет қой, Бақтыбай *ж а з ғ ы ш т а у ы н* әлі де қояр емес («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗҒЫШТЫҚ з а т. **1.** *Тез жаза қоятын қасиет.* Оның *ж а з ғ ы ш т ы ғ ы* сол – ол менің көкейімде жүрген, бірақ айтуға тілім жетпей, ойым жетпей жүрген жайларды үстінен дәл түсіп айтқанында боп тұр (С. Бақбергенов, Қарға там.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Жаза беруге, бос жазуға құмарлық.* Алайда бұған қосылмаймыз. Бұл пікір, сөз жоқ, талғамсыз әуенге жол ашады, *ж а з ғ ы ш т ы қ т ы* көбейтеді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗДА[1]**=** е т. с ө й л. *Жаз бойы бір жақта болып қайту.* Биыл ол сол кеткеннен мол кетіп, теңіз жағалауындағы ел арасында *ж а з д а п* келді (Ауызекі).

ЖАЗДА[2]**=** е т. *Етістіктерге тіркесіп «шақ қалды, сәл қалды» деген мәнді үстемелейтін көмекші сөз.* Үлкен ағам мен бір қыс бірге тұрған көп қыстаудың жанынан өте бергенде көңілім бір бұзыла *ж а з д а д ы* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кешетін сазды етікпен Басында ердің аз ба күн. Осынша арманды ертіп мен, Теңізде қирай *ж а з д а д ы м* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Өткен айда жанар-жағармайдың отына күйіп кете *ж а з д а п,* көп мазасы болмаған Жылқышиевты сарапшылар 14 орынға тұрақтатып еді («Жас Алаш»).

Жаны шыға жаздады. *Зәресі ұшты, қорықты.* Оспанның да құйрығына қыл батпай, Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп, *ж а н ы ш ы ғ а ж а з д а п,* құр анау үйден мынау үйге кезекке жүгіре берді (С.Торайғыров, Шығ.).

Жарыла жаздады. *Ызаға булықты, ашуланды, қызғанды, іші күйді.* – Мен бөлікті өз көңіліме сыйған әділетпен бөлмекпін. Байқаймын, жүрісім Көжекбайға жақпайды, тыжырынып, *ж а р ы л а ж а з д а п* келеді, – деді Сүйіндік Абайға (М.Әуезов, Шығ.). Қайсыбір істі болған кісілердің Нығметке қошемет көрсетіп,

жалпылдап жатқанын көргенде, Судыр Ахмет *жарылып кете жаздайды* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жеп қоя жаздады. *Қатты ашуланды, қолды-аяққа тұрғызбай ұрысты.* Шапыраш көз, семіз, быртиған толық бетті, дембелше сары жігіт, маған неге сыйлық бермейсің, мен бәленшеден кеммін бе деп, Шәйкенді *жеп қоя жаздап,* дікіңдеп тұрды, – дейді (М.Сәрсекеев, Шығ.).

Жерге кіріп кете жаздады. *Бетінен оты шығып, қатты ұялды, өзін қоярға жер таппады.* Нақақ болса да, жақсыға жала оңай ма деп, кісі көргенде, Қамар ұялғаннан *жерге кіріп кете жаздаушы* еді (С.Торайғыров, Шығ.). Ұялғаннан Ақбала *жерге кіріп кете жаздады.* Ол артық отыра алмай, жас баланы сылтау ғып сыртқа шығып кетті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Өле жаздады. а) *Жаны қалмай бәйек болды.* Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің *өле жаздайтұғынын* қалай? (Абай, Тол. жин.). ә) *Шыдамсызданды, тағаты таусылды.* Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап, Талтайып қақтана алмай *өле жаздап.* Кемпір-шалы бар болса қандай қиын, Бір жағынан қысқанда о да азынап (Абай, Тол. жин.).

Өліп кете жаздады. а) *Сұғанақтанды, пайда үшін жанын берермен болды.* Кезі келгенде бір өшімді алайын деді білем: –Жұрттың еркегі пайда дегенде *өліп кете жаздайды,* бұған керегі төрелік, ертең екі мөшке мен шолақ аттан айырылған күні жайың білінер, – деді (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Жан-тәнін салды.* Жалпы бұқараның баспасөзге көзқарастары өте көңілді. Бірен-саран газеттер, жаңа шыққан кітаптар қолдарына тисе, оқып *өліп кете жаздайды* (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЗДАҒЫША үс т. *Жаз кезіндегіше.* Бірі күшті, бірі епті, Шырқай жүріп бір әнді. Құрылысшылар білекті *Жаздағышасы* банды (Қ.Баянбаев, Ильич.). Мұндайда бұта-бұтаның түбінде бұғып қалған бозторғайлар қанаттарын шапаттап ұшып, *жаздағыша* шырылдап әнге басады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЖАЗДАЙ[1] үс т. *Көктем мен күз арасындағы мезгілде, бүкіл жаз бойы.* Соны үйге алып кел, ауланың ішіне қос тігіп берейін, *жаздай* жатса да маған бір алтын білезік соғып берсін, – деген (Б.Аманшин, Көкжар). *Жаздай* жасыл желек жамылған ағаштар сыйдиып жүдеу тартқан (Қ.Қазыбаев, Дәуір.). Кептіріп алып сүр етті, Даярлап *жаздай* жүр едім. Тәуекелге бел байлап, Аттың басын жібердім (О.Шипин, Дастан.). Жайлау *жаздай* сөз қылатын атымды, Жарысқаннан оздыратын атымды, Той-думанға кез қылатын атымды, Көкпар шықса, тез қуатын атымды (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Қайдағы бір белгісіз қорқыныш *жаздай* жанымды жегідей жеуші еді, Бүгін есімді ала бастады (Ә.Әбішев, Найзағай).

Ала жаздай. *Бүкіл жаз бойы. Ала жаздай* байың кеп бір жатпайды, Қазақтың не қыласың шариғатын (Абай, Тол. жин.). *Ала жаздай* су кешіп, балшыққа батып, құмға аунап жүргендіктен екі аяғымды да жіліншігіме дейін қап-қара күс басып кетеді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ондағы ойы – *ала жаздай* алмаға бір кенеліп, қатар-құрбыларына қыр көрсету сияқты (М.Сүндетов, Балық аула.). *Ала жаздай* бір тамшыға зар болған жұрт енді, міне, бірер күнгі жаңбырға шыдас бермей, қабақ шытуға айналды (Ә.Ибрагимов, Асыл.).

ЖАЗДАЙ[2] с ы н. *Жаз сияқты жарқыраған.* Қара қатын дегенде, қара қатын. Үзіп-жұлқып алып жүр қанағатын. Ұқсаған елі күнге, Бейне *жаздай.* Оралдың туған жерге, Қайтқан қаздай (Қ.Мұқышев, Орман).

ЖАЗДАЙҒЫ с ы н. *Бүкіл жаз бойындағы.* Ол амалсыздан соғымға сойылған сиыр терісі мен *жаздайғы* жинаған сары майын алып қалаға жүргелі жатыр (Б.Серкебаев, Өткенде). Шілде қызды, егін пісті Қап-қанарға астық толды. *Жаздайғы* еткен еңбегінің Рақатын дикан көрді (Пернедегі терме.). Дегенше балам «Уақыт жоқ», Ауылға бір кеп, жатып кет. *Жаздайғы* жиған құрт-май бар, Бұйырса, дәм жатып кет («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖАЗДАУ[1] з а т. ж е р г. *Жайлау, жаздыгүні отыратын мекен, мал жайылымы.* Біздің ел қазір *жаздауға* қонды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАЗДАУ[2] *Жазда етістігінің қимыл атауы; іс-әрекеттің сәл ғана орындалмай қалуын көрсететін көмекші етістік.* Жас бала ұялса, жерге ене *жаздаушы* еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен (Абай, Тол. жин.). Бұрын осындай тал арасы, өзен бойының маса-шіркейі адамды бунап, сона, шыбыны малды шипыңдатып жібере *жаздаушы* еді (А.Нұрманов, Құлан.).

Іші жарылып кете жаздау. *Көре алмау, қызғаныштан күю, күндеу.* Ауылдың малға мастанған мұрындықсыз жел бастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай күндеп, *ішері жарылып кете жаздаушы* еді (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖАЗДЫГҮН үс т. с ө й л. ***Жаздыгүні.*** *Жаздыгүн* шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда (Абай, Тол. жин.). Қой жайылып *жаздыгүн* Шыққан екен қияға, Аспаннан бүркіт құйқылжып, Сорғалап келіп ыраға (Абай, Тол. жин.).

ЖАЗДЫГҮНГІ үс т. *Жаз мезгіліндегі, жазғы. Ж а з д ы г ү н г і* жапырақтың бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, Күз болған соң кетті күй (Абай, Тол. жин.).

Жаздыгүнгі сағымдай. по э т. *Құлпырған, алыстан көзге түсетін, көркем.* Сұлулығы *ж а з д ы г ү н г і с а ғ ы м д а й* алтын айдарлы жақсы жарды ойы суреттеуші еді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗДЫГҮНІ үс т. *Жаз айлары мезгілі.* – Бай, алмасаң да тайымды жамандама, жануарда осы күні сын бар ма, *ж а з д ы г ү н і* көрсең бір жүз түгіл екі жүз берер едің (М.Дулатов, Шығ.). Бұрынғы Ақмола, Семей облыстарында жыл сайын *ж а з д ы г ү н і* үш жерде ірі жәрмеңке болады (С.Мұқанов, Балуан Шолақ.). *Ж а з д ы г ү н і* өсімдігі құрап ұшып кететін жерді мекендейтін кәдімгі саршұнақ жазғы аштықтан қысқы аштық кезіндегі сияқты ұйықтаумен құтылады (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

ЖАЗДЫ-ЖАҢЫЛДЫ= е т. *Кінәлі болды, айыпты болды, жаңылды, қате істеді.* Жаңа заманның заңы басқа болғаны ма. Ондай болса, *ж а з д ы қ-ж а ң ы л д ы қ.* Дәме ауруханада жатқанда да *ж а з д ы м-ж а ң ы л д ы м* деп әлденеше келді (З.Иманбаев, Солма. гүл.).

ЖАЗДЫҚ[1] з а т. *Көктемде егілетін дәнді дақыл.* Күздік те, *ж а з д ы қ* та орылып болған. Мұнда талай адамның тері бар (Б.Тоқтаров, Қыран.). Моторбай....– Жо, ол біздің құйғанымыз тұқымға деген *ж а з д ы қ* болатын, күздік шіріп кетті ғой,– деді міз бақпастан (С.Мұратбеков, Көкорай).

Жаздық дақылдар. а у ы л ш а р. *Көктемде себіліп, сол жылы өнім беретін бір жылдық ауыл шаруашылық өсімдіктері.* Қазақстанда *ж а з д ы қ д а қ ы л д а р д а н* – жаздық бидай, арпа, жүгері; жармалық дақылдардан – тары, қарақұмық, күріш; бұршақ дақылдардан – бұршақ, асбұршақ, жасымық, майлы дақылдардан – күнбағыс, соя, күнжіт; тоқымалық дақылдардан – зығыр, қоза; көкөністік дақылдардан – қияр, кәді, аскөк, салат; мал азықтық дақылдардан – сераделла, сиыржоңышқа, судан шөбі, сондай-ақ екі жылдық (қырыққабат, тамыртүйнектілер) және көпжылдық дақылдар (томат, темекі, үпілмәлік) өсіріледі (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖАЗДЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Жаз, жаздығүні. Ж а з д ы қ қ а* күн ыссы бола берсе жұмыс жасала ма? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗДЫҚ[3] с ы н. **1.** *Жаз мезгіліне лайық, жұқа, жеңіл (киім).* Сырттан киген *ж а з д ы қ* көйлектер қыстың қалың пальтосындай ауыр көрінді (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.). *Ж а з д ы қ* костюмінің ішінен киген жағасы ашық ақ көйлегі тершіген етжеңді денесіне жабысып, сәл қысыңқырап та тұрғандай (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **2.** *Жаз кезінде тұруға арналған.* Малшылар өмірі бұрынғыдан да қызықты, жайнай түспек! Мен қазір *ж а з д ы қ* клубтың шығысында отырмын (М.Мырзақұлов, Өмір.). **3.** *Жаз кезіндегі, жаздағы.* Ата-аналар комитеті сонымен қатар балалар бақшасындағы тамақтандыруды ұйымдастыруды, *ж а з д ы қ* денсаулықты нығайту науқанын дұрыс өткізуді бақылайды (Семья тәрбиесі.). **4.** *Көктемде егілетін.* Қазақ шаруалары көбінесе тары, арпа, солтүстік аудандарда *ж а з д ы қ,* кейде күздік бидай егетін (М.Елеусізов, Шоқан.). *Ж а з д ы қ* бидай егісі бүкіл республикада барлық егіс көлемінің жартысына жуығын, ал солтүстік облыстарда 55%-інен артығырақ алады (С.Ысқақов, Табиғат.).

ЖАЗДЫР[1]**=** е т. **1.** *Жазғызу, сөзін қағазға түсірту.* Сол жолы маған айтпай, арызды бөтен біреуге *ж а з д ы р ы п* бергеніне ренжігендігім сондай, осының арызы қаралғанда, мен соған қол көтерместен қалдым (Б.Майлин, Шығ.). Есігінің сыртына «докладсыз кірме» деп *ж а з д ы р ы п* қояды. Өзінен-өзі бөртіп, кеудесін көтеріп отырады (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Шығарту, өлең-көркем мәтін түрінде жазғызу; шығармашылықпен тудыру (әнді т.б.).* Жастар Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін айтып тұр екен. Бұл әнді кезінде өзім Шәмшіге өтініш жасап *ж а з д ы р ы п* едім («Жас Алаш»).

Атына жаздырды. *Өзінікі ретінде ресми түрде рәсімдеп, бекітіп меншіктеді.* Дәукең Шынтасты Жанардан кем көрмей бақса да, «ұлым жоқ еді» деп өзіне теліп, өз *а т ы н а ж а з д ы р ғ а н* жоқ (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖАЗДЫР[2]**=** е т. *Аштыру, жайғызу.* Сол күн құшақтарын еріксіз *ж а з д ы р ғ а н* екі дос, көздеріне сенбегендей, біріне-бірі құныға қарай берді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Аяқ-қолын жаздырмады. *Еркін жүргізбеді, ойлағандай көп нәрсеге қолын жеткізбеді, кедергі жасады.* Мына сұм тағдыр *а я қ-қ о л ы н ж а з д ы р м а й* құрсаулап тастаған жоқ па (М.Дүйсенов, Мейман.).

Бауыр [бауырын] жазды. *Көсіле шапты (ат туралы).* Сөйтті де ол: «Осы құрғырлар тура ұмтылса, ат *б а у ы р ы н ж а з ғ а н ш а* қуып жетіп жазым етіп тастар», – деп қара атты тебініп қалды (Х.Есенжанов, Шығ.). Талай жерге барғанмын, Жау көргенде көсіліп, *Б а у ы р ы м д ы ж а з ғ а н м ы н* (Батырлар жыры).

Бауырын жаздырмады. а) *Атты бар қарқынымен жібермеді, бар пәрменімен шаптырмады, тізгінін тартып отырды.* Мына аттарды көсілте ме еді... аттың *б а у ы р ы н ж а з д ы р м а й* қор қылуларын қарашы (С.Мұқанов, Шығ.). ә) *«Бір іске еркін», (көсіле) кірісе алмады» мағынасында айтылады.*

Бой жаздырмады. *Тынымсыз еңбектен қол босатпады, дамыл көрсетіп, сергітпеді, титықтатты.* Үйдегі шырғалаң жағдай балаларыма *б о й ж а з д ы р м а й,* жүректеріне кір салып, діңкелеріне тиіп бітті (Е.Мырзахметов, Өмір.).

Еңсе жаздырмады. *Үнжырғасын түсірді де қойды, кеудесін зіл басып тұрып алды, көңілі бір сейілмеді.* Талайдан бері құнжауды алып, *е ң с е ж а з д ы р м а й* қойған бұлтты, лайсаң түндерден кейін шуақты түндер келеді («Қаз. әдеб.»).

Етек-жеңді жаздырмайтын суық. *Өңменнен өтетін қатты суық, бой жылытпайтын қара суық. Е т е к-ж е ң д і ж а з д ы р м а й т ы н* ертеңгі *с у ы қ* леп сәске түске жұмсара бастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Құшақ [құлаш] жаздырмады. *Алаңсыз ақ көңілмен қабылдауға жібермей тұрды, қырсығы т.б. жағымсыз күйі жылы сезімін теждеді.* Өзін аймалаған қандас адамы – әкесі екенін біле тұра, жүрегінің қалтарысындағы бой тасалап жатқан әлдебір қырсығы «қой-қойлап», Рүстемге *қ ұ ш а қ ж а з д ы р м а д ы* (М.Гумеров, Хазірет.). Бірақ өзін-өзі қалай жұбатса да, жүрегінің басында түйіртпектеліп, бір зілді нәрсе жатыр; ол түйіртпек арқандаған аттай, қуаныштың *қ ұ л а ш ы н ж а з д ы р м а й д ы;* бер жағы бұған да шүкіршілік етсе, ар жағы бұлт құрсаған күндей жадырамайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЗДЫР³= е т. *Адастыру, айныту.* «Қап! Алдырар күні *ж а з д ы р а р* деген, міне, осы екен-ау» деген анық ой келгенде бір сәт алдындағы балбырағаң бақыт терісі шыққан жарқын жүзіне қаһарлы қара бұлт ойнап шыға келді (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

Көз жаздырды. *Адастырды, таптырмады, ізім-қайым жоқ болды.* Сынаптай сусылдаған мына қара ешкілер құм төбеден бір асса, *к ө з ж а з д ы р а д ы* (С.Бегалин, Шығ.). Жаңылыс салса қу үйрек, *К ө з ж а з д ы р ы п* кетуші еді Алғыр құстың талайын (Манас). Апақ-сапақ мезгіл еді. Ылдиға түскен соң *к ө з ж а з д ы р ы п* кеттім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Тура жолдан жаздырды. *Теріс қылық әрекетке итермеледі, адал, оң, дұрыс ісінен жаңылдырды, адастырды.* Достарыңа тауды, тасты қаздырдың сен, Көп ерлерді *т у р а ж о л д а н ж а з д ы р д ы ң* сен. Көңілі гөрдің діні бұзып бұзықтыққа. Жол көрсетіп шайтандай азғырдың сен (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖАЗДЫРҒЫШ с ы н. *Адастырғыш, айныткыш.*

Көз жаздырғыш. *Ізім-қайым жоқ қылғыш.* Таңертеңгі бұлдыр тұман, күзгі қара бұлтты күн, түннен де *к ө з ж а з д ы р ғ ы ш* болады – деп, Өсербай тоқтау салды (Б.Шалабаев, Өмірде.).

ЖАЗДЫРТ= е т. **1.** *Сөзін, ойын қағазға түсірту.* Педагогтар олардың оқудағы, еңбектегі, демалыс кезіндегі іс-әрекетін бақылау барысында қандай кітаптарға қызығатынын біліп, шығарма *ж а з д ы р т а д ы* («Қазақст. мект.»). **2.** *Жазғызып тіркету, тізімге алғызу.* Талантты артиллерист, болашағы бар офицер деп сені де сонда *ж а з д ы р т т ы м* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Өзіне жаздыртты. *Құжат арқылы өз меншігі ретінде бекітті, өзінікі ретінде рәсімдеді.* – Қалқам, Қали, алам десең мал міне. Керек десең тең жартысын берейін, *ө з і ң е ж а з д ы р т ы п* ал (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.).

ЖАЗДЫРТУ *Жаздырт етістігінің қимыл атауы; сөзін қағазға түсірту.* Үлкен әжей әскердегі немересіне хат *ж а з д ы р т у* ісін үнемі қадағалап отыратын еді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗДЫРУ¹ *Жаздыр¹ етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Ойын, сөзін қағазға түсірту.* – Бөтен біреулерге арыз *ж а з д ы р у* деген сөз өзіміздіөзіміз ұстап беру емес пе? (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Шығарма *ж а з д ы р у д а* орфография тілдің лексика, сөйлем құрау, пунктуация, стиль т.б. сияқты жақтарымен қоян-қолтық келеді («Қазақст. мект.»). Оқушыларды қосымша әдебиеттерді оқуға бағыттаушы жұмыстардың бірі – оларға математикалық шығарма, реферат *ж а з д ы р у* («Қазақст. мект.»). **2.** *Тіркету, есепке алдыру, жазып қойғызу.* Асхана іші шағын. Алты-жеті стол. Отырған адамдар да аз. Шелпек жүгіріп тамақ *ж а з д ы р у ға* кетті (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **3.** *Шығарту, көркем туынды тудыру.* Бәлкім, көркем суреттеме *ж а з д ы р у* мақсатын көздеген шығар, әйтеуір, арнаулы тілші етіп редактор бұл сапарға мені жіберді (Қаныш аға).

ЖАЗДЫРУ² *Жаздыр² етістігінің қимыл атауы; жайғызу, тегістеу.* ≈ Асжаулықты *ж а з д ы р у.*

ЖАЗДЫРУ³ *Жаздыр³ етістігінің қимыл атауы; адастыру, айныту.* ≈ Ойынан *ж а з д ы р у.*

ЖАЗДЫРЫЛ= е т. *Жазғызылу, ойдың, сөздің қағазға түсіртілуі.* «Беттері оқ тескен дәптер» деген еркін тақырыптарға шығармалар *ж а з д ы р ы л д ы* («Қазақст. мект.»). Бір сағатында диктант *ж а з д ы р ы л а д ы*, келесі сағатта диктантқа талдау жасалады («Қазақст. мект.»). Магнитофонмен сөйлемдер *ж а з д ы р ы л ы п,* сөйлем мүшелеріне талдатылды («Қазақст. мект.»).

ЖАЗИРА ар. з а т. **1.** к ө н е. *Арал жанжағын су басқан құрлық.* Көп адамдар Көктөбе судың ортасында арал – *ж а з и р а* болу керек деп біледі (А.Машанов, Жер асты). Жолықты бір *ж а з и р а* арал тағы, Кең арал, мұхит, теңіз

екі жағы (Абду-л-Малик.). Неше күн суда мехнат көрді дейді, *Ж а з и р а* бір аралға келді дейді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). **2.** *Байтақ жатқан ен дала, кең аймақ.* Жырлап өттім *ж а з и р а м д ы* – Даламды. Талай сөзім төбеттерге таланды. Перғауындай алтынымен көмілген Бір көміндер қағазым мен қаламды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жақсымен бірден сұхбат айласаңыз, Сол жерде тарқамай ма көңіл кірің? Ей, Жүсіп мұнан былай болма мұндай, Сен тартып *ж а з и р а н ы ң* ерке шөлін (Даңмұрын). Жарасқан *ж а з и р а ғ а* керілген бой, Теріскей табиғаттың төріндей ғой (Т.Әлімқұлов, Шығ.). // *Кең жатқан, жайылған, дархан.* Дәрменсіз ғой, дәрменсіз білек енді, Шікәм көңіл көтермес мінегенді. Жүрегімнің *ж а з и р а* күнгейінен, Сенің бейнең асқақтап түрегелді (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** г е о г р. <грек. oasis> *Табиғи немесе жасанды суландыру нәтижесінде сақталған, шөл және шөлейт жерлердегі өсімдік өскен, шаруашылығы бар көгал жерлер.* Араб түбегінде *ж а з и р а л а р* кездеседі отырады («Парасат»).

ЖАЗИРАДАЙ с ы н. *Жазира сияқты шетсіз, кең шалқар, дархан. Ж а з и р а д а й* жан дүниесіне, дарқан ойына неғұрлым тереңірек бойлап, көбірек сырласар ма еді (З.Жәкенов, Таң самалы). Сондағы ой-арманым қиялдаған іске асып *ж а з и р а д а й* жайнап заман (И.Әлібаев, Айтуар.).

ЖАЗИРАЛЫ с ы н. **1.** *Ен далалы, кең шалқар.* Майра барда тамылжыған айлы түндер туар еді. Мидай *ж а з и р а л ы* жазықты түн құшағына алар еді (С.Досымов, Жаңғырық.). Ақ қардың құшағында жатқан осынау кең *ж а з и р а л ы* өлке бәз-баяғы қалпында (Абзал жандар). Жасыл *ж а з и р а л ы* жаға, одан әрі тәкаппар да асқақ Алтайдың қар басқан айдынды шыңдары бір-біріне бауыр басып, жымдасып, үйлесіп кетіпті (К.Зекенов, Жанартау.). *Ж а з и р а л ы* жазықты мыңғырлаған малға толтырған ынтымағы жарасқан алуан ұлттың абзал өкілдері (А.Жолмұханбетов, Әңгім.). **2.** а у ы с. *Дархан, асып-тасқан, жайнаған.* Таңда мынау бір күнімнен қызығырақ бір күнім, Бұрынғыдан жайсаңжарқын *ж а з и р а л ы* тірлігім (К.Айнабеков, Өленд.).

ЖАЗМЫШ з а т. **1.** д і н и. ф и л о с. *Діни наным бойынша, әуелден белгіленіп қойылатын талай-тағдырдың бұйрығы, тағдыр иесінің жазуы.* Мәңгілік күлкі дірілдеп, жайлап қана гүл атты. Ал одан соң ғазиз жан оқыды өз *ж а з м ы ш ы н* (Қ.Аманжолов, Өленд.). Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында *ж а з м ы ш* туралы түсінік кең орын алған (ҚҰЭ). Ғылымда *ж а з м ы ш* ұғымы адам санасының дүниені тануға ұмтылған қызметінің жемісі ретінде қарастырыла бастады (ҚҰЭ). *Ж а з м ы ш қ а* мойынсұнған жақындары, дос-жарандары жанына жақындай берді («Парасат»). **2.** *Қатыгез, қатал тағдыр, басқа түскен қиыншылық деген мағынада.* Өлімге дауа, *ж а з м ы ш қ а* шара жоқ (М.Мағауин, Аласапыран.). Себебі айырылудың емес бізден, Екенін жауыз *ж а з м ы ш* сезген, достым. Деміңдей түнгі желдің аңқып ескен: «Мен кеттім, жолыққанша сау бол», – дескен (М.Дулатов, Шығ.).

Жазмыштан озмыш [озбас] жоқ. *Алланың пендесіне бұйырған, алдын ала белгіленген тағдырынан артық-кем ештеңе болмайды, басқа салғаннан ешқайда қашып құтыла алмайсың деген мағынада. «Ж а з м ы ш т а н о з м ы ш ж о қ»*, «тағдырдың жазғанынан қашып құтыла алмайсың» деген тұжырымдар халқымыздың жазмыш туралы ежелгі сенімін көрсетеді (ҚҰЭ). *«Ж а з м ы ш т а н – о з м ы ш о з б а с»* деген сөзді Бекер деп пікір айту жарамайды. «Алланың, адам басы, добы» деген, Қуса да қалай қарай домалайды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАЗМЫШСЫЗ с ы н. *Тағдырдың бұйрығынсыз.* Бұ фәни дүнияда *ж а з м ы ш с ы з* ештеңе де болмайды, – деді иман («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗТҰРЫМ ү с т. ж е р г. *Жазғытұрым. Ж а з т ұ р ы м* Бақанас өзені тартылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗУ[1] з а т. **1.** *Хатқа түскен, тасқа басылған сөз, ой-пікірдің жазылған көрінісі.* Мәукіл өзіне берген қағаздың *ж а з у ы н а* қараған жоқ. Милиционерге қайтатын қағазға қол қойып, өзіне берді (С.Бегалин, Уақыт.). *Ж а з у* жаздық, хат танудық, Болдық азат молдадан (Абай, Тол. жин.). Есік қорғанынан табылған әлемге әйгілі Алтын адам жанындағы күміс тостағанға шекілген *ж а з у* (қазанама) үйсін мәдениетінің бағзыдан жеткен ғажайып үлгілерінің бірі («Жас Алаш»). **2.** *Жазып кеткені, жазып қалдырғаны, қолжазба.* Оның зеректігіне қарай сол кезде Омбы кадетский корпусында, Потаниннің *ж а з у ы н а* қарағанда, оқу тәртібі өте жақсы қойылған екен (М.Дулатов, Шығ.). Ж.Еленовтың *ж а з у ы* бойынша Мұхамеджан әлпетті, аласа бойлы, толық дембелше келген кісі екен (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). **3.** *Бір адамға ғана тән өзіндік жазу үлгісі, жазуының ерекшелігі.* Зинахмет үстелінде әлі ашыла қоймаған конверт жатыр. Әріптері көзіне жылы ұшырады. Ақзейнеп *ж а з у ы* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Оразымбеттің жібергені болар деп, қағазды тез ашып қарап едім, *ж а з у ы* онікі емес, Бақтыгүлдікі екен (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **4.** *Дыбыстарды таңбалайтын әріптер жүйесі, әліпби.* Үтір мен асты-үстілі *ж а з у д а* бар, Болуға асты-үстілі көнсең өзің (Абай, Тол. жин.). Мұның үстіне әр халықтың сөйлеу, *ж а з у* ерекшеліктері де адамның, жердің аттарын атауда түпкі негізінен өзгертіп жіберетіні мәлім

(Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Тарихи деректерге қарағанда, Махамбет арабша *ж а з у* арқылы хат білген (С.Мұқанов, Халық мұрасы). **5.** л и н г в. *Адам ой-пікірін, хабарын, мағлұматын қағаз, не басқа бір нәрсенің бетіне түсіретін арнайы графикалық таңбалардың жүйесі.* Еуропаға *ж а з у д ы ң* иісі де бармаған заманда ақпаратты мәңгі сақтаудың ілкі технологиясы мен идеясы кімнен шыққанын зерделі жанға ажыратудың еш қиындығы жоқ («Жас Алаш»). Тарихи даму барысында *ж а з у д ы ң* бірнеше үлгісі пайда болып, дамып отырған: пиктографиялық, идеографиялық, буын, фонетикалық (Ғ.Қалиев, Тіл білімі терм. түсінд. сөздігі). *Ж а з у* қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған (ҚҰЭ). Осы кезде халыққа жұмбақ болып келген ескерткіштегі екі *ж а з у* оқылды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **6.** *Орфография, сөздерді дұрыс жазу ережелері. Ж а з у ы* төп-төуір, сауатты-ақ (Ауызекі). **7.** *Жазба тіл.* Орыс тілі, *ж а з у ы* – Білсем деген таласы (Абай, Тол. жин.). **8.** а у ы с. *Белгі, нышан.* Бірақ, Игнат, дәл сенікі екенін білмедік қой, Маңдайына жазған *ж а з у ы*, таққан айдары бар дейсің бе, қайдан білейік (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қадиша молданың көзіндегі *ж а з у д ы* оқып, сүюге ыңғайланған ерінді көрді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Әріп жазуы. л и н г в. ***Дыбыстық жазу***. *Ә р і п ж а з у ы* буын жазуынан кейін пайда болды (ҚҰЭ). *Ә р і п ж а з у ы* пайда болуының дүниежүзілік мәдениеттің дамуы үшін үлкен маңызы болды (ҚҰЭ).

Әріптік жазу. л и н г в. ***Дыбыстық жазу***. *Ә р і п т і к ж а з у ғ а* дейін сурет жазуы қолданылғанын еліміздегі тау-тастардағы түрлі суреттер арқылы дәлелдеушілер бар (ҚҰЭ).

Буын жазуы. л и н г в. *Сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленетін жазу түрі. Б у ы н ж а з у ы н а* жапон, үнді жазулары жатады (ҚҰЭ). *Б у ы н ж а з у ы н ы ң* таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгілеген идеограммалардан жасалған (ҚҰЭ).

Демотик жазу. л и н г в. *Иератик жазудан дамыған иероглиф жазудың бір түрі, тез жазу үлгісі. Д е м о т и к ж а з у м е н* іскағаздары, көркем шығармалар жазылған (ҚҰЭ). *Д е м о т и к ж а з у ы* халықтық жазу деп аталған (ҚҰЭ).

Дыбыстық жазу. л и н г в. *Тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазудың жетілген жүйесі.* Таза күйінде консонантты *д ы б ы с т ы қ ж а з у* б.з.б. екінңжылдықтың екінші жартысында пайда болса, вокалданған дыбыстық жазу б.з. бірінші мыңжылдығының басында пайда болды (ҚҰЭ). *Д ы б ы с т ы қ ж а з у д ы ң* ең көне түрлері – финикия, арамей және грек жазулары (ҚҰЭ).

Жазу үстелі. *Жазу жазуға, оқуға арналған жиһаз түрі. Ж а з у ү с т е л і,* диван, кітап салатын шкаф еркін сияды оған (Е.Қалиев, Рудный.).

Жазу дәптері. *Мектеп оқушыларының жазба жұмыстарын орындауға арналған дәптері.* Бір күні төртінші класс оқушыларының *ж а з у д ә п т е р і н* тексергелі жинап алдым (Н.Сералиев, Ыстық күлше.).

Идеографиялық жазу. л и н г в. *Жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет арқылы немесе шартты таңбалар арқылы белгілейтін көне жазу түрі. И д е о г р а ф и я л ы қ ж а з у д а* әр сөздің тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады (ҚҰЭ). *И д е о г р а ф и я л ы қ ж а з у* таңбалары идеограмма деп аталады (ҚҰЭ).

Иератик жазу. л и н г в. *Папирусқа жазудан пайда болған иероглиф жазу түрі. И е р а т и к ж а з у* кейін тек діни жазуға айналған (ҚҰЭ).

Иероглиф жазу. л и н г в. *Идеографиялық жазудың бір түрі. И е р о г л и ф ж а з у д а* жоғарыдан төмен, кейін оңнан солға, кейде керісінше ойылып жазылған (ҚҰЭ).

Көне түркі жазуы. л и н г в. *Орталық Азия жерін бағзы заманнан мекендеген түркітілдес тайпалардың тұңғыш дыбыстық жазуы. К ө н е т ү р к і ж а з у ы н ы ң* бағыты оңнан солға қарай (ҚҰЭ). *К ө н е т ү р к і ж а з у ы н ы ң* шығу тарихы жалпы әліпбилік жазудың шығу тегімен ұштасады (ҚҰЭ).

Пиктографиялық жазу. л и н г в. *Хабарланатын оқиға, заттар сурет арқылы берілетін жазудың ең көне түрі.* Зерттеушілер *п и к т о г р а ф и я л ы қ ж а з у* неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді (ҚҰЭ). Суретін салуға болмайтын абстракт ұғымдарды беру үшін *п и к т о г р а ф и я л ы қ ж а з у д а* басқа заттардың суреті қолданылған (ҚҰЭ).

Төте жазу. л и н г в. *А.Байтұрсынұлының араб графикасы негізінде жасаған жазу жүйесінің халықтық атауы [Жалпы тіл білімінде А.Байтұрсынұлы әліпбиі деп аталады].* А.Байтұрсынов әліпбиі қазақ жазуы тарихында «жаңа емле», *т ө т е ж а з у* деп аталатын, халықты сауаттандыруда ірі бетбұрыс жасады (ҚҰЭ).

ЖАЗУ[2] *Жаз*[2] *етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойды таңбалап, қағазға т.б. түсіру.* Халықтың өткен тарихын *ж а з у*, оның ішінде есте жоқ ескі заманның тарихын жазу оңай шаруа емес. Бұл – жазба дерегі архивінде сіресіп тұрмаған біздің халыққа қатысты болғанда, тіпті қиын («Жас Алаш»). **2.** *Шығармашылықпен айналысу, көркем, ғылыми т.б. шығарма тудыру.* Одандағы қалғаным жөн тірі өліп, Мен нұсқаумен *ж а з у* үшін тумағам. Қаламаймын қайдағы бір Родов Не жазуды көрсеткенін бұл маған (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **3.** а у ы с. д і н и. *Алланың*

басқа салуы, пенденің тағдырының алдын ала белгіленуі. ≈ *Ж а з у ы* осы болды.

Алланың [Құдайдың, тәңірінің, жаратқанның, жасағанның] жазуы. д і н и. *Тағдырдың, талайдың бұйырғаны, Алланың пендесіне белгілеген тағдыры.* Адамның ауызы ала, ойы төртеу, Құр көңіл болғанменен болмайды екеу. Құдайым иман бергей, бір өлім бар, Қай күні дәм таусылса қаза жетер, *А л л а н ы ң* жазып қойған *ж а з у ы* екеу (Шал ақын, Өлең д.). Шырағым, мына баланы жақсылап бақ, сені де осындай шағында баққан едім, серік болсын, бағып күт, бұл да *А л л а н ы ң ж а з у ы* шығар (Қаз. ертегі.). Келсем, *Қ ұ д а й д ы ң ж а з у ы м е н* келіп отырмын... Аяғынан келген дейтін шығарсың... Құдай сендей абиыры кеткеннен сақтасын! – деп бастырмалатып, аузынан көбігі бұрқырап жатқанда, Ақбілек шыдай алмай, еңіреп шыға жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Маған рұқсат ет... *Т ә ң і р і н і ң ж а з у ы* осылай шығар, барайын!...– дейді (Б.Майлин, Шығ.).

Хақтың жазуы. к ө н е. *Бұйрықты іс, Алланың жазмышы деген мағынада.* Келмес, келмес, енді көнбес, «Кел» дегенге көзсіз ер, *Х а қ т ы ң ж а з у ы* солай, Тағдырға кім өкпелер (Б.Күлеев, Шығ.).

ЖАЗУ[3] *Жаз*[3] *етістігінің қимыл атауы; жаю, тегістеу, түзеу, түзету.* Палуан шиыршықтап сақинаша ораған темірді *ж а з у ғ а* әлгі жігіттердің әлі келмеді (М.Танекеев, Қажымұқан).

ЖАЗУ[4] *Жаз*[4] *етістігінің қимыл атауы; сауықтыру, айықтыру.*

ЖАЗУ-БҰЗУ з а т. ж е р г. *Жазу-сызу.* Ол әйел *ж а з у - б ұ з у д ы* білмейді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Бұл жұмысты менің әйелім істесін, *ж а з у - б ұ з у* есептерін өзім жазармын («Жұмысшы»).

ЖАЗУДАЙ с ы н. *Жазу сияқты.* Тасқа басқан *ж а з у д а й* көкірегінде сайрап тұрған қаулының мазмұнын Мадияр ши-шырғасын шығармай Әсенге баяндап берді (С.Омаров, Өмір.). Әйтсе де, сол бабалары, олардың үлкен өмір жолындары әрқилы күресі – санасында *ж а з у д а й* сақталып қалған (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАЗУЛЫ с ы н. *Жазуға түсірілген, хатқа жазылған.* Сұлтанмахмұт енді екінші бір *ж а з у л ы* дәптерін алып «Адасқан өмір» поэмасын көрсетіп отыр (Д.Әбілев, Арман.). Умия шешесінің қолындағы *ж а з у л ы* қағаздарды байқап қалды (К.Оразалин, Абай.). Ғажайып нақыштары әрбір түрмен, *Ж а з у л ы* аят хадис қызыл сырмен (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). «...Той қылған көпке інінің ерлігі дұрыс, Көмектеп, көптеп көрсетер елдігінде ұлыс, Риясыз думан өткізу ендігі бір іс», – Осыны бұрап сақалы, белдігі күміс – Жол жорға мініп, келеді *ж а з у л ы* хаттар – Тәкаппар, шешен, бөрідей азулы қарттар баяғы (Ж.Жұматаев, Ләйлә.).

ЖАЗУ-СЫЗУ з а т. *Хат тану, жазба сауат жүйесі.* Ақын кейін балаларына, немересіне өзінің *ж а з у - с ы з у д ы* қалай үйренгенін қызықты әңгіме ғып айтып отыратын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). *Ж а з у - с ы з у д ы* меңгеріп, кітап оқуға кәдімгідей төселіп қалдым (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Балалармен қосып саған орысша *ж а з у - с ы з у д ы* үйреткен сол екенін өзің де білесің (Б.Жүнісов, Өрім жас.).

ЖАЗУ-СЫЗУСЫЗ с ы н. **1.** *Жазуы, жазба мәдениеті жоқ.* ≈ *Ж а з у - с ы з у с ы з* халықтар. **2.** *Жазбаша дерек-дәлелдері жоқ, құжатсыз.* Бекбосын *ж а з у - с ы з у с ы з* істі алып, Дүйсенбайдың былығын мойнына жүктей алмаймын, тез шақырт, – деді хатшыға (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЗУША ү с т. с ө й л. ***Жазбаша***. *Қағазға түскен, жазылған түрде.* Махамбет өлең толғауды ауызша да, *ж а з у ш а* да шығарды (ҚазССР тарихы). Геометриядан қанағаттанғысыз деген жылдық баға алған оқушылар алгебрадан (арифметикамен қоса) *ж а з у ш а* емтиханға жіберілуі мүмкін (Семья тәрбиесі).

ЖАЗУШЫ з а т. *Әдеби еңбекпен шұғылданатын, көркем шығарма тудырумен айналысатын адам.* Біздің бұл кездегі *ж а з у ш ы л а р ы м ы з д ы ң* да, оқытушыларымыздың да көбі орысша оқығандар (М.Дулатов, Шығ.). Аңшылар үшеу едік. Біреуі министр, біреуі ғалым, үшіншісі мен – *ж а з у ш ы м ы н* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Оған қоса облыстың Жазушылар ұйымын басқаратын белгілі *ж а з у ш ы* Әбдір Байсаринді Мадияр көп жылдан бері білетін (С.Омаров, Өмір.). *Ж а з у ш ы ғ а* қарама, жазғанына қара (Мақалнама.). Мінезсіз адам *ж а з у ш ы* бола ма, оның мінезі де оңай мінез емес-ті. Кейде тарыла қалатын, кейде жайыла қалатын кезін көп көрдік («Жас Алаш»).

ЖАЗУШЫЛЫҚ з а т. *Әдеби шығарма жазумен шұғылданушылық.* «Манапты» шығарушы Лихановта *ж а з у ш ы л ы қ* қуысы қанша екендігін қоя тұрайық, бірақ қазақ жайынан еш нәрсе білмейтіндігін жаңылмай айтуға болады (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а з у ш ы л ы қ* жалғыз жаза берумен табылмайды, білім кеңейту, оқу керек. – Бұл жағынан керекті жағдай әлі жасалған жоқ (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Алайда сол кезде оның үлкен дарыны мейлінше көзге түсіп, *ж а з у ш ы л ы қ* жағы басып бара жатқаны байқалушы еді (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).

ЖАЗУШЫСЫМАҚ з а т. э к с п р. к е к е с і н. *Жазушылық қабілеті нашар бола тұра, өзін жазушы санайтын адам.* Әттең, бас секретарлыққа көрнекті жазушы емес, қатардағы *ж а з у ш ы с ы м а қ* Сенанаяке

деген «іскер адамның» тағайындалғанын көбіміз кейін білдік (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАЗХАНА з а т. ж а ң а. ***Саяжай***. *Ж а з х а н а г а* жеміс ағаш, гүл егейін деп ем, кеңес беріңізші? – деп қолқа салып келіпті. Бағбан ондай азаматтардан алтын уақытын аямайды (Ә.Бөриев, Алматы.). *Ж а з х а н а* көп елдерде оны [дачаны] жазғы үй деп атаулары осы пікірді қуаттап тұрғандай. Қорыта келгенде, қазақ тілінде «дача»-ға ең қолайлы балама – *ж а з х а н а* («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗЫ[1] ир. з а т. э т н. *Түйенің арқасына жүк батпау үшін өркешіне қом астынан кигізетін арнайы жабдық.* Маңайдағы елдердің әлі күнгі арбасы оңқа тұрып, *ж а з ы с ы* жарбиып, жер ағашы тұрып-жығылып, «қық-қық!» деп, аяқтары салақтап, құрым, түтін сасып, жертөледен күркілдеп екі көзі жылтырап, мұрындарын тұмшалап жүргені «жарықтық сансыз әулиелердің шарапаты күштілігімен?» (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жануардың қысы-жазы арқасынан *ж а з ы с ы* бір алынбайды. Қажығанын білдірмей шыдап келеді, әйтеуір (З.Шүкіров, Ізгілік.). Отыруға не жатуға болмайтындығын сезген Мырзағали *ж а з ы н ы* алып, сары атанның ық жағына салды да, арқасын беріп аз-кем тыныс алды (С.Әлжіков, Дала.).

Жазының жондығы. *Жазының жазығаштан жоғары, айнала үстіңгі жиегі, арқалығы. Ж а з ы н ы ң ж о н д ы ғ ы* – түйе арқалығына, өркешіне лайықталып жасалады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗЫ[2] з а т. е с к і к і т. *Дала, жазық жер, иен дала.* Жағы түкті жылқы айуан Иесін қайда жаяу салмаған, Жалп-жалп етken жапалақ *Ж а з ы д а* кімге жолдас болмаған (Шалкиіз ақын, Шығ.). *Ж а з ы д а* мал іздеген қазақтың басы қайда қалмаған (Шалкиіз ақын, Шығ.).

ЖАЗЫАҒАШ з а т. э т н. *Жазының астын ала жондықты екі жақтан бастыра жүргізілетін білектей екі ағаш.* Сімер бұл кезде қараша інгеннің қасында асығып-аптығып, *ж а з ы а ғ а ш т ы* шешіп жатыр еді (З.Шүкіров, Ізгілік.). Сыртқа жүк қалдырмасын. *Ж а з ы а ғ а ш,* ер-тұрманның бәрін де үйлеріне кіргізіп алсын (Н.Баяндин, Құм асты.). *Ж а з ы а ғ а ш* – жазыны түйе үстіне берік орналастыру үшін, түйе өркешінің алдыңғы және соңғы жағынан қаусырмалап байланыстырып және жазының айыл-құрларын (жіппен ызған тартпа) түйенің бауырынан екі қатар айқастыра байлайтын жазының жоғары жегіне жақын орналастырылған кетпен саптай екі кеспек ағаш (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

Жазыағаштың бас жібі. э т н. *Екі жазыағаштың басын екі жақ ұшының кертік жерінен байлайтын, тұсаудан жіңішкерек жіп.*

ЖАЗЫ-КҮЗІ ү с т. *Бүкіл жаз бен күз бойы.* Мен таптым, сүймесең де өзіме жар, Керегің жоқ, мейірімсіз, жолыңа бар. Маған енді ол жармен тыныш, рақат, Бәрібір *ж а з ы-к ү з і* жауса да қар (М.Жұмабаев, Шығ.). Таудың шөбі ұлпадай жұмсақ, гүлді-шешекті келеді. *Ж а з ы-к ү з і* жап-жасыл қалпынан өзгермейді (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). *Ж а з ы-к ү з і* үзілмеген әлгідей жаңбыр, жауын-шашын, қыс болса сұрапыл суық, шілдеде күйіп тұрған ыссы (С.Шәріпов, Бекболат).

ЖАЗЫҚ[1] з а т. **1.** *Кең алқапты теп-тегіс аймақ.* Ұшы-қиырына көз жетпейтін Тарақты *ж а з ы ғ ы н а* үлкен бір жасыл көрпе жаза салған тәрізді (З. Ақышев, Ақбел.). Тау үстіндегі *ж а з ы қ т ы ң* сиқырын біреудің айтқанын ешқашан түсінбейсің, оны тек көру керек («Жас Алаш»). Жүріп келемін, айнала мидай *ж а з ы қ,* шетсіз-шексіз дала («Қаз. әдеб.»). Көделі *ж а з ы қ,* жусаны қалың бозы бар, Қазақтың жері көгерген сайын созылар. Көктеулеріңе бетеге шығып көккасқа, Толды ма тойған қозылар? (Ж.Жұматаев, Ләйлә). // *Кедір-бұдырсыз, тегіс, ойсыз-қырсыз.* Күн батып бара жатқанда *ж а з ы қ* жердің үстінде тұрсаң, күн батып бара жатқан көкжиек жердің ең шеті құсап көрінеді; ал тау үстінен еңкейіп бара жатқан күн ұшы-қиырсыз кең дүниенің бір жықпылына ғана бұғынып қалғандай әсер қалдырады («Жас Алаш»). Оңтүстікте қарауытқан биік таулардың сілеміне ұқсас сол таулардан асқаннан кейін, келесі күні біз көкорай шалғынды *ж а з ы қ* алқапқа келіп жеттік, оң қапталын биік таулар көмкеріп жатса, ал сол жағында 25 күнде айналып шығуға болатын әлдебір теңіз бе, әлде көл ме үлкен айдын орналасыпты («Парасат»). Жүзу үйренетін жердің суы таза, түбі шөгірсіз, тегіс, жағасы *ж а з ы қ,* тереңдігі 90 – 130 см болуы керек (Б.Елқондиев, Жүзу.). Арқаның *ж а з ы қ,* кең даласы. Шұрқынды томар, қарауытқан көлдер (Б.Майлин, Шығ.). **2.** г е о г р. *Теңіз деңгейінен есептегенде одан төмен орналасқан, биіктігі 200 метрден аспайтын құрлықтың кең алқабы. Ж а з ы қ* ойпатты (биіктігі 200 метрге дейін), қыратты (200-500 метр) және таулы (500 метрден жоғары) болуы мүмкін (Қ.Құрманов, Физ. геогр.). *Ж а з ы қ* – салыстырмалы биіктігі бірдей және геологиялық құрылымы біртектес жер бедерінің пішіні; Жер шары бедерінің басты бөліктерінің бірі (ҚҰЭ). **3.** г е о м. *Тегістік, геометриялық табиғи дене.* Мұнда сызықтар, *ж а з ы қ т а р,* геометриялық денелер, сандар тағы басқалар табиғи денелерден, нәрселерден дерексіз бөліп алынып қарастырылады (А.Көбесов, Математика.).

Қолы жазық. *Береген, мырза, қолы ашық адам.* Көрші-қолаң, асшы, малшылардың... маңына

үйірілуіне қарағанда, *қ о л ы ж а з ы қ* екені, би тоқал бола бастағаны байқалады (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Мидай жазық. *Біркелкі, біртегіс құла дүз.* – Әй, мынау не дейді? Осы ел тегіс біледі. Былтыр қыста мына Көкаралдан келе жатқан. Мұз үсті *м и д а й ж а з ы қ*... (Т.Ахтанов, Таңд.).

Сар жазық. *Ұшы-қиырсыз теп-тегіс дала.* Көсілген *с а р ж а з ы қ т а* сағым самғап, Жол берді Әмірханға қойнын ашып. Соқпаққа соқыр сорпа түсіп алып, Жіберді жетек атқа қамшы басып (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Төсектей [тақтайдай] жазық. *Теп-тегіс, бірде-бір ойлы-қырлы жері жоқ алқап.* Айналасы *т ө с е к т е й ж а з ы қ* болғандықтан, Көксеңгір аса биік жалғыз тау боп, одағайлап тұрады (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗЫҚ[2] з а т. **1.** *Теріс қылық, айып-кінә, күнә.* – Әйтсе де, апа, жаңа өзіңіз атын атаған үшеуіне неге ренжіп тұрсыз, *ж а з ы ғ ы* қандай олардың? (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** а у ы с. э к с п р. *Айыпсыз, таза, дұрыс жолда бола тұра ісін, қылығын т.б. теріс түсінгенде «бар болғаны, бар ісі» деген ренжу мағынаны білдіреді. Ж а з ы ғ ы м* бірнеше жыл бала оқытып, Бұл күнде оқытудан шабандаған. Не себептен оқуды тастадың деп, Жөн емес пе тексеріп адалдаған (М.Дулатов, Шығ.).

Адам баласына жазығы жоқ. *Ешкімге зияны жоқ, заласыз.* Ондай жерде ол *а д а м б а л а с ы н а ж а з ы ғ ы ж о қ,* өзімен-өзі жүрген күнәсіз жан сияқтанып қара мұрты қиылып, жымиып қана тұратын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Жазығы жоқ. *Күнәсіз, айыпсыз.* «Басқа біреу хатты нендей ниетпен болса да бұл хатты жазған шығар, бірақ баланың *ж а з ы ғ ы ж о қ*» деген сөзді директор керек қылмаған. Сөйтіп бала Омбының көшесінде жылап қалған (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а з ы ғ ы м ж о қ*, Омбыға жаяу бардым. Жол бойы бейнет көріп мен арыдым. Жазығымның жоқтығы бұл емес пе, Үш қыстау, үш жүз теңге, оны алдым (Жаяу Мұса Байжанұлы).

Жазығы не [не жазығы бар]. э к с п р. *Әділетсіз іске, нақақтан нақақ кінәлауға, жазалауға қарсы күйініште білдіретін сөзқолданыс.* Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршадай жас баланың *н е ж а з ы ғ ы* болып еді? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Іштей мен жүрдім кейіп, біле алмай, Барлығына қымбат жердің *н е ж а з ы ғ ы* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). *Не жазығым бар* еді? – деп меңіреу дүниеге сұрақ қоюшы еді. Ауыр өксікпен күрсініп, кеудесін жарған уайымның жалынын, ешкімнен жауап қайтпайтынын білсе де, анда-санда дауыстап айтып отырушы еді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗЫҚ[3] с ы н. *Біртегіс, жалпақ келген, кең.* Төсі төмен, бауыры *ж а з ы қ,* жоны тартыңқы, асықты жілігі ұзын, бота тірсек, адымы мейлінше алымды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жауырыны *ж а з ы қ,* мойны ұзын, Оқ тартқанда қолы ұзын, Маңдайының арасы – Екі қарыс, екі елі... Көкшенің ұлы Қосай бар (С. Сейфуллин, Шығ.). *Ж а з ы қ* маңдайынан тура түскен қырлы мұрны, ат жақты, қара торы жүзі мәрмәр тастан соққан мүсін секілді (С. Омаров, Өмір.).

Жазық ағын. с у ш а р. *Геоморфологиялық ағын. Ж а з ы қ а ғ ы н н ы ң* белгілі арнасы болмайды және жайылып аға береді; гидродинамика мен гидравликадағы ағын, жылжу элементтері жазықтықта өзгереді және үшінші өлшемде бірқалыпты болады (Қаз. тілі термин. Су шар.).

Жазық денелі кенелер. з о о л. <лат. tenuipalpidae> *Акариформ кенелер отрядының бір тұқымдасы, ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері. Ж а з ы қ д е н е л і к е н е л е р д і ң* 800-дей түрі белгілі, 100-ден астам түрі Қазақстанның оңтүстік аудандарында көп таралған (ҚҰЭ). *Ж а з ы қ д е н е л і к е н е л е р д і ң* ауыз қуысы өсімдіктің эпидермисін шаншып, ішіндегі сөлін соруға бейімделген (ҚҰЭ).

Жазық елек. а у ы л ш а р. *Тор көздерінен сусымалы өнімді өлшемдері бойынша ажыратын және бөлетін жазық бетті құрылғы.* ≈ Элеваторда *ж а з ы қ е л е к т е р* көп.

Жазық жапқыш. с у ш а р. *Көпқанатты бөгеттердің суағар бөлігіндегі су көлемін реттеуге арналған гидротехникалық кранды құрылғылар. Ж а з ы қ ж а п қ ы ш т а р д ы ң* жасалынуы қарапайым әрі оны пайдалану экономикалық жағынан тиімді болып келеді (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а з ы қ ж а п қ ы ш т ы ң* бір қалқанды, қосақталған клапанды түрлері бар. Бөгет құрылысында бір қалқанды, екі ригельді дөңгелекті жазық жапқыш кеңінен қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.). Соңғы жылдары жаңадан шыққан секциялы *ж а з ы қ ж а п қ ы ш т а р* да пайдаланылуда (Қаз. тілі термин. Су.).

Жазық кен қазбалары. к е н. *Пайдалы қазылымдар ішінде немесе бос тау-жыныстарда жазықтық бойымен немесе көлбеу жүргізілетін қазбалар. Ж а з ы қ к е н қ а з б а л а р ы н а* штольнялар, квершлагтар, штректер, орттар жатады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жазық өркеш. т ү й е ш а р. *Азғындаған нарлардың сәл ғана дөңестеу болып, қолымен жымдасып кететін өркештерінің түрі.* ≈ *Ж а з ы қ ө р к е ш* нар.

Жазық сутартқы. с у ш а р. *Жерасты сулы қабатынан су алуға арналған сутартқы құрылыс. Ж а з ы қ с у т а р т қ ы* сулы қабаттың аса терең емес деңгейіне орналастырылады, су қабатының

қалыңдығы, арынсыз суының ағысы – жер жағдайына ыңғайлы болуына байланысты оның бойына қадағалаушы құдықтар орналастыру арқылы су жөнінде алынған барлық мәліметтер әртүрлі шаруашылық жұмыстарын жүргізуде ескеріліп отырады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жазық тартпалар. т е х. *Бекітілген шкивтер арқылы біліктерге айналмалы қозғалыс беретін жазық бетті, резеңке-маталы, резеңке-сымды таспалар* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жазық тор. г е о л. *Кристаллографияда, бірдей параллеллограмдардың төбелерінде орналасып, бір жазықтықта жатқан элементар бөлшектердің жиынтығы*. Кристалдардың шынайы жақтары *ж а з ы қ т о р ғ а* сай келеді (Қаз. тілі термин. Геология.).

Жазық тікбұрышты координат. ә с к. *Координат білік осьтері деп аталатын екі өзара перпендикуляр сызықтардың қиылысу нүктесі*. Топографияда *ж а з ы қ т і к б ұ р ы ш т ы к о о р д и н а т т ы* қолданудың кейбір ерекшеліктері бар. Бүкіл жер беті меридианмен шектелген екі тең бөлікке бөлінген (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жазық тікбұрышты координаттар жүйесі. ә с к. *Жазықтықта нүктенің орнын анықтайтын координаттар осіне қатысты сызықтық шама*. Топографияда *ж а з ы қ т і к б ұ р ы ш т ы к о о р д и н а т т а р ж ү й е с і* мына ретпен салынады: Жер шарының беті алты градустық аймақтар бойынша жазықтыққа жазылады. Олардың есебі Гринвич меридианынан шығысқа қарай бірден алпысқа дейін жүргізіледі. Абсцисс осі Х (тік осі) – әрбір аймақта остік меридианның бейнесі, ал ординаталар осі У (көлденең осі) – экватор бейнесі ретінде қабылданады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жазық файл. и н ф. <ағыл. plat file> *Басқа жазбаларға тура немесе жанама сілтемелері жоқ файл* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАЗЫҚСЫЗ с ы н. **1.** *Ешбір қылмысы, айыбы жоқ, кінәсіз*. Алтыбастың мұнысы дұрыстық таразысына тартқанда, *ж а з ы қ с ы з* қалашыларды жабу жалпы қалдырып, ірке күшке һәм заң білгендікке салған болса да, екінші жақтан қазақша барымта деуге сиярлық іс болып, барымтамен бас қосу болса керек (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а з ы қ с ы з* адамды сабау елді жирендірмесе, үлгі болар жайы жоқ (М.Әбдіхалықов, Ленин.). Түс болмай Хасен мен Ханшайымның өлімі бүкіл қалаға тарады. *Ж а з ы қ с ы з* кеткен аяулы жандарды аямаған, мүсіркемеген жан қалмады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ақанның да жүрегі дүрс-дүрс соғып, *ж а з ы қ с ы з* келіншектің алдында не деп ақталарын да білмей, кінәлі адамның қалпында ұялып отыр еді («Қаз. әдеб.»). **2.** *Бейкүнә, пәк.* Сабра, Шатила маңында зұлымдық басталды тағы *Ж а з ы қ с ы з* қанша сәбидің табанға тасталды бағы (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сондықтан айтуға да жүрексінесің, *ж а з ы қ с ы з* біреудің жанын жаралап алам ба дейсің, жақсы ниетімді әлдекім жамандыққа бұрып әкете ме деп те қорқасың, әйтеуір, көп күдік кедергі бола береді («Жас Алаш»). // *Нақақтан-нақақ, құрбан болып*. Ол әділетсіз тіршілікте үнемі *ж а з ы қ с ы з* жапа шеккен жандай көрінді (М.Әуезов, Шығ.). Онда тарихтағы ақтаңдақтардың ашылып, *ж а з ы қ с ы з* жәбір шеккен арыстарымыздың ақталғанына да айыпты шығармыз («Жас Алаш»).

Жазықсыз күйді. *Тектен-текке, қарадай жұріп айыпты болды*. Жан жарың, жақын досың, жан сүйгенің, Жас жанын қиды таппақ болып емін. Құп білем, жақын үшін жанған отта, *Ж а з ы қ с ы з* оның дағы құр *к ү й г е н і н* (Б.Күлеев, Шығ.).

ЖАЗЫҚСЫЗДАН ү с т. *Нақақтан-нақақ, тектен-текке*. Айналайын, Кәкітай, даусың шырылдағанда, *ж а з ы қ с ы з д а н* кетіп бара жатқандай сезінесің-ау! (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЗЫҚСЫЗДАН-ЖАЗЫҚСЫЗ ү с т. э к с п р. *Тектен-тек, нақақтан-нақақ*. Шынымды айтсам, мен *ж а з ы қ с ы з д а н-ж а з ы қ с ы з* өз бауырларыма қарсы қылыш көтеріп, адам алдында бір, Құдай алдында екі күнәкар болғым келмейді (І.Есенберлин, Алмас.). Міне, менің басыма күн туды. Мені Саймасай болыс *ж а з ы қ с ы з д а н-ж а з ы қ с ы з* абақтыға қаматты («Қаз. әдеб.»). Қызылдаған тарыны бермеймін деп араға түскен Смайылды *ж а з ы қ с ы з д а н-ж а з ы қ с ы з* сабап, басын жарғандығы аяғандығы ма?! (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

ЖАЗЫҚСЫЗДЫҚ з а т. *Айып-кінәсі жоқтық, бейкүнәлік*. Жаяу Жүсіп деген мергеннің мылтығымен бала-шағасын асырап отырған *ж а з ы қ с ы з д ы ғ ы н а* қарамастан тартып алғаның рас қой, – дегенде Құсайын жерге кіріп кете жаздады (С.Бегалин, Замана.). Жанында жатқан жабыққан жолдастарын ән салып, өлең айтып жұбатады. Өлеңдерінде өзінің *ж а з ы қ с ы з д ы ғ ы н*, қараниет Қақабайдың сатқандығын көрсетуімен баяндайды (Ә.Бектасов, Мәди.).

ЖАЗЫҚТА[1]= е т. *Тегістеу, түзеу*. ≈ *Ж а з ы қ т а п* төсеу.

ЖАЗЫҚТА[2]= е т. **1.** *Айыптау, кінәлау, қустаналау*. Мұндай тентектікті кәрі істемейді – қолынан келмейді, жазса да, жаңылса да жастық істейді. *Ж а з ы қ т а м а с ы н,* жастың ісіне Құдайдан жаза сұрамасын! (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **2.** *Істеген күнәсі үшін жауапқа тарту, жазалау*. Атқан адам өз жөнімен кетті, оны жауаптаған да, *ж а з ы қ т а ғ а н* да адам жоқ (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ЖАЗЫҚТАЙ с ы н. *Тегіс алқаптай, біртекті, жалпақ.* Керіштің көсілген етегі татыраң тақыр, кең *ж а з ы қ т а й* жалтаң болғандықтан, ілгерілей алмай бекінген олар шегінбестен ұзақ шайқасты (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр). Осы кездесу оған қанат бітіргендей еді: «әп» десе-ақ дауыс ырғағының кең *ж а з ы қ т а й* көсіле жөнелетіні рас, бірақ ұшар қанатқа да демеуші керек қой («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖАЗЫҚТАЛ= е т. *Жазылу, жайылу.* Аралшықтардың жиегіне таман орналасқан жасушалардың бір бөлігі *ж а з ы қ т а л ы п*, ішіне қуысы бар келешек қан тамырларының қабырғасына ауысады (Қ.Нұғыматжанов, Гистология). Түйіршікті қабаттағы жасушаларға жақындаған сайын шип тәрізді жасушалар *ж а з ы қ т а л а* түседі (Қ.Нұғыматжанов, Гистология.).

ЖАЗЫҚТАН= е т. *Өздігінен біршама тегістеле түсу.* Жер бедері алуан түрлі, орта шені биік таулы, батыс жағалауы көлбей келе жазыққа айналады, ал шығысы *ж а з ы қ т а н ы п* келіп теңізге тіреледі (Н.Баяндин, Саяхат.). Семейге жақындаған сайын Ертістің оң жағы *ж а з ы қ т а н ы п* Алтай тауы алыстан құнды, қарағайлы алқапқа айналады (Н.Баяндин, Өзен.).

ЖАЗЫҚТАУ[1] с ы н. *Кедір-бұдыры аздау, тегістеу келген.* Тек ауылдың бір *ж а з ы қ т а у* жерінде үй салуға дайындық жасап, жұмыс істеп жатқан 10 шақты жұмыскерлер қыбырласып жүр... (С.Сейфуллин, Шығ.). Вертолет екі құмшықтың аралығындағы *ж а з ы қ т а у* жерге қонды (Қ.Омаров, Қоңырау.). Жол жиегіне таяу жерде *ж а з ы қ т а у* түбекке, алаңға салынған үйлер мен үйшіктер кездесе бастады (Ш.Әбдіраманов, Тас раушан.).

ЖАЗЫҚТАУ[2] *Жазықта*[1] *етістігінің қимыл атауы; тегістеу.* Төмпешіктерді тегістеп, жердің бәрін де *ж а з ы қ т а у* керек («Лен. жас»).

ЖАЗЫҚТЫ с ы н. *Айыпты, кінәлі, қылмысты.* Сөйтті де бұл келе жатқан сапары мағынасыз сапар екенін, қорғалауға пана іздеген *ж а з ы қ т ы* адамның ғана әрекеті екенін ұқты (Х.Есенжанов, Тар кезең.). Тәртіп бұзсын, бұзбасын, бұл араласқан жерде бір шатақ шықсақ, алдымен осы *ж а з ы қ т ы* (М.Иманжанов, Менің махабб.). – Не істейтіні бар, заң орнына береміз, тексеріп бәрін анықтайды, *ж а з ы қ т ы с ы н* жазалайды (З.Жәкенов, Таң самалы). Аққулар, кешіріңдер, *ж а з ы қ т ы м ы н*! Қараймын керуеніңе қажып бүгін. Адасып кетті-ау бірге сендерменен, Алапат күшім менен нәзіктігім! (М.Мақатаев, Шығ.)

ЖАЗЫҚТЫҚ з а т. **1.** *Бетінің кедір-бұдыры жоқ тегістік.* Қарсы алдымыз – *ж а з ы қ т ы қ*, Төбемізде нәзік бұлт. Жем бойымен келеміз Әңгімені азық қып (М.Құрманалин, Шалқар.). Поселкеден біраз қашық шыққан соң айналаға көз салсам ұшы-қиыры жоқ *ж а з ы қ т ы қ* (Қ.Тұрсынқұлов, Аңды-Қарақыз.). Қасқа тай құлдилап төртіншіге биыл көшкен Қайсарды Кеңадыр деп аталатын *ж а з ы қ т ы қ қ а* қарсы ала қашты (Ө.Қанахин, Өз ақылы.). **2.** г е о м. *Кеңістікте берілген екі нүктеден қашықтықтары бірдей нүктелердің геометриялық орны.* Кеңістіктегі түзуді екі *ж а з ы қ т ы қ т ы ң* қиылысу сызығы деп қарастыру қолайлы (О.Өмірбаев, Аналит. геом.). Шардың бетіндегі бір нүктеден екі *ж а з ы қ т ы қ* жүргізіледі, оның біріншісі шарға жанама («Халық мұғ.). Кристалдағы ось оптикалық ось арқылы өтетін жазықтық бас қима немесе бас *ж а з ы қ т ы қ* деп аталады (А.Қалығұлов, Жарық сәуле.). Егер түзудің екі нүктесі жазықтықта жатса, онда түзудің барлық нүктелері сол *ж а з ы қ т ы қ т а* жатады (ҚҰЭ).

Жазықтық бойынша шаю. г е о л. *Жаңбырдың немесе еріген судың беткейлер немесе суайрықтар жазықтығы бойынша шаюының әрекеттілігі. Ж а з ы қ т ы қ б о й ы н ш а ш а ю* кезінде су жазықтық (қабаттық) ағын түрінде ұсақ атыздармен – деллилермен, кейде жылғалар түрінде ағады (Қаз. тілі термин. Геология.).

Жазықтық өзені. с у ш а р. *Жақсы дамыған кең аңғармен ағатын, еңістігі шамалы, ағысы баяу әрі тымық өзен.* Биіктігі 300-500 абсолютті метрлік ойпаттар мен *ж а з ы қ т а р д а* ағады. Мыс. Еділ, Есіл, Ұлы Жыланшық *ө з е н д е р і* (Қаз. тілі. термин. Су.).

ЖАЗЫҚТЫЛЫҚ з а т. *Кінәлі, айыпты болушылық.* Амантай өзінің *ж а з ы қ т ы л ы ғ ы н* жасырмай, жолдастарының бәріне де баяндады («Лен. жас»).

ЖАЗЫҚТЫР= е т. с ө й л. ***Жазғыр***. Таппассың Жұпар жандай теңдес, балам, Мұндай жан дүниеге келмес, балам. Бір жәду сөзге еріп *ж а з ы қ т ы р м а* Бұл іске менің жаным сенбес, балам (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖАЗЫҚША з а т. *Аумағы кішігірім, тегіс жер.* Оңға бұрылған жол жоғары өрлеп тау етегіндегі *ж а з ы қ ш а ғ а* салынған он шақты үйге алып келді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАЗЫ-ҚЫСЫ ү с т. *Алты ай жаз, ала қыс бойы, үнемі, жыл бойы.* Қайнатып, түннен қуырып, Тарысын да ақтадым. *Ж а з ы-қ ы с ы* бел шешіп, Бір күнде үйге жатпадым (О.Шипин, Екі дастан). Ол *ж а з ы-қ ы с ы* жалғыз үй, әйелі жалғыз қалады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.). *Ж а з ы-қ ы с ы* өзгермес, Жаралған жасыл түрінен, қанша аяз болса да, Айырылмайды гүлінен (Жұмбақтар.). Жалықпай жалғаншы

үшін *ж а з ы-қ ы с ы,* Ит жортақ жүрісіміз бүлкілдей-ақ. Жалғаншы жайтаң қағып және алдайды, Түлкінің тұра кашқан көркіндей-ақ (О. Шораяқов, Шайыр.).

ЖАЗЫЛ[1]= е т. *Белгілі бір тілдегі әліпби жүйесі бойынша сөздің қағазға түсірілуі.* Бұл жердің бланкасы қызық: ондағы қай қала, қай көше, кімге деген сөздердің бәрі алдымен латыш тілінде *ж а з ы л а д ы* (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Жазылған хаттай [хаттай таныс]. а) *Аса таныс, ап-анық.* Бұл аранның елі, жері, суы жас мырзаның жадында *ж а з ы л ғ а н х а т т а й* сайрап тұратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Жүйелі, мәністі, мағыналы.*

ЖАЗЫЛ[2]= е т. **1.** *Тұзелу, созылу.* Кеудесінен жаны кеткен қасқырмен бірге өзі де серейіп қатып қалған. Астына бүккен оң тізесі *ж а з ы л а т ы н* емес (Т.Ахтанов, Дала сыры). Оның жас, солқылдақ денесі жүріп келе жатқанда, өрімше жиырылып *ж а з ы л а д ы* (С.Сейфуллин, Шығ.). Қызғалдақ шөптер ұйықтап оянғандай, *ж а з ы л ы п,* керіліп, ың-жың болып, жаратылыстың кең шатыры тігілді (С.Мұқанов, Аспаз). **2.** а у ы с. *Қысылып-қымтырылмай, именбей, емін-еркін сезіну.* Өткіздім бір өкініш жастық шақты, *Ж а з ы л ы п* дос құрбымен жүре білмей (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең.). Көп ұзамай Тарзан қуғыншы тобырдың озып алдына түсті. Алдына түсті де, *ж а з ы л ы п* көсіле сілтеді (С.Елубаев, Ойсыл қара).

Бауыры жазылды. *Ат көсіле, емін-еркін шапты.* Федор астындағы құла аттың тегіс терлегенін көрді... осы сәттен бастап құла аттың *б а у ы р ы ж а з ы л ы п,* жұлдыздай ағып, суырылып алға шыға берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Дастарқандай жазылды. *Дархан да кеңпейіл адамша қабылдап алды.* Құбаша жігіт алдында жайылған *д а с т а р қ а н д а й ж а з ы л ы п* жатқан Сарысудың сары даласына қарай ұшырта жөнелді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қабағы жазылды. *Ашық-жарқындық байқалды, көңілі жадырады.* Кемпір шайды жалғыз сімірді. Және ішкен сайын маңдайы жіпсіп, әлгідей емес, *қ а б а ғ ы* да *ж а з ы л а* түсті (М.Иманжанов, Таңд.). Бірақ мылқау табиғат бізге деген ашулы *қ а б а ғ ы н ж а з б а д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Таңд.).

Қырысы [құрысы] жазылды. *Ашуы тарады, көңілі жадырады.* – Е, ит сабаса қайтеді екен? Қатын мен итті қазақтың қай еркегі сабамаған дейсің? – деп Кәлен күліп, Құдайменденің *қ ы р ы с ы* осы бір әзілмен оп-оңай *ж а з ы л ы п* кетердей көрді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әбекен мен Тәукенің *қ ұ р ы с ы ж а з ы л ы п т ы,* дауыстары естіледі (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Тырқы жазылды. *Тырысып-құрысқан жаман мінезінен арылды, көңілі жадырады, жайланды.* Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың, Әр жерде-ақ *ж а з ы л м а й* ма, жаным, *т ы р қ ы ң?* Қай жеріңнен көңілге қуат қылдың, Қыр арылмас болған соң, мінсе қырқың? (Абай, Тол. жин.).

ЖАЗЫЛ[3]= е т. *Оңалу, сауығу.* Денесіндегі жаралары әлі *ж а з ы л а* қоймаған қарала төбет үйдің іргесіне жатуға оңтайлана беріп, ерейген-серейгені көп биік үйлі ауыл тағы келіп қалған жоқ па... деп мұрнын шүйірді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Жарасына май жақсаң да жазылмас. *Түзелмес, қайта орнына келмес.* Жарылып бүйірінен дал-дал болған, Тәсілін таба қалмапсың о басында. Кеткендей қасқыр талап абырғасын, *Ж а з ы л м а с м а й ж а қ с а ң д а ж а р а с ы н а* (Н.Ахметбеков, Жасауыл).

ЖАЗЫЛА= е т. э т н. *Түйеге әбзел-жабдықтарын кигізу.* Қоспақ атанды *ж а з ы л а п* мінген, ақ ешкінің жүніндей жалбыраған қалың ақ қасты сары шал жерге түспей, апаммен түйе үстінен сөйлесті (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Он шақты түйені *ж а з ы л а п,* арқанымен ала келсін. Ағасын да ерте кел, көлікті сендер әкетерсіңдер (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қойшы, сол күні әжем түйесін *ж а з ы л а п,* көр-жерін үстіне артты (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАЗЫЛАУ *Жазыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атан түйені *ж а з ы л а у.*

ЖАЗЫЛАУЛЫ с ы н. *Жазы салынған, жазыланған.* Атан *ж а з ы л а у л ы* екен. Әжем мені көтеріп алып жазының үстіне отырғызды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАЗЫЛДЫР= е т. *Сауықтыру, оңалдыру.* Оған енді ем таппай, жазылу жоқ, Емсіз жерде өмірлік қадалған Жанын жайлап жарасын *ж а з ы л д ы р а р,* Тек махаббат екенін білемін құп (Үш ғасыр.). Шайды қоюырақ құйып беріп, Әукеңнің бойын *ж а з ы л д ы р д ы* (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЗЫЛДЫРҒЫШ с ы н. *Тез жазып тастайтын, тез жылдам жазылдыратын.* Дененің тік қалпын сақтап тұратын *ж а з ы л д ы р ғ ы ш* еттерге ауыртпалық көп түседі (Адам анатом.).

ЖАЗЫЛМА с ы н. *Ашып жаюға болатын.* Қазіргі кезде *ж а з ы л м а* төсектердің түр-түрі жасалып жатыр (Ауызекі).

Жазылма сап. ә с к. *Бөлімшелердің маңдайшеп бойынша бір сызықтың бойында бір қатарлы немесе екі қатарлы сапта немесе лектің сызығында Жарғымен белгіленген немесе командир белгілеген арақашықтықта орналасуы. Ж а з ы л м а с а п* тексерістер, санақтар, байқаулар, парадтар жүргізу үшін, басқа да қажетті

жағдайларда қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖАЗЫЛМАЛЫ с ы н. *Созып жіберіп, тарта қоятын, ашпалы.* Ортадағы *ж а з ы л м а л ы* кең үстелдің үсті сыңсып тұр (С.Жүнісов, Жапанда.). Бұлардан басқа *ж а з ы л м а л ы* екі жүзді кездігі бар. (Ж.Жұмаханов, Жинақ.). Баланың *ж а з ы л м а л ы* керует үстінде ұйықтағаны ыңғайлы (Б.Хабижанов, Бала организм.).

ЖАЗЫЛМЫШ с ы н. **1.** *Жазылып жатқан, қазір жазылатын.* – Азан шақырып қойылған аты-жөніңді өз аузыңнан *ж а з ы л м ы ш* қағаз бетіне түсірткіз (К.Оразалин, Абай.). **2.** *Жазуда көрсетілген, жазылып кеткен.* Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы *ж а з ы л м ы ш* Алла тағаланың есімдері (Абай, Тол. жин.). **3.** с ө й л. ***Жазмыш.*** Айырып байды бастан, Құлды ісінен, *Ж а з ы л м ы ш* жаңылмапты күллісінен, Бекерақ бес уақыт сиындыртқан, Құдайға Құрманғазы күлді ішінен (Х.Ерғалиев, Көбікшашқан).

ЖАЗЫЛУ[1] *Жазыл[1] етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Сөзін қағазға түсіру.* Бес не, төрт не? Әлгі бір төрт қойған жұмысқа қарағанда, бұл мазмұны жағынан да, *ж а з ы л у* үлгісі жағынан да жоғары тұр (М.Дүйсенов, Мейман.). **2.** *Тіркелу, жазып тіркетіп қою.* Қысқы отын қамымен көмірдің кезегіне *ж а з ы л у ғ а* бірер жұмысшы асығып барады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАЗЫЛУ[2] *Жазыл[2] етістігінің қимыл атауы; тегістелу, жайылу, түзелу.* ≈ Үйме топырақтың *ж а з ы л у ы.*

ЖАЗЫЛУ[3] *Жазыл[3] етістігінің қимыл атауы; айығу, сауығу.* Кеселіңіздің неден екені бәлендей жұмбақ емес тәрізді, Жұмбақ – сол кеселден *ж а з ы л у* жолы (І.Есенберлин, Алтын құс).

ЖАЗЫЛУЛЫ с ы н. *Жазылған, қағазға немесе т.б. нәрсеге түсіріліп жазылып қойылған.* Сырларыңды өлеңіңнен тоқырмын, Өлеңіңді суретіңе оқырмын. Пленкаға *ж а з ы л у л ы* үнің де, Сағынғанда соны тыңдай отырмын («Қаз. әдеб.»). Міне, сол тапсырмалардың, халық аманатының ұзын-ұрғасы осы қойын дәптерде *ж а з ы л у л ы* (Ж.Қожабергенов, Құрылысшы.). Ал оның бергі жағында халқымыздың баяғысын баяндайтын, тарихын түсіндіретін архив документтерінің дені араб әрпімен *ж а з ы л у л ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗЫЛУШЫ з а т. *Кітапхана кітаптарын, баспасөзді жазып алушы, мерзімді баспа өнімдерін алуға арнайы тіркелуші.* Жастар баспасөзінде *ж а з ы л у ш ы л а р* жылма-жыл көбейе түсуі сондықтан да кездейсоқ болмаса керек («Лен. жас»). Жазылымды бір мезгілде бір мекенжайға ресімдеу кезінде «Қазпошта» АҚҚ жеке *ж а з ы л у ш ы л а р* үшін жеткізу құнынан мынадай бірқатар жеңілдіктер істейді («Егемен Қазақстан»). Өткен жылға қарағанда оқырмандар саны артып отыр. Олардың арасында кемі бір жылға *ж а з ы л у ш ы л а р д ы ң* үлесі басым («Егемен Қазақстан»).

ЖАЗЫЛЫ[1] с ы н. *Жазы кигізілген (түйе).* *Ж а з ы л ы* қара қоспақтың үстінде қос ағасы Дәулетияр келе жатыр (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Ж а з ы л ы* кәрі атаңа төрт бала сымға отырған қарлығаштай тізіліп, жайғасып алдық (Ө.Қанахин, Жер бас.). Сонан бір сағат өткесін, бірі *ж а з ы л ы*, бірі жазысыз екі түйені бұйдасынан жетелеп, бір қапталдан елеусіз сап ете қалды (С.Жұбатыров, Алыс. арал.).

ЖАЗЫЛЫ[2] с ы н. к ө н е. *Сапты қылыш, пышақ. Ж а з ы л ы* алтын қол кескен, алдаспаным өзіңсің (Шалкиіз ақын, Шығ.).

ЖАЗЫЛЫМ з а т. *Баспа өнімдерін, оның ішінде мерзімді басылымдарды үзбей алып тұруға алдын ала жасалатын арнайы тіркелім. Ж а з ы л ы м м е н* таратылатын кітаптарды насихаттауға сауда қызметкері ғана емес, бүкіл мәдени интеллигенция, әсіресе, кітапқұмарлар қоғамы көңіл бөліп отырса, тіпті жақсы болар еді («Қаз. әдеб.). Қойкелдінің үйінде де кітап көп, радио бар, телевизор бар, кешіксе де келіп тұратын *ж а з ы л ы м* баспалары бар (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.). *Ж а з ы л ы м н ы ң* ұжымдық түрлерін де ойластырыңыз, егер қызметтестер, оқушылар, студенттер, көршілер өзара бірігіп, өздеріңізді қызықтыратын бір немесе бірнеше газет пен журналдарға жазылып, кезектесіп оқитын болсаңыз – едәуір қаржы үнемдеуге де болады («Егемен Қазақстан»)

ЖАЗЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Бүрілген-бүріскені жайылыңқы, ашылыңқы.* Менің ғана құрыс-бұрысым тарап, жауырыным *ж а з ы л ы ң қ ы* тартты (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА[1]= е т. **1.** *Бүгіліп-бүріспей ашылыңқырай түсу.* Базаралы мен Ербол да *ж а з ы л ы ң қ ы р а п*, дағдылы қонақтаршаотырысты(М.Әуезов,Абайжолы).**2.**ауыс. *Тартынып шектелмей еркін сезіну, ашылыңқырау.* Арттарында ауыр көзбен қадалып келе жатқан екі қазақ жігітінен құтылған соң, Ғайша мен Ғаббас та бұрынғысынан гөрі *ж а з ы л ы ң қ ы р а п* қалып еді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА[2]= е т. *Сауыға түсу, айығыңқырау.* Келіншегімнің кіртиген қабағы *ж а з ы л ы ң қ ы р а п*, балаларымның баспасы сиректеп қалды (М.Байтуов, Сорбұлақ.).

ЖАЗЫЛЫС з а т. с ө й л. ***Жазылым.*** «Орда» совхозында газет-журналдарға *ж а з ы л ы с* өте ұйымшылдықпен жүргізілуде («Соц. Қаз.»).

ЖАЗЫЛЫС= е т. ж е р г. *Бір-бірімен ашылып әңгіме айту, сырласу.* Біз сенбеген кісіге

жазылысып әңгіме айтпаймыз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЗЫМ з а т. **1.** *Жазатайым, күтпеген жерден, абайсызда болған сәтсіз оқиға.* Мырзағазы: «Елдің *жазымы* кісіден болды» – деп жауап береді, қандай кісі екенін айтпайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Жазымы* көп гүл өмір жалғыз Сүрінді бір, сүрінбегей. Өмір сүрген жандар бармыз Ес білгенше күлімдемей (С.Баймолдин, Қызыл іңір). **2.** с ө й л. ***Жазмыш*** *(тағдырдың бұйрығы).* Мұның себеп-салдарын іздеп жатып не бар дейсіз, тағдырдың *жазымы* солай болғандағы (Ә.Ибрагимов, Әңгім.).

Жазым басты. *Абайсызда мылт жіберді, жаза басты.* Алдыру оңай екен алдамшыға Ақылың аңдаусызда *жазым басса* (Д.Әбілев, Өлеңд.). Әңгісі тағылардың аузын ашты, Саяққа адам мінген азу басты. Садағын қалды соған сілтеп нөкер, Тимеді нысанаға, *жазым бастты* (Қ.Бекхожин, Ардагер.). Айқай шықса саспаған, Айдың қараңғысында аяғын *жазым баспаған* (Манас.).

Жазым болды. а) *Күтпеген жерде қазаға ұшырады, майып болды; өліп қалды.* Құлагер шапсаң баурың жазылатын, Жер ошақ тұяғыңнан қазылатын. Құшақтап құ далада қалдым жылап, *Жазым боп* жау қолынан жалғыз атым (І.Жансүгіров, Шығ.). Нұржан не істерін білмей, түйыққа тіреле түсті. Түні бойы өстіп адасып, ауыл таппаса, *жазым болатынына* да көзі жетіп, есі кете бастады (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Өткендерді ескертті, Пайда жоқ деп уайымнан. Қарттарға да айтқызды *Болған* деп *жазым* жауыздан. Асыл сөзбен Әліби Құлақтың құрышын қандырды (О.Шипин, Дастан.). ә) *Күтпеген сәтсіздікке, бәлеге тап болды, ұшырады.* Қызығып жүрісі мен шабысына, Би, болыс майын сұрап мінер еді. *Жазым боп* шалыс басып келіп қапты, Таптыртып, жетектетіп жібер енді (Бақтыбай ақын, Жел қобыз.). *Жазым болса,* быламыққа тіс сынар (Мақал).

Жазым жасау. *Мертіктіру, өлтіріп жіберу.* Егер оқ шығарсам, неміс менің жатқан орнымды біліп алып, өзіме *жазым жасауы* ықтимал ғой (С.Сейітов, Сөз сұра.).

Жазым қылды [етті, жасады]. а) *Мертіктірді, өлтіріп жіберді.* Ұйықтап жатқан жерінде үстінен түспеңдер шошынып, *жазым қылып* кетуі мүмкін (А.Хангелдин, Өткен күн.). Алғаш шынымды айтсам, қорықтым. Мына оқтың біреуі *жазым қылмас* па екен деп (Ә.Әлішев, Батыр.). Қатпаны қарусыз деп сенуге болмайды, әсіресе, Смағұловтың қаруы онда болса *жазым қылады* (Ө.Омарбаев, Кәрлен.). Батыс губернаторы сіздің тілегіңізді орындамайды және өзіңізді *жазым етпей* тоқтамайды (І.Есенберлин, Қаһар). ә) *Зақым келтірді, бәлеге ұшыратты.* Әй, тыста қайсың бар? Мына кісілерге *жазым қылып* ана иттер ұмтылып жүрмесін (С.Сейфуллин, Шығ.). Күн де сәттің ішінде суыта берді. Ай, ірілеп кетті-ау, кәпір *жазым қылмаса* игі еді, – десті Несіпбай мен Күзембай бір-біріне (М.Әуезов, Шығ.).

Жазым тапты. а) *Күтпеген жерден мерт болды.* Сол алдыңғы сапта араласқандардың ішінде Кейкіман батырдың өзі *жазым табады* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Батырлық пен ақындық, Қабат біткен Махамбет, *Жазымын тауып* жарылды-ай, Ақырында аңсызда Досанды қолға түсірді-ай (С.Жанғабылов, Тоқсан.). ә) *Сәтсіздікке ұшырады.* Біреуді білмес адам табалайды, Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды. Ісіңнен бір істеген *жазым тапсаң,* Болды деп білмегеннен шамалайды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жазым шықпады [жібермеді]. *Бұрыс кетпеді, қателеспеді.* Мерген Түсіп дейтіні құралайды көзінен ататын, жалғыз оғы *жазым шықпайтын* мерген еді (Ш.Айманов, Қыран).

ЖАЗЫМДА= е т. **1.** *Мертіктіру, өлтіру.* Әйтсе де дұшпан көз жазбаған екен, жаңа орынды да өршелене атқылап, расчеттың бірнеше адамын *жазымдады* (С.Сейітов, Сөз сұра.). **2.** *Зиян келтіру, зақымдау.* – Дәулет, қауіпсіздік техникасын үйреніп пе едің? Аспалы бұрғыдан сақ болғайсың, қолыңды *жазымдап* алма (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЖАЗЫМДАУ *Жазымда етістігінің қимыл атауы; өлтіру.* Амангелді жазалаушылар көтерілісшілерді ғана *жазымдауы* мүмкін де, бейбіт ауылға тимес деп ойлады (М.Жұмағұлов, Қыран).

ЖАЗЫМПАЗ с ы н. э к с п р. **1.** *Бұрқыратып жазып тастағыш, жазғыш. Жазымпаздар* қаламын ұштай түсіп, талапкерлерімізді қанаттандыра ма деп үміттенеміз («Айқап»). **2.** м ы с қ ы л. *Өзін жақсы жазушы, тілші т.б. жазғыш деп санайтын адам.* Ал енді Мақыш тілмәш ше? Одан қорықпайтын, оны құрметтемейтін қазақ бар ма? Мақыш тілмәш қандай *жазымпаз*! (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Алайда *жазымпаз* жігіттерінің бақташыға жаны ашып іш тартуын сезе бермеймін-ау («Қаз. әдеб.».).

ЖАЗЫМСЫЗ ү с т. *Мылт жібермей, дәл.* Бірақ іліп алу сондай қиын. Қырғидың да қыраны ғана торғайды *жазымсыз* іледі (Ш.Айманов, Қыран.).

ЖАЗЫҢҚЫ с ы н. *Сәл таралыңқы, жайылыңқы.* Таза тұқымды елтірінің белгісі... ұшына қарай сүйір, қарақұл қозысына тән жіңішке, ұзынша келген құйыршығында серпімді немесе болбыр *жазыңқы* бұйралары болады (Шопан

серігі). Кең маңдайы мен *ж а з ы ң қ ы* келген әжімді мол бет пішіні әжейдің қапсағай денесіне жарасып, әйел затынан гөрі ер адамға лайықты, сұсты етіп көрсетеді («Қаз.әдеб.»).

ЖАЗЫҢҚЫРА= е т. *Таратып ашыңқырау, жайыңқырау*. Самал бұлбұл сазына аз сәт құлақ түріп тыңдады да, ұлпа алақанымен көйлегінің етегін ептеп қана *ж а з ы ң қ ы р а п*, бұлақ жағасындағы жалпақ тасқа кеп отырды (З.Жәкенов, Таң самалы). Ол етті келген қалың қабағын *ж а з ы ң қ ы р а й* бастады, басын да шалқайтыңқырап орындыққа жайласыңқырап отырды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әкесі Алмасқа бақшаның топырағын әлде де біраз *ж а з ы ң қ ы р а й* түсудің қажеттігін ескертті («Лен. жас»).

ЖАЗЫҢҚЫРАУ *Жазыңқыра етістігінің қимыл атауы; жаза түсу*. Жолдасының жайлы отырып, *ж а з ы ң қ ы р а у ы н* ойлаған келіншегі сыбдырсыз шығып кетті («Қаз. әдеб.»).

ЖАЗЫП: жазып сөйлеу. п е д. *Жазбаша мәтіндер арқылы вербальдық тілдесу. Ж а з ы п с ө й л е у д і ң* ауызекі сөйлеуден айырмашылығы – графиканың пайдаланылатынында ғана емес, сонымен қатар грамматикалық және стилистік тұрғыда – жазып сөйлеудің өзіне тән синтаксистік құрылымдары мен функционалдық стильдері болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖАЗЫП-БҮГІП ү с т. *Біресе жазып, біресе бүгіп*. Оның үшін қозыны шалқасынан жатқызып, алдыңғы екі аяғын кезектеп *ж а з ы п - б ү г і п*, онымен бірге көкірегін аздап басып қояды (С.Омаров, Қой. бағу.).

ЖАЗЫС[1]= е т. *Жазба ісімен бірге айналысу*. «Қазақ» шыға бастағаннан-ақ өзін сүйкімді көрсетті. Қазақтың ілгері қатардағы оқығандары, білімділері қолдарынан келгенінше көмегінде болып, үміт етерлік адамдар тегіс *ж а з ы с а* бастады (М.Дулатов, Шығ.). Сондай-ақ жазушының әдебиетшілермен, өнер қайраткерлерімен *ж а з ы с қ а н* хаттары хронологиялық ретпен ұсынылған («Қаз. әдеб.»). Білім кеңесі туралы жазылған мақалалардың бәрін сол өзі *ж а з ы с ы п* отырған «Еңбекші қазақ» газетінің бетіне бастыртып отырар (С.Сейфуллин, Шығ.).

Хат жазысты. *Бір-бірімен хат жазып хабарласып тұрды, хат алып, хат беріп тұрды*. Көріспедік, *ж а з ы с ы п х а т* та алмадық, Жүректен айтысып сыр ақтармадық. Білесің ғой, тұрақты адрессіз Геологтар өзінше жатқан халық (М.Мақатаев, Шығ.). – «Мынау қыздармен *х а т ж а з ы с а т ы н* номерің» деп, он жеті деген жазуы бар ромбик типтес жасалған қағазды кеудесіне тақты (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.).

ЖАЗЫС[2]= е т. *Жайысу, тегістесу*. Жайылып жатқан дастарқанның бір шетін ұстап, *ж а з ы с қ а н* болды (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

Аяқ жазысты. *Аяғын созып отырды, аяғын демалтты; далада жүріп келді*. Тамақтан кейін шалдар қолдарын жуысып, далаға шығып, *а я қ ж а з ы с ы п* келді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Бой жазысты. *Бірігіп, дем алып тынықты, бойын сергітті, сайрандады, қыдырды, көңіл көтерді*. Мынадай жайбарақат әңгімеден кейін қайта *б о й ж а з ы с т ы* («Ана тілі»).

Құшақ жазысты. *Шын ықыласы түсіп, кең пейілмен қарсы алды*. Екеуміз құшақтаса кеттік. *Қ ұ ш а ғ ы м ы з д ы ж а з ы с қ а н н а н* кейін мәнжайларын сұрасам, асыра сілтеу кезінде туған жерінен қашып шыққан адамдар (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖАЗЫС[3]= е т. *Жаңылысу, бірге адасу, айнысу*.

Көз жазысты. *Бір-бірінен адасты, хабарсыз болып қалды*. Сонда бір жылдары *к ө з ж а з ы с ы п* қалғаннан кейін онымен кездесем деген ойына кіріп те шықпаған-ды (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ЖАЗЫСУ[1] *Жазыс етістігінің қимыл атауы; қағазға түсірісу*. Павлов қалаға келіп, Әбіштің кейбір қағаздарын *ж а з ы с у ғ а* көмектескен (М.Әуезов, Абай).

Хат жазысу. *Хат арқылы қатынасу, хабарласу*. Біздің мұғалімдер *х а т ж а з ы с у д ы* үлкен қылмыс санайтын. Ал ондай қылмысқа Шолпан тәртіпті қыздың барар-бармасы да екіталай (Б.Нұржекеев, Бір ғана.).

ЖАЗЫСУ[2] *Жазыс[2] етісігінің қимыл атауы; тегістесу, жайысу*. ≈ Дастарқан *ж а з ы с у*.

ЖАЗЫСЫЗ с ы н. *Жазысы жоқ, жазы кигізілмеген (түйе)*. Сонан бір сағат өткесін, бірі жазылы, бірі *ж а з ы с ы з* екі түйені бұйдасынан жетелеп, бір қапталдан елеусіз сап ете қалды (С.Жұбатыров, Алыста.).

ЖАЙ[1] з а т. *Аспан кеңістігіне жиналған электр зарядтарының шағылысуынан пайда болатын жарқыл, найзағай*. Қорқытпа мені дауылдан, Дүрілдеп түрса тау мен сай. Шатырлап тұрған жауыннан Жарқылдап тұрса түскен *ж а й* (Абай, Шығ.). *Ж а й* дегеніміз – шын мәнісіне келгенде, екі бұлттың арасындағы электр заряды (Шопан серігі). Көңілсізсің, көңілің қаяулы ма? Түнерген аспандайсың *ж а й* алдында, Жаным-ау, сағаң қатер таянды ма?! Тіршіліктің тынысын бағып тұрған, Кім екен тіл тигізген аяулыма?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жайдың атқан тасындай. п о э т. *Аса құдіретті, мықты, бой бермес. Ж а й д ы ң а т қ а н т а с ы н д а й*, Ерегіскен дұшпанның Еңсесін үздің жасылдай (Шөже ақын, Айтыс).

Жай оғындай атылды [болды]. б е й н. *Шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады; күтпеген*

жерден тарпа бас салды. – Сіздер қарсы алдынан оқты аямай жаудырып, немістердің есін шығара беріңіздер, мен олардың төбесінен *жай оғындай* бір *атылайын*, – деді Төлеген (Ә.Әбішев, Төлеген.). Онсыз да қаны басына шапшып отырған Иосифке мына сөз төбеден түскен *жай оғындай боп* көрінеді (Қ.Исабаев, Соңғы.)

Жай оғындай жайратты. п о э т. *Сылатып салды, мұрттай ұшырды.* Қамбар алды садақты, Атайын деп қос оқты, Сырттан шығып атқан оқ, *Жай оғындай жайратты*, Семіздігі сонша екен, Төбенің басын майлапты (Қобыланды батыр).

Жай оты [оғы]. *Найзағай [жасын] жарқылының шашырандысы.* Бәрін де түйсін, білсін тылсым кеуде, Қосылсын дүрсіл келіп дүрсілдерге. Күрсінсең, аспан болып күрсін, кеуде, *Жай от ты* жанар болып жүрсін менде (М.Мақатаев, Шығ.).

Жай отындай [оғындай]. п о э т. *Жалт-жұлт еткен өткір, отты (көз).* Олардың да жанып тұрған кездері, Көмейінен ағып тұрған сөздері. Алма-кезек аңқылдайды дүрілдеп, *Жай оғындай* жарқылдайды көздері (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Атаңа нәлет қу зұлым, саған Жәукенің кегін жібермеспіз,– деп ойлады ол, Жүрегі жарыла жаздап, көзінің оты *жай отындай* жалтылдады (С.Омаров, Дала қызы). Ту ұстап тұлпар жаратпай, Алдынан топ таратпай, Елді аузына қаратпай, *Жай оғындай* оқ атпай, Анадан тудым дегенмен, Бастамаса ел ұлан ба? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). – Ту, масқара-ай! – деген ойлар бір секундтың ішінде *жайдың отындай* жалт-жұлт етті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жай оты төгілгендей. *Астан-кестені шығып, іші аласұрып өзгеріп сала бергендей деген мағынада.* Олжай ши болса үстіндегі аспан жарылып, *жай оты төгілгендей* өрекпіп бүлінді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жай тасындай. *Жарау, күйі келген, сақадай сай, өткір.* Сендер де бір әскерсіз, Ел шетіне жау келсе, Тас-талқанын шығарып, *Жай тасындай* қайнаңдап (Жамбыл, Шығ.). Жануарлар жайтаңдап, *жай тасындай* ойнаған (Қ.Қуанышбаев, Өленд.).

Жай ұрғандай. *Қозып, құтырып, ессіз ерленген адамдай.* Күзетші солдатты төсімен бір қағып домалатып түсіріп, ішке *жай ұрғандай* жүгіріп кірді (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

Төбесінен [төбеден] жай түскендей [болды]. а) *Аяқ астынан болған жағдайдан кенет қатты сасып, есі шығып, есеңгіреп қалды.* Ораз болса *төбесінен жай түскендей* сұп-сұр *болып,* қалшиып үнсіз отырып қалды (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Бірақ бұрын құлағы үйренбеген сұмдық сөз *төбеден жай түскендей* ұрып өткендіктен, Есеннің бұл құбылысты барлауға мұршасы келмеді (М.Иманжанов, Көк белес). Үйге келген соң, ойымда ештеңе жоқ, хаттарды көре бастап ем, «қара қағаз» шыға келгені. *Төбемнен жай түскендей* жайрадым да қалдым... (С.Алдабергенов, Асу). ә) *Ауыр соққы алғандай сілейіп қатты.* ...Көк төбет иттің *төбесінен жай түскендей болып,* ит таудың астында сеспей табанда өлді (Қаз. ертег.).

ЖАЙ[2] з а т. **1.** *Тұрмыстағы хал-ахуал; жағдай, күй.* Дәулетті, қасиеті, шені де бар, Түп-түгел төрт құбылысы *жайды* көрдім (С.Торайғыров, Шығ.). Осылай әркім айтты қыздың *жайын*, Көбейді сағат санап қайғы, уайым. Аулына кедейсініп жолатпайды, Ойлаймын не істесем деп, не қылайын? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сен туралы дерек жоқ, Баяндайтын *жайың ды.* Жалғыз қайың себеп боп, Атандың ба, Қайыңды! (С.Мәуленов, Алыс кет.). Гүлнар қала *жайын*, ондағы өзіміз оқыған мектеп өмірінен әр нәрсені қызығып сұрады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **2.** а у ы с. *Жайлы, күйлі, жағымды жағдай.* Адамзат сайран етер көңілі *жай*, Секіріп ойын салар құлын мен тай. Қой маңырап, сиыр мөңіреп, шат болады, Тасиды күркіресіп өзен мен сай (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Сілкін де Желік бір! Күлкіңмен Еліктір! Жанымның *Жай ы* бол! Шамымның Майы бол! Тұтансын Намыстар! От алсын Таныстар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** *Сәт, қысқа кез, қазіргі қалып-күй.* Шәріп бір күні Қайрекең бағып жүрген жылқыны аралап, *жайын* сұрағанда, осы әңгімені айтып еді (Б.Қожабеков, Көктөбе.). Мизамды сай. Жым-жырт. Бірақ біреу біреумен қоштасып жатқандай бір *жай*. Ол, сірә, кетіп бара жатқан жаз ба екен (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Ашына жай болды. *Ым-жымы бір, сырлас, тамыр болды.* Сүйірбай жас келіншекпен біраз уақыттан бері *ашына жай болып,* сол арқылы бай қызы Гүлжанды қолына түсіруді ойлай жүретін (Ғ.Мұстафин, Қыр жігіті).

Жай таптырмады. *Тыныштық бермеді, маза бермеді.* Қанаттың күйген қолы ашып, *жай таптырмай* барады (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Жайы болмады. *Жағдайы келмей, күйі кетті.* Бүгін *жайы болмай,* салы кетіп отырғанда Сәлмен келді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жайы жоқ. а) *Мүмкіндігі жоқ, жағдайы жоқ. Жайым жоқ* шаруаға алданар, Ас істейтін қатын бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Түрі жоқ, сыңай танытар емес.* Соқса да қыстың бораны, *Жайы жоқ* мүлде жасқанар. Кезді елсіз даланы, Кезеді тау мен тасты олар (Ж.Әбдірашев, Ақ қайраң).

Жайы кетті. *Маза, күйі болмады.* О, түлкі, әлім бітіп сасып отырмын, Жабығып, *жайым кетіп* жанып тұрмын (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.). Бұтақтардан, Қуармаған, Таба алмадым жапырақ. Ыстық өтіп, *Жайың кетіп,* Шықпаған жан тұрдың шаң (Үш ғасыр.).

Жайына жүре берді. *Өз бетіне кете барды.* – Керек болса, өзің бар, – деп, велосипед жетелеген бала *жайына жүре берді* (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

Жайына кетті. *Өз алдына жүре берді, өз дегенімен жүрді.* Сен мені не етесің? Мені тастап... *Жайың* Және алдап, Арбап, Өз бетіңмен сен *кетесің* (Абай, Тол. жин.). Қанша айтсаң да сөз дарымайтынын білген соң, жолаушылар *жайына кетті* (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Жайына қалды. *Ескерілмеді, назардан сырт қалды.* – Сонда әке-шеше *жайына қалып,* қыз күйеуді өзі іздейтін, өз бетімен кететін болды ғой шамасы – деді шеткері отырған Сарман (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Тыныңу да *қалға* берді *жайына,* Парторг ой толқынына бөленді (Ә.Ахметов, Өшп. жалын).

Жаны жай тапты. а) *Тамашаға батты, рақатқа бөленді.* Әбекең оның бірін елеген жоқ, жұмсақ шөптің үстінде *жаны жай тауып,* қалғып бара жатыр еді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Сол кезде және зар қаққан Кенжеғұлдың даусы лезде-ақ басылып, *жаны жай тапқан* ол күлімдеп сала берді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Осы бір өлең жолдары қағазға төгіліп түскенде, түнімен жабырқау тартқан ақын *жаны жай тауып* сала берді (Д.Әбілев, Арман.). ә) *Осы дүниеге реніші қалмады деген мағынада.* Кек алмасам, ағамның шейіт кеткен *жаны* ана дүниеде *жай таба* алмас (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе).

Көңілі жай тапты. *Ой тыншыды, көңілі көншіді.* Мұртынан күлімдейді. Әзімханды қарсы алып, оны Орынборға шығарып салып, *көңілі* бір *жай тапқан* тәрізді (Д.Әбілев, Арман.). Коля содан кейін ғана *көңілі жай тауып,* автобустың ашық терезесінен ескен қоңыр самалға омырауын тосып, рақаттанып отырды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Рахмет бабай *көңілі* енді ғана *жай тапқандай,* кері бұрылды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.).

ЖАЙ[3] з а т. **1.** *Белгілі бір орын; мекен-тұрақ.* Жұмыскерлердің жатқан *жайлары* жұқа тақтайлардан оңай ғана жасай салған аласа үйшіктер (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ауылдың бергі шетінде едәуір оқшау тұрған жатаған жалғызбасты Дүрия кемпірдің *жайы* (Ә.Тарази, Құйрықты.). Кешегі әлпештеген тәңірі иесі, Сайтанға тез айналды періштесі. Кездесті кенеттен ол дағдарысқа, Жылы *жай,* жұмақ төсек қалды алыста (Ә.Тәжібаев, Аралдар). **2.** ж е р г. *Үй, ғимарат.* Салдырап *жай* жаңадан Сұлулап, сырлап, ақтапты (Т.Ізтілеуов, Шығ.). Салдырады сарай мен *жай,* бау мен шарбақ, Жалға алып жігіттерді небір күшті (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жай тапты. а) *Мекен тепті, орналасты.* Қобылан столдың министрге қарама-қарсы жағынан *жай тапты* (Қ.Исабаев, Сұңқар.). ә) *Жерленді, о дүниелік болды, қойылды.* Осы төбенің басында бабамның бабасы, атамның атасы, атамның өзі және туған әкем де мәңгілік *жай тапқан* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАЙ[4] з а т. к ө н е. *Кермесіне жебе салып тартатын ескіліктегі садақ.* Толғай-толғай оқ атқан, Он екі тұтам *жай* тартқан, Қабырғасын қақыратқан (Махамбет, Өлеңд.). Бес жасыңда қарт Қожақ жас шыбықтан *жай* тарттың, Жалғыз шиден оқ аттың. Атқан оғың жоғалттың Кәні шыққан мүйізің (Ер Тарғын). Батыр садақ істеп бермек үшін Ағашты шабайын деп ыңғайланды. Кертіп екі басын қайыс байлап, Өзінің оғыменен тартты *жай дың* (О.Шипин, Аманкелді). Оғыз хан нөкерінің қолына бір алтын *жай* уа үш оқты берді (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіре.).

ЖАЙ[5] с ы н. **1.** *Қатардағы, қарапайым.* Ол да осы қаладағы май заводында *жай* қызметкер болып істейтін (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Сұлтанды өлтіргені үшін төленген құн, *жай* шаруаны өлтіргенде төленетін құннан жеті есе көп болды (ҚазССР тарихы). Әдебиет сыншысының басқа оқушылардан ең болмағанда мынадай бір айырмасы болу керек: *жай* оқушы кітапты сыншының тілегіне қарап оқымайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **2.** *Күрделі емес, жеңіл, қарапайым, құрамы мейлінше аз.* Ал малдың ас қорыту бездері бөліп шығаратын сөлде клетчатканы *жай* углеводтарға дейін ажырататын фермент болмайды (Н.Рақышев, Күйіс малы). Және оның ең басы тірегі – «Поэзиялық лексика *жай* лексика емес» деген бір ғана фразада (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Жай адам. а) *Бейтарап, ешқандай қатысы жоқ адам.* Ой, тентек, сонша неге қорықтың? Қарашы, ешкім де жоқ. Жау емес олар, әншейін *жай адамдар* ғой. Жау болса тимес пе еді? Әне бұл жерден кетіп те қалды, – деді Нұрбан (Р.Райымқұлов, Болат.). ә) *Қатардағы адам, көптің бірі. Жай адам* қияға қол сермей ме?! Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?! Қиялмен арманға ұшқан, сағым құшқан Жүйрік жан алдында ылғи көр көрмей ме?! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жай [скалярлық] айнымалы. и н ф. <ағыл. simple (scalar) variable> *Уақыттың әрбір сәтінде бір элементарлық мәнмен байланысты айнымалы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жай акция. э к о н. *Мөлшері акционерлік қоғам жұмысының нәтижелеріне байланысты*

табыс алуға құқық беретін бағалы қағаздардың түрі. ≈ *Жай акция* сатып алынды.

Жай бөлшек. м а т. *Натурал санның бір немесе бірнеше тең бөліктерінен құралған сан. Жай бөлшек* – екі натурал санның қатынасы; ондық бөлшектен өзгеше аталатын арифметикалық бөлшек (ҚҰЭ). Оқушылар *жай бөлшек* пен ондық бөлшектің айырмашылығы, ондық бөлшектерді қай жерлерде қолдану керек деген сұраққа дұрыс жауап берді («Қазақст. мұғ.»).

Жай вексель. э к о н. *Вексель берушінің мерзімі басталғаннан кейін вексель иесіне (вексель ұстаушыға) белгілі бір соманы төлейтіні жөніндегі ақшалай міндеттемені куәландыратын бағалы қағаз.* ≈ *Жай вексель* беру.

Жай жұмыс. *Қол жұмысы, қарапайым қара жұмыс.* Көбі майданға кеткен. Майданға кетпегендері осында шахталарда *жай жұмыста* жүр (І.Есенберлин, Алтын құс). Еңбекті дұрыс ұйымдастыра алмағаны үшін Жұмағүлді де, өзін де басқа *жай жұмысқа* аунатуы әбден мүмкін (А.Мекебаев, Періште.). Ат ерттеу, арба жегу, мал азықтандыру сияқты күнделікті *жай жұмыстарды*ң өзіне олар олақ (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жай жұмысшы. *Қатардағы қара жұмысшы, қарапайым жұмысшы.* Жоқ, Ан аға, мен Кентаудан кетпеймін. Осында *жай жұмысшы* болып жүре беремін – деді Темірхан (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Каширина *жай жұмысшыдан* кадр бөлімінің бастығына дейін өсті («Қазақст. әйелдері»).

Жай зат. х и м. *Бір химиялық элемент атомдарынан тұзілген зат. Жай зат* химиялық элементтің бос күйіндегі өмір сүру формасы болып табылады (ҚҰЭ). *Жай заттардың* молекулалары бір атомнан немесе одан да көп атомдардан құралуы мүмкін (ҚҰЭ).

Жай көз. *Үлкейтіп көрсететін аспапсыз, кәдімгі көз. Жай көзге* көрінбейтін жұлдыздардың көбінің түсі ақ, бірақ абайлап қарасақ көгілдір, сарғылт, қызыл түсті жұлдыздар бар екенін көреміз (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Қандай өсімдіктің сабағын немесе бұтағын алып, көлденеңінен кертіп немесе ұзынынан тіліп қарағанда, бұл қабаттар *жай көзбен*-ақ көрінеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Жай оператор. и н ф. <ағыл. simple statement> *Құрамына басқа операторлар кірмейтін қарапайым оператор.* ≈ *Жай оператор* жұмысы.

Жай сөйлем. л и н г в. *Аяқталған бір ғана ойды білдіретін бір я бірнеше сөздің тізбегі.* Құрамындағы *жай сөйлемдердің* бірбірімен мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем аты түрге бөлінеді: ыңғайлас салалас, іліктес салалас, толғаулы салалас және кезектес салалас (Қазақ тілі.). Құрмалас сөйлемнің *жай сөйлемдерінің* арасында қос нүктеден басқа үтір, нүктелі үтір, сызықша да қойылуы мүмкін («Қазақст. мект.»). Себеп-салдар салалас сөйлемдердегі *жай сөйлемдердің* арасы жалғаулықтар мен көмекші сөздер арқылы құрмаласады (Қазіргі қаз. тілі).

Жай табан етік. *Ұлтармалы, қайымалы етік.*

Жай тіркес. *Еркін байланысқан сөз тізбегі. Жай тіркестерден* тұратын сөйлемдер жеңіл оқылады («Лен. жас»).

Жай ұғым. и н ф. <ағыл. unit concept> *Анықтамасында тек қана тұр нышаны бар ұғым.* ≈ *Жай ұғым* бірлігі.

ЖАЙ[6] с ы н. *Жайлы, қолайлы.* Қыс қамын ерте қарастырған бұл ауылдың шаруасы *жай,* малы семіз (А.Жұмаділдин, Сең.). Малға *жай,* егінге бай, топырағы май, Несібе ағыл-тегіл еңбекші елге. Жайсаңнан бері қарай жоталасаң Мал менен көзің тояр көк егінге (К.Әзірбаев, Шығ.). Қоғалай, қоңыр салқын-ай малға *жай* (Халық әні).

Жанға жай. *Көңіл сүйсінерлік, рақат күй, жағдай.* Есігін, терезесін алтындатам. Тастарды нелер қымбат жарқылдатам. Жудырып жұпармен сарай ішін, *Жанға жай* хош иіспенен салқындатам (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Кезінде салқын сәске, балғын көкше, Малынып шық мөлдіреп меруертше. Хош иіс, мұнар тартып манаурайды *Жанға жай* самал соғып тым ерекше (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

Көңілі жай. *Жаны тыншып, рақаттанған күйге, халге бөленді.* Оның *көңілі жай,* рақаттана тыныс алды. Киімін киіп тысқа шықты (Д.Досжанов, Тұлпар.). Көлді бойлай көк орай, Кеудеден келген ақ бидай. Кең дүниеден тыныстап, Соларды көріп *көңілім жай* (Халық ақын.).

ЖАЙ[7] ү с т. **1.** *Байыппен ғана, сабырмен, салмақтап сөйлеу.* Біздің Бегімбет баласы, ағайынын далаға тастап жүрген жоқ, – деді ұста *жай,* сабырмен, – күш көлік жағын көрерміз (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сейіс әр сөзінің дәмін алып тұрғандай ылғи *жай* сөйлейді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). **2.** *Асықпай, баяу, ақырын.* Ең күшті «С-80» тракторы тартқан көк вагон *жай* қозғалып барады (Ғ.Сланов, Әңгім.). Өркештері баладай тіп-тік, қомы астаудай, жібек жүнді қоспақ атан ұзақ жолда *жай* жүріп, жалпақ басып келе жатыр (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Аяғын *жай* басып, шаңдақты қара жолмен кетіп барады екен (С.Бақбергенов, Қарға там.). **3.** *Ауыр, зорға, әрең қозғалу.* Тәкежан мен Ысқақ семіз денелері *жай* ырғалып, шабандап тұрды (М.Әуезов, Шығ.). Мама жалпақ қарагер бие *жай* басып,

қарны шеңбірек атып, ыңқылдай тартты желіге (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Ж а й* басып, ауыр тыныс алып демігіп келе жатқан Абайдың шешесі (М.Әуезов, Шығ.).

Жай жүріс. *Аттың ақырын, баяу, бірқалыпты жүрісі.* Мінгендері *ж а й ж ү р і с т е* аяңшыл болғанымен, жортаққа салғанда түйіп отыратын бірнеше кісілер Ықылас тобына іркілді (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЖАЙ[8] үс т. **1.** *Өзімен-өзі, жайбарақат, қозғалыссыз, әрекетсіз.* Мұндай қатынмен маған мұқтаждық бар ма? Расходтың бәрін артып қойып, оқысам да, бала оқытсам да *ж а й* жүрсем де болмас па еді. Білмеймін енді осыдан тағы айрылып қалам ба? Бұдан ешбір рухты салбырату жарамайды, тырысып ғамал қылу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көңіл деген – дария Желсіз күндей *ж а й* жатқан (Б.Кулиев). **2.** *Жайымен, ешкімге тиіспей, тыныш.* Жоғалды ойын-күлкі, сауықтары, Зор болып аурудан қауіптары. Қасқырлар қойға тимей, ораза ұстап, *Ж а й* жүрді түлкі жемей тауықтарды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жай жатты. а) *Әрекетсіз, бос жүрді, еш қамсыз болды, мазаланған жоқ.* Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай *ж а й ж а т қ а н* елміз. Ешбір дүшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса хан ордасын таптай білген елміз (Қазыбек би). ә) *Жайымен, ешкімге тиіспей, тыныш, бейбіт күй кешті.* Үйқы, тамақ, Қалды дым-ақ Керегі жоқ іс болып: *Ж а й ж а т п а ғ ы м,* Тыныш таппағым Күш болып (Абай, Тол. жин.).

Жай ма? с ө й л. а) *Не болып қалды, не жағдай, не себеп деген сұрауды білдіретін сөзқолданыс.* ә) э к с п р. *Мұның не, денің сау ма, неге бүйттің деген мағынадағы мазасызданууды білдіретін сөзқолданыс. Ж а й м а?* – деді – Зура үрейлене қарап, – әлде жездең келді ме? (Ә.Әбішев, Замана.).

Жайыңа жүр. *Өзіңмен-өзің тыныш, тиіспей тек жүр.* – Тәйт! Арыз айтқаннан басқа осы сенің білерің бар ма? Өзің *ж а й ы ң а ж ү р с е ң,* Қожа саған тимейді. Жыламай аулақ кет (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Айттым ғой өнбес іске әуре болма! *Ж а й ы ң а ж ү р,* жайыңа, Басымды босқа қатырмай! Справка дайында, Орынсыз іске шатылмай! (Д. Әбілев, Жүрек.). Шындығын анық білдік енді ойланып, *Ж а й ы ң а* жай жүріп-ақ қомжиясың. Әл білмес – бұл дүниенің бәрін білмес, Кел, қысқарт, қаламыңның сарқ сиясын (Т.Ізтілеуов, Назым).

Жай жүрді. *Тұқ бітірмей, тектентек, құр босқа жүрді. Ж ү р м е д і* ол *ж а й* жөніне бос қаңғып, Өз құрбанын өзектерде тосты андып. Өзі еркін болғанымен өзгеге Беруге ол қарсы болды бостандық (С.Мәуленов, Алыс қет.).

ЖАЙ[9] үс т. *Әдеттегіден кеш, кейін, соң.* Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі *ж а й* (Абай, Тол. жин.). Қойдың кеш келгендігінен мал *ж а й* сойылды (С.Шәріпов, Шығ.). Қайыркенің еркіндеп дем алатын күні тек жексенбі күні. Ол бүгінгі жексенбіде де *ж а й* тұрды (С.Бегалин, Ана.). Түнде де *ж а й* жатса да сергек ұйықтап, ерте оянды Самал (З.Жәкенов, Таң самалы). Қаладан кеше шықса, жолдағы ауылдардың біріне қонып, одан *ж а й* аттанса да келетін уақыты болды (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЖАЙ[10] үс т. *Әйтеуір, әншейін ғана, мәнсіз, бос.* Бұл шабыс, *ж а й* шабыс емес, жасақты, жарақты, жау қоймас шабыс қой? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өлгеннен хабар алып келген бар ма, Әншейін мұның бәрі салт пен сана. Молданың насихаты *ж а й* бір сөз ғой, Мұның да аяқ жағын байқап қара (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

Жай айтты. *Белгілі мақсатпен емес, құр әншейін айтты.* Қазір қалаған жеріне орналастырдым оны да. Мейлі, жанына жақса тұра берсін сонда... Мұны мен *ж а й а й т ы п* отырмын сізге (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Бақтиярдың сөз арасында ғана *ж а й а й т ы п* отырған бұл ерлігі 1942 жылғы июнь айының бас кезінде болған еді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Жай бір. *Әшейін ғана, әйтеуір бір.* Айдау, қорлықта жүрсе де, *ж а й б і р* сейілде жүрген кісідей (М.Әуезов, Шығ.).

Жай сөз. *Бос сөз, әшейін айтыла салған сөз.* «Сәуегей Олег туралы жыр» деген өлең жазды. Онда ат жөнінде қызықты *ж а й с ө з* болады (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). Бұл сөздерім *ж а й с ө з* емес, Жәмилаға жазған хаттың сөздері еді (Қ.Тайшықов, Октябрь ұшқ.). Қатира бұл жолы жігіт жүзінен *ж а й* бос *с ө з д і* емес, шешім ширығуын таныды (Қ.Салғарин, Сол бір.).

ЖАЙ[11] үс т. с ө й л. *Ақы-пұлсыз, бос, төлеусіз, тегін.* – Дүкен саған осы азық-түлікті *ж а й г а* бере ме? – деді Бүркіт күлімсірей, азырақ ақшаның әлдеқашан бітетін уақыты болып еді ғой (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Жай алды [берді]. *Ақысыз-пұлсыз, тегін алды [берді].* Ол менен де күзде қайырармын деп жатып екі қойды *ж а й а л ғ а н* (Ауызекі).

ЖАЙ= е т. **1.** *Таратып ыдырату; керу; жазу.* Он екі қанат үйдің әр керегесін төрт жігіт қолдасып, әрең көтеріп, әрең *ж а й д ы* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл келгенде Қыстаубай қарайып, басын көтеріп отыр екен. Төлен енді аттан түсе салып шарбақ үстіне шөп *ж а й д ы* (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Солар бес

тал шашымды *ж а й ы п* зарлап отырған үстіме кіріп келіп, жұбатып бақты (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Малды жайылымда бағу.* Алғашқыда жылқыны әдейі отарба жолының үстіне айдап барып *ж а я т ы н* күндеріміз де болатын (І.Жансүгіров, Әңгім.). Комбайнға ілінбей қалғаны бар ма, масақ, дәні бар, мынау алапқа бір *ж а й ы п* шыққанда малыңызға бір елі май бітетін шығар-ау (Ғ.Сланов, Замана.). Ол жақта биыл қуаңшылық көрінеді. Сондықтан жаз бойы бар малын осы жаққа *ж а й м а қ* (Ө.Қанахин, Жер бас.). **3.** а у ы с. *Жария ету, тарату, әйгілеу.* Оның үстіне кәрі ақын енді мұның атағын *ж а я* жүретін жыршысы болып қалып еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Молда өлсе, хатқа жазылған қалады аты. Жігіттің ажарлы екен жазған хаты, Өлеңді жұртқа *ж а й с а* жазып алып, Түскендей бозбаланың ілтипаты (М.Сералин, Қаз. әдеб. хрест.). Базардағы жұрт бұл жайсыз хабарды әп-сәтте бүкіл облысқа *ж а й ы п* әкететіні белгілі (К.Тоқаев, Тасқын.). Ойда жоқ жерден ойыңнан мін табады. Оны өзі біліп қоймайды-ау, сол сәт балалардың бәріне *ж а я д ы* (А.Сарбөпин, Аспалы бесік).

Алақанын жайды. а) *Қолдың басының ішкі жағын ашып, саусақтарын жазып көрсетті.* Маған маңайласқанның бәрі *а л а қ а н ы н ж а я д ы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Мынау қолдың түрпатын көресіз бе, – деп, қаба сақал қарт *а л а қ а н ы н ж а й д ы.* – Ащы и, қатты қайыстың істегені (Ғ.Мұстафин, Миллионер). ә)*Телміріп дәме етті, тіленді.* Рас, былайша қарасаң, директорларың жаман адам емес, бірақ өздігінен ұмтылу, талпыну дегенді білмейді. Бар тапқаны колхозға *а л а қ а н ы н ж а я д ы* да отырады (М.Иманжанов, Көк белес). б) *Өсімдік жапырақтары жазылып өсті.* Күресін сыртындағы кішкене қабақшаның кенересіндегі тас тарлаудың жасыл сабақтары тарбия өсіп, *а л а қ а н ы н ж а я* бастаған (С.Бегалин, Бала Шоқан). в) *Қолын жазып, алақанын ашып, «келіңіз», «төрлетіңіз» деген қимыл ишаратын жасады.* Жақыпбек тәйжі ит елінің бір топ зәңгі, залың ел ағаларымен бірлікте кәделі қонақтарымен сыртта қол алысып, көрісіп, «кәне, мархабат, үйге кіріңіздер» деп оң *а л а қ а н ы н ж а й ы п*, ілтипат көрсетуде (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

Дастарқан жайды. *Тамақ беруге дайындалды; қонақты дәм-тұзбен қарсы алды.* – Өлеңді шайдан кейін айтарсыңдар, біз де тыңдайық,– деп үйге кірген Бәтима *д а с т а р қ а н ж а й д ы* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Күлшарияның таңертең *ж а й ғ а н д а с т а р қ а н ы* одан кейін де бес рет жайылды (Н.Габдуллин, Өмір.). Кілем, көрпе жазылды, Мол *д а с т а р қ а н ж а й ы л д ы.* Ақ самауыр қайнады, Дастарқан беті жайнады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Елге жайды. *Жұртқа жария етті, әйгіледі.* Бірақ бұл... асыра сөйлесе де көп нәрсені біліп алып жұрттан бұрын *е л г е ж а я т ы н ы н а* бағып, ашық сөйлесуді жөн көрді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Артынан аңшы тау ішіндегі жан білмейтін көлдің бұл қасиетін *е л г е ж а й ғ а н* (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Мешітбай ыза болды тысырайып, Әлиге ат мінгізді тартып айып. Жалынып маған да бір шапан жапты, Амалсыз, кетеді деп *е л г е ж а й ы п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Екі қолын [қол] жайды. а) *Тіленіп сұранды, емінді.* Бастың алғаш өзің жүрер жолыңды, Тура тапқын оның менен солыңды Жығылсаң да тұра салып кете бер, Көмек сұрап *ж а я* берме *қ о л ы ң д ы* (С. Сматаев, Астан). ә) *Бата берілгенде Алладан дұға қылғанда тілек, дұға қабыл болсын дегенді білдіретін қимыл-ишарат пен алақанын бетіне қаратып екі қолын кеуде тұсына ұстады.* Оң жаққа мойнын бұрады, сол жаққа мойнын бұрады. Қайталап сөзін баяғы. Екі *қ о л ы н ж а я д ы* (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Ғилман күбірлеп бірдеңе оқыған болды да бәрі *қ о л ы н ж а й ы п* бет сипады (М.Гумеров, Хазірет.).

Жайып [алдына жайып] салды. *Ағынан жарылды; жасырмай, түгелдей ашық айтты.* Қандай жігіт хат жазса *А л д ы ң а ж а й ы п с а л у ш ы* ем, Сен білмейтін сыр жоқ ед, Сенен қалай безермін (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Ал! – деді ол, Кәденге қарап қабағын шытып. Смайыл болған істің бәрін *ж а й ы п с а л д ы* (Т.Дәуренбеков, Біз. кезд.). Қарт біздің совет адамы екенімізге шын көзі жеткендей ашық сырын *а л д ы м ы з ғ а ж а й ы п с а л д ы* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

Жапырақ жайды. *Жапырағы өсті, көктеп көгерді; қаулап өсті.* Апрель өтіп, жаз келді. Ағаштар *ж а п ы р а қ ж а й д ы*, жер беті гүл жайқалды (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Лениннің көз алдында Мұз мұхитын жарып өтетін атом ледоколдары, жаңадан *ж а п ы р а қ ж а й ғ а н* жасыл ормандар, ну егінге бөлеген шөл далалар тұрды (С.Мәуленов, Шыңда.). Жаңадан ғана көкке өрлеп, Қанатын жая бастады, Мінеки, осы көктемде, *Ж а п ы р а қ ж а й д ы* тас талы (М.Құттықов, Ар-намыс).

Көрпе [киіз] жайды. *Төсеніш салды.* Үй иесі *к ө р п е ж а й ы п,* жастық әкеліп салды, абыржыған күйі тағы да күбірлеп, қонақтың шай-су ішпегеніне қапаланған пішін көрсетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қонақтар сыртқа шығыпты, Әйелдер есік алдына су сеуіп, *к и і з ж а й ы п* жатыр (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Қара сақалды қазақ *к и і з д і* вагонның бір жағына *ж а й ы п* тастап, өз үйіндей жайғап отыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Кір жайды. *Жуылған киімдер, заттарды кепсін деп жаймалап ілді.* Әйелдер *кір жаятын* жіптерін оңаша жерлерге құруға кірісті (К.Оразалин, Ақ жазық). *Кір жайып* жүрген әйелдер сол айтылған ана мен бала ғой (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Қанат жайды. *Кең жерге таралып жатты, ауқымды орынды жайлады.* Ерге күрең ел қайда Наймандай *жайған қанатын*? Тарбағатай, Алатау Екі таудың бөктерін Қанатын жайып алатын? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құлдырап кең далада аққан бұлақ, Аяғы ағып жатыр алысқа ұзап. *Қанатын* бара-бара кеңге *жайып*, Толқыны жатыр соғып, жатыр тулап (О.Шипин, Дастан.). Қор болдың қатын, балам жастай қалып, Ағайын менің үшін тарттың айып. Қырар ем елдің жауын қару болса, Атойлап қалың қолмен *қанат жайып* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Құлаш жайды. *Қарқынды дамыды, өрістеді.* Екі колхоз жастарының басы қосылған осы үлкен жиынынан кейін арадағы социалистік жарыс әуелгіден де *құлаш жайды* («Лен. жас»). Дегенмен қаулап өскен әдебиетіміздің пәрмеңдеп *құлаш жайған* бүгінгісін, жаңадан бұтақ жарған кешегісін ойласақ, сәйгүліктердің екпіндей шапқан шаңын көреміз (І.Омаров, Шабыт.).

Құшақ жайды. а) *Қуана қарсы алды.* ≈ Әкешешесі *құшақ жайып* күтті. ә) поэт. *Кең ашылды, жатсынбай шақырып, бауыр тартты.* Қайда барсам *құшақ жайған* дүние, Қайда барсам аңсармын-ау мен сені! (Қ.Садықов, Теңіз лебі.). в) поэт. *Өзіне құмартты, армандатты, аңсатты.* Кештер, кештер, жазғы кештер Өтіп жатыр жанға жайлы. Көз алдымда жақсы елестер, Бір тәтті үміт *құшақ жайды* (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Нан [қамыр] жайды. *Нанды жұқартты, жаймалап жұқалады.* Ол күшті, әрине. Менен он есе күшті. Бірақ менің қолыма... менің қолыма өзінің *нан жайып* жүрген оқтауы ілінгені... (М.Мағауин, Көк мұнар). Бұл тамақ біз жақта былай істеледі: *қамырды* етке салатын етіп, жұқалап *жаяды* да, ыстық қазанға шала пісіріп, қарып алады (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Өнер жайды. *Өнер тараттты, өнер таратуға мұрындық болды.* Бірсыпыра жыл елге *өнер жайып*, халықтық театрды, көркем өнерпаздар үйірмелерін басқарып келген ақын соңғы жылдары Жанкелдин ауданындағы Аманкелді музейінің директоры болып қызмет етті (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Өркен жайды. *Дамыды, өсіп-өнді, көбейді.* Қалалы жердің халқына тән бұл өнер бізде де сол отырықшылық сарыны айқындала бастаған соң *өркен жайғаны* белгілі (І.Омаров, Серпін). Өліп-өшіп көктемгі қонып кеткен жеріне жетеді. Қараса жантақ сабағына отырғызып кеткен дақыл дәні көктеп, *өркен жайып*, пәлек арасынан бұлтиып жолдарбыз көрініп жатады (Д.Досжанов, Келіншектау.).

Тамыр жайды. а) *Кеңінен тарады, өркендеді, өрбіді.* Ол өзінің халықтық қасиетімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп *тамыры* тереңге *жайып* келе жатқан дәстүрлі мұра (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). ә) жағымсыз. *Етек алды.* Дәуірдің ережесінде болу былай тұрсын, бұл кезде әдебиетімізде орасан үлкен кемшіліктер мен теріс түсініктер *тамыр жайып* кетті (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖАЙБАҒЫС зат. жер г. **1.** *Ақырын, баяу болатын іс-әрекет.* Ержан әйелінің бұл *жайбағысына* сүйеніп қалды (Т.Иманбеков, Үлкен үй). **2.** *Өнімсіз іс-әрекет.* Шырағым, мынауың *жайбағыс* қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙБАҒЫСТА= етістік жер г. *Ақырындап, жайлап әрекеттену.* Қалғанын тілмаш та *жайбағыстай*, жақсы атқарып, түгел ұғындырып айтып шықты (М.Әуезов, Қилы заман). Босаңбай мәселені *жайбағыстап* кетуге тырысты (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). Қанай атам артық кеткенін аңғарса керек, әңгімесін *жайбағыстап* бастады (Т.Иманбеков, Үш ай.). Бәріміз де жылқы жалын ұстап қызығын көргенбіз, – деп *жайбағыстай* сөйлеп, арғы ойын жұқалап айтты (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖАЙБАҒЫСТАН= етістік. *Бейқам болу, бейжай отыру.* – Жалба шал-ау, шай суып қалды... қайда кетті десем *жайбағыстанып* отырсың ғой тегі (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖАЙБАҒЫСТЫҚ зат. *Асықпаушылық, бейқамдық, баяулық.* Өтеген төңірегіндегілердің *жайбағыстығын*, байбағыстығын аңғарады (Қазыбек би).

ЖАЙБАР сын. *Бейқам, елеусіз, алаңсыз, емін-еркін.* Арада бірер ай өткенде қасында ауыл кеңестен шабарман ілескен наған асынған түсі суық бір кісі жайлауда мал бағып, қараша үйде *жайбар* жатқан әкемді тал түсте алдына сап айдады да кетті (Е.Тұрысов, Ақбақай). Өзгеге тиме, соны шап. *Жайбары* жатқан ел еді, Бейқам жатқан кезінде Мұхтардың қолы келеді. Қойға шапқан қасқырдай Тоздырып елді бөледі (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Жайбар ауыз. *Ашық ауыз, аңқау.* Жолдастыққа санама, *Жайбар ауыз* көнтекті. Арабы нардың белгісі – Бұйдасын ірікпес, елпек-ті (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАЙБАРАҚАТ сын. **1.** *Ешбір алаң жоқ, қаннен-қапersіз, бейқам.* Поселке өзінің күндегі қалпындағысындай, тып-тыныш, *жайбарақат*

қ а т жатқан тәрізді (І.Есенберлин, Шығ.). Петрушкин орындыққа жотасын тіреп шалқалап отырып, *ж а й б а р а қ а т* әңгімеге кірісті (К.Тоқаев, Түнде.). **2.** *Жай, асықпай.* Бұрын асықпай *ж а й б а р а қ а т* істелетін нәрсенің бәрі қауырт болды, бұрынғы асығыс нәрсе енді тым шұғыл болып кетті (Т.Ахтанов, Қаһарлы.). Басылған дүние шуы кетіп алыс, Қалған бір көп тасқыннан жетім ағыс, Ағады бос кеудеде *ж а й б а р а қ а т,* Оның да бар болғаны бір қуаныш (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **3.** *Сабырлы, салмақты, байыпты.* Мәртебең жерде тұрмақ жыр өзі ілген, Жөн ғой, жөн өзіне көз тіге жүрген. Мен мұнда ұстаз да емес, шәкірт те емес, Кеп түстім *ж а й б а р а қ а т* мінезіммен (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАЙБАРАҚАТСУ *Жайбарақатсы етістігінің қимыл атауы.* Жақия біріне жауап таба алмады. Бірақ көкірегінде әлдеқандай еркінсу, *ж а й б а р а қ а т с у,* ашылу бар екенін сезді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙБАРАҚАТСЫ= е т. *Алаңсыз бейжайлықпен қамсыз болу.* Бұл кез – егін-жайды түгел жиып алып, бір *ж а й б а р а қ а т с ы ғ а н* уақытымыз (Ауызекі).

ЖАЙБАРАҚАТТАН= е т. **1.** *Бейжайлыққа салынып, алаңсыз болу.* Жападан-жалғыз *ж а й б а р а қ а т т а н ы п* отырған кісі қоңыр дауыспен өзінен-өзі шық, түс десе, оны сырттан тыңдаған кісі не айтып отырғанын түсінбес еді (Х.Кенғанова, Қазіргі қаз. тілі). **2.** а у ы с. *Көңілі толу.* «Қандай мәдениетті жан, үлкен тәрбиелі семьядан шыққаны, көпті көргендігі көрініп-ақ тұр» – деп ойлады Яковлев *ж а й б а р а қ а т т а н а* түсіп (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Самолет қимылына Саян көңілі көншіп, *ж а й б а р а қ а т т а н а* берді (С.Шаймерденов, Мезгіл).

ЖАЙБАРАҚАТТАНДЫР= е т. *Бейқам күйге түсіру, алаңдатпау.* Біз үшін ең басты «бас ауру» – міне, осы. Біздің жанымызды *ж а й б а р а қ а т т а н д ы р м а й* тұрған басты «жарақат» та – сол («Егемен Қазақстан»).

ЖАЙБАРАҚАТТАНДЫРУ *Жайбарақаттандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а й б а р а қ а т т а н д ы р у ғ а* болмайды.

ЖАЙБАРАҚАТТАНУ *Жайбарақаттан етістігінің қимыл атауы.* Мемлекеттік орындар да береді, сонымен кем-кетігімізді толтырамыз деп, *ж а й б а р а қ а т т а н у ғ а* болмайды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАЙБАРАҚАТТАУ[1] с ы н. *Алаңсыздау, бейқамдау.* Мен Әуенов оны лекциядан кейін сұрайтын шығар деп, *ж а й б а р а қ а т т а у* күйде отыр едім (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Манадан бері уақыт өту үшін әр нәрсені ойына бір алып, *ж а й б а р а қ а т т а у* жатқан сияқты көңілі енді шындап өрекпи бастады (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖАЙБАРАҚАТТАУ[1] *Жайбарақатта етістігінің қимыл атауы.* Ол қатты ашуланған інісіне басу айтып, *ж а й б а р а қ а т т а у ғ а* кірісті (Ауызекі).

ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ з а т. *Асып-саспаушылық, бейқамдық.* Ағасының мұндай мінезін білсе де, дәл бүгінгідей қысталаң кездегі *ж а й б а р а қ а т т ы ғ ы н* Омархан ұнатқан жоқ (К.Оразалин, Абай.). Адам бір жұмысқа беріле кіріскенде Ұйқы да, *ж а й б а р а қ а т т ы қ* та безіп кетеді білем, шопан ендігі таңды аяғынан тік тұрып... өткізді (К.Баялиев, Жер.). Оларды секем алдырып ізімізге түсірген нәрсе – біздің табысқа тоқмейілсіген қаннен-қаперсіз *ж а й б а р а қ а т т ы ғ ы м ы з* (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

Жайбараттыққа салынды. *Енжарланды, бейқам болып, арқаны кеңге салды.* Бұл тақырыптағы мақалдардың қайсысы болса да қырағы болу, *ж а й б а р а қ а т т ы қ қ а с а л ы н ы п* жата бермеу жағын қарастырады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Дәрігермен пікірлеспей тұрып, тіс жарған балаларға ондай болады ғой деген тәрізді *ж а й б а р а қ а т т ы қ қ а с а л ы н б а ң ы з* (Х.Нұрғалиев, Жас ана).

Жайбарақаттыққа салыну. *Арқаны кеңге салу, енжарлыққа бой алдыру.* Бірақ бізге, совет адамдарына, табысқа атану, тоқмейілсу, *ж а й б а р а қ а т т ы қ қ а с а л ы н у* мүлде жат нәрсе (С.Сейітов, Жылдар.). Менің ойымша, үргелектегенді ұры алады дегендей, бізге «ел көшті, жау шапты» деп үрейленуге де, «біздегі жағдай өзгеше» деп, *ж а й б а р а қ а т т ы қ қ а с а л ы н у ғ а* да болмайды («Егемен Қазақстан»).

ЖАЙБАРАҚАТТЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Жайбарақаттық.* Күлшебай сосын *ж а й б а р а қ а т т ы л ы қ п е н* Қазизаға қарады (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖАЙБАРАҚАТШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық. Ж а й б а р а қ а т ш ы л ы қ т ы* көтеретін заман емес бұл (Ауызекі).

ЖАЙБАСАР с ы н. *Жұмысты сылбыр істейтін, ылдым-жылдым емес.* «Айттым ғой, сен *ж а й б а с а р с ы ң,* әйтпесе Надяның кереуетін мен емес, сен көтеруге тиіс едің» – деп, тағы қалжыңдамақ (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Арбамен қоян алатын *ж а й б а с а р* заман емес бұл, асығу керек! (О.Бөкеев, Өз отың.). **2.** *Жүрісі сылбыр, шабан.* Әлімқанның қимылдары салмақты, жүріс-тұрыстары марғау, сылбыр, түйенің жамбозы, шудалы *ж а й б а с а р* қара атан тәрізді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бұл да бір *ж а й б а с а р* екен, ештеңемен

ісі жоқ, бірқалыпты жүрісімен тарта берді (М.Мағауин, Қиянда). **3.** *Бейқам, енжар.* Қапқара қою шашымды сүйылтып, сол-ақ ағартатын болды. Әй, қанша айтсаң да сөз өтпейтін бір *жайбасар* еді-ау (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

ЖАЙБАСАРЛАУ с ы н. *Сылбырлау, шабандау.* Жаңа басшының *жайбасарлауы*, сөзге шорқақтау қалпын көргенде біраз жүрт өздерінше сырттай тон да пішіп қойған еді (Ә.Қалмырзаев, Ар). – Қасым, мен сенен гөрі *жайбасарлаумын* ғой. Бір жерде поездан қалып қойып жүрермін, станцияларда түсіп су, лимонад әкелу сенің мойныңда, – деді ол (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАЙБАСАРЛЫҚ з а т. *Ақырын, баяу қимылдаушылық, шабандық, сылбырлық.* – Мамандар күтіп қалып реніш ете ме деп ерте келіп ем, күтіп отырмын. Олар өздерінің *жайбасарлығына* қарамай, біз сәл кешіксек, кінә қойғыш қой (С.Бегалин, Уақыт.). Басшы көзіне іліктірмес үшін олар ұсақ-түйек, кемкетік пен *жайбасарлық тан* туатын шалалықты дер кезінде реттеуге тырысары хақ (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). Кержалқау өмірінің көпшілік бөлігін ағаш бұтақтарында ұйықтап өткізеді, ал ұйқыдан сергіген кезінде басын төмен салбыратқан күйі бір бұтақтан екіншісіне асықпай өрмелейді. Осындай *жайбасарлығына* орай денесінің температурасы Цельсия бойынша 24 градусқа (Фаренгейт бойынша 75) төмендейді, басқа сүтқоректілер ішінде бірдебір жануар мұндай температурада өмір сүре алмайды («Парасат»).

ЖАЙБАТ с ы н. ж е р г. *Жазық, жайдақ.* Судың анау *жайбат* жеріне түселік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙБЫРАҚАТТАН= е т. с ө й л. ***Жайбарақаттан.*** Жамыраған нан кейін мал *жайбырақаттанып*, жайыла бастады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙҒА= е т. **1.** *Малға қарау, малды күту, жағдайын жасау.* Осы тұста сенекке етке кеткен Жанбибі де, қорада азғана малын *жайғап* қайтқан Ақжаңыл да үйге кірді (Д.Әбілев, Арман.). Осы қуанышты айтайыншы, семьясы алдында қалай қабылдар екен деген ой келді. Келсем Дөңкең малын *жайғап*, қора шетіндегі күнгейде бәз-баяғы маңқиған қалпы тұр екен (Е.Тұрысов, Келіншектау.). Үй шаруасын тындырып, бұзаулы сиырмен бес-алты тұяқ малды *жайғап* тым көрмейтін (К.Баялиев, Дегелек.). Кештетіп Сұлушаштың үйіне жеттім. Сұлушаш та малды қораға *жайғап* болып, үйіне енді кірген беті екен (Т.Нұрмағанбетов, Қарлығаш.). **2.** *Жөн-жөніне келтіріп реттеу, тындыру.* Әмірбек – осылардың ішіндегі шамдағай пысығы еді. Отын алып, су таситын да, үйдің ішкі шаруасын *жайғайтын* да сол (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Қимылы тым баяу, аз сөйлейді, баласын тауып, шаруасын *жайғап*, маңқайып отыра берер маңғазың (О.Бөкеев, Мұзтау). Жайлауы жазды күнгі жалпақ Қайнар. Сазына төрттен-бестен бие байлар, Сол сайдың шыққан шөбін, жалғыз шауып, Төрт мая шөп тұрғызып, өзі *жайғар* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Ас-суын беріп, жайғастыру.* Сейтмағамбет колхоз орталығына аттанғанда, Жамал да балаларын *жайғап*, қолтума құлагер құнажынға ер салды (С.Әлжіков, Дала.). **4.** а у ы с. *Жайратып салу, өлтіру, құрту, көзін жою.* Ол кейінірек мергендер тобында болып, бір өзі ондаған жауды өз қолымен *жайғады* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Хан бұйырса өлтір деп, Жанына жапа келтір деп, Сонда бір-ақ *жайғайық*. Мен – батыр, пәлен – жалтақ деп, Далаға сырды жаймайық (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). **5.** а у ы с. *Өз орнына қою, орайластыру, қиюластыру.* Өрнегін салып өмірге, Кестесін салып көңілге, Табиғат шебер *жайғапты* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

ЖАЙҒАЛ= е т. *Шаруаның жөніне келтіріліп реттелуі, тындырылуы.* Серкештеп жылқы айдалды, Көшкенде жүртта тай қалды. Алдына келген дау болса, Әділеттен *жайғалды* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЙҒАР= е т. ж е р г. ***Жайға***. – Әже, торықпаңыз! Балаңыз аман-сау келеді әлі! Амандық болса, Арманның тойын өзіміз *жайғарамыз!..* (Ә. Әлішев, Батыр.). Қалған он бір кісіні түрікпендер бір-бір оқпен *жайғара* салды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖАЙҒАРУ *Жайғар етістігінің қимыл атауы.* Сол кезде арт жақтан екіншіміз барып, күзетшіні дыбыс шығармастан *жайғаруға* тиіспіз (Ә. Әлішев, Батыр.).

ЖАЙҒАС= е т. **1.** *Мал жайласу, қарасу.* Темірхан бүгін ерте тұрып бізбен бірге мал *жайғастыы* («Қаз. әдеб.»). **2.** *Орныгып, қоныс тебу, жайласу.* Бәрі көшкен малшының маңайдағы, Жайлауына *жайғастыы* талайлары. Үйін әлі жыға алмай қамсыз жігіт, Әлденені қия алмай қарайлады (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Отыру, орын тауып орналасу.* Жаппасбай тонын, пимасын шешіп, кеудешесін арқасына жамылып, сәкінің үстіне шығып *жайғасып* жатыр (Т. Ахтанов, Боран). Сонсоң өзі оның қарсы алдына *жайғасты* да, қонағына қабағының астымен қарап, қалтасына қолын сала берді (Қ. Исабаев, Соңғы.). Маған бір үй даярлап қойған екен. Бөлмеге енді еніп, шешініп *жайғаса* бастадым (Б.Момышұлы, Москва.). **4.** *Ыңғай-жөні табылу, реттелу.* – Қой, қарағым, көрерсің, бәрі *жайғасады*. Кеселге де ем бар (Т.Шаханов, Көгілдір.). «Октябрь»,

«Қызыл ту», «Диқан», «Қызыл жұлдыз» колхоздарынан келген соғым әлдеқашан *жайғасып,* орнын тауып кетті (С.Төлешев, Түрлі. бас.). Бұлттар да көшер, Жыртық па әлде бүтін бе, Жауласа бермей, *Жайғасар,* келер бітімге. Ақ көңіл бұлттар, Ақ нөсер төгіп өтсін де, Айналып кетпей түтінге (М.Мақатаев, Шығ.). **5.** *Орналасу, бекіну.* Деревняда *жайғасқан* жауға шабуыл жасаған партизандар тобы көп адамды тылға жөнелтті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **6.** а у ы с. *Үйқыға дайындалу, жатып тыныгуға икемделу.* Аттардың қоржынының түбінде қалған ас-ауқатты қағып жеп, қас қарая үңгірдің ішіне төсек салып, ұйқыға *жайғасты* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Түні бойы жүрді де, жұрт орнынан тұрды-ау деген кезде қалың бұтаның арасына кіріп, ұйқыға *жайғасты* (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **7.** *Сайлану.* Ертеңгісін *жайғасып,* Батыр атқа мінеді. Атаанасын көргенше, Қан болды ердің жүрегі, Бір қайратқа кіреді (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **8.** а у ы с. *Жайпасу, жайратысу.* Біздің аталарымыз Ұлы Отан соғысында тізе қосып қатар жүріп жауды бірге *жайғасқан* («Лен. жас»).

Жайғасып отырды. *Алаңсыз, жайланып отырды.* – Бір сөзді де ойдан қоспаймын. Бәрі болған оқиға... Жүр, әне жерге барып *жайғасып отырып* сөйлесейік (А.Байтанаев, Қансонар). Дәл кеше көріп өткен жерімізде, тау арасында, дәл сол орында *жайғасып отырған* үш маймылды көрдік (М.Әуезов, Индия очерк.). Биік төсек үстінде жатқан Ағабек басын ширақ көтеріп, құс жастыққа жантайып *жайғасып отырды* да, бұларға жылыұшырай қарады (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖАЙҒАСТЫР= е т. **1.** *Малға қарау, малды жайлау.* Жәния малын *жайғастырып* үйге келгенде қараөлеңке болатын (З.Иманбаев, Солма. гүл). Әдетте өздерімен малдарын қоса *жайғастыра* жүретін қазақ аулы, жұмысшыларының үйлерінде бау-бақша аз болатыны белгілі десек те, Кентаудағы қазақ жұмысшыларының үй-жайлары көңіл ашар, қалың көкке бөленген (М.Әуезов, Алғы шеп.). **2.** *Шаруаны жөнге келтіру, реттеу.* – Сен осы арада отыра тұр, – деді Курагин Шыңғысқа,– мен кей шаруаларымды *жайғастырып* келейін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Астына құм төсеу керек деген соң Айдар сонымен әлек болып, оны да *жайғастырды* (А.Шамкенов, Шапақ). Бидайды шағын қамбасына сыйғыза алмаған соң, алаша, киіз дегендерді тігіп, үйдегі қуыс ыдыстың бәріне салып зорға *жайғастырды* (Т.Нұртазин, Ауыл.). **3.** *Орналастыру, орын-орнына қою, орнықтыру.* Түскі астың алдында соңына ерткен үш адамы бар ұста келді. Амандасып болғаннан кейін, Сабыржан бәрін стол маңына *жайғастырды* (Қ.Исабаев, Айқыз). Бәрін Нұрмолда өзі қарсы алып, үй-үйге бөліп, *жайғастыра* бастады (С.Бақбергенов, Адам.). Бұларды шолан жақтағы балшығы түсіп, азыңқырап кеткен бөлмеге *жайғастыра ды* (Т.Ахтанов, Шырағың.). Мен сиырларды түнемелге *жайғастырып* үйге келдім (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). **4.** а у ы с. *Жайратып салу, өлтіру, көзін жою.* Оның үстінде жыртық көйлектен басқа лыпа болмағасын, өзіміз *жайғастырған* неміс офицерінің шинелін кигіздік (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Матайдың Әбені екі ұрысын жіберіп, *жайғастырғанын* бұлар қайдан білсін (Ж.Аймауытов, Шығ).

Өлікті жайғастырды. *Қайтыс болған адамның денесін арулап, кебіндеді, қоюға дайындады. Өлікті* шалдар *жайғастырды.* Жуды, кебіндеді, енді үйден шығарғалы қозғалған (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАЙҒАСТЫРҒЫШ з а т. т а м а қ. т е х. *Қамыр дайындамаларын пештің немесе нан көтерілу шкафтарының бесікшелеріндегі цяшықтарға, сөрелеріне орнықтыратын механизм.* ≈ *Жайғастырғышқа* салу.

ЖАЙҒАСТЫРУ *Жайғастыр етістігінің қимыл атауы; реттестіру.* Бесінші – Мамырбай ақсақалдың бір мүддесі Мұқашты мұқату болса, оны *жайғастыруды* бай мойнына алады (Қалай жайғастырғанын кейін естірсіз) (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЙҒАСТЫРЫЛ= е т. *Жайластырылу, орналастырылу.* Стол жасаулы, қонаққа қажет деген тағам түрлері де сайымен алынып, орын-орынға *жайғастырылды* (А.Байтанаев, Қансонар). Уақытша тоқталған операция қайта басталды. Ақтарылған ішек-қарын профессордың шебер қолымен орын-орындарына *жайғастырылды* (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Сыйлы адамдарды отырады деген төрдегісіне ғана тұқыл табуреткалар қойылған да екі жақ қанаттарына ұзын тақтай орындықтар *жайғастырылған* (А.Жұмаділдин, Қайырлы.).

ЖАЙҒАСТЫРЫЛУ *Жайғастырыл етістігінің қимыл атауы.* Алғашқы *жайғастырылуына* аяқ киімдерді тасып жеткізу сатып алушылардың қажетін өтеуді жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік берді (Халық бақыты.).

ЖАЙҒАСУ *Жайғас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малға қарасу.* Соны ойлап малдың алдынан шықтым. Өзіміздің қой-ешкінің *жайғасуы* төрендерден артпайды (Т.Иманбеков, Үш ай.). **2.** *Орнығып жайласу.* Біз де, қонақ боп келген кісі де *жайғасуды* тілемей-ақ, кез

келген жерге отыра кеттік (Қ.Әміров, Өшп.). **3.** *Дайындасу, шаруаны реттесу, ас қамдасу.* Сосын Балпан қонақасы *ж а й ғ а с у ғ а* бара жатқан боп есікке беттеді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАЙҒАСЫҢҚЫРА= е т. *Орнығыңқырау, жайласыңқырау.* – Сөйтсең сөйтші, – деді аяғын көсіліп *ж а й ғ а с ы ң қ ы р а п* отырған Нұрсұлу (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ахан... бір-екі рет сағатына көз тастады да, столына нығызданып, *ж а й ғ а с ы ң қ ы р а п* отырды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Жаңағыдан едәуір сескеніп, қысылып-қымтырылған Шолпан мен Оспан ол кеткесін жазылып, *ж а й ғ а с ы ң қ ы р а п* отырды (А.Хангелдин, Қараторғай.).

ЖАЙҒАСЫҢҚЫРАУ *Жайғасыңқыра етістігінің қимыл атауы.* Көшіп келгендердің осы ауылға орныға түсуді, *ж а й ғ а с ы ң қ ы р а у д ы* қалайтыны байқалады («Лен. жас»).

ЖАЙҒАТ= е т. **1.** *Малдың жем-суын беріп жайлату.* Оттатып малын айдатып, Отарларын *Ж а й ғ а т ы п* көш жүргізе келді енді (Манас). **2.** *Орналастыру, орнықтыру, жайғастыру.* Кәрім... Күнжанмен ақылдасты да, астыңғы бөлмелердің оңашалау бірін босаттырып, төсегін де осында *ж а й ғ а т т ы* (Қ.Оразалин, Абай.).

ЖАЙҒАТУ *Жайғат етістігінің қимыл атауы.* Кәрімнің жұбайы қонақтарды *ж а й ғ а т у ғ а* кірісіп кетті («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙҒАУ *Жайға етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малға қарау, жайлау.* Кемпір-шал, балашаға мал *ж а й ғ а у ғ а* шыққанда, жастар күндегі әдеттерінше биге асығады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). **2.** *Ас қамдау, дайындау.* Маржан қонақтар тегіс отырып болысымен қонақасы *ж а й ғ а у ғ а* сыртқа шығып кетті (Ә.Кекілбаев, Дала.). **3.** *Шаруаны реттеу, жинау, жиыстыру.* Қалқам, үй ішін *ж а й ғ а п* жіберші, мына қонақ баламен әңгімелесейін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **4.** *Жайрату, өлтіру.* Түнгі сағат екі болды. Қазарма сақшыларын *ж а й ғ а у* үшін жіберген адамдардан әлі хабар жоқ (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАЙҒЫЗ= е т. **1.** *Төсету, жайдыру.* Сондықтан болыстар оязға өздерінің қошеметін көрсете түспек боп жақын қонған бес-алты үйдің ортасына киіз-кілем *ж а й ғ ы з д ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Түс ауа, ыссы ішін тартып еркек атаулы сыртқа шығады. Көлеңке бетке кілем *ж а й ғ ы з ы п,* төсек салдырады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Нұрмағамбет жігіттерге жалма-жан кілем *ж а й ғ ы з ы п,* дастарқан жасата бастады (Қ.Оразалин, Абай.). **2.** *Тарату, хабарландыру, құлақтандыру.* Талапкер болған жігіттер, Кеткен емес қасынан. Үшінші Ботбайға келейін, Ер даңқын елге *ж а й ғ ы з д ы* (Айтыс). **3.** *Мал бақтыру, оттаттыру.* Айғырлармен таласып жауыр болды, Бағып міну әкеме ауыр болды. Күндіз маған мінгізіп қой *ж а й ғ ы з а д ы,* Аяқылау табылып тәуір болды (К.Әзірбаев, Өлеңд.). Жеті-сегіз қоздаған он бір қора шар саулықтарды мезгілінен бұрын төлінен айырды да, жайлаудың шөбі шүйгін, оңаша өрісіне бөлек бақтырып, ойға түскен соң тек аңызға ғана *ж а й ғ ы з д ы* (З.Жәкенов, Атамекен).

ЖАЙҒЫЗДЫР= е т. *Жайдырту, төсеттіру.* Қуаныш жаңа салынған мешітке үлкен-үлкен кілемдерді *ж а й ғ ы з д ы р д ы* («Лен. жас»).

ЖАЙҒЫЗДЫРУ *Жайғыздыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Киізді *ж а й ғ ы з д ы р у* керек.

ЖАЙҒЫЗУ *Жайғыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көрпе *ж а й ғ ы з у.*

ЖАЙҒЫШ з а т. *Жайып тұратын, жаятын зат.* Самолеттен өзі түсіп, жылжымалы брезент *ж а й ғ ы ш ы ң* үстімен аунап-аунап келген қол жүктерін көп күтпей тосып алды (Е.Әлімқұлов, Перизат.).

ЖАЙҒЫШТА= е т. *Жаймалау, жазу.* Кеше Дүйсеннің алдына бір бума қағаз әкеліп *ж а й ғ ы ш т а ғ а н* (Қ.Жиенбаев, Жалғыз.). Әкесінің алдына жергілікті газеттің соңғы бетін *ж а й ғ ы ш т а п* оқып берсін. Қаладағы кәсіптік-техникалық училищеге барамын деді (Қ.Боранбаев, Дала.).

ЖАЙДАҒЫДАЙ ү с т. *Әншейін жайшылықтағыдай.* Бірақ маған сыр бергісі келмей, *ж а й д а ғ ы д а й* жарқылдап көңілді болуға, ақ жарқын жайдары болуға тырысады (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖАЙДАЙ с ы н. *Жай сияқты, жылдам, тез.* Күндіз *ж а й д а й* жарқылдап ұшқан орман жыртқышы сұр қаршыға да қалғып кеткен (З.Иманбаев, Құстар.).

Жайдай соқты. *Дүрліктірді, үрейлендірді.* 1941 жыл. Эфирмен таралған жаман хабар бейбіт елді *ж а й д а й с о қ т ы* (Б.Тоғысбаев, Боз жорға).

ЖАЙДАҚ[1] с ы н. **1.** *Тегіс келген жазық, жадағай-жайпақ.* Сапақ байға су аяғы кең, жиегі *ж а й д а қ* айдын көл керек. Ол – Маржан (С.Талжанов, Ұлдай.). Су жағасы – *ж а й д а қ,* құмдауыт (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Шілік тоғайын қақ жарып өтіп, сонау ойға жеткенде *ж а й д а қ қ а* шығады да, шалғын арасына сіңіп жоғалады (М.Мағауин, Ақша қар). Вертолет қора жақтағы қара жұқа *ж а й д а қ қ а* қонды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Аласа, бәкене.* Бұл бұрын көркем әдебиет пен оқу құралын сататын саманнан салынған *ж а й д а қ* төбелі бәкене үй болатын (С.Жүнісов, Шығ.). **3**. а у ы с. *Қауқарсыз, күш-қуаты таусылған.* Құба жондардай құбақан өңінде қансөл жоқ. Кәрі түйе тайғақ, кәрі кісі *ж а й д а қ* (К.Сегізбаев, Беласқан). **4.** а у ы с. *Құр, жай, дәлелсіз.* Бұл сотта сөйлейтін сөз емес, *ж а й д а қ* философия (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Жайдақ ақыл. *Мән-мағынасыз, бос сөз.* Бірлік қана ел қылады, шырағым – деген *жайдақ ақыл* (С.Байжанов, Замандас.).

Жайдақ арба. *Үсті жайпақ, қанатсыз жадағай арба.* Қорабын алып тастап Бұзаубақ *жайдақ арбаға* торы шолақ атты жекті (С.Сейфуллин, Шығ.). Бәлкім, бір кезде «Бержабай» аталған *жайдақ арбаға* отырып көргендеріңіз де бар шығар (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Ат жеккен *жайдақ арба* өріске шығарған қаланың сиырымен бірге үлкен қара жолға қарай аяңдады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ауылнай жақын ауылдың әйелдеріне де хабар айтқан екен, көріксіз *жайдақ арбаға* тиеле мініп, шағаладай болып әйелдер де келе жатыр (Б.Майлин, Шығ.).

Жайдақ базар. *Ашық базар.* Ташкенттің онда *жайдақ базары* мен тауық базарының көп кезі (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев).

Жайдақ бөлме [үй]. *Ішінде жиһаз, бұйымы жоқ бөлме [үй].* Қонақүй есік-терезесінен жел улеп тұратын *жайдақ* бір *бөлме* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Үй *жайдақ* бір *бөлме*, жүдеу, төр жақта біріне-бірі аяқтастырып қойған екі кереует (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жайдақ білім. *Тайыз білім.* Балдай тәтті бір айым, Жұқа, *жайдақ біліммен.* Жеткізе алман тіліммен, Сұлудың айтып шырайын (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

Жайдақ вагон. *Қорабы жоқ, шанақсыз вагон.* Көңілді жатар мотовозға тіркелген *жайдақ вагонға* жапа-тармағай отырып жатыр («Лен. жас.»). Содан кейін теміржол вокзалына барды, Қаракентке түстен кейін жүретін поезд барын білетін, Соған шыпта алды да, трамвай сияқты *жайдақ вагонға* отырып «лағып жүре» берді (Ә.Тарази, Кек).

Жайдақ дала. *Теп-тегіс жазықтық.* Алматыдан самолетке отырдым да, барар жеріме екі-ақ сағатта кеп қондым. Ып-рас, *жайдақ дала,* желі де қатты (Ғ.Сланов, Замана.). Қылтиған ағашы жоқ *жайдақ дала* болатын (А.Хангелдин, Алғыс).

Жайдақ дастарқан. *Тағамдары аздау, жұлыны дастарқан.* Есік перденің бір бұрышынан сығалап көз тастады, төрге көрпе төселіп, *жайдақ дастарқан* жасалыпты (Ш.Құмісбаев, Тау.).

Жайдақ домбыра. *Әбден мүжіліп тозған домбыра.* Бағзы біреулері шөміштей-ақ күйкі, мүжілген ағаш күректей *жайдақ домбыраның* өзін қандай сұңқылдатады (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Жайдақ етік. *Өкшесі аласа етік.* Жол айрығына екі әйел шығады. Бірі – аяғына *жайдақ етік,* үстіне былғары куртка киген Ажар, екіншісі – бойжеткен (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Жайдақ жел. *Құрғақ жел.* Ал биыл, керісінше жаз көбінесе *жайдақ желмен* өтті («Қаз. әдеб.»).

Жайдақ желіс. *Бірсыдырғы желіс.* Ат қамшы қатты тиген белін бір қайқаң еткізіп алып, *жайдақ желіске* басты (А.Байтанаев, Дала сыры).

Жайдақ жер. *Тақыр жер.* Бақтығұл Талғарды қысып құлатқан шаттан озып, жоғары *жайдақ жерге* таман шықты (М.Әуезов, Қараш.). *Жайдақ жерде* шалдырмаған қоян қиын қыранда алдырар ма, адасып қалған итім әбден қор боп өзіме оралды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

Жайдақ жол. *Жазық, қара жол.* Гүрілдеген тракторлар оның табанын тегістеді... бетіне айнадай жалтыраған асфальт төселді. Кешегі *жайдақ жол* осылай биіктеді (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). «Газик» даланың *жайдақ жолымен* келесі шопан ауылына бет алды (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Қаладан шыққан кездегі көңілді дабыр әңгіме бір сарынды *жайдақ жолға* түскенде үзіліп, тоқтап қалды (К.Тоқаев, Түнде.).

Жайдақ көше. *Ағаш, тал-терегі жоқ көше.* Тек лүп етсе, жел тұрып, Есіліп шағыл көшеді. Шаң-тозаңға толтырып, Жалаңаш, *жайдақ көшені* (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.).

Жайдақ қалжың. *Бос қалжың, әзілді қалжың.* Жайдары *жайдақ қалжың* бірі де жоқ, бетіне қарар емес адам шыдап (Н.Баймұратов, Қанды жорық). Шөпшілер қосы дабыр-дүбір. Бірін-бірі шалған дала жігіттерінің *жайдақ қалжыңына* аяқ-табақтың салдыры ұласады («Қаз. әдеб.»).

Жайдақ қоныс. *Жазық жер.* Қазақтар Түрікменді Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың ойы түгілі, Қарынжарық, Ақсорқа, Үдек сияқты *жайдақ қоныстарынан* да ығыстырып, ішер суы, жайылар оты тапшы қауынды, қақпақтының ызғыма дөңіне тықсырып тастады (Ә.Кекілбаев, Дала баллад.).

Жайдақ қора. *Төбесі ашық қора.* Көзі қитарлана қызарған кекшіл бұқа «көкеңді танытайын сенің, мүйіздіге кез келмей жүр екенсің» дегендей долылықпен Шоқымовты сүзгілей-сүзгілей *жайдақ қораның* қуысына әкеп тықты (С.Алдабергенов, Асу). Ашық-тесік *жайдақ қоралардағы* тұрған мал суық өтіне төтей алмай, тырапай асып жатты (К.Ахметбеков, Алқакөл).

Жайдақ қос. *Бос қос, ішінде заттары жоқ қос.* Дарқан онда күнұзын айдалада *жайдақ қосты* бағып жатады (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ой-жайлауға *жайдақ қоспен* мал отарлатқандар ғана барады (Саятшылық).

Жайдақ мақтау. *Бос мақтау.* Бұл жалаң мадақ, *жайдақ мақтау* емес, тың табыс, соны асуларға жігерлендіру еді (С.Ақтаев, Дала.).

Жайдақ мәшине. *Қорабының жақтаулары алынған жүк машинасы.* Уақыт өткен сайын дала бетінде иірінділер әбден көбейіп алды. Шөп тартатын *жайдақ мәшинелер* артып әкетіп жатыр («Лен. жас»). Енді бір сәт оң қанатымнан өте берген *жайдақ мәшине* қатарынан сәл оза берді де кілт тоқтай қалды (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Жайдақ нарға теріс мінгізу. э т н. *Байырғы кезде отағасы, арқасүйер азаматы қайтыс болғанын білдіру үшін отбасындағыларды түйеге теріс отырғызу салты.* ≈ *Жайдақ нарға теріс мінгізу* салты.

Жайдақ орындық. *Арқалығы жоқ отырғыш.* Мен Жайнақ айтты дегенім жоқ.Ұрының сыры өзіне мәлім – *жайдақ орындықтың* біріне сылқ отыра кетті (С.Баязитов, Айдарлы.). Ол ішке кірді. Ауыз бөлмеде ешқандай зат жоқ, бір ғана стол мен *жайдақ орындық* бар (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). Даусы пәстеу жігіт еді, бірер дауыстағанына болмаған соң, алдындағы *жайдақ орындықты* алақанымен тарсылдатты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Жайдақ от. *Киіз үйге, далаға жағатын ошақсыз от. Жайдақ оттыұ* тұтандыру керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жайдақ отырғыш. *Артқы таянышы, арқалығы жоқ орындық.* Кілем үсті жағалай *жайдақ отырғыштар.* Әр отырғыштың өзінше ою, бедері бар (Д.Досжанов, Жібек.).

Жайдақ сағат. *Механизмі қарапайым шынжырмен жүретін сағат.* Сол жақта кең аумақты екі терезеге таяу бұрышта қос батпанды *жайдақ сағат* сырт-сырт соғады (С.Омаров, Күншуақ). Балзия қабырғадағы шықылдақ *жайдақ сағатқа* көзінің қырымен қараса, түнгі тоғыздан асып барады екен (С.Омаров, Өмір асу.).

Жайдақ сай. *Терең емес, тегістеу сай.* Атының өзі айтып тұрғандай, бұл жердің екі жағы биік жота, сол жоталардың арасы *жайдақ сай* (Қ.Қазыбаев, Дәуір аты.).

Жайдақ сөз [пікір]. *Құр әншейін бос әңгіме. Жайдақ сөзден* гөрі нақтылы ұсыныстарға, атқарылмақ міндеттерге кеңірек тоқталыңыздар (Т.Қаупынбаев, Жазира). Сыншы – интеллект иесі. Одан қалың қауым *жайдақ сөздер* емес, өрелі пікір, өнегелі ой күтеді («Қаз. әдеб.»). Өз басым осы халық жайлы кейбір *жайдақ пікірлерге* түбегейлі қарсымын (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Жайдақ су [көл, өзен]. *Жағасы жадағай, тайыз су.* Орта жолда Оспан сайының *жайдақ суынан* өте бергенде... дәу бір қарақұс қалбаң ете қалды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қамысты тал-бұта жағалай өскен, мөлдір *жайдақ өзеннен* ауыл ауыз су алады (И.Есқараев, Тоскауыл). Бұл жазық дала, ... *жайдақ көлдер* сыртынан ғана ап-ашық, ап-айқын сияқты, ішін көрсең?! («Лен. жас»).

Жайдақ тартты. а) *Деңгейі төмен түсті, тартылды.* Жарқырап жатқан өзені, *Жайдақ тартып* суалмай, Жайдары жүзің жабылмай, Жайдақтан қашып сабылмай (Абай, Тол. жин.). Одан арғы далиған далаға тек пышақтың жүзіндей кішкене иін арқылы өте аласың. Жарақты жау келсе, қапы қалдырардай *жайдақ тартқан* ештеңе жоқ. Жері тепсең (Ә.Кекілбаев, Үркер). ә) *Аласарды, ескірді.* Бұрынғы аласа, *жайдақ тартып*, ескіре бастаған Шегебай тошаласының орнына қарағайдай қақиған жаңа үй орнап қалды (Б.Тілегенов, Көктем.).

Жайдақ тірлік. *Уайым-қайғысыз, күнделікті бейқам тіршілік.* Жарты ғұмырын ат үстінде, малға еріп, малмен бірге өріп, *жайдақ тірлікке* отығып алған салт жүрісті пенденің от басының уәйіміне құлқы да жоқ болса керек (Қ.Ысқақов, Күреңсе.).

Жайдақ шай. *Құр шай.* – Жоқ, сендер кетпейсіңдер, қазір үшеуміз отырып *жайдақ шай* ішеміз, – деді Досжан (А.Байтанаев, Жаңғыр.). Ол тіпті кейде қолы бос болса Арынның үйіне де келеді, дойбы ойнайды, *жайдақ шайын* да ішеді (З.Ақышев, Ақбел.).

Жайдақ шам. *Шынысыз білтелі шам. Жайдақ шамның* түтіні жүрегін айнытты ма, Тасболат сыртқа шығып, серуендеп жүріп әңгімелессек деген ұсыныс айтты (Ж.Тілеков, От кешу). Күн әлдеқашан батқан. Қазандық мойнына қойылған *жайдақ*, жетілік *шамның* жарығы нашар-ақ (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Жайдақ шана. *Қанатсыз, қорапсыз аласа шана.* Қала жақтан бір пар атты келе жатыр. *Жайдақ* сары *шанаға* биіктеп салған жеңіл жүгі бар (М.Әуезов, Қараш.). Бірақ мынау созылған қарлы далада, шабан аттың жүк тиеген *жайдақ шанасына* Гүлсімді тастап кеткім келмей тұр (С.Бегалин, Уақыт.). Теңките шөп артқан *жайдақ шана* қорғасыннан құйып, қарға көміп тастаған зілдей сандық тәрізді (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖАЙДАҚ[2] с ы н. *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.* – Олай десеңіздер мен *жайдақ* кете алмаймын ғой, қасқа атты мінемін-дағы, – дегенді айтты Сатан (І.Жансүгіров, Шығ.). Жігіттің ең асылы мендей болмақ, Үлпікер сүт бетінде болдым қаймақ. Маңдайым жақсылардан қағылмаған, Қамданбай жұртқа сеніп шықтым *жайдақ*

(Ы.Сандыбайұлы, Әндер). Сыздық ерттеуге аялдамай *ж а й д а қ* куды, жеткенше құйрығы ойылып қалды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жайдақ ат. *Ер-тоқым салынбаған ат.* Тұтқынды қол-аяғын кендірмен буып, *ж а й д а қ а т т ы ң* үстіне отырғызып, Баянауылға алып кетті (Т.Оразов, Қаныш.).

Жайдақ атқа мінгендей жұлқынды. *Орнықты мінез көрсетпеді, желікті.* Құлмамбет Суандағы сен бір бұлбұл. Төрем пысық болды деп Албан, Суан, *Ж а й д а қ а т қ а м і н г е н д е й ж ұ л қ ы н ы п* жүр (Сүйінбай ақын, Шығ.).

Жайдақ ер. ж е р г. *Басы дөңгеленіп келген ер түрі, әскери ер.* ≈ *Ж а й д а қ е р* салған ат.

ЖАЙДАҚСУ *Жайдақсы етістігінің қимыл атауы.* Өмір бойы *ж а й д а қ с у м е н* келеді (Ауызекі).

ЖАЙДАҚСЫ= е т. *Қарапайым, жұпыны болғансу.* Қайтсе жеңіл болады жүрт билемек? Жүрты сүйген нәрсені ол да сүймек, Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып, Паңсымай, *ж а й д а қ с ы п* жай, ірі жүрмек (Абай, Тол. жин.).

ЖАЙДАҚТА[1]= е т. **1.** *Жайпақтап, жадағайлап тегістеу.* Бұлақ шынында да өз орнында екен... Өрісте жүрген сауын мал, ірі қара су ішіп, *ж а й д а қ т а п* тастаған (М.Мағауин, Ақша қар). Мәшине өрлеген сайын қаптал *ж а й д а қ т а д ы* ма, жүрісі жеңілдеді (Д.Жанботаев, Жер жылуы). **2.** а у ы с. *Жеңіл-желпі қарау, жадағайлату, жұмату.* Егер ес-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, *ж а й д а қ т а п* жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын (М.Әуезов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жөнсіз пайдаланып, бейберекет, ойға келгенді істеу.* Есіл дауысты көрінген *ж а й д а қ т а п,* қадірін кетіруге айналды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **4.** а у ы с. *Өз деңгейінен төмендеу.* Жайдары жүзің жабылмай, *Ж а й д а қ т а п* қашып сабылмай, Жан біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай, Тол. жин.). Рас, Қадырдың кейде қызыл сөзге жел беріп, кейде тіпті *ж а й д а қ т а п* кететіні бар («Қаз. әдеб.»).

Жайдақтай сөйледі. *Жұмсартып айтты.* Оқастың райын таныған Зиба ары қарай сөз таластырып, ерегістіргісі келмеді. *Ж а й д а қ т а й с ө й л е д і* (Н.Қазыбеков, Бейтаныс).

ЖАЙДАҚТА[2]= е т. *Көлікті ерсіз, тоқымсыз (еш нәрсе салмай) міну.* Балуан сендей күнқақты қақ байталды не қылсын, аз күн алдап *ж а й д а қ т а д ы* да, тастап кетті (С.Мұқанов, Шығ.). Қазақ ауылында кірме деген бұралқы иттей, оған кім қоқаңдамайды. Жалғыз биенің қымызын елдің аузына тосасың, жалғыз түйені кім көрінген *ж а й д а қ т а й д ы* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). *Ж а й д а қ т а ғ а н* жауыр болады, Жабдықталған тәуір болады (Қаз. мақалмәтел.).

ЖАЙДАҚТАЛ= е т. **1.** *Тегістелу, жазылу.* Алғашқыда тау қиясы биіктей берсе, үстіне шыға *ж а й д а қ т а л ы п,* ақыры сайға еніп тоқтады («Қаз. әдеб.»). Су орып, кішкентай жер арналаныпты да, алды *ж а й д а қ т а л ы п* кетіпті (Н.Қазыбеков, Тұсау.). Арырақта жар қабақ *ж а й д а қ т а л ы п* барып көл жиегінен алыстап кететін (Ә.Тарази, Қиян-соқпақ). **2.** *Тайыздану.* Алғашқыда тау қиясы терең еді. Тау үстіне шыққанда *ж а й д а қ т а л ы п* кетті (Ш.Күмісбаев, Тау.).

ЖАЙДАҚТАЛУ *Жайдақтал етістігінің қимыл атауы.* Уақас шағын үзіндідегі кейбір сөздердің *ж а й д а қ т а л у ы н,* ал бір тармағының мүлде бөтендігін тілшінің жаңылғанынан деп ұқты (М.Мағауин, Ақша қар).

ЖАЙДАҚТАН= е т. **1.** *Тегістеу, жайпақтану, жазықтану.* ≈ *Ж а й д а қ т а н ғ а н* төбе. **2.** *Тайыздану, тартылу.* Биылдар діңкесі құрып, *ж а й д а қ т а н ы п* қалған Ертістің суы арнасын толтырып кейін лықсыды (К.Сегізбаев, Жыл. күндері).

ЖАЙДАҚТАНДЫР= е т. *Жұтаңдандыру, кеміту.* Ал, осылар өлең көркемдігін көтеріп тұрған жоқ. Белгілі жайларды қайталап, тіпті керісінше *ж а й д а қ т а н д ы р ы п* тұр (С.Қирабаев, Оқтябрь.).

ЖАЙДАҚТАНДЫРУ *Жайдақтандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шындықты *ж а й д а қ т а н д ы р у.*

ЖАЙДАҚТАНУ *Жайдақтан етістігінің қимыл атауы.* Сыншы әдебиеттің өзінің бар болмысымен бүгінгі заманға қызмет етуі қажеттілігін, ал бұл ретте *ж а й д а қ т а н у д а н* да, схематизмнен де бойды аулақ салу керек екендігін естен шығармайды («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙДАҚТАТ= е т. **1.** *Жеңілдету, жұтаңдату.* Ақын жалаң қуып кете берген, өмірде кездесетін қиыншылықтардың бәрін оңайлатып, *ж а й д а қ т а т ы п* жіберген (М.Мағауин, Ақша қар). Көркемдік бояуды бозаңдатып алу, идеяны *ж а й д а қ т а т ы п* жіберу тәрізді кемшіліктер сақайған қаламгердің шығармаларынан арылып келе жатыр (Р.Нұрғалиев, Күре тамыр). Сен, Қабыл, байсалды сырды *ж а й д а қ т а т п а.* Түңілген жоқ өмірден, соған терең үңілгім бар, – деді ол (Т.Жұртбаев, Бесқарагер). **2.** а у ы с. *Жұмсарту.* Келін бала көңіліне ауыр алып қалмасын деп, *ж а й д а қ т а т а* айтты (К.Юсупов, Қараша.).

ЖАЙДАҚТАТУ *Жайдақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Идеяны *ж а й д а қ т а т у.*

ЖАЙДАҚТАУ[1] с ы н. **1.** *Тегістеу келген, жадағайлау, аласалау, жайпақтау. Ж а й д а қ т а у* болса да еңіске қарай бүйірлері бүлкілдей аяңдаған өгіздер арбаны құлдыратып әкетіп бара

жатты (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** *Тайыздау.* Екеуміз қайта мінгестік. Жарқабақты жағалап келіп *жайдақтау* жерден қарагерді тебініп-тебініп жіберіп, суға беттегеніміз сол екен (Ж.Сатаев, Құйын). Іркінді судың *жайдақтау* жағын баспалай келіп жүзе жөнелді (А.Сейдімбеков, Ақиық). **3.** а у ы с. *Жұтаң, төмендеу.* Ұлттық мақтаныш, этностық эгоцентризм, табанды патриотизм кемдеу түскен ел өзгелерге *жайдақтау* көрінетін шығар («Түркістан»).

ЖАЙДАҚТАУ[2] *Жайдақта етістігінің қимыл атауы; Жұтату, жеңілдету, жеңілжелпі қарау.* – Менің айтқым келгені мынау. Ғылымды *жайдақтауды,* жалаңаштауды, кейде тіпті... аяқ асты етуді қоятын уақыт жетті (З.Қабдолов, Жалын).

ЖАЙДАҚТАУ[3] *Жайдақта етістігінің қимыл атауы; атты ер-тоқымсыз міну.* Мезгілбайдың жүйрік аты Бөртені мініп *жайдақтаудан* бастады (Ж.Молдағалиев, Ескі дос).

ЖАЙДАҚТЫҚ з а т. *Қарапайымдық, жеңілтектік.* Қабен... табиғатындағы *жайдақтық* пен жеңіл-желпілікті солайша жуып-шаяды (З.Қабдолов, Жалын). Мүсіркепті аққөңілдік, *жайдақтық,* даңғырақтық жіңішкертті («Қаз.әдеб.»).

ЖАЙДАҚЫ с ы н. *Жеңіл-желпі, үстіртін, тайыз.* Ол жайылымы кең көрінгенмен көбінесе *жайдақы* шығатын ойдың адамы емес, жинақы да шымыр ойдың адамы (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қысыр әңгіме, іліп-тартпа сөз, *жайдақы* күлкі, арзан көңілділікпен күн артынан күнді өткізген боламыз (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖАЙДАН-ЖАЙ ү с т. **1.** *Құр бекер, бос, тектен-тек.* Баласының бұл сұрағында бос құмарлықтан гөрі сол келген адамдардың *жайдан-жай* келмегенін сезгендей сыңай бар (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сол Поштайлар бүкіл ел атын *жайдан-жай* Ақбеттау атамаған (Д.Әбілев, Арман.). – Немене, мені мүгедек деймісің? *Жайдан-жай* осында жата берем бе? – деді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Асқар болса есі шығып үндемейді, көп жайды айтқысы келеді, айта алмайды, тіпті қыздың қасында *жайдан-жай* тұра бергісі келеді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Жаудың бұл ұлы өзенді *жайдан-жай* тастап кетпейтіні белгілі (Ә.Жәмішев, Армысың.). **2.** *Төлеусіз, тегін, бостан-бос.* Бірақ әлгі жігітке қылған қаттылығына ыза болып отырғанымнан, *жайдан - жайға* бергім келмеді (С.Шәріпов, Бекболат). *Жайдан-жай* Нілдіні бөктеріп берсе, Боздақ би қарсы болмас еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАЙДАР з а т. ж е р г. *Садақ оғының бір түрі.* ≈ *Жайдақ* оқ.

ЖАЙДАРЛАН= е т. с ө й л. ***Жайдарылан.*** Шешесінің мұнысын ұнатпаған Аяш, оны жұбатпақ болып *жайдарлана* күле сөйледі (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Біресе жақындатып, біресе дауылдатқан құбылмалы күз тағы бірде кенет *жайдарлана* қалды (С.Досанов, Тау жолы). Сергей Александрович Егоров біздің жігіттеріміздің пікірін білгеннен кейін қас-қабағы жазылып, *жайдарлана* бастады (Ә.Нұршайықов, Ақиқат).

ЖАЙДАРЛЫ с ы н. *Жылышырайлы, жарқын мінезді.* Жігіттің... сөзуарлығын көрсетер дүрдиген ерні болмаса, қабағы тым *жайдарлы* (К.Тоқаев, Көмескі із). Жаз мінезі *жайдарлы:* Бұлбұл бақта сайрады, Былдырады бұлақтар, Сыбдырады құрақтар (Ә.Табылдиев, Гүл.). Хал-жағдайларын, жұмысты қалай істеп жатқандарын сұрап сыпайы, *жайдарлы* әңгімелесіп отыр (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

ЖАЙДАРЛЫҚ з а т. **1.** *Жылышырайлылық, жарқын мінезділік.* Қазір ол манағы мейірімділік пен *жайдарлылықтың* бәрін былай қойып қатайып алды (Е.Домбаев, Ғашықтық). **2.** а у ы с. *Жайлылық, жайма-шуақтық.* Соғыс өрті қуырған дүниені одан әрі жүйкелете түсейін деді ме, әйтеуір сол жылғы жаз жайшылықтағы *жайдарлылығынан* айырылып, бір түрлі ысқаяқтанып, тарынып кетті (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.).

ЖАЙДАРМАН с ы н. **1.** *Жайраңдаған, ақжарқын.* Әзімхан қара борандатып, қорқыта сөйледі. Алғашқыдағы *жайдарман* жүзі суып... түйіліп қапты (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Мәзмейрам, көңілді.* Ұзақ мәз-мейрам боп, арқасы кеңіп қалды. Лезде үй ішінде бір *жайдарман* көңілділік орнады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **3.** а у ы с. *Жайма-шуақ.* Ауыл-аймағымен жазғытұрғы *жайдарман* шақта көшіп бара жатып, көңіліне көктем нұры ұялаған жігіттер... осылай жамыраса, шалқалай күлер еді (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖАЙДАРЫ[1] з а т. ж е р г. *Ел аралап сауда жасайтын адам; саудагер.* Бұрын бұл елге Түрікпеннен, Қарақалпақтан *жайдарылар* келулі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙДАРЫ[2] с ы н. **1.** *Ашық мінезді, ақжарқын.* Ойы анық, әрдайым *жайдары,* әрбір істің ақырына жеткенше асығатын капитан Ахмет Сүлейменовті талай рет көргені бар-ды Родионовтың (К.Тоқаев, Тасқын). Қабираның жібектей жұмсақ үні, баладай ерке қылығы, *жайдары* ашық мінезі, жүріс-тұрысы, киім киісі – бәрі-бәрі бөтен еді (М.Ысқақбаев, Ұят туралы). Сол бала оқуға өте болды зерек, Торғайда ондай бала туған сирек. Ыбырайдың бәйбішесі Айғанысты *Жайдары* мінезімен кетті билеп (О.Шипин, Дастан.). *Жайдары*

ең, жасқанбаушы ең, жайнаушы едің, Жамылып ақ сәуленді ойнаушы едім. Шығыстан шарадай боп көтерілсең, Шынымен құдірет деп ойлаушы едім (М.Мақатаев, Шығ.). Тым *ж а й д а р ы*, мейірімді мына тана көз қандай, Ол қараса көл де тұнып қалатындай қозғалмай! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Жылы шырайлы.* Сақал-шашы аппақ, қара торы қарт бізбен *ж а й д а р ы* ғана сәлемдесіп, үйге шақырды (А.Сатаев, Ақын.). **3.** а у ы с. *Маужырап тамылжыған.* Кел, Наурыз, *ж а й д а р ы* көктеміңмен, Жердегі әнім жалғассын көктегі үнмен. Аққа тойғыз елімді, Байлық әкел Тез өтердей тар кезең өткелінен (К.Салықов, Жезкиік).

ЖАЙДАРЫЛА= е т. *Айқындау, анықтау етіп айту.* Жай сөзбен *ж а й д а р ы л а п* енді айтамын (Айтыс).

ЖАЙДАРЫЛАН= е т. **1.** *Ақжарқынданып, жылы шырай көрсету.* Кейде қасын керіп, сызыла қалады, кейде назданғандай көзін қысыңқырап, қылымсиды, кейде сені сүйем дегендей құлықтанып, терең қарайды, кейде көзін жалт еткізіп, *ж а й д а р ы л а н а* қалады (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Ел үшін қызметімді аямасам, жұрт көкірегімнен итеріп тастамас, – деп, Шолпан әдеттегісінше *ж а й д а р ы л а н а* күлді де, Нартайға қолқа салды (А.Хангелдин, Қараторғай). Тәлімді көргенде Күміс те *ж а й д а р ы л а н ы п*, көрген-білгенінің бәрін ағытып салады (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Көңілдену, мәзмейрам болу.* Таңертең үй іші болып шай ішіп *ж а й д а р ы л а н ы п* отырғанда, біреу есік қақты (І.Есенберлин, Маңғыстау.). **3.** а у ы с. *Жаймашуақтанып, тамылжу.* Табиғат осынша *ж а й д а р ы л а н а* түрса да, адам қабағы тас түнек... ешбір ымыраға келмес жандардай түнере қалған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Уақыт лебі жігіт болып желеңдей келсе, өмір ұшқыны жарын қарсы алған қыздай жалындап, *ж а й д а р ы л а н ы п* тұрған шақ (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖАЙДАРЫЛАНДЫР= е т. *Көңілдендіру, жарқындандыру, даусын, жүзін жылыту.* Мінезі кенет күрт өзгеріп кеткенін өзі де аңғарғандай, қайтадан еңсесін көтерді. Даусын *ж а й д а р ы л а н д ы р ғ а н* болып жайма-шуақ әңгімеге көшті (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

ЖАЙДАРЫЛАНУ *Жайдарылан етістігінің қимыл атауы; көңілдену.* Қуанышты хабарды естіген науқастың көңілі көтерілгені, *ж а й д а р ы л а н у ы* байқалады («Лен. жас»).

ЖАЙДАРЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жылышырайлылық, ақжарқындылық.* Әдеттегі *ж а й д а р ы л ы қ*, қағытпа қалжың, жылы сөз кешелі-берлі басқа жаққа ауып кеткендей сап болды (Ә.Шәріпов, Партизан.). Сатанға Шеркес Қали ұнайды. Ол өтімді, ақылды, *ж а й д а р ы л ы ғ ы н ы ң* үстіне адамшылығы мол, ары күшті (І.Жансүгіров, Шығ.). Амангелді Мыстыбайдың қонақжайлығын, кеңпейілдігін, *ж а й д а р ы л ы ғ ы н* мақтайды (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** а у ы с. *Тамылжыған жайма-шуақтық.* Табиғат қабағының *ж а й д а р ы л ы ғ ы* бұларды да шаттыққа бөлесе керек (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖАЙДАРЫМСУ *Жайдарымсы етістігінің қимыл атауы; ақжарқын болғансу.* Томағатұйық мінезді Жомарттың кенеттен *ж а й д а р ы м с у ы* оғаш қылық болды («Лен. жас»).

ЖАЙДАРЫМСЫ= е т. *Ақжарқын болғансу, ашық мінез көрсеткенсу.* Күнікей күліп отырып, томсарып қалады, томсарып отырып, күліп жібереді, біресе апасымен шартпа-шұрт келіп қалады; біресе *ж а й д а р ы м с ы п*, апасының мойнынан құшақтайды, бір сағаттың ішінде күзгі күндей қырық құбылады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЙДАУЫТ с ы н. *Жадағайлау келген, жайдақтау.* Қазір тау қары мен мұзы ери қоятын кез емес. Сондықтан да болар, өзен үсті *ж а й д а у ы қ* өткел (Ә.Жәмішев, Дала.). Ол мұның білегін әлдебір сиқыр еміне сорып шығарып жатқан күшпен қосылып, *ж а й д а у ы т* бедерсіздіктен көлденең көзді өзіне алаңдатпай қоймайтын биік нысанаға да айналмады ма? (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖАЙДЫР= е т. **1.** *Төсеттіру, жайғыздыру.* Ордаға кілем салдырды, Үстіне мақпал *ж а й д ы р д ы*, алуан тағам алдырды, Қонақ етіп құрметпен (Батырлар жыры). **2.** *Тарату, жұқтыру.* Сондықтан бірен-саран кісілер ауыратын болса... ел арасына *ж а й д ы р м а й*, тезінен... тоқтату шараларын іске асыру, халық алдындағы үлкен міндет (Жұқпалы.). **3.** *Малды оттату, жусату.* Сол күнгей бетке олар бір күн жылқы *ж а й д ы р а р* ма екен (С.Мыңжасарова, Замандас.).

ЖАЙДЫРУ *Жайдыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дастарқан *ж а й д ы р у*.

ЖАЙ-ЖАҒДАЙ з а т. *Хал-ахуал, күй.* Жолдан бұрылып, ешкі сақалды, арықшалау біреу Аманжолды көріп *ж а й-ж а ғ д а й* сұрастырып тұра қалды (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Не де болса жақындап барып, *ж а й-ж а ғ д а й д ы* білейін деп, атына қамшы басты (Б.Тоғысбаев, От пен күл). «Онда мен, патша қызын аламын!» – деп, Көңіліне біразырақ тұрды ойланып. Шаһардың сұлтанына барды ертең, Шамасы шыққан күндей бұлттан жарып. *Ж а й-ж а ғ д а й* бөтен түрлі жалтармай-ақ: «Тек, маған қызыңды бер»,–деді барып (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАЙ-ЖАЙЫНА үст. *Бет-бетіне, әрқайсысы өз алдына.* Сол күні жұрт бір сүйсініп қарады, Көл мен өзен шомылуға жарады; Той соңынан совхоз, завод жастары, Қош айтысып *ж а й-*

ж а й ы н а тарады (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.). Қосылып ата-баба келді қосқа. Болмайтын ер ғой олар күлкі доскa. Бір-бірін жеңісе алмай Иран, Тұран, «Болмас» деп *ж а й-ж а й ы н а* қайтты босқа (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Солай етіп ер Жақып Қараханды қаратты. Айдап келген көп малды *ж а й-ж а й ы н а* таратты (Манас).

ЖАЙ-ЖАПСАР з а т. *Хал-жай, жағдай.* Жеңгемнің, қандай болам, көзі көрсін, *Ж а й-ж а п с а р,* көргенімді айтып берсін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Есік жақтағы біреулер сол Қабен қасындағы Тайманның *ж а й-ж а п с а р ы н* біле алмай, бірінен-бірі сұрайды (З.Қабдолов, Жалын). Шешесі тіршілік қамымен үйге бас сұққан сайын алқына жалпылдап, баласының *ж а й-ж а п с а р ы н* сұрастырады (К.Баялиев, Дегелек.). Өткеннің *ж а й-ж а п с а р ы н* жайып бүгін, Отырмын. О, не деген байыпты күн!... Көріспедік, көп болды көріспедік, Айтшы, досым, айтшы өзің, айыпты кім? (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЙ-ЖАПСАРЛА ү с т. *Шет-пұшпақтап, аз-аздап.* Шөкей ел ішіндегі үрейлі хабарды қабақ шыта отырып *ж а й-ж а п с а р л а п* жеткізді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАЙ-ЖОСЫҚ з а т. *Хал-ахуал, жағдай.* Қарақолдағы тұтқындарға ас жеткізіп, ертеңдікеш қызмет қылып, *ж а й-ж о с ы ғ ы н,* аман-есендігін біліп тұруға шығарылған 10-15 кісі болатын (М.Әуезов, Қилы заман). Бұрын билет табылмай қалғанда елдің администраторға кіріп, *ж а й-ж о с ы ғ ы н* айтып, керегін алып жатқанын талай көрген (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖАЙ-КҮЙ з а т. **1.** *Хал-ахуал; жағдай.* Көке аға, осы күнде мен жаспын ғой, *Ж а й-к ү й і ң д і* біле алмай адастым ғой. Көп жылдар мешеу қалған халық үшін, Алаш деп, бәлшебек деп таластым ғой (М.Дулатов, Шығ.). Аржан ағай шөлдеп құдық қазып жатқандарға жолыққанда, *ж а й-к ү й і н* сұрап алғаны болмаса, маған үндеуден қалған-ды (Ғ.Сланов, Замана.). Оның беделін кенет көтерген сәт, күзек көңдердің *ж а й-к ү й і н* білгелі жолға шыққан жолаушылардың сапары еді (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Дәулетхан *ж а й-к ү й д і* түсіндірді. Мұнысы үшін директор оған ренжіген де жоқ, сұраған демалысын берді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы). **2.** п е д. *Белгілі топ, ортаға байланысты қатынас, көңіл-күйді білдіретін ұғым.* Оң *ж а й-к ү й* ынтымақтастық, сыйластық, өзара сенім арқылы ұжымның еңбек өнімділігіне, шеберлік деңгейіне игі әсер етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖАЙҚА= е т. **1.** *Жапыру, жасқау.* Ол мынау топтың үстінен соңғы рет төмендеп кеп, бір *ж а й қ а п* өтті (М.Әуезов, Абай). **2.** *Сермеу, үйіру.* «Тек, осы күнге шейін есімде қалғаны: енді ұстаймын деп келгеніңді де өлтірем, өзім де өлемін!» деп, балғаны *ж а й-қ а й* беріппін (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қарағай бастарын желімен *ж а й қ а п* кәрі қыран да келді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **3.** *Оқыс шайқап, сермеп жіберу.* – Әншейін,... Арам қатқыр ақ бүйрек сауып жатқанымда мүйізімен *ж а й қ а п* қалғаны ғой! (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Қара қасқа өгіз басын бір *ж а й қ а п* тастап, бағыттаған жолға түсті (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Ешкі енді қос мүйізімен шыр айнала *ж а й қ а п,* кез келген бөлтірікті іліп тастап,... қасқырдың өзін бір-ақ домалатты (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **4.** *Әрлі-берлі қозғап, бұлғау.* Абылай біраз тұрып көпті байқап Гүжілдеп қозғалды енді басын шайқап. Сұлуға таста тұрған қарап қойып, «Шешуші, қайда...» деді, қолын *ж а й қ а п* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Ол біздің машинаға қолын *ж а й қ а п,* «соқымнан ер» дегендей белгі етті (З.Қабдолов, Алғы шепте.). Масалар беті-қолыма жабысып, біз тұмсықтарын аямай сұққылайды. Әрлі-берлі *ж а й қ а п* шапаттап едім, оған жасқанар болмайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Үстіне жамыла салған жеңіл желбегейінің етегін *ж а й қ а п,* «бері жүр» деп әйелін ошақ басына әкелді (С.Жүнісов, Ақан сері). **5.** а у ы с. *Жамсатып салу, жайпау.* Жауды бәріміз тізе қоса қимылдап *ж а й қ а д ы қ* та, үйге қайттық (Т.Бигелдинов, Аспан.). Тимофей... жауларын көзінің алдына келтірді де, ерсілі-қарсылы қолын сермеп, біреуін олай, біреуін былай *ж а й қ а п* тастады (С. Омаров, Қызыл.). Қалған солдат қынаптан қылышын суырып, әкеме бас салады. Ол ат үстінен қылышпен *ж а й қ а й д ы* (Ә.Абдуллин, Сарбаздар). Екі сиыр азан қағып мөңірей, жолындағыны сүзе, *ж а й қ а й* жетті (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **6.** а у ы с. *Сөзбен жеңу, сөз бермеу.* Ара-арасында, отырғандардың бәрін де *ж а й қ а п,* кейбіреулерді басқа қағып жасқандырып тастап отыр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Өзгенің аузы бармайтын өткір сөзбен *ж а й қ а п* тастайды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЖАЙҚАҚ: жайқақ қақты. *Жайқақтады, маңғаздаңды.* Біз келсек, ол елдің арасында *ж а й қ а қ қ а ғ ы п* жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙҚАҚТА= е т. *Маңғаздана, керіле басу.* Мұндай сөзді есіткенде: *ж а й қ а қ т а п,* шалғырттанып, не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса... естіп, есітпей не керек (Абай, Тол. жин.). Балтыры бесіктей, *ж а й қ а қ т а ғ а н* жап-жас келіншек көрпе жайып, бір-бірден құс жастық тастады да терезеге тұтқан газетті сыпырып алып шығып кетті (Қ.Ысқақов, Қара орман).

ЖАЙҚАҚТАЙ ү с т. *Теңселе, ырғала.* Қызқара тұқыра жөнелді. Артқы екі аяғын

алшаңдай тастап, *ж а й қ а қ т а й* желетін аса кербез жүрісті ат еді (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАЙҚАҚТАТ= е т. **1.** *Бұлғаңдату, бұлғақтату, жайқақтата желу.* **2.** а у ы с. *Түлкі құлыққа салу, алдап-сулау.* Сырты сау, іші науқас елдің дені, Алдап айтқыш ақын көп – тіл шешені. Жайдарысып құйрығын *ж а й қ а қ т а т а р,* Жүрегінің сыры емес сөйлегені (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЙҚАҚТАТҚЫЗ= е т. *Бұлғақтатқызу, бұлғаңдатқызу.* Сұлу желісті жорғасын *ж а й қ а қ т а т қ ы з ы п* Асан да жетті («Лен. жас»).

ЖАЙҚАҚТАТҚЫЗУ *Жайқақтатқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құйрығын *ж а й қ а қ т а т қ ы з у.*

ЖАЙҚАҚТАУ *Жайқақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а й қ а қ т а у ғ а* кірісті.

ЖАЙҚАЛ= е т. *Ырғалып теңселу, тербелу.* Болған соң шамам келмес – өштеспедім, Қиратып, әлім жетсе, кеспес пе едім. *Ж а й қ а л ы п* жапырағым әлдеқашан, Көркі боп осы араның өспес пе едім?! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Күн жадырап, көк шығып, Жан-жануар қуанар. Жапырақтары *ж а й қ а л ы п,* Ырғалып желмен шайқалып, Түрленіп гүлдер қызарар (Базар жырау, Шығ.). Жиырма бес бар ма маңайда *Ж а й қ а л ғ а н* жасыл құрақтай? Отыз, кеттің алыстап, Толықсыған сынаптай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құрт-қашарат тіріліп, Құстар ұшар, қаз қонып. Көк жапырақ *ж а й қ а л ы п* Жаһан гүлдер саз болып. Екі-үш айдай ғұмыры Ол да өтер аз болып (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жауқазындай жайқалу. *Күлпыру.* Күліп жатты дала да, *Ж а у қ а з ы н д а й ж а й қ а л ы п* (Б.Кулиев, Шығ.).

Ту қойдай жайқалу. *Ырғалып-жырғалу.* Семіз денелі Варвара *т у қ о й д а й ж а й қ а л а* жөнеле берді (С.Мұқанов, Шығ.).

Шымылдықтай жайқалу. *Тербелу, теңселу. Ж а й қ а л ғ а н* жапырағы *ш ы м ы л д ы қ т а й* Сыбырлап бізді тұрды көлеңкелеп (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖАЙҚАЛДЫР= е т. **1.** *Жайнату, мәуелендіру.* Қарт шаруа арық қазып неше күн, *ж а й қ а л д ы р а* жемісінің көшетін, Осылардың барлығын да адамдар, Мұғалімнен үйреніпті десетін (Қ.Мұқашев, Күн туралы.). Бетпақ шөлді жайнатып, *ж а й қ а л д ы р ы п* гүл берген (Қырғ. өлеңд.). **2.** а у ы с. *Шат-шадыман қылу, шалқыту.* ...Кей шақта көңіл шалқып шертемін сыр, Кеудеме себелеген ертеңім нұр. Жанымның жасыл бағын *ж а й қ а л д ы р ғ а н,* Өрімтал жазғытұрғы өркенім-жыр (Ө.Жайлауов, Жарқын.).

ЖАЙҚАЛДЫРУ *Жайқалдыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жапырағын *ж а й қ а л д ы р у.*

ЖАЙҚАЛТ= е т. *Жайнату, гүлдендіру.* Бөлмелердің төрі отырыс-тұрыс, жатын жайлар болғанда, екінші шетінде лотос гүлдерін *ж а й қ а л т ы п* мөлдір бұлақ, су ағарлар сылдырап жатады (М.Әуезов, Индия очерк.). Үйінің айналасы құлпырған бақша, барлық жеміс ағаштарын егіп *ж а й қ а л т ы п* қойған (Е.Ысмайылов, Сын.). Арманым көп, Қаншатай! Оқысам деймін, иен далаға *ж а й қ а л т ы п* егін екпем деймін (Ш.Құмарова, Қос шынар.). Ол кісі шын мәнінде бар өмірін осы жасыл алқапты *ж а й қ а л т а* беруге арнады (Е.Тұрысов, Келіншектау). Ағашты да түрленттің Жапырағын *ж а й қ а л т ы п,* Құстарды да түрленттің Жұмыртқасын шайқалтып (Шал ақын, Өлеңд.).

ЖАЙҚАЛТҚЫЗ= е т. *Жайнатқызу, күлпыртқызу.* ≈ *Ж а й қ а л т қ ы з ғ а н* қайран жастық!

ЖАЙҚАЛТҚЫЗУ *Жайқалтқыз етістігінің қимыл атауы.* Сары даланы жасыл желекті орманға айналдырып *ж а й қ а л т қ ы з у* әрине, оңай болмайды («Лен. жас»).

ЖАЙҚАЛТУ *Жайқалт етістігінің қимыл атауы.* Бұл аймақты *ж а й қ а л т у д ы* жапырақпен Ойлап едік, жасағанда жоспарды (Ә.Ахметов, Өлеңд.). Шу мен Талас бойында шексіз-шетсіз қант қызылшасын *ж а й қ а л т у ғ а* екі республика жастары бірдей толғанады (Р.Мылтықбаев, Түбі бірге.).

ЖАЙҚАЛУ *Жайқал етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а й қ а л у ы н* қарашы!

ЖАЙҚАҢ с ы н. *Қайқаңдаған, кердеңдеген.* Жайшылықта *ж а й қ а ң* болыстар осы жиында құныса қалған (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жайқаң қақты. *Жайқаңдады.* Сәрсенбі сөзден таяқ таянып, желден көрік болады. Желбуаз жорғасын *ж а й қ а ң қ а қ т ы р а д ы* (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

ЖАЙҚАҢДА= е т. *Қайқаңдап жүру, кердеңдеу. Ж а й қ а ң д а п* бәйбіше келді. Үстінде өрттей қызыл атлас көйлек (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *Ж а й қ а ң д а п* үй ішіне сыймай жүрмін, Жеткендей төбем барып көкке тиіп (Ө.Тұрманжанов, Жауқазын). Балалы қаздай байпаңдап, Тоты құстай *ж а й қ а ң д а п,* Қамбарға қарап сөйледі, Назым сұлу сағынып (Қамбар батыр).

ЖАЙҚАҢДАТ= е т. *Жайқаңдату, жайқаң қақтыру.* Екіншісі – кіші тоқал шешесінен туған інісі, әдемі киініп екі жақсы атын *ж а й қ а ң д а т ы п* мінген (С.Сейфуллин, Шығ.). Сабауын әсемдей ырғап астындағы қара жорға атты *ж а й қ а ң д а т ы п* айдап қойды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙҚАҢДАТУ *Жайқаңдат етістігінің қимыл атауы; жайқаң қақтыру.* Қаракөк атты *ж а й қ а ң д а т у ы н а* қарап Сүгір екенін білді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙҚАҢДАУ *Жайқаңда етістігінің қимыл атауы; жайқаң қағу.* Жаным-ау, періште ме, пері ме мынау... Көгалда жайылған дуадақша *ж а й қ а ң д а у ы н* қарашы (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

ЖАЙҚАҢ-ЖАЙҚАҢ с ы н. *Мәз-мейрам; өмірден бейхабар.* Көзінен басқа ойы жоқ, Адамның надан әуресі. Сонда да көңілі тым-ақ тоқ, *Ж а й қ а ң-ж а й қ а ң* әрнесі (Абай, Тол. жин.).

ЖАЙҚАР з а т. ж е р г. *Жайдары, ақкөңіл, жақсы. Ж а й қ а р* мінезді болсаң, сені кім болса да жақсы көреді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙҚАРДАЙ с ы н. ж е рг. *Сеп-семіз. Ж а й қ а р д а й* болып алып, өзің орын да бергің келмейді ғой, түр былай, ана қонақ балаға орын бер (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙҚАС= е т. **1.** *Шайқалу, тербелу, желбіреу.* Жер үстінде, Мың-мың жалау *ж а й қ а с а д,* Зор майданға, Күш дайындап байқасад (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жайқаң қағысу.* Жорға жарыстағы аттардың *ж а й қ а с у ы н а* қызыға қарап тұрды («Лен. жас»).

ЖАЙҚАСУ *Жайқас етістігінің қимыл атауы; жайқаң қағысу.* ≈ Жорғалардың *ж а й қ а с у ы.*

ЖАЙҚАУ *Жайқа етістігінің қимыл атауы; жамсату, жайлау.* Пәуескелілер тізбегіне ілесе желе жортқан салт аттылар да Шыңғыс жорғасының сыдырма *ж а й қ а у ы н а* ілесе ... шоқыртып келеді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Соғыс әдісі: жауға күтпеген жерден, төтеннен тиіп шырт ұйқыда жатқанда үстінен түнере басып *ж а й қ а у* (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

ЖАЙҚОҢЫР с ы н. **1.** *Салқындау, суықтау.* Көктемнің өкпек желді *ж а й қ о ң ы р* түні еді (Н.Сералин, Қаңтар). **2.** а у ы с. *Бірқалыпты, бірсыдырғы.* Музыканың сызылған *ж а й қ о ң ы р* жақсы сарыны аулаққа ұзаған тәрізді алыстай берді (Қ.Бадыров, Өткендер).

ЖАЙҚУАТ с ы н. **1.** *Тегістеу, жайпақтау; таяз.* Судың түріне қарап, өтуге батылымыз бармай, біраз тұрдық. Жағалап жүріп енді бір *ж а й қ у а т* жеріне кез болдық (Б.Момышұлы, Жауынгер.). **2.** а у ы с. *Жайма-шуақ, бейқам.* Ауыл бай, шоғырланған көп малды емес, бейқам, бетпақ тіршілігіне еті үйреніп, *ж а й қ у а т* жатқан шағын ғана ауыл (С.Бегалин, Сәтжан).

ЖАЙҚЫН з а т. *Жайыла түсіп, тым-тырыс жатқан қиырсыз кең алқап.* Жерімнің жатқан бұл бір көк *ж а й қ ы н ы,* Үстінде ойнақтаған өр толқыны, Болаттай суарылған осы Ертіске Қайтіп те ер болмасын қазақ ұлы (Қ.Аманжолов, Шығ.). Бұтасыз, бұдырсыз осынау жалпақ *ж а й қ ы н ы ң* көркі де көркем еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Оңаша ауыл жайлауға бармай елсіз, *ж а й қ ы н* Ералы мен Ойқұдықта қалған (М.Әуезов, Абай). // *Кең жайылып жатқан, айдын шалқар (көл).* Үстінде дүниені алған *ж а й қ ы н* көлдің, Бетінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған (Ақан сері, Шығ.). // *Жалпайған, жалпақ.* Сонда ол алған деміне бөгет болғандай, бетіндегі маскасын жыртып басынан суырды да, лақтырып жіберді. Жалпақ бет, *ж а й қ ы н* сары жігіт екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). // *Бітік, қалың, тығыз (егін).* Көрпе ауылының құбыла, батыс, арқа жақтарының бәрі де кең *ж а й қ ы н* егін екен (Ғ.Сланов, Замана.).

Жайқын дала. *Кең өлке, байтақ дала.* Арғы беті қып-қызыл жар кемеш, онан ары қарай бірте-бірте жалданып биіктей беретін *ж а й қ ы н д а л а* (А.Нұрманов, Шығ.).

ЖАЙҚЫНДАЙ с ы н. *Семіз, етженді.* Басы аман кезде Ұлберген *ж а й қ ы н д а й* етжеңді, семіз кісі еді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАЙЛА[1]= е т. **1.** *Қоныстау, тұрақ ету, мекендеу.* Бір кезде ел *ж а й л а ғ а н,* егін еккен жерлерде әлде қай кезде құм басып алған (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қарақойын Қашырлыны *ж а й л а ғ а н* қыр Алтайы елімен сөйлесуге қос атпен Құдайменді батырдың өзі жүрмек болды (І.Есенберлин, Қаһар). Тауды *ж а й л а ғ а н* мал бүгінде құмға келе бастағанмен Сарыарқадағы мал әлі бұнда жеткен жоқ ед (Ә.Тарази, Асу.). **2.** *Жаз жайылым ету.* Жаз мініп, күз *ж а й л а ғ а н* боз інгенім, Жануар, жауыр қылмай көп жүргенім, Кеудең – ана, бөксең – қыз зайыбым-ай Сен кеткен соң не болады, қайран күнім! (Шал ақын, Өлеңд.). Қыр қабағын жалғыз *ж а й л а п,* Тұр оқшаулау қара лашық. Бардай-ақ бір жүрегінде Жазылмастай жара ашып (О.Шипин, Дастан). Жайлауды *ж а й л а й* білмеген, Малды айдай білмейді (Қаз. мақал-мәтел.). **3.** *Орын тебу, орнығу, орналасу.* Ағаш арасымен жасырынып келіп, басқыншылар *ж а й л а п* жатқан селоны тапа-тал түсте қоршап алдық (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **4.** а у ы с. *Бойды алу, меңдеу.* Мұндай мал денесін микроб *ж а й л а с а* да, бірден туберкулезге шалдыға қоймайды, ол үшін едәуір уақыт керек (Мал тубер.). Еңсесін басқан қара зілден, жүрегін *ж а й л а ғ а н* ащы запыраннан бір сәтке де болса құтылу үшін қарындас кітаптың алғашқы бетіне көз жүгіртті (Ө.Қанахин, Жер бас.). **5.** а у ы с. *Басу, торлау.* Күн көтеріліп қалған екен. Бірақ өзі көрінбейді, шығыс пен түстік бетті тарғыл ала бұлттар *ж а й л а п* алған (Д.Досжанов, Тұлпар.). **6.** а у ы с. *Сайран салу, қызықтау.* Ауылда қауіп күтер адам жоғына көзі жеткен қыз алып қашушылар Сәдір байдың үйін еркін *ж а й л а д ы* (С.Мұқанов, Менің мектебім.). Асау кезімде, ақымақ кезімде алысты да, жақынды да *ж а й л а д ы м...* енді бір саңылау кірген сияқты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Ен жайлады. *Емін-еркін қоныстады.* Еділдің бойын *е н ж а й л а п*, Шалғынға бие біз байлап, Орнықты қара сабадан, Бозбаламен күліп-ойнап, Қымыз ішер күн қайда? (Махамбет, Шығ.).

Жылан жайлағандай. *Тұк қалмаған тып-типыл, тап-тақыр.* Үйқыда жатқан оған бір кезде, ішкі сарайын *ж ы л а н ж а й л а ғ а н д а й* сезім пайда болып, шошып оянды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жазагер отрядтың бастығы Антоновтың жүрген жері *ж ы л а н ж а й л а ғ а н д а й* болып қалатын (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Қара шешектей жайлау. *Барынша бойды билеп алған деген ұғымда.* Жекеменшіктік пиғыл қалай *қ а р а ш е ш е к т е й ж а й л а п* алған оны (Б.Қыдырбекұлы, Шығ.).

Оза көшіп, кең жайлады. *Арқаны кеңге салып, емін-еркін дәурен сүрді.* Баста дәурен тұрғанда, Біздер-дағы, Байеке, *О з а к ө ш і п, к е ң ж а й л а п*, Еркімен еркін жатқан ел едік (Махамбет, Шығ.).

Шет жайлады. *Басқа жақта, сыртта жүрді.* Өзіміздің Қасекеңнің баласы екенсің ғой, сендер *ш е т ж а й л а п* жүруші едіңдер ғой (А.Лекеров, Түз гүлі). Құлын жас кезінде елден кеткен әкем біраз *ш е т ж а й л а п* жүріп, туған жерді аңсап қайта оралды («Қаз. әдеб.»).

Ішінен жайлады. *Бауырына кіріп алып, зұлымдық жасады, сездірмей аяқтан шалып, қастандық жасады.* Құтыра тұрыңдар бәлем, *і ш і ң н е н ж а й л а р м ы н*, астыңнан қырық-қанымды көрерсің (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЙЛА²= е т. **1.** *Реттеу, ыңғайлап жөндеу.* Сөйтіп шаруасын *ж а й л а п* болып үйге кірді де, үстіндегі шапанын шешіп... Қаленнің үйіне кірді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Расында, мал сойғанда қонаққа көрсетпей-ақ *ж а й л а й* берсе де болмай ма? – деді Дайрабай (Ғ.Сланов, Домбыра.). Шешесі бөлмеге кіріп, төсегін *ж а й л а д ы* (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** *Малға қарау, жайғау.* Кешкі іңірде ауылда әйелдер мал *ж а й л а д ы*, еркектер жұмыстан қайтып есік алдында ағаш бұтайды (З.Шашкин, Сенім). Таңертең оқыған жігіттер тұрып, киініп тысқа шыққанда, Есімжан атын *ж а й л а ғ а н* болып тыста жүреді (М.Әуезов, Қараш.). **3.** а у ы с. *Жоқ қылу, құрту, жайрату.* Сонан кейін Омарлар Баян маңынан біржолата жоғалды. Олар екі казак-орысты тау арасына апарып *ж а й л а п* кетіпті (І.Жансүгіров, Шығ.). – Өзің айт та ақшасын әпер, мықты болсаң. Болмаса өзім *ж а й л а й ы н* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Жасырма шыныңды айт, Айнабегім, Әр ақын айтады ғой пайда керін. Өзің тұрған «Красный нива» колхозында Екі мың қойдың басын *ж а й л а п* едің (Айтыс).

ЖАЙЛАҒЫШ с ы н. *Бойына тарауға, жайлауға бейім.* Денесі шынықпаған, бойы өсіп қалыптаспаған жас жеткіншектердің сүйек қаңқасы үлпілдек, мамықтай жұмсақ кезінде туберкулез балалардың бойын *ж а й л а ғ ы ш* келеді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАЙЛАҚ з а т. с ө й л. ***Жайдақ***. Отбасында жайылып, қобырсып отырған «Алашорда» жалаң бас, *ж а й л а қ* атқа міне қашқан (С.Сейфуллин, Тар жол.). Құр атты жалдамаға *ж а й л а қ* мінбейді. Екі түгей торша ат, ылауға жайдақ ілмесем Алақаншық күндей боп («Едіге»). Баржа Днепрдің оң жағындағы *ж а й л а қ қ а* тақау тұр (К.Тоқаев, Көмескі із).

ЖАЙЛАН¹= е т. *Іс-әрекеттің орындалуы, бітуі.* Шаруа *ж а й л а н ғ а н* кездерде Баршагүл, Мұхит, бір топ малшы... тау басындағы Аспанкөлде орманның ол шеті мен бұл шетінде қияларда болды (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** *Орнығу, орналасу, жайғасу.* Мен ұшқыштар бүгін түнде *ж а й л а н ы п* дем алсын және бір-біріне жақын орналассын деген ниетте едім (Т.Бигелдинов, Аспан.). Орнығып, қала болып, *ж а й л а н ғ а н б ы з*, Еңбекке белді бекем байлағанбыз. Астық, малдың жоспарын аса орындап, Жарыста жұрттан озып бәйге алғанбыз (С.Машақов, Жылдар.). Оспан төргі бөлмеге кіріп, *ж а й л а н ы п* отырған соң, Қанипа мен Мария Ивановнаға бір кішкентай сурет көрсетті (С.Омаров, Қызыл.). Қонақтар шай ішіп *ж а й л а н ы п* болды (М.Әуезов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жаны жай табу.* Жылы, жарық оттың қасында бұрқылдап қайнап жатқан жылқының жас етінің исі мұрнына келе отырып *ж а й л а н ғ а н* Бақтығұл енді қор етіп қалғып кетті (М.Әуезов, Қараш.).

Жаны жайланды. *Көңілі орнықты, тыншыды, рақаттанды.* Ерлі-зайыпты екі адам осылай ант ішіп, қол алысып берік уәде бекіткен соң Жәмиланың *ж а н ы ж а й л а н ы п*, Әбу жайнай түсті (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Осыдан соң ғана Ырысбикенің *ж а н ы ж а й л а н ы п*, көңілі орнына түскендей болды (М.Рахманбердиев, Үкілі сай). Қызғалдақ, қына, Жоңышқа, жуа, Түр-түрімен табылар. *Ж а н ы ж а й л а н ы п* иісінен, Кеткің келмес ішінен (XX ғ. қаз. ақын.).

Көңілі [жүрегі] жайланды. *Дегені болды, жаны жай тапты, іштей риза болды, ойындағысы болды.* Дұшпаннан құтылып, *К ө ң і л д е р і ж а й л а н д ы.* Жөнелтуге Құртқаны Көктім аймақ ойланды (Қобыланды батыр). Сілке киініп тымақты, насыбайды Бір атасың *к ө ң і л і н ж а й л а н ғ а н д а.* Таудан жиде тергендей ала берсе, Бір жасайсың құмарың әр қанғанда (Абай, Тол. жин.). Әкесі, сот алдындағы жауаптан кейін *к ө ң і л і ж а й л а н ғ а н д а й*, сөйтсе де «сақтықта қорлық жоқ» дегендей, қызының жоғарғы жағынан орын

алды (М.Дулатов, Шығ.). Алексей екеумізге тамақ берді. Ауыз асқа тигесін *көңіл жайлана* бастады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Қатты ұрса ма деп секем алған қойшы баланың *көңілі жайланып,* машина артынан езу тартқан қалпы тұрып қалды (Қ.Қамбаров, Тауда.). *Жүрегі* орнына түсіп *жайланғаншa,* Асқар Сағиттан Ботагөз мәнісін сұрамады (С.Мұқанов, Ботагөз). Осыны ойлағанда бәрі де сәл *жүрегі* орнына түсіп, *жайланғанда й* болды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖАЙЛАН²= е т. *Көп мініліп арықтау.* Тайқұнандар, жаз *жайланған* арық-тұрақтар тебуден қалып, іштеріне нәр бармайтын болды (З.Ақышев, Жесірлер.). Көп *жайланған* жабының Жал-құйрығы сұйылар. Сол сияқты Жамбылдың Жұқарыңқы түрі бар (Ж.Жабаев, Шығ.).

Жайланған жылқы. *Көп мініліп оңалмаған жылқы.* ≈ *Жайланған жылқыларды* оңалту.

Жайланған түйе. ж е р г. *Мініс көрген, шаруашылыққа көп пайдаланылған түйе.* ≈ *Жайланған түйенің* босатылуы.

ЖАЙЛАНДЫР= е т. **1.** *Рақаттандыру, жайбарақаттандыру.* Май айының тамылжыған күні бойды ерітіп, самал лебі бетті сүйіп, денені *жайландырып* бара жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Табиғаттың жұпар иісі жанды *жайландырып,* бойды серпілтеді (Р.Аманкелдиев, Батыр.). Үй иесінің жайдарылығы біздің де жанымызды *жайландырып,* еркінсітіп жіберді (С.Мәуленов, Жер нәрі). **2.** а у ы с. *Тыныштандыру, жұбату.* Үй ішінің қапырығынан мазасызданып жылаған сәбиді түнгі салқын ауа *жайландыра* бастады (Аялы жандар).

ЖАЙЛАНДЫРҒЫШ з а т. *Тыныштандырғыш, баяулатқыш, тежегіш.* Директордың айтуынша, пілдер үшін темекі ең бір көңіл *жайландырғыш* зат болса керек (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажап.).

ЖАЙЛАНДЫРУ *Жайландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тыншыту, көңілдендіру.* Баланы *жайландыру,* көңілін көтеру, өзіне сенімділігін арттыру қажет, сонда тұтығу кетеді (Семья тәрбиесі). **2.** а у ы с. *Тыныштандыру, бітімге келтіру.* Семейге барған Угар губерния басшыларымен Қарқаралы, Ақмола арасын *жайландыру* мәселесін ақылдасты (С.Ләмбеков, Тайталас).

ЖАЙЛАНТ= е т. *Жайбарақаттандыру, орнықтыру.* Ауылда түнеп шығып, ең болмаса келгеніңді білдіріп, көңілімді *жайлантсаң* еді! (С.Сматаев, Елім-ай). Жадыратып бірде *жайлантып,* Тербетіп көкей жусатып. Жүректі шымшып үн шалқып, Балқытып бойды бусантып (С.Бегалин, Шығ.).

ЖАЙЛАНУ *Жайлан етістігінің қимыл атауы; жаны жай табу.* Түн деген қазір – ойлану, Ал, жаңбыр – ЖенПИ-ді еске алу. Бір мезгіл көңіл *жайлану,* Шаштағы ақтан жасқану (Ж.Қыдыров, Аққайнар).

ЖАЙЛАНЫҢҚЫРА= е т. *Жақсылап орнығып, жайғасыңқырау.* Халел қазір орнынан көтеріле түсіп, бұрынғыдан гөрі *жайланың қырап* отырды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Іштерінен қорқыныштары көбейіңкіресе де, Танабайдың қатыны мен Мияш, Әбділда – үшеуі, екінші жағынан, сәл *жайланың қырап* демалып қалды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙЛАНЫС= е т. *Орналасу, жайғасу, жайласу.* Ат шауып, тау жарысқан, Таласып бәйгі алысқан. Көтерем арық-тұрық, Жаз шығып *жайланысқан* (М.Дулатов, Шығ.). Асықпай қимылдап, ақырындап сөйлейтін Әділбек әдетінше *жайланысып* отыра бастады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Отырды, ел орынға *жайланысты,* Жөн сұрап танысуға айланысты. Татпаған жолаушылар дәмін татты, Аң етінен пісірген неше түсті (Ш. Әбенов, Ортақ арал).

ЖАЙЛАНЫСУ *Жайланыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жайланысуға* кірісті.

ЖАЙЛАП ү с т. **1**. *Ақырын, ептеп.* Сарбас жол үстінде қайтыс болды. *Жайлап* оны жерге қойысты (М.Жұмағұлов, Қыран). Басқалардай бірден тулап жөнелмей, *жайлап* басып, уәкілдердің қасына келді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Өтірік шариғатты айтты *жайлап,* Қуанып Қодар ер де оттай жайнап. Шүйіншім деп қанжарын алдап алып, Келген соң Қодекеңді алды байлап (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд.). **2.** *Баяу, жай.* Шақпақ жақтан *жайлап* жел соқты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

ЖАЙЛАП-ҚЫСТА= е т. *Жыл бойы бір арада болу, қоныстану.* Құдая сапарыма дем бере гөр, Аға-еке-ау, жылдамырақ жөнеле гөр, Жатырмыз Аякөзді *жайлап-қыстап,* Ініңді кешіктірмей жеткізе гөр (Қозы Көрпеш.).

ЖАЙЛАС= е т. **1.** *Шаруа жайғасу, іс тындыру.* – Жә, домбыра кебін кейін шертеміз. Жүр, Дайрабай, менімен бірге шаруа *жайлас,* – деп ағай орнынан тұра берді (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** *Жайғасып отыру.* Бағанағы манаурап отырған жұрт енді сол орын-орында *жайласып,* үйқыға бет қойған (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Сәлден соң *жайласып* отырысымен Павлов Абайдың бұнда не шаруамен келгенін сұрап қалды (М.Әуезов, Шығ.). Кабинадағы өз орнына Зейнеш те *жайласса* керек, «аға, ананы қара, мынаны қара» деп дауыстаудан ол да тыйылды (Ә.Көшімов, Лашын.). **3.** *Мекен-жайға орын теуіп тұрақтау, орналасу.* Әбдіжан Есенқұловтың көңілдегідей орналасып, *жай-*

ласқаныn көріп, директор совхоз орталығына қайтты (С.Бегалин, Шығ.).

ЖАЙЛАСТЫР= е т. **1.** *Жөнге келтіру, реттеу, жайғастыру.* Жәнібек заттарын *жайластырып,* костюмін шешіп, іліп қойды да, терезенің пердесін ысырып, Алатау жаққа көз салды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Аттарын шөп сап қойған байластырып, Түйеге артып жатыр *жайластырып.* Еңбектеп он шақты аттың қасына кеп, Отырдым жүрексініп байқастырып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ). **2.** *Малға қарау, жайғастыру.* Бектас... екеулеп бар малды қораға айдап тығып, *жайластырып* болған соң үйге келді (А.Байтанаев, Қайнар.). **3.** а у ы с. *Өлтіру, жайрату.* Кәрсүйіз Пәрәң менен және Һумам, Ақырып әр тұсынан қылды думан. Бәрін де жатқандардың *жайластырып,* Қылыштап қалғандарын қоймай қуған (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАЙЛАСТЫРУ *Жайластыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаруаны тындыру, реттеу.* Және де осының бәрін қарашаның қара суығына жеткізбей *жайластыру* қажет (Ғ.Сланов, Замана.). **2.** *Малға қарау, жайғастыру.* Содан көп аялдаған жоқ. Туысына бірлі-жарымды қалған малды *жайластыру* керек екенін айтып, атын ерттетіп, қалаға суыт аттанды (Х.Рахимов, Бетпе-бет). Аттарды *жайластыру* жағын жігіттерге тапсырып, адыютантым екеуміз үйге кірдік (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

ЖАЙЛАСТЫРЫЛ= е т. *Жайғастырылу, орнықтырылу.* Бүйір қабырға – түрлі көрнекіліктердің жүйемен *жайластырылатын* орны, ал артқы қабырға жабдықтарды сақтайтын мебельге берілуі тиіс («Қазақст. мект.»).

ЖАЙЛАСТЫРЫЛУ *Жайластырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қонақтардың *жайластырылуы.*

ЖАЙЛАСУ *Жайлас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Отыру, орнығу.* Родионов кабинаның есігін ашып, Зайцеваға шофердің қасына *жайласуға* көмектесті (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** *Малға қарасу, жайғасу.* Әжесі мал *жайласуға* шыққан сияқты емес, жеңілтек, бұларға қарап тұр (К.Оразалин, Абай.).

ЖАЙЛАТ= е т. **1.** *Малды жайлауға шығару.* Қанша ойлансақ та... түбінде малды бір жерде *жайлатып,* бір жерде қыстататын болармыз? (Ғ.Сланов, Замана.). **2.** *Орын қамдаттыру.* Зылиқаға дем алатындығын өтінді де төрдегі үйдегі диванды *жайлатып*... жатып қалды (К.Оразалин, Ақ жазық). **3.** *Саябырсыту, ақырындату.* Әуелі жай шабысқа, сосын шоқыраққа кеткен топ біраздан кейін жүрісін одан да *жайлатты* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Күн жайлатты. м и ф. *Сықырмен жауын жаудырды [Ескі наным бойынша сықырмен жауын-шашын шақырып, дауыл тұрғызатын дағды болған].* Күннің жарығын қолдан жасадым. *Күн жайлатып,* жауын жауғыздым, найзағай ойнатып дауыл тұрғыздым (М.Мағауин, Көк мұнар). Адам қалмай жиынға жұрт кетіпті. *Күн жайлатып* бір амал таба көр деп, Қозыкем сол жерде үйретіпті (Қозы-Көрпеш.).

ЖАЙЛАТТЫР= е т. *Орналастыру, қамдастыру, қамдату.* Нәзипа мәжілісін тарқатып, мейманларын ұзатып, мұғалімге өз үйінен орын *жайлаттырды* (І.Жансүгіров, Шығ.). Сол үйге екеуін де *жайлаттырып,* Құлыштап, қойды есігін байлаттырып. Еттіріп ел біткенге дұға, қайыр, Қайтарды қазы-қарта шайнаттырып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАЙЛАТТЫРУ *Жайлаттыр етістігінің қимыл атауы.* Орын *жайлаттыруға* кірісті (Ауызекі).

ЖАЙЛАТУ *Жайлат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мал бақтыру, жайғату.* [Асайын]... оқушы балаларды сабақ үстінде кластан шығарып алып, малын *жайлатуға,* отынын жарғызып, суын тасытуға әдеттеніпті (С.Омаров, Өмір.). **2.** *Мекендету, қоныстандыру.* Сөйтіп патша үкіметі, хан, орыс помещиктері мен қазақ байлары өз меншігіне алған шұрайлы жер «Елдің ен тоғайына елді қондырып, еркін *жайлату*» еді (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖАЙЛАУ[1] з а т. *Малдың жазғы алыс жайылымы. Жайлауға* шыға айғыр суытушы еді, Ыстықтың қалмайды деп зарарлы. Тізіліп көл жағалай қонушы еді, Жарасып ақ үйлердің қияфаты (М.Дулатов, Шығ.). Елдің сәні келеді, Өрісі жайылым кең болса. Екі жағы малға жай *Жайлауы* шалқар көл болса (Базар жырау, Шығ.). Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс, Исі аңқып, бетім сүйген самал желім. Кіндік болып мал менен жанды өсірген Жаз *жайлау,* күзгі күзек, қысқы тебін (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Жайлау* ғой мынау жарасқан Арал – төбе бауыры. Төбеден неге әрі асқан Сәулешімнің ауылы (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

Ен жайлау. *Жазғы кең қоныс.* [Жиренше Абайға]: Пәле басы тағы да, Кезеп тұрған өзіңсің! *Ен жайлауда* құл-құтан Бидің атын қабан деп, Абыройы төгілсін (М.Әуезов, Шығ.).

Жағасы жайлауға кетті. *Алқа-салқа болды; түймесін ағытып, қалай болса солай отырды.* Өтекеңнің мойны салбырап, *жағасы жайлауына кетті* (С.Адамбеков, Шығ.).

Жағасы жайлау, төбесі [арқасы] қыстау [жағасы жайлау, төсі өріс]. *Мамыражай өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік.* Жүргенде алшаң-алшаң басады. Мұртынан күледі. Уайым да жоқ, ой да жоқ, *жағаларыжайлау!* (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазір Нұрбибінің *жағасы – жайлау, төбесі – қыстау* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Әй, ең рахат жұмыс со Жәкеңдікі. Жаны тыныш, *жағасы жайлау* (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). *Жағамыз жайлау, төбеміз қыстау* болып отыратын басымыз аяқ астынан мұндай пәлеге кез болдық (Қ.Тайшықов, Шығ.). Шешін, шырағым, – деді Науша. – Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, *жағамыз жайлау, төбеміз қыстау* отырмыз жайланып (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Ой, шатастырған Құдай-ай, мен де сол сияқты шаруа бағып үйде тыныш жатсам, әуелден, *жағам жайлау, төбем өріс* болмай ма? (А.Нұрманов, Шығ.).

Жайлауы жарасты. *Тату-тәтті, сыйлас болды.* Біз үшін ол Қайшамен де не деспеді. Енді *жайлауы жарасып,* жері кеңіп отырғаны мынау (М.Әуезов, Қараш.).

Жайлауың байсалды болсын, айғырың байталды болсын! тілек. *Жаңа жайлауға шыққанда айтылады.* Көш көлікті болсын, *жайлауың байсалды болсын, айғырың байталды болсын!* (Ауызекі).

Жайлауыңды жау алсын, қыстауыңды өрт алсын! қарғ. *Қым-қуыт зобалаң шаққа кезік деген мағынада.* Тірлігің оңға баспасын, *жайлауыңды жау алсын, қыстауыңды өрт алсын!* (Ауызекі).

Жаны [көңілі] жайлау. *Көңілді, шат-шадыман, жарқырап, құлпырып жайнаған.* Өйткені ол кезде молшылық, елдің пейілі кең, *жаны жайлау* (М.Сүндетов, Ескексіз.). – Тек есіңнен шығарма. Сенің қабағың жабылса, менің көңілім жабырқау. Сенің қабағың ашылса, менің *көңілім жайлау* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Кең *жайлаудай* осы *көңілге* ғылым қонса қайтер еді? (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Қайдасыңдар?! *Жаны жайлау,* жарқын жүзді достарым! Сағындым-ау өзіліңді, Сағындым-ау наз үніңді (К.Шілдебаева, Бойжеткендер). *Жаныңмыз жайлау* кезімізде-ақ байбалам салғаныңнан секем алып ем. Сенің сол сөзің ылғи көңілімнен кетпейтін (Т.Тілеуханов, Келешек.).

Қан жайлау. *Жаз жайылымдағы нағыз қызулы кез.* Ел «Қарабалапанда» отыр. *Қан жайлаудың* үсті. Алты старшын Өтеміс руы қанаттаса қонған («Лен. жас»). – Мына ауылыңыз *қан жайлауындағыдай* үйқытайды екен – деді ол мұңайыңқырап (З.Иманбаев, Кең аймақ).

ЖАЙЛАУ[2] с ы н. *Екпіні ақырындау, баяулау.* – Оқасы жоқ, аға. Қазір толқын да бастапқыдай емес, *жайлау.* Мүмкін басылып та қалар (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). [Мысық] қараторы әйелдің сырлы тостағанға салып қойған бауырсағын бір-бірлеп алып, имене жеп, қымызды *жайлау* жұтып отырған (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЖАЙЛАУ[3] *Жайла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мекендеу, қоныс тебу.* Биыл Шідертіні *жайлау,* оның ішінде тап осы тұсты *жайлау,* оқығаны аз болғанымен тоқығаны көп Шериядан нық шешімі еді (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Малға қарау, жайғау.* Осы кезде... түрегеп тұрған еркек бала тәрізді Ақжаңыл азғана қара-құрасын *жайлауға* қораға шығып кетті (Д.Әбілев, Арман.). **3.** *Бойын билеу, меңдеу.* Қыстаудың төбесіне шығып айналаға қараған кісінің көңілін үрей *жайлауы* да мүмкін (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАЙЛАУДАЙ с ы н. а у ы с. **1.** *Емін-еркін, кең дүниедей.* Терлеп-тепшіп, түтінге булығып жүрсе де қазан айналасындағы күндері бұған *жайлаудай* көрінеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** а у ы с. *Кең, жазық.* Директор *жайлаудай* жазық маңдайын жиырып алып еді, желке шашы күденіп көтеріліп барып жапырыла берді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

Жаз жайлаудай. *Жайдары, шаттыққа толы. Жаз жайлаудай* көңілімнің, көркісің бе, Алматым. Гүл ашпаған өмірімнің, Сен тасыттың арнасын (М.Айтхожина, Шыңда.).

Сонысы басылмаған жайлаудай. *Мал тұяғы тимеген, жайылмаған жердің оты сияқты (тың, жаңа).* Көремін оны *жайлаудай, Баспаған* ешкім *сонысын.* Қиын деп тіпті ойланбай, Қызығам оған сол үшін (Ғ.Орманов, Жер.).

ЖАЙЛАУ-КҮЗДЕУ з а т. *Жайлайтын, күздейтін (жер).* Кім жақын болса, қызмет етсе, кім алдымен көп берсе, *жайлау-күздеудің* ең шұрайлыларын соған берді («Лен. жас»).

ЖАЙЛАУ-ҚЫСТАУ з а т. *Жайлайтын, қыстайтын жер, қоныс.* Біреудің ата-бабасынан бері иемденіп келе жатқан *жайлау-қыстауына* көз алартқаны несі екен (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЖАЙЛАУЛА= е т. с ө й л. *Жазғы жайылымды мекендеу.* Осы жайлауда *жайлауланда* Сыпатайдың аулына үш мың жылқы бітіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙЛАУЛАС с ы н. *Жаз жайылымы бірге, жайлаудағы өрісі ортақ.* Сөйледі сонда біреу тұрып шеттен, Гулеген басылды жұрт төңіректен. Болмайды тойдан тойым тапсын деген, *Жайлаулас* қатар елміз, қалар өкпең (Айтыс). Осы жайлауда Дегелең елі бір жағы Абыралы, Дағанды болыстарымен, оңтүстігінде Шаған, Бұғылы болыстарымен қанаттаса *жайлаулас* болады (С.Бегалин, Замана). Аға еді маған сый тұтар, қыстаулас, сулас, *жайлау-*

л а с, Бәйгіде бірге құйғытар, Қалды ғой кейін қайран жас (Т.Есімжанов, Осы жақ.).

ЖАЙЛАУЛЫ с ы н. *Дайын, ерттеулі.* Біз далаға шықсақ жолаушы *ж а й л а у л ы* тұрған атының жанына барып қалған екен (Ауызекі).

ЖАЙЛАУЛЫҚ с ы н. *Жаз жайылымына арналған.* Егіншілік кәсібінің дамуымен байланысты әдеттік правоға *ж а й л а у л ы қ*, қыстаулық, егіндік жерлерді пайдалану тәртібін белгілейтін юридикалық нормалар пайда болды (ҚазССР тарихы).

ЖАЙЛАУЫТ с ы н. *Тегістеу, жайпақтау, жайдақ (жер).* Көктемгі қар суымен ен жайылып, енді арнасына қарай шегіне түскен *ж а й л а у ы т* жағалаумен тереңірек кешіп барып, ұзақ жуынды («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙЛАУЫШ[1] з а т. *Көп мінілген қоңсыз ат.* Қымызды қанша ішсе де бетінен шаң шықпайтын... Шалматай *ж а й л а у ы ш* бестідей мойны жіңішкеріп, қанша жесе де шыр жұқпаған адам секілді (І.Жансүгіров, Шығ.). Желіккен қалың жылқы айғайға еріп, *ж а й л а у ы ш*, тай-тулақ та шапты еліріп (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Жерсуат жайлаушы едік, қыстаушы едік, Кәмшат бөрік дұқаба тыстаушы едік. Сыртына Қосқұдықтың жылқы салып, Құр ат қылып *ж а й л а у ы ш т ы* ұстап едік (Мәделіқожа).

ЖАЙЛАУЫШ[2] з а т. *Қаршығаның бір түрі.* Қаршыға – негізінен қалың орман, талдарды мекен ететін құс. Бірақ *ж а й л а у ы ш* деп аталатын кейбіреуі өзіне ұнамды аңы көп кез келген жерлерде қалып қойып мекен ете береді (Ж.Сатылғанов, Шығ.).

ЖАЙЛАУЫШ[3] з а т. ж е р г. *Қой жаюға не түйені айдауға мінетін түйе. Ж а й л а у ы ш* мініп шықтым (Ауызекі).

ЖАЙЛАУЫШТАЙ с ы н. *Көп мінілген қоңсыз аттай; жауыр болған.* Күңкілдеп бос өсекке болдық жауыр, Жаз-қысы *ж а й л а у ы ш т а й* міне берген (А.Жолдыұлы, Арман тау).

ЖАЙЛЫ[1] с ы н. **1.** *Қажетке сай, ыңғайлы, қолайлы.* Шалқар көл, аққан бұлақ, *ж а й л ы* қоныс, Орман-тоғай кетті ғой ағашың да. Ойласам мұның бәрін хияли боп, Хафадан ішім оттай жанасың да (М.Дулатов, Шығ.). Жүрт жаңа қоныстың малға *ж а й л ы* болғандығын әңгіме қылысады (М.Әуезов, Шығ.). Жаздың жуан ортасы... Бұл кезде көшпелі ел үшін құм арасынан *ж а й л ы* қоныс табу қиын (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Жаңа жағымды, рақат.* Дегенмен дастарқаны жаюлы бейілді үйде Дәрмен өзін *ж а й л ы* сезінді (Т.Әлімқұлов, Сейтек). Қазан астындағы қызыл таптың денең жайылып сала беретін *ж а й л ы* қызуы бар (Ә.Кекілбаев, Дала.). Күн желсіз ашық болса да, тоғай арасынан бір *ж а й л ы* самал сезіледі (Қ.Исабаев, Соңғы.).

Бір жайлы болды. *Әрі-сәрі болмай анықталды, шешілді.* – Ендеше бар, жолың болсын!.. Сенің шаруаң *б і р ж а й л ы б о л ғ а н ш а* мен де ораламын (З.Жәкенов, Таң самалы).

Бір жайлы қылды. *Бір жағына шығарды, реттеді.* Осы жолы ол маған болмашы ғана нәрсені *б і р ж а й л ы қ ы л ғ а н ғ а* мәз болды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – ...Оқуға кеткенше *б і р ж а й л ы қ ы л,* Ербосынның қылтың-сылтыңы көбейіп бара жатқаны рас (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). – Қолыңа есе тиіп тұрғанда *б і р ж а й л ы қ ы л,* аға (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Жайлы [жақсы] жатып, жақсы [жай] тұрыңыз. т і л е к. *Қайырлы түн болсын!* – Балаңызбен табыстырдым, апа, Хайрниса апаймен таныстырдым. Енді үйге барайын, *ж а й л ы ж а т ы п, ж а қ с ы т ұ р ы ң ы з,* – деп, Алмагүл кетуге айналды (С.Омаров, Өмір.). *Ж а қ с ы ж а т ы п, ж а й л ы т ұ р д ы ң ы з* ба? – деді бөлмеге кірген Бәтима (І.Есенберлин, Алтын құс). Ал Омар *ж а қ с ы ж а т ы п, ж а й л ы т ұ р* деп Игнат Омардың арқасынан қақты да үйіне қарай кетті (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жайлы жүріп, жақсы жет! т і л е к. *Аман-сау бар деген мағынада. Ж а й л ы ж ү р і п, ж а қ с ы ж е т і ң і з* (Ауызекі).

Жанға жайлы. *Көңіл сүйсінетіндей, рақат.* Сүйсіндіргіш, *ж а н ғ а ж а й л ы* бар әні, Сазды әуендер бойға жылдам тарады. Қыр басында өткен ғажап бір күнді Бір ғасырға теңегім кеп барады (К.Салықов, Жезкиік). Көкте де, жерде де, көлде де *ж а н ғ а ж а й л ы* ерекше бір жылылықтың нышаны бар (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Жақсылық *ж а н ғ а ж а й л ы* есіткенде, Құмарлана тыңдаған құлақ төсер (Д.Еркімбеков, Шығ.).

Жатқан жері жайлы болсын! *Жерленген жайы жұмсақ, топырағы торқа болсын!* Байғазы отыра қалып аят оқи бастады. Нұрпейісов те «топырағың жеңіл болсын, *ж а т қ а н ж е р і ң ж а й л ы б о л с ы н»!* – деп қолымен бетін сипады (Т. Жармағамбетов, Сентябрь.). – *Ж а т қ а н ж е р л е р і ж а й л ы б о л с ы н,* топырағы торқа болсын (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАЙЛЫ[2] ш ы л. *Біреу не бір құбылыс туралы, сол жақында, жайында.* Ағайлар бізге өздерінің мамандықтары, оқып бітірген институттары *ж а й л ы* әңгіме айтты (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Жыраулар қисса толғайды Батырлар *ж а й л ы,* ел *ж а й л ы.* Күңіреніп көне абыздай, Заманаларды болжайды (С.Мәуленов, Алыс кет.). Кеудесінен көтерген көне жерді, Көресің бе айнала төбелерді. Тірілсе егер төбеде жатқан жандар, Соғыс *ж а й л ы* баяндап берер еді (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАЙЛЫ-ЖАҚСЫ с ы н. *Ыңғайлы, қолайлы, жақсы.* Таяу уақыт ішінде ташкенттіктер көптеген *ж а й л ы-ж а қ с ы* пәтерлер алатын болады (Қазақст. комм.»).

ЖАЙЛЫ-КҮЙЛІ с ы н. *Қажеттікке сай, лайықты, бақуатты.* Қаражат қазынадан, беріп үйді, Жап-жақсы етіп қойды *ж а й л ы-к ү й л і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАЙЛЫЛАУ сын. *Қажет үшін ыңғайлылау, қолайлылау.* Сол кезде мен жарықтау, *ж а й л ы л а у* жерді тауып алып, ежелгі ескі досым – кітапқа бет бұрдым (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖАЙЛЫЛЫҚ з а т. *Ыңғайлылық, қолайлылық.* Жиренше туған жерінде қалқиып тұрған жыртық лашығын мадақтаған. Сен – туған елің жасаған самолеттің *ж а й л ы л ы ғ ы н а* сүйсінесің (Ә.Шәріпов, Алыс.). Қайықтың тез жылжуы, желдің де, судың да тымықтығы, ауа райының *ж а й л ы л ы ғ ы* біздің жолаушыларды көңілдендіріп жіберді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қалай болғанда да тілейтіні басының амандығы, барар жерінің *ж а й л ы л ы ғ ы* (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЙЛЫМ з а т. с ө й л. ***Жайылым***. Бұл жер Құдайменді балаларының анда-санда көшетін тың *ж а й л ы м ы* болатын (І.Есенберлин, Қаһар). Бізде 170 миллион гектардан астам табиғи *ж а й л ы м* мен шабындық бар (Тарту). Қазақ халқының ерте заманнан бергі тарихын алатын болсақ, еркін қоныс, кең *ж а й л ы м* жерге ие болған кезі жоқ (Е.Ысмайылов, Ақындар). Түркістан темекісін тартты-дағы, Сөйледі *ж а й л ы м* қырды көзбен шолып (Т.Ізтілеуов, Назым).

ЖАЙЛЫМДЫҚ сын. сөйл. ***Жайылымдық.*** Шабындық, *ж а й л ы м д ы қ* жерлерді көлдетіп суару ісі барлық жерде жақсылап қолға алынса, мал азығы мол болатындығына талас жоқ (Д.Керімбаев, Жылқы өсіру.).

ЖАЙЛЫРАҚ с ы н. *Ыңғайлырақ, қолайлырақ.* Бұлар әзірге орындарында осылай отырғаны, жарыққа шығып бет ашпай, бүркеулі отырғаны Оразбайға *ж а й л ы р а қ* (М.Әуезов, Шығ.). «Ол уақытта менің қолыма барасың, осы күні қызының қолында тұрғанды ешкім сөкпейді, қайта анаға қыз бала *ж а й л ы р а қ* болады» дейді (Р.Тоқтаров, Терістік.). Қабырғама батқан тас болса, ырғап-ырғап *ж а й л ы р а қ* етіп қоям (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖАЙМА[1] з а т. **1.** *Үстіне бір нәрсе салу не қою үшін құрастырылған ағаш қаңқа, өре.* Баса түсіп айғайға Тамшылап тер маңдайда, Жайылды жүндер *ж а й м а ғ а* (С.Мұқанов, Шығ.). Өздерінің жүруге жарамайтын жаралы серіктерін... *ж а й м а* жасап жатқызып, көштің соңынан ала жүрді (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Үстіне құрт, ірімшік т.б. заттар жайып кептіруге арналған төрт аяқты биік қондырғы.* Дәу табақ көжені жалғыз отырып әкесіне көрістірген соң, көрші үйлердің *ж а й м а д а ғ ы* құртын не қылсын (О.Бодықов, Бұлбұл.). **3.** *Базарда не дүкен жандарында үстіне әртүрлі бұйымдар жайылған орын.* Және кітап *ж а й м а с ы н д а* да әр елдің әдебиетпен бірге мәдениет ретінде қаншалық өскендіктері көрінеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Машинамыз көше бойы бықынаған сансыз магазин, сусын сататын дүкен, қызылды-жасылды жеміс *ж а й м а л а р ы н ы ң* ара-арасымен жай ілбіп келеді (Ә.Шәріпов, Алыс.). **4.** *Жапқыш мата.* Шомылып шыққаннан кейін үстіңді таза орамалмен (сүлгі) я *ж а й м а м е н* әбден сүртіп құрғат (М.Дулатов, Шығ.). Оң жақтағы аласа диванның үстінде де *ж а й м а* жаюлы еді (З.Шүкіров, Отты өткел.). Нұрпейіс кузовтағы товарларды түгел қарап шықты. Одеял, *ж а й м а,* кофта, жібек көйлек тағы басқа бұйымдарды документпен салыстырып көрген болар (Қоғамдық тәртіп.). Жаңға айтпай, жақсы ұрының бір өзі үптер, Сезілмес ауырлығы міне жүктер: Ішінде шыны, *ж а й м а,* қызыл барқыт, Сары алтын: сақина, алқа, білезіктер (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жайма базар. *Ескі-құсқы, ұсталған бұйымдармен сауда жасайтын орын. Ж а й м а б а з а р д ы* орталық көшелердегі магазиндерді аралап түс ауа пәтеріме оралдым (А.Байтуғанов, Шопан.). Бірақ сол магазинде жоқ ұн мен пекарниде жоқ нан қымбат бағамен *ж а й м а б а з а р л а р д а* сатылып жатады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қаланың тұрғындары... *ж а й м а б а з а р д а* кәдімгі сабақты шағыр жусаннан буылған сыпырғыш көрінсе-ақ болды, соған таласып-қырқысып жатқаны (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Ауылдың ажары қашты, қала қап арқалаған қатын-қалашқа толып кетті, көшенің, жолдың бойы *ж а й м а б а з а р ғ а* айналды («Егемен Қазақстан»).

Жайма жал. *Будырап төгілген қалың жал.* Бурабай маңындағылардың ішінде жылқының қаз мойын, *ж а й м а ж а л* аталатын саңлағы Қарамырзаның Шәкірінде деп естимін (С.Мұқанов, Есею жыл.). ...Төртбақ келген біреу ерекше көзге түседі. Астында есік пен төрдей, ай табанды *ж а й м а ж а л* қара көк айғыр (І.Есенберлин, Қаһар). Нүркенің жылқысы өңкей құла, *ж а й м а ж а л* ай таңбалы екен (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.).

Жайма зорат. ж е р г. *Бастары түйістіріліп жайып тастаған, орылған тары. Ж а й м а з о р а т* әбден кепкен соң ғана жиылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жайма сауда. *Дүкеннен тыс көше, далаға шығып жасалатын сауданың түрі.* Екі күн ішінде көпшілікті түрлі өнімдермен қамтамасыз

ету үшін *ж а й м а с а у д а* ұйымдастырылады («Лен. жас»).

Жайма шана. *Қанатсыз жайдақ, жадағай шана.* Біржан *ж а й м а ш а н а д а* ыңыранып керіле түседі (З.Иманбаев, Солма. гүл). Степан Бушуев қожасының әмірін бұлжытпай орындап, жасаңқырап келген семіз қара атты жеңіл *ж а й м а ш а н а ғ а* жегіп берді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖАЙМА[2] з а т. ж е р г. *Үйге төсейтін немесе тұсқа ұстайтын үлкен кілем.* Жердің беті түрленіп, қызыл *ж а й м а* жайғандай құлпырады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙМА[3] з а т. ж е р г. *Дастарқан.* Дастарқанды бұрын *ж а й м а* дейтін едік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙМА[4] з а т. ж е р г. *Кішкене қап.* Бір батпан ұнға *ж а й м а* да жарамай ма? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жайма қап. ж е р г. *Түйенің екі жағына екі қап артқанда, соның ортасын тегістеу үшін салынатын кіші қап.* ≈ *Ж а й м а қ а п* салу.

ЖАЙМА[5] з а т. ж е р г. **1.** *Етке салатын нан.* **2.** *Майға пісірілген нан.* Неше *ж а й м а* пісірдің? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **3.** *Қамырдың, нанның бір жаюға арналған бөлігі.* **4.** *Кісі қайтыс болып, ас пісіргенде жұқа қылып майға пісірілген шелпек* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жайма құймақ. т а м а қ. *Ашыған сұйық қамырдан әзірленіп, дөңгелек пішінде табаға пісірілетін жұқа құймақ.* ≈ *Ж а й м а қ ұ й м а қ* әзірлеу.

Жайма нан. а) *Етке салатын нан.* Біздің үйдің ішіне үш *ж а й м а н а н* жетеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). ә) *Жұқа етіп жайып, майға пісірген шелпек. Ж а й м а н а н д ы* ас бергенде жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). б) *Тандырға пісірген нан.* Шайға жаңа ғана піскен *ж а й м а н а н* турады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). в) *Май қоспай, қазанға жапқан нан. Ж а й м а н а н д ы* қабаттап орап жейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). г) *Нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамақ түрі.*

ЖАЙМА[6] з а т. ж е р г. *Төсекше, қонаққа арналған төсеніш. Ж а й м а* салып, көпшік қойып қарсы ал. Қонақтың астына *ж а й м а н ы* сілкіп салыңдар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Ақ жайма. *Төсек-орынға жаю үшін енді бөзден ұзынша етіп тігілген жұқа төсеніш.* Бөлменің іші түп-түгел аппақ. Көз тұрмайды. Астында *а қ ж а й м а,* үстіне жамылғаны ақ көрпе (З.Ақышев, Жесір.). Көп аурудың ортасында *а қ ж а й м а* жапқан, ақ, жастығы бар бір төсек тұр еді, Мақсұтты соған әкеп жатқызды (Б.Шалабаев, Өмірде.).

Жайма төсек. *Жиналмалы төсек.* Ұйықтайтын әр бөлмеге 22 кішкентай төсек, оған қосымша *4 ж а й м а т ө с е к* қойылыпты. Сонда бір бөлмеде 28 бөбек ұйықтайды деген сөз («Жетісу»).

ЖАЙМА[7] з а т. ж е р г. *Түйе өркешінің арт жағы.* Түйенің *ж а й м а с ы н а* мінуге болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙМА[8] с ы н. **1.** *Тегіс келген, жадағай, жайдақ.* ...Боцман баркастың; түбі тесілгенін болжады да, ескекшілерге қайықты судың *ж а й м а* тайыз жағына қарай бұруға бұйырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жайма табақ. *Жайдақ келген жайпақ табақ.* Екі жігіт *ж а й м а т а б а қ т ы* іліп алып, қарттардың алдына тартып түр (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАЙМА-ЖАЙ ү с т. **1.** *Бекерден-бекер, құр босқа. Ж а й м а - ж а й* жапан түзді жатты жайлап, Аттарын айдалаға жіберді айдап. Киюге Бишан келіп шыдай алмай: – Қоймаңдар, – деді, – жұртты жіпсіз байлап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). «Қой!» деген кеңесіме жазып өлең, Тек түрсаң, сөз болар ма ед, *ж а й м а-ж а й*-ақ? Жарады жаңа, інім, жолдастарың, «Сөйлейін, – депсің, – сенен кем қалмай-ақ» (Айтыс). **2.** а у ы с. *Жайбарақат, тып-тыныш.* Күллі табиғат маужырап, *ж а й м а-ж а й* тыныштыққа бөленген (М.Қаратаев, Далада.). Болған соң амандасып, әл сұрасып, Орнына отырысты жұрт *ж а й м а-ж а й.* Бақсы айтты: – Итті үйге кіргіз, – деді Кісідей аяушылық еткен рай (Үш ғасыр.).

ЖАЙМА-ҚОҢЫР с ы н. *Жайымен, біркелкі, баяу.* Жолаушының есіне жаңағы жол үстінде туған *ж а й м а-қ о ң ы р* әуез түсті («Лен. жас»).

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТ= е т. *Біркелкі жайлап баяулату.* Әуелі баяулап, *ж а й м а-қ о ң ы р л а т ы п,* бірден-бірге толқыта, әуелете шертіп ән келе жатты (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТУ *Жайма-қоңырлат етістігінің қимыл атауы.* Әнші соңғы әнін *ж а й м а-қ о ң ы р л а т у м е н* аяқтады («Лен. жас»).

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАУ с ы н. *Біркелкі, баяулау.* ≈ *Ж а й м а-қ о ң ы р л а у* дауыс.

ЖАЙМАЛА= е т. **1.** *Жайдақтап тегістеу.* Хасен баланың арбамен әкелген топырағын төккізіп алып, жөндеп *ж а й м а л а д ы* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ол бала дорбаға салған шикі бидайды алып келіп, тақтайдың үстіне *ж а й м а л а д ы* (Б.Тұрлыбаев, Айнымас.). **2.** *Нан, қамыр жаю.* Үйге кірді. Кенеге нан *ж а й м а л а п* жатқан. Ұнға жұмыртқа қосып илегесін бе қамыры қатты бопты (Ш.Құмарова, Қос шынар). Қаттама шелпек жасау үшін ұнға май қосып иін қандырып илейді. Ұн жазатын тақтайға салып ұзыншақтап жұмырлайды, пышақпен кертіп жеке-жеке оқтаумен жазады. Жазылған жұқа жазбаға май құйып *ж а й-*

м а л а й м ы з да ұнды ұзыншақтап бүктейміз (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.). **3.** а у ы с. *Жұмсартып, жеңілдетіп сөйлеу.* Кеудемдегі *ж а й м а л а п*, Жанған отын жүректің. Өзің баспай аймалап, Онан әрі үдеттің (Қ.Ұябаев, Отты жылдар). Жамандар өзін-өзі зорға балар, Бір өзінен басқаны төмен санар. Жақсылар ағын судай, асқар таудай, *Ж а й м а л а п* қайда жақсы орын алар (Шал ақын, Өлеңд.).

ЖАЙМАЛАН= е т. *Орналасу, орнығу, жайылу.* Осының нәтижесінде электрондар көлденең жолақ бойынша *ж а й м а л а н а д ы* (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ЖАЙМАЛАНУ *Жаймалан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тегістелу, жайылу.* ≈ Топырақтың *ж а й м а л а н у ы.* **2.** а у ы с. *Жұмсару, саябырлану келу.* Әңгіменің *ж а й м а л а н у ы н а* қарап, екі жақтың келісімге келе бастағанын аңғарды («Лен. жас»).

ЖАЙМАЛАС= е т. *Тегістесу, жайысу.* Едіге бізбен бірге бетон қоспасын *ж а й м а л а с т ы* (Ауызекі).

ЖАЙМАЛАСУ *Жаймалас етістігінің қимыл атауы; жайысу.* Қыза бастаған астықты *ж а й м а л а с у ғ а* жастар шақырылды («Лен. жас»).

ЖАЙМАЛАТ= е т. **1.** *Жайдақтату, тегістету.* Көршіміз есік алдындағы үйінділерді *ж а й м а л а т ы п* тастапты (Ауызекі). **2.** *Жайма жаю.* Қазіргі кезде қатар түзеп *ж а й м а л а т қ а н* базаршылар көбейіп кетті («Жас Алаш»).

ЖАЙМАЛАТУ *Жаймалат етістігінің қимыл атауы.* Сапар кіммен болса да сыпайы әңгімелесетін жігіт, *ж а й м а л а т у д а н* бір танбайды («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙМАЛАУ *Жаймала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жайдақтау, тегістеу, жаю.* Сиыр сауу, азғана малдың тезегін *ж а й м а л а у*, балаларды киіндіріп, бағып-қағу осы кісінің мойнында (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **2.** т е р м. *Заттың сәулелік кескінін электрлік сигналға айналдыру.* Заттың сәулелік кескінін бірте-бірте электрлік сигналға айналдыру принципін – кескінді *ж а й м а л а у* деп атайды (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ЖАЙМАЛАУШЫ з а т. **1.** *Жаюшы, тегістеуші.* **2.** *Таратушы.* Горизонталь бағытқа бұрушы пластинкаларға түсірілетін кернеу көлденең жолға *ж а й м а л а у ш ы* кернеу деп аталады (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ЖАЙМАЛЫ с ы н. **1.** *Тегіс келген, жазық, жайдақ.* Бименді үйінің қасына отыз қаралы қариялар жиналыпты. Шөп таситын және бір *ж а й м а л ы* арбаға дара өгіз салынған (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** *Жиналмалы, құрылып қайта жиналатын. Ж а й м а л ы* төсекті бақ ішіне салып тастап, түні бойы жапырақ пен алмалардың арасынан шыға алмай адасқан жұлдыздарды санайтын бұлтырғы күн қайда, мен қайдамын! (М.Қабанбаев, Кермек дәм).

ЖАЙМА-ШУАҚ с ы н. **1.** *Тамылжып жадыраған, жайдары.* Көктемнің жайнап тұрған *ж а й м а-ш у а қ* күні тау белдеуінде өзгере бастады (С.Бегалин, Ана.). Жайдары жаз бен қоңыр күздің шекарасында тұрған *ж а й м а-ш у а қ* сентябрь айы да зымырап өтіп барады (С.Омаров, Әңгім.). Әлі ыстығы қайта қоймаған *ж а й м а-ш у а қ* қоңыр күзге салым болатын (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Жаубасар қарттың ақ, адал ниетін танытқандай қоңыр күздің сол бір күні де *ж а й м а-ш у а қ* ашық болатын (М.Хасенов, Тұлпар.). **2.** а у ы с. *Жарқын жүзді, ашық, көңілді.* – Жарайды, жігіттер, оның еш ағаттығы жоқ, – деді мерген де *ж а й м а-ш у а қ* (А.Нұрманов, Құлан.). – Мен еш уақытта аузыма алып көрген емеспін ғой, Қабылтай, – деп Мотырбай оған *ж а й м а-ш у а қ* түсіндіре бастаған (С.Мұратбеков, Көкорай). **3.** а у ы с. *Бақытты, баянды (өмір).* Жақсы болса алғаның Жарық сәуле шырағың. *Ж а й м а-ш у а қ* өмірдің Жайлы қоныс, тұрағың. Жақсы қоныс жігітке Жұғысады туыстай. (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАЙМА-ШУАҚТА= е т. *Жуып-шаю.* Келін-ау, деп енді *ж а й м а-ш у а қ т а й* бастады (Түменбаев). – Өзге бала сап-сау! Жалғыз осы бала бақырға бір жаман іш ауру тиіп, толас таппай қойғаны! – деп бәйбіше *ж а й м а-ш у а қ т а ғ а н* болды (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЙМА-ШУАҚТАН= е т. **1.** *Күн көзі ашық, жылы болу.* Ауа райы ашық болатын түрі бар. Күн көтерілісімен бірден жылынып, *ж а й м а-ш у а қ т а н ы п*, жадырай бастады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Бұрын ноябрь мейрамына дейін күн май тоңғысыз, *ж а й м а-ш у а қ т а н ы п* тұратын (З.Ақышев, Жесір.). **2.** а у ы с. *Көңіл өсіп жайнау, жадырау.* Әлгінде ғана *ж а й м а-ш у а қ т а н ы п* тұрған мейірімді дидар боран алдындағы аспандай түнеріп, ызғарланып шыға келді (Ә.Тарази, Басынан.). Бір қысты – бір жылды артқа тастаған ауыл да, ондағы адамдар көңілі де *ж а й м а-ш у а қ т а н а* түскендей (Ы.Кененбаев, Лабасы.). **3.** а у ы с. *Тамылжу.* Ән жолдары *ж а й м а-ш у а қ т а н ы п* басталды (Б.Тәжібаев, Қара торғай).

ЖАЙМА-ШУАҚТАНУ *Жайма-шуақтан етістігінің қимыл атауы. Ж а й м а-ш у а қ т а н у ғ а* бет бұрды (Ауызекі).

ЖАЙМА-ШУАҚТАТ= е т. *Жуып-шаю, тамылжыту.* Сарман залымның *ж а й м а-ш у а қ т а т қ а н* үнін еркін таныдым (К.Сегізбаев, Біз қалада.).

ЖАЙМА-ШУАҚТАТУ *Жайма-шуақтат етістігінің қимыл атауы.* Ол енді ән әуенін өз-

гертіп, құйқылжытып, *ж а й м а-ш у а қ т а т у-ғ а* кірісті («Лен. жас»).

ЖАЙМА-ШУАҚТАУ с ы н. *Күн көзі ашық, жылымықтау.* Ол бір *ж а й м а-ш у а қ т а у* күн еді (Ауызекі).

ЖАЙМА-ШУАҚТЫ с ы н. *Жанға жайлы, маужырататын, адамды жадырататын (ауа райы, күн, түн).* Көктемнің *ж а й м а-ш у а қ т ы* түнін Жоғалтты екен, дариға-ай, қайда? (К.Шілдебаева, Бойжеткендер).

ЖАЙМА-ШУАҚТЫҚ з а т. **1.** *Жанға жайлы жылылық.* Сәске түс кезіндегі көктем күнінің *ж а й м а-ш у а қ т ы ғ ы* денеңді маужыратады («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Жайлы, жадыраңқы өмір.* Таланттардың көп шығуы, ел тұрмысының *ж а й м а-ш у а қ т ы ғ ы* емес еді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАЙМАШЫ з а т. *Сатушы, саудагер.* Екі қапталдағы дүкен енді ашылып жатыр. *Ж а й м а ш ы* ұйғырлар мен қытайлар боранның масағы қалғандай, үстеріне тобығына түсетін тон киіп, сеңсең жағаларын көтерісіп алыпты (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАЙ-МӘНІС з а т. *Жағдайы, жөні.* Біздің Виктор Алексеевич бұған бастамашы – деп жауап береді орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Ерназарова *ж а й-м ә н і с т і* түсіндіре («Қазақст. мұғ.»).

ЖАЙНА= е т. **1.** *Жарқырап жап-жарық боп көріну.* Намаздыгерге тақалған күн бетіндегі қошқыл тұман пердесін серпіп тастап, *ж а й н а п* шыға келді (Ә.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Қоңырқұлжа «ассалаумағалайкум» деп кіріп келгенде, ең алдымен қараша үйдің дәл ортасында қып-қызыл боп *ж а й н а ғ а н* тобылғы шоғын көрді (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Түрлі түспен құбылып-құлпыру, түрлену. Ж а й н а ғ а н* терең сайлар, Ойнаған құлын, тайлар. Ел қонып көл жағалай, Өріске малын айдар (М.Дулатов, Шығ.). Сіркіреп жауған жаңбыр көше мен жол шаңын басып, жеміс ағаштарының қалың жапырақтары да жасаңғырап, оңі ашылып *ж а й н а й* түскен (З.Жөкенов, Таң самалы). Киіз үйдің іші шығыстың неше түрлі түкті, масаты, қалы кілемдерімен, оюлы алаша, сәнді текеметтерімен *ж а й н а п* тұр (С.Жүнісов, Ақан сері). **3.** а у ы с. *Жылы шырай таныту, жайдарылану.* Қайратпен кірі жалынбай, Ақылмен тауып ойласын. «Мен қалайға?» салынбай, Жылы жүзбен *ж а й н а с ы н* (Абай, Тол. жин.).

Атқан таңша жайнады. *Құлпырды, жадырады.* Қуанып қол шапалақтап екі ханша, Жүздері *ж а й н а п* кетті *а т қ а н т а ң ш а* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Бал-бұл жайнады. *Ажары райланып құлпырды.* Нұрбибі қолын шекесіне қойып, етігінің тақасын әп-әдемі тық етікізді. Екеуінің де көздері күлімдеп, өңдері *б а л-б ұ л ж а й н а й д ы* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Гауһардай [жақұттай] жайнады. *Жарқырады, жалтырады.* Сансыз жұлдыз сайрасын, *Г а у һ а р д а й* болып *ж а й н а с ы н* (С.Сейфуллин, Шығ.).Мұхиттай егін толқыды, *Ж а қ ұ т т а й ж а й н а п* жержүзі (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Гүл жайнады. а) *Көз тартатындай боп көркейді, түрленді.* Жалын мен оттан жаралып Жарқылдап Рағит жайды айдар. Жаңбыры жерге таралып, Жасарып шығып *г ү л ж а й н а р* (Абай, Тол. жин.). ә) *Масайрап күлімдеді, құлпырды.* Кешегі жиын-тойда жігіттермен *г ү л ж а й н а п* отыратын келіншектердің көйлектеріне түскен жамау да менің жаныма батады (К.Қазыбаев, Ызғар). Екеуінің де өңдері жадырап сала берді. Жүздері *г ү л ж а й н а д ы* (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

Гүл-гүл [гүлдей] жайнады. *Ажары нұр шашып, құбылып-құлпырды.* Орденің күтты болсын, Жамбыл ата, Ән, жырдың тұлпарындай даңғыл ата. Халқының құрметімен *г ү л-г ү л ж а й н а п,* Жырыңыз бағаланды, асыл ата (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Несіпкүл болса, дөңгелек қара торы жүзі *г ү л-г ү л ж а й н а п,* анау екеуіне күлімдей қарап қапты (С.Омаров, Өмір.). Толған айдай толықсып, *г ү л д е й ж а й н а п,* Күннен-күнге сұлулық өрледі асып (С.Мұқанов, Шығ.). Күтіп тұр кімді? Жаннасын танып, Келеді ол қазір жас *г ү л д е й ж а й н а п* (Д.Әбілев, Шығ.).

Жайнап сала берді. *Күлім қақты, масайрады, жайраң қақты.* Он бала тәрбиелеп өсірген жұбайлардың жүздері де мынау көктем күндеріндей *ж а й н а п с а л а б е р д і* (Дала шұғыласы). ...Бай атқамінердің жүрегіне мына сөз мұз құйғандай болды. Кедей жағының көңілі жаңбыр жауғандай жасарып, *ж а й н а п с а л а б е р д і* (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Жұлдыздай [күндей] жайнау. *Ажарлану, нұрлану.* Екі көзі *ж ұ л д ы з д а й Ж а й н а п* кетіп барады (Батырлар жыры). Ажарланып өңдері, *К ү н д е й* болып *ж а й н а ғ а н* (С.Мұқанов, Шығ.).

Жүзі жайнады. *Реңі құлпырды, әдеміленді.* Қолдарына гүл алып, *ж ү з д е р і ж а й н а п* қуанып, Мектепке барад балалар (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Бізге ескерту жасаған Сана апай еді. Оқушыларға қосылып *ж ү з і ж а й н а п* ән салып отыр (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Ол *ж ү з і ж а й н а п,* қызыл шырайлы қалпына қайта кеп, сүп-сүйкімді боп кетті (А.Байтанаев, Қайнар.).

Көзі жайнады. а) *Ажары нұрланды, күлім қақты.* Сұлу қыз рақаттың кілті емес пе? Қолыңа түсіре алсаң бар шағы аш Тізілген

меруерттей отыз тісі, Нұрлы жүз, *жайнаған көз*қиылған қас (М.Дулатов, Шығ.). Қаршығадай шымыр денесі шиыршық атып, кішкене шегір *көзі жайнап* Раушанды еліктіріп алып барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн). Кенжебек әнді де оздырды. Ән десе арқасы қозатын досымның *көзі жайнап* кетті (Н.Сералиев, Қаңтар). ә) *Құмарта, қызыға қарады.* Қауындықты көргенде балалардың *көзі жайнап* кетті (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

Көзі оттай [сексеуілдің шоғындай] жайнады. *Жалтылдап, жалт-жұлт етті.* Тайшым әлі жүресінен отыр, Қызарған екі *көзі оттай жайнайды* (С.Шәріпов, Бекболат). Ұзын бойлы, қыр мұрын, шашы бейне қара бұйра бөрікті *көздері оттай жайнаған* өте сұлу жігіт кіріп келді (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Баланың жүзінде әп-сәтте шаттық нышаны ойнап шыға келді, оның *көздері оттай жайнап,* өңіне шырай кіре бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Болғанмен жолдасы жоқ жалғыз өзі, *Шоғындай сексеуілдің жайнап көзі* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Кілемдей жайнады. *Түрлі-түсті болып құлпырды, түрленді.* Жер *кілемдей жайнайды,* Көлде құстар сайрайды (С.Мұқанов, Шығ.).

Қарақаттай жайнады. *Қап-қара болып мөлдіреді.* Екі көзі *қарақаттай жайнаған* аппақ Кәмшат... жалт-жалт қарайды (М.Әуезов, Шығ.).

Нұр жайнады. *Ажары құлпырды, әдемиленді.* Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі *нұр жайнайды.* Жіңішке қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды (Абай, Тол. жин.). Дәл осы сәтте Жарқынды көрсең егер! Оның аққұба жүзі *нұр жайнап* кетіпті (Н.Fабдуллин, Қызық дәурен). Жұмысқа алынған баланың жүзі *нұр жайнап,* Қарлығашқа алғыс сезіммен қарады (А.Сатаев, Ақын ізі.).

Оттай жайнады. *Қызу кірісті.* Жұмыс қызса *оттай жайнап*, Түріп балтыр, білекті (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙНАҚ с ы н. *Түрлі түске бөленген, құбылып құлпырған.* Алыста қызыл *жайнақ,* құлпы масаты кілеммен нарды жапқандай қызғалдақ кестелеген (І.Жансүгіров, Әңгім.). Жүрген жері күлкі, өзі тамаша әнші, ерекше бір көңілді, ақ *жайнақтың* өзі еді (Fайнов, Замана.).

Жайнақ көз. *Жайнаңдаған, ойнақы көз.* Күн қаққан жалпақ бет, *жайнақ көз* тәпелтек Илья Абрамович осы маңның адамы еді («Қаз. әдеб.»). Ендеше ол сол бір *жайнақ көз* жас жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖАЙНАҚТА= е т. *Ойнақыланып жалтылдау, жарқ-жырқ ету.* Сұлтанмахмұт кәрі бүркітті көк аспаннан іліп түсер лашынша *жайнақтады* (Д.Әбілев, Арман.). Астарында ат ойнақтаған Жігіт-желең *жайнақтаған* Келе жатқан әдейі аңға Кез болды олар бір думанға (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Көк шатырлап, жел қарпып, Жайлар түсті *жайнақтап.* Қара-қара сұр мұнартып, Бұлт аспанда ойнақтап (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАЙНАҚТАТ= е т. *Жайнаңдату, жарқылдату, ойнақтату.* Лезде ойына басқа бірдеңе түсе кетті, көзіне түскен жалбыр шашын сілке қайырып, көзін *жайнақтата* Мәликеге қарады (Д.Әбілев, Арман).

ЖАЙНАҚТАТУ *Жайнақтат етістігінің қимыл атауы; безендіру, сәндеу.* Қыздар тойханана безендіріп, *жайнақтатуға* кірісті («Лен. жас»).

ЖАЙНАҚТАУ *Жайнақта етістігінің қимыл атауы; жарқылдау, жайнаңдау.* Мәлике өз бойын әрқашан сергек ұстайтын, *жайнақтаудан* танбайтын, көңілді кісі болатын («Лен. жас»).

ЖАЙНАҚЫ с ы н. *Жайнаң қағып жарқылдаған.* Өзінің ерін шығарып салғанда да жас алмаған *жайнақы,* қайратты Fайни да көз моншағын бір домалатқан болатын (Fсланов, Жанар тау). Шетін сездірген соң ар жағының бәрі түсінікті. Бернелеу шығарманың неғұрлым лұғаты *жайнақы*, ойнақы келсе, әдемі болып шығады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАЙНАҚЫЛЫҚ з а т. *Жарқылдаған ақжарқындық, ашықтық.* Көңілімнің жұпар иісті көктем желі мезгілсіз басылып, жастық *жайнақылық* пен ойнақылық адыра қалып, жасым жетпей жетіліп, үлкен болып қалғам (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Үркер жауап бермеді, көз қарасында да әуелгідей *жайнақылық* жоқ, бірден-бірге әлсіреп бозғылт тартқан тәрізді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖАЙНАМАЗ [ир. جاي نماز] з а т. д і н и. *Намаз оқыған кезде сүйір ұшын Мекке (құбылаға) жаққа қаратып төсейтін, бас жағы күмбезделе бейнеленген намаз кілемшесі.* Әдетте *жайнамаз* көлемі екі тізерлеп, мұрны мен маңдайын *жайнамазға* тигізіп «сәждаға отыратын» жердің көлеміне қарай шақталады (Ислам энцикл.). *Жайнамазыңды* арақпен Боя десе мұңғыл пір, Таза жүрек жол білген, Болса айтқаны істе, жүр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сол жағында самауырын, ақ құман, паднос, шыныаяқтар, бұлардың тұсында жіпке асулы орамал, дастарқан, *жайнамаз* (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАЙНАМАЗДЫҚ с ы н. *Намаз оқуға арналған. // Намаз оқуға керекті таза мата.* ≈ *Жайнамаздық* сатып алу.

ЖАЙНАҢ з а т. *Құбылып ойнақшыған жалтыл.* Рас, көзіңнен бүркіт көзінің отындай отты, соның *ж а й н а ң ы н д а й* жалынды шаттық ізін көремін (С.Бақбергенов, Қоянкөз.).

Жайнаң көз. *Мөлдіреген ойнақы көз.* Жұмабек насыбайын екі саусағының ұшымен ерніне қыстырып, *ж а й н а ң к ө з* жігітке күлімдей қарап тұрды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Жайнаң қақты. *Ойнақшып жалт-жұлт етті, құлпырып күлім қақты.* Гүлсара дағдылы шапшаңдығымен ұршықтай үйіріле *ж а й н а ң қ а ғ ы п,* сөзді өзі бастап та үлгерді (М.Иманжанов, Таныс қыз). Ауыз бөлмеде ас пісіріп жүрген Торғын кірді, білегін сыбанып тастапты. Жүзі нарттай қызарып *ж а й н а ң қ а ғ а д ы* (С.Мұратбеков, Көкорай). Алдыңғы қатарда, Күнтуардың оң жағында отырған Бекен жай басып, *ж а й н а ң қ а ғ ы п* сахнаға шықты (С.Омаров, Дала қызы).

ЖАЙНАҢДА= е т. *Ойнақшып жайраң қағу.* Неге аңтарылып отырсыңдар? – деп Байман *ж а й н а ң д а й,* жалақтай келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол «мен көп білемін» дегендей *ж а й н а ң д а п,* тақ-тақ етіп, белгілі мөлшерде тұзы, газы бар судың пайдалы екенін баяндады (Н.Сералиев, Қанат). Осы әнді айтқанда Раузаның көз алдына жайқалған егіннің көгі, Жайдарман қыздың *ж а й н а ң д а ғ а н* қара көзі келетін (О.Бодықов, Ақ құс).

ЖАЙНАҢДАС= е т. *Қуанысу, күлісу, жайраңдасу.* Жаздың көркі енеді, жыл құсымен *Ж а й н а ң д а с ы п* жас күлер құрбысымен. Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал Жарбаңдасар өзінің тұрғысымен (Абай, Тол. жин.).

ЖАЙНАҢДАСУ *Жайнаңдас етістігінің қимыл атауы.* Олардың *ж а й н а ң д а с у ы н* көрді (Ауызекі).

ЖАЙНАҢДАТ= е т. *Ойнақтату, жайраңдату.* Қасында бір інісі мен бір ағайыны да аттарын *ж а й н а ң д а т ы п* келе жатты (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙНАҢДАТУ *Жайнаңдат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ойнақтату, жайраңдату.* ≈ Аттарын *ж а й н а ң д а т у.* **2.** а у ы с. *Жандандыру, қыздыру.* Тойшы жігіттер отырысты жандандырып, *ж а й н а ң д а т у д ы ң* әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген екен («Лен. жас»).

ЖАЙНАҢДАУ *Жайнаңда етістігінің қимыл атауы; жайраң қағу.* Бір күнде болған жігіт жан жайлауы, Қайда оның күлкі ойынмен *ж а й н а ң д а у ы.* Құлазып күзді күнгі Көкшетаудай, Қызықтың көшіп кеткен жан жайлауы (І.Жансүгіров, Поэм.).

ЖАЙНАҢ-ЖАЙНАҢ е л і к. *Ойнақшып, мың құбылған, жайнаң қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

Жайнаң-жайнаң етті. *Ойнақшып, жайраңдады, жайраң қақты.* Ал Жәнібек, Ақбақайдың ат болып жаралғаны анық болса, соның бағын сынайтын кезің келді-ау, бауырым, – деп Бозшатай *ж а й н а ң-ж а й н а ң е т т і* (Е.Тұрысов, Ақбақай).

ЖАЙНАҢКЕР с ы н. *Ойнақшыған, құлпырған.* Тәукенің келіндері шеттен-ақ мүлде бір *ж а й н а ң к е р* (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ЖАЙНАС= е т. **1.** *Құлпырысу, ұшқын атысу.* Жақын келіп жанарлар *ж а й н а с қ а н д а,* Ойнатқандай болды бір жайды аспанда. Жасын сүртті Жайық та бауырымдап, Қос сұңқардың құшағы айқасқанда (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан). **2.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау.* Сансыз жұлдыз сайрасып, Гауһардай болып *ж а й н а с ы п,* Шұбарлап көк аспанды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙНАСУ *Жайнас етістігінің қимыл атауы.* Екі жастың жанарларының *ж а й н а с у ы н а н-а қ* олардың бақытты жұп екендіктерін аңғаруға болады («Лен. жас»).

ЖАЙНАТ= е т. **1.** *Алаулату, маздату.* Шырынқұл пештің алдында отырып, сөніп бара жатқан оттың шоғын шыпшамен көсеп, тағы бір *ж а й н а т ы п* қойды (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Құлпырту, құбылту.* Күн сәулесі ең алдымен институттың үлкен үйіне түсіп, оның сарымен боялған қабырғасын алтындай *ж а й н а т ы п* жіберді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Мырза үйі базар болған күнгі жайма сияқты бар жиһазын бетке тосып, төрге төсеп, тұсқа ұстап қашан көрсең де *ж а й н а т ы п* қояды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** *Жайнаңдату, құбылту.* Жібек жалын *ж а й н а т ы п,* Ортекедей ойнатып, Қабырғаңды сөгілтіп, Аш күзендей бүгілтіп, Әлі-ақ шауып алады Түйең менен жылқыңды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЙНАТУ *Жайнат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Гүлдендіру, әсемдеу, сәндеу.* Жапанда құйын кезген, боран қуған, Қырау мен қара нөсер бетін жуған, Келдік біз қолмен жасап *ж а й н а т у ғ а,* Қаланы жалын атып жаңа туған (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). **2.** а у ы с. *Тазарту, жарқырату.* Біз енді солардың ішкі дүниесін жарқыратып, *ж а й н а т у ы м ы з* керек (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

ЖАЙНАТУШЫ з а т. *Құлпыртушы, гүлдендіруші, жарқыратушы.* Тың игеруші! Талай ғасыр сұлық жатқан сұр жапан жүзді *ж а й н а т у ш ы* (Жарық жұлдыз.).

ЖАЙНАУ *Жайна етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлпыру, түрлену.* – Мырзаш, әне бір топ қызыл гүлдердің *ж а й н а у ы н* қарашы! Сен тұра тұр, мен соны алып келейін, – деді (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Сол бір баққа көрік беріп, Сен құлпырып *ж а й н а у ш ы* ең, Құлпырғанын қызық көріп Мен құбылтып

сайраушы ем (Қ.Аманжолов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жәутеңдеу, жалтақ-жалтақ қарау.* Екі қолы байлауда, екі көзі *ж а й н а у д а.* Алпыс жасақ, сан адам, Дедектетіп айдауда (Манас).

ЖАЙНАУЛЫ с ы н. *Ақжарқын, көңілді.* Қанжығада байлаулы, қасқыр жатты шұбалап. Бәтіштің жүзі *ж а й н а у л ы,* Шалына қарап қуанып (Т.Нұртазин, Көк тоғай).

ЖАЙНАУЫҚ с ы н. *Көмескі, күңгірт.* Жол деп жүргені жол емес, алдамшы, *ж а й н а у ы қ,* жадағай сүрлеу болғаны (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

ЖАЙПА= е т. **1.** *Қырып-жою, жамсату, баудай түсіру.* Ең батыр достарының бірі оққа ұшқан соң, Болатов еш нәрсеге қарамады, жауды оңды-солды *ж а й п а й* берді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қарсы алдында көп жаумен бір өзі айқасып, бәрін де *ж а й п а п,* қырғын далада жалғыз қалған батырдай өңі қашып жадап-жүдеп, қалжырап күйші отыр (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Сыпырып-сиыру, тып-типыл ету; жапырып-жаншу.* Қыстан азып шыққан мал аруақтай ербиіп, көкке ауыз іліккенше төңіректе сынық шөп қалдырмай *ж а й п а й д ы* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қыруар малды бос қоя берсе өткел маңындағы шөптің шабылып үйілгенін де, шабылмай тұрғанын да бір-ақ күнде *ж а й п а п* тастайтын (З.Ақышев, Ақбел.). Қызыл қоспақ... осы сәтте бұрынғыдай жүріп бара жатып-ақ жан-жағындағы аузына ілінерді оңды-солды *ж а й п а п* жеуін де қойған (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). Қара атан шананың үстіндегі құ құрайды түк қойман *ж а й п а п* жеп қойды (К.Қазыбаев, Аманат). **3.** *Құрту, бүлдіру.* Дегенмен жер-дүниені *ж а й п а п* кеткен осы бір өрттен кейін «ТОЗ» өмірінде де, менің өмірімде де үлкен-үлкен өзгерістер болды (С.Шаймерденов, Мезгіл).

ЖАЙПАҚ с ы н. **1.** *Тегіс келген жазық, жадағай-жайдақ.* Сонау оңға қарай көтеріліп бара жатқан *ж а й п а қ* төбе Қостаған болар (Т.Ахтанов, Боран). Жары тік, тасты жаға төмендеген *ж а й п а қ қ а* айналғанда арғы қабақта жылқының жаңа іздері көрінеді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Шыңның арқа жақ астында дөп-дөңгелек көл жатыр; құбыла беті болмаса, басқа жағалары *ж а й п а қ* (Ғ.Сланов, Домбыра.). ...«Аспан қонған» аталатын *ж а й п а қ* жазыққа шыққанымызда арқыраған тракторлардың жаңа тобын көрдік (К.Баялиев, Жер.). **2.** *Аласа, биік емес.* Оның *ж а й п а қ* өкшелі қызыл етігі сықырсықыр етеді (Ә.Ибрагимов, Наз). **3.** *Арқасыз, таянышсыз.* Басқарма төрдегі өз орнына барып отырды да, бұл босағадағы қозғалып кетсе ойбайын салатын жалғыз *ж а й п а қ* орындыққа жайғасады (Ж.Түменбаев, Қимас қазына).

Жайпақ баспа. п о л и г р. *Полиграфиялық тәсілмен таңба түсірудің бір түрі. Ж а й п а қ б а с п а* қалыбының таңбасы түсетін бөліктеріне май жағылады да, ал таңбасы түспей ашық қалатын бөліктері арнаулы қосынды затпен өңделіп, дымқылданып тұрады (ҚҰЭ).

Жайпақ табақ [ыдыс]. *Іші таяз жалпақ табақ.* Директордың келіншегі – Сұлу кірді. Бетін орамалмен бүркеген *ж а й п а қ т а б а қ ы* бар («Қаз. әдеб.») Кемпір оның алдына *ж а й п а қ т а б а қ қ а* салып жүзім әкеп қойды (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Майра *ж а й п а қ т а б а қ п е н* үйден туралған қамыр тасып жүр (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Жайпақ табан. *Жалпақ табан.* Пар өгіз жеккен *ж а й п а қ т а б а н* шанасымен ауыл ішіне кіргенде ел орынға отырып, қас қарайып кеткен (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

Жайпақ табан қазақы етік. *Табаны тегіс, жайпақ болып тігілген етік түрі.* Жігіттің үстіндегі қой терісі тоны мен тысы түте-түте болып, жүні жабағыланған түлкі тымағы, аяғындағы *ж а й п а қ т а б а н қ а з а қ ы е т і г і* аязға төтеп бере алмай сөгіліп бара жатқандай сезіледі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙПАҚТА= е т. *Жазықтап тегістеу, жайдақтау.* ≈ *Ж а й п а қ т а п* тегістеу.

ЖАЙПАҚТАЛ= е т. *Тегістелу, жайдақталу.* Сұлушоқының етегі *ж а й п а қ т а л ы п* басталып, бірте-бірте тіктеніп, қалың жыныс қарағай самырсын, құрақ-балдырды бөктерген күй көк күмбезіне шаншыла сұғылған («Лен жас»).

ЖАЙПАҚТАЛУ *Жайпақтал егістігінің қимыл атауы; тегістелу.* Жаттықтырушы алаңдағы ойлы-қырлы жерлердің тегістеліп, *ж а й п а қ т а л у ы* қажет екендігін айтты («Лен. жас»).

ЖАЙПАҚТАН= е т. *Жазаңдану, жазықтану. Ж а й п а қ т а н ы п* басталатын жағалауда лайсаң өмірдің хабаршысындай толқын айдап іркіліп қалған салындылар, қоқыр-соқырлар жатыр (О.Бөкеев, Үркер). Осы қақпаның төбесі тағы да бір жарым метрдей биіктеледі де, одан арғы арқалық *ж а й п а қ т а н ы п* кетеді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Көлдің жағасы *ж а й п а қ т а н ы п* біткен тегештей (С.Баязитов, Күтп. кездесу).

ЖАЙПАҚТАНУ *Жайпақтан етістігінің қимыл атауы; аласару, тегістелу.* Бұрынғы биік төбелер аласарып, *ж а й п а қ т а н у ғ а* айналыпты («Лен. жас»).

ЖАЙПАҚТАУ[1] с ы н. *Тегіс келген, жазықтау, жалпақтау.* Асанның ауылы Есілдің *ж а й п а қ т а у* бір қабағына қонған еді (С.Мұқанов, Ботагөз). Мен қызыл сазбен мына кішкене талды алып қойғанмын. *Ж а й п а қ т а у* етіп су

құятын ыдыс жасаймыз (С.Хайдаров, Теңіз.). Жөлер әжесінің қолынан шығысымен-ақ *жайпақтау* жердегі суды кешіп ойнай бастады (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

ЖАЙПАҚТАУ[2] *Жайпақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жерді *жайпақтау.*

ЖАЙПАЛ= е т. **1.** *Астан-кестен, тып-типыл етілу.* Былайғы жұрт бірін-бірі басып қырылып қала жаздады. Үйіші түгел *жайпалды* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **2.** *Қырылу, жамсау, жер жастану.* Ол өшпенді жауына, өлім оғын атады. Ол атқанда бората, жау *жайпалып* жатады (Б.Ысқақов, Жылдар.). Жаяу шабуылшылардың алдыңғы сапы *жайпалғанына* қарамастан, орта бумадағылары бытыраңқырап, қазба-қатар еңкейе жылжып келеді (Ә.Көшімов, Қысылтаң жыл). Іншалла, бүгін олар да орылған қаудай *жайпалып* қалады екен (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЖАЙПАЛУ *Жайпал етістігінің қимыл атауы; жеңілу.* Дұшпандар жағы *жайпалуға* жақын («Лен. жас»).

ЖАЙПАҢ[1] с ы н. **1.** *Жайпақтау келген, жазаң.* «Қайрақ» аталатын *жайпаң* жері бар (Б.Қойшыбаев, Отты күндер). *Жайпаң* төбелі аласа үйдің бақалтақ мұржасынан аспанға шаншыла ұшқан бозғылт түтінді көргенде Оспанның көзіне жас келді (С.Омаров, Дала қызы). Едіге осындай төбесі *жайпаң,* қия жартастардың бірінің үстінде секиіп арқар түрғанын аңғарды (М.Мағауин, Қиянда.). **2.** *Қайрақ, таяз.* Суды жағалап жүріп бір *жайпаң* жеріне кез болдық (Б.Момышұлы, Офицер).

ЖАЙПАҢ[2] с ы н. *Байпақ қаққан.* Құнан, дөнен мінгенім асау тарпаң, Осы күнде құла ала деген *жайпаң.* Бұл иттен де жаяуым тыныш екен деп, Қаздай басып келеді байпаң-байпаң (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

ЖАЙПАҢДА= е т. с ө й л. ***Жайқаңда***. Шофер әйтеуір көп ұзамай, *жайпаңдап* жетіп келді (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Келіншек ұшып тұра келіп, астыма жұмсақ көрпе төседі, кемпір де *жайпаңдап* жатыр (Ш.Өтепов, Өшп. жалын).

ЖАЙПАҢДАУ[1] с ы н. *Жайпақтау, жазаңдау. Жайпаңдау* жерден зырғытып, Ойлау жерден ырғытып, Екі көзі телмеңдеп, Омырауын көрсең есіктей, Мойын еті бесіктей (С.Сейфуллин, Шығ.). Құсбек сұр бедеудің басын бұрып алып, өзеннің екі жағы *жайпаңдау,* суы саяздау жерінен шолпылдатып, желіп өтті («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙПАҢДАУ[2] *Жайпаңда етістігінің қимыл атауы.* Келіншек *жайпаңдаумен* жүрді (Ауызекі).

ЖАЙПАП-ЖАЛМА= е т. *Сыпырып-сиыру, тып-типыл ету, жоқ қылу.* Жолындағының бәрін *жайпап-жалмаған* қызыл көз өрттің тау боп үюлі тұрған көмірге жетуі-ақ мұң екен, көп кідірмей ол да ұйтқи маздап қоя берді (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ЖАЙПАС= е т. *Қырып-жойысу, жамсатысу.* Екі дос қанды соғыста да бірге жүріп жау әскерін *жайпасқан* еді («Лен. жас»).

ЖАЙПАСУ *Жайпас етістігінің қимыл атауы; соғысу.* Екі жақ та күні бойы бір-біріне көктен бомба, жерден зеңбірек оғын жаудырып, әскерлер бекінген шептерді төмпештеп, *жайпасуда* болды («Лен. жас»).

ЖАЙПАТ= е т. *Астан-кестен, тып-типыл еткізу; аса зор шығынға ұшырату; қырғынға ұшырату.* Егінімнің ақбидайлы шалқарын, *Жайпатта* алман атоммен де, темірмен (Д.Әбілев, Өлеңд.).

ЖАЙПАТУ *Жайпат етістігінің қимыл атауы; қырып-жойғызу, жамсату.* Жаяу әскерді жермен-жексен қылып *жайпатуу* үшін танкілер шығарылды («Лен. жас»).

ЖАЙПАУ *Жайпа етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, жамсату, жайғау.* Соғыс әдісі: жауға күтпеген жерден, төтеннен тиіп, шырт ұйқыда жатқанда үстінен түнере басып *жайпау* (Б.Момышұлы, Шығ.). Кездік пен алты атар бар жерде он адамды *жайпау* қолымнан келеді (М.Гумеров, Хазірет.). Құп, жолдас капитан! Окоп дайын, тек офицерді *жайпау* ғана қалды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖАЙПАУЫТ с ы н. с ө й л. ***Жайдақ***. Өзеннің суы тайыз болғанмен жағасы тік. Серәлі өзенді бойлап *жайпауыт* жерін тапты (Т.Ахтанов, Боран). – Танктер қаптап келе жатыр, ал мына *жайпауыт* ашық жерде біз оған не істей аламыз (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). *Жайпауыт* суатқа туралап келген келіншек арна ішінен жайын ойнағандай салдыр естіді (Н.Сералиев, Қаңтар). Ол суды аса сақтықпен кешті. *Жайпауыт* жермен жылжыды (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАЙПАУЫТТА= е т. с ө й л. *Жайдақтау, тегістеңкіреу.* Топырақты терең алып, табанын құшық, кенересін шалқайтып *жайпауыттап* жібермесе, бұл жапты бес күннен соң сусыма құм басып қалады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЖАЙПАУЫТТАН= е т. *Жайдақтану, тегістелу.* Оң қапталдағы жатаған төбелер бара-бара *жайпауыттанып* ұшы-қиырсыз жазыққа ұласып кетіпті («Лен. жас»). *Жайпауыттанып* аяқталған сай өрлеген сайын қалың ши тұтқан аңғарға айналады (К.Ахметбеков, Сый орамал). Сырдарияның жағасы *жайпауыттанып* біткен (С.Баязитов, Күтп. кездесу). Сайдың басы машинға құлаған тұстан оңтүстікке қарай соғылып, тереңдеп кетеді екен. Ал оң

жағы жіңішкеріп бірте-бірте *ж а й п а у ы т т а н а т ы н* тәрізді (С.Балғабаев, Шөл).

ЖАЙПАУЫТТАНУ *Жайпауыттан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а й п а у ы т т а н у ғ а* айналған төбе.

ЖАЙПАУЫТТАУ *Жайпауытта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төмпешіктерді *ж а й п а у ы т т а у.*

ЖАЙПИ= е т. э к с п р. *Жап-жалпақ болу, жалпию.* Ауылдың ортасындағы сиыр қорадай ұзын, *ж а й п и ғ а н* үйдің алдындағы бағанға ілінген репродуктордан күмбірлей шыққан музыка қозы көш жерге жетіп жатады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

ЖАЙРА з а т. з о о л. <лат.hustrix leucura> *Кеміргіштер отрядына кіретін, арқасы мен екі бүйірін ұзынды-қысқалы инелер жауып тұратын сүтқоректі аң, кірпінің бір түрі. Ж а й р а н ы ң* қорегі – шөптесін өсімдіктердің жерасты бөлімі, тұқымы, жемісі және жидектер, ағаштың қабығы (Қаз. тілі термин. Биология). Қалың бұталы жерлерде кемірушілердің ең ірісі – *ж а й р а* да кездесуі мүмкін (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). Үнсіз маса *ж а й р а н ы ң* інінде де көптеп өніп өседі және оның қанын сорады (Т.Досжанов, Зиянды. насеком.).

ЖАЙРА[1]= е т. **1.** *Бет-бетімен әр жерде бір шашылып жату; қырау, бүліну.* Көпірге кіре берістегі тас жолдың ернеуінде әлденеше мотоцикл *ж а й р а п* жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). Ортада ескі камерон, динамо, бұрғы станогі, алуан-алуан механизм бөлшектері *ж а й р а п* жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ұлығандай боп, аспанға қарап ақырып қалған, иесіз *ж а й р а ғ а н* зеңбіректер жатыр (Қ.Ыдырысов, Отты жыл.). **2.** а у ы с. *Сілейіп өліп жату.* Түйнеме келгір, *ж а й р а п* қалғыр! Қыршыныңнан қиылғыр! Ірге жақта дегенім қайда?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ыға бастаған табынды қайырып жүрген бір жылқышы буы бұрқырап *ж а й р а п* жатқан семіз байталдың үстінен шығады (С.Жүнісов, Ақан сері). Үңгірдің төменгі жағына ана жерде біреуі, мына жерде біреуі оққа ұшқан бандылардың денелері *ж а й р а п* жатыр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАЙРА[2]= е т. *Жарқырап жайнау.* Қара сақалды қазақ ақ киізді вагонның бір жағына жайып тастап, өз үйіндей *ж а й р а п* отыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Кез келген үйге бас сұғамыз. Жасынап *ж а й р а ғ а н* еттер мен қымыз (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЖАЙРАҒЫР о д. қ а р ғ. *Жер жастанғыр, мүрдем кеткір, ішек-қарны ақтарылып қалғыр.* Мәуияны танып алдынан бір топ бала тұра жүгірді. – Қап! Алдын бөгеп жүргізбеуін қарашы, мына *ж а й р а ғ ы р л а р д ы ң* (З.Ақышев, Жесір.). – Айналайын, қайным екенсің ғой, шырақжан-ай, анау *ж а й р а ғ ы р,* қарасан келгірді қайырып келші?! – деді (С.Бақбергенов, Қарға там.). «Ақ қағаздай қызымыз еді, қара жер ғып кетті», «жалғызыңнан *ж а й р а ғ ы р а й*» – деп тілейді ғой анау қыздың ата-анасы (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАЙРАН [ир. جيران] з а т. з о о л. <лат. gazella subguttursa> *Киік тобына жататын, жүгірісі өте тез, әдемі тұз жануары.* Сарысу жақтың даласы мен тауында өріп жүрген киік, арқар, *ж а й р а н*... көлі мен өзенінде қаптаған құс, қабан (С.Мұқанов, Сырдария). Ал жазық далаларда түйе, *ж а й р а н,* бөкендер үйір-үйірімен қаптап жүретін (ҚазССР тарихы).

ЖАЙРАҢ с ы н. *Көңілі шат, жайдары.* Амангелдінің әйелі арық, өңсіз Рәш ас дайындап жүр. Жұқа ернінде *ж а й р а ң,* момақан күлкісі бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). – Қойшы, Әбе, қайдағыны айтпай. О заман да, бұ заман әйел көкпар тартып не қиратушы еді... – деп жанары *ж а й р а ң* бір ұшқын шашып, жарына жалт қарады ол (С.Ақтаев, Дала.). ...Байболатов өз кабинетінде қарсы алды. Еңсегей бойлы, ер тұлғалы *ж а й р а ң* жігіт екен (Ақ бидай).

Жайраң күлкі. *Көңілді күлкі, жай күлкі.* Кешегі *ж а й р а ң к ү л к і* су сепкендей басылып, қайғы-мұң сызаттары белгі беріп те үлгірген (Ж.Мусин, Үміт).

Жайраң қақты. *Көңілі көтеріліп жайнаңдады.* Ән мен күйден әуез келсе, *Ж а й р а ң қ а ғ ы п* қалушы ед. Ән салатын Күлкетайды, Жаныңдай жақсы көруші ед (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аққөңіл Байжан ерке жеңгенің *ж а й р а ң қ а қ қ а н* жарқын мінезіне құлай кетті де, табаққа келді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Шын бақытты екенін маған аңғартқысы келгендей, әлсін-әлсін күліп, бір тұрып, бір отырып *ж а й р а ң қ а ғ а д ы* (І.Есенберлин, Алтын құс). Өз көкем көңілді күлкісімен қазір де *ж а й р а ң қ а ғ ы п* Қорғанбөгеттің жағасында жүрген сияқты (М.Дүзенов, Ақәже).

Жайраң мінез. *Жайдары мінез, ашық мінез.* Бұрынғы *ж а й р а ң м і н е з,* бұрынғы ерке қылық жоқ (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Жайраң үн. *Көңілді дауыс, ашық дауыс.* Шаршағамыз да жоқ, қарнымыз да ашқан жоқ – деді Сырым еркелігі бар *ж а й р а ң ү н м е н.*

ЖАЙРАҢДА= е т. *Көңілі тасып, жайраң қағу, жайнаңдау.* ...Амантай Итбайдың бетіне қараса, ішінде тұтанған үміттің ұшқыны бетіне шығып, «сәті келді» дегендей кескіні *ж а й р а ң д а п* тұр екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Айтулы сағатта оның үйіне бардық, Үй иесі бізді *ж а й р а ң д а й* қарсы алды (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Әлдене есіне түскен Самал кенет жадырай *ж а й-*

р а ң д а п, шаттана сөйлеп, сыңғырлап күліп жіберді (З.Жәкенов, Таң самалы).

Жайраңдап күлді. *Көңілдене күлді, масаттана күлді.* Арбада отырған Абзал *ж а й р а ң д а п к у л і п* айналасындағыларға әлденені әңгімелеп барады (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Жайраңдап сөйлесті. *Көңілдене, шаттана сөйлесті.* Бұл әйел Сұлтанмен өмірде *ж а й р а ң д а п с ө й л е с к е н* де емес (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЙРАҢДАС= е т. *Әзіл-қалжың айтысып, ойын-күлкімен ашық-жарқын отырысу.* Әлгінде ғана *ж а й р а ң д а с ы п,* үлкендердің көзін ала бере әзілдесе күліп отырған жастар да үнсіз (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жаздың көркі енеді жыл құсымен *Ж а й р а ң д а с ы п* жас күлер құрбысымен. Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал, Жарбаңдасар өзінің тұрғысымен (Абай, Тол. жин.). Көңілді жұмысшылар *ж а й р а ң д а с ы п,* келгеннен жылы жүзбен араласып (Т.Жароков, Шығ.).

ЖАЙРАҢДАСУ *Жайраңдас етістігінің қимыл атауы.* Жастардың *ж а й р а ң д а с у ы н а* қарап, кездесу кешінің көңілді өткенін сезді («Лен. жас»).

ЖАЙРАҢДАТ= е т. *Шат-шадыман ету, жайнаңдату.* Бақ деген шіркінді ол іштен басқаша ойлаушы еді, бақ деген көңілге көктем лебіндей леп әкеледі, адамды жаздың күніндей *ж а й р а ң д а т а д ы* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Жыр бұлағын селдетіп, Көсегесін көгертіп, *Ж а й р а ң д а т қ а н* заманым, Бақытты өмір сүргізіп (Халық ақын.).

ЖАЙРАҢДАТУ *Жайраңдат етістігінің қимыл атауы.* Тойды жүргізуші бір қуақы да көңілді жігіт екен, жастарды күлдіріп, мәзмейрам етіп, *ж а й р а ң д а т у м е н* болды («Лен. жас»).

ЖАЙРАҢДАУ *Жайраңда етістігінің қимыл атауы.* Сол дәурен, қайда кеттің сайрандаған, Қызықты күнім қайда *ж а й р а ң д а ғ а н* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Келеді жігіт тез басып, *Ж а й р а ң д а п* жаны жүз күліп: «Өседі осылай жалғасып, әкелер салты ізгілік» (М.Әлімбаев, Құрбыма). Бұрынғыдай *ж а й р а ң д а у ы* жоқ, жүрегі толып, ауыр-ауыр күрсіне береді (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

ЖАЙРАҢДЫҚ з а т. *Жайдарылық, шат мінезділік, көңілділік.* Оның жүзінен кейінгі кезде пайда болған *ж а й р а ң д ы ғ ы* ғайып болыпты (Қ.Баялиев, Дегелек.).

ЖАЙРАҢ-ЖАЙРАҢ: жайраң-жайраң етті. *Шат-шадыман болды, жайнаң қақты.* Дәмелі бұрынғыдан да сұлуланып кеткен тәрізді, екі беті қызарып, қарақат өзі күлімдей түсіп, *ж а й р а ң - ж а й р а ң е т е д і* (І.Есенберлин, Айқас). Меңдібай одырая бір қарады да, шырамытқандай болып, бұрылып қолын ұсынды. Түсі жылы, *ж а й р а ң - ж а й р а ң е т е д і* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАЙРАҢҚЫ с ы н. *Көңілді, жайдары, жылы шырайлы.* Сен тұрасың *ж а й р а ң қ ы* дидарыңмен, тәрізді жалғасы бар жаңа дастан (Д.Әбілев, Таңд. өлең.).

ЖАЙРАС= е т. *Түгелдей сұлап жатысу.* Біздер жоқ жау келед деп қайғы ойлаған, Мойнақтан шыға келдік елең-алаң *Ж а й р а с ы п* бес жылқышы ұйықтап жатыр, Басына жалғыз жайдақ тай байлаған (Батырлар жыры).

ЖАЙРАСУ *Жайрас етістігінің қимыл атауы. Ж а й р а с у ғ а* жол жоқ (Ауызекі).

ЖАЙРАТ= е т. **1.** *Сұлатып салу, бытшытын шығару.* Өңкей қулар, мықтының бәрін *ж а й р а т,* Тақымына бұрау сал, сырын сайрат. Бар жақсымыз қулардың құлы болды, Тепсе темір үзерлік, қайран, қайрат!.. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Мен қолыма не түссе сонымен ұрып табанда *ж а й р а т а р* едім, – еп айғайлады манағы Серік дейтін жас қайлашы (Ә.Әбішев, Замана.). Төлеген төрт күн соғыста болды. Төрт күннің ішінде ол талай жауды *ж а й р а т т ы* (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** *Жілік-жілік етіп бөлшектеп тастау.* Шопан ата текені жіліктеп-мүшелеп *ж а й р а т ы п т ы* да тастапты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Өлім болса бақ қаның, *ж а й р а т ы п* көрге саламын (Батырлар жыры).

ЖАЙРАТҚЫШ с ы н. *Сұлатып, серейтіп салғыш, қиратқыш. Ж а й р а т қ ы ш* – бомба, Қиратқыш – бомба, Қарақшы – сәуле, Қасапшы сәуле. Бәрін де сендей (Ш.Смаханұлы, Ұры.).

ЖАЙРАТТЫР= е т. *Сұлаттыру, сойғызу.* Қоймен кім қонақ қылмайды. Бір ту биені әкеп *ж а й р а т т ы р а м* (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

ЖАЙРАТТЫРУ *Жайраттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а й р а т т ы р у ғ а* қимады.

ЖАЙРАТУ *Жайрат етістігінің қимыл атауы.* Алып жолбарысты жалғыз оқпен *ж а й р а т у* үшін алып күш керек (І.Есенберлин, Алмас.). Қуғын көрмей келіп киліксе, үш қасқыр ең құрығанда бір жылқыны *ж а й р а т у ғ а* шамасы жететіні түсінікті ғой (Қ.Тәукенов, Айлалы.). Жауды көпірден өткізбей қамауға ала *ж а й р а т у* керек (От ортасы).

ЖАЙРАТЫЛ= е т. *Қиратылу, шашылу.* Үш күн ұдайы соғыс болды. Біздің дивизияның өрісінде елуден аса дұшпан танктері *ж а й р а т ы л ы п т ы* (Б.Момышұлы, Москва.). Жырыңнан жайдың оғы жауға атылсын, Жау тобы жансын, күйсін, *ж а й р а т ы л с ы н.* Халқымның қаһармандық күшін қозғап, Жиналған жыр тыңдаушы пайда қылсын (Айтыс).

ЖАЙРАТЫЛУ *Жайратыл етістігінің қимыл атауы.* Жаудың *ж а й р а т ы л у ы* керек (Ауызекі).

ЖАЙРАТЫМПАЗ с ы н. *Қиратып бұлдіргіш, жойымпаз.* Сән мен салтанат дегенде қолынан келмейтіні, ойлап таппайтыны жоқ. Адамның *ж а й р а т ы м п а з* емес, жасампаз екенін сонда ғана ұққандай боласыз (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖАЙРАТЫС= е т. *Қырып-жойысу, сұлатысу, қиратысу.* Кезінде талай жауды *ж а й р а т ы с т ы,* Бекпенбет тауысқан ба қайрат күшті. – Махажан, – деді дағы жерді шұқып, Сорғалап көз алдына тамшы түсті (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан).

ЖАЙРАУ *Жайра етістігінің қимыл атауы. Ж а й р а у ы н* қара! (Ауызекі).

ЖАЙРАУЛЫ с ы н. *Әр жерде шашылған күйі.* Қаша-қаша жөнелді, Кер бие қалды байлаулы, Жүгі қалды *ж а й р а у л ы,* Басына түсіп уайым (Көрұғлы).

ЖАЙСАҢ с ы н. *Жадырап жайраңдаған, жарқын.* Қас-қабағы қиылған, дөң маңдай. Аман болса нағыз *ж а й с а ң* жігіт болайын деп тұр (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). – Осында соға кетсе жақсы болар еді, көріп қалатын. *Ж а й с а ң* жігіт қой өзі (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Өзі де етінен ет кесіп беретін *ж а й с а ң* жігіт еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ағаң да бүгін тойса, ертеңін уайымдамайтын еді. Көңілі ақ, жаны *ж а й с а ң* еді бейбақтың (Қ.Тоқмырзин, Оқшау отау).

Қасқа мен жайсаң. а) *Сорпаға шығар, игі жақсы.* Көп ұзамай Халуа мен Саржанның үйлену тойы болды. Сол тойға Семейдің небір *қ а с қ а м е н ж а й с а ң д а р ы* жиналды (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). – Тек ден сау болсын де. Әлі *қ а с қ а м е н ж а й с а ң ы н ы ң* талайына кездесесің (М.Мағауин, Ақша қар). ә) *Өңкей шынжыр балақ, шұбар төс, ығай мен сығай.* Омбыдағы жарты патша той қылып, барлық елдерді жинаған. Жинағанда оған барғандар ылғи *қ а с қ а м е н ж а й с а ң* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Кілең *қ а с қ а м е н ж а й с а ң ы н ы ң* желдіаяқ жүйріктерінің қатарында қара қасқа кедейдің жалғыз аты бірге кетті (С.Бақбергенов, Қарға там.). Басқа *қ а с қ а м е н ж а й с а ң д а р* күймелі солқылдақ арбаларына қос-қостан шірене мінип, жиын болатын тұсқа шерулей жөнелді (А.Сатаев, Дала.).

ЖАЙСАҢДАЙ с ы н. *Жадыраңқы, жарқын.* Қос уыс қолхоз түгіл бұның әкесіндей жерлерде де осы *ж а й с а ң д а й* біреулер отырған жоқ па (Ә.Нұрпейісов, Сең).

ЖАЙСАҢДАУ с ы н. *Ақжарқындау, жадыраңқылау.* ≈ *Ж а й с а ң д а у* адам.

ЖАЙСАҢДЫҚ з а т. *Жайраң қаққан жарқындық.* Әжімі аз ат жақты жүзінен ақжарқын адамға тән *ж а й с а ң д ы қ т ы ң* лебі есіп тұр (Саржайлау). Содан бері ол адуын сөйлеуінен де тыйылды, *ж а й с а ң д ы қ* салтынан да жаңылды (Қ.Жармағамбетов, Әнші.). Егер өзіңді жек көретін адамды қорғап қалсаң, ол – жаныңның *ж а й с а ң д ы ғ ы н ы ң* белгісі (І.Есенберлин, Көлеңке.).

ЖАЙСЫЗ с ы н. *Лайықсыз, ретсіз; тиімсіз, қолайсыз.* Тығыздату керек... Елу басылар *ж а й с ы з,* қолайсыз кісілер... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалайынікіне Аян барып жүрмейтін еді... енді барып отырғаны өзіне *ж а й с ы з* көрінді (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұл *ж а й с ы з* жағдайлардың кенет насырға шауып, қоюланып кеткені сонша... тынысым ауырлап кетті (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Биылғы көктем шаруаға *ж а й с ы з* болып тұр ғой. Әлі күнге бір тамшы жаңбыр жауған жоқ (К.Баялиев, Жер.).

Жайсыз әңгіме. *Қолайсыз, ыңғайсыз сөз.* Әкесінің атын естігенде Жәнібектің беті ду ете қалды. Онымен кетерде соңғы рет жолыққаны, арада болған *ж а й с ы з ә ң г і м е* есіне түседі (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Жайсыз естілді. *Жағымсыз естілді.* Оның ащы, жиіншке жаусы құлағыма *ж а й с ы з е с т і л д і* (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Жайсыз оқиға. *Қолайсыз жағдай.* Осы арада маған тағы да бір *ж а й с ы з о қ и ғ а н ы ң* куәсі болуға тура келген (Қ.Сақанов, Өткел аузында).

Жайсыз сұраным. э к о н. *Белгілі бір рынокта сатып алушылардың көбі тауарды сапасына қарамастан тәріске шығаратын сұраным. Ж а й с ы з с ұ р а н ы м* – рынокта белгілі бір тауарға сұранымның барынша аз болуы немесе елеулі сұранымның болмауы (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жайсыз тиді. *Ыңғайсыз, қолайсыз әсер етті.* Жәнібек басын шайқады. Ет қызуымен келерін келіп қалса да, есіктің берік жатуы бір түрлі *ж а й с ы з т и д і* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Басқадан гөрі малшыларға қыс күндері, әсіресе ерте қыстың *ж а й с ы з т и е т і н і* бар емес пе (Б.Тоқтаров, Қыран.). Бекбастың келіп тұрған хабары *ж а й с ы з т и д і* білем, алдымен Қалаубек селт етті (А.Байтанаев, Қайнар.).

Жайсыз түс. *Жағымсыз, қолайсыз түс.* Ол *ж а й с ы з т ү с* көрсе керек, түсініксіздеу тұтығып былдырлап шошып оянды (З.Жөкенов, Таң самалы).

Жайсыз ұйықтады. *Ыңғайсыз ұйықтады.* Сағат он бір кезінде өткен түні *ж а й с ы з ұ й ы қ т а ғ а н* Жәнібек есіней бастаған (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Жайсыз хабар. *Жағымсыз, суық хабар.* Осы бір *ж а й с ы з х а б а р* құлағына тиісімен Бойков Тыныбек еліне аттана шауып тез жетіп

еді (С.Омаров, Дала қызы). Бүгінгі *ж а й с ы з х а б а р д а н* еңсесі түскен жұрт көгалға малдасын құрысып, алқа-қотан отырысты (Ө.Әлішев, Батыр.).

ЖАЙСЫЗДАН= е т. **1.** *Қолайсыз көру, ыңғайсыздану.* Ол жүзбе-жүз кездескенде қипы-жықтап, қызарып, *ж а й с ы з д а н ы п* қалады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Жігіт бір түрлі *ж а й с ы з д а н ғ а н д а й* қолын тартып алды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Шаршағандықтан ба, қабағы қатулау көрінді. Бұған өзін кінәлі санаған Бүлікпан қатты *ж а й с ы з д а н д ы* (С.Ләмбеков, Тайталас). **2.** *Тиышы кету, мазасыздану.* Отар бір түрлі *ж а й с ы з д а н ы п* сандалып, ерсілі-қарсылы жылдам басып жүр (С.Сейфуллин, Шығ.). Сәлден соң ауру *ж а й с ы з д а н а* талықсып кетті (С. Алдабергенов, Алға.). Әмірші жүрегінің басын суық қармағандай *ж а й с ы з д а н ы п* қалды (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖАЙСЫЗДАНДЫР= ет. *Мазасыздандыру, тиышын кетіру.* Мұндай полиптер жайыла созылып, тік ішектің сыртына айналып шығысымен қатты ауырып, *ж а й с ы з д а н д ы р а д ы* (Л.Иншаков, Тік ішек.).

ЖАЙСЫЗДАНДЫРУ *Жайсыздандыр етістігінің қимыл атауы.* Аурулардың мазасын алып, *ж а й с ы з д а н д ы р у д а н* аулақ болыңыз («Қаз. әдеб.»).

ЖАЙСЫЗДАНУ *Жайсыздан етістігінің қимыл атауы.* «Жыл құсын» мақтады деп, кейбіреулер *ж а й с ы з д а н у ғ а* мүмкін, оны жақсы білеміз (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙСЫЗДАНУЛЫ с ы н. ж е р г. *Мазасызданған, мазасы кеткен.* Жүрек ауруынан бейнет тартатын ол өткен жаздан *ж а й с ы з д а н у л ы* болатын (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАЙСЫЗДАНЫҢҚЫРА= е т. *Қолайсыз көріңкіреу, ыңғайсыздаңыңқырау.* Ния екі әйелді бір-бірімен таныстырды. Екі әйел абыржыңқырап, біраз *ж а й с ы з д а н ы ң қ ы р а п* бір-бірімен амандасты (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЙСЫЗДАУ с ы н. **1.** *Қолайсыздау, ыңғайсыздау, жағымсыздау.* Биыл жаз Солтүстік дикандарына сәл *ж а й с ы з д а у* тиді («Қаз. әдеб.»). Бүркіт ұясы ірі шөшпектерден салынғандықтан ұя ортасына ши, өлеңшөп төсесе де *ж а й с ы з д а у* болады (А.Сейдімбеков, Ақиық). Шолпан... шешесінің сөзі *ж а й с ы з д а у* шығып жатса да жадырай жауап қайырды (А.Хангелдин, Қараторғай) **2.** *Тиышсыздау, мазасыздау.* Егер жау берілмесе оны жоямыз! Біздің ұран осы ғой. Майдан хабары біраз *ж а й с ы з д а у*, бірақ олай бола беруі мүмкін емес (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Алақұйрық қоздап қалмады ма екен. Әлгіде *ж а й с ы з д а у* көрініп еді деп шопан асықтыра түсті (С. Алдабергенов, Алға). Әкесі болымсыз нәрседен шатақ шығаратын *ж а й с ы з д а у* кісітін (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

ЖАЙСЫЗДЫҚ з а т. *Қолайсыздық, жағдайсыздық.* Шұғыл ошарыла, қауырт келген топ өзімен бірге күн райының *ж а й с ы з д ы ғ ы н* да ала келгендей болды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Жоқ, жануар бұл да ер-тоқымның *ж а й с ы з д ы ғ ы н а н* күйбеңдеген екен, енді екпіндеп жөнеле бастап, жақсы қарқын көрсетті (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Күнде ертегі айт деп атасын қинайтын бала бүгінгі әңгіменің *ж а й с ы з д ы ғ ы н,* атасының үйілін түсінді де үнсіз біраз жатты (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЙТ з а т. *Жай-күй, жағдай.* ... Ауылаймақты ауызбен бір қыдырып шығысқан соң, Әділ мен бәйбішесінің басын қосып отырып шүйіркелесетін бір *ж а й т* барын ескертті Есенәлі (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Бұл – әр жазушы, әрбір сценарист, режиссерларды ойлантарлық та толғантарлық та *ж а й т* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Дәл осы *ж а й т* қазір сендердің бастарыңда бар десем, ешкімге де өтіріқші болмас едім (А.Байтанаев, Асан).

ЖАЙТАБАН с ы н. *Үстін молырақ шығарып, шұңғылдау тігілген, өкшесі аласа аяқкиім.* Әлден уақытта көлігін жайластырып, үстінде жамаулы шапан, аяғына *ж а й т а б а н,* тозығы жеткен етік киген бір бала жігіт кірді («Қаз. әдеб.»). Қақпа шекпен, қара бөрік, жалбыр тымақ, *ж а й т а б а н* етік киген сұрқай түсті ел адамдарының ортасында... Бақытжан... көзге шалынады (Б.Аманшин, Көкжар). Кебістің мықшима, құмырсқа бел, биік өкше, *ж а й т а б а н,* үшкір тұмсық деп аталатын түрлері бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАЙТАҚ: жайтақ қақты. с ө й л. *Жайтаң қақты.* Жүйріктей жиын жарған *қ а ғ ы п ж а й т а қ,* Таңғалтты ән, атыменен елді байтақ; «Ауылым қонған Сырымбет даласына!» Деп Ақан ән сап жатты басты шайқап (І.Жансүгіров, Поэм.).

ЖАЙТАҚТА= е т. с ө й л. ***Жайтаңда***. ≈ *Ж а й т а қ т а ғ а н* жүйрік ат.

ЖАЙТАҚТАТ= е т. с ө й л. ***Жайтаңдату***. Қара болыс... күміс тұрманын жарқ-жарқ еткізіп, ақбоз атпен *ж а й т а қ т а т ы п* есіктің алдынан өте шықты (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЖАЙТАҚТАТУ *Жайтақтат етістігінің қимыл атауы.* Көздерін *ж а й т а қ т а т у ғ а* кірісті (Ауызекі).

ЖАЙТАҚТАУ с ө й л. ***Жайтаңдау***. *Атының ж а й т а қ т а у ы н* қара (Ауызекі).

ЖАЙТАҢ: жайтаң қақты. *Жайнаң қақты, жайраңдады.* Олжабек уәде бойынша басын изеп-изеп жіберді. Томсарып қалғандардың бірсыпырасы томағасын алғандай *ж а й т а ң қ а ғ ы п* оңдалып отырды (F.Мұстафин,

Шығанақ). Базар оқ бойы алда, жирен қасқаны *жайтаң қаққызып* жортып барады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Осы әйеліме неге суықпын. *Жайтаң қағып*, жарқын-жарқын сөйлемегенмен, маған деген ықылас-пейілі түзік емес пе – деп ойлады ол кетіп бара жатып (Таң нұры). Жалықпай жалғаншы үшін жазы-қысы, Ит жортақ жүрісіміз бүлкілдей-ақ. Жалғаншы *жайтаң қағып* және алдайды, Түлкінің тұра кашқан көркіндей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАЙТАҢДА= е т. *Құбылып жайрақ қағу, жайнаңдау.* Жап-жаңа дүние тұр жайнап, *Жайтаңдап* жаңа адамдар. Жанымнан үрей серпілді, Жарқ ете қалды жаңа ойлар (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Күн өтті, түн өтті. Бір тәуліктен кейін күтімі келіскен Сандалкөк *жайтаңдап* шыға келді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Тағы да толықсыдың туған айдай, Ләзәтті сөзің тәтті шекер балдай, Оныңда сан құрбыңнан озып шығып, Он бірде *жайтаңдайсың* тұрымтайдай (Бес ғасыр.). *Жайтаңдап* жанбауырдан қашса алтайы, Тұрарсың тұғырында ұмтылмай-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАЙТАҢДАТ= е т. *Жайнаңдату, жайнаң қаққызу.* Не болмаса қаракерді ерттеп мініп ап, *жайтаңдатып* жортуылдар ма мынау мәңгіріп тұрған медиен тау-тасты даланы (О.Бөкеев, Үркер). Алмас қылышын оңды-солды сілтей бастады; Қолым шығып қалды ма деп қаупайлаған, қызынып алғасын жай отындай *жайтаңдатты* (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАЙТАҢДАТУ *Жайтаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қылышты *жайтаңдату.*

ЖАЙТАҢДАУ *Жайтаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жайтаңдаумен* өткен өмір.

ЖАЙУАТ[1] з а т. ж е р г. *Өткел, судың таяздау жері.* Сайрам суында бірнеше *жайуат* бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЙУАТ[2] ү с т. *Ақырын, жайымен ғана, баяу.* Қолына ұстай кірген хатының хабары бүкіл Спасты дүрліктірерлік екен, тіпті *жайуат* естіртті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сырты *жайуат* айтылса да, астарының ащы екенін түсінген Бота осы бір кезеңді жерде кідіре алмады (С.Талжанов, Ұлдай.). Жаздың күні шілдеде дарияға барсаң, *жайуат*, арнасынан аспай, жүп-жуас момақансып ағып жатқан лайсаң суды көресің (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

ЖАЙША[1] ү с т. *Әншейін, жай ғана.* Кейбіреулері шылым тартады, екіншілері *жайша* дем алып отыр (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Достар құшақтарын жазған шақта: – Ие, Тақыр, *жайша* келдің бе? – деді Зейнеп (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кешуің болса маған бер, Еркелей қалдым *жайша* бір. Дегендей саған туған жер: «Келіп те кетіп қойса бір!» (Ғ.Қайырбеков, Қанат. жыл.).

ЖАЙША[2] ү с т. *Найзағай сияқтанып, жай тәрізденіп.* Желкені керілген кішкене қайық толқындар үстінен *жайша* атылып, зулай ағады (Т.Құрманалиев, Теңіз.). Жарқылдап *жайша* жайнап, өртше отап, Таңғалдыр бүкіл жиһан дүниесін! (От ортасы). Ораз. Олар сендей кедейдің қызыл бұзауынан байыған жоқ. Сен *жайшылықта* үйіңнен кісіге бір тостаған саумал бересің бе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЙШЫ з а т. к ө н е. *Құдайға жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын сиқыршы.* Сол жерде киік те өлді, *жайшы* да өлді. Ажалы бірі-біріне қайшы келді. Өліп жатқан солардың иісімен, Қасына жортып жүріп бәрі келді (Майлықожа, Нақыл).

ЖАЙШЫЛЫҚ з а т. *Жайбарақаттылық, бейбіт өмір, тыныштық. Жайшылық* өмірде әйеліне арқа сүйеп, сеніп қалған Қален сыбайсалтаң адамдай артына қайырыла қоймайтын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Бұл қайдан келген періште деп таң-тамаша болып отырсам, өзіміздің Зәру келін екен ғой, *жайшылық* па? (Ә.Әбішев, Ғаламат). «Досым Федор, Мына хат – соңғы хатым Соңғы тыныс, Соңғы дем қалды жақын. *Жайшылықта* айырмас ақ, қараны Сыпсың сөздер бір сәтке тоқталады. Тоз-тоз болған ағайын басын қосып, Ертең мені жерлеуге ап барады (М.Шаханов, Ғасырлар).

ЖАЙШЫЛЫҚТА ү с т. *Жай уақытта, әншейін кезде. Жайшылықта* оңайлықпен көне қоймайтын ел жалғыз ауыз сөзге келмей, жерден қазса да үй басы он сомнан ақша төледі (С.Шарипов, Бекболат). *Жайшылықта* бетегеден биік, жусаннан аласа боп, ел көзіне жарқырап түсе бермейтін қарапайым қазақ қызы осы арада қараңғы түндегі найзағайдай атылды (С.Омаров, Дала қызы). *Жайшылықта* мінезге бай, сабырлы капитан әбден түтеп алыпты (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). *Жайшылықта* бәрі жақсы, адам қиыншылықта сыналады (Ж.Арыстанов, Сұңқар).

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫ с ы н. *Жай уақыттағы, әншейіндегі.* Ауру адамның *жайшылықтағы* ойы қысылған кезінде тілінің үшіндетұрады екен ғой (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Үндеме! Қайтесің? – деді Мағрипа жайшылықтағы кеңдігімен (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). *Жайшылықтағы* киіміңізді қобалжуыңызбен бірге үйіңізге қалдырасыз. Тура бір аптадан кейін полкке ораласыз – деді («Қаз. әдеб.»). *Жайшылықтағы* жақ тындырмайтын әңгімелер осындайда жүйе-жүйесімен келіп отырса ғой («Лен. жас»).

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫДАЙ үс т. *Әншейін-дегідей, жай кездегідей.* Екі баласына *жайшылықтағыдай* «айналайын, қарағымды» көп айтты (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Кәдуілгі *жайшылықтағыдай* жабдықталған демалыс үйіне келіп орналастым (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЖАЙЫЛ с ы н. *Жалқау, керегар, тілазар, өз білермендігімен жүретін (адам).* Менің бір қос басым алдында нені тапсырсаң, соны орындамай тұрып, екінші жұмысқа баспайтын, бір *жайыл* неме еді (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

ЖАЙЫЛ[1]= е т. *Жайылымда, өрісте оттау.* Қыбыр еткен бір қара көрінбейді. Бұл ауылдың малы әрі Ипан аспай, бергі осы бозда *жайылатын* (Т.Ахтанов, Боран). Алтыбасар қаласы мен ар жағындағы отырған ауылдың далада *жайылып* жатқан малдары алақандағыдай көрініп тұрды (С.Шарипов, Шығ.). Кей жылдары ірі қара былай тұрсын, қой-ешкінің өзі алты ай қыс бойы аяғынан *жайылып* шыға береді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАЙЫЛ[2]= е т. **1.** *Көлемі кеңейіп, жазылу.* Кең *жайылған* судың ортасында көңіл көтеріледі (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Балапан бұтақтар жанжағына қанша *жайылса,* топырақ астындағы күре тамырдың кішкене тармақтары да сонша өрбиді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Лекция жазып отырған кезде қол терлейтінін, ал қағаздың тер тиген жеріне сия *жайылып* кететінін... мен кейін Меңтайдан үйрендім (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Тағы да жалбарына *жайылған* қолдар бет пен сақалды сипап өтті (Ә.Тарази, Асу.). **2.** *Төселу, салыну.* Еденге киіз бен алаша аралас төселіп, оның үстіне көрпе *жайылыпты* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **3.** а у ы с. *Таралу, бірден-бірге жайылу.* Соғысып өлем демеген жігіт жоқ. Атбасардан әскер шығады екен деген сөз ертеден-ақ *жайылып* еді (С.Шәріпов, Бекболат). Көптің көңілінен шығып, қалың бұқара арасына тез *жайылып* кеткен бұл өлеңнің авторы қазақтың белгілі ақыны А.Тоқмағамбетов екенін мен көп жылдар өткен соң барып білдім (Ө.Қанахин, Жер бас.). **4.** *Аты кеңінен мәлім болу, белгілі болу.* Бұл өңірге оның аты кеңінен *жайылған* еді (Ауызекі). **5.** *Құс қанатының жазылуы, екі жағына созылуы.* Бүркіт қанаты *жайылып,* ұзақ қалықтады (Ауызекі).

Аты [атағы, даңқы] жайылды. *Есімі елге тарады, әйгілі болды.* Бұл – атығай-қарауылға, бүкіл Көкшетау өңіріне *аты жайылған* аңшы, саятшы сері жігіт, өз жанынан шығарып айтатын әнші (С.Жүнісов, Ақан сері). Бәлен жылдан бері алдына жан салмай, *атағы* бүкіл төңірекке *жайылған* колхозға ұят келтірмесе жарар еді (З.Ақышев, Жесір.). Саматты жыққан соң бүкіл Шаңсуат аймағына Аманкелдінің *даңқы жайылды* да кетті (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Ауа жайылды. а) *Ара жігі алшақтап, бөлініп кетті.* Арқадан *ауа жайылып,* асыл арғымақ сіздің атақ-аруағыңызға келіпті (К.Әзірбаев, Аңыз.). Сіздің айтып отырғаныңыз Шади елінен ертерек *ауа жайылып* кеткен, жырынды біреу шығар (Ғ.Сланов, Замана.). ә) *Лағып, бетімен кетті.* Кейде жұрттың шындықтан *ауа жайылып* аулақ кететіні бар (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Жұрттың айтқаны достық еді. Оны ұға алмай, *ауа жайылып* тұрсың (М.Иманжанов, Жастық).

Бетімен жайылды. *Бет-бетімен, бет алды кетті.* Лушқа төрізді жатып ішер жандар белгілі бір дәуірдің жемісі, онда қоғамның жұмысы болмайды, әркім *бетімен жайылады* (І.Омаров, Шабыт.). Ел *бетімен жайыла* берген. Оларды жинауға әлі келмесін көрген Шыңғыс Омбыға барып үкімет адамдарына ақылдаспақ ниетінде еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жайылып жастық, иіліп төсек болды. *Бәйек болды, жаны қалмады.* Балаларын алып бұл барса, ол да аянып қалмайды, *жайылып жастық, иіліп төсек болып,* бір жасап қалатын көрінеді (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). Жас босанып отырған Керімбала бұларға *жайылып жастық, иіліп төсек болды* (Қ.Құттыбаев, Боран). Басқасын былай қойғанда тек сонысы үшін ғана бұл адамға *жайылып жастық, иіліп төсек болғаның* келеді (К.Қазыбаев, Дәуір.).

Жайылып кетті. *Бет-бетімен босып, қаңғырып кетті.* Ақыл-ойдан адасып, беттеріне көң жапсырғандай реңсіз, сұрықсыз даланың жемісін теріп жеп, аңдай *жайылып кетті* (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

Жайылып сала берді. *Жаны тыншып, жадырап, көңілденіп қоя берді.* – Онда дұрыс екен, – деп Бозжанов *жайылып сала берді* (Б.Момышұлы, Москва.).

Жайылып түсті. *Көңілденіп, жадырап қоя берді.* – Ә, солай десеңші одан да, – деді Зайкүл Жомартбектің сұлусын дегеніне *жайылып түсіп* қалып (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Директор... бұрынғы мінезінің бірі жоқ, *жайылып түсіп,* жайдары сөйлесіп кешірім сұрады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Садықты сараң деп жүрген жұрт та үш қой сойған соң *жайылып түсіп* бәрін ұмытты (К.Қазыбаев, Ызғар). Не дегенмен Алтынайдың аққөңілділігі де бар еді. Қатира ойының астарын түсінбей, *жайылып түсіп* қалды (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖАЙЫЛҒЫ з а т. *Жерге төсейтін төсеніш.* Екі брезент *жайылғынды* қойды (Ауызекі).

ЖАЙЫЛМА[1] з а т. **1.** *Жазғытұрым өзен, қар суы көп жиналатын алқап.* Қар күрт ери бастады. Сай-саладан су жүріп, төңірек *ж а й ы л м а* болып кетті (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Демек, ол атты жақынға айдатса *ж а й ы л м а д а н*, алысқа айдатса Қамқалыдан жібертеді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** с у ш а р. *Шабындықты терраса, өзен аңғарының едәуір тегіс келген, қазіргі заман шөгінділері жапқан, тасқын немесе су тасу кезінде оқтын-оқтын су басатын бөлігі. Ж а й ы л м а л а р* – екі жақты (өзен арнасының екі жағында орналасқан), бір жақты (ағын арнасы аңғардың бір беткейіне жабыса орналасқан) және ағынның бірде оң, бірде сол жағына ауысып отыратын жайылма болып сараланады (Қаз. тілі термин. Су.). Ертіс *ж а й ы л м а с ы н д а ғ ы* топырақтың түрлерін бірнеше жүйелерге бөлуге болады (Н.Баяндин, Өзен алқабы.). **3.** г е о л. *Аңғар табанының тасыған су басып қалатын бөлігі. Ж а й ы л м а* биік (бірнеше жылда бір рет су басатын) және төмен (жыл сайын су басатын) түрлерге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология). *Ж а й ы л м а* биіктігі судың көтерілуіне байланысты (Қаз. тілі термин. Геология).

Жайылма топырағы. с у ш а р. *Аллювиальды топырақ, өзен суының жиі тасуы кезіндегі өзен аңғарындағы тұнба қалдықтар. Ж а й ы л м а т о п ы р а ғ ы* жер асты суының жақын орналасуына байланысты өзен аңғары топырағының саз балшыққа айналатын табиғи құбылысы (Қаз. тілі термин. Су.).

Жайылма үстілік терраса. г е о л. *Жайылмадан биік орналасқан терраса.* Олардың есебі бірінші *ж а й ы л м а ү с т і л і к т е р р а с а д а н* бастап төменнен жоғары қарай жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАЙЫЛМА[2] с ы н. **1.** *Жайылыңқы, шашыранды.* Шықтым ба шыңға өрмелеп, Көрдім бе жүріп жер шегін! Жер деген осы дөңгелек *Ж а й ы л м а* шығар деуші едім (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жайылма сөйлем. л и н г в. *Бастауыш, баяндауыштан басқа да мүшелері бар жай сөйлемнің түрі.* Сөйлемдерге ортақ басты қасиеттеріне, бастауыш, баяндауыштан да басқа мүшелері барлығына қарап, оларды *ж а й ы л м а с ө й л е м* деп танимыз (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАЙЫЛМАЛАН= е т. *Жайылып көлемі үлкею, кеңею.* Сөйтіп негізгі тұрлаулы мүшелермен бірге айтылатын тұрлаусыз мүшелер арқылы сөйлем құрылысы жағынан *ж а й ы л м а л а н ы п*, мағына жағынан кеңейіп, толықтанады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАЙЫЛМАЛАНУ *Жайылмалан етістігінің қимыл атауы.* Көктемгі судың *ж а й ы л м а л а н у ы н а н* сақтану шараларын алдын-ала жүргізу қажет (Ауызекі).

ЖАЙЫЛМАЛЫ с ы н. *Арнасынан асып, таралып қаптап жататын.* Көкшетауда көптеген көлдердің көлемі үлкен, *ж а й ы л м а л ы* келеді (К.Күленов, Қазақст. балық.). Бұрын босқа шалқып жатқан *ж а й ы л м а л ы* суды құрғатып, егін салудамыз, қалың қамысы құрылысқа тартылуда («Соц. Қаз.»).

Жайылмалы экожүйелер. с у ш а р. *Өзен бойында орналасқандықтан, сол өзендердің жылдық режімдеріне тікелей байланысты экожүйелер.* Көпшілік өзен бойындағы *ж а й ы л м а л ы э к о ж ү й е л е р* көктем, кейбір жылдары жаз айларында су тасыған кездерде су астында қалып, олардың бетіне сумен келген шөгінді жыныстар жиналады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а й ы л м а л ы э к о ж ү й е л е р* топырақтары әртүрлі қабатты, аллювийлі шымды-шалғынды. Ылғалмен жақсы қамтамасыз етілгендіктен, жақсы өнім береді (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а й ы л м а л ы э к о ж ү й е л е р* көбінде шабындық ретінде, ал кейбір жағдайларда бақша егістері үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Сушар.).

ЖАЙЫЛМАЛЫҚ з а т. *Жайылма су басқан жер бөлігі.* ≈ *Ж а й ы л м а л ы қ* суы.

Жайылмалық аңғар. с у ш а р. *Жайылмасы жақсы дамыған аңғар. Ж а й ы л м а л ы қ а ң ғ а р* морфологиялық дамуының соңғы сатысына жатады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жайылмалық батпақ. с у ш а р. *Негізінен қамыс пен қоға басқан, жақсы дамыған жайылмаларда болатын ойпаңдық (евтрофтық) батпақ түрі. Ж а й ы л м а л ы қ б а т п а қ қ а* айналды (Ауызекі).

Жайылмалық көл. с у ш а р. *Негізгі арнадан бөлініп қалған өзен тармағы немесе саласы. Ж а й ы л м а л ы қ к ө л* бұрынғы өзен иінінің қалдығы, өзен жайылмасындағы көл (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а й ы л м а л ы қ к ө л* пландағы көрінісі ұзынша келген ирек немесе тағаға ұқсас болып келеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Жайылмалық көлтабан. с у ш а р. *Өзеннің ескі арна жағалауына орналасқан көлтабан. Ж а й ы л м а л ы қ к ө л т а б а н* өзеннің кейде бір жағында, кейде екі жағында да болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а й ы л м а л ы қ к ө л т а б а н* өзеннің тасқын суымен толып ағу кезінде, топырақтың терең қабатында ылғал жинайды (Қаз. тілі термин. Су.).

Жайылмалық шөгінділер. с у ш а р. *Құмдақ алевритті, алевритті-пелитті болып келетін жайылымдағы аллювийлік шөгінділер. Ж а й ы л м а л ы қ ш ө г і н д і л е р* – тасқын немесе су

тасуы кезінде жайылмаға шыққан өзен ағысының қалдығы (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖАЙЫЛТ= е т. *Жаю; кеңейту, тарату.* ≈ Малды *ж а й ы л т ы п* келді.

ЖАЙЫЛТУ *Жайылт етістігінің қимыл атауы.* Бақша өнімдерінің түйнектері неғұрлым көп болу үшін аралық бос жердің молырақ болуын қадағалап, желілер мен сабақтарды кең *ж а й ы л т у ғ а* мүмкіндік жасау керек («Лен. жас»).

ЖАЙЫЛУ *Жайыл етістігінің қимыл атауы* **1.** *Жайылымға өру, өрістеу.* Көктемнің көк бурыл бозына қар суымен өрістеген жылқылар шоқ-шоқ, үйір-үйір болып *ж а й ы л у д а* (С.Бегалин, Шоқан асу.). Арындап бара жатқан қалың жылқы енді *ж а й ы л у ғ а* кірісті (І.Есенберлин, Алтын Орда). **2.** *Таралу.* – Жерге судың тегіс *ж а й ы л у ы н* өз көзіммен қадағалап отырамын (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). **3.** *Жазылу, кеңею.* Бұл процесс бүкіл керегенің бүктеліп, *ж а й ы л у ы м е н* және келесі керегемен қабысу техникасын үйші ұстаның дұрыс меңгеруіне байланысты (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **4.** м е д. *Жүйке процесінің өзі пайда болған орыннан басқа жүйкелік элементтерге таралу қабілеттілігі.* ≈ Жүйке процесінің *ж а й ы л у* жылдамдығы.

ЖАЙЫЛУШЫ з а т. *Еркімен, өз бетімен жүруші.* Бабыр қазақты бетімен *ж а й ы л у ш ы,* өз еркімен жүруші мағынада түсініп осыдан «қазақ», «қазақламақ», деп өзгертеді (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ з а т. *Ауа жайылғандық, бетімен кетушілік.* Бұл жан төзгісіз жағдай. Қаншама аспирантты қолынан өткізді, Бірақ мұндай бетімен *ж а й ы л у ш ы л ы қ т ы* көрген емес (М.Мағауин, Көк мұнар). Орныгып болмаған демократия, жүзеге асып болмаған реформа жағдайында бұндай бөліне жарылушылық, ауа *ж а й ы л у ш ы л ы қ* пиғылдар зардабын мықтап ескермеске болмайтын еді (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

ЖАЙЫЛЫМ[1] з а т. **1.** *Ауыл маңынан шалғайлау мал өрісі, өрістік жер.* ...Август айы аяқталса да, қоңыр жоталардың түгі таймапты, жері от, жатқан бір шалқар *ж а й ы л ы м* (Ғ.Сланов, Замана.). Бұл мана өздері шыққан совхоздың жазғы *ж а й ы л ы м д а* отырған сиыр фермасы екен (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау). Қысқы отардан көктемгі *ж а й ы л ы м ғ а* малшылардың жапа-тармағай түріле көшкен кезі (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Таңертең *ж а й ы л ы м д а р д ы* аралап қайтпақ болып екі кісі атқа міндік (М.Етекбаев, Алтын.). **2.** *Оты мол жайылма, шөбі көк майса жер.* Бір табын сауын сиыр ауылдың терістігіндегі *ж а й ы л ы м ғ а* қарай беттеп барады («Қаз. әдеб.»). Күнде бір мезгілде сары үрпек балапандарын ертіп, ақ қаз *ж а й ы л ы м ғ а* кетіп бара жатады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жайылымдарды суландыру. с у ш а р. *Жайылымдарды жергілікті өзен-көл, жер асты су қорларын пайдалану немесе каналмен басқа жақтан су жеткізу жолымен қажетті сумен қамтамасыз ету.* Жер жағдайына байланысты *ж а й ы л ы м д ы с у л а н д ы р у* өзен, бастау құдықтарды немесе жер асты суларын сорғышпен жоғары көтеріп, құбыр желілерімен суды суармалы жер танабына бөліп таратады (Қаз. тілі термин. Сушар.).

Мәдени жайылым. с у ш а р. *Арнайы шөп тұқымдарын егіп, оны суарып, шалғынын шауып, қалғанына мал жайып, малды семіртуге арналған шұрайлы жер* (Қаз. тілі термин. Сушар.).

Табиғи жайылым. с у ш а р. *Оты мол табиғи мал өрісі. Ж а й ы л ы м* – оты мол *т а б и ғ и* немесе жасанды өрістік жер алқабы (Қаз. тілі термин. Сушар.). Жайылым *т а б и ғ и ж а й ы л ы м* және екпе жайылым деп екіге ажыратылады (ҚҰЭ).

ЖАЙЫЛЫМ[2] з а т. *Судың арнасынан асып, жайылып жататын жері.* Шежін су *ж а й ы л ы м ы* аудан табиғатына мейлінше әр беріп тұр (А.Байболатов, Жарыс.).

ЖАЙЫЛЫМДЫ с ы н. *Мал жайылатын жерлері бар, өрісті.* Үйдің саласындағы *ж а й ы л ы м д ы* кең аймақтар бұл елді егіншіліктен гөрі мал шаруашылығына бейім еткен (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов).

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ з а т. *Мал жайылатын өрісті жер.* Көкпеңбек мөлдір көк аспан, жауқазын жасыл *ж а й ы л ы м д ы қ* (Ә.Әлімжанов, Отырар.). *Ж а й ы л ы м д ы қ т ы* бермейміз деп Оралбай мен Елпан қарсы тұрған жоқ (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жазғы жайлау – *ж а й ы л ы м д ы қ т ы ң* шөбі қалың, суы мол болуын талап етті (ҚазССР тарихы).

ЖАЙЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Көлемі жазылып, кеңейген, таралыңқы.* Күн қыза бастады, көлеңке қысқара бастады, *ж а й ы л ы ң қ ы* тұрған адам шоғырлары жинақталып бас-аяғы ықшамдала бастады (Ә.Тарази, Тас жарған). Бальзамды терек діңінің жуандығы ұзына бойына біркелкі, бұтақтары *ж а й ы л ы ң қ ы,* көлемді (М.Ахметов, Егін қорға.). Горизонталь компаристің бөрік басы *ж а й ы л ы ң қ ы,* жалпақ болады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.).

ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЙ= е т. **1.** *Асты-үстіне түсіп, жаны қалмау.* Бірақ Майбасар *ж а й ы л ы п-ж а л п а й ы п* сыр алдыра қоймады (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). **2.** *Кеңею, жалпайып жазылу.* Әрі жаңағы *ж а й ы л ы п-ж а л п а й ы п* шыққан көлеңкенің екі шетінде епте-

ген екі-үш жолақтар жол-жол боп байқалып тұрған (Л.Қалығұлов, Жарық сәуле.).

ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЮ *Жайылып-жалпай етістігінің қимыл атауы. Ж а й ы л ы п-ж а л п а ю д а н* кенде емеспіз («Ана тілі»). Жұрттың бәріне бірдей *ж а й ы л ы п-ж а л п а ю* жақсылыққа әкелмейді (Ауызекі).

ЖАЙЫЛЫС з а т. **1.** *Мал өрісі, жайылым.* Жылқы дағдыда өріс, *ж а й ы л ы с т а* жүрген малдай көп қозғалып, бытырап, шашырамайды (М.Әуезов, Абай). – Жеріміз шұрай, мынау көрінген кереге қоңыр тау, қыста қар жатпайды. Күнгейдің бәрі *ж а й ы л ы с* болады (І.Жансүгіров, Шығ.). Аттары *ж а й ы л ы с т а* жүрген жоқ, шөпке қойылған (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Қақ ортадағы алаңқайда *ж а й ы л ы с қ а* шыққан аппақ қаздардай боп, мамырлай басып бір топ әйел жүр (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). **2.** *Өрісте жайылу, оттау кезі.* Жолаушылар... әрбір малға көз жүгірте, басаяғына, *ж а й ы л ы с,* жүріс-тұрысына көз сала, сынай қарасып келеді (С.Бегалин, Уақыт.). Кешкі ала көлеңкеде өрісте бөлініп қалған қойлар ұзақ *ж а й ы л ы с т а н* кейін ұйлығысып, жусап жатқан (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЖАЙЫМЕН ү с т. **1.** *Ақырындап қана, баяу. Ж а й ы м е н* ұшып бара жатқан бүркіт аңдаусызда артынан кеп түйіп кеткенде төмен қарай жарқ қоям деп қара суға күп беріп түсіп кеткені (Ш.Айманов, Қыран.). Төрде тақтаға жақын жерде тұрған Сұлтанмахмұт *ж а й ы м е н* жауап берді (Д.Әбілев, Арман.). **2.** *Алаңсыз, бейқам, жайбарақат.* Мұқтардың ойында ештеме жоқ, баяғы үйдей зор денесімен төрді толтырып, қымыз ішіп отыр *ж а й ы м е н* (Д.Әбілев, Арман.). Әлгі қыздарға қарасам түк те болмаған сияқты. Бастарын кегжитіп, терезеге қарап, *ж а й ы м е н* отыр («Лен. жас»).

ЖАЙЫН[1] з а т. з о о л. <лат. silarus glanis> **1.** *Тұқы тектестер отрядына жататын, аузының айналасында үш жұп мұртшасы бар, дене тұрқы құйрығына қарай жіңішкеріп келген, басы үлкен, ірі жыртқыш балық. Ж а й ы н* жартылай көшпелі балық, бірақ ұнатқан жерінде ондаған жылдар бойы көшпей жүре береді. Қазақстанда Каспий, Арал теңіздерінде және оларға құятын өзендерде, Балқаш-Іле өзенкөл алқабына жерсіндірілген (Қаз. тілі термин. Биология). Біздің еліміздің суларында мекендейтін шортан, алабұға, нәлім, *ж а й ы н* балықтар жыртқыштар қатарына жатады (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Қазіргі кезде су қоймасында табан балық, *ж а й ы н* және қой балықтардың пайда болуы ысталған балық өнімін көтеруге мүмкіндік беріп отыр (М.Тайыров, Балқаш.). **2.** а у ы с. *Дене туршігерліктей, гажайып, зор, керемет.* Қатты жел күні қаптап жанған қаудай болып, жер күңіренткен *ж а й ы н* үн шықты (М.Әуезов, Шығ.).

Жайын ауыз. *Үлкен ауыз, лақа ауыз.* Күжірейген семіз, *ж а й ы н а у ы з,* бақа бойлы суық қарайтын болыс отыр (М.Әуезов, Өскен өркен). Апам мазақтап «оймақ ауыз» дейді. Көкем бізді, апам екеумізді «дүр қара, *ж а й ы н а у ы з д а р*» деп күледі (Тұлпар). Артыма қарамастан зытып беріп едім, бір *ж а й ы н а у ы з* сары бала келіп қарымнан ұстай алды (Н.Сералиев, Ақбөпе).

Жайын ауыз кебіс. *Аузы кең, керсені биік келген кебіс түрі.*

ЖАЙЫН[2] ү с т. ж е р г. *Жай, бос; тыныш, жайымен.* Ол уақытта бұндай жұмыс жоқ, *ж а й ы н* нәрсе ғой. «Аттан, аттан!» деп қиқулаған үн апақ-сапақ мезгілде атой салған ұранды дауыс *ж а й ы н* жатқан елді дүр сілкіндірді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жайын жатты. *Өзімен-өзі бос, меңіреу жатты. Ж а й ы н ж а т қ а н* ел бар, ертеңгісін ойлай алмайтын бала-шаға бар... (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). – Ол кезде Алматы төңірегі *ж а й ы н ж а т қ а н* жер емес пе? – деді Анна Николаевна (С.Мұқанов, Саяхат.).

ЖАЙЫНДА ш ы л. *Жөнінде, хақында, туралы.* Аңшылар... көзіне көрінгенін іліп түсетін тау қырандары *ж а й ы н д а* нелер қызық әңгімелер шертеді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Саржанның естігені жастайынан ерлік *ж а й ы н д а г ы* әңгімелер еді (Ж.Жұмақанов, Соқпақ соңы). Жүгері *ж а й ы н д а* сөйлесе, Жүсекең сөйлесін деп қуандым (С.Байжанов, Жастық шақ).

ЖАЙЫНДАЙ с ы н. **1.** *Жайын сияқты.* Диванда жатқан сары апай, судан жағаға шығып қалған *ж а й ы н д а й,* сиымсыз мол денесін тез игере алмай, Қабенге шалқалай қарады (З.Қабдолов, Жалын). Өзеншенің сол жағасы биік көтеріліп барып, жусап жатқан *ж а й ы н д а й* кең сүйір жонға айналады екен (Б.Момышұлы, Ол күндер). Апам сең соққан *ж а й ы н д а й* есеңгіреп, еңсесін көтере алмай қалды (Қ.Әжікеев, Жылан.). **2.** *Тым үлкен, даладай.* Қарабай танауы пысылдап алдымен етке қол қойды, ара-тұра пельменді де *ж а й ы н д а й* аузына мейізше қақшиды (Д.Әбілев, Арман.). Бір кезде Қабыланның *ж а й ы н д а й* аузы оның құлағына ілікті (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Үстел үстінде, аузы *ж а й ы н д а й* ашылып, қара чемодан жатыр (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

ЖАЙЫНДЫҚ з а т. *Жойқын тағылық; керемет қуаттылық.* Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, *ж а й ы н д ы қ* бар еді (М. Әуезов, Қараш.).

ЖАЙЫНША[1] ү с т. **1.** *Жайын сияқтанып, жайынға ұқсап.* – Аузыңды *ж а й ы н ш а* ашпай,

жайыңа отыра бер. Қазір... столовойдан тамақ әкелем, – деді әйел (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ауыл ақсақалдары... маңдайынан сипаса, бұл үлкен аузын *ж а й ы н ш а* керіп мәз болатын (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

ЖАЙЫНША[2] үст. сөйл. *Алаңсыз, жайбарақат.* Директор аспай-саспай *ж а й ы н ш а* түсіндіріп: – Сендерге берілетін ақшаның сомасын көрсетіп, іс басқарушыға тапсырғам, – деді (І.Жансүгіров, Әңгім.). – Полицияның қолына түсті ме деп, полиция жатқан үйді торып, әйнегінен қарап едік, олар *ж а й ы н ш а* карта ойнап отыр (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАЙЫҢҚЫРА= етістік. *Жая тұсу, жая тұру.* Отарын Қаратал бойында біраз *ж а й ы ң қ ы р а п* алғысы келген Кәрібай әзір жылжи қоймапты (Ә.Жәмішев, Армысың.).

ЖАЙЫҢҚЫРАУ *Жайыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Топырақты *ж а й ы ң қ ы р а у.*

ЖАЙЫП-ЖУ= етістік. *Жуып-шаю.* Тікелей айтса бұл сұрақтың жауабының оған оңай тимейтінін қыз бірден аңғарды да, *ж а й ы п-ж у м а қ* болып күлімсіреді (І.Есенберлин, Айқас). – Құдай басқа ойлатпасын, – деген жақсы сөздерімен *ж а й ы п-ж у ы п* жібермек болды (Б.Шалабаев, Өмірде.).

ЖАЙЫП-ШУ= етістік. *Жуып-шаю.* – Әуелі абырой дедім емес пе?.. Бірі болса, бірі болады, – деп, қыз өзінше *ж а й ы п-ш у д ы* (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). – Е, қойшы, алып қашты сөз де, – деп *ж а й ы п-ш у а* жөнелді «иқтан» шошып қалған Сара (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

ЖАЙЫРАҚ үст. **1.** *Бәсеңдеу етіп, баяулырақ, ақырынырақ.* Автомобиль зымырап келген бойымен қара жолдан бұрылып, *ж а й ы р а қ* жүріп, жұмыс істеп жатқандардың қасына тоқтады (С.Сейфуллин, Шығ.). Ол қымқа алдында кетіп бара жатқан екі тазыны «кә-кә» – деп *ж а й ы р а қ* үнмен қайырып алды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). – Миша, айқайлағанды сүймеймін. *Ж а й ы р а қ* сөйлесек қайтеді, – деді де, асықпай қолғабын киді Обросов (А.Жақсыбаев, Менің дос.). **2.** *Соңыра таман, кейінірек, кешірек.* Әлгі қағазды *ж а й ы р а қ* кеңесу қол болар, мұндай жұмысты тегінде маслихатпен істеген дұрыс болар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзі азырақ жүн түтіп, жіп иіріп *ж а й ы р а қ* жатушы еді (І.Жансүгіров, Әңгім.). – Жүр, дем алайық, Жамал апай *ж а й ы р а қ* келем деп кетті, – деді Балапан (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

ЖАЙЫС= етістік. **1.** *Жазысу.* Ерден апасына болысып, үйдің керегесін *ж а й ы с ы п,* уық шаншысып, киізін жабысып, ширақ қайрат көрсетті (С.Бегалин, Таңд. өлең.). Бұл үшін шай әзірлеген әйелінің дастарқанын *ж а й ы с қ а н* болды, самаурынның булығын ашып қойды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бір-бірін көптен көріспеген сағынышты кісілерше, жиынға жете бере-ақ құшақ *ж а й ы с ы п,* күлімдеп амандасып, хал сұрасып мәз-мейрам (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖАЙЫСУ *Жайыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кір *ж а й ы с у ғ а* шықты.

ЖАКЕМДЕ= етістік. ***Жәукемде*** (*бір нәрсені әп-сәтте бітіру, тез аяқтау).* Саған Марқаны *ж а к е м д е п* отырып, алғашында бұлардың сөзін қызықсынып құлақ қойса да, сарыны бір қалыпқа соға берген соң Сатан оған елеңдеуді қойды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАҚ[1] зат. **1.** *Адамның, жан-жануарлардың бас сүйегінің астыңғы бөлігі.* Жылқыға тән клиникалық белгілер мынадай: мойыны, қабағы, *ж а ғ ы,* еріндері, кейде жыныс мүшелері, төсі ісінеді (С.Сыбанбаев, Мал қаны.). Үлкендігіне қарай, оның *ж а ғ ы* да, тісі де өткір болу керек (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Өкпеге әбден тепкілеп, Шашынан ұстап жауыздың, Жұдырықпен *ж а қ қ а* ұрды. Шыға жаздап жандары Екеуі де шыңғырды (О.Шипин, Дастан.). «Оқы!» деп молда құлағын бұраса да, алақанымен *ж а қ қ а* шапалақтаса да жылауды үдетпесе, қойған жоқ (Б.Майлин, Шығ.). **2.** кен. *Кен өндіруде қолданылатын жақты уатқыштың негізгі бөлшегі.* Уату кезінде *ж а қ т ы ң* бірі қозғалмайды, екіншісі ілгері-кейінді шайқала қозғалады (Қаз. тілі термин. Кен.). **3.** *Кимешектің екі бетін бойлай иек астына дейін әшекейленген кестелі жиегі. Ж а ғ ы н* жібекпен жиып, ұсақ меруерттер тізген екен, ақ торғын жаулықтың ішінде уылжыған жас әйел үріп аузына салғандай (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** *Жүгеннің жақтауы, екі жағындағы жақ тұсына келетін жүгеннің бөлігі.* Ноқта екі *«ж а қ»,* бір-бірден «милық» «кеңсірік» және «сағақ» сияқты бөлшектерден тұрады (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрманы). **5.** ауыс. *Адамның сөйлеу мүшесі, ауыз.* Жаңылмас *ж а қ* болмас, сүрінбес аяқ болмас (Қаз. мақал). Он жасың жұпар шашқан гүл емес пе, Еркелеп сөйлеген *ж а қ* – тіл емес пе. Жүрегі тоқсан тулап, тоғыз толғап, Ата-анаң тірлігіңді тілемес пе (Еңбек күйі).

Ат жақты. *Бет-әлпеті ұзынша, сопақша келген.* Бір жігіт... кер төбел биеге шелекпен су беріп отыр екен... Жауырынды, бойшаң, *а т ж а қ т ы,* күрек тістері молырақ, сары жігіт (С.Сейфуллин, Тар жол.). Кіргендердің алдыңғысы аяң-қолы сидиған ұзын,... сақалын қысқа етіп қырықтырған *а т ж а қ т ы* жігіт (С.Мұратбеков, Көкорай). Аманның шешесі адуын, *а т ж а қ т ы* қара торы кісі еді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Жағы жағына жұқпады. *Зуылдатып тез сөйледі.* Кейбіреулердің өз бас пайдасына қажеті бар жайларды жуып-шайғысы келгенде *ж а-*

ғы жағына жұқпайтын бар («Қаз. әдеб.»).

Жағы жағына тимеді. *Дір-дір қақты, қатты тоңды.* Баланың тоңғандығы сонша әлі де *жағы жағына тимейді* (Ауызекі).

Жағы жоқ. *Суырыла жөнелетін шешен, ақпа жүйрік.* Қалтадан өлең екен шыққан қағаз, *Жағы жоқ* ақын екен жігіт сабаз. Көшіріп ол өленді қолыма алдым, Жел сөзде онан өтер ақындық жоқ (Үш ғасыр.).

Жағы қарысты. а) *Аузы ашуға келмей, тістеніп қалды.* Айымкүлдің *жағы қарысып,* көзі ала көздене жұмылып-ашылып сұлық бозарып, серейіп қалғандай (Бәйшешек). Шүберекті *жағы қарысса* тістеп алса-дағы, жанын қоярға жер таппай, жұлқылап безек қақты (С.Нарымбетов, Тентек). е) *Дыбыс шығармай, ұн-тұнсіз қалды.* Амантай урядниктің екінші сұрағына да тіс жармай, *жағы қарысқан* адамша... табан тіреп отырып алды (С.Мұқанов, Ботагөз). *Жағы қарысып* қалғандай өзінде үн жоқ, міз бақпастан, тіпті кірпігін де қақпастан тайына қарап ұзақ тұрды (Ә.Әбішев, Найзағай). Күн ұзақ құлақтың мазасын кетірген жолдасымның жол бойындағы бір үйге келіп түскенімізде *жағы қарысты* (Ауызекі).

Жағына пышақ жанығандай. *Құр сүлдері қалған, жүдеу, арық.* Кескін жағынан Шаймерден мақтанарлық жігіт емес: тышқан көз, шолақ танау, *жағына пышақ жанығандай* (Б.Майлин, Азамат.). От басына таяуырақ ұзынша шоқша сақалын сипап қойып, *жағына пышақ жанығандай* болып Мүсірәлінің өзі отыр (С.Сейфуллин, Әңгім.). *Жағына пышақ жанығандай* ашаң келбетін шоқша сақалы онан бетер сопайтып тұр (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Жағын аша алмады. *Жұмған аузын аша алмады; сөйлей алмады.* Шақыртсам келер ме екен, жеткізсең қайтер деп, көп қинады жалынып, *аша алмадым жағымды* (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

Жағын ашты. *Сөйледі, ұн шығарды.* Қостанайда Сайым болыс өлгені бұл топқа естіліп қалған екен. Бұл топтың ортасында бір болыс *жақ ашса* да, жұрт дүрсе қоя бергелі тұр (М.Дулатов, Шығ.).

Жағын ашырмады. *Сөйлетпей қойды, үндетпеді.* Нәркестің түршіктіріп ашынғаны Көлтектің *жағын* жөнді *ашырмады* (Ж.Өмірбеков, Батыр.).

Жағын сауды. *Тіл мен жағына сүйенді, зар қақсады,* Жан екен *жағын сауған* алаңда, Артынан мен кеткен соң солай деспе. Ат міндім, отын алдым, шекпен кидім, Жөнім жоқ сені мақтап сөйлемеске (Жамбыл, Шығ. жин.).

Жағыңа жылан жұмыртқалағыр! қ а р ғ. *Аузыңа құм құйылғыр, тілің кесілгір!* Ой, *жағыңа жылан жұмыртқалағыр,* айтпа ондай жаманшылықты (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жағыңа жылан жұмыртқаласын! қ а р ғ. *Аузыңа құм құйылсын, тілің кесілсін! Жайсыз хабар, жаман сөз айтқан кісіге айтылады.* Содан құрметті доцент сенен айрылысып, мына Бике апай сияқты бір кәрі әйелге үйленіпті, – дейді. Бике: Ой, *жағыңа жылан жұмыртқаласын*! Айтпа ондай жаманшылықты, – деді Мариямға (М.Иманжанов, Шығ.). – О, *жағың а жылан жұмыртқаласын!* – деп, қызы тырнаны лақтырды (Қазақ ертег.). Маған: *жағыңа жылан жұмыртқаласын* сенің! – деп, уытты әзілге шаптырды («Қаз. әдеб.»).

Жағың қарысқыр! қ а р ғ. *Тілің кесіліп, үнің өшкір!* – Жағың қарыссын, *жағың қарысқыр*-ау, жалғыз сиыр қатса сыныңа келерсің, – деп Қоңқа үйде жатып кейіді (Б.Майлин, Шығ.).

Жағыңнан алғыр! қ а р ғ. *Тілің үзіліп түскір! Бөле жағыңнан келсін, жағың қарысқыр*! Қойшы, *жағыңнан алғыр* мынау не дейді (Қаз. ертег.).

Жағың түспей, жамандық көрме! т і л е к. *Өле-өлгенше бейнет, тақсірет тартпа деген мағынада.*

Жағы сембеді. *Безектеп зар қақсады; дамыл таппай көп сөйледі.* Бір бөлмеде Бану мен Нағима ағаш кесіп жатыр. Ашық мінезді Нағима *жағы сембей* сөйлеп тұр (Т.Ахтанов, Махаббат.). *Жағы сембей* тынымсыз бебеу қаққан шілделіктің шырылынан мұқым өзек құлақ тұндыра ысқырып тұр («Лен. жас»).

Жағы солды. *Жүдеп, жадау тартты.* Абайдың жүзі қан-сөлден айырылып науқастан тұрғандай, екі көзі қанталап, кіртиіп, *жақтары солып,* бір түрлі жүдеп, үрпиіп қапты (М.Әуезов, Абай жолы). Строговтың *жағы солып,* үлкен көздері шүңірейіп кетіпті (М.Әуезов, Шығ.).

Жағы суалды. *Еті сылынып, жүдеді; жадау тартты.* Шупахиннің сақал-мұртын шаң басып, *жағы суалып,* көзі шүңірейіп ұясына кіріп кетіпті (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Шала ұйқыдан ба, көзінің аласы қызарып, *жағы суалып,* жүзі құқыл тартып кетіпті (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

Жағы талды. *Сөйлей-сөйлей, айта-айта қажыды, шаршады.* Жұмсаудан *жағың талас*ың Ісінің көріп шамасын. Бірі желеуді айтады, Көре тұра нанасың (М.Сұлтанқожаұлы, Өленд.).

Жағы тиыш таппады. *Жағы тынбады, сарнады, ауыз жаппады.* Бүгін жұмысқа келгелі *жағы тиыш таппай* отыр (Ә.Әбішев, Замана.).

Жағы түскір! қ а р ғ. *Үні өшкір, бар болғыр деген мағынада.* Баян деген сөзіңді жаңа есіттім. *Жағы түскір* жүгермек, кім айтады (Қозы Көрпеш.).

Жағы түсті. *Қаусап, әбден қартайды.* Әже де сығып алып мөлдір жасын, Тілейді махаббаттың өмір жасын, *Жақ түсіп,* қартайғанша тіршілікте, Айқасқан ақ білектер айрылмасын (Т.Рақымжанов, Күй.). – *Жағым түскенше* қоғамға еңбек етем, – деп жауап қайтарды Сәрсембек ақсақал парторгтың қолын қысып тұрып (С.Мыңжасарова, Замандас.).

Жағы түсіп өлді. *Әбден қартайып қайтыс болды.* Әлекең *жағы түсіп өлді* (Ауызекі).

Жағы тынбады. *Сарнап, ауыз жаппады.* Осындай хабарымен топқа соғып, Жаршы жүр *жағы тынбай* бәйек болып (І.Жансүгіров, Поэм.). Міне, тағы да келді. Өсек-аяңын ағыза келді. *Жағы бір тынбады.* Одан соң өзі туралы жұрттың пікірін сұрады (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Жақ ашпады. *Тіс жарып сөйлемеді, үндемеді.* Үй толы адам, ешқайсысы *жақ ашпайды.* Жуасбай бұрқырап отыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сонсоң ол сөйлегенде жаратпаған секілді *жақ ашпау,* қабақ білдірмеу тағы жараспайды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Біз бүкіл теңізді айналып шығамыз деп ұйғарып едік. Бірақ бұл туралы мен серіктеріме *жақ ашпадым* (Тұлпар). *Жақ ашшы* кәне! Балаңмен қосып өзіңді жауып қояйын! – деді Аман Малқарға (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Жақ жаппады. *Аузы тынбай, зар қақты,* Бел астында тезек теріп жүрген малай қыз, қайта оралып осылай келеді. Зар ма, ән бе, әйтеуір, *жақ жаппай* келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Жақ моншақ. *Алтын, күміс қозалармен, асыл тастармен бұршақтап, үзбелестіріп жасаған салпыншақ, бет моншақ сияқты моншақ түрі.*

Жақ сүйек. <лат. mandibula> *Бастың тістер орналасқан сүйегі. Жақ сүйегі* сорайып екі көзі аларып, еңсесі түсіп Қайрақбай отыр (Б.Майлин, Шығ.). Оң жақ құлағының түбінен оқ тиіпті, бірақ *жақ сүйегім* аман секілді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). *Жақ сүйегі* сынып, аузы-мұрнынан қан кеткен бала ұзақты күнге талып жатыпты (С.Омаров, Әңгім.).

Зар жақ. а) *Аузының дамылы жоқ, сарнауық, сөзуар.* Сампылдаған *зар жақ* жыраудың ырқымен екі қолын биязы айқастыра оң тізесіне қойып, келіншек аса бір нәзік ибалықпен әсем иілді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Адиандық дәстүр қуат бермесе, Сөз табар ма ақынның не *зар жағы* (Шығыс жұлдыздары). ә) *Жылауық (адам, бала), безілдеуік (мал төлі).* Зарлама, енді, *зар жақ* болған жетім қозыдай. Бұндай күйде көргенше, сөнсе нетті жанарым. Оралып шабар дос десем, не қып жүрсің тіленшідей тентіреп (М.Әуезов, Шығ.). Кененді алдырайық, сөйтіп ол *зар жақ қа* біраз ән салдырып, ойнап-күліп отырайық, – деді Иманәлі (С.Мұқанов, Таңд.).

Қоян жақ. *Қоянның жағы сияқты шығыңқы, сүйір.* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, *қоян жақ,* бөкен қабақ. Луыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.).

Құ жақ. а) *Мылжыңдап көп сөйлейтін, зарлауық.* Бірақ олар ана сарыларға қой деп ештеңе айтқан жоқ! – деді үлкен мұрын *құ жақ* жігіт (С.Сейфуллин, Шығ.). – Алдияр,... сіз тиым салған соң ауыз бағып отырмыз. Мына Алшынның *құ жақ* даугері менен тағы қоныс даулайтын түрі бар ғой, – деп ызғарлана сөз бастады (С.Бегалин, Шоқан асу.). Шықса шығар содан бір зат, Көп қой жерде біздей *құ жақ* (С.Баймолдин, Қызыл іңір). ә) *Әзілқой, қалжыңбас, сөзуар.* Жантас секілді *құ жақ* балалар сол мезетте-ақ атыңды тоғыз саққа жүгіріп, тәлкек ете бастайды (Б.Соқпақбаев, Таңд.).

Сыңар жақ. а) *Біржақты, жаңсақ, шала, қате.* Біреулер жас дәурен екі айналып келмейді дегенді желеу етіп, ойнап-күл, сауық-сайран құр дегенді *сыңар жақ* түсінеді (С.Байжанов, Жастық.). Біз кейде лирикадан ойшылдық, сыршылдық сарындарды бөліп жарып, жеке-жеке әкетеміз де, азаматтық пафосқа жанаспайтын *сыңар жақ* тұжырым жасаймыз («Қаз. әдеб.»). ә) *Бір мойын, қыңыр, қисық.* Адам күші жеткілікті. «Әркім істесе өзі үшін, істемесе өзі үшін», деген *сыңар жақ* пікірлерді естисің («Лен. жас»).

Тіл мен жағына сүйенді. а) *Тілін безеп, зар қақсады. Тіл мен жағына сүйенген* Жұмабике күліп, іші-бауырына кіре сөйледі (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). *Тілі мен жағына сүйенгені* сонша сөйлеушілердің бір де біреуінің қолында, бір жапырақ қағазы болмайды, жатқа соғады (М.Тоқжігітов, Ән атасы.). ә) *Сөзді желеу етті, әр нәрсені бір сылтау етіп қылжақтады.* Қабдолла, сен *тілің мен жағыңа сүйенбей,* кесімді уәденді айт (С.Омаров). *Тіл мен жағына сүйенген* балам-ау! Тіл тамақ емес, тезірек қазан көтер (Ауызекі).

ЖАҚ[2] з а т. к ө н е. *Кермесіне жебе салып тартатын қару, садақ, жай. Жақ* мылтық істету дегенің балалардың қолын іске үйрету керек дегеннен туып отыр. Жалаң *жақ* мылтық емес, басқа нәрселер де істелетінін айтқанбыз. (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есен бір күн есік алдына еккен талды кесіп алды да, екі басын иіп, *жақ* жасады (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Жусайды қойлар, жатады, Рақатқа қойшы батады. Шалқасынан жатып ап, Шымшықты

ж а қ п е н атады (С.Мұқанов, Шығ.). *Ж а қ т ы ң* көлемі садақтың басқа түрлерінен үлкен және серпер ағашы жуан болып келеді (ҚҰЭ). *Ж а қ т ы ң* садақша иілген жағын сірі таспамен орап қаптайды (ҚҰЭ).

ЖАҚ[3] з а т. **1.** *Белгілі бағдардағы кеңістік пен жер тұсы, тарап.* Су ішкелі өгіз Барып еді бұлаққа, Бақалар қорқып тарбақтап, Қашып шықты әр *ж а қ қ а* (Абай тілі сөздігі). Егіннен, піскен болса бірер десте, Балаларға қорек болар келер кешке, Барып кел, отағасы, орман *ж а қ қ а*! – Дегенді зағипасы түсірді еске (О.Шораяқов, Шайыр). Қаратауды бетке алып, Жоғарғы *ж а қ қ а* өрледім. Жарып өттім жан жүрмес Бірқазанның шеңгелін (О.Шипин, Дастан.). Аспанмен бұлттар шұбап қара күлгін, Түнерді түңлік жауып дала бір күн, Сел жүріп, табан *ж а қ т а* су көбейіп, Шуылы арта түсті анағұрлым (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **2.** г р а м. *Сөйлеушіні және оның кіммен сөйлескені жайын немесе үшінші біреу туралы мағлұмат барын білдіретін грамматикалық категория.* Мәселен, өзіңнің... жанқиярлық еңбегің жайлы поэма жазуға болар еді, әрине, мен сөйттім деп емес, көлденең ат қойып, үшінші *ж а қ т а н* баяндайсың ғой (М.Мағауин, Ақша қар). Тәуелді сөздің *ж а қ* жалғаулары да жіктеу есімдіктерінің жақтарына сәйкес келіп отырады (Қазіргі қаз. тілі).

Ақылы алпыс [алты] жаққа [саққа] жүгірді. *Әр нәрсені бір ойлап, әр нәрсеге бір байлам жасап, ақылы дал боп, тоғыз саққа құбылды.* Бұл кезде жалғыз қалған Қарабала *а қ ы л ы н а л п ы с ж а қ қ а ж ү г і р т і п*, әр ойдың соңына бір түсіп, жанталасуда, үміт пен үмітсіздік күресі ит жығыс түсіп, қатты толқуда еді (Қ.Жұмалиев, Айқас).

Алты қырдың ар жағында. *Алыста, қиырда; алыстан, қиырдан. А л т ы қ ы р д ы ң а р ж а ғ ы н д а* жүрсе де, аман жүрсін, өлірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірлігін тілеймін (Шешендік сөздер).

Арғы жақ. *Қарсы бет.* Әйелдер окопқа барған кезде оқ атпасын деп, бір жансызды *а р ғ ы ж а қ қ а* өткізу керек – деді Рахым («Қаз. әдеб.»). *А р ж а қ т а н* паром жақындай берді (Лен. жас»).

Ар жақ. *Арғы жақ, қарсы бет. А р ж а қ т а н* паром жақындай берді («Лен.жас»).

Ар жақ-бер жақ қып ұстады. *Екіге бөлді, алыстатты.* Өзге кісілер мен өзінің арасына шекара қойып, *а р ж а қ - б е р ж а қ қ ы п ұ с т а й т ы н* тәртібі қатты жігіт еді (Ә.Нұрпейісов, Сең).

Арт жақ. *Соңғы жақ, кейінгі жақ.* Ол үн-түн жоқ, екі көзін *а р т ж а қ қ а* қадап тұр (Қ.Сүлейменов, Майдан).

Аяқ жақ. *Соңғы жағы, соңы.* Январьдың *а я қ ж а ғ ы н д а* қалада тұрмыс өз жолына түсті десе де болады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Басы ауған жаққа кетті. *Қайда болса сонда, бағытсыз жүре берді, қаңғырып кетті.* Сол тұрық тасқа мінген кезімді ойлап отырсам, бұл күнде жүрегіме зырқ ете қалады. Мезі болатының соншалық, аттан қарғып түсіп, *б а с ы н ы ң а у ғ а н ж а қ қ а* тұра қашқың келеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). ...Азанда Ысқақ бәрін шегіп алып, *б а с ы а у ғ а н ж а қ қ а* қарай жолға шығып жүре беріпті (Қаз. ертег.).

Бет ауған жаққа жүре берді. *Бет алды, қайда болса сонда кетті. Б е т і а у ғ а н ж а қ қ а ж ү р е б е р с е,* тағы бір сорға кездесуі сөзсіз (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Қазір... билік болса... кездейсоқ тап болған мына жас сұлуды мейірлене құшқан күйі жерден тік көтеріп алып, *б е т і а у ғ а н ж а ғ ы н а ж ү р е б е р е р е д і* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Бір жағынан. *Оған қоса, сонымен бірге.* Ауылдық советтің председатели *б і р ж а ғ ы н а н* партия ұйымының хатшысы еді (З.Шашкин, Өмір.). Тезегін қымтап, ... қазық қағып үйін бастырып, әйелдер шулап, *б і р ж а ғ ы н а н* балалар жылап, ауыл әбігершілікке ұшырады (С.Әбішев, Аспан сыры). *Б і р ж а ғ ы н а н* апамды жеңге тұтып еркелесе, екінші жағынан мен ұқпайтын тағы бірдеңені жұмбақтай сөйлеп, екіленіп отыр (М.Дүзенов, Ақәже).

Бір жақ. *Белгісіз бір тұс.* Бірақ бұған назар аудара қойған жоқ, өйткені Маржанкүлді *б і р ж а қ қ а* қыдырып кетті деп ойламады (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ). Рахимов та *б і р ж а қ қ а* кетіп барады (Б.Момышұлы, Москва.).

Екі жақ [болды]. *Екі ұдай [бөлінді].* Кеш болса мектеп іші *е к і ж а қ* қым-қиғаш айтыс (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мұны ойынға жиналғандар *е к і ж а қ б о л ы п,* айтыс түрінде орындайды (М.Fабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Екі жақтады. *Екеулеп жабылды, жалғыздады.* Тастемірдің шағымы бойынша Дауылбай кедей шаруаларды *е к і ж а қ т а п* сояды (Б.Серкебаев, Өткенде).

Екі жақты. *Әрі-сәрі, екі ұшты, екі ойлы. Е к і ж а қ т ы* Жайлекең – қой ұстарын, кетпен ұстарын біле алмай жүр-ау! – деп күледі Мейрам (F.Мұстафин, Қарағанды). Өздері үшін емес, Құнанбай, Бөжей сияқты *е к і ж а қ* сөйледі (М.Әуезов, Шығ.).

Жақ болды. *Сөзін сөйледі, қолдады, жақтады.* Айдаш ұтыла бергенге Дәмеш намыстанып, әдейі Сұңғатқа *ж а қ б о л д ы* (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Ыбырай ауылдағы байлар мен шонжарларға қарсы шығып, жарлыларға *ж а қ б о л д ы* (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Иә, оның өзі де әлгілерге *ж а қ б о л с а* керек. Әйтпесе неге жазасын бермейді (М.Гумеров, Хазірет.).

Жақ қылды. *Өзіне тартты; одақтасты, жақтасты.* Бейбақтардың басына бақ қылып жүр, Арам жеңіп, адалды *ж а қ қ ы л ы п* жүр, Ақша беріп билерді антқа салсаң, Мөрін басып қара істі ақ қылып жүр (М.Сұлтанқожаұлы, Шығ.).

Жақты уатқыш. к е н. *Кенді қозғалмайтын және қозғалатын екі жазық бет арасында бөлшектеп уататын құрал. Ж а қ т ы у а т қ ы ш т а р* қарапайым қозғалмалы жақты және күрделі қозғалмалы жақты болып екі түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жоғары жақ. а) *Түстік тарап.* Ауылдың үстіндегі жолмен *ж о ғ а р ы ж а қ қ а* қарай екі адам кетіп барады (Ауызекі). ә) *Дәрежесі биігірек басқару орны. Ж о ғ а р ы ж а қ қ а* баратын қағаздың бетінде өшірілген сөздер болмасқа тиіс (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жолығып кеше газетке, Жасырмай жазды барлығын. *Ж о ғ а р ы ж а қ қ а* сөз етті, Жұртының тілек зар мұңын (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

Қамшылар жақ. *Аттың, түйенің оң жағы деген мағынада.* Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші *қ а м ш ы л а р ж а ғ ы н а* қисая бастаған («Лен. жас»).

Оң жақ. а) *Сол жаққа қарама-қарсы тұс. О ң ж а қ т а н* келді (Ауызекі). ә) *Бойжеткеннің ұзатылғанға дейінгі өз үйіндегі оң жақтағы орны (қыз осы оң жақта отырып, ұзатылғанша ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайды).* – Мені үнемі *о ң ж а қ қ а* байлап қоюшы ма едіңіз, әке! (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Жаздыгүні ақша қар, Жаумақ қайда, жар-жар-ау! Құлын-тайдай айқасқан – *О ң ж а қ* қайда, жар-жар-ау (С.Сейфуллин, Шығ.). Керімбала – бұл күнде осы үйдегі Тобықты қызының ішінде *о ң ж а қ т а* ең көп отырғаны. Бірақ ауылдың, ата-ананың, өзінің де қадір-қасиетін кетірер жаманаты шықпаған (М.Әуезов, Шығ.). Бұрынғыдай дәуренім болмақ қайда? Құлынтайдай ойнаған *о ң ж а қ* қайда (Айтыс).

Оң жаққа салды. *Өліктің денесін оң кереге түбіне жайғастырды.* Бұл кезде Зылиқаны *о ң ж а қ қ а с а л ғ а н* жұрт Әсетті тосумен отырғанды (К.Оразалин, Ақ жазық).

Оң жақтан айы, сол жақтан күні туды. *Бақыты жанды, жолы ашылды, дәурені келді.* Теңдік тиер бізге де күн келер ме? Бізден соңғы еркін күнді көрер ме? «Адам болмай, осы көрім жансын» деп, Надандықтың жаққан оты сөнер ме?! *О ң н а н а й ы м, к у н і м т у ы п с о л ж а қ т а н,* Алашыма айнадай сәуле берер ме? (Б.Күлеев, Өлеңд.).

Оң жақтың қызығын көрді. *Бойжеткен қыз әкесінің үйінде отырып, оң жақта өткізер қызықты күйттеді.* Баяғыда күйеуіне көңілі толмаған қыз *о ң ж а қ т ы ң қ ы з ы ғ ы н к ө р і п* қалуға тырысатын (Ауызекі).

От жақ. *Қазан-ошақ тұсы. О т ж а қ қ а* бір көз тастап, Қарап та қойды сұқтанып. Неліктен ол тесілді. Ол жағын біз ұқпадық (Қ.Мұқышев, Поэм.).

Төрт жағы. *Барлық жағы, түгел.* Жаңа үйленген жас бала қайдан *т ө р т ж а ғ ы* сай бола қалсын («Лен.жас»).

Төрт жағы сай. *Төрт бұрышы түгел, бәрі жеткілікті.* – Ертең қаланы аралап, үйге керектің бәрін мына Танакүл екеуміз алып келейік. Жаңа үйленген жас бала, қайдан *т ө р т ж а ғ ы с а й* бола қалсын («Лен. жас»).

ЖАҚ[4] з а т. с ө й л. *Есік-терезе жақтауы.* Салынып жатқан мәдениет үйінің үсті жабылып, терезе *ж а қ т а р ы* қойылып бітіпті (Ауызекі).

ЖАҚ[5] з а т. *Бір нәрсенің жайы, жөні.* Тойдың барлық шаруасын және ет *ж а ғ ы н,* табақ жасау жағын басқаратын Тәшібай (С.Сейфуллин, Шығ.). Сол жолда Абай Базаралы үйінің сауын, сойыс *ж а ғ ы н* да аңғарған (М.Әуезов, Абай). Мен тәртіп *ж а ғ ы н* бақылауым керек, ол менің азаматтық міндетім (Б.Момышұлы, Таңд.).

ЖАҚ[1]= е т. **1.** *От жандыру, тұтату.* Хакім Талғаттың бас-аяғына состия қарады. Қалтасынан сіріңке алып *ж а қ т ы* (К.Тоқаев, Түнде.). Бірнеше жауынгерлер бірі ағаш жарып, бірі ошаққа отын *ж а ғ ы п,* бірі үсіген картопты аршып отыр (Б.Момышұлы, Москва.). Қамысты *ж а қ қ а н м е н е н* шоғы болмас, Көк суды ішкенменен, тоғы болмас (Қаз. мақал-мәтел). **2.** *Өртеп жіберу, күйдіру.* Күн бойы жиған шөпті біреудің *ж а ғ ы п* кеткені бәрімізге де қатты тиді (Ауызекі).

Араға [арасына] от жақты. *Біреуді біреуге шағыстырды, бәле қоздырды, араздасты, біреуді біреуге айдап салды.* Ішек айналмас іші тар, Кейбір әйел қызық қой, Екі *а р а ғ а о т ж а ғ а р,* Тақыс ойлы бұзық қой (Қ.Мұқышев). Ананың балаларға ала қарауы Төлеген мен Саяттың арасына *о т ж а қ т ы* («Халық мұғ.»). Шалғынбай қарт пен зайыбы Нұрбала өз қызы Советбала мен күйеуі Ұзақбайдың *а р а с ы н а о т ж а ғ ы п* жүргенге ұқсайды («Лен. жас»).

Бірге от жағып, түтін түтетті. *Отбасын құрды, отасты, ынтымағы бір болды, тату-тәтті болды.* Жәнібекпен түбі *б і р г е о т ж а ғ ы п, т ү т і н т ү т е т е* алмайтынын сезген хан қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты (І.Есенберлин, Таңд.).

Қазанынды асып, отыныңды жағып отырғанда. *Айтқанынан шықпай, айтқанын екі етпей. Қ а з а н ы ң д ы а с ы п, о т ы ң д ы ж а ғ ы п о т ы р ғ а н д а* істегенің осы (Ауызекі).

Лаулата жақты. *Маздата жақты, лапылдатты.* Қазандыққа отты *л а у л а т а ж а-*

ғ ы п, Ерке жарық беріп тұр (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

Монша жақты. *Жуыну үшін монша қыздырды.* – Міне бес жылдан бері ауылдаспыз, жігіттер. Қыста рақаттанып менің *ж а қ қ а н м о н ш а м а* түсеңдер (Бәйшешек).

От жағып, күл шығарды. *Тынбастан үй ішінің күйкі жұмысымен айналысты.* Жоқ, шырағым, айта көрме. *О т ж а ғ ы п, к ү л ш ы ғ а р ы п* жүрсін дейсің ғой. Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді (С.Шаймерденов, Шығ.).

От жақты. *Кісі есігінде жалшылықта жүрді.* Біреудің отын үрледім, Өз *о т ы м д ы ж а қ п а д ы м*, Сонда-дағы оңбадым: Көн шалбар түспей бұтымнан, Қыс болса тапшы қызылдан, Жаз болса шала жұтымнан (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ыңырсынып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын. Қолыммен күл көсеп, Байдың *о т ы ж а қ қ а н ы м* (О. Шипин, Дастан.).

Шам жақты. *Жарық жандырды.* Барақтың сызды еденін жалаңаяқ басып барып, *ш а м д ы ж а қ т ы м* (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Қарағым, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай, Арасы екі ауылдың *ш а м ж а қ қ а н д а й*. Кешегі жиырма бестің өтті шағы, Не керек, өтіп барад күн батқандай! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әнім сен едің кешке салатын, Содан жас жаным ләззат табатын. *Ш а м ы н* басқа үйдің *ж а қ т ы ң*, аяулым, Сендей бақытты қайдан табармын (Т.Молдағалиев, Шақырады.)

ЖАҚ[2]= е т. *Тұтқыр нәрсені заттың бетіне жұқалап жаю.* Дәрігер... Смайылдың басындағы жарасына дәрі *ж а ғ ы п*, жаңа дәкемен таңып берді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Дүкен иесінің ту сыртында айқастырып қойған алты бірдей қосауыз қалың *ж а қ қ а н* майдан әрең жылтырап көрініп тұр (М.Жұмағұлов, Қыран.). Тырна келгенде түлкі бір тарелканың түбіне ботқаны *ж а қ т ы* да, – мә, досым, же, – деп алдына қойды (XX ғ. қаз. ақын.).

Бетіне күйе жақты. *Масқараланды, беделін түсірді, айыптады.* Өздеріңе белгілі, Қытыраштың қызын Жүністің алып қашқаны – бүкіл Сиқымбайдың *б е т і н е к ү й е ж а қ қ а н ы* ғой (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Бәле жақты. *Жала жапты, қаралады.* ...Бір *б ә л е ж а қ с а*, мені кім ажыратып алар дейсің, онан да аулақ болайын – деп, ауылына хабар етуге тұра шабады (Қаз. ертег.).

Дәрі жақты. *Дәріледі, дәрімен емдеді.* Дәрігер Смайылдың басындағы жарасына *д ә р і ж а ғ ы п*, жаңа дәкемен таңып берді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Жарасына май жақсаң да жазылмас. *Түзелмес, қайта орнына келмес.* Жарылып бүйірінен дал-дал болған, Тәсілін таба алмапсың о басында, Кеткендей қасқыр талап қабырғасы, *Ж а з ы л м а с м а й ж а қ с а ң д а ж а р а с ы н а* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

Күйе жақты. а) *Кір келтірді, былғады.* Қорқамын-ау, қызғаншақтар көре алмаған Жүсіпті, Өсектер деп *к ү й е ж а ғ ы п* кіршіксіз пәк тәніме (Шығыс жұлдыздары). – Құдайлығыңды айтпадың. Әзіреттің тұқымына *к ү й е ж а қ т ы ң*. Екеуіңнің ымы-жымдарың бір екенін көптен білемін (О.Дастанов, Мұрагер.). ә) *Кінәсыз айып тақты.* Көз тігіп қарадың деп *к ү й е ж а қ п а*, Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та. Ақылмен алды-артыңды шолып алмай, Қарны ашқан қасқырға ұсап қойға шаппа (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Кір жақты. *Бәле жапты, өсекке таңды. К і р ж а қ қ а н* сен екенсің Әкемнің таза атына! Әкемді былғай алмассың, Өз ойыңның жатына («Әдеб. және искусство»).

Қызыл сөзден бал жақты. *Әсіреледі, асыра мақтады.* Нұрқасым (Сәулеге): Ол әрбір болмашы нәрсенің сыртына *қ ы з ы л с ө з д е н б а л ж а ғ ы п* береді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Опа жақты. *Опалады.* Бетіне *о п а ж а қ қ ы с ы* кеп бір ойланды, айна алдында аз бөгелді де, қоя салды (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАҚ[3]= е т. **1.** *Тәуір көрінү, ұнау.* Құрғақ қасық ауызға батпас, Құрғақ сөз құлаққа *ж а қ п а с* (Мақалнама). – Бақыт қайдан келесің? – Ата-анаға *ж а қ п а ғ а н*, Өтірік, бәле жаттаған, Келіннен қашып келемін (Қабан жырау, Алтын қазық). Құдайға құлшылық қыл, Аллаға *ж а қ*, Қабірге бірге түспес мал менен бақ. Тәңір алдына барғанда бәрі бірдей, Патша болып мінсең де алтыннан тақ (Шал ақын, Өлеңд.). Тентекті жасқап қақпадың, Арамдарды ақтадың, Өсекшіні мақтадың, Арамдық болды баққаның, Майыр болды *ж а қ қ а н ы ң* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Пайдалы болу.* Жайлау *ж а қ т ы* оған. Жарты ай өтпей, жүріп-тұратын жағдайға жетті (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Дәрігердің берген дәрісі *ж а қ қ а н д ы қ т а н* жолдасым сырқатынан тез айығып кетті (Ауызекі).

Жанына жақты. *Көңілі жадырап, сүйсінді, ұнады.* Әңгіме қызған сайын Әбудің *ж а н ы н а ж а ғ ы п* барады (С.Омаров, Өмір.). – ...Сөзі де, мінезі де ірі, еркекшоралығы басым осы әйел сонда отырған кейбіреулерге... ұнамаса да, Ғанидың *ж а н ы н а ж а ғ ы п* кетті (М.Иманжанов, Көк белес). Бұл сөздер *ж а н ы н а ж а ғ ы п* кеткен Шоқан, сұрағына жауап күткендей болған Қаранардан бетін Достоевскийге бұрып, орысшалап берді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Көңіліне жақты. *Ойынан шықты, жаратты, көңілінен шықты, ұнады.* Ивановнаның...

ақ ниетімен жауға өлім, досқа жеңіс тілегені Оспанның *көңіліне жағып* кетті (С.Омаров, Қызыл.). Мадиярдың Асайынға берген әділ бағасы Шырынқұлдің *көңіліне жағып* кетті (С.Омаров, Өмір.). Толғау салып ішіме, Сол күнде-ақ *жақтың көңілімде* (Абай, Тол. жин.).

Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой. *Жасына қарамай, ақылына, қабілетіне қара; ыңғайы келсе, көңіліңнен шықса.* Болмаса, *қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой*, жақпаса, билігіңді өзің айт (М.Әуезов, Шығ.). *Қой асығы демегін, қолайың а жақса, сақа қой* деп, кімнің кімі барында ма мәселе, әлде кімнің кімінде ме? (Ауызекі).

Құлағына жақты. *Айтқаны ұнады, көңілінен шықты.* Кедей шаруаларға, жұмыскерлерге, орта шаруаларға... – Әрқайсысының *құлағына жаққандай* дәлелдерді көрсетті (С.Шәріпов, Шығ.). – Онда менің ізіммен бері көтеріл, мен саған *құлағыңа жағатын* бір сөз айтайын (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Жұп-жұмсақ үнінде діріл бар. *Құлағына жағып* барады (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды). Тоқабай тоқталыңқырап қалды. Жол бойы көңілі талай жамандыққа ауытқыған Сапардың «Аманды күт» дегені *құлағына жағып* кетті (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Майдай жақты. *Әбден ұнады.* Біреу көкірегіне *майдай жағып* бара жатқан сұлу сөзге риза боп отырғанын жасыра алмады (І.Омаров, Серпін). Күйттелген аспап Дәрменнің қолына *майдай жақты* (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Мінезі жақты. *Жүріс-тұрысы, қылығы ұнады.* Әрі ісі, әрі *мінезі жаққан* Бейімбетті Сәкен өте жақсы көрді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

ЖАҚАҚТА= е т. *Айналысу, шұғылдану; бір нәрсені төңіректеу.* Жастай *жақаққан* кәсібі – осы қобыз (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Ол енді, үй иесін *жақақтай* бастады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖАҚАҚТАУ *Жақақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ата кәсібін *жақақтау*.

ЖАҚАМА= е т. с ө й л. *Жақтырмау.* Бірақ оны бала *жақамай,* тізгінін өз қолына алып, торы құнанын тебініп қалып, жорғалата жөнелді (Б.Қыдырбекұлы, Мазда).

ЖАҚАТ[1] з а т. с ө й л. ***Шақат***. Аты кісендеулі *жақаттта* тұрғанда оқыранған даусын естіп оянса, Кенжекей келіп те қапты (Қаз. ертег.).

ЖАҚАТ[2] з а т. ж е р г. *Пайда, табыс, кіріс.* Огородымыздан *жақат* биыл көп түсті. Колхоз егісінен *жақат* көп (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҚАТПА= е т. *Ұнатпау, жаратпау.* Жас тоқал да бөгде адамның мынадай ерсі мінезіне *жақатпаған* қабақ танытқандай оны бірекі рет сөзбен қағып тастады (Ә.Хасенов, Жат жазасы).

ЖАҚАТПАУ *Жақатпа етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақатпаушын* байқады.

ЖАҚАТТАС с ы н. ж е р г. *Көңілі жақын, жақтас.* Зәкен – құдасы, Әмірбай – *жақаттасы* болғандықтан, [Атамбай] екеуіне де көрінбей ара ағайын сияқтанды (К.Оразалин, Абай.).

ЖАҚАТТЫҚ з а т. *Жақсылық, пайда.* Мұның пайдасын ел көргенмен, өз басына зәредей *жақаттығы* тиісінше (К.Ахметбеков, Алқакөл).

ЖАҚАУ с ы н. ж е р г. *Жігерсіз, енжар, самарқау.* Әсіресе, сонау кезде су сепкендей басылған, кезінде жабыңқы да салқын тартқан *жақау* да күпті көңіл болатын (С.Бақбергенов, Адам.). Сен байқасаң, Ол әрқашан Батпақсатқақ, Себебі *Жақау* – жалқау (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң).

ЖАҚАУЛА= е т. *Жанамалап айту, тікелей айтпау.* ≈ *Жақаулаған* сөз.

ЖАҚАУЛАТ= ет. *Жанамалату, жақаурату, тұспалдау.* Әйкеннің *жақаулатып* қана отырған сөзіне шыдай алмаған Айқан теңгелі шашбауын сылдыратып дуадақтай боп ісініп, орнынан тұрды (Ә.Бөриев, Ақ бидай).

ЖАҚАУЛАТУ *Жақаулат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақаулатуға* шебер адам.

ЖАҚАУРА= е т. *Тікелей айтпай, емеурінмен сездіру, алдаурату.* – Қойыңызшы, Бүркіт аға, қайтесіз қалжыңдап, тіпті шошытып жібердіңіз ғой, – деп Бүркітке *жақаурай,* жалына қарады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Насыбайын ерінге тастап жіберіп: – Немене, Базила жалғыз ба екен? – деп *жақаурай* орнынан қозғалақтап бір қойды (С.Бегалин, Уақыт.). Мен *жақаурамасам* да егеспедім. «Иә» – деп басымды изейін (Б.Бибақов, Өрт).

ЖАҚАУРАТ= ет. *Жақаулату, жанамалату.* Уақ-түйекті айтса, байдың нөкерлері айтады; олар байдың сөзі қып айтпайды. «Елдің қамы үшін...» пәлен-түген деп *жақауратын,* майдалап келтіреді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Енді *жақауратын,* өзінің Амантайдағы саяси іске жөнді қатынаса алмай, арманда кеткенін серіктеріне білдіруге көңілі кетті (С.Омаров, Қызыл.). Кейін ауылдан ұзап шыққанда Шоқанның ерсі мінезін *жақауратын* айтқанда ол миығынан күлді де қойды («Қаз. әдеб.»). Жомартбек менің Меңтайды құлай сүйетінімді іштей түсінетін еді. Сондықтан болар, ол *жақаурата* сөйледі (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЖАҚАУРАТҚЫШ с ы н. *Тікелей айтпай, емеурінмен сездіргіш.* Бірақ ол өз пікірін

ішіне бүгіп отыр. Өйткені, Рахымберді сыр сақтамайтын жеңіл ауызды, бүгінгі «ел жақсылары» делінетіндерді *жақауратқыш* тиянақсыздау адам (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

ЖАҚАУРАТУ *Жақауратетістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақауратуын* ұнатпады.

ЖАҚАУРАТЫС= е т. *Жақауратысу, алдарқатысу.* Олар: – Біз командамен жаралыларды күтқарамыз! – деп *жақаурат ыс ты* («Қаз. әдеб.»).

ЖАҚАУРАУ *Жақаура етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақаурауды ң* мәнісін ұқты (Ауызекі).

ЖАҚАУЫЗДЫЛАР з а т. з о о л. <лат. gnathostomata> *Құрамына шеміршекті және сүйекті балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер кіретін омыртқалы жануарлардың үлкен тобы. Жақауызды лардың* өзіне тән жақ сүйектері екі жұп жүзбеқанаттары, құрлықта тіршілік ететіндерінде екі жұп аяқтары, бір жұп танау тесіктері, ішкі құлағында үш жартылай иірім өзектері болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жақауызды лардың* алты класы бар: сүйекті балықтар, шеміршекті балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар, сүтқоректілер (ҚҰЭ). *Жақауызды лардың* көп түрлерінде арқа желісі ұрықтың даму кезінде пайда болып, дернәсілдерінде ғана ішкі қаңқаның қызметін атқарады, ал жоғары сатыдағы омыртқалыларда оның орнына шеміршектен не сүйектен пайда болған омыртқа жотасы түзіледі (ҚҰЭ). *Жақауызды лардың* жақ сүйектері желбезек доғаларынан пайда болады да, бас сүйегінің ми сауытымен түрліше байланысады (ҚҰЭ).

ЖАҚ-ЖАҚ ү с т. *Жік-жік, топ-топ, бөлек-бөлек.* – *Жақ-жақ* партия болып тартысқан қызу жандардың күресінен мен бір аулақ қалған адаммын (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Жақ-жақ* айтыс, өнер жарысы. Ортаға палуандар да шықты («Лен. жас»).

Жақ-жақ болды. *Алды-алдына бөлінді, жіктелді.* Ағайынды үшеу тек өзді-өзі жұлқысып, бөрі ашуын тырнадан аладының керімен көп уақытқа дейін *жақ-жақ боп* жүрді (С.Жүнісов, Ақан сері). Әркім өзінше ақыл айтып, жұрттың көбі *жақ-жақ болысты* (К.Оразалин, Абай.). Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамырстан заман болса керек, ол шақтың адамдары *жақ-жақ боп* жаға жыртыспай уайым-қайғысыз ғұмыр кешіпті (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖАҚЖҰТТЫ с ы н. *Жұтаң, жадау, жүдеу.* Революцияға дейінгі қазақ жарлы-жақыбайларының *жақжұтты* жадау күн көрісін егер бүгінгі жас буынға поэзия тілімен ғана ұқтыру керек болса, әлгі жалғыз шумақ өлеңді беріп, не жаттатып тынар едік («Қазақст. әйелдері»).

ЖАҚҚЫЗ= е т. *От, жарық (шам) жақтыру.* Малды тапқанға баққыз, Отынды шапқанға *жаққызып,* Рақатқа ылғи батпасын (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Есентай, Есен мырзаға Едіге малын баққызды, Телміртіп отын *жаққызды.* Нұранның көрген қорлығын Мырзаға әкеп тартқызды (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

ЖАҚҚЫЗДЫР= е т. *Жақтырғызу, жандырғызу.* ≈ Қарауылтөбелерде от *жаққыздыр ды.*

ЖАҚҚЫЗДЫРУ *Жаққыздыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйде от *жаққыздыру.*

ЖАҚҚЫЗУ *Жаққыз етістігінің қимыл атауы.* Ал сен өміріңді қалайда *жаққызды ң,* анау кішкентай кеуделерге дарытуың қажет (Т.Тілеуханов, Шарапат.).

ЖАҚҚЫШ[1] з а т. *Электр шамын жандыратын тетік.* Қоналқы бөлмеге кірді суыққа тоңғандай қолы қалтырап, қабырғаны сипалап электр шамның *жаққышын* әзер тапты (Н.Сералиев, Құм адамдары).

ЖАҚҚЫШ[2] с ы н. *Жақсы көрінгіш, ұнағыш.* ≈ Кісіге *жаққыш* адам.

ЖАҚМОНШАҚ з а т. з е р г. *Сәукеле, бергек, бөрік, кимешек сияқты әйелдердің әшекейлі бас киімдерінің екі жақ самайлығына тағылатын салпыншақ, маржан моншақтар. Жақмоншақты ң* алтын, күміс қозаларын жібек жіптерге тізіп, асыл тастармен бұршақтап, үзбелеп жасайды (ҚҰЭ). *Жақмоншақ* алуан түсімен, әсем көрінісімен ерекшеленеді (ҚҰЭ).

ЖАҚПАР з а т. *Кедір-бұдырлы, қатпар-қатпар текше.* Құзар жартастың әр *жақпарын,* әр қиясын бағдарлай, байқай қарап келеді (М.Етекбаев, Алатау.). Бағадаевтар бұл жылдары қолына қайла ұстап, Ақжал *жақпарларынан* алтын қазды («Соц. Қаз.»). Қозғалса кететіндей қазір құлап, Ілініп тұрғандай шың *жақпарында* (М.Айтхожина, Аққу.).

Жақпар тас. *Қыры шығып, текшеленген қатпар тас.* Сол көлдің жағасындағы *жақпар тастар* биіктей барып, найзадай бір оқшау шыңға ұласады (А.Сатаев, Ақын.). Қыс бойы *жақпар тасты* паналап, жазда қырқаны қаптайтын жабайы кептердің мекені сол (Т.Иманбеков, Үш ай.). Шағылған ақ алмастай шыңда мұзың, *жақпар тас* жантайысқан асқар құзың (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

ЖАҚПАРДАЙ с ы н. *Қатпарланған қырлы жартастай.* Жұдырығы қалмақы қара шоқ-

пардай, Сырт тұлғасы дария бөгер *ж а қ п а р д а й* («Қаз. әдеб».).

ЖАҚПАР-ЖАҚПАР с ы н. *Кедір-бұдырлы, текше-текше, жік-жік, қатпар-қатпар. ...* Айналадағы әсемдік: жасыл жағалау, бұйрабасты төбелер, *ж а қ п а р-ж а қ п а р* жартастар түн қараңғысын айқара жамылып... мелшиіп қалған (М.Иманжанов, Менің махабб.). Ал тақала келсеңіз бір-біріне шаншыла сүйініскен *ж а қ п а р-ж а қ п а р* құз қиялары арса-арса болып, ұңғыл-шұңғылы молая, тылсым жұмбақ суықтықпен үңілгендей болады (А.Сейдімбеков, Ақиық). Адыр-адыр жондарда айғыз-айғыз жол жатыр, *Ж а қ п а р-ж а қ п а р* жартастар атылардай зорға түр! Жастығына шынтақтап, теріс қарап қисайып, Ұлы тау да ұрыға қарамайтын болды ақыр (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАҚПАРЛА= е т. *Текшелеп, қабаттап, қатпар-қатпар ету.* Таудың теріскей сайсаласын *ж а қ п а р л а й* күн батуға еңкейген шақта, жіңішке тамды бұлағының терең шұңғыл шатқалын қуып, асуға өрлей бердім (Е.Тұрысов, Қыран.). Шыңның күнге қараған беті табиғат күші *ж а қ п а р л а п* тастаған қып-қызыл қия тас (Ауызекі).

ЖАҚПАРЛАН= е т. *Текше-текше, жақпар-жақпар болу.* Шөгіскен шығар асқар қатпарланып, Қия-құз, мұсатыр мұз *ж а қ п а р л а н ы п.* Емес пе көк ала бас ақ буралар, Оралған шудалары мақпалданып (І.Жансүгіров, Шығ.). Тағы да жазық, тау, дала, *Ж а қ п а р л а н ы п* жалдана Мұнарланып көрінді, Шапқан жолы шаңдана (Жамбыл, Шығ.). Арал емес, жары бар, Қасында құлан қағы бар, Дөңес-дөңес жолданған *Ж а қ п а р л а н ы п* жарланған Жерлерде құлан жүреді (Т.Жароков, Шығ.). Тұман кей жерге қыртыстанып, *ж а қ п а р л а н а* шөгіп түнеп қапты (К.Оразалин, Жексен).

ЖАҚПАРЛАНУ *Жақпарлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ п а р л а н у д ы ң* заңдылықтары. Тастардың *ж а қ п а р л а н у ы н а* қарап, тау жынысының талай географиялық, табиғи кезеңдерді бастан өткергеніне көз жеткізуге болады («Лен. жас»).

ЖАҚПАРЛАС= е т. *Қатарласу, қаттасу, ұласу.* Тайына мініп Байдалыға *ж а қ п а р л а с ы п* келе жатқан Қали анау мылтық атқанда оның атының басын ұстауға ғана шамасы келді (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Екі жағаға үйілген тұнбалар әбден қатып, тасқа айналыпты. Бір-біріне *ж а қ п а р л а с ы п* төбе-төбе боп шоғырланып қалған («Лен. жас»).

ЖАҚПАРЛАСУ *Жақпарлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ п а р л а с у д ы ң* заңдылығы.

ЖАҚПАРЛАУ[1] с ы н. *Қатпарлау келген, текшелі, жік-жіктеу.* Өзі әлі ештеме таба алмағандай, *ж а қ п а р л а у* қоңыр тас, тобылғы өскен беткей (Ж. Молдағалиев, Самал).

ЖАҚПАРЛАУ[2] *Жақпарла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ п а р л а у* тәсілі.

ЖАҚПАРЛЫ с ы н. *Қабат-қабат, қатпарлы, жақпары көп. Ж а қ п а р л ы* құздар жаңғырып, Дауылмен бірге дауыстан. Көзіңнің жауын алдырып, Әдейі қашып алыстан (С.Мәуленов, Торғай.). Бұл асудың солтүстік жағы терең шыңырау құз, *ж а қ п а р л ы* жартастар болатын (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). *Ж а қ п а р л ы* заңғар биіктер төбеден төніп, Әмірбайдың абыройын паш еткендей алып батырларша қасқиып тұрған сияқты (К.Оразалин, Абай.).

ЖАҚПАРТАСТАР з а т. г е о л. **1.** *Жанжағынан қоршаған тектоникалық жарылымдар бойымен тік бағытта жоғары көтерілуі нәтижесінде геологиялық табиғаты қоршаған өңірден анық дербестелген нақтылы аймақ.* ≈ *Ж а қ п а р т а с т а р* аймағы. **2.** *Мұздықтардың жылжуы барысында немесе тектоникалық күштер әсерімен өзі қалыптасқан өңірден алыс аймақтарға жылжып кеткен, сондықтан да өзін қоршаған ортадан анық ерекшеленетін, тұрқы жұздеген, қалыңдығы мыңдаған метрмен өлшенетін геологиялық денелер.* ≈ *Ж а қ п а р т а с т а р* әлемі. **3.** *Диаметрі 1 метрден асатын таужыныс кесектері.* ≈ *Ж а қ п а р т а с т а р* алаңы.

Жақпартастар ағымы. г е о л. *Газбен қаныққан тұтқыр лавалардың төгілу барысында жеке-жеке жақпартастарға дараланып ағуы.* ≈ *Ж а қ п а р т а с т а р а ғ ы м ы н* көру.

ЖАҚСАР= е т. **1.** *Тәуірлене түсу, оңалу, түзелу.* Әнеу күні Оспан МТС-қа апарып келгелі Әбдірахманның көңіл-күйі *ж а қ с а р ы п* кетті (З.Асабаев, Ар соты). Армиядан келген соң ойда жоқ жерде қалада Гүлжамалмен кездесіп қалды. Баяғысынан да *ж а қ с а р ы п* кетті (Т.Тобағабылов, Жазира). Әйткенмен соқыр үміт те адамға сүйеу. Майданның жайы *ж а қ с а р ғ а н ғ а*, жарқ еткен жақсы хабардан дәме көп (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **2.** *Жазылу, айығу.* Нұрбектің жағдайы *ж а қ с а р ғ а н н а н* кейін Перизат ауылға қайтып кетті (С.Досанов, Қыран.). – Халім *ж а қ с а р ы п* келеді. Бірақ сіз келмей кеткен соң... көңілім жүдеп қалды (І.Есенберлин, Алтын құс). Әзірше осында бола тұрасыз. Денсаулығыңыз шамалы *ж а қ с а р ғ а н* соң жылдағы госпитальға жібереміз (С.Омаров, Қызыл.).

ЖАҚСАРТ= е т. *Жетілдіру, түзелту.* Өскелең өмір сауда мәдениетін *ж а қ с а р т а* түсуді талап қып отыр («Қаз. әдеб.»). Қылқанды ағаш тұқымдарының ішінде топырақты көбірек *ж а қ с а р т а т ы н* сағыз қарағай деп есептеледі

(Ө.Орынбаев, Қазақс. орман.). Жылап келіп, келмейді жылап кеткім! Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім. Жамандықты *жақсартып*, жақсылықты Онан сайын келеді қуатты еткім. Жылап келіп, келмейді жылап кеткім! (М.Мақатаев, Шығ.)

ЖАҚСАРТҚЫШ с ы н. *Сапа арттырғыш, оңдағыш.* Қазақтың арқар-меринос қойы... Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай, Марқакөл аудандарында негізгі *жақсартқыш* тұқым ретінде өсірілді (К.Жұмағұлов, Қой шаруаш).

ЖАҚСАРТУ *Жақсарт етістігінің қимыл атауы.* Республикамыз адам денсаулығын *жақсартуға* дәнекер болатын шипа суларға да бай (С.Мәуленов, Жер нәрі). Осы күнгі фабрика-заводтың оқу жүйесін барынша батыл түрде *жақсарту* қажет (С.Бақбергенов, Кентау). Сонда енді қойшы қосағының хал-ахуалын жеңілдетіп, *жақсарту* үшін не істегені жөн? (Т.Жанұзақов, Азамат). Ондағы негізгі мақсат – бұл бағыттағы құқықтық қатынасты жетілдіре отырып, қатерлі кесел бойынша сауаттандыру бағдарламасын, дәрігерлік көмекті жетілдіру, *жақсарту* болып табылады («Егемен Қазақстан»).

ЖАҚСАРТУШЫ з а т. *Жетілдіруші, сапасын арттырушы, оңалтушы.* Қарғалы қойы Орталық Қазақстанда жергілікті құйрықты қойларды *жақсартушы* ретінде пайдаланылады (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

ЖАҚСАРТЫЛ= е т. *Тәуірлендірілу, жетілдірілу, түзетілу, сапасы арттырылу.* Қорықтардың негізгі міндеті – табиғат байлықтарын сақтап, қорын молайтып, оларды болашақ ұрпаққа *жақсартылған* күйінде табыс ету (Қазақстан. аң байлығы.). Будандастырудың нәтижесінде 1-класс қойы тез көбейді, жүні *жақсартылды* (М.Ермеков, Қазақст.). Шынында да, емдік дарулар, емдеу жүйесі жылдан-жылға *жақсартыла* түспек (С.Сыбанбаев, Мал қаны.).

ЖАҚСАРТЫЛУ *Жақсартыл етістігінің қимыл атауы; жетілдірілу, сапаландырылу.* Адай жылқысының тұқымдық айғырларын пайдалану арқылы, әрі таза тұқым ретінде өсіру арқылы *жақсартылуға* тиіс (А.Иманғалиев, Адай жылқы.). Бұл бүкіл өнеркәсіпте экономикалық көрсеткіштердің барынша *жақсартылуын* талап етеді («Соц. Каз.»). Техникалық норма тұрақты шама емес, ол өндіріс ұйымдастырудың *жақсартылуына* сәйкес қайтадан жүйелі қарастырылады («Қазақст. мект.»).

ЖАҚСАРУ *Жақсар етістігінің қимыл атауы.* Бұл қан айналысы, өкпе, жүрек, орталық нерв жүйесі қызметтерінің *жақсаруына* әкеп жеткізеді (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Қант қызылшасы жүгері сүрлемімен қосылып берілгенде сүттің молайып, құрамының *жақсаруына* қолайлы ықпал етеді (З.Сейітов, Сүт. өндеу.). Халықты алдын ала тексеру жұмысының *жақсаруына* байланысты кейінгі жылдары ел арасында өңеш, өкпе, асқазан қатерлі ісіктерінің алғашқы басталып келе жатқан кезі жиі табылатын болып жүр (М.Қайрақбаев, Рақтан сақтан.).

ЖАҚСЫ с ы н. **1.** *Көңілге қанайтын оңды, тәуір.* Жүрт жинап *жақсы* кеңес құрған Түлкі, Зарланып жетімді аяп тұрған Түлкі. Аузына үшеуін де қағып салды – Өзі екен нағыз құдай ұрған Түлкі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жасағанай, *жақсы* хабар әкеле жатқан біреу болғайақты (Ж.Аймауытов Шығ.). *Жақсы* иттің белгісі Жұлмақ түгіл жаламас; Азған елдің бектері Қан шықса елін жұлмалар Қасқырменен аралас (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Жақсы* менен жаманды Айырған әуел Аллаңыз (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бастай бер *жақсы* күнге өмір-арман, Көргенім көз бояғыш, көбі жалған. Молайсын ортайғанын деп тілеймін, Күндерде қолда барды төгіп алған (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Адамгерлік қасиеті мол, тәрбиелі, ұғі, ізгі (адам). Жақсының* сөзі жылдайды, Тілі тәтті бал судан, Жаманның сөзі ащы-дүр, Адам ішпес зәр удан (Базар жырау, Шығ.). Ақынның елі сондай деп, Үлгісі *жақсы* қандай деп, Болыңдар елге өнеге. Елі-жұртым сізге айтам, Бірлікті бол, шырақтар (Қабан жырау, Алтын қазық). *Жақсыға* сырым жасырман, Жаманға, сірә, бас ұрман. Мен бір шапқан жүйрік ат, Бір желіксем басылман (Шал ақын, Өлеңд.). // *Ауылдың, елдің белді, беделді адамы.* Елдің *жақсылары* тегіс жиылды, бітімге билер кірісті, қажылар бас қосты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). // *Иә, қош, мақұл, дұрыс. Жақсы,* мен бүгін сендерге жаңа сабақ бастамай-ақ қояйын (С.Еркебаев, Алғашқы.).

Бір жақсы жері [бір жақсысы]. *Оңды болғанда, ең тәуірі. Бір жақсы жері* мектебіміз үйдің қасында (М.Дүзенов, Ақәже). ...Жарытып істеп тастаған ісі де шамалы. *Бір жақсы жері,* соңғы екі айда он бес рет кино көрсетті (С.Омаров, Өмір.). *Бір жақсысы,* сиыр айдаған екі бала осы кезде Аяжанның дәл қасына келіп қалған еді (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

Жақсы айтты. *Дұрысын сөйледі, орынды сөз сөйледі.* Тақсыр-ау сізді қалай жамандаймын, Мен түгіл құдай жаман жаратқан жоқ, *Жақсы айтсам,* тақсыр төрем, мақтанарсың, Жабырқап жаман айтсам, жасқанарсың (Шернияз ақын, Шығ.).

Жақсы ат. *Абырой, атақ.* Мұндай зор істі атқаруда *жақсы аттан* гөрі, кемшіліктерден туатын жаман аты ең алдымен басқарушыға

келеді, әлбетте (С.Омаров, Өмір.). Егер өз қолым тие қалса, түгіңізді де қалдырмаймын, онан да *жақсы атпен* тезінен тастаңыз (Ә.Әбішев, Найзағай).

Жақсы ата. *Текті тұқым, өнегелі нәсіл. Жақсы атаның* балалары да көп оқыған жоқ, қайта кедейдің балаларын орысқа қорлап берді (Абай, Тол. жин.). Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық, бұлар туысынан болады, қылмысы *жақсы ата*, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады (Абай, Тол. жин.).

Жақсы ат [атақ] жоқ. *Қанша бейнеттеніп тырбанса да, мақтау ала алмады, еңбегі зая кетті.* Он айдан бері артта келе жатқан учаскені жүз елуге бір шығардым. Сонда да маған *жақсы ат жоқ*. Өзің-ақ айтшы, Сәулетай, осылары да әділдік пе? – деді Бөлекбас (Ә.Әбішев, Шығ.).

Жақсы атты болды. *Абыройлы, атақты болды, тәуір көрінді, сый-құрметке ілікті.* Ол Абайдың Тәкежаннан кіші бола тұра, *жақсы атты* жігіт *боп* бара жатқанын жақтырмайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шал байғұс баласының өз күшімен түскенін ақыры білген жоқ, әрі *жақсы атты*, әрі олжалы *болып* Орынғали қала берді (М.Дүйсенов, Мейман.). Ақсақты, тоқсақты жаза алмай бас қатты. Ақсатса жақсы атты, Кім *болар жақсы атты* (М.Әлімбаев, Орақ.).

Жақсы атты көрінді. *Жалпақтап жағынды, жағымпазданды.* Ере келген шолақ саудагерлер Қарабайға *жақсы атты көрініп* қалу үшін жанталасты (Д.Әбілев, Арман.). Өз елінің адамын танымай шатасқан Қабыш қана емес, осы арада атаманға *жақсы атты көрінемін* деп, көрі ояз да алданып қалды (Ә.Әбішев, Армансыз.).

Жақсы аты келеді. *Абырой-атағы, мақтауы саған болады.*

Жақсы болды. а) *Оңды, жайлы, тәуір болды.* Хасеннің белсеніп бөлек қора баққанына қарай қыс өте *жақсы болды* (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). ә) *Құба-құп, тәуір; нұр үстіне нұр.* Мына Сүлейменмен таныстырып жіберсе қандай *жақсы болар* еді (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Жақсы болсын, жаман болсын. *Әйтеуір, қалай болмасын. Жақсы болсын, жаман болсын,* қазандай қайнап, қазақ комитеті мен «Жас қазақ» істері жүре бастады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жақсы [жайлы] жатып, жайлы [жақсы] тұрыңыз. тілек. *Ұйықтар кезде, жатар алдында айтылатын игі тілек.* Бүгінгі еңбек күніміз де жемісті өтті: еңбек рахаты деген осы да. Сіз де әзірге дем алыңыз, *жақсы жатып, жайлы тұрыңыз!* («Лен. жас»).

Жақсы ит өлігін көрсетпейді. *Өзін ешкімге қорлатпайды, көз тұрткі болмай шетке кетеді.* Шошыдым! *Жақсы ит өлігін көрсетпейтін* еді. Есім барда аулаққа кетіп өлем (Ғ.Мұстафин, Таңд.).

Жақсы көрді. *Іш тартып ұнатты, сүйді, жаратты.* Осы үйге жиі келіп, бойы үйрендіктен Құрманбек те Қабышты аға тұтып, *жақсы көретін* (С.Омаров, Майдан). Шын жақсы көрген адам бірін-бірі сол тұрған қалпында *жақсы көреді* (І.Есенберлин, Қаһар). Өзін менің *жақсы көретініме* ол інісінің көзі әбден жеткендей де болды (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Сені *жақсы көрмесе*, Сенер ме еді сөзіңе? (Абай, Тол. жин.). Қазақты *жақсы көрем* бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді (Абай, Тол. жин.). Үйір қылма бойыңа, Шыны *жақсы көрмесең* (Абай, Тол. жин.).

Жақсы көріну. *Жағыну, жағымпаздану.* Рас, бұл управительдеріңіз ақымақ емес, олар сізді бір алдап болыс болып алған да, сізбенен есебі біткен. Енді болса сізбен тату болғаннан да губернатор, оязға *жақсы көріну* артығырақ, қымбаттырақ екенін де ұғынған, – деді Михаилов (М.Әуезов, Тол. жин.).

Жақсы қарамады. *Ұнатпады, жақтырмады, жаратпады.* Алайда ол Мұратты әйел жынысына *жақсы қарамайды* деген ойдан қайтқан жоқ (Т.Нұртазин, Мұрат).

Жақсы лепес [сөз] – жарым ырыс. *Жағымды сөз жанға демеу.* Бәлкі *жақсы лепес – жарым ырыс*. Ендеше қызды қолға бергені ғой (М.Әуезов. Таңд. шығ.). «*Жақсы сөз – жарым ырыс*» дейді. Жақсы ниет айтқан жақсы («Лен. жас»).

Жақсысын асырды, жаманын жасырды. *Жұрт көзінше намысын қорғады, сыр бермеді, көтермеледі, қолдады.* Бірінің де боғын жуып, *жақсысын асырып, жаманын жасырып* адам секілді қылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол емес пе еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жақсының шарапаты. *Жақсы адамның тигізген пайдасы, көмегі, қайырымы. Жақсының шарапаты* деген сөз бар, Аз ойлаған алысқа болмас (І.Кеңесбаев, Қаз. тіл. фраз. сөзд.).

Жаны жақсы көрді. *Қатты ұнатты, сүйсінді.* – Ой, неткен жақсы адамсыз... Осындай мырза жігіттерді *жаным жақсы көреді* (М.Иманжанов, Менің махабб.)

Жанындай жақсы көрді. *Жан-тәнімен беріліп, қатты ұнатты.* Комсомол ұйымдарының жетекшілері ойлы, білімді, өз ісін *жандай жақсы көретін* инициативашыл, творчестволық ізденістің адамы болуын уақыт талап етіп отыр («Лен. жас»).

ЖАҚСЫДАЙ с ы н. *Жақсы сияқты.* Өліп жатқан сұңқардың Жүніне қарға қона алмас. Кешегі айтқан көп жаман Бір *ж а қ с ы д а й* бола алмас (Үш ғасыр.).

ЖАҚСЫ-ЖАЙЛЫ с ы н. *Жанға жайлы, жағымды, ыңғайлы. Ж а қ с ы-ж а й л ы* жатып, тыңайып алған қонақ жол жүруге әзір де еді (М.Қаратаев, Далада.).

ЖАҚСЫ-ЖАЙСАҢ з а т. *Игі жақсы, ығай мен сығай.* Сол маңайдағы ауылдардың *ж а қ с ы-ж а й с а ң ы,* әнші-күйшісі, шешен білгірі бұл үйде түгел еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАҚСЫ-ЖАҚСЫ с ы н. *Таңдаулы, ең әдемі.* Сонан соң *ж а қ с ы-ж а қ с ы* дүниелерін тиеп алып кетпекші де (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Ардақтап әзір күтсең ата-ананы, Бар еді *ж а қ с ы-ж а қ с ы* балалары (Айтыс).

ЖАҚСЫ-ЖАМАН с ы н. *Жақсысы да, жаманы да аралас, әрқилы, әртүрлі, бәрі бар.* Солай болғаны ғой. Оны саған әкеле жатқан шығар. Сен қазақтың ауыз әдебиетін жазып алып жүргеніңді елдің бәрі біліп болған. Төлеудің өлеңін де жазып алсын, әнін естісін дегені ғой, оның өлеңін жазамысың? – Мұқаш. Әбден жазамын. Естіген сөзді, дұрысы *ж а қ с ы-ж а м а н* демей жаза беру ғой (М.Дулатов, Шығ.). Той бітті, қыз ұзатар болды заман, Тарқады тойға келген *ж а қ с ы-ж а м а н.* Қатындар келінді алып шығамыз деп, Жиылып аяңдады үйге таман (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Драманың адамдары *ж а қ с ы-ж а м а н* жағы түгел көрсетіліп, әрбір адам өзімен қалыптас бірнеше адамның мінезін өзіне сіңіретін айнасы (тип) болмақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Патша үйден шықты бұзып түсін, *Ж а қ с ы-ж а м а н* халқының білмек үшін (Ғашық-наме).

ЖАҚСЫ-ЖАМАНДЫҚ з а т. *Жақсылығы мен жамандығы аралас.* Хан аулының жайлауға шығуы тек жаздың *ж а қ с ы-ж а м а н д ы ғ ы н а н,* шөптің шығымдылығымен ғана байланысты емес-ті (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖАҚСЫЗ с ы н. *Жақтауы, жағы жоқ.* Болмаса жансыз, *ж а қ с ы з* мешеу үйлер Бандыдан кеткен үркіп бұл тұстағы ел (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

Жақсыз сөйлем. *Үш жаққа тән белгілі бастауышы болмайтын сөйлем.* Бастауышы белгісіз, оның орны жоқталмайтын, бастауыштың мағынасы үш жаққа бірдей ортақ сөйлемдерді *ж а қ с ы з с ө й л е м* деміз (Қазіргі қаз. тілі). *Ж а қ с ы з с ө й л е м н і ң* бастауышы болмайды, оның жоқ екені сол сөйлемнің баяндауышынан білінеді (ҚҰЭ). *Жақсыз сөйлемнің* баяндауышы бірнеше жолдар арқылы жасалады (ҚҰЭ).

ЖАҚСЫЗДАР з а т. з о о л. <лат. agnatha> *Суда тіршілік ететін омыртқалы жануарлардың жақтары мен жүзбеқанаттары болмайтын тобы. Ж а қ с ы з д а р* – өте қарапайым омыртқалы жануарлар, ішкі қаңқаның қызметін өмір бойы сақталатын желі (хорда) атқарады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а қ с ы з д а р д а* жақ аппараты жұп жүзбеқанаттары болмайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а қ с ы з д а р ғ а* 40-тан астам теңіз және тұщы су жануарлары жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАҚСЫЛА= е т. **1.** *Көтермелеп мадақтау, жақсы сөз айту.* Біздің Сәбит: «Шөре-шөрелерде тиянақты пікір жоқ. Күш кімде болса, олардың тілегі сонда, кеңес өкіметін тамағы тойса *ж а қ с ы л а й д ы,* тамағы ашса жамандайды. Бір күн байды жырласа, бір күн кедейді жырлайды», – деп отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қатты айтып сағаң неге қас қылайын, Сен жаман айтсаң-дағы *ж а қ с ы л а й ы н.* Ойланып тапқан сөзің осы болса, Көңілімді неге бұған бәс қылайын (Айтыс). Жақында оны үлкен бір жиналыста көп болып *ж а қ с ы л а ғ а н* екен, енді міне соны ақтайтындай іс істеп жүр (Ауызекі). **2.** *Айтарлықтай дәрежеге жеткізу, жақсарту, оңдау.* Ал, сондай ауыр халін айтып, тұрмысымызды *ж а қ с ы л а* дегендігі үшін, оларды полицейскийлердің қудалауына, жазалауына Асқар түсінбеді (С.Мұқанов, Ботагөз).

Жақсылап көрді. *Анықтап көрді.* Жолығыппыз екеуміз Дос-жараның алдында. Жанжаққа ертең кетерміз, *Ж а қ с ы л а п к ө р і п* қалдың ба? (К.Салықов, Жезкиік).

Жақсылап тыңдады. *Көңіл қойып, дұрыстап тыңдады.* Баққа да бардым көктем келгенде бақ сұрап, Бұлбұлдың әнін *т ы ң д а д ы м* ұйып *ж а қ с ы л а п.* Тұрлығызыңды көргем жоқ деді қарлығаш (Т.Молдағалиев, Шақырады).

ЖАҚСЫЛАН= е т. **1.** *Жақсару, тәуірлену, оңалу.* Сол артықшылықтың бірі – бізде экономиканың өсуіне сәйкес халықтың әл-ауқаты да көтеріліп, тұрмыс *ж а қ с ы л а н а* түседі (С.Мұқанов, Өсу жол.). Тәуіптері Толтайды, Тәуір қылып алғанда. *Ж а қ с ы л а н ы п* жарасы, жазылып енді қалғанда (Манас). **2.** ж е р г. *Қайткенде де ұнауға тырысу, жағыну.* Ұзап қайда барар дейсің, бүгінгісі – әлдекімге *ж а қ с ы л а н ғ а н ы н а н* жеткен жері болар (Ауызекі).

ЖАҚСЫЛАНУ *Жақсылан етістігінің қимыл атауы; сәндену, күтіну.* ≈ *Ж а қ с ы л а н у д ы ң* белгісі. Кәмшат айнаға барып, косметиканың көмегімен *ж а қ с ы л а н у ғ а* кірісіп кетті («Лен. жас»).

ЖАҚСЫЛАҢҚЫРА= е т. *Ойдағыдай етіп, дұрыстаңқырау, оңдаңқырау.* Соңғы сөзді айтқан Байғазы «Шүрегей» деп отырғанында мән бар, *ж а қ с ы л а ң қ ы р а п,* келістіріп жырлай алмадың дегендегісі (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАҚСЫЛАҢҚЫРАУ *Жақсыланқыраетістігінің қимыл атауы.* Бұдан да *ж а қ с ы л а ң қ ы р а у ғ а* болар еді (Ауызекі).

ЖАҚСЫЛАТ= е т. *Дұрыстату, жөндету.* Бір үйіңізді түгел босаттырып, ішін *ж а қ с ы л а т ы п* жинатыңыз (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАҚСЫЛАТУ *Жақсылат етістігінің қимыл атауы.* Ескі үйді жөндетіп, *ж а қ с ы л а т у ғ а* кірісіп кетті (Ауызекі). Жаманды *ж а қ с ы л а т у* оңай емес (Ауызекі).

ЖАҚСЫЛАУ[1] с ы н. *Өзгесіне қарағанда тәуірлеу, оңдылау.* Жандаралдың тілмәші деп еді, септігі тисе *ж а қ с ы л а у* (З.Шашкин, Тоқаш Боқин).

ЖАҚСЫЛАУ[2] *Жақсыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ескі мәшинені *ж а қ с ы л а у* қажет.

ЖАҚСЫЛЫ-ЖАМАНДЫ с ы н. *Жақсысы да, жаманы да бар, әртүрлі.* Абайымыз бар екен, тағы-тағы ірілі-кішілі, *ж а қ с ы л ы-ж а м а н д ы* жазушылар болған екен (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Бұлай дейтін себебім біздің газеттеріміз бен журналдарымыздың бетінде *ж а қ с ы л ы-ж а м а н д ы* фельетон үлгілері көптен орын алып келеді (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). Әтіке Жайту жайлы *ж а қ с ы л ы-ж а м а н д ы* көп әңгіме естіген, екі-үш рет көргенімен, оның ел айтып жүрген қылықтарының ешқайсысына қуә болған емес-ті (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ЖАҚСЫЛЫҚ з а т. **1.** *Қайырымдылық ізгі іс, рақымдылық. Ж а қ с ы л ы қ* ұзақ тұрмайды, Жамандық әркез тозбайды (Абай тілінің сөздігі). Бұл сөзді, ғибрат сол адамзатқа, Тегін қыл *ж а қ с ы л ы қ т ы* пұлға сатпа (М.Дулатов, Шығ.). Өсерсің әлі, бұл да арман, Ат жалын тартып мінерсің. *Ж а қ с ы л ы қ* күткен жылдардан, Әкеңің жайын білерсің (Т.Молдағалиев, Қош көктем.). Мұндағы мақсат – әлем алғаш тек ізгілік пен *ж а қ с ы л ы қ*, татулық пен бейбітшілікпен тұрғанын көрсету еді («Жас Алаш»). **2.** *Кісінің я заттың бойындағы тәуір қасиет, сапа.* Өмір сүру дегеніміз іс істеуге бір мақсат болуға тиіс. Ондай мақсат бір *ж а қ с ы л ы қ* болуы керек. Ол *ж а қ с ы л ы қ* қиялда ғана болмай, дүние жүзінде бар болып, бар болса бір адамға болмай көпке бірдей болуы керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жарқырап *ж а қ с ы л ы қ т ы ң* таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай. Кек атты, көн терілі, көніп қалған, Сықса да шыдай беру – жұрт жарылмай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мен *ж а қ с ы л ы қ* іздеймін, қызу қанның өзінен. Мен *ж а қ с ы л ы қ* іздеймін, бұзылғанның өзінен (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). Өнердің дәл осындай мен де иесі, Өнбойым – тек *ж а қ с ы л ы қ* дүниесі. Домбырам – он жасымнан жан серігім, Талпындым келтіргенше сөз жүйесін (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жақсылық қылды. *Қайырымдылық жасады, шарапатын тигізді.* Тірлікте өзіңнің *ж а қ с ы л ы қ қ ы л ғ а н* кісің көп болса, кім Құран оқымайды (Абай, Тол. жин.). Орынсызды айтпаған, Түзу жолдан қайтпаған, *Ж а қ с ы л ы қ қ ы л а р* орында, Аянып бойын тартпаған (Абай, Тол. жин.).

ЖАҚСЫЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жақсылығы жоқ. Ж а қ с ы л ы қ с ы з* ата қалса бұла таң – Жүрегімді бекер неге жылатам? – Жамандықтың болмағаны – Жақсылық Нышаны деп өзімді жұбатам (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАҚСЫЛЫҚТАЙ с ы н. *Жақсылық сияқты.* Өтті жылдар, ғасыр, бәлкім, Ол мөлдіреп ақ-қалы, *Ж а қ с ы л ы қ т а й* таусылмайтын Дәмің жүрген шақта (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

ЖАҚСЫРАҚ с ы н. *Өзгесінен гөрі дұрысырақ, тәуірірек.* – Асықты ақылсыз бала ойнайды, сен одан *ж а қ с ы р а қ* ойын тап, – деп, Тайман жұбатып вышка сатып әперді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Шынында да көркем шығарманың қасиетінің бәрі басқадан да гөрі жазушыға *ж а қ с ы р а қ* көрінетіні анық қой (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Жиналды ма екен бір-бірін *Ж а қ с ы р а қ* көріп-білуге? Көк тоғай сөйлеп тұр бүгін Құстардың ана тілінде (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАҚТА= е т. *Біреудің сөзін сөйлеу, қолдау, қоштау.* Сөзім бар да, көзім жоқ, Көзім жоқ деп жатпадым: Би мен бекті *ж а қ т а д ы м*, Бай, мырзаны мақтадым, Бәйбішенің мойнына Жырдан алқа таққаным (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бұрынғы өткен атамыз – Жамандарын *ж а қ т а д ы қ*, Батырларын мақтадық (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жиырмаға келген соң, Жын қуалап ақтадым, Жиырма беске келген соң, Жақсыларды *ж а қ т а д ы м*. Отыз жасқа келген соң, Әр ісін сүйіп мақтадым (Шал ақын, Өлеңд.). *Ж а қ т а с а ң* да өзің біл, даттасаң да, Соттасаң да еркің бар, ақтасаң да. Мен де жұмбақ адаммын, оны да ойла, Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да (М.Мақатаев, Шығ.).

Екі жақтады. *Екеуледі, екі кісі жабылды.* Енді екеуі жабылды *е к і ж а қ т а п,* күні бітіп тұрған жоқ құдай сақтап (Үш ғасыр.).

Үш жақтады. *Үшеуледі, үш кісі жабылды.* Үшеуі *ү ш ж а қ т а п* тартқылап, тырмысып, бочканы әрең қозғады (К.Тоқаев, Түнде.).

ЖАҚТАҒЫШ с ы н. *Қолдағыш, қоштағыш, қорғағыш.* Хан тұқымы бола тұра қараны *ж а қ т а ғ ы ш* (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖАҚТАС с ы н. *Бір пікірлес, ниеттес.* Құнанбай орыс патшасының *ж а қ т а с ы* бола отырып та, баласын орыс мектебіне жібермеді (М. Ақынжанов, Каз. ағартушы.). Сонсын ол өзіне жағымпаз балалардан *ж а қ т а с* жинап айтақтады (Ж.Тілеков, От кешу).

Рас, осылардың ішінде бізге *ж а қ т а с т а р* да, адамқандар да, алданғандар да тіпті қаруды қолдарына қорыққаннан ұстағандар да болған шығар (Т.Жанұзақ, Азамат.).

ЖАҚТАС= е т. **1.** *Болысу, қолдау.* Долгушевтің талай бұйрықты орындамағанын көрсеңіз де, жазалаудың орнына үнемі жаныңыз ашып *ж а қ т а с ы п* тұрасыз (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Іштей Лаураға *ж а қ т а с қ а н м е н*, менің де өз басым Қуатқа ұқсайтын болып шықтым (М.Айымбетов, Көгілдір.). Әл бермей арың кетіп бара жатса, Найза мен қылыш алып, сонда *ж а қ т а с* (Айтыс). **2.** г р а м м. *Ынғайласып, қиысып тұру.* Орыс тілінде... бағыныңқы сөйлемдердің бастауыштары баяндауыштарымен *ж а қ т а с ы п* тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАҚТАСТЫҚ з а т. *Пікірлестік, ниеттестік, бірін-бірі қолдаушылық.* ≈ *Ж а қ т а с т ы қ* келісімі.

ЖАҚТАСТЫР= е т. *Жақ-жақ қылу, қолдастыру.* – Онымен *ж а қ т а с т ы р ғ а н* өзіңсің, енді қайтіп құтыл демексің?! (Ауызекі). Кейбір жалғаулар сөйлемдегі бастауыштар мен баяндауыштарды *ж а қ т а с т ы р ы п*, оларды бір-бірімен қиыстыру үшін жұмсалады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАҚТАСТЫРУ *Жақтастыр етістігінің қимыл атауы.* Көппартиялық елді жік-жікке, жақ-жаққа бөлуге, *ж а қ т а с т ы р у ғ а* алып келеді («Лен. жас»).

ЖАҚТАСУ *Жақтас етістігінің қимыл атауы; болысу, қолдау. Ж а қ т а с у* – «құрты» жақ-жақтың, Егесу – ісі ақымақтың. Есің бүтін ер болсаң, – Қамын қыл халыққа жақпақтың (Т.Ізтілеуов, Назым). Жақсы айттың-ау, шырағым! Жақыныңа *ж а қ т а с у* қағидаға айналған дәстүр ғой (С.Сматаев, Ақжелең). Жүруші еді. Ақыры орналасқан дүкенге, Зампредтің жақыны, *ж а қ т а с у* бұл бітер ме?! (А.Шакенов, Шырша). –О, асыранды неме, бір қора адам соңыма түскенде *ж а қ т а с у ғ а* жарамай, енді тазаламақшысың ба?! (Ауызекі).

ЖАҚТАУ[1] з а т. **1.** *Есік-терезені, қақпаны орнықтыру үшін ұштарын бір-біріне қиюластырып жасаған ағаш қорап.* Мұқан есікті тартып қалып еді, шарт етіп кілт сынып, есіктің екі *ж а қ т а у ы* екі жаққа ұшты (І.Жансүгіров, Шығ.). Қыз үндемей қалды. Тек еміне түскендей. Кеудесіне дейін терезе *ж а қ т а у ы н а н* шықты (М.Мағауин, Көк мұнар). Мөлдір шықтар кірпігінен үзіліп кеп сол шақтақ, Терезенің *ж а қ т а у ы н а* тамып жатты моншақтап (М.Шаханов, Қасырлар.). **2.** *Жүгеннің екі жақ бойы.* Көрінер жүген сұлу *ж а қ т а у м е н е н,* Құр бекер іс бітпейді қақсауменен. Бала деп ақылы бар, айласы бар, Тұсыңа әркім келер мақтауменен (Айтыс). **3.** с ө й л. *Ердің екі қапталы.* ≈ Ердің екі *ж а қ т а у ы.* **4.** *Каналдың екі жақ бойы, кенересі.*

Жақтаудың шайылуы. с у ш а р. *Су тасуы кезінде гидротехникалық құрылыстар табанының еңкіштігіне байланысты шайылуы немесе канал, өзен жақтауларын су опырып, құлатуы.* ≈ *Ж а қ т а у д ы ң ш а й ы л у ы* болып тұрады.

Жақтаулар кәрізі. с у ш а р. *Жер құрғатуға арналған кәріз құрылысы арқылы жақтау түбіне жиналған суды басқа жаққа бұрып әкету желісімен жүзеге асыру. Ж а қ т а у л а р к ә р і з і* – құрылыс денесіндегі депрессиялық қисық сызықтың деңгейін төмендетуге арналған құрылыс (Қаз. тілі термин. сушар.).

Жақтау тегістегіштер. с у ш а р. *Канал жақтауларын, табанын тегістеуге арналған машиналар.* ≈ *Ж а қ т а у т е г і с т е г і ш т е р* паркі.

ЖАҚТАУ[2] *Жақта етістігінің қимыл атауы.* Яки мақсат; Отанымызды сақтауға, Ақиқатты *ж а қ т а у ғ а,* Біз де басты көтерсек, Қала бермей таптауда (С.Торайғыров, Шығ.). – Жасағанберді мырза! – Қапай аға тумасын *ж а қ т а у* орнына мысқыл білдірді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Олар әлдебір құбылыстарға үлкендей қатысып, өз пікірін айту, оны *ж а қ т а у*, іске асырам деп талпынудан танылады («Қазақст мект.»).

ЖАҚТАУЛА= е т. **1.** *Екі жағына тірек қою, жақтау салу.* Бөлмеге маса кіріп кетпес үшін *ж а қ т а у л а п* керген марля қойылады (С.Мұқанов, Сырдария). **2.** *Бір жақ езуіне қарай жымию.* Кенет бала «батаңызды беріңіз» деген жерге келгенде бір *ж а қ т а у л а п* езуімен мырс етіп күліп қойды (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

ЖАҚТАУЛАТ= е т. *Жақтау жасату, орнату.* ≈ Есік-терезелердің бәрін де *ж а қ т а у л а т ы п* тастады.

ЖАҚТАУЛАТУ *Жақтаулат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ т а у л а т у* процесі.

ЖАҚТАУЛАУ *Жақтаула етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ т а у л а у* жұмысы.

ЖАҚТАУЛЫ с ы н. **1.** *Жақтауы бар, жақтау салынған.* Құрылыс беті қос қалпақты, биік *ж а қ т а у л ы* қақпадан тұрады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Қораның бүйір жағынан трактор өтетін қос *ж а қ т а у л ы* қақпа жасалады (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.). **2.** *Қанатты, қорапты.* Ерекше киініп, қол шалғымен шөп шабады, қол орақпен егін орады, жатаған *ж а қ т а у л ы* ескі ырдуан арбаға өгіз жегіп пішен тасиды (С.Омаров, Дала қызы).

ЖАҚТАУША з а т. **1.** *Көпірдің екі жағына қағылған ұзынша ағаш.* Сонымен біз бастапқы айтқандай болып киініп, қаладан шығып,

көпірдің екі жағындағы *ж а қ т а у ш а* ағашқа шығып тұрамыз (С.Ерубаев, Менің құрдас.). **2.** *Жүгеннің екі жағындағы жақтауы. Ж а қ т а у ш а л а р д ы ң* желкелік қоспасын кекілдік, кеңсіріктік, сағалдырықтардың түйіскен жерінде не өрім, не түр мәнерінің түрлерімен шашақтап түймелеп бекітеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАҚТАУШЫ з а т. *Біреудің сөзін, пікірін құптап қуаттаушы, қолдаушы. ...*Украиналық бұл профессор, әдебиет тану ғылымында «социологиялық мектеп» аталатын әдісті *ж а қ т а у ш ы* адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жамандыққа жаны төзбейтін улы күлкілі, әділеттің ақ *ж а қ т а у ш ы с ы* Крылов біздің ортамызда адымын нық басып, қоян-қолтық келе жатыр (С.Мәуленов, Үркер.). Ақылбикенің айтқандары есіне түсті. Біріншісі қыр соңынан қалмай жүрген жігіттің суреті, екіншісі – оның *ж а қ т а у ш ы с ы* (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

ЖАҚТЫ с ы н. *Қырлы, жанды, түрлі.* Соңғы кездегі құғын әлденеше *ж а қ т ы* болуға ойналды (М.Әуезов, Қараш.).

Бір жақты. а) *Бірыңғай, бір түрлі.* Осыларды *б і р ж а қ т ы* еттім бе деп демін бір алғанда, телефон шыр ете түседі (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). ә) *Сыңаржақ, әділетсіз.* Мінездеме болған соң *б і р ж а қ т ы* кетпей, Елекеңнің бар «Қадір қасиетін» түгел айтқан дұрыс (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАҚТЫҚ с ы н. *Жаққа қатысты, белгілі бір жаққа тән.* Түп нұсқаның *ж а қ т ы қ* белгісіне екпін бере білу де аударманың әсерлігін арттырады (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Жақтық жалғау. л и н г в. *Істің кімге төндігін көрсету үшін етістікке жалғанатын грамматикалық қосымша.* Ал жақты, сандылықты көрсету үшін етістікке жалғанатын форманы жіктеу, *ж а қ т ы қ ж а л ғ а у ы* деп атайды (Қазіргі қаз. тілі).

Ауыл жақтық істеді. *Жерлестік жасау, жақынына бүйірі бұрды.* Сырыңды менен неге жасырдың? Әлде *а у ы л ж а қ т ы қ і с т е п*, Сапарға бұрын кетеді деп ойладың ба? (С.Омаров, Өмір.).

Қай жақтық. *Қай елдік, қай жерлік.* Бірақ ешкімге көнбейді. Өз бетімен жүреді. Соның анық *қ а й ж а қ т ы қ* екенін мен ажырата алмаймын (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАҚТЫЛАН: екі жақтыланды. *Екіге бөлінді, ажыратылды.* Баланың іс-әрекеті *е к і ж а қ т ы л а н ы п*, оның мінезі бұзыла бастады (Семья тәрбиесі).

ЖАҚТЫЛАУ с ы н. *Жағы үлкендеу.* ≈ *Ж а қ т ы л а у* келген кісі.

Ат жақтылау. *Жағы ат жағына ұқсас, үлкендеу.* Есік ашылғанда ұзын бойлы, *а т ж а қ т ы л а у* келген, өз бойын өте сыпайы ұстайтын кісі кіріп келді (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста қал.). Оң жақтағы бүйра шаш, қалың қабақ, дүрдік ерінді Төлеп те, кеудесін тік ұстап тұрған *а т ж а қ т ы л а у ы* – Тоқтарбай (З.Асабаев, Ар соты).

Қу жақтылау. *Солыңқы жақ, етсіздеу, арық жақ.* Өзі бір сопақ бет, шоқша сақал, *қ у ж а қ т ы л а у* жан екен. Байғазыға алғысты көзімен бір қарады (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАҚТЫЛЫҚ з а т. *Жағы болушылық; жаққа қатысты.* ≈ Көп *ж а қ т ы л ы қ. Ж а қ т ы л ы қ* биологиядағы организмдерге жасалатын жіктеменің бір түрі («Лен. жас»).

Бір жақтылық. *Сыңар жақтылық.* Ол өз кітабында алты буынды мақалдарды бунаққа жіктеген *б і р ж а қ т ы л ы қ* жіберген сияқты (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАҚТЫР[1]= е т. *Тұтандыру, жандыру.* Күн бата кісі басы үш жерден от *ж а қ т ы р д ы* (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЖАҚТЫР[2]= е т. *Жұққызу, жалатқызу, тигіздіру.* Бала қолының қанаған жеріне йод *ж а қ т ы р ы п*, дәкемен байлатып алды (Ауызекі). Дестелеп шашын тараған, Мойны алманың сабындай... Шілтелі алтын, күмісті Омырауға тақтырып, Опа мен далап бетіне Айнаға қарап *ж а қ т ы р ы п* (Байтоқ жырау, Өлеңд.).

ЖАҚТЫР[3]= е т. *Мақұл көру, жарату, ұнату.* Бала мен келін *ж а қ т ы р м а й*, Қарайды көзбен оқ атып. Сөйлер сөзім таптырмай, Аламын ойды жоғалтып (М.Әшірбеков, Белестер). Соқырлар да келеді, Оның да көзі бақшақтар. Бәрі де тегіс өтіпті, *Ж а қ т ы р м а й* Назым кетіпті (Қамбар батыр). *Ж а қ т ы р ы п* қызды сынап ұнастырды, Бұл қыздың аты-жөнін сұрастырды. Жауабын алдыңғы жыл қабыл алмай, Өкініп биыл танып рас білді (Ә.Найманбаев, Шығ.). Атағыңа, ардақты аға, құмар едім, Нашарға саяң түскен шынар едің, Қасында тоғыз жігіт жолдасың бар, *Ж а қ т ы р с а ң* мен де бірге шығар едім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАҚТЫРТ[1]= е т. *Жаққызу, жандырғызу.* Бораған ақ топырақ үйге де, сыртқа да от *ж а қ т ы р т п а й д ы* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖАҚТЫРТ[2]= е т. *Ұнатқызу, жаратқызу.* Ол Еңлікті *ж а қ т ы р т п а ғ а н* пішінін айқындап, көтеріңкілігін жасыра да алмай отыр (К.Оразалин, Ақ жазық). Қарамеңді Пірәдардың кескінін *ж а қ т ы р т п а д ы* (Ж.Молдағалиев, Самал). Айша бастап, оған Балағұл қосылып, Дәрмен *ж а қ т ы р т п а ғ а н* сияқты түр көрсетті (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖАҚТЫРТУ *Жақтырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ От *ж а қ т ы р т у.*

ЖАҚТЫРУ *Жақтыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ От *ж а қ т ы р у.*

ЖАҚТЫРЫҢҚЫРА= е т. *Мақұл көріңкіреу, жаратыңқырау.* Ішінен *ж а қ т ы р ы ң қ ы р а м а с а* да, рапорт беруге міндетті екенін ойлап, әзірленді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Ләззаттың өзін *ж а қ т ы р ы ң қ ы р а м а у ы н* байқаған Дүйсен тез-тез қоштасып, шығып кетті («Лен. жас»).

ЖАҚТЫРЫҢҚЫРАУ *Жақтырыңқыра етістігінің қимыл атауы.* Соның *ж а қ т ы р ы ң қ ы р а у ы н* күтіп жүріп, жастығымды өткізіп аламын ба деп қорқамын («Жалын»).

ЖАҚҰТ з а т. м и н. <грек. sapphieros> **1.** *Түрлі түсті, көбіне көгілдір, жасыл түсті асыл тас, лағылдың көне атауы.* Ханның құлақтарында сұлу қыздың ерніне ұқсайтын цейлонның қып-қызыл *ж а қ ұ т т а р ы н а н* жасалған сырғалар (М.Жұмабаев, Шығ.). Толқын атқан *ж а қ ұ т т ы,* Табар кейде тоғышар. Кейбір сырдан бақытты, Бейнетсіз-ақ толысар (Қ.Бекхожин, Қайран жастық). Сыртыңнан болғаныңа ел қуанды, Жоғалып табылғандай *ж а қ ұ т ы ң ы з.* Адамның бақ орнаған тұқымынан Қайырлы, құтты болсын бақытыңыз! (Кердері Әбубәкір, Қазағым). «Жылатып жанды, жансыз мақұлқатты, Отырмын дарияның суын, тыйып. Шамшырақ – інжу, гауһар, *ж а қ ұ т т а р д а н* Ал, шахым, керегіңді шапшаң жиып!» (О.Шораяқов, Шайыр). **2.** а у ы с. *Асыл, бағалы.* Жеңешем Сақып десе Сақып екен, Әр сөзі дүрия, гауһар *ж а қ ұ т* екен. Қареке, рұқсат етсең осы ауылда, Қонақтап бірнеше күн жатып кетем (Шал ақын, Өлеңд.).

ЖАҚҰТТАЙ с ы н. **1.** *Жақұт сияқты.* Даланың дастарқанына, Толтыра төктік жемісті, Мұқиттай егін толқыды *Ж а қ ұ т т а й* жайнап жер үсті (Қ.Аманжолов, Шығ.). *// Жалт-жұлт етіп.* Көзі *ж а қ ұ т т а й* жарқырап атасын сағынған бала үй ішінен әжесін іздегендей болды (Ә.Бөриев, Ақ бидай). **2.** а у ы с. *Асыл, бағалы. Ж а қ ұ т т а й* жарқылдаған асыл сөздері аңқылдаған әдемі әуен, барқыттай биязы, мақпалдай жұмсақ сырлы сазға бөленген (М.Хасенов, Алғашқы ән).

ЖАҚҰТТЫ с ы н. **1.** *Жақұты бар, жақұт салған.* Қолында алтын балдақ, құлағында мың құбылған *ж а қ ұ т т ы* сырға, аяғында алтын зермен оқалап тіккен қызыл сақтиян етік (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** а у ы с. *Бағалы, қымбат.* Бала ата-ана бақыты, Бала – көркі өмірдің. Байлығы асыл *ж а қ ұ т т ы,* Әсем базы көңілдің (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал).

ЖАҚҰТША ү с т. *Жақұт сияқтанып, жақұт құсап.* Шықпен қырауытқан әрбір жеміс *ж а қ ұ т ш а* құлпырады (Дала қырандары). Мұндай бақытты айлы түндер, әсіресе жан дүниеңді *ж а қ ұ т ш а* жарқыратып, бір рақатқа бөлейтін түстер өмірінде аз екенін бағбан бүгін білді (Ә.Бөриев, Алматы.).

ЖАҚША[1] з а т. **1.** м а т. *Математикалық амалдардың ішінде бірінші орындалатынын білдіретін айшық түрінде жүргізілген таңба.* Алдында минус таңбасы тұрған *ж а қ ш а н ы* ашу үшін, оның ішіндегі мүшелердің бәрін қарама-қарсы таңбамен жақшасыз жазу керек (Алгебра). **2.** л и н г в. *Сөзге, сөз тіркесі, сөйлемге қосымша мағына үстеу үшін, белгілі бір ойды анықтау, автордың көзқарасын аңғарта түсу үшін, өзінен бұрынғы сөз мағынасын айқындау үшін қолданылатын, жұптасып келетін айшық, тік сызық фигуралы түрінде жүргізілетін таңба. Ж а қ ш а* сөздің немесе сөйлемнің, яғни ойдың басталған жерінен ашылып, ойдың аяқталған жерінен жабылады (Қазақ тілі энц.). Тап сол кезде қолжазбаның бірінші бетіндегі екі сөзді көзім шалып қалды: «Жол», екіншісі – *ж а қ ш а н ы ң* ішіндегі «Әңгіме» (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). «Лирика жолдары» деген өлең атынан кейін *ж а қ ш а* ішінде «Н-ға» деген жазу бар еді (С.Досанов, Қыран.). Ұғымсыз, жат сөздердің орысшасын *ж а қ ш а ғ а* қойып отырдық (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Индекстік жақшалар. и н ф. <ағыл. subscript brockets> *Жиым мазмұнындағы шекаралық жұптар тізімін және индекстер немесе индекстері бар айнымалылар жазбасындағы индекстік өрнектердің тізімін шектейтін жақша* (Қаз. тілі термин. Информатика).

ЖАҚША[2] ү с т. *Жаққа ұқсас, жақ сияқты.* Сүзгіден түскен ту сазан қабырғасын *ж а қ ш а* ие, құйрығымен мұз сабалап, қарғып-қарғып басылады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Қазір де жалаң бас емеспін, құлақшынымды бір қолыммен баса ұстап, белімді *ж а қ ш а* иіп, шалқалаймын (Т.Тобағабылов, Түсінсең.).

ЖАҚШАЛА= е т. *Жақшаға алып жазу.* Осы сөздерді *ж а қ ш а л а п* отырып жазыпты да, артынан қайта талдау жасапты (У.Қыдырханов, Шаңқай түс).

ЖАҚШАЛАУ *Жақшала етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ ш а л а у д ы ң* өз заңдылықтары бар.

ЖАҚШАЛЫ с ы н. *Жақша ішіне орналасқан, жақшаға алынған. Ж а қ ш а л ы* мысал есептерде амалдардың орындалу тәртібін былай жазған дұрыс («Халық мұғ.»).

ЖАҚЫ з а т. **1.** *Құлын терісінен тігілген, түгін сыртына қаратып жасаған сырт киім.* Елші үстіне қара құлын *ж а қ ы* киген (М.Мағауин, Аласапыран). Ақыры зәулім лашықтың үлкен есігі ашылды да, сыртқа кердеңдей басып, иығына жолбарыс терісінен тігілген әдемі *ж а қ ы* жамылған алып денелі қара дәу шықты («Білім және еңбек»). **2.** *Құлын терісі.*

Мұндай *ж а қ ы*, жарғақтан әдемі сырт киімдер тіккізген. Ондай киімдердің үлгісін музейлерден ғана көруге болады («Қазақст. әйелдері»).

ЖАҚЫБАЙ з а т. с ө й л. *Жарлы-жақыбай қос сөзінің екінші сыңары; кедей кепшік, кемкетік.* Жарлы-жалшы, *ж а қ ы б а й д ы* жарылқау, Жандағы ауру, жүректегі жалының (І.Жансүгіров, Шығ.). Жарлы менен *ж а қ ы б а й* намысты ойлап, Артып берді екі тең қамыс байлап. Тілсіз жауға тірексіз тура тартса, Жылым жұтып, жігіттің бағы ұшпай ма? (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАҚЫҚ з а т. *Жұмақ, пейіш.* Содан кейін: – Әкең марқұм, жатқан жерің *ж а қ ы қ* болғыр жарықтығым «Басына қиын іс түссе, жақсының қайраты асады, жаманның құты қашады» дейтін еді. Құтың қашпасын! – деді қайратқа шақырған әсерлі дауыспен (Е.Мырзахметов, Медет).

ЖАҚЫН[1] з а т. **1.** *Ағайын-туған, туысқан-тума, жегжат.* Қыранның даңқы алысқа, Жат пен *ж а қ ы н*, танысқа Жайылып тегіс кетіп ед, Көруге кімдер келмеді, Біріне Есет бермеді, Бәрі де көңіл етіп ед (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а қ ы н ы ң* жат болады алыс болса, Жат та жақын болады таныс болса. Сыртыңнан жаман туыс табалайды, Аяғың бір нәрседен шалыс болса (Шал ақын, Өлең д.). **2.** а у ы с. *Араласатын туыстай адам, өз адамы.* Жаманның *ж а қ ы н ы* жоқ, Жақсының алысы жоқ (Мақалнама). Жақсыны алыс, Жаманды *ж а қ ы н* көрме, Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме (Қаз. ақын. шығ.).

Ет жақын. *Бірге туған, бауыр, етене жақын.* – Әй, неге сен тіліңді тигізе бересің менің *е т ж а қ ы н* адамдарыма? (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ағайын ішінде *е т ж а қ ы н* туыс едік қой (Ғ.Сланов, Асау арна). *Е т ж а қ ы н* бір адамдай-ақ сөйлесіп, Амандықты сұрасады әріден (С.Сейтхазин, Тереңде). Қалайша танымассың?! Ол менің *е т ж а қ ы н* бауырым боп кетіп еді ғой («Лен. жас»).

ЖАҚЫН[2] ү с т. **1.** *Аралығы жуық, таяу, таман.* Дүниенің опасызын біліп тұрып, Қылмаймыз хақ бұйрығын мойын салып. Бір күні ажал *ж а қ ы н* жеткен күні, Мал – пұлың жаныңызды қалмайды алып (Қабан жырау, Алтын қазық). Аялап беттен сипап, жел еседі, Ұларым *ж а қ ы н* қонып, кеңеседі. Сондайда бүкіл дүние менікі боп, Ұлытау иығыма теңеседі (К. Салықов, Жезкиік). Еримін әнге, содан ба, Естір деп алыс, *ж а қ ы н* маң, Мыңсайрам бұлбұл, оған да Ауылға кел деп шақырғам (Ж. Жұматаев, Ләйлә). **2.** а у ы с. *Көңілдес, ашына-жайлас.* Тапандар таратты ма, әлде ауыл-үйдің өсегі ме – мені Айғаншамен *ж а қ ы н* деген сөз жайылып кетті (Б.Майлин, Шығ.). Шоқанды «бұл қызбен *ж а қ ы н* дейді» деген қаңқуды құлағы шалған Шыңғыс, мұнысын болашақ келіннің көңілін аулауына жорыған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нұрқан менімен *жақын* болдеген сағанмазақкөрінедіекен? Теңің емеспін ғой тегі (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** *Дос, тілеулес, ниеті бір.* Ананың сол жүрегі *ж а қ ы н* адамын жоғалтып жылауда еді (М.Жұмабаев, Шығ.). Есікті мен ашпай-ақ, ол өзі кіріп келді. Әрі *ж а қ ы н*, әрі жақсы инженер жолдасым екен (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Жан Брнер мен министр екеуі ертеден *ж а қ ы н*, араларынан қыл өтпейтін шынайы дос екен (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау). Ер пайдасы тиеді сасқан жерде, Ел жиылып, етекті жау басқан жерде. Жаманды *ж а қ ы н ы м* деп ес санама, Көңілі күнде оның ер мен төрде (Қабан жырау, Алтын қазық). *Ж а қ ы н ы ң* берсең жау болып, Бермесең құрған ау болып, Аяғы пәле дау болып, Ұлғайып пәле қау болып, Татқан дәм мен тұз кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Етене жақын. *Аралас-құралас боп кеткен, өте, тым жақын.* Қайта бірден бауырына тартып, әманда *е т е н е ж а қ ы н* өскен жандай ыстық көрініп барады (А.Байтанаев, Қансонар).

Жақын арада. а) *Таяу кезде.* Банды атаулыны *ж а қ ы н а р а д а* жойып, Совет үкіметі беріп отырған тұқымды игі ісімізге толығынан пайдаланайық (Қ.Исабаев, Соңғы.). *Ж а қ ы н а р а д а* Қазақстанның кәсіп ұйымдарының мекемесіне сол Екібас заводына әлі басқа мұндай кәсіп жерлеріне тексеруші кісілер жібер деп Қазақстанның Сов.наркомы 40000 сом ақша берді (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Осы маңайда, жуық жерде.* Жайлауға көшпек боп өрге таман жылжып қонған колхоз шабандарының үйлері *ж а қ ы н а р а д а* отыр («Лен. жас»).

Жақынға шашатын жаңбырлатқыш мәшинелер. с у ш а р. *Астық, көкөніс, жемшөп және техникалық дақылдарды және жидек алқаптарын, шалғындар мен шабындықтарды жаңбырлата суаруға арналған мәшинелер. Ж а қ ы н ғ а ш а ш а т ы н ж а ң б ы р л а т қ ы ш м ә ш и н е л е р* су шығындауы – 100–170 л/с, толық арыны – 26,5–37,0 м, бір өткендегі беретін жаңбыр қабаты: алға – 3,8–6,7 мм, артқа – 5,3–6,8 мм (Қаз. тілі термин. Су.).

Жақын жүрді. *Бір ниеттес болды, іш тартты, жақын тартты.* Тек жұмысшыларға *ж а қ ы н ж ү р е т і н* Сүндет, Ыдырыс, Бәкен сияқтылар ғана қалып қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Байқаймын өзге жұмысшылар да мені өздеріндей жұмысшы санап, бөтен бастықтарынан гөрі маған *ж а қ ы н ж ү р е д і* (І.Есенберлин, Алтын құс).

Жақын көрді. *Жуық тұтты, жақсы көрді.* Талғампаз оқытушы өз шәкірті ішінен кейбіреулерін өзгелерінен анағұрлым *жақын көреді*ғой (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Сымайыл оны басқаларға қарағанда бір табан *жақын көреді* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Бірімізді біріміз *жақын көріп*, Жанымызға берді ылғи ақыл көрік. Мен аталсам, ақырын сен қуандың, Тұрғандай-ақ бәйгеден атың келіп (Т.Молдағалиев, Шақырады).

Жақын қалды. *Жуықтады, жақындады.* Айырылар кездің арманын, Айтып жалғыз бір желге. Көктемнің *жақын қалғанын*, Сездім де шықтым іздеуге (С.Мәуленов, Жаңа арна). *Жақын қалды* сентябрь, Күз де берді белгісін. Мектеп күтіп тұр енді, Ұлықпанға келді сын (О.Шипин, Дастан.).

Жақын тартты. а) *Көңілі тусті, жақын көрді.* Мені ол көрген күннен *жақын тартты ма*, орысша хат танытты да, содан кейін школаға сабаққа берді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Манағыдай емес, бір-бірімізге үйреніскендейміз. Валентин мені *жақын тартатын* секілді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Келген жерден мені *жақын тартып*, көптенгі танысындай еркін сөйлесті (С.Омаров, Қайырлы жаз). ә) *Туысқан көрді; бауырмашылық істеді.* Жырлар болса жалындай, Ел қала ма сағынбай, Жүрегіне ас болса *Жақын тартып*, жанындай (С.Керімбеков, Шығ.). Әдіңнен, Манап сұлу, асып жүрме, Мен *жақын тартсам* сені қашып жүрме, Айласы қарт кісінің көп болады, Қақпанның қанды аузын басып жүрме (М.Байзақов, Әңгім.).

Жақын тұтты. *Іш тартты, жақын санады.* Үрмәш хаттағы сөздерді әрең оқыды. *Жақын тұтар* аяулы жолдасынан айырылыпты (Ә.Әлішев, Батыр.).

Көңілі жақын. *Сыйлас, дос-жар.* Екі адамның *көңілі жақын* болса, Көңілі жақындықпен тату болса, Бұлар құда болады жақын жүріп, Соңынан өкінер, іс ғафыл болса (М.Дулатов, Шығ.). Қалампырдың шілдеханасында шығарау. Елжан *көңіл жақындарын* шақырып, ауыл той жасаған (Т.Иманбеков, Үлкен үй). Көп болды де саулықтың кеткеніне, Білмедім біздің басқа өкпелі ме? Көп жылғы *көңіл жақын* жолдас еді, Артына бір қарамай кеткені ме? (О.Шораяқов, Шайыр). *Көңілім жақын* қыл өтпейтін арада Болғаныммен, қазір дос деп санама. Қиналғанда, іс түскенде басыңа, Жалтармасам, жанашыр деп шамала (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖАҚЫН-АЛЫС с ы н. *Жақын көретін де, алыс санайтын да.* Туған әкенің өзіне де балаларының *жақын-алыс ы*, ерекше сүйкімдісі де бар дейді ғой (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар).

ЖАҚЫНДА үс т. *Жуық арада, таяуда. Жақында* Алматыға сонау Орал бойынан, Ақ Жайықтың жағасынан бір қария көшіп келді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Көршісі Нәсірден қарт *жақында* еншісін алып, бөлек шыққан баласына арнап, тағы бір үй салып жатқан (С.Нарымбетов, Тентек). Ал, сыныкшы, көрген жұрт таң қалатын, Қатаң, әрі мейлінше паң болатын. Аулымызға *жақында* көшіп келген, Қайырымы саяздау жан болатын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАҚЫНДА= е т. **1.** *Таяп келу, жуықтау.* Бұл жағдайда тойған балапан ұя шетіне *жақындап* саңғырықтауға беттеледі, ал аш балапандар ұя ортасында отырып ауыздарын ашады. (Р.Әлімбаев, Құстар.). Галактикадағы жұлдыздар бүйірінен қарағанда жасымықтың формасы, ал жалпағынан қарағанда спираль тәрізденіп, ортасына *жақындағанын* сайын, жиі орналасқан болады да, шет жағаларында сирек келеді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Біз биікке *жақындағанда* алты тазы бірінің соңынан бірі тізіліп биіктен асты (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Сіз қырғауыл жез қанат, Аш бетіңді бер қарат. *Жақындай* бер жуықтап, Тамағыңнан аймалат (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Бір әрекетке шамалы қалу, болайын деу.* Сенделіп өртей сезіммен Лапылдап кетіп барамын. Үзуге моншақ көзімнен *Жақындап* кетіп барамын (Т.Айбергенов, Мен саған.). **3.** *Күзге қарай малдың ойға түсуі, таудан қырға қарай көшуі.* Жасыл от көкте жарқылдап, Жылата берді күз күнін... Ауылға малшы *жақындап*, Атының тартты тізгінін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Бір шамаға жақындады. *Біраз өмір сүрді, қартайды, ақсақалдық жасқа келді.* Той ұшты бұрынғыдан тоғыз қалып, Бәйгіден қорқақ келді, батыр қалып, Ескі сөз сүрегі өткен ант секілді, Азамат законды алды нақыл қалып: Бұл сөзді асып айтсам, сұбханалла! Жарандар, *бір шамаға жақындадық* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Желіні жақындады. *Малдың төлдейтін күніне аз қалды.* Тойлыбайдың биесін, Ұрлап мініп бір күні, Кезіп едім дүниені. Буаз екен сол күнде, *Жақындаған желіні* (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

Күні жақындады. *Босанар уақыты таянды, ай-күні жетті. Күні жақындағанын* білген келіншек дәрігердің айтқан кеңестерін бұлжытпай орындап отыруға тиіс («Қазақст. әйелдері»).

ЖАҚЫНДАҢҚЫРА= е т. *Таяп келіңкіреу, жуықтаңқырау.* Ержан да Кәкібайға *жақындаңқырап* келіп, әнге құлақ қойғанды (Т.Ахтанов, Қайырлы күн.). Қаншайым мен Қалдыбек Сарқасқаның арсыз түрінен сескеніп, Сұлусарыға *жақындаңқырай* түсті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Көптен соң жас

жігіттің қобалжымаған ажарына сүйсінгендей үстіндегі тымағын уысына қысып, Қамқорға *жақындаңқырап* бетпе-бет келді (К.Оразалин, Көктем.).

ЖАҚЫНДАС= е т. **1.** *Жуықтасу, қатарласу, тақасу.* Неге екені белгісіз Құралай да одан бой қашырмай, Оңалбай директормен *жақындаса* отырды (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Ақындар ат үстінен *жақындасты* да, ескі таныстардай құшақтасып көрісті (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Қуғыншы келіп қалды *жақындасып*, Аттары қояр емес тақымдасып; Жақсы деп қараңғыда мінген атым, Қаупиған арық екен қара басып (К.Әзірбаев, Шығ.). Ақырын қызға келіп *жақындасып*, Ай мен күн ішкі дертпен араласып. Сылдырым құлағына естілген соң, Артына жалт қарады шашын ашып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Екі жақтың да аттылары сайға, жыраларға түсіп аңдысуда. Нақ атысып жатқандары жаяу еңбектеп жауға *жақындады* (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Арақатынасы туыстай болып жуықтасу.* Нұрлан мен Мәлік сол күннен бастап, қайта аралары *жақындаса* түсті (З.Шашкин, Сенім). Бұрын Күлшебайды жақтырмайтын Құрмаш, енді ағасын осы тауып әкелгендей көріп, екеуі *жақындасып* кеткен еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Жаралдым деп найзағайдан, жасыннан, Айтпасам да жаралдым деп асылдан. Жақсы жігіт керек-ау деп қазаққа Жақсыларға *жақындастым* жасымнан (Т.Молдағалиев, Шақырады).

ЖАҚЫНДАСТЫР= е т. *Жуықтастыру, араластыру, қосу, жақын ету.* Ашық әңгіме екі жастың арасын көптен бері таныс адамдай *жақындастырып* тастады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тиыштық мына мінезімен Нұрлан мен Ақзейнеп арасын *жақындастырып* тұр екенау... сорлы басым (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). О баста-ақ Боташ пен Анар екеуін әкем *жақындастыруыпты* (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). Бірлесіп аң аулау, аңдардан қорғану, әсіресе бірлесіп еңбек ету адамдарды бір-бірімен *жақындастыра* түсті (Жалпы биология).

ЖАҚЫНДАСТЫРУ *Жақындастыр етістігінің қимыл атауы; жуықтату, жақын әкелісу.* Кабинетті тастап далаға шықтың, мұның атын не дейміз? Қылымды өмірге *жақындастыру* ма? (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бейімбет поэзияны драматургияға *жақындастыру* жөнінде басқалардан ерекше еңбек еткен ақын (С.Мәуленов, Үркер.). Бүгінгі майдан бірлігі сондай жандармен тым-тым *жақындастыру* (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАҚЫНДАСУ *Жақындас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Араласу, қатысу.* Орыс қызметкерлерімен қалай *жақындасу* керектігін Ыбырай Жүсекеңе айтып жатты (Б.Майлин, Шығ). **2.** *Жуықтасу, жақын санасу.* Ерегісіп алған соң, *жақындасу* оңай ғой. Төбелесіп болған соң, татуласу оңай ғой (Т.Әлімқұлов, Балалы үй.). Тек қиялмен ғана жанына *жақындасуға* жасқанып, тек қиялмен, ғана жүздесіп, тілдескен арманқыз міне, дәл жанында; сан рет құшақтап атқа мінгізді, сан рет қолтықтап аттан түсірді, денесінің жылуын, демінің соққанын сезді (О.Бөкеев, Ән салады.). **3.** *Жыныстық қатынасу, төсек қатынасын жасау.* Жаралған ер-ұрғашы екі жыныс, жыныстық *жақындасу* мағлұм бір іс (Айтыс.). Сонда менің батылдығымды сынау сені сүйіп, саған *жақындасуыма* ғана байланысты болғаны ма? (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЖАҚЫНДАСУШЫЛЫҚ з а т. *Арақатынасы туыстай болып жуықтаушылық.* Бірақ практикалық жұмыс үстінде арамызда *жақындасушылық* бар екенін әсте де бекер дегенім жоқ («Лен.жас»).

ЖАҚЫНДАТ= е т. **1.** *Жуыту.* Төсекке жатқан соң, ешкімді *жақындатпай*, Шегеннің жарасын Бәтжан өзі ғана ашық көрді (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). **2.** *Жақын әкелу, жуықтату. Жақындатып* күйімен алыс қырды, Ажыраған жандарды табыстырды. Арғымақтың ағызып ақ көбігін, Кең жазықта көсілтіп жарыстырды (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бір дегенің... аз болатын сияқты, Тағы да бір... көрейінші шырақты. Алыстатып бара жатыр бұлттарды, *Жақындатып* келе жатыр жұмақты (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАҚЫНДАТҚЫЗ= е т. *Жуықтатқызу, тақатқызу.* ≈ Орындықтарды *жақындатқызып* қой.

ЖАҚЫНДАТҚЫЗУ *Жақындатқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жақсылықты *жақындатқызу.*

ЖАҚЫНДАТТЫР= е т. *Жуықтаттыру, тақаттыру.* Қарасынан көз жаздырмай зытып келеді. Тақа қара үзіп те кетпейді, тым *жақындатты ратын* да емес (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАҚЫНДАТТЫРУ *Жақындаттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қашықтықты *жақындатты ру.*

ЖАҚЫНДАТТЫРЫЛ= е т. *Жуықтаттырылу, тақаттырылу.* Жаңа көтерме сауда бағалары бойынша қоғамдық керек еңбек шығынына *жақындаттырылды* («Лен. жас»).

ЖАҚЫНДАТТЫРЫЛУ *Жақындаттырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақындаттырылуына* байланысты.

ЖАҚЫНДАТУ *Жақындат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірдейлестіру, теңестіру.* Мектепті ауыл өміріне *жақындату* дегеніміз, тегінде, бұдан гөрі басқарақ болса керек (М.Иман-

жанов, Менің махабб.). **2.** *Жақын тарту, жақын көру.* Әкесіне бағынышты Сарыны Әжіғали да өзіне *жақындатуға* құмар (І.Есенберлин, Маңғыстау.). Адамды күн көрістің өзі қосып, *Жақындату* әне тұр алдан тосып. Сондықтан әділдікті-жақындықты Кім жатырқап, бой тартар, «жат» деп шошып! (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАҚЫНДАТУШЫ з а т. *Жуықтатушы, байланыстырушы.* Бұл кейіпкер – біздің заманымыз, сәулетті өмір жасаушы, жарқын болашақты *жақындатушы* табанды интернационалист («Қазақст. комм.»).

ЖАҚЫНДАТЫЛ= е т. **1.** *Жуықтатылу, тақаттырылу, таяу қойылу.* Қаһарлы техника қорғаныс шебіне *жақындатылып,* оқ-дәрі, қару-жарақ үздіксіз тасылып жатты (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Соңғы күндері Үндістан әскерінде барлық қызметтен босау, демалыс тоқтатылып, тактикалық «Притхви» зымырандарының батареялары шекараға *жақындатылса,* пәкстандықтар тіпті олардан бұрынырақ қимылдап, өздерінің Хариандағы зымыранды қондырғыларын толық дайындыққа келтіріп үлгерді («Егемен Қазақстан»). Пароход жиекке жақындағанмен баржа өзеннің ортасында, жиекке *жақындатылмай* алыс тоқтады (А.Хангелдин, Өткен күн.). **2.** а у ы с. *Араластырылу, бірдейлестіру, аласару.* Осы орайда көптеген қателік түзеліп, жаңа аудандар құрылды, басшылық өндіріске *жақындатылды* («Лен. жас»).

ЖАҚЫНДАТЫЛУ *Жақындатыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақындатылуын* қалады.

ЖАҚЫНДАТЫҢҚЫРА= е т. *Таяңқыратып жуықтатыңқырау.* Құрбан нанды өзіне *жақындатыңқырап* және тастады. Сөйте-сөйте күшікті қораның сыртына шығарды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАҚЫНДАТЫҢҚЫРАУ *Жақындатыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жақындатыңқырау* керек еді.

ЖАҚЫНДАУ[1] с ы н. *Белгілі бір тұсқа тақау, таяу.* Күн аралатып Ертіске *жақындау* салынған ақ үй сыртында Жәмиламен кездесіп қалады (Р.Тоқтаров, Терістік.). Кеше кешқұрым екеуі аралары *жақындау* екі төбеге қатар көтерілген (С.Жұбатыров, Алтын.). Бір етігім жағаға *жақындау* бір жерден табылды да, екінші етік табылмады (Х.Рахимов, Қызғалдақ.). Тұрған-ды маған *жақындау,* Сыпайы ғана жас жігіт, Сыпайы ғана, затын да Жібекпен буған тас қылып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қаралары бір-біріне *жақындау* салынады (С.Мыңжасарова, Замандас.).

ЖАҚЫНДАУ[2] с ы н. *Арасы жуық, туыстығы, ағайындылығы біршама жуықтау.* Басқа балалардан гөрі мен Нұрбекке бір табан *жақындаумын* (З.Асабаев, Жарас.). Ол рабфакты Сейіттен бір жыл кейін бітірді. Ауылдас болған соң екеуі өзгелерден гөрі *жақындау* (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЖАҚЫНДАУ[3] *Жақында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Таяу, жақын келу.* Бұл аңдардың жүретін, жататын жерлерін біліп, қай әдіспен ептеп *жақындау,* қай жағынан бару, қалай оларды алдап қолға түсіруді тапқан (Ш.Айманов, Қыран.). Комбайнға *жақындаудан* ұялып, алысыраққа тоқтадым (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). Айшуақ баласының қасында Шекердің түрғанын көріп, *жақындауға* батпады (Ө.Қанахин, Бақыт.). **2.** *Жолау.* Қарамұрт қасына келді. Қолын ұсынды. – Бой жетіп қалыпсың-ау өзің... – Маған әкемді табыңдар және *жақындаушы* болмаңдар (Ж.Молдағалиев, Ескі дос).

ЖАҚЫНДАУШЫЛЫҚ з а т. *Жуықтаушылық, шамалаушылық.* Математика тұрғысынан өңдеуге мүмкіндік беретін материяның бір текті әрі қарапайым элементтерін табуға *жақындаушылық* математиктерге материяны ұмыттырады («Білім және еңбек»).

ЖАҚЫНДЫҚ[1] з а т. *Орналасу жағынан таяулық, жуықтық.* Осы теміржолмен өтетін поездар үшін *жақындығы* жағынан Екібастұз көмірі таптырмайтын арзан отын еді (Қ.Исабаев, Арман.). Руданың жер бетіне *жақындығы* оны экономикасы жағынан тиімді карьерлер арқылы өндіруге мүмкіндік туғызады (М.Бакенов, Қазақст. ресур.). Өрмекшілер өмір сүрді. Өз *жақындығы* қоныстастығы бұзыла бастады (І.Жансүгіров. Әңгім.).

ЖАҚЫНДЫҚ[2] з а т. *Аралас-құраластық, жуықтық, туыстық.* Қыстың күні күлмейді, Көктемде күлмеген. *Жақындықты* білмейді, Қашықтықты білмеген (Т.Айбергенов, Өлеңд.). Жасөспірім шақтарында айта қаларлықтай *жақындықтар* болмағанмен, жігіт жасына жеткен кездерінен қанды көйлек дос санасып кеткен (І.Есенберлин, Маңғыстау.). Қай қияға қанат қақпас ақындық, Ойлай берем айтар сөздің затын нық. Айтарым сол, өмір сырын кең зерлеп, Шын достықтан аспайды ешбір *жақындық* (К.Салықов, Жезкиік). *Жақындық* сеземін – Жерден де аспаннан, Жылылық сезінем –Мұздардан, тастардан. Өмірім, сірә да, әріден басталған, Әріден басталып, мәңгіге тасталған (М.Мақатаев, Шығ.)

ЖАҚЫНДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жақындық.*** Қарлығаш екеуіміздің арамызда ерекше бір *жақындылық,* іштей сыйласушылық барын екеуміз де сезетінбіз («Қаз. әдеб.»).

ЖАҚЫН-ЖАҚПАЙЛЫҚ з а т. *Жағымпаздық.* Менің Разияға деген сезімім бөтен, *жақын-*

ж а қ п а й л ы қ қ а да жатпайтын секемі жоқ сазды сезімге жуық аяулы жақсы көру секілді (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖАҚЫН-ЖАҚЫБАЙ з а т. *Туған-туыскан, туыс, туыс емес, аралас-құралас қарым-қатынастағы адамдар.* Бірнеше арба шөпті *ж а қ ы н-ж а қ ы б а й ы н а* түсіріп бергені, іске жауапсыз қарайтыны, шопандарға көмегі болмағаны жеткілікті сөз болды (Д.Қасенов, Ауыл.).

ЖАҚЫН-ЖАМАҒАТ з а т. *Ағайын-туыс.* Осында *ж а қ ы н-ж а м а ғ а т ы м* бар еді. Демалыста жүрмін (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

ЖАҚЫН-ЖАНАП з а т. ж е р г. *Туыс, алыстау туысқан.* Мынау бір біздің *ж а қ ы н-ж а н а п* еді, көзін қырын сала жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Өзінің айналасына *ж а қ ы н-ж а н а б ы н* жинап... отырған (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҚЫН-ЖАРАН з а т. *Туыс-жамағат, жолдас-жора.* Шіркін, *ж а қ ы н-ж а р а н н ы ң* сондай сәттерде бауырына қысып, бетіңнен сүйген ыстық лебі есіңнен кетер ме екен десеңші (Ғ.Орманов, Жүрек). Арқа қапшықтарының аузын шешіп, үй-іші, *ж а қ ы н-ж а р а н д а р ы* әкелген сәлемдемелерге кірісті (Т.Ахтанов. Қаһарлы күн.). Торқалы топырағыңның бас жағында Тұр сенің *ж а қ ы н-ж а р а н* достарың да. Өлмейтін еңбегіңді үлгі еттім, Арналды саған осы дастаным да (О.Шипин, Дастан.).

ЖАҚЫН-ЖОРА з а т. *Ағайын-туыс, дос-жар.* Тоқтамай үш күн, үш түн соқса боран, Тып-типыл қар астында үйің, қорың. Төбеден тесіп түсіп, аршып алар, Таңертең көрші-қолаң, *ж а қ ы н-ж о р а ң* (Қ.Тоғызақов, Өленд.).

ЖАҚЫН-ЖУЫҚ з а т. *Көңіл жетер ағайын, дос-жар.* – Қанатжанның бұл тойы үлкен қуанышқа дөп келді, дұрыстап өткізейік, *ж а қ ы н-ж у ы қ т ы ң* бәрін шақырып қой (М.Дүзенов, Ақәже). Жәуке өзінің *ж а қ ы н-ж у ы қ* адамдарына барып хабар айтуға бекінді (С.Омаров, Қызыл.). Не өзі, не әйелі, тіпті бір сыйласы *ж а қ ы н-ж у ы қ* болса, айырылма (Қ.Жүнісов, Бір әйел.).

ЖАҚЫН-ЖҰРАҒАТ з а т. *Аталас ағайын, туыс-тума.* Әмірбай мен оның *ж а қ ы н-ж ұ р а ғ а т т а р ы* меншіктенетін шұрайлы өңірдің жағасына Соколовтың әулетті қолы осылайша жармасып қалады деп ешкім де ойлаған жоқ-ты (К.Оразалин, Абай.). Есік алдында Бекбауыл бастаған төрт-бес *ж а қ ы н-ж ұ р а ғ а т* қаздай тізіліп тұр (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Ол ертесіне есін жиды. Түнделетіп жеткен *ж а қ ы н-ж ұ р а ғ а т т а р ы н а* қысқа-қысқа тіл қатты (С.Досанов, Екінші өмір).

ЖАҚЫН-ЖҰРТ з а т. *Ел-жұрт.* Аспанға қарасады. Бостандықты, туған елін, *ж а қ ы н-ж ұ р т ы н* аңсай күтеді, телміре қарасады (Ғ.Сланов, Алтай.).

ЖАҚЫН-ЖЫРАҚ з а т. *Алыс-жуық, алыс-жақын.* Құдым бақты, іздедім,«Табамын ғой тез» дедім, Азап шекті тән-жаным. Қарап *ж а қ ы н-ж ы р а қ т ы,* Жақтым түрлі шырақты, Таптырмады қуғаным (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАҚЫНСЫ= е т. *Іш тартып, жуық болғансу, жақындасу.* Жас кезімізде дос та едің, туыс та едің. Өзіңмен бір деуші едім тыныс-демім. Жарты жұртты *ж а қ ы н с ы п* бөліп жеген, Қайран көңіл неліктен суысты енді (Ө.Жайлауов, Арай). Ол төсек тартып жатқан мезгілінде жиі қатынап, бұрынғысынан да іштарта, *ж а қ ы н с и* бастағандаймын (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖАҚЫНСЫН= е т. **1.** *Жуықсыну, жақын көру.* Жаңа үйленген кезінде *ж а қ ы н с ы н ы п* бір әйел танысқан-ды (К.Тоқаев, Тасқын.). **2.** *Өзімсініп, іш тарту.* Жаманды *ж а қ ы н с ы н ы п* есепке алма, Айырып туысқанды өсекке алма, Жетем деп осыменен мұратыңа, Тұлпарды айырбастап есекті алма (Ақан сері, Шығ.). Ақыры ада болды батыр шыдам, Қынжылмай қашты жігіт қатын шудан. Жөн көрді жөнелгенді өз жөніне, Адамы алыс екен *ж а қ ы н с ы н ғ а н* (І.Мәмбетов, Сыр). Ауылда ақсақалдар арашалап, Төртеуі жүгінгелі биге барды. Барғаны Еділбайдың Зілқарасы, Сөзіне төртеуінің құлақ салды. Үш мерген Зілқараны *ж а қ ы н с ы н ы п*, Қалдырмай тегіс айтты жанжалдарды (О.Шипин, Дастан.).

ЖАҚЫНСЫНУ *Жақынсын етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а қ ы н с ы н у ы н* қоймады.

ЖАҚЫНСЫРА= е т. **1.** *Жақын тарту, жақынсыну.* ... Сұңғақ бойлы, ашаң жүзді қарасұр жігіт бұларға келіп, *ж а қ ы н с ы р а й* амандасып, мәре-сәре болысты (С.Омаров, Өмір.). **2.** *Сағыну, аңсау.* Мен жанымнан жырақ жүрген ағамды қайта *ж а қ ы н с ы р а й* бастадым (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Сол жанды көргенің де мақұл, шырақ, Жұрт оны жүреді ылғи *ж а қ ы н с ы р а п* (Ф.Оңғарсынова, Асау.).

ЖАҚЫНСЫРАУ *Жақынсыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҚЫН-ТАНЫС з а т. *Жақын-жуық, туыс-тума.* Бала айтты байға қарап: «Елім алыс, Менде жоқ жат қалада *ж а қ ы н-т а н ы с.* Қазанға орысша оқу іздеп келдім, Мақсатым, оқығанша таппақ табыс (О.Шипин, Дастан.).

ЖАҚЫН-ТУЫС з а т. *Туыс-туғандар, ағайындар.* Кейде малдан сәл қолы босағанда, Оспан бір мезгіл елге барып ондағы *ж а қ ы н-т у ы с,* ағайындарының амандығын біліп қайтатын (С.Омаров, Дала қызы). ...*Ж а қ ы н-т у ы с-т а р* жинала бастады (М.Дүзенов, Ақәже).

ЖАҚЫНША үс т. *Жақынға ұқсап, танысша.* Кеше ауылға қайтып келе жатып біреумен кездесіп қалып едім, көптен таныс *жақынша* шүйіркелесе кетті («Лен. жас»).

ЖАҚЫНШЫЛ с ы н. *Өзімсініп іш тартқыш, туысшыл, бауырмал,* Балабастан кейін Тайырдың бір көрсеткісі келген образы – Нұршалы. Ол негізі байшыл емес, ағайыншыл, *жақыншыл* жігіт (С.Мұқанов, Өсу жол.).

ЖАҚЫНЫРАҚ с ы н. **1.** *Арасы таяуырақ, жуығырақ.* Жақыл нарды үйге *жақынырақ* әкеліп байлады (Т.Ахтанов, Таңд.). Алтынгүлдің тұсынан *жақынырақ* өте беріп: «Сауар көбейсін!» – деді мұғалім (Б.Майлин, Шығ.). Келбет... жеңгесіне бұрынғыдан да *жақынырақ* отырды да, әңгімесін бастады (К.Қазыбаев, Ызғар). **2.** *Туыстау.* Ал бұл өңірдегі елдің бәрінің атасы бір болғанымен Шуылдақтардың аталары Сағит, Сәттібек ауылдарының аталарымен *жақынырақ* (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** *Тереңірек, дұрыстау. Жақынырақ* таныссаңыз қазақ халқының ғашықтық жайындағы жырларының өзінде толып жатқан батырлық астар бар (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **4.** *Ыңғайлас, жуық.* Жоғарғы Кеңестің құзыретінде дәстүрлі парламенттіктен алшақ, биліктің атқарушысы тармағына *жақынырақ* өкілеттіктер кірді (Қазақст. парламентаризм.).

ЖАҚЫТ з а т. ж е р г. *Жағдай.* Қонсаңдар да, жүрсеңдер де *жақыттарыңа* қараңдар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛ[1] з а т. **1.** *Жылқының (құланның, арыстанның, есектің) желкесі үстіне өскен қалың қыл.* Жаз *жалымен* жібермей жалғыз тайын, Тыныштықпен ішпейді тақта шайын, Ұрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы еріліп, Құртады үш жақтап тамам байын (Шәкәрім, Өлеңдер мен поэм.). Құйрығы жоқ, *жалы* жоқ, Көрген кісі таң болар, Сақ болады жануар. Шындап ажал жеткенде Жер тұтасып ұрлаған (Базар жырау, Шығ.). Құлақ салсаң, әлеумет, Айтайын сөздің келісін. Ат мінгеннен не пайда, Түгі қызыл, *жалы* ұзын? Бақсының үні секілді Тартып өткен қобызын (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Адам төсіне өскен жұн, тұк.* Кене артында жас арыстан Сыздық бар. Төс үстінде желкілдеген қара *жал.* Ерден туған ердің жолын қуады: Ер иманы – ел, айнымайтын елім – жар (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** *Жылқының шоқтығы мен ауыз омыртқасының арасында, мойын омыртқаны ұстап тұратын желкемен жымдаса біткен майы. Жал* – жылқы етінің кәделі мүшелерінің бірі. Сойылған малда желкені қоспай, омыртқадан сылып алады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Мөлшерден артық болғанына қарамастан, биенің телшесін, қолқажүрегін, бірталай басқа майлы еттеріне *жалымен* қосып салып тұрып, отты жиі қағыстырып, маздатып жаға бастады (М.Әуезов, Қараш.). Ат сұлу, айғыр мықты *жалыменен,* Батыр мықты, бай күшті малыменен. Жеті жұртты билеген би болсаң да, Әркімді алсын Құдай табыменен (Шал ақын, Өлеңд.). **4.** *Жылқының желке майынан жасалатын ұлттық тағам.* Жаңа сойылған жылқының *жалы* ұзыншалап кесіліп, тұздалады (ҚҰЭ). *Жал* пісірер алдында салқын сумен шайылады, қазандағы алдын ала қыздырылған қанжылым суға салынып, баяу отта асылады (ҚҰЭ).

Ат жалында. *Жорықта, жортуылда.* Қасында қара көп болса, Нөкер емей немене?! Шөлдегенде ішкен су Шекер емей немене?! *Ат жалында* тапқан мал Бекер емей немене?! (Қаз. мақал.). Тәкежан қамшыны енді көрмекке шығарып, *атының жалында* көлденең ұстап тұр (М.Әуезов, Шығ). Түйе үстінде туып, *ат жалында* өскен малшы, аңшы қазақ қашаннан ақ сыншы болған (Б.Адамбаев, Халық дана.).

Ат жалында ойнады. *Шабандоздық шеберлікке мықты болды.* Білмейсің ғой, ал, кім еді осы шал? Өмірі бар өлең-жырға қосылар, Жігіт еді *ат жалында ойнаған,* Сайыс десе, білек түріп асығар (Қ.Бекхожин, Шардара).

Ат жалын құшты. *Соғыста, ұрыста, жаугершілікте мерт болды, жазым болды.* Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты, Ескендір де *атының жалын құшты.* Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге Патшаның ат үстінде көзі түсті (Абай, Тол. жин.). Қален оның сойылын қағып жіберген бойы темір сүйменмен оны иықтан ала соқты. Қаба сақалды *ат жалын құшты* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Түртіп өтіп кеткені, тақиядай ұшады. Екпініне шыдамай, *аттың жалын құшады* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ат жалын тарта бастады. *Еңбек ете бастады, жұрт қатарына қосылды.* Бұл мінез жаңа ғана еңбекке араласып, *ат жалын тарта бастаған* кезім еді (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Ат жалын тартып мінді. *Ер жетіп, жұрт қатарына, санатқа қосылды.* Кейін *ат жалын тартып мінуге* жарағанда, құсқа шыққан Шыңғыс Шоқанды ерте жүретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өзім өз болып, *ат жалын тартып мінгелі* тұғырым тұрымтайсыз боп көрген жан емеспін (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқ.). *Ат жалын тартып мінгеннен* бері Ахаң ұшы-қиыры жоқ Бетпақты көп шарлады, оның не құпия сырларын алды (Х.Әбішев, Аспан сыры).

Ат жалын тартып мінуге жарады. *Ержетті, есейді. Ат жалын тартып мінуге жарайтын* жігіттер жылқы жайып, оны күзетеді (К.Әзірбаев, Аңыз.).

Аттың жалы, түйенің [атанның] қомында. *Асығыс-үсігіс қарбаласта, жорықта, жаугер-*

шілікте, тығыл-таяңда. Ән-күйдің, *а т ж а л ы, т ұ й е қ о м ы н д а* жүріп те дами беретін ерекшелігі де біздің халықтық музыкамыздың ұзын ғасырлар бойы сақталып келуіне себеп болды (А.Жұбанов, Құрманғазы). Әйтеуір Қусындар *а т т ы ң ж а л ы, т ұ й е н і ң қ о м ы н д а* жүріп, сауаттанды (М.Сатыбалдиев, Жартас. жазулар). Ол шын мәнінде көп материалдарын *а т т ы ң ж а л ы, т ұ й е н і ң қ о м ы н д а* жүріп жазды (От ортасы.).

Жал алды. *Қоңданды, оңдалды.* Басымдық мен де сөйлейін, Әуелінен кешіріп. *Ж а л а л а а л м а й* жатырмын, Жаңа да көкке ісініп (О.Шораяқов, Шайыр).

Жал бітті. а) *Тойынып, қоңданып алды.* Жаман атқа *ж а л б і т с е,* жанына торсық байлатпас (Қаз. мақал.). Аттың жұмысы азайып, арқасы босап, мойнына *ж а л б і т т і* (Қаз. қазақ тілі). ә) *Әл-ауқаты артты, тұрмысы жақсарды.* Күш алып, *ж а л б і т і п* алғаннан кейін, Ғайшаға бұл біртіндеп суық тарта берді (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). – Кеше ғана қолда өскен бала еді, оған да *ж а л б і т к е н* соң, «тер сасыған тоқымды қайдан көрдім?»–деп тулағаны шығар (Т.Есімжанов, Дала.). *Ж а л б і т к е н* соң жалтарған, Не қылған арсыз неме едің?! Құдағи бар, құда деп, Әдейі мұнда келгенім (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жалы бар. *Семіріп, жал біткен жылқы малына айтылады. Ж а л ы б а р* қазанға кетпесін, Жарағаны базарға кетпесін (Қ.Қуанышбаев, Таңд.).

Жалы бүтін. *Күйлі, қоңды.* Аттардың ішіндегі *ж а л ы б ү т і н і,* семізі де күрең қасқа еді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

Жалы кетті. *Арықтап жүдеді, арыды.* Наз бедеуден *ж а л к е т і п,* Мәстектердің сүбесі Сере болған заман-ай (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖАЛ² з а т. *Ұзына бойы енсіз келген көлбеу қырат, жер бедерінің бір түрі, қырқа сілемі, жон-жота, адыр.* Ауылдың ілгері тұсында, иек артпа жерде жататын кішкене қоңыр *ж а л* қыс болды-ақ өзінен арғыны көлегейлеп көрсетпейді (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). *Ж а л д ы ң* жоталарынан жасырынып, алаулап батқан күннің қызыл шапағы аппақ қар бетін аймалайды («Лен. жас»). *Ж а л д ы ң* топырағы тегіс жермен салыстырғанда көктемде, жазда жақсы жылынады, топырағы артық ылғалдың зиянды әсерін кемітіп, онда жылу мен ауаның алмасуын жақсартады (ҚҰЭ). Батып бара жатқан күн алыстағы қоңыр *ж а л д ы ң* біріне иегін сүйеп, еңкейіп қалған екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖАЛ³ з а т. э к о н. <лат. arendare> **1.** *Ақы алу үшін жалданып істейтін уақытша жұмыс, жалдама. Ж а л д а ғ ы* әйелдерді де Кіргізді тегіс ұйымға. Сөзге түскен жалшыға Ұйымға кіру қиын ба?! (С.Сейфуллин, Шық.). **2.** *Келісілген ақша үшін уақытша пайдалануға берілген орын.* Меншік иелері мүлікті *ж а л ғ а* өткізуге өкілдік берген орындар мен ұйымдар жалға берушілер бола алады (Нарық. экон. орыс.-қаз. түс. сөзд.). Ушаков Қарағандыны да, оның маңайына салған Спасск мен Нілді мыс заводтарын да, Ақжалды да ағылшын капиталистеріне *ж а л ғ а* сатады (С.Мұқанов, Есею жыл.). **3.** ж е р г. *Жалақы, еңбекақы.* Сен маған баяғыдағы *ж а л ы м д ы* бер (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жалға алды. *Жалдады, уақытша тұрды.* Қаланың тау жақ шетінен *Ж а л ғ а а л ғ а н* үйіміз де қолайлы болып шықты (С.Шаймерденов, Өмір.). Жан Бриердің *ж а л ғ а а л ғ а н* пәтері біз түскен қонақ үймен көршілес болып шықты (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.).

Жалға алу. э к о н. *Тұрмыста пайдаланатын дүние-мүлікті уақытша пайдалануға алатын меншікті жалға алу шарттарының бірі* (Қаз. тілі термин. Экономика). *Ж а л ғ а а л у д ы ң* сатып алудан артықшылығы жалға беуші берген мүлкіне иелік құқығын сақтауында, сонымен қатар жалдап алушыға төлемді қамтамасыз ету ретінде сатып алу-сату мәмілесін жасауда орын алатын банк кепілдігінің қажетсіздігі (Нарық. экон. орыс.-қаз. түс. сөзд.).

Жалға алушы. э к о н. *Жалға берілетін белгілі бір объектіні уақытша иеленуге және пайдалануға алатын заңи немесе жеке тұлға* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалға берді. *Жылжымайтын мүлікті ақы, төлем үшін екінші жаққа пайдалануға тапсырды.* Тіршіліктің көзі болған жерді қазақ шаруасының қолынан алып, оған *ж а л ғ а б е р е т і н* болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Енді ескі рудниктерді патша үкіметі шетел алпауыттарына *ж а л ғ а б е р е* бастайды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Жалға беру. э к о н. а) *Шарт бойынша жерді, үйді, қазба байлықты, кәсіпорындарды уақытша пайдалануға беру.* ә) *Тұрақты кәсіпкерлік қызмет ретінде мүлікті жалға өткізетін, жалға беруші жалгерге жылжымалы мүлікті уақытша иеленуге немесе пайдалануға ұсынатын жалгерлік түрі.* Аренда, яғни мүлікті *ж а л ғ а б е р у* мәселелері, сондай-ақ жалға берушінің және жалдаушының құқықтары мен міндеттері азаматтық заң қағидаларымен, сондай-ақ арнаулы нормативтік актілермен, соның ішінде нақты елде мүліктердің әр түрлерін жалға берудің ережелерімен реттеледі (Заңи термин. түс. сөзд.). Мүлікті *ж а л ғ а б е р у* құқығы меншік иесіне берілген (Нарық. экон. орыс.-қаз. түс. сөзд.).

Жалға беруші. *Табиғат және мүлік объектілерін немесе басқа да мүлікті уақытша ие-*

ленуге және пайдалануға беретін заңи немесе жеке тұлға. Ж а л ғ а б е р у ш і лизингілік компания сататын (пайдалануға беретін) және жалгер-компания белгілі бір тіркелген ақыға пайдаланатын келісім (Қаз. тілі термин. Экономика). Мәшинелер мен жабдықтарды жалдау жалгерге алғашқыда қымбат техниканы көп қаражат жұмсамай-ақ пайдалануға және жалдау ақысын мәшинелерді іске қосқаннан кейін кірісетін төлеуге, ал *ж а л ғ а б е р у ш і г е* төлемеушілік қуатын азайтып, өтімді кеңейтуге мүмкіндік береді (Нарық. экон. орыс.-қаз. түс. сөзд.).

Жалға жүрді. *Малайлықта болды, жалданды.* Сөйледі ақсақалдың бірі тұрып: – Әуелде сенің әкең қазған құдық. Шұбырып Алатаудан келгеннен соң, Бектасқа әкең кеткен *ж а л ғ а ж ү р і п* (О.Шипин, Дастан.). Жарлы баласының таңдауы, өмірден табар орны – әкесінің орнына *ж а л ғ а ж ү р і п,* байдың қойын бағу еді ғой (К.Смаилов, Мамандық.). Сол кезден бастап ол үй-ішінің бас көтерер басқа жандарымен бірге байларға *ж а л ғ а ж ү р е д і* («Қаз. әдеб.»).

Жалға кірді. *Жалданды, жұмыс істеді.* Жасымнан *ж а л ғ а к і р д і м* қой бағуға, Жоқшылық мұрша бермей ойлануға (Қ.Ыдырысов, Шуақ.).

Жал төледі. *Пайдаланғаны үшін ақша төледі.* Рәзия бұларға айына отыз *ж а л т ө л е й д і* екен (Ә.Тарази, Тас жарған).

ЖАЛ[4] з а т. **1.** *Айдалмай, шабылмай қалған шала жер.* Егін жинаудың алғашқы күндерінде аңызда *ж а л* қалдырған немесе астық ысырабына жол берген кейбір механизаторлар «Жауынгерлік листок» сынына ілікті (Т.Ыдырысов, Нұрлы.). Жерді *ж а л* қалдырмай жырту (Ы.Жақаев, Менің бақыт.). Зябьтің бораздаларын тіп-тік етіп, ешқандай *ж а л* қалдырмай жырту қажет (А.Ажкеев. Қант қызылша.). **2.** *Шөп үйіндісі, жол-жол етіп жиналған шөп.* Жолай шабылған пішенді ат жеккен қосаяқ тырнауышпен жинап, ат *ж а л ғ а* салады (С.Омаров, Қиыр жол).

Жал қамыс. *Биік болып өскен қамыс.* Нысана – сонау *ж а л қ а м ы с* (Т.Дәуренбеков, Шекісу).

Жал пеш. *Аласалау жасалған пештің түрі.* Аласа *ж а л п е ш т е н* түтін қайтып жатыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Келіп-кетушілер саябырлағаннан кейін қамқор Семейден алып келген кітаптарын тар үйдегі *ж а л п е ш т і ң* қуысына жинастырып жатты (Н.Оразалин, Көктем.).

ЖАЛ[5] з а т. ж е р г. ***Жалған.*** Ұқпадым деп айтпа *ж а л* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жал айтты [сөйледі]. *Жалған айтты, жалтарып айтты.* Қалай айла қылса да бір қоймады, *Ж а л а й т қ а н* жауабына қыз тоймады. Еңліктің бұл жауабын естіген соң, Кебек батыр тағы бір ой ойлады (Шәкәрім, Өлеңд. мен поэм.). Бөгембай ешқашан *ж а л с ө й л е п* көрмеген болар (Қазбек би).

ЖАЛА [ар. جعل] з а т. *Жалған тағылған айып, өсек-аяңмен нақақ жабылған іс.* Сонда мына тілмашекеммен біз рас деп қуә болып қайырсақ, бір-ақ күнде мойны астынан келеді. Оны ешкім де білмейді, *ж а л а с ы* бізде де қалмайды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Олардың өздерінше тұқымы аз, көпшілігі азғын деп жер-жерге жеткізген өсек *ж а л а л а р ы* далада қалды (С.Бегалин, Уақыт.). Алматыдан келген әлеуметті бір комиссия ағайымның арызын тексеріп, оған тағылған айыптарды түп-түгел *ж а л а* деп тапты (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Таңдаулы екі би алып, Ұры деп кесім кестіртті, *Ж а л а м е н е н* үкім ғып (О.Шипин, Дастан).

Жалаға ұшырады. *Жалған айып, кінә арқалады.* Асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай *ж а л а ғ а ұ ш ы р а п,* бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жала жабу. з а ң. *Басқа адамның арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату. Ж а л а ж а б у* әрекеті сот үкімімен айыппұл салу, сондай-ақ, 120 сағаттан 180 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жіберу түрінде жазаланады (ҚҰЭ). Адамды ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан *ж а л а ж а б у* әрекеті анықталған адам сот үкімімен белгілі бір мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасына тартылуы мүмкін (ҚҰЭ).

Жала жапты. *Өтірік кінә тақты, дат-тады.* Ондай *ж а л а ж а п п а* сен Білмей қалсам шамам жоқ, Біле тұра «жақын» деп, Жамандығын жасырып, Ондай кәсіп қылғам жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол айтқан: «Мен ешкімді көргенім жоқ, Жолығып жолаушыға келгенім жоқ, Жазықсыз *ж а л а ж а у ы п* неге ақырдың, Ешкімге ештеңемді бергенім жоқ» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Азған елдің адамы, Апшыған сұмдар қадамы, Жүйрікпін деп шабаны, Момынға *ж а п с а ж а л а н ы,* Құлық, сұмдық табады (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жазықсыз жанға *ж а л а ж а у ы п,* өзінің де таза арын аяқ асты етіп отыр («Лен. жас»).

Жала қойды. ж е р г. *Жала жапты.* Ол Асқарға *ж а л а қ о й ы п т ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жала қылды. *Жала жапты.* Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі Қозыға жетіп келді жайнап көзі. Жемекке кінә қойып сол арада,

Ж а л а ғ ы п, міне, Қасқыр айтқан сөзі (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жаласына қалды. *Нақақтан-нақақ айыпты болды, босқа күйді.* – Қызық, деймін мен, – өмірі екі-ақ рет кездесіп, *ж а л а с ы н а қ а л ғ а н ы м* қызық екен (З.Шүкіров, Ізгілік.). Қосады өз тарихын арасына, *Қ а л ғ а н ы н* бір өгіздің *ж а л а с ы н а* (Қара өлең.).

ЖАЛА= е т. **1.** *Бір заттың үстімен тілді әрлі-берлі жүргізу.* Бес-алты Көзілдірік Маймыл тапты, Біразын құйрығына тізіп, тақты. Қарады бірін иіскеп, бірін *ж а л а п*, Бір мезгіл төбесіне қойып жатты (А.Байтұрсынов, Шығ.). Аяжанды шошытқан қызыл сиыр бұл кезде оның орнында қалған чемоданын ұзын қызыл тілін сүйреңдетіп *ж а л а й* бастаған еді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Түсі суық, у тілді, Қарға адым жер боп мұңы, Үнемдеп *ж а л а п* топырақ, Бұта көрсе тоқырап, Қыс болса қатып сіресіп, Жаз өмірмен күресіп, Аяғы жоқ, еңбектеп, Күн көріп жүр жылан да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** а у ы с. *Дәлдеп тимей, сүйкеп жанай өту.* Өткен күзде сол жақ кеудесін *ж а л а й* өткен оқ сүйекке дарымай жігіттің бұлшық етін жарып өткен-ді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Оқ Мөңкенің басын *ж а л а п* өтті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Сиыр тұяғы оң жақ шекені *ж а л а й* өтіп, бармақтай жердің терісін сыдырып кетті (Қ.Қамбаров, Алтай.). **3.** а у ы с. *Денені тызылдатып қару, ашыту.* Аяз танауды қуыстыра, бет-ауызды темірдей *ж а л а п* барады (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Күн төбеге шығып алып, *ж а л а п* тұр екен (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қалың тоғай арасы желсіз, тымық болғанмен, бет *ж а л а ғ а н* қызыл шұнақ аязда пана болар жері жоқ (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жалап кетті. *Сыпырып-сиырып, тұқ қалдырмады.* Не шара, биылғы мынау жылан жыл – біздің бұл аймақты *ж а л а п к е т т і* ғой (F.Сланов, Замана.). Ашық жердің қарын дауыл *ж а л а п к е т к е н,* қар тек ығында ғана үйіліп жатыр (С.Ерубаев, Шығ.).

Жалап өтті. *Шайып өтті.* Сол таудың бауырын *ж а л а п ө т і п* жатқан «Шолақ бабаның» мөлдір суы қазір мүп-мүздай болар (Р.Райымқұлов, Бала жігіт).

Жылан жалағандай. а) *Тып-типыл, тұқ жоқ, жым-жылас.* Олар кірген бөлме іші бір стол, екі орындықты санамағанда *ж ы л а н ж а л а ғ а н д а й* (Қ.Исабаев, Ажал.). Әп-сәтте бүкіл бір ауыл *ж ы л а н ж а л а ғ а н д а й* боп қала берді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Күні кеше ұшып бара жатып көрген қостабан болат жолдардың орны бүгін келсем *ж ы л а н ж а л а ғ а н д а й* болып жатады (Т.Бигелдинов, Аспан.). ә) *Таптаза, мұнтаздай.* Уау, ағайын, Іле мен Бақанас арасындағы бөгеттерді белден бастырып, көпірлер салдырып, жолды тегістеп, *ж ы л а н ж а л а ғ а н д а й* тазартып жатырмын, мол қаражат керек! – деп лепірді Ырсалды (К.Тоқаев, Түнде).

Қан жалады. *Өлімші болып таяқ, соққы жеді.* Қалған соң қапияда бастығы өліп, Қылды ұрыс құмырсқадай қаптай өріп. Қайтпастан *қ а н ж а л а ғ а н* қасқырдай-ақ, Аунатып кез келгенін жатыр керіп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Оттай жалады. *Қатты өкіндірді, күйдіріп-жандырып өртеді.* Өткен күннің қатесінен туған өкініш, жүрек-бауырын *о т т а й ж а л а п* күйдіріп әкетіп барады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Қайткенде бір амал табу. Ішімді *о т т а й ж а л а п* барады (Д.Рамаданов, Тас түлектер).

Өзегін жалады. *Күйдіріп кетті, өкіндірді.* Ол *ө з е г і н ж а л а п* өткендей өз-өзінен жасып, Жалғызсырап қалды (К.Зекенов, Жанартау).

Табанын жалады. *Аяққа бас ұрды, жарамсақтанып жағынды, сатылды.* Патшаларға телмеңдеп, *Т а б а н д а р ы н ж а л а д ы!* Қайда жүрсе бөрілер, Бірін бірі табады (Жамбыл, Шығ.). Роман Мойса бұрынғы кулак екен... соғыс басталғанда қайтып келіпті де, фашистерге жағынып, *т а б а н ы н ж а л а п* староста болыпты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Ішін жылан жалап жібергендей [өткендей]. *Удай ашытты, күйдірді; өзін өте жаман сезінді, өкіндірді. І ш і м д і* бір *ж ы л а н ж а л а п ж і б е р г е н д е й* жүрегім тыз-тыз етеді (Т.Иманбеков, Үш ай.). Мұраттың жаңа ғана күнше күліп жадырай қалған жаны енді *ж ы л а н ж а л а п ө т к е н д е й* тулап, қан мұз болып қата қалды (Ә.Әбішев, Замана).

Ішін өрттей жалады. *Удай ашытты, ішін күйдірді, қыларға шара қалдырмай қатты өкіндірді.* Дәрменсіз ыза *і ш і н ө р т т е й ж а л а ғ а н м е н* Мұратқа да, Ержанға да бұл ешнәрсе істей алмайды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Осындай мазасыз ойлар *і ш і н ө р т т е й ж а л а п* тұрса да ол Сабдыққа сырын берген жоқ (F.Сланов, Асау арна). *І ш і м д і ө р т ж а л а п,* жүрегімді жыртқыш тырнап жатқандай (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖАЛАҒЫШТА= е т. *Қайта-қайта жалай беру.* Судың бетіне жақындап қалғанын көзі шалса-ақ, сүйір тілімен аузы-мұртын *ж а л а ғ ы ш т а п,* өзінен-өзі тықырши бастайды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Оның бірі жата қалып аяқтарын, денесін керіп, рақаттана созылады. Қып-қызыл жалпақ тілімен табанын *ж а л а ғ ы ш т а й д ы* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАЛАҒЫШТАУ *Жалағышта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тұзды *ж а л а ғ ы ш т а у.*

ЖАЛАҚ[1] з а т. **1.** *Ерінді жалай беруден жел қақты боп кебірсіген жара.* Алқызыл ерні де екі-үш жерден жарылып, *ж а л а қ* болуға айналыпты (Ө.Қанахин, Дәмелі). Арба жанында кепкесі

мыжырайған, балағын түріп алған, ерні *жалақ* жас бала өгізімен арпалысып тұр (Б.Тәжібаев, Қараторғай). *Жалақты* құрғатып, жылдам жетілдіру үшін қылша, меңдуананы өртеп күлін жылы күйінде сеуіп, әлсін-әлсін май жағып отыру қажет («Жаршы»). **2.** *Жауырдың жазылған орны.* Бақ дәулет, мал көшерде ырыс қашар, Біреуі біреуіне пәле жасар. Бала пайдасыз болар, Жалшы жалқау болар, Қыз қылықсыз болар, Келін керенау болар, Қатыны салақ болар, Ат мінсе *жалақ* болар (Шал ақын, Өлеңд.). Жануар арқасының *жалағы* да бар екен, анда-санда бір шегініп бөктеріншекке отыра алмай келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еркімбай үрейленіп, не де болса көрейін деп ердің қасына еңкес қарап жеткенде бір-ақ таныды. Су Құсайын, жамбасы *жалақ* кәрі шабдар ат (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жалақ қақты. *Аранын ашып, ашқарақтанды, жалақтады.* Бір үйде тұздықталған тәтті табақ, Бір үйде ет тартылмай *қаққан жалақ.* Бір жерде табақ теуіп, етке өкпелеп, Боқтасып бір үй жатыр жерді сабап (І.Жансүгіров, Шығ.). Жау жарығы жортып жүр *жалақ қағып,* Ажалдай өлім тілеп жерді сүзген (Д. Әбілев, Өлеңд.).

ЖАЛАҚ[2] з а т. э т н. о й ы н. *Балалардың жаз мезгілінде судың бетіне тас атып ойнайтын ойын түрі.* Мал өсті еркін ішкен тұнық судан, Шөп өсті мал қорегі қалың нудан. Балалар жаз айында *жалақ* ойнап, Қармақ сап, жар жағасын етті думан (О.Шипин, Дастан). Басқыштың астында *жалақ* ойнап бір топ бала суға сүңгіп жүр (С.Аққошқаров, Бақыт.). Бірінен бірі жарық сансыз жұлдыз, Көрсетер көкті көркем бейне күндіз, Жарқылдап *жалақ* ойнап жүрген қыздай, Жалт берер жымың қағып қалдырып із (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

ЖАЛАҚ[3] с ы н. **1.** *Ащылы сортаң жер.* ≈ *Жалақ* жер. **2.** *Жалама, жалтыр.* ≈ *Жалақ* тас.

ЖАЛА-ҚАЗА з а т. *Тажалды қырсық, бәле-кесір, өлім.* Жігіттер, мал мен басым көп демеңіз, Киім бүтін, тамағым тоқ демеңіз, Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған, Біздерге *жала-қаза* жоқ демеңіз (Шал ақын, Өлеңд.).

ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ с ы н. *Тілім-тілім боп жарылған, айғыз-айғыз.* Бет-аузы ылғи сортаң жердей *жалақ-жалақ* болады да жүреді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Аузынан сөзі түсіп тұратын немесе ерні *жалақ-жалақ* боп, ертеден қара кешке дейін «ләм» деп ауыз аспастан жүре беретін (С.Бақбергенов, Адам.).

Жалақ-жалақ еткізді. *Пышағын жарқылдатты.* Шал ұзын қара пышақты *жалақ-жалақ еткізді* (М.Әуезов, Қилы заман).

Жалақ-жалақ етті. а) *Жалмаң қақты, жалақ-жұлақ етті.* Үйден жүгіре шықты біреу. Жалаң бас. *Жалақ-жалақ етеді* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). ә) *От жалыны қатты шықты.* Түн пердесін түріп, аспанға шашылған жалын алауы бейне адамға айбат шеккен оқ жыланның тіліндей *жалақ-жалақ етеді* (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

ЖАЛАҚ-ЖҰЛАҚ: жалақ-жұлақ қарады [етті]. *Айналасына алақтап, алақ-жұлақ қарады.* Ызалы қасқырдың көзіндей қанталаған көзі жан-жағына *жалақ-жұлақ қарайды* (Д.Әбілев, Арман.). Күнзила да *жалақ-жұлақ етіп,* үйін майлап беріпті абысынының (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Ошақ басында кездігі қолында *жалақ-жұлақ еткен* моңғол жігіттері жүр (К.Баяндин, Құм асты.).

ЖАЛАҚОР с ы н. *Жала жапқыш, бәлеқор.* Елеуреген есірік елдің, бәрі, Өңкей батыр, *жалақор* жас пен кәрі, Сені адам деп есіркеп кім ойлайды, Құлап қалған қу молаң кімге дәрі... (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Мәселе түсінікті болса керек, – деп, Анарқұлов қорыта бастады. – Бұл жігіттің өзі тәртіп бұзғанымен қоймай *жалақор* да екен (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Арман сол – *жалақордың* жаласына Құрбан боп, есіл ерім, барасың да. Қиянат, күншілдікпен жүрегі өлген Иттердің кете бардың таласында (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАЛАҚОРЛЫҚ з а т. **1.** *Жала жапқыштық, бәлеқорлық.* Керегі не босқа егес Кінәлі оған басқа емес. Мәселенің үлкені *Жалақорлық* жақсы емес! (Т.Әбдірахманова, Білесің бе?). Бюрода жұрттың үстінен шағым айтып, *жалақорлықты* кәсіп еткен біреудің мәселесі қаралмақ (О.Сәрсенбаев, Жиде.). Жол-жоба, түзулікке тоқтау қалып, Кім бір аяқ ас берсе, сол әкеткен. Партия, *жалақорлық,* бақ күндестік, Күннен күнге күшейіп, орын тепкен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** т е р м. *Ауызша немесе жазба түрде кейде өз атымен, кейде есімін қоймай жеке адамдарға не заңды тұлғаларға кінә артып, жала жабуға бейімділік. Жалақорлықтан* арылудың төте жолы істің ақ-қарасын ақылға салып байыппен саралауға машықтану (ҚҰЭ). *Жалақорлық* адамгершілікке жат қылық ретінде айыпталып, қылмыстық жауапкершілікке де тартылуы мүмкін (ҚҰЭ). *Жалақорлық,* жаси қалушылық, барлық жексұрын мінез ойынан ұя салған кісі екен, осындай мінездері оның үйренген өнерін қор етті (Мың бір түн).

ЖАЛАҚОРШЫ з а т. с ө й л. *Жала жабушы, жалақор адам.* Байқағанға мен қуанам Онегинмен екі орамды Келекешіл кей оқушы, Не бір жорта *жалақоршы* (Н.Оңдасынов, Парсыша-қазақша түсін. сөзд.).

ЖАЛАҚТА= е т. **1.** *Жалмаңдап жұтынып, жалақ қағу, аса пысықсыну.* Күтуші әйел

қасында *жалақтап* түрсада, қонақтан қайтқан сусынды оған бермей, өрешеге өзі апарып қойды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Жанайдар *жалақтаған* екі жүз жігітімен ауылды тал түсте шапты (І.Есенберлин, Қаһар). *Жалақтаған* қатындар еттің нанын ысып, көбігін алып жатыр (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** *Құлқыны құрып жалақтау, ашқарақтану.* Кейде дастарқанда талқан болмайды. Біздің *жалақтап,* тоймай қалған түрімізді көріп, ондайда Қағаз аға: – Зәуре наның бар ма? Әкел, мына балалар тоймай қалды, – дейді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Бұл айдалада жем іздеп *жалақтаған* қасқырлардың көз оттары болушы еді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жомарт аш қасқырдай *жалақтап* келді (Ғ.Мұстафин, Миллионер). **3.** а у ы с. *Ұйытқу, бас көтертпей борау.* Көрінбейді алап та, Көрінбейді биік қыр. Қарлы құйын *жалақтап*, Қақ алдынан ұрып тұр (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАЛАҚТАН= е т. *Жалақ боп кебірсіген жара тұсу.* Екі ерні *жалақтанып,* етіндегі жараларының орны қара қотырланып қалыпты (С.Жүнісов, Өмір.). Аптығып жау құғандай тамақтанып, Жарысып бет-аузымыз *жалақтанып,* Тал түсте Талас барып шомыламыз, Секілді жалт-жұлт еткен шабақ балық (Ш.Смаханұлы, Айға үш.).

ЖАЛАҚТАНУ м е д. *Жалақтан етістігінің қимыл атауы.* Аурудың өңеш рагына ұшыратын түрлері де көп. Бұған жататындар: *жалақтану* (лейкоплакция), тыртық, жара, өңеш қалтасы және қатерсіз ісіктер (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы).

ЖАЛАҚТАТ= е т. *Жалаң-жалаң еткізу.* Аузын ашып, тілін *жалақтатқан* ажал жақындаған сайын жарық дүниенің таусылып бара жатқанын біліп тұр (З.Ақышев, Ақбел.). Осы астан-кестеннің ортасында жалаң қылышын *жалақтатып,* бар бәлеге өзі бастаушы болған Әбдірахман да ышқынып жүр (О.Сәрсенбаев, Сағым). «Мұқан тері», – деп айқайлай шапқан Махмұт қылышын *жалақтата* жауға ұмтылды (Ж.Арыстанов, Сұңқар.). Қатындар есікке енді қарады. Түсі суық, қылыштарын *жалақтатқан* бейтаныс кісілерді көріп, шошып кетті (І.Есенберлин, Алтын Орда).

ЖАЛАҚТАТУ *Жалақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қылышын *жалақтату.*

ЖАЛАҚТАУ *Жалақта етістігінің қимыл атауы.* Ол бұрынғыдай дүкенге *жалақтауын* сиретті. Театр, кітапханаға бармаймын деп сылтау іздеуін де ұмытып барады (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

ЖАЛАҚЫ з а т. э к о н. *Қызметкердің белгілі бір уақыт кезеңінде (күн, ай, жыл) алатын ақшалай немесе заттай нысандағы төлемдерінің жиынтығы.* Күйеуінде кеңседен алатын *жалақысынан* басқа сырт табыс жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жейтұғын *жалақы* мен процент бар, Тұрсыңдар қазынаға салып қолды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Өсе берді сонда да санатымыз, Беки берді қауырсын қанатымыз. Жетіп тұрды әке – Отан өзі берген Студенттік жұпыны *жалақымыз* (М.Мақатаев, Шығ.). Ең төменгі зейнетақы екі есеге, ең төменгі *жалақы* мөлшері екі жарым есеге өскен, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 45 пайызға артқан («Жас Алаш»).

Жалақыдан ұстау. э к о н. *Қызметкерге тиесілі қаражаттан әкімшіліктің өкімімен немесе фирманың «Еңбекке ақы төлеу ережелеріне» сай белгілі бір ақша сомасын шегеріп қалу.*

Жалақы қоры. э к о н. *Белгілі бір уақыт кезеңінде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу үшін қарастырылатын ақшалай қаражаттың жалпы сомасы. Жалақы қоры* негізгі және қосымша жалақыдан тұрады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАЛАҚЫЛЫ с ы н. *Қаражат берілетін, төленетін, ақысыз емес.* Осы жасымның ішінде өзім өз боп *жалақылы* жұмыс істеп, санап ақша алып көрген емеспін (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖАЛАЛА= ет. *Жалған айып тағу, жала жабу.* Бір ұрты май, бір ұрты қандар да бар, Қой терісін жамылған жандар да бар. Жазасызды *жалалап* атақ алып, Ақжүрексіп жүретін паңдар да бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЛАЛАУ *Жалала етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалалауын* қоймады.

ЖАЛАЛЫ с ы н. *Орынсыз айып тағылған, нақақтан жаманатты.* Ұлттық революционерлерге, *жалалы* шабуылдарын үдете түсуде (М.Шоқай, Таңд.). Отырар әміршісі... етбетінен түсіп, сары тозаңды иіскеп жатқан *жалалыға* көз қырын да салмады (Д.Досжанов, Жібек.). Басына қылышпенен шаппаймысың, Төрт қазық аяғына қақпаймысың, Атамыз қандай қылған кінәліні Жазасын *жалалы* ердің таппаймысың? (Ақын жырлары). Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің. Ағайынның қадірін, *Жалалы* болғанда білерсің (Үш ғасыр.).

ЖАЛАМА с ы н. *Кедір-бұдыры жоқ, жалтыр, тегіс.* Ылдиы шыңырау, беткейі *жалама* құз (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Терең жарға түсіп кетіппін. Қабырғалары тіп-тік, сулы, *жалама* екен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Осындай ауыр жүкті жеке басым жеп-жеңіл көтеріп, тіптік *жалама* жартасты өрлеп, қиялап, тастан-тасқа секіріп жүре береді (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Екі альпинист таудың бұралаң

ж а л а м а қабағындағы соқпақпен жоғары өрлеп бара жатты (М.Әлімбаев, Көңіл.).

Жалама жем. *Өртенген мал сүйегін топырақтың соры, тұз, балауса шөп, кебекпен араластырып, су қосып илеп отқа кептірілген кішірек сықпа құрт пішініндегі жем.* ≈ *Ж а л а м а ж е м* беру.

Жалама тұз. *Малға берілетін кесек тұз.* Жүн шайнайтын қозыларды отарлардан дереу бөліп алып, енелеріне құнды азық, *ж а л а м а т ұ з* беріп, үнемі суарып отыру керек (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Макро және микро элементтер қоспасымен бірге кесек *ж а л а м а т ұ з* саулық қойға мейірі қанғанша беріледі (Шопан сырласы).

ЖАЛАМАТ з а т. ж е р г. *Сүтке ұн салып, қант қосып пісірген ұн көже сияқты ас.* Келін, балаға мына *ж а л а м а т т а н* құйып берсеңші, ішсін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАМЫҚ з а т. ж е р г. *Малдың жарасын емдейтін, ащы шөптен қайнатып жасайтын дәрі.* Адыраспанды қайнатып *ж а л а м ы қ* жасадым да соны жақтым, жарасы қазір жазылайын деді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАМЫР с ы н. **1.** *Өзен жағасындағы су шайған жайдақ жер.* Көпірдің шығыс жағын *ж а л а м ы р* су шайып, берекесін қашырған (Ә.Ибрагимов, Асыл мұрат.). **2.** а у ы с. *Қатты суық, үскірік.* Алай-түлей тепсіне көтерілген *ж а л а м ы р* желдің аяғы сауыны баяғыда өтіп кеткен аруананың шатынаған желініндей әлі де сыздап тұр (Ә.Ибрагимов, Асыл мұрат.). «Жығылғанның үстіне жұдырық» дегендей, шығыстан соққан *ж а л а м ы р* жел жер апшысын қуырып барады (Б.Тоғысбаев, От пен күл). Күн демалыс еді. Таңғы аяз қатқыл. Аспан ашық болып тұрса да *ж а л а м ы р* суық бар (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

ЖАЛАМЫРЛА= е т. *Апшысын қуыру, берекесін кетіру.* Байдың сараң бәйбішесі *ж а л а м ы р л а п* шыдатпай барады («Лен. жас»).

ЖАЛАМЫРЛАНУ *Жаламырлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л а м ы р л а н у ы н* қоймады.

ЖАЛАМЫРЛЫҚ з а т. *Қаттылық, сараңдық.* Саудагер байлардың еңбек қанағанептілік *ж а л а м ы р л ы ғ ы н а* іш қазандай қайнайды (С.Бегалин, Замана.).

ЖАЛАН з а т. *Қаз-үйрек атуға қолайлы жер.* Үш кісі *ж а л а н ғ а* шығып, күн бойы құс аулап, жаңғыз-ақ шүрегей үйрек атып алыпты (Ы.Алтынсарин, Қырғыз хрест.).

ЖАЛАН= е т. **1.** *Тамақ жегісі келіп, сілекейі шұбыру, жұтыну.* Бұл жолы да майлы етті көріп *ж а л а н ғ а н* мысықтай бірден ұмтылып, тұра бас салған жоқ (Б.Тілегенов, Аққайнар). Сезік туғызар селт еткен ештеме байқалмағанымен... ауық-ауық *ж а л а н ы п,* жұтынып қояды (Саржайлау). Ернін *ж а л а н а* түсіп, кірпігін де қақпастан Әшім әлі де аңдып отыр (К.Оразалин, Ақ жазық). Басеке, мал жануар басқа бітер, Қына шөп секілді ол тасқа бітер. Үйінен ит *ж а л а н ы п* шықпайтұғын, Өзіндей жатып ішер насқа бітер (Шал ақын, Өлеңд.). **2.** а у ы с. *Жалаңдау, жалақтау, жарқылдау.* Белде қылыш жарқылдап, Қолда найза жалтылдап, Айбалталар *ж а л а н ғ а н,* Қанжарлары *ж а л а н ғ а н* (Манас). **3.** *Ашқарақтану.* – Сен тамақ іздеп *ж а л а н ы п* отырсың ғой, әлбетте, – деді қызыл бет, қара етіктің екіншісін аяғына сұғып жатып (А.Сүлейменов, Бесін). **4.** *Жұтынып жалаң қағу, сыбанып белсену.* Қаракөздің елінде атағы шыққан жас пері – Сырым бар. Ол – *ж а л а н ғ а н* ер, жалындаған ақын (М.Әуезов, Қараш.). *Ж а л а н ғ а н* жігіттер толқын қуып келе жатқан кезекті мұзға ұмтылды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қай цехқа, құрылысқа келсе де, *ж а л а н ы п,* күтініп дайын тұрған техниктер, инженерлер («Қаз. әдеб.»).

Әлекедей жаланды. *Құлшынып, жалаң қақты. Ж а л а н ғ а н ә л е к е д е й* бел буысқан, Жүк артқан қыз-келіншек әрбір тұстан. Айғырын шандырлап-ақ, шартылдатып, Суылдап құрқұрлап жүр ат қуысқан (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол-сол-ақ екен, *ә л е к е д е й ж а л а н ы п,* қолға түкіріп тұрған жігіттер апыр да топыр келіп болысты да, жасауылды да түтіп кетті (І.Жансүгіров, Әңгім.). Оның *ә л е к е д е й ж а л а н ғ а н* тоғыз ұлы бар екен дейді, бәрі де найзагер батыр екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бөрідей жаланды. *Не істерін білмей аласұрды, күші қайнады.* Жұмыс істе! *Б ө р і д е й ж а л а н ғ а н ш а,* Кірпіш болып заманға қаланғанша. Қорқатұғын түгі жоқ көріліктің, Бала-шағаң, Кемпірің аман болса! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жыланша жаланған. *Жалаң қаққан, іскер, пысық.* Арманы барша жігіттің алдында аға, артында інісі болса сүйенер ап *ж ы л а н д а й ж а л а н ғ а н* (Қаз. ақын. шығ.).

ЖАЛАНУ *Жалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Итше *ж а л а н у.*

ЖАЛАҢ[1] с ы н. **1.** *Тек қана, бір ғана жалғыз, құр өзі...* Үстіне ілгені етегі төмен түскен қазақы, *ж а л а ң* ескі көйлектен дене мүсіні аңғарылмады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тағы да бірнеше алып адамдар кірді. Тымақтарын, күпілерін далада шешіпті. *Ж а л а ң* шекпенмен, құндыз бөріктерімен ғана көрінді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ойнау керек, күлу керек, бірақ жас өмір жалғыз, *ж а л а ң* ғана сауықпен кетпесін (С.Байжанов, Жастық.). *Ж а л а ң* қылыш үйіріп, Сойылын да суырып, Жетіп келді бір батыр, Жеп қоярдай қуырып

(О.Шипин, Дастан.). **2.** *Жалаңаш.* Прометей *жалаң* қолмен от алды да, Ұшырап тас Құдайдың қаһарына, Отта тұр, тек осылай нағыз адам Өтей ме өз парызын ар алдында (Т.Рақымжанов, Күн.). **3.** а у ы с. *Жайдақ, көңілсіз.* – Бірақ, ән мен күйді сүйемін, – деді. – Ән мен күй жүрмеген жерде, тіршілік *жалаң* ғой (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

Жалаң дала. *Ағашсыз, ормансыз дала.* Одессадан теріскейге беттеген жол, белестенген, ормансыз *жалаң далаға* қарай тартты (С.Мұқанов, Саяхат.).

Жалаң қабат. *Қосарланбаған, жұқа, жеңіл, бір өзі ғана.* Бәрі де манағы күндізгіде емес, бір-бір *жалаң қабат* жазғы жұқа киімдерін киген(С.Сейфуллин, Әңгім.). *Жалаң қабат* көйлектен өткен ызғары жоқ таңғы салқын да денені майдай тоңазытады екен (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке.) Қоқанның *жалаң қабат* шапанындай, Жырымның ұнатпаушы ем құрғақтарын (Жамбыл, Шығ.). *Жалаң қабат* пешпент үстінен сарт еткен бұзау тіс жуан өрім менің арқамды осып кетті (Ә.Көшімов. Қарт аңшы.). *Жалаң қабат* кенеппен сен де жүрсің ғой, тарта бер,– деді Қазыбек Мұратқа есік жаққа иек қағып (Ә.Әбішев, Шығ.).

Жалаң қат. *Жалаң қабат. Жалаң қат* көйлектен торсия білінген қос алмасын оңды-солды сипап, шалқасынан жатып манағыны тағы ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалаң қол. а) *Техникасыз, қолмен.* Техника жетіспейді. Бәрі *жалаң қолмен* істеліп жатыр (Б.Тоғысбаев, Ақиық). ә) *Ашық қол, киімсіз қол. Жалаң қолды* болат қатты қарыса, жалаң қолды аяз ашы өбеді (Ө.Ахметов, Өшп. жалын).

Жалаң қылыш. *Өткір қылыш.* Жалаң аттың жалымен, *Жалаң қылыш* жүзімен (Ө.Тұрманжанов, Қаз. мақал-мәтел.).

Жалаң символ. и н ф. <ағыл. idle character> *Ешқандай мәліметтер берілмейтіндігі туралы хабарлама бере отырып, желі бойынша жіберілетін бос операция коды* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жалаң сирақ. а) *Жас бала, кедей-кепшіктің баласы.* – Әй, *жалаң сирақ,* тамаққа кел, аяқ-киім туралы содан кейін ойласармыз (Ө.Сәрсенбаев, Теңіз.). ә) *Әлі жас, ержетпеген, өмірге араласпаған.* Ол бұл сәтте өлім аузындағы әкесін де, *жалаң сирақ* інілерін де, дүниенің бәрін де ұмытқан еді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Жалаң сөз. а) *Жай әшейін, құрғақ сөз.* – Бұл болмайды, *жалаң сөз* ішінде тұздығы жоқ. Тұздықсыз ас дәмсіз болады (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). ә) *Дәлелі жоқ, көпірме сөз. Жалаң сөз* сөйлеген, мақалды мысал айтып, конторда отыра берген де дұрыс басшының ісі емес (М.Мырзақұлов, Ақық). б) л и н г в. *Жұрнақтың қосылғанына, қосылмағанына қарамастан, құрамында бір ғана негізгі түбірі бар сөздер. Жалаң сөздердің* түбірлес екенін байқау қиын емес (Қазақ тілі энц.).

Жалаң сөйлем. л и н г в. *Бастауыш пен баяндауыштан ғана құрылған сөйлем. Жалаң сөйлемнің* басты белгісі – бір тұрлаулы мүшенің немесе екі тұрлаулы мүшенің жай сөйлемге тән хабарламаны қамти алатындығы және сөйлемнің тұтастығы болып табылады (Қазақ тілі энц.). *Жалаң сөйлем* бастауыштан құралған жағдайда, сөйлемнің бұл мүшесінің бір сөзден немесе бірнеше сөзден тұруы кездесе береді (Қазақ тілі энц.).

Жалаң таңба. и н ф. <ағыл. character> *Уақытша сиретуі үшін байланыс желісі бойынша берілетін хабарға үстемеленетін (қосымша берілетін) таңба* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жалаң үйлесім. и н ф. <idle patern> *Мәліметтерді жеткізу желісінің жүктелмейтіндігін көрсететін 15 не одан да көп бірліктің тізбесі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАЛАҢ[2] с ы н. ж е р г. *Жалаңдаған, жалмаңдаған.* Ол бір *жалаң* бай болатын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жалаң қақты. *Жалмаңдап, жалақтады.* – Атым жақсы, екі жүз сом беріңіз, төрт сөткеде Алматыға апарып қоям, – деп, *жалаң қағады* (І.Жансүгіров, Әңгім.). Жағалаудағы селолар мен қалаларда полицайлар мен жандармдар *жалаң қағып,* ойына келгендерін істейді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Есік ашылып жаңағы қара торы келіншек аш тазыдай *жалаң қағып* кіріп келді (З.Ақышев, Ақбел.). Түлкіні алып жүрді сайды өрлетіп, Бөдене бір бел асты бұрын кетіп. Түлкі жортып кезеңге таянғанда, *Жалаң қаққан* бір тазы келді жетіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЛАҢАШ[1] с ы н. **1.** *Үстінде лыпасы жоқ, киімсіз. Жалаңаш* кедейге өнер үйрен деу өгізбен жарысып, бәйге ал деген сияқты («Абай»). Жұрт *жалаңаш* отыруға таяды. *Жалаңаш* отырған қазаққа құр сөзден бөз артық: енді жұрттың азық-түлік, кездеме, былғары алар жерін айталық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жылы, тымық күні судан шыққан соң, біраз *жалаңаш* отыр. Үстіңе күн тиіп, тұла бойыңды жел қақсын. Аурудан әбден айықпаған әлсіз адамға тымық, жылы күні ғана суға түсуге болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Жерге түсті *жалаңаш*, Көңілде – қасірет, көзде – жас, «Кешір, Тәңірі!» – деп сұрады. Қорықты ма қатты жазадан, Алда құр жалғыз ызадан, Зарлады, қатты жылады (М.Жұмабаев,

Шығ.). // *Киім кимеген, лыпасыз адам. Жалаңашқа* киімнің жоғы арманда, Тоңғанға отын менен шоқ арманда Талап қылса табылар соның бәрі, Мал жаусын ба оларға жоғарыдан да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Жалаңаштың* тоны бол, Жақсының хаты бол, Даланың даңғыл жолы бол! Жаздың жауыны бол, Жалғыздың бауыры бол, Даңғаза даукестерге, Қарақшы баукеспеге Аспанның дауылы бол! (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Ол бір көңілдің көк дөнен боп тұрған, ашпыз-ау, *жалаңаштың*-ау демейтін, ілгері үмітпен күн кешкен заман еді ғой (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). **2.** *Ашық, құр дене.* Көзім жатқа қарамас, Жат та маған жарамас. Тар төсекте төсіңді Иіскер ме едім *жалаңаш* (Абай, Тол. жин.). Әнекей балағы тізесіне дейін түрулі, омырауы *жалаңаш*, табалдырыққа келіп, сабаның бауын шешіп алып, күмісті, піспекті күннің нұрына шағылыстырып, иіндеген емізікті қара сабаны күрп-күрп пісе бастады (А.Байтұрсынов, Т.Шонанұлы, Оқу құралы). Күркетауық мойнындағы *жалаңаш* жері коралл делінеді, – дейді (ол) (Құс өсірушілік.). **3.** а у ы с. *Лайықты киінбей, дұрыс киімін кимей.* Айдамай тұрып солдатқа, Зар қылмай тұрып жалды атқа, Жүйрік пенен жорғаңды Өзің бір мініп, жебеле. *Жалаңаш* барып жауға шап, Ажалдан бұрын өле ме! Ноқталы басқа бір өлім, Өлмей де адам жүре ме? Қатын-бала қамы үшін Қарсы шапта, мылтық құш, Құр жабырқап жүдеме! (Шортанбай Қанайұлы // Екі мыңжылдық.). Сұлтаным, айтқан сөзіңе, шарамыз жоқ, көнеміз, Бес жылға шейін бұл жерде Ас, киімсіз, *жалаңаш* Қалайынша жүреміз (Көрұғлы). Сонымен аздаған қапыс боп, Белгісіз ұрымен шатыс боп, *Жалаңаш* қалып запыс боп, Қызметке мәйкішең келетін болдық, Енді жоғалмасымызға сенетін болдық (О.Әубәкіров, Көк тайғақ). **4.** а у ы с. *Дымсыз, құрқол, бос.* Дүниеге қызығамыз несін біліп, Аз күнгі қызығына есерленіп, *Жалаңаш* кеп, жалаңаш қайтамыз ғой, Мойынға төрт қары боз тесіп іліп (Алдаспан). Бір сәнтім де артық зат берме маған, Арланбаймын, жоғымды елден алам. Бұл өмірге *жалаңаш* келген Адам – Көрген адам, көбісін жеңген Адам (М.Мақатаев, Шығ.). **5.** а у ы с. *Бетінде тұк жоқ ашық, жадағай, тақыр.* Алматының орны қала кеп түскенше *жалаңаш* төскей екен (С.Мұқанов, Саяхат.). *Жалаңаш* төбенің дәл үстінде мүйізі қарағайдай бір теке тұр (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Боз дөңге барды әскерлер Ұрымтал жердің өзі деп, Жадағай екен *жалаңаш* Жүріп кет деді тезірек (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Азынаған *жалаңаш* далада отар-отар қойлар ығып жүр (Т.Ахтанов, Дала сыры). **6.** а у ы с. *Заттың өзінен басқа ештеңесі жоқ, жалаң өзі ғана.* Тек әлсін-әлсін соққан өкпек желден киіз үйдің *жалаңаш* сүйегі азынап-сарнап әртүрлі қорқынышты үнге салғандай болады (Қ.Мұхамеджанов, Өзім де.). Төр жақ қабырға *жалаңаш* еді, оған масатыдай құлпырған ұзын түрікпен кілемі ілініпті (Б.Майлин, Азамат.).

Жалаңаш батыр. *Көзсіз ерлік жасайтын, жанкешті кісі.* Облыстағылардың сары майдай сақтап, күн шалдырмай келе жатқан *жалаңаш батыры* міне дәл осы кісі болады (С.Төлешев, Түрлі. бас.). Бұл қазақта жігіттер бар мәрт батыр. *Жалаңаш батыр* көбі оның. Аударып тастар сен үшін Алтын бар десең астында мынау төбенің. Солардың аппақ ниетімен, Ақ қарға жаққан отымен Лапылдап мен де келемін (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жалаңаш ет. *Киімсіз дене, ашық дене, жалаң дене.* Көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды *жалаңаш етіне* киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Көйлегін қарақшы етемін деп *жалаңаш етін* күйдіріп кетіпті (Н.Баяндин, Құм асты.).

Жалаңаш қол. *Ашық қол, қолғапсыз жалаң қол.* Соның өзінде көк қияқ қамыстар *жалаңаш қолына*, бетіне, мойнына шып-шып ұрып, қан шығарып тіліп кетіп жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қайыра сілтемек болғанда Қатпа *жалаңаш қолымен* қылышты ұстай алып майыстырып жіберді (А.Жұмаділдин, Сең.).

Жалаңаш шың. *Таудың орман өскен жоғары шегінен биікте жатқан бөлігі. Жалаңаш шың* маусымдық және көп жылдық тоң басып қатқан топырақ қабаты мен борпылдақ грунттың төмен ығысуынан пайда болады (ҚҰЭ). *Жалаңаш шың* Қазақстанда Алтай тау жүйесінде жиі кездеседі (ҚҰЭ). Қасында *шың жалаңаш*, Қоңсы қонған көкпенен. Бауыры жас алма ағаш, Балаусадай көктеген (С.Мәуленов, Таңд.).

Жалаңаш шырыш. з о о л. <лат. arionidae limacidae> *Дене пішімі құрт тәрізді жұмыр болып келетін, бақалшақсыз басында екі жұп қармалауыштары бар, тәні түгелдей кілегей шырышпен қапталған бауыраяқты ұлулар класының сабақша көзділер отрядының бір түрі.* Құрлықта, ылғалды жерлерде тіршілік ететін *жалаңаш шырыштар* балдырлармен, қыналармен, саңырауқұлақтармен және ауыл шаруашылық, бау-бақша өсімдіктерімен қоректеніп, оларға көп зиян келтіреді (Қаз. тілі термин. Биология). *Жалаңаш шырыштың* барлық құрлықтарда тараған 250-ден аса түрі белгілі. Дене пішіні құрт тәрізді жұмыр келген, ұзындығы 12-200 мм. Басының үстіндегі екі жұп қармалаушысының алдыңғысы сезім мүшесінің қызметін атқарады, соңғысының ұшында көзі болады. *Жалаңаш шырыштың*

жою үшін сөндірілмеген әк, әртүрлі улы заттар қолданылады (ҚҰЭ).

Сыр жалаңаш. с ө й л. а) *Үстінде түгі жоқ, лыпасыз.* Он шақты *сыр жалаңаш* адам өзеннің дәл орта тұсында, ойықта суға кеуделерінен батып, шомылып жүр (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). ә) *Жүрдай, қаңырағаң.* Қайғысыз жатып, қарны тоқ, Ұйқысы қанып тұрды бай. *Сыр жалаңаш* түк те жоқ, Лапкесі, үйі айнадай (Қаз. ақын. шығ.)

Тұттай жалаңаш. *Ілерге тұқ жоқ, тыр жалаңаш.* Бәрі *тұттай жалаңаш* Толған жан үйдің ішінде. Терлеп-тепшіп Мәлике, Қалаға келді бесінде (Б.Майлин, Шығ.) Ал *«тұттай жалаңаш»* деген сөз тіркесі «құлдай жалаңаш» деген мағынаны білдіреді («Қаз. әдеб.»).

Тыр[-дай] жалаңаш. *Үстінде лыпасы жоқ, анадан туғандай. Тырдай жалаңаш,* 5-7 жасар бір ұл, бір қыз бала тысқа шыға келді (Б.Майлин, Шығ.). Төбелес үстінде киімдері дал-дал болып, екеуі де *тыр жалаңаш* қалады (Ертегілер). Қоңыр тон, шоқпыт бөрік, киіз етік Лыпа жоқ *тыр жалаңаш* балалар да. Қасқыр жеп бір тоқтысын кетсе байдың Бақыртып кешке дейін сабаған да. Қожайын келе жатса қол қусырып, бойына ішкен асы тараған ба? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Малмада тері малшылағанда *тырдай жалаңаш* та жүреді (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Комиссия бөлмесінен абыройын басып, *тыр жалаңаш* уыздай жас жігіт шықты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). «Қылмысты», «күдікті» деген тұтқындарды *тыр жалаңаш* шешіндіріп, келтек мылтықтың дүмімен ұрып, осы тордың астынан жер бауырлата еңбектетіп алай бір, былай бір өткізді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАЛАҢАШ[2] з а т. ж е р г. *Ашық қора.* Малды *жалаңашқа* қамаңдар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАҢАШ-ЖАЙДАҚ ү с т. *Қалай болса солай, салдыр-салақ.* Мұнда сақау адамның ауылда арақ ішіп, жұмыссыз, алба-жұлба *жалаңаш-жайдақ* жүргені сөз болыпты («Қаз. әдеб.»). Ол ылғи да мұның тұсарлығын зәразап қылған сылдырақты алып тастаушы еді, сонсоң *жалаңаш-жайдақ* мініп кететін («Лен. жас»).

ЖАЛАҢАШ-ЖАЛПЫ с ы н. *Жөні түзу киімсіз, жеңіл-желпі. Жалаңаш-жалпы* шыққан күйі, тұла бойы жаурап... табанынан өткен ызғар тіпті төбе құйқасына дейін тоңазытса да, бұйым құрлы көрсе бұйырмасын (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Оны сол дауылда ығып кеткен қойға *жалаңаш-жалпы* тез шықпадың деп, Сәлмен қатты сабапты (М.Әуезов, Қараш.). Ол жаяу жүріп, *жалаңаш-жалпы* отырып, үй де салып алды (З.Ақышев, Жесірлер).

ЖАЛАҢАШТА= е т. **1.** *Үстіндегі киімкешегін сыпырып-сыдыру, шешу.* Көк мылқау, жер ауру сықылданып, Булығып саулап түрған жел де тынды. Денесін жауған қардай аппақ қылып, Сатайды *жалаңаштап* шешіндірді (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Ашу, киімін ысыру.* Қарагөз күрсініп жылап келіп, екі аяғын тізесіне шейін *жалаңаштап* суық суға батырып, жиекке жарым денесімен құлай кетті (М.Әуезов, Қараш.). Сестра қыз, күлімсірей сөйлеп, әкемнің аяғындағы ақ жамылғыны ашты да, жамбасын *жалаңаштап,* укол салды (Н.Сералиев, Қанат). Талғат өзен жағасындағы кеуделерін *жалаңаштап,* күнге қақталып жатқан адамдарды көрді (Қ.Тоқаев, Түнде.). Кешегі Тоқпамбеттегідей қоңдарын түріп қойып, *жалаңаштап* тұрып, сазайын беремін! – деді (М.Әуезов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Сылып, аршып тастау.* Тау төбесінен құлап аққан қар суы тастарды *жалаңаштай* бұрыштарын ақсита, топырағын осып... кетіпті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Мұндай жылдары олар жас ағаштарды көбірек жарақаттайды, қабығын жеп, ағашты *жалаңаштап* тастайды (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.).

ЖАЛАҢАШТАЛ= е т. *Жалаң, ашық қалу. Жалаңашталған* денені байдың үш ұлы құлшына соққылай береді (Т.Бигелдинов, Аспан.). Жолдың *жалаңашталған* бұл жері уақыт өткен сайын тозудан болуы мүмкін (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ЖАЛАҢАШТАН= е т. **1.** *Шешіну, киімсіз қалу. Жалаңаштанып* қалған Қоспан бұтаның түбіне тығыла түседі (Т.Ахтанов, Боран). Белуарына дейін *жалаңаштанған* жігіттер суық суға жуынып болып, қолдарына қалқан, қылыш алды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** а у ы с. *Жалаңқайлану, бос, ашық қалу.* Айнакөл жаздағыдай емес, салтанат-сәнінен адаланып, *жалаңаштана* бастаған (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас.).

Жалаңаштанған төбенің орнықтылығы. *Кеңістік төбесін құрайтын таужыныстардың қопсып құламай, өзінің тепе-теңдік қалпын сақтау қабілеті. Жалаңаштанған төбенің орнықтылығы* тіреусіз жердің ауданы мен пішініне, құрылымына, қабаттылығына, жарықшақтығы мен таужыныстардың физикалық-механикалық қасиеттеріне, тіреусіз тұрған уақытына, тіреулердің беріктігі мен орналасуына байланысты (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАЛАҢАШТАНУ *Жалаңаштан етістігінің қимыл атауы.* Қазақ әйелі – Европа әйелі емес, бөтен алдында *жалаңаштану* оған үлкен ұят (І.Есенберлин, Ғашықтар).

Жалаңаштану ауданы. к е н. *Кен жұмыстарын жүргізу нәтижесінде пайда болған қазы-*

лымның ашық бетінің ауданы. Ж а л а ң а ш т а н у а у д а н ы пайдалы қазылымдар немесе іргелес тауқыныстар массивінің орнықтылығын сипаттайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАЛАҢАШТАУ[1] с ы н. *Жадағайлау келген, ашықтау, тақырлау.* Кісі аяғы шағын, *ж а л а ң а ш т а у* жағада айналасы қардан соққан аққаламен қоршаулы мұз айдыны бар еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Алда шөбі тықыр қатқан кең жазық. Одан арғы *ж а л а ң а ш т а у* сары сілемде Қарауылдың қолы (Б.Аманшин, Жар мұңы). Атақ-даңққа ауданнан, облыстан әрі асып жатқан Қарабұлақ ауылының көп көшелері әлі *ж а л а ң а ш т а у* (С.Байжанов, Сұңқар.).

ЖАЛАҢАШТАУ[2] *Жалаңашта етістігінің қимыл атауы; жадағайландыру.* – Ғылымды жайдақтауды, *ж а л а ң а ш т а у д ы,* кейде тіпті... – дегенде қарт профессор қайтадан ызаға булығып, ызғарланып бара жатты (З.Қабдолов, Жалын.).

ЖАЛАҢАШТАУЛЫҚ з а т. *Жұтаңдық, бостық.* Мен Балуанның ішкі дүниесінің *ж а л а ң а ш т а у л ы ғ ы* қоғамдық көзқарасының тұтасып, өрістеп отырмауы, Шолақты көбінесе қара күшке айналдырып жіберетін жақтары бар деген бір ғана сын айтар едім (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАЛАҢАШТЫ-ЖАЛПЫЛЫ с ы н. с ө й л. *Жалаңаш-жалпы.* Өңдері қара, денелері толық *ж а л а ң а ш т ы - ж а л п ы л ы* түрде араласып кеткен балалар да бір-біріне аса ұқсас секілденді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАЛАҢАШТЫҚ з а т. **1.** *Киім тапшылығына ұшыраған жоқ-жітіктік. Ж а л а ң а ш т ы қ* қазуды күшейтеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жау жаралы жыртқыштай, жауыздығын асқындырды. Еңбекші халық аштыққа, *ж а л а ң а ш т ы қ қ а* қарамай соғысқа аттанды (Ж.Арыстанов, Жалын.). Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, *ж а л а ң а ш т ы қ* сықылды түрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жапы жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жалаңқайлық, бостық.* Күннің суықтығына, көшенің *ж а л а ң а ш т ы ғ ы н а* қарамастан, сағат жарымды маған далада өткізуге тура келді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАЛАҢАЯҚ с ы н. **1.** *Аяққиімсіз, аяқкиім кимеген.* Омырауы аңқиған кеуделілеу, *ж а л а ң а я қ* бала қалт тоқтай қалды (Б.Соқпақбаев, Аяжан.). Сары бөз жейдесі бар *ж а л а ң а я қ* бала, шынында да тентек болса керек (Х.Ерғалиев, Шындық). Шайтан теріден жылтыр қара шалбары, сары бөз жейдесі бар, *ж а л а ң а я қ* бала, шынында да тентек болу керек (Х.Ерғалиев, Шындық.). Қайыршы киімі жыртық, *ж а л а ң а я қ,* Мойнында ескі дорба, қолда таяқ, Қалада қайыр сұрап жүруші еді Күн көріп бергенімен әркім аяп (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Азып-тозған, тоз-тозы шыққан. Ж а л а ң а я қ,* жалаңбас азып-тозған кедейдің қатындары қолдары тілім-тілім болып үй сылап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Ғираттан келе жатырмын және де бұндай күйді бұрынсоңды естісем бұйырмасын, – деді *ж а л а ң а я қ* жиһанкез (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Жиырма бесінші жыл, ұмытпасам, Жас кезім *ж а л а ң а я қ* жаһан кезген (Б.Адамбаев, Ақбөбек). // а у ы с. *Қаратабан, кедей адам.* Қала жұмысын білмейтін, ауылдан келген өңшең *ж а л а ң а я қ,* әліне қарамай күш сынасады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). // а у ы с. *Қаңғыбас азғын, кезбе,* – Сен бала кімді алдайым деп тұрсың. Жоғал бұл маңнан, сендей кісәпір, *ж а л а ң а я қ т а р д ы ң* талайын көргенмін (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Омар – ескі *ж а л а ң а я қ.* Қашаннан қырды қыдырып, қаланы аралап, қылмаған кәсібі қалмаған кісі (І.Жансүгіров, Шығ.). // а у ы с. *Бос, құрқол, тұқ бітірмей, қол қусырып. Ж а л а ң а я қ* отыра ма? Жоқты сөйлеп кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қымбат деп жұрт *ж а л а ң а я қ* отырады екен ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалаңаяқ жар кешті. *Үлкен бейнет шекті, тұрмыс қиындығын көрді.* Қарсы менен күрзіге *Ж а л а ң а я қ ж а р к е ш і п,* Бөз тоқыған... едің (Бұхар жырау, Жыр.).

Жалаңаяқ жол. *Жаяу адам жүретін жалғыз аяқ жол.* Көрейін қандай түрлі батыр екен, Алдыма кешіктірмей келгін алып. Тоқтаса қарсылық қып өмірімді Жабырықан *ж а л а ң а я қ ж о л ғ а* салып (Қамбар батыр).

Жалаңаяқ жүрді. *Аяққиім кимей жүрді, аяққимін шешіп алып жүрді.* Онда теңбіл ақ шыт көйлегі бар балағының аузын қарала батсайымен көмкерген қызылсақ дамбалы бар, айдары селтиген, *ж а л а ң а я қ* жүгіріп *ж ү р е т і н* сүйкімді қыз еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сонда қарды бұрқыратып, *ж а л а ң а я қ ж ү р е д і,* ол өмір бойы аяғына лыпа ілген жан емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а л а ң а я қ ж ү р е й і н* десе табанына шөп-шалам батып, тағы әурелейді (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Жалаңаяқ қар кешті. *Жалшылықта жүрді, жанын аямай еңбек етті.* Бұдан он екі жыл бұрын *ж а л а ң а я қ қ а р к е ш і п*... еңбегі еш, тұзы сор болған қойшы бала – міне, ғылым асқарына

шығып, көпке тәлім беріп тұр (С.Омаров, Дала қызы). Әкесінің ауылында мал бағып, бие сауып, жылқы бағып, үй жұмысын істеп жүрген толып жатқан адамдарды көз алдына келтіреді. Олар *жалаң аяқ қар кешіп* жұмыс істейді (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЖАЛАҢАЯҚТЫҚ з а т. *Киімі жоқтық, кедейшілік.* Бөркін шекесіне қисайта киген қара бала қыздарды көріп жырым балақ шалбарын да, қара табан *жалаңаяқтығын* да ұмытып кетті (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАЛАҢБАС с ы н. **1.** *Баскиімсіз, баскиім кимеген.* Боз көйлектің жыртық жеңін жасыра түрініп, жалаң аяқ, *жалаңбас* келген Медетпекке заводтың берген жұмыс киімінің өзі әлдеқандай көрінді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Екі жаяудың біреуі *жалаңбас.* Ұзын бойлы адам. Бұтында қара шалбары бар. Балағын етікке салмаған (М.Жұмабаев, Шығ.). Ертеңіне қарасам, отыз градус аязда ақыным *жалаңбас* жүр (С.Бақбергенов, Адам.). Мырзалы *жалаңбас* маңдай терін тымағының тысымен қайта-қайта сүрте береді (Б.Тәжібаев, Қараторғай). **2.** а у ы с. *Азып-тозған, тоз-тозы шыққан.* Бишанды падышаға барды айдап, *Жалаңбас,* жалаңаяқ, қолды байлап. Қылған соң қызын олжа қызуланып, Көргеннен зығырданы кетті қайнап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Зеңбіректің шоғына, Бір дүмбел мылтық оғына, Жалаңаяқ, *жалаңбас,* Қырып жаяу жөнеді (Бабалар сөзі).

ЖАЛАҢБАСТАН= е т. *Бас киімсіз жүру, бас киімін шешу.* Айтқан уақытында бардым. Барсам жоқ. Әлі келеді – жоқ, әлі келеді – жоқ. Енді қайтайын деп, ренжіңкіреп отыр едім. Жайықтың жиегімен *жалаңбастанып,* апыраңдап келе жатыр екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЛАҢБАСТАНУ *Жалаңбастан етістігінің қимыл атауы.* Суық кезде *жалаңбастануға* болмайды (Ауызекі).

ЖАЛАҢБҰТ с ы н. *Бұтына кимеген, шалбар т.б. киімсіз.* Ісініп, тоңып көгерген, жан ұшырған анасы. Дірдектеп сорлы неге ерген, *жалаңбұт* анау баласы (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Арсыз қалғаның – *жалаңбұт* қалғаның («Жұлдыз»). Балалық кезде ешкімнен Именбедік көрер деп Жалаң аяқ, *жалаңбұт* Зыр жүгірдік дедектеп (Бес ғасыр.). Дәнемені білмеген, *жалаңбұт* өскен заңғар-ай. Ақ төсімнің үстінде, Қол тимеген мал бар-ай (Қамбар батыр).

Жалаңбұт [жүгіріп] жүретін кез. *Балалық шақ, бала кез.* Менің 7-8-дегі *жалаңбұт жүгіріп жүретін кезімде* ойын-сауық болғанда, келіншектер бізді (Ақат ағам екеумізді) көтеріп әкеліп, етегімізге бауырсақ, құрт салып қойып, қосылдырып ән салғызар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – *Жалаңбұт жүретін кезімде* Оспан шақыртып, арыз көшіртуші еді. Оқып жүргенде арабша кітаптарды қауырсын қаламмен өзім көшіріп алып оқушы едім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалаңбұт келді. *Көнетоз киіммен, жасаужабдықсыз келді.* Сенің еліңе осы ескі-құсқымен бара берем, біреу болмаса біреу *жалаңбұт келмегеніне* құдайға шүкір демес пе екен? (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

ЖАЛАҢДА= е т. **1.** *Жалмап қағып, жұтынып жалақтау. Жалаңдаған* жас әйелдер, жігіттер – байдың үш үйін бірдей жығып тиеп берді (Б.Майлин, Шығ.). *Жалаңдаған* жендеттер Халел бастаған мергендерді ұстап ап, хан алдына жеткізді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **2.** а у ы с. *Жалынду, лапылдау. Жалаңдаған* жалыннан Көрмей кетті өзгені (Өтежан Нұрғалиев // Екі мыңжылдық.). **3.** а у ы с. *Айпап-жайпап, лыпып, құтырыну.* Қолымыздағы *жалаңдаған* әре орақпен дестелердің байламын қиып жіберіп, молотилканың апандай өңешіне лақтырамыз (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Оттың лаулап жануына тосыннан шыққан жел көмектесті, жалынның отты тілі *жалаңдап* клуб ішіне қарай кимелей бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **4.** а у ы с. *Араны ашылу, жалмаңдау.* Жалмауыздай *жалаңдап,* Ар, ұяттан күсіппін. Құлық пенен сұмдыққа Құладындай ұшыппын (Абай, Тол. жин.). Менің қатеме жерік болып *жалаңдаған* жұртқа бір тоқтам салдым ғой деп едім, мына жақтан біреу киіп кетті (І.Жансүгіров, Әңгім.). Қаніки, қайтып келді ме, Жаныңа жәрдем берді ме? *Жалаңдаған* жалмауыз, Жан-жағыңнан көрді ме? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Неменеге *жалаңдайсың?* «Қонақ қойдан жуас» дегені қайда? Аузыңды жайынша ашпай жайыңа отыра бер (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Аш қасқырдай [бөрідей] жалаңдады. *Жалақтады, жалмаң қақты.* Әйелін қалаға қалдырып ауданға шыққан өкілдердің *аш қасқырдай жалаңдайтын* әдеті емес пе? (Б.Майлин, Таңд. шығ.). *Жалаңдап аш бөрідей* келдің қайдан, Жақсылық Жалайырдан алмасаң да (Жамбыл, Тол. жин.). Аласұрып құтырынды. *Аш бөрідей жалаңдап* фашистік Германия Австрияны, Чехословакияны, Литваның Клайпеда облысын табанында жаншып, Польшаға көз тікті (Ә.Бектемісов, Майдангер.).

ЖАЛАҢДАС= е т. *Жалақтасу, жалмаңдасу.* Жел мен қар бет қаратпай *жалаңдасып,* Бес тұтқын келе жатыр әрең басып, Арт жақта дікіңдейді қарауылшы, Күндегі келетұғын

алаң қашық (І.Мәмбетов, Табантал). Келемеж қылып атасын, Алмай ақыл батасын, Мойнына алмай қатасын, Шаруа десе жиреңдеп, Өсек десе сүйреңдеп, Қымыз аңдып қыдырып, Бейпіл сөзге сыдырып, *Жалаңдасып* ұл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЛАҢДАСУ *Жалаңдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аш бөрідей *жалаңдасу.*

ЖАЛАҢДАТ= е т. *Жалақтату, әрлі-берлі сілтеу.* Алда қылышын *жалаңдатып* Шыбыл Мәмбей батыр келеді. Ол қылыш шабудың шенеуіші болатын («Қаз. әдеб.»). Сіз бастан кешкендеріңіздің бәрін айта беріңіз, – деп қалтасынан қойын дәптері мен қаламын *Жалаңдатып* суырып алды (Т.Ахтанов, Боран). Есік алдында аяқ щеткасын қасапшының пышағындай *жалаңдатқан* жігіт (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Жігіттер атқа міне-міне сап, қылыштарын *жалаңдатып,* казақтарды қуа жөнелді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖАЛАҢДАТУ *Жалаңдат етістігінің қимыл атауы.* Жігіттіктің белгісі пышақ *жалаңдатуда* емес (Ауызекі).

ЖАЛАҢДАУ[1] с ы н. *Тақырлау, жалаңаштау, бостау.* Ет табаққа туралып келген *жалаңдау* асық жілік алдындағы дастархан үстінде жатыр еді (К.Көшімов, Қаһарман.).

ЖАЛАҢДАУ[2] *Жалаңда етістігінің қимыл атауы; жалмаң қағу.* – Желкілдектің тіліндей *жалаңдауын?* – деседі жұрт. Шынында өрттің тұтандырушысы да, шоқ тастаушы да Желкілдек еді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАЛАҢДЫҚзат.*Жадағайлық,жайдақтық.* Батыл сын болмай, жазушылардың өзара сыны өрістемей... Бұл секілді тұрпайылық, *жалаңдық* схемалық әлсіздіктерден арыла алмайды (Е.Ысмайылов, Сын.). Бірақ өзімше айтар сыным да бар. Сенің Ақжүнісіңдегі кемшілік – *жалаңдық* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ е л і к. *Жалаңдаған, жалмаң қаққан қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалаң-жалаң еткізді. *Жалаңдатты, жалмаң-жалмаң етті.* Шиыршықтала иретіліп, басын жоғары көтеріп шуақтап жатқан шұбар жылан балалардан сескенгенмен, жайлы орнын қимағандай, «ыс» деп екі айыр қап-қара тілін *жалаң-жалаң еткізеді* (Ақ көгершін).

Жалаң-жалаң етті. *Жалмаң-жалмаң етіп, жалақтады.* Тап беруге бата алмады, өйткені Қызыл отау кісілері мылтықтарын кезеніп: Тырп етсең, атыласың! – деп *жалаң-жалаң етеді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Таңертең тұрсам, Ақтай әлдеқашан буынып алған, аш тазыша *жалаң-жалаң етеді* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қағып жіберейін десе, қолы қимылдамайды. Ақ алмас *жалаң-жалаң етеді* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ үс т. *Жалаңдаған, алақ-жұлақ еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Арыз құмар болғандар опыр-топыр, шақшұққа. Түспей жүр ме көрдің бе, *жалаң-жұлаң* тақ-тұққа (Абай, Тол. жин.).

Жалаң-жұлаң етті. *Жалт-жұлт, жарқ-жұрқ етіп көрінді.* Қайрала-қайрала әбден жіңішкеріп қалған орақ-пышақтар *жалаң-жұлаң етеді* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖАЛАҢҚАЙ с ы н. **1.** *Бетінде түгі жоқ, жадағай, тақыр.* Соңғы жылдары машиналы болмаса бұл беткейге көліктің жол тартып шығуы сирек болатын. Жол ұзақ, елсіз үстірт панасыз, *жалаңқай* (С.Әлжіқов, Дала.). Кезерген ерні болар-болмас жыбырлап, үнсіз сөйледі. Осынау *жалаңқай* жапан түзде мүлде ойға алмау керек («Қаз. әдеб.»). Қаланың алды *жалаңқай,* бетке ұстар бір бұта, я бір жылға жоқ («Соц. ең.»). **2.** а у ы с. *Қолы қысқа, жалғыз басты.* Елден Қызылжарға айдап барған малым жоқ, қалтаға басып барған ақшам жоқ, жалғыз атты *жалаңқаймын* (С.Мұқанов, Менің мектеп.). Ал, мына Чайкин сияқты *жалаңқайларға* итім де тимейді (К.Тоқаев, Түнде.).

ЖАЛАҢҚАТ[1] з а т. к ө н е. *Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт.* Мінуге керек қазанат Беліне керек шарболат. Денеге керек *жалаңқат* Жаппарға жан аманат Денеге оқ дарытпас Дәуіт соққан жалаңқат (Қобыланды батыр). Беліне керек шор болат, денеге керек *жалаңқат* (Батырлар жыры).

Жалаңқат сауыт. *Бұрынғы батырлар киген сауыттың бір түрі. Жалаңқат сауыт* қалың металдан тұтастай соғылып, екі бөліктен (кеуделік пен арқалық) тұрады (ҚҰЭ). Әсіресе *жалаңқат сауыттары* сақтар, сарматтар, қыпшақтар көп қолданған (ҚҰЭ).

ЖАЛАҢҚАТ[2] с ы н. *Жалаң қабат.* Тең болар оның панасы – *жалаңқат* киген шекпенге (Үш ғасыр). Киген тоның *жалаңқат,* Ысқатта бар саламат (Ақтан, Құнанторыс). Өлшеулі демі біткенде Ажалдың оғы жеткенде, Бадана көзді берік сауыт Тең болар оның панасы – *Жалаңқат* киген шекпенге. Қайтпайтын жаудан қайратты Маңдайдан шыпшып қара тер Жанды жерден қадалған – Бір жалғыз оққа кез болар! (Базар жырау, Шығ.).

ЖАЛАҢҚАТ[3] с ы н. ж е р г. *Жартымсыз, болмашы, азғана.* Ташкентке түнде тұңғыш рет *жалаңқат* жұқалаң қар жауып, арты қалың тұманға айналған (Ш.Мұртаза, Жұлдызды.).

ЖАЛАҢҚАЯ[1] з а т. *Суық, бұрқасын кез.* Былтырғы *жалаңқаяя* кезінде малдарымыз жаман жүдеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАҢҚАЯ[2] с ы н. қ а р а п. **1.** *Бос, мәнсіз.* – Ауы атқа, аузы асқа жарымай жүрген жалғыз атты *ж а л а ң қ а я* біреуге берсем обал (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Шіркін, газетте отырғандар да осындай бір *ж а л а ң қ а я* сөзге келгенде шалдырмай кетеді-ау (С.Шаймерденов, Қарғаш). **2.** а у ы с. *Жаландаған, жалмаң-жалмаң еткен.* Жарлы алады қызметпен өткерем деп, Елубасы – шар салып, леп берем деп. *Ж а л а ң қ а я* жат мінез жау алады, Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛАҢҚИЯ[1] з а т. *Шөп өспейтін тасты, таулы аймақ. Ж а л а ң қ и я* жартаста тартты көкпар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАҢҚИЯ[2] с ы н. ж е р г. *Сырқия, сұм.* Бұлардың көбі *ж а л а ң қ и я* келеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАҢҚОЙ с ы н. *Жалаң, бос, мәнсіз.* Бүкіл өмірін ел игілігі – мал шаруашылығына арнаған Танабай Бақасов өмірі арқылы автор адам тағдырының күрделі де күрмеулі сәттерін бейнелеумен бірге сол кезеңдегі партияның *ж а л а ң қ о й*, жалған, көзбояушылық әрекеттерге бой ұрып отырғанын әдеби тілмен әшкерелеген бұл туынды да – әдеби сын мен оқырман ықыласының назарынан тыс қалған жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛАҢҚЫ с ы н. **1.** *Жаланаштау келген, тақырлау.* Екіншісі орманның теріскей жақ *ж а л а ң қ ы* тұсын жағалап кетеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Жаландаған тойымсыз, ашқарақ; обыр.* Ашқарақ, *ж а л а ң қ ы* мінезінен мал да айығады (Ә.Қалмырзаев, Ар). Ол би пара алғыш *ж а л а ң қ ы* бір қу болса керек (Д.Шалқарбаев, Бесекбай әңгімесі).

ЖАЛАҢТӨС с ы н. **1.** *Білекті сыбанып кірісетін, ештеңеден тайынбайтын (кісі).* Ойдан-қырдан оңай олжа іздеген *ж а л а ң т ө с* жас жігіттер соның (Барақтың) жасыл жалауының астына жиналды, жас батыр жасағын бастап, жат елге талай-талай аттанды («Қаз. әдеб.»). Және соңғы бір үш-төрт жыл ішінде бұл сөзді ара-тұра бетпе-бет айтып та қалып жүрген *ж а л а ң т ө с т е р* (Ә.Көшімов, Лашын.). **2.** *Аянар түгі жоқ, мұқтаждықпен күн кешкен қара табан.* Айтқан батырларыңыздың бәрі, Жоламан сұлтаннан өзгесі, кілең ашық кеуде *ж а л а ң т ө с* кедей батырлар екен (І.Есенберлин, Қаһар).

Жалаңтөс, жүнді балақ батыр. *Сом кеуде, бура сан, алып, ержүрек батыр.* Халыққа тек импрам «тобыр» деп қарайтын Әбілқайыр, сонау *ж а л а ң т ө с, ж ү н д і б а л а қ б а т ы р л а р д ы ң* артында рулары барын, ол ел деген мағына осы руларда екенін есепке алмайтын (І.Есенберлин, Айқас).

ЖАЛА-ПӘЛЕ з а т. с ө й л. ***Бәле-жала.*** Оның әлпетінен салпы ауыз Омар *ж а л а-п ә л е* жалғыз қайғыдан құтқару үшін жанын сала кірісіп жүрген сыңайы байқалады (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер.).

ЖАЛАП-ЖАЛМА= е т. *Тұқ қоймай сыпырып-сиыру, ештеңе қалдырмау.* Күн найза бойы көтеріліп, айналасын *ж а л а п-ж а л м а п* қарып барады (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖАЛАП-ЖАЛМАУ *Жалап-жалма етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л а п-ж а л м а у ы н* қояр емес.

ЖАЛАП-ЖҰҚТА= е т. **1.** *Жұғын қалдырмау, дым қалдырмау, тазалау.* «Бозқасқа барып үйге берермін» деп, Аударып көре берді жылап-сықтап. Байтақтан бір сағатта байлығы асты, Жарлы еді жарма жейтін *ж а л а п-ж ұ қ т а п* (Т.Ізтілеуов, Назым). Әке-шешеден ерте айырылып, қаршадайынан Абыралы босағасын сығалап, қалған-құтқанын *ж а л а п-ж ұ қ т а п* өсті (Ә.Сараев, Тоскауыл). Шикі бөлкенің бесеуін бірдей *ж а л а п-ж ұ қ т а п* қойған сағаң дауа жоқ екен, – дейді Нұржамал аузын ашып, көзін жұмып (М.Хасенов, Тұлпар.). Шешем кебекті ұшырып болғаннан кейін, Алыпсоқ түгін қалдырмастан *ж а л а п-ж ұ қ т а п*, сылқытып тұрып соғып алды (Ө.Қанахин, Дәмелі). **2.** *Сыпырып-сиыру, тақырлау.* Қыста сүйегіңнен өтетін аңызақ желі жазда да төңіректі *ж а л а п-ж ұ қ т а п* тұрады (Ә.Төреханов, Хан төңірі). **3.** а у ы с. *Малдың төлін жалап, иіоі.* Сақа ақ саулық та кішкентай қос қошақанының үстіне түсіп, *ж а л а п-ж ұ қ т а п* маңына жуытар емес («Лен. жас»). **4.** а у ы с. *Өбу, сүю, аймалау.* Ана баласының бет-аузын *ж а л а п-ж ұ қ т а п* тояр емес, мейірі қанар емес (Т.Тілеуханов, Біздің әке.).

ЖАЛАП-ЖҰҚТАУ *Жалап-жұқта етістігінің қимыл атауы.* Тойынған ит бұрынғыдай *ж а л а п-ж ұ қ т а у д ы* қойды («Лен. жас»).

ЖАЛАП-ЖҰТ= е т. **1.** *Тұқ қалдырмай қылқып, жалмау, жұғын қалдырмай тақырлау.* ≈ *Жалап-жұтып* қойыпты. **2.** а у ы с. *Апшысын құыру, тықсыру.* Жалақтаған қыс ешкімнен жасқанбайды; қармен көміп, аязға қарып, *ж а л а п-ж ұ т ы п* өте шығады (Ғ.Орманов, Жүрек).

ЖАЛАП-ЖҰТУ *Жалап-жұт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л а п-ж ұ т у д ы ң* зардабы.

ЖАЛАС з а т. ж е р г. *Белес, жота.* Анау көрінген *ж а л а с т ы ң* ар жағында (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАС= е т. **1.** *Жалап-жұқтасу.* Шалдар... табақ түбі тақырланғанда барып еңсесін көтерісіп, майлы бармақтарын *ж а л а с т ы* (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** с ө й л. *Жалмаңдасу, жалмаң-жалмаң ету.* Күндіз түгіл, түн қорқып, Жүрмеді жаулар *ж а л а с қ а н* (Т.Ізтілеуов, Ел

қамы.). **3.** а у ы с. *Аймаласу, сүйісу, өбісу.* – О, менің бақытым, менің жүрегім! – деп, Баранов қапсыра құшақтай алды да, екеуі бұзауша *ж а л а с т ы* (Ә.Әбішев, Замана.). Шығыс халқы жұрттың көзінше *ж а л а с ы п* жатпайды, – дедім мен (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Ауыз жаласты. *Ынтымақтасты, ниеттес болды.* «Апама жездем сай дегендей, екеуінің *а у ы з ж а л а с ы п,* жең ұшынан жалғаса қалуын қарашы» – деп Сәлмен бұлардың тез арада әмпей-жәмпейге келгенін жаратпай отыр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЛАСУ *Жалас етістігінің қимыл атауы.* **≈** Бармақ *ж а л а с у.*

Ауыз жаласу. *Ынтымақтасу, бірігу, одақтасу.* Ол ол ма, маошылдар империалистік елдермен, соның ішінде АҚШ-пен, Батыс Германиямен, Жапониямен *а у ы з ж а л а с у д а* («Қазақст. комм.»).

ЖАЛАСЫП-ЖҰҚТАС= е т. э к с п р. *Аймаласу, өбісу, сүйісу.* Кейбір жастар өздерінің оқуға түскендігін тындырып жүргеніміз деп ойлай ма әйтеуір жұрт көзінше *ж а л а с ы п ж ұ қ т а с а д ы* да жатады («Лен. жас»).

ЖАЛАСЫП-ЖҰҚТАСУ *Жаласып-жұқтас етістігінің қимыл атауы.* Ол – орыс, мен – қазақ. Қазақ қызы *ж а л а с ы п-ж ұ қ т а с у д ы* жек көреді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАЛАТ= е т. **1.** *Өзгенің жалауына қол жеткізу.* Қозы туғаннан кейін оның тұмсығын шаранадан тазартады да енесіне *ж а л а т а д ы* (Шопан серігі). **2.** *Тамақтандыру, беру, татқызу.* Қыстығүні малға тұз *ж а л а т а д ы,* ащылы жайылымда тұз берудің керегі де болмайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қази алакеуімде тұрды да, сабырсыз қимылымен ат ерттеп, Лашынға жеңіл сорпа ғана *ж а л а т ы п,* айналасы сүт пісірімдей уақытта жүріп кетті (М.Мағауин, Ақша қар). **3.** қ о л ө н е р. *Жұқалап жағу, жүргізу, апту.* Тұңғиық көкке ақ *ж а л а т ы п* өткендей ала шұбар бұлт қана қалқиды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Күміс белбеуінде жез сағалы, қынына алтын *ж а л а т қ а н* көк семсер (І. Есенберлин, Қаһар). Қара құлпының алтын *ж а л а т қ а н* үш кілті бар. Оны Қарадәу тастамай, белдігіне байлап жүреді (Тұлпар). Темірге күміс *ж а л а т қ а н* да – зергер, темірдің өзін соққан да ұста (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Аузын [аузы-басын, аузы-мұрнын] қан жалатты. *Ұрып-соғып, аузы-мұрнын бұзды.* Мараттың *а у з ы н* күн сайын бір рет *қ а н ж а л а т ы п* тұрмасам, атымды басқа қойыңыз! (« Лен. жас»). – Оның соңынан Сыздық келіп, екеуі қосылып, менің *а у з ы-б а с ы м д ы қ а н ж а л а т т ы,* – деді Жақып (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұл өзі – сыпайы, биязы жігіт деп жүрсек... жақында бір шофермен төбелесіп, оның *а у з ы-м ұ р н ы н қ а н ж а л а т қ а н* (З.Шашкин, Сенім).

ЖАЛАТАЙ с ы н. ж е р г. *Жылпос, өтірікші, алдамшы.* Ол жүрген бір *ж а л а т а й* ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Соны қойшы, бір *ж а л а т а й* адам ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАТАЙШЫЛЫҚ з а т. ж е р г. *Азғындық, алаяқтық.* Мен бір ертерек *ж а л а т а й ш ы л ы қ* жасаған адам ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАТУ *Жалат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Беру, тамақтандыру, татқызу.* Қыс айында да қойға бір мезгіл тұз *ж а л а т у* қажет (Абзал жандар). **2.** қ о л ө н е р. *Жұқалап жағу, апту.* Қалған мөлшері... кейбір қымбатты заттардың бетін алтынмен *ж а л а т у* үшін қолданылады (Қ.Нұрымбетов, Метал.).

ЖАЛАТЫЛ= е т. *Апталу, күптелу, жүргізілу.* Басында әдемі көк мақпал тебетейі... кейбір жерлеріне жұқа алтын *ж а л а т ы л ғ а н* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). – Өй, өзіңнің денің сау ма? – деді Нұрмағанбет, – ысқылай берген соң *ж а л а т ы л ғ а н* күмістің тез кететінін білемісің (К.Оразалин, Абай.).

ЖАЛАТЫЛУ *Жалатыл етістігінің қимыл атауы.* **≈** Алтын *ж а л а т ы л у.*

ЖАЛАУ[1] з а т. **1.** *Қалыпты түсті матадан істеліп, сап бекітілген ту.* Үйдің маңдайшасындағы түсі әбден оңған *ж а л а у* естілер-естілмес суылдайды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). **2.** <гол. vlag> *Елтаңба салынған, бір түстес матадан істелген ту.* Жалғыз *ж а л а у* жалтылдап Тұманды теңіз өрінде. Жат жерде жүр не тыңдап? Несі бар туған жерінде? (Абай, Тол. жин.). Қазақстанның кең даласында, жаздың жайма-шуақ күнінде Отанымыздың алтын туымен астасқан барлық туысқан республикалардың *ж а л а у л ы* көтерілмек (І.Омаров, Шабыт.). Екі континентте де бостандық пен тәуелсіздіктің түрлі түсті *ж а л а у л а р ы* көбейді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **3.** ә с к. *Түркі халықтарының өз әскерін жау әскерінен ажырату үшін жауынгерлердің найзасына, дулығасына матадан қиып таққан арнайы белгісі.* Найзаға, дулығаға *ж а л а у* таққан жауынгерлер шығыс миниатюраларында жиі кездеседі (ҚҰЭ). **4.** и н ф. <ағыл. flag> *Дербес жұмыс істейтін құрылғы үшін стандартты операцияларды орындау ерекшеліктерін көрсету мақсатында бағдарлама арқылы орнатылатын белгі; бір разрядты индикатор. Ж а л а у* кейбір шарттардың орындалуын немесе даярлануын көрсететін жалауша сигнал (бір разрядты индикатор) немесе ақпаратты өңдеу процесінде компьютерлерде пайдаланылатын идентификатор (ҚҰЭ).

Ақ жалау. *Соғысушы екі жақтың бірінен дұшпанмен келіссөзге шыққандықтың белгісі*

ретінде көтеретін ту. Жер тырнап үш жүз мың жасағы Ақ қарды кеудемен осады. *Ақ жалау* қалтырап аспанда, Фельдмаршал бетін басады (М.Әлімбаев, Таңд. өленд.).

Жалау етті. *Үлгі-өнеге тұтты.* Еркебұлан сұлулық дүниесін халық алдына *жалау етіп* көтерді (І.Омаров, Серпін). Аялдауға уақыт жоқ кете бардым, Үрледі де жалынын кек пен ардың. Төзіміме жан ана *жалау етіп,* Қанды майдан шебіне төте бардым (Қ.Көпішев, Кезеңдер). Кеудесінде таулардың, Кемесінде орманның, *Жалау етіп* ерлікті, Ескек етіп ерлікті, Есіп келе жатырмын! (Т.Айбергенов, Өленд.).

Көңілге жалау болды. *Медеу етіп, өсиет өнеге тұтты.* Қиын күнде *көңілге жалау болған* сөздің иесін қатты құшып, құттықтаған болар едім (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

Қара жалау. э т н. *Қайғылы қаралы ту.* – Берген малы ана маңдайшасында *қара жалауы* салбыраған сегіз үйдің азаматтарының орнын толтырмаса да... шиеттей бала-шағасы таңдайына тартса, ішімізді тесе ме? (Б.Аманшин, Көкжар). Сан қырлы тағдырлар, мазасыз өткен күндер шежіресі. Тарихтың *қара жалауы* ойына еріксіз оралады (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Түннің жалауы жығылды. *Таң атып, жарық бола бастады.* Айналып келді батқан күн, *Жығылды түннің жалауы.* Алауын бақпай ақ таңның, Жұлдыздар сөніп барады (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛАУ[2] *Жала етістігінің қимыл атауы.* Әр үйдің мен төбесін, Тұмсығыммен түрткілеп Білуім керек сияқты, Қабырғаға жабысқан Әр үйдегі сылақты *Жалауым* керек сияқты (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Қойдың жылқы құйрығын *жалауы* немесе айыл-тұрман талқандауы – организмде минералды заттардың жеткіліксіздігінен, тұз сұрауынан болады (Тарту).

ЖАЛАУДАЙ с ы н. *Жалау сияқты, жалау тәрізді.* Көтере жөндеудің алғашқы күндерінде туған жарыс *жалаудай* желбіреп алға бастап барады (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қыз басындағы қызыл байлам *жалаудай* желбіреп, жарын күтуде (С.Қирабаев, Октябрь.). Ер жүрек жауынгердің қаһармандық бейнесі *жалаудай* жалтылдап, Оның кесек тұлғасы нақ көзіргідей көз алдыма келеді (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖАЛАУЛА= е т. **1.** *Желбіреу; алаулау.* Ақ жалын алаулаған күнге айналған күн емес *жалаулаған* гүлге айналған. От күліп, көрік гүлеп, балға билеп, Ыбырай жыр жауғанын білмей қалған (С.Ибраһим, Гәкку). Жол бойы жалтылдаған, жылы ұшыраған, *жалаулаған* қызыл бояулар осылай қайталана береді, көңілге нұр құйып мың құбылады (Ж.Дәуренбеков, Шұғылалы.). **2.** а у ы с. *Көңілі алабұрту, жаны жадырау, желпілдеу.* Жаның бүгін *жалаулап,* Жүзің мүлде өзгерген. Көңіл ағы алаулап, Көкірекке сөз берген (Т.Шопашев, Көңіл.).

ЖАЛАУЛАН= е т. *Ағараңдану, алаулану, жалқындану, ақжалқындану.* Таң ақ *жалаулана* тұрған ағасының әлі сол тынымсыз күйбеңмен ауылдан шығандап, қой соңынан кете алмай жүргенін Науан аңдап отыр (М.Сүндетов, Құмдағы.).

ЖАЛАУЛАТ= е т. **1.** *Жалау көтеру, жалау ұстау.* Жетті жастық алаулатып Артекке, *Жалаулатып,* шырлап шығып тау көкке. Жастық космос жұлдыздарын әріп қып, Өз өмірін жазып жатыр анкетке (С.Мәуленов, Шалқар). Аз ба бүгін асыл ұлың қолдағы, Шартарапқа шашылулы жол дәмі, Сен соларды тас төбеңе көтеріп, Солар жанын *жалаулатсаң* болғаны (Ғ.Қайырбеков, Большевик.). **2.** *Жалау тәріздендіру, алаулату, қызыл түске бояу.* Қызылкүрең шапағын алаулатып, Күн батып бара жатыр *жалаулатып,* Аяулы сәт алыстап әлдеқайда, Айрылысар шақ келді, санаулы уақыт (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жар салу, дабырайту.* Басқа елдің жерінен мұндай қазына табылса жаһанға жар салып, *жалаулатып,* жарнамалатып жатар еді («Астана ақшамы»). **4.** *Лаулату.* Жаңыл отты *жалаулатып,* қатты жақты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛАУЛАТУ *Жалаулат етістігінің қимыл атауы.* Себепсіз *жалаулатуға* болмайды (Ауызекі).

ЖАЛАУЛАУ *Жалаула етістігінің қимыл атауы; жалау қадау.* ≈ Жеңіс құрметіне үйлерді *жалаулау.*

ЖАЛАУЛЫ с ы н. **1.** *Жалау ілінген, жалауы бар.* Біз *жалаулы* үйге қарай тарттық. Бұл – малшылар дүкені екен (С.Мәуленов, Жер нәрі). Талай соғыс болғанда, Қайырлы еді қадамың. Сенің атаң бір күнде Қыл *жалаулы* қалмақтың, Он екі бұзған қамалын (Көрұғлы). **2.** а у ы с. *Озат, марапатталған.* Алдында келе жатқан ж *алаулы* комбайншы Нұрланды көріп тоқтады (З.Шашкин, Сенім). **3.** а у ы с. *Жайнаған, шаттышадыман.* Жаураған жамаулы күйіңде келіп, жайнаған *жалаулы* күніңде кетіп барам, – деп ол сәл қызарған көзін ақ орамалмен бір сүртіп қойды (Ғ.Қайырбеков. Жел қайық).

Жалаулы найза. *Қыл құйрық ілген найза.* Бөрідейін жол тартып, Жауырынына мұз қатып, *Жалаулы найза* қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда! (Махамбет, Өленд.). Тобын жазбай сілтеген алпыс аттылының шаңы мен дүбірі, желге ысқырған *жалаулы найзасы,* қиқулаған дыбысы жолында тас қамал түрса да жапырып өтетін сияқтанды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖАЛАУЛЫҚ с ы н. *Жалауға арналған.* Амантайды күт. Денсаулығыңды сақта. Қызыл *ж а л а у л ы қ* матаңды даярлай бер (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАЛАУСА з а т. с ө й л. *Жала.* Байбақты Жүністің қарашысымын де. Шетінен даукес, сөздерінің бәрі *ж а л а у с а.* Сақалыңды сыйладым сонда да бір жолға (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖАЛАУША[1] з а т. **1.** *Көлемі кішкентай жалау.* Клубта үлкен жиын болып жатыр. Қабырғаларда *ж а л а у ш а л а р* (Ә.Ахметов, Алда.). Етегі жайылған Ертіс. Ертіс бойы өткен жылы боран. Боранда жалғыз арба, жалғыз *ж а л а у ш а* (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** т а р. *Еңбекте, оқуда т.б. табысқа жеткен екпінділерге, белсенділерге берілген белгі.* Совхоз комсомол ұйымының секретары Қалихан Қаражігітов жарыс озатына деген *ж а л а у ш а н ы* тапсырды (Дала қырандары).

ЖАЛАУША[2] ү с т. *Жалауға ұқсап, жалау сияқты.* Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады Қанатын *ж а л а у ш а* (Ә.Ахметов, Жеруйық). Ең аяғы үлкен отта маздап жанып, үлкен жалынын *ж а л а у ш а* жайып, тыңдап қалғандай (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын).

ЖАЛАУШЫ з а т. *Жалау ұстаушы, жалау иесі.* Кейде *ж а л а у ш ы н ы ң* өзі кешігіп, күн көтерілгенде көрінетін жалауша жұрт көндіге алмай-ақ қойды (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАЛАУЫРЫН з а т. ж е р г. *Жалақы, еңбекақы.* Біз қолхозда *ж а л а у ы р ы н* алып істемейміз, еңбеккүн аламыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛБА с ы н. *Жұлымы шығып жыртылған, шоқпыт.* Жең – *ж а л б а,* етік – қисық, тоқым – жыртық, Түсеміз аттан әрең сонда еркелеп. Болған соң тақым бекіп жылқы айдастық, Құлынды үлкендермен бір байластық (А.Байтұрсынов, Шығ.). Төменгі жақта жаман тымақты, *ж а л б а* киімді кедейлер, орыс, қазақ киімін араластыра киген мұғалімдер, жастар, жай жігіттер отырсын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Келесі күні кешке Дүйсенбайдың *ж а л б а* киімін киіп алып, іңірде Атбасарға тарттым (С.Омаров, Қызыл.).

Жалба тымақ. *Жұлым-жұлым тымақ киген адам.* Олар мынау жаңа өлкені әлі күнге дейін қайдағы бір *ж а л б а т ы м а қ т а р* әрлі-берлі құйын қуып шапқылап жүрген Құдайға керексіз құла түз деп ойлайды (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЖАЛБАҒАЙ[1] з а т. *Күн өтпеу үшін немесе масадан қорғану үшін істелген бас киім, күләпара.* Көшпесе өлісер жеріміз осы болды! – дейді де *ж а л б а ғ а й д ы ң* бауын тас қып байлап алды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Шахтаның төбесіндегі порода тастардың жігінен шашшыған су оның *ж а л б а ғ а й ы н а* кейде тырсылдап тамшылады, кейде фонтандай атқылады (С.Мұқанов, Аспаз). *Ж а л б а ғ а й ы ң д ы* аласың ба (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалың егіннің арасынан әлдекім түрегелді, үстінде *ж а л б а ғ а й ы н* басына киген көгілдір плащ (С.Мұқанов, Шығ.). *//Жалбағай киген адамдар.* Бір уақыттарда шалғы түскен құрақтай жағадай жапырылып жатқан ала тақиялар, сеңсең бөріктер, тығырық бөріктер, *ж а л б а ғ а й л а р* ақ сәлделер де тасылды (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЖАЛБАҒАЙ[2] з а т. *Сарғыш түмсығы қалақ тәрізді, түсі біркелкі ақ, қауырсынсыз, қара сирақты ірі құс.* Бұл көлдегі адам барып көрмеген аралдарда үлкен ақ қарқара мен *ж а л б а ғ а й л а р,* көлдің кермек сулы айдындарында... қызғылт қанатты фламинго кездеседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). Қарай гөр, қанаты сынған құс қасында *ж а л б а ғ а й* мен жапалақ ұшып жүрсе қайтесіз (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖАЛБАҒАЙЛЫ с ы н. *Жалбағайы бар, күләпаралы.* Үстіне *ж а л б а ғ а й л ы* шекпен, аяғына резина етік киіп, белін бас жіппен буынған жас қыз... тысқа шықты (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Үстінде қалыңдау кенептен тігілген мол *ж а л б а ғ а й л ы* суқағар, басында ескілеу кепкі (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Пірәдәр киімі жұқа. Бименді оған тонын берді. Өзі күпі сыртынан *ж а л б а ғ а й л ы* шекпен киді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖАЛБА-ЖҰЛБА с ы н. *Жұлым-жұлымы шыққан, шоқпыт-шоқпыт.* –Қыс болса мекеніміз жапырайған жер кепе, жаз болса түйенің тозған жабуындай *ж а л б а-ж ұ л б а* лашық (С.Омаров, Дала қызы). Сол-ақ екен, екі емшінің біреуі *ж а л б а-ж ұ л б а* арық шал атынан түсіп, емеңдеп жақындай берді (Ә.Кекілбаев, Үйқыдағы ару.). Келе жатқан Төстікті Күні бұрын көреді. Қолында жеген бүйрегі, Қойында болат ірегі, Жалмауыз кемпір жұртта отыр *Ж а л б а-ж ұ л б а* кигені (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАЛБАЙ з а т. ж е р г. *Жалбағай.* Басындағы *ж а л б а й ы* милықтанып, буы бұрқырап терлеп, ентіккендей болып тұрды (Б.Майлин, Шығ.). *Ж а л б а й ы н ы ң* арты жалбаңдап, тепең жортысқа салып Жанбикенің көшінен өтіп жөней берді (Б.Майлин, Шығ.). Жел беттегі отау-отау боп өскен тас үстінен әуелі біреудің сұр *ж а л б а й* киген басы қылтиды (А.Нұрманов, Құлан.).

ЖАЛБАҚ[1] з а т. *Жарамсақтық, жағымпаздық.* Бай Палиқын паңдықпен басады аяқ, Қайыршыға түксиер түйген қабақ. Екі малай артынан ертіп алған, Күшік иттей қылып жүр бойға *ж а л б а қ* (Абай, Тол. жин.). Кей жерде... жағымды жігіт боламын деп, заңды жұмысты

өзінің бір керегіне жарататындай көрінгенге *жалбақпен* күнін өткізді (С.Дөнентаев, Шығ.).

Жалбақ қақты. *Біреудің алдында құрдай жорғалады, құрақ ұшты.* ...Қалақай келгенде бұл үйдің іші түгелдей *жалбақ қағатынды* сондықтан екен ғой (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖАЛБАҚ[2] с ы н. *Жалбыраған, жалбаң-жалбаң еткен.* Мекиен күркілдеп, қызыл *жалбақ* айдары, мың құбылған (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім).

ЖАЛБАҚАЙ с ы н. э к с п р. *Жалбақ қаққыш, жарамсақ.* Әкесіндей ар-намыстан, адамдық абзал қасиеттен жұрдай, жағымпаз, *жалбақай* болып өссе ше? (Б.Аманшин, Жар мұңы). *//Жағымсыз, жарамсақ адамдар.* Қылмысты да, жай ғана көлеңкесінен қорыққан да, ит үргенге қосыла шапқан *жалбақайлар* да қозғалған сеңмен араласып, улап-шулап теңізге жөңкілді (Ә.Сараев, Тосқауыл). Бұл кезде Матай маңына жиналған *жалбақайлар* Шалқасқа атты мақтасып, дуылдасып жатыр еді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖАЛБАҚТА= е т. э к с п р. **1.** *Далбақтап даланду, жалп-жалп ету.* Қораға тола қапты адам, Үйтқыды шылым шумағы. Связной кірді қақпадан *Жалбақтап* түлкі тымағы (Х.Ерғалиев, Жайық.). Ауыл жақтан *жалбақтаған* бір атты көрінді (К.Қазыбаев, Ызғар). **2.** а у ы с. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу, жаны қалмау.* Машинадан түскен Жұрнақбаев Бақыбайдың бірі оң қолын, бірі сол қолын алып... бәрі *жалбақтап,* жабылды да қалды (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Мына пошташы қартқа Сағынайдың сонша неге *жалбақтағанын,* әйел, әрине, ұғынып жарыған жоқты (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Әрине курс меңгерушісі бұл жолы Торғынды мүлде басқаша қабылдады, *жалбақтап* асты-үстіне түсіп, қолма-қол тізімге алды (К.Жұмаділов, Соңғы көш). Жағамын деп *жалбақтаман* ешкімге, Жүре бердім кешпейтінді кештім де. Ысы болар Шықпағанмен түтіні Шаңырақка жылу берер пештің де! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жәрмеңке сайын жандармдар бай, көпес, әкімдерге *жалбақтап* соларды қорғаштап, жарлы-жақыбайды зәбірлейтін (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖАЛБАҚТАС= е т. *Бәйек болысу, құрақ ұшысу.* Мың тоғыз жүз үшінші жыл келген ояз, Жазына елге шығып қылып ояз. Начальник крестьянский оның аты, Кедейлер *жалбақтасып* болыпты мәз (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ЖАЛБАҚТАСУ *Жалбақтас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жағынысып *жалбақтасу.*

ЖАЛБАҚТАУ *Жалбақта етістігінің қимыл атауы.* Балаға жатып жастық, иіліп төсек боп, *жалбақтаудан* жаман ештеңе жоқ (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

ЖАЛБАЛА= е т. *Жұлым-жұлымын шығару, тоз-тозын шығару.* Қозы баққан жетім баланың аяқтары қап-қара, тілім-тілім жара, ойлы-қырлы тастақ жер шалбарының балақтарын *жалбалаған* («Лен. жас»).

ЖАЛБАЛАҚТА= е т. **1.** *Далбақтап даланду, жалп-жалп ету.* Күмбез сарай жақтан *жалбалақтап* шапқан аттылы көрінді (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** а у ы с. *Ес-түсі кетіп, құрақ ұшу, бәйек болу.* – Жылыныңыз!.. Пешке барыңыз! – деді Горбунов *жалбалақтап* (С.Мұқанов, Ботагөз). Мұнан кейін кірген қарауыл шал Бақанадай бұлтармай *жалбалақтап* бәрін айтты (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАЛБАЛАҚТАУ *Жалбалақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бәйек болып *жалбалақтау.*

ЖАЛБАЛАН= е т. *Жұлым-жұлымы шығу, тоз-тозы шығу.* Өмірбектің көзі қиғаштанып *жалбаланған* қағазға оқша қадалды (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЛБАЛАНУ *Жалбалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбалануды*ң қажеті қанша?

ЖАЛБАЛАУ *Жалбала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Төбеттер бірін бірі *жалбалауға* кірісті.

ЖАЛБАҢ е л і к. *Ебедейсіз, икемсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Жақындық, жарастықты *жалбаң* біліп Жанымды жаралама жалған күліп. Ес білмес, ермек қуған бала емеспін, Жұбантар ойыншықпен алдандырып (Ә.Оңалбаев, Өсиет).

Жалбаң қақты. а) *Жалбаңдады, қалбаң-құлбаң етті.* Шал кетті таң атқан соң сиыр бағып, Кешке жақын келеді *жалбаң қағып.* Тор қасқасын борбайлап, ойбай салып, көзінен ағыл-тегіл сорасы, ағып (Қаз. ақын. шығ.). ә) *Жалбақтап құрақ ұшты, құрдай жорғалады.* Әсіресе президиумда отырғанда қасындағы әкімдер алдында *жалбаң қағып* езуін жимай, қола тісін жиі көрсетеді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Алдына алуан түрлі тамағын әкеліп, арақ-шарабын қойып, *жалбаң қаққан* болады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАЛБАҢДА= е т. **1.** *Даланду, жалп-жалп ету, жалпылдау.* Баланың жаман тымағының құлағы *жалбаңдап,* қисық өкшесі тарсылдап барады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Иттер толассыз үреді. Есләмбек болса *жалбаңдаған* қарақшыға үнсіз көз тастап ойланып отыр (З.Иманбеков, Айналайын.). **2.** а у ы с. *Ебедейсіз, икемсіз қимылдау, жалпылдау.* Ол жар басынан ұшқан жапалақша *жалбаңдап,* ауылға қарай қаша жөнелген еді (З.Жәкенов, Таң самалы). Серке борбай, қатпа құнанның үстінен ұшардай болып, *жалбаңдай* шауып келе жатқан өз ұлы Серікбосын екен («Лен. жас»). **3.** а у ы с.

Жалпақтау, құрақ ұшу. – Ден сау ма, келін, мал-жан амандық па? – деп, Демесін *жалбаңдап* амандасып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Бала шағынан Шепеге атқосшы болған ол, мейлінше пысық, сықаққой, үлкен демей, кіші демей кім көрінгенмен *жалбаңдап* ойнай беретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сәрсеннің тірі күнінде аға деп *жалбаңдап* тұратын Малкөз Сәрсен қайтыс болғаннан кейін де ептеп араласып тұратын (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). Ауылда күнде ойын-той, Аяй ма барын қазекең. Сүйінші сұрап ауданнан, *жалбаңдап* шапса Базекең (З.Тілеужанов, Толағай тау).

ЖАЛБАҢДАС= е т. *Жалпаңдасу, жалбақтасу, ашық-жарқын араласу, мәз болып, көңіл көтерісу.* Манағы... қайыршы шал-кемпірлер енді көрден шыққандай өздерінің тұрғыластарымен *жалбаңдасып* ойнап-күліп жатыр (С.Мәуленов, Үркер.). Жаздың көркі енеді жыл құсымен, көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал *жалбаңдасар* өзінің тұрғысымен (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛБАҢДАСУ *Жалбаңдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбаңдасулары н* қара!

ЖАЛБАҢДАТ= е т. *Жалбақтату, жалбалақтату, жалбаң-жалбаң еткізу.* Ол арғы сайдың басында тұр екен, тымағын құрыққа шаншып алған, соны *жалбаңдатып* өзі – «қияқ-қияқ», – деп қояды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Ыза боп, көзі от шашып, тісі күліп, шаршаған офицердің мысы құрып Алдында *жалбаңдатып,* жылтыңдатып, Бөлмеге келді семіз кісі кіріп (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң).

ЖАЛБАҢДАТУ *Жалбаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жаман шапанын *жалбаңдату.*

ЖАЛБАҢДАУ *Жалбаңда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалпылдау, далаңдау.* Шынардың кеудесіне қона бергенде, Елеусіз қағып алды да: – Топшысы қиылған жапалақтай *жалбаңдауын* қарашы! – деді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **2.** а у ы с. *Жағымпаздану, жағыну, жарамсақтану.* – Жоқ, – деді бастық кенет бізге оқыс бұрылып, – Құттықтау жіберді екен деп бәріне бірдей телеграмма соғып *жалбаңдауды*ң қажеті жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛБАҢ-ЖАЛБАҢ е л і к. *Жалп-жалп етіп, қайта-қайта жалпылдаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалбаң-жалбаң етті. а) *Әлсін-әлсін жалпылдап, қозғалақтады, желпілдеді.* Үш жағы қылшықтылау жарғақ құлағы *жалбаң-жалбаң етіп,* әлсін-әлсін артына қарайды (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Желкем жел қеулеген шекпеннің етегінен ұстап *жалбаң-жалбаң етеді* (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер). Ол қайықтың тасасынан тоңқаландай тұрып, жүгіріп ала жөнелді. Күрткесінің мол етегі *жалбаң-жалбаң етіп* бара жатты (М.Айымбетов, Шілде). ә) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.* Үлкенге де, кішіге де *жалбаң-жалбаң етіп,* желге ұшып кетпей жүргеніңе де шүкірлік (Жастар эстрадасы).

ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ е л і к. *Жалп-жалп етіп ебедейсіз, икемсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.* Елібай... ат үстінде отырып қалды. Қарақшылар тырым-тырақай *жалбаң-жұлбаң* қаша жөнелісті (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖАЛБАР= е т. с ө й л. *Жалбарыну, жалыну.* Екеуі жынды судан ішіп салды, Құтырып көп алдына жетіп барды. Өңкей жынды байқамай айтыппыз деп, Құлдық ұрып бұларға көп *жалбарды* (Абай, Тол. жин.). Мәжнүнге елі-жұрты түгел барды, Мекеге жүріңіз деп көп *жалбарды.* Халқы мен ата-анасы зарласа да, Олардың тілін алып бармай қалды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Таң атқанда, *жалбарып,* Тәңіріге құлдық қылғаны, Ісіне оның таңданып, Көнілі хаққа сынғаны (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұл қалай болды? – деп қорықты залда, жаны ашып жас қосылған ғашық жарға, *жалбарып* Жаратқанға жалынып жүр, Бастыра гөр, – деп осы ісімді оңда (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАЛБАРАҚТА= е т. *Жалпылдау, жалбаңдау.* Сәлеметсіз бе? Сіз тағы да келіп қалдыңыз ба? – деп майор *жалбарақтай* амандасты (Ж.Жұмақанов, Әлия). Апырай, аман оралғаның қандай жақсы болды, өлімге барып қайттың. Қайырлы болсын! – деп *жалбарақтады* шофер (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

ЖАЛБАРАҚТАУ *Жалбарақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбарақтауды* жақтырмайтын.

ЖАЛБАРЫН= е т. *Құлдық ұрып, қиылып жалыну.* Сыйындым пайғамбарлар барын айтып, Данышпан Лұқпанды, кәріні айтып, *Жалбарындым* әулиелер жүмләсіне, Сегіз жар, он екі имам жарын айтып, (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қолдағы құшырынды жұмса, Сәке, Ұстазың Әбу-Синаға *жалбарын* да (О.Шораяқов, Шайыр). Қоштасарда болдым деп бос қалатын *Жалбарындым* жамылып аспан атын! Қалды сенің беймаза жауырыныңнан Тарамдалып талтүсте қос қара түн (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.).

Аллаға [Құдайға] жалбарынды. *Жаратушыдан жалынып сұрады, тілек тіледі.* Мақұлыхаттың кейбіреуі көзге ілінбес, Қисабы баршасының өзіне анық. Қисапсыз құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей, *Аллаға жалбарынар* зікір салып (Қабан жырау, Алтын қазық).

ЖАЛБАРЫНҒЫШ с ы н. *Құлдық ұрып, қиылып жалынғыш.* Жас кездегі шәлкем-шалыс

мінезді кешіре гөр деп Құдайға жалынған *ж а л б а р ы н ғ ы ш* келеді (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАЛБАРЫНДЫ с ы н. *Жалбарынышты, кіріптар.* Жамал әке-шешесіне *ж а л б а р ы н д ы* кескінмен қарады («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛБАРЫНУ *Жалбарын етістігінің қимыл атауы.* Осы жерде сап ете түскен бір ылаж – тағы да Кәрімтайға *ж а л б а р ы н у* (С.Бегалин, Уақыт.). Сондағы *ж а л б а р ы н у* құлағына әбден сіңісті болып, денесін билеген Нұржамал күткен үмітті ақтасам-ау деген сезімге бөленуші еді (К.Оразалин, Абай.). Осы хат қолына тиген адам оқып, көшіріп алып, көбейтіп басқаға берсін. Күнәңді кешіруді сұрап *ж а л б а р ы н у д а н* жазба (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАЛБАРЫНУШЫЛЫҚ з а т. *Өтініп жалынушылық.* ≈ Құдайға *ж а л б а р ы н у ш ы л ы қ.*

ЖАЛБАРЫНЫШ з а т. *Жалынышты өтініш.* Әлгінде ғана лепіре сөйлеген сөзінде енді *ж а л б а р ы н ы ш* бар (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Ешқандай жалыныш, *ж а л б а р ы н ы ш* оны бұл соқыр сезімнің тұтқынынан арашалай алмақ емес (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Ақ қағазға түсіп жатқан *ж а л б а р ы н ы ш* сөздерден көзіне мөлт-мөлт жас келеді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). Мынау ағатайлап тұрған өз інісінің жалыныш пен *ж а л б а р ы н ы ш қ а* толы көзіне Саматов өтірік айта алмады (Ә.Нұрпейісов, Жер туралы.).

ЖАЛБАРЫНЫШТЫ с ы н. *Ісі түскен, жалынышты.* Өз халықтарына қожаңдағаны болмаса... бәрінің басында да жалтақ, *ж а л б а р ы н ы ш т ы,* жағымпаздық күн (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ол жұлдыздардың *ж а л б а р ы н ы ш т ы,* аянышты үнін, олардың гүлдің демінен де әлсіз сыбырын естігендей болды (Т.Жармағамбетов, Нәзік.). Жан қысылып тұрған *ж а л б а р ы н ы ш т ы* көзге бұ да қараған жоқ. Көзге қараған адам шын мен жалғанды аз да болса таныр еді ғой (Е.Әлімқұлов, Қош бол.).

ЖАЛБАС с ы н. ж е р г. *Жалы күзелмеген, жалды.* Көшкенде жылқы айдаймын *ж а л б а с п е н е н* Бітеді ортан жілік жамбаспенен (Қара өлең.). Жалы жер сызған *ж а л б а с* жуан жирен айғыр үйірінен сытыла шығып бұның қасынан шаңға көміп өте берді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ермек түнде жылқы күзетіне мінген *ж а л б а с* қаракерді күн шыға жылқыны бие бауға әкелісімен кермеге жайлақтап байлап салатын. – Ермек үйқысын қандырып оянған кезде *ж а л б а с* қаракер де кермеде үйықтап тынығып алды. – Ермек *ж а л б а с* қаракерін сылап-сылап жүгенін сыпырды да бос қоя беріп үйге оралды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛБИ= е т. э к с п р. *Қалқиып жарбию.* Мен, әсіресе, мынау жирен аттың үстінде мұртының ұшы насыбайланып, *ж а л б и ы п* отырған әкемді көп аяйтынмын (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖАЛБИЮ *Жалби етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л б и ю ы н* қарашы!

ЖАЛБЫЗ з а т. **1.** *Сыздауыт жерлерде өсетін хош иісті өсімдік.* Айналайын жалғызым, Жайқын суда *ж а л б ы з ы м,* Ет жүрегім езіліп, Көзі құрғыр тартады, Бір бөлені сезініп (Манас). Бозамық дала. Бидайық пен *ж а л б ы з д ы ң* жұпар иісі аңқыған еркін дала (О.Бодықов, Бұлбұл). Су шығар *ж а л б ы з ы* бар шилі жерден, Сөз шығар естімеген үлгілі елден. Сайрап қал, қызыл тілім, ел-жұртыңа, Құтылған еш ақын жоқ қара жерден (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** ө с. <лат. mentha> *Ерінгүлділер тұқымдасына кіретін, сыздауыт жерлерде өсетін хош иісті дәрілік, тағамдық, сәндік өсімдік. Ж а л б ы з д ы ң* сабағы тік, бұтақталған, жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, қос және дара жынысты гүлдері гүлшоғына топталған болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а л б ы з д ы ң* құрамындағы эфир майы парфюмерияда және тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады. Гүлінен ара бал жинайды (ҚҰЭ). *Ж а л б ы з д ы ң* жапырағында ментол болады. Одан жасалатын дәрілер жүрек, өт жолдарын емдеуде, сондай-ақ жағымды иіс беретін әрі антисептикалық зат ретінде сүйық дәрілердің, тіс тазалағыш ұнтақтардың құрамына кіреді (ҚҰЭ). *Ж а л б ы з д ы ң* тамырлары көлбей тарамданып, ұзын болып өседі. Гүлдері ұсақ, қызыл, жасыл түсті, бәрі жиналып масақ тәрізді сабақ басында орналасқан. Маусым айынан қыркүйекке дейін гүлдейді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Дала жалбызы. ө с. *Биіктігі 15-60 (110) см, сабағы тік, гүлдері шар тәрізді өсімдік.* Кең тараған маңызды түрінің бірі *д а л а ж а л б ы з ы* (ҚҰЭ). *Д а л а ж а л б ы з ы н ы ң* сабағы тік, бұтақталған, жапырағының жиегі ара тісті үшкір, ірек, қарама-қарсы орналасады (ҚҰЭ).

Жалбыз майы. б о т. *Жалбыз гүлдерінен, көк балаусасынан алынатын хош иісті, түссіз сұйықтық. Ж а л б ы з м а й ы* хош иісі бар түссіз сұйық, жалбыздың гүлдерінен және көк балаусасынан алынады. Валидол, тіс пасталарын жасауда қолданылады және кейбір кондитер өнімдеріне (кәмпит, карамель және т.б.) қосылады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАЛБЫЗБАЛА= е т. **1.** *Жайқалып, гүл-гүл жайнау.* Сиыр бұлдірген сабағымен *ж а л б ы з б а л а п* тұр (М.Иманбаев, Таңд.). **2.** а у ы с. *Үзілдіру, суыртпақтау. Ж а л б ы з б а л а п* әңгімені айтып отырмын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Сан сұмдыққа ебі бар, пейілі тар, Бұлардың да ішінде не түрлі бар. Азбанқұлды басқыштап, *ж а л б ы з б а л а п,* Ханға қолын жеткізбек кейбір мұндар (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

ЖАЛБЫЗБАЛАУ *Жалбызбала етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбызбалау* тәсілі.

ЖАЛБЫЗДАЙ с ы н. *Жалбыз сияқты, жалбыз тәрізді. Жалбыздай* балбырап өскен еді ол (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Адамның кейбір аңсары-ай, Жаңбырдан соңғы *жалбыздай!*.. Көкірек – ыстық, кең сарай, Қойса ғой соны жан бұзбай!.. (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЖАЛБЫЗТІКЕН з а т. ө с. <лат. altheae> *Құлқайыр тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Жалбызтікен* Қазақстанның барлық аудандарында (дала, шалғын, өзен аңғарлары мен жағалаулары, орман-тоғай, шабындықтар, бұта арасы т.б.) өсетін үш түрі бар (ҚҰЭ). *Жалбызтікен* тамырынан көптеген дәрілер жасалады. Тамыр тұнбасы, шырыны, сығындысы тыныс жолдары ауруларын емдейтін дәрі ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жалбызтікеннің* биіктігі – 50-200 см Сабағы – тік, бұтақты, жұмыр, түкті. Жапырағы кеезектесіп орналасқан, қалақша тәрізді, жиектері бүтін не ирек. Күлтесі алқызыл, ақ, қызғылт. Жемісі – тұқымша. Дәрілік, шірнелі өсімдік. *Жалбызтікенніңтамыры*, жапырағы мен гүлерінің дәрілік қасиеттері бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Дәрілік жалбызтікен. ө с. <лат. altheae officinalis> *Биіктігі 60-200 см, дәрілік мақсатта қолданылатын өсімдік*. Оның ішінде жиі тарағаны *дәрілік жалбызтікен*. Тамыры қысқа әрі жуан. Сабағы тік, бұтақты, киіз сияқты ұйысқан түгі болады (ҚҰЭ).

ЖАЛБЫЗДЫ с ы н. *Жалбызы бар, жалбызы қалың өскен*. Ол Қарабастаудың *жалбыздыжағасын* ұзақ серуендеп, жұпарын жұтып, нәзік бұралған сәмбі-талды қызықтады (А.Нысаналин, Алыста.). Ол ауылдан ұзап *жалбыздысайда* жасырынып жол тосып, МТС-ке бара жатқан темір бөлшектер артқан өгіз арбасының сорайған ағашына жармасып кетіп еді (Е.Тұрысов, Қыран.).

ЖАЛБЫЛА= е т. *Жапсарлай тасалана жүру*. Көксерек жалт беріп, жотаның тасасына түсе сала, сайды *жалбылап* жоғары қарай салды (М.Әуезов, Қараш.). Сол белестің ар жақ деңгейін *жалбылап* келе жатқан қалың жылқының жоны көрінді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАЛБЫЛАУ *Жалбыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбылаумен* келеді.

ЖАЛБЫР[1] з а т. б и о л. *Жәндіктер мен балдырлардың су түбіне жабысып өсуі нәтижесінде қалыптасатын немесе әртүрлі себептермен су түбінде баяу домалаған жекелеген таужыныстары кесекшелерінің (түйірлерінің) сырт өңірін қаптай түзілетін домалақ пішінді карбонатты сорындылар* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАЛБЫР[2] с ы н. **1.** *Үйысып сабалақтанған; дудырап қобыраған*. Тер пұшпағынан ақты. Жыртық милық, *жалбыр* тымағын қолына алды: жаман тонның белін шешті. А дегенде бойы әнтек сейілген тәрізденсе де, аздан соң шекесіне қыл бұрау салған адамдай, басы тарыла бастады. Тер қатқанын біліп, жаман тымағын жалп еткізіп қайа киді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күннің ыстығында *жалбыр* тымақ киген екеу бір-біріне айбат шегіп кіжініп, келгендерді аңғарар емес (С.Жүнісов, Ақан сері). Иесі есентемір *жалбыр* жүнді жаман торысына дейін жазда да жалаң қабат кенеппен болса да жабулап мінеді (Б.Аманшин, Көкжар). Ауру қасында сегіз-тоғыз жасар, *жалбыр* шаш сары қызбала ғана отыр екен (Ғ.Сланов, Очерк.). Жаңа келген екеудің бірі шөже торғайдың тұмсығындай имек мұрын, солық үртты, бала қораздың басындай *жалбыр* шаш, қан-сөлсіз сұр қара (С.Бақбергенов, Адам.). **2.** *Жырым-жырым боп жыртылған, жалба-жұлба*. Кешегі *жалбыр* тонды жетім баланы [...] осындай дәрежеге жеткізді (Б.Тоқтаров, Қыран.). Құрық сүйреткен жылқышы мен өгізін отқа қойып, дөң басында қалқиған *жалбыр* шапан, жыртық тонды қойшы көзге шалынды (З.Жәкенов, Таң самалы). Үстінде жалба-жұлба *жалбыр* тоны, Жас Әли кете берді жалаң аяқ (О.Шипин, Дастан.). // *Жалба-жұлба киінген адамдар*. Әкесі мен шешесі баланы аңдыр, О да өзіндей ит болсын, азғыр, азғыр! Асын жөндеп іше алмай қысылады, Құрбысынан ұялып өңешең *жалбыр* (Абай, Тол. жин.).

Жалбыр бие. *Түгі ұзын қылшықты, жалқұйрығы қалың боп, жерге төгіліп тұратын бие. Жалбыр биесі* бар (Ауызекі).

Жалбыр бура. *Жүндес келген, шудалары шұбатылған, жасы толысқан таза нәсілді келеге түсетін еркек айыр түйе*. Мұны бір жерлерде *жалбыр бура* десе, Сыр, Арал бойының, Ақтөбе, Орталық Қазақстан қарттары жампоз бура деседі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛБЫРА= е т. **1.** *Тербетіліп жайқалу, желкілдеп желбіреу*. Жазық дала торғындай, *Жалбырады* жас желек. Қырдың беті кілемдей, Құлпырады бәйшешек (З.Қалауова, Шолпан), Енді бір сәткөлге қарасам, Оқжетпестің ұшар басы жапырақтай *жалбырап* көл түбінде жатыр екен (С.Мәуленов, Үркер.). Қасиеті танылмай Тұрса да әзір өзгеге, Жабағының жалындай *Жалбырайды* боз көде (С.Мәуленов, Алыс кет.). Аспанынан дария құлап, қар құлап, Қара семсер жал-құйрығы *жалбырап*, Баурайынан бара жатқан сияқты Зымырап бір қара берен арғымақ (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жатқан жері даладай, Азу тісі қаладай, Екі өркеші баладай, Қаршылдаған бурасы, *Жалбыра-*

ған шудасы (С.Сейфуллин, Шық.). **2.** *Дудырап жайылу.* Шынарқыз ұяң ғана жымиып, шашы *жалбырап* шеткерірек түрды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Әйтеуір сұрапылдан қалдық аман, Сәби ек... кекіл шашы *жалбырағ ан.* Біздерге сүйенетін қамкөңіл ел – Күніне сан қуанып, сан жылаған (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қоспақ атанды жазылап мінген, ақ ешкінің жүніндей *жалбырағ ан* қалың ақ қасты сары шал жерге түспей, апаммен түйе үстінен сөйлесті (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). **3.** *Дал-дал болу, жұлым-жұлымы шығу. Жалбырағ ан* киімі, Салбырағ ан иіні. Бір баланы келеді, Айдап аштық құйыны (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** а у ы с. *Өліп-өшу, жалпылдау, жалпаңдау.* Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп *жалбырап* қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай? (Абай Тол. жин.). Кішіпейіл адамдай, Басын изеп *жалбырап,* Сай мен сала қосылып, Тойға жүрді жосылып, Күжілдесіп күлесің. Шапшаң тойға жүр дейсің (К.Әзірбаев, Таңд. шық.).

ЖАЛБЫРАҚ[1] з а т. *Желбір, желбіршек.* Күнтай оны тәй-тәй тұрғаннан-ақ әшекейлеп, етек-жеңінде *жалбырағ ы* бар ұзын көйлек, өн бойына күміс қадаған камзол... киізді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАЛБЫРАҚ[2] с ы н. *Жалп-жалп еткен, жалбыраған.* Сапар аузына апара берген пияласын жерге қоя салды да, көзін жапқан *жалбырақ* қасын көтеріп, басып шалқайтыңқырады (І.Қожабаев, Қансонар). Қазбауыр қара бұлттар *жалбырақ* қанатымен жарықты қымтап, бірін-бірі ығыстыра жөңкіледі («Лен. жас»).

Жалбырақ қақты. *Жалбақтады, жалпаңдады, құрдай жорғалады.* Ол *жалбырақ қағ ы п* қуанып қалған Қалым шал жеткенше әр түрлі әңгімелер айтты (С.Габбасов, Өскен ұя). Қос иелері *жалбырақ қағ ы п* дастарқан жайып, шай жасай бастады (С.Габбасов, Ана жүрегі).

ЖАЛБЫРАҚСЫЗ с ы н. *Желбірексіз, желбіршегі жоқ.* ≈ *Жалбырақсыз* көйлек.

ЖАЛБЫРАҚТА= е т. с ө й л. *Жалбақтау.* Ана жолғыдай емес, Кемелдің Жәнібекке деген ықыласы ерекше. *Жалбырақтап* жағдайын сұрап жатыр (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *Жалбырақтаған* ағасына риза болған Арманның көңілі толқыды (Н.Сералиев, Қаңтар). Бірақ шалы *жалбырақтап* ырзалығын білдіріп жатқанда ол да ниет көрсеткен болады, өзін күштеп күледі (З.Шүкіров, Қиын түйін).

ЖАЛБЫРАҚТАУ *Жалбырақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалбырақтаудан* танбады.

ЖАЛБЫРАҢҚЫ с ы н. *Үш жағы жырым-жырым, жалбыраған.* Ер қаруы екі қол, Салбыраңқы көрінді, Ерлер киген кебенек *Жалбыраңқы* көрінді (Манас).

ЖАЛБЫРАТ= е т. *Жалпылдату, жалпжалп еткізу.* Наурыз галстугін мойнына бос байлап, көйлегінің етегін *жалбыратып* шығарып жіберіпті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Хамиттің қолдарының, білектерінің төрт-бес жерін банды тістеп, шайнап, екі жерінің терісін *жалбыратып* тастады (С.Сейфуллин, Шық.). Басында елтірі қара бөрік. Бала қорқытатын бақсыдай бөрікті де жүнін *жалбыратып* бір шекесіне осқырта киіп апты (Ә.Нұрпейісов, Сең). Қасқыр санынан тартыпты да, терісін ғана *жалбыратып* кеткен (Б.Тәжібаев, Қара торғай).

ЖАЛБЫРАТУ *Жалбырат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашын *жалбыратуу.*

ЖАЛБЫРАУ *Жалбыра етістігінің қимыл атауы.* Біз енді осы өзімізді танымай, өзгелерге босқа елпектеп, *жалбыраудан* аулақ болмақпыз («Қазақст. әйелдері»).

ЖАЛБЫРАУЫҚ з а т. *Салбырап, салпыншақтанған зат.* Ондай ел *жалбырауыққа* балаша қызығып алданбайды: пайдасызға, ақылға, қонымсызға малданбайды (Ж.Аймауытов, Шық.).

ЖАЛБЫР-ЖАЛБЫР с ы н. *Күлтеленіп цйысқан, сабалақ-сабалақ. Жалбыр-жалбыр* жүні ұзын жабағыдай, Көшпелі бұлт көк жүзін жабады ұдай (Қ.Мырзалиев, Көктем).

ЖАЛБЫР-ЖҰЛБЫР с ы н. с ө й л. *Жалбажұлба.* Қарасам шалбарыңа *жалбыр-жұлбыр,* Алдағанда көнесің надан қалжыр. Әншейін келемеж қып, кел дегенге Келуін шын өңменде Құдай алғыр (Қаз. әдеб. хрестом.). Гидрофоб коллоидтар *жалбыр-жұлбыр* болып я ұнтақ түрінде тұнады (Б.Пірімжанов, Жалпы химия). Табанының астында қатпаршақ қарындай *жалбыр-жұлбыр* бар дөп-дөңгелек, қызыл-жасылды төсеніш жатыр (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер).

ЖАЛБЫРЛА= е т. ж е р г. ***Жалбыра.*** Балбырап жер Балаусаға бөленді. *Жалбырлап* көл Көк жапыраққа кенелді (І.Жансүгіров, Шық.). Ауды тартқан сайын үйректер тірідей *жалбырлап* қайыққа келіп түсіп те жатыр (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАЛБЫРЛАУ *Жалбырла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жапырақтардың *жалбырлауы.*

ЖАЛБЫРШАҚ з а т. **1.** *Жұмыршақ пен цлтабар арасында орналасқан, ішкі бетінің қабаты көп қарын.* Желбірете үрлеген қуықтай тырсылдап тұратын желін жаңа сойған жылқының *жалбыршақ* қарнындай қатпар-қатпар боп толып қалған (С.Жүнісов, Ақан сері). Малдың, өзің білетін *жалбыршақ*

қарын дейтін қарны болады (Ғ.Мұстафин, Қыр жігіті). Қызыл өгіздің маңдай алды: қойдың *жалбыршақ* қарнындай қатпарланып жатқан таудың сілемі ел жайлауымын деп, шалқасынан маужырап жатыр (І.Жансүгіров, Әңгім. фельет.). **2.** *Жалбырақ, желбіршек.* Белдерін қушитып, омырауларын *жалбыршақтармен* көмкерген орыс төрелерінің қыз-келіншектеріне де көңілі дауаламай тұр серінің (А.Сатаев, Дала.). *// Жас, жасөспірім.* Дүниені бүлдіріп жүрген осы сияқты *жалбыршақ* балалар екен (М.Мағауин, Көк кептер).

ЖАЛБЫРШАҚТАЙ с ы н. *Жалбыршақ тәрізді, жалбыршақ сияқты.* Делдие біткен екі құлағы көгілдір басқа орынсыз жапсырылған қызыл *жалбыршақтай* ерекше көрінеді (А.Лекеров, Түз гүлі).

ЖАЛБЫРШАҚТАН= е т. *Жалбыршақ-жалбыршақ болып бөліну, салпыншақтану. Жалбыршақтана* қарайып, көлкіп жатқан дала үсті кешкілікте күлдей болып қираған шар айнаның беті құсап сөніп-жанып жылтырайды (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ЖАЛБЫРШАҚТАНУ *Жалбыршақтан етістігінің қимыл атауы.* Күзде жапырақтардың *жалбыршақтануы* басталады (Ауызекі).

ЖАЛБЫРШАҚТЫ с ы н. *Жалбыршағы бар.* ≈ *Жалбыршақты* киім.

ЖАЛГЕР з а т. э к о н. *Жылжымайтын мүлікті жалдайтын адам.* Мемлекеттік, кооперативтік және басқа қоғамдық шаруашылықтар, соның ішінде азаматтар мен азаматтар тобы *жалгер* бола алады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАЛГЕРЛІК с ы н. э к о н. *Жалгерге тән, жалгерге қатысты. Жалгерлік* қызметке түскен нысан уақытша жалға алушының меншік құқына өтеді (ҚҰЭ). *Жалгерлік* ұжымдардың табысы жалгерлік төлемақы төленгеннен, материалдық шығынның орны толтырылғаннан, шартта көзделген өзге де аударымдар төленгеннен кейін түскен түсімнен құралады (Қаз. тілі термин. Экономика). *// Мүлік т.б. қызмет көрсету нысандарын пайда түсіру немесе қаражат алу мақсатымен жалға беруші және жалдаушы жақтар арасындағы жасалған келісім-шарт. Жалгерліктің* бірнеше түрлері бар. Мысалы, заңды және жеке тұлғалар пайдалануында жүрген жүк машинасын 5 айға, жаңа жүк машинасын 3 жылға, ғимараттарды 5 жылға, өнеркәсіп нысандарын 10 жылға жалға беріп, жалға алуына болады (ҚҰЭ).

Жалгерлік кәсіпорын. э к о н. *Мүліктік кешенді жалға алып, кәсіпкерлік қызмет атқаратын кәсіпорын. Жалгерлік кәсіпорынның* жеке мүліктері оның жарғысына байланысты барлық қызметшілерге тең бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экономика). *Жалгерлік кәсіпорын* – заңи тұлға құқықтары берілген шаруашылық жүргізуші дербес субъект; ол еңбек ұжымы алған мүлікті пайдалану негізінде өнім өндіріп, өткізеді, жұмыстар орындайды, қызметтер көрсетеді және жалгерлік туралы заңнаманың негіздеріне сәйкес жұмыс істейді (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалгерлік мердігерлік. э к о н. *Бөлімшелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың жекелеген қызметкерлерінің (қызметкерлер топтарының), ұжымдарының еңбегін ұйымдастыру және еңбекақысын төлеу нысаны. Жалгерлік мердігерлік* шартына сәйкес жалгерлік ұжым шартта көзделген өнімді өндіруге (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге), кәсіпорынға табыстауға не оның нұсқауы бойынша сатуға міндеттенеді (Қаз. тілі термин. Экономика). *Жалгерлік мердігерлікте* кәсіпорын бюджетпен, банкпен және жоғары тұрған органмен есеп айырысады. Ол негізгі номенклатураны және өнім өндіру көлемін жоспарлау міндетін де атқарады, бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асырады, әлеуметтік саланы дамытады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалгерлік төлемақы [ақы]. э к о н. *Мүлік үшін не уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін жалгерлік басқа бір объект үшін төленетін төлемақы. Жалгерлік төлемақы* мөлшері, дүркінділігі мен мерзімі жалгерлік шартта айқындалады (Қаз. тілі термин. Экономика). *Жалгерлік төлемақыға,* әдетте, жалгерлік мүлік құнынан аударылатын өтемпұлдық (амортизациялық) жарна кіреді. Оның мөлшері жалға берілген мүлікті ұдайы қалпына келтіру міндеттілігін шартта белгіленген келісім бойынша бөлісу негізінде айқындалады (Қаз. тілі термин. Экономика). *Жалгерлік ақы* – жалгерлік тәртібімен берілген мүлік үшін заттай, ақшалай не аралас нысандарда төленетін ақы (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалгерлік шарт. э к о н. *Жалға беруші мен жалгер арасында еріктілік және толық тең құқықтылық негізінде жасасылатын жалдау шарты. Жалгерлік шартта* жалға берілетін мүліктің құрамы мен құны; жалгерлік төлемақының мөлшері, жалдау мерзімі, тараптардың жалға алынған мүлікті толық қалпына келтіру мен жөндеу жөніндегі міндеттемелері, жалгерлік шарт біткеннен кейін мүлікті қайтару тәртібі қарастырылады (Қаз. тілі термин. Экономика). Практикада *жалгерлік шарттың* бірнеше түрі қолданылады, олар: қысқа мерзімді жалгерлік – рейтинг, орта мерзімді жалгерлік – хайринг, ұзақ мерзімді жалгерлік – лизинг (Қаз. тілі термин. Экономика).

ЖАЛҒА= е т. **1.** *Екі нәрсенің аралығын біріктіріп қосу, ұштастырып байланыстыру.* – Кіндік темірі үзіліп, бәйбішенің арбасы далада қалып қойды, мына екеуін жылдам *жалғап* бере ғой – деді ол (С.Шәріпов, Бекболат). Кентай телефон сымының үзілген жерін *жалғады* да, оны тыңдап еді, Гончаренконың даусын ғана естіді (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). *Жалғап-жалғап* бір ұзын арқан етті, Ер Әзім осылайша талап етті. Бір ұшын талға байлап жібергенде, Түсетұғын орнына әбден жетті (Абай, Тол. жин.). Ұшпасын деп, қимаған Қанат, құйрық қалмады, Бір жіпті берік бек байлап, Аяғына *жалғады* (Абай, Тол. жин.). **2.** *Қосу, үстеу, жамау.* Мен – өлі жан, ешкімді талғамаймын, Рақымсыз билеріңді қарғамаймын. Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ, Разымын деп жалған сөз *жалғамаймын* (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Дамыта түсу, сабақтастыру, жалғастыру.* Енді қару алмайық, Өртенбейік, жанбайық. Біз адасып қалмайық, Ақ аспанда самғайық. Аталардың өмірін Әрі қарай *жалғайық* (М.Мақатаев, Шығ.). Іздей білсе, Кім құмарын таппайды, Түңілмеші, Тілекті өмір ақтайды. *Жалғайды* жырдың Үзіліп қалған жолдарын, Шабыттың селін бәз қалпында сақтайды (К.Салықов, Жезкиік). Алдыма *жалғап* тілекті, Соңымда қалды көп халық. Адамға ғашық жүректі Ақ сұңқар ұшты көкке алып (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жең ұшын жалғады. *Қарым-қатынас жасады.* Ол жерден Жетібай машинамен су тасиды. Басқа экспедицияда соған *жең ұшын жалғайды* («Лен. жас»).

Жүрек жалғады. а) *Жеңіл-желпі тамақтанды, қарбытты.* Аз да болса *жүрек жалғаған* жігіттер біраз отырып дем алғаннан кейін тағы да жолға шықты (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Мектептен келген бойда үйден бірдеңе ішіп *жүрек жалғап* алам да, кітап қабымды мойнына асып, егін басына барам (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қолға шынжыр түскен күннен, Жегеніміз баяғы нан. Жейтінбіз тек *жүрек жалғап* Жасқа малып еріксіз жан (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). ә) *Аздап астыртын пайда түсірді.* Орыс сияз қылдырса, Болыс елін қармайды. Қу старшын, аш билер Аз *жүрегін жалғайды* (Абай, Тол. жин.).

Қарағайды талға жалғады. *Ебін тапты, ретіне келтірді.* Амалдап *қарағайды талға жалғап*, Әркім жүр алар жердің ебін қамдап. Мақтан қуған малқұмар нені ұға алсын, Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап (Абай, Тол. жин.).

Қол жалғады. *Алып беруге жәрдем етті.* Қымыз сапырып отырған қыз Далабайдың алдындағы босаған тостағанға қолын созып жатып: – *қол жалғаңызшы* – деді (А.Лекеров, Түз гүлі). – Қарындасым, билетке *қол жалғап* жібермейсіз бе? – деді қасындағы көзі жасаурап отырған кемпірге бұрыла беріп (К.Туғанбаева, Алтын.).

Қол ұшын жалғады. *Жәрдем берді, көмектесті.* Сығанақтың алтын тағына Әбдірахманның отыруына да Хасан қожа *қол ұшын жалғаған* еді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Құлық жалғады. *Алдады, айласын асырды.* Сенісерге келгенде, Сене берер талғамай, Жұрты құрғыр сенгішке Тұра ма *құлық жалғамай* (Абай, Тол. жин.).

Құрыққа сырық жалғады. *Бөстіріп, асыра сілтеді.* Бұл сыбыс *құрыққа сырық жалғап,* жұмыс істейтін жеріме де жетіпті (К.Туғанбаева, Алтын.).

Құрыққа сырық жалғау. *Бөстіру, асыра сілтеу. Құрыққа сырық жалғау* жөнінен туыстарымыз ешкімнен кем түспейді ғой (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Өзек жалғады. *Жеңіл-желпі тамақтанды, жүрек жалғады.* Алтын – байлық болған емес, ас емес, қысылшаңда, қиналған кезде әл беретін, *өзек жалғайтын* нан емес («Қаз. әдеб.»). Әйтеуір, қолда бар бірер тұяқтарының сүті мен жүгерінің талқанын *өзек жалғар* етіп жүр (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Бірақ астық алтын емес, Өйткені алтын қазына, алтын әдемі, алтын байлық болғанмен, ас емес, қысылшаңда қиналған кезде әл беретін *өзек жалғайтынан* емес («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛҒАМА[1] з а т. з о о л. <лат. anastomosis> *Жануарлар ағзасындағы магистральды қан тамырларының бүйірлік тармақтарының өзара жалғасып байланысуы. Жалғама* денедегі қан қысымын реттеумен қатар айналма тармақтар түзіп, мүшелердің қанмен толық жабдықталуын қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Жалғама* негізінен қозғалмалы мүшелерде (қарын, ішек т.б.), аяқтар буындарында, тұлғада жақсы байқалады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАЛҒАМА[2] с ы н. *Бірінің шеті біріне жалғас, ұластырма.* Ағасы Ербол қамыс бауынан кіре беріс қораға *жалғама* есік жасаған еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Бұл қоралы үйдің қарсысындағы кішірек *жалғама* қорасы жоқ екінші үйден от та, түтін де көрінбейді (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.).

ЖАЛҒАМАЛЫ с ы н. *Бірімен-бірі қосылған, ұластырмалы, ұламалы.* Гүлдана шананың ар жағына шығып қараса, бір табаны рельске тіреліп қалыпты. Табан темір сол тұста *жалғамалы* екен (Ғ.Сапаев, Гүлдана).

Жалғамалы тілдер. л и н г в. <лат. agglutinatio> *Тілдерге типологиялық немесе*

морфологиялық топтастыру принципін қолдану арқылы, яғни грамматикалық құрылысына қарап топтастыру нәтижесінде бөлінетін тілдер типі. Әдетте, *ж а л ғ а м а л ы т і л д е р* түбір тұлғалы (аморфты), қопармалы (флективті), инкорпорациялы (полисинтетикалық) тілдер типімен қатар алынады (ҚҰЭ). *Ж а л ғ а м а л ы т і л д е р* қатарына түркі, моңғол, финн-угор, дравид, индонезия, венгр, жапон, корей т.б. тілдер жатады (Қаз. ықшам. энцикл.).

ЖАЛҒАМСЫЗ с ы н. *Қоспасыз, шын.* Жазамын сізге бәрін де, барлығын айтам жалғансыз, *ж а л ғ а м с ы з* әділ айтам болғанды (Ә.Тәжібаев, Жаданов әңгім.).

ЖАЛҒАН[1] с ы н. **1.** *Шындығы жоқ, өтірік.* Өтірікті расқа шығарам деп *ж а л ғ а н* іске ант беріп жан кетеді (М.Дулатов, Шығ.). Айлар өтті, ай көрінді, өлді жын, Айлар өтті, айырылды күн мен түн. Айлар өтті, ішкен удан айныдым, Айқын болды ақырында *ж а л ғ а н*, шын (М.Жұмабаев, Шығ.). Ләйлі деп зар қағады күндіз-түні, Жылайды аң шуылдап шыққанда үні. Аңның да ақылы бар, хал, тілі бар, *Ж а л ғ а н* деп ойламаңыз, сірә, мұны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ажалдан құтылатын адам бар ма, Алысып, арпалысып бәрін жығар Несін созып айтайын осы сөзді Қайран, халқым, *ж а л ғ а н* сөз емес шығар (Қабан жырау,. Алтын қазық). Әгар менің бұ сөзім де *ж а л ғ а н* болса Тәңірінің қаламы ұрсын мені деп әр кімнің алдында бір ант ішті (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі). **2.** *Бояма, шынайы емес, жасанды.* Білгенге, ден саушылық – дәмді дәулет, Мал-дүние, бақ-дәреже – *ж а л ғ а н* сәулет. «Өмірге тойдым» деген ешбір жан жоқ, Кеңшілік – аларманы, берсе мәулет (О.Шораяқов, Шайыр.). Орыс адамында *ж а л ғ а н* сыпайылықты керек қылмай, нені болса да бадырайтып бетке айтатын бір мінез бар (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Ал бірақ *ж а л ғ а н* намыстың сойылын соққан қайсарлық ешбір пайда бермейді (М.Иманжанов, Менің махабб.). *Ж а л ғ а н* намыс намыс па! Жылан тілді күрмейін. Жазығы жоқ танысқа Тіл тигізіп Туыстар мен ағайын Тартқылайды жан-жаққа! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **3.** а у ы с. *Опасыз, тұрақсыз, тиянақсыз.* Сүйенген, сенген дәурен *ж а л ғ а н* болса, *Ж а л ғ а н ы* жоқ бір Тәңірім кеңшілік қып (Абай, Тол. жин.). // *Жарық дүние, өмір, тіршілік.* Құдай салды жүрекке *Ж а л ғ а н д а* бітпес жараны. Көре алмай қор боп қалған соң, Кете ме іштен арманы (Абай, Тол. жин.). Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей, Еш жанға сенен басқа көңіл бермей, Сен – бір жақ, *ж а л ғ а н* – бір жақ, қатар қойып, Сені іздедім *ж а л ғ а н н а н* қолым сермей (М.Жұмабаев, Шығ.). Жалғандікі *ж а л ғ а н д а* қайтады деген осы-ау! Көзіне көр ғазабы елестеп жатқанын қарашы. Байғұстың жанын қинамай, тез алса жарар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кімде-кім қайғы тартып, бейнет көрсе, Сұм *ж а л ғ а н н ы ң* қылғаны бұл дей берсе, Әлбетте, бұл – тағдырға наразылық, Түбі Аллаға қарсылық, ондайға ерсе (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жалған ақпарат. а) ә с к. *Қарсыласты жаңылдыру мақсатында өз әскерлері (күштері) олардың топтастырылуы, құрамы, қару-жарағы, ұрысқа қабілеттілігі, ұрыс қимылдарының жоспары және т.б. жөнінде әдейі жалған ақпарат таратудан тұратын оперативтік (стратегиялық) бүркеніш тәсілі. Ж а л ғ а н а қ п а р а т* тарату үшін түрлі байланыс құралдары, баспасөз, радиохабарлар, теледидар және т.б. қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а л ғ а н а қ п а р а т* тарату ашық қыр көрсету, ұқсаттыру (елестету), жасыру әрекеттерімен кешенді жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) и н ф. <ағыл. false information> *Обьектінің сипаттамалары мен белгілері дұрыс емес әрі қате бейнеленген ақпарат не нақтылы жоқ обьект туралы ақпарат* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалған ақша. э к о н. *Коммерциялық банктердегі мерзімдік және жинақ салымдарында сақталған қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшалай қаражат.* ≈ *Ж а л ғ а н а қ ш а* зияны.

Жалған ақша жасау. э к о н. *Мемлекет мүддесіне зиян келтіретін экономикалық қылмыстық іс-әрекет. Ж а л ғ а н а қ ш а ж а с а у* жолымен пайда табуды және баюды көздейтін қылмыстық іс-әрекеттердің салдарынан жалған ақшалардың ішкі қаржы айналымына көп мөлшерде енуі мемлекеттің ақша-қаржы саясатына зардабын тигізіп, экономикалық тұрақсыздық туғызады (Қаз. тілі термин. Экономика). Әрбір мемлекет *ж а л ғ а н а қ ш а ж а с а у д ы* болдырмау мақсатында өз ақша банкноттары мен бағалы қағаздарының құпия қорғаныс белгілерін үнемі жетілдіріп отырумен қатар, жалған ақша жасаушыларды қатаң жазаға тартады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалған аяқшалар. б и о л. *Қарапайымдардың, саркодиналар класының өкілдерінде денесінің кез келген жерінен уақытша цитоплазма өсінділері, яғни жалған аяқшалар пайда болып, жәндіктің қозғалуын және қорек заттарды жинау қызметін атқарады* (Қаз. тілі термин. Биология).

Жалған аэродром. ә с к. *Қарсыласты авиацияның шын орналасуына қатысты жаңылыстыруға арналған аэродром. Ж а л ғ а н а э р о д р о м* тәулік бойынша, күндізгі және түнгі әрекетті болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а л ғ а н а э р о д р о м* ретінде әрекетсіз аэродром пайдаланылуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жалған банкроттық. э к о н. *Фирма басшылығының берешекті өтеу үшін қаражаты бола тұрып, төлемдерге мұрсат және шегерім алу үшін несие берушіні адастыру мақсатымен өзінің дәрменсіздігі туралы көрінеу жалған қылақтандыруы* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалған басты. *Жаза басты, қателесті.* Бұл оның тек шыны... бұл жерде айтпай қалса – жасырғаны, *ж а л ғ а н б а с қ а н ы* емес пе? (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Жалған басымдылық. б и о л. *Гомологты хромосомалардағы сәйкес геннің жойылуына байланысты рецессивті геннің немесе аллельдің фенотиптік көрініс беруі* (Қаз. тілі термин. Биология).

Жалған бозкілем. ө с. <лат. pseudosedum> *Жасаңшөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанда үш түрі бар. Олардың биіктігі 20-50 см. *Ж а л ғ а н б о з к і л е м н і ң* бір түрі – Қаратау жалған бозкілемі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (Қаз. ықшам. энцикл.).

Жалған буын. а н а т. <грек. pseudos arthron> *Бітпеген сынық орнында немесе ағзаның дұрыс қалыптаспауынан пайда болатын сүйектің қалыптан тыс «ойнақшып» қозғалып тұруы. Ж а л ғ а н б у ы н н ы ң* іштен туа біткен және жүре пайда болатын түрлері бар. Ана құрсағындағы нәресте сүйегінің дұрыс қалыптаспауынан болатын – іштен туа біткен *ж а л ғ а н б у ы н* – жас сәбилерде болады және сирек кездеседі (ҚҰЭ). Жүре пайда болған *ж а л ғ а н б у ы н* сүйектің жарақаттануынан (иық, қол, сан сүйектері сынғанда, остеотомия), остеомиелит, мешел, цинга т.б. ауруларының салдарынан болады (ҚҰЭ).

Жалған бұйражапырақ. ө с. <лат. pseudomarrubium> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанда бір түрі – бөгде шөлмасақ тәрізді *ж а л ғ а н б ұ й р а ж а п ы р а қ* кездеседі. Биіктігі 30 см-дей. 4 қырлы, тік өсетін сабағын түк басқан. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (ҚҰЭ).

Жалған графикалар символы. и н ф. <ағыл. symbol the pseudo-diagrams> *Мәтіндік режимде графикалық бейнелерді құруға пайдаланылатын таңба. Ж а л ғ а н г р а ф и к а л а р с и м в о л ы н ы ң* көмегімен принтерде немесе дисплей экранында әртүрлі жақтаулар, қарапайым фигуралар, штрихтар және т.б. бейнеленеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалған дербес жұмыс. и н ф. <ағыл. pseudo offine operation> *Орталық процессордың қатысуымен сыртқы құрылғылардың арасындағы мәліметтер алмасу.*

Жалғанды жалпағынан басты [таптады]. *Дүниені шайқап өтті, береке, молшылықтың, қызық, тамашаның жуан ортасында жүрді.* Нашарды зар жылатқан жалғызын жеп, Тірлікте ойламаған өлемін деп. *Ж а л ғ а н д ы ж а л п а ғ ы н а н б а с ы п* өтті, «Жазғанын көрге бара көрермін» деп («Жалын»). *Ж а л ғ а н д ы ж а л п а ғ ы н а н б а с ы п*, кейде Сырдың суы сирағынан келмеген, кейде михнат, бейнет дарияларын белден кешкен ағаның жасы алпыстан асқанда жан тыныштығын ойлап көріп отырмын, – деді Тауман (Ғ.Сланов, Дөң асқан). *Ж а л ғ а н д ы ж а л п а ғ ы н а н б а с ы п*, мерейім өскен осы бір тұста төбеден жай түсіргендей мына бір күйік «япырым-ау» аз бөлтірігін өзі жұтқан қорқаудан айырмам қайсы? (І.Жақанов, Бірінші концерт). Бүлдіргі тойың құрысын қу шөмекей, тыныштықта бай ауылы жатпасын деп, қайтесің құтыртқан соң тәңірім солай, *ж а л ғ а н д ы ж а л п а ғ ы н а н т а п т а с ы н* деп (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жалғанға тіпті тоймады. *Өмірдің қызығына құмары қанбады.* Дүние ыстық көрінді, Құрғыр да менің көзіме. *Ж а л ғ а н ғ а т і п т і т о й м а д ы м*, Өлмеймін деп ойладым, Дүниенің боғы осы деп (Шортанбай ақын, Өлең.д.).

Жалған дүние. ф о л ь к. *Тиянағы жоқ, өткінші ғұмыр, алдамшы, тұрақсыз өмір.* Осы *ж а л ғ а н д ү н и е д е н*, Шешен де өткен не бұлбұл, Көсем де өткен не дүлдүл, Сөз мәнісін білсеңіз, Ақыл – мизан, өлшеу қыл (Абай, Тол. жин.). Ішелік те, киелік, Мінелік те, түселік, Ойналық та, күлелік, Ойласаңдар, жігіттер, Мынау *ж а л ғ а н д ү н и е* Кімдерден кейін қалмаған? (Махамбет, Өлең.д.). Атандым балуан Шолақ бала күннен, Ту ұстап, ерлік етіп, тұлпар мінген. Ешкімге опасы жоқ *ж а л ғ а н д ү н и е* Өтті ғой талай, талай кемеңгерден (Балуан Шолақ).

Жалған жіпше. б и о л. *Төменгі құрылымды саңырауқұлақтардың (хитридиомицеттер класы) кейбір бір клеткалы түрлерінің өсінділері.* Олар клеткаға бөлінбеген. Вегетативті жағдайында *ж а л ғ а н ж і п ш е д е* ядро болмайды (Қаз. тілі термин. Биология). Ризофидиум саңырауқұлағы кәдімгі қарағайдың микроспораларын зақымдайды. Вегетативті денесінен (бір клеткалы) микроспораларының ішіне *ж а л ғ а н ж і п ш е* жіберіп қоректенеді (Қаз. тілі термин. Биология). Полифагус саңырауқұлағы бір клеткалы. Оның эвглена балдырларын зақымдайтын түрінің 50-ге жақын *ж а л ғ а н ж і п ш е с і* болады да, әрқайсысы эвглена балдыры клеткасымен қоректенеді. Қоректік заты азайғанда аталық дарақтың *ж а л ғ а н ж і п ш е* өсіндісі түзіліп, ұшы кеңейіп, аналық дарақка қарай өседі. Біртіндеп екі дарақтың протопласты кеңейген жерінде қосылады. Зигота түзіледі.

Зигота бұйығу дәуірінен өтіп, дараққа айналады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жалған капитал. э к о н. *Келісілген құны бар капитал, бірақ нақты капиталдан өзгеше түрде материалдық-заттық немесе рухани құндылығы жоқ, ал несие капиталынан өзгеше түрде ақша емес. Ж а л ғ а н к а п и т а л* өздігінен табыс жасамайды, бірақ оны алуға септігін тигізеді. Әдетте, ол мүліктік сипаттағы құқықтар түрінде болады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалған кәсіпкерлік. э к о н. *Кәсіпкерлік қызметті немесе банк қызметін жүзеге асыруды ниет етпей коммерциялық үйым құру. Ж а л ғ а н к ә с і п к е р л і к* несие алу, салықтардан жалтару, ақшалай қаражатты немесе мүлікті жария ету, валютаны қолма-қол ақшаға айналдыру т.б. мақсаттарды көздейді (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалған күн. ф и з. *Гало – Күн айналысында пайда болатын, пішіні Күн дискісіне ұқсас жарық дақтар; атмосфералық-оптикалық құбылыс. Ж а л ғ а н к ү н* Күн сәулесінің бұлттағы мұз кристалдарының сынуы және шағылуы нәтижесінде пайда болады (ҚҰЭ). Бізге ол шеңбер тәрізді көрінеді. *Ж а л ғ а н к ү н н і ң* пішіні кейде жарық діңгек, доға, дақ сияқты да болып келеді (ҚҰЭ).

Жалған күректұмсықтылар. з о о л. <лат. pseudoscaphirhynchus> *Бекірелер тұқымдасының тұщы суда тіршілік ететін туысы. Ж а л ғ а н к ү р е к т ұ м с ы қ т ы л а р д ы ң* үш түрі Арал теңізі мен оған құятын Әмудария, Сырдария өзендерінде таралған, ұсақ балықтармен қоректенеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жалған қолданбалы программа. и н ф. <ағыл. pseudoapplication program> *Операциялық жүйені жөндеуге арналған программа* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалған құжат. з а ң. *Жеке бастың пайдасын күйттеп, тұпнұсқа құжатты бұрмалау немесе жалған құжаттар (қаржы, бухгалтерлік, кадрлық т.б. құжаттар) жасау* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Жалғанның жаннаты. *Дүниедегі ең жақсы нәрсе, дүниенің рақаты.* Мейманханасы кірген кісі шыққысыз, *ж а л ғ а н н ы ң ж а н н а т ы* екен (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Жалғанның жартысы құлағандай болды. *Астан-кестен болды, дүрлікті.* Күннің аспаны қақ жарылып, *ж а л ғ а н н ы ң ж а р т ы с ы қ ұ л а ғ а н д а й б о п*, сұмдық шындық жетті (М.Әуезов, Шығ.).

Жалғанның жартысындай. *Дөңкиген, ірі денелі, алпамсадай.* Мына шыжыған аптаны қарғап-сілеп, лағынет жаудырудан аузы бір босамаған *ж а л ғ а н н ы ң ж а р т ы с ы н д а й* мес бәйбіше де қабырғаны сүзе, жамбастай құлапты (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Жалған өнім. <лат. surrogatus> а) *Басқа бір өніммен қайсыбір қасиеттері бірдей болғанымен, онша сапасы жоқ өнім.* ә) *Қолдан жасалған жалған бұйым* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жалған программалық секция. и н ф. <ағыл. fictitious program section> *Мәліметтерді өңдеу операциясы анықталмайтын программалық секция. Ж а л ғ а н п р о г р а м м а л ы қ с е к ц и я* басқа программалық секцияларға динамикалық түрде бөлінетін жадтың үлестерін сипаттайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалған сұйылту. к е н. *Қабат арқылы өткізілетін сұйылтқыштың (газ немесе сұйықтық) әсерінен тұйіршікті сусымалы материал қабатының «жалған сұйықтыққа» айналуы. Ж а л ғ а н с ұ й ы л т у* процестері өнеркәсіпте газ бен сұйықтық ішіндегі кейбір заттарды адсорбциялау кезінде, қатты материалдардан кептіру, қыздыру және күйдіру үшін, сондай-ақ, қайнау қабаты бар пештерде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жалған табан. к е н. *Пайдалы қазылым кен орнының немесе кен қабатының тікелей астына орналасқан, онша қалың емес, бос тау жынысы қабаты немесе бірнеше қабаттар.* Тіктеу орналасқан кен қабаттарын, желілерді және кен орындарын қазып алу барысында *ж а л ғ а н т а б а н* тау жыныстарының сырғып, опырылуы жиі болады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Ж а л ғ а н т а б а н н ы ң* қысымға беріктігі мен орнықтылығы төмен болып келеді (Қаз. тілі термин. Кен.). Тіктеу орналасқан кен қабаттарын, желілерді және кен орындарын қазып алу барысында *ж а л ғ а н т а б а н* тау жыныстарының сырғып, опырылуы жиі болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жалған теңгебалық. б и о л. <лат. abbotina (pseudogobio) rivularis> *Тұқы тұқымдасына жататын майда балық. Ж а л ғ а н т е ң г е б а л ы қ т ы ң* атамекені – Ресейдегі Амур өзені. Қазақстанда 1950 жылдардың аяғында Арал теңізі, Балқаш-Алакөл су алаптарында жерсіндірілген. Ұзындығы 12 см, салмағы 15 г-дай. Арқасы қоңыр сұр, бауыры ақшыл (ҚҰЭ).

Жалған хабарламалық мәліметтер базасы. и н ф. <ағыл. pseudorelational database> *Кез келген қатынаста кортеждердің қосарлануына жол беретін хабарламалық мәліметтер базасы.*

Жалған шөлмасақ. ө с. <лат. pseudoeremostachys> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын түйнекті шөптесін өсімдік.* Қазақстанда бір түрі – Северцов *ж а л ғ а н ш ө л м а с а ғ ы* бар. Биіктігі 20 см-дей. Жуан тасыры түйнекті. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (Қаз. ықшам. энцикл.).

ЖАЛҒАН= е т. *Жалғасу, қосылу, ұштасу.* Үзілген шылбыр *ж а л ғ а н а р,* үзілген тізгін тігілер, әр нәрсе өз кезегінде... екен (С.Бақбергенов, Кентау). Бүгін сол әңгіме совхоз орталығынан тысқары жерде, асқар таудың баурайында қайтадан *ж а л ғ а н д ы* (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сабағынан *ж а л ғ а н а т ы н* домбыраны ол көрмек түгілі естімеген де, қалай *ж а л ғ а н а д ы*? (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЛҒАНДАЙ с ы н. *Жалған сияқты кең, үлкен.* Сөйтіп барып тынады ол, Теңіз тына қалғандай, Асқақ қарап тұрады ол, Жалғыз өзі *ж а л ғ а н д а й* (Ш.Мұхамеджанов, Күн.).

ЖАЛҒАНДЫҚ[1] з а т. **1.** *Шындығы жоқтық, жасандылық, өтіріктік.* Көргеніңді көрмедім деу – *ж а л ғ а н д ы қ,* Ол – тіліңе қолдап кісен салғандық. Ол – оянбай адамдығың қалғандық. Әйтпесе – адалдығын арамдыққа сатып әбден болғандық (Ә.Тәжібаев, Жартас). Ең алдымен айналайын, сен мендегі арманды ұқ, Күнді көру үшін аман түніменен толғандық. Әуезовтің шәкіртіне келіспейді жалқаулық, Әуезовтің шәкіртіне жараспайды *ж а л ғ а н д ы қ* (Т.Молдағалиев, Шақырады). Сыр да берген пенде емес жатқа ашылып, Жақсылықтың жолында жан қиятын, *Ж а л ғ а н д ы қ т ы* көргенде қатты ашынып (С.Иманасов, Өлеңд.). Намысыңның көйлегін сиялатсаң, Сияға атар оғыңды ұяға атсаң, Екеуміз де қираймыз, жүрегіңе Егер титтей *ж а л ғ а н д ы қ* ұялатсаң (М.Шаханов, Ғасырлар). **2.** п с и х о л. *Белгілі бір іс-әрекет немесе құбылыс мәнінің шындықтан алшақтатылып, бұрмаланған көрінісі, ақиқатқа қарама-қарсы ұғым.* Адам баласының ақиқатты тану жолындағы шындыққа сай келмейтін, бірақ ақиқатқа баланатын (шын деп қабылданған) адасуы тәрізді *ж а л ғ а н д ы қ* та қоғамдық сананың жемісі (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Арам ниеттілік, көз алдаушылық.* Дос-асықтың болмайды бөтендігі, Қосылған босаспайды жүрек жігі. Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз – *Ж а л ғ а н д ы қ т а н* жасалған көңіл жүгі (Абай, Тол. жин.). Жастық-ай... Алаңсыз аңғалдық-ай. Жалындап жанған ұдай. Жауыздық, *ж а л ғ а н д ы қ*-ай, Ұрлаған арманды ұдай... (М.Мақатаев, Шығ.).

Жалғандық детекторы. п е д. *Адамның аффектілік жай-күйін сипаттайтын физиологиялық көрсеткіштерін объективті зерттеуге арналған аппараттар жинағы. Ж а л ғ а н д ы қ д е т е к т о р ы н д а* сыналатын адамға тері-гальваникалық реакцияны (ми биотоктарын жазу), плетизмограмманы (организмнің тамырлық реакциясы), тремор (бұлшық еттер дірілі) және т.б. тіркейтін аспаптардың датчиктері бір таспаға шығарылып, тәжірибесі тергеуші ол көрсеткіштер бойынша сынаушының эмоциялық жай-күйі туралы неғұрлым дәл пікір алады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Психологияда *ж а л ғ а н д ы қ д е т е к т о р ы* шыққанған дейін-ақ қылмыстың «аффектілік іздерін» зерттеу әдісі талданып-белгіленген болатын (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жалғандыққа ермеді. *Өсек-өтірікке бой ұрмады, әділдік жолын қуды.* Бала болдың, жас болдың, *Ж а л ғ а н д ы қ қ а е р м е д і ң.* Төре болдың, бас болдың, Көкірегіңді кермедің (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛҒАНДЫҚ[2] с ы н. *Өмірлік, мәңгілік.* Мен ояу, жалған ісіне, Басымды өлсем имеспін. Сенем сындар күшіме, Мен *ж а л ғ а н д ы қ* емеспін (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

ЖАЛҒАНСЫЗ с ы н. *Жасандылығы жоқ, шынайы, өтіріксіз.* Өмірімнің танытқан құбыласын, Сол секілді *ж а л ғ а н с ы з* бұл расым, Тұңғыш гүлдің иісін содан тауып, Жұтам одан тұңғыш күн шұғыласын (С.Мәуленов, Найзағай). *Ж а л ғ а н с ы з* шын ниет қойып кіріссең жеңбейтін пәле жоқ (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Баянжүрек, жомартсың, жерің жайсаң, Жасырмаймын, *ж а л ғ а н с ы з* барымды айтам... (М.Айтхожина, Баянжүрек).

ЖАЛҒАНТЫС з а т. *Жазда тымақ сыртынан киетін астарсыз баскиім, күләпара.* Бұл үш жолаушының екеуі әскерше киінген де, біреуінің басында осы ел адамдарының жазда киетін *ж а л ғ а н т ы с ы* бар (Ғ.Ахмедов, Жорық.). Қыста тымақ сыртынан *ж а л ғ а н т ы с* киеміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛҒАНУ *Жалған етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қосымшаның *ж а л ғ а н у ы.*

ЖАЛҒАНШЫ с ы н. **1.** *Сөзінің тиянағы жоқ, суайт, өтірікші.* «Бекер ме, – Қасқыр айтты, – менің сөзім? Білесің *ж а л ғ а н ш ы* деп кімді өзің! Әкеңді алдыңдағы танимысың? – Балам, сен байқап қара, ашып көзің! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Олар бізге оқы дер қу болмақты, Уағдасыз, *ж а л ғ а н ш ы* су болмақты. Сыяз сайын әркіммен арпалысып, Күнде дау, күнде жанжал, шу болмақты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж а л ғ а н ш ы ғ а* келген соң, Шартарапқа толқыды, Көңіл мұндар желденіп. Дүние қызық көрінді Алтайыдай алдымда Соқпаққа көрдім серменіп (Базар жырау, Шығ.). Жалықпай *ж а л ғ а н ш ы* үшін жазы-қысы, Ит жортақ жүрісіміз бұлкілдей-ақ. *Ж а л ғ а н ш ы* жайтаң қағып және алдайды, Түлкінің тұра қашқан көркіндей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр). Бұл дүниенің бір қызығы базарға ұқсар, *Ж а л ғ а н ш ы* жанды алдағыш сұлуға ұқсар. Семіз ат, асыл киім, сұлу қатын, Алғызып кетер күнде бір-ақ мықтар (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Алдарқатқыш, өткінші, алдамшы.*

Ж а л ғ а н ш ы жарық дүние! Бізден де бір күн қаларсың. Піл сауырлы қара жер қойныңды ашып, қол жайып құшағына аларсың! (Қаз. ақын. шығ.). Әуелден әуел болғалы, Атамыз адам пайғамбар *Ж а л ғ а н ш ы* пәни дүниеге Қатарын түзеп қонғалы. Неше дүркін ел өткен (Базар жырау, Шығ.).

ЖАЛҒАНШЫДАЙ с ы н. *Жалғаншы сияқты, жалғаншы тәрізді.* Қапастай қараңғылық жатсам-тұрсам, Жарығы *ж а л ғ а н ш ы д а й* кең сарайдың. «Болар – деп, жайлы кеңес жақсылардан», Серлеткен себебі сол, бұл жағдайдың (Айтыс).

ЖАЛҒАНШЫЛ с ы н. *Алдампаз, үнемі өтірік сөйлейтін.* Келе-келе *ж а л ғ а н ш ы л,* атақшыл жандар ұлы мағынаны тар мағынаға бұрып кеткен (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Құлдық ұра тұрып құнын білетін, *ж а л ғ а н ш ы л,* жарамсақ мінезі аңдалмаған Қадырғали бектің өзіне күмәнмен қарады (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖАЛҒАНЫС з а т. *Байланыс, жалғастық.* Бұрынғы сабақ пен жаңа берілген сабақ арасын жалғастыру керек. *Ж а л ғ а н ы с,* яки байланыс сыртқы жағынан емес, ішкі мазмұны жағынан болуға тиіс. (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЛҒАС[1] з а т. *Заттың я уақиғаның бір шектен арғы ұламы.* – Жақсы басталған жұмыстың *ж а л ғ а с ы* да жақсы болады (Жүлдегерлер). Мен кеудемді керней дем алдым да, әкемдер кетер күнгі уақиғаның *ж а л ғ а с ы н* еске түсірдім (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Сәрсен әлі де болса жаңағы ойының *ж а л ғ а с ы н* айтқысы кеп... оқталып қалған күйінен оқыс өзгерді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Соғыста өлген жауынгерлерден қалған тұяқ, Мұраттың қайта тірілуі – *Ж а л ғ а с ы.* Есімінің Жалғас екенін естіген ел: «Атын да тауып қойған екен» депті (О.Бөкеев, Өз отың.). *Ж а л ғ а с ы* бар, Жырымның *ж а л ғ а с ы* бар, Жырларым, жылдарменен жалғасыңдар. Сел жырым ақтарылса арнасынан, Селкілдеп тау мен тасың зорға шыдар. *Ж а л ғ а с ы* бар, Жырымның *ж а л ғ а с ы* бар (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛҒАС[2] с ы н. **1.** *Сонымен іліктес, сабақтас.* Шағалаға Шағым айтсам теңізде, Сырласам сұлу жүрегі *ж а л ғ а с* егізге. Елде қалған Көгершін көз еліктер, Жабыққанда жалғызбын деме, мені ізде (К.Салықов, Жезкиік). Бүйрығын туған елдің орындаумен Бурадай бұлқысқан жер қалың жаумен. Құлшынбай төбесінде тыныс тапты Шалқартау *ж а л ғ а с* кезең Айыртаумен (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Теге.* Менімен *ж а л ғ а с* інім уапат болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛҒАС= е т. **1.** *Өзара қосылысу, тұтасу, бірігіп жалғау. Ж а л ғ а с а т ы н* терістікпен, түстікпен, Туған жерден қалса тамшы ыстық дем. Соны жұтып, көтерілем аспанға Сол тамшыны жасыл қанат құс қып мен (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Ж а л ғ а с қ а н* зәулім көкке аспанымыз, Білмейміз биіктеуден басқаны біз. Уақыт алыс емес Әр ашылған Жұлдызбен есептелер жастарымыз (Т.Айбергенов, Мен саған.). Бұл бірімен бірі *ж а л ғ а с а,* иін тіресе салынған жер үйлердің мұржасынан көкала түтін қаптап ұшатын кешкі шақ еді (Ә.Әбішев, Замана.). *Ж а л ғ а с а д ы* еңбекпенен күнге күн, *Ж а л ғ а с а д ы* еңбекпенен түнге түн. Керуен көшіп, Ит үреді әдетте. Ит үреді. Үру – оның міндеті! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Бірбірімен байланысып, қатысу.* Қосайдан кетуге сөз байлап Дарқан, екі етекті белге бүріп, пайдашы жігіттермен *ж а л ғ а с ы п,* солардың соңына еріп кеткен (І.Жансүгіров, Әңгім.). Сіздер Бақытбекке *ж а л ғ а с т ы ң ы з д а р* ма? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **3.** а у ы с. *Сабақтасу, әрі қарай ұласу.* Адамзатты қорғай жүріп қан бастық, Адамзаттың азғынымен арбастық. Аласапыран арпалыстан аман қап, Адамзаттың өмірімен *ж а л ғ а с т ы қ* (М.Мақатаев, Шығ.). Күндерін құлазыған күнде өткеріп, Алыстан табысқандай іздеп келіп. Апалы-сіңлілі үш арудың, *ж а л ғ а с а* шыңдары түр тізбектеліп (С.Мәуленов, Жаңа арна).

Жалғаса шықты. *Ілесе шықты, ере шықты.* Ұстаған жолын олардың Дәріпті ділуар аз емес *Ж а л ғ а с а ш ы қ қ а н* артынан. Беттетпей жанды кезінде, Қастасқан жауын күйзелтіп, Жандырған өрттей шарпыған (Базар жырау, Шығ.).

Жең ұшынан жалғасты. *Астыртын қол ұшын берді, құпиялап келісті.* – Аз уақыт дәмдес болдым, танысып-білістім демесе, Жоламанның ұңғыл-шұңғылын жете біле бермейді. Асайынмен *ж е ң ұ ш ы н а н ж а л ғ а с ы п* жүрмегеніне кім кепіл? (С.Омаров, Өмір.). Бұл *ж е ң ұ ш ы н а н ж а л ғ а с қ а н* ақырзаман емес пе? Сүйеушің болмаса, көзіңнің көк еті арылмайды (О.Сәрсенбаев, Сағым). *Ж е ң ұ ш ы н а н ж а л ғ а с қ а н* Жасамыстың, Жастың да Төбесінде – көк аспан, Тарлан бозы – астында (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАЛҒАСТЫҚ з а т. *Ұласа қосылған байланыстық.* Жарасымды жосығы, *Ж а л ғ а с т ы қ т ы* сезіне, Құп көріпті осыны Табиғаттың өзі де (С.Сейітов, Жаңғырық). Диалектика алдыңғы фазаны жай бекерге шығарғандықты бекерге шығару деп танымады, диалектика оның *ж а л ғ а с т ы ғ ы н* да көрсететін даму кезекті де белгілейді (А.Қасымжанов, Аналитика).

ЖАЛҒАСТЫР= е т. **1.** *Ұштастыру, байланыстыру, тұтастыру.* Киімнің бойын, шалбардың балағын, жеңді, олардың екі шетін *ж а л ғ а с т ы р а* тігу ісін қусыру деп атай-

ды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Сабақтастыру, әрі қарай ұластыру.* Жүрегінің сезімін суреттейтін, *ж а л ғ а с т ы р ы п* әкететін айрықша бір маңыз бар. Бұлар сыршыл (лирик) ақындар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Майор Жүсіпов әлден соң темекісін орталап тартып болған кезде әңгімесін тағы *ж а л ғ а с т ы р д ы* (К.Тоқаев, Тасқын). Сезім қозғап оятады жүректі, *Ж а л ғ а с т ы р ы п* арман, ойды тілекті. Түннің жібін үзіп тастап келді де, Жігіт-өлең ұстады ақ білекті (К.Шілдебаева, Арманым).

ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ с ы н. *Екі нәрсенің жігін біріктіріп, ұластырғыш.* Су тарту үшін *ж а л ғ а с т ы р ғ ы ш* трубаны пайдалану – жабдықты құрастыруды едәуір жеңілдетеді (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

ЖАЛҒАСТЫРМАЛЫ с ы н. *Біріне-бірі біріктіріле қосылған, жалғамалы.* Екінші рет №4-ке немесе №3-ке келуге тиіс. Себебі *ж а л ғ а с т ы р м а л ы* шабуыл соққысын жасайтын ойыншылар осылар болмақ (О.Жарылғапов, Волейбол.).

ЖАЛҒАСТЫРУ *Жалғастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұштастыру, байланыстыру.* Иіріп келе жатқан жіп үзіліп кетсе, оны шүйкенің үлпілдек ұшымен *ж а л ғ а с т ы р у ғ а* болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Сабақтастыру, әрі қарай ұластыру.* Мен Асылгүлдің кетпеуін және Әділжанның жаңағы әңгімені *ж а л ғ а с т ы р у ы н а* рұқсат етуін сұрадым (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Өлгендер ісін тірі қалғандар *ж а л ғ а с т ы р у д а* (Т.Жанұзақов, Азамат).

ЖАЛҒАСТЫРУШЫ з а т. **1.** *Байланыстырушы, тұтастырушы.* Жрец – көне шығыс елдерінде Құдай мен адам арасын *ж а л ғ а с т ы р у ш ы* әулие саналған (Е.Ысмайылов, Ақындар). **2.** *Істі ары қарай сабақтастырушы, дамытушы.* Жастар – өмір гүлі, қоғам болашағы. Олар жақсы дәстүрді *ж а л ғ а с т ы р у ш ы*, жаңалықты бастаушылар (Балдәурен). Сол ерлердің ізбасарлары, ісін *ж а л ғ а с т ы р у ш ы л а р ы* осы Дінқұмандар секілді (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАЛҒАСТЫРЫЛ= е т. **1.** *Ұластырылу, ұштастырылу, тұтастырылу.* Үйлердің арасы аласа дуалдармен *ж а л ғ а с т ы р ы л ғ а н*, қоршау ішінде – егілген жеміс ағаштары, бау-бақша (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Әлденеше бунақ болып *ж а л ғ а с т ы р ы л ғ а н* бұрынғы машина өзен табанына шымырап барып-барып қайта лықсытылды (С.Бегалин, Жеткіншек). Ақсай каналы табиғи өзекпен *ж а л ғ а с т ы р ы л ы п*, Сыралы бойынан қазылған кең су қоймасына Жайық суы құйылып жатты (Т.Айнабеков, Алғы шепте.). **2.** *Байланыс жасау, қатыстырылу.* Сонымен қатар сұмындық партия, әкімшілік, бұқаралық ұйымдарға *ж а л ғ а с т ы р ы л ы п*, жұмыс ұйымдастырылды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛҒАСТЫРЫЛУ *Жалғастырыл етістігінің қимыл атауы.* Бас Ассамблеяның жұмысы әлі *ж а л ғ а с т ы р ы л у д а* («Соц. Қаз.»). Хубердің жекпе-жегінің *ж а л ғ а с т ы р ы л у ы н а* да себепкер болған осы намыс еді (Спорт жұлдыз.).

ЖАЛҒАСУ *Жалғас етістігінің қимыл атауы; сабақтасу, ұласу.* Бес-ақ тиыны билет боп, қалғаны қолдан-қолға *ж а л ғ а с у м е н* иесін табады (Ғ.Сланов, Замана.). Сүйіскен екі жүрек *ж а л ғ а с у д ы ң* әдісін таба берді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қарай-қарай алға асыға, қолды созып алмасына. Ән боп соған *ж а л ғ а с у ғ а*, Наманғанға келемін (С.Мәуленов, Найзағай.).

ЖАЛҒАТ= е т. *Жалғастыру, ұластыру.* Шақырып алыс жол жатты, Алдынан шығып үйімнің. Арманды алға *ж а л ғ а т т ы,* Белінен бастым қиынның (Ә.Абайділданов, Алыс.). Атаның ісін *ж а л ғ а т с а* со-о ойдан – шыңға апарар, Жамырап сансыз жол жатса (Ж.Қажыров, Жұлдызға жол).

ЖАЛҒАТУ *Жалғат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қол *ж а л ғ а т у.*

ЖАЛҒАУ[1] з а т. **1.** қ о л ө н е р. *Бір жіпке септелетін екінші жіптің үзігі.* Ал бір жіпке септелетін екінші жіптің үзігін *ж а л ғ а у* дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** л и н г в. *Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша.* Дыбыстан жинап сөз құрап, Ол сөзімді буындап. Буындап едім болсайшы, *Ж а л ғ а у д а н* жалғау туындап (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұл кісінің сөздігінде «сіз», «сың» деген *ж а л ғ а у* болмайды деп жұрт күлуші еді (З.Шашкин, Теміртау). Мысалы, «балаларымызға» деген сөзде -лар – көптік, -ымыз – тәуелдік, ға – септік *ж а л ғ а у л а р ы.* Бұдан түркі тілдеріндегі жалғаулардың жалғану реті, орын тәртібі айқын көрінеді. *Ж а л ғ а у* мағыналық, тұлғалық дербестік күйде ешқандай мағына бермейді. Жұрнақтарға қарағанда қолдану өрісі кең, белгілі бір сөз табына қатысты сөздерді талғамай жалғана береді (Қазақ тілі).

Жіктік жалғау. л и н г в. *Істің белгілі жаққа тәндігін көрсететін қосымша.* Дыбыс заңдарының әсерінен *ж і к т і к ж а л ғ а у л а р ы* жуан, жіңішке, қатаң, ұяң болып түрленеді (Қазіргі қаз. тілі). *Ж і к т і к ж а л ғ а у ы* – етістіктерге, баяндауыш қызметінде жұмсалатын есім сөздерге үш жақта жалғанатын қосымша (Қазақ тілі). *Ж і к т і к ж а л ғ а у л а р ы* отыр, жатыр, тұр, жүр етістіктеріне, баяндауыш қызметін атқаратын есімдерге тікелей жалғанады (жатырмын, мұғаліммін т.б.) (Қазақ тілі).

Көптік жалғау. *Көптік мағынаны білдіретін қосымша. К ө п т і к ж а л ғ а у,* негізінде, барлық басқа жалғаулардан бұрын... жалғанады (Қазіргі қаз. тілі). *К ө п т і к ж а л ғ а у* – жалғанған сөзіне көптік мағына беретін қосымша. Дыбыс үндестігіне сәйкес алты түрлі фонетикалық тұлғада (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер) жалғанады. *К ө п т і к ж а л ғ а у* зат есім, есімдік, зат есім қызметін атқаратын сөз таптарына, етістіктің жекелеген формаларының екінші жағына жалғанады (Қаз. тілі энцикл.).

Септік жалғау. *Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып тұратын қосымша. С е п т і к ж а л ғ а у л а р ы* субстантивтенген басқа сөз таптарына да жалғана береді (Қазіргі қаз. тілі). *С е п т і к ж а л ғ а у* – сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, грамматикалық қатынастарға түсіретін қосымша. Қазіргі қазақ тіліндегі, өзге туыстас түркі тілдеріндегі, көне жазба ескерткіштер тіліндегі *с е п т і к ж а л ғ а у л а р д ы* салыстыра зерттеу тіл тарихына мол мағлұматтар берді (Қазіргі қаз. тілі).

Тәуелдік жалғау. *Заттың иеленушінің біріне тәндігін білдіретін қосымша. Т ә у е л д і к ж а л ғ а у* септік жалғауынан да, жіктік жалғауынан да бұрын жалғанады (Қазіргі қаз. тілі). *Т ә у е л д і к ж а л ғ а у* – жалғанған сөзіне тәуелдік, тәндік, меншіктік мағына беретін қосымша, зат есімдерге, заттанған сөздерге жалғанады. *Т ә у е л д і к ж а л ғ а у* жалғанған сөздер ілік жалғаулы есімдіктермен үш жақты синтаксистік байланысқа түседі. Сондықтан тәуелдеулі сөздің жақ жалғаулары жіктеу есімдіктерінің жақтарымен сәйкес келеді (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАЛҒАУ[2] *Жалға етістігінің қимыл атауы; ұштастыру, байланыстыру.* Кентай... сымның тағы бір жерде үзілгендігін білді. Оны тауып *ж а л ғ а у* үшін тағы да ілгері жүгірді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Жіп жалғау. *Қол үзбеу, байланыс жасап тұру, қарым-қатынаста болу.* Рақым әкесіне еріп Сарыбұйратқа алғашқы барған сапарындақ Төлен әулетін танып қайтқан. Содан бері олармен *ж і п ж а л ғ а у* әрекетінде (Қ.Исабаев, Айқыз).

Сөзін жалғау. *Әңгімесін жалғастыру, әрі қарай айта беру.* Әжекең *с ө з і н* әрі қарай *ж а л ғ а у ғ а* әлі жетпей болдырып, түйіліп қалды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Имаш кішкене мүдіріп тұрып, *с ө з і н* қайта *ж а л ғ а п* алып кетті (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЛҒАУ-ЖАЛҒАУ с ы н. *Ұлап-ұлап тастаған, қырық құрау.* – Анау көрінген баздан жалынып-жалпайып жатып алып келген тросымыз да өкінішке орай *ж а л ғ а у-ж а л ғ а у* боп шықты («Лен. жас»).

ЖАЛҒАУЛЫ с ы н. *Біріктірілген, құрамалы, ұлаулы.* Әлмұқан *ж а л ғ а у л ы* қос қабат арқанның бір басын Имаштың беліне байлады (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Арба қозғалып кеткенде, жіпке *ж а л ғ а у л ы* тұрғандай жүрегім қоса үзіліп кете жаздады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Қалған он адамның тағдырының жібі футболмен әлі күнге дейін *ж а л ғ а у л ы* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ЖАЛҒАУЛЫҚ з а т. л и н г в. *Жеке тұрғанда толық мағынасы жоқ, сөздерді, сөйлемдерді өзара байланыстыратын шылау сөз.* Сөйлем мен сөйлемді, сөйлемдегі сөз бен сөзді өзара байланыстыру үшін жұмсалатын шылауларды *ж а л ғ а у л ы қ т а р* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). Кейде әзілдеп сөз сөйлейсің тым ірі, ойды оятып, көңілімді жайлау қып. Менікі ғой сол сөздердің түбірі, Ал сенікі қосымша мен *ж а л ғ а у л ы қ* (С.Оразаев, Дала.). *Ж а л ғ а у л ы қ т а р* – шылау сөздердің бір түрі. Олар толық атаулық мағына білдірмейді, дара жұмсалмайды, абстрактілі грамматикалық мағынаға ие (Қазіргі қаз. тілі). Қызметі жағынан *ж а л ғ а у л ы қ т а р* демеуліктермен сипаттас. Бұлар да бірыңғай мүшелерді, салалас сөйлемдерді байланыстырады, олардың арасындағы түрлі мағыналық қатынасты білдіреді (ҚҰЭ).

ЖАЛҒАУЛЫҚСЫЗ с ы н. л и н г в. *Жалғаулығы жоқ.* Кезектес салаласты *ж а л ғ а у л ы қ с ы з* ыңғайлас салаласқа айналдыру, керісінше, *ж а л ғ а у л ы қ с ы з* ыңғайлас салаласты кезектес салалас етіп құру («Қазақст. мект.»).

ЖАЛҒАУЛЫҚТЫ с ы н. л и н г в. *Жалғаулығы бар.* Кезектес салалас *ж а л ғ а у л ы қ т ы* болып келеді («Қазақст. мект.»).

ЖАЛҒАУСЫЗ с ы н. *Жалғауы жоқ, аяқталмай, тиянақсыз.* Алтайдан Қазақстанға тартылған теміржол Ертіс өзеніне келіп тіреледі де, үзілген жіптей *ж а л ғ а у с ы з* қалды (С.Аққошқаров, Бақыт.).

Сөзін жалғаусыз тастай салды. *Сөзін аяқтамады, бітірмеді, әңгімесін кілт үзді.* Ол көрді де, қолын көтере беріп, күлімсірей қалды, *с ө з і н ж а л ғ а у с ы з т а с т а й с а л ы п*, жүгіріп төменге түсіп, Зағипаны бас салғысы келіп кетті (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЖАЛҒАУШЫ з а т. *Бір нәрсені екінші бір нәрсеге байланыстырушы.* ≈ Үзілгенді *ж а л ғ а у ш ы.*

ЖАЛҒЫЗ с ы н. *Бір, жалқы.* Менің ойым қазір басқа нәрседе... мен... менің ойым қазір *ж а л ғ ы з* Зейнепте ғана (М.Дулатов, Шығ.). Мырза!.. Үйірдегі *ж а л ғ ы з* айғырымызды алдырған екенсіз... соның жайын айтайын, жайын білейін деп... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көп емес, қазір онда *ж а л ғ ы з* ділда, Оны алсаң, ділда болар тағы орнында. Оны алсаң және орнынан

ділда шығып, Таусылмас ала берсең қанша жылда (А.Байтұрсынов, Шығ.). Өлшеулі демі біткенде Ажалдың оғы жеткенде, Бадана көзді берік сауыт Тең болар оның панасы – Жалаңқат киген шекпенге. Қайтпайтын жаудан қайратты Маңдайдан шыпшып қара тер Жанды жерден қадалған – Бір *жалғыз* оққа кез болар! (Базар жырау, Шығ.). // *Ата-анадан жеке туған не жалғыз қалған бала.* – Апар да мыс бақырды алдына сал, Алтын болса, болады бірталай мал. *Жалғызым,* не қылсаң да сақ болып жүр, Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал (Абай, Тол. жин.). Жұмылған көзім ашылып, *Жалғызымды* көргендей (Батырлар жыры). Аузы құрғыр тартады, *Жалғызымды* сүйгендей (Батырлар жыры).

Жалғыз айыл. *Берекесіз, пәтуасыз, сабау бас кісі деген мағынада.* Не дейсің? Сенің жүргенің әлгі қу аяқ, *жалғыз айыл* ма? Ондай құдың басын құртармыз (І.Жансүгіров, Таңд.).

Жалғыз атты. а) *Салт жүргінші.* – Қане, Сылаңым! – деп, тағы да ысқырта бергенде жолдың бір езуіндегі тасадан *жалғыз аттты* шыға келді (Ғ.Сланов, Асау.). ә) *Тұрмыс-күйі нашар, жарлы, кедей.* Қырылып төрт мүлік мал тау мен таста, Халықты жанды малдан ажыратты. Мың қойдан, мың жылқыдан жүзі қалмай, Талай бай кедей болды *жалғыз аттты* (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Жалғыз аттты* жадау күй жарлы кешкен! Аңсағаным атамнан арғы кештен – Жарқ еткенде жиреннің мандай шамы, Нөкдаунға кеткендей тандым естен (Ж.Жұматаев, Ләйлә.).

Жалғыз ауыз сөз. *Азғана әңгіме, айтпақшы болып оқталған гәп.* – Біздің Садекеңмен айтысатын шамамыз кәне? Әншейін бір *жалғыз ауыз сөздің* тұсында болымсыз тоскауыл айтқаным ғой (М.Әуезов, Тол. жин.). «Аңшы» деген *жалғыз ауыз сөз* жаныңды қалай тебірентпесін! (Ш.Айманов, Қыран.). Бірақ осы *жалғыз ауыз сөз* ойына түскенде, әкесін көре алмай арманда қалған қыз көңілін кенет қайғы-зар қысты (Ө.Қанахин, Мұрагер). Алғашқы тіл қатқаным, сонда айтқан *жалғыз ауыз сөзім* өмірде шыға қоймас, – деді ол (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Жалғыз басы мың болсын! а л ғ ы с. *Көп жасасын; өсіп-өнсін, үрім-бұтағы көбейсін!* Берем деп уағда қылмайды, Сонда да құры қоймайды, *Жалғыз басы мың болсын,* Ата сөзін тыңдайды (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Жалғызға жара салды. *Өзінен әлсізге азап көрсетті.* Жетінші тілеу тілеңіз, Атадан алтау тудым деп, *Жалғызға жара салмасқа* (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Жалғыздың жары Құдай [өзі]. к ө н е. *Сүйеніші жасаған иенің өзі.* Бірін көріп жалықтым, Жау қолына құнықтым, Жалғыздықты ұмыттым, *Жалғыздың жары өзі* деп (Б.Күлеев, Шығ.).

Жалғыз қабат. *Бір дүркін, бір-ақ рет.* Алыстан ат сабылтып кеп, *жалғыз қабат* босағаңды аттағанымда естірерің осы болса, мың да бір рақмет! («Қаз. әдеб.»).

Жалғыз қабатты. *Жадағай, бір қабатты.* Келдік, мырза, темір жол вокзалы мына бір үй, – деп қолын созып, қызыл кірпіштен салынған *жалғыз қабатты* үйді көрсетті (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Жалғыз қазық. ж е р г. *Тік ін.* Ат төрт аяғын *жалғыз қазыққа* сұғып алды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жалғыз қазыққа кез болды. *Қиындыққа тап болды, қиналды.* Сол секілді назбедеу, Жолыққан күні тосуға Келтірмей қайтып қосуға – Бір *жалғыз қазыққа кез болар!* Бес қаруын асынған, Беттескен жауын қашырған (Базар жырау, Шығ.).

Жалғыз қазық ұрсын! [жолықсын]. қ а р ғ. *Жамандық қиын кезде кездессін!* Сол кегімді сен екеуің жоқтап әперемесің, жау қуғанда *жалғыз қазық ұрсын,* екі сүмелек деген (М.Әуезов, Шығ.).

Жалғыз моладай құлазыды. *Жалғызсырады, сырласар ешкімі болмады.* Ұйықтаған ауылда, жалғыз ояу жан тыныштық алған дүниенің ортасында жалғыз өзі болғандықтан, Ғазизаның жүрегі жетімсіреп, *жалғыз моладай құлазыды* (М.Әуезов, Шығ.).

Жалғыз үйлі. *Жақын маңында ел жоқ жерді бір өзі мекендеген, саяқ.* Осы кеште көлсіз қаздай, өмірлерін елсіз өткізген *жалғыз үйлі* жанның қуанышы – көшу туралы болды (А.Лекеров, Түз гүлі).

Жалғыз хан. э т н. *Ойын аты. Жалғыз хан* ойынын жастар ойнайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ахмадия өзінің әдетінше күліп жалтаңқырап қалды. «*Жалғыз хан* ойнап отыр едік»– деді. «Жалғыз хан?», қой «Жалғыз ханды «тұтпай» ойнайық (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЛҒЫЗАЯҚ: жалғызаяқ жол [соқпақ]. *Жаяу адам ғана жүретін соқпақ жол.* Абайлар *жалғызаяқ жолмен* кеп, өткелден өтіп, тоғайдың ар жағына шығысты. Кеңірек алаң бар екен. Сүйіндік аулы көрінді (М.Әуезов). Жарлауланған қамыстың арасынан, сиырдың *жалғызаяқ жолындай* бұрандап, жылап ағып, беті мөлдіреп жатқан қара су (Б.Майлин, Шығ.). Қойымды Аянбайға кеттім қосып, Жеткендей төбем көкке көңілім өсіп. Құрдасым тілімді алып қала берді, *Жалғызаяқ* бір *жолға* кеттім түсіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жалғызаяқ соқпақ* жатыр іргесінде үйімнің, Соған шығу қиыны екен өмірдегі қиынның. *Жалғыз-*

а я қ с о қ п а қ әкеп жолға салды шытырман, Шимай-шимай сызығындай жүрегім мен миымның (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ с ы н. *Сыбай-салтаң, өзінен басқа ешкімі жоқ, бойдақ.* Қалай деп ойлайсың, Жақыпбек жақсы бала емес пе? Ақылды, әдепті, қыздай сызылып тұрады. Өзі *ж а л ғ ы з б а с т ы* көрінеді, – деп бір қойды Тойтақ Ақыққа (М.Иманжанов). Жекеннің семьясы жоқ, *ж а л ғ ы з б а с т ы* еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ол *ж а л ғ ы з б а с т ы* тұрса да, жалғызсырап көрген емес («Қаз. әдеб.»). Ол *ж а л ғ ы з б а с т ы* панасыз адам болғандықтан, патшаның әйелдеріне келіп тұратын танысы болады екен (Мың бір түн).

ЖАЛҒЫЗДА= е т. **1.** *Бір-бірлеп жалқылап, біріндеу.* Олар *ж а л ғ ы з д а п* жасырынып жүк жатқан жерге келді (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** *Бірігіп, көп болып жабылу.* – Бәріңнің жабылғаның ғой маған, ішіңдер менің қанымды... ал, ішіңдер... *Ж а л ғ ы з д а ғ а н д а р ы ң* ғой (С.Мұратбеков, Көкорай). Ол сені жатқа балап жылатпайды, *Ж а л ғ ы з д а п* жар қабақтан құлатпайды, Мұңыңды ұқтыра алсаң бүге жылап, Тек қана артық күлсең ұнатпайды (Қ.Мұқашев, Жер жұлдызы.).

ЖАЛҒЫЗДАН-ЖАЛҒЫЗ ү с т. *Жанында ешкім жоқ, жападан-жалғыз, бір өзі.* Ал зияны – сен *ж а л ғ ы з д а н-ж а л ғ ы з* бір подрядчикті сабағанмен, онан дүние өзгермейді (І.Жансүгіров, Шығ.). Ажар *ж а л ғ ы з д а н-ж а л ғ ы з* отырып, өзіне-өзі осы сұрақтарды қойды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Сәнжан жол үстінде *ж а л ғ ы з д а н-ж а л ғ ы з* тұрып қалды. Автобус әлдеқашан көзден ғайып болған (Ә.Таразі, Құйрықты.).

ЖАЛҒЫЗДАУ *Жалғызда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елден аластатып *ж а л ғ ы з д а у.*

ЖАЛҒЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Ешкімі жоқтық, саяқтық.* Ақберген де өзінің нашарлығын, *ж а л ғ ы з д ы ғ ы н,* қоңсылығын, достығын тілеуі бірлігін айтып шықты (Ж.Аймауытов, Шығ). Жарлылық пен *ж а л ғ ы з д ы қ,* Дұшпанына қылар мат, Қоныстың шалғай жырағы, Ағайыннан қылар жат. Хан салғандай кәделі Орын едің рабат (Базар жырау, Шығ.). Өзен де жоқ сыймаған арнасына, Жылға да жоқ даламен жалғасуға. Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай, Қалай біткен мына көл тау басына?! Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға, *Ж а л ғ ы з д ы қ т а н* жамандық бар ма, сірә (М.Мақатаев, Шығ.). Өлейін деп ойласам, Аманатың бар мойнымда. Жүрейін деп ойласам, *Ж а л ғ ы з д ы қ* бар мойнымда (Ғашық-наме). **2.** *Даралық, жекелік.* Досты қайдан табарсың, Кеңесерге адам жоқ. Әрлі-берлі шабарсың, *Ж а л ғ ы з д ы қ т а н* жаман жоқ (Абай, Тол. жин.). *Ж а л ғ ы з д ы қ* – бір Тәңірінің сыбағасы, Өршілдікпен лағнетке болған душар (Абай, Тол. жин.). Қазақ халқы өзінің дәстүрлі дүниетанымы бойынша, рухани кемелдену жолында *ж а л ғ ы з д ы қ т ы* таңдап алған дәндарларды әулие тұта отырып, қарапайым адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде саяқ ғұмыр кешуін мақұлдамайды (ҚҰЭ). **3.** д і н и. *Монотеистік діндердегі Құдайға тән басты қасиет.* Мынау бір аппақ боранда адасып тегі, Машинаң асқар таулардан әрі асып па еді. *Ж а л ғ ы з д ы қ* деген жақсы ма, *ж а л ғ ы з д ы қ* деген Құдайдан басқа ешкімге жарасып па еді?! (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Ислам дінінде де дүниені жаратушы күштің жалғыз екеніне сену – иманның негізі, парыздың үлкені саналады. Алланың жалғыз, әрі теңдессіз құдірет иесі екенін таухид ілімі терең түсіндіреді. *Ж а л ғ ы з д ы қ* ұғымы сопылық ілімде ерекше мәнге ие. Алланың *ж а л ғ ы з д ы ғ ы н* теориялық тұрғыдан ғана танумен шектелмей, соған сәйкес амал қылу таухидті толыққанды етпек (ҚҰЭ). «*Ж а л ғ ы з д ы қ* Құдайға ғана жарасады» деген мақал – соның айғағы (ҚҰЭ). **4.** п е д. *Басқа адамдардан оқшауланған жағдайға ұшыраған адамның эмоциялық күйіне ықпал ететін психогендік фактор.* Эксперименттік, географиялық, әлеуметтік, жазалау – түрмелік *ж а л ғ ы з д ы қ* жағдайына ұшыраған бойда адамдардың басқа кісілермен барлық тікелей («жанды») байланыстарының бәрі тоқтайды («кілт үзіледі»), осыдан шұғыл эмоциялық реакциялар туындайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жалғыздық көрді. *Саяқтықтан жәбіржапа шекті.* Атадан алтау, Анадан тертеу, *Ж а л ғ ы з д ы қ к ө р е р* жерім жоқ, Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҒЫЗ с ы н. *Өз алды бөлек-бөлек, жеке-жеке.* Үлкен суық қарлы жоталарда түтіні бұрала шыққан *ж а л ғ ы з-ж а л ғ ы з* кішкене үйлер көрінеді (М.Әуезов, Индия очерк.). Көкте *ж а л ғ ы з-ж а л ғ ы з* қалықтаған қара құстар ғана көрінеді (С.Көбеев, Орынд. арман). *Ж а л ғ ы з-ж а л ғ ы з* жүргенше, Жалқылықты көргенше, Дос болып бірге тұрайық, Ұзақ өмір сұрайық (Ө.Тұрманжанов, Шығ.).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҚЫ с ы н. *Ешкімі жоқ, салт басты.* Ал біз секілді *ж а л ғ ы з-ж а л қ ы л а р* жатақханада тұратынбыз (Н.Габдуллин, Қызық дәурен).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАПА с ы н. *Жеке-дара, бөлек-бөлек, жападан-жалғыз.* Той-думанда өскен адамнан гөрі далада *ж а л ғ ы з-ж а п а* жүріп өскен адамның ойы тұйық, қиялы бай келеді (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМ с а н. *Бірен-саран, аздаған, некен-саяқ. Ж а л ғ ы з-ж а р ы м* мал көздеген қоңылтақ кедей шалдар, бұзау көздеген, ұршық иірген кемпірлер, немесе тізе қап байлаған, бір балағы салпылдаған биешілер болмаса, өзгенің бәрі қымызға қанып, күр-күр кекіріп, қарнын сипап, итқара-шаңырақ салма, жүк күрке, арба күркелерінің астына кіріп, манаурады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кебектің қайда екенін ел білмейді, Не жылқыда, не аңда жүр ғой дейді. *Ж а л ғ ы з-ж а р ы м* сыр ашпас құрбы арқылы Елден Кебек азықты алып жейді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл аймақтағы бірден-бір аю мекені болғандықтан, *ж а л ғ ы з-ж а р ы м* келе бермейді, кім көрінген жүре бермейді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАН= е т. *Жекелену, даралану.* Жұлдыздардың енді біреулері *ж а л ғ ы з-ж а р ы м д а н ы п,* қос-қостан үйірленіп, бой жазып тұр («Лен. жас»).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАП ү с т. *Бірен-сарандап, бір-бірлеп.* Алғашқы күн тыныш өтті. Екі жақтан *ж а л ғ ы з-ж а р ы м д а п* суға келгендері болмаса, өзенге топтанып таянғандары болған жоқ (Қ.Исабаев, Айқыз). Елеусіз болу үшін тіпті *ж а л ғ ы з-ж а р ы м д а п* жорық шегетін де кездер болады (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖАЛҒЫЗ-ЖӘУТІК с ы н. с ө й л. *Жаман-жәутік.* «Еңкейсе – ертісі, шалқайса – шыңғысы» дейтін бұлар болғанда, қасында қанат тұтар *ж а л ғ ы з-ж ә у т і к* серігі де жоқ – менмін (М.Әуезов, Абай).

ЖАЛҒЫЗСУ *Жалғызсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л ғ ы з с у ы н* қоймады.

ЖАЛҒЫЗСЫ= е т. *Жалғызсырау, елегізу.* Сен о жақта, мен бұ жақта, Сарылдым ғой сағынып. Өзің кейде үйде жоқта, *Ж а л ғ ы з с и м ы н* жабығып (Ө.Жайлауов, Шопан.).

ЖАЛҒЫЗСЫН= е т. *Азырқану, қомсыну.* – А, оның не оймен қашқанын сен қайдан білесің, мүмкін ол сені *ж а л ғ ы з с ы н ы п* қашқан болар – деді Сабыр баласын сынағысы келіп (Ә.Әбішев, Замана.).

ЖАЛҒЫЗСЫНУ *Жалғызсын етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л ғ ы з с ы н у д ы* қойды.

ЖАЛҒЫЗСЫРА= е т. *Жоғының орны толмай көңіл жабығып өгейсу, жетімсіреу.* Андасанда ғана жат жерде көрген тауқыметі есіне түсіп кеткендей, елең етіп басын оқыс көтеріп алады да, *ж а л ғ ы з с ы р а п* кісінейді (С.Жүнісов, Ақан сері). Бұл күнде – Құпиям жоқ, бәрі мәлім, Білем мен маған да елдің табынарын... Қаптаған топ ішінде *ж а л ғ ы з с ы р а п*, Солардың «Әй...» дегенін сағынамын (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жер сұлуы – Жезкиігім, аяулы. Сені көрмей, Көңілім көптен қаяулы. Ізіңді іздеп, *Ж а л ғ ы з с ы р а п* барғанда Қарсы алармысың жаяуды, Ауылым менің ояулы (Қ.Салықов, Жезкиік).

ЖАЛҒЫЗСЫРАТ= е т. *Жетімсірету, құлазыту.* Көлен өмір бойы түзде жүріп, қатын-баласын *ж а л ғ ы з с ы р а т ы п,* зарықтырып біткенін жаңа ғана байқады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Адамды *ж а л ғ ы з с ы р а т п а й т ы н* мұндай дос көңілдердің жөні қашан да бөлек қой, шіркін! (Ә.Ибрагимов, Асыл мұрат.). Қасындағы қыз алғашында әннің көтеріп салатын жерлеріне келгенде қосылып оны *ж а л ғ ы з с ы р а т п а й* отырған (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЛҒЫЗСЫРАТУ *Жалғызсырат етістігінің қимыл атауы.* Ұйымдасып, бірігіп алған көп тентектің өз баласымен жауығуына, оны *ж а л ғ ы з с ы р а т у ы н а* шыдай алмаған Болат ақыры басқа ауылға көшіп кетті («Лен. жас»).

ЖАЛҒЫЗСЫРАУ *Жалғызсыра етістігінің қимыл атауы.* Жатсынып, *ж а л ғ ы з с ы р а у* бола ма екен? Қазекем баба да екен, дана да екен. Сандалтқан дүйім жұртты сиқыр жырау, Жаны жаз, сіз бір жансыз шашы қырау. Қатары сырласудың селдіреді, Айналды әдетіме *ж а л ғ ы з с ы р а у* (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Қиын екен өмірде *ж а л ғ ы з с ы р а у*, қолда жоқта, аспаннан жұлдыз сұрау. Елсіз жерге егілген емендей боп, Егіл-тегіл, түн түгіл күндіз жылау (Т.Нұрмұхамедов, Күн.).

ЖАЛҒЫЗІЛІК з а т. *Қолғабыс ететін ешкімі жоқтық.* Ол да мен секілді бір бейбақ қой. Қолында кәрі шешесі бар, *ж а л ғ ы з і л і к* адамға оңай тие ме? (О.Бөкеев, Қайдасың.). Қолғанат деген осы ғой, енді *ж а л ғ ы з і л і к т і ң* зардабын тартпайсыз, тірегіңіз бар (Б.Тілегенов, Аққайнар). Кәрібай *ж а л ғ ы з і л і к,* жұмысы көп, Тұлпарым қаңтарулы қараны тоқ. Сендерге ән салуға ерінбес ем, Кәйтейін Кәрекеңнің уақыты жоқ (И.Байзақов, Құралай.). Бар-шағұл әлгідей емес, күлкіден тыйылған, кілең еркектің ортасындағы *ж а л ғ ы з і л і к т е н* бе, ұяла түседі (Ғ.Мұстафин, Тол. жин.).

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІ с ы н. *Қарайласар ешкімі жоқ, қарақан басты.* – Құрбым-ау, менің өзім *ж а л ғ ы з і л і к т і* әйелмін. Жолдасым – инвалид, сырқат адам. Оның тапқаны не болсын (Т.Ахтанов, Дала сыры). Мақпал... анасы қайтып, өзі *ж а л ғ ы з і л і к т і* болып қалған соң, бүкіл үй ішінің тауқыметі бұған түскен (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Кешкі шайдың үстінде жасынан *ж а л ғ ы з і л і к т і* боп өмір тауқыметін көп кешкен жесір әйел Ұлбике жайын осылай көп әңгіме етісіп отыр еді (Е.Тұрысов, Қыран.). Мен *ж а л ғ ы з і л і к т і* адаммын. Су алып барып, құдалық іздейтін жай жоқ бізде (Ғ.Мұстафин, Тол. жин.).

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІК з а т. *Қарайласары жоқтық, жалғыз бастылық.* ≈ *Ж а л ғ ы з і л і к т і л і к* тауқыметі.

ЖАЛДА[1]= е т. *Ақы төлеп, жалға алу.* Ақмола, Семей облыстарында хакімдер балаларыңды орысша оқытыңдар дегенде жұрт қорқып, балаларымызды шоқындырады, солдатқа алады деп басшылар мен байлар өз балаларын аман алып қалуға кедей балаларын *ж а л д а п* оқытқан екен (М.Дулатов, Шығ.). Гүлшәрі сол ескі қала жағында пәтер *ж а л д а п* тұратын-ды (А.Байтанаев, Қайнар.). Ол өмірде бір де бір алдау болмас, Жағынып, арды ақшаға *ж а л д а у* болмас, Ешкімнен достық таппай, қастық көріп, Бар адамды сайтан деп қарғау болмас. (С.Торайғыров, Алаш). Мұның бәрі – тартуым сізге – дейді, Ақылыңды айт, ақсақал, бізге дейді. Бақша, зауат жайларды қылдым талқан, Әрбір бай *ж а л д а п* жатыр жүз кедейді (Абай, Тол. жин.).

Жанын жалдады. а) *Ықылас-ниетімен барын салды.* Жақсылық... үй ішіндегі топты жанды қыстай, жаздай тыным таппай еңбек қып, *ж а н ы н ж а л д а п* асырап жүретін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Иван бейшара *ж а н ы н ж а л д а п* бір жерден ақша тауып алды (С.Омаров, Әңгім.). *Ж а н ы н ж а л д а п* жұрт еңбек етсе, қара басының қамын ойлаған жоқ (Б.Мұқаев, Аққу). ә) *Жанын кепілдік қылды, арын сатты.* Мал үшін тілін безеп, *ж а н ы н ж а л д а п,* Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап (Абай, Тол. жин.). Сыбыр боп сөзі, Мәз болып өзі, Ойланар елдің сиқы жоқ, Баяғы қулық, бір алдау, Қысылған жерде – *ж а н ж а л д а у* (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛДА[2]= е т. *Терең суды кешіп жүру.* Бала-шағасы, қатын-қалашы, кемпір-шалы аралас топ-топ адам су *ж а л д а п* шұбырып келеді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Киімкешегімізбен қойып кетті. Тайыз суды *ж а л д а п* өттік (Т.Хангелдин, Партизан.). Киімізді төбемізге қойып, қара суды кеудемізге дейін *ж а л д а п,* көшіп кеттік (Бәйшешек). Ағынменен күрең ат *ж а л д а п* кетті. – Кетті! – Өлді! – жағалау зарлап кетті. Бір кісінеп жануар жіберді де, Ағын айдап есен-сау ар жаққа өтті (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛДА[3]= е т. *Беткейді қиялай, қапталдап жүру.* Кәрім адырдың қырқасын *ж а л д а п,* Түсекең беткеймен қараңдап кетіп барады (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАЛДА[4]= е т. *Дөңестеп, қырлап ұю.* Баздың ағаштарын шеттегі қабылдау пунктінің жанына *ж а л д а п* жиып қойыпты (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖАЛДАЙ с ы н. *Жал сияқты, жал тәрізді.* Исфаһанның жырламаймын сұлуын, Тоқпақ *ж а л д а й* толқынданған бұрымын. Қара көзді тәмпіш мұрын қара қыз Берсе болды жүрегінің жылуын (С.Мәуленов, Найзағай.). Адамға бала деген балдай екен,, Сөйлесе тәттілігі *ж а л д а й* екен. Даладан арып-ашып келгеніңде, Асылып мойныңа алдайды екен (К.Әзірбаев, Шығ.). Болды ырза, – бәрекелді, барсаң бар, – деп. Соларды айт ең сүйікті анық жар деп! Жағалай *ж а л д а й* қылып ағаш жиып, Ел жата ағашқа отты қойды «жан» деп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАЛДАМА[1] з а т. *Тасқын судың кең жайылған тұсы.* ≈ Көктемгі *ж а л д а м а.*

ЖАЛДАМА[2] с ы н. *Жалға алынған, жалдамалы.* Тілмаш үлкен дәреже ме? –*Ж а л д а м а* хатшы. Менде билік жоқ. Мен ел билегім келеді. Болыс болғым келеді... жоқ, Мүслім болыс болу керек. Мүслім кісіге бағынбайды. Бағындырады. Болыс болу үшін, бақ алу үшін, арды, адамшылықты аяққа таптамай болмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұндай *ж а л д а м а* әскердің өзінен күшті қолға қарсы жан қиярлық көрсете қоюы екі талай еді (І.Есенберлин, Жанталас). Атты қазақ өзінің маңдай тері сіңбеген Жайықтың сол жақ бетін қағаз жүзінде өзіне алып, қазаққа *ж а л д а м а ғ а* беруге ұмтылады (Т.Шонанов, Жер тағдыры.).

ЖАЛДАМАЛЫ с ы н. *Еңбегін сатқан, жалданған.* Атамекеніміз хақында Мәскеу таратқан жалған хабарларды *ж а л д а м а л ы* ауыздар осылайша күйсер еді (М.Шоқай, Таңд.). Аппақтай қара қазақ, өзінің *ж а л д а м а л ы* құлы мынадай сөз айтқанда Федор мырза қалай шыдасын (Ғ.Сланов, Асау.). Байдың *ж а л д а м а л ы* жендеттері мен Жиделі тұрғындары бетпе-бет майдандасты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Айтысса шоң желкелі шүйделімен, Шонжардың *ж а л д а м а л ы* билерімен. Көктемде сең бұзылып, сел жүргендей Сөздерді тасқындатқан түйдегімен (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жалдамалы еңбек. *Жұмыс күшін сатып, еңбек ету.* Сәттіғұл жастайынан *ж а л д а м а л ы е ң б е к к е* араласа жүріп, жыр, күйге құмарта өседі (С.Жанғабылов, Тоқсан.). *Ж а л д а м а л ы е ң б е к* – өндіріс құралдары мен жабдықтары буржуазияның меншігінде болып, ал жұмысшылар өмір сүру үшін өзінің жұмыс күшін товар ретінде сатуға мәжбүр болатын капиталистік қоғамдағы еңбек етудің негізгі түрі (Саяси сөздік). Құқық қорғау органдарын бүгінгі күні аса толғандыратын мәселелердің бірі – жақын шетел азаматтарын *ж а л д а м а л ы е ң б е к к е* тарту («Егемен Қазақстан»).

ЖАЛДАМШЫ з а т. *Жалдамалы, жалданушы адам.* Ауызбен орақ орған алдамшы бар, Жағымпаз жатып ішер, *ж а л д а м ш ы* бар. Елгезек ел көзіне ерте түсіп, Қайтадан ауылға кеп жүрген шығар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАЛДАН[1]= е т. *Жалшы болу, жалданып жұмыс істеу, жалдамалы жұмысқа тұру.* Жалдамадым, *Ж а л д а н б а д ы м.* Алдамадым, Алданбадым. Өсек теріп, Сөзге ермедім. Есепке еріп, Өзгермедім. Уақытыма Өшікпедім. Бақытыма Кешікпедім (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Құлынымдап зарлады, Жайылған малдай далада, Кемпір мен шал бүкшеңдеп, Бозінгендей аңырады: – Асыраушы едің *ж а л д а н ы п,* Сен кеткен соң, қарағым, Енді кім бізді бағад!–деп (О.Шипин, Дастан). «Мен сорлы әрі кәрі, әрі жарлы, Асырау оңай емес үйлі жанды. Қартайдым, *ж а л д а н а р ғ а* қайратым жоқ, Бермеді тұтынарлық Құдай малды (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қатша кіші балаларымен қаладағы бір байдың үйіне *ж а л д а н ы п,* қызметкер болып жүр (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАЛДАН[2]= е т. **1.** *Жал-жал болу, қатпарлану.* Жел бейіттің тау жағынан топырағын ұшыртып, екінші жағына *ж а л д а н ғ а н* қармен басып жатыр (М.Әуезов, Қараш.). Ит тұмсығы өтпейтін қалың орман, *ж а л д а н ы п* жатқан күртік-күртік қар (С.Мәуленов, Шыңда.). **2.** *Жал біту, семіру.* Арық мал жан жолатпас бір *ж а л д а н с а,* Пенде ойлар кемімен деп бір малданса. Қадамы әзіз ердің ұзамайды, Жігітке уақыт шіркін сырт айналса (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Етке жұмсалатын жылқыны неге семіртпеске, әбден қазыланып, *ж а л д а н ғ а н* кезде неге соймасқа (Ш.Орманбаев, Қос басшы). **3.** а у ы с. *Әл-ауқаты арту, тұрмысы түзелу, тойыну.* Енді Мираста арман жоқтай. Бұл ауылдағы белді жігіттердің бірі боп *ж а л д а н ы п* қалған (Ә.Таразі, Үлкен ауыл).

ЖАЛДАНДЫР= е т. **1.** *Жал-жал қылу.* Түрлі түсті мәмпәси, пешениелерді дастарқан үстіне *ж а л д а н д ы р а* төгіп тастады (М.Сүндетов, Қызыл ай). **2.** *Семірту.* Жауыр атты *ж а л д а н д ы р ы п* алмай бәйгеге қоспас болар (Т.Ахтанов, Дала сыры). Нарқозы – құдығы еді Есболайдың, Отырған күнін көріп жарлы-байдың. Жылқыны Тұзбұлаққа айдап тастап, Суы еді *ж а л д а н д ы р ғ а н* құлын-тайдың (Қаз. ақын. шығ.).

ЖАЛДАНУ *Жалдан етістігінің қимыл атауы; жалдамалы жұмысқа тұру.* ...Павлодар, Қарқаралы үйезінен қос-қос Сібір темір жолдарына тас қазуға *ж а л д а н у* үшін елдерінен босып кеткенін көз көрген еді (М.Дулатұлы, Шығ.). Ол кездегі біздің ел кедейлерінің кәсібі сол ішкі қалалардан мал жия келген байларға *ж а л д а н у* болатын («Қаз. әдеб.»). Оларға менің еркім алынбаған, қызығып байлығына жалынбағам, Арласып есігіне *ж а л д а н у ғ а,* Ешкімге күнім салып табынбағам (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Бір кезде мұнайшы боп, ағылшындарға жұмысқа *ж а л д а н у ғ а* жүрексінетінбіз (Тұлпар).

ЖАЛДАНУШЫ з а т. *Жалға тұрушы кісі, жалшы.* Жалдаушы мен *ж а л д а н у ш ы* ұзаққа барған жоқ, тез келісті (З.Ақышев, Ақбел.). *Ж а л д а н у ш ы л а р* байлардан тиесі үлесін алады (Р.Райымқұлов, Болат.). *Ж а л д а н у ш ы л а р* қазір барып байға сөйлесіп, ақша алуға бос – дейді (Бозінген).

ЖАЛДАҢҚЫРА= е т. *Терең суды кешіп барыңқырау.* Онан кейін орнынан тұрды да, көлді *ж а л д а ң қ ы р а п* барып... суды сылқылдата жұтып-жұтып жіберді (Балдәурен).

ЖАЛДАП [ар. جلاد] з а т. **1.** *Жалаңдап екі арада жүретін делдал, пайдакүнем адам.* Және бұл бүркенген байдың көркем әдебиеттегі үшінші қосыны – базардағы *ж а л д а п т а р* тәрізді (С.Сейфуллин, Шығ.). Егер имам Ағзам саудасы осылай болса, *ж а л д а п т ы ң* үлкені сол марқұмның өзі сияқты (F.Мұстафин, Дауыл.). Орынбордың қан базары, жалаңдаған *ж а л д а п т а р,* алыпсатар алаяқтардың неше бір нұсқасы (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). **2.** а у ы с. *Қара ниет залым, жауыз адам.* – Тегі жалғыз Абвер болмас, «СС» *ж а л д а п т а р ы* да араласқан шығар бұл іске (Х.Рахимов, Қызғалдақ). «Еркіммен түссем жүрмес пе едім немістің бір *ж а л д а б ы* боп. Не үшін мен айыптымын?» (К.Қазыбаев, Ызғар). Осыдан екі ай бұрын лагерьге *ж а л д а п т а р* келіп, Власовтың армиясына адам шақырып үгіттеп жүрді (Т.Ахтанов, Боран).

ЖАЛДАПТЫҚ з а т. *Жалаң қаққан делдалдық.* Ол базарға барып... *ж а л д а п т ы қ п е н* тапқан бес-он тиынына мәз (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ең қажетті товарлар адам айтқысыз қымбаттап кетті, ақшаның құны төмендеді, *ж а л д а п т ы қ* етек алды (Қаз. ССР тарихы). Әйелде алып-сатарларға тән *ж а л д а п т ы қ* жоқ еді (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

ЖАЛДАС с ы н. *Қобыраған қалың, ұзын жалды.* Міне, Зылиқа сұр плащтың белін ерекше буып, Шанханай өзенін бойлап, *ж а л д а с* торы атпен жортып келеді (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). Қарны жер сызған *ж а л д а с* торы әудем жерге борт-борт желіп барды да, қайтадан аяңға көшті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жатаған келген Түкенің *ж а л д а с* күреңі. Дүйім ел білген дүлдүлдің нағыз бірі еді. Кешегі аста бәйгеге қосып жүйрігін, Келерін біліп, қауіпсіз, бейқам тұр еді (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛДАСТАУ с ы н. *Жалы қалыңдау, ұзындау келген.* Астындағы аты алдыңғы жағына қос құлағын тіге қалып, кісінеп еді, *ж а л д а с т а у* келген боз айғыр қалың жылқыны қақ жара арқырап шыға келді (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАЛДАТ[1]= е т. *Жалға жұмыс істету.* Дүрімбай аянсын ба... неше түрлі сұмдықтарды

айтып қорқытып, бірталайын көндіріп жігіт *ж а л д а т т ы* (С.Шарипов, Бекболат).

ЖАЛДАТ²= е т. *Терең суды кештіру.* Саржан сүліктей екі арғымақты Ертіске апарып *ж а л д а т ы п,* суарып, шомылдырады (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Айекең атының ауыздығын алып, жасанды теңіздең су ішкізді. Шылбырының ұшынан ұстай, *ж а л д а т ы п* та алды («Лен. жас»).

ЖАЛДАТ³= е т. *Жал жағалау, жал-жал жермен жүру, қапталдату, қиялату. Ж а л д а т ы п* орға жүріп келе жатса, Байқамай бір жартасты жоман сүзді (Батырлар жыры).

ЖАЛДАТУ *Жалдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Адам *ж а л д а т у.*

ЖАЛДАУ¹ з а т. э к о н. *Меншіктену құқығы жалға берушінің қолында қалатын жалгерліктің ерекше түрі. Ж а л д а у* шартпен рәсімделеді (Қаз. тілі термин. Экономика). *Ж а л д а у д ы ң* міндетті талаптары: жалға беру мерзімі 1 жылдан аспайды; ақысын төлеу құны мен шарттары көрсетіледі; мүлік тұтынушылық мақсаттарға пайдаланылады және үшінші бір тұлғаға өткізілуге тиіс емес; жалгер жалға алынған мүліктен кез келген уақытта бас тарта алады; кепілзат (ақшалай, құжаттар, т.б. түрінде) көзделеді (Қаз. тілі термин. Экономика).

ЖАЛДАУ² с ы н. *Жоталау келген, дөңестеу.* ≈ *Ж а л д а у* жер.

ЖАЛДАУ³ *Жалда етістігінің қимыл атауы; жалға жұмыс істету.* Собалақ төре Жұмабек те Қарағандыға жұмыскер *ж а л д а у д ы* Бұланбайдан бастады (І.Омаров, Шабыт.).

Жанын жалдау. *Жанын кепілдік қылу, арын сату.* Сыбыр боп сөзі, Мәз болып өзі, Ойланар елдің сиқы жоқ, Баяғы қулық, бір алдау, Қысылған жерде – *ж а н ж а л д а у* (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛДАУ⁴ *Жалда етістігінің қимыл атауы; терең суды кештіру.* Жылқы *ж а л д а у* қандай тамаша! Тұмсықты көтеріп алып, қос құлақты қылтитып малтығанда, қасқалдақ үйрекше жүзеді (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖАЛДАУШЫ з а т. *Жалға беруші адам. Ж а л д а у ш ы* мен жалшының еш уақытта рухы, тілегі қосылған емес, еш уақытта қосылмайды да (С.Сейфуллин, Шығ.). Столдың тартпасынан ағылшын *ж а л д а у ш ы н ы ң* екі жыл мерзімге күн ілгері қол қойып, дайындап берген шартын суырып алды (М.Қаратаев, Далада.). Күләнтай жұрттан бұрын жүгіріп кемпірдің алдынан шықты, – Шеше, пәтер *ж а л д а у ш ы* керек пе? – Керек! – деді кемпір (С.Ерубаев, Білте шам.).

ЖАЛДЫ с ы н. **1.** *Ұзын, қалың жалы бар.* Жолдың оң жағындағы беткейден түсіп келе жатқан қалың жылқы – ылғи бір қалың *ж а л д ы* сайгүліктер («Лен. жас»). Офицердің жанына сақал-мұрты алба-жұлба өсіп кеткен *ж а л д ы* тұғырын тебініп қап жетіп келді (Тұлпар). // *Ұзын, қалың жалы бар жылқы. Ж а л д ы н ы ң* бәрі сәйгүлік бола бермейді (Т.Иманбеков, Үлкен үй). **2.** *Қоңды, семіз.* Жабыны *ж а л д ы* екен деп сатып алма, Жаманды малды екен деп жақын қылма (Қаз. мақал.). Арғымақ бірде *ж а л д ы,* Бірде жалсыз, Ер жігіт бірде малды, Бірде малсыз (Қаз. әндері). Кемпіріміздің қасында тиыш ұйықтаудан қалдық, *ж а л д ы* ат мінуден дәмді ас ішуден қалдық (F.Мұстафин, Көз көрген). // *Дәулетті, тұрмысты, ауқатты адам.* Жан емен сайқалдықтың соңына ерген, *Ж а л д ы ғ а* жалбарынып күнін көрген. Анамның ақ сүтінің киесі атсын, Шықпасам екі дайда күткен жерден (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Арыстан жалды. *Толқын-толқын боп, жарыса біткен. ...* Желкесіне жыңғыл өскен *а р ы с т а н ж а л д ы* құм төбелер үстінде бұйра сағым ойнап, көз ұшында сан құбылады (Ө.Қанахин, Жер бас.). *А р ы с т а н ж а л д ы* толқындар шаншыла қарғиды да, мұз кемерін омырып өтеді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Тоқпақ жалды. *Қалың, қою жалы бар.* Бұл Қаратаздың өткен қыста Кәленнен тартып алатын *т о қ п а қ ж а л д ы* торы ат еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Т о қ п а қ ж а л д ы* торы айғыр Етті ме, әке, жар-жар-ау! Төркіндегі үйімнен Кеттім, әке жар-жар-ау! (С.Сейфуллин, Шығ.). Батыр өзінің *т о қ п а қ ж а л д ы* қара айғырына мініп, Малайсары мен Кенже батырды ертіп, сарбаздарын тұрғызады да, далаға қарай бастап әкетеді (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Толқиды Аққөл аршын төсті сұлудай, *Т о қ п а қ ж а л д ы* толқындары бұрымдай. Түбі қайыр, жағалауы жалпақ құм, Маған Аққөл көрінеді Қырымдай (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАЛ-ЖАЛ с ы н. *Төбе-төбе боп үйілген, дөңес-дөңес.* Қапаш Қобдадағы «Заготзерно» торабына кіре бере-ақ үюлі *ж а л-ж а л* дән тауларын нұсқап бір өтті (F.Сланов, Замана.). Ел көрінбейді, жер қап-қара. Сірә, астымыздағы *ж а л-ж а л* ұзын жота Гиндикуш болар (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ашық, теңіз өкіріп, *ж а л-ж а л* толқындар ереуілдеп ойнақтап кеп онсыз да малтығып келе жатқан қайықты кеудесімен қағып тастайды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Соноу әрменіректе меңірейіп бозалаң тартқан *ж а л-ж а л* екі қырат төбе тұр (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЖАЛ-ЖАЯ з а т. э т н. *Жылқының жалы мен жаясынан пісірілген дәмді тағам.* Жұманға арналған *ж а л-ж а я,* қазы-қартадан біраз салып алғасын ғана жігіттер өзге дүниені естеріне алды (F.Мүсірепов, Оянған өлке). Жылқының

қазы-қартасын, *ж а л-ж а я с ы н* қазақ халқы өзінің қадірлі-қадірлі қонақтарына тартады (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). Кедейдің үйінде не барын, не жоғын білетін Мұхит, әуелден *ж а л-ж а я,* қазы-қарта болмайтынын біліп келеді (А.Жұбанов, Замана.). Қандай жақын маған ол *Ж а л-ж а я* беріп күтерлік? Неткен жомарт, неткен мол, Жауына жәрдем етерлік! (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАЛ-ЖҰҒЫН з а т. ж е р г. *Жал-құйрық.* Атыңыздың *ж а л-ж ұ ғ ы н ы* өте сирек екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Мынау атыңыздың *ж а л-ж ұ ғ ы н ы* неге өспей қалған (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛҚАҚ з а т. с ө й л. *Жалқаяқ (көлкілдеп тұратын сұйықылтым жалқылдаған нәрсе).* Жамбасымдағы жараның ішін *ж а л қ а қ* ірің кеулеп, ыстығым күрт көтеріліп кетті де, басымды көтере алмай төсек тартып тағы да жатып қалдым (З.Жәкенов, Қайта айналып.). Дерттің көзі жарылып кеткен соқыр ішек боп шықты. Іш қуысы тола *ж а л қ а қ* ірің (С.Ғаббасов, Өскен ұя). Қинала бастағанын анық сезді. Көзінің үстін тағы сүртті. Тер емес, қан жұққандай болды, жылымшы *ж а л қ а қ* бірдеме (Д.Досжанов, Жусан.).

ЖАЛҚАҚТА= е т. с ө й л. *Жалқықтану, жалқаяқтану, ауруға ұшырау.* Жауын астында *ж а л қ а қ т а ғ а н* он шақты төлді газикке салып қыстауға әкелдік (Д.Досжанов, Дария). Мал совхоздары қыста шығын бермесе де, аш өзек болып шыққан арық-тұрақ саулық жылымықта *ж а л қ а қ т а п* жығылмаса игі еді деп ілдалдалап жүрген (Д.Досжанов, Кісі.).

ЖАЛҚАҚТАН= е т. *Қанталау, көлкілдеу, жалқаяқтану.* Бірақ сол қан ұйыған жердің маңы ептеп *ж а л қ а қ т а н ы п* ісінгенін бас дәрігер әдейі іркіп қалды (З.Жәкенов, Қайта айналып.).

ЖАЛҚАҚТАНУ *Жалқақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жараның *ж а л қ а қ т а н у ы.*

ЖАЛҚАУ[1] з а т. з о о л. <лат. bradypodidae> *Мүкітістілер отрядының тұқымдасы, бұтаққа ілініп тұратын, өте жай қозғалатын, өсімдік қоректі жануар. Ж а л қ а у л а р д ы ң* терісі, еті және әшекей бұйым жасалатын тырнақтары мен тұяқтары үшін аулайды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАЛҚАУ[2] с ы н. *Жұмысқа мойны жар бермейтін еріншек, бойкүйез, кежір.* Өзенде балықшылар ау қарап жүр, Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған. «Аллалап», ал кітапты қолдарыңа! – Құлдарын құдай сүймес *ж а л қ а у* болған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сақтанбай салақ өскен *ж а л қ а у* жұртты, Көндіріп кедейлікке жеткендігін? Ақылын жанашырдың алмаушы едің, Сөзіне, сірә, құлақ салмаушы едің (М.Дулатов, Шығ.). Шірімес алтын жерде жатқанменен, оқ өтпес ажалсызға атқанменен. *Ж а л қ а у ғ а* сөз, жаманға таяқ өтпес, Тас жібімес дарияға батқанменен (Қаз. ақын. шығ.). Батыры көксер бас аман; Бәйбіше – тантық, бай – сараң; Бозбаласы – бошалаң; Қырсыға туды қыз балаң; Нары – *ж а л қ а у,* кер табан; Құсы – күйшіл, ат – шабан (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЛҚАУ-ЖАМПОЗ з а т. *Керенау, самарқау.* Үлкен жорыққа жолдан қосыла кетпек болып, жол тосып жүрген *ж а л қ а у-ж а м п о з* қырт еркектер де бар екен (Ғ.Мүсірепов, Өмір.).

ЖАЛҚАУЛАН= е т. *Кежегесі кейін тартып еріну, жалқау тарту, бойкүйездену.* Егін салу үшін де, сиыр сауу үшін де... жарлық күтіп... өз білгенімізше қадам баспай, әбден жаман үйреніп, *ж а л қ а у л а н ы п* алғанбыз (М.Хасенов, Тұлпар.). «Қымыз бен етті жеп-жеп, баяғы көшпелі елдегідей, қазекең *ж а л қ а у л а н ы п* жатып алса ше?»–деді тағы да бір ой оны түртпектеп (З.Шашкин, Өмір.). Жаныңа жақса, соңынан *Ж а л қ а у л а н б а* еруге. Қисық болса, закон бар, Судьяға беруге (Абай, Тол. жин.). Көк атпен Көксегенді көпір жұмысына бер деген Садуақастың тапсыруын Мұса *ж а л қ а у л а н а* тыңдап, біраз үндемей отырды (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАЛҚАУЛАНУ *Жалқаулан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л қ а у л а н у* жаман әдет.

ЖАЛҚАУЛАУ с ы н. *Шабандау қозғалатын, бойкүйездеу, кежірлеу.* Жәкі шөп шабуға шыққанда, он бес жасар Баймағамбетті әкесі қасына қосып, машинаға жегуге *ж а л қ а у л а у* құла ат беретін көрінеді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Мені артымша аяғын *ж а л қ а у л а у* басқан Моулади де шалдың қасына келіп сәлем берді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖАЛҚАУЛЫҚ з а т. **1.** *Кежегесі кейін тартқан кежірлік, жайбасарлық.* Дүниеде дос деген болса, сондай шын дос Бекболат пен Ақберген еді. Бұларды дос қылған екеуінің де құмарлығы, әуесі – аңшылық еді; екеуінің де сүйегінде *ж а л қ а у л ы қ,* серілік бар еді; екеуі де шаруаға қырбай еді; әкесі Бекболат екеуін «Екі әуейі» деуші еді. Алтайда екеуінің жаратылысы екі басқа еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ең алдымен айналайын, сен мендегі арманды ұқ, Күнді көру үшін аман түніменен толғандық. Әуезовтің шәкіртіне келіспейді *ж а л қ а у л ы қ,* Әуезовтің шәкіртіне жараспайды жалғандық (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Ақырып кедейлерге дейді: «Антұрған!»... *Ж а л қ а у л ы қ т а н* бәрі мұндай болған (Абай, Тол. жин.). **2.** п е д.

Адам бойындағы жұмысқа енжарлықты, бойкүйездікті білдіретін жағымсыз қасиет. Ж а л ы қ а у л ы қ қ а отбасында ата-ананың баланы кішкентай кезінен бастап шамасы келмейтін іске жұмсап бетін қайтаруы немесе жұмсауға аяп, еңбекке баулымауы және т.б. себепші болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Ж а л қ а у л ы қ* адам бойындағы жұмысқа енжарлықты, еріншектікті, бойкүйездікті білдіретін ұнамсыз сипат (ҚҰЭ). *Ж а л қ а у л ы қ* салдарынан адамның еңбек ету қабілеті әлсірейді (ҚҰЭ).

Жалқаулығы ұстады. *Жұмыс істегісі келмеді, ерінді.* Арманбек... апасының даусын сан рет естісе де, кежегесі кейін тартып, *ж а л қ а у л ы ғ ы ц с т а п* тұрмай жатты (Ө.Тұрманжанов, Адам). Шебер табиғаттың дәл осы Кәрекең тұсына келгенде *ж а л қ а у л ы ғ ы ц с т а п* кеткендей, беттің де мінін алмаған (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Кейде *ж а л қ а у л ы ғ ы м ц с т а ғ а н д а* ертеңгі бой сергітуге де қатыспай ұйықтап қалам (Ә.Бүркітбаев, Жетімек).

Жалқаулыққа салынды. *Кежегесі кейін тартты, еріншектік жасады.* Ойламас ертеңгісін не болар деп, *С а л ы н ы п ж а л қ а у л ы қ қ а* біздің қазақ, һәр түрлі кемшілікті ғибрат қып, Етеді басқа жұрттар бізді мазақ (М.Дулатов, Шығ.). Кітапты төсекке жатып оқығандықтан, түрегеліп оқуға ерініп, кейін *ж а л қ а у л ы қ қ а с а л ы н ы п* кетед (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.). Ал ауылда, ж *а л қ а у л ы қ қ а с а л ы н б а й* еңбек етсе, қолын жылы суға малып отыратын жағдайы бар (М.Гумеров, Хазірет.).

ЖАЛҚАУСУ *Жалқаусы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л қ а у с у д ы* бастады.

ЖАЛҚАУСЫ= е т. *Жұмыс істегісі келмей, салғыртсу.* Жан күйіттер шақ емес, *Ж а л қ а у с ы п* жататын, Өлеңге оқ керек Күнде үзбей ататын (Ә.Тәжібаев, Көне қоңырау). Айсұлуым детсадта, Барар үйі шет жақта. Ал, бірақ та, *ж а л қ а у с ы п,* кеш қалмайды еш уақта («Лен. жас»).

ЖАЛҚАУСЫН= е т. *Еріншектену, керенаусыну.* Жас жүрегі жасымас, *Ж а л қ а у с ы н ы п* жалығып. Желкелерін қасымас, Бір тіл қатпас налынып (С.Сейітов, Бетпе-бет).

ЖАЛҚАУЫРАҚ с ы н. *Кежегесі кейін тартыңқыраған, салғырттау, шабандау.* Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң, *Ж а л қ а у ы р а қ* тартыппын қартайған соң, Көңілсіздеу секілді көрінетін Дос алыстап, қасымнан жар тайған соң (Жамбыл, Шығ.).

ЖАЛҚАЯҚ з а т. *Қабыну салдарынан денеде пайда болатын сұйық зат, жалқық.* Ісіктің сары сулы *ж а л қ а я ғ ы н* ағызу үшін оның әр жерінен қыздырылған жуан бізбен сұққылап шабақтайды (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). Емделген қойдың танауынан *ж а л қ а я қ* ағуы тыйылып, олардың пысқыруы тоқталады (Х.Қашағанов, Қой. құрты). Көк ет қабынғанда, кейде көк еттің бетінде көпіршіген *ж а л қ а я қ* пайда болады (А.Дайров, Хирург.).

ЖАЛҚАЯҚТА= е т. с ө й л. *Жалқаяқтану, ауруға ұшырау.* Канал қазып жатқан жұрт *ж а л қ а я қ т а п* ауыра бастайды («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛҚАЯҚТАЙ с ы н. *Жалқаяқ сияқты, жалқаяқ тәрізді.* Ол көптен ішін кернеп, ащы шынд ықты *ж а л қ а я қ т а й* сыртқа ақтарып тастағанына жеңілденіп... кеудесін көтеріңкіреп отырды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАЛҚАЯҚТАН= е т. **1.** *Қанталап көлдіреп, жалқықтану, кілкілдеу, қоймалжыңдану.* Бұл кісінің жарасы бітпей қойды. Кесілген жер *ж а л қ а я қ т а н ы п,* тігісі ыдырай береді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Мен тайыз қайранда қайықты құлаш жазып ескен сайын су бетіне май сияқты бір жасыл заттың *ж а л қ а я қ т а н ы п* кілкілдеп шыға келетінін байқадым (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Ауру малдың басы, алқымы және мойын терісінің астына *ж а л қ а я қ т а н ы п* сары су жиналады (Т.Тілеуғалиев, Ет. эксперт.). **2.** а у ы с. *Тұтанып-сөніп, қоздап жану.* Қазандық астындағы қаңқа әлі сөнбей *ж а л қ а я қ т а н ы п* жылтырап жатқан (Ә.Сараев, Қараша.). Бертін келе оны... қараңғы түнде *ж а л қ а я қ т а н ғ а н* мұнарлы жалынына қарап «мұң май» деп атаған (М.Маташев, Қара алтын.).

ЖАЛҚАЯҚТАНУ *Жалқаяқтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жараның *ж а л қ а я қ т а н у ы.*

ЖАЛҚУ *Жалқы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л қ у ғ а* үйренген адам.

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚ з а т. **1.** *Жылқының желке үсті мен құйрышығына өскен қалың қыл.* Қолға түсер кезінде, Айдаса бармас аранға, Өздіөздігінен килігіп – Бір құрулы жаңға кез болар! *Ж а л-қ ұ й р ы ғ ы* өрілген, Өлшеммен от-су берілген, Бастырық жабу жемменен Байлауда тұрып семірген (Базар жырау, Шығ.). Бәйге аттарын реттеп *Ж а л-қ ұ й р ы ғ ы н* сүзеді. Тұлпарларды аралап Қоңырбай сыншы жүр еді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Аспанынан дария құлап, қар құлап, Қара семсер *ж а л-қ ұ й р ы ғ ы* жалбырап, Баурайынан бара жатқан сияқты Зымырап бір қара берен арғымақ (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** а у ы с. *Сүйенер тірек, аға-іні, туған-туыс.* Ата-анасы бар ма екен, *Ж а л қ ұ й р ы ғ ы* сай ма екен, Я болмаса Құдай-ай, Қаңғырып өскен қу ма екен? (Қыз Жібек). Барсыз ба? *Ж а л-қ ұ й р ы ғ ы м,* – інілерім, Кім білсін басқа пәле ілінерін. Ұстасам, ұшсам – қанат, қолым – сендер Байқадым осындайда білінерін (Т.Жолдыұлы, Армантау).

Жал-құйрығын келте алды. *Жастай қазаға ұшырады.* Артына белгі тастамай, *Жал-құйрығын келте алды,* Ағайынды тойғызбай, Аз күн қоймай, ерте алды (Абай, Тол. жин.).

Жал-құйрығын күзеді. а) *Қысқартып, шұнтитты.* Оның [Әйтеннің] өлеңі *жал-құйрығын күзелі п,* бір ғана шумақ болып редакция алқасының үстінде қалған кішкентай орынға сына боп тұра қалған (М.Иманжанов, Адам.). ә) *Тып-типыл етті, барынан айырды.* Өткен сұрапыл соғыс талайлардың *жал-құйрығын күзеп* кетті, орттен қалған қу томардай томсырайып қалған жандар аз емес («Қаз. әдеб.»).

Жал-құйрығы төгілген [сүзілген]. *Әдемі, сұлу жылқы малы туралы айтылады.* Бәйге аттар Жомарт төбенің күншығыс жағына жиналған. *Жал-құйрығы сүзілген,* құйрығының дәл түбі мен кекіліне үкі таққан, жүзіктің көзінен өткендей әдемі бәйге аттар бес жүз екен (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚСЫЗ с ы н. **1.** *Жал-құйрығы жоқ.* ≈ *Жал-құйрықсыз* құлан. **2.** а у ы с. *Алда аға, артта іні жоқ, жалғыз бас.* Бәйбішеден тумаған, тоқалдан туған *жал-құйрықсыз* жалғыз балаға төрт қасқыр бөлтіріктері қайдан жол береді (І.Есенберлин, Алтын Орда). Жалғызбын деп налыды, Сидиған *жал-құйрықсыз.* Ажал оны аңдыды, Шықпады жан бұйрықсыз (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАЛҚЫ с ы н. *Біреу ғана, жалғыз.* Қызығы естен қалмас өткен жайдың, Еркі бар әрне қылса бір Құдайдың. Жалғыздан екі жасар *жалқы* туған, Бар еді жалғыз ұлы Кешубайдың (Ә.Найманбаев, Шығ.). *// Ата-анадан жеке туған не жалғыз қалған бала.* Зұлымдықтарға бас имей кеткен ерлікпен Мен Махамбет деген *жалқы мы н!* (Ф.Оңғарсынова, Асау.). Тайлақтың енді қалған халқы аман бол, Жөргекте Қозы Көрпеш *жалқы,* аман бол (Қозы Көрпеш.). Ет асса апам, көңіл шіркін жоғалтқандай *жалқы сы н,* Саған сақтап Қоятынмын бір жіліктің жартысын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жалқы басты ана. *Күйеуі жоқ балалы ана.* 1988 жылдың 1 январынан бастап асыраушысынан айрылғаны үшін пенсия алмайтын баласы бар жесір әйелдерге *жалқы басты ана* ретінде мемлекеттік жәрдем ақша төленетін болып белгіленді («Мәдениет және тұрмыс»).

Жалқы есім. л и н г в. *Жеке адамның есімін, заттың, жер-судың т.б. атауын білдіретін есім сөздер тобы. Жалқы есімге* кісі есімдері (антропонимдер), жер-су атаулары (топонимдер), ру, тайпа, халық атаулары (этнонимдер), әулие, әнбие, пайғамбар есімдері (теонимдер), үй хайуанаттарына қойылған есімдер (зоонимдер), жұлдыздар мен ғарыштық нысандар атаулары (космонимдер), өсімдіктерге қойылған жеке атаулар (фитонимдер), тарихи оқиға атаулары (хронимдер), материалдық мәдениет нысандарының атаулары (хрементонимдер), т.б. жатады (ҚҰӘ). *Жалқы есімдердің* пайда болуы қоғамдық өмірмен, әлеуметтік жағдаймен, ал сипаты көптеген фактормен байланысты («Қазақ тілі»). Жазуда, әдетте, *жалқы есімдер* бас әріптен бастап жазылады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАЛҚЫ= е т. *Көңіл қайтып жеру, безу, жирену.* Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең *жалқы п,* Суып қайтар көңілім желше шалқып. Қуантып қайғыменен суалтамын, Біреудің қызыл гүлін түрған балқып (Абай, Шығ.).

ЖАЛҚЫДАЙ с ы н. *Жалқы сияқты, жалқы тәрізді.* Думанды күнім – қалың көш, Қайрылмай кетті артына-ай. Қайғылы неден мен болдым, Атадан туған *жалқы ы дай* (Ақберен).

ЖАЛҚЫҚ з а т. **1.** с ө й л. ***Жалқаяқ.*** Қойдың бас қуысындағы кеңсірік құрттары бұзылған тканьдармен, сөлмен және қабынғаннан пайда болған *жалқы қ тармен* қоректенеді (Х.Қашағанов, Қой. құрты). Егер мұны тез тікпесе... оның іші ісініп, содан барып әлсін-әлсін қою ақ *жалқы қ* келіп тұрады (Ә.Есенқұлов, Әйелдер.). **2.** *Ана құрсағындағы тіршілік иесі.* Жан бітіп *жалқы қ* жатпады тағы, Құрсағын ана ауырта тартып. Өзгеріп кенет табиғат заңы, Мен болып шықтым сондағы *жалқы қ* (М.Мақатаев, Шығ.). Тірілтті сәуле, бірікті *жалқы қ,* Бейне бір сурет жасалды адам. Жайлы бір жылу суретті шарпып. Қимылдап кенет жан бітті оған (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Су бетіндегі жасыл өңез, қоймалжың.* Су жалап жатқан жасыл өңезді *жалқы қ* үстінде бұтына иісі өтіп кеткен баладай екі көзі бақырайып, көккасқа семіз бақалар отыр (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

ЖАЛҚЫЛ з а т. с ө й л. *Жалқын.* Батқан күннің қызыл *жалқы лы* көк жиектен әлі де айыға қоймаған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖАЛҚЫЛА= е т. *Жекелеп-даралау, жалғыздау.* – Маған дүние қымбат емес, адам қымбат, денедегі екі жұдырықты *жалқы лап* қайтеміз, екеуін де тұтас берем (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Жалқы лау* (дедукция) – жалпыдан жекеге қарай жылжып, қорытынды шығару. Мәселен, бар заттар ыстықтан ісінеді, «темірзат» деген пікір бар болса, бұдан темір ыстықтан ісінеді деген пікір өзінен-өзі туады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЛҚЫЛАН= е т. *Жекелену, даралану.* Қол ұстасып жұрт көзіне Көрінуден қалғалы, *Жалқы лан ы п* барамыз ғой Жапалақтай жардағы (Т.Иманбеков, Бұлақ.).

ЖАЛҚЫЛАНУ *Жалқылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалқылану* әдеті.

ЖАЛҚЫЛАТ= е т. *Даралату, жекелету.* ≈ *Жалқылатып* өсірді.

ЖАЛҚЫЛАТУ *Жалқылат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Баланы *жалқылатуға* болмайды.

ЖАЛҚЫЛАУ *Жалқыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалқылау* тәсілі.

ЖАЛҚЫЛДА[1]= е т. *Ірк-ірк ету, албырау.* Асқар шамалап көрсе, түндегі таяқтан күп боп ісіп кеткен... Бет-аузы да, бас та сондай, *жалқылдаған* ісік... (С.Мұқанов, Ботагөз). Беті *жалқылдаған* ісік. Оң қабағынан төмен қарай жағын тіліп өткен қанды сызық бар (Т.Ахтанов, Дала сыры). Келсе ұзақ есік алдында қол-аяғы байлаулы жатыр. Денесінің сау жері жоқ. *Жалқылдаған* ісік (М.Есламғалиев, Аққу.).

ЖАЛҚЫЛДА[2]= е т. *Қоңыр қызыл, күрең түспен тұтаса қызару.* Шығыс жақ түнгі бір өрттің керемет сәулесі түскендей *жалқылдап* қызарған (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛҚЫЛДАН= е т. *Алаулану, қызару.* Ақ қарлы даланы, Алматы, Алатау шыңдарын *жалқынданып* батып бара жатқан күн қалай нұрландырса, қапияда кеп қалған мына бір әуен жүрек біткенді солай нұрландырар ма еді! (І.Жақанов, Бірінші.). Көне дария, күрең Сыр *жалқылданып* жанып жатқан от өзенге соншама ұқсап кеткені (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ЖАЛҚЫЛДАНУ *Жалқылдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күн нұрының *жалқылдануы.*

ЖАЛҚЫЛДАТ= е т. *Албырату, ісіндіру.* ≈ *Жалқылдатып* ісіндіріп алу.

ЖАЛҚЫЛДАТУ *Жалқылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ісікті *жалқылдату.*

ЖАЛҚЫЛЫҚ з а т. *Ешкімді жоқтық, жалғыздық.* Оның Далабайда ойының барын сезгенде: *жалқылығы* болмаса жар сүйетін, жанның қадірін білетін адам, амал не..» – деді (А.Лекеров, Түз гүлі). *Жалқылық* – жат, неге оны қоймайсың? Бақ таласпен басқаларды жоймайсың? Туысқанның тұяғына тас батса Тұңғыш балаң туғандай-ақ тойлайсың (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). Бір *жалқылық* түрімен танғандай, құрақ ұшқан бәйек боп жаны қалмай. Бір түтіннен ұмытылып *жалқылығым.* Қуанғаннан жүрегім жарылғандай (Ө.Жайлауов, Арай).

ЖАЛҚЫН з а т. *Алаулаған жалын.* Бұған тиген су перінің салқыны, Салқыны емес, бейне оттың *жалқыны* Қол-аяғын от ішінде қалқиды. Бойыңды улап, басылған екен қарқыны (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аспанның батыс деңгейінде әлдеқашан батқан күн *жалқыны* болар-болмас қызарып тұр (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Дауыл жаным, сағындым түсін мені, Бұл сағыныш не күйге түсірмеді. Келші жылдам, Дауыл боп дүрілдетіп, *Жалқынымды* басайын ішімдегі (Ә.Нілібаев, Қоңыр жел).

Жалқын сәуле. *Алқызыл алау, шұғылалы нұр.* Екі-үшты еді тағдырымыз біздің де. *Жалқын сәуле* шашып еді батқан күн, Жас баладай, мәз-мейрам боп шаттандың, Алдымыздан қалың тоғай қалқалап, Иығымыздан түксиеді жар қабақ (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жанарынан шапағатты *жалқын сәуле* шашырап, Олар ұзақ кеңес құрды Ақжәмиді қасына ап (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАЛҚЫНДА= е т. *Алаулап, жалын ату, жалт-жұлт ету.* Әмірші сарайдағы *жалқындаған* мауытысының орнына жалаң шекпен аяғына сақтиян етік, басына киіз қалпақ киіпті (Д.Досжанов, Жібек.). Нұр *жалқындап* балбұл жанған жүзіңнен, көп суреттер көз алдында тізілген (Ө.Жайлауов, Арай). Ол қолын одан әрі *жалқындап,* шұғылаланып тұрған сәукелелер шоғырына сілтеді (У.Қыдырханов, Шаңқай түс).

ЖАЛҚЫНДАЙ с ы н. *Жалқын сияқты, жалқын тәрізді.* Менің *жалқындай* бетім, семіздеу етім, шәйі көйлегім Жыпбикенің бірдеңесін алып па?! – деді Ызбакүл (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Сырнайлы дүние ашқандай аппақ құшағын, Бойымды билеп дауылды сезім, құшағын Алаулы таңның нұрыменен өртенген *Жалқындай* бұлттың арасымен ұшамын (Т.Рахымжанов, Күн.). Биыл күз түсті, күрт бұзылды. Аспанда сұр *жалқындай* бұлт тізілді (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Көрінді бір түйір дән алтындай боп, Шұбырды ел ерсілқарсыл толқындай боп, Ұйтқыды құбыладан қызыл желі Өртеніп жатты дала *жалқындай* боп (О.Шипин, Дастан).

ЖАЛҚЫНДАЛ= е т. *Алаулау, жалын тәріздену, қызару.* Шатырдың іші шұғыладан діңгек қадап қойған тәрізді – күн сәулесі тап осы шұғыла діңгек секілденіп көктен *жалқындала* қадалды (Ғ.Сланов, Шалқар). Қып-қызыл *жалқындалып* күн батып барады екен (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

ЖАЛҚЫНДАН= е т. *Алаулану, алқызыл түске орану.* Күн күздегідей күреңденбей, қыстағыдай қызармай, *жалқынданып* шықты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Терезенің жақтауына қиырдағы батар күннің айна сынығындай жарықтаң сәулесі қызғылт *жалқынданып* түсіп тұр (С.Мұратбеков, Жабайы.). *Жалқынданып* күн батар, Ай да туар нұрланып. Біреу сезіп тіл қатар, Шық үйіңнен ұрланып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жүзіміз

қуаңданып, *ж а л қ ы н д а н ы п*, Күн сайын қорқыныштар алқымға алып, Құп-құйттай кеудемізде күндіз-түні Жағатын найзағайлар жарқыл қағып (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАЛҚЫНДАНУ *Жалқындан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жер-әлемнің *ж а л қ ы н д а н у ы.*

ЖАЛҚЫНДАТ= е т. *Алаулату, қызарту.* Тайға таң алдында әлжуаз нұрын *ж а л қ ы н д а т ы п* түр (А.Нысаналин, Армысың, БАМ!). Маған салған сарайың, ішіне от сал енді, *ж а л қ ы н д а т ы п* жандырып Бір қыздыртып қал енді (Ғашық-наме).

ЖАЛҚЫНДАТУ *Жалқындат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Адам жанын нұрландырып *ж а л қ ы н д а т у.*

ЖАЛҚЫНДАУ *Жалқында етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домнадан шыққан сұйық металдың *ж а л қ ы н д а у ы.*

ЖАЛҚЫНДЫ с ы н. *Алау атқан, жалынды.* Сол көктемгі көкжиек – қоп-қою *ж а л қ ы н д ы* сағым іркіліп барып, көк күмбезімен көмкерілген (О.Бөкеев, Үркер). ... Әркім өздерінің ертеңгі буалдыр болашағын болжауды тиып, бір сәттік тәтті минуттың *ж а л қ ы н д ы* құшағында әнтек тербелді (Бәйшешек). Жас жүректің *ж а л қ ы н д ы* көп тілегі, Жарамдысын сенен қалап тіледі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛЛАД ир. з а т. к ө н е. *Жендет, жазалаушы.* Қылыш, сайман, найзамен, Бір дарбаза аузына, Екі-екі *ж а л л а д* қояды. Басын кес деп тақаулап, Тентек тілі болған-ды (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

ЖАЛМА= е т. **1.** *Ауызға алып, әрлі-берлі жүгірту, шайнау.* Ал минерал заттар жеткіліксіз болған жағдайда, боталар бірінің жүнін бірі *ж а л м а п* жейді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Есен қалтасынан бірдеңе алып ұсынып еді, серке тез келіп, ернін қайшылай *ж а л м а д ы* да, сақалы шошаңдап, күтірлете бастады (Ғ.Орманов, Жүрек). **2.** *Дым қалдырмау, жайпау.* Жарты таба нанды шал екеуміз бір отырғанда-ақ *ж а л м а п* қоямыз (С.Алдабергенов, Асу). Аштық қысып, есі танған қойлар келе құм шетіндегі сирек қылтанаққа жапа-тармағай бас қойып лезде *ж а л м а п* алды (Т.Ахтанов, Дала сыры). **3.** а у ы с. *Жоқ қылу, құрту.* От аяғы өртке айналып кетпек. Тез сөндірмесе, есіл малды түп-тұянағымен *ж а л м а п* кетпек (С.Жүнісов, Өшпе. іздер). Тұяқ та жоқ тігерге, дым қалмаған, Жау *ж а л м а ғ а н*, жабысып құм *ж а л м а ғ а н*, Сырлар бар-ау қойнында, туған далам, Ақтарылған қанынан қазағыңның, Құзғыны да құдайдың құр қалмаған. Сенде ме?.. Сенде сұмдық сыр бар, далам (М.Мақатаев, Шығ.). Қарап тұрсақ, Талайларды *ж а л м а п с ы ң.* Енді кімге, Қалай деп ен салмақсың?! Нәрін құрттың, Барын құрттың өлеңнің... Өнерде ғой жалғыз өзің қалмақсың (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАЛМА-ЖАН ү с т. *Лезде, дереу, тез.* Бетті бастым, Қаттты састым, Тұра қаштым *ж а л м а-ж а н* (Абай, Тол. жин.). Сізге хабарға келдім, – деген соң, *ж а л м а-ж а н* бәрі ат ұстап, Асан, Үсен, Байжан, Ержанның екі баласы қасына тағы екі кісі алып, Әділдің ағайындарына келді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Хажы әфенді *ж а л м а-ж а н* ішіктің үстіне шапанын іле салып, тасбихын тартқан болып отыра қалды (М.Дулатов, Шығ.). Киселев дірілдеп, *ж а л м а-ж а н* конвертті жыртып, ішінен екі хат алды: біреуі – зайыбының, біреуі – Мишқаның хаты (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАЛМАН[1] з а т. **1.** *Сортаң жерлерде мекендейтін түгі қалың арқа жүні ақшыл сарғыш тышқан.* Ол он шақты *ж а л м а н д ы* қармап алды (Б.Қыдырбекұлы, Мазда. шырақ). **2.** з о о л. <лат. selevinia betpadalensis> *Кеміргіштер отрядының қалқанқұлақтар тұқымдасына жататын, сортаң жерлерде мекендейтін дөңгелектеу келген үлкен құлақ қалқаны бар тышқан. Ж а л м а н* тек Бетпақдалада, Балқаш к-нің солт. мен шығысында, Алакөл және Зайсан ойпаттарында қиыршық тасты, баялыш пен сораң өскен саз топырақты жерлерде, теріскен, қараған, сексеуіл арасында мекендейді (ҚҰЭ).

ЖАЛМАН[2] з а т. в е т. с ө й л. ***Жалмақ.*** *Ж а л м а н м е н* ауырған жылқы шөп шайнай алмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛМАН[3] з а т. ж е р г. *Қанжардың басы.* Қолындағы жеке ауыздың *ж а л м а н ы н ы ң* ұзындығы бір қарыстай (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Үсті бар қару қалталы, *Ж а л м а н ы* қарыс балталы, Оның бір несін сұрайсың (Үш ғасыр.). Даярлап тұзағын, *ж а л м а н ы н.* Үй сыртын торыған жандарм. Қайткенмен қақпанға түсірмек, Русьтің «қауіпті жандарын» (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЛМАН[4] з а т. *Қармаққа түскен балық шығып кетпеу үшін қайырып жасалған қармақ ұшындағы ілмек. Ж а л м а н* қармақ балық шығып кетпей ілініп қалу үшін қармақтың ұшына қарама-қарсы қайырып жасалатын қармақ түрі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛМАН= е т. *Жалмаңдау, жалмаң қағу.* Біресе оңымды, біресе солымды орып, *ж а л м а н ы п* барамын («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛМАНДЫ с ы н. *Жалманы бар, жалман шығарылған.* ≈ *Ж а л м а н д ы* қармақ.

ЖАЛМАНУ *Жалман етістігінің қимыл атауы.* Сара ақын екеніне көзің жетпей, Осындай қайдан білдің қармануды-ай. Найманнан қарның тойып кетсе-дағы, Қоймайсың жылда келіп *ж а л м а н у д ы*-ай (Айтыс), Ел кезіп жылда келіп, қайыр сұрап, Ұялып жатқан жоқсың *ж а л м а н у д а н* (Айтыс).

ЖАЛМАҢ[1] з а т. в е т. *Шайнаған шөбі жұтылмай қалатын мал (жылқы) ауруы. Ж а л м а ң* ауруымен ауырған жылқы шөпті жалмаңдай шайнап, жұтпастан аузынан шығарып тастай беретін әдетке душар болады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Халық тәжірибесінде жылқының аузында болатын зілсіз аурулар: «таңлақ, ұрытіс, *ж а л м а ң*» белгілі болатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖАЛМАҢ[2] с ы н. *Ауыздықпен алысқан, жалақтаған. Ж а л м а ң* көк атты сабалап, Бір Құдайын жағалап, Терең жарды паналап, Патшаң қашып жөнелді (Батырлар жыры).

Жалмаң қақты. а) *Ауыздықпен алысты, ырыққа көнбеді.* Аттары жараулы, тізгінді босатса-ақ болды, *ж а л м а ң қ а ғ а д ы* (Қ.Қамбаров, Алтай.). ә) *Жалмаң қақты, аш көзденді.* Қараталдың бойына Сазға тіктi жетпіс үй. Түсті үйге болыс-би Ж а л м а ң қ а қ т ы, жұтынды (І.Жансүгіров, Шығ.). Жүке, келетініңізді біліп дайындап отырғанбыз, – деп *ж а л м а ң қ а қ т ы* (Қ.Қамбаров, Алтай.).

ЖАЛМАҢДА= е т. **1.** *Аузы-аузына тимей, жалақтау, ашқарақтану.* Қозы әуелі аузына тамған сүттің дәмін алып, еміздікті *ж а л м а ң д а п* еме бастады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Буы бұрқыраған ботқаны *ж а л м а ң д а п* жұтқан сайын мұртының қияғы, үш жағы селтең-селтең етеді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Маңғыстауды талай шарлаған шоферлер *ж а л м а ң д а п* ас ішіп, жалпылдап әңгіме қозғады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** а у ы с. *Қанағат қылмау, жалмаң-жалмаң ету, нысапсыздану.* Әлібек қақбасты айтам-ау, дүние деп, *ж а л м а ң д а п* өліп барады («Қаз. әдеб.»). Біріңнен кейін бірің өле сап, күйіктеріңді маған тартқызсаңдаршы сол. Кемпірі өлген шал бір сен ғана ма, жүр ғой бәрі *ж а л м а ң д а п* (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

ЖАЛМАҢДАТ= е т. *Жалмаң-жалмаң еткізу.* Жас дүниенің көріп ісін, *Ж а л м а ң д а т ы п* шірік тісін (С. Сейфуллин, Шығ.). Кәутен ойын қорытып толық жауап берем дегенше болмай ана кісі есікті *ж а л м а ң д а т ы п* жауып жүріп кетті (Ү.Уайдин, Ендігісі.).

ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ е л і к. *Тынымсыз, дамылсыз жалмаңдап, ебедейсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.* Жел өтіне көлденеңдей шөгіп жатқан аруана *ж а л м а ң-ж а л м а ң* күйсеп, тағдырының ендігі ноқтасына көндіккендей (О.Бөкеев, Үркер). Орлақ Қодар-қазғанның суын көп ішті. Шөпті де *ж а л м а ң-ж а л м а ң* шайнайды (М.Тиесов, Дала.).

Жалмаң-жалмаң етті. *Жалмаңдады, жалақтады, жалаң қақты.* Кәне, қалқатайлар, қайсымызды қаласаңыздар да – пожалуйстаңыз, – деп *ж а л м а ң-ж а л м а ң е т і п* тұр (А.Бекбосынов, Ауылым.).

ЖАЛМАҢҚҰЛАҚ з а т. ө с. <лат. atriplex verrucosa> *Майда жапырақты, сортаңды жерде өсетін дәмі ащы шөп.* Мал жусап, көкбек, *ж а л м а ң қ ұ л а қ* ащылы шөпке әбден қанды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ырғалған су жиегі майда құрақ, Сары ащы жазаң жері *ж а л м а ң қ ұ л а қ*. Тоғайдай сазға біткен сыбызғысы, Түйенің шудасындай қалың қияқ (О.Шипин, Дастан). *Ж а л м а ң қ ұ л а қ* қыста да құрамайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛМАС= е т. *Қарпысу.* Сұм ұлдары Қанды аузын *ж а л м а с т ы,* Екі қылыш Ысқырысып шалмасты (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЖАЛМАТ= е т. *Жұтқызу, жұтату, құрту.* – Дүлей боранмен арпалысып жүріп, қырдағы малды *ж а л м а т п а п* ем, – деді Әлжан (А.Байтанаев, Жаңғыр.).

Басын жалматты. *Өлтірді, көзін құртты.* Бір күн ұрыс, бір күн егес көрмесе, жарылып кете жаздайтын адам пақыр ақыры жалғыз *б а с ы н ж а л м а т ы п* барып зорға тыншиды (Ә.Кекілбаев, Дала).

ЖАЛМАТУ *Жалмат етістігінің қимыл атауы.* Жылқының жүгеніне ауыздық есебінде көлденең байлап *ж а л м а т у* әрекеті бірнеше рет қайталанса, шөпті кәдімгідей жеуге дағдыланады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖАЛМАУ *Жалма етістігінің қимыл атауы; жоқ қылу, құрту, жою, түбіне жету.* Жариялап, жайларын жайып жұртқа Құлағына салмақпен жақсылардың. *Ж а л м а у д а н* жалықпаған елді талап, Нашарды момынменен күнде сабап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қор қылды, оқытпады, надан қылды; Ол аз деп шалға сатты *ж а л м а у ы н а* (С.Торайғыров, Шығ.). Сан сабырдың ішінде қаншама алдау, арбау, *ж а л м а у* барын кім білсін (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Адам жалмау. *Өлтіру, көзін құрту.* – Атаңа нәлет, қарақшылар! – деді қанжарды қалтырай ұстап, – малды қойып, *а д а м ж а л м а у ғ а* шықтыңдар ма (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

Басын жалмау. *Түбіне жету, көзін құрту.* Енді опық жеу ғана емес, өз *б а с ы м д ы* өзім *ж а л м а у ы м* да хақ, мына сөздерің рас болса (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖАЛМАУШЫ з а т. *Құртушы, жоюшы.* Соғыстың өрті лаулаған Өшті өмірді *ж а л м а у ш ы.* Солдаттан сонау аумаған Бір геолог барлаушы (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Күшейіп күнгейінде Ұлы Моңғол, Әскермен жер қайысқан, келіп шоғыр. Қайрылған қажып кейін Шаһжиһан да, «*Ж а л м а у ш ы* жер қыртысын, – дейтін обыр» (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЖАЛМАУЫЗ з а т. **1.** м и ф. *Ертегілерде кездесетін қас күш, тажал.* Сексеуіл қалың, ну

қамыс Арал-арал түбегі. *Ж а л м а у ы з* шығып сол жерден Елдің ұшты жүрегі (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Бас болды Көкше батыр бес жүз қолға, *Ж а л м а у ы з* қу кемпір де шықты жолға. Боқмұрын, Сумұрын да бірге шықты, Көрсетпек алыптығын осы жолда (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Түн. Айсыз, ашық, ызғарлы, Ырсияды қорқыныштар киіп алып құздарды. Сай-жыралар көр сияқты үңірейген, үрейлі, Қарағайлар найзаларын өңменіңе тірейді. *Ж а л м а у ы з д ы ң* оқпанындай опырайған үңгір түр, Ол осында таңды күтіп, бүгін тағы түнейді (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қомағай, мешкей.* Жұмыс көп біздің жұртта ұнамаған, Нашар жоқ қорлық көріп жыламаған. Шортандай шабақ жұтқан *ж а л м а у ы з д а р* Тексеріп өз ғайыбын сынамаған (М.Дулатов, Шығ.). Жалғыз тал омыртқаны Раушан қызына алып бергенде: «Сорлы *ж а л м а у ы з* қайдан табақтас болып едің, бір жапырақ жегізбедің ғой», – деп Кемелбайдың қатыны омыртқаны Раушаннан тартып алған (Б.Майлин, Шығ.). «Жеп қойды, ішіп қойды, ұрлап қойды, *Ж а л м а у ы з* ол ит қашан асқа тойды», – Деген сөзі қайнатып жүрегімді, Жылатпап па ед қозғатып іштегі ойды? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). – Ту, *ж а л м а у ы з*-ақ екенсің ғой өзің де, – деп қарқылдап күлді Сәмбет (С.Мұратбеков, Көкорай). **3.** а у ы с. *Қанағатсыз, обыр, аш көз.* Сабырсыз, арсыз, еріншек. Көрсе қызар, *ж а л м а у ы з.* Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан алауыз (Абай, Тол. жин.). – Алтында басың қалсын, Қарынбай! Оңбаған *ж а л м а у ы з,* теңіз суында елу миллион тоннаға жуық алтын барын білесің ғой (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз). Жайшылықта жан қиған, жақын дүние, Талып тұрсам, назарың салмадың ба? Ортекедей орғытып, оққа жығып, *Ж а л м а у ы з* жауыз жалған, жалмадың ба? (М.Жұмабаев, Шығ.). Тым болмаса, көкемді аясайшы. Мені саған қолымен бермегенін біледі. Тәңірі жазасын бергір *ж а л м а у ы з* (М.Дулатов, Шығ.).

Жалмауыз кемпір. м и ф. *Қазақ ертегілеріндегі кемпірдің кейпіндегі жағымсыз бейне. Ж а л м а у ы з к е м п і р* кейде жеті басты, қарға тұмсық, қол-аяғының тырнақтары сояудай, адам қанын соратын қорқынышты кейіпкер ретінде суреттеледі (ҚҰЭ). *Ж а л м а у ы з к е м п і р* бейнесінің тарихи негізі бар (ҚҰЭ).

ЖАЛМАУЫЗДАЙ с ы н. *Жалмауыз тәрізді, жалмауыз сияқты.* Секербай дөңнің үстіне шыға бергенде-ақ *ж а л м а у ы з д а й* даланы тып-типыл қылған өрттің жалпақ қызыл тілі анадайдан аспанға атады (З.Шашкин, Сенім). *Жалмауыздай* жалаңдап, Ар, ұяттан күсіпшін, Құлық пенен сұмдыққа Құладындай ұшыппын (ҚҰЭ). Европа мемлекеттерінің байлары Түркияның өзінен шығатын шикізаттарының бәрін сорып, жинап, сыпырып *ж а л м а у ы з д а й* жұта беретін болды (С.Сейфуллин, Шығ.). Алып тау, қапсағай қарағай да жым-жылас, тек сұрғылт тұман ғана жер-көкті *ж а л м а у ы з д а й* жалмап алып, қылиып іргеде жатыр (О.Бөкеев, Мұзтау).

ЖАЛМАУЫЗДАН= е т. *Қомағайлану, ашқарақтану, мешкейлену.* Көпшілік жерде *ж а л м а у ы з д а н б а* (Ауызекі).

ЖАЛМАУЫЗДАНУ *Жалмауыздан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л м а у ы з д а н у ы н* қарашы!

ЖАЛМАУЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Қомағайлық, ашқарақтық.* О, о-о, біздің бұл Сычной ма? – Мұның *ж а л м а у ы з д ы ғ ы* қабаннан да жаман (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **2.** *Қара ниеттілік, жауыздық.* Жарықбас болыс *ж а л м а у ы з д ы ғ ы н* бұрынғыдан асырып: «Топалаң кезінде тойдың» кебін келтіріп отыр (Б.Майлин, Шығ.). Көзіне *ж а л м а у ы з д ы қ* от толып кеткен шақта, ол сені бір өзі жұтып жібермек те болады (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАЛМАУЫҚ с ы н. *Тойымсыз, ашқарақ, жалмағыш.* Осы қой *ж а л м а у ы қ.* Ішінде құрты бар-ау деймін («Лен. жас»).

ЖАЛМЫТ з а т. *Жалмауыз, ашқарақ, қомағай, ашкөз.* Ел білмеді сенерін де, сенбесін, Хан жарлығы солай болса, не десін. Айтты, бітті! Жалаң қағып *ж а л м ы т т а р*, Ізге түсті сайлап найза, жебесін (Қ.Дәрібаев, Көк күмбезі). *Ж а л м ы т* боп жалмандай беруге болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛП е л і к. *Жалпылдаған, қобыраған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалп етек. *Жағымпаз, жарамсақ.* Қазан нөкеріне: Жап аузыңды *ж а л п е т е к,* Жалынып өскен жаппар құл! Қобылан, Қазан тұрғанда Алшағыр ма еді айдынды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Айдаркин қонақ үй кілтін ұстап *ж а л п е т е к* болуды өзіне кемшілік көрсе де басшылар алдында қызмет көрсетіп көрінгені бедел болар деп есептеді (С.Бегалин, Уақыт.).

Жалп еткізді. *Лақтыра салды, тастай салды.* Екі көзі жасқа толып, жарық күн шымылдық құрғандай бұлдырап тұман боп кетті. Сол тұманның ішінде басы ағарған адамдар қолтығынан ұстап, сүйемелеп әлдебір жерге әкеліп, үп-үлкен бір адамның үстіне *ж а л п е т к і з д і.* Ақбілек жылай берді, жылай берді... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалп еткізіп сөндірді. *Кенеттен, аяқ астынан өшіріп тастады.* Біреу есікті тырс-тырс шертіп еді, Эгенсон болар деген оймен сол жақта тұрған шырақты *ж а л п е т к і з і п с ө н д і р е* сала, есікке қарай ұмтылды (Ә.Әбішев, Замана.).

Жалп етті. а) *Кенеттен, аяқ астынан желбіреді, жалпылдады.* Жауына қарады ол қасқайып, Жауыздың жараны жастай ұқ! Аспанжер айқасып шарт етті, Ананың ақ шашы *жалп етті* (Ә.Табылдиев, Атымтай). Төсекке сылқ еткізіп алып ұрды, Белі үзіліп, көзінен жарқ етті от. Бозарып нарттай жанған қызыл беті, *Жалп етті* ұзын шашы қара жібек (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). ә) *Қанатын жая қонды, қонақтады.* Бір күні бір топ қаз қаңқылдап, солардың ішінен бір қаз қиқу салып, жер сыза ұшып отырып біздің үйдің қасына келіп *жалп ете* қонды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Біз үлкен ақ құсты жөндеп қарай алмадық, көзімізді айырмай қарап тұрғанда, біреу астынан атқандай жерге *жалп ете* түсті (І.Жансүгіров, Әңгім.). б) *Қалпақтай түсті, ұшып түсті.* Ажал дегенді қойсайшы, жүгіріп бара жатқан көкжал он қадамдай жерге ұшып түсіп, *жалп етті* (М.Әуезов, Көксерек). Қаннен-қапersіз келе жатқан Шоқанның аты әлденеден жалт еткенде, Шоқан *жалп етіп* түсті де қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). в) *Асты-үстіне түсті, қауқалақтады.* Қарабастың салқын амандасып, *жалп ете* қоймаған мінезіне Сұлтанбек көп таңданған жоқ (М.Әбдіхалықов, Алыста.).

Жалп етіп отырды. *Қобыраған, жайылған күйінде отыра кетті.* Несіпбайдың қол-аяғы сербеңдеп аз ғана қалбақ қағып қалды да, бір мезгілде артымен *жалп етіп отыра* кетті (М.Әуезов, Таңд. жин.).Қарақатын сасып қалып, от басында жаюлы жатқан тулақты қайда тығарын білмей, көйлегінің етегімен жауып *жалп етіп отыра* кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Жалп етіп сөнді. *Бірден өшті, сөнді.* Үш перделі комедияның екінші пердесінің ең қызық тұсы ойналып жатқан шақта сахнаның шамы *жалп етіп сөнді* де қалды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖАЛПАҒЫНАН үс т. *Бір жанынан, қырынан.* Қатты зақымданған балықтар жүзуге шамасы келмей, су бетінде *жалпағынан* түсіп жатады (Т.Телеуғалиев, Балық ауруы).

Жалғанды жалпағынан басты. *Дүниені шайқап өтті, береке, молшылықтың, қызық, тамашаның жуан ортасында жүрді.* Нашарды зар жылатқан жалғызын жеп, Тірлікте ойламаған «өлемін» деп. *Жалғанды жалпағынан басып* өтті, «Жазғанын көрге бара көрермін» деп (С.Торайғыров, Шығ.). *Жалғанды жалпағынан басып*, кейде Сырдың суы сирағына келмеген, кейде михнат, бейнет дарияларын белден кешкен ағаның жасы алпыстан асқанда жан тыныштығын ойлағанын көріп отырмын, – деді Тауман (F.Сланов, Таңд.). Бабаларымыздың *жалғанды жалпағынан басып* өткен бостандық заман-ай, деп еңіреп те жіберді ол (Д.Әбілев, Ақын.). *Жалғанды жалпағынан басып* өтіп, Жасарып, қайта туып, алдым бекіп, Қаусаған отыз тісім қайта шықты, Болғанда қызыл иек өлім кетіп (Жамбыл, Шығ.).

ЖАЛПАҒЫРАҚ с ы н. *Жалпақтау, еңділеу.* Әйелдің жамбасы еркектердікіндей емес, *жалпағырақ,* қысқарақ келеді (Адам анатом.).

ЖАЛПАЙ= е т. **1.** *Жайдақтала түсу, жайылу.* Арбаның жақтауына көлденеңінен сырғауыл төсеп тиеген шөп тым *жалпайып* кеткен (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Жалпию, теңкию.* Өңкей кебеже қарын мама сиырлар күйіс қайырып, қайсыбірі пысылдап *жалпайып-жалпайып* жатыр (С.Жүнісов, Жапанда.). **3.** а у ы с. *Үлғаю, толысу, семіру.* Шыңғыс шешесін танымай қалды, оның бұрынғы сымбатты сұлу денесі қазір *жалпая* семіріп, жуандығы екі құшақ болған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Болыс боп-боз болып ортада тұр. Жалпақ беті онан сайын *жалпайып* кеткен (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Жалғызыңнан жалпайғыр! қ а р ғ. *Жалғызыңнан жайрағыр, қата қалғыр. Жалғызыңнан жалпайғыр!* Сол-ақ осы балаға күн көрсетпейтін болды, – деп шабына түсті бәйбіше (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАЛПАЙТ= е т. *Жайдақтау, жазу, тегістеу, түзеу.* Сәрсен ұста ұзын сом темірдің қызған басын *жалпайта* ұрып жатыр екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қойды да қылыштарын шоқпарласты, *Жалпайта* жатқызуға жаншып басты. Орынға іс онымен де келмеген соң, Күреске көңілдері енді қошты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Жалғанды жалпайтты. *Дүниені шайқап өтті, еркін жүрді, жалғанды жалпағынан басты.* Күлесің адамзатқа сені қуған, Түлкідей бәрін алдап алған жансып. Үстіңнен білем сенің батыр өткен, *Жалпайтып жалғанын* басып-жаншып (Т.Жолдыұлы, Армантау).

ЖАЛПАЙТУ *Жалпайт етістігінің қимыл атауы.* Шөпті шөмелелеп *жалпайтуға* кірісті («Лен. жас»).

ЖАЛПАЙТЫП үс т. *Баттитып, бадырайтып, жалпылап.* Ауыл адамдары ақ қазақтарды *жалпайтып* «атты қазақтар» дейтін. Шалдардың айтып отырғаны рас, олар келсе-ақ, сұмдықтарын сүйрете жетеді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАЛПАЙТЫҢҚЫРА= е т. *Жалпайта түсу, үлкейтіңкіреу.* Валяның дізеден сәл төмен түсетін қалың көйлегі, жүннен тоқылған күртесі де қыпша белін қиылтып, мықынын да *жалпайтыңқырап* көрсетеді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖАЛПАЙТЫҢҚЫРАУ *Жалпайтыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бір жағын *жалпайтыңқырау*.

ЖАЛПАҚ[1] з а т. **1.** *Күлше нан.* Иә, күнім, сенің *жалпағың* – деп апасы ши өткізіп, жалпағын қолына ұстатты (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** ж е р г. *Бір жайым нан.* Бір *жалпақ* нан жайып салдық деп айтамыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПАҚ[2] с ы н. **1.** *Көлденеңі кең, енді, жалпиған.* Қай ердің алды биік, арты аласа, Оны көрсем қыламын таң-тамаша. Алды қаңқақ ерінің, арты *жалпақ*, Атын жауыр қылады-ау байқамаса (Шәкәрім, Өлеңд. поэм.). Етіктерінің қонышынан Семейдің *жалпақ* қасығын суырып алысты (М.Жұмабаев, Шығ.). Оспан Аралбайдың *жалпақ* жауырынын қапсыра бүріп ұстап, орнынан тұрғызып алды да, үйден айдап ала жөнелді (С.Омаров, Дала.). Іш тартып алған бөкен сан қара аттар алдыңғы атпен бір енеден туғандай мойыл қара кекілі ғана ақ шашақты, басқа жерінде жалғыз тал аққылшық жоқ; ерсіз, *жалпақ* құрмен бастырықтап алған жалаң жоны да қара; мәсі тәрізді өкшесіз етікті ұзын аяқтары салақтап келеді (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** *Мол жерді алып жатқан, ұлан-байтақ.* Біздің ұғымымызда Ұлытау бейнесі қоңыр шекпенін жамылып, осынау *жалпақ* сахараның дәл шаңырақ тұсында, кіндік төрінде отырған ата тәрізді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). **3.** а у ы с. *Қошеметшіл, жалбақ.* Жетім – жалтақ, момын – *жалпақ* (Мәтел). **4.** а у ы с. *Көпке түсінікті, жалпыға ортақ.* «Қазақтың өзіргі тілі бай, *жалпақ*, түсінікті, өткір, қысқа суретті болса, көп құрал-жарақтың бірінің жөнделгені де». Автор осы кішкене ғана сөзінде болашақ ұрпаққа қаншама пайдалы пікір айтылғаны талдап айтпаса да түсінікті (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жамандық болса шоқ-шоқ, Жақсылық болса топ-топ. Жамандық келсе – жалтақ, Жақсылық келсе – *жалпақ* (К.Әзірбаев, Шығ.).

Жалпақ бет. *Үлкен, дөңгелек жүзді. Жалпақ беттілер* қазақ-орыс шапан енді менікі болды дегендей шапанның асты-үстін аударып қарап, жолдастарына көрсетіп жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Малқардың сарғылт, *жалпақ бетіне* қан жүгіріп, күреңіте қалыпты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұрынғы қалалық партия комитетінің кеңсесінде қазір округтік полиция орналасқан. Артемов – толық денелі, *жалпақ бет*, шикіл сары, елуді еңсеріп қалған адам (Ә.Шәріпов, Қапаста).

Жалпақ дала. *Кең дала.* Жапалақтап жауған қар жадағай *жалпақ даланы* үсті-үстіне көміп жатыр (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). *Жалпақ даладағы* жалпақ көлдің мырза мінезін көріп таңданады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). *Жалпақ далаға* көсілген кең аңыздың үстіндегі Жанатайдың трактору алыстан шалқар теңізде жүзген балықшының кішкене қайығындай ғана болып көрінеді (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.).

Жалпақ ел [жұрт]. *Күллі жұрт, бүкіл халық.* Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма? Демеймін *жалпақ жұртқа* бірдей жағар (Абай, Тол. жин.). Бір кісі емес жазғаным *жалпақ жұрт* қой, Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар (Абай, Тол. жин.). Мен қайран атам малға сатқанына, Бір тазды *жалпақ елден* тапқанына. Аты өшіп тумай кеткір Жұман деген! Мал беріп, мені өзімсіп жатқанына (М.Дулатов, Шығ.). Оқуға емес жұрттың бәрі құмар, Оқығаны романды не деп ұғар?.. Демеймін *жалпақ жұрттың* бәрі кеще, Мағынасын түсінетін бар да шығар (М.Дулатов, Шығ.). *Жалпақ ел,* бар ауылдар жайлауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл, күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Жалпақ жұрттың* басына түскен ауыртпалық кәрі соқыр шалды айдап жырлатқандай болады. Ол жұрт басына туған күннің торғайындай шырылдайды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жалпақ жапырақ шытырмағы. ө с. <лат. latifolium> *Биіктігі 30-100 см дейін жететін көпжылдық өсімдіктер.* ≈ *Жалпақ жапырақ шытырмағының* өскіні.

Жалпақ жүзді. *Дөңгелек етті.* Профессор *жалпақ* ақ-сары *жүзді*, сақал-мұртсыз қарт кісі, аласы аз үлкен көзді бір көргенде-ақ жылылық байқалғандай (З.Шүкіров, Ізгілік.). Үлкен көкшіл көзді, ашық *жалпақ жүзді* бала өзінің қоңқақ танауын бір тартып қойып күлімдеді (А.Лекеров, Түз гүлі).

Жалпақ қара сөз. *Жұрттың бәріне түсінікті, қарапайым сөз. Жалпақ қара сөзді* түгелімен мүлтіксіз жатқа алу қиын болды (С.Сейфуллин, Шығ.). *Жалпақ қара сөзді* біреуден біреу естіп алып айтқанда, «тек ұзынырғасын ғана айтады (С.Сейфуллин, Шығ.). Сәкен *жалпақ қарасөзге* жоқ адам-ды. Қандай жақын адам болмасын, ол шүйіркелесе кетуді білмейтін, жаңадан танысқан адамына көпке дейін тосаңсып жақындай алмайтын (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жалпақ құрттар. з о о л. <лат. plathelminthes> *Денесі арқа-құрсақ бағытта жалпайған, ұзындығы 0,2 мм-ден 18 м-ге дейін жететін екі жақты симметриялы, үш қабатты құрттар. Жалпақ құрттардың* 12500-дей түрі 5 класқа жіктеледі: кіпікшелі құрттар, сорғыш құрттар, моногенетикалық сорғыштар, таспа құрттар, цестода тәрізділер (ҚҰЭ).

Жалпақ маңдай. *Жазық, кең маңдай.* Мақан қайтып үндеген жоқ. Кейін сөйлермін дегендей, «ә–ә» деп, миығынан күліп, *жалпақ маңдайын* сипай берді (С.Жүнісов, Ақан сері). Буденный жылқысының басы орташа, әдемі, түгі тықыр, *маңдайы жалпақ,* көздері отты, мойны ұзын және етті, желкесі тік біткен (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

Жалпақ мұрын. *Мұрны жалпиған, дөңгеленген.* Бұ келген төрт жігіттің бірі: қошқар туған қозыдай келбетті, бітімді Ақбала еді; енді бірі келбетті де, киімі қоңырлау, жүріс тұрысы да солапаттау Балташ деген жігіт еді; одан соңғы дүрдек ерін, *жалпақ мұрын,* бір көзін аса, бір көзін баса қарайтын, Жалшынікі Иә, өкімет – жалшынікі, кедейдікі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қатира барлық жігіттердің бір де біріне бас имей, бір түнде ауаткомның орынбасары, қырықтар шамасындағы *жалпақ мұрын,* семіз қара кісімен кете барғаны (Ә.Сараев, Қараша.).

Жалпақ табан. м е д. <лат. pes planus> *Адам табанындағы ойыстың түгелдей немесе жартылай тегістеліп, жалпайып кетуі.* Табан ойысының жалпаюына байланысты: көлденең *жалпақ табан* және ұзына бойлай *жалпақ табан* болып ажыратылады (ҚҰЭ).

Жалпақ тілмен. *Көпке түсінікті, қарапайым тілмен.* Садық Бірінші Май мерекесінің мәні мен мақсатын, бүкіл жер бетіндегі басқа елдер халқының қалай қарсы алатынын қарапайым қазақтың *жалпақ тілмен* жиналғандарға баяндап берді (Б.Момышұлы, Шығ.). Шабуыл деген, *жалпақ тілмен* айтқанда, жатқан жыланның құйрығын басып, басына айран құйып әуре болмай-ақ, інінен айдап шығу деген сөз (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЖАЛПАҚ[3] е л і к. *Алақ-жұлақ етіп, жалпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалпақ қақты. *Жалпақтады, жалпаңдады.* Ас орнына қас беруді ойлап, үйдегілермен қабаттаса Кенжетай да Амантайға *жалпақ қағып* амандасты (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖАЛПАҚБАС з а т. ж е р г. *Кесірткенің бір түрі. Жалпақбас* құмда көп болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПАҚҚҰЙРЫҚ: жалпаққұйрық бұлбұлша. з о о л. <лат. cettia cetti> *Торғай тәрізділер отрядына жататын құс. Жалпаққұйрық бұлбұлша* Қазақстанның шөлді, шөлейт және далалы аймақтарындағы қалың қамыс пен бұта өскен өзен-көл жағалауларын мекендейді (ҚҰЭ). *Жалпаққұйрық бұлбұлшаның* дене тұрқы 10-12 см, салмағы 12-17 г. Денесінің үстіңгі жағы қызғылт қоңыр, бауыры бозғылт, бүйірі қоңыр сұр болады (ҚҰЭ).

ЖАЛПАҚТА= е т. *Бәйек болу, асты-үстіне түсіп жалпылдау.* Сөйлесе басын мақтап адалдайтын, Артқыға алдыңғыны жамандайтын. Жолдасты жаңаланған жаны сүйіп, *Жалпақтап* жалпылдайтын, амалдайтын (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұдан бұрынғы бастық та алғаш кісімен кездескенде, орнынан тұрып қол беріп, *жалпақтап* іші-бауырыңа кіріп тұратын (Ө.Қалмырзаев, Ар.). Мұндай кезде өзінше білгішсініп *жалпақтаған* сөздерді полковник жарата қоймайтын (К.Тоқаев, Тасқын). Ерінің қайтсем көңілінен шығам деп жаны қалмай *жалпақтап* жүр (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАЛПАҚТАЛ= е т. *Кеңею, жалпию, көлемі үлкею.* Кешікпей ол көрші ауылға барады, Біртебірте қамтып даланы. Су қараңғы түнге де көз біткендей, *Жалпақталып,* кең жайылып барады (Ж.Молдағалиев, Өлеңд.).

ЖАЛПАҚТАН= е т. *Ірілену, жайылу, кесектену.* Жасының өсуіне қарай жылқылардың дене бітімі *жалпақтанып,* ұзарып және сүйекті бола түсетінін көрсетеді (И.Иманғалиев, Адай жылқы.). Бұрынғы тығыншықтай, қолың тисе қайта серпитін ойнамалы дене *жалпақтанып,* жайыла түскен (Қ.Қазиев, Иманжапырақ).

ЖАЛПАҚТАУ[1] с ы н. **1.** *Жалпиғандау, жалпағырақ.* Осы ауылдағы көрнекті егіз үйдің ең бүтіні және үлкендеуі ортада тұрған *жалпақтау* бес қанат үй (М.Әуезов, Абай). **2.** *Толықтау, толықша.* Үйден бір аласалау, көлденеңі *жалпақтау* қыз шықты да, тұрған елді жара-мара келіп, біздің жолдастың қолын алып амандасты (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Жалпақтау бетті. *Үлкен, дөңгелек жүзді.* Ол кескін-кейпі, киім-кешегі бүгінгідей көз алдымда орта бойлы, толық денелі, қоңыр өңді *жалпақтау беттті* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖАЛПАҚТАУ[2] *Жалпақта етістігінің қимыл атауы.* Біреуге Сәкен не айтқысы келсе де бетіне айтатын. Көлгірсу, *жалпақтау* дегенді білмейтін, өсекшінің мінін тура бетіне басатын (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қилы мінез – Қилы кезең Өзі нәзік қадамға, Әсіресе *жалпақтауды* Жаны сүймес адамға (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). Балаға шексіз *жалпақтау* – оны бұзады («Қазақст. мект.»).

ЖАЛПАҚТЫҚ з а т. *Көлденеңі шығыңқылық, еңділік.* Алдымызда тоғыз қанат ақ үй. Түндігінің бұрышына дейін қызыл шұғадан ою бастырып, *жалпақтығы* жырта қарыс терме баулармен айқыш-ұйқыш шандыған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Жалпақтығы* төрт елі қоңыр дөдегенің дәл орта тұсынан жіңішке, нәзік, қошқар мүйіз, құс тұмсық өрнектермен айшықталған (С.Досанов, Қыран). Монреаль – Кана-

да елінің Квебек провинциясының ең ірі қаласының бірі. Қала көлемді, *ж а л п а қ т ы ғ ы* да кең, төсін күнге тосып жатқан ірі аралға орналасқан (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖАЛПАҚША с ы н. *Жалпағырақ, жалпақ келген.* Жиналған топты басқарушы жігіт қолындағы *ж а л п а қ ш а* белбеуін көтеріп белгі берген кезде Досан баяу қоңыр даусымен ән бастады (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Өрмек тоқу жабдықтарының бірі – қылыш тәрізді сырт жағын 3–4 миллиметр, дүз жағын 6–7 миллиметр жұқарта жонып, ортасын дөңестеу еткен *ж а л п а қ ш а* ағаш (С.Қасиманов, Каз. қолөнері).

ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК зат. *Көрінгенге жалпақтаушылық, көңілшектік.* Бүгіннен бастап осы *ж а л п а қ ш е ш е й л і к п е н* қош айтысып, бетіжүзің демей нені болсын тура айтуға белімді бекем байлап отырмын (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

ЖАЛПАЛАҚТА= е т. *Жалпақтау, жалбаңдау, бәйек болу.* Нұрғайша төр алдында іс тігіп отырып, Зарлықты *ж а л п а л а қ т а й* қарсы алды (О.Бөкеев, Қайдасың). Бет алды *ж а л п а л а қ т а м а й,* ойын ашық айтады. Апасының мінезін білетін Жұма Шекерге үндей алмады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАЛПАҢ[1] с ы н. *Қошеметшіл, құрметшіл.* – Бейсен аяқ астынан табылған *ж а л п а ң* туысқанға онша қуана қоймап еді. Бір бықсықтың иісін алдын ала сезіп, жиіркене шошынды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Әйелдер жағы үй иесінің осы бір *ж а л п а ң* мінезін қошеметтегендей сылқсылқ күледі (С.Әлжіков, Күле көрмеңіз).

ЖАЛПАҢ[2] е л і к. *Бәйек болып, жалпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалпаң қақты. а) *Бәйек болып, ілтипат көрсетті.* Жауапқа жас тұтқынды алып келді, Барлаушы тәлтіректеп талып қалды. Жаны ашып тұрғандай-ақ *ж а л п а ң қ а ғ ы п,* Тергеуші бір жұтым су алып берді (Қ.Жармағамбетов, Дәурен). Қазаққа жолың түсіп, қалсаң барып, Жайылып төсек болып, *ж а л п а ң қ а ғ ы п,* Төрінен орын берер қошемет қып, Бағзы бір дәстүрімен дархан халық (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар). ә) *Құрдай жорғалап, жағымпазданды.* Тезекбай коньякты ма, шампанды ма, қайсысына тәбетіңіз шабады деп *ж а л п а ң қ а ғ у ш ы* еді, енді бүгін ол да орнынан бір атып түрегелді де, орнына қайта отырды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). – Тегі бәрі дайын болды, жаным – деп *ж а л п а ң қ а ғ ы п* жатырмын. Осы бар ма, төбеме көтеріп аламын. Көресің әлі күйеуіңнің кереметін («Лен. жас»).

ЖАЛПАҢДА= е т. **1.** *Желп-желп ету, жалпылдау.* Қанаттары *ж а л п а ң д а п,* балағына қатқан сауыс мұзы сылдырап, жерге жақын ұшып, түнгі аспанда ербең-ербең көрініп бара жатты (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). **2.** а у ы с. *Қошемет көрсетіп, бәйек болу, жаны қалмай қалбалақтау.* Қазақ ырымында келген қонаққа *ж а л п а ң д а п* күтіп, «отыр, қонақ бол, еш болмаса түстеніп кет» деген бірауыз сөзі болады («Лен. жас»). – О, атам қонақ ертіп келіпті ғой. Жоғары шығыңыздар. Қазір тамақ әзірлеймін,– деп Лиза *ж а л п а ң д а п* жатыр (К.Баялиев, Дегелек.). Шоқанды көрген жерде: – О-о-о, бауыр! Қайдан?! Қалай? – деп құшақтай, сүйісе қарсы алып, *ж а л п а ң д а й* амандасты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** *Жағыну, жарамсақтану.* Ауылнай Әлібек жетіп келіп, сұр жыланша жылмыңдап, мені көрісімен-ақ *ж а л п а ң д а п,* асты-үстіме түсті де қалды (Б.Момышұлы, Шығ.). Өзі сұлу, өзі ақылды әйелінің алдында орынсыз *ж а л п а ң д а п* қадірін кетіріп те жатпайды, өзгені де сыйлап, өзін де сыйлата алатын жан (Ш.Құмарова, Қос шынар). Кекедің, наз да қылдың және сөктің, Кегіңді улы сөзбен оқша төктің. *Ж а л п а ң д а п* жалған айтып «ақын» болсам, Астында жүрмес едім аспан көктің (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Баласының қылығына Төлеген ырзашылық білдіріп: – Дұрыс істегенсің, шырағым, ол менің үйде жоқ екенімді білген ғой. Әй, надандық-ай! Жағынып, *ж а л п а ң д а п* жүрмесе, өлем дей ме екен түге (Т.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЖАЛПАҢДАУ *Жалпаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л п а ң д а у ы н* қара.

ЖАЛПАСЫНАН: жалпасынан түсті. *Жалп етті, қалпақтай ұшты.* Жиырма мылтықтың даусы құлақ тұндырды. Қожан топырақ үстіне *ж а л п а с ы н а н т ұ с т і* (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). – Мен көшіріп аламын дегенім-ақ мұң екен, Қамаң *ж а л п а с ы н а н т ұ с т і* (К.Оразалин, Ақ жазық).

Жалпасынан түсірді. а) *Қалпақтай тұсірді, жалп еткізді.* Көзге шұқыса көргісіз қараңғы түнде Дөйқараны әудем жерден көздемей-ақ атып жібергенде *ж а л п а с ы н а н т ұ с і р д і* (З.Жәкенов, Таң самалы). Уақас асықпай мұқият көздеп, тартып жіберді. Дәл осы жолы *ж а л п а с ы н а н т ұ с і р е т і н і н е* кәміл сенген (М.Мағауин, Ақша қар). Тұрағұл шауып келе жатып атқанда, көздегенін *ж а л п а с ы н а н т ұ с і р е д і* екен деген аңыз бар (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). ә) *Шамданды, ашуланды.*

ЖАЛП-ЖАЛП е л і к. **1.** *Қайта-қайта жалпылдаған, қалбалақтаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Найзасының ұшында бір уыс жылқы құйрығы мен ал қызыл шүберек желбіреп барады. Иығына қонақтаған сұңқары *ж а л п-ж а л п* ұшып қанат қағып қояды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Кенеттен*

гурс-гурс етіп құлаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Исатайдың қасындағы шаруалар еденге маңдайларын тигізе *ж а л п-ж а л п* құлап, ханға тағзым етті (Б.Аманшин, Жар мұңы). Келе-келе Гүлжанның *ж а л п-ж а л п* жығылуы көбейіп кеткен соң, мен альбомды тездетіп ақтарып шықтым да, әрі ысыра салдым («Лен. жас»).

Жалп-жалп етті. а) *Жалпылдады, қалбалақтады.* Жапалақ, құр, сақау көкек, *Ж а л п-ж а л п е т і п* о да ұшқан. Аспанға атып жалын түтеп, Қалың орман от ұшқан (Ж.Сыздықов, Асулар). ә) *Желбіреді, желп-желп етті.* Әне көше бойымен сіздің үйге қарай жүгіре басып бір кемпір кетіп барады. Қуалай соққан желге етегі *ж а л п-ж а л п е т е д і* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Аттары ырс-ырс етіп, өздерінің етектері *ж а л п-ж а л п е т е д і* (С.Сейфуллин, Әңгім.). б) *Бір өшіп, бір жанды, қайта-қайта жыпылықтады.* Забой іші лас, белуардан су. Мойнымызда: асқан панар шам *ж а л п-ж а л п е т і п,* өше береді (Р.Тоқтаров, Терістік). Терезе алдындағы май шам керосині бітейін деген бе, әйтеуір терезеден кірген жел толқынымен өшейін-өшейін дегендей *ж а л п-ж а л п е т і п* барып өшпеді («Лен. жас»). в) *Жағымпазданды, жарамсақтанды.* Жұрт оны сол *ж а л п-ж а л п е т к е н* мінезі үшін Жалбағай деп атап кеткен (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЖАЛП-ЖҰЛП е л і к. *Біресе жалпылдап, біресе тоқтаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалп-жұлп етті. а) *Желп-желп етті, желпілдеді.* Ескі үзіктің өрім-өрім етегін жұлқылаған күз желі Нартайлақ аттанысымен тағы да басталды. Шаңырақтағы түндік *ж а л п-ж ұ л п е т е д і* (А.Жүнісов, Өмір). ә) *Бір өшіп, бір жанды, жалпылдады. Ж а л п-ж ұ л п е т і п* сығырайып жанған май шамның жарығы қуыс-қуысқа жете бермейді (С.Мұратбеков, Жабайы.). Кей терезедегі сәуле *ж а л п-ж ұ л п е т і п,* қаннен-қаперсіз қара торғайлар ұшып келе жатты («Соц. Қаз.»).

Үміт оты жалп-жұлп етті. *Үміті, сенімі біресе күшейді, біресе жоғалды.* Назирамен екеуінің жайы не болмақ? Бір-бірін адал сүйіп, қосыламыз ба деген дәмелері бар еді, *ү м і т о т ы* қайта-қайта *ж а л п-ж ұ л п е т і п* сөне берді-ау (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЛПИ= е т. **1.** *Жайдақталу, жалпаю, жайылу.* Біріне-бірі ұқсаған, терезелері сығырайған, төбелері *ж а л п и ғ а н* баспаналар (Н.Fабдуллин, Өмір күйі). Көз алдында бөлшек темір *ж а л п и ы п* бір қалыпқа келе бастады (С.Нарымбетов, Ассалау. Атлант.). Әбдінің төбесін қамыспен жапқан бастырмадай, *ж а л п и ғ а н* үлкен тамы қалың баудың астында екен («Қаз. әдеб.»). Ұзын аққан өзеннің екі беткейіндегі егіз қыстақ бұрынғы күйінде *ж а л п и ы п* тұра берді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Анау *ж а л п и ғ а н* тамда бір жел тұрады (К.Тоқаев, Түнде.). **2.** *Дөңкию, қорбию. Ж а л п и ғ а н* мұрнының астындағы құлынның жалындай қайратты бірақ сирек біткен мұрты өре түрегеліп қажыр танытатындай (Н.Мұраталиев, Үміт). **3.** *Былшию, жарбию.* – Әйел адамға жалғыз жүру де қиын, – деп, Злиқа Балзияның жанындағы жайдақ орындыққа *ж а л п и ы п* отыра кетті (Д.Досжанов, Жібек.). **4.** а у ы с. *Жағымпаздану, жарамсақтану, жағыну.* Кейде елді партияма көп жиям деп, Әркімге аласардың *ж а л п и я* да! Кей-кейде дұспаныңа айбар қылып, Сөйледің барысынып қампия да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЛПИТ= е т. **1.** *Езгілеп соғу, жаныштау.* Бекет кешкісін жұмсақ нұр төгетін сарғыш сақина емес, балғамен *ж а л п и т а* ұрып қақтаған жалбыршақ қорғасындай, ақшылтым күңгірт түспен бозарған құр сүлдер (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** а у ы с. *Жалп еткізу, ұшырып түсіру.* Қап, мына Адамбай әбден абыройдан айырды-ау. Нақ бүгін бір ұрып *ж а л п и т а р* ма еді (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАЛПИЮ *Жалпи етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мұрнының *ж а л п и ю ы н*-ай!

ЖАЛПОЗ з а т. ж е р г. *Ат жабуы.* Аттың *ж а л п о з ы* болса, оның маңайында маса, сона аз болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПОЗДА= е т. ж е р г. *Жауыр атқа желқом ер салу.* Бұрын жауыр малды *ж а л п о з д а п* мінетін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПОШ[1] з а т. ж е р г. *Маса, сонасы көп жерде аттың мойнын, бауырын тұтас жауып тұратын жабу.* Құнанның тері басылғанда, ол кер бестінің тері сіңген сары ала *ж а л п о ш ы н* Күржікке жауып, оңаша желдеткізді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Кешке қарай *ж а л п о ш* жауып, қарақасқаны қаңтарып тастады (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

ЖАЛПОШ[2] с ы н. *Жағымсыз, жарамсақ. Ж а л п о ш* аярлықты айыра алмасаң, ел не болады (М.Мағауин, Бір ата.).

ЖАЛПОШТА[1]= е т. *Жабулап орау, буркеу.* Үшінші күні түнде төрт салт атты дүбірлеп, жорта келеді екен. Бозтарланды *ж а л п о ш т а п,* өзім бетімді таңып алғам (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ақбоз солығын басып, терін үккенде, қайта ерттеп *ж а л п о ш т а п* далаға шығарды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Жазда маса, сона көп болғанда атты *ж а л п о ш т а п* мінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПОШТА[2]= е т. *Жағымпаздану, жарамсақтану.* Лауазымды адам *ж а л п о ш т а п,* әлекеңнің ежелгі («Лен. жас»).

ЖАЛПОШТЫ с ы н. ж е р г. *Жалпош жабылған, жалпошы бар.* Кешке қарай түгелге жуық далаға шығып, желдеп жүрген *ж а л п о ш т ы* құнандарды қызықтасты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖАЛПОШТЫҚ з а т. *Жағымпаздық, жарамсақтық.* Әлде шыны, әлде бидің ыңғайын таппақ *ж а л п о ш т ы ғ ы* (М.Мағауин, Бір ата.).

ЖАЛПОШТАУ *Жалпошта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *ж а л п о ш т а у.*

ЖАЛПУЫШ з а т. ж е р г. *Жабу, жамылғы. Ж а л п у ы ш* – аттың жабуы. Аттың *ж а л п у ы ш ы н* өрнектеп тігетін салты да бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Сайыс биі арқасына алтын оқалы шапан, тұлпарына жасыл *ж а л п у ы ш* жапты (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАЛПУЫШТА= е т. **1.** *Жалпуыш жабу, атқа жабу салу.* Әлгінде Нағанайды қөрияларға шақырушы етіп: «Ақысына ат алсаң да, Мақаңды, Доскей жылқышыны тойға келетін ет!» – деп, *ж а л п у ы ш т а п* жөнелткен (Д.Досжанов, Зауал). Иелері де жұрт таңырқай түссін дегендей *ж а л п у ы ш т а п* ала жабулап, үкі тағып, үстіне титімдей бала мінгізіп алды (Д.Досжанов, Зауал). **2.** а у ы с. *Жалпақтау, бәйек болу.* – Еркекпісің деген осы-ау, – деді Мақпал күліп, – *ж а л п у ы ш т а п* жатқанын қарашы (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖАЛПЫ с ы н. *Барлығына қатысты, көпшілікке қатысты, ортақ.* Мектептен оқып шыққандар шетінен тоғышар, *ж а л п ы* бұқара тұрмысынан хабарсыз, іске олақ, шаруаға зейінсіз келетін (М.Дулатов, Шығ.). Ой процестері заттар мен құбылыстардың *ж а л п ы* қасиеттерін бейнелеп, сөздің материалды негізінде жүзеге асады (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.). *Ж а л п ы* долбармен үстірт суреттеуден, көргенді көрген түрінде жазушылықтан, он жылда идеяны әлсіретіп жіберуден Асқар құр емес (С.Ерубаев, Шығ.). *Ж а л п ы н ы ң* орнына жалқыны қолдану: Бүкіл адам баласы деген байтақ ұғымды «адам» деген жеке сөздің өзі-ақ білдіріп тұр (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). // *Бүкіл, барлық.* «Адамды аман алып қалу міндетін қатты ұстаған дәрігер – шын дәрігер, жақсы адам» деймін. Бұл ойым *ж а л п ы* дәрігерлерді бағалаудан көрі басқа жағдайға көшеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Романда әйелдер көп. Солардың әрқайсысы қазақ әйелінің бірер қасиетіне ие болып, *ж а л п ы с ы н* қосқанда қазақтың әйел қауымының жиынды образын беретін сияқты (І.Омаров, Шабыт.). Соғысқа дейін міндетті әскер қызметін атты әскер бөлімінде атқарған едім, бірақ онда зеңбірек дегенді көргеніміз болмаса, ату техникасын, *ж а л п ы* тетігін үйренген емес едік (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). // *Тұтастай, толығымен.* Жоғарыда айтқандарыма байланысты, оның программасын *ж а л п ы* іске асыруға және атап айтқанда шығыс мәселесі бойынша программасын жүзеге асыруға көмектесу үшін Россия Коммунистік большевиктер партиясына өтуге шешім қабылдадым, ол үшін Комитеттің мені РКП(б) мүшелерінің қатарына алуын өтінемін (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жалпы алғанда. *Жаппай айтқанда. Ж а л п ы а л ғ а н д а,* бақыт деген не? Сәрсен мен Сақыштың жаңағы мен көрген жиһазы, дүниеге толған төрт бөлмелі пәтері, ғалым деген аты, ерлі-зайыпты екі адамның талассыз тату-тәтті өмірі ғана ма? (І.Есенберлин, Алтын құс). *Ж а л п ы а л ғ а н д а,* біздің колхоз егіншілерінің бұған дейінгі табысын жұрт жаман атамайтын көрінеді (К.Баялиев, Жер.). *Ж а л п ы а л ғ а н д а* қазақтың XX ғасыр басындағы ақын-жазушылары дәуірдің көкейкесті мәселелерін, халықтың хал-жайын жырлады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Жалпы білім беретін мектеп. п е д. *Негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын үш сатыдан (бастауыш, негізгі және жоғары) тұратын жалпы орта білім беретін оқу орны. Ж а л п ы б і л і м б е р е т і н м е к т е п т е* мектеп алды даярлық, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жалпыға бірдей. *Көпшілікке қатысты, жаппай. Ж а л п ы ғ а б і р д е й* міндетті оқу жөніндегі халық шаруашылық жоспары мектебімізде жылма-жыл толық орындалады («Қазақст. мұғ.»).

Жалпыға бірдейлік. *Көпке ортақтық, жаппай сипат алушылық.* Ғылыми білім өзінің қағидаларының *ж а л п ы ғ а б і р д е й л і г і н е* және қажеттігіне сүйенеді (А.Қасымжанов, Диалектика.).

Жалпы есім. л и н г в. *Бір тектес заттың ұғымдарын қамтитын атау.* Курд халқы адам деп *ж а л п ы е с і м д і* алмай, жүрек образын ғана алады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Жалпы жиналыс. *Көпшілікке, барлық ұжым мүшелері қатысуға тиіс мәжіліс.* Бүкіл колхозшы өзінің *ж а л п ы ж и н а л ы с ы н д а:* «Саулық қойды Ботайдан басқа адамға беруге риза емеспіз»,– деп отырып алғандары көз алдыма келді (М.Тиесов, Әңгіме.). Егер сол қаулыны колхоздың *ж а л п ы ж и н а л ы с ы* мақұлдаса, жоғарғы орындар есептеседі (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Басқарма таяуда *ж а л п ы ж и н а л ы с* шақырмақ (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

Жалпы көпшілік қатынас құра алатын бағдарлама. и н ф. <ағыл. public domain software> *Таратылуына шек қойылмайтын және*

нақты иесі жоқ бағдарламалар. Бастапқы коды болған жағдайда *жалпы көпшілік қатынас құралатын бағдарламаны* жетілдіріп, өзгертуге рұқсат етіледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалпы ластану. э к о л. *Өсімдік шаруашылығында, егіншілікте органикалық және бейорганикалық тыңайтқыштар қолдану, төгінді сумен суармалау кезінде, сонымен қатар өндірістің, көліктің т.б. залалды қалдықтарының ауаға таралуынан атмосфералық ауа мен жердің ластануы.* ≈ *Жалпы ластану* мөлшері.

Жалпы мектептік кеңес. п е д. *Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын қарап, талқылап, бекітетін және жоспарланған іс-шаралардың дер кезінде орындауын қадағалап отыратын кеңес. Жалпы мектептік кеңеске* мектеп басшылары, мұғалімдер, психолог, дәрігерлер, т.б. кіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жалпы міндет жүктелген десте. и н ф. *Өндірістік, экономикалық-математикалық, инженерлік, ғылыми және басқа да мәселелерді шешуге арналған қолданбалы бағдарламалар дестесі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жалпы психология. п е д. *Негұрлым жалпы психологиялық заңдылықтарды, психологиялық теориялық принциптері мен әдістері, оның негізгі ұғымдары мен санаттық құрылысын анықтайтын теориялық пән. Жалпы психология* саласындағы зерттеулердің нәтижелері – психология ғылымының барлық салаларының дамуының іргетастық негізі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жалпы тіл білімі. л и н г в. *Тіл білімінің барлық тілдерге қатысты ортақ заңдылықтарын зерттейтін саласы. Жалпы тіл білімі* арнайы ғылым саласы ретінде 19-ғасырдың алғашқы ширегінде қалыптасты (ҚҰЭ). *Жалпы тіл білімінің* өзіне тән лингвистикалық заңдары қалыптасқан (ҚҰЭ).

Жалпы ұлттық өнім. э к о н. *Макроэкономикалық жиынтық көрсеткіш*. Басқа елдерде көптен бері кең қолданылып келе жатқанымен, отандық тәжірибеге 1988 ж. енгізілген. Бір адамға шаққанда *жалпы ұлттық өнімнің* өсімі халықтың тұрмыс деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады (ҚҰЭ).

Жалпы ұлттық табыс. э к о н. *Экономикалық резидент-агенттерінің алғашы табыстары жиынтығынан құралатын жағынан жалпы ішкі өнім көрсеткішіне жақын табыс. Жалпы ұлттық табыс* түсінігі өндіріс сайысындағы қосымша құн емес, қайта бөлініс сайысындағы алынған көрсеткіш екендігін көрсетеді (ҚҰЭ).

Жалпы ішкі өнім. э к о н. *Жыл бойында бір елде өндірілген тауарлар мен қызметтің нарықтық бағамен шаққандағы толық ақшалай құны. Жалпы ішкі өнім* үш түрлі тәсілмен есептеледі: табыс бойынша, шартты таза өнімнің қосымша құны бойынша (ҚҰЭ). *Жалпы ішкі өнім* динамикасын зерттеу үшін тұрақты баға ыңғайлы (ҚҰЭ).

ЖАЛПЫ[2] м о д. *Негізінен.* – Сенің сөзің *жалпы* дұрыс, Жәнібек, – деді Мәди бір кесек қиярды асап жатып. – «Әке болдық» дегеніңе қосыламын (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *Жалпы,* осы келулеріңіздің өзі дұрыс емес. Балаларыңыздың дайындығы жеткілікті болса, институтқа түседі, ал жетпейді екен, қайтады. Әңгіме осы (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЛПЫЛ е л і к. *Елпілдеп, елпек қаққан, бәйек болған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалпыл қақты. *Бәйек болды, жалпақтап ықылас білдірді, жалпаңдады*. Нағашы апасына бауыр басып қалған бала Ажарға онша *жалпыл қақпады* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖАЛПЫЛА= е т. *Тұтас, жаппай қамту*. Заттардың себеп-салдар байланыстарын көрсету, болмысты *жалпылай* және жанама түрде тану – ойлау процесінің арқасында болып отырады (Қ.Жарықбаев, Психология). Сөзді *жалпылай* алу адам ойлауы мен сөйлеуінің ең басты ерекшелігі. Бала мұндай қабілетке тілі шығып, жүре бастағаннан кейін біртіндеп ие болып отырады (Қ.Жарықбаев, Психология). Алайда, өзіне таныс емес өмір объектісі болғандықтан, ақын шындықты *жалпылап,* сырттай суреттейді де, образдың ішкі дүниесін аша алмайды (Е.Ысмайылов, Сын.). Е, беке, оның бәрі елге шығып еріккен кісінің ермегі ғой – деп Тәліп енді жалтара, *жалпылай* сөйлеген (О.Сәрсенбаев, Жақсы.).

ЖАЛПЫЛАЙ с ы н. с ө й л. ***Жаппай.*** Кешегі *жалпылай* сауатсыздық кезде, әрине, ақынның ауызша айтқан, не қолжазбада жүрген өлеңдері кең тарай қоймады (А.Жұбанов, Замана.).

ЖАЛПЫЛАМА с ы н. *Нақтылы емес, жалпы.* – Сенің молдалар сияқты, ылғи *жалпылама* сөйлейтін ауруың бар. Жақсыға – жақ, жаманға – жау, досқа – дос, қасқа – қас болмаса өмірдің не қызығы бар? (Ө.Қанахин, Жүрек). *Жалпылама* сөйлеу адамды жалықтыратыны айқын. Сондықтан да өз шыққан биігіміз қандай, арамызда үлгі тұтар кімдер бар дегенді де ескердік («Лен. жас»). Мұғалім оқытатын материалды шолып шығып, сабаққа *жалпылама* дайындала салу тиімді нәтиже бермейді («Халық. мұғ.»). Еламан сол баяғы томырық, томаға-тұйық қалпында. Халық тағдыры туралы

тиіп-қашты айтатын ойлары тым *жалпылама* («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛПЫЛАМАЛЫ с ы н. с ө й л. *Жай, жалпылама, жаппай.* «Әйел отыр» деген *жалпылама лы* сөз ғой (Қ.Тайшықов, Октябрь.).

ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ з а т. *Бәріне бірдейлік, жаппайлық.* Халықтың ғасырлар бойғы тағдырын бір шығарма көлемінде айтып шығу, әлбетте, қиын. Мұндай жерде ақынның кей-кейде *жалпылама лық қа,* үстірттікке түсіп кетуі ықтимал («Қаз. әдеб.»). Менің байқауымша, біздің кейбір шығармаларымызда *жалпылама лық* басым. Басы артық сөздерден, сөйлемдерден аяқ алып жүре алмайсың («Қаз. әдеб.»). Күләш табиғаттың төл көрінісін, құбылысын жіктеп, саралап шымыр суретке айналдырудың орнына *жалпылама лық қа* ұрынады («Лен. жас»).

ЖАЛПЫЛАН= е т. *Жалпыға ортақ болу, жалпы түрге ену.* Тек Үндістан емес, отаршылдықта езілген күллі шығыс елдерінің күйі мен келешек тағдыры *жалпыланып* бейнеленеді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Балалардың жасы өсіп, білім қоры молайған сайын олардың ойлауы тереңдеп, *жалпыланып* қана қоймай, ондағы образдардың біртіндеп толық және мағыналы бола түсетіндігі де байқалған (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЖАЛПЫЛАСТЫР= е т. *Жалпыға бірдей ету, барлығына ортақ ету.* Бірақ менің қорқатыным – сенің осы тәжірибеңді *жалпыластырамыз* деп (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАЛПЫЛАУ *Жалпыла етістігінің қимыл атауы.* Ақыл қызметінің осы айтылған жолын бөлімдерден бүтінді құрау, жеке мағлұматтардан қорытып, жалпы ұғым, жалпы ереже, жалпы заң шығару, жалқыдан жалпыға көшу, бір сөзбен *жалпылау* (индукция) деп атайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жалпылау* дегеніміз – бір текті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру (Қ.Жарықбаев, Психология). Ой операциясының тағы бір түрі – *жалпылау* (С.Мұқанов, Бақылау.).

Жалпылау есімдіктері. л и н г в. *Белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына нұсқай айтылатын жинақты-жалпылау мағынадағы сөздер.* Бірақ *жалпылау есімдіктері* ешқашан пысықтауыш қызметін атқармайды (Қаз. грамм.). *Жалпылау есімдік теріне:* бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел деген сөздер ғана жатады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАЛПЫЛАУЫШ с ы н. **1.** *Жалпылама, жаппай.* Кейбір *жалпылауыш* сөздердің тасасына жасырыну дағдыға айналып барады («Қаз. әдеб.»). **2.** л и н г в. ***Жалпылау есімдігі.*** Оқушылар сөйлемнің бірыңғай мүшелерін, *жалпылауыш* сөзді атап, *жалпылауыш* сөзден кейін қос нүкте, бірыңғай мүшелерден кейін сызықша қойылатынын айтып берді («Қазақст. мект.»).

ЖАЛПЫЛДА= е т. **1.** *Жалп-жалп ету, желпілдеу.* Етек кеткен жайылып, Ат көтіне *жалпылдап,* Оязға жетсін деген боп, Боқтап жүрмін барқылдап (Абай, Тол. жин.). Жабағыға тырнағы Шықпастай боп ілінді. *Жалпылдап,* сарпылдап, Қойшыларға көрінді (Абай, Тол. жин.). Ескендірдің басынан Талай заман көшіпті. Арыстанның жалындай *Жалпылдап* шашы өсіпті (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаман тондары *жалпылдап,* тәйірі, алпауыттар мал жинаса, біздің маңдай теріміз бен табан етімізден жинады,– есіп, шапқылап жүр (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Әлгінде *жалпылдаған* күләпарасы қарақұс болып шалынып еді, өзі де алпамсадай денесімен кішірейіп құлдырай бастады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Лаулап жану, лапылдау.* Жер ошақта кейде *жалпылдап,* кейде лаулап жанған оттар түннің қалың ұйқысымен қалтаң қағып, алысып тұрғандай (М.Әуезов, Қараш.). Биік шоқат баурайында *жалпылдаған* жалын көрінеді. От басында жалғыз Ержан (З.Шүкіров, Ізгілік.). **3.** а у ы с. *Елпілдеу, құрақ ұшу.* Дарқан келген соң, Досай да теріс қарсы алған жоқ. Әйелдері ж *алпылдап* амандасып, жайын сұрасты (І.Жансүгіров, Шығ.). Қатира жеңгей әлсін-әлсін шәй қайнатып бере береді. Ақ жарқын, *жалпылдаған* жақсы кісі екен (Б.Аманшин, Жар мұңы). Есік алдында бұларды Маржан қарсы алды да, *жалпылдап* жөн сұраса бастады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **4.** а у ы с. *Асығу, жанұшыру, алқыну.* Алдымен келді ерлері, Ханнан бұрын жетсем деп, *Жалпылдап* шауып келеді Ат-тонын олжа етсем деп (Батырлар жыры). **5.** а у ы с. *Бәйек болу, құрдай жорғалау, жағымпаздану.* Бай «байғұсым» десін деп, Шақырып қымыз берсін деп. Жарамсақсып, *жалпылдап* (Абай, Тол. жин.). Ақсара жеңешем *жалпылдағаң* жан екен, жатып жастық, иіліп төсек боп жүгіріп жүр (М.Дүзенов, Ақәже).

ЖАЛПЫЛДАҚ[1] з а т. ж е р г. *Түйе түлігінің бота мен тайлақ арасындағы кезі. Жалпылдақ* қамыс артқан енесімен барып қыстауға жетті («Лен. жас»).

ЖАЛПЫЛДАҚ[2] з а т. ж е р г. *Киіз үйдің ортасына жағылатын от.* Шырақ, *жалпылдақ* тұтата қойшы, үйдегі маса шықсын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПЫЛДАҚ[3] з а т. ж е р г. *Лапылдап тез жанатын өсімдік.* Айнала кілгін, *жалпылдақтың* күлін сеуіп тастағандай, үлпілдей бозарды

(Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Қамыс, жантақ, үпелек тәрізді тез жанатын өсімдіктер *ж а л п ы л д а қ* деп аталады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПЫЛДАҚ[4] с ы н. **1.** *Лап-лап еткен, лапылдаған. Ж а л п ы л д а қ* шамның түтіні үйдің ішін тұмандатып, көмескіге айналдырғандықтан, келгендердің қандай адам екендерін сырт кісіге айыру қиын еді (Б.Майлин, Шығ.). Таң алдындағы аз ғана ұйқыны да қиып, *ж а л п ы л д а қ* шамның түбінде көйлек-көншекті жамаушы едім (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** а у ы с. *Жалп-жалп еткен, жалпылдаған. Ж а л п ы л д а қ* төбеттер жалбаңдап қайыршылардың жыртық шапанының етегін жырым-жырым қылып «сыйым осы, енді келме» деп шығарып салатын (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Елпілдек, елп-елп еткен, жарамсақ.* – Сейтім, – балам, – деді Құрман құрдасы тәпелтек Исаны нұсқап – мынау өзі білмейтін, сонда да біреуді сынауға әзір тұратын *ж а л п ы л д а қ* жаман сыншыларша менің бір сөзімді сынайды (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

ЖАЛПЫЛДАС= е т. *Жалпаңдасу, шүйіркелесу, елпілдесу.* Көшеде көргенде талай капитандар менімен *ж а л п ы л д а с ы п* амандасады (К.Юсупов, Қараша.). Екеуі әлгіндей *ж а л п ы л д а с ы п* жатқанда, бұл да жатбауырлық танытқан жоқ-ты (К.Ахметбеков, Ақдала).

ЖАЛПЫЛДАСУ *Жалпылдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л п ы л д а с у д ы* ұнатпайды.

ЖАЛПЫЛДАТ= е т. **1.** *Жалп-жалп еткізу.* Түн тыныштығын ұйқылы қанатын *ж а л п ы л д а т ы п* қағып ұшқан жалғыз ғана қарақұс бұзады (М.Әуезов, Қараш.). Жүн балақ әтеш қанатын *ж а л п ы л д а т ы п* секектеді де, тұра қалып тағы айқайлады (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Тауып бер бұған, бірақ кекіліңді, *ж а л п ы л д а т* онан кейін кекіліңді (Т.Ізтілеуов, Назым). **2.** *Лапылдату, лаулату.* Жел тұрған. Отты *ж а л п ы л д а т ы п* үрлей бастады (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

ЖАЛПЫЛДАТУ *Жалпылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түндікті *ж а л п ы л д а т у.*

ЖАЛПЫЛДАУ *Жалпылда етістігінің қимыл атауы; бәйек болу, жағымпаздану.* Масақбайдың Рахметке орынсыз *ж а л п ы л д а у ы* Байжанға онша ұнаған жоқ (С.Мұқанов, Сырдария). Қарашы енді, бүгінгідей күйзеліс үстінде Орынбай дегенді тағы шығарып, қуана *ж а л п ы л д а у ы н.* Түсініп болмайды өзін (К.Баялиев, Нөсер.). Ол барлық кекшіл, тәкаппар жандарға тән мінезбен өзінің асты-үстіне түсіп *ж а л п ы л д а у д ы,* аяғына бас ұруды талап етіп отыр (Р.Тоқтаров, Терістік.).

ЖАЛПЫЛДАУЫҚ з а т. ж е р г. *Жануы, сөнуі тез, жылыту қуаты шамалы отын.* Қоға, қамыс тәрізді отындарды *ж а л п ы л д а у ы қ* дейміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ з а т. *Үстірттік, нақтысыздық, барлығына қатыстылық.* Халықтың ғасырлар бойғы тағдырын бір шығарма көлемінде айтып шығу әлбетте қиын. Мұндай жерде ақынның кей-кейде *ж а л п ы л а м а л ы қ қ а,* үстірттікке түсіп кетуі ықтимал («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛПЫЛЫҚ з а т. *Жалпыламалық, көпке қатыстылық.* Адам «ағаш», «тас» деген дара түсініктерден *ж а л п ы л ы қ т ы* ашады (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Енді ол өзінің баяғы тартқан азабы емес, бүкіл адам баласының өмірі мен өлімін мегзейтін философиялық туынды болып, енді өз басының нақтылығы *ж а л п ы л ы қ қ а* ауысады (С.Мәуленов, Үркер.). Әрине, өлеңнен *ж а л п ы л ы қ,* белгілі жайларды баяндау, жалаң сипаттау сияқты жайлардың байқалуы мүмкін (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖАЛПЫМЕМЛЕКЕТТІК с ы н. *Бүкіл мемлекетке тән, ортақ.* Жоғарғы Кеңестің бірінші сесиясында 1990 жылғы 24 сәуірде «Қазақ ССР-інің Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР-інің Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдау және Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенті етіп сайлау *ж а л п ы м е м л е к е т т і к* ауқымдағы алғашқы ірі шешім болып табылады («Егемен Қазақстан»).

ЖАЛПЫШТАН= е т. *Бәйек болу, жарамсақтану, жалпақтау.* Бекен ағайдың мінезі, әсте адамгершілігін танымай, мансабы жоғары екен деп *ж а л п ы ш т а н ы п* көрген емес (А.Жұмаділдин, Сең.). *Ж а л п ы ш т а н ы п* жүргенің сол екен ғой, бәсе! – деді ол шығып бара жатып (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Жаурап келген адам бой жылытпаса бола ма, қап, ес тандырған Құдай-ай, – деп кілт *ж а л п ы ш т а н а* жұмсақ майда тіл қатты (К.Ахметбеков, Ақдала).

ЖАЛПЫШТАНУ *Жалпыштан етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л п ы ш т а н у ы н* қоймады.

ЖАЛПЫНШАҚ з а т. ж е р г. *Аттың үстіне жабылатын жабу.* Аттың тері қатпасын деп *ж а л п ы н ш а қ* жабады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Аттың үстіндегі *ж а л п ы н ш а ғ ы н* алып өзін отқа қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ с ы н. *Бүкіл бұқара халыққа тән, көпшілікке ортақ.* 1905–1907 жылдарда самодержавиені құлату жолындағы *ж а л п ы х а л ы қ т ы қ* күрес бірінші кезекте болады (КПСС тарихы). Стачкалардың *ж а л п ы х а л ы қ т ы қ* мәні болды. Олар қалың бұқараны оятты, күреске аттандырды (КПСС тарихы).

ЖАЛСЫЗ с ы н. *Жал бітпеген, жалы жоқ.* Мәшһүр Сұлтанмахмұтқа сәбише нұрлана қарап: – *Ж а л с ы з* туған тұлпардай, малсыз туған жас сұңқарым, сен бар екенсің ғой? – деді (Д.Әбілев, Таңд.). Арғымақ *ж а л с ы з*, ер малсыз, Алланың аманат қойған жаны қай күн алары болжалсыз (Алдаспан). // *Жалы жоқ, жал бітпеген, жалсыз жылқы.* Қанша тұлпар десе де, Мінип болмас *ж а л с ы з д ы.* Қанша білгіш десе де, Халық сүймес арсызды (Қаз. мақал.). Жарлы деме малсызды, Жансыз деме *ж а л с ы з д ы.* Адал деме жарсызды, Адам деме арсызды (Б.Адамбаев, Аманат).

Жалсыз жауыр. *Күйсіз, азып-тозған.* Боп тұрмын әлсіз арық, *ж а л с ы з ж а у ы р,* Таусылып тамақ, талқан, тиін, мірім (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖАЛСЫМАҚ с ы н. *Жал тәрізді, жалға ұқсас.* Жан-жағына көз жіберсе көретіні ұшы-қиырсыз құба жондар, аласа қырқалар, тырбиған шоқы-төбелер, *ж а л с ы м а қ* бұйраттар (І.Есенберлин, Айқас).

ЖАЛТ[1] е л і к. *Кенеттен, аяқасты пайда болған тез, шапшаң қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалт берді. *Тайып тұрды, тұра қашты.* Дударбас жанында жатқан қамшыны үйіріп-үйіріп, Ноянға қарай сілтеп кеп қалғанда, мылтық атқандай сарт ете түсті: торы ат оқыстан осқырынып қап *ж а л т б е р д і* («Қаз. әдеб.»). Үрейлі үні неткен шерменденің *Ж а л т б е р д і м* түсіндім де өлгендігін. Көргенім сол кезде еді, әлі есімде Павелға эсэсшінің төнген бірін (З.Шүкіров, Арал толқын.). Осы кезде Кебек екеуінің аты *ж а л т б е р і п*, өзі аттан жығылып қалады (К.Әзірбаев, Аңыздар.).

Жалт бұрылды. *Кенеттен, тез қарады, бұрыла қалды.* Маржанкүл *ж а л т б ұ р ы л ы п,* аяғын секіре басып, үйге қайтадан жүгіріп кіріп кетті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.). Көкжал төртінші рет жақындағанда Мәтқабылдың дәл қарсы алдына кеп *ж а л т б ұ р ы л д ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Бағила орнынан атып тұрып, кейін қарай *ж а л т б ұ р ы л ы п,* артқа аяғымен құм шашты (Т.Ахтанов, Дала.).

Жалт етті. а) *Тез қарады, қарай қалды.* Қатты бір дауыс шыққанға *Ж а л т е т е* қалды тұрған көп. Дода бас жігіт шықты алға Есімі мұның Қыздарбек (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). Қыз *ж а л т е т і п* лейтенанттың иығына қарады да, күліп жіберді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). ә) *Жарқ етті, жарқылдады.* Бір ырғақпен сілтеген бел орақ көк құрақты сыр етіп қиып, ілкі жоғары көгерілгенде, жүзі сәулемен *ж а л т е т і п,* кейін қайтады («Қаз. әдеб.»). – Мына Анна Митрофановнаның да жайбарақат отырған жүзі *ж а л т е т і п,* ду ете түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Таңертең тұман, түн кетіп, Түбіне түнді індетіп, Таң шолпаны жарқырап, Күннің көзі *ж а л т е т т і* (Ү.Кәрібаев, Тол. жин.). б) *Елестеді, елес берді.* Кенет бұдан екі күн бұрын ән салған кеш оның көз алдына *ж а л т е т т і* (Т.Ахтанов, Қаһарлы.).

Жалт қарады. *Қарай қалды, бет бұрды.* Ол жерде ол маған *ж а л т қ а р а д ы* да, сәл кідіріп барып, қайығының тұмсығын жағаға тіреді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Абай жаңа оянғандай, алаң етіп *ж а л т қ а р а д ы* (М.Әуезов, Абай жолы). Мен аузымды жиғанша болған жоқ, Жақаң кенет шыңғырып жіберді. *Ж а л т қ а р а с а м,* жанып барады екен, – дейді Зейін (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖАЛТ[2] з а т. с ө й л. ж е р г. ***Найзағай.*** Алдымен *ж а л т* жиілеп, аспан күркіреді де, жауын құйып-құйып кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жалт ойнады. а) *Найзағай жарқылдады, найзағай ойнады, жарқ-жырқ етті, жарқылдады..* Қалың бұлт көтеріліп, *ж а л т о й н а й* бастады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Далаға шыға келсем, *ж а л т о й н а п* тұр екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Күркіреп, *ж а л т о й н а ғ а н* нажағайың, Ақ жаңбыр, жасыл дүние – ғажап айың Маңдай тер, жүректегі отымыздай Біздерге көктем – жолдас, жаз – ағайын (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). ә) *От ойнады, құлпыра түсті, жайнады.* Кенет оның көзінде *ж а л т о й н а п,* қатыңқы қабағы жадырағандай болды (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Шын сөз-ау: «ақын, теңіз егіз», – деген?! Күн – дауыл. Астанкестен теңіз деген. *Ж а л т о й н а п* жанарында жағада ақын, Бұрқайды көңіліне ем іздеген (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі).

ЖАЛТАҚ с ы н. *Қорқақ, именшек, қорыншақ, жалтаң.* Қамқор емес, кім жауыз? Жомарт емес, кім сараң? Көсем емес, кім *ж а л т а қ*? (М.Дулатов, Шығ.). Әлді адам шалқақ келеді, әлсіз адам *ж а л т а қ* келеді (Мақал). Дайындығы нашар кадр қызметте беделсіз, өз ісін жете білмейтін *ж а л т а қ* маман болып шыға келеді («Лен. жас»). // *Именшек, қорыншақ, жалтаң адам.* – Әлгі Сәрсенбек қайда, бөлек кеткен бе? Әлде мені партия қатарынан шығарылсын деген тұжырымға қол көтергенінен ұялды ма екен? Түу соққан, *ж а л т а қ с ы ң*-ау,– дейді Әлім (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Жалтақ болды. *Батылсыз болды, қорқақтық істеді, жалтақтады.* Неге ұрасың баланы? Ұра берсе бетқақты, *ж а л т а қ б о л ы п* өседі бала – деді ол (М.Дүйсенов, Мейман.).

Жалтаққа басты. *Бұлталақтады, жалтарды.* Ол алда келе жатқан бұйра шаш соңындағы бой жағынан қалқыңқырап, өткір көзді қараның өкшелеп қалғанын сезіп *ж а л т а қ қ а б а с т ы* (М.Иманжанов, Көк белес).

Жалтақ қақты. *Қорықты, жасқанды, именді.* Дөң басынан Есенгелді жан-жаққа *жалтақ қағып* қарай берді (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Жалтаққа салды. *Жалтаң қақты, жалтақтады, жалтаңдады.* Мені оқытып әурелендіргісі келмеді-ау деймін, Миңзипа *жалтаққа салды* (С.Омаров, Дала).

Қоян жалтаққа салды. *Жалт берді, бұлталақтады, жалтарды.* Шама келсе, *қоян жалтаққа салып* көрейін деп іштей ол түйіп тұр (С.Омаров, Заман.).

Түлкі жалтаққа салды. *Қулыққа басты, алдады.* Бұғыбайдың жаңағы сөзіне іштей қанағаттанса да, бірден көніп қалмайын деп *түлкі жалтаққа салғысы* келген. Жоламан күшейе, шалқая сөйледі (С.Омаров, Өмір.).

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ е л і к. *Жалтаң-жұлтаң, елең-елең етіп мазасызданған, алаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді, Қолында бір сабау бар о-дағы аппақ. Керегеге сабауды шаншып қойып, Бөркін іліп, қарайды *жалтақ-жалтақ.* Кабинаның ашық терезесінен жолдың екі бетіне *жалтақ-жалтақ* құмарта көз тастайды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). *Жалтақ-жалтақ* сөйлегенге теріс қарап, кісі өлтірсе де бетке айтқан кісіні іш тартып тұрады (М.Есламғалиев, Аққу.).

Жалтақ-жалтақ етті. *Қайта-қайта қарап жалтақтады, жалтаңдады.* Әкесі мен шешесіне балалардың көздері *жалтақ-жалтақ етіп* жаудырады да тұрды (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

Жалтақ-жалтақ қарады. а) *Қайта-қайта қарады, алаңдады.* Жаздыгүні ақбөр бүктелмейді, Қолында бір сабау бар о дағы аппақ. Керегеге сабауды шаншып қойып, Бөркін іліп, *қарайды жалтақ-жалтақ* (Абай, Таңд. шығ.). Әлгі жігіт өзінің бар жатқа үйренген үш ауыз өлеңін бітіріп алып, Жамалдың мына сөзіне муафиқ жауап қайтара алмай ұялғаннан қызарып, манағы өлең үйреткен жігіттерге *жалтақ-жалтақ қарай* берді (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Имене, тілене қарады.* Шеке тамырлары көгеріп, көзі аларып, кіріптар пішінмен *жалтақ-жалтақ қарайды* бізге (С.Омаров, Шығ.). б) *Жалтақтады, мазасызданды.* Бір жайсыздықты сезінген Айша қызының бетіне *жалтақ-жалтақ қарағаны* болмаса, тіл қатуға ыңғайсызданып отыр (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Жалтақ-жалтақ қарау. *Қайта-қайта алақ-жұлақ етіп қарау.* Тазыға қарағанда түлкі құйрығы бұлаңдап, артына *жалтақ-жалтақ қарауменен* ап-анық көрініп барады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЖАЛТАҚ-ЖҰЛТАҚ е л і к. *Жалтақтап, мазасызданған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалтақ-жұлтақ етті. с ө й л. *Жалтаңдады, мазасызданды.* Қаншықта зәре жоқ. Көзі жасаурап *жалтақ-жұлтақ етеді* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жалтақ-жұлтақ қарады. а) *Жан-жағына алақ-жұлақ етіп қарады.* Сол екі арада мына сарайдан бір жаяу шыға келіп, жан-жағына *жалтақ-жұлтақ қаранап* алып, қыстаққа қарай зыта жөнелді (С.Сейітов, Сөз сұра.). ә) *Мазасызданып, қайта-қайта қарады, алаңдады.* «Әлде қайтеді» деп күдіктеніп келген басым, төрт баламның шешесі Гүлназымға *жалтақ-жұлтақ* қарай берем (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ЖАЛТАҚСЫЗ с ы н. *Қорқақтамай, қорқынышсыз, жалтақтамай, батыл.* ≈ *Жалтақсыз* мінез.

ЖАЛТАҚТА= е т. **1.** *Қарайлай беру, елең қағу.* Түн кезгенің мақұл ма, Жан-жағыңа *жалтақтай* Өлермін деп жүрмісің, Мұнан басқа жан таппай (Абай, Тол. жин.). Ол мені тастап кете алмай, артына қайта-қайта *жалтақтап* қарай берді (М.Иманжанов, Таныс қыз.). Шұбатылған топтағылар артына *жалтақтайды*, бас киімдерін бұлғайды (Н.Сергалиев, Ыстық күлше). Әлім бірнеше ырғалып барып, отырған жерінен тұрып, артына *жалтақтай-жалтақтай* қостан шықты (Ә.Шәріпов, Партизан.). **2.** а у ы с. *Көңілі орнықпау, алаң болу.* Жат жерде елге қосылмай Сенімді доссыз *жалтақтап*. Көк қанат бейіс құсындай Қу ағашқа қонақта (Абай, Тол. жин.). Шошынған бай не деп жауап берерін білмей *жалтақтап*, біресе Тоқатайға, біресе қара шайла есігінде сілейіп тұрған Мейізгүлге қарады (Р.Райымқұлов, Болат.). Қайсар енді күреске шықты, жан-жағына *жалтақтамай*, Еркебұланның соңынан біржола еретін боп шықты (І.Омаров, Серпін).

ЖАЛТАҚТАҒЫШ с ы н. **1.** *Жалтаң, именшек.* Омар құс салып, тазы жүгірткен аңшы емес, сондықтан да олар *жалтақтағыш* (Д.Досжанов, Зауал). **2.** а у ы с. *Жағымпаз, жарамсақ.* Көңілімді тебіренттің, ақын аға! Жыршы емен *жалтақтағыш*, жалтырама: Елімнің солдатымын қарапайым. Сөз шайнап тұрғаным жоқ сақынада (Қ.Аманжолов, Өлеңд.).

ЖАЛТАҢҚЫРА= е т. *Батылы бармау, именіңкіреу.* Сары *жалтаңқырап* сасып қалды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЛТАҢҚЫРАУ *Жалтаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көршінің *жалтаңқырауы.*

ЖАЛТАҚТАС= е т. **1.** *Жалтақ-жалтақ қарасу.* Айша отырған үйдегі қыз-келіншектер де, бірен-саран бозбалалар да *жалтақтасып* қарасып қойып, томсарып отыр (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). Жігіттер не дерін білмей *жалтақтасып* қалды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Екеуі бір-біріне қайта-қайта *жалтақтасты*, осы айтуға татиды-ау деген сөздерінің бастары бірікпеді, ақыры, кемпір... көпті көрген көне емес пе, жол тауып кетті (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады). **2.** а у ы с. *Имену, жалтару, көңіліне қарау*. Мұқыш кеткен соң отырған жолдастардан сөз тартып көрген едім, бірінебірі қарап *жалтақтасты* (Б.Майлин, Шығ). Ақын ба, шындықты айтпай *жалтақтаса*, жағынып көрінгенге жан сақтаса (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

ЖАЛТАҚТАСУ *Жалтақтас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балалардың *жалтақтасуы*.

ЖАЛТАҚТАТ= е т. **1.** *Жан-жағына жалтақжалтақ қарату*. Қабанның арғы атасы Әлік, Аман, Біреу жүйрік болғанда, біреу шабан, Біреу жақсы болғанда, біреу жаман. Қара баланы әдейі ж*алтақтатып*, Сақтап па едіңдер бекер маған (Айтыс). **2.** а у ы с. *Имендіру, алаңдату, бұқпантайлату*. Ай, тағдыр-ай! Бұқтырып, *жалтақтатып* қойған заман-ай! (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЛТАҚТАТУ *Жалтақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалтақтатуың* жаман еді.

ЖАЛТАҚТАУ *Жалтақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қайта-қайта қарағыштау, елеңдеу*. Ағасының көңіліндегі аласапыран осы бір ауыр ойды білгендей Нартай төрт-бес қыр асқанша арт жағына *жалтақтаумен* жатты (О.Бодықов, Бұлбұл). **2.** а у ы с. *Көңіліне қарау, алаңдау*. Жастай ана бетіне *жалтақтаумен* өскен байқұс қыз шешем өліп қала ма деп қорқып, оған қарсы ештеңе айта алмады (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Жасықтаусың, *жалтақтаусың*, – дейсің сен, Жетім өссең көрер едім мен сені! (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). **3.** а у ы с. *Именшектеу, бүгежектеу, қорғаншақтау*. Біреудің қас-қабағына қарап, жетім балаша *жалтақтау* – шын ақынға, өр ақынға жат қылық (Д.Әбілев, Шығ.).

ЖАЛТАҚТАУСЫЗ с ы н. *Жалтақсыз, алаңсыз*. Ей, сопылар, келіңдерші, көлгірсуді тастайық. Жағынусыз, *жалтақтаусыз* жақсы өмірді бастайық (Шығыс жұлдыздары).

ЖАЛТАҚТАУШЫ з а т. *Қарайлаушы, алаңдаушы. Жалтақтаушылардың* дер кезінде саналы тәртіпке шақырды (Ш.Байбатшаев, Бел-белес).

ЖАЛТАҚТАУШЫЛЫҚ з а т. *Жалтақтық, алаңдаушылық*. Расын айту керек, сын жазған уақытта бізде жазушының дәрежесіне, тіпті мінез-қылығына қараушылық жиі кездеседі. Мұның өзі сын жанрында *жалтақтаушылық ты*, «осының арты неге апарып соғады» деушілікті тудырады («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛТАҚТЫҚ з а т. **1.** *Қорқақтық, жасқаншақтық*. Соғыс – қатал мектеп, соғыста жан аярлық болмайды, өтірік айту, қулықпен құтылу, жалған *жалтақтық* жауынгерлердің арасында ең бір жиіркенішті жат мінез (І.Омаров, Шабыт.). Кейде Сәкен ойындағысын ашық айтқаны үшін құғынға да ұшырады, қателіктерге де ұрынды. Бірақ соның бірде бірінде жалғандыққа, *жалтақтық қа* бармады («Қаз. әдеб.»). Үнінде еркектік айбаттан гөрі *жалтақтық* бар (Қ.Қазыбеков, Аманат). **2.** п с и х. *Адам мінезіндегі тұрақсыздықты білдіретін жағымсыз сипат. Жалтақтық* адамның ерік күшінің әлсіздігімен байланысты пайда болады (ҚҰЭ). *Жалтақтықтан* арылудың жолы – адамның өз мақсатын орындауға бойындағы күш-жігерін жұмсап дағдылануы болып табылады (ҚҰЭ).

ЖАЛТАҚШЫЛ с ы н. *Жалтақ, именшек. Жалтақшыл* байлар, ә дегенде, үркіп қалса да, Оқпанбай тез ширап, кеудесіндегі патша медальдарын бір сипап қойды (Ж.Арыстанов, Таң.). Соңғы кездесуінде *жалтақшыл* жау самолетін прожектор сәулесінің найзадай ұшына қадап алды да, қайтып айрылмады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). // *Жалтақ, именшек адам*. Композитор сөзбен емес, іспен, еңбекпен көрінуді ұнатады. *Жалтақшылды* жақтырмай, жақсыны жанымен сүйеді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛТАЛАҚТА= е т. с ө й л. ***Жалтақта***. Ол артына қарай *жалталақтай* берді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛТАҢ[1] з а т. *Ашық, жазық жер*. Дәрмен бастаған жақ *жалтаңға* шығысымен құйындай зулап, сатырлап шауып кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қаншыр айтты: қаупім жоқ тұрымтайдан, Шықпаймын қалың қамыс, қопа сайдан, Мен сендей *жалтаң* жерге оттамаймын, Тығылған соң мені алып жейді қайдан? (Шәкәрім, Өленд. поэм.). Кеспе қар *жалтаң дағы* жатыр шөгіп, Бүктелген қанатындай аққан құстың (Ғ.Қайырбеков, Дала.). Қиялының жотасына көтерілгенде, азынаған суық жел үйіріп ала жөнелді. Төменде қалған қазаншұңқыр әжептәуір ықтасын екен, *жалтаң дағы* жел өті кәдімгідей-ақ (К.Ахметбеков, Сый орамал).

ЖАЛТАҢ[2] с ы н. *Именшек, қорғаншақ, жалтақ*. Қалтай ерте күннен *жалтаң* болып өскендіктен, мырзасының жанын ауыртатын сөздерді мұндай күйде айтпайтын (М.Әуезов, Шығ.).

Жалтаңы жоқ. *Жалтақтамайтын, қорғаншақтанбайтын, батыл*. Алмайды қиял тынымды, Алғы бір күнге жармасып, Жазамын өзім шынымды *Жалтаңы жоқ* жанды ашып (С.Мәуленов, Жаз ерке.). Өзі аудандық өңірде Беделді адам көрінді. *Жалтаңы жоқ* тегінде Жар болар-ау көңілді (А.Шамкенов, Сыр.).

Жалтаң етті. *Именшек, қорыншақ қылды.* Баланың жеке басын, адамгершілік сезімін – қорлайтын сөздермен сөгіп, жасқаншақ, *жалтаң етіп* тәрбиелеуге болмайды («Халық. мұғ.»).

Жалтаң етіп қарады. *Жалт етіп қарады, көз аударды.* Жәміш маған *жалтаң етіп* бір *қарап,* көз жанарын кірпігімен көлегейлей қояды, Жәнібек те жылмиып күлімсіреп отыр (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Жалтаң қақты. *Қайта-қайта қарай берді. Жалтаң қағып,* Нәзира жаққа да көз қиығын тастайды, Нәзираның көзіне жас келіп, әзер отыр екен (Б.Тілегенов, Аққайнар). Сағынғандай қарай бердім, Зәулім үйге *жалтаң қағып.* Жанға жайлы самал желдің Лебіменен қанаттанып (Ж.Сыздықов, Асу.). Қырғидай қағып түсер шалма тұста болмаса, өз бағасын онсыз да білетін Тәнеке биік мінез көрсетіп, көп жабы ішіндегі жас сұлу *жалтаң қаққан* жарау арғымақтай тұнық қоңыр көзі от шашып үнсіз отырады (Қ.Мұхамбетқалиев, Жұлдызды.).

ЖАЛТАҢДА= е т. **1.** *Жан-жағына қарайлау, жалтақтау, жаутаңдау. Жалтаңдап* Әзім шықты тау басына, Тапты топырақ, толтырды дорбасына (Абай, Тол. жин.). Ананың көз алдында кішкене Шоқанның жат үйде *жалтаңдап* отырған түрі елестейді (С.Бегалин, Шоқан асу.). – Жас көжек бір күні бұтаның шетіне шығып жайылғысы келіп, мені алатын жау осы жерде екен деп, айналасына *жалтаңдап* көз салумен болды (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). Қарақаттай көзі бар мөлдір біткен *Жалтаңдап* қарағанда жанар төккен. Жан азығы болады жас жігітке, Күлімдеп қарағанда нұрын сепкен (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Тынымы кетіп, мазасыздану.* Біліп оған не керек, ішіңнен қайғы жемесең. *Жалтаңдаған* жас жүрек Байғұсай десін демесең (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Батылсыздық білдіріп қорғаншақтау, қипақтау, жалтақтау.* Малай Сәрсен дедектеп Жүгіреді қалтаңдап. Сасып қорқып басынан Бүйрығын істеп *жалтаңдап* (С.Сейфуллин, Шығ.). [Күлембай] Шаншылған шумақ шаң көрсе, Зәресі кетіп жүр бірақ, *Жалтаңдай* сөйлеп біресе, Жалынын шашып бір уақ (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.). **4.** а у ы с. *Бағыныштылық, тәуелді болу.* Баяндап жатыр қызға табиғаттың *Жалтаңдап,* мүлгімсіп қарағанын (С.Мәуленов, Жасыл орман).

Аузына жалтаңдады. *Жаутаңкөзденді, қорқақтады.* Біреулер «қайтемін деп қалтаңдап жүр, Әркімдер *аузына жалтаңдап* жүр. Біреулер біліп тұрып жете алмайды. Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр (Жамбыл, Шығ.).

ЖАЛТАҢДАС= е т. *Жалтақтасу, жаутаңдасу.* Сұм қайтты нөкерімен судай тасып, Аттары лепіреді алшаң басып. «Батырға» досын сатып Доңыз болған Қарайды нөкерлері *жалтаңдасып* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЖАЛТАҢДАСУ *Жалтаңдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жалтаңдасумен* өтті.

ЖАЛТАҢДАТ= е т. *Жалтақтату, жаутаңдату.* ...Чан Қайшыны кесесінен Жанзоменді *жалтаңдатты,* Айрылғандай көкесінен (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). *Жалтаңдатқан* өмірі, қорғалатқан кемдігі ауыр бейнетке қосылып үнсіз күңіренетін (С.Сматаев, Елім-ай).

ЖАЛТАҢДАТУ *Жалтаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жетім-жесірді *жалтаңдатуға* болмайды.

ЖАЛТАҢДАУ[1] с ы н. *Именшектеу, жалтақтау.* Әкеге бала *жалтаңдау,* Анаға неге тым батыл? Тартқанша жасым қартаңда; Бөлмеппін көңіл шындап бір (Ғ.Орманов, Жер.).

ЖАЛТАҢДАУ[2] *Жалтаңда етістігінің қимыл атауы; жалтақтау, жаутаңдау.* Неше түрлі жаңалықтарды көргенде, адам бойын бір керемет сезім билейді. Мұндайда ғажап бір дүниеге келгендей жан-жағыңа *жалтаңдаумен* боласың (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс.)

ЖАЛТАҢ-ЖАЛТАҢ с ы н. *Жалтақ-жалтақ, елең-елең.* Жатыр жолың жалғасып ұзақтарға, кейде құлап кетеді құзаттарға. *Жалтаң-жалтаң* артыңа көз тастайсың. Бас ілгері, сескенбе адаспайсың (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

Жалтаң-жалтаң қарады. *Жалтақтады, мазасызданды, аландады.* Әкесі мен шешесіне *жалтаң-жалтаң қарай,* көздері жаудырады да тұрды (С.Бақбергенов, Менің дос.). Оқыдың, ойың шолақ түсінбейсің, Жақсы қыз атанғаның менің арқам. Асқақбай қызы менен шешесіне Сұрланып *қарай* берді *жалтаң-жалтаң* (Д.Еркінбеков, Шаншу).

ЖАЛТАҢДЫҚ з а т. *Қорқақтық, жасқаншақтық. Жалтаңдық* – жақсы мінез емес (Ауызекі).

ЖАЛТАҢ-ЖҰЛТАҢ с ы н. *Жалтаң-жалтаң, елең-елең, алақ-жұлақ.* Қалыңдығының белінен тас кенедей жабысып, ұстап алған күйеу, одан көз жазып қалса, айырылып қалатындай жан-жағына *жалтаң-жұлтаң* алара от шашып келеді (Б.Тілегенов, Уақыт). Жігіттер *жалтаң-жұлтаң* Әлібиге көз тастап қояды. Әліби жүзінде еш абыржуды білдірмейді («Лен. жас»). Тұрымтайдай құлдырап. Ақылға салсаң, халайық. *Жалтаң-жұлтаң* бұлт еткен, Көрсеткен аз күн бұлғақты (Пернедегі термелер).

ЖАЛТАҢКӨЗ з а т. **1.** *Жалтақ, тайсақ.* Абдрахмандікіне Әбіл деген бір *жалтаңкөз,*

қыр мұрын қара жігіт келді (С.Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Тәуелді, жалыныпшты.* Жақсылық бұрын нашар кедей күнінде маңындағы малды, жуан ауылдарға *ж а л т а ң к ө з* болушы еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қарағымның мойнына қарыз ғып, өзі жинаған азын-аулағын өзінің сауабынан аяйын деп отырғаным жоқ. Жалғыз-ақ дүниесі құрғырдың тарлығы *ж а л т а ң к ө з* қылып өлтіріп барады, – дейді кемпір (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жалтаңкөз болды. *Жалыныпшты, тәуелді болды, қолына қарады.* Жат елде жадап жүргенше *Ж а л т а ң к ө з б о п* тірі боп, Кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Дулат Бабатайұлы, Шығ.). Сол Жақсылық бұрын нашар, кедей күнінде маңындағы малды, жуан ауылдарға *ж а л т а ң к ө з б о л у ш ы* еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖАЛТАҢКӨЗДЕН= е т. *Қорқақтау, тайсалу.* Сауыншы Бүркітбай мен Баймағамбет ақырын ғана қоңыр үнмен, бөгде біреулер естіп қоймасын дегендей *ж а л т а ң к ө з д е н і п* айтады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖАЛТАҢКӨЗДІК з а т. *Біреуге тәуелді болушылық, көзін сатушылық.* Салынба, қылсаңдағы сан құмарлық, Алдыңда уайым көп шошынарлық, Жарлылық, жалыныпшты *ж а л т а ң к ө з д і к,* Сүйкімі, икімі жоқ шалдуарлық (Абай, Тол. жин.). Ол өндіріске өз қол күшінің басы бос саудагері болып, ақшалы саудагерлермен тұрақты бағаға келісім жасайтынын да біледі. Еңбегін жегізсе де, *ж а л т а ң к ө з д і к т е н* құтылатындығын біледі (І.Омаров, Шабыт.).

ЖАЛТАҢҚЫРА= е т. *Жалтарыңқырау, тайсалыңқырау.* Ақмадия өзінің әдетінше күліп, *ж а л т а ң қ ы р а п* қалды, – «Жалғыз хан» ойнап отыр едік, – деді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАЛТАҢҚЫРАУ *Жалтаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л т а ң қ ы р а у ғ а* тырысты.

ЖАЛТАҢСЫЗ с ы н. *Жалтақсыз, қипақсыз.* Қанаттас отырған көршіміз, түбі қандай қысылтаяң, сын сағаттарда *ж а л т а ң с ы з* қол ұшын беріп, қандай қыспақтан болса да, тартып алатын нағыз ердің өзі ғой бұл Игнат (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЛТАҢШЫЛ с ы н. *Жалтақ, қорғаншақ, именшек (адам).* Жан-жағына *ж а л т а ң ш ы л д ы* Жақын көріп жақтамайық. Жатыпішер, жаны аяулы Жалқаулардан сақтанайық (Ү.Кәрібаев, Өлең д.).

ЖАЛТАР= е т. **1.** *Алған бағытынан жалт беру, шұғыл бұлтару.* Қайық өзеннің орта шеніне жеткен кезде, ірі сең тап болып, содан бұлтара қашып, *ж а л т а р а* жүзіп, көп айлатәсілдер жасайды (Д.Әбілев, Арман.). Ол *ж а л т а р а* жүріп кеп, енді өз жағына қайта беттегенде, артына бір айналып тың тыңдап алды (М.Әуезов, Қараш.). Кезенсе, жаза баспаған, *Ж а л т а р ы п* жаудан қашпаған, Қорамсағын байлаған, Жамбыдан оғы таймаған, Мергендер келсін тойыма («Манас»). **2.** *Бұлталақтау, айтқанында тұрмай тайсақтау.* Өзбек жазушысы Асқат Мұқтардың Бородинге айтқан әзілін қайталағанда, өткір тілді қария да сөзінің бетін басқа жаққа бұрып *ж а л т а р а* беретін секілді (С.Мәуленов, Жер нәрі). Егер шындық Қаржас жағында болса, онда... онда – дей беріп еді Сұлтанмахмұт, кәрі би *ж а л т а р а р* жері қалмасын сезіп, арт жағын айтқызбасқа жан ұшырды (Д.Әбілев, Арман.). Нағашы апасы оңашада жиенінен: «Қала қыздары біздей емес бапты келетін шығар, көрдің бе сөздерін», – деп сылқ-сылқ күледі. Есіркеген ұялғанынан *ж а л т а р а* жауап береді (І.Есенберлин, Қаһар). Сіз шындықтан *ж а л т а р м а ң ы з.* Сіз мамансыз. Сондықтан да жақсы білуге тиіссіз, – деді ол (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАЛТАРҒЫШ с ы н. **1.** *Бұрмалай тартқыш, ұстатуы қиын, епті, бұлтарғыш.* Дыбыстардың әр тұстан естілуіне зер салған Қоңырбай: «Е, мына қашқан аң тік тартатын қасқыр емес, *ж а л т а р ғ ы ш* түлкі болды ғой»,– деп ойлады (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Жағалтай – лашын тұқымдас, жүнді кішкене құс, үлкендігі дала көгершініндей, ілуге өте епті, басқа аң, құстарға қарағанда *ж а л т а р ғ ы ш* (Е.Байболов, Әңгім.). **2.** а у ы с. *Сенімсіз, тұрақсыз, бұлтарма.* Кейде: «Шәрипаның мансіз де таңы атпайтын еш нәрсесі жоқ қой. Соғыстан кейін жігіт тапшы боп тұрғанда, менің орнымда басқа біреу болса да, оның көңілі кеткен болар еді» – деген *ж а л т а р ғ ы ш* ой да келеді (Т.Ахтанов, Боран.). Ол сиқыр күш әлі көп Жолабаевты да, бұрыс бұйрығы *ж а л т а р ғ ы ш* құйрығы бар Қырғибаевты да қанатының астына алады екен (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖАЛТАРҒЫШТЫҚ з а т. **1.** *Бұлтарғыштық, ептілік, әдіскойлық.* **2.** а у ы с. *Айнығыштық, тұрақсыздық, тайсақтық.* Мәди атты жігіттің *ж а л т а р ғ ы ш т ы ғ ы н а* тағы да мырс етіп еді, Иманның ашуы қысып кетті (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАЛТАРМА с ы н. **1.** *Бұрылысы көп, айналмалы.* Қайдағы елсіз, елеусіз жырақты өрмекшінің ұясы баспай ма? Адым қаруы тор. Қарсы беттескен сайын жата берісі мол, *ж а л т а р м а* (Д.Рамазанов, Тас түлектер). Бүгінгі жүретін жолымыз *ж а л т а р м а,* жүрегің алқымыңа тығылатын ылдилар, доңғалағыңа шайыр жабысқандай әрең жылжитын тік беттер («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Бұлтарғыш, әдіской, епті. Ж а л т а р м а* жоқ мінезім – бүкпелерім, Қулықты қоқырсыған жек көремін. Еңбегім –

анам берген қасиетім, Бас ием соған ғана деп керегім (К.Көпішев, Кезеңдер). **3.** *Тайсақтама, бұлтарма, ұстатпай кететін.* Шынымен Бұқар жырау айтқандай күнін көру үшін заманына қарай бейімделген, *жалтарма* қызыл түлкі тәрізді қу туар ма екен? – деп ойлайды Жүсіп (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАЛТАРМАЛА= е т. *Тайқақтау, бұлталақтау, қашқалақтау.* Түлкі *жалтармалап* қипықтады (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

ЖАЛТАРМАЛЫ с ы н. *Жалтармасы бар, бұлтармасы көп.* Дүние бар мінезің, *жалтармалы,* Қысасың кейде аяздай қаңтардағы. Тарылтар кеңдігіңді кезеңің бар, Безгектей құрыстатып, қайтармалы (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

ЖАЛТАРТ= е т. **1.** *Бұлтарту, бет бұрғызу, бұлтаруға мәжбүрлеу.* Дұшпанын кейін шегінтіп, Қанын судай төгілтіп. *Жалтартпастан* қуалап Мінді күшті қаһарға (Т.Жароков, Шығ. жин.). Жұмыстан қарекең шал бас тартпайды, Бас алса, асау тайды *жалтартпайды* (Айтыс). **2.** а у ы с. *Тайсақтату, айныту.* Есбол қария оны енді *жалтартпай,* нақ адал шынын айтқызғысы келді де, әлгі әзілден ілезде тыйыла қап, өзінің дағдылы кездегі салмақты ажарына ауысты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖАЛТАРТУ *Жалтарт етістігінің қимыл атауы; тайсақтату, бұлталақтату.* Айтысқанда жеңуші жақ өзінің қарсы ақынына бет бұруға, *жалтартуға* ерік бермей, өмірден логикалық шындық табады (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖАЛТАРУ *Жалтар етістігінің қимыл атауы; тайсақтау, бұлтару.* Еламан *жалтарудың* жөні қалмағанын байқады. Қарт атасының алдында төмен қарап, жер шұқылап отырып, сол бір ауыр күндерді тағы да есіне түсіріп шықты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.). Әртүрлі сылтаумен әскери қызметтен *жалтару* азамат өмірінің өте бір қолайсыз сиқы, сондай қынжыларлық және айыптауға әбден тұратын көрініс (Б.Момышұлы, Шығ.). Солай еді... Ақиқаттан *жалтарудың* жөні жоқ. Тұрған жерде молшылықтың жолы боп (Ж.Набиуллин, Орда.).

ЖАЛТАРЫЛ= е т. *Алған бағытынан жалт беру, шұғыл бұрылу, бұлтару.* Ананы қараңыздар. Мұқатай мен Ақпейіс қойшан жаққа *жалтарылды* (Т.Тілеуханов, Өмір.).

ЖАЛТАРЫЛУ *Жалтарыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жаппай *жалтарылуды* байқады.

ЖАЛТАРЫМПАЗ с ы н. *Жалтарғыш, бұлтарғыш.* Қосаяқ жүйрік, *Жалтарымпаз.* Жүгіргенде алдыңғы аяқтарын алқымына тығып алып, кенгуруша құйрықтың демеуімен артқы әлуетті аяқтар лыпып отырады (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.).

ЖАЛТАРЫП-ЖАСҚАН= е т. *Қорқып-қаймығу, имену.* ≈ *Жалтарып-жасқанғанды* ұнатпайды.

ЖАЛТАРЫП-ЖАСҚАНУ *Жалтарып-жасқан етістігінің қимыл атауы.* «Өзі жігіт-ақ, ержүрек, – деп мойындайды Гекке, – *жалтарып-жасқанудың* білмейді, райынан қайтар емес, қайсар-ақ» (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАЛТАРЫС з а т. *Әдіс-айла, тәсіл, құлық.* Істелген істің бәрі көңілден шығып орындалып келеді, бірақ жауынгерлік *жалтарысқа* келгенде, түк өндіре алмай қойған (Т.Бигелдинов, Аспанда.). Менде *жалтарыс* жоқ, осы сертім серт, сорлы анам, жалғыз анам, қош бол (Ж.Саин, Шығ.).

Жалтарысқа салды. *Құлыққа басты, алдады.* Ауданбекті әсте орнынан таппайсың, ал үстінен түссең, ананы-мынаны сылтау ғып *жалтарысқа салады* («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛТАРЫССЫЗ с ы н. *Жалтарысы жоқ, әдіс-айласыз, тура.* Жастар алдында біздер ешбір *жалтарыссыз,* бүкпесіз ағынан жарыла, адал пікірімізді айтып, ағалық, қамқорлық жасауымыз қажет (С.Мәуленов, Үркер.). Мақсұт кінәсіз адамдай *жалтарыссыз,* тік жауап қатып тұр (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Дұрысында көңіл күйі өлеңге құйылғанда осындай өзінің қалтарыс, *жалтарыссыз* ашық, сыршыл шындығымен ұялайды жүрекке («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛТ-ЖАЛТ е л і к. *Жалтылдаған, жарқыраған қимыл-қозғалысты, қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

Аузына жалт-жалт қарау. *Жанына медеу болар сөз тілеу, аузын бағу.* Тілеубек әрбір сөз иесінің *аузына жалт-жалт қараудан* бөтен ләм-мим деген жоқ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Жалт-жалт етті. *Жалт-жұлт етті, жарқ-жұрқ етті, жарқырады.* Жал-жал болып, жапырылып барып қайта көтерілгенде, сары алтын *жалт-жалт ете* қалып, жасылданып кетеді де, күреңіте береді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). Ол қалошты сән үшін де киетін тәрізді, әсіресе, өңін кірбің шалмаған жаңа калош аяқта *жалт-жалт етіп* тұрса, ғажап емес пе (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Қараңғы қоста отырып қалғандікі ме, дала күмістей *жалт-жалт етеді* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Хисамединнің қолындағы шырағдан шағылысып *жалт-жалт етеді* (Д.Досжанов, Жібек.).

Жалт-жалт қарады. а) *Қайта-қайта қарады, алаңдады.* Апа-ау, артына *жалт-жалт қарап* шауып барады. Әжесі қандай қуанар екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жас жігіттер

әңгіме арасында есік ашылған сайын жасырын үмітпен *жалт-жалт қаран* отырса да, көрмек болған кісісі бұл үйге келген жоқ (М.Әуезов, Қараш.). 6-кластың есігінен басын қылтитып *жалт-жалт қаран* тұрған Бектай кабинеттен шыққан Жақыпбек пен Күдеріні көрді (М.Иманжанов, Көк белес). Тайшабай Айнаштың бөлме жағына *жалт-жалт қаран*, жыртылған кітаптарды тезірек жинастырды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) *Жаутаң-жаутаң етті, үміттенді.* Абай мен карттарға *жалт-жалт* етіп кезек *қараған* Дәмежанның үлкен көздерінде әдемі ұшқын, шұғылалы сәуле бар (М.Әуезов, Абай жолы). Боз көделі бетінде, ақбоз аттан түсіп, қолын ұзақ жайып, тілеу тілеп ақбас әкесін Аман қозы көш жер ұзағанша көріп бара жатты, артына *жалт-жалт қаран* бара жатты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзі жалт-жалт етті. *Көзінен от шашты, құлпырды.* Оның *көзі* күн нұрымен *жалт-жалт етеді*, сақалының бітімі де әдемі екен, күмістей жалтырап тұр (К.Қазыбаев, Ызғар). Қалың шаштың арасынан екі *көзі жалт-жалт етіп* от шашады, аяқ-қолдары өте ұзын, өте қуатты (М.Етекбаев, Алтын.).

ЖАЛТ-ЖҰЛТ е л і к. *Жарқыраған, әртүрлі болып жалтылдаған қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

Жалт-жұлт етті. а) *Жарқ-жұрқ етіп сәуле шашты, жарқылдады.* Ашулы алыптың көз жанарындай болып, *жалт-жұлт етіп*, найзағай жарқылдайды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Бұл кезде күн де көтерілді. Аппақ қардың бетіндегі сан мыңдаған ұсақ жұлдызшалар *жалт-жұлт етіп*, неше құбылып, көзді аштырмайды (С.Жүнісов, Ақан сері). ә) *Жарыққа шағылысып жарқырады, жалтылдады.* Тауасар жүзі *жалт-жұлт еткен* сұр қанжарды Бала шешеннің алдына тастайды (Ә.Хасенов, Алтынарық.). Ай сәулесіне шағылысып, әр жерде *жалт-жұлт еткен* күректер таң атқанша тыным таппады («Лен. жас»). Батар күннің қиялай түскен сәулесіне шағылып, жел қаққан жапырақтар күмістей *жалт-жұлт етіп* тыпыршып ойнайды (Т.Ахтанов, Махаббат.). Тау қойнауынан төмен қарай сарылдай аққан мұздай бұлақтардың мөлдір суы күн сәулесімен шағылысып, төрге тастаған күміс белбеудей *жалт-жұлт етеді* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жалт-жұлт қарады. *Алақ-жұлақ етіп қарады, қайта-қайта қарағыштады.* Кейде ол сыймай әлем аумағына, Көз тастап *жалт-жұлт қаран* жан-жағына. Қол сермеп қара шашын қарсы серпіп, оқиды өлеңдерін алдарында (С.Мәуленов, Таңд. шығ.).

Көзі жалт-жұлт етті. *Көзінен от шашты, нұрланды.* Кенбай бетіндегі ызғар жоғалып, қызыл көрген бүркіттей екі *көзі жалт-жұлт етіп*, ерекше бір от шашқандай екен (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Самұрат дудыраған бүйра шашты, үлкен ала *көзі жалт-жұлт етіп*, тістері ақсиып халыққа күле қарады (Т.Ахтанов, Махаббат.).

ЖАЛ-ТОЛҚЫН з а т. б е й н е. *Дөң, жал мен толқын.* Трактор шабан жүргенмен, Жинаушы әрең үлгеріп, *Жал-толқын* жасап бағады Қозғалған сайын ілгері (О.Сүлейменов, Атамекен.). Жаңа орман ну көрдік, *Жал-толқынға* жармастық, қызыл, жасыл гүл тердік, құзға өрмелеп тау астық (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

ЖАЛТЫЛ з а т. *Жарқыл, жалтыр.* Сірә, шоқылардан күн көтерілейін деп келе жатырау, ақша қар бетінің құлпырма *жалтылы* көбейді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Кеше сол кетпенді көрдім мен, Құлаштап жүр екен бағбан шал. *Жалтылы* аумайды орденнен Жарқылы – айсызда жанған шам (Ә.Ахметов, Жерұйық).

ЖАЛТЫЛДА= е т. **1.** *Жалт-жұлт ету, жарқылдау.* Күздің қара жаңбырында *жалтылдаған* оттардың жарқылы жоғары көтеріледі (С.Мәуленов, Үркер.). – Қарашы анау отқа *жалтылдаған*, Жаңбырдан шайтан барып тамшы ұрлаған. Ұшып жүр пырақ мініп періштелер, Солардың шыбыртқысы шартылдаған (Қ.Әбдікәдыров, Таңд.). Қонақтар қонып отырған Сыздық ауылы жеті-сегіз үй. Бәрінен де жағалай от *жалтылдай ды* (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау, көзге шағылысу.* Қарлығаш сақинасы *жалтылдаған* әсем ұзын саусақтарымен бұған жеке тарелкалардағы тағамды жақындатады (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Күн астында *жалтылдап* Күрек, қайла, кетпендер, Көк тастан от жарқылдап, Көп әкелер өткен бел (М.Әлімбаев, Жүрек.). Қанашың келіп қалды, Әя-апа – деп, Аба есіктен кіре бергенде, «не дейді?» деп жер таяна түрегелуге ұмтылған Зейнеп, етбетінен құлады. Ол ауыр денесін билегенше, босағаға соқтыққан қылышы *жалтылдап* Шоқан да кіре берді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** *Жылт-жылт ету, жылтылдап көрінү.* – Лейтенант Свердловтың сол қолы мойнына асылған. Шалбар жыртығынан тізесі *жалтылдайды*, – дейді Зейін (Ә.Сәрсенбаев, Офицер). Ашылып қабырға-омырау қарға қарсы Тақымы шалбарынан *жалтылдап* тұр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көзі [жанары] жалтылдады. *Жалт-жұлт етті, көзі от шашты.* Сұлтанмахмұт жүзінде манағы реніштің түк ізі жоқ, күрең *көзі жалтылдап* жайнап, кең маңдайы жарқырап кіріп келді (Д.Әбілев, Арман.). Тап беріп төң-

керілді қиял құсы – Жарқылдап жастық дидар құбылысы. *Ж а л т ы л д а п* екі *к ө з і* қарағанда, Бір ғажап нұрға толды үйдің іші (Қ.Аманжолов, Шығ.). Екі-үш ұрттағаннан кейін қыздардың, әсіресе Зәрудің нұрға толы *ж а н а р ы ж а л т ы л д а п,* жұқалаң өңді Кеніштің екі беті нарттанып шыға келді (Ө.Қанахин, Жүрек.).

ЖАЛТЫЛДАҚ с ы н. **1.** *Жалт-жұлт еткен, жалтырауық.* Аяқтарым қалтылдап, Қостай міндім *ж а л т ы л д а қ* Шапса жұбын жазбайды, Бір-бірінен озбайды (Жұмбақ). Небір асыл матадан көйлек киіп, *ж а л т ы л д а қ* әшекейлерін тағынып, бұлғын ішігіне малынып, тәтті өмірдің бал дәмін үрлеп ішіп, төгіп-шашқанда сұм соғыс басталды (Ш.Құмарова, Қазбауыр бұлт.). **2.** а у ы с. *Әсірелеме, жалған.* «Шалғай шепте соғыс кезіндегі ел өмірінен жазылған көлемді повесть. Повесте *ж а л т ы л д а қ* жалған бояу жоқ (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Достықты бейнелеуде *ж а л т ы л д а қ* сөз, әсіресе қызыл тіл керек емес (С.Мәуленов, Шыңда.).

Жалтылдақ көз. *Жалт-жұлт еткен, жайнақ көз.* Бекеннің биік қыр мұрыны мен *ж а л т ы л д а қ* қара *к ө з д е р і* қыран құсты еске салады (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

Сыртқы жалтылдақ. *Көзбояушылық.* Қаллекей *с ы р т қ ы ж а л т ы л д а қ қ а* әсте ұмтылмайды. Қимыл-қозғалысқа да тым сараң (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖАЛТЫЛДАУ *Жалтылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л т ы л д а у ы н* қарашы!

ЖАЛТЫР[1] з а т. ж е р г. ***Найзағай***. *Ж а л т ы р* ойнап, жауын жауғалы тұрыпты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛТЫР[2] с ы н. **1.** *Айнадай жайнаған, жалтырауық.* Есіл тасып тартылған шақта, шұңқырларда іркіліп қалатын «қара су» атты шеті қамысты, ортасы *ж а л т ы р* көлдер алқапта ығы-жығы (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Біз біраз жер жүргеннен кейін жапан даланың ортасындағы Жөлектің *ж а л т ы р* көлі алдымыздан айдынданып шыға келді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Көремін одан әрірек Жайқалған жасыл орманды. «Өзімін оның нәрі», – деп, Жанында *ж а л т ы р* көл қалды (І.Мәмбетов, Тарланбоз). **2.** *Теп-тегіс, жылтыр. Ж а л т ы р* құздан құладым, Қолымнан кетіп, сүйеніш (Абай, Тол. жин.). Сұм шалдың дінсіздігін сонда білді, Қарамай, бір қайрылмай жүре берді. Кәпірдің қайрылмасын білгеннен соң, Жүгіріп *ж а л т ы р* тастан жол іздеді (Абай, Тол. жин.). Кіре берістегі *ж а л т ы р* тастан қиюлап төселген тар жолдың екі жағында хош иісті гүлдер (К.Тоқаев, Тасқын). Атты бүйірлетіп жүздіріп кеп, ат үстінен мұзға секіріп еді, бірақ *ж а л т ы р* мұзға кеудесімен асылып, бөксесі су ішінде қалып қойды (Т.Ахтанов, Дала.). Аяғы түпсіз терең құзда қалды, Кеудесі сыртқы *ж а л т ы р* мұзда қалды. Қымбатты минутының қылы үзіліп, Бір ұшы жас тілектің қызда қалды (А.Тоқмағамбетов, Дария). **3.** *Бұлтсыз, ашық.* Жер аппақ, аспан *ж а л т ы р,* аяз сықырлата қысып, жел қарып жалап тұр (Б.Момышұлы, Майдан). «Қош, туып өскен жер, сулар, қош!» – деп ол жылап жүріп кетті, таң атып келеді түн *ж а л т ы р,* ай жарық (С.Сейфуллин, Шығ.). Сықырлаған қатты аяз, бұлтсыз аспан, *ж а л т ы р* түн (Б.Момышұлы, Майдан).

Жалтыр бас. *Шашы жоқ, тақыр бас.* Ол келген бетінде Мұңал қажының қорасына кіріп еді, *ж а л т ы р б а с ы н* тырналап, пыспыс ентігіп, алдарынан қажының өзі шықты (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қазақстан Денсаулық сақтау комиссариатының кең бөлмелі мәжіліс залында *ж а л т ы р б а с,* ақ самай, көзілдіріктілер толып кетті (Е.Оразақов, Дәрігер.). Смағұл қасында алпыстан асқан, *ж а л т ы р б а с* жуан кісі бар (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

Жалтыр таз. *Айна таз.* Таз асқынған сайын тақыр жерлері көбейіп, бас жалтырайды, мұны *«ж а л т ы р т а з»,* «айна таз» деп атайды (О.Бердібаев, Таз – тақиядан.).

ЖАЛТЫР= е т. с ө й л. ***Жалтар***. Табиғат көрінісін сипаттағаннан басқа ештеңе айтқым келген жоқ, – деп *ж а л т ы р д ы м* (С.Мұқанов, Өмір мект.).

ЖАЛТЫРА= ет. *Жарқ-жұрқ ету, жарқырау.* Мысалы, астындағы ат о-дағы ұшты, Ескендір де атының жалын құшты. *Ж а л т ы р а п* сәуле берген бір нәрсеге Патшаның ат үстінде көзі түсті (Абай, Тол. жин.). Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр, Кілтін өнер-білім шашып жатыр, Бірі – Ай, бірі – Жұлдыз, бірі Күн боп, *ж а л т ы р а п* көктен нұрын шашып жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Біздің көзіміз түскен төңіректің бәрі шар айнадай *ж а л т ы р а ғ а н* ұшы-қиырсыз бір кеңістік (Ә.Сәрсенбаев, Таңд. шығ.). Сәуле шағылыстырып *ж а л т ы р а ғ а н* бүйірлі жез самауырды көтеріп жеңгем үйден шықты (А.Жақсыбаев, Бозарал).

ЖАЛТЫРАҚ с ы н. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен, жарқырақ, жалтыраған, жылтырақ.* Жұмысқа ол үстіне ақ көйлек, аяғына *ж а л т ы р а қ* туфли киіп, өзгеше бір қуанышпен барды (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Мен қалтама қолымды салып, Қожан сыйға тартқан *ж а л т ы р а қ* портсигарды шығардым (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Генерал кителінің *ж а л т ы р а қ* мыс түймелерін саусағымен санап шықты. Сол қолын арқасына, оң қолын кеудесіне баса ұстап, теріс айнала берді (С.Бақбергенов, Мен сізді.). **2.** а у ы с. *Мағынасыз, мәнсіз, жылтыр сөз.* Өлең әрі қарапайым, әрі сұлу, әрі ойлы болса ғана оқушы жүрегінен жылы ұя табады

қарапайым жазу жалған *ж а л т ы р а қ т а н* әлдеқайда қиынға түседі («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛТЫРАТ= е т. *Жарқырату, тазарту.* Қалиаскар бір жалпақ тақтайдың бетін сүргілеп *ж а л т ы р а т а д ы* да, соны алдарына жайып қойып, ақ қағаз ретінде пайдаланады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ол алты атарын мүшелдеп бұзып, шүберекпен *ж а л т ы р а т а* сүртіп отырса да, орнынан атып тұрып, Рүстемнің қолын алды (М.Гумеров, Хазірет.).

Табанын жалтыратты. *Тайып тұрды, кетіп қалды.* Қой, жөніме тартайын. *Т а б а н д ы ж а л т ы р а т а й ы н!..* Деді де, тымақ оңдалып, қос құлағы қомданып, құс боп ұшып жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЛТЫРАТУ *Жалтырат етістігінің қимыл атауы.* Қақталған, жабылған күмістерді *ж а л т ы р а т у* үшін оны киізбен, барқытпен ыспалайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАЛТЫРАУ *Жалтыра етістігінің қимыл атауы.* Жұлдыздардың *ж а л т ы р а у ы н* фотометриялық тәсілмен дәл ашып салыстырып қарап, *ж а л т ы р а у д ы* санмен өрнектеуге болатындығы дәлелденді (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

ЖАЛТЫРАУЫҚ[1] з а т. қ ә с. *Ақ қаңылтырдан балық тәріздес етіп жасаған құрал. Ж а л т ы р а у ы қ* ойнатқанда шортан, жайын қабады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛТЫРАУЫҚ[2] с ы н. *Жалт-жалт еткен, жарқырауық.* Әсияның көзі көрші бөлмеге түсіп кетіп еді, онда қатар тұрған *ж а л т ы р а у ы қ* екі темір кроватты көрді (Х.Мұстафин, Қыр жігіт.). Шанадағы кісінің *ж а л т ы р а у ы қ* түймелерімен тұтасып қара шинельдің иық, омырау, жағасы тегісімен сап-сары ала (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Алыста мұнарланып көрінген қала шіркеулерінің *ж а л т ы р а у ы қ* күмбездері мен үлкен мекен жайлардан жасқанғандай шеттеу салынған кішігірім қараша үйлер (А.Сатаев, Дала.). // *Жарқыраған, жарқ-жұрқ еткен нәрсе.* Біз жиырмасыншы жылдары мектеп-интернатта оқып жүргенімізде оның *ж а л т ы р а у ы қ қ а* жақын жүретін мінез-құлқы, қылығы әлі бәлендей өзгере қоймапты (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖАЛТЫРБОЗ з а т. *Құмды жерде өсетін келіншекбоз, тарақбоз тәрізді шөптердің бір түрі. Ж а л т ы р б о з* тұнып тұр (Ауызекі).

ЖАЛТЫР-ЖҰЛТЫР с ы н. *Жалтыраған, жалт-жұлт еткен.*

Жалтыр-жұлтыр етті. *Жарқылдады, жарқ-жұрқ етті.* Не көрсе соған талпынып, *ж а л т ы р - ж ұ л т ы р е т к е н* болса, оған қызығып, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛТЫРЛАУ с ы н. *Жалтырауық, жалтырағыш.* Бір көргенде алтыннан мыс *ж а л т ы р л а у* болады (Ауызекі).

ЖАЛУНА [ор. жалованье] з а т. т а р. *Еңбекақы, айлық.* Мақтайды алыс жерге әркім байын, Әрине, бай кісіде тамақ дайын. Мінезін, беретұғын *ж а л у н а с ы н,* Тексеріп біліп пе едің байдың жайын? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Битабар білгенін айтып жатыр: – Битабар алтын тықпайды. Паек бар. *Ж а л у н а* бар. Битабарға алтынның керегі жоқ (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Раушан мен Дәметкенге айына 150 сом *ж а л у н а* аламын, атым – Әбіш (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАЛША з а т. *Жал тәрізді төмпешік.* Ағаш түбінің жоғарғы жағы жыл сайын түзетіліп, төменгі жағына су тоқтайтын *ж а л ш а* жасалады (С.Жанғабылов, Бағбан).

ЖАЛШЫ з а т. т а р. *Жалданып күн көруші адам, малай.* Шаруа-бұқараның, *ж а л ш ы л а р д ы ң* тұрмысын жатырқап, жатсынбай, мектептен шығысымен ақ жұрт қатарлы азамат болуы керек (М.Дулатов, Шығ.). Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй жылы, киіз тұтқан айналасы. Бай ұлына *ж а л ш ы* ұлы жалынышты, Ағып жүріп ойнатар көздің жасы (Абай, Тол. жин.). Байда мейір, *ж а л ш ы д а* бейіл де жоқ, Аңдыстырған екеуін құдайым-ай (Абай, Тол. жин.). Күні кеше қызыл аяқ қыр асып, жалаң аяқ жар кешкен, бай-құлақтардың тепкісінде ауыр азап шеккен *ж а л ш ы* Оспан – қазіргі күнде революция солдаты (С.Омаров, Дала.).

ЖАЛШЫ= е т. *Жару, қақ бөлу.* Мынаны сен ал да, *ж а л ш ы* ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛШЫ-ЖАБЫ з а т. с ө й л. ж е р г. *Жалшы-жақыбай.* Оңшең *ж а л ш ы - ж а б ы* жиналды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛШЫ-ЖАҚЫБАЙ з а т. *Жалшы-жарлы, кедей-кепшік.* Сол Абайдың қоздыруымен азып жүрген *ж а л ш ы - ж а қ ы б а й д ы ң,* кедей-кепшіктің дауынан, арыз шағымынан көп неме жоқ екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Басында дәурен тұрған шақта, өстіп пе еді Шыңғыс!.. *Ж а л ш ы - ж а қ ы б а й л а р,* саудагер-маудагерлер былай тұрсын, «қас батыр қайран жақсы» дейтіндердің талайын менсінбеуші ме еді?.. (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Малайлықта жүрген *ж а л ш ы - ж а қ ы б а й л а р* бай малының мұрнынан тізіп жетелеп, қарық болып қалды (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖАЛШЫ-ЖАРЛЫ з а т. *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.* Байдың малы өзімен бірге жүздеген жалаңаш-жалпы *ж а л ш ы - ж а р л ы л а р д ы* ала кетеді (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.).

ЖАЛШЫ-ЖАРЫМ з а т. *Кедей-кепшік, жоқ-жітік.* Жатыпты кезек тастап қамшыларын, Жүріпті жүгірісті *ж а л ш ы - ж а р ы м.* Тізгін ұстап

кеткен соң кілең қырттар қажап біткен халықтың бар шыдамын (Ә.Жәмішев, Төскей).

ЖАЛШЫ-ҚОСШЫ з а т. т а р. *Кедей шаруа.* Байлар кедейлерге бұрынғыдай өктем емес. *Ж а л ш ы-қ о с ш ы* комитеттер құрылды («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛШЫМА= е т. ж е р г. ***Жарыма***. Ағашқа *ж а л ш ы м а й д ы* екенбіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ұста пышаққа *ж а л ш ы м а й д ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛШЫМАУ *Жалшыма етістігінің қимыл атауы.* ≈ Отын-суға *ж а л ш ы м а у ғ а* айналды.

ЖАЛШЫМДЫ с ы н. ж е р г. *Жартымды, жеткілікті, көп.* Биыл аралар *ж а л ш ы м д ы* әсел бермеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАЛШЫЛЫҚ з а т. т а р. *Жалданып күн көрушілік.* Айдабол жас кезінде кісі есігінде жүріп, кейін ержете келіп өнер иесі болып шыққа да, еңбегін байларға сатып, *ж а л ш ы л ы қ т а н* қол үзбеді (А.Хангелдин, Біздің от.). Сол жиырма бес жастың он бесін *ж а л ш ы л ы қ т а* өткіздім (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

Жалшылықта жүрді. т а р. *Байларға еңбегін салып жалданды.* 1906 жылы кедей семьяда туған ол революцияға дейін *ж а л ш ы л ы қ т а ж ү р і п* келген де, одан кейін сауатын ашып, комсомол қызметкері боп кеткен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Әкем Таңдәулет сол байдың есігінде *ж а л ш ы л ы қ т а ж ү р д і* (Ж.Тілеков, От кешу). Жастайынан *ж а л ш ы л ы қ т а ж ү р с е* де, Нұрпейіс өлең-жырға, ән-күйге ерте үйір болады (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЖАЛЫҒУ *Жалық етістігінің қимыл атауы.* Біз таң сарғайып атқанша ежелгі ұлттық ойындарды ойнап, мәз-мейрам болушы ек, *ж а л ы ғ у д ы,* жабырқауды білмейтінбіз, ойын түрі әр алуан, күлкісі, шаттығы мол (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *Ж а л ы ғ у д ы* білмеді, жалқаулықты, кер тартарлық, қорқақтық бәрін мықты. Өзі патша, өзі бай, өзі құдай, өзге жұрттан бөлініп жалғыз шықты (Қаз. ақын.шығ.). Аспазшы Алма да, дәрігер Сәлима да ешқашан *ж а л ы ғ у д ы* білмейтін, іске бейім, ыждағатты қыздар болып шықты («Лен. жас»).

ЖАЛЫҚ= е т. *Мезі болу, жеру, зерігу.* Болса да сән-салтанат, қызық әсем, Тез *ж а л ы ғ ы п,* айнимын, тұрлауым кем (Абай, Тол. жин.). Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Үстаздық қылған *ж а л ы қ п а с* Үйретуден балаға (Абай, Тол. жин.). Жастықта не қылсаң да жарасады, Қартайып күнің болар *ж а л ы қ қ а н д а й.* Қан түссе аяғыңа озар мәстек, Осындай аманында шауып қалмай (М.Дулатов, Шығ.). Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса, Басқаға мойын бұрса, көз салмаса! Өнер-білім жер астында болса-дағы, Бір жетер, *ж а л ы қ т ы м* деп тастамаса (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАЛЫҚТЫР= е т. *Зеріктіру, мезі қылу.* Ауылға жеткенше екеуінің әңгімесі – әйел болды. Әйел деген жарықтық өмірі таусылмайтын, адамды *ж а л ы қ т ы р м а й т ы н* қызық әңгіме ғой. Әсіресе біздің «Екі әуейі» әйелдің әңгімесіне жалыққан бар ма? Ауыздарынан сілекейі көздерінен жасы аққанша күлісіп мәз-мейрам болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Зейнептің әр зат жайындағы ұзын-өркеш әңгімесі Мақпалды қызықтыру былай тұрсын, *ж а л ы қ т ы р а* бастады (Ө.Қанахин, Мұрагер). «Жұмбақ жалаудың» желісі кең тартылғанда адамдар арасының тартысы әртүрлі шытырманға түсіп, аяғына дейін *ж а л ы қ т ы р м а й,* жетелеп отырады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАЛЫҚТЫРҒЫШ с ы н. *Мезі қылғыш, зеріктіргіш.* Бала ықыласының төмендеуі сабақтың бірсарынды, *ж а л ы қ т ы р ғ ы ш* жағдайынан туады («Қазақст. мект.»).

ЖАЛЫҚТЫРУ *Жалықтыр етістігінің қимыл атауы.* Қанша әдепті, әдемі бейнелей бедерлегенмен, бірыңғай табиғат суреттері кісіні *ж а л ы қ т ы р у ы* мүмкін («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛЫН з а т. **1.** *Жанған оттың лапылы, ыстық қызуы.* «Өзелене түсу оттан қиын» деген арабтардың мақалындай-ақ өліп отырған екеуі Мария мен Зылиқаның нұрлы жүзіне сәуле беріп, *ж а л ы н ы* бұлаңдап атой берген отты көрген соң, тастан түсіп, құс аңдыған мергендей жарды жағалай еңбектеп, шаңырақ күркеге жүрегі дүрсілдеп азар жетті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Есептің бітуіне от қарар ма, О-дағы түтіндетіп келіп жетті. Шығарға жол жоқ, *ж а л ы н* қамап алған, Бәрі де мал-мүлкімен күйіп кетті (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шапшиды қызыл *ж а л ы н* қарып беттен, Киімнің күйік иісі алып кеткен. – Сұмырай, ханым қайда?! Селк етті шал, Марварға нұсқадым отты – Жанып кеткен (З.Шүкіров, Арал толқын.). // *Жанға жақын, ыстық. Ж а л ы н* ғой туған жер деген, Лапылдап бойда сөнбеген. Сезімді оған арнаған Ешқандай күш жеңбеген, Арың ғой туған жер деген (А.Бақтыгереева, Өрімтал.). **2.** к е н. *Отын жанған кезде жоғары температурадағы ортада ыстық газбен бірге қатты, сұйық және тозаң түйіршік түрінде пайда болатын зат. Ж а л ы н н ы ң* тотығу-тотықсыздану қасиеттері өнеркәсіпте және химиялық талдау жасауда қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.). **3.** ж е р г. *Бет қаратпай қатты соғып тұратын жел. Ж а л ы н* жоталы жерде, сайдың ішінде үскірік жүрген жердегі болатын жел (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **4.** а у ы с. *Күш-жігер, қайрат.* Сұлтанмахмұт Жағалбайлы жағының сөзін, бітім-билігін кісілігі кесек, салмақты, ойшыл

Рақым мен жаны әділ, әлі де *ж а л ы н* қайрат иесі Көкшағыр ағаның өзіне тапсырды (Д.Әбілев, Арман.). Менің қасымда науқас Бейшеннен бөлек, жаны *ж а л ы н г а* толы, қуатты, алмас қылыштай жарқылдаған өткір де уытты Бейшен отыр (И.Жақанов, Қайта орал.). // *Өткір, күшті, қайратты.* Ақылыңа сөзің сай, Сіз – *ж а л ы н* шоқ, біз – бір май; Ыстық сөзің кірді ішке, Май тұра ма шыжымай (Абай, Тол. жин.). Бүгін *ж а л ы н*, ертең шоқ, Сөзі мен өзі бөлініп (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Жігер, екпін, қызу. Ж а л ы н* жүрек суынбай, Жан біткеннен түңілмей, ...Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай, Тол. жин.). Ол жүректің *ж а л ы н ы н* басар бірақ, Өлсе көрде бастырған су топырақ (Абай, Тол. жин.). Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, *ж а л ы н* сөніп те қалған екен (Абай, Тол. жин.).

Аузынан жалын атты. *Қайғыланды, уайымдады.* Бәйет даласынан алған жерімді ақсақалға айтып едім, ол кісі, ол қанмен суарылған жер ғой! – деп *а у з ы н а н ж а л ы н а т а* күрсінді (Қ.Исабаев, Арман.).

Аузынан жалыны шықты. *Айтқанын екі қылмады, сөзі жүрді.* Күн ғашық саған-дағы салды нұрын, Бар ма еді өзіңде нұр онан бұрын. От салды жүрегіме менің Мәжнүн, *А у з ы м н а н ш ы қ т ы ж а л ы н*, көрдің түрі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Осы, Тоқабай, сен неге қынжыласың?! Ұлдайыңның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, *а у з ы н а н ж а л ы н ы ш ы ғ а д ы,* – дейді ағасы (С.Талжанов, Ұлдай.). Қаншама *а у з ы н а н ж а л ы н ы ш ы ғ ы п*, түф деген түкірігі жерге түспей тұрған өндіріс басқармаларын обком бетімен жіберe бермес, ауыздықтар (З.Шашкин, Сенім).

Жалын атты. а) *Қатты ысыды, аспан айналып жерге түсті.* Июль айының бас кезінде Қызылорданың бұлтсыз аспанында шаңқиған күн *ж а л ы н а т ы п* күйіп тұр (С.Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Іштен қайнап қайрат-жігері тасыды, кеудесінен от-жалын шашты.* Осылай *ж а л ы н а т а р* жастар жаны, Сүйіссін. Олар неден жасқанады. Осындай кеште ыстық кездесуден, Келешек өмір кейде басталады (Қ.Бекхожин, Үш кезең). б) *Ызалы кек қайнады.* Қайран қартым-ай! Қадірлім-ай! – деп Абай өзімен-өзі сөйлескендей күрсініп бір *ж а л ы н а т т ы.* Демі дір-дір еткен өксік тәрізді ауыр күйініш қалпын байқатты (М.Әуезов, Шығ.). Бәрі-бәрі де шат болған елді аз көреді. Шаңырағы күйреп жатқан күзелулікті айтады ғой. Сол текке айтылып жатқан жоқ. *Ж а л ы н а т қ а н* көптің дерті айтқызып жатыр ғой! – деп Қадырбай бір үлкен түйін түйді (М.Әуезов, Шығ.).

Жалыны түгіл, шоғы да сөнді. *Күш көрсетер қарқын былай тұрсын, күш-қайрат мұқалып тозады деген ұғымда.* ...Көрінген жендет топтар Кәрібай шалдың аулындай шаба берсе, сорлы қазақтың несі қалады? Жарық күнге жеткенше, *ж а л ы н ы т ү г і л, ш о ғ ы д а с ө н і п* бітпей ме? (І.Есенберлин).

ЖАЛЫН= е т. *Тіленіп өтіну, жалыныпжалбарыну.* Не болса да өзімді Тапсырдым сізге налынып. Толтырып жасқа көзімді, Есірке деймін *ж а л ы н ы п* (Абай, Тол. жин.). Әлі де болса ояналық аллалап, *Ж а л ы н а л ы қ* жаратқан хаққа бәнде етіп. Мезгілінде қару қылмай қимылдап, Бұл уақытта тұрмыз енді хәл кетіп (М.Дулатов, Шығ.). Бетіңде анау таңба не? Ah... имансыз ол хайуан! *Ж а л ы н*, жаным, «Алла» де! Бұдан басқа не хайлаң?! (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол Байманды ойлағаны, оны сөзбен қамағанына өзінің сүйсінгені, оның *ж а л ы н ғ а н ы*, оның саудыраған ақ көңіл мінезі ұнағаны, онымен тағы да жолыққысы, сөйлескісі, сүйіскісі келгені, оған жолығатын қызықты күндерді қиялымен суреттегені еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалбарынып жалынды. *Сиынды, қиылып сұрады.* Мұңайма, көңілім, мұңайма. Мұңайма, *ж а л ы н а* берме *ж а л б а р ы н ы п* (Б.Күлеев, Шығ.).

ЖАЛЫНАРЛЫҚ з а т. *Жалынуға тұрарлық.* «Маған да біреу *ж а л ы н а р л ы қ қ а* жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз қу тілге айналып, өзінің уақытын өткізеді (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛЫНГҮЛ з а т. ө с. <лат. coronaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж а л ы н г ү л д і ң* Қазақстанда екі түрі бар (ҚҰЭ).

Көкек жалынгүлі. ө с. <лат. floscuculi> *Ылғалды шабындықтар мен батпақты жерлерде өсетін арамшөп. К ө к е к ж а л ы н г ү л і н і ң* биіктігі 30-100 см (ҚҰЭ). Сабағы тік, жоғарғы жағы бұтақталып кеткен *к ө к е к ж а л ы н г ү л і н і ң* қызғылт (сирек ақ) гүлдері масақ гүлшоғырына топталған (ҚҰЭ).

Қабықты жалынгүл. ө с. <лат. coronaria coriacea> *Ылғалы аз, құрғақ жерлерде өсетін, биіктігі 40-60 см өсімдік. Қ а б ы қ т ы ж а л ы н г ү л д і ң* тік сабағын қалың, жұмсақ түк басқан (ҚҰЭ). *Қ а б ы қ т ы ж а л ы н г ү л д і ң* ірі, қанық қызыл түсті гүлдері сабағының ұшында дара орналасады. Мамыр-маусымда гүлдейді. Жемісі – ұзынша қорапша (ҚҰЭ). *Қ а б ы қ т ы ж а л ы н г ү л д і ң* гүлі әдемі болғандықтан, сәндік үшін өсіріледі (ҚҰЭ).

ЖАЛЫНҒЫШ с ы н. *Өтініп сұрағыш, жалынып-жалпайғыш.* Бірі жалтақ, *ж а л ы н ғ ы ш,* бірі батыл, Кешірім сұрап жігіт айтты

дәтін. Әкем аңшы ел асқан мерген еді, Кәсібі ит жүгіртіп аң ататын (Ш.Әбенов, Ортақ арал).

ЖАЛЫНДА= е т. **1.** *Қызулы от шарпу, жалын шашу. Ж а л ы н д а п* жанған жер ошақтың басында екіден, үштен жиылып отырған қатындар әлденені айтып өздерінше дабырлап отыр (Б.Майлин, Шығ.). Тайқазан астындағы көк сексеуіл бірде шатырлай *ж а л ы н д а с а,* бірде бықсып, көк түтіні тік аспанға шаншыла көтеріледі (С.Байжанов, Сыр.). Қаңылтыр пештің өзі қандай сорлы. От жанғанда *ж а л ы н д а п* қызып кетеді де, от сөнісімен дереу суып қалады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** а у ы с. *От боп жану, құмарту.* Ақбала Тәңірбергеннен кеткелі талай жігіт *ж а л ы н д а п* келсе де, әйел боп бір селт етпейтін (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Айқайлап әлсін-әлі келе жатты, Қу боран талай рет қарға аунатты. Сөндіре алар емес сойқанды шал *Ж а л ы н д а п* лапылдаған махаббатты (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Мен айтып жетермін бе жаздың сәнін?! *Ж а л ы н д а п* жазды сүйер менің жаным! Жан бар ма жазды сүймес дүниеде? Жазда ғана төгеді бұлбұл әнін (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). **3.** а у ы с. *Жайнау, жарқылдау.* Төрт жауынгер кетті бірге, Кетті баржа батып шығып, *Ж а л ы н д а ғ а н* жақсы өмірге Қарайды ажал басын сұғып (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Ол бас-аяғына көз жүгіртіп болмай-ақ, таяқтай ұзын мұрттары тікірейген, оттай жайнаған екі үлкен көзі *ж а л ы н д а п* қамыс ішінен оқтай атылып, бір жолбарыс қабанның оң жақ бүйірінен ыршып түсті (С.Бегалин, Уақыт.). Жастық шағы *ж а л ы н д а ғ а н*, Адамзаттың базары ғой. Қайтып тауы шағылмаған, Албырт күні балалық қой (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). **4.** а у ы с. *Күш-қуаты арту, жігері тасу.* Жастық оты *ж а л ы н д а п*, жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындап, әр қиынға салған шақ (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛЫНДАЙ с ы н. *Жалын тәрізді, жалын сияқты.* Әнші аңтарылып, құқыл тартып тұрды да кенет жүзіне қызыл *ж а л ы н д а й* бояу жүгіріп, құбылып кетті (С.Сматаев, Алау). Мен қолымды маңдайына апарып ем, денесі *ж а л ы н д а й* күйіп тұр екен (Ә.Жылқышиев, Өмір жыры). Алаулаған өртті леп жүзіңді *ж а л ы н д а й* шарпып, қара суға түсіреді, көйлегін әлсін-әлі сығып алғандай болады (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). Мысалы жанған *ж а л ы н д а й*, Ақ бетінде кіршік жоқ (Дастандар).

От жалындай. а) *Өткір, өжет.* Үндемей бүкір жүрді арғы шеттен, *о т ж а л ы н д а й* сол байға көзін тіккен (Абай, Тол. жин.). Кейде паң, кейде көнгіш орныменен, Кейде елеусіз, кейде ынтық, формыменен. Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу, *О т ж а л ы н д а й* жауапкер құрбыменен (Абай, Тол. жин.). ә) *Күйдіріп-жандырарлық, өртерлік.* Ем таба алмай, *О т ж а л ы н д а й* толды қайғы кеудеге (Абай, Тол. жин.).

ЖАЛЫНДАН= е т. *Алаулану, жалын ату.* Әр үйдің сорайған мұржаларынан қызыл *ж а л ы н д а н ы п* көк түтін шығып жатыр (С.Алдабергенов, Әңгім.). Әлде неге бойы тезден Жүре берді жылып бірден, Берлин қызыл *ж а л ы н д а н ы п,* Рейхстаг жатты жанып (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.). Ол хатты оқып болған соң, сәкінің үстіндегі май шамға ұстай қойып еді, *ж а л ы н д а н ы п* жанды да, күл болды (М.Дәулетбаев, Қызылжар).

ЖАЛЫНДАНУ *Жалындан етістігінің қимыл атауы.* От *ж а л ы н д а н у ғ а* айналды (Ауызекі).

ЖАЛЫНДАС= е т. *Жігерлері тасу, күш-қайраты арту. Ж а л ы н д а с ы п* жас жігерлер, Бойда қайнап күш, қуат. Біздің заман сонша қызық, Біздің тұрмыс рахат (Кел, шырқайық).

ЖАЛЫНДАТ= е т. **1.** *Жалын атқызу, алаулату.* Хан, манаптың шатырын қаусатамын деп қойды. Бейне бір қатты жел тұрып, қурап тұрған құсаққа *Ж а л ы н д а т ы п* от қойды (Ж.Жабаев, Шығ.). **2.** *Күйдіріп-жандыру, отқа ұстау.* Есіктердің алдына қазан асып, *ж а л ы н д а т ы п* арпа, бидай қуырып, келі түйіп жатқандар (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **3.** а у ы с. *Күш беру, қарқын қосу, жігерлендіру.* Зарлы күй түптен тартып ағындатты. Ақыратып, асқақтатты, *ж а л ы н д а т т ы.* Қалықтап ашық әуез аспанға өрлеп, қияға бидайықтай қанат қақты (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

ЖАЛЫНДАТУ *Жалындат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тойды қыздырып, *ж а л ы н д а т у.*

ЖАЛЫНДАУ *Жалында етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жалын шашу, лаулау.* Жылдар өтсін, *ж а л ы н д а у д а н* жалықпан (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). **2.** а у ы с. *Күш-қуаты арту, жігері тасу.* Жұлдызды өзі таққан тағамыз омырауға, Костер өзі жаққан, Бүгінде *ж а л ы н д а у д а* (Кел, шырқайық.). **3.** а у ы с. *Өршу, күшею.* Менің саналы махаббатымның *ж а л ы н д а у ы н а* себепші болған да өзіңіз болатынсыз (Е.Естаев, Өмір.).

ЖАЛЫНДЫ с ы н. **1.** *Жалыны күшті, қызулы.* Жалындаған *ж а л ы н д ы* өртке Қотарылдық қаптап селдей (Қ.Аманжолов, Өлеңд.). *Ж а л ы н д ы,* ұшқынды қып-қызыл шлак ақтарылды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **2.** а у ы с. *Жігерлі, қайратты.* Қартқожа алапты, жігерлі, *ж а л ы н д ы* жігіт болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ту басында тар ауданда саяси азаттық қана сұрап шыққан пролетариат бұл ауданды кеңейткеннің үстіне адамзат тұрмысында тең-

дік, ортақтық негізін құру деген жаңа *ж а л ы н д ы* тілек қосылды (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазақ халқының даңқты ақыны Жамбыл Жабаев 100 жасына келгенше өзінің *ж а л ы н д ы* жырларын шығарудан жалыққан жоқ (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). Мәншүк бұл кезде *ж а л ы н д ы* үгітші ғана емес, мерген пулеметші де боп алған (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Жалынды сәлем. *Сағынышты, ыстық сәлем.* «Қазақ халқының ұлы перзенті, атақты ғалым-жазушы, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов жолдасқа *ж а л ы н д ы с ә л е м*» деп үлкен әріппен әдемі жазылған жылы лебізді сөздерді әрбір туысқан республикаларымыздан оқимыз (Ә.Омаров, Асыл арман.). Шахтерлер күніне байланысты баяндамашы баяндама жасағаннан кейін мен Қарағанды шахтерлерінің атынан *ж а л ы н д ы с ә л е м* жолдадым, – дейді жолдас Омарханов (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

Жалынды сөз. *Жігерлі, өткір сөз.* Үгітшілер өнегелі істер мен де, *ж а л ы н д ы с ө з і м е н* де басқаларға үлгі болуда. Солардың бірі – партия мүшесі, озат шопан Сайлау Қалқабаев (Қ.Серікбаев, Қастек.). *Ж а л ы н д ы с ө з,* жақсы сөз, жанды сөз ешқашан да жалықтырмайды, қайта халық әрқашан асыға күтеді (К.Қазыбаев, Дәуір.). Әрімдей жас жігіттер жауға деген ішкі ыза-кегін білдіріп, бірінен соң бірі *ж а л ы н д ы с ө з* сөйледі (От ортасы.). Ғанидың *ж а л ы н д ы с ө з і* әркімнің көкірегіне қона қалғандай болды (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық).

ЖАЛЫНДЫЛЫҚ з а т. *Өжеттілік, өткірлік.* Осы кемелділік пен *ж а л ы н д ы л ы қ т ы ң* сыры неде? Ол – көркем шындық дүниесін жүзеге асырған талантты «сиқырлы күшінде, суреткердің партиялық құштарлығында» делінеді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЛЫНДЫР= е т. *Қиылып сұрату, жалбарындыру.* Дағдылы әдетпен қоқан-лоқы жасап, қорқытып, *ж а л ы н д ы р ы п,* арада параға қалтаны толтыра жүріп, болыс,ояз, чиновниктері мен тілмаштары партия басшыларына «тез бітім табыңдар» – деп әмір етті (М.Әуезов, Қараш.). – Ол жас балаша ұяла күлімсіреп, төмен қарап аз отырады да қайта шырқайды, жұртты көп *ж а л ы н д ы р м а й д ы,* – дейді Ораз (Т.Ахтанов, Дала.). Менің де махаббатқа, жаным құмар, Сол ғана табындырар, *ж а л ы н д ы р а р.* Сол маған ана сыйлап, бала өсірткен, Сол маған жар сүйдірген жаны қияр (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАЛЫНДЫРУ *Жалындыр етістігінің қимыл атауы.* – Әсілі Бектұрсын әлде екілікті осы біліп қойды-ау, әлде мені *ж а л ы н д ы р у* үшін істегені ме екен! – дейді Орынғали (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЛЫН-ЖАЛБАРЫН= е т. *Жалынып-жалпаю, қиыла сұрап өтіну.* Ақылы бар, тұрады өзі,– деп, Баймұрат баласына *ж а л ы н а ж а л б а р ы н а* отырып, оны еркелете арқаға қақты (М.Иманжанов, Көк белес). – Мама, үйге қайтам... Қалмаймын... – деп Марат безек қағып, *ж а л ы н а-ж а л б а р ы н а* бетімді сүйіп жатыр, – дейді Жамал (И.Жақанов, Қайта орал.). Жарайды, мен үйге қайтам, қош-сау бол, Гүлбану, – деп ақыры болмаған соң шыдай алмаған Анар сыртқа шығуға бет алып еді, оны Гүлбану *ж а л ы н а-ж а л б а р ы н а* кеп әзер тоқтатты (А.Байтанаев, Қансонар). – Қажы маған Махмұттың үйіне арыз апарып бер *ж а л ы н-ж а л б а р ы н,* күйеуіңді босатуын өтін деп, емешегі езілгендей жалбақтады, – дейді Қаншайым (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖАЛЫНЖЫ з а т. *Еңбегіне төленетін ақы, жалақы.* Жүздеген тыңшылар мемлекет беретін қисапсыз *ж а л ы н ж ы ғ а* тегін семіріп, түк бітірмеді. Керек десе Хасан қожаның құпиясын да аша алмай дал болды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ата-бабаның жол-жобасын, құқық, шариғат жосықтарын жатқа соқса да, қазы сор маңайда тұрлаулы *ж а л ы н ж ы* да жоқ (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖАЛЫНСЫЗ с ы н. *Жалыны жоқ, жігерсіз, қайратсыз.* Паң мінез біреулерге болса да оңай, Қойдым мен соған тіпті жол сала алмай. *Ж а л ы н с ы з,* жан толқымай жазсам өлең, Жалықтырармын жұрт жүрегін сонша қалай (Ғ.Орманов, Жер.). Жүрмін ғой серуендеумен күн өтті, Тілекті қашан жеткізем? *Ж а л ы н с ы з* қалса жүректі Жалынып кімге өткізем (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Елін сүймес жүректің, Жанысы түгел болар ма? *Ж а л ы н с ы з,* отсыз жүректен, өлең шығып оңар ма? (К.Райбаев, Толғау).

ЖАЛЫНТ= е т. *Жалбарынту, қиылып сұрату, тілендіру.* Ұнатпаймын тағдырды, дүниені, Жасқантып *ж а л ы н т а* алмас ол да мені. Алладан бәрі бір деп тосып тұрмын, Алғалы жақсылықты я өлгелі (Абай, Тол. жин.). Жау түндігін түре атқан, *Ж а л ы н т ы п* сауға сұратқан. – Біздің ер оғы құлатқан, Жер жарып жеңіс ұраны (Т.Жароков, Шығ. жин.). *Ж а л ы н т ы п* сұратпай-ақ, сүйемелдеусіз әндерді айта беретін. Бап та, шарт та тілемейтін (Қ.Байсейітов, Құштар.). Сол үшін жексенбі сайын қала басшыларын *ж а л ы н т п а й*-ақ, сұратпай-ақ осы даладан табылайын (Қ.Исабаев, Өрде).

ЖАЛЫНТУ *Жалынт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а л ы н т у д ы* жақсы көреді.

ЖАЛЫНУ *Жалын етістігінің қимыл атауы.* Абай басқа атқамінерлерше ұлықша пара беру, *ж а л ы н у* дегенді еш уақытта білген емес

(М.Әуезов, Әр жыл.). – Қарабай дауысында *ж а л ы н у д а н* гөрі надан жарлық-күш жатыр. Айтқанымды істемей көрші? – деп отырған сияқты (Д.Әбілев, Арман.). Балуан Шолаққа одан әрі *ж а л ы н у д а н* мән жоғына қыздың көзі жетті (С.Мұқанов, Балуан Шолақ.).

ЖАЛЫНША үс т. *Жалын тәрізді, жалынға ұқсап.* Кешкі уақыт. Қызыл сәулесі *ж а л ы н ш а* шашырап күн батып бара жатқан кез. Терістіктен үйлдей соққан салқын желдің лебі бетке тиеді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қолбасшымыздың жүрек түкпірінен *ж а л ы н ш а* атып шыққан киелі сөздерін басқалар түгілі, шаш ал десе бас алған жендеттер де ұйып тыңдап, терең ой түбіне сүңгігендей мүлгіп тұрды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Ұлы Әміршінің көзі қарауытып, үлбіреген еріндер мен жаутаң-жаутаң қарағанда *ж а л ы н ш а* шарпыған екі нәркес көзден басқа ештеңені көрген жоқ (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАЛЫНШАҚ с ы н. **1.** *Жалынып-жалпайғыш, жалынышты.* Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, *ж а л ы н ш а қ*, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Зәру, мұқтаж.* Жер тоймайды жеріне түлкі, қарсақ, Күн нұрына сондықтан ол *ж а л ы н ш а қ.* Бар ғасыр мен дәуірді жалмағанда Бөрі бөліп жегендей бір бауырсақ (Айтыс).

ЖАЛЫНШАҚТА= е т. *Жалыныпты болу, жалынып-жалпаю.* – Мен асық бояуға, тақаны тесіп, қорғасын құюға, лаңгі жасауға шебер едім, осы үшін де Тілеудің ісі түсіп, *ж а л ы н ш а қ т а п* жүретін, – дейді жолдас балам (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖАЛЫНЫМПАЗ с ы н. *Жалынып-жалпайғыш, өтінгіш. Ж а л ы н ы м п а з,* мойындатқыш, Білек ұстап, жүрек тартқыш. Махаббатты қуып қаққыш, Кездесуге сөз байлатқыш, Онан кейін оңашалап, Ол әйелге берер сабақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАЛЫНЫП-ЖАЛБАРЫН= е т. *Тіленіп-өтініп, қиыла сұрау.* Қызының жаудыраған құралай көзінен: «Жіберші, көкежан!» – деп *ж а л ы н ы п-ж а л б а р ы н ы п* тұрғанын сезіп, – барсаң бара ғой,– дейді қыздың әкесі (Ө.Қанахин, Жас дәурен.). Бақыттың дауысында ерекше сиқыр бар, кейде қырсығы ұстаса, жүз жерден *ж а л ы н ы п-ж а л б а р ы н с а қ* да айтқыза алмайсың (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Нұртай жан сауғалап, *ж а л ы н ы п-ж а л б а р ы н ы п* әрең дегенде аман құтылды (С.Омаров, Қайырлы жаз).

ЖАЛЫНЫП-ЖАЛБАРЫНУ *Жалынып-жалбарын етістігінің қимыл атауы.* Әсет өлердегі сөзін айтып, Танакөзге *ж а л ы н ы п-ж а л б а р ы н у м е н* болды. «Өмір бойы сенің құлың болайын!» деп өзеуреді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). «Бұл байғұсты да біреу азғырып үлгірген екен ғой» – деп ойлады ол. *Ж а л ы н ы п-ж а л б а р ы н у ы н а* илікбей бара жатқан күйеуінің алдына әйелі тағы да тұра қалды (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАЛЫНЫП-ЖАЛПАЙ= е т. *Жалынып-жалбарыну, өтініп сұрау.* Тілсіз жаулардың иесі, билеушісі бар екен, солардың тілін, сырын біліп, сөре түсіріп, *ж а л ы н ы п-ж а л п а я т ы н* адамдар табылмас па? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қысқасы, Қасқыр, Тырна болды тамам, Мінездес Қасқырменен кейбір адам. Басына пәле түсіп қысылғанда, *Ж а л ы н ы п-ж а л п а я д ы* келіп саған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шегебай қанша өкпелеп бұртаңдаса да, *ж а л ы н ы п-ж а л п а й с а* да Серғазы томырыла қалатын тоң мінезіне басып иілмеді (Б.Тілегенов, Көктем.). Жұмысқа *ж а л ы н ы п-ж а л п а й ы п* әрең шығарып жүргенде, кім сенің тегіннен-тегін сенбілігіңді, қостай қояр дейсің (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

ЖАЛЫНЫС= е т. *Жалбарынысу, қиылып сұрасу.* – Малды аузыңыздың барысынша алыңыз, Ореке. Жаназасын дұрыстап шығарып, иман айтып бере көріңіз, Ореке, – деп *ж а л ы н ы с а д ы* (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). Қатын-қызын жасырып *ж а л ы н ы с ы п* бас ұрып; Ақ келсе «шажда» қылатын (И.Байзақов, Құралай.).

ЖАЛЫНЫШ з а т. *Қиыла сұраған тілек, өтініш.* – Жыламашы, апа. Неге жылайсың? Мен жазылып кетермін әлі-ақ, – деп Саян шешесіне *ж а л ы н ы ш п е н* сөйледі (С.Шаймерденов, Мінез). Бітеді-ау деп қызығым, Білдірмеймін *ж а л ы н ы ш.* Махаббаттың қызуын көтереді сағыныш (Қ.Мырзалиев, Көш.). Келіншектің *ж а л ы н ы ш ы н* Аяздан бұрын Ақжол ат бұрын түсінгендей Жол аяңға түсті, екі адамды ауырлап діңкелеп келеді (Ә.Тарази, Қиян-соқпақ).

ЖАЛЫНЫШТАР с ы н. *Жалыныпты, зәру, мұқтаж.* Таңертең Қазықұрттың асуына дүрбі салып отырғанда Голоножкиннің махоркасына *ж а л ы н ы ш т а р* болам ба деп еді (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖАЛЫНЫШТЫ с ы н. *Біреуге тәуелді, бағыныпты, кіріптар.* Салынба, қылсаң-дағы сан құмарлық, Алдында уайым көп шошынарлық. Жарлылық, *ж а л ы н ы ш т ы* жалтаң көздік, Сүйкімі, икімі жоқ шалдуарлық (Абай, Тол. жин.). Бай ұлына жалшы ұлы *ж а л ы н ы ш т ы,* Ағып жүріп ойнатар көздің жасы (Абай, Тол. жин.). Ғанидың дауысы жан алқымға тығылғандай әрі ышқына, әрі *ж а л ы н ы ш т ы* түрде дірілдей шықты (М.Иманжанов, Көк белес). Төзе алмай аптап-жылан шағуына Көлеңке тығылады бауырына. Қой жайып талма

түсте жас бала жүр, Жаутаң көз, *ж а л ы н ы ш т ы* бай ұлына (М.Әлімбаев, Бал дәурен.).

ЖАЛЫНЫШТЫЛЫҚ з а т. *Тәуелділік, бағыныштылық, кіріптарлық.* Леонидке балалардың *ж а л ы н ы ш т ы л ы ғ ы* үдеген сайын, ол кейбір демалыста бір сауыт кәмпит жинап алатын болды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Әке алдында қылмыс істеген бала секілді, Ақтөстің жанарында *ж а л ы н ы ш т ы л ы қ* бар (Н.Қазыбеков, Тұсау кесер). Жақ еті салбыраған, сарғылт жүзінде шет қақпай, жетегіне ала жүр деген *ж а л ы н ы ш т ы л ы қ* бар (К.Тоқаев, Тасқын).

ЖАМ[1] з а т. **1.** ж е р г. *Теңіздің терең, өзек жерлері.* Тымық күндері де *ж а м н ы ң* беті толқып жатады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Теңізде балықтар *ж а м ғ а* жатады да, қыстығүні өзенге қарай өріп шығады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Қазылған ор, шұңқыр.* Қаздырып өліктерді көмді *ж а м ғ а,* Табылды тірілері кірген қорға. Қимылын Имановтың көрген солдат Қазақ та ер екен деп қалды таңға (О.Шипин, Екі дастан).

ЖАМ[2] з а т. ж е р г. *Табақ, ыдыс.* Ет салатын шұңғылдау ыдысты *ж а м* дейміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Леген, шылапшын, кірлен. *Ж а м д ы* тамға енгізіп қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМ[3] з а т. ж е р г. *Қызылшаның жарамсыз қалдығы.* Қызылша егетін колхоздарда *ж а м* көп, оны текке қалдырмайды, пайдаланады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМ[4] з а т. ж е р г. *Ру, ата.* Жағалбайлы бірнеше *ж а м ғ а* бөлінеді. Малатау жеті *ж а м* болады: бір *ж а м ы* – Шұбар, екінші *ж а м ы* – Бұқар осы жерге орналасқан (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМ[5] е с і м. *Барлық, бүкіл, күллі, тәмам.* Мінәжат хақға қылды нур Мухаммед, Бізден себеб тілейер *ж а м* уммет, Худайда хукміңні фәрман қылыб, Қиындық, мушкіліңді енді асан ет (Зарқұм). *Ж а м* әулие жиналдық, басты болып Арыстан бап (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМ[6]**: жам жол**. *Қыр үстіндегі жалғыз аяқ жол.* Күздің қысқа түнінде боз жусанды белеңдерді, шилі-шилі өзектерді өтіп, өрлеп жатқан *ж а м ж о л м е н* жалғыз атты салып келеді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМА= е т. **1.** *Бір заттың жыртылған, тозған жеріне өзі тұстес нәрсе салып бүтіндеу, тігу.* Біреу малма сапсиды, салып иін, Салбыраңқы тартыпты жыртық киім. Енесіне иіртіп шуда жібін, Жас қатындар жыртылған *ж а м а й д ы* үйін (Абай, Тол. жин.). Олар ойыннан түн ортасы ауа қайтып үйге келсе, Балтабек ұйықтап қапты, Айбала көйлек *ж а м а п* отыр екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Көктеп, *ж а м а п* инемен, Көйлегінің жыртығын. Отыр солдат шуақта Сүйеп қойып мылтығын (Ә.Тәжібаев, Екі жаһан). Жейдем әбден тозып кетті. Нағашы апам күнде *ж а м а с а,* күнде жыртылады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Коренчук қолындағы ұзын инемен брезенттің сөгілген жерін *ж а м а п* жатыр (А.Жақсыбаев, Менің дос.). **2.** а у ы с. *Дұрыстап қалпына келтіру, түзеу.* Мен – сынық жан *ж а м а ғ а н м е н* Түзеле алман түрленіп, Теңің емес, біл, саған мен, Не қыласың кірленіп (Абай, Тол. жин.). Сынса да, сыр сандықтың бітпес сыры, Сынығын *ж а м а п* алдым, жоқ еш міні. Бұйымы сандығымның басымда мол, Таусылмас шашсам-дағы күні-түні (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). **3.** а у ы с. *Көбейтіп қосу, үстемелеу.* Адам баласы қанағаттана ма?! Әрине, жоқ. Жаңалық үстіне жаңалық *ж а м а ғ ы с ы* келеді, өсе беруді көздейді (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). – Кім біледі, көп сөз абысыныңнан шығып жатады ғой. Сөз жақыннан тарайды, жұрт *ж а м а й д ы* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Ай, қарағым-ай, соның бәрін жастықпен айтасың ғой. Әйтпесе, қолыңа көңілің қалаған кісің тиеді екен деп, басыңа сор *ж а м а п* қайтесің, – деді ол (Ә.Нұршайықов, Сергелдең). **4.** а у ы с. *Халықтың басын құрау, біріктіру.* Ел *ж а м а ғ а н* билер жоқ, Ел қыдырып сандалды. Астыртын барып жалғасқан, Ақысын әрең сол алды (Абай, Тол. жин.).

ЖАМАҒАЙЫН з а т. *Туыстық жағынан онша жақын емес, алыс ағайын, аталас ағайын-жұрт.* Бір елдің ішінде *ж а м а ғ а й ы н д ы* кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.). Ту тіккен Тобықтының қос басшысы – Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі. *Ж а м а ғ а й ы н* жақыны сол кісінің Бар екен Кебек деген бір інісі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жаны ашыр жақын ағайыны жоқ. *Ж а м а ғ а й ы н ы* болса, аз ғана малыңнан бөліп бермейсің деп бұлданып, болыс жаққа шығып кеткен. Нүркенің қолдарында тұрған *ж а м а ғ а й ы н д а р ы н ы ң* бәрі де қалаға ауысып, өз күндерін өзі көріп кеткен (І.Есенберлин, Айқас). Ыбырай жеті атадан қосылатын *ж а м а ғ а й ы н ы* болғандықтан жарытып ақы да алмай келген-ді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат.).

ЖАМАҒАТ [ар.جماعة] з а т. **1.** д і н и. *Жиналған топ, халық, жұрт.* Молда, қайда оқыдың, дәрісің не, қай қаланікісің, затыңыз ноғай ма, башқұрт па, неше жасқа келдің, атаң бар ма, бұрын қазақ ішіне шығып па едіңіз, *ж а м а ғ а т* бар ма? – деп үсті-үстіне керекті-керексіз сөздерді сұрап, мұғалімнің басын қатыра бастады (М.Дулатов, Шығ.). Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа, Құдайға

хақ, ісім жөн шариғатқа. Басы бабаң, аяғы шала молда, Бәріне анық оқыған *ж а м а ғ а т қ а* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Уа, *ж а м а ғ а т!* Алақай! Аббас келді! Хан Аббас!» Сол арада бұрыштан Құжырайған, құрысқан, Хан Аббасың бүкеңдеп Шыға келді, о, қасқа! (М.Жұмабаев, Шығ.). Бара-бара *ж а м а ғ а т* бір елдің атын көтереді (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі). **2.** *Жұбай, зайып, әйел.* Бірақ мал жағынан көңілі хош болса да, Сәрсенбайдың *ж а м а ғ а т ы* Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға мұқтаж еді (М.Дулатов, Шығ.). Ұзын қара пешпентті, ұзын шашты, *Ж а м а ғ а т т ы* итеріп біреуі жолын ашты. Мешітіне бастықтың келер жолын Дайын қылып сыпырып шаңын басты (Абай, Тол. жин.). Байсақал *ж а м а ғ а т ы н а* қарады, мұнысы «қымыз құй» деген ишараты екенін түсінді тоқал (С.Талжанов, Шығ.). **3.** *Жұрағат, жақыны.* Хан тағы өз *ж а м а ғ а т ы н а н* бір қыз берді (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі).

ЖАМАЙ з а т. к ө н е. *Жамағат, жиналған жұрт.* Халық ішінде аралап, Өнерді өлшеп шамалап, Ұлғайса деймін қадамым; Аман болса ағайын, Үлкен-кіші *ж а м а й ы м* (Майлықожа, Нақыл.).

ЖАМАЛ [ар. جمال] з а т. **1.** *Келбет, жүз, өң.* Жаудырап, жаным, көзің сал, Ақ таста тұрған елеске. *Ж а м а л ы ң* – жаһұт, сөзің – бал, Нәресте кезің емес пе? (М.Мақатаев, Шығ.). Мұны естіп жігіт үнсіз тұрып қалды тістеніп, *Ж а м а л ы н а н* жалын семіп, жігерінен күш кеміп. Бар үмітін зұлымдықтың бір қиянат мысы аттап, Сосын ұзақ жылап жатты торғын құмды құшақтап (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Көрік, сұлулық, көркемдік.* Көрген жан *ж а м а л ы н а* тояр емес, Кешке шейін кезектен көрісті олар (Ғашықтық дастан.). Ақылы *ж а м а л ы н а* болса лайық, Жігіттің сол емес пе жан дидары? Көлдерге ат ойнатып, құс шүйгенде, Адамның болса әзілдес құрбылары (Үш ғасыр.). Баласы текті атаның Сырым айым, Қылды ғашық *ж а м а л ы ң а* бір құдайым. Көрмекке, Сырым, сені болдым ғашық. Бұрынғы өткен Ләйлі-Мәжнүндайын (Бес ғасыр.).

Жамалына көз алмасты. *Ажарына, жүз, көркіне көз сүрінді.* Жұпар жел мас боламын самалыңа, Туып ең нұр безеніп заманыңа, Сағымдай жазғытұрғы толқын ұрып, Қарасам *к ө з а л м а с а р ж а м а л ы ң а* (Бес ғасыр.).

Жамалы көркейді. *Ажары артты, сұлуланды.* Өлеңім өзен судың аймағындай, Бауырдың ат шаба алмас тайғағын-ай, *Ж а м а л ы ң* күннен-күнге *к ө р к е й е д і,* Қайнатқан сары алтынның қаймағындай (Халық өлеңдері).

ЖАМАЛДАТ з а т. ж е р г. *Түйе мен жылқыда болатын ауру.* Түйе *ж а м а л д а т п е н* ауырғанда бұрынғы кезде қойымшыдыққа, әулиеге түнететін. Әулиеден қайтарда екі жағынан от жағып, түз сеуіп аластатады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бұрын *ж а м а л д а т* болған жылқының ісігін сылып тастап, кенепті суға салып тартып жазып алатын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМАЛДАТҚЫР= е т. *Жамалдат ауруына шалдықтыр, жамалдат тигір.* Ырқына көнбей қойған түйені ол «Ой, *ж а м а л д а т қ ы р*» деп неше түрлі сөзбен сыбап алатын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМАН с ы н. **1.** *Ескі, тозығы жеткен.* Мүбәрак үйіндегілер – той-думанға жиналған ауылдың бос белбеу, кең балақ еріккендері емес, *ж а м а н* шапан, жыртық етік кедейлер (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Ж а м а н* үйде жалғыз шал, өзі кедей күніренді (Абай, Тол. жин.). Кей жерде ескі кебеже, ағаш мосы, ыңыршақ, ашамайлар, *ж а м а н* сынық ағаш төсектер бар (М.Әуезов, Абай жолы). Қарбаңдап әлгі жерде тұра келдім. Жадағай *ж а м а н* шекпен бойыма ілдім (Батырлар жыры). **2.** а у ы с. *Ақымақ, ессіз.* Әрбір *ж а м а н* кісінің жаман қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл (Абай, Тол. жин.) Шығармын тірі болсам адам болып, Жүрмеймін бұл жиһанда *ж а м а н* болып. Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе? Жүргенше өмір сүріп надан болып (С.Торайғыров, Шығ.). // *Адамшылығы жоқ, жаман адам. Ж а м а н м е н* жолдас болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер. Жақсымен жолдас болсаңыз Айырылмасқа серт етер (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Қарғадан қарға туар қаңқылдаған, *Ж а м а н н а н* жақсы туар жарқылдаған, Дегендер мен жақсымын толып жатыр, Пайдасы өз басынан артылмаған (Бес ғасыр.). **3.** *Жағымсыз, ұнамсыз.* Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, *ж а м а н* сықағын тыйыңызшы (М.Әуезов, Абай жолы.). Тфу, ит! Қалай *ж а м а н* ән салады, Ән емес, осы екен ғой аңсағаны. Мына бір бояуы жоқ бозбала тау, Өзіне сұлумын деп тамсанады (М.Мақатаев, Шығ.). Тәжірибе *ж а м а н* әдетке үйретеді, *Ж а м а н* әдет мінезді күйретеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алыпсың *ж а м а н* әдет қарсыласып, Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып. Айтайын білгің келсе, Қозым, саған, Кінәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып (А.Байтұрсынов, Шығ.). **4.** *Жайсыз, қолайсыз.* Ойлы-қырлы *ж а м а н* жолмен машина бірде оңға, бірде солға аударыла төңкеріліп келе жатты (Е.Оразақов, Дәрігер.). – Ой, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, *ж а м а н* ырым бастағаның не қылғаның? – деді Жұмабай (М.Әуезов, Шығ.). Қару орнына қатын сыйлағаны *ж а м а н* ырым екен, – деп қабақ түйді түрікпен жігіті (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені, Шариғат қосады екен неме-

рені. Қайғы ойлап *ж а м а н* ырым айта берме, Алаңсыз сүйген болсаң анық мені (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). // *Өте, қатты.* Абай өз үйінде өз анасы Айғыздан көрген әділетсіз зорлыққа *ж а м а н* күйді (М.Әуезов, Шығ.). Алда жайбарақат келе жатқан қалың қолдан күтпеген жылдамдыққа Қарашың баһадүр кенет туған хауіпті көріп *ж а м а н* састы (І.Есенберлин, Алмас.). **5.** *Сорлы, байғұс.* – Семья азабымен жүргенімде келіп, *ж а м а н* ағаң істі болды, – дейді Бектастың анасы (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Шекер Ордабайдікіне қымызға барғанда, ана жақта, жүректің бұрышында... құжыраңдап жатқан мойны ішіне кірген бір *ж а м а н д ы*, көруші еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ал, енді үй болған соң, Ертеңіңді ойлар жөнің бар. Барыңды шашып-төкпе Жағдай осы болды, *Ж а м а н* шалыңды сөкпе (О.Әубәкіров, Көк тайғақ). **6.** *Дөрекі, былапыт.* Қазір мен үшін құрылысшы атына айтылған *ж а м а н* сөз атқан оқпен бірдей (А.Мекебаев, Аңызақ). – Апай, мынау маған *ж а м а н* сөз айтты! – деп ол көзі ежірейіп, Әліпті көрсетті (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Асылды сөккенменен аты кетпес, Көңілден *ж а м а н* сөздің таты кетпес (Ақмолла ақын, Күндер.). **7.** *Теріс, пасық.* Қайдағы *ж а м а н* ой қайдан ғана аузына түсті байғұс баланың, – деді ол (М.Дүйсенов, Меймандар). – Асайын Мадиярға өшігіп, арандатқалы айтып тұрған болар. Кім біледі, шамасы келсе бізді айырып жіберейін деген *ж а м а н* ойы да бар шығар, – деді ол (С.Омаров, Өмір.). **8.** *Жасық, әлсіз.* Тасып барып өздеріңе, тасып қайтам туғандар. Жасып қалсам *ж а м а н с ы ң* деп, босағадан қумаңдар! (Т.Молдағалиев, Шығ.). Соңғы кезде болған ұрыстарда Жарқын *ж а м а н* қимыл көрсеткен жоқ (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Аузы жаман. *Жақсы мен жаманды ажыратпайтын, былапыт сөзді; не болса, соны айта беретін бейпілауыз.* – *А у з ы ж а м а н* қатын анасына тіл тигізіп, ренжітіп тастай ма? – деп, Дос қорқатын-ды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ой, жағыңнан алсын сенің. Жағың қарыскыр, *а у з ы ң* қандай *ж а м а н* еді! – деді Мағила Көкжаулыққа (Қ.Қуанышбаев, Шаншар.).

Жақсысын асырды, жаманын жасырды. *Жұрт көзіне намысын қорғады, сыр бермеді; көтермеледі, қолдады.* Бәрінің де боғын жуып, *ж а қ с ы с ы н а с ы р ы п, ж а м а н ы н ж а с ы р ы п*, адам секілді қылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол менің балам емес пе еді? – деді кемпір (М.Әуезов, Шығ.).

Жаман айтпай, жақсы жоқ. *Алда-жалда сәтсіздік болса, алмағайып дүние. Ж а м а н а й т п а й, ж а қ с ы ж о қ,* сақтықта қорлық жоқ деген, әйтеуір жігіт алмайды екен ғой, ендеше мынаның да керегі жоқ. Мына список – бүгін Ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списогің (М.Әуезов, Шығ.). *Ж а м а н а й т п а й ж а қ с ы ж о қ,* егер адаса қалсаңыз сонау көрінген обалардың біріне қарай маңдай алыңыз да тарта беріңіз. Оба бар жерде малшылар бар (Ә.Әбішев, Шығ.). *Ж а м а н а й т п а й, ж а қ с ы ж о қ,* күндердің күнінде екі бала балалық жасап, көңілдері жарасып қалса, Гүлжанның әкесі Бақытжанға өмір бойы сор болып жабыса ма деп қорқады (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Ж а м а н а й т п а й, ж а қ с ы ж о қ,* басымызға іс түсе қалған күнде де бірінші көрген құқайымыз бұл емес, – деді батыр (С.Досанов, Қыран).

Жаман айтты. *Қатты сөйледі, ұрсып тастады.* Тақсыр-ау, сізді қалай жамандаймын, Мен түгіл, құдай жаман жаратқан жоқ. Жақсы айтсам, тақсыр төрем, мақтанарсың, Жабырқап *ж а м а н а й т с а м* жасқанарсың (Шернияз Жарылғасұлы).

Жаман ауру. ж е р г. *Алапес ауруы.* Нұртауға *ж а м а н а у р у м е н* ауырып үш жыл оңаша жатқан (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жаман дат түйді. ж е р г. *Айыптады, қаралап сөйледі.* Сот процесінде прокурор ол туралы *ж а м а н д а т т ұ й д і* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жаман көзден [тілден] аулақ [жырақ] етсін. т і л е к. *Тіл-көзден сақтасын.* Бұл иесінің *ж а м а н т і л д е н, ө т к і р к ө з д е н а у л а қ е т с і н* деп істеген ырымы екен (Ө.Тұрманжанов, Шығ.).

Жаман көзімен қарады [жеді]. *Ұнатпады, жақтырмады. Ж а м а н к ө з б е н қ а р а д ы* Вадим сонда, Ертіп жүрген екеуге байды жолда. Көзіне шыдай алмай қ...ін қысып, Жым-жырт болып екеуі болды молда (Абай, Тол. жин.). Мардан Мақышқа *ж а м а н к ө з і м е н* бір қ а р а п, теріс айналып кетті де, жауап қайырмады (І.Жансүгіров, Шығ.). Үзеңгі қағысып, тіпті, екеуміз орынсыз күлдік. Жақып бізге *ж а м а н к ө з і м е н қ а р а ғ а н д а й* болды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Жармұхамет оларға *ж а м а н к ө з і м е н* бір қ а р а п алып, стақанын төңкерді де: – Хош мен қайтамын, үйде жұмысым бар еді, – деді (М.Дулатов, Шығ.). – Шық! – деп жұдырықпен үстелді қойып қалды. Мардан *ж а м а н к ө з і м е н ж е п,* шығып кетті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жаман көрді. *Жек көрді, жақтырмады.* Сөздерін Бекболаттың жазып алды, *Ж а м а н к ө р і п,* көзінің қырын салды (Ақын жырлары). Секіруден басқа жоқ итте өнер, Мұнан басқа

шамасы неге келер. Итін сүйер қожамыз секіргеннен, Қай жерім кем, мені иттен *жаман көрер* (ХХ ғ. қаз. ақын.).

Жаман неме. т а б у. *Сәби, нәрестеге көз, тіл тимесін деп әдейі атайтын сөз.* – Нағып отырсың, ата – деді Қарғаш. – Келіп қалдың ба, қарағым. Бесік жасап отырмын Салықбайдың *жаман немесіне,* – дейді Әнет ақсақал (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Баян тапты басымызға қонған бақ, Мерей өсер көңіл шалқып толғандақ. Үйімізде екі-үш *жаман немеміз,* Жүреді ойнап құлдыраңдап, томпаңдап (Ө.Жайлауов, Шопан.).

Жаман сөзге барды. *Ренжісті, жұз шайысты, жағымсыз сөз айтысты.* Қылмады құдай душар деп налыпсыз, Асылық *жаман сөзге* сіз *барыпсыз.* Көрерсіз нәсіп болса бақытыңыздан, Ақылдан орта жаста құр қалыпсыз (И.Байзақов, Шығ.).

Жаман түйенің жабуындай. *Әбден тозығы жеткен, ескі, алба-жұлбасы шыққан.* Қалиқа Есбике күңнің, Бәшібек құлдың сіңірі шыққан қызы *жаман түйенің жабуындай* жалбыраған қайыршы киімімен ақ үйлер жаққа келмесін. Ән не теңі, шықпасын ана үйінен! – деп кетіпті (М.Әуезов, Шығ.).

Жаман үйретті. *Жаманға дағдыландырды, тыймады.* – Әне, сүйтіп баланы *жаман үйрететін* өздерің, – деп, бір жағынан қатыны құрғыр да қостап шаужайлады (С.Торайғыров, Шығ.). Атам «неге бұлай *жаман үйретесің*» деп енеме ренжіп тұр екен (А.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Жетесі жаман. *Тегі нашар, тексіз; ақылпарасаты төмен; ұшып шыққан ұясы жаман. Жетең жаман* болмаса, Жете жарлы болмассың (Мақал). *Жетесі жаман* бозбала, Тоқсандағы шалмен тең, Төре деген халқыңыз, Саудасы біткен сартпен тең (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Құлқыны жаман. *Нысапсыз, қанағатсыз.* Қарабайдың айқын сипатының бірі – сараңдық, мал құмарлық, *құлқыны жаман* қомағай байлық (М.Әуезов, Әр жыл.).

Ниеті жаман. *Көңілі бұзық, арам ой, сұм көңіл (адам).* Мақұл сөзін бос көріп, Тентек сөзін қош көріп, Жамандармен іс қылып, *Ниеті жаман* болған соң (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

Сөзінің төркіні жаман. *Түпкі ойы теріс, пікірі жаман.* Масақбай сонша қасармас па еді, қайтер еді, егер прокурордың аузынан *төркіні жамандау* бір *сөздің* иісі шықпаса (С.Мұқанов, Шығ.).

Сүйегі жаман. к ө н е. *Тегі нашар, тексіз.* Білгендердің айтқаны Көкірегіне кірмейді, Өз пайдасын білмейді, *Сүйегі жаман* болған соң (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

ЖАМАНАТ з а т. **1.** *Өлім-жітім болғанда, кенеттен жау тигенде немесе кездейсоқ жағдайға ұшырағанда айтылатын суық хабар.* Дәстүрлі қазақ қоғамында ел тыныштығын ойлаушы әрбір адам: «Құдайым *жаманатынан* сақтасын!» деп тілеп, ауылға, үйге қарай дүсірлете шауып келген адамға: «*Жаманат* хабар жоқ па?!» деп шошына қарайтын болған (ҚҰЭ). *Жаманатты* естірте келгендер далаға кештетіп шықты. Құлазыған қараңғы түн, жел әлі ұлып тұр («Қаз. әдеб.»). Жолдан келген аталы-балалы екеуі Жаңыл тіл қатса, *жаманат* хабар естітіндей түршігіп ішке кіріп кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ол қалған ғұмырына жетерлік қуаныш-кейістікті, енді, жалғыз баладан тартпақ, тек соның *жаманатын* естіртпе деген тілеумен түн ұйқысы бөлініп жүдейтінін айтты (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). **2.** *Өсек-аяң, өтірік, жалған сөз.* Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң, *Жаманаттан* боласыз сіз-дағы аулақ (Абай, Тол. жин.). – Ау, жаным, менің өзім қасқыр едім, Орманда неше күндей аш жүр едім. Сол жақтан жедім баспақ ебін тауып, Қашаннан *жаманатқа* мәшһүр едім. Етпесең етегіңді маған жабу, Келатқан мүсәпір боп қашқын едім (О.Шораяқов, Шайыр). Батима Сарбалаға: – Есіңде болсын, шырағым, – деді, менің көзім тіріде бұл шаңырақта ұры-қары ұя сала алмайды, тек жұрт айтқан *жаманаты* батып тұр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Фазыл мұғалімінің «бірсыпыра *жаманатының* сыртқа жайылуына хазірет те себепкер болған тәрізді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бір жаманатты сезгендей. *Жайсыз хабар келетінін білу.* Ана жүрегі *бір жаманатты сезгендей* бұны асықтырып, осылай жетектеп келген (М.Әуезов, Шығ.).

Жаманатқа қалдырды. *Ұятқа, ыңғайсыз жағдайға душар етті, жаман сөзге іліктірді.* Жасы келген қариялардың өз ұрпақтарына, сүйікті балаларына өмір тілеп: «жаманатын естіртпей, осылардың алдында алсын» дейтін ізгі тілегі де осыдан қалған. Кейде «жаманат келтірді», «*жаманатқа қалдырды*» деген мағынада да айтылады (ҚҰЭ).

Жаманатқа тақты. *Өсекке, айыпқа таңды.* Бектас деген бір сөзуар көсе бұған әрнені шарлап кеп: «Жаман айтады... Сенімен мына келіңді *жаманатқа тағады*!» – деп былш еткізген (М.Әуезов, Шығ.).

Жаманатты болды. *Ұятқа қалды, абыройсыздыққа ұшырады, жек көрініште болды.* – Апа, енді мен үшін *жаманатты болмаңыз,* маған енді Ғали болмаған соң бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да ықтияр бере беріңдер, – деп қасіреттеніп, мұңлы дауыспен

жауап берді (М.Дулатов, Шығ.). Гүлияның өзі де қайтпаймын деп отырған соң, *жаманатты болмайын* дегендей, ықтиярды Гүлияның өзіне салғандай болып отырды (С.Сейфуллин, Шығ.). Қайта барлық бала мұны күстаналап, босқа *жаманатты болды* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жаманаты шықты [шығарды]. *Жаман қылығы әйгілі болды.* Әбден *жаманаты шығып,* тамам елден алып болған соң, дегендеріне жетіп, бірге тұрғандарын да көріп жүр (М.Әуезов, Шығ.). Өзіңнің артық екен салтанатың, Жақсы адам *шығармайды жаманатын.* Оң мың қалмақ шаһарға келіп кетті, Жазира қалмақ дейді оның атын (Батырлар жыры).

ЖАМАНДА= е т. **1.** *Біреуді сыртынан сөз қылу, өсек айту.* Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып безектеген. Досын келіп досына *жамандайды,* Шіркінде ес болсайшы «сезед» деген (Абай, Шығ.). Айтқандарым жаққан соң, Алыс, жақын тыңдайды. Сен *жамандап* кетсең де, Мені жұртым қимайды (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Жаман деп айту, даттау.* Есті көрсең кем деме, Бәрі тұйғын табылмас. Қарындасың *жамандап,* өзіңе туған табылмас (Бес ғасыр.). Қара жерді *жамандама,* Қайтып сонда барасың. Қауым елді жамандама, Қарғысына қаларсың (Мақалмәтел). Жандарал кеңселері елден Абайды *жамандап* түскен арыз болса, оны ерекше ықыласпен тыңдайтын (М.Әуезов, Әр жыл.). **3.** *Мінін айту, мінеу, сынау.* Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап, Көңгенім-ақ соған деп жүр табандап. Кісімсінген, жеп кетер білімсіз көп, Жіберсем өкпелеме көп *жамандап* (Абай, Тол. жин.). Баз біреулер тұрып алды табандап Бұлбұл әнін жерге соға *жамандап.* Тек Қарақұс қалыс қалды... Келмеді оның тіпті көзге түскісі Өнерінің құдіреті жағынан Бұлбұл, сөзсіз, құс біткеннің күштісі (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАМАНДАЙ с ы н. *Жаман тәрізді, нашар адамдай.* Ел – халқым аз айтты деп өкпелемес, Аузымнан лебізімді шығарсам тек. *Жамандай* жүрегі жоқ қалтырама, Жан құрбым, не де болса тізеңді бүк (Айтыс).

ЖАМАНДАЛ= е т. *Сырттан сөзге таңылу, даттану.* Жиналып отырғандар: – Әуелде келісіліп қойылған ба? Бұл қалайша бәрі оп-оңай болып кетті – десті. Бұдан соң қас қарайғанша Наурыз *жамандалды* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мақталсам да, *жамандалсам* да жұртпен бірге болсам екен. – Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адасқан артық деп қазақ білмей айтқан ба (І.Есенберлин, Алтын құс). Кейде мені мұқатпақ боп жаулар сені жамандайды, Ал егер сен *жамандалсаң* бұл, әрине, маған қайғы (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАМАНДАС= е т. **1.** *Біреудің сыртынан айтылған ғайбатқа, өсекке қосылу.* Сенімен қосыла *жамандасқан* – сені де сыртыңнан жамандайды (Мақалнама). – Батырлар, бәріңізде олжа толық, Әмісе оң болғай да біздің жорық. Жүрмеңдер *жамандасып* өкпе сақтап, Себебі олжадағы бір қыз болып (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** а у ы с. *Ренжісу, өкпелесу, өштесу.* Осы кез ел мойнындағы еркелердің бірімен-бірі белдесіп, *жамандасып* жүрген кез екен ғой (М.Әуезов, Абай жолы). Ержанның қарынан ұстай алды да: – Хан бұйрығы солай болса, *жамандасып* қайтесіз, Ағыбай аға, – деді қобалжып тұрғандарын жендеттерге сездіргісі келмей, – одан да ат жақты шолып қайталық (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАМАНДАСУ *Жамандас етістігінің қимыл атауы; әңгіме-сөзге қосылу, ренжісу, өштесу.* Председательмен *жамандасу* тиімді емес екенін ол да түсінеді. Бірақ астықты далада қалдыруға болмайтынын ол жақсы түсінеді (Т.Нұртазин, Адам.). Астыртын *жамандасуға* айлакес, сырқынды болғанмен, мынадай әділ қазының алдында ашық шындыққа бара алмайтын (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖАМАНДАТ з а т. в е т. <лат. anthrax> *Жылқыда жалқаяқ түрінде болатын аса жұқпалы, ісікті ауру, сібір жарасы. Жамандат* сау малға қоздырғыштармен ластанған жем-шөптен, ауру малдың нәжісімен, сілекейімен, сүтімен бірге сыртқы ортаға таралған бацилладан жұғады (ҚҰЭ). *Жамандатты* 18 ғасырдың аяғында Орал және Батыс Сібір өңірінде болған үлкен эпидемияға байланысты сібір жарасы деп атап кеткен (ҚҰЭ). Биік тамның, ағаштың, тастың басына шыққан күйдіргі жағынып *жамандаттың* етін шала пісіріп жеген, ұшынар ма екем деп аузын сүртпей, далаға жүгірген (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тап бес күн ішінде он атым *жамандат* боп шықты (М.Әуезов, Шығ.). *Жамандаттың* ісігін пышақпен сылып, немесе қыздырған темірмен қарып емдеу әрекеті жасалатын (Х.Арғынбаев, Мал ауру.).

ЖАМАНДАТ[1]= е т. *Артық сөзге іліктіру, қостыру, өсекке қалдыру, даттау.* Дариямын толқыным бар, екпінім зор, Қарқыным озып өтер ар жағыңнан. Қазыналы қаласын *жамандатып,* Қайтып отырар мұндағы жан (Айтыс). Әбден асып-тасқан, мансапқа масыққан Баймағамбет сұлтан әйелін *жамандатып,* содан енді өзімді жаманда дегенде айтқан сөздері бәрінен өткір (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Тумақ, өлмек, қартаймақ болмай қоймас, Қанша қызық көрсе де, пенде тоймас.

Сол тоймастық – дүниені *ж а м а н д а т қ а н* Сен сөкті деп тағдырды қайта жоймас (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мәдібек сездірмей, түртіп, қыздырмалап, Сейдуәлиге мені *ж а м а н д а т ы п*, сөзін қостай берді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖАМАНДАТ²= е т. *Жамандат ауруымен ауыру.* Таңдайын жібітіп отыратын «бір бие бұлақтың басы, екі бие елдің асы» деп дәтке қуат қылатын, жалғыз көк бие еді. Осы жаз *ж а м а н д а т ы п* сол өлді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМАНДАТҚЫЗ= е т. *Біреуді сыртынан әдейі сөзге іліктіру, өсекке таңғызу.* – Мұның бәрін сен кімнен естідің? Өтірік қой. – «Бәлкім, Жәлихан әдейі *ж а м а н д а т қ ы з ы п* отыр ма?» – деген де арамдық кіре қалды (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

ЖАМАНДАТҚЫЗУ *Жамандатқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біреуге *ж а м а н д а т қ ы з у.*

ЖАМАНДАТҚЫР= е т. қ а р ғ. *Жамандат ауруына шалыққыр, жамандат тигір. Ж а м а н д а т қ ы р,* астымдағы жирен бие өмірі аяғын мұзға салмайтын бір қырсық-ты, – дейді Қажымұқан (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ақмоншақ аты Көбіктің Жылқы ішінде тұр екен, *Ж а м а н д а т қ ы р* Ақмоншақ Құйрығын құстай тарады (С.Сейфуллин, Шығ.). Мына *ж а м а н д а т қ ы р* далаға тастамаса қайтсін? Үлгірсем жарар еді? (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Пысылдаған, о қырсау арам қатқыр! Қай жөнге жүред дейсің құдай атқыр. Құйрығын ылғи бұрап отырмасаң, Мелшиіп жатып алар *ж а м а н д а т қ ы р* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМАНДАТТЫР= е т. *Өсек-аяңға таңғыздыру.* Ысқақбай жырауға Көкшағыр айтқызды, Көкшағыр *ж а м а н д а т т ы р д ы* деу миға сия ма (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖАМАНДАТТЫРУ *Жамандаттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а м а н д а т т ы р у д ы* ойлады.

ЖАМАНДАТУ¹ *Жамандат¹ етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әдейі *ж а м а н д а т у.*

ЖАМАНДАТУ² *Жамандат² етістігінің қимыл атауы. Ж а м а н д а т у м е н* ауырып өлген жылқыларды сойғанда, сонымен бірге кейбір кеміруші жануарлардың (тарбағандардың) терісін алғанда адамдар ауруға шалдығуы ықтимал (Н.Шоқанов, Микробтар.). *Ж а м а н д а т у,* секіртпе малдарда көп болады (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАМАНДАУ *Жаманда етістігінің қимыл атауы; сырттай сөз қылу, өсектеу, даттау.* Көзінің қарашығындай жалғыз Сәтжанын көзінше мақтаудан да, кеміте ұрсып *ж а м а н д а у д а н* да қызғанатын Зейне әлденеден түйсінгендей үнсіз күйде баласына қарап отырды (С.Бегалин, Уақыт.). Бірақ даурықпа сыншыларға қосылып Ермек картинасын *ж а м а н д а у д ы* басына лайықсыз көрді (Т.Ахтанов, Боран). Бірақ алғашындай емес, ылғи бір *ж а м а н д а у*, жәбірлеу, жиреніш сөздері әрі қарай жаза беруден бас тартқандай тұтықтана, тұтқырлана бастағандай (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.). Ит үрер жақсыға да, жаманға да, Сары алтын *ж а м а н д а у м е н* жез болмайды. Серіліп түзге шыққа бұққан «ерлер», Есіріп от басында ез болмайды (Ақан сері, Шығ.).

ЖАМАНДАУШЫ з а т. *Қарсы пікір айтушы, ғайбаттаушы. Ж а м а н д а у ш ы л а р* пікір де өз бағаларын айтып қоймады (С.Сейфуллин, Шығ.). Ал оны ылғида оңбаған деп жамандай берсе және бұлай *ж а м а н д а у ш ы л а р* бір ғана мұғалім емес, бірнеше мұғалім болса, шәкірт тарапынан мұның да жауабы бар (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.). Замандастар, тұстастар әділ болуы қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішпен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не *ж а м а н д а у ш ы л а р,* не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМАНДЫ-ЖАҚСЫЛЫ с ы н. *Жаманы бар, жақсысы бар, жақсылы-жаманды.* – Ел шетіне жеткен *ж а м а н д ы-ж а қ с ы л ы* қауесет сөз болса, алдымен Жақып молданың құлағы шалса, әдейілеп келіп айтып кетер еді, – дейді ауыл адамдары (А.Байтанаев, Қайнарбұлақ). Қазақстан – футбол республикасы атанбағанмен, *ж а м а н д ы-ж а қ с ы л ы* он шақты команданың басын құрап отырған республика («Лен. жас»).

ЖАМАНДЫҚ з а т. **1.** *Жайсыз оқиға, суық хабар, кесір.* Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп, белбеуін мойнына салып, қазақтың *ж а м а н д ы қ т ы* естіртетін көне дәстүрі бойынша екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті (І.Есенберлин, Қаһар). Босаға баққан ит шіркін ірге тынышта үргеннен басқа, *ж а м а н д ы қ* күні ұлығаннан басқа не бітіреді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Әйтәй қарт шошып кеткендей басын жоғары көтеріп алды; ол тілді келіннің сөзге араласқанын *ж а м а н д ы қ т ы ң* алды деп түсінді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Жағымсыз іс, жағымсыз қимыл-әрекет.* Өзің үшін үйренсең, *ж а м а н д ы қ т а н* жиренсең, Ашыларсың жылма-жыл (Абай, Тол. жин.). – Аққөңілдіден арамдық шықпас, Арамдық шықса да, *ж а м а н д ы қ* шықпас (Мақал-мәтел). Иә, адамзаттың жақсылықты сезіне отырып, әлемге қауіп төндіретін *ж а м а н д ы қ* атаулыны бірлесе отырып жоюға түрлі

ұлттар мен діни конфессияларды келісім мен өзара түсіністік негізінде жұмылдыруы басты мақсат («Егемен Қазақстан»). Онысын енді Құдайдан күттім. Мен жамандығымнан болмаса, Ақбілек *жамандығымнан* болып отырған нәрсе емес (М.Аймауытов, Шығ.). Пенденің тілі сүйексіз, Жеңілсе де жеңеді. Орынсыз іске матассаң, *Жамандық* сонан ереді (М.Дулатов, Шығ.).

Көзің жамандық көрмесін! т і л е к. *Жамандыққа душар болма, кездеспе деген мағынада.* Көкжалды соғып алып, біз кері қайттық. Содан кейін *көзің із жамандық көрмесін,* қасқыр атаулы маңымызға да жоламай кетті (Қаз. ертег.). *Көзің жамандық көрмесін,* содан бері екі көзі бірдей қып-қызыл болады да тұрады (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

ЖАМАНДЫҚСЫЗ с ы н. *Жамандығы жоқ, адал ниетті.* Байды аластап, Қуып тастап, Батырақ-кедей бірлескен. *Жамандықсыз,* Арамдықсыз Жылы-жұмсақ тілдескен (Қ.Тоғызақов, Өлеңд.).

ЖАМАН-ЖАҚСЫ с ы н. *Жаманы мен жақсысы, ащы мен тұщысы аралас.* Зарлы да өткен дүниеден, Малды да өткен дүниеден. *Жаман-жақсы* айырмай, Барлығы өткен дүниеден (Ғашық-наме). – Меңдеш, үшін міне алты жыл да алты ай екен, екеуміз қосылғалы, содан бері *жаман-жақсы,* ащы-тұщысын бірдей көріп келеміз, – дейді Соду (Б.Аманшин, Жар мұңы). *Жаман-жақсы* әр істі Пейілінен адам табады. Парасатты ер жігіт Жақсыдан ыбырат алады (Үш ғасыр.). Арқаның бәрі көзіне *Жаман-жақсы* десеңде Наз қыламын өзіңе (Батырлар жыры).

Жаман-жақсы болса да. *Жақсы-жаман болса да, қандай болса да.* – Әу, *жаман-жақсы болсақ та* – ауданның басшысымыз ғой, бір шай іше аламыз да бұл үйден, – дейді Сұлтанғазы (Ж.Молдағалиев, Самал). –Жігіттер, *жаман-жақсы болса да,* осы маңды қыстайтын жуантаяқ, Мотыштың бірлі-жарым ауылы болатын, мен сендерді соның біріне жеткізсем деймін, – дейді Абылғазы (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАМАН-ЖАМАН с ы н. *Тым нашар, жайсыз, теріс.* Адам есіне келмейтін, *жаман-жаман* былғаныш, жиреніш ойлар басына келіп, енді өзінен-өзі жиреніп, дөңбекшіп қайтерін білмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМАН-ЖАСЫҚ с ы н. *Нашар, ынжық, жақсы емес.* Жақсыға жол әр кез ашық, *жаман-жасықты* ешкім хош алмайды (М.Әлімбаев, Көңіл.).

ЖАМАН-ЖӘУТІК с ы н. **1.** *Ескі-құсқы, көне.* Қыс болса үскірік аяз иығындағы іліп алар *жаман-жәутік* шоқпытын да сірестіріп тастайды (З.Серікқалиев, Ақыл.). Беті-қолымды жууға тағат қылмай, *жаман-жәутік* киімімді үстіме іле салып жүгіріп барсам, уәкіл жалаңбас пар ат жеккен шананың қасында тұр екен (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). **2.** *Арық-тұрақ, нашар.* Қыстың күні *жаман-жәутік,* арық-тұрағымызбен әрбір сайға бұқпалап, паналап тіршілік етеміз (М.Әуезов, Абай жолы). Малдары мал сияғы жоқ арық, қотыр *жаман-жәутік* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қыс қысқан арық-тұрақ, *жаман-жәутік,* Кетті ғой әлдеқашан тырақайлап (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Нашар, төменгі топ.* Енді ауылдың *жаман-жәутік* бозбалалары аңдитын болады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМАН-ЖҰМАН с ы н. **1.** *Ескі, көне.* Байлардың көк шатырлы салауатты сарайлары *жаман-жұман* баспаналары басып кететіндей қоразданып, басын көкке созады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үсті-бастарына ескі-құсқы шекпен, шапан, *жаман-жұман* бөрік киген, жалаңаяқ қозышы, қойшылар үйге кірді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). **2.** а у ы с. *Әлсіз, ынжық, нашар.* Көк қарға деген тауық тақылеттес *жаман-жұман* құстар мұндай биіктікті мекендемейді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Хат жаздым қалам ұстап сәулем сізге, Болады жігіт құмар нұрлы жүзге, Кісідей *жаман-жұман* жалтақтамай, Шырағым, жақсы жауап берші бізге (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАМАН-ЖҰТЫҚ с ы н. *Ескірген, тозығы жеткен.* Жағада қайраңдап тұрған желкен, *жаман-жұтық* қайықтарды толқын соғып, тербетіп тұр (Ә.Шәріпов, Алыс.). // ж е р г. *Жаман-жәутік, нашар мал.* Қыстан малдың *жаман-жұтығы* да аман шықты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМАНСАРЫ з а т. з о о л. <лат. buteo buteo> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдастарына жататын жыртқыш құстардың бір өкілі.* Қазақстанда жұртшы, тазқұмай, сақалтай, сұңқар, қыран, аражегіш, *жамансары,* балықшы, түйғын, жыланжегіш, субүркіт, кезқұйрық, құладын, қаршыға сияқты құстар бар («Парасат»). *Жамансары* ақсары деп те аталады (ҚҰЭ). Жау шекірткелері көбейіп кеткен кезде олармен қызғылт қара ала торғайлардан бастап көптеген құстар: көккұтан, қарабай, көптеген күндізгі жыртқыштар – дала қырандары бүркіттер, қарақұстар, *жамансарылар,* лашындар, құладындар да көректенеді (Р.Әлімбаев, Құстар.). Күндізгі жыртқыштардың ішінен *жамансары* немесе ақсарыны атап кетуге болады. Оны кей

жерлерде тышқан жегіш қырғи деп те атайды (Р.Әлімбаев, Құстар.).

ЖАМАНСЫН= е т. *Жаман деп санау, менсінбеу.* – Қодар құлды жек көрсең, *ж а м а н с ы н с а ң,* Елден таңдап жігітке ен берейін, – дейді Баянның әкесі (Қозы Көрпеш.).

ЖАМАНШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жаман ниет, арамдық.* Егер *ж а м а н ш ы л ы қ т ы* көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді (Абай, Тол. жин.). Біріне-бірі қарсы екі ой менің жүрегімнің терең түбінен бас көтеріп, өзара сілкісуде. Бірі жақсылыққа бастаса, екіншісі қайдағы жоқ күдікке, *ж а м а н ш ы л ы қ қ а* сүйрейді (М.Иманжанов, Адам тур.). Ақбала Әнуардың жұмысқа бара сала қайтқанын жақтырмады. Бір *ж а м а н ш ы л ы қ т ы* жүрегі сезсе де, өзі айтпағасын сұрамады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Өмірдің ащы-тұщысы, қиындық.* Әңгіме жаздым ертек бозбалаға, Артықша жазып-сызбай сөз бола ма? Жақсылық, *ж а м а н ш ы л ы қ* бастан кетпей, Тұңғиық ой толқыны қозғала ма? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бұнда да, негізінде ақын ел ішіндегі *ж а м а н ш ы л ы қ қ а* айналған ауыртпалықты толғайды (М.Әуезов, Әр жыл.).

Жаманшылық шақыра келді. *Бәрі бітті, құрыды деп алдын-ала байбалам сала келді.* Қарақатын Ақбалаға жаны ашығансып, жылмаңдап, қайда кісі жаны түршіккендей *ж а м а н ш ы л ы қ т ы ш а қ ы р а к е л д і* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жаманшылық шақырма. *Жаман ой ойлама, қара ниет білдірме.* Қой, *ж а м а н ш ы л ы қ ш а қ ы р м а.* Өлігін көзіңмен көрген жоқсың (Т.Әбдіков, Ақиқат).

ЖАМАП-ЖАСҚА= е т. **1.** *Тозығы жеткен затты жөндеп тігу, жамау салып бүтіндеу.* Менің тамағым аш емес. Киімімді де апай *ж а м а п-ж а с қ а п* береді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Бір-екі рет ол Сержанның кірлеп кеткен киімдерін алып қалып, жуып, жыртықтарын *ж а м а п-ж а с қ а п* та берді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **2.** *Қираған, сынған заттарды бүтіндеп жөндеу, түзетіп ұқсату.* Игілік Сандыбайға: – Бір қыс біздің үймен дәмдес болып, арба-шанамызды *ж а м а п-ж а с қ а п* берсең, бір-екі құлынды алар едің,– дейді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ол ешбір сынған нәрсесін керексіз деп тастай салмай *ж а м а п-ж а с қ а п* пайдаға асырады (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЖАМАП-ЖАСҚАУ *Жамап-жасқа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тозығы жеткен затты жөндеп тігу, бүтіндеу.* Қозышылықтан босаған Қошанын жылқышылармен жібермек болған Тәжі киім-кешегін бүтіндеп, *ж а м а п-ж а с қ а у м е н* болды (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). **2.** *Қираған, сынған заттарды жөндеу.* Козлов тағы да бірнеше кісілерді шақырып, астрономиялық бақылау станциясын құруды, ат-көлікті жақсы бағуды, ер-тоқым, жазылардың кеткен-құтқан жерлерін *ж а м а п-ж а с қ а у д ы,* тағы басқа жұмыстарды тапсырды (Н.Баяндин, Қол астындағы қала). **3.** а у ы с. *Жасыру.* Қой, бұл шындық атаулыны жерлеуге де, *ж а м а п-ж а с қ а у ғ а* да болмайды екен (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау). *// Екі ұшты болжам, қоспа сөз.* Абай төңірегіне қатысты әңгімелерде *ж а м а п-ж а с қ а у л а р,* қате түсінік пен екіұшты болжамдар да айтылып қап жатты (К.Оразалин, Абай.).

ЖАМАС= е т. *Жыртылған киімді бүтіндеуге көмектесу, жамау салысу.* ≈ *Ж а м а с ы п* жатыр.

ЖАМАСТЫР= е т. **1.** *Ескі нәрсеге жамау салып, бүтіндеп қою, жамап-жасқау.* **2.** а у ы с. *Бірлікке шақыру, татуластыру.* – Ағайын жолы бұлай ма? Араз елді *ж а м а с т ы р а м* деп, қалыңға қыз да беріседі. Күң есепті, қатын есепті береді, – деді Құнанбай (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖАМАСТЫРУ *Жамастыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ескі нәрсені *ж а м а с т ы р у.*

ЖАМАСУ *Жамас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көрпе *ж а м а с у.*

ЖАМАТ= е т. **1.** *Жыртық нәрсені бүтіндету, тіктіру.* Балым бәйбіше Тояшқа өзінің жайлауда киетін қара кебісінің қақыраған жерін тіктірді де, екі кіші баласының етіктерін *ж а м а т т ы* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ертеңіне әкесі жолға жиналып әбігерге түсті, бөркін *ж а м а т т ы,* көрші Ыбықанның әкесінің бүтін шапанын сұрап киді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сол сабаны ысқа қойғанда, ауыз жағы құрап кетіп, бұған ашуланған Есеней ыс салған адамның үйірге түсіп тұрған айғырын сойғызып, терісін сабаның құрғаған аузына *ж а м а т қ а н* (С.Мұқанов, Халық мұраты). Етігін ұлтартып, киім-кешегін *ж а м а т ы п,* ала қоржынды аударып-төңкеріп абыржып жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Көңілін аулау, жұбату.* Кейбір түндер ілмей өтті кірпігін, Көрмедім ғой мен де, сәулем, бір тыным, Жұбата алмай жараланған жүректі, *Ж а м а т а* алмай ақ көңілдің жыртығын (Ө.Нұрғалиев, Ақ нөсер).

ЖАМАТТЫР= е т. *Ескі-құсқыларды бүтіндеп, жаматып, реттету.* Үй иесі жолдан келген екі шалды жуындырды, тамақтандырып, киімдерінің жыртылған жерлерін *ж а м а т т ы р д ы* (З.Ақышев, Ақбел асу). Бұл етікті жаңа күйінде Тәжи біреуден тамыр болып қалап алып, төрт-бес жыл киіп тоздырған соң, байға жүрерде Сатанға *ж а м а т т ы р ы п* берген (І.Жансүгіров, Шығ.). Ұзақ жолдан соң

жігіттерді үш күн демалдырып, үсті-бастарын *ж а м а т т ы р ы п*, кір-қоңдарын жудыруға аялдатты (Қ.Қайсенов, Жау тылы).

ЖАМАТТЫРУ *Жаматтыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біреуге *ж а м а т т ы р у.*

ЖАМАТУ *Жамат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Басқа адамға *ж а м а т у.*

ЖАМАУ[1] з а т. **1.** *Жыртылған киімді бүтіндеу үшін салынатын өзі түстес материал.* Үстіне оңып кеткен ескі шүберектен талай жеріне *ж а м а у* салған ескі шекпен, оның бір етегін қайырып беліне қыстырып алған, басында ескі тымақ (Т.Ахтанов, Боран). Ойланбайсың інім жаурап қалар деп, Түс көріп те шошымайсың ұйқыңнан. Отырмайсың мен оқуға барар деп *Ж а м а у* салып көйлегіме жыртылған (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). **2.** а у ы с. п о э т. *Мағынасыз суреттеу, әлсіз әсерлеу, өңдеу, шығармашылық қоспалар.* Қонымсыз романтика, тұманды теңеулер сияқты сырт жатқан, жалған *ж а м а у л а р* жоқ (М.Әуезов, Әр жыл.). Тапқандай тұңғыш данасы, –деген егіз жолдары дәнекер етіп көріп едім, жарамсыз *ж а м а у* сияқты көрінді (М.Әлімбаев, Көңіл.). Әрине, жырда кейінгі айтушылардың тарапынан қосылған сюжеттік, идеялық *ж а м а у л а р* бар (Қ.Сейдеханов, Қаһарман.).

Жамау салу. и н ф. <ағыл. patching> *Объектілік модульдерде немесе құрастырылған программаларды қайталама аударусыз немесе қайталама құрастырусыз өзгерістер енгізіп түзету* (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

Жамау түсті. *Жамау салды, жамады.* Қыз күнге оңып, жауырын тұсына *ж а м а у т ұ с к е н* қызыл гүлді шыт көйлегі желбіреп, көлбеңдеп жүр (М.Сүндетов, Ескексіз). Босағада шешемнің өкшесіне *ж а м а у т ұ с к е н,* үшкіл бас азия калошы жатқан (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Қырық жамау. а) *Шоқпыт-шоқпыт, бірнеше жеріне жамау түскен, тозығы жеткен.* Сақтатты бүгін бұлар ережені, Қымтатты *қ ы р ы қ ж а м а у* терезені (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). Сосын екінші киіз әрі аласа, әрі туырлығы *қ ы р ы қ ж а м а у,* бүйірінің жыртықтарынан керегенің бастары көрініп тұр (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Жазда малшылардың киіз үй мәселесі де оңды емес, *қ ы р ы қ ж а м а у* үйлер бар (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Таймас туды, туды да өсті, *Қ ы р ы қ ж а м а у* қараша үйде. Күзді, қысты бастан кешті, Кейде кепе-шалаш үйде (Т.Жароков, Шығ.). ә) б е й н. *Назалы, қайғылы, реніштi, көп қайғыға, қасіретке ұшыраған.* Жүрегім менің *қ ы р ы қ ж а м а у,* Қиянатшыл дүниеден. Қайтіп аман қалсын сау, Қайтқаннан соң әрнеден (Абай, Тол. жин.). Қам көңілдің қапысын табатын сен, *Қ ы р ы қ ж а м а у* жанымды жазатын да сен (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ЖАМАУ[2] с ы н. *Ескі, әбден тозған, жамауы бар деген мағынада.* Шеткері отырған *ж а м а у,* жаман тымақтылар сәлем берісті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйел күндей қара түндікті, қоңыр туырлықты, *ж а м а у* үзікті, аласа ғана қараша үйдің бел арқанына сүйеніп тұр (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Жамылып құрым киіз, *ж а м а у* шоқпыт Тіршілікке не істетпеді адал жоқтық. Іздеген талғажауды табан асты Жүрдік біз жеген иттей «айналсоқтық» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖАМАУ[3] *Жама етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір заттың жыртылған, тозған жеріне өзі түстес нәрсе салып бүтіндеу, тігу.* ≈ Көрпені *ж а м а у.* **2.** а у ы с. *Халықтың басын біріктіру.* ≈ Ел *ж а м а у.* **3.** а у ы с. *Қалпына келтіру.*

Борыш жамау. *Басына бейнет тілеп алу, бір қарызының үстіне екіншісін сатып алу.* Жаңадан құрал аламын деп *б о р ы ш ж а м а у ы ң* қалай болар екен? (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖАМАУДАЙ с ы н. *Жамау сияқты, жамау секілденген.* Жабысып көк шалғынға боз *ж а м а у д а й.* Жатқанын бір жауырын қозғала алмай (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Ол бірақ жасыл киімге жапсырған бөтен түсті *ж а м а у д а й* орман реңімен үйлеспейтін сияқты (Ө.Қанахин, Бақыт бәйшешегі).

ЖАМАУ-ЖАМАУ с ы н. *Тозығы, әбден жетіп жамалған, шоқпыт-шоқпыт.* Сарқасқа үйге кіргенде, Зейнегүл төрге тілдей жіңішке, *ж а м а у-ж а м а у* көрпені жайып жіберіп, оған жол берді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Шортанбай қолындағы балдағын босаға жаққа ырғытып жіберіп, шор-шор үлкен басының бір бұрышына әзер ілігіп тұрған *ж а м а у-ж а м а у* тақиясын алды (Д.Досжанов, Келіншектау.). Жауап орнына Марков үстіндегі *ж а м а у-ж а м а у* көрпені серпіп тастады (М.Қаратаев, Далада.). Дауылдан кейін сондағы Сіздің де үйге бақ кірді. *Ж а м а у-ж а м а у* тондағы Қырсықты мүлде лақтырды (Д.Әбілев, Уақыт.).

ЖАМАУ-ЖАСҚАУ з а т. **1.** *Бүтіндеп тіккен жер, құрау.* Төс-табандарының, қабырғаларының тақтайлары сөгілген, шіркін, олардың көбі *ж а м а у-ж а с қ а у м е н* жүре беретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қойды біреуге бергеннен кейін *ж а м а у-ж а с қ а у м е н* біржолата айналысамын ғой деп едім, сенің де жұмысың аз емес екен, – деп Жәутік қарт Қамқорға қарап, қабағын бақты (К.Оразалин, Көктем.). – Жұрымбайдың үйі Балдай жеңгейдің құнттылығымен, әлдекімдердің ескі-құсқысын жиып *ж а м а у-ж а с қ а у д ы ң* күштілігімен әлі келеді, – дейді Берен (Б.Майлин, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Құрама, жарамсыз, қажетсіз.* Өзекті ой болмағандықтан тарихтық тілектердің керегіне жарамсыз болуынан көбінің шығармасы

ж а м а у-ж а с қ а у, шоқпыт-құрау сияқты (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖАМАУ-ЖАСҚАУЛЫ с ы н. *Жамау-жасқау түскен, ескіріп тозған.* Отан соғысы кезіндегі адамдарды айтсаңшы, Дәулет шырақ. Киім-кешектері *жамау-жасқаулы,* тамақтары да жүдең, түлкі құрсақ, сонда да жұрттың бәрі өмірге, тұрмысқа риза (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Үйдің сылауы түскен, мұржасы құлаған, терезесі де *ж а м а у-ж а с қ а у л ы.* Кедей адамның қоныс жайы екенін білдіріп-ақ тұр (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЖАМАУ-ЖАСҚАУЛЫҚ с ы н. *Жамап-жасқауға лайықты, жарайтын.* Шудадан *ж а м а у-ж а с қ а у л ы қ* жіп иіріледі. Бұрын қазақтың тон-шалбары, сабасы мен торсығы, көн ыдыстары осы шуда жіппен тігілген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАМАУ-ЖАСҚАУСЫЗ с ы н. **1.** *Жамалмаған, жамау түспеген.* **2.** а у ы с. *Ешбір боямасыз, жалған қоспасыз.* Облыстық театрлардың күші жете бермейтін нәрселер, Қарағанды театрында *ж а м а у-ж а с қ а у с ы з,* күлді-көмешсіз, көңіл толарлық, көз тоярлық салмақпен көрсетілген (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАМАУҚАТ з а т. ж е р г. *Дала жемісі, жидек.* Үй хайуандарын үйретіп алғанша, адам перзенттері мыңдаған ғасырлар бойы аң аулап және *ж а м а у қ а т* теріп жеп күнелтті (Х.Әбішев, Аспан сыры).

ЖАМАУЛА= е т. с ө й л. *Жамап-жасқау, ескіні бүтіндеу. Ж а м а у л а п* қора-қопсы тесіктерін, Жаңартып жатты шаруа есіктерін. Жас ана мүдірместен су ап қайтты, Оянып қалар-ау деп бесіктегім (Д.Әбілев, Алтай.).

ЖАМАУЛЫ с ы н. *Жамауы бар, жамау түскен.* Мата көйлек кір-кір боп, жыртық пешпет, *Ж а м а у л ы* шалбардағы түр кес-кестеп. Сендерді жасырам деп қиын болды-ау, Бір үйге барғанымда белім шешпек (Бес ғасыр.). Тым жұпыны киінген жігіттер *ж а м а у л ы,* алаша қоржындарын иықтарына салып, пароходқа мініп жатыр (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қарт оған шалынан қалған *ж а м а у л ы* шапаны мен әр жерінің жүні түсе бастаған ескі тымағын тапсырды (І.Есенберлин, Көлеңке.). Басында тоқыма жүн орамалы бар, үстінде тозған сеңсең жағалы кең сары тон, аяғында қос *ж а м а у л ы* киіз ұлтанды үлкен етікті егде әйел маған жақындады (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖАМАУЛЫҚ з а т. *Киімді бүтіндеуге жамау боларлық ескі-құсқы киім-кешек.* Жыртық киім жамауға келмесе, өзі *ж а м а у л ы қ* болады (Мақалнама).

ЖАМАУСЫЗ с ы н. *Жамау түспеген, жамауы жоқ.* Оразәліге келген қонақтардың түнімен жамбастары тақылдап шықты. Бұл үйде не бір бүтін көрпе, не бір *ж а м а у с ы з* жастық жоқ еді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы толқын.). Дүниеде жамау деген нәрсенің болатынын бала сонда білді. Иә ... соғыстың ақырғы жылында елде *ж а м а у с ы з* ешнәрсе болмайтын (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАМАУШЫ з а т. *Ескі-құсқыны бүтіндеп жамайтын адам.* Оспан гармоны қанша қорғаштағанымен, әркім бір тартып екі-үш күннің ішінде жыртып та үлгерді, енді қазір ауылдағы бір *ж а м а у ш ы н ы ң* қолында жатыр (А.Хангелдин, Қараторғай). Мұқаметтің артынан ишандар шығып шабата *ж а м а у ш ы* етікшіден дінді ыспалап әр жердің тұрмысына сығып жинастырғысы келген (М.Дулатов, Шығ.).

Етік жамаушы. *Етікші, етік тігетін ұста.* Ерте заманда Жанкент деген қалада Ысқақ деген бәңші мен Сүгір деген *е т і к ж а м а у ш ы* болыпты (Қаз. ертег.).

ЖАМБАЙЛА= е т. *Жанамалап жанасып қасына жақындай түсу.* Жүр, желе жүрмесек болмайды, – деп, Ақшал торы аты да жамбасқа жанып-жанып алды. Қамшы тиген ат еті қызбағанмен желісін үдетейін деді. Қасынан *ж а м б а й л а п* мен де қалмай келем (Ғ.Орманов, Жүрек.).

ЖАМБАҚЫ з а т. ж е р г. *Ұры, қарақшы.* Жарковтың атын сатып магазин үптеген отыз *ж а м б а қ ы н ы* бір түнде жайратқаны жайлы Сингапур бас полициясы басқармасының тергеу бөлімінің протоколы кітапта бір тарау (С.Бердіқұлов, Пердесіз.). – Жап-жас жігіттің сонша уағда алатындай біреудің жіберген жансызы ма едің? Не *ж а м б а қ ы* болмаса, не жансыз болмаса, қазақтың осы дамып жатқан сайын даласында кімнің сырын, күнәсін кім біліп болмақ (Б.Қыдырбекұлы, Шығ.).

ЖАМБАР з а т. ж е р г. *Жақын туыс.* Достарым, майдандас жақын, *ж а м б а р л а р ы м* (М.Мырзақұлов, Өмір.).

Жамбар тартты. ж е р г. а) *Жақын тартты, туыс көрді.* Ол Мәрияшты *ж а м б а р т а р т т ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). ә) *Жағынды, жарамсақтанды.* Бұрынғы кездегі жасауылдар бай, болыс, билерге *ж а м б а р т а р т а т ы н* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМБАРЛА= е т. с ө й л. ***Жанамала***. Айтыспаған меніменен Шүкітай бар *Ж а м б а р л а г а н* қасына Жартыбайды ал. Ұлы тойда осындай кез болғанда Қалдым демей қапыда, айтысып қал (Жамбыл, Тол. жин.). Келе жатқанда алыстан қарағанда қарасы отыз шамалы кісі болып, қарсы топқа қарап *ж а м б а р л а й,* жайыла шапты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМБАРЛАС с ы н. *Жақын тартатын, таныс.* Шалматайдың қаладағы *ж а м б а р л а с*

адамы алыпсатар Сыдық, ол былай шыққан соң, достық ретінде Шалматайға көп әңгімелердің бетін ашып бергендей болды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМБАРЛАС= е т. ж е р г. *Жарамсақтану.* Ол кездегі жасауылдар бай, болыс, билерге *ж а м б а р л а с ы п* жүрді ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМБАС з а т. **1.** а н а т. <лат. pelvis> *Жан-жануарлардың бөксе жағындағы жерде ортан жілікпен жалғасқан сан сүйегінің бір бөлігі.* Төртеуінің түстері де қызыл болғанымен, әрқайсысының анадан ала туған әртүрлі белгілері бар біреуінің *ж а м б а с ы*, біреуінің бауыры мен жаясы, ал қалған екуінің бастары ақ (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Жамал атасына бір қарап тысқа шығып еді, соңынан кішкентай Сәрсенбай да шығып, Жамалға ақырын сыбырлап айтты: «Анау күнгі *ж а м б а с ы* құрттап жүрген көк қозыны әкел, үйге кіргізерде кескегін алып таста! Ұқтың ба?» – деді (М.Дулатов, Шығ.). Күл-күл боп қиратылып қалды *ж а м б а с,* Сауы жоқ сүйектерінің оған жалғас (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** э т н. *Сыйлы қонаққа ас бергенде салынатын мүше.* Қонаққа салынатын мүшелер: сандағы ортан жілік, асық жілік, *ж а м б а с.* Жамбасты да жілік деп санап, табаққа жеке салады (С.Жүнісов, Ақан сері). Жұмабай майлы *ж а м б а с т ы* Әлібектің алдына жапырақтай турап: – Алыңыз, алыңыз, – деп қояды (F.Мұстафин, Қарағанды). Жаралғалы жегенің қазы, *ж а м б а с,* Қарның ашты дегенге адам нанбас (Жамбыл, Тол. жин.). Қойдың бастан кейінгі қадірлі мүшесі – *ж а м б а с.* Құдағиға жамбас тартылады. Қыз бен жігітке асықты жілік, балаларға бүйрек, құлақ беретін жағдайлар да кездеседі (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **3.** *Бөксенің екі жақ жағы.* Қолына бірдеме жұққанын да сезінді. Бірақ оған қараған жоқ, қолын *ж а м б а с ы н а* сүрте, жүгіре берді (F.Мүсірепов, Оянған өлке). Ол тоқымды *ж а м б а с ы н а* төсеп, ерді басына жастанып жатты (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Қамбар Тұрардың арам ойын сезген болса керек, *ж а м б а с қ а* ала берді де, оның басын төмен тұқыртты (С.Шаймерденов, Мінез).

Жамбас астауы. а н а т. <лат. garum pelvis> *Жамбас сүйектерінің, сегізкөз, құйымшақ омыртқаларының тұйықталып қосылған жері. Ж а м б а с а с т а у ы* – үлкен және кіші болып бөлінеді. Оларды бөліп тұратын шекаралық сызық омыртқа мүйісінен басталып, мықын сүйектерінің доғаша сызығымен, шат сүйектерінің тармақтарымен, шат байламының жоғарғы жағымен өтеді (Адам анатом.). *Ж а м б а с а с т а у ы н ы ң* пішінін, оның белгілі өлшемін білу ақушерлік практика үшін өте маңызды (Адам анатом.).

Жамбас белдеуі. а н а т. <лат. cingulum membri pelvini> *Бір-бірімен шеміршекті жамбас шегі арқылы байланысып, жамбас атауын жасайтын жамбас сүйектері. Ж а м б а с б е л д е у і* арқылы артқы аяқтар дене тұлғасымен байланысады (Қаз. тілі термин. Биология). Әрбір жамбас сүйегі мықын, шат, шоңданай сүйектерінің тұтаса бірігіп сүйектенуінен түзілген. *Ж а м б а с б е л д е у і н і ң* байланысқан жерінде жамбастың ұршық шұңқыры мен жапқыш тесігі болады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жамбасқа салу. с п о р т. *Күрес ойынының әдісі.* Үйреншікті *ж а м б а с қ а с а л у,* қырқа шалу әдісі емес, жаңа күрес әдісі. Ебін тапса, «елпең» еткізер ойнақы, аса жылдамдықты қажет ететін әдіс («Лен. жас»). Бірінші күннен бастап Бақытжан *ж а м б а с қ а с а л у»,* «аяққа өту» сияқты әдістерді үйренуге күш салды («Лен. жас»).

Жамбас сүйегі. а н а т. <лат. os coxae> *Жануарлардың артқы жамбас белдеуінің қаңқасы. Ж а м б а с с ү й е г і* бір-бірімен сүйектене байланысқан мықын, шоңданай және шат сүйектерінен құралған. Осы сүйектердің өзара байланысқан жерінде, ортан жіліктің ұршық басымен буынды байланысатын ұршық шұңқыры болады (Қаз. тілі термин. Биология). Оң және сол аяқ *ж а м б а с с ү й е к т е р і* бір-бірімен өзара байланысып, шеміршекті жамбас жігін жасайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а м б а с с ү й е к т е р і* құйымшақпен бірігіп, жамбас қуысының қабырғасын құрайды (Қаз. тілі термин. Биология).

Жамбасы жерге тигенше. *Өле-өлгенше, ақырғы демі біткенше.* Айналада жауы көп. Аңдасып, арбасып, алыстан болса да, бұның басына пәле тілеп жүретін қаскөйлер бар. *Ж а м б а с ы ж е р г е т и г е н ш е,* солар «асқақтамасын, басынбасын» – деп ойлайды ғой (М.Әуезов, Абай жолы).

Жамбасы жерге тиді. а) *Күресте жығылды, жеңіліп қалды.* Ол алысқанда кісіден *ж а м б а с ы ж е р г е т и і п* көрген емес, жауырыны қақпақтай, бірақ күресуді жек көреді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). ә) *Өлген адамды жерледі, қойды.* – Атам аттас жақсы күні қайтты, жұмаға *ж а м б а с ы ж е р г е т и е т і н* болды, – десті отырғандар (М.Мырзақұлов, Ақық.). б) *Өлді, дүние салды.* Ақсақал, көзіңіздің тірісінде өзіңізге бір жайлы орынды лайықтамайсыз ба, ертең *ж а м б а с ы ң ы з* қайырымсыз қара *ж е р г е т и г е н* күні атыңыз өшеді-ау (М.Ермеков, Шығ.).

Жамбасы [жауырыны] жерге тимеген. *Күшті, біреуден жығылып көрмеген (балуан туралы айтылады).* Пұшық сары – даусы керней-

дің үніндей созылған әнші, қара сұры – *жамбасы жерге тимеген* балуан (І.Есенберлин, Шығ.). Балуан еді даңқы артық, *Жауырыны жерге тимеген,* Талай мықты балуанды, Тымақ құрлы көрмеген, Жығылуды білмеген (Н.Байғанин, Шығ.). Жасынан *жауырыны жерге тимеген,* жырынды, әулетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып етікізіп, асықша алып тастап жіберді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жамбасына алтын жамбы салып жатқандай. *Молшылыққа кенелу.*

Жамбасына аяздай батты. *Жанға батты, қинады.* Жарасов пен Есентаевтың екеуіне бірдей *жамбасына батқан аяздай,* тастай хауіп бар (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жамбасының шұқырына салып сақтады. *Тыққыштап, көзден тасалап сақтады.* Ой, дүние-ай, *жамбасының шұқырына салып сақтағандай*-ақ тыққыштап еді, құдай соны да көп көрді-ау (Ауызекі).

Көк жамбас. а) *Үсті сатала, тым жүдеу мағынасында.* Лай суға сүңгіп шыққан кісіге ұқсап сүмеңдеп, жылы, дымқыл қорадан шыққан *көк жамбас* қойша үсті-басымнан сасық су бұрқырап, жүгіріп казарма қайдасың деп, салып келемін (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Қырық қуық, шыжың. Көк жамбасқа* көрпе жоқ (Ауызекі). б) *Берекесі кеткен, төсек тартып жатып қалған, дәрменсіз.* Інім көптен бері *көк жамбас* болып, тұралап қалған шалды күтті (Ауызекі).

Сары жамбас болды. *Ешқайда шықпай, ұзақ жатып алды.* Биыл қыс үйден шықпай *сары жамбас боп* жатып алғанына таңданды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЖАМБАСАҚЫ з а т. *Жатқан орнына төленетін ақша. Жамбасақы* төлеп, керуен сарайында жатамын (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Ол сан елдерді [бурят, моңғол, қазақ, қалмақтарды] талай аралағанда, хал-қадары беретін асына еш уақытта көк тиын күріш алған, не *жамбасақы* сұраған жанды кездестірген емес (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАМБАСБҮЙРЕК з а т. а н а т. <грек. metanephros> *Қағанақты омыртқалы жануарлардың жұп зәр шығару мүшесі. Жамбасбүйрек* омыртқалы жануарлар ұрығының даму кезеңінде дене бүйрегінің орнында пайда болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жамбасбүйрек* зәр түзу және зәр шығару бөлімдерінен құрылған. Зәр түзу бөлімін бүйрек түтікшелері – нефрондар құрайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Жамбасбүйрек* омыртқалы жануарлардың бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер кластары өкілдеріне тұрақты қызмет атқаратын негізгі бөлу мүшесі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАМБАСҚАЛТА з а т. *Киімнің сыртынан жамбасқа жақын тігілетін қалта.* Резо қалтаға қол салды, қол салғанда мол салды, іш қалта, тыс қалта, ұры қалта, *жамбасқалта,* төс қалта түгел ақтарылды (Ә.Тарази, Басынан Қаратау.).

ЖАМБАСҚҰРТ з а т. з о о л. *Шаяншалар тобына жататын ұсақ жәндік.* Су түбінде өмір-бақи қыбырлағанын қоймай әуре-сарсаңға түскен *жамбасқұрт* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Барлық жеміне пайдаланылатын дафрия және циклоптарды аулауға да шек қойылмаған, алайда *жамбасқұрт* және есекқұртты шектен тыс аулауға рұқсат етілмейді, сондай-ақ Байкал көліндегі үлкен есекқұрттарды аулауға мүлде рұқсат жоқ (Қ.Қайымов, Суасты.). Хайуанаттар дүкенінен шаяншалардың дафниядан басқа да түрлерін сатып алуға болады, солардың бірі – *жамбасқұрттарға* жататын гаммарус (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖАМБАССИПАР з а т. э т н. *Қазақы салт-дәстүрге байланысты қызға құда түскенде жасалатын ырым.* Сатан болмас дауыспен *«жамбассипарды ң»* әнін қоңырлатып тартып, сылқылдата бастады (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМБАСПҰЛ з а т. ***Жамбасақы***. *Жамбаспұл* төлеп жатақта жүрген ақынбыз, Жадырап келіп, жаңа үйге кіріп жатырмыз (М.Мақатаев, Шығ.). Міндетіміз *жамбаспұл* жинаумен шектелмеген («Егемен Қазақстан»).

ЖАМБАСТА= е т. *Бір жақ қырынан қисаю, жантая жату.* Аспан жартылай ашылып, бір *жамбастап* ай көтеріліп келеді екен (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жұмекеннің мылтығы қолынан ұшып кетті. *Жамбастай* жығылып мылтығына ол тағы ұмтылды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Мардан келіп Шалғымбайдың қасына *жамбастай* кетті (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол көрпені қабаттап салғызып, шынтағының астына жастық қойғызып, бір *жамбастап* жатты (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАМБАСТАС с ы н. *Көршілес, жақын.* Жауатардың көзі жанып кеткен екен. Жауатар: – Бір-біріміздің жұмысымызды көріп отыру үшін *жамбастас* забойға түселік! (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЖАМБАСТАТ= е т. *Бір шетіне қисайта тастау, қою.* Мені, кенет киіз жабудай бір хал басып еді – мен кәрлен кесені дастарқанның шетіне *жамбастатып* тастадым да отырып қалдым (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖАМБАСТАУ *Жамбаста етістігінің қимыл атауы.* ≈ Оң жағына қарай *жамбастау.*

ЖАМБАСТЫҚ з а т. *Жамбас орналасқан жер, арт жақ.* Сол кезде Мәукенді біреу гүрзімен *жамбастығынан* соғып жібергендей, бір

жақ саны салдырай ұйып кетті (Ғ.Ахмедов, Жорық.).

ЖАМБОЗ з а т. ж е р г. ***Жампоз.*** Әзімқанның қимылдары салмақты, жүріс-тұрысы марқау, сылбыр, түйенің *ж а м б о з ы*, шудалы жайбасар қара атан тәрізді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Жалы кетсе мойнынан, Арғымақ ат шаба алмас, Айырдан туған *ж а м б о з ғ а*, Арыса кіре сала алмас (Шернияз ақын, Шығ.).

ЖАМБОЗДЫҚ з а т. с ө й л. ***Жампоздық.*** *Ж а м б о з д ы қ* жарасады бозбалаға, Ұрынбас ондай жігіт құр жалаға (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

ЖАМБЫ з а т. **1.** к ө н е. *Сауда кезінде алыс-беріске пайдаланатын, сыйлыққа жүретін әртүрлі формадағы қорытылып құйылған кесек алтын не күміс: алтын, күміс құймасы.* Он бес балуан бәйгесі: алды-*ж а м б ы* бастатқан тоғыз, арты – төрт кез мата (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тағы да Былқылдаққа айтты ойды, Алдына асыл шапан, *ж а м б ы* қойды (Ш.Құдайбергенов, Шығ.). Қорасындағы *ж а м б ы н ы* Алдына төгіп салады. *Ж а м б ы н ы* ақын «нәсіп» деп, Бәрін тиеп алады (Қамбар батыр). Моңғолдар – *«ж а м б ы»* деп күмістен, алтынмен құйылып, мөлшеріне қарай «қой тұяқ», «тай тұяқ» аталатын нәрсені айтқан (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** а у ы с. *Тұрақсыз, көрсеқұмар.* Ызаға толар қос өкпе Әр жұмысты қылғанда, Жолықтырар кесекке *Ж а м б ы с ы н* үйір боп кетер Жастығы қатты төсекке (Бес ғасыр.).

Ақ жамбы. *Таза күміс құймасы.* Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға Сөйлеткен сені найман балап ұлға Асықтай *а қ ж а м б ы н ы* аспанға аттым Қызығып жүргенім жоқ алар пұлға (Біржан-Сара).

Алтын жамбы. *Алтын құймасы. А л т ы н ж а м б ы н ы* әлі ешкім атып түсірген жоқ (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

Асық жамбы. *Асық формасында құйылған күміс.* Тілдік материалдар түрмыста қолданылған бірсыпыра бұйым атауларының жасалуына қойдың аузы, көзі, тұяғы секілді дене мүшелері де ұйтқы болғанын көрсетіп отыр. Мысалы, қой ауыз – қой аузына ұқсатып жасалған қысқаш түрі, қойкөз жамбы, қойтұяқ жамбы – көлемі мен салмағы, формасы жағынан қойдың көзі мен тұяғына сәйкес құйылған алтын яки күміс. Бұлар асық көлеміндей болса, оны *а с ы қ ж а м б ы* атаған (Р.Шойбеков, Қаз. зерг. лексикасы).

Атан тұяқ жамбы. *Атан тұяғына ұқсатып құйылған құйма күміс.*

Атбас жамбы. *Үлкен құйма күміс.* Ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем шығармаларда кездесетін *а т б а с ж а м б ы* атауы да құйма күмістің үлкендігін, байлықты сипаттау үшін қолданылады (Р.Шойбеков, Қаз. зерг. лексикасы).

Бесік жамбы. *Бесікке ұқсатылып құйылған үлкен, сом күміс.* С.Қасиманов *б е с і к ж а м б ы* дейтін күміс құймасын үлкендік мөлшеріне орай қойылған деп түсіндіреді (Р.Шойбеков, Қаз. зерг. лексикасы).

Жамбы ату. о й ы н. *Биік бағанадағы күміс жамбыны ат үстінен ататын түркі тектес халықтардың ертеден кең тараған спорт ойыны.* Жамбыны, көбінесе, ілінген жіпті көздеп атып түсіреді. *Ж а м б ы а т у* қазақ сарбаздарының әскери дайындығының бір түрі болып есептелген (ҚҰЭ). Той программасында ат жарыс, көкпар тарту, қазақша күрес, садақпен *ж а м б ы а т у*, тағы басқа қазақтың ұлттық ойындары болды (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Шабаны тұлпар жүйрік боп, Сайынға шауып шаңдатты. Шалағайы берік боп, Шала мерген *ж а м б ы а т т ы* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жамбы басты. *Мықты, атақты.* Бұл қалың қолдың ішінде Кенесарының *ж а м б ы б а с т ы* батырларының көбі бар еді (Мұса Шорманов, Шығ.).

Желін жамбы. *Желін үлгілес етіп құйған сом күміс.* Алды тауып тыққанды, Шынжырлы шен, шұбар тон. Шықты көрден онан соң *Ж е л і н ж а м б ы,* тайтұяқ (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қой басы жамбы. *Қойдың басына ұқсас етіп құйылған жамбы.* Жамбының үлкендігі мен формасына қарай, қазақ арасында белгілі алты түрлі атауы бар. Олар: «бесік жамбы», «ат бас жамбы», «*қ о й б а с ж а м б ы*», «тай тұяқ жамбы», «қой тұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Қой көз [көзді] жамбы. *Үлкендігі қой көзіндей жамбы.* Қасына Келмембетті шақырды енді Екі қоржын *қ о й к ө з д і ж а м б ы* беріп (Қамбар батыр).

Қой тұяқ жамбы. *Үлкендігі қой тұяғындай жамбы. Қ о й т ұ я қ*, тайтұяқ, қара *ж а м б ы*, ділдә, меруерт, жақұт – бұл күнде жиып жүргені (А.Жүнісов, Өмір).

Құлын тұяқ жамбы. *Үлкендігі құлын тұяғындай жамбы.*

Тай тұяқ жамбы. *Үлкендігі тай тұяғындай жамбы.* Осыдан он жыл бұрын Алшынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділданы Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға кит деп Алшынбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты – *т а й т ұ я қ*, мына бесік жамбыдан кіші еді (М.Әуезов, Шығ.).

Түйе көз жамбы. *Үлкендігі түйе көзіндей жамбы. Т ү й е к ө з ж а м б ы с ы* да бар екен (Ауызекі).

ЖАМБЫДАЙ с ы н. **1.** *Жамбы тәрізді жалт-жұлт жарқыраған, жалтырауық.* Тәж

Mahал айлы түнде *ж а м б ы д а й* жарқырап, жұп-жұмсақ аппақ шапақ шашады екен (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). **2.** *Жамбыт әріздіасақымбат, жоғары бағалы. Ж а м б ы д а й* жақұты көп анар байғұс, Тырбиып неліктен ол азған екен! (М.Жұмабаев, Шығ.). Егер халқыңды жақсы көретін болсаң, оның тәуелсіздігін, бірлігін алтын *ж а м б ы д а й* сақта (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Ақ жамбыдай. а) *Сұлу, көрікті.* Ажары *а қ ж а м б ы д а й* сұлулардың, Жалғанда тіпті кетпес көркі асып (М.Жұмабаев, Шығ.). Маңырақтың бұйрат-бұйрат жоталарының бірінің үстінен *а қ ж а м б ы д а й* болып ай сығалап еді, айналаға сүт сәуле төгіліп, бөктерде шалқып жатқан бүкіл ауыл түнгі бар салтанат – сұлулығымен айқара ашылып көрінді (К.Сегізбаев, Шығ.). б) *Ерекше, айрықша.* Халықтың қаһармандық рухын, достандық пен теңдікке, махаббат пен ерлікке ұмтылған *а қ ж а м б ы д а й* асыл қасиеттерін жырлайтын шынайы көркем туындылар – «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш –Баян сұлу» сияқты пьесалар (Ж.Исмағұлов, Адам.).

ЖАМБЫЛ[1] з а т. *Кентті, қаланы төңірек қоршаған қорған, бекініс.* Қазір қаланың батыс бөлігі Көккөпірден ары асып, солтүстігі Қарадөң, Жауыртаммен тұтасып, шығыс жағы қазір жаңа *ж а м б ы л д ы ң* құрылысы жүріп жатқан Ой Махаллаға дейін барып қалды (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.). Хан жарлық берді тінт деп бәрін қарап, Астасқан адам бар ма сұрақ сұрап? *Ж а м б ы л д а н* қалың әскер қаптап шықты, Отырмын бәрін көріп, мен сығалап (Арқалық).

ЖАМБЫЛ[2] з а т. ө с. *Шымқай қоңыр түсті гүл.* Алматының өзі, шіркін, тұрған жыр! Төктіау бір күн дүркін-дүркін дүр жаңбыр. Көшелерде күміс жалын жалтылдап, Толықсыды қоңыр шымқай гүл *ж а м б ы л* (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.).

ЖАМБЫЛДА= е т. *Әдемілеп әшекейлеу, жарқырату.* Жігіттері тыңның жарқын аңқылдап, Өмірге айқын жол ашыпты даңқылдап. Еңбегінің әр кезеңі арыстай, Алып қолдар соққан мықтап *ж а м б ы л д а п* (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

ЖАМБЫЛТАНУ з а т. ә д е б. *Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттейтін өзіндік дербес саласы. Ж а м б ы л т а н у* саласы алдымен ұлы жырау Жамбылдың өміріне, өнерпаздық мұрасына, ақындық дәстүрлеріне қатысты мәселелерді қамтыса, кеңірек қарағанда ауыз әдебиетіндегі, әсіресе жыраулық, жыршылық, өлеңді суырып салып шығару өнеріндегі өнімді, өнегелі дәстүрлерді тереңдеп зерттеп айқындауға ұласып кетеді (Әдеб. термин. сөздігі).

ЖАМБЫЛЫҚ с ы н. *Жамбыдай қымбат, бағалы.* Әншейін құмар емес, жалған жар деп, Дұшпандар айырмасын өсек тасып. Әр сөзің бір *ж а м б ы л ы қ,* асыл еркем, Арман не жолығыссақ дидарласып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАМБЫРША з а т. ж е р г. *Қауынның тез пісетін кішкене сорты.* Халық селекционерлері Қызылорданың әңгелегі – *ж а м б ы р ш а,* жергілік Қостанай қауындары сияқты тез пісетін сорттарды өсіріп шығарған (Қазақст. қауын.).

ЖАМҒАР[1]**=** е т. ж е р г. *Істі тындыру, реттеу.* Өкілің небір жайсаңдардың терезесін тең қойып, кейбіреуін кем қойып, нақтылы фактілермен жайғап, *ж а м ғ а р ы п* отырды (М.Байғұтов, Шілде). Бұл кезге дейін Әбдіқайыр азамат кемеліне келген жақсы кебені тез-ақ *ж а м ғ а р ы п* үлгерген-ді (Ә.Ибрагимов, Наз).

ЖАМҒАР[2]**=** е т. *Жайрату, жайпау.* Қатаған деген елінен, Түркістанды қамады, Есепсіз қосын айдалып Түн ішінде айналып, Нақақ төкті қандарын, Есепсіз халықты *ж а м ғ а р ы п* (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.). Найзамен түйреп *ж а м ғ а р д ы,* Өлікпенен бөгеді, Қыр менен адыр, сайларды. Ошаң етер адам жоқ, Исапсыз көрді пайданы (Қазанғап Байболұлы, Еңсегей бойлы.).

ЖАМҒИЯТ [ар. جمعية] з а т. е с к і к і т. ***Жамағат.*** Рұқсат алғаннан кейін *ж а м ғ и я т т а р ы н ы ң* ұстабын тасқа басып, газетімізді алдырушыларға тегін тартуға уағда береміз (М.Дулатов, Шығ.). Осындай біз де *ж а м ғ и я т* ашсақ, көзі ашық, көкірегі ойлы алаштың азаматы бұл іске ынта-көңілімен кіріссе, қазақтың байлары кесек жәрдем етсе, мұқтаждардың бәріне түгел жетпесе де, бірсыпырасына жәрдем беріліп үлкен пайда келтірген болар едік (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАМҒЫСЫ е с і м. е с к і к і т. *Барлығы, күллісі, жамиғысы.* Адам да алты затқа һәм ықтимал, Бұл сөзде емес, онда ықтияттан! *Ж а м ғ ы с ы* – жиналғанда он төрт болып, Бір есеп қарар табар адамзаттан (Айтыс). *Ж а м ғ ы с ы...* Тоғыз жүз жетпіс теңге, – деді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖАМИҒА [ар. جماعت] з а т. е с к і к і т. *Жамағат, көпшілік қауым, қоғам, ел жұрт.* «Сармая сатсаң, қаржы болады», – деп, Шаттанды үй ішінің *ж а м и ғ а с ы.* Байлар да қазынасы көп бұл ғауһарды, Алмады пұл жеткізіп ешбірісі (Т.Ізтілеуов, Назым).

ЖАМИҒАТ з а т. е с к і к і т. ***Жамағат.*** **1.** *Жиналған топ, халық, жұрт.* Көтібар той қылады жұртты жиып, Әр түліктен әкеліп малды сойып. Жалығатын әңгіме бұл емес-ті, *Ж а м и ғ а т* тыңдап отыр құлақ салып (Айман-Шолпан). Тым ауыр Туған елге сынақ кіріп, Жүрмеспіз жұрт қиналса, шуақ қуып, Қанаштың арман еткен сырын айтсақ, *Ж а м и-*

ғ а т алғыс айтар құлақ түріп. (Қ.Салықов, Жезкиік). **2.** *Жұрағат, жақыны.* – Бақытымызға шыққан өлеңіңізге жүрек толы қуанышымызды әкеп, құтты болсын айта келдік, бұл отырғандар *ж а м и ғ а т,* – деді Әбдішүкір (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАМИҒИ е с і м. е с к і к і т. ***Жамиғы***. Омбы қаласының ат шаптыратын *ж а м и ғ а л а р ы н ы ң* жайларын жасап, әдемілеп қойған еді («ДУГ»).

ЖАМИҒЫ [ар. جميع] е с і м. *Бүкіл, барлық.* Атамыз алыс болғанмен, *Ж а м и ғ ы* қазақ бір туған. Бір бәлеге жолығар, Есебін таппай сөз қуған (Бес ғасыр.).

ЖАМКІ з а т. ж е р г. *Шоқ қысқыш, қышқаш. Ж а м к і н і ң* басын мал басып майыстырып кетіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМПАЙЛА= е т. *Бір нәрсені айтқысы келіп жиектеу, төңіректеп жағалау.* Диванда газет оқып отырған папасына баласы *ж а м п а й л а п,* еркелей кеп: – Папа, костюмімді тігіп бер, – деп айтшы әпкеме, – дейді (Б.Соқпақбаев, Бақыт.).

ЖАМПАЙЛАС= е т. *Бірімен-бірі шүйіркелесе кету, жақындасу.* «Бөледе бөгделік жоқ» – деген-ау, қарашы, бірін-бірі жаңа көрсе де, *ж а м п а й л а с ы п* тұрғанын, – деп Әжібай Шоқанмен қатар тұрған Назымбекке қарап қызықтай сөйледі (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЖАМПАҢ: жампаң етті [қақты]. *Астыүстіне түсті, жалпақтап күтті, қалды.* – Мал шығыны көп болды ма? – деп сыр тарттым. Шығын болғанда қандай, – деп ол *ж а м п а ң е т т і* (С.Досымов, Күз демі).

ЖАМПАҢДА= е т. **1.** *Аузы-аузына тимей, апыл-ғұпыл шайнаңдау.* Иванның тамақ жесі нарқоспақ тәрізді, аузына бұралап тыққан балықты кең танауы шуылдап, *ж а м п а ң д а п* шайнап жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Іниміз екеумізге бөлінген текешіктің құлағына, бөтекесі мен сирағына мен ренжіген жоқпын. Себебі бауырымның да аузы *ж а м п а ң д а п* қалғанына іштей қуанам (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Біреуге жақындай түсу, өзөзінен жабысу.* – Неге ғана жолайсыңдар бұл сүмелектің маңына, – дейді апам. – Мынау ғой, *ж а м п а ң д а п* болмай қойған, – дейді Қайсар (С.Досымов, Жаңғырық). Тізерлесе жайғасқан Қисық Әбді, көбіне, Қожанға қарай жантайып, *ж а м п а ң д а й* береді (Ә.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Бозінген әлдебір қызық өсек айтады екен деп, кимешегін желкесіне қарай бір тартып, *ж а м п а ң д а п,* құлағын таяй берді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а м п а ң д а п,* таныстықтың қайырын тілеп, Шынардың телефоны мен адресін жазып алмақ болды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). **3.** а у ы с. *Біреуге қошемет көрсетіп жалпылдау, асты-үстіне түсу.* Әдейі және ұзақ тосып Бүркітке үзіліс уақытында жолықсам, солғын ғана амандасады да, *ж а м п а ң д а й* қоймайды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұрын илікпейтін студент Халелді Ақбөпенің туысы болар сың-ау деп, ол асты-үстіне түсіп *ж а м п а ң д а й* қалыпты (С.Жүнісов, Жапанда.). Қартқожамен *ж а м п а ң д а п,* амандасып: «Подвалға түскенімді аузыңнан шығара көрме!» – деп тапсырды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМПАҢДАҢҚЫРА= е т. *Жампаң қағыңқырау, жалбақтаңқырау.* Әлгі Самарқан деген жігіт Наташа деген қызға *ж а м п а ң д а ң қ ы р а п* жүр ғой, – деді Сырбай (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖАМПАҢДАС= е т. *Біреуге жақындасып, жампаң қағысу, жалбақтасу.* Олардың ішінен де сүйіндік табылып, *ж а м п а ң д а с ы п,* шуласып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жұмыс бабы болмаса, Таубай жұртпен *ж а м п а ң д а с ы п* сөйлесіп те жатпайды (З.Шүкіров, «Сарша тамыз»). Олжабек пен Жаяу бұрыннан сыралғы адамдарша *ж а м п а ң д а с ы п* кетті (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Мардан көптен жалғыз жатқан түрмеден шығып, ел жігіттеріне сөйлесіп, *ж а м п а ң д а с ы п* жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМПАҢДАТ= е т. *Жампаң қағысу, жалбақтату.* Түн бойы думандатып қомпаңдатып, Таңертең бас жазыпсың шампандатып, Шылымды шеки шегіп, шер шешуге, Шығасың шалыңды ертіп *ж а м п а ң д а т ы п* (Қ.Жармағамбетов, Дәурен).

ЖАМПАҢДАУ *Жампаңда етістігінің қимыл атауы.* Қайдам, сол күні Нәзенге *ж а м п а ң д а у ы ң* жаман еді. – Өй, не айтып отырсың өзің, арамызда Жәміш отырды ғой тіпті (З.Шүкіров, Ізгілік.). Сәкеннің кекірлігіне, өзіне *ж а м п а ң д а м а у ы н а,* бармауына қарамады (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖАМПИ= е т. *Жалпию, тарбию.* Еңселі, аппақ шифр шатырлы Еркебұлан үйінің тасасында қалып қойған. Ұзынша келген, *ж а м п и ғ а н,* жатаған үй (Ә.Тарази, Құйрықты.).

ЖАМПОЗ з а т. **1.** *Нар мен айыр түйенің арасынан шыққан асыл тұқымды түйе.* Жорашыға лайық жол тұрады, *Ж а м п о з* нарға лайық қом тұрады. Құтты болсын тойыңыз, той иесі, Той есесін төңірім толтырады (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). Жалы кетсе мойнынан Арғымақ ат шаба алмас. Нардан туған *ж а м п о з ғ а* Арыса кіре сала алмас (Үш ғасыр.). **2.** а у ы с. *Жігіттің төресі, арланы, ардақтысы.* «Салтанатқа салпы ерін нар жегіп, салқамдар жүйріктен өзге мінбеген» дейтін нағыз жалпақ даланың *ж а м п о з* қазағы екен әлгі (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сөздің бәрін өзі сөйлеп, «жалғызым, бауырым, *ж а м п о з ы м*» дегенді жиі айтады (Б.Тоғысбаев,

Алдағы толқын). Сөйлесуге әңгімесі сай, әңгімесіне нақылы сай, біз сияқты кедейлерді елеп бірінші рет ақыл айтқан осы Әбдірахман *ж а м п о з* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). // *Биік, үлкен.* Күндіз айналаңды қаумалап тұратын *ж а м п о з* таулар жым-жылас ғайып болған, түн әзірейілі оны да қылғып қойғандай (О.Бөкеев, Үркер). // *Жүйрік, жүрдек.* Құйылғанда құйындай, Үйіреледі ұршықтай. Жүгін тиеп зырлауда Поездың жүйрік *ж а м п о з ы* (Жамбыл, Шығ.). // *Сұлу, сылқым (әйел).* Оқығандардан көргенін істеп: – Біздің *ж а м п о з* мынау! – деп, қатынын жетелеп әкеп, қолын ұстатты (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Өткір, алғыр, пысық.* Ой, Бәкең деген *ж а м п о з* адам ғой (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жампоз атан. ж е р г. *Ақта етілген айыр түйенің бес жастан басталатын атауы.* – Ертеде мына шеті – Бұхар, Хиуа, мына жағымыз – Қызылжар, Семей аралығында кілең *ж а м п о з а т а н д а р м е н* кіре тартушылар көп болатын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жампоз бота. ж е р г. *Жампоз інген мен жампоз бурадан туылған, дене бітімі көзге ерекше сезілетін, тік, тең қос өркеш, құс тұмсық, барынша сүйімді бота.* – Шынын айтсам, біздің фермада *ж а м п о з* бота түгел жампоз түйе ғой, мыналардың қайсысын «*ж а м п о з б о т а* осы» дей аласың? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жампоз өркеш. ж е р г. *Тең өркеш, айырдың жампозы атанатын өркеші. Ж а м п о з ө р к е ш т і ң* өзгелерден айырмасы екі өркештің биіктігі де, жуандығы да бірдей болады және арықтағанда өркештері бір жағына қисайып қалмай, сол тік қалпында аласарып өркеш майы өз бойына, қомына таралып, семірсе өркештері биіктеп, қайта теңеледі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жампоз інген. ж е р г. *Бес жастан асқан таза нәсілді ұрғашы айыр түйенің ең таңдаулысы (күшке де, өнімділікке де, мінез бен жүріске де мақтаулысы).*

ЖАМПОЗДАЙ с ы н. *Жампоз секілді, мықты, шыдамды.* Құшнышқа қаратқанмен құр әурелеп, Кейпі бар келтірместей жақсы ат маған, Тағдырға тәнті болып байладым бел, *Ж а м п о з д а й* артқанға ақыр қас қақпаған, Кезінде кім көрмеген бұл нәубетті Тұяғын тұлпар бар ма тас қақпаған (Базар жырау, Шығ.).

ЖАМПОЗДЫҚ з а т. *Төрелік, серілік.* Уәжге келгенде алдына жан салмайтұғын *ж а м п о з д ы ғ ы н а* басып, әйда кеп жорғалай жөнелсе, тоқтату қиын-ау оны (Қ.Найманбаев, Үміт өткелі). Жақсы да талабыңның өрлегені, Еңбекпен маңдайыңның терлегені. Бақыттың жарқыратып шамын жаққан, Жігіттің *ж а м п о з д ы ғ ы,* ерлегені (Ө.Жайлауов, Жарқын күз).

ЖАМПЫЛДА= е т. ж е р г. ***Жалтақтау.*** *Ж а м п ы л д а п* жан-жағына қараумен таудан асып кетіпті деседі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМСА= е т. *Жаппай қырылу, жайрап жату.* Қалыңға қайтып бармастай, Топтары қалды сан *ж а м с а п.* Сайгонда да естен қалмастай Сазайын тартты қан қақсап (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

ЖАМСАҚТАН= е т. *Жағымпаздану, жарамсақтану.* Бұл өзі үлгерімі нашар, Оразды құдай тұтып, соған *ж а м с а қ т а н ы п* жалбақтап жүретін оқушы еді (М.Қуанышбаев, Тайталас).

ЖАМСАТ= е т. **1.** *Жайратып салу, сазайын тарттыру, қыру.* Жәннатында *ж а м с а т ы п* жау орнады, Жатқаны анау өртеніп қара орманың. Туырлығы туралып, тоқым болып, Қаңқасы тұр қалқиып қара Орданың (М.Мақатаев, Шығ.). – Қоршаудағы батарея осылай жаумен екі күн шайқасты. Бұлар да дұшпанды *ж а м с а т ы п* берді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Өзі осы шыңның басына шығып садағымен артынан қуған жауды *ж а м с а т ы п* маңайлатпапты (С.Бегалин, Замана.). Госпитальға түскен бір жаралы жауынгерді шамалы шандырып, қашық тылдағы госпитальға аман-есен жөнелтсек ұрыс түзінде әлденеше жүз фашисті *ж а м с а т қ а н д а й* қуанып қаламыз (С.Омаров, Қызыл.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені түгел тауысу, жалмау.* Табаққа сап саусақты, Бауырсақты *ж а м с а т т ы.* Дастарқанға сауылдап, Маңдайынан тамшы ақты (Ш.Смақанұлы, Кездік). **3.** а у ы с. *Тептегіс етіп қиып салу, құлату.* Өткір шалғының бітік бетегені теп-тегіс етіп *ж а м с а т а* қиғанына, шабылған шөптің таралған шаштай тақталанып, құлап түсіп жатқанына қызыға қарайды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Қуалай өскен қоңыр салқын желмен шайқала ырғалған бойшаң қалың бидайды комбайн *ж а м с а т ы п,* жалмап келеді (С.Омаров, Қиыр жол).

ЖАМСАТУ *Жамсат етістігінің қимыл атауы; қыру, жайрату.* – Қоян аулаған болып жүріп, бүгінгі келетін жендеттерді қалай *ж а м с а т у д ы* кеңесеміз, сөзді осымен тоқтат та, ағаңның мылтығын тез алып шық (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАМСАТЫС з а т. *Жайратыс, қырғын ұрыс.* – Ойдағы қалың орысты қаптатып келмесе, бүгінгі *ж а м с а т ы с т а н* кейін бізді сонша жерден қуып келетін қазақ бола қоймас, дегенмен найзаларың қолдан түспесін (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАМСЫҚ з а т. ө с. *Бұршақ тұқымдас өсімдік. Ж а м с ы қ,* қонақ, бұршақ, соя, жоңышқа сияқты бұршақ тұқымдастардың сабаны, жалпы қоректік азық (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

ЖАМША з а т. ж е р г. ***Әңгелек***. Тұқым алып, жиде, ағаш, жүзім бәрін еккен. Суғарып күріш шәйді және ектірген. Ұрығын *ж а м ш а* қауын һәм төктірген (Әбубәкір ақын).

ЖАМШЫ з а т. к ө н е. **1.** *Бағалы матадан оюлап істеген төсек жапқыш.* Сәлемдемеге Баянның ақ *ж а м ш ы с ы н* алады, Айбастың қашқанын біліп, Қодар сегіз құлмен Итішпес көлінде қуып жетіп атысады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ысты, бір Телеуді жолдас қылған. Көк *ж а м ш ы с ы* артынан түсіп қалған, Жамшы деген су аты сонан қалған (Қозы Көрпеш.). **2.** *Арқаға жамылатын желбегей жабу.* Тең, тең үшін, тең үшін, Көк кептер ұшар жем үшін. Көк ала *ж а м ш ы* жабылып, Ерлер жортад ел үшін (Халық әндері).

Жасыл жамшы. б е й н. *Көкорай шалғын.* Олардың ақар-шақар таулары бірінің иығына бірі басын сүйеп, *ж а с ы л ж а м ш ы* жамылып, тамылжып алдымыздан шықты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМШЫДАЙ с ы н. *Жамшы тәрізді, жамшы сияқты бағалы, қымбат.* [Қыз] Ақ үйден аққан тамшыдай, Атқа да жапқан *ж а м ш ы д а й.* Биікте қайтып отырам, – Күні біткен малшыдай (Қ.Қуанышбаев, Түйрегіш). Азу тісі қаладай, Жабуы *ж а м ш ы д а й,* Құйрығы қамшыдай, Бура сойған не сұмдық (Алдаспан).

ЖАМШЫЛА= е т. *Тасалау, көлегейлеу.* Қарлығаш ұшты аспанмен, Қос қанатын қамшылап, Аспаннан қатер көрінсе, Таса жерді *ж а м ш ы л а п* (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Жер қыртысын *ж а м ш ы л а п,* Кірпігін де көтермей, Төсінен тері тамшылап, Оқ тиген бейне бөкендей (Д.Әбілев, Майданбек).

ЖАМЫ з а т. ж е р г. *Шұңқыр.* Силосты *ж а м ы ғ а* төкпей-ақ, жер үстінде де жаюға болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАМЫҚ= е т. *Қамығу, мұңайып қапалану.* Сөзіңнен көріп өзіңді Құшақтай алдым *ж а м ы ғ ы п,* – деген жеріне келгенде, қыз шыдай алмай сықылықтап күліп жіберді (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖАМЫЛ= е т. **1.** *Орап қымтану, жабыну.* Хасан аққудың таза мамығынан сырып, сыртын қымбатты жібекпен тыстаған, екі кісілік қалың көрпені біресе *ж а м ы л ы п,* біресе үстінен жұлып тастап дөңбекшиді (С.Шәріпов, Шығ.). Тым болмаса келер күнге шейін ұзамайық деп, астарына киіз төсеп, үстеріне де сол киізден *ж а м ы л ы п*, тобылғы – қарағайдың арасына бала-шағасымен жата кеткен (С.Шәріпов, Бекболат). Үйдің бір басында төрт бұрышынан керіп тастаған үлкен плащ-палатканың астында одеял *ж а м ы л ғ а н* үш офицер қойындасып жатты (Ә.Нұрпейісов, Күрляндия). **2.** *Иыққа желбегей салу, буркену.* Айжан халатын тездете шешіп, пальтосын иығына *ж а м ы л а* сап, кабинетінен асығыс шықты (З.Шашкин, Сенім). Үстінде ақ көйлегі бар, басына қара шаланын *ж а м ы л ғ а н* Жәмила жеңгесін ертіп, жігіттердің қасына келді (М.Әуезов, Шығ.). Үйге жұпыны киінген, қоңыр түбіт шәлі *ж а м ы л ғ а н,* жасы отыздың әрі-берісіндегі әйел кірді (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Бір уақыт бастырылғандай болып, қинала оянып, көзін ашып алса, дәл кеуде тұсында ақ *ж а м ы л ғ а н* біреу өңкиіп отыр (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). *Ж а м ы л ы п* иығына күннен қамқа Тағынып ақ төсіне айдан алқа. Қадалған қара көзі қақ жүрекке, Айтшы дос, ақыныңа қандай қалқа (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). **3.** а у ы с. *Жайнап өсу, құлпыра көгеру.* – Сіздер жаздықүні шынарды көрсеңіздер көркінен тіпті көз алмас едіңіздер, бұтақтары жапырақ *ж а м ы л ғ а н,* – дейді Берді ақсақал (С.Мәуленов, Жер нәрі). Көктем келді, гүл *ж а м ы л ы п* жатыр жер, Көктем келді, еңбекте ерлік шақырды ел. Біздер үшін қымбат әсте осы кез, Біздер үшін мәңгіге ыстық апрель (І.Мәмбетов, Табантал). Жасыл жібек *ж а м ы л ғ а н,* кеудесіне гүл қадаған наз көктем! (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Көк шапан *ж а м ы л м а ғ а н* тал-ағаштан, Құм өзі аумайды екен жалаңаштан (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). **4.** а у ы с. *Айналаны тұтаса қаптап қоршау, торлау.* Жұлдыздары жыбырлаған жарқжұрқ көк болат аспан *ж а м ы л ы п,* аяғымен бұйра бетеге, тырбық жауылшаны жантайта жапырып,.. мастанып келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бозғыл тұман *ж а м ы л ы п,* Мұнартып қарлы тау тұрды. Көк шашағын тағынып, Торғындай дала құлпырды (З.Қалауова, Шығ.). Бүгін де солай қамығып, Сулана қалды қыз кірпік. Астана тұман *ж а м ы л ы п,* Аспаны тұрды мұз бүркіп (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). **5.** *Тасаланып көзге түспеу.* Олар қалың ағаштың жапырағын *ж а м ы л ы п,* бет-бетіне қашып жатыр (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Артық рет жаңылып, Зираты болып сексеуіл Көлеңкені *ж а м ы л ы п,* Қала берді шетте бұл (Х.Ерғалиев, Күй.). **6.** а у ы с. *Бетке ұстау, желеу ету, буркену.* Ағызғанмен қызыл қан Енді есептен жаңылып, Біріккен ұлттар жалауын Отырған кім *ж а м ы л ы п* (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). **7.** а у ы с. *Басына ауыртпалық түсу, тар жол, тайғақ кешуді өткеру, қилы заманға кезігу.* «Қаратаудың басынан көш келеді», Қара жорға шайқалып бос келеді. Қара күнді *ж а м ы л ы п* қара қазақ Қара түнді басынан кешкен еді (М.Мақатаев, Шығ.). Ақиқат дейтін ауылдың, Қасынан дәйім табылдық. Ауырдан сауыт *ж а м ы л д ы қ,* Сонда да бізді жауыр ғып, Жоғалта алмады ауырлық. Бір-бірімізді бауыр ғып, Сонда да біздер сағындық. Ошағы сөнген үйлердің Оты

болдық та жағылдық (М.Мақатаев, Шығ.). Аулақ, аулақ, Аулақ менің жанымнан! Қара уайым қара шәлі *ж а м ы л ғ а н*. Жазбын әлі гүлім жаңа жарылған, Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан (М.Мақатаев, Шығ.).

Ақшам жамылды. *Далаға қараңғы түсті, күн батты.* Қарауытып маңайын, Батып *а қ ш а м ж а м ы л а р,* Күн батқанға қуанып, Қорқақ қоян жайылар (І.Жансүгіров, Шығ.).

Атын жамылды. *Біреудің атымен сөйледі, құпияланды, біреудің атын пайдаланды.* Жақсы едіңдер неткен назды күлкілер, Болмағай да сәттердің бірі іркілер. Өз басы үшін жақсы *а т ы ң д ы ж а м ы л ы п* Кетпесе екен бірақ кейбір түлкілер (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ол картаны алу үшін жау сырттан келген жоқ, осы штабтың маңында. Сонда ол кімнің *а т ы н ж а м ы л ы п* жүр (К.Тоқаев, Көмескі.). Өзім адам, адамсыз күн жоқ маған, Өмірімнің жүрегі онсыз соқпаған. Сырты көктем, ішіне қыс орнатып Адам *а т ы н ж а м ы л ғ а н н а н* сақтанам (Қ.Бұғыбаева, Тұңғыш кітап.).

Бәле жамылды. *Басына бәле жабысты, жала жабылды.* – Сен түрмеден қашып кетті дегенді естігем. Енді бәле үстіне – *б ә л е ж а м ы л д ы* ғой. Енді қайтесің? – деді ол (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе).

Бұлт жамылған аспандай. *Көңілсіз, бұйығыңқы.* Көңіл де енді бұйыққан *Б ұ л т ж а м ы л ғ а н а с п а н д а й* (С.Мәуленов, Шығ.).

Күйік жамылды. *Қасірет шекті, уайым-қайғы арқалады.* – Ау, қарағым Дәурен, сауын айтып ел мен елді аралаған еңбектердің сонда төре, сұлтандардың әлегімен желге ұшқаны ма? Онда не болғанымыз? Осылай шабынды күйде *к ү й і к ж а м ы л ы п* қала бергеніміз бе? – деді ол (С.Сматаев, Елім-ай).

Қайғы жамылды. *Қаралы болды, қайғырды.* Біреу қан жұтып, *қ а й ғ ы ж а м ы л ы п* отырса, өлімнің асына, ырым-жырым, жыртысына жұтынып жеткен көп молда қарғаша шуласты (С.Жүнісов, Ақан сері). Деді бітті. Мінезі оның сондай-ды, Басын алсаң, бір қарысса болмайды. Ауыл тұрды артта қалып қол бұлғап, Тағы үстіне *ж а м ы л ы п* ап мол *қ а й ғ ы* (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Қан жамылды. *Қайғы басты, қасіреттенді.* Біреудің күшін алып, үмітін кескен, Біреудің жүрегін жеп, қанын ішкен. Жете алмай талай асық мұратына – Қара күн *қ а н ж а м ы л ы п,* басқа түскен (И.Байзақов, Құралай.).

Қара жамылғандай. *Түнеру, қайғы жұту, азалы болу.* Жалмұқандар да аттарына қонып, *қ а р а ж а м ы л ғ а н д а й* түнеріп, беттерін терістікке бұрып, жүріп кетті (С.Жүнісов, Шығ.). Сарыбалаға бүкіл дүние *қ а р а ж а м ы л ғ а н д а й* көрінді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қара жамылды. а) *Дүние салған, өлген кісіге байланысты айтылады: қайғыра жоқтады, қаралы болды. К а р а ж а м ы л ғ а н* ел қайғы үстінде-ақ ерінің орнын толтырып тастады (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Ақ сырмақты қазақтың ескі ғұрпында... *қ а р а ж а м ы л ы п* жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін болған (С.Қасиманов, Алтай.). Бүкіл табын қан жылап, *қ а р а ж а м ы л ы п* боздақтарын қойып, жетісін бергеннен кейін үш батыр қайта кеңесті (І.Есенберлин, Қаһар). ә) б е й н. *Қараңғылық басты, түнжырап түнерді.* Зәулім үйлер опырылып құлап жатты, қаламыз будақтаған қою түтіннен *қ а р а ж а м ы л д ы* (М.Иманжанов, Адам.). Жер жарынан айрылып, *Ж а м ы л д ы қ а р а* басына (М.Жұмабаев, Шығ.). Қалың нөсер жаңбырлы түнде *қ а р а* түнек *ж а м ы л ы п,* өте шыққанымыз қандай ғана бақытсыздық (Ж.Жұмақанов, Қарақөз.).

Қар жамылды. а) *Күн суытып қар түсті.* Дала табиғаты күн сайын қара суықтан басталып, *қ а р ж а м ы л ғ а н,* қақаған үскірік күні жылқыны аз аулаққа жиыстырып келеді (М.Дүйсенов, Әке.). – Жиырма көктем – дейсің, мәз болып күлесің, Жаз бен күздің келерін де білесің. Аржағында *қ а р ж а м ы л ғ а н* қыс барын Ойламайсың, кетеді-ау деп үлесім (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). ә) б е й н. *Шашқа ақ түсті, ағарды.* Қарай берем *қ а р ж а м ы л ғ а н* Алатаудай басыңа! Дүниенің жастығы үшін жанын қинап жай таппас асылы, ерте түседі-ау ақ ақындардың шашына (Ә.Жәмішев, Сағын.).

Нұр жамылды. *Нұрға бөленді, жайнады, құлпырды.* Қасынан лықа шығып, Қызыл шоқ гүл қақ жарылған. Көбелектер балын сығып, Күн құшақтап, *н ұ р ж а м ы л ғ а н* (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Жайнаған жаз – *н ұ р ж а м ы л ғ а н,* жасыл дала гүл тағынған. Сүйген беттен самал желі Аңсап сені сағынған (Қаз. әндері).

От жамылды. *Қан майданда, қырғын соғыста болды.* Қайран өмір, қайран ер, Қалайша кеттің, сен тастап?! Ажалға қарсы аттанған *О т ж а м ы л ы п,* оқ жастап (Сәлем саған.).

Сары уайым жамылды. *Қалың қайғы-қасірет басты.* Сар далада *с а р ы у а й ы м ж а м ы л ы п,* Ақбілек келді толарсағы бұлтылдап (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Тон жамылды. *Арам, бұзық ниетін бүркемеледі, адал адам сияқты болып көрінді.* Осы біздің ішімізде қанішерлердің тыңшысы *т о н ж а м ы л ы п* жүр ме деген ой келе береді. Кім де болса, өте тәжірибелі, мұндайдың талайын басынан кешірген адам (Ә.Шәріпов, Таңд.).

Топырақ [жер] жамылды. *Қаза тапты, өлді.* Көпке дейін жау жерінде *т о п ы р а қ ж а м ы л ы п* жатқан сүйегінің күйігінен дүниенің дәмі

кетіп, Сақыш өзіне-өзі зақым істемесе жарар еді деп қобалжып жүрдім (І.Есенберлин, Алтын құс). Ақымақ болып өлгенше Ақылды болып жылайын. Ақымақ болып жүргенше, *Жер жамылып* қалайын (К.Шілдебаева, Арманым).

Түн [қараңғысын, пердесін] жамылды. а) *Түнделетіп жүрді, түн қатты.* Таң ата «Көк орманға» келіп, күндіз аялдап, *түн қараңғысын жамылға* Панитов орманына өтпек болдық (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). *Түн жамылып* келе жатқан Тілеубек Жарқынов көз алдынан бүгінгі өткен оқиғалар тізбектеліп өтіп жатты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). ә) *Қараңғылықты пайдаланды, ұрланып жасырынды.* Жау алған жерге *түн жамылып* парашютпен түскен бұл топты аңдушы көбейіп кетті (Ғ.Сланов, Замана.). Арыстан *түн қараңғысын жамылып,* талай рет шабуылға шықса да, жолбарысты кездестіре алмады (А.Сарбөпин, Ала қарға). Жарықта қойшы тасты алды жиып, Айнала жал-жал қылып қойды үйіп. *Жамылып түн пердесін қараңғыда,* Қауіппен кетер деген қасқыр киіп (О.Шипин, Дастан).

Үйқы жамылды. *Тыныштық басты, тыныштады.* Қырдың түнгі ауасынан көктем исі аңқып тұр. Көкірегіңді осы самалға тосып, нұр жайған, *ұйқы жамылған* алқапты аралап жүре бергің келеді (М.Хасенов, Алғашқы ән).

ЖАМЫЛҒЫ з а т. **1.** *Жұқа матадан, жібектен істелген жапқыш.* Немерелерінің *жамылғы* көрпелерін түзеп, «Алла белім» деп қойып ауызғы бөлмеге бет түзеді (М.Сүндетов, Ескексіз.). Нәскен жігіт астындағы ақ *жамылғынын* еппен сыпырып алып, қағып-сілікті де, қайта орнына жапты (З.Шүкіров, Ізгілік.). Сол сәтте аппақ жібек *жамылғы* екі айрылып, ақырын сусып жерге түсті (С.Досанов, Қыран.). **2.** *Көрпе.* Түйенің үстіндегі жабағы жүннен күпі, *жамылғы* жасайды, Бастың, мойынның, өркешінің ұзын жүнінен (шуда жүн), киіз, жабағы, саба, торсық, қалта, көнек т.б. заттар салатын жасау үшін жіп алынады (Мұса Шорманов). **3.** *Бүркеніш зат, таса, қалқа.* Зағипаның да жалғыз жаяу қашқаны жақсы болды, ойда қамыс, өрде қарағай оған *жамылғы* (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Жаз болса, қызыл шоқы төбелер асудай-ақ көлденең сұлап жатып алады да, қысты күні *жамылғы* жамылады (Ғ.Сланов, Замана.). Абырой бергенде өртенген дүкеннен желмен шалқыған көк түтін оған *жамылғы* болып, оны ешкім көрген жоқ (С.Мұқанов, Ботагөз). **4.** б и о л. *Сыртқы қабық, қабыршақ.* Жануарлардың *жамылғы* тканьдерінің клеткалары сопақ, жалпақ болады да, үстіңгі тығыз қабатты құрайды (Жалпы биология). Агрономдар жалпы жер жағдайын, жеке дақылдардың орналасуын, топырақ *жамылғысын* жақсы біледі (С.Жортанов, Өлке тану.). Пайдалы қазбалардың кен орындарын ашық әдіспен игерген кезде жер бедерінде, оның өсімдік және топырақ *жамылғысында* айтарлықтай өзгерістер туады (Т.Қалыбеков, Экология.). География мен биология бір-біріне өте жақын пәндер, табиғат компоненттерінің бірі болып есептелетін өсімдік – топырақ *жамылғысы* мен жануарлар дүниесі биология пәндерінде толық оқытылады (С.Жортанов, Өлке тану.). **5.** а у ы с. *Қорғаныш, пана.* Баяндама да қызық болды. Өйткені ол бір конторға бастық қой, біреуі *жамылғы,* біреуі жастық болды (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). // *Жалған, жасырын.* Бірқатар адамдар белгілі романист *жамылғы* аттан арылғаннан кейін аз жазатын болды деседі («Соц. Қаз.»).

Жамылғы етті. *Желеу қылды, сылтауратты.* Бергенін тағдырдың өзі алар – деп, «мейлі білсін»-ді *жамылғы етіп,* алдағы үміт дүниесінен біржола-ақ қол үзген кездер де табылатын секілді (Ғ.Сланов, Жанартау). Мәселен, мұндай жағдай христиандардың крест жорығы, мұсылман елдерінің жиһад деп аталған, сондай-ақ жалаң дінді *жамылғы еткен* ауыздықсыз агрессия кезінде көрініс тапқан (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

Жамылғы саздақтар. г е о л. *Плейстоцендік мұздықтану атырабының бедерін жұқа жамылғыдай жауып жататын түзілімдер* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАМЫЛҒЫЛА= е т. **1.** *Жамылғы ету.* **2.** а у ы с. *Паналау, қорғаныш қылу.* Талай түндерді *жамылғылап* жүріп, Амантайдың тағы да тапқан баспанасы Бурабай тауының етегіндегі Меңіреудің қарағайы (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАМЫЛҒЫЛЫ с ы н. *Жамылғысы бар.* Барлаушы Әйтім Бәкесов екеуміз Днестр тоғайын аралай келіп, брезент *жамылғылы* машиналар жанына тоқтадық (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖАМЫЛҒЫСЫЗ с ы н. *Жамылғысы жоқ.* Жейдем қара құрымдай кір жуылмас, Тым болмаса екі айда бір жуылмас, *Жамылғысыз,* жыртық тон қаудырлаған, Қандай жанның үйінен біз қуылмас (К.Әзірбаев, Шығ.).

ЖАМЫЛҒЫШ з а т. **1.** *Бірдеңенің бетіне жабылатын бүркеуіш зат, жапқыш.* Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек, әртүрлі *жамылғышар* мен кежімдер, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Ағабектің төсегіне қарай ақырын аяңдап келеді, үстіне шұбатылған ақ *жамылғыш* жауып алған (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қамшы өткен әйелдер жан ұшырып, төсектің астына, терезенің *жамылғышына* оранады

(К.Оразалин, Көктем.). **2.** *Бір нәрсенің сыртқы қабаты, бетіндегі қабыршағы.* Таулардың сыртындағы *ж а м ы л ғ ы ш* қабаттары теңіз түбіне жиналған бос шөгінді тау жыныстарынан болған. Ол *ж а м ы л ғ ы ш т а р ы* шайылып біткен (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). **3.** а у ы с. *Жалғандық, бет перде.* Шіркін, қолын босатып, домбырасын берсе! Мына күйді ол өзінше тартар еді. Бет бүркеген жадау *ж а м ы л ғ ы ш ы н* жұлып алып, бойындағы отын үрлеп, ызасын қоздырып, ашуының арнасын ашар еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАМЫЛДЫР= е т. *Бүркеу, қымтау, жабу.* Күйеуінің бетінен сипап, көйлегінің етегімен *ж а м ы л д ы р ғ а н* болып, күйеуінің бетіне басын қойып, әйелі де ұйықтады (С.Шәріпов, Бекболат).

Қара жамылдырды. *Қайғы-қасіретке ұшыратты, шерменде қылды.* Тулақтай жер үшін тебінгісін тер шалып жүрген ел қанша? Ел мен жер үшін сол жолда шаһид кешіп, жесірін *қ а р а ж а м ы л д ы р ғ а н* ер қанша? («Жас Алаш»).

Топырақ көрпе жамылдырды. *Қазаға ұшырату, жер құштыру, өлім әкелу мағынасында.* Адамды алдап жүріп, арбап жүріп, Ақыры *т о п ы р а қ к ө р п е ж а м ы л д ы р а р.* Үй іші, малы, мүлкі артта қалып, Ойлантып соның бәрін сағындырар (Қабан жырау, Алтын қазық).

ЖАМЫЛТҚЫ з а т. с ө й л. **1.** ***Жамылғыш***. Қажымұқан шалқасынан жатты да, төсіне *ж а м ы л т қ ы* жауып, жаңағы тұтас тасты әкеп қойды (М.Танекеев, Қажымұқан). Оның сыртында жауын-шашын, жол шаңдатса, бүркеніп алатын жеңсіз, кең *ж а м ы л т қ ы* бар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Киіз үйдің сыртқы қабаты.* Киіз үйдің *ж а м ы л т қ ы с ы*: туырлық, үзік, түндік деп үшке бөлінеді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

ЖАМЫЛТҚЫЛА= е т. *Бүркемелеу, жасырып білдірмеу.* Пролетариат әдебиеті жоқ деушілердің тағы бір қатесі – пролетариат әдебиеті завод, фабрикті жазсын, завод, фабрик арасынан ғана шығады дегендей қылады. Бұл пікірді азырақ *ж а м ы л т қ ы л а й д ы* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАМЫЛТҚЫШ з а т. с ө й л. ***Жамылғы***. Екіншісі, дембелше жуантық, егде кісі ол сақалшашын тап-тақыр қырғызып тастаған; жалаңаш кеудесіне сол жақ иығының үстінен, оң жақ қолтығының астын ала, денесіне айқыра салған сарғылт *ж а м ы л т қ ы ш ы н а* қарағанда лама сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сырбай койқасының *ж а м ы л т қ ы ш ы н* ашып, қалыңдау бір көрпені алды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАМЫЛУ *Жамыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жабу. Ж а м ы л у ғ а* көрпе алғанда, одан да көзге түсіп қалар деп шошынды. Сонан соң оны радионың артына қойды (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). **2.** а у ы с. *Қапталдан қоршау, торлау.* Тығып ап тұмсықтарын мамығына, Айдын-төсек, аспанды *ж а м ы л у д а.* Арша, шырша, жартастар жағадағы, Сұғының бәрі көлге табынуда. Аласұрып, қан ойнап тамырында, Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда, Не қыларын біле алмай жабығуда (М.Мақатаев, Шығ.).

Қой терісін жамылу. *Бет пердесін бүркеу, жалғандыққа бару.* Әрине, сенің кім екеніңді ешкім білмейді. *Қ о й т е р і с і н ж а м ы л у* қазір саған оңай... Демек, қасқыр екеніңді қалай жасырасың (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖАМЫЛУЛЫ: қара жамылулы. *Қайғылы, қасіретті.* Талайды басынан кешіріп, талайды көрген. Қазір *қ а р а ж а м ы л у л ы.* Күрсінгенде көкірегі қарс айрылып қасірет шегіп жатқан аяулы қала (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖАМЫЛШЫ з а т. с ө й л. **1.** *Жамылғы, бүркеніш.* – Өмірде су өтпес бұдан – деп Ырыскелді. – Қайдан, *ж а м ы л ш ы* шөптің өзі бір метр қалыңдығы, оның үстін тізеден топырақ төгіліп, сары балшықпен сыланған (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** *Жапқыш, көрпе.* Терезеге қабаттап жабылған қара *ж а м ы л ш ы* ғана осы әдемі үйдің сұқсытын қашырып тұрғанмен кірген-шыққанның бәрі алдымен соны сылап-сипап аялыс табады (К.Оразалин, Көктем.). Жүкті түйелердің екі жағы сол үлкен қара *ж а м ы л ш ы л а р м е н* баяу ғана желпіне түсіп, өзгеше бір ауыр тыныс алып келе жатқан тәрізді (М.Әуезов, Шығ.). Олардың кейбіреуінің үстіндегі тоз-тоз шұға *ж а м ы л ш ы* түнде көрпесі, күндіз костюмі көрінеді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖАМЫЛШЫЛА= е т. *Бүркемелеу, тасалау, қалқалау.* Еттен кейін Әбіш, Мағаш, Күлбадан үшеуін кең шапанының екі жақ етегімен *ж а м ы л ш ы л а п,* құшақтай ертіп, Әйгерімнің үйіне қара жүргенде, Абай ішінен үлкен шүкір етті (М.Әуезов, Абай).

ЖАМЫЛШЫЛЫ с ы н. *Жамылғылы.* Көш жөнеліп кеткен соң, артта қалған өңшең қызкеліншек *ж а м ы л ш ы л ы* көк жорға мінген Ақбілекті орталарына алып, көшке жеткенше жарыс салды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАМЫЛЫҢҚЫРА= е т. *Жамыла тұсу, бүркемелей тұсу, тасалаңқырау.* Ақ отаудың есігін *ж а м ы л ы ң қ ы р а п* тысқа шыққанда, Жәміштің жүзі жүдеп, сұрланып тұр еді (М.Әуезов, Қараш.). Қара мұртты қара жігіт кірген бойында қостың есік киізін *ж а м ы л ы ң қ ы р а п* тұрды (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЖАМЫЛЫС= е т. *Киімді ыңқа желбегей салу, бүркенісу, оранысу.* Тізіліп босағадан

төрге шейін Келген адам отырар бәрі сыйып Көйлекшең, шапандарын *ж а м ы л ы с қ а н*, Жалаңаш аяғына кебіс киіп (С.Сейфуллин, Шығ.). Қалған екен Қозыкем сағынысып, Бір жатыпты қара кіс *ж а м ы л ы с ы п*, Ақ Жұмыртқа болысып жерден шығып, Жер жүзінде ойнайды шағылысып (Қозы Көрпеш.).

ЖАМЫЛЫШ з а т. **1.** *Қысқы үйдің төбесіне, ағаштың үстіне жапқан шөп, шырпы.* Үйдің *ж а м ы л ы ш ы* жабылды, енді топырақ тастау керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Әкесі үйдегі көтеремдерге қораның *ж а м ы л ы ш ы н*, көржерді қағыстырып әперіп, бір мезгіл бел байлау қылсын деп, сиырларға қар астынан қара құмақ аршиды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Суықтан қорғайтын зат, орауыш; киізден жасалған лыпа.* Ана текеметтің жартысын кесіп бер, Кенжекең *ж а м ы л ы ш* өзірлесін, – деді Хасен шын ықыласымен (Д.Әбілев, Орман.). Хасен айтқандай төрде отырған адамдардың аяқ, тізе, омырауына дейін жауып тастайтын етіп, оң жақтан жаппалы *ж а м ы л ы ш* киіз шегелеп жатты (Д.Әбілев, Орман.). **3.** *Өсімдікті ыстық-суықтан қорғайтын биркеніш, жамылғы.* Қайың мен емен тұқымдарына міндетті түрде *ж а м ы л ы ш* жауып тастаған жөн (А.Балтабаев, Шөлде.). *Ж а м ы л ы ш* жиналып алынған соң, кейбір ағаш өнімдерін күн сәулесінен сақтау үшін көлеңкелеген дұрыс (М.Ахметов, Егін қорға.). Егілген ағаш тұқымдарына *ж а м ы л ы ш* жабу жер ылғалының ұшып кетуінен, топырақтың қабыршақтануынан сақтайды (А.Балтабаев, Жасыл орман.). **4.** а у ы с. *Қараңғылық, қорқыныш.* Жігіттердің көңіліндегі қараңғы *ж а м ы л ы ш т ы* Алексей қолымен ақырындап ашып, аржағынан бір сәуле көрсеткен тәрізденді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАМЫЛЫШСЫЗ с ы н. *Биркеуішсіз, жамылғышсыз.* Көктемде жазға қарай егілетін емен, ақ, сары қараған, жасыл жапырақты үйеңкі тұқымдарын *ж а м ы л ы ш с ы з* өсіруге де болады (А.Балтабаев, Жасыл орман).

ЖАМЫРА= е т. **1.** *Қозы-лақтың тұс-тұстан енесін емуге жүгіріп, маңырауы.* Мотордың дауысын есте-есте шаршадым, *Ж а м ы р а п* жатқан жас төлдің үнін аңсадым. Жабағы үйді ақ жауын түтіп тұрғанда Отырар ма еді түтінін жұтып аршаның! (М.Мақатаев, Шығ.). Күнде кешкі көрініс маған өзгеше қызық дүниедей әсер етіп, сиырдың мөңірегені, қозылақтың *ж а м ы р а ғ а н ы*, түйенің боздағаны, жылқының кісінегені бейне тоғыз перне, екі ішектен төгілген таңғажайып күйдей естілетін еді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ауыл жақта жаңа *ж а м ы р а ғ а н* қозылар у-шуымен дүниені азан-қазан қылып, жаңа ғана қорадан өріп барады (М.Әуезов, Қараш.). *Ж а м ы р а ғ а н* қой, азынаған сиыр, өкірген бұқа, айғайлаған бала, ауқаулаған қатындардың даусы қосылып, көлдің басы ың-жың (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ауыл айналасы қалың қой. Қозы *ж а м ы р а п*, иттер үріп даңғаза боп жатыр екен (М.Әуезов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жапатармағай, бірін-бірі тоспай, бет-бетіне сөйлей жарысу.* Көз ұшындағы көлденең жатқан қырқадан, Көрінген кенет бәйгенің шаңы бұрқаған. Ыюдақыю ұрандап тұрған рулы ел, *Ж а м ы р а й* тілеп, жақындай түсіп бір табан (М.Мақатаев, Шығ.). Дәрмен өз ойын айтқанда үй-іші көп ауыздан тілек қосып, *ж а м ы р а й* үн қатысты (М.Әуезов, Шығ.). Ақанды өздеріндей жас көрді ме, әлде жүзінен жылылық тапты ма, студенттер алқақотан қоршап ап, *ж а м ы р а п* сұрақ жаудырды (З.Шашкин, Өмір.). Елді сағынған жігіттер, жігіттерді сағынған ел бір-біріне *ж а м ы р а ғ а н д а* қойдай маңырап шуласты (І.Жансүгіров, Шығ.). Олар өздерінің оқытушылар тобының өкілі болған мені көргенде, төркіні алғаш келген жаңадан ұзатылған қыздардай *ж а м ы р а й* жапырласты (М.Әуезов, Шығ.). **3.** *Жан-жақтан андыздап қаптау, жыпырлау.* Шатыр палатканың алақандай жерінен *ж а м ы р а п* жұлдыздар көрінді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Алыстан құлағыма бір үн келді. *Ж а м ы р а п* жас орманның жапырағы Сұлу ай су бетінде дірілдеді (Т.Молдағалиев, Жас қанат). **4.** а у ы с. *Бет-бетімен шуылдау, даурығысу.* Жаңа бұлмен *ж а м ы р а п* саудагерлер, Диханшылар жер жыртып, егін егер. Шаруаның біреуі екеу болып, Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер (Абай, Тол. жин.). Бүйірлері бұлтиып собық сала бастаған. Картоптың көк бүйра сабақтары *ж а м ы р а п* гүл жаруға кіріскен (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Құм ішінің шүйгін шөбінің *ж а м ы р а й* өсіп, бойжеткен қыздай, әбден балбырап пісіп тұрған кезі (Ө.Қанахин, Жер бас.). **5.** *Жан-жаққа сәуле шашып жарқырау, нұр беру.* Мен ағаш бауырындағы көлге жақындай бергенімде, күн де *ж а м ы р а п* шығып келе жатты (Ж.Саин, Жол үсті.). Арулар әрбір үйдің шаңырағы, Әрбір үйге от болып жағылады. Әрбір үйде таң болып атты-дағы, Әрбір үйге сәуле болып *ж а м ы р а д ы* (М.Мақатаев, Қарлығаш.). **6.** *Сала-сала болып қатарласа жарысу.* Қан тамыры секілденіп тарам-тарам болып, *ж а м ы р а й* ағып келіп, терең сайға құйылады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сарысу, Шу өзендерінің суы кемерден шығып, тел өскен қозыдай *ж а м ы р а й* жайылып, бірінебірі жалғаса жатқандықтан Телі көл атаныпты (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жалғыз-ақ жан шүйгіген осы шақта, Көз салсаң *ж а м ы р а ғ а н* тас бұлаққа. Жалтаңдап бір-біріне қарай-қарай, Байқайсың айрылғанын екі жаққа (Ғ.Орманов, Таңд.). **7.** а у ы с. *Шайқалу, тербелу, сусылдау.*

Жас теректің жапырағы *жамырайды*, соқса жел (Абай, Тол. жин.).

Ағытқан қойдай [қозыдай] жамырады. *У-шу болды, шулады.* Дотанды көргеннен соң ата-анасы, *Ағытқан қойдай* болып *жамыраптыы* (Батырлар жыры). *Қозыдай жамыраған* жас балалар Не қылсын жауды елсізде шу салады (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ақшам жамырады. *Ымырт жабылып, қараңғылық басты.* Бесіннен кейін күн батып, *ақшам жамырағанша,* тағы да аласұрып сырғауыл кестік (С.Сейфуллин, Тар жол.). Екеуі қатарласа отырып, буы бұрқыраған самаурынды орталарына алғанда *ақшам жамырап,* өрістен мал қайта бастаған (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Ақтамақ намаздігер кезінде, кейде *ақшам жамырай* келеді (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Осы әңгіменің үстінде *ақшам жамырай* ауылға қалай жеткендерін де білмей қалды (С.Талжанов, Сейфулла.).

Көгеннен ағытылған қозыдай жамырады. *Бостандық алуға, еркіндікке шығуға асықты, жүгірді. Көгеннен ағытылған қозыдай жамырап,* батыс пен шығыстан елдің түкпір-түкпіріне қарай тірі қалған солдаттар ағылды (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Сам [шам] жамырады. *Ақшам болып қас қарайды, қараңғылық түсті. Сам жамырап,* ел орынға отырған кезде орыстар бастығының ақырып қалған даусымен қаздай шұбырып, асудың тар аузына қарай арқандай созылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жазыла есінен жапан қыр, Маужырап сұлап, балбырап, Даладан, таудан көшті нұр, Салбырап, *сам жамырап* (І.Жансүгіров, Шығ.). Кенжекең шананы әзірлеп болып, ауыздағы Қаржау шалдың үйінде күтімде тұрған аттарына кетіп, *шам жамырағанда* оралды (Д.Әбілев, Арман.). *Шам жамырай* бастағаны ма, жоқ батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көк жиектің үстінде сарғыш мұнар бар (М.Әуезов, Шығ.).

Ымырт [кеш] жамырады. *Күн батып, кеш түсті. Ымырт* шапағы *жамыраған да,* сіркіреп күн жауа бастады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Түнді айға тапсыра Алтын күн көктен батқанда, *Кеш жамырап* әлемді Қараңғылық басқанда (Т.Жабаев, Із).

ЖАМЫРАМА с ы н. *Шашыранды, бытыраңқы.* Кешке қарай ауылға құлаған отар-отар қой, табын-табын сиыр, үйірлі жылқы, топ-топ түйенің азан-қазан *жамырама* үні, оған аралас қыз-келіншектің сәнді сұңқылы, әзіл-қалжыңы қосылады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Біреуді біреу түртіп сөйлеткендей болып отырып, көпшілік *жамырама* әңгімеге көшті (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАМЫРАНДЫ с ы н. *Жамырап шыққан, шашыранды.* Жақыпқа атын атап, ешқайсысы «сен жүзікара!» демесе де, осындай *жамырандыы,* киме сөздер өзінен өзі барып, оған тікенше қадалып жатты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖАМЫРАҢҚЫРА= е т. *Жапа-тармағай, бет-бетімен сөйлеу, дабыраңқырау.* Айналасында *жамыраңқырап* жайылып бара жатқан бірер жігіт-желеңге қатты жекіп, тыйып тастағандары да бар (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ЖАМЫРАҢҚЫРАС= ет. *Дабырланқырасу, бет-бетіне даурығысыңқырау.* Топтанысып, *жамыраңқырасып* сөйлесіп, ақырын сыңқылдап күлісіп, қыз-келіншек ауылдың солтүстік жағындағы жалпақ аламыш қарағандарға қарай жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАМЫРАС= е т. **1.** *Қозы-лақтың енесіне жанасуы, жабысуы, емуге жүгіруі.* Қоңыр саулықтың маңырауы-ақ мұң екен, кішкене қошақан бұлқынып, Алтыншаштың қолынан сытылып кетті де, енесіне *жамырастыы* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Күнгей бетім ақ шаңдық. *Жамырасса* мөңіреп, мал өрістен оралған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Көзден таса қалмаушы едім, оны аяп, Өзі пысық, тынымсыз да желаяқ... *Жамырасып* жатыр, міне, қой-қозы, Бірін-бірі жылдап көрмегендей-ақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Қатар түзеу, жарысу.* Бізді көздерімен ішіп-жеп барады. Жайшылықта болса, қастарына жетіп барып, *жамырасса* кетер едім, ол заман өткен (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **3.** *Бір-біріне сөз бермей, жан-жақтан шуылдасуы.* Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа, Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа. Бір шартым бар «батырға» қоятұғын, *Жамыраспа,* беталды шуылдаспа (М.Мақатаев, Шығ.). *Жамырастыы* жұрттағы, Ат та дереу байланды. Ашырқана ұрттады, Местен құйған айранды (М.Мақатаев, Шығ.). Серуен, жағада жұрт жабырласқан, Алуан тілдер мұнда да *жамырасқан.* Бетінде біреулердің жұлдыз ойнап, Жандар көп-ақ жүздерін зәбір басқан (Қ.Бекхожин, Мамырстан).

ЖАМЫРАСУ *Жамырас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозы-лақтың енесіне жабысуы, емуге жүгіруі.* Бәрі мүсіркейді, бағыт-бағдар сілтейді, бір ауылдан бір ауылға жеткізіп салады, ассулары алдымда, жоғалған қозыма *жамырасуыма* тілеулес бәрі де (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** а у ы с. *Жан-жақтан шуылдасу.* Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай, Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін *жамырасуға* жарамай, Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖАМЫРАТ= е т. **1.** *Бөлек ұсталған төлдерді енесіне ағыту, енесіне жіберу.* Шегір көз

баланың ермегі бір-екі сиырдың бұзауын бағып, енесіне *ж а м ы р а т п а й* жаю, мезгілінде суару (С.Бегалин, Шоқан асу.). Көгілдір далаға бұрақ-бұрақ шимай салып аққан жіңішке өзен бойында сонау төмендегі жалтыраған көл жағасында шашыраған тас төрізді *ж а м ы р а т ы п* жіберген қозылармен бірге бірталай қой-ешкі жатыр (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** а у ы с. *Қас қарайып, жан-жақтан жарқыратып сәуле, от шашу.* Бұл ойдан арылғанша, қалың бақты Алматы *ж а м ы р а т ы п* шамын жақты. – Келді! – деп, кешкі перрон самаладай, Сайратып қоя берді «самыржақты» (Х.Ерғалиев, Күй дастан).

ЖАМЫРАТУ *Жамырат етістігінің қимыл атауы; төлді енесіне ағыту.* Содан кейін қой ағытылып, қозысымен жамыратылады. Мұны «қозы *ж а м ы р а т у*» дейді (С.Қасиманов, Қаз. ұлттық тағамд.). *Ж а м ы р а т у* – бөлек баққан қозыны енесіне қосу (ҚҰЭ).

ЖАМЫРАТЫЛ= е т. *Төлдердің енесіне ағытылуы, көгеннен босатылуы.* Саулықтың қозылары екі айлығына дейін енесіне түсте *ж а м ы р а т ы л ы п,* кеште өрісте бірге бағылады (Б.Жамалов, Торғай.). Төлдің, өсуіне кедергі тигізетін, яғни қозылары мезгілінде *ж а м ы р а т ы л м а й* бірде еміп, бірде өріске енесімен бірге кетіп шопанның жұмысына қиыншылық туғызады (Б.Жамалов, Торғай.). Туғаннан кейінгі алғашқы кезде түнде қозылар енесімен бірге болады да, ертеңгісін қой өргізер алдында қорада қалдырылады немесе көгенделеді. Кешке өрістен қайтқан қойға қосылып, енесіне *ж а м ы р а т ы л а д ы* (ҚҰЭ). Қозылар біраз есейген соң (оттыққан соң) кешке қой келісімен *ж а м ы р а т ы л ы п,* қайта көгенделеді. Ертеңіне қой өріске кеткен соң ғана ағытылып, ауыл маңында бөлек бағылады (ҚҰЭ). Қозылар біраз есейген соң (отыққан соң) кешке қой келісімен *ж а м ы р а т ы л ы п,* қайта көгенделеді (ҚҰЭ).

ЖАМЫРАУ *Жамыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шулау, даурығу.* – Кіріңіз, досым!.. Ал, керек болса!.. Бір емес. Бес, алты, жеті... Қой-қозыдай-ақ *ж а м ы р а у* (Х.Ерғалиев, Шығ.). Жетілмесін білді ме жетім бірден, Жері жоқ өзін-өзі өкіндірген, Тоқтатып өзгеге ере *ж а м ы р а у д ы,* Маңырауды шығарды не түрлі үнмен (С.Иманасов, Жыр дәурен). **2.** а у ы с. *Таңның шапақтана атуы, нұрлану.* Сүйемін, атқан таңның *ж а м ы р а у ы н,* Сүйемін, ботақанның қоңырауын. Екілене жел соқса қарсы алдымнан, Әсте менің жабылмас омырауым (Т.Бердияров, Жаңа дала).

ЖАМЫРАУЫҚ с ы н. *Шулы, қатты ағынды.* Ыстық тартып барасың, Көктөбелім, Егізіндей елдегі Көктөбемнің. Сенің сонау толқының *ж а м ы р а у ы қ,* Маңырауық қойым ба деп келемін (Ә.Ахметов, Жеруйық). Мен дағы сөз келген соң төзем бе енді, Сарқырар ақпа кезең келді. Алатау ақ бұлтынан сәлем саған, Арқаның *ж а м ы р а у ы қ* өзендері (Т.Айбергенов, Мен саған.). Осында жатыр *ж а м ы р а у ы қ* өзен – қазынаң, Көтеріп кештің ауырын. Көкірегіңнің самала жарық сазынан Жаңылып кетпе, бауырым! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖАН[1] [ир.جان] з а т. **1.** *Адам баласына, жан-жануарларға тіршілік беретін рух, қуат.* Тіршілік пен рахат жалғыз саған ғана керек емес, тамам *ж а н* иесіне де керек (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Малда да бар *ж а н* мен тән, Ақыл, сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса (Абай, Шығ.). Жас бала – ішсем, жесем, ұйықтасам, – деп туады, бұлар болмаса, тән *ж а н ғ а* қонақ үй бола алмайды (Абай, Шығ.). Ақыл мен *ж а н* – мен өзім, тән – менікі, «Мені» мен менікінің мағынасын екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі (Абай, Тол. жин.). Себеп қып тіршіліктің татар дәмін, Майсыз лаулап жанған шам дегендегі. Қан қуатпен қозғалған жалғыз *ж а н ы ң,* Бұл бір оңай жұмбақ қой көңілдегі (Қаз. әдеб. хрестом.). **2.** *Адамның ішкі сарайы, рухани әлемі.* Сол досты сая таппай іздейді *ж а н.* Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан (Абай, Тол. жин.). Сағынған сүйгенінің *ж а н ы н а* жаны ұмтылып, айрылмасқа, кетіспеске серт еткендей. Қазіргі әсем әнмен үйлескендері бауырға кіріп, жабысып тұрып құшқаннан да жақынырақ, күштірек сияқты (М.Әуезов, Шығ.). Ой улады, *Ж а н ы м* ессіз, жаным мас. Ой улады, Жүректе зор, көзде жас. Ой улады, Көмір болды жүрегім, Ой улады, Сарғаямын, сөнемін! (М.Жұмабаев, Шығ.). Сүю үшін беріліп, Жалындаған *ж а н* керек. Тұла бойдан төгіліп, Тулап аққан қан керек (С.Мәуленов, Дала дабылы). **3.** п с и х. *Адамның ішкі ой-санасы, рухани, сезімдік қасиеттері. Ж а н* ми арқылы сыртқы дүниеде һәм өз денесінде не болып жатқанын біледі (М.Жұмабаев, Шығ.). Оқушылардың қабілеттерінің дамуына бағыт беруге тек тәрбие өнеріне жетік, бала *ж а н ы н* жақсы білетін мұғалімдер ғана жақсы нәтижеге ие бола алады (К.Жарықбаев, Психология). **4.** д і н и. *Алланың нұрынан пайда болып оның ғана әмірімен адамның тәніне тіршілік бітіретін рух.* Діни дүниетанымда адамдарға *ж а н* беруші және оны алушы – Құдай (ҚҰЭ). Қалай болғанда да *ж а н* адамға қатысты емес, ол Алла әмірімен болатын іс (ҚҰЭ). *Ж а н ы ң* тәнге тұрақталған кезі «жалған» өмір болса, тәннен бөлініп «ұшып» кеткен соң ол мәңгілік (ҚҰЭ). **5.** ф и л о с. *Философияда тәнге қарама-қарсы қойылып, оған тіршілік бітіретін рухқа қатысты түсінік, негізгі философиялық ұғым.* Философия тарихында *ж а н* туралы

көптеген ғұламалар пікір айтқан. Аристотель жан тәннің формасы деген (ҚҰЭ). *Жанның* даралығы туралы Абай да айтқан, ол жан мен ақылды қосып айтады (ҚҰЭ). Тән мен *жан* бір-бірінен ажырағанда тәннің сезілетін, сезетін қасиеттері жойылып, өзге күйге өтеді (ҚҰЭ). **6.** эксп р. *Қадір-қасиет тұту ретінде, еркелету, жақсы көру мәнінде айтылатын сөз.* Жанбай: – Жылама, *жан* ана! Жау сенің көз жасыңа қарамайды. Ол тып-тыныш ел шетіне басып кіріп, туған жерімізді таптағалы жанталасады (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Сүй *жан* сәулем, тағы да сүй, тағы да! Жылы, тәтті у тарады қаныма. Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін: Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!.. (М.Жұмабаев, Шығ.). *Жан* қалқам, көз қиығын қашырмашы, Дүрсілін жүрегіңнің жасырмашы. Даусыңмен дірілдеген шертші наз, Көңілдің ұшсын сұлу қаршығасы (Т.Әлімқұлов, Боз жорға.).

Газиз жан. п о э т. *Асыл, ардақты жан деген мағынада қастерлеу, қадір тұтуды білдіретін сөзқолданыс.* Қиналды тар қапаста *газиз жаным*, Тарығып хат жазамын, мейірманым, Құрметті ғұзырыңа сәлем болсын, Бақытты жұртқа қылған қадырданым (Ақмолла ақын, Күндер.).

Газраил [періште] жанын алды. д і н и. *Діни наным бойынша Алланың әмірімен жаналғыш періште – Әзірейіл адамды осы дүниедегі тіршілігінен айырды.* «Өлгенде имансыз құл жолда қалған, Мен *Газраил* пенденің *жанын алған*. Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым, Құдайдан жетті бұйрық, келді саған» (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Құран сөзі миына сіңген қарттар адамның *жанын періште* келіп *алады*, – дейді (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Жан азабы. *Қатты қиналыс, жанға батқан дерттің күйзелісі.* Таза ауада дем алып, бой жазамын, сәл ширақтау сездім көп күн өзімді. Тағы бір күн көрдім-ау, *жан азабы,* Тағы бір күн жаудыратты көзімді (Т.Әлімқұлов, Алатау.).

Жан азабын тартты. *Дертті болды, қатты қиналды.* Кейін Дариға сырқаттанып қалған мезгілдерінде Қасым қатты *жан азабын тартқандай* қалыпты жазу, творчестволық жұмысынан тоқталушы еді (Е.Ысмайылов, Сын.).

Жан алды. а) *Тірі қалдырмады, өлтірді.* Сен бетіңді әрі бұрсаң, Шықты көзім, болды көр. *Жанды алар сыңқ,* разы болсаң, Біздің орын қара жер (Абай, Шығ.). ә) *Жер жебіріне жетті, жер қылды.* Жамбыл мысқыл, ажуаның неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қан алмайды, *жан алады* (М.Әуезов, Әр жыл.).

Жан алқынды. *Демікті, тынысы тарылды, жан күйіктен азапқа түсті.* Шер қозғалса, жырлаймын, *Жан алқынса,* жылаймын, Жарылқа деп жалынбан (Б.Күлеев, Шығ.).

Жан алыс, жан беріс. б е й н. *Қан төгіс, қырғын. Жан алыс, жан беріс* айқас үстінде командир Серікті пакетпен Вовкаға, ал Бористі оң қанаттағы Янцелевичке жіберді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Жан атты. б е й н. *Бір нәрсені; істі жанымен беріліп істеді, рухтана жасады.* Елестеген ерікті, Ұшқыр жанға серікті, Жырлармын мен *жан атып* (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жан ауырды. а) *Жанға батты, бір нәрсенің, біреудің азабын тартты.* Ауырмай тәнім, *Ауырды жаным,* Қаңғыртты, қысты басымды (Абай, Шығ.). ә) *Көңіліне ауыр алды, ренжіді.* б) *Жаны ашыды, қамын ойлады, аяды.* Тәрбиешілері: Біздің жанымыз ауырмағанда, бұған кімнің *жаны ауырады.* Кейбірде біздің жетекшілер сөзге бай келеді де, іске шабандық қылады («Лен. жас»). Сүйген адамыңның сен үшін *жаны ауырар* болса, одан артық бақыт бар ма? (І.Есенберлин, Алтын құс).

Жан ауыртты. а) *Қатты батырды, азаптады, қиналды.* Бетіңе әкеп жинадым ба қаныңды?! Қолым, бәлем, *ауыртты* ма *жаныңды?!* Жас құс кенет оң жағына майысып, – Құтырма сен, ауырттың – деп жалынды (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің). ә) *Мазалатты, қамқарекет жегізді, уайымдатты.* Ақшаң да мол, досың да мол сыйлайтын, Жұмысың жоқ *жан ауыртып* қинайтын Күндіз құрмет, түнде шарап ішесің, Аз дегенде исполкомға мүшесің (Ә.Тәжібаев, Өлең.д.). б) *Ренжітті, көңіліне ауыр тигізді.* Әжім-арық тереңдеп, Кей самайға қақтығып, Кетіп жатыр ақ кіріп, Қарбаласта, қауыртта Сөз бе *жандыауыртқан* (Ж.Қалиев, Армысың.).

Жан ашыды. а) *Біреуді есіркеп-мүсіркеді, аяды, халін түсінді.* Бала қуанды, жас торғай жылады. Қолындағы торғайдың қорыққанын көріп, баланың *жаны ашыды* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым). Қажыған қам көңілді бір көтерер, Жанымда *жаны ашитын* адам да жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Жұбатар жалғыз жақын сенсің, әке, *Жаны ашыр* басқа кім бар сенсіз, әке? (Б.Күлеев, Шығ.). ә) *Қамқорлық жасады, қамын жеді. Жаны ашып,* жақын үшін қайғырар ма, Жаны – мол, жақыны – мал, малдың құлы (А.Байтұрсынов, Шығ.). – «Бишаралар, тырбанған екенсің, сендердің де шыр бітіп, бүйірің шығып жүретін күнің бір болсыншы!» деп *жаны ашымас* болар ма? – деп Дәркембай тағы мұңға кетті (М.Әуезов, Шығ.). Солардың ішінде сауаты шамалы қарындасқа *жаны ашып,* журналдар мен кітаптар беріп кететіндері де аз емес

(Ә.Көшімов, Лашын.). – Нұрлан сөзін тұжырып, Қайырбекке мойнын бұрып: – Өз жерімізге біреудікі сияқты неге салақ қараймыз, неге біздің *жанымыз ашымайды* (З.Шашкин, Сенім). б) *Намысына тиіп, көңілі шымырлап шарасыздықтан іші қайнады.* Қайнайды қаның, *Ашиды жанының* Мінездерін көргенде: «Жігерлен, сілкін, Қайраттан, бекін» – Деп насихат бергенде (Абай, Шығ.).

Жан аямады. а) *Іске белсене кірісті, жанын салды, тартынбады.* Отан үшін *жан аямай* қызмет істеп жатқанда, қарап жүрген дені сау жас адам көшеге симайды екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сарп етті *жан аямай* маймыл, Ешбір жан мақтамады еткен ісін. Секілді осы Маймыл адамдар көп, Көрсетіп нағылайын ашып түсін (А.Байтұрсынов, Шығ.). ә) *Өмірін қиды, жақыны үшін бәріне дайын болды. Аямай жанын* дос ерер, Жолдастықты ақтаса, Алдыңа айдап кім келер, Ерінбей жүріп бақпаса (Абай, Тол. жин.).

Жан [аямас] аяспас. а) *Қауіп-қатерден қайтпас, ержүрек, батыл.* Қызыл Сақалдың Дикті құтқарудағы *жан аямас* от қайратын айтқанда, Абай Баймағамбетке аң-таң болып, сүйсініп қарайды (М.Әуезов, Абай жолы). ә) *Қимас, қадірлес.* Рұқсат бер енді маған, батырларым, Дос болған *жан аяспас* жақындарым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Жан аяспас* кісің жоқ, Арманда қалар ісің жоқ. Енді жүрер жалғанда, Қарасам, сенде пішін жоқ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). б) *Бітіспес, өшпес.* Ақсақ Темір ұрпағы мен Жағатай ұлысының хандары бабалары өлгеннен бері *жан аяспас* қас-тын (І.Есенберлин, Алмас.).

Жан бағу. *Күн көру, тіршілік ету; ілдалдалау.* Қояйын осы бастан мұндай шартты, Жалған сөйлеп, *жан бағу* кәсіп емес, Өлтірсең де айтамын ақиқатты (Бес ғасыр.). Арқадан ауып келген жалаң аяқ, Сен-дағы қимылдадың аянбай-ақ. Бұл жаққа *жан бағуға* келдің қаңғып, Тиіп кетіп жүрмесін саған таяқ (Жамбыл, Шығ.).

Жан бақты. а) *Күн көрді, тіршілік етті, ілдалдалады.* «Менің айтайын дегенімді өзіңіз айтыңыз Жұмысшылар соғыс болмаса, өкіметтің берген пенсиясын қанағат етіп *жан бағып* қана қарап жүрер еді» – дейді Қаржас Медетбекке (Ә.Сатыбалдиев, Ақ марал). ә) *Жанын құтті, күтінді. Жанды бағып* жай өткіздім жазымды, Жатқан күнім кінішкеге жазылды. Арқа сүйеп, еркелік қып жүріп ем, Ағайын көтерер деп назымды (Қаз. әндері). б) *Жанын түсінді, ойын аңғарды.* Алдымда отыр менің қадірлі қарт. Дегендей сөзімді күт, *жаныңды бақ.* Қартайған қалам тербеп қайран шалдар, Бұлар да бір күн бізді сағындырмақ (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). в) *Жанын сақтады, аяншақтанды.* Соғыста бір жау өлтірмей *Жан бағып* қалатындарды, Бір тиын пайда келтірмей Барлығын алатындарды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жан бала. *Іштен шыққан, туған перзент.* – Айналайын *жан балам,* Қарадан туған хан балам Қалмақ жауды құл көрді (Батырлар жыры). Сермей шаншып Құбылай көк найзасын Кетеді кейде жарып жау арасын. Жалғыз өзі Құбылай көпке тұрды, Жаудан алып келем деп *жан баласын* (И.Байзақов, Шығ.).

Жан бауыр. а) *Ең жақын, туған (адам).* Көрініп айналғандай күн дауылға, Қайғырып Алтыбайдай *жан бауырға* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). ә) *Ыстық, жақын.* Ән құс емес, қанша атса да, оған дарымайды: Майдан даласындағы сабырлы, сәнді, қоңыр саз бәрімізге жақын, бәрімізге *жан бауыр* әуен еді (От ортасы.).

Жан берді. а) *Жантәсілім етті, өлді.* Маған бір аңшының: «Аққу қай жердің ұясынан қанат қағып шықса, өлерде басын сол жаққа салып *жан береді»* дегені бар (І.Есенберлин, Алтын құс). Сөнбейтін күшті едің ғой ей, махаббат! *Жанды бер* жарың үшін тауып рақат. Қойыңа жас тәнімді өзің сақта, Қара жер қаныма той енді рұқсат (И.Байзақов, Шығ.). ә) *Жанын салды, аянбады.* Боқтаса өз еркінше боқтар еді, Жақсылыққа, жәрдемге *жанын беріп,* Жамандыққа мылтығын оқтар еді, Көлгірліктің көзіне түртпек еді (С.Торайғыров, Шығ.). б) *Ант-су ішті, қарғанды.* Ант ішіп, алдамасқа *жаныңды бер,* Жалаңаш, жалмауызға малыңды бер. Жауды жеңіп аласың, жанды аяма, жүзің түгіл, іркілмей саныңды бер (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Абай Жиреншеге: – Баяғы деп, баяғы деп шаң бересің, Келгенде алдарманға *жан бересің.* Айтты ма сен айтқанды арғыбергі, Жұрт не дер аңғарып бек ел келісін? – дейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сұраса жекжат бермейді, Жыласа жасын көрмейді. Өз малыңды құрттың деп, Құдайдың қылған ісіне, *Жанын берсе* сенбейді (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). в) *Өң берді, жайнатты, құлпыртты.* – Кәрі досым, мынау жансыз далаға бір күндерде *жан беріп* едіңіздер, – енді бір шолып көрші! – деді Қашаубай (Т.Қойшыманов, Қоңырат).

Жан беру. э т н. *Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетіндегі куәлікке жүрудің ерекше түрі. Жан беру* әдетте, дауды мәселеде айыпты адамды жазаға тарту үшін айғақ жетіспегенде қуәгердің көргені (ҚҰЭ). Ауыр азаға, тіпті, кейде өлім жазасына кесілетін

адамның ақтығын дәлелдеу үшін бір адам *жан беруге* шешім қылады (ҚҰЭ).

Жан беруші. э т н. *Жазаға ілігіп тұрған адамның ақтығын дәлелдеуге бас байлаушы, дәстүрлі құқықтық мәдениетіміздегі куәлікке жүруші адам. Жан беруші* адам би, молдалар алдында кебін, яғни ақ киініп, қабір басына барып, кейде қабірдің ішіне түсіп немесе өлікке құрған шымылдыққа кіріп, жазаға тартылған адамның ақтығына «Құран ұстап жанымды беремін», «өтірік айтсам Құдай тапсын» [---] деп ант береді (ҚҰЭ). Халық *жан беруші* өтірік куәлік берсе, ол сол жерде өліп кетеді деп түсінген (ҚҰЭ).

Жан берісіп, жан алды. а) *Қырылысты, қырқысты.* Қызыл арай жол салып, Түнде үстіңнен оқ асқан. *Жан берісіп, жан алып,* Өткеліңе таласқан (Ж.Саин, Шығ.). ә) *Жанталасып жарысты, бар күшімен атсалысты.* Кубоқ үшін Азия деңгейіндегі мұндай жарыс бірінші рет өткізіліп отыр. Алматылық спорт жанкүйерлері Азия құрлығының мықты палуандарының кілем үстінде «*жан берісіп, жан алған*» белдесулерін көріп қайтты («Түркістан»).

Жан бітті. а) *Жүректен бойға қан тарады, тірілді.* Жаман тымақ сол кезде, *Жан біткендей* ілезде. Бір құлағы селт етті, Өзінен өзі селк етті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біраздан кейін байғұсқа, Тіршілік жасар *жан бітті.* Жоқшылық айдап алысқа Алып кетті қаңғыртып (С.Мұқанов, Замандас). Сорпа мен нанға тойып, бойы жылынып, денесіне *жан біткен* соң, офицерлердің ойына әлде нелер түсіп кетті (З.Ақышев, Ақбел.). ә) *Әрекетке түсті, іске қосылды.* Төлеубек Хамзин шаттана, мәз бола күледі, өйткені өз қолынан салған заводына бүгін тұңғыш рет *жан бітеді* (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Жан бітірді. а) *Жарқыратты, жайнатты, құлпыртты.* Жапырлай қаптаған көп жұлдыз аспан әлеміне *жан бітіріп,* жымың қағады (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Ей, өлең, қайтсем саған *жан бітірем*? Жансыз өлең жанымды алды кілең. Бір ойым жүрегімде қазақ болып, Бір ойым көмейімді қалды тіреп, Ей, өлең, қайтсем саған *жан бітірем*? (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Қозғалысқа түсірді, тіршілік берді. Жан бітірген* далаға, адамыңа, Сағыз толқып, Жем тасып бара жатыр. *Жан бітіріп* тарының сабағына, Қыздар жайлап, қызық боп міне жатыр (М.Мақатаев, Шығ.).

Жанға батты. а) *Аурудан мазасы кетіп, қатты қиналды, тәні азап тартты.* Қазақ жігіті кезек күткеніне ызалы ма, әлде аяғының жарасы *жанға батып* қатты ауыру үстінде ме, әйтеуір өңінде тынымсыз сазара түскен ызалы қобалжу бар (М.Әуезов, Өскен өркен). ә) *Қайғыдан, өкініштен т.б. күйзелді, қиналды.* Арсызға Барғанадай малы тәтті, Жетімге Күнсұлудай жаны тәтті. Амалсыз жылап тұрып сырын айтты, Қайтсін-ай, қатты қинау *жанға батты* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Бір қырсықтан, бір қырсық, *Жаныма* әбден *батқаны* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Жорық кезінде оларға тым қатал болғаным қазір көз алдыма елестеп, *жаныма батты* (Б.Момышұлы, Москва.).

Жанға бату. *Ауыру, қиналу, азаптану.* Қай қолыңды кессең де, *жанға батуы* бірдей (Мақал-мәтел).

Жанға жайлы. а) *Көңілге қонымды, жағымды.* Сөзінде құрыш қуат жалындаған, Сұлулық, сенімділік сағындырған. Мейірімді *жанға жайлы* аталық сөз. Кіршіксіз ойын таза ұғындырған (Жамбыл, Шығ.). ә) *Алаңсыз, қызықты, рақаты мол.* О, ғажайып-ай, тағы да мен дариғаға кездестім, Балалықтың *жанға жайлы* алау лебін сезбес кім?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Саялы, тыныш, жым-жырт. Жанға жайлы* рақат еткен, Саясы бар қоңыр салқын. Сол шөлді де курорт еткен Ұлы емес пе, менің халқым (Қ.Мұқышев, Орман).

Жанға жағымды [жылы] тиді. *Көңіліне жылы ұшырады, жарасыммен көңіліне орнықты.* Қартқожаны әрі қорқытты, әрі таңырқатты, әрі *жанына жағымды* тиді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Жарып жақсы киім киіп, Келді *жанға жылы тиіп* Диуана болды бұл көңілім, Басылмай бір құшып-сүйіп (Абай, Тол. жин.).

Жанға қас. *Зиянды, пайдасыз.* Мақтау жел сөз *жанға қас,* Қошеметшіл шығарған. Бір мақтаса боқтамас, Ел табылса құмарлан (Абай, Шығ.).

Жанға сая. *Көңілге медеу әкелетін жайлы, рақат.* Тірлікте бірлік ізде *жанға сая,* Ұқпасқа айтқан сөзің барар зая. Бақиға жеткен қайта келмес болар, Келмеске жылаған көздің жасы зая (Қаз. тілі. фразеол. сөзд.).

Жанға шипа [дертке дару]. *Жан мен тәнді аурудан, қиналудан құтқаратын емдік қасиеті бар. Жанға шипа* қымызы мен шұбаты («Жас Алаш»). Ақындардың жалғыз тамшы жасынан, *Жанға шипа* табылар. Себебі онда адам ұлы бас ұрған, Адалдықтың нәрі бар (М.Мақатаев, Шығ.). Ауру – сырқатқа дауа. Менің алмам *жанға шипа, дертке дару,* егер алманы жесе, өлген адам тіріледі (Қаз. ертегі.).

Жан далбаса. *Жан ұшыра, бар жаны шықканша.* Рүстем өз қолымен ұшыруға, Мылтықты жасап, оққа салды дәрі. *Жан далбаса,* жақ шіркінге бөгеу бар ма, Шырқырап екі қыздың шықты зары (І.Жансүгіров, Шығ.). Қанат оны

құмай деп жүгіріп келсе, қасқыр, қып-қызыл ала қан, өлім халінде *жан далбасамен* тұрып жығылады (А.Хангелдин, Шығ.). Ақ көгершін шошып кетіп, қараңғы тұңғиық аспанға *жан далбаса* шарықтай жөнелді (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

Жан дауысы шықты. *Құлындаған дауысы шықты, бар күшімен шыңғырды.* Жадыра кемпір Сәлиманың білегінен ұстады да, кеудесіне аяғын тіреп қатты бір тартып қалды. Сәлиманың *жан дауысы шықты* да, талықсып кетті («Лен. жас»). Аспанды көзден тасалап, топырақ басымды тағы көміп кеткенде, тұншығып, *жан даусым шыға* айқайлап жібергенімді білемін (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

Жан дәрмен. а) *Жанталасып, арпалыспен, бар жанымен, бойындағы бар күшімен. Жан дәрмен* суырып алып, қайнаған ашумен бауыздап жібергелі тамағына тақағанда, қараңғы түнде жарқ еткен семсерді көріп: – Ой, сен Жортармысың? – дегені (М.Әуезов, Қараш.). Қартқожа енді кеттім ғой деп *жан дәрмен* қарманғанда, қолына ақ сүйріктей тал ілінді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Темірбай екеуге көр болған орды жаба түсейін деп еңкейді. Еңкейіп, қолы топыраққа тие бергенде, ойына сорайып тұрған салалы ақ қол келіп, үрейі ұшып, кейін шегініп ыршып түсті. Жығыла-сүріне *жан дәрмен* қаша жөнелді (М.Жұмабаев, Шығ.). Жауған оқтан қорғанған Мәншүк *жан дәрменмен* ұмтылған тасаға жете бергенде, бір мина шатырлай кеп жарылып, денесін аударып түсірді (С.Мұқанов, Аспаз). ә) *Жан сақтайтын амал-айла, тәсіл.* Есеңгіреген дене *жан дәрмен* іздейді, аңғырттық іс ілесе ақылға жол береді: «Жоқ, нағыз жанжалдасар тартыс әлі алда», – деп серт еттім өзіме (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жан дегенде жалғыз. э к с п р. *Ең жақын, адал, сенімді, жалғыз.* – Егер ұнаса, жолдас болыңдар. Мен *жан дегенде жалғыз* жолдасымнан ештеңені аямаймын (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жан дүние. а) п с и х. *Адамның ой-санасы, ішкі сезім, қозғалысы, ой түюі.* Педагог оқутәрбие саласында қандай жұмыс жүргізбесін, балалардың *жан дүниесін* жете біліп, онымен әртүрлі жағдайда санаса білуі шарт (М.Мұқанов, Педагогика. очерк). Қазақтың кәсіби театр өнерінің әдепкі жылдарында, өлең сөздің классигі ұлы Ілияс Жансүгіров қалам тартқан Махамбет Әлемі, сахнадан жалынды шайыр *жан дүниесін* іздеудің басы болып саналмақ («Жас Алаш»). ә) *ішкі көңіл толқынысы, бар ішкі сарайы.* Енді менің ойым, бүкіл *жан дүнием* Тайбурылдың сол шабысына елігіп кетті (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Жанды басшылық. ж е р г. *Әсерлі, ықпалды, тиімді басшылық.* Қатынас бөлімі жанындағы партия ұйымы бұларға *жанды басшылық* жасауы керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жанды жеген жегі. *Әбден қиналтқан, мазаны алып, азапқа салған іштегі күйік, сыр, құса т.б.* Қырық төрт жылдан бері ешкімге айтылмай, жүректің тереңінде жатқан сыр еді, сыр емес-ау, *жанды жеген жегі* еді, бұны Зордан біле ме, білсе қалай қарайды? Не де болса – тәуекел! (Ә.Тарази, Шығ.).

Жан есірік. *Есуас, ессіз.* Қарт егіле дауыстайды: Әлденесінен айрылғандай, жанталаса, *жан есірік* қимыл жасайды (Саржайлау).

Жан жары. п о э т. *Жан жолдасы, сүйген жары, қосағы.* Алысқа неге кеттім, елге кетпей, «*Жан жарым,* жаныңдамын!» – дерге кетпей. Жүрегің жанып, қасірет тартқаныңда, Көл қылып көз жасын бірге төкпей (М.Жұмабаев, Шығ.). Көңілді қостың басынан, Байқады арман Ақжанын. Қол ұстасқан жасынан Қолаң шашты *жан жарын* (М.Мақатаев, Шығ.). Мен де анамын төгілген мейірімім, Бар күшімен ризамын пейілімнің, Бар көңілімен ризамын балаларымның, Бар тілегімен ризамын *жан жарымның!* (F.Қайырбеков, Қанатты жылдар). Ал қара көк астымда, Белде болат қанжарым; Күзетемін мен мұнда, Қайда менің *жан жарым* (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жан жолдас. к ө т е р і ң к і. а) *Жұбай, жар, зайыбы.* Жақында ғана Рақиманың *жан жолдасы* – Мақан майданға кеткен. Артында кәрі ана – Күлән мен естерін білер-білмес екі бөбегі – Орынқүл мен Тұрғанқүл қалды (Тоғызыншы шежіре). Шіркін ғашық *жан жолдасын* Тастауға енді қимады; Мөлдіреген көздің жасын Моншақтатты, тыймады (С.Сейфуллин, Өлеңд.). ә) *Ең жақын, сыйлас адам.* – Танысыңыздар, мына тақырбас – Давид Богданов деген азамат, менің *жан жолдасым* – деді Құбақан (Ә.Көшімов, Қысталаң).

Жан жұмбағы. ф и л о с. *Жанның пайда болуы мен тәнде, тәннен тыс күйі туралы беймәлім, жауабы табылмаған діни, философиялық мәселе.* Тәнге енген жан құпияға айналып, «*жан жұмбағы*» пайда болды (ҚҰЭ).

Жан жүгірді. *Қуат кірді, күш енді.* Өлі бойға *жан жүгірді.* Қайратым құрыш болды нан. Мұз жүрегім май сықылды, Еріп, от боп күйді жан (Абай, Шығ.).

Жан жүйке. *Нерв жүйесі, жүйке, тамыр.* Қымыз адамның *жан жүйкелерін* – нерв жүйесіне пайдалы әсер етеді, жүректің жұмыс қабілетін жақсартады (З.Сейітов, Сүт. өңдеу.).

Жан жүрек. п о э т. *Шын көңіл, таза сезім.* Қаны қайнап, *Ж а н ж ү р е г і* дірілдеп, Өңі қашып, кейде түсі бұзылып (Т.Жароков, Шығ.). Шоқанның да бала жастан байқауынша, Гутковский орыс армиясының мундиріне *ж а н ж ү р е г і м е н* берілген кісі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жан жыртылды. э к с п р. о к к а з. *Қиналды, құмартудан не істерін білмеді.* Ойменен пара болған *ж а н ж ы р т ы л ы п,* Мерт болған ессіз жүрек айға ұмтылып (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жан игі. *Бәрінен жан қымбат, басқаның өмірі ардақты, қасиетті, бағалы.* Жақсы адамға *ж а н и г і.* Мықтылығың өзіңе. Кімдер, сірә, бас иді, Сенің құрған тезіңе (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Жан керек. с ө й л. *Ол да адам, пенде, ол да тіршілік еткісі келеді, өлгісі келмейді деген мағынада.* Губернатор, саған *ж а н к е р е к* емес пе? Мүмкін, сен ол жағын ойламаған боларсың (Ә.Тәжібаев, Жартас). – Милициясы бір ашадды көрінеді, – деп Нұрғали әлден дірілдеді. – Ашаддыға да *ж а н к е р е к.* Менімен жүріңдер, мен одан да әрі ашадды –дейді жолдасы (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жан [жаны] кетті. а) *Бойға қан жүрмеді, жүрек соқпады.* Жеке біткен бәйтерек Жапырағы ұшса қуарар. *Ж а н* кеудеден *к е т к е н* соң, Жайнаған көзің жұмулы, Ақша бетің қуарар (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). ә) *Ауырғаны сезілмеді, ауырмады.* Негізінен үсіктің үш түрі бар: Біріншіден – дененің үсті түлейді, екіншіден – үсікке шалдыққан жердің *ж а н ы к е т е д і* (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Үсіген жердің терісі күлбіреп көтерілсе, немесе үсіген орыннан *ж а н к е т к е н д і г і* байқалса сылауға да, ысқылауға да болмайды (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Жан кіргендей. *Тірілгендей, бойына қан жүгіріп, жан біткендей. Ж а н к і р г е н д е й* қозғалдым, Тұла бойым шымырлап. Жанжағыма көз салдым, Сөйлейін деп қыбырлап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Алды жаз, ескек аңқып жел жүргендей Екі ерні ерте піскен бүлдіргендей. Қасынан бір моланың жүріп кетсе, Жыбырлап көрдегіге *ж а н к і р г е н д е й* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жан кірді. а) *Жан бітті, тірілді, есін жиды.* Жаным өлік еді, жанға *ж а н к і р д і.* Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүгірді (М.Жұмабаев, Шығ.). Үдербай ағажан деп жылап отыр, Құшақтап тізесіне басын салып, Өткен соң бір күн, бір түн *ж а н ы к і р і п,* Ес кіріп көзін ашты қуаттанып (О.Шипин, Аманкелді). ә) *Құлпырды, жайнады.* Өліп жатқан жер жүзіне Жаз келген соң *ж а н к і р д і,* Ойда, қырда жап-жасыл боп, Жасарып жер жаңғырды (С.Сейфуллин, Өлең.). Бетпақ шөлге *ж а н к і р і п,* Өлі бойға қан жүріп, Құздың мұзы бұзылып, Ағылды дария ойда енді (Жамбыл, Шығ.). б) *Риза болды, рақаттанды, сүйсінді, айызы қанды.* Сапар қызу сөз сөйлесе, жалынды серттер беріп, көп алдында сайрап айтып шықса, Бектай *ж а н ы* сонда *к і р е р* еді (М.Иманжанов, Көк белес). – Уһ! *Ж а н ы м* жаңа *к і р д і* ғой, Мұхаметжан Пушкиннің сөзі емес, «өзім шығардым», – деп сала ма деп зәрем жоқ еді! – деді Шүбар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жан қайғы. *Жеке басының амандығы қымбат деген мағынада.* Қара судың қамысын, Оруға ешкім бармады. Қорғамаса намысын, Қамысың түгіл *ж а н қ а й ғ ы* (М.Мақатаев, Шығ.). – Беу, дүние-ай, біреуге *ж а н қ а й ғ ы,* біреуге дүние-мал қайғы деген рас-ау, – деді ол (Ғ.Сланов, Замана.). Қара ешкіге *ж а н қ а й ғ ы,* – деген ғой, бізге бас қайғы болып отыр (Ә.Тоқмағамбетов, Әке.).

Жан қинады. а) *Жанына батырды, азаптады, іштей күйзелтті.* Үміт қып менен қарайсың, Көңіліңе медеу санайсың. Балалыққа жарасам, Атталыққа жарайсың. Қайтейін, елім, қимаймын. Қия алмай, *ж а н д ы қ и н а й м ы н* (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Бейнет көрсетті, машақатқа, әлекке салды.* Мәшине және шықты шөп шабатын, Аз күнде *ж а н қ и н а м а й* көп шабатын. Соқа бар егін салған һәм машина, секілді көп пайданы тең табатын (М.Дулатов, Шығ.). Мен айттым, достарыма сонда тұрып – Ай, Жұмабай, сөзім тыңда мойын бұрып. *Ж а н қ и н а м а й* бізге мал табыла ма, Сұм терең жіберген соң құрбан қылып (Батырлар жыры).

Жан қуды. ж е р г. *Жанталасты, аласұрды.* Ол *ж а н қ у ғ а н* адам екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жан құйттады. *Жан бақты, бас пайдасын ойлады, жанын күтті.* Жазсам ба екен доклад? Жатсам ба екен *ж а н қ ұ й т т а п?* (І.Жансүгіров, Өлең.).

Жан құмары. *Ынтықтық, көңіл қалауы.* Білмеймін алдымнан не кездесерін, Білмеймін *ж а н қ ұ м а р ы м* қашан тарқар (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жан қысылды. а) *Жабырқады, көңілі пәс болды. Ж а н қ ы с ы л с а* жайтаңдап, Жанды еріткен жайдары-ау, Жан жай тапса сен неге: Жат мінезсің жабырқау (Абай, Тол. жин.). *Ж а н қ ы с ы л с а* белгілі, Таба алмаймын жарқын дос (Ж.Жабаев, Шығ.). ә) *Қатты қиналды, тықыр таянған кезге тап болды.* Қолына өткір балта беріп: «*Ж а н қ ы с ы л с а* аянар не бар, сен әйелдерге шошыма деп басу айт та, ана сыртқа шығатын терезені бақ!» – деп Әбді де Дәрменге қамқор бұйрық етті (М.Әуезов, Абай жолы). Германиядан *ж а н ы қ ы с ы л ы п* алқымына келген

Николай бізбен сөйлесіп отыра ма екен? – десе, ол бастаушыларының біреуі (С.Шәріпов, Бекболат).

Жаннан безді. а) *Өмірден тұңілді, соңғы үмітінен айырылып, өлімге дайындалды.* Тынық Донның жағасында, Ақсай құяр сағасында. Тағдырларын таңнан сезіп, Тұтқындар тұр *жаннан безіп* (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). ә) *Жанкешті болды, басын ажалға тікті.* Кім үшін *безді* ол *жанынан* Кім үшін берген сирағын? Сен үшін патша ағызам! Ал сен ше, нені сыйладың? (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

Жаннан кешті. а) *Іштей азаптанып, қатты күйзеліс, өкініш құсадан дүние салды.* Қадірғали ұлттың басына түсіп жатқан зобаланларға өзінің де себепкер болып отырғанына төзе алмай, ар азабының ауыртпалығын тартып, ақыры *жаннан кешті* (М.Шоқай, Шығ.). ә) *Ажалға басын тікті, аянбай өмірін беруге барды.* Ел үшін *жанынан кешіп,* жауды қуған. Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас (М.Жұмабаев, Шығ).

Жаннан күсті. *Барын берді, ақыры ажалдан да қорықпады.* Тоқсан жаста ер Қосай Тұғырдан әбден түскен ер. Елім десе еліріп, *Жаннан* мүлде *кускен* ер (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жаннан түңілді. *Үмітін үзді, күдері қалмады.* Енді Құртқа сасады, Бетінен қаны қашады, Оң етегін басады Сасқан емей немене, Аш күзендей бүгілді, Құртқа *жаннан түңілді* (Қобыланды батыр).

Жанның мияты. *Адамға медеу, сүйеніштаяныш.* Қызыл тіл – *жанның мияты,* Абырой – ердің қуаты. Өтірік – ұят. Шын – мият (Мақал).

Жан сақтады. а) *Өмір сүрді, тіршілік етті.* – Баяғыдан бері қазақ жерде отырып-ақ *жан сақтап* келеді ғой, – «деді әлгі жас мұғалім (З.Шашкин, Доктор.). Қазақ ортасында ақшасыз, көліксіз, таныс-жақынсыз талайлар *жан сақтап* жүр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). ә) *Ілдәдалады, өлместің күнін кешті, күнін көрді, күнелтті.* Әкем байғұс артымнан кеп тұрады, Шаршадың ба, қарағым, деп тұрады, Қой, серкешке жүгіріп бір жылына, Күн көруге *жан сақтап* еп қылады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әр үй әртүрлі жолмен *жан сақтайды* (І.Жансүгіров, Шығ.). Масғұтты ұры шапты қылышпенен, Тәуір-ақ *жан сақтапты* жұмыспенен (Абай, Тол. жин.). б) *Қорғаныш етті, пана қылды.* Үйді-үйлеріне *жан сақтайтын* тесіктің бәріне тығылып қалған деревнядағы қатын-қалаш, көрі-құртаң, бала-шаға көшеге тегіс жамырай шықты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жақын маңда ел жоқ. Бетпақтанған дала беті мен ұлыған жел өтінде атамыздың құны қалғандай қалай ғана мекен етіп, *жан сақтап* келгенбіз. Бәйбіше қазақ сахарасының қаталдығын алғаш рет сезінді (О.Бөкеев, Өз отың.).

Жан сақтау. а) *Күнелту, күнін көру.* Адалға қолымызда мал қалмады, Көрінді желке сіңір жал қалмады. *Жан сақтау* сол уақытта қиын болып, Қарыздан қозғалуға әл қалмады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Тіршілік ету, қарекет жасап, өмір сүру.* Жағаласқан – *жан сақтау,* жалынған – жан сақтау емес (М.Әуезов, Абай жолы).

Жан салғандай. *Тірілтіп алғандай, есін жиғызып, еңсесін көтерткендей.* Жанаржан-ай, сен келдің де, кеудесіне *жан салғандай* болдың-ау, қалқам (З.Қабдолов, Жалын).

Жан салды. *Тірілтіп алды, жан бітірді.* Қарапайым адам бұзау жасап, оған *жан салды* деудің өзі, Құранша айтқанда, күнә. Өйткені Құдайдан басқа ешкім *жан салмақ* емес (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Жан салмайды. *Ешкімге алдын бермейді, кезек бермейді.* Жақсыны көрсе табылар, Сауысқанша шықылдап, Алар жерге келгенде, *Жан салмайды* сыпылдап (Майлықожа, Нақыл).

Жан саялады. *Бас амандығын қорғады, жан сақтады.* Жау қолында ел таппай, Жалғыз әлсіз, панасыз... *Жан саялар* жер таппай, Өлімге өзін берген (І.Жансүгіров, Шығ.). «Сен қайдасың Оспанғазы Жан қалды ма?» – деп сұрадым. Тағы дыбыс берсем дағы Менде тіл бар, онда жоқ, Жолдасыңсыз ондай жерде *Жан саялап,* көрер күн жоқ (С.Керімбеков, Еңбек – ата.).

Жан сезім. *Көңілдің ішкі толқынысы, ынтықтық.* Бірақ, бірақ аузыма сөз түспеді, Түсінсем де *жан сезімін* іштегі. Тулап кетті қан тамырлар бойдағы, Әсерлі еді, жалынды еді, күшті еді (М.Айтхожина, Аққу). Осы он арқылы Гауһар да бұған *жан сезімін,* ыстық ынтығын айтып тұрғандай көрінді (Т.Ахтанов, Махаббат.). Қаншайымның алқына алған тынысы Қасымның көкірегін күйдіріп, *жан сезімін* апиындай елітті (Ө.Қанахин, Мұрагер).

Жан серік. а) *Алғаны қосағы, жұбайы.* – Аты Жібек болғанмен, менің *жан серігімнің* мінезі бір шатақ, бабын табу қиын-ақ (Ғ.Сланов, Домбыра.). Мен де ол кезде жалқы едім *Жан серігін* іздеген. Сен де ол кезде жалқы едің, Айтқан жалғыз түзде өлең (С.Мәуленов, Жаңа арна). ә) *Сүйеніш, тірек болатын жолдас, айнымас, ажырамас дос.* Бағымды бастап алмасын Алды-артымды шалмасын. Қияметтік жолдасым *Жан серік* атым қолында, Үйдегі Құртқам біледі Менің де барар-бармасым (Қобыланды батыр). *Жан*

с е р і г і м домбыра, Жастан алдым қолыма. Талаптанып тайқымай, Түстім қиын жолына. Әр нотаға бас сұқпай, Жатсам-тұрсам ойымда (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өнердің дәл осындай мен де иесі, Өн бойым – тек жақсылық дүниесі. Домбырам – он жасымнан *ж а н с е р і г і м,* Талпындым келтіргенше сөз жүйесін (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жөн мілтеді, аялдамай келемін, Қасымда тек *ж а н с е р і г і м* өлеңім. Бір аяулы, сағынышты жақынға Бейне ыстық сәлем бере келемін (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Жан созды. а) *Шыдады, төзді.* Қанша айтқанмен өз аяғынан жайылған мал сары қамыстың сабағын қажаса да, *ж а н с о з ы п,* қыстан қоңы жығылмай шығатынын айтып, үй иесін еліктіріп қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) ж е р г. *Бір нәрсеге жетуге жанталасты, тырысты.* Немістер күн батқанша беріспей, түнге *ж а н с о з с а* да, қоршауды бұзып өте алмастай болып еді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Жан сүйсінді. *Көңілі толды, риза болды.* Барлық ұлт туғандай боп бір анадан, Жүректе шын достықтың нұры жанған. Өсірген тәрбиелеп ерлерімнің ісіне *ж а н с ү й с і н і п* құмар қанған (Қ.Айнабекұлы, Өлеңд.).

Жан сыйы. *Табиғи берілген дарын.* Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – *ж а н с ы й ы* ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жан сырқаты. *Шипалық, емдік сусын. Ж а н с ы р қ а т ы* – сары бал, Сұраусыз ішсем деп едім, Ханның киген киреуке, Үстіме киссем деп едім (Бес ғасыр.).

Жан [сөзі] сыры. *Жүректен шыққан шындық, шын сөз.* Қасымның «Абдолла» атты поэмасы жаңа тақырыптағы сапалы шығарма. Жаңаның да жаңасы Отан соғысының ерлері жайындағы *ж а н с ө з і* болса, ақын осыны айта алған (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). *Ж а н с ы р ы м* өлең анық, маңдай терім, Ол – тұтас – мен, Атым жоқ басқа менің. Сен деп қана дүниеге келген жырды, Анамдай қамқор болып сына өздерің (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Жан тапсырды. *Өліп кетті, дүние салды.* Дүние салды, қазақ тапты. Садақпен түс-түсынан тұран атар, зақымы тиген оқтың өте батар. Жантая *ж а н т а п с ы р ы п* ат үстінен, Құшақтай қара жерді құлап жатыр (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Есік алдына хабар беруге қойған солдатқа оқ тиіп, тілге келмей, табанда *ж а н т а п с ы р ғ а н-д ы* (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Траншея жиегіне жүгіріп жеткен Әбдікәрімов гранатасын лақтырып үлгерді де, *ж а н т а п с ы р д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер). Қалең еңкейіп қыздың қолын ұстап үлгергенше жас дене *ж а н т а п с ы р д ы* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жан таптырмады. *Тыным таптырмады, жанын қоймады, дамыл бермеді.* Астындағы атты *ж а н т а п т ы р м а й* борбайлата тепкілеп, төніп келеді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жан тартты. *Жаны ашыды, аяды, жақын тартты.* Неге екенін кім білсін, ол Мәмбетке *ж а н т а р т ы п,* жақындай бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол енді дауысын көтермей, тебірене толқып отырып, алдындағы адамдардың өзіне соншалық жақын әрі қажет екенін тұла бойымен сезіне, аса бір әкелік жұмсақ мейіріммен *ж а н т а р т а* сөйлейді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Жан тарту. *Жаны ашу, аялау, жақын тарту.* Қолыңды жазымдап алма дегені де *ж а н т а р т у,* қамқорлық емес пе, демек маған бұл қыздың жаны ашиды деп Дәулетхан өз-өзінен күлімсіреді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

Жан тәтті. *Жан қымбат, өмір керек деген мағынада.* Сақетер тиді санына, Сақсырым толды қаныма, Жара бір қатты, *ж а н т ә т т і,* Жара аузына қан қатты (Бес ғасыр.). Өлейін десе, *ж а н т ә т т і,* Кірейін десе, көр қатты (Қобыланды батыр).

Жан тебіренті. а) *Жанға батты, толқытты, егілтті.* Күйеуге бара жатқан қалыңдықтың қасіретті, қайғылы жайы «сыңсу» сияқты *ж а н т е б і р е н т е т і н* мұңлы жырларын туғызады (ҚазССР тарихы). ә) *Елжіретті, мейірлендірді.* Көзіңнен *ж а н т е б і р е н т е р,* жүрек елжіретер мейірім, әкелік мейірім оты жылтырайды (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

Жан тербетті. *Рақаттандырды, жанына жайлы болды.* Тоғай бойы, Тосын жері Бұйра құмның бөктері. Жаз самалы *ж а н т е р б е т т і,* Қандай әсем көктемі (С.Мәуленов, Алыс кет).

Жан терге түсті. *Қатты қиналып, қара терге түсті. Ж а н т е р г е т ү с і п* отыр екен. Бұл жан терге түспегенде қайтсін, қолындағы қара шолақ қалам түрткен сайын теңге туады (І.Жансүгіров, Шығ.). Түтінімен *ж а н т е р г е т ү с і п,* ағаларымен талай қызылкеңірдектесіп, әзер-мәзер әйтеуір, ертеңінде еш нәрсе жоқ, тым-тырыс қылды да қойды (С.Торайғыров, Қамар сұлу). Жұмыстан кейін киімді жұлып тастап, диірменнің астына төгілген қиыршық құмды, лайды аршитын. Суды төгіп *ж а н т е р г е т у с е т і н* (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

Жан тоймады. *Құмарта қызығып, көзі тоймады.* Қара көз, имек қас, Қараса, *ж а н т о й м а с.* Аузың бал қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас (Абай, Тол. жин.).

Жан түршікті. *Зәресі ұшты, қорықты, шошыды.* – Тамаша таза, жақсы мұғалім әйелдер Арманның қазасын қайғырумен бірге анау кісі өлтіруші жыртқыш тиісті жазасын алмағанға *жандары түршігеді* (М.Әуезов, Өскен өркен). Нұржан Нағидың түрі бұзылып бара жатқанын, өзі айтқан әңгімені *жаны түршігге* әсер тыңдап отырғанын, бірде-бірін байқаған жоқ (З.Шүкіров, Шығ.).

Жантүршіктірді. *Зәресін ұшырды, шошытты. Жанын түршіктіргең* сол бір көрініс көпке дейін оның көз алдынан кетпей жүрді (М.Иманжанов, Көк белес).

Жан тылсымға тақады [таяды]. *Өлерменге жеткізді, әбден қыспаққа алды.* Судыр Ахмет салған жерден суырыла жөнелген жоқ. Әулиелігінің құдіретін көрсетіп қалғысы келген кісіше, аузын бағып отырған әйелді зарықтырып, *жан тылсымға тақап* алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жан тітіркенді. *Төбе шашы тік тұрды, сескенді, қорықты.* Тананы құшақтап жатып, судыраған сүйек үстінде ләззәт ойнағын салғандай көрініп, төбе шашым тік тұрып, *жаным тітіркенне* түсті (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

Жан ұрды. жер г. *Жанын салды, бар мүмкіншілігін пайдаланды.* Әрбір науқастанған кісі *жан ұрып* сырқатына шипа іздейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жан ұшырды. *Дегбірсізденді, асып-састы, бар пәрменін салды.* Төзім қып албырт Ноян күтпей таңды. Жүгіріп *жан ұшырып,* жаяу барып, Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды (М.Жұмабаев, Батыр Баян). Ауылда қой сауып отырған Байсүгірдің кәрі шешесі сабалып жатқан баласына жаны ашып қолындағы шелегімен *жан ұшырып* жүгіріп келеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Лезде-ақ арғы беткейде *жан ұшырып* жүгірген Нұрдәулеттің қарасы көрінді (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Аттан құлап түссе де, әлі барлары қолға түсіп қалғысы келмей, *жан ұшырып,* өз кісілеріне қарай жүгіріскен екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жан үзді. а) *Жантәсілім етті, өліп кетті.* Қос жанарын арланның, Екі-ақ шоқып ағызды. Жарығынан жалғанның Тарлан бөрі *жан үзді* (М.Мақатаев, Дариға.). ә) *Ынтықты, үздікті.* Жас күнінде кісі қызыққа тоя ма? Қарақтарым-ау, біріне-бірі *жанын үзеді.* Менен жасырған болады. Оны мен көрмей жүрмін бе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жан шақырды. а) *Тамақ ішіп, жылы жерді паналап, т.с.с. бойы жылынды.* – Біз мына Қожекең екеуміз сексеуіл сындырып әкеп, соны жағып жылынып, *жан шақырып* отырмыз, – деді Әутәлі (М.Әуезов, Өскен өркен). – Үш-төрт күннен бері шай болмай әбігерім шықты. Шал тек кеше ғана ауданнан алып келген шаймен *жан шақырып* отырмын, – деді кемпір (М.Иманжанов, Көк белес). ә) *Өзіне-өзі келді, есін жиды тыныстады тынықты.* Залдың ауыр ауасына тұншыққан көрермендердің көпшілігі тысқа шығып *жан шақырды* (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Жан шақырып,* ентігін басып, абайлап қарап еді, ер кісіше киінген талдырмаш қыпшақ қызы ат жалын тарап ыңылдап тұр екен (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Жан шошытарлық [шошырлық]. *Жантүршігерлік, қорқынышты.* Байбол еске түскенде, тұла бойы шымырлап кетеді. *Жан шошытарлық* бір суық нәрсе денеге жабысқан секілді болды (Б.Майлин, Шығ.). – Тұра тұр бәлем, осы күніңді өзіңе көп қылып, қу томардай жалғыз қалдырмасам, Арын атым құрысын! – деп *жан шошырлық* түспен кәрленіп кетті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тітіркену, түршікті, қорықты. *Жан шошырлық* түрінде, Бәрі бірдей еліріп, Ұстай ашады бірін де, Кекиді кейін шегініп (Абай, Тол. жин.).

Жан шығарар. жер г. *Мал бауыздайтын пышақ.* Ақсақал *жан шығарарын* жанып-жанып алды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жан шығарда. *Қиындықта, жан қысылғанда.* Жалғыздық *жан шығарда* түсер басқа, Тіріңде болғаныңмен мың секілді (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жан шыдатпас [шыдатпаған]. *Қайсар, бетіне жан қаратпайтын қаһарлы.* Ойбай-ау, мынау әлгі батыры ғой, бетіне *жан шыдатпас* (М.Әуезов, Шығ.). Сайыста Қара Қыпшақ Қобыланды *жан шыдатпаған* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жаны асықты. *Құмарта тіленді, өте құштар болды.* Асқа, тойға баратұғын, *Жаны асығып* жас жігіт. Қолға кетті жауға бір күн, Тірі адамның ісі-үміт (Абай, Тол. жин.).

Жаны байыз таппады. *Тықыршып, шыдамады.* Күреңбай баласының тілегі бойынша ағаштың қатты сынығын әкеп берді. Оның неге керегін білгенше, *жаны байыз таппай* тынышы кетіп тұрды (С.Омаров, Қайырлы жаз).

Жаны бар. *Намысқор, ұятты. Жаны бар* кісі қонаққа Қыз шақырса келмей ме? Басыма салып уайым, Жалындырған Құдайым, Жалғыз атты кедейге (Қамбар батыр).

Жаны барында. экспр. бұйыру. *Тез, жылдам.* – Нұрғанымға айт, Базаралыны кетірмесе нәр татқызбай, шөлден қатырамын. *Жаны барында* қазір жөнелтсін! (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қуып жетіп умаштай бастаған бала:

– Жалын, *жаныңның барында* – Қойыңдар! – деп дауыстады Жақыпбек терезеден басын сыртқа шығарып (М.Иманжанов, Көк белес).

Жаны басқа. *Ерекше, өзгеше.* Сары тайлақ және түсе бастаса-ақ, Жалмұрат көп түйенің ішінен сары інгенді іздейді. Үкі жүні желпілдеген, сүтті сары інген дегенде *жаны басқа* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жаны берік. *Қуатты, мықты.* Бірақ сен өлмейсің ғой *жаның берік,* Құтқарсаң бар әлемді шыны өліп. Өлмесең де өлтірем өсе келе, Жүрмеспін жолдас болып саған еріп (С.Торайғыров, Шығ.).

Жаны бір. *Тату-тәтті, сыйлас, сырлас.* Әр шахтер өздерінің учаскасын, Меңгеріп забойлаған салып күшін. Қапыда құлап жатқан азат ерді *Жаны бір* жолдастары қайдан білсін (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Екеуміз дос болғанда қандай едік. Естіген, көрген жұртқа таңдай едік. Көктегі жұлдызымыз құшақтасқан, *Жаны бір,* жүрегі бір жандай едік (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Жаны еріді. *Елжіреп сүйсінді, жақсы көрді, ұнатты.* Жақсыға айтсаң, *жаны еріп,* Ұғар көңіл шын беріп. Дертті ішіне ем көріп, Неге алтынды десін жез (Абай, Тол. жин.). Жарамды әнді тыңдасаң, *жаның еріп,* Жабырқаған көңілің көтерілер (Абай, Тол. жин.).

Жаны жадырады. *Жайдарыланды, көңілденді.* Әкімжан қарттың *жаны жадырай* түсті де, жетпіс жыл ішінде маңдайға түскен әжімдер жазылып сала берді (Ә.Әбішев, Замана.).

Жанына батырды. *Көңіліне қарамай тигізе айтты, қатты сөкті.* Председательдің сөзі Жақыпбекке шаншудай қадала кетті. *Жанына батырып* бірдеңе айтып салғысы келіп-ақ еді (М.Иманжанов, Көк белес).

Жанын жадыратты. *Жайдарыландырды, көңілдендірді.* Жатық сөз, жақсы мінез, жайдары ашық, *Жаныңды жадыратқан* қайран ғашық. Сегіз қыр, сексен сырмен жырға тартсаң, Түсінбес айтқаныңа кейбір жасық (XX ғ. қаз. ақын.).

Жаны жайланды. *Рақаттанды, жайбарақаттанды.* Қыстың сақырлаған аязын, түтеген алай-түлей боранын, қызыл үскірік суығын бастан кешіріп, жазға жетіп, жадыраған шуақта, балбыраған жасыл шөпте жан-жануардың бәрі рахат тауып, *жаны* қандай *жайланды* (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жаны жай тапты. а) *Тыным тапты, тыныштады.* Әлгінде ғана толғақ саябыр тауып, әйел *жаны жай тауып* қап еді, қайтадан толғағы ұстады (С.Нарымбетов, Тентек). Сыныгы қозғалып мазаламаған соң аурудың *жаны жай тауып* үйықтап қалады (Е.Оразақов, Дәрігер.). ә) *Көңілі орнықты, көңілі тынды.* Не болса да арғы жаққа өтіп Саржанның жайын білмесем, *жаным жай табатын* емес (Ә. Әбішев, Перзент.). б) *Рақаттанды, еркін тыныстады.* Қатал тәртіп, қатал қол, қанішер үкіметтен қысымшылық көрген халықтар азаттыққа жетіп, *жаны жай тапты* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Табиғаттың ғажап көріністеріне сұқтана қараған Деев бір түрлі рақаттанып *жаны жай тауып* келеді (М.Қаратаев, Далада.). Мұңды баяу, сыбызғы үні Құлағына жақпайды оның. Шаттық жыры болмаса тек, *Жаны жай дыппайды* оның (О.Шипин, Дастан.).

Жаны жалғыз. *Тірліктен, ортадан бөлек, өмірге өгей (адам).* Көңіліне Құлагерден құйылып мұз, Күйкиіп отыр таста Ақан байғұс. Жан тынышын елден емес, жерден тапқан, Сондай бір адал бопты *жаны жалғыз* (І.Жансүгіров, Поэм.).

Жаны жара. *Қайғылы, қапалы, күйікті.* Сол кезде *жаны жара* батыр Баян, Үңгір ғып қара жердің бетін ашты. Жапанда қазған суық тар үңгірге, Көтеріп көмді әкеліп екі жасты (М.Жұмабаев, Шығ.). Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын, *жаны жара* (Абай, Шығ.).

Жаны жарға таянды. *Өлер шағы жақындады. Жаны жарға таянды,* Қоя гөр, әке, жастықты. Алпыс үштен асырмай (Шортанбай Қанайұлы).

Жаны жаһанамға жетті [зырлады, шықты]. *Жаны үзілді, о дүниелік болды.* Жатады сонда кемпір ыза болып, Қасына Жоямерген тұрды келіп. Қараса *жаһанамға жеткен жаны,* Қуанды Жоямерген мұны көріп (Құламерген). Қошқар тұмсық, дөң мұрын, Көрінеді ол мықты. Салып едім найзаны, *Жаһаннамға жан шықты* (О.Шипин, Дастан.). Болған жайды балдызы оған айтпай, сірә, тұрмайды, Айтты, бітті. *Жаның* онда *жаһаннамға зырлайды* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жаны жоқ. а) *Кеудесінен жаны шыққан, жансыз.* Үйден алып шыққанымызда Шырайлымның *жаны жоқ* шығар деп едім, былқ-сылқ етіп буыны кетіп қалған екен (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Ықыласы ерекше, аянары жоқ.* Бір ғажабы осы шал дегенде Елеманның *жаны жоқ.* Елеманға Сүйеу карттың да ықыласы басқа (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Құнанбайдың бүгінгі қонағынан аяған *жаны жоқ* сияқты (М.Әуезов, Абай жолы).

Жаны жүдеді. *Уайымдады, қайғырды.* Өзің қандай, оның сондай түрі бар: Көлеңкең де бауырыңа тығылар. «Жалғызбын» деп *жаның жүдеп* солмасын, Жалғыз жүрсең көлеңкең де жолдасың (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

Жаны зәр түбіне кетті. *Қатты қорықты, зәресі ұшты.* Кенжекей ... Еламанның бір жақ бетінде ырсиған ат тұяғындай тыртыққа көзі түсіп *жаны зәр түбіне кетіп* қыбыр етпей тұрып қалды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жаны иненің ұшында. *Тағат таппай, әбігерге түскен, үрейленген күйде.* Ақбала... енді әке-шешесін күткелі *жаны иненің ұшында* үйден де, түзден де тыныштық таба алмай, әлденеге іштей әбігерленіп бітті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жаны кетті. *Әлсіреді, жансыздады.* Қалғанда тар лақатта жалғыз өзім, *Жан кетіп* жұмылғанда екі көзім. Айрылған тән мен жандай қаларсың сен, Жалындай жүрек жарған мұңлы сөзім (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Бақырып шөкті түйе, әлі кетіп, Қан саулап денесінен *жан кетті* (Қобыланды батыр).

Жаны көзіне көрінді. а) *Қатты қиналды, қысылды. Жаны көзіне көрінген* Сайран: – Шекер, жаным Шекертай, – деп тәуір-ақ жалынып көрді, бірақ Шекер үн қата қоймады (Ә.Әбішев, Замана.). ә) *Аурудан азап шекті, жаны шығардай болды.* Баласының келгенін біліп, Тұрыскелді қарт әлсіз үн қатты: – Балам, жүгір «Бірлікке!». Жөтел қысып, шыбын *жаным көзіме көрініп* жатыр («Лен. жас»).

Жаны күйді. а) *Ызаланды, күйінді.* Уланды жүрек, *жан күйед,* ішім толған қызыл шоқ. Не себептен, тәңірі ие, Денеге ем бар, жанға – жоқ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өз басым Жан Бриермен Ташкентте таныстым. Оның ашуызаға толы, *жаны күйе* сөйлеген отты сөзі есімде қалған-ды (Ә.Шәріпов, Алыс.). Баршағүл көзінде мөлтілдеген жас тұр. Бексұлтанның мына қылығына *жаны күйіп* кеткендей, тілі күрмеледі (Ғ.Сланов, Шалқар). ә) *Налыды зарға толды, сорлады.* Наданды әркім жейді нандай илеп, Жыртқыш ілген үйректей тірі жүндеп. Өгей бала секілді тесік өкпе, Жалғанда теңдік көрмей *жаны күймек* (С.Торайғыров, Шығ.). б) *Қыспаққа түсті, қыспақ көрді. Жаны күйетін* жер болмағанда олар [Байсал мен Бөжей] осы соңғы мінезді көп қолданатын. Екеуі де жарытып тіс жарып үндемейтін (М.Әуезов, Абай жолы).

Жаны қалады. *Жанына жақты, ұнатты.* Сарыбуда аңқылдақ, ақ көңіл еді. Ал Бұжыр іші тар, мақтауды *жаны қалап* тұратын (Тұлпар).

Жаны қалды. *Тірі қалды, өлмеді.* Көтерді басын сонда батыр Сәмен Жатқалы жарлы боп біраз заман. Еңбектеп үңгіріне қайта кірді, *Қалғанын жанының* біліп есен-аман (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). *Жаным қалды.* Қалғанмен жұмыс жаманға айналды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ойлан, енді менімен бірге босаң ғана сенің *жаның қалады* (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Барады қаз қаңқылдап атпа, балам, Қолымнан ыстық бидай татпа, балам. Қодар мен Жапардан *жаның қалмас,* Баян атты жарыңа жетпе, балам (Қозы Көрпеш.). Ішпесе тамақ өлер деп Қалмадым зиян жағыңа. Кесілген жерің жайласар Шүкір ет *қалған жанының* (Қамбар батыр).

Жаны [жаны-құты] қалмады. а) *Зәресі ұшты, қорықты, үрейден есі шықты.* Я, бұл жағын ойласам керек, осы сөзден кейін *жаным қалмады* (З.Шашкин, Доктор.). ә) *Астыүстіне түсті, бәйек болды.* – Не дейді! Аман атын, асын аямай, үлкен басымен өзі барып абақтыдан шығарып, *жаны қалмай* жүрген жоқ па? – деді Әбекең (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Көрші отырғандықтан ба, Қарғаштың анасы Салиха байғұстың мен дегенде *жаны-құты қалмаушы еді* (С.Шаймерденов, Қарғаш). Өзімізге ұнайды, әйтеуір. Біздің үйдің кісісі десе *жаны-құты қалмайды* (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

Жаны қара. *Қара ниетті, арам.* Қуанба әлі, *жаны қара* жауыздар, – ішкі, сыртқы арамқанды ауыздар, Еңбекші әлем сүйікті ұлын ұмытпас, Кегін кектер пролетариат бауырлар! (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Жаны қара бақайына кетті. *Зәресі ұшты, шошып үрейленді.* Кәлен ызғар шашқан суық жүзін жүзіне таяп, төніп келгенде, Ебейсіннің *жаны қара бақайына кетті* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жаны қас. *Жек көретін, ұнатпайтын, жақтырмайтын.* Әкем ауылнай, бай атаулыға *жаны қас* кісі еді (С.Көбеев, Шығ.).

Жаны қасам болды. *Бар жанын салды, аянбады.* Тәжи, Сатандар қанша қақақтап, аманат қойдан қорқып *жаны қасам болса* да, қой басын аман сақтай алмады (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.).

Жаны қиналды. а) *Азапқа түсті, қатты аурудан т.б. зардап көрді. Жаны қиналған* жас ана қайтіп тілге келместен, мәңгі көзін жұмды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). ә) *Бейнеттенді, машақатқа түсті, өмірдің азабын тартты.* Заты, рақат пен бейнеттің айырмасын, дәмін татқан ғана біледі. *Жаны қиналып* көрмегенге біреудің құлағын біреу кесіп жатса, киіз кесіп жатқанмен бірдей (Ғ.Мұстафин, Дауыл).

Жаны [жан] құмар [құштар]. а) *Ынтық, ынтызар.* Көктемге де келіпті Көк өрім боп сол шынар. Шыңнан жиған көрікті, Сол шынарға

жан құмар (С.Мәуленов, Торғай). Есет сынды ер еді, Ерте түрса – қансонар, Аңшылыққа *жан құмар* – Бүркітін алып жөнелді (М.Дулатов, Шығ.). Қақтағып-қағысқан кездер болса, ол үшін бар жұмысын, жүрісін де доғарып қойып, керіс қызығын көруге *жаны құмар* (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Сүйікті, қадірлі, қымбатты.* Досым едің *жан құмар,* Сендей досты кім қияр? Енді осы кітапты Ортасынан бастайтын, Ар жағы өзіақ жөн табар (Қ.Аманжолов, Тол. жин.).

Жаны құрбан. *Жанын аямайды, неге болса да дайын.* Анық асық –әулие, Кереметке сол ие. *Жаны құрбан* жарына, Керексіз оған дүние (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мамыр айтты: – Мен сенсіз тірі тұрман, Үш қайырдым сөзіңді мен антұрған. Бір Құдайға сыйынып ал да жөнел, Жолыңда өлсем разымын, *жаным құрбан* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жаны құрыды. ж е р г. *Зәресі ұшты, қорықты.* Біліп қоя ма деп оның *жаны құрып* тұр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жаны қыдырды. ж е р г. *Жаны шықты, не істерін білмеді.* Мен сол ісін айтқанда, Айтбайдың *жаны қыдырып* кеткендей болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бағанағы ішкен асының қайда кеткенін білмеймін – деп Судыр Ахмет тастай қараңғы үйде *жаны қыдырып,* жүгіріп жүр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жанымен берілді. *Шын ықыласымен, бар ынтасымен істеді.* – Әкем жаңағы сіз айтып отырғандарды түсінеді де, біледі де, мал бағуды ұнатады, оған *жанымен берілген* (Р.Тоқтаров, Қыран.).

Жаным садаға [пида]. *Бір іске, біреуге жанымды берем, өмірімді қиямын, құрбаны боламын деген мағынадағы сөзқолданыс.* Сондайда сені зар қылған, Қуаныш яки сана ма? Сенер болсаң мен ортақ. Сенен *жаным садаға* (Б.Күлеев, Шығ.).

Жаны мұрнының ұшына келді [тақалды]. а) *Өзін қоярға жер таппады, қатты састы, қысылды.* «Қазанғап» – деп, сыбырлай бұға түсті Шолпан. *Жаны мұрнының ұшына келіп,* екеуі қыбыр етпестен жатқанда, Қазанғап өте беріп тұра қалды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Сөйтіп, *жаны мұрнының ұшына тақалып,* екі көзі алақтап отырғанда, тәңірі жарылқасын, Қабыш кіріп келгені ғой милиция бөлмесіне («Қаз. әдеб.»). ә) *Қатты қорықты, зәре-құты қашты, үрейі ұшты.* Жиналып тұрған ақсақалдардың, байлардың сұрлары кетіп, өңдері қашты, бәрі дағдарды. *Жандары мұрындарының ұшына келді* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Малжанбайдың *жаны мұрнының ұшына келді.* – Қарақтарым, дәт-дәт әуелі тілге келейікші, –деді (С.Жүнісов, Жапанда.). Сонда жойқын үн Ақбайдың жатқан орнынан жұлқып тұрғызар еді, құмай тазыларын қорқыныштан қаңсылатып, *жаның мұрнының ұшына келтірер* еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Жаны мұрнының ұшында. а) *Жанталасуда, қорыққан, қысылған күйде, үрей үстінде.* Өз жүрегінің дүрсілі ат аяғының дүрсілі болып естіледі. *Жаны мұрын ұшында.* Сонда да қызығынан азабы, азабынан қызығы тәтті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.). Өзіңіз білесіз, майдан жайында жанталас көп қой. *Жан мұрнының ұшында* жүреді емес пе? Сізді топырақтан құтқарғанша ентігіп қалдым (Бәйшешек). ә) *Зәресі қалмады, шошыды.* Кер бие қашан ала жөнелер екен, – деп, қыбыжық қағып отырмын. *Жаным мұрнымның ұшында* (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Жанына балады. а) *Ардақтады, құрмет тұтты.* Кескір қылыш, өткір қыз Ел ынтыға қарады. Бақыттым, деп армансыз, Жұрт *жанына балады* (Ж.Саин, Таңд. шығ.). ә) *Жақын тұтты, өзіне жақын санады.* Жігітті *жанына балап* жақын тартқаны соншаалды-артынойлаған жоқ еді (Т.Ахтанов, Таңд.). – Қолда бар дүниемүліктен қалғанын алсын Сәкен аға, бірақ *жаным а балаған* жалғыз атты қия алмаймын, – дегенді бозбала жігіт (Ә.Көшімов, Лашын.).

Жанына батты. *Көңіліне қаяу түсті, қатты қиналды.* Біржола басты қім берер. *Жаныңа* қайғы *батпаса* (Абай, Тол. жин.).

Жанына жақты. *Тәуір көрді, ұнатты.* Қартқожаның *жанына* мектеп, қала, оқу жайынан айтса, *жағар* еді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). *Жанына* еліміздің жылқы *жаққан,* Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан. Мінсең – ат, ішсең – қымыз, жесең – қазы. Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан (І.Жансүгіров, Шығ.). Құсанның едірейіп екі көзі Сенгендей әлде болса өзіне-өзі. Қалжыңын, кекесінін қозғай айтты, *Жанына жақпаған* соң қыздың сөзі (И.Байзақов, Шығ.).

Жанына жара салды. *Қайғы-қасірет тартқызды, уайымға түсірді.* Өртеніп албырт тәні от боп жанып, Булыққан ыстық жас та кетті тамып. *«Жанына жара салып* күйігі ауыр, Анама естіртемін»,– деді,– нағып (Қ.Жармағамбетов, Баллада).

Жанын алды. а) *Жоқ қылды, өлтірді.* Кет қорғаннан, көзің жой. Кетпес болсаң жөніңе Жоқ етемін жарыңды Алыспай *алам жанын* деді, – дейді Біршімбай Қобыландыға (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Жұмақты» жапты жандарм, Ойнады тағы жұдырық, – Өлмегің келсе, жалбарын! *Жанын* суырып *алам* (Ж.Молдағалиев, Жыр тур.). ә) *Жеделдетіп, састырды, тықсырды, бол-болдың астынан алды.* Плотовой жұрттың *жанын алып:*

Тездетіңдер! Әй, неге селтиіп тұрсың? – деп айқайлады (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Жанынан қорықты. а) *Тірі қалмайды, өледі деп састы, шошыды.* Мен де екіқабат болған соң, жалғыз *жанымнан қорқып,* тәуіптерге қаратып едім, сенің ішіңдегі «қыз» деді (Аяз би). Саркұдықтың басына, Сорға бола қонды атам. Жалмауызға жалғызын *Жанынан қорқып* берді атам (Қаз. ертег.). ә) жағымсыз. *Жанын сақтауды ғана ойлады, жеке басының амандығы үшін әуре болды. Жанынан қорыққан* жалтақтар, Қалсың бізден бөлініп, Екіталай кезеңде, Кесір болар шетінен (О.Шипин, Дастан.).

Жанынан түңілді. *Дүниеден безді, күдерін үзді.* Шұбырып тауға қарап ел жөнелді, Не боларын соңынан кім біледі? Тауға шығып, өрмелеп тасқа бұғып, Елдің бәрі *жанынан түңілді* енді (Жамбыл, Шығ. жин.).

Жанынан түңілісті. *Бәрін бірдей үрей биледі.* Түрлі құс орманда ұйықтап жатқан жиын шошынып *жандарынан түңілісті* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Жанына тиеді. *Келемеж қылды, жынын келтірді, намыстандырды.* – Біз Азиямыз ғой! – деп, Нұрқат әдейі Ковальчук *жанына тие* қарқылдап жалған күлді (З.Шашкин, Сенім). Сен, Марфуға мынаны түсін, сенің кейбір балалық мінезің оның *жанына тиеді,* жанына тиген соң қызметіне әсер етеді (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де сол керек).

Жанын берді. а) *Аянбай, жанын құрбан етті.* Қайрымды, нашар десе *жанын берген,* Шын сүйіп солар үшін бейнет көрген. Халықты құрметтегіш жас та болса, Атақты және болды өте мерген (О.Шипин, Дастан.). ә) *Ант ішті, қарғанып-сіленді.* Онда оны алдайды, мұнда мұны, *Жанын берсе* табылмас сөздің шыны. Алты жақсы, жүз жылқы болған басы, Бір семіз ат болады оның құты (Абай, Тол. жин.). Ант ішкен, күнде *берген жаны* құрсын, Арын сатып, тіленген малы құрсын (Абай, Тол. жин.).

Жанын далаға тастай алмады. *Өзін-өзі күтпеді, бас амандығын ойламады.* Ел аман, жұрт тыныш, жер қара, күн жылыда мәшинеге соғылып, өз *жанын далаға тастай алмай* жүрген адамның кімге керегі бар (Ә.Нұршайықов, Жомарт өлке).

Жанын [жағасына келтірді] жағасынан алды. *Жан алқымға алды, әуреге салып қыстады.* Сақты: «*Жанымды жағама келтіріп,* мені қысқан осы жалмауыз, қарасын өшір, достым», – деп қасқырға баян етіпті (Қаз. ертег.). Жұмажан Маржанға: – Тіпті ана кәрі шешең *жанымды жағамнан алған* жоқ па? – дейді (М.Әуезов, Тол. жин.).

Жанын жақты. жер г. *Ыза қылды, күйдірді.* Мың десе де түсінбей адамның *жанын жағады* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жанын жалғау. *Күн көру, пайда түсіру.* Сондағы бір *жанын жалғау* Бекейден алған қалың мал. «Оңай ма енді оны алдау? Жап аузыңды, жабыңдар!» (Д.Әбілев, Жүрек).

Жанын жалдады. а) жағымсыз. *Жанын бергенсіп алдап-арбады, құлыққа салды.* Мал үшін тілін безеп, *жанын жалдап,* Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап (Абай, Тол. жин.). Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, *жанын жалдап,* тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді (М.Әуезов, Шығ.). ә) жағымды. *Аянбай құлшына, жан-тәнін салып істеді.* Жақсылық үй ішіндегі топты жанды қыстай-жаздай тынымтаппай еңбек қып, *жанын жалдап* асырап жүретін (М.Әуезов, Шығ.).

Жанын жалдау. *Жанын бергенсіп алдап-арбау, құлыққа бару.* Баяғы құлық бір алдау, Қысылған жерде *жан жалдау* (Абай, Тол. жин.).

Жанын жаныпты. *Үлкен ауыртпалық көрсетті, қатты күйзелтті.* Саңқал киізден сығалап аңғал шуақ Ақбілектің бетіне түсіп, жайраңдаса да, телегей аққан жасын құрғатуға септігі тиген жоқ, *жанын жаныштаған* қараңғылық жарық дүниені аңсатты (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Қорқыттың жүйрік *жанын* жай тасындай, *жаныштаған* осы ойлар ед қорғасындай (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жанын [жебірдей] жегідей жеді. *Жанға батты, қайғыртты, мазасын алды, уайымдатты.* Ләззәт жалғыз, қуанышынан азабы көп, *жанын жегідей жеп* келе жатқан бір сезімнің демі үзілді (Т.Ахтанов, Махабб.). Ендігі сәуле – қи шоғы, Қып-қызыл піскен темірдей. Сый жоғы, өзге күй жоғы, *Жейді* әйел *жанын жебірдей* (Ж.Молдағалиев, Жесір тағдыры). Соғыста қайтыс болған ұлына деген сағыныш, жастайынан айрылған күйеуіне деген сағыныш *жанын жегідей жеп* барады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Жанын жеді. а) *Өзін-өзі азапқа салды.* Ол жер қазса да, шыбық қадаса да, *жанын жеп,* қауырт қимылдайды (М.Иманжанов, Менің махабб.). ә) *Жанына батты, азап тартқызды, қиналтты.* Ардақ қайласын сермеп қалып қынжылды. Жаралы қолы *жанын жесе* де, білмеуге тырысып жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды.). Күндер өтті, *жанды жеді* абақты, Қанды сорып, көтертпеді қабақты. Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек, Көтере алмай қалды сорлы қанатты (М.Жұмабаев, Шығ.). б) *Қайғыдан, құсадан т.б. ішкі күйзелістен мазасы кетті, уайымға түсті. Жанды*

ж е г е н азаппен қиналып шыққан Қарагөзді білген жан жоқ (М.Әуезов, Қараш.). Еламан ауыр ойда қалды. Қандай да болса жас келіншектің *ж а н ы н ж е г е н* қасірет барын сезді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жанын жұбатты. *Алданыш етті, уатты.* Жалғыз сені ұнатам, Неге, сәулем, нанбайсың. *Ж а н ы м д ы* қалай *ж ұ б а т а м,* Жүрегің жоқ па, қандайсың? (Ғ.Құрманғалиев, Өлеңд.).

Жанын көзіне көрсетті. *Әбден қинады, азапқа түсірді.* – Тісім, Тісім! *Ж а н ы м д ы к ө з і м е к ө р с е т т і* ғой! Пожалуйста, сіз жақсы емдейді дегенсін келдім, Қареке, – деп жалынды ол (Б.Оразақов, Дәрігерлік.).

Жанын күйдірді. *Шымбайына, намысына тиіп, ызаландырды.* Өзі нервный байғұстың сен де көңілін қатты қалдырдың деген Қалияға Әшім: – Қалса қайтейін. Ол да менің *ж а н ы м д ы к ү й д і р м е с і н*! Не дұрыс адам болсын, – деді (М.Иманжанов, Шығ.). – Мені өлтіретін болсаң біржола өлтір, әйтпесе өзі күйіп жүрген *ж а н ы м д ы к ү й д і р м е?* – деді (М.Дулатов, Шығ.).

Жанын күтті. а) *Баппен жүрді, күтінді.* – Апа ішіп-жемге мен аман болсам, кенде болмайсыңдар. *Ж а н ы ң д ы к ү т і п,* отыр енді, – дейді баласы (М.Дүйсенов, Гүлжан.). ә) *Өзін аяды, бар күшін салмады, жанын бақты.* Күтпеді, сыйламады жолдасым деп, Жағынан алғыр қандай жан айтады. Япырым-ау, мынау *ж а н ы н к ү т е д і-а у* деп, Қонақтың қонып кеткен саны айтады (С.Дөнентаев, Шығ.).

Жанын қарманды. *Әрекеттенді, талаптанды.* Жаманға жалынғанша, Жат та *ж а н ы ң д ы қ а р м а н* (Мақал-мәтел). Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, *ж а н ы н қ а р м а н ы п,* адал еңбекпен мал іздемек, Ол – арлы адамның ісі (Абай, Тол. жин.).

Жанын қатерге тікті. *Ажал аузында жүрді, басын өлімге байлады.* Бойын басқан күпісін де ауырлап, қанша күннен бері жау ішінде *ж а н ы н қ а т е р г е т і г і п* жүргенде, түк бітірмей босқа сенделіп қайтқанына ренжіп тұрған-ды (Ә.Нұрпейісов, Таңд.).

Жанын қиды. а) *Құрбан болды, жанын пида қылды.* Бақыт үшін *қ и ы п ж а н,* Жығылғанда партизан. Осы жерде кетіпті, Жүрегінен тамып қан (С.Мәуленов, Өлеңд.). Туғанда ер басына қараңғы түн, *Ж а н қ и я р* көпірде жолдасы шын (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Үйретсін шәкірттерге әуелі иман, Ұстаз болсын пән үшін *ж а н ы н қ и ғ а н,* Мағынасын өз тілінде түсіндірсін, Білім ап екі жақтан, болсын имам (Ақмолла ақын, Күндер.). ә) *Жанын салды, шын көңілмен істеді, аянбады.* Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа *ж а н ы н қ и я т ы н* жігіт (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жанын қоймады. *Қыр соңынан қалмады, қояр да қоймады.* Егер ерсең, *қ о я р* емес *ж а н ы ң д ы,* Салықпенен бітіретін малыңды. Тұрлауы жоқ кілең судыр жылмаңға, Неғып сеніп, тапсырасың малыңды (Б.Майлин, Шығ.).

Жанын қорғады. *Жан бақты, басын сақтады.* Құржаңдайды бәрі де, Шөп аршысып күрекпен. *Ж а н қ о р ғ а м а қ* болады, Тырбаңдасып білекпен (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Жанын қорғау. *Басын аман сақтау, өлмеуді ойлау.* Балапан тіршілік дәрменімен ауыздарын ашып, қарақаттай көздері мөлдіреп, *ж а н ы н қ о р ғ а у* ылажын істегендей болады (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

Жанын қоярға жер таппады. а) *Арпалысты, тынышсызданды, безек қақты.* Салқын қораға үйренген Ахметтің ала биесі бөгелектен *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п п а й* жүр (Ғ.Мұстафин, Таңд.). Шүберекті жағы қарыса тістеп алса дағы, *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п п а й* жұлқылап безек қақты (С.Нарымбетов, Тентек). ә) *Мазасызданды, уайымдады, дегбірсізденді.* Шалтай Сәулеге: – Мұндай қорлықты көрмей өскен ерке неме, ызаға шыдамай, шахтының бір шұңқырына құлап өледі екен деп шыбын *ж а н ы м д ы қ о я р ғ а ж е р т а п п а д ы м,* – дейді (Ә.Әбішев, Замана). Хан кеңесі жиылғанша *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п п а ғ а н* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жанын қоярға жер таптырмады. *Дегбірін қашырды, әбден мазасын алды.* Күннен-күнге сабыры қалмай, жатса-тұрса көз алдына Қамардың суреті елестеп, *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п т ы р м а й* барады (С.Торайғыров, Шығ.). Кім дос, кім қас байқамайсыңдар! – деп, үсті-үстіне баспалатып, хатты оқып шыққанша, Хасеннің *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п т ы р м а д ы* (С.Торайғыров, Шығ.).

Жанын құрбан қылды [етті]. *Өлімге басын байлады, жан қиды,* Асықтық сөзге жүйрік, әсіресе, Демалысым, құмарым бір сен десе. *Ж а н ы н қ ұ р б а н* жолына *қ ы л ғ а н* жансып, Көз қарауы құбылар әлденеше (Абай, Тол. жин.). Сонда-ақ қиып қанымды, *Қ ұ р б а н е т і п ж а н ы м д ы,* Аттап өтіп ұяттан, Жүрегімді тілдіріп, Сүйгенімді білдіріп Мен емес пе оятқан (Б.Күлеев, Айтшы.).

Жанын қыстады. *Азапқа салды, қинады.* Маған бітсе осы мал, *Ж а н ы м д ы* неге *қ ы с т а р* ем? Мың теңгені бір сомдай Қызығыма ұстар ем (Абай, Шығ.).

Жанын ортаға салды. *Қиындыққа төзуге, бас байлауға, тәуекел қылды.* Сәтбек Бекболға ашуланып кеп: – Өй, өзің тілің бар ма? Неге үндемейсің. Мен саған болысып *ж а н ы м д ы о р т а ғ а с а п* тұрғам жоқ па? – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ербол өгізді қамшылап отырып

жиекке шықты. *Жанын ортаға салып,* қатерге басып, Абайға шын достық көрсетіп шықты (М.Әуезов, Шығ.).

Жанын отқа салды. *Жанын пида қылды, өлімнен қорықпады.* Мен үшін Төлеш *жанын отқа салып* отырғанда, басын тағы да бір пәлеге салып кетсем, қарызы менің мойнымда кетпей ме? – деді Дәмеш (М.Әуезов, Қараш.). Сенің кешеден бергі анау патшаны өлтірген, ел үшін *жанын отқа салған* азаматтар туралы айтқан сөзің әлі есімде, Абай, – дейді Дәркембай (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жанын пида қылды. а) *Жанын аямады, ажалға бас тікті, өзін құрбан етті.* Тірісіңдер, құрбандар, *Жанын пида қылғандар*! Күзетінде Отанның, Мәңгі бақи тұрғандар, Тірісіңдер, құрбандар! (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Бар ынтасын салды, аянбады.* Барша халқым аман бол, Көз жасыңды бір имек. *Пида қылжандыға* оқуға, Қолыңа теңдік тез тимек (XX ғ. қаз. ақын.). Ақселеу мініп, Қылаңнан киіп, Қараған жанға көрінбей. Ізденіп жарды, *Пида ғып жандым,* Алыс деп ауыл ерінбей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жанын [бар жанын] салды. а) жағымды. *Бар ынтасымен, ықыласымен істеді, аянбады.* Салақ едім соншалық, Сол келгелі оңалдым. Сабақты да *жан салып,* Жақсы оқитын боп алдым (Ж.Әбдірашев, Саяхат). Кей иттер бір пәлені сезгендей топ аттыларға бар *жанын салып,* шабалаңдап үреді, қайсыбірі бойкүйез (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Той жабдығы бізге тапсырылатын болса, абыройлы өтуіне *жанымызды саламыз* және ойдағыдай өткізуге сенім де бере аламыз (С.Мұқанов, Есею жылд.). ә) жағымсыз. *Қимарланып, құнықты, бәрін цмытып елікті.* Омардың қарта десе *жанын салатынын* Мардан біледі. Оның ойынға ұрлық араластырып, қару қылатыны да белгілі (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.).

Жанын сатты. *Ар-ұжданын, абырой-иманын салды, пұлдады.* Омар сыры Марданға әбден мәлім. Оның қарта десе *жанын сататынын* да Мардан біледі (І.Жансүгіров, Шығ.). Басқаны өз қарнынан ойламайды, Мал берсе ары түгіл, *жанын сатқан* (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

Жанын сықты. *Қыспаққа алды, қысты.* Дәмеш бәйбіше *жанымды сығып* бара жатқан соң, мені ашу кернеп кетті, аузыма не түскенін де білмеймін (Б.Майлин, Шығ.).

Жанын тындырды. *Қолғабыс қылып дем алдырды, көмектесті.* Кеңесбек оқуынан үйіне келісімен-ақ анасына кемектесіп, отынын жарып, кірін жуып *жанын тындырды* (Тарту).

Жанын тікті. *Тәуекел қылды, қиындыққа бел байлады.* Енді ойласақ, не қалды? Ата жұрттан кету бар. Жолға *тігіп* не *жандыТәуекелге* беку бар (Жамбыл, Шығ. жин.).

Жанын ұрды. *Жанына батты, қайғырды.* Жарлының жалғызы өлсе *жанын ұрар,* Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар (І.Жансүгіров, Поэма.).

Жанын шүберекке түйді. а) *Өлімге бас байлады, тәуекелге бел буды.* Тәнеке: – Ей Қыдырбай... Біз қу *жандыШүберекке түйіп* кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараңнан аса берме, – деді (М.Әуезов, Шығ.). Алтай – талай жыл көпірлерден өткен, талай рет *жанын шүберекке түйіп* қауіп-қатерден өзінің тапқырлығымен құтылып шыққан адам (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Атағы Алатаудай бұлтқа тиген, Халқы үшін *шүберекке жанын түйген.* Даланың шолпанындай Ыбырайды Ардақтап әр уақытта елім сүйген (О.Шипин, Дастан.). ә) *Зәресі ұшып шошығанын, үрейленгенін білдірмеді, сездірмеуге тырысып бақты.* Қаладағы қазақтарды солдатқа ұстай бастаған соң, қу *жанымызды шүберекке түйіп,* қашып келеміз, – деп Әбіш созып сөйлей бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). Аққенже *жанын шүберекке түйіп* не істерін білмей жүр (С.Ерубаев, Ойсыл қара). Алтынайдың баласымен шыққаны өзіне қызықты, көңілді болса да, баланың қылығын көріп, *жанын шүберекке түйіп,* қысылып-ақ шаршайтын (А.Хангелдин, Өткен күн).

Жанын шығарды. а) *Жаншыды, қатты ауыртты.* Жылағанымды жұрт көрмесін деп таңертең ерте тұра салып, шөп қорғанға барамын, ойын иерді қос қолдап көтеріп, аяғымның *жанын шығарамын* (Ә.Нұршайықов, Алтын.). ә) *Екі аяғын бір етікке тықты, қысты.* Шыныңды айт деп қыспалап *жанын шығарды* (Ауызекі).

Жаныңа жамандық бермесін! тілек. *Қазажазадан сақтасын; кесір-кесапаттың бетін аулақ қылсын (риза болғанда, көңілі толғанда айтылатын тілек).* Құдай тағала *жанынға жамандық бермесін* (Ауызекі).

Жаныңа не керек? а) *Не мұқтажың бар, нең жетіспейді?* Ей, бишара, мүгедек, *Жанынға не керек?* Дейсің ғой, маған ұл керек (Алпамыс). ә) *Жоқ емес зат жоқ, барлығы бар. Жанына не керек,* Осында бәрі бар. Жан жетпес байлыққа ие бол, бәрің (Ә.Ахметов, Өленд.).

Жаны өртенді. *Жанына батты, қатты қайғырды, күйінді.* «Кедейлер де бата оқыған боп, ас пен садақа дәметіп сығалап жүр-ау! Қай *жаны өртеніп* барады дейсің!» –

деп Әзімбай мен Шұбарлар суық қарасты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жаны сая [рақат] тапты. *Жаны жай тапты, көңілі тынды, риза болды.* Қонай Мұратқа: Айналайын-ай, тіпті *жаным* жаңа *сая табайын* деді-ау мына сөзіңнен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шыдай алмаған Жанұзақ *жаны сая таба алмай* ертеңінде жұмысы болмаса да, онай шалдың үйіне кіріп келіп еді (М.Әуезов, Өскен өркен). Жер үстінде жарық етті бір ақ маңдай, Жаңа ғана *жаны рақат тапқандай.* Бұл өмірден маған тиері осы, деп, Сыбағасын уыстап ап жатқандай (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жаны сүйді. *Жақсы көрді, ұнатты. Жаны сүйген* жас жарынан айрылған жаралы азамат қаны мен жасы кезек тамшылап, нағашысының еліне тартқан екен дейді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). – Сен едің жүрек досы *жаным сүйген,* Сен үшін бірде тоңып, бірде күйген (О.Малқаров, Менің ізім).

Жаны сірі [темір]. *Шыдамды, мықты, төзімді.* Қыздың *жаны сірі* екен, көпке дейін құлаған жоқ (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). *Жаны сірі-ақ* өзінің. Әкесінің соңынан Сібірге ере барып қайтты, өлетін түрі жоқ, – деді әлдекімдер мысқылдай сөйлеп (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Қой жоғалса, өлсе төлеулі. Байдың бұл қойлары суға салса батпайтын, отқа жанбайтын бір *жаны темір* қойлар болды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жаны тәтті. а) жағымсыз. *Жеке басын, өз жанын ойлап қалған, жанынан ары садаға (адам).* Тартынсаң *жаны тәтті* неме екенсің, Үйпап, күзеп алайын сор бағыңды (М.Әуезов, Шығ.). ә) мысқыл. *Кім өмір сүргісі келмейді, өмір қымбат, күн көру керек деген мағынадағы сөзқолданыс.* Мінекей жасым келді екі жүзге, Жалғанда *жаны тәтті* жалғыз біз бе? Өлімнен мен де ықтадым, құтыла алмай, Ұстайды әлде үйде, әлде түзде (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

Жаны тойды. *Қанағат қылды, тояттанды.* Дүниедегі адамзат *Жан тоя ма* іңкәрға? Жұмсады ма сіздерді Үйдегі Бурыл тұлпарға (Қобыланды батыр).

Жаны төзбеді. *Жақтырмады, ұнатпады.* Бұл арада осы сияқты Қиғаш ойларға *жаны төзбей* отырған бір-ақ адам, ол – Айнаш (Ж.Арыстанов, Жалын.).

Жаны тынды. *Демі бітті, тыныштады.* Көзден дүние бұлбұл ұшып, қарауытып *жаны тынды* (С.Керімбеков, Еңбек – ата).

Жаны тыныштық көрмеді. *Жаны жайланбады, мазасызданды, көңілі орын таппады.* Оқытарсың молдаға оны, Үйретерсің әрнені медеу етіп ойы саны, *жаны тыныштық көрмеді* (Абай, Тол. жин.).

Жаны ұстараның жүзінде [ұшында] тұр. *Жаны ажал аузында болды.* Қыз ішіп елтіп қалды күйдің уын, Дерттеген тыңдай-тыңдай домбыра үнін, *Жүзінде ұстараның жан тұрғанда,* Бойында сақтамақшы кім аруын? (І.Жансүгіров, Таңд.).

Жаны үзілді. *Дүние салды, жантәсілім етті.* Шанадағы Зылиқаның денесі ғана еді, *жаны үзіліп* кетіп еді (Б.Майлин, Шығ.).

Жаны үйір. *Тым әуес, өте құмар.* – Әйтеуір осының-ақ елден ерек көрініп жүру үшін оқас қылықтарға *жаны үйір-ақ,* – деді Шора би де шірене сөйлеп (А.Сатаев, Дала күйлері).

Жаны шошыды. а) *Қорықты, именді, мойындады.* Бір жерде бірге жүрсең басың қасып Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып. Бәріңді бірің ғиззәт құрмет етіс, Тұрғандай бейне қорқып, *Жаның шошып* (Абай, Тол. жин.). ә) *Зәресі ұшты, тітіркенді, тұңілді.* Жауыздықтан *жаны шошып* Кімдер сонау күңіренген? Қосылып жұрт жатыр басып, Қош айтысып туған елмен (Қ.Аманжолов, Тол. жин.). Өмірі мұндай топтың талқысын көрмеген жас Сатан мынау топалаңды көріп *жаны шошып* тұрғандай, тасқайрақтай қағысқан дау, ақ па, адал ма, біреу біреуді сүйрейді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бәкен жұрттың азғыруымен жиылыстан *жаны шошыды* (Б.Майлин, Раушан.).

Жаны шығып кете жаздады. *Қатты састы, қорықты, зәресі ұшты.* Бекмырза: – Не болса, о болсын, Ева ханум, қатырдыңыз, *жаны шығып кете жаздады,* – дейді (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Оспанның да құйрығына қыл батпай, Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп, *жаны шыға жаздап,* құр анау үйден мынау үйге кезекке жүгіре берді (С.Торайғыров, Қамар сұлу).

Жаны шығып кетті. *Шыдай алмады, төзбеді.* «Ақымақ!» деп молда қамшысын көтеріп алғанда, *жаным шығып кете мае* екен деп едім (Б.Майлин, Шығ.).

Жаны шықсын. эксп р. а) жақтырмау. *Өлмесе өме қапсын, өзіне де сол керек деген мағынадағы сөзқолданыс.* Жетібай да бүгін үйінен шықпай қойды. Кім біледі, *«Жаның шықсын!»* – деп, Нұртайды табалап жатқан шығар (С.Омаров, Қайырлы жаз). ә) *Айтқаны өтірік емес деп ант-су ішкенде айтылатын сөзқолданыс.* Орысшаға өтірік жазған болса переводчиктердің (тілмаштардың) *жандарын шығысын* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жаны шықты. а) *Демі таусылды, өлді.* Көксеректің *жаны әбден шығқаан* соң, Аққасқаны Хасен Бейсенбаймен екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды (М.Әуезов,

Қараш.). Сайдақтың есі шығып кетті, қазіргі түріне қарағанда кешікпей *жаны да шыға тын* (Ә.Әбішев, Замана). Құлыншағым, Тепті қатты. *Жаны шықты,* Қасқыр жатты (Ә.Тәжібаев, Жастық.). ә) *Шамына тиді, күйгелектеніп ашуланды.* Кейбір адамдардың кемшілігін айтсаң, *жаны шығып* кетеді (Ауызекі). б) *Бар күшін салды.* Көшеде кез боп бір қанден, Ұмтылды пілге шаптығып, Шаңқылдап үрді ерленіп, Тартынбай ұрысар *жан шығып* (Абай, Тол. жин.).

Жаны шыдамады. *Көнбеді, төзбеді.* Есей ызалана мырс етті: – Хабарла ендеше! Кешке дейін *жан шыдаса,* біз шыдадық деп хабарла! (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Зұлымдыққа *жан шыдар* ма? Бойда жігер тасыған. Бейбіт туын алшы қолға! Кел сапқа тұр, жас ұлан! (А.Шамкенов, Сағат.).

Қатынның [қыздың] қырық жаны бар. *Әйел адам итжанды, жаны сірі, төзімді деген мағынада.* – Сірә, *қатынның қырық жаны бар* деген рас шығар?! – деп, Судыр Ахмет Бибіжамалдың бүйіріне теуіп қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Не жаны. эксп р. мүсіркеу. *Қалай, қалайша, қайтіп.* – Әй, Байжан тоқта, үйге сыймаймын деуші едің бір кезде, енді *не жанының* шыдап жүр? – деп, Гүлсімге күлімсірей қарады (А.Хангелдин, Өткен күн). Хабарсыз кеткен талай жігіт қайтып келіп жатқан жоқ па? Онан да Асылға қуат берсейші. Оның *не жаны* жүр деп едің? (Ғ.Сланов, Замана.).

Өлі бойға жан жүгірді. *Бойға қуат-жігер бітті, өшкен үміті жанды. Өлі бойға жан жүгірді,* Қайратым құрыш болды нан. Мұз жүрегім май секілді Еріп, от боп күйді жан (Абай, Тол. жин.).

Сөзінің жаны бар. *Айтқаны рас, шындық.* Омардың *сөзінің жаны бар.* Болыстықтың өзі түгіл маңайына жуи алмайтынын Омардың өзі түгіл мына жиналған көпшілік те іштей сезіп, біліп отыр (Б.Тілегенов, Аққайнар). – Мына *сөздің жаны бар*! Аспан маған жер сияқты көрінеді. Анау айдың айналасындағы жұлдыздар жыбырлап тұр. Кәдімгі біздің бригадамыз, – деді Жапар (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Шыбын жан. эксп р. *Тіршілік, өмір.* Көре тұра қалады қашқан түлкі. Құтылмасын білген соң құр қашқанға. Аузын ашып қоқақтап, тісін қайрап О да талас қылады *шыбын жанға* (Абай, Тол. жин.).

Шығарда жаны басқа. эксп р. *Ерекше жақсы, басқаға қарағанда бөлекше.* – Айгүл, несіне сұрай бересің, сен дегенде *шығарда жаным басқа* екенін өзің де білесің ғой (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Шықпаған шыбын жан. *Құр сүлде, құр дене.* Жылы жүрек суынды, жара түсті, *Шықпаған шыбын жанмен* күн өткіздік (Абай, Тол. жин.).

ЖАН[2] [ир. جان] зат. **1.** кіт. *Еңбек үдірісінде құрал-сайман өндіретін күш иесі ретіндегі адам.* Әр *жанға* шаққанда екі данадан келеді (Ауызекі). **2.** *Адам, кісі.* Ас үстінде менің байқағаным: осы бір тап-тар бөлмедегі төрт *жанның* өзара бір-біріне деген тәтті махаббаты (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Біз де көрдік оғының атқан жерін, Қай жерге оғы түсіп жатқан жерін, Әр *жанның* өзіндік бір келбеті бар, Бәрекелді, шіркіннің тапқан жерін! (Ақмолла ақын, Күндер.). Тоқбике еш уақытта да байлықты арман еткен *жан* емес. Тек адамдықты арман етеді (Д.Әбілев, Арман.). Қол-аяғынан әл кетіп, ол қасындағы бір әйелге сүйенді. Оны бір *жан* жұбатқан жоқ (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** *Бірде-бір адам, ешкім.* Мәукіл телефонды орнына қойып, үлкен көзі аларыңқырап, жан-жағына қараса, өзінен басқа *жан* жоқ екен (С.Бегалин, Уақыт.). Сенісерге *жан* таба алмай, Сенделеді ит жүрек. Тіршілікте бір қана алмай, Бұл не деген тентірек (Абай, Тол. жин.). Тойына шақырмаған *жан* қалмаған, Түлкі, қарсақ, құлан, киік, суыр, қоян. Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан – Хайуанның жыбырлаған бәрі барған (М.Дулатов, Шығ.).

Асыл жан. поэт. *Ардақты, қымбат, қадірлі адам.* Бұл екі *асыл жан* екеуі де өздерінің саналы өмірінде мені сүйіп, сыйлап кетті. Мен бұл *асыл жандардың* хаттарын оқып, осы күні өздерімен сөйлескендей боламын («Түркістан»).

Барша жан. *Бүткіл тіршілік иесі, жан-жануар мен жәндіктер, адамзат.* Құдайым *барша жанды* жаратып тұр, Бірін аз, бірін көп қып таратып тұр. Елубасы тышқанды болыс сайлап, Арыстанды аузына қаратып тұр (Орынбай//Екі мыңжылдық.).

Дертті жан. *Уайым-қайғысы көп, жаны жаралы адам.* Мен өзім – бір *дертті жан,* дуанамын, Қайда бір хақтық көрсем қуанамын (Ақмолла ақын, Күндер.).

Жан баласы. *Ешкім, ешбіреу.* Шұбар мен Әзімбай, Тәкежан үшеуі ғана боп, өзге *жан баласына* естіртпей сөйлескен сырларын тыңдаса, шындарын сұмдық қып ашушы еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұрын *жан баласына* жүрек жарып ашылып көрмеген момын, таза Мәкен де соңғы күндерде Дәрмен домбыра алып, бұның қарсысына отырып, ұн сазын бастағанда, жас жүрегі лүпілдеп сағып қалды (М.Әуезов, Абай жолы). «Көріпкелдің» не оқытқанын, қалай оқытқанын бұл төңіректе

ж а н б а л а с ы білмейді. Мұндай жағдайда Бектұрғанның өзі жұмған аузын ашпайды (О.Сәрсенбаев, Бақыт).

Жан басына. *Әр адамға, адам басына.* Астықты, менің ойымша, *ж а н б а с ы н а* бөлген әділеттілік (Б.Қожабеков, Көктөбе). *Ж а н б а с ы н а* өндірілген азық-түліктің, матаның, аяққиімнің, тұрғын үйдің, мәдени тұрмыстық тауарлардың көлемі негізінен орта жан басына тұтынуды да сипаттайды (ҚСЭ).

Жан басына өнім өндіру. э к о н. *Елдің өндіргіш күштерінің даму дәрежесін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштің бірі. Ж а н б а с ы н а ө н і м ө н д і р у* негізінен елдегі өндірістік жеке тұтынудың мөлшерін көрсетеді (ҚҰЭ). Халықтың *ж а н б а с ы н а ө н і м ө н д і р у* көрсеткіші қоғамдық еңбектің өнімділігі, тұтыну дәрежесі мен ұлттық байлық сияқты көрсеткіштермен тығыз байланысты (ҚҰЭ).

Жан беттетпеді. *Айбарымен, ызғарымен кісіні бетіне қаратпады, бетінен алды.* Жау айбынар түсі бар, *Ж а н б е т т е т п е с* күші бар (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.). Жеті атасынан бері *ж а н б е т т е т п е й,* жан-жағындағы елді жаншып келе жатқан әрі бай, әрі сотқар тұқым (Ә.Әбішов).

Жан біткен. а) *Еш адам, ешкім.* Жайдары жүзің жабылмай, Жайдақтап қашып сабылмай, *Ж а н б і т к е н г е* жалынбай, Жақсы өліпсің япырмай (Абай, Тол. жин.). ә) *Адам атаулы, барлық адам, тұгел, тегіс, бірі қалмай.* Арыстан ақырды оған аузын ашып: ...Көрейін, қимылдашы қарсыласын! Шікірейіп *ж а н б і т к е н г е* патшамын деп, Мақтанып – жүруші едің судай тасып (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мың түрлі күйге салып толқынтады, Маңайда *ж а н б і т к е н д і* таңырқатып (Абай, Тол. жин.). Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп, Тігілер *ж а н б і т к е н н і ң* маған көзі (Абай, Тол. жин.). Қанағатсыз қара жер, *Ж а н б і т к е н д і* жалмайды. Қайырымы жоқ қаракер Құр зорлығын жалдайды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жанды жан демеді. *Көзіне ілмей баса көктеді, ешкімді менсінбеді.* Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ, *Ж а н д ы ж а н д е м е й т ұ ғ ы н* жан шығып бақ. Анда-санда құтырған жаман емес, Оныңды жиі қылмай және бол сақ (Абай, Тол. жин.).

Жан [деп қарамады] құрлы көрмеді. *Көзіне ілмеді, адам деп есептемеді, ескермеді.* Қыз еді ол берілген бір бай жерге, Алыстау болысы басқа екінші елде, Қалыңдық ойнағалы күйеу келсе, Қыз бен Әжібай *ж а н қ ұ р л ы к ө р м е й т і н д і* (С.Торайғыров, Шығ.). Көкшолақпен мен келдім екпіндетіп, Қатарына іркілмей келдім жетіп. Мені *ж а н д е п* біреуі *қ а р а м а й д ы,* Жорға мінген үкісін желпілдетіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жаннан асқан. *Басқа адамдардан ерекше, өзгеше.* Маманды рулы елге қылған баға, Маман бай мал біткенге қылған тоба. Байлығы Маман байдың *ж а н н а н а с қ а н,* Сұрасаң ата тегіл түбі тама (Айман-Шолпан). Кімің бар Сыпатайдай төңіректе, Арғымақ мінгізеді ат керекке. Ерлігі мен жомарттығы *ж а н н а н а с қ а н,* Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке (Жамбыл, Тол. жин.).

Жансебіл жан. *Жанкешті, қайтпас қайсар адам.* Абайдың көңіліне әлдебір жолбарыстай, қабыландай қайратты, *ж а н с е б і л ж а н д а р* елестеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Жан салығы. т а р. *Ресейде I Петр тұтін салығы орнына енгізген негізгі салық. Ж а н с а л ы ғ ы н ы ң* мөлшері әскер ұстауға қажетті қаражат мөлшеріне байланысты белгіленеді (ҚСЭ). Халықтың оны төлеуден бас тартуына байланысты *ж а н с а л ы ғ ы* Россияның Европа бөлігінде 1887 жылы, Сібірде 1899 жылы жойылды (ҚҰЭ).

Зерделі жан. *Аңғарымпаз, түйсігі мол, көзі ашық адам.* Европаға жазудың иісі де бармаған заманда ақпаратты мәңгі сақтаудың ілкі технологиясы мен идеясы кімнен шыққанын *з е р д е л і ж а н ғ а* ажыратудың еш қиындығы жоқ («Жас Алаш»).

Иманды жан. *Аллаға сенетін, діни парызын орындайтын адам.* Адал жүректі, *и м а н д ы ж а н* қажылық парызын да өтеп, жақында ғана өмірден озды («Егемен Қазақстан»).

Құрыш білекті жан. п о э т. *Күшті әрі төзімді еңбеккөр адам.* Кеніш қазаншұңқырындағы жүздеген қуатты техникаларды тізгіндеген *қ ұ р ы ш б і л е к т і ж а н д а р д ы ң* жасампаз жұмыстары тәулік бойы тоқтамайды («Егемен Қазақстан»).

Сақи жан. *Жомарт, дарқан, кеңпейіл адам.* Терминнің номинативті мағынасы «төрдегі адам», көшпелілердің таным-түсінігіндегі тор – кісілікті, парасатты, *с а қ и ж а н д а р ғ а* арналған сақралдық менге ие орын, сонда бұл елдер өздерін ұлықтап, «таңдаулымыз» деп атаған («Жас Алаш»).

Тірі жан. а) *Жалпы тіршілік атаулы, адамзат баласы.* Мінеки, келіп қалдың атар таңға, Жарқырап күн де шығар *т і р і ж а н ғ а.* Табытқа салып алып, әлде мені Апарар сырын білмес бір даланға (Абай, Тол. жин.). ә) *Айналадағы адам тұгел барлығы.* Асық ұтыс секілді алыс-беріс, *Т і р і ж а н н ы ң* қылғаны бүгін тегіс (Абай, Тол. жин.). Көңіл қалды достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды *т і р і ж а н д а* (Абай, Тол. жин.). б) *Еш адам, ешкім.* Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас *т і р і ж а н д ы* (Абай, Тол. жин.). *Т і р і ж а н* көрінбейді, дыбыс та жоқ (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Қарасаң – сыртың адам Барлыбайсың, неліктен Хақтың

жолын танымайсың? *Тірі жан* да жоқ еді сенен жақып, Не қылып жылдар бойы табылмайсың? (Ақмолла ақын, Күндер.).

ЖАН= е т. **1.** *От алып жалындау, қызулана тұтану.* – Кетіңдер, бұл арадан, – дегенімде, Борисов *жанып* жатқан үйлерді қолымен көрсетіп, мыналарды қайтеміз, – дегендей аңырайып тұрып қалды (Б.Момышұлы, Москва.). Ақсақал мал қоралап болып, жайланып шайын ішіп, қазақ аспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап *жанып* жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің исі мұрнына келіп отырғанда, серпіліп әңгіме айтатын (М.Әуезов, Шығ.). Күнәдан жаны-тәні тазарсын деп, Апарып *жанып* жатқан отқа салды. Адамның шөбі түгіл, өзін жеген, Тісті мен тырнақтылар аман қалды (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** ф и з. *Энергия бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасу процесінің жүруі.* Күйе бөлшектерінің парамагниттік қасиеттерін зерттеу үшін жандырғыда *жанып* жатқан пропан-оттегі қоспаның жалынынан кварцты зонд көмегімен күйе бөлшектерінің үлгілері алынып, ЭПР аспабымен талданды («Зерде»). **3.** *Жарық беру, сәуле шашу, жарықтандыру.* Электрдің нұры қандай жап-жарық, Үйлер түгіл қой қорада тұр *жанып.* Қасқыр енді қой ұйқысын бұзбайды, Босқа ұлиды төңіректі айналып (Қ.Боранбаев, Жаңарған.). Күннен туған баламын. Жарқыраймын, *жанамын* (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Жайнау, құлпыру, жарқырау.* Хош иіс бағы балбырап, Шырадай *жанып* түр гүлі. Күмістей сұлу бал бұлақ Сайраған сансыз бұлбұлы (З.Қалауова, Таңд. шығ.). Раушангүлдің ал қызыл *жанғанын*-ай, Нұрлы рауан төгіп тұр жанға Құдай. Қызыл ішік жамылған қызыл кеште, Сұлу қыздай құлпыра қалғанын-ай (К.Салықов, Жезкиік). Тынымсыз көбелегі шамды айналған, Кішкентай бақыт едім *жанбай,* жанған. Ақ бұлттың арасынан қалқып ұшқан Аққудай арман едім әнге айналған (Әуен Дәуренбеков// Екі мыңжылдық.). **5.** а у ы с. *Өсіп-жетілу, адам болу.* Еркеле, мойнына асыл жаным еркем Шығарсың азамат боп *жанып* ертең. Әзірше ойнаудан еш жалықпаңдар, Қырандай қиял-көкте шарықтаңдар (Ә.Нілібаев, Қоңыр жел). **6.** а у ы с. *Қайғыру, күйзелу, күйіну.* Көзім, неге таласың, Үмітсіз қарап барасың. Түтінің жоқ отың жоқ, Тұншығып кеудем *жанасың* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Лапылдадың, *жандың* ғой, Тілегіңді алдың ғой. Су екен деп, у ішіп, Жаның жай боп қандың ғой (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сан кісі мұңайсын, Сабырмен шыдайсың. Күйемін *жанамын,* Еш рахым қылмайсың (Абай, Тол. жин.). Жақын емес ата-ана, туғандар, Көз жасында олардың не ісі бар? Соқыр олар, *жанған* жаның көре алмас, Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар (М.Жұмабаев, Шығ.). **7.** а у ы с. п о э т. *Ұшқынына, қуатына шыдамау, бір нәрсенің күшті әсеріне түсіп кету.* Жалынмын мен, келме жақын, *жанарсың,* Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың (М.Жұмабаев, Шығ.). *Жанбаған* соң көзінің әр шоғына, Қанбаған соң сөзінің кәусарына. Сақинасын сұрап ем, сақинасы сыймай қалды тар болып саусағыма (К.Мырзабеков//Екі мыңжылдық.).

Арманы [тілегі, үміті] жанды. *Ойлаған мақсатына жетті, дегені орындалды.* «Мама, өзіңмен *армандарым* бір *жанар,* Адамзатқа ана жайлы жыр қылар. Қабіріне қасиетті мамамның, Сендер сәлем айтыңдаршы, тырналар (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан). Зураға Балқия: – Мұрат екеуіңнің *тілектерің* бірге *жанса* деген өз тілегімнен басқа естіген түгім жоқ, – деді (Ә.Әбішев, Замана). Толағайдың тау көтеріп келе жатқанын ел-жұрты көріп, өшкен *үмітті* қайта *жанып,* қуанысып қалады (М.Дүйсенов, Мейман.).

Бағы жанды. *Құдіретті күш иесінің рақымы түсіп, зор бақыт табыс, дәулет, бедел, т.б. кенелді.* Сағира ауылдан келген жас қыздың бірден *бағы жана* қалғанына іші күйіп, өңі бұзылып кетті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ертеден елге аян *«бағы жанып,* жұлдызы оңынан туып тұр» деген сөздердің де ойланып қарасақ, ішкі мағынасында еңбек атты асыл ұғым жатады екен (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Бал-бұл жанды. *Екі беті албыртып, өңі кіріп, жайнай түсті, құлпырды.* Қамажай үлбіреген ақ көйлекті үстіне кигенде, қызара күлімсіреген жүзі *бал-бұл жанып,* өңі ерекше ажарланып сұлу көрінді (Н.Фабдуллин, Сар. жапырақ.). Оның *бал-бұл жанған* жүзіне қарап, әлдекандай қиял жетегінде тұрған күйін байқайсың (Ауызекі).

Екі беті жанды. *Қызарды, ұялды.* Ермекбай сасқалақтап, не айтарын білмей қалды. *Екі беті жанып,* табанына шейін шымырлап кетті (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). – Әкең барда жалған сөйлемеуші едің? – дегенде *екі бетім жанып* кетті (Н.Сералиев, Қанат).

Еңбегі жанды. *Еңбегі ақталды, еңбегінің рақатын көрді.* Парасатты ер жігіт, Жақсыдан ыбырат алды. Ерінбей бейнет еткеннің, *Еңбегі* дейді *жанады* (Бес ғасыр.). Сұм өмір, сұлу дүние, алдың ба? Тән арып, тамырда қан қалмадың ба? Жалған үшін жан қиып, жапа шектім, *Еңбегім,* екі болып, *жанбадың* ба? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қыс бойы бие сауғызып, қымыз беріп, Медеу қандай күтсе де, *еңбегі жанбайды,* оңалып кете алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жанар қазбалар. к е н. *Жанғыш заттар ретінде пайдаланылатын жер қойнауынан алынған мұнай, көмір, табиғи газ сияқты заттар.* Мұнай, көмір, табиғи газ, жанғыш сланец секілді *ж а н а р қ а з б а л а р д ы ң,* сондай-ақ рудалы және бейрудалы минералдық қазбалардың қорын айыра білу керек (Т.Қалыбеков, Экология және ашық кен). Пайдалану нәтижесінде *ж а н а р қ а з б а л а р* біржола жойылады (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жанатын тақтатастар. г е о л. *Су қоймаларының түбінде мақтаға ұқсас серне түрінде шөгіп, минерал заттармен араласатын каустобиолиттер тобындағы пайдалы қазбалар. Ж а н а т ы н т а қ т а т а с т а р* жылу электр стансыларында, зауыттарда отын ретінде пайдаланылады (ҚСЭ). Алтайдағы, Сарыарқадағы, Каспий маңындағы *ж а н а т ы н т а қ т а т а с т а р д ы ң* қоры елімізде маңызды орын алады (ҚСЭ).

Жанбай жатып сөнді [шоқ болды]. а) *Жастайынан өмірдің жақсы-жаманын айыра білмеді, талабы орындалмай, тауы шағылды.* Сізге ғылым кім берер, *Ж а н б а й ж а т ы п с ө н с е ң і з.* Дүние де өзі, мал да өзі. Ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай, Шығ.). ә) *Қыршын кетті, жастай қайтыс болды.* Сізге ғылым кім берер, *Ж а н б а й ж а т ы п с ө н с е ң і з.* Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз (Абай, Тол. жин.). Жаңа шыққан жауқазын піспей жатып жоқ болды. Шам-шырақтай жас жаның, *ж а н б а й ж а т ы п ш о қ б о л д ы.* Есіл, ерке балалық, аяққа құйған астайын, шолтаң етті, тоқталды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жанбай жатып сөну. *Жастайынан жақсы жаманды айыра білмеу, тауы шағылу.* Қызмет қылма оязға, *Ж а н б а й ж а т ы п с ө н у г е.* Қалай сабыр қыласың, Жазықсыз күнде сөгуге (Абай, Тол. жин.).

Жанған оттай. *Алыстан көзге түсіп, сәуле шашып, бағдар көрсетіп тұратын айқын белгідей.* Әл-Фараби атамыз Отырардан *ж а н ғ а н о т т а й* боп ұрпағына ұлылықтың сәулесін шашып тұр емес пе («Түркістан»).

Жанған шоқтай жайнады. *Жайдарыланып, құлпырды, жылы пейілінен айнымады.* Жақсы әйел *ж а н ғ а н ш о қ т а й ж а й н а п* тұрар, Қазаны барлы-жоқты қайнап тұрар (Ақмолла ақын, Күндер.).

Жаныс кетті [түсті]. *Қанаттана түсті, шабыт алды, құлшына түсті.* Жолдас Мұратбаев аса ауыр еңбектен бас тартпай, істей алмаймын демей, *ж а н ы п к е т т і,* – деді (Ш.Өтепов, Фани Мұратбаев). – Әй, Жанай-ей, суреттерін мен салатын болайыншы. Қатырайын бір, – деп, Барақ жүзі жайнап *ж а н ы п к е т т і* (С.Мұратбеков, Көкорай). Әкесі шаруақор адам еді, жұмыс десе *ж а н ы п т ұ с е т і н* (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ондай қызықты көруге біз қарсы болушы ма ек, қайта *ж а н ы п т ұ с т і к* (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Жаныш тұр. *Күн қайнап, күйіп ыстық болып тұр.* Алтынға жақындай беріп ем, жып-жылы от боп *ж а н ы п т ұ р ғ а н* ыстық құм, бассаң табан күйеді (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар).

Жұлдызы жанды. *Бақ қонды, жақсылыққа жетті.* Тәшім мен Мұқажанның қайсысының маңдайы жарқырап, *ж ұ л д ы з ы ж а н ы п,* бағы өскелі тұр екен деген тағатсыз ой мен ынтызарлық белгісі әркімде бар (Б.Тілегенов, Аққайнар). – *Ж ұ л д ы з ы м ж а н ғ а н* жанмын ба, қайдам, әйтеуір өзімнің ерекше бір бақытқа ие боларыма көміл сене бастағандаймын, – деп жазыпты Роман («Лен. жас»).

Жүзі жанбады. *Бедірейіп тұрып алды, қымсынбады, ұялмады.* Жұмабек былтыр кетіп қалып едің, енді ұялмай не бетіңмен келдің, – деуден де *ж ү з і ж а н б а д ы* (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жүрегі жанды. *Қызуланды, күйіп-жанды, көңілі сезімге толды.* Иә, өткен күннің өзі де қызық екен ғой! *Ж ү р е к* деген күйеді, *ж а н а д ы* (І.Есенберлин, Алтын құс). Өкініш жоқ өте шыққан жылдарға, Кім біліпті не күтеді кімді алда. *Ж а н д ы ж ү р е к,* Жылады Блок, Көріп сөнген шырағын. «Әйел» – идеал, Кемпір – ажал, Тұр Блокқа үңіліп. Сөнді енді өмір, Бітті енді жыр, «Әйел» қалды жыр болып (М.Жұмабаев, Шығ.). *Ж ү р е к ж а н б а й* тұрмақ емес ешқашан Жер бетінде көктем барда, гүл барда! (Т.Молдағалиев, Жүрек.).

Қазба жанар жыныстар. г е о л. *Құрамында минералды қоспасы көп болатын каустобиолиттер тобындағы пайдалы қазбалар.* Каустобиолиттер-биогендік жолмен жаралған, өсімдіктер мен жануарлар организмдері қалдықтарының көмілуі және кейінгі өзгерулері есебінен пайда болған *қ а з б а ж а н а р ж ы н ы с т а р* (К.Сапарбайұлы, Геология).

Нарттай жанды. *Қып-қызыл болды, бетінен қаны тамды.* Тауманның ақ құба жұқа өңі *н а р т т а й ж а н ы п,* күреңітіп кетіпті (Ғ.Сланов, Домбыра.). Ерекше қазір келбеті, Ақ жүзі *н а р т т а й ж а н а д ы.* Ажарын әлі бермепті Жалынға толы жанары (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

От боп жанды. *Өртенді, алаулаған өрт жалынға күйіп кетті.* Дүниедегі түрлі заттан от болар, Сан өсімдік *о т б о п ж а н ы п,* шоқ болар, Жаратылыс құбылысы бұл дағы – От та күл боп, ақырында, жоқ болар (Ақмолла ақын, Күндер.). Жаудың оты жарқылдады, әлде сезді «жат» дыбысты. Көктемнің беті *о т б о п ж а н д ы.* Бомбы ойнақтап жерден ұшты (С.Бегалин, Өлеңд.). Жанды жайнап түрды. Қара көз қарап

маған көп қадалған, Құпия қайғы өртеніп бойын алған. Болатша, дірілдеген жалын көрген Бір күңгірт тартып және *о т т а й ж а н ғ а н* (Абай, Тол. жин.).

Үміт [-тің шамы] жанды. *Арманы оянды, болашаққа деген сенім пайда болды.* «Соғыс та бітті, *ж а н д ы ү м і т,* Тастадық қару-жарақты. Ішетін күнің ал бүгін, Ашыңдар, – дедім, – шарапты!» (С.Жиенбаев, Алын қалам). Ақылдан бойға сыр тарап, *Ү м і т т і ң ш а м ы ж а н ғ а н* күн. Жар есіркеп, бері қарап, Нұрына жүрек қанған күн (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Іштен жанатын қозғалтқыш. ф и з. т е х. *Іштен жану энергиясын механикалық энергияға айналдыратын мәшине.* Сондай-ақ бензинмен де, газбен де жұмыс істей алатын двигательді жасап шығару жөнінде де жұмыстар жүргізілуде әрі *і ш т е н ж а н а т ы н қ о з ғ а л т қ ы ш т а р д ы ң* конструкциясына бірқатар өзгерістер енгізу және жұмыс істеу процесін жетілдіру есебінен жанып шыққан газдардың улылығын айтрлықтай азайту мүмкіндіктері қарастырылуда (Т.Қалыбеков, Экология.).

Іші жанды. *Күйіп-пісті, ызаланды, ашуға булықты.* Фабдолла сабырлы жігіт, бірақ қандай сабырлы болғанымен ашуы ішіне сыймай амалы жоқ, *і ш і* оттай *ж а н ы п,* ашуланып, сырттай білдірмейді (С.Шарипов, Шығ.). Көрмесем мен дидарыңды, тұлданам, Тұлданамын, *і ш і м ж а н ы п* уланам. Зікір қылып қасиетті атыңды, Соған мүрит етіп отыр, міне дуанаң (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАНА з а т. **1.** *Сегіз жасар бұркіт.* Жасына қарай бүркіт былай айтылады: бір жас – балапан құс,.. сегіз жас – *ж а н а,* тоғыз жас – май түбіт,.. он екі жас – барқын, тағы басқаша («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Ең әулиесі, ардақтысы.* Жақсының еді *ж а н а с ы.* Замандасың жүз батыр Өрбіген сарттан тұқымның Сақи бір жомарт данасы (Ы.Шөреков, Дастандар).

ЖАНА= е т. **1.** *Жақын келу, маңайлай түсу.* Ақтоқты ауылы жайлауға шығады дегенде Ақан да қасына Шәкейді ертіп, осы көшті алыстан *ж а н а п* отырған (С.Жүнісов, Ақан сері). Көрдім де қараларын *ж а н а й* шаптым, Баласы Базарбайдың дегенменен (Батырлар жыры). Ойпаңның оң жағында тік жарды *ж а н а п* көз жасындай мөлдір сулы бұлақ ағып жатыр (С.Шаймерденов, Мінез). **2.** а у ы с. *Жақын араласу, өзіне тарту.* «Жақсыларды» *ж а н а п,* жеңге болғандықтан, алпыс үйді өзі билегендіктен, орташа ауқат бітіп, орта шарқы үй боп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жанап кетті [өтті]. а) *Жақындады, денесінің бір тұсына тигізіп өтті, жуысты.* Алдымдағы шөпке сазарып қадаламын да қаламын, Маржанға мүлдем қарамаймын, абайсызда бір жеріне *ж а н а п к е т е м і н* бе деп үрейленемін (К.Баялиев, Дегелек). Әкем қасымнан *ж а н а й ө т е* берді де, атының басын кілт бұрып, қарғып түсе қалды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қайық болса толқынға көміліп барып, қайта көтеріледі. Енді бірде үлкен қара тасты *ж а н а п ө т т і* (Т.Шаханов, Көгілдір.). ә) *Жанына жақын, көңілге қонымды ісімен өзіне баурады, тартты.* Ғибарат жаздым жасқа еткен талап, Қасыңнан ұран салып *ө т т і м ж а н а п* (М.Дулатов, Шығ.). Шәкірттерді *ө т е й і н ш і* бір *ж а н а п,* Шетке ұстамай сіздерде де бір санап. Неше түрлі бұл заманда ғылым бар, Үйренуге пайдалысын қыл талап (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАНАБ ар. з а т. е с к і к і т. *Құзыры (на), аты (на).* Сәлем хат *ж а н а б ы ң а* жаздым, Тайман, Ер міні екі болмайды еткен пайман. Талабың ойыңдағы оңғарылып, Сұлуға қосқайсың бас нағыз айман (Т. Ізтілеуов, Шығ.).

ЖАНАЗА [ар. جنازه] з а т. **1.** д і н и. *Мұсылмандардың қайтыс болған адамға оқитын намазы.* Ибн Хәзім: «Әйелдерді *ж а н а з а ғ а* жібермеуге ешбір дәлел жоқ», – десе, «ерлер жоқ жерде жаназаның міндетін атқару әйелдерге жүктеледі» дейді ғалымдар («Жас Алаш»). *Ж а н а з а* «Ас салауат жаназа!» деп басталады Қаз. әдет-ғұрып.). Адамның «күнәға» ұшырайтын кезі еркектер үшін 12 жастан әйелдер үшін 9 жастан басталады. «Күнә» жасына жетіп өлген адамға оқылатын *ж а н а з а* ол жасқа жетпей өлген адамға шығарылған жаназадан басқаша болады (Ислам энц.). **2.** э т н. д і н и. *Қайтыс болған мұсылманға оқылатын намазбен байланысты өлген адамды соңғы сапарға аттандыру рәсімі, жерлеу.* Байдалы бастаған үлкендер Бөжейдің *ж а н а з а с ы н а,* підиясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті (М.Әуезов, Абай жолы). Жиылған *ж а н а з а ғ а* қанша жанды Бәрін де сый-сипатпен жөнелтті енді (Батырлар жыры). *Ж а н а з а* қазіргі уақытта бұл қаралы отырған ауданның қазақтарының, сондай-ақ Қазақстанның басқа да өңірлерінің жерлеу-еске алу ғұрыптарында негізгі әрі өзекті маңызға ие болды (Қаз. тілі термин.).

Жаназаға мал шығарды. э т н. *Қайтыс болған мұсылман адамға оқылатын намазбен байланысты жерлеу ғұрпын атқаруға қажетті шығын, мал-мүлік бөлді. Ж а н а з а м а* пәлен *м а л ш ы ғ а р,* пәлендей малды пәленшеге беріңдер деген сықылды өсиет қылмаса дегенім ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жаназаға шақырды. э т н. д і н и. *Байырғы қазақ салты бойынша мұсылман адамды жерлеу*

алдында оған арнап оқылатын намаз рәсіміне қатысуға марқұмның алыс-жақын ағайынын, сыйлас-аралас, дос-жараның арнайы шақырды. Абайдың екі өкпесі аузына тығылғандай боп, тынысы бітіп, жүрегі қатты соғып кетті. Бақанастағы Ырғызбайдың бұл ауылдары Бөжейдің өлімі туралы айрықша хабаршы келер деп күтті. Ағайын арасының ежелгі айнымас заңы бойынша, *жаназаға шақырар* деп еді (М.Әуезов, Шығ.).

Жаназадан несібе тиді. д і н и. *Қайтыс болған мұсылман адамға оқыған намазы үшін кәде-пұл алды.* Жегжат жердің өлігі болмаса, жамағайынның *жаназасынан,* «жақсыларды жанаған» қожа-молдалардан асып, Тезекбайға *несібе тиіп* көрген емес (Ж.Аймауытов, Ақбілек).

Жаназа күйі. *Европа немесе Батыс елдерінің бойынша марқұмды соңғы сапарға шығарып салғанда орындалатын қаралы марш, музыкалық шығарма.* Біреу келді де, қара киімге оранған. – *Жаназа күйін* жазушы бір, Моцарт! – Жоғалған...Әлде бір елес... Әлде бір адам болар ма? Аза тұтқан, бір жақыны жоғалған ?! Аң-таң Моцарт Бар жұмысын доғарған (М.Мақатаев, Өмір-өзен).

Жаназа намазы. д і н и. *Мұсылман діні бойынша қайтыс болған адамға арнап оқитын намаздың атауы. Жаназа намазын* молда оқиды. Дәреті бар ер адамдар жаназа намазына тұрады, оларға оқуға ниет етіледі (ҚҰЭ). *Жаназа намазы* үйде не мешітте оқылады (ҚҰЭ). Өлген адамның жасына қарай *жаназа намазының* мазмұны түрліше болып келеді. Діни наным бойынша кәмелетке жеткен ғана «құнақар» болады (Ислам энц.).

Жаназа оқыды. д і н и. *Қайтыс болған мұсылман адамға арнап марқұмды жерлеу алдында намаз оқыды.* «Көп ұзамассың, пірәдар. *Жаназаңды* өзім *оқыып,* Құдай бұйыртса, анау көгендеулі семіз марқаны жетектеп кетерміз», – дейді Айып молда (О.Сәрсенбаев, Сағым). Артынан кәдімгідей *жаназа оқыып,* Пірәліні көмгізеді. Арада бірер күн өткен соң ақсақалдарды тағы да жинап, Жұмағазы хан ортаға көптеген мәселелер қояды (С.Шарипов, Бекболат). Он болыс елдегі «инабатты» адамдар өлсе *жаназаны* осы Сарыағаш қазіреті ғана *оқитын* еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жаназа шығарды. д і н и. *Мұсылман діні бойынша өліктің денесін жуып, кебінге ораған нан кейін марқұмға арнап намаз, Құран сурелерін оқыды.* Өткенін Ебенсалам халқы білді, Бірталай, есіткен соң, жұрт жиылды. *Шығарып жаназасын* таза арулап, Қабірін бек айбаттап күмбез қылды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Аңыраған ел, жер қайысқан қалың топыр болып, бірнеше күн жыласып, аза салып болды да, ақыры Бөжейдің *жаназасын шығарды* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жаназа шығару. д і н и. *Мұсылман діні бойынша марқұмға арнап жерлеу алдында намаз оқу. Жаназа шығаруға* мұсылман балаларының қатысуы өте сауапты іс (ҚҰЭ).

ЖАНАЗАЛА= е т. **1.** д і н и. *Жаназасын шығару.* Мен өлсем, *жаназалап* көрге апарад, Көрмеймін сені мүлде көрге салад. Мақпалдың жаны шошып, аузын басып, Арғысын айттырмаған «өлме, апалап» (І.Жансүгіров, Шығ.). Арулап ертең түсте *жаназалап,* Қабірге алып жүрді солай қарап. Ішіне бір күмбездің қойды-дағы, Сандықтап мәрмәр таспен қойды қалап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әділ мен Марияны *жаназалап,* түн ішінде апарып Әділдің қыстауының қасындағы жаңа қыстау салам деп жиған тастардың астына жасырып көмді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** э т н. *Қайтыс болған адамды арулау, соңғы сапарға шығарып салу.* Аңыз бойынша көне қыпшақтарда өлген адамды *жаназалағанда* бейнесіне сәйкестей ағаштан қуыршақ ойып, үстіне бұрынғы киімдерін кигізіп, өздерінің ортасына отырғызатын дәстүр болған (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖАНАЗАЛАУ *Жаназала етістігінің қимыл атауы; жаназасын шығару.* Соғыстан соңғы кезеңде ауыл арасында өлгенге ас беру, *жаназалау,* қыз ұзату, келін түсіру салтында кейбір әдет-ғұрыптар атам заманғы кейпінде көрініс беріп жүр («Лен. жас»).

ЖАНАЗАЛЫ с ы н. *Жаназа шығарылған, жаназа оқылған.* Бойжеткен Несібелі осы күнге дейін өлікті бетпе-бет көрген емес. Арайын, жекжаттан бала шетінеп, пенде шығасы болғанда *жаназалы* үйге бас сұқпай, кейін барып көңіл айтатын (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖАНАЗАСЫЗ с ы н. *Жаназасы оқылмаған, жаназа намазынсыз.* Аздан соң Ханым есін жиып алды, Балқыбек ақыл таппай көп сандалды. Ел білсе, қашып кетті демек болып, Қорымға *жаназасыз* көме салды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Тыңдырмапсың, тындырмапты достарың Сонша алыстан ұзақ жасап келгенде, Қайда, кәне бұл өмірге қосқаның, Әлде мезгіл *жаназасыз* көмген бе (Ә.Тәжібаев, Таңд. шығ.). – Іс болған, – деді Құрман, – нелер «ғажап!» Уа, тоба! Сұлулық пен өнер мазақ... Тегінде, аңыраған сөзден қорқып, Әлдисіз, *жаназасыз* өлер қазақ (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЖАНАЗАШЫ з а т. **1.** д і н и. *Жаназа намазын оқушы адам.* – Мен *жаназашымын,* байдың бәйбішесі дүние салды. Қошан боздап қоя берді. Шешесі көптен бері науқас

екен (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** э т н. *Жаназа намазын оқу рәсіміне шақырылған жұрт, өлікті жерлеуге марқұмға көңіл айтып келгендер.* Бөжейдің екі қызы әкесі өлісімен қайғылы, шерлі, ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеңнен бері *ж а н а з а ш ы л а р ғ а* көріскенде, сол жоқтауларын айтумен отыр (М.Әуезов, Шық.).

ЖАНАЙҚАЙ з а т. *Ішкі ойтолғанысының көп уақыт бойғы ізденіс-күйзелісінің көрінісі ағынан жарылғандағы шын сөзі.* Бұл – тоталитарлық жүйенің асқынған кезіндегі езілген ұлт өкілінің ышқынған *ж а н а й қ а й ы* секілі нәрсе («Қаз. әдеб.»). Біз ағарыстың *ж а н а й қ а й ы н*, жүрек сөзін ести алмай жүр екенбіз («Қаз. әдеб.»).

ЖАНАЙЛА= е т. с ө й л. *Жуықтау, жақындау.* Сырт келген адамдар ауыл маңайын біраз *ж а н а й л а п* жүріп қайтты (Ауызекі).

ЖАНАЙЛАУ *Жанайла етістігінің қимыл атауы; жақындай жүру.*

ЖАНАЙЛАС= е т. *Маңайласу, жақындап келісу.* Жол үстінде салт атпен сыдыртып Жүсіптер келеді. Оңғарбай Жүсіптерді көріп, атын борбайлай шауып *ж а н а й л а с т ы* (Б.Майлин, Шық.).

ЖАНАЛАР з а т. *Жаналғыш, өлтіруші.* Мұнан былай көрінген қара барым, Пәрменменен жауыпты дала қарын. Не пайдасы тиеді бойтұмардың, Ажал жетіп, кез келсе *ж а н а л а р ы м* (Батырлар жыры). *// Қанішер, жауыз адам.* Өздеріне тиетін пайданы білген соң, әбден қанға құнығып кеткен бұл *ж а н а л а р л а р* ұрыста қорқуды білмейтін, жан аямай соғысатын (І.Есенберлии, Алмас.).

ЖАНАЛҒЫШ з а т. *Жан алушы, әзірейіл, өлтіруші.* Шәріпжан шірей түсіп таралғысын, Көрсетті жеңген жаудың жоралғысын. Мақашты келекелеп бір сөз қатты: Біліп қой, мен боламын *ж а н а л ғ ы ш ы ң* (С.Омаров, Сәукен). – Менің сөзім ол жайлы емес, Саған онда әр бұрыштан *ж а н а л ғ ы ш* жендет сығалап тұрғандай көрінуші еді ғой (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАНАЛҚЫМ: жаналқымға алды. а) *Мұршасын келтірмеді, бұрылтқызбады, тықсырды.* Қаһарман ұлдарымыз шабуылды үдеткен үстіне үдетіп, фашистерді *ж а н а л қ ы м ғ а а л ы п* жатыр, – деді Байқат (Т.Ыдырысов, Жалын.). Колчак жендеттері құтырған қасқырдай көрінгенге тап беріп, сезікті дегеннің бәрін түрмеге тығып *ж а н а л қ ы м ғ а а л ы п* жатқан болатын («Қаз. әдеб.»). ә) *Қыспаққа алды, қысым көрсетті, зорлады.* – Балақай, тоқ етерін айтшы өзің, дайындалып па едің? Мына сұрақтарды білмейсің, – деп бұйра бас та *ж а н а л қ ы м ғ а а л ы п,* қыл кеңірдектен қысты дейсің (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Ұрыдан малымыз шыққанда, Болыс өзімнің Ысқағым, әпермей қоймайды, көзіңді ашып қара», – деп, Ақымбеттің ұрыларын *ж а н а л қ ы м ғ а а л ы п* көріп ек, – дейді Дәркембай Абайға (М.Әуезов, Таңд. шық.).

Жаналқымға келді. *Қысылтаяң, қауіп-қатерге ұшырады.* – Жоқ. Сабыр ет!... Нағыз *ж а н а л қ ы м ғ а к е л і п* қалмаса, менің бұйрығымсыз бір де снаряд шығар ма? – деді Мұрат (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Алашыңа «орда» болдым, Дінге тұтқа жолда болдым. *Ж а н а л қ ы м ғ а к е л г е н і н ш е,* Ескілікті қолдап өлдім (Б.Майлин, Таңд. шық.).

Жаналқымға тақалды [таянды, таялды]. а) *Өлім халіне жетті, өлермен болды.* Сүйекке қасқыр қақалды, Сапсаңдатты сақалды. Қақалды да маталды, *Ж а н а л қ ы м ғ а т а қ а л д ы* (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). ә) *Өлердей қиналды, қатты қиналып кетті. Ж а н а л қ ы м ғ а т а я н ы п* қысылғаным сонша, тер онан да, мұнан да кетті. Бірақ билетті табам деген үміт әлі үзілген жоқ (Ө.Тұрманжанов, Адам). Құйрығындай сарықтың Жүрегі оршып тулайды. *Ж а н а л қ ы м ғ а т а я л д ы,* Көріп пе еді мұндайды (Қ.Аманжолов, Таңд. шық.).

Жаналқымға тығылғандай. *Ажалы тақалғандай, өлімі жеткендей.* Ғанидің даусы *ж а н а л қ ы м ғ а т ы ғ ы л ғ а н д а й* әрі ышқына, әрі жалынышты түрде дірілдей шықты (М.Иманжанов, Көк белес).

Жаналқымға тығылды. а) *Ажал тақалды, әлі құрыды.* Не керек, жаралы денем ұйып *ж а н а л қ ы м ғ а т ы ғ ы л ы п* жатқанымда, біреу менің қолымнан тартты (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). ә) *Қысылды, қиналды, қыспаққа түсті. Т ы ғ ы л ы п ж а н а л қ ы м ғ а* арпалысып, Дем алып екі иықтан күйіп-пісіп, Қарманған қарап қалмас дегендейін, Арғынның қайығына келді ұшып (Ғ.Малдыбаев, Өлеңд.). Хирургия операциясы мен соғыс операциясын салыстыра келіп, екеуі де еріккендердің ермегі емес, – дейді. *Ж а н а л қ ы м ғ а т ы ғ ы л ғ а н* Азияға қанды операция керек (С.Ерубаев, Шық.).

Жаналқымға тірелді. *Қыспаққа түсті, қысыл-таяңға кездесті.* Рас, ұрыс оңай болған жоқ, *ж а н а л қ ы м ғ а т і р е л г е н* жерлерде үш рет Панферов өзі шапқылап барып, полк командирлерінің ісіне қолма-қол араласып, сәтіне қарай бұрып жіберді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖАНАЛҚЫМДА ү с т. *Қысылтаяңда, асығыста.* Соғыста Ұлы Отан тағдырын шешкен, Майданда қанжығадан қанды кешкен. Жатсам да жазым болып, *ж а н а л қ ы м д а* Туған ел! Шығармаймын сені естен (Б. Ысқақов, Москва).

ЖАНАЛУШЫ з а т. д і н и. *Әзірейіл, жаналғыш деген мағынада.* Жаңа ғана *ж а н а л у ш ы н ы ң* өзіндей көрінген қауіпті жау енді басы

шала мыжғыланып табанда жатыр (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАНАМА[1] з а т. г е о м. *Қисық сызық қию шысының шектік жағдайы.* Элементар геометрияда кездесетін қисық сызықтардың ерекше нүктелерінен басқа барлық нүктелерінде *ж а н а м а с ы* болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Ж а н а м а н ы ң* x_0 нүктесіндегі теңдеуі былайсы былайша жазылады: $y - f(x_0) = f(x_0)(x - x_0)$, мұндағы $f(x_0)$ жанаманың бұрыштық коэффициенті (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Ж а н а м а* туралы және оған байланысты есептер әрқашанда қатарлардың шексіз жақын мүшелерінің айырмасын есептеуге әкеліп соғады (А.Көбесов, Математика.).

Жанама жазықтық. г е о м. *S бетінің M нүктесі арқылы өткенде, сол S бетінің айнымалы M нүктесіне дейінгі арақашықтығы MM арақашықтығымен (M – M) салыстырғанда шексіз аз шама болатын жазықтық.* S бетінің ерекше нүктелерінде *ж а н а м а ж а з ы қ т ы қ* болмауы да мүмкін (ҚСЭ).

Жанама жүргізу. м а т. *Математикада есепті шешудің геометриялық әдістерінің көнеден белгілі түрі.* Мұндай шеңбердің центрін табу, шеңберге *ж а н а м а ж ү р г і з у*, бұрышты тең үшке бөлу (трисекциялау), парабола сызу сияқты 13 есептің салу әдістері қарастырылған (А.Көбесов, Метаматика.). Олар: қалыптасқан символикалық алгебра мен есептеу техникасы, аналитикалық геометриядағы айнымалы шамалар мен координаттар әдісі; ежелгі оқымыстылардың, әсіресе архимедтің инфинитезимальдық идеяларын игеру; квадратура, кубатура, ауырлық центрлерін табу, *ж а н а м а ж ү р г і з у*, экстремумдар табу т.б. есептерді шешу әдістерінің жинақталуы еді (А.Көбесов, Математика.).

ЖАНАМА[2] з а т. с ө й л. *Қоспа, өтірік.* Бірақ Ахметовты қорғаштайтыны байқалады. Нағашысы, құда-құдандасы секілді бірдемесі емес пе? Осы күдікті өзара екшеді де, дереу астыртын тексеру жүргізді. Жоқ, түк *ж а н а м а с ы* жоқ (Т.Нұртазин, Үлкен жолда).

ЖАНАМА[3] с ы н. *Қосымша, қосалқы, үстеме.* Жорыққа шыққанда, таңдап мінген тарландарға бел босатарлық *ж а н а м а* жүйріктер жетекте отырады (Х.Есенжанов, Тар кезең). Мен есепті тақтаға жазып шығарудың амалдарын ойластыра бастадым. Директор маған *ж а н а м а* сұрақтар беріп көмектесіп отырды (Ә.Нұршайықов, Батыр). «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деуде тура мағына болумен қатар, астарлап айтылған *ж а н а м а* мағына бар (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Жанама арық. ж е р г. *Егін ішіне су жіберетін кішкене арық. Ж а н а м а а р ы қ т ы ң* суы егістік жерлерді жанамалап ағады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жанама ат. э т н. ж е р г. *Қыздың туыстарына негізгі қалың малдан бөлек берілетін мал. Ж а н а м а а т* қыздың туыстарына «қырық жетіден» – негізгі қалың малдан бөлек беретін мал (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жанама дәлелдеме. з а ң. *Қылмыстық құқықта – белгілі бір тұжырымды басқа бір тұжырымды жоққа шығару арқылы дәлелдеп, оның дұрыстығын дедукциялық әдіспен логикалық негіздеу тәсілі. Ж а н а м а д ә л е л д е м е* іске қатысы жоқ елеулі факт бірақ ол іске тікелей қатысты елеулі факт туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (ҚҰЭ). *Ж а н а м а д ә л е л д е м е л е р* істегі бір айтақтың шешім қабылдау үшін өте маңыздырақ басқа бір фактіні табуға тікелей қатысы бар екенін байқайды (ҚҰЭ). *Ж а н а м а д ә л е л д е м е л е р* арқылы айыпкердің қылмыс жасаған-жасамағандығы, қылмысқа қатысты не қатысты еместігі, қылмысты ойластырып не абайсызда істегендігі сияқты, т.б. маңызды мәселелерді анықтауға болады (ҚҰЭ).

Жанама жақсы. э т н. *Қазақ дәстүрінде қалыңмал құрамында берілетін жақсы ат не түйе. Ж а н а м а ж а қ с ы н ы* қыз әкесі күйеу әкесінің малынан таңдап алуға ниет білдіреді. Сондықтан түстелген ат не «түс ат», жанама тайлақ деп те аталады (ҚСЭ).

Жанама импорт. э к о н. *Қайсыбір жинақталушы заттар немесе елге әкелінген мәшинелер мен жабдықтарда пайдаланылған жартылай дайын заттар импорты* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жанама кернеу. т е х. *Тұтқыр ортада ішкі үйкеліс күші әсерінен туатын көрсеткіш. Ж а н а м а к е р н е у* шамасы ішкі үйкеліс күшін түйісетін қабаттардың ауданына бөлу арқылы анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Ж а н а м а к е р н е у* сұйықтық қозғалыста болған кезде ғана пайда болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жанама күштер. ф и з. *Тұтқыр сұйықтықтың қозғалуына байланысты оның айналма бөлшектерінің және олардың бір-біріне беттескен өзгеруінен пайда болатын үйкеліс күші.* 1686 жылы ағылшынның атақты ғалымы И.Ньютон сұйықтықтың ұзына бойындағы ішкі үйкеліс *ж а н а м а к ү ш т е р* заңын анықтаған (Қаз. тілі термин. Су.).

Жанама меню. и н ф. <ағыл. context – sensitive menu> *Белгілі бір обьектіге қатысты орындалатын командалар тізімі бір меню. Ж а н а м а м е н ю д і* емлелік қателерді тексеріп, суреттер мен ерекшеленген мәтіндерді, кестелерді өзгерту, толықтыру үшін ашуға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Ж а н а м а м е н ю д і* ашу үшін керекті обьектіні таңдап

алып, тышқанның оң жақ батырмасын шерту қажет немесе SHIFT+F10 пернелерін басу керек (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жанама өнім. э к о н. *Кәсіпорын қызметі мақсаты болып табылмайтын өнімнің барлық түрлері. Ж а н а м а ө н і м* негізгі өнімді өндіру барысында ілеспе түрде алынады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жанама тайлақ. э т н. ж е р г. *Жанама жақсы.*

ЖАНАМАЙЛА= е т. *Айналсоқтау, төңіректеу.* Керуен басында келе жатқан Сәт арба мен ат тасасын *ж а н а м а й л а п,* бандының екеуін бірдей атып жығады (Ә.Нәбиев, Луыр апта.). Шал мал қайырған адам боп *ж а н а м а й л а п,* Ақботаның қасынан өте берді де, құрықты сілтеп кеп қалды (З.Шашкин, Өмір.).

ЖАНАМАЛА= е т. **1.** *Жанаса жүру, қатарласу.* Келбет оларды тамсандыра түскісі келгендей ат үстінен *ж а н а м а л а п* келіп боз айғырдың жалын сипай бастады (Ә.Әбішев, Найзағай). Жандәрмен күйі торы бай байталын әрең тауып алып, *ж а н а м а л а й* шауып, Қартқожа да кете барады (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Бір арба *ж а н а м а л а п* өтті. Доғаға шаншылған кішкене қара жалаулар желпілдеп барады (С.Шаймерденов, Мінез). Жолдастарымызды қуып жетсек, олар бізді тосып отыр екен. Біз енді тасжолды *ж а н а м а л а й,* ағаш ішімен тағы да жүріп кеттік (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **2.** *Жақаурату, жағалап төңіректеу, шамалау, тұспалдау.* – Басқа көлдерге қарағанда неліктен екенін білмеймін, Құмкөлдің суы тұп-тұщы болады, – деп Баттал бұл жерді жақсы білетіндігін *ж а н а м а л а п* білдіргендей болады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Зейнеп апайдың айтқан қайғылы хикаясы есімнен кетпей, сол жағдайды *ж а н а м а л а п* біліп алайын деп, төрдегі белгілі портретке қарап тұрып, Бейсен ағайдан сыр тарттым (С.Омаров, Өмір.). Ол тағы да қысылған сыңай білдіріп, қолымен шекесін сипалай отырып, жан бара алмайтынын *ж а н а м а л а п,* долбарлап айтты (Ә.Шәріпов, Алыс.). **3.** *Қосақталу, қосарлану, үстелу.* Сөздің лексикалық мағынасының үстіне *ж а н а м а л а й,* қосақтала әр қилы қосымша, грамматикалық мағыналар жамалады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАНАМАЛАС= е т. *Жақындай келісу, қатарласа түсу.* Астындағы бұзауды тебініп-тебініп жіберіп, *ж а н а м а л а с а* бір-біріне тап берісті (М.Сүндетов, Балық аула.). Аманқұл Хакімнің қолын алғанын көріп: – Тамыр, аман, – деп, *ж а н а м а л а с а* келіп Иван Андреевичтің ол да қолын алды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖАНАМАЛАТ= е т. *Жанастыра ұстау, жапсарлата қою.* Доптың соғылу бағытына байланысты ойыншылардың алақандарын тура, не *ж а н а м а л а т ы п* ұстауы керек («Спорт»).

ЖАНАМАТАМЫР з а т. б о т. *Кіндік тамырдан өсетін тамырлар.* Негізгі тамырдан өсіп жетіліп бірінші реттегі *ж а н а м а т а м ы р* пайда болады (Қаз. тілі термин. Биология). Одан екінші, үшінші реттегі *ж а н а м а т а м ы р л а р* тарамдалып, тамырлардың сыртқы ортамен жанасатын беті ұлғаяды (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а н а м а т а м ы р* эндрогенді перициклден (орталық цилиндрдің сыртқы қабаты) пайда болады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАНАП з а т. **1.** *Төңірек, аймақ, маңай.* Ел қыстап, күн көреді *ж а н а б ы н д а,* Дәм болар алуан-алуан балығында (Бес ғасыр.). Келер деп нендей жауап күтіп қалдық, Хат жазып *ж а н а б ы ң а* жолдап почта (М.Дулатов, Шығ.). Киіз үйдің есігі жалп етіп жабылады. Ортадағы ошақтың астындағы қоламта *ж а н а б ы н д а г ы* сөнген күлі дастарқанның шетін басып қалады (Қ.Сәрсекеев, Кілт). **2.** *Айнала, орта.* Әбдірахман мен Рақымбек екеуінің *ж а н а б ы н д а* жүрген бірнеше ширақ жігіттер Сәкенді орталарына алды (Ә.Көшімов, Лашын.). **3.** *Әсер, ықпал, ықтияр.* Қызығып *ж а н а б ы ң а* жолдадым сөз, Бойыңа биік мәнзіл дәрежелік. Орынды сөзге әркез құлақ аспас, Ақылсыз нағыз жарымес кей бейпарық (Үш ғасыр). Кемшілігім белгілі қаламымнан, Жөнсіздігім белгілі кәләмімнан. Сад назар ғайыбына дұғаңыздан, Үміткерміз ұлықтардың *ж а н а б ы н а н* (Бес ғасыр.). **4.** ж е р г. *Жақын, жамағайын, туыс.* Менің *ж а н а п т а р ы м ы ң* бәрі Шоңай айналасында тұрады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАНАПАЙЛА= е т. **1.** с ө й л. ***Жанамайла***. Сонда да қысылмай басып, Саянның бөлмесіне беттеді. Дәрігер әйел мұны *ж а н а п а й л а п,* сөзді от алғандай лыпылдатып келеді (С.Шаймерденов, Өмір). Өртті қарсы тұрып соғуға болмайды. Оны *ж а н а п а й л а п* соғу керек (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** *Қосақталу, қосарлану.* Гүлнарды Самарқан атына мінгізді де, өзі *ж а н а п а й л а п* жаяу жүріп отырды (С.Мұқанов, Шығ.). Қай жағына қарасаң да, *ж а н а п а й л а п* жарысып барып, әлдеқайдағы көлденең белдеуге түйіскен орман (Көктем лебі).

ЖАНАР з а т. **1.** *Көздің нұры, қарашық.* Шалдың іштегі мысқыл қуатының әсері ме, екі *ж а н а р ы* жарқырап, езуі дір-дір етеді (З.Шашкин, Сенім). Жаратылысында азғана күлімдеп тұратын тұнық қара көздерінің *ж а н а р ы* қызғылттау ұшқын шашып, танадай жарқырайды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. Шығ.). **2.** поэт.

Көз. Туысқа мұнда келіп тапшы дер кім, Бар ауыл дейді: «Төрлет, жақсы келдің» Қоштасып жолға шықтым, аяулы әже, Мен сенің *жанарыңда* жасты көрдім (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Тау көлін қызғанады құстардағы, Келбеті-ай, аққулардың ұшқандағы. *Жанарымды* өзімен бірге ұшырып, Кеудемде толқытатын күшті арнаны (М.Айтхожина, Шыңдағы жазу).

Жанардың [көздің] жауын алды. *Алыстан көзге түсіп, тартып, қызықтыру.* ...Алдауын-ай гүлдердің, алдауын-ай, *Жауын алып жанардың* лаулауын-ай! Әсіреге алданып, алда Құдай, Қырандардан көз жазып қалғаным-ай! (М.Мақатаев, Шығ.). Әйелдер-ай! Әйәйлар-ай, қулар-ай, *Жанарлардың жауын алып* тұрғаны-ай! Біле тұра бүйректерің бұлк етіп, Кетесіңдер тыңдай тұра тыңдамай. Әйелдер-ай! Әйәйлар-ай, қулар-ай! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жанары кетті [қайтты, сөнді, тайды]. *Көзінің нұры тайды, қартайып көруі нашарлады.* «Ауылдан не хабар бар» – деді Сәлім, *Жанары кеткен* көзін аша салып (А.Хангелдин, Таңд.).

Жанарымен аймалады. п о э т. *Көзімен, көзқарасымен ынтықтығын, ыстық сезімін білдірді.* Ойлануға, толғануға мұрша жоқ, *Жанарыңмен аймалайсың* сол іңкәр. Көз алдыңда мен жап-жасыл шырша боп, Он жетіме қайта оралдым өрімтал (З.Елғондинова // Екі мыңжылдық.).

Жанарына мұң толды. п о э т. *Мұңайғаны, іштегі қайғысы көздерінен, көзқарасынан білінді.* Батағөйі едің елімнің. Сен кеткен соң келіннің *жанарына мұң тұнған* («Егемен Қазақстан»).

Жанарынан [жанарында мейірім тұнды] мейірімі өшпеді. п о э т. *Жан жүрегіндегі мейірімі көзінде жүзінде көрініп тұрды.* Ұмытпасам Массагет даласында, Аңдысқан қас пен достың арасында Атса садақ дарымайтын, Мыңмен жеке шайқасса арымайтын, Шапса қылыш кеспейтін, *Жанарынан мейірімі өшпейтін*, Өтіпті бір өжет батыр нар кісі, – деп баласы кібіртіктеп тоқтады – Есімде жоқ, әке, одан арғысы (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жанарын тікті. *Көз салды, қадалды.* Сен де бір мәңгі шынарсың, *Жанарын тіккен* заңғарға, Сүйсіне қарап тұрасың, Жұлдыздар көкте жанғанда (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Күн [күннің] жанары. п о э т. *Күннің сәулесі, жарығы.* «Мың жылқының» мойнына енді ғана асылған ерке *күннің жанарынан* көктем шуағы шашырайды (С.Ақтаев, Дала.). Жарық *күннің жанары* Жауға аяусыз жанады. Жайратар, өртер, күйдірер Заңның жалын жарығы (Жамбыл, Тол. жин.). Жалт етті *күн жанары,* Қақ айрылды қара түн. Жаңа дүние жалауы Жайды атлас қанатын (С.Мәуленов, Дала.).

Сұлудың жанарындай тұп-тұнық. п о э т. *Мөлдір, таза ешкім тиіспеген, лайланбаған, пәк. Сұлудың жанарындай* сымбатты, *тұп-тұнық* көлдерің тұңғиық сырлары әлдебір тылсым күшпен тұтқындап алды (С.Досанов, Екінші өмір).

ЖАНАРГҮЛ з а т. ө с. <лат. adonis> *Гүлдері сары түсті сарғалдақтар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптердің бір туысы. Жанаргүл* тұнбасы жүрек ауруын емдеу, жүрек-қан тамырлар жүйесінің жұмысын жақсарту үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Жанаргүл* Қазақстанда Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей, Терiскей Алатауларында және Алтайда кездеседі (ҚҰЭ). *Жанаргүлдің* биологиялық ықпалы өскен ортасына, климаттық жағдайларына және жетілу маусымына байланысты (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдіктер). Қазақстанда *жанаргүл* туысының 8 түрі өседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Көктем *жанаргүлі* тұқымынан және вегетативті жолмен, сондай-ақ тамырсабағы арқылы да көбейді (ҚҰЭ).

Жаздық жанаргүл. ө с. <лат. adonis aestivalis> *Биіктігі 10-50 см сарғалдақ тұқымдасына жанаргүл туысына жататын өсімдік. Жаздық жанаргүл* – біржылдық, биіктігі 10-50 см, гүлдерінің диаметрі 1,5-3см, сәуір, мамырда гүлдейтін өсімдік (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жылтыр жанаргүл. ө с. <лат. adonis chresocyathus> *Биіктігі 15-40 см, болатын жанаргүлдің өте сирек кездесетін түрі, бағалы дәрілік өсімдік. Жылтыр жанаргүл* тұқымынан көбейді, маусым-шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс береді (ҚҰЭ). Гүлі (жылтыр, сары түсті) әдемі болғандықтан *жылтыр жанаргүл* сәндік үшін де өсіріледі (ҚҰЭ).

Көктем жанаргүлі. ө с. <лат. adonis vernalis> *Биіктігі 10-40 см, сәуір-мамыр айларында гүлдейтін жанаргүлдің ең көп тараған түрі. Көктем жанаргүлінің* толық жетілуіне 40-50 жыл керек (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімд.). *Көктем жанаргүлі* – дәрілік өсімдік, одан алынатын «Адонидид» препараты және сұйық тұнбасы жүрек ауырғанда, сондай-ақ тыныштандыратын дәрі ретінде қолданылады (ҚҰЭ).

Сібір жанаргүлі. ө с. <лат. adonis sipiricus> *Ірі гүлді сарғалдақ тұқымдасы жанаргүл туысына жататын шөптесін өсімдік. Сібір жанаргүлі* және түкті жанаргүлдің ірі гүлдері болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Түкті жанаргүл. ө с. *Сарғалдақтұқымдасы жанаргүл туысына жататын гүлдері ірі шөптесін өсімдік.*

Тянь-Шань жанаргүлі. ө с. <Adonis tianschanica> *Биіктігі 7-8 см, өте сирек кездесетін, сабағын тұқ басқан дәрілік өсімдік. Тянь-Шань жанаргүлі* тұқымынан көбейді. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, маусым-шілдеде жемістенеді (ҚҰЭ).

ЖАНАРДАЙ с ы н. п о э т. *Жанар тәрізді, көздің нұрындай, өткір көздей.* Жарық нұрды түк көрмей кеткен соқырға Жарқ ете қалған *жанардай* Сенің сөзің мен үшін. Жат жерде жүрген ғаріпке Елінен алған хабардай. Сенің сөзің мен үшін (Қ.Мырзалиев, Домбыра). *Жанардай* жаңа ашылған аясынан Алты тау көш келеді арасынан. Ақжүніс, Бопы, Баян бұрымындай Арнада алуан өзен аласұрған (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ з а т. т е х. к е н. *Жанатын минералды сұйық зат.* ...Осы ғасырдың 70-жылдары мұхиттарға құйылатын *жанар-жағармайдың* мөлшері жылына 10 миллион тоннаға жеткен (Табиғат суларын ластанудан және сарқылудан қорғау). Бұдан соң егіншілік мәдениетін арттыру, техниканы өте өнімді пайдалану, *жанар-жағармай* материалдары мен басқа да қаражатты үнемдеп жұмсау арқасында қол жетті («Соц. Қаз.»).

ЖАНАРЛА= е т. с ө й л. *Жағалау, жиектеу.* Хан күрең шеген құдықтың тұсынан не бір қадам ілгері озбай, не бір қадам кейін шегінбей *жанарлай* келіп тоқтады (М.Дүзенов, Әке.).

ЖАНАРЛАН= е т. *Көз нұрының жайнауы, өткірленуі.* Қарттың *жанарланған* көздерінен, албырт тартқан реңінен бағанағы суықтығы мен томсырауынан мүлде айыққаны, көңіл күйінде үлкен өзгерістердің барлығы байқалады (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖАНАРЛЫ с ы н. **1.** *Жанары, қарасы мол, өткір, нұрлы (көз).* Кәрімнің ажарына жүгірген қуаныш нұры біртіндеп қоюлана түсті де, *жанарлы* жүзін балқытты (К.Оразалин, Абай.). Ақынғұлдың күлгін тартқан ернінен, ауру азабының зардабы тап берген, мұнартқан *жанарлы* көзінен қасындағы жақын жандарға деген кіршіксіз сүйіспеншілік байқалады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** а у ы с. п о э т. *Жылуы мол, сәулелі, нұрлы (күн).* Аязбен алты ай, ала қыс қажымай күрескен қызыл *жанарлы* күн қыс қалдығымен де алыптай алыспақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАНАРМАЙ з а т. х и м. <франц. benzine> *Әртүрлі көмірсутек қоспаларынан тұратын сұйық отын. Жанармайға* бензин, жермай (керосин), мазут, т.б. жатады (ҚҰЭ). *Жанармайдың* кезегінде тұрып шаршаған бір танысымның: «Инженер тапқырлар осы ауамен, сумен жүретін мәшине ойлап таппас па екен?!» деп қынжылғаны бар еді («Зерде»). Егер химиктер *жанармайды* өңдеп бермесе, бір де бір ұшақ көкке көтеріліп, бір де бір кеме суда жүзе алмаған болар еді (А.Мырзабаев, Хим. қызығы.). *Жанармаймен* жүретін осы текше метрлік шөміші бар жәутік экскаватор пырылдап, тынбай жүріп, мәшинелерге топырақ тиеп жатыр (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

Жанармай бағаны. т е х. *Автокөлік, трактор, мотоцикл, т.б. мәшинелерге жанармай құюға арналған сорғы, қондырғы.* Жер астында орналасқан түтіктегі *жанармай бағанына* сорғы арқылы сорылып, мәшинеңің отын бағына құйылады (ҚҰЭ). *Жанармай бағаны* арнайы санауышпен жабдықталған (ҚҰЭ).

Жанармай қоры. т е х. а) *Отынға (жанармайға) қажеттілікті және онымен қамтамасыз етуді есептеудің есептік-жабдықтау бірлігі.* Ұшақ, тікұшақ, танк, кемелер үшін *жанармай қоры* – отындық жүйеге енетін немесе онымен конструкциялы түрде байланысқан бактарға (цистерналарға) сыятын отынның (жанармай) жиындық мөлшері; дөңгелекті техника (автомобиль, БТР және, т.б.) үшін белгіленген қашықтықтағы мәшинелердің *жанармай қорын* қамтамасыз ететін отын (жанармай) мөлшері (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) *Автомобиль, ұшақ, танк, басқа да әскери техникалар мен кеме цистерналарын отынмен (жанармаймен) толтыру үдерісі.*

Жанармай құюшы ұшақ. ә с қ. *Әуедегі әскери ұшақтарды отынмен жабдықтауға арналған ұшақ. Жанармай құюшы ұшақ* қосылма отын бағымен, шығырмен, иілгіш түтікпен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.). АҚШ әскери әуе күштерінің реактивті *жанармай құюшы ұшақтары* бір минөтте ұшаққа 3400 литр отын алады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жанармай стансасы. т е х. *Көліктерге сұйық отын құюға арналып жабдықталған бекеттер.* АИ-92 маркалы бензин онда тек бір ғана *жанармай стансасында* сатылып жатыр («Түркістан»).

ЖАНАРСЫЗ с ы н. *Жанары жоқ, отсыз, нұрсыз.* Әлдіжан, менің осы ойымды тыңдаған тәрізді болып, домбал иегін жоғары көтере түсіп, қара көзілдірік жапқан *жанарсыз* көздерін төбедегі электр шамына қадап үнсіз отырып қалыпты (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Ол андасанда денесіндегі жарақаттарын ауырсынып, ыңырси қынсылаған қалпы, қып-қызыл боп кеткен *жанарсыз* көздері мөлтеңдеп жата береді (М.Мағауин, Ақша қар). Отырды үйден шыға алмай, Қалыңдап қәрі бұлт-қабақ. Жартаста тұрған қырандай *Жанарсыз* көзбен тік қарап (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАНАРСЫЗДАУ с ы н. *Жанары жоқтау, отсыздау.* Шашы ерте жиділ түскен, алдына қарай шығыңқы, шодырайған үлкен маңдайын бір сипап, биік қабақтың астынан сүзе қарайтын бозғылт *ж а н а р с ы з д а у* көзін айналаға бір жүгіртті (С.Бегалин, Уақыт).

ЖАНАРТАС з а т. х и м. *Қараңғыда сәуле шашып тұратын химиялық элемент, фосфор.* Осылай жүргенде ағылшындар *ж а н а р т а с* іздеп жүр деген қауесетті Жақып та естиді (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). Қара шыбындай қаптап, құмырсқадай шұбырып, қызға жамбы, *ж а н а р т а с ы н* тарту етіп құдалыққа жазушылар үздіксіз келіпті (Мың бір түн).

ЖАНАРТАУ з а т. **1.** г е о г р. <лат. vulcanus> *Жер қабатының тереңдегі жарылымдары мен жарықтарынан жер бетіне шығатын балқыған тау жыныстары мен ыстық газдардың геологиялық құрамалары. Ж а н а р т а у* тереңнен үнемі немесе оқтың-оқтың атылып шығатын отты сұйықтық – магмадан, ыстық газдан, ол суынғандағы шөгінділер мен тау жыныстарынан, су буынан тұрады (Қаз. тілі термин. Геология). Атақты ғалым Александр Гумбольдт деген кісі Ыстықкөл маңында, Құлжа қаласына жақын жерде *ж а н а р т а у* бар деп, соны бүкіл батыс ғалымдары болып іздестірген еді (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** п о э т. *Жалынды жан, өр тұлға.* Қасым деген – қалғыған *ж а н а р т а у* ғой, Жанар тау ғой, Жанды да кетті өртеніп (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. п о э т. *Тынымсыз, дамыл тапқызбайтын іштегі күш, мазасыз ізденіске итеретін шабыт.* Бір *ж а н а р т а у* жатушы еді төсімде, Жана-жана айналған ба өшуге? Қызыл күрең алау оттың орнында, Қылысмсыған қыз-сағымдар көшуде (М.Мақатаев, Шығ.). *Ж а н а р т а у ы м* бар еді кеудемде, Жалын атып, жана-жана сөнген бе?! Тас шайнатып, жатушы еді от бүркіп, Тастай қатып, тынған бе енді, өлген бе?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жанартау агломераты. г е о л. *Құрамында айтарлықтай бөгде қоспасы жоқ, өлшемі бойынша іріктелмеген қопсық және сумен өңделмеген ірі пирокласт материалдың ретсіз жиынтығы. Ж а н а р т а у а г л о м е р а т ы* көмейінде (таскөмей агломераты), оның етегінде жіне эксплозия кезінде кратер қабырғаларының қирауы нәтижесінде жаралады (Қаз. тілі термин. Геология). Жер асты сулары *ж а н а р т а у а г л о м е р а т ы* арқылы айналысқа түскенде, қайта түзілген минералдар жаралады және материал нықтала түседі (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау аппараты. г е о л. *Жер қойнауларында қалыптасқан тұпкі немесе қосалқы магма ошағы мен жер бетін жалғастыратын, жанартау әрекеті кезінде магма ағымының тік бағытта лықси көтерілуін қамтамасыз ететін жарықтар жүйесі* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау арнасы. г е о л. *Жанартау ошағын жер бетімен жалғастыратын тік немесе еңіс арна.*

Жанартау атқылауы. г е о г р. *Өте қатты ыстық кесектердің, сұйық лавалардың жер бетінен көрініс беру үдерісі. Ж а н а р т а у а т қ ы л а у ы* тек қана лавалардың төгілуімен немесе осфы процеспен орайлас өрбитін қопарылыстармен сипатталады, қопарылыс барысында құрылымындағы газдар және сол магма есебінен қалыптасқан кесектер мен күлдер зор қарқынмен аспанға атылуы ықтимал (Қаз. тілі термин. Геология). *Ж а н а р т а у а т қ ы л а у ы н ы ң* ұзақтығы бірнеше сағаттан бірнеше жылға дейін, кейде одан да көп уақытқа жетуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология). *Ж а н а р т а у а т қ ы л а у ы н ы ң* сипатына қарай жарылыстық атқылау, вулкандық типі атқылау, гавайалық типтегі атқылау, пелей типтегі атқылау және т.б. болып сараланады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау атпалары. г е о г р. *Жанартау атқылауы кезінде сұйық не илемді күйде алып шығып, домалақ, ұршық пішіндес қатайып суынған жанартау бөлшектері. Ж а н а р т а у а т п а л а р ы н ы ң* көлденең өлшемдері бірнеше см-ден 5-7 м-ге дейін болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау әрекетінің фазалары. г е о л. *Азкем толастағаннан кейін қайтадан басталып отыратын жаңартау әрекеттерінің өзіндік сипаты тұрғысынан бір-бірінен анық ерекшеленген басты-басты сатылары. Ж а н а р т а у ә р е к е т і н і ң* әрбір *ф а з а с ы* тек өзіне ғана тән жанартау өнімдерін қалыптастырады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау газдары. г е о л. *Жанартаулар әрекеті кезінде бөлініп шығатын газдардың жалпылама атауы. Ж а н а р т а у г а з д а р ы* фумарол газдары және эрупциялық газдар болып екі түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология). *Ж а н а р т а у г а з д а р ы* жерасты суы орналасқан қабаттан өткен соң ыстық бұлақтарға айналады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау конусы. г е о л. *Жанартау көмейі төңірегінде сол жанартау өнімдері есебінен қалыптасатын қиық конус пішіндес құрылым. Ж а н а р т а у к о н у с ы н ы ң* сырт келбеті лавалар мен борпылдақ материалдардың арақатынасы мөлшерлерімен анықталады (Қаз. тілі термин. Геология). Әдетте *ж а н а р т а у к о н у с ы н ы ң* орта тұсында жанартау тостағаны орналасқан (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау күмбезі. г е о л. *Жақтаулары біршама тік құлама биіктігі бірнеше метрден 700-800 м-ге шейін жететін, жанартау көмейінен сығыла көтерілген өте тұтқыр лавалар есебінен қалыптасқан мұнара пішіндес экструзиялық дене.*

Жанартау қайнары. г е о л. *Жанартау әрекеті болған орын екендігі әртүрлі геологиялық түзілімдер және құрылымдық пішіндер болмысымен қалтқысыз дәлелденетін жер бетінің нақтылы нүктесі. Жанартау қайнарының* белгілері ретіндегі түзілімдер мен пішіндер қатарына түрлі дәрежеде сақталған жанартау конусының бөліктері, көмейтастар, қопарылыс құбырлары, субвусекандық интрузиялар жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау қождары. г е г о р. *Жартаудың қопарлысы кезінде аспанға атылып, әуе қабатында қатайып үлгеретін кезекті лава қалдықтары. Жанартау қождары* өз құрамындағы газдардан оңай арылатын сұйық лавалардан қалыптасады (Қаз. тілі термин. Геология). *Жанартау қождарының* кеуектері әдетте бұрыс пішінді, кеуекаралық қалқалары біршама қалың болып келеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау ошағы. г е о л. *Жанартауы магмамен үдайы қоректендіріп отыратын жер беті мен жанартау өңеші, не лықсу құбыры арқылы байланысатын қойнаулар өңіріндегі магма шоғыры.* Орналасу орнына қарай жер қыртысындағы, мантия өңіріндегі *жанартау ошағы* және қосалқы ошақ болып үш түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау туфы. г е о л. *Жанартау әрекетінің қатты заттардан тұратын өнімдерінен олардың бір-бірімен дәнекерлене жымдасуы нәтижесінде қалыптасатын барша таужыныстардың жалпылама атауы. Жанартау туфы* құрамына қарай базальтты, андезитті, липаритті және т.б. түрлері сараланады, өзін құрайтын кесектер мен түйірлердің сипатына қарай литокластикалық (таужыныстардың кесектері мен түйірлері), кристалкластикалық (жекелеген минерал сынықшалары), витрокластикалық (жанартау шыныларының кесектері мен түйірлері) және аралас құрамды (витрокристалкластикалық, лито-кристалкластикалық және т.б.) түрлерге жіктеледі (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанартау шынысы. г е о г р. *Жанартау лавасының жер бетінде тез суып, кристалданбай қатаюынан пайда болатын тау жынысы. Жанартау шынысы* химиялық құрамына, суу ортасына байланысты ажыратылады (ҚҰЭ). Құрамында SiO_2-нің мөлшері көп, өте тұтқыр, қышқыл риолит лава түрлерінің қатаюы кезінде обсидиан деп аталатын *жанартау шынысы* түзіледі (ҚҰЭ). *Жанартау шынысы* мүлдем кристалданбаған немесе минерал кристалдарының өте аз мөлшерін кіріктіретін құрылымсыз шыны түрінде қатайған лава, обсидиан, шайырлы тас немесе пехштейн, пемза, перлит, тахилит және т.б. (Қаз. тілі термин. Геология).

Сөнбеген жанартау. г е о г р. *Үздіксіз немесе оқта-текте атқылайтын жанартау.*

Сөнген жанартау. г е о г р. *Атқылағаны жөнінде мәлімет сақталмаған жанартау.*

Тыныш жанартау. г е о г р. *Атқыламайтын жанартау.*

ЖАНАРТАУЛЫ: жанартаулы аралдық доға. г е о г р. *Бір-біріне тізбектеле жалғасқан, сырт көрнісі иілген доғаға ұқсас жер қыртысының ірі геологиялық құрылымы.* Дүниежүзілік мұхиттың ең терең өңірлері, ең ірі гравитациялық қалыпсыздықтар, бүкіл терең фокусты жер сілкінулер *жанартаулы аралдық доғаларға* және олармен орайлас орналасқан терең сулы науаларға шоғырланған (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАНАРТАУЛЫҚ с ы н. *Жанартауға қатысты, соған тән.* Жанартау жылына жер бетіне 5-6 км^3 *жанартаулық* материалдар шығарады, оның 80%-ы су асты жанартауларына, 20%-ы құрлықтағы жанартауларға келеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жанартаулық көл. с у ш а р. *Сөнген жанартаудың өңешінде, қатқан лаваның ойыстарында орналасқан көл. Жанартаулық көлдер* Камчаткада, Исландияда, Италияда, Жапонияда көп кездеседі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жанартаулық тау жыныстары. г е о г р. *Жанартау атқылауынан пайда болған тау жыныстары, вулканиттер. Жанартаулық тау жыныстары* қалыптасуы жағдайына қарай эффузивті, экструивті, жанартаулық-кесекті, жанартаулық-шөгінді болып ажыратылады (ҚҰЭ). *Жанартаулық тау жыныстары* Қазақстанның барлық аймақтарында кеңінен тараған. Олармен темірдің, полиметалдың, мыстың, марганецтің, күкірттің, алтынның және басқа да элементтердің кендері бірге кездеседі (ҚҰЭ).

Жанартаулық ұйық. г е о г р. *Терең сулық теңіз шөгіндісі. Жанартаулық ұйықтың* түсі күңгірт-сұр, қошқыл және қара болып келеді (Қаз. тілі термин. Геология). *Жанартаулық ұйық* – ұйық пен жанартау күлінің қоспасы (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАНАРТАУТАНУ з а т. г е о г р. *Жанартаудың пішінін, тегін, жер бетінде орналасу ерекшеліктерін зерттейтін геологиялық ғылым саласы. Жанартаутану саласының* күнделікті іс-тәжірибедегі басты міндеті

жанартаутану әрекеттерінің көрініс беру орны мен уақытын алдын ала анықтау және оның түрлі-түрлі өнімдері мен әрекет кезінде бөлініп шығатын жылуларды пайдаға асыру мәселелерін жан-жақты зерттеу жұмыстарымен орайласады (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАНАРТАУТЕКТІ: жанартаутекті шөгінді жыныстар. г е о г р. *Жанартаулық және шөгінді материалдардан тұратын тау жыныстары. Жанартаутекті шөгінді жыныстар* жанартаукесекті шөгінді жыныстар, тефрондтар және жанартаутерригенді жыныстар болып үшке бөлінеді (ҚҰЭ). *Жанартаутекті шөгінді жыныстарда* ямма, фосфорит, боксит, темір, марганец, бораттың кендері кездеседі (ҚҰЭ).

Жанартаутекті шөгінді кендер. г е о г р. *Геосинклиналдық және платформалық аймақтардағы теңіздердің түбінде жанартаутекті шөгінді жыныстардың шөгуінен түзілген кендер. Жанартаутекті шөгінді кендерді* минералдық заттар жанартаудың ыстық газы мен суынан бөлініп, жанартау лавасы мен күліне сіңеді. Кейін суынған лава мен күл теңіз суының әсерінен әртүрлі бөлшектерге ыдырай бастайды (ҚҰЭ). *Жанартаутекті шөгінді кендерге* силикаттар мен карбонаттардан, оксидтермен гидроксидтерден тұратын темір мен марганецтің аса қалың қабаттары, құрамында темір, мыс, мырыш, кейде қорғасын сульфиттері және барит пен гипс болатын колчеден кен-тастары жатады (ҚҰЭ).

ЖАНАС= е т. **1.** *Жақын келу, маңайлай тұсу, қатарласу.* Танаулары ұстаның басқан көрігіндей екпіндей пысылдаған Кәрімнің буырылы да *жанаса* берді (С.Мұқанов, Таңд.). **2.** а у ы с. *Жақын жүру, жанамалау, төңіректеу.* Білмеппін дәнеңесін сырт халықтың, Сөз қатпай, таң атса да, құр жатыппын. Ойламай, көз жүгіртпей, меңіреу басым, *Жанаспай,* жақын жүрмей, құр қалыппын (М.Жұмабаев, Шығ.). Абай халық қазынасына *жанасады.* Халықтың қоғамдық тірлігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан ұғатын болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Іздесең табылады тілегенің, Білім ал білімдіге *жанасқанмен* (Бес ғасыр.). **3.** *Іш тарту, қамқор болу, аялау.* Бақтығұлдың абақтыға келгеннен бері Сейітке әке болып *жанасып,* аялағаны сол еді (М.Әуезов, Қараш.). *Жанасқан* шын көңілмен жақындық аз, Көбінің іші салқын, Сырты-ақ жылы (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жанаса сезу мүшесі. *Қоршаған орта әсерлерін қабылдайтын тері сезімі* (Қаз. тілі термин. Биология).

Жанасып қойды. ж е р г. *Төлдерін тартып сауатын малдардың мезгілсіз енесін еміп қоюы.* Кеше сиырдың бұзауы *жанасып қойып,* бүгін шайға сүт болмай отыр (Ауызекі).

Тұрмысқа жанаспайды. *Кунделікті тіршілікте іске аспайды, өмірде керегі жоқ.* Кейде сондай бір қиялмен алданып жүріп, *тұрмысқа жанаспайтын* істерді де істемек болушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАНАСАЛА= ет. **1.** *Жанамалау, қатарласу.* Бір жақтан, барымта молығып жүріп жатса, екіншіден, ұрлық та соны өкшелей *жанасалап* ұлғайып келе жатты (М.Әуезов, Қараш.). Мамай өз тобынан бөлініп, елеусіз *жанасалай* келіп қатарласты (М.Мағауин, Таңд.). **2.** *Қабаттасу.* Әлжан да еріксіз езу тартып қосыла күліп, ақыры Ақанға *жанасалап,* жалына бастады (С.Жүнісов, Ақан сері). Түзетіп киімдерін, шашын тарап, Айнаға ықтиярсыз тұрды қарап, «Қош балам, бақты бол!» – деп Троекуров, Марияға жақын келді *жанасалап* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сармолла өз үйіне апаратын тура жолға түсіп, мешіттің шарбағын күншығыс жақтан *жанасалап* жүріп келе жатты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Айдап келген екі жылқышы малдың алдын бөгемей, *жанасалай* шауып барады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖАНАСАРЛЫҚ с ы н. *Жуысарлық, үйренерлік, ден қоярлық.* Осыған қазақ бар ма *жанасарлық,* Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық? Жұрт алмаса, ақылын біз алалық, өзгедей надан емес адасарлық (Ш.Құдайбердиев, Шығ).

ЖАНАСҚЫ з а т. т ү й е ш а р. *Байлаулы ботасының алдына барып, сауғызбай емізіп қоятын түйе.* ≈ *Жанасқы* түйе.

ЖАНАСҚЫШ с ы н. *Жұғымды, үйірсек.* Аңдыса сөйлессе де, Нұрым бірден-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса *жанасқыш* екеніне көзі жете бастағандай болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әжептәуір емес пе, Қараңдаршы түсіне? Ып-ыңғайлы-ақ кеңеске, *Жанасқыш-ақ* кісіге (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Сымбатты тұлғасына, сырт сұлулығына ақылы мен мінезі сай Сүгірәлі қай жағдайда болмасын ержүрек, қашанда жарқын, адамдармен *жанасқыш,* қол астындағылармен тіл тапқыш сондай бір сүйкімді командир болатын (Ө.Қанахин, Бақыт.).

ЖАНАСПАЛЫ: жанаспалы клетка. б и о л. *Көршілес жатқан бүйрек пішінді екі жасушадан пайда болған жасуша.* Устьице аппараты көршілес жатқан бүйрек пішінді екі клеткадан пайда болады, оларды *жанаспалы клеткалар* деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника.). Қылқанның устьицелері мезофильдің ішіне кіре орналасқан, мұның *жанаспалы клеткасы* әрі ұсақ болады, әрі оның қабықшалары сүректеніп кеткен (Т.Мұсақұлов, Ботаника.).

ЖАНАСТА= е т. *Жанамаласып шабу, жуықтасып жүру.* «Жолай-Жолай» жолайлап Қара тұлпар келеді, Құйрық тістеп *ж а н а с т а п.* Қой сүйкенер өреге, Тай сүйкенер – дөдеге. Тау сілкінтіп, тас жарып Дүбірлі тұлпар келеді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАНАСТЫР= е т. **1**. *Төлді енесіне мезгілсіз еміздіріп алу.* Бұзауды *ж а н а с т ы р ы п* қойғаны үшін Ақанға анасы қатты ұрысты (Ауызекі). **2.** *Жақындату, қатар қою.* Әдемі түзу аяқтарын біреуіне біреуін қатар *ж а н а с т ы р ы п,* еңсесін тіп-тік ұстап, мойнын жанжағына аққуша сәнмен бұрып, көзін жұртқа қиғаштай тастап отырысы соншалық керім-ақ еді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **3**. *Жуыту, қатарластыру.* Жылқы деген жануар Тоқталмайды маусылдап Жайылған жері шар болса. *Ж а н а с т ы р м а й д ы* жанына Жабы шіркін қорсылдап, Мойнында тұтам жал болса (Базар жырау, Шығ.). **4.** а у ы с. *Сөзді жанамалап, тиғізіп айту.* «Бұл сөзді маған *ж а н а с т ы р ы п* әдейі айтты-ау, сірә» – деп, әйелдің бетіне көзімнің қиығымен ептеп, барлап қарап едім, өңінен ешқандай қулық ізін көре алмадым (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Жақсылыққа жанастырды. *Барлық нәрсені тек жақсылыққа, сәттілікке ырымдады, балады, тек жақсы күн туралы ғана ойлады.* Байғұсым бар ырымды қарастырған, Бабама бата сұрап, бал аштырған. Байыптап құмалағын Байбаба шал, Әйтеуір *ж а қ с ы л ы қ қ а ж а н а с т ы р ғ а н* (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАНАСТЫРУ *Жанастыр етістігінің қимыл атауы; жанамалау, салыстыру, қисындыру.* Қойшылардың мал бағып жүрген өрісіне, баққан қойына, алып жүрген таяғына қарап, бұрынғы қойшылармен *ж а н а с т ы р у ғ а* ойымыз талап қып көріп еді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Мектептің көздейтін мұддесі: шәкірттің білімін нығайту, білімін іске *ж а н а с т ы р у,* еңбекке табанды ету (Ж.Аймауытов, Шығ). Ал «қашақ» деген, «қазы-қақ» деген сөзге келсек, бұл екі сөздің қайсысын да қазақ деген атқа қисындырып *ж а н а с т ы р у ғ а* болады (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАНАСТЫРЫЛ= е т. *Қатарластырыла салыну, жақындастырылу.* Оюлы ақ, қара киіздер үйге *ж а н а с т ы р ы л а* ұзыннан-ұзақ жайылып жатыр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Түрғын үйлер Төртқолдің бекініс-дуалдарының ішкі жақтарына *ж а н а с т ы р ы л а* салыныпты («Қаз. әдеб.»).

ЖАНАСТЫРЫЛУ *Жанастырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйлердің *ж а н а с т ы р ы л у ы.*

ЖАНАСУ *Жанас етістігінің қимыл атауы; жақындасу, жуықтасу.* Әкімшілік сатысының жоғарырақ басқышында тұрғандарға *ж а н а с у д ы* Құдайберген мәртебе көретін (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ушаков, Игілік сияқты адамдармен енді жақын *ж а н а с у д ы* арман ете бастап еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Білмейсің ғой, қайным-ау, аға сырын, Жаратпайды ол басқаның *ж а н а с у ы н.* Жаратпайды басқаның таласуын, Таратпайды ол басқаға бар асылын (М.Мақатаев, Шығ.). Алайда мұндай аллергендермен күнделікті *ж а н а с у* арқылы көп жылдар бойы қызмет ететіндердің демікпемен тек аздаған ғана проценті ауырады (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.).

Жанасу керіші. г е о л. *Сынықтардың бірбіріне ең жақындасқан не жанасқан жерінде ғана болатын аралары қуыс керіш* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАНАСЫМ: жанасымы жоқ. *Үйлесімі жоқ, қисынсыз.* Патша чиновниктерін тасымалдауға көлік беру қазақ жұртшылығы үшін ешбір *ж а н а с ы м ы ж о қ* салық міндетінің бірі болатын (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Ынталылық тек іс-әрекетпен білінетін қасиет, оның бостан-босқа қиялдаумен, құр әсемпаздықпен ешбір *ж а н а с ы м ы ж о қ* (Семья тәрбиесі).

ЖАНАСЫМДЫ с ы н. *Лайықты, ыңғайлы.* Біз сендерге білім бердік, бірақ өмірге *ж а н а с ы м д ы* жақсы дағды бере алмаппыз (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Нұрбай осы іске *ж а н а с ы м д ы,* басқаның бәріне де өзіңіз мұрындықсыз (Т.Нұртазин, Мұрат). Пьесаның жөнделуіне мұндай жарлықтың *ж а н а с ы м д ы* пайдасы да жоқ (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖАНАСЫМДЫЛЫҚ з а т. *Қонымдылық, шындыққа жақындық, сәйкестік.* Жазушы шығармаларының жазылу тарихына байланысты оның өзінің және замандастарының естеліктері мен әңгімелерін, өмірдегі болған оқиғаларды жазушы қиялы қалай көркем образға айналдыра білгенін, оның өмір шындығымен *ж а н а с ы м д ы л ы ғ ы н* қызықты түрде баяндайды («Қазақст. мект.»).

ЖАНАСЫМДЫРАҚ с ы н. *Лайығырақ, ыңғайлырақ.* Көп болып ақылдасып келісілсе, киімнің көптеген түрлері өмірге *ж а н а с ы м д ы р а қ* болатындығын біз, сауда қызметкерлері, жақсы білеміз («Соц. Қаз.»).

ЖАНАСЫМПАЗ с ы н. *Жақын жүргіш, үйір.* Горбунов Итбайға 17 жыл писарь болған, қазақ аулының неше түрлі қулық-сұмдығына қанған, қазақша сөйлей білетін, *ж а н а с ы м п а з,* бір қу еді (С.Мұқанов, Ботагөз). Хан, сұлтандық заманы өткеннен бері қараңғы қазақтың болдым дегені болыстыққа, оқығаны тілмаштыққа *ж а н а с ы м п а з* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖАНАСЫМСЫЗ с ы н. **1.** *Лайықсыз, жарамсыз, қажетсіз.* Бау-бақшаны ертеректе бұл

өлкенің табиғатына *ж а н а с ы м с ы з,* жат нәрсе деп санайтын. Бұл күнде ол ұғымды өмірдің өзі-ақ мансұққа шығарыпты (С.Омаров, Алғы шепте.). Пьесадағы іс-әрекет, образдар өмірге *ж а н а с ы м с ы з,* жансыз, тұрмыс көріністерінде үстірттік бар (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **2.** *Жанасымы жоқ, жұғымсыз.* Костя аңға ертіп шыққаны болмаса, итке *ж а н а с ы м с ы з,* оған өз қолынан тамақ бермейтін, еркелетіп сылап-сипамайтын, ордаңдаған есер жігіт өді (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). **3**. *Қисынсыз, шындыққа келмейтін.* Бұл – шындыққа *ж а н а с ы м с ы з* пікірлер. Мұндай жолмен адамның ішкі жан дүниесін білу қиын (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЖАНАСЫҢҚЫРА= е т. *Жақындаңқырау, тақаңқырау, жуықтаңқырау.* – Алдағы кетіп бара жатқан екеуіне жақындасам, бір әйел қалаша киінген. Бірақ тым мәдениетті емес, *ж а н а с ы ң қ ы р а п* келіп әңгімелерінің түрін байқадым (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Қолтықтасып алған екі жас келіншек *ж а н а с ы ң қ ы р а п* өте берді де, сықылықтап, тар жолда тұрғандарды қаға-маға жүгіре жөнелісті (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖАНАТ[1] з а т. з о о л. <лат. procyon> *Жанат тәрізділер тұқымдасына жататын, жұмсақ жүндес, терісі өте қымбат бағалы аң; жыртқыш отряды.* Жанат тұқымдасының терісі бағалы бір түрі – *ж а н а т* – Қазақстан аумағында бұрын болған аң. 1930 ж. қайтадан Оңтүстік Қазақстан облысында Текелі өзенінің бойындағы жаңғақты-жидекті орманда жерсіндірілген (ҚҰЭ). *Ж а н а т т ы ң* қысқы жүні қоңырқай, өте түбітті, қылшығының ұшы қара болады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). *Ж а н а т* жылына бір рет күшіктейді. 1-ден 16-ға шейін күшік табады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Бұлғын, *ж а н а т,* сусар мен құндыз, тиін, Алтай түлкі, қасқыр мен асыл киім. Қазақстан жерінде барлық аңдар, Сән-салтанат қымбатты үйе бұйым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жанат тәрізді ит. з о о л. <лат. nyctereutes procyonoides> *Ит тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Ж а н а т т ә р і з д і и т* өзенкөл жағалауындағы сазды ылғалды жерлерді, таудағы ормандарды мекендейді. Дене тұрқы 52-58 см, жазда салмағы 4-6 кг, күзде 6-10 кг, (ҚҰЭ). *Ж а н а т т ә р і з д і и т* ін қазып, сонда тіршілік етеді, кейде түлкі, борсық індерін де пайдаланады (ҚҰЭ).

Жанат тұқымдасы. з о о л. <лат. procyonidae> *Сүтқоректілер тобына жататын жыртқыш аңдар. Ж а н а т т ұ қ ы м д а с ы,* негізінен, Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда таралаған (ҚҰЭ). *Ж а н а т т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* аяқтары қысқа, бес тармақты, тырнақтары жиылғыш, табанын толық не жартылай басып жүреді (ҚҰЭ).

ЖАНАТ[2] с ы н. *Жанат терісінен тігілген, қымбат, бағалы.* Үйге көпес Балтабаев кіріп келді. Басында қаракөл бөркі бар, үстінде құндыз жағалы *ж а н а т* ішік (М.Дүйсенов, Мейман). Көк шұға тысты, *ж а н а т* құндызды көк құмыра бөрік маубас, бордақы байлар ат-тұрманы жарқырап, көкмойын жегеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а н а т* ішік жауыпсың иығыма, Құн жетпейтін бармақтай қиығына (Бес ғасыр). Үйдің жанына бақан құрып, *ж а н а т* шиден жасаған үйшікті қозылар қазаға ұшыраған қазақ аулындай шулайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Кигені Масатының *ж а н а т* ішік, Келеді көзге түсіп, көңілі өсіп. Әкеліп жеңгелері тіккен үйге, Күйеумен бірге отырды шайын ішіп (О.Шипин, Екі дастан).

ЖАНАТТА= е т. *Жанат терісінен тігу, жанат терісін салу.* Ат жаратып, ер таңдап жігіттері, Үстінде киімдерін *ж а н а т т а ғ а н.* Балалар от басында асыр салып, Шешесін аймалап қарақтаған (Айтыс).

ЖАНАТТАЙ с ы н. *Жанат тәрізді жайнаған, құлпырған.*

ЖАНАТТАЙЫН с ы н. п о э т. ***Жанаттай.*** Мінеки Жетіғара ескі өмірі, Күніренген ескі өмірде ел көңілі. Бұл күнде *ж а н а т т а й ы н* жайнай түсіп, Өзгерді өзгеше боп жер өңірі (О.Шипин, Торғай.). Жәрмеңкедей қайнаған, *Ж а н а т т а й ы н* жайнаған Қандай ширкін тамаша! Отанымның өмірі (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

ЖАНАТТАН= е т. *Жалт-жұлт ету, жалтылдау, құлпыру.* Дауысы барған сайын қанаттанып, Жеткендей қия құзға қанат талып. Гәккулеп, – гә-гәкуге басқан сайын, Жанары *ж а н а т т а н ы п,* жаны оттанып (Е.Ибраһим, Гәкку). *Ж а н а т т а н а* жылдан-жыл жаңғырасың, Бақытыңа талайды таң қыласың. Ұдайымен үстіңде нұр тамылжып, Жан жұлдызын маздатып жандырасың (С.Сейітов, Жаңғырық).

ЖАНАТТЫ с ы н. *Жайнаған, құлпырған.*

ЖАНАУ[1] з а т. с ө й л. ***Жиек***. Алды-артын байқаған Бауыржан: – Мына жеңіл машинаны құрту керек деп қорытынды шығарды. Бірнеше жігіттерді жолдың *ж а н а у ы н а* жатқызып қойды (М.Габдуллин, Менің. дос.).

ЖАНАУ[2] *Жана етістігінің қимыл атауы; сипап қамшылау.* Үстіндегі Ербосын қайыс тізгіннің ұшымен, бөртенің мойнынан сәл-пәл *ж а н а у м е н* барады (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖАНАУЫЗ з а т. *Өгіздің мойнын қамыт пен жармаға бекітіп тұратын ағаш.* Төлеміс секіріп түсті де, өгізді қамытқа жақындатып, *ж а н а у ы з ы н* салды (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек).

ЖАНАШЫР з а т. **1.** *Ет жақын, туған-туыс.* Мұнан басқа қақпада, Бірқатар жан. *Ж а н а ш ы р с ы з* дүниеде, жетім қалған (Абай, Шығ.). Біз бір шешеден екі қыз едік, әпкем екеуміз тете өстік. Дүниеде *ж а н а ш ы р* жалғыз жақыным да, қамқор досым да сол әпкем еді (З.Шүкіров, Ізгілік). **2.** *Жан күйер, қолдаушы, жақтаушы.* Ақыл таппай дағдарып, *Ж а н а ш ы р* таппай сандалып, Барарын қайда біле алмай, Жүрген бір күнде сан ғарып (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а н а ш ы р* деген жігіттер де көзі көргенде есіркегені, қынжылғаны болмаса, дүрмекке кірген соң, әркім өз қамына кетеді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). – Бұл кім? – деді әжем. – Бұл баяғы өзің берген кітапты жазған «барлық аналардың *ж а н а ш ы р ы* болған адам», – дедім (С.Ерубаев, Шығ.).

ЖАНАШЫРЛЫҚ з а т. *Ниеттестік, тілектестік.* Армандар келген соң, өз алдына түтін түтете бастаған кездері еді, қамқоршы санап жүрген Сапар ағасы бұларға *ж а н а ш ы р л ы қ* ақыл берді (Н.Оразов, Достар). Бұл мақалалар мен пікірлер шын *ж а н а ш ы р л ы қ п е н* байыпты, салмақты жазылған («Қаз. әдеб.»). Менікі тырнақ астынан кір іздеген тауық мінізділіктен емес, шынайы достық, шын *ж а н а ш ы р л ы қ* қой (С.Досанов, Қыран.). Қиналған жанға нәсіліне, дініне қарамастан *ж а н а ш ы р л ы қ* таныту, әсіресе, қазақ халқына ерекше тән ұлттық қасиет болып табылады (ҚҰЭ).

Жанашыр сөз [ниет, тілек]. *Қамқорлықпен айтылған ниет, адал көңіл.* Раушан Ержанның даусынан бар *ж а н а ш ы р* жақсы *н и е т і н* таныды. Жаңа ғана үрке қараған қыз көзінде ерекше бір ыстық мейірім пайда болды (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖАНАШЫРСЫ= е т. *Ниеттес, тілектес болғансу.* Жандар көп қой, *ж а н а ш ы р с ы п* жүретін көтермелеп, Жанымдасың болғанмен мекен бөлек. О, мен кейде қорқамын көп ішінде, Жалғыздықтан жарылып кетем бе деп (Ф.Оңғарсынова, Шығ.).

ЖАНБАҒЫС з а т. *Күнкөріс, өлместің қарекеті. Ж а н б а ғ ы с* адамға не істеткізбейді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Құр *ж а н б а ғ ы с* кімнің қолынан келмейді? Боташ бір өзге адам (Б.Нұржеккеев, Күй толғақ). Жиын-терін аяқталып, қысқа қарай колхоз жұмысынан қолдары босаған соң Ыдырыс пен Смағұл *ж а н б а ғ ы с* қарекетімен заставаға жұмысқа жалданды (Б.Соқпақбаев, Балалық). Әкесі Көпекбай осыдан үш-төрт жыл бұрын үйелмелі-сүйелмелі төрт баласы мен шүйкебас момын әйелі Әйнекті шұбыртып, жегжат-жұрағаттарын сағалап, *ж а н б а ғ ы с* іздеп келген (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖАНБАҚТЫ с ы н. *Жалқау, жатыпішер. Ж а н б а қ т ы* жалқаулықты жақтырмаған қазақ халқы бұрынғы заманда «Еңбегі аздың – өнбегі аз» деген (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАНБОЗ з а т. **1.** с ө й л. ***Жампоз.*** Айырдан туған *ж а н б о з* бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын хайуан десең нанғысыз (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). **2.** а у ы с. *Ардақты, қадірлі, аяулы адам.* Біздің үйден түтін бұрын ұшты енді, Біздің үйге бұрын қонақ түсті енді. Елдің талай маңғазы мен *ж а н б о з ы,* Біздің үйдің асын ғана ішті енді (Е.Ибраһим, Көкше.).

ЖАНҒЫЗ= е т. *Тұтату, жандыру.* Әрбір минералдан алынған оттегі мен сутегін *ж а н ғ ы з ы п,* содан кейін оның құрамын зерттесек, онда сол минералдың қалай және қай уақытта пайда болғанын анық білуге болады (Ж.Жатқанбаев, Су.).

Бағын жанғызды. *Бағын аштыбақытты етті.* Дегеніне жетпеген ару зарлы Көңілінде көп арман, жан ызалы, Ақ тілеуін біздерге арнады ма, *Б а ғ ы м ы з д ы* біздердің *ж а н ғ ы з ғ а л ы* (Ш.Мұхамеджанов, Назқоңыр).

ЖАНҒЫШ с ы н. *Тез тұтанғыш, от алғыш.* Барлық солдаттар оқ-дәрі взводына барып, екі жәшік *ж а н ғ ы ш* сұйық зат алдық. Сөйтіп ымырт жабыла көпір аузына келдік (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Үш сағаттан кейін құрамында бензин, керосин, дизельдік жанармай және *ж а н ғ ы ш* газы бар сұйықтық алған («Зерде»). *Ж а н ғ ы ш* бөтелкелер бірнеше жолбарыстардың жанын жаһаннамға жіберді (Е.Естаев, Өмір.). Пайдалы қазбалар: бей металды *ж а н ғ ы ш* (көмір, торф және т.б.) пайдалы қазбалар және құрылыстық тау жыныстары болып бөлінеді (Т.Қалыбеков, Экология).

Жанғыш газдар. х и м. *Жануға бейім газ тәрізді заттар. Ж а н ғ ы ш г а з д а р д ы ң* табиғи және жасанды қоспаларының маңызы зор. Табиғи жанғыш газдарды газ кен орындарынан немесе мұнаймен бірге алады (ҚҰЭ). *Ж а н ғ ы ш г а з д а р д ы ң* жасанды қоспалары және қатты отындардың термиялық ыдырауы нәтижесінде түзіледі (ҚҰЭ).

Жанғыш қазбалардың күлділігі. г е о л. *Жанғыш қазбалардың жаққаннан кейінгі қалатын күл мөлшері тұрғысынан анықталған жалпылама сипаты* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанғыш құрамдар. х и м. *Жанғанда жоғары температура беретін химиялық қосылыстар мен қоспалар, кейбір жай заттар. Ж а н ғ ы ш қ ұ р а м д а р* екі топқа бөлінеді: кейбір металл оксидтері, нитраттар мен перхлораттар; ауадағы көміртек есебінен жанған тотықтырғышы жоқ құрамдар (ҚҰЭ). Бұл топтардың құрамындағы заттарды араластырып және оларға әртүрлі

тотықтырғыштар қосып жасалған көптеген *ж а н ғ ы ш қ ұ р а м д а р* бар (ҚҰЭ).

Жанғыш масса. г е о л. *Жанғыш қазбаларды талдау практикасында эксперименттік деректерді есептеу үшін органикалық массаның (органикалық заттың) эквивалентті ретінде қабылданған түсінік. Ж а н ғ ы ш м а с с а* сусыз, күлсіз затқа сәйкес келеді, ол «г» индексімен белгіленеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Жанғыш тақтатас. г е о л. *Органикалық және минералдық заттардан тұратын жұқа қабатты шөгінді тау жынысы.* Термиялық өңдеу тәсіліне және органикалық заттардың құрамына қарай *ж а н ғ ы ш т а қ т а т а с т а н* әртүрлі заттар алынады (ҚҰЭ). *Ж а н ғ ы ш т а қ т а т а с т ы ң* күлі аса бағалы тұтқыр заттар зат ретінде құрылыс кірпішін және жылу өткізбейтін материал жасауда пайдаланылады (ҚҰЭ). Қазақстанда Алтайда (Кендірлік), Сарыарқада, Каспий маңында *ж а н ғ ы ш т а қ т а т а с т ы ң* кендері бар (ҚҰЭ).

ЖАНҒЫШТЫҚ з а т. *Материалдың (заттың, қоспаның, құрылымның) ауа қалыпты құрамда болатын ортада өз бетімен жануға қабілеттілігі. Ж а н ғ ы ш т ы ғ ы* бойынша материалдар мынадай топтарға бөлінеді: жанбайтын материалдар, жануы қиын материалдар, жанатын материалдар және оңай тұтанатын материалдар (Қаз. тілі термин. Кен.). Заттың *ж а н ғ ы ш т ы ғ ы* оның агреаттық күйіне, ұнтақталу дәрежесіне, сондай-ақ, жүйе параметрлеріне (көбінесе, температура мен қысымға) байланысты (ҚҰЭ). Бұйымның *ж а н ғ ы ш т ы ғ ы* оның пішініне, өлшеміне және құрамындағы жанғыштығы әртүрлі заттардың өзара орналасуына байланысты (ҚҰЭ).

ЖАНДА= е т. к ө н е. *Жанамалау, жиектеу.* Бұл кезде қысқа көктем таңы рауандап, Шығыстан қызыл шұғыла аспанға андап. Түріліп түн зұлматы, таң шапағы Әлемді келе жатты сәуле *ж а н д а п* (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Қарабай жылқы айдайды көш соңынан Тоқсан құлы келеді көшін *ж а н д а п*. Заманым әлдеқандай болады деп, Кезең асты түйесін қос құйысқандап (Қозы Көрпеш.).

ЖАНДАЙ[1] с ы н. *Жан тәрізді, жанға ұқсас.* Ашақ етін, қардай бар, Қызыл бетің қандай бар. Сен сәулеме ғашықтығым Кеудемдегі *ж а н д а й* бар (Қаз. әндері).

ЖАНДАЙ[2] с ы н. *Кісідей, адам сияқты.* Нұрпейіс әзіл шығар деп ойлап, оның бетіне жымия қарап еді, болыстың бет-әлпеті адам өлтіретін *ж а н д а й* әлем-тапырықтанып кеткен екен (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Жануар, *ж а н д а й* досым, жирен атым, Жер екен қай қорада кімнің шөбін (Б.Аманшин, Өлеңд.). Сай-сай болды сызықтары маңдайдың, Кейде өзімді-өзім көтере алмаймын. Қаншағада келгенімді білмеймін. Сан көбейтіп, босқа жүрген *ж а н д а й м ы н* (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

ЖАНДАЙШАП з а т. *Біреудің сөзін сөйлеп, сойылын соғушы.* Өмірі Қасымбектің қасқабағына қарап, ойындағысын ернінің емеурінен біліп тұратын өңкей *ж а н д а й ш а п т а р* екі шалдың арасына да, әкпарын да айтқызбай, дедектетіп қуа жөнелді (З.Ақышев, Ақбел.). Бұлардың әрқайсысының атқосшысы, *ж а н д а й ш а п т а р ы* бар. Айналасы қырық-отыз адам (F.Мұстафин, Көз көрген). Соқыр батыр қайтыс болғанда Құлжабай датқаның *ж а н д а й ш а п т а р ы* Қарақойынды алып қоймақ боп ары-бері әрекет жасайды (Ш.Мұртазаев, Шығ.).

ЖАНДАЙШАПТА= е т. *Жанамалап жақын жүру, қатарласу.* – Қосыл дүрмекке! Тек, додаға түспе, шабандозбен тартыспа. *Ж а н д а й ш а п т а п,* дом жүйріктің тынысын аш, қолтығын сөк (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ЖАНДАМА: жандама мүше. э т н. *Жанама, үстеме мүше.* Жілік саны үшеу – тоқпан, көрі жілік, жауырын. Жауырын да мүшеге жүреді, бірақ етті көбейту үшін салатын *ж а н д а м а м ү ш е* (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАНДАМАЙЛА= е т. с ө й л. ***Жанамалау***. Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен *ж а н д а м а й л а п* ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр бейсауат (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Мақпалдың мұнысын Айтқұл «кет әрі емес екенсің» деп ұғатын да, *ж а н д а м а й л а п* қалмайтын (З.Ақышев, Жесір.).

ЖАНДАН= е т. **1.** *Жан бітту, қан жүріп тірілу.* Сөйтіп, көп ұзамай әлсіреген жүрек *ж а н д а н ы п,* түсі қашып, денесі суыған адамның қолаяқтарына қан жүгіріп, жыли бастады, тынысы кеңіді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Анасының күңгірт тарта бастаған қияпаты мына әйелді көргенде, қайта *ж а н д а н ы п,* айқындала түскендей болады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Туғалы ұйқыда жатқан, тіршіліктен бүгінге дейін тыс қалған тамыр-жүйкелерім жаңа *ж а н данғандай* тұла бойыма бейтаныс бір жылылық тарайды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **2.** а у ы с. *Қыза түсу, дуылдау, белсенділік таныту.* Қазыбек ойланып тапқанша шам жанып, ұйи қалған жұрт қайтадан *ж а н д а н а* бастады (Ә.Әбішев, Замана.). Он шақты күн тып-тыныш боп, бос қалған кластар бүгін қайта *ж а н д а н ы п,* мектеп іші қазандай қайнап қоя берді (М.Иманжанов, Алғашқы.). **3.** а у ы с. *Жайнап құлпыру, әдемі күйге келу.* Моңғолдардың қиратқанына қарамай, Отырар қаласы тағы да өмір сүре берді. Көп ұзамай қираған ғаріп қала қайтадан бел көтеріп, *ж а н д а н а* бастады

(Д.Досжанов, Құм жүткан.). Әрі сұйық, әрі жансыз зат көрінген жон атаулы жотаның бүгін тағы да бір қызық түрде *ж а н д а н ғ а н ы* байқалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Арал *ж а н д а н а д ы*. Екі қаланың еті тірі еркек-әйелі қызылды-жасылды киім киіп, түрленіп, қайыққа мініп, сол Аралға – көкке шығады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айнала көз жетер жер емшек төбелер. Кәдімгідей ұзыннан-ұзаққа созылып теңіздің ақжол бұйра толқынына ұқсап *ж а н д а н ы п* жататын адыр қыраттарға мүлде ұқсамайды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **4.** а у ы с. *Алға басу, жақсару, жөнделу*. Бертін келе халықтар арасындағы сауда қатынасы *ж а н д а н а* бастаған кез көшпелілердің киім-кешегі мен ыдыс-аяғын, үйдің басқа мүліктерін, көлік саймандарын, қолөнер құралдарын оңай табуға мүмкіндік туды (С.Мұқанов, Халық мұрасы). – Сонымен, жолдастар, облыс көлемінде әдеби өмірдің *ж а н д а н ы п*, жаңа сатыға көтерілуін шұғыл қолға алайық, – деді ол (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Міне, егер ауылымызда сондай білімді, саналы жастар көбейетін болса, жұмыс та жаңаша *ж а н д а н а р* еді ғой (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **5.** а у ы с. *Тартымды, қызықты шығу, мақсатқа жету*. Сабақ өз мақсатын ақтады. Ең бастысы – бірде-бір бала бұл сабақтан шет қалған жоқ. Тақырып балалардың көз алдарында *ж а н д а н ы п*, қызықтыра, үйіріп әкетті (С.Сарғасқаев, Ұстаз).

Малы малданып, жаны жанданды. а) *Үйлі-жанды, балалы-шағалы болды*. Майлықараша екеуінің де басын алды, сөйтіп екеуінің де *м а л ы м а л д а н ы п, ж а н ы ж а н д а н ы п* бай болды, мұратына жетті (Қаз. ертег.). ә) *Адамы мен мал-мүлкін өзіне қаратып, қожалық қылды*. Құдай сақтасын, *м а л м а л д а н ы п, ж а н ж а н д а н ы п* отырғанда, жаманшылықтың бетін аулақ қылсын (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАНДАНДЫР= е т. **1.** *Құлпырту*. Мәтел сөз арасында айтылып сөзді *ж а н д а н д ы р а* түседі, тілге ерекше көрік бітіреді, айтылмыш пікірді қуаттап нықтайды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **2.** *Қозғау, түрткі салу*. Шәмшіге айт, Тағы да бір таңдандырсын, *Ж а н д а н д ы р с ы н* жүректі, жандандырсын! Мәңгі өлмес Махаббатым айта жүрер, Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын! (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Қыздыру, бар мүмкіншілігін салу*. Бала құрғақ ақылды ұқпайды. *Ж а н д а н д ы р ы п* суреттеп алып келсең ұғады (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Істі жақсарту, жолға қою*. Төртінші: педагогтардың беделін әлі де көтере түсу керек. Бесінші: мұғалімдердің өз арасындағы тәрбиені де *ж а н д а н д ы р а* түссе (О.Сәрсенбаев, Сағым). Инфляцияның философиясы мынада: біртебірте тереңдеуіне байланысты экономиканы уақытша *ж а н д а н д ы р а т ы н* фактордан ұдайы өндіріс процесіне кедергі жасайтын факторға айналады (Б.Жүнісов.., Нарық. экон. негіз.).

ЖАНДАНДЫРУ *Жандандыр етістігінің қимыл атауы; жақсарту, жаңа сапаға көтеру*. Әдебиет сыны туралы айтқанда, баспасөз беттеріндегі рецензиялар мен сын мақалаларды *ж а н д а н д ы р у*, оның мазмұнын тереңдету қажет (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жазушы өзінің баяндап отырған сөзіне күнделікті сөйлесіп жүрген сөздеріміздің характерін беріп, оны *ж а н д а н д ы р у ы* да мүмкін (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЖАНДАНДЫРУШЫ з а т. **1.** *Жақсартушы, көркейтуші*. Әке-шеше жалғастырып, бұрынғылар салған өнерді *ж а н д а н д ы р у ш ы* сүйікті ақтеріміз Мақпуза Байзақованың өнер өрінен, биік белестен көріне беретініне сенеміз («Қазақст. әйелдері»). **2.** *Шабыт беруші*. Ақын мен табиғат біріне-бірі дем беруші, біріне-бірі шабыт беруші, біріне-бірі қан құйып, *ж а н д а н д ы р у ш ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖАНДАНДЫРЫЛ= е т. **1.** *Жан кіре бастау, ширай түсу*. Гипстен босатылған аяқтың семген еттері сылау-сипаумен *ж а н д а н д ы р ы л д ы*, ширады (Е.Оразақов, Қайта соқ.). **2.** а у ы с. *Жұмыстың шындап қолға алынуы, көркейтілуі, жолға қойылуы*. Ташкент қаласының орталық кітап дүкенінен ашылған қазақ бөлімінің жұмысы *ж а н д а н д ы р ы л с а* демекпін (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАНДАНТ= е т. *Жан бітіру, тірілту, тіршілік әкелу*. Міне, осының бәрі Қостанай тұрғындарын атам заманғы ұйқысынан оятып, *ж а н д а н т а* түскен-ді (От ортасы.).

ЖАНДАНУ[1] з а т. э к о н. *Өнеркәсіп өндірісі мен инвестициялардың өсуіне, жеке табыстардың және корпорациялар пайдаларының артуына ұласатын іскерлік белсенділіктің арту кезеңі* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАНДАНУ[2] *Жандан етістігінің қимыл атауы; жолға қойылу, жақсару*. Өмірінің соңғы 30-шақты жылын Өскеменде өткізген Михаэлис қаланың мәдени өмірінің *ж а н д а н у ы н а* өз тарапынан көп күш салады (Ж.Исмағұлов, Адам мерейі). Ауылдағы өзіндей жастардың көмегімен клуб жұмысының *ж а н д а н у ы н а* Қайырбектің ықпалы тигені соңғы жылдары байқалып жүр («Лен. жас»). Газет жұмысының *ж а н д а н у ы н а* редколлегия мүшесі, ұлы ғұлама, жазушы М.Әуезовтің зор көмек көрсеткенін сол кезде қызметтес болған әріптестерім есінен шығармаған болар («Қаз. әдеб.»).

ЖАНДАРАЛ ор. з а т. с ө й л. ***Генерал***. «Қазақ ақылды шешен болса, бұл қазақты

думадан тысқары қылу керек», – деді Сухотин *ж а н д а р а л* (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Ж а н д а р а л* келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып Абайға тоқтайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Комитеттің дәрежесі бұрынғы *ж а н д а р а л д і к і н е н* кем еместігін, енді қазақ жұмысын қазақ басқаратындығын, бұрынғы крестьянский начальниктің орнына аудандық комитет сайлағалы келгенін ... сөйледі (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Түрегелді орнынан Амангелді бұрқанып, Көздерінен от шашты Мұздай темір құрсанып: – Менің сөзім – ел сөзі, *Ж а н д а р а л г а* айта бар, Берер жан жоқ патшаға, Болсақтағы күнәкар!.. (О.Шипин, Дастан.). Шақырар екеуіңді ұстатуға, Қылышын жарқылдатып *ж а н д а р а л ы м.* Сот қылып болыс пен би кесіп, Жаптырар абақтыға өңкей залым (О.Шипин, Дастан.). Шұбарым, арғымағым, кермаралым, Өз заңымша бөлкендік (полковник) *ж а н д а р а л ы м.* Бала күннен бас болған мың сан қолға, Баласы Сатекемнің ер Барағым (Бес ғасыр.).

ЖАНДАРМ [франц. gendarme] з а т. **1.** т а р. ә с к. *Жандермериянің жеке құрамы.* Францияда *ж а н д а р м* деп мемлекеттік полицияның ерекше тапсырмалар орындайтын офицерлерін атаған (ҚҰЭ). *Ж а н д а р м* Пруссияда 1806 жылға дейін сақталып, негізінен, әскери-полицейлік мақсатқа пайдаланылды (ҚҰЭ). Ояздың лұқсатымен барымташылардың артқа қайрылған қолдарындағы бұғауларын *ж а н д а р м а н ы ң* бірі сылдырлатып ағыттырып алды (С.Жүнісов, Ақан сері). Бірнеше күннен соң ғана Орск жақтан құлап, сексен адам атты казак орыс келді. Басшысы Месяцев деген офицер қасында Жұмағалиев деген *ж а н д а р м ы* бар (С.Шәріпов, Бекболат). **2.** ә с к. *Ауыр қару-жарақты атты әскердің бір түрі.* Орта ғасырлардың соңына таман *ж а н д а р м* деп ақсүйектер құрған салт аттылы ауыр қаруланған жасақтарды атай бастады (ҚҰЭ). Аспанға жарқылдатып ақ семсерді, Тұтқыннан бұғауланған босатты ерді. Алақтап *ж а н д а р м д а р* жанталасып, Қарамай алды-артына зытып берді (О.Шипин, Дастан.). Әли де тәуекелге белін буды, Оқудан *ж а н д а р м* да оны қуды, Қуалап ұйымдағы барлық жақты, Әли де етігімен кешті суды (О.Шипин, Дастан.). Патша, зада, сұлтан, төре хандарың, Жан алушы генерал мен *ж а н д а р м,* Тіске жұмсақ бұқараны жем қылып, Айдаһардай азу біткен заңдарың (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

ЖАНДАРМА з а т. ж е р г. *Жанама арықтан алынатын кішкене арық. Ж а н д а р м а н ы* байлай тұратын екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНДАРМЕРИЯ [франц. gendarmerie] з а т. ә с к. *Елдің ішіндегі және армиядағы тәртіпті қадағалаушы міндеті бар әскери ұйымдық негіздегі полиция.* Патшалық Ресейде де саяси полицияны *ж а н д а р м е р и я* деп атаған (ҚҰЭ). *Ж а н д е р м е р и я* қызметі, ең алдымен, Ресей империясы құрамындағы ұлттардың ұлт-азаттық және демократиялық қозғаласына қарсы бағытталды (ҚҰЭ). *Ж а н д е р м е р и я* саяси тыңшылық және мемлекеттік қылмыс жөніндегі істер бойынша тергеу жұмыстарын жүргізді, саяси қылмыскерлерді күзетпен алып жүрді (ҚҰЭ). Біздің қолға түскен хабарымызды естіген *ж а н д а р м е р и я* сол сағатта машинамен бізді алып келетін еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАНДАС= е т. **1.** *Қатты жақындасу; ауыз жаласу, жуықтау.* Бәлкім, орыстардың сақарада мал бағып жауласқанмен жауласып, жандасқанмен *ж а н д а с ы п* жүрген бізде мүлде шаруасы болмас, – деді ол (М.Мағауин, Аласапыран). Қобыландының алпыс жігітімен бірге Кейкіманның қолынан жүзге тарта адам ата-бабаның *ж а н д а с ы п* өткен құт сахарасының торқалы топырағын құшақтап алды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Құлқынына сатылған Молда мен бай, атаман. Жандаралмен *ж а н д а с ы п,* Дозаққа елді матаған (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Өштесіп жауласу, қастасу.* Боз ағаштан биік мен едім, Бұлтқа жетпей шарт сынбан. Ел құтқарар ер едім, – *Ж а н д а с п а й* ақыры бір тынбан (Бес ғасыр.). Жайық үшін *ж а н д а с т ы қ,* Қиғаш үшін қырылдық. Теңдікті, малды бермедік, Теңдіксіз малға көнбедік (Бес ғасыр.). Жаңа жыр – жалынды адам жүрегінде, Жаңа жыр – жаралғанның тілегінде. Жаңа жыр – Отан үшін жан аямай *Ж а н д а с қ а н* жауынгердің білегінде (Т.Жароков, Шығ.). Арпалысты барынша, жанталасты, *Ж а н д а с қ а н* жерде оңай ма жанды қимақ (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

ЖАНДАСУ *Жандас етістігінің қимыл атауы; өштесу, жауласу.* Өздері *ж а н д а с у м е н* қоймай, өзгені жанжалға тартады (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖАНДАТПА з а т. *Құлама жар.* Қорған екі беті ешкім түсіп-шыға алмайтындай тықыр, көк шөп өскен жылмағай *ж а н д а т п а.* Ордың көше бетінде кең тротуар (Ә.Кекілбаев, Тыраутырау.).

ЖАНДАУ з а т. с ө й л. *Таудың етегі, бөктері.* Жұмысшылар талай көпір жасады, Борлы төбе *ж а н д а у л а р ы н* қашады. Сонымен де біте қойған арна жоқ, Жұмыс шіркін әлі бастан асады (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.).

ЖАНДА= е т. ж е р г. ***Жанау***. Қырғызстанның мал айдағаны көзімізді *ж а н д а п* өтті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНДАЛБАСАЛА= е т. *Жан цшырып әлек болу, әуре лену.* Алдыма ағып келген тақтайға асылып, су бетінде қалқып, *ж а н д а л б а с а л а п* аяқ-қолыммен малтыған болдым (Мың бір түн). Көзге түртіп қалса көргісіз, *ж а н д а л б а с а л а п* алдымдағы бұтаны қолыммен сырып, жүріп келем (А.Лекеров, Өмір оты). Не пайда, *ж а н д а л б а с а* қып есікті тартып ем, мызғитын да емес, терезе онан да берік (А.Лекеров, Өмір оты).

ЖАНДӘСІЛ з а т. ж е р г. *Баскесер, әумесер, делқұлы.* Мынау сенің жаныңда жүрген *ж а н д ә с і л* көңілі келмеген күн басыңды қағып жүре береді депті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНДЫ[1] с ы н. **1.** *Жаны бар, тірі. Ж а н д ы* зат туады, өседі, өрбиді, көбейеді, өз еркімен қозғалады. Аяғында өледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қолдағы малға төл еріп, *Ж а н д ы д а н* өсіп жан шықты. Жаңадан дүние жан беріп, Неше түрлі мал шықты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ойласам, дүниеде қанша жан бар: Адам бар, ағаш, шөп бар, мал мен аң бар. *Ж а н д ы,* жансыз нәрсенің бәрі-дағы Әр себептің жемісі, байқасаңдар (С.Торайғыров, Алаш.). Сағат дыбысы үзіліп талып, әбден шаршаған, міндетті қызметін амалсыз атқарып тұрған *ж а н д ы* организм тәрізді (М.Мағауин, Көк мұнар). Автор *ж а н д ы* нәрсені әрекет күйінде көрмейді, көлеңкесін ғана көреді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). *// Тірі жан, адам.* Жаратылыстың жансыз заттарын нақ бір жандыларға ұқсатып, *ж а н д ы л а р д ы ң* істейтін іс-әрекеттерін істеткізіп суреттеу мақал-мәтелде де ұшырасып отырады (М.Әлімбаев, Өркекті сөз.). Жел тимей, кірсіз тұрған кезің еді, *Ж а н д ы ғ а* жақсы дәру сөзің еді (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Мәнді, қажетті, маңызды.* Физика үйірмелері *ж а н д ы* жұмыс істеген мектептерде ғана «автоматика-телемеханика үйірмесі» пайдалы болуы мүмкін (Қ.Айманов, Физика.). Азамат кеңсесіне келсе, қолы амалсыздан алдында үюлі жатқан қағазға тиіп, талай *ж а н д ы* жұмыстарға байланып қалатын (Б.Майлин, Азамат.).

Адал жанды. *Арамдығы жоқ, таза ниетті.* Жолдасым Саша Комиссаров та аман. Саған сәлем айтады. Өзі – *а д а л ж а н д ы* орыс жігіті (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ақ көңіл, *а д а л ж а н д ы,* жарқын жүзі, Бақыттың шырағындай отты көзі (М.Хакімжанова, Жыр асуы).

Ақын жанды. *Поэзияға құмар, сезімтал.* Қайсар кітап жазатын ақын боламын деген емес. Әлжан оның *а қ ы н ж а н д ы* жігіт екенін түсінбеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Өлтірсе де, патша атып, *а қ ы н ж а н д ы,* Мәңгі өлтіре алмады шығармаңды (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Жайдары жанды. *Ашық, ақжарқын, ақкөңіл.* Одақтың түс-тұсынан *ж а й д а р ы ж а н д ы,* шат күлкілі, әсем әнді, от жігерлі жастар келе жатыр (С.Сейітов, Жылдар.).

Жанды басшылық. ж е р г. *Әсерлі, ықпалды, тиімді басшылық.* Қатынас бөлімі жанындағы партия ұйымы бұларға *ж а н д ы б а с ш ы л ы қ* жасауы керек (Қаз. тілі. фразеол. сөздік.).

Жанды жер. а) *Талма жер.* Қанат күшін көрсеткісі келгендей шіреніп қалып еді, тақымында келе жатқан көк шолақ бес атары *ж а н д ы ж е р і н* ауыртып кетті (Ә.Әбішев, Найзағай). ә) *Көңіліне ауыр тиетін тұсы.* Ас үстінде сөз, байқаусызда, семья мәселесіне көшті. Райхан мен Ақанның *ж а н д ы ж е р і н е* тиемін деген Қайдарда ниет жоқ-ты (З.Шашкин, Темірқазық). Баланың соншалықты ашуланғанына Матеков қуана түсті. «Қалай екен бәлем, *ж а н д ы ж е р і ң е* тидім-ау, шамасы!» (Ә.Тарази, Тас жарған). Әбіштің әлгі бір ауыз сөзі өзінің ең *ж а н д ы ж е р і н е н* шалғандықтан, үйіне келген соң да көпке дейін тыныға алмады (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Келіншектің орынды кінәсы *ж а н д ы ж е р і м і з г е* тигенмен, ошақ әзіл-қалжыңды, кісіні билеп-төстеп сөйлейтін еркелеу мінезі ұнап барады (С.Асылбеков, Оттан ыстық.).

Жанды көлеңке. *Тұралап құр сүлдесі қалған адам.* Тұтқындардың жартысындайы ауру. Күнде бестен, оннан кісі өліп тұрады. Қыстайғы суық, аштық шыңдарына жетіп қалған. Көбі сандалған делбе, *ж а н д ы к ө л е ң к е* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жанды қабар. ж е р г. ***Жеделхат.*** Баламыз осы мейрам алдында барып қалармын деп *ж а н д ы қ а б а р* жіберіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жанды қарға. *Тірі жан, тірі пенде.* Ол тіпті өзінің ауру екенін *ж а н д ы қ а р ғ а ғ а* айтпай, бетімен жүрген бір жан (Ғ.Мүсірепов, Суретker.). Онан соң кемпір, шалды ортаға алды, Әрқайсысы салып қалды, теуіп қалды. Найманнан *ж а н д ы қ а р ғ а* құтқарман, – деп, Ақсарбас айтып шыққан антым барды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жанды мен жансызға арыз айтты. *Бар дүниеге шағым етті.* Күндердің бір күні жылан жер жүзіндегі *ж а н д ы м е н ж а н с ы з д а р ғ а а р ы з а й т а д ы* (Қаз. ертег.).

Жанды өлік. *Әрекетсіз, меңіреу.* Ойласам, олар – *ж а н д ы ө л і к,* Меңіреу, мисыз бір көлік. Осыдан жоқ өңгелік, Адаммын деп жүреді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жанды сөз. *Қисыны бар әңгіме, асыл уағыз.* Өлген ата қабырының басында, *Ж а н д ы с ө з д е р* жазылған көк тасында. Лапылдайды: «Өлме, ұрпағым, өлме!» – деп, «Қиянатқа, қияметке көнбе!» – деп (Ә.Тәңірбергенов, Таңд.). *Ж а н д ы с ө з,* жалынды ырғақ жыр иесі, Қызық қой ақындықтың дүниесі (С.Мәуленов, Шығ.).

Жанды сүгірет. к ө н е. *Қойылым, шағын көрініс.* Бүгінгі кеш *ж а н д ы с ү г і р е т* төртінші рет көрсетілді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл көрсетіліп жатқан елге шыққан қызыл отаудың ауыл жанына құрған *ж а н д ы с ү г і р е т і* еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алғашқы кезде жұрт *ж а н д ы с ү г і р е т т е н* үркіп, тосаңсыды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқын жанды. *Ашық жүзді, жайдары мінезді.*

ЖАНДЫ[2] с ы н. *Адамы, жаны бар.* Біз өзі ірілі-уақты сегіз *ж а н д ы* семьямыз, осы бәріміздің үш-төрт жылғы ескі-құсқы аяқ киіміміз соның түбінде жататын (Ғ.Қабышев, Мінездеме). Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата жақтардан атты қазақтар шығыпты деген хабарды естіп, қырық мың *ж а н д ы* найман кіруге жер таба алмайды (С.Шәріпов, Бекболат).

ЖАНДЫ-ЖАҚТЫ с ы н. *Көп ағайынды, жекжат-жұрағатты, туған-туысы мол.* Мен де *ж а н д ы-ж а қ т ы* адам емеспін, сондайлармен жақын-жуық жүрмесем, – деп Зылиқа Асайынның жаңағы пікіріне тәнті болды (С.Омаров, Өмір.). – Әлгі Мәмбеттер біреудің күйеуден қайтқан қызы бар, соған кеп сөйлессін деп сәлем айтып жіберіпті. Бауырлары бар, *ж а н д ы-ж а қ т ы* дейтін көрінеді, – деді (С.Мұратбеков, Көкорай). Бұл кісі де кейін тұрмысқа шыққан, балалы-шағалы, *ж а н д ы-ж а қ т ы* дегендей, үлкен семья болды (Ә.Нұршайықов, Автопортрет). Жауыздықпен Құс сұр, адам жұтқан. Атасы көп, өзі бай, *ж а н д ы-ж а қ т ы,* – Ықтиярсыз Құсан ғой ол сондықтан (И.Байзақов, Шығ.).

ЖАНДЫ-ЖАНСЫЗ с ы н. *Жанды мен жансыз, зат атаулы, күллі.* Қайыпқожа күй тартқанда, *ж а н д ы-ж а н с ы з* әлемнің бәрі мүлгіп, рақат дүниесіне мәз боп тұрғандай (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Ж а н д ы-ж а н с ы з* жоқ болып, Қалсам жалғыз бір өзім! Жан иесі тұншықса! Үн иесі үн шықса! (М.Жұмабаев, Шығ.). Апат ағы қадалған жердің айналасы бір километр көлемінде *ж а н д ы-ж а н с ы з* түгел жоғалыпты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жылайсырап мұңайып, *ж а н д ы-ж а н с ы з,* Қатты аязды қайырымсыз қысты күткен (М.Жұмабаев, Шығ.). *Ж а н д ы д а ж а н с ы з,* Көрінген заттан сыр бағып. Өлетін болдым, Өзімнен-өзім ұрланып (М.Мақатаев, Дариға жүрек).

ЖАНДЫҚ з а т. ж е р г. **1.** *Ұсақ мал, қойешкі.* – Сонша жыл бағып-қаққан қызды мен оған тегіннен-тегін ұстата салар деймісің!? Қасқа сиыры мен төрт *ж а н д ы ғ ы н а* ауызды салдым, –деді ол (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Ж а н д ы қ* дегенді білмейміз, ірі қарамыз ғана бар (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ақырында, емшегінен айырылған сары інгенді біреу соғымға соймақ боп бір бұзаулы сиыр, бір қашар және бірнеше ұсақ *ж а н д ы қ* беріп алып кетті (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Саулық қой. Ж а н д ы қ т а р д ы* қосақта, сауайын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНДЫЛЫҚ з а т. *Жаны барлық, жаны болушылық.* Қоқандықтарға қарсы ауыр жорықтар кезінде Плещев қазақтардың еңбек сүйгіштігін, ақ көңіл, адал *ж а н д ы л ы ғ ы н* өте жоғары бағалады (ҚазССР тарихы.). Муравьев ұлы *ж а н д ы л ы қ* көрсетіп, Сібірдегі Бестужевтардың өмірлік каторгасын әуелі жиырма жылға шегертті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Бұл дарақылық емес, жарқын *ж а н д ы л ы қ,* мен мұны солай түсінемін (Ә.Әбішев, Ғаламат.).

ЖАНДЫР= е т. **1.** *От тұтату, отын жағу.* Сақып самаурынға су құйып, ұсақталған ағашты отқа қалап *ж а н д ы р д ы* (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Өртеу, күйдіру, шыдаттырмау, жалындату.* Ғашықтық жаман өрт екен, *Ж а н д ы р д ы* менің ішімді, Көрсетер ме екен құдайым, Сүйікті сіздей кісімді (Бес ғасыр.).

Бағын жандырды. *Бақытты етті.* Қалайша бақытты болдың, – деп сұрасаң: Менің *б а ғ ы м д ы ж а н д ы р ғ а н* да, жұлдызымды оңымнан тудырған да еңбек. Еңбегім арқылы ел құрметіне бөлендім (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Ғашық отын жандырды. *Ғашық қылды, махаббат сезімін жүрегіне ұялатты.* Ажарыңнан гүлдей нәзік, балдырған, Көз алмаушы ем жасап іштей жан құрбан. Сен едің ғой құштар етіп, құлшынтып, Ең алғашқы *ғ а ш ы қ о т ы н ж а н д ы р ғ а н* (К.Салықов, Жезкиік).

Жақтың отын жандырды. *Оңдырмай шарт еткізді.* Өткендегі *ж а ғ ы м н ы ң о т ы н ж а н д ы р ғ а н* шапалақты ұмыта қоймаған мен, қипақтап көңгім келмеп еді, ағам: «Онда сені бұдан былай ешқайда ертпеймін! Тілі бар қармақ та соғып бермеймін», – деп жатты да өкпеледі (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Жүректі жандырды. с т и л ь. *Көңілге қозғау салды, ғашық етті.* Балауса едің балбыраған балдырған, Өзгеге салқын *Ж ү р е к т і* жеңіл *ж а н д ы р ғ а н.* Бір көрудің Зор бақыты бар дейді, Жүйткіп бір өтші алдымнан, Бейнеңді естен қалдырман (К.Салықов, Жезкиік).

Көзін шырақтай жандырды. *Емдеп жазды, сауықтырды, көзін көретіндей етті.* Шал бір жері шаншыса Айжанға жүгірді. Ол ерінбей емдеп, *к ө з і н ш ы р а қ т а й ж а н д ы р ы п,* жасартып үйіне қайтарды (З.Шашкин, Сенім).

Өлеңнің отын жандырды. *Жақсы өлең шығаруға итермеледі, ақындық шабыт әкелді.* Үрлейді қайта жалынды, *Ө л е ң н і ң о т ы н ж а н д ы р ы п,* Жаңғыртып жастық шағыңды, Сақтайды ойда мәңгілік (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАНДЫРҒЫШ з а т. *Оталдырғыш, тұтандырғыш.* Жерден атқан жау зениткалары жарқырағыш, *ж а н д ы р ғ ы ш* оқтармен түнерген аспанды айғыздап атып жатыр (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Машинаның екеуі де жарығын сөндіріп тоқтады. *Ж а н д ы р ғ ы ш* және жарқырағыш оқтардың астында қалған жау не істерін білмей, абыржып қалды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Аласапыранда Колмогорцев *ж а н д ы р ғ ы ш* бөтелкені дәл соғып, жау танкісін өртеп жіберді (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.).

ЖАНДЫРМА з а т. ж е р г. *Майсыз қарып пісіретін жұқа нан.* Сіздің келуіңізге қарай пирог та бар еді. Бірақ *ж а н д ы р м а* жағы кемтарлау, астық аз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАНДЫРУ *Жандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *От жағу, пешті қосу.* – Жақында мартен пешін бу аралас үрлеп *ж а н д ы р у* өнімді де қолайлы деп, мен ұсыныс енгізген едім (З.Шашкин, Теміртау). **2.** а у ы с. *Қайта қолға алу.* Фарабиді бетке ұстап, әкемнің Бұқар әмірінде кеткен кегін қайыра *ж а н д ы р у д ы* мақсат еткем (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **3.** п о э т. *Күйдіру.* Аяз қарып, аптаптың *ж а н д ы р у ы-а й,* Бірі шаттық, бірі мұң қалдыруай. Не туары белгісіз жүкті әйелдей, не болары белгісіз тағдырым-ай! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАН-ДІЛ з а т. ж е р г. *Жан-тәні, жан дүниесі.* Асыл затым, менің зарым *ж а н-д і л і ң е* жетер ме? Бір Алла үшін қуа көрме, мен бір жүрген әпенде! (Шығыс жұлдыздары). О жарықтың, *ж а н-д і л і м.* Тарихым менен тағдырым Құздарыңды шарлап қаңғырдым, Қойныңда тыншып, қалғыдым (Ә.Жәмішев, Сағым.).

ЖАН-ДІЛІМЕН үс т. ж е р г. *Жан-тәнімен.* Бұрынғы шәлкем-шалыс, әзіл-оспақ әңгіме өз жайына қалды. Балзияның сақтана сараң сөйлеген сөздерінен жалынды ықыласы, *ж а н-д і л і м е н* беріле құлағаны сезіледі (С.Омаров, Өмір.).

ЖАНЖАБІЛ з а т. б о т. *Қыста тұсетін қатты бұдырлы жапырақтары бар жемісті ағаштың тәтті жемісі (имбирь). Ж а н ж а б і л* Жерорта теңізі маңайында, кіші Азияда, Иранда және Индияның солтүстік батысында өседі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а н ж а б і л д і ң* жабайы түрлері Кавказда, Орта Азияда, Қырымда өседі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а н ж а б і л д і ң* жемісінде қант, пектин, А, С, B_1, B_2 витаминдері бар. Бір ағаштан 20-100 кг өнім алынады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж а н ж а б і л д е н* тосап қайнатылады және шырын алынады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖАН-ЖАҚ з а т. **1.** *Маңай, төңірек, айнала.* Алғаш кеудесін көтеріп, «өзім бас, өзім төс» деп одырая келгенімен, асауды үйреткіш қазекеңдер *ж а н-ж а ғ ы н а н* түрткілеп, біраз жуасытып алды (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Ж а н-ж а ғ ы н а* қаранып, Нұрыш жатқан жерге жақындай түсіп, Жамалдың беті басқа жаққа бұрылды (Б.Майлин, Шығ.). Елестеген мұратқа жету үшін көбіне алды-артына, *ж а н-ж а ғ ы н а* қарамай екпіндейді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Біраздан соң қалың қардың үстінен екі-үш секіріп барып отырды да *ж а н-ж а ғ ы н а* жалтақтап қарай бастады (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Дүние, қоғам, адам.* Оңға қара, солға қара – бәрібір, Бұл финалдың, жын фанидің бәрі кір! Мүлде жаңа *ж а н-ж а ғ ы ң,* Жақсылығын таңдағын, Жамандығын алмағын!!! (М.Мақатаев, Шығ.). Өртеген жанын Арманы Өлгендей болды жаңадан, Тамұқтай түтеп *ж а н-ж а ғ ы,* У атты ескі жарадан (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАН-ЖАҚТА үс т. *Барлық жағынан қаптап, айнала қоршап.* Мақта бұтағы мен жеміс бұтағының айырмашылығы сол, мақтаның өсу бұтағы сабақтың төменгі жағында болып, сабақ сияқты төменнен жоғары қарай өседі, жеміс бұтақтары болатын болса, *ж а н-ж а қ т а п* көлденең бағытта өседі (М.Майлыбаев, Мақта шаруаш.).

ЖАН-ЖАҚТАҒЫ үс т. *Төңіректегі, маңайдағы.* – Қар басып қалған жолды таба алмай шырматылып, күн шыққанша *ж а н-ж а қ т а ғ ы* жердің бәрін әбден шолып, анықтап алдық, – деді Зейнолла (С.Шарипов, Шығ.). Күжілдеп *ж а н-ж а қ т а ғ ы* көше бойы үйлерден шығып тұрған халыққа қарап: «Міне, көрдіңдер ме!» дегендей айқайлайды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖАН-ЖАҚТАН үс т. *Тұс-тұстан, төңіректен. Ж а н-ж а қ т а н* жау қамалап жаны алқымға келгендей, Мамай өзінен-өзі қысылды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Сайра: – Біздікі екені рас, жылда осылай тоғысып, *ж а н-ж а қ т а н* ән құйылғанда, жарастықты сәніміз бірге (Үкілі Ыбырай). Пара басты *ж а н-ж а қ т а н,* Талтаңдады болыс, би, Мырзалар қалды тізімнен Пана болып берген сый (О.Шипин, Дастан.). Қараңғыдан бас айналды ма немене, біздің тынысымыз тарыла бастады. Боздақ! Деген дауыс *ж а н-ж а қ т а н* үндесе, қатты шықты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сөйткенше болмады, *ж а н-ж а қ т а н* ит ерткен салт аттылар келіп топтала берді (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖАН-ЖАҚТЫ с ы н. **1.** *Әр жақты, терең, толық.* Қоғамдық құбылысқа жататын тілдің ерекше өзгешеліктерін *ж а н-ж а қ т ы* білу, толық түсіну үшін жаратылыс пәндерінің табысын пайдалану өте қажет (Қазіргі қаз. тілі). Қазір Любовь Резикпен әңгімелесіп отырғанда, әрбір қойған сұрағымызға *ж а н-*

ж а қ т ы, салиқалы жауап алып, айызымыз қанды («Лен. жас»). Мұндай бригадалар өндірістің техникалық күрделі мәселелерін *ж а н ж а қ т ы* зерттеп, шеше алатынын істерімен дәлелдеп келеді («Лен. жас»). **2.** *Көп білетін, сегіз қырлы, бір сырлы, білімдар.* Бізде *ж а н ж а қ т ы* білімді, ысылған маман басшылар жеткілікті («Лен. жас»). Мұхтар аса *ж а н ж а қ т ы* білімдар, өте кішіпейіл болатын («Лен. жас»). Сыйлаймын сенің аға атыңды, *Ж а н ж а қ т ы* талантыңды. Қақ жарған қара қылды Сөздерін әрі өткір, әрі ақылды (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ з а т. **1.** *Әржақтылық, барлығына бірдейлік, бес аспап.* Мамандар команда ойыншыларында техникалық *ж а н-ж а қ т ы л ы қ* жоқ екендігін, қарсыласымен тең бәсеке үстінде психологиялық шыдамдылық жоқтығын айтуда («Лен. жас»). **2.** *Барлығын қамтушылық.* Егер *«ж а н-ж а қ т ы л ы қ»* деген ұғымның ар жағында лирикада көрінетін өмір фактілерінің, адам характерлері мен тағдырларының молдығы деген ұғым тұрса, онда мұндай «жан-жақтылық» лирикаға мүлдем қарама-қайшы («Қаз. әдеб.»). **3.** *Барлығын ескерушілік, жақсы дайындық.* Ұрыс сәттілігі – алдымен барлаудың *ж а н ж а қ т ы л ы ғ ы н а,* дәлдігіне, шындығына, нақтылығына байланысты (Ә.Бектемісов, Майдангер).

ЖАНЖАЛ з а т. **1**. *Дау, шатақ, ұрыс-керіс.* Екі жаман қосылса, Күнде *ж а н ж а л,* күнде шу, Ұяларлық ар бар ма (Бес ғасыр.). Қадірін ауырғанның білмейді сау, Жылымшыған *ж а н ж а л д а н* жақсы екен жау (Бес ғасыр.). Осы кездесуді қалаған Айғанша еді. Үйдегі *ж а н ж а л д а н* кейін айтары көп сияқтанып асығып болған (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бақытыңа кез бопты долы қатын, Мұны алған ер *ж а н ж а л г а* молығатын, Ұрысса бар адамды жеңбей қоймас, Бір үй түгел, бір ауыл торығатын (Шал ақын, Өлеңд.). Жігіттер, ала көрме долы қатын, Оны алған бір *ж а н ж а л г а* жолығатын. Біреуменен ұрысса жеңбей қоймас, Біреу түгіл бір ауыл зорығатын (Шал, ақын, Өлеңд.). Төбелес, *ж а н ж а л,* керіс әңгімеге, Құмар-ақ болып кетті біздің халық (М.Дулатов, Шығ.). **2.** с а я с и. *Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қордаланған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіңдердің дер кезінде реттелмеуінен туындайтын, әртүрлі қақтығыстар.* Көбінесе, қоғамдағы *ж а н ж а л* саяси, экономикалық дағдарыс кезінде, не жедел дамыған әлеуметтік өзгерістер барысында орын алады (ҚҰЭ). Қоғамда саяси мәдениет қалыптастыру, ортақ әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды орнықтыру – *ж а н ж а л д ы* болдырмаудың негізгі жолы болып есептеледі (ҚҰЭ). АҚШ аймақтардағы шиеленістер мен *ж а н ж а л д а р ғ а* байланысты әскери қимылдарға еркін кірісе бастады («Егемен Қазақстан»).

Дипломатиялық жанжал. *Екі ел арасындағы келіспеушілік.* Сонда кедендік бақылауды күшейту үшін *д и п л о м а т и я л ы қ ж а н ж а л д ы ң* болуын күту керек пе еді? («Түркістан»).

Жаяу жанжал. *Кексіз, зілсіз, жай ұрыс.* Шал тағы да мырс етті. Басын қолындағы кесесінен көтеріп ап: – Бір кезде ауыл арасының *ж а я у ж а н ж а л ы н д а* ағайыншылық айтқанымыз бар, – деді («Лен. жас»).

Жанжал салды [қылды]. *Шатақ шығарды, дау салды.* Сол ғана ма сезгеніңіз? Ал апасы, қандай *ж а н ж а л с а л ғ а н ы н,* қалай талқан болғанын білдіңіз бе? – дейді Траню Люченцоға (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жалақыға берем деген тайын Жантай созып бермеген соң, Боран *ж а н ж а л қ ы л ы п,* төбелесіп, Жантайдың тісін сындырыпты (С.Сейфуллин, Шығ.) Біреуден алсаң аманат, Берсең жақсы саламат. *Ж а н ж а л қ ы л с а ң* бақ кетер, Ақыры қалар жаман ат (Шешендік сөздер).

Жанжал шықты. *Дау шықты, ұрыс-керіс пайда болды.* Бірлік түгіл иман жоқ, наным кетсе, Жуымас алдайды деп бір бүлт етсе. Жаулық түгіл *ж а н ж а л* да *ш ы қ п а с* еді, Ант етпей-ақ айтылған сөзге жетсе (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Арыңа сыймаса, отыр осылай, бұрағыңды түсіріп. Бұл сөзі маған жаман батты. Бірақ *ж а н ж а л ш ы ғ ы п* кете ме деп үндемедім (З.Шашкин, Доктор.).

Көк жанжал. *Қып-қызыл шатақ, барып тұрған дау-жанжал.* Қалды артта Доғал айқасы, Күйіктің басы *к ө к ж а н ж а л.* Үрпектің үйдей әр тасы Омырып кеткен оқ далдал (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).

ЖАНЖАЛ-ЕРЕГЕС з а т. *Дау, шатақ, ұрыс-тартыс.* Өлетұғын тай үшін, Қалатұғын сай үшін, Қылмаңдар *ж а н ж а л- е р е г е с* (Бес ғасыр.).

ЖАНЖАЛДАС= е т. *Ұстасу, дауласу, бір-бірімен байланысу.* Орынбордың базарында бір ай бойы карта ойнап жатқан Шәріп деген баукеспе ұрымен *ж а н ж а л д а с ы п,* төбелесіп қалады (Б.Аманшин, Көкжар). Әкпар әнеукүнгі Бүркітпен жанжалдасатын күнінің ертеңіне өзінің туған еліне тартып отырған (І.Есенберлин, Қатерлі.). Кемпір шалымен *ж а н ж а л д а с а* бергісі келмей, Әшімді көтеріп жесір келіншекке барды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ел жайлауға шыққанда Байтөбет қонатын жерге Асан бұрын барып үйін тігіп қойып, Байтөбетпен екеуі *ж а н ж а л д а с ы п* қалған еді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАНЖАЛДАСТЫР= е т. *Дауластыру, ұрыстыру, сөзге келістіру, екеудің арасына от салу.* Мұндағы ойланатын шаруа, осыған да конфликт тап дейді-ау. Конфликт екен деп металлург байғұсты кіммен *ж а н ж а л д а с т ы р а с ы ң* (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Ағам күнде ет әкеліп тастайды деп, Күнбибіге айтып жүрме. Анда-санда десең оқасы жоқ. Онда шешең екеумізді *ж а н ж а л д а с т ы р а с ы ң* (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

ЖАНЖАЛДАСТЫРУ *Жанжалдастыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жақынды *ж а н ж а л д а с т ы р у.*

ЖАНЖАЛДАСУ *Жанжалдас етістігінің қимыл атауы; ұрысу, кикілжіңге келу.* Жаңа ғана *ж а н ж а л д а с у ғ а* дайын тұрған екі жан, енді татуласып, әлденені өзара әңгіме ете бастады (І.Есенберлин, Айқас). *Ж а н ж а л д а с у ғ а* бет алған төрт-бес кісі тосын екеуді көре сала, қоқаңдасудан бас тартқандай іркіле берді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Ал бүгін басқаша күн. Бүгін ешкіммен *ж а н ж а л д а с у ғ а,* ешкіммен байланысуға болмайды (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЖАНЖАЛДАСУШЫ з а т. *Дауласушы, ұрыс-керіске барушы.* Даудың басы – қасқа құлын, *Ж а н ж а л д а с у ш ы л а р* – Нұржан мен Ермекбай (С.Сматаев, Ақжелең).

ЖАНЖАЛДЫ с ы н. *Жанжалы бар, жанжалы көп. Ж а н ж а л д ы* елге жақын қонба, Оқпанды жерге егін салма (Мақал-мәтел).

ЖАНЖАЛҚОЙ с ы н. *Жанжалға әуес, жанжалқұмар.* Сағит Айсұлуды тағы да бөгеп: – Сөз-з-ім бар, тыңдайсың сен.., – деп енді анық мастық жеңген *ж а н ж а л қ о й,* сотқар зорлыққа ауыса бастап еді (М.Әуезов, Өскен өркен). Хантемір қызба. *Ж а н ж а л қ о й,* денелі, күшті. Әр мезгілде курстарда оқып сауаттанған: оқиды, жазады. Қабілеті де жаман емес (Т.Нұртазин, Үлкен жолда). Қадырбайда теріс азу, *ж а н ж а л қ о й* адамның характері айқын да, әлеуметтік типтің бояулары жетпей жатыр (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Осы қалада ел қарғысын алған Степан ішіп алса, ешкімге тыныштық бермейтін соқтыққыш, *ж а н ж а л қ о й* (Х.Рахимов, Бетпе-бет).

ЖАНЖАЛҚҰМАР с ы н. *Жанжалға әуес, жанжал шығарғыш.*

ЖАНЖАЛҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Жанжал шығарғыштық, дау-дамайшылдық.* Көпшілікке демократияны пікірдегі бейпілдік, әрекеттігі дөкірлік, жаппай бақкұмарлық пен *ж а н ж а л қ ұ м а р л ы қ* деп ұғындыруға ынтызарлық азаймай отыр (Ә. Кекілбаев, Үш белес).

ЖАНЖАЛСЫЗ с ы н. *Жанжал-шатақсыз, ұрыссыз.* Қойнауы Қаратаудың қалың жайлау, *Ж а н ж а л с ы з,* барымтасыз тұрмайды сау. Қалмайды тайлы-таяқ айғай шықса, әдеті бүлік іздеп күнде тынбау (И.Байзақов, Құралай.). Кербез келіншектер еріндерін сылп етқізуді ғана біліп, *ж а н ж а л с ы з* тараудың жайын қарастырған секілденді (Б.Майлин, Шығ.). Мен *ж а н ж а л с ы з* тараған ат шабысты көрген емеспін (З.Ақышев, Достар.).

ЖАНЖАЛ-ТАЛАС з а т. *Дау, тартыс, айтыс.* Алаш туы астында Өлсек, бірге өлдік біз. Не жақсылық, не қайғы Көрсек, бірге көрдік біз! Ішкі *ж а н ж а л - т а л а с т ы,* Күншілдікпен қарасты Мына жерге көмдік біз! Жасасын Алаш, жасасын! (С.Торайғыров, Алаш.).

ЖАНЖАЛ-ШАТАҚ з а т. *Дау-жанжал, ұрыс-керіс.* Көрген жоқ, ешбір адам атымды атап, Өзім де сүймеуші едім *ж а н ж а л - ш а т а қ.* Үш жығып бір балуанды аты шыққан, Берілді он бесімде балуан атақ (Ш.Әбенов, Кейпін.). Бітпей *ж а н ж а л - ш а т а ғ ы* Өсек құрап, дау қуып, Аз боп абырой-атағы Даңқ іздеп қаңғырып, Жүр сонымен батырың, Алла берсін ақырын (С.Мәуленов, Таңд. шығ.).

ЖАНЖАЛШЫЛ с ы н. *Жанжалға әуес, жанжалқой, ұрысқұмар.* Кеше бір биші қызға арнапсың жыр, Толқын шашты, көзінен төгілген нұр. Сөз бізге махаббат лирикасы Керек-ақ болмайықшы *ж а н ж а л ш ы л* құр (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Шыңғыс нағашы жұртына тартқан ақсары, шегір көз. Төре тұқымының *ж а н ж а л ш ы л,* ұрда-жық мінезінің бәрі де бойына біткен (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАНЖАЛШЫЛДЫҚ зат. *Жанжалқойлық, жанжалқұмарлық.* Гутковскийдің ойы: Шоқанның қайрат-күшін теріске, яғни *ж а н ж а л ш ы л д ы қ қ а* емес, онға, яғни Россия империясының пайдасына жарату (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАН-ЖАНДАН= е т. *Жанына жан қосылу, адам басы көбею.* Ханның баласы мал-малданып, *ж а н - ж а н д а н ы п,* балалы-шағалы болыпты (Қаз. ертег.). Қамығатын ештеме жоқ. Сенің әкеңе мен он жеті жасымда келгенмін. Сонда сенің әкең елу бестерде болатын, аруақ сыйладым ба? Бітуі осылай ма? Міне, отырмыз ғой мал-малданып, *ж а н - ж а н д а н ы п* (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАН-ЖАНУАР з а т. *Адамнан басқа мақұлықтар, хайуанаттар.* Өз өмірін осы қайыңмен салыстырып, адам мен табиғаттың, адам мен өсімдіктің, адам мен *ж а н - ж а н у а р л а р д ы ң* арасында берік байланыс бар екенін тұңғыш ашқандай қайран қалады (Ә.Сараев, Қараша.). Алтын күн алтын сәуле жерге шашар. Жан кіріп, *ж а н - ж а н у а р* қыбырласар. Күркіреп қара бұлт аспан-көкте, Жасаған кең

рақметтің кілтін ашар (М.Жұмабаев, Шығ.). Кешегі көрген бейнет, тапшылық ұмыт қалды. *Жан-жануар,* сай-сала, қыр мен дала жадырап қоя берді. Гүл-бәйшешек шешек атып, құлпыра түсті (Ә.Қалмырзаев, Ар). Жылқы, түйе, сиыр, қой, тауық, тышқан жана бөтен *жан-жануарлардың* бәрі де адамның жылына ағалыққа таласты дейді (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

ЖАН-ЖӘНДІК з а т. *Бүкіл жанды-жансыз, барлық тіршілік атаулы.* Қоңыздар дырылдап ұшып, шыбындар быжылдап, *жан-жәндік* тіршілік талабына ұмтылды (І.Жансүгіров, Шығ.). Мына бір екі ауыз сөздің өзінен Деевке даланың иісі мұрнына келгендей, барлық *жан-жәндік* табиғатты шаттықпен жырлайтын Торғай жазығында бұрын да, болғандай әсер алды (М.Қаратаев, Далада.). Дамылсыз жауған жаңбыр *жан-жәндікті* мазалап мазасын алған (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАНЖОЛ з а т. *Соқпақ, қисық сүрлеу.* Мейірімді, өткір көздер біресе жер бетіндегі болымсыз төбешік, *жанжол,* соқпақ сияқтыларды тінтініп, біресе көкті шарлап, Темірқазық, Үркер, Таразыларды түгендеп, жүгіріп дамыл алмайды (Х.Әбішев, Аспан сыры).

ЖАН-ЖҮЙЕ з а т. *Бүкіл сезім дүниесі, өне бойы, жан-дүние.* Сыншылар Әбділданы... әрбір шығармасында *жан-жүйесімен* толғана сөйлейтін ақынның қатарына қосады (С.Мұқанов, Өсу жол.). Ерлігіңмен ел деп туған ер жетер, «Ана» деген асыл атақ ақталған. Естігенде *жан-жүйесін* тербетер, Достық кілті ең биікте сақталған (Ж.Саин, Шығ.). Не бір тылсым сезім *жан-жүйеңді* қуалап кеп, нағыз бір нәзік жерден орын табады (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Бәзікен әдетінше аңыратып баян тартып отыр. *Жан-жүйеңді* елжіреткен мұңлы әндер (С.Мұратбеков, Көкорай).

Жан-жүйеге тірелетін. ж е р г. *Жанды жеріне тиетін, жаны қиналатын, өзегін өртейтін, төтенше маңызды.* ≈ *Жан-жүйеге тірелетін* жағдай.

Жан-жүйені тебірентті. *Жан сезімін тербеп, көңіл күйіне әсер етті.* Тау халқының басынан өткен бір аңызы *жан-жүйемізді тебіренті п,* бар уақиғаға өзіміз араласып жүргендей толқимыз (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). – О, ол бір биіктен шырқаған ән еді! Ол бір *жан-жүйеңді* түгел *тебіренте р* сөз еді – деді ол (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жан-жүйесін босатты. *Көңілді толқытты, елжіретіп, сүйсіндірді.* Сыбызғы үні соған сәйкес *Босатады жан-жүйені* Батыр жігіт қойып беті, Шыққан үнге адымдайды (О.Шипин, Дастан.). Асанның алыс сапарға жүрер алдында анасының айтқан сөзі, көз жасы, оның *жан-жүйесін босатты* («Лен. жас»). Қоңыр үнмен қыңқылдап мұң шаққан күй *жан-жүйесін босатып,* қай-қайдағы қайғысын оятты (А.Нұрманов, Құлан.). Ешкім ойламаған оқшау қимыл көп адамдардың *жан-жүйесін босатып,* оның ерлігіне сүйсіндірген еді (К.Оразалин, Абай.).

ЖАНЖЫЛ з а т. ж е р г. *Шығыршық, есікке құлып салатын ілгек темір.* Есікке кілтті *жанжылға* өткізіп саламыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Есігінің *жанжылы* мықты екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНЖЫР з а т. ж е р г. ***Шынжыр.*** Мынау сақаның *жанжыры* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНЖІП з а т. э т н. *Жазы ағаштың қысып байлайтын арқан жіп. Жанжіп* – жазы ағаштың қақ ортасынан білезік, жазыға жапсыра қысатын жіп (Ғ.Себепов, Шығ.).

ЖАНКЕШПЕ с ы н. **1.** *Жанкешті, өлермен, батыл.* Сойылға жығылмайтын *жанкешпе* боларлықтай маңдай сүйегі қалың емес, – деді ол (К.Оразалин, Абай). **2.** *Өлген-тірілгенді білмейтін батыл, ер жүрек.* Қол бастайтын батыр болады деуге, бет ажары олай деп тұрған жоқ. Сойылға жығылмайтын *жанкешпе* боларлықтай маңдай сүйегі қалың емес, – деді ол (К.Оразалин, Абай.).

ЖАНКЕШТІ с ы н. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын батыл, өлермен, жанкешпе.* Қазіргі мұрагердің бойында кезіндегі үйсін, қаңлы, ғұн халықтарына тән *жанкешті* рух, отансүйгіштік, түркілік патриотизм бар ма, жоқ па, соны білгісі келеді. Сол халықтарға тән жер күзетшілік, ел қорығыштық қырағы қасиет бұлардың бойында қалып па, жоқ, әлде ондай қасиеттен айырылып қалып па, соны білгісі келеді («Жас Алаш»). // *Жанкешпе, батыл адам.* Алаштың бас көсемі Әлихан Бөкейханұлы... «Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық», десе, бұл барша қазақ оқығандарының идея-пікірі, әрі алда күтулі жаза – террор (ақ не қызыл) көмейіне жұтылар *жанкештілердің* тұяқсерпер жан айқайы болатын (Тіл тағылымы). // *Қан майдан, қырғын, жойқын. Жанкештіге* баратын өңкей ер жігіттерді сайлап ал (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖАНКЕШТІЛІК з а т. *Өжеттік, батылдық.* Солдаттардың ер-тоқымын үйіп тастап, мал қолға тиісімен зыттық. Міне, Жүкесі, бұның аты *жанкештілік* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Осы екіталай күндерде *жанкештілік* пен Отан үшін алысқан ерлердің көргендері, бастарынан кешкендері көп еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Үлкеннің де, кішінің де жүзінде *жанкештіліктің,* ызаның, ашу-толқынның, жалындаған кектің таңбасы бар (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Ғалымдар
кеңесі ұсынған

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

V том

Редакторлар
Ш. ЖАМЫҚАЕВА
Д. МАХРАНОВ

Суретші
Е. ҚОЖАБАЕВ

Техникалық редакторы
С. АҚЫЛОВ

Беттеген
С. ҚАСЫМБАЕВА

Теруге 07.10.2011 берілді. Басуға 11.10.2011 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Arys». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 80,5. Шартты баспа табағы 61,1. Баспа табағы 47,0. Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс №1440.

Тапсырыс дайын файлдан басылды.

ISBN 978-601-7293-16-1

ЖСШ РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ЕСКЕРТПЕ ҮШІН